

# احمەت بايتۇرسىنۇلى



*Ахмет  
Байтұрсынұлы*

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



سەيپىن پەھادى

## ئارمىيە سەيپىن پەھادى

بۇ يىلى ۹۶ ئايىدا، بۇ يىلىدىن 1-سوم  
بۇ يىلى ۹۶ ئايىدا، بۇ يىلىدىن 1-سوم  
بۇ يىلى ۹۶ ئايىدا، بۇ يىلىدىن 30 ئايىدا

بۇ يىلى ۹۶ ئايىدا، بۇ يىلىدىن 30 ئايىدا  
بۇ يىلى ۹۶ ئايىدا، بۇ يىلىدىن 30 ئايىدا

بۇ يىلى ۹۶ ئايىدا، بۇ يىلىدىن 30 ئايىدا  
بۇ يىلى ۹۶ ئايىدا، بۇ يىلىدىن 30 ئايىدا

**Бас редакция алқасы:**

МҰХАМЕДИҰЛЫ Арыстанбек, төраға

**Бас редакция мүшелері:**

ӘБДИМАНҰЛЫ Өмірхан

ӘБЖАНОВ Ханкелді

ЖҮНІСБЕК Әлімхан

ҚАМЗАБЕКҰЛЫ Дихан

ҚАСҚАБАСОВ Сейіт

ҚИРАБАЕВ Серік

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет

ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Шерубай

САҒАДИЕВ Кенжеғали

СЫДЫҚОВ Ерлан

СЫЗДЫҚ Рәбиға

ТІЛЕШОВ Ербол

УӘЛИ Нұргелді

ШАҢБАЙ Тұрдығұл

ІСІМАҚОВА Айгүл

### **Редакция алқасы:**

ТОЙБАЕВА Жадыра, Бас редактор

МАУЫТОВ Нұрымжан, Бас редактордың орынбасары

### **Редакция мүшелері:**

ЖАҚЫПОВ Жантас

ЖАЛМАХАНОВ Шапағат

ЖҰБАЕВА Орынай

ИМАХАНБЕТ Райхан

ИТЕҒҰЛОВА Сая

ҚАПАЛБЕК Бижомарт

ҚОЖАХМЕТ Әйгерім, жауапты хатшы

ҚЫДЫРШАЕВ Абат

САЙЛАУБАЙ Ерлан

САҚ Қайрат

СӘРСЕКЕЙ Гүлбану

СМАҒҰЛОВ Жандос

ІЛИЯСОВА Күлпәш

ӘОЖ 94(574)(031)

КБЖ 63.3я2

А94

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің  
«Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық  
үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК

Жоба жетекшісі: Н.Мауытов

Құрастырушылар:

Ғ.Жандыбаев, К.Қошым-Ноғай, Ғ.Егеубаева, К.Саркенова,  
М.Байленова, Қ.Ахметов, С.Арғынғазин

А94 **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.** Энциклопедия. / Бас. ред. Тойбаева Ж.  
– Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017. – 744 бет.

ISBN 978-601-80715-0-8

Энциклопедия аса көрнекті ұлт қайраткері, Алаш қозғалысының рухани көсемі, қазақ тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ақын, көсемсөзші, аудармашы Ахмет Байтұрсынұлына арналған. Энциклопедияға ғалымның өмірбаян деректері, қайраткерлік қызметі, ғылыми және әдеби, публицистикалық мұралары жөніндегі мақалалар енгізілді. Сонымен бірге ол туралы жазылған еңбектер мен олардың авторлары жөнінде де мәліметтер берілді.

Тұңғыш рет жарық көріп отырған бұл тұлғалық энциклопедия ұлт тарихындағы аса көрнекті қайраткер-қаламгердің өмірін, қызметін, шығармашылығын білгісі келетін барша оқырман қауымға арналады.

ӘОЖ 94(574)(031)

КБЖ 63.3я2

ISBN 978-601-80715-0-8

© «Қазақ энциклопедиясы», 2017

## ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Сан ғасырлық алуан қатпарлы тарих көшінде халқының басын қосқан, жарқын болашаққа бастаған, беделін асырған, намысын оятқан, абыройын қорғаған тұлғалар, әлбетте, аз болмаған. Ұлт тарихының қалың оқулығы бізге тағылым аларлық сан тұлғаның өмірі мен өнегесін ұсынғанда, олардың ішінен мемлекет тізгінін қолына ұстаған хандар мен билерді, ел іргесін жаудан қорғаған баһадүрлерді, әлеумет өмірін кең толғаған жыраулар мен ақындарды, ән мен күйін әуелеткен өнерпаздарды, халқына жол нұсқаған ойшылдарды көреміз. Бойына алуан қабілетті сыйғызған осындай айтулы тұлғалардың ортасында барша қазақ «Ахаң» деп құрмет тұтқан, «Ұлт ұстазы» деген аса мәртебелі ат иеленген – Ахмет Байтұрсынұлының ерекше орны бар.

20 ғасыр басындағы тарихымыз небір күрделі оқиғаларға толы болғанын білеміз. Бұл қазақ жерінің патшалық Ресей құрамына толық еніп, отаршылдық езгінің ең күшейген шағы болатын. Өз жерінде өзінің негізгі азаматтық құқықтары шектелген қазақ баласының дәл осы күйін Ахаң секілді арда туған азаматтары ғана түзей алар еді. Өткен ғасырдың алагеуім шағында «Алаш қозғалысы» деген атпен тарихымызға енген ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері саяси сахнаға шықты. Оның саяси көсемі – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан болса, тұтас дәуірдің рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы еді. Бұл қозғалыс қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін күреске шыққан ұлы оқиға болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Алаш арыстары бізге мемлекетшілдік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті» деп аса жоғары баға берді. Қазақтың ұлт ретінде сақталуының қорғаны да, кепілі де ұлттық мемлекеттілік екенін ұғынған көшбасшы топтың ең алдыңғы сапында Ахмет Байтұрсынұлы тұрды. Бұл туралы қоғам қайраткері, жазушы Әбіш Кекілбаев: «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға. Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан Қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер. Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынұлы оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді. Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асан Қайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иасауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай мен Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді. Оның үстіне, бұлардың ешқайсысын да Ахмет Байтұрсынұлының рухани қалыптасуына тікелей әсер етті деу тым асыра айтқандық болар еді» деп, Ахаңның ұлт тарихындағы тарихи орнын дәл бағалаған болатын.

Барлық саналы ғұмырын ұлт күресінің қасиетті жолына арнаған Ахмет Байтұрсынұлының есімі ел шежіресінде көптеген қырынан айтылады. Біріншіден, ол – қайраткер тұлға. Алаш қозғалысының бастауында тұрып, оның өрістеуіне, жалпыұлттық қозғалысқа айналуына ерен еңбек сіңірген шын мәніндегі ұлт қайраткері. Тіпті, Алашорда таратылып, кеңестік

билік орнаған шақта да Ахаң қайраткерлік тұғырында қалды. Соның жарқын мысалы – қазақтың кеңестік кезеңде автономияға қол жеткізуіне басты себепкер болғаны және қазақ жерінің тұтастығы үшін большевиктік билікке дегенін орындатқаны. Екіншіден, ол – сан буын қазақтың сауатын ашқан ұстаз. Оның әліпбиін осы күнге дейін миллиондаған қазақтар пайдаланады. Үшіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық ғылымның негізін салушы, оның тіл білімі мен әдебиеттану саласының іргесін қалағаны – қазақ тарихымен бірге жасайтын мәңгілік құбылыс. Төртіншіден, ол – ақын, ақын болғанда дәуірдің ұранын, поэзияда ағартушылықтың арнасын кеңейткен, бүкіл өлеңі әлеуметтік мазмұнға құрылған елшіл, халықшыл ақын. Оған аудармашылығын қоссақ, онда Ахаңның шығармашылық тұлғасы толыға түседі. Бесіншіден, ол – «Қазақ» сияқты ұлттық сипаттағы тұңғыш газеттің негізін салған, соған басшылық еткен, дәуірдің өзекті мәселелерін осы басылым арқылы қазақ даласының барлық тарабына жеткізген ұлт тамыршысы һәм дабылшысы болған тұлға. Міне, осылар – Ахаңның ең басты тұлғалық қасиеттері һәм тарих ұмытпайтын ұлт алдындағы ұлы істері. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы есімі аталғанда көп жағдайда оған «Тұңғыш», «Алғашқы» деген анықтауыштар қоса айтылады. Ондай тұлғалар басқа халықтардың да, өзіміздің де тарихымызда аса көп емес. Нағыз ұлылар мен данышпандар сирек. Бірақ сол үркердей топтың адамзат баласының дамуына да, өзімізді алсақ, қазақ елінің дамуына да қосқан үлестері – олардың өздері өмір сүрген дәуірінің шегінен асып, мәңгілікпен жалғасатын ұлы жұмыстар. Өйткені олар – өркениеттің өзін жасаған тұлғалар, Ахаңның қазақ тарихындағы айрықша орны да осында.

Біз тарихымызды таныған, тұлғаларымызды бағалаған дегдар жұрт, естияр халықпыз. Қазақ елінің тәуелсіздік алуы осыған толық мүмкіндік ашты. Ахаңдар күрескен, сан ұрпақ аңсаған азаттық таңында сол арыстарымызды ардақтау перзенттік борышымыз, азаматтық парызымыз десек, қолдарыңыздағы «Ахмет Байтұрсынұлы» энциклопедиясы – соның нақты көрінісі. Ахаң сияқты энциклопедист ғалымның әлемдік өркениетте ерекше бағаланатын мұндай басылымға арқау болуы – елдігіміздің көрінісі, мәдениетіміздің айғағы. Ендеше, құрметті ағайын, жаңа энциклопедиямыз құтты болсын, халқымыздың рухани игілігіне айналсын.

**Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ,**  
*ҚР Мәдениет және спорт министрі*

## ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ

Қазір Алаш тарихы кеудесінде жаны, бойында қаны бар кез келген отандасымызды ойландырады, толғандырады. 20 ғасыр басында жалпы ұлт руханиятындағы жаңғыруды кешенді жүйелеген, іске асырған ірі тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – Ресей империясына амалсыз бағынған қазақ елінің ұлы ағартушысы, «Тіл-құрал» (1912), «Әдебиет танытқыш» (1926) секілді ізашар еңбектердің және көптеген саяси, танымдық мақалалардың авторы. Сонымен қатар, 1913–18 жылдары «Қазақ» атты газет шығарып, туған жұртына өркениет дүниесі мен әлемдегі жаңалықтарды таратты. 1920–21 жылдары Оқу министрі болып, қазақ тілінде алғашқы оқулықтардың шығуына бастамашы болды. 1926 жылы Бакуде өткен Түркітанушылардың 1-съезіне қатысты. Бірақ Кеңес өкіметі оның шығармашылығы мен қайраткерлігіне толық еркіндік берген жоқ.

Ағартушының елу жылдық мерейтойы қарсаңында Мұхтар Әуезов: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран» деп, оның ұшан-теңіз еңбегін нақты үш тіркеске сыйдырған болатын.

Міне, осыған қарап, А.Байтұрсынұлы өз кезеңінде ұлттың рухани ұстазы болғанын ұғынамыз. Әлбетте, жәдитшілдіктің Алаш қозғалысына ұласар шағында Ахметтің мол күшжігері елді ағарту (баспасөз, оқулық шығару) ісіне жұмсалды. Орайы келгенде көркем өнерге қатысты ой айтты. Бірақ бұл ойы темірқазықтай айқын еді. Осы уақытта тұлғатанудың алтын қорына қосылған «Қазақтың бас ақыны» атты зерттеу мақаласын жазды.

А.Байтұрсынұлы – ең алдымен ағартушы. Ол – поэзияда да, көсемсөзде де, ғылым-ілімде де ағартушы. Өзі: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқуменен түзеледі» деп жазғанындай, ол өз дәуірінде алашқа сауатты, білгір ағартушы ретінде қажет болатын.

«Қазақ» газетінің бастапқы уақытындағы бір нөмірінде әлгі ойын былай деп өрбітеді: «Докторлық ғылымын оқығандар денсаулық жайынан керек кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; шаруа жайын оқығандар шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын жақсылап шығаруға мүмкін нәрсе; әдебиет ауданында жүйріктер халықтың қылығын, құлқын түзетуге керегі бар жақсы романдар уа ғайри сондай сөздер шығаруға мүмкін нәрсе».

Ахмет Байтұрсынұлының ендігі бір мақаласынан жаңа руханиятты жандандыруды неліктен тездете қолға алғандары мәлім болады. «Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып, азып-тозып, жоғалмақшы. ...Басқа жұртпен араласқанда, өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады? Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы ешуақытта жоғалмайды» дейді ол.

Міне, осының баршасы ағартушы, ұстаз Ахметтің – рух қағанатына қазақтың жоғын жоқтап келгенін айғақтайды. Әлбетте, ол нағыз өнердің қадір-қасиетін білді. 1909 жылы Петерборда басылған «Қырық мысал» жинағының бір қайырымында қаламгер:



Ахмет, осы айтқаның жетер, тоқта!

Көрдің бе, сөзің онша ажарлы емес,

Ұялмай сынағарға салып топқа.

Алайда тыңдағандар бір ойланар... – дейді өзіне.

Қоғам мен білім арасындағы байланысты қайраткер: «Білімді болуға – оқу, бай болуға – кәсіп, күшті болуға – бірлік керек» деп түсіндіреді. Осы арқылы ол, бір жағынан, сол кезеңдегі дамудың алғы шартын айтса, екіншіден, ұрпаққа аманат жүктеп, жалпы адамдардың сөзі мен ісінің бір жерден шығуын міндеттеп отыр.

Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейхан: «Бәріміз бұл сұм дүнияға қонақ. Артында орын-басарың табылсын!» деп жазады. Осы ойдың жалғасын Ахмет Байтұрсынұлынан табамыз: «Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар. Адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер!».

Дәстүр сабақтастығына байланысты айтқан Ахаңның ақиқат сөзі де әлі талай ұрпаққа сабақ болары сөзсіз: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы». Ағартушы осы пайымы арқылы Алаштың арқауы үзілмейтін мемлекетшілдік тұжырымдама-сын қалыптастырды.

Сан ғасырлық қазақ тарихындағы азаттық күрестерінің ішіндегі ең озық тұрғаны Алаш қозғалысы десек, осыны толықтыратын құбылыстар қатарында Ахмет Байтұрсынұлының тіл білімінің негізін салушы ретіндегі еңбегінің маңызы ерекше. Себебі қазақтың болашағы үшін атқарған осынау тарихи еңбегі оның тіл теориясы мен практикасының ізашары болуымен ғана шектелмейді. Ахаңның бұл саладағы еңбектері ұлттық тіл білімінің басты категорияларын анықтау, оларды ғылыми жүйелеу, әліпби түзу, оқулық жазу деп қана ұғынар болсақ, бұл оның үнемі сабақтастықта жүретін қайраткерлігі мен ғалымдығының ішкі берік тұтастығын ескермегендік болар еді. Ахмет Байтұрсынұлы үшін тіл құбылысы фонетика, грамматика немесе орфография ғана емес. Ол үшін ана тілі – ұлтты сақтаушы, халықты ұйыстырушы, сол жұрттың елдігін айғақтаушы белгі, қалқан әрі қорған боларлық нағыз тағдырлы құбылыс.

Ұлттың төл жазба мәдениетінің болуы ең алдымен оның табиғи үнін сақтай алатын әліпбиді қажетсінеді. Ахаң осы өмірлік қажеттілікті өтеді. Осы арқылы халықтың рухани келбетін, байлығын бейнелейтін өркениет құралын һәм қаруын қолымызға берді. Бұл фактор бұдан былай қазақ баласының тарих жүзінде өз сөзінің хатталатындығын айғақтады. Мұндай ұлы тарихи амалды атқару бір адамның, Ахмет Байтұрсынұлының маңдайына жазылды. Зорлықшыл үкімет оның еңбектеріне тыйым салып, есімін қаншалықты жойғысы келсе де, рухани мұрасы бүгінгі күнге жетіп, нағыз ғылымның шамшырағы мәңгі өшпейтіндігін паш етті. Бұл – Ахаңның қазақ тілі мен қазақ баласына істеген бірінші зор сыйы. Ал кемеңгердің екінші бір сыйы – тарихымызда ең алғашқы болып тілдің құдіретін барлық жағынан дәйектеп беруі. Ұлт ұстазының: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» дегені тілдің ұлт үшін өмірлік маңызын да, мәртебесін де айқындады. Ахаңша «өз тілімен сөйлескен» ғана емес, «өз тілімен жазған» халықтың болашағы бар. Мұны ала-сапыраны мен ұлылығы, күресі мен соғысы, білімі мен білігі мидай араласқан 20 ғасырдың тарихы сан мәрте дәлелдеді. Сол себепті де біз Ахмет Байтұрсынұлының тілге сіңірген өлшеусіз еңбегін айтқанда, оның оқымыстылығымен бірге, ұлт үшін тілдің тағдырлы миссиясын ұғындырған қайраткерлігін ойдан шығармаймыз. Сонда ғана Ахаң сияқты ұстаз-ғалымның оқымыстылық қыры, оған қоса, ақындық, аудармашылық, көсемсөзшілік қабілет-қарымының баршасының басын қосатын ең басты тұлғалық қасиетін танитын боламыз. Ол – оның тұтас ұлт қайраткері деңгейіндегі тарихи қызметі. Туған халқының мұңымен де, мұратымен де бірге туып, бірге жасап, қалыптасқан қайраткерлік қасиет. Ол өмір сүрген дәуірде қазақ-

тың жоғын түгендейтін, арын арлайтын алуан қабілеттің иелері қажет еді. Осылардың басын қосатын, адымын ілгері бастыратын, мақсатын мүмкіндікке айналдыратын ең басты тұлғалар кімдер десек, әлбетте, мұндай дәуірде алдымен ұлт қайраткерлері керек. Ахаңның осындай ерен қайраткерлігі оның басқа тұлғалық қасиеттерінің басын қосып, оны ұлттың рухани көсемі деңгейіне жеткізді.

Қазақ халқының ұзақ тарихындағы ең бай, ауқымды рухани қазынасы сөз өнері болғаны ақиқат. Ұлттың тарихын, мінезін, мәдениетін танытатын осы өнердің ғылыми негізін жасаудағы Ахмет Байтұрсынұлының және бір тарихи еңбегінің маңызы ерекше. Оның «Қазақтың бас ақыны» мақаласынан басталатын әдебиеттанушылық дарыны «Әдебиет танытқышта» барлық қырынан көрінді. Алғашқы ұлттық әдебиет теориясы болған бұл еңбек әдебиетті тануда, оған баға беруде сол кездегі түркі халықтарының ішінде ең алғаш жазылған оқулық болуымен құнды. Аталған еңбектің мазмұны, ішкі құрылымы қазақ әдебиеті үлгілерінің болмысын тануға, сонымен бірге әдебиет тарихын білуге үлкен мүмкіндіктер ашады. Ахаңның осы еңбегі арқылы қалыптасқан әдебиет терминологиясы, яғни ұлттық ұғымдар мен атаулар білім беру және ғылым салаларында берік орын алды. Тіпті оның есімі мен еңбектерін атауға тыйым салынған жылдардың өзінде ол енгізген терминдер арқылы нешеме буын өкілдері әдебиетті таныды, танып та келеді. Әдебиетті жанрларға бөлу, ұлттық әдебиет поэтикасы, жазба әдебиетінің басталуы мен қалыптасуы сияқты іргелі мәселелерді осы еңбектен табуға болады. Әсіресе, мәтін талдауда, поэтикалық шығармалар жазуда бұл еңбек әлі де өзекті.

Бір тұлғаның бойына ұстаздық, ғалымдық, қаламгерлік сияқты қасиеттердің тоғысып және олардың ұлттық құбылысқа айналып, оның иесін қайраткерлік деңгейге жеткізуі әлемдік кеңістікте данышпандық, реформаторлық саналып, ондай адамның идеялары, жаңалықтары сандаған ұрпақтың қажетіне жарайды. Қазақ тарихындағы Ахмет Байтұрсынұлы еңбегі – ұлтпен бірге жасайтын тура сондай өміршең еңбек. Сондықтан да қазақ халқы үшін қиынқыстау заманда туып, дәуірін ұлт-азаттық күресіне айналдырған жетекші тұлғалардың ең алдыңғы қатарында тұрған Ахаңның ерекшелігі қайраткерлігімен бірге ұлттың ұлы ұстазына айналуымен бағалы.

Ахмет Байтұрсынұлының феномендік құбылысын бажайлай келе, төмендегідей қорытынды жасаймыз:

Біріншіден, ол руханиятты байыптау, талдау, жүйелеу, халыққа насихаттау үдерісінің ағартушылық қызметіне ерекше үміт артты. Қолынан жазу келетіндер ұлттық іске жәрдемін тигізсе екен деген пікірде болды.

Екіншіден, жаңа да серпінді мәдениеттің, өнердің, ағарту ісінің тез қалыптасуын күткен қаламгер елдің рух пен білім бірлігіне бой түзеуін қалады. Бұл ретте Абай ізденісін үлгі етті.

Үшіншіден, қазақ қайраткерлігіне кең өріс нұсқады. Томаға-тұйықтық пен өткенді ғана өнеге етуді біржактылық деп есептеді. Адамзатқа ортақ игілік, ізденіс қазаққа жат емес деп шешті. Осы орайда «Қазақ» газеті жобасы, төте жазуы мен оқу құралдары – ұлт санасындағы шынайы жаңарудың, жаңғырудың басы еді. Ал Алаш қозғалысындағы қаламгерлік және қайраткерлік үлгісі – заңғар зиялылық өнегесі ретінде тарихта қатталып қалды.

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,**

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

**Ербол ТІЛЕШОВ,**

*филология ғылымдарының кандидаты*



**АБАЙ** (Ибраһим) Құнанбаев (10.8.1845, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Қасқабұлақ қонысы – 6.7.1904, сонда, Балашакпақ қонысы, бейіті Жидебайда) – ұлы ақын, философ, ағартушы, композитор. Әкесі Құнанбай қажы Ескітам деген қоныстан медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. А. сегіз жасында әуелі сол «Ескітам» медресесінде дәріс



Абай

тындап, ауыл молдасы Ғабитханнан оқыған. Баласының зеректігін байқаған әкесі А-ды он жасқа толған соң Семейдегі «Ахмет Риза» медресесіне береді. Онда А. үш жыл оқыған. Медресенің үшінші жылында ол осы қаладағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, онда үш ай орысша оқиды. Бұл тұста барлық уақытын А. өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденеді. А. шығыс классиктері (Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми, т.б.), орыс (А.С.Пушкин, А.И.Герцен, М.Е.Салтыков-Щедрин, Н.А.Некрасов, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, И.А.Кры-

лов, Ф.М.Достоевский, И.С.Тургенев, Н.Г.Чернышевский) және батыс елдері (Гёте, Дж. Байрон) әдебиеті шығармаларын да оқып, Дж. В.Дрэпер, Спиноза, Г.Спенсер, Дж. Г.Льюис, Ч.Дарвин сынды ғалымдардың еңбектерін зерттейді. Оқыған кітабының көбіне сынмен қарай білетін, ойлы оқушы бола бастаған А. есейген шағында, осы өзі оқыған философ, ақын, ғалымдармен тең дәрежеде пікір таластырып, олардың ішінен ірі ақындардың өзіне әсері болған кесек туындыларын қазақ тіліне аударған. А. 1875–78 ж. Қоңыркөкше еліне болыс болады. Кейіннен 1886 ж. досы Е.П.Михаэлистің ұсынысымен, Семей обл. статистика к-тінің толық мүшесі болып сайланды. А. 1880 ж. Н.И.Долгополов, А.А.Леонтьевпен танысып, олармен тығыз қарым-қатынаста болған. А. ел ісіне араласқан жылдарында әділеттілігімен, білімділігімен көрініп, халық арасында бөделі өседі. 1885 ж. мамыр айында Шар өз-нің бойындағы Қарамола деген жерде Семей ген.-губ. Цеклинскийдің басқаруымен Семей губ-на қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезде төбе би болып сайланған А-ға «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылды. А. бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір етті. Бұл қазақ қауымындағы әдет заңдарына да, патша өкіметінің халықты қанаушылыққа, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына да ұқсамайтын өзгеше құжат еді. А. ғұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытының көбісін шығармақ арнаған. 1886 ж. жазылған «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен ғылымды үйренетін жастар өзінің алдына қандай мақсат қоюға тиісті екені туралы мәселе А-ды аса қатты толғандырғанын байқауға болады. Қазақ жастарын білім-ғылым үйренуге шақыру – «Интернатта оқып жүр» (1886) өлеңінде де ең өзекті идея. А. бұл өлеңдерінде еңбексіз, ықылас-ынтасыз, мехнатсыз нағыз ғылым-білім қолға түспейді дей келіп, одан ары бірден негізгі ой желісін үздіксіз өрбітіп, оқудағы мақсат алған білімді не қажетке жұмсау керек, не істеу, қандай қызмет атқарған жөн болады деген мәселелер төңірегінде сөз қозғайды. А. ғалым болу мен адам болу мәселесін бір-бірімен сабақтастыра айтады, бұл екеуінің тамыры, түбі бір деп санайды. Ғалым болудың басты шарты – не нәрсені болсын ақыл таразысына салып өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену және көзің анық жеткен шындықты тура айтудан тайынбау екендігін нақтылап, мейлінше дәлелді етіп, жекелеп айтады. А. нағандыққа, қандайда болсын теріс, кертартпа ықпалға қарсы тұра алатын оқыған, біліммен қаруланған адамды құрметтеу керек, ең алдымен білімді, ғалым адам мақтан тұтуға лайықты деп санайды. Сондықтан «Ғылым

таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» атты өлеңдерінің қазақ поэзиясында қалыптасқан насихат, өсиет үлгісіндегі нұсқалардан мазмұны да, ойды бейнелеп айту тәсілі де мүлдем өзгеше екені көңіл аударады. А. әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік филос. түйіндері бар ғұлама. А-дың қарасөздерінің бірнешеуі алғаш 1918 ж. Семейде Ж.Аймауытов пен М.Әуезов шығарған «Абай» журналында жарық көрді. А. мұрасы қазақ мәдениеті мен әдеби тілінің дамуына үлкен ықпал жасады. Алаш қайраткерлері тарапынан А-ды көпке танытты, насихаттауға көбірек көңіл бөлінді. «Қазақ» газетінде ұлы ақынның шығармалары жарияланып тұрды. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында ұлы ақын А-дың тарихи миссиясын, рухани болмысын, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызын, көркемдік-эстетик. сипатын баяндап, даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Сонымен қатар, өзінің «Әдебиет танытқышында» ақынның дәстүрі мен үлгісін алғаш жариялады. Бұл еңбегінде қазақ әдебиетінің асылдануына, әсіресе, әсері күшті болған А. сөздері екендігін жазып, оның елшілік, ағартушылық идеяларын өз шығарм-нда жалғастыра білді. Оның А-дың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғыл. тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. А-дың шығармалары басқа тілдерге аударылу арқылы әлем тілдерінде (орыс, өзбек, татар, қырғыз, әзербайжан, қарақалпақ, түрікмен, ұйғыр, молдаван, лағыш, украин, ағылшын, араб, қытай, моңғол, чех, т.б.) басылып шықты. Қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі – абайтану ғылымы ақын мұрасын кең ауқымда зерттеу мәселесімен шұғылданады. Елімізде ұлы ақынға жасалған құрмет ерекше. А. атында қала (Қарағанды обл.), аудан (Шығыс Қазақстан обл.), Семей, Қарқаралы қ-ларында, Жидебайда әдеби-мемор. музей-мұражайлар бар. А-дың әдеби мұрасын студент жастарға тереңдей таныстыру мен оның шығармаларын ғыл. тұрғыда зерттеу мақсатында 1969 ж. ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасы жанынан Абай кабинеті ашылған. Алматы, т.б. қ-лардағы театрларға, көшелерге ақын есімі берілген. А. атында шыр, асу, ауылдар бар. Абай қоры жұмыс істейді. Фильмдер, көркем шығармалар, зерттеулер жазылған. Қазақтың классик жазушысы Әуезовтің бас кітабы – «Абай жолы» ұлы ақынға арналған.


Әдеб.: <https://kk.wikipedia.org> (қаралған күні: 15.9.2017).

**«АБАЙ»** – 1918 ж. ақпан–қазан айларында алаш-ордашыл қазақ жастарының ұйымдастыруымен Семейде шығып тұрған ғыл.-әдеби және шаруашылық журнал. Алғашқы редакторы – Ж.Аймауытов. Абай шығармаларын, қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін, өнері мен тарихын насихаттауды мақсат еткен. Онда этнограф. де-

мограф., мәдениет, әдебиет мәселелеріне арналған материалдар жарияланған. Журнал жұмысына Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, С.Дөненбаев, Ф.Қараш, С.Сәдуақасов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, т.б. ат салысты. Журналдың 12 саны жарық көрді. 1918 жылғы 1-санында Аймауытовтың «Алаш ұраны» атты өлеңі жарияланды. 1992 ж. «Парыз» шығарм. тобы респ. Абай қорының демеуімен әдеби-көркем тәуелсіз журнал ретінде қайта шығарып, бұрынғы дәстүрді жаңғыртты. Абайдың әдеби мұрасын, оның ақындық мектебін, қазақ әдебиеті тарихындағы «ақтандақтарды», аты өшуге айналған қайраткерлерді, ұлттық мәдениетті насихаттауға ден қойды.

*Д.Ысқақұлы, Г.Өскембаева*

**«АБАЙ»** – ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өмірі мен ақындық жолына арналған энциклопедия. Бас редакторы – Р.Нұрғали. А.Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған кітапты «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясының «Абай ғылымы редакциясы» (менгерушісі Т.Рсаев) әзірле-



ді. «Атамұра» баспасынан 1995 ж. жарық көрді. Көл. 720 бет. Таралымы 100000 дана. Энциклопедияда жинақталған материалдарда ақынның төл шығармалары мен аударма туындыларына, қарасөздері мен тарихи зерг. мақалаларына жан-жақты талдау жасалған. Абайдың өмір жолы мен ортасы, ұстаздары мен шәкірттері, ата тегі, кейінгі ұрпақтары, шығармаларында аталатын жер-су атаулары мен есімдер туралы мағлұматтар да мол. Кітапта ақынның шығарм. жолына әсер еткен Шығыс, Еуропа және орыс әдебиетінің көрнекті өкілдері, Абай өлеңдерінен нәр алған

ұлттар әдебиеттеріне байланысты мақалалар да қамтылған. Энциклопедияда ақын шығармалары тақырыбында күрделі зерттеулер жүргізген ғалымдар, оның өлеңдерін аударған шетелдіктер туралы да деректер бар. Кітаптың қосымша бөлімінде Абай шығармаларында кездесетін түсініксіз сөздер сөздігімен, ұйқас сөздігімен, сөздердің жиі қолданылу сөздігімен танысуға болады. Ақынның әр жылдары жарық көрген басылымдары мен Абай туралы жеке ғыл.-зерт. еңбектерге қысқаша анықтама берілген. Кітапты әзірлеуге Қазақстан ғалымдары мен көрнекті абайтанушылар, шетелдік авторлар тартылған. Кітапта түрлі түсті көркем суреттер, деректі құжаттар жарияланған. Басылымда Нұрғалидың А.Байтұрсынұлының өмірі, шығарм., қоғамдық қызметі туралы көлемді мақаласы беріліп, онда автор Ахметтің Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» атты зерттеу мақаласына талдау жасаған. «А.» энциклопедиясын дайындауға қатысқан З.Ахметовке Р.Сыздықоваға, М.Мырзахметұлына, Қ.Мұқаметхановқа, М.Құл-Мұхаммедке 1996 ж. ҚР-ның Мемл. сыйл. беріліп, бас редактор Нұрғали Қазақстанның еңбек сің. ғылым және техника қайраткері атағына ие болды (1998).

**«АБАЙ МҰРАҒЕРЛЕРІ»** – жинақ. Авторы – Қ.Мұқамедханов. А., «Атамұра» баспасынан 1995 ж. жарық көрген. Көл. 208 бет. Таралымы 10000 дана. Бұл жинаққа белгілі әдебиетші, абайтанушы ғалымның мұрағаттардан, көне басылымдар мен баспасөздерден және Абайдың көзі тірі ұрпақтарынан ұзақ жыл бойы жиған дерек-дәйектерін негіз еткен бірнеше зерттеу еңбегі енген. Мұнда әр түрлі себептермен көптеген жыл жабулы жатқан, жарияланбай келген өте қызықты да құнды мәлімет-мәселелер баршылық. Бұны, әсіресе, Шәкерім, Тұрағұл, Кәкітай, Көкбай, сондай-ақ Абайды бірінші ұстаз тұтқан Алаш қайраткерлері – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов жөніндегі мақалалардан кездестіруге болады. Автордың Байтұрсынұлы жайында көлемді танымдық мақаласы жинақтың 130–141-беттерінде жарияланған.

**«А.БАЙТҰРСЫНОВ МҰРАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Р.Үсембаеваның кандидаттық диссертациясы. ҚазҰПУ-да 1999 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Л.Керімов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («Қазақстанда 20 ғасырдың басындағы педагогикалық ой-пікірлердің дамуы», «А.Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің әдістемесі»), қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен, қосымша мұрағат деректерінен тұрады. 1-тарауда пед. ой-пікірлер-

дің дамуына қоғамдық-тарихи жағдайдың ықпалы жан-жақты қарастырылған. 20 ғ-дың басындағы пед. ой-пікірлердің қазіргі кезде зерттелу жайына тоқтала отырып, А.Байтұрсынұлының пед. көзқарасының қалыптасуына қоғамдық-тарихи жағдайлардың ықпалы ғыл.-пед. тұрғыдан сараланған. Әсіресе, Байтұрсынұлы кезінде негізі қаланған білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері ашылып көрсетілген. 2-тарауда ғалымның еңбектеріндегі адамгершілік мәселелері жан-жақты сұрыпталып, бүгінгі мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың алғышарттары негізделген. Сондай-ақ еңбекте Ахметтің пед. ой-пікірлері бойынша жүргізілген жұмыстарға байланысты әдістемелік ұсыныстар берілген. Көл. 133 бет.

**«А.БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТӘЛІМДІК ОЙ-ПІКІРЛЕРІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ-ДЕРДІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНЕ ЕНГІЗУДІҢ ЖОЛДАРЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Б.Иманбекованың кандидаттық диссертациясы. Ы.Алтынсарин атынд. Қазақтың білім академиясында 2000 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – С.Қалиев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («А.Байтұрсынұлының мұраларының ғылыми-педагогикалық негіздері», «А.Байтұрсынұлының тәлімдік ой-пікірлерін оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің әдістемесі»), қорытындыдан, пайдаланылған деректер тізімінен және қосымшадан тұрады. 1-тарауда ғалымның еңбектеріндегі қоғамдық-пед. көзқарастарға ғыл.-пед. тұрғыда талдау жасалынып, Қазақстан пед. ғылымына қосқан үлестері сараланып көрсетілген. Байтұрсынұлының пед.-ағартушылық көзқарастарының қалыптасуына қоғамдық-тарихи жағдайлардың ықпалы, маңызы және ағартушы еңбектерінің тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері жан-жақты сараланған. 2-тарауда ғалымның бастауыш мектепті жандандыруға байланысты еңбектерін саралай отырып, оны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау ісінде пайдаланудың әдіс-тәсілдері қарастырылған. Ғалымның мұраларындағы пед. құндылықтар іріктеліп, пед. колледждердің оқу-тәрбие үрдісінің деңгейін, студенттердің танымдық өрісін кеңейту мақсатында жасалған «Ахмет тағылымдары» атты арнаулы курс бағдарламасы мен әдістемелік мазмұны жан-жақты талданған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері, соның негізінде жасалған тұжырымдар берілген. Көл. 147 бет.

*С.Арғынғазин*

**«А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ»** – Алматы қ-ның орнда орналасқан көше атауы. Алғашқы кезде «Тараншы», «Космонавтар» атауын иеленген. 1993 ж. 18 ақпанда қала әкімінің «Алматы қаласындағы Космонавтар көшесінің атын өзгерту туралы»

№78 шешімімен 1962 жылдың 15 тамызынан бастап Космонавтар көшесі деп аталып келген, ұз. 4450 м болатын көшеге қазақ халқының рухани ағартушысы А. Б-ның есімі берілді. Көше Алматы қ-ның Әуезов, Алмалы, Бостандық аудандарын қиып өтеді. Солт-ндегі М.Мақатаев көшесінен басталып, Гоголь, Төле би, Шевченко, Құрманғазы, Абай, Сәтбаев көшелерін қиып өтіп, Тимирязев көшесіне тіреліп аяқталады. Көше бойындағы 60-үйде А.Байтұрсынұлы атынд. мұражай ғимараты бар.

**«А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ»** – Астана қ-нда орналасқан көше атауы. «А. Б.» көшесі Шыңтас орманынан басталып, Қарасай батыр, Конституция, М.Дулатов, Абат-Байтақ, С.Қожахметов, М.Жәлел, Шақпақ көшелерімен қиылысады. Ұз. 2447,8 м.

*К.Қошым-Нозай*

**«А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ МҰРАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ АЯСЫНДА. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ИДЕЯ МӘНГІЛІК ЕЛ В ИЗУЧЕНИИ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА»** – жинақ. Жинаққа Қостанай мемл. ун-тінде 2016 жылдың 5 қыркүйегінде өткен респ. ғыл.-тәжірибелік конференцияға қатысушылардың қазақша, орысша жасаған баяндамалары енгізілген. Көл. 120 бет. Таралымы 20 дана. «Байтұрсынұлы – мемлекет және қоғам қайраткері» (11 баяндама), «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: тарихы, қазіргі кезең және дамуы» (7 баяндама), «Байтұрсынұлы және қазақ руханияты» (6 баяндама), «Ахмет Байтұрсынұлы – педагог-ағартушы: педагогикалық ұстаным және қазіргі заман» атты зерттеу тақырыптары филол., ақпараттық технологиялар, ғыл. жаратылыстану пәндері аясындағы арнаны қамтыған. Баяндамалар А.Байтұрсынұлының шығарм. мен Қазақстанның мәдени құндылықтарындағы Мәңгілік ел идеясын зерттеуге арналған.

**«А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ»** – халықар. ғыл.-әдістемелік конференция материалдары. Ғыл. редакторы – А.Салқынбай. ҚазҰУ баспасынан 2012 ж. басылып шыққан. Көл. 318 бет. Таралымы 500 дана. 2012 ж. 29–30 қарашада ҚазҰУ-дың мемл. тіл кафедрасының ұйымдастыруымен А.Байтұрсынұлының туғанына 140 жыл толуына орай өткізілген конференция жұмысы 2 секция бойынша атқарылып, Байтұрсынұлы еңбектеріндегі негізгі ғыл. тұжырымдамалар бүгінгі күннің талаптарына сәйкес талданған. Сондай-ақ Қазақ тіл білімі мен оқыту әдістемесінің теор. және практик. мәселелеріне қатысты өзекті пайымдаулар жасалған.

*С.Аргынгазин*

**«А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ»** – Е.Омаровтың 1922 ж. Орынбор қ-

нда Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамының еңбектері басылымының 3-шығарылымында жарияланған мақаласы. Мақалада А.Байтұрсынұлының қазақ ғылымындағы орны, сіңірген еңбегі жөнінде жазылған. Автор Байтұрсынұлының ғалымдық қырын ашып көрсетіп, оның араб әліпбиі негізіндегі жаңа қазақ әліпбиін жасап шығарған реформаторлығын сөз еткен. Сондай-ақ, ғалымның қазақ фонетикасының заңдылықтарын ашуы оның қазақ тіліне ғана тән дыбыстар жүйесін анықтап, қазақ тілінің артикуляц. базасына сай әліпби жасауына негіз болғанын баса айтқан. Мақалада ғалымның қазақ фонетикасынан бөлек, қазақ этимологиясына, терминологиясына – жалпы қазақ лингвистикасына қосқан үлесі сарапталған. Автор реформатор-ғалымның ашқан әрбір жаңалығы қазақ грамматикасы тарихының ілгерілеу жолындағы аса зор әрі маңызды қадам болғанын ерекше атап өткен. Сонымен қатар, қазақ тілінің болашаққа таза күйінде жетуі ғалым Байтұрсынұлының күрделі де қажырлы еңбегінің арқасы деген баға берген.

*Е.Шынтай*

**А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ СКВЕРІ** – қала көркін кіргізу үшін жасалған демалыс орны. Алматы қ-ндағы А.Байтұрсынұлы мен Жамбыл көшелерінің қиылысында орналасқан. Скверге Байтұрсынұлы есімі Алматы қалалық әкімдігі аппаратының 1993 жылғы 9 қыркүйектегі №360 шешімі бойынша берілген. Қайраткердің есімін иеленген мұражай ғимараты және ескерткіші осы скверде орналасқан.

*К.Қошым-Нозай*

**«А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТАҒЫЛЫМЫ»** – жинақ. Жауапты редактор – Ш.Мәжітаева. Қарағанды мемл. ун-ті баспасынан 2003 ж. жарық көрген. Көл. 210 бет. Таралымы 200 дана. Жинаққа А.Байтұрсынұлының туғанына 130 жыл толуына арналып Қарағанды мемл. ун-тінде 2003 ж. 23–24 мамырда ұйымдастырылған респ. ғыл.-практик. конференцияның материалдары енген. 72 ғалымның ғыл. мақалалары қазақ, орыс тілдерінде жарияланған. Онда қазақ тіл білімінің, әдебиеттану және әдістеме саласындағы өзекті мәселелері қарастырылған. Жинақта М.Жүсіпұлының «А.Байтұрсынұлының ғылыми шығармаларында қолданылған тілтанымдық зерттеу әдістері», Х.Нұрмұқановтың «Тұғыры биік тұлға», М.Хамзиннің «Ахмет Байтұрсынұлының азаматтық дүниетанымының тарихи тағылымдары», С.Рахымжанова мен К.Әшірбекованың «А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы тағдыр мәселесі және фольклор», Р.Ахмет пен Ж.Ибраимованың «А.Байтұрсынұлының құрмалас сөйлем жөніндегі көзқарасы», З.Жуынтаеваның «Байтұрсынұлы және жазу мәселесі», Г.Мұратованың «А.Байтұрсынұлы және қазақ тілі стилисти-

касы», Г.Мизанбаеваның «Ахмет Байтұрсыновтың аудармашылық шеберлігі», К.Қондыбаева, Б.Ербатыр, М.Сәбитбекова, Л.Абдуллина, А.Досмұрзаеваның «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаушы», С.Нұрпейісованың «А.Байтұрсыновтың әдістемесі бойынша тәуелді қалыптың жіктелуі», А.Қазанбаеваның «Ахмет Байтұрсынұлы әдістеме туралы», Ә.Жақыпованың «А.Байтұрсынов сөздердің тіркесуінің ішінара жайттары туралы», Ж.Смағұловтың «Әдебиет танытқыш және ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір», Р.Сыздықтың «А.Байтұрсынұлының кейін табылған және бүгінгі жазумен әлі жарияланбаған еңбектері жайында», Б.Әбілқасымовтың «Ахметтану тарихына қатысты кейбір деректер», Ж.Манкееваның «А.Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері», С.Таханның «Теория художественного характера Ф.Гегеля и «Әдебиет танытқыш» А.Байтұрсынова», С.Шахинаның «А.Байтұрсынов ұсынған оқыту әдістерінің көкейкестілігі», Б.Рахымовтың «Ахмет Байтұрсынов және қазақ фольклоры», А.Айтбаеваның «XX ғасыр басындағы қазақ өлеңінің өлшем-өрнектері. А.Байтұрсынұлының өлең жүйесіне арналған ғылыми пайымдаулары негізінде», А.Қалшабековтың «Асқар Сүлейменұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығындағы әдеби ой-пікірлер үндестігі» атты ғыл. мақалалары жарияланған.

«АБАҚТЫ» – кітап. Авторы – Д.Досжанов. А., «Қазақстан» баспасынан 1992 ж. жарық көрген. Көл. 288 бет. Таралымы 20000 дана. Бұл кітапта А.Байтұрсынұлының, (152–218 беттер), М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтің сталиндік зұлматқа ұшырауы, істі болу тарихы Мемл. қауіпсіздік органдарының мұрағат деректері арқылы баяндалған. Автор 60 жыл бойы құпия сақталып келген құжаттарды зерттеп, шындықты ашуға көп еңбек сіңірген. Бес арыстың көрген қорлығы, тартқан азабы оқушыны бейжай қалдырмайды. Көпшілік оқырман қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**АБДОЛЛАУЛЫ** Кенжеғали (1896, Ресей, Орынбор обл. Әлімбаев а. – 1937) – қаламгер, қуғын-сүргін құрбаны. Шығарм. ғұмыры 20 ғ-дың 20–30-жылдарына тұста келеді. Қамауға алынар алдында Алматы қ-нда тұрған. 1937 ж. 29 желтоқсанда НКВД үштігінің шешімімен қамауға алынып, ату жазасына кесілген. 1989 ж. 11 сәуірде ақталған. Есімі Алматы обл. естеліктер кітабына енгізілген. А.Байтұрсынұлы А-ның жазған өлеңін «Оқу құралы» кітабына енгізген. А. жайында С.Байменшенің «Кедейдің «Кенжеғалиы» атты мақаласы жарық көрген («Ақтөбе», 12.1.2012).

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.*

**АБИТОВА** Гаухар Оразқызы (25.1.1964 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Шардара ауд.) – филол. ғыл. канд. (2007). Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінің (1987), Халықар. қазақ-түрік ун-тінің (1994) бітірген. Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауд. Қарааспан а-ндағы Жамбыл орта мектебінде (1994–99), Шымкент қ-ндағы №7 тех. лицейде (1999–2008) мұғалім, Шымкент әлеум.-пед. ун-тінде ғалым-хатшы (2010–12) болған. 2012 жылдан Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінің «Сапа қызметі және мониторинг» бөлімінде жоғары санатты маман-менеджер. «Ер Сайын» жырының поэтикасы»



*Г.Абитова*

атты канд. диссертация қорғаған. «Ер Сайын» жырының нұсқалары жайында» (ҚР ҰҒА хабарлары. 2006. №5), «Ер Сайын» жырындағы жанрлық синкретизм» (Халықар. ғыл. -әдістемелік конференция еңбектері. Шымкент, 2006), «Ер Сайын» жырының оғыз эпикалық дәстүрімен байланысы» (ҚР тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған «Әуезов оқулары-5»: «Қазақстанда гуманитарлық ілімдердің дамуы: Ізденістер, даму перспективалары мен бағыттары» атты халықар. ғыл.-тәжірибелік конференциясының еңбектері. Шымкент, 2006), т.б. еңбектері жарық көрген. А.Байтұрсынұлы жариялаған «Ер Сайын» жырын зерделеп, онда М. Ж.Көпейұлы, В.Радлов, Р.Игнатев нұсқаларында кездеспейтін ерекшеліктер бар екендігін анықтаған.

**АБЫЛАЙ**, Әбілмансұр (1711 [Ресей деректерінде 1713] – 23.5.1781, Оңт. Қазақстан, Арыс жағасы) – ұлы мемлекет қайраткері, Қазақ хандығының ханы (1771–1781), бас қолбасшысы, көреген дипломат. А. – Жәңгір ханның бесінші ұрпағы. Жәңгір ханның ұлы Уәлибақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жау шақ келмейтін батыр болып, Қанішер Абылай атаныпты. Осы Абылайдан Көркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейін қазаққа хан болып Абылай атанған) «ақтабан шұбырынды» жылдарында жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Аш-жалаңаштықтан жүдеген өңіне, өсіп келген шашына қарап Төле би оған «Сабалақ» деп ат қойып, түйесін бақтырады. Төле бидің тәлім-тәр-

биесінде болуы А-ға зор ықпал жасады. Бұқар, Үмбетей жыраулардың, т.б. ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, А. 20 жасында қан майданында ерлігімен танылған. 1730–33 ж. аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қоңтажы Қалдан Сереннің жақын туысы (кейбір деректерде: күйеу баласы) Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, А. атанады. А-дың әскери қайраткерлігі, қолбасылық қабілеті 30–40 жылдардағы шайқастарда ерекше көрінді. Ол соғысқа А-дың қанды көйлек жолдастары: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, т.б. қазақтың белгілі батырлары тізе қоса қатысады. Бұл да А-дың жауға қарсы қазақ халқының басын біріктіре білгендігінің дәлелі болып табылады. Бірте-бірте ұлыстағы бар өкім Әз-Тәуке ханның немересі Әбілмәмбет ханнан (ол да Салқам Жәңгірдің әулеті) өтіп, А-дың қолына көшеді. А-дың ерлігі мен ақыл-парасатына бас ұрған Әбілмәмбет ақылшы аға болып қалып, кеңесші хан дәрежесімен шектеледі. 1738–41 ж. А. бастаған қазақ қолы жоңғар басқыншыларына бірнеше мәрте сокқы берді. 1742 ж. А. тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына тұтқынға түседі. Қазақтың үш жүзінен Төле би бастап 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5 қыркүйекте А-ды тұтқыннан шығарып алады. А. билігінің күшейе түсуінің жаңа кезеңі 1744 ж. Әбілмәмбеттің Түркістанға көшіп кетуі уақытына саяды. А. көрген саяси қайраткер бола отырып, қалмақтармен аса ауыр соғыстардан қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломат. жолдарды да тиімді пайдаланды. 1740 ж. тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, тағы да басқа 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісімін білдірді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясымен де қарым-қатынасын суытпады. Петербург пен Пекинге елшіліктер аттандырды (1757–77 ж. Пекинге 10 елшілік жіберген). Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын қазақ хандығы мүддесіне пайдаланып отырды. А. 1745 ж. Қалдан Серен дүние салғаннан кейін, Жоңғарияның билеуші топтарының так таласынан әлсіреп, бұрынғы әскери қуатынан айырыла бастауын және жоңғар-қытай соғысын Шығыс Түркістанмен іргелес өңірдегі ойраттардың уақытша билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, елдің

дербестігін толық қалпына келтіруге пайдалану үшін барынша күш салды. А. қазақ елінің тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанып өтті. 1752 ж. ол бастаған қазақ әскері шамасы 15–20 мың адамдай ойраттар қолының шабуылына тойтарыс берді. 1753 ж. желтоқсанда А. 5 мың жауынгерімен жоңғар әскерлерімен шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 ж. сәуірде А. бастаған 1700 қазақ әскері 10 мың қалмақпен соғысуға мәжбүр болса, (Қаратал өз. бойында), сол жылдың шілде-тамыз айында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға алып келген. 1756 ж. А-дың бастауымен



Абылай

қазақтар қытайлар мен қалмақтардың біріккен күшімен екі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп (А. жаралы болады), екіншісінде жеңіске жетеді. 1757 ж. А-дың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасынан соң, қытайлар А-дан бітім сұрады. 1753–54 жылдардағы шайқастарға Қабанбай, Бөгенбай, Жанатай, Керей Жәнібек, Өтеген батырлар қысы-жазы үзбестен қатысады. А. бірде Қалдан Серенмен бітімге келсе, бірде Дабашыны (Давациды) шауып, бірде оны және Әмірсананы өзіне паналаатты. Сөйтіп Ойрат ұлысының бөлшектене беруін көздеді. Тегеурінді әскери қимылмен қатарластырына жүргізілген дипломатиялық әрекеттері А-ды өз заманының ұлы қайраткерлері деңгейіне көтерді. Осының нәтижесінде А. әскері 1771 ж. Мойынты өз. бойында болған қалмақтармен ауыр шайқаста жана жеңіске жетті. Саяси ахуал тұрақталған шақта А. Қазақ жерінің бүтіндігіне қол сұққан басқалар-



## АБЫЛАЙ

мен де ымырасыз күрес жүргізді. 1754–55 және 1764 ж. қырғыздар Жетісуда біраз ауылдарды шауып, Жауғаш, Көкжал Барақ пен Шынқожа батырлар бастаған әскерлерді Ақсу, Көксу және Шу бойында талқандайды. Осы себепті А. 1755, 1765 жылдары Қырғыз ұлысына қарсы жорық жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, қазақ пен қырғыздың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінге дейін сақталып отырған шекарасын анықтайды. Өмірінің соңғы 15 жылында Орта Азия хандықтарына қарсы тынымсыз күрес жүргізді. 1765–67 ж. А. қолыңыз Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысының нәтижесінде Түркістан, Сайрам, Шымкент қ-лары қайтадан қазақтар иелігіне өтті. Ташкент алым төлеп тұратын болды. Екі жүз жылға созылған қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің соңғы жаңғырығы Алаш жұртының санасында «Шаңды жорық» деген атпен белгілі. Балқашқа жақындаған кезде А. бастаған қазақтың қалың қолы қалмақтарды қоршауға алды. Осы кезде қалмақ басшылары Ұбашы мен Серен бітімге келуді, бүкіл ел жұртымен бодандыққа қабылдауды сұрап, елші жібереді. Шығыстағы ұлы көршімен болашақтағы қарым-қатынасты ойлаған А. олардың Жоңғарға еркін өтіп кетуіне мүмкіндік беру жөніндегі түйінге келеді. Оның әрбір іс-әрекеті қазақ халқының бүтіндігін, елі мен жерінің тұтастығын сақтауға бағытталды. А. соғыс жағдайына сай қол астындағы елде, әсіресе, әскер ішінде қатаң тәртіп орнатты. Сондықтан да хан бастаған жауынгерлердің ел-жұрты мен атамекенін қорғау рухы жоғары, ұзақ жорықтарға шыдамды, шайқас даласында тегеуріні қаты болған. А. сан жағынан әлдеқайда басым жаумен шайқасудан еш тайынбаған және көбіне үстем шығып отырған. А. Қазақ хандығының күшін біріктіріп, әскери жағынан қуатты мемлекетке айналдырды. 1771 ж. жасы жеткен Әбілмәмбет хан дүние салғанда Түркістанда А-ды хан көтерді. А. іс жүзінде жалғыз Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының (хандығының) ұлы ханы болды. А. өмір жолын ат үстінде жорықтарда өткізіп, Арыс өз. жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қ-нда Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген. А-дың артында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қызы қалды. Азаттық күрестің жалынды басшысы А. ханның асқақ тұлғасы, ақыл-парасаты Бұқар, Үмбетей, Шәді төре Жәңгірұлы жырларында, ақындар Көпбай Жамантайұлы, Мәжит Айтбаевтың дастандарында, І.Есенберлиннің, Ә.Кекілбаевтың Қ.Жұмаділовтың, т.б. туындыларында сомдалды. А.Байтұрсынұлы жыраулардың А-дың өмірінен сыр шертетін жырларын кітаптарына енгізіп, әңгімелерінде оның қолбасшылық, хандық билігінің даралығын сөз еткен. «Оқу құралы»

кітабындағы «Бекболат би мен Абылай ханның түйісуі» атты әңгімесі «Абылай хан» кітабына (А., Жазушы, 1993) да енгізілген. А-дың ұлағатты өмірі мен ішкі, сыртқы саясаты отандық және шет ел ғалымдарының (Ш.Уәлиханов, В.В.Бартольд, Н.Мыңжани, Р.Б.Сүлейменов, М.Мағауин, М.Б.Олкотт, Дж.Уилер, т.б.) назарын аударып келеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1–6-томдар.

Ж.Қасымбаев, К.Есмағамбетов  
**«АБЫЛАЙ»** – «Оқу құралына» енген шағын өлең. 16 тармақтан тұрады. «Абылай! Сен мен көргенде, Тұрымтайдай ұл едің... Үйсін Төле билердің, Түйесін баққан құл едің...» деп келетін жыр «Керей Қожаберген жыраудың Абылайға айтқаны» делінген. Әдебиеттерде бұл өлең Бұқар жыраудың да атынан айтылатыны белгілі.Өлеңге А.Байтұрсынұлының «Ел-шежіре» баспасынан 2013 ж. шыққан 6 томдық шығ. жин-ның 2-томында ғыл. түсініктеме берілген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.

С.Ғұсманқызы

**АВСТРАЛИЯ** – Оңт. жарты шардағы құрлық. А.Байтұрсынұлы А. құрлығын сипаттап (2-том), Жер шарындағы ең кішкентай құрлық екенін (басқаларға қарағанда арал сияқты), күншығыста, шығыс пен оңт. аралығында Ұлы мұхит (Тынық мұхит), түстікте, түстік пен күнбатыста Мұхит т. (Үнді мұхиты болуы керек) аралығында екенін айтады. Ірі аралдарға Тасмания мен Ұлы Мұхиттағы аралдардың жататыны, сондай-ақ жер бедерінің басым бөлігі қыратты-дөңесті болатынын айтқан. Жағалаулары қырқалы-төбелі және қыратты, кеме жүзетін ірі өзендері Мурей (Муррей, Дарлинг саласымен бірге болу керек), ал басқа өзендері күн аптап ысығанда құрғап, кеуіп қалатынын сипаттайды. Құрлықтың қараңғылық (солт.) бөлігінде ыстық, ығалды, басқа бөліктері қуаң және біршама жылы. А-ның жан-жануарлары басқа жерлердегідей (құрлықтағыдай) емес екені кенгура (кенгуру), үйректұмсық, мысқыл кірепсы, су сиыр, кара ку, тармақ құйрық, күлеген, т.б. тіршілік ететіндігі айтылады. А-да көлеңкесі көпті жасыратындай ағаштардың жоқтығын атап өтіп, бұл шөлейтті жерде кен байлықтарының мол екенін, соларды іздеп жүріп құрлықты еуропалықтардың ашқандығын баяндап аяқтайды.

**АВСТРИЯ**, Австрия Республикасы – Орт. Еуропадағы мемлекет. А.Байтұрсынұлының «Соғысушы патшалар» мақаласында (5-том) «Ресейге жау патшалардың бірі – «Ауыстрия» (Австрия) делінген. Одан кейін бұл мемлекет Еуропаның орт. жеріндегі шағын патшалық (мемлекет) екені айтылса, кезінде екі патшалықтан құралғаны және ол Ауыстро – Уенгірия (Ав-

стрия – Венгрия) деп аталғаны, оның жер аумағы, халық саны және этностық құрамы (орыс тектес ұлттардың), сондай-ақ түрік нәсілінен мадиар деген жұрттың бар екені айтылған. А-ның ғылым, өнер жағынан бас патшалар (елдер) есебінде саналатыны айтылса, жайшылықта әскері 400 мың, соғыс кезінде 2,5 млн адамға жететіні жөнінде мәлімет берілген.

**АВТОНОМИЯШЫЛДАР ОДАҒЫ** – 20 ғ-дың басында Ресей империясының қол астындағы ұлттар мен ұлыстардың өзін-өзі билеуін қамтамасыз етуді көздеген қоғамдық саяси ұйым. Ұйым саяси күрескер, поляк ғалымы, проф. И.А.Бодуэн де Куртэннің жетекшілігімен 1905 ж. қарашада Санкт-Петербург қ-нда құрылды. Одақтың құрылуына, қызметіне жалпыресейлік мұсылман қозғалысының А.Ибрагимов, А.Топчибашев, С.Жантөрин, т.б. көрнекті қайраткерлері белсенді қатысты. 1905 ж. 19 қарашада Санкт-Петербургте өткен автономияшылар съезіне поляк, эзербайжан, армян, грузин, еврей, латыш, татар, казак, т.б. атынан 83 өкіл қатысты. Онда «Ресей империясындағы барлық ұлттар орыс мемлекетін республикалық негізде құруға ат салысты. Ресей мемлекеті бір орталыққа қатаң бағындырылмаған федеративтік түрде болып, әр ұлт өз істерін өздері басқаратын автономия алсын» деген қарар қабылданды.

*С.Рүстемов*

**АҒАЗАДЕ** Фархад Рагим оглы (12.8.1880, Эзербайжан, Шуша қ. – 4.1.1931, Баку) – эзербайжан педагогы, тіл маманы, журналист. Горий семинариясын бітірген (1900). Баку, Шашу, Гяндже, Хачмас қ-ларында оқытушы болған. Әр жылдары «Хаят», «Иршад», «Азербайджан» газеттерінде жұмыс істеген. Бакудегі «Ниджат» мұсылман ағар-



*Ф.Агазаде*

ту қоғамының мәдени-ағарту іс-шараларына, мектеп бағдарламалары мен оқулықтарын құрастыруға қатысқан. А. 1926 ж. Түрік білімпаздарының съезіне қатысып, баяндама жасаған. Ол жайында А.Байтұрсынұлы «Түрікшелер құрылтайы» атты мақаласында жазған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшіжіре, 2013. – 4-т.

**АҒАРТУШЫЛЫҒЫ** – А.Байтұрсынұлының поэзиясында, публицистик еңбектерінде және жалпы қызметінде үлкен орын алатын идеялық бағдар. Жалпы, ағартушылық қазақ қоғамына 19 ғ-дың 2-жартысында ең алдымен діни мазмұнда келіп, ол зерттеушілер тарапынан «Діни-ағартушылық» деп аталды. Оның әдебиеттегі ең алғашқы көрнекті өкілдері Шортанбай, Мәделікожа, Майлықожа сияқты ақындар болса, бұлардан соң бұл бағыт Ақмолда, Мәшһүр-Жүсіп, Әбубәкір шығарм-нда жалғасын тапты. Ы.Алтынсарин, Абай еңбектері арқылы әдебиетімізге жаңа сипаттағы ағартушылық реализм орнығып, ол 20 ғ-дың басындағы жетекші әдеби бағытқа айналды. Байтұрсынұлы поэзиясында реализмнің осы түрін айқын аңғарамыз. Оның «Қырық мысал», «Маса» жинақтары – сыншыл реализмнің нағыз үлгілері. Байтұрсынұлының барлық мысалдарында және «Маса» кітабына енген «Сөз иесінен», «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жигантерген», «Адамдық диканшысы», «Тарту», «Жұртыма», «Ғылым» сияқты өлеңдерінде А-на тән сипаттар молынан байқалды. Атап айтқанда, оның мысалдарындағы сарказм мен ирония, аллегория жалпы ағартушылық әдебиетке етене көркемдеуіш тәсілдер болады. Мысалдар арқылы бейнелеу, сынау, олардан белгілі бір қорытындылар жасау және ең бастысы қоғам өмірін сол арқылы барынша шынайы суреттеу – қай елдің болсын әдебиетіндегі ағартушылық реализмге тән тақырыптық-идеялық ерекшеліктер. Байтұрсынұлының шығарм-ндағы Абай дәстүрі жөнінде ғыл. әдебиеттерде көбірек айтылып жүр. Ондай сипат сол тұстағы қазақ қоғамының ең негізгі, ең өзекті мәселелерін сол қоғамның өз шындығы, өз мінезі, өз кейіпкерлері арқылы типтік ортаның белгілерін бейнелеуінен айқын аңғарылады. Ағартушылық Байтұрсынұлының мақалаларында да кеңінен көрінеді. Оның «Оқу жайы», «Қазақша оқу жайынан», «Оқыту жайынан», «Білім жарысы», «Білім жарысы хақында» сияқты еңбектерінде өз дәуірінің ең өзекті ағарту мәселелерін көтереді. Бұл еңбектерде қазақ даласындағы ағарту жұмыстарының жайы, барысы, білім алудың халыққа пайдасы, халық арасына оқудың маңыздылығын түсіндіру сияқты тақырыптар төңірегінде айтылып, автор қазақ өз үлесінен құр қалмауы үшін баланы оқытуға ерекше мән беру керек екендігі, қазақты білім мен мәдениет ғана теңестіретіні кең түрде қамтылып, оны көпшілікке дәуір қажеттілігі деп ұғындырады. Ағартушылық тақырыптағы мақалаларында қазақ тілінде оқытудың мазмұны, оны дамыту, жетілдіру тәсілдері, сонымен бірге оқу-әдістемелік мәселелер де көтеріледі. Мұндай еңбектерінде оның А. ғалымдық, ұстаздық қырларымен

ұштасады. Байтұрсынұлының А. мазмұндық және функционалдық тұрғыдан алғанда өзіне дейінгі діни-ағартушылық өкілдеріне де, олардан кейінгі ағартушылардың еңбектері мен ағартушылық қызметтеріне ұқсамайтын түбірлі өзіндік ерекшелігі бар. Ол, біріншіден, Байтұрсынұлы А-ның көпқырлылығы, атап айтқанда, ұстаздығы, ақындығы, көсемсөзшілігі болса, екіншіден, оның А. ғалымдығымен үнемі ұштасып жатады. Яғни, Байтұрсынұлының ағартушылық рөлі оның осы бағыттағы идеяларын нақты іс жүзіне асырудан көрінді. Байтұрсынұлы білімді насихаттаса өзі ұстаздық етіп оқу құралдарын жазды. Оларды жазу үшін тілді зерттеп, қазақ тілінің ғыл. жүйесін жасады. Халыққа мәдениетті үндей отырып, оны жалаң түрде емес, қазақтың мәдениеті арқылы ғана өзгелермен теңесе алатынын публицистик. мақалаларында және «Мәдениет тарихы» атты әзірше табылмай жүрген еңбегінде дәйектеді. Сондықтан оның А-н айтқанда біз ондай идеяларды Байтұрсынұлын үндеуші ғана емес, соларды жүзеге асырушы тұлғасында көреміз. Байтұрсынұлын «Ұлт ұстазы», «Ұлттың рухани көсемі» деп, оның еңбектеріне зор тарихи баға беру осындай ерекшеліктерден өрістейді.

*Е.Тілешов*

«АҒАШ» – А.Байтұрсынұлының «Оқу құралына» енген мәтін. Ағаштың түрлері (қылқанды, жапырақты), олардың тұрмыста, өндірісте қолданылуы әңгіме болған. Танымдық ақпарат. Ғалымның 6 томдығында (2-том) ғыл. түсініктеме берілген.

«АҒЫНДЫ ЖҮЛДЫЗДАР» – «Оқу құралына» енген мәтін. Жұлдыздардың ағып түсуі дегенге түсінік беріліп, себептері айтылады. «Ағып түсетін нәрселер тас сияқты, кейде темірден болады. Жарқырап қойынатын себебі – ауадан өтіп келе жатып қатты қызады» дейді. Танымдық мәні бар ақпарат. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**АҒЫТАЙҰЛЫ** Ибраһим (11.2.1942 ж.т. Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а.) – ұстаз, журналист, этнограф. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1993). Қызылорда мемл. ун-тінің филол. ф-тін (1966), Алматы жоғары партия мектебін (1975) бітірген. Еңбек жолын туған ауылында орта мектеп директорының орынбасары болып бастаған. Қазақстан КП Жангелдин ауд. к-тінде қызметкер (1971–75), ауд. а.ш. қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы, ауд. атқару к-тінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі (1976–83), «Шилі» кеңшары партия ұйымының хатшысы (1983–88) қызметтерін атқарған. Кейін журналистік қызметке ауысып, Қостанай обл. Әуликөл ауд. «Әуликөл тынысы» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары

(1990–2000) болған. А. қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Е.Омаров, Басықара Қанафияұлы шығармаларын насихаттауға үлкен үлес қосқан. 1989 жылдан бастап жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде Байтұрсынұлы әулетінің шежіресі мен ол туралы деректер берілген «Бабамыз бек-



*И.Ағытайұлы*

зат данышпан» шежірелік хикаяты (2000), «Ортақ өмір арнасы» (2005) кітаптары жарық көрді. 1996 ж. ұйымдастырылып, Ахметтің өмірі мен шығарм. жолын зерттеуді мақсат еткен «Ақжол» экспед-ның жұмысына белсене араласты. 2000 ж. Байтұрсынұлы а-на әкім болып тағайындалып, облыс деңгейінде «Ұрпақтар қауышуы» атты үлкен шара өткізуге қатысты. 2010 ж. ғұламаның жары Бадрисафа Мұхамедсадыққызына арналған экспед. жұмыстар барысында Орынбор, Омбы, Томск, Қарқаралы, Алматы, Қызылорда, Могочино қ-ларында болып, деректі фильм түсірді, Тобыл өңіріндегі «Екпінді» а-нда Бадрисафаға ескерткіш орнатуға ат салысты. А.Байтұрсынұлы медалінің иегері.

*Р.Сахыбекқызы*

«АДАМДЫҚ ДИҚАНШЫСЫ» – А.Байтұрсынұлы шығармаларының барлық басылымында кездесетін өлең. Көлемі 16 жол. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған. Өлеңдегі негізгі сарын – еңбек адамдарының тіршілік тынысын көрсете отырып, қазақы қоғамдағы әлеум. теңсіздікті суреттеу. Ақын ашы сарказмды пайдалану арқылы, еңбекші халықты ауыр халге төзіп, көніп, үндемей жүре бермеуге шақырады. Өлеңнен каналушы тапқа деген аяушылықпен бірге, үстем таптың езгісіне көніп, үнсіз бас ұратын құлдық психологияға қатысты ұятты ыза да аңғарылады. Өлеңде Абайдың, Ыбырайдың демократтық, гуманистік көзқарастарымен үндестік бар. «Есептен алданғандай болғандар көп, Жасықты, асыл ма деп, білмей қайрап» деген жолдарда заманындағы білімсіз көп наданды оятымын деп тағдырдың кермесіне кезіккен тұлпарлар мен сұңқарларды аңсау да байқалады.

*С.Итегулова*

**АДАМНЫҢ АДАМДЫҚ БЕЛГІСІНІҢ ЗОРЫ** – А.Байтұрсынұлының тілге берген сипаттамасы: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі».

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімділерінің I-тобының қаулысы бойынша өзгертіліп б-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«АДАМНЫҢ ЖЕР ЖҮЗІНЕ ТАРАЛУЫ»** – «Оқу құралына» енген танымдық әңгіме. Адамдардың күн көріс қамымен, мыңдаған шақырым жол басып, бір жерден екінші жерге қоныс аударуының жағдайлары әңгімеленеді. «...Мұхитты, теңізді кезу өте ескі замандардан басталып, әлі тоқтамай келе жатыр. Бәрін жүргізетін – бір тамақ» деген түйін жасалған. Шәкірттердің дүниетанымдық түсінігін қалыптастыруды көздейді. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«АДАМ ОТ ЖАҒУДЫ ҚАЛАЙ ҮЙРЕНГЕН»** – «Оқу құралына» енген шағын әңгіме. Аспаннан түскен найзағай отынан өртенген ағаш қызуына жылынып, бырысып күйіп қалған аңдардың дәмді етіп жеп жүріп, алғашқы жабайы адамдардың отқа үйрене бастағаны әңгіме болады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**АДАС СӨЗДЕР** – омоним сөздер.

**«А» («Е») ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол затты іске айналдыратын қосымша. Мыс., «ас» деген сөзге «а» жұрнағын жалғап, «аса» дейміз асты іске айналдыру үшін. «Дем» деген сөзге «е» жұрнағын жалғап, «деме» дейміз демді іске аудару үшін.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. – I тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**«АЗАЛЫ КІТАП»** – **«КНИГА СКОРБИ»**. **АТЫЛҒАНДАРДЫҢ ТІЗІМІ. 1-БАСЫЛЫМ. АЛМАТЫ ЖӘНЕ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ** – кітап. Кітаптың құрастырушысы әрі редакторы – Н.Ялымов, М.Алданиязова. «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы дайындаған. Алматыда 1996 ж. орыс тілінде жарық көрген. Көл. 360 бет. Таралымы 1000 дана. Кітаптағы «Навечно в памяти народа» атты мақалада А.Байтұрсынұлы аталып өтіліп, ол туралы мәлімет суретімен 53-бетте былайша берілген: «Байтұрсынұлы Ахмет. Род. 1870 г., ур. Тургайской обл. прож. гор. А-Ате, казах, один из лидеров «Алаш-Орды», лингвист, обществ. и гос. деятель, б/работн. Осузд. тр. УНКВД по А-Атин. Обл. 25.11.1937 г. Реабилитирован опред. СУ ВС КазССР от 04.11.1989 г.». Осы мәліметті берушілер Байтұрсынұлының шын туған мерзімін негізге алмаған, сол түрме қабырғасында қатталған сурақ-жауап барысында айтылған датамен жазған.

**«АЗАМАТ СЕРІКТІГІ»** – қайырымдылық шараларын ұйымдастырумен айналысқан мәдени ұйым. А.Байтұрсынұлы және М.Дулатовтың ұйымдастыруымен 1913 ж. Орынбор қ-нда құрылған. Оған Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Н.Құлжанова, т.б. қазақ зиялылары мүше болған. Мақсаты – мүшелік жарна (әр адамнан – 100 сом) есебінен «Қазақ» газетінің үздіксіз шығып тұруына көмектесу. Сондай-ақ қазақ қоғамындағы оқу-ағарту жұмыстарын өрістетіп, зәру оқу құралдары мен әдебиеттерді баспадан шығару, мектеп-медреселердегі мұқтаж шәкірттерге қаржылай көмек беру, т.б. қайырымдылық істерімен айналысты. Байтұрсынұлы және Дулатов «Алаш азаматтарына» деген мақалада («Қазақ» газеті, 1913. – №42) «Бұл серіктік – көпес серіктігі емес, кәсіпші серіктігі емес, «Азамат серіктігі». Оған кіретіндер жұрт жұмысы турасында жалғыз ақшасымен серіктес болмай, көңілімен, ниетімен серіктес болуы қажет» деп жазды.

*А.Мектен-мегі*

**«АЗАППЕН ӨТКЕН ӨМІР-АЙ!»** – екі бөлімді драм. элегия. Авторы – Ө.Ахмет. Пьесаны Қазақстанның «Ақ жол» демокр. партиясының Маңғыстау обл. бөлімшесі жанындағы «Ақ жол – жастар» қанатының талапты әуесқой артистері сахналаған. Шығармада автор Ахмет Байтұрсынұлы мен жары Александраның (Бадрисафа) өмірінен сыр шертеді. Пьесада қазағы үшін азапты өмір кешкен ерлі-зайыптылардың өмірден өткенше қуғын-сүргіннен бір сәт көз аспағанына куә боламыз. Қайраткер ғалым өмірінен үлкен орын алатын орыс қызы Александраның жарқын бейнесін сахнаға алып келу арқылы Ахмет бейнесі және бір қырынан толығыады. Пьесаның шымылдығы ұйықтап жатқан Перизаттың түсімен басталады. Шошып оянган жас қыздың «ақ апа», «ақ апа» деп шырылдағанынан-ақ оқырман оның түсіне енген жанның торғайлықтар «Ақ келін» атап кеткен Бадрисафа екенін ұғатыны анық. Таң ата оң мен тұстің арасында берілген аяның астарына үңілетін болсақ, Ақ апаны аңдып жүрген жансыздың – кеңес үкіметінің жандайшабы екеніне көзің жетеді. Қапиза қызы Перизатты бала санап, ауырып жатқан адамның сандырағына жорып, оны алдаусыратқан болады. Бірақ Ақ апаны бір рет көргенде-ақ ұнатып қалған Перизаттың көз алдына Бадрисафа елестеп тұрғаны анық. Қапиза баласынан сыр жасырып, Бадрисафа жасырынып жатқан көл жағасына түйіншекке түйілген тамағын ала жөнеледі. Алайда, анасының жасырын жүрісінен секем алған сезімтал қыз аңдып басып оның артынан түседі. Иә, ойы алдамапты. Апасы шынымен де көл жағасында Ақ апамен әңгімелесіп қызының көрген түсін айтып, Атсыздан сақ болу керектігін пысықтап

## АЗАТТЫҚ

отырғанына куә болады. Осылайша басталатын қойылымның әр көрінісіне жекелеген оқиғалар негіз болып, ары қарай жалғаса береді. Негізгі оқиға Бадрисафаның елден жырақта көл жағалап балық аулап жүргенімен басталғанмен, лирикалық шегініс жасау арқылы екі жастың танысқан кездерінен хабар бере кетеді. Ахмет пен Александраның Қарқарада танысқанын тарихи деректер де растайды. Сонымен бірге көркем шығармада диалог та үлкен міндет атқарады. Жекелеген кейіпкерлердің ұстанымдарын, мінез-құлықтарын, табиғи болмысын өз сөздерінен де аңғаруға болады. Ахмет пен Атсыз – бір-біріне қарама-қарсы кейіпкерлер. Олардың өмір жайындағы түсініктері де, ұстанымдары да кереғар. Ахметтің арманы – қазақ халқын ақ патшаның отарынан құтқару, білім нәрімен сусындату. Ал, Атсыз – қарынның камын ойлаудан аспаған, аярлықпен, сатқындықпен жан баққан көрсоқыр жан. Сол бір дүрбелең уақыттарда Атсызға ұқсаған жағымсыз, сатқын жандардың қазақтың әр ауылында болғаны рас. Драматург осы бейне арқылы бір дәуірдің шындығын көрсетуге тырысқан. Одан біз автордың Атсызды типтік дәрежеге көтергенін, ол – жүздердің, мыңдардың жиынтық бейнесі екенінен ұғынамыз. Драматург Ахмет пен Атсызды Александра төңірегінде тағы бір сынақтан өткізген. Атсыз – үкімет адамы ретінде сұлу қызды өзіне бағындырғысы келетін қара күш иесі болса, Ахмет – үлкен сезім иесі. Махаббат атты ұлы сезімді ұлықтаған орыс қызы Ахметті құлай сүйгенін өмір бойы дәлелдеп өтеді. Көл жағасында ғашығының бір кезде өзіне арнап жазған «Екі жирен» әнін сызылта әндетіп жүруі, өмірінің соңғы сәттерінің өзінде Ахметтің өлеңдерін қағазға жазып беріп, Перизат сынды жас талапкерге жаттатуы – осының бір мысалы. Автор Ахметтің ақындығын жадында берік ұстанған. Оны ақын өлеңдерінің, аудармаларының, әндерінің тиімді қолданылғандығынан көреміз. Ал, шығарма оқиғаларының Ахметтің өмірдеректерінен алынғаны байқалады. Автор Бадрисафаның сүйгеніне деген шексіз құштарлығын оның өмір жолына сыйғызғауа тырысқан. Оны Ақ апаның соңғы демі тоқтағанша адал жарына деген махаббатын өшірмеуі растайды. Шығарма Перизатқа әңгіме айтып отырған Ақ апаның сүтті ысытып келгенше жағдайы мүшкіл күйге түскенімен аяқталған. Автор екі буын өкілдерін негізгі оқиғаға қатыстыру арқылы Ахметтің болашағы жарқын болатындығын меңзейді. Оны мектепте оқып жүрген Перизаттың Крыловтың мысалын кім аударғанын білмесе де жатқа білетіндігі, Бадрисафаның әңгімелерін көңіліне тоқуы, жекелеген өлеңдері мен «Екі жиреннің» жазылу тарихын естіп, оларды жаттап алуы, Атсыздың өтірік әңгімесін бетіне басыуы тәрізді деталдарға сыйғызған.

*Г.Орда, Р.Имаханбет*

«АЗАТТЫҚ» – «Оқу құралына» енген шағын әңгіме. Авторы К.Баранцевич деп көрсетілген. Жакып деген баланың базарда құс сатып отырған адамнан жиырма теңгеге кішкентай ғана шыбық құсты сатып алып, былай шыққан соң оны аспанға ұшырып, өз еркіне жібергені әңгімеленеді. Қайырымдылық тұрғысынан тәрбиелік маңызы зор. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**АЗҒАН СӨЗДЕР** – тұрпаты өзгеріп, естілуінше жазылған сөздер. Бұл – тұрлаулы өзгеріс екенін ескерте келіп, ғалым азған сөздерге «*үйімін*», «*бүйімін*», «*сүйімін*», «*әйтсе де*», «*әйтпесе*», «*бұрнағы*», «*бұрсі*», «*белбеу*» деген сияқты жатқызады. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

*О.Жұбаева*

**АЗИЯ** (ассириялықтар тілінде – асу, шығыс) – Жер шарының ең үлкен бөлігі. А.Байтұрсынұлы «Азия» мақаласында Азия құрлығының жер шарындағы ең ірі құрлық екені, ондағы тіршілік көздері, жергілікті тұрғындар, жер-су, жан-жануарлар, өсімдіктеріне дейін айта келіп, олардың осы күнге дейінгі даму сатылары, т.б. жайында қысқаша сипаттама берген. Сондай-ақ «Оқу құралы» хрестоматиясындағы «Алтай» өлеңінде (А., Көркем әдебиет. 1960): «Айбатты Алтай тауы бұлттан асқан! Басың қар, қысы-жазы қырау басқан. Айдынды Азияның қарауылы – Шудалы ақбас бура көбік шашқан...» десе, осы өлеңнің келесі бір шумағында: «Алысқан бауырларға көзді салсақ, Ерлерін Азияның жинап аласақ, Жаңғыртып жер дүниені, жау қайдалап, Лек-лек боп зор майданға біз де барсақ...» деп Азияның қарауылы іспеттес Алтай тауларын суреттеген. Сондай-ақ Азия ер-азаматтарын жинап, зор майданға аттануды меңзеп отырған Сәкеннің Азия жайында ой-пікірін білуге болады. Қыр баласының (Ә.Бөкейхан) «Григорий Николаиш Потанин» мақаласында (5-том) Семенов-Тянь-Шанский және Григорий Николаевич Потанин екеуі немістің Карл Риттердің «Азия» (Азия) деген кітабын орыс тіліне аударып басып шығарғаны және осы кітапқа қазақ тарихы туралы Григорий Николаевичтің қосымша көп мақала жазғаны айтылады.

**АЗОВ ТЕҢІЗІ**, **А з а в т ең і з і** – Ресей Федерациясының еур. бөлігінің оңт-не орналасқан теңіз. А.Байтұрсынұлы «Кіші орыс» мақаласында (6-том) орыс ауылын аралап, қалай тұратындығын, алыстан қарағандағы ауылдың ағашы мол көрікті екенін, үйлердің аралықтарындағы жасыл желекті бау-бақшасын сипаттап келтірген. Ауыл үйлерінің төңірегі мұнтаздай таза, әр үйде бірлі-екілі балалардың болатындығын, үй іші тап-таза, жып-жинақы, кереге, төбе, пеші барлығы орнында екенін айта келіп, отбасында жүр-

ген бәйбішенің мұздай сүтінен дәм татқанын жазған. Одан әрі, кіші орыстардың шаруашылық жүргізуімен таныстық. «Кіші орыс» деп отырғанымыз – бұл украин халқы. Атам заманнан бері Украинада кіре салу бар. Бұлар кірені «шумакуание», яғни кірешіні «шумақ» дейді. Шумақтар (Украина саудагерлері) Қара т. және Азов т-дерінен балық тасиды. Тасыған балықтарды өз ауылына алып келеді, я сыбай жәрмеңкелерге алып барады» деп жазған («Живой Родниктен»).

Қ.Ахметов

**«АЗЫП-ТОЗЫП КЕТПЕСКЕ НЕ АМАЛ БАР?»** – мақала. Авторы – Жиһанша Сейдалин. «Айқап» журналында жарияланған. Бұл съезд шақыру жөніндегі мейлінше толымды, мейлінше мақсатты алғашқы жарияланым еді. Автор мақаласында қазақ халқының отаршылдық кезіндегі ахуалын талдай келіп, ендігі жерде бас қосып отаршыл үкіметке халықтың жағдайын көтеруге байланысты талап қою қажеттігін беріле жазады. Елдің күйін түзеу үшін оқығандар кеңесу қажет, кеңесу үшін съезд ашу керектігін алға тартады да, съезд ашудың қажеттігін төмендегідей себептермен түсіндіреді: «1. Істің ең қиын жері рұқсат алу, іздену, Хакіммен үркітпей, шошытпай жақсы қалыппенен сөйлесу. Бұл сиез турасында бөтен хакім қанағат ететіндерден талапкер шықпаса, мен Аллаға сыйынып өз міндетіме алайын; 2. Бас қосу Орынборда болсын; 3. Әр болыстан екі болыс сайланып келсін; 4. Нендей сөздер сиездің қарамағына түседі? (Бағдарлама). Әрине ол программа хакімге көрсетіледі. Министр бекітеді, программаға жазылатын лайық сөздерді әуелі «Айқап» һәм «Қазақ» бетіне жазып салыстырарға керек: «Ханда қырық кісінің ақылы бар» деп бабаларымыз айтып кетсе де, ақылға ақыл қосылсын, сөзден сөз тусын; 5. Менің бұл жазған сөзімді мақұлдаған яки бұл турада айтатұғын ақылы болған азамат, атқа мінген ел ағасы һәм халыққа сөзін тыңдататұғын молла, хазіреттер болатұғын болса, олардың бәрінен өтінемін: маған хат жазып білгенін айтсын». Бұл мақаланың негізгі көтерген мәселелері «Айқапта», «Қазақта» келелі тақырыпқа айналды. Ұлт-азаттық қозғалыстың бүкіл қазақ даласын қамтуы үшін және оның мақсатты күреске айналуы үшін ел мүддесі жолындағы азаматтардың басқосуы мәселесінің күн тәртібіне қойылуы – осы кезең үшін аса өзекті мәселе болатын. Сейдалиннің бұл үлкен қозғау салған хатына Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Б.Сыртанов жауап жазады. Сондай-ақ Сейдалиннің съезд өткізу идеясын Б.Қаратаев, Ж.Тілеубергенов, К.Шалқаров, Е.Қасаболатов, А.Ақберліұлы, т.б. қызу қолдағанын «Қазақ», «Айқап» беттерінен оқимыз. Мыс., Қаратаев бастаған топ: «Сіздің сиез керек деген сөзіңізді бек ұнатамыз. Сиез әкімдердің рұқсатымен болсын, жұрт-

тың мұқтажы турасында ақылдасайық, осы келешек халық жұмысына қызмет етуге біз даярмыз» деген сияқты тілектестік лебіздерінің көп болғандығын аңғарамыз. Сейдалиннің съезге қатысты мақалалары «Мусульманская газета» сияқты басылымда да көрініс тапты. Осы газеттің 1914 жылғы 14 қаңтардағы санында Торғай губернаторының Сейдалинді қабылдағаны жөнінде мәлімет берілген болатын.

С.Жұмағұлов

**АЙҒАБЫЛУЛЫ** Айтбай (16.3.1936, Өзбекстан, Ташкент обл. Шиназ ауд. Көтерме а. – 7.6.2001, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1997), Қазақ КСР (1970) және КСРО оқу ісінің үздігі (1980). Ташкент пед. ин-тын (1959) бітірген. Ауылдық орта мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі (1959–72), «Қазақ совет энциклопедиясы» баспасында ғыл., аға ғыл. редактор (1972–78), Білім мәселелері ғыл.-зертханасы ин-тында бөлім меңгерушісі (1978–84) қызметтерін атқарған. 1984 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазҰУ-да аға оқытушы, доцент болған. «Қазақ тілі морфологиясы» деген тақырыпта докт. диссертация қорғаған. А. 6–7-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» (К.Ахановпен бірге) оқулығының, жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ тілін оқыту методикасы» (1988), «Қазіргі қазақ тілі» (1991) оқу құралдарының телавторы. «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тілін оқыту мәселесі» (ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 1999. – №31), «Ахмет Байтұрсынұлы және морфология» // Ұлттық рухтың ұлы тіні: Ғылыми мақалалар жинағы» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде; А., 1999), т.б. еңбектердің авторы.

**«АЙ-ҒАЙ, ҒАЗИЗА!»** (1) – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Шумақты-қайырмалы құрылымда жазылған ән тұрақты до-миксолидийлік ладта дамығанына қарамастан, ауытқулар кездеседі. Әннің бірінші әуендік жолы негізгі до дыбысының әндетілуінен басталып, терциялық тон арқылы квинталы секірмеге төмен түсіп, 7b дыбысты пайдаланып соль нотасына тұрақталады. Триоль ырғағынан соль дыбысынан тізбектеле көтерілген әуен кварта аралығында дамып, соль дыбысының бірнеше рет қайталануымен қайырылады. Үшінші әуендік жол ля дыбысының қайталануы арқылы речитативтік бағытты меңзей келе, жоғарғы до дыбысынан төмен өрбіген әуен ми-локрийлік ладтық бояуды көрсетеді. Төртінші әуендік жол ре дыбысының қайталамалы әдісі арқылы дамып, соль дыбысына көтеріледі. Толқынды, ұстамды екпінде жүретін әннің қайырмасы до дыбысынан секундалық көмекші тәсілімен фа дыбысына көтеріліп, қайта до нотасына оралады. Ән қантленалық болғанымен, арасындағы қайталамалы дыбыстар речитативтік бағытқа бұрып тұрады.

# АЙДА БЫЛПЫМ

## 793. Ай-хай Газизә!

(о, Газизә!)

Сообщил Ахмет Байтұрсынұв.  
Түбәләкәй пол. вул № 5.

Размашисто, с полетом.  $\text{♩} = 92$ .

Миксолид.  
Лад.

*mf* *f* *p* *mf*

*p* *mf* *p* *удерживая*

Плавно и выдержанно.

*mf* *pp* *tr*

Ай - хай! Га-изә - зәу Га-изәу Га-изәу - ай!

Ырғақтық ерекшелігі алуан түрлі – қарапайым сегіздік, төрттік, жартылық ұзақтықтармен қатар, триольдің күрделі түрлері (ыдыратылған, ұзартылған түрлері), синкопа мен пунктир кездеседі. «АЙДА БЫЛПЫМ!» – күй. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Ноғаға түсірген – А.Затаевич. Байтұрсынұлы орындауындағы бұл күй орта оқу орындарында жүргізілетін домбыра үйрену мектебінің жүйесіне енген. Бұл қазақ жұршылығына

кең тараған, аса танымал туынды болғанына қарамастан, тек бір нұсқасы ғана сақталған. Нақтылап айтқанда Байтұрсынұлы жеткізген күйдің үлгісі. Күйдің талдануы қазіргі заман талабына лайықталған нұсқаның негізінде жүргізілді. Жүрдек екпінде тартылатын күй буынды құрылымда жазылған, тұрақты 2/4 өлшемде жүреді. Бас буыннан басталған күйдің әуені ре ішегіндегі ми дыбысынан өрбиді. Ортаңғы буын ля-до тірегіне негізделіп, аппликатуралық интонациялық жүйе бойынша тізбектелген. Ортаңғы буын әуені шарықтау шегінде кездесетін екінші октаваның ля дыбысына дейін барады. Бұл әуендік буынның тірегі ре-ре болып табылады. Орта буынның соңында фа-сиб тұрақталған каденциялық айналым кездесіп, бас буынға оралады. Осы орта буынның өзгерістермен қайталануы тағы бір рет жүргізіліп, буындық құрылымға тән бас буынның қайталануымен аяқталады. Күй басынан аяғына дейін қара қағыспен орындалады. «АЙДАЙ-АЙ» (1) – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Ноғаға түсірген – А.Затаевич. Бұл әннің бірнеше нұсқасы болғандықтан, Затаевич мұны бірінші нұсқасы деп белгілеген. Ауыспалы ладта жазылған: соль-ионийліктен басталып, ре-фригийлікпен аяқталады. Бірінші әуендік жол – 4 дыбыстан басталып, бірде до дыбысына, бірде ля дыбысына тұрақталуы құбылмалы ладты басынан бастап көрсетеді. Кантиленалық ән екі әуенжолдан тұратын шумакты-қайырмалы құрылымда жазылған. Бірінші әуендік жолы өзгеріссіз қайталады. Екі муз. сөйлемге ре-эолийлік-фригийлік ладты көрсететін каденциялық айналыммен қайырылған. Осы қайырымның негізінде «айдай-ай» деген одағай сөз қосылып аяқталып тұрғандай. Әннің өлшемі тұрақсыз: 4/4 өлшемінен басталып, 5/4, 3/4 арқылы келіп, қайтадан 4/4-пен аяқталады. Ырғағы көркемдік жағынан ерекшеліктерді көрсетеді, яғни мұнда такт ішінде синкопа, триоль, пунктир ырғақтары

788. Айда! бл-пым! 1873  
(Варьян на хорозда)

Умеренно скоро, очень ровно и ритмично,  $\text{♩} = 92$ .

Сообщил Ахмет Байтұрсынұв.  
Түбәләкәй пол. вул № 5.

Ирче.

Размашисто.

Мигче.

(Всегда-снова ровная) Как сначала.

Ирче.

Мигче.

Как сначала.

Ирче выдержанно.

Дан № 79.

250. Ай-да-яй.

Сообщил Ахмет Байтұрсынұв.

Решительно.  $\text{♩} = 80$

Мягче.

замирая -

кездеседі. Әуенінің диапазоны нона аралығын қамтиды. Ән соңында қосымша қайырма берілген. Ол ре дыбысынан секста арақашықтығына тізбектеле көтеріліп, 2в дыбысының өтпелі және көмекші түрлерін пайдалану арқылы толқындалған әуенмен аяқталады.

*А.Қазтуғанова*

**«АЙ» («ЕЙ») ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол заттың пайда болғанын көрсететін жұрнақ. Мыс., «от» деген сөзге «ай» жұрнағын жалғап, «отай» дейміз от пайда болуын көрсету үшін. «Ес» деген сөзге «ей» жұрнағын жалғап, «есей» дейміз ес пайда болуын көрсету үшін. Бұл жұрнақтар орнына кей сөздерде «к» (к) жұрнақ та айтылады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. – 1 тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**«АЙҚАП»** – энциклопедия. Құрастырушылар – Ү.Сұбханбердина, С.Дәуітов. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы дайындаған. Бас редакторы – Р.Нұрғалиев. А., «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 1995 ж. жарық көрген. Көл. 368 бет. Таралымы 3000 дана. Энциклопедия «Қазақ баспасөзі тарихынан», «1911 жыл», «1912 жыл», «1913 жыл», «1914 жыл», «1915 жыл», «Айқап» журналының белгілі авторлары» атты тараулардан және «Айқап» журналына басылған мақалалар мен хат-хабарлардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші» мен «Авторлардың алфавиттік көрсеткішінен» тұрады. 1917 жылға дейін қазақ жерінде бірнеше газет-журналдар шыққан. Солардың бірі қазақ елінің экономикасы мен саяси жағдайы, тарихы, мәдениеті мен оқу-ағарту ісі, тілі мен әдебиеті хақында келелі сөз қозғаған, шығармаларының денін ғыл. әрі көркем туынды түрінде жариялаған

«Айқап» журналы. 1911–15 жылдар аралығында 88 саны ғана жарық көрген «Айқаптың» бетінде А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатовтың алғашқы шығармалары жарияланған. Бір ерекшелігі мұнда басқа да көптеген танымдық материалдармен қоса қазақ шежіресі, көне жырдастандар мен ертегі, жұмбақтар, қазақ хандарының өмірі туралы деректі мақалалар, халықтың әдет-ғұрпын баяндайтын небір қызықты мағлұматтар жарияланған. Байтұрсынұлының «Айқап» журналында басылған мақалалары: «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы нызамдар», «Қазақ һәм төртінші Дума», «Тағы да народный сот хақында», «Аз уақытта көп білу жолының басы», «Жазу тәртібі», «Шәйізмән мырзаға», «Қазақ өкпесі» т.б. көптеген мақала, хабарлары «А.б.» «А.А.Б.» деген бүркеншік атымен жарық көрген. Сондай-ақ кітапта Ахмет редактор болған «Қазақ» газетінің қайта оралуы» атты мақала берілген.

*С.Арғынғазин*

**«АЙҚАП»** – қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911–15 ж. Троицк қ-нда айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрды. Оның 88 саны 1000–2000 мың данамен жарық көрген. Алғашқы редакторы – М.Сералин. Қазан қ-ның татары Яушиев демеушілік көрсеткен. «А.» қазақтың қоғамдық ой-пікірінің оянуы мен ұлттық мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. Журналда қазақ ауылындағы оқу-ағарту мәселесі, әйел теңдігі, отырықшылық тұрмысқа көшу, т.б. тақырыптар және Мемл. Думаға қатысу сияқты саяси мәселелер көтерілді. Журналды шығаруға Ә.Ғашимов, С.Торайғыров ат салысқан. А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Майлин, Б.Өтегілеуов, С.Донентаев, С.Көбеев, Н.Құлжанова, т.б. қаламгерлер белсенді қатысты. Журналда Шокан, Абай,



## АЙМАҒАНБЕТ

Ыбырай шығармаларымен бірге ауыз әдебиетінің үлгілері, шығыс, орыс және Еуропа халықтарының туындылары басылып тұрған. 1911 ж. Байтұрсынұлының «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп», «Қазақтың өкпесі», «Тағы да жер жайынан», «Аз уақытта көп білу жолының басы», «Қазақ хәм түрлі мәселелер», «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы нызамдар, бұйрықтар»; 1912 ж. «Шаһзаман мырзаға», «Қазақ жерін алу турасындағы нызам», «Қазақ хәм 4-Дума», «Жазу тәртібі»; 1914 ж. «Мұсылмандар үшін Петерборда болатын кеңес жиылысы», «Жаңа кітаптар» («Оқу құралы» кітабының 2-рет басылуы туралы), т.б. мақалалары шықты. 1913 ж. Байтұрсынұлы Ж.Сейдалиннің «А.» журналының 13–15-сандарында жарияланған қазақ съезін шақыруға байланысты хаттарына жауап ретінде «Бас қосу турасында», «Жауап хат», «Бас қосуға рұқсат берілмеді», «Бас қосу», т.б. мақалаларын жариялады. Журнал материалдарын 1995 ж. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы жеке кітап етіп баспадан шығарды.

*С.Жұмағұлов*

**АЙМАҒАНБЕТ** Спанұлы (шын аты – Аймұхаммед, 1900, Қостанай обл. Әуликөл ауд. Үшқамыс а. – 1984) – молда. Шошақтың (Байтұрсынның әкесі) інісі Баршынның Ыспан деген ұлынан тарған. Жастайынан молдадан арнайы білім алған. Діни сауатты А. пен ағасы Жақыпбекті Кеңес үкіметі 1928 ж. «діндар», «байдың тұқымы» деп қу-



*Аймағанбет Спанұлы*

ғынға ұшыратады. Содан ол елден жырақ Башқортостанға асып кетеді де, 1940 ж. Қостанайға қайта оралады. Биліктегілер тыйым салғандықтан мешіт салсам деген арманы орындалмай, жинаған қаражатын балалар үйіне аудартады. 1940 ж. И.Сталинге хат жазып, Қостанайдағы Ақмешіттің сақталып қалуына қол жеткізеді. Дінге қарсы қоғамда дінге қызмет етіп, дінді уайыздайды. Діни-ғұрыптық салттарды орындап, түскен ақшаларды Ташкент, Қызылорда, Махачкала, Пермь сияқты қ-лардағы мешіттерге салып отырады. 1988 ж. Қостанайда өтетін іс-шараларға Араб Әмірлігі елінен келген 14 адамнан құралған делегация ме-

шіт болмағандықтан, А. марқұмның үйінде болып, дұға оқып, жұма намазын өткізген. 2016 ж. Қостанай қ-нда А. атынд. мешіт ашылды.

**АЙМАУЫТОВ** Жүсіпбек (1889, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Қызылтау атырабы – 1931, Мәскеу қ.) – Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. 15–16 жасында Павлодарға барып, орысша-қазақша екі сыныптық мектепке түседі. Оны 1914 ж., Семейдегі оқытушылар семинариясын 1918 ж. бітіреді. Осы кезден алашордашылардың істеріне араласып, Семейде «Абай» журналын шығаруға ат салысады. 1919 ж. респ. Халық ағарту комиссариатында алқа мүшесі, Семей губ. оқу бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы (1919–22) болады. 1922 ж. Семей қ-



*Ж.Аймауытов*

нда ашыққан елді аман сақтап қалу үшін сенімді азаматтарды ел арасына шығарып, күйлі азаматтардан көмек ретінде мал жинау ісіне М.Дулатов екеуі басшылық жасайды. Сөйтіп екі-үш айда жиналған 15 мың бас ірі қараны ашыққан елді мекендерге жібереді. Қарқаралыда мұғалім (1922–24), «Ақ жол» газетінде әдеби қызметкер (1924–26, Ташкент), Шымкент пед. техникумының директоры (1926–29) қызметтерін атқарған. 1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде қамалып, 1931 ж. атылды. А. өзінің қысқа ғұмырында артына аса бай көркем әдеби, ғыл. мұра қалдырды. Ол У.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан, А.Дюма, А.С.Пушкин, Р.Тагор, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, Дж. Лондон шығармаларын, «Интернационалды», бірқатар ғыл. еңбектерді қазақ тіліне аударды. Пед., психол., әдістемелік, эстетик. тәрбие туралы зерттеулер, сан алуан публицистик. мақалалар жазды; әдебиет, сын саласына араласты. 1918–19 ж. М.О.Әуезовпен бірге «Абай» журналына «Екеу» деген бүркеншік атпен «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, №2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, №3) деген мақалалар жазды. Соңғысында А.Байтұрсынұлы, С.Дөнентаев, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Өтетілеуовтерді «халықшыл» ақындар қағарына жатқызған. Журналдың 1918 жылдың қаңтарындағы санына

шыққан «Алаш ұлдарына арналған ұран» атты өлеңі І-Алаш атты әскер полкінің жауынгерлік Әнұранына айналды. А. пед. оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақтың жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын шығарды. «Комплексті оқу жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы», т.б. ғыл. еңбектері оның ғалымдық-зерттеушілік қабілет-дарынының кең тыныстылығын аңғартады. Өз уақытында елеулі рөл атқарған «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926), т.б. пед., психол. және әдістеме саласында жазған ірі еңбектері ғылымның бастауында тұрған ірі ғыл. еңбектер. Қазақ зиялылары мен ғалым-педагогтары А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов және т.б.-лармен қатар А. та ана тілінде мектеп ашу мәселесімен бірге оқу-тәрбие барысында халықтың өнегелі салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, ауызекі шығарм-н ұлттық сананы ояту, туған жерге, елге сүйіспеншілік көзқарастарын қалыптастыру мақсатында пайдалануға аса мән берді. Байтұрсынұлының ұлттық білім беру жүйесі, М.Жұмабаевтың қазақ педагогикасын түзуі, А-тың қазақ психологиясы ғылымын зерлей бастауы, үшеуінің қазақ этнопедагогикасын ғылым ретінде қалыптастырып, пән ретінде оқытуға ұсынуы ұлттық педагогиканың (халық педагогикасы мен пед. ойлардың), яғни қазақ этнопедагогикасының дамып қалыптасу жолдарын көрсетті.

Әдеб.: www.sanatez.net (қаралған күні: 3.9.2017).

**«АЙ МЕН КҮННІҢ ТҰТЫЛУЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Ай мен Күннің тұтылуы себептері, оны ғалымдар алдын ала есептеп, қашан тұтылатынын күнілгері білетіндігі айтылады. Танымдық маңызы бар ақпарат. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«АЙНА МЕН МАЙМЫЛ»** – «Қырық мысалдағы» жиырма бірінші өлең. 8 шумак (32 тармақ). Айнадан өз бейнесін көрген Маймыл жанындағы аюға қарап: «Он екі мүшесінің бірі онды емес. Бұл кім өзі мынау перің?» деп күледі. Аю оған: «Әуре боп басқаларды сынағанша, Абайлап қарашы әуел өзіңе-өзің» дейді. Осыны мысал ете отырып, автор: «Мысалы, адам – Маймыл, өлең – Айна, Өлеңді түсінгенге көп бар пайда. Айтылған өлеңдегі мінің көріп, Түзейтін мінез-құлқын адам қайда? Деп айтар: «Пәленшелер секілді екен, Болса да нақ сол міндер өз басында» деген ғибрат айтады. Расында, «Өз басындағы боғын көрмей, өзгесін басындағы шоғын көретін» адамдар барлық уақытта болған, қазір де бар. Мысал өлең адам психикасындағы осы кемшілікті деп басқан.

С.Ғұсманқызы

**АЙТБАЙҰЛЫ** Өмірзақ (5.4.1936 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд. Балтақөл а.) – филол. ғыл. докт. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003) және

ҚР Әлеум. ғылымдар академиясының акад. (1998). ҚазҰУ-ды бітірген (1959). «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер (1959–62), ҚР БҒМ ҒК ҒА Тіл білімі ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас ғыл. қызметкер (1962–2012), ҚазМҚПУ-да (1994–95), Халықар. қазақ-түрік ун-тінде (1996–97) оқытушылық қызметтер атқарды. 1998 жылдан «Қайнар» ун-тінде



Ө.Айтбайұлы

декан, проф. 2004 жылдан Халықар. «Қазақ тілі» қоғамының президенті. А-ның ғыл. зерттеулерінің негізгі бағыттары қазақ тілінің лексикологиясы мен терминологиясы мәселелеріне арналған. «Терминология мен аударма теориясы» бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып жүрген тұста А-ның басшылығымен және қатысуымен «Қазақ терминологиясының мәселелері» (1981), «Термин және олардың аудармалары» (1990) ұжымдық еңбектері жарық көрді. А. 550-ден астам ғыл. еңбектің, 21 кітап пен монографиялардың авторы. «Құрмет» (1998), «Парасат» (2007) ордендерімен және Ы.Алтынсарин (1996), «Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2004), «Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл» (2011), т.б. медальдармен марапатталған. А.Байтұрсынұлының өмірлік әрі шығарм. жолына «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы» (1991), «Ділғұмырлар мен тілтұғырлар» (2008) тәрізді басқа да кітаптарында, «Ұлттың ұлы ұстазы» («Саясат», 1997. – №12), «Абай үлгісінің жалғасы дерсің Аханды» («Жас алаш», 29.9.1998), «Ұлт мәдениетінің хантәңірі» («Ана тілі», 31.10.2012) сияқты мақалаларында кеңінен тоқталған. **АЙТБАҚИН** Әміре Дұрманұлы, Д ү р м ұ х а м е д (1861, Семей губ. Павлодар уезі, Ақбеттау болысының 2-а. – 1919, Шығыс Қазақстан обл. Өскемен қ.) – орысша білім алған қазақ дәрігері. А. Омбының оқытушылар семинариясын 1882 ж. тәмамдаған соң әскери прогимназияда оқытушы болған. Бір жылдан кейін ген.-губ. кеңесінің тілмашы қызметіне тағайындалды. Кейіннен

Семейдегі обл. басқармада қазақ және татар тілдерінің тілмашы, Қарқаралыда уезд бастығының аға көмекшісі болды. 1888 ж. 20 мамырда Семейге шақырылып, губернатор кеңсесінде еңбек етеді. 1889 ж. Томск ун-тінің мед. ф-тін күміс медальмен аяқтады. 1894–98 ж. Қарқаралы уезінде, Павлодар уезінің 3-телімінде, Өскемен уезінің 3-телімінде дәрігер болып, Ертістің жоғары сағасындағы Алтай елінде 20 жылдай уақыт еңбек етті. Сонымен бірге қазақ уездеріне тарайтын орыс тіліндегі басылымдарға, «Дала уәлаяты» және 1913–18 ж. А.Байтұрсынұлының ұйымдастырумен шығарылған «Қазақ» газетіне әр түрлі емдеу тәсілдерін, жұқпалы аурулардан сақтану жайында насихаттық мақалалар жазды. А-ді халық 1917 ж. жергілікті биліктің төрағасы етіп сайлайды. 1918 ж. Өскемен қ-ндағы дәрігерлік қосында еңбек еткен кезінде әлеум. жұмыстарға белсене қатысты. Алайда 1919 жылдың күзінде осы өңірде айрықша өршіген жұқпалы індет сүзектен ояп болып, Ахмер елді мекеніндегі мұсылмандар зиратына жерленген.

**АЙТУҒА ОҢТАЙЛЫ БОЛМАЙТЫН СӨЗДЕР** – кілең дауысты дыбыстар яки кілең дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздер. Ғалым қазақ тілінде дауыссыздар да, дауыстылар да екеуден артық қатар келмейтінін ескертеді. Айтуға оңтайлы болмайтын сөздер сөздің әуезділігін кемітеді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**АЙТУҒА ОҢТАЙСЫЗДЫҚ КЕЛТІРЕТІН СӨЗДЕР** – кілең дауысты дыбыстар яки кілең дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздер. Ғалым қазақ тілінде дауыссыздар да, дауыстылар да екеуден артық қатар келмейтінін ескертеді. Айтуға оңтайсыздық келтіретін сөздер сөздің әуезділігіне нұқсан келтіреді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**АЙТУШЫ ЖАҚ** – сөйлеушіні білдіретін жақ, бірінші жақ.

**АЙТЫЛУЫНША АЙЫРЫЛАТЫН СӨЙЛЕМДЕР** – айтылғанда жай айтылмай, лепті үнмен, не сұрау мәнінде, не тілек мәнінде айтылатын сөйлемдер. А.Байтұрсынұлы *айтылу түрлеріне қарай сөйлемді төртке жіктейді: жай сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**АЙТЫС** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Байтұрсынұлы ақын тілді шығармаларды дарынды сөз деп атап, оның бір табы ретінде А-ты атайды. Ғалым А-ты балуандар күресіне балайды. Яғни А. та балуандар күресіндегі бірін-бірі


жығу үшін істейтін айла-тәсілдерді қажет етеді. Байтұрсынұлы А-тың әзіл-ерегіс түрінен дамып барып, бүгінгі өлеңді А-тың дамуын болжайды. Күреске күш пен әдіс, А-қа ақындық пен әдіс серік. А. барысында әр нәрседен сөз болады, ақындар бір-бірін күтеді, жауап береді, ел мәселесін сөз етеді. Ғалым А-тың әлеумет алдында пайдасы зор екендігін осылай түсіндіреді. Ел-жұрттың тұрмысы, мінезі, әрекеті сөз болғандықтан, А. халықтың құлқын түзеуде өзіндік маңызға ие болып, екінші бір түрге ұласқан. Бастапқы А-тар шын ақындардың талас сөзі болса, одан кейін мақсатты түрге ауысқан. Сөйтіп, А. шығарма түріне айналды. Әуелде шағын ортада болған А. келе-келе алаң-аудандарда көрініс тапты. Сол алаңда адамның, елдің келіссіз істері, мінездері, пиғылдары ақындар өз атынан айтпай, А. үстінде сөз қылып шығарған. Осы өнер түрі бүгінге дейін сақталған. Байтұрсынұлы айтқандай, А. қоғамда өзіндік рөл атқарып келеді.

*Д.Оспанова*

**АЙТЫС-ТАРТЫС** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған термин. Ол – сындар әдебиетінің бір түрі. Бұл термин әдебиет теориясындағы драма жанрына сәйкес келеді. Автор А.-т. тобына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ екенін алға тартады. Сонымен қатар, ондай шығармалар жалғыз қазақта ғана емес, басқа жұрттың да ауыз әдебиетінде болмағанын, олар өте шеберлікті керек қылғандықтан, өнер күшейген кезде шыққанын айтады. Бұл термин әдебиет теориясындағы драма жанрына сәйкес келеді. Байтұрсынұлы А.-т. пен әуезенің арасында да зор айырыс бар екендігін ескертіп, оларды түсіндіреді. Әуезеде бір болған оқиғаны, әрекетті естігенмен, ол адамдарды, оқиғаларды көзімізбен көрмейміз. Ал А.-т-та әңгімені де естиміз, оқиғадағы адамдардың өзін де көреміз. Сол сияқты толғауда ақын қайғылы күйінде де, марқайған күнінде де көрініп отырады. Ал А.-т-та ол жоқ. А.-т. тобына кіретін сөздерді ғалым екі топқа бөледі. Олар: айтыс сөз және тартыс сөз. Байтұрсынұлы тартыс, яғни драманы басты-басты үш тарауға бөліп қарастырады: 1) мерт, яки әлектекті тартыс (трагедия); 2) сергелдең, яки азапты тартыс (драма); 3) арамтер, яки әурешілік (комедия).

*Е.Шынтай*

**АЙЫПТАУ ІС** – А.Байтұрсынұлын қамауға алғаннан кейін ашылған қылмыстық іс. Бұл қылмыстық іс 1937 жылғы 13 тамызда ашылып, сол жылғы 25 қарашада жабылған. Тергеу ісін Қазақ АКСР-інің Ішкі істер халық комиссариаты жүргізген. 725-нөмірмен тіркелген құжатта Байтұрсынұлын РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабы 10- және 11-тармақтары бойынша айыпты деп тапқан.



Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**АЙЫРЫҚТЫ ОРАЛЫМ** – өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесінің тақырыпшы мүшесіндегі пікірді екі ұштылай баяндауы. Мыс.: *Азамат, анау қазақ қаным десең, Жұмақтың суын апар жаным десең. Болмаса ібіліс бол да, у алып бар, Тоқтаттам, тұншықтырам зарын десең...* (Мағжан). Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**АЙЫРЫҢҚЫ ҚИЫСУ** – салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы бірнеше екі ұшты мағыналы сөйлемдердің қиысуы, қазіргі кездегі талғаулықты салалас құрмалас сөйлемдердің байланысы. Мыс.: «Не сен тұрарсың, не мен тұрармын» немесе «Не атың жазым болар, не ер-тұрманың шығыңдалар».

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда. 1927.

**АЙЫРЫҢҚЫ ОҢТАЙ** – іріден ұсақтату, дедукция. А.Байтұрсынұлы ойлау оңтайын екіге бөледі: 1) *айырыңқы оңтай*, 2) *жиылыңқы оңтай*. Ғалым *айырыңқы оңтайды* «іріден ұсақтату», *жиылыңқы оңтайды* «ұсақтан ірілету» деп сипаттайды. Яғни, мұндағы *айырыңқы әдіс* деп отырғаны – дедукция, *жиылыңқы әдіс* деп отыр-

ғаны – индукция. Байтұрсынұлы еңбектерінде *индукция, дедукция* сөздерінің баламасы ретінде бірнеше атау қолданылғанын байқаймыз. Яғни, индукция – *айырыңқы, жалтылау, терме*; дедукция – *жиылыңқы, жалқылау, талдама*. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ** (1921–22). А.Байтұрсынұлы 1920–21 ж. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары қызметімен қатар Қазақ өлкелік халық комиссариаты жанындағы Акад. орт. төрағасы қызметін де атқарды. Бастапқыда бұл орт. ғыл.-зерт. коллегиясы деп аталды. Акад. орт. Қазақ әскери-рев. к-тінің штаб бастығы А.Н.Турскийдің ұсынысымен 1919 жылдың желтоқсан айында құрылған. Оған мұражай, мұрағат басқармалары, сондай-ақ ғыл., көркемөнер кеңестері енгізілді. Байтұрсынұлының басшылығымен Акад. орт. қазақ өлкесін жан-жақты зерттеу ісін ұйымдастырды, баспалардан халыққа пайдалы кітаптардың жарық көруін реттеді, қазақ мектептерінде оқу жоспарларының жасалуына, ана тіліміздегі оқулықтардың жазылуына жетекшілік етті, ғыл.-пед. мамандардың көптеп даярлануына қамқорлық көрсетті. А.П.Чулошниковтың «Қазақ халқының тарихы», А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының ән-күйлер жинағы», Н.П.Анненков-Бернардың «Алпамыс батыр» драмасы, С.Садьқбековтің «Халық әдебиетінің жинағы», Т.Косивцевтің «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі», т.б. еңбектерге Байтұрсынұлы көптеген түзетулер енгізді. Орт-тың ғыл. кеңесі «профессор» атағын берудің ережелерін де бекітті. 1926 ж. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының ғыл. және ғыл.-әдістемелік кеңесі болып қайта құрылды.

*Ш.Шарапұлы, М.Әбілжанқызы*

**АҚАЙҰЛЫ ЫСПАНДІЯР** (9.1.1962 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түлкібас ауд. Даубаба а.) – хим. ғыл. канд. (1994), филол. ғыл. докт. (2003). ҚазҰУ-ды (1983), ҚР Президенті жанындағы Мемл. қызмет академиясын (1999) бітірген. Негізгі ғыл. бағыты терминтану, тіл білімінің басқа да бағыттарына арналған. А. 168 ғыл. еңбектің, оның ішінде 1 монография, 4 сөздік, 3 оқу құралы, 5 авторлық куәліктің авторы. А.Байтұрсынұлы жайында «Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің тәсілдік сипаттары» [телавтор, «Ұлттық рухтың ұлы тіні»: Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). А., 1999], «Ахандар салған жол қайда?» («Ана тілі», 24.5.2000), т.б. еңбектердің авторы. ҚР ҰҒА Жас ғалым сыйл. иегері (1995).

**АҚАН СЕРІ**, Ақ жігіт Қорамсаұлы (1843 ж. бұрынғы Көкшетау обл. Үлкен Қоскөлдің маңы – 1913, сонда) – ақын, әнші, композитор.

## АҚБАЕВ

Әжесінің есімі Қорамса, шешесі – Жаңыл. А. с. жас кезінен өнерімен көзге түсіп, кейін ақындық, әншілік өнері кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. А. с. – өмір шындығын үлкен суреткерлікпен жырлаған заманының асқақ ақыны ғана емес, мұншыл да сыршыл, лирик. тебіреністі сазымен, әншілік-орындаушылық өне-



Ақан сері

рімен танылған өзгеше дарын иесі. Оның композиторлығы ақындығынан кем түспеген. А. с. шығармалары поэтик. тұнықтығымен, образдар әлемінің тереңдігімен, поэтик. және муз. тілінің шырайлылығымен, айрықша талғампаздығымен, нақыштық тазалығымен ерекшеленеді. А. с-нің «Ақтоқты», «Алтыбасар», «Тер қатқан», «Мақпал», «Балқадияш», «Сырымбет», «Майда қоңыр», т.б. әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетуімен бірге, махаббат құдіретін аскактата суреттеуімен де құнды. Серінің өмірі мен тағдыры туралы І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғ.Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты» драмасын, С.Мұхамеджанов осы аттас операсын, С.Жүнісов «Ақан сері» романын жазды. А.Байтұрсынұлы өз еңбектерінде А. с-нің өлеңдерінен үзінділер келтірген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

*Ж.Ордалиева, М.Қожахметова*

**АҚБАЕВ** Жақып (25.10.1876, Семей обл., Қарқаралы уезі Берікқара болысы №3 а. – 4.7.1934, Алматы қ.) – Алаш қайрағкері, заңгер, құқықтану магистрі. Қарқаралы қазақ интернатында (1886–89), Омбы гимназиясында (1889–96), Томск гимназиясында (1906–98) оқыған. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін бітірген (1903). 1905 ж. тамызда Омбы қ-ндағы 2-учаскенің бітімші соты болды. Мемл. сынақ комиссиясында дисс. қорғау үшін «Қазақтардың некелік құқығы» атты тақырыбын бекітеді. Ол түрлі жиындарда қазақ халқын орыс патшасының билігінен оқшаулау жөнінде мәселе көтерді. 1905 ж. 15 қарашада патша манифесін жария еткен жиында сөз сөйлеп, патшаға тіл тигізеді. Осы әрекеттері үшін 1906 ж. тұтқынға алынып, Семей түрмесіне жөнелтілді.

Міне, осы кезден бастап А. патша және Кеңес өкіметі кездерінде үнемі қуғын-сүргінді, тепкіні көп көріп, абақты-айдаудан көз аспады деуге болады. Ұлттық идеяның бастауы болған осы тұңғыш қозғалысты ұйымдастырғандар – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, А. үшеуі еді. Байтұрсынұлы Х.Ақбаев, Д.Жаманбалин, Қ.Үкібаев



Ж.Ақбаев

сияқты көпестерден 7500 сом қарыз алып, А-ты кепілдікке босатып алады. Ал 1906 жылғы тамыздағы сотта ол өзін-өзі толық ақтап шығады. Қоныс аударушыларға қазақтардың жер бермейтіндігін, осы жер үшін өлуге бар екендігін айтып, ұлттық тәуелсіздік пен қарулы көтеріліс сияқты саяси мәселені ашық қойған тұңғыш алаш азаматы осы А. болды. 1917 жылғы шілде айында Жалпықазақ съезінде Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылып, желтоқсандағы съезде Алашорда үкіметінің мүшелігіне өтеді. Азамат соғысы жылдары 1919 жылғы қаңтарда Колчак агенттері тұтқынға алып, кейіннен босатылады. Кеңес өкіметі орнаған соң, Семей кеңестік халық сотының мүшесі, Қазақ фольклорын жинау жөніндегі комиссияның төрағасы болды. Қарқаралы уездік халыққа білім беру бөлімінде және Семейде әр түрлі қызметтер атқарды. 1925 жылдың наурызында Губком мен Губатком Губ. сотының конструкторлық-тексеру бөлімінің меңгерушісі және запыстағы судья міндетін атқару үшін Губ. ішкі істер органына жіберіледі. Денсаулығына байланысты 1927 ж. қазан айында қазақ халқының тарихын зерттеу және ауа райы жұмсақ оңт-те тұру үшін Қызылорда қ-на барады. Науқастығына қарамастан 1930 ж. 8 тамыз күні А. тұтқынға алынып, Воронежге жер аударылды. Ол жақтан ауруына байланысты елге қайтарылып, Алматыда қайтыс болды.

Әдеб.: Жұртбай Т., Ұраным – Алаш!.. 3 томдық. – А., 2008–11; Құл-Мұхаммед М., Алаш ардагері. – А., 1996; <http://abai.kz> (қаралған күні: 3.9.2017).

«**АҚ ЕДІЛДІН ТАСУЫ**» – «Оқу құралына» енген. Авторы «Ақсақұлы» деп көрсетілген. Ғыл. түсініктемеде белгілі орыс жазушысы С.Т.Аксақовтың есімі аталады. Көктемгі табиғат көріні-

сі, Еділ (Волга) өз-нің бұзылып, су бетін қаптаған сеннің қатты ағыны, оның үстінде ағып бара жатқан сиырдың жандәрмен әрекеті суреттелген. Қысқа суреттеме «Кейде соғысып кеткен екі мұз күл-талқан болып ұсатылып, астына батады. Қобыздың күңіренгені сияқты сарнап, анық құлаққа тиеді» секілді айшықты көріністер арқылы есте қалады.

*С.Ғұсманқызы*

«АҚ ЖОЛ» – Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының және мәдени-ағарту ісінің дамуына ықпал еткен газет. 1920–25 ж. Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК мен Түркістан АКСР ОАК органы, 1925–26 ж. Шымкентте Сырдария губкомының органы ретінде шығарылды. Алғашқы редакторы – С.Қожанов. Кейін газетті шығарушы редакторлардың қатарында Н.Төрешұлы, С.Оспанов, И.Тоқтыбаев, т.б. болды. Оның жұмысына М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, І.Жансүгіров, А.Байтұрсынұлы, Б.Сүлеев, Т.Шонанұлы, т.б. қазақ зиялыларының үлкен шоғыры араласты. Басылым беттерінде Алаш қозғалысының қайраткерлері қазақ халқының мүддесіне қатысты тақырыптарды қозғап, құнды мақалалар жариялады. Байтұрсынұлы «Қазақ жерін алу турасындағы низам» атты мақаласында жалпы бұқараның заңды дұрыс білмегендіктен құқы аяққа тапталатынын дәлелдеп, қазақ жерін алу мақсат еткен патша үкіметінің жарлығына нақты түсініктер берді. 1911 жылғы «Айкап» журналының 9–10-сандарында жарияланған мәтін «А. ж.» газетінде қайта басылды. 1922 ж. 14 шілдеде Байтұрсынұлының «Қазақты ағарту халімізден», ал 1925 ж. 17 сәуірде «Енді қазақ демей болмайды» атты мақалалары жарияланды. 1923 ж. Байтұрсынұлының мерейтойы атап өтіліп, оған «А. ж.-дың» тұтас саны арналды. Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына М.Әуезов арнап жазған «Ахаңның елу жылдық юбилейі» деген мақала 1923 жылғы 63-санында жарық көрді. Қазақстанда соц. қоғам орнату кезеңінде «А. ж.» ұлт тәуелсіздігі мен ұлттық мемл. идеясын большевиктік идеологияға қарсы қойған алаштық элитаның елге айтар сөзі, елдің ахуалын көретін көзі болды. Бірақ Алаш жолын ұстанған газеттің бағыты Мәскеуге ұнамады. Сондай-ақ Сталинге жолданған «Негізгі баяндама» деп аталатын құжатта да «А. ж.» және басқа қырғыз басылымдарына нақты маркстік бағыт беріп, олардың қызметкерлерін толық ауыстырып, аттарын өзгерту керек» деп көрсетілді. 1925 ж. 29 мамырда И.В.Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік к-тіне жолдаған «Қазақ баспасөзі туралы» хатында «А. ж.» мен «ақгвардияшыл эмигрант» М.Шокай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазып, партияда жок интеллигенттерді коммунистік басылымға жолатпауды талап етті.

Сталиннің хаты зиялыларды қуғындауға жол ашып, 1920-жылдардың 1-жартысында Қазақстанда жарық көрген ұлттық басылымдарға үлкен соққы болып тиді және жариялылық пен демокр. атаулыны әміршіл-әкімшіл жүйемелі ауыстыруға негіз берді. «А. ж.» газеті халық алдындағы борышын адал орындаған, ұлттың рухын көтеретін басылымдардың бірі болды.

*Д.Қамзабекұлы*

«АҚ ЖОЛ» – жинақ. Құрастырған, алғы сөзін жазып, баспаға әзірлеген – Р.Нұрғалиев. Мәтінін баспаға әзірлегендер: Нұрғалиев («Ер Сайын»), «23 жоқтау», «Әдебиет танытқыш»), М.Мырзахметов («Қырық мысал», «Маса»), А.Мектепов, Ғ.Әнесов («Көсем сөз» бөліміндегі мақалалар). «Жалын» баспасынан 1991 ж. жарық көрген. Көл. 464 бет. Таралымы 20000 дана. А.Байтұрсынұлының бұл жинағы Нұрғалиевтың «Алып бәйтерек» атты алғы сөзімен ашылып, 1923 ж. жарияланған «Ақаңның юбилейі туралы» және М.Әуезовтің «Ақаңның елу жылдық тойы (юбилей) мақалалары берілген.



Сондай-ақ өзінің көзі тірісінде-ақ «Революциялық рухтағы алғашқы сөз», «Елшілік ұраны» деп бағаланған атақты кітаптары – «Қырық мысал» мен «Маса», әйгілі «Әдебиет танытқыш», ауыз әдебиеті мұраларын ұдайы жинап, өңдеген тынымсыз ізденісінің бір бөлігі ретінде танылған «23 жоқтау» мен «Ер Сайын» және қазақ жұртын өнербілімге, рухани жетілуге үндеген көсем сөздері (публицистика) енгізілген.

*С.Арғынғазин*

«АҚ ЖОЛ» ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ («Ақжол» ҚДП) – Қазақстандағы саяси партия. Өздерін 20 ғ-дың басындағы Алаш қозғалысының ізбасары санайды. 2002 ж. 3 сәуірде тіркелген. Қоғамдық бірлестіктің тең төрағалары болып Болат Әбілов, Әлихан Бәйменов, Ораз Жандосов сайланды. 2003 жылдың 9 қарашасында «Ақ жол» ҚДП 3-съезінде партияның тең төрағалығына Людмила

Жуланова мен Алтынбек Сәрсенбайұлы сайланып, саны 5 адамға дейін жеткізілді. 2005 жылдың 13 наурызында өткен 5-съезі партияның тең төрағалар институтын жою туралы қаулы қабылдап, оның бірыңғай төрағасы болып Әлихан Бәйменов сайланды. 2011 ж. 2 маусымда партияның Астанада өткен съезінде төрағасы болып «Атамекен» Ұлттық экон. палатасының басшысы Перуашев Азат Тұрлыбекұлы сайланды. 2012 жылдан бастап партия парламенттік фракция болып есептелініп, Мәжілістегі депутаттық фракцияға қол жеткізді. 2012 ж. 8, 2016 ж. 7 депутаттық мандатқа ие болды. Облыс орт-тарында және Астана, Алматы қ-ларында 16 бөлімшесі жұмыс істейді. Жезқазған, Семей, Түркістан қ-ларында 3 өкілдіктері бар. Партия мүшелерінің саны 255800 адамды құрайды (2016). Партияның негізгі мақсаты – әрбір азаматтың еркін дамуына, оның құқықтары және бостандықтарының сақталуына, барлық қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының ұдайы көтерілуіне, сондай-ақ қазақстан қоғамы мен мемлекетінің экон., әлеум. және саяси өрлеуіне жету үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы секілді ұлт қайраткерлері ұйымдастырған Алашорда қозғалысының 100 жылдығына орай Қазақстан қоғамын жаңғырту, «Алаш» қозғалысының шығарм. мұрасын және көзқарастарын тарату мақсатында 2017 ж. партия шығарм. иелеріне байқау жариялады. Байқау жеңімпаздарына қомақты сыйақылар тағайындалған.

«АҚИҚАТ» – ұлттық қоғамдық-саяси журнал. Алғаш Қазақ өлкелік к-тінің «Саясат, білім, шаруашылық һәм әдебиет» органы ретінде шыққан «Қызыл Қазақстан» (қазан, 1922) журналының ізбасары. Журнал қазақ еңбекшілеріне Кеңес өкіметі мен коммунистік партия саясатын түсіндіруді мақсат етті. 1991 жылдан «Ақиқат» деген атпен шығады. «Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы 14-санында А.Байтұрсынұлының «Алты миллион қазаққа алты ат», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек», сондай-ақ 1923 жылғы 17–18-сандарында «Жаңа жазу ережелері» атты мақалалары, «Қазақстан коммунистінің» 1990 жылғы 5-санында Ә.Бөкейхан, Байтұрсынұлы, М.Дулатов, т.б. қайраткерлер дайындаған («Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы санында жарияланған) «Алаш партиясы проғрамысының жобасы», 1991 жылғы 1-санында Байтұрсынұлының Дулатовпен бірігіп жазған «Алаш азаматтарына» деген үндеуі жарияланды.

«АҚ КЕЛІННІҢ МАХАББАТЫ МЕН АЖАЛЫ» – драмалық қойылым. Спектакльдің авторлары – Кабылахат Сейдахметов пен Людмила

Фефолова. Реж. – Александр Лиопа. Қойылым А.Байтұрсынұлы мен оның жары Бадрисафа (Александра Ивановна) арасындағы махаббатты, Ахмет ұсталып кеткеннен кейінгі жылдардағы Бадрисафа басынан кешкен ауыр да азапты суреттейді. Қайраткер ғалым мен оның жары арасындағы байланысты оқиғалар Орынборда, Алматыда өрбіп отырады. Бадрисафаның Торғайға алғаш келін болып түскен шағы шынайы да қызықты суреттеледі. Қойылымда Байтұрсынұлы туралы ақпараттарды тереңірек жеткізу үшін сол бір дауылды жылдардың хроникасын экран арқылы пайдаланып отырады. Ахмет образын Құдайберген Айдосов сахналаған. Бадрисафаның жас кезін Юлия Кудряшева, мосқал тартқан кезін Татьяна Заводская бейнелейді. Спектакльді Қостанай обл. Орыс драма театры 1912 ж. Байтұрсынұлының 140 жылдық мерейтойына арнап сахналаған.

*К.Қошым-Ноғай*

**АҚКӨЛ**, Ж а қ с ы А қ к ө л – Ұлы Жыланшық өз. алабындағы көл. А.Байтұрсынұлы балалық, жастық шағын өткізген өңір. Қостанай обл. Жангелдин ауд-нда. Көлдің аум. 62 км<sup>2</sup>, ұз. 11 км-ден астам, ені 8 км, орташа тереңд. 3,7 м, ең терең жері 5 м-ден асады. Солт.-батыс және оңт.-шығыс жағалауы биік жарлы, 1,5 км-ге созылған түбек бар. А-ге Ұлы Жыланшық өз. құяды. Қарашаның ортасында суы қатып, сәуірдің аяғында ериді. суы ащы, жазда мал суарылады. Көlden табан, шортан, алабұға ауланады. Қайырбек Шағыр ақын «Алаштың Ахметі – ғұламасы» өлеңінде: «Қалды алыс қайран Аққұм, ару Ақкөл, Мұз-қарын Ақ теңіздің жүрді кешіп, Осылай өтсе де Ахаң қам көңілмен, Күн жетті көкжиектен таң көрінген...» деп, Ахаң алыстағы Ақ теңізде айдауда жүріп, өзі туып-өскен Аққұм мен Ақкөлін сағынғандығын өлеңмен келтіреді. Әдеб.: Қазақстан мектебі, 1998. – №6. – 81-б.

*Қ.Ахметов*

«АҚҚУ, ШОРТАН ҺӘМ ШАЯН» – А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағындағы алғашқы өлең. 4 шумақ (12 тармақ). 1-шумақтағы «Тартады Аққу көкке, Шаян кейін, Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін» деген жолдар баршамызға ежелден таныс, сондықтан әркімнің көзіне оттай басылары сөзсіз. «Тартса да бар күштерін аямай-ақ, Аслан жүк орнынан қозғалмады» деген де – таныс жолдар. «Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр, Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс». Осыны айта келе, автор оқырманға: «...Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас. Біріңнің айтқанына бірін көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас» деген ғибрат айтады. Өлеңнің мәнді түйіні де осы. «АҚҚУ, ШОРТАН, ШАЯН» – «Оқу құралына» енген өлең. 3 шумақ (12 тармақ). «Қырық

мысал» жинағынан алынып қосылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

**АҚҚҰМ** – Қостанай обл. Жангелдин ауд-ндағы құмды өлкап. А.Байтұрсынұлы балалық, жастық шағын өткізген өңір. Ұлы Жыланшық өз-нен солт.-шығысқа қарай бойлай созылып жатыр. Шөл белдемінде орналасқан. Ұз. 63 км, су жиналатын аум. 375 км<sup>2</sup>, теңіз деңгейінен абс. биікт. 160 м. Құмдағы төбелер мен жалдар арасындағы ойысты шұраттарда (ойпаңдарда) ылғалдың мол болуына байланысты өсімдіктер (селеу, беде, жусан, еркек шөп, т.б.) қалың өседі. А. – жыл бойғы мал жайылымы.

Әдеб.: Қазақстан мектебі, 1998. – №6. – 81-б.

«**АҚҚҰМ**» – ән. А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында, А.Байтұрсынұлы 6 томдық шығ. жин-ның 6-томында жарияланған. Осы 6-томдағы Затаевичтің «Ахмет Байтұрсынұлы» атты мақаласына ғыл. түсінік жазған Р.Имаханбет Гүлнар Міржақыпқызының: «Елімай», «Екі жирен», «Қаракөз» атакемнің сүйіп салатын әндері болатын. «...Қазіргі «Қыз Жібек» операсында айтылып жүрген «Қаракөз» ариясы – Ахмет Байтұрсынұлының шығармасы» деген секілді естелік сөздерін алға тарта отырып, ән авторлығын Байтұрсынұлына теліді. 11 буынды кара өлең ұйқасына құрылған шығарма 2 шумақтан, 8 жолдан тұрады. Әннің 2 нұскасы бар. 1-нұсқа қайырмасыз айтылса, 2-нұсқада «Илигай, сәулем. Игигай, сәулем, игигай-ай» деп айтылатын қайырмасы бар. Сонымен қатар 1-нұсқаның 2-шумағы «Көзімнің жанарындай сәулем едің, Көңілімнің қуанышты дәурені едің. Ойымнан жатсам, тұрсам еш кетпейсің, Басымды не сиқырмен әуреледің?» деп айтылса, 2-нұсқада «Көзімнің қарасындай сәулем едің, Көңілімнің балдай әні, дәурені едің. Ойымнан жатсам, тұрсам бір кетпейсің, Көңілімді не сиқырмен әуреледің?» деген өзгерістермен айтылады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**АҚПАН ТӨҢКЕРІСІ** – 1917 ж. 27 ақпанда (12 наурыз) Ресей империясында патша өкіметін құлатып, елде бурж.-демокр. республика орнатқан төңкеріс. Төңкеріс нәтижесінде ресми билікті қолына алған Мемл. Думаның шешімімен Уақытша үкімет құрылды. А. т. жеңісінің ең маңызды нәтижесі – елде саяси бостандықтар орын алып, бүкіл қоғамдық өмірдің демократиялануы болды. Бүкіл аймақта саяси бостандықтар (сөз, баспасөз, т.б.) жүзеге асырыла бастады, партиялар мен басқа да саяси ұйымдар құруға рұқсат етілді. Алайда А. т. қоғамдық өмірдің барлық мәселелерін, мысалы, соғыс және жер мәселелерін шеше алған жоқ. Жаңа үкімет органдарын құру ұзаққа созылды. Жер-жерлерде Уақытша үкіметтің ор-

гандарымен қатар, орталықта Петроград кеңесі басқарған Жұмысшы, солдат және шаруалар кеңестері құрылды. Осылайша, елде қосүкіметтілік (ресми Уақытша үкімет және кеңестер) жүйесі орын алды. Уақытша үкімет Қазақстанда кадеттерден, эсерлерден және өзінің саяси бағытын жүзеге асыруға сенімді деп табылған қазақтың зиялыларынан өлкелік, обл. және уезд комиссарларын тағайындады. Мысалы, Ә.Бөкейхан Уақытша үкіметтің Торғай обл-ндағы, М.Тынышбаев Жетісу обл-ндағы комиссарлары болып тағайындалды. Қазақстанның уезд, обл. орт-тарында Уақытша үкіметтің жергілікті органдары қалыптасты. Олар, негізінен, жергілікті орыс буржуазиясының, кәсіпкерлердің өкілдерінен құралып, кадеттердің, эсерлердің және соларға жақын саяси партиялар мен қозғалыстардың мүшелері болды. Уақытша үкіметтің өлкедегі ұлттық тірегі 1917 ж. наурыз айынан құрыла бастаған қазақ және мұсылман к-ттері болды. Олар, негізінен, сол жылғы шілде айында қазақтың ұлттық Алаш партиясын ұйымдастырған Бөкейхан басқарған зиялылардың жетекшілігімен құрылды. Қосүкіметтіліктің дүниеге келуі елдің қоғамдық-саяси өмірінің тұрақсыз екенін



көрсетті. Барлық билік не Уақытша үкіметтің, не кеңестердің қолына көшуі тиіс еді. Кейін саяси тұрақсыздық Қазан төңкерісіне ұласып, Уақытша үкімет биліктен тайдырылды. А. т. тақырыбы



## АҚСЕЙІТ

А.Байтұрсынұлы және Т.Шонанұлы бірге жазған «Оқу құралына» (1926–27) енген «Петрбор кенесінің II Николайды тұтқынға алуы», «Тариқи күн» (Февраль төңкерісі), «Октябрь төңкерісі», «Егіз үкімет жайында», «Октябрь Петроградта», т.б. мақалаларда көрініс тапты (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – Оқу құралы. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.). Бөкейхан, М.Шоқай, М.Дулатов жазған «Алаш ұлына» атты үндеу, А.Мәметовтың «Алашқа сәлем», С.Донентаевтың «Азаттық күні» өлеңдері, «Зор өзгеріс», «Өзгеріс жүзінде болған уақиғалардың қысқаша тарихы», «Реттену керек», «Теңдік», т.б. «Қазақ» газетінде (редакторы – Байтұрсынұлы) жарияланды.

*К.Нұрпейісов*

**АҚСЕЙІТ** Ғалия Манатқызы (14.3.1978 ж.т., Алматы обл. Жамбыл ауд. Қарғалы а.) – филол. ғыл. канд. (2009). ҚазҰУ-ды (2001), аспирантурасын (2003) бітірген. Халықар. «Қазақстан–ZAMAN» газетінде (2001–02), «Журналист» басылымында (2003), ҚазҰУ-дың баспасөз қызметінде (2002–08), ЮНЕСКО кафедрасында (2008–09) еңбек еткен. 2009 жылдан Еуразия ұлттық



*Ғ.Ақсейіт*

ун-ті доценті. Сол жылдардан бастап Еуразия ұлттық ун-тінің жанындағы Журналистика мәселелерін зерттеу ин-тында проф. Н.Омашевтің жетекшілігімен қазақ баспасөзінің тарихына, Алаш көсемсөзіне қатысты бірнеше жобаларды жүзеге асыруға, оның ішінде «Алаш көсемсөзі» 10 томдығы академ. жинағын құрастыруға қатысты. Мұнда ғасыр басында араб қарпімен жарыққа шыққан «Шолпан», «Жас Түркістан», «Сана», «Таң», «Абай», «Сарыарқа» тәрізді қазақ басылымдарында жарияланған Алаш қайраткерлерінің құнды көсемсөз мұралары кириллицаға түсіріліп, ғыл. айналымға енгізілді. Сонымен қатар «Жиырмасыншы жылдар журналистикасы» атты көптомдықты құрастырушылардың бірі. Бұл еңбекте А. кеңес өкіметінің ресми органы болған «Үшкүн» газетінен бастау алатын «Еңбек туы», «Еңбекшіл қазақ», «Еңбекші қазақ» газеттерінде жарияланған Алаш арыс-

тарының жерге, тілге, ұлттық мүддеге қатысты құнды көсемсөз мұраларын жинастыруға, жүйелеуге, ғыл. айналымға енгізуге ат салысты.

*М.Байленова*

**«АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ»** – «Оқу құралына» енген әңгіме. Шәкірттерді қазақ халқы бастан кешкен қилы замандармен, жоңғар-қазақ соғысының тарихымен таныстыруды мақсат еткен. «Басынан Қаратаудың көш келеді...» деп басталатын «Елім-ай» жырының шығуына себеп болған оқиғалар сөз болады. Патриоттық мәні зор тақырып. Ғыл. түсініктеме берілген.

**АҚТАСҚЫЗЫ** Алуа (1870–1934, Жамбыл обл. Меркі ауд.) – Байтұрсынның ағасы Ақтастың қызы. Қазақ халқының Торғай даласындағы 1916–17 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы Әбдіғаппар Жанбосынұлының анасы. А. туралы М.Сүлейменовтің «Хан анасы – Алуа» атты зерттеу эссесі жарық көрген. Қостанай обл. Амангелді ауд-ндағы бір ауылға А. есімі берілген. **АҚТАСҰЛЫ** Спандияр (1870–ө.ж.б.) – ақын, Байтұрсынның ағасы Ақтастың баласы, Ахметтің замандасы. Кей деректерде Аспандияр деп аталады. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» оның «Жүсіпбек пен Ахметбек» жырынан үзінді келтірілген. «Бәдігүл–Жамал» атты дастан жазған. Ел арасында ертеректе А-ның өлеңдері де айтылатын болған, бірақ қазіргі күнге жетпеген. 1930 ж. қамауға алынған.

**АҚТАСҰЛЫ** Шәймерден (1909–1973) – Байтұрсынның ағасы Ақтастың баласы. Қарапайым шаруа адамы, біршама уақыт бухгалтерлік қызмет атқарған. Балалары Амандық пен Оралдан тараған ұрпақтары Алматы, Қостанай, Торғай қ-ларында тұрады.

*И.Ағытайұлы*

**АҚ ТЕҢІЗ**, К і ш і А қ т е н і з – Солт. Мұзды мұхиттың құрлыққа сұғына еніп жатқан ішкі теңізі. Ауд. 90 мың км<sup>2</sup>, орташа тереңд. 67 м, ең терең жері 350 м (Кандалакша қолтығында). Жағасы шығанақтармен қатты тілімденген. Олардың ірілері: Мезень, Двина, Кандалакша. Аралдары: Соловец, Моржовец, Мудьюг. Теңізге Солт. Двина, Онега, т.б. А. т. Балтық каналы арқылы Балтық т-мен, Еділ – Балтық су жолы арқылы Азов, Каспий және Қара т-бен жалғасады. А.Байтұрсынұлының А. т. өңіріндегі Архангельск лагерінде 1932 ж. жер аударылғаны жайында айтылады. Сондай-ақ ақын, журналист Қайырбек Шағыр «Алаштың Ахметі – ғұламасы» атты өлеңінде Байтұрсынұлының А. т-де жүріп, туып-өскен жеріндегі Аққұм мен Ақкөл көлін сағынғандығын өлеңмен жеткізген. Ресми құжаттардағы «Хаттар» топтамасында «Ахметтің елге сәлемі» өлеңінің бір шумағында: «Айтарсың Ақ теңіздің аралында, Айдалған ағаларым қамауында, Баяғы көксегені сенің бағың, Жүрсе

де бакташының карауында» десе, осы өлеңнің келесі бір шумағында: «Ызғарлы Ақ теңіздің күні тұман, Бар екен ағаларда үлкен шыдам. Бел байлап тәуекелге жүріп жатыр, Басқа сөз айтқаны жоқ дерсің бұдан!..» деп А. т-дің ызғарлы, тұманды табиғатына шыдамдылық танытқан Байтұрсынұлы сияқты Алаш азаматтарының бастан кешкендігі жайында айтылады.

*Қ.Ахметов*

**АҚТЕРЕКТЕГІ МЕКТЕП** – білім ошағы. Семей обл. Қарқаралы уезіндегі Ақтерек а-нда орналасқан. 20 ғ-дың басында А.Байтұрсынұлы мұғалімдік еткен. Бұл мектеп жөнінде алғаш рет Ақжан Машани өз еңбегінде дерек келтірген. Ғалымның айтуына қарағанда Байтұрсынұлы осы мектепте 4–5 жыл қызмет еткен. Мектеп ғимараты осы күнге дейін сақталған. Онда қазір Байтұрсынұлына арналған мұражайлық бұрыш жұмыс істейді. Қайраткердің еңбектері, өмір-деректеріне қатысты материалдар жинақталған. Ол өз «Өмірбаянында» 1901 жылдан бастап жеке шығарм-пен айналыстым дегеніне қарағанда, оның кейінірек жазылған оқу құралдарына енген тіл туралы ойлары осы А. мектебінде ұстаздық еткен кезеңнен басталса керек.

*М.Шіменбаева*

**АҚТӨБЕ УЕЗІ.** Ақтөбе – 1891 жылдың 25 мамырынан уездік қала, Торғай обл. Ақтөбе уезінің орт. 1897 жылғы тұрғыны – 9,8 мың. Қалада әр жылдары маңызды саяси оқиғалар өткен. Ақтөбеде алғашқы оқу орны – екі сыныптық орыс-қазақ уч-шесі 1884 ж. ашылған. 1896 жылдан Ы.Алтынсариннің бастамасымен қазақ қыздары үшін әйелдер уч-шесі жұмыс істеген. 1895–1901 ж. А.Байтұрсынұлы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі а. және болыстық мектептерде мұғалім болған. Ақтөбе уезіне қарасты Батпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтың а-ндағы мектепте аз уақыт мұғалім болып істеген.

**АҚЫЛ ІСІ** – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Ғалым сөз өнері адам санасының үш негізіне: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге) тірелетінін ескертіп, әрқайсысына сипаттама береді де: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың мензеуін мензегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарай» деп қорытады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

*О.Жұбаева*

**АҚЫНДЫҒЫ.** А.Байтұрсынұлының ақындығы оның екі басты жинағы арқылы сипатталады. Олар: 1909 ж. жарық көрген «Қырық мысал» және 1911 ж. жарияланған «Маса» жинақтары. Егер алғашқы аударма еңбегінде тұрмыс, әлеумет мазмұны басым келсе, «Масада» күрес, ағар-

тушылық ойлар үстем. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма – мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеум. ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 ж. Петербургте бастырып шығарады. Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұнамды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді. «Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн, Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін, Тартады Аққу – көке, Шаян – кейін, Жұлқынды суға қарай Шортан шіркін». Аударма мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Енді кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады: «Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, Әуелі бірлік керек болса жолдас. Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас» деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады. Әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейпінен хабар беріп, ишара тұжырым жасалды. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе, патша отаршылдарының зорлық-зомбылығы, жуандардың, байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды Түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған Арыстан», «Өгіз бен Бақа», «Қайыршы мен Қыдыр», «Ат пен Есек» мысалдарында әлеум.-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясының сарындас әуездері, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқа мәтініне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын-әуез қосып отырады. Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған. Ал Байтұрсынұлы аудармаларында сюжет сақталмаған, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. «Маса» жинағы – Ахметтің төлтума ақындығын толық байқата алатын жинақ. Мұнда өз басынан кешкен қиын-қыстау күндері, ауыр жолдары, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын. Күрес идеясы, келешек қамы үшін арпалысу, ел болу мақсаты бар тілектен жоғары қойылады: «Мен бұқтым, жаттым, Сен бұқтың, жаттың. Кім істемек қызмет? Ауызбен айтып, Істерде қайтып. Жоламасақ, не міндет? Тек жүрсе ток жүрмекті Қиын деме білмекті». «Маса» кітабына енген

өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен, әлеум., қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйтеген, байлық пен мансап үшін ар-абыройын сатқан, «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босаң туған бозбала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар», «мәз болып құр түймеге жаркылдаған оқығандар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Көк есектерге», «Жұртыма», «Қарқаралы қаласына» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» – қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар, «Масада» Пушкиннен аударылған «Қыздыр дейсің мәжілісті, жан дейсін», «Ат», «Данышпан Аликтің аты», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», Крыловтан аударылған «Сорлы болған жұжық», «Қаздар» шығармалары да берілген. «Қырық мысал», «Маса» екі жинақ – қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектермен байытты: Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам-тарам жұлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болды.

*Р.Нұрғали*

**АҚЫН ТІЛІ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған термин. А.Байтұрсынұлы сөз өнерінің негізгі нысаны сөз екенін айта келе, сөз өнерінде қолданылатын сөз шумақтарын тіл немесе лұғат деген. Байтұрсынұлы пікірінше, шығарма тілінің екі түрі болады: ақын тілі, әншейін тіл. «Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз». Яғни ақын тілінде айтылмақ ой көркемделіп, әр түрлі реңк беруші көркемдеуіш тәсілдер арқылы жеткізіледі. А. т-нде теңеу, эпитет, айшықтау (шендестіру, қайталау, параллелизм, риторикалық сұрақ-жауап) мен құбылтудың (ауыстыру, кейіптеу, пернелеу, алмастыру, синекдоха, гипербола, литота, ирония, сарказм) барлық түрлері қолданылады. Бұл тұста А. т. жазушының стиліне де тікелей байланысты. Байтұрсынұлы осындай ерекшеліктері бар сөз қолданыстарын бір сөзбен А. т. деген.

*Ә.Қожахмет*

**«АҚЫН ІНІМЕ»** – 1922 ж. Қазан қ-нда басылған «Маса» жинағына енген өлең. Көл. 30 жол. 4 тармақ, 7 шумақ, 11 буынға құрылған. А.Байтұрсынұлының қаламдас інісі, Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, ақын, қайраткер серіктесі М.Дулатовқа арналған. Автордың эпифоралық қайталауды ұтымды қолдануы туындының көркемдік құндылығын арттырып, мазмұндық әр беріп тұр. Сол кездегі қазақ қоғамындағы мінез-құлықты анық көрсеткен, мазмұны терең туынды.

Ақын айтайын деген негізгі ойын антитеза, сарказмды қолдана отырып жеткізеді. «Нашардың көбірек же хақын, інім» // «Айғырсып момындарға ақыр, інім» // «Шешенсіп, жоқты сөйлеп лапыр, інім» // «Кісімісіп ең болмаса қақыр, інім» деген жолдармен жұртшылыққа тән ұнамсыз қылықтарды мысқыл етіп қана қоймайды, зілді сынмен әшкерелейді. Байтұрсынұлының өзі сенген жас інісіне айтпақ болған ойы: қиындықтарға мойымай белсене күресу, жалған абырой мен мансапқа алданбау, ел қамқоры болып әлсіздерге көмектесу, халық алдында беделді болу үшін адамгершіліктің туын биік ұстау. Өлеңнің негізгі мазмұны мен идеясы қоғамдағы билеушілер мен үстем тап өкілдерінің мінезін уытты тілмен сынау, кейінгі жас ұрпақтың санасын ояту, халықтың мұң-мұқтажын түсінетін әділ азамат ретінде тәрбиелеуге бағытталған.

*Г.Пірәлиева, С.Итегулова*

**АЛАКӨЛ** – Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары аумағында орналасқан тұйық көл. А.Байтұрсынұлы Азия табиғатын сипаттағанда ірі тау-тас, өзен-көлдерді айта отырып, А-ді, сондай-



ақ құрлықтың ірі Байкал, Балқаш, Ыстықкөл (Ысыккөл), Ван (Уан), Урмия (Үрмия), т.б. көлдерді сипаттаған.

**«АЛА ҚОЙЛАР»** – «Қырық мысалдағы» отыз екінші өлең. 16 шумақ (48 тармақ). Аң патшасы Арыстан «түсі бөтен, көңілі ала» деп, ала түсті қойлардан құтылуды ойлайды да, ол үшін «Жазықсыз қан төкті» деп айтпайтындай амал таппақ болады. Сол кезде Түлкі Арыстанға: «Ала қойларды Қасқырға бақтырыңыз» деп ақыл қосады. Түлкінің айтқаны Арыстанға ұнап, Көкжалдан қойшы сайлайды. Сөйтіп, аз уақыт ішінде қойлардың «Ала түгіл, ағы да аз-ақ» қалады. Мұны көрген андар: «Жарықтық, Арыстанда еш кінә жоқ, Бұзықтар Қасқырлар ғой, ант ұрғандар!» деседі. Бұл мысалдың да берер ғибраты күні бүгін өзектілігін жоймағаны кімге де болса түсінікті.

**АЛАТАУ** – Орт. Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жал-

пы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу (Жоңғар) Алатауы және Іле Алатауы жатады. А.Байтұрсынұлы 1927 ж. Қызылорда қ-нда шыққан «Оқу құралының» хрестоматиясында «Қобыланды батыр мен Тайбурыл» өлеңінің бір шума-



ғында: «Барлы-барлы, Барлытау, Басы биік қарлы тау, Би жайлаған Алатау, Хан жайлаған Қаратау. Түйе мойнақ Иртау, Қыз емшекті сүйір тау, Онан да өтіп жөнелді...» деп еліміздің тауларын өлеңмен сипаттайды. Мұндағы «Алатау» деп меңзеп отырғаны Алматының Іле Алатауы болуы керек. Себебі ол Алматы қ-нда жиі болған.

*Қ.Ахметов*

**АЛАШ** (ежелгі түрік сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Ортағасырлық және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы. А. аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады. Моңғол–татар–қазақ шежірелерінде Алаш (Алашы) хан туралы айтылады. Кеген тас жазуында (б.з.б. 4 ғ. шамасында) «Қаған алты бөріг алаш(а) ерті» деген жолдар, Алтай тауының Сібір жағында (Тыва) А. атты өзен, А. атты тау сілемдері бар. А. атауы бүгінгі күнге дейін түрікмен, қырғыз, қазақ, ноғай, т.б. халықтардың жадында сақталған. Кеген тас жазуында «алты бөріг» («алты қасқыр») деген сөздің «алты алаш» мағынасын беретіні жөнінде (үйсін, қаңлы, қырғыз, хакас, татаб-татар, сяньби-ғұн тайпалары) ғыл. болжамдар бар. А. туралы аңыздарда мал-мүлікке жеке меншік болмаған кездегі қауым тұрмысының сілемі байқалады. «Алаш – алаш болғанда, Ала тай ат болғанда, Танбасыз тай, Еңсіз қой болғанда» деп келетін сөздер осыған меңзейді. Қазақ халқының басын құрайтын ежелгі тайпалардың көпшілігі Оғыз қағанға бағынғанын ескерсек, «Алты Алаш» деген ұғымды оғыздың алты ұлына ерген ел деп

те түсінуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда А. деген ортақ түркілік атау Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі кезде қайтадан жаңғырған бауырлас түркі халықтарының басын біріктіру ұраны, ортақ атауы да болған сияқты. Ал, енді қара қазақ шақыратын «А.» ұраны «Алаш – алаш болғанда, Алаша – хан болғанда, бұл қалмаққа не қылмадық» деген сөздер кейінгі Алаша есімімен байланысты деу қисынға келеді. Бұл орайда Саққұлақ би шежіресін, Ә.Диваев, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Янушкевич, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышбаев, т.б. ел арасынан жинаған аңыз-әңгімелерін, күнделік жазбалары мен ғыл. мақалаларын атаған жөн. Олардың бірінде – алапес болып туған бала, екіншісінде – алашаға отырғызып көтерген хан, үшіншісінде – Ұлытаудан асырып тастаған баланың әскербасы болғаны, төртіншісінде – қалмақты қорқыту үшін «Алаш» сөзін ұран еткені айтылады. Соның қай-қайсысы да А-тың хан болғандығын, қара халықты соңынан ертіп, айбарының асқандығын дәріптейді. Ескі шежіре деректерінде А. атауы қазақ халқының синонимі ретінде келтіріледі. Мыс., Қадырғали Жалайыри өз еңбегінде қазақтың орнына А. атауын қолданған. Шежірелердің бірінде А-қа өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, ноғайды жатқызады. «Қамбар батыр» жырында («Тамашаға жиылсын, Алты Алаштың баласы»), Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқанында («Он сан Алаш баласын, Жұмсап бір тұрсың қолыңмен»), Махамбеттің («Алты сан Алаш ат бөліп, Тізгінін берсе қолыма») өлеңдерінде А. сөзі қазақ атауының баламасы ретінде берілген. «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш» деген қазақ халқы ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі А. ұғымына қайта оралып, оны бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды. Соның дәлелі ретінде Алаш қозғалысы, Алашорда, Алаш деген ұғымдарды атауға болады. «Алаш азаматы» деу қазақ халқының ауыз бірлігіне, елдің жердің тұтастығына меңзейді.

*Әдеб.:* Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – А., 1969; Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. – А., 1993; Мұхаммед мырза Хайдар. Тарихи Рашиди. – Ташкент, 1996; Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – А., 1997; Қазақстан тарихы. 5 томдық. – А., 1996. – 1-т.; 1998. – 2-т.

*Б.Кәрібаев, Ә.Хасенов*

**АЛАШ АВТОНОМИЯСЫ** – 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбор қ-нда өткен 2-жалпықазақ съезінде жарияланған қазақ халқының ұлттық-аум. мемлекеттігі (1917–20). Съезд қазақ автономиясы мәселесі бойынша Х.Ғаббасовтың баяндамасын талқылап, төмендегідей қаулы қабылдады: «Автономия туралы Халелдің баяндамасын тексеріп, қазанның аяғында Уақытша үкімет түскенін, Рүссия мемлекетінде халыққа сенімді

## АЛАШ

және беделді үкіметтің жоқтығын... және бұл бүлікшілік қазақ-қырғыздың басына келуі мүмкін деп ойлап... съезд бірауыздан қаулы етеді: Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий обл-ндағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бір-ыңғай, іргелі халқы – қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық автономия құруға; қазақ-қырғыз автономиясының жер үстіндегі түгі-суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын; қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлттық кеңес құрылсын. Мұның аты Алашорда болсын. Алашорданың азғасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халыққа қалдырылады. Алашорданың уақытша тұратын орны – Семей қ. Алашорда бүгіннен бастап қырғыз-қазақ халқының билігін өз қолына алады». Съезд Алаш автономиясының Алашорда аталған (Алаштың ордасы немесе

кірісуі тиіс». Сонымен съезд Алаш автономиясын құру қажеттігін бірауыздан қолдады. Алаш автономиясының бастау көзінде тұрған, 2-жалпықазақ съезінің делегаты Ә.Ермеков бұл туралы былай деп тебірене жазды: «желтоқсанның 12-сі күні, түс ауа, сағат 3-те Алаш автономиясы дүниеге келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды». Ұлттық-аум. қазақ автоном. мемлекетін құруда съезд делегаттары бірауыздылық танытқанымен, оны (автономияны) ресми түрде жариялау мәселесінде алауыздыққа жол берді. Бұл жағдай мемл. құрылым ретінде жаңадан қалыптаса бастаған автономия үшін қатерлі еді, өйткені автономияны ресми түрде жарияламайынша, оған қазақ халқын, өлкені мекендеген басқа халықтарды сендіру, Алашорда үкіметін мойындату қиын еді. 2-жалпықазақ съезін автономияны жариялау мерзімі жөнінде қызу айтыстар болды. Бұл айтыстардың негізінде қазақ автономиясын жариялауға байланысты өлкені мекендеген қазақ емес халықтардың (ең алдымен орыстардың) пікірін білу және жа-



үкіметі) Ұлт кеңесі құрамын сайлады. Алаш автономиясының үкіметі – Алашорданың төрағасы Ә.Бөкейхан болды. 2-жалпықазақ съезі милиция жасақтарын құру мәселесін жан-жақты талдап, оның Алаш автономиясына кіретін әрбір облыс пен уездегі санын анықтап, оларды соғыс өнеріне үйрету мен қажетті қару және киім-кешекпен қамтамасыз ету жолдарын айқындады. Милицияға қажетті қару-жарақ пен оқ-дәрі Алашорданың ұлттық қорының есебінен алынатын болды. Милицияны құру мақсатын съезд былай деп анықтады: «осы күнде мемлекет ішінде бассыздық, талан-тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін ...ешбір тоқтаусыз милиция түзеуге

риялауға тиісті автономияға Түркістан өлкесін мекендеген оңт. қазақтарының қосылу-қосылмау мәселесін нақтылы шешу қажеттігі жатты. Бұл мәселеде бір-біріне қарама-қайшы екі бағыт қалыптасты. Бір бағытты Бөкейхан басқарды. Оны жақтаушылар съезде өкілдері болмаған Қазақстанды мекендейтін орыстардың еркін білмейінше, автономия жариялауды кідірте тұру қажет деді. Ж.Досмұхамедов бастаған Орал обл. мен Бөкей Ордасының өкілдері автономияны дереу жариялауды қажет деп санады. Дегенмен, ұлттық, жалпыхалықтық мүддені жеке бастарының саяси ұпай жинауынан жоғары қойған Бөкейхан және Досмұхамедовтың жақтастары

Алаш автономиясын жариялау мерзімі туралы ортақ, ымыралы келісімге келді. Екі жақтың көзқарастарын жақындатуға алғашында бүкіл қазақ жерін Түркістан (Қоқан) автономиясының құрамына енуін жақтаған, ал соңынан бұл пікірінен бас тартқан М.Шокай оңды рөл атқарды. Съезд қабылдаған ымыралы қаулының негізгі баптары мыналар еді: «1. Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса-алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді. 2. Егер бір айдан кейін Алаш баласы қосылмаса хәм қалған Алашқа иғлан етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді. 3. Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иғлан ету ықтияры Алашордаға берілсін». 2-жалпықазақ съезі Түркістан өлкесін мекендеген қазақтардың Алаш автономиясына қосылу немесе қосылмау мәселесін талқылау үшін Сырдария обл. қазақтарының съезін шақыруды қажет деп тапты және оған өз өкілдері ретінде Б.Құлмановты, М.Дулатовты және Т.Құнанбаевты жіберуге ұйғарды. Осы мәселеге байланысты Бөкейхан мен Шокай біріккен мәлімдемеге қол қойды. Мәлімдеме «Қазақ» газетінің 1917 жылдың 18 желтоқсанында шыққан №255 санында жарияланды. Большевиктер партиясы мен Кеңес үкіметі ұлттық-мемл. құрылыс мәселелерін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш көсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік, аум. тұтастық принциптерін таңдады. Бөкейхан 2-жалпықазақ съезінің қазақтың автономиялы ұлттық-аум. мемлекетін құру туралы шешіміне саяси баға бере келіп, былай деп мәлімдеді: «съездің бұл шешімдері қазақтар мекендеген территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына жол бермеу мүдделерінен туындады. Сол кезде Россияда орын алған жағдайда қазақтардың жариялаған автономиясын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы – большевизммен күрес тұрды». Азамат соғысы жылдарында большевиктер басқарған Кеңес үкіметіне қарсы күресте Алашорда үкіметі жеңіліс тапты. Нәтижесінде жеңіске жеткен Кеңес үкіметі Алаш автономиясын және оның үкіметі Алашорданы тарих сахнасынан күштеп кетірді. *Әдеб.*: Алаш-Орда. Сб. документов. – А., 1992; Нұрпейісов К. Алаш хәм Алашорда. – А., 1995; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А., 1995.

*К. Нұрпейіс*

«АЛАШ АЙТҚАН АСЫЛ СӨЗ» – кітап. Құрастырушылар – С.Жолдасбай, Е.Ерланұлы. А., «Ел-шежіре» қоғамдық қоры 2016 ж. жарыққа шығарған. Көл. 296 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап Т.Жұртбайдың «Ұлтты ұйытқан ұлы сөздер» атты мақаласымен ашылып, Б.Уәлидің алғы сөзі берілген. Ә.Бөкейхан бастаған 25 Алаш арыстарының ұлт, тіл, дін, білім, әскер сынды әр түрлі

тақырыптағы қанатты сөздері топтастырылған. Сондай-ақ, жинақтың «Өсер елдің ұлдары» атты тарауында ұлт зиялыларының бір-біріне айтқан жылы лебіздері мен ой-тұжырымдары енгізілген. Кітаптың 54–78-беттерінде А.Байтұрсынұлының қысқаша өмірбаяны беріліп, ол айтқан 133 қанатты сөзі жарияланған. Сондай-ақ әр тұлғаның жеке суреттері басылған. Көпшілікке арналған кітап пайдаланылған әдебиеттер тізімімен жабылған.

«АЛАШ АҚИЫҚТАРЫ» – мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар жинағы. Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған – Т.Жұртбай. «Алаш мұрасы» сериясы аясында шығарылған. Еуразия ұлттық ун-тінің жанындағы «Отырар кітапханасы» ғыл. орт. ұсынған А., «Алаш» баспасынан 2006 ж. жарық көрген. Көл. 288 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап «Талант талқысы» атты алғы сөзден және екі бөлімнен тұрады. Бұл жинаққа 1928–32 ж. аралығында Мемл. саяси басқармасының ерекше бөлімі «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі қайраткерлерінің тергеу ісі» деген атпен жүргізген тергеу ісіне тартылып: кеңес өкіметін құлату үшін контррев. астыртын ұйым құрып, көтеріліс дайындаған, өздерінің қастандық идеясын насихаттау үшін «Алақ» жасырын үйірмесін құрған – деген желеумен түрмеге қамалып, алды ату жазасына, соңы жер аударылуға бұйырылған алаш ардагерлерінің тергеу ісіне айыптау айғағы ретінде тіркелген, не қылмыстың дәлелі есебінде көрсетілген, бұрын кітап бетінде басылым көрмеген көркем әдебиет туралы мақалалары мен ашық хаттары, аудармалары топтастырылған. Сондай-ақ жинақта А.Байтұрсынұлының 1921 ж. 15 қарашада Орынбор қ-нда жазған «Жазығым не?» атты мақаласы жарияланған.

*С.Хасенов*

«АЛАШ «АЛАШ» БОЛҒАНДА» – естеліктер мен тарихи деректер жинағы. Авторы – Ғ.Ахмедов. А., «Жалын» баспасынан 1996 ж. жарық көрген. Көл. 224 бет. Таралымы 2000 дана. Жинақ екі бөлімнен құралып, онда халқымыздың ұлттық санасының ояна бастауы, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің құрылуы, автономиялы ұлт республикалары құрылған кездегі ұлт мәселесі, елді жаппай зорлап ұжымдастыру, оның салдарынан шаруашылықтың күйзелуі, аштық, халықтың отырған жерінен босып қырылуы, отызыншы жылдардағы жаппай репрессия, міне, осы мәселелер жөніндегі қарт қаламгердің көрген-білгендері; кейбір көпшілікке белгісіз тарихи аңыз-әңгімелер, сондай-ақ ертеде білім алған қазақ жастары, Ресей Мемл. Думасындағы қазақ депутаттары, белгілі адамдармен жүздесулер тәлімді, қызықты мәліметтерге қанықтырады. Сонымен қатар жинақта А.Байтұрсынұлы

ның саяси қызметі, өмірі, шығарм. қызметі, аянышты тағдыры «Ұлттық ұлы бұлқыныс», «Ахаңның өмір кезеңдерінен» атты тарауларда кеңінен баяндалған.

«АЛАШ. АЛАШОРДА» – энциклопед. кітап. Құрастырушылар – Ғ.Әнес, С.Смағұлова. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы аясында «Алаш мұрасы» сериясы бойынша шығарылған. А., «Арыс» баспасынан 2009 ж. жарық көрген. Бұл кітапқа осы кезге дейінгі Алаш зиялылары туралы жарияланған барша еңбектер сұрыпталып, қорытылып, тиянақталып берілген. Кітап құрастырушылардың алғы сөзімен ашылып, 2 бөлімге («Алфавиттік бөлім» және «Қосымшалар») бөлінген. «Алфавиттік бөлімде» Алаш қайраткерлері туралы ғұмырнамалық мәліметтер, Алаш қозғалысына қатысты ұғым-түсініктер, Алаш басылымдары көрсетіліп, әліпбилік жүйемен қысқарту нұсқалары басшылыққа алынған. «Қосымшалар» бөлімінде Алаш қозғалысына қатысты басты-басты дереккөздер топтастырыла берілген. Еңбектің 90–97-беттерінде А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм. жолы жайында С.Қирабаев, Р.Сыздықова, М.Қойгелдиевтің көлемді мақаласы, Ж.Сүлейменнің «Байтұрсыновтың В.И.Ленинге хаттары» атты мақаласы және «Байтұрсыновтың мұражай-үйі» мақаласы 6 фотосуреттермен жарияланған. Кітап ұлт, мемлекет және Отан тарихына қызығушы көпшілік қауымға арналған.

*С.Аргынгазин*

«АЛАШ АЛЛЕЯСЫ» – Алаш қайраткерлерін бүгінгі ұрпақтың есінде мәңгілікке қалдыру мақсатында жасалған саябақ. Батыс Қазақстан обл.



Сырым ауд-ның орт. Жымпиты елді мекенінде 2008 ж. Алаш қозғалысының 90 жылдығына орай ашылған. Бұл демалыс орнын жасауға себепкер болып, басшылық жасаған осы өңірдің тумасы, тарих ғыл. канд. Дәметкен Сүлейменова. Саябақта Алаш арыстарына арналған ескерткіш-монумент кешені орнатылған. Саябаққа А.Байтұрсынұлы бастаған 30-ға тарта алаштықтардың кеуде мүсіні қойылған.

*К.Қошым-Ноғай*

«АЛАШ АЛЫПТАРЫ»: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 32 минуттық деректі фильм. 2013 ж. «Қазақстан» ұлттық арнасы түсірген. Сценарий авторы – Сұлтанхан Аққұлы, реж. – Құралай Мерғазиева. Жоба идеясының авторы – Кәрім Мәсімов. А.Байтұрсынұлы рөлін Жомарт Зейнәбіл, Бадрисафаны Мария Коваленка сомдаған. Ғалымның балаларын Медина Салтабай, Искандер Налихан, Ерсұлтан Серікұлы ойнады. Фильмді түсіруге ҚР Орт. мемл. киноқұжат және дыбыс мұрағаты, Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйі көмектескен. Деректі фильм Байтұрсынұлының тар қапастағы тамұққа таңылған кезінен бастау алады. Ұлты үшін жан аямай күрескен ұлы тұлғаның темір тордың арғы жағында, өмір мен өлім арасындағы кезеңде де жүрегі «елім, халқым, алашым» деп бодандықтың бұғауында қамыққан халқының қамын ойлаумен болады. Деректі фильмде ұлы тұлғаның асқақ бейнесін, өр рухын мұрағат деректері негізінде баяндау арқылы аша білген. Бүгінгі тәуелсіздік тұсындағы азат ойлы ғалымдарымыз: Марат Шуақбаев, Мәмбет Қойгелдиев, Дина Аманжоловалардың ахметтану тақырыбындағы тұжырымды дәйектемелері негізінде көптеген мәліметтер мен тұшымды пікірлер айтылған. Ғалымның жары Бадрисафа жайында да сөз қозғайды. Оның жерленген жері мен Ахмет қуғынға ұшырағаннан кейінгі тағдыры туралы дәйектер айтылған.

*К.Қошым-Ноғай*

«АЛАШ АРДАГЕРІ. Ж.АҚБАЕВТЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ» – кітап. Авторы – М.Кұл-Мұхаммед. «Жеті жарғы» баспасынан 1996 ж. жарық көрген. Көл. 224 бет. Таралымы 3000 дана. Кітап – Санкт-Петербург ун-тін бітірген тұңғыш құқық магистрі Ж.Ақбаевтың өмірі мен қызметіне арналған. Автордың зерттеуі аса бай әрі қол жеткізу қиын материалдарға, оның әр түрлі мұрағаттарда көп жылдар бойы жүргізген ізденістеріне негізделген. Еңбекте Ақбаевтың ғыл. көзқарастарын – саяси практикасын анықтаған. Сондай-ақ, Жақыптың саяси күресін Алашорданың бағдарламалық құжаттарында көрсетілген принципті заң шығарушылық нұсқаулар бойынша жүргізгені келтірілген. Кітапта Ақбаевтың А.Байтұрсынұлымен идея

лас, өте жақын, достық қарым-қатынаста болғандығы, сонымен қатар Ахметтің Алашордадағы саяси қызметі кеңінен баяндалған.

*С.Арғынгазин*

«АЛАШ АРҚАУЫ» – зерттеу мақалалар жинағы. Авторы – Д.Қамзабекұлы. ҚР Мәдениет және спорт мин. «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрген. Еуразия ұлттық ун-тінің «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-ты ұсынған. А., «Қазақ энциклопедиясы» баспасы 2017 ж. шығарған. Көл. 408 бет. Таралымы 5150 дана. Жинақ андатудан, төрт тараудан («Елдік арқауы», «Бірлік арқауы», «Өрлік арқауы», «Ерлік арқауы») және қосымшадан тұрады. Бұл жинаққа автордың Алашқа арқау болған құбылыстар, тұлғалар, ұйымдар, жиындар, ізденістер, оқиғалар туралы әр жылдары баспасөз бетінде жарияланған зерттеулері мен мақалалары енгізілген. Сондай-ақ кітапта зерттеушінің А.Байтұрсынұлы жайында «Ағартушылық құбылысы және Алаш қайраткерлері», «А.Байтұрсынұлы және ұлт руханияты», «Әліпби және Алаш мүддесі», «Алаштың «23 жоктауы» – азаттықты жоктау» атты ғыл. мақалалары да жарияланған.

*С.Хасенов*

«АЛАШ АРЫСТАРЫ» – кітапша. Жауапты шығарушы – Х.Есенқарақызы. Оңт. Қазақстан обл. саяси қуғын-сүргін құрбандарының мұражайы дайындаған. Шымкент, «Жебе» баспаханасынан 2012 ж. жарық көрген. Көл. 36 бет. Бұл шағын кітапша «Алаш» партиясының құрылғанына 95 жыл толуына арналған. Халқымыздың бетке ұстар зиялы қайраткерлері, «Алаш» партиясы мүшелерінің (23 тұлға) қысқаша өмірбаяны, қоғамдық қызметтері, еңбектері туралы мәліметтер жинақталған. 13-бетте А.Байтұрсынұлы жайында мәліметтер берілген.

«АЛАШ АРЫСТАРЫ – МҰХТАР ӘУЕЗОВ» МҰРАЖАЙЫ – Абайдың мемл. тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының бөлімі. 1997 ж. 23 қыркүйекте Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына орай Семей қ-нда ашылған. Мұражай экспозициясы Әсет Найманбайұлы көшесіндегі Әнияр Молдабаевтың үйінде орналасқан. Бұл үйге кезінде Абай, Тұрағұл, Кәкітайлар тұскен. Алаш қозғалысы тұсында және 1920 ж. Ә.Бөкейхан, М.Дулатов отбасыларымен, сонымен бірге мұнда М.Әуезов, Ж.Аймауытовтар да тұрған. Мұражайдың 4 экспозиц. бөлімінде М.Әуезовтің шығарм. өмірінің 1908–25 жылдардағы

кезеңі көрсетілген. Мұрағат деректері, фотосуреттер, сирек кездесетін кітаптар, афишалар, бейнелеу өнерінің туындылары Әуезовтің алғашқы жазушылық, журналист., пед., қоғамдық саладағы еңбектерімен таныстырады. Бір бөлім Алаш арыстары Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Дулатов, С.Торайғыров, Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасовтарға, т.б. арналған. Мұрағат деректері 1918 ж. Семейде орналасқан алғашқы ұлттық мемлекет – Алаш автономиясының тарихымен таныстырады.

*Е.Сайлаубай*

«АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ САЯСИ БАСШЫЛЫҒЫ» – оқу құралы. Авторы – Н.Омашев. ҚазҰУ ұсынған. А., «Қазақ университеті» баспасынан 2007 ж. жарыққа шыққан. Көл. 160 бет. Таралымы 500 дана. Оқу құралы алғы сөзден, «XX ғасыр басындағы саяси-ахуал және қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы», «М.Дулатұлының өтпелі қоғамдағы саяси жетекшілігі» атты екі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл кітап Дулатовтың саяси көзқарасының қалыптасуын қарастырған тұңғыш ғыл. еңбек. Зерттеуде оның 1902 жылдан өмірінің соңғы – 1935 жылға дейінгі аралықтағы саяси өсу жолдары бүгінгі ғыл. көзқарас тұрғысынан бағаланып, талданған. Қайраткер өмірбаянындағы белгісіз және көлеңкелі тұстар мұрағат деректері негізінде айқындалып, қалыпқа түскен. Сондай-ақ, бұл ғыл. еңбекте 20 ғ-дың басында ұлт тілінде шыға бастаған бейресми «Қазақ» газетіне және Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Дулатов және т.б. авторлардың сол кезеңнің басты-басты мәселелерін көтерген мақалаларына шолу жасалған. Алаш қайраткерлері – Әлихан, Ахмет, Міржақыптардың саяси тұжырымдарының бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік принциптерімен үндестігі дәлелденген. Еңбек Алаш мұрасын білгісі келетін көпшілік оқырманға, саясаттану ғылымдары бойынша зерттеу жүргізетін ізденушілерге, филологтар мен тарихшыларға арналған.

«АЛАШ ӘДЕБИЕТТАНУЫ» – хрестомат. монография. Авторы – А.Ісімақова. ҚР Мәдениет және спорт мин. «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы аясында шығарылған. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынып, А., «Мектеп» баспасынан 2009 ж. және «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2017 ж. жарық көрген. Көлемі тиісінше 560 бет. Таралымы 1000 дана және 480 бет. Таралымы 5350 дана. Монография 2 бөлімнен («Қазақ әдебиет-



тануының бастау көздері», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының кәсіби қалыптасу кезеңі (1905–1930)» тұрады. Бұл еңбек қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының 20 ғ-дың бас кезіндегі ұлттық көркемөз өнерін зерделеуге арналған. Кітапта қазақ көркемөзінің көрнек-



ті өкілдерінің ғыл. шығарм. тұлғасы бүгінгі 21 ғ-дың әдебиеттанулық талаптары тұрғысынан қарастырылған. Сонымен қатар автор А. Байтұрсынұлы, Ө. Бөкейхан, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, С. Сәдуақасов, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгеровтерден басталатын Алаш әдебиеттануының шынайы келбетін әл-Фараби, Абай, Ыбырай, Шоқаннан таратып, ұлт әдебиетінің тарихи негізін ажырамас бірлікте жүйелейді. Кітаптағы әрбір әдебиеттанушының қазақ әдебиетіндегі көркемөз құдіреті, олардың зерттеуге қосқан үлесі, ғыл., әдеби-теор. ой-тұжырымдары жан-жақты айқындалған.

*С. Аргынгазин*

**АЛАШ ӘДЕБИЕТІ** – ұлттық қозғалыс кезеңінде туған әдебиет. Ұлт-азаттық қозғалыстың өрістеуіне ақын-жазушылардың қаламгерлік те, қайраткерлік те үлестері айрықша болды. Алаш қозғалысы дәуірі – ұлттық жазба әдебиетінің тарихындағы ерекше жылдар. Қазақтың жазба әдебиетінің өмірге келуінің бастапқы кезеңі Абай заманымен байланысты болғанымен, оның жан-жақты өрістеуі 20 ғ-дың алғашқы онжылдықтарына келеді. 19 ғ-дың екінші жартысындағы жазба әдебиетке Ы. Алтынсарин, Абай, Шәкәрім, М. Ж. Көпееұлы, Нарманбет Орманбетов, т.б. кейбір жекелеген әдебиет өкілдерінің шығарм. мысал бола алса, келесі ғасырдың басында жазба әде-

биет өкілдерінің саны еселеп артты. Жазба әдебиеттің жарық көретін қалыптары – баспасөз, кітап басу ісінің дамуы жазба әдебиетті өркендете түсті. Ендігі жерде әдебиет оқырманға арнала бастады. «Айқап» журналы, «Қазақ», т.б. газеттер көркем ойды мыңдаған оқырманға жеткізушіге айналды. Көркем проза, драма, әдеби сын жанрларының алғашқы үлгілері туып қалыптасуы ұлттық жазба әдебиеттің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін аңғартты. Бұл бағытта Алаш қайраткері М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» туындысы тұңғыш роман болса, Алаш қозғалысы өкілдері Б. Серкебаевтың, Ж. Аймауытовтың, М. Әуезовтің, Қ. Кемеңгеровтың драмалық туындылары осы жанрдың алғашқы үлгілері болғаны белгілі. Әдеби сынның қалыптасуы, оның шығармаға, әдеби мұраға, әдеби үдеріске баға беруі – жазба әдебиеттің есейе бастағандығының айғағы болды. Сын жанрында Алаш көсемдері Ө. Бөкейханның, А. Байтұрсынұлының, Дулатовтың макалалары да осы жанрдың тұңғыш тәжірибелері еді. Алаш қайраткері Р. Мәрсековтің «Қазақ әдебиеті жайынан» мақаласы әдебиет тарихына арналған ең алғашқы еңбек болды. Абай шығармаларының тұңғыш жинағының жарық көруі де жазба әдебиеттің қалыптасуына игі ықпал етсе, Дулатовтың «Оян, қазағы!», Байтұрсынұлының «Масасы», Ғ. Қараштың «Бала тұлпары» әдебиеттегі ұлтшылдық, елшілдік ұрандарды күшейтті. Сөйтіп, бұл жаңашыл дәстүрді Жүсіпбек, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Мұхтар, Бейімбет секілді жас дарындар соны көркемдік сапада, тың қырынан жалғастырып әкетті. Соның нәтижесінде, Алаштың қалам қайраткерлері қазақтың тұңғыш романдары мен драмалық шығармаларын, алғашқы әдеби-сын макалаларын дүниеге келтіріп, өмірді бейнелеу тұрғысынан да, жанрлық жағынан да, көркемдік қырынан да осы кезеңде жазба әдебиеттің қалыптасу кезеңіне нық қадам басқанын байқағты. Шамасы он-он бес жылдың ішінде Алаш қаламгерлері ұлттық әдебиеттің жаңа кезеңін қалыптастыра отырып, сөз өнерінің халық тағдырындағы рөлі мен маңызын, тарихи миссиясын көрсете алды. Бұл азатшыл әдебиеттің бегі мен екпіні, бағыты мен мазмұны Алаш қаламгерлері жазықсыз жазалана бастаған 1920-жылдардың соңына дейін жалғасты. Алаш қозғалысы кезеңінде туған әдебиетті «Алаш ұранды әдебиет» деп те атайды. «Алаш ұранды» деген тіркесті алғаш рет Абай «Біреу сөз қазақтың қайдан шыққандығы туралы» атты тарихи очеркінде келтірген болатын. Осы тіркесті Алаш зиялылары өз еңбектерінде, әсіресе, «Қазақ», «Сарыарқа» газеттеріндегі мақалаларында жиі қолданған. Алаш ұранды әдебиет өкілдерінің дәстүрлері 1920–30-жылдарда да, одан кейінгі кестілік кезеңде де жалғасын тауып жатты. 1980

жылдың аяғында есімдері мен еңбектері ақталған Алаш қаламгерлері қазақ қоғамының мәдени-рухани болмысына айрықша әсер етіп келеді, мұндай ықпал, әсіресе, қазіргі әдеби үдерістен байқалады.

*Д.Қамзабекұлы*  
**«АЛАШ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ** – ғыл. мекемелер. Алматы қ-нда «Алаш» тарихи зерттеу орт. (президенті – Х.Ғабжалилов), Астанада Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы Алаш мәдениеті және рухани даму ин-ты [алғашқы директоры – Д.Қамзабекұлы, 2014 жылдан С.Жүсіп (Аққұлұлы) жетекшілік етеді] жұмыс істейді. Алаш тарихи зерттеу орт. ұлт тарихы және қазақтың этногенездік тарихын (шежіре) зерттеумен, Алаш мәдениеті және рухани даму ин-ты ұлт зиялылары мұрасын тұжырымдық тұрғыдан қарастырып, оны оқулықтар, танымдық еңбектер, т.б. шаралар арқылы республикаға, шет елдерге насихаттаумен айналысады. Жыл сайын «А.Байтұрсынұлы оқулары» өткізіп тұрады.

*Д.Қыдырәлі*  
**«АЛАШ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ»** – зерттеу кітап. Авторы – Д.Қамзабекұлы. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. Аст., «Фолиант» баспасынан 2002 ж. жарық көрген. Көл. 474 бет. Таралымы 2000 дана. Зерттеу еңбегі кіріспеден, үш бөлімнен («Ағартушылық және әдебиет: құбылысы, ізденісі, ерекшелігі», «Алаш ағартушылығы тұсындағы әдеби-тарихи процесс», «Билік және әдебиет: текетірес, мәміле, тәжірибе, таным»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл еңбекте қазақ ағартушылығының туу, қалыптасу, даму жолдары әлем ағартушылығының контекстінде зерттелінген. Осы өреде әдебиеттегі елшілдік сарынға әсер берген жәдитшілдік, милләтшілдік ағымдар мен түрік жаһаттастығы мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ Алаштың қилы тағдыры билік пен әдебиет қатынасы бедерінде сараланған. Еңбекте А.Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі мен ұстанған бағыты жан-жақты талданған.

**«АЛАШ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН»** – жинақ. Бас редакторы – С.Пірәлиев. ҚазҰПУ шығарған. А., «Нұр-Принт-75» баспасынан 2008 ж. жарық көрген. Көл. 476 бет. Жинаққа Алаш қозғалысы ардагерлерінің рухына тағзым ету, ұлағатты істерін жас ұрпаққа насихаттау мақсатымен 2008 ж. 21 қарашада өткізілген Халықар. ғыл.-практик. конференция материалдары енгізілген. Материалдар жинағына қазақстандық ғалымдармен қоса Түркия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б. елдердің зерттеушілерінің ғыл. мақалалары кіргізілген. Конференция ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алаш қозғалысының 90 жылдығына орай конференцияға

қатысушыларға арналған сөзімен ашылған. Конференция жұмысы пленарлық мәжілістен және 5 секц. («Ресей империясындағы азаттық қозғалысы. Жаңа көзқарас және тұжырымдар» (24 баяндама), «Алаш қозғалысының тарихнамасы және деректік негіздері» (11 баяндама), «Жеке тұлғалар тағдыры» (13 баяндама), «Алаш қозғалысы тарихының бүгінгі білім жүйесінде оқытылуы» (14 баяндама), «Алаш және қазақ тілі мен әдебиеті» (7 баяндама) мәжілістен тұрады. Жинақта Р.Имаханбетованың «А.Байтұрсынұлы мұражайының қалыптасу тарихы» және Г.Жандаралованың «Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлының мемлекет туралы идеяларының қазіргі Қазақстандағы рөлі» атты тақырыпта жасаған баяндамалары жарияланған.

*С.Хасенов*  
**«АЛАШ ЖӘНЕ ТЕРМИНТАНУ»** – зерттеу монографиясы. Авторы – Ш.Құрманбайұлы. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат қ-ті «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару» бағдарламасы аясында шығарылған. А., «Ел-шежіре» баспасынан 2008 ж. жарық көрген. Көл. 240 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап кіріспеден, 3 тараудан («Алаш зиялылары және ұлттық терминқор қалыптастыру міндеті», «Алаш зиялылары және ұлттық терминқордың қалыптасуы», «20-жылдардағы терминологиялық жұмыстар»), қорытындыдан, қосымшадан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл монографияда 20 ғ-дың басындағы қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы қарастырылған. А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Х.Досмұхамедов, Ж.Күдерин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов сынды қазақ білімпаздарының терминологияны қалыптастырудағы рөлі, терминжасам тәжірибесі жан-жақты талданған. 1910–30 жылдар аралығындағы терминологияның даму бағыты, сол кезеңнің сипаты, ерекшеліктері көрсетілген. Еңбектің 29–53 беттерінде автордың «Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының рөлі» және «Ахмет Байтұрсынұлы және XX ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі» атты көлемді ғыл. мақалалары жарияланған.

*С.Арғынғазин*  
**«АЛАШ» ЖУРНАЛЫ** – тарихи-этнол. ғыл. басылым. 2005 жылдың тамыз айынан екі айда бір рет Алматы қ-нда шығады. Құрылтайшысы – «Алаш» қорының тарихи зерттеу орт. Бас редакторы – Х.Ғабжалилов. Онда қазақ халқының шығу тегі, шежіре, ру-тайпа бірлестіктерінің тарихы, тарихи тұлғалар, Алаш қозғалысының тарихына байланысты материалдар, т.б. жарияланады.

«АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ: ДІН МӘСЕЛЕСІ» – көптомдық жинақтың үшінші томы. Ғыл. жоба жетекшісі және жалпы редакциясын басқарған – Қ.Сақ. Құрастырушылар – А.Дәулетқызы, Ә.Ерікқызы. ҚР Мәдениет және спорт мин. «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша, «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2014 ж. жарық көрген. Көл. 400 бет. Таралымы 2300 дана. Жинақта 19 ғ-дың аяғында жарық көрген «Түркістан уәлаятының газетінен» бастап, 20 ғ-дың 30-жылдары шет елде басылып шыққан «Жас Түркістан» журналы аралығындағы Алаш баспасөзінің дін мәселесіне қатысты құнды жарияланымдары топтастырылған. Жинақтағы «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынұлының дін мәселесіне қатысты «Орысша оқушылар», «Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау», «Бастауыш мектеп», «Шорай ислам» атты мақалалары, сондай-ақ 21–26 июльде Орынборда өткен «Жалпықазақ съезінің қаулысы» (онда Ахмет төраға орынбасары) жарияланған. Жинақ дін саласындағы мамандарға, алаштанушы ғалымдарға, жалпы оқырманға арналған.

«АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ: ЖЕР МӘСЕЛЕСІ» – көптомдық жинақтың бірінші томы. Ғыл. жоба жетекшісі және жалпы редакциясын басқарған – Қ.Сақ. Құрастырушылар – Ә.Ерікқызы, А.Дәу-



летқызы. ҚР Мәдениет мин. «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша, «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2014 ж. жарық көрген. Көл. 400 бет. Таралымы 2400 дана. Жинақта «Түркістан уәлаятының газетінен» бастап «Жас Түркістан» журналы аралығындағы Алаш басылымдарының жер мәселесіне қатысты құнды материалдары топтастырылған. Жинақтағы «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынұлының жер мәселесіне қатысты «5 мың десятина жер», «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Айқап» журналында «Қазақ өкпесі», «Тағы да жер жайында» атты мақалалары берілген. Кітап ұлттық құндылықтың бірегейі саналатын жер мәселесін зерттеп жүрген ғалым-

дарға, алаштанушы мамандарға, сонымен бірге жалпы оқырманға арналған.

«АЛАШ КӨСЕМСӨЗІ: ТІЛ МӘСЕЛЕСІ» – көптомдық жинақтың екінші томы. Ғыл. жоба жетекшісі және жалпы редакциясын басқарған – Қ.Сақ. Құрастырушылар – Ә.Ерікқызы, А.Дәулетқызы. ҚР Мәдениет және спорт мин. «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша, «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2014 ж. жарық көрген. Көл. 400 бет. Таралымы 2300 дана. Жинақта 19 ғ-дың аяғында жарық көрген «Дала уәлаятының газетінен» бастап 20 ғ-дың 30-жылдарында шыққан «Жас Түркістан» журналы аралығындағы Алаш басылымдарының тіл мәселесіне қатысты құнды жарияланымдары топтастырылған. Сонымен бірге мұрағаттардан алынған тарихи құнды құжаттар мен алаш қайраткерлерінің жеке жинақтарына енген тілге қатысты көсемсөздері енгізілген. Жинақтағы «Айқап» журналында А.Байтұрсынұлының тіл мәселесіне қатысты «Шахзаман мырзаға», «Қазақ» газетінде «Жазу мәселесі», «Бастауыш мектеп», «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы» мақалалары жарияланған. «Ақ жол» газетінде «Ақаңның юбилейі туралы және М.Әуезовтың «Ақан» 50 жылдық тойы (юбилейі) атты мақаласы берілген. Сондай-ақ кітапта Ахметтің жинақтарынан алынған тіл мәселесі туралы материалдары: «Емле туралы», «Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпбиін жақтаған баяндамасы», «Выступление на первом всесоюзном тюркологическом съезде», «Оқу жайы», «Тіл қисыны (Яки лұғат қисыны)», «Сөз талғау», «Жалқылау (айырыңқы әдіс)», «Жалқылаулы-жалпылау әдіс», «Әліпби тақырыбы Ақметтің баяндамасы», «Қалам қайраткерлерінің жайынан», «Қазақша сөз жазушыларға», «Түрікшелер құрылтайы» берілген. Кітап елдіктің тұғыры саналатын тіл мәселесін зерттеп жүрген ғалымдарға, алаштанушы мамандарға, сонымен бірге жалпы оқырмандарға арналған.


С.Хасенов

«АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ» – монограф. еңбек. Авторы – М.Құл-Мұхаммед. «Атамұра» баспасынан 1998 ж. жарық көрген. Көл. 360 бет. Таралымы 1000 дана. Мұрағаттарда сақталған Алаш қайраткерлерінің (39 тұлға) суреттері қоса берілген. Кітап кіріспеден, бес тараудан («Дерек көздері, саяси күрес тарихының кезеңдері, тарихнама», «Қазақ өлкесінде отаршыл-құқықтық жүйенің орнығуы мен оған қарсы Алаш қайраткерлерінің күресі», «Жақып Ақбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі», «Ж.Ақбаев және Алашорда», «Ж.Ақбаевтың саяси-құқықтық көзқарасы»), қорытындыдан

және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Монографияда Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан кейінгі кезеңдегі қазақ өлкесінде отаршыл-құқықтық жүйенің орнығуы және оған қарсы Алаш қайраткерлерінің саяси күресі олардың қазақ елінің мемл. құрылысы жөніндегі саяси-құқықтық эволюциясы негізінде зерделенген. Кітапта Алашорда үкіметінің мүшесі, қазақтың аса көрнекті зергер-ғалымы Ж.Ақбаевтың өмірі мен саяси күресі арқылы оның серіктері болған Алаш жетекшілері Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ө.Ермеков, Х.Досмұхамедов, т.б. қазақтың азаттық жолындағы арыстарының қоғамдық-саяси қызметі сараланып, Алаш бағдарламасының құқықтық негізі талданған. Кітап Қазақстандағы мемлекет және құқық негіздері тарихын, саяси-құқықтық ілімдер тарихын зерттеуші ғалымдар, оқытушылар, аспиранттар мен студенттер, қазақ мемлекеттілігі тарихына зер салушы заңгерлер мен барша оқырман қауымға арналған.

*С.Аргынгазин*

**АЛАШ ҚАЛАСЫ** – Семей қ-ның жанындағы Заречная слободкасын Алаш қ. деп атаған. 1917 ж. шілдеде Заречная слободкасының тұрғындары «Алаш қаласы туралы» шешім қабылдап, хат-



таманың соңына төраға Р.Мәрсеков қол қойған. Алашорда үкіметінің төрағасы Ө.Бөкейханның Орынборға жіберген жедел хатында «2-жалпықазақ сиезінің қаулысы бойынша, 24 июнде Алашорда Алаш қаласында іске кірісті» делінген. 1917 ж. 19 қарашада Алаш қ-ның Думасына депутаттар сайлауы өткізілген. 21–22 қарашада Думаның алғашқы отырысында төрағалыққа Б.Сәрсенов сайланған.

*Е.Сыдықов*

**АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ** – 20 ғ-дың басында қазақ жерінің барлық өңірін қамтыған ұлт-азаттық

қозғалыс. 1905 ж. қазақ оқығандары ұйымдасқан түрде саяси шараларды қолға ала бастайды. 1905 ж. 26 маусымда «Қарқаралы құзырхаты» деп аталған құжат осы қозғалыстың бастауы болды. Ресей патша үкіметінің Мин. Каб-не жолданған бұл құжатта сөз бостандығы, ана тілінде оқу, діни еркіндік, т.б. мәселелер көтерілді. Қоянды жәрменкесінде оған 12767 қазақ азаматы қол қойды. Осы оқиғадан кейін Қазақстанның көптеген өңірлерінен патшалық билікке құзырхаттар жолдана бастады. Сол жылдың қарашасында қазақ халқының жағдайын жөнінде Ө.Бөкейхан, автономшылар съезінде М.Тынышбаев Мәскеуде сөз сөйледі. Орал қ-нда қазақ обл. өкілдерінің съезі ұйымдастырылып, «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру жөнінде шешім қабылданып, партияның бағдарламасы жасалды. Ұлт зиялыларының 1-, 2-Мемл. Думаға депутат болып сайлануы да олардың бір-бірімен таныстыра, жақындастыра түсті. Думаға сайланған Бөкейхан, А.Бірімжанов, А.Қалменов, Ш.Қосшығұлов, Тынышбаев, т.б. Ресейдің заң шығарушы ең жоғ. органына қазақтың мәселесін көтеріп, оны саяси биліктегілерге жеткізуге күштерін салды. Думадағы қазақ депутаттары ел ішіндегі беделді, белсенді азаматтармен тығыз байланыста жүріп, қалың бұқараның қолдауы мен сеніміне ие болды. Қазақтан Мемл. Думаға депутат сайлау арқылы олардың Мұсылман фракциясына енулеріне мүмкіндік туды. Мұндай парламенттік фракция құрамына Б.Қаратаев, Ы.Жаманшалов, С.Лапин, А.Жантөрин, Е.Оразаев, А.Өтегенов секілді зиялылардың енуі ұлттық мүдденің көтерілуіне маңызды ықпал жасады. Жалпы, А. қ-нда діни-рухани мәселе басты болды. Қозғалыс тарихында хазіреттердің, ишандардың, молдалардың рөлі жоғары болды. Қозғалыстың келесі кезеңінде зиялылардың халық өмірін танып, оны жігерлендіру, ояту әрекеттері байқалды. Айталық, «Оян, қазақ!», «Қырық мысал», «Маса», «Бала тұлпар» жинақтары, «Айқап» журналы, «Қазақстан» газеті қозғалыс ұрандарын қалың бұқараға таратқан мәдени-рухани құбылыстар еді. Осы кезеңде ұлт мүддесін бірлесіп шешу үшін жалпықазақ съезін ашу мәселесі туындады. Оны алғаш Ж.Сейдалиев көтерді. Сейдалииннің съезд ашу жөніндегі мақалаларына Қаратаев, Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Б.Сыртанов, Тынышбаев, Е.Қасаболатов, т.б. «Айқап» журналында, кейін «Қазақ» газетінде өз пікірлерін білдірді. Қозғалыстың өрістеу эволюциясының бағыты мен қарқыны, азаттық қайраткерлерінің мүмкіндіктері мен дайындықтары 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін нақтылана түсті. Атап айтқанда, сәуірдің алғашқы күндерінен бастап обл. қазақ съездері өткізіле бастады. Орынбор, Алматы, Орал, Омбы, Семей, т.б. жерлерде

## АЛАШ

өткізілген обл. съездер, сондай-ақ Ташкенттегі Түркістан мұсылмандарының 1-құрылтайы Алаш баласының азаттыққа шындап бағыт алғандығын байқатты. 1917 жылдың 2 сәуірінде Орынбор қ-нда Байтұрсынұлының төрағалығымен басталған Торғай обл. қазақ съезі Алаш қозғалысының Алаш партиясына, Алашорда үкіметіне ұласар кезеңінің ең алғашқы айтулы оқиғасы болды. Съездің ұйымдастырылуы мен өткізілуінің басқысында Байтұрсынұлымен бірге Қалменов, У.Танашев, С.Қадырбаев, О.Алмасов, Ш.Бекмұхамедов сияқты ұлт зиялылары тұрды. Бұл съезд «Қазақ» газетінде «қазақтың тұңғыш съезі» ретінде бағаланды. Торғай съезінен кейінгі Жетісу, Орал, Ақмола, Семей обл. съездері Алаш қозғалысының қазақтың барша даласын қамтығандығын байқатты. Жетісу обл. съезінде Ы.Жайнақов, Ғ.Ордабаев, А.Құдайбергенов, А.Шегіров, Н.Жақыпбаев, Ғ.Үдербаев; Орал обл. съезінде Қаратаев, Ғ.Әлібеков, Д.Күсепқалиев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ғ.Жетпісбаев; Ақмола обл. съезінде Е.Итбаев, А.Тұрлыбаев, М.Дулатов, М.Саматов, А.Сейітов, М.Жұмабаев, Е.Тоқбаев; Семей обл. съезінде Ж.Ақбаев, Х.Ғаббасов, Р.Мәрсеков, М.Боштаев, Б.Сәрсенбаев, Ә.Ермеков, Ы.Оразалин, М.Малдыбаев, Ш.Ақпанов, т.б. қайраткерлердің белсенділігі байқалды. Обл. қазақ съездері мен қазақ к-ттері қазақ зиялыларын одан әрі ұйыстырды. Сөйтіп, Алаш мұраты үшін ерен істерге дайын азаматтар күрескерлік, қайраткерлік деңгейге дейін көтерілді. Бұл съездердің қай-қайсысы да ұлттың қордаланған мәселелерін күн тәртібіне қойып, оны шешудің жолдары мен амалдарын белгіледі.

Обл. съездерде қауымдасқан зиялылар жалпықазақ съезін ашудың алғышарттарын жасады. Мұндай съезд көп кешікпей ішкі айында Орынбор қ-нда өтті. Байтұрсынұлы, Досмұхамедов, Ә.Көтібаров, Дулатов, Сейітов, т.б. Алаш қайраткерлерінің басшылығымен хәм ұйымдастыруымен өткен осы 1-жалпықазақ съезінде қазақ қоғамы үшін іргелі 14 мәселе қаралды. Оның ішінде қазақ автономиясы, қазақ саяси партиясы, дін, т.б. ұлт тағдырына қатысты зор мәселелер болды. Бұл съезд, ең алдымен, қазақ зиялыларының бас қосып, түсініп, ортақ мүдде жолында аянбай қызмет істей алатындығын дәлелдеді. Сонау хандық заманның ең дәуірлеген кезеңдерінен бері барша қазақтың игі жақсылары бас қосқан ұлық жиын бола отырып, съезд ұлттық тәуелсіздік мәселесін көтеруімен де тарихи маңызға ие болды. Съезде Алаш партиясының құрылуы да оның зор тарихи мәнін айғақтады. 1-жалпықазақ съезі А. қ-на үдемелі қарқын дарытты, осы съезден кейін бүкіл қазақ даласы азаттық пен теңдік рухына бөленді, желтоқсанда өткен 2-жалпықазақ съезіне дейін барлық өңірлерде дерлік Алаш партиясының к-ттері ашылды. Алаш автономиясын жариялаған, Алашорда үкіметін сайлаған 2-жалпықазақ съезі ұлттық мемлекет қажетті атрибуттарын жасады. Осы тарихи съезде Алаш автономиясы жарияланды, оны басқаратын Ұлт кеңесі, яғни Алашорда үкіметі құрылды. Алашорданың төрағасы болып баламалы негізде Бөкейхан сайланды. Осы съезден соң қозғалыс жаңа қарқынға ие болды. Алашорда үкіметінің іс-қимылдары қазақ халқының саяси жағынан да, білім-ілім жағынан да, мәдени-әдеби



жағынан да өзін-өзі басқара алатын әлеуетті ұлт екендігін байқатты. Ел басқарудың, ғыл. мектеп қалыптастырудың, әскер жасақтаудың, шаруашылық жүргізудің, өнер игерудің үлгілерін көрсетті. Қозғалыс тұсында қазақ зиялыларының бірнеше толқыны қалыптасты. 1920 жылдың 5 наурызында Әскери-рев. к-т Алашорданы таратуға арнайы шешім қабылдағанға дейін А. к. ұлт-азаттық қозғалыс ретінде біртұтас, мақсатты саяси, әлеум., мәдени үдеріс болды. Қазақ мемлекетін құру сәтсіздікке ұшырағанымен, А. к-ның азаттық идеялары, мәдени, ғылыми басқа да дәстүрлері кеңестік жылдардың өзінде қазақ қоғамында өмір сүріп жатты. Осы ұлттық тарихымыздағы ең ірі, ең ұзақ ұлт-азаттық қозғалыс мұраттары тәуелсіздік жағдайында қайта жаңғырды.


*М.Қойгелдиев*

«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ» – анықтамалық. Құрастырушылар – Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. Астана қ-ндағы Тілдерді дамыту басқармасы «Руханият» орт. дайындаған. «Сардар» баспасынан 2008 ж. жарық көрген. Көл. 324 бет. Таралымы 1000 дана. 16 фотосуретті бет жапсырылған. Кітап Тілешовтің «Алаштың жолы» алғы сөзімен ашылған. 3 бөлімнен («Өмірбаяндық бөлім», «Алаштаным», «Алаш жылынамасы») қосымшадан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Анықтамалық Алаш қозғалысына, Алаш партиясына, Алашорда үкіметіне қатысты басты деректерді қамтиды. Кітапта алғаш рет 100-ден астам Алаш қайраткерлерінің өмірбаяндары жинақталып берілген. Кітаптың 2-бөлімінде қозғалысқа қатысты деректер мен оқиғалар, ұйымдар мен баспасөз құралдарының атаулары, Алаш қозғалысын зерттеген ғалымдардың өмірбаяны қамтылған. 3-бөлімге 1905–30 жылдар аралығындағы Алаш қозғалысына қатысты деректер енгізілген. Кітап соңында берілген қосымшада Алаш қозғалысының болмысын байқатуға тиісті әр түрлі аса маңызды құжаттар топтастырылған. Кітапта А.Байтұрсынұлының Р.Нұрғали жазған өмірбаяны (55–58 беттер), сондай-ақ Ахметтің саяси, ағартушылық қызметіне байланысты деректер молынан қамтылған. Анықтамалық оқытушыларға, ізденушілерге, студенттерге, магистранттарға, мектеп оқушыларына, ұлтының тарихын танимын деген жалпы көпшілікке арналған.

«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ» – оқу құралы. Авторы – М.Қойгелдиев. ҚР Білім мин. ұсынған. «Санат» баспасынан 1995 ж. жарық көрген. Көл. 368 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап кіріспеден, алты тараудан («Патшалық биліктің ХІХ ғасырдың соңы және ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы отарлау саясаты», «Ұлттық езгіге қарсы наразылықтың күшеюі және қазақ

интеллигенциясының 1905–1916 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси қызметі», «Ұлттық интеллигенцияны құдалау саясаты. «Қазақ» газеті және азаттық үшін күрес идеологиясының қалыптасуы (1908–1916 жылдар)», «Қазақ демократиялық интеллигенцияны бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында», «Ақпан революциясының жеңуі және ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттері. Қазақ демократиялық интеллигенцияны Уақытша үкімет қызметінде», «Бірінші және екінші жалпықазақ съездері. «Алаш» партиясы мен Алашорда (Ұлт кеңесі) үкіметінің құрылуы») және қорытындыдан тұрады. Кітапта 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ зиялыларының отарлық езгі мен ортағасырлық мешеулікке қарсы күресі, Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы бастаған саяси қайраткерлердің тәуелсіз мемлекет – Алаш автономиясын құру жолындағы жанкешті еңбегі тың деректер негізінде баяндалған. Кітап студент жастарға, тарихшы мамандарға, сондай-ақ қалың оқырманға арналған.

«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ» – екі томдық монографияның бірінші томы. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. Авторы – М.Қойгелдиев. «Мектеп» баспасынан 2008 ж. жарық көрген. Көл. 480 бет. Таралымы 3000 дана. 32 бет жапсырма сурет берілген. Монография кіріспеден, алты тараудан («Патшалық биліктің ХІХ




ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы отарлау саясаты», «Ұлттық езгіге қарсы наразылықтың күшеюі және қазақ зиялыларының 1905–1916 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси қызметі», «Ұлт зиялылары

## АЛАШ

қудалау саясаты. «Қазақ» газеті және азаттық үшін күрес идеологиясының қалыптасуы. Қазақ ұлтшылдығы (1908–1916 жылдар)», «Қазақ зиялылары бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында», «Ақпан революциясының жеңуі және ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттері. Қазақ зиялылары Уақытша үкімет қызметінде», «I және II жалпықазақ съездері. «Алаш» партиясы мен Алашорда (Ұлт Кеңесі) үкіметінің құрылуы») және қорытындыдан тұрады. Кітапта 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ зиялыларының отарлық езгі мен ортағасырлық мешешулікке қарсы күресі, Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы бастаған саяси қайраткерлердің тәуелсіз мемлекет – Алаш автономиясын құру жолындағы жанкешті еңбегі тың деректер негізінде баяндалған. Монографияның бірінші кітабы жаңа факті және тұжырымдармен толықтырылып қайта басылған. Кітап студент жастарға, тарихшы мамандарға, сондай-ақ қалың оқырманға арналған.

«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ» – энциклопед. анықтамалық. Авторлары – Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы. ҚР Мәдениет мин. Тіл к-тінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында «Сардар»



баспа үйінен 2014 ж. жарыққа шыққан. Көл. 528 бет. Таралымы 4000 дана. Бұл энциклопед. анықтамалыққа Алаш қайраткерлері мен қатысушылардың өмірбаяны, Алаш қозғалысына, партиясына қатысты ұғымдар мен атаулар, сол кезеңнің тарихи-қоғамдық, мәдени, әдеби дамуына байқататын мағлұматтар енгізілген. Алаш қозғалысына қатысқан тұлғалардың деректі тізімі жасалып ұсынылған. Сондай-ақ, Алаш қозғалысын, оның қайраткерлерінің өмірі мен

шығарм-н зерттеп жүрген ғалымдар жөнінде де мәліметтер берілген. Анықтамалық оқытушыларға, ізденушілерге, мектеп оқушыларына, студенттерге, магистранттарға, ұлт тарихын танимын деген жалпы көпшілікке арналған. Әліпбилік жүйемен, «А» әрпінен «Я» әрпіне дейінгі мақалалар берілген. Кітаптың 107–110-беттерінде А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм. жолы баяндалып, суреті мен 2 фотосурет жарияланған. «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ. ДВИЖЕНИЕ АЛАШ» – Алаш қозғалысының тарихы жөніндегі көптомдық құжаттар мен материалдар жинағы. Төрт томдық жинақ ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт мин. бағдарламасы бойынша шығарылған. ҚР Президентінің Мұрағаты Ғыл. кеңесі ұсынған. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-ты дайындаған. «Алаш мұрасы» сериясы аясында «Алаш» (1–2 томдар), «Ел-шежіре» (3-



том. 1–2-кітап, 4-том) баспаларынан 2004–05, 2007–08 ж. қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген. Көлемдері тиісінше 1-том – 552 бет, 2-том – 496 бет, 3-том. 1-кітап – 304 бет, 3-том. 2-кітап – 344 бет, 4-том – 472 бет. Таралымы 1-том – 1000 дана, 2 – 4 томдар – 2000 дана. Құрастырушылар – Е.М.Грибанова, С.Смағұлова, Н.Жағыпаров, А.Жүсіпова, А.Зұлқашева, Қ.Алжамұманов, М.Қойгелдиев, К.Нұрпейіс, С.Рүстемов, Е.Сайлаубай, Р.Қанғожиева, Е.В.Чиликова, Ә.Сүлейменова. 1-томға 1901 жылдың сәуірі – 1917 жылдың желтоқсаны аралығындағы құжаттар енгізілген. Осы кезеңдегі А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, т.б. қазақ зиялыларының

қоғамдық-саяси қызметі, яғни 1905–07 ж. рев. істерге араласуы, қазақ елінің мұң-мұқтажын білдіретін петициялар ұйымдастыру, саяси партия құру әрекеттері, ұлттық мерзімді басылымдарды ұйымдастыруы, Мемл. Дума жұмысына ат салысуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тұсындағы ұстанымы, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі қоғамдық өзгерістерге белсене араласып, Қазақ к-терімен, қазақ съездерін өткізуі барысы мұрағаттық құжаттармен қазақ мерзімді басылымдарында («Айқап», «Абай» журналдары мен «Қазақ», «Бірлік туы», «Уақыт», «Жас азамат», «Сарыарқа» газеттері) жарық көрген материалдар арқылы ашып көрсетілген. Алаш партиясының бағдарламасы қазақ және орыс тілдерінде берілген. Екінші томға 1917 жылдың 1 желтоқсаны мен 1920 жылдың 7 мамыры аралығына қатысты тарихи құжаттар мен материалдар топтастырылған. Өтпелі тарихи кезеңдегі Алаш қозғалысы жетекшілері (Байтұрсынұлы, т.б.) мен Алаш үкіметінің қызметімен толық таныстыру мүмкіндігі ұсынылған. Алашорда мен Кеңес үкіметінің, оның ішінде Азамат соғысы кезінде Қазақстан аумағында болған Қызыл әскер бөлімдері мен майдан командованиясінің арақатынасын сипаттайтын материалдар енгізілген. Алашордашылардың қызметі туралы бірнеше естеліктер жарияланған. 3-томның 1-кітабында 1920 жылдың сәуірі – 1928 жылдар аралығындағы құжаттар жинақталған. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында тарихи жағдайларға сәйкес әлеум.-саяси өзгерістер мен жаңа мемл. құрылыс процестеріне кеңінен тартылып, кейін тоталитарлық жүйе күшіне мінген кезде сол жүйенің өз қолымен тұншықтырылған 1920–28 жылдардағы Алаш қозғалысы өкілдерінің (Байтұрсынұлы, т.б.) тағдыры әңгімеленген. Кітапта Ахметтің 1920 ж. 17 мамырда В.И.Ленинге жазған хаты (№6 құжат), Башқұртостан, Түркістан және Қазақстан коммунистерінің бірігіп жазған хаты және Байтұрсынұлының Ленинге ұлттық және колониалдық мәселелер жөніндегі тезистерінің кейбір тармақтарын қайта қарау туралы авторлық жазбасы (1920 жылғы маусымдағы №8, 9 құжат) көрсетілген. 3-томның 2-кітабына 1929 жылдың қаңтары – 1938 жылдың шілдесі аралығына қатысты құжаттар топтастырылған. Кітапта 20 ғ-дың 1-жартысындағы қазақ зиялыларының (Байтұрсынұлы бастаған) өміріндегі ең қасіретті кезеңнің тарихын көрсететін құжаттар топтастырылған. Ұсынылған көптеген құжаттар күштеп райынан қайтару немесе өткенінен зорлап бас тартқызу астарымен жүргізілген саясатты аңғартады. 4-томда Алаш қозғалысы мен Алашорда партиясының 1918–2007 жылдардағы зерттелу тарихы жөніндегі құжаттар мен материалдар жинақталған. Ұзақ

мерзімді қамтитын, өткенді шолуға мүмкіндік беретін жинақтың құжаттары мен деректеріндегі мәліметтер зерттеушілерге кеңестік дәуірдегі және қазіргі замандағы ғалымдардың аталған мәселені қарастырудағы идеол. ұстанымдарымен, берген бағаларымен танысуға мүмкіндік береді. Кітапта Байтұрсынұлының 1919 ж. 3 тамызда жазған «Революция и киргизы» атты мақаласы, М.Дулатовтың 1922 ж. жазған «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов. Биографический очерк» атты мақаласы, сондай-ақ Ғ.Тоғжановтың 1932 ж. жазған «О Байтұрсунове и Байтұрсуновщине» атты көлемді мақаласы берілген.

*С.Арғынғазин*

**АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНА МҮШЕ БОЛҒАНДАР МЕН НИЕТТЕСТЕР ТІЗІМІ** – Алаш қозғалысына қатысқан тұлғалардың тізімі. Тізімді алғаш рет көрнекті алаштанушы, акад. К.Нұрпейісов жасады. Оның 1995 ж. жарық көрген «Алаш һәм Алашорда» кітабында Алаш қозғалысы мүшелерінің тізімі қосымша ретінде «Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі» деп берілген. Оған 270 адамның аты-жөні енгізілген. Б.Мүрсәлім толықтырып, құрастырған «Алашорда» атты фотоальбомда 350 тұлға қамтылған.

*Д.Қамзабекұлы*

**АЛАШ МЕКТЕПТЕРІ** – Семейдің Алаш қ. бөлігіндегі мектептер. 1917–19 ж. Семей обл. және уездік земство басқармаларының қолдауымен, Семейде ұлттық білім беру жүйесі қалыптасты. Алаш қайраткерлері Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, А.Қозыбағаров басқарған бұл земство мекемелері бірқатар мектептердің ашылуына және бұрынғы мектептердің жүйелі білім беруге көшуіне оң ықпал етті. 1919–20 ж. Семейде 19 орыс, 11 қазақ және татар балалары оқитын аралас мұсылман мектептері болды. Алаш қ-нда қазақ тілінде білім беретін 3 мектеп пен қазақша-татарша оқытатын мұсылман мектебі жұмыс істеді. Яғни Семейге қарағанда, Алаш қ-нда ұлттық білім беру жүйесі дұрыс бағыт алды. Бұл мектептерге Алаш зиялылары Ә.Сәтбаев, М.Тұрғанбаев, Ж.Аймауытов, Н.Күзембаев, А.Күзембаев, т.б. сабақ берді әрі А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Тұрғанбаев, т.б. зиялылардың оқу құралдары пайдаланылды.

*Е.Сыдықов*

**АЛАШ МИЛИЦИЯСЫ**, х а л ы қ т ы қ м и л и ц и я – 1917 ж. желтоқсанның 5–13 күндері Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес құрылған Алаш автономиясының қарулы жасақтары. Съездің күн тәртібіндегі 10 мәселенің төртіншісі «милиция туралы» болды. Осы мәселе бойынша Алаш қозғалысының белгілі өкілі Х.Ғаббасов баяндама жасады. Съезд



Алаш автономиясы аталған ұлттық мемлекетті аяғынан тік тұрғызу үшін және тек кеңестік негіздегі автономияларды ғана қорғап-қолдауға бейім тұрған «бостандықтың жауы – болшевиизммен күресу үшін» «халықтық милиция» атанған ұлттық әскер құру бағдарламасын бекітті. Осыған сәйкес Алаш автономиясына кіретін облыстар мен уездерде құрылуға тиісті милиция бөлімдерінің саны анықталып, оларды соғыс өнеріне үйрету, қажетті қару-жарақпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету жолдары айқындалды. Негізінен атты әскер түрінде жасақталатын халықтық милиция қатарына әскери қызметті атқаруға жарамды 20 мен 35 жас аралығындағы ер азаматтар алынатын болды. Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарындағы милиция қызметкерлерінің жалпы саны 13500 болсын делініп, әр обл. бойынша әскер қатарына шақырылғандар саны мына мөлшерде белгіленді: Бөкейде – 1000, Оралда – 2000, Торғайда – 3000, Ақмолада – 4000, Семейде – 1500 және Жетісу обл-нда – 2000 адам. Милицияға қару-жарақ пен оқ-дәріні Алашорданың ұлттық қорынан алу белгіленді. Милиционерлерді әскери тәртіп пен өнерге үйрету үшін офицерлер мен нұсқаушыларды: 100 милиционерге 1 офицер, 50 милиционерге бір нұсқаушы шақырылатын болды. Қазақ офицерлерін даярлау үшін Орынбор қазақ әскерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажеттігі съезд шешімдерінде баса көрсетілді. Съезд қарарларына сәйкес халықтық милиция жасақтарын құру ісі көп кешікпей басталып, осы бағыттағы жұмыстар 1918 жылдың жазынан, елде азамат соғысы басталуына байланысты жаңа қарқын алды. Алашорда үкіметі бұл бағыттағы жұмыстарды тек қана Орынбор қазақ әскерінің басшылығымен ғана емес, сонымен қатар Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінен тұратын үкіметпен («Комуч») және Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен (1918 ж. қарашадан – Колчак үкіметімен) бірлесе, соңғыларының көмегіне сүйеніп жүргізді. Алашорданың батыс бөлімшелерінің жетекшілері Ж. және Х.Досмұхамедовтер «КОМУЧ» үкіметінің есебінен 600 винтовка, бір пулемет алса, Алашорданың Торғай бөлімшесі 300 мылтық, 20 мың патронға ие болды. Орынбор қазақ әскерлерінің атаманы Дутовтың тікелей көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде екі атты полкті жасақтау жүзеге асырылды. 1918 ж. 12 тамызда Алашорданың әскери бөлімінің бастығы капитан (кейбір деректерде подполк.) Х.Токтамышев Уақытша Сібір үкіметінің соғыс министрі атына жазған хатында Семейде құрамында 750 жауынгер мен 38 офицері бар Алаш полкінің құрылғанын баяндай келіп, Зайсанда халықтық милицияның 200 адамнан, Павлодарда 150, Қарқаралыда 250 және

Өскеменде 250 адамнан тұратын әскери құрамалар жасақталғанын хабарлап, Қазақстанның әр түрлі аудандарында қызылдарға қарсы соғысқа тікелей кіріскендігі туралы жазады. Ә.Бөкейханның 1919 ж. 11 ақпанда Колчак үкіметінің ресми делегациясымен жүргізген келіссөздерінде келтірілген мәліметтеріне қарағанда сол кезде азамат соғысы майдандарында Қызыл Армияға қарсы күреске қатысқан Алаш қарулы күштерінің саны 3000-нан асқан. Осы келіссөздің барысында Алашорда делегациясының басшысы Бөкейхан Сібір үкіметі өкілінің «Милицияны қалай түсінуге болады» деген сұрағына «Милиция – біздің әскеріміз. Ол қазір іс жүзінде бар: 700 жігітіміз Жетісу майданында, 540 адам Троицк түбінде, 2000 адам Орал обл-нда соғыс әрекеттеріне қатынасуда» деген жауап алды. Бұл мәліметтерге Алашорданың батыс бөлімшесі ұйымдастырған



әскери құрамаларды қоссақ, «халықтық милиция» атты Алаш автономиясы әскерінің қатарында бес мыңға жуық адам болған. Нашар қаруланған, соғыс тәжірибесі жоқ «халықтық милиция» бөлімдері Қазақстандағы азамат соғысының барысына ықпал ете алған жоқ. Алашорданың таратылуымен бірге ол құрған «халықтық милиция» бөлімдері де таратылды.

*К.Нұрпейісов*

**«АЛАШ МИРАС (НАРОДНОЕ НАСЛЕДИЕ)»** – құжаттар жинағы. Құрастырушылар – Л.А.Гуткова, Қ.Исабаев, В.М.Карпенко, М.Қайырғалиев, Қ.Қожамұратов, А.Мұқанова, Г.Сандыбекова, М.Хасанаев. ҚР Мин. Каб. жанындағы мұрағаттар мен құжаттама Бас басқармасы, Респ. «Алаш мирас» мұрағат қоғамы, Қазақстан Орт. мұрағаты жанындағы ақпарат-баспа орт. дайындаған. «Қазақстан» баспасынан 1995 ж. жарық көрген. Көл. 208 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл жинақ мұрағат материалдары негізінде дайындалып, өткен заманнан бүгінгі уақытқа дейінгі Қазақстан аумағын мекендеген халықтар жайын баяндайды. Кітапта бұрын зерттеушілерге беймәлім болып келген құжаттар негізінде А.Құнанбаев, А.Байтұрсынұлы, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин,

Ф.Ғабитова және т.б. өмірі мен қызметіне байланысты тың деректер ұсынылған. Деректер қазақ және орыс тілдерінде берілген.

*С.Арғынгазин*

**АЛАШ ОҚУЛЫҚТАРЫ** – бұл салыстырмалы түрде өте кең ұғым. Бұған Алаш тұсындағы оқу құралдары да (мыс., Тұрғанбайұлы М. Пайғамбар заманы. Бастауыш мектептің соңғы жылы үшін. Оренбург; Ф.Ғ.Хусаинов уә ширкәсінің мәтбәғәсі, 1915.), Алаш қайраткерлері жазған оқу құралдары да кіреді. Мұның ішінде, мыс., «Медресе Ғалия» шәкірттері жазған дүниелер де бар (Қазақ уә шырғыз балалары үшін осул саутия илә жазылған әліппе яки төте оқу. Мөрәттіб уә нәшәрләрі: Мәдрәсә-и Ғалиядағы қырғыз уә қазақ шәкірттері. Құрастырған Ишанғали Арабаев және Хафиз Сәрсекеев. Уфа, Шарқ мәтбәғәсі, 1911.). Әйгілі Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912–25 ж. арасында 7 рет қайта басылып, ұлтты ағартуға үздіксіз қызмет етті. 1926 ж. ағартушы «Әліп-бидің» жаңа түрін жазды. Қайраткер «Тіл-құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулығы арқылы қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танытуды мектепте белгілі пән арқылы да үйретуге болатынын дәлелдеді. 1914 ж. Орынборда Міржақып Дулатовтың бастауыш мектептің екі жылдығына арналған «Есеп құралы» жарық көрді. Ал, 20-жылдары қайраткердің «Есеп құралы: бірінші жылдық» (Орынбор, 1922), «Есеп құралы: екінші жылдық» (Қызылорда, 1927) атты оқулықтары жарияланды. 1920–21 ж. Байтұрсынұлы Халық ағарту комиссары (министр) болып тұрғанда оқулық жазу ісі біршама жүйеленді. Авторлар жоқ кезде «білікті оқығандарға жаздырту» (тапсырыс) деген ұғым шықты. Байтұрсынұлының, Қошке Кемеңгеровтың – лингвистика, тарих, әдебиеттану, методика; М.Дулатовтың, Ә.Ермековтың, С.Қожановтың – математика; Ж.Аймауытовтың – психология; М.Жұмабаевтің – педагогика; Е.Омаровтың – физика, геометрия; Ж.Күдериннің – биология; Х.Досмұхамедовтың – зоология, лингвистика, анатомия; З.Оспановтың – астрономия; Т.Шонанұлының – тарих, тіл; М.Әуезовтің – әдебиет; Ж.Тілеулиннің – медицина ғылымына байланысты оқу құралдары жарық көрді. Ә.Бөкейхан бастаған енді бір топ ғалым орыс тіліндегі дүниелік ғылымдарды танытатын оқулықтарды, ғыл. еңбектерді қазақ тілінде аударып бастады. Айталық, К.Фламарионның «Астрономия әліпбиін», Д.Гравеннің «Дүниенің құрылысын» – Бөкейхан; Ю.Вагнердің «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелерін» – Әуезов; В.Вагнердің «Жануарлар туралы әңгімесін» – Абдолла Байтасұлы; Д.Кудрявскийдің «Арғы мәдениетін» – Мырзағазы

Есболұлы тәржімалады. Жоғарыда айтылған аударма еңбектер тізімі одан әрі де жалғаса береді. 1924 ж. Орынборда, 1927 ж. Ташкентте өткен қазақ білімпаздар жиынында оқулық мәселесі айрықша сөз болды.

*Е.Сыдықов*

**АЛАШОРДА** – Алаш автономиясының үкіметі (1917 ж. желтоқсан – 1920). Алашорда (немесе Ұлт кеңесі) 1917 ж. желтоқсан айының 5–13-і күндері Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезінде сайланды. Съездің күн тәртібіндегі он мәселенің ішіндегі ең маңыздылары Алаш автономиясын құру және оның үкіметін сайлау болды. Съездің 1917 жылғы 12 желтоқсанда қабылдаған шешімінің 6-бабында былай делінген: «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлттық кеңес құрылсын. Мұның аты Алашорда болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылады. Алашорданың уақытша тұратын орны – Семей қ. Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады». Съезде құрылған Алаш автономиясының үкіметі – Уақытша Ұлттық кеңес – Алашорда деп аталды, ал оның негізгі мақсаттарының бірі Қазақстанды Ресей ортндағы жеңіске жеткен «социалистік» революциядан («бүлікшіліктен») қорғау болды. Уақытша Ұлттық кеңес – Алашорданың құрамына барлық аймақтардан 15 адам сайланды: У.Танашев (Бөкей Ордасы), Х.Досмұхамедов (Орал обл.), А.Тұрлыбаев (Ақмола обл.), Х.Ғаббасов (Семей обл.), Мұстафа Шоқай (Сырдария обл.), С.Аманжолов (Жетісу обл.), т.б. Алашорда құрамына облыстардан тыс халыққа кеңінен таныс қайраткерлер: Ә.Бөкейхан, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, Б.Құлманов, Ж.Ақбаев, Б.Мамытов, О.Әлжанов сайланды. Алашорда құрамына сайланғандар түгелге дерлік жоғары білімді зиялылар еді. Олар Петроград, Мәскеу, Қазан, Томск, т.б. қ-лардың жоғары оқу орындарын заңгер, экономист, дәрігер, математика, тау кен және т. ж. инж-лері, т.б. мамандықтар бойынша бітіргендер. Бұлардың басым бөлігі өз мамандықтары бойынша қызмет атқарумен қатар ғыл. шығарм. жұмыстармен де айналысты. Ал 1917 жылғы қос революция аралығында олар қоғамдық-саяси өмірге белсенді түрде ат салысып, Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құруда Бөкейханға сенімді серік болған қайраткерлер еді. Үкімет төрағалығына үш қайраткер – Бөкейхан, Құлманов және Тұрлыбаев ұсынылды. Көп дауыс алған Бөкейхан төраға болып сайланды. Алаш автономиясының үкіметі сайланғаннан кейін көп кешікпей Ғаббасов Алашордаға бүкіл «қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметіміз деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай

## АЛАШОРДА

орындау керек» деп жазды. Алашорда өз алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай атқару үшін Алаш автономиясының «халықтық милиция» атанған қарулы күштерін жасақтауға үлкен мән берді (қ. *Алаш милициясы*). Оған қажетті офицерлер дайындау үшін атаман Дутов басқарған Орынбор казак әскерінің тәжірибесі мен көмегін

1918 жылдың жазында Алашорда бастаған күштер және большевиктер мен Кеңес өкіметінің соңынан ерген күштер қарама-қарсы жақта қалып, өкімет үшін бір-бірімен ашық күреске шықты. Алашорда азамат соғысы жылдарында Кеңес құрылысына жау күштер жағында болды. Нәтижесінде азамат соғысында жеңіске жеткен



пайдалану қажет деп табылды. Алашорданың Дутовпен жақындасуы Алаш жетекшілерінің жағдайын қиындата түсті. Өйткені Оңт. Оралда Ә.Жангелдин ұйымдастырған қызылдар жасағы П.Кобозев пен С.Павлов басқарған қызыл гвардия отрядымен бірлесе отырып, 1918 жылғы 18 қаңтарда Орынборды басып алды. Қызылдардан ыққан Дутовпен бірге алашордашылар да Орынборды тастап кетуге мәжбүр болды. Осыған байланысты Алашорда біртұтас казак автономиясын құрып үлгермей, барлық казак жерлеріндегі үкімет бірлігінен айырылып қалды. Үкімет мүшелерінің біразы Семей маңындағы Алаш қ. атанған (бұрынғы Жаңа Семей) елді мекеніне келіп, өздерін Алашорданың шығыс бөлімі деп жариялады. Үкімет мүшелерінің 2-бөлігі Орал обл-ндағы Жымпиты қ-на келіп, өздерін Алашорда үкіметінің батыс бөлімі немесе Ойыл уелаяты деп атады. Үкіметтің тағы бір бөлігі Жетісу обл-нда әрекет етті. Елде азамат соғысы басталған

Кеңес өкіметі Алаш партиясы мен Алашорда үкіметін таратты. Кеңес өкіметі Алаш пен Алашорданы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластауда алдау мен арбау әдісін де, қару жұмсап, күштеу жолын да қолданды. Кезінде (1919–20) Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына белсене қатысқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, олар түгелге дерлік сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрбанына айналды. Әдеб.: Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995; Койгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А., 1995.

*К.Нұрпейіс*

«АЛАШОРДА» – 50 минуттық деректі фильм. Реж. – Қайыла Омаров. 2009 ж. Шәкен Айманов атынд. «Қазақфильм» киностудиясы түсірген. Фильмде «Азаттық құрбаны» (реж. – А.Қыстаубаев), «Нәубет», «Алаш туралы сөз» (реж. – Омаров) қойылымдарынан үзінді алынған. Түсірілімдегі мәліметтердің басым бөлігі Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатова, Сырым Райымжанұлы

Бөкейханов, ғалымның жиені Айман Байсалова, Райымжан Мәрсекөвтің немересі Райса, Бекметов Мақсұттың немересі Жәмилалардан алынған. Қ.Байғабылұлының «Қапездің қоштасуы» әнін Рамазан Стамғазиев орындаған. Фильмді түсіруге Абай Мемл. тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық мұражайы, Шығыс Қазақстан обл. Мұрағаттар және құжатнама басқармасы, Шығыс Қазақстан обл. Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орт., Ресей а.ш. акедемиясы, Орынбор тарихи мұражайы, Петербор қазіргі заман мұражайы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік к-ті, ҚР ҰҒА Ғыл. кітапханасы, ҚР Ұлттық кітапханасы, Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі қолдау көрсеткен. Фильмде қазақ жерін біріктірген «Алаш Орда» тарихы көрсетіледі. Қазақ жерін біріктіру, Алаш автономиясын жариялау, Мемл. Думаға шығу арқылы қазақтың жерін қорғау, ондағы күрес жолы, уақытша үкімет кезіндегі алашордашылардың еңбегі айтылады. Фильмнің бірден-бір ерекшелігі – Ленин, Сталин бастаған большевиктік өкіметпен Алашорданың арасындағы қарым-қатынасты ашып көрсетуінде.

*К.Қошым-Ноғай*

«АЛАШОРДА» – фотоальбом. Құрастырып, түсініктерін жазған – Б.Мүрсәлім. «Нұр-Отан» партиясының қолдауымен, «Орхон» баспа үйі 2012 ж. жарыққа шығарған. Көл. 284 бет. Таралымы 1000 дана. Фотоальбом Алаш қозғалысы-

«Тағзым») топтастырылған. Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі (350 адам), соңында альбомның фотолары алынған қорлар, әдебиеттер, сайттар тізімі берілген. Фотоальбомда көптеген Алаш қайраткерлерінің жас шақтарындағы, оқуда жүрген кездеріндегі фотоларынан бастап кейбір қайраткерлердің Кеңес билігінің қолынан қаза тапқан сәттеріне дейінгі суреттері бар. Кітап-альбомда сондай-ақ Алаш әскерінің офицерлері мен Алаш қозғалысына қолдау көрсеткен қазақ байлары мен ауқатты қожалық иелерінің фотосуреттері жарияланған. Жалпы фотосурет саны 362. А.Байтұрсынұлына қатысты 23 фотосурет берілген. Ғыл.-көпшілік жинақ зерттеуші мамандарға, студенттерге, ел тарихы, саясаты және руханиятына қызығатын зерделі оқырманға арналған.

*С.Арғынғазин*

**АЛАШОРДА ЖӘНЕ КЕҢЕС ҮКІМЕТІ.** 1918 ж. көктемде басталған азамат соғысы қазақ қоғамын бүкіл Ресей империясында орын алған тапаралық соғыс иіріміне тартып әкетті. Қазақ қоғамы болашақ мемл. құрылымның түрлі нұсқаларын жақтап (ұлттық және кеңестік), екіге бөлінді. Сөйтіп, әлгінде ғана отарлық езгіге қарсы күресте жалпыұлттық саяси тұтастықтың қажеттігін енді сезіне бастаған қазақ қоғамы ішкі Ресейдегі оқиғалардың ықпалымен таптық жіктелу жолына түсуге тиіс болды. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде өз бостандығы үшін күреске шыққан отарлық езгідегі халықтарға большевиктер партиясы тек кеңестік негіздегі автономия беретіндігін мәлімдеді. В.И.Ленин және И.В.Сталин Түркістан кеңестерінің съезіне жолдаған жеделхатта «Халық комиссарлар кеңесі сіздердің өлкелеріңіздің кеңестік негіздегі автономия болғандығын қолдайды» деп көрсетілді. Ленин, Сталин және басқа да кеңестік қайраткерлер белгілі бір ұлттық автономия алуды емес, кеңестік билікті қолдайтын жұмысшы және шаруалардың автономия алуы деп түсінді. 1918 жылдың көктемнен Алашорда мен Кеңес билігі арасындағы өмірлік шындықтан бастау алатын, екі қуатты қоғамдық қозғалыстың (ұлттық және әлеум.-таптық) табиғатынан туындаған өзара түсінушілікке аз да болса ұмтылушылықтың орын алғандығын аңғару қиын емес. Оған кезінде «Сарыарқа» газетінде жарық көрген екі өкімет арасында жүргізілген келіссөз мәтіні куә. 1918 жылдың наурызында Оралдан Мәскеуге Алашорда үкіметінің тапсыруымен Х. және Ж.Досмұхамедовтер аттанып, барған бетте ХХК төрағасы Ленин және Ұлт істері бойынша халық комиссары Сталинмен кездесіп, оларға 2-жалпықазақ съезінің (Орынбор, 1917, желтоқсан) қаулысын табыс етті. Сталин қаулымен танысып, 19 наурызда Семейге телеграфпен хабарлап,



ның қалыптасу, саяси сахнаға шығу, Алаш автономиясын құру, Кеңестік дәуірдегі қуғын-сүргін кезеңдерін қамтиды. Жинақ тақырыптық-хронол. жүйе негізінде құрастырылған. Суреттер мазмұны мен түсу кезеңдеріне орай, шартты түрде 6 бөлімге («Атқан тан», «Оян, қазақ!», «Алаш автономиясы», «Жанпид», «Абакты жолы»,

## АЛАШОРДА

Ә.Бөкейхан және оның орынбасары Х.Ғаббасовты телефон арқылы келіссөзге шақырды. Ертеңіне, яғни 20 наурыз күні Сталинмен телеграф арқылы келіссөзді Ғаббасов жүргізді. Әңгіме кеңестік билік пен Алашорда үкіметінің өзара құқықтық қатынасы жөнінде өтті. Келіссөзден соң араға бірер күн салып, Алашорда кеңесі Сталиннің ұсынысын талқылап, мынадай мазмұндағы шешімді Мәскеуге хабарлады: «1918 жылғы марттың 21-інде біз, Алашорданың мүшелері, ұлт жұмысын басқарушы халық комиссары Сталиннің Алаш автономиясы туралы айтқанын тексергеннен кейін, Совет өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі деуге

мұжық, көбінен көп, азынан аз сайлап жіберген депутаттардың советінде болады; қалааралық билік қала халқы һәм қалада тұратын жұмысшы, солдаттар сайлаған депутаттардың советінде болады; 6) жалпы халық көптен көп, аздан аз совет сайлап шығарғанша областной, уездный Қазақ комитеттері һәм мұнан басқа да қазақ сайлап қойған мекемелер бұрынғы күйінде тұра береді. Земство һәм шаһар думалар да бұрынғы күйінде елдің шаруасын һәм оқу-оқыту жұмыстарын басқарып тұрады; 7) қазақ-қырғыз өз арасындағы істерін өздері сайлап қойған областной һәм уездной соттары бітіреді; 8) жалпы съезіміздің қаулысы бойынша, қазақ-қырғыз арасында милиция



қаулы қылдык: 1) 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен жалпықазақ қырғыз (қазақ) съезінің қаулысы негізінде Алаш автономиясын жариялаймыз. Алаш автономиясына кіретін облыстар: Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу, Бөкей Ордасы, Закаспий обл-ның Маңғышқак уезі, Самарқанд обл-ның Жизак уезі, Әмудария әнделі (бөлімі), Алтай губ-на қараған Бийск, Барнауыл, Земиногорск уездеріндегі қазақтар; 2) жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша Алашордаға қазақтан басқа халықтардан, көбінен көп, азынан аз он кісі сайланып кіреді; 3) Алаш автономиясында закон шығаратын һәм ед билейтін үкімет Алашорда болады; 4) Учредительный съезд шақырудың билігі Алашордада болады; бұған областной советтер жәрдемші боларға керек; 5) Алашқа қараған облыстардың һәм уездердің билігі қазақ пен

құрылады; 9) жергілікті советтердің бұйрығы бойынша ұсталып, абақтыда жатқан Алашорданың оқу комиссиясының, қазақ комитеттерінің һәм земский управалардың мүшелері тоқтаусыз босатылсын һәм мұнан былай оларды өтірік шағым, жаламен қуғын-сүргінге ұшырату тоқталсын; 10) қазақ-қырғыз істері туралы елші ретінде совет өкіметінің қасында болуға Алашорда мүшелері Халел һәм Жаһанша Досмұхамедовтерді өкіл еттік (Халел мен Жаһанша қазір автономия туралы Алашорда атынан сөйлесіп жатыр); 11) Алашорданың жоғарғы шарттарын совет өкіметі тексеріп тез жауап қайтарсын». Ұлттар ісі бойынша халық комиссары Алашорданың қойған шарттарына тікелей ресми жауап берген жоқ. 29 наурызда Семейге Ғаббасовтың (Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары) атына Мәскеудегі Алашорда үкіметінің өкілдері

Досмұхамедовтерден жеделхат келіп жетеді. Онда Кеңес өкіметінің тұтқынға алынған қазақ қайраткерлерін босату туралы обл. кеңестерге әмір бергендігі және Алашорда үкіметінің қойған талаптарына таяу арада жауап беруге уәде еткендігі айтылды. Сонымен бірге бұл жеделхат арқылы тағы да бір принциптік мәні бар хабар жеткен. Яғни ұлт істері бойынша Халық комиссариаты жанынан қазақ бөлімі ашылып, құрамына қазақ халқының өкілі есебінде енгізілмек адамдарды Алашорданың «өзі сайлап» жібергендігі жөнінде хабар еді. Кеңес өкіметінің мойындауынан үміттенген Алашорда Ғаббасов арқылы 1 сәуірде РКФСР Халық комиссарлары кеңесі мен Ұлт істері жөніндегі комиссариатқа жеделхат жолдап, қазақ елінің жалпыұлттық мүддесін білдіретін Алашорда үкіметін тез арада ресми түрде мойындауын тағы да талап етеді. Бірақ бұл уақытта Кеңес өкіметі Алашордадан біржола теріс айналып кеткен еді. Кеңес өкіметімен жүргізілген келіссөздің нәтижесіз аяқталғанына көзі жеткен Алашорда басшылары басқа жол іздеуге мәжбүр болды. А.Байтұрсынұлы сөз болып отырған оқиғалардың ізімен жазған «Революция және қазақтар» атты мақаласында бұл жөнінде былай деп көрсетті: «Алашорда мүшелері 1918 жылдың наурызында төте сым арқылы орталық билікпен келіссөз жүргізді, бірақ бұл келіссөз Алашорда ұсынған келісімшарты жобасына ешқандай жауаптың болмауына байланысты үзілді. Осы ұсынылған келісімшарт жобасында Кеңес өкіметі жария еткен Ресей халықтарының құқығы декларациясының негізгі талаптарынан тыс шығып жатқан ештеңе болмағандықтан, Кеңес өкіметінің үнсіз қалып, келіссөзді тоқтатуы Алашордаға түсініксіз көрінді және бұл бағыттағы әрекетті мүлдем үмітсіз етті». Кеңестік билік тарапынан түсінушілік пен қолдау табудан күдер үзген Алашорда, енді большевиктерге қарсы ымырасыз күрес жүргізуді мұрат тұтқан Сібір уақытша үкіметі (Омбы) мен Бүкілресейлік құрылтай жиналысы мүшелерінің Самара к-ті қолдауына сүйеніп, Алаш автономиясын баянды етуден үміттенді. Бірақ бұл әрекет те нәтижесіз аяқталды. Сібірдегі Бүкілресейлік уақытша үкімет 1918 ж. 22 қазан – 4 қарашадағы грамотасымен Алашорда үкіметін таратып жіберді.

*М.Қойгелдиев*

**«АЛАШОРДА: ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН»** – халықар. ғыл.-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Бас редакторы – Ә.Қуандықов. Өскемен, Шығыс Қазақстан мемл. ун-тінің «Берел» баспасы 2013 ж. жарыққа шығарған. Көл. 242 бет. Таралымы 500 дана. С.Аманжолов атынд. Шығыс Қазақстан мемл.

ун-тінде 2013 ж. 12–13 желтоқсанда болған конференция материалдары екі бөлімнен тұрады. 38 ғалымның қазақ, орыс тілдерінде жасаған баяндамаларынан құралған конференция материалдары Алаш тарихы және Алашордаға, оның теор.-әдіснамалық және тұжырымдамалық мәселелеріне, геосаяси еуразиялық кеңістіктегі Алаш партиясының орны мен рөліне арналған. Ғыл. жинақта Алаш қозғалысының қалыптасуы және Алаш автономиясының құрылу сұрақтары орын алып, қазіргі көзбен сәйкестендіре отырып қарастырылған. Алаш ұлттық идеясының филос. мәселелері, Алаш қайраткерлерінің әлеум.-экон. және саяси-құқықтық көзқарастары, ұлттық зиялы қауымның ғыл.-шығарм. мұрасының маңызы және олардың Қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы қызметі қарастырылған. Жинақта А.Байтұрсынұлының саяси-қоғамдық қызметі Х.Әбжановтың «Движение Алаш: идея и дело», Г.Ахметованың «Роль лидеров партии Алаш в общественно-политической жизни Казахстана в период становления советской государственности», А.Қапаеваның «Партия «Алаш» в трудах академика Кенеса Нурпеиса», А.Құдайбергенованың «Ұлттық зиялылардың Қазақстанға сырттан көші-қонағымдарына қарсылықтары (XX ғ. 20–30-жылдары)», С.Смағұлованың «Кеңестік билік және қуғындалған Алаш қайраткерлері», Л.Жаманбаева мен С.Кучерованың «Алаш қайраткерлерінің Қазақ автономиясының мемлекеттік шекарасын межелеудегі рөлі» атты зерттеу мақалаларында көрініс тапқан. Сондай-ақ жинақта К.Еңсебаеваның Байтұрсынұлының ғыл. мұрасы жайында «Даралығы даналыққа айналған ұстаз» атты көлемді зерттеу мақаласы жарияланған.

**«АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Б.Байменованың кандидаттық диссертациясы. Еуразия гуманитарлық ин-тында (Астана к.) 2002 ж. қорғалған. Ғыл. жетекшісі – Б.Әбдікәрімов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («Алаш қайраткерлерінің педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасу, даму тарихы», «Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы»), қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. 1-тарауда Алаш қайраткерлері дүниетанымының қалыптасуына ықпал еткен сол кезеңдегі елдегі әлеум.-экон., тарихи-қоғамдық жағдайға шолу жасалған. Халыққа білім беру, мектеп ісі, тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің даму жағдайына сипаттама берілген және олардың Алаш қайраткерлерінің педагог ретінде қалыптасуына тигізген әсері сөз болған. 2-тарауда Алаш қайраткерлерінің пед. идеялары жүйемен берілген. Оқулықтар, жазу саласындағы тәжірибелер сипатталып, олардың педагогика ғылымы үшін маңызы айқындалған. Сондай-ақ орта оқу орындарының 1930–1990 жыл-

## АЛАШОРДАНЫҢ

дар аралығында басылым көрген оқу бағдарламалары мен оқулықтарға талдау жасалынған. Ғалымдардың пед. идеяларын жоғару оқу орындарында пайдалану жолдары көрсетілген. Диссертация жұмыстың 43–50-беттерінде педагогика ғылымының дамуына зор үлес қосқан А.Байтұрсынұлының ғыл. еңбектеріне талдау жасалып, ғалым еңбектерінің ең алғаш рет педагогика ғылымында рухани айналымға түскен оқулықтар екендігі айқындалған. Көлемі 143 бет.

*С.Арғынғазин*

**АЛАШОРДАНЫҢ БАТЫС БӨЛІМІ,** б а т ы с а л а ш о р д а – 20 ғ-дың басында Батыс Қазақстан аймағында орнаған ұлттық-мемл. автоном. құрылым. 1918 ж. қыркүйекте Уфа директориясын құру туралы мәжіліске Алашорда үкіметі тарапынан 12 делегат қатысты. 11 қыркүйекте автоном. үкімет төрағасы Ә.Бөкейхан және Х. және Ж. Досмұхамедовтер (Орал), Б.Құлманов, У.Танашев (Бөкей Ордасы), С.Досжанов (Орынбор), Е.Тұрмұхамедов, Б.Жанқадамов (Орал), сондай-ақ А.Бірімжанов (Торғай), Ә.Ермеков, М.Тынышбаев (Жетісу), т.б. үкімет мүшелерінің қатысуымен төтенше мәжіліс өтті. Мәжіліс Алаш автономиясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, бұрынғы «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметін таратып, орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарды. Ол ресми түрде «Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше» деп аталды. Төрағалығына Ж.Досмұхамедов сайланды. Әкімш. бөлігіне бұрынғы «Ойыл уәлаятының» аумағы, Бөкей Ордасы, Ақтөбе, Ырғыз уездері (Торғай обл.) және Маңғыстау уезі (Закаспий обл.) қарады. Уфа мәжілісі шешімінен кейін бұрын «Облыстық қазақ комитеті», «Ойыл уәлаяты» аталған Күнбатыс Алашорданың аумағы 2 есе өсіп, халқының саны 1,5 млн-ға жетті. Орт. Алашорда үкіметінің Уфадағы аталмыш мәжілісінің шешімінде өлкедегі соғыс жағдайының ушығып, жол қатынасының нашарлап кетуіне байланысты жергілікті басқаруды жедел түрде камтамасыз етуге автономияның Батыс бөлімін құру қажеттілігіне айрықша мән берілді. Батыс Қазақстан аймағының Орт. Алашорда үкіметінен түспек маңызды әрі принципті нұсқаулар негізінде басқарылатындығы, төтенше жағдайларда немесе Орт. Алашордамен байланыс үзілген жағдайларда А. Б. б. үкімет құқықтарын иеленетіндігі атап көрсетілді. Азамат соғысының Жайық өңірінде асығып тұрған аласапыран сол кезеңінде өзін «Бүкілресейлік монарх» деп жариялаған адмирал Колчактан да, Ақтар қозғалысының көсемі, генерал Деникиннен де татар, башқұрт қайраткерлері (А. З.Уәлиди Тоған, т.б.) күдер үзген кезеңге, сондай-ақ қазақ зиялыларының бірқатары, соның ішінде Байтұрсынұлының большевиктер жағына өткен

уақытына сәйкес келді. 1919 ж. Қазревком төраға орынбасары қызметіндегі Байтұрсынұлы екі оттың – монархиялық қозғарастағы «ақтар» мен қазақтың дәстүрлі қоғамын тапқа, жікке бөлу арқылы бағындыруды көксеген «қызылдардың» ортасында қалған Күнбатыс Алашорда жетекшілерін, олардың соңына ерген халықты нақак қантөгiстен, қарулы қақтығыстардан аман алып қалуға әрекеттенді. 1920 ж. қаңтарда 1-Қызыл әскер ревкомының уәкілі Наумов, Қазақ ревкомының уәкілі Бегімбетов, Күнбатыс Алашорда бөлімінің төрағасы Жанша дала жұртын Кеңес өкіметі тәртібіне бағынуға шақырды. 1920 ж. 5 наурызда Қазревкомның қаулысымен Алашорданың Батыс бөлімі таратылып, басшылары Ресейдің орт. губларына жер аударылды.

*М.Тәж-Мұрат*

**АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ.** Уақытша үкіметтің әлсіздігі мен тұрақсыздығы Ресей және оның құрамындағы отар елдерде әлжуаз саяси жағдай қалыптастырып, бүкіл империяны анархия, зорлық пен зомбылық жайлады. Ресейдің отаршыл күштері – атты казак әскері және переселендер, сонымен бірге соғыстан қайтқан солдаттар ұлт-азаттық қозғалысты басып-жаншуға, бейбіт елді тонап, талан-таражға салуға бейім тұрды. Елдегі, іргелес аймақтардағы қалыптасқан жағдайларды ескере отырып, Алаш партиясының басшылары ұлттық автономия жариялап, біртұтас ұлттық мемл. құрылым арқылы елді саяси, әлеум., экон. апаттан құтқаруға болатынын түсінді. Ресей империясы құрамындағы бодан ұлттар мен ұлыстар 1917 жылғы Ақпан, Қазан революцияларынан кейін автоном. мемлекет болатындықтарын жариялай бастады. 1917 жылдың 22 сәуірінде Закавказье, 13 маусымда Украина, қазан айында Польша мен Финляндия, 17–18 желтоқсанда Беларусь, желтоқсанда Литва мен Латвия, 1918 жылдың ақпанында Эстония өздерінің тәуелсіздіктерін жариялады. Алаш қайраткерлері 1917 жылдың қарашасында «Ұлт кеңесі» деп аталатын үкімет пен ұлттық әскер құра бастады. Қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған 2-жалпықазақ съезі 1917 ж. 5 желтоқсанда Орынбор қ-нда ашылды. Оған Бөкей Ордасынан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарынан, Ферғана, Самарканд облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездерінен, Закаспий обл-ндағы, Алтай губ-ндағы қазақ халқынан 82 өкіл қатысты. Съезде қазақ автономиясы Алаш деп аталсын, Алаш облыстары үшін «Ұлт кеңесі» құрылып, ол Алашорда болсын деді. Алашорда – Ұлт кеңесінің төрағасы болып көпшілік дауыспен Ә.Бөкейхан сайланды. Съездің күн тәртібінде 10 мәселе қаралып, бесінші мәселе ретінде оқу-ағарту ісі талқыланды. Бұл мәселе бойынша М.Дулатов баяндама жасап, бес адамнан тұратын комиссия құрылды. А.Байтұрсынұлы бастаған комиссия құрамына М.Жұмбаев, Е.Омаров, Б.Сәрсенов,

Т.Шонанұлы енді. Комиссияға қазақ елінде оқу ісін жүргізу тұжырымдамасын жасау, сондай-ақ қазақ

аты – Ж.Солтонаев). Оқу комиссиясының мүшелері: А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Е.Омаров,



мектептері үшін оқу бағдарламасын дайындап, жедел түрде оқулықтар жазу ісін ұйымдастыру жұмыстары жүктелді.

Әдеб.: Алашорда. Сборник документов (құрастырушы Н.Мартыненко). – А.: Айқап, 1992; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А.: Ататек, 1995; Ахмедов Ф. Алаш «Алаш» болғанда. – А.: Жалын, 1996; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А.: Санат, 1995.

*Ш.Шарапатұлы, М.Әбілжанқызы*

**АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ, АЛАШОРДАНЫҢ ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ** – 1917 ж. 5–13 желтоқсан аралығында Орынбор қ-нда өткен 2-жалпықазақ съезінің шешімімен құрылған қазақтың автоном. үкіметі. Оның аталымы тарихи Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда нұсқаларымен ұқсас. Орда – ежелгі түркі-моңғол тілінде орт., кіндік деген мағынаны берген атау. Тіпті кеңестік қазақтың кіндік қ. атанған Қызылорда (Қызыл Орда) атауын да осы өреде қарастыруға болады. Алаш Орда – Ұлт кеңесінің құрамына мына қайраткерлер сайланды: төраға (казіргі премьер-министр) – Ә.Бөкейхан, мүшелері (министрлер) – У.Танашов, Х.Досмұхамедов, А.Тұрлыбаев, А.Бірімжанов, Х.Ғаббасов, С.Аманжолов, М.Шоқай, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Б.Мәметов, О.Әлжанов. Мүшелікке кандидаттар (министрлердің орынбасарлары): И.Қашқынбаев, Н.Жақыпбаев, Е.Итбаев, С.Сабағәев, Е.Қасаболатов, Б.Ниязов, М.Боштәев, С.Жанайдаров, С.Нұралыханов, О.Алмасов, С.Қадырбаев, А.Кенжин, М.Бекімов, Е.Тұрмағамбетов, Ж.Сұлтанаев (қырғызша

Б.Сәрсенов, Т.Шонанұлы. Алашорданың демокр., теңдік бағытын ұстанғанын мына жағдай да көрсетеді. Ол жалпы үкімет мүшелерінің (ағзасының) саны – 25 болсын деп белгілеп, мұның 10-ын қазақ арасында тұратын өзге ұлт өкілдеріне қалдырған. Ал, енді жоғарыдағы Бөкейхан бастаған 15 үкімет мүшесінің біреуі қырғыз ұлтының өкілі екенін ескерсек, сонда басқа ұлт үшін берілген орын 11 болып шығады. Осы съезд Алашорданың уақытша орны деп Семей қ-н белгіледі.

*М.Қойгелдиев*

**АЛАШ ПАРТИЯСЫ** – қазақтың тұңғыш ұлттық-демокр. партиясы (1917–20). 20 ғ-дағы қазақ тарихында терең із қалдырған А. п-ның өмірге келуі, біріншіден, қазақ елінің қоғамдық дамуының жаңа экон., саяси және рухани негізде қайта құру қажеттілігінің пісіп жетілгендігін, екіншіден, Ресей империясының Қазақстанда орнатқан отарлық басқару жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын көрсетті. Қазақ зиялылары бірінші орыс революциясы жылдарында (1905–07) қолға алды. 1905 жылғы 6 тамыздағы Мемл. Дума құру жөніндегі патша манифесі басқа ұлттармен бірге қазақ еліне де депутат сайлау құқын берді. Сайлау науқанына араласқан қазақ зиялылары отарлық тәуелділіктегі қазақ халқының мүддесі тұрғысынан қоғамдық үгіт-насихат жұмысын жүргізіп, депутат сайлап, оған аманат тапсыру ісіне себепкер болатын саяси ұйымның қажеттігін айқын аңғарды. 1905 жылдың соңына қарай Орал қ-нда өткен қазақ облыстары өкіл-



## АЛАШ ПАРТИЯСЫ

дерінің съезі «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құру туралы шешім қабылдады. 9 адамнан тұрған оның ОК-сі мен бағдарламасы жөніндегі хабар «Фикер» (Пікір) газетінде жарияланды. 1906 ж. 10 маусымда Семей қ-нда Мемл. Думаға қазақтардан депутат сайлау үшін өкілдер жиналысы өтіп, Ә.Бөкейхан жиналғандарды «Халық еркіндігі» (кадеттер) партиясының бағдарламасымен таныстырып, оған қатысқандардың аталған партияға қосылатындығы жөнінде қаулы қабылдады. Саяси күрес жолына енді ғана түсе бастаған қазақ зиялыларының осы кезеңдегі саяси-әлеум. бағдары, ресейлік радикалдық-бурж. партия – кадеттердің қызметімен ұштасты. Бірақ осы кезеңдегі қазақ кадеттерінің өмірде ұстанған мұраттары орыс кадеттерінің бағдарламасынан мүлдем өзгеше еді. Қазақ кадеттерінің бағдарламасында төмендегідей талаптар қойылды: қазақ жерін бүтіндей қазақ елінің меншігі етіп жариялайтын Заң қабылдау, ішкі Ресейден көшіп келушілердің легіне тежеу қою, қазақ жұмысшыларына еркіндік, теңдік беру, олардың мүддесін қорғайтын заңдар шығару, қазақ балалары үшін мектеп, медресе, ун-тер ашу, т.б. 1905 ж. жазда өмірге келген Қарқаралы құзырхатының (петициясының) да талаптары осы мазмұндас болды. Отарлық езгіге қарсы жалпыұлттық бас көтеру толқынында пайда болған бұл алғашқы әрекеттер саяси партия құрумен аяқталған жоқ, өйткені оған қажетті алғышарттар қалыптаса қоймағанды. Қазақ зиялылары тарапынан жалпыұлттық саяси партия құру әрекеті 1913 ж. тағы да бой көрсетті. М.Сералин бастаған «Айқап» журналы төңірегіне топтасқан зиялылар ең өзекті қоғамдық мәселелерді талқылап, белгілі бір бағдарламалық тұжырымдарға келу үшін жалпықазақ съезін шақыру жөнінде бастама көтерді. Бірақ қазақ даласында орнаған қатаң әскери-отарлық тәртіппен есептесуге мәжбүр болған Бөкейхан бастаған топ мұндай әрекеттерге көшуге қарсы шықты. Саяси партия құру үшін қажетті алғышарттар тек 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін ғана қалыптасты. Алғашқы жалпықазақ съезін өткізу үшін «Қазақ» газеті жанынан құрылған ұйымдастыру бюросы күн тәртібіне «Қазақ саяси партиясын жасау мәселесін» ұсынып, оған мынадай негіз келтірді: «Ресейде осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары проғрамысында жазылған. Оны білетін адамдарға мағлұм: қай партияның да болса проғрамысы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді. Сондықтан біздің қазақ мақсаттарын түгел көздейтін өз алдына партия жасалмайынша болмайды». 1917 жылғы 21–26 шілде аралығында Орынбор қ-нда өткен жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе қарап,

мынадай шешім қабылдады: «Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды съезд Шора-и исламға сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Партияның негізі демократиялық федеративтік парламенттік республикаға құрылмақ...». Съездің соңғы күні жаңа қалыптаса бастаған партияның басшысы Бөкейхан ресейлік кадеттер партиясынан мүшеліктен шығатынын және оның себептерін мәлімдеді. Партияның ұйымдық тұрғыдан құрылуы күзге, яғни Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттар сайлау науқанына тұстас келді. «Қазақ» газеті (1917) өзінің бас мақаласында партияның атын Алаш қойып, оған тілектестерді Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар тізімін осы партияның атынан жасауды ұсынды. Сонымен бір мезгілде «Қазақ» басқармасынан барлық облыстардағы Қазақ к-ттеріне қазақ саяси партиясының атын Алаш қою туралы жеделхаттар жіберілді. Алаш партиясының обл. ұйымдары 1917 жылдың қазан айынан қалыптаса бастады. Бөкейханның тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен шамамен 12–20 қазан аралығында партияның обл. ұйымдары алдымен Семейде, кейін Омбыда, ал қарашаның 10-ына қарай Орынборда ашылды. Семей обл. партия к-тінің төрағасы болып Х. Ғаббасов, Омбы обкомының төрағасы болып А.Тұрлыбаев, ал Торғай обкомының төрағасы болып Бөкейхан сайланды. Партияның арнайы съезін шақырып, басқару орындарын сайлауға, жарғысы мен бағдарламасын бекітуге уақыттың қолайлы жағдайдың болмауынан Орт. к-т құрылмады. 1-жалпықазақ съезі Бүкілресейлік құрылтай жиналысында депутаттыққа кандидат есебінде тіркелген топ партияның басқарушы ұйытқысы болды. Партияның бекітуге даярланған жарғысы жөнінде «Қазақ» газеті былай деп жазды: «Алаш партиясының толық шартнамасы Орынборда жасалатын болды, дайын болғанда жұртқа жария етіледі. Қазіргі шарты – кіндік к-тің айтқанын екі етпейтін, бұйырғанын дәл орындайтын, Алаш партиясының проғрамысын жақтырып, жөн көрген, проғрамыдағы мәселелерді іске айналдыруға тырысатын кісі кіреді. Алаш проғрамысынан таймайтын, өтірік айтпайтын, шынынан қайтпайтын, жақындық, туысқандыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Сыртын берсе іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, сөзіне ісін үйлестірмейтін, Алаш жолынан ауып, ауырлық келсе бұлт беретін қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі Алаш партиясына кірмейді. Алаш партиясына кіремін деген кісі осы айтылған шарттарды ойлап, толғап, жүрегі қалайтын болса ғана кіру жөн». Партияның Орынбор қ-нда Торғай обл. к.

ашылғандығы жөнінде хабарында «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының ағзалық жарнасы 1 сом деп көрсетті. Алаш партиясы жарияланған бағдарламасында Ресей мемлекетінің демокр., федеративтік республика болғандығын жақтады. А.Байтұрсынұлы «Алаш» партиясы бағдарламасын даярлаған топтың құрамында болды. Бағдарлама бойынша шашыранды қазақ облыстары өз билігі өзінде тұтас бір мемлекетке бірігіп, автоном. негізде Ресей Федерациясының құрамына енуі тиіс болды. Әлеум. қатынаста феодал-аристократияны шектеу, таптық жіктелу мәселесі қойылған жоқ, керісінше, жалпыұлттық мүдде, ұлттық тұтастық бағытта тұрды. А. п. әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болды. Күш-қуатын игілік жолына жұмсауды мақсат етті. Салық мәселесі де осы тұрғыдан шешілуге тиіс болды. «Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең. Жиналыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлеуге, газет шығаруға, кітап бастыруға – еркіншілік», заң орындарының рұқсатынсыз жеке адамдардың табалдырығынан аттап, ешкім тінту жүргізе алмайды, сот сұрап, билік айтылмай ешкім тұтқынға алынбайды, т.б. Қазақ мемлекетінде оқу орындарының есігі кімге де болса ашық және оқу ақысыз болмақ, оқу жалпыға бірдей жайылмақ. Қазақ тілінде орта мектептер, унт-ттер ашылады, бастауыш сыныптарда сабақ ана тілінде жүреді. Оқу ісі өз алдына автономия түрінде жүргізіледі, үкімет оқу ісіне араласпайды. Мұғалімдер мен проф-лар өзара сайлау арқылы тағайындалады. Бағдарламадағы ең негізгі мәселе – жер мәселесі болды. Қазақ жері, оның асты-үсті байлығы қазақ елінің меншігі болуға тиіс. Қазақ елінің ықтиярынсыз ішкі Ресейден қоныс аудару тоқтатылады. Жер мәселесіне байланысты заң қабылданып, қазақ алдымен өз жерінен енші алады. Жер сыбағасы тұрған жерінен, атамекенін әркімнің тілегіне сай ауылға, ұлысқа, руға бөлінеді. Адам басына, жеке үй басына тиетін жер сыбаға шаруаға, жердің топырағына, жергілікті табиғатына байлаулы болады. Жер сыбағасын жергілікті жер к-ттері анықтайды. Заң жерді сатуға тыйым салады. Ертіс бойындағы он шақырымдағы жерден қазақ үлес алсын. «Атты қазақ боймеймін дер, біз Ертістен кетпейміз, Жер алмай қоймаймыз. Жерді жолмен, Зақонмен аламыз. Қазақ сыбаға жерін алған соң, қалған жер мемлекет қазынасына өтіп, оларды земство билейді». 1917 жылдың соңына қарай ұйымдық тұрғыдан қалыптасқан А. п-ның жергілікті ұйымдары обл., уездік Қазақ к-ттері, ал жергілікті сауатты, патриоттық ниеттегі зиялылар партияның активі, тірегі болды. А. п. күрделі 1917 ж. үш ірі мәселені шешуге үлкен үлес қосты. Біріншіден, партия мүшелері халық арасында, қазақ зиялылары

ішінде, ең алдымен, шешілуге тиіс жалпыұлттық зәру мәселелерді талқылауға негіз болып, сол мәселелер бойынша ортақ тұжырымдарға келуде басты рөл атқарды. Бұл тұжырымдар партия бағдарламасының жобасында берілді. Екіншіден, партияның ұйытқысы болған қайраткерлер қазақ елінің Алаш автономиясы атанған ұлттық мемлекетінің өмірге келгенін жария еткен 2-жалпықазақ съезін (1917, желтоқсан) өткізді. Осы съезде өмірге Алашорда – Ұлттық кеңес үкіметі келгені мәлім. Оның мүшелері түгелдей дерлік өздерін А. п-ның мүшесі санағандығы күмән тудырмайды. Үшіншіден, осы жылғы қарашада болып өткен Бүкілресейлік құрылтайға депутаттар сайлауында барлық қазақ қайраткерлері А. п-ның атынан тіркелді және оның атынан депутат болып сайланды. Осы құрылтайға депутаттар сайлау барысында барлық қазақ облыстарында А. п. ең көп дауыс алған партия болды. Объективті жағдай, күрделі де қатал өмір ағымы А. п-ның саяси күреске білек түріп араласып кеткен ірі саяси күшке айналуына мүмкіндік бермеді. Қым-қиғаш азамат соғысы тұсында ондай міндетті тек Алашорда үкіметі ғана атқара алды.

*М.Қойгелдиев*

**АЛМАТЫДАҒЫ ЕСКЕРТКІШ** – монументті өнер туындысы. А.Байтұрсынұлы мен Жамбыл көшелерінің қиылысында орналасқан ғалымның мұражай-үйі ауласына (60-үй) 1998 ж. орнатыл-



ған. Мүсінші әрі жоба авторы – Әділет Асқарұлы Жұмабай.

*К.Қошым-Ноғай*

**АМАЛДЫҢ ӨТУ СИПАТЫ КАТЕГОРИЯСЫ.** А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» кітабына жазған алғы сөзінде Р.Сыздық: «бұл – қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық жүйесін талдап, жүйелеп, танытып берген, қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми жұмыстың басы болды. Бұл оқулықтар – «қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліміздегі дұрыс жазылған, жақсы бастамасы. Өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының жіктемесі де, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларын көрсетуде де, сөздердің септелеу, тәуелдену, жіктелу тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажыратуда да күні бүгінге

дейін Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізі сақталып келеді. Тілдік әр категорияның жіктемесінен бастап, бүкіл терминдеріне дейін қазіргі мектеп грамматикаларынан Байтұрсынұлының оқулықтарының ізін табуға болады» деп ақиқатын айтқан еді. Соның ішінде Байтұрсынұлының етістіктің түрлері, грамматик. тұлғалары мен категориялары жайындағы пікірлері де қазіргі таңда құнын жойған жоқ. Байтұрсынұлының көсемше жайындағы көзқарасы да назар аударарлық: «Көсемше дейміз – екі етістік қосарынан сөйленгенде алдында айтылған етістіктің қысқа түрін» дейді. Қазақ тіліндегі көсемшенің мағынасы мен қызметін арнайы зерттеген ғалым Ө.Жұмағұлова: «Көсемше – етістіктің бір түрі, ол жанама қимылды білдіріп, негізгі етістікті сипаттайды. Бұл – көсемшенің табиғатына тән түп негізгі (первичные) қызметі мен мағынасы, бірақ көсемше дамудың нәтижесінде өзіне басқа да түрлі мағына мен қызметтерді қосып алды. Осыдан оның мағынасы да, қызметі де кеңіген. Олар – көсемшенің кейінгі (вторичные) мағыналары мен қызметтері. Көсемшенің қосымша қызметі деп күрделі етістік жасау, аналитикалық формат құрау, шақ, оралым бағыныңқы сөйлемнің баяндаушы болу қызметтерін атаймыз» деп көрсетеді. Аталған негізгі және қосымша қызметтерінің көпшілігінде көсемше сөз тіркесінің, күрделі етістіктің және аналитик. форманттың алдыңғы сыңары болып келеді. Демек, Байтұрсынұлы анықтамасында, негізінен алғанда, көсемшенің басты ерекшелігі аталады. Әрі көсемше сөзінің мағынасында да бұл ұғым бар. Қазақ тілінде аттарды арба-шанаға бірінің артынан бірін тізбектеп жегуді «көсем бастатып жегу» деп атайды. Ғалым көсемшенің үш түрін көрсетеді: 1) үнемді; 2) үнемсіз; 3) ниетті. «Үнемді көсемше – созымды істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айта берді. Үнемсіз көсемше – созымсыз бірден бітетін істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айтып берді. Ниетті көсемше – істеуге ниеттеніп тұрғанды білдіретін сөз түрі. Мәселен, барғалы тұрмын» деп көрсетеді. Көсемшені осылайша жіктеуіне етістік «қосар түрде» айтылғанда қимылдың өту барысына қатысы тұрғысынан қарауы әсер еткені байқалады. «Қосар түрде сөйленгенде жай етістіктер мағына беруші болып, алда жүреді, көмекші етістіктер өзгертуші болып соңында жүреді». Сонымен, Байтұрсынұлы «қосар түрдегі етістік» құрамында келгенде *-ып* көсемше тұлғасы «созымсыз бірден бітетін істі» білдіруге, яғни қимылдың аяқталуын білдіру үшін, ал *-а, -е, -й* көсемше тұлғасы «созымды істі» білдіруге, яғни қимылдың созылықлығын, жалғасын көрсету үшін қолданылады деп санаған секілді. Сонымен бірге көсемшелердің неліктен үнемді, үнемсіз деп

аталу себебі де айқындала түседі. Шындығында да қимылдың аяқталуын білдіретін аналитик. форманттардың барлығының да құрамында *-ып, -іп, -п* көсемше тұлғасы бар. Мыс., жазып болды, аралап шықты, егіп қойды, т.б. Ғалымның көсемше тұлғасына деген мұндай көзқарасы осы мәселемен айналысқан кейінгі зерттеушілерге де ықпал етпей қойған жоқ. Қазақ тіл білімінде көсемшені алғаш арнайы зерттеген Н.Сауранбаев болды. Ғалым өз еңбегінде Байтұрсынұлы көрсеткен көсемшенің үш түрінің негізгі мағынасы мен қызметіне және кейбір басқа қызметтеріне де тоқталады. Бұл зерттеу жұмысы тек қазақ тіл білімі ғана емес, түркітануда да тың жаңалық, елеулі табыс болған еді. Сауранбаев «Қазақ тіліндегі көсемшелердің семантикасы мен функциялары» (1944) деген еңбегінде көсемше мәселесін зерттей келіп, оның күрделі етістік пен көрініс категориясына қатысын да сөз етеді. Ғалым қазақ тілінің етістіктері өздігінен жеке тұрып көріністік реңктерді білдіре алмайды, күрделі етістіктің жасалуын көрініс категориясының жасалуы деп қарауымыз керек деп есептейді. Ал күрделі етістік құрамындағы көсемше іс жүзінде көріністі білдіретін тұлға дейді. Сауранбаев қазақ тіліндегі көріністі үшке бөледі: 1) аяқталған көрініс; 2) созылық көрініс; 3) белгісіз көрініс. Оның жіктеуі бойынша, аяқталған көрініс *-ып, -іп, -п* тұлғалы көсемшенің көмекші етістікпен тіркесуі арқылы жасалады: жүріп кет, тоқтап қал. Созылық көрініс көмекші етістік пен *-а, -е, -й* тұлғалы көсемшенің тіркесуімен жасалады: ұстай қал, бастай бер, *-қалы, -ғалы, -келі, -гелі* тұлғалы көсемше мен тұр, жатыр, жүр, отыр көмекші етістіктері тіркесіп, белгісіз көрініс жасайды: айтқалы отыр, сатқалы жүр, жібергелі отыр. Түркітануда да, қазақ тіл білімінде де басқа ғалымдар еңбектерінен көріністі бұлайша жіктеу тәжірибесін ұшырастырмаймыз. Сауранбаев жіктеуінен Байтұрсынұлының көсемшеге қатысты теор. анықтамасының ізін танымыз. Бұл көзқарастың даму динамикасын Ы.Маманов еңбектерінен көреміз. Ғалым «Вспомогательные глаголы в казахском языке» атты монографиясында түркітануда және қазақ тіл білімінде қимылдың алты сатысын көрсетеді: 1) қимылды жасауға дайындық фазасы; 2) қимылды жасауға бейімделу фазасы; 3) қимылдың басталу фазасы; 4) қимылдың жасалу (өту) фазасы; 5) қимылдың аяқталуға жақын фазасы; 6) қимылдың аяқталу фазасы. Қимылды жасауға дайындық фазасы *-ғалы* (*-гелі, -қалы, -келі*) тұлғалы негізгі етістікке отыр, тұр, жатыр, жүр қалып етістіктерінің тіркесуі арқылы беріледі: кеткелі жүрмін, жазғалы отырсың. Қимылды жасауға бейімделу фазасы *-ғалы, -гелі* көсемше тұлғалы негізгі

етістікке кел көмекші етістігінің тіркесуі арқылы білдіріледі: Мақатбет артына қараса, қылаң аттыны біреу найзамен түйрегелі келеді екен. Қимылдың бұл фазаларының берілу жолдары Сауранбаев көрсеткен белгісіз көріністің берілу жолына сәйкес келеді. Түркітануда алғашқы қимылдың даму сатысын Мамановтың көрсетуі кездейсоқ емес. Бұл Байтұрсынұлы көзқарасының теор. дұрыс бағытта өрістеуінің нәтижесі болды деп қабылдау керек. Қазіргі қазақ тіл білімінде қимылдың даму сатысы қимылдың өту сипаты категориясының құрамында қаралады. Проф. Н.Оралбаева қимылдың даму сатысын: 1) қимылдың басталу сатысы; 2) қимылдың жалғалу үстіндегі сатысы; 3) қимылдың аяқталу сатысы деп үшке бөледі. Жалпы, тіл білімінде де қимылдың үш кезеңін көрсету теор. тұрғыдан мойындалған. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалап қана қойған жоқ, одан әрі өрістеп дамуының ғыл. бағыттарын да айқындап берді. Теор. іргетасы берік те орнықты болғандықтан, қазақ тіл білімі жедел дамып, аз уақытта-ақ елеулі табыстарға жете алды. Ғалымның еңбектерін зерделеп, қазақ тілі құрылысына қайта үңілгенде тіл табиғатын, жүйесін неғұрлым айқын сезініп, терең тануға болады. Қазақ тіл біліміндегі кейінгі кездегі бетбұрыс, соны көзқарастар мен іргелі ғыл. еңбектер бұл ойымызды айғақтай түссе керек.

*Әдеб.:* Сыздық Р. А. Байтұрсынұлының өмірі // Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. А., 1992; Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. А., 1992; Жұмағұлова Ө. Қазақ тіліндегі көсемшенің мағынасы мен қызметінің дамуы. А., 1999; Сауранбаев Н. Т. Семантика и функции деэпричасия в казахском языке. А.-А., 1942; Маманов И.Е. Вспомогательные глаголы в казахском языке. А.-А., 1949; Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. А., 1975.

*Қ.Бибек*

**АМАНҚАРАҒАЙ** – Омбы обл. аумағында 1834 ж. құрылған әкімш. округ. «Сібір қазақтары жайлы Жарлыққа», немесе М.Сперанскийдің ре-




формасына байланысты құрылды. А. окр-нде 33 болыс, 188 ауыл (1045 отбасы), халық саны 73201 адамды құраған. Округ 1867–68 жылдардағы

реформаға дейін болды. Қазіргі кезде округ Қостанай обл. Әуликөл аумағына кіреді. Мұнда өзімен аттас қарағайлы орман (ауд. 320 км<sup>2</sup>) және ботан. қорықша орналасқан. Ресми құжаттардағы «Хаттар» топтамасында А.Байтұрсынұлы хат арқылы «Ахметтің елге сәлемі» атты өлеңінде: «Талапты жастың бірі – сен бір балам, Келіпсің дәмің айдап Қарағайдан...» деп меңзегені өзінің туып-өскен Әуликөлдегі А. қарағайлы орманы мен ботан. қорықша жайында айтқан болу керек.

**АНКЕТАЛАРЫНЫҢ ҚОЛЖАЗБАСЫ** – бірнеше нұсқадан тұратын А.Байтұрсынұлының өз қолымен толтырған орыс тіліндегі анкеталары. Алғашқы анкета 1921 жылғы 11 қазанда, келесісі 1923 ж., одан кейінгісі 1925 жылғы 1 қарашада толтырылған. 1921 жылғы 2 беттік анкетада аты-жөні, жасы, ұлты, руы, туған, тұратын жері, отбасылық жағдайы, қандай тілдерді білетіндігі, Ақпан төңкерісіне дейін, төңкеріс жылдары не істегендігі, қандай партияға мүше екендігі, қандай съездерге қатысқандығы, атқарған қызметтері, Азамат соғысына қатысы туралы мәліметтер толтырылып, Қазақ Атқару к-тінің мүшесі ретінде қол қойылған. 1922 ж. Қырғыз халық ағарту қызметкерлерінің съезі мүшесі ретінде толтырылған 1 беттік анкетада аты-жөні, ұлты, жасы, білімі, қай тілдерді білетіндігі, қызметі, жұмыс өтілі, партияға қатысы сияқты мәліметтер толтырылып, қол қойылған. 1923 жылғы 1 беттік анкетада аты-жөні, жасы, жұмыс істейтін орны, ғыл. және қызметтік өтілі, жарық көрген еңбектері жөнінде мәліметтер беріліп, қолын қойған. 1925 жылғы 2 беттік анкетада аты-жөні, қызметі, туған күні, айы, жылы, ұлты, әлеум. жағдайы, партияға қатысы, кәсіби жұмыс өтілі, білімі, мамандығы, отбасылық жағдайы жөнінде мәліметтер толтырылып, қол қойылған. Осы анкетада туған жылы 1872 жылдың 5 қыркүйегі деп анық көрсетілген. Бұл анкеталардың қолжазбалары Алматы қ-ндағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражайында сақталған.

*Е.Ердембек*

**АНЫҚТАМА** – А.Байтұрсынұлының ақталғандығы жөнінде берілген құжат. №11/2нқр санымен тіркелген. А-ны 1988 жылғы 21 қарашада Қазақ КСР Жоғ. Соты берген. Құжаттың соңына «Председатель Верховного Суда Казахской ССР Т.К.Айтмухамбетов» деп қол қойылған. Құжаттың көшірмесі Алматы қ-нда орналасқан А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінде сақталған. А. мазмұнында Қазақ КСР Жоғ. Сотының коллегиясы А.Байтұрсынұлына 1930 жылғы 4 сәуірде және 1931 жылғы 13 қаңтарда тағылған айыптарды жоққа шығарып, құрамында қылмыстық іс болмауына орай тоқтатылғаны көрсетілген.



Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ.жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. 6-том.

**АРҚАЛЫҚТАҒЫ ЕСКЕРТКІШ** – монументті өнер туындысы. 2012 ж. Қостанай обл. Арқалық қ-ның орт. алаңына қойылған. Жоба авторы – Берік



Әбдіғали, мүсінші – Әбілбек Ұзақов. Мүсіннің биіктігі 130 см, тұғыры 160 см, ені 120 см. Мыстан құйылған мүсіннің тұғыры гранит тастармен қапталған.

*К.Қошым-Ноғай*

**АСТАНА** – қала, Қазақстан Республикасының астанасы. Тұрғыны 871 мың адам (2016). Қала Есіл өз-нің оң жағасында жазық жерде орналасқан. А. қ-ның негізі 1830 ж. қаланды. Алғашында Ақмола әскери бекінісі атанған елді мекенге 1862 ж. қала мәртебесі берілді. 1863 ж. Ақмола окр., 1868 ж. үезд орт-на айналды. Орта Азия, Сібір, Орал өңірлерін жалғастыратын керуен

жолында орналасқан Ақмола жедел дамып, казак даласындағы ірі әкімш., сауда, шаруашылық, мәдени орт-қа айналды. Кеңес дәуірінде Ақмо-ланың халқы тез қарқынмен өсті (1930 ж. – 36,1; 1945 ж. – 80,5; 1959 ж. – 99,0; 1979 ж. – 232,0; 1989 ж. – 277,0 мың), оның Орт. Қазақстанның қоғамдық-саяси, экон. және мәдени өміріндегі алатын орны артты. 1928 – 30 ж. округтің, 1930–39 ж. ауданның, ал 1939 ж. 14 қазанда Ақмола обл-ның әкімш. орт. болды. Бурабай – Ақмола (1929), Ақмола – Қарғалы (1940), Ақмола – Павло-дар (1952) т.ж-ның іске қосылуы А-ны еліміздің солт. және орт. өңіріндегі ірі көлік торабына айналдырды. Қалада а.ш. өнімдерін өңдеудің дәстүрлі тәсілдері жетілдіріліп, жеңіл өнеркәсіп орындарының саны ұлғайды. Соғыс жылдарында Ресейден көшіріп әкелінген Мелитополь станок жасау з-тының негізінде республикадағы а.ш. машиналарын жасау өнеркәсібінің тұңғышы – «Қазақ ауылмаш» кәсіпорны іске қосылды. Қалада сәулетті құрылыстар салына бастады. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары шаруашылықтың жаңа түрлері игерілді. Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Ақмола обл-мен бірге А. қ. да елеулі өзгерістерге ұшырады. 1960 ж. 26 желтоқсанда Тың өлкесі құрылып, А. оның орт. болды. Қала Целиноград болып өзгертілді (1961 ж. 20 наурыз). 1958 ж. қаладағы алғашқы жоғары оқу орны – а.ш. ин-ты (қазіргі С.Сейфуллин атынд. агр. ун-т) ашылды. 1962 ж. пед. (қазіргі Еуразия ұлттық ун-ті), мед. (1964), инж.-құрылыс (1964) ин-ттары студенттер қабылдады. 1965 ж. Тың өлкесі таратылып, қала қайта құрылған Целиноград обл-ның орт. болды. 1960–90 ж. қалада машина жасау, металл өңдеу, энергетика, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, сауда, құрылыс салалары өркен жайды. 1994 ж. 6 маусымда қалаға ежелгі Ақмола аты қайтарылды. ҚР-ның Жоғ. Кеңесі (1994 ж. 6 шілде, 106-қаулысы) және Мин. Каб. (1996 ж. 6 шілде) ҚР-ның астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулылар қабылдады. ҚР Президентінің Жарлығымен арнайы Ақмола экон. аймағы (ААЭА) құрылды (1996 ж. 9 қазан). 1998 ж. 6 мамырда елбасының жарлығымен ҚР-ның астанасы – А. қ. болып аталды. ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша А-ға медаль тапсырылып, «Бейбітшілік қаласы» деген жоғары атақ берілді. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 1- және 5-съездері 2003 жылдан 2015 жылдары өтті. 2011 жылдың басында VII Қысқы Азия ойындарының бір бөлігі А. қ-нда болды. 2013 ж. А-да бокстан Әлем чемпионаты өтті. Сондай-ақ А-да ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі (2010), ШЫҰ мен ИЫҰ-ның салтанаты және 2017 ж. А-да (Еуро-2017) халықар. көрмесі өтті. Сарыарқа қазақтары Есіл өз-нің қазіргі А. қ. орналасқан жерін көшкен



ел аттылы, жаяу өте беретін тайыздау жерін Қараөткел деп атаған. А.Байтұрсынұлы шығармаларының 5-томындағы Қыр баласының (Ә.Бөкейхан) «Григорий Николаиш Потанин» мақаласында «Қазақты аутономия қылсақ, Қараөткел алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы-Көрпеш – Байанды» шығарған, Шоқан, Абай, Ақымет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін еуропа сонда білер-ау дейтін Г.Н.» деп есіне түсіреді. Мұнда Г.Н. деп отырғаны Потанинді айтқаны.

**«АСТАНА КӨШЕЛЕРІ»** – жинақ. Құрастырушылар – Е.Тілешов, О.Сүлейменов, Ә.Бейсенова, Ш.Айтжан, А.Бимырзаева. Астана қ. Тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы бойынша «Руханият» орт. дайындаған. А., «Сардар» баспа үйінен 2010 ж. қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарыққа шыққан. Көл. 368 бет. Жинақтың 66–67-беттерінде А.Байтұрсынұлы және оның атындағы көше жайында қысқаша мәлімет берілген. Онда көше туралы: «Бұрынғы атауы – №23 – 21 көше. Р.Қошқарбаев даңғылынан басталып, Тәуелсіздік даңғылын қиып өтеді. Ұз. 7200 м. Бұл көшеде Бейбітшілік пен келісім сарайы, «Шабыт» концерт залы, «Хайвилл» тұрғын үй кешені орналасқан» делінген. Кітап Елорда тұрғындары мен қонақтарына, сондай-ақ, көпшілік қауымға арналған.

*С.Арғынгазин*

**«АСТЫҚ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. «Астық» сөзіне түсінік бере келіп, автор оның түрлері

(бидай, тары, сұлы, арпа, жүгері, т.б.) туралы, оларды пайдалану ерекшеліктері жөнінде әңгіме етеді. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«АСЫЛ МҰРА. КІТАП – ДАНАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ»** – ғыл.-көпшілік басылым. Авторы – М.Мамажанов. А., «Қазақстан» баспасынан 1993 ж. жарық көрген. Көл. 128 бет. Таралымы 5000 дана. Еңбек М.Қозыбаевтың «Кітап қазынасы хақында» атты алғы сөзінен, «Таңбалы жазулардан бүгінгі кітапқа дейін» және «Кітап әлемі» атты екі бөлімнен тұрады. Негізінен музей қорындағы құжаттар мен жәдігерлерге сүйене отырып жазылған бұл кітап өз халқының рухани мұрасын қастерлеп, білуді мұрат еткен әрбір көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарға, көпшілік оқырманға арналған. Кітапта автордың А.Байтұрсынұлының ағартушылық, шығарм. қызметіне арналған «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтымыздың бас баспагері» атты көлемді мақаласы жарияланған.

*С.Арғынгазин*

**АСЫЛ СӨЗ** – әдебиет.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**«АСЫЛ СӨЗДІҢ ТЕОРИЯСЫ»** – зерттеу кітабы. Авторы – А.Ісімақова. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. А., «Таңбалы» баспасынан 2009 ж. жарық көрген. Көл. 376 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл кітапта автордың көркем сөздің теор. сипаты жөніндегі ой-толғамдары берілген. «Әлем әдебиетінің теориялық мәселелері», «Қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері» және «Замана тынысындағы асыл

сөз» атты үш бөлімнен тұратын бұл еңбек – әлемдік әдебиеттану ғылымының теор. мәселелері мен ұлттық әдебиеттанудың келелі әдіснамалық және теориялық бағыттары, ұлт прозасының мазмұндық әрі құрылымдық ерекшеліктері жөніндегі ғыл. зерттеулердің нәтижесі. Кітапта А.Байтұрсынұлының шығарм. жайында автор «Әдеби сынның теориялық мәселелері», «Ахмет Байтұрсынов и Михаил Бахтин. Общность теоретических мыслей», «Қазақ әдеби сынының теориялық мәселелері», «Ахмет Байтұрсынұлы және көркем сөздің теориялық мәні», «А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мен Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», «Зейнолла Қабдолов және Алаш әдебиеттануы» (А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы), «Ұлт прозасы», «Әр буынның өз әдебиеті бар» атты зерттеу мақалалары мен берген сұхбатында баяндаған.

*С.Арғынғазин*

«АТ» – «Маса» жинағындағы өлең. А.С.Пушкиннен аударма. 26 тармақтан тұрады. Ат иесінің тұлпарына: «Сен неге, тұлпар атым, кісінейсің? Жабығып неден көңілің, түсті еңсең?» деген сұрағына аттың берген жауабы: «Сұрайсың – не себептен мен жабықтым? Алыстан құлағыма келер дүбір, һәм дауысы керней тартып, атқан оқтың... Жакында жаны ашымас жау кеп шабар. Қалдырмай әбзелімнің бәрін тонар». Бұл жолдардан жылқы жануарына тән қасиеттер: дүбірге бүйірі қызғыштығы, ат тұяғының дыбысын бір көштік жерден сезгіштігі ғана емес, сан ғасырлар бойы «ер қанаты» атанып, қанды майдан, алапат соғыстардың ауыртыпалығын көтерген жауынгердің жан серігі екендігі де анық көрінеді. Өлендегі тұлпар да қауіп-қатерді иесінен бұрын сезініп, «Күйзеліп, жаны ашып, ауырып бек, Қайғырып, уайым ғып, тұрды жүдеп». Бұл сөздер жылқымен бірге жусап, бірге өріп келген қазақ баласына мейлінше түсінікті.

*С.Ғұрманқызы*

**АТАБАЕВ** Қамбар (25.8.1947 ж.т., Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Амангелді а.) – тарих ғыл. докт. (2000), проф. (2002). ҚазҰПУ-ды (1971), аспирантурасын (1977) бітірген. Жамбыл обл. Жамбыл ауд. Аса орта мектебінде мұғалім (1971–74), Тараз мемл. ун-тінде оқытушы (1977–84), ҚазҰПУ-да доцент (1984–89), ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі (1989–2002) қызметтерін атқарған. «Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918 ж.)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ол ғыл. еңбектерінде деректанудың қазақ тіліндегі ұғымдары мен терминдерін жасап, ұлттық төл деректердің ерекшеліктерін анықтауға қомақты үлес қосты. А-тың деректануға арналған бірқатар еңбектерінде («Деректанудың теориялық мәселелері», 1999;

«Қазақстан тарихының деректанулық негіздері», 2002, т.б.) А.Байтұрсынұлы туралы деректер бар. «**АТАҚОЗЫ БИ**» – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Әңгімеде ханның орынсыз қойған сауалына Атақозы бидің: «Тақсыр хан, мен қалай семіз болайын. Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді, қаралысында қатын семіреді, қайғысыз хан семіреді. Қазақтың жылқысын қалмақ алады деп, бір түнде тоғыз оянып, тоқсан ойланамын: Сөйтіп жүріп мен қалай семірейін» деп жауап беріп, ханды қатты састырғандығы тілге тиек етіледі.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 4-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

«**АТАМДЫ МЕНІҢ СҰРАСАҢ**» – этногр. эссе. Авторы – С.Шүкірұлы. А., «Нұр-принт-75» баспасынан жарық көрген. Көл. 29 б.т. Таралымы 1000 дана. Еңбек Торғай өңірінде тұратын рулардың шығу тегін, шежіресін, сонымен бірге осы өңірдің тарихы, этнографиясы, ономастикасын зерделеуге арналған. Бұл кітапта сондай-ақ А.Байтұрсынұлының ата-бабалары, өскен ортасы жөнінде де жазылған.

*М.Шіменбаева*

«**АТАМҰРА**» – әдістемелік көмекші құрал. Құрастырушы – С.Кенжеахметов. Арқалық баспасынан 1990 ж. жарық көрген. Көл. 70 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл кітапшада Торғай өлкесінің бұрынғы тарихы мен мәдениетіне, қазақ халқының тұрмыс-салты мен этнографиясына, дініне қатысты деректер мен ғыл. тұжырымдар, мақалалар және ғибратты сөздер жинақталған. Кітаптың «Туған жерге ту тіккен» тарауында автор А.Байтұрсынұлының «Қазақ әліпбиінің тұңғыш реформаторы» екендігін, оның Торғайда болған қозғалыстарға басшылық еткендігі туралы болжамдар айтып, мұны тарихшыларымыздың тереңдеп зерттеуіне ұсыныс жасайды.

**АТАУ СӨЗДЕР** – заттың атын, сынын, санын т.с.с. атайтын сөздер. Ғалым атау сөздерге зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістікті жатқызады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.*

*О.Жұбаева*

**АТБАСАР** – қала, Ақмола обл-ндағы Атбасар ауд-ның орталығы. А.Байтұрсынұлы «Қазақ шаруашылығы» мақаласында (А.Байтұрсынұлы шығармалары, 2-том. 1-бөлім, 172-б.) көбінесе

мал ш-мен айналысатын қазақ халқының ішінде Ақмола, Атбасар уездерінің текемет, киіз басуға ұстаз болатындығы, оның ішінде А-дың «бітпес» деген текеметіндей текемет жасайтын жер жоқ екені, сондай-ақ бұл уездің кісе («кесе» болу керек) істеуге де шебер екені айтылады.

**«АТ ПЕН ЕСЕК»** – «Қырық мысал» жинағындағы үшінші өлең. Бұл да әрбір оқырманға оқушылық кезінен, мектеп партасынан таныс өлең. 9 шумақ. «Ат достым! Жүгім ауыр, халім бітті... Зорығып, жолда өліп қалатынмын. Алмасақ ауыстырып біраз жүкті» деген есектің өтінішіне Ат «ешбір жауап қайтармайды, Ауырлап жүгін, Есек қайқандайды». Ақыры Есек зорығып өледі де, Ат иесі Есектің жүгін Атқа қоса артады. «Өкініп өткен іске Ат келеді, Мен қате еткен екем... Аһ! – деді». Осыдан оқырман: «Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде, Біреуге қысылғанда жәрдем бермек» екенін ұғынады. Өлең құрғақ уағыз болып қалмай, оқырманға көрнекі әсер етуімен құнды.

**АТЫ БЕЛГІСІЗ ӘН** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Ән 4/4 өлшемінде жазылған. Төрт жолдан тұратын шумақты құрылымда жазылған. Октава секіrmесінен басталған әуен 5-дыбыстың әндетілуіне ұласып, 3-дыбыстан 7-ге көтеріліп, қайтадан 5-ке келіп тоқтайды. Әуенінде кездескен 1-5-3-дыбыстардың маңызы ерекше. Бірінші



әуендік жолдың 2 рет қайталануынан кейін, әннің үшінші әуендік жолы екі секвенц. блоктан тұрады, яғни бірінші тармақ секундаға төмен қаддам жасап, қайталанады. Төртінші әуендік жолдың мазмұны ән басындағы 3 дыбыстан көтерілетін әуеннен басталып, жоғарыдағы «ми» дыбысына тоқталып, 4-сатыға кідіре, 5-ке барып, төм. «ми» дыбысына сатылай түседі. Ән ми-эолийлік тұрақты ладта жазылған. Сөзі берілмегенімен, қара өлең құрылымын болжамдаймыз. Әннің ырғағы қарапайым, тек бітер алдында синкопа ырғағы кездеседі. «Ақындық әуен құрылымы» (С.Елеманова – Ақынская мелодическая формула) айқын көрінген секірмеден басталуы, әуенінің лирикалық бағыттағы күрделі дамуы – кәсіби-комп-лық шығарм-қа жақындықты көрсетеді. Диапазоны октава арақашықтығын қамтиды.

А.Қазтуғанова

**«АТТЫҢ СЫНЫ»** – Абайдың «Шоқпардай келілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ,

бөкен қабак...» деп басталатын белгілі өлеңі. 8 шумақ (32 тармақ). А.Байтұрсынұлының «Оқу құралына» енген. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«АУА»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Ауаның не екені, оның адам мен тіршілік үшін тигізетін пайдасы танымдық тұрғыдан таныстырылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**АУДАРМАЛАРЫ.** А.Байтұрсынұлы – алғаш рет аударма жинақ бастыру ісін бастаушы. Ол ақын ретінде ең әуелі аударма арқылы танылды. И.Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен Санкт-Петербургте, 1909 ж. императорлық ғыл. академияның баспаханасында жеке кітап етіп шығарды. Бұл Крылов шығармаларының қазақ тілінде, тіпті Орта Азияда тұңғыш жеке кітап болып бастырылуы еді. Байтұрсынұлы «Қырық мысал» жинағына жазған «Замандастарыма» деген кіріспесінде аударманың мән-мақсаты, дәуір дүбіріне ілесу ниеті қиындық жағдайларда орындалғаны туралы айтады. «Қырық мысалды» М.Әуезов «қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» деп бағалаған еді. Крыловтан тәржіма жасау Абай шығармның соңғы кезеңдеріне жатады. Демек, Абай немен аяқтаған болса, Байтұрсынұлы дәл содан бастады деуге, яғни Абай эстафетасын Ахмет жалғастырды деуге толық негіз бар. Байтұрсынұлы Крылов мысалының бүкіл рухын, ұлттық қасиетін түп-түгел қазақшалап, қыр елінің қалың ортасына дәл сол қалпында алып келіп тұрғандай қабылданады. Дәлдігі осындай болғанда, жатықтағы да айрықша дәлелдеп жатуды қажет етпейтіндей болып, Байтұрсынұлы ақындығының барлық ерекшелігімен, мейлінше табиғи болмыс-бітімімен, ұлттық ой-өрісінің шеңберінде үйлескен, ұйқасқан қисын-қиюмен әрбір қазақ оқырманының көңіліне ұялап қалып жатты. Байтұрсынұлы аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Мыс., «Шал мен ажал» атты мысалдағы әбден шаршап-шалдыққан зарыққандағы шалдың монологі: «Куда я بدن, боже мой! Нуждаюсь во всем; к тому же жена и дети, А там подушное, боярщина, оборок, И выдался и когда на свете Хотя один мне радостный денек?» – «Мен сорлы, әрі кәрі, әрі жарлы, Асырау қиын емес үйлі жанды. Қартайдым, жалданарға қайратым жоқ, Бермеді тұтынарлық құдай малды Бұл маған не қылғаның, жаратқаным, Бір шалға үйлі жанды қаратқаның? Төлермін салық ақша қайдан тауып, Қажетім бірін сай ғып жаратпадың. Не жаздым құтқармастай бұл бейнеттен, Күнің жоқ тілегімді қабыл еткен. Біреу кеш, біреу ерте өліп жатыр, Келмейді маған ажал, қайда кеткен?»



## АУРУ ЖАЙЫНАН

деп аударылған. Бұл жолдардағы «үйлі жан», «бермеді құдай малды», «жаратқаным» деген тіркестер тек қана қазақ психологиясына тән ұғымдар екенін дәлелдеп жатудың қажеті болмас. Байтұрсынұлы тәржімашылық тәжірибесінде ерлікті, еркіндікті, отаншылдықты сезіну, таза сүйіспеншілікті жырлайтын шығармаларды аударуға бейім болған. Мысалдың арқауы – хикая, көздейтін нысанасы – соның ішіндегі мәні, ал қолданылатын қаруы – әжуа мен мысқыл. Байтұрсынұлы пайымды практик. рухты дарыту үшін мысалдың мазмұнын Крыловтан алады да, ұытты қаруды өз халқының даналығынан, ана тілінің ішкі мүмкіндігінен іздестіреді. Ол өз тыңдаушысының киссаға дағдыланған құлағына бейімдеп, әр хикаясын тәптіштеп, егжей-тегжейлі баяндау машығын ұсынды. Айтушысы Крылов болғанда, жеткізушісі Байтұрсынұлы болғандықтан да «Қырық мысал», «Маса» сияқты жинақтардағы аудармалар қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сінді.

Әдеб.: Байтұрсынов А. Ақ жол. – Жалын, 1991; Әбдиманов Ө. «Қырық мысал» – төл туынды // Алматы ақшамы, 1992. – 4 наурыз; Ұлттың ұлы ұстазы. – А., 2001.

*Г.Қазыбек*

«АУРУ ЖАЙЫНАН» – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 25 тамыздағы 27-санында жарық көрген. «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 5 томдық шығ. жин-на (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автор мақаласында білімді дәрігерлері аз сол уақыттағы адамдардың денсаулығы, аурулардан қорғануы жөнінде әңгіме қозғайды. Сөз соңында: «қазақтың дәрігер ғылымын оқыған адамдары аурудан күтіну жайынан һәм жеңіл-желпі емдер жайынан жазып, елге ұсақ кітапшалар таратса екен» деген тілекпен қорытындылайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ногай*

«АУСТРАЛИЯ» – «Оқу құралына» енген мәтін. «Ең кішкене құрлық – Аустралияның» табиғаты, климаты, жан-жануарлары, өсімдіктері туралы мағлұмат берілген. Ғыл. түсініктемесі бар.

АУЫЗДАН ЖАЗДЫРУ – «Тіл-құралды» оқыту барысында қолданылатын, А.Байтұрсынұлы ұсынған әдіс-тәсілдің бірі. Бұл тәсіл бойынша, мұғалімнің балалардың сабақ барысында үйренген қағидасы, ережесі келетін сөздерді ауызша оқып, жаздыртады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімділерінің I-тобының қаулысы бойынша өзгертіліп, 6-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

АУЫСТРА, – УЕНГРИА, к. Австрия.

АУЫСТЫРУ – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. А. – сөздің көбі өз мағынасында жұмсалмай, өзге мағынада жұмсалып, арасында ешқандай ұқсастығы жоқ екі нәрсенің әсері бірдей болып, бірін екіншісіне ауыстырып, өз мағынасынан өзгеше айтылуын білдіреді. «Күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» деген тіркестерді мысалға келтіріп, олардың өз мағынасынан басқа мағынада қолданылып тұрғанын ашып түсіндіреді. «Құтыру» деген сөз – негізінен жанды, есті нәрсенің күйін көрсететін сөз. Мұнда күннің желдетуін адамның құтырған күйіне ұқсастырып, ауыстырылып алынып тұр. Ал соғудың өз мағынасы – бір нәрсені екінші нәрсемен ұру. Қырау бір нәрсеге түскенде оны ұрмайды, оған тек тиеді. Яғни қыраудың бір нәрсеге тиіп келтірілген зақымын соққаннан болатын зақымға, «соққан» деген сөздің мағынасын қырау сөзінің қолданысына ұқсастырып, ауыстырылып алынып тұрғанын ашып көрсетеді. Байтұрсынұлы сөз мағынасын ауыстырудың бірнеше түрін атап өтеді: бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, мезгеу, әсерлеу.

*А.Кадирхан*

АФРИКА, А п р и к е – аумағы жағынан Еуразиядан кейінгі орынды алатын құрлық. А.Байтұрсынұлы А. мақаласына жалпы сипаттама берген. Онда оның Еуразиядан кейінгі 2-құрлық екені, А-ны күншығыста Шаб (Шааб) т. арқылы (қазіргі Қызыл т.) Үнді мұхитынан бөлініп жатқаны және құрлықтың айналасын су аз жырғаны, сондықтан А. жағалауында теңіздің де, шығанақ пен аралдардың аз екені айтылады. Жер бедерінде таулар, қыраттар мен дөңестердің басым болатыны, ойыс пен ойпаттардың сирек екені, ірі ойпатқа Ніл, сондай-ақ Конго өзендері, т.б. жатқызған. Жыл бойы оң температура болатындықтан июльден (шілдеден) октябрь (қазан) айлары аралығында жаңбырлы кезеңі болатыны, сондай-ақ А-да ұшы-қиыры жоқ зор Сакара (Сахара) шөлінің бары жазылған. А.Байтұрсынұлы «Жел қалай пайда болады» атты мақаласында жел – табиғат құбылыстарының бірі екенін айтады. Сонымен қатар жазбада: «1804 ж. Еуропаның Испания деген мемлекетіне кенеттен аспаннан бидайдың дәні төгіле бастаған. Бұл бидайдың жайы былай болған екен: Априке (Африка) құрлығының бір жерінен Темірқазық жағындағы (солт. ендік болу керек) бірталай үюлі астықты дауыл шашып, дәнін жел көтеріп кеткен. Бұл бидай Испанияға жауған делінеді» деп түсінік береді. Келесі бір мақалада: «Африканың

(Априкенін) шөл даласы. Айнала еспе құм. Шөптен бір қылтанақ жоқ. Ерін жібітер суды, көз тоқтатар бұтаны көрмейсің. Аңыраған шөлге бір мезгілде оқымысты кісі келіп, жерді әрліберлі түртінектеп қарады да, құм астында су бар екен, бұранда бұрап су шығаруға болады дейді. Басқалары оқымыстыны тындап шөлден су шығарған. Су аспанға шапшиды» дейді. А.Байтұрсынұлы мақаласы осылайша «Шөл құдығы» аталған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.

**«АХАҢНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ»** – баяндама. Орынборда 1923 ж. Алаштың рухани көсемі А.Байтұрсынұлының мерейтойында оқылған, 1923 ж. 4 ақпанда «Ақжол» газетінде жарияланған. Байтұрсынұлының бұл мерейтойы – жалпы қазақ тарихында аталып өтілген тұңғыш мерейтой. Баяндамада мерейтой иесінің ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің бірі болғаны, «Қазақ» газетінің Алаш жұртына әсері, ұстаздығы, ақындығы, елдің жаппай сауатын ашқан оқу құралдары жөнінде баяндамашы аса тереңдікпен, әрі көркемдікпен айтқан.

*Д.Қамзабекұлы*

**АХАҢ ТУРАЛЫ АҚИҚАТ** – кітап. Авторы – С.Кәкішев. «Қазақстан – Шапағат» баспасынан 1992 ж. жарық көрген. Көл. 112 бет. Таралымы 50000 дана. 2 бөлімге бөлінген бұл кітапта А.Байтұрсынұлының өміріндегі көпшілікке белгісіз болып келген тұстары: шыққан тегі, туыстары, өскен ортасы, басына түскен ауыр күндері бар шындығымен берілген. Шығармада ғалымның үрім-бұтағының кешегі, бүгінгі тіршілік-тынысы да баяндалған.

*С.Арғынғазин*

**«АХАУ, ДОСТАР»** – ән. А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында, А.Байтұрсынұлы 6 томдық шығ. жин-ның 6-томында жарияланған. Осы 6-томдағы А.Затаевичтің «Ахмет Байтұрсынұлы» атты мақаласына ғыл. түсінік жазған Р.Имаханбет Гүлнар Міржақыпқызының: ««Елім-ай», «Екі жирен», «Қарақөз» атакемнің сүйіп салатын әндері болатын. «...Қазіргі «Қыз Жібек» операсында айтылып жүрген «Қарақөз» ариясы – Ахмет Байтұрсынұлының шығармасы» деген секілді естелік сөздерін алға тарта отырып, ән авторлығын Байтұрсынұлына теліді. 1 шумақ, 1 қайырмадан құралған ән мәтіні 9 жолдан тұрады. Шумағы 11 буынды кара өлең ұяқасына құрылса, қайырмасы 4 буындық болып келеді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Нозай*

**АХМЕДОВ** Ғалым Хәкімұлы (25.12.1906, Ақтөбе обл. Алға ауд. 1-Мамыр а. – 2002, Алматы қ.) – қазақ жазушысы, аудармашы. «Алаш» элек-

трондық кітапханасының негізін салушы авторларының бірі. Орынбор қ-ндағы Халық ағарту ин-тын бітірген (1925). Ақтөбе, Жамбыл облыстарында түрлі қоғамдық және шаруашылық қызметтер атқарған (1926–38). Кейіннен баспаның бас редакторы (1944–50), Қазмемәдебибаспа (қазіргі «Жазушы» баспасы) директоры (1950 жылдан) болған. Шығарм. жолын аудармашы ретінде бастаған. Б.Горбатовтың «Бағынбағандар» повесін (1947), И.Тургеневтің «Соны сүрлеу» (1959), «Түтін» (1966), М.Бубенновтың «Қыран ұшқан құла түз» (1962), Л.Толстой, А.Чехов әңгімелерін, т.б. аударған. А. ел өміріне, тарихына байланысты терең ойлы, зерделі еңбектер жазды. Тарихи тақырыптағы «Жорық жылдары» (1977), «Жем бойында» романдарының, «Түркістан үшін күрескендер» очеркінің, Алаш партиясы мен Алашорда Үкіметі және автономды ұлттық республикасының құрылуына арналған «Алаш «Алаш» болғанда» естеліктер кітабының (1996), т.б. авторы. Осы еңбегінің бірінші тарауында жалпы Алаш қозғалысының қалыптасуына,



*Ф.Ахмедов*

Түркістандағы ұлт-азаттық күреске, А.Байтұрсынұлының «Қазақ» газетін шығарудағы, қазақ әліпбиін құрастырудағы ағартушылық шығарм. еңбегіне, Алаш партиясына, Алашорда үкіметінің құрылуына, Қазақ автономиясын құруға, 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басында жоғары білім алған қазақтарға, «Ғалия» медресесіне қатысты бағалы мәліметтер бар. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

*С.Кәрімов*

**АХМЕТ** Өтен (7.11.1938 ж.т., Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Қорқыт ст.) – жазушы, драматург. А-тің А.Байтұрсынұлы мен оның адал жары Бәдрисафа туралы «Азаппен өткен өмір-ай» атты екі бөлімді драмалық элегиясы Маңғыстау обл. Ақтау қ-ның әуесқой артистерінің сахналауымен және Астана қ-ндағы Қ.Қуанышбаев атынд. акад. қазақ драма театрының, Қостанай обл. драма театрының сахналарында қойылды. «Студенттер» пьесасы бойынша Қазақстан телеарнасы телеспектакль қойған. А. көркем аудар-

мамен де айналысып, Бернард Шоудың «Адам Ата – Хауа Ана», Э.Радзинскийдің «Нерон мен Сенека, Рим театры» пьесаларын, Дж.Кутзеенің романдарын, А.Рюноске, Р.Брэдбери, А.Кроулер, Дж.Ричи, С.Кинг, Я.Кавабата, Х.Кортасар, Д.Сэлленджердің таңдаулы әңгімелерін қазақ тіліне аударған. «Құрыш пен қымыз» әңгімесі үшін респ. «Балдырған» журналының (1977), «Заңғар» романы үшін (1989) Қазақстан Маг-



Ө.Ахмет

ниткасы жұмысшы бәйгесінің лауреаты атанды. Респ. телефестивальдардың 3 рет бас жүлдесін, «Отбасы және денсаулық» журналының бас бәйгесін (2006) жеңіп алған.

*М.Байленова*

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ» – кітап. Авторы – Р.Сыздықова. Қазақ КСР «Білім» қоғамы баспасынан 1990 ж. жарық көрген. Көл. 52 бет. Таралымы 11500 дана. Бұл кітапшада А.Байтұрсынұлының өмірбаяны мен қызмет жолы, білім-ғылымдағы еңбегі мен азаматтық бейнесі сөз болған. Мұнда Ахметтің ғыл.-пед. мұрасы мен әлеум. қызметі жөніндегі бірсыпыра материалдар мен оларды талдап-таныту тұңғыш рет ұсынылған. «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ СТИЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ» – ғыл.-зерт. еңбек, Қ.Ибраһимовтың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 2005 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – М.Жүсіпов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 бөлімнен («Ахмет Байтұрсынұлының терминжасам және стильжасам қызметі», «Ахмет Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасының қазақ тіл біліміндегі зерттелуі»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертац. жұмыста А.Байтұрсынұлының ғыл. мұрасының тілтанымдық табиғаты (терминология, ғылымтану, жалпы стилистика, ғыл. стиль мәселелері) синхрон. және диахрон. көзқарас бойынша қарастырылған. Оның терминдер қоры қазіргі тілтанымдағы дериватол., терминолог., лингвостатист., теориялардың ұғымдарына, категорияларына, принциптеріне негізделіп зерттелген. Ахметтің қазақ ғыл. терминологиясының негізін салушы екендігі дәлелденген. Көл. 119 бет.

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ФОНОЛОГИЯСЫ» – монографиялық еңбек. Авторы – М.Жүсіпұлы. А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты мен Өзбек мемл. әлем тілдері ун-тінің ғыл. кеңестері ұсынған. А., «Ғылым» баспасынан 1992 ж. жарық көрген. Көл. 216 бет. Таралымы 200 дана. Монография автордың алғы сөзінен, кіріспеден, 3 тараудан («А.Байтұрсынұлының фонемографиясы», «Сингармонизм – қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеу негізі», «Қазақ және орыс тілі дыбыстарының позиц. (фонол.) алмасуы»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Еңбек А.Байтұрсынұлы жасаған араб графикасының сингармон. реформасының әлеум., лингвист. себептерін, сингармон. алфавит пен сингармон. орфографияның әлем тіл білімі тарихындағы орнын, Байтұрсынұлының фонемограф. ілімінің доминант ұғымдары мен кейінірек қалыптасқан Мәскеу фонология мектебі теориясының кейбір медеу ережелерінің тектестігін зерттеуге арналған. Кітапта қазақ тілінің және басқа түркі тілдерінің сингармонизм саласы арнайы фонол. теория ретінде жаңа ғыл. деңгейде зерттеледі; сингармонизмнің прозадағы және поэзиядағы қызметінің қасиеттері анықталады; қазақ тілі дыбыстарының позиц. (фонол.) және бейпозиц. (морфол.) алмасуының синхрон. және диахрон. негіздері (орыс тілі материалымен салыстырып) дәлелденеді. Монография филологтарға, жалпы тіл білімі мамандарына, фонологтарға, тіл тарихын зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, аспиранттарға, студенттерге, мектеп мұғалімдеріне арналған.

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАЙЛЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ» – ғыл.-зерт. еңбек, Қ.Ыбыраимжановтың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰПУ-да 2001 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Р.Қоянбаев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 бөлімнен («А.Байтұрсынұлының оқу-ағарту және бастауыш мектепте білім беру мен ұрпақты тәрбиелеу жұмыстары жайлы ой-пікірлері», «А.Байтұрсынұлының бастауыш мектептің педагогикалық мәселелері жайлы мұралары және олардың қазіргі мектептегі ұласымы»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. 1-бөлімде Байтұрсынұлы өмір сүрген кездері мен қоғамдағы әлеум.-саяси және тарихи жағдайларға жалпы сипаттама беріліп, оның көзқарасы анықталған. 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ өлкесіндегі мәдени ағартуда жергілікті қоғамның іс-әрекеттері талданып, ондағы бастауыш білім беру мәселелері, оларда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы ұстаз, мектеп қажеттері, оқудың ана тілінде болуы, оның бүгінгі бастауыш білім беру жүйесімен сабақтастығы қарастырыл-

ған. 2-бөлімде Байтұрсыновтың бастауыш мектептегі білім мазмұнын анықтауға арналған оқу кітаптары мен оқулықтары, сондай-ақ бастауыш мектептегі пәндерді оқыту мәселелері жайында педагог-ғалымның ғыл. тұжырымдары мен олардың қазіргі қазақ бастауыш мектептерімен ұласымдылық жағдайы қарастырылған. Көл. 150 бет.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ (1872–1937 ж.)»** – ғыл.-зерт. еңбек, Г.Тұрғараеваның кандидаттық диссертациясы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-тында 2009 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – С.Мәжитов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («А.Байтұрсыновтың патша үкіметі тұсындағы қоғамдық-саяси қызметі», «А.Байтұрсыновтың кеңестік жүйе тұсындағы мемлекеттік қызметі»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертац. жұмыста А.Байтұрсынұлының саяси күресінің алуан түрі: үгіт-насихат жұмысы, Ресейлік патша үкіметінің жергілікті құқық қорғау мекемелерінің озбырлығына қарсы әрекеті, қоғамның саяси-экон. жағдайы туралы жоғары басқару органдарына жолдаған талаптары, Уақытша үкімет органдарына қатысуы, Алашорда қозғалысын басқарып, оның құқықтық құжаттарын жасауға қатысуы, ғыл. қызметінің тарихы жан-жақты талданған. Мұрағат қорларындағы көптеген құжаттар алғаш рет зерттеліп, ғыл. айналымға енгізілген. Сондай-ақ осы деректердің негізінде Байтұрсынұлының өмірбаянына қатысты жаңа мәліметтер анықталған. Көл. 155 бет.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Қ.Ашекееваның кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 2003 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Ж.Алтаев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 бөлімнен («Ахмет Байтұрсынов дүниетанымының қалыптасуы», «Ахмет Байтұрсыновтың 20 ғасыр басындағы қазақ философиясына қосқан үлесі мен тигізген әсері»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеуде А.Байтұрсынұлының филос. көзқарастарына жүйелеу, салыстыру әдістері арқылы талдау жасалынған. Ахметтің филос. көзқарастары қазақ философия тарихында алғаш рет тұтас құбылыс ретінде филос. тұрғыдан қарастырылған. Оның өлеңдеріндегі қазақтың ұлттық болмысы, танымы, ой-санасы сараланып, лингвист ретінде тілдің және көркем әдебиет шығарм-ның филос. мәселесін талдауы философия ғылымына қосқан жаңалығы екені дәлелденген. Көл. 129 бет.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ. ШЫҒАРМАЛАРЫ: ӨЛЕҢДЕР, АУДАРМАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР»** – жинақ. Құрастырушылар: Ә.Шәріпов,

С.Дәуітов. Қазақ КСР ҒА М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты дайындаған. «Жазушы» баспасынан 1989 ж. жарық көрген. Көл. 320 бет. Таралымы 20000 дана. А.Байтұрсынұлының бұл шығармалар жинағы Қазақ КСР ҒА-ның корр. мүшесі Ш.Қ.Сәтбаеваның алғы сөзімен ашылып, Ахметтің бұрын «Маса», «Қырық мысал» кітаптарында жарық көрген өлеңдері мен аудармалары және «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу еңбегі топтастырылған.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ»** – ғыл.-танымдық кітап. Жауапты редакторы – Ғ.Әнес. Жалпы редакциясын басқарған М.Малбақов. А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты бекіткен. «Ұлы Дала тұлғалары» сериясы аясында шығарылған. А., «Шапағат-Нұр» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 368 бет. Таралымы 2000 дана. 38 бет фотосурет берілген. Кітап Малбақовтың «Ағартушының ақ жолы» мақаласымен ашылған. Үш бөлімнен («Шәкірт. Ұстаз. Ағартушы», «Ақын. Аудармашы. Әдебиетші», «Халық жоқшысы. «Қазақ» газетінің редакторы. Алаштың рухани көсемі»), қорытындыдан (Ғ.Әнес «Ұлттық рухтың оралуы») және қосымшалардан тұрады. Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм-н сөз ететін бұл жаңа ұжымдық еңбекте, ең алдымен, Ахметтің ғалымдық тұлғасына, оның ана тілін түрлеудегі ғыл. жаңалықтары мен мәдени-рухани әлемімізді кеңейткен ізашар еңбектеріне айрықша көңіл бөлінген. «Ғылыми қазына» жобасы аясында жарық көріп отырған жаңалығы мол, ахметтанудың жаңа белесі болып табылатын бұл кітап Отан тарихы мен ұлт көшбасшыларының тағдыр-талайына қызығушы қалың көпшілікке арналған.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ»** – зерттеу-эссе. Авторы – Ө.Әбдиманұлы. «Арда» баспасынан 2007 ж. жарық көрген. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің бағдарламасы бойынша шығарылған. Көл. 296 бет. Таралымы 2000 дана. Фотосуреттер берілген. Зерттеу еңбек 5 тараудан («Өмір өткелдері», «Ахаңның ақындық әлемі», «Көсемсөздің көшбасшысы», «Ұлттың ұлы ұстазы», «Ұлылар үндестігі»), қорытындыдан, А.Байтұрсынұлының өмір жолы, қоғамдық қызметі және шығарм-на қатысты дерек көздерінен және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл еңбекте ұлағатты тұлғаның тағдыры шығарм-мен ұштастыра зерделеніп, жан-жақты баға берілген. Ахметтің ғұмырбаянында қағыс қалған дерек көздері тұңғыш рет жүйеленген. **«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. АЛТЫ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ»** – көптомдық шығ. жин. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. М.Әуезов

атынд. Әдебиет және өнер ин-ты (1–5 томдар) және А.Байтұрсынұлы мұражай-үйі (6-том) дайындап, А., «Ел-шежіре» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. 1–2-томдарды құрастырып, дайындағандар – А.Ісімақова, Г.Пірәлі, С.Сәженов, К.Мұстафаева, 3-томды құрастырып, дайындағандар – Ісімақова, К.Мұстафаева, А.Хаван, Р.Имаханбет, 4–6-томдарды құрастырып, баспаға дайындап, түсініктерін жазған – Имаханбет. Әр томның көл. 384 бет. Таралымы 2000 дана. 1-том Ісімақованың А.Байтұрсынұлы жайында «Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы» атты көлемді мақаласымен ашылған. «Қырық мысал» (1909, 1913, 1922), «Маса» (1911, 1922) жинақтары және «Қазақтың бас ақыны (1913), «Әдебиет танытқыш» (1926) атты іргелі ғыл. зерттеулері енгізіліп, 3 бөлімге («Сөз өнерінің ғылымы», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі», «Жазу әдебиет») бөлінген. Жинақ бұған дейін жарық көрген басылмдармен салыстырылып, кезінде кеткен мәтін ішіндегі кейбір қателер түпнұсқа бойынша түзетіліп, қалпына келтірілген. 2-томға Байтұрсынұлының шәкірті Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» енгізілген. «Оқу құралы» 3 бөлімнен («Әдебиет, тұрмыс, еңбек», «Ғылым», «Дүние») тұрады. Бұл хрестомат. еңбекте бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тарихы, әдебиеті мен қазақ тілі, география, шаруа-кәсіп және жаратылыстану, т.б. ғылым салалары бойынша санқырлы мағлұматтар берілген. 3-томға Ахметтің қазақ тілін пән ретінде оқытатын тұңғыш оқулықта-



ры – «Тіл-құралдың» 3 бөлімі, «Баяншы» (1920), «Тіл жұмсар» топтастырылған. Кітапта Ісімақованың алғы сөзі, Р.Сыздықтың «Ахмет Байтұрсынұлы» атты ғыл. мақаласы беріліп, «Тіл-құралдың» (1914, 1915, 1925, екі басылымы) мәтіндері, жинаққа енген 1922 жылғы екі басылым, 1927 жылғы басылымдардың мәтіндерімен салыстырылып, толық ұсынылған. 4-томға ғалымның әліппелер мен мақалалар жинағы енгізілген.

Құрастырушының алғы сөзінен, Ісімақованың «Қазақ әліпбиінің атасы» атты көлемді мақаласынан және 4-бөлімнен («Әліппелер», «Мақалалар», «Жазу, емле, терминология мәселелері», «Оқу-ағарту мәселелері») тұратын бұл жинаққа Байтұрсынұлының оқу құралы: «Қазақша әліппе» (1912), «Әліп-би» (1926), «Сауат ашқыш» (1926) атты оқулықтары және өзекті мәселелерді көтерген түрлі тақырыптағы мақалалары топтастырыла берілген. 5-том құрастырушының алғы сөзі және Ісімақованың «Қазақ халқының ар-ожданы» атты мақаласымен ашылып, Ахметтің «Ер Сайын» (1923), «23 жоқтау» (1926) атты ауыз әдеби мұрасы, әр жылдары жазған көсемсөздері, сондай-ақ бұрын еленбей келген еңбектері мен табылған туындылары топтастырылған. 6-том құрастырушының алғы сөзінен, 4 бөлімнен («Мақалалар, эпистолярлық мұралар», «Байтұрсынұлы бастаулары», «Замандастар лебізі», «Тәуелсіздік кезеңіндегі ахметтану») тұрады. Бұл томға Ахметтің жинақтарға енген мақалалары, ресми құжаттары, эпистолярлық мұрасы, сондай-ақ ол туралы замандастарының лебізі, есімі ақталғаннан кейін жазылған танымдық және ғыл.-зерт. мақалалары топтастырылған. Әр томның соңында ғыл. түсініктер (1–6 томдар) және қосымшалар (3–6 томдар) берілген.

*С.Арғынғазин*

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ АУЫЛ

– ғалымның кіндік қаны тамған елді мекен. Әдепкіде Қостанай окр., Торғай уезі, Тосын болысының №5-а. аталған. Кеңес үкіметі кезінде осы а-ға «Южный» деген орысша атау берілген. Жаңа атауға ие болған ауыл кеңшар болып ұйымдастырылып, әрі шаруашылығы кеңейтіліп, мұнда байырғы қазақ жұртымен қатар, өзге ұлт өкілдері де қоныстандырылады. Бірақ, нағыз қазақы ауылды жерсінбеген «жат жұрттықтар» бұл өлкеде ұзақ тұрақтамайды. Солы бола тұра 80-жылдардың соңына дейін орысша атау сақталып келген. 1990 жылғы 26 ақпандағы Қазақ КСР Үкіметінің №78-қаулысымен кеңшарға Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді. Қазіргі уақытта бұл аймақ – Қостанай обл. Жангелдин ауд. Торғай елді мекені, А.Б. а. а. деп аталады. Ауылға кірер жолдың қақпасына «Ахмет Байтұрсынұлы ауылы» деген маңдайша белгі қойылған.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ КӨШЕЛЕР

– қайраткер ғалымның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында еліміздің аймақтарында қойылған көше атаулары. Елі, жері, ұлты үшін маңдай терін төксе де жалған жаланың құрбаны болған А.Байтұрсынұлы 1988 жылғы 21 қарашада Қазақ КСР Жоғ. сотының шешімімен ақталды. Осы кезден бастап алаштың аяулы

азаматын ардақтау мақсатында әр түрлі шаралар іске асырыла бастады. Солардың бірі – ғалым атына көше атауын беру. Жалпы, еліміз бойынша 68 көшеге ғалым есімі берілген. Олардың 11-і Ақмола обл-нда, 3-еуі Ақтөбе, 8-і Алматы, 2-еуі Атырау, 2-еуі Батыс Қазақстан, 9-ы Жамбыл, 3-еуі Қарағанды, 4-еуі Қостанай, 9-ы Қызылорда, 2-еуі Маңғыстау, 6-уы Оңт. Қазақстан, Павлодар, 1-еуі Солт. Қазақстан, 1-еуі Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан. Астана мен Алматы қ-ларында да қайраткер есімімен аталатын көшелер бар.

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МЕДАЛЬДАР.** ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығы тағайындайтын марапат. Бұл марапат алтын, күміс және қола болып үш дәрежеге бөлінеді. 2005 жылдан жоғары оқу орындарында белсенді қызмет атқарып, білім беру саласында қомақты ғыл. жұмыстарды қазақ тілінде жоғары оқу орындарына арналған оқулық жазған ғалымдарға, іскерлігімен танылған басшыларға және т.б. көрнекті қайраткерлерге беріліп келеді. С.Пірәлиев (алтын медаль), М.Орын-

лымдар мен қоғам қайраткерлерін, ұжымдары марапаттау мақсатында 2012 жылдан беріліп келеді. Орденнің алғашқы иегері – сол кездегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым ми-



*А.Байтұрсынов атындағы орден*

нистрі болған Бакытжан Жұмағұлов. Екінші орденді ғалымның 140 жылдық мерейтойы қарсаңында Құрманғазы атынд. Қазақ ұлттық кон-



1) А.Байтұрсынов атындағы алтын медаль; 2) А.Байтұрсынов атындағы күміс медаль; 3) А.Байтұрсынов атындағы қола медаль

ханов (алтын), З.Мансұров (алтын), Т.Несіпбайұлы (алтын), А.Түсіпов (алтын), Н.Алдабек (алтын), Ф.Жақыпова (күміс), Т.Бижігітов (күміс), Г.Көбенова (қола), Х.Әубәкіров (қола), т.б. азаматтар осы медальдармен марапатталған. Медальдың үш дәрежесінде де А.Байтұрсыновтың келбеті салынған. Суреттің астыңғы жағында «А.Байтұрсынов» деген жазу бар. Дәрежесіне қарай алтын, күміс, қола түстес болып келеді.

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ОРДЕН** – ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығы тағайындайтын марапат. Еліміздегі қоғамдық орындар тағайындаған тұңғыш орден. Ерекше маңызға ие істерді атқарып жүрген отандық ға-

серваториясы иеленген. Орден сегіз бұрышты болып келеді. Ортасына А.Байтұрсынұлының бейнесі салынып, суреттің астыңғы жағына «А.Байтұрсынов» деп жазылған.

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА** – Мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы есімін жастар арасында кенінен насихаттау мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқушылар арасында өткізілген іс-шара. 2017 жылғы 16–30 сәуір аралығында өткізілді. Олимпиаданы ҚР Тұңғыш Президен-

ті – Елбасы қорының «Ең үздік білім сайты» аталымының жеңімпазы «Martebe.kz» білім порталы мен «Qaztest.kz» интернет сайты бірлесе ұйымдастырған. Бұл шараға 5–11 сынып оқушылары қатысып, «жеңіл, орташа, күрделі және өте күрделі» деңгейдегі тест тапсырмаларын орындаған. Олимпиадада үздік деп танылған оқушыларға «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы» стипендия және I, II, III дәрежелі дипломдар тағайындалды.

*К.Қошым-Ноғай*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ. 50 ЖЫЛ»** – кітап. ҚР БҒМ ҒК, А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-тының ғыл. кеңесі әзірлеген. Жауапты редактор – Ж.Манкеева. А., «Шапағат-Нұр» баспасынан 2011 ж. жарық көрген. Көл. 352 бет. Таралымы 500 дана. Бұл кітапта ин-ттың құрылу, қалыптасу, даму тарихы толық баяндалған. Ин-ттың 50 жылдық тарихында зерттелген жұмыстардың нәтижелері көрсетіліп, ғалымдардың еңбектеріне қысқаша шолу жасалған. Сонымен қатар тілді зерттеудің қазіргі ғыл. үрдісіне сәйкес жаңа бағыттар да анықталып, тіл ғылымының даму жолы бағдарланған. Сондай-ақ ин-т тарихын баяндайтын 76 түрлі түсті фотосуреттер берілген.

*С.Арғынғазин*

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.** Қайраткер ғалым А.Байтұрсынұлы аударма саласында да мол мұра қалдырған. Мыс., И.А.Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» атты кітапты 1909 ж. Санкт-Петербурдан басып шығарған. Ғалым аудармалары пішін жағынан ғана емес, түпкі идеясымен, қазақ еліне таныс бейне, суреттермен көрсету арқылы ерекшеленеді. «Акку, шортан, хәм шаян» өлеңінде барды мазмұнымен айтып қана қоймай, ақын өз жанынан тың ғибрат қосады. «Қасқыр мен қозы», «Қайырымды Түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған Арыстан», «Өгіз бен Бақа», «Қайыршы мен Қыдыр», «Ат пен Есек» мысалдары – «Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас. Бірінің айтқаныңа бірін көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас» деген секілді қоғамдық-әлеум. мәселелерді сөз еткен ақыл-кеңеспен тұжырым жасалып отыратын мысалдар. Тағы да бір ерекшеліктері аудармалардың мазмұны Крылов өлеңіндегідей болғанымен, қазақ тұрмысына жақын ойлар айтылып отырады. Сонымен қатар ой түйінін беруде қазақ мақал-мәтелдерін («Адамның басы – Алланың добы деген», «Жазмыштан озмыш болмас деген сөзді», «Болады асыл – таста, ақыл – жаста», т.б.) жиі қолданады. Осы себепті де Байтұрсынұлы аудармалары Крылов мысалдарынан көлемі жағынан да үлкен. Мыс.,

«Қасқыр мен тырна» Крыловта 19 жол болса, Байтұрсынұлы аудармасында 36 жол, «Ағаш» 31 жол болса, аудармада 56 жол, «Шымшық пен көгершін» 10 жол болса, аудармада 32 жол. Байтұрсынұлы аудармалары осындай ерекшеліктермен көзге түседі.

*К.Қошым-Ноғай*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШТАҒЫ» ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ»** – монограф. еңбек. Авторы – А.Ойсылбай. ҚР БҒМ ҒК, М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. А., «Елтаным баспасынан» 2015 ж. жарық көрген. Көл. 200 бет (12,5 б.т.). Таралымы 100 дана. Еңбек аңдатудан, үш бөлімнен («Әдебиет танытқыштағы» асыл сөз өнері, «Әдебиет танытқыш»: Қара сөз және дарынды сөз жүйесі, «Әдебиет танытқыш»: «Пән сөздер: жүйесі), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады. Кітапта А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ тіліндегі тұңғыш әдебиет теориясы ретінде әлемдік әдебиеттану контекстінде Тәуелсіздік кезең тұрғысынан жаңаша қарастырылған. Бұл кітапты қазіргі қазақ әдебиетінің тарихын, теориясын жазуда, түрлі бағдарламалар құрастыруға, ЖОО студенттеріне қазақ әдебиеттану пәнінен жүргізілетін дәрістерге, дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқуларына» және ахметтануға қатысты арнайы курстар мен семинарларда пайдалануға болады.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. БЕС ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ»** – көптомдық шығ. жин. Жауапты редакторы – А.Ісімақова. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты мен ҚР-ның ұлттық кітапханасы ұсынған. «Алаш мұрасы» сериясы аясында шығарылған. А., «Алаш» баспасынан 2003–06 ж. жарық көрген. Көлемдері: 1-том – 408 бет, 2-том – 480 бет, 3-том – 352 бет, 4-том – 320 бет, 5-том – 288 бет. Таралымы 2 том 1000 дана, қалған томдар 2000 дана. 1-томды құрастырып, алғы сөзі мен ғыл. түсініктемелерді жазғандар – А.Ісімақова, Г.Пірәлиева, С.Сәкенов, К.Мұстафаева. Бұл томға А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал», «Маса» өлеңдер кітабы және «Қазақтың бас ақыны», «Әдебиет танытқыш» атты әдеби-ғыл. зерттеулері енгізілген. Зерттеулер түпнұсқалармен салыстырылып, өзгеріске ұшыраған сөйлемдер, алынып тасталған ғыл. талдаулар қайта қалпына келтіріліп, толықтырылған. 2-томды құрастырып, алғы сөзін ғыл. түсінігін жазғандар – Ісімақова, Пірәлиева, Ү.Еркінбаев. Кітапты қазіргі емлеге түсірген – К.Мұстафаева. Араб сөздігін жасаған – А.Хаван. А.Байтұрсынұлының шәкірті Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» тұңғыш рет бүгінгі қазақ әрпіне түсіріліп, ұсынылған. «Оқу құралы» үш бөлімнен


құралған. 1-бөлім «Әдебиет, тұрмыс, еңбек» деп аталған. Ал «Ғылым» атты 2-бөлім жеткіншектер ұғымына сай ғыл. ақпараттармен толықтырылған. «Дүние» деп аталатын 3-бөлім жаратылыстану ғылымдарымен таныстырады. Бұл хрестомат. еңбектен бастауыш мектеп оқушылары қазақ тарихы, әдебиеті мен қазақ тілі және география, шаруа-кәсіп, жаратылыстану, т.б. ғылым салалары бойынша сан қырлы мағлұматтар алады. Әдістемелік тәсілі мен тілі ұлттық дүниетанымға сәйкес келетіндіктен оқулық өте қызғылықты оқылады. 3-томды құрастырып, төте жазудан түсіріп, ғыл. түсініктемелерін жазғандар – Ісімақова, Мұстафаева, Хаван, Р.Имаханбетова.



Бұл жинақта Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқулықтары мен әдістемелік құралдардың (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) қолда бар басылымдарының мәтіндері толық ұсынылған. 4, 5-томдарды құрастырып, баспаға әзірлеп, ғыл. түсінік жазғандар – Ісімақова, Имаханбетова. 4-томға Байтұрсынұлының «Қазақша алифба» (1912), «Әліп-би» (1926), «Сауат ашқыш» (1926) атты әліпшелері мен сол жылдары өзекті мәселелерді көтерген түрлі тақырыптағы мақалалары топтастырылып берілген. 5-томға Ахметтің «Ер Сайын» (1923), «23 жоқтау» (1926), сондай-ақ бұрын еленбей келген еңбектері мен жана табылған кейбір туындылары және әр жылдары жазылған көсемсөздері топтастырылған. Бұл еңбектер ғалымдарға, қоғам қайраткерлеріне, ұстаздарға, студенттер мен жалпы әдебиет сүйер оқырман қауымға арналған.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҒЫЛЫМТАНЫМ, ТЕРМИНЖАСАМ, СТИЛИСТИКА»** – моногр. еңбек. Авторлары – М.Жүсіпов, Қ.Ибрайымов. Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім мин., Өзбекстан мемл. әлем тілдері ун-тінің ғыл. кеңесі ұсынған. А., «Әлем» баспасынан 2015 ж. жарық көрген. Көл. 215 бет. Таралымы 300 дана. Еңбек алғы сөзден, кіріспеден, үш тараудан («А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі ғылымтаным, терминжасам және

стилистика мәселелері», «А.Байтұрсынұлының терминжасамдық мұрасының қазіргі қазақ тіл біліміндегі зерттелуі», «А.Байтұрсынұлы тілтанымдық еңбектеріндегі ғылыми стиль эволюциясы»), қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Монографияда А.Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасының ғылымтанымдық терминжасамдық, стилистик. мәселелері зерттелген. Байтұрсынұлының 20 ғ-дың 1-ширегінде әлем тіл білімі тарихында ұлы ғалымдар қатарында тіл мен тіл-дәсімді лингвистиканың екі негізгі ұғымдары ретінде түсінгендігі анықталған, яғни тілдің статикасы мен динамикасының екітұғырлы дүние екендігі айқындалған. Кітапта Ахметтің ғылымды объективтік болмыс ұғымында түсінгендігі қазақ ғыл. терминологиясының, жалпы стилистикасының, ғыл. стилінің, ғылымтанымының негізін қалаушысы екендігі нақты тарихи деректерді зерттеу барысында дәлелденеді; қазақ және жалпы түркі әлеміндегі биік орны нақтыланады; заманауи (лингвостатист., лингвоқұрылымдық, лингвосалыстырмалы, лингвотипол...) әдіс-тәсілдерді қолданылуы арқылы әлем, жалпы түркі және қазақ тілтанымындағы белгілі (дәстүрлі) ұғымдар, категориялар, ұстанымдар интерпретацияланып, олардың жаңа қырлары ғыл. суреттеу дағдысының қолданылуы арқылы талқыланады, таңбалаынады. Монография филологтарға, жалпы тіл білімі



мамандарына, тіл тарихын зерттеушілерге, ЖОО-ның оқытушыларына, магистранттарға, аспиранттарға, докторанттарға, студенттерге, мектеп оқушыларына арналған.

*С.Арғынғазин*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** – халықар. ғыл.-теор. конференция материалдары



## АХМЕТ

мен тезистері. Жауапты редакторы – Ғ.Әнес. А., «Арыс» баспасынан 2004 ж. басылып шыққан. Көл. 208 бет. Таралымы 500 дана. Жинақ А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-тының ұйымдастыруымен Байтұрсынұлының туғанына 130 жыл толуына орай өткізілген конференцияның материалдары негізінде құрастырылған. Конференция жұмысы 2 секция бойынша (тіл және әдебиет) атқарылып, бірінде – Ахметтің тіл білімінің түрлі салаларына, әдебиет теориясына



қосқан үлесі туралы сөз болса, екіншісінде – қазақ тіл біліміндегі соңғы жетістіктер, жаңа бағыттар мен тың көзқарастар, Байтұрсынұлы негізін қалаған тіл білімі мен әдебиет теориясының бүгінгі таңдағы даму, жаңару үрдісі, дәстүр сабақтастығы көрініс тапқан. Жинақ қазақ тілі теориясы мен практик. мәселелерімен айналысатын тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен аспиранттарына, сондай-ақ филология ф-ті студенттеріне арналған.

*С.Серікқазыұлы*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»** – респ. ғыл.-әдістемелік онлайн-семинардың материалдары. Жауапты шығарушылар – А.Темірболат, К.Егізбаева. ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері ф-тінің Ғыл. кеңесі ұсынған. А., «Қазақ ұлттық ун-ті» 2017 ж. жарыққа шығарған. Көл. 165 бет. Жинаққа 2017 ж. 12–19 қаңтарда ҚазҰУ-да ұйымдастырылған ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты қазақша әліппесіне 105 жыл толуына орай G-Global платформасындағы ғыл.-әдістемелік онлайн-семинар материалдары топтастырылған. Байтұрсынұлының тіл білімі, жазу, терминология мәселесіне қағысты еңбектері бойынша жазған ғалымдардың зерттеулері жинақтың бірінші

бөлімінде, ал ұлт ұстазы еңбектерінің әдебиеттану саласы бойынша зерттеулеріне, шығарманың жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығына тоқталған мақалалар екінші бөлімде берілген. Жинақта жалпы 53 ғалымның ғыл. мақалалары жарияланған. Жинақ Байтұрсынұлының еңбектері бойынша өз білімін кеңейткісі келетін зиялы қауымға, ғалымдар мен ұстаздарға, магистранттарға, студенттерге арналған.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Н.Машқанованың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 1994 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – М.Серғалиев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («Қазақ жеріндегі алғашқы жазу үлгілері және оның зерттелуі», «Ахмет Байтұрсынұлов – қазақ жазуының реформаторы»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде тақырыпты таңдау, маңыздылығы мен құндылығы, мақсаты мен міндеттері айтылған. Зерттеудің тәсілдері, негізгі көздері көрсетілген. 1-тарауда қазақ жеріндегі алғашқы жазу үлгілері, олардың даму барысы мен таралу жайы баяндалған. А.Байтұрсынұлы жазуының негізі болған араб жазуының ерекшеліктері, дыбыстық сипаты айқындалған. 2-тарауда Байтұрсынұлы жасаған әліппенің ішкі табиғаты жан-жақты талданып, оның жасаған жазуының артықшылығы қазіргі жазумен салыстырыла отырып көрсетілген. Қорытынды бөлімде оның жазуының, оқулықтарының маңызы айтылған. Көл. 154 бет.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ КӨСЕМІ»** – жинақ. Жауапты редакторы – М.Малбаков. Конференция



материалдарын баспаға әзірлегендер: В.Жүнісова, А.Бөлекбаева, О.Жұбаева, С.Құлманов, А.Солтанбекова, Е.Маралбек. А.Байтұрсынұлы

атынд. Тіл білімі ин-ты дайындап, А., «Елтаным» баспасы 2013 ж. жарыққа шығарған. Көл. 416 бет. Таралымы 300 дана. Жинақ М.Малбақовтың кіріспе сөзінен, «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі», «Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері», «Әдебиеттану және әдістеме мәселелері» атты тақырыптардан құралған. Жинаққа «Қазақ» газетінің 100 жылдығына арналған «А. Б. – қ. р. к.» атты халықар. ғыл.-теор. конференция материалдары (130 ғалымның баяндамалары) енгізілген. Кітап тіл мамандарына, филология ф-ттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАЖАЙЫ** – ғыл.-мәдени мекеме. Халық депутаттары Жангелдин ауд. Кеңесінің 1990 жылғы №178 шешіміне сәйкес 1991 ж. маусым айында Торғай кентінде ашылған. Есімдері алты алашқа танымал көрнекті қоғам қайраткерлері, ақын, әдебиетші ғалымдар А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы мұрасын зерттеп, насихаттау мақсатымен ұйымдастырылған. 19 ғ-дың орта шенінде татар саудагері Назмуздинов салдырған ғимарат жөндеуден өткізіліп, қайта жабдықталды. Бір ғажабы, осы ғимараттың төбесінен 1808 ж. жасалған винтовка, 1905 жылғы бес рубль қағаз ақша табылған. Мұражайға екі арыстың өмірі мен қоғамдық қызметіне байланысты аса құнды құжаттар мен қолжазбаларының көшірмелері қойылған. Қос қайраткердің Орынбор, Ташкент қ-ларында баспадан жарық көрген кітаптарының алғашқы басылымдарының түпнұсқалары, олар жайында зерттеулер мен жинақтар, өмірлерінің қилы кезеңдеріндегі куәліктері мен фотосуреттері мол қамтылған. Олардың кейінгі ұрпақтары, қарым-қатынас жасаған үзенгілес әріптестерінің фотосуреттері, тұтыңған үй мүліктері көп нәрседен хабар береді. Мұражай қоры ұлы қайраткерлердің қоғамдық ісі мен шығарм. жолын ілгері жалғастырған торғайлық ақын-жазушылар, мемлекет қызметкерлері мен ғалымдар өмірінен дерек беретін материалдармен жарасымды толықтырылған. Бұл материалдар өлкеде жалғасып келе жатқан торғайлық жүйелі шығарм. мектептің айғағы болып табылады. Мұражай жұмысын ұйымдастырып, жинауға М.Дулатұлының қызы Гүлнар Дулатова мен жергілікті ұстаз, этнограф, ақын Ғазез қажы Әмірханұлы айтарлықтай еңбек сіңірген.

*К.Қошым-Ноғай*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МУЗЕЙ-ҮЙІ.** Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы тағылым үйінің калыптасу тарихы: құрылымы, дамуы, жүйе-

ленуі, зерттелуі» – ғыл. жинақ. Авторы – Р.Имаханбет. А.Байтұрсынұлы музей-үйінің 25 жылдығына арналған кітап Алматы қ. әкімдігі Мәдениет және мұрағаттар басқармасының қолдауымен шығарылған. А., «Өнер» баспасынан 2017 ж. жарық көрген. Көл. 288 бет. Таралымы 1000 дана. 32 жапсырма сурет берілген. Жинақ аңдатудан, 4 бөлімнен («Тарихы мен дамуы», «Экспонаттар залы», «Ахметтану дәрісханасы», «Қосымша деректер») және түйіннен тұрады. Ғыл.



жинақта А.Байтұрсынұлы музей-үйінің жалпы ахуалы, келелі мәселелері, ғалым мұрасының зерттелуі мұрағат деректері негізінде баяндалған. Жинақ танымдық-насихаттық мақсатта мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне, Жоғары оқу орындары оқытушылары мен студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, жалпы ұлттық руханиятқа қызығатын көпшілік қауымға арналған.

*С.Хасенов*

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЖАЙ-ҮЙІ** – қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, аудармашы, қазақ жазуы, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымын негіздеуші ғалым А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм. жолына арналған, мәдени-ғыл. мекенжай. Мұражай-үйі Алматы қ-ндағы Байтұрсынұлы мен Жамбыл көшелерінің қиылысында орналасқан. Алматы қалалық әкімдігі аппаратының 1993 жылғы 9 қыркүйектегі №360 шешімі бойынша ашылған. Ғалым бұл үйде 1934–36 ж. аралығында өз отбасымен тұрған. Мемл. деңгейде құрылған арнаулы комиссия шешімімен қазіргі Байтұрсынұлы көшесіндегі 60-үйде орналасқан мұражай бұрынғы калпына келтірілген. 1998 ж. Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына орай мұражай-үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, құрылымы,

## АХМЕТ

сәулеттік сыртқы пішіні, ауласы бұрынғы қалпын тапқан. Мұражай-үйдің бөлмелерінде орналастырылған заттардың көбісі жақын-туыс, жанашырларынан алынған. Онда ғалым өміріне байланысты мұрағаттық деректер, түрлі құжаттар, қолжазба мұралары, фотосуреттер, сирек кездесетін кітаптар қойылған. 1998 жылғы ғыл. тақырыптық көрмесінің жасақталуына А.Мектеп-тегі, Ғ.Әнес секілді ғалымдар ат салысқан. 2005 ж. қайта жасақталған мұражайдың «Ахмет Байтұрсынұлы музейі экспозициясының

және қызы Шолпанның «халық жауының» қызы ретінде қудаланып, соңыра ақталғаны жөнінде Қазақ КСР Жоғ. соты тарапынан берілген анықтамалардың телкөшірмелері қойылған. 2-зал «Қазақ санасының шамшырағы» деп аталады. Мұнда бала Ахметтен дана Ахметке қалай жеткені туралы деректі ақпараттар қамтылған. Бұл залдағы жәдігерлер негізінен мұрағаттық құжаттардан құралған. 3-зал «Саяси қуғын-сүргін құрбаны» деп аталады, мұнда тарихи тұлғаның қасақана қудалауға түскен күндері мұрағат



ғылыми тұжырымдамасы және тақырыптық жоспары» атты жобаның жетекшісі әрі авторы Р.Имаханбет. Мұражай-үйде өтетін ресми шараларға Алаш арыстарының ұрпақтары – Ахметтің жиені Айман Байсалова, жиеншары Меруерт Тыныбекова және т.б. туыстары құрметті қонақ ретінде қатысып, естеліктерімен бөлісіп отырады. Алаш қайраткерінің тұрмыс-тіршілігі мен шығарм-на байланысты жиһаз-бұйымдар мен құжаттардың бір тобы Торғайдағы мұражай-үйінде сақталған. Байтұрсынұлының немерелес інісі Самырат Мәшенұлы Кәкішев 1994 ж. 5 тамызда Байтұрсынұлы атынд. қоғамдық қор құрды. Қоғамдық қор 1994 ж. 25 қарашада ҚР-ның Әділет мин. Алматы қалалық Әділет басқармасында заңды тіркелген. Мұражай 1,5 қабатты ғимараттан тұрады. Онда төрт бөлме және бір бөлмеден тұратын жертөле бар. Жертөле – мұражай мен қоғамдық қор қызметкерлерінің кеңсесі. Үш бөлме – көрме залы, бір бөлме ахметтану дәрісханасы. 1-зал «Қайта оралу» деп аталады. Онда «Ұлттық рухтың ұлы тіні» деген атаумен тұлғаның әмбебап ғалым болғандығын көрсететін арнайы тақта орнатылған. Осы залда Байтұрсынұлын ақтау туралы, әйелі Бадрисафаның ақталғаны

материалдары бойынша топтастырылған деректер көзінен тұрады. Мұражай қорында ғалым өмірі мен шығарм-на қатысты 550-ге жуық деректі ресми құжаттар, 315-і мемл. мұрағаттан алынған телнұсқалық құжаттар, 12 жеке суреті, 27 ұжымдық деректі суреттері сақтаулы. Ғалымның туған күні 5 қыркүйекте «Тұлға тағылымына – тағзым» атты ахметтану оқулары жыл сайын өткізілетін дәстүрлі шараға айналған. 2012 ж. мұражай Жоғары оқу орындары қауымдастығы тағайындаған Ахмет Байтұрсынұлы атынд. орденмен марапатталған.

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЖАЙҮЙІ** – А.Байтұрсынұлы атынд. мәдени-ғыл. мекенжай. Мұражай 1998 ж. Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына орай ашылған. Алғашында Қостанай мемл. ун-тінің бас ғимаратында орналасты. 2010 ж. 15 сәуірде мұражай жеке ғимаратқа көшіріледі. Бұл ғимарат 1910 ж. салынған. 2010 ж. тарихи ғимарат атауы берілген. 2003 ж. ғалымның таланты мен қызметінен хабар беретін 1500 экспонат қоры болды. Мұражай бірнеше бөлімнен тұрады. Оның бірі – Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолына арналған. Мұнда Торғай жеріндегі Ақкөл көлі, Сарытүбек а.

бейнеленген. Ахмет туған үйдің орнынан алынған қасиетті топырағы, сол жерде өсетін жусан өсімдігі, қыстау орнынан табылған қысқыш және бала бәла ерінің үзеңгісі қойылған. Құнды жәдігерлердің бірі – Ахаңның күміс жалатылған сүйеніш таяғы. «Маса» жинағының түпнұсқасы, Орынборда 1913 ж. жарық көрген «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі бар. Байтұрсынұлының суреті бейнеленген «Жыл адамы» атты медальды лайықтыларға табыстау жолға қойылған. Ол «Абылай хан» халықар. қоры, «Алтын адам» қоры құрған қоғамдық кеңестің шешімімен бекітіледі. Ғимаратқа Әділ Шотаев жасаған Байтұрсынұлының мүсіні қойылған. Мұражайда Ахметтану сабақтарын өткізуге арналған арнайы дәрісхана қарастырылып, оқыту бағдарламасы енгізілген.

*К.Қошым-Нозай*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАСЫ: ЗЕРТТЕУ, ЖҮЙЕЛЕУ, НАСИХАТТАУ»** – жинақ. Жалпы редакциясын басқарған – Е.Қажыбек, Ж.Сейдуманов. Жауапты редактор – О.Жұбаева. Жауапты шығарушылар – А.Шормақова, Ә.Әбсаттар. А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты, ҚР Ұлттық кітапханасы ұсынған. А., «Елтаным» баспасынан 2017 ж. жарық көрген. Көл. 392 бет. Таралымы 100 дана. Жинақ Қажыбектің алғы сөзінен, «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының негізін қалаушы» және «Қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты екі бөлімнен тұрады. Жинаққа А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм-на арналған «А.Б.М.: з., ж. н.» атты халықар. ғыл.-теор. конференция материалдары енгізілген. 135 ғалымның қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазған ғыл.-зерт. мақалалары қамтылған. Оның ішінде 1-бөлімде 55 ғалымның Байтұрсынұлының ғыл. мұрасы жайында мақалалар жарияланған. Кітап қазақ тіл білімінің тарихы, алаштану, ахметтану, қазақ тілі мен әдебиеті мәселелерін зерделеп жүрген мамандарға, филология ф-ттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА АРНАЛҒАН САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМДАР** – ұлт тарихының көркем шежіресін жасаудағы қаламгерлердің шығармалары. Ел өмірінен үлкен орын алатын айтулы тақырыптың бірі – алаш қайраткерлерінің өмір жолы. Сталиндік репрессияның құрбаны болған алаш арыстары туралы шағын жанрлардан бастап, кең құлашты эпик. туындылар жазылуда. Боздақтардың қилы тағдыры туралы бірнеше драм. шығармалар жазылып, көптеген деректі фильмдер түсірілді. Алаш арыстарының қасіреттерін арқау еткен драм. шығармалар қатарында Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай»,

«Нарком Жүргенов», Е.Төлеубайдың «Міржақып», «Әли-Хан», «Жүсіпбек Аймауытов», «Мағжан», «Мәриям – Ілияс», «Ташенов», «Ыбырай», Д.Исабекұлының «Әлдиле өмір, әлдиле», Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», Ж.Бөдешұлының «Шерата және шынбала» (Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» шығармасы бойынша жазылған), Д.Нұрмұхамедовтың «Сен ертең атыласың!», И.Оразбаевтың «Киелі күнә», Ә.Ахметтің «Азаппен өткен өмір-ай!», Л.Фефелова мен Қ.Сейдахметтің «Ақ келін», А.Тасымбековтің шығармасының негізінде жазылған Б.Атабаевтың «Кебенек киген арулар», М.Ибраевтың «Шәкәрім» («Қастандық»), Ә.Рахимовтың «Шәкәрім», М.Қожахметованың «Азат алаш – даңқты алаш», М.Омарованың «Ақтастағы Ахико», т.б. бар. Аталған шығармалардың бірсыпырасына жекелеген қайраткерлердің өмір жолы арқау болса, енді бірпарасы дәуір шындығына негізделді. Сталиндік репрессияның қазақ ұлтына алып келген зардаптарын авторлар жекелеген қайраткерлердің қилы тағдырларымен шынайы бейнеледі. Аталған туындылардың ішінде Нұрмұхамедовтың «Сен ертең атыласың!», Оразбаевтың «Киелі күнә», Ахметтің «Азаппен өткен өмір-ай!», Фефелова мен Сейдахметтің «Ақ келін» пьесаларына Ахмет Байтұрсынұлы мен оның жары Бадрисафаның өмір белестері арқау болған. Ахмет бейнесі драм. туындылармен бірге деректі фильмдерде де біршама сомдалды. «Алашорда» (Сценарий авторы: Болат Мүрсәлім, 2009), «Алаш алыптары» (Жоба жетекшісі: Нұржан Мұхамеджанов, 2012), «Великие тайны великих людей» (Сценарий авторлары: Светлана Велитченко, Георгий Ковалев, 2013), «Тұңғыштар» жобасы аясында түсірілген «Ұлттың ұлы ұстазы» (2014), «Өмір жолы» (Авторы: Ербол Мәндібек, Сәкен Нөгербек, 2015), т.б. деректі фильмдер қайраткер ғалымның рухына арналған. Аталған фильмдердің негізгі кейіпкері бір болғанымен олар бірін-бірі қайталамайды, керісінше бірін-бірі толықтыруға қызмет етеді. Мұның өзі ұлт тарихынан үлкен орын алатын қайраткерлердің өмірі мен қоғамдық қызметі бірнеше туындыларға жүк болатындығын аңғартады. Бұл фильмдерге ортақ ұқсастық – Байтұрсынұлы өміріне қатысты мұрағат құжаттарының сөйлеуі және алаштанушы ғалымдардың сұхбат беруі. Деректі фильмдерден авторлар қауымы қалам және қоғам қайраткерінің өмірі мен қоғамдық қызметіне қатысты негізгі деген тарихи деректерді аз уақытқа сыйғызуды көздегені байқалады.

*Г.Орда, Р.Имаханбет*

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА ҚОЙЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ БЕЛГІ** – архит. өнер туындысы.

## АХМЕТ

Қостанай обл. Жангелдин ауд-ндағы Ақкөл мен Қарасу елдімекендерінің ортасында орнатылған. Бұл ескерткіш белгі 1998 ж. тұрғызылған. Жоба авторы әрі орнатушы – Ахметтің жиені Нұр-

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫНДАҒЫ» СӨЗ ӨНЕРІ МЕН ПОЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ» – ғыл.-зерт. еңбек, А.Ойсылбайдың кандидаттық дис-



мұхаммед Тоқтасынұлы. Күйдірілген кірпіштен салынған архит. құрылыстың жоғ. жағы сүйірленіп, трапеция пішіндес болып келеді.

*К.Қошым-Ноғай*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫ» ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КОНТЕКСТІНДЕ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Ұ.Еркінбаевтың кандидаттық диссертациясы. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында 2007 ж. қорғалған. Ғыл. жетекшілері – А.Ісімақова, И.В.Силантьев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен («Сөз өнерінің ерекшелігі», «Шығарма сөз жүйесіндегі стилистикалық айшықтар тілі», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің» трактовкасы), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Диссертацияда 20 ғ-дың басындағы «Әдебиет танытқышпен кезеңдес теор. еңбектер молынан қамтылып, сол кезеңдегі теор. көзқарастың жүйесі айқындалған. «Әдебиет танытқышта» келтірілген теор. пікірлер мен тұжырымдар, әдістемелік тұрғыдан алғанда А.Байтұрсынұлы ұстанымына жақын орыс әдебиеттануындағы белгілі теоретик ғалымдар Б.В.Томашевский, В.М.Жирмунский, Ю.Н.Тынянов, Г.О.Винокур, т.б. еңбектерімен салыстырылған. Сол арқылы Байтұрсынұлы мен аталмыш ғалымдардың теор. поэтика мен лингвист. поэтиканың аражігіне қатысты ұстанымдары айқындалған. Сонымен қатар көркем сөздің табиғатына қатысты Байтұрсынұлы тұжырымдарының өзектілігі дәлелденген. Көл. 125 бет.

сертациясы. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында 2010 ж. қорғалған. Ғыл. жетекшілері – З.Ахметов, А.Ісімақова. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен «Әдебиет танытқыш» және сөз өнері мәселелері», «Әдебиет танытқыштағы» кара сөз бен дарынды сөз жүйесі», «Әдебиет танытқыштағы «пән сөздер» жүйесі»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. 1-бөлімде өнер түрлерінен бастап, сөз өнерінің ішкі заңдылықтары жан-жақты талданған. Әдебиеттің, сөз өнерінің сапалылығына, түр-түрлеріне, жанрларына, сөз кестесіне, тіл бейнелілігіне, баяндау, суреттеу тәсілдеріне, стильдік ерекшеліктерге, өлең құрылысына қатысты көптеген ұғымдар мен пән сөздер нақтылы сараланып, жіктеліп көрсетілген. 2-бөлімде асыл сөз өнерінің қисын-қағидалары, әдеби үрдістегі әдістер, сөз өнеріндегі стиль, жанр, композиция және т.б. мәселелер әлемдік және орыс әдебиеттануы контекстінде жан-жақты талданған. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» Ханна әл-Фахури, Н.Буало, Д.М.Овсянко-Куликовский, Б.М.Томашевский, А.А.Потебня, В.М.Жирмунский, Б.М.Эйхенбаум, Р.Якобсон, М.М.Бахтин және т.б. теоретиктердің еңбектеріндегі әдебиет, әдеби стиль турасындағы ой-тұжырымдарымен салыстырыла қарастырылған. 3-бөлімде Ахметтің тіл білімі, қазақ әдебиеті теориясы саласында негізін қалаған «пән сөздерінің» қатары талданған. Көл. 126 бет.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ. ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА»** – кітап. Ав-

торлары А.Әбсадықов, Н.Исина. Қостанай мемл. ун-ті 2003 ж. қазақ және орыс тілдерінде шығарған. Көл. 114 бет. Таралымы 300 дана. Кітап А.Байтұрсынұлының шығарм-на арналған. Еңбекте авторлардың «Ағартушылық қызметпен айшықталған ғұмыр», «А.Байтұрсынұлы һәм Алаш зиялыларының фольклортану ісіне қосқан үлестері», «А.Байтұрсынұлы – ауыз әдебиеті үлгілерін жариялаушы баспагер», «А.Байтұрсынұлы және қазақ фольклоры теориясы», «Поэтический мир А.Байтұрсынова», «Художественные переводы поэта», «Научное наследие А.Байтұрсынова» атты ғыл. мақалалары берілген. Кітап соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетіліп, ун-ттің тыныс-тіршілігін айшықтайтын 39 фотосурет жарияланған.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, А.Қыдыршаевтың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰПУ-да 1995 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Н.Оралбаева. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («А.Байтұрсынұлы әліппе, оқулықтарының әдістемелік негізі», «А.Байтұрсынұлының ғылыми әдістемелік еңбектері»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияда А.Байтұрсынұлының қазақ халқының тарихында қазақ тілін оқыту әдістемесінің түрлі мәселелері туралы алғаш рет ғыл. еңбектер жазып, әдістемелік пікірлерін, тұжырымдарын әліппе, оқулықтар жазуда, тәжірибеде қолданған ғалым екені жан-жақты нақтылы деректермен, сондай-ақ оның қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған тұңғыш әдіскер ғалым екендігі дәлелденген. Зерттеу жұмысында Байтұрсынұлының әдістемелік теор. қағидаларының өз заманында ғана жаңалық болып қалмай, қазіргі кезде де құндылығын сақтағаны анықталған. Көл. 196 бет.

*С.Арғынғазин*

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ БҮКІЛ-ОДАҚТЫҚ ТҮРКОЛОГИЯ ҚҰРЫЛТАЙЫНДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ДАМУ ТҰРАЛЫ БАЯНДАМАСЫ.** А.Байтұрсынұлы мен Елдес Омаров – 20 ғ-дың басындағы қазақ терминологиясын дамытудың бағыт-бағдарын айқындап, ұлттық терминдер қалыптастырудың тұңғыш ғыл. қағидаларын белгілеушілер. 1924 ж. маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда терминологияны қалыптастырудың қағидалары съезд қаулысымен ресми бекітілді. Съезде аталған қағидаларды қатысушыларға таныстырып, «Қазақша пән сөздер» атты баяндама жасаған Омаров болды. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 ж. 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Бакуде өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркі құрылтайында» жасаған баяндамасында

Байтұрсынұлы құрылтайға қатысушыларға осы қағидаларды таныстыра отырып, өзге түркітілдес халықтарға да ғыл. терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жасаған осы қағидаларды басшылыққа алуға ұсынды. Бұл жерде Байтұрсынұлының терминологияны дамытудағы жетекшілік қызметінің тағы бір қыры көрініс береді. Ол – ғалымның тек қазақ терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын айқындаумен ғана шектелмегендігі. Байтұрсынұлы – қазақ білімпаздарының құрылтайында ресми бекітілген терминология қағидаларын бүкіл түркі халықтары басшылыққа алуын ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиясының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым. Бүкілодақтық түркология құрылтайындағы Байтұрсынұлы баяндамасында ұсынылған қағидалар мыналар: А) Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек. Қай жерде және кім бастырып шығарса да, баспа өнімдері, газет-журналдар, кітапшалар пайда әкелуі үшін, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға тиіс. Сонда азғана пайызды құрайтын сауаттылар көптеген сауаты жоқтарға қызмет көрсете алады. Б) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу. Олай етуіміздің себебі: 1) туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да, олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де, айқанда да бөтен болып сезілмейді; 2) түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола да береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімесе де, өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін. В) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек. Оларды алмастыруға болатын қазақ сөздері болған жағдайда таңдауды қоғамның өзі жасауы үшін, екеуі де қатар алынуға тиіс. Жаппай қолданылатын деп біз араб сөздерін емес, қазіргі кең тараған еуропа сөздерін айтып отырмыз. Араб сөздеріне қарағанда оларға басымдық беріп отырумыздың себебі біз қазір араб емес, еуропа мәдениетіне ден қойып отырмыз. Еуропа мәдениетінің барлық жетістіктері тұтастай еуропа тілдерінде атала алады. Алайда кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыптасу артықшылығынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл

міндетті түрде солай болуы қажет. Г) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тідердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек. Бұл дегеніміз, біріншіден, құрамында қазақ тіліне жат дыбыстары бар барлық сөздердің тиісті төл дыбыстарымызбен алмастырылады; екіншіден, кірме сөздердің жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен алмастырылады; үшіншіден, қосарлы дыбыстардың біреуі ғана қабылданады; төртіншіден, қазақ тіліне жат қосымшалар Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау, т.б. сияқты тілге қажетті талап шеңберінде өзгертілуге тиіс» (Байтұрсынұлының баяндамасынан). Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ қағидаттар ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара тілдік, ғыл. және рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады. Сонымен қатар бұл Байтұрсынұлы бастаған қазақ оқығандарының өткен жиырмасыншы ғасырдың басындағы ғылым мен ағартушылық саласындағы жетекшілік рөлін, ұлттық және жалпYTүркілік терминқор жасау мәселелеріндегі озық ойларын, түркітанудағы ілгерішіл идеяларын көрсетеді.

### Ш. Құрманбайұлы

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӨМІР-БАЯНЫ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (МҰРАҒАТ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)»** – ғыл.-зерт. еңбек, Р.Имаханбетованың кандидаттық диссертациясы. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында 2006 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – А.Ісімақова. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 бөлімнен («Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырнаамасы және Ахметтану мәселесі», «Ғалымның ғылыми шығармашылық мұрасы»), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертац. жұмыста әдебиет, әдебиеттану, тілтану, білім беру салаларына, 1913–30 жылдар аралығында жалпы қазақ руханиятына басшы болған А.Байтұрсынұлы сынды тарихи тұлғаның ғұмырнаамасы мен оның қазақ әлеуметі үшін көтерген түрлі саладағы еңбектері мұрағат құжаттары негізінде зерттелген. Байтұрсынұлының қазақ тілі туралы басты ұғым атаулары мен тұжырымдары (категориялары), әдебиеттанудағы қағидалары мен қисындары, көсемсөздегі шеберлігі, оқу-ағарту саласындағы ғыл. еңбектері жарық көрген жылдарына сәйкес топтастырылған. Көл. 130 бет.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ»** – жинақ. Жалпы редакциясын басқарған – С.Әбдіманапов. Аст., Еуразия ұлттық ун-ті баспасы-

нан 2006 ж. жарық көрген. Көл. 354 бет. Таралымы 500 дана. Жинақ «Пленарлық мәжілістен», «А.Байтұрсынұлы және тіл білімінің мәселелері», «А.Байтұрсынұлы және қазақ әдебиетінің мәселелері», «А.Байтұрсынұлы және ұлттық тарих, педагогика, әдістеме мәселелері» атты 3 секция жұмысынан тұрады. Жинаққа 2006 ж. 30–31 наурыз аралығында Еуразия ұлттық ун-тінде өткен А.Байтұрсынұлы мұраларын ғыл. тұрғыдан зерделеген респ. 1-ғыл.-теор. конференцияның материалдары (73 ғалымның баяндамалары) енгізілген.

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ». АЛАШ КҮНДЫЛЫҚТАРЫ: ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ** – жинақ. Жалпы редакциясын басқарған – С.Әбдіманапов. Еуразия ұлттық ун-тінің Алаш мәдениет және рухани даму ин-ты дайындаған. Аст., Еуразия ұлттық ун-тінің баспасынан 2007 ж. жарық көрген. 1-бөлім, көл. 180 бет, 2-бөлім, көл. 238 бет. Таралымдары 500 дана. Жинақ пленарлық мәжілістен (8 баяндама) және 3 секция («А.Байтұрсынұлы және тіл білімінің мәселелері» (23 баяндама), «А.Байтұрсынұлы және қазақ әдебиетінің мәселелері» (25 баяндама), «А.Байтұрсынұлы және ұлттық тарих, педагогика, өнертану мәселелері» (19 баяндама) жұмысынан тұрады. Жинаққа 2007 ж. 7–8 қарашада Еуразия ұлттық ун-тінде өткен Алаш зиялыларының мұрасын және отандық ғылымның бүгінгі



мен болашағын саралауға арналған халықар. 2-ғыл.-теор. конференция материалдар (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) енген. Ғыл. жиын тарихи Алаш Орда үкіметі мен Түркістан автономиясының 90 жылдығына арналған.

### С.Арғынбаев

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ І ҒЫЛЫМИ-**

**ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ** – жинақ. Жалпы редакциясын басқарған – С.Әбдіманапов. Еуразия ұлттық ун-ті ұсынған. Аст., Еуразия ұлттық ун-ті баспасынан 2006 ж. жарық көрген. Көл. 354 бет. Жинақ пленарлық мәжілістен (5 баяндама), 3 секция («А.Байтұрсынұлы және тіл білімінің мәселелері» (21 баяндама), «А.Байтұрсынұлы және қазақ әдебиетінің мәселелері» (27 баяндама), «А.Байтұрсынұлы және ұлттық тарих, педагогика, әдістеме мәселелері» (17 баяндама) жұмысынан тұрады. Жинаққа 2006 ж. 30–31 наурызда Еуразия ұлттық ун-тінде өткен А.Байтұрсынұлы мұраларын ғыл. тұрғыдан зерделеген респ. 1-ғыл.-теор. конференцияның материалдары (қазақ, орыс тілдерінде) енген.



«А.Байтұрсынұлы және қазақ әдебиетінің мәселелері» (27 баяндама), «А.Байтұрсынұлы және ұлттық тарих, педагогика, әдістеме мәселелері» (17 баяндама) жұмысынан тұрады. Жинаққа 2006 ж. 30–31 наурызда Еуразия ұлттық ун-тінде өткен А.Байтұрсынұлы мұраларын ғыл. тұрғыдан зерделеген респ. 1-ғыл.-теор. конференцияның материалдары (қазақ, орыс тілдерінде) енген.

*С.Хасенов*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНЕ ТІЛДІК ЖӘНЕ СТИЛЬДІК ТАЛДАУ»** (Ahmet Baytursynuly Şiirleri Üzerinde Dil ve Üslup İncelenmesi) – кітап. Авторы – филол. ғыл. докт., проф. Нергиз Бирай. 2011 ж. Стамбұл қ-ндағы «Bilgemguz» баспасынан жарық көрген. Кітапта А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм., қайраткерлігі туралы да баяндалған. Еңбек бірнеше тараудан тұрады. Кіріспе бөлімінде 20 ғ. басындағы қазақтардың жайы мен қазақ әдебиеті мәселелеріне тоқталған. Бірінші тарауда Байтұрсынұлының өмірбаяны, мәдени және әдеби шығарм., жеке шығармалары туралы деректер берілген. Екінші тарауда ақынның өлеңдері тақырыптық мазмұнына қарай тармақталады: бірінші тараушада ақынның өзі туралы жазған өлеңдері, екінші тараушада адами құндылықтар мен кемшіліктер мәселесі, үшінші тараушада да әлеум. мәселелер төңірегінде жазылған өлеңдері келтіріледі де, сол өлеңдерге әдеби тал-

дау жүргізіліп, мысалдармен нақтыланып отырады. Үшінші тарау ғалымның өлеңдерінің құрылымын талдауға арналады, төртінші тарауда ақын шығармалары тілдік және стильдік тұрғыдан сараланып, зерделенген. Еңбектің соңында Байтұрсынұлы өлеңдері мен аударма шығармалары латын жазуымен қазақ тілінде беріліп, олардың түрікше аудармасы да ұсынылған.

*Қ.Кенжалин*

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ САЯБАҒЫ** – Алматы қ-ндағы ғалым атымен аталатын көшенің бойында орналасқан көрікті мекен. Саябаққа қайраткердің 125 жылдық мерейтойына орай 2012 жылғы 5 қыркүйекте жасыл мрамордан кітап пішінді белгі тас қойылған. Белгінің биікт. 130 см, ені 160 см. Жамбыл мен Қабанбай батыр көшелерінің аралығында жатыр. Жоба авторы – Райхан Имаханбет. Демеуші – Ахмет Байтұрсынұлы атынд. қоғамдық қордың төрағасы



Байтұрсынов Серік Самыратұлы. Табиғаты әсем калаға көрік бере түсетін саябақ көпшіліктің серуендеп, демалатын орнына айналған.


*К.Қошым-Нозай*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШІІРЛЕРІ ҮЗЕРІН – DE DİL VE ÜSLUP İNCELENMESİ (АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНЕ ТІЛДІК ЖӘНЕ СТИЛЬДІК ТАЛДАУ)»** – кітап. Авторы – түрік ғалымы Н.Бирай. Стамбұл, «Bilgemguz» баспасынан 2011 ж. түрік тілінде жарық көрген. Кітапта А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм. қайраткерлігі туралы баяндалған. Еңбек бірнеше тараудан тұрады. Кіріспеді 20 ғ-дың басындағы қазақтардың жайы мен қазақ әдебиеті мәселелеріне тоқталған. 1-тарауда Байтұрсынұлының өмірбаяны, мәдени және әдеби шығарм., жеке шығармалары туралы деректер берілген. 2-тарауда ақынның өлеңдері тақырыптық мазмұнына қарай тармақталады: 1-тараушада ақынның өзі туралы жазған өлеңдері, 2-тараушада адами құндылықтар мен кемшіліктер мәселесі, 3-тараушада әлеум. мәселелер төңірегінде жазыл-



## АХМЕТ

ған өлеңдері келтіріледі де, сол өлеңдерге әдеби талдау жүргізіліп, мысалдармен нақтыланып отырады. Еңбектің 3-тарауы Байтұрсынұлы өлеңдерінің құрылымын талдауға арналған. 4-тарауда ақын шығармалары тілдік және стильдік



тұрғыдан сараланып, зерделенген. Еңбектің соңында Байтұрсынұлы өлеңдері мен аударма шығармалары латын жазуымен қазақ тілінде беріліп, олардың түрікше аудармасы да ұсынылған.

*С.Арғынгазин*

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. ШЫҒАРМАЛАРЫ»** – кітап. Құрастырушы – Е.Манашев. А., «Өлке» баспасынан «Жасөспірімдер кітапханасы» сериясы бойынша 2013 ж. жарыққа шыққан. Көл. 240 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітапқа Байтұрсынұлының өзекжарды өлеңдері, мақалалары және аударма мысалдары енгізілген. Сонымен қатар Р.Сыздықова, Р.Нұрғалиев, С.Кәкішев сынды зиялы қауымның Ахмет өмірі жайында жазылған зерттеулері мен естелігі топтастырылған. Кітап мектеп, лицей оқушыларына, орта және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

**АХМЕТОВ** Зәки (4.5.1928, Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд. Ұзынбұлақ а. – 17.12.2002, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1965), проф. (1966). Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1978). ҚазҰУ-ды (1948), КСРО ҒА-ның Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Шығыстану ин-тының аспирантурасын (1951) бітірген. ҚазМҚПУ-да кафедра меңгерушісі, декан (1951–75), Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында директордың орынбасары, директор, Қазақстан ҒА-ның акад.-хатшысы (1975–84), вице-президенті (1984–86), Әдебиет және өнер ин-тының бөлім меңгерушісі (1986–2002) қызметтерін атқарған. Зерттеулері қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Ғыл.-зерт. еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы мәселе-

леріне, қазіргі әдебиеттанудағы дәстүр мен жаңашылдық, көркемдік шеберлік, поэтика, әдеби байланыстар проблемаларына арналған. Қазақ өлеңінің өзгешеліктері мен құрылымын зерттеудің ғыл. жүйесін жасады. Абайтану, әуезовтану мәселелерін текстол., тарихилық қырынан зерттеген іргелі ғыл. монографиялар жазды. Абайдың толық шығармалар жинағы басылымдарын (1954, 1957, 1970, 1995) дайындап, құрастырушылардың және түсініктеме ав-



*З.Ахметов*

торларының бірі болды. А. редакциясымен «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» жарық көрді (1996). Осы еңбегінде А.Байтұрсынұлына қатысты анықтамалық шолу жасаған. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (1980), Абайдың шығарм. мұрасын зерттеу және «Абай» энциклопедиясындағы мақалалары үшін 1996 ж. А-ке ҚР Мемл. сыйлықтары берілді. «Өлең сөздің теориясы» аталатын монографиясы 1992 ж. Қытайда жарық көрді. Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты болып сайланған (1985).

**АХМЕТОВ** Қадыр Әбілжанұлы (31.1.1953 ж.т., Солт. Қазақстан обл. қазіргі Шал ақын ауд. Социал а.) – тарих ғыл. докт. (2003), проф. (2006), Қазақ білім академиясының корр. мүшесі (2005). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. ҚазҰУ-ды және аспирантурасын (1986) бітірген. Целиноград инж.-құрылыс ин-тында оқытушы, аға оқытушы (1976–91), ҚазҰПУ-да доцент (1991–96), Еуразия ұлттық ун-тінде декан (1996–99), аға ғыл. қызметкер (1999–2002), кафедра меңгерушісі (2003) болған. 2004 жылдан проректор. «20 ғасырдың 20–30-жылдарындағы «Қазақстан мәдениеті («мәдени революциясының» концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. А-тің зерттеулері мәдениет, ұлт зиялыларының, оның ішінде А.Байтұрсынұлының өмірлік тарихы, Алаш тарихнамасы мен отан тарихының келелі мәселелеріне арналған. 80-нен астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 монографияның авторы. Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы PhD докторы ғыл. дәрежесін алу жөніндегі диссертация

кеңестің, Астана к. ономаст. комиссиясының мүшесі. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, «10 жыл Астана», «Қазақстан Республикасының



Қ.Ахметов

Тәуелсіздігіне 20 жыл», А.Байтұрсынұлы медальдарымен марапатталған. Солт. Қазақстан обл. Шал ақын ауд-ның құрметті азаматы.

«АХМЕТ ӨСКЕН АҚЫНДЫҚ ОРТА» – көмекші оқу құралы. Авторы – С.Оспанов. Қостанай, «Шапақ» баспасынан 2004 ж. жарық көрген. Көл. 204 бет. Таралымы 12000 дана. Кітапта А.Байтұрсынұлының ақын болып қалыптасуына игі әсерін тигізген аға ұрпақ өкілдері және ақын Ахметтің ықпалы тиген кейінгі буын туралы сөз болады. Автор Торғай ақындық мектебі өкілдерінің жалпы ерекшеліктері мен нәзік иірімдеріне өзіндік сараптаулар жасайды.

**АХМЕТТАНУ** – А.Байтұрсынұлының өмірі, қоғамдық қызметі және шығарм. туралы жазылған ғыл. еңбектердің жиынтығын құрайтын ілім. Байтұрсынұлының күрескерлік қызметі мен шығарм-н тілтану, әдебиеттану, қоғамтану, әлеуметтану, саясаттану, педагогика, әдістеме салалары бойынша қарастырып, мұрасын ғыл. мазмұнда зерттейді. Сондықтан ол көптеген ғылымдардың қорытындыларын және тұжырымдарын біріктіреді. А. ілімі 20 ғ-дың басынан қалыптасты. Осы кезеңде қазақ баспасөзінде Байтұрсынұлының «Қазақ» газетін шығарып тұруына байланысты күрескерлік тұлғасына қатысты және көркем шығармалары мен аудармалары туралы алғашқы ой-пікірлер айтыла бастады. Сөйтіп, Байтұрсынұлы Алаш қайраткерлері ішінде көзі тірісінде-ақ қазақ халқының рухани көсемі ретінде бүкіл түркітану әлемінде мойындалған тұлғаға айналды. 1923 ж. қайраткердің 50 жасқа толған мерейтойының өткізілуі – әдебиет пен мәдениетімізге сіңірген еңбегін жалпы халықтың бағалауы болған еді. Осыған орай, халқымыздың біртуар ұлдары М.Дулатов, С.Сейфуллин, М.Өуезов, Е.Омаров, С.Сәдуақасұлы, Т.Шонанұлының, орыс түркітанушылары Е.Поливанов пен А.Са-

мойловичтің Байтұрсынұлының көпқырлы еңбегін жан-жақты бағалаған мақалалары мен зерттеулері ахметтану ілімінің алғашқы іргетасын қалады. Алайда Ахаңның өзі де, жаңа қалыптасып келе жатқан А. ілімі де сталиндік саясаттың құрбаны болды. Сол себептен кеңестік дәуірдегі ұлттық ғылымда барша Алаштану саласындағы зерттеулер сияқты А. ілімі де дағдарысқа ұшырады. Соған карамастан, Байтұрсынұлының тарихтағы орны мен ұшан-теңіз еңбегі елеусіз қалған жоқ. Шетелдік ғалымдар оның ғыл. еңбектеріне айрықша көңіл аударды. 1967 ж. Нью-Йоркте орыс тілінде «Орталық Азия орыс билігі ғасырында» деген ұжымдық ғыл.-зерт. еңбек жарық көрді. Колумбия ун-тінің проф-лары Эдвард Олуорд, Ян Муррей Мэтли, Карл Х.Мэнгес өз шәкірттерімен бірлесіп жазған ғыл. еңбек Орт. Азия халықтары мен қазақ халқының экон., саяси, мәдени даму жолдарына арналды. Онда Байтұрсынұлының саясат, мәдениет, әдебиет саласындағы ерлік істері ерекше бағаланды. 1985 ж. Оксфордта «Казахи о русских до 1917 года» атты кітап жарық көрді. Бұл еңбекте Алаш қайраткерлерінің ғұмырнамалары жинақталған. Оған М.Дулатовтың Байтұрсынұлы туралы өмірбаяндық очеркі енгізілген. 20 ғ-дың соңғы ширегінде отандық әдебиеттануда кеңестік әміршіл-әкімшіл саяси идеологияның зардабын шеккен ұлттық құндылықтарды жаңаша бағалауға жол ашылды. Оған Қазақстан КП ОК-нің 1989 жылғы «Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсынұлының және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» және «Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 1930–40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған идеологиялық қаулы-қарарлардың күшін жою» туралы қаулыларындағы шешім әсер етті. Осыдан бастап Байтұрсынұлың сан салалы ғыл. және әдеби мұрасын тарихи тұрғыда әділ бағалау мен зерттеу қолға алынып, қайта жанданды. Атап айтқанда, Ө.Шәріпов, С.Дәуітов құрастыруымен шығармалар жинағы (1989), Р.Нұрғалиев алғы сөз жазып, құрастыруымен «Ақ жол» (1991) кітабы басылса, Р.Сыздықтың «Ахмет Байтұрсынұлы» (1990), Р.Нұрғалиевтың «Ахмет Байтұрсынұлы» (1991) кітапшалары жарық көрді. 1990 ж. шілде айында Байтұрсынұлының шығарм-на арналған респ. ғыл. конференция өткізіліп, онда ахметтану ілімінің келелі мәселелері талқыға түсті. Ғалымдар С.Қирабаев, Сыздық, З.Қабдолов, Ж.Ысмағұлов, т.б. баяндама жасады. 1990 ж. Байтұрсынұлының ғұмынамасы, шығарм., әдеби мұрасы туралы Нұрғалиев, Ш.Сәтбаева, Қирабаев, Ысмағұлов, Ж.Бектұров, Ғ.Ахмедов, З.Ақышев, Т.Қордабаев, Сыздық, Ө.Қайдаров, Д.Досжанов, М.Бурабаев, А.Мектеп-тегі, Ғ.Әнес,

Б.Қойшыбаев, Б.Байғалиев, С.Негимов секілді ғалымдардың мақалалары жарияланды. Мыс., Нұрғалиев «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым ...» деген сындарлы пікір білдіріп, алып тұлғаның қоғамдық қызметін, әдеби мұрасын, ғыл. зерттеулерінің ұлттық әдебиеттанудағы құндылығын қарастырды. Бұлар А. ілімінің нығая түсуіне үлес болып қосылған зерттеулер дәрежесінде танылды. 21 ғ. басында А. ілімі қоғам қайраткерінің және ғұлама ғалымның тұлғасы туралы тың зерттеулермен толықты. Тарих ғылымы бойынша М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Ахмедов, Б.Аяған, С.Ақкүлді, тіл білімі саласында Сыздық, Ш.Сарыбаев, Ө.Айтбаев, Ж.Жақыпов, Ш.Мәжітаева Ш.Жалмаханов, шетелдік ғалым Абдулфатих Сабри Юнус, т.б. ғалымдар зерттеулер жүргізді. А. ілімінің қарыштай дамуы әдебиеттану ғылымы саласында айрықша танылды. Т.Кәкішов, Т.Кожакеев, Сәтбаева, С.Қасқабасов, Т.Жұртбай, Д.Ысқақұлы, А.Ісімақова, Ө.Әбдиманұлы, Д.Қамзабеков, Р.Имаханбет, О.Жұбаева, Ж.Смағұлов, Е.Тілешов, С.Жұмағұлов, А.Шаяхмет, т.б. көптеген әдебиеттанушылар ғалым мұрасын жан-жақты зерделеді. Алаш әдебиеттануы бүгінгі тәуелсіз ғылым арнасына қайта оралуы арқылы қазіргі зерттеулерден әділдік пен шындықты, тарихилық пен тағылымды талап етіп отыр. А. саласындағы үлкен бір жұмыс оның көптомдық еңбегін жинақтау, жариялау болды. Мыс., 2003 ж. «Алаш» баспасынан шыққан бес томдық шығармалар жинағына Байтұрсынұлының өлеңдері, ғыл.-әдеби зерттеулері енгізілген. Кейіннен алты томдық болып 2013 ж. «Ел-шежіре» баспасынан шыққан шығармалар жинағына Байтұрсынұлының бұрынғы жинақтарға енген мақалалары, ресми құжаттары, эпистолярлық мұрасы, сондай-ақ ғұлама туралы замандастарының лебізі, Байтұрсынұлы есімі ақталғаннан кейінгі жазылған танымдық және ғыл.-зерт. мақалалар топтастырылды. Сондай еңбектердің тағы бірі – ғалымның 125 жылдығына арналған ғыл.-теор. конференция материалдарының жинағы. Бұл кітап 1998 ж. «Елорда» баспасынан шықты. Ал 1999 ж. «Ғылым» баспасынан шыққан «Ұлттық рухтың ұлы тіні» атты ғыл. мақалалар жинағында Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына орай ұйымдастырылып, отандық және шет ел ғалымдарының қатысуымен өткен халықар. симпозиум мен конференциялардың, сондай-ақ А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білім ин-ты жанындағы «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімі» тұрақты ғыл. теор. семинардың материалдары, әр кезде түрлі ғыл., энциклопед., библиогр. басылымдарда жарияланған мақалалар мен материалдар қамтылған. 2012 ж. жарық көр-

ген «Қайраткер аманаты және ұлт мұраты» жинағына Байтұрсынұлы өмірі мен шығарм-на қатысты ғыл. мақалалар енгізілген. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеушісі, туркітанушы, акын, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм-на бағытталған бұл ілім оның өмірбаянына қатысты деректердің толығына, нақтылануына және шығарм-н зерттеудің шеңбері кеңеюіне байланысты үнемі толықтырылып келеді.

*Ж.Смағұлов*

«АХМЕТТАНУ» – оқу құралы. Авторы – Ө.Әбдиманұлы. ҚазҰУ ұсынған. А., «Қазақ университеті» баспасынан 2015 ж. жарық көрген. Көл. 273 бет. Таралымы 500 дана. Оқу құралы кіріспеден, 5 тараудан («Ұлт азаттығын ұлықтаған тұлға», «Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық әлемі», «Ұлттық көсемсөздің көшбасшысы», «Ұстаз – Ғұлама», «Ұлылар үндестігі»), қорытындыдан, «Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы, қоғамдық қызметі және шығармашылығының негізгі кезеңдерінен» және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл кітап А.Байтұрсынұлының шығарм. болмысын тануға арналған Тәуелсіз еліміздегі тұңғыш оқу құралы. Сондықтан да «А.» атты оқу құралында Байтұрсынұлының қазыналы мұрасы шығарм. даналығымен, даралығымен ұштастырыла берілген. Әр тарау Ахмет шығарм-ның белгілі бір салаларына бағытталып, шығарм. болмысын терең игеру сұрақ-тапсырмалар арқылы байыпталып, әр тарау соңындағы түйіндер мен қорытындылар тақырыптың мәнін ашуға игі әсер еткен. Оқу құралы жоғары мектептің филология, журналистика ф-ттерінің Байтұрсынұлы шығарм-на арналған арнаулы пәндер оқытылатын бакалавр мен магистранттарға, жалпы Ахмет мұрасы қызықтыратын оқырманға арналған.

«АХМЕТТАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» – жинақ. Жалпы редакциясын басқарған – А.Қыдыршаев, М.Өтемісұлы атынд. Батыс Қазақстан мемл. ун-ті ұсынған. Орал, «Ағартушы» баспа-лингвист. орт-нан 2005 ж. жарық көрген. Көл. 210 бет. Таралымы 100 дана. Жинақ алғы сөзден және 3 бөлімнен («Ахметтану мәселелері», «Қазақ филологиясы мәселелері», «Шешендіктану және тілдерді оқыту технологиялары») тұрады. Бұл басылымға А.Байтұрсынұлының туғанына 130 жыл толу мерейтойына байланысты 2003 ж. 14–15 ақпанда Орал қ-нда өткізілген «А.ж.к. ф.ө.м.» тақырыбындағы респ. ғыл.-практик. конференцияның материалдары енген. 68 ғыл. мақала қазақ, орыс тілдерінде жарияланған. Жинақта Ф.Оразбаеваның «Ахмет Байтұрсынұлов және әдістеме ғылымы», С.Шарабасовтың «Қазаки кара сөздің байтақысы», А.Қыдыршаевтың «Ахметта-

ну баспалдақтары», А.Мұсаевтың «А.Байтұрсынов – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы», Н.Сәдуақастың «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуы», А.Қыдыршаевтың «А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы», «Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш сынып оқушысының тілін дамытуды көздеуі», Ұ.Ержанованың «А.Байтұрсынұлының синтаксистік



терминдері хақында», Т.Қайырғалиевтің «А.Байтұрсынов – жантанушы», С.Мұхамбетқалиеваның «А.Байтұрсынов – талғампаз эстет, өнертанушы», «Ахмет Байтұрсынов шығармаларындағы саяси құндылықтар», Қ.Ароновтың «Байтұрсынов – қазақ тіл білімі терминологиясының негізін салушы», З.Үмбеталинаның «А.Байтұрсынов қазақ фольклорының кіші жанрлары туралы», М.Ахметовтың «А.Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарасы», І.Хасанованың «А.Байтұрсынұлының тіл мәдениетіне қатысты түйіндерінің жалғастығы», Д.Неталиеваның «А.Байтұрсыновтың тіл ұстару дәстүрі және Д.Исабеков шеберлігі», К.Өтегенованың «Использование современных технологий обучения на практических занятиях по русскому языку на материале об Ахмете Байтурсинове», Г.Ниязғалиеваның «Жұбан жырларындағы Ахаң рухы (немесе дәстүр мен жанашылдық хақында)», С.Мұхтаровтың «А.Байтұрсынов сөз таптары туралы» атты макалалары берілген.

*С.Арғынғазин*  
**«АХМЕТ ТУРАЛЫ ӘН»** – ән. Сөзі Илияс Байтұрсындікі, әні Қажығали Омаровтікі. 1998 ж. жазылған. «Қараңғы күнімде, Түрледің тілімді. Ұстаттың әліппе, Үйреттің білімге» деп басталатын ән сөзі 3 шумақ, 1 қайырмаға құрылған. 6 буындық өлең формасындағы шығарма 21 жолдан тұрады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 6-т.

**«АХМЕТТІҢ ЕЛГЕ СӘЛЕМІ»** – өлең хат. Бұл өлең хатты елге жеткізуші Серікбай Мамырқанов. Ол 1929 ж. Шығыс Қазақстан обл-ндағы Қатонқарағай а-нда кеңес төрағасы болып жүрген кезінде жалған жаланың құрбаны болып айдалып, Ақтеңіз бен Балтықты жалғастыратын Беломор каналын салу барысында айдауда жүрген А.Байтұрсынұлымен кездеседі. Күрескер ақын сол тұста осы хатын елге жеткізуді Мамырқановқа аманаттаған. Өлең хат Серікбайдың қолжазба дәптерінен алынып, алғаш рет 1989 ж. қаңтарда «Біздің Отан» еларалық айлық газетінде басылған. Бұрынғары ешбір жинағына енген ақынның бұл шығармасы 2013 ж. «Елшежіре» баспасынан жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының 6 томдығының 6-томына осы газеттен алынып берілген. Өлең хат 10 шумақтан, 40 жолдан тұрады. 11 буынды қара өлең ұйкасына құрылған. Ақын шығармасында өзекеден тепкен Отанына өкпесін артпай, керісінше өз ошағы, өлең төсегі – Қазақ еліне деген шексіз махаббатын жолдайды.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, 6-т.

*Д.Қошым-Ноғай*

**«АХМЕТ ҰШҚАН ҰЯ»** – кітап. Авторы – Н.Бектемісұлы. Аст., «Елорда» баспасынан 2001 ж. жарық көрген. Көл. 128 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл кітапта Торғай өңірінде туып-өскен Е.Жанұзақов, С.Бейсенов, Қ.Шалбайұлы, Ә.Нұртазаұлы, К.Жолдыбайұлы, Қ.Қазулы, Ә.Иманқұл, Ж.Қияқбай, Шандыаяқ және Нұрхан, Ахметхан, С.Есенбаев Қ.Қанжығалин, Ғ.Тұралин сынды ақындардың шығарм-на талдау жасалған. Торғайдағы ақындық мектептің А.Байтұрсынұлы шығарм-на тигізген әсері жайында баяндалған.

*С.Арғынғазин*

**АШМАРИН** Николай Иванович (22.9.1870, бұрынғы Ресей империясы, Қазан губ. Ядрин к. – 26.8.1933, Қазан қ.) – ғалым, түркология ғыл. докт., проф., КСРО ҒА-ның корр. мүшесі



*Н.И.Ашмарин*

(1929). Шығыс тілдері ин-тын бітірген (1894). 1895–1919 ж. Қазанда мұғалімдер семинариясында географиядан, 1917–22 ж. Шығыс археология және этнография ин-тында, Шығыс пед. ин-тында, Симбирскідегі Чуваш халық ағарту ин-тында татар, чуваш тілдерінен сабақ берді. 1923–26 ж. Бакудегі Әзербайжан ун-тінің проф. болды. А. еңбектері Еділ бойы халықтарының тілін, фольклорын зерттеуге арналған. А. 1926 ж. Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезіне қатысып, баяндама жасаған. Ол жайында Ахмет «Түрікшелер құрылтайы» атты еңбегінде жазған. *Әдеб.*: Егоров В.Г., Н.И. Ашмарин как исследователь чувашского языка, Чебоксары, 1948; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*С. Омарбекұлы*

**АШЫҚ БУЫН** – бас харфі әзкі аяқ харфі дауысты буын (қазіргі таныммен бірдей).

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. – I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**АШЫҚ ДЫБЫС** – ашық айтылатын, яғни, дауыстап айтуға көнетін дыбыс, дауысты дыбыс. Ашық дыбыстар: а, о, ұ, ы, е.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімділерінің 1-тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 6-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**АШЫҚ РАЙ** – істі ашық баяндайтын рай түрі.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

«АЮ» – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Аю тұқымдас аңдар (қара аю, сұр аю, ақ аю, тау аю т.б.) туралы айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**АЯҚ ДЫБЫС** – сөздің соңғы дыбысы. Ғалым жұрнақтар мен жалғаулар сөздің аяқ дыбысының түріне қарай тұрпатын өзгертіп жалғасатынын айта келіп, сөздің аяқ дыбысы (соңғы дыбысы) ұяң дыбыс болса, «лық» жұрнақ өзгеріліп, «дық» болып жалғанатынын ескертеді. Мыс., қан = қандық, аң = аңдық, сұм = сұмдық.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімділерінің 1-тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 6-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*



биетіндегі ұлттық рух» атты монографиялары жарық көрген. «Қазақ газеті» атты моногр. еңбе-



**ӘБДЕШЕВ** Марат Ескендірұлы (1945 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Күршім ауд.) – белгілі зерттеуші, мұражайтанушы. ҚазҰУ-ды бітірген (1967). Қазақстанның мемл. орт. мұражайында



*М.Әбдешев*

30 жылдан астам еңбек еткен. Қазақтың көптеген көне мұраларын жинап, зерттеп, анықтаған. 100-ден астам ғыл.-танымдық мақалалардың, Б.Мәметов, С.Сабағалиев, М.Тынышбаев, У.Танашев, Ф.Бердиев, Ш.Бекмұхамедов, т.б. Алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығарм. туралы энциклопед. мақалалардың авторы. Еңбектерінде А.Байтұрсынұлы жайында да көптеген мәліметтер келтірген. **ӘБДИМАНҰЛЫ** Өмірхан (3.3.1953 ж.т., Жамбыл обл. Т.Рысқұлов ауд. Жақсылық а.) – ахметтанушы, Филол. ғыл. докт. (2007), проф., Халықар. Айтматов академиясының акад. ҚР Білім беру ісінің үздігі (1997). Мәскеу мемл. ун-тін (1982), ҚазҰУ-дың аспирантурасын (1991) бітірген. «Жезқазған туы» газетінде әдеби қызметкер. Қазақ телевизиясында редактор (1982–83), ҚазҰУ-да оқытушы, деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі (1983–2012) қызметтерін атқарған. 2012 жылдан осы ун-те ф-т деканы. «Ахмет Байтұрсынұловтың әдеби мұрасы» деген тақырыпта канд. (1992), «Ұлт-азаттық идеяның 20-ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты» тақырыбында докт. (2007) дисс. қорғаған. «Қазақ» газеті, «Ахмет Байтұрсынұлы», «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея», «Қазақ әде-



*Ө.Әбдиманұлы*

гінде қазақтың тұңғыш бейресми басылымы, ұлтымыздың энциклопед. мұрасы болып табылатын, Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетін алғашқы болып зерттеп, оны шығару жолындағы қазақ зиялыларының тарихи еңбегін айқындады. Ал «Ахмет Байтұрсынұлы» атты зерттеу-эссеге Ахметтің өмірі мен шығарм., күрес жолы мен қайраткерлік істері арқау болған. Сонымен бірге ғалымның жоғары оқу орындарының филология, журналистика ф-ттеріне арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығында (2012) Алаш қаламгерлері Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпейұлы, Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, т.б. шығарм-тары алғаш рет жоғары мектеп бағдарламасына енгізіліп, оларға жеке-жеке моногрф. тараулар берілген. А.Байтұрсынұлы атынд. алтын медальмен марапатталған.

*Ж. Смағұлов*

**ӘБДИҒАППАР** Жанбосынұлы (1870; бұрынғы Торғай обл. Торғай уезі Қараторғай болысы – 21.11.1919, сонда) – Ахметтің жиен інісі. 1916–17 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстың Торғай даласындағы басшысы. Тілеулі батырдың ұрпағы. Арғы атасы Нияз би – Абылай ханның сенімді серігі, әкесі Жанбосын (1847–95) көп жылдар болыс болған. Анасы – Алуа Ақтасқызы (1840–1934). Ө. а-нда бастауыш мектеп ашқан. Ағаштан ою ойған шебер болған, суармалы егіншілікпен айналысқан, ақыл-парасатымен ел ағасы атанған. 1916 жылдың жазында Қараторғай болысының, кейін бүкіл Торғай уезінің көтерілісшілері Ө. маңына топтасты. Сол жылғы 21 қарашада Жалдама өз. бойында 13 болыс ел өкілдерінің құрылтайы Ө-ды хан көтеріп, Кенесары қолбасшыларының бірі Иман батырдың немересі Амангелдіні Сардарбек етіп сайлады. Ө. ел билігін соғыс жағдайына бейімделген дала демократиясы негізінде қайта құрды. Ол алдымен өзін хан деп атамай, әмір деп есептеді. Өзі басқарған Торғай

## ӘБДІҒАППАР

елін бүкіл қазақтың тәуелсіз мемлекеті құрылғанға дейін метрополияның билігін мойындамайтын, жаугершілік заманда уақытша өмір сүруге құқылы автоном. аймақ деп санады. Ә. көтеріліс-



Әбдіғәппар

шілерді 20 адамнан тұратын халық өкілдерінің кеңесі арқылы басқарды. Бұл кеңес әскери, әкімші., шаруашылық мәселелерін шешетін басты орг. болды. Жергілікті жерлерде Ә-дың жарлығымен елбегілер сайланды. Көтерілісті жақтаған болыстар өз орындарында қалдырылды. Көтерілісшілер ежелгі шығыс дәстүрімен ондық, жүздік, мыңдықтарға жіктелді. Ә-дың жасақтаған әскери құрылымы империяның қарулы күштеріне аса тегеурінді қарсылық көрсетті. Оның қоластына Қазақстанның көптеген аймақтарынан көтерілісшілер жасақтары келіп қосылды. Сөйтіп, Торғай өлкесі Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ең ірі орт-на айналды. Ә. Кеңестердің Торғай обл. 1-съезіне (Орынбор, 1918 ж. наурыз) қатысып, кейін Кеңес өкіметінің саясатын жүргізуден бас тартты. Қызыләскерлер қолынан қаза тапты. Ұрпақтары «хан тұқымы» ретінде аяусыз қуғынға ұшырады.

«ӘБДІҒАППАР» – әйелі Тынышбаланың айтқан жоқтау жыры. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа А.Байтұрсынұлы енгізген. «Әуелі Құдай, Пайғамбар, Қақ жолында рай бар. Келіп қайтқан дүниеге Мұрсал Пани Сәруар» деп басталатын 7 буынды жыр үлгісіне құрылған шығарма 520 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде: «1916-ыншы жылғы 25 ілуінің жарлығына Торғай уезі қарсы болғанда, Әбдіғәппар елге басты болып, пеуірәл төңкерісіне дейін үкімет әскерімен соғысып келген. Торғай елі Әбдіғәппарды қан сайлаған. 1920-ншы жылы өлген. Әбдіғәппар – ұзын Қыпшақ» деп жазылған.

Әдеб.: 23 жоқтау. М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т. «ӘБДІРАҚМАН» – ұлы қайтыс болғанда Абайдың шығарған жоқтауы. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, А.Байтұрсынұлы құрастырған «23

жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа берген – Ә.Бөкейхан. Жоқтау екі бөлімнен тұрады. «Талаптың мініп тұлпарын, Тас қыйаға өрледің. Бір ғылым еді іңкәрің, Әр қиынға сермедің» деп басталатын 7–8 буынды жыр үлгісіне құрылған алғашқы бөлімі 38 жолдан, «Жайнаған туың жығылмай, Жасқанып жаудан тығылмай» деп басталатын екінші бөлімі 16 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде: «Әбдірақман – Түменде екінші басқыш мектеп бітіріп, ескі Петерборда зеңбірек қолданатын әскер бастықтары оқитын мектеп бітіріп, әскер бастығы болып, Алматыда қызметте жүргенде, 1895 жылы 27 жасында өлген. Ақын Абай баласы Әбішті жоқтаған» деп жазылып, астына «Қ.б.» деп қол қойылған. Ә.Бөкейханның жанама есімдерінің бірі – «Қыр баласы».

Әдеб.: 23 жоқтау. М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т. «ӘБЖАН» – келіншектің күйеуін жоқтауы. Бұл жоқтауды «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа енгізген – А.Байтұрсынұлы. «Өлім менің ойбайым, Істі салған Құдайым. Қара бір шашым жаяйын, Жаяйын да жыяйын» деп басталатын шығарма 7 буынды жыр үлгісінде құрылған. Жоқтаудың жалпы нобайы 36 жолдан тұрады. Соңындағы түсініктемеде шығарманың В.В.Радлов жинақтаған нұсқадан алынғандығы келтірілген. Сонымен қатар жыр авторын: «Тарбағатай Шығыс аймағындағы Найман шығарған» деп жазады.

Әдеб.: 23 жоқтау. М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 5-т.

К.Қошым-Ноғай

ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы (11.10.1953 ж.т., Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а.) – «Алаш» электрондық кітапханасының негізін салушы авторларының бірі. Тарих ғыл. докт. (1992), проф. (1993). ҚазҰУ-дың тарих ф-тін бітірген (1976). Ақмола құрылыс инж-лері ин-тында және ҚазҰУ-да оқытушы (1976–79), Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында ғыл., аға ғыл. қызметкер, ҚазҰПУ-да кафедра меңгерушісі, Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі, Қазақстан мемлекеті тарихы ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары (1979–2011) қызметтерін атқарды. 2011–17 ж. ҚР БҒМ ҒК ҒА Тарих және этнология ин-тының директоры болды. 1992 ж. «Қазақстанның ауыл интеллигенциясы: қалыптасуының және әлеуметтік іс-әрекеттерінің тарихи тәжірибесі (1946–1985)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ә. 300-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 10-нан астам монография, оқу құралы мен оқулықтың авторы. «Алаш және ұлттық идея», «Миссия интеллигенция», «Алаш зиялысы», «Алаш аманаты және ұлттық

идея» атты мақалаларында, А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейхан, М.Шокай, М.Тынышбаев, Н.Төркеұлов, С.Сәдуақасов, т.б. тұлғаларға арналған зерттеулерінде 20 ғ-дың басындағы қазақ зиялы-



*Х.Әбжанов*

ларының тағдыры, қоғамдық-саяси көзқарастары мен қызметі, Ресейдегі либералдық қозғалыспен ықпалдастығы, большевизммен ара-қатынасы, қоғамның интеллектуалдық әлпетін нығайтудағы рөлі сараланған.

**Ө.БӨКЕЙХАНҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ** – хабарласу, жағдай сұрасудың бір түрі. 1925 жылғы 1 маусымда жазылған. Бұл құнды хат Гүлнар Міржақыпқызының жеке мұрағатында сақталған. Міржақыпқызының қадағалауымен бүгінгі әліпбиге түсіріліп, Алматы қ-ндағы «Ел-шежіре» баспасынан 2013 ж. жарық көрген ғалымның 6 томдық шығ. жин-ның 6-томына енгізілген. Хатта автор жаңа астана – Қызылордаға көшкелі жатқандығын, Қазақ мемл. баспасымен келісімшартқа отырғанын, соған орай емле бойынша 3 грамматика және қазақ әліппесін сол жылғы тамыз айының 20-сына дейін бітіріп беруі керектігін жеткізеді. Сол себепті де Абайдың ғұмырбаянын бастай алмай жатқандығын айтады. Сонымен қатар Пішпектегі қырғыз мұғалімдерінің съезіне қатысқандығын, жиында латын әліпбиіне көшу барысы талқыланғандығын баяндап өтеді. Байтұрсынұлының бұл хатына 1925 ж. 23 маусымда Әлиханнан жауап хат жазылған. Міржақыпқызының жеке мұрағатында сақталған ол хат та ғалымның 6 томдық шығ. жин-ның 6-томына енгізілген.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 6-т.

**Ө.БӨКЕЙХАННЫҢ АХМЕТКЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ** – хабар алмасудың бір жолы. 1925 ж. 23 маусымда жазылған. А.Байтұрсынұлының 6 томдық шығ. жин-ның 6-томына (А., 2013) енгізілген. Бұл хат А.Байтұрсынұлының 1925 ж. 11 маусымда Бөкейханға жіберген хатына жауап ретінде жазылған. «Бауырым Ақымет!» деп басталатын хатында Әлихан Байтұрсынұлына

әлдебір проф. жөнінде: «Профессор тамыз және қыркүйек айларында Ырғыз бен Торғайға барып, сол жақтан Қызылордаға соғатын боп уәде беріп, Берлин қаласына қайтып кетті. Мен оған Қостанайдан бастауын өтіндім. Ол бұған келісті. «Егер осы өңірлерге барсаңыз Ақымет Байтұрсынұлын ұшыратуға тиіссіз», – дедім мен оған» деп жазады. Сонымен қатар Әміре Қашаубайұлын Парижге жібергелі жатқандығынан хабар береді. Бұдан да бөлек Абай мен Ыбырай жөнінде жазғалы жатқан еңбегін тездетуге тапсырма береді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 6-т.

*К.Қошым-Ноғай.*

**ӘБУБӘКІР** Боранқұлұлы, Кердері Әбу-бәкір (1861, Батыс Қазақстан өңірі, Теректі мекені – 1903, Ақтөбе обл. Алға ауд. Жабасай қорымы) – ақын. Ө. Орынбор, Троицк қ-ларындағы мектеп пен медресені бітіргеннен кейін бала оқытады, дін-шариғат жолын ұстайды. Сауатты, шешен, ақын Ө. біраз жыл ел әкімдерінің қасында хатшылық қызметтер атқарған. Сарыарқа, Оңтүстік, Батыс өңіріндегі ақындарды жақсы білген. Ақындық мұрасы «Әдебиет қазақия, яки Әбубәкір молланың сөздері» деген атпен екі рет (Қазан, 1902, 1905) жарық көрген. Кейін барлық шығармаларын қамтыған «Қазағым» (Алматы, 1994) жинағы жарияланды. Ө. дін, инабаттылық



*Ә.Кердері*

мәселелерін насихаттағаны үшін кеңсе заманында кертартпа, «зар заман ақыны» аталып, теріс бағаланып келді. Ол, шындығында, оқуды, өнерді, дін-шариғатты, ғылымды, азаматтықты, жақсы мінезді, жарастықты әдет-ғұрыпты насихаттады. Ахмет Байтұрсынұлы 19 ғ-да ғұмыр кешкен Дулат Бабабайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Ө. сияқты «Зар заман» ақындарының шығарм-мен жақсы таныс болған, олардан рухани үлгі алған. Олардың шығармаларында көтерілетін ел мен жер мәселесі, халықтың әлеуметтік тұрмысы, жұртты еңбекке, білімге, рухани оянуға шақыру идеясы Байтұрсынұлының туындыларында жал-



ғасын тапты. Ресей империясының отарлау саясаты ықпалымен адам мен заманның азуын, озбырлық пен арсыздықтың жол алуын ашына толғады («Заманның опасыз халіне айтқаны», «өткен иманшылық заманды жоқтап айтқаны», «Заманның халіне айтқан сөздері» т. б.). Қарақалпақ Құлымбет, әлім Қожахмет, ноғай Нұрым ақындармен айтысып, бәрін де жеңген. Оның айтыстарынан білімділік, қарсы сайысқа дес бермейтін ақындық арын дарыны айқын аңғарылады, танымдық әрі тәрбиелік мәні зор шежіре жырлары мен өлеңдері де кемел ой, кенен білімнің куәсі.

*І.Сыдиқыұлы*  
**«ӘДЕБИЕТ АЛЫПТАРЫ»** – кітап. Авторы – Д.Ысқақұлы. ҚР Ақпарат мин-нің бағдарламасы бойынша шығарылған. Аст., «Фолиант» баспасынан 2004 ж. жарық көрген. Көл. 304 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл кітапқа автордың қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін қарастыратын мақалалары енгізілген. Әдебиет әлемінде өзіндік ерекшеліктерімен жарқырай көрінген алыптарымыздың (М.Ж.Көпейұлы, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин) өмірі мен шығарм. жолдарына жаңаша көзқараспен шолу жасалған. Кітапта сондай-ақ А.Байтұрсынұлының шығарм. талданған кең көлемді «Азаттықты аңсаған қайран Ахан» атты мақала жарияланған. Кітап студенттер мен аспиранттарға, әдебиет сүйер қалың оқырман қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*  
**ӘДЕБИЕТТАНУ** – көркем әдебиеттің шығу тегі, болмысы мен дамуы туралы ғылым. Қазіргі әдебиеттану ғылымы күрделі әрі өзгермелі пәндер жүйесінде дамып келе жатыр. Ө. ғылымы өзінің негізгі үш саласы бойынша өзгешеленеді. Сөз өнерінің қол жеткізген нәтижелерін қорытумен, көркем шығарм-тағы жалпы заңдылықтарды тексерумен айналысатын – әдебиет теориясы, әдеби-тарихи фактілерді, олардың байланысын зерттеумен айналысатын – әдебиеттің тарихы, әдеби үдерістің қазіргі ахуалын, ондағы жүріп жатқан идеялық-эстетик. мән-маңызын айқындайтын – әдебиет сыны. Сонымен қатар әдебиеттанудың библиография, мәтінтану, деректану сияқты қосалқы салалары да бар. Ө-дың негізгі бөлімі – поэтика. Поэтика – көркем шығарманың құрылымы мен тұтас жүйесін, қаламгерлердің жалпы шығарм-н, әдеби дәуірлері мен бағыттарын кешенді түрде қарастырады. Ол әдебиеттану салаларының барлығын қамтиды. Шығарманың құрылымдық түзілісіндегі заңдылықтарды жалпы поэтика шеңберінде, шығарм-тың тарихи дамуындағы көркемдік құрылымдар мен жекелеген элементтердің (жанр, сюжет, образ, стиль) дамуын тарихи поэтика шеңберінде

қамтиды. Ал поэтика ұстанымдарының әдеби сындағы қолданысы нақты бір шығарманың ерекшелігін ашуда қолданылады. Ө. ғылымының дамуы тарихында тартысты пікірлер мен қайшылықты көзқарастар болуы заңды. Теор. ой-пікірлердегі таластар әр кезеңнің тарихи-мәдени жағдайлары мен әдебиеттанушылардың дүниетанымдық қырларына байланысты. Бұл әдебиеттің барлық дәуіріне жарай беретін қатып қалған әдіснаманың болмайтынын көрсетеді. Ө-дың әр саласы өз алдына ғыл.-логик. тұрғыдан өрістей отырып, бір-бірімен сабақтасып жатады. Мыс., әдебиет теориясы жаңа кезең бастамаларына сәйкес өзіне дейінгі теор. қағидаларды мансұқтап та отырады. Осы уақытқа дейін әдебиет теориясының ең негізгі күші сөз өнерін бағыттағыштығында деп келдік. Ол маркстік-лениндік әдіснамамен бірге көкейкестілігін де жоғалтты. Яғни белгілі бір бағыттағы, белгілі бір тұрпаттағы шығарма лобби жасау (кеңестік тұста ол социалистік реализм болатын) қисынға келе бермейтін өмірдің өзі дәлелдеп беріп отыр. Бүгінгі әдебиет теориясы ырықсыз бағыттаушылықтан іргесін аулақтатып, әр алуан тұжырымдамаларға жол ашуы тиіс. Бұл бірнеше ғыл. мектептердің қалыптасуына, зерттеу әдістемелерінің алуан түрлілігіне бастары сөзсіз. Ұлттық әдебиеттануда әдебиет теориясын жеке ілім ретінде қарастырған А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» қазақ әдебиетінің тек өзіне тән даму ерекшеліктерінен туындады. Байтұрсынұлы қисындаған теориялар мен терминдер ұлттық көркемдік таным мен қазаққа тән көркем ойлау сипаттарына негізделді. Ғалым еңбегінің басты құндылығы – әдеби-теор. терминдердің ұлттық негізде, қазақша қалыптасқандығы. Қазақ әдебиетінің дәстүрлі дидактикадан, өлең құрылысының фольклорлық қалыпты формаларынан, ортағасырлық шығыс классик. поэзиясының әсерінен бірте-бірте батысеуропалық әдебиетке, әлемдік классикаға жақындасу арқылы драма, прозаның эпик. формалары сияқты жанрлардың дүниеге келуіндегі «әдеби алмасулардың» болғанын Байтұрсынұлы жоққа шығармайды. Ол Еуропадан ауысып келген және келуі мүмкін әдеби құбылыстардың сырын ашу қажет деп санаған.

*Ж.Жарылғапов*  
**«ӘДЕБИЕТТАНУҒА КІРІСПЕ»** – хрестом. оқу құралы. Құрастырған – С.Мақпыров. Қазақ КСР Халыққа білім беру мин. ұсынған. А., «Ана тілі» баспасынан 1991 ж. жарық көрген. Көл. 184 бет. Таралымы 7300 дана. Кітап алғы сөзден, төрт тараудан («К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин әдебиет пен өнер туралы», «Көне дәуір эстетикасы үлгілерінен», «Орыс классикалық сыны өкілдерінің еңбектерінен», «Совет жазушылары мен

әдебиетшілерінің әдеби-теориялық еңбектерінен») тұрады. Пед. жоғары оқу орындарының филолог студенттеріне арналған бұл хрестомат. оқу құралына көркем әдебиетті теор. және тарихи тұрғыда зерттеуде методол. маңызы бар марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері, көне дәуір эстетикасының алыбы Аристотельдің «Поэзия өнері туралы» атты әйгілі еңбегінен үзінді, сондай-ақ көркем шығарманы талдау мен тану мәселелерін қарастырған орыс классик. сыны өкілдерінің еңбектері мен кеңес әдебиетші ғалымдарының зерттеулерінен үзінділер енгізілген. Кітаптағы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926) атты теор. оқулығынан берілген үзінді Ахметтің әдебиетті текке, түрлерге бөлу, олардың ерекшеліктерін айқындау, ұлттық терминология жасау жолындағы ізденістерінің өте жемісті болғанын, ой-пікірлерінің күні бүгін де ғыл. мәнділігі мен тағылымының зор екендігін айғақтап тұр.

*С.Хасенов*

**ӘДЕБИЕТТАНУ МЕН ТІЛТАНУДЫҢ ПӘН-ДІК АТАУЛАРЫ.** «Әдебиет танытқышты», жалпы А.Байтұрсынұлының мұрасын оқып-үйрену, игеру үшін әрбір атау, ұғым, термин және категориялардың мән-мағынасын, мазмұнын түбегейлі түсініп алу керек. Аталмыш еңбекте әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 57-сі (18%-ы) осы күнге дейін қолданылып жүр. Оның белгілі бір сөз өнері құбылысына берген атау, терминдері сол құбылыстардың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеум. табиғатынан туындап жатқандықтан да ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыс, сөз және сөйлем жүйесіне арналған «Тіл-құрал» оқулықтарында (1914, 1915, 1925) 310 лингвист. термин қолданған. Оның 118-і (38,5%) қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүр. Бұл терминдерді тіл білімінің салаларына қатысты жіктесек: фонетикаға қатысты 108 термин (35,4%); лексикологияға қатысты 11 термин (3,6%); морфологияға қатысты 109 термин (34,9%); синтаксиске қатысты 64 термин (21,3%); жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин (4,8%). Пәндік атаулардың (терминдердің) семантик., морфолог. және синтаксистік тәсілдер арқылы жасалғандығын, бірді-екілі араб сөздерін (қазақ тілінің сарфғы, нахуы, харіф) қолданғаны болмаса, негізінен тілімізде бұрыннан бар сөздердің мән-мағынасын жаңартып (жұрнақ, ноқат, шырай, одағай), сөзге жұрнақ жалғау арқылы (көсем+ше, ата+у, сызық+ша, тыңдау+шы), төл сөздерімізді тіркестіріп (қос ноқат, қымқырулы толық дауысты, мендік жак, дыбыстың таңбасы) қолданғандығын көреміз. Оларда қазіргі кезде терминге қойылатын қыс-

қалық, дәлдік, жүйелік, бір мағыналылық деген талаптарға толық жауап бермегенмен (оларды талап етудің тарихи да, ғыл. да тұрғыдан жөні жоқ), ол пәндік атаулардың шетел тілдерінен ада болуы, калькалаудың жоқтығы – тіл тазалығын сақтаудың, тілді көшірмешілдіктен сақтандырудың айғағы. Латын тілінен калькалаудың салдарынан орыс тілінде родительный, винительный падеждердің дұрыс қойылмағандығы белгілі. Байтұрсынұлы қазақ тілін ғыл. тұрғыда жүйелеп жазғанға дейін басқа жүйедегі тілдерде жаза және сөйлей білумен қатар, олардың ілімімен де қаруланғанға ұқсайды. Мыс., әлемдегі тілдер түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл болып үшке бөлінетінін сөз етуінен оның тілдерді классификациялаудың типол. (морфол.) ұстанымы тұрғысынан келіп отырғандығын бағамдаймыз. Сөздерді сөз таптарына топтаудағы (басқа да жіктеулеріндегі) бір ерекшелік – граммат. формаға лексик.-граммат. мағынасына қатысты атау беруі. Тіл атаулының мазмұндық және формалық жағы болатыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, тіл жүйесіне формалық (материалдық) жағын ескере отырып, келген секілді. Өйткені ол тіл жүйесін дыбыстар жүйесі, сөздер жүйесі, сөйлемдер жүйесі деп бөледі, яғни лексикологияны лингвистиканың саласы ретінде қарастырмады деген сөз. Оның себебі: 1) тілдің қалыпты грамматикасын жасау үшін тілдің нақты формаларды негізге алу керек болды, 2) 19 ғ-дың соңы 20 ғ-дың басында әлемдік лингвистикада тілдік қабаттарды формалық фактілер (фонема, морфема, синтагма) негізінде, структуралық әдістің, кейіннен мектептердің (Прага, Копенгаген, АҚШ, Лондон, Ленинград, Мәскеу), қалыптасып дамыған лингвистиканың әсері болды. Ал «Әдебиет танытқышта» сөзді әдебиеттің көркемдегіш құралы сипатында қарастыруы – әдеби шығарманың стильдік жағынан сөз еткендігі. Әдебиеттанудағы стиль мен тілтанудағы стилистика мәселелері төркіндес болғанмен, еншілес емес. 1. Әділдік үшін тағы бір ескерте кетер жайт, зат есім (нәрселердің аттары), сын есім (зат-мақұлықтың қасиетінің аттары), сан есім (есеп аттары), үстеу мен демеу (ақыры өзгермейтін сөздер), көптелу, сөз табы (сөздің бөлімі), осы уақыт, өткен уақыт, болашақ уақыт, бұйрық рай (бұйрық мағынадағы сөз) деген пәндік атауларды Ы.Алтынсарин өзінің «Начальное руководство к обучению казахов русскому языку» (1879) атты еңбегінде енгізгендігін естен шығармаған жөн. 2. Араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне ықшамдап түгел өзгерткен Байтұрсынұлы деген жаңсақ пікір бар. «Тіл тағылымы» атты жинағында қазақ тіліндегі 17 дауыссыздың 13-і ғана араб тілі дауыссызымен

сәйкес келетіндігін, 4 дауыссыз (п, ш, г, н) сәйкес келмегендіктен, өзіне дейін өзгертілгендігін ескертеді. Қазақ тіліндегі 5 дауысты (а, о, у, ы(й), е) араб тілі дауыстыларымен сәйкеспейді. Сондықтан «араб әріптерінің негіз тұлғасын бұзбай, шет пұшпағын ғана өзгертіп, дауысты дыбыстарға да харіф арнау тиіс болғанын» ескертеді. 3. Баспа бетінде проф. Т.Кәкішевтің Ғ.Мүсірепов айтты деген, Байтұрсынұлының «Тіл теориясы» атты қолжазба күйіндегі кітабы болған деген дерегі беріліп жүр. Қолжазба күйінде қалғандықтан: 1) бұл кітап Байтұрсынұлының өмірбаяндық деректерінде кездеспейді, 2) Қ.Жұбанов 1933 жылғы «Политехникалы мектеп» журналында жарияланған «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» атты еңбегінде: «Беріде қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер қазақтың ұлтшыл оқығандары, алашордашылдары болды» дей келіп, «бұл уақытқа шейінгі қазақ тілін зерттеудің бәрі де... терең карамаған... көрініп тұрған мүйістерін ғана қалқыған нәрселер. Грамматикалардың бәрі де мектеп грамматикалары ғана. Олай болса, қазақ тілін зерттеу жұмысы... ғылым жолына салынбаған, ғылым сатысына көтерілмеген» деп, Байтұрсынұлының көзі тірі кезінде айтылған сөзде де қазақ тілі ғыл. грамматикасының қолға алынбағанын әділ ескертіп отыр. Байтұрсынұлының лингвист. және басқа мұраларының тарихи тағылымы мен орнын зерделеу үшін: 1) Байтұрсынұлына дейінгі, яғни 1908 жылға дейінгі қазақ тілі туралы ілімнің жағдайын; 2) ол еңбек еткен кезеңдегі, 1908–30 жылдардағы ахуалды; 3) ол мерт болғаннан кейінгі кезеңдегі қазақ лингвистикасының даму дәрежесін салыстыру қажет; 4) Байтұрсынұлының түркітанудың бірнеше саласының пионері екендігін зерттеу керек. Қорыта келгенде, ағартушы-демократтар Байтұрсынұлына дейін де болған. Олар: Абай, Ыбырай, Шоқан. Бірақ әрқайсысының өзіндік тарихи орны бөлек. Абай ағартушылықты көркем әдебиет, яғни өлең-поэмалары, қара сөздері және қоғамдық қызметтері арқылы; Ыбырай ағартушылықты көркем әдебиет, яғни өлеңдері, әңгімелері, оқулықтары және педагогтық қызметі арқылы; Шоқан ағартушылықты ғылым, тарих ғылымы негізінде; Ахмет ағартушылықты көркем әдебиет, ғыл., қоғамдық және педагогтық қызметтері, оқулықтары негізінде жүзеге асырды.

*Әдеб.:* Шонанов Т. А. Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында // «Жұлдыз» журналы. – 1992, №2. Б. 123–128; Лоя Я. В. История лингвистических учений. – М.: Высшая школа. 1968; Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – А.: Ана тілі, 1992. – 455 б.

*Ш.Шарапатұлы*

«ӘДЕБИЕТТАНУ. ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ» – жинақ. Құрастырушылар – З.Ахметов, Т.Шаңбаев. «Ана тілі» баспасынан 1998 ж. жарық көрген. Көл. 384 бет. Таралымы 5000 дана. Бұл жинақ – әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын ең қажетті ғыл. ұғымдар мен терминдер жүйелі түрде берілген тұңғыш еңбек. Мұнда ұлттық сөз өнерімізге, басқа да халықтардың әдебиетіне қатысты, сондай-ақ жалпы әдебиеттану ғылымына ортақ ұғым-терминдер мүмкіндігінше толық қамтылған. Бұл еңбекте көптеген ұғымдар мен терминдер бүгінгі күн таным талабына сай жаңаша көзқараста талданып, түсіндірілген. Жинақта А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты кітабында бар, ғыл. тілімізде орын тепкен бір алуан терминдері: теңеу, кейіптеу, тұспалдау, әсірелеу, шендендістіру, арнау, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, мазмұн, тармақ, шумақ, бунақ, т.б. берілген. Сондай-ақ басқа терминдер түсініктемелерінде Ахмет есімі жиі кездесіп отырады. Кітап әдебиетші мамандарға, студенттер мен аспиранттарға және мектеп оқушыларына арналған.

*С.Аргынгазин*

**ӘДЕБИЕТТАНУШЫ.** А.Байтұрсынұлының ғалым-теоретик, эстетик-сыншы, жалпы әдебиетші ретіндегі тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 ж. «Әдебиет танытқыш» («Теория словесности») деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып авторы ұсталып кеткен соң, бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді. Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғыл. негізі, метод. арналары, басты-басты терминдері мен категориялары осы кітапта қалыптастырылған. Автор өнер атаулыны тірнек өнері және көрнек өнері деп екі топқа бөліп алады, сөзін былай жалғастырады: «Көрнек өнері бес тарау болады: бірінші – тастан, кірпіштен, ағаштан, яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәуелі сарайлар, мешіт, медіресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады (европаша архитектура); екінші – балшықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сурет жасау өнері. Бұл сымбат өнері болады (европаша скульптура); үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескінін, келбетін келтіріп суреттеп көрсету өнері. Бұл кескін өнері болады (орысша живопись); төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері. Бұл әуез өнері болады (европаша музыка); бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады, (қазақша

асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература). Өнердің ең алды сөз өнері саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйтеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадірінше сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеуге, көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді». Бұл – Лессингтің әйгілі «Лаокон» кітабындағы тұжырымдарымен сарындас ойлар. Ғалым әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қатысты еуропалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай түгелдей қазақша балама табады. Баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио-теледидарда қазір кең де еркін қолданылатын сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі, оның тараулары, көрнектеу, меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, арнау (сұрай арнау, жарлай арнау, зарлай арнау), қайталақтау, шендестіру, дамыту, үдету, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу сияқты ұғымдарды тұңғыш рет енгізіп, осы сөздерді термин дәрежесіне көтерген, дәл анықтап берген Байтұрсынұлы екенін айту – тарихи әділет. Өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ толғаулары, бунақ, буындар, ағындар, тармақ кезендері, ұйқастар – осы тектес өлеңтану категориялары да «Әдебиет танытқышта» жасалды. Қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын топтап, жіктеп берудегі ғалым даналығына таңғаласын. Эпосты – әуезе, лириканы – толғау, драманы – айтыс деп бір қайырып алып, сала-салаға жіктеп әкетеді: шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгіме, саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошемет шешен сөз, ділмар шешен сөз, уағыз, көсем сөз (публицистика). Ауыз әдебиеті түрлері былай жіктеледі: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш – бұлар бір топ. Бағырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең; толғау, терме – бұлар екінші топ. Мысал, ділмар сөз (афоризм), такпақ, мақал, мәтел – бұлар үшінші топ. Тойбастар, жар-жар, некеқияр, беташар, жоқтау, жарпазан, бата – бұлар төртінші топ. Жын шақыру, құрт шақыру дерт көшіру, бесік жыры – бұлар бесінші топ. Сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап, саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, зауықтама, сарындама, салтама, тұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғыммызға өзі сұранып тұр. Қазақ әдебиетін дәуірлерге бөлуде де толып жатқан жаңа-


лық бар. Қисса, хикаят, насихат, мінәжат, мақтау, даттау шығармаларын діндар дәуір әдебиетіне жатқызса, сындар дәуір әдебиетіне ұлы әңгіме (роман), ұзақ әңгіме (повесть), әңгіме кірмек. Лирика түрлерін сан толғау, марқайыс толғау, налыс (мұңайыс) толғау, намыстаныс толғау, сұқтаныс толғау (даттау, қаралау, наз) деп жіктеу, мазақ, мысқыл, қулық, сықақ, әзіл деп саралау, тартыс түрлерін әлектеніс, әуреленіс, азаптаныс деп таратып әкету таңғалдырады. Әдеби формалардың дамуы өнер мен өнер арасындағы диалект. байланыс, шығарм. психологиясы, ақындық, талант табиғаты, шабыт стихиясы туралы айтылған көптеген қызықты ойлар, құнарлы пікірлер, байсалды тұжырымдардың әлемдік эстетика, орыс сыны принциптерімен терең астарласып, жалғастық тауып, бүгінгі күнге ұзақ болашаққа қызмет етер қуат салмағы барлығы қуантады. «Әдебиет танытқыш» кітабындағы бірқыдыру термин, ұғым, категория әдеби тілімізге, ғыл. оралымға кезінде кіргенін айта отырып, бұл еңбекте эстетик. ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, ересен тапқырлықтар бар екенін көрсетуіміз қажет. Сонымен Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым. Оның әдеби еңбектері – өзінің уақыты жағынан да, көтерген ғыл. мәселелері тұрғысынан да ұлттық әдебиетіміздің қайнарында тұрған еңбектер. «Әдебиет танытқыш» – әдеби теор. дүние болуымен қатар әдеби сынның да, әдебиет тарихының да дерек-дәлелдері бар тарихи еңбек. Сондықтан да Байтұрсынұлы тұтастай қазақ әдебиеттануының негізін салған ғалым ретінде бағалаймыз.

*Р.Нұрғали*

**«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ»** – А.Байтұрсынұлының Қытайда жарық көрген кітабы. Кітапты баспаға дайындаған – С.Сағатжанұлы. Үрімші, Шыңжаң халық баспасынан 2006 ж. шыққан. Көл. 272 бет. Таралымы 2000 дана. Кітаптың бірінші бетіндегі андатпалық ақпарат қытай тілінде берілген. Жинақтың елімізде басылған кітаптардан айырмашылығы – Ахмет әліпбиімен басылуы. «Автордың қысқаша өмірбаяны» деген тақырып аясында 1,5 беттік шолу мәлімет берілген.

*Е.Алиштыбай*

**«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ»** – жинақ. А.Байтұрсынұлының «Атамұра» баспасынан 2003 ж. жарық көрген кітабы. Редакторы – А.Дәдебаев. Көл. 208 бет. Таралымы 3000 дана. Жинақ 2 бөлімге бөлініп, оған Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» деп аталған зерттеу еңбегі мен әр жыл-



дары жазылған өлеңдері топтастырылған. Әдебиет сүйер көпшілік оқырман қауымға арналған.

*С.Арғынгазин*

«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» – ғыл. еңбегі. 1926 ж. жарияланған «Ә. т.» – әдебиеттану, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғыл. еңбек. «Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр болса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал, қазақ поэзиясында А.Байтұрсынұлы осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбытып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді» (З.Қабдолов). Қазақ өлең құрылысының теориясы академик З.Ахметов «Ә. т.-тың» құндылығын былай деп анықтады: «Әдебиет танытқышта» негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырады». Демек, қазақ өлең құрылысының, қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін Байтұрсынұлы қалыптастырған. «Ә. т.-та» көркем сөздің мәтіндері мен түрлері «адамның жан қолтау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келетіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша –

әдебиет, европаша – литература»... Және оның басқа ғылымдардан айырмашылығын айта кетеді: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шамақадірінше сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді». «Ә. т.-та» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданысқа енгізілген. Әр категория өзінің логикасы, дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мыс.: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы». Яғни әр тұжырымның ішкі заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденеді. Қара сөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: «Қара сөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзді пікір сурет түрінде шығады, яғни сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп, тұрпайы тұлға, түс, бітім, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз – көркем сөз деп аталып, қара сөздер – жалаң сөздер деп айтылады». Ғалым мұнымен шектелмей, осы екі түрлі сөзді қалай тануға, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады деген сауалдарға жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркем сөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынадай сұраулар боларға керек». Байтұрсынұлы ғыл. түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қара сөз «шығарманың сүлде жағының сыны» болса, көркем сөзге басқа міндеттер жүктеледі: «1. Мазмұны дұрыс па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл – шығарманың сүлде жағының сыны. 2. Көркем сөз табына шын қосарлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өңдендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Луғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?» Әдебиет теориясындағы стиль, әдеби тіл, талдау, көркемдік, сюжет деген категорияларды Байтұрсынұлы осылай түсіндіріп кетті. Көркем шығарманың белгілері қандай деген сауалға Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін айтады: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. Тысқы сындар: 1) Тілдің луғатының сыны, яғни тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жа-

ғының сыны». Яғни шығарма тілінің стилдік ерекшеліктері, бүгінгі лингвистик талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп алады, демек, бұл әдебиеттану, әдебиет теориясының еншісі, теор. талдаудың нысанын нақтылайды. 2) Суретінің сыны: кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. Ішкі сындар: 1) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен карағанда, дұрыс, бүтін шығу, шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсеңі болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтіретілік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады». Байтұрсынұлы теор. талдаудың, әдебиеттің, көркем сөздің басты мақсатын жоғарыдағы тұжырымның соңғы сөйлемінде қорытынды ретінде түйіндейді. Бүгінгі әдебиеттанудағы аксиол. әдістің мән-жайын алға тартады. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркем сөз ғана сынға түсуі абзал. Және оның тысқы және ішкі сынға түсуіне лайықты көрнекті түрі мен ұлағатты мазмұны болуы шарт. Бүгінгі әдебиет теориясындағы «мазмұнды түр» («содержательная форма») деген категорияның сырын Байтұрсынұлы осылай түсіндірген. Қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін, түсініктерін Байтұрсынұлы сонау 20 ғ-дың 20-жылдары анықтап берген. Бұл – өз алдына мойындалып отырған ғыл. факт. Бірақ басты ой «Ә. т-та» ұсынылған жаңа тұжырымдамада. Оның біздің бүгінгі сұранысымызды өтеуге керекті эстетик. тұжырымдарға сай екені таңғалдыра түседі. Ғалымның «Ә. т-тағы» басты ойлары мыналар: 1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни, «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылған екені айтылады. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды. Байтұрсынұлы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалайда асыл сөздің де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі». 2. Әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады, яғни «пән сөздері» басты міндет атқаруын басып айтады. Сонда зерттеу мағыналы болып шығып, зерттеушінің жалпылама көпсөзділіктен бас тартуына әкеледі. Бұл қағида дәлелсіз бос мақтаулардан да сақтандырады. 3. Көркемдік әлемнің күдіреті тікелей жазушының ішкі рухани бостандығымен бай-

ланысты екенін айтып, осы орайда Абайдың, Мағжанның шығармаларын мысал ретінде келтіреді. «Ә. т-тағы» біз бүгін ұмытқан діндар дәуір жанларының атаулары: мінәжат, намыс толғау деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі «Хак жолындағылар тарихы» деп аталса, оның соңы «Алла тағалаға мінәжат айтумен» аяқталады. Кеңес кезінде өшірілген бұл мінәжат жанры туралы мәлімет Байтұрсынұлының «Ә. т-ында» ғана кездеседі. Бұлар – бізге бүгін қажетті әдеби талдаулардың үлгісі. 4. Зерттеушінің кітабына кең ауқымды ойлау қабілеті тән. «Біздің қазақ Европа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсетүсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды. Бүгінгі әдебиеттанудағы «синкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» деген мәселелер туралы «Ә. т-та» Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір аның қолында өскен балалар сияқты көрінгені, өнегесі, үлгісі бір болған». 5. Байтұрсынұлының пайымдауына, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «адамның жан қоштау керегінен шыққан «әдебиет – «асыл сөз». Сондықтан «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынап біледі». Өйткені, «Жүйірік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады». Әдеби стиль, даралық стиль, көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай таныта түседі. 6. Ресей ғалымы М.Бахтиннің «роман теориясы «бойынша дүниежүзілік әдебиетте роман – ең соңғы жанр, ол – сол тілдегі әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі жанр. Сондықтан роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман жанры осындай жан-жақты баяндау, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра) меңгеріп, өзінің оларды оята білу мүмкіндігіне орай басқа прозалық түрлерге әсер ете алады. Бахтиннің «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау 20 ғ-дың 20-жылдары түсіндіріп кетіпті. Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінудері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудан-

дарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша жайыла бастайды». Яғни басты мәселе «айтылу аудандарында» ғана екен. Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады. Бахтиннің «романдық стиль – повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді» деген әйгілі қағидасын Байтұрсынұлы 1926 ж. Ресей ғалымынан отыз жыл бұрын айтып, дәлелдеп қойған. 7. Романның стилінде қорытылып, жинақталатын ұлттық сөйлеу жүйесінің жанрлық түрлері туралы қағиданы («речевые жанры»), Байтұрсынұлының қазақ сөз өнерін талдай отырып айтқан пікірлерінен де ұшырастырамыз: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді. Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек». Роман стилін жүйелей келе, Байтұрсынұлы оны «айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс» деп жіктейді. Бұл атаулардың негізін де аша түседі: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылдым. Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз... Толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда». Яғни «Сөйлеу жүйесінің мақсаты – сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету» деп түйіндейді. 8. Көркем туындыны талдағанда, оның ішіндегі осы көркемдікті тудыруға тікелей ат салысатын қатысушыларды Байтұрсынұлы былай деп анықтапты: «Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейінгі сөзге талғау кіреді: айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөздің нұсқаларын айқындап көрсеткенінің үстіне, аз да болса, асыл сөз сипаттарын айтып та, жұртты хабардар қылды. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушыларының жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, мағлұмат берілген». 9. Байтұрсынұлының еңбектерін сыпайылық (корректность!)

пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғ. этик. деңгей есіп тұр. Талдаулар, жүйелеу тәсілдері осы ғыл. мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Оның тек «пән сөзінде» сөйлеуі мен әдебиет теориясының негізін салып кеткендігін біз бүгін мойындауымыз қажет. Байтұрсынұлы әдебиет теориясының терминдерін, талдау жүйелерін қазақша күмбірлете сөйлетіп, ғыл. тілдің деңгейін сол кезде көтеріп тастағанын біз бүгін мақтаныш ете аламыз. Ұлтына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, оған адал қызмет еткен Байтұрсынұлы еңбегінің Қазақ елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жасар замандасы М.Әуезов былайша тұжырымдапты: «Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр қызымен бірге есіп шалқып жатыр... Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілік ұран, «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын». Бүгінде Байтұрсынұлы мұрасы халқының игілігіне айналды. Қазіргі өмірімізді Алаш арыстарынан мирас болған еңбектерсіз көзге елестетудің өзі мүмкін емес.

*Әдеб.:* Қабдолов З. Байтұрсынұлының әдеби қисындары // Көзқарас. А.: Рауан, 1996; Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. А., 2001; Әуезов М. Ақанның елужылдық тойы // А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. А.: Жалын, 1991.

*А.Ісімақова*

**«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ.** 20 ғ-дың басындағы Алаш зиялыларының еңбектері қазақы танымдық кеңістік пен ұлттар тарихы жөніндегі әлемдік мәдени үрдіске де үлкен үлес қосып отыр. Мұның бір ғана мысалы ретінде қазақ әдебиеттану ғылымының классик. мұрасына айналған А.Байтұрсынұлының 1926 ж. Қызылорда қ-нда баспа бетін көрген «Әдебиет танытқышын» айтуға болады. Еңбектің әдебиеттану ғылымындағы орнын дөп басып танып, теор. құндылығын биік бағалаған ғалымдардан Р.Сыздық, З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Нұрғали еңбектерін атауға болады. Кітаптың «Андатуында» өзге өнердің түрлерімен салыстыра отырып, сөз өнерінің ерекшелігін айқындап алған соң, әдебиет теориясының пәндік және категор. жүйелері беріле бастайды. Сөз өнерінің өзгешелігін айтқанда Байтұрсынұлы нақтылап, ықшамдап көркемдіктің басты-басты категорияларын келтіреді: «Сөз өнері, – деп жазады ғалым, – адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге». Өнер жүйесіндегі бастапқы үш негіз құрамды

осылай нақтыланып алған соң, былайша ой қорытады: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселерді тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау». Ары қарай ғалым: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйгенін түйгенінше айтуға жарату» деген тұжырымды алға тартады. Көркем туындыдағы психологизмнің орны жөнінде Г.Пірәлиева: «осы аталған үш негіз – адамның жан жүйесін (Ж.Аймауытов), санасын зерттейтін жазушылардың негізгі объектісі. Ақыл, қиял, көңіл терең зерттелмей, адам табиғатын жан-жақты танытып, оның ішкі дүниесіне тереңдей ену мүмкін емес» дейді. Таяуда Оксфордтан шыққан Джонатан Каллердің «Әдебиет теориясында» да ең негізгі басымдық осы тіл мен ойлау жүйесінің теориясына берілген. Байтұрсынұлы: «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол көбінесе шығарма деп айтылады. Ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын, бәрі шығарма болады. Шығарманың түрлері толып жатыр. Оның бәрін шумақтап бірақ атағанда арабша – әдебиет, қазақша – асыл сөз дейміз» деп, әдебиет сөзінің ауқымын кең шеңберде ашып береді. Мағналық жағынан да әдебиет термині уақыт өте келе синкреттік сипат иеленіп, бесаспаптық қасиетке ие болды. Байтұрсынұлы әдебиеттің мазмұнын түсіндіргенде оның тарихи жолын да ескерген. Яғни ғалым әдебиеттің сөз өнерінің бастапқы озық үлгілерінен өсіп шыққандығын айтады. Әрі қарай ғалымның «Тіл қисыны» дегенін – стилистика ғылымымен, нақтысы поэтик. стилистикамен мазмұндас деп қараймыз. Поэтик. стилистика аясында, Б.Томашевский мен Жирмунскийде де кездесетін поэтик. семантика (сөз мағынасының ауысуы), яғни троптар мен өзге де көркемдік айшықтар ұғымын Байтұрсынұлының «Тіл көрнекілігімен», анығы сол бөлімге кіретін категориялармен қатар, ал «Сөз талғаудың» ішіндегі «Сөз дұрыстығы», «Тіл тазалығы», «Тіл анықтығы», «Тіл дәлдігі» деген тараушаларды көбіне поэтик. синтаксиспен барабар қараймыз. Байтұрсынұлы: «Лебіз ғылымының мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» деп, поэтиканың негізгі міндеттерін де айтып өтеді. Бұл жерде Байтұрсынұлы поэтиканың бірден-бір тірегі деп ең алдымен тіл заңдылықтарын айтын отыр. «Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр- сипатын білу сияқты нәрсе. Керек

заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады». Троп пен фигураны Байтұрсынұлы бірлікте қарайды. Тіл көрнекілігінің көркем шығармадағы міндетін айтқанда классик. мысал ретінде, Мағжанның «Толқын» өлеңін мысалға алады. Асыл сөздің образдылығы да, эстетик. және поэтик. мұраты да осы өлеңде үлкен шеберлікпен берілген. Осындай сөздерді «көрнекі тіл» дейміз дейді де, оны «көріктеу», «меңзеу», «әсерлеу» деп, үш әдіске жіктейді. Мұндай күрделі де қарапайым ды тәсіл Байтұрсынұлына тән. Байтұрсынұлы пайымындағы әрбір ұғым немесе сол ұғымның жүгін көтеретін «пән сөздері», негізінен үш тағанмен бірлікте қаралады. Олар: сөздің терең генезисі мен семантикасы және оның асыл сөз жүйесіндегі функциясы. «Әдебиет танытқыштың» сөз бағында көркем туындының жалпы теориясына қатысты келесі бір тәсіл пайдаланылған: «Шығарманың екі жағы бар: 1) тысқы тіл жағы, 2) ішкі пікір жағы. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: шығарманың тілінің ғылымы; шығарманың түрінің ғылымы. Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді». Бұдан шығатын түйін – Байтұрсынұлы ең алдымен шығарманың семантик. құрылымына назар аударып отырған. «Әдебиет танытқыштағы» «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталатын екінші тарауда асыл сөз теориясының негізгі белгілері тұтастай талданады. Бұл тарауда: көркем шығарманың түрлері, прозалық мәтін мен ақындық мәтіннің айырымы, көркемдік әлемнің құрылымдық жүйесі мен ондағы мағыналық астарлар мәселесі, мәтіндер арасындағы қатынас жүйесі, терминдеу жүйесі, көркемдік әлеміндегі субъективті және объективті басымдықтар, композиц. негіз, оқиға таңдау, олардың орналасуы, әдеби тектер мен жанрлар ерекшеліктері, шығарманың эстетик. талғам бағыттары секілді теор. мәселелер сөз болады. Байтұрсынұлы тұжырымы бойынша, көркем сөз – көпқабатты құбылыс. Оның құрамында сөздің негізгі теор. басымдықтары белгіленген. Ғалымның айтуынша: «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады. Жалаң сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәнісеп, ақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп,



көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады». Ғалым пән категорияларын түсіндіргенде оның қасиетін образды мысалдармен, филол., филол. категориялар бірлігінде ашып береді, басқа көркемдіктің арнайы категорияларына көңіл аударады. Яғни тек ой желісіндегі көркемдіктің реттілігі ғана ашылып қоймайды, сонымен қатар олардың түпкі белгілері («Көркем сөз – көңіл тілі»; «көркем сөз – қиял байлығына қарайтын нәрсе»), адам санасының көркемдік әлемді сезіну негіздері қатар түсіндіріледі. Мұның бір шегі адамның образды қабылдау бейімдігіне де қатысты («яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау»). Бұл тұрғыда Потенция еңбектеріне сілтеме жасауға болады. З.Фрейдтен Э.Фромға дейінгі бір топ психологтардың да көркем туынды мен түс көрудің жақындығы туралы көп жазуы тегін болмаса керек. Сөйлеу жүйесінің мағыналық қызметін негізге ала отырып, Байтұрсынұлы «қара сөз» бен «дарынды сөздің» нысанын айырып береді де, оны ең алдымен адамның ойлау жүйесімен байланыстырады. «Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда іә нәрсеге тиісінше ойлайды, іә көңілінің түйісінше ойлайды». Тиісінше ойлауды (объективное мышления) қара сөзге тән деп, ал түйісінше ойлау (субъективное мышления) дарынды сөздің талабына сай келетінін бірнеше қисынды мысалдар арқылы анықтап береді. Енді осы екі ұғым жүйесі не туралы айтады дегенде, қара сөз тиіс ғалам турасындағы (объективный мир) әңгіме болады да, дарынды сөз түйіс ғалам турасындағы (субъективный мир) әңгіме болатынын көркем сөз бен жалаң сөздің қасиеттерін салыстыра отырып қорытады. Қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің мағыналық жағындағы сипаттарын осылай ашып алғаннан кейін, олардың қызметтік міндеттері жағынан былайша жіктейді: «...дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады». Әрине, бұл жерде қара сөз ұғымы тек ғылым тілдерімен шектеліп тұрмаған болса керек. Десек те, ұғымның қисыны бойынша қара сөздің жүйесі нақтылыққа алып барып, ғылым тілінің талабына келеді. Алайда, бұл жерде «қара сөз» жүйесін Байтұрсынұлының сөз өнерінің мазмұндық негізінен тарапқан ескерсек, онда ол тек ғылым тілімен шектеле алмайтын болып шығады. Бүгінгі әдебиеттану ғылымында баяндаудың бірнеше деңгейін анықтау үрдісі бар. Соның бір негізгі деңгейі – тарих. Әуезе түрлерін айтқанда, Байтұрсынұлы да тарихқа қысқа анықтама беріп кетеді. Ғалым тарихты «айғақшы әуезе» болады дейді де, «сөздің ең сипаттысы» – тарих дейді. «Тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалар-

дың мағлұматын, сымға тартқандай, сынға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді». Ал бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы баяндау теориясына қатысты еңбектерде тарихтың оқиғаларды іріктеп, содан соң нақтылап беретін ерекшелігі айтылса, Байтұрсынұлы тарихтың ол ерекшелігін ұлы дерек деп атайды. Осыдан келіп, «Байтұрсынұлы тарихты неге әуезе түріне (яғни, сөз өнерінің баяндау ерекшеліктерінің жүйесіне) кіргізген» деген сұрақтың шешімі шығады. Байтұрсынұлы тарихқа тек пән ретінде емес, негізінен әдеби шығарманың спецификасы тұрғысынан келген. Себебі, әдеби шығарманың аясы кең, онда, тарих та, заман хат та, мінездеменің де белгілері ұшырасады. Ғалымның пән саласын да іріктеп, қара сөздегі әуезенің түрлеріне жатқызуының бір қыры да осында жатса керек. Нарратология, яки «баяндау теориясының» (қазақшалағанда бұл ғылымның нысаны баяндау үлгісіне құрылған кез келген жанрдағы шығармалардың құрылымдық, һәм мағыналық ерекшеліктерін сараптаумен дөп келеді) Байтұрсынұлы замандастары Томашевский, В.Школовский, В.Пропп, В.Волопшнов, М.Бахтин тұжырымдарымен тікелей туыстығы бар. Бүгінде батыста жылдам қарқын алып келе жатқан нарратол. әдістеменің тәсілдері аталмыш орыс әдебиеттану ғылымының өкілдерінен бастау алып, негізі қаланғаны белгілі. Мәселен, бір ғана «нарративтік» түсінігін алсақ, оның 1925 ж. Томашевский жазған «фабулдік» түсінігінен шығатынын көреміз. «Дискриптивтік» немесе «сипаттау» терминдеріне қарама-қарсы мағынадағы «нарративтік» терминінің мағынасы материалдың құрылымдық желісіне қатысты ашылады. Егер шығарма құрылымында бір тарих баян етілсе, оның мағынасы бір оқиғаға апарады. Нарративтік шығармаларға уақиғалы тарихи баянға құрылған туындыларды жатқыздық. Әңгіме барысы көркем сөздің болмысы туралы тақырыпқа келгенде, Байтұрсынұлының теор. тұжырымдарының өміршеңдігі анық байқалады. Көркем сөздің эстетик. мәні мен қызметін ғалым жан-жақты терең талдап өткен. Көркем сөздің шығатын отаны жалпы көркемдік ұғымынан келетіні, ал оған жұмсалатын өнердің ақындық болатыны ғыл. негізде пайымдалады. Аталған бұл жүйенің бүгінгі көркем ойдың астарын саралап жүрген ғалымдардың еңбектерімен үндес түсіп жататыны тағы бар. Қазіргі кездегі әдебиет теоретигі Е.Хализев көркемдік ұғымын кең шеңберде ала отырып, былай дейді: «Художественное есть родчеловеческой деятельности, предполагающей достижение совершенства своих изделий (эстетической их целостности) как рубежа, который, говоря словами Канта, «не может быть отодвинут». Иначе говоря, искусство (область- такой деятельности), и в част-

ности искусство слова, являет собой высшую форму эстетических отношений». Осы жөнінде Бахтинның да айтаны бар: «Эстетическое созерцание природы, эстетические моменты в мифе, в мировоззрении... сунбуры, неустойчивы, гибричны. Эстетическое вполне осуществляет себя только в искусстве». Ал енді сезім мен көркемдік, жалпы көркем ой шығарма сөздің бастауы деген Хализев тұжырымын Байтұрсынұлы «Дарынды сөз... акындардың, арқалылардың сөзі. <...> Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады» деп биік парасатпен алыстан адымдайды. Көркем туындының «дарынды сөз» деп алынуының өзі көп нәрседен хабар беріп тұр, яғни, көркемдіктің қызметі мен дарындылықтың қызметі Байтұрсынұлы бойынша бір-бірінен алшақ кетпейді. Бұл жерден шығатын және бір маңызы қорытынды – «Әдебиет танытқыштағы» терең синтезбен берілген теор. байламдардың қазіргі әлемдік теор. ойға да бастау болып отырғандығы. Бүгінгі көп айтылып жүрген семиотик. ізденістердің арғы тегі де «Әдебиет танытқыштан» тарайтыны. Тіпті қазіргі өте жаңашыл мағынада қолданылып жүрген мәтін сөзінің түп негізі де аталмыш еңбекпен астасып жатыр. «Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз... Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын – бәрі шығарма болады». «Әдебиет танытқыш» толығымен теор. поэтиканың талабына жауап беріп, оның пән ретіндегі барлық мүмкіндігін ашып береді. Байтұрсынұлы шығарманың тарихына барған күннің өзінде де, тек сол асыл сөздің теор. қасиеті тұрғысынан барады. Дәлірек айтқанда, теоретик Байтұрсынұлы үшін шығарманы қай кезенге жатқызамыз, қайдан келді дегеннен гөрі, «шығарманың ішкі-сыртқы түрі қандай», «не айтқысы бар» деген сұрақтар маңызды. Бұл сол пәннің төл специфик. негізімен қарағанда, әрине, түсінікті жайт. «Діндар дәуірге» де сондай талаппен қарайды. Ғалым тақырыптың басында: «Діндар дәуір ауыз әдебиет түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырылмаса, айрықша түр-түрпаатымен айырыла қоймады. Діндар жағының басымдығымен айырылатын түрлері мынау: кисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау терме; бұлардың әрқайсысын қысқаша баяндап, мысал келтіріп, сыр-сипатын көрсетіп өтейік» дейді. «Әдебиет танытқышта» «Діндар дәуір» туралы жалпы түсінік қысқа қайырылғанымен, сол дәуір тудырған шығармалардың түрлеріне мол мысалдар келтіріледі, әрбір түріне жеке-жеке түсіктемелер де беріледі. Негізгі дәуірлеу мәселесі кеңес әдебиеттану өкілдеріне дейін осылай қарастырылған. М.Әуезов пен Х.Досмұхамедов еңбектерінде де қазақ әде-

би үрдісінің дәуірлеуі келтірілген. Кеңес кезінде әдебиеттің дәуірге бөлінуі С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, М.Базарбаев, С.Қирабаев, Ахметов, Қабдолов, Х.Сүйіншіліев, М.Мағауин, М.Жолдасбеков, А.Қыраубаева, Н.Келімбетов еңбектерінде де жан-жақты зерттелген. Аталған еңбектер әдебиет тарихы тұрғысынан дәуірлеу жүйесінің түрлері болып табылады. Ғалым роман спецификасы («ұлы әңгіме») жайында да арнайы тоқталған. «Әдебиет танытқыштағы» әдебиеттің тектері мен түрлеріне қатысты жүйе Платон, Аристотельдерден келе жатқан классик. үлгіге саяды. Түрлерге қатысты айтқанда, Байтұрсынұлы өз заманының теор. жетістіктерінің бәрін ықшамдап кіргізе білген. Ал кейбір тұстарында, өзіне тән кең ойлау ерекшелігімен уақыттан оза шауып, сөз өнерінің үш тегінің спецификасына қатысты тұжырым жасайтын жерлері де бар. Ғалымның роман туралы тұжырымдарына тоқталсақ, біріншіден романда Байтұрсынұлы «ұлы әңгіме» деген атау береді. Сөйтіп, бірден сөз өнері жүйесіндегі романның салмағын айқындап, оған бөлекше талап қояды. Екіншіден, романның ішкі компоненттері мен сыртқы тақырыптық аясын да қатар бірлікте айқындап береді. Үшіншіден, ғалым ұлы әңгіменің басты ерекшелігі болып табылатын оқиғаның көпқабаттылығы (многослойность сюжета) мәселесін де жан-жақты, әрі қисынды түрде ашып көрсетеді. Төртіншіден, романдағы кейіпкерлер жүйесін айқындайды. Бесіншіден, романның көлемдік спецификасы туралы мәселелердің теор. байламдары берілген. Кітаптың алдыңғы жағында, яғни сындар дәуір әдебиетінің үш тегін анықтап көрсеткенде, драма жүйесі былай берілген: «Айтыс-тартыс табына қарайтын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөздер түрі де толып жатыр. Оның ішінде негізгі басты түрлері мыналар: 1) айтыс сөз, 2) тартыс сөз. Тартыстың өзі басты-басты үш тарау болып бөлінеді: 1) мерт, яки әлекті тартыс (трагедия), 2) сергелден, яки азапты тартыс (драма), 3) арам-тер, яки әурешілік (комедия)». Алайда, драмалық жанрдың өзін бөлек алып қараған осы тарауда бұл бастапқы жүйе аздап өзгерген. Мәселен, драмалық жанр ұғымына қатысты балама ретінде мына сөздерді айтуға болады: айтыс-тартыс; айтыс сөз; тартыс сөз; ұстасу (осы терминдерге қатысты түсінік те берілген жері бар; ғалым ұстасу сөзінің мағынасын таразылап келеді де, «мұнан былай қарай иә айтыс-тартыс, иә ұстасу деген атын қолданамыз» дейді); трагедияға да: алғашында «мерт, яки әлекті тартыс (трагедия)» деген атау берілгенімен, нақты тақырыпқа түсіп талданатын мәтінде тек әлектеніс деп қолданылады. Ал жоғарыдағы келтірілген жүйе бойынша екінші

кезекте келетін «сергелден, яки азапты тартыс (драма)» 18 ғ-да пайда болған аралық жанр болатын, бүгінде ол жанрлық түр ретінде айналыстан түсіп қалды. «Әдебиет танытқышта» да бұл түр, алғашында аталғанмен, мәтінде ондай тарауша кездеспейді. «Әдебиет танытқышта» жанр табиғатына үлкен мазмұндық семантик талап байқалады. Байтұрсынұлы тартыстың сөз өнеріндегі орнының үлкен екенін анық білген. Сол себепті де драмалық шығармаларға таңдалатын сюжет желісі де, негізгі ұстаным идеясының да үлкен болуы керек. Мұнда да ғалым мәселенің мәнін тереннен қозғайды да, драманың табиғатына оның идеялық тірегі тұрғысынан келеді. Шығарманың ішкі құрылымдары (композициясы) туралы былай дейді: «Ұстасудың үш дәуірі болады: 1) байланыс, 2) шиеленіс, 3) шешіліс». Байтұрсынұлы драмалық шығарманың композиц. ерекшелігіне барлық көркем туындыға тән талаппен қараған. Бүгінгі ғылымда әдебиет теориясын іргелі ғылымдар қатарына енгізу мәселесі жиі көтерілуде. Себебі, көркемдік құндылықтардың мәнін зерттеу барысында әдебиет теориясы пәнінің теор. тұжырымдары – философия, культурология, антропология, эстетика, өнер теориясы мен тарихи үрдіс, құрылымдық лингвистика мен матем. логика, герменевтика, семиотика секілді ғылым салаларымен тікелей байланысты. Сондықтан алда «Әдебиет танытқышты» (1926) жаңа талап тұрғысынан, ғыл. мәтін ретінде қарастыру міндетті. Екіншіден, «Әдебиет танытқышты» әдебиеттің басты теор. мәселелерін баяндайтын кешенді еңбек ретінде пайымдау керек. Қорыта келгенде, Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақ сөз өнеріндегі бесаспап теор. еңбек ретінде де, жеке құндылық деңгейіндегі мұра ретінде де әлі де толыққанды зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

*Әдеб.:* А.Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. А., 2003; Г.Пірәлиева. Көркем прозадағы психологизмның кейбір мәселелері. А.: Алаш, 2003; Каллер Джонатан. Теория литературы. М.: Аст-Астрель, 2006. – С. 68–138; Потебня А.А. Теоретическая поэтика. М., 1990; Потебня А.А. Эстетика и поэтика. М., 1976; Потебня А. А. Из записок по теории словесности. Харьков, 1905; Потебня А. А. Из лекций по теории словесности. Харьков, 1894; Потебня А. А. Мысль и язык // Полное собрание сочинений. Харьков, 1926. Т. 1; В.Е.Хализев. Теория литературы: Учебник. – 4-е испр. И доп. – М.: Высшая школа, 2005. – С. 109; В.Шмид. Нарратология. М., Языки славянской культуры, 2003. – С. 69; В.Е.Хализев. Родовая принадлежность произведения // Введение в литературоведение М., 2004. – С. 15; М.Бахтин. Вопросы литературы и эстетики. М., 1975. – С. 22.

*Ұ.Еркінбаев*

**«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШТЫҢ» ТЕОРИЯ-ЛЫҚ НЕГІЗІ** – моногр. еңбек. Авторы – Ұ.Еркінбаев. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер

ин-тының Ғыл. кеңесі ұсынған. А., «Олжа» баспаханасында 2008 ж. басылған. Көл. 136 бет. Таралымы 500 дана. Еңбек кіріспеден, үш тараудан («Сөз өнерінің ерекшелігі», «Шығарма сөз жүйесіндегі стилистикалық айшықтар тілі», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің» трактовок-касы), қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Монографияда көркем сөздің теор. сипаты жөніндегі А.Байтұрсынұлының тұжырымдары талқыланып, 1926 ж. баспа бетін көрген «Әдебиет танытқыштың» теор. салмағы күні бүгінге дейін мамандардың қызығушылығын арттырып отыр. Осы ретте автор «Әдебиет танытқыштың» әдеби-теор. және методол. жүйесін – 20 ғ-дың басындағы және бүгінгі әдебиеттану ғылымының жетістіктері тұрғысынан теор. поэтиканың негізінде саралаған. Кітап филологтарға, әдебиет теориясы пәнінің мамандарына және көпшілік оқырманға арналған.

*С.Арғынғазин*

**ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі және «Қазақтың бас ақыны» мақаласындағы әдебиет тарихы туралы ойлары. Алғашқы еңбегінде қазақ әдебиетінің тарихын автор екі үлкен дәуірге бөліп: «Діндар дәуір» және «Сындар дәуір» деп атайды. Соның негізінде қазақ әдебиеттану ғылымында ең алғашқылардың бірі болып әдебиет тарихындағы жазба дәстүрдің қай кезден, кімдерден басталғанын ғыл. дәйектейді де, оны «Діндар дәуірмен» тікелей байланыстырады. Сөйтіп, осы дәуірдің өкілдерін және жанрларын нақты мысалдар арқылы көрсетеді. Автор әдебиет тарихындағы келесі дәуір – «Сындар дәуірі» әдеби-тарихи үрдістің жаңа арнаға бұрылғанын дәйектеп, осы дәуірдің тууы мен қалыптасуындағы Абай шығарм-ның рөлін ерекше атап көрсетеді. Әдебиеттің жазбалық мәдениетінің жаңа сапаға көтерілгенін, көркемдік сипатының артқанын, әлеумет өмірін қамту ауқымының кеңейгенін айтады. Әдебиет тарихының осы дәуірінде жаңа жанрлық түрлердің пайда болғанын және олардың қазақ әдебиетінде жетекші орынға ие бола бастағанын осы жанрлар арқылы көрсетіп береді. «Әдебиет танытқыш» еңбегінде сонымен бірге көне грек, Рим және Еуропа әдебиеттерінің тарихы жөнінде де айтылады. «Қазақтың бас ақыны» мақаласында әдебиет тарихы мәселелері Абай шығарм-мен байланыстырыла айтылып, ұлы ақынның әдеби-тарихи үрдістегі айрықша орнына лайықты баға беріледі. Жалпы, Байтұрсынұлының әдебиет тарихы туралы ойлары оның әдеби-теор. пікірлерімен байланысты өрбіп, Ғалымның бұл ойлары қазақ әдебиеттануындағы осы мәселе жөніндегі ең алғашқы ғыл. пікірлердің қатарынан орын алады.

**ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ.** Әдебиет тарихын дәуірлеудің бір үлгісі – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде. Оның «Жазу әдебиет» бөлімінде: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып, дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған. Қазақ ішінде олар көп тұрып, қазақтың тілін, мінезін жақсы білген. Қазақтың өленді, сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Шарттарын, шарият бұйрықтарын өленді хикая, өленді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған» деп, жазба әдебиеттің алғашқы дәуірін дінмен байланыстырса, екінші дәуір жөнінде: «Сындар дәуір деп қазақ әдебиетінің сында болған, яғни сын арқылы шығып, әдеміленген мағыналы сөз, бір мағынасы сыны бар деген болады да, екінші мағынасы мінсіз, толғаулы, сипатты деген болады. Бұл сөздің екі мағынасының екеуі де қазақ әдебиетінің соңғы кездегі жаңа дәуірін сипаттайды» дейді. Бұдан көретініміз – Байтұрсынұлы әдебиетті діндар дәуір және сындар дәуір (бұл дәуірді ділмар дәуір деп те атайды) деп екіге бөлетіндігі. «Әдебиет танытқыш» – әдебиет тарихына емес, әдебиет теориясына арналған еңбек екені белгілі. Сондықтан да Байтұрсынұлы үшін әдебиетті дәуірлеу басты мақсат болмаған сияқты. Ол дәуірдің қалыптасу, туу, даму ерекшеліктерін не болмаса олардың сипатын таратып айтпайды. Ғалым үшін маңыздысы – сол дәуірлердің шегінде туған әдеби жанрларды байқау. Әдебиет тарихының болашақтағы дәуірлеушілері үшін әрбір әдеби дәуірдің жанрлық жүйесін көрсетудегі Байтұрсынұлы үлгісі өнеге болуы тиіс. Себебі, әдебиет тарихы көркем формалардың да өзгеру, қалыптасу, алмасу тарихы екендігі белгілі. Дәуірлеу секілді аса күрделі мәселеде ең алдымен оның критерийлері жасалуы керек. Мұндай шарттар, негізінен, әдебиеттің табиғи даму жолымен берік байланыста болуы міндетті. Әдебиет – халық деген сияқты жалпы ұғым. Халықтың көзге көрінер, қолға ұстар заттық, материалдық болмысы болмайтыны, халық дегеніміз адамдар тобы екендігі сияқты, әдебиет дегеніміз де – көркем шығармалардың болмысын түзілетін рухани әлем. Қай-қайсымызға да мәлім осы аксиомалық жайды мықтап ескерсек, әдебиет тарихының даму ерекшеліктері әр дәуірде дүниеге келген көркем шығармалардың төл табиғатынан өрістеуі шарт. Бұл арада сол көркем шығармалардың ортақ қасиеттері сараланып, әдеби кезеңнің дәуірдің дидарын айқындай алатын белгілер жинақталады. Сол себепті де көркем мәтін, біз әдетке айналдырып алғандай, поэтиканың ғана емес, әдебиет тарихының да бас-

ты мәселесі болуға тиісті. Мәтіннің барлық компоненттерін бойына жинаған мазмұн мен пішін категорияларының түсуі – теор. тұрғыдан поэтиканың нысаны болғанымен, сол дәрежеде тарихи әдебиеттанудың да зерттеу аясына енеді. Осы өзара сабақтастық ерекшелік Байтұрсынұлының дәуірлеу үлгісінен көрінеді.

*Е.Тілешов*

**«ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ АҚТАҢДАҚ БЕТТЕРІ»** – оқу құралы. Авторы – С.Қирабаев. А., «Білім» баспасынан 1995 ж. жарық көрген. Көл. 288 бет. Таралымы 2600 дана. Еңбекке автордың халқымыздың қазіргі егемендік жағдайында, ұзақ ғасырлар бойы жасаған мәдени мұрасын түгендеп, оны бүгінгі заман игілігіне жарату, осы орайда бүкіл ауыз әдебиеті мен тарихи әдебиеттің ақтаңдақ беттерін толтыру бағытындағы ой-пікірлері, толғаныстары топтастырылған. Оқу құралы ақталған жазушылар шығарм. жайында, бұрын аталып жүрген акын еңбектерін бүгінгі тұрғыда қайта бағалауға қатысты, олар туралы жаңаша зерттеу жасау мақсатында жазылған жеке мақалалар мен зерттеулерден тұрады. Сонымен бірге оған соңғы жылдары аталып өткен мерейтойлар кезіндегі конференциялар мен жиналыстарда жасаған баяндамалар, сөйлеген сөздер де қайта қаралып, толықтырылып мақала болып енгізілген. Автордың А.Байтұрсынұлы шығарм. жайында баяндаған «Ахметтің ақындығы» атты көлемді зерттеу мақаласы жарияланған. Еңбек жоғары оқу орындарының филол. ф-ттері студенттері мен әдебиет сүйер көпшілік қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**«ӘДЕБИЕТ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ»** (1929–39, Мәскеу қ.) – ғыл. басылым. Кеңестік әдебиеттанудың теор. мәселелерін шешу мақсатында құрылған. Онда орыс және дүниежүз., сондай-ақ КСРО халқының әдебиеті мен методологиясы, әдебиет тарихы, теориясы мен сыны, т.б. мәселелер маркстік ілім тұрғысынан қарастырылған. Бүгінгі күні библиогр. сирек кездесетін құндылыққа айналған 11 томдық басылымның электрондық нұсқасы интернет желісі арқылы жарыққа шықты. «Ә. э.» басылымын дайындауға В.Ф.Асмус, Д.Д.Благой, Б.М.Гранде, К.Н.Державин, А.К.Дживелегов, Т.М.Левит, Е.Д.Поливанов, Н.Н.Поппе, М.В.Сергиевский, Л.И.Тимофеев, И.М.Троцкий (Тронский), А.Г.Фомин, Р.О.Шор, т.б. белгілі ғалымдар қатысқан. Энциклопедияда ұлттық тілдер мен әдебиетке, сол ұлттық тілдердің көрнекті өкілдеріне, әдеби мектептер мен бағыттарға, маңызды әдеби түсініктерге арналған 10 мыңнан астам мақала бірінғай әліпбилік жүйемен берілген. 1929–30 ж. – 1–4-т., 1931 ж. – 5-т., 1932 ж. – 6-т., 1934 ж. – 7–8-т., 1935 ж. – 9-т., 1937 ж. – 10-т., 1939 ж. 11-т. баспадан шықты. 10-т.

1937 ж. баспаға дайын болып, бірақ партиялық цензура өткізбей тастаған. Басылымды даярлауға қатысушылардың бірінің жеке кітапханасында кездейсоқ сақталып қалған нұсқасы 1991 ж. Мюнхен қ-нда репринтті түрде жарық көрді. 10-томның сол нұсқасы редакторлық өңдеуден өтіп, оқырманға алғаш рет интернет арқылы жетті. Энциклопедияның 1-томына Абай және А.Байтұрсынұлының өмірбаяндары енгізілген. Онда Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деп баға берілген. Өмірбаянның соңында пайдаланылған әдебиетте проф. А.Самойлович, М.Дулатов, Поливанов, т.б. есімдері көрсетілген.

Әдеб.: [www.feb-web.ru/feb/litenc/encyclor/](http://www.feb-web.ru/feb/litenc/encyclor/) (қаралған күні: 26.9.2017)

*К.Саркенова*

**ӘДЕБИ СЫН** – әдебиеттану ғылымының бір саласы. Оның әдебиет теориясы мен тарихынан негізгі айырмашылығы нақты осы шақтағы әдеби оқиғаларға дер кезінде пікір білдіруге бағытталатыны. Сынның басты міндеті – ағымдағы әр түрлі әдеби үрдістерге, өз тұсындағы көркем ойлаудың деңгейіне жан-жақты талдау жасап, шығармалардың идеялық-эстетик. құндылық мөлшерін анықтап отыру. Сын нысанына жеке шығарма, бір қаламгердің шығарм. немесе бірнеше жазушылардың туындылары алынады. Әдеби сыншы көркем шығарманы қанша жерден субъективті тұрғыдан талдап-таразылағанымен, саналы түрде де, ырқынан тыс та оқырман мен қаламгер арасында дәнекер қызметін атқарады. Сонымен қатар сыншы көркем туындыны бірнеше ракурстан (көркемдік, әлеум., идеялық-эстетик., филос.-моральдық) талдай отырып, қаламгерге бағыт-бағдар сілтейді, оқырманның туындыны дұрыс қабылдап, жете түсінуіне ықпал жасайды. Әдеби сын әдебиеттанудың басқа салаларымен тығыз қарым-қатынас жасайды. Сын шығарманы талдау барысында әдебиет теориясындағы ғыл. аппаратты пайдаланады және талдау нысанындағы шығарманың маңызы мен жаңалығын таныту үшін әдебиет тарихындағы мәліметтерге де жүгінеді. Ұлттық әдеби сынның қалыптасуында 20 ғ-дың басындағы алашшыл әдебиет өкілдерінің орны айрықша болды. «Алқа» ұйымының М.Жұмабаев жазған бағдарламасы да сыншылдық ойдың дамуына тың серпін берді. Әсіресе А.Байтұрсынұлы өзі басшылық жасаған «Қазақ» газеті елдің саяси-әлеум. өмірімен бірге әдебиет ахуалын қызу талқыға салып отырды. Ө.Бөкейхан, М.Дулатов, Ш.Құдайбердіұлы, Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Дөнентаев, С.Торайғыров, Б.Майлин, Ғ.Қарашынды ұлтшылдардың көркем шығармалары

мен сыни сипаттағы мақалалары үзбей беріліп отырды. Әсіресе ұлы Абайдың шығарм. жайында алғашқы ғыл. тұжырымдар осы газеттің бетінде жарияланды. Ахаңның әйгілі «Қазақтың бас ақыны» мақаласын сын тарихын зерттеушілер сыни ой-пікірдің қалыптасуындағы айрықша қадам деп бағалайды. Дегенмен, бұл тарихи мақала әдебиет тарихының нысанымен өзектес екенін айтуымыз қажет. Байтұрсынұлының тікелей бағдарымен «Қазақ» газетінде сынның әдеби хабар, шығарм. портрет, әдеби шолу, рецензия сияқты жанрлары қанат жайды. Байтұрсынұлы сол шақта жүріп жатқан әдеби үдерісті назардан тыс қалдырмай, сан тарау жолдан қазақ қаламгерлеріне бағдар сілтеп, әдебиеттің идеялық-көркемдік тұрғыдан жетілуіне жол көрсетуді өзінің ұлы істерінің біріне айналдырды. Мыс., ұлт қаламгерлерін жиып, құрылтай жасау ісіне ден қойған ол «Қалам қайраткерлері жайынан» («Еңбекші қазақ», 8.6.1922) атты мақала жариялап, сол шақтағы әдеби ахуалға нақты бағасын беруді көздеді. «1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстан қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған. 2. Қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау, тар заман түсіп, қайғы бұлты үстін торлап қаптаған шақта шыққан. Қазақ баласын ұлтым-жұрттым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері Қазан өзгерісі болғанда бірден интернационал (бейбауырмал) болып өзгере алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бейбауырмалдық үкімет қош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткерлерінің халында дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындар қайтып, тартыңқырап қалды. Айтқанды тындамайтын, «жасасын бейбауырмалдық» дейтіндер ауызға қағып сөйлейтін болды, омырау қағып күш көрсететін болды» деп жазады. Жалпы айтқанда, Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен», баспасөз беттеріндегі ғыл.-публицистик. еңбектерімен өз тұсының әдеби үдерісіне де сергек қарап, әдеби сын саласын биік бір белеске шығарып берді.

*Ж.Жарылғапов*

**«ӘДЕБИ-ТАРИХИ ПРОЦЕСС: АҒЫМДАР, КОНЦЕПЦИЯЛАР (АҒАРТУШЫЛЫҚ КЕЗЕҢ)»** – ғыл.-зерт. еңбек, Д.Қамзабекұлының докторлық диссертациясы. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында 2002 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – С.Қирабаев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен («Ағартушылық және әдебиет: құбылысы, ізденісі, ерекшелігі», «Алаш ағартушылығы тұсындағы әдеби-тарихи процесс», «Билік және әдебиет: текетірес, мәміле, тәжірибе, таным»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыста Қазақ ағартушылығы тұсындағы әдеби-тарихи үрдісті

зерттеу мақсат етілген. Жалпы проблеманы қарастыру барысында ұлттық тарихымыздың ағартушылық кезеңінің үш бөлігі анықталған. Олар: Бастапқы ағартушылық (1860–1890), Негізгі ағартушылық, немесе Алаш ағартушылығы (1890–1920), Инерциялы ағартушылық (1920–1929). Бастапқы ағартушылық жеке-дара көрінген тұлғалардың (Ыбырай, Шокан, Мұхамедсалық, Абай) елді көтеру, ағарту жолындағы еңбегін қамтыған. Сондай-ақ олар туралы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Шоқай, т.б. алаш зиялыларының пікір-пайымы, бағасы сараланған. Зерттеуші Әлихан, Ахмет бастаған толқынның негізгі ағартушылар қатарын толықтыруына себеп: біріншіден, олардың жеке-дара емес, ұйымдаса көрінуі, екіншіден, Шығыс пен Батыстың ұлтты ағарту жолындағы игі тәжірибелерінен сабақ алуы; үшіншіден, өскен ағартушылыққа тән жаңа сипатты баспасөз, оқу-ағарту, қоғамдық-саяси қозғалыс ісін дүниеге әкеліп, дамытуы деп көрсетеді. Инерциялы алаш ағартушылығы тұсындағы әдеби-тарихи процесс Ресей отарындағы түрік халықтары әдебиеті мен Түркияның (осман түріктері) күрескер рухты ағартушылық әдебиетін (танзимат, сервети фютун) типол. салыстырулар жасау арқылы қарастырылған. Көл. 365 бет.

*С.Арғынгазин*

**«ӘДІЛ БИ»** – «Оқу құралына» енген әңгіме. Берілген ғыл. түсініктемеде үш адамның дауын әділ шешкен би туралы бұл әңгіме желісі ауыз әдебиетінен белгілі екені айтылған.

**ӘДІСТЕМЕСІ.** А.Байтұрсынұлы өз заманындағы аса маңызды да, өзекті бағыт – оқу-ағарту саласында құнарлы еңбек еткен ұлы педагог. Ол оқу-ағарту жүйесіне өзгерістер жасау жолында аянбай қызмет етіп, қазақ тілі оқыту әдістемесінің іргегасын қалады. Осы тұрғыда қазақ бастауыш мектептерін ашу, мұғалімдер даярлау, жаңа буында оқулықтар, әдістемелік құралдар мен бағдарламалар жасау, халыққа білім беруді ана тілінде ұйымдастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Ұлы ұстаз осы талаптарды жүзеге асыру үшін мерзімді баспасөз бетінде өзінің жалынды көсемсөздерімен үнемі мәселе көтеріп, тиісті органдар мен басшылар назарын аудартып отырды. Байтұрсынұлының бірегей әдіскер ретінде қалыптасуына, әліппе, оқулықтар жазуына Б.Алтынсариннің еңбектері мен сол тұстағы орыс тілі әдістемесі өз әсерін тигізді. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» (1879), «Қазақтарға орыс тілді үйретудің бастауыш құралы» (1871), «Мәктубат» (1889) атты еңбектері сауат ашуға арналған әліппелер емес, оқу мен жазуды меңгерген балалардың алған білімі мен дүниетанымын дамытуды көздейтін оқулықтар еді. «Жадишшілер ұйымының» бір топ жас мүшелері, медресе шә-

кірттері қазақ мектептері үшін жаңа оқулықтар жазды. М.Нұрбайұлының «Қазақша букварь» (Уфа, 1910), И.Арабаев пен Х.Сәрсекеевтің «Әліппе, яки төте оқу» (Уфа, 1910), З.Ерғалиұлының «Қазақ әліппесі» (Қазан, 2010), М.Малдыбаевтың «Қазақша ең жаңа әліппе» (Қазан, 1912), Ғ.Серғалиннің «Қазақша әліппе кітабы» (Қазан, 1913), Қ.Ғабдуллиннің «Қазақ балаларына жәрдем» (Уфа, 1912), т.б. әліппе-оқулықтары әдіскер-ұстаздың зерттеу жұмысына арқау болды. Байтұрсынұлының ағартушылық, әдіскерлік саласында бірге қызмет еткен замандас әріптестері де болды. Олардың ішінде Қ.Кемеңгеровтың «Жауропалықтар үшін оқу құралы», М.Жұмабаевтің «Сауатты бол», Т.Шонанұлының «Жаңа әліппе», «Орысша қазақ тілін үйреткіш», «Кеспе әліппе», «Самоучитель казахского языка для русских», Н.Төрекұловтың «Үлкендер үшін жаңа әліппе», Ә.Байділдин мен Ғ.Мүсіреповтің «Қызыл әскер әліппесі», Ж.Аймауытовтың «Комплекспен оқыту жолдары», т.б. оқу құралдарында әдістеме ілімінен мол мәлімет берілмегенімен, қай-қайсысы болсын өз кезеңіне сәйкес шәкірттердің білім деңгейін көтеріп, оларға белгілі бір деңгейде ұлттық тәлім-тәрбие беруге ұмтылыс жасады. Ағартушы осындай өз заманының педагог-әдіскерлерінің тәжірибелерін саралап, ұлттық тілді оқытуға бағытталған төл әліппе, оқулықтарын дүниеге келтірді. «Оқу құралы» (1912), «Тіл-құрал» (1914), «Баяншы» (1920), «Әліппе астары» (1924), «Сауат ашқыш» (1926), «Тіл жұмсар» (1928) және т.б. еңбектерімен қазақтың білім беру ісінің негізін қалыптастырды. Сол кездегі қазақ баспасөз беттеріндегі (1911 жылдан бастап, 1913–18 жылдары «Қазақ» газеті бетінде) әзірге бізге белгілі, ғыл. айналысқа түсе бастаған көлемді мақалаларында 20 ғ-дың басындағы білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері мен мазмұнын жан-жақты сөз етеді. Өз уақытында Байтұрсынұлы жас ұрпақтың сана-сезімін ұлттық озық дәстүрде қалыптастыру үшін білім берудің алғашқы сатысы бастауыш мектеп екендігіне ерекше мән беріп, еңбектерінің басым бөлігін жас ұрпаққа арнайды. Ол: «Бастауыш мектепте үйрететін білім жұрттың бәріне тегіс керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек. Осы заманда хат білмеген адамның күйі тіл із құлағы, із қолы жоқ адамның күйімен бірдей, мұнан әрі хат білудің керектігі одан да аспақшы. Бастауыш мектепте оқығандар ең әуелі қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек» дей келе («Қазақ» газеті, 1914, 9 мамыр), халықты сауаттандыру мақсатында, алдымен, басы артық араб таңбаларын қазақ әліппісінен шығарып, қазақ дыбыстарына икемді таңба алып және жуанды-жиңішкелі үндестік заңына сай жазу үшін өз тарапынан

## ӘДІСТЕМЕСІ

«дәйекші» белгісін қосады. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Осының негізінде 1912 ж. Орынборда алғаш рет «Оқу құралы» («Қазақша әлифба») оқулығы жарыққа шығады. Осы ретте ағартушы ғалымдарымыздың бірі Т.Шонанұлы: «Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес, дүмше молдалар әліппе жасай алмай, балаларды «Әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов, Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді» деп, бұл еңбекке ерекше ықыласын білдіреді. «Оқу құралы» 1912–25 ж. аралығында 7 рет қайта басылып, оқу-ағарту жұмыстарында кеңінен пайдаланылды (I – 1912 ж., 40 бет, II – 1914 ж., 96 бет, III – 1916 ж., 98 бет, IV – 1921 ж., 90 бет, V – 1922 ж., 95 бет, VI – 1923 ж., 72 бет, VII – 1925 ж., 72 бет). «Оқу құралы» мен кейінгі «Әліпбиде» әріптер саны – 28. Оқулықтың алғашқы басылымынан бастап әр дыбысқа қатысты жаттығу жұмыстары молынан берілген. Кейбір жаттығулар соңында ол дыбыстардың қалай оқылып, жазылатындығы жайында мәліметтер көрсетілген. Сол сияқты оқулық танымдық материалдарымен ерекшеленеді. Мыс., «Туысқан-туған іліктес», «Киімдер», «Ойын-ойыншықтар», «Тамактар-сусындар», «Дене мүшелері», «Үй саймандары», «Ыдыс-аяқ», «Малдар аты», «Малдан басқа төрт аяқтылар», «Құстар», «Бақа-шаян», «Құрт-құмырсқа», «Жер түгінің аттары», «Жер жүзінің аттары», «Сан», «Жаңылтпаш», «Жұмбақ», «Мақалдар», «Біздің үй», «Мен қалай оқуға бардым», «Өтірік өлеңдер», «Шын өлеңдер» сияқты тақырып-тараушаларда балалардың өзін қоршаған дүниені танып-білуге, сөздік қорын дамытуға арналған ең қарапайым оқу материалдары қамтылған. Себебі, автор бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсынған. Баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, оларды іс-әрекетке жаттықтыру қажеттігін де ескерген. Байтұрсынұлының 1925 ж. қазақ бастауыш мектептерине арналған «Әліпбиі» («Жаңа құрал») басылып шығады. Бұл сол кездегі қазақ балаларына арналған ең жақсы, ыңғайлы оқулықтарының бірі болды. Кітапта балалардың ақыл-ойын, тілін жан-жақты дамытуға арналған жаратылыс, география, тарих, математика пәндеріне қатысты көлемді материалдармен бірге Ы.Алтынсариннің, Абайдың өлеңдері, халық ауыз әдебиетіндегі Қожанасыр, Алдаркөсе жайындағы әңгімелер, ұлттық тәлім-тәрбие беретін мақал-мәтел мен жұмбақтар қамтылған. Сонымен қатар дүниетану, жер, су, күн, ғаламшарлар жайлы қарапайым түсініктер де балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыра түсетіні сөзсіз. Берілген материалдардың мазмұны қызықты, түсінікті, анық болуы ескеріліп, оқулықты шәкірттердің

оңай меңгеруіне ыңғайланып жазылғанын бірден байқауға болады. Сол сияқты еңбекке тәрбиелеу мәселесі де аталған оқулықтан кең орын алған. Мыс., «Қармақ салуға бардым», «Жұмаш», Тігін», «Жүген жұмысы», «Сонар» тәрізді әңгімелерінде балық аулау, жетім баланың қысы-жазы еңбектенуі, етік тігу, жүген жасау, аңға шығу сияқты еңбек түрлерінен оқушыларға мағлұмат беріледі. Ал «Біздің тәртіп», «Көмектестік» деген әңгімелерінде тәртіптілік, достық, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеуді көзде, «Тазалық тәртібі», «Салақтықтың кесірі», «Қожалақ», «Дәрігер бізге не айтады?» әңгімелерінде денсаулықты сақтауға, тазалыққа шақырады. Жоғарыда айтылғандардың бәрі – оқыту мен тәрбиелеу ісінің бірлігінің үлгісі қазақ тілінің алғашқы оқулықтарынан бастап қаланғанына толық дәлел бола алады. Балалардың ойлау қабілетін дамыту, сабақтың тартымды өтуін көздеген Әдіскер-ғалым қазақ тілін оқыту әдістемесінде дидактик. ойындарды көп қамтыған. Еңбекте балаларды сөйлем құрауға, сөйлемнен мәтін құрауға арналған «Ойындар! Ойындар!» атты тақырыптармен берілген ойын түрлері көп келтірілген. Бұған «Ермек-еңбек», «Қисындау», «Ақыл хат жасау», «Шыққанын шырпыдан жасау», «Сын атына зат аты», «Кім жаңылтпаш жасайды?» бағытында берілген тапсырмалар дәлел бола алады. Оқулықта ойын арқылы жүргізілетін тапсырмаларда жаңылтпаштарды кеңінен пайдаланған. Әдіскер баланың жаңылтпаштарды қайталаған сайын дыбыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын біліп, есте сақтау қабілеттерін қалыптастырады деген мақсатты көздеген болса керек. Оқулықта оқытудың көрнекілік ұстанымдары ескерілген. Автор жас балалардың игеретін білімінің жадында берік сақталуы үшін дыбыстардың оқылуы мен жазылуын меңгертуде, жаңа сөздің мағынасын түсіндіруде де көрнекі құралдарды көптеп пайдаланады. Мыс., адам, жан-жануар, өсімдік, құрт-құмырсқа және т.б. суреттер саны жүз отыздай. Ал әріптер мен дыбыстарды, буындарды, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға, ауа райын бағдарлауға арналған кестелер жиырмадан асады. Әдіскер-ғалым оқулық жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактик. ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғарамыз. Оның оқулықтарындағы білім мазмұнын қамтитын түрлі танымдық сұрақтар мен тапсырмалар қалыптан тыс ойлауға, өз бетінше жұмысқа, ғыл. көрегендікке баулуға және жоғары қиындыққа негізделіп құрылғанына көз жеткіземіз. Байтұрсынұлы әрбір әліппе-кітабын шығару үстінде оны үнемі толықтырып, үздіксіз жетілдіру нәтижесінде 1926 ж. «Әліппенің» жаңа түрін ұсынды. Бұл «Жаңа құралды» Қазақстан мемл. білім кеңесі жоғары

бағалады: «Бұрынғы Әліпби қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Бірақ соңғы кездерде жаңа тәсілдер шыға бастағаннан кейін ол Әліпби әдіс жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген. Мынау жаңа Әліпби бұрынғылардан қай ретте болса да аса артық. Бұл Әліпбидің мазмұны, қазақ жағдайына қарай мемлекеттік білім кеңесінің жаңа талаптарына үйлесімді болып шыққан». Кейінірек 1928 ж. Қызылорда қ-нда оқулықтың үшінші басылымы 20 000 таралымен жарыққа шығады. Алғы сөзінде автор былай дейді: «Бұл Әліп-би кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақындастыру шарасын табу түрінде шығарылып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа программа болуы көзделді» (Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – А., 1992. – 325-бет). Бұл жаңа оқу құралында әр әріптің, әрбір сөздің тұсына суреттер берілген. Дегенмен, автор өз тарапынан: «Қазақтан сүгіретші болмағандықтан, қазақ тұрмысына лайық сүгіреттер табылмағандықтан, бұл Әліп-би кітабында да сүгірет жағынан кемшілік көп. Онысы оңдала жатар» деген жолдардан оның оқулықта берілген суреттердің сапасына көңілі толмағанын сеземіз. Бұл «Әліппелер» сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, балалардың психол., ұлттық, жас ерекшеліктерін ескере отырып жазылған аса құнды еңбек ретінде бағаланады. Қазақ балаларын қазақша сауаттандыратын «Әліппеден» кейін қазақ тілін пән ретінде оқытатын «Тіл-құрал» оқулығының шығуы үлкен жаңалық, тың дүние болды. Тіл білімінің фонетика, морфология және синтаксис салаларына арналған үш бөлімнен тұратын бұл кітаптың әрқайсысы 1927 жылға дейін алты-жеті реттен басылды. «Тіл-құрал» атты оқулығының I-бөлімі 1914 ж. Орынбор қ-нда жарық көрді. Кітаптың титул парағында «Тіл-құрал» (Қазақ тілінің сарфы «бірінші жылдық») деп көрсетілген. Мұнда әріп пен дыбыстардың, буындардың, сөйлемнің түрін ажырататын ереже-қағидалар берілген. Байтұрсынұлы бұл еңбектің алғашқы бөлімі туралы өзінің әдістемелік тұжырымын былайша келтіреді: «Тіл-құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылға оқытуға ұйғарғанымыз: сөйлем мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер, қазақ сөзіне жазылатын харіфтер тұрасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда осыны үйрету жеткілікті болар, өйткені «Тіл-құралдардағы» заттар қазақ-

ша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретемін деп, шала-шарпы үйретуден, аз да болса анықтап, нық үйрету абзал». Оқулықта оқушылардың тілдік теор. білімдерін қалыптастыру үшін қазақтың мақал-мәтелдерін, құнарлы сөз орамдарын жаттығу ретінде алған. Сондай-ақ әдіскер-ғалым қазақ тіліндегі сөздерді тоғыз топқа жіктей отырып, атауыш сөздерді (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік) түсіндіру барысында сөз мағыналарына шәкірт назарын аударады. Мәселен, сын есімді түсіндіру және оқушыларды дағдыландыру мақсатында ұсынылған жаттығулардың барлығында мысалдардың қарама-қарсы мәнде алынуы ғалымның қазақ тіліндегі антоним мағыналы сөздерді оқыту мақсатына тиімді пайдалануға ұмтылысын көрсетеді. Мыс., қатты – жұмсақ, қою – сұйық, бай – жарлы, жақын – алыс, аш – тоқ, арзан – қымбат, қалың – жұқа, семіз – арық, қараңғы – жарық, т.б. Байтұрсынұлының «Тіл-құралының» сөйлем жүйесі мен түрлеріне арналған бөліміндегі (Орынбор, 1923) қазақ тілі синтаксисі туралы тұжырымдары мен оны оқыту жөніндегі әдіс-тәжірибелері бұрын айтылмаған соны пікір болып табылады. Тілші қазақ тілі синтаксисін бір жүйеге түсірумен қатар, оны меңгерудің жолдарын ұсынады. «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» деп, сөйлемнің қатысымдық қызметін айқындайды. Синтаксистің әр саласы туралы теор. материалдардан кейін практик. жұмыстарды, атап айтсақ, «өлеңмен жазылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру, «сөйлем ішіндегі мүшелерін айырту», «сөйлемнің қажет болған түрлерін білім алушылардың өзіне тапқызу» түрінде беріп, сөйлем мүшелерінің қай сөз табынан болатынын нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. «Ауызбен сөйлесу» және «жазумен сөйлесудің» ерекшеліктерін, сөйлем жүйесінің сөйлеу әрекетінің түрлеріне қатысын айқындайды. Ғалымның педагогика саласына қатысты зерттеулерінен оқу үрдісінде білім алушының танымы мен қабілетін ескере отырып ұйымдастыруға мән бергенін байқауға болады: «Сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі одан та артық»; «Сөйлегенде сөздің жүйесін келтіріп сөйлеу қажет»; «Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша бір-біріне жалғасатын дағдысын білу керек»; «Сөйлеудің асыл мағынасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет. Бір сөзді ойын анықтау үшін алса, екінші сөзді ойын толықтыру үшін алады, үшінші сөзді ойын пысықтау үшін алады».



## ӘЗЕРБАЙЖАН

Ғалымның мұндай пікірлері синтаксисті қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың өзегін анықтауда маңызды рөл атқарады. Әдіскер-ғалым оқулықтарында тілдік тақырып өтілгеннен кейін жаттығулар беріліп отырады. Ол жаттығулар белгілі бір тақырыпта баяндалған түсіндірмелерді, қағидалар мен ережелерді, тілдік материалдарды жете білдіру және ол қағидаларды тіл практикасында қолдануға дағдыландыру мақсатын көздейді, сынау бағытындағы жаттығулармен бекітіледі. Егер жаттығуларға мазмұн тұрғысынан да пәннің және оның әрбір тарауы мен тақырыбының мақсаты мен міндеті тұрғысынан да әр түрлі талаптар қойылатынын ескерсек, әдіскер жаттығуларды сол талаптарға сай етіп құрастырған. Мәселен, жаттығулардың мазмұны тәрбиелік және білімдік мәнді болуы ерекше ескерілген. Екіншіден, әрбір тақырып жаттығулары сол тақырыптың мақсаты мен міндетіне сай құрастырылған. Үшіншіден, жаттығуларды мазмұны жағынан да, мақсаты жағынан да бір сарында алмай, түрлендіруге тырысқан. Мыс., «Етістік» тақырыбына қатысты екі түрлі жаттығу беріледі. Бірінде «дағдыландыру» үшін сөйлемдердің ішіндегі сөздердің қайсысы зат есім, қайсысы етістік екенін айыру тапсырылса, сабақты өтіп болғаннан кейін қайталап бекіту, сынау мақсатында мысалдар шоғырын берген. Оқулықта ұсынылған жаттығулар бүгінгі қазақ тілі оқулықтарындағы жаттығу жұмыстарымен орайласа, сабақтаса өрілген. «Тіл-құралындағы» тіл білімінің әрбір саласы (фонетика, морфология, синтаксис) бөлек-бөлек тарауға бөлінгенмен, ондағы берілген тақырыпшалар, ережелер, тапсырмалар ретімен бір-бірімен байланысып, сабақтасып жатады. Себебі, бастауыш мектепте оқытылатын білім оқушыларды таза және дұрыс сөйлеуге, сауатты көркем жазуға және жазу тілі, сөйлеу тілі арқылы түсінікті етіп жеткізуге бағытталғандықтан, ана тілінде берілетін білім мазмұны оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып тұтастай қарастырылған. Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» қазақ тілі білімінің, әдістемесінің қалыптасуына, оқу бағдарламалардың жасалуына негіз болды. Ғалымның әдістемелік еңбектері өз кезінде де, бүгінде де жоғары бағалануда. Белгілі тіл маманы акад. Р.Сыздық: «Тіл-құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Бастауыш мектепке, яғни алғашқы 4–5 жыл оқитын шәкірттерге арналғанмен, қазақ тілінің фонетик. және граммат. (морфол.-синтаксистік) құрылысын талдап, жүйелеп, танытып берген қазақ тіліндегі тұңғыш ғыл. жұмыстың басы. Бұл оқулықтар – «қазақ тіл білімі» атты ғылым саласының ана тіліндегі бастамасы және дұрыс, жақсы бастамасы. Өйткені қазақ тілінің дыбыстық құрамының классификациясы да, сөз таптарын ажыратып, сөз тұлғаларының

түрлерін көрсетуде де, сөздердің (септелу, тәуелдену, жіктелу) тәртібін танытуда да, сөйлем түрлерін ажырату да күні бүгінге дейін Байтұрсынұлының аталған оқулықтарының негізінде беріліп келеді. Тілдік ірі категорияның классификациясынан бастап, бүкіл терминдеріне дейін қазіргі мектеп грамматикасы А.Байтұрсынұлы салған негізде ұсынылып отыр» дейді (Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұв). «Тіл-құрал» оқулықтарын өз кезеңінде өзге түркі халықтары да пайдаланғаны бүгінде айқындалуда. Ғалымның қазақ мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде ұсынылған «Баяншы» әдістемелік нұсқаулығы (Қазан, 1920, 15 бет) екі бөлімнен тұрады, олар «Қазақ тіліндегі дыбыстар хәм олардың жазу белгілері» және «Дыбыспен жаттығу» деп аталады. Алғашқы бөлімде қазақ тілінің дыбыстары, олардың топтастырылуы, негізгі ерекшеліктері туралы мағлұмат берілген. Әр әріптің сөз басында, ортасында, аяғында қалай жазылып, қалай оқылатыны баяндалады. Еңбектің 2-бөлімінде дыбыспен жаттығудың негізгі жолдары көрсетіледі: «Әуелі балаларға әр түрлі дыбыс бар екенін білдіру. Балаларға таныс сөздерді алып, олардың ішінде қандай дыбыстар барын айыру. Бөлек-бөлек дыбыстарды тіздіріп, сөз айтуды білдіру» керектігі айтылған. Ғалым білім беру мен сауат ашу мақсатында ересектерге де арнап әліппе жазған. Ол 1924 ж. Орынборда, 1926 ж. Семейде басылып шығарылды. Оқулықтың жаңа оқу жүйесі (төте оқу) ересек оқырмандардың да сұранысын қанағаттандырды. Бұл сол кезеңдегі жаппай сауатсыздықты жою үшін жазылған дүние болатын. Ұлы педагогтың тіл үйретудегі сіңірген еңбегі мұнымен шектелмейді. Тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген ғалымның «Тіл жұмсар» атты екі бөлімнен тұратын кітабы (Қызылорда, 1928) басылып шықты. Кітаптың 1-бөлімінде оқушының әріп белгілерін, сөз бөлшектерін жаза білуді, сұраулы сөйлемдерге жауап беруді, тасымалдауды үйрену керектігін айтса, 2-бөлімде алған білімдерін тереңдетіп, іс жүзінде пайдалана алу жолдары көрсетіледі. Ұлы тәрбиеші-педагог баланы қалай үйреткенде ойымыздағыдай етіп шығарамыз деген күрделі мәселені көпшіліктің алдына тосады, өзі де осы жолда талай ойлану-толғанады. Ғалымның бұл ой-толғаныстары сол кезеңнің өзінде-ақ елдегі мектеп, оқыту, тәрбиелеу мәселелеріне құлақ түріп, өзіндік пікірін білдіріп отырғандығын, айналып келгенде, қазақтың ұлттық мектебінің болашағына көз жіберіп, қиялдай армандағанын байқатады.

*А. Сейітбекова*

**ӘЗЕРБАЙЖАН.** Ә з і р б а й ж а н Р е с п у б л и к а с ы – Кавказдың оңт.-шығысында орналасқан мемлекет. А.Байтұрсынұлы өзінің Қызылорда к-нда 1927 ж. жарық көрген «Әліппе айтысы»

атты кітабында: «Бакуде шығатын «Коммунистер» газеті Америкадан алдырған ескі әріпті теру машинамен теріліп шығып отыр» деген.

**ӘЗЕРБАЙЖАН ТАУЛАРЫ**, Т а л ы ш т а у л а р ы – Кавказ тауларының Әзербайжан республикасындағы таулы қырат. Кіші Кавказ тауларының оңт.-шығыс жалғасы. Екі тау аралығын Аракс (Арагуа) өз-нің аңғары бөліп жатыр. Ең биік жері – 2492 м. Тау беткейлерін гиркан типті субтропиктік орман (емен, дзелква, темір ағаш, бук), жал үстінде ксерофитті және таулы шалғын өскен. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттай келе (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.) осы Ә. т-на да тоқталған. Ақиқатына келсек, Кавказ тауларының шығыс бөлігі жайында айтылып отыр. **«ӘЙЕКЕ»** – жоқтау жыр. Жоқтауды шығарушы – Бұдабай ақын. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа енгізген А.Байтұрсынұлы. «Әуелі Құдай, Пайғамбар! Екінші сөзім Мұқамбет. Еңбекті басқа бір өлім Мұқамбетке болса үмбет» деп басталатын шығарма 8 буынды жыр үлгісінде құрылған. Жоқтаудың жалпы нобайы 371 жолдан тұрады. Жоқтау ішіндегі түсіндірмеде адам аты-жөнінде: «Ауылға дейін Әйекенің сүйегін алып келуге Абдол деген ноғай арбасын берген» деп кетеді. Шығарманың соңында берген түсініктемесінде: «Бұдабай ақын шығарған. Түркістан жағыныкі. Әйекенің руы Шұбыртпалы» деп жазған.

Әдеб.: 23 жоқтау. М.: Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ӘЙТПЕСЕ** – сөздердің арасындағы жүйесін келтіріп, жалғастыратын сөз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ӘЛДЕ** – сөздердің арасындағы жүйесін келтіріп, жалғастыратын сөз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**«ӘЛЕМ»** – **«АЛЬМАНАХ»** – өлеңдер, очерктер, әңгімелер жинағы. Бас редакторы – А.Сейдімбеков. А., «Жазушы» баспасынан 1991 ж. жарық көрген. Көл. 496 бет. Таралымы 25000 дана. «Ақ жол», «Жыртұмар», «Жадыны жаңғырту», «Ой толғақ», «Жаңа аударма», «Көзқарас», «Мұра», «Кертолғау» «Қаламгер», «Арна», «Жас талап», «Дәнекер» атты тарауларға бөлінген басылымда төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жарқын айғақтары, әлем әдебиетінің інжу-маржанына айналған озық үлгілері жарияланған. Кітаптың 44–50-беттерінде А.Байтұрсынұлы жайында мәлімет беріліп, оның «Оқу жайы» және «Қазаққа

ашық хат (Мал есебі туралы) (Әлихан, Міржақыппен бірге жазған) атты мақалалары жарияланған.

*С.Арғынғазин*

**«ӘЛЕМДІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-САНА. 10-ТОМ: XV – XX ҒҒ. ҚАЗАҚ ОЙШЫЛ ОҚЫМЫСТЫЛАРЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ»** – көп томдық ғыл. басылым. Бас редактор – Ж.Түймебаев. Құрастырушылар – С.Қалиев, К.Аюбай. ҚР-ның Байланыс және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша және «Мәдени мұра» сериясы аясында шығарылған. Ы.Алтынсарин атынд. Қазақ ұлттық білім беру академиясының Ғыл. кеңесі ұсынған. А., «Таймас» баспа үйінен 2010 ж. жарық көрген. Көл. 400 бет. Таралымы 3000 дана. Кітап алғы сөзден, «XV–XX ғғ. қазақ ойшыл оқымыстыларының тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлері», «Халық педагогикасы», «Шешен билер мен ақын-жыраулар тағылымдары (XV–XVIII ғғ.)», «Шешен-билер тағылымы», «Жазба мәдениет өкілдері» атты тараулардан, түсініктемелер мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Он томдық Әлемдік пед. ой-сана көп томдығының 10-томына 15–20 ғ-лар аралығында өмір сүрген ұлы ағартушы-ойшылдардың педагогика ғылымдарының алтын қорына қосылған іргелі шығармаларының ішінен тәлім-тәрбие мәселелеріне арналып жазылған ой-пікірлері сұрыпталып алынған. Кітапта А.Мектепов А.Байтұрсынұлының қысқаша өмірбаянымен қоса, Байтұрсынұлының «Айтис», «Тәні сұлудың жаны сұлу», «Оқу жайы», «Әліппе – таңбалар жұмбағы» атты мақалаларын жариялаған.

*С.Хасенов*

**ӘЛЖАНОВ** Отыншы (1873, Семей обл. Зайсан уезі, Нарын болысы – 1918) – қоғам қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі, ағартушы, фольклоршы. Зайсандағы орыс-қазақ уч-щесін, Омбы қазақ-орыс гимназиясын, Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген. Дала ген.-губ. кеңесінің іс жүргізушісі (1894–95), Ақмола обл. сотының тілмашы (1895–1907) болған. 1907 жылдың жазында Ә. ұзақ жыл бойы атқарған сот мекемесіндегі қызметін тоқтатып, қайтадан А.Алекторовтың шақыруымен Көкпекті қ-ндағы 2-сыныптық орыс-қазақ уч-щесінің меңгерушісі болып тағайындалды. Алекторов Ә-тың қазақ балаларын оқыту мәселелеріне қатысты жазылған мақалаларымен жете таныс болды. Ол Ә-қа Өскемен, Зайсан уездерінде қазақ арасында жаңадан орысша оқытатын мектептер ашу міндетін қоса жүктеді. Алғашында орыстандыру саясатының астарын байқамаған зиялы қауым өкілдері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев және т.б. Ә-тың қолға алған жаңаша үдгімен оқыту

## ӘЛИХАННЫҢ

әдісіне ниеттес болып, колдау білдіреді. Ө. 1907 ж. Петербургте өткен бұратана халықтардың оқу-ісі



О.Әлжанов

мен мектептері туралы Ережені қайта қараған комиссияның жұмысына қазақ халқының өкілі ретінде қатысып, қазақ елінің оқу-ағарту ісінің күрделі проблемалары туралы баяндама жасаған. Дала өлкесіндегі миссионерлік бағыттағы оқу жүйесінің зардапты әрекеттерін әшкерелеген. Қандастарының көріп отырған зорлық-зомбылықтарына араша түскен. Қазақ жеріндегі отарлаудың жолсыз қылқатарын әшкерелеуі Ресей өкіметінің саясатына қарсылық деп танылып, Ө. 5 жылға Жетісу обл. Лепсі уезіне жер аударылған. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Жетісу облысындағы Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі болды. Ол уездік, обл. жалпықазақ съездерінің барлығына қатысқан. 1917 ж. 5–13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметіне мүше болып сайланған. Жетісуда құрылған Алаш милициясы әскерінің қолбасшысы болып, большевиктерге қарсы соғысқан. Кейіннен қызылдардың қолынан қаза тауып, Кеңес өкіметі оның ұрпақтарын қырғынға ұшыратқан. Ө-тың «Қарынбайдың хикаяты» («Дала уәлаяты», 1894), «Печальное положение современной киргизской женщины» (1894), «Беседа о воспитании киргизских детей» (1898), «Причины обеднения киргизов» (1898) атты шығармалары жарық көрген.

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 13.9.2017).  
**ӘЛИХАННЫҢ АХМЕТ ПЕН МІРЖАҚЫП-ҚА ЖАЗҒАН ХАТЫ** – Алаш қайраткері Ө.Бөкейханның түрмеде жатқан кезде жазған хаты. Бөкейхан 1926 ж. екі рет тұтқындалып, соңғы рет 1937 ж. тамызда тағы да абақтыға жабылған. Соңғы тұтқындалған кезінде жалған жаланың салдарынан бір айдан кейін ату жазасына кесілген. Сол кездері хат А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатовқа жазылған. Онда қайраткер өзінің мұраттастарына арнап: «Сендердің тандаған жолдарын – абақты жолы... азапты жол... бірақ бір нәрсені түсініңдер: Баяғыда доңыз бен аққу дос

болыпты. Сонда бір күні доңыз аққуды балтырдан алып: «Әй, аққу! Сен күн бар дейсің. Сол күнді мен неғып көрмеймін?» – дейді. Сонда аққу: «Әй доңыз! Сені Алла төмен қаратып жаратқан. Сондықтан сен аспандағы күнді көрмейсің!» – депті. Алда күнді көре білетін ұрпақ келеді! Сол күнді көретін ұрпақ сендерді еске алатын болады. Бізді ризашылықпен, үлкен құрметпен еске алатын болады! Өкіңбендер! Күрес жолына түскендеріңе өкіңбендер!» деп жазған.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ӘЛІП-БІЙ. ЖАНА ҚҰРАЛ»** – оқу құралы. Араб жазуынан көшіріліп, «Рауан» баспасынан 1998 ж. жарық көрген. Көл. 120 бет. Таралымы 1000 дана. А.Байтұрсынұлының бұл оқу құралының түпнұсқасы соңғы басылымының 70 жылдығына және Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналып шығарылған. Құрал «Әліп-бій» деген атынан бастап жазу емлесіне дейін өз қалпында қазіргі жазуымызға да аударылып берілген. Басылым арнайы түсініктемелермен жарақталған. Түрлі суреттермен безендірілген. Әліппе мұғалімдерге, оқулық, тіл-жазу тарихын зерттеушілерге, араб жазуына қызығатын көпшілік оқырманға арналған.

*С.Аргынгазин*

**ӘЛІМБЕКОВ** Имам (1883 – 17.9.1938) – Алаш партиясының қайраткері, ағартушы, публицист. Қарқаралыдағы орыс-қазақ уч-шесін, Семей мұғалімдер семинариясын бітірген. Қазан төңкерісіне дейін Семей мектептері мен гимназияларында мұғалім болды. Семей өңірінде Алаш партиясының обл. және уездік ұйымдарын құруға белсене қатысты (1917–18). Жалпы Ө-тің ағартушылық, қоғамдық-саяси қызметі туралы деректер, негізінен оның алғаш Алаш қайраткерлері Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев, Ө.Сәтбаевтармен егене жақын таныс, сыралғы дос, қызметтес болған жылдарды қамтиды. Бұл арада алдымен Ахмет мен Имамның арасындағы пед.-шығарм. байланысты айта кеткен жөн. Ө. Семей мұғалімдер семинариясын Ө.Сәтбаевпен қатар оқып бітіріп, одан Байтұрсынұлымен Қарқаралы мектептерінде бірге қызмет атқарды. Осы уақытта ол Ахметтен тәлім алып, өзінің шығарм. қабілетін ұштаған. Олардың қарым-қатынастары Қарқаралыдан кейін де жалғастығын тапқан. 1917 ж. 2–8 сәуір аралығында Орынборда өткен Торғай қазақтары съезіне қатысып, Бөкейхан, Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Қадырбаев, Ғ.Есенғұлов, Е.Тұрмұхамедов, К.Тұрымовтармен бірге жалпықазақ съезін шақыру жөніндегі айрықша бюронның құрамына сайланды. Дегенмен ол көп ұзамай Семейге қайтып оралып, 1917 жылдың 12 қыркүйегінде Семейде 2-обл. қазақ съезін өткізуге атсалысты. Сондай-ақ Алаш партиясының обл. к-тінің құрамына еніп, Семей

уездік Земствосының депутаты болып сайланды. «Сарыарқа» газетінде редакторлық қызметте жүріп, болашақ тәуелсіз қазақ автономиясын құру идеясын қолдаушылардың біріне айналды. Семейдегі Алаш милициясы мен атты әскер полкін құрып, жасақтау ісіне араласты. Обл. қазақ к-тінің мүшесі, Алаштың Семей обкомы төрағасының орынбасары, «Қазақ» газеті басқармасының қызметкері, Семей уездік кеңесінің мүшесі болды. 1919 жылдың көктемінде қолчакшылардың абақтысында отырып шықты. Кеңес өкіметі кезінде Ә. ағартушылық қызметке ден қойды. 1920 жылдан бастап Қарқаралы пед. техникумында, Бесоба, Милыбұлақ, Қу болыстарындағы, Ақтоғайдағы мектептерде, Қызылжар техникумында оқытушы болды. 1933 ж. «Алаш ісі» бойынша Мағжан Жұмабаевпен бірге 10 жылға сотталып кетеді, бірақ 1935 ж. түрмеден босап шығады. Қарқаралыға қайтып, бір кездері өзі ашқызын Бесоба мектебінде оқытушы болып жүргенде қайта ұсталады. Семей обл. УНКВД үштігінің үкімімен 1937 ж. 17 қыркүйекте ату жазасына кесіліп, 1990 ж. 15 наурызда ақталды.

Әдәб.: <http://semeylib.kz/> (қаралған күні: 29.9.2017)

«**ӘЛПБИ. ЖАҢА ҚҰРАЛ**» – оқулық кітап. Қызылорда баспаханасынан 1926 ж. жарық көрген. Бұрынғы «Оқу құралы. Қазақша алифбаға» жалғасты құрал ретінде қайта жазылған. 1926 және 1928 жылғы басылымдар арасында аса көп айырмашылық жоқ. Алғашқы басылым 116 бет, кейінгі басылым 114 бет. 1927 жылғы екінші басылымның түпнұсқасы табылған жоқ. 1928 жылғы оқулықтың ішкі мұқабасында 3-рет басылғандығы айтылады. Ұлттық кітапхананың Сирек қорлар бөліміндегі тіркемеде осы оқулықтың 1924, 1926, 1927 ж. жарық көргендігі туралы картотекалық ақпар бар. 1926 және 1928 жылғы басылымдарды салыстырғанда өзгерістер байқалмады. 1928 жылғы нұсқа 1992 жылғы «Тіл тағылымы» атты жинаққа енгізілген. 1992 жылғы басылымда қажетті суреттер берілмеген, кесте ішінде бос орында қандай сурет болатындығы туралы айтылады да төте жазудың сол жағына кирилше жазылуын беріп отырады. Мәселен, 1926 жылғы нұсқада әр тақырыпқа керекті суреттердің барлығы дерлік түгел берілген. Және осы суреттер арқылы сабақ оқытуда баланың ұғымына тез қонымды болатынын негізге алған әдіскер-ұстаз кейінгі басылымда да суреттердің көрнекті болғанын назарда ұстаған. 1992 жылғы басылымда суреттер қарастырылмаған, түпнұсқадағы 32-беттегі «Кім табады?» деген айдаршамен берілетін топтамалы 9 суреттің тақырыптық орны, «Тіл тағылымы» жинағында 54-бетке ауысып кеткендіктен суреттің төм. жағында берілген шешу шарты: «Мұның да істеу реті алдыңғыша» деген түсіндірмелік, шындығында

«түсініксіздеу» болып тұр. Кемшіліктер төте жазуды қазіргі әріпке түсіргенде де кездеседі. Мыс., «сүгірет – сурет, қарып – әріп, қадымше – қадымша, бүтін – бөтен», т.б. сөздер өзгеріске ұшыраған. Осы түпнұсқа 1998 ж. ғалымның 125 жылдық мерейтойына орай, әрі соңғы басылымның жетпіс жылдығына арналып, «Рауан» баспасынан 1000 таралыммен жарық көрді. Бұл жинақтың ерекшелігі – сол тұстағы жазу емлесі қаз-қалпында сақталып, беттің төм. жағына қазіргі жазуға түсірілген нұсқасы берілген. Төте жазудан көшіріп, редакциясын басқарған Ұлықман Асыллов. Бұл кітаптың бүгінгі оқушыға берер зор көмегі – ғасыр басындағы ұлт зиялылары қолданған жазуды дөп басып, нақ тануға мүмкіндік береді. Және төте жазуды игергісі келген оқырманға бірден бір көмекші құрал іспетті. Бұл кітаптың 1926 жылғы басылымнан шартты баспа табак жағынан айырмашылығы жоқ. Екеуі де 114 бетпен аяқталады. Тек кейбір сөздер, 7-бетте: «мұғалімдерден – мұғалымдардан, жанастырыб – жамастырыб, жүзіндегі – жөніндегі»; 9-бетте: «үйретуге де екеуіне бірдей» деген сөз тіркесі «үйрету келесі беттен басталу керек» деп; 11-бетте: «қарыптарын – әріптерін», т.б. да өзгерістер кездеседі.

*Р.Имаханбет*

**ӘЛПБИ.** А.Байтұрсынұлының негізгі еңбектері әлемдік тілтанымда (лингвистикада) фонетика ғылымының пайда болып, тыңнан қалыптаса бастаған тұсына тура келеді. Сол кездегі орыс тілтанымында фонетика теориясына қатты көңіл бөлініп, іргелі еңбектер жарық көріп жаты (кезінде Бакудегі жиында әліпби жайында өзі айтысқан Санкт-Петербургтегі – Щерба, Қазандағы – Богородицкий, т.б.). Соған қарамай, Ахан еңбектерінде фонетика теориясы жайында мәлімет жоқ. Ғалым өзінің еңбектерінде зерттеу амалына тоқталмай, зерттеудің нәтижесін ғана ұсынып отырады. Сөйтіп, біздің қолымыздағы мәлімет фонетик. теорияның (үндесім, сингармонизм) өзі емес, сол теорияның нәтижесі болып отыр. Соның бәрінің негізінде «Қазақ сөзі екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» деген қағидасы жатыр. Ең бастысы Байтұрсынұлы сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың фонетик. мәртебесін тең көріп отыр. Ғалымның өзінің көкірек көзімен тапқан қазақ сөзінің бірегей айтылым түркі жайындағы ойлары әрқашан басым жатады. Қазақ сөзінің фонетик. бірлігі үндесім (үндестік) екенін дәлелдейтін мысалдар Байтұрсынұлы еңбектерінде жеткілікті. Соның бірі жұрнақтарға қатысты талдауынан көрінеді. Байтұрсынұлы жұрнақтардың барлық айтылым (үндесім) нұс-

# ӘЛІПБИ

қаларын түгел тізіп жатпайды. Мыс., «лық» жұрнақ, бұл осы топқа кіретін үндесім түрлерінің бәріне ортақ атау болып табылады. Содан әрі қарай үндесім ереже беріледі: «Жіңішке сөздерде «лық» орнына «лік», «дық» орнына «дік», «тық» орнына «тік» болып жалғасады...». Мұның өзі фонетик. деңгейде жасалған шешім, үндесім түрлерінің арасынан негізгі үлгісін тауып, оны ортақ атау ретінде пайдаланған. Қазіргі кезде фонетика ғылымының алдында үндесім дыбыстардың қайсысын «негізгі нұсқа, ал қайсысын қосалқы нұсқа» деп қарау керек деген мәселе тұр. Жалпы, фонетикада тілде ең көп кездесетін түрін негізгі нұсқа ретінде қабылдайды. Әрине, үндесім құбылысына келгенде бұл ұстаным шартты амал болып табылады. Өйткені фонетик. тұрғыдан үндесім нұсқаларының барлық түрлері тең мәртебелі. Сондықтан оның бірін жоғары, енді бірін төмен қоюға болмайды. Бірақ зерттеу амалы ретінде, сондай-ақ оқу-әдістеме тұрғысынан ең көп кездесетін түрін басты нұсқа ретінде қабылдауға болады. Әлі күнге дейін «қазақ тілінде қанша дауысты дыбыс бар, қанша дауыссыз дыбыс бар» деп, оқулық сайын бір ұсыныс жасай берудің енді жөні жоқ. Мұның бәрінің басты себебі бертін келе қалыптасып, дәстүрге айналып кеткен орыстақы әліпби жүйеміз болып отыр. Ендеше, әліпби ретін бір жөнге салып алу керек екендігі көпшілікке аян. Баспа беттеріндегі әліпбиге деген жанашыр пікірлердің толастамай отырғаны – осының дәлелі. Қазақ тілінің төл дыбыстарының ақиқат құрамын түгендеп, оның жүйесін анықтап алу теор. фонетика үшін де, оқу-әдістеме бағытында да аса маңызды болып табылады. Олай болса, сонау кездегі Байтұрсынұлы бастамасының бүгінгі жалғасы – артығын алып тастап, жетпей жатқан жерін жалғап, екі ұшты тұстарын бір ыңғайға келтіріп жазуды жөнге салып алу болып табылады. Осы жерде Байтұрсынұлы дәйекшіні ойлап табады: «Бұл жіңішкелік белгісі – дәйекші». Сөз алдында дәйекші тұрса, ол сөздің хәріптері жіңішке айтылады...». Байтұрсынұлының «дауысты дыбыстар демей «әріптер (хәріптер)» деп отырғаны тегін емес, сөйтіп жоғары фонетикалық деңгейде қорытынды жасап отыр. Сонымен, «Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып 43 түрлі дыбысты 24 белгімен дұрыстап жазуға болады» дейді. Байтұрсынұлының «43 дыбыс» деп отырғанының ғыл. себебі бар. Қазақ тілінің төл 17 дауыссызы жуан/жіңішке болып айтылып – 34 дыбыс, 5 дауыстысы жуан/жіңішке болып айтылып – 9 дыбыс болады, екеуін қосқанда 43 дыбыс шығады. Сөйтіп, қазақ тілінің төл сөздерін жазу үшін 26 (28) таңбадан басқа ешқандай таңбаның қажеті жоқ. Фонетикада тілдегі дыбыстардың басын біріктіріп, бүтін бір сөз етіп тұратын тіл заң-

КАЗАХСКИЙ АЛФАВИТ

Байтұрсынұлының алфавит		ИТА	Примерное произношение
До 1927	После 1927		
ا	а	а	а
ب	б	в	б
پ	п	р	в
ت	т	т	т
ث	т (төменгі)	с	ш
ج	ж	с	д
د	д	д	р
ر	р	г	е
ز	з	з	с
س	с	в	ш
ش	ш	с	глубинне (вад-нес) ш
ص	с	q	глубинне (вад-нес) ш
ض	з	q	ш
ط	т	k	г
ظ	з	в	и вадинне (вад-нес), и см. жг в гл. 1-2
ك	к	п	и, лъ
گ	г	п	и
ق	қ	п	ш
چ	ч	п	о
ح	х	о	см. б
خ	х	у	у
ج	ж	у	см. б бытсе үмисе
ح	х	v	Белор. г. англ. w
ك	к	e	е
گ	г	и	и
ق	қ	и	сөзук тави и
چ	ч	й	й
ح	х	с	с вриблам, и в
خ	х		ямак сингачини
ح	х	-	гласнис «вадинне»

дылығы болады. Осыған орай, Байтұрсынұлы «Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады» дейді. «Фонетиканың дыбыстарды қарастыратынын» көптің бәрі білгенімен, дыбыстардың «қалай сөз ішінде байласатынын» да қарастыратынын екінің бірі біле бермейді. Ендеше, «тілде қанша және қандай дыбыстар бар» деген өз алдына маңызды мәселе болып табылса, олар «өзара қалай байласады» деген мәселе одан да маңызды болып табылады. Байтұрсынұлы өзінің «фонетикалық» пайымдауын төмендегідей сөздермен баяндайды: «Тіл болса, оның заңы боларға керек... Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. ...

талданым желісін көрсетпей, нәтижесін бір-ақ айтады. Байтұрсынұлы теор. фонетика тұрғысынан дыбыстан сөзге (әрі қарай сөйлемге, сөйлеуге) қарай талдау дұрыс нәтиже бермейді дегенді меңзеп отыр. Өйткені ондай жағдайда дыбыстың бір ғана айтылым үлгісі қамтылады да өзге үлгілері жасырын қалып қояды. Сондықтан қазақ сөзінің талданым желісі, қазіргі тілмен айтқанда, мәтіннен (сөйлеуден) дыбыс бағытында жүргізілуі керек. Талдаудың сөйлеуден дыбыс бағытына қарай тартылған желісі, тек қазақ тілі емес, бүкіл түркі тілдеріне тән жоғары теориялық амал болып табылады. Сонда ғана түркі тілдеріндегі үндесім дыбыс үлгілерін түгел табуға болады. Басқаша айтқанда,



Менің бұрынғы жазған сөзім хәм осы жолғы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы». Қазақ тілінің сондай «заңы» ретінде үндесім (сингармонизм) заңдылығын меңзеп отыр. Тіл грамматикасын фонетика, лексика, морфология және синтаксис деп сала-салаға бөлу қазір жаттанды көрінгенімен, кезінде оңай болған жоқ, ара-жігі бөлінбей араласып та жүрген кезі болды. Сондықтан да дыбыс, сөз, сөйлем дегендер орайына қарай грамматиканың кез келген тұсында сөз болып жүрді, соның нәтижесінде бірі қамтылып, бірі ұмытылып қалатыны да болған. Байтұрсынұлы әлеми тілтанымның (лингвистиканың) ішкі құрылымы реттеле бастаған сәтін дәл аңғарған және өзге тілдердегі грамматик. талдау жайында ғалымның мол түсінігі болған. «Басқа жұртта грамматика үшке бөлінеді: фонетика, морфология, синтаксис... Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар сөз ішінде қалай байланысады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы» деп, «қазақ фонетикасының» өз алдына дербес пән ретіндегі мәртебесін анықтап алған. Бұл – сол кездегі жалпы тілтаным (общая лингвистика), оның ішінде жалпы фонетика (общая фонетика), деңгейіндегі теор. түсінік. Байтұрсынұлының фонетик. еңбектерінің желісі қазақ тілінде қанша және қандай дыбыстар бар, олар сөз ішінде өзара қалай байланысады дегенге саяды. Сауат ашу (әліпби құрастыру) болсын, дыбыс талданым (жіктелім) болсын осы ретпен жүргізіп отырған. Байтұрсынұлы үндесім дыбыстардың жуан/жіңішке айтылым әуезін ғана ескеріп, қазақ тілінде 43 дыбыс ((17x2)+(4x2)+1=43) бар деп,

- алдымен сөйлеу (мәтін) алынады;
- сөйлеу ішінен сөйлем бөлініп алынады;
- сөйлем ішінен жуан не жіңішке үндесім әуезді сөз бөлініп алынады;
- сөз ішінен жуан не жіңішке әуезді буын бөлініп алынады;
- буын ішінен жуан не жіңішке әуезді дыбыс бөлініп алынады.

Түркі республикаларының көпшілігінің сауат ашу құралына (әліпбиін түзуге) Байтұрсынұлының әліпбиі үлгі болды. Әсіресе көрші отырған қырғыз (қарақалпақ, т.б.) елінің тіл мамандары И.Арабаевпен аралас-құралас еңбек етсе, Қ.Тыныстанов сынды мамандардың Байтұрсынұлынан тәлім алғандығы белгілі: Арабаев еңбегінде, Байтұрсынұлының алғашқы сауат ашқыш еңбектері сияқты, дыбыс талданым үлгілері жоқ, балалардың таңба танып, төте жазуды тікелей үйретуді мақсат еткен. Ал Тыныстанов болса, Байтұрсынұлының тәжірибесімен қырғыз тілінің дыбыс талданымның ұғым-атау үлгілерін бере бастайды. Фонетика ғылымы теор. пән ретінде 19 ғ-дың соңында басталып, 20 ғ-дың басында қалыптасып бітті. Байтұрсынұлының да ғалым-зерттеуші және автор-практик ретіндегі қалыптасу кезеңі осы кезбен тұспа-тұс келеді. «Тіл – құралының» алғашқы басылымы 1912 ж. болғанымен, оның дайындығы, яғни қазақ фонетикасының талданымы мен қорытылымы одан әлдеқайда ерте басталғаны күмән тудырмау керек. Өйткені «Тіл-құрал» тәрізді мазмұн құрылымы өте күрделі іргелі еңбектің бір жылда дайын болып, бір жылда жарық көруі мүмкін емес. Мұның өзі Байтұрсынұлы өткен ғасырдың алғашқы он жылдығына тән ғыл. және әдістемелік еңбектерден толық хабары болды деген сөз. Байтұрсынұлының әріп пен дыбыс жайында

түсінігі Қазан лингвистик. мектебінің деңгейінде болғанын көреміз: «Дыбыс таңбасын харіф деп атаймыз. Сондықтан жазған сөз ішінде пәлен пәлен харіф бар дейміз; айтқан сөз ішінде пәлен дыбыс бар дейміз. Дыбыс хәм харіф – екеуі екі басқа нәрсе. Біріне-бірін шатастырмасқа тиіс. Дыбыс естілетін, көрінбейтін нәрсе, харіф көрінетін, естілмейтін нәрсе». Қазан лингвистик. мектебінің теория-практик. жетістіктерінен хабардар болдау деген болжам құр болмау керек. Қазақ фонетикасында артикуляц. (жіктелім) кестені алғаш ұсынған да Байтұрсынұлы болып табылады. Дыбыстардың жасалу орны, жасалу тәсілі және дауыс қатысына байланысты ұсынған атаулар қазақ тілі дыбыстарының толық артикуляц. сипаттамасын беріп шығуға жетіп отыр. Артикуляц. кестеде әрбір дыбыстың өз ұясы бар. Кестеге қарап әрбір дыбыстың өзге дыбыстарға ұқсас/айырым тұстарын көрнекі пайымдап отыруға болады. Әрине, Байтұрсынұлының негізгі фонетик. атаулары (дауысты, дауыссыз, үнді, ұяң, қатаң т.б.) бүгінге сол ұғымында жеткенменен, өзге көптеген атаулары (аңғал, тұйық, өткелді, т.б.) сол өз дәуірінде қалып қойды. Соған қарамай, Байтұрсынұлының ұғым/атауларынан қалыс қалған қазақ тілі дыбыстары жоқ, бәрі түгел қамтылған. Мұның өзі қазақ тілінің тарихи фонетикасының белесті бір дәуірі болды. Белгілі орыс ғалымы Н.Ф.Яковлев Байтұрсынұлының әліпбиін өте жоғары бағалайды және ол құр баяндау емес, матем. жолмен ақиқат дәлелдеме келтіреді. Алайда артикуляц. талданымға баса көңіл бөлген Байтұрсынұлының аты, теор. еңбегінің жазылып қалмағанына (немесе табылмауына) байланысты, сондай-ақ еуропа және орыс ғалымдарының жоғары бағасына қарамай, әйгілі жаңашылдар қатарында, өкінішке орай, аталмай отыр. Оған кінәлі, бір жағынан, Байтұрсынұлының атын ататпаған кешегі қаһарлы заман болса, екінші жағынан, сөз жоқ, ғалымның ізін қуған бүгінгі ұрпақтың дәрменсіздігі. Ендеше, Байтұрсынұлы еңбектерінің практик. (сауат ашу-әдістемелік) нәтижесінің ар жағында көзден таса тұрған сингармол. (фонол.) теориясын баптап құрастырып, қолжетімді орыс, ағылшын, түрік тілдеріне аударып, әлемдік лингвистик. қауымға паш етіп мойындату ізгі міндеттердің бастысы болып табылады. Әдетте ғылымда ашылған жаңалық сол ашқан адамның атымен аталатын дәстүр бар. Осы орайда Байтұрсынұлы ашқан жаңалықты «Байтұрсын қисыны» немесе «Байтұрсын заңы» («Эффект Байтұрсынова») деп атаса да болады.

Ә.Жүнісбек

**ӘЛІПБИНДЕГІ ДЫБЫС ҚҰРАМЫ.** А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 24 дыбыс бар деп, оларды төмендегідей ретпен таңбалайды: а, б, п,

т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, к, қ, г, н, л, м, н, о, ұ, у, е, и, ы. Әліпбидің түзілу ретіне мән беру керек, сонда неге 24 дыбыс болып қалды деген сұрақ туындайды. Оның себебін Байтұрсынұлы былай түсіндіреді: «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі *дауысты*, он жетісі *дауыссыз*, екеуі *жарты дауысты*. *Дауысты дыбыстар*: а, о, ұ, ы, е. *Дауыссыз дыбыстар*: б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, к, қ, г, н, л, м, н. *Жарты дауысты* дыбыстар: шолақ у, шолақ й». Бұл дыбыстардың ішінде «қ» хәм «ғ» ылғи жуан айтылады. «К», «Г» хәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың хәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады». Байтұрсынұлы бұл жерде теор. көрегендік танытып, жоғары сингармол. білімін танытып отыр. Жоғары сингармол. теория бойынша жуан/жіңішке егіз екі дыбыстың бірі негізгі, екіншісі қосалқы дыбыс болып табылады. Сөйтіп, үндесім (сингармонизм) заңынан туындайтын емлеге байланысты, кейбір дыбыстардың жіңішке нұсқасын әліпби тізіміне қоспай, бөлек көрсетіп отыр: ә, ө, ү, і. Ал дыбыстардың жуан/жіңішке үндесім нұсқаларын топтап тізген кезде қазақ тілінің төл дыбыс құрамы 28 дыбыс болып шығады. Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарының құрамын жуан/жіңішке деп т.б. белгілеріне жіктегенімен, жіктелімнің артикуляц. анықтамасын бермейді.

Ә.Жүнісбек

**ӘЛІППЕСІ** – А.Байтұрсынұлының қазақша әліппесі. «Оқу құралы» деген атпен алғаш 1912 ж. Орынборда басылып шықты. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» өлеңін оқулықтың беташары ретінде пайдаланған. Кітаптың бірінші бетінің үстіңгі жағында Құран сөзі «Бисмиллаһи-рахмани-рахим» деген жазу бар. Әліппеде қазақ әріптері төте жазу ретімен берілген (төте жазу таңбалары). Әрбір әріптің төм. жағына қысқа әрі нұсқа мәтіндер топтастырылған. Б. әнде бірінші сабақта бірден үш дыбыс А, Р, З, таныстырылады. Одан кейінгі сабақта балалар Л дыбысының таңбасымен танысады. Осы төрт дыбыстың таңбасын білу арқылы сауат ашушылар екінші сабақта-ақ олардың тіркесуінен он төрт сөз жазып оқи алатын болған: ал, ала, алар, ар, ара, арал, арла, арлар, аз, аза, азар, зар, зарла, зарлар. Байтұрсынұлы әліппеге қосымша ретінде мұғалімдерге арнап «Баяншы» деген атпен әдістемелік нұсқаулық шығарған. Бұнда балаларға әліппені қалай үйрету керектігі жөнінде ұстаздарға нақты ақыл-кеңестер берілген. Мәселен, «...Харіп көрсетпей тұрып, әуелі дыбыспен жаттықтырады. Дыбыспен жаттықтыруға көп уақыт кетпейді, одан келетін пайда көп: дыбыстарды тізіп үйренсе, харіптерді тізу қиын болмайды. Сөздің ішінде қанша хәм қандай дыбыстар бар екенін айыруды білсе,

харіптерін кою киын болмайды» дейді ғалым. Т.Шонанұлы кезінде: «А.Байтұрсынұлы әліппесін тек жаңа әдіспен және қазақ ғұрпына жақындата жазылған деп баға берсе жеткіліксіз болар еді. Бұл әліппе методика мен дидактиканың ең соңғы жетістіктеріне сүйене отырып жазылған» деп бағалаған еді. Байтұрсынұлы оқу материалдарын таңдағанда өте ұтқырлық танытқан және қазақ тілінің жалғамалық қасиетін әдістемеге өте ұтымды пайдаланған. Мәселен, әліппеде ас-аса-асар немесе сал-сала-салар деп сөздерді жайдан күрделіге қарай үйрету принципін қатаң сақтап отырады. Байтұрсынұлы қосымша ретінде жазған «Баяншыда»: «Мұндағы негізгі қағида мынау: әуелі балаларға һәр түрлі дыбыс бар екенін білдіру; екінші, балаларға таныс сөздерді алып, олардың ішінде қандай дыбыстар барын айырту; үшінші, бөлек-бөлек дыбыстарды тіздіріп, сөз айтуды білдіру. Мұны білген соң, балаларға харіп көрсетіп оқытса, оларды құрастырып, сөз етіп айтуға балалар қиналмайды. Мұны білмей тұрғанда балаларға харіп көрсету жарамайды» деп хат танытудың әдістемесін қолмен қойғандай етіп түсіндіріп береді. Шонанұлы Байтұрсынұлы әліппесінің артықшылығын былай дәлелдейді: «Жаңа әліппемен жүгіртіп, оқып-жазып кету үшін қабілеті орташа балаға төрт-ақ апта қажет». Ал Байтұрсынұлының өзі 1926 жылғы Бакуде өткен жиында атакты орыс акад. Л.В.Щербаға қарата: «Сіздер менің әліпбиімді қосынып отырсыздар. Орыс әліпбиімен 9-сынып оқитын бала мен менің әліпбиіммен 4-сынып оқитын баланы қатар отырғызып, диктант жаздырайықшы. Қай бала көп қате жіберер екен?» деген еді. Байтұрсынұлы әліппесі 1912–25 ж. аралығында 7 рет басылып, зорлықшыл кеңес жүйесінің пәрменімен әрі қарай шығарылуын тоқтатты. Бірақ ондағы қолданылған ұстанымдар мен тілдік материалдар кеңес дәуіріндегі саясиландырылған оқулықтарда да қылаң беріп жүрді.

*Б.Қапалбек*

**ӘЛІПТЕМЕ** – бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару. Бір нәрсені әліптеуден бұрын сол нәрсенің өзін әбден анық тану керек, яғни көрнекті болып, назар түскендей не белгілері барын білу керек. Нәрсені әліптегенде оның ірілі, уақты белгілерінің бәрін түгендеу қажет емес, көрнекті көрсетерлік түрін, өзгеше белгілерін ғана айту керек. Ғалым әліптеуде дұрыс тұрпаттап, адамның қиял саңылауына сүгіреті өзіне ұқсап, дәл түсерлік етіп шығару керектігін ескертеді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ӘЛІПТЕМЕ МАЗМҰНЫНЫҢ ДЕНДЕМ ЖЕРІ** – әліптеуге алынған нәрсе мен басқа нәрселердің арасын әңгіме еткенде ұшырайтын жері.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ӘЛІПТЕМЕ МАЗМҰНЫНЫҢ КЕМДЕМ ЖЕРІ** – нәрсенің өзін әліптеген жері.

*Әдеб.* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ӘЛІПТЕУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған ұғым. А.Байтұрсынұлы әліптеудің үш тәртібін көрсетеді. Ең алдымен сол затты, адамды я құбылысты толық біліп алу қажет. Одан кейін сол нысанды дәл әрі нақты сипаттау керек. Яғни айтарманның әліптеуінен кейін тыңдарман сипатталған нысанды бірден таба алуы қажет. Ал үшінші тәртібі бойынша айтарман сол нысанның пайдалы немесе зиян тұстарын да сипаттай алады. Байтұрсынұлы әліптеудің бірнеше түрін көрсеткен: пәнді әліптеу, сәнді әліптеу және жол әліптемесі. Пәнді әліптеуде нәрсенің сипатын нақты жеткізеді. Ол өз ішінде жалқылау және жалпылау әліптеу деп жіктеледі. Ал сәнді әліптеуде әліптеушінің жеке мақсаты бойынша жүзеге асады. Үшінші түрі жол әліптемесінде жолаушы ел кезіп көрген, түйгенін жазады. Бұны жолай деп те атайды.

*Ә.Қожахмет*

**ӘМУДАРИЯ** (ежелгі атаулары Әму, Оксус, Балх, Жәйхун) – Орт. Азиядағы ең ірі және суы мол өзен. А.Байтұрсынұлы өз еңбегінде Азия табиғатын сипаттай келе (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. 2-т.) құрлықтың орт. бөлігіндегі ірі өзендердің бірінің атауы – Ә. екендігін және оның Өзбекстан аумағымен ағып, Арал т. атты тұйық су қоймасына құятындығы жөнінде тоқталған.

**ӘМІРКЕЛІНІ** Нұрзипа Берікбайқызы (1923, Қостанай обл. Әуликөл ауд. Қоянағаш а. – 2000, Қостанай қ.) – Ахметтің немерелес інісі Назардың зайыбы, Сұлтан Баймағанбетовтің туысқан қарындасы. Қостанайдағы сауда техникумын бітірген. Өмірінің соңына дейін Қостанай қ-нда-



*Н.Әміркеліні*

ғы сауда үйінде есепші болып жұмыс істеген. Қостанай қ-нда оқып жүрген кезінде Қалидың



## ӘМІРҚЫЗЫ

қызы Кәтездің үйінен Ахметтің жары Бадрисафаны алғаш көрген. Кейіннен Қостанай қ-нда тұрғанда, шамамен 1941 ж. үйлеріне келген Бадрисафаға жас келін Нұрзипа ас әзірлеп, қолына су құйып қызмет көрсеткен. Ол естеліктерінде Бадрисафаны сыйпайы, биязы әрі мейірімді кісі еді деп сипаттаған.

*Әдеб.:* Байтұрсын І., Алтын бесік. – Қостанай, 1998.

**ӘМІРҚЫЗЫ** Гүлнар (1919, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а. – 1985, сонда) – Ахметтің ағасы Қалидың немересі. 20 ғ-дың 30-жылдарына қарай Байтұрсын әулеті Қостанай қ-на қоныстанғанда Гүлнар Қостанай пед. ин-тына түсіп, әкесінің қуғындалуына байланысты оқуын аяқтай алмаған. Балалары Қостанай өңірінде тұрады.

**ӘМІРҚЫЗЫ** Күлжамал (30.10.1923, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а. – 27.9.2003, Алматы қ.) – Ахметтің ағасы Қалидың немересі, бағыр ана. Қазақстанның халық жазушысы С.Мәуленовтің зайыбы. Дүйсен, Жеңіс, Бейбіт, Қасым,



*К. Әмірқызы*

Ғазиз, Бақытжамал, Сақыпжамал атты балаларынан тараған ұрпақтары Алматы қ-нда тұрады.

**ӘМІРОВ** Назар (1914, Қостанай обл. Торғай өңірі – 1980, сонда) – Ахметтің ағасы Қалидың немересі. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қостанайдағы сауда техникумын бітірген. Өмір бойы



*Н. Әміров*

Қостанай қ-нда бухгалтер болып еңбек еткен. Әйелі Нұрзипа екеуінің шаңырағында шамамен

1941 ж. Бадрисафа Байтұрсынова бірнеше рет болған. Ол кезде үлкен әжесі Айпан, анасы Салтанат бәрі бірге бір үйде тұрған екен. Назардың Марат, Шынболат, Нұрлан, Ислам атты балаларынан тараған ұрпақтары Қостанай, Алматы қ-ларында тұрады.

*Әдеб.:* Байтұрсын І., Алтын бесік, Қостанай, 1998.

**ӘМІРОВ** Шынболат Назарұлы (1947 ж.т., Қостанай қ.) – Ахметтің ағасы Қалидың шөбересі. Қазақ ұлттық мед. академиясын бітірген (1971). 1971–75 ж. Қазақ тері аурулары ғыл-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер, 1975–83 ж. Торғай обл. тері аурулары диспансерінің бас дәрігері, 1983–2008 ж. Алматы қалалық тері аурулары диспансерінің бас дәрігері болып еңбек етті. Қазіргі уақытта зейнеткер, сол ауруханада кеңес беруші-дәрігер. А.Байтұрсынұлы шығарм-на орай Қос-



*Ш. Әміров*

танай қ-нда өткен іс-шараларға демеушілік көрсеткен, ата мұрасының жанашыры. Реж. Е.Рақышевтің «Тұрар Рысқұлов» туралы деректі фильміндегі Байтұрсынұлына қатысты сәттерде эпизодтарда ойнап, атасы Ахметтің рөлін сомдаған.

**ӘНДІ ӨЛЕҢ** – әні басым, мәні кем, ажары аз өлең; кара өлең. Тындаушысы кара өлеңнің сөзінен де әніне көбірек құлақ салған. Сондықтан кара өлеңді айтушы әнінің ажарлы болу жағына тырысып, сөздің ажарлы болу жағына онша ыждаһат қылмаған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ӘНЕСҰЛЫ** Жұмат (25.1.1947 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Торғай кенті) – журналист, әдебиеттанушы, суретші. КСРО Журналистер одағының мүшесі (1982). Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1991). ҚазҰУ-ды бітірген (1972). Обл. «Торғай таңы» газетінде суретші (1972–73), жауапты хатшының орынбасары (1977–89), Арқалық ауд. «Ауыл тынысы» газеті редакторының орынбасары (1990–95), Арқалық қ-ндағы Ы.Алтынсарин атынд. гимназияда ұстаз (1998–2006) болған. 1998 жылдан бастап ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы туралы жазған зерттеу

мақалалары Аркалық қалалық «Торғай» газетінде жариялана бастаған. «Ұйлықтың үлгісі болған Ахмет Байтұрсынов» («Жас қазақ үні», 2007, №45), «Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға» («Алаш айнасы», 5.9.2012), «Қазақ әліпбиі саясат құрбаны болды» («Әділет», 29.8.2012), «А.Байтұрсыновтың туыстары – өткен тарихтың куәгерлері» (Qasym.kz, 4.1.2017), т.б. зерттеу мақала-



Ж.Әнесұлы

лар жазған. Ә-ның респ. баспалардан «Мақтанышы елімнің» (2010), «Желтоқсаннан кейін...» (2010), «Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға» (2012), «Езу тартар» (2012), «Бірге күлейік» (2015), «Жұматтың ғазелдері мен әзілдері» (2016), «Алаш туын көтергендер» (2017) атты кітаптары жарық көрген. Алаш тарихына арналған мақалалары респ. басылымдарда жиі жарияланып жүр. Қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыста. Дегенмен, Алаш қозғалысы мен оның қайраткерлерінің өмір жолын зерделеуді жалғастыруда.

Әдеб.: [www/qasym.kz/](http://www/qasym.kz/) (қаралған күні: 18.9.2017).

**ӘНШЕЙІН ТІЛ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Сөзге ерекше реңк берілмей, қарапайым сөздерді қолданып айтылған тіл әншейін тіл деп аталады. Сол себепті А.Байтұрсынұлы ақын тілін көрнекі лебіз деп, ал әншейін тілді жалаң немесе көсе лебіз деп атаған. Белгілі бір затқа, құбылысқа, адамға, ұғым мен түсінікке қатысты ойымызды, арман-тілегімізді, қиялымызды жүйелі, жоспарлы, көркем жеткізу шығарманың айрықша белгілерінің бірі болады. Байтұрсынұлы шығарманың екі жағын атап көрсеткен: ішкі пікір жағы, тысқы тіл жағы. Шығармадағы дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерінің құрылымы, реті, жүйесі шығарма тілінің ғылымы болса, шығарманың мазмұндық түрінің ғылымы болады.

Ә.Қожахмет

**ӘР ЖАҚ ӨЗ ЖАҒЫМЕН ЖАНАСУ** – бастауыш пен баяндауыштың жақ-жағымен сәйкесіп, қиындасуы. Мыс.: *Мен кітап оқыдым. Сен жазу жаздың. Ол шай қайнатты. Ғалым әр жақ*

тың өз жағымен жанасуы етістіктен болған баяндауышта ғана емес, басқа сөз таптарынан болған баяндауышта да болатынын ескертеді. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**«ӘРИАЙДАЙ»** (2) – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Ән нұсқалық әндер қатарына жатады. Затаевич бұл әннің екінші нұсқасы деп белгілейді. Әннің екпіні – асықпай, нәзік сезіммен жүреді. Төрт әуендік жолдан тұратын шумақты-қайырмалы құрылымда жазылған. Ладтық тұрғыда құбылмалы ля-эолийлік пен фригийлік лад құбылмалы түрінде берілген. Әуенінің ауқымы кең октава аралығын қамтиды. Бірінші әуендік жолдың алғашқы тармағы 3 дыбыстан басталып, 4 дыбысты қайталай келе, квинта арақашықтығында орналасқан негізгі ля дыбысына секіріп, глассандо арқылы, қайтадан 4 дыбысқа оралады. Екінші әуендік жол алғашқы тармақты өзгеріспен қайталай келе, 2b дыбыс арқылы төменгі негізгі дыбысқа



тұрақталады. Үшінші және төртінші әуендік жол, алғашқы қос тармақты қайталайды. Шумақтың әуендік жолын АВАВ деп белгілеп, шумақтың интонациясынан құрылған қайырмамен толықтырылған. Қайырма шумақтық бастапқы әуендік жолы өзгерістермен қайталана келе, трихордтық тізбекпен түсіп, толқынды әндетілуімен аяқталған. Тұрақты 4/4 өлшемде жазылған әннің ырғағында қарапайым төрттіктер, сегіздіктер және жартылық ұзақтықтары кездеседі.

А.Қазтуғанова

**ӘРІ** – шығыс жалғаудан соң қойылатын жалғаулық.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ӘРІП** – дыбыстың жазудағы таңбасы. Ғалым еңбектерінде «әріп» сөзі «әріп», «қаріп», «харіф» түрінде берілген. А.Байтұрсынұлы дыбыс пен харіфті шатастырмау керектігін, айтқан сөзге қатысты «дыбыс» сөзі, жазған сөзге қатысты «харіф» сөзі қолданылатынын, дыбыстың «естілетін, көрінбейтін нәрсе» екенін, харіфтің «көрінетін,

## ӘСЕРЛЕУ

естілмейтін нәрсе» екенін ескертеді. Ғалым дыбыстар сияқты, әріптерді де дауысты, дауыссыз, жарты дауысты түрінде жіктейді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімділерінің I-тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 6-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ӘСЕРЛЕУ (ЛЕПТЕУ)** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Сөздің әсерін күшейту үшін, дерексіз нәрсені деректі нәрседей, жансыз нәрсені жанды нәрседей суреттеу үшін айтылатын тілді көрнекілеу әдісінің бірі. Ол көңіл күйінен шығып, көңілге күй түсіреді. А.Байтұрсынұлы кісінің жайма-шуақ кезінде айтқан сөзі мен көңілді кезінде айтқан сөзі бірдей болмайтынын ескеріп, Ә-дің бірнеше түрін көрсетеді. Ә-дің көп қолданыс табатын түрлеріне арнау, қайталақтау (назар салғызу үшін істелетін әсерлеу түрі., шендестіру (екі нәрсе қатар келгенде олардың мағыналары арқылы ойды әсерлеу), дамыту (алдыңғы сөздің кейінгі сөзден қуатын асыра отырып дамыту), түйдектеу (әр сөзге көп ой сыйғыза сөйлеу), бүкпелеу (сөзді ашып айтпай ұшығын ғана айту), кекесіндеу жатады.

*Д.Оспанова*

**ӘСЕТ** Найманбайұлы (1867, Шығыс Қазақстан обл. Үржар ауд. Бақты а. – 23.3.1922, Қытай, Құлжа к.) – көрнекті ақын, әнші, композитор, Алаш қозғалысына қатысушы. Алаш қозғалысының көсемі А.Байтұрсынұлымен пікірлес болған. Ә. Кеңес үкіметі орнағанда Қытайға өткен (1920–



*Әсет Найманбайұлы*

21 ж. шамасы). Жастайынан ән салып, халық аузына іліккеннен бастап ән шығара бастаған. «Инжу – Маржан», «Мақпал», «Қарағөз», «Майда қоңыр», «Гауһар қыз», «Қоңыр қаз», «Қисмет», «Әпитөк», т.б. әндері белгілі. «Салиха – Сәмен», «Ағаш ат», «Үш жетім қыз», «Нұғыман – Нағым», «Мәлік – Дарай», «Кешубай» сияқты бірқатар кисса-дастандары бар. Айтыс ақыны ретінде Ырысжан, Бақтыбай, Кәрібай, Әріп, Қали, Сәмет, Қосымбай, Қызыр, Кемпірбай және Мәлік қызбен айтысқан. Тұңғыш жинағы 1968 ж.

Б.Адамбаевтың құрастыруымен басылып, жинаққа 34 өлеңі (әнімен қоса), 4 айтыс-қағысы, 4 дастан-қиссасы жарияланса, 1988 ж. «Әсет» жинағына (құраст. Б.Нұржекеев) 29 ән мәтіні, 71 өлеңі, 10 айтыс-қағысы, 8 кисса-дастаны енгізілген. 1918 ж. Шәуешек қ-на Алашорда атынан Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Р.Мәрсекөв, С.Аманжоловтар барып, сол жердегі белгілі азаматтармен өткізген басқосуына Ә. те қатысып, «Алаш» толғауын айтады.

*А.Бабашев, Е.Алишынбай*

**ӘСІРЕЛЕУ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термині. Ә. – бір нәрсені өте асырып я өте кемітіп айту мақсатында қолданылатын көрнекілеудің бір түрі. «Көп түкірсе, көл болар», «Көзінің жасы көл болды» деген мақалдардағы түкірік пен көз жасы шамадан тыс асыра суреттеліп тұрғандығын көрсетеді. Байтұрсынұлының айтуынша, Ә. әсіресе ескі сөздерде ескі ақындардың айтысқан иә мақтаған өлеңдерінде, батырлардың жырларында көп кездеседі. Оған, «Қобыланды батыр» жырынан үзінді келтіреді: Астындағы Бурылдың// Жоғарғы ерні көк тіреп // Төменгі ерні жер тіреп. Мұның соңғы екі жолында айтылған сөздерді Ә-ге жатқызады. Қазіргі әдебиет теориясында Ә-ді «гипербола» деп атайды.

*А.Кадирхан*

**ӘУЕЗ ӘДЕМІЛІГІ** – сөзді дыбыс жағынан тәртіптеп, үйлестіріп тізуден болатын көркемдік, сөз ішіндегі дауысты-дауыссыз дыбыстар оңтайлы орналасып, құлаққа жағымды болып естілуі. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар аралатпа болып келмеген жерде, яғни кілең дауысты дыбыстар яки кілең дауыссыз дыбыстар ұйлығып қатар келген жерде сөз айтуға оңтайлы болмайды. Қазақ тілінде бір жерде қатарынан екі дыбыстан артық келмейді. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қатарынан бір сөздің ішінде келуі тіпті болмайды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ӘУЕЗДІЛІК** – сөз ішіндегі дыбыстардың, сөйлеу ішіндегі сөйлемдерінің үндері құлаққа жағымды болып естілуі. Әуезділіктің өзіндік шарттары бар: а) дауысты-дауыссыз дыбыстар ұйлығып қатар келсе; ә) сөйлемдер дұрыс жасалмаған кезде, мәселен, сөйлем мүшелері орнына қойылмағанда иә тұрлаусыз мүшелері көбейіп, сөйлемді ауырлатқанда яки басыңқы сөйлем мен бағыныпқы сөйлемдер жапсарлары дұрыс келмесе, сөйлеу құлаққа жағымды болмайды. Ал: а) сөйлемдер дұрыс жасалғанда, өрнекті сөйлемдердің кестелері келісті жасалса, ә) өлеңді сөйлемдердің өлшеулері дұрыс келсе, сөйлеу құлаққа жағымды болады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ӘУЕЗЕ** – тысқы ғалам турасындағы сөздер, көркем сөздің тысқарғы түрлісі, яғни болған уақиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру. Әуезе *мәлімдеу, мазмұндау, қорытудан* тұрады. Әуезе әңгімесі уақыт сарынымен, туыс сарынымен айтылатынын ескерте келіп, ғалым әуезелердің тарауларын 1) шежіре, 2) заманхат, 3) өмірбаян, 4) мінездеме, 5) тарих, 6) тарихи әңгіме түрінде көрсетеді. Ақын әуезе түрінде сөйлегенде, уақиғаның ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемей, тек сыртта тұрып бақылап, уақиғаға көз салған адамша, қатта біреуден естіген адамша айтады. Уақиғаны бұлайша түрде айтып көрсету тысқарғы түрде айту болады, сондықтан әуезе көркем сөздің тысқарғы түрлісі болады. Бірақ әуезеге алынған уақиға болғандықтан және де ол уақиғаға айтушы өзінше көрік беріп шығарғандағы сөзі әуезе болады. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ӘУЕЗЕ ЖЫР** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған термин. Ғалым оны әуезенің бір түріне жатқызады. Ә. ж. – ұлт тарихында орны бар, халық ауызында айтылып жүрген оқиға өзек етіліп, сұлу сөзбен көмкеріліп жазылған шығарма. Автор «Әуезе жыр – ақын тарапынан ұлттың ұлы адамына сөзден жасалған жәдігер есебіндегі нәрсе» деп баға береді. Ә. ж. термині қазіргі кезде поэма немесе дастан деп қолданылады.

*Е.Шынтай*

**ӘУЕЗОВ** Мұхтар Омарханұлы (28.9.1897, бұрынғы Шыңғыстау болысының № 8 а-на қарасты Аяққараған, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. – 27.6.1961, Мәскеу қ.; Алматыда жерленген) – ахметтанушы, филол. ғыл. докт., проф. (1946), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946). Қазак КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері (1957). Ә. 1908 ж. Семейдегі медреседе оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 ж. осындағы қалалық бес кластық орыс қазына уч-шесіне оқуға орналасады. Уч-шені 1915 ж. аяқтап, Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі де, оны 1919 ж. бітіреді. 1923 ж. Ленинград мемл. ун-ті қоғамдық ғылымдар ф-тінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға қабылданады. 1925 ж. Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырады. 1928 ж. Ташкенттегі Орта Азия мемл. ун-тінің аспирантурасында оқыды. 1920–21 ж. Семей обл. атқару к-ті қазақ бөлімінің және обл. соттың менгерушісі міндетін атқарады. Қазақ АКСР Оқу-ағарту комиссариатының арнайы өкілдігімен 1924–25 ж. Семей қ-ндағы мұғалімдер техникумына оқытушылыққа қалдырылады. 1926 ж. Семейге арнайы ғыл. экспед. ұйымдастырып, ауыз әде-

биеті мұраларын жинады. Ғыл. экспед-ның материалдары негізінде жазылған «Әдебиет тарихы» монографиясы 1927 ж. кітап болып шы-



*М.Әуезов*

ғады. 1927–29 ж. Абай қолжазбаларының екі томдық толық жинағын баспаға әзірлейді. 1930 ж. 16 қыркүйек күні Ә. те тұтқындалады. Тергеу екі жылға созылып, 1932 ж. сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады. Ә. сол жылы түрмеден босатылып, Қазақ а.ш. ин-тына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болып уақытша жұмысқа орналасады және Қазақ пед. ин-тының аға оқытушысы, проф. міндетін атқарушы болып қызмет істеді. 1943 ж. Тіл, әдебиет және тарих ғыл.-зерт. ин-тының аға ғыл. қызметкері болып қайтадан қызметке тұрады; сол жылдың қыркүйегінен бастап ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасына проф. болып орналасып, өмірінің соңына дейін сонда дәріс оқыды. 1946 ж. Қазақстан ҒА құрылғанда, оның толық мүшесі (акад., №1 куәлік) болып сайланды, филол. ғыл. докт., проф. атағы берілді. Ол «Қазақ ССР тарихының» әдебиет тарихы бөлімін жазып, «Қазақ совет әдебиеті тарихын» жазуға жетекшілік етті. Бірақ, 1951–54 ж. Ә. саяси-идеол. тұрғыдан тағы да қыспаққа алынып, оны «ұлтшыл-алашордашыл» ретінде жаппай сынау науқаны басталды. 1953 ж. сәуір айының соңында қамауға алыну қаупі төнгенде, Мәскеуге жасырын аттанып кетуге мәжбүр болады. Онда А.А.Фадеев, К.М.Симонов, В.М.Кожевников, Н.С.Тихонов іспетті орыс жазушылары араша түсіп, Ә-ті жазықсыз жазадан аман алып қалды. Қазақстанға қайтып келудің қауіпті екенін біліп, Мәскеу мемл. ун-тінің проф. болып орналасты. 1957–61 ж. Қазақстан ҒА Тіл және әдебиет ин-тының халық ауыз әдебиеті бөлімінің менгерушісі қызметін атқарды. Ә. қазақ ауыз әдебиетін жинақтап, жүйелеп, қазақ әдебиет тарихы, Абайдың өмірі мен шығарм., әдебиеттану мен фольклордың теор.-проблемалық мәселелері жөнінде іргелі еңбектер жазды. Ә. абайтануды дербес ғылым саласы деңгейіне

көтерді, оны зерттеудің бағыт-бағдарларын, принциптерін анықтады, жүйелі, біртұтас ғыл. тұжырымдамасын жасады. Ә. баспаға дайындаған Абай шығармаларының толық жинағы 1933 ж. жарық көрді. Абайдың өмірбаянын Ә. қайта-қайта түзетіп, толықтырып, бастан-аяқ төрт рет (1933, 1940, 1944, 1950) жазып шықты. ҚазҰУ-да абайтану пәні бойынша оқыған дәрістерін жинақтап, іргелі монография («Абай Құнанбаев», 1967) жариялады. Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде де Ә. дүниежүз. аса маңызды мәселелерді шешуге, халықтың рухани ынтымақтастығын дамытуға елеулі үлес қосты. 1961 ж. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тына оның есімі берілді, ин-т құрамында ғыл. бөлім ретінде Әуезов үйі (1963) ашылды, ескерткіштер орнатылды. Қазақ академ. драма театры, Алматы, Астана, Семей және басқа қалалар мен облыстардағы аудан, ауыл, көше, мектептер Ә. есімімен аталады. Ә-тің өмірі мен шығарм. жазушылар мүсіншілер мен кескіндемешілердің өнеріне арқау болды. Жазушы-ғалымның туғанына 100 жыл толуы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүз. деңгейде аталып өтті (1997). Қазақ теледидары ұлы жазушы шығарм-на арналған 12 сериялы телехабар (авторы А.Тойбаева) түсірді. Әр жылдары КСРО мәдениет қайраткерлері өкілдерінің қатарында ГДР-де (1955), Үндістанда (1955, 1961), Чехословакияда (1956), Жапонияда, АҚШ-та (1960) болды. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1955, 1959). Лениндік сыйл. (1959) пен КСРО Мемл. сыйл. (1949) лауреаты. Ленин (1957), Еңбек Қызыл Ту (1945, 1956) және «Құрмет белгісі» (1951) ордендерімен марапатталған. Ә. – А.Байтұрсынұлының көзі тірісіндегі алғашқы ахметтанушылардың бірі. Ж.Аймауытовпен бірігіп М.Жұмабаев, Байтұрсынұлы, С.Торайғыровтар туралы «Абайдан соңғы ақындар» атты, т.б. мақалалар жазған. Ахметтің 50 жылдық мерейтойында баяндама жасаған. Ол Байтұрсынұлы жайында «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласының істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды» деп жазған («Ақжол», 4.2.1923).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.; [www/sachok.kz](http://www/sachok.kz) (қаралған күні 15.9.2017).

З.Ахметов, Ә.Нысанбаев,  
Т.Жұртбай, Т.Шаңбай

«ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АЛАШ» – оқу құралы. Авторы – Р.Нұрғали. ҚР Білім және мәдениет мин., ҚР

Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі ұсынған. А., «Санат» баспасынан 1997 ж. жарық көрген. Көл. 432 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап автордың алғы сөзінен, «Алаш ұранды әдебиет», «Әуезов әлемі» атты екі бөлімнен, соңғы сөзден және қысқаша әдебиеттер көрсеткішінен тұрады. Бұл кітапта Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ж.Шанин сынды қазақ зиялыларының қоғамдық қызметі мен қаламгерлігі, сондай-ақ қазақ әдебиетін егемендік биігінен танып-білудің соны бағыттары баяндалған. Кітаптың «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» атты бірінші тарауында автор Ахметтің қоғамдық-саяси және шығарм. қызметіне жан-жақты талдау жасаған. Оқу құралы студенттерге, ұстаздарға арналған.

С.Арғынғазин

**ӘУЕЗ ӨНЕРІ** – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрауын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері, еуропаша – музыка.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

О.Жұбаева

**ӘУЛИЕКӨЛ** – ежелгі тарихи мекен. Осы жерде жеті көлдің болуына байланысты орыс мұғажырлары Ә-ді Семиозер деп атаған. Ә. аталуы «өткен ғасырларда ауыл ортасындағы айна көлдің бірі сарқырай ағып, жер астына сіңіп кетіпті де, үш күннен кейін қайтадан пайда болыпты» деген ел аузындағы аңызға байланысты. Ә. даңқты адамдарымен де киелі. Мұндағы Құсмұрын бекінісінде Шоқан Уәлиханов дүниеге келген. Ә. мектебінде 19 ғ-дың аяғында А. Байтұрсынұлы сабақ берген. 1997 ж. ҚР Президентінің жарлығымен Қостанай обл.-ндағы Семиозер ауд. Әуликөл ауд. болып өзгертіліп, тарихи мекен атауы қалпына келтірілді. Қазір Ә. а-ның тұрғыны 13,1 мың адам (2015). Ауыл облыс орт. – Қостанай қ-нан 100 км жерде орналасқан. Нан 3-ты, сауда, спорт кешендері, май 3-ты, сыра 3-ты, мәдениет үйі, 3 орта мектеп, әмбебап дүкені, байланыс торабы, «Жетікөл» мейрамханасы, өнер мектебі мен мемориал. композиция бар.

**ӘУЛИЕКӨЛДЕГІ ЕСКЕРТКІШ** – монументті өнер туындысы. Қостанай обл. Әуликөл ауд. Әуликөл кентінде 2016 ж. 5 қыркүйекте ашылған. Ескерткіш-бюсттің авторы жергілікті мүсінші Әбілбек Ұзақов. Монументті өнер туындысы Алаш қайраткері А.Байтұрсынұлының 144 жылдығына орай орнатылған. Өнер туындысының тұғырына ғалымның 1872 жылғы 5 қыркүйекте туып, 1937 жылғы 8 желтоқсанда атылғаны жайында жазылған. Қайраткер ғалым алғашқы мұғалімдік жолын 1905 ж. Әуликөл а-ндағы мек-



тепте бастаған. Болашақ жары Бадрисафаны да осында кездестірген.

*К.Қошым-Ноғай*

**ӘШІМХАН** Дихадмет (10.6.1950, Шығыс Қазақстан обл. Қатонқарағай ауд. Жаңаүлгі а. – 2015) – жазушы, аудармашы, «Алаш» баспасының директоры (2003–15). Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. ҚазҰУ-ды бітірген (1978). «Коммунизм туы» («Дидар»), «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» (1978–94, қазіргі «Ұлан»), «Түркістан» (1994–2003, бас редактордың 1-орынбасары) газеттерінде жұмыс істеді. Ә. «Сары самауыр», «Ақ ниет», «Аққабаның толқыны», «Жер аңсаған сарыатан», т.б.

көркем және публицистик. шығармалардың авторы. Дж.Голсуорси, Дж.Лондон, Е.Шварц, А.Курчаткин, А.Аширов, Х.Абдуллин, Кришнабам Малл шығармаларын қазақ тіліне аударған. 1992 ж. «Жалын» баспасынан Ә. құрастырған



*Д.Әшімхан*

«Бес арыс» атты естеліктер жинағы жарық көрген. Кітаптың А.Байтұрсынұлы туралы тарауына С.Сейфуллин, М.Әуезовтердің құттықтау-лебездері, Т.Қожакеев, Р.Нұрғалиев, А.Мектепов, Ғ.Әнестердің ғыл.-зерт. мақалалары, С.Кәкішев, Қ.Мұхаметовтердің естеліктері топтастырылған. «Алаш» сыйл. (2005), «Жалын» жабық бәйгесінің екі мәрте иегері.





«Б» – ұяң дауыссыз дыбыс. 20 ғ-дың басында «б» дыбысы қатаң дауыссыз ретінде танылған әрі сөз соңындағы *болып, көріп, айтып*, т.с.с. көсемше тұлғалары *болыб, көріб, айтыб* түрінде жазылған. Себебі «оның ішінде дауыс мүлде жоқ, оны шығару үшін екі ерін біріне бірі тиюі керек де, кеңірдектен келген дем сол екі еріннің арасын ашып бірден бұзып шығу керек («б» дыбысын шығару үшін кеңірдектен келген дем дауыс қабыршағын дірілдетпей, дауыс шығармай келеді)» (Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.). Елдес Омаров тілдің дыбыстарын тап-тапқа бөлуде дыбыстар дыбыс жүйесінің жолымен зерттеліп, әр дыбыс өз алдына тексерілуі керектігін, Тәшкендегі ұлы үністеттің қазақ тілі кабинеті осы жолға түсіп отырғанын, кабинеттің талқысына бірнеше жоба түскенін, өз тарапынан да жоба ұсынғанын ескертеді: «Қазақша дыбыстардың әрқайсысын осылай, ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай тексерсек, біздің дауысты дыбыстарымыздың бәрінде де жай дыбыстан да дауыс көп болады; жарты дауысты мен ұяң дыбыстарда дауыс да болады, жай дыбыс да болады, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда дауыс аз болады да, басқа дыбыстардан дауысы анық болады; қатаң дыбыстардың «б»-дан басқа алтауында дауыс мүлде болмайды; *ымыралы, ымырасыз* атанған 5 дыбыс пен «б» дыбысы – алтауында жай дыбыс да болады, дауыс да болады, бірақ бұлардың дауысы ұяң мен жарты дауыстылардан кем болады. Бұл алты дыбыстың басқа дыбыстардан тағы бір басқалығы: бұлар өзгеден көрі қатаң б дыбысқа жуық болады, – қатаң дыбысқа сәл дауыс қосылса ақ болғаны, қатаң өзгеріп ымыралы иә ымырасыз болып шығады. Мәселен «п» -ға дауыс қосылса, ол өзгеріп «б» болады; «т-ға дауыс қосылса, ол «д» болады; сол қалыпты «с» – «з» болады; «ш» – «ж» болады; «қ» – «ғ» болады; «к» – «г» болады. «п», «қ», «к» –үшеуінің олай өзгеріп «б», «ғ», «г» болатыны жұрттың бәріне мәлім («таптым» дегенде «п»-ның айтылуы да, естілуі де «п», «табамыз» дегенде «б» болады; «қазақ» –

«қазағым», «жүрек» – «жүрегім» дегенде «қ» мен «к» өзгеріп «ғ», «г» болады). «Дорба» деген сөздің «деді», «деген» сықылды сөздердің басындағы дыбыстары таза «д»; бұл сөздерді аяғы қатаң болып келетін дыбыстарға жалғастыра айтсақ «д» өзгеріп, айтылуы да, естілуі де «г» болып шығады: «ат дорба», «ақ дегені алғыс» деген сөздер «ат торпа», «ақ тегені...» болып айтылады; «Сегіз сом», «түзсіз» сықылды сөздер «сегіз сом», «түссіз» болып айтылады; «бес жарым», «құтжол» дегенде «ж» дыбысы «ш» болып кетеді. Сөйтіп, қатаң атанған б дыбыстың әрқайсысының бір-бір сыңары болады: «П»-ның сыңары «б» болады. «Т»-ның сыңары «д» болады. «Ш»-ның сыңары «з» болады. «С»-ның сыңары «ш» болады. «Қ»-ның сыңары «ғ» болады. «К»-ның сыңары «г» болады» дейді. Дыбыстарды дыбыс жүйесінше жіктей келіп, Омаров: «Қатаң дыбыстардың «б»-дан басқа алтауын бір тап қылу керек де; «б»-ны ымыралы мен ымырасыздарға қосып бұл алтауын бір тап қылу керек. «б»-дан басқа қатаң б дыбысқа бұрынғы қатаң аты дәл келеді; – бұл алтауының сыңары болып шығатын «б», «д», «з», «ж», «ғ», «г» – алтауына «ұяң» деген ат лайық», – деп тұжырымдайды. Дыбыстарды дыбыс жүйесінше жіктей келіп, Омаров: «Қатаң дыбыстардың «б»-дан басқа алтауын бір тап қылу керек, «б»-ны ымыралы мен ымырасыздарға қосып, бұл алтауын бір тап қылу керек, «б»-дан басқа қатаң б дыбысқа бұрынғы қатаң аты дәл келеді. Бұл алтауының сыңары болып шығатын «б», «д», «з», «ж», «ғ», «г» – алтауына «ұяң» деген ат лайық» деп жазады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. – I тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923; Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

**БА** – сөздердің арасындағы жүйесін келтіріп, жалғастыратын сөз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**БАҒЫНЫҢҚЫ СӨЙЛЕМ** – сабақтас құрмалас сөйлемнің құрамындағы басыңқы сөйлемнің шылауындағы қосшы есебіндегі сөйлем, толық мағына өздігінен шықпайтын, бітпеген шала сөйлем. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында болса, сол мүшенің атымен аталып, сол мүшенің сұрауына жауап береді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАҒЫНЫҢҚЫ СӨЙЛЕМНІҢ ТОЛЫҚ ТҮРІ** – бағыныңқы сөйлемдердің ықшамдалмай, толық берілген түрі. Мыс.: Түсі қандай болса, ісі сондай болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАҒЫНЫҢҚЫ СӨЙЛЕМНІҢ ЫҚШАМ ТҮРІ** – толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің ықшамдалған, қысқа түрі. Бағыныңқы сөйлемді зат есім арқылы; сын есім арқылы; етістіктің есімше түрі арқылы; етістіктің көсемше түрі арқылы ықшамдауға болады. Түсі қандай болса, ісі сондай болады деген сөйлемнің бағыныңқысы ықшамдалғанда ісі түсіндей болады түрінде болады. Сол сияқты Ит жүйрік болса, оны түлкі сүймес деген сөйлемді ықшамдап, ит жүйрігін түлкі сүймес деуге болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**БАДРИСАФАҒА ҚОЙЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ БЕЛГІ** – архит. өнер туындысы. 2012 жылғы 17 тамызда Қостанай обл. Меңдіғара ауд. Қасқат аңда тұрғызылған. Жоба авторы әрі шебері – Чхабадзе Лионович Кичварди. Белгінің биікт. 445 см, ені 120 см. Күйдірілген қыш кірпішпен қаптал-



ған. Ғалым жарына арналып қойылған белгіге аудан әкімш., Торғай өңірінің Ақкөл, Қарасу елдімекеніндегі А.Байтұрсынұлы ұрпақтары де-меушілік еткен. Бадрисафа – Ахмет Байтұрсынұлының жары.

**БАДРИСАФАНЫ АҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ АНЫҚТАМА** – ақтау жөніндегі ресми құжат. 1989 жылғы 5 қыркүйекте Қазақ КСР. Прокуратурасы бер-

ген. Анықтамада Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығына орай Бадрисафа Байтұрсынұлованың ақталғандығы жазылған. Сонымен қатар Бадрисафаның Орал қ-ның ту-



масы және татар қызы екендігі көрсетілген. Анықтама соңына прокурордың аға көмекшісі Б.З.Ашитовтың қолы қойылған.

**«БАДРИСАФА» ЭКСПЕДИЦИЯСЫ** – Ахмет Байтұрсынұлының жары Бадрисафа өмірін зерттеуге және жерленген жерін анықтауға арналған экспедиция. Экспед. ғалым жарының табаны тиген, ол жайында деректер болуы мүмкін аймақтарға жасалған. Игілікті шараны пед. ғыл. докт. Римма Бектұрғанова, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а-ның тұрғыны Ибрагим Ағытаев, журналист Нәзира Жәрімбетова басқарған топ атқарған. Экспедиция 2009 ж. қарашада басталды. Іс-шара 1933 жылдың 4 шілдесінен Ахмет отбасымен бірге тұрған Томскіден басталған. Одан ары Молчанов ауд-ның Могочино, Кривошейн ауд-ның Жуково с-ларына жалғасқан іс-шара Ахмет пен Бадрисафа іздері қалған Орынбор, Алматы, Қостанай секілді ірі облыстарды басып өтіп барып аяқталған. Осы экспед. барысынан жинақталған материалдар арқасында 2012 ж. Қостанай обл. орыс театры «Ақ келіннің махаббаты мен ажалы» атты қойылымды сахнаға әкелді. 2012 жылғы 17 қыркүйекте өмірінің соңғы жағын өткізген Меңдіғара ауд-на қарасты Қасқат а-нда Бадрисафаға мемориалдық тақта орнатылды. Сондай-ақ осы экспед. барысынан журналист Н.Жәрімбетованың «Аханның жары Бадрисафа



## БАЙҒАЛИЕВ

қайда жерленген немесе Қасқат ауылында көз жұмған Александра кім еді?» («Егемен Қазақстан» газеті, 30.5.2009), «Б.» э. алғашқы сапарын аяқтады» («Егемен Қазақстан», 1.12.2009), «Бәдрисафа бейнесі» («Егемен Қазақстан» газеті, 29.5.2010), «Көмескі іздің сәулесі» («Егемен Қазақстан», 2.12.2010), «Ақ шәліге оранып, ашылмаған сыр» («Жасөркен–Қостанай» журналы, 2013) атты мақалалары жарық көрді.

*К.Қошым-Ноғай*

**БАЙҒАЛИЕВ** Бейсенбай (1944, Қытай, Шәуешек к. – 6.7.1998, Алматы қ.) – белгілі мұрағатшы-ғалым, мәгінтанушы. ҚазҰПУ-ды бітірген. Ұзақ жыл бойы Алматы үй-құрылысы комбна жұмыс істеген. Ескіше хат танығандықтан Қазақ КСР Орт. мемл. мұрағатына қызметке шақырылып, аға мұрағаттанушы, аға ғыл. қызмет-



*Б. Байғалиев*

кер (1983–89), кейіннен ҚР БҒМ ҒК ҒА Әдебиет және өнер ин-тында ғыл қызметкер (1990–98) болған. 80-жылдардың аяғында баспасөзде жиі деректік мақала жариялап тұрған. Әуезов дайындап, бастырған Абайдың толық жинағының 1933, 1940, 1945, 1954, 1957 ж. және одан бұрынғы басылымдарды салыстыра отырып, ұлы ақын шығармаларының 2 томдық академ. толық жинағын дайындауға (1995), араб, латын таңбаларында шыққан мәтіндерді, қолжазбаларды тексеруге, ғыл. түсініктерді жазуға қатысқан. Абай шығармаларының Мүрсейіт нұсқасын қайта қалпына келтіруге көп күш салған. Көзінің тірісінде қорғап үлгермеген «Абай өмірбаяны архив деректерінде» атты кандидаттық диссертациясының қолжазбасы 2001 ж. «Арыс» баспасынан кітап болып жарық көрді. Б. Алаш қайраткерлері жайында маңызды мақалалар жазған. Т.Шонанұлының 1923 ж. жазған, бұрын еш жерде жарияланбаған «Ахмет Байтұрсунович Байтұрсынов в области народного просвещения и литературы» деген ғыл. мақаласының қолжазбасын мемл. мұрағаттың қорынан алып, жұртшылыққа ұсынған. Б-тің қолжазбадан аударып даярлаған мақаласы 1992 ж. «Жұлдыз» журналында, сондай-

ақ «Ахметтің кейбір өлеңдері мен аудармалары» («Жетісу», 13.1.1989; «Коммунизм таңы», 21.1.1989), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген.

*М. Байленова*

**БАЙДЕБЕКОВ** Қайдар (12.11.1941 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а. Шөптікөл қонысы) – А.Байтұрсынұлы атынд. қоғамдық қордың алқа мүшесі, «Ахмет Байтұрсынұлы» фотожинағын құрастырушылардың бірі. «Нархоз ун-ті» АҚ-ны бітірген (1967). Еңбек жолын Алматы қ-нда инж.-экономист болып бастаған. 1968–73 ж. Алматы Құрылыс жөндеу тресінің материалдармен жабдықтау кеңсесінің басшысы, 1973–85 ж. Респ. трестің басшысы, 1985–92 ж. «Жетісу», «Алматы», «Алатау» қонақүйлерінің директоры, 1992–94 ж. ҚР Қаржы мин-нде басқар-



*Қ. Байдебеков*

ма басшысы болған. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған (1988). А.Байтұрсынұлы туралы «Өмір соқпағында», «Ақкөл» және «Рух танымы» (2007), «Ауданға Торғай аты қайтарылса немесе туған жер туралы толғаныс» («Түркістан», 2.7.2009) мақалалары, «Ұлағатты ұлт ұстазы» анықтамалық-көрсеткіш (телавтор, 2010), «Туған жер – тұғырың». Ой-толғаныстар, тұжырымдар» (2012) кітаптары жарық көрген.

*Р. Сахыбекқызы*

**БАЙДІЛДИН** Ғабдуakit (1936 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а.) – шежіреші. Қали Байтұрсынұлының Бөтеш деген қызынан туған. Қостанай а.ш. техникумын бітірген (1961). 1961 жылдан бастап Ақкөл а-нда бухгалтер болып еңбек еткен. 1996 ж. зейнеткерлік демалысқа шыққан. Үмбетейден бастап қазіргі күнге дейінгі әулетке қатысты айтулы оқиғаларды жатқа біледі. Ахмет және оның төңірегіндегілер туралы обл., респ. мерзімді басылымдарда естелік мақалалары жарық көріп тұрады.

**«БАЙЖАННЫҢ МОЛДАСЫ»** – А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірігіп дайындап, 1926–27 ж. Қызылорда қ-нда бастырып шығарған «Оқу құралы» атты хрест. еңбегіне енген шағын

әңгіме. Соңына «Жөнеу» деп жазылған. Кітапқа берілген түсініктемеде («Ел-шежіре», 2012) бұл журналист, жазушы Аманғали Сегізбаевтың бүркеншік аты деп көрсетілген. Авторлар шығармаға «Ескі оқу тәртібі» деген қысқа түсініктеме берген. Мұндағы «Ескі оқу тәртібі» деген – молдадан оқу екені белгілі болады. Автор бұл оқудың түрін: «...Сұстанып, жыландай ысқырып, шал молда балалардың зәресін алып отыр... Сөзінен жаңылған баланы төрт өрме камшымен молдекен арқаға тартып қалғанда балалар шу ете қалады. Қасқырдан үріккен жылқыша шырқырап, шулайды...» деп сипаттайды.

*С.Ғұсманқызы*  
**«БАЙЖІГІТ МҰРАТ»** – әйелінің жоқтаған жыры. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, А.Байтұрсынұлы құрастырған «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа берген Әлихан Бөкейхан. «Бисмилла сөзден бастайын, Асығыс айтып саспайын. Бұладнап жүрген бағланым, Қысқа болды-ау өмірің Аяққа құйған астайын» деп басталатын 7–8 буынды жыр үлгісіне құрылған шығарма 62 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде: «Мұрат Тарбағатайдағы найман елі ішінікі. Өлгеніне 60–70 жыл болған» деп жазылып, астына «Қыр баласы» деп қол қойылған. Әлихан Бөкейханның жанама есімдерінің бірі – «Қыр баласы».

*Әдеб.*: 23 жоқтау. М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**БАЙКАЛ** – Ресей Федерациясында, Шығыс Сібірдің оңт.-ндегі тұщы көл. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.) табиғатымен жан-жақты таныстыру кезінде Балқаш, Ыстықкөл (Ыссыккөл), Алакөл, Ван (Уан), Урмия (Үрмия) көлдерімен бірге ішкі ірі өзен-көлдердің бірі – Б. көліне де сипаттама берген.

**«БАЙҚАДАМОВТАР ӘУЛЕТІ»** – деректі хикаят. Авторы – К.Байқадамова. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат қ-тінің бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Білім» баспасынан 2009 ж. жарық көрген. Көл. 297 бет, 40 бет суретті. Таралымы 2000 дана. Кітап алғы сөзден, үш бөлімнен («Байқадамовтар әулеті», «Тарихи тұлғалар», «Өнер өрінде») және қосымшадан тұрады. Бұл кітапта автор әкесі Байқадам Каралдин туралы тәуелсіздік тұсында жазылған дүниелердің басын құрап, жадында қалған естеліктерді жаңғыртып, арманда кеткен аяулы әкенің өмір жолы мен апасы Данабике, ағасы Бақытжан, сіңлісі Айсұлу туралы баяндаған. Осы әулетпен жақын араласқан қазақтың өнері мен мәдениетіне, әдебиетіне зор үлес қосқан алыптар тобы туралы естеліктер негізінде қызықты баяндалады. Кітаптың «Тарихи тұл-

ғалар» бөлімінде автордың А.Байтұрсынұлы жайында естелігі (140 – 143-беттер) жарияланған. Байқадамовтар әулеті туралы білгісі келетін көпшілік оқырманға арналған кітап тәрбиелік, танымдық мұрағат деректеріне бай.

*С.Арғынғазин*

**БАЙЛАСУ** – сөйлемнің ішіндегі басқа сөздермен тіркесіп, байланысқа түсу, үйлесу. Ғалым қаратпа сөз, қыстырма сөздердің сөйлем ішіндегі басқа сөздермен байласпайтынын ескертеді: «*Ауру, әрине, жақсы нәрсе емес. Әзірге, шүкір, жаман емеспіз.* Бұл сөйлемдерге қыстырылып айтылып тұрған қыстырма сөздер – «*әрине*» мен «*шүкір*» деген сөздер. Бұлар басқа сөздермен үйлесіп, байласып тұрған жоқ, құр қыстырылып тұр. Оны алып тастағанда, сөйлемге келе қоятын кемшілік жоқ. Мәселен: «*ауру жақсы нәрсе емес*» десек немесе «*әзір жаман емеспіз*» десек, «*әрине*» мен «*шүкір*» деген сөздердің орны үңірейіп, жоқтығы сезіліп тұрған жоқ.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«БАЙ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ»** – «Оқу құралына» енген әңгіме. Бай баласы Асан мен кедей баласы Үсеннің бір күнгі бастан кешкен оқиғасы суреттеледі. Асанның қорқақ, әлсіз, ебедейсіз, кейіп-кеспіріне қарама-қарсы, Үсеннің батыл, тапқыр, сергек бейнесі балаларға үлгі етіп ұсынылған.

**БАЙСАЛОВ** Болат Қабиденұлы (11.8.1937, Алматы қ. – 5.9.1981) – Ахметтің жиені. Ахмет пен Бадрисафа бауырына салған Шолпанның баласы. Ташкентте институт бітірген. Трамвай-троллейбус басқармасында комсомол хатшысы, «Минтяжстрой» мекемесінде қызметкер болған. Қабиден, Рүстем атты балалары Ресейде, АҚШ-та тұрады.

**БАЙСАЛОВ** Қабиден (1909–1959, Алматы қ.) – Ахметтің қызы Шолпанның жұбайы. «Халық жауының» қызына үйленгендіктен қудаланған. 1941 ж. соғысқа, майданның алғы шебіне айыпты ретінде аттанып, 2-дүниежүз. соғыста



*К.Байсалов*

## БАЙСАЛОВА

Берлинге дейін жеткен. Соғыстан кейін өндірісте жетекші қызметтер атқарды. 1950 ж. зайыбы Шолпан, ұлы Болатпен Сібірге жер аударылды. 1957 ж. ақталып, елге оралған соң, соғыс пен айдауда көрген азаптарынан Б-тың денсаулығы күрт төмендеді. Ұлы Болаттан – Қабиден, Рүстем (екеуі де шет елде тұрады) атты немерелері, қызы Айманнан – Гүлнар жиені, одан Әсел атты жиеншары бар.

**БАЙСАЛОВА** Айман Қабиденқызы (14.3.1936 ж.т., Алматы қ.) – А.Байтұрсынұлының жиені. Ахмет пен Бадрисафа бауырына салған Шолпанның қызы. Байтұрсын әулетінің үлкендерінің көзін көрген бүгінгі қариясы. Арнайы кәсіптік үч-щені тігінші мамандығы бойынша бітірген. 10



*А.Байсалова*

жыл бойы аталған кәсібі бойынша жұмыс істеген. Кейіннен медицина саласы бойынша зертханалық курста дәріс алып, 37 жыл зертханашы болып жұмыс істеген. 1993 ж. зейнеткерлік демалысқа шыққан. Б. Байтұрсынұлының шығармаларын насихаттауға қатысты өтетін респ., обл., қалалық, ауд. жиындарға құрметті қонақ ретінде қатысып келеді. Алматы қ-нда қызы Гүлнар, немересі Әселмен бірге тұрады. «Еңбек ардагері» (1990), «Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығы» (2015) мерекелік медальдарымен марапатталған.

**БАЙСЕЙІТ** (т.-ө.ж.б.) – Ахметтің алтыншы атасы. Б-тен Үмбетей мен Сейтімбет туған. Ахметтің ұлы бабасы – Үмбетей ру басына айналған үлкен ата. Б. атадан жалғыз, оның әкесі Қалқаман Көшейұлы 5 ағайынды болған.

**БАЙТОҚ** Алаша (т.-ө.ж.б.) – Батыс Қазақстан өңірінде 19 ғ-да өмір сүрген жырау. Бөкей ордасында, Жәңгір ханның жанында болған. Байұлының алаша руынан шыққандықтан ел арасында «Алаша Байтоқ жырау» деп аталған. Оның Жәңгір хан дүниеден қайтқан соң айтқан толғауы, «Мұрат ақынның Ғұмар Қазыоглына айтқаны» (Казан, 1908), «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» (Орынбор, 1910) жинақтарда жарық көрген. «Қары азамат сардарбек» деп

басталатын толғауы ел арасына кең тараған. Толғаудың маңғыстаулық Т.Жанғабылұлынан 1939 ж. Б. Жақыппайұлы, 1947 ж. И.Ұйықбаев жазып алған мәтіні Қазақстан ҒА-ның Орт. ғыл. кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы (198–705-бумалар). Б. жыраудың 2 толғауы да Жәңгір ханға, оның сән-салтанатына арналған мадақ жырлар. Қолжазба мәліметтерге қарағанда, Жәңгірге жырау сексен жасында барған. Ханның сұрауымен, әуелі жиналып отырған жамағатқа, биге, байға, батырға, қызға, бәйбішеге өмірде не жарасатынын жырлайды, сосын хан мәртебесіне ойысады. «Жәңгір хан дүниеден қайтқан соң айтқан толғауында» әсерлеу әдісін мол қолданады. Жоқтау сарынындағы бұл толғауда жыраудың Ресей үкіметінің қазақ даласын отарлау саясатына қарсы көзқарасы айқын сезіледі. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде Б. жыраудың шығармаларынан үзінді келтірген.

Әдеб.: [https://kk.wikipedia.org/wiki/Ахмет\\_Байтұрсынұлы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Ахмет_Байтұрсынұлы) (қаралған күні: 15.9.2017).

**БАЙТҰРСЫН** Илияс (1939, Қостанай обл. Торғай қ. – 2003) – ақын, журналист. ҚазҰУ-ды бітірген (1963). Қарағанды обл. «Орталық Қазақстан» (1963–66), Лениншіл жас» (1966–72, қазіргі «Жас Алаш») газеттерінде еңбек еткен. 1972 жылдан респ. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Қостанай обл-ндағы арнаулы тілшісі, А.Байтұрсынұлы атынд. Қостанай



*І.Байтұрсын*

мемл. ун-тінің доценті болған. «Тың түлектері», «Тоғыз перне», т.б. жыр кітаптары мен деректі прозалық кітаптары жарық көрген. Көптеген топтамалық жинақтарға өлеңдері мен очерктері енген. Байтұрсынұлының өмірін зерттеуге арналған «Алтын бесік» кітабының, «Бұл үйде Байтұрсынов тұрған» («Егемен Қазақстан», 22.3.2000), «Қайран Аха, жолың қандай ауыр еді» («Егемен Қазақстан», 30.8.2000) мақалаларының авторы.

**БАЙТҰРСЫНҚЫЗЫ** Зиялаш (1876 – 31.7.1962, Алматы қ.) – А.Байтұрсынұлының туған қарын-

## БАЙТҰРСЫНОВА



*З. Байтұрсынқызы*

дасы. Өмір бойы үй шаруасымен айналысқан. Балалары Кәрім, Сыздық, Айранбай, Бәкібайдан тараған ұрпақтары Алматы қ-нда тұрады.

**БАЙТҰРСЫНОВ** Серік Самыратұлы (1949 ж.т., Алматы қ.) – А.Байтұрсынұлының туған інісі Мәшен қажының немересі, Байтұрсынның шөбересі. Әкесі Самырат Мәшенұлы ашқан А.Байтұрсынұлы атынд. қоғамдық қордың төрағасы. Халықар. дәрежедегі спорт шебері. Қазақ КСР Халыққа білім беру ісінің үздігі. ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы. Қазақ туризм және спорт академиясын (1972), «Нархоз ун-ті» АҚ-ны (1985) бітірген. «Қайрат» футбол клубының ойыншысы (1968–72), Жоғары спорт шеберлігінің Арнайы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы (1974–76), директоры (1976–82), Қазақ КСР Оқу-ағарту мин. Дене шынықтыру



*С. Байтұрсын*

және спорт басқармасының басшысы (1982–85), Спорт бағытындағы Респ. жалпы білім беретін орта мектеп-интернаттың директоры (1985), Респ. жоғары спорт шеберлігі мектебінің директоры (2001–03), ҚР Қорғаныс мин. ЦСКА Спорт клубы бөлім басшысының орынбасары (2003–05), Алматы қ. Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары (2005–06) қызметтерін атқарған. 2006 жылдан Алматы қ. Жоғары спорт шеберлігі арнайы мектебінің директоры, Б. қазіргі күнге дейін «Қайрат» футбол клубы ардагерлер құрамасының мүшесі. Бірнеше

Құрмет грамоталарымен марапатталған. 2012 ж. А.Байтұрсынұлы атынд. алаңқайға мәрмәр тастан қойылған белгіге қаржылық демеушілік көрсеткен.

*Р.Сахыбекқызы*

**БАЙТҰРСЫНОВА** Александра Ивановна (Бадрисафа Мұхамедсадыққызы) (1878, Ресей, Селебе обл. – 1942, Қостанай қ.) – ұстаз, орыс қызы, А.Байтұрсынұлының өмірлік жары. Қостанай обл. Әуликөлдегі бастауыш мектепте сабақ берген. 1896 ж. осында Ахмет Байтұрсынұлымен танысқан. Көп ұзамай ислам дінін қабылдап, Бадрисафа есімін алады да, Тройцк қ-ндағы мешітте Байтұрсынұлы екеуі некелеседі. Кеңес өкіметінің қуғын-сүргініне ұшыраған Ахмет Архангельскіге жер аударылғанда Б. бауырындағы қызы Шолпанмен бірге Томск обл-на жөнелтіледі (1929). Бұл



*А. Байтұрсын*

қуғыннан Қазақстанға 1934 ж. ғана оралады. Ахмет 1937 ж. «халық жауы» деген жаламен ұсталған тұста Бадрисафа Алматы қ-нан 24 тәулік ішінде кетуге мәжбүр болады. Айдауда жүргенде ауыр науқасқа ұшыраған Б. Қостанай қ-ндағы мүгедектер үйінде қаза табады. Ол қандай қиындық көрсе де өмірінің соңына дейін Байтұрсынұлына деген сенімі мен махаббатына адал болды. А.Байтұрсынұлы атынд. Қостанай мемл. ун-тінің мұражайында Б. өміріне байланысты құжаттар сақталған. Г.Дулатованың «Шындық шырағы», І.Байтұрсынның «Алтын бесік» естелік кітаптарында Б. өмірінен құнды деректер келтірілген. 2003 ж. Байтұрсынұлының жары Бадрисафаның өмірін зерттеуге және жерленген жерін анықтауға арналған «Бадрисафа» экспед. құрылды. Экспед. Томск, Алматы, Орынбор қ-ларында болып, бірқатар жұмыстар атқарды. 2012 ж. Қостанай обл. Мендігара ауд. Екпінді а-нда Б-ға ескерткіш белгі (мүсінші Чхабадзе Лионич Кичвард) қойылды.

*С.Кенжеахметұлы*

**БАЙТҰРСЫНОВА** Кәтез (1896, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а. – 1941, Қостанай қ.) – Ахметтің ағасы Қалидың қызы. Бала күнінде Ахмет пен Бадрисафаның тәрбиесінде болған. Орынбор гимназиясын бітірген санаулы қазақ қыздарының бірі. 1920 ж. Қыр елінің төтенше

## БАЙТҰРСЫНОВА

комиссары Ә.Жангелдин басқарған кеңестің уездік әлеум.-қамсыздандыру бөліміне алқа мүшесі болып сайланған. Торғай ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы болған Әбдіғапар Жанбосынұлының ұлы Рүстемге тұрмысқа шыққан. Рүстем 1937 ж. ұсталып, ОГПУ үштігінің шешімімен




*К.Байтұрсынова жұбайы Рүстеммен*

ату жазасына кесілген. Серік, Едіге атты ұлдары болған. Серік жас кезінде қайтыс болады. Ал Едігеден тараған ұрпақтары Алматы қ-нда тұрады. Бадрисафа шамамен 1940 ж. Қостанай қ-ндағы Кәтездің үйінде аз уақытқа аялдаған.

*И.Ағытайұлы*

**БАЙТҰРСЫНОВА** Юлия Серікқызы (17.10.1985 ж.т., Алматы қ.) – А.Байтұрсынұлының шөбересі. Б. – Ахметтің немере інісі Самыраттан туған Серіктің қызы. Санкт-Петербург гуманитар. ун-тін бітірген (2009). Ресейдегі ун-ттің



*Ю.Байтұрсынова*

студенттері мен оқытушыларына бабасы Ахметтің кім болғаны, оның қазақ мәдениетіне қосқан үлесі жайында таныстыру үшін «Ахмет Байтұрсынұлы және оның атындағы музей-үйдің жұмысы» деген тақырыпта диплом қорғаған. 2005 ж.

«Әлеумет, жастар, тұлға-ойлар мен іс-әрекет» атты студенттердің ғыл.-тәжірибелік конференциясында «А.Байтұрсынұлы ұлттың ұлы көсемі» деген тақырыпта баяндама жасаған. Upper Intermediate деңгейіндегі Inter Press тіл мектебінде (2005–06), Қазақстан Регби қауымдастығында менеджер (2004–06), «АлматыЭнергоСервис» мекемесінде бас директордың көмекшісі (2007–08), жеке кәсіпкер (2009–10), А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінде экскурсовод (2010–11) болып еңбек еткен. 2011 жылдан «Қазақстан Конькимен сырғанаушылар Ұлттық Федерациясы» РҚҰ-да қызмет атқарады. «Ұлы атам Ахметті қалай тандым...» («Шалқар-2», 2005), «Атам Ахметтің ғибратты жолы» («Ана тілі», 7.7.2005) мақалаларының авторы.

**БАЙТҰРСЫНОВА-БАЙСАЛОВА** Шолпан Ахметқызы (25.5.1917, Торғай өңірі – 27.10.1994, Алматы қ.) – А.Байтұрсынұлының бауырына басқан қызы. Шолпанның туған әкесі – Ахметтің кіші інісі Мәшен қажы, ал анасының есімі Айшөкен. Шолпанды Ахмет пен Бадрисафа үш жасында бауырына салып, өз аттарына жаздырып алады. 1929 ж. әкесі «халық жауы» ретінде



*Ш.Байтұрсынова-Байсалова*

қудаланған тұста, анасы Бадрисафамен бірге Томск өңіріне жер аударылған. Солақай саясаттың құрбаны болған оның басынан «қара бұлт» үзілмей, талай тауқыметті күндерді басынан өткізген. Тек 1988 ж. 4 қарашада Алаш ардагері Байтұрсынұлының аяулы есімін ақтап, халқымен қайта қауыштырған Үкіметтің шешімінен кейін ғана бұлт сейіледі... Шолпан 1933 ж. «қудалаудан» құтылу үшін өзін үш жасқа үлкейтіп, Қабиден Байсаловқа тұрмысқа шыққан. Олардың отбасында Эрнест (жасқа толмай шегінеген), Айман, Болат (1981 ж. жүрек талмасынан қайтыс болды), Аида (сүзектен бала күнінде қайтыс болған) дүниеге келген. Ұрпақтары Алматы қ-нда тұрады.

**БАЙТҰРСЫНҰЛЫ** Кәкіш (1869–1924) – А.Байтұрсынұлының туған ағасы. Кәкіштің ұлдары Қазихан мен Ауматты Ахмет 1929 ж. «халық жауы» ретінде ұсталып, түрмеде отырғанда елдегі «шаш ал десе, бас алатын» шолақ белсенділер өлтірткен.

**БАЙТҰРСЫНҰЛЫ** Қали (1868–1925) – А.Байтұрсынұлының туған ағасы. Қали «халық жауының» туысы ретінде қудаланып, абақтыда отырған. Әйібшесі Айпаннан туылған балалары Шашак, Әмір, Мінайдар (соғыста қаза тапқан), қыздары – Кәтеш, Бөтеш, Сәкеннен тараған ұрпақтары Алматы, Қостанай, Тараз, Жезқазған қ-ларында тұрады.

**БАЙТҰРСЫНҰЛЫ** Мәшен (1873–1930) – А.Байтұрсынұлының туған інісі. 1929 ж. Ахметті «халық жауы» деп ұстағанда, оның жақын туыстары да қудалауға түскен. Осы тұста Мәшен қажыны өз туған елінде тұру құқынан айырған. Байтұрсынның кенже ұлы, қарашаңырақтың иесі Мәшеннің тауқыметті тағдыры туралы Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова «...Мәшен қажының сүйегі Кереку жерінде», «Мәшен Байтұрсынұлы айдауда қайтыс болған, кейін киім-кешегін қызы Шолпанға жіберген» деген мәліметті айтқан болатын. Мәшен қажының отбасында 12 қыз бала, 1 ұл бала болған. Он үш баладан тек Шолпан мен Самыраттан жалғасты ұрпақ бар. Қалғандары Торғай жеріндегі аштық кезінде қырылып қалған. **«БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АҚЫМЕТТІҢ АРАБ ӘЛІП-БИІН ЖАҚТАҒАН БАЯНДАМАСЫ»** – ғыл. талдамалы баяндама. Қызылорда қ-нда 1927 ж. басылып шыққан «Әліппе айтысы» атты кітапта жарық көрген. Бұл ғыл. мақаланың толық мәтіні «Тіл тағлымы» (А., 1992. 399–410-беттер), «Ақ жол» (А., 1991. 325–326-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. «Тіл тағлымында» тақырып бүгінгі емлемен «Байтұрсынұлы Ахметтің араб әліппесін жақтаған баяндамасы» деп түзетілсе, «Ақ жолда» «Араб әліппесін жақтаған баяндамасы» болып қысқартылып, ықшамдалған. Бірінші жинақта «баяндама – байандама», «хат – қат», «халық – қалық», «баспахана – баспақана» болып әрқалай жазылған. Дұрысы екінші нұсқа: «Цифр», «Уфа», «Венеция», «Еуропа», «Америка», «италияндар», «француз», «стенограф», «матрица сынды сөздер түзетілген. Ал «сияқты», «таяу», «баяғы», «киял», «жию», «сыяды» деген сөздер түпнұсқа бойынша «сыйақты», «тайау», «байағы», «киал», «жию», «сыйады» деп берілген. Осындай түзетулер екінші жинақта да кездеседі.

*Р.Имаханбет*

**БАЙЫМДАМА** – бір пікір қуатталып, толықтырып баяндалған, баяндауы түрлі сипаттармен дәлелденген көсемсөзбен жазылған шығарма. А.Байтұрсынұлы пән шығарманың асылы байымдама болатынын ескертеді. Байымдама төрт бөліктен құралады: 1) *бастамасы*, 2) *ұсынбасы*, 3) *баяндамасы*, 4) *қорытпасы*. Бастамасында әңгіме болатын нәрсе туралы басқалар тарапынан айтылған пікірлер барлығы иә жоқтығы айтылады. Ұсынбасында әңгіме болатын пікір таныстырылады. Баяндамасында алынған нәрсе баяндалады, ол турасында айтылған пікірлерге дәлелдер, сипаттар келтіріледі. Қорытпасында ай-

тылған пікірлердің маңызы айтылады не пікірлерден шыққан нәтиже туралы сөз болады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**БАЙЫМДАМА ӘДІСТЕРІ** – пікірді мәністеу, дәлелдеу, сипаттау барысында қолданылатын әдістер. Баяндама әдістері – жалқылау және жалпылау әдісі.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**БАЙЫМДАМАНЫҢ ЖАЛҚЫЛАУ ӘДІСІ** – негізгі пікірді шығарманың басында айтып, оны қуаттайтын пікірді соңынан келтіру. Яғни әуелі жалпы пікірді айтып алып, оны бөлек-бөлек пікірлермен қуаттап байымдау.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**БАЙЫМДАМАНЫҢ ЖАЛПЫЛАУ ӘДІСІ** – әуелі бөлек-бөлек пікірлерді айтып, жалпы пікірді солардың дәлелдерімен қуаттап байымдау.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**БАЙЫМДАМАНЫҢ НАҒЫЗ ДЕНДЕМ БӨЛІМІ** – байымдама. Байымдаманың зор мүшесі төртеу: 1) *бастамасы*, 2) *ұсынбасы*, 3) *баяндамасы*, 4) *қорытпасы*. Бастамасында әңгіме болатын нәрсе туралы басқалар тарапынан айтылған пікірлер барлығын иә жоқтығын айтады. Оны айтпай бастауға да жазушы ықтиярлы, сондықтан бастаманы қалай бастау жазушының ықтиярында десек те болады. Ұсынбасында әңгіме болатын пікірмен таныстырады. Баяндамасында алынған нәрсе баяндалады, оның турасында айтылған пікірлерге дәлелдер, сипаттар келтіріледі. Қорытпасында пікірді мәністеу, дәлелдеу, сипаттау баяндамасында болатындықтан *байымдаманың нағыз дендем бөлімі* болады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

*О.Жұбаева*

**БАКУ**, Бақы («бад кубе» – жел өтіндегі қала) – Әзербайжан Республикасының астанасы. Каспий т-нің батыс жағалауында, Апшерон түбегінің оңт-нде орналасқан. А.Байтұрсынұлы араб әліпбиін жақтаған баяндамасында (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. 2- және 4-томдар) «... араб әрпін теру машинасына орнату жағынан қолайлылығына келсек, оған ескі әріп те жарайды. Бакуде шығатын «Коммунистер» газеті Америкадан алдырған ескі әріпті машинамен теріліп шығып отыр» делінген. Сондай-ақ Р.Сахыбекқызының «Гұлама ғұмырнамасы: мұрағат деректері» атты мақаласында Байтұрсынұлы 1926 жылы 26 наурызда Б-де өткен Бүкілодақтық түрікшелер құрылтайына шақырылып, баяндама жасағаны айтылады. Байтұрсынұлының «Мұнай» мақаласында: «*Жер май өте көп шығатын Қапқаздағы Баку қаласы. Баку жер майы бүкіл жер жүзінде тарайды. Қазақ жерінде Орал облысында Дос-*

*сор деген жерде осы күні жер май алынады. Түркістанда, Ақ теңіздің (Жерорта теңізін меңзеп отыр) шығысында және Перғанада мұнай бар»* делінген.

«**БАҚ**» – тұңғыш рет «Маса» жинағында жарияланған өлең. Көл. 36 жол. Шалыс және кезекті ұйқасқа құрылған 6 шумақты өлеңнің әр шумағы 6 тармақтан, 7 буыннан тұрады. Ақынның бұл шығармасында адамның өмір кезеңдері табиғаттың әсем күйімен шендестіріле суреттеледі. Ақынның тіршіліктің мәні, өмір белестері, табиғат пен адам хақындағы ойлы толғаныстары аңғырылады. «Бұлттар басып жасырған, Жана түсіп басылған, Таң шапағы сөніп тұр, Жаңаланған өмірден. Жаңа шығып көрінген, Гүл қамауда семіп тұр» деп символдық бейнелерді пайдалану арқылы сол заманның көрінісін дөп береді. Шығармадағы лирик. қаһарман – үміттенуден, ұмтылудан жалықпайтын күрескер жан. Өлеңде болашаққа деген сенім басым. «От лепті жігіттік шақ», «рақатты жаз», «жылы жүзді бақ» сияқты көркемдік компоненттерді шебер қолдануы өлеңнің көркемдік құндылығын арттыра түседі.

*С.Итегулова*

«**БАҚА-ШАЯН**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Бауырымен жорғалаушы жәндіктер туралы танымдық мақсат көздеген. Ғыл. түсініктеме берілген.

**БАЛАҚАЕВ** Мәулен (7.10.1907, Оңт. Қазақстан обл. Түркістан қалалық әкімдігі, Шаға а. – 15.11.1995, Түркістан қ.) – филол. ғыл. докт. (1951), проф. (1952), Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі (1956), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері (1958). ҚазҰПУ-ды бітірген (1934). 2-дүние-



*М.Балақаев*

жүз. соғысқа қатысқан. Алматы журналистика ин-тының кафедра меңгерушісі (1937–41), Шет тілдері ин-тының директоры (1941–42). Қазақ КСР Мин. Кеңесінде кеңесші-референт (1943–45), Мемл. терминология комиссиясының ғалым-хатшысы (1946–63), ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі (1952–75), ұзақ жыл бойы Қазақстан ҒА-да бөлім меңгерушісі (1945–59, 1975–87), ғыл.

кеңесші (1987–95) болды. Б-тың ғыл.-зерт. еңбектері қазақ тілі ғылымының грамматика, емле, терминология, тіл мәдениеті, стилистика тәрізді өзекті мәселелеріне арналған. Б. орта мектептерге, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға белсене ат салысты. 150-ден аса ғыл. еңбектің, оның ішінде 20-ға жуық кітап пен монограф. зерттеулердің авторы. «Қазақ әдеби тілі және оның нормалары» деген монографиясы үшін Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. (1986) берілді. 2-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған. Б. А.Байтұрсынұлының терминдері жөнінде, «Тіл-құрал» кітабының, жалпы еңбектерінің өміршеңдігі, өзектілігі жайында пікір айтқан.

**БАЛАМА СӨЗДЕР.** А.Байтұрсынұлының соңына қалдырған мұраларының елеулі бөлігі – оның көркем аудармалары. Осы аудармаларында да кестелі сөз өрнегі, айшықты қолданыстар мен ұлт ұғымына сай жасалған ұтымды баламалар бар. Соның ішінде «Қырық мысалды» (1909 ж. жарық көрген) аудару кезінде де көптеген жаңа атаулар жасады. Байтұрсынұлы И.Крыловтан еркін аударған «Қырық мысалында» «Пустынный и медведь» мысалының атауын «Кісі мен аю» деп аударды да, өлең мәтінінде «пустынный» сөзінің қазақшасын «жеке-тақ» деп алып, «Жеке-тақ, жапан түзді қылды тұрақ», «Жеке-тақ қапаланды жалғызсырап», «Жеке-тақ әңгімеге жоқ кісі еді» деп жазды. «Діни наным-сенімдеріне байланысты адамдармен, айналасымен қарым-қатынастан бас тартып, адам аяғы жетпейтін шөл далаға кетіп окшау өмір сүретін адам» деген ұғымды білдіретін «отшельникпен» мағыналас «пустынный» сөзінің орнына Байтұрсынұлы «жеке-тақ» деген жаңа сөз ұсынған. «Бұлбұл мен есек» (Осел и соловей) мысалының аудармасында «Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста» деген жол бар. Мұнда ол «певец» сөзінің баламасы ретінде «әншіні» емес, «әнпаз» сөзін қолданады. Бұл сөзді Байтұрсынұлынан кейін С.Торайғыров (1913 ж.) пен М.Дулатов (1914 ж.) та қолданған. «Маймыл мен көзілдірік» (Мартышка и очки) мысалында «Ашу мен жарымдықтан пайда бар ма?» деу арқылы ол «невежда» сөзін «білімсіздік», «надандық» демей, оған балама ретінде «жарымдық» сөзін қолданады. Тіл білімпазы қолданған «жарымдық» сөзінің семантикасында «кемтарлық, ғәріптік, мүгедектік, жарымжандылық, жарыместік» деген мағына жатыр. Ұлы ағартушы-ақын қазаққа білімсіздіктің, қараңғылықтың қаншалықты ауыр кесел екендігін барынша ұғындыра түсу үшін бұл сөзді мақсатты қолданғаны көрініп тұр. Байтұрсынұлы «Қасқыр мен мысық» (Волк и кот) мысалындағы Степан, Васька, Демьян, Клим, Трофим сынды кісі есімдерін сол қалпында алмай, олардың орнын «Қоянқөз», Құрамыс, Көп-

берген, Қисық-бас есімдерімен алмастырады. Мысалды қазақ топырағына бейімдеп, қазақ ұғымына сәйкестендіреді. Сөз болып отырған мысалда «Зарардан басқа нәрсе істедің бе?» және «Зараргер жұртқа тегіс болып әбден» деген жолдар бар. Байтұрсынұлы «зиян келтірдің» демей, «зарар» сөзін қолданумен қатар, «зараргер» деген жаңа сөз жасайды. «Зараргер» сөзін ол «вредитель» сөзінің баламасы ретінде ұсынады. Аударма мысалда бұл сөз қазіргі кезеңде жиі қолданылатын «зиянкес» мағынасында жұмсалады. Осы мысалды түйіндейтін «И правы, – сам себя вини: Что ты посеял – то и жни» деген жолдарды «Ор енді егінінді, піскенінде!» деп өте дәл де ұтымды аударарды. Ағартушы-ақын Крыловтың «Лиса и крестьянин» атты мысал өлеңін «Түлкі мен қарашекпен», «Крестьянин и овца» мысалын «Қарашекпен мен қой» деп аударарды. Алдыңғы өлеңде «Жолығып, айтты бір күн Қарашекпен», «Сөйлейді сонда тұрып Қарашекпен» десе, кейінгі өлең мәтнінде де «Шақырды Қарашекпен қойды сотқа» түрінде «крестьянин» сөзі «қарашекпен» түрінде алынады. Қазақ орыс крестьяниндерін «қарашекпен» деп атағаны белгілі. «Қарашекпен» сөзі 19 ғ-дың 2-жартысындағы әдебиеттерде де кездеседі. Бұл сөзді Абай да қолданған. Оның 1898 ж. Крыловтан аударған мысал өлеңі «Қазаға ұрынған қарашекпен» (Крестьянин в беде) деп аталатыны белгілі. Бұл деректер «қарашекпен» сөзінің қазақтың жазба тіліне де еркін енгенін, 20 ғ. басындағы алаш оқығандары да оны жатсынбай қолданғанын Байтұрсынұлы шығарм. да айғақтап тұр. Осы өлеңнің мына төмендегі бір ғана шумағында бірнеше жаңа атау кездеседі: «Түлкі екен судьясы теңшіл деген, Атақтан сау емес ед жемшіл деген. Бір күні талапкер мен жауапкерге Шақыру қағаз шықты «келсін» деген». Түпнұсқаға өз тарапынан қосып, еркін аударылған бұл шумақтағы «теңшіл» сөзін ол орыс тіліндегі «беспристрастный», ал «жемшілді» «взяточник» сөзінің баламасы ретінде қолданғаны байқалады. Соңғысының орнына қазір «жемқор», «парақор» сөздері жиі қолданылатыны мәлім. Ал алдыңғы «теңшіл» сөзін «екі жаққа да тең қарайтын, теңдікті сүйетін, ешкімді бөліп-жармайтын әділ» мағынасында жұмсаған. «Запрос ответчику, запрос истцу» деген жолдардың осы мысал өлеңде «Бір күні талапкер мен жауапкерге» деп аударылуы – бүгінгі күнге дейін заң, құқықтану терминологиясында қолданылып жүрген терминдердің қайдан бастау алып жатқанын, оларды кім жасап, алғаш қолданысқа қалай түскенін көрсететін жарқын мысал. Крыловтың «И приговор Лисы вот, от слова до слова» деген өлең жолдары Байтұрсынұлында «Ал сонда Түлкі қалай үкім етті» деп келеді. Мұндағы «үкімнің» бастапқы бір әрпі түсіріліп, «приговор» тер-

минінің баламасы ретінде қолданылып жүрген қазіргі «үкім» сөзі екені баршамызға белгілі. Яғни қазіргі терминологиямыздағы қолданысы әбден орныққан «үкім» сөзі де бізге Байтұрсынұлынан жеткен болып тұр. «Жарлы бай» мысалында «әмиян» мен «шилан» сөздеріне аудармашы-автордың «ақша салатын ыдыс» деп түсініктеме бергеніне қарағанда, бұл атаулардың да 20 ғ. басындағы қауымға түсініксіз, Байтұрсынұлы тарапынан түпнұсқадағы «кошелекке» балама ретінде ұсынылған жаңа атаулар екенін көрсетеді. Крыловтың бұл мысалын дәл осы атпен Байтұрсынұлына дейін тәржімалаған Абай аудармасында «кошелек» орнына «дорба» сөзінің қолданылуы да соған дәлел бола алады. «Пруд и река» мысалының атауын Байтұрсынұлы «Өзен мен қарасу» деп аударыпты. «Пруд» атауының баламасы ретінде ол «қарасу» сөзін қолданған. Крыловтың қырық мысалы қазіргі заманда орыс тілінен қазақшаға аударылса, оның ішінде құрығанда орыстың қырық сөзі кездесе, еш таңғалмаған болар едік. Ал Байтұрсынұлында бар болғаны аударылмай алынған екі-ақ сөз, дәлірек айтқанда, бір-ақ сөз кездеседі. Ол – «Өзен мен қарасу» мысал өлеңіндегі «план» сөзі. Қазіргі қолданысымыздағы – жоспар. Байтұрсынұлы: «Планда орынды да көп алмаймын» депті. «План» сөзін ол «По карте не тянусь я через целый лист» деген өлең жолындағы «карта» орнына қолданыпты. Ал екіншіге жағқызбай отырған сөзіміз – «сөтке». «Иттің достығы» мысалындағы «Бір сөтке татулық жоқ арамызда» деген жолдардағы «сөтке» сөзін Байтұрсынұлы өзі айтқандай «қазақтың шапанын жауып, тымағын кигізіп», қазақы кейіпке келтіріп алған. Бүгінде бұл сөз тілімізде «тәулік» түрінде немесе ол қабылдаған калпында «сөтке» деп те қолданылып жүр. Орыс сөздеріне қарағанда Байтұрсынұлы аударған мысал өлеңдерде мағыналық-дыбыстық ерекшеліктері көзге бірден шалынатын аслан, жиһад, жәһид, жәһидтенді (ниеттенді), мінһат, фаһам, хукім, һәр, һәман сияқты араб сөздерінің қарасы көбірек ұшырасады. «Бұлбұл мен есек» және «Шал мен жұмыскер» мысалдарына жасаған өз түйінінде «Көзі тар, көңілі соқыр жамандардың», «Көзі тар, көңілі соқыр надандарға!» деген жолдардағы «көзі тар» тіркесі де көңіл аудартады. Тіл ғұламасының бұл тіркесті «аяғының астынан өзгені көрмейтін, айналасын, алысты болжай алмайтын» деген мағынада қолданғаны байқалады. Сондай-ақ «Қырық мысалдағы» ауырмалдық, ғамалдас, қайсарып, қоршалап, тауықшы, хана сөздерінің мағынасы оқушыға түсінікті болса да, қолданысы ерекше. Байтұрсынұлы түрлеген ана тіліміз оның алашына қалдырған асыл мұрасына мұқият үнілген сайын тағы да байып, түрлене түсеріне еш күмән жоқ. Бұл тұрғыдан келгенде



## БАЛҚАН

Байтұрсынұлының шығарм-н, оның еңбектерін әлі де жан-жақты зерттеу қажеттілігі еш дау туғызбайды. Халқына қалтқысыз қызмет етіп, сөз сырына, тіл табиғатына терең бойлай білген ғұлама ғалымның құнды мұрасын аса ыждағаттылықпен зерделеу ахметтанушы әр маманның алдындағы зор міндет болып қала береді.

### Ш.Құрманбайұлы

**БАЛҚАН ТҮБЕГІ** – Оңт. Еуропадағы түбек. Жер аум. 505 мың км<sup>2</sup>. Құрлықтағы шартты шекарасы Дунай, Сава өзендері арқылы Триест шығанағына дейін созылған. Солт-тен оңт-ке дейін 950 км-ге созылады. Кіші Азиядан Мәрмәр т., Дарданелл, Боспор бұғаздары арқылы бөлінген. Батысынад Адриа, Ион т-дері, шығысында Эгей, Мәрмәр, Қара т-дерімен шектеседі. Жер бедері негізінен таулы-қыратты келген. Абс. биікт. 2925 м (Рила тауы). Таулары: Стара Планина, Рила, Родоп, Динар. Солт. мен шығысында Төм. Фракия, Салоники, Фессалий ойпаттары жатыр. Б. т-нде жер сілкіну жиі байқалады. Кен байлықтары: сынап, мыс, боксит, хром, т.б. Түбекке қоңыржай құрлықтық климат тән. Қаңтардағы орташа темп-ра солт-те 1–2°C (тауларда – 5°C), оңт-те 3°C. Тауларда 1000–1500 мм, жазықта 700–1000 мм жауын-шашын түседі. Ірі өзендері: Марица, Морова, Дунай және Сава. Б.т-нің жерортатеңіздік жағалауы өсімдік дүниесіне бай (6,5 мың түр бар). Түбектің басым бөлігінде жалпақ жапырақты орман қамтыған Б.т-де Болгария, Босния және Герцеговина, Албания, Македония, Грекия, Хорватия, Сербия, Косово мемлекеттері және Румыния мен Түркияның бөліктері орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Бұ заманның соғысы» мақаласында (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. 5-т.) бұл заманда соғысқа жұмсайтын құралдары және заманның соғысқа жұмсайтын қарулары мен соғысу тәртібінің қандай екенін айтады. Мұнда соғысқа керегі қару-жарак, яғни мылтық, зеңбірек, т.б. қарулардың қажет екені сөз болған. Өткен Балқан соғысында зеңбірегі күшті, дәл тигізетін қаруы барлар жеңіп шыққан делінеді.

### Қ.Ахметов

**БАЛҚАШ** – Қазақстанның оңт.-шығысындағы тұйық көл. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттап, өзен-көл тұрғысында Б. көлі жайында деректер келтірген. Сондай-ақ Байтұрсынұлының «23 жоқтаудағы» «Орманбет» өлеңінде Орманбеттің тобықты руынан екенін, ол ру Балқаш көлін қыстап, Тоқырауын өз-н өрлеп көшіп, Сарыарқаны жайлағаны жөнінде айтылған. «Орманбеттің бейіті Тоқырауын өз-нің бір саласы – Жалаңаш өзені бойында жатыр» делінген.



Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. А.: Ел-шежіре, 2013. – 2–5-томдар.

«**БАЛҚЫН ҚЫЗДЫҢ ЖОҚТАУЫ**» – шешесінің қызын жоқтаған жыры. Бұл жоқтауды «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа енгізген А.Байтұрсынұлы. «Ақ ешкі келе жатыр лағына, Сүт берген үрлегінен шұнағына. Қосылып, кел, екеуміз зарланайық, Алланың тиер ме екен құлағына» деп басталатын 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 5 шумақ, 20 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде шығарманы В.В.Радловтың жинағынан алғаны көрсетілген.

Әдеб.: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

### К.Қошым-Ноғай

**БАЛТЫҚ ТЕҢІЗІ**, Балт теңізі – Атлант мұхитының Еуропаға еніп жатқан теңізі. А.Байтұрсынұлы шығармаларының ресми құжаттардағы «Хаттар (1925–1934)» топтамасында: «С.Мамырқанов Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауылының тұрғыны. 1929 жылы ел ішінде Кеңес төрағасы болып жүрген тұста жазаға ұшырап, Ақ теңізге айдауға жіберілген. 1932 жылы Ақ теңіз бен Балтықты жалғастырған Белмор каналы ашылғанда сол аймақта айдауда жүрген Байтұрсынұлына кез болған» деп, олардың тағдыр-тәлкегінде дәм-түздас болғаны айтылады (1989 ж. «Қазақ әдебиеті» апталығының маусымдағы санында).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, – 2013. – 6-т.

«**БАЛЫҚ**» – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Балықтың түрлері, өсіп-өнуі, балық аулау кәсібі әңгіме болады. Ғыл. түсініктеме берілген. «**БАЛЫҚШЫ МЕН БАЛЫҚ**» – «Маса» жинағына енген өлең. Өлеңге берілген түсініктеме: «А.С.Пушкиннің 1833 жылы жазылған «Сказка о рыбаке и рыбке» поэмасының аудармасы» делінген. Бұл өлең қазақ оқырмандарына ежелден таныс. Теңіз жағасында кемпірімен екеуі ғана тұратын кедей шалдың қармағына түсіп қалған алтын балық оған: «Мені босат, не тілегің бар, бәрін орындайын!» дейді. Шал: «Маған еш-

тене керек емес» деп, балықты босатып жібереді. Мұны естіген кемпірі шалға: «Ең болмаса бүтін бір астау сұрамадың ба» дейді. Шал балыққа қайтадан келіп, астау сұрайды. Бірақ кемпірі шалға тағы да ұрсады: «Үй неге сұрамадың?» деп. Балық шалдың бұл тілегін де орындады. Кемпірі шалға тағы да ұрсады... Осылайша кемпір кең сарайда байлығы шалқыған ханымға айналып, малайлар ұстайды. Кемпірдің: «Қолында толған өңшең алтын жүзік, Зумрет, березелі бар білезік. Үстінде камзол ішік, тысы қамқа, Меруерт омырауы қойған тізіп». Шалын атқораға жіберіп, ат бақтырып қояды. Бір күні шалды балыққа тағы да жұмсап: «Мені патша етсін!» дейді. Сөйтіп, кемпір патша болады. Бірақ кемпір мұны да азынып: «Балыққа айт, менен көп-көп сәлем, – деді, Қаратып теңіздерді қол астыма, Шабарман болсын өзі маған, – деді». Шал бұл сөзді балыққа айтқан кезде, «Кемпірдің сұрағанын естіп балық, Бір соғып суды бетке, кейін қайтты». Шал үйіне келіп, «Қараса, лашығында кемпірі отыр, Баяғы жарық астау жырық-жырық. Түсіріп таз кебіне бір-ақ күнде, Қойыпты қу қақбасты Құдай ұрып». Сөйтіп, кемпір өзінің нысапсыз, қанағатсыздығынан бастапқы таз қалпына қайтып келеді. Ертегі өлеңнің берер фибраты да осында.

*С.Ғұсманқызы*

**БРАНЦЕВИЧ** Казимир Станиславович (22.5.1851, Ресей, Санкт-Петербург – 26.7.1927) – орыс жазушысы. Санкт-Петербург гимназиясында оқыған. Әдебиетке ерте араласқан. 9 жасында А.С.Пушкиннің шығ. жин-н оқып шығып, «Понятовский» поэмасын жазған. «Сармат» деген бүркеншік атпен «Стрекоза», «Осколки» әзіл-оспақ журналдарына, «Русские ведомости», «Но-



*К.С.Бранцевич*

вости» газеттеріне еңбектерін жариялаған. Алғашқы жинағы «Қыспақта» 1883 ж. жарық көрген. Кейіннен «Үзілген ішектер» (1886), «Кішкентай әңгімелер» (2098), «Сарматтың 80 әңгімесі», т.б. кітаптары жарық көрген. Әңгімелерінде адамдардың сұрықсыз, қорғансыз өміріне басымдылық берілген. А.Байтұрсынұлы Б-тің

«Азаттық» атты әңгімесін «Оқу-құралы» кітабына енгізген.

**БАРЫС ЖАЛҒАУ** – барыс септеудің жалғаулары: ға (қа), ге (ке).

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**БАРЫСТАУ** – барыс.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**БАС БУЫН** – сөздің бірінші буыны. А.Байтұрсынұлы «о» дыбысы сөздің бас буынында ғана естілетінін, басқа буындарында, дауысты дыбыстардан кейін қазақ сөзінде еш орында естілмейтінін ескертеді. «Тіл-құралдың» алдыңғы басылымдарында ғалым «ы» харфі бас буын мен бітеу буындарда жазылмайтынын ескертеді. Сол сияқты жекелеген әріптер сөздің бас буынында ғана жазылған: «ғ» сөздің бас буынында ғана жазылады. Басқа буындарда «е», яки «е» жазылады. Мәселен: *ерке, кересе, терезе, келеке*. Бас буында келген, жалғыз харіфтен тұратын буындар тасымалданбайтынын, яғни сол жолға қалдырылмайтынын, келесі жолға асырылмайтынын ескертеді: мәселен, *а-ға-лар* деген сөзде бас буын – жалғыз харіф «а». Қағида бойынша бұл «л» өз алдына буын бола тұрса да, қалынбайды, яғни «а»-ны ғана қалдырып, басқа буындарын келесі жолға асырмаймыз.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімділерінің I-тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 6-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАСҚА** – шығыс жалғаудан соң қойылатын жалғаулық.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**БАСҚАЛЫҚ** – өзгешелік, ерекшелік. А.Байтұрсынұлы әр халықтың тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздердің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болатынын айта келіп, әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болатынын ескертеді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**БАС ҚАТЫРҒЫШ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. Автор жұмбақ сияқты бұ да ойландыратын нәрсе, бірақ жұмбақтай шешуі болмаған соң, босқа әурелейді деп анықтама жасайды. Шешуі жоқтығын білмей, жұмбағын табамын деп ойланып, адамның басы қатады, сондықтан Б. деп аталады.

*М.Бақытқызы*

## БАС ҚОСУ

«БАС ҚОСУ» – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 15 желтоқсанындағы 42-санында жарық көрген. «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автор мақаласында қазақтың басын қосуға арналған съезге рұқсат берілмегеніне қаншама уақыт өтіп кетсе де ол жайында қысыр сөзді қуушылардың әлі де бар екенін жткізіп, солардың бірі Жанша Сералиннің ертеректе жазған осы тұрғыдағы мақаласын басуды талап етіп жатқандығын айтады. Мерзімі өтіп кетсе де «Қазақтың» осы санында жарық көріп отырған Сералиннің мақаласы сондай ерегіс қуған талаптан басылып отырғанын хабарлап, көпшілік оқырманынан: «Жанша мырзаның бастырудағы мақсаты не екенін біле алмадық, иағни жұртқа өнеге, үлгі боларлық сөз болғандықтан, мезгілі өтіп кетсе де, далада қалмасын деп бастыра ма? Иа болмаса, ұрыншақ мінезбен ұшқалақ сөйлеген сөзін жұрт оқып, ғали таһсил алған адамның сөзі мұндай болады екен-ау демек үшін бастыра ма? Оның мәнісіне түсіне алмадық» деп ол үшін кешірім сұрайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

«БАС ҚОСУҒА РҰҚСАТ БЕРІЛМЕДІ» – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 24 қазандағы 35-санында жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автор мақаласында Қостанай шаһарында қазан айының басында Жанша Сейдалиннің ұйымдастыруымен өткізілуі тиіс аймақтық қазақ съезіне Торғай губернаторының рұқсат бермегенін хабарлайды. Бұл хабарды «Уақыттан» оқып біліп, анықтай түсу үшін басқа да басылымдарды қарап шыққанын айтады. Сонымен қатар «Русское слово» газеті де бұл ақпаратты растап отырғанын жеткізеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

«БАС ҚОСУ ТУРАСЫНДА» – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 15 желтоқсандағы 42-санында жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Мақала «Айқап» журналының сол жылғы 10-санында жарық көрген жалпықазақ съезін өткізу қажеттігі жайында жазған Р.Марсековтің және осы туралы «Қазақ» газеті редакциясына келіп түскен хаттарға орай жауап, пікір ретінде жазылған. Автор жазбасында сол тұстағы бас қосудың кедергілерін жіктей айта келіп: «...бас қосуға бұл күнде қолайсыз шақ, оны басқа кезге қарата тұру керек. Қазақтың керегін өзге жолмен сөйлесе тұралық, бұрынғыдай емес, қазақта қазірде бір журнал, бір газет бар. Сыйғанынша солар арқылы кеңеселік, сый-

мағанын қатпен сөйлесуге де болады» деп пікір білдіреді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**БАС МҮШЕ** – сөйлем ішіндегі сөздер байланытын қазық сөзі, сөйлем иесі. Ғалым бас мүшені былайша түсіндіреді: «Сөйлегенде бір нәрсе туралы сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын сөйлейміз. Сөйлем ішінде сол нәрсенің атын көрсететін сөз «бас мүше» болады. «Тіл-құрал» оқушы балаларға арналғандықтан, ғалым жеңілдік үшін «бас мүшені» шартты түрде «бастауыш» деп атайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАС МҮШЕНІҢ ТЫСҚЫ БЕЛГІСІ** – бас мүшенің «кім?» «не?» деген сұрауларға жауап беруі. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАС ПІКІР** – негізгі ой, оралымның баяншы мүшесі. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып, жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады, өйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен, яғни, ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанмен бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға да, шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады. Мыс.: *Қисапсыз бай болсаң да Қарынбайдай, Сақи боп мал шашсаң да Атымтайдай, Патшадай Әмір Темір дін түзетіп, Болсаң да әйдік батыр Арыстандай, Болсаң да Жиреншедей тілге шешен, Ақырда жатар орның тар лақат жай* (Алтыбас Ақмолда) Мұны шағындап аз сөйлеммен былай айтуға болады: «Бай да, сақи да, патша да, батыр да, шешен де – бәрі де ақырында бір өлмек».

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**БАСТАМА** – әңгіме болатын нәрсе туралы басқалар тарапынан айтылған пікірлер барлығы иә жоқтығы айтылатын әуезенің бөлігі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

«**БАСТАП ТЕМІР ТҰТЫНУ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. «Оттан соңғы адам баласының тапқан зор игілігі – темір», «Темір тауып, құрал жасау – адам баласының мықты бір ілгері басқан қадамы» екені, темірді қалай қорытып алатыны, одан жасалатын қарулар түрлері (пышақ, қылыш, найза, балта, оқ, сауыт, соқа, т.б.), темірді пайдаланумен бірге «Тас дәуірі қалып, темір дәуірі басталғаны» айтылады. Оқушы-шә-

кірт адамдардың еңбек құралдарын қалай жетілдіргенінен хабардар болады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**БАСТАУЫШ** – сөйлемде берілген ойдың, болмыстың, әрекеттің иесін білдіретін тұрлаулы мүше. А.Байтұрсынұлы шығарған тілтанулық термин. «Тіл-құралда» бастауыштың жасалуының он түрлі жолы көрсетіледі, бастауыш зат есімнен, сын есімнен, сан есімнен, есімдіктен, егістіктен, үстеуден, демеуден, жалғаулықтан, одағайдан, бүтін сөйлемнен жасалады. Бұл сөздердің бастауыш болуының шарты мағыналық-қызметтік жағынан (мұны «ішкі белгі» деп атайды) заттанп тұруы қажет, бастауыштың сұрағына (мұны «сыртқы белгі» деп атайды) жауап беруі қажет.

*Ж.Жақыпов*

**БАСТАУЫШ БАҒЫНЫҢҚЫ СӨЙЛЕМ** – басыңқы сөйлем бастауышының шылауында болып, бастауыштың сұрауына жауап беретін бағыныңқы сөйлем. «Атаңа не қылсаң, алдына сол келер» деген сөйлемнің басыңқысы – «алдына сол келер». Мұнда: бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында екенін білу үшін, басыңқы сөйлемді алып, сұрау саламыз. Алдына не келер? – атаңа не қылсаң, (сол). *Сол* – басыңқы сөйлемнің бастауыш мүшесі. «Атаңа не қылсаң» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында болып, мұның кемтігін толтырып тұр және «не?» деген бастауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл – бағыныңқы сөйлем бастауыш бағыныңқы сөйлем.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«БАСТАУЫШ МЕКТЕП»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 61-санында жарық көрген. Мақала «Ақ жол» (А., 1991. 226–228-беттер), «Жаңа нызам» (А., 1996. 55–59-беттер), «Қазақ прозасы» (516–519-беттер), «Маса» (Орынбор, 1911. 197–201-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Қаламгердің бұл шығармасында б. м-ке қойылатын талаптар туралы жазылған. Б. м-те білім беруді дұрыс жолға қою нәтижесінде білім беру негізі қаланатынын А.Байтұрсынұлы іс жүзінде басынан атқарған жан. Жинақтарға енген мақалада «Хат», «халық», «харпіі», «хал», «хүкімет», «я», «яғни», «һәм», «жағрафия», «чуваш» сынды түзетілген сөздер тізбегі көптеп кездеседі. «Россия», «июнь», «ноябрь», «волостной», «школа», «учитель», «писарь», «фельдшер», «адвокат», «судья», «инженер», «агроном», «правила», «округ», «инспектор», «почетитель», «министр», «миссионер», «политика», т.б. да өзге тілден енген сөздер мәтін ішінде жеткілікті.

*Р.Имаханбет*

**БАСТАУЫШТЫҢ (БАС МҮШЕНІҢ) ІШКІ БЕЛГІСІ** – сөйлемде не туралы сөйленіп тұрғанын анықтау арқылы нақтыланатын қазық сөз, сөйлем иесі.

**БАСЫМ ЖАҚ**. А.Байтұрсынұлы синтаксисінде бұл тіркес термин қазіргі қазақ тілі синтаксис ғылымындағы жақтық қиысу құбылысына орай қолданылады. Бірінші, екінші, үшінші жақтардағы жіктеу есімдіктерінің екеуі бірыңғай бастауыш болып келгенде баяндауыш қай жақтағы есімдікпен (I я II жақпен) ымыраласса, сол қиысқан жақ басым жақ болатыны тілдік айғақтармен дәлелденеді.

*Ж.Жақыпов*

**БАСЫМ ЖАҚ** – бастауыш бір емес, бірнешеу болса әрі олар әр жақты болып келген жағдайда қай жақтың орайлай сөйлеуіне байланысты бір жақтың басым болуы. Бірінші, екінші, үшінші жақ қатар келгенде, айтушы сөзді өзіне орайлай сөйлегендіктен, бірінші жақ екінші, үшінші жақтан басым болады. Сондықтан айтушы мен тыңдаушы екеуінің бірдей амалын, жайын, болмысын көрсететін баяндауыш о да бірінші жақпен айтылады. Мыс.: 1) *Мен, сен – екеуміз барамыз*. Мысалдағы *мен, сен* – екеуі де бастауыш. Екеуі екі жақ: *мен* – бірінші жақ, *сен* – екінші жақ. Бұл екеуінің бірдей амалын көрсетіп тұрған ортақ баяндауыш «*барамыз*» бірінші жақпен ғана айтылып тұр. Айтушы жақ өзіне қоспай, тыңдаушымен бөгделік жақты сөз қылғанда, сөзді тыңдаушы жағына орайлай сөйлейді. Сондықтан екінші жақ үшінші жақтан басым болады. Тыңдаушы мен бөгделік екеуінің амалын, жайын, болмысын көрсететін баяндауыш екінші жақпен айтылады. Мыс.: *Сен, Омар екеуің келерсіңдер*. Бұл мысалда «*сен*», «*Омар*» екеуі де бастауыш. Екеуі екі жақ. *Сен* – екінші жақ, *Омар* – үшінші жақ. Екеуінің амалын бірдей көрсетіп тұрған баяндауыш «*келерсіңдер*» екінші жақпен айтылып тұр.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАСЫҢҚЫ СӨЙЛЕМ** – сабақтас құрмалас сөйлемнің құрамындағы ой тыңғылықты айтылып біткен, өз алдына оңаша алып айтқанда мағынасы толық болатын, бағыныңқы сөйлемнен гөрі сөйлемдік қасиеті молырақ сөйлем. Мәселен: «Халыққа жағайын десең, қазаның болсын» деген сөйлемдегі басыңқы сөйлем – «қазаның болсын». Мұнда ой айтылып, тынып біткен.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**БАТА** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданған термин. Б. – адал ниет,

## БАТАЛАР

жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Б. қазақ фольклорының дербес, шағын жанры ретінде қарастырылады. Автор Б-ға мынадай анықтама береді: «Бата – біреуге алғыс білдіргенде айтылатын сөз; батаны ақсақал адамдар айтады... Көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі». Автор батагөй шалдар басы бар табақты татуға алып келгенде, асты жеп болғанда бата қылатынын айтады. Сондай-ақ Б. үлгілерін келтіреді.

*Е.Шынтай*

**«БАТАЛАР»** – А.Байтұрсынұлының жинақтаған бата сөздері. Алматы қ-ндағы «Ел-шежіре» баспасынан 2013 ж. жарық көрген 6-томдық шығ. жин-ның 6-томына енгізілген. Бұл тақырып аясына 4 бата жинақталған. Оның 3-еуі өлең сөзбен берілген де, 1-еуі шешендік қара сөзбен жазылған. Өлең сөзбен берілген батаның алғашқысы 8 жолдан, екіншісі 6 жолдан, үшіншісі 26 жолдан тұрады. «Төңірек қарасаң, түнерген бұлттар әлі бар...» деп басталатын қара сөзден тұратын батасы сол заманда құрылып жатқан жаңа қоғамға арналып, елді ұлттық бірлікке, еңбекке, өзге елдерден кем болмауға шақырады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 6-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**БАТПАҚҚАРА КӨТЕРІЛІСІ** (1–9 қараша, 1929 ж.) – Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылық саясатына қарсы Қостанай окр. Батпаққара ауд., ішінара Наурызым, Торғай аудандарының бірқатар ауылдарын қамтыған наразылық. Көтерілістің басталуына 1928 жылдың қыркүйек–қараша айларында жүргізілген кәмпескелеу науқаны себеп болды. Қазақ АКСР ОАК шешімімен мұндағы 16 бай қожалығы тәркіленді. Науқан барысында байлардың, Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Есболов, т.б., сондай-ақ 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі – Ә.Жанбосыновтың серіктері мен балаларының әділетсіз қуғындалып, абақтыға жабылуы болды. Көтеріліс басталған кезде Батпаққараның өзінде ғана РКФСР «Қылмысты істер кодексінің» 58-бабы бойынша «контрреволюционерлер», «ұлтшылдар», «алашордашылар» деген айыптармен 50 адам абақтыда отырды. Көтерілісшілердің басты мақсаты – осы адамдарды қамаудан босату болды. Кеңес өкіметі органдарындағы басшы адамдардың озбырлығы, астық дайындау науқандарындағы жүгенсіздіктер, өкіметтің дінге теріс көзқарасы қалыптасқан ахуалды шиеленістіре түсті. Көтерілісшілер «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Тарғып алынған жерлер иелеріне қайтарылсын!», «Байлардың кәмпескеленген малдары өздеріне қайтарылсын!», «Хандық жасасын!» деген саяси ұрандар көтерді. 1929 ж. 2 қараша наразылыққа қатысушылар Батпаққара ауд. орта басып кірді. Жасырынып үлгермеген аудан

басшылары, жергілікті өкімет адамдары тұтқындалды. Жергілікті кеңес, партия, сот, милиция, кооператив, шаруашылық мекемелері орналасқан үйлер өртелді. Көтерілісті ұйымдастыру кезінде А.Бекжанов, С.Қалиев, А.Смағұлов, т.б. белсенділік танытты. Көтерілісшілер қатарында 5 ауылдық кеңес мүшесі, 3 коммунист, 12 комсомол, 2 «Қосшы» одағының төрағасы болды. Көтеріліс басшылары аудандағы барлық ауылдардың өкілдерімен жиналыс өткізіп, ауылдарда «Ақсақалдар үштігін» құрды. Оларға әрбір ауылдан 50 жігіттен тұратын жасақ шығару жүктелді. Жалпы саны 1000 адамнан тұратын бөлімдер жасақтау (800-і Батпаққара, 200-і Наурызым аудандарынан) көзделді. 300 адамның қатысуымен жергілікті мешітке О.Бармақовты көтерілісшілер хан көтерді. Батпаққарадан кейін Наурызым ауд-ндағы елді мекендерді, ауылдарды қосып алып, онан соң Торғайға, Қостанайға шабуыл жасау жоспарланды. Алайда жалпы саны 530 адамға ғана жетіп, «Аңшылар одағы» дүкенінен алынған 75-ке жуық мылтықпен қаруланған көтерілісшілердің кең көлемде әскери қимылдар ұйымдастыруға мүмкіндіктері болмады. Жазалаушы отрядтарға көтерілісшілер қарсылық көрсете алмады. Жазалаушы отряд 200-ге жуық көтерілісшіні, оның ішінде Бармақовты да тұтқынға алды. ОГПУ «үштігі» Батпаққара көтерілісіне байланысты 115 адамды ату жазасына, 170 адамды 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімде еңбекпен түзету лагеріне, 28 адамды Қазақстаннан тыс жерлерге 3 жыл мерзімге айдауға кесті, 17 адамды шартты түрде соттады.

*Т.Омарбеков*

**«БАТЫРДЫҢ ЖАУҒА ШЫҚҚАНДА ҮЙ-МЕН ҚОШТАСҚАНЫ»** – «Оқу құралына» енген шығарма. Берілген ғыл. түсініктемеде бұл «Қобыланды батыр» жырынан алынған үзінді екені айтылып, түпнұсқадан өзгешелігі туралы мағлұмат берілген.

**БАТЫС СІБІР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ** – Ресей империясының 1822–91 жылдардағы әкімш.-аум. бөлігі. Құрамына Тобыл, Томск губ-лары мен Омбы обл. енді. Орт. алғашқыда Тобыл, 1839 жылдан Омбы к. болды. Б. С. г.-ның құрамына енген Омбы обл. қазақтарының Ақмола, Ақсуат, Аягөз, Баянауыл, Қарқаралы, Құсмұрын, Көкпекті, Көкшетау округтері «Сібір қырғыздары туралы жарғыға» (1822) сәйкес басқарылды. Округтер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. 1868 ж. 21 қазанда бекітілген «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығының далалық облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бойынша құрылған қазақ облыстарының ішінде Ақмола мен Семей Б. С. г.-на қарады. Ақмола обл-на – Ақмола, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездері, ал Семей обл-

на – Семей, Көкпекті, Зайсан, Баянауыл, Қарқаралы және Өскемен уездері енді. Түркістан ген.-губернаторлығы құрамында болған Жетісу обл. 1883 ж. Б. С. г.-г. қарамағына берілді. 1891 ж. наурызда қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ережеге» сәйкес Орынбор губ. мен Б. С. г.-г.-ның орнына орт. Омбы к. болған Дала ген.-губернаторлығы құрылды. Бұл мәселелер А.Байтұрсынұлының «Закон жобасының баяндамасы», «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение», «1891 жылы 25 мартта шыққан степной положение, яғни осы күнгі положение», т.б. мақалаларында жан-жақты қарастырылды.

Әдеб.: Материалы по истории политического строя Казахстана. – Алма-Ата, 1960. – Т. 1; Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков. – А., 1996.

*С.Рүстемов*

**БАТЫС СІБІР ЖАЗЫҒЫ**, Б а т ы с С і б і р о й п а т ы – дүние жүзіндегі аса ірі жазықтардың бірі. Аум. 3 млн км<sup>2</sup>-ге жуық. Солт.-нде Солт. мұзды мұхиттың Кара т. жағалауынан бастап, оңт.-нде Сарыарқа мен Алтай таулары етегіне дейінгі аралықты қамтиды. Батысында Орал тауларынан бастап, шығысында Орта Сібір қыратты тауларына дейін созылып жатыр. Жазықтың абс. биікт. 50 м-ден (солт.-нде) 300 м-ге дейін (оңт.-нде) өзгереді. Б. С. ж-на Васюган, Барабы, Есіл, Ертіс жазықтары және Құлынды даласы енеді. Жазықтың климаты тым континенттік. Қаңтарда



ауаның орташа темп.-расы –16–28°С, шілдеде 4°С-тан (Солт. Тундра белдемінде) 22°С-қа дейін (оңт.-тегі орманды-дала белдемінде) өзгереді. Солт.-нде жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. 200 мм, оңт.-ндегі далалық белдемде 600 мм. Б. С. ж-нда 2000-нан астам өзен бар. Олардың ірілерінде (Об, Енисей, Ертіс, т.б.) кеме қағынайды. Көлдер де көп. Жазықтың солт.-ндегі тундралық және орманды тундралық белдемде шыршалы-кылқанды орман өседі. Оңт.-ндегі орман-

ды-далалы және далалық белдемнің көпшілік бөлігі егін танаптары үшін жыртылған. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттай келе (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.) орасан зор аумақты қамтып жатқан жазықтар ішінде Б.С. ж-ның алатын орны ерекше екенін атап өтеді (мақалада Батыс Сібір ойпаты деп берілген).

*Қ.Ахметов*

**«БАУЛУ МЕКТЕБІ»** – мақала. 1925 ж. «Жаңа мектеп» журналының 1-нөміріндегі 24–27-беттерінде жарық көрген. Бұл еңбек автордың кейінгі табылған мұралары қатарына жататындықтан, ертеректегі жинақтарына енген. 2000 ж. Орынбай Жұбаева қазіргі әліпбиге түсіріп, ҚР БҒМ ҰҒА-ның хабаршысы Тіл әдебиет сериясының 3-санында жарыққа шығарған. 2009 ж. «Жалын» журналының 6-нөміріндегі 37–39-беттерінде, 2010 ж. «Қазақ әдебиеті мемлекеттік тіл» басылымының 5-санындағы 2–5-беттерінде жарияланған. 2013 ж. Алматы қ-ндағы «Ел-шежіре» баспасынан жарық көрген ғалымның 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына енгізілген. Мақалада автор сол кездегі қазақ арасында ашылған «Б. м-нің» қалай болуы керектігі, оны ұйымдастыру мәселелері, кездесіп отырған қиындықтары жайында жан-жақты талдайды.

*К.Қошым-Ноғай*

**БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ** (24.12.1910, Жамбыл обл. Жуалы ауд. Көлбастау қонысы – 10.6.1982, Алматы қ.) – әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры (12.12.1990), Қазақстанның Халық қаһарманы (1995). Ол шығармаларын қазақ, орыс тілдерінде жазып, қазақ әдебиетіндегі әскери проза жанрының негізін қалады. Жазушының өзекті тақырыбы – Ұлы Отан соғысы кезіндегі жауынгерлердің тұлғасын жан-жақты суреттеп сомдауға



*Бауыржан Момышұлы*

арналған. «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), «Куба әсерлері» (1969), «Жонарқа» жинағы, екі томдық шығармалар жинағы (1969), «Ұш-

## БАЯНДАМА

қан ұя» (1974), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990, 1991) тәрізді туындылары жарық көрген. «Ұшқан ұя» кітабы үшін жазушы Мемл. сыйл. науреаты (1976) атанды. Оның шығармалары бірнеше шет тілдерге аударылды. Қазақстанда ауылдарға, көшелерге, респ. әскери балалар мектебіне, мектептерге Б. М. есімі берілген. Б.Омаров «Бірінші Бауыржан» атты естелігінде (abai.kz; қаралған күні: 9.10.2017) Ахмет Байтұрсынұлы жайында алғаш Б.М-ның аузынан естігенін, «...Қазақтың Ахмет Байтұрсынұнов деген мықты ғалымы болған. Осы күнгі мүйізі қарағайдай тіл мамандары сол кісінің еңбектерін пайдаланып жүр» дегенін келтірген.

*К.Серікбаев, М.Мырзахметұлы*

**БАЯНДАМА** – байымдаманың нағыз дендем бөлімі, пікір мәністеліп, дәлелденіп, сипатталатын бөлім.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**БАЯНДАУЫШ** – А.Байтұрсынұлы енгізген термин. Мұны баяншы мүше деп көрсетеді де, ықшамдық үшін баяндауыш аталымын пайдаланады. Бастауыштың «сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын» білдіретін сөздер ретінде белгіленеді. Бұл – «ішкі белгісі». Сыртқы белгісіне, негізінен, мына сұрақтарға жауап беруі жатқызылады: *не етпек? не қылмақ? қайтпек? не болмақ? нешік? немене? қалай?, кімдікі? қайсы? ненікі?* Баяндауыш болатын сөз таптарына етістік, есімше, көсемше, сын есім, сан есім, есімдік жатқызылады және көмекші етістіктерді тіркестірген еліктеуіш (бұл «Тіл-құралда» «одағай» деп аталған) және басқа сөздер арқылы, «бүтін сөйлем» арқылы күрделі баяндауыштың жасалатыны көрсетіледі. Ғалым «етістік жүрмеген жерде баяндауыш болмайды» деп есептейді. Етістіктен басқа сөз таптарынан жасалған баяндауыштарда етістік жасырын қатысып тұратыны *Ағаш көркі – жапырақ. Адам көркі – шүберек* деген сияқты сөйлемдерді толық айтқанда *Ағаш көркі жапырақ болады. Адам көркі шүберек болады* деп айтылатынын дәлел етеді.

*Ж.Жақыпов*

**БАЯНДАУЫШ БОЛАТЫН СӨЗ ТАПТАРЫ** – бастауыш атаған нәрсенің не сыр-сипатын, не амалын, не жайын, не болмысын көрсететін сөздер. Мыс.: *Қой үрікті. Ит үрді. Адам айқайлады.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАЯНДАУЫШТЫҢ СҰРАУЛАРЫ** – баяндауыштың тысқы белгісі, «не етпек?» «не қылмақ?» «қайтпек?» «не болмақ?» «нешік?» «немене?» «қалай?» «кімдікі?» я «ненікі?» «қайсы?» негізді сұраулар.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАЯНДАУЫШТЫ ПЫСЫҚТАЙТЫН СӨЗ** – амалдың мезгілін, мекенін, сынын, себебін, мақсатын көрсететін, амалды пысықтау үшін айтылатын сөздер, пысықтауыш.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАЯНДАУЫШТЫ ТОЛЫҚТАУШЫ СӨЗ** – нәрсенің амалын, жайын, болмысын толықтыру үшін айтылатын, баяндауышты толықтау үшін айтылатын сөйлем мүшесі, толықтауыш. «*Мерген құс атты*» деген сөйлемде «*мерген*» деген сөз – бастауыш, «*атты*» деген сөз – баяндауыш. «*Құс*» дегенді қалдырып, «*мерген атты*» деп ғана қойғанда, мерген атқанын ғана білеміз, нені атқанын білмейміз. «*Атты*» дегенде нені атқаны белгісіз болып, сөйлемнің жетпей тұрған жері бар: амал неге жұмсалғанын айтпай тұр, сөйлемде кемістік бар. Сол кемістікті толықтыратын сөз – «*құс*», «*құс атты*» дегенде мерген амалы неге жұмсалғаны мағлұм болады. Яғни «*құс*» деген «*атты*» деген баяндауышты толықтаушы сөз болып шықты.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«БАЯНШЫ»** – оқулық кітап. Қазақ мұғалімдеріне арналып жазылған. 1920 ж. Қазан қ-ндағы 6-мемл. баспаханадан жарық көрген. Көл. 15 бет. Таралымы 8600 дана. Ғалымның 5 томдық шығармалар жинағына (А., 2006), 6 томдық шығармалар жинағына (А., 2013) енгізілген. Басылым «Сөз басы» атты кіріспемен ашылған. Кіріспеде: «Жаңа оқу жолымен таныс емес оқытушылар төмендегі «Дыбыспен жаттығу» деген екі сөзді оқып, әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық. Бұл екі сөз оқышылар емес, оқытушылар үшін жазылған» деп түсінік береді. Оқулықта «Қазақ тіліндегі дыбыстар хәм олардың жазу белгілері», «Дыбыспен жаттығу» атты екі тақырып бар. Бұл екі тақырыпта сөздердің жазылу, буынға бөліп оқу ережелері талданады. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*К.Қошым-Ногай*

**БАЯНШЫ МҮШЕ** – бас мүшенің сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын айтып баяндайтын сөз. «Тіл-құрал» оқушы балаларға арналғандықтан, ғалым жеңілдік үшін «баяншы мүшені» шартты түрде «баяндауыш» деп атайды. Ал «Әдебиет танытқышта» баяншы мүшенің тақырыпшы мүшені қай тұрғыдан баян ететіні жан-жақты көрсетілген. Қазіргі кезде «баяншы мүше» атауының орнына «рема» сөзі қолданылып жүр.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БАЯНШЫ МҮШЕНІҢ ТЫСҚЫ БЕЛГІЛЕ-РІ** – баяншы мүшенің «не етпек?» «не қылмақ?», «қайтпек?» «не болмақ?» «нешік?» «немене?» «қалай?» «кімдікі?» «қайсы?» «ненікі?» деген сұрауларға жауап беруі.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БӘШЕЛЕУ БЕЛГІСІ** – 1) алдыңғы сөйлемдегі пікірді, кейінгі сөйлем ыдыратып (сиретіп, ұсақтап, сұйылтып) сөйлейтін орындарда қойылатын (*Біздің екі үйіміз бар: жаз тігетін киіз үй, қыс кіретін там үй*); 2) келтірінді сөйлемнің алдына қойылатын (*Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: Мақтаулы бар зой аңпаз әрбір тұста, Солардың бәрі-дағы әдемі әнге Тауықтың айғырындай емес ұста*) белгі. Қазіргі кезде *бәшелеу белгісі* деген атаудың орнына *қос нүкте* деген атау қолданылады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БЕ** – сөздердің арасындағы жүйесін келтіріп, жалғастыратын сөз.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**БЕДЕЛДІ ЕТІС** – істің біреу арқылы істелгенін білдіретін етіс түрі. Мыс.: *хат жаздырды, өлең айттырды, үй салдырды, кітап алдырды. Қазіргі кезде етістің бұл түрі «өзгелік етіс» деп аталады.*

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**БЕЙНЕЛЕУ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Б. – бір нәрседе болмайтын күйді, екінші нәрседе болатын күйде көрсететін сөзбен айту үшін қолданылатын көрнекілеудің бір түрі. Ғалым терминнің негізгі сипатын атап өтеді де, оны тиісті мысалдармен көрсетеді. Басында бұл бидайдың дәні болмай, Кекірейіп көкке қарап бүлініп тұр деген жолдарда бейнелеуді анық көруге болады. Байтұрсынұлы ауысудың екі түрлі болатынын айтады: 1) тіл ауысуы; 2) лұғат ауысуы. Автордың айтуынша, әдетті ауысу тілдікі болады да, ал айтушының сөзіндегі ауысу лұғаттікі болады. Лұғаттағы ауысуға жоғарыдағы мысалдарды келтіреді, ал тілдегі ауысуға суық жел, қызыл тіл, бақыт құсы, жың қаққан сияқты сөздерді жатқызады.

*А.Кадірхан*

**БЕЙСЕНҰЛЫ Сейдахмет** (1843, Торғай өңірі, Қайыңды а. – 1912) – ақын. Бала кезінде мұсыл-

манша оқыған. Ақындығына қоса саятшылық, ұсталық өнерді де меңгерген. Қараторғай болысының молдасы ретінде жарлықпен бекітілген. Торғай, Қостанай, Ақмола, Ақтөбе өңірлеріне «Тағат Сейдахмет ақын» деген атпен танымал болған. Шығармалары 20 ғ-да баспа бетінде жарық көрген. Б-ның өлеңмен жазылған «Қырық хикаясы» бар. «Мың бір түн», «Тотынама», «Қисса-сүл әнбия-и» сияқты шығыс фольклор үлгілерін жырлаған, Крылов мысалдарын қазақ ұғымына лайықтап, «Түлкі мен сауысқан», «Қаздардың Ұрымды алуы» деген атпен еркін аудармалар жасаған. «Айна» деп аталатын нақыл дастаны да замана бейнесін ашып көрсететін құнды туынды. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында», А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» бірнеше туындысы жарық көрген. Ақын өлеңдері ҚР БҒМ ҒК ҒА Әдебиет және өнер ин-тында және Орт. ғыл. кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы.

*Е.Тоқтарбай*

**«БЕЙШАРАЛАР»** – «Оқу құралына» енген әңгіме. Француздың белгілі жазушысы В.Гюгодан аударылған. Әңгімеде 19 ғ-дағы балықшылардың ауыр тұрмысы суреттеледі. Автордың бейшаралар деп отырғаны – шешесі аштан өліп, жетім қалған шиеттей екі бала екені белгілі болады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**БЕЙІСОВ** Бәкібай (14.3.1917, Қостанай обл. Әуликөл ауд. №5-а. – 2.8.1995, Алматы к.) – А.Байтұрсынұлының жиені, жалғыз қарындасы Зиялының ұлы. Азаматтық авиация курсын және ҚазҰУ-дың тарих ф-тін бітірген. 1939–42 ж. «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеттерінің жауапты хатшысы болған. 1942 ж. Ішкі істер халық комиссариатының айрықша бөлімінде жедел курстан өткен соң, ПХК органдарына қызметке



*Б.Бейісов*

орналасты. Түрлі бөлімдердің басшысы, МКК партия к-тінің хатшысы лауазымында 40 жылдан астам қызмет етті. Зейнеткерлікке шыққаннан



## БЕЙІСОВ

кейін де респ. МКК мектебінде оқытушылық қызметін атқарды. Б-тің Марат деген ұлы мен Меруерт атты қызынан ұрпақтары бар.

**БЕЙІСОВ** Марат Бәкібайұлы (10.2.1939, Алматы қ. – 24.11.2015, сонда) – А.Байтұрсынұлының жиеншары, Ахметтің туған қарындасы Зияштың немересі. ҚазҰПУ-ды бітірген (1961). 1961–63 ж. Кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеген. 1963 жылдан бастап Тәжікстанның



М.Бейісов

Ленинабад қ-нда, Ақтөбе обл-нда әскери қызметте болған. Капитан дәрежесінде отставкаға шыққан. Зәуре, Айжан атты қыздарынан тараған ұрпақтары Мәскеу, Алматы қ-ларында тұрады.

**«БЕКБОЛАТ БИ МЕН АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ТҮЙІСУІ»** – «Оқу құралына» енген аңыз-әңгіме. Қаз дауысты Қазыбек бидің баласы Бекболат би мен Абылай хан арасында тосын бір жағдайдан туындаған түсініспеушілікті бір ауыз сөзбен таркатқан Бекболат бидің тапқырлығы мен бидің ишаралап, жұмбақтап сөйлеген сөзін айнытпай түсініп, сол үшін арадағы нәумездікті хан басымен кешірген Абылайдың алғырлығы мен әділдігі туралы айтылған. Оқырманын, шәкірттерді сөз мәнін ұғына білер зерделілікке, ұстамдылық пен ұлағатты мінез-құлыққа баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**БЕКЕНОВ** Елжас (Илияс) Жүнісұлы (1892, Солт. Қазақстан обл. Тайынша ауд. Қараағаш а. – 30.6.1938, Алматы қ.) – жазушы, сыншы. Мәскеудегі Қызыл профессура ин-тын бітірген (1933). Ауылда жалшы, Петропавлдағы Мұратов диірменінде жүкші (1912), Томбы губ-ндағы Судженск көмір кенішінде шахтер (1912–15), Петропавл т.ж. бекетінде жүкші (1915–16) болған. 1916 ж. қара жұмысқа алынып, Пермь т.ж-нда еңбек еткен. 1922–24 ж. Орынбордағы жұмысшы ф-тінде оқыған. 1925–26 ж. «Еңбекші қазақ» газетінде бөлім меңгерушісі, 1926–27 ж. Жұмысшыларды ағарту қоғамы жұмысшы баспасөзі секциясының басқарушысы, 1927–28 ж. Жұмысшы-шаруа инспекциясы халкомының нұсқаушысы, 1929–31 ж. Петропавлда «Кеңес

ауылы» газеті редакторының орынбасары, кейін жауапты редакторы, 1933–36 ж. Оралда «Екпінді құрылыс», 1935–36 ж. Петропавлда «Ленин туы» обл. газеттерінің жауапты редакторы, 1936–38 ж. Бас әдеби басқарманың бастығы болды. Алғашқы өлеңдері 1922 ж. жарияланған. Тұңғыш прозалық туындысы – «Бидің жауыздығы» әңгімесі (1922). Кейін «Жалшы сәулесі» (Ташкент, 1929), «Октябрь күндеріндегі қуаныш» (1927), «Ескен-



Е.Бекенов

дір» (1927), «Ардақты жан» (1928), «Большевик қызы» (1937), «Ана құшағында» (1937) т.б. шығармаларында жаңа заманнан жақсы үміт күткен кейіпкерлері арқылы сол кездегі қазақ қоғамының шындығын заман талабына сай суреттейді. «Жәмила қалай сауатты болды» (1927) әңгімесі қазақ әйелдерінің қоғамдық жұмысқа араласуын бейнелейтін көрнекті шығармалардың бірі болды. «Жаңа жол бойында» (1929), «Алтынды жүйе» (1930) жинақтарына енген әңгімелерінде адал еңбек абыройдың кепілі екендігін аңғартады. «Жұмақұлдың теңдігі» (1927), «Бүгінгі ауылдың елестерінен» (1929), «Қан жаспен жуылды» (1929), «Қоңырау» (1930), «Құрманның санасы» (1934), «Талпақ» (1935) әңгімелерінде сол кездегі ауыл өмірінің тыныс-тіршілігі нанымды бейнеленген. Б. сын жанрына да үлес қосып, Ш.Иманбаева, С.Мұқанов, М.Әуезовтің шығармаларын, жас жазушылардың туындыларын талдап, құнды пікірлер айтқан. 1936 ж. жазған «Ұлт қозғалысы және ұлтшылдық әдебиет» атты кітабында А.Байтұрсынұлы жайында деректер кездеседі.

*Г.Көкебаева, Р.Елемесов*

**БЕКТЕМІСОВА** Сәкен Қалиқызы (1905, Қостанай обл. Торғай өңірі – 1991, Алматы қ.) – А.Байтұрсынұлының ағасының қызы. «Қарғалы» демалыс үйінде бас аспаз болып жұмыс істеген. Гүлшат, Самат, Роза, Болат атты балаларынан тараған ұрпақтары Алматы, Балқаш, Астана қ-ларында тұрады. Белгілі тележүргізуші С.Акишев Сәкеннің немересі. Атасы Байтұрсын мен әжесі Күнші, жалпы Байтұрсын әулеті жайында айтқан естелігін М.Дулатова өз аузынан естіп, «Шындық шырағы» атты кітабында берген.

**БЕЛИНСКИЙ** Виссарион Григорьевич (11.6.1811, қазіргі Финляндия, Свеаборг қ. – 7.6.1848, Санкт-Петербург қ.) – орыс әдебиетшісі, сыншы. Мәскеу ун-тінде оқыған (1829–32). «Телескоп» (1833), оның қосымшасы «Молва» (1836), «Московский наблюдатель» (1838), «Отечественные записки» (1839) журналдарында қызмет істеген. Студент кезінде «Дмитрий Калинин» драмасын жазған (1830). 1831 ж. «Листок» жур-



*В.Г.Белинский*

налында Б-дің «Орыс оқиғасы» деген өлеңі мен А.С.Пушкиннің «Борис Годуновына» рецензиясы жарияланған. 1833 ж. «Телескопта» француз журналдарынан аудармалары жарық көрген. 1833 ж. Н.В.Станюкевичтің үйірмесіне қатысып, Кант, Фихте, Шеллингтің филос. жүйелерін зерттей бастады, кейіннен М.А.Бакунинмен танысып, ол екеуі бірігіп Гегельді зерттеді. 1834 ж. Б-дің тұңғыш көлемді мақаласы «Әдеби қиялдар» жарық көрді. Осы мақаласынан бастап әдебиет сыншысы ретінде таныла бастады. Б. – В.Г.Гоголь, М.Ю.Лермонтов, И.А.Гончаров, И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, А.И.Герценнің, т.б. шығарманың көркемдік, эстетик. қуатын алғаш болып таныды. Пушкиннің шығармаларын жанжақты талдап, орыс әдебиетіндегі орнын айқындап берді. Оның негізгі шығармалары қазақ тіліне аударылған. А.Байтұрсынұлының еңбектерінде Б-дің есімі танымал сыншы ретінде аталады.

**БЕЛОМОР-БАЛТЫҚ КАНАЛЫ** – Ақ теңіз бен Онега көлін жалғастыратын канал. Құрылысы 1930 жылдың соңында басталып, 1933 ж. іске қосылды. Ұз. 227 км, оның 190 км-і өзен-көл арналары арқылы өтеді, 37 км-і қолдан қазылған. Б.-Б. к. Ресейдің еур. бөлігінің солт-н су жолы қатынасымен қамтамасыз етеді. Каналдың экон. тиімділігі өте жоғары: Санкт-Петербург пен Архангельск қ-лары аралығын Скандинавия түбегін айналып жүретін су жолына қарағанда 4000 км-ге қысқартты. Канал пайдалануға берілгеннен кейін оның бойында өнеркәсіп дамыды, жаңа қалалар салынды. Б.-б. к-ның құрылысына саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялылары да (М.Дулатов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы, т.б.) қатысқан. Р.Сахыбекқызы «Ғұлама

ғұмырнамасы: мұрағат деректері» атты мақаласында (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 6-т.) 1931–33 жылдары Байтұрсынұлының Беломор-Каналда айдауда болғаны, жыл соңына қарай Ресейдің Кривошеин ауд-на қарасты Жуково елдімекеніне тұрақтауға рұқсат алып, осында Бадрисафамен жылға жуық тұрғандығы жайында деректер келтірген.

**БЕН (БЕНЕН)** – жалғау орнына жүретін, өз алдына мағынасы жоқ сөз, жалғаулық.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**БЕННИГСЕН** Александр Адамович (20.3.1913, Ресей, Санкт-Петербург қ. – 3.6.1988, Франция, Париж қ.) – француз шығыстанушысы. Шығыс тілдері жоғары мектебін бітірген. 2-дүниежүз. соғыс жылдары Француз армиясы қатарында ұрыстарға қатысқан. Жоғары зерттеулер мектебінде проф., КСРО-да ислам ісі жөніндегі маман болып еңбек еткен. Б-нің Ш.Лемерсье-Келькежеймен бірігіп жазған «Қазақ баспасөзі» («Қазақстан коммунисті», №10, 1991) мақаласында Б-нің өмірі мен еңбектері туралы деректер келтірген.

**БЕРИНГ ТЕҢІЗІ** – Тынық мұхиттың солт-ндегі теңіз. А.Байтұрсынұлы «Алып Азия» атты мақаласында (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. 2-т.) құрлықтың табиғатын сипаттай отырып, оның Америкадан (Америке) Б. т-нің бөліп жатқаны айтылады. Байтұрсынұлы шығармасында Б.т. «Берене» деген атаумен берілген.

**БЕРНЕЛЕУ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. Автор Б. деп заттың, әсіресе, адамның мінезін, әрекетін басқа екінші нәрсенің мысалы арқылы көрсетуін айтады. Оған өзінің, М.Жұмабаевтың өлеңдерінен мысал келтіреді. Б. көбінесе мысал жанрында кездесетінін айтады. Автордың айтуынша, Б. заттың немесе адам мінезі мен әрекетінің ауыспалы мағынада суреттелуіне құрылады. Осыған қарағанда Б. – құбылудың түріне жататын көркемдеуіш құрал.

*М.Дәрменова*

**БЕРІ** – шығыс жалғаудан соң қойылатын жалғаулық.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**«БЕС АРЫС»** – естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар жинағы. Құрастырушы – Д.Әшімханов. А., «Жалын» баспасынан 1992 ж. жарық көрген. Көл. 544 бет. Таралымы 30000 дана. Жинаққа Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және М.Дулатов өмірі мен шығарм. туралы жазылған тарихи очерктер, әдеби зерттеу мақалалар мен естелік-эсселер енгізілген. Жинақ құрастырушының алғы сөзі-

## БЕС БУЫНДЫ

мен және Ғ.Мұстафиннің «Сыр ашу» атты мақаласымен (6.2.1979) ашылған. 25 жапсырма фотосуреттер берілген. Кітаптың 180–262-беттерінде Байтұрсынұлының өмірі, шығарм. жолы қайраткерлігі жайында С.Сейфуллиннің «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» (30 қаңтар 1923), «Тағы да Ахмет туралы» (Ә.Әйтиевке жауап, 1923), М.Әуезовтің «Аханның елу жылдық тойы» (1923), Т.Қожақеевтың «Халқымен қайта қауышты қайран ерлер», А.Мектепов, Ғ.Әнесовтың «Ана тілін түрлеген Ахаң», С.Кәкішевтың «Қайта қауышу», Р.Нұрғалиевтың «Алып бәйтерек», Қ.Мұқаматовтың «Бізге сауат ашқызған», сондай-ақ Т.Жұртбаевтың «Шырмалған шындық немесе бір тергеудің тарихы» (128–176-беттер), Г.Дулатованың «Ардақтап өтем әкемді» (478–541-беттер) атты көлемді мақалалары, естеліктері жарияланған.

*С.Арғынғазин*

**БЕС БУЫНДЫ СӨЗ** – бес буыннан құралған, яғни бес дауыстысы бар сөз. «Тіл-құрал» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы бес буынды сөзге мысал ретінде *а-та-ла-ры-ма* сөзін келтіреді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**«БЕС ҮЙЕК»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Жер беті жылы, суықтығына қарай беске бөліне-тіні айтыла келіп, солт-ке қарай суық, оңт-ке қарай ыстық бола беретіні, мұның себебі ол жерлерге күннің түсуі әр түрлі болатыны түсіндірілген. Ғыл. түсініктеме берілген.

**БЕТАШАР** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданған термин. Б. – келін түсіргенде жасалатын салттың бірі. Ғалым Б-ға мынадай анықтама береді: «Беташар – әуел басында толып жатқан нұсқау, жол, ереже (орысша айтқанда – устав) түрінде айтылып, келіншекке естірігіп, орнына келтіруге керек деген мағынада шығарған сөз». Сонымен қатар, автор салт бойынша жаңа түскен келіннің беті Б. айтылғаннан кейін ғана ашылатынын айтады. Б. әнде-тіп айтылмайды, жай шұбыртып, өлең түрінде ұйқастырылып айтылады.

*Е.Шынтай*

**БЕТПАҚДАЛА** – Қазақстанның орт. бөлігіндегі кең-байтақ аймақты алып жатқан шөлді өңір.



А.Байтұрсынұлы «Азия» атты мақаласында (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.) құрлықтың табиғатын сипаттап Орт. Азия аумағындағы ірі тасты шөлдердің бірі Б. шөліне тоқтап, оның толығымен Қазақ жерінің орт. бөлігін қамтитындығын айтып өтеді.

**«БИҒАНЫҢ ӘНІ»** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Этнограф түсініктемесінде: «Бига – женское имя» деген. Асықпай екпінде жүретін ән екі әуендік жолдан тұратын шумақты құрылымда жазылған. Ладтық тұрғыдан құбылмалықты көрсетеді. Бірінші әуендік жол ля-эолийлік ладтың терц. трихорд аралығында толқиндай дамиды, екінші



әуендік жол ля-эолийлік ладта сатылай басталып, тізбекте ми-эолийлік ладқа ауытқып аяқталады. Әннің ырғағында төрттік, жартылық, сирек жағдайда сегіздік ұзақтықтары кездеседі. Өлшемі ауыспалы 4/4 пен 5/4 кезектесіп тұрады.

*А.Қазтуғанова*

**БИЛІК РАЙ** – істі істеу-істемесін билік түрде айтқандағы сөз райы. Мыс.: *жаз, күрес, жуын, жатқыз, қаздыр* т.с.с.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**БОЛҒАНБАЕВ** Қайретдин Әбдірахманұлы (1894, Ақмола обл. Қорғалжын ауд. – 1937, Ташкент қ.) – журналист, қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының белсенді мүшесі. 1- және 2-жалпықазақ съезіне (Орынбор, 1917–18) Түркістан мен Сырдария уездері атынан делегат болып қатысқан. Түркістан автономиясын құруға (1917, желтоқсан – 1918, ақпан), Ақмолада Алаш к-тің құруға ат салысқан. Орынбор қ-ндағы «Хұсния» медресесінде оқып жүрген кезінде «Қазақ» газетінің редакциясында жұмыс істеді. 1917–18 ж. М.Шоқай, С.Қожановтармен бірге «Бірлік туы» газетін шығаруға қатысты. 1918–19 ж. Ташкент қ-ндағы пед. курста оқыды. 1919–21 ж. Түркістан халыққа білім беру жүйесінде, Орынбор қ-нда мемл. «Қазақстан» баспасында сарапшы болып қызмет істеді. 1920 ж. кейіннен «Еңбек туы» аталған «Үшқын» газетінің алқа мүшесі болды (А.Байтұрсынұлымен бірге). 1921 ж. Ә.Бөкейхан мен Байтұрсынұлының тапсырмасымен Бұхарадағы басмашылар қозғалысына Энвер пашамен

бірге жетекшілік етіп жүрген Зәки Уәлиди Тоғанмен кездесіп қайтты. 1922–23 ж. Ақмолада, 1924–27 ж. Петропавлда халыққа білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. 1928 ж. ОГПУ шешімімен «халық жауы» ретінде 5 жылға сотталып, Бағыс Сібірге жер аударылды. 1934 ж. Алматыға келіп, кейіннен қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Сарыағаш ауд. Қаптанбек а-нда тұрды. 1937 ж. саяси қуғын-сүргін кезінде тұтқындалып, атылды. 1958 ж. 26 ақпанда ақталды.

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 16.9.2017).

**БОЛЖАЛ РАЙ** – істі шартқа қарайлап болжалдағандағы райдың түрі. Мыс., *оқыр едім* (ақшам болса), *ішер едің* (су болса), *барар еді* (жалдаса) деген сияқты сөздер болжал рай болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**БОЛЫМДЫ СӨЙЛЕМ** – не жайынан да болса болдыра, бар қыла сөйлеген сөйлем. Мыс., *Еділ бойы тоғай бар, тоғай толған ноғай бар. Бурыл атта бұғау бар, оны да кесер егеу бар. Сом термірге балға бар, сомсынана алла бар. Қас жорғадан жортақ туар, қас батырдан қорқақ туар. Қас шеберден шорқақ туар.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**БОЛЫМСЫЗ СӨЙЛЕМ** – не жайынан да болса болдырмай, жоқ қыла сөйлеген сөйлем. Мыс., *Жер жұтуға тоймайды, от отынға тоймайды, кісі ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды. Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз жігіт би болмас. Тез қасында қисық ағаш жатпас.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**БОЛЫС** – қазақ даласын отарлау жүйесіндегі билік иесі. Алғашқыда қазақтың дәстүрлі рулық жүйесіне сай, аталық негізде құрылған. Б. атауы патша өкіметінің 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғысында» ресми түрде бекітілген. Сол құжатқа сәйкес Орта жүз қазақ қоныстары ауылға, болыстар мен округтерге бөлінді. Округтерге 20-ға жуық болыс енген. 1868 жылғы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережеге» сәйкес өзінің әкімш.-ш. билігін сақтап қалған. Алаш қозғалысында да олардың рөлі ерекше болды. 1905 жылғы «Қарқаралы құзырхатын» ұйымдастыруға болыстар айрықша еңбек сіңірді. «Қарқаралы құзырхатына» 21 болыс өкілі қол қойды. Болыстар 1917–18 ж. Алашорда үкіметі құрылғанда да белсенділік танытты. Кеңес өкіметі болыстарды жойып, жаңа әкімш. бөліктер құрды.

**БОЛЫСТЫҚ СЪЕЗДЕР**. 1917–18 ж. Қазақстанның әр жерінде өткен съездерде оқу, ел тыныш-

тығы, азық-түлік, жер, т.б. мәселелер көтерілген. Бұл съездердің халықты біріктіру, құқықтық сауаттылық, ел жаңалықтары, т.б. мәселелерді көтеруде маңызы зор болды.

*К.Лиясова*

**БОСҚЫНШЫЛЫҚ** – саяси-әлеум., экон. және табиғи-климаттық ауыр ахуалдарға, апаттарға байланысты адамдардың ата қоныстарынан, тұрғылықты мекендерінен амалсыз босып, ауа көшулері. Босқыншылық соғыс салдарынан да орын алады. Қазақ халқының тарихындағы осындай үлкен Б. 18 ғ-дың 20-жылдарында жоңғар қалмақтарының қазақ жеріне баса-көктеп кіруіне, сондай-ақ 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын Ресей үкіметінің аяусыз басып-жаныштауына байланысты орын алған. Қазақ зиялылары, Алаш қозғалысының қайраткерлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, т.б. 1916 ж. босқындарына көмек көрсету ісін белсенді ұйымдастырушылар қатарында болды.

**БОШАН**, қазақ шежіресінде арғын руы бәйбіше арғын, тоқал арғын болып екіге бөлінеді. Қаракесек (Болатқожа) «Бес мейрам» бірлестігіне кіреді. Қаракесектің рулық ұраны мен таңбасы Арғын тайпасымен бірдей болғанымен, арғын ішінде Болатқожаның шешесі Қарақабат атын ұран еткен. Қаракесектен Қамбар, Майқы, Бошан, Таңас тарайды. Бошаннан Таз, Байбөрі, Машай, Жанту, Манат, Жалықпас, Көшім, Шаншар шығады. Ш.Құдайбердіұлы Майқы мен Бошанды тоқалдың бел балалары, қалғандарын асыранды ұлдар деп есептейді. Мұндай пікірлерді М.Ж.Көпейұлы, Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев та айтқан. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» шығармасында «Абай – Семей облысының қазағы, руы – тобықты. Шешесі Ұлжан бәйбіше Қарқаралы уезіндегі Әбдірей, Мыржық деген жердегі қаракесектің Бошан руынан, Бертіс бидің тұқымынан» деп көрсеткен. Б. руы Қарағанды обл-ның шығысын, Шығыс Қазақстан обл-ның батысын, Павлодар обл-ның оңт. аймақтарын мекендеді.

**БОШТАЕВ** (Поштаев) Мұқыш (1897, Семей обл. Павлодар уезі – ө.ж.б.) – Алаш қозғалысының қайраткері, белгілі заңгер. Қазан ун-тінің заң ф-тін бітірген (1917). Уақытша үкімет тұсында Павлодар уезінде сот төрағасы болды. Тыл жұмысына алынғандарға материалдық, заңнамалық және рухани қолдау берген «Земство одағын» ұйымдастыруға ат салысқан. «Сарыарқа», А.Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газеттеріне мақалаларын жариялап тұрды. Семей обл. қазақ к-ттерінің жұмыстарына белсенді түрде араласты. 1-жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Алаш партиясы атынан депутаттыққа ұсынылды. 2-жалпықазақ съезінде

## БӨГДЕЛІК

Алашорда үкіметі құрамына мүшелікке кандидат болып сайланды. Семей обл. және қалалық кеңесінің атқару қ-тіне мүше болды.

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 16.9.2017).

**БӨГДЕЛІК ЖАҚ** – айтушы мен тыңдаушыдан басқалардың жағы, III жақ.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**БӨКЕЙХАН** Әлихан Нұрмұхамедұлы (25.3.1866, бұрынғы Семей обл. Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-а. – 27.9.1937, Мәскеу қ.) – қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Оның өмір жолы өзінің ойшыл серіктері А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов және өзге де кемеңгер қайраткерлердің өмір жолымен бірдей, көзқарастары ортақ болды. Б. – Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Жасынан зерек, алғыр өскен Б-ды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Кейін қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепті бітіргеннен кейін 1879–86 ж. Қарқаралы қ-ндағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды. 1886–90 ж. Омбыдағы тех. уч-щеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890–94 ж. Санкт-Петербургтегі Орман ин-тының экономика ф-тінде оқыды. Мұнда ол студенттік қызу пікірталастарға қатынасып, 20 ғ. босағасын атағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болды, өз ойын да шыңдай түсті. Б. Ресей жандармерия басқармасының назарына алғаш рет студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің қара тізіміне алынды». Ол ин-тты бітіргеннен кейін Омбыға барып, орман ш. уч-щесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасты. Соц. бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласып, оның редакция алқасы құрамына енді. 1896–1903 ж. Щербина экспед. жұмысына қатысты. Б. экспед. жұмысына қатысу барысында қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді және отарлық биліктің таяу жылдары ірі шараларды іске асыруға даярлық жасап жатқанын байқады. Студенттік және омбылық өмірінің алғашқы кезеңінде маркстік бағытта тұрған Б-тың саяси көзқарасы өзгерді. Ол қазақ даласын отарлау саясатына білек сыбана кіріскен патша өкіметімен күрес жүргізу үшін әуелі бүкіл қазақ жұртының басын біріктіруді, сонымен бірге орыс қоғамының ішінде ресми билікке қарсы тұрған саяси күштерге сүйенуді алға тартты. 1905 ж. Қоянды жәрмен-

кесінде Семей обл. Қарқаралы уезінің 14,5 мың тұрғыны қазақтардың негізгі саяси және әлеум.-экон. талаптары жазылған петицияға қол қойды. Бұл құжатты Б., А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев, М.Дулатов, М.Бекметовтер әзірлеген еді. «Қарқаралы петициясына» қатысы бар» деген күдікпен Б. Кереку, Омбы түрмелеріне қамалады. Б. 1905 ж. қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты. Съезде қазақ халқының жоғын жоқтап сөз сөйледі. Сөзінде ол қазақ халқының тіл, сайлау, дін, т.б. бостандықтары мәселесін көтерді. Ол осы жылы «Халық бостандығы» (конституц.-демократ.) партиясының мүшелігіне, ал 1906 ж. оның ОК құрамына енді. Б. конституц.-демократ. партияның Қазақстанда



Ә.Бөкейхан

бөлімшесін ашуға ынта білдірді. 1906 ж. маусымда Семейде өткен қазақ сайлаушыларының съезінде «Халық бостандығы» партиясының бағдарламасын қуаттап сөз сөйледі. Б. 1-Мемл. Думаға Семей обл. қазактары атынан депутат болып сайланды. Бірақ ол Дала ген.-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында қамалуына байланысты 1-Мемл. Дума жұмысына қатыса алмады. 1906 ж. Омбыда шығатын кадеттік «Голос степи», «Омиш» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 ж. Петербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. 1912–17 ж. кадеттер партиясы ОК-нің мүшесі болды. 20 ғ-дың басындағы қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде Байтұрсынұлы басшылық жасаған «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне Б. зор еңбек сіңірді. 1914 ж. маусымда Мемл. Думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен шақырылған Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты, мұсылман фракциясы бюросының тұрақты мүшесі болды. 1-дүниежүз. соғыс жылдары майданның қара жұмысына алынған қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. ел азаматтарына қажет түрлі көмек көрсету ісіне басшылық жасады. Осы мақсатта 1917 ж. 15 ақпанда Минскідегі земство және

кала одақтары жанынан ашылған бұратаналар бөлімінің бастығы қызметін Б. атқарды. 1917 ж. 20 наурызда Уақытша үкіметтің Торғай обл. комиссары және Түркістан к-тінің мүшесі қызметіне тағайындалды. Б. ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыс басшысы дәрежесіне көтерілген алғашқы қазақ болатын. Ұлттық мемлекет құру Б-ның түпкі мақсаты болды. Ол Уақытша үкіметке сондай-ақ, кадет партиясына үлкен үмітпен қарады. Бірақ оның бұл үмітінің негізсіз екендігін көп ұзамай уақыттың өзі көрсетіп берді. Бұл Б-ның кадет партиясынан шығуына алып келді. Оның жетекшілігімен 1917 ж. шілдеде 1-жалпықазақ съезі өткізілді, онда Байтұрсынұлы мен Дулатов бірігіп «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін» құруды ұсынды. Бірақ құрылтай Б-ның «демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей құрамындағы қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуы» жайлы ұсынысына көбірек ден қойды (Ә.Кекілбаев, «Ұстаз ұлағаты»). Сондай-ақ осы съезде Алаш партиясы құрылды. Алаш партиясының бағдарламасында Әлихан, Ахмет және қазақтың өзге де демократ азаматтарының жер мәселесі жөніндегі көзқарастары барынша айқын қамтылды. Олар Жер туралы Құрылтай жиналысының заңын шығарғанда жерді бірінші кезекте төл халыққа үлестіріп беру мәселесін көтерді (К.Сағадиев, «Ахмет Байтұрсынұлының экономикалық көзқарасы»). Б. 1917 жылдың күзі мен қысында мемл. бостандыққа жетудің түрлі жолдарын қарастырды. Г.Н.Потанин бастаған Сібір автономияшыларымен қатынас жасап, Сібір автономиясы құрыла қалған күнде Қазақстанның оның құрамына енуін жақтады. Бірақ бүкіл империя көлемінде жағдайдың күн өткен сайын шиеленісе түсуіне байланысты, бұл пікірдің іске асуы екіталай еді. Міне, осындай жағдайда Б. мен А.Байтұрсынұлы бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы мен ұйымдастыру бойынша 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбор к-нда қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған жалпықазақ съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе – кеңестік билікке қатынас жөнінде баяндаманы Б. жасады. Съезд қазақ облыстарын бүліншіліктен сақтау мақсатында уақытша «Ұлт кеңесін» құрып, оның аты «Алашорда» болсын деген шешім қабылданды. 25 орыннан тұрған бұл үкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен Б. сайланды. Азамат соғысы басталып кеткеннен кейінгі кезеңде Б. бастаған Алашорда өкіметі кеңес билігіне қарсы күресіп, ақ казактар мен патша генералдарының жағында болды. 1918–19 ж. Алашорда жасақтары қызыл әскерге қарсы шайқастарға қатысты, кеңес билігін қолдаған казактарды жазалады. Кеңес өкіметі 1919–20 ж. Алаш қозғалысына

қатысқандарға жариялаған кешірімнен кейінгі уақытта да Б. өз принципіне сенімді күйде қалды. 1920 ж. Қазақ АКСР Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1922 ж. ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты (Мәскеу) жанындағы Орт. баспаның ғыл. қызметкері, 1926–27 ж. Ресей ҒА-ның ғыл. қызметкері болды. Өкінішке орай, Сталин басқарған жоғары билік рев-ға дейінгі қазақ зиялыларына, оның ішінде Б-ға сенімсіздік танытты, қоғамдық қызметін теріс бағалап, шектеп отырды. 1925 ж. Қазақстандағы саяси билікке Ф.Голощекин келгеннен кейін жүргізген оның қоныс аударушыларға кең жол ашу саясатына жол бермеу үшін қазақ қожалықтарына қажет жер нормасын анықтау мақсатында КСРО ҒА жанынан проф. С.П.Швецов бастаған экспед-ны құру ісіне белсене араласып, оның құрамына өзі де енеді. Қазақстандағы қоныс аударушыларға жарарлық артық жер жоқ екендігін ғыл. тұрғыдан негіздеп берген бұл комиссияның жасаған тұжырымдары мен ұсыныстары Голощекинге және орт. мекемелерге ұнай қойған жоқ. 1926 ж. Б-ды Мәскеуден бақылаушы орындардың рұқсатынсыз шығып кеткені үшін ОГПУ қызметкерлері Ақтөбеде тұтқынға алады да, кейін қайтарып, Бутырка абақтысына жабады. Бірақ оны 15 күннен соң шығарып жіберуге мәжбүр болады. Келесі 1927 ж. одақтың Егіншілік комиссариатында ол проф. Швецов ұсынған жер нормасын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл пиғылдағы шенеуніктерді әшкерелеп сынға алды. Б. 1927 жылдың 1 қазанынан бастап Мәскеуде, ОГПУ орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды. Б-ның Қазақстанда тұрып, қызмет атқаруына мүмкіндік болмай, Мәскеуге ауып кеткен жағдайында Қазақстандағы күннен-күнге бел алып келе жатқан әкімшіл-әміршіл мемл. билікке қарсы рухани күрес көсемінің рөлін Байтұрсынұлы атқарды. Соның нәтижесінде 1921–28 ж. аралығында Байтұрсынұлының, Т.Шонанұлы, Қ.Кемеңгеров, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, М.Тынышбаев, т.б-лардың ұлт тарихына, мәдениетіне қатысты еңбектері жарық көрді (К.Нұрпейіс, «Аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері»). Б. 1937 ж. 27 қыркүйекте КСРО Жоғ. соты әскери коллегиясының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілген. Соңғы тергеуде Алаш партиясы мен кеңестік билікке қарсы әрекеттеріне байланысты барлық жауапкершілікті өз мойнына алған Б. ақтық сөзінде «Кеңестік билікті сүйген емеспін, бірақ мойындауға мәжбүрмін» деп мәлімдеді. 1989 ж. 14 мамырда КСРО Жоғ. сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды. Б. қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жерсуын, қысқасы, әлеум.-экон. жағдайын жан-жақ-

ты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі. Ол Щербина экспедициясының Семей обл-на қарасты Павлодар, Қарқаралы, Семей уездері мен Ақмола обл-ның Омбы уезінде жүргізген жұмыстарына тікелей қатысып, алуан түрлі деректі материалдар жинастырды. Экспед-ның қорытындылары 1903–05 ж. жалпы көл. 13 том болып жарыққа шықты. Осы экспед-дан кейін ол 1903 ж. С.П.Щвцов бастаған Сібір т.ж. бойында орналасқан Челябинск және Томск қ-лары аралығын мекендеген қазақтардың мал ш-н зерттеуге бағытталған экон. экспед-сына ат салысты. Экспед. жүктелген міндетке сай, қазақтың қой ш-ның жағдайын зерттеді. Сол өңірдегі қой ш-мен қоса ол бүкіл қазақ даласының түпкір-түпкіріндегі, атап айтсақ, Жетісу, Сырдария өңіріндегі қазақтардың қой тұқымдарын, шаруашылықтарын түгел қамтып, бір-бірімен салыстыра отырып қарастырды. Б. қазақтың қой ш. жайында сүбелі еңбек жазып шықты. Бұл еңбек экспед-ның басқа материалдарымен бірге «Материалы по экономическому обследованию районов Сибирской железной дороги» деген 3 бөлімнен тұратын кітап болып 1904 ж. Томбы қ-нда басылып шықты. Б. Ресей императорлық география қоғамының қызметіне қызу араласты. 1896 ж. оның Батыс – Сібір бөлімінің мүшесі болды, ал 1901 ж. оның басқару к-тіне сайланды. Б-тың тарих саласында жазып қалдырған «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты алғашқы еңбегі, қазақ халқының отаршылдық саясатқа деген көзқарасын, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат-мүддесін ашып көрсеткен «Киргизы» еңбегі басылып шықты. Өр жылдары Ресей императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөліміне қараған Семей бөлімшесінің басылымдарында жарияланған «Из переписки (писем) киргизских ханов, султанов», «Из переписки хана Средней киргизской орды Букея и его потомков» және «Из бумаг султана Большой киргизской орды Сюка Аблайханова» атты ғыл. жарияланымдарында қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын да терең зерттеген. Б. ауыз әдебиеті туындыларын жинауға көп күш салды. Сондай-ақ Б. тұңғыш абайтанушы да болды. Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерін жинақтауға ат салысты. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, жинақтың 1909 ж. Санкт-Петербургте басылып шығуына қол ұшын берген. Б-ның кейінгі ұрпаққа қалдырған әдеби мұрасының ең көлемдісі – көркем аударма. Аудармаларының ішінде орыстың классик жазушылары Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, В.Г.Короленко, Д.М.Мамин-Сибиряктармен қатар, Еуропаның қаламгерлері, сондай-ақ, үнді, түркі тектес халықтардың әдеби шығармалары бар. Б. көркем аудармаларының

басым бөлігін 20–30-жылдар аралығында, яғни 1922–27 ж. КСРО халықтарының орт. баспасындағы Қазақ секциясының әдеби қызметкері болып қызмет етіп жүрген кезінде аударған. Б. қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған публицист. Оның қаламынан шыққан мақалалар Санкт-Петербургтің «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» секілді басылымдарынан жиі көрініп тұрған. Б-ның атқарған ісі, кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат-мұрасы А.Ісімақова, С.Аққұлұлы сынды ғалымдарымыздың еңбектерінде кеңінен зерделеніп келеді. Белгілі ғалым Манаш Қозыбаев «XX ғасырдың ұлы реформаторы» атты мақаласында Б. мен Байтұрсынұлын егіз құбылысқа теңейді. «Егер Әлихан ұлт-азаттық қозғалысының саяси көсемі болса, Ахмет оның рухани көсемі. Әлихан мен Ахмет одағы ұлт-азаттық қозғалыстың толысуына, ұлттың ұлттық санасының жаңа деңгейге көтерілуіне ғажайып ықпал етті. Әлихан мен Ахметтің арқасында шығыстың ұлт-азаттық қозғалысы европалық бағыт алды. Ұлттық ұранға ие болды, томаға-тұйықтықтан шықты, бүкіл Ресей шығысында Алаш туы жоғары желбіреді» деп тамаша баға берген.

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 16.9.2017); Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А., 2013. – 6-т.

*М.Қойгелдиев*

**БӨТЕН** – шығыс жалғаудан соң қойылатын жалғаулық.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**БУНАҚ БУЫНДАРЫ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған термин. Б. б. – буын түрлеріне қарай бөлінген өлең өлшемі. Қазақ өлеңі силлабик. өлең жүйесіне, яғни буынға негізделеді. Сондықтан ғалымның өлең өлшеміне қатысты зерттеулері қазақ әдебиет теориясының жасалуына алғышарт болды. Автор өлеңде жалғыз буынды бунақ болмайтынын, ал бунақта буын саны екіден кем болмайтынын айтады. Жырдан басқа өлеңде бунақтың екі түрі: үш буынды бунақ және төрт буынды бунақ қолданылады. Ал екі буынды бунақ жар-жар түріндегі өлеңдерде ғана кездеседі. Сол себепті автор үш буынды бунақ пен төрт буынды бунаққа тоқталады.

*Е.Шынтай*

**БУРЦЕВ** Владимир Львович (1862, Ресей – 1942, Франция, Париж) – орыс публицисті. 1888–89 ж. шет елде тұрып Дебогорий-Мокриевичпен бірге «Свободная Россия» (3 нөмірі шыққан), 1890–1900 ж. Лондонда «Народоволец» (4 нөмірі шыққан) журналдарын шығарған. Ақпан революциясынан кейін Петроградта «Общее дело» газетін шығарады. 1921 ж. ақ гвардияшы

«Ұлттық комитетін» ұйымдастыруға белсене араласады. 1933 ж. «Былое» журналын қайта шығаруға тырысады. А.Байтұрсынұлы Б-тың қамауға алынғаны туралы мақала жазған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

**БУЫН** – сөйлеу мүшелерінің тұтастай қимылынан пайда болатын бір не бірнеше дыбыс тіркесі. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде бұрыннан қолданылып жүрген атауға жаңа мән үстеп, тіл білімінің термині ретінде енгізген. Бір сөздің ішінде бірнеше буын болатынын ескерте келіп, ғалым сөздерді буын санына қарай бір буынды, екі буынды, төрт буынды, көп буынды сөз т.с.с. түрінде жіктеген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімділерінің I-тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 6-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**БУЫН.** Қазіргі қазақ лингвистикасында қалыптаса бастаған «мәтін» (текст, речь) ұғымы мен оның атауы А.Байтұрсынұлы еңбегінде «сөйлеу» деп берілген. Мыс., «Жоғарыда жазылған екі сөйлеуден көрінеді: бір сөйлеудің ішінде бірнеше сөйлем болатындығы» деп, «сөйлеу» атауын «мәтін» мағынасында пайдаланып отыр. Одан әрі қарай «Бір сөйлемнің ішінде бірнеше сөз болады», «Бір сөздің ішінде бірнеше буын болады», «Бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болады» деп, мәтіннен сөйлем, сөйлемнен сөз, сөзден буын, буыннан дыбысқа жетеді. Тілдік талдаудың осы бір қарапайым үлгісін Байтұрсынұлы өз кезінде ұсынған болса, жалпы тіл білімінде іргелі зерттеу аялы ретінде соңғы 20–30 жылда қолға алына бастады. Өйткені оған дейін зерттеу желісі дыбыстан мәтінге қарай тартылып келді. Осыған орай Ж.Нәзбиев «Примененный А.Байтұрсыновым метод анализа позволяет все время иметь дело с конкретными языковыми единицами от конкретной речи (текста) к конкретному звуку (сингармоаллофону гласных и согласных). Если же провести анализ наоборот от звука к более крупным языковым единицам. То неизбежно столкнемся с абстрактным звуком, который не отражает ни один сингармоаллофон гласных или согласных казахского языка» дейді. Сонда тілдік талдау мәтіннен басталғанда ғана нақты тілдік бірліктердің құрамы анықталады екен. Байтұрсынұлы осы ретпен келіп барып, лингвистик. бірлік ретінде буынды бөліп шығарады. Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі буын жайына жан-жақты тоқталған. Бір жағынан қазақ тіліндегі тілдік бірлік ретінде қараса, екінші жағынан буынға әдістемелік тұрғыдан мән береді. Ең бастысы, «буыншы әріптер» деген ұғымды грамматик. айналымға қалай енгізгенінде болып отыр. Кез келген ұғым-

атаудың лингвистик. дәлелдемесі болу керек. Қазіргі кезде «дауысты дыбыстар буын құрай алады» деп, оны дауыстылар мен дауыссыздардың айырмашылығын көрсететін басты белгі ретінде оп-оңай пайдалана береміз. Көзіміз үйреніп, құлағымызға сіңіп кеткен. Ал сол дауыстылардың осы бір лингвистик. қызметін ашып беретін тәсіл бар ма? Қазіргі қазақ грамматикасында ондай ереже әзір жоқ: дауыстылар буын құрай алады дейміз де отырамыз. Бар болғаны «сөздің құрамында неше дауысты болса, сонша буын болады» дегенді алға тартамыз да қоямыз. Енді Байтұрсынұлының «буыншы әріптерді» табу тәсіліне қарайық. Оның реті мынадай болып шығады: «Төмендегі... сөздерді буынға бөліп жазыңдар... Буындағаннан кейін жалғыз өзі буын болып тұрған әріптерді бөлек шығарып жазыңдар. Бөлек шығарғаннан кейін, кітаптарына кез келген сөздерді буындап қараңдар – әлгілерден басқа жалғыз өзі буын болатын басқа әріптер бар ма екен? Сонан кейін басқа буындарды қараңдар. Кез келген сөздерді буындап қараңдар – әлгі әріптер кіріспейтін буын бола ма екен? Жалғыз өзі буын болатын әлгі әріптер болса, олар кіріспеген буын жоқ болса, буын жасайтын әріптердің қайсысы болғаны?» дейді. Сонымен, тағы да Байтұрсынұлы ұсынған «мәтінге» ораламыз. Өйткені тілдік материалдың көлемі жеткілікті болу керек. Сөйтіп, мәтін құрамындағы сөздерді буынға бөліп шығамыз. Олардың ішінен жалғыз өзі буын құрап тұрған дыбыстарды бір жағына, жалғыз өзі буын құрай алмай тұрған дыбыстарды бір жағына шығарамыз. Енді екінші мәтінді аламыз. Жалғыз өзі буын құрап тұрған дыбыстарды сол мәтін арқылы сүзіп шығамыз. Мәтін ішінде сол дыбыстар қатыспайтын буындар кездеспейтінін көреміз. Ендеше, «буыншы» дыбыстардың буын құрай алатын лингвистик. мүмкіндігі дәлелденді деген сөз. Әрине, бүгінде дауысты дыбыстардың буын құрай алатыны бастауыш мектеп баласына да белгілі, ережені жатқа айтып, мысалын оп-оңай тауып береді. Сол ақиқатқа жетудің тәсілін тауып, алғаш көз жеткізген – Байтұрсынұлы. Содан кейін барып балаға да, ересекке де түп-түсінікті ережеге айналып кетті. Байтұрсынұлы буын шегін ажыратудың (табудың) арнайы ережесін ұсынбайды, сөздерді буынға бөлу табиғи (физиолог.) тәсіл ретінде түсіндіріледі. Оның да дәлелі бүгінгі әлемдік лингвистикадан табылады. Мыс., «Наша речь в произносительном отношении распадается на минимальные единицы – слоги, которые артикуляционно не могут быть дальше разложены, как бы речь ни замедлялась, членение же речи на отдельные фонемы является результатом лингвистического анализа. Как свидетельствуют физиологи и психологи, при некоторых случаях



афазии, когда наблюдается распад плавности речи, он не идет дальше слога» дейді проф. М.И.Матусевич. Басқаша айтқанда, буын тілдегі ең кіші айтылым бөлшек болып табылады. Сондықтан да сөз буынға табиғи жолмен еркін жіктеледі. Байтұрсынұлы буын түрлерін де «буыншы» дыбыстарға сүйеніп барып анықтайды. Алдымен сөздерді буынға бөліп алады, сонан соң «буыншы әріп» басында, аяғында, ортасында тұрған буындарды жеке-жеке топтап алады. Әрі қарайғы буын түрлерінің анықтама-сы да қарапайым жолмен шешіледі: «Буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға «бітеу» деп ат қойындар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға «ашық» деп ат қойындар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға «тұйық» деп ат қойындар» дейді. Буын түрлеріне қатысты ұғымнан аты көрініп тұр, буын түрлерінің атынан ұғым туындап тұр. Қазіргі қазақ лингвистикасында буын түрлері сәл басқаша анықталып жүрген жайы да бар. Мыс., проф. С.Мырзабеков: «Құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай қазіргі қазақ тіліндегі буынның екі түрі бар: ашық буын және тұйық буын. Бұлай бөлу буынның теориялық та, практикалық та мәніне сай келеді» дейді. Сонымен Байтұрсынұлы еңбектерінде тілдік бірліктердің бәрі мәтін құрамында қаралады. Сөйтіп, әрбір тілдік бірліктің сатылап келіп басы ашылады. Ғалым «мәтін» атауын тікелей пайдаланбағанымен, сол «мәтін – речь, текст» ұғымында «сөйлеу» атауын алады. Мұның өзі қазіргі лингвистикадағы мәтін теориясымен байланысып жатыр. Осы тұрғыдан алғанда Байтұрсынұлы – қазақ тіл біліміндегі мәтін проблемасының бастау көзінде тұрған ғалым. Ол қазақ тілінің талдау желісін «мәтін – сөйлем сөз буын – дыбыс» деп тартады; буынды қазақ тілінің дыбыстарын дауысты-дауыссыз деп жіктеудің белгісі ретінде де пайдаланады; Буын түрлері олардың құрамындағы дыбыстар мен буын құрамындағы орын тәртібіне байланысты анықталады. Бұл – бүгінде үйреншікті ережеге айналған жайттар. Бұл жерде тек буындардың пішіні мен оларға қойылған атаулардың бір-бірімен астасып жатқандығын атап өту керек. Байтұрсынұлының буынға қатысты ұсынған атаулары: буын; буындау; буыншы әріпті; бір буынды, екі буынды, көп буынды сөздер; бір әріпті, екі әріпті, көп әріпті буындар; ашық, тұйық, бітеу буындар; айтылу, жазылу; тасымал; буынға бөлу; тұтас буын; буынды асыру. Қазіргі қазақ фонетикасында «сөз мағанасын буын өзгертеді» деген қағида ұсынылып жүр. Байтұрсынұлының буынға қатысты жаттығуларынан осы үрдісті байқаймыз. Жуан, жіңішке дауыстыларды өзара алмастырып (сан-сан), «айтылуы өзгерді, мағына-

сы өзгере ме?» деген сұрақ сингармонизм (фонол.) деңгейдегі ұғым деп түсіну керек.

Әдеб.: Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – А., 1992. – 445 б.; Назбиев Ж. Сингармоническое описание произносительных единиц в казахском языке. – А., 1998. – 166 с.; Матусевич М.И. Современный русский язык. Фонетика. М., 1976, 287 с.; Қазақ грамматикасы. – Аст., 2002. – 783 б.

*Г.Қайдарова*

**БУЫН ЕКПІНДЕРІНІҢ ТЫМ АЛЫСТЫҒЫ** – өңшең ұзын сөздердің бірөңкей келуі. Буын екпіндерінің арасы тым алыс болса, әуезділігінде кемшілік болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**БУЫН ЕКПІНДЕРІНІҢ ТЫМ ЖАҚЫНДЫҒЫ** – өңшең қысқа сөздердің бірөңкей келуі. Буын екпіндерінің арасы тым жақын болса, әуезділігінде кемшілік болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**БУЫН МЕН ДЫБЫС.** А.Байтұрсынұлы буынның үш түрін атап көрсетеді: бітеу буын, ашық буын және тұйық буын. Буын құрамындағы дауыссыздар буынқұрауыш яғни дауысты дыбыстарға бағынып айтылады: «... дауысты дыбыстар жуан айтылса – олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса – дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы». Әрі қарай буыннан сөз құралады, сөздің де айтылым ережесі буынның айтылым ережесімен бірдей болып шығады, сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстар дауыстының ықпалымен жуан/жіңішке әуезбен айтылады.

*Ә.Жүнісбек*

**«БҰҒЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Бұғының тұқымдастары, түрлері, адамға пайдасы (егі, сүті, терісі, күш-көлік болуы) туралы айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**БҰДАБАЙ** Қабылұлы (1842, Қызылорда обл. Шиелі ауд. – 1912, сонда) – айтыс ақыны. Б-дың алғаш ақын ретінде танылуы Қарлығаш деген қызбен айтысынан басталады. Жастайынан өлең-жырға әуес Б. шығармаларының біразын жазып қалдырған. Б-дың шығармаларының басым бөлігі ел бірлігі мен татулықты жырлауға, араздасқандарды бітімге шақыруға арналған. Кейбір нысапсыз, паракор ел басшыларын сынай отырып, бұрынғы өткен әділ би, кемеңгер шешендердің үлгілі істерін көлденең тартады, сөйтіп, оларды дұрыс жолға салмақ болады («Әлмәмбетке», «Әжібай мен Торғайға», «Аппазға», т.б.). Ақынның аты ел ішінде қайтыс болған қадірлі кісілерге жоқтау жазумен де белгілі болған. Оның «Әйкені жоқтау» деп аталатын жыры ел арасына кең таралған көркемдігі мен құрылысы жағынан ерекше туынды. Бұл жоқтауды А.Байтұрсынұлы «23 жоқтау» кітабына енгізген. Б-дың «Әшірдің

баласы Сыздықты жоқтау», «Өлмәмбеттің жалғыз баласы өлгенде» атты туындылары да жұртқа мәлім. Оның «Өзім жайлы», «Көңіл туралы», «Өмір туралы», т.б. өлеңдері белгілі.

*М.Жармұхамедұлы*

**«БҮ ЗАМАННЫҢ СОҒЫСЫ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 8 тамыздағы 73-санында жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автордың бұл мақаласы «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 31 шілдедегі 72-санында шыққан «Соғысушы патшалар» атты мақаласының жалғасы іспетті. Бұл алдыңғы мақалада соғысқа қатысушы елдердің геогр. жағдайы, халқы мен әскер саны жайында айтылса, соңғы мақалада аталмыш елдердің сол заманғы соғысқа қолданатын қару-жарақтары мен әскери техникалары сөз болады. «Мылтықпен зеңбіректен басқа пулемет деген бір пәле тағы да бар. Оның біреуі бір минутта 600 оқ шығарады. Бұрынғы зеңбіректер құр шошты болмаса, көбінесе тимейтін еді. Бұл күнде дала зеңбіректері 5 шақырым жерден, кеме зеңбіректері 10 шақырым жерден тиеді. Бұрынғы зеңбіректердің оғы 5 пұт болушы еді. Бұ күнгі зеңбіректердің оғы 40 пұт» деп қару-жарақтарға сипаттама да бере кетеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**БҰҚАР ЖЫРАУ** (1693, Баянауыл, Далба тауы бойында – 1787, сонда) – әйгілі жырау. Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Әкесі Қалқаман – батыр болған. Б. ж. қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білді. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салды. Өзінің саяси-әлеум. мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артты. Жырау азаттық жолында өлімге бас байлап, ерлікпен небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасан», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Ай, Абылай, сен он бір жасында» тәрізді толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен біл-

гірлігі сипатталады. Ал, «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз етеді. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактик. сипаты басым. Жыраудың табиғат пен адам өмірін астастыра суреттейтін жырлары да мол: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Өлемді түгел көрсе де», т.б. Осының бәрі жыраудың кәнігі шеберлігі мен талғампаздығын танытады. Б. ж. толғауларының поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше. Б. ж. поэзиясында ақындық даналықтан, тапқырлықтан нәр алған әсерлі, көркем теңеулер де кездеседі. Толғауларының



*Бұқар жырау*

танымдық-эстетик. мәні, сұлулық әлемі даралық-авторлық айқындаулардан да байқалады. Б. ж. шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері – Жақсылық пен Жамандық, Елдік пен Ерлік, Ізгілік пен Зұлымдық, Әділдік пен Әдептілік, Жастық пен Кәрілік, Татулық пен Араздық, Достық пен Дұшпандық, Адалдық пен Арамдық, Тектілік пен Азғындық, Тұтастық пен Бірлік. «Бұқарекен сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Б. ж. шығармаларының текстологиясы әлі күнге ретке келтірілмеген. Б. ж. мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде М.Ж.Көпейұлы, Қ.Халид, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұқаметқанов, М.Мағауин, Р.Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірді. Әдебиеттанушылар Б. ж. толғауларының жазба әдебиетке тән сипат белгілерін, атап айтқанда, әлеуметшілдік сарынын, азаматтық нысанын, сондай-ақ, жыраудың даралық өзгешеліктерін талдаса (Әуезов), екіншілері өмірі мен шығарм-на үңіледі (Мұқанов, Жұмағалиев, Мұқаметқанов, Мағауин), соңғылары жыраудың тілі мен стилін қарастырады (Сыздықова). Сөз жоқ, Бұқартану ілімінің қалыптасуы мен дамуы тарихы бар. А.Байтұрсынұлы өз еңбектерінде Б. ж-дың жырларынан үзінділер берген.

*М.Жармұхамедұлы*

**«БҮЛБҮЛ МЕН ЕСЕК»** – «Қырық мысалдағы» тоғызыншы өлең. 12 шумақ. Бұлбұл қусты

## БҮЛ КІМ?

іздеп келген Есек: «Сыртыңнан сайрағыш деп жұрт мақтайды, Тыңдайын, достым, біраз сайра» дейді. «Есектей сөзін Бұлбұл қабыл алды, Құлағын салып, Есек тұра қалды. Дауысын әлденеше түрлендіріп, Сандуғаш не әдемі әнге салды». Сонда Есек: «Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста, Солардың баршасы да әдемі әнге, Тауықтың айғырындай емес ұста... Қораздан біразырақ күй үйренсен, Сайрар ең мұнан гөрі артығырақ» дейді. Қорытынды: «Ал енді мұнда қандай ғибрат бар? Есектей іс ететін көп адамдар, Сары жезден саф алтынды айырмайтын, Дүниеде бар емес пе не надандар?» дейді автор. Талантты танудағы талғамның орны мен рөлін осылайша түсіндіреді. «**БҮЛ КІМ?**» – «Оқу құралына» енген шағын өлең. 13 тармақтан тұрады. Авторы – Ы.Алтынсарин. «Бала, бала, бала деп, Түнде шошып ояңған, Түн ұйқысын төрт бөліп, Түнде бесік таянған...» ананың бейнесі әсем де, айшықты жыр жолдарымен бедерленген. «Суық болса жөргегін, Қорғасындай балқытқан... Қолын қатты тигізбей, Кірлі көйлек кигізбей, Иісін жұпар аңқытқан» ананың киелі бесікті қалай қастер тұтып, ерекше баптауыны айқын көрінеді.

«**БҮЛШЫҚ ЕТ**» – «Оқу құралына» енген өлең. 40 тармақтан тұрады. Авторы Сәкен (Сейфуллин) деп көрсетілген. Бұлшық ет – сұлулық пен күштіліктің белгісі ретінде көрсетілген. Ежелгі жыр үлгісімен жазылған, аса көркем шығарма. Бұлшық етті «Айғырдың тоқпақ жалындай, Бөкеннің серке санындай, Қайыңның қырған безіндей, Шортанның жұмыр беліндей» деп суреттеу – адуынды ақынның ғана аузына түсетін теңеулер. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**БҮРАТАНА СӨЗДЕР** – сөйлем маңайында жүретін, басқа сөздермен үйлеспейтін, байласпайтын, алып тастағанда орны ойсырай қоймайтын, сөйлем мүшелерінен басқа сөздер. А.Байтұрсынұлы бұратана сөздерге қыстырма сөз бен қаратпа сөзді жатқызады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**БҮКПЕЛЕУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Атауынан байқалып тұрғандай, бір нәрсені бүтін айтып, сөздің ұшығын ғана көрсету бүкпелей сөйлеу болады. «Әдебиет танытқышта» берілген Жарылғасынның «Сөз – кілт, кеуде – сандық, ақыл – алтын» дегендегі «кілт», «сандық», «алтын» сөздерінде автор айтқысы келген бір түйіннің бүкпеленіп тұрғандығын көреміз. Б. бүгінгі қазақ әдебиеті ғылымында көркемдеуіш құралдар қатарындағы метафораға сәйкес келеді.

*Д.Оспанова*

**БҮКІЛОДАҚТЫҚ ТҮРКІТАНУШЫЛАРДЫҢ 1-СЪЕЗІ** – КСРО құрамындағы түркітілдес ұлттардың тіл мәселесі жөнінде өткізген жиыны. Баку қ-нда 1926 жылғы 26 ақпан – 5 наурыз аралығында өткізілген. Түркі тілдерінің мәселесі жан-жақты қаралған бұл жиынға әзербайжан, түрікмен, қазақ, қырғыз, татар, өзбек, башқұрт және т.б. ұлттардың атынан 130 делегат қатысты. Съезде 17 отырыс болды. Бірінші отырыста 22 адамнан тұратын төралқа мүшелері сайланды. Олар: Агамали оғлы, Ахундов Рухулла, Бартольд, Байтұрсынұлы Ахмет, Баратов, Бороздин, Джабиев Габиб, Ибрагимов Галимджан, Идельгузин, Кепрюлю заде, Кормасов, Нагамов И., Наговицын, Ольденбург, Павлович, Тынстанов-Кара, Чобан-заде, Бердиев, Акчокраклы, Алиев Умар, Менцель. Съезге қатысқан делегаттар түркі тілдерінің өткені мен бүгінгі, жазба мәдениетінің тарихын, бүгінгі және болашақтағы әліпбиінің терең ой талқысына салып, таразылап шыққан. Жиынның 6-отырысында Байтұрсынұлы баяндама жасап, жазу тәртібі жайында өз ойларын ортаға салған. Алқалы жиындағы сөзінде ғалым дұрыс жазу үшін тілдік дыбыстардың нақты және сәтті таңбалануы қажеттігін, сонымен қатар оқылуға жеңіл болуы керектігін баса айтты. Ұлттардың тілдік ерекшеліктеріне орай мысалдар да келтіріп кетті. Баку қ-нда өткен осы съездің бір сәтін түсірген видеокөрініс табылды. 4 секундтай ғана уақытты алатын көріністі [www.youtube.com](http://www.youtube.com) сайты14 жылғы 8 желтоқсанда жариялаған ([www.youtube.com](http://www.youtube.com). 12.10.2017).

*Әдеб.:* Первый всесоюзный тюркологический съезд. Баку, 1926.

*К.Қошым-Ногай*

**БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ЖОҒАРЫ БИЛІКТІ ҚҰРУҒА АРНАЛҒАН №104 АКТ.** Уфа қ-нда 1918 ж. 8–23 қыркүйекте мемл. мәжілісте қабылданған. Оған Бүкілресейлік құрылтай жиналысы, Сібір Уақытша үкіметі, Орал обл. үкіметі, Орынбор, Орал, Сібір, Иркутск, Жетісу, Енисей, Астрахан казактары, Башқортостан, Алаш, Түркістан үкіметтері, т.б. ұйымдар қатысқан. Мәжіліс Ресейдегі жоғары билікті Бүкілресейлік Уақытша үкіметке тапсырып, оның құрамын, ережесін, міндеттерін бекіткен. Бүкілресейлік Уақытша үкімет құрамына Алашорда үкіметінен А.Байтұрсынұлы, А.Бірімжанов, Ғ.Әлімбаев, С.Досжанов сайланды. Уақытша үкіметтегі Алашорда өкілдері ретінде Ә.Бөкейхан, И.Әлімбаев, Түркістан автономиясынан М.Шоқай, А.Оразаев, С.Муфтизаде сайланды. Бұл революция және соғыс жағдайындағы Ресейдегі ең жоғары билік болды.

**БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ.** 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ресейдегі ең жоғары билік болды.

сейде қалыптасқан саяси жағдайға байланысты мемлекет өмірінің негізгі мәселелерін шешу және басқару пішімін айқындау мақсатында шақырылған. Оның нақты заңды статусы 2 наурызда Мемл. Думаның Уақытша к-ті мен Санкт-Петербург кеңесінің атқару к-ті келісімге келуі нәтижесінде жасалды. Б. қ. ж-на партиялық тізім бойынша 730 делегат белгіленді. Сайлау 17 қыркүйекте өтіп, жиналыс 30 қыркүйекте шақырылатын болды. Бірақ Уақытша үкіметтің 9 тамыздағы шешімімен сайлау 12 қарашаға, ал жиналыстың шақырылуы 28 қарашаға қалдырылды. Ресей империясы көлемінде 73 сайлау округі құрылды. Қазіргі Қазақстан жерінде Жетісу, Сырдария, Орал және Дала сайлау округтері ұйымдастырылды. Қазақ зиялылары Б. қ. ж-на үлкен үмітпен қарап, халықты сайлауға әзірлеу жолында қолдан келген мүмкіндіктердің бәрін пайдаланып қалуға тырысты. «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа» газеттері арқылы халықты сайлауда ауызбірлік танытуға шақырды. Обл. қазақ к-ттері үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, халық арасына өз өкілдерін жіберді. I-жалпықазақ съезінде Б. қ. ж-на кандидаттар тізімі ұсынылды (қ. *I-жалпықазақ съезі*). Олар *Алаш партиясының* атынан тіркелді. Сайлау барысында Алаш партиясы барлық қазақ облыстарында ең көп дауыс алды. Бірақ Қазан төңкерісі нәтижесінде өкімет басына келген кеңестік билік сайлау нәтижелерін мойындамады. 1918 ж. 5 қаңтарда Санкт-Петербургте «Барлық билік Құрылтай жиналысына берілісін!» деген ұранмен көшеге шыққан халыққа большевиктер қару қолданды. 6 қаңтар күні ашылған Б. қ. ж-на қатысуға келген депутаттар күшпен қуылып таратылды. Сөйтіп, Б. қ. ж-ның іске кірісіп, алдына қойған демокр. мақсат-мүдделерді жүзеге асыруына мүмкіндік болмады. А.Байтұрсынұлы және Т.Шонанұлы бірге жазған «Оқу құралына (1926–27) енген «Тарики күн» (Февраль төңкерісі), «Петрбор кеңесінің II Николайды тұтқынға алуы», «Октябрь төңкерісі», «Егіз үкімет жайында», «Октябрь Петроградта», т.б. мақалаларда осы оқиғалар жан-жақты сипатталған.

*Әдеб.:* Спирин Л.М. Россия, 1917 год. – М., 1987; Учредительное собрание. Документы. – М., 1991; Протасов Л.Г. Всероссийское Учредительное собрание и демократическая альтернатива. – Отечественная история. – 1993. – №5; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. Оқу құралы. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.

*Е.Тілешов*

**БҮКІЛРЕСЕЙЛІК МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ БІРІНШІ СЪЕЗІ.** 1905 ж. 15 тамызда Нижний Новгород қ-нда өтті. Съезд 20 ғ-дың басында, жалпыресейлік мұсылмандық қозғалыстың өріс алған кезінде, 1905 ж. 8 ақпанда Санкт-Петербург қ-нда өткен мұсылмандар мәжілісінің ше-

шімімен шақырылды. Оған Түркістан өлкесінен, Сібір өңірінен, Қазақстаннан, Кавказдан, Қырымнан 150-ге жуық делегат қатысты. Съезде Ресей мұсылмандары өмірінің өзекті мәселелері талқыланды. Жергілікті өкімет орындарының рұқсат етпеуіне байланысты, Ресей мұсылмандарының тұңғыш съезі жасырын түрде, Ока өз-мен жолаушылар тасымалдайтын «Густав Струве» кемесінде өткізілді. И.Гаспринскийдің төрағалығымен өткізілген бұл съезде делегаттар патша өкіметінің отаршылдық саясатын, мұсылман халықтарының құқылары жылдан-жылға шектеліп келе жатқандығын сынға алды. Олар бұдан былай Ресей азаматтарының тіліне, дініне, нәсіліне, ұлтына, жынысына қарамай тең құқықта болуын талап еткен шешім қабылдады. Делегаттар Ресей мұсылмандарын өзара байланыстырып, іс-әрекеттерін бір ізге түсіріп отыратын саяси ұйымның құрылуын қажет деп тапты. Бұл ұйымның бағдарламасы мен жарғысын әзірлеу мұсылмандық қозғалыстың жетекшілері А.Топчибашев пен А.Ибрагимовке жүктелді. Съезде 5 тармақтан тұратын қарар шығарылды. Онда мұсылмандар отаршыл жүйемен күресте орыс және басқа да халықтардың демокр. күштерімен бірлесіп әрекет етуінің қажеттігі аталып көрсетілді. Делегаттар бұл съезді Ресей мұсылмандарының өміріндегі тарихи оқиға деп бағалап, жыл сайын тамыздың 15-і күні мұсылман елді мекендерінде аталып өтілетін болсын деген қаулы қабылдады.

**БҮКІЛРЕСЕЙЛІК МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІ.** 1906 ж. 15–23 қаңтар аралығында Санкт-Петербург қ-нда өтті. Съезге қатысқан 100-ден астам делегат ішінде С.Жантөрин, У.Танашев, М.Оразаев, Ш.Қосшығұлов, т.б. қазақ зиялылары болды. Бұл съездің өткізілуіне өкімет орындары рұқсат бермеді. Сондықтан съезд жасырын түрде қаладағы қонақ үйлерде, пәтерлерде өткізілді. Б. м. е. с-нде Ресей мұсылмандарының саяси ұйымын құру мәселесі қаралды. Делегаттардың ұйғарымы бойынша, бұл ұйым «Ресей мұсылмандары одағы» («Иттифак ул-муслимин») деп аталды. Ұйымның 23 тармақтан тұратын жарғысы қабылданды. Жарғы бойынша, «Ресей мұсылмандары одағының» 16 қ-да, соның ішінде Орынбор, Астрахан, Орал, Омбы, Қызылжар, Семей, Верный, Ташкент, Ашхабадта бөлімшелері құрылатын болды. Ұйымның бағдарламасын қабылдау Бүкілресейлік мұсылмандардың кезекті съезінің үлесіне қалдырылды. Съезд делегаттары Мемл. Думаға сайлау кезеңіндегі мұсылмандардың тактикасы мәселесін де қарады. Мұсылмандарды сайлау науқаны кезінде «Конституциялық-демократиялық партиямен» ынтымақтаса әрекет етуге шақырған қарар қабылданды.

## БҮКІЛРЕСЕЙЛІК

*Әдеб.:* Бигиев М. Ислахат асаслари. – Казан, 1917; Zenkovsky S. Pan-Turkism and Islam in Russia. – Cambridge, Massachusetts, 1960; Политическая жизнь русских мусульман до Февральской революции. – Оксфорд, 1985.

**БҮКІЛРЕСЕЙЛІК МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ҮШІНШІ СЪЕЗІ.** Патша өкіметінің ресми рұқсатымен 1906 ж. 16–21 тамыз аралығында Новгород қ-нда өтті. Оған 800-ден астам делегат қатысты. Делегаттардың құрамында С.Жантөрин, Ш.Қосшығұлов, Ж.Алдонғаров, Н.Сүлейменов, т.б. қазақ зиялылары болды. Б. м. ү. с-нің күн тәртібіне оқу ісі, діни басқарма, «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының бағдарламасы туралы мәселелер қойылды. Оқу мәселесі бойынша съезде 33 тармақтан тұратын қарар қабылданды. Онда мұсылман балалары үшін барлық елді мекендерде бастауыш және орта мектептер ашу, оқуды араб графикасы негізінде ана тілінде жүргізу мәселелері қарастырылды. Мұсылмандар бірлігін арттыра түсу мақсатында съезд «ортақ түркі тілі» барлық мектептерде оқытылсын деп шешті. Делегаттар діни мәселе жөнінде барлық мүфтилер сайланбалы болуы, қазақ облыстарының діни істерін Орынбор мүфтилігіне тапсыру, Түркістанда өз алдына жеке мүфтилік ашу туралы шешім қабылдады. Қазақ мүфтилігі мәселесі А.Байтұрсынұлының «Қазақ хәм түрлі мәселелер» атты мақаласында кеңінен талданған (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.). Съезде «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының бағдарламасы қабылданып, осы ұйымның 15 мүшеден тұратын Орт. к-ті сайланды. Оның құрамына А.Топчибашев, И.Гаспринский, А.Ибрагимов, Ж.Акчурин, Жантөрин мен Қосшығұлов кірді. Делегаттар телеграф арқылы съезде қабылданған шешімдермен қоса, өздерінің 1-Мемл. Думаның таратылуын әділетсіздік деп бағалайтындықтары жайында, «17 қазан манифесі» жариялаған бостандық негіздерін қалпына келтіру мақсатында тез арада Думаны қайта шақыру қажет екендігі жөнінде Мин. Кеңесінің төрағасы атына мәлімдеме жолдады.

*Әдеб.:* Русие мөселмандариниң өченге надусеи. – Казан, 1906; Залевский К. Национальные движения // В кн.: Общественные движения в России в начале XX века, под ред. П.Мартова. – Спб., 1911. – Т. 4. – Ч. 2; Zenkovsky S., Pan-Turkism and Islam in Russia. – Cambridge, Massachusetts, 1960; Политическая жизнь русских мусульман до Февральской революции. – Оксфорд, 1985.

**БҮКІЛРЕСЕЙЛІК МҰСЫЛМАНДАР КЕҢЕСІ,** Ш у р о - и и с л а м – 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің шешіміне сәйкес құрылған қоғамдық-саяси ұйым. Бұл ұйым Уақытша үкімет жағдайында, мұсылмандардың және олардың қоғамдық ұйымдарының Құрылтай жиналысына дейінгі іс-әрекеттерін қадағалап, үйлестіріп

отырды. Құрамына Түркістаннан – 7, Кавказдан – 5, Қырымнан – 2, қазақ облыстарынан – 5, Литва татарларынан – 1, Ішкі Ресей мұсылмандарынан 10 адам кірді. Б. м. к-нің Петроград қ-нда орналасқан 12 адамнан тұратын атқару к-тінің төрағалығына А.Салихов, орынбасары болып Ж.Досмұхамедов сайланды. Атқару к-ті мүшелері қатарында алғашында У.Танашев, Ж.Ақбаев, А.-З.Уәлиди Тоған, Ғ.Ходжаев, К.Тоғысов, Ш.Мұхамедияров, И.Лиманов, т.б. саяси қайраткерлер болды. Б. м. к. Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің шешімдерін басшылыққа алды. 1917 ж. шілдеде өткен *1-жалтықасақ съезі* Б. м. к-не мүшелікке қазақ өкілдерін: Ақмоладан А.Тұрлыбаевты, Семейден Ә.Сәтбаевты, Торғайдан Ә.Байғуринді, Оралдан Досмұхамедовты, Ішкі Ордан У.Танашевті, Жетісудан Б.Мәмбетовты, Сырдариядан М.Шоқайды, Ферғанадан Ғ.Оразаевты сайлады. Б. м. к. 1917 ж. шілдеде Қазан қ-нда Бүкілресейлік мұсылмандар съезін өткізуді ұйымдастырды. Б. м. к. Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді

*Әдеб.:* Сюндиков М. Съезд хатреси. – Казан, 1917; Zenkovsky S. Pan-Turkism and Islam in Russia. – Cambridge, Massachusetts, 1960; Программные документы мусульманских политических партий 1917–1920 гг. – Оксфорд, 1985.

**БҮКІЛРЕСЕЙЛІК МҰСЫЛМАН СЪЕЗІ,** 1914 ж. 15–20 маусымда Санкт-Петербург қ-нда 4-Мемл. Думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен өтті. Съезд өткізу жөнінде мұсылман фракциясының төрағасы Қ.Тевкелев ішкі істер министрінен арнайы рұқсат алды. Б. м. с-не қатысқан 35 делегаттың 7-еуі қазақ (Ә.Бөкейхан, Б.Қаратаев, С.Лапин, С.Шорманов, Ж.Сейдалин, Д.Аманшин, Ғ.Нарымбетов). Съездің күн тәртібіне мұсылмандардың діни істерінің жайы, бұл жөнінде Заң жобасын әзірлеу мәселесі қойылды. Съезде Қаратаев пен Лапин қазақтардың діни істерінің Орынбор мүфтилігінен шығарылып тасталуының басты себебі орыстандыру, шоқындыру саясатында жатқанын айтып, діни істерді жергілікті әкімш. қарамағынан алу керектігін ұсынды. Съезде «Ресей мұсылмандарының діни істері» туралы Заң жобасы әзірленді. Онда Санкт-Петербургте мұсылмандардың орт. діни басқармасын құру, қазақтардың діни істерін жергілікті әкімш. қарамағынан алу, оны Орынбор мүфтилігіне тапсыру, Түркістан өлкесінде өз алдына жеке мүфтилік ашу мәселелері қарастырылды. Бұл Заң жобасын Мемл. Думаға енгізу үшін делегаттар тарапынан мұсылман фракциясына көмек көрсету керектігі атап өтілді. А.Байтұрсынұлы «Қазақ хәм түрлі мәселелер» атты мақаласында «Қазақтың өзіне арнап жеке мүфтилік бере қалса, мүфти, қазы, ахун, имам боларлық молдалар табылар ма? Қазақ молдалары да жарыққа шығып, беті-жүзін көрсетуі

тиіс шығар дейміз» деп жазды. Яғни муфти мәселесін қозғап, рухани істерде қазақ молдаларын ашық кеңестерге шақырды.

*Әдеб.*: Шура. – 1914. – №15, 16; Мұсылман съезі қақында. – Айқап. – 1914. – №14; Бөкейханов Ә. Шығармалар. – А., 1994; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*С.Рүстемов*

**БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ.** 1917 ж. 25 қазанда Бүкілресейлік кеңестердің 2-съезі ашылды. Съезд Кеңес мемлекетінің жоғ. органы – Бүкілресейлік орт. атқару к-тіні (БОАК) сайлады. Ленин бастаған Кеңес үкіметі – Халық комиссарлар кеңесі (ХКК) құрылды. РК(б)П 7-съезі (1918 ж., 6–8 наурыз, Петроград) партияның атын Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы – РК(б)П деп өзгертті. Респ. рев.-әскери кеңесі ұйымдастырылды. 1919 ж. А.Байтұрсынұлы В.И.Лениннің қабылдауында болып, Қазақ өлкесі әскери-рев. к-тіне, Бүкілресейлік атқару к-тіне мүше болды. БОАК мүшесі ретінде 1922 ж. Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу жөнінде құрылған өкілетті комиссияның құрамына енді.

*Д.Жарылгасын*

**БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯ,** 1917 ж. 7 (20) желтоқсанда РКФСР ХКК қаулысымен ХКК жанынан контррев. және саботажен күресу жөніндегі Бүкілресейлік төтенше комиссия құрылып, оған Ф.Э.Дзержинский басшылық етті. 1918 жылдың тамызынан ХКК жанындағы контррев., алыпсатар және қызмет бабындағы қылмыстармен күресу жөніндегі Б. т. к. деп аталды. Оның 1920 жылдың 17 қаңтарына дейін ату жазасын қолдану құқы болды. 1922 ж. 6 ақпанда Бүкілресейлік ОАК Б. т. к-ны таратып, орнына Ішкі істер халық комиссариатының жанынан Мемл. саяси басқарма (НКВД жанындағы ГПУ, 1922–23) құруға қаулы етті. 1923–34 ж. КСРО ХКК жанындағы Біріккен мемл. саяси басқарма (ОГПУ СССР), 1934–41 ж. КСРО ІХК МҚМБ (ГУГБ НКВД СССР), т.б. аталды. 1934–36 ж. НКВД-ны Г.Г.Ягода, 1936–38 ж. Н.И.Ежов, 1938–45 ж. Л.П.Берия басқарды. 1930-жылдардың басынан ОГПУ органдарында жаппай саяси қуғын-сүргін басталды. Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 ж. 2 маусымда А.Байтұрсынұлы 43 Алаш қозғалысы қайраткерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешімімен Байтұрсынұлына «1921 ж. Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, ортаазиялық пантүркішіл ұйымның басшысы Валидовпен байланыста болды, 1927 ж. қазақ даласында қа-

рулы көтеріліс даярлау әрекетіне қатысты» деген айыптар тағылып, РКФСР Қылмыстық кодексі 58-бабының 2-, 4- және 11-тармақтарына сәйкес ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырап, 1931 ж. қаңтарда 10 жылға концлагерьге, 1932 ж. 3 жылға Архангельскіге жер аударылды. 1933 ж. Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен бірге өткізуге рұқсат берілді. 1934 ж. Е.П.Пешкованың (М.Горькийдің зайыбы) көмегімен отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралды. 1937 ж. 8 қазанда қамауға алынып, 8 желтоқсанда атылды. 1988 ж. 4 қарашада Қазақ КСР Жоғ. сотының шешімімен ақталды.

**БҮРКЕНШІК АТ,** лақап ат, псевдоним (грек. pseudos – жалған, onuta – есім) – автордың өзінің шын есімін ауыстырып қолданатын ойдан шығарылған есімі. Б. а-қа қоғам қайраткері, жазушылар, суретшілер мен артистер түрлі себептердің салдарынан иек артқан: цензураның ізіне түсуінен жасырыну үшін, авторлық және шығарма бағасын айқындау үшін қолданған (әдеби маска). Сондай-ақ, алғашында өзінің суреткерлік қарымына сенімі нық болмаған жағдайда, аттас адамдар кездескенде де Б. а. қолдануы мүмкін. Б. а. әлем халықтарына кеңінен тараған. Мыс., Дж. Свифттің 70-тен, В.Скоттың 160-тан астам Б. а-тары болған. Кез келген адам бүркеншік атпен шығарма жазуға хақылы. Б. а. авторлық құқық бойынша қорғалады және автордың келісімінсіз оның Б. а-тын жария етуге ешкімнің хақысы жоқ. А.Байтұрсынұлының қызмет еткен «Қазақ» газетінде, баспадан шығарған оқулық кітаптарында Б. а-тар жиі кездеседі. Мыс., «Байқаушы», «Қыр баласы», «Азамат», «Агроном», «Елдес», т.б. Б. а-тар бар.

*К.Қошым-Нозай*

**БҮТІН СӨЙЛЕМ** – А.Байтұрсынұлы синтаксисінде қазіргі қазақ тіл біліміндегі үйірлі мүше деген терминнің баламасы ретінде қолданылған термин. Бүтін сөйлемнен жасалған бастауышқа мысал ретінде «*Сенікі, менікі деген – көңіл тарлығы, ары жат, бері жат*» деген – төсек тарлығы» деген сөйлем келтірілсе, бүтін сөйлемнен жасалған баяндауышқа «*Білемін деген*» – «*бүлемін*» деген болады деген мысал келтіреді.

*Ж.Жақытов*

**«БЫЛҒАРЫНЫҢ МҰҢЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Етіктің қалыбы мен былғарының арасында болған әңгіме түрінде баяндалған. Әңгіме барысында қалы пен былғары өздерінің не үшін керек болатыны жөнінде сыр бөліседі. Осы арқылы автор шәкірттерді олардың қасиеттерімен таныстырады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«БІЗДІҢ МЕКТЕП»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Авторы көрсетілмеген. Мұнда «Ескі оқу

тәртібіне» («Байжанның молдасы») қарама-қарсы жаңа оқу тәртібі суреттелген. Бірінші басқыш мектепте оқитын шәкірттің атынан баяндалған. Мектептің, сынып бөлмелерінің жалпы жағдайы қазіргі кездегімен бірдей: «...Класымызда жиырма парта бар, бір партада екі баладан отырамыз. Жарық сол жағымыздан түседі. Оқытушының сол жағында қара тақта тұрады. Тақтаға бормен жазамыз. Тақта артында шкаф, ішінде кітап, қағаз, қарындаш, сия сақталады. Қарсы алдымызда көбейту мен өлшеулер сатысы ілулі тұрады... Бір бөлмеде шешінеміз...», «Сабағымызды білмей қалсақ, оқытушымыз қайтадан түсіндіреді. Кейін, жазаландырмайды...». Авторлардың мақсаты жаңа мектептің үлгісін, оның молда оқытатын ескі мектептен артықшылығын көрсетіп, насихаттау екені байқалады.

*С.Ғұсманқызы*

**БІЛӘЛОВ** Шерәлі (10.3.1944 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд. Көксарай а.) – физ.-матем. ғыл. канд. (1991), филол. ғыл. докт. (1998). ҚазҰУ-ды (1969) және аспирантурасын (1988) бітірген. Қазақ КСР Орт. статистика басқармасы респ. есептеу орт-ның ауысым бастығы (1969–73), КСРО Мемл. банкі Қазақ КСР конторының есептеу орт-нда бөлім меңгерушісі (1973–90), Қазақстан ҒА-ның Матем. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1990–2000) қызметтерін атқарды. 2012 жылдан Математика, информатика және механика ин-тының жетекші ғыл. қызметкері. «Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 14 ғыл. еңбегі жарық көрді. Б. «Ахметтануға кіріспе» кітабының авторы.

«**БІЛІМ ЖАРЫСЫ**» – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 31 мамырдағы 16-санында жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Мақалада автор өркениетті елдерде білім жарысы болатынын, ал қазақтарда той жасап, ас берген уақыттарда ат жырысы секілділерді ұйымдастыратынын, алайда мұндай жарыстарда ас та төк ысырапшылдыққа ұрынатынын салыстырмалы түрде жеткізеді. «Өткен 1912-нші жылы Нобель бәйгелерін алған адамдар: 1) Инженер Дален – ғылым қикметінен көрсеткен үздік біліміне алды. 2) Профессор Каррел – дәрігерліктен көрсеткен үздік біліміне алды. 3) Неміс жұртының атақты драма жазғыш жүйрігі Гауыптман – әдебиет жүзінде үздік біліміне алды. 4) Сабагиа. 5) Гренкер – пырантсуз ғұламалары, ғылым қикметінен көрсеткен үздік білімдеріне алды» дей келе: «Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім тарататын кітаптар жақ-

сы боларға керек хәм қалық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы» деп ой қорытады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

«**БІЛІМ ЖАРЫСЫ ХАҚЫНДА**» – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 23-санында жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Мақалада автор «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 16-санында өзі жазған «Білім жарысы» атты мақалаға орай үн қатқан оқырман пікірлеріне талдау жасайды. Газеттің тұрақты оқырмандарының бірі Әлмен Әзірмәмбетұлының хатынан: «Білім жарысына бәйге тігетін байлар шығатын емес, онан да талапкерлер «Қазақ» газетасы арқылы бір сомнан жинасақ, екі-үш жылдың ішінде бірнеше мың сом болмай ма, сонан кейін білім жарысына түсетін қаламы жүйріктер шықпай ма, сыншылар лайықтап қарап, бәйгені үлестіріп бермей ме?» деген пікірін келтіреді де, оны оқырмандардың еріктеріне салады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**БІР БУЫНДЫ СӨЗ** – бір ғана буыннан тұратын, яғни жалғыз дауыстысы бар сөз. «Тіл-құрал» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы бір буынды сөзге мысал ретінде *ат* сөзін келтіреді. Ғалым бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болатынын ескертіп, «*не?*», «*же!*», «*мә!*», «*ат*», «*аш*» деген сөздерді мысалға келтіреді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. – I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**БІР ДЫБЫСТЫ БУЫНДАР** – жалғыз дауыстыдан, бір дыбыстан тұратын буындар. Ғалым *а-ра, а-та, а-зу, а-су, а-зу, а-сы* сөздерін мысал ретінде келтіріп, олардың бірінші буындарында бір-бір дыбыстан барын ескертеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. – I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**1905 ЖЫЛҒЫ САЯСИ БАСҚОСУЛАР.** 1905 ж. патша үкіметі жариялаған манифестен кейін қазақ зиялылары Омбы, Павлодар, Баянауыл, Қарқаралы, т.б. қ-ларда түрлі басқосулар ұйымдастырып, онда Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев, т.б. ұйымдастырушылық және қайраткерлерлік пәрмен танытқан. Бұндай саяси басқосулар «Қарқаралы құзырхаты» секілді отаршылдыққа қарсы бағытталған шаралардың табиғи жалғасы, сондай-ақ кейін Алаш қозғалысының бастауларының бірі болды.

*М.Бақытқызы*

«1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ЖУРНАЛИСТИКА» – кітап. Авторы – Н.Омашев. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 320 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітап «Ұшқын» (1919–1920 жж.), «Еңбек туы» (1920–1921 жж.), «Еңбекшіл қазақ» (1921–1925 жж.) басылымдарына арналған. Әуелі Кирревкомның, кейіннен Қазақ АКСР-інің ресми органы болған басылым беттерінде үкіметтің түрлі қаулы-қарарларымен бірге қоғамдық-саяси, мәдени-шаруашылық тақырыптарға арналған көсемсөздер жарық көрген. Бұл көсемсөздердің арасында пікірталасқа құрылған, ұлттық мүддені ұлықтаған жарияланымдар да аз емес. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тұрғанбаев, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллиндердің, Танабұға, Кэртай, Шаруашыл сияқты бүркеншік есім иелерінің публицистикасы басылымдарды жаңаша қырынан тануға мүмкіндік береді. Кітапта Ахметтің «Лениннің 50 жасы мақаласы, сондай-ақ оған қатысты «Жалпы жиылыс», «Оқу кітаптарын даярлау туралы қаулы», «Ахмет Байтұрсынұлы 50-ге толды», «Тағы да Ахмет туралы Әйтиевке жауап» атты мақалалар жарияланған. Кітап соңында мақалалары түсіндірме, авторлар көрсеткіші және сол кезде қолданыста болған атаулар мен олардың бүгінгі баламалары ұсынылған. Еңбек зерттеушілерге, журналистер мен тіл-әдебиет мамандарына, студенттерге, магистранттарға және көпшілік қауымға арналған.

*С.Хасенов*

**1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІС.** 1916 жылғы Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық көтеріліс патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Көтерілістің басталуына Николай II патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы «Реквизициялау туралы» жарлығы себеп болды. Жарлық бойынша, Қазақстан, Орта Азия және ішінара Сібірдің «бұратана халықтарының» 19–43 жас аралығындағы ер-азаматтарынан қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынас жолдарын салуға, оқоп қазуға, т.б. майданның тыл жұмыстарына 400 мың адам, оның ішінде қазақтардан 240 мыңға жуық адам алу белгіленді. Қазақстандағы көтерілістердің алғашқы ошақтары 1916 жылдың шілде айында пайда болды. Жұмысқа алынатындардың тізімдерін жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және жергілікті әкімш-тердің басқа да қызметкерлері болды. Әкімш. жүйе қазақтарда туу туралы куәліктің болмағандығын пайдаланды. Тізімге жас шамасына қарамастан, кедейлерді қалауынша, ал аukatты әулеттер пара беру арқылы шақырудан

босатылды. Оның үстіне патшалық өкімет орындары өлке тұрғындарының кейбір әлеум. топтарының өкілдерін (болыс басқарушыларын, жергілікті халықтан шыққан төменгі шенді полицейлерді, имамдар мен молдаларды, ақсүйектер мен құрметті азамат құқықтары барларды, т.б.) майданның кара жұмысынан босатты. Осындай іс-әрекеттер халықтың ашу-ызасын тудырып, көтерілісшілер болыстық кеңселерді, болыстар мен ауыл старшындарының үйлерін, тізімдерді өртеп жіберді. Жекелеген болыс бастықтарын жазалады. Халықтың ашу-ызасынан туындаған бұл қозғалыстар біртіндеп ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласты. 1916 ж. көтеріліске шыққан көтерілісшілердің негізгі құрамы қазақтар болды. Оңт. облыстарда (Жетісу мен Сырдария) көтеріліске қазақтармен бірге ұйғыр, өзбек, қырғыз, дүнген, т.б. қатысты. Сол кездегі саяси қайраткерлерде көтеріліске деген бір-ынғай көзқарас қалыптасқан жоқ. Қазақ зиялыларының кейбір өкілдері (Т.Бокин, Ж.Ниязбеков, Ә.Жүнісов, Т.Рысқұлов, С.Меңдешов, Б.Алманов, Ә.Жангелдин, т.б.) патша жарлығына батыл қарсы шығып, халықты қарулы күреске шақырса, «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан либерал-демокр. зиялылардың жетекшілері (А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, т.б.) патша өкіметінен тыл жұмысына адам алуда асықпауды өтініп, керісінше, дайындық шараларын жүргізу жөнінде ұсыныстар жасады. 1915 ж. «Қазақ» (166-, 168-, 177-сандарында) газетінде әскерге адам беру мәселесін көтеріп, «Қазақтан осы соғыс үстінде солдат алынбау; солдат алудан бұрын метрике түзуе үшін муфтилікке қарау, лажсыз алынатын болғанда, жаяу солдат болмай, атты әскер болу, қазақ – орыспен жер-су хәм правода теңгерілу», т.б. туралы айтты. Өздерінің тілектерін жеткізу үшін Мемл. Дума мен Соғыс министріне арнайы өкілдік даярлады. «Қазақ» газеті 1916 жылғы 9-санында жариялаған «Г.Дума хәм солдаттық мәселесі» атты мақаласында «Солдаттық туралы қазақ халқының пікірін, тілегін хукіметке, Думаға жеткізу үшін, олармен сөйлесіп, жай-жапсарды түсіндіру үшін хәм облыстан біреу өкіл баруы тиіс еді. Бұл істі қалың қазақтан күту, қашпаған қашардың аузына қарағандай болатын болған соң, Дума ашылуға қарсы Самардан Бөкейхан, Орынбордан Байтұрсынұлы, Ақтөбе уезінен Н.Бегімбетов 3 ақпанда Петроградқа жүріп кетті» деп атап кетті. Бірақ бұл өкілдік Думаның мұсылман фракциясы және Соғыс министрінің қабылдауында болғанымен, жұмыстары нәтижесіз аяқталды. Дегенмен, бұл тарихи факт қазақ қоғамының Мемл. Дума мен мемл. басқару аппаратында ұлттық талап-тілекті білдіретін өкілдердің жоқтығын, сондай-ақ ресми билік тарапынан жандармдық бақылауда жүрген азаматтардың патша дайындап жатқан жарлыққа



## 1916 ЖЫЛДЫҢ

мүмкіндігінше ықпал етуге тырысқан әрекеттерін көрсетті. 25 маусым жарлығы шығып, көтеріліс басталғанда губерндік басшылар «Қазақ» газетін, оның редакторы Байтұрсынұлын, Бөкейхан және Дулатовты билікке қарсы бүлікке шақырушылар ретінде айыптап, қатаң бақылауға алды. Патша әкімш. қазақ даласына жазалау отрядтарын шығарып, көтерілген халықты басуға дайындалып жатты. Сондықтан олар көтеріліске шыққан халықты патша өкіметі аяусыз жазалайтынын ескертті. Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 214-санында жарияланған «Военное положение» атты мақаласында «Қазаннан Ырғыз, Торғай уездеріне баратын военный суд шығайын деп жатқан көрінеді. Военный судтың жай гражданский судтан айырылатын толып жатқан жігі бар. Военный судтың жазасы күшті, ісі шапшаң. Жай судтай следство жасау жоқ. Тергеу, тексеру қысқа. Құрылған жерінен тысқары болса, айғақтарды сұрамасқа ықтиярлы. Жазу-сызу аз. Хүкімді тез орнына келтіру қажет десе, ол үкімінің үстінен риза алмасқа ықтиярлы. Военное положение соғыс заңында болған соң, созып отыру жоқ. Ұмар-жұмар іс бітіру болады. Түркістанда военный суд құрылып, бүліншілік шыққан жерлерінің халқы тергеуде. Талай адамдар жазасын тартып та қойды» деп жазды. Кейін Ақтөбе қ-нда өткен жиында Торғай обл. вице-губернаторының «Бірде-бір қырғыз (казак) тірі қалмаса да, патша бұйрығы орындалатын болады» деп сес көрсетуі ондай қауіптің негізсіз еместігін айқын аңғартты. Осы кезде Байтұрсынұлы, Бөкейхан, Дулатов қол қойған ашық хат жарияланды. Көпшілікті жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шақырды. Байтұрсынұлы «1916 жылдың көтерілісі» атты мақаласында «Октябрьден бастап Сарыарқада соғыс басталды. Даланы әскер қаптады. Қан судай шашылды. Ақырында қыс ортасы ауа әлсіреген қазақ амалсыз жігіттерін бере бастады... көтеріліс бастықтары абақтыға жабылып, шетінен атылып жатыр. Ырғыз уезінде бір ауылнай елден 4 мыңдай жылқы телімге түсіп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті... Базарда қып-қызыл шиедей қазақ мүлкі сағылып, қазақ малы саудаға түсетін болды» деп жазды. Жаппай көтеріліс тек қазақ даласын ғана емес, көршілес Орт. Азия елдерін де қамтыды. Бірақ көтеріліс Қазақстанның барлық аймақтарында қатаң басып-жаншығалды. Дегенмен, қазақ халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында бұл ерекше орын алған көтеріліс болды. Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, негізінен, Ресей империясындағы саяси және әлеум.-экон. дағдарысты шиеленістіріп, әскери-әкімші. және отаршылдық басқару жүйесінің ір-гесін шайқалтты.

Әдеб.: Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII–XX ғасырлар). – А.: «Жалын» баспасы, 2004; Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: Сардар, 2014; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. Оқу құралы. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.

Қ.Сақ

«1916 ЖЫЛДЫҢ КӨТЕРІЛІСІ» – «Оқу құралына» енген әңгіме. Қазақ тарихындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің туу себептері, оның халыққа тигізген қасіретті зардаптары, «Әр ел өз бетімен хан сайлап, үкіметке қарсы шыққаны», тек патша құлағанда ғана көтерілістің басылғаны айтылады. Шәкірттерді ел тарихымен таныстыру мақсаты көзделген. Ғыл. түсініктеме берілген.

«1917–1937 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСПАСӨЗДЕ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ» – ғыл.-зерт. еңбек, Л.Нұрғалиеваның кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 1998 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – К.Нұрпейісов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан («Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату баспасөзде және ғылыми зерттеулерде», «Қазақстандағы ұжымдастыру мен ашаршылық зардаптарының баспасөзде көрінісі», «Қазақстандағы мәдени құрылыс пен жаппай саяси қуғын-сүргін тарихындағы ақтаңдақтардың жабыла бастауы»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеуде Қазақстан тарихының Кеңес өкіметінің 20–40-жылдарындағы ақтаңдақ мәселелерінің зерттелу барысы баспасөз материалдары, соны еңбектерге сүйеніп, жаңа тұрғыдан қарастырылған. Ғыл. әдебиетте, баспасөзде жарияланған, архив құжаттарынан алынған деректер мен материалдар негізінде Қазақстанда болған ашаршылықтың, репрессияның, қудалау мен жазалаудың басты себептері объективтік тұрғыдан көрсетілген. Сондай-ақ еңбекте А.Байтұрсынұлының саяси, шығарм. қызметі, ақталу тарихы, зерттеушілердің ол жайындағы еңбектері баяндалған. Көл. 143 бет.

«1937–2007 Ж. ТАУҚЫМЕТ ПЕН ТАҒЗЫМ» – өмірбаяндық анықтамалық, құжаттар, мақалалар жинағы. Құрастырған – Б.Төлепберген. Алматы қ. әкімдігі Ішкі саясат департаментінің мемл. тапсырысы аясындағы қолдауымен жарық көрген. «Жерұйық» қоғамдық бірлестігі шығарған. А., «РИИЦ АЗИЯ» баспасынан 2007 ж. жарыққа шыққан. Көл. 297 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап К.Нұрпейістің «Азалы тарихқа айрықша тағзым» атты алғы сөзімен ашылған. Үш бөлімнен («Алаштың арыстары, 37-де опат болғандар (Өмірбаяндық анықтамалық)», «Құжаттар (Елбасы үндеуі, қаралы тізім, мұрағаттық деректер)», «Мақалалар (Алаштың арыстары мен ұрпақтарының тағдырлары турасында)» және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл

кітап 1937 жылдардағы қуғын-сүргінге 70 жыл толуына арналған. Кітап өмірбаяндық анықтамалық, құжаттар мен мақалалардан құралған. Қазақстан халқының басына төнген сонау жылдардағы нәубет пен зобалаң тарихи-танымдық тұрғыдан сипатталған. Жинақтың 13–14-беттерінде А.Байтұрсынұлының өмірбаяны, ал 243–246-беттерде А.Мектеп-тегінің «Ахаң бастаған сара жол» атты көлемді мақаласы жарияланған. Кітап аталған тақырыпқа қызығушылық танытқан барша оқырманға, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

*С.Арғынғазин*

**1988 ЖЫЛҒЫ 4 ҚАРАШАДАҒЫ ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ШЕШІМІ** – Алаш қайраткерлерін ақтау жөніндегі құжат. Қазақ КСР Қылмыстық және құқықтық кодексінің 375-бабын басшылыққа алған Қазақ КСР Жоғ. соты шығарған бұл шешімде «СССР Халық комиссарлар советінің жанындағы ОГПУ-дің (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма) IV коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мирза-Ғазы Есболов, Халел Ғаббасов, Дінмұхамед Әділов, Ғазымбек Бірімжанов, Ахмед-Сафа Юсупов, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Дамолла Битілеуов, Хайретдин Болғанбаев, Абдолла Байтасов, Кәрім Жәленов, т.б. жөніндегі Қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан тергеу барысы тоқтатылсын. Қазақ ССР прокуратураның наразылығы қанағаттандырылсын» делінген (Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В 3-х т. – А.: ОФ «Дегдар», 2016). Шешімге 1988 ж. 4 қарашада Қазақ КСР Жоғ. соты Т.К.Айтмұхамбетов, коллегия мүшелері Е.Л.Грабарник, Қ.Т.Кенжебаев қол қойды. Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі 1-хатшысы О.Сүлейменовтың Бас прокуратураға жолдаған сұрауы бойынша жүргізілген бұл іс Жоғ. сотта, негізінен, ақпан–сәуір айларында қаралып, сот шешімі Бас прокуратурада алты айдан кейін бекітілген. «Алашордашылардың» кеңес өкіметін құлатуға бағытталған контрреволюциялық астыртын ұйымы» атты 14 томнан тұратын бұл іске 72 адам (бір адам тергеу кезінде қаза тапқан) тартылған. Қазақ КСР Жоғ. соты бұл жолы 14 адамды ақтаған. Ә.Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлерінің көпшілігінің мәселесі кейінге қалдырылған.

**«БІРТҮТАС АЛАШ ИДЕЯСЫ»** – зерттеулер жинағы. Авторы – Т.Жұртбай. ҚР БҒМ «Көне түркі және қазақ жазба әдеби мұралары: Қазақстан тәуелсіздігінің қайнар бұлағы» (б.з.б. 10 ғ-дан бастап – б.з. 20 ғ-ға дейін) жобасы аясында шығарылған. Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғыл. орт-нда дайындал-

ған. А., «Орхон» баспа үйінен 2014 ж. жарыққа шыққан. Көл. 368 бет. Таралымы 100 дана. «Біртұтас алаш идеясы», «Ақталған алаш жан-кештілері», «Аманатты алаш» атты үш бөлімнен тұратын зерттеулер жинағына автордың 2001–13 жылдардағы ғыл. зерттеулері топтастырылған. Бұл жинақта, сондай-ақ А.Байтұрсынұлының 1928–32 ж. арасында «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметі қайраткерлерінің тергеу ісі» деген атпен жүргізген тергеу ісіне тартылуы, оның 1920–30 жылдардағы қоғам мен өмір, өнер мен көркем әдебиет туралы ой-пікірлерімен, көзқарастарымен, тарихи көркем танымдарымен терең танысуға болады. Жинақ әдебиетшілер мен тарихшыларға, мәдениеттанушылар мен саясаттанушыларға, ғыл. көпшілікке, жалпы зиялы оқырман қауымға арналған.

*С.Хасенов*

**«БІРТҮРЛІ ҮЙ»** – «Оқу құралына» енген танымдық жұмбақ. Автор жұмбақ үйдің ерекше белгілерін суреттей келіп, ең соңында шәкірттерге «Бұл қандай үй?» деп сұрақ қойып, оларды шығарм. ойлауға баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұрманқызы*

**БІРЫҢҒАЙ СӨЗДЕР** – екі сыңары да жуан не екі сыңары да жіңішке болып келетін күрделі сөз. Мәселен: *басқұр, қолқап, Балжан, желкесер, айбалта, Алтынбай, Атанбай, Тасболат, Баймырза. Мұндай сөздер тұтас (бірге) жазылады. Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**БІРІМЖАНОВ** Ахмет Қорғанбекұлы (1871, бұрынғы Торғай обл. Торғай уезі – 5.1.1927, Ресей, Санкт-Петербург) – қоғам қайраткері, Алаш-



*А.Бірімжанов*

орда үкіметінің мүшесі, Шақшақ Жәнібектің ұрпағы. Орынбор гимназиясын (1891), Қазан ун-тінің заң ф-тін (1899) алтын медальмен бітірген. 1899 жылдан бастап Орынбор және Троицк округтік, Ақтөбе, Торғай, Бұзылық уездік соттарында қызмет істеді. 1906 және 1907

## БІРІМЖАНОВ

жылдары Ресейдің 1- және 2- Мемл. Думаларына Торғай обл. қазақтарының атынан депутат болып сайланды. Думада ол мұсылман фракциясының белсенді мүшесі болды. Фракция төрағасының орынбасары болған ол ұлт аймақтары мен қазақ халқының мүдделерін қорғады. Алаш идеясына байланысты ең өзекті – жер, мемл. құрылым, ілім мәселесі және жергілікті билеу, сот, т.б. мәселелерді Дума мінберінен көтере білді. 1917 ж. көктемнен Уақытша өкіметтің Қостанай уездік комиссары болды. Қазан төңкерістен кейін Алаш қозғалысына белсене қатысып, Алаш партиясы бағдарламасының заң аясында жазылуына үлес қосты. 2-Бүкілқазақ съезінде Б. Алашорданың Ұлт кеңесінің құрамына сайланды. Сол жылғы желтоқсанда ол Алаш партиясының Торғай обл. к-тінің 14 мүшесінің бірі болды. 1918–20 ж. Семейде заң кеңесшісі, 1920–26 ж. Орынбор мен Қызылордада Қазақ АКСР Ішкі істер, Заң халкоматында, Жоғ. сот Төралқасында кеңесші, алқа мүшесі, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды. Қызылорда к. Қазақ автоном. республикасының астанасы болған кезде А.Байтұрсынұлы мен Б. кездесіп тұрған. Өз заманында дәуітбай тұқымына болысқанына ашуланып соққыға жыққанда Яковлев Сібірге айдаған Ақтас, Байтұрсын, Сабақ үшін екі рудың арасында сақталған кек болды. Бірақ Ахмет пен Б. екеуара болған әңгімеде екі рудың ескі жарасын ашпаған. Байтұрсынұлының Қызылордадағы үйінде жүріп оқыған Қалидың қызы Сәкен Б-тың туысы Ғ.Бектемісовке тұрмысқа шығып, Ахмет пен Б. құда болған. Б. Санкт-Петербургтегі Волков зиратында жерленген.

Әдеб.: <http://qasym.kz/> (қаралған күні: 18.9.2017); <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 18.9.2017).

*С.Өзбекұлы, М.Әббеш, Ш.Аманжолова*

**БІРІМЖАНОВ** Ғазымбек (1896, бұрынғы Ақтөбе обл. Торғай уезі Тосын болысы – 19.3.1938, Мәскеу қ.) – қоғам қайраткері, қаламгер. Орынбордағы реалдық уч-шені, кейін Орта Азия мемл. ун-тінің дәрігерлік ф-тін бітірген. Алашорда атынан Колчак үкіметімен келіссөз жүргізуге қатысып, Алашорданың Башқұрт үкіметі жанындағы уәкілі қызметін атқарған. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Е.Омаров, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаевпен бірге Б. Алаш партиясы бағдарламасының жобасын түзуге қатысқан. 1921–22 ж. «Ақ жол» газетінде редактор болған. Мақалаларын «Шеген» (би болған бабасының есімі) деген бүркеншік атпен жазған. 1922 ж. күзде Т. Рысқұловтың қолдауымен Б. бір топ Түркістан жастарымен бірге Германияға оқуға барып, 1928 ж. Берлин ун-тінің а.ш. ф-тін бітірген. Сол жылы Мәскеуге оралған кезінде Бөкейхан, Байтұрсынұлы бастаған Алашорда қайраткерлерімен бірге тұтқындалып, Карелиядағы Медвежьегорск қ-на 10 жылға жер аударылды.

Тұтқында жүрген оларды Кеңес өкіметі Ақ теңіз – Балтық каналының құрылысына жұмысқа салды. Б. 1937 ж. қайтадан саяси қуғын-сүргінге



*Ғ.Бірімжанов*

ұшырап, ату жазасына кесілді. 1988 ж. 4 қарашада ақталған.

Әдеб.: [www/alash.semeylib.kz](http://www/alash.semeylib.kz) (қаралған күні: 18.9.2017).

**БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС.** 1-дүниежүз. соғыс 1914 ж. 1 тамызда басталып, 1918 ж. 11 қарашада аяқталды. 1879 ж. Германия Аустрия–Венгриямен соғыс одағын жасасты, оған 1882 ж. Италия қосылып, «Үштік одақ» құрылды. Алайда, 1914 ж. бейтарап саясат ұстанған Италия кейін (1915) өзінің бұрынғы одақтастарына қарсы соғысты. «Үштік одаққа» Осман империясы мен Болгария қосылды. 1907 ж. Англия, Франция және Ресей соғыс коалициясы – Антанта құрылды. А.Байтұрсынұлы осы мәселелерге қатысты «Соғысушы патшалар» (1914), «Бұ заманның соғысы» (1914), т.б. мақалаларын жазды. «Соғысушы патшалар» мақаласында Байтұрсынұлы «Россия, Франция, Англия – үш ұлық патша бір жақ, бұларға үш ұсақ патша қосымша болып тұр. Олар: Сербия, Қаратаулық (Черногорье) һәм Бельгия. Германия һәм Аустрия – екі ұлық патша бір жақ. Осы екі патша қазірінде үш ұлық патша, үш ұсақ патшамен соғыспақшы...» деп жазды. Б. д. с. кезінде Сербия, Бельгия, Жапония, Италия, Румыния, Португалия, АҚШ, Грекия, Қытай және Латын Америкасының бірқатар елдері Антанта елдерімен одақтасты. 1914 ж. 15 (28) маусымда Сараевода серб ұлтшылдары Аустрия–Венгрия тағының мұрагері эрцгерцог Франц Фердинандты өлтірді. Бұл оқиға халықар. жағдайды шиеленістіріп жіберді. Германия өз одақтасын қолдайтынын мәлімдегеннен кейін, Аустрия–Венгрия Сербияға 10 түрлі шарт қойылған ультиматум жіберді. Осы шарттардың 24 сағаттың ішінде орындалуын талап етті. Бірақ қанағаттанарлық жауап алмаған соң, мәмлелерлік қатынастарын үзді. Франция өз тарапынан одақтастары алдындағы міндеттерін орындауға дайын екенін мәлімдеді. Англияның келісімге келтірмек болған әрекеттері еш нәтиже бермей, Аустрия–Венгрия Сербияға соғыс жариялады. Германияның бейтарап

саясат ұстану жөніндегі Франция мен Ресейге қойған ультиматумы халықар. жағдайды ушықтырып жіберді. Германия 19 (1) шілдеде Ресейге, 21 (3 тамыз) шілдеде Францияға соғыс жариялады. Германияға қарсы соғысқа Ұлыбританияның доминиондары – Аустрия, Канада, Жаңа Зеландия және Оңт. Африка одағы араласты. Соғысқа барлық құрлықтың 38 мемлекеті тартылды. Б. д. с., ең алдымен, аталған державалардың экон. мүдделерімен, агр. елдердегі шикізат көздері мен нарық үшін таласпен және отарлық үстемдікке ұмтылумен сипатталды. Соғыс барлық елдердің экономикасын күйзелтіп, адамзатты бұрын көрмеген қайғы-қасірет пен ашаршылыққа душар етті. Бұл соғыс әскери-тех. жағынан жаңа, желдірілген негізде өтті. Бұған дейін болмаған 70 млн адамның 10 млн-ға жуығы опат болса, 20 млн-нан астамы жараланып, 10 млн-ға жуығы індет пен ашаршылыққа ұшырады. 4 жыл 3 ай 10 күнге созылған соғыс Германияның, оның одақтастарының жеңілуімен аяқталды. 1919 ж. 28 маусымда Версальда (Франция) соғыстың аяқталғаны жөнінде Германиямен Версаль бітім-шартына қол қойылды. Б. д. с. Ресей империясының құрамындағы қазақ халқына да зор ауыртпалық әкелді. Қазақтар бұрынғы салықтардан бөлек соғыс салығын да төледі. Азық-түліктің, күнделікті тұтынатын заттар бағасының өсуі халықтың әлеум. жағдайын төмендетіп жіберді. Мыңдаған соғыс тұтқындары (негізінен, Аустрия–Венгрия және Германия әскерлері) Қазақстанның солт.-шығыс және оңт. аудандарына орналастырылды. Ақмола, Семей, Павлодар, Қазалы қ-ларында әскери тұтқындарды қабылдайтын ірі арнаулы лагерлер ашылды. Қазақтар Ресейге мал, киіз, ақшалай көмек берумен қатар, өздері де тікелей соғысқа аттанып, қара жұмысқа алынды. 1916 ж. 25 маусымда Ресей патшасы империяның «бұратана халықтарын», оның ішінде қазақтарды да жұмысқа алу туралы жарлық шығарды. Қара жұмысқа 100 мыңнан астам қазақ жігіті алынды. Олардың басым көпшілігі батыс майданға жіберілді. 1917 ж. 5 ақпанда Минск қ-ндағы «Земство және қала одақтары» жанынан өзек майданның қара жұмысына алынғандарға көмек көрсететін «бұратаналар бөлімі» ашылды. Басшылығына Ә.Бөкейхан бекітіліп, орынбасары қызметін М.Есболов атқарды. Хатшылық қызметке М.Дулатов шақырылды. Ақпан төңкерісінен кейін тыл жұмысына алынған жігіттерді елге қайтару кезінде де қазақ зиялылары елеулі еңбек етті.

*Л.Есбосынова*

**БІРІНШІ ЖАҚ** – сөйлеушіні білдіретін жақ, айтушы жағы.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытық кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**БІРІНШІ ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗІ**, Алаш қайраткерлері 1917 жылдың 21–26 шілдеде Орынбор қ-нда ұйымдастырған. Бұл съезд қазақ тарихындағы тұңғыш жалпыұлттық құрылтай болуымен ерекшеленді. Жалпықазақ съезін ұйымдастыру мәселесі «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде 1913 жылдан бері көтеріліп келді. Бірақ оған отаршыл үкімет рұқсат бермеді. 1917 жылдың наурыз, сәуір айларындағы обл. қазақ съездері жалпықазақ съезін шақыруды тездетті. Съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарының өкілдері қатысты. Съезд төрағасы – Х.Досмұхамедов, орынбасарлары – А.Байтұрсынұлы, Ә.Көгібаров, хатшылары – М.Дулатов, А.Сейітов болды. Осы жылдың 9 мамырында Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарынан және Бөкей Ордасынан, Түркістаннан жалпымұсылман съезіне барған қазақ өкілдері жалпықазақ съезін шақыру туралы кеңесіп, қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша, съезд 1 тамыз – 10 қыркүйек аралығында Ташкент қ-нда шақырылатын болған. Дегенмен, әр түрлі саяси, әлеум. жағдайлар съездің өту уақытын өзгертіп, оны Орынборда шақырды. Съездің күн тәртібіне 14 мәселе қойылды: 1) мемлекет қалпы; 2) қазақ облыстарына автономия; 3) жер мәселесі; 4) халық милициясы; 5) земство; 6) оқу мәселесі; 7) сот мәселесі; 8) дін мәселесі; 9) әйел мәселесі; 10) Учредительное собрание сайлауына даярлану һәм қазақ облыстарынан депутаттар; 11) Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі (Шора-и ислам); 12) қазақ саяси партиясы; 13) Жетісу облысының оқиғасы; 14) Киев шаһарында болатын Бүкілресейлік федералистер съезіне һәм Петроградта болатын оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберу». Осы мәселелер бойынша қаулылар қабылданды. Айталық, екінші мәселе бойынша: «Қазақ облыстары қоныс, ұлт жігіне қарай облыс автономия алуға тиіс», үшінші мәселе бойынша, «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша, қазақ жері ешкімге берілмесін», он екінші мәселе бойынша, «Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс көріп, бұл партияның жобасын жасауды сиез Шора-и исламға сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды... Партия жобасын жасап болған соң, өкілдер қазақ облыс комитеттерінің қарауына жібереді, онан кейін Учредительное собраниеге жиналған қазақ депутаттары қарап бекітеді. Қазақ саяси партиясының жобасы жасалғанша осы сиездің қаулылары Учредительное собраниеге баратын қазақ депутаттарына нақаз-аманат болады», т.б. маңызды шешімдер қабылданды. Сонымен бірге съезд облыстардан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына және Бүкілресейлік мұсылман съезіне, Шора-и исламға депутаттыққа Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқанд облыстарынан және Бөкей Ордасынан кандидаттар тізімін ұсынды. Сондай-ақ азаматтық, ауылдық азаматтық, болыстық азаматтық,

## БІРІНШІ

уездік азаматтық, обл. азаматтық к-ттер жөнінде қаулы қабылданды. Бұл к-ттер өз кезегінде Алаш қозғалысының өрістеуіне, 2-жалпықазақ съезінің ұйымдастырылуына, Алашорданың жергілікті к-ттерінің құрылуына көп еңбек сіңірді. Съезд хаттамасына төраға ретінде Байтұрсынұлы қол қойды. Бұл тарихи съезд Алаш қозғалысының жалпыұлттық сипат алуына, жергілікті к-ттердің ұлт-азаттық күрес жолында қарқынды жұмыс істеуіне, Алаш партиясының құрылуына айрықша ықпал етті. Съездің ең басты қорытындысы – сол кезеңдегі қазақ халқы өзінің қалыптасқан ұлт екендігін терең сезініп, ортақ мүддеге ұмтылды.

*К.Глиясова*

**БІРІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА** – Ресейдегі конституц.-монарх. заң шығарушы билік органы. 1906 ж. 27 сәуір – 9 шілде аралығында, 72 күн жұмыс істеген. 1905 жылғы 11 желтоқсандағы Сайлау заңы бойынша, Думаға 524 депутат қатысуы керек еді. Сайлаудың шет аймақтарда кеш өткізілуіне байланысты оның жұмысына 499 депутат қатысты. 1-Мемл. Думаға қазақ өкілдерінен 4 депутат – А.Бірімжанов (Торғай обл.), А.Қалменов (Орал обл.), Ә.Бөкейхан (Семей обл.), Ш.Қосшығұлов (Ақмола обл.) сайланды. Бірақ қазақ депутаттары ішінде Бірімжанов және Қалменов қана Дума жұмысына қатысты. Дума мүшелері қатарында қазақ жерінен тысқары өңірлерден сайланған С.Жантөрин (Уфа губ.) және Д.Тұндыт (Астрахан губ.) болды. Қазақ депутаттары Думадағы мұсылман фракциясы құрамында қызмет етті. 1-Мемл. Думада ірі фракцияны кадеттер құрады. Кадеттерді ұлттық аймақ депутаттары қолдады. Думаның құқын кеңейту, саяси кешірім жариялау жөніндегі кадеттердің ниеті Ресей патшасы тарапынан қолдау таппады. Оған жауап ретінде Дума патша билігін тоқтатуы талап етті. Жер мәселесін талқылау өте тартысты жүрді. 9 шілдеде патша жарлығымен Дума таратылып кетті. А.Байтұрсынұлы Дума тақырыбына өзінің «Қазақ жерін алу турасындағы нызам», «Қазақ хәм түрлі мәселелер», «Көшпелі хәм отырықшы норма», «Қазақ хәм 4-Дума», т.б. мақалаларын арнады.

*Ө.Озғанбай*

**БІРІНШІ ОРЫС ТӨҢКЕРІСІ** – Ресей империясындағы экон. және саяси дағдарыстың салдарынан 1905–07 ж. болған оқиға. 1905 ж. 9 қаңтарда Санкт-Петербург қ-ндағы «Қанды жексенбі» оқиғасынан бастау алған. Төңкерістің өршуі Ресей патшасын 1905 ж. 17 қазанда манифест жариялауға мәжбүр етті. «Бостандық манифесті» атанған бұл құжат конституц. монархияны заңды түрде бекітті, соның нәтижесінде біршама демокр. бостандық негіздері жүзеге асырылды. Мемл. Дума шақырылды (к. *1-Мемл. Дума, 2-Мемл. Дума*). Б. о. т. қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сатыға көтерілу

кезеңін бастап берді, ал саяси күрес болса, ең алдымен, патшаға, отарлық билікке петиция (арыз-тілек) жазып тапсыру түрінде көрінді. Отарлық тәуелділіктегі Қазақ елінің мұқтажын білдірген арыз-тілектер Оралдан, Қарқаралыдан, Жетісудан, т.б. жерлерден келіп түсті. Жетісу обл. Лепсі уезінің қазақтары дайындаған петицияға 1000 адам қол қойып, арнайы делегация Санкт-Петербургтегі үкімет орындарына тапсырды. Орал және Торғай облыстарының қазақтары жазған петицияға 44 адам, ал Қоянды жәрмеңкесінде орын алған *Қарқаралы құзырхатына* (петициясына) 10 мыңнан астам адам қол қойды. Петиция авторларының бірі А.Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, т.б. мәселелер көтерілді. Осы жылы қазақ зиялылары патша өкіметіне оппозицияда болған кадеттер партиясының тұғырнамасын жақтап, 1905 ж. желтоқсанда Орал қ-нда «Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын» құрды. Б. о. т. тұсында Ә.Бөкейхан, Б.Қарағай, С.Жантөрин кадеттер партиясы құрамына кірді. Сондай-ақ осы кезеңде «Автономияшылдар одағы» және «Ресей мұсылмандар одағы» атты ұйымдар құрылды. Бұл ұйымдардың да қызметіне қазақ зиялылары ат салысты.

*Х.Әбжанов*

**БІТЕУ БУЫН** – бас харфі де, соңғы харфі де дауыссыз, яки жарты дауысты буын (қазіргі таңыммен бірдей).

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**БІТЕУ БУЫНДЫ АШУ** – бітеу буынды ашық буынға айналдыру. А.Байтұрсынұлы «ұ» мен «ы» дыбыстары «у» дыбысының алдында келгенде ашық буындарда анық естілгенмен, бітеу буындарда дүдәмал естілетінін ескерте келіп, ол жерде қандай дыбыс келгенін айыру үшін дүдәмал болған жерде бітеу буынды ашып, ашық буынға айналдыру керектігін айтады. «У» алдындағы қай дыбыс екені бітеу буынды ашқанда мәлім болатынын ескерте келіп, «у»-дың алдына «ұ» харфін қойып та, «ы» харфін қойып та ашып көрсетіп (*суу=сууы, бұу=бұуы, тұу=тұуы; су=сыуы, бу=быуы, ту=тыуы*): «Әрине, *сууы, бұуы, тұуы* деп айту *сыуы, быуы, тыуы* деп айтудан дұрыс екендігі қандай даусыз болса, *суу, бұу, тұу* деп жазу хәм сондай даусыз болып шығады» деген қорытынды жасайды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*



**ВАГНЕР** Николай Петрович (18.7.1829, Ресей, Пермь губ. – 21.3.1907, Санкт-Петербург қ.) – орыс жазушысы, зоолог. Қазан ун-тін бітірген (1849). Нижегородск дворяндық ин-тында оқытушы (1849–51) болған. Қазан ун-тінің адъюнкты,



*Н.П.Вагнер*

кейіннен магистрі, докт., проф. (1852–61), «Қазан университетінің ғылыми жазбалары» журналының редакторы (1861–64), Санкт-Петербург ун-тінің проф. (1870–94), «Свет» ғылыми-танымдық журналының редакторы (1877–79), 1891 ж. Орыс эксперименттік психология қоғамының президенті қызметтерін атқарған. Соловецкий аралында және Ақ теңізде биол. ст-ның негізін қалап, станция таратылғанға дейін директоры болған. 1858 ж. шет елдерге ғыл. іс-сапарларға шығып тұрған. Алғашқы ғыл.-танымдық мақалалары 1848 жылдан «Орыс иллюстрациясы» журналында шыға бастаған. В. негізінен балалар жазушысы ретінде танымал. А.Байтұрсынұлы В-дің әңгімелерін барынша қазақ балаларына түсінікті болатындай қазақиландырып аударып, «Оқу құралы» кітабына пайдаланған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.

**ВАН (УАН) КӨЛІ** – Түркияның шығысындағы тұйық көл. Армения таулы үстіртіндегі тектоник қазаншұңқырда орналасқан. Абс. биікт. 1720 м. Аум. 3,7 мың км<sup>2</sup>, ең терең жері 145 м, тұзд. 19%. Жағасын мекендеген халық балық аулау-

мен, тұз қайнатумен айналысады. Кеме жүзеді. Көлдің шығыс жағалауында Ван қ. орналасқан. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттай отырып, құрлықтың ірі көлдерінің бірі, Түркия елінің шығысындағы Ван (Уан) көліне де кеңінен тоқталған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.

«**В.Л.БУРТСЕВ**» – мақала. «Қазақ» газетінде 1915 ж. жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Мақалада автор «Былое» журналының шығарушысы, орыс жұртының білімдар азаматтарының бірі «В.Л.Б-ті» Петроград сот палатасы 20 қаңтарда Сібірге айдауға жарлық шығарғаны жайында хабар береді. Сонымен қатар өмірінің біраз жылы шет елдерде қашумен өткен азаматтың ғұмырлық баянын да қозғай өтеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013.– 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

«**ВОЗВРАЩЕНИЕ ПЛЕЯДЫ**» – монограф. еңбек. Авторы – А.Ісмақова. А., «Ғылым» баспасынан 2002 ж. орыс тілінде жарық көрген. Көл. 200 бет. Зерттеуде «...Ресей ғалымы М.Бахтиннің «Романизация стилия» деген тұжырымымен 1970 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, Ахмет Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау 20 ғасырдың 20-жылдары түсіндіріп кетіпті» деп жазады. Әдебиеттанушы өз пайымын «...әдебиет теориясының терминдерін, талдау жүйелерін қазақша күмбірлете сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде көтеріп тастағанын біз бүгін мақтаныш ете аламыз» деп қорытады.

**ВОЛЬТЕР**, Франсуа Мари Аруэ (21.11.1694, Франция, Париж қ. – 30.5.1778, сонда) – фран-



*Ф.М.Вольтер*

цуз жазушысы, философ, тарихшы. А.Байтұрсынұлы В-дің өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.



**ГАНГ**, Г а н г а – Үндістан мен Бангладештегі өзен. Ұз. 2700 км, су жиналатын алабы 1,1 млн км<sup>2</sup>. Суының молдылығы жөнінен дүние жүзінде Амазона мен Конго өзендерінен кейінгі үшінші орында. Өзен Гималай тауларының тар шатқалдарымен ағып, орта ағысы Үнді-Ганг жазығын кесіп өтеді де, ені 8–12 км кең аңғарға шығып ағысын баяулатады. Бенгалия ойпатына шығып, Брахмапутра өз-мен қосылған соң Жер шарындағы ең ірі атырау (ауд. 100 мың км<sup>2</sup>) құрап, Үнді мұхитының Бенгалия шығанағына құяды. Атырауында (300 км-ге дейін) теңізден соғатын желге байланысты су тасқындары болып тұрады. Өзеннің экон. маңызы зор. Сағасынан 1450 км-ге дейін кеме жүзеді. Бойында Аллахабад, Варанаси, Патна, Калькутта, т.б. ірі қ-лар орналасқан. Жергілікті халық Г-ны қасиетті өзен деп санайды. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатымен қоса Азияның оңт-ндегі Инд-Ганг ойпатымен ағатын ірі өзеннің бірі Г-ке де сипаттама береді.

**ГАСПАРАЛЫ** Исмаил (1851, Украина – 1914) – қоғам қайраткері, ойшыл, жәдитшілдіктің негізін салушы, педагог, публицист. Бақшасарай қ-ндағы мұсылмандық мектепте, 1865–66 ж. Мәскеудегі кадет корпусында оқыды. Қырымдағы «Занджерли» медресесінде оқытушы (1867–70), Бақшасарай қ-ның басшысы (1876–83) болды. 1871–75 ж. саяхат жасап, Еуропа, Египет, Түркия, Үндістан, Түркістанға барды. 1881 ж. «Русское мусульманство. Мысли, заметки и наблюдения мусульманина» еңбегін жариялады. Ол еңбекте Ресей өкіметінің орыстандыру саясатын, білім беру жүйесін сынға алып, Ресей империясы мұсылмандарының рухани өсуіне мүмкіндік беруді талап етті. Араб әліпбиінің дыбыстық естілу ерекшеліктеріне қарай түркі халықтарының тіліне лайықталуы керектігін ұсынды. Жәдиттік мектептер мен медреселерге арнап «Ховаджа субьян» («Балалар оқытушысы»), «Краед турки» («Түрік хрестоматиясы»), «Рахбер муалими» («Мұғалімге басшылық») оқу құралдарын жазды. 1883 ж. «Тәржіман» газетін шығарды. Осы басылым арқылы түркі халықтарын азаттық күрес-

те бірлікке және ортақ әдеби тілге көшуге үндеді. 1906 ж. «Ресей мұсылмандар одағы» («Итти-фақ ул-муслимин») ұйымының ОК-не сайланды. Мемл. Думадағы мұсылман фракциясымен тығыз байланыс орнатып, оның қызметінің нәтижелі жүруіне қолғабыс жасады. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов және т.б. қазақ зиялылары Г-ны өздеріне ұстаз тұтты.

*Д.Қамзабекұлы*

**ГВАДИАНА**, Г в а д и я н а – Батыс Еуропадағы өзен, Испания және Португалия мемлекеттері аумағында. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатын сипаттаумен қатар, ірі өзен-көлдерінің бірі Г. өз. жайында да айтып өтеді.

**ГЕДИКЕ** Фридрих (15.1.1754, Германия, Карштетт қ. – 2.5.1803, Берлин қ.) – неміс ғалымы, педагог, дін маманы, ғылым докт. Гимназия құрылымына енгізген түрлендіруінің арқасында өз кезеңінде жоғары беделге ие болды. Г. жазған оқу кітаптары мен хрестоматиялары ең үздік деп танылып, үлкен тиражбен шығып тұрды. А.Байтұрсынұлы Г-нің, француз әдіскері Жакотонның тәжірибелерін талдап, артық-кем тұстарын өзара салыстырып, жалқылау және жалпылау әдістері негізінде сауаттылыққа қол жеткізудің оңтайлы жолдарын ұсынған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 6-т.

**«ГЕР» ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол затты қолданушыны көрсететін қосымша. Мәселен, «сауда» деген сөзге «гер» жұрнағын жалғап, «саудагер» дейміз, сауданы қолданушыны көрсету үшін.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ГЕРМАНИЯ**, Германия Федеративтік Республикасы – Орт. Еуропада орналасқан мемлекет. А.Байтұрсынұлы «Соғысушы патшалар» мақаласында Еуропа патшаларының (мемлекеттерінің) соғысы және әскери-соғыс одақтарын құрып, соғыстарды ұйымдастыруы туралы айтылған. Мұнда Ресей, Франция (Пьрантсия), Англия (Ангылия) ұлық патшалар бір жақ және Германия (Германия) мен Австрия (Аустрия) – екі ұлық патша бір жақ болғаны жайында баяндалады. Соғысушы патшаларға жалпы сипаттама бере отырып, Ресейге жау патшаларының бірі – Германия екені айтылады. Германия ғылым, өнер жағынан нағыз бас патшаның бірі екені, әскерінің жайшылықта 600 мың, соғыс кезінде 4,5 млн болатынын, құрғақтағы соғыста әскерінің күші, өнері, ісі ең бірінші дәрежеде саналатынын, яғни «темір жұдырық» деп аталатын патшалықтың нағыз өзі екені жазылған. «Бұ заманның соғысы» мақаласында Германия әскері жер шегіне жетіп,

соғысқа даяр болуына төрт-ақ күн керек екені айтылады. Ал «Жандықтардың (жәндіктердің) Жер жүзіне таралуы» мақаласында 1806 ж. Германияда аспаннан шаян жауғаны келтірілген. «Аспаннан жаңбырдан басқа жауатын нәрселер» мақаласында («Табиғат құбылыстары») 1837 ж. Германияның «Еипел» (Франциядағы «Эйфель» мұнарасымен аттас болуы мүмкін) деген жерінде уақ қоныздар жауып, бірнеше жүз шақырым жердің бетін қаптап кеткені жайында деректер келтірілген. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т., 2-т.

**ГИМАЛАЙ** (санскритше hima – қар, alaya – мекен) – Жер бетіндегі аса биік тау жүйесі. А. Байтұрсынұлы Азия атты алып құрлықтың (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.) табиғатын сипаттай отырып, Жер бетіндегі ең биік шыңдардың бірі Г. тауларында орналасқанын айтады.

**ГИМНАЗИЯ** – білім ордасы. Толық атауы – Талас ауд. әкімдігі білім бөлімінің Ахмет Байтұрсынұлы атынд. гимназия коммуналдық мемл. мекемесі. Жамбыл обл. Қаратау қ-нда орналасқан. 1953 ж. Сталин атынд. қазақ мектебі болып құрылған. 1962 ж. КОКП-ның XXII съезі атынд.



қазақ орта мектебі атауына ие болды. 1981 ж. жаңа ғимарат салынып, соған көшірілді. 1992 ж. ақын, ғалым, көсемсөз шебері, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді. 1994 ж. А. Байтұрсынұлы атынд. мектеп-гимназия мәртебесін иеленді. 2007 ж. «Балалық шақ досы – Друг детства» атты респ. 1-ұлттық байқауында «Ең үздік таңдаулы мектеп», 2013 ж. обл. «Үздік тәрбие ошағы» байқауында «Өнегелі мектеп» номинациясын жеңіп алды. 2009 жылдан гимназия мәртебесіне ие болды.

**«Г.Н.ПОТАНИНГЕ ТАРТУ»** – Орыс ғалымы Григорий Николаевич Потаниннің 80 жылдық мерейтойына арналып жазылған өлең. 1915 ж. жазылған. Мәскеу қ-ндағы Ұлттар комиссариаты қарауындағы «Күншығыс» баспасынан 1923 ж. жарық көрген «Ерсайын» атты жыр кітабының алғы сөзі ретінде берілген. «Атақты Сібір ұлы, карт Потанин! Ер сүйсе, сендей сүйсін ел от-

анын...» деп басталатын шығарма 11 буынды кара өлең ұйқасына құрылған. 5 шумақтан тұрады. Әр шумағында 6 жол бар. Барлығы – 30 жол. Өлең соңына «А.Б. 1915 жыл» деп қол қойылған. Бұл өлең ғалымның әр жылдары баспа бетін көрген «Ақ жол» (А., 1991), 5 томдық шығ. жин-нда (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта жарияланған.

*Әдеб.*: «Ақ жол». – А., Жалын, 1991; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ГРОДЕКОВ** Николай Иванович (1843 – 12.12. 1913, Ресей, Санкт-Петербург қ.) – Қазақстан және



*Н.И.Гродеков*

Орта Азия халықтарының тарихы мен этнографиясын зерттеуші. А. Байтұрсынұлы Г-тің айтқан сөздерін әңгімелеріне арқау еткен.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

**ГРОСС** Селверин (т.-ө.ж.б.) – поляк революционері. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін бітірген. 19 ғ-дың 60-жылдарындағы поляк азаттық қозғалысына қатысқаны үшін Қазақстанға жер аударылған. Сол кездерде Абай Құнанбаевпен жақын дос болып, жиі кездесіп тұрған. Семей обл-ның уездерінен жинақтаған билер соты мен казактардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары туралы мағлұматтар негізінде «Қырғыздардың заңдық ғұрыптары бойынша материалдар» атты еңбегі жарық көрген. Бұл казактардың мүлктік құқығын зерттеу жөніндегі алғашқы еңбек болып табылады. Г-тың Абаймен достығы жайында А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында айтылған.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ГУБАЙДУЛЛИН** Газиз (Азиз) Салихович (1887, Татарстан, Казан қ. – 1938) – татар жазушысы, тарихшы, әдебиеттанушы. Медреседі оқыған. Казан ун-тін бітірген (1916). Сол ун-те оқытушы, экспед. басшысының орынбасары, басқарма мүшесі болды. 1921 ж. «аштыққа ұшырағандарға көмек көрсету комитетінің жиналысын заңсыз шақырғаны» үшін тұтқындалып, кейіннен бо-



## ГУБЕРНАТОР

сатылады. Эзербайжан мемл. ун-тінде доцент, проф., кафедра меңгерушісі, декан, мұрағаттанушы ғалым (1925–37), Эзербайжан орт. мемл. мұрағатында бөлім меңгерушісі (1925–37) қызмет-



Г.Губайдуллин

терін атқарған. Еділ татарларының, башқұрттардың, ежелгі түркі халықтарының тарихын зерттеумен айналысқан. 1930 жылдардың басында «буржуазиялық тарихшы», «түрікшіл» ретінде Г-ге қарсы науқан жүргізіліп, қамауға алынған. 1938 ж. НКВД шешімімен атылған. 1998 ж. ақталды. Г-нің 1926 ж. Бүкілодақтық түркітанушылардың I-съезіне қатысып, баяндама жасағандығы жөнінде А.Байтұрсынұлы «Түрікшелер құрылтайы» атты мақаласында жазған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

**ГУБЕРНАТОР** (лат. gubernator – басқарушы, әкім) – кейбір шет елдердің (АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Ресей, т.б.) әкімш.-аум. бөлігіндегі атқарушы өкіметті басқаратын жоғары лауазымды адам. Ресей империясы 1917 ж. Ақпан төңкерісіне дейін өзінің отар аймақтарына кіретін елдерді (оның ішінде Қазақстанды да) әскери Г-лар арқылы басқарды.

**«ГУБЕРНАТОР ӨЗГЕРІЛУІ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 14 ақпандағы 50-санында жарық көрген. «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Мақалада автор Семей губернаторы Тройницкийдің Тулаға губернатор болып кеткелі жатқанын, оның орнына Чернышевскийдің губернатор болып келетіні жайында хабар береді. Одан ары қарайғы жазбасында губернатордың атқарған істері, қазаққа жасаған жақсылықтары мен қиянаттары жайында шолу жасап өтеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ГУБЕРНИЯ** – Ресейде 1708–1929 ж. қолданылған негізгі әкімш.-аум. бөлік. Г-лар уездерге бөлінді. 19 ғ-да әкімш.-аум. бөліністер 2 топқа жіктелді: Ресейдің еур. аймағында Г-лық бөліністер сақталды да, ұлт аймақтарында ген.-губер-

наторлық бөлініс қолданылды. Қазақстанның әкімш.-аум. құрылымы Ресей империясының әскери-стратег., саяси мүдделеріне сәйкес аум. және әлеум.-экон. тұрғыдан өте тұрпайы бөлініске ұшырады. Отаршылдық саясат Қазақстан жерін бөлшектеу арқылы қазақ халқының ұлттық бірігуіне жол бермеу, ұлт-азаттық қозғалыстарды, әсіресе, ұлттық мемлекеттіліктің құрылуын болдырмау мақсатына бағытталды. Қазақстанда ген.-губернаторлықтарға бағындырылған Семей, Жетісу, Сырдария, Ақмола, Орал, Торғай облыстары құрылды. Бөкей Ордасының жері Астрахан Г-сына, Маңғыстау түбегі мен оған жанасып жатқан Арал және Атырау теңіздерінің аралығындағы жерлер Закаспий обл-на қарады. Патшалық Ресей кезеңіндегі Қазақстан жерінде ұйымдастырушылық орт. дәрежесіндегі бірде-бір Г. қала болмады. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкімет Г-лық мекемелерді бұрынғысынша қалдырып, губернаторлардың орнына Г-лық комиссарларды, уездерде уездік комиссарларды тағайындады. Кеңестік билік орнаған алғашқы жылдарда Г-лық бөліктер сақталып, бұрынғы Г-лық басқару аппараты таратылды. Жалпы Ресейдегі Г-лық басқару аппараты 20 ғ-дың алғашқы ширегіне дейін сақталды. 1920 ж. облыс атауы Г. болып өзгертілді. КСРО-да жүргізілген аудандастыру шараларына байланысты 1923–29 ж. Г-ның орнына өлкелер мен облыстар, кейіннен окр-тер құрылды. 1928 ж. жазда Қазақстанда әкімш.-аум. аудандастыру жүргізіліп, губерниялар, уездер, облыстар таратылды. Олардың орнына 13 округ, 193 аудан құрылды.

**ГЮГО Виктор Мари** (26.2.1802, Франция, Ду департаменті, Безансон қ. – 22.5.1885, Париж қ.) – француз жазушысы, ақын, драматург, публицист, қоғам қайраткері. Әскери қызметкердің отбасында дүниеге келген. Г-ның әдеби байқаларда жеңіп шыққан бірінші жинағы «Одалар және әр түрлі өлеңдер» деген атпен 1822 ж. жарияланды. 1823 ж. алғашқы романы «Исландық Ган», 1828 ж. «Шығыс әуендері» деген өлеңдер кітабы, 1827 ж. «Кромвель» драмасы жарық көрді. Г-ның «Эрнани» драмасы (1829) – халықты бостандық жолындағы күреске шақырған туынды. «Париж құдайана соборы» (1831) романы абсолюттік монархияға, ақсүйек қауымға қарсы бағытталған. Г. 1851 жылғы мемл. төңкеріске наразы болғаны үшін Франциядан кетуге мәжбүр болды. 1862 ж. «Жапа шеккендер» романын жазды. «Токсан үшінші жыл» (1874) романы 1971 ж. казак тіліне аударылды. Г-ның әңгімелерін А.Байтұрсынұлы өзінің «Оқу құралы» кітабына енгізген. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.



**ҒАББАСОВ** Халел (Халиулла) Ахметжанұлы (1888, бұрынғы Семей обл. Семей уезі, Шаған болысы – 1931, Мәскеу қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері. 1898–1909 ж. Семейде приход, орыс-қазақ мектептерінде, гимназияда оқыған. 1910



Х.Ғаббасов

жылға дейін Сейтен болысында мұғалім болып қызмет еткен. 1910 ж. Мәскеу ун-тінің заң ф-тіне түсіп, 1911 ж. студенттер ереуіліне қатысқаны үшін оқудан шығарылған. Осы жылы Мәскеу ун-тінің физ.-матем. ф-тіне оқуға түсіп, оны 1915 ж. алтын медальмен бітірген. 1915–17 ж. Орт. ұсак кредит басқармасының Семей к-ндағы бөлімшесінде есепші, Мемл. банктің Семей бөлімшесінде инспектор болып қызмет атқарған. 1917 ж. Семей обл. Қазақ к-ті төрағасының орынбасары, обл. земство басқармасының мүшесі, «Сарыарқа» газетінің редакторы (1917–19) болды. Семей обл. қазақ съездерін өткізуді ұйымдастыруға белсене қатысты. 1-жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына мүшелікке кандидат ретінде ұсынылды. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхандардың сенімді серігіне айналып, 1917 жылдың қазан айынан бастап Алаш партиясының Семей обл. к-тінің төрағасы қызметін атқарды. 2-жалпықазақ съезінде Алаш милициясын құру жайында баяндама жасап, Алашорда үкіметінің құрамына сайланды. 1918 ж. қаңтардан Семей обл. земство басқармасы төрағасының орынбасары болды. Ғ. және Байтұрсын-

ұлы, Ә.Ермеков, Бөкейхан, С.Меңдешев, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, Ә.Жангелдин, т.б. қайраткерлермен бірге Қазақ жерінің біртұтас автономия құрамына жиналуына үлес қосты. 1918 ж. 20 наурызда Алашорда үкіметінің тапсыруымен телеграф арқылы И.В.Сталинмен сөйлесіп, кеңес үкіметімен келіссөз жүргізіп, ұлттарға өзін-өзі билеу құқығын беруді талап етті. Кеңес өкіметі тұсында білімін, қайрат-жігерін қазақ халқының мүддесіне бағыттады. 1920 ж. губ. рев. к-ттің ұлттық бөлімінде қызметкер, губ. земство басқармасы алқасының мүшесі, Қазақ рев. к-тінің Сібір рев. к-тіндегі өкілетті өкілі, Қазақ рев. к-тінің мүшесі, 1921–23 ж. Қазақ АКСР ОАК жанынан Ақмола және Семей облыстарын қабылдап алу үшін құрылған төтенше комиссияның мүшесі, губ. атқару к-ті жер бөлімінің меңгерушісі болды. 1924–25 ж. Алаш (Жаңа Семей) ауд. а.ш. одағында қызмет атқара жүріп, қоғамдық-мәдени шараларға қызу араласты. 1924 ж. 29 желтоқсанда география қоғамының ұйымдастыруымен өткен Абайды еске алу кешінде «Абайдың өмірбаяны» деген тақырыпта баяндама жасады. 1926 ж. ақпанда Қазақ АКСР Жоспарлау комиссариатына қызметке шақырылды. Онда Төралқа мүшесі, сектор меңгерушісі, ғыл. қызметкер болды. 1930 ж. «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқынға алынып, ОГПУ «үштігінің» 1931 жылғы сәуірдегі шешімімен Мәскеу түрмесінде атылды. 1988 ж. ақталған.

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 19.9.2017).

**ҒАҚАИД** – адамның зейіні Құдайды тану жағына жұмсалып, Құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда жасалған ұғым жүйесі. Оның екі жағы болады: бірі – діннің негізі турасындағы *ес ұғым*, екіншісі – дінге керек *іс ұғым*.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**«ҒАЛАМДЫ СӨЗБЕН ЖЕТКІЗУ»** – Дүниенің тілдік бейнесі. А.Байтұрсынұлы енгізген атау. Ақын-жазушылар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған калпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сөйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты *ақындық* болады. Бүгінгі таңда когнитивті бағыттағы зерттеулердегі «дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген калька аудармалардың («языковая картина мира») орнына А.Байтұрсынұлы ұсынған «ғалам-

## ҒАЛЫМДЫҒЫ

ды сөзбен жеткізу» деген атау қазақы дүниетанымға тән, дәл атау екеніне талас жоқ. Сол себепті бұл атауды ғыл. айналымға енгізу қажет екені сөзсіз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ҒАЛЫМДЫҒЫ.** А.Байтұрсынұлы – ұлттық ғылымның негізін қалаған, 20 ғ-дағы қазақ ғылымының бастауында тұрған, халқымыздың ең көрнекті тұлғаларының бірі әрі бірегейі. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін қалаушы, ірі филолог ғалым. Оның ғыл. зерттеулерінің ауқымы өте кең, бір ғана ғылым саласымен шектелмейді. А. Байтұрсынұлы Ол отандық филологияның теоретигі де, практигі де болумен қатар, тұтастай түркі мәдениетінің, тілі мен әдебиетінің де мәселелеріне назар аударған түркітанушы. Сонымен қатар бүкіл саналы ғұмырының көп жылын ағартушылыққа, білім беру ісіне арнаған, алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік құралдарын жазған, мектеп пен жоғары оқу орындарында ұстаздық еткен ірі педагог. Ұлттық педагогика ғылымының да іргесін қалауға ат салысып, «ұлт ұстазы» атанған білімдар тұлға. Ғалымның қаламынан туындаған еңбектерін, соңында қалдырған ғыл. мұрасын зерделегенде, оның ең алдымен аса ірі тілтанушы ғалым екеніне көз жеткізуге болады. Оның «Тіл-құрал» кітаптары мен «Әліп-би», «Жаңа әліп-би», «Оқу құралы» (Қазақша әліппе) – қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуының іргетасы, бастауы болған аса құнды еңбектер. Ғалымның бұл еңбектерінің бірқатары 1910-жылдардың басынан бастап, 20-жылдардың соңына дейін 8–9 реттен қайта басылып, қазақ қауымына қызмет етті. Мәселен, «Тіл-құралдың» морфологияға (сөз жүйесі) арналған 2 бөлімі жеке кітап болып 1914 жылдан 1927 жылға дейін 8 рет, ал «Оқу құралы» (Қазақша әліппе) 1912–25 ж. аралығында 9 рет қайта басылып, оқу үдерісінде пайдалануы Байтұрсынұлы еңбектерінің 20 ғ-дың басындағы қазақ қоғамына қаншалықты қажет болғанын көрсетеді. Байтұрсынұлының үш кітаптан тұратын «Тіл-құралы» қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен сөз құрылымын, сөйлем табиғатын талдап, тұтастай алғанда ұлт тілінің болмысын айқындаған жаңалығы мол, аса құнды ғыл. еңбек болды. Ғалымның бұл еңбектерін қазақ тіл білімінің, ұлттық лингвистика ғылымының негізін қалаған, қазақтың өз тілінде жазылған алғашқы зерттеулер деуге негіз жеткілікті. Байтұрсынұлы араб жазуына негізделген қазақтың төл әліпбиін жасады, ұлт тілінің дыбыстық, сөз, сөйлем жүйесін айқындап берді. Ұлттық терминорды қалыптастырудың тұңғыш ғыл. қағидағарын белгілей отырып, тілтану, әдебиеттану, әдіс-

теме салаларының терминжүйелерінің негізін қалап, қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсетіп, тәжірибесін орнықтырды. Қазақ тіл ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосып, аса құнды ғыл. еңбектер жазған ірі тілтанушы ғалымды «Қазақ тіл білімінің атасы» дейтініміз де сондықтан. Байтұрсынұлы қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес қосты. Ол ұлтымыздың эпостық жыры «Ер Сайынның» алғы сөзі мен түсініктемелерін жазып, 1923 ж. Мәскеуден кітап етіп шығарды. Қазақтың ауыз әдебиетінің үздік үлгілері жоқтау-жырларын жинап-сұрыптап, жүйеге түсіріп, «23 жоқтау» деген атпен жариялады. Ғалым қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған «Әдебиет танытқыш» еңбегін жазды. Бұл еңбегінде әдебиеттану ұғымдарын жүйелеп түсіндірумен қатар, олардың қазақша атауларын да жасап, қолданысқа енгізді. Тіл ғылымының «Тіл жұмсар», әдістемелік құралы «Баяншы» мен «Сауат ашқыш», «Әліппе астары» сияқты еңбектері де бірнеше реттен басылып, көпшіліктің үлкен сұранысына ие болды. Автордың бұл еңбектері оның ірі ағартушы, әдіскер ғалым екенін айғақтайды. Сонымен қатар тіл мен әдебиет саласына қатысты өзге еңбектерінде де, оқыту әдістемесіне сай жүйелілік пен сабақтастықта, материалдарды жалпыдан жалқыға қарай сатылай береді. Оның қай еңбегін алып қарасақ та, зерттеген мәселесінің тереңіне үңілу арқылы тапқанын сараптан өткізіп, талдай білетін ғалым болумен бірге, айтар ойын оқырманына жүйелі әрі ұғынықты жеткізе білетін әдіскер-ғалым екені көрінеді. Байтұрсынұлы тек ғалым ғана емес, ол ғылым ісін ұйымдастырушы тұлға. Ғалым 1922 ж. Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академ. орт-тың, 1922–25 ж. Халық ағарту комиссариаты ғыл.-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Ол 20 ғ-дың басындағы Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі маңдай алды оқымыстылар санатынан болды. Ғалым Академ. орт-тың («Акцентр») тұңғыш төрағасы ретінде ғылым негізінің қаланып, жемісті дамуына да көп еңбек сіңірді. Байтұрсынұлы – жан-жақты білім иесі, қазақ филологиясының негізін қалаған ғұлама ғалым, отандық ғылымның өркендеуіне зор үлес қосқан Алаштың ардақтысы, ұлтымыздың ұлы перзенті.

*Ш.Құрманбайұлы*

**ҒАЛЫМЖАН ИБРАҺИМОВ ТҮРКІ-ТАТАР ОЙШЫСЫ, ТҮРКІ-ТАТАР БІЛГІРІ, ТҮРКІ-ТАТАР ЖАЗУШЫСЫ** – мақала. Авторы – А.Байтұрсынұлы. Татарстанның «Біздин юл» («Біздің жол») журналының 1928 жылғы №2-санында жарық көрген. Бұл шығарманы Еуразия ұлттық университетінің проф., филол. ғыл. докт. Жантас Жакыпов

тауып, «Егемен Қазақстан» газетінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы санына қазақ тіліне аударып берген. Мақала кейіпкері – татар арасында алаш-шылдармен пікірлес қайраткер, ұлтшылдығы үшін құрбан болған, кеңес ұлттарының латын әрпіне көшуіне қарсы шығып, Ахмет Байтұрсынұлын қолдаған, түркі халықтарының бірлігі жолында қызмет еткен ойшыл, жазушы, ғалым, журналшы (жоғарыдағы журналдың редакторы болған) Ғалымжан Ибраһимов. Сонымен қатар мақалада автор Ибраһимов жайында ой өрбіте отырып, түркі халықтары руханиятының тағдырын таразылайды. Мақала араб негізді жазумен татар тілінде жарияланған. Мақала соңында автор өзі сөз етіп отырған кейіпкеріне ұзақ ғұмыр тілеумен аяқтай отырып, «Ахмет Байтұрсынұлы. 24.1.28 – Қызылорда.» деп қол қойған.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ҒАР» (ҚАР, КЕР) ЖҰРНАҚ** – зат есіміне жалғанып, басқаны сол затта болдыратын қосымша. Мәселен, «аң» деген сезге «*ғар*» жұрнағын жалғап, «аңғар» дейміз, аңында болдыру үшін. «*Ес*» деген сөзге «*кер*» жұрнағын жалғап, ескер дейміз, есінде болдыру үшін.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**«ҒАСЫР САҢЛАҒЫ»** – ҚР Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орт. кеңесі мен Халықар. Абылай хан қоры еліміздегі ең таңдаулы адамдарға тағайындайтын медаль. Бұл медаль А.Байтұрсынұлына 2000 ж. берілген. Медаль үш бұрышты болып келеді. Оның ортасына дөңгелек пішінде шаңырақ белгісі кейіптелген. Шаңырақтың сыртын айналдыра Байтұрсынұлының «Малым жанымның, жаным арымның садағасы» деген сөзі жазылған. Астыңғы жағына үлкен әріптермен «*Ғ. с.*» деген жазу бар. Үш бұрышты медаль жоғ. үш жағынан мойынға тағатын ақ лентаға жалғасқан. Ғалымға ұсынылған бұл марапаттың түпнұсқасы Қостанай қ-нда орналасқан қайраткер атынд. мұражайда сақтаулы.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ҒАСЫР САҢЛАҒЫ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒҰМЫРБАЯНЫ»** – зерттеу монографиясы. Авторы – Р.Имаханбетова. ҚР Байланыс және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. Аст., «Педагогика ПРЕСС» баспасынан 2010 ж. жарық көрген. Көл. 304 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітап А.Байтұрсынұлының шығарм. өмір жолы, мемл. және қоғамдық қызметтеріне арналған. Зерттеу автордың мұрағаттық сирек қорлар құжаттарына көп жылдар бойы жүргізген ізденістері негізінде жазылған. Ғыл.-зерт. еңбек

алғы сөзден, 3 тараудан («Ғалым ғұмырнамасы және Ахметтанудың негіздері», «Ғылыми шығармашылық мұрасы», «Еленбеген еңбектері»), қорытынды және қосымшадан (библиографиялық көрсеткіш) тұрады. Автор ғалым туралы 1988 жыл-



дан жазыла бастаған материалдар сериясын сараптай келе, онда қалыптаса бастаған кейбір қағидаға айналған қателер мен жаңсақ пікірлерге тарихи құжаттар арқылы дәйекті жауап береді, әрі мұрағат деректері бойынша ғыл. ой-тұжырымдар жасайды. Еңбекте сондай-ақ мұрағаттық суреттер мен деректі құжаттардың ксеросканерлі көшірмелері де берілген. Ғыл. еңбек ЖОО-ның оқытушыларына, студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жалпы оқырман қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**ҒҰМАР ҚАРАШ** (1875, Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. – 12.4.1921, сонда) – ақын, қоғам қайраткері. Жастайынан жетім қалып, ағайын-туыстарының қамқорлығымен ауыл молдасынан оқып, сауат ашады. 1902 ж. өз ауылында бала оқытады. 1911–13 ж. «Қазақстан» газетінің жұмысына ат салысты. Сол жылдары Орынбор қ-нда, Шәңгерей Бөкевтің қамқорлығымен, ел аузынан жинаған әдеби мураларды құрастырып, «Шайыр», «Көксілдер» атты екі жинақ жариялады. Ғ. Қ-тың «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа, 1918), аталатын бес поэзиялық, «Ойға келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), «Өрнек» (Уфа, 1911), «Бәдел хажы» (Қазан, 1913) дейтін үш зерттеу кітабы жарық көрген. 1914 ж. «Аға тұлпар: Қарнаман аға Ғұмар Қарашұлы. Олеңдер жинағы» А.Байтұрсынұлының жетекшілігімен Орынбор қ-нда басылып шықты. Ғ. Қ. өлең-толғауларында, көсемсөздері мен мақалаларында заман, өмір,

## ҒҰРЫП

дін-шариғат, табиғат, махаббат, т.б. мәселелер туралы толғанады, патша үкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екі жүзділігін сынап, халыққа адал қызмет етуге үндейді. Өз тілі мен мәдениетін сақтай отырып, ғылым, білімге ұмтылуды, мәдениетті елдерден үлгі алуды насихаттайды. Ғ. Қ. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін құрылған «Алаш» партиясына, Алашорда үкіметіне үлкен үмітпен қарап, «Алаштың азаматтарына» атты арман мен үмітке толы өлеңдерін жариялады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұр-



*Ғұмар Қараш*

сынұлы, М.Дулатов, т.б. түзген Алаш партиясы бағдарламасының жобасындағы» мемлекетшілдік ұстанымға негізделген саяси тұжырымдамаларды әлеум. лирикасымен көркемдік танымда жаңғыртып, өлеңдерімен («Көреміз бе?», «Жұртым саған не болды») ұлт санасына құюға үлес қосты. 1917 ж. мамырда Ордада өткен Бөкей қазақтарының жалпы съезіне, сол жылы 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезіне қатысып, баяндама жасады. 1918 ж. Ордадағы педтехникумда сабақ берді. Бөкей губ. мұғалімдерінің 1-съезіне (24 қыркүйек, 1918), 1918–20 ж. өткен Бөкей губ. кеңестерінің 1-, 2-, 3-, 4-съездеріне делегат болып қатысты. 1919 ж. Бөкей губаткомында қызмет істеп, коммунистік партия мүшелігіне өтті. Қазақтың тұңғыш пед. журналы «Мұғалімге» басшылық етіп, сол журналда «Педагогика» атты еңбегін жариялады. 1920 ж. Бөкей губаткомында бөлім басқарды. 1921 ж. 12 сәуірде Құнаншапқан деген жерде қарақшылар қолынан қаза тапты. Ғ. Қ. – 20 ғ-дың бас кезіндегі «Қазақ дұрыстығы», «Қазақстан», «Айқап», «Дұрыстық жолы», «Шора», «Абай» сияқты газет, журналдарда «Бұл қай заман?», «Тіршілік таласы», «Тәнсіз жан жоқ», «Жастарға», «Ұлт және туған тіл», «Қазақтар хақында», «Зан мәселесі», «Жүгенсіздік адамға жол ма еді?», т.б. мақалаларын жариялаған. Ол шығармаларын «Ғұмар Қараш баласы», «Ғұмар Қарашұлы», «Ғұмар әл-Қараш», «Бөкей елінің бір баласы», «Ғ. Қ.», «Ғ. Мұштак», «Қазақ», т.б. есімдермен жариялап отырған. Ғ. Қ. шығармалары мектеп оқулықта-

рында, орыс тілінде жарық көрген «Қазақ поэзиясының антологиясы» (1958) мен «Қазақстан ақындары» (Ленинград, 1978) жинағында, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған. Өлең, толғаулары мен филос. ой-толғаулары және әңгіме, мақалалары 1994 ж. жарық көрді («Замана». А.: «Ғылым» баспасы, 1994).

Әдеб.: <http://www.qamshy.kz/> (қаралған күні: 22.9.2017); <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 22.9.2017).

*М.Тәж-Мұрат*

**ҒҰРЫП СӨЗІ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде сарындаманың бір тарауының атауы ретінде алынған термин. Ғ. с. – ғұрып сарынымен, яғни әдет-ғұрып, салт бойынша жасалатын іске айтылатын сөздер. Яғни Ғ. с. – қазақтың салт-дәстүрінде бар жар-жар, той бастар, беташар, неке қияр, жарапазан сияқты өлең-жырлардың жалпы атауы. А.Байтұрсынұлы көрсеткен Ғ. с. үлгілері дәл сол кездегі атауда, сол мазмұнда бүгінге дейін сақталып келеді.

*С.Жайлауова*

**ҒЫЛЫМ** – 1) жүйеленген білім, пән; 2) жүйеленген білім жайын сөйлейтін байындама. Білім үйрету мақсатпен де, үйлестіру мақсатпен де жүйеленеді. Қай мақсатпен жүйеленсе де, жүйеленген білім ғылым болады, сондықтан ғалымдардың білімді таза білім жүйесімен жүйелеп шығарған кітаптары да, үйретушілердің білімді тек үйрету қолайына қарай жүйелеп шығарған оқу кітаптары да бәрі пән тобына жатады. Дүниені, яғни табиғатты дұрыс тану, зейін табиғат құбылысын тану жағына жұмсалып, табиғаттың түрлі заңдарын тауып, қасиеттерін біліп, әбден көз жеткенде пайда болатын ұғым жүйесі. Ғылым жоқ болса, дүниені тану дұрыс болмайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**«ҒЫЛЫМ»** – 1922 ж. Қазан қ-нда басылған «Маса» жинағына енген өлең. Көл. 26 жол. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған. Ақынның бұл туындысында Ыбырайдың ағартушылық ойларымен үндестік байқалады. Бойындағы білімі мен күш-жігерін туған халқын ояту жолына арнаған ағартушы ел ішіндегі діни қараңғылықты сынайды. Оқыту жүйесі қалыптаспаған аңқау елді арамза молдалардың керіартпалығын ашына жеткізеді. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген халық даналығын келтіре отырып, ғылым-білімі бар елдің алға озып кеткенін айтып, жастарды қайрайды.

*С.Итеғұлова*

**ҒЫЛЫМ СЫНЫ** – пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілетін қара сөз сыны. Ғылым сыны – ғалымдықсыз жасалмайтын сын.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.



**ДА** – екі сөздің не сөйлемнің арасын жалғастырып, жүйесін келтіруге демеу болатын сөздер. Мәселен, «Ол оқиды *да*, жазды *да*».

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

«**ДАҒДАРЫС**» – өлең. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 16 желтоқсандағы 161-санында «Оқшау сөз» айдарымен жарық көрген. Төте жазумен басылған өлеңді 1989 ж. әдебиетші Б.Байғалиев бүгінгі әліпбиге түсірген. Шығарма «Байқаушы» атты бүркеншік есіммен берілген. Бұл бүркеншік есімді зерттеуші ғалым Ө.Әбдиманұлы Т.Шонанұлының және Б.Байғалиевтің еңбектерін саралай отырып, А.Байтұрсынұлына тиесілі деп тұжырымдайды. «Ой Алла, заман нендей түрленіп тұр, Айтуға тілің жүрмей күрмеліп тұр. Оң-теріс, обал-сауап құр сөз болып, Сан заттар «сап» деп жүрген кірленіп тұр» деп басталатын ақын өлеңінен өзі өмір сүрген тұстағы билеуші тарапына көңілі қалып, әділетсіз қоғамға деген наласын, шарасыздықтан дағдарып, тәңіріне жалбарынған ішкі толғауын сезіне аласың. 11 буынды кара өлең ұйқасына құрылған шығарма 6 шумақтан, 24 жолдан тұрады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ДАҒДЫЛАНДЫРУ** – «Тіл-құралды» оқыту барысында қолданылатын тәсіл. А.Байтұрсынұлы «Тіл-құралда» мұғалімдер үшін әдістемелік кеңестер де беріп, материалды балаларға тез әрі жеңіл үйретудің жолдарын көрсетіп отырған. Ғалымның өзі «дағдыландыруды» былайша сипаттайды: «Тіл-құралмен» балаларды оқытқанда һәр қағида я ережені оқытқаннан кейін балалар әбден түсіну үшін сөйлем, сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ереже келетін жерлерін балаларға таптырып, басқалардан айырып үйрету. Солай бірнеше рет істеп көрсеткеннен кейін балалар керек сөздерді өздері тауып, өздері айыруға дағдыланады».

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

«**ДАҒДЫЛЫ ЖОЛ МЕН АЙЛАЛЫ ЖОЛ**» – танымдық мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін I-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Мақалада автор дүниеде адам қолымен және табиғи жолмен болып жатқан өзгерістер мен даму жайында сөз қозғайды. Жазба соңында: «Сүйтіп, табиғаттың құбылысы екі түрлі болады: бір түрі – адамның ақыл-айласы қатыспаған, жалғыз ғана табиғат заңына бағынып, өз бетімен болатын құбылыс (бұған мысал: қойанның түсінің өзгеруі); екінші түрі – адамның ақыл-айласымен болған құбылыс. Мұның әуелгісіне «дағдылы құбылыс» деп, екіншісіне «айлалы құбылыс» деп ат қойылған» деген тұжырым айтады. Жазба соңына «Елдес» деген бүркеншік ат берілген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

«**ДАҒЫ**» (**ДЕГІ**) **ЖҰРНАҚ** – зат есіміне жалғанып, нәрсенің болуы сол затта екендігін көрсететін қосымша. Мәселен, «*тау*» деген сөзге «*дағы*» жұрнағын жалғап, «*таудағы*» дейміз, болуы тауда болса.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

«**ДАЙ**» (**ДЕЙ**) **ЖҰРНАҚ** – зат есіміне жалғанып, басқа затты сол затқа балайтын, теңейтін қосымша. Мәселен, «*ай*» деген сөзге «*дай*» жұрнағын жалғап, «*айдай*» дейміз, бір нәрсені айға балағанда. «*Күн*» деген сөзге «*дей*» жұрнағын жалғап, «*күндей*» дейміз, нәрсені күнге балағанда. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

«**ДАЛА БОРАНЫ**» – «Оқу құралына» енген әңгіме үзіндісі. Авторы Т.Аксақұлы делінген. Ғыл. түсініктемеде белгілі орыс жазушысы С.Т.Аксаков аталады. Әңгімеде түнгі боранда қалған бір оп кірешінің жағдайы баяндалады. Үш күн, үш түн соққан бораннан ықтасын жасап аман қалғандарды күн ашылғанда келіп жеткен жолаушылар тауып, қар астынан аршып алады. Ал боранға карамай ілгері жүріп кеткен 5–6 адам әрқайсысы әр жерде қатып қалады. Әңгіме мазмұны «Бөлінгенді бөрі жейді» деген мәтелді еске түсіреді. Оқыған адамға, жас шәкірттерге берер гитараты бар.

*С.Ғұсманқызы*

**ДАЛА ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ** – Ресей империясының 19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың алғашқы ширегінде болған әкімш. аймағы. 1882 ж.

## ДАЛА

18 мамырда құрылған. Орт. Омбы к. болды. Д. г.-г-на Ақмола, Семей, Жетісу облыстары қарады. 1891 ж. 25 наурыздағы «Дала ережесі» бойынша оған Орал, Торғай облыстары қосылды. Д. г.-г. шығысында Қытаймен, оңт-нде Түркістан ген.-губернаторлығының Ферғана және Сырдария облыстарымен, батысында Бөкей ордасы мен Самара губ.-ндағы Орал казак әскерлерінің жерімен, солт-нде Самара, Орынбор, Тобыл, Томск губ.-ларымен шектесті. 1897 ж. Жетісу обл. Д. г.-г-нан Түркістан ген.-губернаторлығы құрамына енді. Д. г.-г-ның тұңғыш ген.-губернаторы болып ген.-л. Г.А.Колпаковский тағайындалды. Д. г.-г. патша өкіметі құлағаннан кейін таратылды (1917).

*Қ.Исабай*

«ДАЛА ДАНАЛАРЫ» – жинақ кітап. Құрастырушылар – И.Тасмағамбетов, Е.Әбен, Е.Дүйсенбайұлы. Қазақстан даму ин-тының ғыл. кеңесі ұсынған. А., «Білік» баспа үйі 2001 ж. жарыққа шығарған. Көл. 640 бет. Таралымы 2500 дана. Ел тәуелсіздігінің онжылдығы тұсында Ұлы Тұран даласында өмір сүрген арғы-бергі ақыл-ой алыптарының рухына бағытталған бұл еңбек ұлттық тарихымызды танып-білуге септігін тигізеді. 1998 ж. «Мемлекеттің бірінші басшылары: саяси портреттер» деген атпен орыс тілінде жарық көрген кітаптың заңды жалғасы іспетті бұл жинаққа дала данышпаны – Анахарсистер басталып, ұлы қолбасшы, жазушы – Бауыржан Момышұлына дейінгі Ұлы дала елінің 45 дана тұлғалары енгізілген. Кітаптың 489–508-беттерінде Ә.Кекілбайұлының А.Байтұрсынұлының толыққанды болмысын ашқан «Ұстаз ұлағаты» атты көлемді мақаласы жарияланған.

*С.Арғынғазин*

«ДАЛА УӘЛАЯТЫНЫҢ ГАЗЕТІ» – Омбы қ-нда қазақ, орыс тілдерінде «Акмоллинские областные ведомости» газетіне қосымша түрде шығып тұрған ресми газет. 1888 жылдың 1 қаңтарынан 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін жұмыс істеген. Оның жарыққа шығуы 1882 ж. құрамына Ақмола, Семей және Жетісу облыстары кірген Дала ген.-губернаторлығының құрылуымен байланысты болды. Газеттің басты мақсаты – жергілікті халықты үкімет жарлықтарымен таныстырып отыру. Қазақ тіліндегі редакторлары – Е.Абылайханов және Д.Сұлтанғазин. Газеттің бейресми бөлімінде Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов туралы деректер басылған. Абай, М.Ж.Көпейұлы, Шәкерім, Ә.Бөкейхан, А.Құрманбаев, О.Әлжанов, С.Шорманов, М.Жанайдаров, Қ.Жапанов, Б.Сырғанов, Ж.Ақбаев, Ж.Айманов, Ә.Айтбакин, т.б. өткен ғасыр соңындағы қазақ өмірін терең білген адамдардың шығармалары, хаттары, мақалалары басылып тұрған. Онда бұдан бір ғасыр бұрынғы қазақтардың қоғамдық-саяси өмірі бейнеленіп, әлеум. жағдайы, экономикасы, шаруашылығы, мәдениеті, салт-дәстүрі,

т.б. туралы мол мәліметтер берілген. Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқалары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, орыстың белгілі ақын-жазушыларының кейбір шығармаларынан аудармалар жарияланған. «Д. у. г.» аптасына бір рет, алдымен жұма сайын, кейін жексенбі сайын шығып тұрған. Таралымының аздығына қарамастан, газет Қазақстанның қазіргі аумағына түгел дерлік тараған. Ү.Субханбердинаның құрастыруымен «Д. у. г.-нің» материалдар жинағы 1989–92 ж. 4 кітап болып шықты. Ү.Субханбердина 1996 ж. «Д. у. г.-нің» 5-кітабын, мазмұндалған библиогр. көрсеткішін жарыққа шығарды.

*Әдеб.:* Субханбердина Ү. Дала уәлаятының газеті. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – А., 1996.

*Қ.Атабаев*

**ДАМЫТУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Д. – пікір айтқанда алдыңғы айтқан сөздерден кейінгі сөздердің қуатын арттырып, дамыта сөйлеу. А.Байтұрсынұлы әншейін сөйлегенде де дамыта сөйлеу үлгісін көрсетеді. «Бар! Жүгір! Ұш!» дейтін болсақ, барудан жүгірудің, жүгіруден ұшудың артық әрекетті қажет ететінін, бір-бірінен күштірек екенін білеміз. Осындай әрекеттерді сөзге салып, әсерлей түсеміз. Тек әрекеттермен емес, әр түрлі сын-сипат, сан, мезгіл, мөлшер мәнді, т.б. сөздердің күшейтуі арқылы да сөз дамытылады.

*Д.Оспанова*

**ДАНАЛЫҚ** – адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниеде бар нәрсенің барлығын яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір пікірге келгенде түзілетін ұғым. Д.-тың мақсаты – бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам аталған дүниенің жұмбағын (дүние мәселесін) шешу.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

«ДАНЫШПАН АЛЕКТИҢ АЖАЛЫ» – «Маса» жинағындағы өлең. 26 шумақ (104 тармақ). Өлеңге берілген түсініктемеде «А.С.Пушкиннің «Львов жылнамасындағы» әңгіме негізінде жазылған» делінген. Алек деген бағыр кезекті бір жорыққа шығар алдында «Сырмінез тандап мініп сенімді атты», «Далада келе жатып, князь көрді, Ішінен қалың орман шыққан қартты». Алек бағыр қарқа: «Не болар, айтшы, бақсым, Құдай сүйген, Ілгері өтер жасым нендей күймен? Жауымды жан-жақтағы қуандырып, Топырақ тез басар ма денеме үйген?» дейді. Бақсы қарт оған соғыста абыройы асып, жеңіске жететінін айта келіп, бірақ «Ажалың астындағы осы атыңнан болады» дейді. Мұны естіген Алек ат ауыстырып мінеді де, бұрынғы атын күтіп бағу үшін бақашыларға тапсырып, тастап кетеді. Бір күні Алектің есіне аты түсіп, «Ол не халде?» деп сұрайды. Сонда

«Айтады біреу тұрып: «Князь батыр! Басында биік қырдың әлдеқашан, Тыныштық алып, атың ұйықтап жатыр». Мұны естіген Алек: «Оттап босқа шал не деген?» деп, атын көруге өзі келсе, төбе басында аттың сүйек-саяқтары шашылып жатқанын көреді. Бір кезде «Білдірмей, бас ішінен жылжып шығып, Князьға қара жылан шапты ысқырып. Оралып аяғына, шаққан кезде, Батырдан шықты дыбыс, жаны ышқынып». Сөйтіп, Алек батырдың ажалы, бақсы айтқандай, атынан болады. Мұндай аңыздар түркі жұртында, оның ішінде қазақ ауыз әдебиетінде де кездесетіні белгілі. Бұдан өмір сүрген ортасы, тұрмыс-салты басқа халықтардың да арасын жалғап тұрған бір рухани байланыстың бары аңғарылады.

*С.Ғұсманқызы*

**ДАРКЕНОВ** Құрманғали Ғазезұлы (15.12.1959 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Тауш а.) – алаштанушы, тарих ғыл. канд. (1995), доцент (2000). Ресей жаратылыстану академиясының проф. (2013). Халықар. ақпараттандыру акаде-



*Қ.Даркенов*

миясының корр.-мүшесі. 20 ғ-дың басындағы қазақ интеллигенциясына, оның ішінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов тәрізді Алаш зиялыларының қайраткерлік қызметіне қатысты еңбектер жазған. «1937 жыл: қазақ зиялыларының тағдыры мен қасіреті» (ағылш. тілінде: «The 1937 year: Fate and tragedy of the kazakh intelligentsia» (New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences. Issue 1 (2017). University of Alcalá, Madrid, Spain), «XX ғасырдың 20-шы жылдарының алаш зиялыларының білім беру мен маман дайындаудағы қызметі» («Қазақстан мұрағаттары», 2012, № 4), «Разногласия по вопросам размежевания интеллигенции в Казахстане (20–30 годы XX вв.)» («Общественные науки», 2010. №3), «Ғ.Тоғжановтың «Байтұрсынов және байтұрсыновшылық мақаласы немесе алыпты айыптау» («Ақиқат», 2013. №2), «1921–22 жылғы ашаршылық және «Торғай ісі» («Қоғам және дәуір», 2013, №1), «Алаш зиялыларының тағдыры» монографиясының (2017), басқа да көптеген еңбектердің авторы.

**ДАРЫНДЫ СӨЗ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Д. с. қара сөз сияқты емес, ол – дарындылардың, ақындардың, аркалылардың сөзі. Бұл тұста ғалым ақын мен ғалымды салыстырады. Ақын ғалым секілді болған жайды болғанындай емес, өз күйімен, түйгенімен, толғанысымен сөйлеп, ұйғаруынша суреттейді. Сол үшін бар шеберлігін жұмсап, сөз шығарады. Ол сөз – көркем сөзді шығарма, ал оны шығаруға жұмсайтын өнер – ақындық. Ақындықтан шыққан сөз әуезеленіп, толғанып, ғамалдап айтылады. Байтұрсынұлы Д. с. қазақтың жазба әдебиетіне де, ауыз әдебиетіне де келмейтінін айтады. Қазақ ауыз әдебиетінің шығармалары айтылу түріне қарай емес, тұтыну орнына қарай бөлінеді. Байтұрсынұлы өнер-ғылым жұртынан шыққан ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негіздік үш тапқа бөлген. Олар: әуезе, толғау және айтыс.

*Д.Оспанова*

**ДАРЫНДЫ СӨЗ ЖҮЙЕСІ** – сөз өнері ғылымының мазмұн жағынан бөлінуі, көңіл көтергісіне жұмсалатын сөз, өлең.

Әдеб.: Байтұрсынұлы. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ДАТТАУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. А.Байтұрсынұлының пікірінше, сөгу, жамандау, айыбын, мінін айтудың жалпы атауы – Д. Бір адамның немесе жалпы халықтың басындағы мінін айту да Д-ға жатады. Ежелде жеке адамды даттағанда ең алдымен күйініп даттаған, яғни оны үйіне қондырмаған, жөнді ас бермеген. Солайша сол адамның жөнсіз әрекеттерін түзеуге тырысқан.

*Ә.Қожахмет*

**«ДАУКЕСТЕР СӨЗІ»** – әңгіме. Бұл әңгіме А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Шығармада Нау атты даукес жанның тапқырлықтары жайындағы екі эпизод қамтылған. Әңгіменің қайдан алынғандығын соңында «Шорман жазбасынан» деп көрсетеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Нозай*

**«ДАУ ШЕШЕДІ ДАНА СӨЗ»** – жинақ. Кұрастырған – О.Әбілдаұлы. А., «Жеті жарғы» баспасынан 1996 ж. жарық көрген. Көл. 304 бет. Таралымы 3000 дана. Жинақ 12 ғ-да дүниеге келген Майқы биден бастап 20 ғ-да өмір сүрген И.Байзақов аралығындағы жыр жампоздарының таңдамалы туындылары ұсынылған. Кітапта А.Байтұрсынұлының «Жауға түскен жан сөзі» және «Қазақ салты» атты өлеңдері жарияланған.

*С.Хасенов*



## ДАУЫЛ

«ДАУЫЛ» – «Оқу құралына» енген шағын өлең. 16 тармақтан тұрады. Авторы – Қаптағай делінген. Аса қатты соғатын желдің – дауылдың ерекшеліктері, дауыл сокқанда құрлықта, теңізде, аспанда болатын құбылыстар өлең тілімен суреттелген. Бұдан шәкірттер табиғат құбылысымен ғана танысып қоймай, өлең сөздегі бейнеліліктің де сырын ұғынады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұрманқызы*

**ДАУЫС** – көмекейден (дауыс қабыршағының дірілдегенінен) пайда болатын дыбыс. 20 ғ-дың басында ғалымдар қазақ тіліндегі дыбыстарды дауыс пен жай дыбыстың шамасына қарай топ-



тастырған. Құрамында жай дыбыстан дауысы көп дыбыстар «дауысты дыбыс» деп аталған.

*Әдеб.:* Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

*О.Жұбаева*

«**ДАУЫС**» – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Этнограф түсініктемесінде: «Бұл әуенді күніне 3 рет «дауыс» шығаратын жесір әйелдер айтады» деген анықтама берген. Ән қос тармақты шумақты құрылымда (АВ), ладтық негізі тұрақты фа-минорда жазылған. Диапазоны секста аралығын қамтиды. Біркелкі 6/8 өлшемде жүреді. Ырғақ ерекшелігінде жартылық нүкте, төрттік нүктемен ұзақтықтарының пайдаланылғаны, екпінінде берілген – өте жай, мұңды сипаттаманы аша түседі. Тек екінші әуендік жолдың басында ғана пунктир ырғағы кездеседі. Әннің бірінші әуендік жолы квинталдық до дыбысынан кіші секундалық кадаммен және зататқтен басталып, терциялық арақашықтықтың төмен бағытқа түсіп, қайта оралған интонациясының секвенциялық үзбе арқылы қайталануынан тұрады. Екінші әуендік жол терциялық ля-бемоль дыбысынан секундаға көмекші айналуды арқылы жоғары бағыттала, ре-бемоль дыбысына көтеріліп, каденц. айналымға көседі. Екі әуендік жолдың каденц. айналымы бірдей: 4 дыбыстан төмен терцияға түсіп, негізгі тонға тұрақталады. Бұл ретте сарынның негізінде терциялық және кварталық трихорд аралығындағы интонациялар кездеседі.

*А.Қазтуғанова*

**ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР (ХАРИФТЕР)** – тілдің қозғалғанынан, тандайдан, тістен, еріннен,

мұрыннан шығатын дыбыстар. 20 ғ-дың басындағы ғалымдардың еңбектерінде «көмекейден шығатын дыбыс» *дауыс* деп аталған да, «тілдің қозғалғанынан, тандайдан, тістен, еріннен, мұрыннан шығатын дыбыс» *жай дыбыс* деп аталған (Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.). Қазақ тіліндегі дыбыстарды ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай тексеріп, жай дыбыстан дауысы аз дыбыстарды «дауыссыз дыбыстар» деп атаған. Құрамында жай дыбыс та, дауыс та бар дыбыстар жеке дараланып (жарты дауысты немесе орта дауыстылар), тілдің тандайға, тіске жақындап қозғалғанынан, еріннің қозғалғанынан шығатын, дауыс мүлде болмайтын дыбыстар (қатаң дауыссыздар) арнайы жіктелген. Сол сияқты қатаң дыбысқа сәл дауыс қосылса, өзгеріп кететін дыбыстар өз ішінен уян, үнді, ымыралы, ымырасыз, т.с.с. түрінде жіктелген. А.Байтұрсынұлы дауысты харіфтерге (б), (п), (т), (ж), (ш), (д), (р), (з), (с), (ғ), (к), (к), (г), (ң), (л), (м), (н) жатқызған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. – I тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ДАУЫСТАП АЙТУҒА КӨНБЕЙТІН ДЫБЫСТАР** – дауыссыз дыбыс немесе тұйық дыбыстар.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ДАУЫСТАП АЙТУҒА КӨНЕТІН ДЫБЫСТАР** – дауысты дыбыс немесе ашық дыбыстар.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР (ХАРИФ)** – көмейден (дауыс қабыршағының дірілдегенінен) шығатын дыбыстар. Қазақ тіліндегі дыбыстарды ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай тексеріп, жай дыбыстан дауысы көп дыбыстарды «дауысты дыбыстар» деп атаған. А.Байтұрсынұлы дауысты харіфтерге а, о, ұ, ы, е жатқызған. а, о, ұ, ы дыбыстарының жіңішке сыңары дәйекші арқылы берілген.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

«**ДӘЙЕКТЕМЕ**» – А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірігіп дайындаған «Оқу құралы» атты хрестомат. еңбегінің беташар сөзі. Соңына: «Жазушылар 1923 жыл, сентябрьдің 10-ы. Орынбор» деген уақыт мерзімі берілген. Хрестомат. еңбек бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тарихы, әдебиеті мен тілі, жағырапия, шаруа-кәсіп және жаратылыстану, т.б. ғылым салалары бойынша мағлұматтар береді. Бұл – өз кезінде (1927 ж. Қызылорда қ-нда шыққан) жастардың сауатын ашуға, дүниетанымын кеңейтуге әсер еткен басылым. «Д»-де «Кітап Қазақстан Ғылым ордасының мақұлдаған бірінші сәтті бауду мектебінің

программасына үйлестіріліп жазылды» делінген. Сондай-ақ кітаптағы материалдарды басқа біліммен байланыстырып, керегіне қарай оңды-солды, ілгері-кейін теріп оқытуға болатыны айтылған.

*С.Ғұсманқызы*

**ДӘЙЕКШІ** – А.Байтұрсынұлы түзген «Төте жазуда» қолданылған жіңішкелік белгісі. Сөз басына қойылған дәйекші түгел сөзді жіңішкертеді. Ал құрамында *к, г, е* *харіфтері бар сөздерге дәйекші белгісі қойылмайды*. Бүгінде апостроф деген халықар. атауға ие. Байтұрсынұлы 1912 жылға дейін қолданып келген араб жазуында бір әріппен бірнеше дыбысты немесе бірнеше әріппен бір ғана дыбысты жазып келгендіктен, оларды бір жүйеге салу қажеттігін, жіңішке дыбысталатын сөздерге «дәйекші белгісі» арналғанын айтып, қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес құрылған «жазу тәртібін» қарапайым тілмен, ұғындыруға тырысқан. Байтұрсынұлы жазу жүйесі бойынша сөздің бас жағында *Д.* белгісі тұрса ол сөз тұтастай жіңішке оқылады. Бұл белгіні Байтұрсынұлы әліпби түсінірмесінде дыбыссыз таңбалар қатарында көрсетеді.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*Д.Оспанова, О.Жұбаева*

**ДЕ** – екі сөздің не сөйлемнің арасын жалғастырып, жүйесін келтіруге демеу болатын сөздер. Мәселен: «Мен *де*, сен *де* сонда болдық».

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ДЕЙІН** – барыс жалғаудан соң қойылатын жалғаулық.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ДЕМЕУ** – екі сөздің арасын, яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер. Қазақ тілінде демеу сөздердің аз екенін, оның көбі басқа сөзден жасалған туынды демеулер екенін ескерте келіп, ғалым мысал ретінде үйткені, сүйткені, үйтседе, бүйтседе, сүйтседе, әйтседе, әйтпесе, үйтпесе, бүйтпесе, немесе сөздерін келтіреді. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ДЕМЕУШІ** – қ., *Демеу*.

**ДЕРЕКСІЗ ЗАТ** – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіскелмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақыл мен ғана білетін заттар. Мәселен: *бақ, бәле, жан, өлім, ой, мінез, ұят, реніш, қуаныш, т.б.*

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ДЕРЕКТІ ЗАТ** – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін заттар. Мәселен: *жер, су, ай, күн, дауыс, дыбыс, ән, күй, иіс, қоңыс, дәм, ащылық, тұщылық, жсылылық, суықтық, т.б.*

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ДЕРТ КӨШІРУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. Қазақ адамда және малда болатын кейбір күләпсан, бәдік деген ауруларды өлеңмен емдеген. Яғни бәдік ауруына ұшыраған малды, күләпсан ауруына шалдыққан адамды ортаға алып, қыз-бозбала арасында «көш-көш» деп өлең жолдары арқылы дертті қуған. А.Байтұрсынұлының пікірінше, мұндай өлеңдер көркем тілмен айтылмайды, қарапайым сөз қолданыстары басым болады. Бәдік және күләпсан өлеңдері мазмұндық жағынан ұқсас болып келеді.

*С.Жайлауова*

**ДИВАЕВ** Әбубәкір Ахметжанұлы (3.12.1856, Ресей, Орынбор қ. –5.2.1932, Өзбекстан, Ташкент қ.) – фольклорист, этнограф. Ұлты – башқұрт. Орынбор кадет корпусының Азия бөлімін бітірген (1876). Алғашында Түркістан өлкесіне әскери



*Ә.Диваев*

қызметпен келіп, кейін Ташкент қ-нда Әскери-халықтық басқармада қызмет еткен. Д. өзбек, тәжік, парсы тілдерін меңгерген. Кадет корпусында оқып жүріп қазақ тілін үйреніп, қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына қатысты құнды материалдар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен шұғылданған. Д-тың қатысуымен 1895 ж. Қожа Ахмет Иасауи мешітінен табылған көне жазулар Түркістан өлкесі тарихын зерттеуге қосылған елеулі үлес болды. Д. 1896 ж. 22 қаңтарда Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесіне мүше болып қабылданады. Ол «Қобыланды», «Алпамыс батыр» (оның бірнеше нұсқасы), «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Айман-Шолпан» жырларын, «Алаша хан мен Алдаркө-

## ДИҚАНШЫНЫҢ

се», «Ажы», т.б. ертегілерін, «Қазақ балаларының ерте замандағы ойындарын», «Шешендік сөздерін» жинап, қағаз бетіне түсірді, олардың кейбіреулерін орыс тіліне аударды. Халық аузынан Асан Қайғы, Алаша хан, Әмір Темір, Қараш батыр, т.б. туралы деректер мен қазақ халқының бесік жырын, беташарын, құдалық салтын, мақал-мәтел, толғауларын, бақсы сарынын жазып алып, жариялады. Д. жинаған нұсқалардың тағы бірі – ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдары. Ол Сырдария қазақтарының өмірінен көлемді этногр. материалдар жинады. Қорқыт Ата бейітінің су үңгіп, жоғалып кету алдында тұрғанын айтып, жергілікті әкімшіліктен адамзат мәдениеті тарихындағы қымбат ескерткішті қорғауға алуды сұраған. Д-тың ғылымға сіңірген еңбегін П.М.Мелиоранский, В.А.Гордлевский, В.В.Бартольд, т.б. ғалымдар жоғары бағалады. А.Байтұрсынұлы Д-тың әңгімесін, халық аузынан жазып алған жоқтауын кітаптарына енгізген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, – 2-, 4-, 5-т.

«ДИҚАНШЫНЫҢ ТҰРМЫСЫ» – «Оқу құралына» енген мәтін. Көктем шыға диқаншының жұмысы басталатыны, егін егіп, бақша өсірумен айналысып, күзде соның өнімін жинайтыны әңгіме болады. «Диқаншылар жер жыртады, тұқым себеді, астық жинайды. Жазғытұрыдан бастап, күздің аяғына дейін бір жұмыстан соң бір жұмыс кезектеседі де отырады... Көшіп, мал баққаннан гөрі егіншінің еңбегі жерге артығырақ сінеді» дей келіп, бұған қоса Қытай мен Ресейдегі диқаншылық жұмыстарының ерекшеліктерінен хабар бере кетеді. Жас шәкіртті еңбекшілдікке, өз ризығын еңбекпен табу дағдысына баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

С.Ғұсманқызы

**ДНЕПР** – Еуропада, Қара т. алабындағы өзен. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатын сипаттай отырып, Еуропаның ірі өзендерінің бірі – Д. өз-н атап кеткен. А.Байтұрсынұлының «Маса» жинағындағы «Данышпан Алектің ажалы» өлеңінде (А.С.Пушкиннің «Львов жылнамасы» негізінде «Песнь о Вещем Олеге» шығармасынан аударылған) «Көруге аттың сүйек-саяқтарын, Ертіп ап Игорь менен конақтарын, Сарайдан шығып Алек келе жатыр, Жағалап Днепрдің алаптарын» деген шумағында Олег (Алек) өзіне келген конақтарын суы мол, енді келген Д. өз-нің бойында серуендегенін келтіреді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ДНЕСТР**, Н и с т р у – Қара т. алабындағы өзен. Украина мен Молдова жерімен ағып өтеді. Ұз. 1352 км, су жиналатын алабы 72 мың км<sup>2</sup>. Карпаттың солт. беткейінен басталып, Қара т-дің Днестр көлтабанына құяды. Көктемде, сонымен

бірге бүкіл жыл бойына тасқындар жүреді. Өзенде Дубоссары СЭС-і салынған. Басты айлақтары: Могилев-Подольский, Бендеры, Тирасполь. Өзен жер суаруға және ағаш ағызуға пайдаланылады. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатын сипаттағанда (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.) оның ірі өзен-көлдерін сипаттай отырып, Шығыс Еуропаның ірі өзендерінің бірі – Д-ді атап өткен.

Қ.Ахметов

**ДОБРОЛЮБОВ** Николай Александрович (24.1 (5.2.)1836, Ресей, Төм. Новгород қ. – 1861) – орыс сыншысы, публицист. Оның мақалаларынан рев. мән-мағына айқын байқалып, елді «ішкі жау-



Н.А.Добролюбов

дан» азат етуге шақырған. Д. тәрбие мен оқыту үрдістеріне арналған «Тәрбиедегі беделдің маңызы», «Халықтық тәрбие туралы» еңбектерін жазған. А.Байтұрсынұлының еңбектерінде Д-тың аты танымал сыншы ретінде аталады. Сонымен қатар Д. құрастырған Ю.Жадовскаяның жинағындағы өлеңді аударған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин., А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ДОН**, Д ө н – Ресейдің еур. бөлігіндегі өзен. Ұз. 1870 км, су жиналатын алабы 422 мың км<sup>2</sup>. Маңызды қалалары мен айлақтары: Георгиев-Деж, Дондағы Ростов, Азов. Өзеннен көксерке, табан балық, сазан, бекіре, қызыл балық, т.б. ауланады. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатын сипаттап, ірі өзендерінің бірі – Д. өз-н атап өткен.

**ДОСЖАН** Дүкенбай (9.9.1942 ж.т., Қызылорда обл. Жанакорған ауд. Құланшы а. – 15.9.2013, Астана қ.) – жазушы. ҚазҰУ-ды бітірген (1964). «Жетісу» газетінде әдеби қызметкер (1963–66), «Жазушы» баспасында аға редактор (1966–75), Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-тінде бөлім меңгерушісі (1976–84) болған. Кейіннен Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, «Жалын» журналында бөлім меңгерушісі, «Мәдениет» журналында бас редактор қызметтерін атқарған.

Тұңғыш өлеңдер жинағы 1964 ж. жарық көрді. Д. кейін проза саласында өнімді еңбек етіп, 11 роман, 24 повесть, жүзден астам әңгімелер жазды. Д. – А.Байтұрсынұлының істі болу тарихы



Д.Досжан

әңгімеленген «Абақты» кітабының авторы. Д-ның шығармалары әлемнің 19 тілінде жеке кітап болып шыққан. Екі томдық таңдамалы шығармалары «Жазушы» баспасынан жарық көрді (1990). Қазақстан Мемл. (1996) және М.Әуезов атынд. ұлттық (1987) сыйлықтардың лауреаты. «Құрмет» (2001), «Парасат» (2008) ордендерімен марапатталған. Оңт. Қазақстан обл. Түркістан қ., Созақ, Отырар, Қызылорда обл. Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-, 6-т.

**ДОСЖАНОВА** Аққағаз (25.5. 1893, бұрынғы Орынбор губ. Торғай обл. Ақтөбе уезі, Бөрте болысы, 5-а. – 21.1.1932, Оңт. Қазақстан обл. Шым-



А.Досжанова

кент қ.) – қазақ әйелдері арасынан шыққан алғашқы дәрігерлердің бірі. 1914 ж. Орынбордағы әйелдер гимназиясын аяқтап, сол жылы Мәскеу мед. курсына қабылданады. Д. 1917 ж. ақпанда қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Мәскеудегі татар слободасындағы медреседе өткен басқосуда мұсылман елдерінің азат етілуі туралы баяндама жасады. 1917 ж. 1–8 мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып қатысып, онда мұсылман әйелдерінің

мұң-мұқтажын жоқтаушы қайраткер ретінде өзін таныта білді. 1918 ж. қатты сырқаттанып, туған ауылына оралды. 1920 ж. Томск мед. ин-тына оқуға түсіп, 1921 ж. Ташкенттегі Орта Азия мемл. ун-тінің мед. ф-тіне ауысып, оны 1922 ж. бітіріп шығады. Түркістан Республикасы Халкомкөнесінің 1922 ж. 14 желтоқсанындағы қаулысы бойынша, ун-те оқып жүрген жергілікті ұлт қыздарына арналған Д. атынд. стипендия тағайындалған. Д-ның мед. тақырыбына жазылған мақалалары «Әйел теңдігі», «Абай», «Жас азамат», т.б. басылымдарда жарық көрген. 1928–29 ж. Ташкент қ-нда Г.Аспандияровамен бірге қызметтес болған. 1930 ж. Д. жанұясымен Алматыға көшіп келіп, 1930 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы қ-ның №1 ауруханасында гинеколог болып жұмыс істеген. Сол жылдары Қазақстанда етек алған безгек ауруынан сырқат адамдарды емдей жүріп, өзі де сол аурудан қайтыс болған. Д. қазақ қыздары арасынан алғаш болып білімге ұмтылып, Мәскеуде оқып, өзінің ақыл-зеректілігі арқасында Алаш ардақтыларының құрметіне бөленген. 20 ғ-дың басында қазақтың дербестігін аңсап, сол жолда бастарын бәйгеге тіккен ұлтымыздың біртуар ұлдары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, Т.Рысқұлов, С.Қожановтармен бірге жүріп, қазақ қыздарының арасынан алғаш болып ұлт шаңырағының уығын қадауға қатысқан. Әдеб.: <http://abai.kz/> (қаралған күні: 18.10.2017).

Г.Дүйісқалиева, К.Ильясова

**ДОСҚОЖА** (1801–1866) – жырау. Оның есімі «Кенесары қонысынан ауғанда Досқожаның айтқаны» деген жырымен елге мәлім болған. Жыр атамекенін тастап ауа көшкен елдің туып өскен жерін қимай жылап айырылысқан қоштасуын бейнелейді. Жырда Сарыарқаның жасыл орманы, көгілдір таулары, көк үйірім көлдері мен өзендері көркем тілмен суреттеледі. А.Байтұрсынұлы Д-ның осы жырын «Оқу құралына» енгізген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, А., 2013. – 3-т.

**ДОСМАҒАМБЕТОВ** Төлеген Сәбитұлы (10.4. 1940, Солт. Қазақстан обл. Уәлиханов ауд. Мұртық а. – 5.7.2001, Алматы қ.) – мүсінші, Қазақстанның еңбек сің. өнер қайраткері (1980). Алматы көркемсурет уч-щесіні (1959), Ленинград (Санкт-Петербург) кескіндеме, мүсін және архитектура ин-тын (1965) бітірген. 1965–69 ж. Алматы көркемсурет уч-щесінде оқытушы, 1969–80 ж. шығарм. қызметте, 1980–2001 ж. Алматы өнер академиясында кафедра меңгерушісі, доцент болды. Д-тың негізгі жұмыстары – мүсіндік портреттері, сондай-ақ ол М.Әуезов (1967, Алматы, арх. М.Меңдікұлов; 1987, Семей, арх. А.Қайнарбаев), Шоқан Уәлиханов (1971, Көкшетау, арх. К.Әбдіәлиев), Әліби Жангелдин (1975, мүсінші О.Г. Прокопьевамен бірге, арх. – Ш.Уәли-

## ДОСМАЙЫЛ

ханов; Қазақстанның Мемл. сыйл.), Ғани Мұратбаев (1984, Алматыда, арх-лар – Шота Уәлиханов, Қайнарбаев), Д.Қонаев (1979, Алматы, арх-лар – Уәлиханов, А.Капанов), Қ.Сәтбаев (1999, Алматы, арх-лар – Қайнарбаев, Б.Досмағамбетов), І.Жансүгіров (1994, Талдықорған қ., арх-лар – Т.Ералиев, Б.Досмағамбетов), Біржан сал (1991, Көкшетау қ., арх. – Қайнарбаев), «Ақан сері – Құлагер» монументті композициясы (1993, Көкшетау өңіріндегі Ақан ауылы, арх-лар – Ералиев, Б.Досмағамбетов) ескерткіштерінің, сондай-ақ А.Байтұрсынұлы атынд. Қостанай мемл. ун-ті алдына қойылған А.Байтұрсынұлы ескерткішінің (2000, Қостанай қ., арх-лар – Уәлиханов, Ә.Тәттіғұлов) авторы. Ол Қазақстан (1968–77, 1982–87) және КСРО Суретшілер одағы басқармасының мүшесі (1978–88) болған. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1976).

«ДОСМАЙЫЛ ҚАЗЫҒА АШЫҚ ХАТ» – мақала. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 28 ақпандағы 52-санында жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жинның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Бұл мақала «Қазақ» газетін және онда істеп жүргендерді қарап, онда-мұнда хат жазып жүрген Досмайыл атты қажыға жауап ретінде жазылған. Оның жөнсіз жапқан жалаларына дәйектермен нақты жауап бере отырып, сөз соңында: «Біз сенің арық қара байталың мен шабан торыңды ұрлап айдалғанымыз жоқ. Біздің айдалғанымызды губернатор да, жұрт та біледі хәм бұл күнде де істеп отырған жасырын ісіміз жоқ» деп жазған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ДОСМҰХАМЕДОВ** Жанша (Жаһанша) (1886, қазіргі Батыс Қазақстан обл. – 1932) – Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. 1912 ж. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін бітіріп, Томск окр. сотында 1917 жылдың ақпанына дейін қызмет істеді. 1916 жылдың дүрбелені тұсында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Досмұхамедов, т.б.-лармен бірге, самодержавие өкілдерінің зорлық-зомбылығына наразылық білдіріп, бассыздықты заң жолымен тыюға әрекет етті. Сол жылдың аяқ шенінде Б.Қаратаев, Ж.Сейдалиновпен бірге Петроградқа арнайы сапар шегіп, 4-Мемл. Дума алдына қазақ жігіттерін тыл жұмысына алуды шегере тұруды мәселе етіп қойды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тұсында басқа да Алаш зиялыларымен қатар мәселенің бейбіт жолмен шешілуін жақтап, халықты көтеріліске шықпауға шақырды. Ресейдегі Ақпан төңкерісінен (ақпан, 1917) кейін болған қоғамдық-саяси өзгерістер кезінде обл., жалпықазақ съездерін өткізуге белсене араласты. Орал обл. қазақ к-тінің төрағасы болды. 1917 ж.

мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі төрағасының орынбасары болып сайланды. Уақытша үкіметтің Құрылтай жиналысы туралы заң жобасын дайындайтын мемл. кеңестің мүшесі болды. 1917 ж. желтоқсанда өткен 2-жалпықазақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметінің құрамына сайланды. 1918–19 ж. Батыс Алашорда бөлімшесіне басшылық жасады. Д. сыртқы күштермен ымыраға келу, ішкі



*Ж.Досмұхамедов*

күштермен ұлттық бірлікті сақтау саясатын шебер жүргізе отырып, 2-жалпықазақ съезінің ұлттық-аумақтық автономия құру жөніндегі шешімін аз уақытта жүзеге асыра білді. 1918 ж. наурызда Х.Досмұхамедовпен бірге Алашорда үкіметі атынан Кеңес үкіметінің басшылары В.И.Ленинмен және И.В.Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізді. 1920 ж. қыркүйектің аяқ шенінде Түркістан Республикасы Халық ш. Орт. кеңесінің жүн-жұрқа бөлімшесіне меңгеруші және Түркістан Республикасы Орт. атқару к-ті Қазақ бөлімінің хатшысы міндетін қоса атқарды. 1921–22 ж. Қазақстанның аштыққа ұшыраған батыс және солт. аймағы халқына азық-түлік жинап жөнелту үшін Түркаткомы тапсырмасымен Қарақол (Қырғызстан, Пржевальск) қ-на барды. 1922–25 ж. «Талап» мәдениет көркейту қауымының мүшесі болды. Д-ке осы қауымның төрағасы Х.Досмұхамедов Түркістан заң шығару халық комиссариатының өтініші бойынша, азаматтық және қылмыстық кодексті қазақ тіліне аударуды тапсырған. Д. «Уголовный кодекссті» «Жауыздық нызамнамасы» деп аударған. Бұл аударма 1000 данамен жарық көріп, оған М.Дулатов сыни пікір жазған. 1927–29 ж. Қызылорда қ-ндағы Қазақ а.ш. банкіне заң кеңесшісі болып қызмет істеді, 1928 ж. Қорғаушылар коллегиясына мүше болып қабылданды. Астана Қызылорда қ-нан көшкен кезде Алматыға келіп, 1930 жылдың басына дейін осында болды. Сол жылы ақпан айында Т.Рысқұловтың әйелі Надежда Константиновна Колосовскаяның шақыруымен Мәскеуге ауысты. 1930 ж. қазан айында тұтқындалып, Бутырка

түрмесіне қамалды, кейінірек Алматыға әкелінді. «Кенес өкіметіне қарсы қимыл жасады» деген айып тағылып, Воронеж қ-на 5 жыл мерзімге жер аударылды. Кейінгі тағдыры белгісіз. 1958 ж. 28 ақпанда ақталды. Жымпиты ауд-ндағы бір көшеге және Орал пед. колледжіне Д. есімі берілген.

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 23.9.2017).  
**ДОСМҰХАМЕДОВ** Халел (24.04.1883, Атырау обл. Қызылқоға ауд. Тайсойған құмы – 19.08.1939, Алматы қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. 1894 ж. Орал әскери-реалдық уч-шесінің даярлық класына қабылданып, оны 1902 ж. үздік бітірді. 1903 ж. Санкт-Петербург императорлық әскери-мед. академиясына латын тілінен қосымша емтихан тапсырып түскен. Д-тің студенттік өмірі империяның саяси толқуларға толы кезеңімен тұстас келіп, оның саяси білімін жетілдіріп, қалыптасуына әсер етті. Ол осы жылдары ел ішінде үгіт-насихат жүргізіп, жергілікті «Фикр» (Пікір), «Уральский листок» газеттеріне мақалалар жазып, болып жатқан саяси толқулардың мән-жайын халыққа түсіндіріп отырды. 1905 ж. Орал қ-нда бес облыстың делегаттары жиналған съезде Қазақ конституц.-демокр. партиясының 9 адамнан тұратын Орт. к-тіне Б.Қаратаев, М.Бақыткереевтермен бірге сайланды. 1909 ж. академияны үздік дәрежелі дәрігер ретінде бітіріп, кесімді мерзімдегі әскери міндетін өтеуге жіберілді. Алдымен Пермь губ-нда, кейін 2-Түркістан, 2-Орал казак-орыс атқыштар батальонында әскери кіші дәрігерлік қызмет атқарды. 1912, 1913 және 1915 ж. оба індетіне қарсы күрес ісіне қатысты. Бұл еңбектері үшін Императорлық қола медальмен марапатталды. 1913 ж. әскери борышын өтеуден босап, Орал обл. Темір уезіне бөлімшелік дәрігер болып орналасты. 1913–18 ж. «Қазақ» газетінде «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік – сүзек», «Жұқпалы ауру хақында» сынды кәсіби, әлеум.-саяси тақырыптарда мақалалар жариялап, өзіндік ой-пікірін білдіріп тұрды. «Как бороться с чумой среди киргизского народа» (1916) деген кітабы өз кезеңінде оба індетіне қарсы күрестің әдіс-тәсілдерін түгел қамтыған еңбек болды. 1917 ж. Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін қазақ даласында обл., жалпықазақ съездерін ұйымдастырып, өткізуге ат салысты. Сәуір айында 800-ден аса делегаттың қатысуымен өткен Орал обл. қазақ съезінде Ж.Досмұхамедовпен бірге «Орал облысының далалық бөлігін басқарудың уақытша ережелері» атты заң жобасын ұсынып, оған делегаттар бір ауыздан дауыс берді. 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысты. 1-жалпықазақ съезінен Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. 1917 ж. желтоқсанда 2-жалпықазақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметі – Ұлт

кеңесі құрамына сайланды. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатовтармен бірге бірінші кезекте халықты бүліншіліктен қорғайтын ұлттық әскер – халық милициясын жасақтауға, Алаш қорын құруға, елден алым-салық, қаражат жинау ісіне күш салды. 1918 ж. наурыз айында Ж.Досмұхамедовпен бірге Кеңес өкіметінің басшысы В.И.Ленинмен, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізді. Большевиктер Кеңес өкіметін толық мойындап, сөзсіз бағынуды талап етсе, олар



Х.Досмұхамедов

Алашордаға ішінара билік беру (заң шығару, атқарушы билік, сот жүргізу, өз әскері болу), қазақтар шоғырланған жерлерді түгел қазақтарға қайтару, әр жерде кеңес органдары тұтқындаған Алаш қайраткерлерін түрмеден босату, оларды қудалауды тоқтату, қаржылай көмек беру сияқты маңызды мәселелерді өткір қоя білді. 1917 ж. Оралда Алашорданың «Батыс Қазақстан бөлімшесін» құруға тер төкті. Осы кезеңде Д. Алашорданың атты әскерін ұйымдастырып, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарақ алуға, Ұлттық банк ашуға, баспахана, «Еркін қазақ» газетін шығаруға көп еңбек сіңірді. 1920 жылдың жазынан бастап Ташкентке келіп жұмыс істеді. 1920 ж. 21 тамызда Түркістан Республикасы халық ағарту комиссариаты жанынан ұйымдастырылған Білім комиссиясының мүшелігіне, кейін төрағалығына сайланды. 1920–21 ж. Ташкенттегі Физ. әдіспен емдеу ин-тының ординаторы, Қазақ пед. ин-тында мектеп дәрігері, Орта Азия (Түркістан) ун-ті мед. ф-тінің хирург. емханасында ординатор, 1922–24 ж. Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариаты алқасының мүшесі және емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі болды. 1923 ж. Орта Азия мемл. баспа коллегиясының, кейін Қазақ мемл. баспасы Шығыс бөлімінің мүшесі, 1925 жылдан Шығыс бөлімінің меңгерушісі, 1926 ж. Қазақ мемл. баспасы басқармасының мүшесі және меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. Жауапты қызметтер атқара жүріп, отандық ғылымның дамуына да мол үлес қосты. «Табиғаттану», «Жануарлар»

## ДОССОР

(екеуі де 1922), «Адамның тән тірлігі», «Оқушылардың саулығын сақтау» (екеуі де 1925), «Дене бітімі және оның жұмысы туралы әңгімелер», т.б. оқулықтар мен ғыл. еңбектер жазды. 1922–25 ж. мәдениетті көркейту мақсатында құрылып, жұмыс жасаған «Талап» қауымының басқармасына төрағалық етті. Қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, тілдің дыбыс жүйесінің өзекті мәселесі сингармонизм заңын зерттеді, «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы» (1924), «Шернияз шешен» (1925), «Алаш не сөз», «Бұхарадағы Көгілташ медресесін салу туралы әпсана» (1927), «Тіллә-Қары мен Ширдор медреселерін салғызған Жалаңтөс батыр шежіресі» (1928), «Диуани лұғат ат-түрк», «Кенесарының соңғы күндері», «Қазақ әдебиетінің тарихы» сияқты, т.б. ғыл.-теор. еңбектер жазып қалдырды. «Мұрат ақын сөзі» (1924), «Исатай – Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) жинақтарын шығарды. 1924 ж. Ресей ҒА-ның Орт. өлкетану бюросының корр. мүшесі болып сайланды (1924), осы жылы Түркістан Халық ағарту комиссариаты атынан Орынборда өткен қазақ білімпаздарының, Мәскеуде өткен Бүкілресейлік денсаулық сақтау қызметкерлерінің съездеріне қатысты. 1927 ж. Қазақ пед. институтының доценті болып бекітілді, Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰПУ) ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы болып тағайындалды. Осы жылдары ун-тің проф-ы болған С.Аспандияров, А.Байтұрсынұлы, т.б.-лармен бірге қызмет жасап, жастарға жоғары білім беруге бірлесе ат салысты. 1928 ж. Қазақ мемл. ун-тінің әкімш.-шаруашылық бөлімін басқарды. 1929 ж. осы ун-тің проф. болып бекітілді және Қазақ пед. ин-тының проректорлығына тағайындалды. Алайда келесі жылы Кеңес өкіметі ұйымдастырған қуғын-сүргін саясаты кезінде тұтқындалып (15 қыркүйек, 1930), 1932 ж. 20 сәуірде ОГПУ үштігінің шешімімен Воронеж қ-на 5 жылға жер аударылды. Онда жүріп Денсаулық сақтау және гигиена институтында бөлім меңгерушісі, балаларды емдеу-сақтандыру амбулаториясы меңгерушісінің орынбасары, Онт.-Шығыс т.ж. санитарлық бөлімшесінің дәрігер-эпидемиологі болып қызмет істеді. Соңғы бір жыл кесімді мерзімі бітсе де елге оралмады. 1938 ж. 26 шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып, Мәскеуге, кейін Алматыға әкелінді. 1939 ж. 24 сәуірде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді. 1939 ж. 19 тамызда түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болды. 1958 ж. 11 ақпанда ақталды. Қазір туған жері Атырау обл. Миялы кентінде оған ескерткіш қойылған. Атырау ун-тіне, Алматы және Атырау қ-ларындағы бір-бір көшеге Д. есімі берілген.

*М.Тәж-Мұрат*

**ДОССОР** – Атырау обл.-ның Мақат ауд.-ндағы кент, т.ж. ст. А.Байтұрсынұлы «Мұнай» мақаласында Қапқаздағы Баку жер майы бүкіл жер жүзіне тарайтынын айта отырып «...Қазақ ішінде Орал облысындағы Доссор деген жерден осы күн жер май алады...» деп жазған (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.). «**ДОСЫМА ХАТ**» – алғаш рет «Маса» жинағында жарияланған өлең. Ақын шығармаларының кейінгі басылымдарында да жарық көрген. Өлең Ә.Бөкейханға арналған. Көл. 20 жол. 11 буынды кара өлең ұйқасына құрылған. Өлеңде ел ішіндегі көнбістік, кара басының қамын жеу, сертінде тұрмау сияқты ұнамсыз қылықтар сыналады. Қазақ қоғамындағы ахуал «Ақшаға абыройын, арын сатып, азған жұрт, адамшылық қалмай сыны», «Жанасқан шын көңілмен жақындық аз – Көбінің іші салқын, сырты-ақ жылы», «Жаны мал, жақыны мал, малдың құлы» деген сипаттармен нақтылана түседі. Десек те, ақынның өлеңінен қоғамнан түңілу байқалмайды. Ол өз ортасын қатал сынағанымен, «үйілген өлексені өрге сүйрейтін қырағы, қия жазбас, сұңқарлардың» бар екендігін көңілге медеу тұтатындығы байқалады.

*С.Итегулова*

**ДУЛАТ** Бабабайұлы (1802, Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Сандықтас қонысы – 1874, сонда) – ақын. Өмірі туралы деректер толық зерттелмеген. Өлеңдері ел ішіне ауызша және қолжазба түрінде таралған. Кейбір өлеңдері Қазан қ-нан 1880 ж. алғаш рет «Өсиетнама» деген атпен жеке кітап болып жарық көрген. Жинаққа ақынның сол кезеңдегі қазақ өлеңінің саяси-әлеум. өмірін шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстары енген. Ақынның кейбір өлеңдері кеңес дәуірінде әр түрлі хрестоматияларда «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (Қазақ КСР Ғылым академиясының баспасы, А., 1962) деген жинақта, кейін «Үш ғасыр жырлайды» (Революцияға дейінгі қазақ ақындарының шығармалары, А., 1965) жинағында басылып шықты. Ал, «Еспембет» поэмасы алғаш рет 1957 ж. «Жұлдыз» журналының 5-нөмірінде жарияланды. Ақынның жеке жыр жинағы «Замана сазы» деген атпен 1991 ж. жарық көрді. Д-тың өлең-жырларының басты сарыны – 19 ғ-дың алғашқы жартысындағы отаршылдық әрекеттерге рухани қарсылық көрсету. Ақын «Тегімді менің сұрасаң», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ», т.б. жырлары мен жеке кісілерге айтқан «Сүлейменге», «Баракқа», «Кенесбайға», т.б. арнау өлеңдерінде қазақ жерінің отарлануын, ел билеушілердің отаршыл саясаттың шылауында кетуін отты жыр жолдарына айналдырған. Д-тың ақындық өнері, негізінен, 19 ғ-дың алғашқы жартысында қалыптасты. Қазақ даласындағы дәс-

түрлі хандық басқару жүйесін жою саясатын орнықтырған Ресей империясының 1822–24 ж. шығарған Қазақ даласын басқару жөніндегі ережелеріне қарсылық Д. шығармаларының тақырыптық, стильдік, жанрлық ерекшелігін айқындады. Д-тың образ жасау, өлең өрнегін жетілдіру, замана сазына қарай ақындық өнерде жанрлық,



Дулат Бабатайұлы

стильдік, сонылық таныту ерекшелігі кейін Абай шығармаларында дамытылып, жалғастық тапқан. Д. өзінің «елге қорған ер туса» деген идеясын халыққа жеткізу үшін, қазақ-қалмақ соғысы тұсындағы сюжетті алып, «Еспембет» поэмасын жазған. Д-тың бұдан басқа «Шашта-раз», «Тымсал өлең» атты ірі шығармалары бар. М.Әуезов Д-ты ғыл. зерттеулерінде, «Абай» романында жоғары бағалайды. Кеңес үкіметі тұсында Д. шығарм. орта мектепте оқыту қажетсіз деп саналған. Әйтсе де, Д. шығармалары хрестомат. оқулықтарда, кейбір жинақтарда жарияланып келді. Д. мұрасы жөніндегі ғыл. таным мен дүрыс баға талантты ғалым Қ.Өмірәлиевтің «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі» деп аталатын көлемді ғыл. монографиясының басылым көруіне байланысты тұрақтана бастады. А.Байтұрсынұлы 19 ғ-да ғұмыр кешкен Д., Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері сияқты «Зар заман» ақындарының шығарм.-мен жақсы таныс болған, олардан рухани үлгі алған. Олардың шығармаларында көтерілетін ел мен жер мәселесі, халықтың әлеум. тұрмысы, жұртты еңбекке, білімге, рухани оянуға шақыру идеясы Байтұрсынұлының туындыларында жалғасын тапқан.

Әдеб.: Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі, А., 1986; Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік мұраттары, А., 1993.

*М.Мырзахметұлы*

**ДУЛАТОВ** Асқар (1868, Қостанай обл. Жангелдин ауд. 10-а. – 1933) – Алаш қозғалысына қатысушы қайраткер. Алаштың ардақты азаматы Міржақып Дулатовтың туған ағасы. 1918 жылға дейін Торғай уезінің бірі болып қызмет атқарды. Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, Ә.Бө-

кейхандармен пікірлес, серіктес болған. Патша үкіметі тарапынан цензуралық қысымға алынған ұлт ұраншысы М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағының елге таралуына ұйытқы болды. Большевиктік қызыл қырғын жылдары мал-мүлкі тәркіленген. «Халық жауы» деп айыпталып, 1929–32 ж. Мәскеудегі Бутырка түрмесінде қамауда отырады. 1930 ж. 4 сәуірде ату жазасына кесілді. 1931 ж. 30 сәуірде ату жазасы он жылға бас бостандығынан айырумен ауыстырылып, Карелиядағы Майгуба лагеріне айдалды. Онда М.Жұмабаев, Е.Омаровпен бірге азапты жұмысқа жегіліп, сол жақта қайтыс болды. 1991 ж. ақталған.

*С.Жұмағұлов*

**ДУЛАТОВ** Міржақып (21.11.1885, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Қызбел атырабы – 5.10.1935, Ресей, Карелия, Беломор-Балтық каналы, Сосновец бекеті) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист, 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі



М.Дулатов

өкілі. Д. – 2 жаста анасынан, 10 жаста әкесінен айырылып, ағасы А.Дулатовтың қолында өскен. Алғашында ауыл молдасынан хат танып, кейін Торғайдағы Ы.Алтынсарин ықпалымен ашылған 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алған (1902). Ауыл мұғалімі деген куәлік алып, ауылда бала оқытып, 1904 ж. Омбы қ-на қоныс аударған. Осы қалада А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханмен танысады. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петербург қ-ларында көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлесу, саяси қозғалыстарға араласу оның саяси-әлеум. көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Д. 1905 ж. 17 қазанда Байтұрсынұлы, т.б-лармен бірге Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған Қарқаралы құзырхатын дайындаушылардың бірі болды. 1905–07 ж. Зайсан уезіндегі Бекмұхамбет қажы ашқан қазақ мектебінде сабақ берген. 1906 ж. Д. Санкт-Петербургке барып, түрлі сипатты жиындар мен саяси күштер ұйымдастырған көше шерулеріне, ереуілдерге қатысады. Осы кезден бастап Ресей үкіметі құпия полициясының саяси сенімсіз адамдар тізіміне ілігеді. 1907 ж. Санкт-Петербургте жалғыз




## ДУЛАТОВ

ғана нөмірі шыққан «Серке» газетінде Д-тың «Жастарға» деген өлеңі басылады. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 ж. Қазан қ-ндағы «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шықты. Қазақ оқырмандары үшін бұл кітаптың әсері үлкен болды. Ауыл арасында қолдан-қолға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның есімі танымал болды. Ресей әкімдері тарапынан бұл кітапты оқуға тыйым салынып, қолға түскен даналары тәркіленген. Д. Қызылжарда сот кеңсесінде тілмаштық қызмет атқарып, мұғалімдігін жалғастырып, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ берді. Сол кезде біраз уақыт М.Жұмабаев одан дәріс алды. 1910 ж. Қазан қ-ндағы Каримовтер баспасынан «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. Қазақ басылымдарына, әсіресе, «Айқап» журналына үзбей мақала жазып тұрды. Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көру ниетімен 1911 ж. қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей обл-на саяхатқа шықты. Құпия полиция тыңшыларының қатты андуына алынған Д. 1911 ж. 7-маусымда Семей қ-на келгенде тұтқындалып, қамауда отырды. 1912 ж. Орынборға келгенде ел санасын оята беру мақсатымен баспасөз қызметін қолға алуды ұйғарды. Д. 1913–18 ж. «Қазақ» газетінің бас редакторы Байтұрсынұлының орынбасары, жауапты хатшы қызметінде болды. Сол кезеңде Д-тың «Азамат» (1913), «Бақытсыз Жамал» (екінші рет, 1914), «Терме» (1915) кітаптары жарық көрді. 1917 жылдың 25 ақпанында Торғай губернаторы М.Эверсман, Бөкейханның ұсынуымен Д-қа және дәрігер Ә.Алдиярова арнайы куәлік беріп, оларды Минск маңы мен Баранович қ-нда тыл жұмыстарында жүрген казактарға қолдау көрсетіп, жетекшілік етуге жіберді. Д. Минскіде Бөкейхан ұйымдастырған «Еркін Дала» (1917) атты саяси үйірменің ісін жандандырып, қазақ жастарының көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті. Д. 1916 жылғы оқиғалардың зардабынан қырғынға ұшырап, босқыңа айналған елге көмектесу мақсатында, Семей қ-нда, қазақ тарихындағы ең алғашқы «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырды. Осы жылдары Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жұмысына белсене араласты. Д. Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде 1917 ж. Орынборда өткен 1- және 2-жалпықазақ съезіне белсене қатысып, Алаш партиясының бағдарламасын жазуға қатысқан. 1917 ж. Қызылжарда сот мекемелерінде, 1918–20 ж. Ташкент қ-нда Түркістан Республикасының «Ақ жол» газетінде қызмет атқарған. 1918 ж. сәуірде Байтұрсынұлы, Р.Мәресковпен бірге Шәуешекке барып, сол жақтың зиялыларымен ел болашағы және басқа да маңызды мәселелер туралы кеңес өткізді. 1922 ж. Алаш қозғалысына қатысқаны үшін қамауға алынып, Орынборға жөнелтіледі де, сонда қамаудан

босатылды. 1922 ж. Семей қ-нда ашыққан елді аман сақтап қалу үшін сенімді азаматтарды ел арасына шығарып, күйлі азаматтардан көмекке мал жию керек деген байламға тоқтады. Д. пен Ж.Аймауытов осы іске башылық жасап, екі-үш айда 15 мың бас ірі қара жинап, ашыққан елді мекемелерге жіберді. 1922–26 ж. Орынбордағы Қазақ халық ағарту ин-тында оқытушы, Қызылжарда, Семейде сот мекемелерінде, Қызылордада мерзімді баспасөз орындарында қызмет істеген. 1928 жылдың желтоқсанында қамауға алынды. 1930 ж. ату жазасына кесіліп, кейін оны он жыл абақтыға ауыстырды. Беломор-Балтық каналының құрылысы бойында Сосновск ст-ндағы лагерьде «жазасын» өтейді. 1935 ж. 5 қазан күні осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқастан қайтыс болды. Сүйегі 1992 ж. 1–18 қыркүйек аралығында Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын ауыл бейітіне әкелініп, қайта жерленді. Д. – көрнекті саясаткер. Ресей империясының отарлық саясаты, атақонысы мен мал-мүлкінен, дәулетінен айырыла бастаған халқының мұң-зары, ауыр тұрмысы оны саяси күрес жолына шығарды. «Қазақ» газеті бетінде алуан түрлі саяси-әлеум. мәселелерді көтерді. Д-тың «Жастарға» өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» мақаласынан бастап барлық шығармалары зорлыққа қарсы тұруға, күресуге үндейді. Ол 20 ғ-дың басындағы қазақ әдебиетінде бостандық, азаттық, теңдік тақырыптарын оқу, өнер, білім, өркениет мәселелерімен байланысты қозғаған. Қазақ прозасы тарихында орны бар «Бақытсыз Жамал» романы қазақ қыздарының басындағы ауыр жай-күйді, қазақ даласына ене бастаған жаңа қатынастарды суреттеді. Д-тың «Балқия» пьесасы қазақ ауылындағы маңызды әлеум. мәселелерді қозғаған, ондағы ояну мен ойлану үрдістерінің жемістері ретінде әрекет ете бастаған қазақ жастарының түрлі типтерін бейнелейді. Д. шығарманың үлкен саласы – журналистика. Ол «Айқап» журналынан «Еңбекші қазаққа» дейінгі аралықтағы баспасөз ұйымдарының қызметіне белсене араласты. Әсіресе, Д. негізін қалаушылардың бірі болған «Қазақ» газеті Қазақстанда өтіп жатқан саяси-әлеум., мәдени-шаруашылық, оқу-ағарту, өнер-білім салаларындағы әрекеттердің көш басында тұрды. Қоғамдық сананы оятуда, қазақ журналистерінің алғашқы буынын қалыптастыруда, тәрбиелеуде өлшеусіз үлес қосты. Д-тың мерзімді баспасөз, баспа ісі мен оқу-ағарту туралы жазбалары да саяси-әлеум. ойларға толы. Д. 1916 жылғы маусым жарлығынан соң Ресей үкіметі мен қазақ халқы бетпе-бет келген қиын күндерде де аса күрделі саяси мәселелердің ұшығып кетпеуі үшін күресті. Ол Қазақстанның аса көрнекті қоғам қайраткерлері жайында очерк, әңгіме, портрет, тарихи дерекнамаларын орыс,

татар басылымдарында да жариялады. Оларды өзге халықтарға танытуға күш салды. «Абай», «Хан Абылай», «Қазақ ақыны», «Қазірет Сұлтан», «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынұлы», т.б. іргелі зерттеу мақалаларын жазды. Д. Қазақстан мен қазақ халқының тегі, тарихы туралы еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе, «Қазақ, қырғыздың ата-тегі» туралы көлемді шығармасы 20 ғ-дың басындағы осы сипатты еңбектер арасынан тарихи деректік мазмұнымен назар аудартады. Еңбекте 18 ғ-да қазақ елі туралы жазған Г.Миллер, П.Паллас, И.Георгий, Н.Рычков, Ф.Фишер, 19 ғ-дағы Г.Клапорт, К.Рейтер еңбектеріндегі көптеген пікірлердің терістігін, тарихи мәліметтер бұрмаланатыны атап көрсетілді. Қазақ тарихын зерттеушілер арасынан А.Левшинді айрықша бағалады. Д. «қазақ» этнонимінің тарихта белгілі болуы туралы нақты деректер келтіре отырып, оны бергінде ғана топтасқан құрама халық деп есептейтін көзқарасты тарихи, жүйелі, негізді дәлелдермен жоққа шығарды. Д-тың ағартушылық қызметі ауылда бала оқытудан басталды. Оқу-педагогтік қызмет – өмір бойы қаламгердің айрықша көңіл аударған, қолы босаған сәтте ықыласпен айналысқан жұмыстарының бірі. Қазақ халық ағарту ин-тында ұстаздық еткен жылдары Д. осы саланың өзекті мәселелері туралы өткір мақалалар жазды, жаңа шаңырақ көтеріп жатқан оқу орындарына арнап оқу құралдарын шығарды («Есеп құралы. Бастауыш мектеп оқушыларына». Орынбор, 1914; 1928 жылға дейін 9 рет басылған; 1927 ж. қырғыз тіліне аударылған; «Есеп құралы. Бастауыш мектепте екінші жыл оқытылатыны»; 8 рет басылған, 1920; «Қирағат кітабы». 1924).

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 25.9.2017).  
**ДУЛАТОВА** Гүлнар Міржақыпқызы (1915, Орынбор қ. – 18.2.2013, Алматы қ.) – журналист, әдеби мұраларды жинаушы. Алаш қайраткері М.Дулатовтың қызы. ҚазҰМУ-ды бітірген (1939). Ем-



Г.Дулатова

деу мекемелерінде дәрігер-дерматолог болып жұмыс істеген (1939–87). Д. «Алаш» қозғалысының қайраткерлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсын-

ұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, т.б. туралы деректерді алғаш жариялаушы. Алматыдағы Орт. мұражайға, Торғай, Қостанай, Семей, Астана қаларындағы мұражайларға саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты кітаптар, суреттер, хаттар мен құжаттар, олардың жеке заттарын, т.б. көптеген экспонаттар тапсырған. Оның очерктері мен эсселері баспасөзде 1988 жылдан бастап жариялана бастады. 1995–99 ж. «Свет истины» («Шындық шырағы») екі томдық кітабы жарық көрді. Сондай-ақ Гүлнар әкесі Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабын, екі томдық, бес томдық шығ. жин. құрастырушылардың бірі. Әкесімен бірге қызметтес, ниеттес болған алашордашылардың көзін көрген. Байтұрсынұлы, т.б. жайында естеліктер жазған.

**ДУНАЙ** – Батыс Еуропадағы ең ірі өзен. Ұз. 2850 км, су жиналатын алабы 817 мың км<sup>2</sup>. Шварцвальд тауынан (Германия) 1000 м биіктікте басталып, Қара т-ге құяды. Д. Германия, Австрия, Болгария, Венгрия, Румыния, Словакия жерімен, аздаған бөлігі Чехия, Словения, Хорватия, Швейцария, Италия, Польша, Украина, Молдова жерімен ағып өтеді. Орта ағысында (Венадан «Темір қақпа» шатқалына дейін) Орта Дунай ойпатын басып өтеді. Жазыққа шыққаннан кейін өзеннің аңғары кеңейеді (5 – 20 км), ағыны баяулайды. Д-дың 300-ден астам саласы бар. Ірі салалары: Инн, Драва, Сава, Морава, Тиса, Олт, Сирет және Прут. Д. орт. және оңт.-шығыс Еуропа елдерінің көлік байланысында маңызды орын алады. Д. және оның салалары электр энергиясын өндіруге, қалалар мен өнеркәсіп орталықтарын сумен жабдықтауға, жер суғаруға кеңінен пайдаланылады. Д. бойындағы ірі қалалар: Регенсбург (Германия), Вена (Австрия), Братислава (Словакия), Будапешт (Венгрия), Белград (Сербия), Русе (Болгария), Галац (Румыния), Измаил (Украина). А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатына сипаттама беріп, Еуропаның 8 мемлекетімен ағатын ең ірі Д. өз. жайында да өз ойын білдірген. **ДҮДӘМАЛ ЕСТІЛЕТІН ДЫБЫСТАР** – айттылуында ұқсастық, үйлестік бар дыбыстардың жанындағы басқа дыбыстардың әсерімен күнгейленіп немесе өздері қатар келіп, бірін-бірі күнгейлеп, біріне-бірі үйлес болған соң бірінің орнына бірін алмастыратын дыбыстар. Мыс.: «қымыз аишы», «су кеише», «киім пишише», «құс ұшиша», «құлын қашша».

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

О.Жұбаева

«**ДҮНИЕ КӨЛЕМДІГІ**» – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Автор «Дүние көлемдігі» деп әлемнің кеңдігінің мөлшерін айтқаны байқалады. Сондықтан да ол «Дүние көлемдігінің ұшы»

## ДҮНИЕ

қиыры, шегі жоқ» дейді. Жұлдыздардың, ғаламшарлардың, Күннің жарығы жерге қанша уақытта жететіні, телескоп жөнінде әңгімелейді. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«ДҮНИЕ ҚАНДАЙ?»** – танымдық мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Мақалада күн жүйесі жайында түсінік баяндалған. «Он пұт бидайды бір жерге төгіп жана бір бидайды тастаса, көп бидай күн, бір бидай жер болады. Иіупитер 1300, Сатурн жұлдыздары 900 қайтара жерден зор» деп салыстырмалы түрде бейнелеп отырады. Жазба соңына «Қыр баласы» атты бүркеншік есім берілген.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**ДҮРКІНДІ ЕТІС** – қайта-қайта істелетін істі білдіретін етістіктер. Мыс.: *хат жазғылады, мылтық атқылады, қолынан жұлқылады.*

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.*

**ДЫБЫС** – сөйлеу мүшелері арқылы айтылатын, көрінбейтін, естілетін үн. А.Байтұрсынұлы жазылған сөзге қатысты «харіф» (әріп) сөзі қолданылатынын, айтылған сөзге қатысты «дыбыс» сөзі қолданылатынын ескерте келіп, дыбысты «естілетін, көрінбейтін нәрсе» деп сипаттайды. Ғалым дыбыстарды дауысты, дауыссыз, жарты дауысты (орта дыбыс) деп жіктеген.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.*

**ДЫБЫС ЖҮЙЕЛІ ЕМЛЕ** – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Ғалым сол кезге дейін емлеміз туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, «дыбыс жүйелі» деп аталып келгенін ескертеді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.*

**ДЫБЫС ЖҮЙЕСІ** – фонетика. А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралы» үш тарауға бөлінген: 1) дыбыс жүйесі мен түрлері, 2) сөз жүйесі мен түрлері, 3) сөйлем жүйесі мен түрлері. Ғалым 1-бөлімі сөйлеу мен сөйлемді, сөйлем мен сөзді, сөз бен буынды, буын мен дыбысты танытатынын айта келіп: «Дыбыс танудан қаріп мәселесі туады. Дыбыс пен қаріп мәселесінен жазу ережелері мен сөз түрлері, тұлғалары, сөз түрлену, өзгерулері туады. Сөйтіп, «Тіл-құралдың» 1-бөліміндегі «Дыбыс жүйесі мен түрлері» деген тіл таныту бөліміне осы айтылған нәрселердің бәрі де

кіреді, әрқайсынан қысқаша бастауыштық дәрежелі білім беріледі» дей келіп, «Тіл-құрал» үшке бөлінгенмен, әрқайсысы әр жыл оқылмайтынын, бұл үшке бөлу жылдық оқу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесіне негізделгенін, үйреткен уақытта әр жүйесінен балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алынып үйретілетінін ескертеді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.*

**ДЫБЫС ТАҢБАСЫ** – әріп. Ғалым еңбектерінде «әріп» сөзі «әріп», «қаріп», «харіф» түрінде берілген. А.Байтұрсынұлы жазуда дыбыстың таңбасы харіф түрінде берілетінін ескерте келіп, дыбыс пен харіфті шағастырмау керектігін, айтқан сөзге қатысты «дыбыс» сөзі, жазған сөзге қатысты «харіф» сөзі қолданылатынын, дыбыстың «естілетін, көрінбейтін нәрсе» екенін, харіфтің «көрінетін, естілмейтін нәрсе» екенін айтады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.*

*О.Жұбаева*

**ДЫБЫСТАРДЫ ЖІКТЕУ** (дауыстылар, дауыссыздар). Қазақтың төл тілтанымында дыбыстардың жіктелім белгілерін алғаш рет А.Байтұрсынұлы ұсынды: «Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек». Байтұрсынұлының «айтуына қарай» дегенін дыбыстың артикуляциясы (жасалымы) деп, «сөз жүзінде» дегенін дыбыстардың сөйлеу үстіндегі түрленімі деп түсіну керек. Байтұрсынұлы дыбыстарды алғаш дауысты/дауыссыз деп бөлген. «Дыбыстар дауысты, дауыссыз болады. Соған қарай таңбалары да дауысты, дауыссыз болып бөлінеді» дейді. Дауыстылар деп а, о, ұ, ы, е дыбыстарын атайды. Бұл жерде тағы да жіңішке дауыстыларды қоспай, бес дауыстыны ғана бөліп қарап отырғанын көреміз. Дауыссыздардың қатары толық берілген: б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, к, қ, г, н, л, м, н, у, й. Байтұрсынұлының у және й дыбыстарын дауыссыздардың қатарына жатқызып отырғаны кездейсоқ емес. Өйткені бүгінгі қазақ фонетикасының өзінде осы екі дыбыстың мәртебесін ақиқат анықтай алмай келе жатқан жайлар кездесіп қалады.

*Ә.Жүнісбек*

**«ДЫБЫСТАРДЫ ЖІКТЕУ ТУРАЛЫ»** – мақала. Елдес Омаровтың «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №2 санында (61–67-б.) жарияланған «Қазақ тілінің дыбыстары» атты мақаласына жауап ретінде А.Байтұрсынұлы жазған. «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №5 санында (65–70-б.) жарық көрген.

*Әдеб.: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.*

**«ДІКІ» ЖҮРНАҚ** – зат есіміне жалғанып, нәрсенің сол затқа тиісті екендігін көрсететін жұр-

нақ. Мәселен: «*kici*» деген сөзге нікі жұрнағын жалғап, «*kiciniki*» дейміз нәрсенің кісіге тиісті екендігін білдіру үшін. «*Mal*» деген сөзге «*diki*» жұрнағын жалғап, «*maldiki*» деп нәрсенің малға тиісті екендігін білдіреміз; нікі жұрнағы ның және кі қосымшаларынан жасалған: ніңкі, діңкі орнына нік», «дік» болып кеткен.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

**ДІЛМАР ДӘУІР** – «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі әдебиет тарихын кезеңдерге бөлуге байланысты қолданылған ұғым. Д. д. ұғымы – автордың айтуынша, қазақтың жазба әдебиетінің келесі діндар дәуірден кейінгі екінші кезеңі. Егер діндар дәуір кезеңінде ислам дінінің ықпалымен дүниеге келген араб, парсы әдебиеттерінің, яғни, діни мазмұндағы әдебиеттердің әсері күшті болса, Д. д. кезеңінде орыс, еуропа әдебиеттерінің ықпалы күшейген. «Әдебиет танытқыштың» «Жазу әдебиет» тарауының бастапқы бөлігінде А.Байтұрсынұлы осы ұғымды қолданса, келесі бөлігінде Д. д. орнына «Сындар дәуір» деген терминді қолданған. Автор осы дәуірдің тектері мен түрлерін негіздеп берген. Әдебиеттің негізгі тектері ретінде *әуезе, толғау, айтыс-тартыс* көрсетіліп, олар тиісінше ішкі жанрлық түрлерге таратылады.

М.Шіменбаева

**ДІЛМӘР СӨЗ** – ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегінде афоризмнің баламасы ретінде қолданылған термин. Терминжасам мәселесіне қосқан үлесі зор ғалым бұрынғы даналардан, билерден, шешендерден қалған сөздерді бір жанға топтастырып, ділмәр сөз атандырады. Мөңке

бидің, Қаз дауысты Қазыбек бидің, Мырзан шешеннің, Досбол бидің шешендік сөздерінен мысал келтіре отырып түсіндіреді. Фольклортанушы ғалым ділмар сөздерді ел ішінен жинап, оны өзінің оқулықтарына енгізіп қана қоймай, олардың жанрлық ерекшеліктеріне тоқталады. Д. с-дердің авторы сақталуы қажет екенін, егер авторы сақталмаған жағдайда, олардың не тапқаққа, не мақалға, не мәтелге айналатындығын атап көрсетеді.

С.Жайлауова

**ДІНДАР ДӘУІР** – «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі әдебиет тарихын кезеңдерге бөлуге байланысты қолданылған ұғым. Аталған еңбектің «Жазу әдебиет» тарауында автор жазба әдебиетінің шығу кезеңін, оның себептерін айта келіп, оның алғашқы кезеңі ретінде Д.д-ді атайды. Бұл дәуірді А.Байтұрсынұлы араб, парсы әдебиеттерінің үлгісімен, соларға еліктеуден туған әдебиет ретінде бағалайды. Бұл кезеңнің туындылары діни мазмұнда болғанын ерекше атап, автор оның *қисса, хикаят, насихат, мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме* сияқты ішкі жанрлық түрлерін жіктеп, олардың әрқайсысына анықтама береді.

М.Шіменбаева

**«ДІН ҮЙРЕТКЕНГЕ»** – «Оқу құралына» енген өлең. 7 шумақ (28 тармақ). Авторы – Мағжан Жұмабаев. Өлең идеясы бәрі тағдырда жазулы деп қарап отырмай, әр адам «Ізгі ой мен ерік тілеп, жарық тілеп», еңбек етуі керек деген ойға бастайды. Шәкірттерді талапшылыққа, өз өмірі үшін өзі жауапты болуға баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

С.Ғұсманқызы





**ЕВФРАТ**, Ш а т т - э л - Ф у р а т (арамейше – тәтті су) – Түркия, Сирия, Ирак жеріндегі өзен. Е. және Қарасу өзендерінің қосылуынан пайда болған. А.Байтұрсынұлының шығ. жин-ндағы «Григорий Николаиш Потанин» атты мақалада «Төрт мың жылдан бұрын Тигр – Евфрат өзендері өлкесінде «Месопотамия» деген жерде Вавилония, Ассирия деген екі зор патшалық болған. Еуропа білгіштер жоғалып жер болып кеткен осы патшалықтың астанасын тауып алып, қазып іздеп жүріп, өртенген балшыққа жазған сол екі жұртың әдебиетін тапты» деп, Григорий Николаевичтің айтқанын растайды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

**ЕГЕУБАЕВ** Асқар Құрмашұлы (6.3.1950, Шығыс Қазақстан обл. Күршім ауд. Қыстау Күршім а. – 8.10.2006, Алматы қ.) – ақын, аудармашы, сыншы, филол. ғыл. докт. (1999), проф. (2004). ҚазҰУ-ды бітірген (1974) . «Қазақстан коммуни-



*А.Егеубаев*

сі» журналында (1974–84, қазіргі «Ақиқат»), «Қазақ әдебиеті» газетінде (1984–87), «Жазушы» баспасында (бас редактордың орынбасары, 1987–88), «Жұлдыз» журналында (1988–89), «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында (бас редактордың 1-орынбасары, 1989–90), ҚР Жоғ. Кеңесінде (баспасөз хатшысы), Қазақстан Парламенті Сенаты аппаратында (кеңесші, 1991–97), ҚазҰУ-да (оқытушы), ҚР Президенті жанындағы Ұлттық жоғары мемл. басқару мектебінде (бағдарла-

ма директоры, 1997–2001) қызмет етті. 2001 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақстан ҰҒА Әдебиет және өнер ин-тында бөлім меңгерушісі болды. «Сыр мен сымбат» (1981), «Сөз жүйесі» (1985), «Әділет» (1990), «Аламан» (1996), «Қала салған қазақтар: Поэмалар» (2002), «Тайқазан: Дастандар мен өлеңдер» (2003), «XX ғасырдың екі сағаты» (2005), «Жүсіп Баласағұн: Роман-эссе» (2005 қазақ тілінде; 2013, орыс тілінде), т.б. кітаптардың авторы. Түркі мәдениетіне қатысты көне әдеби мұраларды қазақ тіліне аударып, зерттеу жұмысымен айналысқан. Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанын (1986), бұл кітап 1989 ж. Пекиннің Ұлттар баспасынан араб әліпбиімен екінші рет жарық көрді), М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегін қазақ тіліне аударды (1998). «Кісілік кітабы» (1998), «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі» (1999), «Құлабыз: Поэтиканың тарихилығы» (2001), т.б. монографиялары бар. Қазақстан Ленин комсомолы (1984), Жамбыл атынд. халықар. (1996), Махамбет атынд. (2003) сыйлықтардың лауреаты. Шығыс Қазақстан обл. Зайсан ауд-ның (2000), Жамбыл обл. Шу ауд-ның құрметті азаматы (2010). «Құрмет» орденімен (2003) және бірнеше медальдармен марапатталған. Е. А.Байтұрсынұлы атынд. орден мен медальдарға арналған арнайы кітапшада ғалымның портреттік тұлғасын сомдап, оның қаламынан шыққан «Жоқтау», «Ер Сайын» сынды зерттеу кітаптарына талдау жасаған. Онда Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, т.б. ақын-жыраулар есімі тұңғыш рет кәсіби білікті әдеби зерттеу нысанына іліккендігін айтқан.

**ЕГИПЕТ**, Египет Араб Республикасы – Африканың солт.-шығыс бөлігі мен Азияның Синай түбегінде орналасқан мемлекет. А.Байтұрсынұлы «МОПР хәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» атты кітабында Мысыр (Египет) еліндегі Шам қ-ның жұмысшылары зауыт-фабрикаларды өз қолына алмақшы болып, үкіметке қарсы ереуіл жасағаны, нәтижесінде жұмысшылар арасындағы белсенділерін тұтқындағаны және оларды қатерге айдағаны жөнінде айтылған. «Осы күнде Мысыр түрмесінде үкіметке қарсы көтеріліс жасаушы 200-ден аса адам отыр» дейді А.Байтұрсынұлы.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

**«ЕГІЗ ҮКІМЕТ ЖАЙЫНДА»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Автор «Егіз үкімет» деп тарихта «Қос өкімет» деп аталған кезенді айтқан. «Бір уыс адам басында отырған» Уақытша үкіметтің де халыққа оға бермейтіні жайында түсіндірілген. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С. Ғұсманқызы*

«ЕГІННІ БАСТАРЫ» – «Қырық мысалдағы» бесінші өлең. 9 шумақ (36 тармақ). Баласы мен әкесі егін аралап жүріп, басы көкке қарап кекірейіп тұрған бір бидайды көреді. Баласы әкесінен мұның мәнісін сұрағанда, әкесі: «Айтайын мұның мәнін, балам, саған: ...Сұқтанба, құр сорайған қарасына! Құдайым өзгесіне дән бергенде, Бұл бидай дәнсіз қапты арасында... Қалпы емес тақпарлық данышпанның, Тұтынба бұл мінезді», – дейді. Сөйтіп, бойы сорайғанмен, ойы саяз жандарды тәмсіл етеді.

«ЕГІНШІ ҚҰМЫРСҚА МЕН БАҚШАШЫ ҚҰМЫРСҚА» – «Оқу құралына» енген мәтін. Құмырсқалардың бейне бір адамдар секілді, шөптің жапырағын, дәнін жинап, илеулеріне тасып, тазалап, кептіріп алатыны әңгіме болады. Шәкірттердің дүниетанымын кеңейтеді. Авторы – Н.Рубакин. Ғыл. түсініктеме берілген.

С.Ғұрманқызы  
ЕДІЛ, В о л г а (ежелгі атауы Ра, орта ғасырларда Итил) – Еуропадағы ең үлкен өзен. А.Байтұрсынұлы Азия және Еуропа дүние бөліктерінің табиғатымен қоса, Еуразияның ірі өзенде-



рінің бірі – Е-ге жалпы сипаттама берген. Сондай-ақ Е. өз-нің Еділ – Балтық су каналымен, Ақ т-бен Солт. Двина су жүйесі арқылы және Беломор-Балтық каналы арқылы Ақ т-бен байланысының бар екеніне де тоқталған.

Қ.Ахметов

«ЕКЕ» ЖҰРНАҚ – зат есіміне жалғанып, сол затты зор тұту үшін я көңіл аулау үшін қолданылатын қосымша. «Аға» деген сөзге «еке» деген жұрнақ жалғап, «ағеке» десек, ағаны зор тұтқанымыз яки көңілін аулағанымыз көрінеді. «Еке» жұрнақ жалпы есімге жай жалғанады; жалқы есімге жалғанғанда ол есім қысқартылып айтылады. Мәселен, «Ысмайыл» деген есім, жұрнақ жалғанғанда қысқарылып. «Ыс-еке» болады. «Ыбрагим» деген есім, жұрнақ жалғанғанда қысқарылып, «Ыб-еке» болады, тағысын тағылар.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

«ЕКІ АЛМА» – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Бұл әннің тақырыбы туралы түсініктемеде А.В.Затаевич астарлы мағынада берілгені туралы «бойжеткен қыздың қос анары жайында айтылғанын» жазған. Әннің ырғағында қызықты тәсілдер, яғни сегіздіктерден құралған триоль ішінде он алтылықтармен ыдырату тәсілі кездеседі. Ән қайталамалы қос тармақтан тұратын шумақты-қа-



йырмалы құрылымда жазылған. Әннің бірінші және екінші әуендік жолы 5 дыбыс затақттен басталып, терция аралығында дами келіп, ля дыбысына кідіріп, жоғарыдағы негізгі дыбысқа тұрақталу арқылы төменгі ми дыбысына тізбектеле түседі (AA). Шумақтың өлшемі ауыспалы 2/4-тен басталып, 3/4-ке көшеді. Ал қайырмасы тұрақты 2/4 өлшемде жазылған. Әннің қайырмасы бірнеше қысқа әуенді тармақтардан құралған. Оның құрылымын ААВСС деп белгілеуге болады. Қайырманың қос тармағы ля-эолийлік ладтың I дыбысының әндетілуі мен төм. субкварта аралығында дамиды. Қайырманың үшінші әуендік жолы жоғ. ми дыбысынан басталып, екі секвенц. блок арқылы тізбектеле ля дыбысына тоқталып, осы дыбыстан басталған толқынды әуен ми дыбысына барып тұрақталады. Ән ми-эолийлік ладта жазылғанымен, қайырмасында құбылмалық аңғарылады. Әуенінің диапозоны октаваны қамтиды.

А.Қазтуғанова

«ЕКІ БӨШКЕ» – «Қырық мысалдағы» жиырма алтыншы өлең. 7 шумақ (28 тармақ). Көшеде екі бөшке домалап барады. Біреуінің ішінде заты жоқ – салдыры көп, екіншісінің іші затқа толы – дыбысы да, жүрісі де білінбейді. Салдырлаған бөшкеге адамдардың барлығы қарап, ығысып жол беруде, ал дыбысы жоқ бөшкені ешкім аңғармайды, оған мән де бермейді. Өмірде осы екі бөшкеге ұқсаған адамдардың болатыны әркімге белгілі. «Құр бөшке – салдыры зор, бағасы кем, Фаһамсыз, құр даурықпа адаммен тен...

Екінші толық бөшке мысалы сол – Адамдар көп даурықпас ақылы мол. Үндемей жүріп ісін істейді ол». Бұл тұжырымның дұрыстығымен ешкім дауласпайды. Бұған қарағанда, көрнекі мысал жүзінде айтылған ғибрат бос ақылдан өтімді, нанымды, иланымды екенін көруге болады. Өлеңдегі «Ғаһам» сөзіне А.Байтұрсынұлы «Мән, мағына» деген араб сөзі деп түсінік берген.

*С.Ғұрманқызы*

**ЕКІ БУЫНДЫ СӨЗ** – екі буыннан құралған, яғни екі дауыстысы бар сөз. «Тіл-құрал» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы екі буынды сөзге мысал ретінде *a-ta* сөзін келтіреді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**«ЕКІ ЖИРЕН»** – ән. А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында, А.Байтұрсынұлы 6 томдық шығ. жин-ның 6-томында жарияланған. Осы 6-томдағы Затаевичтің «Ахмет Байтұрсынұлы» атты мақаласына ғыл. түсінік жазған Р.Имаханбетова Гүлнар Міржақыпқызының: ««Елім-ай», «Екі жирен», «Қаракөз» атакемнің сүйіп салатын әндері болатын. «...Қазіргі «Қыз Жібек» операсында айтылып жүрген «Қаракөз» ариясы – Ахмет Байтұрсынұлының шығармасы» деген естелік сөздерін алға тарта отырып, ән авторлығын Байтұрсынұлына тегіледі. Әннің мәтіні 3 шумақтан және 1 қайырмадан құралған. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 14 жолдан тұрады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ЕКІ МҮШЕЛІ СӨЙЛЕМ** – бастауыш пен баяндауыштан ғана тұратын сөйлем, жалаң сөйлем.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**«2-ӘУЕЗОВ ОҚУЛАРЫ»** – жинақ. Құрастырушылар – А.Тойшанұлы, Г.Құрманғали. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты дайындаған. А., «ACADEMIA» баспа орт-нан 2004 ж. жарық көрген. Көл. 264 бет. Таралымы 100 дана. Жинаққа 2004 жылдың 26 қыркүйегінде Алматы қ-нда өткізілген жас ғалымдардың «Әуезов оқулары» атты 2-халықар. ғыл.-теор. конференциясының материалдары енгізілген. Қазақстан, Түркия, ҚХР-дан конференцияға қатысқан 46 ғалымның баяндамалары (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) жарияланған. Сондай-ақ жинақта А.Ойсылбайдың «М.Әуезов пен А.Байтұрсынұлының тарихи жыр және жоқтау жанры туралы ой-толғамдары» (224–229 беттер) атты баяндамасы берілген.

*С.Арғынғазин*

**ЕКІНШІ ЖАҚ** – тыңдаушыны білдіретін жақ. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ЕКІНШІ ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗІ**, 1917 жылғы 5–13 желтоқсан аралығында Алаш қайраткерлері Орынбор қ-нда ұйымдастырды. Съезді ұйымдастыруда комиссия мүшелері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров айрықша белсенділік танытты. Ұйымдастыру к-ті уездік, обл. қазақ к-ттерінен келетін өкілдерден басқа 30-ға жуық адамға арнайы шақырту жіберді. «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен әр түрлі ұйымдардан бір өкілден шақырылды. Съезге Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу, Самарқан облыстарынан, Бөкей Ордасынан 80-нен астам өкіл қатысты. Б.Құлманов, Ғ.Қараш, Ғ.Ахметжанов, М.Мақұлов, О.Қондыбаев, Ғ.Ешмұхамедов сияқты елге беделді қайраткерлер, сонымен бірге Түркістаннан М.Шоқай, қырғыз халқы ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері И.Арабаев, т.б. белгілі тұлғалар арнайы шақырылды. Съезд төр-алқасына Құлманов (төраға), Бөкейхан, Х.Досмұхамедов, Ә.Кенесарин, Қараш сайланды. Онда Сібір, Түркістан автономиясы һәм оңт.-шығыс одақ туралы, Қазақ автономиясы, милиция, Ұлт кеңесі, оқу мәселесі, ұлт қазынасы, мүфтилік, халық соты, ауылдық басқару, азық-түлік, т.б. мәселелер қаралып, тарихи маңызы зор шешімдер қабылданды. Қазақ автономиясы мен милициясы туралы Х.Ғаббасовтың баяндамасы тыңдалды. Дулатов оқу мәселесі туралы арнайы баяндама жасап, комиссия құруды ұсынды. Бөкейхан Сібір, Түркістан автономиялары және оңт.-шығыс одақ жөнінде баяндама жасап, Түркістан автономиясы жөнінде Шоқай сөз сөйледі. Негізгі мәселе – автономияға қатысты аса маңызды тарихи құжат қабылданды. 12 желтоқсанда «Қазақ автономиясы Алаш аталсын», «Алаш автономиясының жері, үстіндегі түгі, суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын», «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлт кеңесі құрылып, ол Алашорда болсын. Алашордаға 25 адам мүше болып, 10 орын басқа халықтарға берілсін. Алашорданың уақытша орны – Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қазақ халқының билігін өз қолына алады», т.б. шешімдер қабылданды. Алаш автономиясын жариялау мәселесінде «ресми жариялауды съезд атынан сайланған қазақ ісін басқарушы 15 адамға тапсыралық. Олар Уақытша үкімет (Алашорда) болсын» деген токтамға келді. Сырдария обл. қазақтарының съезін шақыруға Құлманов, Т.Құнанбаев, Дулатовты өкілдер ретінде жіберу туралы шешім қабылданды. Алаш ав-

тономиясын нығайту үшін ұлттық әскер құру, яғни қазақ милициясының әр облыс, уезд орттарындағы саны, оларға әскер ғылымын үйрету және қажетті заттармен (қару-жарақ, қаржы, көлік, т.б.) қамтамасыз ету тәртібі анықталып, «26500 адам тіркелген халықтық милиция құрылуы қажет» деген қаулы қабылданды. Алашорда Ұлт кеңесінің мүшелері, сондай-ақ Алашорда төрағалығына Бөкейхан сайланды. Оқу комиссиясының құрамына Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Омаров, Б.Сәрсенов, Т.Шонанұлы енді. Съезд қаулылары Алаш үкіметінің Сібір үкіметімен, қазақ әскерлерімен және кеңес үкіметімен өзара қарым-қатынасын айқындауда, реттеуде де маңызды рөл атқарды. Съезд өзінің тарихи маңызы жағынан ұлттымыздың сан ғасырлық өміріндегі аса маңызды оқиғалардың бірі болды.

*М.Қойгелдиев*

**ЕКІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА** – Ресей империясындағы мемл. басқарудың 2-рет сайланған конституц.-монарх. бағыттағы заң шығарушы жоғары өкілетті органы. 1907 ж. 20 ақпаннан 3 маусымға дейін жұмыс жасаған 103 күн ішінде 2 рет сессия ашып, 53 мәжіліс өткізді. Думаға сайлау 1905 ж. 11 желтоқсандағы сайлау заңы



*Екінші Мемлекеттік Дума депутаттары – Б.Қаратаев, Т.Нүрекенов*

бойынша жүргізілді. Қазақ халқынан депутаттыққа Орал обл-нан Б.Қаратаев, Ақмола обл-нан Ш.Қосшығұлов, Торғай обл-нан А.Бірімжанов, Семей обл-нан Т.Нүрекенов, Жетісу обл-нан М.Тынышбаев, Сырдария обл-нан Т.Аллабергенов, Астрахан губ-нан Б.Құлманов сайланды. Е. М. Д-ның мұсылман фракциясына 36 депутат енді. Бұл фракция «Мұсылман фракциясы» және «Мұсылман қызмет фракциясы» болып екі топқа бөлінді. 1907 жылдың 21 сәуірінен мұсылман депутаттары «Дума» газетін шығарып, Думада қаралып жатқан мәселелерді жариялап тұрды. Е. М. Д. таратылғанша бұл газеттің 6 саны шықты.

Мұсылман фракциясы Ресейдің шет аймағындағы отарлау саясатын әшкерелеп, парламенттік жолмен күрес жүргізді. Қазақ депутаттары Нүрекенов, Аллабергенов, Қосшығұлов, Құлманов, Бірімжанов Мұсылман фракциясының құрамына, Тынышбаев конституц.-демокр. фракция құрамына кірді. Қаратаев алғашқы кезде тіркеу тізімі бойынша кадет партиясының құрамына, кейін партиялық фракция мен топтарды толықтай құрған кезде Мұсылман фракциясының тізіміне енгізілді. «Ресей мұсылмандар одағының» бағдарламасы негізінде жасалған Мұсылман фракциясының бағдарламасын әзірлеуге Бірімжанов қатысты. Ресей мұсылмандар одағының ОК Мұсылман фракциясымен тығыз байланыста болып, біріккен мәжілістер өткізіп отырды. Үкіметтің агр. және отаршыл саясатын сынға алған Е. М. Д. депутаттары құрамы жағынан да, күн тәртібіне қойылған талқылаулар жағынан да *1-Мемл. Думадан* гөрі солшыл болып шықты. Дума жұмысы барысында Бірімжанов Далалық сот және Жергілікті сот комиссиясының құрамында, Тынышбаев пен Қаратаев агр. комиссияның құрамында болды. Қаратаев агр. заң жобасын жасауға қатысты. Думаның 39-пленарлық отырысында қазақ өлкесіндегі жер саясатына байланысты Егіншілік пен жерге орналастыру ісінің бас басқармасының бастығы князь Васильченко және Мин. Кеңесінің төрағасы Столыпиннің қазақ жеріне қатысты жүргізіп отырған қанаушылық, озбырлық істерін дәлелді фактілер келтіре отырып сынға алып, «қоныстандыру» саясаты қазақ шаруашылығын күйзеліске ұшыратпай ма деген сауалын Дума депутаттарына қойды. Бірімжанов пен Қосшығұлов мұсылмандардың оқу ісі туралы заң жобасын әзірлеуге қатысты. Е. М. Д. 1907 ж. 3 маусымда Николай II-нің жарлығымен таратылды.

*Әдеб.: Государственная Дума. Второй созыв. Стенографические отчеты, 1907 г. Сессия вторая. – СПб., 1907. – Т. 1; Список членов Думы по партийным группировкам. – Л.–М., 1907.*

*С. Смағұлова*

**«ЕКІ ШЫБЫН»** – «Қырық мысалдағы» оныншы өлең. 5 шумақ. Кешке дейін сабан тартып, жұмыс істеген өгіздің мүйізін қонақтап отырған бір шыбынға екінші шыбын кездесіп қалып, «Қайдан келесің?» деген сұрағына алғашқы шыбын: «Жер жыртып күні бойы, шаршап келем, Мазалап, сұрап саған не керегі?» деп маңызданады. Өлеңде өзі түк бітірмей, біреудің еңбегін сыртынан малданып жүретін кейбір адамдардың кылығы әшкере етіледі.

*С.Ғұрманқызы*

**ЕЛБОРС**, к. Эльбурс.

«ЕЛЕС» – «Оқу құралына» енген мәтін. Орыс жазушысы Н.А.Рудакиннен аударылып берілген.



## ЕЛЕУКЕНОВ

Табиғат құбылыстарының себебін түсінбеген адамдардың одан әлде бір құпия сыр іздеп, түрлі кереметтерге жоритын әдеті әңгіме өзегіне айналған. Ғыл. түсініктеме берілген.

**ЕЛЕУКЕНОВ** Шерияздан Рүстемұлы (3.9.1929 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд. Аршалы а.) – филол. ғыл. докт. (1988), проф. (1993). Қазақ КСР-інің еңбек сің. мәдениет қызметкері (1981). ҚазҰУ-ды (1951), КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасын (1966) бітірген. Шығыс Қазақстан обл. «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінде



Ш.Елеуекенов

әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі (1951–59), ҚазҰУ-да аға оқытушы (1959–63), Қазақстан КП ОК аппаратында нұсқаушы, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары (1967–71), Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-тінің төрағасы (1971–86), Әдебиет және өнер ин-тының директоры (1986–88), осы ин-ттағы орыс әдебиеті бөлімінің меңгерушісі (1988–96) қызметтерін атқарған. 1997 жылдан аталған ин-тта бас ғыл. қызметкер және ҚазҰУ-дың журналистика ф-тінде проф. болды. Ғыл. еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы мәселелеріне арналған. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (1998). «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Е-тің 1989 ж. жарыққа шыққан «Жаңа жолдан. С новый строки» атты ғыл. еңбегіне Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың шығарм. мұраларына қатысты жүргізген зерттеу мақалалары енген. Бұл Алаш зиялылары ақталғаннан кейін, олардың мұраларын зерттеуге жедел үн қосқан алғашқы еңбек. Е. өз зерттеулерінде А.Байтұрсынұлының шығарм-ндағы екі қасиетті – редакторлық пен ғалымдығын даралай көрсеткен.

Әдеб.: emirb.org/regine-ez-iti-shin-bilim-nrdi-jinafan-keudesine-sar-dalani-li.html (қаралған күні: 26.9.2017).

«**ЕЛТҮТҚА**» – ел тарихының әйгілі тұлғалары жайындағы оқу құралы. Авторлары – М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек, Еуразия ұлттық ун-ті ұсынған. Аст., «KÜL TEGIN»

баспасынан 2001 ж. жарық көрген. Көл. 357 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап «Тарих және тұлға» атты кіріспеден және төрт тараудан («Байырғы заман», «Орта ғасыр», «Жаңа заман», «Тәуелсіз Қазақстан») тұрады. Кітапта суретші Н.Қарымсақовтың «Баға», «Алтын адам» атты көлемді паннолары берілген. Бұл панноларда екі жарым мың жыл аясы қамтылып, ел тарихының 150-ге тарта әйгілі тұлғалары бейнеленген. Кітапта сол тарихи тұлғалар туралы ғыл. мағлұмат жарияланған. Еңбектің 260–262-беттерінде А.Байтұрсынұлына арналған мақала берілген. Оқу құралы Отан тарихын білгісі келетін көпшілік қауымға, студенттер мен оқушыларға, әрбір ұлт жанды оқырманға арналған.

С.Хасенов

**ЕЛІКТЕУ ОДАҒАЙ** – табиғаттағы сан алуан құбылыстар мен заттардың, жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаты мен қимыл-әрекетіне, дыбысына еліктеуден туған сөздер. Мыс.: *шыр-шыр! сықыр-сықыр! сылдыр-сылдыр! күлдір-күлдір! дыбыр-дыбыр! қарқ-қарқ! қаңқ-қаңқ! күмп-күмп!* т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЕЛІКТЕУ ОДАҒАЙДАН ТУҒАН СӨЗДЕР.**

Еліктеу одағайдан жасалған сөздер екі түрлі болады: 1) етістік арқылы жасалған сөздер: *шыр-шыр ету, пыр-пыр ету, сықыр-сықыр ету, сылдыр-сылдыр ету, күлдір-күлдір ету* т.б.; 2) жұрнақ арқылы жасалған сөздер: *шырылдау, пырылдау, сықырлау, сылдырлау, күлдірлеу, қаңқылдау, сұңқылдау, шықылдау*, т.б.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

О.Жұбаева

«**ЕЛІМ ДЕП ӨТКЕН ЕЛДЕС**» – кітап. Авторлары – М.Шуақасев, А.Шаяхмет. А., «Ана тілі» баспасынан 1998 ж. жарық көрген. Көл. 112 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап алғы сөзден және үш бөлімнен тұрады. Халқына жан-тәнімен қызмет ете жүріп, осы жолда шейіт болған ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері – Е.Омаров туралы бұл кітапқа ғалымның мақалалары, ол жазған оқулықтар туралы ғылымның сол салалары білгірлерінің зерттеулері, оның өмірі мен қызметі туралы деректі баян топтастырылған. Кітапта Елдестің А.Байтұрсынұлының ғыл. шығарм. жайында орыс тілінде 1923 ж. 28 қаңтарда Орынборда жариялаған «Ученая деятельность А.Б.Байтурсунова» атты көлемді ғыл. мақаласы берілген. Кітап барша жұртшылыққа арналған.

С.Серікқазыұлы

«**ЕМЕН МЕН ҚАМЫС**» – «Қырық мысалдағы» жетінші өлең. 16 шумақ (64 тармақ). «Жаратқан мені құдай сонша артық» деп масайраған

емен: «Жол жүріп, судың беті жыбырласа, Бұғасың, бүгілесің сонша төмен...» деп, қамысты келемеж етеді. Бір кезде дауыл тұрады да, Еменді түбірімен қопарып тастайды. Ал «Майысып, қарсыласпай, Қамыс бұғып, Сынбастан сол дауылдан аман шықты». Осыны айта келіп, автор: «Болмаса қайратыңа ебің серік, Опа жоқ құр айлаласыз мықтылықтан» екенін ұғындырады. Үлкен ғибрат береді.

**«ЕМЕННІҢ ТҮБІНДЕГІ ШОШҚА»** – «Қырық мысалдағы» жиырма төртінші өлең. 6 шумақ (24 тармақ). Еменнің жерге түскен жемісін жеп алып, түбін қопара қазып жатқан Шошқаға ағаштың басында отырған құс: «Тамырын қазып, аршып тастаған соң, Қалмай ма Емен курап, кеуіп, сынып» дейді. Бұған Шошқа: «Қурасын, маған салса, күйіп кетсін, Қайғырман оның үшін уайым жеп. Құдайым жемісінен айырмасын, Қылатын мені семіз солар ғой тек» деп жауап береді. Жемістің қайдан шыққанын біле алмаған Шошқаның қылығын мысал ете отырып, автор: «Ғылымды пайдаланып отырса да, Сезбейтін сол пайдасын надандар бар» деген түйін жасайды.

*С.Ғұсманқызы*

**ЕМЛЕ НЕГІЗІ** – емле ұстанымдары. А.Байтұрсынұлы 4 түрлі емле негізін: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай) сипаттай келіп: «Емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс» деп қорытады.

*О.Жұбаева*

**«ЕМЛЕ ТУРАЛЫ»** – мақала. «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 27 наурыздағы санында жарық көрген. Жазбаны 2000 ж. ҚР БҒМ ҰҒА А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-тының ғыл. қызметкері О.Жұбаева төте жазудан бүгінгі әліпбиге түсіріп, «Тіл, әдебиет сериясы» хабаршысында жариялаған. Ұлттың ұлы ұстазы (А., 2001) жинағына, ғалымның 6 томдық шығ. жинның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Бұл еңбегінде ғалым жазу емлесін 4 түрге (таңба жүйелі, тарих жүйелі, туыс жүйелі, дыбыс жүйелі) бөліп қарастырып, оны жан-жақты мысалдар келтіре отырып талдай түсіндіреді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**ЕНЕСЕЙСК ҺӘМ ИРКУТСК ГУБЕРНИЯ-СЫ, қ. Иркутск облысы.**

**ЕНИСЕЙ.** Е н е с а й (эвенкіше Иоанеси – үлкен су, өзен) – Жер шарындағы аса ірі өзендердің бірі. А.Байтұрсынұлы Азия алып құрлығының (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. 2-т.) табиғатына жалпы сипаттама бере отырып, құрлықтың ішкі өзен-көлдеріне тоқтайды. Онда

ол құрлықтың аса ірі өзендерінің бірі – Е. өз. туралы айтқан.

**«ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ»** – қазіргі респ. саяси-қоғамдық «Егемен Қазақстан» газетінің 1925–32 жылдардағы атауы. Оған дейін бұл басылым «Ұшқын», «Еңбек туы», «Еңбекшіл қазақ» деген атаулармен шығып келді. «Е. қ.» газетінде А.Байтұрсынұлының «Қалам қайраткерлері жайынан» (№29, 1922), «Қазақша жазу туралы жаңа ережелер» (Е.Омаровпен бірге, 1923), «Латын әліппесінің керексіздігі» (1926), «Латын әліппесін алу туралы» (1926), «Тағы да жат сөздерді қолдану туралы» (№109, 1928), «Емле туралы» (1929), т.б. мақалалары жарияланды.

*Д.Жарылғасын*

**«ЕҢБЕКШІЛЕР ҰРАНЫ»** – «Оқу құралына» енген өлең. Бұл – Ж.Аймауытұлы қазақшаға аударған «Интернационал» мәтіні. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ЕРҒАЗЫ»** – әйелінің жоқтаған жыры. Авторы – Қарпық ақын. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, А.Байтұрсынұлы құрастырған «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа берген – Ә.Бөкейхан. «Жылады деп қалайша, Сеге көрме, жамағат. Алты ай жүрген жолынан Келіп еді саламат» деп басталатын 7–8 буынды жыр үлгісіне құрылған шығарма 77 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде: «Қарпық ақын шығарған. Ерғазы – Шошқақтың баласы, Байтұрсынмен бір туысқан. Байтұрсын Торғайдың ойазын сабап ұсталып, Сібірге айдалған. Сонда Ерғазы сол іспен жүріп қайтыс болған. Бұл шамамен, 1883-нші жылы болған» деп жазылып, астына «Қ. б.» деп қол қойылған. Бөкейханның жанама есімдерінің бірі – «Қыр баласы».

*Әдеб.: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 5-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**ЕРЕУІЛ БАҒЫНЫҢҚЫ СӨЙЛЕМ** – ереуіл рай түрінде айтылатын бағыныңқы сөйлем. *Тартса да бар күштерін аямай-ақ, аслан жүк орнынан қозғалмады.* Мұнда басыңқы сөйлем – «аслан жүк орнынан қозғалмады». Бағыныңқы сөйлем – «тартса да бар күштерін аямай-ақ». Бағыныңқы сөйлем «жүкті тартты» дейді, басыңқы сөйлем «жүк қозғалмады» дейді. Сөйлем мазмұны бір-біріне қарсы, ереуіл келіп тұр. Сондықтан мұндай басыңқы сөйлемге ереуіл келетін бағыныңқы сөйлем «ереуіл бағыныңқы» деп аталады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.*

**ЕРЕУІЛ РАЙ** – істейтін істің мақсатына болымы қарсы, ереуіл болғанда айтылатын рай түрі. Мыс.: «сұрасан да бермеймін; сүйресен де ермеймін» т.с.с.

## ЕРКІНБАЕВ

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ЕРКІНБАЕВ** Ұлан Оралұлы (24.9.1977 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Бақырлы а.) – филол. ғыл. канд. (2008). Оңт. Қазақстан мемл. ун-тін (1998), Ресейдің Сібір бөлімшесі Филология ин-тының аспирантурасын (2007) бітірген. «Қазақстан-Заман», «Айқын», «Литер» газеттерінің қызметкері (1999–2005), ҚР ҒБМ ҒК ҒА Әдебиет және өнер ин-тында кіші ғыл. қызметкер, ғыл. қызметкер (2000–03), Сүлеймен Демирел ун-тін-



*Ұ.Еркінбаев*

де кафедра меңгерушісі, декан (2008–15) қызметтерін атқарған. Әдебиеттануға қатысты 60-тан астам ғыл. мақаласы жарық көрген. 20-дан астам ғыл.-танымдық еңбектердің құрастырушысы, оның ішінде А.Байтұрсынұлының 5 томдық «Таңдамалысының» (2003–10) құрастырушысы әрі жауапты шығарушысы. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі» (2008), «Әлемдік әдебиеттану ғылымы» (2009), «Тәуелсіздік кезіндегі қазақ әдебиеттануы» (2009, телавтор), «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи» (2009, телавтор) монографияларының авторы. Халықар. ғыл. конференцияларда, симпозиумдарда «Қазақ әдебиеттану ғылымының бастауы» (Новосибирск, 2005), «Әдеби шығармалар туралы А.Байтұрсынұлының теор. түсініктемесі» (Новосибирск, 2005), «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабы туралы» (Мәскеу, 2006), «Ahmet Baytursinuli, türk dünyasi ilk edebiyat teorisini inceleyen bilim adamı» (Ахмет Байтұрсынұлы – түркі дүниесіндегі алғашқы әдебиет теоретигі» Алматы, 2015), А. Baytursunoglundun-Edebi eserlerin görkemleme (bezeme) düzeniyle ilgili özetlemeleri («А.Байтұрсынұлының көркем сөздің айшықтау құралдары туралы тұжырымдары», Стамбұл, 2012), т.б. тақырыптарда баяндамалар жасаған.

**ЕРМЕКОВ** Әлімхан Әбуұлы (1891, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. – 22.6.1970, Қарағанды қ.) – қоғам қайраткері, Алаш партиясы мен Алашор-

да қозғалысы жетекшілерінің бірі, математик, ұстаз, ғалым. Томск технол. ин-тын бітірген (1921). 1919–20 ж. Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі әскери-рев. к-ттің мүшесі әрі коллегия төрағасы, Семей губервкомының мүшесі болған. Қазақ жерлерін Қазақ АКСР шеңберінде тұтас дерлік топтастыруда ерекше рөл атқарған. 1920 ж. 26 тамызда «Қазақ Автономиялы Кеңестік Со-



*Ә.Ермеков*

циалистік республикасын құру туралы» декрет жарияланды. Соған сәйкес Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Е. үшеуі 1920 ж. сәуір айынан тамыз айына дейін Мәскеуде қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалуға әрі құжатпен бекіттіруде мәңгілік маңызға ие кемел іс атқарды. Автономия құру және оның территориясын белгілеу жөніндегі комиссия отырысында Е. қазақ жері және автономия туралы баяндама жасап, кейіннен В.И. Лениннің алдында қорғап шықты. 1921–24 ж. Семей губ. атқару к-ті, губ. жоспарлау басқармасы, Қазақ АКСР Мемл. жоспарлау к-ті төрағаларының орынбасары, өнеркәсіп секциясының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қазақ АКСР-інің 6-және 7- шақырылған Орт. атқару к-тінің мүшесі болып сайланды. 1926 жылдан ғыл.-педагогтік қызметте болды. 1927–35 ж. Ташкенттегі Қазақ пед. ин-тының оқытушысы, ҚазҰПУ-да доцент, Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тының проф. және математика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Е. қазақ зиялыларының арасында тұңғыш рет математика саласынан проф. атағына ие болған (1935). 1935 ж. қазақ тілінде «Ұлы математика курсы» атты кітапты жариялап, 1936 ж. өзінің ұстаздық тәжірибе негізінде «Қазақ тілінің математика терминдері» атты түсіндірме сөздігін шығарған. 1935–37 ж. ҚазҰТУ-дың математика және теориялық механика кафедрасының меңгерушісі болды. 1930–47 жылдар аралығында Е. «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «халық жауы» аталып, үш рет сотталды. Жалған саяси жалалармен істі болған Е. 1930 ж. 22 қыркүйекте тұтқындалып, бір жыл жеті ай үздіксіз тергеуде болды. 1932 ж. 20 сәуірде ОГПУ-дің

үштігінің үкімімен Е. алдын ала түрмеде отырған уақыты есепке алынып, тұтқыннан босанып шығады. Ол босанып шыққанына қарамастан, ОГПУ тыңшыларының жасырын бақылауында болады. 1937 ж. сталиндік озбырлық халық басына кара түнек орнатып, үлкен террор бастаған кезде Е. Ресейге барып бой тасалап, аз уақыт Куйбышев қ-ндағы жоспарлау ин-тында математика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет істейді. Ішкі істер халық комиссариатының әскери трибуналының үкімімен 1939 ж. 28 ақпанда Е. 10 жылға бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерлерінің біріне айдалады. Тағы да арыздар жазып, өзінің халық жауы емес екендігін дәлелдеу үшін күреседі. Нәтижесінде ол ақталып, 1947 жылдың басында тұтқыннан мерзімінен бұрын босанып шығады. Осы жылдың 15 тамызынан Е. Шымкент технол. ин-тының математика кафедрасын басқарып, қайтадан ұстаздық қызметін жалғастырады. Өкінішке қарай, ол жалған жаламен тағы да тұтқындалып, Ішкі істер министрлігінің түрмесіне қайта жабылады. 1955 ж. 7 наурызда КСРО Бас прокуратураның қаулысымен түрмеден мерзімінен бұрын босатылып, 1957 ж. 26 қарашада толық ақталды. Өмірінің соңына дейін Е. Қарағанды тау-кен ин-тында (қазіргі ҚарПТИ) ұстаздық еткен. Ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі бағыттары – ықтималдық теориясы, матем. статистика, теор. механика, матем. терминология мәселелері.

Әдеб.: <http://abai.kz/> (қаралған күні: 25.9.2017); <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 25.9.2017).

**ЕРМЕКТЕМЕ (ЕРМЕК СӨЗ)** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. Ермек үшін сөйленетін сөздер. Мәселен, ертегі, ертегісімек, аңыз әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш сияқты сөздер.

**ЕРНАЗАРОВА** Гүлбаршын Шаршыбекқызы (29.3.1973 ж.т., Қызылорда қ.) – филол. ғыл. канд. (2004). ҚР Білім беру ісінің үздігі (1999). Қызылорда мемл. ун-тін бітірген (1994). Қызылорда обл. дарынды балалар мектеп интернатында ұстаз (1994–2001), Қызылорда мемл. ун-тінде оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (2001–12) қызметтерін атқарған. 2012 жылдан осы ун-тте аға оқытушы. «А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі қазақ терминологиясының қалыптасу мәселесі» («ҚР БҒМ ҰҒА хабарлары», 2003, №6), «А.Байтұрсынұлы публицистикасына тән стильдік ерекшеліктер» («ҚазҰУ хабаршысы», 2003, №9), «А.Байтұрсынұлының публицистикасындағы авторлық позицияның көрінуі» («Тілтаным», 2004, №1) атты мақалаларын жарық көрген. Халықар., респ. ғыл.-теор. конференцияларда «А.Байтұрсынұлы публицистикасындағы сөйлеу тілі синтаксисінің қолданыс ерекшелігі» (А., 2002), «А.Байтұрсынұлы публицистикасындағы фразеологизмдердің мақсатты қолданысы» (А., 2003) тәрізді, т.б. баяндамалар жасаған.

«ЕР САЙЫН» – жыр. Жыршылар айтуынан жазып алып, өңдеп баспада бастырған – А.Байтұрсынұлы. Жыр алғаш Мәскеу қ-ндағы Ұлттар комиссариаты қарауындағы «Күншығыс» баспасынан 1923 ж. жеке кітап болып жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (Алматы, 1991), 5 томдық шығ. жин-на (Алматы, 2006. 5-т.), 6 томдық шығ. жин-на (А., 2013. 5-т.) енгізілген. Тарихи жырдың беташары белгілі орыс ғалымы Григорий Николаевич Потаниннің 80 жылдық мерейтойына арналған Байтұрсынұлының тарту өлеңімен ашылған. Бұл көлемді шығарма 2 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім рим цифрларымен белгіленген 5, екінші бөлім 3 шағын тараушаларға бөлініп отырған. 7 буынды жыр үлгісінде шығарылған. Алғашқы бөлім 1793, «Ер Сайынның» аяғы аталатын екінші бөлім 492, яғни жырдың жалпы көл. 2285 жолдан құралған. Жыр соңында «Қыр баласы» деген лақап атпен жырға түсініктеме берілген. Бұл лақап аттың егесі – Ө.Бөкейхан. Түсініктемеде баспа бетін көріп отырған «Е. С» жыры мен В.В.Радлов жазып алған «Сайын батыр» шығармасының бір екендігі, айырмашылығы – Байтұрсынұлы жариялаған нұсқада жырдың екі бөлімге бөлінуі де, В.В.Радловта тұтас берілгендігі айтылады. Сондай-ақ кітап соңында Бөкейханның ғалымның өмірбаянымен таныстыратын «Григорий Николаевич Потанин» атты мақаласы бар.

Әдеб.: Ерсайын. – М., Күншығыс, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ЕР САЙЫН» ЖЫРЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ** – ғыл.-зерт. еңбек, Г.Абитованың кандидаттық диссертациясы. Қ.А.Иасауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінде 2007 ж. қорғалған. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан («Жырдың хатқа түскен және жарық көрген варианттары», «Генезис және тарихилық мәселелері», «Жырдың жанрлық сипаты және көркемдігі»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер мен қолжазбалар тізімінен тұрады. Диссертац. жұмыста «Ер Сайын» жырының түгелге жуық хатқа түскен нұсқалары (оның ішінде 1923 ж. А.Байтұрсынұлы жариялаған нұсқасы) қарастырылған. Нұсқаларға салыстырмалы-типол. тұрғыда және көркемдік мәселесі бойынша толыққанды талдау жасалған. Жырдың тарихилығына байланысты тың деректер берілген. Пайда болу, даму, қалыптасу үрдісінің көрінісі айқындалған. Туындының әлем халықтарының және қазақ эпик. дәстүрімен байланысы көрсетілген. Сондай-ақ еңбекте Байтұрсынұлы жариялағаннан кейін оның көп ұзамай ғыл. айналымға түскені, жырдың көркемдік

## ЕРТЕГІ

мәселелері сөз болған тұстарда Ахметтің еңбектері бағдар болғандығы айтылған. Көл. 120 бет.

*С.Арғынгазин*

**ЕРТЕГІ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы қисынын келтіріп қызықты ету мақсатымен шығарған әңгімелерді Е. деп атайды. Е. ішіндегі оқиғалар, оқиғаға қатысқан нәрселердің көбі дүниеде жоқ, қиялдағы оқиғалар мен нәрселер болады. Дәу, пері, жалмауыз кемпір, жезтырнақ сияқты нәрселерге бұрынғының адамдары құдайдай, періштедей, пайғамбарлардай, әулиелердей иланған заманда шыққан сөздер дейді. Е. көбінесе ішкергі астарлы мағынасымен өнеге беретінін атап көрсетеді. Жақсылық, жамандық, достық, қастық, арамдық, адалдық, батырлық, қорқақтық, ептілік, шорқақтық, қулық, аңқаулық, тағысын тағы сондай жақтан өнеге беру, тәлім-тәрбие беру мақсатымен шығарған әңгімелер екендігі сезіледі. Сондықтан ертегіде жаны жоқтар жанды болады, тілі жоқтар тілді болады.

*М.Бақытқызы*

**«ЕРТЕГІГЕ ҚОСЫМША ӨЛЕН»** – «Оқу құралына» енген өлең, 5 шумақ (20 тармақ). Авторы Диуайұлы Әубәкір (Әбуәкір Диваев) деп көрсетілген. «Әділ бидің алдынан іс кетпейді, Жәбірлікті нәпсі үшін істетпейді. Ердің құнын екі ауыз сөзбен ептеп, Абыройын кісінің еш төкпейді» деп, әділ бидің төрелігі дәріптеледі. Оқушы-шәкіртті әрқашан әділ болып, адалдықтан тоймауға баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұрманқызы*

**ЕРТЕГІ ЖЫР** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған термин. Ғалым оны әуезенің (эпостың) бір түріне жатқызады. Е. Ж. – өлеңмен айтылған ертегі. Мұнда ақындар ескі ертегінің желісін ажарлап, жанаша сипат дарытып, жаңа ертегі шығарады. Автор ертегі жырға М.Жұмабаевтың Сыздық батыр турасындағы ертегісін, А.С.Пушкиннен аударылған «Балықшы мен балық», «Алтын этеш» ертегілерін жатқызады.

*Е.Шынтай*

**ЕРТЕГІСІМЕК** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. Автор Е. шынға жақын әңгіме деген анықтама береді. Е. деп ертегіге ұқсас, бірақ ертегіден гөрі әдемірек, шынға бейімірек, тұрмысқа жақынырақ, дүниеде болуға ықтималы молырақ түрде шығарған әңгіме айтылады. Мыс., «Алдаркөсе», «Жиренше шешен», «Қожанасыр», «Атымтай Жомарт» сияқты адамдар турасындағы әңгімелер. Мұнда да өтірік көп, бірақ өтірігі қисынды, шынға ұқсас болады.

*М.Бақытқызы*

**«ЕРТЕ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРУ ҚУРАЛДАРЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Қазақтың үй тұрмысында пайдаланатын (кам-

шы, пышақ, күрек, т.б.) және соғыста қолданатын (найза, қылыш, сапы, садақ, жак, т.б.) қарулары туралы айтылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұрманқызы*

**«ЕРТОРЫ»** – келіндері айтқан жоқтау жыр. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, А.Байтұрсынұлы құрастырған «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа берген – Ә.Бөкейхан. «Аузыңа сусын бере алмай, Басыңа жастық қоя алмай, Ақ дидарың көре алмай, Қапыда кеткен дүние-ай!» деп басталатын 8-9 буынды жыр үлгісіне құрылған шығарма 92 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде: «1880-нші жылы Ерторы бас болып, жау алған жылқысын қуып, сол жаудан сегіз кісі өлген. Айыр кездің Түндік өзенінің бойы. Бошан (Қаз дауысты Қазыбек) жері, Ерторы арғын ішіндегі аз ауыл. Бірақ болыс Айғыржал елі. Бура, найман, Ертіс бойында Семиар – Кіпитан қаласына қарама-қарсы Ерторы елінің жайы. Жоқтаған Ерторының екі келіні» деп жазылып, астына «Қ. б.» деп қол қойылған. Әлихан Бөкейханның жанама есімдерінің бірі – «Қыр баласы».

*Әдеб.: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.*

*К.Қошым-Нозай*

**ЕРТІС** – Солт. Мұзды мұхит алабына жататын өзен. Қыр баласының (Ә.Бөкейхан) «Григорий Николаиш Потанин» мақаласында (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.) Семенов-Тян-Шанский және Григорий Ни-



колаевич екеуі неміс Карл Риттердің «Азия» мақаласына қазақ тарихы туралы көп қосымша мақала енгізгені және бұл қосымшада Абылай ханның Қошқарбай деген батыры Ақмола губ., Қараөзек деген жерде, Ертістен 10-15 шақырым жерде дүниеге келгені жайында айтылады. Осы мақалада Г.Н.Потанин [1835 ж. 21 январда (қаңтарда) Ертіс өз. бойында Тұзқалада (Ямышевскіде) туылғаны жайында мәліметтердің бар екені расталды («Қазақ», 1913, №5).

**«ЕСЕЙЖОЛ ЖЫРШЫ ӘНІ»** (I) – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.В.За-

таевич. Әннің әуені тирадалық құрылымға негізделіп, 7 буынды тармақтық жолға сәйкес келеді. Ән – кіріспе, AA<sub>1</sub>BB<sub>1</sub>CDC<sub>1</sub>D<sub>1</sub>C<sub>2</sub> әуендік жолдар және қорытынды қайырмадан тұрады. Ақындық әуен құрылымынан басталатын шарықтау дыбыстарына шығып, ля-дорийлік ладтың 2-сатысынан басталып, 6# дыбыстан негізгі дыбысқа тізбектеле келеді. Бұл кіріспе бөлімнен кейін тирадалық бөлім басталады. А – әуендік жолы терция аралығында, В – әуендік жолы кварта аралығында жоғары қарай дамып, ля дыбысына келіп тұрақталады. Ал, С – әуендік жолы төмен қарай терция, D – әуендік жолы жоғары қарай терция аралығында өрбіп, си дыбысына келіп тоқтайды. Тек, С<sub>2</sub> әуендік жол ми-фриго-эолийлік ладтың негізгі дыбысына келеді. Әннің қорытынды қайырмасы қысқа, болғанымен, дыбыс көлемі ауқымды – 2-сатыдан басталып 6-сатыға дейін көтеріліп тізбектеле, негізгі дыбыстың 2b дыбыспен көмекші әдіспен пайдалана аяқталады. Диапазоны наона арақашықтығын беретін ән кең тынысты талап етеді. Талдау барысында анықталғандай ладдық тұрғыда құбылмалы: ля-дорийлік, си-фригийлік және ми-фриго-эолийлік ладтар кездеседі. Өлшемі 2/4 тұрақты болғанымен, ырғақтың алуан түрін кездестіруге болады, яғни он алтылық, сегіздік, төрттік, жартылық ұзақтықтармен қатар, пунктир, синкопа, триольдар кездеседі.

«ЕСЕНАМАН» – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.В.Затаевич. Бұл әнге Затаевич «әйелдердің көне әні» деген түсініктеме берген. Баяу және ұстамды екіпінде жазылған ән лирикалық сезімді бейнелейді. Өлшемі ауыс-



палы: 6/4 өлшемінен басталып, 9/4, 5/4, 3/2 ауысып, 6/4 аяқталады. Өлшемнің негізін төрттіктер құрағандықтан ырғағында жартылық нүктемен, төрттіктер, бүтін нота нүктемен кездеседі. Әуен диапазонының ауқымы квинта аралығын қамтиды. Суырып-салма өнеріне негізделген әннің құрылысы екі әуендік жолдан тұрады. Ре мажор тональдігінде жазылған ән негізгі дыбыстан басталып, терц. тон арқылы өрбиді. Бұл ретте терц. дыбыс қайталамалы тәсіл ретінде, квинталық тонға өтпелі дыбыс есебінде қолданылған. Екінші әуендік жол 3 басқыштан басталып, квинта-

лық тонға қайта көтеріліп, толқынды әуен арқылы негізгі дыбыспен аяқталады. Ән көне халық әндеріне тән жазылған.

*А.Қазтуғанова*

**ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ** Ханбибі (30.6.1949 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Сарыағаш ауд.) – ақын. Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1998). Қазақстан



*Х.Есенқарақызы*

Жазушылар одағы басқармасының мүшесі. Оңт. Қазақстан мемл. ун-тін бітірген (1972). Оңт. Қазақстан обл. халық шығарм. орт-нда бас маман (1973–80), обл. «Қайырымдылық және денсаулық қорының» басшысы (198–89), обл. филармонияның директоры (1994–2003) қызметтерін атқарған. 2003 жылдан обл. саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайының директоры. «Қанат қақты», «Бұлтсыз аспан», «Жан айқайы», «Махаббат мәңгілік», «Жыр кітабы», «Сыр кітабы», «Шындыққа қарай жүздім мен» тәрізді 11-ден астам кітаптың авторы. «Тіл туралы» заңның жобасын жасауға қатысқан. Өлеңдері орыс, украин, өзбек, якут тілдеріне аударылған. Әнге айналған «Алтынай», «Нүрикамал», «Қадиша», «Дос іздедім», «Көңілгүл», «Махаббат өмірлері» халық арасына кеңінен таралды. Халықар. «Алаш» әдеби сыйл. иегері. «Парасат» орденімен (2008), «Астанаға 10 жыл», Түркістанның 1500 жылдығы, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» медальдарымен марапатталған. Сарыағаш ауд-ның құрметті азаматы. Е. саяси қуғын-сүргін құрбандары ұрпақтарының естеліктерінен тұратын «Қан жүректі қайғылым» кітабын құрастырып, «Алаш көсемсөзі» 10 томдығының 1-томын шығаруға қатысқан. Е-ның басшылығымен мұражайда 2003, 2013 жылдары А.Байтұрсынұлының 130, 140 жылдығына арналған «Ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы», «Ғасыр саңлағы Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында іс-шаралар өткізілген.

**ЕСЕПТІК САН ЕСІМ** – заттың дәл санын, есебін көрсететін сөздер. Мәселен: *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың, түмен, т. б.*

*О.Жұбаева*

«ЕСМАҒАМБЕТ» – әйелінің айтқан жоқтау жыры. Авторы – Қарпық акын. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа енгізген А.Байтұрсынұлы. «Бісміллә сөздің басына, Ағайын келді қасыма. Бір күнгідей болмаған Дүние деген осы ма?!» деп басталатын 8 буынды жыр үлгісіне құрылған шығарма 38 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде шығарманың Қарпық ақындыкі екендігі жазылған.

Әдеб.: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ЕСПОЛОВ** Мырзағазы (1891, Қостанай уезі, Аманқарағай болысы, 4-а. – 1938) – Алаш қозғалысының қайраткері. Ауыл молдасынан хат таныған. Кейіннен мұғалімдер мектебін бітірген. Қаламгерлік қабілетінің арқасында қазақ, орыс тілдеріндегі мерзімді баспасөзбен тығыз байланыс жасаған. Петербургте ресми түрде шығып тұрған «Мусульманская газетаның» тілшісі болған. «Айқап» журналына, А.Байтұрсынұлы басшылық жасаған «Қазақ» газетіне жәрдемдескен. «Қазақ» газетінде жарияланған «Жер туралы», «Үлгі алатын іс», «Үлгілі мектеп», «Күнбатыс майданы», «Майданнан хат», «Жұмысшылар жайынан доклад», «Адасқан жігіттер» атты мақалалары белгілі. Монарх. режим тұсында «Мусульманская газета» басылымында жарық көрген «Вол в степи» («Қырдағы өгіз») атты мақаласы үшін оған 400 сом айып салынған. 1916 ж. әйгілі «Маусым жарлығынан» кейін майданға аттанған қазақ жігіттеріне қолдау білдіруді ойлап Ә.Бөкейхандармен бірге Минскідегі әскери қосындарды аралады. 1917 ж. наурыз–сәуір айларында елге келіп, саяси-қоғамдық істерге араласты. Алаш қозғалысына ат салысты. Осы жылы Алаш партиясы құрылатын 1-жалпықазақ съезінің де, Алаш автономиясы жарияланатын 2-жалпықазақ съезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысты. 1920 жылдан бастап ол жаңа қоғамның шаруашылық басқару жұмыстарына кірісті. 1920 жылдың басында Түркістан автоном. республикасының орт. – Ташкент қ-на қоныс аударып, Жер-су комиссариатында, Мемл. сауда басқармасында жауапты қызметтер атқарды. Сол жылдары «Ақ жол» газеті мен «Талап» атты қауымның жұмысына ат салысты. Соңғысының басқарма мүшесі болып, Ы.Алтынсариннің қилы тағдыры мен шығарм. туралы дәріс оқыды. 1924 ж. Е. Ресейлік проф. Д.Кудрявскийдің «Как жили люди в старину» атты танымдық зерттеу кітабын «Арғы мәдениет» деген атпен аударған. 30-жылдардың басында тұтқындалып, М.Дулатовпен бірге айдауда болды. 1938 ж. наурызда ату жазасына кесілген.

*Д.Қамзабекұлы*

**ЕС ҰҒЫМЫ** – еске керек ұғым. Ұғым керекті орнына қарай екі түрлі болады: 1) *ес ұғымы*, яғни, еске керек ұғым; 2) *іс ұғымы*, яғни, іске керек ұғым. Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, заңын, сырын, сипатын, мүддесін, мұратын танымыз. Іс ұғымының арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз. Сондықтан қара сөзді әңгімелер екі жақты болып келеді. Бір жағы ес ұғымымен болады, екінші жағы іс ұғымымен болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**«ЕСІМДЕГІЛЕР»** – естеліктер, эсселер жинағы. Авторы – Ә.Тәжібаев. А., «Жазушы» баспасынан 1993 ж. жарық көрген. Көл. 400 бет. Таралымы 20000 дана. Бұл кітапқа автордың өз замандастары жайында естеліктері енгізілген. Қазақ әдебиеті мен өнерінің ірі өкілдері және көп жыл жолдастықпен, қызмет бабымен аралас болған қоғам қайраткерлері туралы ақын көргендері мен көңілге түйгендерін баяндап, уақыт жайында философ. ойлар өрбітеді. Кітаптың 331–333-беттерінде автордың «А.Байтұрсынұлы» деген мақаласы жарияланған.

*С.Хасенов*

**ЕСІМДІК** – зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүретін, яғни басқа есімдердің орнына жүретін сөздер (*мен, сен, ол, біз, сіз, олар, кім, не, қайсы, қандай, өзім, өзің, өзі, бұл, ол, мынау, анау, бірі, бәрі т.с.с.*).

**ЕСІМШЕ** – етістіктің есім сияқты айтылатын түрі. Мыс., *айтушы адам, шабатын ат, жазған хат* дегенде «айтушы», «шабатын», «жазған» деген сөздер есімше болады. Ғалым есімшенің үш түрін көрсетеді: 1) осы шақтық, 2) өткен шақтық, 3) ұйғарынды есімше.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЕСІМШЕЛІ ҚОСЫНДЫ СӨЗДЕР** – есімше тұлғалы біріккен сөздер. 20 ғ-дың басында мұндай сөздер қосарлықпен (-) жазылған. Мәселен: *Қой-бағар, Тай-мінер, Жылқы-айдар, Қой-айдар, Тау-соғар, Көп-жасар, Ит-алмас* (жалқы есімдер), *бір-санар, бір-тартар, бу-тартар, ат-шабар, бес-атар, құс-қонбас, ит-кірмес, жел-кесер* (жалпы есімдер).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

*О.Жұбаева*

**«ЕТ ПЕН ШӨП ТАМАҚ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Есімдіктердің пайдасы, адамға да, жан-жануарлар мен жәндіктерге де азық болатыны, соның бәрі жердің, ауа мен судың арқасы

екені, табиғатта 50 мың түрлі өсімдік болса, соның 300-дейі ғана адамға ас болатыны айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ЕТІС** – істің субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ субъекті мен объектінің амалға (іске) қатысын білдіретін етістік категориясы. А.Байтұрсынұлы етістің 10 түрін көрсетеді: 1) сабақты етіс, 2) салт етіс, 3) ортақ етіс, 4) өздік етіс, 5) өзгелік етіс, 6) беделді етіс, 7) ырықсыз етіс, 8) шағыс етіс, 9) дүркінді етіс, 10) өсіңкі етіс.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ЕТІС ЖҰРНАҚТАРЫ** – етіс жасайтын қосымшалар: 1) «с» жұрнақ (*ұр – ұрыс, күре – күрес, соқ – соғыс*); 2) «н» жұрнақ (*жу – жуын, тара – таран, бақ – бағын*); 3) «дыр» (тыр) жұрнақ (*қаз – қаздыр, қал – қалдыр, айт – айттыр*); 4) «қыз» (ғыз, кіз, гіз) жұрнақ (*жатқыз, алғыз, жеткіз, бергіз*); 5) «л» жұрнақ (*ас – асыл, жек – жегіл*); 6) «т» жұрнақ (*құла – құлат, ер – ерт, құры – құрт*); 7) «ттыр» жұрнақ (*құла – құлаттыр, сұра – сұраттыр, күре – күреттір*); 8) «стыр» (*ұр – ұрыстыр, соқ – соғыстыр, күре – күрестір*); 9) «қыла» (ғыла, кіле, гіле) жұрнақ (*шап – шапқыла, жу – жуғыла, кес – кескіле, тіл – тілгіле*); 10) «ыңқыра» (іңкіре) жұрнақ (*ал – алыңқыра, барыңқыра, беріңкіре, жүріңкіре*). Етістің түпкі түрі – салт етіс пен сабақты етіс, өзгелері – туынды етістер. Сондықтан бастапқы екеуі екі-ақ мүшелі: 1) түбір, 2) жалғау. Басқа етістер үш мүшелі: 1) түбір 2) жұрнақ 3) жалғау. Сөйтіп, жалғау түпкі етістердің түбіріне жалғанады, туынды етістердің тұқылына жалғанады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ЕТІСТІК** – нәрсенің істейтін ісін атайтын, *не етпек? не істемек? не қылмақ? не болмақ?* Етістіктің жалпы сұрауы: *не етпек? деген сұрауларға жауап беретін сөздер. Мәселен, арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, т.б.*

**ЕТІСТІК КӨМЕГІ КӨРІНБЕЙ БОЛАТЫН ОРЫНДАР** – етістік жасырын келіп, басқа сөз таптары баяндауыш қызметінде жұмсалатын орындар. Мыс.: *Ағаш көркі – жапырақ; Адам – көркі шүберек.* Мұндағы бірінші мысалда бастауыш – *көркі*, екінші мысалда да бастауыш – *көркі*. Баяндауыш бірінші мысалда – *жапырақ*, екінші мысалда – *шүберек. Жапырақ, шүберек* деген сөздер етістік көмегінез-ақ баяндауыш болып тұрған сияқты көрініп тұр. Шынында олай емес, мұнда да етістіктің жасырын көмегі бар. Ол көмегі жоғарыдағы мысалға алынған сөйлемдерді қысқартпай, толық түрінде айтсақ көрінеді. Мәселен, «Ағаш көркі жапырақ болады, Адам көркі шүберек болады» десек, қысқар-

тып айтқанда көрінбей тұрған көмекші етістік – «*болады*» толықтырып айтқанда шыға келеді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЕТІСТІК КӨМЕГІ КӨРІНЕ БОЛАТЫН ОРЫНДАР** – етістік ашық келіп, басқа сөз таптары баяндауыш қызметінде жұмсалатын орындар.

Мыс.: *Күн жаз болды деген мысалда күн – бастауыш, жаз болды – баяндауыш. Жаз болды деген баяндауыш екі сөзбен айтылған. Қосарлы баяндауыш жасауға қатысып тұрған «бол» көмекші етістігі ашық келген, көзге көрініп тұр.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЕТІСТІКТІҢ ТҮПКІ ТҮРІ** – етістіктің түбірі, сабақты және салт етіс.

*О.Жұбаева*

**ЕУРОПА** (грек. Europa, семит тілінің «зреб» – «батыс» сөзінен шыққан) – Еуразия құрлығын батысын алып жатқан дүние бөлігі. Аум. 10 млн км<sup>2</sup>-ге жуық, халқы 726 млн адам (2014, Ресейді қоспағанда). Азиямен арадағы шекарасы құрлықта Орал тауы, Жем өз-нін бойлай Каспий теңізіне дейін, одан әрі Кума және Маныч өзендері бойымен Донның сағасына жетіп, Азов, Қара теңізге ұласады. Одан арғы шекарасы Боспор бұғазы, Мәрмәр т., Дарданелл бұғазы арқылы өтеді. Оңт.-шығысында тұйық Каспий т. орналасқан. Шығыс бөлігін тұтасымен дерлік Шығыс Еуропа жазығы алып жатыр. Оның оңт.-шығысында теңіз деңгейінен 27 м төмен жатқан Каспий ойпаты орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Еуропа» мақаласында (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жін. 2-т.) құрлық Еуразия алып континентінің бір бөлігі екені және ел Азияның күнбатыс жағында жатқандығы, күншығысында Орал тауы, Жайық өз., Каспий т., түстіктікте Кавказ тауы, Қара т., күнбатыста Атлант т. (мұхиты) қараңғылықта (солт-те) Мұзды мұхит, сондай-ақ Е-ны теңіздер қоршап жатқанын айтады. Құрлықтың табиғатын сипаттай отырып, Байтұрсынұлы Еуропаның адам өмір сүруге өте қолайлы екендігіне тоқталады.

*Қ.Ахметов*

«**ЕШКІ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Ешкі малының ерекшеліктері (сүттілігі, өсімталдығы, жүні т.б.) айтылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

«**ЕШКІ ТАУ**» – «Оқу құралына» енген аңыз-әңгіме. Қазақ тіліне аударған – «Қыр баласы» (Ө.Бөкейхан). Алғаш «Қазақ» газетінде жарияланған. Берілген ғыл. түсініктемеде әңгіменің осы газеттегі нұсқасымен мәтіндік салыстыру жасалған.

*С.Ғұсманқызы*



## ЖАДАҒАЙ



**ЖАДАҒАЙ ЕСЕПТІК** – зат есімге тіркелмей сөйленетін, жетіге дейін саналатын сан есім: *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу*. Бүгінгі таңда сан есімнің бұл түрі «жинақтық сан есім» деп аталады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ЖАДОВСКАЯ** Юлия Валериановна (29.6.1824, Ресей, Ярослав губ. Субботина с. – 23.7.1883) – ақын. 15 жасында Костромадағы жекеменшік пансионатта оқыған. Ж-ға сабақ берген көрнекті филолог П.М.Перевлесский оның айрықша талантын байқап, шығарған өлеңдеріне жақсы көзқарасын білдіреді. Перевлесский кейіннен Ж-ны үйіне келіп оқытады. Екеуінің арасында



*Ю.В.Жадовская*

тұтанған махаббат ұзаққа созылмайды. Әкесі қызын кедей жігітке тұрмысқа бергісі келмеген соң, Перевлесский Мәскеуге ауысып кетеді. Ж-ның өлеңдерінің, көптеген прозалық шығармаларының сарыны – өзінің басынан өткен осы махаббат драмасы. 1843 ж. Мәскеуге, Петербургке барып, көптеген жазушылармен танысады. Сол жылы «Москвитянин» журналында өлеңдері басылды. Алғаш «Өлеңдер» жинағы 1846 ж. жарық көрген. Кейіннен «Қарапайым жағдай» повесті (1846), «Үлкен жарықтан жырақта» романы (1857), т.б. кітаптары жарыққа шыққан.

А.Байтұрсынұлы Ж-ның өлеңдерін аударып, өзінің «Маса» жинағына енгізген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. –1-т.

«**ЖАДОВСКАЯДАН**» – «Маса» жинағындағы өлең. 2 шумақ (8 тармақ). «Мінсіз таза меруерт // Су түбінде жатады. Мінсіз таза асыл сөз // Ой түбінде жатады. // Су түбінде жатқан зат // Жел толқытса шығады. // Ой түбінде жатқан сөз // Шер толқытса шығады». Өлеңнің тақырыбына қарағанда, аударма екені байқалады. Ю.Жадовская (1824–1883) – орыс ақыны, бірнеше повесть, романдардың авторы. Ақынның жоғарыдағы жолдарға ұқсас өлеңі де бар көрінеді. Осыған орай, өлеңге берілген ғыл. түсініктемеде оның орысша және қазақша нұсқалары салыстырылады. Ж.Ысмағұлов, С.Мақпырұлы секілді зерттеушілердің пікірлері келтіріледі. Қалай дегенмен де, бұрын Асан Қайғының атына телініп келген бұл жырға А.Байтұрсынұлының қатысы барын көреміз. Өлең жырғаулар үлгісімен өте көркем аударылған.

«**ЖАЗ**» – «Оқу құралына» енген Абайдың осы аттас, «Жазды күн шілде болғанда, Көк орай шалғын, бәйшешек, Ұзарып, өсіп толғанда...» деп басталатын белгілі өлеңі. 55 тармақтан тұрады. Көшпенді өмір кезеңіндегі қазақ ауылының қызықты өмірін кестелі тілмен көркем бейнелейтін жыр жас оқырмандарын ұлттық мақтанышқа бөлейді әрі жаттап алуға қолайлы, жатық өлең болуымен де ұтымды.

*С.Ғұсманқызы*

«**ЖАЗҒАН СӨЗ ЖАНЫМ АШЫП АЛАШЫМА**» – алғаш рет 1911 ж. Орынборда басылған «Маса» жинағына енген өлең. Кейіннен қайта жарияланған басылымдарына енгізілген. Көл. 16 жол. 11 буынды қара өлең, кезекті және шалыс ұйқастар қолданылған. Өлеңнің басты идеясы – қандастарының ұлттық санасын жаңа өріске бағыттау. Күрескер ақын халқына жаны аши отырып, жан айқайын өлеңмен өреді. Сөз құдіретін ел санасын серпілтер қару ретінде пайдалануға ұмтылады. Өлеңіне азатшыл ойды арқау еткен ақын халықты ояту жолында мұсылмандық қағидаларын да шебер пайдаланады. «Жазған сөз жаным ашып алашыма, // Алаштың адасқан аз баласына. // Қаннан қан, еттен етім, бауыр жүртым! // Қараған қаратаудың қаласына. // Іші лас, сырты таза залымдардың // Алданып құр сыртының тазасына. // Мәз болып байғазы алған балаларша // Сатылып жылытыраған танасына» деген жолдардан «елі түзелсің, көзі ашылсын» деген ақынның халқына махаббаты мен жағымсыз, пабық қасиеттеріне деген ызасы қатар өріледі.

*С.Иттеғұлова*

«**ЖАЗҒАН СӨЗ ЖАНЫМ АШЫП АЛАШЫМА...**» – зерттеу еңбек. Авторы – А.Ісімакова.

М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынып, А., «Елтаным» баспасында 2015 ж. жарық көрген. Көл. 304 бет. Таралымы 100 дана. Кітапта 20 ғ-дың басындағы Алаш әдебиеттануы А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, С.Сәдуақасов зерттеулері негізінде қарастырылған. Сонымен қатар Бұқар жырау, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, М.Әуезов, А.Үлімжіұлы, Көдек ақын, О.Айтанұлы, Қ.Елеместің шығармалары және Г.Дулатованың, Ә.Кекілбаевтың алаштануға қосқан үлесі тәуелсіз әдебиеттану тұрғысынан талданған. Кітаптың 11–83-беттерінде автордың «Алаш зиялылары және ғылым», «Алаш зиялыларының діни көзқарастары», «Қазақ «пән сөздері» (терминдер) – ұлттық ұғымдар жүйесі», «Ахмет Байтұрсынұлы – мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы», «Ахмет Байтұрсынұлы – государственный и общественный деятель, поэт и реформатор казахского литературоведения и языкознания», «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт көшбасшысы», «Ахмет Байтұрсынұлы және әдебиет теориясы», «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» және бүгінгі әдебиеттану», «Ахмет Байтұрсынұлы және казахское литературоведение 20-х годов XX века», «Тюрколог Ахмет Байтұрсынұлы», «А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышы» атты көлемді зерттеу макалалары жарияланған.

*С.Аргынгазин*

**«ЖАЗҒЫ ДАЛА»** – «Оқу құралына» енген өлең. Авторы – Сәкен (Сейфуллин). 23 шумақ (92 тармақ). Бұл өлең де – көп уақыттан бері мектеп оқулықтарына енген, танымал туынды.

**«ЖАЗҒЫ КЕШ»** – «Оқу құралына» енген Бейімбет Майлиннің өлеңі. 28 тармақтан тұрады. Байырғы 11 буынды кара өлең ұйқасымен жазылған табиғат суреттемесі. «Қой маңырап, сиыр мөңіреп», балалар ақсүйек ойнап, қарттар жиналып кеңес құратын қазақ ауылының жазғы кешінің бір сәті жанды суреттей болып, жыр жолдарына түскен. Соңында автор бұл көріністі «Адамзат, жан-жануар қуансын деп, текке берген зор сыйлықтай сезілетін жанға рақат уақыт ретінде көтере суреттейді. Кішкентай оқырманның эстетик. талғамын оятарлық леп сезіледі.

**«ЖАЗҒЫ ТҮРЫ»** – «Оқу құралындағы өлең. Қалың оқырманға, мектеп шәкірттеріне де кеңінен таныс Абайдың осы аттас. «Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі...» деп басталатын табиғат лирикасы. 12 шумақ (49 тармақ).

**«ЖАЗҒЫ ТҮРЫМ»** – «Оқу құралына» енген М.Жұмабаевтың өлеңі. 42 тармақтан тұрады. Ер-келенің жел есіп, сылдырап сулар жүгірген көктемгі табиғаттың көркі жыр тілімен кестелен-

ген. Шәкірттің эстетик. талғамын қалыптастыруда әсері мол. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ЖАЗҒЫ ТҮНДЕ»** – «Оқу құралына» енген өлең. 9 шумақ (28 тармақ). Авторы – Мағжан Жұмабаев. «Судай сұлу кара көз, Сүйгеніне берген сөз: Белгілі жерден табылмақ, Қараңғы жаздың түнінде...». Өлеңнің көркемдік кестесінен Мағжанға тән өрнек анық табылатын болса, мазмұны жағынан 20 ғ-дың алғашқы ширегінде әдебиетте көп қозғалған әйел теңдігі тақырыбы өзек болған. Яғни жазғы түнде ұйқы құшағындағы сіңлі, бауырларының бетінен сүйіп қостасып, үйден ұрланып шыққан сұлу қыз бен жүйрігін мініп, кекілін тұмарлап, қызды күтіп тұрған жас жігітке автор-ақын: «Жетсін жастар ауылға, Ұрынбасын жауынға.. Алдында алтын бағың бар, Жолдасың – шын сүйгер жар, Баққа аяқты батыр бас!» деп тілектестік білдіреді.

*С.Ғұрманқызы*

**ЖАЗУ ӘДЕБИЕТ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған әдеби-теор. атау. А.Байтұрсынұлы бұл атау аясына «жазылған шығармаларды» енгізіп, олардың дінмен бірге келгенін айтады. Ж. ә. қазақ арасына таралу жөнінде бастапқыда дін үйретушілердің халыққа шариятты, діни ұғымдарды, шарттарды өлеңмен үйреткенін және дін тақырыбындағы әдеби шығармалар қазақ тіліне аударылу арқылы келгенін жазады. Ж. ә., автордың айтуынша, алғашқыда әдеби тұрғыдан көркем бола қоймаған, кейіннен Шортанбай, Ақмолда сияқты ақындар тұсында көркемдік деңгейі артқан. Соның нәтижесінде, Ж. ә-нің мақсаты алғашқы кезеңде «дінді жаю, дінді күшейту болса», «соңғы әдебиеттің бас мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту» дейді. Автор Ж. ә-ін діндар дәуір және ділмар дәуір деп екіге бөледі. Байтұрсынұлының Ж. ә. туралы осы пікірі – қазіргі кезеңде қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесінде негізге алуға болатын ғыл. тұжырым.

*Е.Тілешов*

**ЖАЗУ ЗАМАНЫ** – жазу пайда болып, қарым-қатынас құралына айналған кез. А.Байтұрсынұлы «жазу заманын» «жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деп сипаттайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**«ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 16, 24 қазандағы 34, 35-сандарында жарық көрген. Мұнда әліпбиге байланысты пікір таласу, яғни Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған әліпбиді жақтаушылар мен жақтамаушылар арасындағы даулы әңгіме қозғалады. Ғ.Муси деген мырзаның қос дауыстыларға берілген нөкаптен келіспеуі оның дұрыс түсінбеуінен «у» мен «қ»-

ны, «ү»-ні; «ы» мен «і»-ні; «о» мен «ө»-ні бір-бірінен ажырату үшін оларға берілген таңбаны «дәйекше», «үтірлермен» сүйеу арқылы дыбысталуындағы ерекшеліктерді айыру оқушыға керек екенін дәлелдейді. Қазақ пен ноғай арасындағы дыбыстың айтылу ерекшеліктеріне мысалдар келтіріп, өз ойының дұрыстығын, түзулігін нақты деректермен түсіндірген. Мақала мәтіні «Тіл тағылымына» (А., 1992), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Мұнда да жоғарыда айтылғандай қазіргі әріпке түсіруде «аяк, яки, һәм, харіф» сынды сөздер бүгінгі емлемен түзетілген.

*Р.Имаханбет*

**ЖАЗУМЕН СӨЙЛЕСУ** – жазу арқылы қарым-қатынас жасау. Ғалым сөйлесу әрекетін ауызбен сөйлесу және жазумен сөйлесу деп екіге жіктейді. Дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен жазумен сөйлесетінін ескертіп, сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керектігін айтады. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**«ЖАЗУ ТӘРТІБІ»** – мақала. «Айқап» журналының 1912 жылғы 4-, 5-сандарында жарық көрген. Бұл мақаланың толық мәтіні «Тіл тағылымы» (А., 1992. 380–385-беттер), 6 томдық шығ. жин-на (А., 2013) енгізілген. А.Байтұрсынұлы осы жазбасын оқу-ағарту мәселесіне арнап, қазақ балаларын қай тілде оқыту керек деген мәселені талқылайды. Араб әріптерінің қазақ сөздеріндегі дыбыстарға жетіспейтіндігі жөнінде айтады. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктеріне тоқталады. Әдіскер-ұстаз «тәртіпті жазу» деп «тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (харпі) бар болу керек» деген тұжырымын жеткізеді. Сонымен қатар араб әріптерінің қазақ дыбыстарына жеткізу амалын қарастырады да оның жолын: «Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Иағни, дауысты дыбыстар жуан айтылса – олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса – дауыссыз дыбыстар жіңішке айтылмақшы» дейді де, олардың жуан, жіңішкелігін «дәйекше белгі» арқылы ажырату керек деп ұғындырады. «Тіл тағылымы» жинағына төте жазудағы әріптер мен сөздер, сөз тіркестері, кейбір мәтіндер суретке түсіру арқылы дайындалып, басылған. Мұның өзіндік артықшылықтары мен кемшін тұстары да жетерлік. Артықшылығы: сол тұстағы жазудың саф қалпында сақтауы, кемшін тұстары: түпнұсқаларды күтіп, сақтау мерзімінің соңшалықты ұзартығына байланысты жазулардың өше бастауы. Араб жазуы негізінде түзілген бұл әріптердегі әрбір нокат не

дәйекшенің атқарар мәні бар. Осында кездесетін «һәм», «харіф», «харіфлер», «таяк», «я», «хасыл», «аяғы», «фарсы» деген сөздердегі қарайтылған әріптердің Байтұрсынұлы емлесінде жоқ екені ескерілуі тиіс. Мақаладағы «русша» сөзінің «орысша» екені белгілі, дегенмен сол тұста қазақ арасына саясатпен кіргізілген орысша оқу «русский» сөзі, дыбысталуына қарай «русша» аталымын иеленген. Ғалым «дәйекшеге» «знак предупреждающий» деп түсінік-балама береді.

*Р.Имаханбет*

**«ЖАЗУШЫНЫҢ ҚАНАҒАТЫ»** – алғаш рет 1911 ж. Орынбор қ-нда жарық көрген «Маса» жинағында жарияланған өлең. Екі шумақтан тұрады. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған. Абайдың «Базарға қарап тұрсам әркім барар...» өлеңімен сарындас болып келеді. Ақынның бұл өлеңінде сөз өнері және оның маңызы туралы ойлары ғана емес, өмір және адами құндылық мәселесін жұртшылықтың қабылдауы туралы қысқа ғана толғанысы берілген. Лирик. қаһарман өмірден көрген-түйгенін кейінгіге айту арқылы ғибратты іс жасауды көздейді.

*С.Итеғұлова*

**«ЖАЗЫҒЫМ НЕ?»** – өтініш хат. Бұл құжат 1921 ж. 15 қарашада Орынбор қ-нда жазылған. Өтініштің бас жағына «Партияны тазалау жөніндегі Губерниялық комиссияға (Аудандық комиссия арқылы) РКП мүшесі Ахмет Байтұрсынұлынан» деп көрсетілген. Өтініштің түпнұсқасы ҚР Президентінің мұрағат қорында сақтаулы. Бұл құжатты ҚР Президенті мұрағатының қызметкері Ж.Сүлейменов қазақ тіліне аударып, «Ақиқат» журналының 1996 жылғы 9-санында жариялаған. 2006 ж. Т.Жұртбайдың құрастыруымен «Алаш» баспасынан жарық көрген «Алаш ақиықтары. Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар» атты жинақтың 2-бөлімі осы ресми құжатпен ашылған. Ертеректе ешбір жинағына енбеген бұл ресми құжат 2013 ж. Алматы қ-ндағы «Ел-шежіре» баспасынан жарық көрген ғалымның 6 томдық шығ. жин-ның 6-томына қазақ тіліне аударылған нұсқасы берілген. Өтініш хатта автор 1921 ж. өзіне жалған айыптар тағылып, партия қатарына лайық емес деген желеумен партиядан шығарғанын жаза отырып, өзін ақтарлық бірнеше дәлелдер келтіреді де, шығарылған шешімнің күшін жоюды, партия қатарында қалдыруды өтінеді. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 6-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАПА ШЕККЕНДЕР»** – кітап. Авторы – Б.Қойшыбаев. А., «Қазақстан» баспасынан 1990 ж. жарық көрген. Көл. 168 бет. Таралымы 5000 дана. Халқымыздың тарихында «ақтандақ» аталған 37-ші жылдардың оқиғалары елу жыл өткен соң ғана анықтала бастады. Жазықсыз

жапа шеккендердің ұзын саны әзірге белгісіз. Олардың ішінде партия қайраткерлері де, ғалымдар да, дипломат та, қарапайым еңбек адамдары да бар. Автордың бұл кітабында С.Лапин, Т.Жүргенов, С.Асфендияровтың, Н.Төрекұлов, С.Қожанов, С.Сәдуақасовтың, сондай-ақ А.Байтұрсынұлының өмір жолы, қиын тағдыры баяндалған.

*С.Хасенов*

**ЖАЙ ДЕМЕУ** – сөз не сөйлемдердің арасын байланыстыратын сөздер. Мыс.: *гой, ақ, әше, бәсе, әлде, та, тағы, бәлкім.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖАЙ ДЫБЫС** – тілдің тандайға, тіске жақындап қозғалғанынан, еріннің қозғалғанынан шығатын дыбыстар. 20 ғ. басында қазақ тіліндегі дыбыстар жай дыбыс пен дауыстың мөлшеріне қарай жіктелген. Жай дыбысы көп дыбыстар «дауыссыз» деп аталған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖАЙ ЕСЕПТІК** – заттың дәл санын, есебін көрсететін сөздер, есептік сан есімдер.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖАЙ ЕТІСТІК** – көмекші етістіктен басқа етістіктер. Жай етістік пен көмекші етістік тіркескенде жай етістіктер мағына беруші болып, алда жүреді де көмекші етістіктер өзгеруші болып, соңында жүреді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖАЙ ЖАЛҒАУ** – септеу және көптеу жалғаулары.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ЖАЙНАҚОВ** Ыбырайым (т.ж.б., бұрынғы Жетісу обл. Верный уезі – ө.ж.б.) – Алаш қозғалысының қайраткері. Верный ерлер гимназиясын бітірген. Жетісу обл. басқармасында тілмаштық қызмет атқарған. 1911 ж. 21 қазанда Ж-тың бастамасымен Жетісу обл-ның болыстары және құрметті ақсақалдарының кеңесі өтіп, онда обл. әкімшілік пен қоныстандыру басқармаларының іс-әрекеттері жөнінде, сонымен қатар саяси іздестіру бөлімдерінің облыстағы көшпелі халықтың ісіне араласпауы туралы Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургтегі Мемл. Дума мүшелеріне өтініш айтып, өкілдер жіберу мәселесі шешілді. Нәтижесінде көрнекті қазақ зиялыларының бірі Барлыбек Сыртанов Санкт-Петербургке барып, Мемл. Думаның Мұсылман фракциясы мүшелеріне Жетісудағы жергілікті халықтың өтініш-тілектерін білдіріп қайтты.

Ж. Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің әзірлік жұмыстарына және өтуіне ат салысты. Ол Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты шиеленіс туындаған жағдайда халықтың көтеріліске шықпауын жақтады. 1916 ж. 14 шілдеде Верный қ-нда Үлкен Алматы болысына қарасты жергілікті халық өкілдерінің мәжілісін ұйымдастырушылардың бірі ретінде халықтың көтеріліске шығып босқа қырылмауын, мәселенің бейбіт түрде шешілуін халыққа түсіндірді. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерге белсене араласып, Жетісу обл. қазақ к-тінің төрағасы болып сайланды. Осы жылы 12–23 сәуірде 81 делегат қатысқан Жетісу обл. қазақтарының 1-съезін өткізуге көп еңбек сіңіріп, съезге төрағалық етті. 19 шілдеде Уақытша үкіметтің Жетісу обл. комиссарының орынбасары болып тағайындалды. А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейхан, Ө.Ермеков, Х.Ғаббасовтармен бірге 1917 жылғы 1-, 2-жалпықазақ съездерінің жұмысына белсене араласты. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Жетісу обл-нан депутаттыққа ұсынылды. 1917 ж. шілде, тамыз айларында Бөкейхан, М.Шоқаев, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедовтермен бірге Челябинск қ-нда өткен Сібір үкіметі мен Құрылтай жиналысының мүшелері к-тінің мәжілісіне қатысты. Қазақ және қырғыз зиялыларымен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстан кейін босқыншылыққа ұшырап, Қытайға ауған Жетісудың жергілікті қазақ және қырғыз халықтарын отанына қайтару, оларға көмек көрсету, ашаршылыққа тап болған Жетісудың жергілікті халықтарын азық-түлікпен қамтамасыз ету, қоныс аударушылар мен жергілікті халықтың арақатынасын реттеу ісінің бел ортасында жүрді. 1918 ж. 10–31 тамыз аралығында Лепсі қ-нда өткен Жетісу обл. қазақтарының 2-съезіне төрағалық етті, съезге жиналғандарға қазақ және қырғыз тілдерінде обл. газет шығаруды ұсынды. Большевиктер билік басына келіп, елдегі қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты Жетісудағы Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерімен бірге Қытайға қоныс аударып, сол жақтан большевиктерге қарсы қарулы қарсылық ұйымдастыру әрекеттерін қолдады. 1932–33 ж. кеңес үкіметінен қашып Қытайға өткен қазақтарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесті. Моңғол-Күре ауданының әкімі болып жүргенде 1938 ж. 28 ақпанда тұтқындалып, Гоминдан үкіметінің түрмесіне жабылады. Ж-тың кейінгі тағдыры, қайтыс болған жері белгісіз.

*Ш.Тілеубаев*

**ЖАЙ СӨЙЛЕМ** – сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлем. Мыс.: *Ат ерінді келеді, ер мұрынды келеді.*

**ЖАЙ СЫН** – сынды ғана көрсететін сөз. Сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді.

## ЖАЙ ҮСТЕУ

Мәселен, «арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «арзанның сорпасы татымас» деп айтылады. «Арзан еттің» деген екі сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жарап тұр.

**ЖАЙ ҮСТЕУ** – сан есім мен есімдікті күшейтуші үстеулер: *әбден, тым, тіпті, қас, сірә, есе, тап, нақ, нағыз, әрең, дәл, дөп, дәйім, әрі, бері, әдейі, бұрын, енді, мана, әні, міні, ең, ылғи, таман, сайын, әлі, жорта, жория.*

**ЖАЙ ШЫРАЙ** – артық, кем демей, нәрсенің сикын жай көрсететін шырай түрі. Мыс.: *жақсы атан, жаман қой, тентек бала, жуас ат, шорқақ кісі, қызыл шүберек, биік ағаш, т.б.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ЖАЙЫҚ** – Каспий алабындағы өзен. Оңт. Орал тауы және Каспий ойпаты, Ресейдің Башқортостан Республикасы, Челябинск, Орынбор және Қазақстанның Батыс Қазақстан, Атырау облыстары жерімен ағып, Атырау қ. тұсында Каспий теңізіне құяды. Жалпы ұз. 2428 км, Қазақстан жеріндегі ұз. 1084 км, су жиналатын алабының ауд. 237 мың км<sup>2</sup>, Орал тауларынан басталып, жоғ. бөлігінде Оңт. Оралдың шығысын бойлай жазықпен ағады. Ж-қа оң жағынан Кіші Қызыл, Үлкен



Қызыл, Сакмар, Таналық, Шаған; сол жағынан Шыңғырлау (Утва), Гумбейка, Үлкен Қараған, Сүйіндік, Ор, Елек, Барбастау салалары құяды. Өзенге Көшім бөгені салынып, Жайық-Көшім суғару-суландыру жүйесі таратылған. Жылдық орташа су ағыны Көшім а. тұсында 322 м<sup>3</sup>/с, Атырау қ-нда 225 м<sup>3</sup>/с. Ж. көбіне қар суымен (80%) толығады. Су тасу кезінде орта ағысы тұсында арнасы 10 км-ге, ал атырауында бірнеше ондаған км-ге дейін жайылады. Өзеннен бекіре, шоқыр, майшабақ, көксерке, Каспий қаракөзі, табан балық, сазан, жайын ауланады. Ж-тың бойында орналасқан қалалар: Верхнеуральск, Магнитогорск, Орск, Новотроицк, Орынбор (Ресейде), Орал (кеме қатынасы басталатын жер), Атырау. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин., 2-т.) ішкі өзендерін де атап кеткен. Сон-

дай өзендерінің бірі – Ж. өз. Байтұрсынұлының «Табиғат құбылысы» топтамасының «Жел неден болады?» мақаласында Орал, Торғай халқы «Жайық басынан жел тұрады, Жайық басынан жел тұрса, жазда болса да қыс болар» дейді. Одан әрі бұл құбылысты «Арқа жағмызы суық, күн жағмызы қысты күні де жылы» деп түсіндіреді.

*Қ.Ахметов*

**ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМ** – бастауыш, баяндауыштан (тұрлаулы мүшелерден) басқа мүшелері (тұрлаусыз мүшелер) бар сөйлем. Мыс.: *Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады. Қоянды қамыс өлтірер, ерді намыс өлтірер. Сай сайға құяды, бай байға құяды. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада. Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жана емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ЖАКОТО** Жан-Жозеф (1770, Франция, Дижон – 30.7.1840, Париж қ.) – француз педагогі. Адвокат, кейіннен математика және гуманитарлық ғы-



*Ж-Ж.Жакото*

лымдар проф., политех. мектептің директоры, Лувен қ-нда (Бельгия) француз тілі мен әдебиетінің проф. болған. Ол жерде өзінің «кімнің қалауы жоғары болса, сол дегеніне жетеді» деген оқыту әдісін қолданған. Ж-ның әдісі оқушылардың ойлау қызметін ынталандыруға бағытталған. Ол алдыңғы орынға баланың есте сақтау қабілетін нығайтуды қойған. Сондықтан математика, география, тарих, жаратылыстану ғылымдарын оқытуда, музыка мен сурет салуды үйретуде осы тәсілді қолданған. А.Байтұрсынұлы Ж-ның әдісін, тәжірибелерін талдап, артық-кем тұстарын өзара салыстырып, жалқылау және жалпылау әдістері негізінде сауаттылыққа қол жеткізудің оңтайлы жолдарын ұсынды. Ж-ша үйрету деп аталатын эпонимнің қолданысына жол ашты. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. –3-, 6-т.

*М.Байленова*

**ЖАҚ ЖАЛҒАУ (ЖАҚТАУ)** – сөз жақпен айтылғанда жалғанатын жалғау. Жақ жалғау екіге бөлінеді: 1) тәуелдеу, 2) жіктеу.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924. **ЖАҚТАУ** – орыс тіліндегі «персональность» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүрген А.Байтұрсынұлы термині. Ғалым сөздердің үш жақта түрленуін басқа жалғаулардан бөлек қарастырып, *мендік* (айтушы жағы), *сендік* (тыңдаушы жағы) және *бөгделік* (айтушы мен тыңдаушы екеуінен басқалардың жағы) деп жіктейді. Жақ жалғауларына тәуелдік және жіктік жалғауларын жатқызады. Функционалды-семан. өріс ретінде жақтау – тілдегі жаққа қатысын білдіру үшін қолданылатын түрлі деңгейдегі құралдар (морфол., синтаксистік, лексик., лексика-граммат.) жиынтығы. Жақтау (персоналдылық) өрісінің граммат. орт-нда граммат. категория ретінде жақ өз алдына өзіндік өріс құрады.

**ЖАҚША** « ( ) » – 1) бір нәрсені хабарында болдыра кетейін деген орындарда (*Сөйлейді ойланбай-ақ аю шолақ (аюлар күшке мықты, ойға олақ). Қойлардан ала түсті құтылғандай бар деймін бұған оңай жалғыз жол-ақ*); 2) алдағы сөзді артқысы түсіндіре өтетін жерлерде қойылатын белгі. А.Байтұрсынұлы жақшаның көбінесе пән сөздерін, жат атаулардың мағынасын оқушы түсінбейтін жағдайда қойылатынын ескертеді. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«ЖАҚЫП АҚБАЕВ ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ (ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)»** – ғыл.-зерт. еңбек, М.Құл-Мұхаммедтің докторлық диссертациясы. ҒА-ның Мемлекет және заң ин-тында 1998 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – С.Зиманов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 5 тараудан («Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастары эволюциясын зерттеудің теориялық және методологиялық тұжырымдары», «Қазақ өлкесінде отаршыл-құқықтық жүйенің орнығуы мен оған қарсы Алаш қайраткерлерінің саяси күресі», «Жақып Ақбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі», «Ақбаев және Алаш-орда», «Ж.Ақбаевтың саяси-құқықтық көзқарастары»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Еңбекте 20 ғ-дың басындағы қазақтың аса көрнекті саяси қайраткері Ж.Ақбаевтың өмірі мен қызметі арқылы тәуелсіздікке талпынған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен ғасыр басындағы қоғамның саяси келбетіне, ондағы саяси күштер, қозғалыстар мен партиялардың қызметіне баға

берілген. Ақбаевтың өмірі мен қызметі, саяси және құқықтық көзқарасы оның саяси серіктері А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ә.Ермековтермен қатар жан-жақты қарастырылған. Патша өкіметі құқық қорғау мекемелерінің 1903–17 жылдар аралығындағы Ақбаев, Байтұрсынұлы, Бөкейханға қарсы қозғалған қылмыстық, әкімш. істерін талдау арқылы олардың құқықтық, саяси сипаты мен мазмұны көрсетіліп, қазақ даласын отарлаудағы жазалаушылық қызметінің құпиясы ашылған. Сондай-ақ диссерт. жұмыста Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Ақбаев бастаған қазақ зиялыларының саяси мұрасы және Алашорданың конституц. құжаттары сараланып, онда олардың Қазақстанда зайырлы қоғам құруды мақсат еткені дәлелденген. Көл. 299 бет.

*С.Арғынғазин*

**ЖАҚЫПОВ** Жантас Алтайұлы (1.6.1958 ж.т., Ақмола обл. Қорғалжын ауд. Қорғалжын а.) – ахметтанушы, филол. ғыл. докт. (2000), проф. (2006). Қарағанды мемл. ун-тін (1982), аспирантурасын (1988) бітірген. Осы ун-те оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болған (1988–2007). 2007 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде проф. Ғыл.-зерт. еңбектері қазақ грам-



*Ж.Жақыпов*

матикасы, мәтінтану, салыстырмалы тіл білімі, аударматану, паралингвистика мәселелеріне арналған. 200-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 оқулықтың, 4 монографияның авторы. 1989 жылдан бері А.Байтұрсынұлы мұрасын зерттеумен айналысады. 2016 ж. Қазан мұрағатынан Байтұрсынұлының татар тіліндегі «Биздин юл» журналында жарияланған мақаласын тауып аударып, ғыл. түсініктемелермен ғыл. айналымға қосты. Ахмет лингвистикасындағы қазіргі әлемдік тіл білімі үшін жаңалық болып табылатын жайттарды ғыл. жұртшылық назарына ұсынып келеді. Халықар. ғыл.-теор. конференцияларда «А.Байтұрсынұлының этнопсихолінгвистикалық мұрасынан» (А., 2008), «А.Байтұрсынұлының психолінгвистикалық мұрасынан» (А., 2010), «А.Байтұрсынұлының тілтанулық мұрасындағы

## ЖАЛАҢ

«адам жаны» туралы мәселе» (А., 2012), «Ахмет Байтұрсынұлының синтаксистік мұрасындағы өзекті үш мәселе» (А., 2014), «А.Байтұрсынұлы мұрасын лингвофольклорлану тұрғысынан барлау» (А., 2016), т.б. тақырыптарда баяндамалар жасаған. «Дәуірдің жарық жұлдыздары еді (ғалым А.Байтұрсынұлының ғылыми, әдеби творчествосы жайлы)» («Коммунизм нұры», 18.7.1989), «А.Байтұрсынұлының «Шұбыртпалы сөйлемін» жандандыру» («Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы», 2013, №1), «Ахмет Байтұрсынұлының татарша мақаласы табылды» («Егемен Қазақстан», 27.01.2016), «К истории изучения строфы в казахском языкознании» («Вестник тюркского мира», 2016, №2), «Казакъ-татар рухи элемтесеннен бер күренеше хақында (Г.Ибраһимов һәм А.Байтұрсынұлы)» («Научный Татарстан», 2017, №2) мақалалары жарық көрген.

**ЖАЛАҢ ЛЕБІЗ** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған термин. Ғалым Ж. л-ді сөйлеу орнына жүретін ұғым деп түсіндіреді. Сөзді жалаң түрде айтқанда күштің көбінесе зейін жағына түсіп, мағына күшті, пікір дәлелді болып, бастысы айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделуі керек деп пайымдайды. Байтұрсынұлы Ж. л. сөйлеудің орнына жүретіндіктен, оны қара сөз деп атау қолайлырақ деп түйіндейді.

*А.Кадирхан*

**ЖАЛАҢ СӨЗ** – нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шындығымен ақылға қонуын көздейтін сөздер, жалаң лебізбен айтылған сөйлеу. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Ж. с. дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Қара сөз жаратынды тиіс ғалам тұрасындағы әңгіме. Сондықтан А.Байтұрсынұлы Ж. с-ді «зейін тілі» деп атаған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ЖАЛАҢ СӨЙЛЕМ** – тұрлаулы мүшелерден (бастауыш пен баяндауыштан) ғана тұратын сөйлем. Мыс.: *Ел қонды. Ат аунады. Қой маңырады. Аспан ашық. Ет жасық. Қымыз сусын. Көп қорқытады, терең батырады. Үлкен бастар, кіші қостар.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЖАЛАҢ ТҮРДЕ АЙТЫЛҒАН СӨЗ** – күш көбінесе зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөздің адамның ақылына қонуы.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЖАЛҒАМАЛЫ ТІЛ** – сөз соңына қосымша (жұрнақ, жалғау) жалғану арқылы өзгеретін тіл

(түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі жалғамалы тілдерге жатады).

**ЖАЛҒАСЫҢҚЫ ОРАЛЫМ** – өрнекті сөйлемнің тақырыпшы мүшесіндегі пікірдің баяншы мүшесіндегі пікірге тіркес мағынада болуы. Мыс., *Жаздыгүн шілде болғанда, Көкорай шалғын бәйшешек Ұзарып өсіп толғанда Күркіреп жатқан өзенге Көшіп ауыл қонғанда, Шұрқырап жатқан жылқының Шалғыннан жүні қылтылдап, Ат-айғырлар, биелер Бүйірі шығып ыңқылдап, Суда тұрып шыбындап, Құйрығымен шылпылдап, Арасында құлын-тай Айнала шауып бұлтылдап, Жоғары-төмен үйрек-қаз Ұшып тұрса сымпылдап...* (Абай).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ЖАЛҒАУ** – сөз соңына жалғанатын қосымша. А.Байтұрсынұлы жалғауды өз ішінен екіге (тысқарғы жалғау, ішкергі жалғау) бөледі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖАЛҒАУДЫҢ ТЫСҚАРҒЫСЫ** – сөздерді байланыстыратын қосымшалар (бүгінгі қолданыста – жалғаулар), А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда, «сөйлегенде, жазғанда сөздерді біріне-бірі қиындастырып тізу үшін қажет» жалғаулар. Мысал ретінде ғалым «құлақтың» сөзін келтіріп, «құлақ» деген сөзге «тың» жалғауы қосылып, тұлғасы өзгерілгенмен, мағынасы өзгерілмегенін айтады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖАЛҒАУДЫҢ ІШКЕРГІСІ** – сөз тудыратын, жаңа сөз жасайтын жұрнақтар, А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда, «бір мағыналы сөзден екінші мағыналы сөз шығарып, сөзден сөз туғызып көбейтіп, тілді байыту үшін қажет» қосымшалар. Мысал ретінде «құлақ» деген сөзге жалғанған «шын» ішкергі жалғауы сөздің тұлғасын да, мағынасын да өзгертетінін («құлақшын») ескертеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖАЛҒАУЛАТУ** – жалғау қостыру.

**ЖАЛҒАУЛЫҚ** – жалғаудың орнына жүретін, өз алдына мағынасы жоқ, басқа сөздердің шылауында жүретін сөздер. Қазақ тілінде жалғаулық сөздердің тіпті аз екенін ескерте келіп, ғалым *менен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы сөздерін мысал ретінде келтіреді.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖАЛҒАУЫШ** – қ.: *Жалғаулық.*

**ЖАЛҚЫ ЕСІМ** – нәрсенің дербес өз басына ғана қойылған атау. Мәселен: Ахмет, Атымтай, Атығай, Қызылжар, Семей, Қырым, Қытай, т.б.

**ЖАЛҚЫЛАҒЫШ ҚОС СӨЗДЕР** – нәрселерді айыра атайтын қос сөздер. Мыс.: *жел-бау, төсек-ағаш, жүк-аяқ, піспек-сап, шеге-балға, қауғаш-шелек, Асыл-бек, Төре-тай, Есен-аман, т.б.* Жалқылағыш қос сөздер қазақ тілінің негізгі заңы – дыбыс үндестігін бұзбау үшін екі сөздің бірігуінен жасалған, алайда бір буыны жуан, екіншісі жіңішке буыннан (аралас буын) құралған сөздер дефис арқылы бөлініп жазылған. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы былай деп жазған: «Қос сөздегі екі сөз бірыңғай болса, яғни екеуі бірдей я жуан, я жіңішке айтылатын болса, онда екеуі айырылмай тұтас жазылады (*басқұр, қолғап, балжан, желгесер, айбалта, Алтынбай, Атантай, Тасболат, Баймырза*). Қос сөздегі екі сөз бірыңғай болмаса, яғни бірі жуан, бірі жіңішке сөз болып келсе, онда аралары сызықшамен айырылып жазылады (*жел-бау, төсек-ағаш, жүк-аяқ, Тілеу-бай, Ес-құл, Төре-тай, Жан-темір, Мұрат-бек*)» (Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924). Қазіргі кезде мұндай сөздер бірге әрі дефиссіз жазылып жүр.

**ЖАЛҚЫЛАЙ ӘЛІПТЕМЕ** – нәрсені дербес алып, дара басын әліптеу. Мұнда әліптеушінің назары нәрсенің өзгеден айрылатын өзіндік ерекшеліктерінде (айрықша әліптерінде) болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**«ЖАЛҚЫЛАУ (АЙЫРЫҢҚЫ) ӘДІС»** – А.Байтұрсынұлының мақаласы («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №10 санында (45–49-б.) жарық көрген.

Әдеб.: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

**«ЖАЛҚЫЛАУЛЫ-ЖАЛПЫЛАУ ӘДІСІ»** – А.Байтұрсынұлының мақаласы («Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы). «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы №1 санында (31–37-б.) жарық көрген.

Әдеб.: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

О.Жұбаева

**ЖАЛМАХАНОВ** Шапағат Шарапатұлы (12.4.1962 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Ынтымақ а.) – филол. ғыл. докт. (2005), проф. (2006), полиция полк. (2010). Қарағанды мемл. ун-тінің (1984), аспирантурасын (1990) бітірген. Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. орта мектебінде директордың орынбасары (1984–86), Ресейдің Ковров қ-нда, Ауғанстан Демократ. Республикасындағы Кеңес әскерінің шектеулі контингенті (ОКСВА) құрамында, Түркіменстанның Ашғабад қ-нда әскери қызметкер (1987–88), Қарағанды мемл. ун-тінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары (1990–99) қызметтерін атқарды. 1999 жылдан ҚР ҰИМБ Қарағанды Заң ин-тының,

2010 жылдан Қарағанды академиясының кафедре бастығы. 200-ден астам ғыл. мақала мен 1 монографияның, оқу құралдарының авторы. «А.Байтұрсынұлы жасаған әдебиеттануға арнал-



Ш.Жалмаханов

ған пән атаулары (терминдер)» ғыл. жинағы (телавтор, 1996), «А.Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы» (1997), «А.Байтұрсынұлы – әдебиеттану терминдерінің негізін салушы» (телавтор, 1997), «Ахметтану бастамалары» (2005) оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған (1989).

**ЖАЛПЫ ЕСІМ** – нәрсенің біріне емес, барлық табына қойылған атау. Мәселен: *кісі, еркек, қала, дала, ел, жұрт, ұлт, өлке, патшалық, т.б.*

О.Жұбаева

**ЖАЛПЫҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ СЪЕЗІ.**

1918 ж. 5–13 мамыр аралығында өтті. Ұйымдастырушысы – Омбы қ-ндағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымы. Оған қазақ жастарының 15 ұйымынан бір өкілден шақырылды. Мақсаты – Қазақстандағы большевиктер билігіне қарсылық, олардың зорлықтарын айыптау, жастарды ұлт-азаттық қозғалыс жолында бірлікке шақыру. Съезд жастар ұйымдарына ашық хат жариялап, онда «Қазақ-қырғыз жастарының бар ұйымдары біріксын; барлық ұйымдар ортасынан бір кіндік комитет сайлансын; кіндік комитетке әрбір ұйым өзінің барлық қазынасынан 15 процент берсын; бар ұйымдарда бір-ақ проғрама, бір-ақ ат болсын. Бұған сиездің қойған аты – «Жас азамат»; «Жас азамат» атынан газет шықсын...» деп көрсетілді. Съезде бес адамнан тұратын орт. к-т сайланды. К-т Омбы қ-нда жұмыс істейді деп шешілді. К-т төрағалығына «Үміт» ұйымының өкілі Ғазиз Мурзин, орынбасарлығына Гүлшаһра Досымбекова, мүшелері болып Әбдірахман Байдилдин, Мұратбек Сейітов, т.б. сайланды, хатшысы Смағұл Сәдуақасов болды. Съезге Мұхтар Әуезов те қатысқан. Оның осы съезге байланыс-



## ЖАЛПЫ ҚАЗАҚ

ты жазылған «Бірінші жалпы жастар сиезі», «Жастар ұйымдарына ашық хат» атты мақалалары бар.

*К.Лиясова*

### ЖАЛПЫ ҚАЗАҚ СЪЕЗИНІҢ ҚАУЛЫЛАРЫ.

1917 ж. 21–26 шілдеде Орынборда өткен съезд төмендегідей қаулы қабылдады: «Сиезде бүкіл Россия мемлекетіне қараған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстары мен Бөкей Ордасының қазақтарының өкілдері болды. Сиездің президиумына кіргендер: Х.Досмұхамедов (председатель), А.Байтұрсынов, Ә.Көтібаров (орынбасарлары), А.Сейітов, М.Дулатов (секретарьлар). Сиез қараған мәселелер: мемлекет түрі қандай болу; қазақ өз тізгінін өзі алу (автономия); жер; әскерлік; земство; оқу; дін; сот; әйел; Учредительное собрание сайлауы кезінде жүргізетін әдіс; қазақтан баратын депутаттар; Шора-и ислам; қазақтың сиез партиясын жасау; Жетісу облысындағы оқиғалар; Киевте болатын жалпы Россия федерацияларының (өз жұмысына келгенде бөлініп, мемлекет жұмысына келгенде бірігетіндер) сиезі мен Петроградтағы жалпы жұрт оқуы комиссиясына кіру. 1. Мемлекет түрі. Алдымыздағы құрылатын мемлекет түрі одақтасқан жалпы халық билейтін, хакімдерін халық сайлап, халық алдында жауапты болатын мемлекет түрі болсын. Демократиялық, федеративтік, парламенттік республика, автономия. Қазаққа рулық, жерлік, обл. автономия берілсін. 2. Жер мәселесі. Қазақ халқы түпкілікті етіп жер алып, орныққанша қазақ жерінен жер алу тоқталсын. Қазақ облыстарына жарамды жердің кемдігінен ақсүйектерге (дворяндарға) мал өсіруге, сауда-кәсіп қылуға, орыс ауруы ішетін қымыз дайындауға, сопыханаға алынған мұжық келіп орнамаған оброчный статьяға кесілген, басында қазынаға алып, үлгілі шаруа жүргізем деген жай адамдарға берілген, күзетші (ғаскер) пайдасына алынғанымен, әскер кетіп, яки азғантай ғана қалса да, қайтпай тұрған жерлер түгел қазаққа қайтарылсын. Қазынаның ерекше билігіне алынған қазақтың шабындықтары қайтсын. Кесіліп бос тұрған жерге мұжықты жазып орнату тоқталсын деп дереу Уақытша хукіметтен сұралсын. Отырған мұжықтардың саны арнаулы санға толмаса, артық жер қазаққа қайтсын. Мұжықтар орнаған жерде қыстауы бар өлкеге көшпеген қазақтың қыстаулық жері өзіне тисін, орналасатын мұжыққа жер жетпейтін болса, қайтадан бөліс жүргізіліп, басқа кесілген жерден жер берілсін. Қазынаның ерекше билеуіне алынған дачалар (ағаштар) бүкіл мемлекетке пайда келтірмейтін болса, земство қарауына алынсын. Жер мәселесі туралы қазақ өз алдына проғырыма (жоспар) түзсін. Жер мәселесі туралы Учредительное собраниеде қай партияға қосылуды қазақ депутаттары өздері білсін. Қазақ жер алып орнығарда тұтынатын

норма (мөлшер) жер ыңғайына қарап жасаған Шербинаның малға һәм малмен егіп араласқан шаруаға деген нормасы болсын. Бөкей Ордасының қазақтары отырған жерінен қолындағы қазақ облыстары алған мөлшерімен жер алсын. Түркістан қазағына жерден басқа жеткілікті су берілсін. Қазақтың жер иеленуі жеке меншіктемелі болмай, жалпы иелену (община) болсын (Ферғананың екі өкілі жерді жеке иелену жолына дауыс берген, өйткені олардың жері арық қазып, ағаш-бақ өсіріп, көп еңбек менгеріп тастаған жер). Община неғұрлым кіші болғаны тауір һәм құрамының қандай болуын жер-жердегі жерге орналастырушы мекемелер болсын. 3. Әскерлік Учредительное собраниеде қазақ депутаттары мемлекеттен дайым әскер болмай, халықтың өзі сайлап бақылаушы (народная милиция) қоюға дауыс берсін. 4. Земство. Көшпейтін елдерге улостной земство қазір кіргізілсін. Көшетін елдерге кіргізу ретін областной земский собрание білсін. Көшпелі елдер деп бір уезден екінші уезге баратын елдер айтылсын. Улостной земскелік ағзалардың сайлауымен уездік земство сайлауы бір-ақ рет болсын, екі кезде істелмесін. Улостной земствоның управасына бестен артық ағза сайланбасын. Қазақтың уездік һәм областной земствосы олармен бірге болсын. Сайлау ретін көрсету, ұғындырып басшылық қылу үшін областной комитеттер ел-елге білетін кісі (инструктор) шығарсын. 5. Оқу, бала қалмай жалпы оқу міндет. Алғашқы екі жылда бала ана тілімен оқысын. Қазақ тілінде шығатын кітаптар А.Байтұрсынов емлесімен басылсын. 6. Дін мәселесі. Ақмола, Жетісу, Семей, Орал, Торғай, Закаспий (Маңғышлақ уезі) облыстары уақытша Орынбор муфтилігіне қосылсын. Духовное собраниеге қандай мәселелерді беру тиістігін жалпы қазақ сиезінің комиссиясы айырсын. Духовное собраниеде қазақ бөлімі болсын. Қазаққа қатысты барша жұмыс муфти алдында қазақ бөлімінде қосылып қарасын. Ортақ мәселелерді муфти алдында қазақ пен ноғай қазылары ортақ қосылып қарасын. Маңғышлақтан басқа әр облыстан бір қазы сайлансын. Қазақ бөліміндегі жұмыстар таза қазақ тілінде жазылсын. Қазақ бөлімінде 5 қажы, бір секретарь болсын. Бұлардың әрқайсысы жылына 4800 сом ақы алсын. Кенсе расходына 10 мың сом берілсін. Әр облыстан жылына қажыға 4800 сом, секретарьға 1000 сом, кенсеге 2000 сом, барлығы 7000 сом жиылып берілсін. Секретарьді қазақ қажыларының жалпы жиналысы сайласын. Қажыдан төменгі рухани адамдар тұрған жерінен ақы алсын. Ақы мөлшерін жергілікті областной сиездер кессін. Дін туралы жалпықазақ сиезінің жасаған қаулысын областной комитеттер орындасын. 7. Билік. Народный сот жоғалсын. Жаңадан халыққа жайлы сот жасауға білгіш адамдардан областной сот комиссиясы

ашылсын. Областной комиссиялардың жасаған жобаларын қорыту үшін жалпықазақтың сот комиссиясы ашылсын. Бұл комиссия әр облыстан бір-бірден областной сот ағзалары ортасынан сайлап шығарған адамдардан құралсын. Жалпықазақтың сот комиссиясы Учредительное собрание, яки Гос. Дума қай жерде болса сол жерге жиылсын һәм 1 февральға дейін сот жобасын жасап бітірсін. Жасаған жобаны жалпықазақтың сот комиссиясы мен қазақ депутаттары қосылып қарастырып, заң шығаратын орындарға табыс етілсін. 8. Әйел мәселесі. Еркектердің әйелдермен саяси құқықтары тең болсын. Қалыңмал беру жоғалсын. 16 жасқа толмаған қызға құда түсу қалсын. 16 жасқа толмаған қызға, 18 жасқа толмаған ұлға молда некесін қимасын. Некесі қиыларда қыз бен күйеу көзбе-көз отырып, екеуінің ризалығы сұралсын, иә қабыл деген сөз қылсын. Жесір қатын сүйгеннен тисін. Екінші қатын алуға бұрынғы қатын көнгені шарт. Егер бастапқы қатыны көнбесе, аламын деп, ертемін деп, екінші қатын тұрса, ол уақытта бастапқы қатын шығып, һәм байға тигенше бұрынғы байы асырап сақтасын. Жеті атадан әрі болмаса, бері туыскандар қыз алысып беріспесін. 9. Жетісу оқиғалары. Сиез атынан соғыс һәм Ішкі Іс Министрлігіне телеграм барып, үйіне қайтқан солдаттардың һәм мұжықтардың қару-жарақтары тартып алынып, зорлығына тыю салынып һәм шапқан қазақ-қырғыздарға жәрдем берілу» (Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. – Астана: Ел-шежіре, 2007. – 4-т.; Қазақ көтерілістері. Энциклопедия / Бас ред. Ж.Н.Тойбаева. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2015).

**ЖАЛПЫЛАҒЫШ ҚОС СӨЗДЕР** – нәрсенің көбін қамти атайтын қос сөздер. Мыс.: *аяқ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, киім-кешек, жүн-жұрқа, бақа-шаян, құрт-құмырсқа т.б.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖАЛПЫЛАЙ ӘЛІПТЕМЕ** – нәрсенің бүтін табын алып, табына тиісті сипатпен әліптеу. Мұнда әліптеушінің назары таптағы нәрсенің бәрінен табылатын белгілерінде (ортақ белгілерінде) болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ЖАНАЙДАРОВ** Сейілбек Мейраұлы (1884, Ақмола обл. Атбасар уезі, Терісаққан болысы – 1929, Алматы қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. 1913 ж. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін бітірген. Әйелі Мәриям – белгілі қазақ заңгері Жансұлтан Сейдалиның қызы. Ж. ун-ті бітіргеннен кейін Ресейдің Витебск губ-нда қаржы саласының тексерушісі болып қызмет атқарған. М.Дулатов, Мұстафа Шоқай, А.Бірімжа-

новтармен бірге Ресейдегі Ақпан, Қазан төңкерістері қарсаңында қазақ даласында етек алған ұлттық-демокр. қозғалысқа белсене араласқан. 1916 ж. Витебскіден елге оралып, Атбасар қ-нда салық инспекторы болып қызмет істеген. 1916 ж. майдан жұмысына алынған қазақ жастарына көмек көрсету ісіне ат салысқан. 1917 ж. шілдеде Орынборда өткен 1-жалпықазақ съезіне Ақмола обл-нан делегат болып қатысты. 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбордағы 2-жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда үкіметі мүшелігіне сайланды. 1918 ж. Ә.Бөкейханның жарлығымен Ақмола обл-ның соты болып тағайындалды. Ж. азамат соғысы барысында А.Байтұрсынұлымен бірлесіп, Кеңес үкіметімен байланысты жандандыруға ат салысты. 1919 ж. Қазревком төрағасының орынбасары, 1921–22 ж. Қазақ автон. республикасы құрылғаннан кейін Орынбордағы респ. қаржы халық комиссариатының алқа мүшесі, халық комиссарының орынбасары, халық комиссары болып қызмет істеді. Астана Қызылордаға көшірілгенде Қазақстанның а.ш. банкіні басқарды. Ұзаққа созылған науқастан қайтыс болды.

Әдеб.: <http://alash.semeyleib.kz/> (қаралған күні: 26.9.2017).

**ЖАНГЕЛДИН** Әліби (1884, Қостанай обл. Амангелді ауд. – 14.8.1953, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. Торғайдағы кәсіптік уч-шеде, Қостанайдағы екі сыныптық орыс-қазақ уч-шесінде



Ә.Жангелдин

оқыған. 1903 ж. Орынбордағы діни уч-шені бітіріп, Қазандағы мұғалімдер семинариясында екі жыл оқыған соң, 1905 жылғы революцияға қатысты деген айыппен оқудан шығарылды. Сол жылы Мәскеудегі діни академияға оқуға түсіп, 1906 ж. «сенімсіз студент» деп танылып, академиядан қуылған. 1909–12 ж. шет ел халықтарының тұрмыс-салтымен танысуды (кейбір деректерде діни уағыздарды насихаттауды) мақсат еткен Ж. Еуропа, Африка, Таяу Шығыс, Азия елдерін жаяу аралап, 1913 ж. Жапония арқылы туған жерге оралды. Ел аралап, киноаппаратпен шет ел халықтарының өмірі мен тұрмысына байланысты фильмдер көрсетіп, жергілікті халықтың саяси сауатын көтеруге ықпал етті. 1915 ж. Ре-

сей коммунистік партиясының қатарына өтіп, Қырымда астыртын рев. қызмет атқарды. Ж. Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығына қарсы Торғай қазақтарының көтерілісін қолдап, Торғай қ-н қоршауға қатысты. РКФСР Халық комиссарлар кеңесінің шешімімен Торғай обл-ның төтенше соғыс комиссары болып тағайындалды. 1919 ж. 10 шілдеде РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің декреті бойынша құрылған Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі рев. к-тінің құрамында С.Пестковский, А.Байтұрсынұлы, т.б-мен бірге жұмыс істеді. 1920 ж. қазанда өткен Қазақ АКСР Кеңестерінің құрылтай съезінде алғаш құрылған үкімет мүшесі болып сайланды. Патша өкіметі бөлшектеп тастаған қазақ жерлерін біртұтас автономия құрамына жинауға Ж. және Байтұрсынұлы, Ә.Ермеков, Ә.Бөкейхан, С.Меңдешев, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин секілді қайраткерлермен бірлесіп ат салысты. Қазақ АКСР Орт. атқару к-ті төралқасы төрағасының орынбасары және Қазақстан Қамсыздандыру халық комиссары болды. Съезден кейін Қазақ Орт. атқару к-ті Ж-ді Шығыс халықтарының насихат және іс-қимыл кеңесіндегі қазақ халқының өкілі етіп тағайындады. 1920 жылдан РК(б)П Қырғыз (қазақ) обл. к-тінің және Қазақ АКСР Орт. атқару к-тінің мүшесі, 1938 жылдан Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты болды. Қостанай обл-ның бір ауданы, елді мекендер мен мектептерге Ж. есімі берілген. Ол туралы бірнеше көркем шығарма жарық көріп, кинофильм түсірілген. Алматы, Ақтөбе, Торғай қ-ларында ескерткіштер орнатылған.

*Әдеб.:* Алиби Джангельдин. Документы и материалы. – А., 1961; [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ\\_революциялық\\_комитеті](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ_революциялық_комитеті) (қаралған күні: 26.9.2017); <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 26.9.2017).

**«ЖАНДЫҚ ПЕН ӨСІМДІКТІҢ ҚОРЕКТЕ-НУІ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Өсімдіктер мен жан-жануар, жәндіктердің тіршілік ету ерекшеліктері, өзгешеліктері танымдық тұрғыдан әңгімеленеді. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ЖАНДЫҚТАР»** – «Оқу құралына» енген шағын мәтін. Бұл жерде «Жандықтар» деп барлық жан-жануарлар мен жәндіктерді атаған. Ғыл. түсініктемеде тақырыптың мән-мағынасы толығырақ ашылады.

**«ЖАНДЫҚТАРДЫҢ ЖЕР ЖҮЗІНЕ ТАРАЛУЫ»** – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Хайуанаттар мен жәндіктердің тіршілік етуі, бір жерден екінші жерге таралу жағдайы әңгімеленген. «Жандықтарды жер жүзіне тарататын – су мен жел» екені айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ЖАНДЫҚТАРДЫҢ ҚЫСТЫҒҮНІ ЖАН САҚТАУЫ»** – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Жан-жануар мен жәндіктердің көбі аш-

тық пен суықтан қырылатыны, тек олардың тұқымының ішінде ең күштісі қалып, әлсіздері өлетіні, сонымен тұқым жаңаратыны айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ЖАНДЫҚТАРДЫҢ ҮЙ САЛУЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Өздеріне мықты әрі әдемі етіп үй салып алатын құмырсқа, ара, торғай, т.б. жандықтардың (жан иесінің) тіршілігі, баспананы қалай жасайтыны әңгімеленеді. Кейбіреулері өздеріне үй салмай, басқалардың баспанасын (түлкі – борсықтың, бозторғай – қарлығаштың) тартып алатыны жөнінде айтылады. Танымдық мәні бар әңгіме. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ЖАНДЫҚТЫҢ АШАРШЫЛЫҚПЕН АЛЫСУЫ»** – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Авторы – Н.Рубакин. Барлық жан-жануар, жәндік атаулы тіршілік үшін, тыным таппай әрекет етеді. Жейтін тамақ іздейді. Бірін-бірі аңдып жүріп, жейді. Мыс., жолбарыс ағаш бұтағында жасырынып жатып, жанынан марал өте бергенде атып шығады да, күре тамырын киіп жібереді. Бұғының артынан қасқыр аңдып жүреді. Олардың тіршілігі осылай жалғаса беретіні, әр аңның өзінің жем іздеу әдісі болатыны айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ЖАНДЫҚТЫҢ ЖАУЫНАН ҚОРҒАНУЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Әрбір аң-құстың, жан-жануардың өз жауы бар: масаны көлбақа жейді, көлбақаны көкқұтан жейді. Қойды қасқыр тартады, қасқырды арыстан өлтіреді, арыстанды адам ұстап алады. Түрлі аң жаудан өзінше қорғанады: кейбіреулері жауға қарсы тұрады, енді бірі қашып құтылады. Әңгімеде аң мен жәндіктердің жауынан қорғанатын сан алуан әдістері айтылады. Танымдық маңызы бар мәтін. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ЖАНКІСІ** Басыбайұлы (1772, Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Қарағандысай бойы – 1849, Сыр бойы) – ақын, би. Найман тайпасының бағаналы тармағынан шыққан. Басыбай аңшының шаңырағында дүниеге келген. Кейбір аңыз әңгімелерде Ж-нің шын аты – Жанкиса және ол Қоқан хандығы әскерлерімен қақтығыста қайтыс болған делінеді. Жанкисаның жанама аты Ж. екенін Е. Бекмаханов та атап көрсеткен. Ж. шығармаларының көпшілігі сақталмаған. «Мақпал – Сегіз» дастанының үзіндісі, «Қоқан ханына айтқаны», «Қожыққа айтқаны» толғаулары ғана жеткен. Ж-нің «Қоқан ханына айтқаны» толғауы «Ай, заманай, заманай» жинағына, А.Байтұрсынұлының «Оқу құралына» енген. Осы толғауында ол Қоқан ханын, оның салықшы бектерінің әділетсіздігін өткір сынаған. Кейін оларға қарсы ашық күреске шыққан. Ж-нің «Қоқан ханына айтқаны» толғауы 1830 ж. орыс тіліне аударылып, «Песня о временах владычества коканцев» деген атпен

«Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенных в русские стихи» жинағында жарық көрген (1885, Орынбор). Кейбір шығармалары Әдебиет және өнер ин-тының қолжазбалар қорында сақтаулы. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. –2-т.

**ЖАНПЕЙІСОВ** Ербол Несіпбайұлы (27.12.1930 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Тоқтамыс а.) – филол. ғыл. докт. (1991). Қазіргі ҚазҰУ-дың филол. ф-тін (1953) және аспирантурасын (1956) бітірген. 1957 жылдан Қазақстан ҒА-



*Е.Жанпейісов*

ның Тіл білімі ин-тында кіші, аға, жетекші, бас ғыл. қызметкер. Әр түрлі тақырыпта жазылған 70-тен астам мақаланың авторы. ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1993). А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына орай Ж-тің «Ұлттық рухтың ұлы тіні» ғыл. мақалалар жинағы (1999), «Байтұрсынұлы бастаулары» мақаласы («Тілтаным», 2001, №2) жарық көрген.

**ЖАНР.** Әдебиеттегі идеяны жеткізуші, көркем образды таңбалаушы шығарма тілінің тұтас жүйесін қалыптастыратын, мөлшері мен түрін айқындайтын ұғым. Ж. туралы сонау көне заманғы Платон мен Аристотельдерден бастап А.Байтұрсынұлының замандастары Потебня мен Веселовскийге дейін ондаған, бәлкім, жүздеген үлкенді-кішілі дүниелер жазылған. Бұлардың қай-қайсысы да әдебиеттің түрлері жөнінде өздері білетін, өз дәуірлерінде танымал болған шығармаларды жүйелесе, ал әдеби текке келгенде лирика, эпос, драма деп жіктейді. «Әдебиет танытқыш» авторы да «Акындықтан шыққан сөзді, яғни лебізді шығармаларды, үлгілі жұрттар айтылуына қарай үшке бөледі: 1. Өуезеленіп айтылуына қарай. 2. Толғанып айтылуына қарай. 3. Ғамалдап айтылуына қарай» деп әдебиеттің үш тегін көрсетеді. Әдебиетті текке бөлудің осы күнге дейін ең аз дегенде негізгі үш ұстанымы белгілі. Біріншісі – Аристотельдің «Поэтикасынан» бастау алады да, әдеби тек автордың қатысына қарай сараланады. Көне грек философы: «...оқиганы өзіне қатысыз

түрде әңгімелей отырып, бір нәрсеге тек бір тұрғыда ғана еліктеуге болады немесе еліктеуші өз болмысын жасырмай, өзімен-өзі жеке қалады, не болмаса суреттеп отырған адамдарды қимыл-әрекет үстінде көрсетеді» дейді. Яғни, грек ойшылының айтуынша, автор өзі бейнелеп отырған жайттарға тікелей қатысты болады немесе қатыссыз болады, болмаса оларды әрекет арқылы көрсетіп береді. Содан барып эпос, лирика және драма жеке-жеке сараланады. Біздің заманымызға дейінгі 14 ғ-да әдебиеттің көптеген терминдері қалыптаспаған себепті, Аристотель мынау эпос, мынау лирика, мынау драма деген. Байтұрсынұлы: «Ақын әуезе түрінде сөйлегенде, уақиғаның ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемейді. Тек сыртта тұрып бақылап, уақиғаға көз салған адамша, біреуден естіген адамша айтады... Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды... Айтыс-тартыста ақын өз басындағы емес, басқаның басындағы уақиғаны көрсетіп, өз басынан, көңілінің күйінен еш нәрсе қағыстырмайды» деп әуезеге, толғауға, айтыс-тартысқа қысқаша анықтамалар береді. Осылардан Аристотельдің жанрды автордың қатысына қарай бөлуінің ой сілемдерін аңғару аса қиын емес. Қазақ оқымыстысы әдебиетті текке бөлуде Аристотельдің бейнелеу тәсіліне негізделген ұстанымын негізге алғанмен де, жанрға бөлу тәжірибесінде оны бірден-бір ұстаным ретінде қабылдамаған. Көне грек дәуірінің оқымыстылары Платон, Аристотельдерден басталған өнерді өмірге, табиғатқа еліктеу деген тұжырым, одан берідегі классицизмнің нормативті поэтикасы, 18–19 ғ-лар шегінде, әсіресе, классик. неміс философиясы өкілдерінің тарапынан өзгеріске түсті. Канттың, Гегельдің эстетик. көзқарастарында өнерді жеке тұлғаның субъективті шығарм. қабілеті дүниеге әкеледі деген тұжырым кең етек алды. Мұндай көзқарастар эволюциясы Байтұрсынұлының әдеби-теор. танымына да тән болған еді. Әдебиеттің тектерін көрсете отырып, оларға сипаттама беруде Байтұрсынұлы Аристотельдің бейнелеу тәсілінде, яғни автордың қатысына негізделген ұстанымында қалып қоймайды. Сөйтіп, «Әдебиет танытқыш» авторы ары қарай ішкі, тысқы ғалам деген ұғымдарды қолдана отырып, әуезе, толғау және айтыс-тартыс жөніндегі ойларын тиянақтай түседі. Байтұрсынұлының осындай ой жосығынан Гегельдің «Эстетика» еңбегінің әсері байқалады. Әйгілі еңбегінде неміс философы эпос жөнінде: «рухани элементтің сыртқы болмысын кең түрде көрсетеді» десе, лириканы, оның мазмұны – барлық субъективті нәрсе, ішкі элемент деп анықтаса, драмага келгенде «алдыңғы объективті дүниені әкеледі» дейді. Гегельдің лириканы – іш-

кі әлемнің, эпосты сыртқы әлемнің, ал драманы осы екеуінің нәтижесі деу – жоғарыда айтылған оның көркемөнерді субъективті шығарм. акт дейтін жалпы филос. көзқарастарынан туындап жатты. Гегельдің «Эстетикасындағы» мұндай жалпылық мәндегі тұжырымдар әрі әдеби жанрға қатысты нақты байламдар орыс сыншысы В.Г.Белинскийдің «Поэзияны тегі мен түріне қарай бөлу» еңбегінде кеңінен пайдаланылды. Оны бүгінгі орыс әдебиеттанушылары да жоққа шығармайды. Айталық, «Поэзияны тегі мен түріне қарай бөлу» мақаласының авторы В.Е.Хализев: «Белинскийдің арқасында гегельдік тұжырымдама (соған сәйкес терминология) отандық әдебиеттануда орнықты» дейді. Байтұрсынұлының Гегельді оқығаны мен білгенін жоққа шығармастан, оның «Әдебиет танытқышында» орыс оқымыстысының «Поэзияны тегі мен түріне қарай бөлу» еңбегімен сабақтаса келіп жататын тұстары баршылық екенін айтуға тиіспіз. «Әдебиет танытқыш» пен Белинский еңбектерінің өнер түрлерін саралап, оларға сипаттама беретін ең алғашқы беттерінен-ақ осыған көз жеткізу қиынға соқпас еді. Мәселен, орыс сыншысы эпос жөнінде: «Мұнда бүкіл ішкі сезім сыртқа терең жайылады, сөйтіп, бұл екі жақтың екеуі де – ішкі және сыртқы – бір-бірінен жекеленіп көрінбейді» десе, лирикаға келгенде: «Мұнда поэзия ішкі элементте, шарқ ұрған, сезгіш ойда қалады» дейді. Бұл шағын үзінді мен «Әдебиет танытқыш» араларында бірқатар ұқсастық, ең бастысы – мәселені аңғарту барысындағы концептуальды сабақтас-тықты бірден байқауға болар еді. Айталық, «Әдебиет танытқыштағы»: «... сезіліп тұрған тысқарғы ғаламмен, сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жыртылып айрылғысыз болып беріледі» деген сөйлеммен осының алдында ғана келтірілген Белинский пікірі арасындағы тікелей ұқсастықты аңғару қиындыққа соқпайды. Мәселенің шешуші тұсы мұндай жеке сөйлем, өздердің түсініктердің, сөз тіркестерінің, кейбір сұздердің, орайласуында емес. Мәселе – қазақ ғылымының іргелі теор. мәселені түсіндірудегі жан-жақтылығы. Жалпы, ғылымның дамуы – өзіне дейінгілердің ілгерінді, келешек қажетін өтейтін ұстанымдарын өз дәуірінің қажетіне жаратып, одан ары дамыта түсу десек, Байтұрсынұлы есімі бұл тарапта да асақ тұруға тиісті. Осындай деуіміздің түп-төркінінде әдеби жанр мәселесі төңірегін алғанның өзінде екі мәселе жатқанын ескертеміз. Біріншіден, Байтұрсынұлы бейнелеу тәсіліне негізделген Аристотель ұстанымын да, бейнелеу нысанына негізделген Гегель, Белинский ұстанымын да табысты қолданған. Екіншіден – жанрлық түрлерді жүйелеудегі ұлттық танымының тереңдігі. Гегельдегі ішкі әлем, тысқы әлем, Белинскийдің ішкі

сезім, сыртқы құбылыс деп жазғандарымен Байтұрсынұлының ішкі ғалам, тысқы ғалам дегендерін параллельдер ретінде көрсетуге боларлық. Қазақ теориясы лирика жөнінде: «Әуезелеуші ... өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады... Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады» дейді. Бір қызығы – Байтұрсынұлының әдеби тектер жайындағы теориялық қисындары, оларды жеке-жеке саралау барысында ғана емес, олардың кейбір ұқсас тұстарын аңғартуда да көзге шалынады. Гегельдің «Эстетикасында» драманы эпос пен лириканың синтезі ретінде қарастыру ұшырасады. Осы ізбен келіп Белинский де осындай тұжырымды қолдайды. Бұл тұжырымдама 20 ғ-дың 2-жартысындағы орыс әдебиеттануында қолдау таппады. «Әдебиет танытқыш» авторы: «Айтыс-тартыста ақын өз басындағы емес, басқаның басындағы уақиғаны көрсетіп, өз басынан көңілінің күйінен еш нәрсе қатыстырмайды. Бұл жағынан айтыс-тартыс әуезеге (әңгімеге) жақын» дейді де драманы екі жанрдың қосындысы түрінде емес, объективті жанр ретінде ғана көрсетеді. Әлбетте, қазақ ғылымы Гегель мен Белинский теорияларынан ұзап шыға алмады деген ұғым тумаса керек. Бұл Байтұрсынұлының әдеби тек жайында айтқандарынан да, сондай-ақ ішкі жанрлық түрлер жөнінде айтқандарынан да аңғарылады. Айталық, Белинский: «Эпикалық және лирикалық поэзия, біріне-бірі тікелей қарама-қарсы жатқан дүние шындығының дерексіз екі қиыр шеті...» десе, «Әдебиет танытқышта»: «Ертек (әуезе орнына қолданып отыр – Т.Е.) тысқарғы ғаламның жыры деп, толғау ішкергі ғаламның күйі деп екі бөлгенімізде, тіпті сорпасы қосылмайтын бөлектік бар деп ұқпаса керек» делініпті. Әдеби тектердің құрылымдық жүйесінде бір-бірінен ауысып, түйісіп жататын белгілер бар екендігі, кейбір жанрлық түрлерде осындай синкреттілік басым сипаттардың бірі болатыны мұндай құбылыс, әсіресе, роман жанрында болатыны да «Әдебиет танытқышта» сол тұста-ақ айтылған екен. Мыс., «Ұлы әңгімеде» жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды» деп жазады. Ж. саласында ізденістер жасаған ғалымдардың өзіндік ғылыми беті, зерттеу бағдары әдебиеттің тектерін қарастырудан гөрі әдебиеттің жанрлық түрлерін қарастырудан байқалады. Әдебиеттің басты үш тегі: эпос, лирика, драмадан өзге жаңа сипаттағы дербес төртінші немесе бесінші, алтыншы және одан да көп тектерді табу ешкімнің қолынан келмеді. Әдебиетті текке бөлуде тақырыптық, идеялық ұстанымдар немесе көркемдік әдіске негізделген жүйелеулер өз жемісін бере алмады. 20 ғ-да төртінші тек ретінде лиро-эпик. Жанр аталынып жүр. Ондай қосынды сипаттан туған жанрлық

құрылымдарды негіз еткен жанрлар бар. Мәселен, лиро-эпикалық поэма, қарасөзбен жазылған баллада, мысал. Дегенмен, бұлар жаңа жанрлық тек емес, эпос пен лириканың кейбір басты немесе жанама белгілеріне құрылған – аралық тектің түрлері. «Әдебиет танытқышта» жанрлық классификациясының үш түрін көруге болады. Біріншісі – ауыз әдебиетінің Ж-лары, екіншісі – діндар дәуір әдебиетінің Ж-лары, үшіншісі – сындар дәуір әдебиетінің Ж-лары. Ж-ларды былайша жеке-жеке топтап қарастыру Гегель мен Белинский еңбектерінде мүлде ұшыраспайды. Бұл – қазақ ғалымының дара тәжірибесі. «Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып, дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған» дейді Байтұрсынұлы. Жазба әдебиетін кеңестік кезеңде біреу Абайдан бастап, біреу Абай алдындағы дәуірінен бастап, оны жазбаша таралған шығармалардан бастап келгенбіз, алайда Байтұрсынұлы сияқты тап басып тану, себебін саралау жағы мүлде болмаған еді. Тіпті тілтанушы ғалымдар әдеби тіл тарихына байланысты көкейкесті мәселелер көтеріп, өз ойларын білдіріп жатқанда, әдебиетшілер қазақтың жазба әдебиетінің туу, қалыптасу кезеңдерін әлі межелемегенін еске түсірсек, бұл мәселенің де дереу зерттеу нысанына айналуы қажеттігі бәрімізді мықтап ойландыруы тиіс. Діндар әдебиет қазақ әдебиетінде жүз жылдай уақытқа созылды. Ол зар заман, ағартушылық, сыншыл реализм әдебиеттерімен, 20 ғ-дың басындағы романтизм, символизм, сентиментализм сынды әр түрлі ағымдармен, бағыттармен қатар өмір сүрді. Діндар дәуір – идеялық ағым болуымен бірге өзіндік поэтикасын түзген арналы ағым. Ж., стиль, көркем тіл, бейнелеу тәсілі, образдар жүйесі сияқты басты әдеби категорияларын да қалыптастырды. Әуезенің түрлерін Байтұрсынұлы ертегі жыр, ұлы әңгіме яки роман, әуезе жыр, тарихи жыр, ұзақ әңгіме, аңыз өлең, әңгіме, көңілді сөз, мысал деп аңғартады. Бүгінгі күнде бұларды роман, повесть, поэма, новелла деп жүрміз. Ғалымның жанрлық түрлерді жіктеуінен ол ұстанған үшінші ұстанымды аңғаруға болады. Мәселен, қазіргі әдебиеттануда поэма делініп жүрген Ж-ды Байтұрсынұлы ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, аңыз өлең дейді, яғни мұнда ең алдымен идеялық мазмұн және шығарма пафосы бірінші қатарға шығарылады, осындай ұстанымды толғауды ішкі түрлерге таратуынан да байқаймыз. Толғауды ішкі түрлерге ажыратуда «Әдебиет танытқыш» авторы тағы да идеялық мазмұн мен шығарма пафосын негізгі арқау етеді. Мұнда айта кететін мәселе қазақ лирикасын еуропалық калыпқа салып элегия, идиллия, ода, дума дей

бермей ұлттық ұғымға лайықты әрі атауынан мазмұны бірден аңғарылатын маркайыс, налыс, ойлалалдау, күліс деген сияқты сөздерді термин етіп енгізу жағын қарастыру қажет. Байтұрсынұлының Ж. туралы ілімі және онда қолданылған терминдік атаулар қазақ әдебиеттануындағы жанр теориясының бастапқы ғыл. кезеңі болды.

*Е.Тілешов*

«ЖАНР ЖАЙЛАУЫ. 1-КІТАП» – оқу құралы. Авторы – Т.Кәкішев. ҚазҰУ ұсынған. А., «Қазақ университеті» баспасынан 2007 ж. жарық көрген. Көл. 462 бет. Таралымы 500 дана. Автордың «Сын мен сыншы» деген атпен шығарып жатқан еңбектері қазақ әдебиеті сынының көмекші құралы болмақ. Қазақ әдебиетінің тарихын сын сүзгісінен өткізіп, оқушы таным-білігін молайтуға жәрдемін тигізетін оқу құралы. Еңбекте А.Байтұрсынұлы Қазақ совет әдебиетінің тарихында ғыл.-эстетик. әдебиеттанудың негізін қалаушы, оның «Әдебиет танытқыш» атты оқулығы қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы ретінде бағаланған. Сондай-ақ кітапта Ахметтің «ұлтшыл» деп айыпталып, қудалануы да баяндалған. Бұл еңбек негізінен оқушы жастарға, студенттерге, мұғалімдерге және әдебиетіміздің өткені мен бүгінгісін білуге құмартқан оқырмандарға арналған.

*С.Хасенов*

ЖАН СӨЗІМДІ КІМ ТҮСІНЕР?» – кітап. А., «Қазақстан», А.Байтұрсынұлы атынд. қор



1994 ж. жарыққа шығарған. Көл. 112 бет. Таралымы 50000 дана. Кітапты баспаға дайындаған – С.Кәкішев. А.Байтұрсынұлының «Ж. с. к. т.?» атты 2 бөлімнен тұратын бұл кітабында өзінің көзі тірісінде жарық көрген «Маса», «Қырық мысал» сияқты өлеңдері мен аудармалары басыл-

## ЖАНТАЙ

ған кітаптардағы поэтик. шығармалары топтастырыла берілген.

*С.Арғынгазин*

**«ЖАНТАЙ»** – кыргыздардың жоқтауы. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, А.Байтұрсынұлы құрастырған «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа берген – Ө.Бөкейхан. «Жетісудан жем жеген, Жетілі Жантай ер деген. Қожа, Қанай тең деген, Тең дегенде, Жантай бағыр кел деген» деп басталатын 7 буынды жыр үлгісінде құрылған шығарма 125 жолдан тұрады. Жыр соңындағы түсініктемеде жоқтаудың В.В.Радлов жинақтаған нұсқадан алынғаны айтылады. Сонымен қатар «Қырғыз Жантай Кенесары, Наурызбайдың замандасы. Тұқымы Пішпек уезінде» деген де дерек береді. Түсініктеменің соңына «К. б.» деп қол қойылған. «Қыр баласы» деген жанама есім Бөкейханға тиесілі.

*Әдеб.: 23 жоқтау. – М.: Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**ЖАҢА ЕМЛЕШЛЕР** – 1929 ж. Қызылордада өткен ғыл.-орфограф. конференция қарсаңында латын жазуына көшуге байланысты сол уақытқа дейін қолданылып келген, 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының съезінде қабылданған қағида-даттарға қарсы шығып, жаңа емле ұсынушылар.

*О.Жұбаева*

**«ЖАҢА ЖОЛДАН. С НОВОЙ СТРОКИ»** – әдеби портреттер, зерттеулер жинағы. Авторы – Ш.Елеуқенов. А., «Жазушы» баспасынан 1989 ж. қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген. Көл. 320 бет. Таралымы 5000 дана. Бұл кітапқа автордың жазған зерттеулері, сын-мақалалары енген. Кітапта кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған белгілі ақын-жазушылар – А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың шығарм. мұралары зерттелген. Автордың «Халқының көңілін көгерткен» атты көлемді зерттеу мақаласында Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм. жолы жан-жақты баяндалған.

*Н.Хасенова*

**«ЖАҢА МЕКТЕП»** – Қазақстанның білім саласындағы тұңғыш журнал. Алғашқы саны 1925 жылдың тамыз айында Қызылорда қ-нда жарық көрді. Журналдың қалыптасуына А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, т.б. қатысты. Дәуір талабына, заман ағымына қарай, журнал әр түрлі аталды. 1933–34 ж. «Политехникалық мектеп», 1934–39 ж. «Ауыл мұғалімі», 1939–60 ж. «Халық мұғалімі», ал 1961 жылдан қазіргі «Қазақстан мектебі» атауымен шығып келеді. Журналда Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» (№1, 1925), «Түрікшелер құрылтайы» (№7–8, 1926), «Түзетілген әріп» (№1, 1927), «Дыбыстарды жіктеу туралы» (№5, 1927), «Жалқылау (айырыңқы әдіс)» (№11–12, 1927),

«Жалқылаулы-жалпылаулы әдісі» (№1, 1928), «Қай әдіс жақсы» (№4, 1928) еңбектері жарияланған.

*М.Шіменбаева*

**«ЖАҢА НИЗАМ»** – жинақ. А.Байтұрсынұлының «Жеті жарғы» баспасынан 1996 ж. жарық көрген кітабы. Құрастырушы – З.Қыстаубайұлы. Көл. 128 бет. Таралымы 3000 дана. Жинақ С.Өзбекұлының «Қазақ елінің көсемі» атты көлемді мақаласымен (3–11-беттер) ашылып, кітапқа Байтұрсынұлының әр жылдары заң тақырыбына жазған мақалалары («Тағы да народный сот хақында», «Қазақ әм 4-ші Дума», «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Земство», «Жер жалдау жайынан», «Көшпелі хәм отырықшы норма», «Уақ қарыз», «Бас қосу турасында», «Жауап хат», «Бас қосуға рұқсат берілмеді», «Бас қосу», «Орынбор. 13-ші октябрь», «Қазақ хәм түрлі мәселелер», «Бастауыш мектеп», «Закон жобасының баяндамасы», «Жәрдем комитеті», «ов» туралы, «Қазаққа ашық хат», «Тәні саудың – жаны сау», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек», «Партия хәм кеңес құрылысындағы рушылдық әсері») топтастырылған. Соңында мақалаларға түсініктемелер берілген.

*С.Арғынгазин*

**ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ** – 20 ғ-дың 20-жылдарындағы КСРО-да Азамат соғысы салдарынан қираған ел экономикасына жекеменшік иелерін тартып, адамдардың өз еңбегіне мүдделілігін орнықтыруға бағытталған әрекет. 1921 ж. көктемде РК(б)П 10-съезінде «әскери коммунизм» саясатынан ж. э. с-қа көшу туралы шешім қабылданды. Ж. э. с. шеңберінде қираған халық ш-н қалпына келтіріп, социализмге өту көзделді. Оның мәнісі азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастырып, жеке меншіктің түрлі формаларын пайдалануға жол ашу болды. Оның енгізілуіне байланысты сырттан шет ел капиталы (концессиялар) тартылып, ақша реформасы (1922–24) жүргізілді. И.В.Сталин мен оның маңындағылардың а. ш-н күштеп ұжымдастыру, басқару кадрларына қарсы жаппай жазалау әрекеттерін қолдануы салдарынан 20 ғ-дың 30-жылдарының басында ж. э. с. іс жүзінде тоқтатылды.

**«ЖАҢБЫР, БҰРШАҚ, ҚАР»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Бұдын (бұлт) суға (жаңбыр), одан қарға, мұзға (бұршақ) айналуының себебі ауаның температурасына байланысты екені айтылады. Шәкірттердің табиғат құбылыстарын түсінуіне көмектеседі. Ғыл. түсініктеме берілген. **«ЖАҢБЫР НЕТКЕНДЕ ЖАЗАДЫ?»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Аспанда бұдан суға айналған тамшылар кейде жерге жетпей әуеде құрғап кетіп, қайтадан бұға айналу құбылысы

түсіндірілген. Қазақтар мұндай бұлтты «қысыр бұлт» деп атағаны айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ЖАҢЫЛТПАШ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. Ғалым Ж. атауы жаңылтудан шыққандығын айтады. А.Байтұрсынұлы қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарманы Ж. деп атайды. Ж. көбінесе жаңылғанда ерсі мағыналы сөз болып шығып, күлдірерлік сөздер алынады. Мәселен, Базардан алып келген боқжамма, Мен боқжамаламай, кім боқжамалайды? Мен боқжамаламай, кім боқжамалайды? Бастапқы жолын жай айтады, соңғы екі жолын шапшаң айтады.

*М.Бақытқызы*

**ЖАПОНИЯ** («Таң шапағы елі») – Шығыс Азия жағалауларына жақын Тынық мұхит аралдарында орналасқан мемлекет. Ел 4 мыңға жуық аралдардан тұрады. Ең үлкендері: Хоккайдо, Хонсю, Сикоку, Кюсю, т.б. Жер аум. 372,2 мың км<sup>2</sup>. Халқы 128,8 млн (2016). Астанасы – Токио қ. Әкімш. жағынан 47 префектураға бөлінеді. Ж. – бір ұлтты ел. Халқының 99,4%-ы – жапондар. Бұдан басқа қытайлар, корейлер, америкалықтар тұрады. Ресми тілі – жапон тілі. Негізгі діндері – синто және будда. Ж. – конституциялы монархияны сақтаған ел. 1947 ж. 3 мамырда қабылданған конституция бойынша император – «мемлекет пен халық бірлігінің көрінісі». Ол парламенттің ұсынысы бойынша премьер-министрді тағайындайды және премьер-министрдің ұсынысымен үкімет мүшелерін, Жоғ. соттың төрағасы мен мүшелерін тағайындайды немесе орнынан алады. Конституция бойынша, мемл. істерге толығымен премьер-министр басқаратын үкімет жауап береді. Жоғ. заң шығарушы орган – парламент, ол екі палатадан (өкілдер палатасы және кеңесшілер палатасынан) тұрады. Ұлттық мерекесі 23 желтоқсан (император Акихитоның туған күні). Ақша белгісі – иена. Жапон әдебиетінен қазақ тіліне «Жапон ертегілері» (1959), «Жапон әңгімелері» (1965), «Хиросима қасіреті» (жинақ, 1969), Симадзаки Тоссонның «Орындалмаған өсиет», Эндо Сюсанудың «Әйел жүрегі» (1970) кітаптары аударылды. М.Әуезов (1960), Ғ.Мүсірепов (1967) Ж-да болып, екі ел қаламгерлері арасындағы шығарм. байланыстардың негізін қалаған. Ж. өнерінің өзіндік ұлттық ерекшеліктері мол. А.Байтұрсынұлы «МОПР Һәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» (6 томдық шығ. жин. 5-т.) еңбегінде Қытай елін сипаттай отырып, «Қытайдағы азаматтық соғыстағы қан төгістің болуына себепші қатарындағы жер жүзінің жиһангер мемлекеттері Англия (Англия), Амери-

ке (Америка), Франтсиа (Франция) мемлекеттерімен бірге Жапонияның да болғанын» айтады.

«**ЖАПЫРАҚ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Жапырақтың пайдасы туралы айтылған. Біріншіден, «Ағаш көркі – жапырақ» болса, екіншіден, «Ағаштың аузы мен қарны – жапырағында», өйткені ағаш ауадағы тамағын жапырақ арқылы алады. Сондықтан жапырақ болмаса, ағаш қурап қалады. Мәтін шәкірттерді табиғатты түсінуге, оны аялауға баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ЖАРАПАЗАН** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданған термин. Ж. – қазақ даласында ислам діні берік орын тепкеннен кейін пайда болған тұрмыс-салт жырларының бір түрі. Автор Ж. рамазан деген сөзден шыққанын, ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің сыртында тұрып Ж. айтатынын, ораза ұстаған адамдар сауап алу үшін жарапазан айтқандарға құрт, май, ірімшік, т.б. беріп, риза етіп жіберетін болғанын сөз етеді. Сондай-ақ Ж-ды кәсіп етіп, ораза уақытында ел аралап, күндіз жүріп айтатын үлкен адамдар болғанын айтады. Ж-ды екі адам болып айтқан. Бірі жарапазан айтқанда, екіншісі оның қостаушысы болған.

*Е.Шынапай*

**ЖАРАСТЫҚ** – сөздің өң үйлестігі, келістігі.

**ЖАРАТЫНДЫ ТИІС ҒАЛАМ ТУРАСЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕ** – кара сөз, дүниеден шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылған жалаң сөз.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

«**ЖАР-ЖАР**» (3) – эн. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. «Күйеу жігіттің үйіне кетер алдында қалыңдық айтатын көне ғұрыптық эн» деген анықтама берген А.В.Затаевич әнді үшінші нұсқа ретінде белгілеген. Ақырын, созылмалы (созылыңқы)



екпінде жүреді. Әннің ырғақтық ерекшелігінде синкопа, триоль, және пунктир ырғағымен қатар, бүтін нота ұзақтықтары мен тыныс алу белгілері (паузала) қыздың қоштасу әнінің мінездемесін сипаттайды. Өлшемі 4/4 тұрақты. Ля-фриго-эолийлік лада өрбитін эн қос тармақты шумак құрылымында жазылған (АВ). Диапазоны квинта аралығын қамтиды. Бірінші әуендік жол негізгі ля дыбысынан басталып, төменгі тетракордпен



## ЖАР-ЖАР

тізбектеле көтеріліп, 2b дыбыспен қосалқы қозғалыс жасап, негізгі дыбысқа оралады. Осы интонациялық блоктың алғашқы дыбыстары қайталанса келіп, квинталық тонға тоқталады. Бұл ретте каденциялық бөлімнің ырақтық және әуендік ерекшелігінде «жар-жар-ау» деген буынның сәйкестігі аңғарылады. Екінші әуендік жол 2 табиғи дыбысынан басталып толқындалып негізгі дыбысымен аяқталады. Музыкалық үлгінің соңындағы каденциялық айналымның секундалық интонацияға негізделгені «жар-жар-ау» буынымен сәйкес аяқталып тұрғанын көрсетеді. Көне фольклорлық «жар-жар» әндеріне тән бұл әуеннің мәтіні 7–8 буынды құрылымда жазылған деп болжамдаймыз.

*А.Қазтуғанова*

**ЖАР-ЖАР** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданған термин. Ж.-ж. – қазақ тұрмыс-салт жырларының ежелден келе жатқан жанрлық түрлерінің бірі. Ол қыз ұзату аяқталып, қыз аттанар алдында орындалады. Мәтіні 11 буынды кара өлең үлгісімен немесе 7–8 буынды жыр ағымымен айтылады. Өлеңнің алғашқы екі жолы, көбінесе, ұйқас үшін алынған, тұспалды білдіретін мазмұнда болады, негізгі ой үшінші, төртінші жолда айтылады. Әдетте, Ж.-ж-да дәстүрлі қоғамның адамгершілік ұстанымы жырланады, оның мәтінінде қалыптасқан дүниетанымды бұзатындай жаңа шумақтар сирек болады. Кезектесіп, көп дауыспен айтылатын Ж.-ж. табиғатында ойын-сауықтық сипаттар басым болады да, оның орындалу мәнері дала сахнасындағы театрландырылған көріністі елестетеді. Ғұрыптық салт бойынша Ж.-ж-ды айтып болған соң, жігіттер отау үйдің үзгіні сыпырып тартып әкетеді. Бұл – отаудың жігіт жұртына көшірілетінін, қыз ғұмырдың аяқталғандығын, қыздың көп ұзамай аттанатындығын білдіретін салт. Бұл терминге Байтұрсынұлы: «Жар-жар – қыз ұзатар үйде ұзататын қызды жұбату үшін айтылатын өлең. Жар-жарды екі жақ болып бастап, соңынан бір жақты етіп жібереді. Олай болу себебі – жұбатушының сөзіне әуелі жауап қайтарылып отырады. Сонан соң жұбату сөз қыздың жақындарын жұбатуға ауып кетеді. Екі жақ болған жерінде жұбатушы жақ жігіттер болып, қарсы жағы қыздар болып айтады» деген анықтама бере отырып, оның неліктен мұндай өлең түріне жағатындығын, кімдер айтатынын нақты мысалдар бере отырып дәйектейді.

*Е.Шынтай*

**«ЖАРЛЫ БАЙ»** – «Қырық мысалдағы» жиырмасыншы өлең. 26 шумақ (104 тармақ). Бір кедей адам дүниенің рақатын көрмей, мал жия беретін сараңбайларды үйінде сөгіп отырады. «Мен бай болсам, дүниенің көзіне карамайтын жомарт болар едім» дейді. Сол кезде үйіне ақ сақалды адам

келіп, ішінде бір ділдәсі бар әмиан беріп кетеді. Бір ділдәні алса, орнында тағы бір ділдә пайда болады. Сөйтіп, кедей бай болады. Бірақ ол да нағыз сараңның өзі болып шығады. Ақырында он миллионыншы ділдәні санап отырып, бұрынғы өзінің ескі лашығында жатып өледі. «Бір емес, толып жатыр осындай кеп, Бар болып, жоқтың ісін істейтін көп. Малы көп, көңілі жарлы адамдарға, Ат қойған қанша теріс Жарлы бай деп?». Өлеңнен алар ғибрат осындай.

*С.Ғұсманқызы*

**ЖАРНАҚ (САН)** – нәрсенің бүтін емес, бөлім-тігінің санын көрсететін сөздер. Қазақтың тілінде *жарнақ* санның есімі тіпті аз екенін ескерте келіп, ғалым жарнақ сан ретінде *жарты, жарым, ширек* сөздерін атайды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ЖАРТЫ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР (ХАРИФ-ТЕР)** – құрамында дауыс та, жай дыбыс та бар, дауысты дыбыстардай нағыз ашық айтылмайтын әрі дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын дыбыстар. Мәселен, «р» дыбысында көмекейден келген дауыс та бар, тілдің ұшы дірілдегеннен болған жай дыбыс да бар (Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.). Алайда дауысты дыбыстармен салыстырғанда, жарты дауыстыларда дауыс аз болады да, ал дауыссыздармен салыстырғанда, дауысы анық болады. Қазақ тілі қалыптаса бастаған тұста жарты дауысты дыбыстарға байланысты көптеген таластар болған. Бастапқыда (Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне дейін) жарты дауысты дыбыс ретінде у, й дыбыстары ғана танылған. Олардың өз алдына жеке харіфтері болмаған. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы: «Олардың (жарты дауыстылардың – О.Ж.) орнына бүтін дауысты «у» һәм «и» харіфтері жүреді. Жарты дауысты дыбыстардың соңынан я алдынан бір буында келгеннен ғана байқалады. Бір буынның ішінде дауысты дыбыстардың соңында я алдында «у» иә «и» тұрса, ол жарты дауысты харіфтер болады, мәселен: «ау» сөзде «у» дауысты харіфтің соңында тұр. Мұнда «у» бүтін емес: жарты дауысты харіф. «Ай» деген сөзде «й» дауысты харіфтің соңында тұр; мұнда «й» – бүтін емес, жарты дауысты харіф. «у» һәм «й» харіфтері дауысты дыбыстарға да жарты дауысты дыбыстарға да ортақ харіфтер болғандықтан, «тел» харіфтер деп аталады. Жарты дауысты харіфтер шолақ «у», шолақ «й» деп аталады» деп жазады. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінен кейін сол кезге дейін ұяң дыбыстардың қатарында аталып келген р, л дыбыстары, онан соң м, н, ң дыбыстары да жарты дауысты ретінде танылады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918.

*О.Жұбаева*

**ЖАРЫҚБАЕВ** Құбығұл Бозайұлы (26.10.1929 ж.т., Ақтөбе обл. Алға ауд. Көкбұлақ а.) – пед. ғыл. докт. (1982), проф. (1984), Қазақстанның еңбек сің. ғылым және техника қайраткері (1998). Ақтөбе мұғалімдер ин-тын (1946) және ҚазҰУ-



*Қ.Жарықбаев*

ды бітірген (1951). 1951 жылдан Қызылорда, Оңт. Қазақстан мемл. ун-ттерінде, ҚазҰУ-да ұстаздық етті. 1998 жылдан Этнопедагогика және этнопсихология орт-ның директоры қызметін атқарды. Ғыл.-зерт. жұмыстарының негізгі бағыты – Қазақстандағы психол. және пед. ой-пікірлердің даму тарихы, этнопсихология мәселелері. Оның еңбектерінде қазақ халқының сан ғасырлық психол. ұғым-түсініктері талданған. Ж-тың 800-ден астам ғыл. және ғыл.-көпшілік мақалалары мен 50 шақты кітабы жарық көрген. С.Қалиевпен бірге жазған «Қазақ тәлім-тәрбиесі» оқу құралында А.Байтұрсынұлының пед. көзқарастарына тоқталған. «Ерен еңбегі үшін», А.Байтұрсынұлы атынд. «Саңлақ автор» медальдарымен, «Жұмыстағы үздік табыстары үшін» төсбелгісімен марапатталған.

**ЖАРЫЛҚАСЫН** (Аяған) Сырманұлы (1857, Қызылорда обл. Жалағаш ауд. Еңбек а. – ө.ж.б., сонда) – ақын. Оны Сыр бойының көптеген ақындары, оның ішінде Шораяқтың Омары да ұстаз тұтқан. Ж-ның Айқын қызбен айтысы Қазан қ-нда үш рет басылған (1908, 1911, 1913). Оған А.Байтұрсынұлы өз еңбегінде сипаттама берген. Кейін «Айтыс» жинағының (1965, 1988) басылымдарына енген. Ж-ның осы айтыстан басқа «Тау еліндегі туыстарға», «Көрпелі мен Көмекке», «Бекәліге», «Аламәсектегі тамалар», т.б. өлеңдері бар. Аяған – Ж-ның лақап аты.

«ЖАС АҒАШ» – «Қырық мысалдағы» он төртінші өлең. 14 шумақ (56 тармақ). Орманға ағаш кесіп алуға балтасымен келген «Мұжыққа бір жас ағаш айтады сөз: «Мың да бір алғыс саған айтар едім, Осы үлкен ағаштардан құтқарсаң тез... Осылар тұрғаннан соң жер тар болып, Еркінше

тамырларым көсілмейді». Сонымен, «Ағаштың сөзін мұжық қабыл алды, Қиратып, бәріне де ойран салды. Кесіліп ағаш біткен жан-жағында, Сорайып манағы Ағаш жалғыз қалды». Осылайша, жан-жағындағы желден, күннен қорғап тұрған панасынан айырылған жалғыз ағаш «Жау түгіл, иттен бойын қорғай алмай», айдалада жалғыз қалады. Авторлық түйін: «Ағайын бірі – пана, бірі – қару... Жігіттер, жақыныңмен болмаңдар қас».

*С.Ғұсманқызы*

«ЖАС АЗАМАТ» – қазақ жастарының саяси-қоғамдық, экон. газеті. Іс жүзінде қазақ жастарының «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымы мен барша Алаш жастарының ұйытқысы болған «Жас азамат» ұйымының органы болды. 1918 жылдың 30 шілдесінен 1919 жылдың ақпан айына дейін барлығы 22 саны жарық көрді. Қызылжар қ-нда араб әрпімен басылды. Жауапты шығарушылары – Қ.Кемеңгеров, Б.Малдыбаев, бастырушысы – «Алаш серіктігі». Газеттің негізгі саяси бағыты оның 1-санында жарияланған бас мақалада айқын көрсетілді. Ол – «ұлт бостандығы, ұлт теңдігі, елдік пен ұлттың тұтастығын сақтау». Бас мақалада: «Жастар! Алда жүрген, Алаш жолына аянбай қызмет қылған адал жүрек ағалардан үлгі, өрнек алыңыздар. Елдіктен, ерліктен айырылып, екі жүз жылдай еңсесі түскен елді ойлаңдар! Жасасын, Алаш Орда! Жасасын, Алаштың көшбасылары! Жасасын, Алаштың жаужүрек ұлтшыл жастары!» деген ашық ұран тасталды. Газет мақалаларының авторлары көрсетілмеді, жекелеген авторлардың бүркеншік аттары ғана аталды. Негізінен, Ресейдегі саяси жағдай, жер мәселесі, Алашорда үкіметі мен уақытша үкімет қызметі елдегі шаруашылық жайлары, мәдени хабарлар, өлең, фельетондар жарияланып тұрды. Газет Кеңес өкіметі орнаған соң жабылды.

*Т.Рсаев*

«ЖАС ТҮРКІСТАН» – жәдитшіл рухты жаңа заманға сай жалғастырған журнал. Алғашқы саны 1929 ж. желтоқсанда Парижде жарық көрді. Ұйымдастырушысы – М.Шоқай. Онда Түркістанның ұлттық тәуелсіздік идеясы насихатталды. Журналды Польша президенті М.Пилсудский тарапынан құрылған «Прометей» қоры қаржыландырды. 1939 жылдың тамызына дейін журналдың 117 саны жарық көрді. Шоқай Женент, Аткелтір деген лақап атпен әр түрлі тақырыпта мақалалар беріп отырды. Ахмет Найм, Тәуекел батыр, Ахметжан Оқай, Ибрагим Жарқын, Найым Өктем, т.б. жас қаламгерлердің де мақалалары басылды.

*Д.Қамзабекұлы*

«ЖАС ҰЛАН» – «Оқу құралына» енген өлең. 9 шумақ (38 тармақ). Авторы – Абдоллаұлы Кенжеғали. Жаңа мектепте білім алып жүрген жас баланың тұлпар мініп, қолына сұңқар қондырған

## ЖАТЫРСЫҢ

жігерлі бейнесі суреттеледі. Жас ұланның «Еңбек, өнер – туысым» деген өршіл үні өмірдің де жаңаша беталысын танытады. Шәкірттердің жаттап алуына лайық, пафосқа құрылған тақпақ-өлең.

*С.Ғұсманқызы*

**«ЖАТЫРСЫҢ НЕГЕ ҰЙЫҚТАП?»** – өлең. Бұл өлең А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 40 жолдан тұрады. Өлең соңында авторы «Бұйраулы» деп көрсетілген.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ЖАТЫС ЖАЛҒАУ** – жатыс септеу жалғауы: да (де).

**ЖАТЫСТАУ** – *жатыс.*

**«ЖАУАП ХАТ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 14, 21 қыркүйектегі 30, 31-сандарында жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Бұл жауап хат «Айқап» журналының 1913 жылғы 13-, 14-, 15-сандарында Жанша Сейдалининнің жазған жалпы қазақ съезін өткізу жайындағы мақаласына орай жазылған. Автор өз жауап хатында жалпы бас қосуға неліктен құлықты бола қоймағанын жан-жақты талдай жеткізе отырып, шын мәнінде сиезге дайындық барысы ойдағыдай болған жағдайда қарсы еместігін: «Шеттеп жүрген біз болсақ, қосылдық, енді алалық жоқ. Жалғыз-ақ айтатын сөз мынау: құр аты сиез болмай, сиез сыйақты болсын; қазақ сиез жасады деген соң, сиезде сөйлескен сөзімізге күкімет құлағын сала ма, салмай ма (ол былай тұрсын), қазақ сиезінде не сөйленді екен деп күкіметтен басқалардың құлақ салатыны болар. Сиезде де балгер сөз сыйақты дәлелсіз, құр мынау былай, анау олай десек, мұның дәлелі қайда демей ме? Сондықтан дайармыз деген мырзалардың дайындығы ат ерттеліп, киімін киіп, тойға жүруге дайындалған дайарланыс емес, сиезге алып келіп салатын дәлелді докладтары дайар деп ұғамыз (түсінеміз)» деп білдіреді. Жауаптың соңына «Ақымез» деп қолын қойған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ЖАУАП ХАТТАН»** – 1922 ж. Қазан қ-нда басылған «Маса» жинағына енген өлең. Көл. 56 жол. Абайдың сегіз аяқ өлшемі қолданылған. «И.Б. жездем хатына» жауап ретінде жазылған өлең. Өлеңде ақынның күрес жолын таңдағаны және бұл жолдан кетуді өзіне сын санайтыны айтылған. «Мен бұқтым – жаттым, // Сен бұқтың

– жаттың, // Кім істемек қызмет» деп халқының алдындағы өз-міндет парызын адал атқаруға бел шешкенін байқатады. Ақын өмір сүрген заман – патша үкіметінің ел билеу жүйесінде өзгерістер орын алып, тап қайшылығы шиеленісе түскен кезеңмен дәп келеді. Осындай алмағайып уақытта қазақ халқы да қапы қалмай өз бостандығы үшін күресу керек екенін жақсы түсінген ақын «Кей іс шарты құрбанмен. // Болмас қорқып тұрғанмен» деп кейінгі ұрпақтың жарқын болашағы үшін өзін құрбандыққа шалуға бел буады. «Айтпайтын жыр бар, // Ашпайтын сыр бар // Тымақтының көбіне. // Сізге жаздым ұғар деп, // Тымағы жоқ шығар деп» фольклорлық туындыларға тән меңзеу, тұспалдауды шебер пайдаланған ақын өзінің азаматтық позициясын танытады.

**«ЖАУҒА ТҮСКЕН ЖАН СӨЗІ»** – 1911 жылғы «Маса» жинағында жарияланған өлең. А.Байтұрсынұлының кейінгі жылдары жарық көрген жинақтарына да енгізілген. Бұл өлеңді 1910 жылдың 1 маусым мен 21 ақпан аралығында Семей түрмесінде отырған кезде шығарған. Көл. 36 жол. Көне дәуірден келе жатқан мұң-шер өлеңдерінде кездесетін 7 буынды, 2 тармақты шұбыртпалы ұйқас түрінде жазылған. Ақын жазықсыз жапа шегіп, мейірімсіз заманның тезіне түскен тұтқынның ашынған сәтін суреттейді. Әйтсе де өлеңдегі лирик. қаһарман – қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты тұлға. Ақын «Әй, сені ме!» дегеннің // Айызы әбден қанып тұр. // Жаны ашқан жақынның // Жас көзінен ағып тұр» деп психологиялық егіздеуді шебер пайдаланады. «Пәле деген андушы // Аяғымнан шалып тұр. // Жала деген төбегі // Балтырымнан қауып тұр» дей келіп, патшаның шабармандарын жемтік аңдыған сауысқан, қарға, қарақұсқа балаған ақын бостандықты аңсап бұлқынған жүректің дүрсілін аңғартады.

*С.Итеғұлова*

**«ЖАЯУ МҰСА»** (4) – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Авторы – Мұса Байжанов. Халық арасында бұл ән «Ақ сиса» және «Жаяу Мұса» деген атпен кең тараған. Этнограф Байтұрсынұлы орындауындағы «Жаяу Мұса» әнінің 4-нұсқасы деп белгілеген. Төрт тармақты шумақты-қайырмалы құрылымда жазылған ән 3/4 тұрақты өлшемде жүреді. Диапазоны децима ауқымын қамтиды. Құбылмалы ладты көрсетеді: шумағы до дыбысымен басталғанымен соль-ионийлік ладты көрсетсе, қайырмасы до-ионийлікпен аяқталады. Әуенінің мінездемесі біршама речитативті болып келеді. Бірінші әуендік жол до дыбысының бірнеше рет қайталануынан кейін төмен бағытала

690. Жайыу-Мұса-Аһы. (IV)

(Мәтін Жайыу-Мұса.)

Сообщил Ахмет Байтұрсынұлы  
Лырашевскому.



терцияға, яғни ля дыбысына түсіп, си дыбысына тұрақталады. Екінші әуендік жол ля дыбысынан тізбектеле көтеріліп соль дыбысына тоқтайды. Үшінші әуендік жол алғашқы тармаққа негізделіп, ля дыбысымен аяқталса, төртінші әуендік жол си дыбысынан жоғары тізбектеле триоль ырғағымен толқындай соль дыбысымен аяқталады. Шумақтың мәтіні 11 буынды қара өлең құрылымына негізделген. Өлең тармақтарының сөз аяқтарындағы өзара үндестігі қара өлең ұйқасымен жасалған:

Шумақ мәтіні	11-буынды құрылысы	Ұйқасы
Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса, Қалмайды кімдер Жаяу зорлық қылса, Шорманның Мұстафасы атымды алып, Атандым сол себепті жаяу Мұса.	3+4+4 3+4+4 3+4+4 3+4+4	А А В А

Әннің қайырмасы шумақтың әуендік ерекшелігіне негізделгенімен көлемді, әрі күрделі болып келеді. Алексик. буынмен айтылатын қайырма екінші октаваның до дыбысынан басталып, бірінші октаваның до дыбысына дейін дами түседі. Ән туралы өнертану докторы Б.Г.Ерзакович: «Эта песня глубокого социального содержания, песня борьбы и протеста, ритмический чеканная мелодия которой так слитно согласуется с ее суровыми обличительными словами. Она прочно вошла в репертуар многих певцов, стала любимой песней трудового народа и сохранилась до нашего времени» деген (Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа. – А.: Наука, 1966. – 139 б.). Көркемдік құндылығы жоғары болып есептеле- тін «Жаяу Мұса» әнінің Байтұрсынұлы жеткізген нұсқасын суырып-салма өнерінің негізінде шыға-

рылып, кәсіби орындаушылық шеберліктің үлгісі ретінде қабылдауға болады.

*А.Қазтуғанова*

**ЖӘДИТ МЕКТЕПТЕРІ** – 19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың басында Еділ, Кавказ, Түркістан, Қазақ жерінде ашылған жаңашыл мұсылман мектептері. 1884 ж. түрік қайраткері Гаспаралы Исмаил бей жаңа оқу жүйесін (Усул-и жәдит) жасады. Жаңа әдіс бойынша мұсылман мектептерінде ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген дін пәндерімен қатар ана тілі, жазу, есеп, география, тарих, орыс тілі, т.б. пәндер оқытылды. Мектептерде бұрынғы «Иман шартының» орнына «Муаллим эввел» және «Муаллим сани» ұсынылды. Жаңа әдіспен оқыту әдісі Астрахан, Орынбор арқылы Қазақстанға да таралды. Қазақстандағы ірілері – «Мамания», «Ахмет Риза», «Науан қазірет», «Шаян», «Ақтас», т.б. Бірақ 19 ғ-дың 2-жартысынан Қазақстанда орыс-қазақ мектептері, уч-шелері көбейді.

**ЖӘДИТШІЛДІК** – 19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың басында Ресей империясындағы түркі мұсылман халықтарының арасында орын алған қоғамдық-саяси, мәдени-ағарту қозғалыс. 19 ғ-дың соңында Қырым, Еділ татарларында қалыптасқан бұл дүниетаным кейін ортаазиялық түркі халықтарына да тарады. Ірі өкілдері – И.Гаспаралы, Ш.Маржани, А.Ибрагимов, М.Абдурашидханов, М.Бехбуди, А.Фитрат, Ф.Ходжаев. Ж. – ағарту ісі мен руханиятты тұтас қамтыған идеялық негізі бар концепция әрі ағым. Концепция, яғни дара ағартушылардың ойларына табан тіреген идея мен тәжірибенің көзқарастар жүйесі. Ал, ағым, белгілі бір кезеңдегі Ресей мұсылмандарын ағартудың тиімді жолын көрсетті. «Жәдит» термині 19 ғ-дың 2-жартысында пайда болды. Жәдид-и – арабтың «жаңа» деген мағына беретін сөзі. 19 ғ-дың соңында мұсылман балаларын алғаш рет дыбыс жүйесімен оқытуды қырымдық татар, ағартушы Гаспаралы бастады. Бұл жүйе «усул-и жәдит» (усул – әдіс деген мағына береді) деп аталды. Қырымдағы Бақшасарайдың Зинджирлы медресесінде басталған осы жаңа оқыту әдісі аз уақытта Ресейдің бүкіл мұсылман аймағына, тіпті Үндістанға дейін тарады. 19 ғ-дың соңында Ресей идеол. күштері қадимшілер мен жәдитшілдерді бір-біріне қарсы екі топқа бөліп тынды. Қадими бағытты қолдаушылар «Сират әл-Мустақим» атты партия құрып, 1907 ж. Ғ.Хұсайыновтың қаржысына Орынбор қ-нда «Дін уа мағишат» деген журнал шығарды. Бұл журнал Гаспаралы басшылық еткен, Бақшасарайда 1883 жылдан шыға бастаған «Тәржіман» газетінің жәдитшілдік көзқарасына қарсы күресті. Ресми келергілерге қарамастан, жәдитшілдер жаңа бағыттағы мектеп-медреселер ашып, жаратылыстану пәндеріне,

## ЖӘНІБЕК

түркі халықтарының тарихы мен әдебиетіне ерекше көңіл бөлді. Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусеиния», Қазандағы «Мұхаммедия», Жетісудағы «Мамания», қырғыздардағы «Шабдания» секілді мектеп-медреселер жәдитшілдіктің ірі ошақтарына айналды. 1913 ж. Түркістан өлкесінде жәдитшілдік бағыттағы 92 мектеп-медресе жұмыс істеді. Осындай мектептер арқылы қоғамда жаңа ой, жаңа мақсат, жаңа мұрат қалыптаса бастады.

*Д.Қамзабекұлы*  
**«ЖӘНІБЕК БАТЫР»** – әңгіме. Бұл әңгіме А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Шығармада Жәнібек батырдың бала кезінде Қаракерей Қабанбай мен кіші жүздің Тайған биіне арнайы ат басын бұрпы, ақыл-кенес, бата алуға барғандығы жайында баяндалады. Әңгіменің соңында шығарманың қайдан алынғандығын «Алтынсары ұлының кітабынан» деп көрсеткен. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*  
**ЖӘНІБЕКОВ** Жанұзақ (1889, Солт. Қазақстан обл. Петропавл қ. – 1937) – Алаш қозғалысының қайраткері, журналист. 1905–11 ж. Петропавлдағы мектеп пен медреседе оқыған. Шығармалар ерте айналысып, 1908 ж. Қазанның «Шәраф» баспасынан «Айна» атты ағартушылық өлең жинағын шығарды. 1913 ж. Орынборға келіп, А.Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетіне корректор болып жұмысқа орналасты. 1915 ж. Н.Күзембаевпен бірігіп әзірлеген «Құран құралы» атты еңбегі жарық көрді. 1917 ж. 14 желтоқсанда Орынборда Алаш партиясының Торғай обл. к-ті ашылғанда (төрағасы Ә.Бөкейхан, серігі Байтұрсынұлы, хатшысы М.Дулатов), соның қазынашысы болып сайланды. Осы жылы «Еркін дала» ұйымына мүшелікке өтті. 1918 ж. «Қазақ» газетінің редакторы ретінде халықтың рухын көтеретін, санасына қозғау салатын мақалалар жазды. «Сыртқы хабарлар», «Ғұсманлы түріктері», «Корей мұсылмандары», «Қара жүз қажы яки Қорғанский», «Тыншылар», «Құран құралы», «Талапкер қазақ қызы», «Аттан, Алаш азаматы!» т.б. мақалаларында қазақтың саяси дәрежесіне қозғау салатын ой айтты. Ж., сонымен қатар Байтұрсынұлы, Дулатов, Бөкейхандармен бірге қазақ халқының жан, мал басы және жер-суының есебін алу пайдалылығын баяндайтын «Қазақ халқына» және «Торғай облысына есеп алуға жіберілетін қазақ жігіттерінің тізімі туралы» үндеу-мақалаларын жариялады. Оның үлкен бір еңбегі – Алаш жолында құрбан болған Қазы

Нұрмұхамедовтың тарихтағы орнын бағалауы және оның қазасына байланысты қазақ тұлғаларының көңіл-күйін хаттап қалуы еді. Ж. әзербайжан қайраткері М.Расулзадениң мақаласын қазақ тіліне аударған. 1920–23 ж. Петропавлда білім жүйесінде мектептен тыс нұсқаушы, 1923–24 ж. Ақмола губ. к-ті төрағасының орынбасары, 1924–26 ж. осындағы «Бостандық туы» газетінің редакциялық алқасы, 1926–29 ж. «Кедей» газетінің редакторы, 1929–32 ж. осы облыстың Шыңғырлау ауд-ндағы №36 мектепте мұғалім, 1933–36 ж. Петропавлдағы кооп. техникумының директоры, «Қазақалтын» тресінің Степняктағы бөлімшесінің төрағасы болды. 1937 ж. 28 шілдеде ұсталып, 13 қыркүйекте атылған.

*Әдеб.:* <http://www.aktobegazeti.kz/> (қаралған күні: 27.9.2017); <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 27.9.2017).  
**ЖӘНІБЕК ТАРХАН** Қошқарұлы, Шақшақ Жәнібек (1693 – 1752, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Тосын құмы) – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің қаһарманы. Орта жүз құрамындағы аргын тайпасының момын руынан шыққан. Атасы Шақшақ Аманжолұлы «Еңсегей бойлы Ер Есім» атанған



*Жәнібек тархан*

атақты Есім хан қолбасшыларының бірі болған. Жәнібек батыр Шақшақтың шебересі болса, А.Байтұрсынұлы – Шақшақтың тоғызыншы тармақтағы үрім-бұтағы, яғни жалғасты ұрпағы. Ж. Т. 1710 ж. он жеті жасында Тәуке ханның қолымен бірге жауға шауып, жекпе-жекте қалмақтың бас батырын өлтірген. Абылай ханның тұсында қол бастап, ханның негізгі кеңесшілерінің бірі болған, ел басқару және мемлекетаралық қатынастарға белсене араласқан. 1717 жылғы Аягөз маңындағы шайқаста 24 жасында қол бастап, ерлік көрсеткен. 1723 жылдан бастап Ж. Т. бір жағынан, Кіші жүз жасақтарына көмектесіп Еділ қалмақтарымен, екінші жағынан, Бөгембай, Қабанбай, Малайсары, Райымбек, Өтеген батырлармен бірге оңт-те жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беріп отырды. Сарысу өзінің Бұланты саласының бойында жоңғарларға ойсырата соққы берген біріккен қазақ жасағының құрамында

Орта жүз әскерлерінің ең ірі қолын Ж. Т. басқарған. Ел жадында сақталған аңыз әңгімелер бойынша, Төле бидің түйесін бағып жүрген Сабалақтың (болашақ Абылай ханның) Ташкентті билеген Уәли сұлтанның баласы екенін алғаш жария еткен де, Абылай хан тағына отырғанда оған бата берген де Ж. Т. болған. Ол 1740–41 ж. жоңғар қоңтайшысының тұтқынындағы Абылайды құтқарып алуда да ерекше дипломат. шеберлік танытқан. Орынбор комиссиясының бастығы И.И.Неплюевпен арадағы қатынасын ұтымды пайдаланып, жоңғар қоңтайшысына арнаулы елшілік шығартқан, бұл іске Әбілмәмбет, Әбілқайыр хандарды да араластырып, ақыры Абылайды басқа адаммен аманатқа ауыстырып алған. Ж. Т. 1732 ж. жегі мың қолдық жоңғар әскерлері Орта жүзге шабуыл жасағанда қазақ әскерлеріне басшылық еткен. Ол бастаған қазақ жасақтары саны жағынан анағұрлым басым басқыншыларға тойтарыс береді. Бірақ үздіксіз шапқыншылықтан әбден титықтаған Қазақ елі Ресей патшасынан көмек сұрауға мәжбүр болады. Ж. Т-ның қазақ даласының тұтастығы мен елінің еркіндігі жолындағы саяси күресінің елеулі белестері осы кезеңде басталды. Абылай хан да, Жәнібек Қошқарұлы да Ресей мемлекетінің қазақ жеріне бекіністер салуына үзілді-кесілді қарсы шыққандарына қарамастан 1740 ж. шекара комиссиясының бастығы В.А. Урусовпен қазақ-орыс сауда қатынасын орнатуға, саяси байланыстарды одан әрі нығайтуға бағытталған келіссөздерге қатысқан. Ресей әкімшілігі Орта Азиядан Орынборға қатынап тұрған сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді Ж. Т-ға жүктеген. Кейін Жәнібек Абылай сұлтан, Әбілмәмбет хан, Қабанбай, Бөгембай батырлармен бірге Орта жүздің Ресейдің қол астына өтуін ресми тіркеген құжатқа қол қойған. Осы тұста, 1743 ж. 11 шілдеде Ресей патшайымы Елизавета Петровнаң жарлығымен Қошқарұлы Жәнібекке тархан атағы берілді. Орта жүз хандығының билігі Абылайдың қолына көшкеннен кейін Ж. Т-ның өкілдігі де жоғарылады. Оның үлкен бәйбішесі – Тұрсынбай датқаның қызы, екінші әйелі – Әйтеке бидің қызы, үшіншісі – қалмақ ханының қызы, кіші әйелі – Қосым батырдың қызы. Бұлардан тараған Дәуітбай, Жауғашар, Ақпанбет, Токпанбет, Дәріпсалы, Токтамсы ұрпақтары қазіргі уақытта, негізінен, Қостанай обл. Жангелдин ауд-нда тұрады. Ж. Т-ның мәйігі Түркістанға жеткізіліп, Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген. Батыр есімі Бұхар жырау, Тәтiқара ақын, Абыз әулие жырларында кездеседі. Халық ақыны Иманжан Жылқайдаровтың жырлауында бізге жеткен «Шакшақ Жәнібек батыр» жырында, Көкбайдың «Абылай» дастанында Ж. Т-ның ер тұлғасы нанымды сомдалған.

Байтұрсынұлы Ы.Алтынсариннің «Жәнібек батыр» әңгімесін «Сауат ашқыш» кітабына енгізген. 1993 ж. Арқалық қ-нда батырға ескерткіш орнатылды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI – XVIII веках. А.-А., 1961; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Ел-шежіре, 2013. –1-, 4-, 6-т.

**ЖӘҢГІР** (1801 – 9.6.1845) – Бөкей ордасының ханы (1821/23 – 45), Бөкей ханның баласы. Бөкей қайтыс болғаннан кейін (1815) хан тағы мұрагерлік жолмен Ж-ге берілген. Алайда Ж. жас болғандықтан, ол ер жеткенге дейін ордадағы билік Бөкей ханның інісі Шығай сұлтанға тапсыры-



Жәңгір хан

лады. Ж. 1823 жылға дейін Астрахан губернаторы Андреевскийдің үйінде тәрбиеленіп, еуропаша білім алады, хандықты әкімші. жағынан басқару әдісін үйренеді. Ол орыс, татар, неміс тілдерін білген. Ж. билік еткен тұста Бөкей ордасында сауда жәрмеңкесі (хан жәрмеңкесі) ұйымдастырылып (1832), дәрігерлік бөлімше, 1838 ж. дәріхана, мұрағат ашылды, хандықтың алғашқы картасы жасалды. 1841 ж. хан өз қаражатына мектеп ашып, онда М.-С.Бабажанов, М.Бекмұхамедов, К.Шығайев, т.б. білім алған. Ж. сол жылы Қазан ун-ті жанындағы ғыл. кенеске мүше болып сайланып, 1843 ж. г.-м. атағын алды. 1844 ж. Қазанда «Мұхтасар әл-фикғайат» аталатын еңбегі жарық көрді. Ол асыл тұқымды жылқы өсірумен, қазақ шежіресін жинаумен шұғылданды. Ж. хан тұсында Бөкей ордасында басқарудың жаңа жүйесі енгізіліп, хандық билер басқарған 12 әкімш. орт-қа бөлінді. Билер мен хан өкілдері кенесі, тархандар ин-ты қайта құрылды. Бірақ Бөкей ордасында қалыптасқан күрделі экон. және саяси жағдай Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған халық қозғалысын туғызды (1836–37). Ж. қозғалысты басуға басшылық етіп, Ресей әскерінің күшімен көтерілісшілер жазаланды. Хан кенеттен белгісіз жағдайда қайтыс болған соң, Бөкей ордасындағы хандық билік жойылып, басқару жүйесі қайта құрылды. Ж. ханның өлімінен соң көп ұзамай ханның 3 әйелі, балалары Сақыпкерей, Сейткерей, Ибрагим Исмаил, Қайшы,

## ЖӘРДЕМ

т.б. туған-туыстары қаза табады. Байтұрсынұлы Шернияз ақынның Ж. туралы жыры, Байтоқ ақынның Ж-ді жоқтау жырынан үзіндісін еңбектерінде пайдаланған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. –1-т.

«ЖӘРДЕМ КОМИТЕТІ» – қысқа ақпараттық хабарлама. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 107-санында жарық көрген. Хабар «Ақ жол» (А., 1991. 315–316-беттер), «Жаңа низам» (А., 1996. 110–111-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Мақалада Қарс обл-ндағы табиғат апатына ұшыраған мұсылмандарға жәрдем беру туралы жазылған. Ай атауы – февраль орысша берілген.

*Р.Имаханбет*

**ЖӘРІМБЕТОВА** Нәзира Қыпшақбайқызы (26. 6.1960 ж.т., Қызылорда обл. Шиелі ауд. Бәйгеқұм а.) – журналист. ҚазҰУ-ды бітірген (1983). Еңбек жолын 1983 ж. Қостанай обл. «Коммунизм таңы» (қазіргі «Қостанай таңы») газетінде тілші болып бастады. «Қазақстан» телеарнасының обл. «Қазақстан–Қостанай» бөлімшесі телеарнасын-




*Н.Жәрімбетова*

да редакторлық қызмет атқарды (1994–2007). 2007 жылдан респ. «Егемен Қазақстан» газетінің Қостанай обл. бойынша меншікті тілшісі. 2009 жылдан бастап ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының жары Бадрисафа Мұхамедсадыққызы Байтұрсынованың өмірі мен тағдырын зерттеумен айналысады. Облыста «Бадрисафа» танымдық-зерттеу экспедициясы құрылуына ат салысты. Бадрисафа жөнінде респ. «Егемен Қазақстан» газеті мен «Жасөскен-Қостанай» респ. журналына циклды мақалалар жазып келеді. Орынбор, Томск мұрағаттарында болып, деректер жинады. Обл. «Меценаттар клубының», «Қазына» сыйл. иегері (2005).

**ЖЕДЕЛХАТ** – Омбы дала ген.-губернаторының атына жолдаған Бадрисафа Байтұрсынованың орыс тіліндегі желдехаты. Ж-тың маңдайшасына: «Господину Степаному Генерал(ь)-губернатору» деп жазылған. Бұл құжат ҚР ОММ-ның сирек қорлар тіркеуіне алынып, сонда сақталған. 1909 жылғы 5 тамызда тиісті мекенжайға жазық-

сыз түрмеде отырған күйеуі А.Байтұрсынұлына араша сұрап жолдаған Ж. Семейден 641-нөмірлі ретпен тіркеліп, жіберілген. Жазылған сөздің



саны «133» деп көрсетілген. Ресми құжатты қабылдаған Н.Мозердің тарапынан Омбы дала губернаторының кеңселік мөртабаны басылып, «7-тамыз 1909 жыл» деп тізімделіп, белгі соғылған. Ж-та «күйеуім», «менің күйеуім» деген сөздер 7 рет айтылады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 6-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ЖЕКЕШЕ АТАУ** – нәрсең жеке күйіндегі есімінің аты. Мәселен: *ата, дене, омырау, белбеу, ой, үй, сырнай, керней, шыны, қаз, құнан, шелек, т.б.*

**ЖЕЛ ҚАЙЫҚТА** – «Оқу құралына» енген шағын өлең. 16 тармақтан тұрады. Авторы – Сәкен (Сейфуллин). Ғыл. түсініктемеде өлеңге толық сипаттама берілген.

**ЖЕЛ НЕДЕН БОЛАДЫ?** – «Оқу құралына» енген мәтін. Желдің пайда болу себебі ауаның серпімді, қозғалғыш болуынан деп түсіндіріледі. Желдің бағыты жылыдан суыққа қарай болатыны айтылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

«**ЖЕЛІМ ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Желім жасаудың әдіс-тәсілі айтылады. Танымдық маңызы бар. Ғыл. түсініктеме берілген.

**ЖЕМ**, Е м б і – Каспий алабындағы өзен. Ақтөбе және Атырау облыстары жерімен ағып өтеді. Ұз. 712 км, су жиналатын алабы 40 мың км<sup>2</sup>-ге жуық. Ж. Мұғалжар тауының оңт.-батыс бет-



кейінен басталады. Каспий т-не жетпей тартылып қалады. Аңғары жоғ. және орта ағысында жақсы байқалады. Төм. ағысында тармақтар арқылы жалғасқан шағын шөл және сор тізбектерге айналған. Жағалауы құм және саз жыныстарынан түзілген. Арнасы ирелең келеді, көбіне қарасуларға бөлініп қалады. Басты салалары: Темір, Атжаксы. Орташа жылдық су ағымы Жанбике а. тұсында 11,3 м<sup>3</sup>/с. Қарашада суы қатып, сәуірде ериді. Минералд. көктемде 400 мг/л, ең төм. деңгейі кезінде 1500 мг/л. Ж. ауыз су ретінде, шабындық суғаруға, жайылым суландыруға пайдаланылады. А.Байтұрсынұлы «Сөз қисыны» топтамасындағы көрнектеуде (6 томдық шығ. жин. 1-т.) Сүгір ақынның өлең шумақтарының бірінде: «...Біз кеттік абайсызда елден шығып, Жол тарттық құба шыңға Жемнен шығып, Тамызда қызыл мұнар астық шөлге, Қаз қонған баттауықты көлден шығып...» деп Жем өз-нен алысқа жол тартқаны туралы меңзеп отырғанын айтады.

«**ЖЕР БЕТІ**» – «Оқу құралына» енген шағын әңгіме. Қазіргі тілмен айтқанда, мұғалімнің шәкірттерімен бірге табиғат аясына экскурсияға шығу сәті баяндалған. Осы кезде шәкірттер жер бетінің ойлы-қырлы, аласа-биік болатын себебін ұғып түсінеді. Ғыл. түсініктеме берілген.

«**ЖЕРДЕН ШЫҚҚАН КӨЙЛЕК**» – «Оқу құралына» енген әңгіме. Авторы – Ушинский деп көрсетілген. Тани деген кішкентай қыз баланың көрген оқиғалары ретінде, кендір өсірудің тәсілдері, одан киім тоқылатыны айтылады. Әңгіме тақырыбы жерден өсіп шыққан кендірден тоқылған көйлек дегенді білдіреді. Ғыл. түсініктеме берілген.

«**ЖЕРДІҢ ДОМАЛАҚТЫҒЫ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Жердің домалақ пішінді екеніне әр алуан дәлелдер келтіріледі. Мыс., бір жерден шығып, тоқтаусыз жүре берсең, бір кезде сол алғашқы жеріне қайтадан келесің дейді. Танымдық мәнге ие мәтін.

«**ЖЕР ЖАЛДАУ ЖАЙЫНАН**» – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-санында жарық көрген. Мақала «Ақ жол» (А., 1991. 228–230-беттер), «Жаңа низам» (А., 1996. 28–31-беттер), «Қазақ прозасы» (468–471-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Қаламгер бұл жазбасында қазақ жеріне қоныс аударған орыстарға жерлерін сатып жатқан қазақтар туралы жазады. Тіпті, Дала уәлаятының ген.-губернаторы Колпаковскийдің өзі «қазақтарда артық жер жоқ» деп шырылдап жүргенде, қазақтар мұжықтарға жерлерін сатып, ел келешегін емес, өздерінің қара бастарының қамын ойлап жатқандығына қатты күйзеліс білдіреді. «...қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар» деп, бұқараға ой тастайды. Жұртшылықтың қарақан бастың қамын жемей, ел жұмысына жұмылуын, қалайда құнарлы жерлерден айырылып қалмаудың қамын қарастыруын жеткізеді. Мақалада «переселен», «излишке», «аренда», «займ», т.б. орыс сөздері кездеседі. Орыс сөздерінің жазылуы төте жазудан бүгінгі емлеге түсіру кезінде түзетілген.

*Р.Имаханбет*

«**ЖЕР ЖЕКСЕНІ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Жердің беткі жағы қатар-қатар бірнеше қатпардан тұратыны айтыла келіп, «бұлардың бәрі жер жексені болады» деп түсіндіреді. Оқушы бұл қабаттардың біреуі майда топырақ болса, екіншісі қиыршық топырақ, одан төменірек қатты зат (тас) болып келетінін ұғынады. Мұны «жасайтын» – су екені айтылады.

«**ЖЕР ЖҮЗІНІҢ ӨЗГЕРУІ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Жер бетіндегі тіршілік (су, өсімдік, жәндік, ауа, т.б.) пен жер асты құбылыстары (су, бу, қызу, саз, т.б.) бірін-бірі жойып, бірінен екіншісі пайда болу арқылы жер бетін өзгертіп тұратыны танымдық тұрғыдан таныстырылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

«**ЖЕР ҚАЙДАН ШЫҚҚАН**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Жердің пайда болу үрдісі қазіргі ғылым тұрғысынан түсіндіріледі. Күн жүйесі деп аталатын аса зор балқыған газ тәрізді заттан бөлініп шығып, миллиардтаған жыл ішінде біртіндеп қатайып, ең соңында тіршілікке қолайлы қалыпқа келгендігі қарапайым, ұғынықты тілмен әңгімеленген. Ғыл. түсініктеме берілген.

«**ЖЕР ҚҰЙҚАСЫ**» – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Жердің беткі қабатындағы топырақтың құнарлылығы туралы кең түсініктер



берілген. Шәкіртке еңбек дағдыларын үйретуде пайдасы мол. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ЖЕР МӘСЕЛЕСІ** – Алаш қозғалысының көп жылдық тарихында және обл., жалпықазақ съездерінде Алашорда үкіметінің жұмысында үнемі басты назарда болған мәселелердің бірі. Оны Алаш қайраткерлері жақсы түсінді. 1-жалпықазақ съезінің қаулысында «қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін», ал Алаш партиясының бағдарламасында «Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мүжық келмеу» делінген. Алашорда үкіметі автономия жариялай отырып, оның 1-бабында «Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыстарындағы хәм Әмудария бөлімдеріндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы хәм Алтай губерниясындағы іргелес облыстардың жері бір-ыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға...» деп, жер тұтастығын басты мәселе ретінде бекітті. Алашорда үкіметінің 1918 жылғы 24 маусымдағы «Алаш автономиясының жерінде жер пайдалану туралы Уақытша Ереже» мазмұны мен пәрмені жағынан маңызды құжаттардың бірі болды. 11 баптан тұратын бұл Ережеде жерді пайдаланудың негізгі тәртібі көрсетілді. Бүгінгі Қазақстан жерінің тұтастығының сақталып қалуында Алаш қайраткерлерінің орасан зор еңбегі жатыр. Олардың кеңес үкіметінің басшыларымен жүргізілген келіссөздері, әсіресе, А.Байтұрсынұлының осы бағыттағы еңбегі Қазақ автоном. кеңестік соц. республикасын құруда маңызды болды.

*Қ.Ахметов*

**«ЖЕР НЕГЕ СІЛКІНЕДІ?»** – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. «Рубакиннен» делінген. Жер сілкінуінің себебі жер астында бұға айналған судың күші және жер асты қабаттарының ісініп, ығысуынан болатыны айтылады. Шәкірттер табиғат құбылысы туралы нақты түсінік алады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ** – Атлант мұхитының Еуразия мен Африка құрлықтары арасындағы теңіз. А.Байтұрсынұлы Еуропа табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин. 2-т.) құрлықтың ішкі теңізі саналатын осы Ж. т-не де тоқтап, оның жағалауының күрделі екенін, теңіз жағалауының табиғи және саяси тұрғысынан жерортатеңіздік климатының қалыптасқанын атап өткен.

**«ЖЕР ІШІ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Жер астынан балқыған түрлі заттар ағып шығады, осыдан келіп, «от құсатын таулар» мен ысы

бұлақтар (гейзерлер) пайда болатыны айтылған. Шәкірттер өздері көре алмайтын құбылысты кітаптан оқып, білім алады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«ЖЕТІ ҚАЗЫНА»** – үш кітаптан тұратын еңбек. Авторы – С.Кенжеахметұлы. «Ана тілі» баспасынан 2005, 2007 ж. жарық көрген. Әрқайсысының көл. 136 бет. Таралымы 1-, 3-кітап – 3000 данадан, 2-кітап – 5000 дана. Кітап арқауы: салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл-тағылым, дін-діл, жөн-жоралғы, ілім-білім, тәлім-тәрбие, тылсым-табиғат, тарикат-тәбәрік, деректер мен дәйектер жайында. 1-кітаптың «Тарихтан тәбәрік» атты тарауының «Қазақта тұңғыш...» тараушасында қазақ тарихында әр саладан тұңғыш шыққан қайраткерлердің есімдері берілген. Онда «Қазақ әліппесін (төте жазу) жасаған және алғаш оқу құралын (1912) жазған Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1937)» деп көрсетілсе, 2-кітаптың «Ел тарихы – тағылым» тарауының «Қазақ халқының саңлақтары» тараушасында ҚР-ның Қоғамдық кеңесінің шешімі бойынша тәуелсіз еліміздің тарихы негізінде ең таңдаулы 10 адамға «Ғасыр саңлағы» атағы беріліп, осының ішінде А.Байтұрсынұлы Ә.Бөкейханнан кейін екінші болып берілген, онда «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлы ағартушы, аса көрнекті ғұлама ғалым, ақын, публицист, түркітанушы, қазақ алфавиті мен баспасөзінің негізін салушы. Азаттық жолындағы айтулы күрескер. Алашорда өкіметі мен Алаш партиясының негізін салушы әрі көсемі, мемлекет, қоғам қайраткері» делінсе, 3-кітаптың «Тарих тағылымы» тарауының «Халықтық атақ алғандар» тараушасындағы «Ахаң – Жахаң» атты шағын мақалада «Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы, Жахаң – Міржақып Дулатұлы. Екеуі де Алаш көсемі, ағартушы, ғалым, ақын, жазушы, халық қамын ойлаған ардагерлер. Қазақ халқы екі алыпты зор құрмет тұтқан және «Ахаң – Жахаң» деп атап ардақтаған», – делінген. Автордың бұл еңбегі өз халқының мәдениеті мен этнографиясын танып, білгісі келетін оқырман қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**«ЖЕТІ ҚЫР, БІР СЫР»** – естеліктер, публицистика жинағы. Авторы – К.Смайылов. А.. «Атамұра» баспасынан 2000 ж. жарық көрген. Көл. 224 бет. Таралымы 5000 дана. Автордың бұл кітабында ел, қоғам жайында толғаныстары, Қазақстан өмірінің аса елеулі де өрелі дәуірі – 20 ғ-дың 60–80-жылдары туралы жазғандары топтастырылған. Кітапта автордың «Арыстарды ақтағанда...» атты естелік мақаласы жарияланып, онда өзінің 1988 ж. көктемде А.Байтұрсынұлы М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың әдеби-ғыл. мұрасын зерттейтін арнайы комиссия құрамында болып, олардың ақталуына ат салысқаны, Ах-

мет, Мағжан, Жүсіпбек шығармаларының алғаш жарыққа шығып, халқына оралуы баяндалған. Жинақ жалпы оқырман қауымға арналған.

*С.Хасенов*

**ЖЕТИСУ** – тарихи-геогр. аймақ. Солт-те Балқаш, солт.-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, шығыста Жетісу (Жоңғар) Алатауы, оңт. және оңт.-батысында Солт. Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. А.Байтұрсынұлы шығармаларындағы Қыр баласының (Ә.Бөкейханның) «Григорий Николаиш Потанин» мақаласында (6 томдық шығ. жин. 5-т.) Омбыдағы кадет корпусын бітіргеннен соң Г.Н.Потанин 1855 ж. казак-орыс тобының басшысы ретінде Жетісуға (Жетісу өлкесіне) барып, Алматы қ-н салдырғанын айтады. «Ахметтану ғылымының негіздерінде» бөліміндегі зерттеушілердің деректеріне сүйенсек, Байтұрсынұлының Ташкентке сапарының басты мақсаты – Түркістандағы екі облыс: Жетісу мен Сырдарияны Қазақстанға қосу болған делінеді.

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ КОМИТЕТІ**, 1917 ж. сәуірде құрылды. Сол кездегі Жетісу облысына Пржевальск (қазіргі Қарақол к.), Пішпек (қазіргі Бішкек к.) уездері қарағандықтан Жетісу қазақ-қырғыз к-ті деп аталды. Төрағасы Ы.Жайнақов болды. К-т мүшелері қатарында К.Шегіров, Ә.Кәкенов, Н.Нұрмұхамедов, К.Абдулин, М.Солтаев, К.Тоқсанбаев, К.Ордабаев, И.Арабаев, Қ.Телтаев, М.Әлімбаев, Т.Есенғұлов, т.б. қазақ-қырғыз өкілдері болды. Қырғыз елінің Пішпек уезінде қазақ ауылдары мен болыстары көп болғандықтан уездік ұйым «Пішпек уездік қырғыз-қазақ комитеті» деп аталды. Жетісу облысы қазақ-қырғыз к-ті басшылары мен мүшелерінің ат салысуымен 1917 ж. 12–14 сәуірде Верныйда өткен облыс қазақ-қырғыз съезіне 81 делегат, оның ішінде Пржевальск мен Пішпек уездерінен 17 өкіл қатысты. Съезд 1- және 2-жалпықазақ съездерінің шешімдері мен қаулыларын мақұлдады.

*А.Кендірбекұлы*

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ**, 1917 ж. 12–14 сәуір аралығында Жетісу облысы қазақ к-тінің ұйымдастыруымен Верный қ-нда өтті. Съезге Верный, Жаркент, Лепсі, Қапал, Пішпек, Пржевальск уездерінен 81 өкіл қатысты. Съездің төралқасы құрамына Ы.Жайнақов (төраға), Ұ.Ордабаев пен А.Құдайбергенов (төраға орынбасарлары), Қ.Шегіров пен Н.Жақыпбаев (хатшылары) сайланды. Съездің күн тәртібіне соғысқа, Уақытша үкіметке көзқарас, азық-түлік, жер-су мәселесі, рухани-діни іс, сот, оқу-ағарту, мал ш., орыстар мен қазақтардың арақатынасын реттеу және 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстан кейін жер ауған босқындарды Қытайдан қайтару сияқты 17 мәселе қойылып, нақты шешімдер қабылданды. Соғыс мәселесінде – «женіске жеткенше жалғастыру», Уақытша үкіметке бағынып, оған жан-жақты

қолдау көрсету, дін ісінде – «Далалық Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарына ортақ» ерекше діни жиналыс құрып, оны «Қазақстан» деп атау, басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде міндетті түрде екі комиссардан – бірі орыс, екіншісі мұсылман тағайындау, жер мәселесінде «облыс шеттен қоныс аударушылар үшін мүлде жабық деп саналсын» делініп, Қытайға ауған босқындарды мүмкіндігінше қауіпсіз жерлерге орналастыру, қарулы қақтығыстарды болдырмау үшін бұл мәселені Уақытша үкіметтің Түркістан к-тінің бақылауына беру болды. Съезд делегаттары назарынан жалпықазақ және бүкілресейлік мұсылмандар съезі мен Құрылтай жиналысына дайындық мәселелері сырт қалды. Ж. о. қ. с-не мал ш., отырықшылыққа көшу сияқты жекелеген, нақты экон. мәселелерге көбірек көңіл бөлінді. Большевиктер билік басына келгеннен кейін саяси ахуалдың күрт өзгеруіне орай Жетісу облысында 1918 жылдың қаңтар, мамыр және тамыз айларында тағы да бірқатар қазақ съездері шақырылып, онда облыста басқару органдарын құру, ұлттық әскер жасақтау, оларды қажетті заттармен қамтамасыз ету, т.б. кезек күттірмес мәселелер талқыланды. 1918 жылдың 10–31 тамыз аралығында өткен съезде облыс қазақ к-тінің құрамы қайта сайланып, Жайнақов (төраға), С.Сабатаев, Т.Дүйсебаев, Жақыпбаев, Б.Мәметов, Б.Сүлеев, И.Тергеушізов мүшелері болды.

*Әеб.: Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А., 1995; Махаева А. Қазақ комитеттері. – А., 1995.*

*К.Ильясова*

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ** – 1867 ж. 11 шілдеде құрылған Түркістан ген.-губернаторлығының құрамындағы әкімш. аймақ. Ген.-губернаторлыққа Ж. о-нан басқа Сырдария облысы да кірді. Бұл облыстардың шекарасы Құрағаты мен Шу өзендері бойымен өтті. Ж. о-ның құрамында бұрынғы Сергиополь (аз бөлігі Семей облысында қалды), Қапал, Алатау окр-тері мен Түркістан облысының бір бөлігі (Құрағаты өзенінің оң жақ жағалауымен) есебінен қазақтар тұратын Сергиополь (1875 жылдан Лепсі), Қапал, Верный уездері, қырғыздар тұратын Ыстықкөл (кейін Қарақол), Тоқмак (кейін Пішпек) уездері құрылды. Ж. о. 1882 жылға дейін Түркістан ген.-губернаторлығының құрамында болып, сол жылы Ақмола, Семей облыстарымен бірге жаңадан ұйымдасқан Дала ген.-губернаторлығының құрамына кірді. 1897 ж. қайтадан Түркістан ген.-губернаторлығына енді. Ж. о. 1917 жылға дейін 1891 жылғы «Дала ережесі» бойынша басқарылды.

*Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы*

**«ЖИҒАН-ТЕРГЕН»** – Абай дәстүрінде, атап айтқанда «сегіз аяқ» шумақ-өрнегімен жазылған туынды. Көл. 152 жол. Ең алғаш «Маса» жи-

нағында жарияланған. Сол кездің өзінде патша цензурасына ұшырап, «Қазағым, елім, // Қайқайып белең, // Сынуға тұр таянып! // Талауда малың, // Қамауда жаның, // Аш көзінді оянып! // Қанған жоқ па әлі ұйқың, // Ұйықтайтын бар не сыйқын?!» деген жолдары түсіп қалады. Бұл жолдар 1922 ж. Қазаннан шыққан үшінші басылымында жарияланды. Дәстүрлі сегіз аяқ өлшемі, ұтымды құрылған шумақтық өрнектер өлеңнің көркемдік құндылығын арттыра түседі. «Иланбасам айтпаймын, // Иманымнан қайтпаймын» немесе «Ұқтыра алмай сөз әуре, // Тек тұра алмай біз әуре» деген жолдардан лирикалық қаһарманның азаматтық ұстанымы аңғарылады. Қазақ қоғамындағы көкейтесті мәселелерді тайсалмай атуға серт еткен ақын оқушыны сабырмен сөз тыңдауға шақыра отырып, халыққа опасыздықтың хандық дәуірден-ақ белең алғанын айтады. Таққа таласқан хандардың, шекпенге құмар болыстардың, малға құмар молдалардың былықтарын аша келіп, елді оянуға шақырады.

*А.Кендірбекұлы*

**«ЖИЗНЬ НАЦИОНАЛЬНОСТЕЙ»** – РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының басылымы (1918–24). 1918–22 жылдардағы тігінділерін БК(б)П ОК хатшылығы КСРО орт. революция мұражайына тапсырған. Қазір басылымның тігінділері КСРО орт. революция мұражайының (1998 жылдан Ресейдің қазіргі заман тарихы) ғыл. кітапхана қорында сақтаулы. Басылымның арнайы «Ұлттар өмірі» айдарында шет аймақтардағы ұлттар өмірінен әр түрлі хабарлар беріліп отырған. 1919 жылғы таралымы – 7-10 мың, 1920 ж. – 12 мың, 1921 ж. 30 мың данаға жеткен. 1920 ж. 30 қазанда РКФСР ХКК қаулы қабылдап, онда Ұлт істері жөніндегі комиссариатқа полиграф. бөлімдермен, сондай-ақ Мемл. баспамен өзара ынтымақтаса отырып, газетті бірнеше ұлт тілдерінде шығару тапсырылған. Онда 1919 ж. 3 тамызда А.Байтұрсынұлының «Революция и киргизы» («Революция және қазақтар») атты мақаласы жарияланды. Мақалада төңкерістер кезіндегі қазақ даласындағы дүрбелең, қазақтың табиғи өмір сүру қалпы, т.б. айтыла отырып, Ақпан төңкерісін қазақ қоғамының қуанышпен қарсы алып, ал Қазан төңкерісін түсінбегендіктері, яғни большевиктердің елге жасаған зорлығы, тонаушылық әрекеттері сыналған. Сонымен бірге мақалада 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбор қ-нда өткен жалпықазақ съезі туралы да ақпарат берілген. Сондай-ақ «Тағы да Қазақстандағы аштық туралы» («Еще о голоде в Киргизии (Казахстан)» атты мақаласы 1921 ж. 25 қазанда жарияланды. Газет 1922 ж. апталық, 1923 ж. айына бір рет шығатын журналға айналып, онда саясат, экономика, ұлттық республикалар мен облыстардағы мәдениет, т.б. мәселелер қарастырылды. 24 саны

жарық көріп, тиражы 2 мыңнан 5 мың данаға жеткен. КСРО-ның құрылуымен (1922) Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты, ал 1924 ж. оның басты органы – «Ж. н.» журналы жұмыс істеуін тоқтатқан.

Әдеб.: www.library.ua/m/articles/view (қаралған күні: 15.09.2017); Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: Сардар, 2014.

*К.Саркенова*

**ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН** (т.-ө.ж.б.) – Қазақ хандығын құрған Жәнібек хан (15–16 ғ-лар) тұсында өмір сүрген атақты шешен. Оның есімі ақыл, парасаттың үлгісі ретінде қазақ ауыз әдебиетінен берік орын алған. Халық аңыздары бойынша, Ж. ш. кедей адам болған. Ол дербес Қазақ хандығын құруда ханға көмектескен, оған пайдалы кеңестер айтып, халық бұқарасының атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер көп. Олардың көпшілігі 15–16 ғ-лардан басталатын халық шығармасына немесе әлденеше адамның, бірнеше буынның өңдеп, өзгертуінен өткен ортақ мұраға айналып кеткен. Ж. ш. туралы аңыздарда оның әйелі Қарашаш та ақылды әрі тапқыр жан ретінде суреттеледі. Басқа түркі тілдес халықтар фольклорында да Ж. ш. туралы ертегі, аңыз, әңгімелер кездеседі. Мыс., қарақалпақта Жиренше шешен, қырғыздарда Жээрэнче чээчэн, түрікменде ақылды да тапқыр, әділ Ийкрэнче туралы аңыздар бар. Ж. ш. туралы әңгімелерді, негізінен, үш салаға бөлуге болады. Біріншісінде ол Жәнібек ханның уәзірі, ақылшысы, досы ретінде бейнеленеді, екіншісінде ханның кемшіліктерін бетіне айтып, ақыл-парасатымен өзін оған мойындата білген әділ адам ретінде суреттеле, үшіншісінде оның өз әйелі Қарашашпен, т. б. қарапайым халық бұқарасы өкілдерімен қарым-қатынасы көрсетілген. А.Байтұрсынұлы Ж. ш.-нің есімін ертегісымақ, көрнектеу, сондай-ақ Алтыбас Ақмолданың Ж. ш.-ді жырға қосқан өлеңінің үзіндісін өрнекті сөйлемдер, серіппелі оралым түсініктеріне мысал ретінде қолданған.

**ЖИРКОВ** Лев Иванович (7.3.1885, Ресей, Мәскеу қ. – 4.12.1963, сонда) – тіл маманы, кавказтанушы және иранист, филол. ғыл. докт., проф. КСРО халықтарының жазуы жок тілдерінің әліпбиін түзушілердің бірі. Әліпбилерді біріздендіру бойынша жұмысқа қатысқан және орыс тілін латындандыру жобасын әзірлеушілердің бірі. Алғашқы авар-орыс сөздігін құрастырушы. Баспагердің отбасында дүниеге келген. Мәскеу ун-тін (1909), Шығыс тілдері ин-тын (1914), Петроград ун-тін (1917) бітірген. 1920–21 ж. Рязань қ-нда кітап қоймасының меңгерушісі болған. 1921–22 ж. Н.Ф.Яковлевпен бірге Кавказға жасалған экспедицияға қатысқан. Ұзақ жылдар бойы КСРО

ҒА Тіл білімі ин-тында қызмет істеген. «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған (1945). Ж. 1926 ж. Баку қ-нда өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезінде баяндама жасаған. Ол туралы А.Байтұрсынұлы «Түрікшелер құрылтайы» атты мақаласында айтқан.

**ЖИЫЛЫҢҚЫ ҚИЫСУ** – салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы бірнеше сөйлемнің бірыңғай, бір беткей қиысуы. Мыс.: «Үлкен бастар, кіші костар» немесе «Ел де жатты, ай да батты». *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЖИЫЛЫҢҚЫ ОҢТАЙ** – ұсақтан ірілету, индукция. А.Байтұрсынұлы ойлау оңтайын екіге бөледі: 1) *айырыңқы оңтай*, 2) *жиылыңқы оңтай*. Ғалым *айырыңқы оңтайды* «іріден ұсақтату», *жиылыңқы оңтайды* «ұсақтан ірілету» деп сипаттайды. Яғни, мұндағы *айырыңқы әдіс* деп отырғаны – дедукция, *жиылыңқы әдіс* деп отырғаны – индукция. Байтұрсынұлы еңбектерінде *индукция*, *дедукция* сөздерінің баламасы ретінде бірнеше атау қолданылғанын байқаймыз. Яғни, индукция – *айырыңқы, жалтылау, терме*; дедукция – *жиылыңқы, жалқылау, талдама*.

*О.Жұбаева*

**«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ»** – жинақ. Редакторы – С.Байдалы. «Экономика» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 248 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітапқа «Ақ жол» демократ. партиясы Еуразия ұлттық ун-тінің қолдауымен 2012 жылғы «Алаш қозғалысының 95 жылдығына орай өткізген ұлттық ғыл.-практик. конференциясында және басқа шараларда жасалған баяндамалар мен сөздер, әр түрлі басылымдарда жарияланған сұхбаттар мен мақалалар енген. Конференция үш сессиялық бағытта («Алаш» көшбасшыларының мемлекеттілікке, ұлттық құндылықтарға көзқарастары, «Алашордалықтардың» экон. тұжырымдамалары туралы, «Алаш» көшбасшыларының әлеум. жаңғыртуға көзқарастары) жұмыс істеп, жасалған 26 баяндамалар мен айтылған сөздер тыңдалған. Конференцияда А.Байтұрсынұлының саяси және шығарм. қызметіне байланысты Ө.Айтбаев «Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш тағылымы» және Қ.Сак «Қазақ» газетінің қаржыландыру көздері» атты тақырыпта баяндама жасаған.

*С.Хасенов*

**«XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЕШІМІ»** – ұжымдық монография. Редакт. алқа – С.Кирабаев (бас редактор), С.Қасқабасов, Ш.Елеуқенов, Б.Майтанов, Н.Ақыш (жауапты редактор), Г.Орда (жауапты шығарушы), М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. «Арда» баспасынан 2011 ж. жарық көрген. Көл. 608 бет. Тара-

лымы 300 дана. Кітап алғы сөзден және үш бөлімнен («XX ғасыр басындағы тәуелсіздік идеясы», «Кенестік дәуір әдебиетіндегі ұлттық рух», «Тәуелсіздік тұсындағы азаттық идеясы») тұрады. Ұжымдық монографияда 20 ғ. қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік идеясының көркем шешімі қарастырылған. Зерттеушілер өткен ғасыр әдебиетіндегі көркемдік құбылыстарды жіті бақылай отырып, ұлттық әдебиеттің ғасыр басындағы, кенестік дәуір тұсындағы және еліміз егемендік алған алғашқы он жыл ішіндегі бет алысын бағамдау арқылы азаттық, тәуелсіздік жолындағы күрестерді бейнелеген шығармалар жөнінде пайымдаулар ұсынған. Көркем әдебиеттің халық өмірімен бірлікте дамитындығы ұлттық әдебиеттегі тәуелсіздік, азаттық идеясы негізінде тұжырымдалған. Сондай-ақ кітапта 20 ғ-дың басында тәуелсіздік идеясын көтерудегі А.Байтұрсынұлы басқарған «Қазақ» газетінің қызметі, әдебиетшілердің ұлт мүддесі жолындағы саяси күресі талқыланды. Монография жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, оқытушылар мен әдебиеттанушы ғалымдарға және жалпы әдебиет сүйер көпшілікке арналған.

*С.Арғынғазин*

**«XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»** – оқу құралы. Авторы – Ө.Әміренов. Павлодар мемл. пед. ин-тының Ғыл. кеңесі ұсынған. Павлодар мемл. пед. ин-ты баспасынан 2016 ж. жарық көрген. Көл. 175 бет. Таралымы 500 дана. Оқу құралы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін қамтыған. Әдеби үрдісте шығарм-мен танылған ақын-жазушылар әдеби мұрасы жан-жақты талданған. Заман ағымына қарай есімдері аталмай келген ақындардың шығармалары бүгінгі күн тұрғысынан бағаланған. Қаламгерлердің шығарм. әдеби бағытқа топтастырылып сараланған. Кітаптағы «Азаттық демократтық (Алаштық) бағыт» тарауында А.Байтұрсынұлының өмір жолы, шығарм. қызметі жан-жақты баяндалған. Ахметтің Қазан төңкерісіне дейін және Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жарияланған кітаптары көрсетілген. Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, ізденушілерге, жалпы әдебиетті білуге құштар көпшілік қауымға арналған.

*Н.Хасенова*

**«XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫ: ИДЕЯЛАР ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, С.Саркулованың (PhD) докторлық диссертациясы. ҚазҰПУ-да 2013 ж. қорғалған. Ғыл. жетекшілері – М.Қойгелдиев, Р.Мұхаметшин. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан («Ресей империясында қазақ тілінде жарық көрген кітаптар және олардың авторлары (1900–1917)», «Қазақ кітаптарында көтерілген

қоғамдық мәселелер», «Қазақ кітаптары мен оларда көтерілген идеялар тағдыры»), қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеуде 20 ғ-дың басында қазақ тілінде шыққан кітаптардың тарихы мен дамуы, оның тарихи маңыздылығы теор.-әдістемелік тұрғыдан қарастырылған. Қазақ кітаптардың идеялық мазмұны мен маңыздылығы, ерекшеліктері, мұрағат құжаттары және ғыл. зерттеулермен саралана бағаланған. Еңбекте А.Байтұрсынұлының 20 ғ-дың 1-ширегінде жарық көрген кітаптары («Маса», «Оқу құралы» (1, 2, 3-кітаптар), «Қырық мысал», «Баяншы», «Тіл-құрал» (1, 2-бөлімдері), «Әдебиет танытқыш», «Әліпби», «Әліппе», «Үлкендерге арналған әліппе», «Тіл жұмсарту») жөнінде баспасөзде айтылған пікірлер, кітаптарының маңыздылығы, онда көтерілген оқу-ағарту ісі және жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты мәселелер жарияланған. Көл. 146 бет.

**«XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӨНІНДЕГІ ЗЕРТТЕУЛЕР»** – жинақ. Құрастырған – О.Жұбаева. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Тіл к-тінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. «Қазығұрт» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 640 бет. Таралымы 4050 дана. Жинақта 20 ғ. басында жарық көрген «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», «Қазақ тілі», «Ауыл тілі», т.с.с. қазақ басылымдарынан, мұрағат қорынан жинақталған қазақ тіліне қатысты материалдар қамтылған. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Е.Омаров, Қ.Кемелгеров, А.Байтасұлы, Т.Шонанұлы, Ж.Аймауытов, А.Мамытұлы, М.Мырзаұлы, т.б. қазақ білімпаздарының бұрын-соңды жариялана қоймаған қазақ тіліне қатысты мақалалары, сын пікірлері алғаш рет оқырман назарына ұсынылған. Мақалалар тақырыптар бойынша (фонетика, емле, жазу, әліпби, лексикология, терминология, морфология, сын, әдістеме, әлеум. лингвистика) топтастырылып берілген. Сондай-ақ 20 ғ-дың басында қазақ қоғамында орын алған ағымдар, қазақ тіл білімі саласында (туыстас түркі тілдері бойынша да) еңбек еткен ғалымдар туралы, қазақ тіл біліміндегі түрлі бағыттар, тіл білімінің даму, қалыптасу тарихы, терминдердің қалыптасуы, тұрақтану жолдары туралы жан-жақты мәліметтер ұсынылған.

**«XX ҒАСЫР БАСЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ САЯСИ ЭЛИТАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Ш.Тухмарованың канд. диссертациясы. ҚР Білім және ғылым мин. Философия және саясаттану ин-тында 2000 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Ә.Нысанбаев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («Саяси элита – саяси зерттеудің нысаны», «XX ғасыр

басында қазақтың ұлттық саяси элитасының қалыптасуы мен күйреуі»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл жұмыста 20 ғ-дың басындағы өтпелі заманда жаңа ғана қалыптасып келе жатқан қазақтың ұлттық кәсіби саяси элитасын жүйелі түрде саяси талдау іске асқан. Сөйтіп, алғашқы рет тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы жаңа теор. тұрғылар бойынша саяси тарихқа көз жіберіліп, кезінде қазақ жерінде қалыптасқан саяси ахуалдың мазмұны толық ашылған. Қазақтың ұлттық саяси элитасына енген ірі тұлғалар (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, М.Шоқай, т.б.) сол кезеңдегі өкімет пен халық арасында байланыстырушы күшке айналғандығы айғақталған. Көл. 126 бет.

**«XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-АРАБ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, М.Салқынбаевтың кандидаттық диссертациясы. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында 2006 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Б.Омаров. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 бөлімнен («Қазақ және араб әдебиеті (типология, мотив, генезис мәселелері)», «Араб әдебиеті үлгілерінің қазақ тіліне аударылуы және ұлттық дүниетанымның көріністері»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертац. жұмыста классик араб әдебиетінің қазақ әдебиетіне ықпалы жаңаша ғыл.-теор. негізде сараланған. Қазақ қаламгерлері шығарм-ндағы мысалдардың сюжеттік-композиц. құрылымы араб әдебиетіндегі үлгілермен ғыл. тұрғыдан салыстырылып, мысал жанрының қалыптасуы, дамуы мен жүйесі, қазақ әдебиетіне ену жолдары халықтық дүниетаным негізінде көркемдік шешім табуы зерделенген. «Мың бір түн» ертегілер жинағының қазақ тіліне аударылу деңгейі мен ерекшелігі алғаш рет түпнұсқамен салыстырылып, мәтіндік талдаулар жасау арқылы қазақша нұсқасының көркемдік сипаты зерттелген. Араб тіліндегі «Калила мен Димна» жинағын қазақ тіліне тікелей тәржімалаған С.Ғылмани қолжазбасының аудармасы түпнұсқамен тұңғыш рет салыстырыла қарастырылып, аударманың көркемдік, стильдік ерекшеліктері анықталған. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы шығарм-ндағы мысалдардың негізі араб әдебиетіндегі классик. үлгілермен тығыз байланысты екендігі және араб әдебиеті байланысының негізгі бір бөлігін құрайтындығы анықталған. Көл. 136 бет.

*С.Арғынғазин*

**«XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ»** – оқулық. Авторы – Ж.Смағұлов. Ұлттық әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу дәуірлерін зерттеген ғалым бұл тақырыпта «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005)

деген монографияларын шығарған болатын. Еліміздегі жоғары оқу орындарындағы филол. ф-ттеріндегі бакалавриатта «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты, магистратурада «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері», «Әдебиеттанудың жаңа бағыттары» деген пәндер жүргізіле бастағанда шәкірттер қауымына бұл пәндер бойынша оқу құралдарының жетіспеушілігі байқалды. Осы қажеттілікті өтеу мақсатында автор «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы» атты оқулығын жазды. Оның толықтырылған нұсқасы 2017 ж. «Фолиант» баспасынан 35 б. т. болып басылып шықты. Бұл еңбекте ұлттық әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу кезеңдерін ғыл. және әдістемелік тұрғыда меңгерту жолдары сараланған. Ол іштей бірнеше тарауларға бөлінген «Әдеби мұраны зерттеудің негізгі арналары», «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі», Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары», «Қазақ библиографиясының тарихы», «Әдеби сын тарихы және ғылыми мектептер» аталатын негізгі бөлімдерден тұрады. Оқулықтарға қойылатын талаптарға сай әр тақырып бойынша студенттер меңгеруге тиісті тапсырмалар, пайдаланатын әдебиетте тізімі, тестік сұрақтар да берілген. Осының екінші бөлімінің «Ұлттық әдеби теориялық ой-пікір» атты тарауында А.Байтұрсынұлының әйгілі «Әдебиет танытқыш» еңбегі ғыл. тұрғыда сараланып, ол жасаған сөз өнерінің топтары мен жіктері, жанрлық топтастырылуы берілген. Байтұрсынұлының ұлттық әдебиеттануды тудырудағы орасан зор еңбегі жайындағы ғыл. тұжырымдармен танысуға болады. Ж.Қ.Смағұловтың ұлттық әдебиеттану тарихына арналған бұдан басқа «XX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы сын, әдебиеттану, библиография» (2014) (Қ.Қалыбековамен бірге) «XX ғасырдың қыркыншы-алпысыншы жылдарындағы сын және әдебиеттану» (2015) (С.Такиров, Қ.Қалыбековамен бірге) секілді оқу құралдары да жарық көрген.

*Е.Тілешов*

«XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» – монограф. еңбек. Авторы – С.Мұқанов. Құрастырған – Н.Исмағұлова. «Атамұра» баспасынан 2008 ж. жарық көрген. Көл. 384 бет. Таралымы 1000 дана. Автордың «XX ғ. к. ә.» (1-бөлім: ұлтшылдық, байшылдық дәуірі) атты әдеби-зерт. еңбегі Қызылорда қ-нда 1932 ж. жарық көрген. Алашорда өкілдерінің өмір жолы мен шығарм. туралы мәліметтерге бай бұл еңбек Кеңес заманының идеол. сынына ұшыраған, ғұмыры тым қысқа болып, оқуға және қайта басуға тыйым салынған. Еліміз егемендік алып, алашордашылар ақталған тұста автордың осы еңбегі бірден-бір ақпарат көзіне айналып, әдебиетіміздің ақтандақ тұстарын толтыруда үлкен рөл ат-

қарды. Латын әрпімен басылған бұл еңбек Ұлттық және орт. кітапханаларда микрофильм ретінде сақталған. Осыған байланысты бұл еңбекпен тікелей жұмыс істеуге екінші бірінші мүмкіншілігі болған жоқ. Зерттеу еңбек кирилл әрпімен хатқа түсіріліп, қайта бастырылып, көпшіліктің пайдалануына ұсынылған. Еңбек екі бөлімнен («Әдебиеттегі ұлтшылдық, байшыл дәуірдің сыны», «Ұлтшыл – байшыл дәуірдің ақын-жазушылары») және алты тараудан («Ұлт деген не?», «Ұлтшылдық неден шықты», «Қазақтың ұлтшыл оқығандары», «Ұлтшылдықтың өркендеуі», «Алашорда», «Төңкеріске қарсылық») тұрады. Кітаптың 79–100-беттерінде А.Байтұрсынұлының өмір жолы, ағартушылық қызметі баяндалып, оның «Қырық мысал», «Маса» өлеңдер жинағы талданған. Кітап сол кезеңдегі таптық көзқараспен жазылғандықтан, автор Ахметті «ұлтшыл – байшыл дәуірдің ақын-жазушысы» қатарына жатқызған.

*С.Хасенов*

«XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ» – монограф. еңбек. Жауапты редакторы – Б.Әбілқасымов. ҚР Президентінің 1998 ж. №4106 жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес шығарылған. А.Байтұрсынұлы ағынд. тіл білімі ин-ты ұсынған. «Елорда» баспасынан 2000 ж. жарық көрген. Көл. 344 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап алғы сөзден, кіріспеден, төрт тараудан («Қазақ әдеби тілі: негізгі белгілері, қалыптасуы мен даму кезеңдері», «XX ғасырдың бас кезіндегі (1900–1920) қазақтың жазба әдеби тілі», «20–40 жылдардағы қазақ әдеби тілі», «1950–80 жылдардағы қазақ әдеби тілі») тұрады. Бұл кітапта қазақ әдеби тілінің бір ғасырлық даму, жетілу жолы әңгімеленеді. Әсіресе кеңес өкіметінің алғашқы 15–20 жылындағы қазақ зиялылары тарапынан ұлттық әдеби тілді дамытуға деген ұмтылыс, соның нәтижесінде әдеби тілдің қызмет аясының кеңеюі, әліпби, емле заңдылықтарының реттелуі, термин жасау мен қабылдаудың негізгі принциптерінің айқындалуы, әдеби тілдің стильдік саралануы мен нормалануы сияқты мәселелердің қолға алынуы әңгіме болған. Сондай-ақ 30-жылдардың соңынан басталатын әдеби тіліміздің кейбір стильдерінің еркін дамуына кері әсерін тигізген солақай саясат пен демогр. факторлар туралы сөз қозғалған. А.Байтұрсынұлының қазақ әдеби тілінің стильдерін қалыптастырып, терминологиясы мен нормаларын, әліпбиі мен емле заңдылықтарын жетілдірудегі қызметтері жан-жақты зерделенген. «Қазақ жазуын жетілдірудегі А.Байтұрсынұлының қызметі» атты мақала берілген.

«XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» (Қазан төңкерісіне де-

## XX ҒАСЫРДЫҢ

йінгі дәуір) – ғыл. мақалалар жинағы. Жауапты редакторы – Ш.Сәтбаева. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты дайындаған. «Ғылым» баспасынан 1994 ж. жарық көрген. Көл. 312 бет. Таралымы 500 дана. Бұл еңбекке 20 ғ-дың бас кезінде Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әдебиетінің дамуына ат салысқан, бірақ аз зерттелген ақын-жазушылар – А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ы.Шөреков, Балуан Шолақ, М.Қалтаев, бұрын өмірі мен өнері әңгіме болмаған Е.Қосымбаев, Ә.Қаржауов, М.Кәшімов, А.Сабалұлы, т.б. қаламгерлер туралы материалдар енген. Зерттеулер жинағы оқырмандарды отыздан аса ақын-жазушылармен таныстырған. Кітапта сондай-ақ Сәтбаеваның «Ахмет Байтұрсынов» атты көлемді зерттеу мақаласы (133–150-беттер) жарияланған. Онда Ахметтің өмір жолы, саяси-қоғамдық, шығарм. қызметі жаңаша жан-жақты баяндалған. Еңбек әдебиетші ғалымдарға, жоғары мектеп оқышылары мен студенттеріне, қалың көпшілікке арналған.

**«XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Ш.Мәжітаеваның докт. диссертациясы. А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-тында 2000 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Б.Әбілқасымов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 5 тараудан («XX ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік жағдай және қазақ әдеби тілі мен қазақ жазуы», «Көркем әдебиет стилінің дамуы», «Мерзімді баспасөздің қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдерін жетілдірудегі қызметі», «Ресми іс қағаздары стилінің даму бағыттары», «Ғылыми стильдің дамуындағы бетбұрыстар мен іркілістер»), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Жұмыста 20 ғ-дың 1-жартысындағы қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуы өз алдына жеке кезең ретінде алынып, теор. тұрғыдан жан-жақты және кешенді түрде зерттелген. Бұрын айтылған теор. ізденістерге сүйене отырып, әдеби тіліміздің дамуын көрсететін материалдарды сараптап талдау арқылы, оның жарты ғасырлық тарихы зерделенген. Жазу жүйесін жетілдіруге, ғылым тілін қалыптастыруға, дамытуға, ана тілінде оқудықтар жазып, ұлт мектептерін, ұлттық мерзімді баспасөз, баспаханалар ашуға, іс қағаздарын қазақша жүргізуге ерекше ден қойған, осы проблемаларды шешуде тиімді іс атқарған А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбаев, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Қ.Кемеңгеров, Е.Омаров, Ж.Аймауытов, Ж.Жұмабаев, Қ.Жұбанов, С.Сейфуллин, Қ.Басымов, т.б. зиялылардың сіңірген еңбектерін көрсетуге үлкен орын берілген. Еңбектің 39–46 беттерінде «Қазақ жазуын жетілдірудегі А.Байтұрсынұвтың қызметі» атты арнайы тарауша жазылған. Көл. 274 бет.

**«XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРАНУ ҒЫЛЫМЫ»** – зерттеу монографиясы. Авторы – Н.Жүсіпов. Павлодар мемл. ун-тінің ғыл. баспа орнан 2003 ж. жарық көрген. Көл. 248 бет. Таралымы 500 дана. Монографияда қазақ фольклорлану тарихында ерекше орын алатын, тәуелсіздік арқасында кейінгі онжылдықта ғана зерттеле бастаған қазақ фольклорланушы ғалымдары: М.-Ж.Көпейұлы, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Ә.Бөкейханның фольклорланушылық еңбектері сөз болған. Сонымен қатар аталған ғалымдар жазбаларының жанрлық құрамы, фольклорды жинау әдістері мен жариялау тәжірибесі, т.б. бәрі аталған монографияға негіз болған. Еңбек қазақ фольклорлану ғылымын зерттеушілерге, жоғары оқу орны оқытушылары мен студенттеріне, аспиранттарға, жалпы халық мұрасына қызығушы көпшілік қауымға арналған.

**«XX ҒАСЫРДЫҢ 1-ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Т.Әуелғазинаның кандидаттық диссертациясы. ҚазҰПУ-да 1998 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – С.Нарматов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен («Патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы қазақ зиялыларының күресі және 1900–1916 жылдардағы олардың ұлттық теңдік және бостандық туралы идеялары», «Алаш қайраткерлерінің 1917–1919 жылдардағы саяси егемендік пен ұлттық мемлекеттік туралы көзқарасы және саяси күресі», «Қазақ қайраткерлерінің кеңес дәуірінде саяси егемендік және ұлттық мемлекеттік туралы көзқарастары мен қызметі»), қорытындыдан және пайдаланылған деректер мен әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация жұмыста қазақ зиялыларының (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, Х.Ғаббасов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев, Ы.Мұстамбаев, Н.Нұрмақов, т.б.) ғасыр басында халықты азаттық үшін күреске бастаған қызметі кең түрде қарастырылып, олардың ұлттық мүдде, халықтың саяси санасын көтеру мен саяси мәдениетін қалыптастыру жолындағы саяси күресі көрсетілген. Қазақ зиялыларының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі мен 1917 жылғы әлеум. революциялар кезіндегі қоғамдық-саяси қызметі, Алаш қайраткерлерінің ұлттық мемлекет құру жолындағы қызметі жан-жақты ашып көрсетілген. Қайраткерлердің саяси көзқарастары мен қоғамдық-саяси қызметіне теор.-саяси талдау жасалған. Көл. 119 бет.

**«XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИ-**

**ПАТТАМАСЫ** – ғыл.-зерт. еңбек, Ш.Мәжітаеваның кандидаттық диссертациясы. А.Байтұрсынған атынд. Тіл білімі ин-тында 1992 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Б.Әбілқасымов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 4 тараудан («Қазақ әдеби тілі қызметінің кеңеюі мен стильдік саралануы», «Қазақ әдеби тілінің жазу жүйесін жетілдіру шаралары», «Қазақ әдеби тілі лексикасының дамуы», «Қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылысының жетілуі»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияда 20 ғ-дың 20–30-жылдарындағы қазақ әдеби тілінің дамуы дара кезең ретінде жеке алынып, теор. тұрғыдан талдау жасалынған. Осы кезеңдегі әдеби тілдің қоғамдық қызметінің кеңеюі, стильдерінің саралауы, орфографиясының тұрақталуы, лексик. байлығының артуы, грамматик. құрылысының жетілуі сөз болған. Осының бәрі әлеум.-экон. өзгерістерге, саяси көзқарастарға байланысты екендігі көрсетілген. Осы кезеңдегі әдеби тіл дамуына әсер еткен экстралингвистик. жағдайлар (факторлар) ашылған. Еңбекте А.Байтұрсынұлының 1920 жылдары лингвистик. терминдерді жасауда және қалыптастыруда ерекше еңбек сіңіргені атап өтілген. Көл. 160 бет.

**«XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30-ЖЫЛДАРЫНДА САЯСИ ҚУҒЫНДАЛҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСЫ** – ғыл.-зерт. еңбек, Ш.Омарбековтің кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 2001 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – М.Койгелдиев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан («Қазақ ұлттық интеллигенциясы қазақ ұлтының және оның мемлекетінің тарихи бастаулары туралы», «Патша өкіметінің отарлау саясаты қазақ зиялылары еңбектерінде», «Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының мәселелері қазақ зиялыларының еңбектерінде»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияда проблемалық-хронол. тұрғыдан қазақ ұлттық интеллигенциясы баса назар аударған тарихи мәселелер мен зерттеу бағыттары таңдалып алынған. Зерттеуде қазақ ұлттық интеллигенциясының (А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Шоқай, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, К.Кемелгерев және т.б.) тарихи көзқарастары жалпы түрде, топтап және арнайы қарастырылған. Олардың қазақ тарихи мәселелеріне қатысты негізгі еңбектеріне тарихнамалық талдаулар жасалған. Сондай-ақ қазақ зиялыларының еңбектері негізінен ұлттық, ал кейбір таптық әдістемелік принциптерді басшылыққа алғандықтан бүгінгі тарихнама тұрғысынан оларға жаңа, әділ бағалар берілген. Көл. 168 бет.

**«ЖИЫРМАСЫНШЫ ЖЫЛДАР ЖУРНАЛИСТИКАСЫ»** – екі томдық кітап. Авторы – Н.Омашев. ҚР Мәдениет және спорт мин. «Әде-

биеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша, «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2014 ж. жарық көрген. Әрқайсысының көл. 320 бет. Таралымы 2200 дана. 1-том «Еңбекшіл қазақ» (1923–24 ж.) басылымында жарық көрген публицистик. жарияланымдарды қамтиды. Қазақ АКСР-ының ресми органы болғанына қарамастан, басылым беттерінде үкіметтің түрлі бұйрық-жарлық, қаулы-қарарларымен бірге ел өмірінің, жұрт тынысының ішкі иірімдерін аңдататын қоғамдық-саяси, мәдени-шаруашылық тақырыптардағы көсемсөздер жарық көрген. Бұл көсемсөздердің арасында пікірталасқа құрылған, ұлттық мүддені ұлықтаған жарияланымдар да аз емес. 2-томға жиырмасыншы жылдардың 2-жартысындағы «Еңбекшіл қазақ», «Еңбекші қазақ» басылымдарындағы публицистик. жарияланымдар енгізілген. Басылым беттерінде оқу-білім, отырықшылыққа көшу, ұлт театрын құру, әліпби, баспасөз мәселелерімен бірге басқа да саяси-шаруашылық, мәдени-ағарту тақырыптар ауқымды көтерілген. Баспасөз бетіндегі пікірталастар, әсіресе, латын қарпі мен төте жазуды тұтыну турасындағы, әдебиеттегі ұлтшылдық сарын мен күрес мәселесіндегі бұрынғы ескі оқығандар, жаңа коммунистік бағытта тәлім алғандар тартысы осы жылдар баспасөзінің бет-бейнесін аңдатады. Екі томдағы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Сералин, Е.Омаров, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Н.Төрехұлов, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, А.Байтасов, т.б. авторлардың көсемсөздері заман тынысын анық аңғартып, басылымның маңызын арттыра түскен. Кітап соңында мақалаларға түсіндірме, авторлар көрсеткіші және сол кезде қолданыста болған атаулар мен олардың бүгінгі баламалары ұсынылған. Еңбек зерттеушілерге, журналистер мен тіл-әдебиет мамандарына, студенттерге, магистранттарға және көпшілік қауымға арналған.

**«20–30-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. 1-КІТАП»** – зерттеу монографиясы. Жауапты шығарушы – Б.Дәрімбетов. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты дайындаған. А., «Ғылым» баспасынан 1997 ж. жарық көрген. Көл. 512 бет. Таралымы 1000 дана. Монограф. кітап 1920–30-жылдардағы әдебиетті шолатын және әдебиеттің әйгілі қайраткерлерінің шығармаларын жеке-жеке портрет ретінде зерттейтін тараулардан тұрады. Монография аталған кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму барысын тұтас қарастырып, әдебиетке жанаша көзқарас әрі жанаша бажайлау тұрғысынан жазылған. Әдеби жанрлардың өзіндік даму ерекшеліктері және әдебиеттің жаңа заманға бейімделу процесі, сондай-ақ әуелде демократ. бағытта болған қазақ әдебиетінің бірте-бірте соц. реализм деген бір-



## ЖОҚТАУ


ыңғай арнаға түсуі нақты ғыл. талдаулар арқылы қарастырылған. А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатовтардың шығарма-арналған монограф. тараулар бұл еңбектің құндылығын арттыра түскен. Кітап әдебиет зерттеуші ғалымдарға, ЖОО-ның оқытушыларына, аспиранттар мен студенттерге, жалпы әдебиет сүйер қалың оқырман қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**ЖОҚТАУ** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданған термин. Ж. – қазақ халқының әдет-ғұрпында адам қайтыс болған күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше өлеңмен айтылатын сөз. Ғалым Ж-ға «өлген адамның әйелі, иә қызы, иә келіні зарлы үнмен қайтыс болған адамның тірі кезінде істеген істерін, өлгенінше бастарына түскен қайғы-қасірет, күйіктерін шағып, жылағанда айтатын жыр түріндегі сөз» деген анықтама береді. Сонымен қатар, Ж-ды көбінесе ақындар шығарып беретінін, сол себепті жоқтау «акын лұғатты», яғни ғибрат, өнегеге толы сөз болып келгенін айтады. Ж. үлгісі ретінде «Бөпе төренің қарындасы күйеуі өлгенде жоқтаған сөзін» келтіреді.

*Е.Шынтай*

**«ЖОҚТАУ»** – кітап. А.Байтұрсынұлының атынд. қор. 1993 ж. жарыққа шығарған. Көл. 96 бет. Тара-лығы 50000 дана. Кітапты баспаға дайындаған – С.Кәкішев. Байтұрсынұлының «Ж.» деп



аталатын бұл кітабында өзінің көзі тірісінде жарық көрген, сондай-ақ ауыз әдебиеті мұраларын ұдайы жинап, өндеген тынымсыз ізденісінің бір бөлігі ретінде танылған «23 жоқтау», «Мамай бағыр», «Қаз дауысты Қазыбек», «Кеңгірбай би», «Алтай тәті», «Кенесары – Наурызбай»,

«Жантай», «Шокшалай қызының жоқтауы», «Төлебай», «Төлебайды келінінің жоқтауы», «Төлебайды жамағатының жоқтауы», «Әтеке», «Қыздың жоқтауы», «Әбжан», «Балқын қыздың жоқтауы», «Байжігіт Мұрат», «Ысмайыл хан», «Ерторы», «Жолдыбай», «Есмағамбет», «Ерғазы», «Абдрахман», «Орманбет», «Әбдіғапар») берілген. Бұл жоқтаулар Қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтыған.

*С.Арғынғазин*

**«ЖОҚШЫҒА ДЕРЕК»** – «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 410-санында жарияланған Нәзір Төрехұловтың «Қашан болады?» деген мақаласына (бұл мақаланы Төрехұлов Мәскеуде 1925 жылдың 15 қазанында жазған) жауап ретінде жазылған А.Байтұрсынұлының мақаласы. «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 14 желтоқсандағы санында басылған.

*Әдеб.: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.*

*О.Жұбаева*

**ЖОЛДЫБАЕВ** Молдағали (1887, Батыс Қазақстан обл. Құрайлы болысы, 2-а. – 1938) – қоғам қайраткері, педагог, журналист. 1900 ж. Қарасудағы (қазіргі Батыс Қазақстан обл. Қазталов ауд.) 6 сыныптық орыс-қазақ (1900), Орынбор орыс-қа-



*М.Жолдыбаев*

зақ мұғалімдер мектептерін (1910) бітірген. 1910–18 ж. Жұбанышкөл, Бұлдырты 4 сыныптық бастауыш мектептерінде және Қарасу 6 сыныптық орыс-қазақ мектебінде мұғалім болып жұмыс істеген. 1913–14 ж. «Айқап» журналында «Қазақтардың қазіргі халі», «Болашақ», «Ауылда», «Күрметті Әлжановқа жауап» мақалалары, 1915 ж. А.Байтұрсынұлы редакторы болған «Қазақ» газетінде «Молдағали Жаңа байбақты» деген бүркеншік есіммен «Бала тәрбиесі», «Ғалымның надандықтан жеңілуі» мақалалары жарық көрген. Ж. 1917 ж. 1-Орал обл. қазақ съезін ұйымдастыруға қатысты. 1917 ж. шілдеде Бүкілресейлік құрылтай жиналысы депутаттығына кандидат ретінде ұсынылды. 1918 ж. қаңтарда Қаратөбеде өткен 3-Орал обл. қазақ съезінің делегаты болды. Орал губревкомы төралкасының 1920 ж. 8

шілдедегі қаулысымен Жымпиты уездік ревкомының уақытша құрамына төрағалық етті. Сол жылы жаңадан құрылған РК(б)П Жымпиты уездік к-тінің алғашқы мүшелерінің бірі және мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі, уездік к-т жанындағы сауатсыздықты жою комиссиясының төрағасы, лекторлар тобының мүшесі болды. 1921 ж. РК(б)П Жымпиты уездік к-тінің төрағасы, 1921–22 ж. Орал губ-нда атқару к-ті төрағасының орынбасары, 1922 ж. Орынбордағы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының Ғылым, баспасөз және әдебиет ісін басқаратын акад. орг-ның (Қазақстанның білім ордасы) төрағасы, 1923–24 ж. «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы қызметтерін атқарды. Сонымен бір мезгілде Қазақ халық ағарту ин-тында, Орынбор жұмысшылар ф-тінде, т.б. оқу орындарында орыс және қазақ әдебиеті тарихынан сабақ берді. 1927 ж. жаңадан шыға бастаған пед. басылым – «Жаңа мектеп» («Қазақстан мектебі») журналының алғашқы редакторы болып тағайындалып, Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы әдістемелік кеңестің төрағасы болды. Осы жылдары Т.Шонанұлымен бірге «Рабочая книга для чтения (1-й год обучения)» оқу құралын (1929, Қызылорда), М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаевпен бірігіп «19 ғасыр мен 20 ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын (Алматы, 1933) және Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаевпен бірігіп 4-сыныпқа арналған «Әдебиет хрестоматиясының» екінші бөлімін (1934, Қызылорда) жазды. 1933–37 ж. БК(б)П ОК жанындағы Марксизм-Ленинизм ин-тында Қазақ бөлімшесінің қызметкері болды. ҚазҰПУ-да, Алматы журналистер мектебінде фольклордан, 19 ғ-дағы қазақ әдебиетінің тарихынан дәріс оқып, доцент ғыл. атағына ие болды. Осы тұста ҚазҰПУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасында Байтұрсынұлымен бірге қызмет істеді. Қаламгерлік қызметінің өн бойында өз есімімен және «Ү», «Сасқан» бүркеншік есімдерімен «Сын», «Әдебиет дүниесінде», «Исатай Тайманұлы», т.б. мақалалар, «Жол-жәнекей», «Айрылу», «Тірілу», «Бес қашқын» атты әңгіме-новеллалар жазды. «Жаңа мектеп» журналында редактор болған жылдары Байтұрсынұлының «Түрікшелер құрылтайы» (1926, №7–8), «Ана тілінің әдісі» (1927, №9(24)), «Дыбыстарды жіктеу туралы» (1927, №5), «Түзетілген әріп» (1927, №1), «Жалқылаулы-жалпылаулы әдіс» (1928, №1) мақалаларын жариялағаны үшін қудалауға түскен. 1937 ж. желтоқсанда «халық жауы» деген жаңған айыппен тұтқынға алынып, 1938 ж. ақпанда ату жазасына кесілген. Алаш қайраткерлерімен бірге ақталды.

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 27.9.2017).  
**«ЖОЛДЫБАЙ»** – қызы Гүлжәмила айтқан жоқтау жыр. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып,

А.Байтұрсынұлы құрастырған «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа берген Әлихан Бөкейхан. «Әкекем менің арманда, Жалғыз жылдар жалғанда. Бармас па едім басына, Қалқын жиылып барғанда» деп басталатын 8 буынды жыр үлгісіне құрылған шығарма 27 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде: «Жолдыбай – Ерторының жолдасы. Амантай Жәуетей екеуінің руласы. Әкесін жоқтаған жалғыз қызы Гүлжәмила» деп жазып, астына «Қ. б.» деп қол қойған. Бөкейханның жанама есімдерінің бірі – «Қыр баласы».

Әдеб.: 23 жоқтау. – М.: Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. б томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ЖОМАРТБАЕВ** Тайыр, шын есімі Тайлақбай (1884, Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Мұқыр а. – 1937, Семей қ.) – педагог, жазушы, драматург. Көкбай медресесінде білім алып, 1911 ж. Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген. 1911–15 ж.



*Т.Жомартбаев*

Семей қ. маңындағы Жакия қажы мектебінде ер балаларға, әйелі Адығыя Орманова қыз балаларға сабақ берді. Семейдегі «Жәрдем» баспахана-сынан жастарды адамгершілікке, ізгілікке, оқу-білімге үндейтін «Балаларға жеміс» атты өлеңдер жинағы, төңкеріске дейінгі қазақ қыздарының әлеум. жағдайын көтерген «Қыз көрелік» (1912) романы басылып шықты. 1915–28 ж. Зайсан қ-нда, Маңырақ болысында мұғалім, 1928–30 ж. Семейдегі №14-мектептің директоры, 1930–37 ж. Семей пед. техникумында оқытушы болды. Ол оқытушылықпен қоса журналистикамен де айналысып, «Айқап», «Жаңа мектеп» журналдары мен А.Байтұрсынұлы басшылық жасаған «Қазақ», «Алаш» газеттеріне мақала, фельетондар жазып тұрды. Ж-тың «Сары сүйек құда», «Осы ма, қазақ, өмірің?» атты пьесалары Зайсан, Семей театрларында қойылған. Кузнецк қ-нда №23-мектепте жұмыс істеп жүрген кезінде жалған саяси жаламен тұтқындалып (1937), Семейде үштіктің шешімімен ату жазасына кесілген.

## ЖОҢҒАР

1956 ж. ақталды. Байтұрсынұлы Ж. туралы «Оқыту» жайынан» атты мақала жазған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

**ЖОҢҒАР ТАУЛАРЫ**, қ. *Jemisy*.

**ЖОРТА ХАТАҒА ЖАЗЫП ҚОЙҒАН СӨЗДЕРДІ ДҰРЫСТАП ЖАЗДЫРУ** – «Тіл-құралды» оқыту барысында қолданылатын, А.Байтұрсынұлы ұсынған әдіс-тәсілдің бірі. Оқушылардың сабақ барысында ережелер мен қағидаларды қаншалық дұрыс меңгергенін тексеру үшін тактаға сөздерді әдейі қате жазып, балаларды қатені тауып, дұрыс жазуына баулу. Үлгі үшін Байтұрсынұлы кітабында да сөздерді әдейі қате жазып, тапсырма ретінде де беріп отырған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ЖҮБАЕВА** Орынай Сағынғалиқызы (22.8.1970 ж.т., Атырау обл. Дендер ауд. Дендер а.) – филол.



*О.Жұбаева*

ғыл. докт. (2010). ҚазҰПУ-ды (1994) және ҚР БҒМ ҒКҒА Тіл білімі ин-тының аспирантурасын (2001) бітірген. Осы ин-тта аға ғыл. қызметкер (2002–07). Байтұрсынұлының «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», т.б. басылымдарда жарық көрген «Емле туралы», «Қазақстан» мен «Қазағыстан» туралы», «Жоқшыға дерек», «Баулу мектебі», «Ана тілінің әдісі», «Сәбитке жауап», «Отзыв Байтұрсунова о рукописи руководства к преподаванию казахского языка русским, составленного т. Косивцовым», «Заключение о ходатайстве Джетысуйского ГИНа о переименовании г.Алма-Ата в «Алматы» и уезд «Алматинским» тәрізді мақалалары мен ҚР Орт. Мемл. мұрағатында сақталған пікір, қорытындыларын тауып, қазіргі жазуға түсіріп, «ҚР БҒМ ҒА Хабарлары», «Тілтаным», «Жалын», «Туған тіл» секілді журналдар мен жинақтарда жариялады. 2011 ж. жарық көрген «Қазақ тіл білімінің қалыптасып, даму жолдары» атты еңбегінде Байтұрсынұлының еңбектерін талдады. Бұрын-соңды ғыл. айналымға түсе қоймаған, Алматы, Ташкент қ-ларындағы мұрағат

материалдары мен сирек қолжазбалар бөлімінен табылған материалдардың басын қосып, «XX ғасыр басындағы қазақ тіліне қатысты зерттеулер» атты жинақ құрастырды, алғы сөзі мен түсініктерін жазды (А., 2013). Ж. функционалды грамматика, когнитивті грамматика, коммуникативті синтаксис тәрізді қазақ тіл біліміндегі инновация бағыттарды Байтұрсынұлының ұстанымдарымен байланыстырады. Байтұрсынұлына арналған ғыл.-теор. конференция жұмыстарының ұйымдастырушысы әрі конференция жинақтарының жауапты шығарушысы [«А.Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімі мәселелері» (А., 2004), «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ руханиятының көсемі» (А., 2013), «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау» (А., 2017)] болды. «А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі функционалды грамматика мәселелері» («Жалын», 2009, №6), «Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңдегі функционалды грамматика көріністері» («Тілтаным», 2009, №2), «Қазақ грамматикасындағы дәстүр мен сабақтастық» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 2010, №4), «А.Байтұрсынұлы мұрасындағы функционалды грамматика» («Жас қазақ», 2010, №43), «А.Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасындағы функционалды грамматика көріністері» (<http://www.mtdi.kz>), т.б. жарияланымдары жарық көрген.

*М.Байленова*

**ЖҮБАНОВ** Құдайберген Қуанұлы (19.12.1899, Ақтөбе обл. Темір ауд. – 25.2.1938) – тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ проф. (1932), түркітанушы, педагог. Алғашқыда Оспан ишанның



*Қ.Жұбанов*

мешітінен дәріс алып, араб тілін үйренді. 1918 ж. Електегі екі сыныптық орыс-қазақ уч-щесін бітірген. Темір-Орқаш болысының әуелі хатшысы, кейін төрағасы болды. 1920 ж. Орынбор қ-ндағы «Хусайния» медресесін бітірді. Араб, парсы, орыс, латын, түрік, жапон, француз, ағылшын, неміс тілдерін меңгерді. 1920 ж. «Ай» атты журнал ұйымдастырып, оның бетінде М.Горькийдің «Сұңқар туралы жыр», «Дауылпаз туралы жыр», «Хан мен ұлы», т.б. шығармаларын қазақ тіліне

аударып жариялаған. Ақындық, жазушылық өнерімен де танылып, өлең, пьеса, т.б. жазған. Мыс., «Мақпал – Сегіз» дастанының желісі бойынша Ж.Тілепбергеновпен бірігіп жазған пьесасы Ақтөбедегі кеңес-партия мектебінің, пед. техникум оқушыларының қатысуымен сахнаға шығарылып, қала жұртшылығына көрсетілді. «Ай» деген өлеңі жоғарыда аталған журналдың беташары ретінде жарияланды. Көпшілік көкөйіне тез қонатын сықақ, фельетондары сахнада, сауық кештерінде айтылып жүрсе, кейбіреулері «Еңбекші қазақта» жарияланды. 1925 ж. Ж-тың режиссерлігімен Ақтөбе қ-нда М.Әуезовтің «Еңлік – Кебек» пьесасы қойылды. Ж. 1920–22 ж. ауылда мұғалім, 1922–24 ж. Темір уездік оқу-ағарту бөлімінде, 1924–29 ж. Ақтөбе губ. оқу-ағарту бөлімінің басшысы қызметтерін атқарды, сонымен бір мезгілде Ақтөбедегі пед. техникумда сабақ берді. Қызметтен қолы бос уақытта өз бетімен білімін толықтырды. Түркі тілдес республикалардың жаңа әліпбиіге көшуіне арналып, 1925 ж. Мәскеуде өткізілген кеңеске қатысып, онда сөз сөйледі. Түркі тілдерін зерттеуші акад. А.Н.Самойлович, шығыстанушы В.В.Бартольд, тілші ғалым А.В.Щерба, т.б. еңбектерін алдырып оқыды. 1928 ж. Санкт-Петербургтегі Шығыс тілдері ин-тының (Шығыстану ин-ты) толық курсынан бітіріп, 1929 ж. осы ин-ттың акад. Самойлович басқаратын «түркітану семинарийіне» оқуға түсті. 1930 ж. КСРО ҒА-ның Тіл білімі ин-тының аспиранты болды. Н.Я.Марр, И.И.Мещанинов, А.В.Богородицкий, т.б. белгілі тілші ғалымдардан дәріс алды. 1932–37 ж. ҚазҰПУ-да проф., қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болды. Ж. тіл білімі мәселелерімен 1920 жылдан бастап шұғылдана бастады. Ол қазақ мектептері мен жоғары оқу орындары үшін қазақ тілін оқыту бағдарламаларын жасап, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жазды. Сондай-ақ, оның «Қазақ тілінің ғылыми грамматикасының материалдары» (1-том), «Фонетика» (орыс тілінде), «Қазақ тілі фонетикасының тарихын зерттеуге кіріспе», «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар», «Буын жігін қалай табуға болады», «Қазақ тілінде біріккен сөздің жазылуы», «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі», «Жаңа грамматиканың жаңалықтары жайынан», т.б. іргелі ғыл. жұмыстары қазақ тіл білімін қалыптастыруға қосылған елеулі үлес болды. 20 ғ-дың 20–30-жылдарында Ж. қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде саяси-әлеум., халықтық мәні зор проблемалардың бірі – жазу, емле, термин мәселелерімен де шұғылданды. 1929 ж. Қызылордада өткізілген тұңғыш ғыл.-терминол. конференцияда Ж. қазақ тілінің емлесі жөнінде ғыл. негізделген ұсыныстар жасады. 1935 ж. қазақ әліпбиі мен емлесін жақсартудың

жобасын ұсынды. Онда халықар. және орыс тілінен енген терминдерді орысша жазылуына жақындатып таңбалау, кейбір қосар дыбыстарды жалаң әріппен беру, біріккен сөзді қосып жазу туралы пікір айтты. Ж. 1933 жылдан саяси қуғын-сүргінге ұшырағанға дейін Қазақстанның Мемл. терминология комиссиясының төрағасы болды. Ол 1935 ж. Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің съезіне Мемл. терминкомның атынан ұсынылған жобаның негізгі авторы. Ол ұсынған ұстанымдар қазақ терминологиясын жасаудың үлгісі ретінде әлі күнге дейін қолданылып келеді. 1936 ж. ғалымның өзі еркін игерген түркі халықтары тілдерін бір-бірімен байланыстыра зерттеген «Қазақ сөйлем мүшелерінің орны тарихынан» деген кітабы баспадан шықты. Ж. қазақ әдеби тілі мен муз. өнері туралы да келелі пікірлер айтты. Ол өзінің «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» («Әдебиет майданы», 1934, №11–12) атты аяқталмай калған әдеби-публицистика. еңбегінде Абайдың қазақ әдеби тілін дамытудағы, әлеум. ой-санадағы орнын, ақындық шеберлігін, композиторлығы мен өлең құрылысына енгізген жаңалығын тұңғыш көрсетіп, әділ бағалады. «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен» (1936) деген зерттеуінде «ән», «би», «бақсы», «жыр», «домбыра», «күй», «қобыз», «сыбызғы», «толғау» сөздерінің этимологиясын ашу арқылы қазақ музыка мәдениетінің тарихы ертеден басталатынын көрсетті. Ж. тек ғылыммен ғана шұғылданып қоймай, Қазақстанның Оқу-ағарту халық комиссариаты жанындағы әдістеме, бағдарлама, оқулықтар секторының меңгерушісі міндетін атқара жүріп, бар ынта-жігерін аз уақыттың ішінде қазақ мектептерін ғыл. негізде жазылған оқулықтармен қамтамасыз етуге жұмсады. Мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарында, семинарларында дәріс оқып, ақыл-кеңес беріп отырды. Ол қазақ тіл білімі мамандарын баулып, тәрбиелеуде де мол еңбек сіңірді. Ж. республикамыздың саяси-әлеум. өміріне де белсене қатысты. 1935 жылғы Қазақстанның мәдениет қызметкерлері съезін ұйымдастыру к-тінің төрағасы, 1935 жылдан Қазақстан КСР ОАК-нің мүшесі болды. 1937 ж. жалған саяси айыппен тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1957 ж. 3 қазанда КСРО Жоғ. соты әскери алқасының шешімімен ақталды. Ақтөбе мемл. ун-тіне, осы қаладағы бір көшеге есімі берілген. Ж. А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов, т.б. «қара тізімдегі» ұлт зиялыларының еңбектеріне араша түсіп, олардың ғыл.-мәдени жетістіктерін «бұл – заңды мұрамыз» деп қорғаған, олардан қазқажетін өтейтін пайдалы мұра екендігін айтқан. Қазақ әліпбиінің жобасы талқыға түскенде де лингвист-ғалым Ж. жаңа қазақ харпі-

## ЖҰБАНОВ

нің қалыптасуының негізін араб жазуымен байланыстыра қарастырып, Ахмет негізін салған әліпбиді жақтаған. «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» («Полиетхникалық мектеп», №7–8, 1933) мақаласында Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» атты оқулығына талдау жасап, жалпы Ахмет негізін салған ұлттық тіл білімінің одан әрі дамуындағы жаңа кезеңнің іргетасын қалаған. Ж-тың шамамен 1935–36 ж. ҚазҰПУ-ға келген Байтұрсынұлын қалай қарсы алғаны туралы жазған Р.Сыздықтың «Құдайберген Жұбанов жайында» атты естелігі жарық көрген («Ана тілі», 4–9.1.2013).

**«ЖҰБАНОВ ТАҒЫЛЫМЫ»** – жинақ. Жалпы редакциясын басқарған – Ғ.Нұрышев. Ақтөбе мемл. пед. ин-ты 2005 ж. жарыққа шығарған. Көл. 530 бет. Конференцияға Қазақстан ғалымдары-



нан басқа Башқортостан Республикасының ғалымдары қатысқан. Жинақ 4 секция жұмысынан («Жалпы тіл білімі мәселелері», «Түркология және қазақ филологиясы», «Ұлттық дидактика және оқыту технологиясы», «Қ.Жұбанов кезеңіндегі Қазақстан тарихының өзекті мәселелері») тұрады. Жинақта қазақ тіл білімінің тұңғыш проф. Жұбановтың туғанына 105 жыл толу мерейтойына орай 2004 жылдың 24–25 қарашасында Ақтөбе қ-нда өткен «Ж. т.» 6-халықар. ғыл.-теор. конференция материалдары топтастырылған. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жасалған 140 ғалымның баяндамалары жарияланған. Жинақта сондай-ақ, Г.Шоқымның «А.Байтұрсынұлов пен Қ.Жұбанов шығармашылығындағы гендерлік тұжырымдамалар» (96–100 беттер), Р.Имаханбетованың «А.Байтұрсынұлов пен Қ.Жұбанов арасындағы байланыс» (197–200 беттер), Қ.Ароновтың «А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі

терминологиясындағы орны» (212–214-беттер) атты баяндамалары берілген.

*С.Арғынғазин*  
**«ЖҰБАТУ»** – тұңғыш рет 1922 ж. Қазан қ-нда басылған «Маса» жинағына енген өлең. Көл. 40 жол. 8 буынды шұбыртпалы ұйқасқа құрылған. Қазақ фольклорында кең таралған арнау өлеңдерінің үлгісі сәтті қолданылады. Шығармада ақын сайын далада еркін көшкен ерке заманның, турашыл бидің, адал көңілдің, бауырмал жүректің, намысқойлықтың қайда кеткеніне іздеу сала отырып, қойған сауалдарының жауабын өзі береді. «Малың алдау, // Талауда тұр. // Жаның арбау, // Қамауда тұр. // Аяғыңды тұсау қысты, // Жақтарыңды құрсау қысты» деп, өзгенің қысымына тап болып, басындағы биліктен айрылған елді қайырымсыз ұлықтар мен қанағатсыз байлардың әлі де отқа жығарын айтып, күйзеледі. Ер орнына еркегі қалған үркек елді ұйқыдан оятықысы келмейтіндердің бар екенін айтып, олардың арбауына түспеуге шақырады. Қазақтың баланы жұбату өлеңін ақын маужыраған елді оятуға пайдаланады.

*С.Итегұлова*  
**«ЖҰЛДЫЗ»** – респ. әдеби журнал. Шолпан (1922), Таң (1924) журналдарының ізбасары саналады. Алғашқы саны 1928 ж. жарық көрген. Әр жылдары «Жаңа әдебиет» (1928–32), «Жыл құсы», «Әдебиет майданы» (1932–39), «Майдан» (1941–45), «Әдебиет және искусство» (1939–41 және 1945–57) деген атаумен шығып тұрды. 1957 жылдан «Ж.» деген атпен шығады. Журналдың қалыптасуына қазақ әдебиетінің классиктері Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов көп еңбек сіңірді. Алғашқы редакторы – С.Сейфуллин. Журналға Ғ.Мүсірепов, З.Қабдолов, Ә.Нұрпейісов, С.Мәуленов, Ш.Мұртаза, Б.Тілегенов, М.Мағауин әр жылдары бас редактор болды. Журналдың «проза», «поэзия», «Ислам тағылымы», «әдеби мұра», «зерде», «әдебиеттану», т.б. бөлімдерінде қазақ ақын-жазушыларының жаңа шығармалары, өнер туындылары, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, өнері мен әдебиетіне қатысты мақалалар жарияланды. Қазақстан суретшілерінің шеберханасынан алынған суреттер жеке беттерде беріліп отырады. Айына бір рет шығады. Ж-дың 1992 жылғы 2-санында Т.Шонанұлының 1923 жылдың наурызында жазған «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» атты мақаласы Б.Байғалиевтің дайындауымен жарияланды.  
**«ЖҰЛДЫЗДАР»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Аспандағы жұлдыздар, олардың қозғалысы, жерден қашықтығы, көлемі (үлкендігі) туралы танымдық ақпарат. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ЖҰМАБАЕВ** Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы (25.6. 1893, Солт. Қазақстан обл. қазіргі Мағжан Жұмабаев ауд. Сасықкөл жағасы – 19.3.1938, Алматы қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905–10 ж. Қызылжар-



*М.Жұмабаев*

дағы (Петропавл) белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе Бегишевтен Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды, қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Наям, Низами, Науаи секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренді. Баспадан 1909 ж. шыққан Абай өлеңдерін оқып, «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазды. 1910–13 ж. Уфа қ-ндағы «Ғалия» медресесінде білім алып, онда татар жазушысы Ғ.Ибрагимовтен дәріс алды. Белгілі қайраткер С.Жантөринмен тығыз қарым-қатынас орнатып, болашақ көрнекті жазушы Б.Майлинмен танысты. Ибрагимовтің көмегімен 1912 ж. Қазан қ-ндағы Кәрімовтер баспасында «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шықты. «Садақ» журналын шығаруға қатысып, оған өзінің өлеңдерін жариялады. 1913–16 ж. Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. «Бірлік» ұйымы жұмысына белсене араласып, «Балапан» қолжазба журналын шығаруға қатысты. Семинарияны бітірген соң, 1917 ж. туған өлкесіне оралып, қазақ даласында Алаш партиясын құруға қатысты. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов секілді Алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетіне өз өлеңдерін жариялады. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола обл. қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола обл. қазақ к-ті құрамына сайланды. Осы жұмыста жүріп ол ел арасындағы үгіт-насихат жұмыстарына белсене ат салысты. Осы жылдың желтоқсан айында өткен 2-жалпықазақ съезінде А. Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Б.Сәрсенов, Т.Шонан-

ұлымен бірге оқу комиссиясына сайланды. Мәскеу қ-нда өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты. 1-жалпықазақ съезінің шешімі бойынша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Алаш партиясының Ақмола обл. к-тінің мүшесі болады. «Үш жүз» партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті. 1918–19 ж. Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етеді. 1919–23 ж. Ақмола губ. «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Ақжол» газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласты. Сол кезеңде қалың қауымға таныс поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарды. 1923–27 ж. Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер ин-тында оқыды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болды. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. 1924 ж. 24 қарашада Мәскеу қ-ндағы Шығыс еңбекшілері коммунистік ун-тінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Ж-тың 1922 ж. қазанда, 1923 ж. Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтарын талқыға салды. Онда ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылданды. Бұл қаулы «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 ж. 14 ақпандағы санында басылды. Жаңа құрылысқа, жаңа тұрмысқа қатысты нақтылы өлең жазбаса да, «уралап айқайламадың» деген кінәмен, тап күресіне белсене араласып, кедей сөзін сөйлемдің деген айыппен Ж. қатаң сынға алынды. Ж. 1927–29 ж. Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарды. 1929 ж. Ж. «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесілді. 1936 ж. М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға оралды. Петропавл қ-нда мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып қызмет істеді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатты. 1937 ж. наурызда Ж. Алматыға келіп, аударма ісімен айналысты. 1938 ж. қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді. Ақын тұңғыш өлеңінен бастап әлеум. тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды. Абай поэзиясының өшпес маңызын бірден танып, оны «хакім» деп атады, Батыс пен Шығыстың рухани қазынасын сабақтастыру негізінде қазақ поэзиясын тақырып, түр мен мазмұн жағынан байытты. Ж. ел ішіндегі

## ЖҰМАБАЙ

әлеум. мәселелерді көтерді («Шын сорлы»), халқын өнер-білімге шақырды («Ләззат қайда?», «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Балалық шақ», «Қазағым», «Қарағым», «Осы күнгі күй», «Мен сорлы»). Бірқатар өлеңдерін махаббат тақырыбына арнады («Жас келін», «Зарлы сұлу», «Сүйгеніме», «Алданған сұлу»). Өз поэзиясының алғашқы қадамдарынан бастап ақтық демі біткенге дейін Ж. ұлт-азаттық тақырыбын үзбей толғанды, оны өз поэзиясының өзегі етті. Ж. шығармаларындағы романтик. сарын, әсіресе, оның символикалық арнада жазған өлеңдерінен айқын көрінеді. Ақын символизмі болашақ пердесін ашатын жаңа мифология туғызды, келешек суретін салу саясатшылардың емес, ақындардың қолында деген сенімге айналды («От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Жаралы жан», «Айға», т.б.). Ақын дыбыс-буынның соны үндестіктерін тауып, қазақ жырын байыта түсті («Шолпы»). Ж. поэзиясындағы құнарлы арнаның бірі – түркі тақырыбы. Түркі халықтарының бірлігі тақырыбы Ж. поэзиясының әуелден қалыптасқан алтын арқауы іспетті. Ерекше атап өтетін бір жайт – Ж-тың түрік халқының шет ел басқыншыларына қарсы азаттық қозғалысына үн қосуы. Ж-тың түрікшілдік сезімі 1919–23 ж. Мұстафа Кемал Атаатүрік бастаған түрік халқының азаттық соғысына арналған «Алыстағы бауырыма» атты өлеңінде айрықша байқалады. Оның бұл өлеңін Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналында (1930, №1) жариялай отырып, оны түрікшілдік күресі үшін ең қымбатты және ең пайдалы өлең деп бағалады. Ж. қазақ лирикасының сыршылдығын тереңдетті, адамның нәзік сезімдеріне тіл бітіре білді. Бұл қасиет оның, әсіресе, махаббат лирикасына тән («Сүй, жан сәулем», т.б.). Ж. – әлемдік поэзияда экол. тақырыпты алғаш жырлаушылардың бірі («Айда атыңды, Сәрсембай», «Шойын жол»). Ол тех. прогреске қарсы болған жоқ, оның ұлттық-мәдени, рухани дәстүрлерді бұзуына қарсы еді. Техника жетістіктерін қызыға жырлай отырып, туған жердің әсем табиғатынан айырылып қалмауға үндеді. Ж. қазақ поэмасының баяндау стилін, шешендік мәнерін өзгерту қажет екендігін алғаш айтқандардың бірі болды. Қазақ поэмасын суреткерлік арнаға бұрды. Жеке адам мен ұлт тағдырын драм. сюжетте үйлестіріп, көркемдік зор қуатпен жырлай білді («Батыр Баян», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Өтірік ертегі», «Шын ертегі»). Ақын шығарманың үлкен бір арнасы – халыққа білім беру, педагогика саласы. Мектеп оқушыларына, мұғалімдерге арнап «Педагогика» (1922, 1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» (1925) еңбектерін жариялады. Ақан сері, Базар жырау, Әбубәкір Диваев туралы зерттеу еңбектер жазып, ауыз әдебиеті

үлгілерін жинауға жәрдемдесті. Ж. аударма саласына үлкен мән берді. И.Гёте, Г.Гейне, Әбу Фирас, А.В.Кольцов, М.Ю.Лермонтов, А.А.Фет, И.И.Дмитриев, И.П.Мятлов, А.А.Блок өлеңдерін, М.Горький, В.В.Иванов, Д.Н.Мамин-Сибиряк, т.б. әңгімелерін қазақ тіліне аударды. Таңдаулы прозалық шығармалар аударумен қоса, Ж. «Шолпанның күнәсі» әңгімесі арқылы қазақ әдебиетіне психол. талдау, сана ағымы әдістерін енгізді. А. Байтұрсынұлы Ж-тың өлеңдері мен аудармаларын өзінің «Оқу құралы» кітабына енгізген. Кеңестік жүйенің қуғын-сүргіннің құрбаны болған Ж. есімін ақтау ісі 1958 ж. қолға алынып, 1960 ж. толығымен ақталды. Шығармалары 1989 ж. қайтадан жариялана бастады. 1995 жылдан М.Базарбаев, С.Қирабаев, Х.Абдуллин, Ш.Елеуенов, Б.Дәрімбет, Ш.Сариев бастаған ғалымдар тобы Ж-тың 3 томдық шығармаларын шығаруды қолға алды. Ж. шығарм-н тереңірек зерттеу еліміздің егемендік алуынан бергі кезеңде ғана нақтылы жолға қойылды. Ж. есімін мәңгі есте қалдыру бағытында да біршама жұмыстар атқарылды. Алматы және Петропавл қ-ларында бір-бір көшеге Ж. есімі берілді. Петропавл қ-нда және ақынның туған ауылында ескерткіш қойылды. Солт. Қазақстан обл-ның бұрынғы Булаев ауд. Ж-тың есімімен аталады (2000). *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.; <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 27.9.2017).

*Т.Сейсенбай*

**ЖҰМАБАЙ** Әділет Асқарұлы (19.7.1959, Тараз – 9.1.2015) – суретші, мүсінші. Қазақ ұлттық өнер академиясын бітірген (1988). Осы академияда оқытушы болып еңбек еткен. Туындылары респ. көрмелерге қойылған. Алматы қ-ндағы Республика алаңына орнатылған «Тәуелсіздік монументі» композициясының құрамындағы «Барыс үстіндегі Алтын адам» ескерткішін, «Сақтар» мен «Қазақтар» барельефтерін жасаған. 1985–2004 ж. жасалған «Айша бибі», «Күлтегін», «Абай», «Көшпенділер», «Қазақ анасы» мүсіндерінің, Алматы қ. А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінің ауласына қойылған бюст-ескерткіштің (1998) авторы.

**ЖҰМАҒҰЛ** Сағымбай Ботпайұлы (1968 ж.т., Қарағанды обл. Бұқар жырау ауд. Қарақұдық а.) – филол. ғыл. докт., алаштанушы, «Алаш» электрондық кітапханасының негізін салушы авторларының бірі. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қарағанды мемл. ун-тін бітірген (1994). «Замандас», «Шипагер» газеттерінде тілші, жауапты хатшы (1992–94), Қарағанды мемл. ун-тінде оқытушы, кафедра меңгерушісі, проф. (1994–2014) болған. 2014 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінің проф. «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-тының ғыл. қызметкері.

Ж. казақ әдебиетінің тарихына, алаштануға қатысты еңбектер жазған. 300-ден астам ғыл. мақаланың, 2 оқу құралының, 2 монографияның, 2 электрондық оқу құралының авторы. «XX ғасыр-



С.Жұмағұлов

дың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956–1991 ж.)» (2008), «Ғұмар Қараш шығармашылығы» (2006), «Сәбит Дөнентайұлы шығармашылығы» (2013) кітаптары жарық көрген. «Әдебиеттегі Әлихан Бөкейхан бейнесі» (2016), «Әлихан Бөкейханның нақыл сөздері» (2017) еңбектерін құрастырып, алғы сөзімен жарыққа шығарды. Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларына қатысты «Қазақ», «Қазақ үшін шам қылған жүрек майын...», «Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағы», «Ахмет Байтұрсынұлы және Ғұмар Қараш» мақалаларын жазды. «Сын сардары» (1999), «Әдебиетші әлемі» (2003), «Ғұмар Қараш шығармашылығы» (2005), «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956–1991 ж.)» (2008), «Жылмық» жылдарындағы ұлттық әдебиеттану» (2013), «Сәбит Дөнентайұлы шығармашылығы» (2013) еңбектерінің авторы. Әдебиеттану ғылымындағы зерттеулері үшін Еуропалық ғыл.-өндірістік палатасы тарапынан еур. сапа дипломымен (Diploma di Merito), алтын медалімен марапатталған.

Е.Тілешов

**ЖҰМАҚТАУ БЕЛГІСІ** « - » – бытыранды ұғымдарды шоғырландырып, жалқыландырып, жалпыландырып, тенелерлік нәрселерді теңеп, балап айтатын орындарда қойылатын белгі. Мәселен: *Көк шалғын, ағаш, бұлақ – бәрі жақсы. Қақсыр – аң. Ақымқты үйрету – өлгенді тірілту.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**ЖҰМБАҚ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. Жұмбақ деген аты жұмудан шыққан, яғни қолдың ішіне бір нәрсені жасырып, жұмып тұрып, соны тап дегеннен шыққан. Жұмбақта нәрсені ойда бүгін, айтпай қойып,

сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады. Жұмбақ – зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе. Жұмбақтың негізі тәріздеу, яғни нәрсенің сипатын тәріздеп айту. «Құлыпты» жұмбақ қылғанда, ит тәріздендіріп былай дейді: Таңғаларлық бір ит бар; Үй бағады, үрмейді, Аяғы жоқ, жүрмейді, Көмейін тықсан, сөйлейді, Тілін адам білмейді. Ұлықатсыз сол иттен Адам үйге кірмейді.

М.Бақытқызы

**«ЖҰМЫРТҚАДАЙ БИДАЙ»** – «Оқу құралына» енген шағын әңгіме. Авторы – орыс жазушысы Л.Толстой. Қазақшаға «Қыр баласы» (Ө.Бөкейхан) аударған. Автор көзі тірі үш ұрпақтың (атасы, баласы, немересі) денсаулық жағдайындағы өзгешеліктерді (атасы – жас баладай ширақ, баласы – сәл еңкіш тартқан, немересі – қалт-құлт еткен) салыстыра келіп, мұның бәрі олардың жеген тамағына (атасының кезіндегі бидайдың үлкендігі жұмыртқадай болған), өмір сүру тәсілдеріне байланысты деген қорытынды шығарады. Мұны ата, бала, немере үш шалдың ең үлкенінің (атаның) аузымен айтады: «Адам баласы... табан еті, маңдай терімен күнелткен таза жолдан шыға жайылды, – дейді ол. – Еңбексіз мал тапқысы келеді. Бұрынғылар өз табан ет, маңдай теріне жалынған... Ендігі адамның іздегені арамзалық, текке біреудің еңбегіне пайдаланбақ». Осыдан келіп, адамды адам ететін – еңбек екені белгілі болады. Тәрбиелік гибраты мол әңгіме. Ғыл. түсініктеме берілген.

С.Ғұсманқызы

**ЖҰРНАҚ** – жалғанған сөзінен жаңа сөз тудыратын, сөзжасамдық қосымша. «Тіл-құралдың» алғашқы басылымдарында А.Байтұрсынұлы жұрнақты «ішкергі жалғау» деп атап, жалғаудың құрамында қарастырса, кейінгі басылымдарында жеке атайды. Жалғау аз, жұрнақ көп екенін ескерте келіп, жалғау түбір сөзде де, туынды сөзде де бола беретінін, жұрнақ туынды сөздерде ғана болатынын айтады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап. Қазақ-қырғыз білімділерінің 1-тобының қаулысы бойынша өзгертіліп, 6-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**«ЖҰРТ»** – «Оқу құралына» енген өлең. 8 шумақ (32 тармақ). Авторы «Міржақып» делінген. Өлеңде Доңыз жылғы жұттың салған әлегі сөз болады: «Жылқыны Доңыз солай қырып кетті, Жұмысын бітірді де жүріп кетті. Сан байлар жүген ұстап қала беріп, Сабасын керегеге іліп кетті». Мал баққан қазақ үшін ауа райының қолайсыздығы «жұт» деп аталатын апатқа әкелетіні белгілі. Мұны әсіресе Дулатов пен Байтұрсынұлының кезіндегі балалар да жақсы білетін.



## ЖҰРТБАЙ

Сондықтан өленде айтылған жайлар шәкірт ұғымына жақындығымен өз орнын тапқан.

*С.Ғұсманқызы*

**ЖҰРТБАЙ** Тұрсын Құдакелдіұлы (15.8.1951 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Шаған а.) – филол. ғыл. докт. (2000), проф. (2002). ҚазҰУ-ды бітірген (1974). «Жетісу» газетінде (1974–76), «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде»), «Техника молодежи» (1976–80), «Жұлдыз» (1980–90) журналдарында әдеби қызметкер, редакция меңгерушісі, тілші, Әдебиет және өнер ин-тында аға ғыл. қызметкер (1990–92, 1998–2001), бөлім



*Т.Жұртбай*

меңгерушісі (1993–96), М.О.Әуезов Халықар. қайырымдылық қорының президенті (1992–97), «М.Әуезов үйі» ғыл.-мәдени орт-ның директоры (1996–98), ҚазҰУ-да аға оқытушы (1991–2001), ҚР Президенті жанындағы Мемл. қызмет академиясында аға оқытушы (2000–01) болған. 2001 жылдан Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғыл. орт-ның директоры. «Бесігінді аяла!», «Ұраным – Алаш...» 3 томдығының, «Көне түркі бағырлары туралы тарихи әфсаналар» 2 томдығының, «Суре сөз», «Болашақтың байтерегі», «Жер бесік», «Дара тұлға», «Бесқарагер», «Қалибек Қуанышбаев», «Күйесің, жүрек... сүйесің», «Жар астындағы көбелек» кітаптарының авторы. ҚР. Алаш қайраткерлерінің шығармалары мен өмір деректері туралы көптеген ізденістер жүргізіп, солардың негізінде ғыл. еңбектер жазды. «Ұраным – Алаш!...» атты үш бөлімнен (2008–2011, «Жегі», «Тез», «Талқы») тұратын түрме әфсанасында ғалым 1922–57 ж. аралығындағы кестілік идеол. қысым мен саяси жазалау, ұлт зиялыларын қудалау мен қуғын-сүргінге ұшырату, ұлттық сана мен құндылықтарды жою бағытына арналған тұқым үзу (геноцидтік) мен халықтың жадын өшіру, әдебиеті мен мәдениетін рухсыздандыру тұрғысындағы қуғын-сүргінді Алаш партиясы және Алашорда үкіметінің мүшелері Ә.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедовтің, Ж.Досмұхамедовтің, М.Тыныш-

баевтың, Ә.Ермековтің, М.Әуезовтің, К.Жәленовтің, Д.Ысқақовтың, т.б. жиыны 71 адамның үстінен жүргізілген тергеу істерінің негізінде патшалық отарлау мен жазалау саясатының заңды жалғасы ретінде қарастырып, шынайы ашып дәлелдеп берді. Осы 3 томдық іргелі зерттеу еңбегі мен «Алаш ақиықтары» атты сирек деректер жинағының негізінде біртұтас Алаш идеясының тұжырымдамасын жасап, Алаш қайраткерлерінің беймәлім шығармаларын жалпы жұртшылыққа таныстырды. Халықар. «Алаш» (1992), І.Жансүгіров атынд. әдеби (1995) және «Түріксоy» қауымдастығы сыйлықтарының (2010) иегері. Бірнеше медальдармен, төсбелгілермен және ЮНЕСКО-ның Құрмет грамотасымен марапатталған. Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд-ның құрметті азаматы (2001).

*Әдеб.:* [https://kk.wikipedia.org/wiki/Тұрсын\\_Құдакелдіұлы\\_Жұртбай](https://kk.wikipedia.org/wiki/Тұрсын_Құдакелдіұлы_Жұртбай) (қаралған күні: 29.9.2017).

**«ЖҰРТЫМА»** – тұңғыш рет 1922 ж. Қазан қ-нда басылған «Маса» жинағына енген өлең. Көл. 16 жол. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған. Бұл туындыны азаттықты аңсаған күрескер ақынның жан айқайы десек те болады. Ел қамы үшін арпалысқан ақын қоғамға тән алауыздықты, «өзгені зор, өзін қор» санайтын құлдық психологияны көрсетіп, «Келгенде өзді-өзіне мықты-ақсыңдар, // Қайтейін, өзге десе көнгішінді» деп зарланады. Шығармадағы тұтас халыққа арнап айтылған терең ойлар бірде уытты, бірде мұңды болып өріледі. Өлеңнің әлеум. салмағы зор. Абай дәстүрінен сабақ алған қайраткер елді тұзету үшін қоғамды абайша сынайды. Елдің алауыздығына, бейқамдығына, надандығы мен немқұрайлылығына ызаланып, «Сықылды сынық бұтақ төмендесең, // Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?!» деп ескертеді. 6 томдық шығ. жинның 6-томына (А., 2013) ән мәтіні ретінде енгізілген. Әннің авторы – Хасен Қожа-Ахмет.

*С.Итегұлова, К.Қошым-Нозай*

**«ЖҮЗ ТҰҢҒЫШ»** – жинақ. Құрастырған – Б.Нұржекеұлы. ҚР-ның Мәдениет, ақпарат және спорт мин-нің бағдарламасы бойынша, «Жалын» баспасынан 2005 ж. жарық көрген. Көл. 320 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл жинақ – қазақ халқының өміріне, тарихы мен мәдениетіне, ғылымы мен экономикасына қатысты әр саланы игеруге, ашуға, дамытуға тұңғыш із салған 100 қазақ ұл-қыздары туралы кітап. Екі кітаптан тұратын жинақтың 2-кітабына 62 тұлға туралы деректі мағлұматтар мен мақалалар жинақталған. Кітаптың 35–42-беттерінде А.Байтұрсынұлы жайында көлемді мақала берілген, онда «Тұңғыш қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаған адам; тұңғыш әдебиеттану ғылымының негізін салған ғалым; арап қарпінде тұңғыш төте жазу әліпбиін жасаушы; тұңғыш тіл ғылымына және

әдебиеттануға қатысты қазақ терминдерін жасап, ғылыми айналымға түсіруші» деп көрсетілген.

*С.Арғынгазин*

**ЖҮНІСБЕК** Әлімхан (12.5.1938 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд. Шәуілдір а.) – филол. ғыл. докт. (1988), проф. (1999). ҚазҰУ-ды бітірген (1963). 1964 жылдан ҚР БҒМ ҒК ҒА Тіл білімі ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас ғыл. қызметкер, сонымен қатар



Ә.Жүнісбек

Түркістандағы Халықар. қазақ-түрік ун-ті қазақ тілі кафедрасының проф. қызметтерін атқарады. 1965–67 ж. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемл. ун-тінің акад. Л.В.Щерба атынд. зертханасында тәлімгер-зерттеуші болып қайтты. 200-ге жуық ғыл. және әдістемелік еңбектері жарық көрді. Ғыл. бағыты – қазақ (түркі) тілтанымдыдағы сингармология теориясы, байтұрсынтаным, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесі. Қазақ тіліндегі «Үндесім заңы», «Байтұрсынов қисыны» («Эффект Байтұрсынова») атты теор. қағидалар ұсынды, солардың нәтижесінде сингармонизм фонологиясынан туындайтын жаңа түркі жазуының емлесі мен графикасын (әліпбиін) жасады. Академ. жинақтың «Қазақ тілі грамматикасының» (2001) қазақ тілі дыбыстарына арналған бөлімін жазды. «Орфоэпиялық сөздікті» құрастырушылар ұжымының жетекшісі. Орыс мектептерінің 1–4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқулығын дайындаған авторлардың әдістемелік құралдарын, қазақ тілін оқытудың компьютерлік бағдарламасы мен ойын-құралдарын жасады. Қолқанат қондырғыларды (оргтехника) қазақша сөйлету мәселелерімен айналысады. «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2011), «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен (2007) марапатталған. **«ЖҮРГІНШІЛЕР МЕН ИТТЕР»** – «Қырық мысалдағы» жиырма үшінші өлең. 7 шумақ (28 тармақ). Жолда келе жатқан екі Жүргіншінің алдынан бір Ит үріп шығады. Оған екінші Ит қосылып, лезде 40–50 Ит болады. «Біреуі Жүргіншінің сонда тұрып, Ойлады қуалауға таспен ұрып.

Жолдасы жанындағы оған айтты: – Қарама, неғыласың мойның бұрып. Өшігер олар қайта мұнан жаман, Тимассың кесек атып лақтырып. Үндемей жайымызға жүре берсек, Өздері қояр әлі-ақ үріп-үріп». Расында солай болады. Осыны мысал ете келіп, автор оқырманға мынадай ғибрат айтады: «Біреудің малын яки бағын күндеп, Күншілдер жоқ па, шулап итше үретін? Күндесіп, шуылдасып, қылсын өсек, Етпелік, сөйлеп жүр деп, сөзін есеп. Иттердей үріп-үріп тарап кеткен, Қояды шулап-шулап, үндемесек». Мысал өлең өмірдің жанды картинасын жасап, көрнекі елестететінін осыдан көруге болады.

*С.Ғұсманқызы*

**ЖҮСІП** Сұлтанхан Аққұлұлы (1962 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түркістан қ.) – белгілі алаштанушы ғалым, халықар. журналист, арабтанушы. Филол. ғыл. канд. (1995). «Алаш» электрондық кітапханасының негізін салушы авторларының



С.Жүсіп

бірі. ҚазҰУ-ды бітірген (1990). ҚР БҒМ ҒК ҒА Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер (1990–95), Қазақ ұлттық өнер академиясында кафедра меңгерушісі, ғалым-хатшы (1995–96), «Азаттық радиосы» қазақ редакциясы Астана қ-ндағы бюросының директоры, тілшісі (1997–2000), Астана қ. әкімінің баспасөз қызметінің басшысы – баспасөз хатшысы, «Қазақстан – Заман» халықар. қазақ-түрік газетінің Астанадағы арнаулы тілшісі (2000–02), Прага қ-ндағы (Чехия) «Азаттық радиосының» қызметкері (2002–08), онлайн-редакторы, онлайн-журналисі (2008–13) қызметтерін атқарған. 2013 жылдан Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-тының (ғыл.-зерт. ин-ты) директоры. 1991–94 ж. ол Ресей мұрағаттарынан Ә.Бөкейханға қатысты мол мұра тауып, «Таңдамалысын», 9 томдық «Бөкейхан Әлихан. Шығармаларының толық жинағын», т.б. көптеген еңбектерін жарыққа шығарды. Еңбектерінде А.Байтұрсынұлына қатысты деректер мол. Халықар. журналистика академиясының «Алтын жұлдыз» (2012). Ш.Уәлиханов атынд. (2015) сыйлықтардың авторы. «Қазақстан Республикасының тә-

## ЖҮСІПБЕК

уелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

**ЖҮСІПБЕК** Басығараұлы, Жүсіпбек Басығарын (т.ж.б., Қызылорда обл. Сұлутөбе қонысы – 1920, Ташкент қ.) – ақын, аудармашы. «Қыз балаларға» (1913), «Бозбалаларға» (1914), «Жас әйелдерге» (1914) атты дидактик. өлеңдері «Айқап» журналында, «Ақымақтарға» (1913), «Өлең-жыр» (1914), «Интеллигент» (1914), т.б. өлеңдері «Қазақ» газетінде, «Жазушыларға» (1917), «Отағасы» (1917), «Неғұп жатыр?» (1917) өлеңдері «Алаш» газетінде жарияланған. Ж-тің публицистик. мақалалары өте көп. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне де елеулі үлес қосқан. Нысанбай жыраудан «Кенесары – Наурызбай» жырын жазып алған. Бұл жыр 1923 ж. Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан Н.Төркүловтың алғы сөзімен жарыққа шыққан. 1926 ж. Мәскеуден Ж-тің құрастыруымен «Тазша (өтірік сөздер, өлеңдер)» кітабы басылып шыққан. «Тазша баланың қырық өтірігі» аталатын қазақ ертегісі тұңғыш рет осы жинақта жарияланған. Төркүлов, Х.Досмұхамедов, А.Байтұрсынұлы, М.Шоқай, С.Қожанов, Ғ.Мұратбаев, т.б. қоғам қайраткерлері оның шығарм. еңбегін жоғары бағалап, оған қолдау көрсетіп отырған. Ақынның әдеби мұрасы арнайы зерттелмеген. Байтұрсынұлы «Өлең шығару» атты мақаласында Ж-тің өлеңінен үзінді келтірген.

**ЖҮСПОВ** Нартай Қуандықұлы (30.5.1970 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Семей қ.) – филол. ғыл. докт. (2007), проф. (2007). ҚазҰУ-ды (1994) бітірген. Екібастұз жоғары пед. колледжінің аға оқытушысы (1994–98) қызметтерін атқарды.



*Н.Жүсіпов*

1995–97 ж. ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер институтында ізденуші. 1998 жылдан Павлодар мемл. ун-тінде аға оқытушы, доцент, проф., 2008 жылдан кафедра меңгерушісі. «XX ғ. бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ж. 200-ден астам ғыл. зерт. жарияланымның, оның ішінде 4 монография, 5 оқу құралы, 15 кітаптың авторы. «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы», «С.Торайғыров», «Қазақстан

Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталған. «Ахмет Байтұрсынұлы – фольклорист» («Қазақстан жоғары мектебі», 2001, №1), «Ахмет Байтұрсынұлы жазбаларындағы «23 жоқтау» («ҚР БҒМ хабарлары», 2001, №1), «А. Байтұрсынұлы және «Әдебиет танытқыш» кітабы (1-бөлім)» («Ұлт тағлымы», 2003, №2) «А.Байтұрсынұлы және «Әдебиет танытқыш» кітабы» (2- бөлім)» («Ұлт тағлымы», 2003, №3) тәрізді көптеген мақалалары жарық көрген.

**ЖҮСПҮЛЫ** Маханбет [12.1.1948 ж.т., Өзбекстан, Ғазалкент қ. (Қожыкент)] – ақын, аудармашы, филол. ғыл. докт. (1993), проф. Өзбекстан мемл. әлем тілдері ун-тінің еңбек сің. проф. және құрметті кафедра меңгерушісі. Польша, Рсей, Қазақстан, Өзбекстан мемлекеттеріндегі халықар. баспа к-ттерінің редакция алкасының мүшесі.



*М.Жүсіпұлы*

Өзбекстан мемл. әлем тілдері ун-тін бітірген (1971). 1971 жылдан осы ун-тте оқытушылық қызметте. Тіл теориясында түркі және орыс тілдерінің фонологиясы, стилистикасы, салыстырмалы тіл білімі, лингводидактика және әдістеме салаларында күрделі ғыл. ізденістер жасады. Бүгінгі сингармон. фонология білімінің негізін қалаушылардың бірі. Лингвистик. және лингводидактик. ғыл. мектепті қалыптастырушы. Ж. алғашқы ахметтанушылардың бірі ретінде А.Байтұрсынұлының ғыл. мұрасын (тілтаным, лингводидактикасы, әдістемесі) тереңнен зерделеген, сингармофонология теориясын тіл білімінде тұңғыш зерттеген. Ол фонемограф. тұрғыдан Байтұрсынұлы зерттеулерінің Н.Ф.Яковлев (Рсей), Р.О. Якобсон (АҚШ) еңбектерімен тең түсетіндігін дәлелдеген. Байтұрсынұлына қатысты «Фонемография Ахмета Байтурсынова и фонология сингармонизма» (1995), «А.Байтұрсынұнов және қазақ тілі фонологиясы» (1998), «Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика» (телавтор, 2015) монографияларын және мақала жазған. 250-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 8 монографияның, 3 оқу-әдістемелік құралы мен 7 оқулықтың авторы.

Еңбектері әлемнің 15 елінің ғыл. басылымдарында жарияланған. Ғыл. еңбектері жалпы және салыстырмалы тіл білімі, түркітану және орыс тіл білімі, лингводидактика мен әдістемеге арналған. М.Жұмабаевтың бір топ өлеңдерін орыс тіліне, А.Ахматованың өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Өзбекстан Республикасының «Достық» орденімен марапатталған.

**«ЖЫЛҚЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Жылқының түп атасы (құлан), қолға үйретілуі, тұқым-түрлері (моңғол жылқысы, арай жылқысы), тұрмыстық пайдасы (күш-көлік, еті, терісі, сүті) туралы айтылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ЖЫЛҚЫШЫ»** – «Оқу құралына» енген әңгіме. Берілген түсініктемеде авторы Ж.Аймауытов деп көрсетілген. Байдың жылқысын баққан Күдіріс дейтін жылқышының ерге лайық қарулы, ептілігі әңгімеленген. Жылқышылық кәсіптің қиындығы мен қыр-сырын түсінуге де пайдалы.

**«ЖЫЛ УАҚЫТТАРЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Жердің Күнді айналуынан туындайтын құбылыстар: күн мен түн, жаз бен қыс, көктем мен күз мезгілдері ғыл. түрде түсіндірілген. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ЖЫН ШАҚЫРУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. Бақсылар жын шақырған кезде өлең жолдарымен ұйқастырып, түрлі сөздер айтады. Олар әулие-лерден, аруақтардан көмек сұрап, олардың аттарын атап, олармен сөз алмасқан. А.Байтұрсынұлы жынға айтылған сөздерді Ж. ш. деп атаған. Ғалым «Жаңа келді ай Қожа, Жаңа келді күн Қожа, Ойдан келді ол Қожа, Қырдан келді ол Қожа» деп, Ж. ш-ға мысал келтірген.

*С.Жайлауова, Ә.Қожахмет*

**ЖЫР** – әні кем, мәні мол өлең.

**«ЖЫРШЫ ӘНІ»** (2) – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Ән ақындық әуен формуласынан басталып, си дыбысынан екінші октаваның фа бекар дыбысына дейін көтеріліп, ре дыбысына тоқталады. Әннің негізгі бөлім әуені тирадалық құрылымға негізделіп, 7 буынды тармақтық жолға сәйкес келеді. Ән – кіріспе – ABCB, кіріспеге негізделген шарықтау бөлімі – BC<sub>1</sub>BA әуендік жолдар және қорытынды қайырмадан тұрады. Әннің тирадалық бөлімі соль-миксолидийлік ладта жүрсе, қайырмасы соль дыбысынан басталып, ми-фриго-эолийлік ладпен аяқталады. Өлшемі ауыспалы 6/8 және 9/8 өлшемдері кезектесіп келеді. Речитативті әуеннің ырғағында такт ішіндегі және такт аралық синкопалар кездеседі. Тирадалық бөлімдердің әуендік диапазоны кварта

## 800. Жыршы-аны. (II)

(Биліктік өлең)

Слободан Ахмат Байтұрсынұлы  
Түркістан өлеңдері жинағы

аралығымен шектелсе, шарықтау шегі бөлімі мен қайырма диапазоны септима ауқымын қамтиды. Ән кең тыныс пен жоғары орындаушылық шеберлікті талап етеді.

*А.Қазтуғанова*

**ЖІКТЕУ** – қалыптың амалын, болмыстың жігін ашып, жақ-жаққа айыра сөйлегенде қосылатын жалғау. Ғалым жіктеудің екі түрін көрсетеді: 1) анайы жіктеу, 2) сыпайы жіктеу. Ғалым етістік жалғаулары есім жалғауларынан өзгеше болғандықтан және әр заттың ісінің жігін айырып айтатын болғандықтан, «жалғау» дегеннің орнына «жіктеу» деп атаған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЖІКТЕУ ЕСІМДІГІ** – сөйлеген кезде сөйлеушінің, тыңдаушы мен адамның жігін ашатын сөздер. Жіктеу екі түрлі болғандықтан, жіктеу есімдігі де екіге бөлінеді: 1) анайы жіктеу есімдігі, 2) сыпайы жіктеу есімдігі. Анайы жіктеу есімдіктері: *мен, сен*. Сыпайы жіктеу есімдіктері: *біз, сіз*.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*



**ЗАБАЙКАЛЬЕ** – Ресейдің Шығыс Сібір аймағындағы табиғи аумақ. Байкал көлінің шығысында орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Закон жобасының баяндамасында» (6 томдық шығ. жин. 4-т.), «2-дәрежедегі сот хәм бақылау» мақаласында народный (халық) сотының кемшіліктері айтылады. Онда «Забайкал обл-ндағы көшпелі бұратана жұрттардың 1901-жылы 23 апрельде (сәуірде) 15 июль (шілде) законіндегі жолымен тәртіп етіліп шыққан, онда бақылау жұмысы крестьян мекемесіне тапсырылған. Осылай еткен соң ешқандай кемшілік болған жоқ» делінеді.

**ЗАЙСАН** – Шығыс Қазақстан обл-ндағы қала, Зайсан ауд-ның орт. А.Байтұрсынұлы «Закон жобасының баяндамасы» мақаласында (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.) осы күнгі соттың тәртібіндегі кемшіліктерге мысал келтіреді. Онда Семей обл-ның Зайсан уезінде бір судия 1903 жылы тамырына қонақасы бермегені үшін Базаровский (Базар өз. атымен байланысты болуы керек) болысының бір қазағына жаза салған. Ешуақытта жазылмаған қазақ заңы басқа мәдени жұрттармен араласқандықтан быт-шыт болып жоғалған» дейді.

**«ЗАКОН ЖОБАСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 105-санында жарық көрген. Мақала «Ақ жол» (А., 1991. 280–315-беттер), «Жаңа нұсқа» (А., 1996. 59–109-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Еңбек көлемді, бірнеше тараушалардан тұрады. Мәтіні орыс патшасы өкімінің аясында өрбігендіктен, орыс тіліндегі сөздер жиі кездеседі. Сол тұстағы ортаның қабылдау қабілетіне қарай бұйрық-низымның атқарар үлесі ұғынықты болуы үшін көп сөздер баламаланбаған. Заң терминдерін баламалауда дәлдікті, мазмұн мен мағынаның өзгермеуіне мейлінше сақтықты ұстанса керек.

*Р.Имаханбет*

**«ЗАМАНДАСТАРЫМА»** – өлең. «Қырық мысал» атты кітабының (СПб., 1909) беташары

ретінде берілген. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. «Орыстың тәржіме еттім мысалдарын, Әзірге қолдан келген осы барым. Қанағат азға деген, жоққа сабыр, – Қомсынұп қоңырайма, құрбыларым!» деп басталатын беташар шығарма 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған. 3 шумақтан, 12 жолдан тұрады. Шығарма соңына «А.Б.» деп қол қойған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ЗАМАН ХАТ** – әуезенің бір тарауы. Ғалым заман хатты біреудің заманында болған тарихи уақиғадан яки өз ішінде болған істерден дерек беруі деп түсіндіреді. 3. х-тың шежіреден айырмашылықтарын санамалап көрсетеді. Алайда уақиғаны болған күйінше жазбай, жазушының өз көңілінің күйіне бояп, реңкі өзгерту ықтималдығының болуын 3. х-тың кемшін тұсы деп атап көрсетеді. Дегенмен, 3. х-тың өткеннен мағлұмат беретін тарихи мәнін де жоққа шығармайды. 3. х-тың өзін мағлұматты беру барысына қарай заман хат және жәт дерек деп екіге бөлген. 3. х-қа болып жатқан оқиғаны жазушының нақ сол сәтте баяндауын жатқызып, мысал ретінде Абайдың қарасөздерін алса, жат дерекке оқиға өтіп кеткеннен кейін еске түсіріп жазылған мәліметтерді жатқызып, мысалға Шоқан туралы Потанин, Ядринцевтің сөздерін алады.

*С.Итеғұлова*

**ЗАТАЕВИЧ** Александр Викторович (20.3.1869, Ресей, Орлов обл. – 6.12.1936, Мәскеу қ.) – музыка сыншысы, этнограф, композитор, Қазақстанның халық артисі (1923). 1886 ж. Ресейдің



*А.В.Затаевич*

Орлов қ-ндағы әскери гимназияны бітіріп, Варшавадағы (Польша) «Варшавский дневник» атты үкіметтік газеттің музыка және театр бөлімін басқарды, Варшава консерваториясының бақылаушылар кеңесінің мүшесі болды. 1904–15 ж. 3-тің аталған газет бетінде жүздеген мақалалары жарық көріп, ол музыка сыншысы ретінде танылды. 1915 ж. Ресейге оралып,

1920 ж. Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборға қоныстанды. Осы кезеңнен бастап ол ғасырлар бойы ауызша таралып келген қазақ халқының муз. мұрасын нотаға түсіріп, ұлттық ән-күйлерді түпнұсқа қалпында сақтап қалуға зор мүмкіндік жасады. Халықтық кәсіби әнші-күйшілердің шығарм. қызметін, олардың орындаушылық шеберліктерінің сырын ашып, өте құнды мағлұматтар жинады. З. Ақан сері, Біржан сал, Абай, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Құрманғазы, Мұхит, Дәулеткерей, Тәттімбет, т.б. шығармаларын алғаш рет жарыққа шығарды. Сөйтіп, ұлттық дәстүрлерді сақтаушылар мен дамытушылар жайында қайталанбас деректер жазып қалдырды. Этнографтың «Қазақ халқының 1000 әні» (1-бас., 1925 ж., 2-бас., 1963 ж.), «Қазақтың 500 ән-күйі» (1931), «Песни разных народов» (1971), жарияланбаған «Қазақ музыкасының 3-томы» деп аталатын жинақтарында қазақ халқының классик. ән, күйлерінің үлгілері мол орын алған. 3-тің еңбектері арқылы қазақ музыкасы дүние жүзіне тарады, бүкіл Еуропа елдеріне жетті, алдыңғы қатарлы өнер иелерінен жоғары баға алды. 3-тің әрбір ән-күйге берген жеке талдауларының мәні зор. Халық композиторлары мен орындаушыларының шығарм-на берген мінездеме-лері де әлі өз бағасын жоғалтқан жоқ. 3. жинақтары қазақ халқының кәсіби музыкасының дамуына зор ықпал етті. Аталған жинақтардағы ән мен күйлер қазақтың кәсіби муз. жанрлары – опералық, симф., камералық шығармаларында кеңінен пайдаланылды.

**«ЗАТАЕВИЧТИҢ РЕСПОНДЕНТТЕРІ»** – этнограф әрі музыка зерттеушісіне қазақ музыкасының ел арасына кең тараған ән-күй үлгілерін айтып, орындап беруші халық өнерпаздарының шартты атауы. «Қазақ халқының 1000 әні» мен «Қазақтың 500 ән-күйі» музыка-этногр. жинақтарындағы «Затаевич респондентінің» саны 500-ден асады. Олар – Қазақстанның барлық аймағының, атап айтқанда, Орынбор, Қостанай, Орал, Ақтөбе, Семей, Торғай, Түркістан аймақтарының тұрғындары. Затаевичтің 20 ғ. 20-ж. эк-спед. сапарлары кезінде оған халық ән-күйлерін орындап берушілер құрамы жас жағынан да, атқаратын қызметі жағынан да сан алуан болған. Музыка маманы осы жұмысы барысында қазақ халқының белгілі тұлғаларымен де, өнер иелерімен де, қарапайым ел адамдарымен де жүздесіп, олардың аузынан көптеген ән-күйлерді жазып алған. Олардың қатарында А.Байтұрсынұлы, С.Сәдуақасов, О.Жандосов, Б.Қаратаев, М.Сералин, Қ.Сәтбаев, М.Мурзин, Қ.Айнабеков, Б.Күлеев, С.Есова, М.Саматов, А.Оразбаева, М.Қойайдаров, т.б. есімдерін атауға болады. Осының өзі Затаевичтің жинақтарына енген халық ән-күйлерінің кездейсоқ кісілерден

емес, ұлт жанашырларынан, қазақ мәдениетінің көрнекті тұлғаларынан жазылып алынғанын байқатады. Халық музыкасының жанашыры ретінде Затаевич қазақ даласын жаяу жүріп аралап, әр аймаққа тән ән-күйлерді сол жерлердің тұрғылықты иелерінің аузынан жазып алған. Бұл ретте оған қол ұшын берген талант иелерінің бір шоғыры мыналар: И.Абдыханқұлы, Б.Алманов, А.Бегішов, К.Бүркітов, Ф.Ғалиев, Е.Жұмағалиев, М.Жылқайдаров, С.Қалжанов, З.Кәрібаев, М.Қаратаев, Ә.Құрманов, А.Құлымбетов, Н.Манаев, Р.Мақатов, А.Молдыбаев, А.Наурызбаев, С.Найманбаев, Х.Хукин, Ә.Сәрсенбаев, И.Сабиров, Ә.Өтекин, К.Оразалиев, Н.Шанғалиева, т.б.

*Д.Қамзабекұлы*

**ЗАТ ЕСІМ** – «кім?», «не?» деген сұрауларға жауап болып айтылатын, деректі хәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздер. Ғалым «Кім?» деген сұрақ адамға қатысты, «Не?» деген сұрақ басқа заттарға қатысты болатынын ескертеді.

**ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖАЛҒАУЛЫ ТҮРІ** – сөздің жалғау қосылғандағы тұлғасы. Мәселен: *бастың, бастыққа, бастығын, атадан, аталықтан, малышылардан, малышылықтан, қаптарда, қапшығын, құдасын, құлақшыным, т.с.с.*

**ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖАЛҒАУСЫЗ ТҮРІ** – түбір, яки туынды сөздің жалғаусыз күйіндегі тұлғасы. Мәселен: *басы, бастық, басыы, ата, аталық, мал, малышы, малышылық, малдық, қап, қапқан, қапшық, құлақ, құлақшыын, т.с.с.*

**ЗАТСЫМАҚ СЫН** – осы сөйлем көлемінде зат пен сынның орнына бірдей жүретін сын есім. Ғалым кейбір сын есімдер зат есімнің орнына жүретінін, «арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «арзанның сорпасы татымас» деп те айтылатынын ескертіп, «арзан еттің» деген екі сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жарап тұрғанын айтады да, мұндай сөздерді затысмақ сын деп атайды. Қазіргі кезде мұндай сын есімдер «субстантивтенген немесе заттанған сын есім» деп аталады. Жай сынның жалғауы жалғанбай, соңындағы зат есімге жалғанады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ЗАТСЫМАҚТАНУ** – сын есім, сан есім, үстеу, етістік, т.с.с. сөз таптарының зат есімнің қызметін атқарып, зат есімнің орнына жүруі. Бүгінгі таңда «затысмақтану» атауының орнына «субстантивтену» атауымен қатар «заттану» деген терминдер қолданылып келеді. Алайда мұнда басқа сөз таптары біржола зат есімге айналып кетпейді, тек осы сөйлемде ғана зат есімнің қызметін атқарады, окшау жерге, одан басқа сөйлемге апарса, ол зат есімнің қызметін атқара алмайды. Сондықтан А.Байтұрсынұлының «зат-

## ЗАУАЛ

сымактану» деп атауы сөз таптарының бұл ерекшелігін дөп басып көрсеткен.

*О.Жұбаева*

«ЗАУАЛ» – мақалалар, естеліктер жинағы. Құрастырған – Б.Қойшыбаев. «Жазушы» баспасынан 1991 ж. жарық көрген. Көл. 272 бет. Таралымы 20000 дана. 9 фотосурет берілген. Жинакка 1930 жылдардың бас кезіндегі ашаршылық және жеке басқа табыну кезеңінің жазықсыз құрбаны болған халқымыздың аяулы перзенттері – А.Байтұрсынұлы, Т.Рысқұлов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Әлібек Қоңыратбаев, Қ.Кемеңгеров, Қ.Жұбанов, Б.Қаратаев, т.б. туралы жазылған мақалалар мен естеліктер енгізілген. Сондай-ақ, жинақта Байтұрсынұлы жайында Б.Қойшыбаевтың «Көзқарас эволюциясы» (161–167-беттер) мен Сыздықованың «Ахмет Байтұрсынов – ағартушы ғалым, қоғам қайраткері» (141–161-беттер) атты көлемді зерттеу мақалалары жарияланған.

*С.Арғынғазин*

**ЗАУЫҚТАМА** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. Көңіл көтеру үшін сөйленетін сөздер айтылады. А.Байтұрсынұлы бұл сөздердің қатарына ертегі жыр (батырлар), тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, түрлі терме өлеңдерді жатқызады.

*М.Бақытқызы*

**ЗӘКИ УӘЛИДИ ТОҒАН**, А х м е д З а к и В а л и д и Т у ғ а н (10.12.1890, Башқортостан, бұрынғы Уфа губ. Стерлитамак уезі – 26.7.1970, Түркия, Стамбұл қ.) – мемлекет және қоғам



*Зәки Уәлиди Тоған*

қайраткері, түркі халықтарының азаттығы жолындағы күрескер, түркітанушы ғалым. Туған ауылында әкесі Уәлид бай ашқан медресе және Утяк а-ндағы Хабид Наджар медресесінде бастауыш білім алды. 1908 ж. Қазан қ-ндағы Ш.Маржани медресесінде оқыды. 1909 ж. «Қасымия» медресесіне мұғалім болып орналасып, түркі тарихынан, араб және түркі әдебиетінен дәріс берді. 1912 ж. «Түрік-татар тарихы» атты еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек сол кездегі жәдиттік мек-

теп-медреселерде негізгі оқулық ретінде оқытылып, 1915 және 1917 ж. қайта басылып шықты. З.У.Т. осы еңбегі арқылы түркі халықтарының рухын көтеріп, олардың бірлігі мен еркіндік алуы идеясын ұсынды. Ол 1912 ж. Қазан ун-ті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамына мүше болып қабылданды. 1913 ж. осы қоғамның тапсырмасымен Ферғанаға сапар шегіп, аймақ халқының тарихына, әдет-ғұрпына қатысты материалдар жинап қайтты. 1914 ж. Ресей ҒА, Халықар. Орта Азия мен Қиыр Шығысты зерттеу қоғамы З. У. Т-ды Бұхар хандығына ғыл. іс-сапармен жіберді. Ол 1916 ж. Мемл. Думаның мұсылман фракциясында хатшылық қызмет атқарды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Башқортостанның Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі атқару к-тінің мүшесі болды. 1917 ж. 29 қарашада Башқортостан автономиясы жарияланғаннан кейін З. У. Т. Башқортостан үкіметінде соғыс министрі қызметін атқарды, кейін Башқортостан үкіметінің төрағасы болды. 1918 ж. Кеңес өкіметі әскерлерімен болған шайқастарға қатысты. Башқортостан автономиясын Кеңес өкіметінің мойындауын талап етіп, оның басшылары – Ленин, Троцкий, Сталиндермен келіссөздер жүргізді. Башқортостан үкіметі қарулы күшпен таратылған соң, 1920 ж. Түркістан өлкесіне қоныс аударды. Мұнда Энвер Пашамен бірге басмашылар қозғалысына көмектесті. Энвер Паша қаза тапқаннан кейін, 1923 ж. наурызда Иранға өтіп кетті. Онда Мешхед қ. кітапханасынан түркі халықтарының ортағасырлық тарихы бойынша құнды дерек болып табылатын ибн Фадланның «Саяхат кітабының» көшірмесін тапты. Осы жылы сәуірде Ауғанстанда, қыркүйекте Үндістанда болып, желтоқсанда Парижге қоныс аударды. 1924 ж. Берлинде Ресейлік түркі эмигранттарының ұйымын құрды. 1925 ж. Түркия азаматтығын қабылдап, 31 шілдеде Ататүрікпен кездесті. 1925–32 ж. Стамбұл ун-тінде түркі тарихынан дәріс оқыды. 1935–37 ж. Бонн ун-тінде, 1938–39 ж. Геттинген ун-тінде қызмет етті. 1939 ж. Түркияға оралып, Стамбұл ун-тінің әдебиет ф-тіне тарих пәнінің проф. болып орналасты. 1946 ж. «Жалпы түркі тарихына кіріспе», 1947 ж. «Қазіргі Түркістан және оның таяу замандағы тарихы» атты еңбек жазды. 1953 ж. Стамбұл ун-ті жанынан Ислам зерттеу ин-тын құрып, оған өмірінің соңына дейін жетекшілік етті. Ауыр науқастан қайтыс болған З. У. Т. Стамбұлдағы Қараджа Ахмет зиратына жерленген. З. У. Т. Алаш қайраткерлерімен, әсіресе А.Байтұрсынұлы, Т.Рысқұлов, М.Шоқай, С.Ақаев сынды тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста болған. 1967 ж. жазып біткен «Естеліктер» («Хатиралар») атты еңбегінде қазақ зиялыла-

рымен байланысын жан-жақты жазады. Қайраткер ұлттық жаңғыру бағытына адал болып, Алаш қайраткерлерімен, жәдит мұратын дамытушылармен жақын араласқан.

*Д. Қамзабекұлы*

**ЗЕЙНАЛЛЫ** Ханафи Баба оглы (1896, Әзербайжан, Баку қ. – 1937) – әзербайжан әдебиеттанушысы, сыншы, шығыстанушы және фольклорист. Оның шығарм. негізінен ағартушылыққа арналды. Ал сыни мақалаларының негізгі тақырыбы жазушы Джавидтің шығарм. болды.



*Х.Зейналлы*

Сонымен қатар З. Джавид шығарм-ның әлеум.-филос. маңыздылығын қарастырды. Ол халық шығарм. жинақтаумен айналысып, әзербайжан фольклорының үлгілерін «Әзербайжан мақал-мәтелдері» кітабына топтастырған. Осы еңбегінде алғаш рет оларға тақырыптық жіктелім жасаған. 1923–29 ж. Әзербайжан мемл. баспасында бас редактор болып жұмыс істеген. 1926 ж. Баку қ-нда өткен түркітанушылардың I-съезіне қатысып, баяндама жасаған. Ол туралы А.Байтұрсынұлының «Түрікшелер құрылтайы» мақаласында айтылған. З. 1937 ж. түрікшілдік қозғалысына қатысты деген айыппен қамауға алынып, сол жылы атылған.

**ЗЕЙІН ТІЛІ** – қ. *Жалаң сөз.*

**ЗЕМСТВО** – Ресей империясында 1864 жылғы реформаға сәйкес құрылған жергілікті өзін-өзі басқару органы. Бастапқы кезде З. Ресейдің еур. бөлігіндегі кейбір губ-ларға ғана енгізілді. Ресей үкіметі З-ға уездегі не губ. шеңберіндегі шаруашылық мәселелерімен айналысуға ғана құқық берді. З. басқармаларын губернатор бекітті. Олар губернатордың әкімш. бақылауында болды, өз құқықтарын ашық қорғауға тырысқан кейбір З-ларды үкімет органдары таратып жіберген. 1867–68 ж. және 1886–91 ж. қазақ өлкелерін басқару туралы ережелер бойынша, Түркістан және Дада өлкесінде З. мекемелері ашылмады. Сондықтан Қазақстанда 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басында өрбіген ұлт-азаттық қозғалыс бағдарламаларындағы басты мәселенің бірі – З.

мекемелерін құру болды. Қарқаралы құзырхатында қазақ даласына ішкі өлкелерден қоныс аудару саясатын доғару, қазақтарды Орынбор діни басқармасы құрамына алу, т.б. мәселелермен қатар З. мекемелерін құру да талап етілді. Сондай-ақ 1905 ж. құрылған Қазақ конституц.-демокр. партиясының бағдарламасында да қазақ жеріне З. мекемелерін құру қажеттігі аталып көрсетілді. Қазақ жерінде З. мекемелері патша өкіметі құлағаннан кейін, Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 17 маусымдағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай және Орал облыстарында земство мекемелерін ашу туралы» қаулысына сәйкес құрылды. Бірінші жалпықазақ съезі З. мәселесін күн тәртібіне қойып, қазақтардың З. мекемелерін құруға белсенді түрде ат салысуына ерекше мән берді. Қазақ к-ттері З-ның тек қазаққа ғана емес, өлкедегі орыстарға да ортақ екенін ескеріп, З. басқармаларына мүшелікке кімді сайлау керектігі жөнінде нұсқаулар беріп отырды. Қазақ жерінде алғашқы З. мекемесі 1917 ж. 16 қазанда Торғай уезінде ашылды. Басқарма төрағалығына А.Бірімжанов сайланды. Обл. деңгейдегі З. басқармалары Қазақстанда 1918 ж. қаңтардан бастап құрылды. 1918 ж. 17 қаңтарда ашылған Семей обл. З. басқармасының төрағасы Р.Мәрсеков болды. Орал обл. З. басқарма төрағалығына Х.Досмұхамедов сайланды. Қазақ жерінде обл. және уездік деңгейде ашылған З. мекемелері халық ш. мәселелерін реттеуде, оқу ісін жолға қоюда елеулі жұмыстар атқарды. Мұғалімдер даярлайтын курстар, бастауыш мектептер ашты, оқушы жастарға стипендиялар тағайындады. А.Байтұрсынұлы 1913 ж. жазылған «Земство» атты мақаласында Орынбор губ-ның земстволарына талдау жасады. Онда жергілікті өзін-өзі басқару органы – земстволардың билігі шектеулі болғанның өзінде халыққа тигізер пайдасының көптігі айтылған. Бірақ қазақ жерінде енді қанат жайып, күш ала бастаған З. мекемелерінің күш алуына большевиктердің өкімет басына келуі мүмкіндік бермеді.

*Әдеб.: Веселовский Б.Б. Земство и земская реформа. – СПб., 1918; Герасименко Г.А. Земское самоуправление в России. – М., 1990; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 6-т.*

*Р.Төлеубекова*

«**ЗЕМСТВО**» – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 25-санында жарық көрген. Мақала «Ақ жол» (А., 1991. 226–228-беттер), «Жаңа нұсқа» (А., 1996. 24–27-беттер), «Қазақ прозасы» (465–467-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Төте жазудан бүгінгі әріпке түсірген тілші-мамандар: А.Мектеп пен Ғ.Әнес. Қаламгер мақалада құқық ахуалы мен міндетіне кеңінен талдау жасайды. Жергілікті басқару жүйесін қазақы қоғамда пайдалану, ен-



гізу тиімді екенін мысалдармен, әлеум. іс-тәжірибеде алынған деректермен нақтылы дәлелдейді. Қазақ жерінде бұрын болмаған мұндай жүйенің қандай болатындығынан, оның халыққа тиігізер пайдасын санамалай отырып, жалпы жұртқа мағлұмат береді. Жергілікті басқару (Земство) деген ол – әр облыста жұртқа керек жұмысты жұрттың өзіне билету, жұрттың өзіне істету екендігін және басқарушы етіп жұрт ортасынан өздері қалаған кісіні сайлап шығаратынын айтады. Қазақ қоғамында жергілікті басқаруды тиімді студің жолдарын қарастырады. Мәртін ішінде «чрезвычайный собрание», «земские положение», «сбор», «волостной сход», «гимназия», «стипендия», «губернский», «член», т.б. орыс сөздері көп кездеседі.

*Р.Имаханбет*

«**ЗЕРЕКТІК**» – «Оқу құралына» енген шағын әңгіме. Оқырман көпшілікке мектеп партасынан таныс. Жоғалған түйенің сол жақ аяғы ақсак, он көзі соқыр, құйрығы шолақ екенін оны көрмей-білмей, шөп жегеніне қарап білген жолаушының тапқырлығы айтылған. Шәкіртті шаруаға оңтайлы, зеректікке баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.** А.Байтұрсынұлы 20 ғ. басында қазақ тілінің материалы негізінде ғыл. және әдістемелік зерттеулер жүргізген кезде тіл білімі саласында кейбір зерттеу әдістері толық қалыптаспаған, кейбіреулері енді қалыптаса бастаған, енді бірі тіл білімінде мүлдем белгісіз еді. Ал түркология әлемінде тілді жан-жақты зерттеу мақсатымен бір ғалымның еңбектерінде бірден бірнеше лингвистик. зерттеу әдістерін қолдану жағдайы кездеспеуші еді. Байтұрсынұлы лингвистикада бірінші болып тілдің дыбыс жүйесін сингармофонол. көзқараспен зерттеп жазды, сөйтіп, түркі әлемінде және жалпы тіл білімі тарихында жаңа ғыл. саланың негізін қалаушы болды. Мұндай ірі жетістіктің себептері, авторы болу үшін лингвистик. зерттеу әдістерінің іргелі түрлерін, терең, кең және арнайы пайдалану керек еді. Ғалым-ұстаздың сингармофонемограф. шығармаларын зерттеу барысында, сол кездегі тіл білімінде бар негізгі зерттеу әдістерінің барлығын қолданғаны белгілі болды. Жағрафиялық әдіс; Интегралдық әдіс; Статистикалық әдіс; Лингвистикалық баяндау әдісі; Минималды жұптар әдісі (минижаптар әдісі); Салыстырмалық әдіс; Салыстырмалы-тарихи әдіс; Структуралық (құрылымдық) әдіс; Эксперименталдық әдіс. Бұлардың ішінде ғылымның жан-жақты және жиі қолданған ғыл.-зерт. әдістері мыналар: лингвистик. баяндау әдісі; Салыстырмалық әдіс; Минималды жұптар әдісі. Осы үш лингвистик. зерттеу әдісі Байтұрсынұлының барлық еңбектерінде қолданылған, сол себептен

бірінші қатардағы, яғни негізгі әдістер болып табылады. Ғалым туындыларында маңызы жағынан, екінші қатарда тұрған, бірақ кең қолданылған тіл. зерттеу әдістері: Статистик. әдіс; Жағрафиялық әдіс; Эксперименталдық әдіс. Бұл әдістерді Байтұрсынұлы барлық зерттеулерінде қолданбаған. Бұлардың пайдаланылуы ғыл. жұмыстың бағытына, зерттеліп жатқан тіл материалының қасиетіне, ерекшелігіне байланысты болған. Сол себептен бұл тілдік зерттеу әдістерінің қолдану жиілігі төмендеу, бірақ интенсивтігі жоғары. Аталған ғыл. әдістердің ережелерімен зерттелген тұтас еңбектер кездеспейді, бұлар біраз зерттемелердің жеке тарауында, тармағында пайдаланылған. Үшінші қатарда тұрған бір топ лингвистик. зерттеу әдістерін ғалым сирек қолданған. Оның себебі – бұл зерттеу әдістерінің қолданылу ерекшелігінде және ағартушының лингвистик., лингводидактик. ғыл. ізденістерінің мақсаты мен мәнінде. Бұл топқа төмендегі лингвистик. зерттеу әдістері кіреді: Интегралдық әдіс; Структуралық (құрылымдық) әдіс; Тарихи-салыстырмалық әдіс; Минималды жұптар әдісі (минижаптар әдісі); Салыстырмалық әдіс; Салыстырмалы-тарихи әдіс; Структуралық (құрылымдық) әдіс; Эксперименталдық әдіс. Ғалым сингармофонемограф. ғыл. еңбектерінде лингвистик. зерттеу әдістерін төмендегідей қолданған. Лингвистик. баяндау әдісі. Барлық ғыл. еңбектерінде пайдаланылған бұл әдісті қолданудың нәтижесінде Байтұрсынұлы қазақ тілі материалының құралдарын (единицаларын) сала-салаға бөліп инвентаризация жасаған, олардың құрылымының ерекшеліктеріне, тіл қатынасындағы қызметінің қасиеттеріне ғыл. түсіндірме жасап, дәлел келтірген. Осы әдісті қолдану арқылы қазақ тіл құралдарының ғыл. зерттеме-сін дүниеге келтірген. Мыс., қазақ тілінің дыбыс жүйесін зерттеу саласына бірнеше ғыл. терминдерді ендірген (жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, дыбыс таңбасы, т.б.); олардың сөйлесім үрдісіндегі қызметін зерттеп сипаттаған: қазақ тілі сөзінің сингарможуандық немесе сингарможінішкелік қасиетін анықтаған. Қазақ тілі грамматикасы саласында қолданылатын терминдердің басым бөлігін жасап, олар анықтайтын грамматик. категориялардың мағынасы мен формаларын заманға сай ғыл. түрде баяндап берген. Салыстырмалық әдіс. Байтұрсынұлы бұл тіл зерттеу әдісін жиі қолданады. Қазақ тілінің материалы татар, ноғай, башқұрт, қырғыз, өзбек, орыс, ағылшын және тағы басқа тілдердің фактілерімен салыстырылады. Салыстырмалық зерттеу әдісін ғалым ғыл. еңбектерінде төмендегідей жағдайда қолданған: қазақ тілінің дыбыс жүйесін сингармофонол. көзқараспен зерттегенде; араб жазуын (графикасын) түркі тілдерінің негізгі просодиялық

қасиеті – сингармонизмге бейімдеп реформа жасағанда; әріп санын қысқарту мақсатымен араб графикасының негізінде сингармофонемалық әліпби жасағанда; сингармофонемалық орфографияның негізін жасағанда; басқа түркі (өзбек, эзербайжан, татар) тілдеріндегідей араб, парсы терминдерін көбейтпеу мақсатымен қазақ тілінің төл қасиеттерінің негізінде ғыл. терминдер қорын жасағанда. Байтұрсынұлы салыстырмалы әдісті барлық еңбектерінде бірдей жиі қолданбайды. Мыс., қазақ тілін татар, араб, орыс, ноғай тілдерінің материалдарымен салыстырғанда бұл әдіс жан-жақты, кең қолданылады, ал қазақ тілінің фактілерін ағылшын тілінің материалымен салыстырылғанда бұл әдістің қолданылуы қысқартылады (локализацияланады), яғни бір-екі категориялардың төңірегінде, нақты бір-екі тақырып көлемінде ғана пайдаланылады. Байтұрсынұлы бұл әдісті ғыл. еңбектерінде аз қолданса да саз қолданған. Минималды жұптар әдісі. Ғалым бұл тіл зерттеу әдісін лингвистик. және лингводидактик. мақсатпен жиі қолданған. Минижұптар әдісінің қолдануында жаңашылдық көзқарас байқалады. Мыс., дифференциалдық көрсеткіштермен карама-қарсы фонемалар жасап, дыбыстарды айқынырақ айыру үшін Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінде және жалпы түркологияда тұңғыш болып дыбысталу жағынан минималды жұп сөздерді пайдаланды. Оларды екі түрлі сингармотемброммен бөлшектеді: езулі жуан, езулі жіңішке; езу-ерін жуан, езу-ерін жіңішке: ал – әл, сал – сәл, тол – төл, ыс – іс, тыс – тіс, ұр – үр, сұр – сүр. Дыбысталу жағынан минималды жұп сөздерді карама-қарсы пайдаланудың негізінде қазақ тілінде сингармокорреляц. карама-қарсы қатынаста тұратын дыбыстар анықталып, оларға кустик., артикуляц. және фонол. сипаттама береді. Әр сингармодыбыстар қоры да анықталды. Сонымен, бұл лингвистик. зерттеу әдісін Байтұрсынұлының еңбектерінде қолдануы тіл білімінде жаңалық ашып, ғыл. табыстардың дүниеге келуіне себеп болды. Осы әдісті пайдалану арқасында ол қазақ тілі дыбыс қорының акустик., артикуляц., сингармон. (просод.) және фонемалық салаларын дәлірек айырып берді. Ал бұл үлкен ғыл. нәтиже өз кезегінде тағы да бірнеше ғыл. мәселелерді шешуге тірек болды. Олар айтқанда, сингармоәліпби мен сингармоорфографияны жасау; фонетиканың оқыту әдістемесін және оның ғыл. негіздерін жасау; әдеби дыбыстау дағдысына үйрету әдістемесін жасау. Осы аталған ғыл. жаңалықтардың бәрін ол қазақша сөйлесімнің сингармокорреляц. қасиеттеріне сүйеніп жасады. Тіл құралдарының мини-

малды жұптар әдісін тек осындай шартпен қолданса ғана зерттеуші күрделі нәтижелерге жетуі мүмкін еді. Ғалым сол мүмкіншіліктерді толық пайдаланды. Статистик. әдіс. Статистик. әдісті Байтұрсынұлы көп пайдаланған. Бір топ түркі тілдерінің (түрік, эзербайжан, өзбек, татар, қазақ, қырғыз) лексик. құрамындағы жат сөздердің көлемін белгілеген; тілдің сөз қорының өзгеру көлемінің және ол үрдістің қарқынының тездігін анықтау әрекетін жасаған; тілдің орфограф. нормалары құбылыстарының сапалық және сандық өзгерістерін зерттеген; түркі тілдерінің көне замандағы туысқандық бірлестігінің деңгейін және олардың бүгінгі күнде алшақтап кетуінің статистик. көрсеткіштерін анықтаған. Жағраф. әдіс. Байтұрсынұлы жағраф. әдісті түрлі өлкелерде, мемлекеттерде тұратын қазақтардың қазақ тілін қолдану дағдысын зерттеу үшін пайдаланды. Өткізілген ғыл. зерттеулердің нәтижесіне сүйеніп, терең мағыналы, күрделі қорытынды жасайды: қазақ тілінің ішкі дүниесінің салалық құрылымы, сөз қорының мағына ауқымы, дыбыстардың артикуляциялануы жер-жерде біркелкі, яғни қазақ тілінде ірі диалектілік ерекшеліктер жоқ. Осылайша ол «Еділден Ертіске дейін, Оралдан Ауғанстанға дейін» қазақ тілі бір негізде, өзгеріссіз, ұқсас қолданылатындығын айтады. Эксперименталдық әдіс. Осы күндері жиі қолданылатын эксперименталды фонетика әдістерінің біразы 20 ғ-дың бірінші ширегінде әлі пайда болмаған еді. Сол себептен Байтұрсынұлы өз заманында педагогик. эксперимент әдістерін көп қолданған. Өткізілген эксперименттердің қорытындысын тілді оқыту және зерттеу мақсатына пайдаланған. Байтұрсынұлы еңбектерінде лингвистик. зерттеу әдістерінің түсіндірмелері берілмеген, қай әдіс қалай қолданылатындығы айтылмаған, себебі ғалымның еңбектерінің негізгі мақсаты әдіс-тәсілдердің қорын пайдалану жолын зерттеу емес, тілдің статик. және динамик. салаларында ғыл. ізденістер жасап, қазақ тілінің құрылымы мен қызметін дәлелді және объективті баяндау еді.

*М.Жүсіпұлы*

«ЗИРЕКТІК» – «Оқу құралына» енген мәтін. Ағылшынның Браун деген шебер адамы өзен үстіне шынжырлы көпір салу идеясын жолдың үстіне құрылған өрмекшінің торын көрген соң ойлап тапқаны әңгіме болған. Шәкірттерді тапқырлыққа, талапшылдыққа баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұрманқызы*



**ИБАТОВ** Әрсен Медетұлы (17.4.1926, Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауд. – 13.10.2002, Алматы қ.) – А.Байтұрсынұлының күйеу баласы Қалидың Сәкен атты қызынан туған Гүлшаттың жұбайы. Филол. ғыл. докт. (1990), проф. ҚазҰПУ-ды (1955) және аспирантурасын (1960) бітірген. «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты ұжымдық еңбектің «Есімдік», «Сан есім», «Үстеу» бөлімдерін жазған (1962–70); екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» жасауға қатысты (1971–80). 13–14 ғ-ларда орта түрік және қыпшақ жазба ескерткіштерін, олардың қазақ әдеби тіліндегі көріністерін зерттеді, ал 1987 жылдан «Қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуындағы тарихи процестер», «Түркі ата тілін қалпына келтіру проблемалары» деген тақырыптар бойынша жұмыс істеді. И. 100-ден астам ғыл., ғыл.-көпшілік мақаланың, 7 монографияның авторы. «Жалпытүркілік әліпби. Қазақша жазу емлесі» (А., 1999) кітабын құрастырған. Сонымен қатар «Мен А.Байтұрсынұлының күйеу баласымын» атты мақаласы жарық көрген («Ана тілі», ақпан, 1994).

«**И. Б. ЖЕЗДЕМ ХАТЫНАН**» – 1922 ж. Қазан қ-нда басылған «Маса» жинағына енген. Көл. 20 жол. Өлең егіз және ерікті ұйқастарға құрылған, буын сандары да 5-7 буынды болып, араласып келеді. Ақын айтайын деген ойын жездесінің атынан білдіріп, Абай заманынан келе жатқан дәстүрді пайдаланады. Сөз ұқпайтын халқына перзенттік назын жеткізеді. «Тіл алмас деп қорқамын, // дер едім тартын» деген жолдарды жездесінің аузына сала отырып, алған бетінен қайтпайтынын, ұйқыдағы елін ояту жолында қызмет етуді өзінің міндеті санайтынын сездіреді. Ақынның «Жауап хаттан» өлеңі – аталған шығарманың заңды жалғасы.

*С.Итеғұлова*

**ИБРАГИМОВ** Ғалымжан Ғирфанұлы (13.3.1887, Башқортостан, Стерлитамак уезі, Султанмуратово дер. – 21.1.1938, Қазан қ.) – татар жазушысы әрі тіл маманы, қоғам қайраткері. Еңбек Ері (1932). Қазіргі татар әдебиетінің бастаушыларының бірі. Татар-башқұрт мұсылмандық

солшыл эсерлер партиясы көшбасшылары мен құрушылардың бірі. 1918 ж. Ішкі Ресей мұсылман істері жөніндегі комиссариатын ұйымдастырушы. 1920–24 ж. РК(б)П ОК жанындағы Шығыс халықтары орт. бюросының қызметкері, Қазан қ-ндағы Коммунистік ун-ттің оқытушысы, 1925–27 ж. Халық ағарту к-ті жанындағы акад. орт-тың төрағасы болған. И. М.Жұмабаев, Б.Майлин, Ж.Тілепбергенов, т.б. қазақ жазушы-



*Ғ.Ибрагимов*

ларының ұстазы. Қазақ ауылында мұғалімдік қызмет атқара жүріп, қазақ тілін жетік меңгерген ол туысқан халық өмірінен «Қазақ қызы» атты роман жазған. Қазақтың ауыз әдебиеті, ұлы ақыны Абай жайында әр тұста аталы пікірлер айтқан. 1916 ж. «Аң» («Сана») журналының 5-санында жарияланған «Тіліміз әр түрлі, ойымыз – біртұтас» деген мақаласында қазақ халқының бай ауыз әдебиетін ұлы мұра ретінде бағалап, сол мұраны терең зерттеп, игеруге үндейді. «Қазақтар біраз уақыт татар мәдениеті мен әдебиетінен үйреніп келді. Алайда олар кешікпей дербес те даңқты жолға түседі. Бұл процесті ешнәрсе де тоқтата алмайды», – дейді. Сөйтіп, біздің ұлттық әдебиетіміздің жаңа дәуірлеу бағытын ол Абай есімімен байланыстырады. И. Уфа қ-ндағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарының ана тіліндегі қолжазба «Садақ» журналын шығаруға ат салысқан. Ол 1926 ж. Баку қ-нда өткен түркітанушылардың 1-съезіне барған Татар АКСР-інің делегациясын басқарып, лагандандыруға қарсы баяндама жасаған. Ол турасында А.Байтұрсынұлы өзінің «Түрікшелер құрылтайы» мақаласында жазған. И. 1927 жылдан бастап науқасына байланысты Қырымда тұрған. 1937 ж. сол жақта тұтқындалып, Қазан қ-ндағы түрме ауруханасында көз жұмған. 1955 ж. ақталған. Қазан қ-нда И-ке ескерткіш орнатылып, Татарстан Республикасы ҒА-ның Қазан Тіл, әдебиет және тарих ин-тына, мектептер мен көшелерге есімі берілген.

*М.Байленова*

**ИБРАЙЫМОВ** Қапар Шалтабайұлы (29.12.1954 ж.т., Жамбыл обл.) – филол. ғыл. канд. (2005),

доцент (2010). А. Байтұрсынұлының лингвистик мұрасын зерттеуші (фонология, сөзжасам, стилистика). ҚазҰУ-ды бітірген (1977). Тараз мемл. ун-тінде оқытушы, доцент қызметтерін атқарған. Байтұрсынұлы еңбектерінің тілтанымдық та-



Қ.Ибрайымов

биғаты, пайдаланған ғылымтанымдық ұғымдары мен ұстанымдары, Байтұрсынұлы негіз тұтқан терминжасамдық ұғымдар мен ұстанымдар, т.б. зерделенген «А. Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика» монографиясының (А., 2015) телавторы. «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектеріндегі тіл және тілге оқыту мәселелері» («Межвузовский сборник научных трудов», 1998, 4-шығ.), «Ахмет Байтұрсынұлының сингармофонологиялық және сингармографиялық ізденістері» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 2003, №8), «Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі лингвистикалық және лингводидактикалық мәселелер» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 2003, №9), «Ахмет Байтұрсынұлы: тілтаным мен әдістеменің үйлесімдігі, зерттеу әдістерінің орны» («ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы», 2003, №7), «Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі лингвистикалық мәселелері» («ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы», 2004, №8), т.б. мақалалары жарық көрген. Халықар., респ. ғыл.-теор. конференцияларда «А. Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасын зерттеуге арналған еңбектердің концептуалдық ерекшеліктері» (Тараз, 2005), М. Жүсіпұлымен бірге «Ахмет Байтұрсынұлының ғылымды табиғи объективтік болмыс ұғымында тусінуі және қазақ тілі ғылымы стилинің негізін қалауы» (Көкшетау, 2006) және «Ахмет Байтұрсынұлының қазақ және түркі терминжасамы тарихындағы орны» (Ташкент, 2015) тақырыптарында баяндама жасаған.

**ИЛЬМИНСКИЙ** Николай Иванович (8.5.1822, Ресей, Пенза қ. – 27.12.1891, Қазан қ.) – орыс педагогі, миссионер. Пенза діни семинариясын (1842), Қазан діни академиясын (1846) бітірген. 1846 – 51 ж. Қазан діни академиясында оқытушы болып жұмыс істейді. 1851–54 ж. шығыс

тілдерін жете меңгеру мақсатында ғыл. сапармен Сирия, Мысыр, Түркияда болады. Қазан діни академиясында шығыс тілдерінен оқытушы (1954–58), Орынбор шекаралық комиссиясында аудармашы (1858–61), Қазан ун-тінде проф. (1961–72)



Н.И.Ильминский

қызметтерін атқарған. 1872 жылдан өмірінің соңына дейін өзі негізін қалаған Қазан мұғалімдер семинариясының директоры болды. Қазақ тілінің фонетикасы мен грамматик. құрылысы жөнінде сөздік құрастырған. «Материалы к изучению киргизского наречия» (Қазан, 1861) атты 200 беттік еңбегінің алғашқы 40 беті қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасына арналған да, қалған 160 беті қазақша-орысша сөздік ретінде берілген. Басқа да түркі тілдерін зерттеумен қатар ауыз әдебиеті нұсқаларын жинастырумен де («Ер Тарғын», Қазан, 1862; «Қисса Рабгузи», Қазан, 1859), этногр., тарих мәселелерімен де (мыс., «Бабыр сұлтанның жазбалары», 1857) шұғылданды. Патшалық Ресей үкіметі Еділ, Орал, Сібір аймақтарындағы «бұратана» халықтарға оқу-ағарту ісін жүргізуде И-дің «педагогикалық жүйесін» қолданды. Осыған орай мектепте оқытудың білімдік мәнінен гөрі діни-насихаттық жағы басым болды. Осындай кемшіліктерге қарамастан И. отар халықтардың білім беру ісін дамытуға елеулі үлес қосты. Араб әліпбиі орнына орыс графикасына негізделген әліпби ұсынды. Бұл шын мәнінде И-дің миссионерлік саясатының «жемісі» болатын. Ол қазақтарды ашықтан-ашық ислам мәдениетіне қарсы қою әрекетінен нәтиже шықпасын білгесін, бұратана халықтарды дәстүрлі дінінен айыру үшін ең алдымен олардың әліпбиін, жазу-сызуын аластау керек екенін жақсы түсінді. Сосын араб әліпбиі түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің дыбыс жүйесін, әсіресе дауыстыларын бере алмайды деп қазақ оқығандарын иландыруға тырысты, алғаш рет қазақ тілі материалдарын орыс жазуына түсіріп, орыс әліпбиімен берудің үлгісін жасады. Алайда бұл әрекеті сәтсіз болды. Ағартушы ғалым Ы.Алтынсаринмен қызметтес болып, ол туралы естелік жазды. И-дің орыстандыру саяса-

## ИМАНБЕКОВА

тың іштей зерделеген А.Байтұрсынұлы А.Е.Алекторовтың оның ізін жалғастырушы екендігіне көзі жеткен.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. – 6-т.

**ИМАНБЕКОВА** Бақытгүл Ильяскызы (5.2.1971 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Түзкөл а.) – пед. ғыл. канд. (2000). ҚазҰПУ-ды бітірген (1995). И. «А.Байтұрсынұловтың педагогикалық мұраларын педагогикалық колледждерде пайдаланудың жолдары» тақырыбында канд. дисс. қорғаған. 100-ге жуық ғыл. мақалалар мен



*Б.Иманбекова*

зерттеулердің, оның ішінде 4 оқулық пен 10 оқу-әдістемелік құралдың авторы. Ғыл. жұмыстары этнопеддагогика, тәрбие теориясы, тәрбие беру мәселелеріне, білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы, жастарды әлеуметтендіру мәселелеріне, т.б. арналған. «А.Байтұрсынұловтың тәлімдік ой-пікірлерін оқу-тәрбие жүйесіне пайдалану» (А., 2002), «Тәрбие хрестоматиясы» (А., 2004), «Этнопеддагогика» (Астана, 2007) тәрізді оқулықтардың, «А.Байтұрсынұлов мысалдарының мәні» («Ақиқат», №1, 1999), «А.Байтұрсынұловтың педагогикалық көзқарастары» («Бастауыш мектеп», №1, 1999) «Ахметтану тағылымдары» атты арнаулы курс бағдарламасы («Қазақстан мектебі», №10, 1999), «А.Байтұрсынұловтың ағартушылық мұраларының зерттелу жайы» («Ізденіс», №1, 2000), «А.Байтұрсынұловтың педагогикалық мұрасы негізінде қазақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау» («Білім», №1, 2000), «А.Байтұрсынұлов және халық педагогикасы» («Ұлт тағылымы», №2, 2000), т.б. мақалалары жарық көрген. Халықар. ғыл. конференцияларда «А.Байтұрсынұлов – ағарту ісінің көшбасшысы» (А., 1998), «А.Байтұрсынұлов және тәрбие» (А., 2001) тақырыптарында баяндама жасаған. Тәуелсіз «Тарлан» сыйл. иегері (2006). «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен марапатталған (2016).

*М.Байленова*

**ИМАХАНБЕТ** Райхан Сахыбекқызы (9.3.1967 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд.) – ахметтанушы, Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінің

директоры (2005 жылдан). Байтұрсынұлы мұражай-үйінде ғыл. қызметкер (1994 жылдан), қоғамдық қордың атқарушы директоры (2005 жылдан). Филол. ғыл. канд. (2006), доцент (2008). ҚазҰПУ-ды бітірген (1996). Қ.Мұңайтпасов



*Р.Имаханбет*

атынд. спортта дарынды балаларға арналған Респ. мектеп-интернаттың ұстазы (1996–2002), Алматы қ. ПБ Мемл. тілді дамыту орт-ның оқытушысы (2002–08), Халықар. бизнес ун-тінің доценті (2008–14) болған. 2014 жылдан ҚазҰУ-дың доценті, Байтұрсынұлының мұрасы негізінде Ахметтану мәселесінің толық курсы бойынша дәріс оқиды. 1996–98, 2005 ж. «Ахмет Байтұрсынұлы музейі экспозициясының ғылыми тұжырымдамасы және тақырыптық жоспары» атты жобаның жетекшісі әрі авторы болды. «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны мен шығармалары (мұрағат деректері негізінде)» атты канд. диссертация қорғаған. 200-ден астам еңбек жазған, оның 79-ы ғыл., 110-ы ақпараттық, 29-ы әдістемелік мақала. «Ахмет Байтұрсынұлы» көп томдық шығармалар жинағының 3-, 4-томдарын құрастырушылардың бірі, жауапты редакторы әрі ғыл. түсініктің авторы (2003–06), «Ахмет Байтұрсынұлы» алты томдық шығ. жин-ның құрастырушысы, жауапты редакторы әрі ғыл. түсініктің авторы (2013). «Ғасыр саңлағы: А.Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны» монографиясы (2010), «Ұлағатты ұлт ұстазы» (анықтамалық-көрсеткіш) (2010) және «Ахметтану мәселелері» (2016) ғыл. жинақтары, «Түркістаннан Анадолыға. Түрік-ислам әдебиеті» оқу құралы (2013), суреттер мен деректер, құжаттар берілген «Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі (Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы тағылым үйінің қалыптасу тарихы: құрылымы, дамуы, жүйеленуі, зерттелуі)» (2017), «БЕС АРЫС: Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев» (2017) кітаптары жарық көрген. 2017 ж. жарыққа шыққан «Ахмет Байтұрсынұлы» фотожинағының құрастырушысы, анықтамалық пен ғыл. түсініктердің авторы. «Ұлт ұстазы» (2010), «Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының

көсемі» (2012) деректі фильмдерін түсірген. Байтұрсынұлы мұрасына қатысты респ., халықар. конференцияларға қатысқан. «UIB-2011 Үздік оқытушысы» номинациясының иегері (2011). А.Байтұрсынұлы атынд. «Саңлақ автор» (2010), Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты» (2014), «Қазақ хандығының 550 жылдығы» (2015) медальдарымен марапатталған.

*М.Байленова*

**ИНД-ГАНГ ОЙПАТЫ**, Үндістан ойпаты – Гималай мен Декан таулы үстіртінің аралығында, Үндістанның солт. мен Пәкстан және Бангладеш елдері аумағындағы аса ірі жазық. Бенгал шығанағынан Араб т-не дейін 3000 км-ге созылып жатыр, ені 250 – 350 км. Жер беті тегіс, Ганг пен Инд өзендерінің су айрығында ғана абс. биікт. 270 м-ге дейін көтеріледі. Шығыс бөлігінің климаты субэкваторлық муссондық, батысында – тропиктік пассаттық. И.-Г. о. ежелгі егіншілік орталықтарының бірі. Аумағының басым бөлігі жыртылған. Мақта, күріш, қант құрағы, банан, шай бұтасы, кокос пальмасы өсіріледі. Ірі қалалары: Калькутта, Дели (Үндістан), Карачи, Лахор (Пәкстан), Дакка (Бангладеш). А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттама бере отырып, Азияның ірі ойпаттарын да атаған. Солардың ішінде И.-Г.о. жайында айтылады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.

**ИНТЕРНАЦИОНАЛ**, *Халықар. еңбекшілер серіктестігі немесе жұмысшылардың халықар. серіктестігі* – еңбекшілердің алғашқы халықар. ұйымы. 13 Еуропа және АҚШ елдерінің ұйымдары тарапынан 1864 ж. 28 қыркүйекте құрылған. Серіктестіктің Құрылтай манифесі және Уақытша жарғысын Карл Маркс дайындап, 1864 ж. 1 қарашада бекітілген. Манифест «Коммунистік партияның манифесі» секілді «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұранмен аяқталған. Жоғары басқару органы қызметін конгресс атқарған. Бас кеңес Лондон қ-нда орналас-ты. 1865 ж. Еуропаның көптеген елдерінде И. секциялары жұмыс істеді. 1866 ж. 3–8 қыркүйекте Женева қ-нда өткен 1-конгресте кәсіподақтар құру, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу, әйелдер еңбегін қорғау, балалардың жалдамалы еңбегіне тыйым салу, политех. тегін білім беру, жұмысшы милицияларын құру, т.б. шешімдер қабылданып, ал 1867 жылғы 2–8 қыркүйектегі 2-конгресте (Лозанна қ.) саяси бостандықтар талап ету қарастырылды. 1868 ж. 6–13 қыркүйекте Брюссель қ-нда өткен 3-конгресте кәсіпорындармен қатар жер де қоғамдық меншік болуы тиіс деген шешім қабылданып, 1869 жылғы 4-конгресте (Базель қ.) бекітілген. Париж коммунасы жеңілгеннен кейін И-дың прогрессивті ықпалы әлсіреп,

1876 ж. ыдырап кеткен. Дегенмен, 1922 ж. құрылған Берлин кәсіподақтар интернационалы өз қызметін әлі жалғастыруда. 1889 ж. құрылған 2-Интернационал 1 мамырды Халықар. еңбекшілер, ал 8 наурызды Халықар. әйелдер күні деп жариялаған. 1951 ж. Майндағы Франкфуртта құрылған Социал-Демократиялық (Соц. Интернационал) қазіргі күні 2-Интернационалдың заңды жалғасы түрінде қызмет атқаруда. 3-Интернационал немесе Коммунистік Интернационал (Коминтерн) 1919 ж. 2 наурызда В.И.Лениннің бастамасымен құрылған. 1919–43 ж. әр түрлі елдердің коммунистік партияларын біріктірген бұл халықар. ұйым 1943 ж. 15 мамырда тарап кеткен. И-дың мәтінін «Еңбекшілер ұраны» деген атпен қазақ тіліне алғаш Ж.Аймауытов аударып, ол «Қызыл Қазақстан» журналының 1921 жылғы 12 қыркүйектегі 1-санында жарияланды. Аймауытов аудармасынан кейін де «И.» қазақ тіліне әлденеше рет аударылды. А.Байтұрсынұлы және Т.Шонанұлы бірге жазған «Оқу құралына (1926–27)» Аймауытов аударған «Еңбекшілер ұраны» енген. Әдеб.: www.dic.academic.ru (қаралған күні: 20.9.2017); Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. Оқу құралы. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.

*К.Саркенова*

**ИРАН**, Иран Ислам Республикасы – Азияның оңт.-батыс бөлігінде орналасқан мемлекет. А.Байтұрсынұлы «МОПР хәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» (1924) туындысында И. даласында халықтың ағылшындарға қарсы көтерілісі күннен-күнге ұлғайып келе жатқаны баяндалады. Одан әрі Байтұрсынұлы И. Күншығыс елдерінің іргесінің бірі екені, 1919 жылдан бері ағылшындар «қолтығына алайын» деп алдап, байларды өздеріне қаратқысы келсе де, бұқара халық сан рет қарсылықтарын көрсеткені, ағылшындардың бұл қылығы Иран еңбекшілерінің наразылығын күшейткені туралы айтады. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

**ИРЛАНД АРАЛЫ** – Британ аралдары құрамындағы арал. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатын сипаттай келіп, ондағы ірі аралдарға тоқталған. Сондай аралдардың бірі болып И. а. саналады.

**ИРКУТСК ОБЛЫСЫ**, Енесейск хәм Иркутск губерниясы – Ресей Федерациясындағы облыс. А.Байтұрсынұлының 1911 ж. «Қазақ жерін алу турасындағы низамдар, бұйрықтар» деген мақаласы «Айқап» журналының 9, 10-санында жарияланған. Мақала 1913 ж. «Қазақ» газетінде сол қалпында қайта басылған. Байтұрсынұлы жалпы бұқараның заңды дұрыс білмегендіктен құқы аяққа тапталатынын дәлелдеп, қазақтың жерін алуды мақсат еткен патша үкіметінің жарлығына нақтылы түсінік береді. Со-

## ИСЛАНД

ның бір мысалы ретінде «1909-шы жылдың 9 июнінде (маусымда) Министрлер Советі ұнатып шығарған инструкция, яғни насихат бұйрығы: 1-пункт: қазақ пайдасындағы жердің артықтарын мұхықтарға патшалық керегіне шығару жолы Тобылск, Томск, Енесейск һәм Иркутск губернияларды жер кесуге шығарған нызамның 24, 154-ші статьялардың жөнімен бөліп, осы насихат бұйрықтың 2-пунктінен бастап, 19-шы пунктіне дейін айтылған жолдардан тысқары кетпеске» деп келтіреді. Мұндағы Енесейск һәм Иркутск губ. аумағы қазіргі Иркутск обл. аумағын қамтиды.

**ИСЛАНД АРАЛЫ** – Атлант мұхитының солтіндегі арал. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатына сипаттама бере отырып, (6 томдық шығ. жин. 2-т.) ондағы ірі аралдарға тоқтады. Солардың бірі ретінде Исланд мемлекеті орналасқан И. а. жайында да айтылған.

**ИТАЛИЯ, И т а л и я Р е с п у б л и к а с ы** – Еуропаның оңт. бөлігінде, Жерорта т. жағалауындағы Апеннин түбегіндегі мемлекет. Сицилия, Сардиния және бірнеше ұсақ аралдар орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Соғысушы патшалар» мақаласында (1914) (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.) «...Соғыспаса да, қару-жарақтарын бәсекемен сайлап, соғысатындай күтіп, бірін-бірі аңдумен жүрген» елдердің біріне И-ны жатқызады. А.Байтұрсынұлы «МОПР һәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» атты кітапшасында қазақ халқының еңбекшілеріне дүниеде болып жатқан таптық күрестерді айта отырып, Италияның отары – Тарабүлісте фашистердің қожалық етіп отырғаны, Тарабүліс обл-ның халқы ұлт азаттығын алу үшін күресуде екенін атап өткен.

**ИТБАЕВ** Ережеп (1883 – ө.ж.б.) – Алаш қозғалысының қайраткері. Омбы гимназиясын бі-

тірген. Томск ун-тінде бір жыл оқыған. Кереку және Қарқаралы уездеріндегі жер қатынастарын зерттеген Ф.А. Щербина экспед-на (1897–98) қатысқан. 1900–17 ж. Қарқаралы уезі бастығы кеңсесінде, Ақмола окр. сотында тілмаш болған. 1917 жылдың басында мемл. қызметтен өз еркімен босап, қоғамдық істермен, Алашорда жұмыстарымен айналысты. Ақмола обл. қазақтарының съезін (Омбы, 1917 ж. сәуір – мамыр) ұйымдастырушы және басқарушысы, Алашорданың Ақмола обл. к-тінің белсенді мүшесі болды. Алаш партиясының Омбы қалалық ұйымынан Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылды. Томск қ-нда 1917 ж. 8–15 қазанда өткен Жалпысібірлік съезде Сібір кеңесінің құрамына кірген. 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, С.Досжанов, М.Дулатовтардың ұйымдастыруымен Орынбор қ-нда өткен 2-жалпықазақ съезіне қатысып, Алаш автономиясының Халық кеңесіне кандидат болып сайланған.

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 05.10.2017).

«**ИТТЕР ДОСТЫҒЫ**» – мысал өлең. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Тақырып астына «Крыловтан» деп көрсеткен. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма жалпы 66 жолдан тұрады. Оның 60 жолы Крылов өлеңінен аударма да, 6 жолы оқырманға түсінік ретінде жазылған. Соңында «Қырық мысал» кітабынан алынғандығы жөнінде сілтеме берілген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*



«Й» – дауысты дыбыстардай ашық айтылмайтын, дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын дыбыс, жарты дауысты дыбыс. 20 ғ-дың басында жарты дауысты яки орта дыбыстардың («у» және «й») өз алдына оңаша хәріфтері болмады. Олардың орнына бүтін дауысты «у» мен «и» хәріфтері жүрді. «у» және «й» дыбыстарының қандай дыбыстан кейін келгеніне байланысты олардың қандай дыбыс екені анықталатын. Жарты дауысты «у» дыбысы қазақ сөзінде дауысты дыбыстардың соңында ғана айтылады; «у» дыбысы қазақ сөзінде еш орында дауысты дыбыстан соң айтылмайды. «у» һәм «й» хәріфтері дауысты дыбыстарға да жарты дауысты дыбыстарға да ортақ хәріфтер болғандықтан, А.Байтұрсынұлы оларды «тел» хәріфтер деп атайды. Жарты дауысты хәріфтер шолақ «у», шолақ «й» деп аталады. Ғасыр басында баспасөз бетінде де, білімпаздар тобында да арнайы сөз болып, көп айтыс туғызған мәселелердің бірі – бітеу буындарда және л, р, у, и дыбыстарының алдында **ы(i), ұ(y)** дыбыстарын жазу-жазбау туралы болды. Б.Малдыбаев, Малабаев, Ж.Аймауытов, Т.Шонанұлы, К.К.Юдахиндер «**ы(i), ұ(y)** дыбыстары дүдәмал естілетіндіктен, кейде түсіп қалатындықтан (*орын – орны, мойын – мойны* т.б.) әрі сөз мағынасына әсері болмайтындықтан, **р, л, у, и** дыбыстарының алдында бітеу буындарда жазбай-ақ қойса да болады» деген пікірді ұстанады. Ал Байтұрсынұлы алғашқы кезде бітеу буындарда **р, л, у, и** дыбыстарының алдынан **ы, ұ** (соған сәйкес **і, ү**) дыбыстарын жазбай-ақ қоюға болатынын айта, кейінгі мақалаларында естілсе, **ы, ұ** дыбыстарын таңбалау керектігін айтады. Е.Омаров «Қазақша жазу жайы», «Емле мәселесі», «Жазу мәселесі» т.б. мақалаларында және конференцияда сөйлеген сөздерінде **ы, ұ** дыбыстары естілген жерінде қалдырылмай жазылу керектігін дәлелдейді. Осындай көзқарасты К.Кемеңгеров («Жаурапалықтар үшін оқу құралы», конференциядағы сөздерінде т.б.); Есенғали («Емле жайындағы пікірлер») да қуат-

тайды. Байтұрсынұлы мен Омаров бітеу буында **ы(i), ұ(y)** дыбыстарының бар-жоқтығын айыру үшін «артықша сезгіштіктің керегі жоқ, қазақ құлағы болуы керектігін» айта келіп, кейбір сөздердің мағынасын ажыратуда бұл дыбыстардың әсері бар екенін: *жарқ етті – ай жарық; тұрс (тарс-тұрс) – тұрыс (отырыс-тұрыс); бұлк (бұлк ету) – бүлік (бүлік шығару), жорт (аттың жортуы) – жорыт (түсті жорыту)* сияқты мысалдарды келтіре отырып дәлелдейді. Байтұрсынұлы бітеу буында **ы(i), ұ(y)** дыбыстарын таңбаламайтын болсақ, мұндай мағыналары екі түрлі сөздерді ажырату қиынға түсетінін айта келіп, естілген жерінде жазып, естілмеген жерінде жазбау керектігін ескертеді. Ал енді «әркімнің құлағы әр түрлі естіген немесе солай естіледі деп ұғып, әдеттеніп қалған жағдайда, өлең өлшемімен ашылуы керектігін» айтады. Бұл орайда ғалым: «**ұ** мен «**ы**» дыбыстары «**у**» дыбысының алдында келгенде ашық буындарда анық естіледі, бітеу буындарда дүдәмал естіледі. Сондықтан дүдәмал болған жерде бітеу буынды ашып, ашық буынға айналдыру керек. Мыс.: 1) *сұу, бұу, тұу* деп жазу-ма, яки *су, бу, ту* деп жазу ма, дүдәмал, яғни «**у**»дың алдындағы дыбыс «**ұ**» ма, «**ы**» ма, – анық естілмейді. Егерде «**у**»дың алдындағы дыбыс «**ұ**» болса, «сұу», «бұу», «тұу» деп жазу тиіс. Егерде «**у**»дың алдындағы дыбыс «**ы**» болса, бұл сөздер «**ы**» хәріфі бітеу буында жазылмауы себепті, «су», «бу», «ту» деп жазылуы тиіс. «**У**» алдындағы қай дыбыс екені бітеу буынды ашқанда мәлім болады. «**У**»-дың алдына «**ұ**» харфін қойып та, «**ы**» харфін қойып та ашып қарайық: *сұу=сұуы, бұу=бұуы, тұу=тұуы; су=сы-уы, бу=бы-уы, ту=ты-уы*. Әрине, *сұуы, бұуы, тұуы* деп айту *сыуы, быуы, тыуы* деп айтудан дұрыс екендігі қандай даусыз болса, *сұу, бұу, тұу* деп жазу һәм сондай даусыз болып шығады», – деп жазады. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. – 1 тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

**ЙЕМЕН ТАУЛАРЫ.** Д ж е б е л А р а б с т а н т а у л а р ы – Арабия түбегінің оңт.-батысында, Йемен Республикасы және Сауд Арабиясы аумағында орналасқан тау жүйесі. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатымен қоса құрлықтың басты тауларына да тоқталған. Сол таулардың бірі болып Й. т. да айтылады. Мақалада Й. т. Арабстан дөңестері деп берілген. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А., Елшежіре, 2013. – 2 т.





**КАВКАЗ ТАУЛАРЫ**, Қапқаз – батыста Қарат. бен Азов т-нен, шығыста Каспий т-не дейін созылып жатқан таулы өлке. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығын сипаттай отырып, ірі тауларға тоқталған. Сондай таулардың біріне К. т-н (Қапқаз) жатқызыған. Сөз өнерінің ғылымы бөлімінде (6 томдық шығ. жин. 1-т.): «...Кавказдан шықты жайнап, қылып у-шу, Түзу жерден жол кернеп, ұлғайды су»... десе, келесі бір шумақта: «Кавказдай құзда туған перзенттенмін, Бұлттың суын ішіп, ержеткенмін» деп қазақтың ұлы ақыны Абай жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп кейіптегенін, сондай-ақ К. т-ның жер бедері мен суын, асқар тау бастарындағы бұлттарды мысалға келтіргенін айтады.

*Қ.Ахметов*


**КАМАЛ** Ғалиасқар, Камалетдинов (6.1.1879, Татарстан, Қазан қ. – 8.6.1933, сонда) – татар жазушысы, қоғам қайраткері. Татарстанның халық драматургі. Қазанда «Ғұсмания», «Мухаммадия» медреселерінде, орыс-татар мектебінде оқып білім алған. Алғашқы шығармалары «Бақытсыз жігіт» (1898), «Үш сорлы» (1900) пьесаларында саудагерлер өмірін бейнеледі. 1901–05 ж. «Мағариф» («Ағарту») атты татар баспасын ұйымдастырып, кітап шығарумен шұғылданды. 1906–10 ж. «Азат», «Жұлдыз» газеттерінде, «Найзағай», «Жалт-жұлт» журналдарында жұмыс істеді. Жасырын «Тәраққый» («Алға қадам») газетін шығарды. К. «Алғашқы спектакль» (1908), «Сыйлық үшін» (1909), «Көңілде әйел» (1911), «Біздің қаланың сырлары» (1911), «Банкрот» (1912), т.б. драматург. шығармаларында гуманизм, халықтық идеяларды насихаттады. Н.В.Гогольдің «Ревизор», А.Н.Островскийдің «Найзағай», М.Горькийдің «Шыңырауда» пьесаларын татар тіліне аударды. Қазандағы Татар мемл. акад. драма театры К. есімімен аталады. Байтұрсынұлы араб әліпбиін жақтаған баяндамасында К-дың жасаған баспа таңбасына тоқталады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.*

**КАМЕНСКИЙ ҺӘМ БЕЛОЯРСКИЙ** – қазіргі Қостанай обл. Меңдіғара және Федоров аудандарындағы елді мекендер. Қазіргі кезде олар Каменка және Белоярка деп аталады. А.Байтұрсынұлы «Жер жалдау жайынан» мақаласында (6 томдық шығ. жин. 4-т.) қазақ жеріне қоныс аударған орыстарға жерін сатып жатқан қазақтар туралы жазған. Жер сатылса қазақтың халі неге ұшырайтынын сол кезде-ақ қайраткер білген және: «қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар» деп бұқараға ой тастайды. Мұнда «Каменский Һәм Белоярский поселкалар» мағынасында «Каменский поселкасы болған жерге 1891-ші жылы бір үй орыс қазақтан жер жалдап келіп отырған. 1899-шы жылы 24 үй келсе, 1900-шы жылы 179 үй келген. Белоярский поселке тұрған жерге 1899-шы жылы 10 үй келіп, қазақтан жер жалдап орналасқан» деп жазады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.*

**КАРЛ МАРКС** Генрих (1818, Германия, Трир қ. – 1883 Англия, Лондон қ.) – 19-ғ-дағы немістің экономист ғалымы, саяси экономист, философ, саясаттанушы, әлеуметтанушы, тарихшы, ғыл. коммунизм теориясының іргетасын қалаушы.



*Г.Карл Маркс*

1835–41 ж. Бонн, кейіннен Берлин ун-тінің заң ф-тінде білім алды. 1842 ж. «Рейн газетінде» редактор болды. 1843 ж. Парижге кетіп, соц. қозғалыс өкілдерімен танысты. 1844 ж. Ф.Энгельспен кездесіп, ол Маркстың ең жақын серігіне айналды. 1848–49 ж. Еуропада өткен төңкерісшіл қозғалысқа белсене араласты. «Коммунистер одағы» халықар. ұйымына мүше болып, 1848 ж. Энгельс екеуі осы ұйымның «Коммунистік партияның манифесі» атты бағдарламасын жазып шықты. 1848 ж. маусым – 1849 ж. мамыр айларында Кельн қ-нда (Германия) Энгельс екеуі «Жаңа Рейн газетін» шығарды (К. М. бас редактор болды). Еуропадағы төңкерісшілдер талқандалған соң, 1849 ж. Парижге, кейіннен Лондонға көшіп барып, өмірінің соңына дейін сонда тұрды. К. М. 1864–76 ж. 1-Интернационал ха-

лықар. ұйымының негізін қалап, жетекшілік етті. Лондонда тұрған жылдарында ол ғыл.-қоғамдық жұмыстарының барлығын дерлік Энгельстің материалдық көмегі арқасында жасады. 1867 ж. Маркстің ең басты еңбегі «Капиталдың» 1-томы жарыққа шықты. Бірақ ол бұл еңбегін аяқтай алмады. 2, 3-томдары Энгельстің, ал 4-томы К.Каутскийдің редакциялауымен жарияланды. К. М-тың идеялары 19–20 ғ-ларда қоғамдағы әлеум. өзгерістерге айтарлықтай әсерін тигізді. А.Байтұрсынұлы К. М-ті макалаларында социализмді орнату жолын ғыл. түрде басқарушы, жұмысшы табының көсемі деп атаған. Оның кейбір сөздерінің Ә.Бөкейхан жасаған аудармасын Байтұрсынұлы «Оқу құралы» кітабына енгізген. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-, – 5-т.

**КАСПИЙ ТЕҢІЗІ** – Еуразия құрлығының ортнда, мұхиттардан алыста, оқшау жатқан тұйық су алабы. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының



(Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.) ішкі өзен-көл, теңіздерін атап, Орта Азияның К. т-н сипаттаған.

**КӘКІШЕВ** Самырат Мәшенұлы (25.5.1920, Қостанай обл. Торғай атырабы – 1997, Алматы қ.) – А.Байтұрсынұлының немерелес інісі. Қазақ КСР-інің еңбек сің. құрылысшысы. 1934 ж. Байтұрсынұлы айдаудан оралған соң, К-ті Қостанайдағы жетімдер үйінен алдырып, өз отбасының қамқорлығына алған. Байтұрсынұлы ақталғаннан кейін 2-дүнежүз. соғысқа қатысқан. К. соғыстан кейінгі жылдары құрылыс саласында лауазымды қызметтер атқарып, Қазақстан қонақ үйі мен Арасан моншасы құрылыстарының жүруіне себепші болған. А.Байтұрсынұлы атынд. қоғамдық қор құрып, ғалымның мұрасын насихаттаудағы алғашқы іс-шараларды атқаруға басшылық жасаған. Байтұрсынұлы тұрған үйді мұражайға айналдыру, тұлғаның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында осы үй орналасқан көшенің атауын ғалым атына өзгерту жұмыста-

рын ұйымдастырған. Байтұрсынұлының «Жан сөзімді кім түсінер», «23 жоқтау» туындыларын қайта бастырып, халыққа тегін таратқан. «Ахан



*С.Кәкішев*

туралы ақиқат» атты кітаптың авторы. 1- және 2-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Светлана, Ирина, Серік атты балаларынан тараған ұрпақтары Алматы қ-нда, Ресейде тұрады.

*Р.Сахыбекқызы*

**КӘКІШЕВ** Тұрсынбек (15.8.1927, Ақмола обл. Бұланды ауд. Даниловка а. – 8.9.2015, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1972), проф. (1973). Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1979). ҚР-ның еңбек сің. қайраткері (2005). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2007). ҚазҰУ-ды бітірген (1950). Қазақстан КП ОК Партия тарихы ин-тының ғыл. қызметкері (1952–58), Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер (1960–68) болды. 1968 жылдан ҚазҰУ-да аға



*Т.Кәкішев*

оқытушы, доцент (1968–78), декан (1978–86), кафедра меңгерушісі (1990–2000), проф. (2000–15) қызметтерін атқарды. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (3-т., 1–2-кіт., 1967), «Қазақ кеңес әдебиеті тарихы» (1970, орыс тілінде), «Көп ұлтты кеңес әдебиетінің тарихы» (1970, Мәскеу) сияқты еңбектерді жазуға қатысты. С.Сейфуллиннің шығарм. өмір жолын зерттеді. «Санадағы жаралар» (1992), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995), т.б. жинақтарында қазақ әдебиетінің өткені, бү-

гіні жайында толғанис-пікірлері топтастырылған. «Сәкен өткелдері», «Мерей» 2 том, «Сандалтқан садақ», «Сәкен аялаған арулар», «Дәуір дауылпазы», «Толғам», «Сәбит Мұқанов», «Жанр жайлауы», «Жаяусалдың серуендері», «Қазақ зиялылары» сынды монографиялары мен С.Сейфуллиннің шығармалар жинағының 10 томдығын құрастырып шығарды. К. Қазақстан Жазушылар одағының С.Сейфуллин атынд. сыйл. иегері. «Парасат» орденімен (1998), медальдармен марапатталған. «Мағжан және Сәкен», «Санадағы жаралар» (1992), «Кер заманның кереғар ойлары» атты кітаптарында А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов сынды Алаш зиялыларының өмір жолы мен шығарм-н деректер негізінде зерттеген. «Қазақ әдебиет сынының тарихы» (А., 1994) еңбегінде Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын, эстетик. таным-білігінің молдығын танытқан кезеңдік туынды деп көрсеткен. «Қазақ» газеті туралы ой-тоқтамдарында, жалпы Байтұрсынұлының ағартушылық ағым қалыптастырудағы тарихи еңбегінің ғыл., саяси-әлеум. тұрғыда бағасын беріп, оның әліпбиі турасында пайымды пікір айтқан. Халықар., респ. ғыл.-теор. конференцияларда «Қазақ газеті және сын» (А., 1998), «Алаш қозғалысы туралы деректер мен толғамдар» (А., 2007) тәрізді баяндамалар жасаған. «Ахаң жайлы шындық» («Коммунизм нұры», 8.3.1989), «Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы» («Қазақ әдебиеті», 26.5.1989), «Әр дарынның тарихта өз орны бар» («Орталық Қазақстан», 12–3.12.1989), «Қазақ интеллигенциясы хақында» («Қазақстан коммунисті», №7, 1991), «Сын мен қисын сардары (Ахмет Байтұрсынұлы қазақ филологиясының негізін қалаушылардың бірі)» («Ақиқат», №12, 1994), «Айқап» пен «Қазақ» арасы» («Алматы ақшамы», 9, 11, 13, 16, 18, 20.8.1999), «Ғибратты олжа (Ахаң мұражайы жөніндегі таласты оқиға туралы)» («Егемен Қазақстан», 2.8.2006), т.б. мақалалары жарық көрген. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 3-6-т.

**«КӘМШАТ БӨРІК»** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Әннің түсініктемесінде Затаевич: «А.Б.Байтұрсынұнов, турғаец по рождению, был долгое время народным учителем в Каркаралинском уезде, Семипалатинской губерний. Отсюда – его осведомленность в репертуаре местных песен, среди которых величавый и благородный «Кәмшат бөрік» (Бобровая шапка) несомненно занимает видное место. Вот – текст этой песни, в переводе самого А.Б.» (А.Затаевич «1000 песен и жүйеv казахского народа». – А.: Дайк-Пресс, 2004. – 404 б.), – деп Ахмет Байтұрсынұлының орыс тіліне аударған әннің мәтінін берген. Бұл ән қазақ тілінде

мәтінмен түсірілген әндердің бірі болып табылады. Байтұрсынұлы орындаған бұл әнді Бекболат Тілеухан қайта жаңғыртып, өзінің шәкірті Бағлан Бәбижанға үйреткен. Қазіргі кезде «Қазақтың 1000 әні» CD топтамасына Байтұрсынұлы

688. Камшат-Бөрк. <sup>А06</sup>  
(Бобровая шапка.)

Сообщил Ахмет Байтұрсынұв  
Каркаралинском у.

Медленно и величаво, в характере шестой. *mf*

Алды – мен – о карғы мөл – деген сен за – да –

шы Кірді ме Ху – сен ма – мал тамба – да – мал

ай Гв. ле – мәр й – ух – ди – кін белден ку –

– рек Шышаааа фй – ким ө – таб ая. та – ра – ма –

Широко. *mf*

– ай Ая! о. и – ер – ая! Ая! о – өер – ая!

Менее массивно.

Улыта шықат бермакы Ту. ст. кайдай бер. ку. най Баян шықатпен

Широко. *mf*

кула. ку. ая! Ой! бе – зыпа балы Ой! бе – зыпа.

Тема II. *mf* *отчека ведершеле*

ай! Мокде ө – ар дей. мисаи А – у шыра – ай!

орындауындағы әннің нұсқасы белгілі әнші Бағлан Бәбижанның орындауында енген. Бұл ән халық арасында кен тараған «Ақбакай», «Қызыл бидай», «Алқоңыр», «Аққұм», «Сүржекей», «Гауһартас», т.б. дәстүрлі кәсіби әндерге парапар келетін үлгі. Ән шалыс қайталамалы, шумақты-қайырмалы құрылымда жазылған. Оның қос тармағы асинхронды жасалғандықтан бірінші және екінші әуендік жолдар бір-бірімен сабақтасып келген, ал үшінші және төртінші әуендік жолдар алдыңғыны қайталайды (АВАВ). Шумақ әуені до-фриго-эолийлік лапта жазылған субквартадан басталатын әуендік жол екінші октаваның до дыбысына секіріп, оны 2b дыбыспен әндетіп, қайтадан субкварталық тонға түсіп, толқындай келе төм. негізгі дыбысқа тұрақталады. Ән шумағының мәтіні 11-буынды кара өлең құрылымына негізделген. Өлең тармақтарының сөз аяқтарындағы өзара үндестігі кара өлең ұйқасымен жасалған:

## КЕДЕЙДІҢ

Шумақ мәтіні	11-буынды құрылысы	Ұйқасы
Алдымнан қарсы келдің, Ханзада қыз, Көркіне Құсни-жамал таңғаламыз-ай.	3+4+4	A
Ғалімдер әулетінен болсаң керек,	3+4+4+одағай	A
Иншалла, фахим етіп аңғарамыз-ай.	3+4+4	B
	3+4+4+одағай	A
	буын	

Әннің қайырмасы да шалыс қайталамалы құрылымды көрсетеді. «Ау, ой, еркем» деген одағай сөздерден басталған қайырманың әуені сиб дыбысынан, яғни 7-табағи сатысынан төмен тізбектеліп фа дыбысына тоқтала, 6-дыбыстан төмен өрбіп, до дыбысына келеді. Одағай сөздерден кейінгі әуен тирадалық 7 буынды жыр құрылымына негізделіп, қайталамалы дыбыстардың кездесуі речитативті бағытты сипаттайды. Қайырманың ладтық тұрғысы құбылмалы: бірінші әуендік жол до-эолийлік ладта болса, екінші рет қайталануында до-фриго-эолийлік ладты көрсетеді. Ән құрылымның кемелдігі, диапазонының наона арақашықтығындағы ауқымдылығы, өлшемнің ауыспалылығы (шумақта 4/4 тұрақтылықты көрсетсе, қайырмасында 4/4 пен 2/4 кезектесіп келеді), қайырмасының кеңдігі дәстүрлі кәсіби халық әндерінің музыкалық болмысын айқындайды.

*А.Қазтуғанова*

**«КӘПЕРАТСІЙЕ»** (КООПЕРАЦИЯ) – мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Мақалада автор тұтынушы кооперациясының тарихын бір шолып өтіп, біршама түсініктер бере кетеді. «Әуелі «кәператіп не нәрсе?» деп сұраушылар болар. Бұған кәператіп қалық ұйымы деп жауап беруге болды. Не үшін десеңіздер, кәператіп жалғыз бір адамның жүргізіп тұрған нәрсесі емес, кәператіп қалық арасындағы жарлы-жақыбайдың жаңа жұмыскерлердің мұқтажын тауып беріп тұратын ұйым дейміз» дей отырып, жан-жақты талдау жасайды. Жазба соңына «Қой-айдарұлы» деп қол қойылған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**«КӘРІБОЗ БЕН НАУРЫЗБАЙ»** – «Оқу құралына» енген шағын жыр. Авторы Төлегенұлы Жанғабыл деп көрсетілген. Хан Кененің інісі Наурызбай батыр мен қырғыз батыры Кәрібоздың арасында болған әңгіме өзек болған. Ресей отар-

шылдығының зардабын тартқан ағайындас екі елдің жайы сөз болады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«КӘРІ ҚОҢЫР»** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Загаевич. Кантленалық ән ұстамды екпінде жазылған. Өлшемі ауыспалы 4/4 пен 3/4 өлшемдері кезектесіп келеді. Шумақты-қайырмалы құрылымда жазылған. Алғашқы қос тармағы қайталамалы, соль дыбысы субквартадан басталған ән до дыбысы-



на секірме арқылы шығып, толқындалыла соль дыбысына қайта оралады. Мұнда соль және до-ионийлік ладтардың түрленуі байқалады. Үшінші әуендік жол соль дыбысынан септима арақашықтығына секірме жасап, ре дыбысына терция төмен түсіп, екінші октаваның ля дыбысына көтеріліп, тізбектеле төм. ля дыбысына түсу арқылы ля-эолийлік ладты танытады. Төртінші әуендік жол ля дыбысынан жоғары өрілген мотив соль дыбысына келіп, тұрақталады. Әннің қайырмасы соль-миксолидийлік ладта септима секірімесінен басталып, 5-сатыға түсіп, екінші октаваның соль дыбысынан тізбектеліп, баяулата келе негізгі соль дыбысына тоқталады. Әннің ырғағында төрттік, сегіздік, жартылық ұзақтықтармен қатар, пунктир және триоль кездеседі. Кең тынысты әннің диапазоны наона арақашықтығын қамтиды.

*А.Қазтуғанова*

**«КЕДЕЙДІҢ КЕЙІСТІГІ»** – «Оқу құралына» енген өлең. 18 шумақ (72 тармақ). Автор ретінде көрсетілген Шаңқан – Б.Майлиннің бүркеншік аты екені ғыл. түсініктемеде айтылады. «Оқу құралына» Майлиннің түпнұсқасынан 12 жол өлең кірмей қалған. Екі сиыр жалғыз атпен жұттан қалып, бір үзім нан таба алмай жүрген кедейдің егін еге алмай жаны қиналғанда айтқан сөздері өлеңге арқау болған. «Оқу құралын» пайдаланушы шәкірттердің өздері күнде көріп жүрген өмір жағдаяттарын тереңірек түсінуіне қол жеткізеді. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

## КЕЙІПТЕУ

**КЕЙІПТЕУ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне түсіріп, тұспалдап жеткізуді Байтұрсынұлы кейіптеу деп көрсеткен. Қазіргі әдебиет теориясында кейіптеу «аллегория» термині түрінде қолданылып жүр. Автордың айтуынша, әдеби шығармаларда жансыз табиғат құбылысының адамның қылығымен, іс-әрекетімен ауыстырыла суреттелуі көп кездеседі. Ғалым «Қылышын сүйретіп қыс келеді» деген мысалды келтіріп, ондағы кейіптеу әдісінің қолданылу сипатын түсіндіріп өтеді. Яғни жоғарыда келтірілген мысалда қылышқа қылыш сүйретіп келе жатқан адамның суреті елестейді. Негізінде, бұл жерде қыс та, қылыш та жоқ. Бар болғаны табиғаттың құбылысын жанды адамның күйіне түсіріп, адамның іс-әрекетіне телігендіктен, қыс бізге қаһарлы адамның образын елестетіп тұр дейді. Байтұрсынұлы Абайдың «Қыс» деген өлең жолдарынан үзінді келтіріп, оны кейіптеу әдісіне жатқызады: Ақ киімді, денелі, ақ сақалды // Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

*А.Кадирхан*

**КЕКЕСІНДЕУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы К. сөздің тысқы лебіз мағынасына ішкі астыртын мағынасы қайшы келіп, кекесін реңпен шығатын сөз екендігін айтады. Яғни белгілі мақсатта айтылар лебізді кекесіндер арқылы айту К. болады. Қазақтардың қорқақ кісіні «Бағырым», кара кісіні «Әппағым», ақымақ кісіні «Данышпаным» дегендерінің бәрі – кекесін сөздер. Ол айтылып жатқан адамна қарай әр түрлі мақсатта, әр түрлі реңкте, әр түрлі екіпінде айтылуы мүмкін. Соған орай түрлері де көп. Байтұрсынұлы К-дің зілсіз және зілді К. деген екі түрін көрсетеді. Әуелгісі – К-дің әзіл ретінде құлықпен, ойынмен, қалжыңмен айтылатын түрі. Зілсіз К. арқылы іштегі жақсы-жаман лебіз адам көңіліне тимей, көңілді реңкпен жеткізіледі. Оған Байтұрсынұлы Бұдабай ақынның өлеңдерін мысал етеді. Зілсіз К. айтылған сөздер көңіл толмаған, көңіліне алып қалған сезімді, ішкі лебізді кісіге бағыттап, ой тастау мақсатында айтылады. Зілді К. мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуамен айтылады. «Ой, бәрекелді! Ой, сабазай!» дегенде ырза болып айтса қостау, қолпаштау болады, ырза болмай айтса, кекесін болады. Сөз сөйлеуші біреудің кемшілігін, мінін айтып күлу, мазақ қылу арқылы кемшілік пен мінді әшкерелеп, жұрт алдында жария етеді. Кекесіндеуші мысқыл сөздің өңін теріс айналдырып, өз лебізінің зіл боп тиюін мақсат етеді.

*Д.Оспанова*

**КЕКІЛБАЕВ** Әбіш (6.12.1939, Маңғыстау обл. Оңды а. – 11.12.2015, Астана қ.) – жазушы, мем-

лекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы (1992), Қазақстанның Еңбек Ері (2009). Қырғыз Республикасының еңбек сің. мәдениет қайраткері (1995). ҚазҰУ-ды (1962) бітірген. 1962–65 ж. «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1964–68 ж. Мәдениет



*Ә.Кекілбаев*

мин-нде репертуарлық-редакц. коллегия мүшесі қызметтерінде болды. 1970–75 ж. «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор, 1975–84 ж. Қазақстан КП ОК-нің мәдениет бөлімінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі, 1984–86 ж. Қазақстан Мәдениет министрінің орынбасары, 1986–88 ж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы, 1988–90 ж. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы Орт. кеңесі төралқасының төрағасы, 1990 ж. Қазақстан КП ОК-нің бөлім меңгерушісі, 1991 ж. Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты, Мәдениет, тіл және этносаралық қатынастарды дамыту к-тінің төрағасы, 1992–93 ж. «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, 1993–94 ж. ҚР-ның Мемл. кеңесшісі, 1994–95 ж. ҚР Жоғ. Кеңесінің төрағасы, 1995 ж. Мемл. кеңесші, 1996 ж. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, к-т төрағасы қызметтерін атқарған. 1996–2002 ж. ҚР-ның Мемл. хатшысы, 2002–10 ж. ҚР Парламенті Сенатының депутаты болды. К-тың алғашқы өлеңдер жинағы «Алтын шуақ» 1962 ж., «Бір шөкім бұлт» 1965 ж. жарық көрді. Ауыл өмірінен жазылған повесть, әңгімелер жинағы «Дала балладалары» – оның кең тынысты эпик., суреткерлік болашағын танытады. 1974 ж. «Дәуірмен бетпе-бет» атты сын мақалалар жинағы, «Бір уыс топырақ», 1979 ж. «Тырау-тырау тырналар», Маңғыстау түбегінің өткені, бүгіні, болашағы туралы «Ұйқыдағы арудың оянуы» тарихи танымдық баян, 1982 ж. «Шыңырау» повестер жинағы, 1992–93 ж. Таңдамалы екі томдық, 1995 ж. «Заманмен сұхбат», 1998 ж. «Азаттықтың ақ таңы», публицистик. мақалалары, толғамдары, 1999 ж. 12 томдық шығ. жин. жарыққа шықты. К-тың «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984) романдары қазақ әдебиеті-

нің үлкен табысы ретінде бағаланып, Қазақ КСР Мемл. сыйл-н алды (1986). 2001 ж. шыққан «Талайғы Тараз», 2002 ж. шыққан «Шандоз» тарихи тақырыпты ғыл. дәйекпен, дерекпен түсінікті етіп жеткізудің жаңа бағыт-бағдарын белгілеп берді. 2009 ж. «Сыр десте» деп аталатын автордың көп жылдық ой-толғаулары, эссе, естелік, сөйлеген сөздерінің 5 томдық жинағы жарыққа шықты. Оның көптеген шығармалары ТМД халықтары мен шет ел тілдеріне аударылған. ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім (1995), Түркі елдері қауымдастығының шешімімен «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін» сыйлықтарын иеленді. «Отан», «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» (2003) ордендерімен марапатталған. К. Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдық мерейтойында жасаған баяндамасында оның қазақ елі үшін жасаған еңбектеріне толыққанды талдау жасап, туған халқының рухани жаңғыруының сырын тап Байтұрсынұлындай біліп, сол жолда қалтқысыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, одан кейін де болмағандығын атап айтқан. Байтұрсынұлына ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға деген баға берген. К-тың «Тіл және тәуелсіздік (А.Байтұрсынұлының тіл оқыту туралы ұстанымдары, оқулықтары)» [«Тіл және қоғам», 2009, №4(20)], «Ұстаз ұлағаты» («Егемен Қазақстан», 15.10.1998), «Ахмет Байтұрсынұлы – ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері» («Наука Казахстана – Қазақстан ғылымы», 1998, №20) тәрізді ғыл.-зерт. еңбектері жарық көрген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-, 3-, 5-, 6-т.

«**КЕЛ-КЕЛ, ЕКЕУМІЗ-АЙ!**» – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Екі әуендік жолдан тұратын шумақты құрылымда жазылған ән. Кең, нәзік екпінінде жүретін әннің диапазоны септима аралығын қамтиды.



Бірінші әуендік жол 1- және 4-дыбыстардың жоғары секундалық көмекші тәсілі арқылы до дыбысына қайта оралады. Екінші әуендік жол екінші октаваның соль дыбысынан басталып, сиб көтеріліп, фа дыбысына тізбекте келіп, до дыбысына кварталық секірме жасайды. Әннің каденциялық айналымы фа мен до дыбысының арасында, яғни кварталық трихорд ауқымында

дамып, до дыбысымен аяқталады. Екі әуендік жолдың негізінде кварталық арақашықтық ерекше көрініс тапқанын айқындайды. Ән до-мик-солидийлік лапта дамып, 4/4 тұрақты өлшемде жүреді. Ырғағында сегіздік, төрттік, жартылық, бүтін нота ұзақтықтарымен қатар, күрделі триоль түрлері мен синкопа кездеседі.

*А.Қазтуғанова*

**КЕЛТІРІНДІ СӨЙЛЕМ** – А.Байтұрсынұлы енгізген термин. Қазіргі қазақ тілі синтаксисінде бөгде сөз деп аталады. Айтарман я жарарман сөйлегенде я жазғанда пайдаланған – басқа біреу айтқан сөз немесе мақалды осылай атайды. Бұл сөйлем түрінің екі түрлі пішімі болады: төл сөз, төлеу сөз. «... мақалды немесе біреудің сөзін ... айтылған күйде өзгертпестен» келтірсе – төл сөз, мағына-мазмұнын ғана келтірсе, төлеу сөз болады. Төл сөздер тырнақша («») [Байтұрсынұлы терминологиясында қабатша] ішінде жазылса, төлеу сөзге тыныс белгісі жай сөйлемдегідей қойылады.

*Ж.Жақытов*

**КЕЛІССӨЗДЕР**, Алашорда үкіметі жетекшілері кеңестік өкімет басшыларымен, Уақытша Сібір, Колчак үкіметтерімен, Қазақ рев. к-тімен (Қазревком) жүргізді. 1918 жылдың сәуір айының басында Ж.Досмұхамедов бастаған Алашорда делегациясы Мәскеуде, сонымен қатар осы уақытта Х.Ғаббасов Семейден телеграф арқылы Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В.И.Ленинмен және Ұлт істері жөніндегі халық комиссары Сталинмен келіссөздер жүргізді. Алашорда делегациясы Халық комиссарлар кеңесінің кіші коллегиясында сәуір айының ортасына дейін жұмыс істеп, автономия жөнінен келісімге келе алмағанымен, шаруашылық бағытта екі жақты келісімшартқа қол қойылды. Осы келіссөздер негізінде Алашорда жетекшілері «Кеңес өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі» деп тануға мәжбүр болды. 1918 жылдың жаз айларында Ә.Бөкейхан, Ә.Ермеков, Алашорда әскери бөлімінің бастығы Х.Токтамышов Уақытша Сібір үкіметімен Алашорда әскерін құруға көмектесу жөнінде келіссөздер жүргізді. Алаштың әскери құрамалары ақ гвардияшылардың көмегімен қызыл әскерге қарсы соғысты. Осындай келіссөздер Ж. және Х.Досмұхамедовтер тарапынан Кочучпен де болды. Осы келіссөздердің нәтижесінде Самарадағы Кочучтан қару-жарақ алынды. 1919 жылдың ақпан айында Бөкейхан қызыл әскерге қарсы бірігіп соғысу мақсатында Колчак үкіметімен келіссөздерге барды. А.Байтұрсынұлының ұсынысымен 1919 жылдың 2-жартысында Қазревком мен Батыс Алашорда арасында келіссөздер қаралды. Сол жылдың желтоқсан айында Қазревком өкілдері Досмұхамедовтермен келіссөздер жасалды. Бұл келіссөздер барысында Алашорда жағы Қазрев-

## КЕЛІСТІК

ком тарапынан қойылған ұсыныстарға нақты жауап қайтармады.

*Е.Сайлаубай*

**КЕЛІСТІК** – жарастық, сөздің өң үйлестігі.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**КЕМЕҢГЕРОВ** Қошмұхамбет (Қошке) Дүйсебайұлы (15.7.1896, бұрынғы Ақмола обл. Омбы уезі Беке болысы Қаражас а. – 21.11.1937, Омбы қ.) – Алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист. А.Байтұрсынұлын ұстаз тұтып, оның ұлт үшін атқарған еңбегін өзіне үлгі еткен. Әкесі Дүйсебай жастай қажыға барып, оқу-ағар-



*Қ.Кемеңгеров*

ту ісіне ықыласты болған. К. алғаш Белгібай молладан дәріс алып, мұсылманша сауат ашқан. Мұнан соң Омбыда шіркеу мектебінде, ветеринарлық-фельдшерлік мектепте оқыды. 1913 ж. Омбы а.ш. уч-шесіне оқуға түседі. Осында жүріп қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси ұйымы «Бірлікке» (1914–18) мүше болып кірді. Оның үні «Балапан» қолжазба журналының (1916–18) редакторы болды. 1917 ж. сәуірде Омбыдағы Ақмола обл. қазақ атқару к-тінің тапсырмасымен Д.Әділовпен Ақмолаға келіп, мұнда С.Сейфуллинмен бірлесіп, Қазақ к-тін, «Жас қазақ» ұйымын құруға ат салысты. Осы жылы тамызда Ақмола обл. халық санағын жүргізуге қатысты. 1917 ж. күз-қыс айларында осы облыста Алашорда к-тін ашуға қатысты. 1918 ж. «Бірлік» ұйымы идеялық көзқарас тұрғысынан екі жарылып, «Жас азамат» ұйымы құрылғанда, К. оның мүшесі және ұйымға аттас «Жас азамат» газетінің редакторы болып сайланды. 1918 ж. аяғында а.ш. уч-шесін бітіріп, 1919 ж. Ақмола обл. (Омбы) халық ағарту бөлімінің саны аз ұлттар ісі жөніндегі бөлімшесіне нұсқаушы болып қызметке кірді. 1919 ж. Омбы политехника ин-тына оқуға түсті. Мұнда ол көп оқымай, 1920 ж. Петропавлда мұғалімдер курсына сабақ берді. Осы жылы желтоқсанда Сібір а.ш. және өндіріс ин-ты ветеринария ф-тінің мед. бөліміне оқуға түсті. Обл. «Бостандық туы» (Омбы – Қызылжар) газетіне тілші ретінде қатысты. Мед. бөлімінің курсын

бітірген соң (1924), Орта Азия мемл. ун-тінің (Ташкент) мед. ф-тіне ауысты. Ташкентте К. А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Ғ.Бірімжанов, т.б. қайраткерлермен бірге «Ақ жол» газетінде, кейіннен «Сана» журналында қызмет істеді. Сонымен бірге Орта Азия мемл. ун-тінде, Түркістан әскери уч-шесінде қазақ тілінен сабақ берді. 1930 ж. К. ОАМУ-дің (САГУ) аспиранты болып жүрген жерінен, М.Әуезовпен бірге, қуғын-сүргіннің ұлт қайраткерлеріне бағытталған алғашқы толқынында тұтқындалды. Екі жыл Алматы абақтысында отырды. 1932 ж. НКВД-ның арнайы саяси тұтқындарды ұстайтын жері – Украинаның Валуйкин жер аударылды. Бұдан К. 1935 ж. босанып, Омбының Шарбақкөлінде ауд. ауруханада дәрігер болып қызмет істеді. 1937 ж. 7 тамызда қайта ұсталып, 21 қарашада Омбы қ-нда атылды. 1957 ж. ақталған. К. шығарм. «Айқап» журналында 1915 ж. жарияланған «Жазғытұры», «Бақ іздеген», «Солған гүл» өлеңдері мен «Пайғамбар» (А.Пушкиннен), «Сәскелік көлдің жағасында» (Никитиннен) секілді аудармаларынан басталады. Прозадағы алғашқы туындыларының бірі – «Тұтқынның ойы» әңгімесі (1919 ж., «Жас азамат»). «Отаршылдың ұсқындары» (1925), «Қанды толқын» (1926), «Ерлік жүректе» (1924), «Қазақ әйелдері» (1924), т.б. әңгімелері жарық көрген. Сонымен қатар, «Әулие тәуіп» (1918), «Қасқырлар мен қойлар» (1920), «Бостандық жемісі» (1919), «Күнәсіз күйгендер» (1930) атты пьесалары кезінде әуескөз театр сахналарында қойылған. Көпке белгілі пьесалары: «Алтын сақина» (1923), «Парашылдар» (1926), «Ескі оқу» (1927). «Алтын сақинамен» 1926 ж. 13 қаңтарда Қазақ драма театры (тұңғыш директоры әрі бас режиссері Д.Әділов) ресми ашылды. К. тарих, әдебиеттану, тілтану, этнография, көркем аударма, т.б. мәселелер бойынша «Көркем әдебиет туралы» (1926), «Қазақ тарихынан» (1924), «Бұрынғы езілген ұлттар» (М., 1925), «Егін салу турасында» (1923) секілді зерттеулері жарық көрді. Тіл білімі және оқулық саласында К. 2 кітаптан тұратын «Оқу құралын» (Ташкент, 1928; Қызылорда, 1929), «Жабропалықтар үшін оқу құралын» (I кітап: Ташкент, 1928; II кітап: Қызылорда, 1929; А., 1929), «Химия» аударма оқулығын (Қызылорда, 1929) жазды. Сондай-ақ 1925 ж. К. жетекшілігімен көлемді «Қазақша-орысша тілмаш» (Мәскеу) жарық көрді. К. Байтұрсынұлының қайраткерлігін, ғалымдығын, ұлт үшін істеген қажырлы еңбегін жоғары бағалады. «Қазақ тарихынан» атты еңбегінде (1924) қазақ әдеби тілінің қалыптасуына қатысты пікір білдіріп, Байтұрсынұлының осы бағыттағы еңбегін «Жалғыз-ақ нағыз қазақ тілімен Байтұрсынұлы «Қырық мысалды» жазып шығарды» деп ерекше атап көрсетті. Атаған кі-

тапта «Қазақ» газетінің ұлт тарихындағы ағартушылық рөлін, «үкіметтің арам ойлы сырларын қазақтың кестелі тілімен қазаққа ұғындырып отырғанын» айтады. 20 ғ-дың басындағы қазақ әдебиетінің елеулі туындылары қатарында Байтұрсынұлының «Маса» жинағын көрсетеді. Қаламгер құрметіне Баянауылда мектеп, Астанада көше аты берілді. К-тың ұрпақтары Омбы, Алматы, Астана қ-ларында тұрады.

*Қ.Кемеңгер*

**КЕНЕСАРИН** Әзімхан Ахметұлы (1878, Оңт. Қазақстан обл. Шымкент қ. – 29.10.1937) – Алаш қозғалысының қайраткері. Қазақ халқының соңғы ханы Кенесары Қасымұлының немересі. 1897 ж. Шымкент қалалық уч-шесін бітіріп, Әулиеата уезі



*Ә.Кенесарин*

басқармасында хатшы болып қызмет етті. 1905 ж. Әулиеата уезі қазақтары атынан Ресей империясы Мин. Кеңесінің төрағасы С.Ю.Виттенің атына петиция жазуға қатысты. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Әулиеата уезі қазақтарының саяси белсенділігін арттыруға ат салысты. Жергілікті халықтың мүддесін қорғау мақсатында құрылған Әулиеата уездік Ұлттық кеңесіне төрағалық етті. 1-жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Әулиеата уезінен сайлауға түсті. Оның ұйымдастыруымен 1917 ж. 12 карашада Әулиеата уезі қазақтарының съезі болып өтті. Осы жылы желтоқсанның 5–13 аралығында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, С.Досжанов, М.Дулатовтардың ұйымдастыруымен Орынбор қ-нда өткен 2-жалпықазақ съезіне Сырдария обл. қазақтары атынан қатысып, онда съезд төрағасының орынбасары болып сайланды. Түркістан (Қоқан) автономиясына ізгі ниеттілік танытып, оны кеңес өкіметінің әскери күшпен талқандауына наразылық білдірді. 1921 жылдан Сырдария рев. к-тінің хатшысы, уездік атқару к-тінде жер бөлімінің меңгерушісі, гидротехник болып қызмет етті. 1930 ж. Кеңес өкіметі тарапынан «ұлтшыл» деген айыппен қамауға алынып, кейіннен

босатылды. 1937 ж. қайтадан тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1956 ж. ақталды.

*Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 6.10.2017).*

**КЕНЕСАРЫ** Қасымұлы (1802, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Жетіжал жотасының оңт. алабындағы Кекілік-Сеңгір аңғары) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837–47 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841–47). К. – Шың-



*Кенесары*

ғыс ханның 27-ұрпағы, Абылай ханның немересі. К. өзге бауырлары секілді көшпелі әскери ақсүйектер қауымының дәстүріне сай жастайынан шабандоз, ұшы-қиырсыз даланың қатал табиғатына шыныққан, қиындыққа төзімді болып тәрбиеленеді. Жеке басының ерлік қасиеттері, бірбеткейлігі, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен дүлей күш-жігері оның жетекшілік қабілетін айналасына ерте мойындатқан. К-ның саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында Петр I билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланыста болды. Атасы Абылай хан заманынан бері үдей түскен Ресейдің отырлау үрдісі жас сұлтан К. санасына ұлт тәуелсіздігіне төнген қауіпті терең түйсінтті. Патша үкіметінің 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпыресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді. Сол мақсатта қазақ даласына орыс шаруалары ағылып келіп қоныстана бастады. Абылай ханнан кейін орнына билікке келген Уәли хан (1781–1821) патша әкімшінің Көкшетау алқабында қала құрылысын бастауына келісім берді. Уәли өлгеннен кейін хан сайланған баласы Ғұбайдолланы Ресей үкіметі бекітпей тастады және орта жүзде хандық билікті жойды. Қарсылық көрсеткен Ғұбайдолланы тұтқындап, Сібірге жер аударды. Осыған байланысты К. Ресей мен Абылай хан арасында жасалған жазбаша келісімшарттың бұзылғанына наразылық білдірді. Сөйтіп, К. қазақ халқының дербестігін қалпына келтіру жолындағы ұзақ та ауыр күресін



## КЕНЕСАРЫ

бастады. Абылай хан ұрпақтары К-ға дейін де ұлт-азаттық көтерілісіне шыққан болатын. Олар Ресейге қарсы Қоқан ханымен одақтаса отырып күреспек болған еді, бірақ үмітері ақталмады. Керісінше, 1836 ж. Қоқан билеушісінің нұсқауымен К-ның бауыры Саржан өлтіріледі. 1840 ж. әкесі Қасым төре қаза тапты. К. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының аумақтық тұтастығын қалпына келтіруді, Ресей құрамына кірмеген аймақтардың тәуелсіздігін сақтауды көздеді. Отаршылдарға қарсы соғысты бастамас бұрын К. бірнеше рет дипломат. қадамдар жасап: Николай I патшаға, Орынбор ген.-губернаторлары В.А.Перовскийге, В.А.Обручевке, Сібір ген.-губернаторы П.Д.Горчаковқа хат жолдады. Ақылды саясатшы және әскери қолбасшы ретінде К. жаудың мықты қарулы күші бар екендігін жақсы түсінді, сол себепті соғысқа мұқият даярланды. Қазақ ақсүйектері екі жарылып, бір тобын көтерілісті қолдаушылар құраса, екінші жағы оған қарсылар болды. Соған қарамастан, К-ның қол астына 20 мыңға жуық сарбаз жиналды. К-ның жауға қарсы жорығында Ағбай, Иман, Басығара, Аңғал, Жанайдар, Жеке, Сұраншы, Байсейіт, Жоламан Тіленшіұлы, Бұқарбай, Мынжасар және т.б. батырлар аянбай шайқасты. Әскери қимылдар 1838 ж. Ақмола, Ақтау камалдарына шабуыл жасаудан басталды. Көтерілісшілер камалдарды өртеп жіберді. К. соғыс ауқымын Торғай арқылы Кіші жүз жеріне қарай кеңейтті. 1841 ж. қыркүйекте К. үш жүздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылы К-ның әскері Қоқан хандығының иелігіндегі Созак, Жанақорған, Ақмешіт камалдарын алды. 1843 ж. Ресей үкіметі К-ға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырды. К-ның әскері Ресей армиясы мен Ресей жағында күресуші қазақ сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңді. Алайда әскери қуаты әлдеқайда басым жау К. сарбаздарын Жетісуға шегінуге мәжбүр етті. Азаттық үшін шайқаста К. қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Алайда патша әкімдерімен құпия байланыста тұрған манаптар оған мойынсұнбады. К. бағынудан бас тартқан қырғыздарға шабуыл жасады. Өз жақтастары ішіндегі опасыздық салдарынан К. мен інісі Наурызбай дұшпандарының қолына түседі. К. айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс әкімш-не жібереді. Князь Горчаков К-ның басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық береді. К. қазақ халқының дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру, халқын бодандықтан құтқарып, басын біріктіру, азаттық пен бостандыққа қол жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген сұңғыла саясатшы, қайраткер, ірі мәмілегер, дарынды әскери

қолбасшы ретінде ел есінде қалды. Оның дипломат. және саяси белсенділігі, Ресей үкіметінің әскери-әкімш. орт-тары мен сол тұста көптеп құрылып жатқан бекіністерін жою жөніндегі шешімдері және нақты әскери қимылдары сол кезгі тарихи құжаттар мен зерттеулерде көрініс тапты. К-ның өмірі мен азаттық жолындағы күресі көптеген ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болды. Нысанбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» дастаны (19 ғ.) 1875 ж. сұлтан Жантөриннің тәржімасымен «Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» орыс тілінде жарияланды. 20 ғ-дың 30-жылдары М.Әуезов «Хан Кене» пьесасын (сахнаға бірер қойылуынан кейін тыйым салынған), 60-жылдары И.Есенберлин «Қаһар» романын жазды. Алғашқы зерттеулер ішінде «Қазақ сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүлігі» деген тақырыппен Н.Середаның 1870 ж. «Вестник Европы» журналының бірнеше нөміріне бастырған кітабының дерек көзі ретіндегі маңызы зор. 1888 ж. Ташкентте «Кенесары мен Садық» деген атпен шыққан К-ның баласы сұлтан Ахмет Кенесариннің естеліктер жинағы да құнды еңбек болып табылады. Кеңес өкіметі тұсында К-ның күрес жолына іргелі ғыл.-зерт. арнаған тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов («XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан», М., 1947) саяси қуғын-сүргінге ұшырады. К. тұлғасына жаңаша қарап, оның шынайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналғаннан кейін ғана қолға алынды. Тарихшылар (Ж.Қасымбаев, т.б.) өз зерттеулерін жариялады. Астана қ-нда К-ға ескерткіш қойылған және онда оның есімімен аталатын көше бар. Байтұрсынұлы «Оқу құралына» Кенесары жайында жазылған «Кенесары қоныстан ауғанда Досқожа ақынның айтқаны» өлеңін, «Сауат ашқышта» «Кенесары – Наурызбай» дастанынан үзінділер пайдаланған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-, 3-т.

**«КЕНЕСАРЫ ҚОНЫСТАН АУҒАНДА ДОСҚОЖА АҚЫННЫҢ АЙТҚАНЫ»** – «Оқу құралына» енген ұзақ жыр. Ақын: «Еркіндеп жайлап Есілді, Еркелеп өскен халық едік. Бұл қоныстан кеткен соң, Зар болмасаң игі еді...» дей келіп, туған өлкенің қимас қызығы мен көркін жырға қосқан. Шәкіртгі отаншылдыққа, эстетик. алғырлыққа баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

С.Ғұсманқызы

**«КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ»** – жоқтау жыр. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, А.Байтұрсынұлы құрастырған «23 жоқтау» (Мәскеу, Қыншығыс, 1923) атты кітапқа берген Әлихан Бөкейхан. «Қоғамы күшті ер еді Қимді бала тудырған, Алтынды қылыш будырған! Абылайлатып ат қойып, Дұшпанды көрс қудырған!»

деп басталатын жоқтау 8 буынды жыр үлгісінде құрылған. Шығарма 89 жолдан тұрады. Жыр соңына түсініктеме ретінде «Бұл киссаны шығарған Нысанбай деген қырышы еді. Кене ханның тұсында Жұрттан асқан сыншы еді. Айтқан сөзі үлгілі Құлақтың бір құрышы еді. Өлең-жырға Нысанбай, Мәшһүр шешен нар еді. Бір естіген адамдар Сөзіне тағы зар еді. Көзімен көріп сөз қылған Соғыста өзі бар еді» деген өлең жолдары берілген. Түсініктеме астына «К. б.» деп қол қойылған. Бұл қолдың иесі – «Қыр баласы» деген жанама есімді қолданып жүрген Ө.Бөкейхан.

*Әдеб.:* 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**КЕНЖАЛИН** Жұмабек (30.12.1954, Қостанай обл. Амангелді ауд. Жаңатұрмыс а. – 24.7.2017, Алматы қ.) – журналист. ҚР Мәдениет қайраткері (2004). Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. ҚазҰУ-ды бітірген (1981). «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде



*Ж.Кенжалин*

тілші, бөлім меңгерушісі (1981–86), «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналында жауапты хатшы, бас редактордың міндетін атқарушы (1986–88), «Халық кеңесі» газеті бас редакторының орынбасары, 1-орынбасары, бас редакторы (1990–94), «Ақиқат» журналының бас редакторы (1996–97), «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы (1997–99), «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамының президенті, «Қазақ газеттері» ЖШС-ның, «Ана тілі» газетінің (1999–2006), «Ақиқат» журналының бас редакторы (2006–09) қызметтерін атқарды. 2009 жылдан өмірінің соңына дейін «Қазақ газеттері» ЖШС-ның бас директоры – редакторлар кеңесінің төрағасы болды. «Желкілдеп өскен құрақтай» (1988), «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз» (1998), «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз» (2005) деп аталатын деректі әңгімелер мен әсселер кітабының авторы. Қазақстан Журналистер одағы (1984), ҚР Президенті (2006) сыйлықтарының иегері. «Құрмет» орденімен (2009), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20

жыл» медалімен (2011) марапатталған. «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз» (А., 2005) «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз: байыптамалар, деректі әңгімелер, очерктер» (А., 1998) кітаптары, «Алаштан білім асырған (рухани көш-керуеніміздің кемеңгерлері А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатовтың Торғайдағы күндері)» («Халық кеңесі», 20.6.1991), т.б. мақаласы жарық көрген.

**КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ** Сейіт (12.1.1939 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Қызбел аймағы) – жазушы. Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздік қызметкері (1991). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2002). ҚазҰУ-ды бітірген. Еңбек жолын ауд. «Жаңа өмір» газетінің бөлім меңгеру-



*С.Кенжеахметұлы*

шісі болып бастаған. Қостанай, Торғай обл. газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы (1966–77), Қазақстан Жазушылар одағының Торғай обл.-ндағы кеңесшісі (1977–89), Торғай обл. «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы (1990–95), Ы.Алтынсарин атынд. Арқалық мемл. пед. ин-тында доцент, кафедра меңгерушісі (1989–2002) қызметтерін атқарды. 2003 жылдан Л.Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы «Отырар кітапханасы» ғыл.-зерт. орт.-нда аға ғыл. қызметкер, жетекші ғыл. қызметкер болды. Қазір Арқалық мемл. пед. ин-ты ректорының кеңесшісі әрі осындағы ғыл.-зерт. орт.-ның аға ғыл. қызметкері. Алғашқы туындылары 1957 жылдан бастап «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Ара», «Мәдениет және тұрмыс» («Парасат»), «Қазақстан әйелдері» журналдарында жарияланды. Әзіл-сықақ әңгімелерімен бірге жазған шағын интермедиялары «Тамаша» ойын-сауық отауында 30 жыл бойы қойылып келеді. Қазақтың мысал әңгімелері мен өлеңдерін, «Торғай жазушылары» анықтамалығын (1991) құрастырып шығарған. К-ның құрастыруымен жарық көрген «Атамұра» әдістемелік көмекші құралында (1990) Торғай өлкесінің бұрынғы тарихы мен мәдениетіне, қазақ халқының тұрмысалты мен этнографиясына, дініне қағысты деректер мен ғыл. тұжырымдар, мақалалар және

## КЕНЖИН

ғибратты сөздер жинақталған. А.Байтұрсынұлына қатысты оның «қазақ әліпбиінің тұңғыш реформаторы» екендігі, Торғайда болған қозғалыстарға басшылық еткендігі туралы болжамдар айтып, мұны тарихшыларымыздың тереңдеп зерттеуіне ұсыныс жасаған. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» (2004–07), «Қазақтың дархан дастарқаны» (2006–07) атты көлемді энциклопед. еңбектері қазақ, орыс, ағылшын, қытай, түрік, әзербайжан, т.б. тілдерде басылып шыққан. «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» деп аталатын этногр. танымдық еңбегі 2006, 2007 ж. Мәскеуде өткен әлемдік кітап баспаларының көрмесінде 2 рет 3-дәрежелі диплом мен бағалы сыйлыққа ие болған. С.Олейник, С.Михалков, Ә.Несин, И.Крылов, т.б. ақын-жазушылардың шығармаларын аударған. Торғай және Арқалық қ-ларының құрметті азаматы (1989). Этногр.-танымдық еңбектері үшін «Ана тілі» газетінің «Ана тілінің саңлағы» құрметті атағын (1992), «Жеті қазына» атты 4 кітаптан тұратын ұлт мәдениетіне арналған ғыл. еңбегі үшін Қостанай обл. меценаттарының «Қазына» сыйл. (2002) иеленген.

**КЕНЖИН** Аспандияр (1887, Атырау қ. – 26.2.1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, Алаш партиясының, Батыс Алашорданың белсенді мүшелерінің бірі. Орынбор мұғалімдер мектебін



*А.Кенжин*

бітірген (1906). Ақпан төңкерісіне дейін (1917) оқытушы болып жұмыс істеді. Ресейдің Мемл. Думасына отаршылдық саясатты айыптаған бірнеше хат жолдаған. 1917 жылдың көктем-жазында Торғай обл. комиссары болып тағайындалған Ә.Бөкейханның орнына Бүкілресейлік земство одағының бұрағана халықтар бөлімін басқарды. А.Байтұрсынұлы басшылық жасаған «Қазақ» газетінің тілшісі болды. 1917–19 ж. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі жұмысына белсене ат салысып, Алашорданың Торғайдағы әскери кеңесінің мүшелігіне сайланған. Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Ж.Сейдалиев, М.Дулатов бастаған қазақ зиялыларымен пікірлес, саяси сынықтас болған К.1917 ж. наурызда қазақ қоғамының алдағы мін-

деттерін белгілеген, қазақ съездеріне қарауға ұсынылған үндеу әзірлеп жариялауға қатысқан. 1-жалпықазақ съезі К-ді Бүкілресейлік оқу комиссиясына қазақ халқының өкілі, 2-жалпықазақ съезі Алашорданың Ұлт кеңесіне кандидат етіп сайлады. К. Орал обл. қазақтарының Қаратөбе съезінде (1918 ж., қаңтар) «Ақ жол» атты партия құрушылардың бірі болды. Алашорданың дипломат. қызметін атқарып, ақтармен (Колчак), қызылдармен (Ә.Жангелдин) келіссөз жүргізген. 1920 ж. (15 қазанда) құрылған Қазақ өлкесін зерттеу қоғамын ұйымдастыруға қатысқан. 1920 ж. РК(б)П мүшелігіне кіріп, оның Қазақ өлкелік к-тінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Қазақ АКСР-інің халық ағарту комиссары (1921–22), сауда комиссары, Қызылорданы республика астанасына айналдыру жөніндегі үкіметтік комиссияның төрағасы («Кенжин комиссиясы», 1926), Қазақстан Халық ш. кеңесінің төрағасы, Семей ет комб. құрылысының бастығы, КСРО Халық комиссарлары кеңесі жанындағы Дайындау к-тінің (Комзаг) Түрікменстандағы уәкілі, Орынбор «Облтеридайындау» мекемесі директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Осы кезеңде Алаш қозғалысының тарихын байыптаған «Алашорда», «Алаш партиясы туралы мағлұмат» т.б. құнды еңбектер жазып жариялаған. Саяси қуғын-сүргінге ерте ұшырап, үш рет (1921, 1932, 1936) партия қатарынан шығарылды. 1936 ж. Орынборда НКВД басқармасы тарапынан тұтқындалып, 1938 ж. 26 ақпанда ату жазасына кесілді. *Әдеб.:* <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 06.10.2017).

**КЕНШІМБАЙ** Қабанұлы (1865, Қызылорда обл. Сырдария ауд. – 1925, сонда) – айтыс ақыны. Бізге жеткен айтыстарының ішіндегі шоқтығы биік әрі көркемі – ақынның Ақсұлу қызбен айтысы. Бұл айтыс шамамен 1890 ж. Ор өз-нің бойында өткен. Атақты Ырысты қызбен айтысатын он алты ақынның бірі де – осы К. Ақынның 19 ғ-дың соңында шығарған өлеңдері бізге жетпеген. Оның айтыстары «Айтыс» (1965) жинағында жарық көрген. А.Байтұрсынұлы «Кеншімбай мен Ақсұлу айтысын» өз еңбектерінде талдаған.

**КЕҢАРАЛ** – Қостанай обл. Федоров ауд-ндағы ауыл. Аудан орт. – Федоров кентінен солт-ке қарай 80 км жерде, Үй өз-нің жағалауында орналасқан. Тұрғыны 1,3 мың адам (2014). 1929 ж. Ленин атынд. кеңшардың «Живсеқтар» бөлімшесі, 1942 жылдан К. кеңшары ауыл кеңесінің орт. болды. К-да май және кірпіш з-тары, мектеп, мектеп-интернат, ағаш өңдеу цехы, машина-тех. ст., мәдениет үйі, дәріхана, аурухана, балабақша, кітапхана бар. А.Байтұрсынұлы «Жер жалдау жайынан» макаласында (6 томдық шығ. жин. 4-т.) Қостанай уезінде Шербина нормасы бойынша «излишке» (артық жер) жердің жоқ екені, артық жер болмаған соң, жер жалдау да жоқ»

деп келтіреді. Бұл Щербина нормасы К. болысында да болғанын білдіреді.

**КЕҢГІР** – Сарысу өз. алабында, Қарағанды обл.-ның Ұлытау ауд.-ндағы өзен. Арғанаты тауынан (600–650 м) бастау алады. Ұз. 295 км, су жиналатын алабы 18400 км<sup>2</sup>. Өзен арнасында Кеңгір бөгені салынған, бөгет тұсындағы су жиналатын алабының аум. 12500 км<sup>2</sup>. Ең ірі салалары: Сарыкеңгір, Жыланды, Қарағанды. Кеңгір бөгенінен төменіректе Жезді өз.-не құяды. Көпжылдық орташа су өтімі Жезқазған қ. тұсында 6,7–7,0 м<sup>3</sup>/с. Суы Жезқазған өндіріс кешенін сумен қамтамасыз етуге, егін суаруға пайдаланылады. Алабы – мал жайылымы. А.Байтұрсынұлының «23 жоқтауында» (1926) (6 томдық шығ. жин. 5-т.) Кеңгірбай бидің 18 ғ.-да өмір сүргені жайлы айтылады. «Кеңгірбай би» жырында «Жазды күні болғанда, Күннің көзі байланған. Ақ сұңқар ұшып ұядан...» деп Түркістаннан елге қайтып бара жатқанда Кеңгірбай бидің К. өз. бойында туылғаны баяндалады. Сондай-ақ Кеңгірбай бидің бейіті Шығыстаудың баурайында Қарауыл өз.-нің жайылмасындағы Ши деген жерде жатқаны айтылады.

Қ.Ахметов

**КЕҢГІРБАЙ** Жандосұлы (1735, Кеңгір өз. бойы – 1825, Шыңғыстау) – би, ұлы Абайдың 4-атасы (К. – Ырғызбай – Өскенбай – Құнанбай). Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының тобықты руынан шыққан. К. туралы тарихи деректерде, естелік жырларда, дастандарда, шежіре жазбаларында көп айтылады. Абайдың Байкөкше ақына жаздыртқан «Кеңгірбай би» дастанында да би өмірінен деректер молынан қамтылған. Сол сияқты «Абылай хан» тарихи дастанында: «Кеңгірбай, Боранбай би ел үлгісі, Қазбасты, Бұқар жырау сөз үлгісі. Дұғағөй Шақшақ Жәнібек тағы да бар, Жан досы Абылайдың молда кісі» деп жазылған. Шәкерім, М.Әуезов, А.Құдайбердиев, С.Мұқанов, Ө.Әлімжанов, М.Мағауин, т.б. көптеген белгілі ақын-жазушылардың шығармаларында К. тұлғасы жан-жақты сомдалған. А.Байтұрсынұлы «23 жоқтау» кітабына «Кеңгірбай би» (В.В.Радловтан) жоқтауын енгізген. 1996 ж. 22 тамызда Абай ауд.-нда К. биге арналып үлкен ас берілді. Жидебай қорығында, Шидің бойындағы билік төбе басына Құнанбай Өскенбайұлы салдырған (1825) Кеңгірбай би күмбезінің сырты бір жарым ғасыр өткеннен кейін, көпшілік кеңесімен, 1996 ж. жазда жаңадан қапталып, биікт. 8, ені 4 метрлік зәулім кесене тұрғызылды.

«**КЕҢГІРБАЙ БИ**» – жоқтау. Жоқтауды «23 жоқтау» (М., Күншығыс, 1923) атты кітапқа құрастырған А.Байтұрсынұлы. «Алты атасы бай өткен, Алты атанға жүк артқан. Жеті атасы бай өткен, Жеті атанға жүк артқан» деп бастала-

тын 8 буынды жыр үлгісінде құрылған жоқтау 62 жолдан тұрады. Құрастырушы шығарманың соңына берілген түсініктемесінде жоқтаудың В.В.Радловтың жинақтауынан алғанын, Кеңгірбайдың 18 ғ.-дағы Абалай хан заманы тұсында тобықтыны билегенін келтіре отырып: «Абылайдан 30 жыл соң алжып өлген. Ақын Абайдың бесінші атасы Айдос пен Кеңгірбайдың әкесі Жігітек бір туысады. Бейіті Шығыстың бауырында, Қарауыл өз.-нің жайылмасында Ши деген жерде. Жол аузында арбаның мұрындығы тиетін тұмсықта. Күншығысында Орда жақта 3 шақырымда ақын Абайдың бейіті. Бұл да Шиде көрініп тұрады. Кеңгірбай Түркістаннан ел ауып келе жатқанда Ұлытаудың Алаш хан, Жошы хан бейіті тұрған Кеңгір өзенінде туылыпты. Атын сонымен байланыстыра Кеңгірбай қойыпты. Тұған жылы 1830 айналасы болуы керек» деп біршама мәліметтер берілген.

Әдеб.: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**КЕҢЕСБАЕВ** Ісмет (15.2.1907, Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Жанысата а. – 16.1.1995, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1945), проф. (1945), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1946). Ленинградтағы



*І.Кеңесбаев*

(қазіргі Санкт-Петербург) Шығыстану ин-тын бітірген (1931). 1931 жылдан ҚазҰПУ-да оқытушы, Қазақ мемл. баспасының редакторы, ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі, КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінде аға ғыл. қызметкер, Қазақстан ҒА-ның вице-президенті, Тіл және әдебиет ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1961–78 ж. Тіл білімі ин-тының директоры, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1988 жылдан өмірінің соңына дейін ҚР ҒА Төралқасының кеңесшісі болды. К. – Байтұрсынұлы негізін салған қазақ тілі грамматикасын жалғастырушы, Ахмет бастауында тұрған қазақ тіл білімінің салаларын дамытушы. Қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына, лексикографиясы мен этимологиясына, тіл тарихы және туыс

## КЕҢЕС ӨКІМЕТІ

тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасына арналған көптеген іргелі еңбектердің авторы. К-тың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977, Қазақстан Мемл. сыйл., 1978), оның басшылығымен «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2 томдық, 1959, 1961) және «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (1961), екі томдық «Орысша-қазақша сөздік» (1978, 1981) еңбектері, «Ұстаз ғұламаның есімі мәңгі сақталсын (Қазақ КСР ҒА Тіл білімі институтына А.Байтұрсынұлының есімін беру туралы. – Қазақ әдебиеті, 8.12.1989) атты мақаласы жарық көрген. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл жұлдыз ордендерімен наарапатталған.

**КЕҢЕС ӨКІМЕТІ**, Кеңестер билігі – бұрынғы Ресей империясында (1917 жылдың 1 қыркүйегінен Ресей Республикасы) Уақытша үкіметі қарулы күшпен құлатқан, Қазан төңкерісінен кейін орнаған билік жүйесінің атауы. 1991 ж. КСРО-ның ыдырауымен К. ө. құлап, тарих сахнасынан кеткен. Кейде «К. ө.» ұғымы Кеңес Одағындағы жалпы билік жүйесінің атауы ретінде де қолданылады. 1917 ж. 3–24 маусымда Санкт-Петербургде Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің 1-бүкілресейлік съезі өтті. 1917 ж. 25 қазандағы (7 қараша) Қазан төңкерісін жүзеге асырған қарулы көтерілісті большевиктер Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің 2-бүкілресейлік съезінің ашылуына орайластырды. Съезд БОАК-нің жаңа құрамын 106 адамнан (оның 62-сі большевик) сайлап, елді басқару үшін К. үкіметін – В.И.Ленин бастаған, құрамына тек большевиктер кірген Халық комиссарлары кеңесін (жұмысшы-шаруа кеңестік үкіметін) құрды. А.Байтұрсынұлы 1920 ж. В.И.Ленинге К. Ө-нің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады (қ. *Байтұрсынұлының В.И.Ленинге хаттары*). 1920 ж. сәуірде РК(б)П қатарына кіріп, бірақ 1921 ж. партиядан шығып кетті. 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамында 1920–21 ж. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары, 1922 ж. Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Акад. орт-тың, 1922–25 ж. Халық ағарту комиссариаты Ғыл.-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы қызметтерін атқарды. 1921–25 ж. Орынбордағы, 1926–28 ж. Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 ж. Алматыда ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰПУ) ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына проф. қызметіне ауысты. 1929 ж. 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 2-, 4- және 11-тармақтарына сәйкес ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырап, 1934 ж. Байтұрсынұлы от-

басымен бірге мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралды. 1937 ж. 8 қазанда тағы қамауға алынып, 8 желтоқсанда атылды.

*Б.Орынбекұлы*

**КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ЖӘНЕ А.БАЙТҰРСЫН-ҰЛЫ**. Мәскеуге Орт. кеңестер билігімен келіс-сөзге А.Байтұрсынұлын жіберу туралы Алаш-орда үкіметі 1919 жылдың көктемінде шешім қабылдады. Осы уақыттан Байтұрсынұлы Қазақстанда кеңестік автоном. билік жарияланғанға (1920 жылдың 26 тамызы) дейін Мәскеудегі қазақ ұстанымын білдіруші басты саяси тұлға міндетін атқарды. 1919–20 ж. кеңестік жоғ. билік пен қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларына мемл. құрылыс мәселесінде өз ұстанымдарын анықтау сәті туды. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жаңа қалыптасқан табиғи және тарихи арнада, яғни ұлттың өзін-өзі билеу құқына қол жеткізу, сол арқылы ішкі әлеум.-саяси мәселелерді шешу мүмкіндігіне жол ашу платформасында тұрғандығын Байтұрсынұлы арқылы анық көрсетті. Ал ұлы державалық ұстаным шеңберінен шыға алмаған кеңестік басшылық империя құрамындағы ұлттардың өзін-өзі билеу мәселесінде рев.-импер. диктат әдісіне, яғни кеңестік билік жүйесін ұлттық азшылықтардың еркінен тыс, жоғарыдан күштеп енгізу жолына түсті. Кейін бұл ұстаным кеңестік ғылымда «капиталистік емес даму жолы» концепциясы тұрғысынан негізделді. Большевиктік басшылық билікке келген алғашқы күндерінен Польша мен Финляндияның мемл. еркіндігін, сондай-ақ 1918 ж. Прибалтика елдерінің тәуелсіздігін мойындады. Бірақ олардың ұлт саясаты біркелкіктен гөрі, көпсатылық және екі жақтылықты көздеді. Мәселен, В.И.Ленин және И.В.Сталин Түркістан кеңестерінің съезіне жолдаған жеделхатта: «Халық комиссарлары кеңесі сіздердің өлкелеріңіздің кеңестік негіздегі автономия болғандығын қолдайды» деп көрсетті. Бұл іс жүзінде отарлық тәуелділіктегі ұлттарға өзін-өзі билеу мүмкіндігін берудің орнына бай-кедей болып бөлініп-жарылуды, таптапқа жіктеліп, азаматтық соғысқа өтуді ұсыну болды. Бұл жағдай олардың ұлт саясатындағы ұстанымының тиянақсыз, күнделікті конъюктураға байланысты жеңіл өзгертіндігінің көрінісі еді. Билікке жаңа келген Кеңес үкіметінің ұлт мәселесінде өмірлік сұранысқа лайық және оған жауап бере алатын нақты бағдарламасы болған жоқ. Большевизмнің теор. негізін қалаушылар ұлт-азаттық қозғалыстарды әлемдік рев. процесінің бөлігі, сондай-ақ оған тәуелді резервтік күш ретінде мойындады. Яғни олар пролетарлық революцияның әлемдік деңгейде жеңіске жетуін отар елдердің өз тәуелсіздігін алуының алғышарты ретінде қарастырды. Мәскеуге келген Байтұрсынұлы Кеңес үкіметімен келіссөздер жүр-

гізіп, нәтижесінде Қазақ өлкесін басқарудың рев. к-тінің (1919–20) ұсынысымен, акгвардияшылардан қол үзген Алаш қайраткерлеріне кешірім (амнистия) жарияланды, сондай-ақ осы жылдың 10 шілдесінде Ленин «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқаратын революциялық комитет жөніндегі уақытша ережеге» қол қойды. Байтұрсынұлы Мәскеуге барған алғашқы айларында «Революция және казактар» атты мақаласын жазды. Мақалада қазақ ұлт-азаттық қозғалысының күрделі тарихи кезеңдегі ұстанымы, ондағы өзгерістер дәл берілді. Онда «казактар үшін Февраль революциясы қаншалықты түсінікті болса, Октябрь социалистік революциясы соншалықты түсініксіз. Алғашқы революцияны соншалықты қуанышпен қарсы алып, екіншісін тура сондай үреймен қарсы алуға мәжбүр болды», «патша тұсындағы казактардың көрген азабы бізден артық ешкімге мәлім емес», т.б. бірнеше тұжырымдар жасалды. Бұл тұжырымдарда ешқандай қайшылық жоқ еді. Уақытша өкімет патшалық тұстағы ұлт-азаттық қозғалысқа белсенді ат салысқан қайраткерлерді қызметке тартты, ұлт-азаттық платформада тұрған саяси партия, Қазақ к-терін құруға, Қазақ съездерін өткізуге, Алашорда үкіметін сайлап, Алаш автономиясын жариялауға даярлық жүргізуге жол ашты. Уақытша өкімет тұсындағы аз уақытта қазақ ұлт-азаттық қозғалысы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді. Большевиктер партиясы билікке келмей-ақ жалпыұлттық азаттық үшін күрес жолында тұрған қоғамды әлеум.-таптық негізде бөліп-жару жолына түсті. Бұл, әрине, халықтан мемлекеттілік үшін күрес жолынан шығып, тапаралық соғыс жолына түсуді талап етумен бірдей еді. Яғни қазақ қоғамы үшін күрестің алғашқы табиғи кезеңін жеңіл алып тастап, сырттан және жоғарыдан қоғамдық күрестің мүлдем жаңа түрін зорлықпен енгізу болды. Бұл тек зиялыларға емес, жалпы ұлтқа жасалған қиянат еді. Байтұрсынұлы «қазақ жағдайында социализм мен коммунизмнің ерекше түрінің қалыптасып», қазақ қоғамының социализмге деген аса зор құлшыныс танытпағанына тоқталып, қазақтың азаматтық құқыққа қол жеткізе алмай отырғандығына басты назар аударды. Дегенмен, Мәскеудегі большевиктердің ұлт мәселесіндегі ұстанымының әділ екендігіне көзі жеткен соң, Қазақ өлкесінің автономия бағытында жасайтын қадамын осы ортан бастағанын кош көретіндігін жеткізді. 1919 жылдың сәуір – шілде аралығында Мәскеуде Ұлт істері жөніндегі комиссариаттың Қазақ бөлімінде, осы жылдың шілдесінен Қазақ әскери рев. к-т төрағасының орынбасарлығы қызметіндегі Байтұрсынұлы 1920 ж. 17 мамырда Ленинге хат жолдап, кеңес үкіметінің қазақ қоғамына байланысты жіберіп отырған принциптік кемшілік-

теріне тоқталды. Онда «Қазақ революциялық комитетінің ұйымдастырылғанына 10 ай өтті. Ревкомның он айлық қызметін қорыта келе, осы уақыт аралығында оның ештеңе тындырмағандығын айтуға тура келіп отыр. Ревком жұмысының өнімсіздігін көптеген себептермен түсіндіруге болады, дегенмен, негізгісі екеу: 1) қазақ өлкесін басқару ісіне қойылған орталық өкілінің белгілі бір көзқарасы да, нақты жұмыс жоспары да жоқ; 2) орталық өкілдері және жергілікті халық арасында өзара сенім орнамаған», «осындай жағдайларға қарамастан, біздегі коммунист жолдастар, казактар ештеңе түсінбейді деген оймен түрлі құйтырқы саясатқа бой алдырып, бұқара қазақ халқына өз үстемдігін өткізуге тырысып бағуда... Орыс пролетариатына қазақ халқына байланысты екі жолдың бірін таңдауға тура келеді: бірі – күшке сүйеніп қазаққа өз билігін мойындату, одан үнсіз бағынуды талап ету, сөйтіп, патшалық губернаторлар мен генерал-губернаторлардың орнына диктаторларды тағайындау; екіншісі – қазақ еңбекшілерінің сеніміне кіру. Бірінші жол түсінікті, ал екінші жол күрделі, түсіндіруді және түсінікті болуды талап етеді. Бірінші жолды таңдаған күнде кеңестік құрылыстың іргесі құмға сіңгендей болса, екінші жолды таңдаған жағдайда мемлекеттің іргесі мықты қаланбақ» деп жазды. Байтұрсынұлы өз хатында қазақ саясатына байланысты орт. жүргізіп отырған кемшіліктерді көрсетті әрі бұл күрделі жағдайдан шығуға мүмкіндік беретін ұсыныстарын да білдірді. Қазақ өлкесі басшылығына шынайы коммунистерді және патша заманында сыннан өткен, халқының сеніміне ие болған қазақ зиялыларының өкілдерін қоюды ұсынды. Яғни Байтұрсынұлы Ленинге жолдаған хатында қазақ жерінде жаңа қалыптаса бастаған мемл. басқару жүйесіне принциптік талдау жасады әрі орт. жіберген кемшіліктерді де қатты сынға алды.

*М.Қойгелдиев*

**КЕРЕКУ** – Павлодар қ-ның бұрынғы атауы. Бұл атау жергілікті халық арасында 19–20 ғ-ларда тарихи түрде бекітілген. Халық бұл атауды 18 ғ-да қазіргі Павлодар маңайындағы тұзды көлдерден түз өндірген орыс көпесі Н.Коряковпен байланыстырады. Бірақ лингвистер мұнымен келіспейді, себебі, «Коряков» сөзінің «Кереку» болып өзгеруі қазақ тілі заңдылықтарына сәйкес емес. Басқа болжам бойынша қазіргі қаланың орнында бәсеңтінің руының апай тармағының а. болған. Олар Ертіс өзінің жайылма ағашынан киіз үйдің керегесін жасаумен айналысқан. Осыған байланысты К. атауы Кереге сөзінен шыққан делінеді. А.Байтұрсынұлы «Көшпелінің тұрмысы» мақаласында көшпелі халықтың өмірі, тіршілігі, салт-дәстүрі отырықшы елді мекен жұртымен салыстырыла баяндалады. Осы мәтінде мал бақ-

## КЕР ЗАМАННЫҢ

са да көшпей, көше де аз көшетін қазақтар бар екені, сондай қазақтардың біразы К. үйезінде (уезінде) тұрады делінген.

«**КЕР ЗАМАННЫҢ КЕРЕҒАР ОЙЛАРЫ**» – кітап. Авторы – Т.Кәкішев. А., «Атамұра – Қазақстан» баспасынан 1995 ж. жарық көрген. Көл. 168 бет. Таралымы 20000 дана. Бұл кітапта автордың кезінде респ. баспасөз бетінде жарияланып, қазақ қауымының ыстық ықыласына бөленген заман және қоғам, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің қилы-қилы тағдыры, ұлттық рухани мұраның жай-жапсарлары туралы ойтолғаныстары берілген. Жинақта А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялыларының өмірінен бұрын оқырман қауымға белгісіз болып келген көптеген жайттардың сыры ашылған. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

*Н.Хасенова*

**КЕСКІН ӨНЕРІ** – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, суреттеп көрсету өнері, кескіндеме, орысша – живопись.

«**КЕШПЕШІЛ ҚҰСТАР**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Көлшік, шалшық суларды сағалап, көл мен өзен жағалауында тіршілік ету тәсілдері сөз болады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

«**КИЕЛІ КҮНӘ**» – драмалық шығарма. Авторы – И.Оразбаев. Трагедияға А.Байтұрсынұлы өмірінің Ташкент түрмесіндегі соңғы сәттері негіз болған. Кейіпкерлер саны да шектеулі. Оқиғаға Ахмет, Мұхтар және Дауыс (тергеуші) қана қатысады. Автордың Ахмет пен Мұхтарды белгілі мақсатпен бір камерада кездестіріп, олардың өзара диалогына көп көңіл бөлуге тырысканы байқалады. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, Ахмет пен Мұхтар Ташкент түрмесінде бірге отырмаған. Ахметтің Семей, Бутырка, Беломорканал, Сайрам, Қызылорда, Алматы түрмелерінде отырғаны белгілі. Ал Мұхтар САГУ-де аспирантурада оқып жүргенде ұсталып, Алматы түрмесіне жөнелтілген болатын. Шығармада көзге түсетін мәселенің бірі – Ахметтің ақындығы. Басына қандай қиын іс түскен күндерде де оның өлеңді жанына серік еткенін драматург жадында ұстап отырған. Оны беташар ретінде берілген: «Я, Құдайым! Аққа жак! Өзіне аян – мен нахак. Аққа деген жолымның Абыройын ашпай, жап. Аят пенен хадисте, Адал ниет, ақ іске. Жаңылмасам, жоқ еді, Жаза тартсын деген бап» делінетін өлең жолдарынан байқауға болады. Өлең жолдарынан қамыққан, тығырыққа тірелген жанның күйзелісі мен мұңдалап, күнәсіз жанның жан азабы кешегі өзіміз өмір сүрген қоғамның бет пердесі ашыла түседі. Шымылдық түрменің азап камерасымен ашылып, басты кейіпкердің бірі – Дауыстың сөзімен басталады. Бірі пайғамбар жа-

сындағы, екіншісі қыршын жастағы қос мұңлықтың қасіреті бір. Ахмет осы тығырықтан шығуды ойлап бас қатырады. Оның жолы – өз басын өр өлімге тігу, жас Мұхтарды халқының болашағы үшін қалай да аман алып қалу. Сондықтан өз шешімін: «Қателік жібердім, өткен ізімді айыптаймын» деп үкімет басшыларына ашық хат жаз деп Мұхтарға айтады. Жазасың! Жаз! Жазу керек! Солай ақылға сал! Бұл – күнә емес. Халыққа – қызмет! Алда-жалда күнә бола қалса да – Киелі Күнә!» деп Мұхтарды көндіреді. Автор өмірде болған шындық оқиғаны шығарм. қиялмен өрбітіп, екі буын өкілін бір камерада табыстырады да ауызба-ауыз әңгімелестіреді. Ондағы мақсат – күллі алаш ардақтыларының асыл арманын Ахметтің аузымен жас Мұхтарға аманаттау. Трагедияның соңы: «...бұрынғы берген жауаптарымды қайталаймын. Қазақ ұлтшылдарының ұйымына ешқашан кірген емеспін, жоспар жазатындай ұлтшыл әрекетте жокпын. Қазіргі кезеңде қазақ кедейлері тұрмысына социалды төңкеріс, советтік басқару тәсілі ең ыңғайлысы дер едім, алдағы уақыттағы педагогтік, ғылыми жұмыстарымды маркстік көзқарасты толық қуаттауға жұмсаймын...» делінетін Мұхтардың Дауысқа берген жауабымен аяқталады.

*Г.Орда, Р.Имаханбет*

«**КИІЗ ҮЙ МЕН АҒАШ ҮЙ**» – «Оқу құралына» енген танымдық әңгіме. Авторы – Ы.Алтынсарин. Біреуі «Киіз үй жақсы» деп, екіншісі «Жер үй жақсы» деп дауласқан екі адамның талас пікірі негізінде әңгімеленіп, киіз үй мен жер үйдің әрқайсысының артықшылығы мен кемшілігі сарапқа салынған. Жаздығүлі тұруға және көшіп-конуға киіз үй қолайлы, ал қыста жер үйдің жылы болатыны айтылады. Оқушы-шәкірт осыдан өз бетінше бір қорытынды жасай алатын болады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

«**КИІК**» – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Тұлғасы мен қарасына қарағанда қой, ешкіге жақын аң екендігі айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**КЛАССИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР. 9-ТОМ: XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АЛАШ ӘДЕБИЕТ-ТАНУЫ** – көп томдық кітап. Жауапты редакторы – А.Ісімақова. Жауапты шығарушы – А.Ойсылбай. Құрастырушылар – М.Әзімханов, Е.Әбікенұлы. ҚР Білім және ғылым министрлігі «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы аясында шығарылған. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер институтының Ғыл. кеңесі ұсынған. А., «Әдебиет әлемі» баспасынан 2012 ж. жарық көрген. Көл. 368 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл кітапқа 20 ғ. басындағы Алаш әдебиеттанушылары А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926) іргелі ғыл. зерттеуі және 1926 ж. Баку қ-нда өткен

Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезінде орыс тілінде жасаған ғыл. баяндамасы («Научный доклад на Первом Всесоюзном Тюркологическом съезде»); Ә.Бөкейханның «Батыр Бекет» (1922), «Мырза Едіге» (1922), «Роман деген не?» (1914), «Роман бәйгесі» (1914), «Ән, өлең һәм оның құралы» (1914), «Кітап сыны» (1926), «Всеволод Иванов» (1927) сынды мақалалары; Х.Досмұхамедұлының «Аламан» (1924), «Қазақ халық әдебиеті» (1928), «Кенесары – Наурызбай» (1923), «Мұрат ақынның сөздері» (1923), «Диуани дұғат ит-түрк» («Шолпан», 1923. №6, 7, 8), «Шернияз шешен» («Қызыл Қазақстан», 1925. – №5) атты негізгі зерттеулері енгізілген. Кітап қазақ әдебиетінің тарихы, сыны, теориясынан мол мағлұмат береді. Кітап соңында Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мен жасаған ғыл. баяндамасына ғыл. түсініктемелер және ол ұсынған «пән сөздері» кестесі берілген. Бұл кітап әдебиеттанушы ғалымдарға және жалпы оқырманға арналған.

*С.Арғынгазин*

**КОЛПАКОВСКИЙ** Герасим Алексеевич (4.3.1819, Украина, Харьков губ. – 23.4.1896, Ресей, Санкт-Петербург, Александр-Невский лаврасы) – Ресей империясы армиясының генералы, Батыс Сібір, Түркістан және Дала өлкелері әскери-әкімш. басшысы, Орта Азия мен Қазақ-



*Г.А.Колпаковский*

станда Ресей империясының отаршылдық саясатын белсене жүзеге асырушы. Харьков губ.-ндағы офицер-дворянның отбасында дүниеге келген. Жас шағында ген. Н.Н.Раевскийдің (1771–1829) қарамағындағы жаяу әскер қосынында қызмет еткен. Венгрия, Кавказ жорықтарына қатысқан. Әскери наградалармен марапатталып, штабс-капитан шеніне дейін өскен. Жоғары әскери білім алмаған. 1852 ж. Сібір жеке корпусының командирі, Г.Х.Гасфорттың адъютанты, 1855–58 ж. Березовск әскери окр.-нің (аумағы қазіргі Ақмола, Семей облыстарын, Алтайды қамтыған) бастығы, 1858 ж. майор К. Алатау окр.-нің бастығы және Батыс Сібір бас губернаторының ұлы жүздегі (сонынан Жетісу обл.-ндағы) өкілі (приста-

вы) болған. Верный бекінісіне 4 шілдеде келген. 1860 ж. күзде орыстарды Жетісуға қоныстандырмау үшін шабуылдап келген Қоқан хандығының 10 мың сарбазы бар әскерін Ұзынағашта қарсы алып, 21 қазанда Қарақастек өз. бойындағы шайқаста жеңген. Жеңісі үшін полковник шені, орден, айрықша әскери белгі берілген. 1862 ж. Шу өз. алқабына жасалған экспед.-ны басқарып, 23–24 қазанда Пішпекті (Бішкек) алған. Сол жылы оған ген.-м. атағы берілген. 1865 ж. Семей обл.-ның әскери губернаторы, 1867 ж. Жетісу обл. әскери губернаторы, әскер қолбасы, жаңадан құрылған Жетісу казак әскерінің тағайындалған атаманы болған. Верный (Алматы) к. осы К. жобасы бойынша салына бастаған. Оның ұсынысымен мұнда ер балалар мен қыздар гимназиясы, 1873 ж. қазақ балалары үшін арнайы мектеп ашылған. 1882 ж. Дала өлкесіне (бұған Батыс Сібір, Сарыарқа мен Жетісу өлкелері кірген) ген.-губернатор және Омбы әскери окр. әскерінің қолбасшысы, Сібір казак әскерінің атаманы болып тағайындалған. Бұған дейін Түркістан ген.-губернаторы міндетін 1783–82 ж., ген.-адъютант К.П.фон-Кауфманның сырқаттануына байланысты әлденеше рет уақытша атқарып тұрған болатын. 1871 ж. оған ген.-лейтенант, 1885 ж. инфантерия генералы атағы берілген. 1889 ж. 25 қазанда Ресей империясының әскери кеңесі мүшелігіне тағайындалып, Санкт-Петербургқа ауысады. К. әуесқой зерттеуші ретінде ғалымдар Н.А.Северцовқа (1827–85), Ч.Дарвинге (1809–82) және музейлер мен ғыл. қоғамдарға Жетісу өлкесінен өзі жинаған құстардың, аңдар мен жәндіктердің, өсімдіктердің бай коллекциясын сыйға тартқан. Ш.Уәлихановпен достық қарым-қатынаста болып, онымен үнемі хат алысып тұрған. Соңынан Шоқан мен оның нағашысы М.Шормановтың бейіттерін көтерісуге ат салысқан. А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің 1913 ж. 34-санында жарияланған «Жер жалдау жайынан» атты мақаласында Дала уәлаятының ген.-губернаторы К.-дің өзі «қазақтарда артық жер жоқ» дегенін, соған қарамастан қоныс аударған орыстарға жерлерін сатып жатқан қазақтар туралы жазған. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*Б.Арыстан*

**КОЛЫМА ОЙПАТЫ** – Солт.-Шығыс Сібірдегі ойпатты жазық. Саха Республикасы жерінде, Алазея, Үлкен Чукча өзендерінің және Колыма өзенінің төм. алабында орналасқан. Жер беті тегіс, орташа биікт. 50–100 м. Ойпаттың бетінде көптеген термокарстық қазаншұңқырлар бар. Климаты субарктик. Қысы суық – қаңтардың орташа темп.-расы – 36–42°C, абс. минимум – 62°C-қа жетеді. Жазы қысқа, қоңыр салқын. Шілденің орташа темп.-расы 4–12°C. Жылдық жауын-шашын



## КОМИССАР

мөлш. 250–300 мм. Солт. бұталы-шөптесінді және арктик. тундра. Орманды тундра жіңішке өңірді құрайды. Оңт-н батпақты сирек балқарағай орманы қамтиды. Ақын Сырбай Мәуленовтің «Коммунизм таңы» газетінің 22 шілдесіндегі (1989) «Фибратты ғұлама» өлеңінде: «...Ажалға оны елі қия алмады, Жүр еді Колымада қияндағы, Шығарған оның мұңлы әні айтылып, Шергілді көңілдегі күй-арманы. Теңізбен, жермен, шөппен байланысып, Халқының тірлігіне айналысып, Рухы Ахметтің ел үстінде, Жүр деді арманындай айнала ұшып» деген шумақтарында Байтұрсынұлының Ресейдің солт.-шығысындағы К.о-нда болғаны айтылса керек. Себебі, 19 ғ-дың соңынан бері бұл өңірде Ресей, кейіннен КСРО кезеңдерінде саяси сотталғандарға арналған бірнеше лагерьлер болған.

Қ.Ахметов

**КОМИССАР** (франц. commissaire, commissaires) – 20 ғ-дың басында мемлекеттен қоғамдық-саяси немесе әкімш. шаралар жүргізуге арнайы уәкілдік алған басшы, лауазымды қызметкер. Ресейде монархия құлағаннан кейін пайда болған әкімш. органдар (Уақытша үкімет, совдептер, обл. қазақ к-ттері) әр жерге өз шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру үшін жіберген өкілетті қызметкерлерін «комиссар» деп атады. Большевик кеңестерінің 2-съезінде (қазан, 1917) жекелеген салалардағы мемл. басқаруды жүзеге асыру үшін халық комиссариаттары құрылып, әр комиссариатты «халық комиссары» басқарды. 1946 ж. олар мин-терге айналып, халық комиссарлары «министрлер» делінді. Алаш тарихында «комиссар» лауазымы жеке тұлғалардың ресми қызметтерінен көрінді. Мыс., Ә.Бөкейхан Уақытша үкіметтің Торғай обл. бойынша комиссары, А.Байтұрсынұлы кеңестік билікте Халық ағарту комиссары қызметін атқарды. Бұл қызметте С.Сәдуақасов та болды.

С.Тахиров

**КОНГО ӨЗЕНІ** – Орт. Африкада, Конго Демократ. Республикасы (КДР) және Конго Республикасы, Ангола мемлекеттерінің шектесетін жерін бойлай ағады. Африка өзендерінің ішінде ұзындығы жөнінен екінші орында, алабының ауданы мен суының молдығы жағынан Африкада бірінші, ал дүние жүзінде Амазонадан кейінгі екінші орында. Өзен бастауын КДР-дің оңт.-шығысынан және Замбия елі шекарасына тау орналасқан үстірттен алады. Өзеннің ұз. 4700 км. Су жиналатын алабы 3,7 млн км<sup>2</sup>-ге жуық. Өзен сағасындағы жылдық орташа ағын 46 мың м<sup>3</sup>/с. К. ө. Солт. және Оңт. Жарты шарларда ағады да экваторды 2 рет кесіп өтіп, Атлант мұхитына құяды. Басты салалары: Луфира, Лувуа, Арувими, Убанги, Лулонга, Касаи, т.б. Өзен бойында көптеген СЭС-тер салынған, суы балыққа өте

бай. Балықтың мыңға жуық түрі бар. Кеме жүзуге жарамды бөлігінің ұз. 2 мың км. Жағалауындағы ірі қалалары: Букама, Конголо, Киншаса. А.Байтұрсынұлы Африка (Априке) құрлығының табиғатын сипаттай келе К. өз-не де тоқталады.

**КОНОНОВ** Андрей Николаевич (27.10.1906, Ресей, Санкт-Петербург қ. – 30.10.1986, сонда) – орыс түркітанушысы, филол. ғыл. докт. (1948), Санкт-Петербург (Ленинград) ун-тінің проф. (1950), КСРО ҒА-ның акад. (1974), Түрік лингвистик. қоғамының (1957), Венгрия шығыстанушылары ғыл. қоғамының (1970), Венгрия ҒА-ның (1973) құрметті мүшесі. Негізгі ғыл. еңбектері түркітану мәселелеріне арналған. «Қазіргі түрік әдеби тілінің грамматикасы» (1956), «Қазіргі өзбек әдеби тілінің грамматикасы» (1948, 1960), т.б. еңбектерінде түркі тілдерінің жалғамалы (агглютинативті) заңдылықтарының табиғатын зерттеген. «КСРО-дағы түркі филологиясы. 1917–1967» (1968), «Түркі тілдеріндегі жинақтық-көптік көрсеткіштері» (1969), «Ресейдегі түркі тілдерінің зерттелу тарихы. Қазанға дейінгі кезең» (1972) атты кітаптарында түркі тілдерінің грамматик., этимол. мәселелерін қарастырған. Ол Ленин, екі рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. К. А.Байтұрсынұлының есімін атауға тыйым салынған кездің өзінде оны «түркология саласындағы ұлы реформатор» деп атаған. Қазақ ғалымдары Байтұрсынұлының еңбектерін атағаны үшін жазаланып жатқанда, К. 1974 ж. жарық көрген «Отандық түркологтардың биобиблиографиялық сөздігі (төңкеріске дейінгі кезең)» атты еңбегінде Байтұрсынұлының қысқаша өмірбаяны мен негізгі еңбектерін ғыл. ортаға ұсынып, тарихи әділ бағасын берген, ол туралы жазылған әдебиеттерді көрсеткен.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 6-т.

**КОПЕРЛІ-ЗАДА**, Мехмет Фуат Кёпрюлю (4. 12.1890, Туркия, Стамбұл қ. – 28.6.1966, сонда) – түріктің мемлекет қайраткері, филолог, тарихшы және көсемсөзші. КСРО ҒА-ның корр. мүшесі (1925). Стамбұл ун-тін бітірген (1913) сон, сонда дәріс берген. Туркия сыртқы істер министрі (1950–57) болған жылдары елдің НАТО одағына (1952) және Бағдат пактісіне (1955) кіруіне мүмкіндік туғызған. Түрік әдебиеттану ғылымы еур. мектебінің негізін салушы. Түрік филологиясы, орта ғасырлар тарихы мен дін тарихы бойынша 500-ден астам ғыл. еңбектің авторы. «Түрік әдебиетіндегі алғашқы мистикалар» (1918), «Қазіргі әдебиет» (1924), «Түрік дінінің тарихы» (1925), «Түрік әдебиетінің тарихы» (1928) тәрізді еңбектердің авторы. К.-З. 1926 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезінде баяндама жасаған. Бұл құрылтайға А.Байтұрсынұлы да қатысып, араб әліпбиін жақтап сөз сөйлеген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

**КОРСИКА АРАЛЫ** – Жерорта т-нің солт. бөлігіндегі арал, Францияның бір департаменті. Аум. 8,7 мың км<sup>2</sup>. Тұрғыны 316 мың (2008). Ұз. 183 км, ені 85 км. Аралдың көп жерін тау (Мон-Сенто, 2706 м), шығыс бөлігін жағалаулық ойпат (ені 10 км-дей) алып жатыр. Климаты жерортатеңіздік, қаңтардың орташа темп-расы 12–13°С, шілдеде 24–26°С. Жылдық жауын-шашынның орташа мөлш. 600–1200 мм. Аралда бұталар (маквис), тас емені, қарағайлы орман, каштан, емен, 1900 м биіктігіне дейін шамшат, кара қарағай, қандыағаш өседі. Аңғарлар мен жағалауда субтропиктік дақылдар, жүзім, апельсин өсіріледі. Басты қ. – Аяччо. Аяччода әйгілі француз қолбасшысы Наполеон Бонапарт туған. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатына қысқаша сипаттама бере келіп, Жерорта т-ндегі К. а. жайында айтады.

**КӨБЕЕВ** Спандияр (1.10.1878, Қостанай обл. Боровской ауд. Ақсуат а. – 2.12.1956, сонда) – педагог, жазушы, аудармашы. Ы.Алтынсарин ашқан ауылдық орыс-қазақ мектебінде сауат ашып,



С.Көбеев

1901 ж. Қостанайдағы мұғалімдер даярлайтын курсты бітірген. К. ұзақ жыл бойы ұстаздық жұмыспен айналысып, жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу ісімен шұғылданды. Қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Өзінің 50 жылдық ұстаздық іс-тәжірибесін «Орындалған арман» атты мемуарлық әдеби еңбегінде (1951) баяндады. Ол ұстаздық жұмысты жазушылық қызметпен тығыз байланыстыра жүргізді. А.Байтұрсынұлының ізімен орыс жазушыларының тәлімдік шығармаларын қазақ тіліне аударып, «Үлгілі тәржіме» (көпшілігі И.А.Крыловтың мысал өлеңдері) деген атпен жеке кітап (1910) етіп бастырып шығарды. 1912 ж. «Үлгілі бала» атты екінші оқу құралын (хрестоматия) жариялады. Оған өзі аударған Крыловтың мысалдарымен бірге қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің озық нұсқаларын (аныз әңгіме, ертегі, мақал-мәтелдер)

енгізді. Сонымен бірге, бұл хрестоматияға қазақ балаларына табиғаттың түрлі құбылыстары мен жануарлар әлемі туралы мәлімет беретін қызықты қысқа әңгімелер де енгізілді. К. 1913 ж. «Қалыңмал» романын жазды. Романда сол кезеңдегі қазақ ауылындағы әлеум. жағдайлар шынайы баяндалды. Оның пед. ой-пікірлері «Орындалған арман» атты мемуарлық романында, сондай-ақ әр жылдардағы мерзімді басылымдарда жарияланған «Оқытушының беделді болуының маңызы», «Балаларды мәдениеттілікке тәрбиелеу», «Балаларды оқуға ынталандыру туралы» атты мақалаларында ғыл. тұрғыда баяндалды. К. 2 рет Ленин орденімен марапатталған.

Әдеб.: Қирабаев С., Спандияр Көбеев, А., 1958; Кенжебаев Б., Қазақ халқының XX ғ. басындағы демократ жазушылары, А., 1958.

**«КӨЗҚАРАС (ТАЛДАУЛАР МЕН ТОЛҒАНЫСТАР)»** – кітап. Авторы – З.Қабдолов. «Рауан» баспасынан 1996 ж. жарық көрген. Көл. 256 бет. Таралымы 3000 дана. Кітапқа автордың бүгінгі кезеңдегі жаңаша ойлау тұрғысынан жазған әдеби сын, ғыл.-зерт. еңбектері мен публицистик. очерктері кірген. «Ахаңның әдеби қисындары» деген толғау-толғанысында: «...Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма. Қайтейік, болады деп келдік...» дей келе, туған топырағымыздағы Әдебиет теориясының басы болып табылатын «Әдебиет танытқыштың» кадр-қасиетін бүгінгі күн тарапынан талғап-талдайды. Зерттеуінде ғасыр басында ғалым салған пәнсөздік: ұғым-атауларды «Ахаңның қисындары» деп әспеттейді.

**КӨЗ ТАҢУ** – көзшалым, тез оқу.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 640 б.

**«КӨЗІМЕ КӨРІНДІҢ БЕ»** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Этнограф түсініктемесінде «ғашығынан айрылған әйелдің әні» деп берген. 4/4 тұрақты өлшемде жүреді. Әннің диапазоны секта аралығын қамти-



ды. Фригийлік трихордтан басталатын ән ауыспалы – ля-фриго-эолийлік ладта жазылған. Әуенінің бастапқы трихордтық интонациясынан кейін минор пентатоникасымен өрби түсіп, 4-дыбысқа келіп тоқталады. Әннің екінші жолы 4 басқыштан өріле келе, қайта барып тізбектелген дыбыс қатарымен негізгі «ля» дыбысына келіп,

2б дыбысқа кідіріп, негізгі нотамен аяқталады. Ырғағында төрттіктер, сегіздіктер, жартылық ұзақтықтарымен қатар, пунктир және триоль ырғағы кездеседі.

*А.Қазтуғанова*

**«КӨК ЕСЕКТЕРГЕ»** – «Маса» жинағына енген өлең. 7 шумақ (28 тармақ). Ақын бұл өлеңді де түрмеде жатып жазғанға ұқсайды. «Анама хат», «Тілек батам», «Жауға түскеннің сөзі» деген өлеңдеріндегі ағайынға өкпе-наз артқан сарын мұнда да аңғарылады. «Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа, Жол сілтедім жақын емес, алысқа, Өзге жұрттар өрге кадам басқанда, Дедім: Сен де қатарыңнан қалыспа! Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным? Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?...» дегеніне қарағанда, әрқашандағыдай, тек кенес дәуірінде ғана емес, патшалық кезеңде де А:Байтұрсынұлының қайта-қайта түрмеге жабылуына себепкер болғандар, оны нақақ жаламен көрсетіп, үкіметке ұстап беріп отырғандар қазақтың өз ішінен шығып отырғанға ұқсайды. Бұлай деуге өлеңнің соңғы шумағындағы: «Қинамайды Абақтыға жапқаны, Қиын емес дарға асқаны, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен, Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны» деген сөздер де толық дәлел болғандай.

*С.Ғұсманқызы*

**КӨКШЕТАУ СЫРТҚЫ ОКРУГІ** – Ресей империясының 1822 ж. 22 шілдедегі «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» бойынша 1824 ж. 29 сәуірде құрылған. Округте алғашқы аға сұлтан болып Уәлиханұлы Ғұбайдолла (Абайділдә), қазылары атығай руынан Зілғара Байтоқаұлы және керей руынан Мүсет Жәнібекұлы сайланды. 1857 ж. К. с. о-нде 16 болыс (майлыбалта атығай, атығай бағыш, құдайберді атығай, құрсары керей, туадан керей, балтыкөш керей, есенбақты керей, уақ керей, есенәлі керей, жаулыбай қарауыл, уақ, самай керей, қанжығалы, құлтай қыпшақ, күрлеуіт қыпшақ, бай қырғыз), 144 ауыл, 8778 үй болды. Патша үкіметінің 1868 ж. 21 қазандағы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ережесіне» сәйкес К. с. о. уезд болып, Ақмола обл-ның құрамына енді.

*Қ.Исабай*

**КӨМЕКЕЙДЕН ШЫҒАТЫН ДЫБЫС** – дауыс. **КӨҢІЛДІ СӨЗ** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған термин. Ғалым оны әуезенің (эпостың) бір түріне жатқызады. К. с. – адал ниет, ақ көңіл адамдардың талас-тартыссыз өрбіген өмірін сөзбен суреттеу. Автор бұл түрлі сөз қазақ әдебиетінде әлі жоқ деп көрсетеді. Алайда қазіргі кезде көңілді сөздің түр-түрі кездеседі. Байтұрсынұлы ұсынған К. с. термині әдебиет теориясындағы анекдот терминіне сәйкес келеді.

*Е.Шынтай*

## КӨҢІЛ КӨТЕРІС ІСІНЕ ЖҰМСАЛАТЫН СӨЗ – өлең.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**КӨҢІЛ ТІЛЕГІ** – 1) бұйрық түрде, 2) өтініш түрде, 3) үгіт (ақыл) түрде, 4) жай тілек (мұрат) түрде айтылатын тілек.

**КӨҢІЛ ТІЛІ** – көркем сөз.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**КӨҢІЛНІҢ ТҮЙІСІНШЕ СИПАТТАУ** – заттардың бірін жағымды, сүйкімді деп, екіншілерін жағымсыз, сүйкімсіз деп сипаттау. Нәрсе түрлі сипатты болады. Ол сипаттарының біреулері бойына біткен сипат болса, екіншілері адамның қосқан, танған сипаттары болады. Мәселен, жылы нәрсе, тегіс нәрсе, жұмсақ нәрсе адамға жағымды, сүйкімді болар да, суық нәрсе, бұдырмақ нәрсе, қатты нәрсе адамға жағымсыз, сүйкімсіз болар. Бұлардың біреулерін жағымды, сүйкімді деп, екіншілерін жағымсыз, сүйкімсіз деп сипаттау нәрсені тиісінше сипаттау емес, адам өз көңілінің түйісінше сипаттау болады.

**КӨҢІЛ ІСІ** – түйю, талғау. Ғалым сөз өнері адам санасының үш негізіне 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге тірелетінін ескертіп, әрқайсысын жеке-жеке сипаттайды: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түйю, талғау».

*О.Жұбаева*

**«КӨП НӘУБЕТТІ ЕГІС»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Егістік жер өздігінен тынаюы үшін кемінде 25 жыл бос жатуы керек. Бірақ оған күтіп отыруға мүмкіндік болмағандықтан, дикан көбінше жерді бос жатқызбай, оның есесіне танаптардың біріне бидай, екіншісіне тары дегендей, араластырып егетін болған. Мұны А.Байтұрсынұлы «Көп нәубетті егіс» деп атаған. Сонда, мыс., шөп пен картоп секілді дақылдардың артынан астық жақсы шығатын болған. Әңгіме шәкірттердің диқаншылық кәсіпті меңгеруіне ықпал етуді көздеген. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**КӨП НОҚАТ** «...» – сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзіп бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылатын белгі, көп нүкте, қалдыру, тастау белгісі.

**КӨПТЕУ ЖАЛҒАУЛАРЫ** – нәрсенің көп күйіндегі атын білдіру үшін жалғанатын қосымша: -лар (-лер); -дар (-дер).

**КӨПШЕ АТАУ** – нәрсенің көп күйіндегі аты. Мәселен: *аталар, белбеулер, сырнайлар, кернейлер, шынылар, қаздар, құнандар, шелектер т.с.е.*

*О.Жұбаева*

**КӨРКЕМДІК ПСИХОЛОГИЗМ.** Көрнекті ғалым, әдебиеттанушы, теоретик А.Байтұрсынұлы – ұлттық әдебиеттегі психологизмді танытуда көптеген ғыл.-эстетик. құнды ой-пікірлер білдірген ғалым. Өзінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы тұңғыш теор. «Әдебиет танытқыш» (1926) атты еңбегінде көркем сөз өнеріндегі әдеби психологизмнің табиғатын, болмыс-бітімін, оған тән психол. бейнелеу тәсілдерін дәл қазіргі ғыл. тілде орныққан теор. терминдермен бермесе де, ұлттық ойлау танымымызға, қабылдау жүйемізге лайықтап, ұғынықты «пән сөздерімен» бере білген. «Пән сөздерін» алғаш ғыл. айналымға енгізген қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытов пен М.Жұмабаев еді. Олар: Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926), Құдайбердіұлының «Тіршілік – жан туралы» (1919) мақаласы, «Үш анық», «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарты» және Аймауытовтың «Психология», «Жан жүйе және өнер таңы» атты еңбектері (1926), Жұмабаевтың «Педагогика» (1927) (оның көпшілігі психология пәніне арналған) ғыл.-зерт. жұмыстары. Оларда адамның сезімдік құбылыстары жан-жақты сөз болады. Олай болса, сөз өнеріне тән көркемдік құндылықтарды, эстетик. танымды танытатын әдеби психологизм жүйесін, психол. талдау өнерін қазақ әдебиеттану ғылымы да кеңінен қарастырып, әр түрлі деңгейде зерттеп келеді деп айта аламыз. Адам табиғатын зерттеу, адамтану қай кезеңде де әлеум. мәселелерді шешудің басында тұрды. Сондықтан жеке адамның тағдырын тілге тиек ете отырып, сол кезеңнің қоғамдық құрылысын, рухани қажеттілігін зерттеуе тырысатын жазушылар ол жұмбақтың шешуін тек адам психикасының құрылысынан іздейді. Бұл пікірге сүйенер болсақ, психол. прозаның танылып, бағалану, зерттелу кезеңі 19 ғ-дың соңына сәйкес келсе керек. Байтұрсынұлы адамтану ғылымын, яғни сөз өнерін осы психологизм категориясымен тікелей байланыстыра қарастырады. Әдебиетті – адамды зерттейтін ғылым, яғни адамтану ғылымы деп алғаш рет Байтұрсынұлы айтып, ғыл. айналымға енгізген. Сондай-ақ адамтану ғылымы адам санасын үш негізге тірей отырып, соларды талдап, таразылау арқылы жасалатындығын айтады. Пән сөздерін (терминдерін) әдеби талдауда қолданған бірден-бір ғалым да – Байтұрсынұлы. Сөз өнерін жан-жақты зерттеп, ондағы жанрлардың әрқайсысына өзіне тән ұғым-түсінік бере білген Байтұрсынұлы психол. прозаның да жанрлық, стильдік ерекшеліктерін айқындайтын теор. тұжырымдарын «Әуезе жқи әңгіме түрлі сөздер», «Толғау түрлері» атты тарауларда нақтылаған. Адам өмірі сөз болған жерде оның табиғи жаратылысы, оған тән сезім-эмоциялар міндетті түрде суреттелері хак. Психол. прозаның жанрлық

стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне сай қайраткерлердің психол. үдерістері әр алуан тәсілде динамик. түрде зерттеліп, зерделенеді. Сондықтан көркем шығармадағы кейіпкерлерге үздіксіз психол. талдау жасалынбаса, «адамның ойына өң беріліп, көңіліне күй түсірілмейді» (А.Байтұрсынұлы). Байтұрсынұлы көрсеткен психологизм жүйесіндегі екі үлкен арна – аналитик. ұстанымды құрайтын ішкі сезім құбылыстары мен тысқы динамик. ұстанымды танытатын психол. қимыл көріністері жөніндегі теор. тұжырымдары атақты ғалым М.Бахтиннің ойларымен тәркіндес. Айталық, Бахтин Байтұрсынұлының анықтап берген екі түрлі саласын былайша береді: «Психологическая жизнь дана человеку двояко: 1) в себе самом человек непосредственно во внутр опыте наблюдает течение различных душевных переживаний – представлений, чувств, желаний; 2) у других людей и у животных человек может наблюдать только внешние выражения психологической жизни в различных реакциях чужого организма на раздражения» (М.Бахтин. Тетрология. М.: Лабиринт, 1998, С. 608). Міне, рухани әлемі ұқсас ғалымдардың ой-пікірлері бір жерден шығып отыр. Жеке адамның жұмбақ жаратылысын, оның құпия қалтарысы мол ішкі табиғатын, көңіл күйіне байланысты мың құбылатын сан алуан сезімдік аффектілерді ажарлайтын психол. прозада кеңінен көрінетін күрделі көркемдік тәсілдер әлгі екі ғалым көрсетіп берген көркемдік бейнелеу құралдары арқылы жасалатыны бүгінде ақиқатқа айналған. Атап айтсақ, көркем шығармадағы әдеби психологизм жүйесін құрайтын бейнелеу құралдары – монолог, ішкі монолог, ішкі диалог, ойлау, қиялдау, еске алу, елестету, өзін-өзі бақылау, талдау, түс көру, сандырақтау, сөз бен істің, ой мен сезімнің сәйкессіздіктері, өң мен түс, өмір мен өлім, есті мен ессіздік, т.б. арасындағы қақтығыстар Байтұрсынұлы меңзеп отырған ішкі ғаламды бейнелейді. Ал динамик. ұстанымды, яғни тысқы ғаламды құрайтын сезім құбылыстарының белгілері – бейвербалды ишараттар (жест, мимика), ым, ымдау, ишара, емеурін, өзге де қимыл көріністері. Міне, психол. прозада осынау талдау тәсілдері мольнан және бар құнарымен, көркемдік-бейнелегіш қызметтерімен қолданылып, ерекшеленеді. Психол. прозаның көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жоғарыда аталған екі түрлі бейнелеу тәсілдері арқылы санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды. Көптеген ірілі-ұсақты психол. бейнелеу құралдарын санамағанда, ең басты деген үш негізгі әдіске тоқталайық, олар: бірінші – психол. бейнелеудің «тура» («прямой») түрі, бұл – кейіпкердің жан дүниесін көркемдік таным тұрғысынан

танып-білу, яғни ішкі сөз, қағытпа (репликалар) түрі, өзін-өзі бақылау, ойша елестету, ішкі монолог, еске алу және елестету, т.б. арқылы психол. талдау жасау болса, екіншісі – психиканы берудегі сыртқы психол. қимыл көріністер – бейвербалды ишараттар секілді көркемдік, психол. детальдарға мән беру, оның басқа да түрлерін қолдану болып табылады. Үшіншіге осы екі тәсілді тұтастандыра беретін авторлық психол. баяндау жатады. Дәл осындай теор. тұжырымды Байтұрсынұлы дарынды сөзде былай деп береді: «Ақындар ғалымдар сияқты уақиғасын яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды... Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғарымында суреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі ғаламды сөзбен көрсетуге бар өнерін, шеберлігін жұмсайды. Сөйтіп шығарған сөзі, көркем сөзі шығарма болады» дей келе, оларды: «1. Әуезеленіп айтылуына қарай. 2. Толғанып айтылуына қарай. 3. Ғаламдап айтылуына қарай» деп үшке бөледі. «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылады». «Ақын әуезе түрінде сөйлегенде уақиғаның ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемей, тек сыртта тұрып баяндап, уақиғаға көз салған адамша, хатта біреуден естіген адамша айтады. Уақиғаны бұлайша түрде айтып көрсету тысқарғы түрде айту болады». Байтұрсынұлы орыс әдебиеттану ғылымында қалыптасқан психол. бейнелеу тәсілін казак ұлттық сөз өнерінде дәйекті түрде қолдана білген. Сөйлеу, ойлау жүйесі арқылы ішкі сезімді суреттеу – тура тәсіл (ішкергі ғалам) болса, екіншісі – жанама (тысқарғы ғалам), яғни кейіпкердің психикасы мен санасындағы үрдістер тікелей бейнеленбей, тек сыртқы іс-әрекет, дене-кескіндегі мимик. қозғалыстар, сыртқы көріністер арқылы айшықталады. Толғау – қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі, ақынның жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуі басқалардың халін танып, күйіне салып толғай алуы. Әр нәрсені санамызға алған уақытта ол нәрселер турасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды. Адам дүниедегі көрген-білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп қана қоймайды. Ол нәрселермен қатар адамның көңілін күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің я ісінің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғалам мен сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде айырылғысыз болып бірігеді. Адамның көңілін оятпаған нәрсе тіпті сезілмей, дерексіз өтеді. Бірақ адамның ілтипаты тысқарғы ғаламға, бірде ішкергі ғаламға көбірек ауатын

орындары болады. Кейде тысқарғы нәрсе өте тамаша күйге батырып, тандандырса, адамның есін алып, ілтипатын өзіне аударып кетеді. Кейде адам өз ойы, қиялы, көңілінің күйімен болып, айнала-сындағы болып жатқан уақиғаларды, істеліп жатқан істерді, тысқарғы ғаламды байқамай қалады. Бұл адамның ілтипатын тысқарғы ғаламнан ішкергі ғалам аударып алып кеткен уақытта болады. Ондай адамдардың көбі ілтипатын көбінесе ішкі ғалам жағына салатын болады. Сөйтіп, Байтұрсынұлы тілді барлық қоғамдық, мәдени, филос., эстетик. негіздерден құрылған әмбебап дүниетаным ретінде түсіндіруге тырысты.

*Г.Пірәлиева*

**КӨРКЕМ СӨЗ** – нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша, сөйлейтін. шын емес, шығарғы әңгіме, келістігімен, әдемілігімен көңілге ұнауын көздейтін, көрнекі лебізбен айтылған толғау. К. с. дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпине түсіріп айтады. К. с. айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. К. с. айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліштеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады. К. с. болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады; қатта қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қисынын келтіріп, қиялдан туғызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді. Дарынды сөз ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме. А.Байтұрсынұлы К. с. «көңіл тілі» деп атаған.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ТЫСҚЫ СЫНЫ** – тілінің, лұғатының сыны, яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнекілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны.

**КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ІШКІ СЫНЫ** – 1) алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жөнімен қарағанда, дұрыс бүгіп шығу, шықпауының сыны; 2) өмір жүзінде айтылған нәрсесінің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен, көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына әсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны.

**КӨРКЕМ СӨЗ СЫНЫ** – пікір дұрыстығының үстине, пікірге берілген сурет сұлулық жағы да тексерілетін ақындық сыны. Көркем сөз немесе дарынды сөз сыны – ақындықты керек қылғанмен, ақындығы жоқ, ақындықтан шыққан әдемі сөздерге үйір болған адамдар да жасауға болатын сын.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**КӨРКЕМ ТҮРДЕ АЙТЫЛҒАН СӨЗ** – күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қы-

зык болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнайтын сөз.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**КӨРНЕК ӨНЕРІ** – адамның жан қоштау керегінен шыққан, жылуынан гөрі сұлу болуы көбірек көзделінгеннен, көзге көркем, көңілге жағымды болып істелген нәрселер. Ғалым көрнек өнерінің бес түрін көрсетеді: сәулет өнері, сымбат өнері, сүгіреттеп көрсету өнері, әуез өнері, сөз өнері.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

*О.Жұбаева*

**КӨРНЕКІ ЛЕБІЗ** – шығармаларда қолданылатын сөз жүйесінің бір түрі. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде оның «жырлау», «толғау» деген сөздердің мағынасымен сәйкес келетінін және бірінің орнына бірін алмастырып қолдануға болатынын ашып түсіндіреді. Көркем сөзге көрнекі лебізбен айтылған толғау орнына жүретін ұғым деген анықтама береді. Сөзді көркем түрде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс жағына түсіп, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделуі керек деп пайымдайды. Байтұрсынұлы К. л. толғаудың орнына жүретіндіктен, оны дарынды сөз деп атау қолайлырақ деп түйіндейді.

*А.Кадирхан*

**КӨРНЕКІ ЛЕБІЗБЕН АЙТЫЛҒАН СӨЗ** – жырлау, толғау. Сөйлеу де, жырлау да, толғау да бұл күндегі әдебиет алқасына кіретін *жалаң лебізді* және көрнекі лебізді сөздердің таптарын анық ашуға жарамсыз болғандықтан, жалаң лебізді сөздерді *қара сөз* деп, көрнекі лебізді сөздерді *дарынды* сөз деп атау қолайлырақ.

**КӨРНЕКІ ТІЛ** – айрықша өң беріліп айтылған сөз, ақын тілі. Ғалым тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жанысз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керектігін ескерте келіп, сөз ондай дәрежеге жету үшін 1) көріктеу; 2) меңзеу; 3) әсерлеу әдістері қолданылатынын айтады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

*О.Жұбаева*

**«КӨРҰҒЛЫ»** (2) – эн. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Әннің сарыны құбылмалы ладта жазылған: соль-иолийлік және ми-фриго-эолийлік. Бірінші әуендік жол соль-иолийлік ладтың 5-дыбысынан төмен қарай тізбектеле түсіп, ми дыбысынан соль дыбысына келіп, тоқтайды. Екінші әуендік жол ми-фригийлік ладтың 3-сағысынан басталып, қатарымен көтеріле-түсіп 2b дыбыспен аяқталады. Үшінші және төртінші әуендік жол 2# дыбыстан толқын-

датыла өрбіп, осы фа# нотасына қайта оралады. Баяулатылған қысқа каденциялық қайырым фри-



го-эолийлік ладтық бояуды береді. Әннің ырғағында берілген пунктир ырғағы мен әуеніндегі 2b дыбыс түркімен сарындарына тән жасалған. Кербез, байыпты екпінде жүретін сарынның диапазоны септима аралығын қамтиды. Өлшемі – 2/4 тұрақты.

*А.Қазтуғанова*

**КӨРІ** – шығыс жалғаудан соң қойылатын жалғаулық.

**КӨСЕ ЛЕБІЗ** – жалаң лебіз, айрықша өң берілмей, жай айтылған сөз, сида, жалаңаш болып шыққан лебіз.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**«КӨСЕМ БАЛА»** – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Шығармада қазақтарды басынып, мал-жанын тонап кеткен қалмақ ханын қаршадай баланың тапқыр сөздермен келісімге келуге мәжбүр еткендігі жайында баяндалады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.*

*К.Қошым-Нозай*

**КӨСЕМДІК ҰҒЫМ ЖҮЙЕСІ** – зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде пайда болатын ұғым жүйесі.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**КӨСЕМСӨЗ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. К-дің мақсаты – шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету. Шешен сөз ауызша айтылса, К. жазумен айтылады. К-дің осылай аталуы оның әлеумет ісіне басшылық жүргізу ерекшелігіне байланысты. Яғни ол қажет іске мұрындық болып, істету ыждаһатымен айтылады. Қоғамдағы саясат, білім, сот, қазына, шаруашылық, т.б. мәселелерді түзеу, жаңалау, өзгерту керек болған кезде әлеуметті К. арқылы ұйғытып, насихат арқылы сол істі халықтың көңіліне сіңіреді. Ол қоғамның ортасына, газетке, журналға, т.б.

## КӨСЕМСӨЗДЕРІ

жарияланады. Қазіргі кезде ақпараттық технологияның дамуына байланыты оның аясы кеңейе түсті. Байтұрсынұлы К. әлеуметке басшылық есебінде айтылатын сөз болғандықтан, жұрт ісіне мәні зор болатынын айтады. Сол басшылықтың дұрыс-бұрыстығы әлеуметтің түзелуіне немесе адасуына себепші. Солай болған соң, К. жазатын кісінің де көп көрген көсем әрі білімді болуы шарт.

*Д.Оспанова*

**КӨСЕМСӨЗДЕРІ.** А.Байтұрсынұлы – қазақ көсемсөзін теор. тұрғыдан да, тәжірибе жүзінде де дамытқан тұлға. «Публицистика» деген терминге «көсемсөз» деген керемет балама тауып, «Әдебиет танытқыш» атты құнды еңбегінде оған тұңғыш анықтама берген, халқымыздың ұлы жазушысы М.Әуезовтің сөзімен айтқанда, қазақтың рухани көсемі. Көсемсөзшінің ұлт болып қалыптасуымыз бен азаттықты аңсаған қазақ елінің өсіп-өркендеуіне қажет деп тапқан тақырыпқа қалам тартпай қалған жері жоқ, Алаш қамы үшін көтермеген мәселесі кемде-кем. Сан салалы тақырыпта қалам тербеген көсемсөзшінің ең бір жанына жақын, жүрегін тебіrentкен мәселе – қазақ өнер-білімін көтеру жайы. Көзі тірісінде-ақ ұлттың рухани ұстазы атанған қалам қайраткері «білекті бірді, білімді мыңды жығатын» заман туғанын терең түсініп, қазақ жастарын білім, ғылым, өнермен қарулануға шақырды. Алаштың айы боп туған «Айқап» журналы мен, күні боп атқан «Қазақ» газетінде жариялаған «Оқу жайы», «Бастауыш мектеп», «Қазақша оқу жайы», «Мектеп керектері», «Оқу мерзімі», т.б. көсемсөз туындылары сол жайынан сыр шертеді. «Оқу жайы» һәм «Қазақша оқу жайы» атты біріншісі толықтырып тұрған мақалаларында оқудың мән-жайы мен маңызын егжей-тегжейлі түсіндіріп береді. «Қазақтың шаруасына, бір жағынан, нағандықтан кемшілік келгенде, екінші жағынан, білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдігінен, теңдігінен қалдырып, тиісті сыбағасына қиынат істеп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгіл өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екенімізді білдірер едік» деген жолдар сөзіміздің жаны бар екенін айғақтайды. Байтұрсынұлы көсемсөзшінің құндылығы сонда – қай тақырыпқа қалам тартса да, ұлт есесін жібермей, еңсесі биік ел болу қамын күйттеуінде. «Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек?» деген сауалға «Бастауыш мектеп» атты мақаласында қысқа да нұсқа жауап береді: « Әр халыққа керекі – өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс болуға керек, яғни қазақ-

тың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек». Ұлтымыздың рухани ұстазының көсемсөзі құндылыққа толы. Алаш деп соққан жүрегінен шыққан әрбір сөзі халық санасында жатталып, қанатты сөзге айналып кеткеніне ел куә. Айталық, қазақтың киелі тілі туралы жазған ондаған көсемсөз туындысының мән-маңызы мен мұратын «сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген бірауыз сөзімен сығымдап жеткізуге болады. Ал қасиетті қазақ жері туралы егіле отырып, төгіле жазған алуан жанрдағы көсемсөзін түйініп «жер мәселесі – алты миллион қазақтың я тірі, я өлі болу мәселесі» деген аталы сөзі айшықтайды. Қысқа да нұсқа сөйлеудің қас шебері Байтұрсынұлының «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген қисынды сөзі журналистердің аузынан түспейтін қанатты сөзге айналғанын тағы білеміз. Көрнекті көсемсөзшінің бұл тұжырымы – адамзаттың ортақ игілігіне жарататындай-ақ құнды ғыл. теория. Ұлтымыздың рухани көсемінің бар бүтін болмысын, дара тұлғасын, кіршіксіз таза, ақ адал жан дүниесін, рухани мол мұрасын, шығарм. ізденісімен көмкерілген тума таланттың, термен шыланған телегей теңіз еңбегін паш етіп, айшықтайтын тұсы – көсемсөздік шеберлігі.

*Қ.Сақ*

**КӨСЕМШЕ** – екі етістік қосарынан айтылғанда, алдында айтылатын қысқа түрі. Мыс., жаза бер, қарап тұр, жүріп келді дегендегі алдыңғы сөздер көсемше етістік болады. А.Байтұрсынұлы көсемшенің үш түрін көрсетеді: 1) үнемді, 2) үнемсіз, 3) мұратты.

*О.Жұбаева*

**«КӨШ»** – «Оқу құралына» енген әңгіме. Түсінік берушілер бұл әңгімені Ы.Алтынсариндікі болуы мүмкін деген болжал айтады. Қазақ көшiнiң қыстаудан көктеуге, одан жайлауға, күздеуден қыстауға бағыт түзеген этногр. сипатын суреттеп көрсетеді. Қазіргі шәкірттер үшін де танымдық мәні бар.

*С.Ғұсманқызы*

**КӨШЕЙ** (т.-ө.ж.б.) – А.Байтұрсынұлының сегізінші атасы. Үлкен ата, ру атына айналған Арғын тайпасынан бері таратар болсақ: Арғыннан – Тәнбі сопы, одан – Елемес, Елеместен – Ермен, Ерменнен – Шағыр, одан – Аманжол, Аманжолдан – Шақшақ, Шақшақтан – К., К-ден – Қалқаман туған.

**«КӨШПЕЛІ ӘМ ОТЫРЫҚШЫ НОРМА»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 20-санында жарық көрген. Мақала «Ақ жол» (А., 1991. – 230–233-беттер), «Жаңа нызам» (А., 1996. – 31–34-беттер), «Маса» (Орынбор, 1911. – 154–157-беттер), «Қазақ прозасы» (471–473-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томында (А., 2013) қайта басылған. Жазбада 20 ғ-дың басында қазақ орта-

сында дау туғызған жер мәселесі туралы баспа-сөз бетінде көтерілген пікірталастарға талдау жасалады. Қазаққа жерді пайдалануда отырықшы норма емес, керісінше көшпелі норма сай келетінін дәлелдейді. Егер қазақтар отырықшы нормамен жер алатын болса, көп жер артық қалады да, қоныс аударушыларға жер көп кесіліп берілетінін айтады. Және сөз соңын қазақ оқығандарына арнап: «Қазақтың бас адамдары! Әуелі, сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс қылыңдар; Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер. Сендер адасандар, арттарыңнан алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар», – деп үлкен жауапкершілік жүктейді. Автордың өзге мақалаларына қарағанда мұнда орыс сөздері – «Государственный Дума», «переселен чиновниктері», «закон», «норма», т.б. кем кездеседі. «Қат – хат», «құпия – құпия», «әм – һәм» сөздері бүгінгі емлеге түсірілген.

*Р.Имаханбет*

**«КӨШПЕЛІНІҢ ТҮРМЫСЫ»** – «Оқу құралына» берілген мәтін. «Көшпендінің байлығы, жиған-тергені – мал. Керек-жарағының бәрі де малдан шығады, соның үшін барлық тұрмысы мал жайына қарай болады. Малға не жайлы болса, көшпенді соны істейді». Осыған орай, мал бағудың күндік режимі, қысқы, жазғы маусымдағы жағдайы туралы таныстырған. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«КӨШПЕЛІ ТҮРІКТЕРДІҢ СОҒЫСЫ»** – «Оқу құралына» енген шағын әңгіме. Авторы Шәкерім (Құдайбердіұлы) делінген. Көшпелі түркі тайпаларының тұрмыс-тіршілігі, жаудан қорғану мақсатындағы шаралары суреттелген. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**КРЫЛОВ** Иван Андреевич (13.2.1769, Мәскеу қ. – 21.11.1844, Санкт-Петербург қ.) – орыс жазушысы, мысалшы, ақын. Санкт-Петербург ҒА-ның



*И.А.Крылов*

акад. (1841). К. орыс әдебиетінде мысал жанрын биік сатыға көтерді. Шығармаларында өмір шындығын терең бейнелеп, адам бойындағы жағымсыз

қылықтарды шенеді. «Рухтар поштасы» (1789), т.б. сатиралық журналдар шығарды. «Кофе ұнтақтағыш» күлдіргі операсын (1782), 1786–88 ж. аралығында «Филомела» трагедиясын, «Құтырған отбасы» комедиясын, т.б. жазды. 1809–43 ж. өткір де айшықты тілімен, әжуа, сықағымен ерекшеленетін 200-ден астам мысал жазды. К. мысалдары «халық даналығының кітабы» (Н.В.Гоголь) болып табылады. К. шығармаларына өзек болған мысал әңгімелердің фабулалары оған дейінгі Эзоп шығармаларында да, халық ауыз әдебиетінде де кездеседі. К. қоғамдағы әлеум. теңсіздік күшейіп, зорлық-зомбылық өршіп тұрған замандағы осы келеңсіздіктерді уытты тілмен сын нысанасына айналдырды. К. үлгісі қазақ әдебиетінде мысал жанрының дамуына үлкен игілікті ықпалын тигізді. К. туындыларының аудармасы болып саналатын қазақ ақындарының шығармалары ұлттық бейнелі образдармен жана-ша жырланған, қазақ қоғамының дертін ащы тілмен емдеуге бағытталған, жоғары адамгершілік мұраттарды көздейтін туындылар болып табылады. Қазақ оқырмандарын К. мысалдарымен алғаш рет Ы.Алтынсарин («Қарға мен түлкі»), А.Құнанбаев («Есек пен бұлбұл», «Шегіртке мен құмырсқа», «Қарға мен түлкі», «Піл мен қанден»), т.б. таныстырды. А.Байтұрсынұлы К-тан аударған және өзі жазған мысалдардан «Қырық мысал» (1909) атты кітап бастырса, С.Көбеев «Үлгілі тәржіма» атты кітап жазып (1910), оған К-тың 37 мысалының аудармасын енгізді. К-тың туындылары «Мысалдар» деген атпен қазақ тілінде жеке кітап болып шыққан (1944, 1954, 1960).

**КРЫМСКИЙ** Агатаңгел (Агафангел) Ефимович (15.1.1871, Украина, Владимир-Вольнский қ. – 25.1.1942, Қостанай қ.) – шығыстанушы ғалым, тарихшы, жазушы-аудармашы. Украина ҒА-ның



*А.Е.Крымский*

акад. (1918). Украинаның еңбек сің. ғылым қайраткері (1940). Мәскеудегі Шығыстану ин-тын (1892), Мәскеу мемл. ун-тін (1896) бітірген. 1896–98 ж. Сирия мен Ливан халқының тарихы мен тілін зерттеген. 1898–1918 ж. Шығыстану ин-тында оқытушы, проф., 1901 ж. Мәскеу архе-



ол. қоғамы жанындағы шығыс комиссиясының хатшысы қызметтерін атқарған. 1918 ж. Киевке қоныс аударып, Украина ҒА-ның негізін салушылардың бірі болды. К. – араб, парсы, түркі, украин халықтары мен әдебиеттері туралы көптеген еңбектер жазған. 1893 жылдан Брокгауз-Ефрон және Гранат энциклопедиясына енген Таяу Шығысқа қатысты мақалалардың түгелге дерлігін К. жазып шыққан. Негізгі ғыл. еңбектерінің ішінде «Арабтардың, олардың халифаттарының тарихы, кейінгі тағдыры және араб әдебиетінің қысқаша очеркі», «Мұсылмандық тарихы», Парсылардың, олардың әдебиеті мен дәруіштік теософиясының тарихы», «Қырым татарларының әдебиеті», т.б. көптеген монографиялардың авторы. Көркем шығармалармен де шұғылданып, «Андрей Лаговский» романын (1905); «Повестер мен әңгімелер» жинағын (1895) жарыққа шығарған. Сондай-ақ араб, парсы, түркі тілдерінде жазған авторлардың (Антара әл-Мағри, Омар Һайям, Сағди, Хафиз) шығармаларын және «Шаһнаманың» үзінділерін орыс тіліне, Т.Г. Шевченконың шығармаларын түрік тіліне аударған. 1926 ж. А.Байтұрсынұлы араб әліпбиін жақтап баяндама жасаған түркітанушылардың I-съезіне К. де қатысқан. Ол жайында Байтұрсынұлы «Түрікшелер құрылтайы» мақаласында жазған.

**КУБАНЬ**, К у в а – Ресейдің Ставрополь және Краснодар өлкелеріндегі өзен. Уллукам және Учкулан (Үшқұлан) өзендерінің қосылуынан құралады. Эльбрустағы Уллукам мұздығынан басталып, Азов т-нің Темрюк шығанағына құяды. Ұз. 870 км, су жиналатын алабы 57900 км<sup>2</sup>. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының ішкі суларын сипаттай келе, Ресейдің оңт-ндегі өзендері К. жайында да сөз етеді. Байтұрсынұлы К. өз-нін Кува деп атаған.

**КУВА**, қ. *Кубань*.

**КУРА** – Каспий т. алабындағы өзен. Ұз. 1364 км. Су жиналатын алабы 188 мың км<sup>2</sup>. Өзен Түркия жерінен басталып, Өзербайжандағы Кура-Аракс ойпаты арқылы Каспий т-не құяды. Атырауы 100 мың км<sup>2</sup>-ге жетеді. Тбилиси қ-на дейін тар шатқалдармен ағып, қазаншұңқырларды, жазықтарды кесіп өтеді. Басты саласы – Аракс. Орташа су ағымы Хулур с. тұсында 270 м<sup>3</sup>/с. Төм. ағысы кеме жүзуге қолайлы. Шаруашылықта жер суару үшін пайдаланылады. Өзеннен севрюга, белуга, осетр, судак, т.б. ауланады. Өзен бойында СЭС-тер мен бөгендер салынған (Зема-Авчаль, Мингечаур, т.б.). Гори, Тбилиси, Рустави, Мингечаур, т.б. қ-лар К. өз. бойында орналасқан. А.Байтұрсынұлының «Лермонтовтан» атты өлеңінде (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.): «Екі өзен – Кура, Арагуа ағып келіп, Кездесіп бір-біріне сәлем беріп, Жерінде екеуінің нақ көріскен, Аңсаған ағайындай бауы-

ры еріп...» деп Лермонтовтың «Мцыри» поэма-сынан алынған үзіндіде Кавказдың суы буырқанып, тасып жатқан К. өз-не сипаттама берген.

**КҮДЕРИН** Жұмақан Маусымбайұлы (20.9.1891, Семей обл. Аягөз қ. – 1938) – қазақтың алғашқы биолог ғалымдарының бірі, қоғам қайраткері. 1911 ж. ауыл мектебінде, 1913–17 ж. Қапал а.ш. мектебінде оқыған. Ташкент қ-ндағы Орта Азия мемл. ун-тін (1930) бітірген. Алаш зиялыларымен бірге азамат соғысы кезінде қатты күйзелген



*Ж.Күдерин*

қазақ ауылдарына азық-түлік таратқан. М.Тынышбаев, М.Төлеубаев, С.Аманжолов және басқа қоғам қайраткерлерімен бірге Алашорда үкіметінің тапсырмаларын орындаған. Лепсі қ-нда Кеңестердің I-съезіне делегат (1918) және Жер комиссары болып сайланған. 1920 ж. «Қытайға кеткен қазақтарды қайтару» комиссиясында жұмыс істеп, К-нің тікелей араласуымен Қытайдан 6 мың жанұя еліне қайтып оралды. К. 1921 ж. Жетісу өңірін жайлаған тырысқақ індетіне қарсы емдеу жұмыстарына қатысты. Университте оқып жүріп, Түркістанның табиғи ресурстары мен осы өңірді аудандарға бөледі зерттеумен айналысқан экспед-ға қатысты. Сондай-ақ осы жылдары К-нің «Қытайдағы босқындар өмірі» (1920), «Қазақтардың ата-тегі туралы материалдар» (1930) деген этногр. еңбектері, «Ботаника» (1927), «Қой мен оның жүні» (1930), «Кендір» (1931), т.б. биол. еңбектері жарық көрді. Ең құнды еңбектерінің бірі – араб және латын жазуымен тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көрген. «Орта Азиядағы жыландар түрі» (1925) мен «Өсімдіктану» оқулығы. «Өсімдіктану» оқулығы А.Байтұрсынұлы жасаған ғыл. терминология тұжырымдарына негізделіп жазылған. Байтұрсынұлынан бастау алған ұлттық ғылым тілінде термин қалыптастыруға рухани серіктері, сол кездегі қазақтың оқыған, зиялы азаматтары Б.Омаров, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, С.Қожанов, Ә.Ермековтермен бірге К. де ат салысқан. 1930 ж. 20 қыркүйекте К. тұтқындалып, Ресейдің Воронеж қ-на жер аударылған. 1935 ж.

тұтқыннан босап шығып, Алматыға оралған. Қазақ КСР Жер халкомының Мал ш. ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1935–36), «Каучуконос» тресінде нұсқаушы агроном (1936–37) болып қызмет атқарған. 1937 ж. 22 мамырда қайтадан тұтқынға алынып, 1938 ж. 7 наурызда ату жазасына кесілген. 1990 ж. маусымда ақталды. Алматы қ-ндағы бір көше К. есімімен аталады.

Әдеб.: [http://www.rusnauka.com/4\\_NIC\\_2016/Philologia/3\\_208032.doc.htm](http://www.rusnauka.com/4_NIC_2016/Philologia/3_208032.doc.htm) (қаралған күні: 10.10.2017).

**«КҮЗ»** – «Оқу құралына» енген Абайдың белгілі өлеңі. 5 шумақ (22 тармақ) болып, ықшамдалып, берілген. Ғыл. түсініктемеде еңбей қалған 14 тармағы толық көрсетілген. «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай, Қыстың басы – бірі ерте, біреуі жай...» деп басталатын бұл өлең де Байтұрсынұлының «Оқу құралынан» бергі әдебиет оқулықтарынан түскен емес.

**«КҮЗЕМ»** – «Оқу құралына» енген әңгіме. Күзем – жазғы жайлаудан қыстауға қарай көшкенде жолда аялдайтын қоныс. Бұл кезде қой қырқылып, жүк сабалып, киіз басылады. Сонымен бірге күзгі қоныстың өз қызықтары да бар екенін шәкірт жете ұғынады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«КҮЗЕН»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Күзен тұқымдас аңдар: сасық күзен, сусар, кәмшат, борсық т.б. туралы мағлұмат береді. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«КҮЙЕ ТАС»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Күйе тастың физ. ерекшеліктері, олардың пайдаланылуы (қарындаш істеледі) жөнінде айтылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**КҮЙ КӨМЕКШІ ЕТІСТІК** – амалдың қалып-күйін білдіретін етістіктер: жүрмек, тұрмақ, отырмақ, жатпақ.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**«КҮЛӘЙЖАН»** (1) – эн. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Нұсқалық әндерге жатады. А.Затаевич бұл әннің

жазылса, оған қосылған қайырманьң әуендік жолы фа-эолийлік ладпен аяқталады. Әннің өлшемі 2/4-пен жүреді, ырғақ ерекшеліктеріндегі төрттік, сегіздіктермен қатар, пунктир және триоль кездеседі. Әннің қос әуендік жолы қайталамалы, әннің алғашқы әуендік тармағы екі дыбыс аралығында дамып (3–4), жоғарыдағы квинталық тонға көтеріледі. Екінші әуендік жол фа-эолийлікпен аяқталмақ болып, 4 дыбыстан тізбектелген әуен фа дыбысына түсіп, ля бемольға келіп тұрақталады. Әннің қайырмасы бауалатылып, он алтылық ұзақтықтармен толқындалатын әуен арқылы фа дыбысына келіп, аяқталады. Әннің диапазоны кең – септима аралығын қамтиды. Әуендік құрылымы – АА<sub>1</sub> және қайырмадан тұрады.

*А.Қазтуғанова*

**«КҮМІС»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Күміс кенін жерден қазып шығару мен оны өңдеп, іске жаратудың жолдары және күмістің тұрмыста, өнеркәсіпте қолданылуы туралы айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«КҮН»** – танымдық мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Тақырып астына «Толстойдан» деген сілтеме қойылған. Жазба соңына «Аударушы: Телжан» деп көрсетілген. Аудармада дүниеге жарық сыйлайтын күн және оның жылуы жайында сөз болады. Күнсіз, жылусыз тіршіліктің болмайтыны мысалдар арқылы талданып отырады. Мақала соңына 6 жолдан тұратын 1 шумақ өлең қоса берілген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ногай*

**«КҮН КӨРҮ»** – «Оқу құралындағы» мәтін. Шәкірттерді еңбек етуге, кәсіппен шұғылдануға, сөйтіп, өз күшімен өмір сүруге баулиды. Ғыл. түсініктеме берілген.

**КҮН КӨРІС ІСІНЕ ЖҮМСАЛАТЫН СӨЗ** – қара сөз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**«КҮН КҮРКІРЕУІ МЕН НАЙЗАҒАЙ НЕДЕН БОЛАДЫ?»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Жаңбыр жауып, күн қатты күркірегенде бұлт ішінен шартылдаған дыбыс шығып, жарқ етіп көзге шалынатын жарықтың – найзағайдың пайда болу себептері қарапайым тілмен баяндалған. Шәкірттердің дүниені тереңірек тануына ықпал ететін ақпарат. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«КҮН МЕН ТҮН»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Күн мен түннің ауысып келуінің себебі Жер-



бірінші нұсқасы деп белгілеген. Өн – асықпай және жай екпінде жүреді. Кілт белгісінде фа минор тональдігінің бемоль белгілері берілгенімен ладтық тұрақсыздық көрінеді. Әннің алғашқы екі әуендік жолы ля бемоль – ионийлік ладта

## КҮҢГЕЙЛЕНБЕЙТІН

дін Күнді айнала қозғалуынан екені, уақыт өлшемдері (таулік, сағат) жөнінде айтылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**КҮҢГЕЙЛЕНБЕЙТІН АЙҚЫН ЖЕР** – басқа дыбыстардың (үйлес дыбыстардың) әсері болмайтын, өзгеріске ұшырамай, дыбыстың өз қалпы көрінетін оқшау жер. Мыс.: *қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, міңген – мінген, сеңген – сенген* т.с.с. сөздерде әсер етіп тұрған – «г» мен «г» дыбыстары. Олардың әсерінен құтылса болғаны, дүдәмәлдік жоғалады. Мәселен, «қоныс», «қондық», «жсону», «жсондым», «жсанып», «жсанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде», «күндік» дегенде, дүдәмәлдік жоғалып, «ң» емес, «н» екені ап-анық көрініп тұр.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

**КҮҢГЕЙЛЕНГЕН ДЫБЫС** – қандайда бір дыбыстың жанындағы басқа дыбыстардың (үйлес дыбыстардың) әсерімен (ілгерінді ықпал, кейінді ықпал) өзгеруі. Мыс.: *Тасқынбай – Тасқымбай, қонған – қоңған, жонған – жоңған* т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

**КҮҢГЕЙЛЕП ТҰРҒАН ДЫБЫС** – қандайда бір дыбыспен қатар келудің нәтижесінде ол дыбысқа ықпал етіп, өзгертіп жіберетін дыбыс. Мыс.: «қазан ашыы», «нан кешіші», «көссіз көбелектей», «ішішілер ізіне түсті» т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

**КҮРДЕЛІ БАСТАУЫШ** – бір сөзбен айтылмайтын, бірнеше сөзден құралған бастауыш. Мыс.: 1) Тамағы жоқтық таптырар. Мұнда тамақ жоқтық жайынан айтылып тұр. Не таптырар? – тамағы жоқтық (бастауыш екі сөзбен айтылып тұр).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**«КҮРІШ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Күріш дақылының пайдасы, оны егу мен күтіп-баптау жолдары әңгімеленген. Танымдық мәні бар. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«КІСІ МЕН АРЫСТАН»** – мысал өлең. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін I-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған.

Тақырыптың астына «Крыловтан» деп көрсетілген. Аударған – Байтұрсынұлы. 11 буынды кара өлең ұйқасына құрылған шығарма жалпы 62 жолдан тұрады. Оның 48 жолы Крыловтан аударылған. 14 жолы аудармашының оқырманға түсінік ретінде жазғаны. Өлеңнің бұрын «Қырық мысалда» жарияланғандығы жөнінде сілтеме берген. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**«КІСІ МЕН АЮ»** – «Қырық мысалдағы» жиырма бесінші өлең. 17 шумақ (68 тармақ). Бір адам елден жырақ, кісікіік болып, орман ішінде өмір сүріп жатады. Бір күні оған Аю кез болып, екеуі достасады. Тағы бірде Адам шаршап, ұйықтап қалады. Аю досы оны күзетіп тұрады. Сол сәтте Адамның бетіне шыбын қонып, Аю оны үркітсе де, қайта-қайта келіп, кетпей қояды. Ашуланған Аю (яғни, ақымақ) шыбынды таспен атып өлтірмек болып, адамның бетіне періп жібереді. Адам (Аюдың досы) өледі. Мысалдан алар ғибрат: «Жігіттер, сақтаныңыз надан достан, Досыңнан, надан болса – артық дұшпан. Белгілі – жаудан кісі күтінеді, Тиеді достың оғы қапылыстан». Осы арада, «Кемедегінің жаны бір» екен деп, жаныңды біреуге тасырып қоймайтының, әркім өзінің өмірі мен тағдыры үшін өзі жауапты екені ойға оралады.

**«КІСІ МЕН КӨЛЕҢКЕ»** – «Қырық мысалдағы» отыз бесінші өлең. 4 шумақ (16 тармақ). Есі ауыстау біреу өзінің көлеңкесін қанша қуаласа да, жеткізбейді. Шаршап, кері бұрылып, қайтып келе жатса, енді көлеңкесі оның өзін «қуалайды». Мысал өлеңнің ғибраты: «Кейбіреу Қыдыр дарып, қараса бақ, Бейне бір осы айтылған көлеңке нақ. Қайрылмай, қарағанда, бақ-дәулетке, Артынан қуалайды қайтарып ап». Мысалда ақымақтау адамның қисынсыз қылығы әшкере егіледі.

**«КІТАП – ҒАСЫР МҰРАСЫ: КІТАП АЛЬБОМ»** – жинақ. Автор-құрастырушы – Р.Мәженқызы. А., «Өнер» баспасынан 2007 ж. жарық



көрген. Көл. 304 бет. Жинақта А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» (1922), «Оқу құралы» (1925), «Маса» (2005) кітаптарының сыртқы мұқабасы әрі қысқаша андатпалық анықтама берілген.

**КІШІ АҚТЕҢІЗ**, қ. *Ақ теңіз*.

«**КІШІ ОРЫС**» – «Оқу құралына» енген әңгіме. «Живой родник» жинағынан деп көрсетілген. Әңгіме мазмұнына қарағанда, «кіші орыс» дегені – украиндықтар екені байқалады. Солардың кәсібі, тұрмыстық дәстүрлері баяндалған. Қазақ балаларының өзге халықтар өмірін білуін мақсат тұтқан.

*С.Ғұсманқызы*

**КІШІ СЫЗЫҚША** « - » – бір сөзді екінші сөзге тіркестіретін орында (төсек-ағаш, жүк-аяқ, құрт-

құмырсқа, аяқ-табақ) немесе сөздің бір бөлімін екінші бөліміне тіркестіру керек болған орындарда қойылатын тыныс белгі (жақсы-ақ-пысың? жалғыз-ғана-мысың?).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**КІШІ ТЫНЫС** « , » – 1) бұратана сөздерді бөлек шығару үшін қойылатын; 2) сыйысулы сөйлемдердің бірөңкей мүшелерінің арасына қойылатын; 3) бағыныңқы сөйлемнің жігін басыңқы сөйлемнен айыру үшін қойылатын; 4) лепті сөйлемдерде одағайдан кейін қойылатын; 5) бір сөз не болмаса сөйлем қайта-қайта айтылған орында қойылатын белгі, теріс үтір.

*О.Жұбаева*





**ҚАБАТ ҮТІР** « » – 1) төл сөздердің жігін ашу үшін алды-артынан қойылатын («Бекер ме» қасқыр айтты «менің сөзім»?); 2) кітап, журнал, газет аттарына қойылатын («Еңбекші қазақ» газеті, «Қызыл Қазақстан» журналы); 3) бір нәрсені сөз қылғанда, айырып айқын көрсету үшін қойылатын (леп белгісі «!») лепті сөйлемге, сұрау белгісі «?» сұраулы сөйлемге қойылады; 4) бір нәрсені теріс мағынада атау үшін қойылатын (Жолдас емес адамды «жолдас» деп атау теріс атау болады) тыныс белгі, қабатша, қабатша қос тырнақ. Бүгінгі таңдағы атауы – тырнақша.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ҚАБАТША (ҚОС ТЫРНАҚ)** « » – қабат үтір: төл сөздердің жігін ашу үшін алды-артынан қойылатын; кітап, журнал, газет аттарына қойылатын; бір нәрсені сөз қылғанда, айырып айқын көрсету үшін қойылатын; бір нәрсені теріс мағынада атау үшін қойылатын тыныс белгі. Бүгінгі таңдағы атауы – тырнақша.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ҚАБДОЛОВ** Зейнолла (12.12.1927, Атырау обл. Мақат ауд. Доссор кенті – 25.8.2006, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1970), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (1989), Қазақстанның халық жазушысы (1994), Қазақстан (1984) және Қырғыз (1995) Республикаларының еңбек сің. ғылым қайраткері. ҚазҰУ-ды бітірген (1954). 1950 жылдан ассистент, аға оқытушы, доцент, проф., кафедра меңгерушісі, диссертца, кеңестің төрағасы қызметтерін атқарған. «Менің Әуезовім» роман-эссесінің (1997; ҚР Мемл. сыйл., 1998), т.б. көркем шығармалардың авторы. Қ. «Жанр сыры» (кейінгі аты «Шеберлік мектебі», 1964), «Әдебиет теориясының негіздері» (кейінгі аты «Сөз өнері», 1970–2002) атты көлемді ғыл. еңбегінде әдебиеттің жанрлық тектері мен түрлері, сюжет пен композиция, мазмұн мен форма (пішін), образ бен образдылық, көркем шығарма тілі сияқты іргелі

теор. мәселелерге жан-жақты талдау жасады. «Көзқарас» атты кітабында Ахметтің «Әдебиет танытқышының» қадір-қасиетін бүгінгі күн тарапынан талдады. Қ. ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов



З.Қабдолов

атынд. I-дәрежелі сыйл. иегері. «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Парасат» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Атырау қ-ның, Қызылқоға, Мақат аудандарының құрметті азаматы.

*Әдеб.:* <http://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/34323/91/1/0/2010//> (қаралған күні: 29.9.2017).

**ҚАБЫРҒА** – Торғай алабындағы өзен. Қостанай обл. Жангелдин ауд. жерімен ағады. Ұз. 144 км, су жиналатын алабы 3870 км<sup>2</sup>. Тікбұлақ және Ащыбұлақ өзендері құйылысынан басталып, Өлкейек өз-не құяды. Аңғары бас жағында тар, төм. бөлігінде кең, жөйпек өзектерге бөлінеді. Су деңгейі көктемде көтеріледі. Жазда суы тартылып, қарасуларға бөлініп қалады. Жылдық орташа су ағымы сағасында 1,11 м<sup>3</sup>/с-ты құрайды. Өзен суы мал суаруға, шабындықты суландыруға пайдаланады. А.Байтұрсынұлы «Қыпшақ Сейітқұл» мақаласында Сейітқұлдың Торғай алабындағы Қ. өз-нің бойына тұрақтап, осы жерде жұртын егін егуге үйреткені сөз болады. Егіннен мол өнім алған. Сейітқұл Қ. өз-нің құнарлы жері мен суына көңілі толғаны баяндалады. Мұнда Қ. өз. деп отырғаны Торғай өз-нің саласы екені айтылады.

**«ҚАҒАЗДЫ ҚАЛАЙ ІСТЕЙДІ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Фабрикада ескі-құсқы шүберектерден (матадан) қағаз жасап шығарудың тәсілдері тәптіштеліп айтылған. Сабаннан, ағаш үйінділерінен де қағаз жасауға болатынына назар аударылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ҚАДЫРБАЕВ** Сейдәзім Құлмағамбетұлы (1885, қазіргі Қостанай обл. Жангелдин ауд. – 1938, Ресей, Воронеж) – Торғай өңіріндегі Алашорда қозғалысы қайраткерлерінің бірі. Торғайдағы орыс-қазақ уч-щесінде оқыған. 1913–18 ж. Орынборда сот кеңселерінде түрлі қызметтер атқарған. 1917 ж. 2–8 сәуір аралығында Орынборда

өткен Торғай қазақтары съезіне қатысып, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Қадырбаев, Ғ.Есенғұлов, Е.Тұрмұхамедов, К.Тұрымовтармен бірге жалпықазақ съезін шақыру жөніндегі айрықша бюроның құрамына сайланды.



С.Қадырбаев

1918–20 ж. Байтұрсынұлы, Дулатов, т.б.-лармен бірге алашорданың Торғайдағы әскери бөлімінің мүшесі болды. 1921–29 ж. Қазақ АКСР Әділет халық комиссариатының заң шығару бөлімінде жауапты қызметтер атқарып, Қылмыс заңын (қазіргі «Қылмыстық Кодекс») қазақ тіліне аударды. А.Иманов өліміне себеп болған 1919 жылғы Торғайдағы кикілжіндерге байланысты 1929 ж. алашорда қайраткерлерімен бірге айыпталып, 1930 ж. Воронежге жер аударылды. 1937 ж. қайтадан ұсталып, ату жазасына кесілді. 1988 ж. 4 қарашада Қазақ КСР Жоғ. сотының шешімімен қылмыстық ісі қысқартылып, ақталды. Г.Дулатованың «Арыстың бірі-Сейдәзім» атты естелігі жарық көрген.

Әдеб.: <http://lib.nkzu.kz/Library/Librarykz/pechat/p286.htm> (қаралған күні: 2.10.2017); [http://alash.semeylib.kz/?page\\_id=144](http://alash.semeylib.kz/?page_id=144) (қаралған күні: 2.10.2017).

**«ҚАЗАҒЫМ, ЕЛІМ»** – мәтініне ән жазылған өлең. Өлең алғаш рет 1911 ж. Орынбор қ-нда басылып шыққан «Маса» жинағында «Жиған-терген» деген атпен жарияланған. 6 томдық шығ. жинның 6-томына (А., 2013) әнге орай ықшамдалып енгізілген. Әннің авторы – Хасен Қожа-Ахмет. Шығарма Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісімен жазылған. Ән мәтіні 8 шумақтан 64 жолдан тұрады. Өр шумағы 8 жолдан құрылған өлеңнің 1-, 2-, 4-, 5- жолдары, 3-, 6- жолдары, 7-, 8-жолдары өзара ұйқасып отырады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, 5-т.

*К.Қошым-Нозай*

**ҚАЗАҚ АВТОНОМИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ** (Қазақ АКСР) – 1920–36 жылдардағы кеңестік автоном. мемл. құрылым. 1919 ж. 10 шілдеде В.И.Ленин «Қазақ (қырғыз) өлкесін басқару жөніндегі ре-

волюциялық комитет құру туралы» декретке қол қойды. Ревком құрамына С.С.Пестковский, Б.Қаратаев, Ә.Жангелдин, А.Байтұрсынұлы, С.Меңдешов, Ә.Әйтиев, т.б. енді. 1920 ж. 30 тамызда Бүкілресейлік ОАК пен РКФСР ХКК құрамында «Автономиялық қазақ (қырғыз) социалистік кеңес республикасын құру туралы» декрет қабылданды. Қазақ АКСР құрамына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Закаспий облыстары және Астрахан губ-ның қазақтар тұратын аудандары енді. Астанасы Орынбор қ. болып белгіленді. 1920 ж. 4–12 қазанда Орынборда Қазақ АКСР кеңестерінің құрылтай съезі өтті. Оған 273 делегат



Қазақ АКСР ОАК және ХКК орналасқан ғимарат.

Орынбор қаласы. Бұрынғы генерал-губернатор сарайы

қатысты. Съезде Қазақ АКСР ОАК сайланып, ХКК құрылды. 1921 ж. соғыс коммунизмі саясатының орнына жаңа экон. саясат енгізілді. 1921–22 ж. жер-су реформалары жүргізіліп, 470 мың га-дан астам жер қазақ шаруаларына қайтарылды. 1924 ж. 5–10 қаңтар аралығында өткен Қазақ АКСР кеңестерінің 4-съезінде республика конституциясының жобасы талқыланды. Кеңестік Орта Азия республикаларын ұлттық-межелу нәтижесінде Жетісу және Сырдария облыстарының қазақ аудандары Қазақ АКСР-іне қосылды. Патша әкімш. енгізген «киргиз» деген атау 1925 ж. сәуірде жойылып, қазақтар өзінің тарихи атын қайтарып алды. Ел астанасы Орынбордан Қызылордаға көшіріліп, Орынбор губ. РКФСР-ға өтті. Жаңа әкімш. бөлік бойынша Қазақ АКСР құрамына Ақмола, Ақтөбе, Жетісу, Семей, Орал (құрамына Бөкей Ордасы обл. уезд дәрежесінде кірді) облыстарынан және респ. үкіметке тікелей бағынатын Қостанай окр. мен Адай уезі, сондай-ақ Қарақалпақ автоном. обл. кірді. 1928 ж. Қосшы одақтары нығайтылып, 300-ден астам ұжымшар (колхоз), 5 кеңшар (совхоз) құрылды, губ-лар мен уездер таратылып, окр-тер мен ауд. құрылды. 1929 ж. 13 округ [Адай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Гурьев (қазіргі Атырау), Қарқаралы, Қызылорда, Қостанай, Кереку (қазіргі Павлодар қ.), Қызылжар (қазіргі Солт. Қазақстан обл.), Семей, Сырдария, Орал) құрылды. 1929 ж. мамырда ел астанасы

Алматыға көшірілді. 1929 ж. жаппай ұжымшарға бірігу қозғалысы басталды. Ол байлар мен кулактарды тап ретінде жою, кеңестік озбырлық тұтатқан көтерілістерді қарулы күшпен басу және көшпелі халықты отырықшыландыру науқандарымен қатар жүргізілді. 1928–37 ж. республикада 1–2 бесжылдықта 200-ге жуық ірі өндіріс орны салынды. Олардың ішіндегі ірілері Шымкент қорғасын, Балқаш мыс қорыту з-ттары болды. КСРО-дағы 3-көмір бассейні атанған Қарағанды және Алтайдағы кен орындары тез дамыды. Жедел түрде Түркісіб т.ж. іске қосылды. 1932 ж. бұрынғы округтер таратылып, орнына 6 обл. (Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Оңт. Қазақстан, Шығыс Қазақстан) құрылды. 1936 ж. КСРО-ның жаңа конституциясы бойынша, Қазақ АКСР одақтас республикаға айналды. А.Байтұрсынұлы 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920–21 ж. Қазақ АКСР-інің Халық ағарту комиссары, 1922 ж. Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Акад. орт-тын мүшесі, 1922–25 ж. Халық ағарту комиссариаты Ғыл.-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы қызметтерін атқарды, сондай-ақ 1921–25 ж. Орынбордағы, 1926–28 ж. Ташкенттегі Қазақ халық ағарту ин-ттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ беріп, 1928 ж. Алматыда Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰПУ) ашылуына байланысты проф. қызметіне ауысты.

**«ҚАЗАҚ АҒАРТУЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САНА-СЕЗІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Ө.Оналбековтың кандидаттық диссертациясы. Қ.А.Иасауи атынд. Халықар. қазақ-түрік ун-тінде 1999 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – А.Қасымжанов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («Қазақ топырағында ағартудың қалыптасуы»), «Қазақ ағартуының өзіндік ерекшеліктері», қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының басты мақсаты қазақ ағартуының қалыптасу процесін қарастыра отырып, өзіндік ерекшеліктері мен оның мәнін түсіндіру, ағартушылық ағым өкілдері көзқарастарының ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы өзіндік орны мен рөлін анықтау. Еңбекте қазақ ағартушыларының (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров) ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы қызметі мен орны алғаш рет көтерілген. Зерттеу қорытындысында қазақ ағартушылары мұрасының тарихи маңызы, оның бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып жатқандығы атап көрсетілген. Көл. 152 бет.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚ АКСР ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ** – орт. басқару органы. 1920 ж. 4–12 қазан аралығында өткен Қазақ АКСР кеңестері Құрылтай съезінің 12 қазандағы мәжілісінде сайланған. Құрамында 76 мүше және 25 кандидат болды. С.Меңдешов (төраға), В.А.Радус-Зенькович, Ө.Жангелдин, И.А.Акулов, С.Сейфуллин, И.Р.Киселев, Б.Алманов, Ө.Досов, Б.А.Коростелев, И.П.Струппе төралқа мүшелігіне сайланды. 5 адам төралқа мүшелігіне кандидат болды. Қазақ АКСР ОАК 14 адамнан тұратын республика үкіметін – Халық комиссарлары кеңесін (ХКК) бекітті. Олар елдегі бүкіл атқарушы билікті өз қолдарына алды. ХКК төрағалығына Радус-Зенькович тағайындалды. А.Байтұрсынұлы 1920 ж. Бүкілресейлік орт. атқару к-тіне (БОАК) мүше болды. БОАК мүшесі ретінде 1922 ж. Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу жөнінде құрылған өкілетті комиссияның құрамына енді.

**ҚАЗАҚ АКСР ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.** А.Байтұрсынұлы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары (1920), сондай-ақ БОАК (Бүкілресейлік атқару к-ті) мүшесі ретінде Қазақстандағы халық ағарту жұмыстарын дамытуға белсенді қатысты. 1920 ж. Халық ағарту қызметкерлерінің съезін өткізіп, халық ағарту саласының міндеттерін айқындап, оны іске асырудың тетіктерін нақтылады. Кадр дайындауға қатты мән берген Байтұрсынұлы қысқа курстар арқылы ауыл мұғалімдерін дайындауда арнаулы пед. оқу орындарының рөлін арттырды. 1920 ж. Қазақстанда 14 пед., 6 а. ш., 2 орман ш., 1 ветеринарлық (Орынбор қ-нда), 1 мед. (Орынборда), 1 өнеркәсіптік-экон. техникумдар, сондай-ақ КИНО (Қазақтың халыққа білім беру ин-ты, Қызылорда қ.), ПИНО (Халыққа білім берудің практикалық ин-ты, Орынбор қ.), ИИпрос (Халық ағарту ин-ты, Алматы қ.), Ташкент пед. ин-ты (Ташкент қ.) ашылды. 1921 ж. қысқа мерзімдік мұғалімдер дайындайтын 52 курс ашуға бюджеттен қаржы бөлініп, Халық ағарту комиссариатына Е.Омаров, Т.Шонанұлы, т.б. ұлт зиялылары қызметке шақырылды. 1921 ж. Акад. орт. жанынан халық поэзиясы мен музыка үлгілерін, сонымен қатар этнограф. мәліметтерді жинайтын арнаулы комиссия құрылды. Оған Қазақстанды зерттеу қоғамы арқылы Ө.Диваев, А.П.Чулошников, А.В.Затаевич, А.Д.Кастальский, Н.Н.Миронов, А.Л.Мелков, Н.В.Мелкова, А.А.Четыркина, т.б. белгілі ғалымдар тартылды. Байтұрсынұлы 1921 ж. Халық ағарту комиссарының орынбасарлығына тағайындалып, Акад. орт-қа жетекшілік етті әрі Коллегия мүшесі қызметі де сақталған ол БОАК Төралқасының шешімімен 1921 жылдың 17 қарашасында «Аштыққа ұшырағандарға жәрдемдесу» ұйымының ОК-сіне қызметке жіберіл-

ді. 1922 ж. қазақ жазушыларының басын қосып, съезд шақыруды қолға алып, осы мәселеге арнайы «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деген мақаласын жазды. Бүкілресейлік орт. атқару к-тінің (БОАК) мүшесі ретінде Байтұрсынұлы 1922 ж. Жетісу және Сырдария облыстарын Қазақстанға қосу жөнінде құрылған өкілетті комиссияның құрамына енді.

*Қ.Ахметов*

**ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ КОМИССИЯСЫ.** Қазақстан КП ОК мәдениет, үгіт-насихат, ғылым және оқу орындары бөлімдерінің ұсынысымен 1988 ж. 7 маусымда құрылған. Мақсаты – М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынұлы, т.б. шығарм. зерттеу, еңбектерін жариялау. Құрамына Ж.Әбділдин, Т.Әбдіков, Р.Әдуов, Ә.Әлімжанов, З.Ахметов, С.Байжанов, М.Базарбаев, Г.Бельгер, Р.Бердібаев, В.Г.Григорьев, К.Дүйсеєв, Г.Елемесов, Ш.Елеуєнов, С.Зиманов, Ф.Ф.Игнатов, Ә.Қайдар, М.Қаратаев, Ә.Кекілбаев, С.Қирабаев, М.Қозыбаев, М.Мағауин, Р.Нұрғалиев, С.Нұрпейісов, И.М.Романов, В.В.Самойленко, Ш.Сәтбаева, М.Сқақбаев, Р.Сүлейменов, Р.Сыздықова, Ә.Тәжібаев, Г.И.Толмачев, Б.А.Төлепбаев, Ә.Шәріпов енді. Комиссия Жұмабаев, Байтұрсынұлы, т.б. еңбектерін жарыққа шығару туралы шешім қабылдады.

«ҚАЗАҚ АҚЫНЫ» – мақала. Авторы – М.Бекметов. «Оренбургский край» газетінің 1909 жылғы 374-санында жарық көрген. Автор мақаласында қазақ қайраткері А.Байтұрсынұлының қоғамдық, ағартушылық, ақындық қызметтеріне кеңінен тоқталып өтеді. Сонымен қатар оның негізсіз айыпталып, түрмеде отыруы заңсыз екенін дәлелдей келе, заң орындарынан оны қорғап шығуын талап етеді.

*К.Қошым-Ноғай*

«ҚАЗАҚ», «АЛАШ», «САРЫАРҚА» – мазмұндалған библиогр. көрсеткіш. Авторы – Ү.Сұбханбердина. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. «Ғылым» баспасы 1993 ж. жарыққа шығарған. Көл. 200 бет. Таралымы 2000 дана. Үш газеттің авторларының (34 тұлға) фотосуреттері берілген. Кітап автордың «Қазақ газеттерінің тарихынан» атты көлемді мақаласымен ашылған. Мазмұндалған көрсеткіште «Қазақ» (1913–18), «Алаш» (1916–17), «Сарыарқа» (1917–18) газеттері қамтылып, олардың беттерінде басылған мақала-хабарлар бір жүйеге келтіріліп, авторлары, мақала аттары әліпби бойынша орналастырылған. Мақалаларда кездесетін жер-су атаулары газеттерде қалай жазылса, көрсеткіште сол күйінде қалдырылған. Библиография соңында есімдер көрсеткіші, сондай-ақ Қазан төңкерісінен бұрынғы баспасөздерде, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жарық көрген газет-журналдар-

да кездесетін бүркеншік аттардың көрсеткіші де берілген. Кітапта А.Байтұрсынұлының әр жылдары «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалары: «Аңдаспаған мәселе турасында» (1914. №48. 31 январь), «Губернатор өзгерілуі» (1914. №50. 14 февраль), «Жәрдем комитеті» (1915. №107. 27 февраль. №108. 28 февраль), «Қазақ жерін алу турасындағы нұсқа» (1913. №29, 30), «Қазаққа ашық хат» (Мал есебі туралы) (1916. №174. 23 март), «Бұ заманның соғысы» (1917. №73. 8 август), «Соғысушы патшалар» (1914. №72. 31 июль), «Алаштың азаматтарына!», «Қазақ жұртына!» (екеуі де 1916. №192. 11 август), «Алашқа» (1914. №78. 16 сентябрь), «Бостандық қарызы» (1917. №227. 26 апрель), «Екі қажы» (1915. №139. 30 июнь), «Ержан Айман ұғлы» (1915. №129. 23 май), «Алаш азаматтарына» (1913. №42. 15 декабрь), «Досмайыл қажыға ашық хат» (1914. №52. 28 февраль), «Жазу мәселесі» (1913. №34. 16 октябрь, №35. 24 октябрь, №36. 31 октябрь), «Жауап хат» (1913. №30. 14 сентябрь, №31. 21 сентябрь), «Қазақтың бас ақыны» (1913. №39. 23 ноябрь, №40. 30 ноябрь, №43. 22 декабрь), сондай-ақ, Ахметтің аудармасы, басылып шыққан кітап-оқулықтары және оларға сын жайында жазылған мақалалар: Ә.Бөкейханов «Бейнеткорға – ашық хат» (1913. №39. 23 ноябрь) «Қырық мысал» (1918, №18. 16 июнь, №19. 22 июнь), Ж.Аймауытов «Жазу мәселесі» (1915. №114. 28 март), «Әліппе басылып шықты» (1916. №184. 9 июнь), М.Дулатов «Тіл құрал» (1915. №93. 4 январь), «Маса» (1914. №50. 14 февраль), «Оқу құралдары» (1914. №59. 23 апрель), «Тіл құрал» (1914. №87, 23 ноябрь, 1915. №105. 18 февраль) көрсетілген. Революциядан бұрынғы Қазақстанның тарихын, экономикасын, заң, мәдениет мәселелерін мазмұндайтын бұл көрсеткіш қоғамдық ғылымдарды зерттеуші ғалымдарға, аспиранттарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына көмекші құрал болумен бірге, қазақ халқының рухани өміріне ынтызар қалың оқырманға да арналған.

*С.Арғынғазин*

«ҚАЗАҚ АРАСЫНДА ОҚУ ЖҰМЫСТАРЫН ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗУ КЕРЕК?» – мақала. «Қызыл Қазақстан» журналының 1923 жылғы 14-санында жарық көрген. Мақала «Ақжол» (А., 1991. 226–228-беттер), Жаңа нұсқа (А., 1996. 24–27-беттер), «Қазақ прозасы» (465–467-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Жинақтарға енгізілген қаламгер шығармасындағы көптеген орысша сөздер бүгінгі емлеге түсіріліп, түзетілген. Мақалада қазақ ауылдарында оқуды жаңа талаптардың негізінде қалай ұйымдастыру керек екендігі баяндалады.

*Р.Имаханбет*

«ҚАЗАҚ АФОРИЗМДЕРІ» – ақыл-ой антологиясы. Құрастырушы – Е.Шаймерденұлы. ҚР



Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. А., «Алматыкітап» баспасынан 2012 ж. жарық көрген. Көл. 320 бет. Таралымы 2000 дана. 25 ғасырлық тарихи кезеңді шолған ауқымды афористік антологияда қазақы философия және сөз өнерінің бірегей болмысы, өзгеше өрнегі мен терең мазмұны кең көрініс тапқан. «Ой-қазына» атты 1-бөлімде 78 ой иесінің афористік толғамдары тақырып-тақырыпқа бөлініп, топтастырылып берілген. Осы бөлімнің «Жаңа дәуір – жаңа арна (XX–XXI ғғ.)» тақырыбында А.Байтұрсынұлының «Өзгеге емес, өзіңе өкпеле» деген атаумен 73 афористік толғамдары жарияланған. «Ақылнама» атты 2-бөлімде мақал-мәтелдер, шешендік сөздер мен қара өлең үлгілері, халық жырлары, айтыстар мен ән мәтіндерінен теріліп алынған нақылдық орамдар айтылған. Кітап соңында анықтамалық (онда Байтұрсынұлы жайында қысқаша мәлімет берілген) пен пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілген. Қазақ афоризмдерінің бағзы замандардан бүгінге дейінгі әр алуан үлгілерін жинақтаған антология мәдениеттанушылар мен әдебиетшілерге, этнографтар мен философтарға, саясатшыларға, жалпы зиялылар мен студент жастарға және қалың оқырманға арналған. Кітапты безендіруге суретші З.Мұхамеджанұлының суреттері пайдаланылған.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ. ЕКІ ТОМДЫҚ. 1-ТОМ»** – зерттеу монографиясы. Жалпы редакциясын басқарған – А.Ісімақова. Жауапты шығарушылар – Ұ.Еркінбаев, А.Далабаева. ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. А., «ҚазАқпарат» баспасынан 2008 ж. жарық көрген. Көл. 646 бет. Таралымы 1000 дана. Монография кіріспеден, 5 тараудан [«Ежелгі дәуірдегі әдеби таным арналары (VI–XIV)», «Қазақ әдебиеттану ғылымының бастауы», «Кәсіби қазақ әдебиеттануының қалыптасуы (1900–1932)», «Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануының дамуы (1932–1956)», «1957–1991 жылдардағы қазақ әдебиеттануы» тұрады. Бұл еңбекте ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу мен даму жолдары, әдебиет тарихы, сыны, теориясы саласындағы ізденістер кенінен қамтылып, кезеңдік тұрғыдан жүйеленіп, бір ізге түсірілген. Еңбекте алғаш рет көне түркі әдебиетінен бастап, күні бүгінге дейінгі әдебиеттанушы ғалымдардың сөз өнеріне қатысты әдеби-теор. ойлары, стиль және жеке жанрлық түрлер мен категорияларды талдаған ғыл. еңбектері «пән сөздері» аясында арнайы зерделенген. 3-тарауда ұлттық әдебиеттану ғылымы кәсіби деңгейде қалыптасқан, саясат

пен идеологияға тікелей байланыстырылмаған, алайда кейін таптық мүддені қорғайтын ғылым саласы ретінде қарастырылған. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Қ.Кеменгеров, М.Әуезов, Х.Досмұхамедов, Р.Марсеков, Ғ.Тоғжанов, т.б. еңбектері кеңес дәуіріне дейін қалыптасқан қазақ әдебиеттану ғылымының негізін құраған. Сонымен қатар кітапта Байтұрсынұлының шығарм. жайында көлемді мақала жарияланған (181–194-беттер).

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТУУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Ж.Смағұловтың докторлық диссертациясы. Қарағанды мемл. ун-тінде 2009 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Т.Кәкішов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен [«Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи негіздері», «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірі (1900–40 ж.)», «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары»], қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыста ұлттық ғыл. зерттеушілік ой-пікірдің ояну, жетілу, өркендеу ерекшеліктерін ескере отырып, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, қалыптасу кезеңін айқындауда дәуірге бөлген жоба ұсынылған. Қазақ халқына ортақ көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап 20 ғ-ға дейінгі уақыт аралығы қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи алғы шарттардан тұратын тарих алдындағы дәуірі ретінде алынған. Ал ұлттық ғылым ретінде туу кезеңі – 1900–40 ж., қалыптасу дәуірі 1941–70 ж. аралығында өтті деген жүйені дәлелдеуге ұмтылған. Еңбектің 2-бөлімінде А.Байтұрсынұлының шығарм. баяндалған. Көл. 270 бет.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫ»** – кітап. Авторы – А.Ісімақова, М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. А., «Елтаным» баспасынан 2015 ж. жарық көрген. Көл. 284 бет. Таралымы 100 дана. Кітапта Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтан басталатын қазақ әдебиеттану ғылымының негіздері, Алаш ғалымдары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ы.Мұстанбаев, Қ.Кеменгеров, Қ.Жұбанов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, Қ.Жұмалиевтің әдебиеттанулық зерттеулері және әдебиеттанушылар Р.Сыздықова, З.Қабдолов, М.Мырзахметовтың ғыл. еңбектері Тәуелсіздік кезең тұрғысынан жанаша сараланған. Автордың «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттануының реформаторы», «Литературное наследие в «теории литературы» А.Байтұрсынұлы», «Әдебиет танытқыштағы» халық ауыз әдебиеті», «Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі әдебиет теориясы», «А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» (Санкт-Петербург, 1909) кітабына – 100 жыл» (67–98-беттер) және Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» және

Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (206–212-беттер) атты зерттеу мақалалары жарияланған.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ»** – кітап. Авторы – А.Ісімақова. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер институты ұсынған. А., «Елтаным» баспасынан 2015 ж. жарық көрген. Көл. 276 бет. Таралымы 100 дана. Бұл кітапта Әбу Наср әл-Фараби, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, С.Асфендияров, Е.Бекмаханов, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиевтің әдебиеттанушылық, тарихи зерттеулері және Бұқар жырау толғаулары, Кенесары – Наурызбай, Ағыбай – ұлт-азаттық көтерілістің қаһармандары ретіндегі мәтіндер, сонымен қатар қазіргі поэзия мен әдебиеттанудағы ізденістер Тәуелсіздік идеясы тұрғысынан жаңаша сараланған. Бұл еңбекті қазіргі қазақ әдебиетінің тарихын, теориясын жазуда, түрлі кәсіби бағдарламалар құрастыруда, ЖОО студенттеріне қазақ әдебиеттану пәнінен жүргізілетін дәрістерде, арнайы курстар мен семинарларда қолдануға болады.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУШЫЛАРЫ»** – энциклопед. анықтамалық. Авторы – Д.Ысқақұлы. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 496 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап қазақ әдебиетін зерттеп, елеулі табыстарға жеткен әдебиеттанушылардың өмірбаяндық, ғыл.-шығарм. жолдарына арналған. Басқа елдерде тұрғанымен де қазақ әдебиетін зерттеумен шұғылданған ғалымдар да мүмкіндігінше қамтылған. Әдебиет зерттеушілердің өмір жолдары, негізгі еңбектері жайында мағлұматтармен қатар, ғыл. шығарм-на да қысқаша сипаттамалар берілген. Жалпы еңбекте 201 ғалым қамтылған. Анықтамалықтың 95–102-беттерінде А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм. қызметі баяндалған көлемді мақала жарияланған. Кітап ғыл. қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, магистранттарға, жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»** – энциклопед. анықтамалық. ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт мин. «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасының кітап сериялары бойынша шығарылған. Бас сарапшы – Б.Әбдіғазиев. А., «Аруна LTD» ЖШС баспасынан 2005 ж. жарық көрген. Көл. 576 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл анықтамалықта қазақ әдебиетіне қатысты ұғымдар, терминдер, әдеби процесітегі оқиғалар мен құбылыстар, барлық ақын, жазушы, жыршы, жыраулардың, әдебиеттанушы ғалымдардың қысқаша шығарм. өмірбаяндары әліпби тәртібімен жүйеленіп берілген.

Қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихи даму сатыларын айқын аңғартатын ежелгі әдеби нұсқаларға, ертегі-аңыздарға, батырлық, ғашықтық жыр-дастандарға, киссаларға, елеулі әдеби туындыларға жеке мақалалар арналған. Кітаптың 112–114 беттерінде А.Байтұрсынұлының тегі, өмірі, шығарм. жолы баяндалып, «Байтұрсынұлының мұражай үйі» мақаласы, 6 фотосурет берілген.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. 1-БӨЛІМ»** – оқулық. Авторлары – С.Мақырұлы, Т.Садықов. ҚР БҒМ кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарына ұсынған. Аст., «Фолиант» баспасынан 2007 ж. жарық көрген. Көл. 192 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап кіріспеден, үш бөлімнен [«XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Кенес дәуіріндегі әдебиет және оның қалыптасу кезеңдері (1917–1960)»] тұрады. Оқулықта 19 ғ-дың 2-жартысы мен 20 ғ-дың басындағы қазақ әдебиеті қайраткерлерінің өмірі мен шығарм. қызметі қарастырылған. Шоқан, Ыбырай, Абай шығарм. арқылы XIX ғ-дың 2-жартысындағы қазақ әдебиетінің даму бағытымен таныстырады. 20 ғ-дың басында әдеби процеске араласқан Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Көбеев, С.Торайғыровтардың әдеби еңбектері қамтылған. Оқулықтың Мақырұлы жазған «Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1937)» тарауында Байтұрсынұлының өмір белестері, шығарм. мұрасы «Қырық мысал» және «Маса» жинағы жайында баяндалған. Оқулық кәсіби-тех. оқу орындары студенттеріне арналған.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ И.А.КРЫЛОВ МЫСАЛДАРЫНЫҢ АУДАРЫЛУ ТАРИХЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, М.Көпбосыновтың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 2009 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Д.Ысқақұлы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 бөлімнен («И.А.Крылов мысалдарының XIX ғасырда қазақ әдебиетіндегі аударылу тарихы», «XX ғасыр басында И.А.Крылов мысалдарының қазақ тіліне аударылуы: дәстүр мен сабақтастық»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың 1-бөлімінде Крылов мысалдары аудармаларының қалыптасу, даму барысы тарихи-хронол. тұрғыдан жүйеленген. 2-бөлімнің 1-тарауы «А.Байтұрсынұлы аудармаларының әлеуметтік сипаты» деп аталған. Бұл бөлімде зерттеу объектісінің материалы ретінде Байтұрсынұлы аудармаларының әлеуметтік сипаты және қазақ ағартушылары (Ахмет, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов) ұстанған бағыт қарастырылған. Байтұрсынұлы орыс мысалшысының туындыларын аударғанда оның түпнұсқадағы формасы мен стилін сақтауды мақсат етпей, тек негізгі ойларын ғана алып, қажетті жерінде дамыта түсіп шығарма жазғандығына диссертан. жұмыс барысында талдаулар келтіріліп, ақын

тәржімалаған мысалдардың барынша танымал болуының себептері анықталған. Көл. 131 бет.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛТЫН ҒАСЫРЫ»** – зерттеу кітап. Авторы – Р.Нұрғали. ҚР-ның Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің жоспары бойынша шығарылған. Аст., «Күлтегін» баспасынан 2002 ж. жарық көрген. Көл. 528 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітапта 20 ғ-дағы қазақ әдебиетінің А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Жұмабаев, М.Дулатов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, І.Есенберлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сынды алып тұлғаларының шығарм. тағдыры ұлттық рухтың бейнелену деңгейі тұрғысынан жаңаша зерттелген.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ»** – оқу құралы, 2-кітап. Редакторлары – Р.Тұрысбек, Қ.Мәдібай. А., «Қазақ университеті» баспасынан 2002 ж. жарық көрген. Көл. 455 бет. Таралымы 1000 дана. 2 кітаптан тұратын оқу құралының 2-кітабына 20 ғ-дағы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының өмірі мен шығарм. енгізілген. Олардың ішінде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ж.Жабаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтер бар. Сондай-ақ шет елдерде тұратын қазақтар мен ұлт әдебиетінің әлем халықтары тілінде жариялану жайы сөз етіледі.

*С.Арғынғазин*

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ. КЕҢЕС ДӘУІРІ (1917–1940). 7-ТОМ»** – көптомдық басылым. Жалпы редакциясын басқарған – С.Қирабаев. Жауапты шығарушылар – Н.Ақыш, Г.Орда. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасының кітап сериялары аясында шығарылған. А., «Қазақпарат» баспасынан 2004 ж. жарық көрген. Көл. 461 бет. Таралымы 2100 дана. Бұл том кеңес дәуірінің алғашқы кезеңіне арналған. Онда 20 ғ-дың 20–30 жылдарындағы әдебиет дамуының жолдары талданған. Сонымен бірге аталған кезеңдегі әдеби процесте жетекші рөл атқарған ақын-жазушылардың (А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ж.Жабаев, И.Байзақов, К.Байғанин) шығарм. жолына баға берілген. Қазақ әдебиеті тарихының ең бір күрделі кезеңі саналған бұл дәуірдегі әдеби ағымдар мен туындыларды жаңаша бағалауға ұмтылыс жасалған. Томға сол дәуірдегі әдеби өмір шежіресі мен библиогр. көрсеткіш берілген. Көрсеткіште Байтұрсынұлының «Қалам қайраткерлері жайынан» («Еңбекші қазақ» газеті, 8.7.1922), «Қазақты ағарту халімізден» («Ақжол» газеті, 14.7.1922), «Енді «қазақ» демей болмайды» (сонда, 17.4.1925) атты жарияланған мақалалары мен жарық көрген кітаптары («Тіл құрал», Ташкент, 1920; «Тіл құрал. 1

жылдық» 2-басылуы, Қазан, 1920; «Тіл құрал. 2 жылдық», сонда, 1920; «Баяншы (қазақ мұғалімдері үшін)», 1920; «Оқу құралы», Орынбор, 1921; «Оқу құралы», Қызылорда, 1921; «40 мысал», Қазан, 1922; «Маса», сонда, 1922; «Ер Сайын», Мәскеу, 1923; «Әдебиет танытқыш», Ташкент, 1926; «40 мысал (3-басылуы)», Қазан, 1928) көрсетілген.

*С.Хасенов*

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ. ОН ТОМДЫҚ. 6-ТОМ»** – зерттеу монографиясы. Жалпы редакциясын басқарғандар – А.Егеубаев, Ж.Ысмағұлов. Жауапты шығарушы – Т.Әлбеков. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының ғыл. кеңесі ұсынған. А., «Қазақпарат» баспасынан 2006 ж. жарық көрген. Көл. 610 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл томда 20 ғ-дың басындағы әдеби процестерге талдау жасалған. Сол кезеңдегі әдебиеттің даму ерекшеліктері сарапталып, белгілі сөз зергерлерінің мұралары зерттелген. Кітапта халық поэзиясы өкілдерімен бірге Алаш қайраткерлері қалыптастырған жаңа әдебиеттің сол кезеңдегі жай-күйі және өркендеу жолы, ұласу заңдылықтары қарастырылған. 20 ғ-дың басындағы қазақ әдебиетінің шынайы рухы, ұлттың азаттығы мен елдің тәуелсіздігі жолындағы өзекті арқауы патшалық Ресейдің отаршылдығы тұсында да, кеңестік саясат кезінде де ашылмай, айтылмай келген еді. Ұлттық әдебиеттің ұлы тұлғалары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, С.Дөненбаевтардың туындылары арнайы талданған. Тәуелсіздік алғанға дейін әдебиет тарихындағы орны жете сараланбай келген Ғ.Қараш, М.Сералин, М.Ж.Көпейұлы, Ж.Тілепбергенов, Б.Күлеев, Т.Жомартбаев, С.Көбеев, Н.Орманбетов сынды бірнеше ірі ақындардың шығарм. зерттелген. Сондай-ақ томға библиограф. материалдар сұрыпталып ұсынылған.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ)»** – оқу құралы. Редакциясын басқарған – З.Қабдолов. Құрастырған – Т.Қожақеев. ҚР Білім беру мин. ұсынған. А., «Қазақ университеті» баспасы 1993 ж. жарыққа шығарған. Көл. 144 бет. Таралымы 9200 дана. Бұл кітапқа енген мақалаларда Кеңес дәуірі деп аталатын кезеңдегі әдебиетіміздің тарихы мен теориясы, жетпіс жылдан астам уақыт беделіндегі эстетик. танымдар қайта қаралып, қайта таразыланған. А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Мұқанов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатов, Б.Момышұлы, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, т.б. классиктердің шығармашылықтары жаңа қырынан зерттеліп, бағаланған. Сондай-ақ еңбекте Байтұрсынұлының шығарм. жайлы З.Қабдоловтың «Ахан һәм әдебиеттің әліп-биі», Д.Ысқақовтың «Әдебиетке құрсау емес, еркіндік керек», Ө.Әб-

димановтың «Азаттықты аңсаған азаматтық поэзия», Б.Әбділдинаның «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі шағын жанрлардың зерттелуі», Г.Болатованың «А.Байтұрсынов тұрмыс-салт жырлары туралы» атты зерттеу мақалалары жарияланған. Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, аспиранттарға, әдебиетті сүйетін көпшілік оқырманға арналған.

**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫНЫҢ ТАРИХЫ»** – оқу құралы. Авторы – Т.Кәкішев. ҚР Білім мин. ұсынған. А., «Санат» баспасынан 1994 ж. жарық көрген. Көл. 448 бет. Таралымы 3000 дана. Кіріспеден, екі бөлімнен («Қазақтың сыни ой-пікірінің оянуы және әдебиет сынының тууы», «Қазақ сынының жанрлық қалыптасуы және әдебиеттануы») тұрады. Оқу құралында қазақ әдебиеті сынының тарихына, жанрлардың сипаттамасына баса назар аударылып, сыни ой-пікірлердің шығу, даму, қалыптасу кезеңдеріне жан-жақты талдау жасалған. Әдеби сынның эстетик. мұраты, оның әдебиеттану ғылымымен байланысы, әдеби мұраны игеру мәселелері туралы парасатты тұжырымдар айтылған. Кітапта А.Байтұрсынұлының «Қазақ» газетін шығарып, қазақтың қоғамдық-әлеум., саяси, мәдени, әдеби ой-пікірін қалыптастырғаны, оның қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметтері, «байшыл-ұлтшыл әдебиет өкілі» атанып, сынға ұшырап, қудаланғаны баяндалған. Сондай-ақ оның шығарм., «Әдебиет танытқыш» оқулығы жан-жақты талданған. Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, әдебиетшілерге арналған.

*С.Аргынгазин*

**«ҚАЗАҚ ӘМ 4-ДУМА»** – мақала. «Айқап» журналының 1912 жылғы 12-санында жарық көрген. Мақаланың мәтіні «Ақ жол» (А., 1991, 214–216-беттер), «Айқап» энциклопедиясына (А., 1995, 118–119-беттер), Жаңа низам (А., 1996, 16–19-беттер), «Қазақ прозасы» (449–452-беттер), 6 томдық шығармалар жинағының 4-томына (А., 2013) енгізілген. А.Байтұрсынұлы бұл еңбегінде Думаға қазақ депутаттарын сайлау туралы жазылған мақалаларға қорытынды жасайды. Мемл. Думаға қайткен күнде де қазақтан депутат сайлаудың қажет әрі маңызды екенін дәлелдейді. Заң шығаратын орында қазақтың мүддесін жақтайтын және қорғайтын тек қана қазақ азаматы бола алатынын айтады. Қазаққа қағысты заң қабылдана қалған күнде оның кемшіліктерін айтып, басқа депутаттарға түсіндіре алатын қайраткер тек қазақтан сайланған болуы керектігі даусыз дейді. «Ақ жолға» енгізілген мақаладағы адам аттары «Қоңырқожа Қожықов, Феси Енекеев, Қарынбаев, Алдияров, Махмұт Шарипов» деп беріледі, «Айқап» энциклопедиясында «Қоңырқожа Қожиев, Ғайсы Иниеев, Орынбаев, Өндияров, Мұхамед Шәріпов» деп жүр. Бұл төте

жазудағы «дәйекшені» дұрыс оқымаудан немесе түпнұсқадағы жазудың көмескіленіп, ескіруінің салдарынан қазіргі әріпке түсіру үстінде кеткен қателіктер. Мақалада «мағлұм – мәлім», «қал – хал», «ийун – июнь», «әгер – егер», «эмма – өмбе» сөздері де бүгінгі қалыпқа түсірілген. Сондай-ақ, бұл мақалада да «закон», «депутат», «выборщик», «адрес», «проект», «интерес», «телеграмма» сынды орысша сөз тіркестері жиі кездеседі.

**«ҚАЗАҚ ӘМ ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР»** – мақала. «Қазақ» газетінде 1914 ж. жарық көрген. Мақала «Ақ жол» (А., 1991, 264–266-беттер), «Жаңа низам» (А., 1996, 52–55-беттер), «Қазақ прозасы» (513–516-беттер), «Маса» (Орынбор, 1911, 193–197-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Қаламгер бұл жазбасында бұратана халықтар орыс тілінде оқытылсын деген мемл. бағдарламаны қатаң сынға алады. Орыс тілінде оқытылсын дегенге қарсы шыққан басқа жұрттарды үнсіз қалған өз жұртына мысал етеді. Селт етпеген көзі ашық жұртына «өзгелер не істер екен» деп бұқпай, дер кезінде қимылда, ертең қапы қаласың дегенді айтады. Сонымен қатар, қазақ арасында дінді дамыту үшін ең алдымен, бағдарлама жасауды өзекті мәселе етіп қояды. Мұсылманшылықты биік дәрежеге көтеру үшін алдымен дін қызметкерлерін оқытып, дайындау қажеттігін сөз етеді. Жазбаның қайта басылымдарындағы «қат – хат», «қалық – халық», «иә – я», «иаки – яки», «иағни – яғни», «эм – һәм», «Россия – Россия», «Петербор – Петербург» болып бүгінгі қалыпқа түсірілген.

*Р.Имаханбет*

**ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ТАРИХЫНАН.** 19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың алғашқы ширегінде қазақ тілінде «Түркістан уәлаятының газеті» (1870), «Дала уәлаятының газеті» (1888), «Тұрмыс» (1905), «Серке» (1907), «Қазақ газеті» (1907), «Қазақстан» (1911–13), «Ешім даласы» (1913), «Қазақ» (1913–18), «Айқап» (1911–15), «Алаш» (1916–17), «Сарыарқа» (1917), «Бірлік туы» (1917), «Ұран» (1917), «Тіршілік» (1917), «Абай» (1918), «Жас азамат» (1918), «Ақ жол» (1920), «Шолпан» (1923), «Сана» (1923), Темірқазық» (1923), т.б. газет-журналдар шығып тұрды. Бұл кезеңде қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсуі мен қазақ әдеби тілінің қалыптасу процесінде зор рөл атқарған қазақ зиялыларының жаңа ұрпағы пайда болды. Әсіресе, «Қазақ» газеті (ред. – А.Байтұрсынұлы) мен «Айқап» (ред. – М.Сералин) журналының маңына шоғырланған қазақ зиялылары халық тарихын білу және қазақ әдеби тілінің, ұлттық мәдениетінің дамуы, қазақтың көшпелі экономикасының жаңаруы жолында күресті. Франция тарихшылары А.Беннигсен және Ш.Лемерсье-Кельеже «1917–1920 жылдардағы қазақ баспасөзінің тарихы» атты мақала-

сында «1917 жылдың қазан айына дейін Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, т.б. ұйымдастырған Алаш партиясы даланың саяси өміріне басшылық етті және 1917 жылы наурыздан кейін партияның ресми органы болған «Қазақ» (Орынбор қ.) газетінің арқасында қазақтардың қоғамдық пікіріне бағыт сілтеп отырды» дей отырып, Байтұрсынұлына «ақын, публицист, педагог, лингвист және саяси қайраткер. 1909 жылы ұсталып, қазақ арасынан аласталған Алаш партиясының негізін қалаушылардың бірі. Қазақ ұлттық қозғалысының көшбасшысы» деп сипаттама берді. Колгейт ун-тінің (АҚШ) проф. М.Б.Олкотт: «А.Байтұрсынұлы және тағы басқа «Қазақ» газетін шығарушылар өз ана тілін білмеген қазақ ешқашан мәдениетті, прогрессивті болмайды», «қазақтар кең көлемде техникалық білім алып, шаруашылықты заманға сай әдістермен жүргізгенде ғана орыстармен экономикалық жағынан теңеседі. Бірақ бұл толық орыстанып кетуге жол ашпауы керек, прогреске жету үшін орыс болудың қажеті жоқ. Байтұрсынұлы және оның жолын қуушылар ұлттық қозғалыстың үлгісі ретінде «қазақылық» теорияны басшылыққа алды. Бұл теорияны іске асыруға «Қазақ» газеті көмекке келді» деп жазды. 1918 ж. 15 наурызда «Бірлік туы» газетінде большевиктердің Түркістан автономиясын талқандағаны туралы Х.Болғанбаевтың «Тұла бойлары қан сасиды» атты мақала-естелігі жарық көрді. 1917–18 ж. «Сарыарқа» газетінде С.Торайғыровтың «Ғалиханның Семейге келуі», Ж.Аймауытовтың «Алашқа», Х.Ғаббасовтың «Алаш автономиясы», Ө.Ермековтің «Жасасын, Алаш, жасасын!», Ғ.Қараштың «Алаш азаматы», Н.Наушабаевтың «Алашордаға», Б.Майлиннің «Алашордаға», «Алаш бірлігі», «Қазақтан шыққан арамзалар», Сырдария съезінде қаралған мәселелер туралы «Алаш хәм Түркістан», 1918 ж. ақпан-қазан айларында Аймауытов пен М.Әуезовтің ұйымдастыруымен Семейде шығып тұрған «Абай» журналында Дулатовтың «Алашқа», Аймауытовтың «Ұлтты сүю», мақалалар жарияланды. 1918 ж. 30 шілдеде Петропавл қ-нда Алаш жастарының тұңғыш газеті – «Жас Азамат» басылымының 1-саны жарық көрді. Онда большевизмнің имансыздығын мензеген Қ.Кеменгеровтың «Бүлінгеннен бүлдіргі алма!» мақаласы, 18 тамызда М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңі басылды. 1919 ж. М.Шоқай Тифлисте «Вольный горец», «Борьба» газеттерінде жұмыс істесе, ал Омбыда шығатын «Трудовая Сибирь» журналында С.Сәдуақасов қазақ әдебиетіне талдау жасаған «Киргизская литература» очеркін, Байтұрсынұлы 1919 ж. 3 тамызда «Жизнь национальностей» газетінде «Революция и киргизы», 1922 ж. 8 шілдеде «Еңбекші қазақ» газетінде «Қалам

қайраткерлері жайынан» атты мақаласын жариялады. 1922 ж. қараша – желтоқсан аралығында Орынборда білікті қазақ жастарының «Ертең» атты газеті шығып, 29 желтоқсанда «ұлтшылдық әрекеті үшін» деген айыппен жабылып қалды. 1923 ж. ақпанда Мәскеудегі «Күншығыс» баспасының жанынан Н.Төрөқұловтың редакторлығымен «Темірқазық» журналы шықты. 1922–27 ж. Мәскеуде КСРО халықтарының орт. баспасының Шығыс бөлімінде қазақ секциясы («Күншығыс» баспасы) ашылып, онда Бөкейхан, Жұмабаев, Төрөқұлов, т.б. жұмыс істеді. 1924 ж. Кеменгерұлының «Қазақ тарихынан» зерттеуі сонда жарық көрді. 1924 ж. Ташкентте «Сана» атты ғыл.-танымдық, ал 1924–27 ж. Уфада Бүкілресейлік және Сібір орт. діни басқармасының «Ислам мәжілісі» журналдары шығып тұрды. *Әдеб.*: «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – 5-т.; Есмағамбетов К. Тарих таңдақтары. 1-кітап. – А.: «Арыс» баспасы, 2008.

*К.Саркенова*

**«ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҮНҒЫШ СІНЕЗІ»** – кітап. Кітапты араб графикасынан кириллицаға түсіріп, баспаға дайындаған, алғашынын жазған: Ш.Құрманбайұлы. ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт мин. Тіл к-тінің тапсырмасы бойынша шығарылған. Аст., «IC-Сервис» баспасынан 2005 ж. жарық көрген. Көл. 144 бет. Тараулымы 2000 дана. 1924 ж. 12–18 маусымда Орынборда өткен қазақ білімпаздарының бірінші съезінің материалдары 1925 ж. жеке кітап болып басылып шықты. Одан бері бір ғасырға таяу уақыт өткендіктен бұл басылым қазір өте сирек кездесетін кітаптардың біріне айналды. Ол кезінде араб графикасы пайдаланылғандықтан бүгінгі оқырманның басым бөлігі бұл еңбекпен еркін танысып, қажетіне жарата алмай отыр. Осындай себептерге байланысты және съезд материалдарының ғыл. құндылығын, әсіресе тілшілер мен әдебиетші, педагог, әдіскер мамандар үшін, жалпы қазақ ғылымының даму тарихы қызықтыратын көпшілік қауымға бұл еңбектің пайдалы болатындығы ескеріліп, қазіргі жазуымызға түсіріліп, қайта басылып шығарылған. Съезге А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейхан, Е.Омаров, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Н.Төрөқұлов, Т.Шонанұлы, т.б. белгілі қазақ зиялылары қатысып, сөз сөйлеген, талқылауларға қатысқан. Съезде жазу ережелері, әліпби мен казакша пән сөздері мәселесі, ауыз әдебиетін жию шаралары, ғыл. және оқытуға арналған кітаптарды шығару, бастауыш мектептің бағдарламаларын дайындау, мұғалімдер даярлайтын техникумдар мен институттардың мәселелері қаралған. Бұл съезде әсіресе тіл мәселесіне айрықша көңіл бөлінген. Жазу ережелерінің талас тудырған мәселелерін жете тек-

серіп, дұрыс шешу үшін Ахметтің ұсынысымен арнайы комиссия құрылып, шешімді сол комиссия қабылдаған. Байтұрсынұлы төрағалық еткен бұл комиссияның құрамына Шонанұлы, Омаров, М.Мырзаев, Досмұхамедов кірген. Съезде әліпби мәселесіне арналған баяндаманы Байтұрсынұлы жасап, онда ол араб графикасына негіздеп өзі түрлеген қазақ (түрік) әліпбиінің тиімділігін барынша жан-жақты дәлелдеп, өз жобасын ұсынған.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СЪЕЗІ** – зиялы қауымының қазақ арасындағы оқу-ағарту мәселесі бойынша ел көлемінде өткізген бас қосуы. 1924 ж. 12–18 маусым аралығында Орынбор қ-нда өткен. Съезге өкіл ретінде Қазақстан оқу комиссариатынан, Бүкілресейлік кенес қызметкерлері ұйымының қазақстандық бөлімінен, Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан, Семей, Орал, Бөкей ғұл-ларының оқу бөлімдерінен, Орынбордағы газет-журнал басқармасынан, т.б. ғыл. орталардан А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, С.Сейфуллин, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, А.Кенжин, Е.Омаров, т.б. қоғам қайраткерлері қатысқан. Күн тәртібінде қаралған мәселелер: 1) жазу ережелері; 2) әліппе мәселесі; 3) қазақша пән сөздері; 4) ауыз әдебиетін жинастыру шаралары; 5) оқу және ғыл. кітаптарды көбейту шаралары; 6) бастауыш мектеп бағдарламасы. Съезде Байтұрсынұлы Емле туралы, алфавит жөнінде сөз сөйлеп, араб әліпбиін жақтап, жоба дайындады. Бастауыш мектептердің түрлері және мұғалімдер даярлайтын ғыл. орындардың бағдарламаларын тексеру, сондай-ақ шет елдерде жүрген қазақтардың өтініштері бойынша, Қазақстан мен Түркістаннан сыртқары аймақтардағы қазақ қауымын оқыту шараларын ұйымдастыру, т.б. көтерілді. Съезд барысында қазақ халқының оқу-ағарту жұмыстары, араб немесе латын әліпбиін таңдау мәселесі төңірегінде қызу пікірталастар өрбіді. Съезд материалдары 1925 ж. «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі» деген атпен Орынбор қ-нда басылып шықты.

*О.Жұбаева*

**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ (ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ)** – ғыл.-зерт. еңбек, Б.Момынованың докторлық диссертациясы. ҚазҰУ-да 1999 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – С.Исаев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 4 тараудан [«Газет лексикасының құрылымы», «Газет лексикасының жүйесі», «Газеттің әдеби тілді дамытудағы қызметі», «Баспасөз тілінің мәдениеті – әдеби тіл сапасының көрсеткіші (газет тіліндегі ауытқулар)»], қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация зерттеуде газет лексикасының жүйесі мен құрылымы тұтас зерттеліп, газет лексикасының типтік түрлері айқындалған. Қазақ газеттерінің

қоғамдық-әлеум. қызмет түрлері анықталған. Еңбекте «Қазақ» газетінің бас шығарушысы А.Байтұрсынұлының ағартушылық қызметінің қырлары көрсетілген. Көл. 237 бет.

**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ** – кітап. Авторы – Ө.Әбдиманов. А., «Қазақстан» баспасынан 1993 ж. жарық көрген. Көл. 168 бет. Таралымы 5000 дана. Кітап кіріспеден, «Оянған сана ұясы», «Замана шежіресі», «Әдебиет айнасы» атты 3 тараудан және қорытындыдан тұрады. Кітапта А.Байтұрсынұлы бас редактор болған «Қазақ» газетінің өмірге келу себептері мұрағаттық материалдар арқылы сипатталған. Ахмет бастаған зиялы азаматтардың ұлттық баспасөз ашу жолындағы күресі жан-жақты қарастырылған. Өз кезінде қазақ өмірінің энциклопед. басылымына айналған, 1913 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрған апталық газеттің бүкіл болмысы толыққанды ашылған. Кітап ғыл. зерттеушілерге, аспиранттар мен студенттерге және қазақ тарихы мен әдебиеті қызықтыратын көпшілік оқырманға арналған.

**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ** – жинақ. Құрастырушылар – Ү.Сұбханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақов. А., «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 1998 ж. жарыққа шыққан. Көл. 560 бет. Таралымы 3000 дана. Кітаптың алғашқы беттерінде «Алаш азаматтарының рухына бағытталады» және «Қазақ» газетін ұйымдастырушы хәм тұңғыш редакторы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толу қарсаңында жарыққа шығарылды» деп көрсетілген. Жинақта «Қазақ» газетінің тарихи және танымдық құндылығын әлі күнге дейін жоғалтапаған 1913–18 жылдардағы мақалалары сол қалпы тұтас жарияланған. Кітап соңында «Қазақ» газетінің авторлары туралы энциклопед. анықтамалар мен газетте жарияланған мақалалардың қысқаша мазмұны баяндалған библиограф. көрсеткіш, «Қазақ» газетіне қатысты мұрағат құжаттары, есімдер көрсеткіші, бүркеншік және ашылмаған бүркеншік есімдер көрсеткіші берілген. Жинақта газеттің бас редакторы Ахметтің әр жылдары жазған жер туралы, қазақ елінің шет елдермен қарым-қатынасы, империалистік соғысқа қатысқан мемлекеттер, оның қазақ еліне тигізген әсері туралы, т.б. мақалалары («5 мың десятина жер», «Орысша оқушылар», «Қазақтың бас ақыны», «Жауап хат. Құрметті Жанша Жанаша Мырза!», «Алаш азаматтарына» (М.Дулатовпен бірге), «Анддаспаған мәселе» турасында, «Бастауыш мектеп», «Ержан Аманұғлы», «Қазаққа ашық хат» (Ә.Бөкейхан, Дулатовпен бірге), «Сібір депутаттарының мәжілісінде», «Алаштың азаматы» (Әлихан, Міржақыппен бірге), «Қазақ жұртына» (Әлихан, Міржақыппен бірге), «Торғай хәм Ырғыз уезінің халқына» (Міржақып, С.Қадырбаев, М.Тұңғашинмен бірге), «Шорай ислам» (бір топ алаш қайраткерлері-

## ҚАЗАҚ

мен бірге), сондай-ақ қызметіне қатысты деректер де жарияланған.

*С.Арғынгазин*  
«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ – 1913–18 ж. Орынбор қ-нда жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. 1910 ж. Орынбор қ-на жер аударылған А.Байтұрсынұлы Ә.Бөкейхан және М.Дулатовпен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды (1913 ж. 2 ақпанда 1-саны жарық көрді). 1915 жылға дейін аптасына бір рет, кейін екі рет шығып тұрды. Бастыру-



шысы – «Азамат» серіктігі. Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында М.Оразаев тұрды. «Азамат» серіктігінің қатарында А.Мамеков (Қызылжар уезі), А.Құдайберген (Жетісу обл.), Б.Пұсырманов (Сырдария обл.), Ә.Кенжебаев (Атбасар уезі), Р.Сасқабаев (Жетісу обл.), Б.Тыныштықбайұлы (Ақтөбе уезі), т.б. болды. «Қ.» г. Хұсайынов-Кәрімовтің, 1917–18 ж. редакцияның өз баспаханасында басылды. Газет рәміздік бейнеге киіз үйді алды. «Қ.» г. 1918 жылғы 5 қаңтардағы «Орда гербі» атты мақалада «Алашорданың хәм Орда комитетінің мөр, штамп, бланкілері, Алашорданың мемлекеттік гербі қандай болу мәселесін қозғады... Алашорданың гербі ру таңбаларынан да, облыс гербтерінен де басқа болуы тиіс... «Қазақ» газетінің бас жағына үй суретін орналастырудағы мағына: киіз үй, киіз туырлықты қазақ халқы. Үйдің түндігі ашық, есігі жабық; түндік – жарық түсетін жол, есік – кім көрінгенге еркіндік бермеу. Түндіктен түсетін жарық – өнер-ғылым. Түндіктің күнбатыс жағынан ашылуы, өнер-ғылым Еуропада. Қазақ ішіне ғылым-өнері Еуропадан таралсын. Үйдің есігіндегі «Қазақ» деген сөз: «Қазақ» газеті қазақ жұртына

әрі мәдениет есігі, әрі сырт жақтан күзетші болсын деген мағына береді» деп көрсетілді. «Бас жазушысы», яғни бас редакторы Байтұрсынұлы болды. Газеттің жалпы 266 нөмірі жарық көріп, соңғы 266-санын Дулатұлы шығарды. Онда 20 ғ-дың басындағы қазақ елінің саяси-әлеум. өмірінің ең түйінді мәселелері, шаруашылық жағдайы, жер, оқу-ағарту, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-сана, тарих пен шежіре, т.б. мәселелерге арналған мақалалар жарияланды. Абайдың өмірі мен ақындығы туралы алғашқы мақала («Қазақтың бас ақыны») осында басылды. Аударма саласында Л.Толстой, А.Чехов, М.Лермонтов, В.Короленко, И.Крылов, т.б. шығармалары жарияланды. Байтұрсынұлы және Дулатов 1913 ж. жариялаған «Алаш азаматтарына» атты мақалада халықты мәдениет жолына тартудың бірі – баспасөз, яғни газет-журнал, кітап екендігі көрсетіліп, оған қажетті қаржы мәселесі талқыланды. 1916 жылғы 166–211-сандарында «Солдаттық мәселесі», «Қазақтан солдат алу», «Шаруалық өзгерісі», «Қазақ ісі Сенатта», «Г. Дума хәм солдаттық мәселесі», «Г. Дума», «Петроград хаты. Мұсылман фракциясына», «Жұрт жақсыларына ашық хат», «Сібір депутаттарының мәжілісінде», «Атаконысынан айырылған қазақ жайы», «Алаштың азаматы», 1917 жылғы 212–245-сандарында «Алаш ұлына», «Қазақ халқының тұңғыш съезі», «Жалпы мұсылман съезі», «Оян, қазақ!» «Земство», «Алаш азаматына», «Алаш партиясы», 1918 жылғы 258–265-сандарында «Аттан, Алаш азаматы!», «Алашорда» үкіметінің іске кіріскені туралы келген телеграмма», «Алашорда», т.б. мақалалар жарық көрді. «Қ.» г-нде бес жылда жарияланған материалдар ұлт зиялылары ұстанымдарының ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту деңгейіне жеткенін айғақтады. «Қ.» г-нің жарияланымдары 1997 ж. арнайы жинақ болып шықты. 88 жылдан кейін «Қ.» г. Қ.Сәрсекеевтің бас редакторлығымен (2006–14) қайта шықты. Сәрсекеев 2006–13 ж. «Қ.» г-ндегі маңызы зор бірқатар мақалаларды іріктеп, 100 жылдыққа «Қазақ шаруасы» атты кітап шығарды. «Қ.» г-нің қазіргі меншік иесі «МирасИнфо» компаниясы, бас директоры – М.Нәлібаев, бас редакторы – Ж.Санабеков. Қазақстан Журналистер академиясының «Алтын жұлдыз» сыйл. (2011), қазақтілді респ. басылымдар арасындағы «Ең үздік республикалық газет» (2011), «Алаш» тарихи-этнол. зерттеу орт-ның «Ар. Намыс. Мұрат» номинацияларымен марапатталған (2012). «Уақыт таңдауы» агенттігі және респ. қоғамдық-саяси «Президент және халық» газетінің бірлескен жобасы аясында «2013 жылдың ең үздік басылымы» деп танылды. *Әдеб.* Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редак-

циясы, 2003; Алаш. Алашорда. Энциклопедия / құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – А.: «Арыс» баспасы, 2009; www.qazaq1913.com (қаралған күні: 16.10.2017).

*К.Саркенова*

**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ** – ғыл.-зерт. еңбек, Х.Айтжановтың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 2009 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Т.Кәкішев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен («Қазақ» газетінің шығу тарихы мен зерттелуі, «Қазақ» жарық көрген өлең-жырлардағы идеялық-көркемдік ізденістер, «Қазақтағы» әдебиетті зерттеу мен әдеби сын мәселелері), қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация жұмыста «Қазақ» газетінің төл әдебиетіміздің қалыптасып, даму дәуіріндегі рөлі мен тарихи орны анықтау бағытында зерттеу жүргізілген. 6 жылға таяу уақытта (1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылдың 16 қыркүйегіне дейін) 265 нөмірі жарық көрген газеттің мұрағаттарда сақталған тігінділері түгелге жуық парақталып, ондағы ұлттық әдебиетімізге қатысты мәселелерге жауап іздестірілген. «Қазақ» әдебиет тарихы жүйесінде тұтастай қарастырылып, Қазақстанның қоғамдық-саяси, әдеби-мәдени өміріндегі маңызы мен орны қазіргі заман талабына сай объективті тұрғыдан жан-жақты талданып көрсетілген. Сондай-ақ еңбекте газеттің бас редакторы А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің тазалығына, көркемдігіне қатты назар аударып отырғандығы, қазақ әдеби тілінің дамуына зор үлес қосқандығы айтылған. Көлемі 130 бет.

**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЛЕКСИКА** – ғыл.-зерт. еңбек, Б.Момынованың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 1992 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Х.Каримов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан («Қазақ» – тұңғыш жалпыхалықтық газет», «Қазақ газетіндегі қоғамдық-саяси лексиканың семантикалық топтары», «Қазақ» газеті бетіндегі қоғамдық-саяси лексиканың генетикалық қабаттары мен жаңа қолданыстар»), қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. 1-тарауда «Қазақ» газеті жарық көрген кездегі қазақ әдеби тілінің жай-күйі, тарихи-әлеум. алғышарттар, жалпы газеттің қазақ жұртшылығы үшін прогрессивтік рөлі мәселелеріне тоқталған. Газет туралы тың мұрағаттық деректер келтірілген. 2-тарауда газетте кездесетін қоғамдық-саяси лексика атауларын топ-топқа бөліп, кейбір топ іштей тағы жіктелген. Әр топқа тән атаулардың «Қазаққа» дейінгі және «Қазақ» газеті бетіндегі қолдану аясына, шығу тегіне, мағыналық ренктеріне сипаттама берілген. 3-тарауда қоғамдық-саяси лексиканы білдіретін атаулардың генетик. қабаттары, жаңа қолданыстардың жасалу жолдары, тілдік өрекшеліктері талданған. Дис-

сертац. жұмыстың негізгі нәтижелері, түйінді ойлары қорытындыда тұжырымдалған. Еңбекте А.Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі, оның графика саласындағы табысы, яғни газеттің «түрлеген» жетілдірілген жазу үлгісімен (ғыл. тілмен айтқанда – «Байтұрсынов әліпбиі») шығып тұрғаны, Байтұрсынұлы реформасының (араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасы) қазақ тілінің табиғатына сүйеніп, ғыл. негізде жасалғаны баяндалған. Көлемі 132 бет.

**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ-САЯСИ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ** – ғыл.-зерт. еңбек, Қ.Сақовтың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 1998 ж. қорғалған. Ғыл. жетекшілері – Т.Қожакеев, С.Қозыбаев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («Қазақ» газетінің тағдыр тауқыметі», «Газеттегі қоғамдық-әлеуметтік кейбір мәселелер»), қорытындыдан және қосымшадан тұрады. 1-тарау басылымның арғы-бергі тарихын тұтас қарастырып, оны толыққанды зерттеуге құрылған. Ол өз ішінде «Апталықтың шығу тарихынан» және «Газеттің қаржыландырылу көздері мен шығарушылары туралы шындық» атты тақырыпшаларға бөлінген. Нәтижесінде газеттің қаржылық көздері мен шығарушылары жөнінде осы күнге дейін ғыл. айналымда жүрген кейбір пікірлердің шындыққа жанаспа бермейтіндігі дәлелденіп, тарихи деректер негізінде тың тұжырымдар жасауға қол жеткізілген. 2-тарау «Айқап» пен «Қазақ» неге айтысты?», «Газеттің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске көзқарасы» деген екі тақырыпшадан тұрады. Тарауда газеттің ұстанған бағыты, мақсат-мұраты және ұлттық сананы оятып, қалың қазақ елін азаттық күреске жетектеп алып шыққан қызметі жан-жақты талданып, таратыла зерттелген. Сонымен қатар еңбекте алғаш рет «Қазақ» газетінің көпшілік қауымға беймәлім болып келген белсенді авторларының аттары аталып, олардың кейбірінің апталықтағы шығарм. қызметтеріне талдау жасалған. Соның ішінде А.Байтұрсынұлының газетке сіңірген зор еңбегіне баға берілген. Көл. 186 бет.

*С.Арғынғазин*

**«ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ»** – «Оқу құралына» енген суреттеме мәтін. Авторы көрсетілмеген. Шетсізшексіз, кең-байтақ қазақ даласының көпшілікке таныс жалпы көрінісі бейнеленген. «Көз тоқтарлық ағаш жоқ, ескі жұранның көңілде өскен көк қурай мен кісі бойына жақындап сорайған ошағандар алыстан ағаштай сағымданып, көзді алдайды. Сай жағасында бұраң қаққан жас талдың сабақтары, қалың жапырақты тамырша аралап, шайырдың хош иісін мұрныңа жеткізеді... Көбелектер ерсілі-қарсылы сендей соғылысып, қалбақтайды, мың сан шегірткенің тырсылы қосылғанда құлақ-сарсиды...» деген жолдар әр қазақтың көзіне оттай басылады.

*С.Ғұсманқызы*



«ҚАЗАҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ 1905–1917 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ» – ғыл.-зерт. еңбек, М.Қойгелдиевтің докторлық диссертациясы. ҚазҰУ-да 1994 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – М.Қозыбаев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 6 тараудан («Патшалық биліктің ХІХ ғасырдың соңы және ХХ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанды отарлау саясаты», «Ұлттық езгіге қарсы наразылықтың күшеюі және қазақ интеллигенциясының 1905–1916 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси қызметі», «Ұлттық интеллигенцияны қудалау саясаты. «Қазақ» газеті және азаттық үшін күрес идеологиясының қалыптасуы (1908–1916 жылдар)», «Қазақ демократиялық интеллигенциясы бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында», «Ақпан революциясының жеңуі және ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттері. Қазақ демократиялық интеллигенциясы Уақытша үкімет қызметінде», «Бірінші және екінші жалпықазақ съездері. Алаш партиясы мен Алашорда (Халық Кеңесі) Үкіметінің құрылуы»), қорытындыдан және деректік материалдар мен әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеуде автор қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін тарих ғылымында үстемдік алып келген таптық-партиялық тұрғысынан емес, объективті ғыл. әдіс тұрғысынан талдаған. Қазақ зиялыларының 1905–17 ж. аралығындағы қоғамдық-саяси қызметі жалпы ұлт-азаттық қозғалыстың органик. құрамды бөлігі есебінде қаралған. Алаш партиясы, Алашорда үкіметі және Қоқан автономиясы сияқты саяси құрылымдардың пайда болу негіздері, саяси-әлеум. мазмұны, тарихта алатын орны осы уақытқа дейін қалтарыс қалып келген тарихи деректер негізінде арнайы және кең түрде баяндалған. Диссертация қазақ зиялыларының (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, т.б. көптеген ұлт қайраткерлері) жүріп өткен жолына, оның күрделі тарихи өтпелі кезеңдерде ұлттық мемлекет, шынайы бостандық және теңдік үшін күрес жолында жиған тәжірибесіне бүгінгі күн биігімен үнілуге мүмкіндік береді. Көл. 547 бет.

*С.Арғынгазин*

**ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ҚАЛЫПТАНУЫ.** А.Байтұрсынұлының тіл біліміндегі алатын орнын белгілі ғалым Н.Уәлиев бір сөзбен былай деп түйген еді: «Жалпы, тіл білімінде тұңғыш фонолог деп әдетте әліпби түзушілерді атайды. Олай болса, қазақ тіл біліміндегі алғашқы фонолог – А.Байтұрсынұлы». Байтұрсынұлы әліпбиінің фонол. негіздері, ондағы «инвариант-вариант» қисыны бойынша «әріптердің фонемалық мәнді бере отырып, дыбыстық мәнді де (жуан-жіңішке әуезін)» білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық

ерекшелігін зерттеу Уәлиевтің «Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері» атты еңбегінен табылады. Онда Бодуэн де Куртенэ, Л.В.Щерба салған жалпы жазу теориясының фонол. негіздері Байтұрсынұлының бес дауыстыға құрылған жазуындағы әріптердің белгілі бір фонеманы таңбалай отырып, оның жуан-жіңішке екі тембрін қоса бейнелейтін сингармо жазуында жалғасын тапқаны толыққанды дәлелденген. Байтұрсынұлының жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп көрсетуі жалпы жазу теориясының ортақ қағидаттарымен сәйкес келеді. Мыс., Л.В.Зиндер жазудың тегі семасиограф. немесе идеогр. және фоногр. болып бөлінеді дейді. Ал таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле деп орфографиядағы тарихи, этимол., морфол., фонетик. ұстанымдарды атаған. Бүгінгі ағылшын жазуын дәстүрлі немесе тарихи ұстаныммен жазылады дегеннен гөрі, әр сөзінің жазылуын жаттауға тура келетін идеогр. ұстанымға жақындайды деген пікірлер ғалымның осы көзқарасын растайды. Л.В.Щерба этимол. ұстаным деген морфеманы сақтап жазу, яғни морфол. ұстаным, бұл бір жағынан тарихи ұстанымға жақын деген. Сонда таңба жүйелі емле (Байтұрсынұлы) – тарихи ұстаным (Зиндер), тарих жүйелі (Байтұрсынұлы) – этимол. ұстаным (Зиндер), туыс жүйелі (Байтұрсынұлы) – морфол. (Зиндер) ұстаным болып сәйкеседі. Қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле ұстанымын айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл шешуші міндетті Байтұрсынұлы «туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне киналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін» төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен: «1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз онаша айтылғандағы естілуінше жазылсын; 2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу; 3. Үйлестікпен дүдәмал естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу; 4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу; 5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бөрі де қосарлық белгімен жазылу; 6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады; 7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу; 8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу». Бұл «Я полагаю, что практически для тюркских народов самое правильное было бы – комбинация фонетического и этимологического принципов, комбинация в каждом отдельном случае своеобразная и разная, ибо правил общих тут никак нельзя дать» деген Л.В.Щербаның сөзімен үндеседі. Және бүгінгі емлемізді айқындаған фонематик. ұстаныммен сәй келеді. Біз бұл арада тағы да қазақ орфогра-

фиясының ұстанымдарын саралаған Уәлиевтің пікіріне жүгінуімізге тура келеді. Жалпы, бәрімізге белгілі, 70–80-жылдары фонетика, орфографияға қатысты оқулық, зерттеулерде қазақ орфографиясының негізгі ұстанымы морфол., өйткені сөзді естілуінше емес, түбір тұлғасын сақтап жазамыз деген көзқарас орныққан болатын. Бұл Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ұғымын басқа бағытта қарастырып кеткен беделді ғалымдардың (Л.Л.Щерба, Л.В.Зиндер) еңбегіне де байланысты. Алайда бұл жайында кейінгі зерттеулер мен пайымдаулар арасында қайшылық көріне бастайды. Мыс., егер түбір тұлғасын сақтап жазсақ, добы, қабы, құрығы деген сөздерді допы, қапы, құрықы деп жазар едік, қазақ орфографиясының негізгі ұстанымы фонетик. деген пікірлер басым түсіп жатты. Соңғы уақытта қазақ орфографиясының негізгі ұстанымы фонематик. екенін алғаш дәйектеген Уәлиев оны белгілі бір фонеманың дыбыс түрленімдері ішінен фонетик. ортаға неғұрлым тәуелсіз түрін жазу болып табылады деп анықтады. Қазіргі фонол. зерттеу нәтижелері тәуелді, тәуелсіз ренк, әлді, әлсіз позиция сияқты ұғымдарды жасады. Әлді позициядағы дыбыс тіркесімдері жазуға біршама сәйкес екендігі, әлсіз позиция әлді позициядағы тұрпағымен тексеріліп барып, дұрыс жазу жүйесіне түсетіні қазіргі жазуымыздың негізін қалайды. Ал бұлар 20 ғ. басында-ақ Байтұрсынұлының зерттеулерінде айтылған. Ғалым: «Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болаша шығады. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік. Дыбыстар үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей, ауыздан шығуынша жазылсын» деген ұсыныстар барын айтады. Бүгінгі емлемізге қосымшалардың түбірдің соңғы дыбысына немесе түбірдегі дауыстыға үйлесіп жазылуы проблема тудырмайды. Аффикстік морфемалар болсын, сөз тудырушы, түрлендіруші жұрнақтар болсын бірнеше (әдетте жазба тілде алтауға дейін, ауызша тілде тоғызға дейін) нұсқада жүреді. Ал Байтұрсынұлы жедел өткен шақ жалғауын ұяң нұсқасымен ғана жазуды дұрыс көрген. «Сондай орындарда күнгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу. Мәселен: «Қас екең сау күндегі әнге басты» дегенде «басты» деген жіктеу жалғауында «т» естіле ме, «д» естіле ме – дүдәмал, ашық емес. Қасындағы «с» дыбысының әсерімен күнгейленіп, анық естілмей тұр. Күнгейленіп тұрған дыбыстан аулақ, басқа жерге қойып ай-

тып көру керек. Мәселен, «Қас екең сау күндегі әнге салды» десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сияқты септік жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмалдық танытатын жерлерде, аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек» дейді. Ол әсер етпейтін дыбыстар л, р, з. Мыс.: балдың, қардың, құзда. Бұл дыбыстардың неге әсері болмайтынынан бұрын, алдымен ғалымның осы жазу арқылы қазақ тілінің типол. сипатын айқындап алғысы келгенін байқаймыз. Яғни тілдің қатаң дыбысталуынан гөрі жұмсақ, үнді болып естілуін, дыбысталуын қалаған сынайлы. Әйтпесе л, р, з дыбыстарының керісінше қатаңдарды ұяңға айналдырып, қосымша нұсқалар жасап келе жатқанын ғалым өзі де айтып отырады. Мыс., дәл осы мақаланы жазған жылы Байтұрсынұлы Алма-Ата қ-ның атын Алматы етіп жөндеуді ұсынған Шонанұлы екеуінің хатында «-ты вместо современной -лы, -ды свойственно тюркским языкам в частности казахскому ... -ты в казахском языке является более древним чем другие формы этого рода» деп, қазақ даласында Шідергі, Қалдығайты, Бұлдырты, Мойынты деген жер атаулары әлі осы күйінде (ұяңдамай) сақталып отырғанын айтады. Бұл арада ғалымның бір мәселеге екі түрлі көзқарасы болғанын көрсету үшін емес, болмаса жазу нормасын негіздеуде «дүдәмал» жерге иек артқанын қателікке шығару үшін емес, жалпы қазақ жазуында қосымшалардың немесе шылаулардың позицияға тәуелді ренктері таңбаланғандарын, морфонол. құбылыстармен қатар, фонол. құбылыстар да таңбаланғанын айту керек. Ал ғалым шартты рай жұрнағы *-са, -се* ме, әлде *-ша, -ше* ме дегенді анықтау үшін неғұрлым тәуелсіз позиция ретінде конса, сепсе, келсе, куса, қанса тұлғаларын таңдап алуы кешше (кешсе), пішше (пішсе) сөздерінде бұлар әлсіз позицияда, алдыңғысында әлді позицияда тұрғанын анықтаған. Сондай-ақ «Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жанған – жанған, көнген – көнген, өнген – өнген, сенген – сенген, күңге – күнге тағысын тағы сондай сөздерді алып, «бұлардың қайсысы дұрыс? Әрине, соңғылары дұрыс» дейді. Өйткені «қорғам», «арғым», «тасқым» деген сөзден шықпағаны, қорған, арғын, тасқын деген сөздерден шыққаны көрініп тұр. Онан кейінгілеріне келсек, бұларда әсер етіп тұрған – «ғ» мен «г» дыбыстары. «Олардың әсерінен құтылса болғаны, дүдәмалдық жоғалады. Мәселен: «қоныс», «қондық», «жону», «жондым», «жанып», «жанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде», «күндік» дегенде, дүдәмалдық жоғалып, «н» емес, «ң» екені ап-анық көрініп тұр» дейді. Байтұрсынұлының бұл ойларын емлені әлді позицияға қойып тексеру әдістері ар-

## ҚАЗАҚ

қылы негіздейтін бүгінгі жазу нормасына қатысты еңбектерден ұшыратуға болады. Ғалымның енді бір көтерген мәселесі жалғаулықтардың қосымшалар сияқты сөздің аяққы дыбысына қарап айнып келуі. Мыс.: мен, менен, бен, бенен, пен, пенен. Автор мұнда тағы ұяң, үнді нұсқаларына артықшылық беріп, қатаң нұсқа позициялық өзгерістің әсері дегенді айтады. Яғни ғалымның қазақ сөздерін жұмсартып айту жағын қатты назарға алғанын байқаймыз. Оған дәлел: «Аспан ба?», «асбан ба?» – дүдәмал екен, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып алу болмайды екен. Сол сияқты сөздер өте көп болмағанмен, қазақ тілінде ұшырайды: дұспан – дұсбан, оқпан – оқбан, кетпен – кетбен, шекпен – шекбен тағысын тағылар. Бұлардың «п» мен «б» дүдәмал болған орындағы ашылуы ылғи «б» жағына болғандықтан, «б»-мен жазу. Түбін қарап тексергенде де, солардың көбі «б»-мен жазылуға тиіс болып шығады. Мәселен: «асбан», «дұсбан», «данышбан», «кетбен» деген сөздер «асман», «дұшман», «данышман», «кетмен» деген сөздерден шыққан: «м» дыбысы «б» дыбысымен алмасып отырады. «Қақбан», «қақба», «қақбақ», «өкбе», «оқыбан» секілді сөздерде «қақбан», «қақба», «қақбақ», «өкбе», «оқбан» дегеннен дыбыстары алмасу мен «б» дыбысты сөз екені көрініп тұр» деген жолдар. Қазіргі қазақ жазуының бір проблемасы ы, і әріптерінің емлесі болса, бұл жайында Байтұрсынұлының мына көзқарасы жазу тарих үшін де маңызды: «Оны қалдырмастан жазамыз сөздің аяғында. Ортасында я басында ашық естілетін орында хәм жазбасақ кемшілік болып жоқтығы еленетін орында. Мыс.: «жаны – жанына» дейді ғалым. Ал түбір ішінде, сөз басында ы-ны жазса да, жазбаса да солай оқитын орындарда, жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажеті жоқ деп табады. Мыс.: кн (кын), кр (қыр), жлм (жылым), жлтр (жылтыр), мск (мысық) емес, бірақ мсығы, кры, жлымы, жлтры. Бұл қазақ әліпбиіндегі әріптердің аттары туралы айтқан Уәлиұлының мына пікірлерінде жалғасын тауып жатады: «Қазақ дауыссыздары әдетте жалаң түрде дыбысталмақшы, біздің аңғаруымызша сол тоғыз түрленудің ішінен фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсізі -бы». Қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз дыбысты жеке дыбыстағанда қасына ы, і (к, г – әріптерін атағанда) қосып айтамыз. Олай болса, Қ.Жұбанов айтқандай, бұл дауысты дыбыстарды буын, не тасымал үшін жазамыз деген дұрыс емес, «әр ережеге өзінің әдісін шығарып алуға болады». Бірақ ғалым ы әрпінің бітеу буындардан қалмай жазылатынын ескертті: карт – қарыт, арт – арыт, жұрт – жұрыт. «Бітеу буынға ы жазсақ, бірдей естіледі деген болып шығады». Тегінде Байтұрсынұлы жазу нормаларын тиянақтағанда ауызша тілге табан тіреп

отырған. «Емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек». Негізгі жол: айтылуы басқа сөздерді (мағынасы басқа болсын, бір болсын) басқа жазу, айтылуы бірдей сөздерді (мағынасы басқа болсын, бір болсын) бірдей жазу деп, ауызша тілмен жазуды мейлінше жақындатуға тырысқан. Ендеше жоғарыдағы сөздердің қазақ тілінің бұрынғы сөз сазында солай айтылуы ғажап емес сияқты. Енді лабиалды сингармонизмнің таңбалануы туралы Байтұрсынұлының көзқарасына қысқаша тоқтала кетсек, ғалымның «қазақ тілі үндестігі тек екі түрлі: бірі жуан, екінші түрі жіңішке» деп, тек лингвалды сингармонизм қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі екенін айқындағанын көреміз. Ғалым: «о дыбысы сөздің бас буынында ғана естіледі. Басқа буындарында хәм дауысты дыбыстардан соң қазақ сөзінде неш орында естілмейді, сондықтан бас, буыннан басқа орында яки дауысты дыбыстан соң (о) жазылса, (ү) қылып оқу тиіс» деп, тіпті жазуда таңбаланған еріндік дыбысты езулікке жақындатып дыбыстау керек дейді. Бүгінде таласы жоқ мәселеге айналған у әрпінің өзін ыу, іу дыбыстарының тіркесі дейді. Алып демей, алуб десек, келіб демей, келүб десек, онда алуу, баруу деуге болады. Оның үстіне алыуды – алыс, барууды – барыс, келіуді – келіс деген сөздермен алмастыруға болады. Ендеше у-дың алдына ү, ү әріптерін салудың еш қисыны жоқ. Ал сөз басындағы үнділердің алдынан келетін қысаңдар туралы ғалым былай дейді: р, л, у, и әріптерінің алдында «ы» әрпі жазылу-жазылмауы естілуінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: лыпа, леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лықылдап, Ленин, Лепсі деген сөздердің алдында келген «л» тап-таза «ы»-сыз естіліп тұр. Оған «ы» жазудың керегі жоқ. «Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи» деген сөздерде «л» алдында «ы» анық естіліп тұр. Күмәнданатын жердің тексеру әдісі өлең өлшеуі болады деген. Енді қазақ әліпбиіндегі һ, х әріптері туралы ғалым һ әрпін қазақ тілінде бар дыбыстың таңбасы деген. Шаршағанда –уһ, жақтырмағанда түһ, өкінгенде – аһ және әһ, үһлеу, үһлеген, аһламақ дейміз деген. Қолданылатын реті аз болса да, тілде бар дыбыс болған соң, жоқтығы сезілетін көрінеді дейді. Ал х дыбысын олай демей, тек қ-ға жақын дыбыс деп анықтайды. Бұл қ-ның бір реңкі екенін білдіреді, оның үстіне х-ның мағына айыратын қызметі шамалы дегенге саяды. Мыс.: халық – қалық, хұрметті – құрметті, хажы – қажы деген сөздердің қайсысын қолданақ та түсінікті дейді. Ғалым көрсеткен бұл сөздердің ішінде тек халық сөзі ғана бүгінде х әрпімен таңбалады. Ал құрметті, қажы сөздері негізгі реңкке көшкен. Бұл қатарды дастархан –

дастарқан, дихан – дикан, рахмет – ракет деген сияқты, екінші сынары жазуда кодификацияланып кеткен сөздермен толықтыра беруге болады. Ендіше, әліпби құрамын өзгертудің қазіргі қарсаңында һ әрпін алып тастау туралы ойлану керек сияқты. Қақарман, жиказ, гауқар сөздерін алдын ала дайындалған артикуляциямен айтсақ, қазақ тіліндегі басқа дауыссыздар сияқты төрт әуезбен тоғыз түрлі реңкте түрлене алмаса, оны к – фонема-инвариантының нұсқасы деп тану, қ мен ғ-ны, к, г инвариант-фонемасының нұсқалары деп тану бірауызды бола қоймай отырғанда ертелеу сияқты. Қ.Жұбанов одағайларды айтқанда небір дыбыс құбылыстары шығып отырады, оның бәрін таңбалай беру мүмкін емес деген. Болса да тілдік қызметі бар құбылыстардың жазуда таңбалану мүмкіндігі табылып отырса, ол графикамыздың жетістігі болар еді. Ah, үh, түh, аһылау, үһілеу сөздерін ақ, ұқ, тұқ, ақылау, үкілеу деп жазып, һ-мен айтамыз десек, онда жазба тіл мен ауызша тілдің айырмашылығын көрсететін басқа да көптеген құбылыстарды көрсетуге болады деген сөз. Мыс., қол, ғана деп жазып, қол, ғана деп айтамыз дегендей (яғни қ, ғ-ны әліпбиден алып тастау). Бүгінгі ұрпақ тілі жазуға икемделген. Өйткені бізде фонетик. ұстаныммен жазу басым болды да, аға буын жазу мен ауызша тілдің айырмасын көрсетуге көп күш салмады. Сондықтан қалай жазылса солай оқылатын болды деп, айтылымына қарай жазуды икемдеп көру де тәжірибеде көріне бастады, мыс. орфогр. сөздіктің (2001) соңғы басылымында гөкөніс – көгөніс, көкет – көгет, қыркүйек – қырқүйек, шекара – шегара деп берілді. Байтұрсынұлы: «Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заман – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» дейді. Бұл – жазу өз алдына дербес жүйеге айналды дегені.

Әдеб.: Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. ФҒК ғыл. дәр. алу үшін дайынд. дисс.-я. Алматы, 1993, 155 б.; Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992, 114 б.; Зиндер Л.Р. Очерк общей теории письма. М.: Наука, 1987; Амирова Г. К истории теории графемики. М., 1977; Щерба Л.В. Теория русского письма. Байтұрсынұлы А. Емле туралы // КР БЖҒМ ҒА Хабарлары. 2000. № 3; Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. М., 1957; Кузьмина С.М. Теория русской орфографии. М., 1981; Докунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизма в казахском слове. Алматы, 1988.

Қ.Күдеринаова

**«ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯСЫ»** – оқу құралы. Авторы – Қ.Күдеринаова. ҚазҰПУ мен Сүлеймен Демирель атынд. ун-т ұсынған. А., «Елтаным» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 344 бет. Таралымы 1000 дана.

Оқу құралы автордың алғы сөзінен, кіріспеден, «Қазақ жазуының теориялық негіздері», «Қазақ жазуының тарихы: әліпби түрлері мен емле мәселелері» атты 2 бөлімнен, тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер мен дереккөздер тізімінен және қосымшадан тұрады. Онда қазақ мәдени өмірінде қолданылған әліпби түрлері, емле ерекшеліктері жазу теориясына қатысты білімдермен түсіндіріледі. Дәріс мәтіндері әртүрлі дереккөздерін сөйлете отырып, түсінікті тілмен баяндалады, семинарға қажетті материалдармен қамтамасыз етіледі. Еңбекте автордың А.Байтұрсынұлының ағартушылық қызметіне арналған «Төте жазудың (Байтұрсынұлы әліпбиінің) әліпби құрамы мен емлесі», «Төте жазудың (А.Байтұрсынұлы әліпбиінің) графика-емлелік ерекшеліктері», «Қазақ жазуындағы емле ұстанымын таңдау қағидаты», «Қытай қазақтары тіліндегі төте жазу ерекшеліктері» атты дәріс-семинарлары ұсынылған. Оқу құралы қазақ тілі мен әдебиеті, филология ф-ті студенттеріне арналған.

С.Арғынғазин

**ҚАЗАҚ ЖӘДИТШІЛДІГІ** – Ресей империясы ішіндегі жәдитшілдіктің қанаттас бөлігі. 19 ғ-дың соңында Ресей – қазақ қарым-қатынасы емес, бодандықтың отаршылыққа қарсы құбылысы өмір жүзіне шығарған дара ағартушылардың орнын идеялас ағартушылардың шоғыры алмастыруы қажет болды. Себебі ызбарлы жүйеге қарсы жеке-дара емес, бірігіп қарсы тұрудың алғышарттары жасалды. Сауаты бар он адамның орысша оқыған біреуі тарихтан сабақ алып, тоғызбен мәмілеге келіп жұмыс істейтін жолды іздестірді. Ресей империясындағы шет аймақтардың жағдайы ұқсас болғандықтан, мұсылман халықтарының барлығы дерлік бұл жолды сарыла іздеді. Осы халықтардың ішінде жолсыздан жол тапқан – Қазан және Қырым татарлары болды. Табылған жол жәдитшілдік тұжырымдама еді. Ресейдегі батысшыл және шығысшыл оқығандарды мәмілеге келтіре алған осы жәдитшілдік қазақтың негізгі ағартушылығының – Алаш құбылысының іргетасын қалады. Жәдитшілдік ұғымының қазақ нұсқасы екі асудан тұрады. Бірінші асу – үйрену, тәжірибе жинау шағы (1890–1911). Екінші асу – жәдитшілдік кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағы (1911–20). Біздің ұғымымызша, жәдитшілдік – Ресей империясының мұсылман аймақтарына ортақ, дәстүр мен жанашылдықтың синтезді құбылысы. Оны қарапайым тілге аударсақ, «жанару», «елдікті сақтау үшін жана бағыт ұстау» дегенге саяр еді. Ресей империясының мұсылман халықтары тарихында негізі ортақ жәдитшілдік қозғалысының дамуы біртекті емес. 20 ғ-дың 10-ж. Қазақстанда – аташ,

Әзербайжанда – мусават, Қырымда – миллифирк, Татарстанда – иттифак әл-муслимин қозғалыстарына ұласса, Бұхара, Хиуада мазмұны бастапқыдан біраз өзгерсе де, «жадидизм» атауымен дами берді. 20 ғ-дың басында алаш жұртын, оның көзі ашық азаматтарын 1907 ж. маусым айындағы ұлт құқының аяққа тапталуы (сайлау құқынан айырған патшаның 3 маусым жарлығы) оятты. Алты миллион халықтан бірдебір депутат сайланбады деген сөз – осыншама адамның мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын, олардың зәрулігін, мұқтажын ресми өкіметке жеткізетін ешбір жанның болмағаны деген сөз. Дүние жүзі жақсылыққа, теңдікке ұмтылып отырғанда, Ресей империясының оспадар әрекетін ақтау мүмкін емес еді. Сонымен, 20 ғ-дың басындағы қазақ қауымының хал-ахуалы ел тұтқасы іспеттес зиялылардың бетін күрескерлікке бұрды. Бұл шақта халықтың рухани сұранымын қанағаттандырып жатқан жәдитшілдік алаш баласына біраз нәрсені үйретті. Әсіресе, оның Батыс пен Шығыс тәжірибесі мысалында ұлттық ояну мен жетілуді түсіндірген ізденісі қазақ сынды қаймана болып қалған милләтке төтеннен олжа салды. Ұлт көшбасшысы Ә.Бөкейхан бір еңбегінде: «Ұлт ұйысты. «Алаш» деген ұранға тік тұрып, бауырына көмекке келді» деп алыстағы елдік бірліктің негізін нақтылап айтты. «Озғандарға жету керек, жеткендерден озу керек» деп, алдына нақты мақсат қойып, жарыққа шыққан алғашқы газет-журналдар ұлтты Алаш ұранына топтастырып, дамытуды ойлады. Ағартушылықтың жан-жақты болуын жақтады. «Милләттің» қазаққа түсінікті «жұрт», «ұлт», «алаш» нұсқаларын белсенді қолданысқа түсірді. Түркі ұлыстарының көзсіз біртұтастануын емес, жеке-дара мықты болып, ортақ мүдде бойынша бірігуін қолдады.

*Д.Қамзабекұлы*

**«ҚАЗАҚ ЖЕРІН АЛУ ТУРАСЫНДАҒЫ НИЗАМ»** – мақала. 1911 жылғы «Айқап» журналының 9-, 10-сандарында «Қазақ жерін алу турасындағы нызамдар, бұйрықтар» деген атпен жарық көрген. Мақала 1913 ж. «Қазақ» газетінде сол қалпы қайта басылған. Одан кейін де ғалымның «Ақ жол» (А., 1991. 222–225-беттер), «Айқап» энциклопедиясында (А., 1995. 76–79-беттер), «Жаңа нызамда» (А., 1996. 19–24-беттер), «Масада» (Орынбор, 1911. 148–154-беттер), 6 томдық шығармалар жинағының 4-томында (А., 2013) қайта басылған. А.Байтұрсынұлы бұл мақаласында 20 ғ-дың басындағы жер мәселесінің өзекті тақырыпқа айналғанын тілге тиек етеді. Заңды дұрыс білмегендіктен жалпы бұқараның құқы аяққа тапталатынын дәлелдеп, қазақтың жерін

алуды мақсат еткен патша үкіметінің 1909 ж. 9-маусымда шыққан жер-суды пайдалану туралы Заңына түсінік береді. Мұнда «пункт», «временная комиссия», «волостной управитель», «общества», «старшина», «общий», «оброк», «областной», «инструкция», «десятина», «расход», «палата», «поселка», «июнь», «правила», «положение», «переселенчинск», «план», «чиновник», «протокол», «статья», т.б. толып жатқан баламаланбаған сөздер тізбегі жеткілікті. Мақаланың 19-пунктінде: «Комиссияның күкімдері болмаған жағы областной правлениянің общий присутствиесіне арыз етеді» деген сөйлем бар. Бұл жолдарды қаламгердің аударуға білімі мен білігі жетеді, тек дәл сол кезеңдегі орта әлі аудармаға дағдылана қоймаған, не зиялы қауымға сол орысша нұсқасы түсінікті, әрі жатық болғандықтан болар орыс сөздерін аударусыз қалдырған, бірақ кей тұстары дыбысталу ырғағына орай қазақша қалыпқа түскен сөздер де көптеп кездеседі.

*Р.Имаханбет*

**«ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ»** – монограф. еңбек. Авторлары – Ә.Пірманов, А.Қапаева. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-ты ұсынған. А., «Атамұра» баспасынан 1997 ж. жарық көрген. Көл. 160 бет. Таралымы 5000 дана. Монография кіріспеден, үш тараудан («Қазақ интеллигенциясы қалыптасуының әлеуметтік-экономикалық және саяси алғышарттары», «XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының рухани өмірі», «Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі қазақ интеллигенциясы қызметінің бағыт-бағдарлары»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кітапта қазақ интеллигенциясы қалыптасуының алғышарттарына нақты тарихи деректер негізінде тиянақты талдау жасалған. 19 ғ-дың 2-жартысы – 20 ғ-дың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде ұлт зиялыларының алатын орны мен атқарған рөліне лайықты баға берілген. Зерттеуде зиялы тұлғалар өмір сүріп, қызмет еткен дәуірдің шындығы негізге алынып, қазақ интеллигенциясының тарихы ұлттық ерекшеліктермен, оның өзіндік қадір-қасиетімен және рухани мәдениеттің дамуымен тығыз байланыста қарастырылған. Сондай-ақ, еңбекте Ә.Бөкейханның төңірегіне топтасқан А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ә.Ермеков, Ж. және Х.Досмұхамедовтер, Ж.Ақбаев, т.б. ұлттық-демократ. қазақ интеллигенциясы өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметіне зор баға берілген.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚ КОМИТЕТТЕРІ** – 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанның облыстары мен уездерінде құрылған ұлттық ұйымдар. Қазақ халқының мүддесін қорғап, жергілікті билікті

өз қолдарына алу мақсатын көздеді. Уақытша үкімет комиссарларына сүйене отырып, олар ұлттық кемсітулерді жоюға ат салысты. Қ. к-нің мүшелері, негізінен, жергілікті ұлт зиялыларынан және ауқатты адамдардан сайланды. 1917 ж. обл. Қ. к. Семейде (төрағасы – Р.Мәрсеков), Омбыда (төрағасы – Е.Итбаев), Алматыда (төрағасы – И.Жайнақов) жұмыс істеді. Наурыз айының ортасында Торғай обл. азаматтық к-ті құрылып, құрамына А.Байтұрсынұлы, Н.Бегімбетов, С.Қадырбаев, т.б. енді. Қ. к. 1- және 2-жалпықазақ съездерін өткізуде маңызды рөл атқарды. 1917 жылдың соңында Қазақстанда кеңес өкіметі орнай бастағаннан кейін, кейбір облыстарда (Торғай, Ақмола) кеңестермен қатар өмір сүрді. Семей обл.-ның бірқатар уездерінде билікке келді. 1918 жылдың жазына қарай Қ. к. тарап кетті.

*К.Илиясова*

**ҚАЗАҚ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ** – саяси-қоғамдық ұйым. 1905 ж. 6 тамыздағы Мемл. Дума құру жөніндегі патша манифесінен кейін қазақ зиялылары депутаттыққа өкілдерін өткізу үшін Ресейдегі конституц.-демокр. партияның (кадеттердің) қолдауына сүйеніп, осы үлгіде жалпыұлттық партия құруды көздеді. 1905 жылдың аяғында Орал к-нда өткен 5-қазақ обл. съезі Қ. к.-д. п. құру жөнінде шешім қабылдады. 1906 ж. 10 маусымда Семейде тағы басқосу болып, өздерінің кадеттерге қосылатындығы жөнінде қаулы қабылдады. Партия жетекшісі Ә.Бөкейхан кадет партиясы ОК-нің мүшесі болды. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін кадеттер Уақытша үкіметте жетекші рөл атқарды. 1917 ж. шілдеде өткен 1-жалпықазақ съезінен кейін Бөкейхан кадет партиясынан шығып, тәуелсіз *Алаш партиясын* құруға кірісті.

**«ҚАЗАҚ КӨРКЕМ СӨЗІНІң ШЕБЕРЛЕРІ»** – анықтамалық. Жалпы редакциясын басқарған – С.Қирабаев. Жауапты шығарушы – Г.Орда. Құрастырушылар – Ж.Сәрсенбаева, Б.Мұқатай, М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. Қарағанды, «Экожан» баспасынан 2010 ж. жарық көрген. Көл. 512 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл кітапта қазақ әдебиетінің белгілі өкілдерінің өмірі мен шығарм. жайлы мәліметтер қамтылған. Еңбектің негізгі ерекшелігі – Бұқар жырау Қалқаманұлынан бастап, қазіргі тәуелсіздік дәуіріне дейінгі аралықтағы ақын-жазушылардың шағын шығарм. өмірбаянын талдап көрсетуі. Кітаптың 91–95 беттерінде Қирабаевтың А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм. жайында мақаласы жарияланған. Қазақтың көркем әдебиетін жаңа қырынан байытып, оның өсіп-өркендеуіне мол үлес қосқан сөз зергерлерінің өмірі мен шығарм. туралы жазылған еңбек орта және жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті

бойынша дәрістер, арнаулы курстар мен семинарлар жүргізгенде жетекшілік қызмет атқарады. Кітаптан көпшілік оқырманға кеңінен танымал болған көркем сөз шеберлерінің шығарм. жөнінде мейлінше нақтылы мәліметтер алуға болады.

**«ҚАЗАҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ»** – энциклопед. жинақ. ҚР Мәдениет және спорт мин-нің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша. «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2015 ж. жарық көрген. Көл. 616 бет. Таралымы 2200 дана. Жинақ қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық көтерілістері



мен қозғалыстарының жұмбағын, тағылымы мен қорытындыларын, қозғаушы күштері мен басшыларын ғыл.-ақпараттық, теор.-әдістемелік тұрғыдан зерделеуге арналған. Жинақта қазақ тарихындағы аса көрнекті тұлғалар мен өшпес тарихқа айналған оқиғалар, көтерілістер туралы әр кезеңде жазылған шығармалар және 20 ғ-дың алғашқы ширегінде орын алған Алаш қозғалысының азаттық жолындағы күрес қимылдары да қамтылған. Мақалалар энциклопед. тәртіппен, әліпби бойынша берілген. Кітаптың 96–98 беттерінде А.Байтұрсынұлының өмірбаяны жазылып, «Байтұрсынұлының В.И.Ленин хаттары» атты мақала жарияланған. Алаш қозғалысына қатысты көптеген ғыл. мақалаларда Ахметтің қайраткерлік қызметі кеңінен баяндалған.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚ КСР МИНИСТРЛЕР КЕҢЕСІНІң ҚАУЛЫСЫ** – мемл. құжат. Қаулы Алматы к-ндағы үкімет үйінде 1990 жылғы 26 ақпанда шығарылған. Құжатқа сол кездегі Қазақ КСР Мин. Кеңесінің төрағасы Ұ.Қараманов қол қойған. Қазақ КСР Ғылым академиясының, Қостанай, Шымкент және Қызылорда обл. атқару к-

тері мен Қазақ КСР Халықтық білім министрлігінің ұсыныстары қабылдансын делінген құжат 3 бөлімнен тұрады. 1-бөлімінде Қазақ КСР ҒА Тіл білімі институтына, Қостанай обл. Жангелдин ауд. «Южний» кеңшарына, Қызылорда қ-ндағы 1 көше мен 1 мектепке А.Байтұрсынұлы есімі берілсін делінген. 2-бөлімде Қостанай обл. Атқару комитетінің шешімімен 1989 ж. А.Байтұрсынұлы атына берілген Қостанай қ-ндағы көше аты, Арқалық пен Жангелдин ауд-ндағы Торғай а-ның, Семей қалалық атқару комитетінің шешімімен Семей қ-ндағы көше аты есепке алынсын деп жазылған. 3-бөлімде Алматы қалалық атқару комитеті А.Байтұрсынұлы қызмет еткен ҚазҰПУ ғимаратқа мемориалдық тақта орнатсын деп көрсеткен.

*К.Қошым-Ногай*

**«ҚАЗАҚҚА АШЫҚ ХАТ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 174-санында жарық көрген. Мақала «Ақ жол» (А., 1991. 316-бет), «Жаңа низам» (А., 1996. 111–112-беттер), 6 томдық шығармалар жинағының 4-томына (А., 2013) енгізілген. Қаламгер бұл жазбасында қазақтың мал санағынан қорқып, бағып-өсіріп отырған малының санын жасыруды әдетке айналдырғанын сынға алады. Қазақтың кең-байтақ жерінде мал көп, сондықтан артық жер жоқ, яғни малының санын нақ көрсету арқылы «отарлауға жол бермеу» деген ұғымды орнықтыруға күш салады. Мақалада «процент», «закон», «десятина» секілді орыс сөздері кездеседі. Орыстың «мужик» сөзінің «мұжыққа» айналғаны секілді, «процент – просент», «закон – зэкөн», «десятина – десетина» болып жазылған. Бұлар бүгінгі әріпке түсіру үстінде түзетілген.

*Р.Имаханбет*

**«ҚАЗАҚ ҚАЛАЙ ОРЫСТАНДЫРЫЛДЫ»** – кітап. Авторы – М.Мырзахметов. А., «Атамұра» баспасынан 1993 ж. жарық көрген. Көл. 128 бет. Таралымы 30000 дана. Кітап үш бөлімнен [«Ел қалай орыстандырылды (Мұхтар Әуезовтегі бір автоцензура тарихынан)», «Жер қалай орыстандырылды (Жер тарихы – ел тарихы)», «Сана қалай орыстандырылды (Әріптер неге өзгерген)»] тұрады. Автордың бұл кітабы патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау мақсатында жүргізген орыстандыру саясатының түпкі мәнін ашып көрсетеді. Белгілі ғалым нақты мұрағат деректері мен бұрын жасырын сақталған патша өкілдерінің құпия құжаттары негізінде Қазақстандағы байырғы жер-су аттарын орысшаға өзгертудің мәнін, бірнеше ғасыр бойына еркін пайдаланылып, А.Байтұрсынұлы жетілдірген қазақша әліпбиді кириллицаға көшірудің сырын және қазақтарды діннен бездіріп, шоқындыру мақсатында жүргізілген сүркія әрекеттердің шынайы бет-пердесін ашады. Үзінділері баспасөз бетінде жарияланып, қалың оқырман қауымының үлкен ықыласы-

на ие болған ғалымның кітабы толық нұсқасында жарияланған.

*С.Арғынғазин*

**«ҚАЗАҚ ҚАЛПЫ»** – алғаш рет «Маса» жинағында жарияланған өлең. Ақын шығармаларының кейінгі басылымдарында да жарық көрген. Көл. 24 жол. 11 буынды кара өлең ұйкасына құрылған. Ақын бұл өлеңінде сол кездегі қоғамда орын алған жағдайларды сынап, бірлікке үндейді. «Білдірдік елдің сырын, ердің құнын, // Еліріп ерегіске екі-үш күндік» деп ел ішіндегі бітпейтін дау-дамайдың елдігімізге сын екендігін ескертеді. Бұл күйге «бір жеңнен қол, бір жерден сөз шығармағандықтан, тап болдық» деп, елдің пұшайман халінің себебін көрсетеді. Алауыздық деген дерттің халықты өсірмейтін індет екендігін айтып дабыл қағады. Өлеңде жұртшылықты рухани өсуге шақыру бар. Сөз саптауы мен қоршаған ортаға деген ойлы көзқарасы Абай өлеңдерімен үндес болып келеді.

*С.Итеғұлова*

**ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ БІЛІМ КОМИССИЯСЫ** – жергілікті халықтың оқу-ағарту істерімен шұғылданған ұйым. 1921 жылдың бас кезінде Ташкент қ-нда Түркістан АКСР Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған. Алғашқы төрағасы – И.Тоқтыбаев. 1922 жылдан төраға қызметін Х.Досмұхамедов атқарды. Құрамында М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Ж.Досмұхамедов, Н.Төреқұлов, т.б. болды. Мақсаты – халық ағарту саласын жүйелеу, маман тарту, оқулықтар мен оқу құралдарын шығару, түрлі ұйымдармен келіссөздер жүргізу, газет-журналдарда білімді насихаттайтын материалдар жазу, сараптама жүргізу, оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, талдау материалдарын даярлау. Комиссия 1921–23 ж. мұрағат құжаттарын іріктеп, 30-ға жуық қолжазбаны баспаға тапсырды. Абайдың шығармалары, Ә.Диваев жинақтаған батырлар жыры, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, т.б. оқулықтары жарық көріп, «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Кенесары – Наурызбай» жырлары баспаға дайындалды.

*Д.Қамзабекұлы*

**«ҚАЗАҚ МАЛЫНЫҢ ТҰҚЫМЫН АСЫЛДАНДЫРУ ЖАЙЫНДА»** – мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығармалар жинағының 4-томына (А., 2006), 6 томдық шығармалар жинағының 4-томына (А., 2013) қайта басылған. Мақалада автор қазақтардың мал ш. бастан кешіп отырған өзекті мәселелерді қозғай келе: «Жұрттың көбі үйірге қосатын айғыр, бұқаларының жақсы-жаманына көз жібермейді. Малдың еркек, ұрғашы екі жағы да бірдей тәуір болса, тұқым асыл болуын естен шығармасқа керек»

деп, малды асылдандыру жолдарын егжей-тегжейлі баяндайды. Жазба соңына «Бенкевич» деп қол қойылған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, 4-т.

*К.Қошым-Ногай*

«ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫ» – зерттеу еңбек. Авторы – Су Бихай. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша, «Дәуір-Кітап» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 497 бет. Таралымы 2000 дана. Қытайдың тарихшы-ғалымы, проф. Су Бихайдың саналы ғұмырының ұзақ жылдары қазақ халқы мәдениетінің тарихын зерттеуге арналған. 16 тараудан тұратын кітапта автор Қытайдағы қазақтар мәдениетіне қатысты деген жәйттердің бәрін ұсақ-түйек деместен мұқият зер сала зерттеген. Қазақ ұлтының тарихы, әдебиеті, діні, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жартастағы суреттер сыры, рулардың таңба-ұрандары – халық мәдениетінің біртұтас зерттеу арнасына алтын арқау болған. Автордың тарихи-ғыл. тұрғыдан аса бағалы бұл еңбегін тарихшы, жазушы Т.Зекенұлы қытай тілінен қазақшаға аударған. Автор «Араб графикасы негізіндегі қазақ жазуы» атты мақаласында А.Байтұрсынұлының әліппесіне, оқулықтары мен оқу құралдарына тоқталып, «30 жылдардан бастап, Шыңжаң қазақтары Ахмет Байтұрсын әліппесіне бірден көшті. Шыңжаңның жер-жеріндегі қазақ мектептерінде сабақ осы жазумен жүргізілді. Алтай, Тарбағатай, Үрімжі қалаларында осы жазумен қазақша басылымдар шықты» деп атап көрсеткен.

«ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІН ЖАҢҒЫРТУ ҮШІН КҮРЕС: ТҮРЛІ КӨЗҚАРАСТАР МЕН САЯСИ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІ)» – ғыл.-зерт. еңбек, Л.Хасанаеваның кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 2002 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – М.Қойгелдиев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан («Патшалық биліктің Қазақстанды түпкілікті отарлау саясаты және оған ұлт зиялыларының наразылығы», «Ақпан революциясынан кейін қазақ мемлекетігін қалпына келтіру мәселесі», «Қазақстанда кенес өкіметінің орнауы және ұлттық мемлекеттік мәселесі»), қортындыдан және пайдаланылған деректер тізімінен тұрады. Диссертац. жұмыста 19 ғ-дағы хандық билік жойылған кезден бастап 20 ғ-дың бас кезеңіне дейін қалыптасқан ұлт зиялыларының 1917 жылдың Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісі кезеңдеріндегі мемлекеттік мәселесін көтеруі, сонымен қатар Кенес өкіметі

орнаған уақыттағы қазақ зиялыларының Қазақ Кеңестік автономиясын құрудағы қызметтері, Қазақстан және Орта Азия территориясын межелеу процесіндегі ұлт зиялыларының қызметтері көрсетілген. Қазақ зиялыларының (А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, С.Асфендияров, Б.Қаратаев, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, С.Меңдешев, Ж.Мыңбаев) автоном. қозғалыстың басындағы ұйымдастырушылық, басшылық қызметтеріне, дербестікке ұмтылған идеяларына баға берілген. Көлемі 122 бет.

*С.Арғынғазин*

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – жоғары оқу орны. 1944 ж. 15 тамызда ашылған. Ректоры – Г.Алдамбергенова. Ун-те алғаш үш ф-т (физ.-матем., тарих, тіл және әдебиет) болды. Оған 75 студент қабылданды. 1945 ж. жаратылыстану-геогр. ф-ті ашылды. 1961 ж. кітапхана, 1968 ж. муз. және ән, 1971 ж. филол. ф-ті мен тарих-пед. ф-ттері қосылды. Соңғысы 1984 ж. тарих және мектепке дейінгі тәрбие ф-тіне бөлінді. Ин-т қабырғасында Т.Тәжібаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ғ.Құрманғалиев, Т.Тәжібаев, А.Жұбанов, Ш.Батталова, О.А.Жәутіков, Н.Т.Сауранбаев, К.П.Персидский, Х.М.Махмудов, З.А.Ахметов, К.Б.Бисембиев, К.Ш.Қанафиева, М.Балақаев, К.Барманқұлов, т.б. еңбек етті. ҚР Президентінің «Шет елдерде тұратын отандастарға қолдау көрсетудің мемлекеттік бағдарламасы туралы» 1996 ж. 31 желтоқсандағы жарлығына сәйкес ун-те даярлық бөлімі ашылып, Моңғолия мен ҚХР, т.б. мемлекеттерден келген қазақ диаспораларының жастары білім алады. 2000 ж. жетім балаларға арналған даярлық бөлімі ашылды. Ун-тің филол., пед.-психология, тарих-экон., жаратылыстану-география, шет тілдері, физ.-матем., муз. білім ф-ттерінде бүгінде 8821 студент білім алады. 678 оқытушы жұмыс істейді, оның 55-і ғыл. докторы, 234-і ғыл. канд., 88-і магистр. Ун-т алғашқылардың бірі болып кредиттік оқу жүйесіне көшіп, бакалавриат-магистратура жұмыс жасауда. 3 мамандық бойынша докторантура (PhD) ашылды (2017). Ун-т Қытай, Корея, АҚШ, Үндістан, Түркия елшіліктерімен байланыс орнатқан. АҚШ-тың Аризона ун-тімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған, Мәскеу пед. ун-тімен, Германияның Штутгарт ун-тімен келісімшарттар жасалған. Ун-т студенттерінен құрылған «Айгүл» ансамблі 1974 ж. «Халық ансамблі» атағына ие болды. Республикаға танымал «Томирис», «Ұлар» ансамбльдері, проф. С.Исаев атынд. «Өнер – жастан» опера театры бар. Қазақстанның білім және ғылым жүйесінің дамуына қосқан айрық-





ша үлесі және жоғары білікті мамандарды дайындаудағы ерен еңбегі үшін А.Байтұрсынұлы атынд. орденмен марапатталған.

*К.Саркенова*

**ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІН ЗЕРТТЕУ ҚОҒАМЫ.** А.Байтұрсынұлы 1922–25 ж. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Ғыл.-әдеби комиссияның, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы қызметтерін атқарды. 1922 ж. Орынбор қ-нда Қазақтың халық ағарту ин-ты ашылып, Байтұрсынұлы сонда әдебиет теориясынан дәріс оқыды. 1925 ж. А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні мен күйінің» Орынбор қ-нда шығуына ат салысты. Қазақ күйлері мен әндерін домбырада, сондай-ақ фортепьяно, скрипка, т.б. аспаптарда шебер ойнаған Байтұрсынұлы «Қарагөз» әнін өңдеп, қазақ өнеріндегі алғашқы романстың орындаушысы да болды. Байтұрсынұлынан «Кәмшат бөрік» әнін жазып алған Затаевич, оны өңдеп, 1923 жылдың 23 қазанында опера әншісі А.Доливо-Соботницкий Мәскеу қ-нда өткен «Қырғыз (қазақ – ред.) әуендері» атты кеште орындады.

*Ш.Шарапатұлы, М.Әбілжанқызы*

**ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ** (ҚазПедВуз) – Ташкент халық ағарту ин-ты негізінде 1926 ж. 29 қазанда ашылған қазақтың тұңғыш ун-ті, бүгінгі Абай атынд. ҚазҰПУ-дың іргетас оқу орны. Ун-ттің ашылуына орай Халық ағарту комиссары С.Сәдуақасов баяндама жасаған. 1918 ж. 20 қазанда Түркістан халыққа білім беру кеңесі мұсылман к-тінің 7–18 қазандағы

«Орыс педагогика училищесі жанынан қазақ педагогика бөлімін ашу туралы» қаулысын бекіткен. 1919 ж. 1 шілдеде пед. уч-ще болып бөлініп шықты. 1920 ж. 1 қазаннан бұл оқу орны Қазақ өлкелік халық ағарту ин-ты болып қайта құрылды. Онда әр кездері А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, С.Қожанов, И.Тоқтыбаев, М.Жұмабаев, К.Жәленов, Х.Болғанбаев, Қ.Қожықов, Ф.Құлтасов, Е.Табынбаев, С.Өтегенов, Д.Әділов, Д.Сәрсенов, т.б. дәріс берді. «Казинпрос» және «Казпедвзды» әр жылдары С.Айұзынов, Д.Сәрсенов, Т.Жүргенов, С.Сәдуақасов басқарды.

*Д.Қамзабекұлы*

**«ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ»** – монограф. еңбек. Авторы – А.Шәріп. ҚазҰУ ұсынған. А., «Білім» баспасынан 2000 ж. жарық көрген. Көл. 336 бет. Таралымы 1000 дана. Қазақ поэзиясында ұлттық идеяның көркем бейнеленуінің генезисі, эволюциясы және трансформациясы мәселелерін жан-жақты саралап-салмақтауды көздеген бұл зерттеу төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде атамекен идеясының өлең өнерінде суреттелу дәстүрінің түп-төркіні мен оның жетілу-жаңғырту кезеңдері тексеріле, екінші бөлім отаршылдық дәуір әдебиетіндегі елдікті сақтау идеясының астарын ашады. 19- және 20-ғ-лар тоғысындағы идеялық тенденциялар мен ұлттық поэзияның ара қатынасы еңбектің үшінші бөлімінде таразыланып, соңғы – төртінші бөлімде ұлттық дүниетаным мен поэтик. тәжірибе мәселелері талданған. Еңбекте сондай-ақ

20 ғ-дың басында жетекші орынға шыға бастаған саяси-күрескерлік тенденция және Алаш идеясы (А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Ғ.Қараш, т.б.) кезеңі сараланған. Кітап зиялы қауым өкілдеріне арналған.

*С.Хасенов*

**«ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ: Х р е с т о м и я. Ү ш т о м д ы қ. Е к і н ш і т о м»** – хрестомат. жинақ. Құрастырған және алғы сөзін жазған – Х.Сүйіншәлі. ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нің бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Ғылым» баспасынан 2001 ж. жарық көрген. Көл. 672 бет. Таралымы 2000 дана. Қазақ халқының 10–20-ғасырлар аралығында дүниеге келген прозалық туындыларының хрестомат. жинағы үш томнан тұрады. Жинақтың екінші томына 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басында халқымыздың қоғамдық өмірінде елеулі рөл атқарған ғалым, ағартушы, белгілі қоғам қайраткерлері Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Күнбабаев, С.Бабажанов, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедов, М.Шоқайдың еңбектері енген. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлының әр жылдары жазған көсемсөздері, мақалалары, хаттары, баяндамалары (жалпы саны 32) жарияланған. Жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, көпшілік оқырманға арналған.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ** – Алаш қозғалысы кезеңінде туған ұлттық баспасөз ақпарат құралдары. А.Байтұрсынұлының ұйымдастыруымен және редакторлық етуімен 1913 ж. Орынборда «Қазақ» газеті жарыққа шықты. Ол 1918 ж. кеңес үкіметі кезеңіне дейін шығып тұрды. «Қазақ» газеті Алаш қозғалысының басты басылымы болды. Мұнда қозғалыс көсемдері Ә.Бөкейханның, Байтұрсынұлының, Ғ.Қараштың, М.Дулатовтың, М.Шоқайдың, Х.Досмұхамедовтың, Х.Ғаббасовтың және т. б-лардың еңбектері жарық көрді. Сондай-ақ, газетте жалпы-қазақ сөзін ашу мәселесі, осы жалпықазақ съездері, обл., уездік съездер жөнінде және жергілікті қазақ к-ттері жөнінде көптеген материалдар шықты. 1917 ж. Семей қ-нда «Сарыарқа» газеті жарық көрді. Оны шығарушылар Х.Ғаббасов пен Р.Мәрсекөв болды. Бұл газетте Алаш қайраткерлері мен қаламгерлерінің мақалалары және тағы да басқа Алаш қозғалысына қатысты еңбектер басылды. 1917 ж. Ташкент қ-нда «Бірлік туы» газеті жарық көрді. Бұл түркістандық қазақ басылымының негізін М.Шоқай қалады. Басылым 1917–18 ж. оқиғаларды арқау етті. Алаш қозғалысы тұсындағы бұл газеттер және 1911 ж. М.С.Сералиннің бас редакторлығымен жарық көрген қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» ұлт-азаттық қозғалысына үлкен серпін берді.

*Е.Тілешов*

**«ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКА ТІЛІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ КЕЗЕҢІ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Г.Ерназарованың кандидаттық диссертациясы. А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-тында 2004 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Е.Жанпейісов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («Функционалдық стильдің бастау ұғымдары», «А.Байтұрсынұлы публицистикасындағы функционалды стильдің даму арналары»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеуде Байтұрсынұлының публицистік қызметі қазақ баспасөзінің дамуында ерекше кезең болып табылғандығы, оның публицистикасы қазақ әдеби тілі мақсатты стильдерінің саралануында, негізгі стильдік белгілерінің, құралдарының жүйеленуінде зор қадам болғандығы көрсетілген. Көл. 120 бет.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТІ,** Қ а з р е в к о м – Кеңес өкіметінің азамат соғысы жылдарында құрылған уақытша орган. Қазақ өлкесін басқару үшін РКФСР ХКК (Халық комиссарлар кеңесі) «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі уақытша әскери-революциялық комитет туралы» қаулысымен 1919 ж. 10 шілдеде құрылған. Алғашқы құрамына С.Пестковский (төраға), А.Байтұрсынұлы, В.Лукашев, Ә.Жангелдин, М.Тұңғашин, С.Меңдешев, Б.Қаратаев кірген. Байтұрсынұлы РКФСР ХКК мен Қазақ әскери-рев. к-т төрағасының орынбасары болып тағайындалған. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді араласқан. Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 жылдың 27 тамызындағы Қостанай уезін Челябинск обл-на қосу туралы шешіміне қарсы Байтұрсынұлының жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстанға қайтаруға негіз болды. **«ҚАЗАҚ САЛТЫ»** – алғаш рет «Маса» жинағында жарияланған өлең. Байтұрсынұлының 1911, 1922 және 1989, 2003 жылғы жинақтарында жарияланған. Байтұрсынұлы «Шығармалар» жинағының түсініктерінде Қазанда басылған кітапта «Қазақ қалпы» атты өлеңмен орындары ауыстырылғаны туралы айтыла келіп, өлеңдегі текстол. өзгерістер туралы да жазылады. 1911 жылғы жинақта «Ақ көңіл алаң-бұлаң адамдар бар» деп берілсе, 1922 жылғы басылымында «Ақ көңіл алаң-бұлаң адамдар көп» деп өзгеріс енгізілгендігі, жинақты құрастырушылардың соңғы нұсқаны алғандығы» айтылады. Қазақ салты – халқымыздың бойындағы қасиет пен кесепатты деп басатын туынды. Көлемі 28 жол. Әр шумағы 11 буыннан тұрады, қара өлең ұйқасы мен кезекті ұйқасқа құрылған. Шығармада ақын қоршаған ортаға сыни көзқарасын білдіре отырып, замана көшіне ілесу үшін айналасындағыларды қамшылай түседі. Ақын жел сөзге құмар бозба-

ланың, дорбасы алдына түскен қарияның, қайырсыз байдың, қайырымсыз жақсы-жайсаңдардың, шен-шекпенге мастанған оқымыстының қатарында болмауға шақырады.

*С.Итегулова*

«ҚАЗАҚ САЛТЫ» – танымдық мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Мақалада қазақтың ертеректегі кәсібі мал шаруашылығы болғаны, салт-дәстүрі де соған орайластырылғаны айтылады. Орыстарға бағынып, отаршылық қамытын кигеннен соң қазақтардың көпшілігі жерлерінен айырылып, жартылай отырықшылыққа көше бастаған тұста бұрынғы дәстүрге де өзгеріс ене бастағаны сөз болады. «Сүйтсе де табиғатты өзіне бағындырарлық даражаға жеткен жоқ, табиғатқа құл болған күйінде қалды» деп сол кезеңдегі қазақ тұрмысынан нақты хабар береді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

«ҚАЗАҚ СӨЗІ (ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ-СЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ)» – зерттеу еңбегі. Авторы – Ө.Айтбаев. А., «Рауан» баспасынан 1997 ж. жарық көрген. Көл. 240 бет. Таралымы 1000 дана. Еңбек кіріспеден, бес тараудан («Жалпы тіл білімі мен түркологиядағы термин зерттеудің қарізі жайы», «Қазақ тілінде термин қалыптастырудың негізгі кезеңдері», «Қазақ тіліндегі қоғамдық терминдердің негізгі көздері», «Қазақ тіліндегі терминжасам мәселесі», «Терминжасамдағы аударманың орны»), қорытындыдан, қосымшадан және терминология мәселесі қарастырылған. Осы саланың жүз жылға таяу тарихы зерттеліп, оның жасалу, қалыптасу, даму жолдары сараланған. Әдеби тілдің, оның ішінде ғылым тілінің өркендеуіне септігін тигізген терминдік жүйе туралы бұрын-соңды айтылған әр алуан пікірлерді сарапқа сала отырып, автор өзіндік топшылауларын алға тартады. Термин жасау принциптеріне өзінің көзқарасын ұсынады. Терминжасамның қазіргі кейбір үлгілері де келтірілген. Сондай-ақ автордың бірінші тарауда «А.Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясын жасаушы», «А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі», «А.Байтұрсынұлы пайдаланған бірегей терминдер» атты көлемді зерттеу мақалалары жарияланған. Еңбек мектеп және жоғары оқу орындарының ұстаздары мен шәкірттеріне, ғылым салаларының терминология мәселелері қызықтыратын мамандарына, журналистер мен баспа қызметкерлеріне және жалпы жұртшылыққа арналған.

*С.Арғынғазин*

## ҚАЗАҚ СӨЗІНДЕГІ ДЫБЫСТАР ҺӘМ ОЛАРДЫҢ ХАРИФТЕРІ.

А.Байтұрсынұлы дыбыстарды естілу қалпына қарай жіктейді: дауыс (немесе айғай), үн, сыбыс, сыбыр. Әрі қарай дауыс пен үннің, сыбыр мен сыбыстың бір емес екенін ескертеді. Дауыс басым болса, олардың дауысты дыбыс екенін, үн басым болса, үнді дыбыстар екенін, сыбыр басым болса, ұяң дыбыстар екенін, ал сыбыс басым болса, қатаң дауыссыздар екенін аңғаруға болады. Әрбір дыбыстың айтылуына лайық танбалар (әріптер) реті болатынын көрсетуден бастайды: «О сөз басында келсе, алдына таяқ қойылады; бұл таяқ оқылмайды, сүйеу болу үшін қойылады», «...ұ алдында таяқ сүйеу үшін қойылады», «Ы сөздің басында жазылмайды, оның сүйеніш таяғы ғана жазылады. Таяқ жазылмаса да ы-ның барлығын көрсетеді», т.б. Әріптерді оқуға дәйекшінің ықпалын «Бұл жіңішкелік белгісі – дәйекші. Сөз алдында дәйекші тұрса, ол сөздің хәріптері жіңішке айтылады...» деген іргелі емле ұсынады. «Дыбысты айтамыз және есітеміз, әріпті жазамыз және көреміз» деген қағида Ахаңнан қалған.

*Ә.Жүнісбек*

«ҚАЗАҚСТАН» – газет. 1911 жылғы 10 наурыздан 1913 жылғы шілдеге дейін Орда қ-нда, 1913 жылғы 15 қарашадан жыл аяғына дейін Оралда шығып тұрған. Редакторы – Е.Бұйрин (1873–1933). Газеттің шығуына генерал Зейнелгабиден Тағиев (1823–1924) және Әбілқайыр ханның ұрпағы Шәңгерей Бөкеев (1847–1920) демеушілік көрсеткен. Шәңгерейдің ақыл-кеңесімен Бұйрин «Қазақстан» сөзін ресми тілге енгізген. Ғұмар Қараш (1875–1921) «Қ.», «Дұрыстық жолы» газеттері және «Мұғалім» журналын шығаруға белсенді қатысқан баспасөз жанашыры болды. А.Н.Щелкованың жеке меншік баспаханасында қазақ, орыс, татар тілдерінде басылып тұрды. «Кәсіп ету, ғылым үйренуді» мақсат етіп қойған газет беттеріндегі мақалаларда халық алдындағы адамгершілік парызды өтеу, яғни қазақ елін өнер-білімге жетелеуге қызмет ететіндігі жазылған (1911, №1, 15 қараша). Газет демокр. бағыт ұстанды. Көлемі шағын, 6 б-тік газеттің 5 саны 1911 ж., ал қалған сандары 1912–13 ж., барлығы 14–15 саны шыққан. 1913 ж. «Құрмет иесі – оқушыларымызға» деген мақаласында (№1, 27 қаңтар) көрсетілгендей, қаржы мұқтажығынан, 18 саны шыққаннан кейін жабылып қалған. Газетте Б.Қаратаев (1860–1934), Ғ.Мұсағалиев (1880–1933), С.Меңдешев (1882–1937), т.б. авторлардың мақалалары жарияланған. «Айқап» журналымен пікірталасқа барғанымен, түп мақсаттарының бір екенін түсіне білген. Негізінен отырықшылық, оқу-ағарту, өнер-білім, мәдениет, тұтынушылар кооперациясын құру мәселелерін көтерген. Газет бетінде мәдени жаңа

лықтар, сондай-ақ ғылым жетістіктеріне арналған материалдар да жарияланып тұрған. Мыс., «Нефті» (1911, №2, 1 желтоқсан) деген хабарда Үйшік (Гурьев) уезінде бай мұнай кен орнының табылғандығы жазылған. «Қ.» газеті халықтың бүкіл тіршілік болмысын, экон., әлеум. және саяси жағдайын, әдебиеті мен мәдениетін, өнері мен білімін жетілдіруді жан-жақты жазумен бірге, осы бағытта үлкен түсіндірушілік, насихат жұмыстарын жүргізді, қазақ қоғамының ілгері дамуына зор үлес қосты.

*С.Жұмағұлов*

**«ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫ»** – 2 томдық энциклопед. анықтамалық. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат қ-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша, «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2012–13 ж. жарық көрген. Әр томның көл. 616 бет. Таралымы 2000 дана.



Бұл анықтамалыққа Қазақстан жерінде дүниеге келген, осы жерде ғыл. еңбек атқарған, қазақ ғылымының басында тұрған тұлғалар, Қазақстан ҰҒА-ның академиктері мен корр. мүшелері және аса көрнекті ғалымдар, ғылым докторлары, Мемл. сыйл. лауреаттары, белгілі ғыл. мекемелердің басшылары, қазіргі замандағы ғыл. ортаға өзіндік тың жаңалығымен енген әйгілі тұлғалар, т.б. ғалымдар туралы дерек энциклопед. тәртіппен, әліпби бойынша берілген. Энциклопед. мақала әр ғалымға арналып, жеке суретімен толықтырылған. 1-томның 28–29-беттерінде А.Байтұрсынұлының өмір жолы, шығарм. жайлы мақала жарияланған. Бұл басылым Қазақстан ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдардың өмірі мен ғыл. бағыты және толымды табыстары туралы білгісі келетін көпшілік оқырманға арналған. **«ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ»** – 2 томдық энциклопедия. Бас редакторы – Б.Жақып. «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасы аясында, «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2009–10 жылдары жарық көрген. Әрқайсысының көл. 544 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл энциклопедияда ғылым салалары, ғыл.-зерт. ин-ттары мен ғыл. академиялар, жеке ғыл. салалық мекемелер, жоғары оқу орындары, ғыл. және ғыл.-техн. қоғамдар, ғыл.-тәжірибелік істермен айналысатын қорықтар мен бақтар, ғыл.-зерт. нысанына айналған ежелгі

тарихи қоныс-мекендер мен обалар, ескерткіштер, тарихи-ғыл. мәні бар әр алуан жинақтар мен кітаптар, эпик. жырлар, ғыл. табыстар мен тың жаңалықтар; Қазақстанның аса көрнекті



ғалымдары; сондай-ақ Қазақстан тарихы және әлеум.-мәдени өмір-тұрмысы мен табиғатын зерттеуге елеулі үлес қосқан шет ел ғалымдары, т.б. энциклопед. жүйемен, әліпби бойынша берілген. Энциклопедия мақалалары тиісті дәрежесінде суреттермен толықтырылған. 1-томның 201–205-беттерінде А.Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығарм. жайлы көлемді мақала және Алматы қ-ндағы мұражай-үйі, сондай-ақ 2-томда А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты (391-бет) жайында мәліметтер берілген. Бұл басылым отандық ғылымның толымды табыстары туралы білгісі келетін қалың оқырмандарға арналған.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1867–68 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕФОРМАЛАР** – Ресей патшалық өкіметі жүргізген әкімш.-басқару шаралары. Түркістан және Дала өлкелерін басқару үшін тәжірибе ретінде жүргізілген бұл реформалар Уақытша ереже деп аталды. Ресей өнеркәсібі үшін Қазақстан бай шикізат көзі және тауар өткізетін рынок болды. Қазақстанның байлығын Ресейге толық тәуелді ету үшін патша үкіметі Қазақстандағы өзінің өкімет билігін нығайтуды көздеді. Осыған байланысты қазақ даласында жүргізілген әкімш.-басқару реформалары сот, оқу-ағарту, алым-салық, жер, т.б. мәселелерді қамтыды. 19 ғ-дың 60-жылдарына дейін Қазақстанда ел басқарудың бірыңғай жүйесі болмады. Осыған сәйкес 1867 ж. Жетісу, Сырдария облыстары жаңадан құрылған Түркістан ген.-губернаторының қарауына берілді. 1868 ж. Орынбор ген.-губернаторлығына қарайтын Орал, Торғай облыстары, Батыс Сібір (Дала) ген.-губернаторлығына қарайтын Ақмола,

Семей облыстары құрылды. Облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Әкімш. бөліністер аум. принцип бойынша жүзеге асырылды. Қазақстандағы сот билігі жаңадан құрылған әскери-соттық комиссияларға, уездік судьяларға, уезд бастықтарына, обл. басқармаларға, көшпелі халық ішінде билер сотына, оңт-тегі отырықшы халық ішінде қазы сотына бөлінді. Қазақстандағы барлық жер мемлекет меншігі болып жарияланды. Патшаның хан тұқымдары мен ру ақсүйектеріне сыйлаған жерлері жеке меншік болып танылды. Жерді мемлекет меншігі деп жариялау оны керегінде қазақ халқынан тартып алуға «заңды» негіз болды. Адамдардың тұрмыстық жағдайы ескерілмей, салық жинаудың тепе-теңдік жүйесі енгізілді. Жаңа әкімш. бөліктер жайылымдардың ғасырлар бойы қалыптасқан тәртібіне сай келмеді. Бір рудың жайлауы мен қыстауы көбінесе екі бөлікке бөлініп қалды. Осыған байланысты реформаға қарсы 1868 ж. Торғай және Орал облыстары, 1869 ж. Маңғыстау қазақтары көтеріліс жасады. Бірақ бұл көтерілістер күшпен басылды. 1867–68 жылдардағы реформалар оқу-ағарту, мед. көмек, дін мәселелерін де қамтыды. Бұл реформалар тәжірибе жасау мақсатында екі жылға уақытша енгізілген болатын. Алайда, ол жиырма жылдан астам уақытқа созылып, 1886 ж. 2 маусымда Түркістан өлкесін басқару жөніндегі Ереже, ал 1891 ж. 21 наурызда Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ереже (Дала ережесі) қабылданды. Бұл мәселелер А.Байтұрсынұлының «Закон жобасының баяндамасы», «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение», «1891 жылы 25 мартта шыққан степной положение, яғни осы күнгі положение», т.б. мақалаларында жан-жақты қарастырылды.

**«ҚАЗАҚСТАНДА СЯСИ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** – ғыл.-зерт. еңбек. С.Сапановтың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 1995 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Қ.Байзақова. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 2 тараудан («Саяси сананың теориялық, әдістемелік және саяси зерттеу бағдарлары», «Қазақстандағы Саяси тәртіп және саяси сана»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. 1-тарауда саяси сананың құрылымы мен қызметі және Қазақстандағы қалыптасу ерекшеліктері баяндалған. 2-тарауда 1917 жылдан кейінгі Қазақстанда орнаған саяси тәртіптің әлеум.-саяси негіздері, Қазақстан Республикасындағы 1991 жылдан кейінгі саяси жүйе және саяси сана типологиясы қарастырылған. Еңбекте алаш қайраткерлері – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулагов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, М.Шоқай, М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, М.Сералин, т.б.

ұлттық сананы оятушы-күрескерлер ретінде атап өтілген. Көлемі 134 бет.

**«ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРАЛАРЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШИРЕГІ)»** – оқу құралы. Авторы – Л.Хасанаева. ҚазҰУ ұсынған. А., «Қазақ университеті» баспасынан 2009 ж. жарық көрген. Көл. 123 бет. Таралымы 500 дана. Оқу құралы алғы сөзден, үш тараудан («Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясаты және оған ұлт зиялыларының наразылығы», «Ақпан революциясынан кейін Қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру мәселесі», «Қазақстанда кеңестік биліктің орнауы және ұлттық мемлекеттілік мәселесі»), қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Кітапта 20 ғ-дың басындағы саяси элитаның ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту барысындағы идеялық күресі, сондай-ақ А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялыларының еңбектеріндегі «Ұлттық идея» мәселесі, олардың саяси-құқықтық идеялары, қазақ жерінің тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған қызметі, ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру әрекеттері, ұлттық идея жолындағы күресі, т.б. қарастырылған.

*С.Арғынғазин*

**«ҚАЗАҚСТАН ДӘУІРІНІҢ ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМЫ»** – мақала. «Еңбекші Қазақ» газетінің 1926 жылғы 12–13 қазандағы 225-, 226-сандарында жарық көрген. Ғалымның ертеректе баспа бетін көрген жинақтарына бұл еңбек енген. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Рысбек Сарғожин бұл мақаланы бүгінгі әліпбиге түсіріп, 1993 жылғы қазан айында «Егемен Қазақстан» газетінің 217-, 218-сандарында жариялаған. 2013 ж. Алматы қ-ндағы «Ел-шежіре» баспасынан тасқа басылған Байтұрсынұлының 6 томдық шығ. жинағына енгізілген. Мақалада автор Алаш арыстарының қазақ елін қайтсек көркейтп, өркендетеміз, қайткен күнде ынтымағы жарасқан, өзге жұрттан бағы асқан дәулетті ел қатарына қосамыз деген арман-ниеттерін талдай отырып, жалпы жұртшылыққа үндеу тастайды.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 6-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**ҚАЗАҚСТАНДЫ ЗЕРТТЕУ ҚОҒАМЫ**, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы (1920–25) – қоғамдық-ғыл. мекеме. 1920 ж. 5 қазанда құрылған. Бастапқы кезде тарих-археология, этнография және жаратылыстану-география, кейін экономика, агрономия бөлімдері жұмыс істеді. Қ. з. к. бөлімдері Орал, Петропавл, Көкшетау, т.б. қ-ларда ұйымдастырылды. 1921 жылдың 7 ақпанындағы Қазақ АКСР ОАК декреті бойынша, Қазақстандағы барлық ғыл. қоғамдар Халық ағарту комиссариатының ғыл. бөліміне енгізілді.

1922 ж. бұл қоғам комиссариаттың Академ. орт. алкасы және Орт. өлкелік мұражай кеңесіне қосылды. Қ. з. к. обл. және губ. партия к-ттері жанындағы партия тарихы мекемелерімен бірігіп, қазақ халқының тарихын және этнографиясын зерттеді. 1920-жылдары А.Байтұрсынұлы осы қоғамның ұйымдастырылуына, жұмысына тікелей ат салысты.

*Д.Жарылгасын*

**«ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫ: XX ҒА-СЫР»** – анықтамалық. Құрастырушылар – Е.Дүйсенбайұлы, А.Естен, Қ.Омарұлы, М.Есламғалиұлы, Қ.Жұмашева. ҚР Ақпарат мин-нің бағдарламасы бойынша, «Ана тілі» баспасынан 2004 ж. жарық көрген. Көл. 392 бет. Таралымы 2000 дана. Кітапқа жазушылар мен ақындар, драматургтер, аудармашылар, сыншылар мен әдебиет зерттеушілері жайлы қысқаша өмірбаяндық және шығарм. мәліметтер жинақталған. Мақалалар энциклопед. жүйемен, әліпби бойынша берілген. Кітаптың 70-бетінде А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығарм. жолы баяндалған. Анықтамалық әдебиет зерттеушілеріне, жоғары оқу орындары оқытушылары мен студенттеріне, мектеп мұғалімдері мен оқушыларына, кітапханашыларға, сондай-ақ жалпы оқырмандарға арналған.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚСТАН ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ ҚАБЫЛДАҒАН «ЖАППАЙ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН АҚТАУ» ТУРАЛЫ ЗАҢ.** 1993 ж. 14 сәуірде Қазақстан Жоғ. Кеңесі қабылдаған «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы Заң (№2200). Онда жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіру, қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, олар шеккен моральдық және материалдық залалды өтеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ бұрынғы КСРО аумағында саяси қуғын-сүргінге ұшырап, қазіргі уақытта Қазақстанның азаматы болып табылатын адамдардың бәріне ортақ екендігі бұл заңда анық көрсетілді. Заңның 5-бабында «Бүкілрәсейлік Төтенше Комиссия, Саяси бас басқарма – Айрықша Саяси бас басқарма, Ішкі істер халық комиссариаты басқармасы – Ішкі істер халық комиссариаты, Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі, Ішкі істер министрлігі, прокуратура және оның алқалары, «айрықша кеңестер», «екілік», «үштік», сот қызметін жүзеге асыратын басқа да органдар шешімдері бойынша қылмыстық жазаға тартылғандардың барлығы ақталуға жатады» делінді. Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 ж. 2 маусымда А.Байтұрсынұлы 43 Алаш қозғалысы қайраткерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жөнелтілді. КСРО Халық

комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешімімен Байтұрсынұлына «1921 ж. Орынборда контрреволюциялық ұйым құрды, ортаазиялық бандүкішілік ұйымның басшысы Валидовпен байланыста болды, 1927 ж. қазақ даласында қарулы көтеріліс даярлау әрекетіне қатысты» деген айыптар тағылып, РКФСР Қылмыстық кодексі 58-бабының 2-, 4-және 11-тармақтарына сәйкес ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырап, 1931 ж. қаңтарда 10 жылға концлагерьге, 1932 ж. 3 жылға Архангельскіге жер аударылды. 1933 ж. Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен бірге өткізуге рұқсат берілді. 1934 ж. Е.П.Пешкованың (М.Горькийдің зайыбы) көмегімен отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралды. 1937 ж. 8 қазанда қамауға алынып, 8 желтоқсанда атылды. Қазақ КСР Жоғ. сотының шешімімен 1988 ж. 4 қарашада ақталды.

*К.Айтқалиқызы*

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕСІМДЕРІН АҚТАУ ЖӨНІНДЕ ҚҰРҒАН КОМИССИЯСЫ.** 1988 ж. 4 қарашада Қазақ КСР Жоғ. сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқа мәжілісі өтіп, оған Жоғ. сот төрағасы Т.К.Айтмұхамбетов, Жоғ. сот мүшелері Қ.Т.Кенжебаев, Е.Л.Грабарник және Қазақ КСР Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов қатысты. «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан «Алашорда» қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты сот үкімі қайта қаралып, онда тергеу тарапынан өрескел бұрмалаушылық пен заңсыздықтарға жол берілгені анықталды. Қазақстан КП ОК Алаш қайраткерлерінің есімдерін ақтау туралы комиссия құрып, оны акад. Ж.Әбділдин басқарды. Комиссия құрамына Қазақстанның көрнекті ғалымдары мен жазушылары – М.Қозыбаев, М.Базарбаев, С.Байжанов, Ә.Әлімжанов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Ш.Сәтбаева, С.Қирабаев, С.Зиманов, М.Қарағаяв, Р.Сыздық, Ә.Тәжібаев, Ә.Шәріпов, Ә.Кекілбаев, Ә.Қайдар, І.Кенесбаев кірді. Комиссия жұмысының мақсаты – Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде кеңестік билікке қарсы бағытталған әрекеттердің болмағандығын анықтау болды. Аз уақыт мерзімде Қазақстан КП ОК шешімімен 1930–50 ж. заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған 33 мың азаматтың есімі ақталды. 1988 ж. 4 қарашада ақталған қазақ зиялыларының қатарында А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов болды. Қазақ КСР Жоғ. соты «Ахмет Байтұрсынұлы 1928 ж. 5 қазанда Алматыға қоныс аударып, ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰУ) сабақ берді. 1929 жылдың 2 мау-

сымында Қызылорда қаласында өткен әдебиетшілер мен тілшілердің жиналысына шақырылып, сол жерде қамауға алынып, қайтадан Алматының түрмесіне жөнелтілді. 1921 ж. Орынбор қаласында контрреволюциялық ұйым құрып, Орта Азиядағы пантүркішіл ұйымдардың басшысы Валидовпен байланыс жасағаны үшін қылмыскер деп табылды, сондай-ақ 1927 ж. Дала өлкесінде қарулы көтеріліс дайындау туралы мәселені талқылауға қатысты, сол үшін РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының 2-, 4- және 11-тармақтарына сәйкес жасаған қылмысы бойынша жазаға тартылды... Қазақ КСР Жоғ. соты Алматы обл. НКВД үштігінің 1937 жылғы 25 қарашадағы қаулысы бұзылсын және іс-қимылында қылмыстық әрекеттердің жоқтығына байланысты Ахмет Байтұрсыновқа қатысты тергеу ісі тоқтатылсын» деген анықтама берді. Алаш ардагерлерін ақтау туралы үкімет қаулысы шыққан бойда академиктер Қайдар мен Сыздық «Социалистік Қазақстан», кейін «Қазақ әдебиеті» газеттеріне мақала жариялады. Байтұрсынұлы ақталысымен Тіл білімі ин-ты Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор қ-ларындағы мұрағат, кітапханалардан Байтұрсынұлының еңбектерін жинақтап, «Тіл тағылымы» (1992, жалпы редакциясын басқарған Сыздық) атты жинақ шығарды.

*Әдеб.: Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В 3-х т. – А.: ОФ «Дегдар», 2016; www.zhebe.com/index.php/o-am/item/1137-arystaraktal-an-k-n.html (қаралған күні: 17.10.2017).*

*К.Саркенова*

**«ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ»** – ғыл.-пед. журнал. 1925–33 ж. «Жаңа мектеп», 1933–38 ж. «Ауыл мұғалімі», 1939–41 ж. және 1946–59 ж. «Халық мұғалімі» деп аталды. 1960 жылдан – «Қ. м.». Кезінде А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Б.Сүлеев, С.Сейфуллин алқа мүшелері, ал Е.Омаров, С.Сәдуақасов, М.Дулатов, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ә.Бөкейхан мақала жазып, журнал жұмысына белсене араласқан. 1925 ж. Байтұрсынұлының «Жаңа мектепті шығару керек болды», «Баулу мектебі», 1926 ж. «Түрікшелер құрылтайы» (1926 ж. 26 ақпан – 6 наурызда өткен Түркітанушылардың баяндамасы араб әліпбиі жөнінде болған), 1927 ж. «Әліппе айтысы», «Түзетілген әріп», «Ана тілінің әдісі», «Дыбыстарды жіктеу туралы», «Жалқылау (айырыңқы әдіс)», 1928 ж. «Қай әдіс жақсы», «Жалқылаулы жалпылау әдісі» атты мақалалары «Жаңа мектеп» журналында жарияланды. «Қ. м.» мұғалімдерге, бала бақша тәрбиешілеріне, оқу-ағарту қызметкерлері мен ин-т студенттеріне, ұстаздар мен ғалымдарға және ата-аналарға арналған. Оқу орындары мен мектептердің, оқушылар сарайларының, мұғалімдер үйлерінің жұмыстары

мен пед. іс-тәжірибелерін жинақтап, педагогика тарихы мен теориясына байланысты зерттеу еңбектері, оқулықтарға, көрнекі және әдістемелік құралдарға пікір, рецензиялар жарияланып тұрады. Журналдың «Бастауыш мектеп», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Отбасы және балабақша», «Информатика, физика, математика», «Русский язык и литература в казахской школе», «Қазақ тарихы», «Химия – мектепте», «Биология және салауаттылық негізі», «География және табиғат» қосымшалары 2003 жылдан жеке журналдар болып шыға бастады. «Құрмет белгісі» орденімен (1975) марапатталған.

*С.Әбішқызы*

**«ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІ. МУЗЕЙ КАЗАХСТАНА. MUSEUM OF KAZAKHSTAN»** – суретті альбом жинағы. Құрастырушы – С.Мерекеева. Ағылшын тіліне аударған – К.Боброва. А., «Алматыкітап» баспасынан 2009 ж. қазақ, орыс, ағылшын тілінде жарық көрген. Көл. 280 бет. Таралымы 3000 дана. Музейтанушы Мерекееваның құрастырған бұл кітабына республикадағы танымал музей басшыларының мақалалары енген. Жинақта музейлердің ұйымдасу, қалыптасу тарихтары баяндалып, құнды мұралары суреттермен көрсетілген. Кітаптың 174–183-беттерінде Р.Имаханбетованың «Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі» мақаласы берілген. Онда музей тарихы баяндалып, 13 фотосурет көрсетілген. Жинақтағы фотосуреттер музей қорынан алынған және Р.Бобровтың фотосуреттері пайдаланылған. Танымдық-насихат мақсатында құрастырылып, үш тілге аударылған бұл альбом-кітап мектеп және жоғары оқу орындарының оқытушы-студенттеріне, магистранттарына, тарихшы-этнограф ғалымдарға және ұлттық руханият әлеміне қызығатын барша қауымға арналған.

*Н.Хасенова*

**«ҚАЗАҚСТАН МҰҒАЛІМІ»** – апталық газет. Бастауыш және орта мектептердің мұғалімдері мен пед. жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Алғашқы нөмірі Қазақстан Халық ағарту комиссариатының органы ретінде 1935 жылғы 20 наурызда «Төте оқу» деген атпен жарық көрді. Газеттің алға қойған мақсаты мектептерге, мұғалімдерге, өз беттерінше сауат ашушы адамдарға іс жүзінде көмек беру болды. Әсіресе, оқу ісін ұйымдастыруда оқу-әдістемелік материалдарды жариялап, ауыл мектебінің хал-ахуалына ерекше назар аударды. 1939 жылдан «Сауатты болуға көмекші», латыншадан орыс графикасына көшуге байланысты 1940 жылдан «Жаңа жазу» деген атпен шықты. 1952 жылдың қараша айынан қазіргі атымен шығып келеді.

*М.Сермағамбетов*

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙ-ПІКІР ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** – зерттеу еңбек. Авторы – С.Өзбекұлы. А., «Білім» баспасынан 2004 ж. жарық көрген. Көл. 120 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл зерттеуде Күлтегін ескерткішіне тасқа қашалып жазылған мемлекетті нығайту идеялары, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Абылай хан және Бұқар жырау, Махамбет, С.Бабажанов, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Сейдалин, А.Теміров, А.Бірімжанов сынды қазақ ойшылдарының ұлттық прогресс, әділ сот, билік жүргізу мәселелеріне байланысты ұлағатты ой-пікірлері бүгінгі күннің мәселелерімен тығыз байланыста зерттеліп, мемл.-құқықтық дамудың болашақтағы сапалы көріністеріне рухани жағынан әсер ететіні нақтылы айқындалған. Кітаптың 77–87-беттерінде автордың «Ахмет Байтұрсынұвтың құқықтық-демократиялық мемлекет принциптері туралы» атты көлемді ғыл. мақаласы берілген.

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ. 1920–1946: ӨМІРБАЯНДЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ»** – анықтамалық кітап. Құрастырушылар – М.Жақыпов, А.Зұлқашева, А.Ипмағамбетова (жауапты), Е.В.Чиликова. Анықтамалықты қазақ тіліне аударған – З.Ижанов. ҚР Президенті мұрағатының Ғыл. кеңесі ұсынған. А., Қазақ гуманитар.-заң ун-ті 2004 ж. жарыққа шығарған. Көл. 499 бет. Таралымы 3000 дана. Анықтамалық 1920 жылдың қазанынан 1946 жылдың наурызына дейінгі Қазақстан үкіметі мен халық комиссариаттары басшыларының өмірбаяндарымен (кітапта олар 402), сондай-ақ Қазақ КСР басқару органдарының құрылымымен таныстырады. Анықтамалық мұрағаттық материалдар негізінде дайындалған, фотосуреттермен безендірілген. Кітаптың 96–97-беттерінде А.Байтұрсынұлының өмірбаяны беріліп, онда оның 1920 жылдың қазанынан 1921 жылдың қазанына дейін Қазақ АКСР халық ағарту комиссары, 1921 жылдың қазанынан 1922 жылдың маусымына дейін Қазақ АКСР халық ағарту комиссарының орынбасары, Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академ. орт-тың төрағасы болғандығы көрсетілген. Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, студенттерге, оқушы жастар мен жалпы оқырман қауымға арналған.

**«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ»** – энциклопед. анықтамалық. ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт мин. «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасының кітап сериялары бойынша шығарылған. Бас сарапшылар – Б.Аяған, М.Қойгелдиев. А., «Аруна LTD» ЖШС баспасынан 2006 ж. жарық көрген. Көл. 768 бет. Таралымы 5000 дана. Бұл анықтамалықта ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан

тарихына қатысты мақалалар жинақталған. Кітапта Қазақстан аум-ндағы ірі тайпалар, тайпалық одақтар, мемлекеттер мен олардың өзге елдермен саяси қарым-қатынасы, онда өткен үлкендікішілі саяси оқиғалар баяндалған. Қазақстан тарихындағы тұлғалар – мемл. билеушілер мен мемлекет және қоғам қайраткерлеріне де үлкен мән берілген. Сонымен қатар, Қазақстан тарихынан хабар беретін ескерткіштер, Қазақстан тарихына қатысты маңызды жазба деректер мен олардың авторлары, тарихқа қатысты кейбір жиі пайдаланылатын терминдер, тарихи дәуірлер қарастырылған. Мақалалар энциклопед. тәртіппен, әліпби бойынша берілген. Кітаптың 111 – 113-беттерінде А.Байтұрсынұлының өмір жолы, шығарм. баяндалып, «Байтұрсынұлының В.И.Ленинге хаттары» атты мақала жарияланған.

**«ҚАЗАҚСТАН» ҰЛТТЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ** – мазмұны мен пішіні жағынан бірегей 10 томдық басылым. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы осы көп томдықты 1998 жылдан



бастап қолға алған. 1998–2002 ж. шыққан 1-, 2-, 3- және 4-томдықтарға филос. ғыл. докт., проф., ҚР ҰҒА-ның акад. Ә.Нысанбаев, 2003–2007 ж. шыққан 5-, 6-, 7-, 8-, 9-, 10-томдарға тарих ғыл. докт., проф. Б.Аяған Бас редактор болды. Ұлттық энциклопедияның 1-томы 25000 дана, 2–8-томдары 20000 дана, 9-, 10-томдары 10000 дана. Көп томдықтың әрқайсысы 700 беттен астам көлемді құрайды. «Қ.» ұ. э-ның 10 томында әліпбидің «А» әрпінен бастап, «Я» әрпінің аралығындағы әріптерге қатысты энциклопед. мағлұматтар берілген. Басылымды елімізге белгілі ғалымдардың қатысуымен «Қазақ энциклопедиясының» мамандары даярлаған. 2-томның 72–77-беттерінде С.Қирабаев, Р.Сыздықова, М.Қойгелдиевтің «Байтұрсынұв Ахмет» атты көлемді мақаласы, сондай-ақ Ж.Сүлейменнің «Байтұрсынұвтың В.И.Ленинге хаттары» және Алматы қ-ндағы «Байтұрсынұвтың мұражай-үйі» мақалалары, сондай-ақ басылымның басқа томдарында Ахметтің қоғам-



дық-саяси, ағартушылық, т.б. қызметтерін айшықтайтын мақалалар молынан жарияланған. Томдықтарды қолына алған әрбір оқырманға өздерін қызықтырған тақырыптар бойынша мағлұматтар алуына толық мүмкіндік бар.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІ** – Қазақстан Республикасының атаулы мерекесі. 2017 жылғы 31 қазанда ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» №689 қаулыға қол қойды. Осы қаулыға орай Қ. х. т. к. 5 қыркүйекте тойланатын болды. 5 қыркүйектің белгіленуінде өзіндік себеп бар. Өйткені бұл күн – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Сол себепті де қазақ әліпбиінің негізін қалаған ғалымның туған күні – Тіл мерекесі болып жарияланды.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ҚАЗАҚ СЪЕЗДЕРІ: ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРІ, ШЕШІМДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ Орындалуы (1917–1919 ж.). ТАРИХИ ТАЛДАУ»** – ғыл.-зерт. еңбек, К.Илиясованың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 1999 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – М.Қойгелдиев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан («Россия монархиясының құлатылуы және қазақ съездерін шақыру қажеттілігі», «Облыстық, уездік және болыстық қазақ съездері», «Бүкілресейлік құрылтай жиналысы қарсаңындағы Қазақстан және жалпы қазақ съездері»), қорытындыдан, пайдаланылған деректер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – 1917–19 ж. аралығында әр түрлі деңгейде (болыстық, уездік, обл. және жалпықазақ) өткен қазақ съездерін шақыру қажеттілігін, оған жасалған даярлық жұмыстарын, күн тәртібін, қабылданған қаулы-қарарларын және олардың орындалу деңгейін анықтау арқылы қазақ қоғамындағы саяси белсенділіктің артуын баяндау. Еңбекте А.Байтұрсынұлының 1917 ж. 1–8 сәуірде Орынборда өткен Торғай обл. казактарының съезі мен 1917 жылдың шілде – желтоқсан айларында Орынборда өткен 1, 2-жалпы қазақ съездерін ұйымдастырушылық, қайраткерлік қызметі баяндалған. Көл. 187 бет.

*С.Арғынғазин*

**«ҚАЗАҚТАР. 2-ТОМ»** – көптомдық анықтамалық. Құрастырушылар – Р.Арын, Ф.Келімбетова, Е.Қарин, Н.Маханов, А.Оразбаева, А.Төлеғұлов, А.Шоманов. А., Қазақстан даму ин-ты 1998 ж. жарыққа шығарған. Көл. 534 бет. Таралымы 3000 дана. Көпшілікке арналған тоғыз томдық

анықтамалықтың «Тарихи тұлғалар» атты екінші томы қазақ халқының тарихында айшықты із қалдырған атақты тұлғалардың қысқаша өмірбаяндарынан тұрады. Кітап сақ дәуіріндегі аты аңызға айналған есімдерден бастап, дүниеден өткен арыс азаматтарына дейінгі аралықты қамтыған. Кітаптың 146–148-беттерінде А.Байтұрсынұлы жайлы мәліметтер берілген.

*С.Хасенов*

**«ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚАҒИДАТТАРЫ»** – монограф. еңбек. Авторы – Ш.Құрманбайұлы. ҚР-ның Мәдениет, ақпарат және спорт мин-нің бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Сөздік – Словарь» баспасынан 2004 ж. жарық көрген. Көл. 208 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап кіріспеден, «Тіл саясаты және терминкор қалыптастыру мәселесі», «Қазақ терминологиясының «Байтұрсынұлов кезеңіндегі даму бағыты (1910–1930 жылдар)», «Қазақ терминологиясындағы жалпыкеңестік терминкор қалыптастыру бағыты (1930–1990 жылдар)», «Тәуелсіз Қазақстан және терминология дамуының бағытын белгілеу мәселесі (90-жылдардан бергі кезең)» атты төрт тараудан және пайдаланылған әдебиеттерден тұрады. Монографияда қазақ терминологиясы дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі басшылыққа алынған принциптер тілдік және тілден тыс факторлармен тікелей байланыста қарастырылған. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Бәйішев, Ә.Қайдар жасаған қағидаттар салыстырыла талданып, солардың негізінде зерттеуші тарапынан қазақ терминологиясы алдағы уақытта қандай ғыл. қағидаттарды басшылыққа ала отырып дамуы қажет екендігі көрсетілген. Еңбекте сондай-ақ автордың «Қазақ терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының ұстанған қағидаттары» атты көлемді зерттеу мақаласы берілген. Кітап тіл мамандарына, арнаулы сала мамандарына, жоғары оқу орындарының филология ф-ттерінің студенттеріне, термин және терминология мәселелері қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

**«ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ: ЗЕРТТЕУЛЕР, Оқулық, сөздік, библиография»** – кітап. Авторы – Ш.Құрманбайлы. ҚР Мәдениет мин. Тіл к-тінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. А., «Сардар» баспасынан 2014 ж. жарық көрген. Көл. 928 бет. Таралымы 4000 дана. Бұл кітапқа ғалымның «Қазақ лексикасының терминденуі», «Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты», «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары», «Алаш және терминтану. XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының

дамуы (1910–1930 жылдар)», «Терминтанушы құралы. Оқулық сөздік», «Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші», «Жаңа атаулар мен қолданыстар 1-кітап» атты монографиялары, зерттеу еңбектері енгізілген. Бұл еңбектерде қазақ тіліндегі терминденуші лексика көздері, жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминдену ерекшеліктері, терминдердің түрлері, сөздердің терминдену барысында болатын мағыналық құрылысындағы өзгерістер, жалпы лексик. өріс пен терминолог. өрістер арасындағы өзара байланыс мәселелері, өткен ғасырдағы қазақ терминологиясының дамуы, қазақ терминологиясы дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі басшылыққа алынған принциптер тілдік және тілден тыс факторлармен тікелей байланыста, ХХ ғ. басындағы қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы қарастырылған. Сөздік – оқулықта терминтану пәнінің негізгі ұғымдарының анықтамалары беріліп, сала ұғымдары құрылымдық тұрғыдан жүйеге түсірілген. Құралдың екінші бөлімінде терминдердің орысша-қазақша сөздігі берілген. Библиогр. көрсеткіште отандық ғалымдар тарапынан терминология мәселелері бойынша қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялар, жарық көрген монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары, ғыл. мақалалар мен газет мақалалары, рецензиялар, терминолог. сөздіктер мен жинақтар қамтылған. Соңғы еңбекте соңғы 20 жылдай уақыт көлемінде жасалып қалыптасқан атаулар мен қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар 2008–11 жылдар аралығындағы мерзімді баспасөз беттерінен жинақталып, мысалдарымен берілген. Сондай-ақ кітапта автор А.Байтұрсынұлының қазақ ғыл. терминологиясын қалыптастырудағы рөлін көрсетуге байланысты тың тұжырымдар жасаған. Байтұрсынұлы жасаған терминологияны дамыту қағидаттары (принциптер) салыстырыла зерттеліп, оның терминжасам тәжірибесі жан-жақты талданған.

*С.Аргынгазин*

**«ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ»** – А.Байтұрсынұлының мақаласы. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 43-нөмірінде жарияланған. Автор Абай өлеңдерімен 1903 ж. Мүрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан. Абайдың ұлылығы мен кеменгерлігі «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда біз білетін ақын болған жоқ» деп бағалана келе, тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетик. сипаттары дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырмандарының алдына тартылды. Мақала Абай поэзиясы табиғатының қыр-сырын түгел ашып бермегенімен, автор Абайтану ғылымында сала-сала болып зерттелген басты ерекшеліктерін тап басып танып, нақты пікір білдірген. Біріншіден, Абай өлеңдерінің

жаңаша леппен, өзгеше өрнекпен құрылғанына назар аударып, реалистік және жаңашылдық сипатының ерекшелігін айрықша атайды. «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады» деген баға алғаш айтылуымен ғана емес, ғыл.-зерттеушілік тұрғыдан нақты айтылуымен де құнды. Байтұрсынұлы «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» ұғу үшін, «Сөз түзелді, халқым-ау, сен де түзел» деп Абайдың өзі айтқандай түзеліп, түсініп, үлгі ала отырып оқу қажеттігіне ерекше тоқталады. Алғаш оқыған адамға Абай өлеңдерінің ауырлау соғатын себебі ақынның кінәсі емес, «оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» деп көрсетеді. Ұлы ақынның дүниетанымдық және эстетик. көзқарасының қалыптасуында орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін сөз етеді. Мақаланың ғыл.-зерт. еңбек ретіндегі мәнін танытатын құнды жері – Абай поэтикасын тереңдеп қарастырған тұсы. Тіл білімі ғылымында алғашқы қазақ тілі оқулықтарын жазған, кейін әдебиет теориясының мәселелерінен «Әдебиет танытқыш» атты еңбек жариялаған Байтұрсынұлының білімді әдебиетші ретінде қазақ өлеңінің құрылысы мен жүйесіне жетік екенін байқалады. «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін» орыс әдебиетінің әсері арқылы ұққан Абайдың ақындық тұлғасының қалыптасуы өлеңді өнер деп бет бұрған кезеңінен басталғанын дәлелді түсіндіреді. «Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген» Абай өлеңдерін «қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер» деп бағалайды. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» аталатын өлеңін түгелдей келтіріп, ақынның поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын, өлеңге өнер туындысы ретінде қоятын талабын танытады. Абай поэтикасындағы ой шеберлігі, жаңа үлгі, өзгеше өрнек (яғни мазмұн, түр, ырғақ) пен бунағы туралы ой-тұжырымдары назар аударарлық. Себебі, бұл пікірлерінде Абай өлеңдеріне теор. тұрғыдан ғыл. талдау жасау ниетімен қоса, ақынның жаңашылдық тұлғасын таныту мақсаты да жатыр. Мақаланың «Абайды қазақ баласы түгел танып, тегіс білуі керек! Абайды қолымыздан келгенше қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетіме басып, көпке көрсетпекшіміз» деп аяқталуы да сондықтан.

*Ж. Смағұлов*

**«ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕРМЕН ҚОШТАСҚАНЫ»** – «Оқу құралына» енген шағын өлең. 35 тармақтан

## ҚАЗАҚТЫҢ

тұрады. «Мың өліп, мың тірілген» (Ж.Молдағалиев) қазақтың жаугершілік заманда туған жерата қонысынан ауа көшкен бір кезеңдегі халқуы бейнелеген. Жыр авторы көрсетілмеген. Шәкірттерді ел мен жер тарихын құрметтеуге шақырады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«ҚАЗАҚТЫҢ ӨКПЕСІ»** – мақала. «Айқап» журналының 1911 жылғы 1-санында жарық көрген. «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автор мақаласында жерге, елге иелік етпей, теңдікке қол жеткізудің мүмкін еместігін, жерге салғырт қарау кедейшіліктен арылтпайтын дерт болып жабысатынын жерлерін өзгелерге сатып жіберіп, бейшаралық күйге түскен башқұрт халқын мысал ете отырып түсіндіреді. Сонымен қатар ол мұндай күйді қазақтардың кешіп отырғанын айта келіп: «Дүниеде ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым менен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін?» деп ашына жазады. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, 5-т.

**ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ СЪЕЗИ ӨТКЕН ҮЙ** – тарихи ғимарат. Орынбор қ-ндағы Чичерин көшесінде (39-үй) орналасқан. 2010 жылғы 24 қарашада үй қабырғасына белгітақта орнатылды. 1917 жылғы 21–26 шілде аралығында Қазақтың тұңғыш съезі осы үйде өткен. Жалпы



қазақ съезінде Алаш партиясын құру туралы мәселе қаралып, шешім қабылданған. Осы жылғы 12 желтоқсанда 2-жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметі құрылып, Алаш автономиясы жарияланған. Бұл жиында А.Байтұрсынұлы белсенділердің бірі болды.

**«ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ АҚЫНЫ ТҮРМЕДЕ»** – мақала. «Речь» газетінің 1909 жылғы 19 шілдедегі нөмірінде, «Современное слово» газетінің 1909 жылғы 19 қарашадағы 682-санында, «Русские ведомости» газетінің 1909 жылғы 267-санында, «Волынь» газетінің 1909 жылғы 322-санында жарық көрген. Мақаланың авторы көрсетілмеген. Мақалада Семей губернаторы Ахмет Байтұрсынұлына «қазақтар арасында салық төлемеуге насихат жүргізді» деген айып тағып, бес айдан бері тектен текке түрмеде ұстап отырғанын жазады. Ахметтің губернатор атына жазған өтініші қараусыз әрі жауапсыз жатқаны, әрі оған ешқандай айыптың анық қойылмағаны, абақтыдан босатылмағаны жөнінде ақпарат береді.

*К.Қошым-Нозай*

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ** – қазақ тілін зерттейтін ғылым саласы. Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасып, дамуы А.Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Ғалымның атақты «Тіл-құрал» атты үш бөлімнен тұратын оқулықтарының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытуда, тіл білімінде алатын орны ерекше. «Тіл-құрал» еңбегі тек мектеп оқулықтарының негізі емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың негізі, бастамасы, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасының қалыптасуына негіз болды. Ғалым «Тіл-құрал» атты еңбегін үш бөлімге бөліп, грамматика, этимология және синтаксис деп жеке-жеке қарастырған. Осы еңбектерде Байтұрсынұлы қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Аталған еңбектер арқылы сөз тіркесі, сөйлем, бастауыш, баяндауыш, зат есім, егістік, толықтауыш, шылау, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. атаулар қалыптасып, қазіргі тіл білімінде қолданылып келеді. Демек, қазақ тіл білімінің тілдік заңдылықтары, емле-ережелері мен терминдері – бүгінгі тіл біліміміздің тұп-тамыры, негізі. Сонымен қатар ғалым 20 ғ-дың басында қолданылып келген араб графикасын жетілдіре отырып, жаңа қазақ әліпбиін жасады. Яғни Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар санын анықтап, үндестік заңын, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін айқындап көрсетті. Байтұрсынұлы ғыл. тұжырымдары қазақ грамматикасының негізін қалады.

*Ә.Қожахмет*

**«ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП, ДАМУ ЖОЛДАРЫ»** – ғыл. басылым. Авторы – О.Жұбаева. А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-тының Ғалымдар кеңесі ұсынған. А., «Дайк-Пресс» баспасынан 2011 ж. жарық көрген. Көл. 272 бет. Таралымы 500 дана. Еңбек кіріспеден, «К.Кемеңгерұлының білім-ғылымдық мұрасы және оның зерттелуі», «XX ғасыр басындағы

зерттеулердегі фонетиканың артикуляторлық-акустикалық қырларына қатысты фонологиялық пайымдаулар», «Қазақ тілінің сипаттама морфологиясы және XX ғасыр басындағы зерттеушілердің ұстанған теориялық принциптері», «Қазақша-орысша тілмаштың» құрылымдық ерекшеліктері және «Қ.Кемеңгерұлының ұстанған негізгі лексикографиялық принциптері» атты тараулардан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кітапта 20 ғ-дың басындағы қазақ тіл білімінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан Кемеңгерұлының зерттеулеріне талдау жасалып, ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі, ұлттық тіл білімі қалыптасқан кездегі және қазақ тіл білімінің жекелеген салаларының кейінгі дамуы, түрлі бағыттардың қалыптасуы туралы сөз болады. Сондай-ақ еңбекте Кемеңгерұлы мен А.Байтұрсынұлы, яғни екі ғалымның да еңбектері қазақ тілін оқытуға арналғанмен, олардың мақсаты, ұстанған позициясы, әдістемелік принциптері екі түрлі болғандығы сөз болған. Байтұрсынұлы еңбектері, негізінен қазақ мектептеріне қазақ тілін үйретуге бағытталғаны, оның оқулықтарында алдымен ереже беріліп, кейін мысалдармен пысықтау жұмыстарына көп мән берілетіндігі, еңбектерінде грамматик. ережелер бірізділікпен берілетіндігі айтылған. Сонымен қатар еңбекте Қошке мен Ахметтің ұлттық тіл білімін қалыптастырудағы рөлі жан-жақты ашып көрсетілген. Еңбек тіл білімі мәселелерімен айналысатын тіл мамандарына, филология ф-ттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

*С.Хасенов*

**«ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** – ғыл. жинақ. Құрастырушы – Ғ.Әнес. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Тіл к-тінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. А., «Абзал-Ай» баспасынан «Қазақ тіл білімінің антологиясы» ғыл. жобасы негізінде 2013 ж. жарық көрген. Көл. 640 бет. Таралымы 4000 дана. Жинақ құрастырушының алғы сөзінен, 3 бөлімнен («Тіл-құрал» кітаптары», «Әдебиет танытқыш» кітабы», «Әліппе. Емле. Әдістеме»), мақалалардан, түсініктерден және қосымшалардан тұрады. А.Байтұрсынұлы жазған ана тіліміздегі алғашқы әліппе – «Оқу құралы», қазақ тілін танытатын тұңғыш грамматик. оқулықтар – «Тіл-құрал», үлкендерге сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын «Тіл жұмсар» және сөз өнерін зерделеген «Әдебиет танытқыш» зерттеуі тілдік мұра ретінде осы ғыл. жинаққа топтастырылған. Сонымен бірге кітапқа Ахметтің төл терминология мен оқу-ағартуға, емле және әдістемеге қатысты

мақалалары да енгізілген. Араб харпіндегі түпнұсқадан қазіргі жазу үлгісіне салыстырыла ау-



дарылған бұл кітап тілші ғалымдарға және көпшілік қауымға арналған.

**«ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ВОПРОСЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ»** – жинақ. Авторы – Ө.Айтбаев. А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты, Халықар. «Қазақ тілі» қоғамы ұсынған. А., «Арыс» баспасынан 2007 ж. қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген. Көл. 624 бет. Таралымы 2000 дана. 32 бет түрлі түсті суретті жапсырма берілген. Жинақ Ө.Қайдар мен Ғ.Әнестің автордың ғыл., педагогтік және шығарм. қызметі туралы «Тілғұмыр», «Жизнь, озаренная языком» атты алғысөзімен ашылып, «Қазақ сөзі», «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы», «Основы казахской терминологии», «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс», «Ғылыми мақалалар – Научные статьи», «Қосымшалар – Приложения» атты бөлімдерге бөлінген. Жинақта қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, даму жолдары, бүгінгі мен болашағы жан-жақты сараланған. Сондай-ақ кітапта автордың «А.Байтұрсынұлы – қазақ терминологиясын жасаушы», «А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі», «А.Байтұрсынұлы пайдаланған бірегей терминдер», «Родоначалник казахской терминологии Ахмет Байтұрсынова», «Терминологическая система А.Байтұрсынова (А.Байтұрсынұлының термин жүйесі)» атты зерттеу мақалаларында А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын жасаудағы өлшеусіз рөлі жан-жақты зерделенген. Кітап түркітанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, аспиранттар мен студенттерге және жалпы көпшілік қауымға арналған.

**«ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ТАРИХЫ»** – оқу құралы. Авторы – А.Салқынбай. ҚазҰУ-дың Ғыл.

кенесі ұсынған. А., «Қазақ университеті» баспасынан 2016 ж. жарық көрген. Көл. 220 бет. Таралымы 130 дана. Кітап кіріспеден, «М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» атты зерттеуі-қазақтанудың іргетасы», «XX ғасырдағы қазақ тіл білімінің дамуындағы тарихи кезең іздері», «XX ғасыр басындағы репрессияға дейінгі Алаш зиялылары қалыптастырған қазақ тіл ғылымы», «40–60 жылдардағы жаңа жазу, жаңа саясат», «60–80 жылдардағы қазақ тіл білімінің диахрониялық-синхрониялық бағыты» атты бес тараудан тұрады. Бұл оқу құралы – қазақ тіл білімінің тарихына қатысты жазылған алғашқы туынды. Мұнда қазақ тіл білімінің тарихи қайнары М.Қашқари сөздігінен басталып, 20 ғ-да қалыптасып дамыған қазақ тіл білімінің тарихы жүйеленген, негізгі ғыл. еңбектер сараланып, қазақ тіл білімін қалыптастырудағы орны мен маңызы көрсетілген. Оқу құралында 20 ғ-дағы зерттеушілер еңбектері мен сәйкестендірілген тапсырмалар беріліп, студенттердің өзіндік жұмыс жасауына, ойжасампаздықпен ғыл. ізденіс жүргізуіне мүмкіндік туғызылған. Кітапта қазақ тіл білімінің жүйелі де нақты зерттелуі 20 ғ-да А.Байтұрсынұлы еңбектерінен басталғаны айтылып, қазақ тіл білімінің көшбасшысы Ахметтің ғыл. мұраларын талдаған «Ахмет Байтұрсынұлы» атты көлемді тарауша берілген.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» – энциклопедия. Бас редакторы – Ө.Қайдар. Құрастырушы, жауапты редактор – А.Құдабаев. ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау мин. ұсынған. Қазақстан даму ин-ты дайындаған. А., «ІДК-ГРО» редакц.-баспа орнан 1998 ж. жарық көрген. Көл. 509 бет. Таралымы 3000 дана. Энциклопедия А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналып шығарылған. «Қазақ мәдениеті» сериясының ұлттық тілге арналған бұл энциклопед. басылымына қазақ тіл білімінің әлемдік деңгейде, жалпы түркітану саласында алатын орнын анықтайтын ұғымдар мен терминдер және қазақ тілінің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар жайлы өмірбаяндық мақалалар енген. Осы еңбектің жарық көруіне Халықар. қазақ тілі қоғамының қызметкерлері, А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты, ҚазҰУ, ҚазҰПУ, ҚазМҚПУ және т.б. жоғары оқу орындарының тілші-ғалымдары атсалысқан. Кітапта Б.Әбілқасымұлының Байтұрсынұлы жайлы мақаласы (56–58-беттер) және Н.Уәлиұлының «Байтұрсынұлы әліпбиі» атты мақаласы (58–59-беттер), сондай-ақ Ахметтің оқулықтарының («Тіл-құрал», 1925; «Тіл жұмсар», 1929; «Әліпби. Жаңа құрал», 1928; «Оқу құралы», 1912) сыртқы мұқабалары, 1923–31 ж. А.В.Луначарскийдің жауапты редакторлығымен шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» 1-томындағы «Байтұрсын-

ұлы әліпбиінің» кестесі берілген. Энциклопедия ғалымдарға, аспиранттарға, студенттерге, сонымен қатар тіл туралы мол мағлұмат алғысы келетін қалың көпшілікке арналған.

*С.Аргынгазин*

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫ АРТИКУЛЯЦИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.** А.Байтұрсынұлы ұсынған дыбыстардың жіктелім белгілері нақты болып келеді. Ғалым дыбыс белгілерін бірінен-бірін туындатып отырады: «Басқаша айтқанда, алдымен бас белгі (дауысты-дауыссыз) анықталады. Сонан соң бас белгінің ішіндегі орта белгі (дауыс қатысы) анықталады. Өрі қарай орта белгінің ішіндегі орташа белгі (жасалу орны) табылады. Ең соңында орташа белгінің ішінен кіші белгі (жасалу тәсілі) шығады» дейді. Байтұрсынұлы: «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты. Дауысты дыбыстар: А, О, Ү, Ы, Е. Дауыссыз дыбыстар: Б, П, Т, Ж, Ш, Д, Р, З, С, Ғ, К, Қ, Г, Ң, Л, М, Н. Жарты дауысты дыбыстар: шолақ У, Й» деп көрсетеді. Дауыстылардың «...жіңішке айтылатын орнын айыратын белгіге дәйектіні аламыз» дейді. Сонда жоғарыдағы дауыссыздардың қатарына Ә, І, Ү, Ө келіп қосылады. Байтұрсынұлы саралап берген қазақ тілінің дыбыс құрамы қазіргі төл дыбыстарымызды дәл санамалап берудің үлгісі болды. Бүгінгі зерттеушілер арасындағы «қазақ тілінде қанша дауысты бар, қанша дауыссыз бар» деген пікірталасқа да төреші ретінде қабылдауға болады. Егер қазақ тілінің төл дыбыстарын сөз ететін болсақ, онда олардың дәл құрамы осы жерден табылып тұр. Мәселенің зерттелу жайын шолып қарағанда дауыстылар арасында Ә, І, Ү дыбыстарының жасалуына қатысты ортақ пікір жоқ екенін көреміз. Ал дауыссыздар арасында Қ, К, Ғ, Г, Ң дыбыстары көп ұшырасады. Дәстүрлі фонетикамызда жоғарыдағы дауыстылар тіл алды болып жіктеліп жүр. Ал «Қазақ грамматикасында» олардың бәрі тіл ортасы дауыстылардың қатарына жатқызылған: Ә дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасқан. Тілдің қатысына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады. Өзге дауыстылардың да дәл осындай анықтамасы бар. Егер дәстүрлі анықтама құлақпен естіп, шамалау арқылы берілген болса, «Грамматикадағы» анықтама рентген таңбаға (рентгенограмма) сүйеніп айтылған. Проф. М.Исаев «Гласные казахского языка также дифференцируются по ряду. Различаются гласный переднего ряда е, переднего отодвинутого ряда і, ү, ә, ө ...» деп, соңғы төрт дауыстының тілалды қатарына жатпайтынын, олардың жасалу орны кейін шегініп жатқандығын дәлелдеп шыққан. Ендеше ғалым дауыстыларды тіл ортасына жатқызу-жатқызуға мәселесіне келгенде «Грамматика» авторларымен ортақ

пікірде. Дауыстылардың фонетик. құрамына байланысты пікір қайшылықтары бар. Е, О, Ө дауыстылары монофтонг қатарында сипатталады. Кей жағдайларда олардың күрделі дыбыс екендіктері аталады: «е фонемасының алдынан әнтек й дыбысы, о фонемасының алдынан әнтек ү дыбысы, ө фонемасының алдынан әнтек ү дыбысы қосақталып тұр». Зерттеушілер бұл дауыстылардың таза біркелкі айтылмайтынын анықтап отыр. Бұл көңіл бөлерлік мәлімет. Жалпы, түркологияда қалыптасқан пікірлер әркілі болып келеді. Проф. Л.С.Левитская «В каракалпакском языке степень дифтонгизации начальных е, о, ө настолько велика, что ie, yo, үө акустически воспринимаются как йе, м>о, м>ө и интерпретируются многими исследователями как бифонемные сочетания» дейді. Егер қазақ тілі мен каракалпак тілінің өзара туыстығын ескерсек, онда бұл пікірге қосылуға тура келеді. Алайда бұл фонетик. құбылысты ғалымдар сөздің басындағы позицияда кездеседі деп түсіндіреді. Ал дауысыздан кейін, яғни сөз ортасында дифтонг немесе дифтонгоид қасиеті жойылып кетеді деп есептеледі. Аталған дауысты дыбыстардың сөздің барлық шебінде (позициясында) дифтонг белгісін сақтайды деген екінші пікір бар. Біз е дауысты дыбысын инструментал әдіспен зерттей келіп, мынадай қорытынды жасадық: «Гласный является дифтонгоидным. Начальный ы-образный элемент довольно длителен – около 30-40% общей длины гласного. Дифтонгоидный характер е ослабевает, но все же не исчезает, если гласному предшествует согласный». Ал «Грамматикада» болса, дауыстылар монофтонг және дифтонг болып екіге бөлінеді де, Е, О, Ө толық дифтонгтар қатарына жатқызылады. Әрі қарай дифтонг тұрғысынан жіктеледі және сипаттама беріледі. Фонетик. еңбектердегі, әсіресе оқулықтарда берілген дауысты дыбыстардың кестесінде бұл дауыстылар ашық дауыстылардың қатарына жатқызылған. Сөйтіп, дауыстыларға қатысты зерттеушілер арасындағы негізгі қайшылық монофтонг-дифтонгтардың сипаттамасына қатысты болып отыр. Дауыссыздардың ішіндегі артикуляциясы әртүрлі сипатталып жүрген дыбыстар Қ мен Ғ екен. Дәстүрлі фонетикада оның екеуі де тіларты болып жіктеледі: Қ фонемасы тілдің артқы шені таңдайдың артқы шеніне нық тиіп жабысып, сонсоң бірден ол екі мүше ажырап кетуі арқылы жасалады. Қ дауыссызының ұяң сыңары ретінде Ғ дауыссызы да тіларты болып саналады. Дауыссыздардың кестелері түгелдей осы ережеге сай жасалған. Оқулықтар да осы ережені сақтайды. Проф. С.Мырзабеков «Қ, ғ фонемаларының айтылу жолы бірдей емес. Қатаң қ шұғылға, ұяң ғ ызыңға жатады. Екеуінің жасалу

орны жуық. Айырмасы қ-ны айтқан кезде тілдің арты жұмсақ таңдайға нық тиіп, тез ажырайды да, ғ-да жуықтап, кішкене тіл дірілдеп тұрады» деп сипаттайды. Аталған дыбыстардың жасалу орны бір-біріне жуық екенін айта келіп, кішкене тілдің қатысына тоқталады. Олардың жасалу орны ретінде кішкене тілдің аталуы олардың жаңа және ақиқат сипаттамасы болып табылады. Байтұрсынұлының фонетик. мұрасын тәптіштеп зерттеп жүрген проф. М.Жүсіпов бір топ дауыссыздарды талдау үстінде Щ-Қ, Ғ-Г жайлы: «... сингармониялық бояуы (тембрі) бірдей, бірақ артикуляциялық және акустикалық көрсеткіштері бірдей емес» деп түйіндейді. Аталған дауыссыздардың сингармон. мәртебесі (немесе қызметі) тең, бірақ артикуляциясында айырма бар екенін дәл көрсетіп отыр. Жалпы, дауыссыздардың төңірегіндегі сингармонизмге қатысты пікірталас осы тұрғыдан шешілу керек сияқты. Ғалым пікірін дәстүрлі фонетикада қалыптасқан фонемдік көзқарасқа сингармонизм теориясы тұрғысынан жауап деп қабылдауға болады. Ал «Грамматика» болса, Қ, Ғ дауыссыздарын тілшік дауыссыздар тобына жатқызады: «Қ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік дауыссыз болып табылады» немесе «Ғ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік дауыссыз болып табылады». Қазақ тілінің артикуляц. базасына қарайтын болсақ, онда тіларты мен тілшік бір-бірінен алшақ жатыр. Ендеше зерттеушілер арасындағы пікір де бір жерден шықпай отыр. Байтұрсынұлының қазіргі кезде «У» таңбасымен белгіленіп жүрген дауыссыз дыбысқа берген анықтамасының маңызы зор. Ғалым бұл дыбысты дауыстылар тобына жатқызғанымен, жіктеу үстінде дауыстылардан бөліп алып, жарты дауыстылардың (шала дауысты) қатарына қосады. Дауыссызды айтқанда ауыз қуысында кедергі кездеспейтінін ескеріп қана дауысты тобына кіргізген. Ендеше бұл дыбысты таза дауысты деп отырған жоқ. Сонан соң бұл дыбыс дауыссызымен бірге «шолақ У» деп те аталады. Мінеки, осы анықтамаларына қарап, У дыбысының дауыссыз дыбыстардың қатарына жататынын аңғарамыз. Дыбыс екі тұрғыдан зерттелуі керек. Алдымен дыбыстың оңаша үлгісінің айтылуына қатысты сипаттамасы алыну керек. Сонан соң барып дыбыс сөйлеу үстінде қалай түрленеді, соның сипаттамасын беру керек. Сонда дыбыстың оңаша үлгісінің сипаттамасы оның сөйлеу үстіндегі сипаттамасын табуға негіз болады. Ендеше зерттеудің екі түрі де бір-бірімен өте тығыз байланысты екенін көреміз.

Әдеб.: Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992. 446 б.; Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. 783 б.; Джунисбе-

ков А. Гласные казахского языка. Алма-Ата, 1972. 95 с.; Исаев М.К. Динамика фонетической интерференции при формировании казахско-английского билингвизма. Алма-Ата, 1990. 98 с.; Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1975. 302 б.; Языки мира. Тюркские языки. Бишкек, 1997, 542 с.; Джунисбеков А. Заметки о фонеме е в казахском языке. В кн.: Вопросы казахской фонетики и фонологии. Алма-Ата, 1979. 248 с.; Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. Алматы, 1996. 82 б.; 10. Жүсіпов М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. Алматы, 1998. 215 б.

Ә.Жүнісбек

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРІНІҢ ИНТОНАЦИЯСЫ.** Интонацияның ғыл. тұрғыдан зерттелуін 19 ғ-дың соңынан 20 ғ-дың 40-жылдарына дейінгі және осы кезден бүгінгі күнге дейінгі аралықтарды құрайтын екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде интонацияның жалпы мәселелерін құрайтын оның тілдік нысан ретінде қаралуы, қызметі мен құрылымы алғашқы тәжірибе жағдайында зерттеле бастады. 19 ғ-дың аяғында адамның сөз ағымын экспериментті түрде зерттеу мақсатында пневматик. құрал ойлап табылды. Оның мүмкіндіктерінің шектеулі болғанына қарамастан, тіл білімінің фонетика саласында эксперименттік әдіс кеңінен қолданылды. 20 ғ-дың 30-жылдары эксперимент әдістері мен құралдарын жетілдіру әрекеттері Мәскеу мемл. ун-ті Психология ин-тының В.А.Артемов бастаған бір топ ғалымдары үшін табысты аяқталды. 1932 ж. жаңадан құрылған зертхана М.Торез атынд. Мәскеу мемл. шет тілдер пед. ин-тының басқаруына беріліп, жемісті жұмыс істеп келді. Бұл кезеңдегі ғалымдардан В.А.Богородицкий, В.И.Всеволодский-Гернгросс, А.М.Пешковский, В.А.Артемовтармен қатар С.Карцевский, Л.В.Щерба, Н.С.Трубецкой және т.б. атауға болды. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы еңбектері де осы кезде жарық көрді. Оның тіліміздің просодикасы туралы ойлары интонацияны зерттеудің алғашқы кезеңінде әр түрлі ғалымдар көтерген мәселелермен ұштасып жатты. Байтұрсынұлының «тіл (лұғат) әуезділігі», оның ішінде «сөз әуезділігі», «сөйлеу әуезділігі» деп атап, жан-жақты қарастырған құбылысын қазіргі лингвистикадағы тілдің просодикасы ұғымымен тең түсінген дұрыс. Байтұрсынұлы «сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін, сөйлеу турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдердің үндері құлаққа жағымды болып естілуін» тіл әуезділігі деп түсіндіреді. Мұндағы сөз және сөйлеу әуезділігінен тұратын тіл әуезділігі – сөз және сөйлем просодикасына (интонация) бөлінетін тілдің просодик. құрылымын білдіреді. «Бірақ сөздің де, сөйлеудің

де әуезді болуының негізгі мәнісі бар. Екеуі де дауыс ағымына қарайды. Дауыс ағымы сөз ішінде дыбыстардың тіркесуіне қарайды да, сөйлеу ішінде сөйлемдердің тіркесуіне қарайды» деген пайымдауынан ғалымның просодиканың сегментті деңгейдің үстінен келіп, «дыбыстан үлкен бірліктердің фонетикалық сипаттамасын қамтитын құбылыс» екенін инструменттік экспериментсіз-ақ түйсікпен түсіне білгені көрінеді. «Сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып, ұнамды құрылуынан болады. Сондықтан да ондай сөздердің сөйлемдері өрнекті сөйлемдер деп аталады. Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер текеметке яки кілемге салған түр сияқты болмағанымен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемдерді айтқанда, дауыс көтеріліп, төмендеп оралып, қайырылып отырады» деп, сөзден үлкен бірліктердің просодикасы интонацияның құрмалас сөйлемдегі ерекше көрінісін сипаттаған. Бұл пікірді дәлелдеп; фонетик. эксперимент материалы негізінде көрнекті түрде көрсеткен ғалым З.Базарбаева қазақ тілінің интонац. жүйесін, оны құрайтын интонац. бірліктерін анықтауда Байтұрсынұлының «екпін буыны аяғына келетін сөздерімен қазақ тілі француз тіліне ұқсас» және қазақ тіліндегі «екпін буыны сөздің бәрінде бір орнынан табылады» деген тұжырым төңірегінде құрылған теориясын басшылыққа алады. Осылай анықталған қазақ интономалары тіліміздің ерекше табиғатын, сөз әуезділігінің мағына ренктерін икемді жеткізу қабілетін толық көрсете алатын бірліктер екенін кейінгі жылдары жүргізілген интонациялық зерттеулер дәлелдеп отыр. Сонымен, Байтұрсынұлының тіліміздің просодикасының ерекшеліктерін орыс, француз тілдерімен салыстыра зерттеп, кейінгі жылдары ғана экспериментті түрде дәлелденген қазақ тілі екпін табиғатының орыс тілінен өзгешелігін сол кезде (1926) түсінгені байқалады. Кейіннен 20 ғ-дың 30-жылдарының аяғында Л.В.Щерба орыс тілі мен француз тілі просодикасының ерекшеліктерін зерттеп, олардың екпіндерінің әр түрлі екеніне эксперимент арқылы көз жеткізді. Бұл құбылыстың қазақ тілі үшін дұрыстығын экспериментті түрде дәлелдеп, оны дамытқан ғалым Ә.Жүнісбек болды. Құрмалас сөйлемдердің интонац. ерекшеліктерін зерттеуге арнаған жұмыста Байтұрсынұлының сөз әуезділігіне қатысты теориясы, сонымен бірге оның құрмалас сөйлемдерді таптастыруы да қарастырылды. Көп жылдар бойы тіл білімінде интонацияны синтаксистің құралы ретінде қарастырып келгенімен (сондықтан да болар, ол туралы деректердің көбін синтаксистік еңбектерден кездестіреміз), кейінгі кезде оның дербес құбылыс ретінде автономды

сала аясында зерттелуі қолға алынды. Қазақ тілінің екі синтагмадан тұратын косқұрамды құрмалас сөйлемдерін зерттеуге арналған жұмыста құрмалас сөйлемдердің Қ.Есенов ұсынған таптастыруы негізге алынды. Дегенмен, зерттеушілерді Байтұрсынұлының салалас құрмалас сөйлемдерге берген таптастыруы қызықтырады, себебі ғалымның таптастыру ұстанымы тек қана олардың логик. жағын емес, сондай-ақ сөйлемнің интонац. ерекшеліктерін де ескеріп алынған сияқты. Байтұрсынұлы құрмалас сөйлемдерді алдымен сыйысулы және қиысулы деп екі үлкен топқа бөледі. Ол сыйысулы сөйлемдерге «сыйысып, қосылған..., бірнеше мүшелері бірөңгей болған» құрмаластарды жатқызады, мыс., Қарабай мен Сарыбай аңға шықты, бұл сөйлемнің «қосылмай бөлек тұрғандағы түрлері мынау: Қарабай аңға шықты, Сарыбай аңға шықты» деп түсіндіреді. Ал құрмаластың қиысулы түрін салалас пен сабақтас деп бөледі. Ғалымның салалас сөйлемдерді жиылыңқы, құйылыңқы, айырыңқы, сұйылыңқы, қойылыңқы деп таптастыруы ерекше, осы күнге дейінгі таптастырулардың біріне ұқсамайды. Және олардың аттарының өзі де компоненттері арасындағы мағыналық қатынастармен қатар, айтылу интонациясын көрсетіп тұрғандай. Осы таптастырудағы сұйылыңқы және қойылыңқы сөйлемдерінің айтылу интонациясына аудиторлық талдау барысында сөйлемдердің интонациясы мен мағыналық қатынастарының арасындағы ұқсастық айқын көріне түседі. Мәселен, сұйылыңқы салалас сөйлемге келтірген «Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қаналар ұятқа» мысалының әуені, яғни айтылу интонациясы сөйлем соңына қарай сұйылыңқы болып кетеді. Аудиторларға ұсынғанымызда олар көбі интонация параметрлері жоғары мәндерінің бұл сөйлемнің алғашқы синтагмаларында шоғырланғанын, соңғы синтагмада интонацияның ұзақтығының көрсеткіштері болмаса, интенсивтілік (дауыс қаттылығы), әуен, қарқын сияқты параметрлердің кіші шамалармен берілгендігін көрсетті. Байтұрсынұлы мұндай сөйлемге «маңызды нығыз айтылған сөйлемді басқа сөйлемдер баяндап тұр» деп сипаттама береді, яғни мұнда бірінші сөйлемдегі ойдың маңызы сөйлем соңына қарай «сұйылып» кетіп тұр; осыған орай сөйлем интонациясының параметрлері де жоғары мәндерден төмендеп отыр. Мұндай сөйлемдердің компоненттері арасындағы семантик. қатынас интонация арқылы да қоюланып беріледі. Жоғарыдағы сұйылыңқы салалас құрмалас сөйлемге компоненттерінің құрылымы жағынан карама-қарсы сөйлемдер қойылыңқы деп аталған. Не өгіз өлер, не арба сынар – екеуінің бірі болар. «Мұнда алдыңғы сөйлемдерді кейінгі сөйлем қорытып тұр», яғни сөйлемнің аяғына қарай

ойдың маңыздылығы «қоюлана» түседі. Бұл сөйлемдердің де интонац. көрінісі жоғарыдағы мағынасының сипаттамаларына сай келеді: интонацияда сөздің (речь) маңызды бөліктері әрқашан интонацияның үлкен шамаларымен беріліп, қатты дауыспен, баяу қарқында айтылып отырады. Сөйлемнің алғашқы компоненттеріндегі ой мәні соңғы компонентте нақтыланып қорытылады, сондықтан аудиторлар соңғы компонент басқаларын баяуырақ және интенсивтіліктің жоғары (дауыспен) мәндерімен айтылады деп көрсетті. Жоғарыда айтылғандарды қорытатын болсақ, Байтұрсынұлының таптастыруындағы салалас сөйлемдердің интонациясы олардың семантик-синтаксистік тәсілдерімен бірге мағынаны дәл жеткізуге қызмет етіп тұр. Интонация мен мағынаны жеткізуші басқа тәсілдердің арасындағы қатынасты тек өтем заңы ғана емес, оған карама-қарсы барлық тәсілдердің бірігіп жұмыс істеу заңы да реттеп отыратыны айқындала түседі. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989; Зиндер Л.Р. Общая фонетика. М.-Л., 1974; Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі, Алматы, Ғылым, 1996, 225 б.; Щерба Л.В. Фонетика французского языка. изд. 4-е. М., 1953. 312 б.; Джунибеков А. Просодика казахского слова и сингармонизм. Алматы: Наука, 1982, 90 б.; Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ғылым, 1991. 447 б.

*А. Фазылжанова*

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТАР, ОЛАРДЫҢ ТАҢБАЛАРЫ** (дауысты таңбалар, дауыссыз таңбалар; жарты дауысты дыбыстар, қатаң дыбыстар, ұяң дыбыстар, ымыралы дыбыстар, ымыра-сыз дыбыстар). А. Байтұрсынұлы қазақ тілінде 24 дыбыс бар деп қорытынды жасайды: а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, н, л, м, н, о, ұ, у, е, и, ы. Бұлардың сыртында жіңішке айтылатын ә, ө, ү, і дыбыстары тағы бар, сонда бас-аяғы 28 дыбыс болып шығады. Бұл – қазіргі теор. фонетика тілімен айтқанда, аса жоғары ғыл. нәтиже. Қазақ тіліндегі 17 дауыссыз жуан/жіңішке болып екі түрлі айтылады, оған 9 дауысты қосылып, барлығы 43 үндесім дыбыс шығады деп, қазақ тілі дыбыстарының жалпы санын анықтап береді.

*Ә.Жүнісбек*

**«ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНЖАСАМНЫҢ ІШКІ КӨЗДЕРІ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Қ.Айсұлтанованың кандидаттық диссертациясы. ҚазҰУ-да 2003 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Г.Смағұлова. Зерттеу жұмысы кіріспеден, «Қазақ тіліндегі терминжасам жүйесі», «Қазақ тіліндегі ішкі терминжасам тәсілдері», «Қазақ тіліндегі терминжасамның басқа да мәселелері» атты 3 тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеуде қазақ тілінің терминжасау тәсілдері талданып, оның ана тілінде терминжасау мүмкіндігі барлығы нақтыланған, тілде бар терминжасау тәсілдері жүйеленіп, ғыл.-



## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ

теор. негіздері, қалыптасу, даму тарихы, тілдің ішкі терминжасам жүйесінің терминдік қоры мен жалпы тілдік қолданыстағы сөздік қорды байытудағы рөлі көрсетілген. Зерттеу жұмысында А.Байтұрсынұлының 20 ғ-дың басында қазақ терминологиясын, оның ішінде терминжасам жүйесін қалыптастырушылардың бірі ретінде қазақ тіліндегі терминдерді қалыптастыруға, жасауға, болмаса аударуға көп көңіл бөлгендігі, сондай-ақ оның «Тіл тағылымы», «Оқу құралы», «Тіл құралы» атты белгілі еңбектерінде бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, зат есім, сын есім, үстеу, сан есім, есімдік, жалғау, жұрнақ, қосымша, екпін, дыбыс т.б. көптеген терминдерді қалыптастырғаны атап өтілген. Көлемі 124 бет.

**«ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, А.Қоңырованың кандидаттық диссертациясы. Абылай хан атынд. Қазақ халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-тінде 2003 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Ө.Айтбаев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, «Қазақ тіліндегі филологиялық терминдердің жасалу көздері мен олардың қалыптасу тарихы», «Қазақ тіліндегі филологиялық терминдердің жасалу жолдары» атты 2 тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияда А.Байтұрсынұлы («Тіл-құрал» және «Әдебиет танытқыш» оқулықтарына), Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедов, Қ.Кеменгеров, С.Аманжолов, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, Н.Оралбаева, Р.Сыздық, Т.Сайрамбаевтың терминологиялық еңбектеріне теор.-әдістемелік негіз ретінде талдау жасалған. Сонымен бірге терминологияның қазіргі таңдағы қоғамдық-әлеум. қызметіне сәйкес жаңа бағыттағы зерттеулерге, терминологияның өзіне тән табиғатына көңіл бөлінген. Сондай-ақ еңбекте Байтұрсынұлы – филология терминдерін жасаудың принциптерін жасаған алғашқы ғалым ретінде ерекше аталған. Көлемі 137 бет.

*С.Арғынғазин*

**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ** – алғаш рет Алаш зиялыларының еңбектерінде көтерілген тақырып. Алашқа дейінгі дәуірде тілдің ұлтты ұйыстырудағы, тіпті ұлттың дара болмысын сақтаудағы орны, қоғамдағы маңызды қызметі жөнінде мүлде айтылмағаны аян. Алаш зиялылары 20 ғ-дың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеум. мәртебесіне ерекше мән берді. Алаш қозғалысының үні «Қазақ» газетінің ең алғашқы сандарының бірінде А.Байтұрсынұлы

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұртың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деп, ұлттық рухтың болмыстың негізі де, арқауы да тіл екендігін алғаш аңғартты. Байтұрсынұлының осы сөзіне орайлас пікірлерді Алаш зиялыларының көпшілігі білдірді. Яғни, ұлттық руханияттың өзегі ана тіл екендігін рухани-мәдени тарихымызда алғаш айтқандар алаштықтар болды. Олар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастыра отырып, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесінде оның алатын орнына да ерекше назар аударды. Сондықтан да өз ана тілінде сөйлеу, тілін білу – ұлттық іргелі мәселе екендігін Алаш зиялылары сол кезеңнің өзінде-ақ жақсы ұғынғаны олардың еңбектерінен бедерлене байқалып жүрді. Мыс.: Х.Досмұхамедовтың: «Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше сөйлесен, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып бөтенше сөйлесен, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қата. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек», М.Жұмабаевтың «Тіл – адам жанының тілмашы», Ж.Аймауытовтың «Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы» дегендері, Ғ.Қараштың «Ұлт һәм туған тіл», М.Тұрғанбаевтың «Қазақ тілін іске асыру» мақалалары, Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С.Торайғыровтың «Туған тіліме» өлеңдері – жалпы қазақ әдебиетіндегі тіл туралы жазылған ең бастапқы көркем туындылар еді.

*Е.Тілешов*

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫ,** Қ ұ р м а н ғ а з ы а т ы н д. – музыка мамандарын даярлайтын мемл. жоғары оқу орны. 1944 ж. Алматы муз.-хореография комб-ның негізінде құрылған. 1945 ж. атақты күйші Құрманғазы Сағырбаевтың есімі берілді. 1963 ж. Құрманғазы атынд. Мемл. өнер ин-ты, 1973 ж. Алматы мемл. консерваториясы болып өзгерді. 2001 жылдан қазіргі атымен аталады. Алғашқы маман ұстаздар арасында Е.Г.Брусилловский, А.Қ.Жұбанов, Л.Ә.Хамиди сынды белгілі өнер қайраткерлері болды. 1938 ж. салынған алғашқы ғимаратта консерваторияға дейін муз.-хореогр. комбинат қоныстанған. 60-жылдардың басында тағы бір оқу корпусы мен 120 тұрғын бөлмесі, 42 репетиция залы, оқу және спорт залы бар кен дәлізді жатақхана салынды. 2000 жылдың қараша айында консерваторияға қазіргі заманғы төрт қабатты ғимарат пайдалануға берілді (Абылай хан даңғылы 86). Консерватория екі оқу корпусында орналасқан. Оқу орнының студенттері мен оқытушыларына – кен оқу аудиториялары, 170 орындық Камералық зал, 236 орындық кіші Концерт залы, спорт залы, оқу залы, сынып абонемен-




ті қызмет етеді. 500 орындық Үлкен Орган залы жұмыс істейді. 8 мамандық бойынша 4 ф-т, 14 кафедра, 11 шығарм. Ұжым, күндізгі және сырттай оқу бөлімдері жұмыс істейді. «Артменеджмент», бакалавриат, және магистратура бағдарламалары бойынша оқытылады. Студенттер жапон және неміс фирмаларының ең жақсы жаңа аспаптарымен, сонымен қатар ішекті квартет үшін электронды аспаптарда дайындық жүргізеді. Консерватория түлектері еліміздің барлық шығарм. ұжымдарында (Абай атынд. мемл. академ. опера және балет театры, Күләш Байсейітова атынд. Ұлттық опера театры, президенттік, симф., үрмелі оркестрлер, камералы ансамбльдер, ұлт аспаптар оркестрлері), сонымен қатар білім мекемелерінде (Қазақ ұлттық муз. академия, Т.Жүргенов атынд. Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақ мемл. қыздар педагогика ун-ті, көптеген муз. колледждер, мектептер және т.б.) қызмет етеді. Білім ордасының түлектері сонымен қатар Ресей, Германия, Грекия, Голландия, Израиль, АҚШ, Франция, Чехия, Канада, Корея, Қытай және т.б. шет елдегі кәсіби ұжымдарда табысты еңбек етуде. Соңғы жылдары оқу ордасы 50-ден астам халықар. және 200-ден астам респ. конкурстардың лауреаттарын дайындады. Консерватория А.Байтұрсынұлының 140 жылдық мерейтойы қарсаңында жеткен жетістіктері үшін Ахмет Байтұрсынұлы атынд. орденмен марапатталған.

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ** (ҚазҰПУ), А б а й а т ы н д. – Қазақстандағы тұңғыш мемл. жоғары оқу орны.

1928 ж. Қазақ мемл. ун-ті болып ашылған. 1930 ж. Қазақ пед. ин-ты болып өзгерді. 1935 ж. оған Абай есімі берілді. Тұңғыш жоғары оқу орнының қалыптасуына А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, С.Асфендияров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұбанов, т.б. қоғам және мәдениет қайраткерлері үлес қосты. Байтұрсынұлы осы унт-ке 1928 ж. күзде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасына проф. болып қызметке қабылданды. «Еңбекші қазақ» газетіне «Қазақ университетінің ашылуы» деген құттықтауын, «Емле туралы» мақаласын жариялады. 1929 ж. 29 маусымда тұтқынға алынып, 5 шілдеде жұмыстан шығарылды. 1990 ж. оқу орны Қазақ мемл. пед. ун-ті болып аталды. 1992 ж. Алматы мемл. ун-ті болып өзгеріп, «классикалық университет» дәрежесін алды. 2000 ж. Алматы ун-ті ЖАҚ, ал 2003 ж. Қазақ ұлттық пед. ун-ті болып өзгертілді. Ун-те білім беру үш деңгейлі жүйе – бакалавриат, магистратура, PhD бойынша жүреді. Қазіргі уақытта ун-те 10 мыңнан астам студент, 600 магистрант және 70 PhD оқиды. Ун-те 130-дан астам білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады, оның ішінде 55 бакалавриат, 46 магистратура, 16 PhD мамандықтары бойынша мамандар даярланады. Ф-ттер мен ғыл.-зерт. орт-тарында ҚР ҰҒА-ның 11 академигі мен корр. мүшелері, 40-тан астам қоғамдық бірлестік академиктері, 180-нен аса ғылым докторы, 400-ге жуық ғылым кандидаттары мен доценттер жұмыс істейді. Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі қазақстандық тәуелсіз агенттік (БСКА) рейтингісінің нәтижесінде Қазақстан ЖОО-лары пед. мамандықтары бойынша 1-орынды иеленді

## ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ



(2013). 2008 жылдан ун-тті С.Ж.Пірәлиев басқарады.

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ** (ҚазҰУ), әл-Ф а р а б и а т ы н д. 1934 ж. С.М.Киров атынд. Қазақ мемл. ун-ті болып құрылған. Ун-те 1991 ж. әл-Фараби есімі берілді. 1993 ж. 9 қаңтарда өзін-өзі басқаратын автономиялы мемл.

ұлттық жоғары оқу орны мәртебесіне ие болды. 2010 жылдан ун-тті тех. ғыл. докт., проф., акад. Ғ.М.Мұтанов басқарады. Ун-те 14 ф-т, 98 кафедра, 20 ғыл.-зерт. ин-ты мен орт., технопарк қызмет атқарады: 2000-нан астам проф., доктор, ғылым канд. мен философия докторлары, 100-ден астам академия акад., 30-ға жуық ҚР-ның



еңбек сiң. қайраткерi, 30-дан астам ҚР мемл. және атаулы сыйлықтарының, сондай-ақ 40-қа жуық жас ғалымдар сыйл. иегерлерi мен 45 мемл. ғыл. стипендиялардың стипендианттары еңбек етедi. Ун-те 18 мыңнан астам бiлiмгерлер мен көпсалалы жоғары кәсiби бiлiм жүйесi бойынша магистранттар бiлiм алуда. Тәжiрибе жүргiзу, бiлiмгерлер алмасуда және заманауи халықар. бiлiм бағдарламаларын жүзеге асыруда әлемнiң ең iрi 418 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық орнатылған. Халықар. «GreatValueColleges» ұйымының қорытындысы бойынша, ҚазҰУ дүние жүзiндегi 50 техноло. дамыған ун-тер қатарына кiрiп, рейтингте 31-орынды иелендi. ТМД, Шығыс және Орт. Еуропа, сонымен бiрге Сингапур, Жапония, бүкiл Азия континентi арасындағы қазақстандық ЖОО-лардың жалғыз өкiлi. Қазiргi уақытта ун-т ТМД ун-терi арасында 3-орында, QS рейтингiсi бойынша соңғы екi жылда әлемдегi үздiк топ ун-ттер қатарында, Қазақстан ун-терi арасындағы ең үздiк болып саналады. Қазақстанның бiлiм және ғылым жүйесiнiң дамуына қосқан айрықша үлесi және жоғары бiлiктi мамандарды дайындаудағы ерен еңбегi үшiн А.Байтұрсынұлы атынд. орденмен марапатталған.

*К.Саркенова*

**ҚАЗАҚ ҰЛТШЫЛДЫҒЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ.** Түркі дәуірінен басталған елдік, халықтық мәселелер 20 ғ-дың басында жаңа ұлттық мазмұнмен толықты. Ұлтшылдық – алдыңғы қатарлы зиялы азаматтардың ұлттың құқығы мен теңдігі ескерілмеген шақта халқын сақтап қалуға бағытталған мақсатты күресі мен әрекеті. Ұлтшылдық – сақтану инстинкті, ұлттың өмір сүру иммунитетін қалыптастыратын қадам. Дүниежүз. тарих тәжірибесі мемлекеттілікпен бірге ұлтшылдық идеяны да қатар жүретіндігін көрсетті. Ұлтшылдық екі типке – империялық және табиғи деп бөлінеді. Ал түрлеріне азаматтық, саяси, әлеум., таптық, табиғи, астамшыл, мәдени ұлтшылдық, т.б. жатады. Оның ішінде қазақ ұлтшылдығын мәдени, саяси ұлтшылдыққа жатқызуға болады. Қазақ ұлтшылдығы тарихында Алаш қозғалысы қайраткерлерінің, әсіресе А.Байтұрсынұлының алар орны ерекше. Оның қайраткерлік өнегесі, шығармаш. тағылымы, саясат майданындағы қайраты, т.б. ұлтқа деген зор махаббаттың көрінісі болды. Байтұрсынұлының ұлтшылдығы – қазақ болып қалуға, қазақтың басын қосуға, ұлт болып өркендеуге, қазақтың дербес мемлекетін қалыптастыруға негізделген табиғи ұлтшылдық. Орыс отаршылдығына қарсы бағытталған әскери, мәдени күрес Ахмет заманында саяси күреске айналды. Алаш қайраткерлері қазақтың ұлттық мемлекеті орнамайынша, ұлт мәселесі толық әрі түпкілікті шешіл-

мейтіндігін терең түсінді. М.Дулатовтың: «Бізді ұлтшыл қылған – кемдікте, қорлықта жүргеніміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді» дегеніндей, қазақ ұлтшылдығын туғызған – отаршыл үкіметтің зорлықшыл тәртібі, үрейлі саясаты. Бұл саясатпен күресудің Кеңесарылар бастаған қарулы жорықтары да, ағартушылар ұстанған насихатшылдық та жеңіске жеткізбесін түсінген Алаш зиялылары жаңа жолды таңдады. Біріншіден, отаршыл үкіметтен халықтың құқығы мен теңдігін талап ету, оған қол жеткізу. Бұл – саяси жол. Екіншіден, халыққа өзінiң құқығы мен бостандығын бiлдiру, санасына сiңiру, яғни рухани-ағартушылық жол. Саяси жол 1905 ж. басталып, ал рухани-ағартушылық жолдың алғашқы талпынысы «Қырық мысал», «Оян, қазақ!» жарық көрген 1909 ж. болды. Осы кезеңнен Алаш қайраткерлері қалыптастырған Ұлы ұлтшылдық дәуір басталды. Оның нәтижесі 1917 ж. Алаш партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы, ең бастысы, Алаш автономиясының жариялануы болды. Кеңестік диктатура Алаш автономиясын мойындамай, зорлықпен таратқанымен, Алаш мұраттарына берілген Ә.Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Дулатов, М.Шоқай, Х.Досмұхамедов, т.б. абзал азаматтар өздерінің ұлтшылдық платформаларын сақтап қалды. Байтұрсынұлы кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарында жазылған «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» еңбегінде: «Қазақ баласын ұлттым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бибауырмал) болып өзгере қалмады, өзгелердей «алым-сақтан бері» коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бара алмады» деп жазды. Алаш қайраткерлері салған мәдени-рухани дәстүрді кеңес дәуірінде М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Б.Момышұлы, Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов, І.Есенберлин, М.Мағауин, т.б. жалғастырды.

*Е.Тілешов*

**ҚАЗАҚ ФОНОЛОГИЯСЫ.** А.Байтұрсынұлының негізгі фонетик. еңбектері әлемдік тілтанымда (лингвистикада) фонология теориясының туындап, тыңнан қалыптаса бастаған тұсына тура келеді. Осыған қарап ғалымның сол кездегі фонолог. еңбектерден толық хабары болды-ау деген болжам жасауға болады. Сол кездегі орыс тілтанымында фонология мен фонема теориясына қатты көңіл бөлініп, іргелі еңбектер жарық көріп жатты (Щерба, Богородицкий, т.б.). Іргедегі орыс тілтанымының жетістіктерін, олардың авторларын Байтұрсынұлының білмеуі мүмкін емес. Байтұрсынұлының фонетик. мұрасын көптен бері арнайы зерттеп келе жатқан проф. М.Жүсіпұлы «қазақ тілінің дыбыстарын АБайтұрсынұлы фонологиялық мағыналы единицаларға» бөліп жіктегенін баса айта келіп, «...қазақ тілінің

## ҚАЗАҚ ФОНОЛОГИЯ

просодиялық доминантасы деп А.Байтұрсынұлы сингармонизмді түсінген...» деуі бүгінгі зерттеушілердің берген әділ бағасы болып табылады. Бергін келе орыс тілтаным зерттеушілерінің назарына ілініп, аса жоғары бағаланған тұсы – Байтұрсынұлының фонолог. шешімдері болған. Мұның негізінде Байтұрсынұлының «Қазақ сөзі екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жінішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жінішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жінішке болады» деген қағидасы жатыр. Бұл жерде ғалым сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстардың фонолог. мәртебесін тең көріп отыр. Қазіргі қазақ (түркі) теор. фонетикасының «гармония гласных» деген жаңсақтықтан арылып келіп отырған тоқтамы да Байтұрсынұлының осы қағидасы болып табылады. Жалпы, фонетикада өз просодикасы тілдегі дыбыстарды бүтін бір сөз етіп басын құрастырып тұратын фонетик. бірлік ретінде түсіндіріледі. Бұл – қазір дау тудырмайтын анықтама. Байтұрсынұлы: «Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады» дейді. Ендеше «тілде қанша және қандай дыбыстар бар» деген өз алдына маңызды мәселе болып табылса, олар «өзара қалай байласады» деген мәселе одан да маңызды болып табылады. Байтұрсынұлы өзінің «фонологиялық» пайымдауын төмендегідей сөздермен баяндайды: «Тіл болса, оның заңы боларға керек... Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жінішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің заңы емес пе? ...Менің бұрынғы жазған сөзім хәм осы жолғы жазған сөзімдерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы». Қазақ тілінің сондай «заңы» ретінде үндесім (сингармонизм) фонологиясын алып отыр. Байтұрсынұлы: «... 19 дыбыстың әрқайсысы бірде жуан, бірде жінішке айтылады» дегенді қазақ сөзінің үндесім просодикасына сүйеніп айтқан. Содан келіп қазақ тілінде «43 түрлі дыбыс» бар деген қорытындыға келеді. Сөйтіп, қазақ фонологиясының бастау көзі Байтұрсынұлы еңбектерінде жатыр. Қазақ сөзінің просодик. бірлігі үндесім (үндестік) екенін дәлелдейтін мысалдар ғалым еңбектерінде жеткілікті. Соның бірі журналдарға қағысты талдауынан көрінеді. Ол журналдардың барлық айтылым (үндесім) нұсқаларын түгел тізіп жатпайды. Мыс., «-лық» журнағы осы топқа кіретін үндесім түрлерінің бәріне ортақ атау болып табылады. Содан әрі қарай үндесім ережесі беріледі: «Жінішке сөздерде «лық» орнына «лік», «дық» орнына «дік», «тық» орнына «тік» болып жалғасады...». Мұның өзі – фонолог. деңгейде жасалған шешім, үндесім

аллофондар тобының арасынан негізгі нұсқасын тауып, оны ортақ атау ретінде пайдаланған. Қазіргі кезде фонетика ғылымының алдында үндесім дыбыстардың қайсысына «негізгі (аллофон), қайсысын қосалқы» нұсқа деп қарау керек деген мәселе тұр. Жалпы, фонетикада тілде ең көп кездесетін түрін негізгі нұсқа ретінде қабылдайды. Әрине, үндесім құбылысына келгенде бұл ұстаным шартты амал болып табылады. Өйткені фонолог. тұрғыдан үндесім нұсқаларының барлық түрлері тең мәртебелі. Сондықтан оның бірін жоғары, енді бірін төмен қоюға болмайды. Бірақ зерттеу амалы ретінде, сондай-ақ оқу-әдістеме тұрғысынан ең көп кездесетін түрін басты нұсқа ретінде қабылдауға болады. Байтұрсынұлы үлгісі осыны көрсетеді. Қазіргі кезде «маңдайымызға жазып қойған» 42 әріптен арыла алмай келеміз. Сонда да болса, бір сәт Байтұрсынұлы еңбегіне көз жүгіртейік: «Сіздің жазған сөзіңізден байқаймын, қазақтың тілінде неше хәм нендей дыбыстар бар екен деп, неш уақытта ойланып қарамағансыз. Өзгелердің қазақ тіліндегі дыбыстар турасында жазғанын оқымағансыз. Дыбыс пен хәріп екеуін бір затқа санайсыз. Мен қазақ тіліндегі дыбыстарды айтамын, сіз арабтың хәріптерін алып келіп көрсетесіз... араб әліппесі қазаққа деп арнап шығарған әліппе емес, араб тіліне арнап шығарған, хәр халықтың тіліндегі дыбыстардың ішінде бөлектік болады. Бірінде бар дыбыс, бірінде жоқ болуға ықтимал». Қазіргі біз «дыбыс пен әріптің» басын ажырата алмай жүрміз. «Қазақтың өзіне тән дыбыстары» деп 5–6 әріпті (дыбысты емес!) бөліп алып, қалған дыбыстардың да қазаққа тән екені санаға ұяламай келеді. Мұның себебі бергін келе қалыптасып, дәстүрге айналып кеткен әліпби жүйеміз болып отыр. Ендеше әліпби ретін бір жөнге салып алу керек екендігі көпшілікке аян. Қазақ тілінің төл дыбыстарының ақиқат құрамын түгендеп, оның жүйесін анықтап алу теор. фонетика үшін де, оқу-әдістеме бағытында да аса маңызды болып табылады. Теор. фонетика үшін маңызды болатын себебі: фонолог. және фонетик. дәстүр қалыптасады; қазақ тілінің өзіндік фонетик. ерекшелігі мен бірегей табиғатын ешбір қоспасыз көрсетеді; дыбыстардың жасалым, айтылым және естілім сипаттамасы жөнге түседі; ортақ белгілердің басы ашылады; айырым теориясын қалыптастырады. Оқу-әдістеме бағытында маңызды болатын себебі: жасалым кестелер мен суреттер көрнекі құралға айналады; жазу-сызу реформасына тиянақты негіз болады; басы артық әріп-таңбалардан арылып, әліпби құрамын ықшамдауға мүмкіндік береді; өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуге фонетик. құрал болады. Қазіргі түркі фонетикасы үндесім (сингармонизм) теориясына түгелдей бет бұрды. Бұрынғыдай «гармония гласных» болып, түркі грамматикасының

бір шетіне ілініп қана тұрған жоқ. Түркі тілдерін басқа тілдерден ажыратып тұратын басты типолог. белгі ретінде іргелі зерттеулерге негіз болып отыр. *Әдеб.*: Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – А., 1998; Яковлев Н.Ф. Математическая формула построения алфавита// В кн.: Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. – М., 1970; Сухотин А.М., Юдахин К.К. О сокращении некоторых букв в ряде тюркских алфавитов// В кн.: Реформатский А.А. Из истории отечественной фонологии. – М., 1970; Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – А., 1992; Джунисбеков А. Тюркская фонология – фонология сингармонизма// В кн.: Тюркская фонетика – 90. 1 Всесоюзная конференция, 26–28 ноября. Тезисы докладов. А.-А., 1990.

Ә.Жүнісбек

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМҰРАЛАРЫ»** – мазмұндалған библиогр. көрсеткіш. Авторы – Ү.Сұбханбердина. ҚР Білім және ғылым мин., ҚР ҰҒА-ның Орт. ғыл. кітапханасы және М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. А., Орт. ғыл. кітапхана 1999 ж. жарыққа шығарған. Көл. 834 бет. Таралымы 500 дана. Көрсеткіш тұңғыш академик, Қазақстан ҰҒА-ның бірінші президенті Қ.И.Сәтбаевтың рухына бағытталған. Қазан төңкерісінен бұрынғы қазақ елінің әдебиетін, мәдениетін, тарихын, экономикасын, заң мәселелерін мазмұндайтын көрсеткіште 1870–1918 жылдар аралығында шығып тұрған: «Айқап» журналы (1911–1915), «Түркістан уәлаятының газеті» (1870–1882), «Дала уәлаятының газеті» (1888–1902), «Қазақстан» (1911–1913), «Алаш» (1916–1918), «Сарыарқа» (1917), «Бірлік туы» (1917), «Қазақ» (1913–1918) газеттері қамтылған. Кітапта 84 зиялы қайраткердің өмірбаяндары мен фотосуреттері берілген. А.Байтұрсынұлының қысқаша өмірбаяны, сондай-ақ оның «Айқап» журналында басылған мақалалары: «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы нызамдар», «Қазақ хәм төртінші дума», «Тағы да народный сот хақында», «Аз уақытта көп білу жолының басы», «Жазу тәртібі», «Шәймімән мырзаға», «Қазақ өкпесі» т.б. көптеген мақала хабарлары «А.Б.», «А.А.Б.» деген бүркеншік атымен жарық көрген. «Қазақ» газетінде жер туралы, қазақ елінің шет елдермен қарым-қатынасы, империалистік соғысқа қатысқан мемлекеттер, олардың қазақ еліне тигізген әсері туралы мақалалары басылған. А.Күнбаевтың өмірі, өскен ортасы, орыс әдебиетімен, мәдениетімен байланысы туралы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы жарияланған. Михаэлис пен С.Гросспен қарым-қатынасы туралы мәліметтер берілген. Көрсеткіш ғыл. қызметкерлерге, ЖОО-ның оқытушылары мен студенттерге, аспиранттарға, сондай-ақ Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның рухани өмірі қызықтыратын көпшілік оқырманға арналған.

С.Аргынгазин

**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1000 ӘНІ»** («1000 песни киргизского народа») – муз.-этногр. жинақ. 1925 ж. Орынбор қ-нда басылып шыққан. 1963 ж. (Мәскеуде), 2004 ж. (Алматыда) қайта басылды. 2013 ж. А.Байтұрсынұлы 6 томдық шығ. жин-ның 6-томына (Алматы) қазақ тіліне аударылып енгізілген. Оған енген халық мұраларын А.В.Затаевич 1920–24 ж. арасында жинап, нотаға түсірген. 1963 ж. екінші толықтырылған басылымына Қазақ КСР ҒА М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының ғалымдары араласып, көптеген әндердің мәтіндерін қалпына келтірген. Бірінші басылымына А.Д.Кастальский мен А.В.Затаевич алғы сөз жазса, соңғысына Б.Г.Ерзаковичтің кіріспесі қосылған. Кітап соңына қосымшалар, көрсеткіштер, ән мәтіндері, олардың аудармалары, түсініктер берілген. Кітаптағы №1 – 39 шығармалар Ақтай уезі, №40 – 237 – Ақмола, №238 – 292 – Ақтөбе, №293 – 403 – Бөкей, №404 – 533 – Қостанай, №534 – 623 – Орынбор, №624 – 787 – Семей губернияларынан, №788 – 850 – Торғай уезі, №851 – 908 – Түркістан, №909 – 1000 – Орал губ.-сынан және өнер, әдебиет, ғылым, мемл. қайраткерлерінен (146 адам) жазылып алынған. Жинақта қазақтың халық әндерімен қатар Естай, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Иманжүсіп, т.б. көптеген әйгілі ақын-композиторлардың елге танымал әндері алғаш нотаға түсірілген. Этнографтың назарынан «Қобыланды», «Көрұғлы», «Қыз Жібек», «Терме», «Терме ән», «Толғау сазы», «Жыршы әні» сияқты эпик. жанрдағы туындылар да тыс қалмаған. Этногр. сипаттағы шығармаларды топонимдер – «Атырау», «Нарындық ән», «Сарыарқа», оронимдер – «Қарагау», «Боғда», «Көкшегау», гидронимдер – «Жайық», «Еділ бойы», «Сары өзен», «Сыр дуан» деп жіктеуге болады. Сонымен қатар А.Затаевич этнонимдік сипаттағы «Аймауыт», «Найман», «Тобықты Сүлеймен», «Алтай», «Қара балық», «Қыпшақ», «Төлеңгіт», «Арғын-Қыпшақ», «Арғын руының екі әні», «Әлім», «Қожа руының екі әншісі» атты әндерге де ерекше мән берген. Қазақ ән-күйлерінің сарқылмас қазынасы саналатын «Қ. х. 1000 ә.» әлемдік маңызы бар кітап. Онымен кезінде француз жазушысы әрі музыка зерттеушісі Р.Роллан, А.М.Горький, Б.В.Асафьев, т.б. танысып, аса жоғары бағалаған. Н.Мясковский, С.Прокофьев, С.Василенко, М.Штейнберг, В.Власов, т.б. композиторлар ондағы әндерді өз шығармаларында пайдаланған. Барлығы 23 күй, 977 ән енген. Осы еңбектері арқылы Затаевич, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.А.Диваев этнографтар қатарына қосылды. Жинақта А.Байтұрсынұлының орындауында жазылып, нотаға түсірілген 30-ға тарта ән-жыр, күй-толғаулар бар. Қағазға түсірілген ноталар-

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ

дың бас жағына «А.Байтұрсынұлының орындауында» деп жазып және әннің қай өңірлерге тән екендігі көрсетіліп қойған.

*Т.Қоңыратбай, К.Қошым-Ноғай*  
**«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХИ ТҮЛГАЛАРЫ»** – анықтамалықтың 1-кітабы. Құрастырушылар – Ә.Көпіш, Г.Мұзафарова. А., «Өнер» баспасынан 2011 ж. жарық көрген. Көл. 304 бет. Таралымы 1000 дана. «Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.)» макаласымен ашылған бұл жинақ 9 тарауға («Қазақтың ғұлама ойшылдары, ағартушы-ғалымдары, қоғам қайраткерлері», «Алаш қайраткерлері», «Қазақтың көрнекті ақын-жазушылары», «Қазақтың атақты жыраулары», «Қазақтың қоғам, әскери қайраткерлері», «Қазақтың әйгілі хандары, билері», «Қазақ ғалымдары», «Қазақ діни ағартушылары», «Қазақ суретшілері, архитекторлары») бөлінген. Анықтамалықта қазақтың тарихи тұлғаларының өмірдеректері, олардың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани мұралары баспа деректерді жан-жақты жинақтап, зерделеу арқылы толық камтылған. Жинақтың 44–49-беттерінде А.Байтұрсынұлы жайлы толық мағлұмат берілген.

*С.Арғынғазин*  
**ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ИНСТИТУТЫ** – арнаулы орта оқу орны. 1919 ж. Орынборда ашылған. Алғашында Қазақ халық ағарту ин-ты деп аталып, қазақ мектептеріне мұғалімдер даярлады. 1921 ж. 140 оқушы оқыды. Оқу жоспары бойынша сабақ қазақ тілінде жүрді. Институт оқытушылары мен студенттері елде сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты. 1925 ж. Қызылорда қ-на көшірілді. 1925–28 ж. С.Сейфуллин осында сабақ берді, кейін ректоры болды. 1925–29 ж. А.Байтұрсынұлы осы ин-тта дәріс оқыды. 1928 ж. Алматыда Қазақ пед. ин-тының (қазіргі ҚазҰПУ) ашылуына байланысты жабылып, қайтадан Қ. х. а. и. (орта дәрежелі оқу орны) болды. Тәжірибелі педагогтер, республикада ағарту жұмысын ұйымдастырушы қайраткерлер – С.Мендешев, Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, М.Жолдыбаев, т.б. ин-тта дәріс берді. 30-жылдары республикада пед. және мұғалімдер ин-ттарының көбеюіне байланысты 1933 ж. 15 қазанда жабылды.  
**ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ**, А б ы л а й х а н а т ы н д. – жоғары оқу орны. 1940 ж. құрылған Алматы пед. шет тілдер ин-ты 1998 жылдан Абылай хан атынд. Қазақ халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-ті деп аталды. Ун-т жоғары оқу орындары мен мектептер үшін шет тілдер оқытушылары мен мұғалімдерін және халықар. қатынастар саласының мамандарын даярлайды. Ун-те аударма және филол., пед., менеджмент және халықар. коммуникациялар.

халықар. қатынастар, шығыстану, қосымша білім беру мен экон. және құқық ф-ттері жұмыс істейді. ЮНЕСКО, Eurasia-Pacific United, ATLAS, AMFORTH, EURHODIP, AUF, Жоғары мектеп ғыл. халықар. академиясы, Еур. тіл кенесі (ELC), ШЫҰ-ға мүше елдердің гуманист. ун-ттері консорциумы, ЕурАзЭС-ке мүше елдердің лингвист. ун-ттер консорциумы, EUPRERA (The European Public Relations Education and Research Association), The European Association for International Education (EAITE), т.б. 14 халықар. ассоциацияның мүшесі. Ун-ттің 6 мамандығы AQAS білім беру бағдарламалары халықар. агенттігі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау жөніндегі халықар. аккредитациядан өткен. Ун-т Қазақстанның білім және ғылым жүйесінің дамуына қосқан айрықша үлесі және жоғары білікті мамандарды дайындаудағы ерен еңбегі үшін А.Байтұрсынұлы атынд. орденмен марапатталған.

*К.Саркенова*  
**«ҚАЗАҚША ОҚУ ЖАЙЫНАН»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 14-санында жарық көрген. Мақаланың мәтіні «Ақ жол» (А., 1991. 252–253-беттер), «Тіл тағлымы» (А., 1992. 432–434-беттер), «Қазақ прозасы» (497–499-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Алдыңғы үш жинақта «пырограм – програм», «иә – я», «әм – һәм», «қойа – қоя», «дүниа – дүния», «содіна – содия», «Ғалиа – Ғалия», «Құсииниа – Хұсиния», «қат – хат» болып бүгінгі емлеге түсірілген. Қаламгер бұл жазбасында қазақ балаларын оқытудағы біршама мәселелерді көтере келіп, сөз аяғын: «Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы» деп ой қорытады.

*Р.Имаханбет*  
**«ҚАЗАҚ ШАРУАСЫ»** – кітап. Авторы – Қ.Сәрсекеев. А., «GAUNAR» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 510 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап «Қазақ шаруасының» прологы немесе 88 жылдан кейінгі қауышу» атты кіріспеден, үш бөлімнен («Қазақтың қазақты тануы – басты шаруа», «Редактор бағаны немесе серке сөз», «Маса») және «Қазақ шаруасының эпилогы немесе «Қазақ» газетіне 100 жыл!» атты қорытындыдан тұрады. Қазақ шаруасына Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, М.Сералин, Б.Майлин сияқты Алаш арыстары, т.б. көптеген қазақ зиялылары атсалысып, «Қазақ», «Айқап» басылымдарының беттерінде мақала жазып, ірі-ірі мәселелерді көтерген. «Қ. ш-на» халық тағдыры, ел тұрмысы, тарих, мәдениет, өнер, білім, денсаулық саласы, тіл, дін, діл, жалпы руханият енген. Сондай-ақ кітапта автордың

«Ахмет Байтұрсынов» атты көлемді танымдық мақаласы (46 – 80-беттер) жарияланған.

*С.Хасенов*  
**«ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Мақаласын «Қазақ кәсібінің негізі – мал» деп бастаған автор төрт түліктің (жылқы, сиыр, қой, ешкі, түйе) әрқайсысын бағып-өсірудің ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталады. Бұдан басқа егіншілік (бидай, тары, сұлы егу) пен қолөнерінің түрлеріне (етікшілік, үйші, оюшы, тоқымашылық, т.б.) тоқталады. Балаларды ұлттық кәсіп түрлерімен таныстыруды мақсат еткен. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ҚАЗАҚША СӨЗ ЖАЗУШЫЛАРҒА»** – мақала. «Шора» журналының 1913 жылғы 4-санында жарық көрген. Мақала «Тіл тағлымы» (А., 1992. 395–399-беттер), «Қазақ прозасы» (465–467-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Автор жазбасында қалам ұстаған, қазақ оқығандарына өзінің тіл туралы, оның шығу тарихы туралы танымын ортаға салады. «Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң ел бұтақтап, өскенде, тіл бұтақтаған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып түрік тілі арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әр түрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан» деп шұбарлана бастаған қазақ тілінің өткенін, бүгінін, келешегін сөз етеді. Осылай тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау керек пе, әлде, емле түріне қарай тілді ыңғайлау керек пе дейді де өз ойын: «Емле – жазу үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» деп ой қорытады. Алдыңғы екі жинақтағы жазба сөздері бүгінгі емлеге түсірілген.

*Р.Имаханбет*

**«ҚАЗАҚЫ БЫРИМДАР МЕН МАҚАЛДАР»** («Казахские приметы и пословицы») – орысша жазылған танымдық мақала. 1895 ж. «Тургайская газетаның» 39-санында жарық көрген. Бұл мақала – Орынборда оқып жүрген кездегі А.Байтұрсыновтың газет бетінде жариялаған алғашқы туындысы. Мақалада қазақ ұлтының бітім-болмысын айқындайтын әдет-ғұрыптары жайында келелі сөз қозғайды. Қазақ ұлтын дербес ел ретінде оның айналасындағы ірі алпауыт мемлекеттер мойындай қоймағандықтан, Ахметтің ұлттық бітім-болмысымызды айшықтайтын әдет-ғұрып тақырыбындағы танымдық мақала жариялауы батыл қадам еді. Оның үстіне мұның орыс тілді газетте басылуы да, сол тұстағы қоғам орта үшін үлкен жаңалық болды.

*К.Қошым-Ноғай*

**ҚАЗАЛЫ** – Қызылорда обл-ның Қазалы ауд-ндағы қала (1867 жылдан), Қызылорда – Ақтөбе

т.ж-ның Қ. ст-нан оңт-ке қарай 12 км жерде, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Қазақ шаруашылығы» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) Қ. қазактары қой, түйе, сиыр, жылқы өсіруден басқа, олардан алынатын өнімді және ағаш өнімдерін пайдаланып, үйге қажетті бұйымдарды жасаумен де айналысқанын айтады. Мыс., «Қазалы уезінің казактары ерді тарамыстан құйып, тоқымдарына дейін былғарыдан шауып, ойып, кестелеп шығарады, сондай-ақ ою салудың (оюлы кебеже, сандық, керует) тамаша үлгісін жасайды» делінген.

**ҚАЗАН** – Ресей Федерациясындағы қала, Татарстан Респ-ның астанасы. Қ. Еділ (Волга) өз-не құятын Қазан өз-нің сағасында орналасқан. Қаланың негізін 13 ғ-дың 2-жартысында бұлғарлар қалаған. 1438–1552 ж. аралығында Қазан хандығының астанасы болған. Қ-да Кремль (16–18 ғ.), Сүйінбек мұнарасы (17 ғ-дың соңы 18 ғ-дың басы), Марджани мешіті (18 ғ.) Қазан ун-тінің ғимарат ансамблі (19 ғ.) т.б. орналасқан. А.Байтұрсынұлының «Қазақ хәм 4-ші Дума» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) Думаға қазақ депутаттарын сайлау татарлардан Қазан губ-нан бірнеше депутаттың бар екені айтылады. Сондай-ақ Т.Шонанұлының «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 6-т.) ана тілімізде оқып, білім алудың тұтқасы дүмше молдалардың, қашқындар мен Хиуадан, Қаракалпақстан, Бұқарадан, Түркістаннан, Қазаннан... ақ шалмадан басқа түгі жоқ келімсек оқымыстылардың қолында екені айтылады. Қ. қ-нда А.Байтұрсынұлының бірнеше кітабы («Қырық мысал», 1913; «Маса», 1914; «Оқу құралы», 1913; «Тіл-құрал», 1920; «Байаншы», 1920, т.б.) жарық көрген. *Әдеб.:* А.Байтұрсынұлы шығармалары, 4-том, 164 б.

*Қ.Ахметов*

**ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ** – 1917 ж. 25 қазанда (7 қараша) Петроградта болған ірі әлеум.-саяси, тарихи оқиға. Көтеріліс В.И.Ленин басқарған большевиктер партиясының жетекшілігімен жүзеге асырылды. Оған Петроград жұмысшылары, қала гарнизонының солдаттары мен Балтық флоты матростарының өкілдері қатысты. Көтеріліс жеңіске жеткен күні кешкісін Петроградта ашылған кеңестердің Бүкілресейлік 2-съезі Уақытша үкіметтің құлап, елдегі өкімет билігі кеңестердің қолына көшкендігін жариялады. В.И.Ленин дайындаған Бітім және Жер туралы декреттерді қабылдады. Алғашқысында 1914 ж. басталған 1-дүниежүз. соғысқа қатысушы елдердің үкіметтері мен халықтарына аннексиясыз және контрибуциясыз демокр. бітім жасау ұсынылса, Жер туралы декретте жерге жеке меншік жойылып, жалпыхалықтық мемл. меншік болып жарияланды.



## ҚАЗАН

Съезде В.И.Ленин басқарған және жұмысшы-шаруа үкіметі аталған Ресей ХКК құрылды. Сонымен қатар кеңестердің Бүкілресейлік ОАК (БОАК) жаңа, большевиктендірілген құрамы сайланды. Съезд Лениннің «Жұмысшыларға, солдаттар мен шаруаларға» арналған үндеуін қабылдап, халықты барлық жерде жаппай Кеңес өкіметін орнатуға шақырды. Кеңес үкіметі көп-ұлтты Ресей еңбекшілерін өз жағына тартуда

күреске қатысты. Петроградтан кейін 1917 ж. қарашаның басында Кеңес өкіметі Мәскеуде, елдің өнеркәсіпті орт. аудандарында жеңіске жетті, көп кешікпей бұл жағдай мемлекеттің ұлт аймақтарын, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы ұзаққа созылды. Бұл кезде Кеңес өкіметі, негізінен, қалалар мен өлкенің басқа да ірі елді мекендерінде орнады. Ал ауылдар мен селолардың басым көп-



айтарлықтай насихатшылдық рөл атқарған екі саяси құжат жариялады. Біріншісі 2 (15) қарашада жарияланған «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы», екіншісі 20 қарашадағы (3 желтоқсан) «Ресей мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне» деген үндеу болды. Бұл құжаттарда Ресейді мекендеген халықтардың теңдігі, олардың өздерінің мемл. құрылысын өздері шешуге құқылы екендігі айтылып, ұлттық және этностық топтардың еркін дамуына, бұрынғы езілген ұлттардың өзін-өзі билейтіндігіне кепілдік беріледі делінді. Сонымен бірге Кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы «Зауыттар мен фабрикалар – жұмысшыларға!», «Жер – шаруаларға!», «Теңдік – бұрынғы езілген ұлттарға!» деген ұрандарды үзбей қайталаумен болды. Осы уәделер мен ұрандарға әуел баста бұқараның айтарлықтай бөлігі, ең алдымен, қоғамның жаппай кедейленген мүшелері сенді, сондықтан олардың өкілдері Кеңес өкіметін орнату үшін

шілігінде Кеңес өкіметінің орнауы азамат соғысы басталғанға дейін, тіпті одан кейін де жалғасты. Бұл өлкенің әлеум.-экон. артта қалуынан, жергілікті жұмысшы табы мен большевиктік ұйымдардың сан жағынан аз әрі әлсіз болуынан, ұлтаралық қатынастардың күрделілігінен шиеленісіне түсті. Мұның үстіне ұлттық-демокр. Алаш қозғалысының жетекшілері Қ. т. мен Кеңес өкіметінің идеяларын қабылдамады. Ал Қазақстанда орналасқан Орал, Жетісу, Батыс Сібір және Орынбор казак әскерлерінің әскери үкіметтері Кеңес өкіметінің орнауына қарулы қарсылық көрсетті. Кеңес өкіметінің Қазақстанда жеңіске жетуіне, негізінен, славян текті халықтардың (ең алдымен, орыстар мен украиндардың) өкілдерін біріктірген жергілікті гарнизонның солдаттары мен жұмысшы-солдат және шаруалар кеңестеріне топтасқан қоғамның кедейленген мүшелерінің өкілдері барынша ат салысты. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату ісіне

Ә.Жангелдин, С.Сейфуллин, К.Сүтішев, А.Асылбеков, Ә.Майкөтов, И.Дубынин, К.Шугаев, Я.Ушанов, А.Иманов, С.Цвиллинг, Т.Рысқұлов, Т.Бокин, П.Виноградов, Л.Емелев, Т.Өтепов, А.Розыбакиев, т.б. неғұрлым белсенді қатысты. Қ. т. кеңестік тарихнамада, Кеңес Одағы коммунистік партиясының құжаттарында күллі адамзат тарихына түбірлі өзгеріс енгізген, жаңа заманды – капитализмнен социализмге өту дәуірін ашқан 20 ғ-дың басты оқиғасы деп дәріптелді. Шын мәнінде Қ. т. көпұлтты Ресейдің, оның құрамына енген көптеген елдер мен халықтардың табиғи, эволюц. даму жолын күштеп революцияшыл қайта өзгерістер үрдісіне түсірді. 74 жыл өмір сүрген Кеңес Одағында ел өмірінің барлық салалары (экономика мен саясат, мәдениет пен руханият) сталиндік нұсқада, әміршілдік мәндегі тәжірибелер жасау жолына айналды. Олардың барлығы Қ. т. социализм идеяларын жүзеге асыруға қажет болды деп түсіндірілді. «Түбегейлі өзгерістер» жасау тәжірибесінің зиянды салдарлары аз болмады. Олардың қатарына а.ш-н күштеп ұжымдастыру мен көшпелілердің зорлап отырықшыландырылуы нәтижесінде елді жайлаған ашаршылық, басқа елдерге ауа көшу, мемл., қоғам, мәдениет, ғылым қайраткерлерінің әміршілдік жүйе ұйымдастырған саяси қуғын-сүргіннің құрбандарына айналуы, демограф. саясат пен мәдени-рухани салада орын алған келеңсіздік, т.б. болды. Дегенмен, Қ. т-нен кейінгі 74 жыл Кеңес Одағы, оның құрамдас бөлігі болған Қазақстан үшін бос кеткен жоқ. Атап айтқанда, республиканың материалдық өндіріс жүйесі түбегейлі жаңарды, халықтың білім деңгейі күрт өсті, сапалы ғылым жүйесі қалыптасты, адамдар арасындағы қарым-қатынастар жақсарды.

*К.Нұрпейіс*

**ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК** Келдібекұлы (1667, Сыр бойы – 1764, қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Теректі бұлағындағы қыстау, бұрынғы деректерде 1665–1765) – қазақ халқының 17–18 ғ-лардағы үш ұлы биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек есімдері елге белгілі әділ билер болған. Қ. д. Қ-тің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме-аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәсімдерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би өз-Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі

болса, кейін Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта хандарға ақыл-



*Қазыбек Келдібекұлы*

кеңестер беріп отырған. Қ. д. Қ. бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жонғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Сондықтан да батыр білекті, отаншыл жүректі алғыр азаматтың тым ерте атқа мінуіне тура келген. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне атқосшы болып алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван-Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қазыбек бұдан кейін де жонғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан. 17 ғ-дың соңында жаңа заң жобасы – «Жеті жарғыны» жасауға қатысқан. Сөйтіп, қазақтың үш ұлы биі – Төле би, Әйтеке би және Қазыбек бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді. 1718 ж. ел «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетіне ұшырап, қатты күйзеліске түскен кезеңде Қазыбек би Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барак, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды өзара ынтымаққа шақырды. И.И.Неплюев, Д.Гладышев сияқты Ресей үкіметінің шенеуніктері арқылы орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Қазыбек би тап осы тұста сыртқы саясатта ерекше белсенділік танытқан. Ол 1731 ж. орыс патшалығына бодан болған Әбілқайыр ханға айтарлықтай қолдау көрсетті. 1741 ж. Орск қамалына аттанған Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтандарға хат

## ҚАЗ ДАУЫСТЫ

жазып, Арғын тайпасының атынан ант беруге әзір екенін білдірген. Осы жылы Сары-манжы бастаған ойраттардың отыз мың қолдық әскері Орта жүз иеліктерін тұтқиылдан шабуыл жасап, Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда Қазыбек би Абылайды құтқару үшін қолдан келген барлық дипломаттық айла-әрекеттерін жасап баққан, орыс комиссиясының бастығы Неплюевпен келісімді жеделдете түскен. Ауызекі әңгімелерде 1742 ж. ерте көктемде Қазыбектің Қалдан-Серенге өзінің де барғандығы айтылады. Сөйтіп, 1743 ж. Абылай тұтқыннан босап, қазақтың 33 қаласы Әбілмәмбет ханға қайтарылып берілген. Би бұдан кейін де орыс патшалығынан қол үзген жоқ. Бұған Сібір ген.-губернаторының міндетін атқарушы ген.-майор фон Фрауендорфтың үкіметтің сыртқы істер алқасына 1763 ж. 11 наурызда жолдаған мәлімдемесіндегі «Орта жүздің төбе биі Қазыбектің Ресейге жақсы ниетпен қарайтындығы» жайлы тұжырым куә. Бірақ би 1762 ж. екінші ұлы мемлекет Цин империясының елшілерін қабылдамай, сыйлықтарын алудан бас тартып, Абылай сұлтанға Қытай боғдыханынан іргені аулақ салуға кеңес берген. Қазыбек мемлекет істерімен қатар ру аралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Орыс патшасының өктемдігіне қарсы 1740 жылғы башқұрттар көтерілісінің басшысы Қарасақалдың Қабанбай батырға бармас бұрын Қазыбек биге келіп паналағаны, 1761 ж. Түркістандағы Орта жүз ханы Әбілмәмбет Сәмекенің баласы Есім сұлтаннан теперіш көріп, қаладан қуылғанда өз баласы Әбілпейіз бен Қазыбек биді арқа тұтып Арқаға келіп, ұлы бидің қазылығына жүгінгені тарихтан белгілі. Ал Барақ сұлтан қасастықпен 1748 ж. 24 тамызда Кіші жүз ханы Әбілқайырды өлтіргенде, мұны ел бірлігіне іріткі салатын қылмыс деп бағалаған. Қазыбек бидің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін көптеген енегелі өсиет сөздер қалды. Оның шешендік сөздері айтақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем теңеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындығымен ерекшеленеді. Би 18 ғ-дың 40-жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға қарай ауа көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қазыбектен: Бекболат, Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұл, Маңқан (Қамқа) деген бір қыз туған. Қазыбек ұрпақтары ата-баба жолын қуып, сөз ұстаған парасатты әділ қазылар атанған. Қазыбек би қыс түсе Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Марқұмның мәйітін ұлы Бекболат онаша киіз үйде төрт ай сақтап, көктем шыға Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне апарып жерле-

ген, басына құлпытас орнатқан. Қазыбек бидің қайраткерлік қызметі мен шешендік өнері туралы А.И.Левшин, Ш.Уәлиханов, Ш.Маржани, Б.Адамбаев, Н.Төреқұлов, т.б. зерттеулері сақталған. Жазушы С.Смағаеттің «Елім-ай» романында кемеңгер бидің келісімді тұлғасы жасалған. Қарағанды обл.-нда бір ауданға, Алматы, Шымкент қ-ларында көшелерге би есімі берілген, ел ордасы – Астанада ескерткіш орнатылған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген. А.Байтұрсынұлы Қ. д. Қ-ке арналған өлеңді «Маса» жинағына, Қазыбекті қызы Қамқаның жоқтауын «23 жоқтау» кітабына, Ш.Ыбырайұлының еңбектеріне енгізген. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-, 5-т.

*Т.Рсаев*

**«ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК»** – бидің қызы Қамқаның жоқтауы. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа құрастырған А.Байтұрсынұлы. «Бісімілләдан бастайын, Шарифаттан аспайын. Ішім толды қайғыға, Азырақ көзім жастайын. Алаштан озған әке-кем, Жоқтаусыз қайтіп тастайын» деп басталатын 7–8 буындық жыр үлгісінде құрылған жоқтау 154 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңына: «Қаз дауысты Қазыбек 97 жасында қайтыс болған... Қазыбектің туған жылы 1661 жыл болады...» деп түсінік береді. Сонымен қатар түсінікте Қазыбек би жайында өзге деректер келтіре кетеді.

*Әдеб.:* 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ҚАЗЫҚ СӨЗ** – сөйлем ішіндегі сөздер байланытын негізгі мүше, бас мүше.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл ғанытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ҚАЙДАР** Әбдуәли Туғанбайұлы (13.12.1924 ж.т., Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Талдыбұлақ а.) – филол. ғыл. докт. (1970), проф. (1972), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақстанның еңбек сің. ғыл. қайраткері (1982). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазҰУ-ды бітірген (1951). 1951–54 ж. Қазақ КСР ҒА-ның аспиранты, 1954–95 ж. Қазақ КСР ҒА Тіл білімі ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1961–63, 1967–78), ин-т директоры (1978–95) қызметтерін атқарды. 1995 жылдан осы ин-ттың құрметті директоры. Халықар. «Қазақ тілі» қоғамының президенті (1989), ҚР Президенті жанындағы ішкі саясат қ-тінің мүшесі (1995) болды. 400-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 44

монографияның авторы. А.Байтұрсынұлының ғыл.-зерт. еңбектері жөнінде «Ғалым зерттеуші: Сан қырлы сандық дарын» (Р.Сыздықовамен



Ә.Қайдар

бірге, «Соц. Қазақстан», 4.1.1989), «Ұлт мәдениетінің Хантәңірі» (Ө.Айтбайұлымен бірге, «Егемен Қазақстан», 28.1.1993) атты мақалалар жазған. Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1971), Түркияның «Dil kurumu» лингвист. қоғамының (1989), Башқортостан ҒА-ның құрметті акад. (1991). 3-дәрежелі Отан соғысы (1944), 2 рет Қызыл жұлдыз (1945), «Халықтар достығы», «Отан» (1996) ордендерімен, «Ана тілінің айбары» (Түркия) алтын төсбелгісімен, медальдармен марапатталған.

«ҚАЙ КЕЗДЕ КӨП ЖЕЙМІЗ» – «Оқу құралына» енген мәтін. Адам жұмыс істеген кезде және ауа райы суық болған уақытта әдеттегіден көбірек тамақтанатыны, өйткені пешке салған отын секілді, тамақ та денеге азық болатыны қарапайым тілмен ұғындырылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

С.Ғұсманқызы

«ҚАЙНАР» – мақалалар, сұхбаттар жинағы. Авторы – Е.Тілешов. ҚР Мәдениет және спорт министрінің «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «ЖК Айдаргазин Е.С.» баспасынан 2016 ж. жарық көрген. Көл. 376 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап үш тараудан («Ұлт тұмары», «Ұлт зердесі», «Ұлт күресі») тұрады. Жинаққа автордың әр жылдары жазылған мақалалары және сұхбаттары енгізілген. Кітапқа енген еңбектер тіл, әдебиет және Алаш қозғалысы тақырыптарын қамтыған. Автордың А.Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметтеріне байланысты жазған «Алаш зиялылары және ұлт тілі», «Әліпби таңдау: тіл табиғатын сақтау, түркілік тұтастық және әлемдік ақпараттық кеңістік», «Қазақтың төл жазба

әдебиетінің бастаулары», «Дәуірдің рухани-мәдени болмысы және көркемдік жүйе», «Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің бастапқы кезеңі», «Әдебиет танытқыш және жанрлар теориясы», «Алаштың» жолы», «Алаш қозғалысы: басталуы, тұтастығы, қатысушылары», «Алаш қозғалысының кезеңдері», «Алаш тағылымы: дәстүрлі дидактикадан ұлттық тәрбиеге», «Алаштың» аманаты, «Алаш ұранды әдебиет – ренессанстық құбылыс», «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлтшылдығының рухани көсемі», «Қазақ руханиятының көсемі, қазақ тіл білімінің атасы» атты мақалалары жарияланған.

С.Арғынгазин

«ҚАЙРАН ЕРКІН ЗАМАНДАРЫҢ» – «Маса» жинағына енген өлең. Әр тармағы екі жолға «сындырылған» 40 тармақ. Қазақтың бала жұбату өлеңінің басқа бір түрі ретінде жазылған ұқсайды. Бірақ мұнда автор бесіктегі сәбиді емес, ұйқыдағы халықты (ұлтты) тербетіп отырған сияқтанады. Осыған орай, жыр парод. сарынмен жазылғаны байқалады. Өлеңдегі: «Қайран еркін замандарың, Тарлыққа жоқ амалдарың, Еркін дала, еркің қайда, Еркіндегі көркің қайда? Нулы, нулы жерің қайда, Сулы, сулы көлің қайда, Еркін көшкен елің қайда, Ел қорғаны ерің қайда...» деп келіп, енді «Ер орнына еркек қалды, Көлеңкеден үркек қалды... Аяғыңды тұсау қысты, Жақтарыңды құрсау қысты... Енді жатып ұйықтау қалды, Ұйықтағанды мақтау қалды, «Әлди-әлди» деп тербеткен... Әлди, әлди! – Мен не дейін, сірә, «Әлдиге» сенбе деймін» деп аяқталған жолдар оқырманға бұл «әлдидің» қай әлди екенін ұқтырғандай болады. Айналып келгенде, бұл өлең де Байтұрсынұлының қазақты қалың ұйқыдан ояпмақ мақсатпен қолына ұстаған қамшысының бірі болып шығады.

С.Ғұсманқызы

«ҚАЙРАТКЕР АМАНАТЫ ЖӘНЕ ҰЛТ МҰРАТЫ» – А.Байтұрсынұлының 140 жылдығына арналған респ. ғыл.-теор. конференция материалдары. Құрастырушылар – С.Шүкірұлы, Ж.Тұрлыбекова. Астанадағы «Руханият» орт. дайындаған. Көл. 17 б.т. Таралымы 500 дана. Жинаққа Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, А.Еспенбетов, М.Қойгелдиев, Х.Әбжанов, Т.Бөрібаев, Ж.Смағұлов, т.б. ғалымдардың Байтұрсынұлының өмірі, қайраткерлігі, ғалымдығы, ақындығы жөніндегі еңбектері енгізілген.

Ж.Тұрлыбекова

ҚАЙРАУ РАЙ – істі істетуге я істемеуге қайрай сөйлегендегі рай түрі. Мыс., *барайыншы, бармайыншы, баршы, бармайшы, барсыншы, бармасыншы.* *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

О.Жұбаева

## ҚАЙТАЛАҚТАУ

**ҚАЙТАЛАҚТАУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин, әсерелеудің бір түрі. А.Байтұрсынұлы бір сөзді немесе лебзді қайта айту қайталау болатынын айтады. Қандағы мақсат – бір нәрсеге немесе соның амалына көбірек назар салғызу. Байтұрсынұлы келтірген «Кітапты әпер деймін, кітапты», «Бар деген соң, бар» деген сөйлемдерде кітап пен бару амалына көңіл аударту үшін қайта-қайта айтамыз. Бұған тіліміздегі қайталама қос сөздердің рөлін де жатқыза аламыз. Ғалым Қ-дың басқа да мәністерін көрсетеді. Олар бір нәрсенің көптігін көрсеткенде, біреуге арнай сөйлегенде, бір нәрсенің амалы мен күйін еліктеген орындарда да қолданылады. Байтұрсынұлы Қ-дың бір түрі еспелеуді көрсеткен. Онда арқан ескендей алдыңғы айтылған ойдың аяғы соңғы пікірге қатыстырып айтылады. Еспелеп Қ. қолданбаса, сөйлем мәнін маңыздау мақсаты мылжындауға ұласып кетуі мүмкін. Мұндайда ой мен сыр біртүрлі есіле түйдектеліп, еселеніп келеді де, алдыңғы ұғымның соңғы ұғымның, басына қайталана көшіп, өлеңге әсем әуез, әдемі әсер дарытады.

*Д.Оспанова*

**ҚАЙШЫ ОРАЛЫМ** – өрнекті сөйлемнің тақырыпшы мүшесі мен баяншы мүшесіндегі пікір бір-біріне қарсы мағынада болған оралым. Мыс.: *Мен Қырымның ішінде Ақша ханның қызы едім. Атам менен анамның Асыранды қазы едім. Қойда бағлан қозы едім, Жылқыда шаңқан боз едім, Қырым менен Қытайдан Тәмам жақсы жиылыса, Аузындағы сөзі едім. Бұ заманның шағында Жылап тұрған көзім бар, Төгіп тұрған жасым бар, Өуре болған басым бар.* («Ер Тарғын»).  
*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин., А.: Ел-шежіре, 1-т.

*О.Жұбаева*

**ҚАЙЫРБЕКОВ** Ғафу (15.8.1928, Қостанай обл. Торғай қ. – 3.11.1994, Алматы қ.) – ақын. Қазақстанның халық жазушысы (1992). ҚазҰПУ-ды бітірген (1952). Қазақ мемл. баспасында поэзия редакциясын басқарды, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі болды. Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының жетекшісі (1968–73), «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары (1973–89) қызметтерін атқарды. Алғашқы жинағы («Күрдастар») 1954 ж. жарық көрді. Қ-тың «Дала коңырауы» (1956) поэмасында ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өмірі жырланған. Оның «Жер астындағы жұлдыздар» (1965), «Қанағатты жылдар» (1973) сияқты жинақтарын, «Беласар» атты екі томдығын оқырман қауым жылы қабылдады. «Жұлдызды тағдырлар» атты өлеңдер жинағы үшін ақынға ҚР Мемл. сыйл. (1980) берілді. Қ-тың «Елтіңжал», «Ақ желкен», «Үш

киян» повестерін де әдеби сын жоғары бағалады. Қ. ел арасына кең тараған көптеген әндердің мәтінін жазған. Ол Рудакидің, Байронның, А.С.Пуш-



*Ф.Қайырбеков*

киннің, М.Ю.Лермонтовтың, Н.А.Некрасовтың, Т.Г.Шевченконың, Мақтымқұлының, Л.Н.Толстойдың, А.И.Куприннің, В.Г.Короленконың, И.А.Буниннің, С.А.Есениннің, Р.Ғамзатовтың, т.б. ақын-жазушылардың туындыларын қазақ тіліне аударды. «Халықтар достығы» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Қазақстан Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қ-тің «Ахаң туралы аңыз», «Ахаң туралы ой» атты өлеңдері «Ұлағатты ұлт ұстазы» атты А.Байтұрсынұлы туралы жазылған мақалалар мен арнау өлеңдер жинағына енгізілген.

*Әдеб.:* Имаханбет Р. Ұлағатты ұлт ұстазы. – А., 2016.

**«ҚАЙЫРШЫ МЕН ҚЫДЫР»** – «Қырық мысалдағы» отыз жетінші өлең. 24 шумақ (96 тармақ). Қайыршыға Қыдыр кез болып: «Жүруші ем, – дейді, – аяп, сырттан көріп. Дорбаңның аузын ашып, тос, бейшара, Мен сені байытайын алтын беріп», – дейді де, дорбасына алтын сала бастайды. Бір кезде: «Ау, жаным! – дейді Қыдыр, – енді жетер, Қанағат уақытың болды етер. Жарылып кетсе байғұс дорбаң ескі, Алтындар рәсуә болар бекер». Бірақ Қайыршы қанағат етпейді: «Сала түс, әлі де болса, бітегене! Жарылын бет алдына дорба, неге?». Қыдыр тағы бір кезде: «Ал толды дорбаң әбден, жетер, жаным! Жарылып, тығыздасаң, кетер, жаным!» десе де, Қайыршы: «Тағы да салшы, сал!» – деп емінеді. Сол кезде «Шыдамай дорба енді сөгіледі, Қазына дорба толған бір минутта, Сау етіп бәрі жерге төгіледі». Сөйтіп, қанағатсыздықтың салдарынан Қайыршы келіп тұрған байлықтан қағылады. Бұл кім де болса есіне сақтайтындай ғибрат екені даусыз. «Қанағат қарын тойғызды» деген тәмсілдің көрнекі дәлеліндей болып көрінеді.  
**«ҚАЙЫРШЫ ДЫ ТҮЛКІ»** – «Қырық мысалдағы» он жетінші өлең. 14 шумақ (56 тармақ). Мергеннің оғына ұшқан бозша құстың үш баланы жетім қалғанын көріп, Түлкі ормандағы

Көкек, Бозторғай, Сандуғаш, Қарлығаш секілді барша құсқа: «Үш балапан жетім қалды. Жем тасып беріп, көмектесіндер» деп жар салады. Мұны естіп, қуанғаннан жерге түскен үш балапанды Түлкінің өзі жеп алады. Өлең түіні: «Қарасаң ел ішінде аз ба адамдар, Жеп жүрген обалсынбай жетім малын?... Жұмсақ тіл, көңілі қатты залымдардың, Ете гөр жетімдерден аулақ бетін!». Мысал өлең ку түлкінің қылығын жасап жүретін аяр адамдардың бетпердесін ашады.

*С.Ғұрманқызы*

**ҚАЙЫРЫҢҚЫ ҚИЫСУЛЫ СӨЙЛЕМ** – кейінгі сөйлем алдыңғы сөйлемге қарсы мағыналы болып қиысқан сөйлем. Мыс.: *Қылыш жарасы бітер, сөз жарасы бітпес.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«ҚА... ҚАЛАСЫНА»** – 1922 ж. Қазан қ-нда басылған «Маса» атты жинақта жарияланған өлең. Байтұрсынұлы «Шығармалары» жинағының түсініктерінде «М.Әуезовтің 1923 жылы Ахаңның 50 жылдығында жазылған мақаласында «Қа... қаласы» – «Қарқаралы» деп атап көрсеткендігі туралы» келтірілген. Өлеңнің көлемі 8 жол, 4 тармақ, 2 шумақтан тұрады. Өлең 3 бунақ, 11 буынға құрылған. Қазақтың мұң-шер өлеңдерінде қолданылатын қара өлең және кезекті ұйқас шебер пайдаланылған. Бұл өлеңде құтты қонысымен амалсыз қоштасып, алысқа айдалған адамның ызалы халі мен амалсыздығы байқалады. Ақын «Қош, сау бол, Қарқаралы, жуылмаған, // Айдай бер қалса адамың қуылмаған» деп бір жағы сес көрсете, Шыққан соң талғаймайтын доңыздарың, // Қасыңа қиын болар жуу маған» деп, күдігін де білдіреді.

*С.Итеғұлова*

**ҚАЛАУ РАЙ** – істі көңіл қалау-қаламауын көрсететін рай сөз түрі. Мыс.: *барсам екен; бармасам екен; айтсаң екен; айтпасаң екен; білдірсе екен; білдірмесе екен.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**«ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖАЙЫНАН»** – мақала. «Еңбекші қазақ» газетінің 1922 жылғы 8 шілдедегі 29-санында жарық көрген. Шығарманы проф. Т.Кәкішев төте жазудан бүгінгі әліпбиге түсіріп, «Егемен Қазақстан» газетінің 2000 жылғы 5 ақпандағы санында жариялаған. Ұлттың ұлы ұстазы (А., 2001) жинағына, 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автор мақаласында 1922 жылғы маусым айында Орынбор қ-нда өткен қазақ қаламгерлерінің съезі жайында ақпарат бере отырып, олардың әлеум. ортадағы атқаратын роліне, хал-ахуалына

талдау жасайды. Сонымен қатар қаламгерлер қауымының келешекте ұлт үшін не істеу керектігін саралайды. Сөз соңында: «Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірі сүйейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те жаңа ғана көктеп көзге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, үлкейіп, гүлденуі үшін көп іс, көп күш керек» деп ой қорытады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 5-т.

*Г.Қошым-Ноғай*

**«ҚАЛӘЙЛІМ»** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Загаевич. Бір қалыпты, мұнды екпінде жүретін ән қос тармақты қайталамалы шумақ құрылымында жазылған. 6/8 тұрақты өлшемді сақтайтын әннің ырағында төрттік және сегіздік ұзақтықтармен қатар, дуольдар кездеседі. Бірінші әуендік жол затақттық до дыбысынан кварталық арақашықтықта дами келе, ля дыбысы арқылы 4-сатыға барып тоқтаса, екіншісі 4-сатыдан 2b дыбысқа түсіп, негізгі ля-дыбысымен аяқталады. Ля-фриго-золийлік лапта өрбитін әннің диапазоны секста арақашықтығын қамтиды.

*А.Қазтуғанова*

**ҚАЛДЫРУ, ТАСТАУ БЕЛГІСІ « ... »** – сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзіп бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылатын белгі, көп ноқат, көп нүкте.

*О.Жұбаева*

**ҚАЛИЕВ** Серғазы (25.6.1929 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд.) – пед. ғыл. докт. (1996), проф. (1998). Семей мемл. ун-тін бітірген (1949). Мектептерде мұғалім, директор, инспектор, Қазақ темір жол басқармасының оқу орындарында бөлім бастығы (1949–83), Респ. Мұғалімдер білімін



*С.Қалиев*

жетілдіру ин-ты директорының орынбасары (1983–87), ҚР БҒМ ҒК ҒА Пед. ғылымдары ғыл.-зерттеу ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім менгерушісі, ғыл. жұмыстар жөніндегі директордың орынбасары (1987–93), Қазақ білім академиясында

## ҚАЛИЕВ

лаборатория меңгерушісі (1993–2000) болды. 2000 жылдан осы академияда орт. директоры қызметін атқарды. 250-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Қ. «Қазақ тәлім-тәрбиесі» (телавтор, А., 1995), «Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие жүйесіне пайдалану» (телавтор, А., 2002) оқу құралдарының авторы.

**ҚАЛИЕВ** Мінайдар (1924, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а. – 1943) – ұшқыш-истребитель, авиация майоры. А.Байтұрсынұлының ағасы Қалидың ұлы. 1941 жылдан 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Харьков қ-ндағы авиац. уч-шені бітірген. Краснодардағы әуе шайқасы кезінде қаза тапқан.

**ҚАЛИҰЛЫ** Әмір (т.-ө.ж.б.) – А.Байтұрсынұлының ағасы Қалидың ұлы. 1941 ж. «халық жауының» туысы ретінде ұсталып, түрмеге қамалған. Әйелінің аты – Салтанат. Әмірдің ұлы Назар мен қыздары Құржамал (С.Мәуленовтің әйелі), Гүлнардан тараған ұрпақтары Алматы, Қостанай, Торғай өңірінде тұрады.

**ҚАЛҚАМАН** (т.-ө.ж.б.) – А.Байтұрсынұлының жетінші атасы. Руы – Арғын. Арғыннан – Тәнби сопы, одан – Елемес, Елеместен – Ермен, Ерменнен – Шағыр, одан – Аманжол, Аманжолдан – Шақшақ, Шақшақтан – Көшей, Көшейден – Қ. туған. Қ. 6 ағайынды болған.

**ҚАЛЫНУ** – тасымалдаған кезде сөздің осы жолда қалдырылуы.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ҚАЛЫП СӨЗІ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы тұрмыс қалпында болатын істер сарынымен айтылатын сөздерді Қ. с. деп атаған. Ғалым жын шақыруды, құрт шақыруды, дерт көшіруді және бесік жырын Қ. с-нің тобына қосқан.

*С.Жайлауова, Ә.Қожахмет*

**ҚАМАУ БЕЛГІСІ** «( )» – *жақша*: 1) бір нәрсені хабарында болдыра кетейін деген орындарда (*Сөйлейді ойланбай-ақ аю шолақ, Аюлар күшке мықты, ойға олақ. Қойлардан ала түсті құтылғандай, Бар деймін бұған оңай жалғыз жол-ақ*); 2) алдағы сөзді артқысы түсіндіре өтетін жерлерде қойылатын белгі. А.Байтұрсынұлы қамау белгісінің көбінесе пән сөздерін, жат атаулардың мағынасын оқушы түсінбейтін жағдайда қойылатынын ескертті.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«ҚАМЕЛЕУН»** – «Оқу құралына» енген шағын сатиралық әңгіме. Орыс жазушысы А.П.Чеховтың «Хамелеон» атты белгілі әңгімесінің аудармасы. Аударған – Қыр баласы (Ә.Бөкейхан).

«Қамелеун – хамелеон» сөзіне А.Байтұрсынұлы «азғын кесіртке. Қорыққанда ісіп, кеуіп, қысқарып-ұзарып, көгеріп, қызарып құбылады. Айнымалы, құбылғыш адамды да орыс қамелеун дейді» деп түсінік берген. Әңгімеде полиция қызметкерінің әділдігін айтпаған екіжүзділігі сықалталады. Оқыған адамның есінде ұзақ сақталатын әңгімеде шәкірттерді жамандықтан жирендіру мақсаты көзделген. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ҚАМЗАБЕКҰЛЫ** Дихан (19.6.1966 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түлкібас ауд. Келтемашат а.) – фил.-ол. ғыл. докт. (2003), проф. (2004), ҚР ҰҒА акад. (2017). Айтматов академиясының акад. ҚазҰПУ-ды бітірген (1990). Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер (1990–96), Еуразия ұлттық ун-тінде аға ғыл. қызметкер, кафедра меңгерушісі (1997–2001), Қазақ ұлттық музыка академиясында кафедра меңгерушісі (2001–04), Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы



*Д.Қамзабекұлы*

Гуманит. ин-ттың директоры (2004–05), ун-ттің проректоры (2005–06), ун-т жанындағы өзі негізін қалаған Алаш мәдениет және рухани даму ин-тының директоры (2006–08) қызметтерін атқарған. 2008 жылдан ун-т проректоры. 700-ден астам ғыл.-танымдық жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның, «Смағұл Садуақасұлы» (1996), «Руханият» (1997), «Алаш және әдебиет» (2002), «Ағартушылық және әдебиет» (2003), «Пайым» (2004), «Алаштың рухани туғыры» (2008), «Смағұл Садуақасов» (2009), «Түркістан алқасы» (2011), «Жәдитшілдік және Алаш: түсіндірме сөздік» (2012), «Алаш қозғалысы» (телавтор, 2014), «Алаш – темірқазық» (2015), «Ой алаңы» (2016), «Алаш арқауы» (2017) тәрізді көптеген кітаптардың, «Қазақтың Қошкесі», «Астана туралы бата», «Көздің қарашығындай» деректі фильмдер сценарийінің авторы. Қ. еңбектерінде ұлттық мұраттар жолында күрескен Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік ғұмырбаянынан маңыздандыра түсетін мол деректер келтірген. Сан тараптан зерделенген ахметтануда қағаберіс қалған Ахметтің Ташкент сапарының

елеулі тұсын – Түркістандағы екі облыс қазақты Қазақстанға қосып, қазақ елін біріктіру үшін барғанын байыптап берген. С.Садуақасов, Қ.Кеменгеров, Ж.Аймауытов, Х.Болғанбай, С.Ғылмани т.б.-лардың акад. мұрасын жариялаған. 2011 ж. Садуақасовтың сүйегінің күлін Мәскеу қ-нан Астана қ-на әкеліп дәстүрге сай жерлеу, басын көтеру шараларын ұйымдастырған. ҚР Премьер-министрі жанындағы Мемл. тілді одан әрі дамыту жөніндегі үкіметтік комиссиясының мүшесі (2006 жылдан). Қазақстан Ономастика комиссиясының ғалым-хатшысы (2000–02), мүшесі (2005 жылдан). ҚР «Дарын» мемл. жастар сыйл. (2000), Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. (2014) лауреаты. «Құрмет» орденімен (2009), «Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл» медалімен, Ы.Алтынсарин атынд. төсбелгімен марапатталған.

Әдеб.: <http://group-global.org/ru/publication/45096-ahmetbaytursynuly-poeziyasyndagy-turikshildik-murattar-negizi> (қаралған күні: 2.10.2017).

*Е.Тілешов*

**«ҚАНДАЙ ЖАҢБЫРЛАР БОЛАДЫ?»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Рубакиннен делінген. Ыстық жақтарда аса қатты жауатын жаңбырлар болатыны, ал салқын аймақтарда мұндай қара нөсерлер сирек және жаңбырдың түсі де әр алуан: қызыл, көк, сұр, сары, қара жаңбырлар екені айтылған.

**«ҚАНДАЙ ЖЕЛДЕР БОЛАДЫ?»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Желдің түрлері мен пайда-зияны айтылған. Жай соққан желдің пайдасы мол. Ал қатты соққан желдер (дауыл) үй мен ағаштарды құлатып, тіпті адамды да ұшырып әкетуі мүмкін. Мыс., Мысыр жерінде камисин, Африкада самум, кейбір жерлерде құйын (циклон), ураган, смерч, т.б. желдер болатыны әңгімеленеді. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«ҚАН ЖҮРЕКТІ ҚАЙҒЫЛЫМ»** – кітап. Құрастырған – Х.Есенқарақызы. Шымкент: «Ордабасы» баспасынан 2006 ж. жарық көрген. Көл. 208 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітапқа Кеңес өкіметі билігі тұсында әдейі ұйымдастырылған қызыл қырғынның құрбаны болғандар туралы олардың ұрпақтары жазған естеліктер топтастырылған. Кітапта А.Байсалованың (А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінің бас директоры болған) нағашы атасы А.Байтұрсынұлы жайлы жазған «Қазақ халқының рухани көсемі» атты естелік мақаласы жарияланған.

*С.Аргынгазин*

**ҚАНША?** – нәрсенің дәл санын емес, шамасын ғана білу үшін қойылатын сұрақ. Мыс.: *қанша күн жүресің?* – *Үш-төрт күн жүремін. Тойда неше кісі болды?* деп сұрамайды, *қанша кісі болды?* деп сұрайды, өйткені тойдағы кісілердің

анық санын білуге емес, шамасын ғана білуге сұралады. Жауап беруші тойдағы кісілердің анық санын айта алмай, шамасын ғана айтады. Мыс.: *екі жүз кісі болды* демейді, *екі жүздей кісі болды* дейді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ҚАПАЕВА** Айжан Тоқанқызы (29.10.1959 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Өскемен қ.) – тарих ғыл. докт. (2004), проф. (2011). ҚазҰПУ-ды бітірген (1981). 1981–2012 жылдары ҚР БҒМ ҒК ҒА Тарих және этнология ин-тында ғыл., аға, бас ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі міндеттерін



*А.Қапаева*

атқарған. 2012 жылдан Халықар. Бизнес Академиясында (Алматы қ.) қызмет атқарады. Қ. 150-ден астам ғыл. еңбектердің және жалпы білім беретін мектептерге арналған тарих пәні оқулығының (5-сынып) авторы. Оның еңбектерінде кеңестік кезеңдегі саяси цензура, мәдениетке қатал бақылау орнату мәселелері, қазақ кеңестік мәдениетінің қалыптасу үрдісі мен мәдениет тарихын зерттеудің әдістемелік негіздері кеңінен сараланған. «Қазақ интеллигенциясы (ұлттық интеллигенцияның қалыптасу тарихынан)» монографиясы мен 5 томдық «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге дейін) акад. басылымының 3-томында (А., 2010) А.Байтұрсынұлының ғалым, қоғам және мемл. қайраткері ретінде қалыптасу барысын зерделеген.

**ҚАПАЛБЕК** Бижомарт Сейсенбекұлы (8.12.1962 ж.т., Алматы обл. Ақсу ауд.) – филол. ғыл. канд. (1999). ҚазҰУ-ды бітірген (1991). А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1991–2007), калалық, респ. деңгейдегі оқу-әдістемелік орттардың басшысы (2007–09) қызметтерін атқарған. 2009 жылдан «Мемлекеттік тілді дамыту институтында» атқарушы директор. 200-ге тарта ғыл.-әдістемелік еңбектердің авторы. Оның біразы ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының термин жа-



## ҚАПҚАЗ

самына, әдістемесі және тіл білімі теориясына қатысты көзқарастарын талдап, ғалымның бүгінгі күнге дейін ғыл. мәнін жоймаған тұжырымдарын қайта түлетуге, әліппесі мен әдістемелік ұстанымдарын оқу үрдісіне қайта енгізуге арналған. «Қазақ грамматикасы» (телавтор, 2002),



Б.Қапалбек

«Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері» (телавтор, 2007), «Көсемшелердің жұмсалы өрісі» (2006), «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» ұжымдық (2011) монографиялары, сондай-ақ қазақ тілін өзге аудиторияда оқытуға арналған «Қазақ тілінің этнограмматикасы. Тіл үйренушілер үшін: бастапқы деңгей» (телавтор, 2005), «Уроки Тілашар: Методическое пособие (для начинающих)» (2006), «Дене мүшелері атауларынан туындаған бірліктер» (телавтор, 2008), «Қазақ есімдері (орыс аудиториясына арналған оқу құралы)» (2008), «Мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқыту жүйесі» (www.mtdi.kz, 2011) тәрізді бірқатар еңбектері жарық көрген.

**ҚАПҚАЗ ТАУЛАРЫ**, қ. *Кавказ таулары*.

**«ҚАПТЕСЕР МЕН КӨРТЫШҚАН»** – «Қырық мысалдағы» отыз бірінші өлең. 4 шумақ (18 тармақ). «Қаптесер келіп айтты Көртышқанға... Жем бопты Мысық залым Арыстанға...». «Көртышқан айтты деңіз сонда не деп? – Қуанба, Қаптесерім, сен босқа тек. Бекер деп, менің бұған нанбайтыным: Мысықты ешкім жеңіп алмайтуғын. Тырнасса оныменен, шексіз білем, Арыстан аман тірі қалмайтынын». Автор: «Бұл сөзді біреу ұқпай, біреу ұқты, Айтайын, не мағына мұнан шықты: «Қорыққанда бір адамнан жаман ойлар: – Дүниеде ешкім жоқ, – деп, – сонан мықты». Шынында да, әркімге өзінің жауынан артық мықты жоқ болып көрінетіні бар. Бұл да – тағдырдың бір тәлкегі дерсіз. Мысал мағынасы осындай ой ұқтырады.

С.Ғұсманқызы

**ҚАРАБАЕВА** Ханшайым Әбдүтәліпқызы (19. 10. 1963 ж.т., Жамбыл обл. Тараз қ.) – филол. ғыл. канд. (2010), доцент. ҚазҰУ-ды (1987), ас-

пирантурасын (1991) бітірген. ҚазҰУ-да оқытушы, аға оқытушы, доцент (1987–2011), кафедра меңгерушісінің орынбасары, кафедра меңгерушісі (2011–14), филол. және әлем тілдері ф-ті жанындағы «Лингвоарна» ғыл.-зерт. және оқу-әдістемелік орт-ның директоры (2014–16) қыз-



Х.Қарабаева

меттерін атқарған. 2016 жылдан Қытай Халық Республикасының Пекин Шет тілдер ун-тінде қазақ тілі пәнінің оқытушысы және университет жанындағы «Қазақстан» орт-ның директоры қызметінде. «Авторлық терминдер: пәрменді, пәрменсіз қолданылу динамикасы (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев еңбектері негізінде)» атты тақырыпта канд. дисс. қорғаған. «Қазақ тіл білімі классиктерінің авторлық терминдері» монографиясы (2013), «Тіл-құралдағы» кейбір пән сөздерінің пәрменденуі туралы» (А., 2008), «Қазақ терминтанымы: өткені мен бүгіні» (А.Ашировамен бірге, «Мәдениет университеті» журналы. Анкара, 2012) тәрізді мақалалары жарық көрген. Түрлі респ., халықар. ғыл.-тәжірибелік конференцияларда, семинарларда «А.Байтұрсынұлының терминжасау үлгісі» (А., 2011), «А.Байтұрсынұлының терминжасау қағидаттары» (А., 2011), «Эпоним – ұлылар есімін ұлықтау» (Астана, 2014), т.б. тақырыптарда баяндама жасаған.

**«ҚАРА БҮЛТ»** – «Қырық мысалдағы» жиырма сегізінші өлең. 48 тармақ. «Даланың күнге күйіп, аптап өткен, Үстінен бұлт шықты қаптап көктен... Жауар деп тұрды халық үміт етіп, Тамбастан өте шықты құр желдетіп. Теңізге барды да бұлт құя салды, Далаға қурап тұрған жаумай кетіп». Қрыловтан аударған мысал өлеңнің екінші жартысын автор (Байтұрсынұлы) өз халқына, қазағына арнайды: «Жерге жаумай, суға жауған» бұлтқа ұқсамай, «Қарышта өз жұртыңа, барын болса, Өзге елдің өзінде көп бізден басқа» дейді. Ұлы ғұламаның бұл ғибраты да бүгінгі адамдарға арналғандай әсер етеді.

С.Ғұсманқызы

**ҚАРАҒҰРЫМ**, қ. *Қарақорым*.

**ҚАРАКЕСЕК** – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Орта жүздегі Арғын тайпасының «Бес мейрам» аталатын ру бірлестігіне кіреді. Қ-тен қамбар, майқы, бошан, таңас тарайды. Ш.Құдайбердіұлы Майқы мен Бошанды тоқалдың бел балалары, қалғандарын асыранды ұлдар деп есептейді. Мұндай пікірлерді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев та айтқан. Халық арасындағы кей шежірелерде болатқожаны даралап «төрт қаракесек» (болатқожа, қамбар, жалықбас, шұбыртпалы), басқаларында «үш қаракесек» (шұбыртпалы кірмейді) деседі. Қ-тің рулық ұраны мен таңбасы Арғын тайпасымен бірдей болғанымен, Арғын ішінде болатқожаның шешесі қарқабат атын ұран еткен. А.Байтұрсынұлы өзінің «Оқу құралы» атты еңбегіне «Қаракесек Тіленші би» туралы аңыз әңгімені енгізген.

*Ж.Сүлеймен*

**«ҚАРАКЕСЕК ТІЛЕНШІ БИ»** – «Оқу құралына» енген деректік мәтін. А.Байтұрсынұлы «Шоқан кітабына» (162-бет) негізделіп, «Тіленші – Қаз дауысты Қазыбек бидің немересі, Бекболат бидің баласы» деген түсініктеме берген. Аңыз әңгімеде Тіленші бидің әкесі Бекболатқа қарағанда, жоқ-жітік кедейлердің арыз-мұңын тыңдауға бейім, оларға жақын жүретіні айтылады. Сол қасиеті үшін ол он екі арыз арғынның сөзін ұстаушы би болады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«ҚАРАКӨЗ»** – ән мәтіні. А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында, А.Байтұрсынұлы 6 томдық шығ. жин-ның 6-томында жарияланған. Осы 6-томдағы Затаевичтің «Ахмет Байтұрсынұлы» атты мақаласына ғыл. түсінік жазған Р.Имаханбет Гүлнар Міржақыпқызының: ««Елім-ай», «Екі жирен», «Қаракөз» атакемнің сүйіп салатын әндері болатын. «... Қазіргі «Қыз Жібек» операсында айтылып жүрген «Қаракөз» ариясы – Ахмет Байтұрсынұлының шығармасы» деген секілді естелік сөздерін алға тарта отырып, ән авторлығын Байтұрсынұлына телиді. 28 жолдан тұратын ән сөзі 2 негізгі шумақтан және 2 қайырмадан құралған. Екі негізгі шумақ 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылып, 8 жолды құрайды. 1-шумақтан кейінгі ән қайырмасы 9, 2-сі 7 жолдан тұрады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 6-т.

*Қ.Қошым-Ноғай*

**«ҚАРАКӨЗ» (II)** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Этнограф Затаевичтің анықтамасында А.Байтұрсынұлының нұсқасы қазақ халқында шоктығы биік әндердің қатарында айтылғанын, ерекше дарындылығын бағалап: «Байтұрсынұловский вариант песни «Қаракөз» считается у казахов образ-



цовым, и вообще в его редакции эта песня (сам А.Б. называет ее романсом) пользуется громадною популярностью. Научиться и спеть эту действительно трудную и сложную вокальную пьесу (а до сих пор научиться ей можно было только с голоса самого А.Б.) считается лучшим доказательством музыкальной одаренности» (А.Затаевич «1000 песен и кюев казахского народа». – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 404 б.) деген. Әннің бірнеше нұсқасы бар. Байтұрсынұлы орындаған нұсқасы сәл ғана өзгешелікпен Жүсіпбек Елебековтің репертуарына енген екен, оның орындауындағы бұл ән «Қазақтың 1000 әні» CD топтамасына кіргізілген. Әннің муз. ерекшелігіндегі құрылымның кемелдігі, диапазонының кеңдігі, ырғақ-ірімдерінің күрделілігі, қайырмасының ауқымдылығы дәстүрлі кәсіби-комп-лардың туындыларына, яғни Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Мұхит Мералыұлы, т.б. әндеріне тән жасалған. Шумақты-қайырмалы құрылымда жазылған әннің екпіні ауыспалы 3/2 мен 3/4 кезектесіп келген. Әннің мәтіні төрт тармақты шумақ болғанымен, мәтін мен әуеннің асинхронды үйлесімділігінен үш әуендік жол бар. Асинхрондылық мәтіннің екінші мен үшінші жолдарына келген. Ладтық жүйесі өте бай, құбылмалы. Бірінші әуендік жол да дыбысынан басталып, терция арақашықтығына тізбектеле түсіп, ре дыбысына қайтадан көтеріліп, ля-эолийлік ладтық бояуды аңғартады. Екінші әуендік жол жоғарыдағы екінші октаваның ля дыбысынан бас-

## ҚАРАҚОРЫМ

талады. Оның әуені толқынды желіспен ре-ионийлік ладты негіздей төменгі ля дыбысына түседі. Үшінші әуендік жол ре-мажордың тұрақты дыбыстарымен тізбектеле көтеріліп, соль-ионийлік ладқа ауытқиды. Әннің мәтіні 11-буынды кара өлең құрылымында жазылған, өлең тармақтарындағы сөз аяқтарының өзара үндестігі кара өлең ұйқасымен жасалған:

Шумақ мәтіні	11-буындық құрылысы	Ұйқасы
Жете алмай жолда шаршап тұрған кезде		
Бір ғана елес берші сәулем, көзге	3+4+4	А
Аққуым айдын көлде жеке жүзген	3+4+4	В
Көңілімде көлеңкем жоқ сенен өзге	3+4+4	А

Қайырмасы жеңіл, ойнақы интонациялармен сипатталған. Екінші октаваның ре дыбысынан басталған әуен жоғарыдағы соль дыбысына тізбектеле көтеріліп, квинталық арақашықтықпен ля дыбысына түседі. Осы интонациялық үзінді екінші рет қайталанып, үшінші әуендік жолы өзгешелеу – секстаға секірме арқылы берілген. Төртінші әуендік жол соль-ионийлік ладтың тұрақты дыбыстары арқылы өрбіп, қайта соль дыбысына оралады. Әннің шарықтау шегі бөлімі «ой» деген одағаймен басталауы, нона арақашықтығына кенеттен секірменің берілуі және екінші октаваның ля дыбысын ұзақ созып тұруы мен қаталануы арқылы көрсетіледі. Биік нотадан төменгі ля дыбысына ақырындап түсу нәтижесі ля-эолийлік ладты көрсетеді. Қайырманың соңғы әуендік жолы до дыбысынан соль дыбысына тізбектеле көтеріліп, секста арақашықтығына секіріп, төменгі тетраордпен өріле түсіп, соль-ионийлік ладтың негізгі дыбысымен аяқталады. Қайырма мәтінінің алғашқы төрт тармағы 7 буынды жыр үлгісінде жазылса, соңғы екі тармағы 11-буынды құрылымда жазылған. Бесінші тармақ одағайдың қосылуымен 12-буын болып тұр. Ақсұнқарым, жібегім, Жалғыз сенде тілегім. Сегіз жылдай сергелден Қасірет шегіп, жүдедім Ой, сүмбіл, шаш сенсің уайым, беу, жұбайым Түскенде сен есіме не қылайын. Ән махаббат лирикасында мазмұндалғандықтан үлкен сезімді, кең тынысты, кантиленалық әуезді, жоғарғы орындаушылық шеберлікті талап етеді.

*А.Қазтуғанова*

**ҚАРАҚОРЫМ** – Орт. Азиядағы тау жүйесі, Жер шарындағы ірі және аса биік тау жүйелерінің бірі. Ұз. 800 км, ең биік жері – Чогори шыңы, 8611 м (Джомолунгма шыңынан кейін екінші орында). Оңт.-шығысында Ладакх жотасы арқылы Гималаймен жалғасады. Қ-ның көптеген

асулары 4600–5800 м биіктікте. Өзімен аттас асудан (5575 м) кезінде Қашқар және Яркендтен (Қытай) Кашмирге (Үндістан) Жібек жолы өтетін. Кейіннен (1970 жылдары) Хунджераб асуы (4890 м) арқылы автомоб. жолы салынды. Қ-ның климаты тым континенттік. Инд өз-нің аңғарында 3500 м биіктікте орналасқан Лех елді мекеніндегі қаңтар айының жылдық орташа темп-расы – 8°С, шілденің орташа темп-расы 16–18°С. Жауын-шашынның орташа мөлш. тау етегінде 100 мм-дей, 5000 м биіктікте 500 мм. Тауаралық аңғарларында қарағай, Гималай самырсыны, терек, қайың шоқтары өседі. 3000–4000 м биіктікте тау ешкілері (маркор), жабайы қой, киіктер, жабайы есек, 3800 м-ге дейін барыс, 4000 м-ге дейін қылшықты қоян және аю мекендейді. 5000 м-ден жоғарыда тур, сұңқар мен қаршыға тіршілік етеді. Қ-да Қытай мен Үндістан шекаралары түйіскен. Мұнда ладакхтар, балти, хунза, брокпа, т.б. тибет халықтары тұрады. Олар жеміс-жидек жинаумен, тау аңғарларындағы жазық өңірлерде бидай, бұршақ егумен шұғылданады. Өзен, көлдердің жағалауларында қой, ешкі, қодас және пони жайылады. Қ-тау жүйесінің басым бөлігі әлі толық зерттелмеген. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатына тоқтап, аса ірі тау шыңдарына сипаттама береді. Сондай ірі тау жүйесінің бірі ретінде Қ-тау жүйесі және ондағы Чогори шыңы аталады.

**ҚАРАҚЫПШАҚ** – қазақ халқының құрамындағы ру бірлестігі. Шежіре деректері бойынша Орта жүз Қыпшақ тайпасынан тарайды. Қ-тан тоқтарбай, одан бөкенбай, қобыланды, киікбай туады. Қобыланды батырдың сүйікті жары Құртқа сұлудан туған Беркімбаи ұрпақтары: ұзын, торы, бұлтың, көлденең, қарабалық болып, бес танбалы қыпшақ тарайды. Ұраны – Ойбас, таңбасы – қос әліп. А.Байтұрсынұлының «Ер Сайын» шығармасында Қарақыпшақ Қобыланды туралы «Қарақыпшақ Қобыланды, Дүниенің төрт бұрышын, Тегіс жүріп шарлаған, Алпыс жастан асқанша, Алмаған жауы қалмаған» деген жыр жолдары кездеседі.

**ҚАРАЛДИН** Байқадам [18.12.1877, Торғай уезі, Қараторғай болысы (қазіргі Қостанай обл. Амангелді ауд. Байқадам а.) – 5.5.1930] – қоғам және мемл. қайраткері. 1891 ж. Торғай орыс-қазақ екі жылдық уч-шесін бітіргеннен кейін уездік басқармада есепші және көшірмеші болып жұмыс істеген. 1903 ж. үлгілі қызметі үшін уездік басқармаға 3-разрядты шенеунік болып қабылданып, 1911 ж. аудармашы қызметіне жоғарылатылды. 1909–10 ж. Торғай және Сырдария облыстарының қыстақтарын зерттеуге белсене араласып, Страховск бөгенін салуды басқарады. 1916 ж. Торғай көтерілісінің қарсаңында уезд бастығы

Гарф пен губернатор Эверсманға патша жарлығына наразы халықтың талаптарын түсіндіруге күш салады. 1916 жылғы 8 желтоқсанда Қ. бірқатар көтеріліс басшыларымен бірге патша өкі-



*Б.Қаралдин*

метіне опасыздық жасағаны үшін дарға асу жаза-сына кесіледі. Оны бұл жазадан Ресейдегі ақпан төңкерісі құтқарады. Қ. Қазан төңкерісінен кейін 1918 жылдың мамырына дейін Торғай уездік халық комиссары қызметін атқарады. Уезде Кеңес өкіметі қалпына келтірілген соң Торғай уездік атқару қызметінің төрағасы болып сайланады. Бір жылдан кейін, Әліби Жангелдин, Ахмет Байтұрсынұлымен бірге Мәскеуге барып, үкімет басшыларымен болған Алашорда мәселелері бойынша келісімге қатынасады. 1919 ж. тамызда жаңадан ұйымдастырылған Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери рев. к-ттің хатшысы болып тағайындалады. 1920 ж. маусымда Торғай уездік атқару қызметінің мүшесі және жер бөлімінің меңгерушісі болып сайланады. Ол Жангелдинмен бірге РКФСР ХКК-нің 1919 ж. 10 шілдедегі «Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет туралы» декретінің жобасын әзірлеуге қатысады. В.И.Ленин қол қойған бұл декреттің Қазақ ұлттық мемлекетінің құрылуына негіз болғаны белгілі. КСРО-да байқулақтардың мал-мүлкін тәркілеу науқаны басталғанда Қ. де заңсыз айыпқа тартылады. Өзін жазықсыз жападан арашалап алу үшін Қызылордаға барған оны дереу тұтқындап, кешікпей Семейде атылады. 1960 ж. 18 ақпанда толық ақталды. Қазір Қостанай обл., Амангелді ауд-ның бір елді мекені Қ. есімімен аталады.

**ҚАРАМҰРЗИЕВ** Текей (1930 ж.т., Атырау обл. Жылыой ауд.) – экон. ғыл. докт. (1992), Мәскеу мұнай ин-тын (1956) бітірген. «Құлсарымұнай» кәсіпшілігінде (1956–57), Атырау халық ш. кеңесінде инженер-экономист (1957–60), «Қазақстан мұнай геофизикасы» тресі жоспарлау бөлімінің бастығы (1960–64), ҚР ҒА-ның Геол. ғылымдар ин-тында жетекші маман, лаб. меңгерушісі (1964–93), ҚР ҰҒА-ның Батыс бөлімшесінде (Атырау к.) Аймақтық экономиканы зерттеу орт-

ның директоры (1993–96) қызметтерін атқарған. 1996 жылдан Атырау мемл. ун-тінің проф. 40-тан астам ғыл. жарияланым мен 2 монографияның авторы. 1 авторлық куәліктің иегері. А.Байтұрсынұлы атынд. орденмен марапатталған.

**ҚАРА ӨЛЕҢ** – әні басым, мәні кем, ажары аз өлең; әнді өлең. Тыңдаушысы қара өлеңнің сөзінен де әніне көбірек құлақ салған. Сондықтан қара өлеңді айтушы әнінің ажарлы болу жағына тырысып, сөздің ажарлы болу жағына онша ыждаһат қылмаған.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. 1-т.*

*О.Жұбаева*

**ҚАРА СӨЗ** – жалаң лебізбен айтылған сөйлеудің бір түрі. Ғалым сөзді жалаң түрінде айтқанда күш көбіне зейін жағына салынып, сөздің ақылға қонымды болуы көзделетінін атап көрсетеді. Қ. с. шыншыл сипатта болатындықтан, шыншыл сөзге көріктеудің керегі жоқ деп түйіндейді ғалым. Жалаң сөздің адам зейініне әсер етуді көздейтінін, дүниеде шын болған нәрселерді сипаттайтынын оның айырым белгісі ретінде атап өтеді. Жай күйінде жабайы тілмен айтылатын сөз – жалаң сөз немесе Қ. с. деп қорытады.

*С.Итеғұлова*

**ҚАРАСУ** – Қостанай обл-ның Жангелдин аудандағы ауыл, ауылдық әкімш. округ орталығы. Аудан орт. – Торғай а-нан оңт-ке қарай 123 км жерде, Ұлы Жыланшық өз-нің сол жағалауында, Доңыз к-нің шығыс жағасында орналасқан. Тұрғыны 1,0 мың адам (2014). 1960 жылдан қой кеңшарының, кейіннен (1990 ж.) А.Байтұрсынұлы шаруа қожалығының орт-на айналды. Шаруашылықтардың басты бағыты – мал және балық ш. Орта мектеп, мәдениет үйі, аурухана, клуб, фельдш.-акушерлік пункт бар.

**ҚАРАТАЕВ** Бақытжан Бейсәліұлы (10.5.1863, Батыс Қазақстан обл. Қаратөбе ауд. Ақбақай а. – 26.8.1934, Ақтөбе к.) – көрнекті заңгер, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, демократ. Орынбор гимназиясын үздік, Императорлық Санкт-Петербург ун-тін кіші алтын медальмен бітірген (1890). Оқуын аяқтаған соң Әділет министрлігіндегі басқарушы сенаттың екінші департаментінің шенеунігі қызметіне қалдырылды. 1891 ж. сот тергеушісі лауазымына тағайындалып, Кутаисиге жіберілді. Грузиядан еліне 1897 ж. оралып, Орал обл-нда адвокат болып жұмыс істеді. 20 ғ-дың бас кезінен бастап Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев, Қ., т.б-лары өздерінің саяси бағыттарын айқын танытты. 1905 ж. қазанда Орал қ-нда 5 қазақ обл. делегаттарының съезін өткізіп, ұлттық мүддені көздейтін партия құруды көздеді. Қ. 1907–16 ж. ағартушылық жұмыстармен айналысты. Байтұрсынұлы редакторы болған «Қазақ» газетін, «Айқап» журналын

## ҚАРАТАУ

шығаруға ат салысты. 1917 ж. Кеңес өкіметін орнатуға қатысып, 1918 ж. наурыз айында – Орал обл. депутаттар кеңесінің мүшесі, әділет



Б.Қаратаев

комиссары болды. Осы қалада Қазақтың бірінші ерекше дивизионын құруға үлкен үлес қосты. 1919 ж. қаңтар айының аяғынан бастап В.И. Чапаев басқарған 25-атқыштар дивизиясында атты әскер бригадасы саяси бөлімінің меңгерушісі және командирі болды. 1919 ж. 10 шілдеде С.Пестковский (төраға), Байтұрсынұлы, В.Лукашев, Ә.Жангелдин, М.Тұңғашин, С.Мендешевтермен бірге Қазақ өлкесін басқару жөніндегі рев. к-ттің мүшелігіне енді. Қазақстан Кеңестерінің 1–2-съездеріне делегат болды. Орал губ. адвокаттар алқасын басқарды. 1927 ж. партиядан шығып, өмірінің соңына дейін ғыл.-зерт. жұмыстарымен шұғылданды.

Әдеб.: <http://alash.semeylib.kz/> (қаралған күні: 2.10.2017).  
**ҚАРАТАУ** – Тянь-Шань тау жүйесінің солт.-батысындағы тау жотасы, Оңт. Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында орналасқан. А.Байтұрсынұлының «Ақтабан шұбырынды» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) қазақ жұртының басынан өткен қайғы-қасіреті жыр болып ел аузында қалғаны баяндалады. Жонғарлар шапқыншылығы салдарынан үдере көшкен елдің: «Басынан Қаратаудың көш келеді, Бір тайлақ көшкен сайын бос келеді, Айырылған қарындастан жаман екен, Мөлдіреп қара көзден жас келеді» деп жырға қосқаны осы Қ. жотасы болу керек.

**ҚАРА ТЕҢІЗ** – Атлант мұхиты алабына жататын теңіз. Кіші Азия мен Еуропа аралығында жатыр. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.) ірі өзен-көл, теңіздерге тоқтаған. Сол т-дің бірі – Қ. т.

**ҚАРАҒЫЛӨЗЕК**, Қ а р а у ы л – Шыңғыстау жотасының солт.-шығыс беткейінен бастау алатын өзен. Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. жерімен ағады. Үз. 44 км, өзен аңғары кең. Көлденен, т.б. саалары бар. Жауын-шашын, жер асты

суларымен толығады. Су деңгейі көктемде еріген қар суымен көтеріледі, жаз айларында қарасуларға бөлініп қалады. Суы шаруашылық қажетіне пайдаланылады. А.Байтұрсынұлының Мәскеуде жарық көрген «23 жоктауындағы» «Кеңгірбай би» жоктау жырында: «Жазды күні болғанда, Күннің көзі байланған, Ақ сұңқар ұшып ұйадан» делінген. В.В.Радловтың айтуынша, ақын Абайдың бесінші атасы Айдос пен Кеңгірбайдың әкесі Жігітек бір туыс, оның бейіті – Шыңғыстың (Шыңғыстаудың) бауырында, қазіргі Қарауылөзек өз-нің жайылмасында болған көрінеді.

**«ҚАРА ШЕКПЕН МЕН ЖҰМЫСШЫЛАР ТӨҢКЕРІСТЕРІ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Авторы Н.Покровский деп көрсетілген. Қоғам ішіндегі әділетсіздік пен әлеум. қайшылықтардың туу себептері пайымдалады. Шәкірттердің өздері өмір сүріп отырған ортаны тереңірек тануына ықпал етеді. Ғыл. түсініктеме берілген.  
**«ҚАРАШЕКПЕН МЕН ҚОЙ»** – «Қырық мысалдағы» отыз алтыншы өлең. 49 тармақтан тұрады. Қарашекпен: «Екі тауығымды жеп қойыпты» деп, Қойды сотқа береді. Сот төрешісі Түлкі Қойды кінәлі етіп үкім кесіп, оны өлім жазасына кеседі. «Дәлелі»: «Уақиға болған түні ит үрмепті. Келмесе сырттан ұры, бұл жемесе, Жоғалып екі тауық қайда кетті?». Шығарған «үкімі»: «Обал жоқ өртесе де мұны отқа, Апарып өлтіріңдер, байлап оққа. Терісімен талапкерді риза етіп, Ап келіп тапсырыңдар егін сотқа» болады. Авторлық түйін: «Ахмет, осы айтқаның жетер, тоқта!... Алайда тыңдағандар бір ойланар: Түлкідей төре беру бар ма, жоқ па?». Мұны оқыған бүгінгі оқырманның да бір ойланары сөзсіз.

С.Ғұсманқызы

**ҚАРҒАЛЫ** – Қостанай обл. Жангелдин ауд. Амангелді а-дық округі құрамындағы ауыл. Округ орт. – Шеген а-нан оңт.-батысқа қарай 45 км жерде, Торғай өз-нің жағалауында орналасқан. Оңт.-нде Тосын (Сарытосын) құмы жатыр. Қ. маңында А.Байтұрсынұлының балалық шағы өткен.

**«ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ»** – «Қырық мысалдағы» он екінші өлең. 11 шумақ. Бұл да бізге ежелден белгілі өлең. Кеңес өкіметі кезінде «И.Крыловтың мысал өлеңі» деп, бірақ аудармашысы айтылмай келген. Мазмұны әркімге таныс. «Тамаша қарағанға түрін қандай! Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай! Гауһардай қанаттарын жарқырайды, Келісіп қалай біткен және маңдай!» деп ақымақ қарғаны аярылықпен өтірік мақтап, соған елігіп «қарқ!» дегенде жерге түскен ірімшігін алдап жеген бұл – сол баяғы ку түлкі! «Жұрт едің аңқау өскен қазақ болып, Далада кен сахара көшіп-қонып. Алдаған зұлымдардың тіліне еріп, Жүрмесек жарар еді мазақ болып». Бұл – Крылов мысалына автордың өз тарапынан қосқан пікірі.

Әсіресе бүгінгі таңда өзектілігі қай кездегіден де өткіррек.

*С.Ғұрманқызы*

«ҚАРҒАШ» – ән. А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында, А.Байтұрсынұлының 6 томдық шығ. жин-ның 6-томында жарияланған. Осы 6-томдағы А.Затаевичтің «Ахмет Байтұрсынұлы» атты мақаласына ғыл. түсінік жазған Р.Имаханбет Гүлнар Міржақыпқызының: ««Елім-ай», «Екі жирен», «Қаракөз» атакемнің сүйіп салатын әндері болатын. «...Қазіргі «Қыз Жібек» операсында айтылып жүрген «Қаракөз» ариясы – Ахмет Байтұрсынұлының шығармасы» деген секілді естелік сөздерін алға тарта отырып, ән авторлығын Байтұрсынұлына телиді. 2 шумақ, 8 жолдан тұратын ән мәтіні 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре. – 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Нозай*

**ҚАРҚАРАЛЫ** – қала, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд-ның әкімш. орталығы. Қарағанды қ-нан оңт.-шығысқа қарай 220 км жерде, теңіз деңгейінен 815 м биіктікте орналасқан. Орт. алаңда күрескерлерге арналған архит. ансамбль-ескерткіш, қалалық саябақта «Әскер данқы» және «Қайғылы ана» ескерткіштері орнатылған. Қала төңірегінде «Шахтер», «Сосновый бор» санаторийлері, туристік база, 10-нан астам демалыс үйі, оқушыларға арналған демалыс лагерлері орналасқан. Қала көшелерінде Абай Құнанбаев, Г.Н. Потанин болған үйлерге мемориалдық тақталар орнатылған. Қ-ның солт.-шығысындағы Мәліксай зиратында халық әншісі Мәди Бәпиұлының бейіті бар. 1904–10 ж. аралығында Байтұрсынұлы Қ-дағы мектепте сабақ берген. А.Байтұрсынұлы «Губернатор өзгерілуі» мақаласында (1914 ж.): «...Жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Орынборға қуылмасам, Қарқаралыда тұрып осы істеп отырған ісімді істей алмас едім...» деп өзінің Қ-да елу-алпыс балаға арнап берген сабағын еске түсіреді. Ресми құжаттардағы «Өмірдеректе» Байтұрсынұлы 1909 ж. Қарқаралы қ-ндағы екі сыныптық үш-шенің меңгерушісі болып жүргенінде, Семей губернаторы Тройницкийдің өкімімен тұтқындалып, Семей түрмесіне жіберілгені айтылады. М.Әуезовтің «Аханның елу жылдық юбилейі» мақаласында 1907 ж. Қ. қ-нда Аханды доностың арқасында 6 жолдасымен абақтыға қамағаны, Қ-да біраз отырғаннан кейін оларды Семейге айдағаны, онда 12 жыл өмірін өткізіп, еңбегі жанбай айдалып бара жатқанда Аханның: «Қош, сау бол, Қарқаралы жуылмаған. Айдай бер, қалса адамның қуылмаған», – деген қайғылы көңілінен шыққан ауыр сөздің бірі айтылады. Осы мақалада Ахметтің Омбыдан соң аз уақыт тұрған жері – Қарқара-

лы болғандығы, онда 1896 жылдан бастап 1907 жылға дейін тұрғандығы, әуелде орыс-қазақ школында болып, артынан городское үш-шенің оқытушысы болғандығы, 1905 ж. Қ-да Ахатмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жібергені айтылады. Ахметтің «Қарқаралыға» деген өлеңі бар.

*Қ.Ахметов*

**ҚАРҚАРАЛЫДАҒЫ КӨК ҮЙ** – Қарқаралы қ-ндағы 19 ғ-да салынған Бекметевтердің үйі. «Көк үй» деп аталатын бұл ғимаратта 19 ғ-дың аяғында Абай бірнеше рет болған. Бұл үйде Құнанбай да болған. Құнанбайдың Қарқаралыдағы әйгілі мешіті осы үйдің жанында орналасқан. Бұл «Көк үйді» салған әйгілі көпес Хамит Бекметев пен оның ұлы Хамидолланың есімі де кезінде кеңінен белгілі болған. Бекметевтердің баласы Мұхаммед-Мақсұт Хамидоллаұлы Алаш қозғалысына қатысқан. Ол Алаш қайраткерлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаевтармен пікірлес болған. «Көк үйде» Қарқаралы қ-на келген Бөкейхан, Байтұрсынұлы, М.Дулатовтар бірнеше рет болған. Алаш қозғалысының басы саналатын атақты «Қарқаралы құзырхаты» осы үйде жазылған деген де дерек бар. Қазір музыка мектебі орналасқан бұл үйде Абайға, Алаш қайраткерлеріне арналған бөлмелер жабдықталған.

*Е.Тілешов*

*К.Қошым-Нозай*

**ҚАРҚАРАЛЫ ҚАЛАЛЫҚ УЧИЛИЩЕСІ.** Қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд-ның әкімш. орт. – Қарқаралы қ-ның іргесі 1824 ж. қаланып, 1860-жылдары уездік қала дәрежесінде болды. 1923–29 ж. әкімш.-аумақтық реформа барысында Қарқаралы уезі округке айналып, болыстар аудандар болып қайта құрылды. 1928 жылға дейін Семей обл-на қарасты Қарқаралы уезінің, 1928–30 және 1934–36 ж. Қарқаралы округінің орт-на айналды. Қарқаралы қ. – А.Байтұрсынұлы үшін саясат ісінде тәжірибе жинақтап, өзімен үндес жақтастар тауып, ояларын жүзеге асырған, сондай-ақ болашақ жары Александр Иванович (мұсылманша есімі – Бадришафа) танысқан қасиетті мекен. 1895–1901 ж. Байтұрсынұлы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде сабақ берді. 1901–09 ж. Қарқаралы қ-ндағы екі сыныптық үш-шенің мұғалімі, меңгерушісі қызметтерін атқарды.

**ҚАРҚАРАЛЫ ҚҰЗЫРХАТЫ** – 1905 жылғы 22 маусымда Қарқаралы қ. маңындағы Қоянды жәрмеңкесінде Ресейдің Мин. кеңсесіне жолданған құжат. Құзырхатты Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев бастаған ұлт зиялылары ұйымдастырды. Қ. қ. ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа кезеңін бастаған аса маңызды тарихи құжат болды. Ол 11

баптан тұрды: «Құллі Ресей өз өмірін түгел қайта өзгерту керектігін мәлімдеп жатқан қазіргі тұста Ресеймен тығыз байланысты қырғыз даласы да ел басынан өтіп жатқан оқиғалардан тыс қалмай, өзінің пісіп-жетілген тілектерін жеткізуді қажет деп тауып отыр» деп басталатын бұл құзырхатта патшаның жергілікті әкімш. жүргізген репрессивті шаралар, мешіт ашу мәселесі, дін, ар-ождан бостандығы, қазақ балаларына арнап мектеп ашу, орыс әріптерінің қазақ үшін түсініксіздігі, қазақ тілінде газет ашу, қазақтың шұрайлы жерлерінің келімсектерге жөн-жосықсыз берілуі, қазақтардың байырғы қыстауларынан ысырылуы, болыстық кеңселерде іс жүргізудің орыс тілінде болуы, жергілікті бастықтардың өтініштерді қазақ тілінде қабылдамауы, қазақ даласында соттардың орыстан тағайындалып, қазақ тілін білмеуі, Дала өлкесінде халыққа пайдасы жоқ крестьян бастықтардың көбеюі, Дала ген.-губернаторына шексіз биліктің берілуі, заң шығарушы органға қазақ халқынан өкілдер сайлау сияқты қазақ халқы үшін ең өзекті мәселелер көтерілді. Бұл құжатқа 12767 адам қол қойған. Қ. қ-нан кейін қазақ жерінің әр түкпірінде патша үкіметіне көптеген осы мазмұндас құзырхаттар жазылды. Қ. к. 1920 жылға дейін созылған қазақ тарихындағы ең ірі, ауқымды ұлт-азаттық қозғалыс – Алаш қозғалысының бастауы болды.

*Е.Тілешов*

**«ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИОНАЛИЗМІНІҢ ДАМУЫ»** – монограф. еңбек. Авторлары – С.Өзбекұлы, Н.Байгелова. ҚР Заң ғылымдары академиясы, Орталық Азия ун-ті ұсынған. А., «Tandem-2» баспасынан 2007 ж. жарық көрген. Көл. 152 бет. Таралымы 300 дана. Еңбек кіріспеден, екі тараудан («XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікірінің конституциялық-демократиялық идеяларының қалыптасып, дамуының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлары», «Қарқаралы петициясының конституциялық-құқықтық идеялары және талаптары»), қорытындыдан, қосымшадан тұрады. Монографияда 1905 ж. қабылданған Қарқаралы петициясының конституц.-құқықтық жобалары және оның Қазақстан конституционализмінен алатын орны мен рөлі жаңа деректік негізде зерттелген. Кітапта Қарқаралы петициясын жазған А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, Б.Сыртанов, М.Бекметов туралы құнды пікірлер берілген. Зерттеу студенттерге, магистранттарға, аспиранттарға және Отан тарихына қызығатын оқырмандарға арналған.

*С.Аргынғазин*

**ҚАРҚАРАЛЫ УЕЗІ** – 1868 ж. «Далалық облыстарды басқару жөніндегі уақытша ереже» бойын-

ша Семей обл-ның бұрынғы Қарқаралы окр-нің негізінде құрылған. Уездің жер аум. – 189210 км<sup>2</sup>, халқының саны – 171655 (1897). Уезге 22 болыс қарады. Уезд жерінде Қоянды жәрменкесі, алтын, мыс., қорғасын рудниктері және тұз кен орны болды. 1907 ж. Қ. у-не Ресейдің батыс және орт. губернияларынан, Сібірден қоныс аударушылар келіп орныға бастады. Қарқаралы қ. – А.Байтұрсынұлы үшін саясат ісінде тәжірибе жинақтап, өзімен үндес жақтастар тауып, ойларын іске асырған, сондай-ақ болашақ жары Александра Ивановнамен (мұсылманша есімі – Бадрисафа) танысқан қасиетті мекен. Онда Байтұрсынұлы мектеп салдырып, 1901–09 ж. екі сыныптық үшшеде мұғалім, меңгеруші болып істеген. Кеңес өкіметі тұсында 1923–29 ж. әкімш.-аум. реформа барысында Қ. у. 1928 жылдың 17 қаңтарында округке айналып, болыстар аудандар болып қайта құрылған.

*Қ.Исабай*

**ҚАРҚАРАЛЫ ШЕРУІ** – 1905 ж. 5 қарашындағы Қарқаралы қ-ның орт. алаңындағы шеру. Бұл шеруді зиялы қауым өкілдері ұйымдастырған. Шеруге қазақ кедейлері, қоныс аударған орыс шаруалары, солдаттар жалпы саны мыңнан астам адам қатысты. Олар «Полиция жойылсын!», «Шаруа бастықтары жойылсын!» деген ұрандар жазылған қызыл тулар ұстап өтті. Халықтың жаппай ереуілге шығып кетуінен үрейленген жергілікті билік арнайы әскер шақыртты. Шеруге Қарқаралы қ-нда ұстаздық етіп жүрген А.Байтұрсынұлы және заңгер Ж.Ақбаев қатысты. Бұл шеру халықтың самодержавиелік билікке қарсылығының өте күшті екендігін және Қарқаралы қ-ның саяси оқиғаларға жақын тұрғандығын аңғартқан тарихи оқиға болды.

*Е.Тілешов*

**ҚАРПЫҚ** Шолақұлы (1857–1920) – жырау. Торғай ақындық мектебінің ірі өкілдерінің бірі. А.Байтұрсынұлының ата-тегі Таңбаймен бірге туған Аралбайдың Қасқабайынан тарайды. Көбінесе тойбастар, беташар, неке қияр, жоқтау, жарапазан, бата тәрізді салт-ғұрып өлеңдерін жырлаған. Хикаят, қисса, терме, толғауларға да жетік болған. Қ-тың Төлебайды жамағаттың жоқтауы, Төлебайды қызының жоқтауы, Төлебайды келінінің жоқтауы, Ерғазыны жоқтау, Ақтас пен Байтұрсын Сібірден айдаудан келгендегі толғау, «Ақтас – Байтұрсын» атты ұзақ өлеңі, т.б. бар. Қ-тың шығармаларын алғаш 20 ғ-дың басында Байтұрсынұлы «23 жоқтауына» енгізген.

**«ҚАРТАЙҒАН АРЫСТАН»** – «Қырық мысалдағы» он бесінші өлең. 12 шумақ (48 тармақ). Қартайып, басынан бағы ұшқан Арыстанға – бәрі би, бәрі қожа, әрқайсысы келіп, бір-бір теуіп кетеді. «Анау да өшіп алып жатыр, Қашаннан арыс-

танда кегі барлар». Қорытынды: «Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні, Құл-құтан басынады, малайың да». Мұндайда қазақтың: «Өлі арыстаннан – тірі тышқан артық» дейтіні де бар. Сондай-ақ, бұл мысалды оқыған кейбір оқырман: «Басқаға көрсеткен зорлығың күндердің күні алдыңнан шығады» деп ойласа, оның да қисыны жоқ емес. Мысал әркімге әр алуан ой салады.

**«ҚАСҚЫР МЕН ҚОЗЫ»** – «Қырық мысалдағы» он үшінші өлең. 17 шумақ (68 тармақ). Бұлаққа келіп су іше берген қозының алдынан қасқыр шығып: «Мойныңды қазір жұлып алайын ба, Суымды неге былғап, лайлайсың?!» деп зікір салады. Қозы ақталып бағады. Осылайша Қасқыр мен Қозының айтысы басталып кетеді. Айтыс деген аты болмаса, «Күштінің тоқпағы киіз қазықты жерге кіргізеді» дегендей, әділдік те, құқық та, шындық та қасқырдың жағында болғандықтан, «Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып, Белгілі етер ісі алып барып». Сөйтіп, Қасқырдың Қозымен айтысы мысықтың тышқанмен «Ойнағанындай» ғана болады. Автор пікірі: «Осындай жазықсызды жазғыратын, һәр жерде күштілерде бар ғой қалып». Автордың бұл қорытындысы бүгінгі таңда күшті мен әлсіз екі адамның арасындағы жағдайды ғана емес, алпауыт елдер мен шағын елдер арасындағы әлемдік, адамзаттық мәселені де анық меңзеп тұрғандай.

*С.Ғұсманқызы*

**«ҚАСҚЫР МЕН МЫСЫҚ»** – мысал өлең. Тақырыптың астына «Крыловтан» деген сілтеме берілген. Өлеңді аударған – А.Байтұрсынұлы. Бұл мысал өлең Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жинд-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 46 жолдан тұрады. Бұл кітапқа өлеңді «Қырық мысал» кітабынан алғандығын сілтеме арқылы көрсетеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ҚАСҚЫР МЕН ТЫРНА»** – «Қырық мысалдағы» сегізінші өлең. 19 шумақ. Аш қасқыр тамақ іздеп келе жатып, айдалада жатқан қу сүйекті көреді де, көмсейлесте асап жібергенде, сүйек тамағына тұрып қалады. Сол кезде бір тырна келе қалады. Қасқыр тырнаны: «Білуші ем экенді де, Тырна, сенін, Дүниеде кім бар еді онан өткен... Шырағым, дүниеде ұмытпайын, Құтқарсаң мені қазір осы дерттен» деп мақтай жөнеледі. Бұған масаттанған тырна қасқырдың аузына басын тығып жіберіп, көмейіне кептелген сүйекті суырып

алады. Бірақ неше күндей нәр татпаған аш бөрі өзіне тап беруге ұялмас екенін сезген тырна жан сауғалап қаша жөнеледі. Автордың айтпақ ойы: «Мінездес Қасқырмен кейбір адам. Басына бәле түсіп қысылғанда, Жалынып-жалпаяды келіп саған. Құтқарып ал бәледен жіберген соң, Болмайды оған кісі сенен жаман».

*С.Ғұсманқызы*

**ҚАТАҢ ДАУЫССЫЗДАР** – тілдің таңдайға, тіске жақындап қозғалғанынан, еріннің қозғалғанынан шығатын, дауыс мүлде болмайтын дыбыстар: б, п, т, д, ш, с, ғ, қ, к, г. 1924 ж. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924) қазақ тілінің дыбыстары *дауысты, дауыссыз* деп екіге бөлініп, дауыссыз дыбыстар өз ішінен беске жіктелген: 1. **р, л, у, й** төртеуі *жарты дауысты* атанған; 2. **ң, м, н** – үшеуі *ұяң* делінген; 3. **б, п, т, с, ш, к, қ** – жетеуі *қатаң* атанған; 4. **ж** мен **з** – ымыралы, 5. **д, ғ, г** – үшеуі ымырасыз атанған. Қазақ дыбыстары жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай жіктелген, яғни, жалғау, жұрнақтары бірдей болып шығатын дыбыстарды бірыңғай шығарып, әрқайсысын өз алдына бір тап қылып жіктеген; сөз аяғында келмейтін, жалғау жұрнақтардың ешбір түрімен де үйлеспейтін үш дыбысты *ымырасыз* деп өз алдына бір тап қылып шығарған. 20 ғ-дың басында «б» дыбысы қатаң дауыссыз ретінде танылған әрі сөз соңындағы *болып, көріп, айтып* т.с.с. көсемше тұлғалары *болып, көріп, айтып* түрінде жазылған. Қатаң «б» *дыбысы*. Тілдің дыбыстарын тап-тапқа бөлуде дыбыстар дыбыс жүйесінің жолымен зерттеліп, әр дыбыс өз алдына понағыраппен тексерілуі керектігін ескерте келіп, Елдес Омаров Тәшкендегі ұлы үністеттің қазақ тілі кабинеті осы жолға түсіп отырғанын ескертеді. Кабинеттің талқысына бірнеше жоба түскенін айта келіп, өз тарапынан да жоба ұсынғанын ескертеді. Қазақша дыбыстардың әрқайсысын ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай жіктеу келіп, ғалым қатаң дыбыстардың «б»-дан басқа алтауында дауыс мүлде болмайтынын, қатаң дыбысқа сәл дауыс қосылса қатаң өзгеріп ымыралы иә ымырасыз болып шығатынын айтады. Мәселен, «п»-ға дауыс қосылса, ол өзгеріп «б» болады; «т»-ға дауыс қосылса, ол «д» болады; сол қалыпты «с» – «з» болады; «ш» – «ж» болады; «қ» – «ғ» болады; «к» – «г» болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924; Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013.

**ҚАТАҢ ХАРИФТЕР** – қатаң дыбыстарды таңбалайтын харіфтер. А.Байтұрсынұлы дауыссыз дыбыстардың кейі *қатаң*, кейі *ұяң* болатынын ескерте келіп, соған қарай харіфтері де *қатаң* әм *ұяң* деп аталатынын айтады.



## ҚАШҚЫНБАЕВ

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Таш., 1918.

*О.Жұбаева*

**ҚАШҚЫНБАЕВ** Иса (Ғайса) Таумышұлы (15.9.1891, бұрынғы Орал обл. Ілбішін уезі Қурайлы болысы 3-а. – 12.5.1948, Ташкент қ.) – алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі. 1903 ж. Қарасу Шалқар болыстық орыс-қазақ мектебін, 1910 ж. Орал реалдық әскери уч-шесін, 1912–17 ж. Қазан ун-тінің мед. ф-тін бітірген. 1917 ж. Орал обл. земство управасында бөлім меңгерушісі. Сол жылы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, С.Қадырбаев, О.Алмасов сияқты алаш азаматтары ұйымдастырған 1917 жылғы желтоқсандағы 2-жалпықазақ съезінде Қ. Уақытша ұлт кеңесі мүшелігіне кандидат болып сайланды. Ал Жымпитыда өткен 4-Орал обл. қазақ съезінің делегаты және «Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметіне» мүше болып сайланды. Қазақ РК(б)П обл. к-ті 1920 ж. 21 маусымдағы мәжілісінде «қоғам үшін қауіпті» адам ретінде Қ-ты айрықша мінездемемен Заволжье әскери окр-не жіберу жөнінде шешім қабылдады. Алайда Қазақ ХАК-нің ара түсуімен Ташкент қ-на жіберілді. 1920 ж. осында мұсылмандардың өлкелік фельдшерлік мектебін ұйымдастыруға белсене қатысты. 1930 ж. 1 қазанда ун-т аспиранттары М.Әуезов, Қ.Кемеңгеровпен бірге «Қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық ұйымының Ташкенттегі астыртын бөлімшесіне мүше болды» деген айып тағылып, Алматы қ-на айдалды. Қ. 30-жылдардың ортасында Ташкенттегі Семашко атынд. Функционалдық диагностика ин-тында бөлім меңгерушісі болды. 1938 ж. 23 сәуірде «контрреволюциялық ұйымға қатысты» деген айыппен қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Қылмысы дәлелденбегендіктен 1939 ж. 1 желтоқсанда түрмеден босатылды. Соғыс жылдарында көшіріліп әкелінген госпитальдарға жетекшілік етті. Соғыстан кейін Ташкентте Семашко атынд. Курортология ғыл.-зерт. ин-тында қызмет етті. Сталинград және Украина майдандарындағы ерлігі үшін Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған.

*М.Тәж-Мұрат*

**ҚИҒАШ ЖАЛҒАНУ** – жіктеудің бірінші жағы тәуелдеудің екінші жағына келіп, жіктеудің екінші жағы тәуелдеудің бірінші жағына келіп жалғануы.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**«ҚИҒЫРЛАР»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Тышқан, тиін, суыр, қоян, т.б. секілді кеміргіш мақұлықтардың түрлері мен тіршілік жағдайынан мәлімет беріледі. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ҚИРАБАЕВ** Серік Смайылұлы (23.3.1927 ж.т., Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а.) – филол. ғыл. докт. (1964), проф. (1966), КСРО Пед. ғыл. академиясының корр. мүшесі (1968), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚР-ның (1977) және Қырғыз Республикасының (1995) еңбек сің. ғылым қайраткері, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2005). ҚазҰПУ-ды (1951) және аспирантурасын (1952) бітірген. Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасында аға редактор (1951), «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналының бөлім меңгерушісі (1951–52), «Пионер» (қазіргі



*С.Қирабаев*

«Ақжелкен») журналының редакторы (1952–55), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі (1955–58), ҚКП ОК-нің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1958), ҚазҰУ-да (1958–69) оқытушы, кафедра меңгерушісі (1969–88), декан (1967–68), проректор (1980–85), ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер ин-тының директоры (1988–95), 1995 жылдан бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 600-ге жуық мақаланың, 30-дан астам сыни-зерттеу кітабының авторы. ҚР ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атынд. (1994), ҚР Мемл. сыйлықтарының (1996) лауреаты. Еңбек Қызыл Ту (1974), «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» (1987), «Отан», «Парасат» (2007), «Барыс» (2012) ордендерімен және медальдармен марапатталған. Қ. «Ахметтің ақындығы» (1990) атты мақаласында: «Ахметті әлеуметтік шындықтың ақыны, дәуірлік құбылыстарды нақ сипаттаған, жаңашыл ақын әрі ойшыл суреткер екендігі оның төл өлеңдерін талдап, тарату арқылы сараланады» дейді. А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатовтың Торғайда өткен күндеріне орай «Қазақтың алғашқы революцияшыл демократтары» («Лениншіл жас», 7.6.1991), «Сөз арқауы – Ахмет» («Қазақ әдебиеті», 20.7.1990) мақалалары, Байтұрсынұлының туғанына 125 жылдығына арналған «А.Байтұрсынұлы – тәуелсіздік жыршысы» атты респ. ғыл.-теор. конференция материалдары, т.б. баспасөз беттерінде жарияланған.

Әдеб.: Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны. – Аст., 2010.

**КИССА** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы өлеңмен жазылған діндар әңгімелерді қисса деп атаған. Яғни бұл әңгімелер – басқа жұрттың ертектері. Мазмұндық жағынан алғанда мұндай Қ-лар екі түрлі болып келеді: мұсылман дінінің ерекшелігін таныту мақсатында жазылған Қ-лар және шариғат бұйрығын орнына келтірмеген адамдардың өмірінен мысал келтіріп, шариғаттың заңдылықтарын орындау керек деген оймен жазылған Қ-лар. Бірінші түріне «Зарқұм», «Салсал», «Сейфұл-Мәлік» сынды Қ-ларды жатқызуға, ал екіншісіне «Мұса мен Қарынбай», «Жұм-Жұма» сияқты Қ-ларды мысалға келтіруге болады.

Ә.Қожахмет

**КИУА**, қ. *Хива*.

**КИБЫНДАСУ** – бастауыш пен баяндауыштың жақ-жағымен үйлесіп байланысуы, әр жақтың өз жағымен жанасуы, қыры, қиыны келуі. Мыс.: *Мен кітап оқимын. Сен жазу жазасың. Ол шай қайнатады.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**КИБЫСУЛЫ ҚҰРМАЛАС** – А.Байтұрсынұлы синтаксисінде екі я онан да көп сыңарлары салаласа я сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемдер. Осыған орай екі түрге бөлінеді: салалас сөйлем, сабақтас сөйлем. Салалас сөйлемдер тең тұрғыға сүйенсе, сабақтас сөйлемдердің бірі «кем» тұрғыда, яғни бағынышты тұрғыда болады.

Ж.Жақыпов

**КИЯЛ БАЙЛЫҒЫНА ҚАРАЙТЫН НӘРСЕ** – дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айту, көркем сөз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

О.Жұбаева

**КИЯЛ ІСІ** – меңзеу, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, берне-леу, суреттеп ойлау. А.Байтұрсынұлы сөз өнері адам санасының үш негізіне: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге тірелетінін ескерте келіп: «тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар» деп түйіндейді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

**«Қ» (К) ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол заттың пайда болғанын көрсететін жұрнақ. Мәселен, «от» деген сөзге «қ» жұрнағын жалғап, «оттық» дейміз от пайда болуын көрсету үшін. «Жел» деген сөзге «к» жұрнағын қосып, «желік» дейміз жел пайда болуын көрсету үшін. Бұл жұрнақтардың орнына кейде «ай» (ей) жұрнақ та

айтылады. Мәселен: «от» деген сөзге «ай» жұрнағын жалғап, «отай» дейміз от пайда болуын көрсету үшін.

О.Жұбаева

**«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР МЕН ТАЙБҰРЫЛ»** – «Оқу құралына» енген шығарма. Берілген түсініктемеде бұл да «Қобыланды батыр» жырынан алынған үзінді екені айтылып, өзгеріске ұшыраған тұстары көрсетілген.

С.Ғұрманқызы

**ҚОДАРОВ** Қарасай (1898, бұрынғы Гурьев уезі, Қарақол болысы, Тасшағыл а. – 1935) – Батыс Алашорданың белсенді мүшесінің бірі, халық мұғалімі. 1898 ж. Орта дәулетті отбасынан шыққан. Қарақол бір сыныптық болыстық орыс-қазақ мектебін (1906), Гурьев екі сыныптық қазақ-орыс Романов уч-щесін (1908), Орынбор қ-ндағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін бітірген. Ақтөбе уезіне қарасты Алтықарасу болыстық мектебінде мұғалім болды. 1916 ж. Түркістан ген.-губернаторлығы мен Ресей Земство к-ті майдандағы тыл жұмысына алынған қазақ жігіттеріне басшылық жасауға жоғары оқу орындарындағы студенттерді, мұғалімдер мектебін, семинария бітірген қазақ жігіттерін мыңбасылық, жүзбасылық қызметке шақырған тұста «Қазақ» газетінің басқармасы М.Есболлов, Т.Шонанұлы, М.Жолдыбаевтармен бірге осы қызметке лайықтаған сауатты қазақ жастарының бірі. 1917 ж. Құнбатыс майданындағы қазақ жұмыс қостарында мыңбасы болып, жұмысшылардың мұң-мұқтажын тиісті орындарға дұрыс жеткізу, жігіттерді ұлттық тамағымен қамтамасыз ету, т.б. міндеттерді орындады. Орынборда А.Кенжин құрған «Еркін дала» мәдени-ағарту ұйымының қызметіне араласып, мұғалімдер кеңесіне әзірлік жұмысына қатысты. 1918 ж. 4-Қазақ Орал обл. съезіне қатысушы. Ойыл уәлаяты үкіметінің, кейін Алашорданың Батыс бөлімшесі үкіметінің құрамында жергілікті басқару органдары – болыстық, уездік және обл. земство басқармалары бойынша оқу-ағарту жұмыстарын жүргізу ісін үйлестіріп отырумен айналысты. Ойыл обл-мен жапсарлас Орал, Орынбор қ-ларында гимназия, училище, семинарияларда оқып жатқан уәлаят студенттерінің земстволар тарапынан уақтылы стипендиямен қамтамасыз етілуін, оқуды үзіп алмауын, олардағы пансиондардың жабылып қалмауын қадағалады. Орал Войско үкіметімен, Комуч, Сібір Уақытша үкіметімен осы мәселелер бойынша байланыс жасады. Осы жылдары майданасты отырған елде бұрын Ы.Алтынсарин үлгісімен қызыл кірпіштен салынған стандартты ауылдық-болыстық мектептердің жабылып қалмай, елді сауаттандыру ісін жалғастыра беруі, земство мекемелері тарапынан көзделген қор, қаржының уақтылы бөлінуі, оқу құралдарымен

## ҚОЖА-АХМЕТ

жабдықталуы, бұрынғы орыс-қазақ мектептерінің миссионерлік бағыттан ұлттық тағылым бағытына ойысуы, сабақты ана тілінде жүргізу, осы міндеттердің үдесінен шығу үшін уәлаяттағы Жолдыбаев, С.Бекболатов, Т.Өтеулиев, М.Шолақов, Ғ.Нығмаділов, Ж.Бейісқалиев, Е.Байтақов Ж.Нияров тәрізді білікті халық мұғалімдеріне жағдай жасау ісі Қ. есімімен байланысты. Ол 1920–21 ж. Батыс Алашорда таратылғаннан кейін Орынборда Қазэсревкомның Халық ағарту бөлімінің, Қазақ өлкелік Халық ағарту комиссариатының қазақ мектептері секциясының қызметкері болды. 1922 ж. елге қайтып, өзі оқыған Қаракол мектебінің меңгерушісі, 1920–30 ж. Жымпиты уездік атқару к-ті, Гурьев окр. халық ағарту, Орал обл. оқу бөлімдерінің меңгерушісі болды. А.Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 22 қазан күнгі бас мақаласында 1-дүниежүз. соғыстың тыл жұмысына алынған қазақтарға басшылық етуге жіберілген азаматтар жөнінде: «Осы мың басы мен бөлім басы қызметіне, денсаулығы жараса, басқа жағынан жарар еді, һәм барар еді деп сыртынан ұйғарған таныстарымыз мынау азаматтар: Есболов Мырзағазы, Әзірмәмбетов Әлмен, Шонанұлы Телжан, Манасов Айдарбек, Қодаров Қарасай, Әлімбаев Имам, Баржақсин Ахмет, Жолдыбаев Молдағали, Байдаулетов Кәкімжан, Көбеев Спандияр, Қарпықов Иманғали, Сәтбаев Әбікей, Сәрсенов Биахмет» деп, барлығы 40 азаматтың аты-жөнін береді (К.Е.Абикенова. «XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасуы және дамуы». А.: Қазақ университеті, 2015).

**ҚОЖА-АХМЕТ** Хасен Кәрімжанұлы (9.8.1949 ж.т., Алматы обл. Ақсу ауд. Матай ст.) – қоғам қайраткері, сазгер, публицист. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1994). Алматы муз. уч-щесін (1972), ҚазҰУ-ды (1993) бітірген. 1990–93 ж. «Желтоқсан» қоғамдық қозғалысын бас-



*Х.Қожа-Ахмет*

қарды. Қазақстанның азаматтық «Азат» қозғалысының төрағасы. Алматы обл-ндағы муз. оқу орындарында ұстаздық қызметте болды. 1998 жылдан Алматыдағы Ықылас атынд. респ.

халық музыка аспаптары мұражайының директоры. Ол публицистика саласында 200-ден астам ғыл. еңбектің, 300-ге жуық ән мен муз. аспаптарға арналған 50 шакты шығарманың авторы. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған (2000). А.Байтұрсынұлының «Қазағым, елім!», «Жұрттыма» атты өлеңдеріне ән жазған.

**ҚОЖАКЕЕВ** Темірбек (17.12.1926, Жамбыл обл. Меркі ауд. Ойтал а. – 29.12.2003, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1970), проф. (1974), Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1996). ҚазҰУ-ды бітірген (1953). 1953 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазҰУ-да пед. қызметпен шұғылданды. Қ. қазақ сатирасының тарихы мен оның жанрлық-көркемдік ерекшеліктерін ғыл. тұрғыдан зерттеді. Қазақ сатирасының даму жолына арналған көптеген еңбектің авторы. Қазақ әдебиеті мәселелері бойынша зерттеу, кенестік қуғын-сүргінге ұшыраған



*Т.Қожакеев*

мемлекет қайраткерлері мен жазушылар, журналистер мұраларына арналған еңбектері жарық көрді. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Жамбыл обл. Меркі ауд-ның құрметті азаматы (2002). Қ. Алаш қаламгерлері С.Торайғыров, М.Әуезов туралы жазылған кітаптардың авторы. Сонымен бірге «Көк сеңгірлер» (1992) кітабында А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, С.Қожанов, Әуезов сияқты Алаш қайраткерлерінің өмірбаяны мен шығарм-нан деректі мәліметтер берілген. Сондай-ақ Байтұрсынұлы жайында «Алыптың өмірінен үш үзік сыр» («Қазақ әдебиеті», 9.10.1990), «Ахаң атын әлем білген» («Қазақстан мұғалімі», 27.5.1998), «Халқымен қайта қауышты қайран ерлер// «Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар» («Жалын», 1992), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарияланған.

**«ҚОЖА НАСРЕДДИН АҚЫЛЫ»** – «Маса» жинағында қарасөзбен берілген мәтін. Көпшілікке белгілі өңгіменің бірі. Қожа жұрттың алдына шығып: «Менің не айтқалы тұрғанымды білесіңдер ме?» деп сұрайды. Көпшілік: «Білмейміз»

десе, «Онда білмейтін нәрселеріңді мен қалай сөйлеймін» деп кетіп қалады. Екінші рет қойған сол сұраққа жұрт «Білеміз» деп жауап берсе, Қожа: «Өздерің біліп тұрсаңдар, мен несін айтайын» дейді. Үшінші ретте: біреулер «білеміз», біреулер «білмейміз» десе, Қожа: «Онда білмейтіндерің білетіндеріңнен үйреніңдер» деп кетіп қалады. Бұл әңгіменің көпшілікке А.Байтұрсынұлы арқылы кеңінен танымал болғандығы байқалады.

*С.Ғұсманқызы*

**«ҚОЖАНАСЫР»** – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Әңгімеге аңқау да аңғал Қ-дың кәсіп қылып, кіре тасып, тамақ асырамақ болып базарға шыққан кездегі басынан кешкен оқиға арқау етілген. Әңгіме соңында затын үйіне ақысыз, пұлсыз жеткізіп алуды көздеген қуға алданғандағы Қ-дың көңіл күйін: «Қожанасыр төбесіндегі сандықты жерге алып ұрып: «Егерде біреу бұ сандықтың ішінде сынбай қалған нәрсе бар десе, ешуақытта сен де нанбағайсың» деп жеткізеді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, – 4-т.*

**«ҚОЖАНАСЫР АҚЫЛЫ»** – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Шығармада аңқау да аңғал Қожанасырдың орашалақ қылықтарының бірі жайында баяндалған. Әңгіме авторы көрсетілмеген.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, – 4-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**ҚОЖАНОВ** Сұлтанбек (10.9.1894, Онт. Қазақстан обл. Созақ ауд. Ақсүмбе а. – 10.2.1938, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист. Түркістандағы 4 сыныптық орыс түзем бастауыш мектебін (1910), 3 сыныптық қалалық мектепті (1913), Ташкент мұғалімдер семинариясын, Мәскеуде БК(б)П ОК Марксизм-Ленинизм курсы (1927) бітірген. Саяси қызметін Ташкент қ-нда семинария оқушыларынан құралған «Кенес» атты астыртын жастар ұйымын құрудан бастаған. 1917 ж. көктемде Ташкентте Мұстафа Шоқай, Қ.Қожықов, Қ.Болғанбаев, С.Ақаевпен бірге «Бірлік туы» газетін шығарды. Түркістан (Қоқан) автономиясына қызу қолдаушылық танытып, оны кеңес өкіметінің әскер күшімен құлатуын жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығын аяқ асты етушілік деп бағалады. Өлкеде кеңестік билік тұсында орын алған ашаршылық

қа қарсы күресте белсенділік танытты. Аштықпен күресетін орт. комиссияның мүшесі ретінде 1918 ж. қарашадан бастап Түркістан, Созақ, Жаңақорған, Қызылқұм, Шиелі өңірлерінде ашыққан адамдарды тамақтандыратын арнайы орындар ашуды ұйымдастырды. 1919–20 ж. Сырдария уездік рев. к-т төрағасының орынбасары, Түркістан уездік-қалалық атқару к-тінің, Сырдария обл.



*С.Қожанов*

рев. к-ттің төрағасы болды. 1920 жылдың соңына қарай Түркістан респ. Ішкі істер халық комиссары, 1921 ж. қазанда Халық ағарту халық комиссары болып тағайындалды. Ол осы қызметтерді атқару барысында БОАК пен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Түркістан ісі бойынша құрған комиссиясы – Түрік комиссияның Ресейде іске асырылып жатқан коммунистік шараларды Түркістан өміріне күштеп енгізуге, таптық күресті шиеленістіре түсуге, сөйтіп, ұлттық мәселені кейінге ығыстырып тастауға бағытталған әрекетіне қарсы тұрды. Оқу-ағарту саласында білім беруді жергілікті халықтар тілінде жүргізу мәселесін көтеріп, оны жүзеге асыруды талап етті. Мәскеу, Петроград секілді ірі қалаларда жоғары оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық жастарға материалдық көмек көрсетуде бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Түркістанда баспасөздің және ұлттық театрдың өркендеуіне елеулі үлес қосты. «Ақ жол» газетін шығаруды ұйымдастырып, оның алғашқы редакторы болды. 1922 ж. Түркістан респ. Жер ш. халық комиссары болып тағайындалысымен, а. ш-ның ахуалына ерекше көңіл бөліп, өлкедегі жер-су реформасына тек таптық қана емес, сонымен бірге ұлттық сипат беру бағытын да ұстанды. 1922–24 ж. Түркістан КП Орт. к-тінің хатшысы, Атқару к-ті төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мүшесі болды. Қ. мемл. қайраткер ретінде Орта Азиядағы ұлттық-аум. межелеу кезінде (1924) айрықша танылды. 1924 ж. қарашада РК(б)П Қазақ обкомының (1925 ж. ақпаннан – Қазақ өлкекомының) екінші хатшысы қызметіне жіберілді. Қ-тын тікелей ұсынысымен

## ҚОЖЫҚОВ

Кеңестердің 1-съезі қазақ халқы тарихи атауын (патшалық тұсынан бұрмаланып қалыптасқан «киргиз» деген атауды төл атауына – «қазаққа» түзетіп) қайтарып, астаналық қала атын Қызылорда деп өзгертті. 1925 ж. қарашада БК(б)П Орт. к-тіне шақырылып, ұлт республикалары бойынша жауапты нұсқаушы лауазымымен Кавказға, 1928 ж. Ташкентке, Орта Азия Бюросына қызметке жіберілді. Мұнда ол үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, хатшы болды. Бүкілодақтық а.ш. ҒА-ның (ВАСХНИЛ) Ташкент бөлімшесін ұйымдастырды. 1929 ж. Орта Азия мақта-иригац. политехника ин-тын (САХИПИ) құрып, алғашқы директоры болды, сонымен қатар 1929–31 ж. Орта Азия мақта к-тінің директоры қызметін атқарды. 1931–32 ж. БК(б)П ОК аппаратында істеді. Қ. негізгі міндеттерін қоғамдық, ғыл.-шығарм. жұмыстармен ұштастырып отырды. Мектепке арналған «Есептану құралы» атты оқулығы (1924), «Түркістанның Кеңестік Автономиясының он жылдығына» атты орыс тіліндегі зерттеуі (1928) жеке кітап болып шыққан. РК(б)П ОК ұлт қызметкерлерімен өткізген Төртінші кеңесінде (1923), РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың басқаруымен өткен жеке кеңесте (1926) сөйлеген сөздерінде, сондай-ақ И.В.Сталинге 1927 ж. жазған екі хатында Қ-тың саяси көзқарастары мейлінше айқын тұжырымдалған. Ол 1937 ж. 16 шілдеде Ташкентте тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1957 ж. ақталды. Алматы, Шымкент қ-ларындағы көшелерге Қ. есімі берілген. Түркістанда ескерткіш қойылған. Қ. – әдебиет пен мәдениеттің шын мәніндегі талғампаз жанашыры. Ол Ахмет Байтұрсынұлы жайында: «тіл тазартуға тынбай еңбек қылып келе жатқан, амал мәселесін іс жүзінде шешіп, тіл құралдарын жазып, қазақтың ұлт мектебіне негіз қалап, ұлт мәдениетінің түп қазығын мықтап қағуына еңбегімен себеп болған, қазақ ұлт мәдениетінің бірінші қайраткері» деп жоғары баға берді («Ақ жол», 3.4.1924).

*Б.Орынбекұлы*

**ҚОЖЫҚОВ** Қоңырқожа [1880, Қызылорда обл. Ақмешіт уезі (қазіргі Қызылорда қ.) – 1938, Алматы қ.] – қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым. Қазақ-орыс мектебін, Ташкент мұғалімдер семинариясын бітірген (1900). Сырдария губерниясында мектеп инспекторы, қазақ-орыс үч-шесінің меңгерушісі, Түркістан, Перовск, Әндіжан қ-ларындағы мектептерде оқытушы болды. 1912 ж. Орынборда Қ. жазған «Әліппе» оқулығы және Шәді Жәңгірұлы және Ғалиаскар Қасымовпен бірігіп шығарған «Русие патшалығында Романов дәуірінен хукирманлик қылған патшалардың тарихлары» (орысшасы – «Историческая поэма царствования Дома Романовых на киргизском языке») атты дастаны жарық көрді. Қ-тың «Әліп-

пе» оқулығы А.Байтұрсынұлының 1912 жылғы «Оқу құралымен» бірге жарыққа шыққан. Патша өкіметінің 1907 жылғы 3 маусымдағы жарлығына сәйкес қазақтар мен Түркістан өлкесінің өзге де жергілікті халықтарының Мемл. Дума жұмысынан шеттетілуін нағыз әділетсіздік деп бағалап, ол жарлықтың күшін жою жолында ұйымдастырылған іс-шараларға қатысты, 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін Ферғана өңіріндегі қазақтардың мүддесін қорғайтын «Көшпенді» атты ұйым құрып, оған жетекшілік



*Қ.Қожықов*

етті. 1917 ж. тамызда өткен Түркістан өлкесі қазақтарының съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Осы автономияның Уақытша кеңесінің мүшесі болып сайланды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде М.Шоқай секілді қайраткерлермен астыртын байланыста болды. 1922 ж. Әулиеатада уездік жер басқармасында істеді. Жетісу өңіріне жиі экспедицияға шығып, көне қорғандар мен ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Орхон жазуы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Келіншек-тас, Ақтас мазарлары туралы ғыл. еңбектер жариялады. Араб, парсы, шағатай тілдерін жете меңгерген ол осы тілдердегі тарихи және әдеби шығармаларды қазақшаға аударды. 1936 ж. Қазақ КСР-інің мемл. көпшілік кітапханасына (қазіргі ҚР Ұлттық кітапханасы) Сүлеймен Бақырғанидің «Хикмет Хазірет Сұлтан әл-Ғарифин» атты қолжазба кітабын тапсырды. 1935–36 ж. жарық көрген екі томдық «Қазақтың өткендегі тарихи туралы деректер мен материалдар» атты жинақты құрастырушылардың бірі. 1938 ж. халық жауы ретінде тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1957 ж. 23 желтоқсанда ақталды. Жалпықазақ съезі 1917 ж. 21 шілдеде Орынборда ашылып, 26 шілдеде жабылды. Съезде Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарының өкілдері болды. Съезд төрағасы болып Х.Досмұхамедов, төрағаның серіктері ретінде Байтұрсынұлы, А.Көгібаровтар сайланды. Осы съезге Ферғана обл-нан сайланған кандидаттар:

Қоңырқожа Қожықов, Әбдірахман Оразев, Жәмшид Кәрібеков, т.б. қатысты («Жалпықазақ съезі», [www://kk.wikipedia.org](http://www://kk.wikipedia.org); қаралған күні: 29.9.2017).

*Д.Баязитов*

**КОЗЫБАҒАРОВ** Ахметжан (1.5.1879, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. – 11.10.1937, Семей қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері. Семейдегі а.ш. мектеп-интернатын бітіргеннен кейін 1901–06 ж. Омбыдағы фельдшерлік мектепте оқыған. 1906–18 ж. Семейдегі губ. ауруханада фельдшер қызметін атқарды. 1917–20 ж. Қ., Алаш ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулагов, Х.Ғаббасов, М.Тынышбаев, Ә.Ермеков, Е.Омаров, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Аймауытов, М.Тұрғанбаев, Әбікей, Қаныш Сәтбаевтар, М.Әуезов, Ж.Ақбаев, Мұстафа Шоқай, Р.Мәрсеков, С.Торайғыров, Б.Сүлеев, А.Сейітовтер өз елінің егемен ел, іргелі мемлекет болуына белсенді қызмет атқарды. 1921–22 ж. Шыңғыстауда Арқат дәрігерлік бөлімшесін басқарып, өз қаржысына емхана салдырды. 1935–37 ж. Алматы кірпіш з-тының емханасында меңгеруші болды. 1937 ж. 25 тамызда Алматыда тұтқындалып, Семей абақтысына жабылып, ату жазасына кесілді. 1957 ж. ақталды.

*Әдеб.:* [www://abay-museum.kz](http://www://abay-museum.kz) (қаралған күні: 2.10.2017).

*И.Қозыбағарова*

**КОЗЫБАЕВ** Манаш Қабашұлы (16.11.1931, Қостанай обл. Меңдіғара ауд. Тазкөл а. – 30.10.2002, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1969), проф. (1970), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері (1986), ҚР ҰҒА-ның акад. (1989). ҚазҰУ-ды



*М.Қозыбаев*

(1953) бітірген. Қостанай пед. ин-тында (1953–58), КОКП ОК жанындағы Марксизм–Ленинизм ин-тының Қазақ бөлімшесінде (1958–74), Қазақ ұлттық агр. ун-тінде, (1974–79), кейін ҚазҰУ жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының білімін жетілдіру ин-тында ғыл.-пед. жұмыстармен айналысты. «Қазақ совет энциклопедиясының» Бас редакторы (1979–86), Қазақстан ҒА Тарих, археол. және этнология ин-ты тарихнама бөлімінің меңгерушісі (1986–88), 1988

жылдан өмірінің соңына дейін осы ин-т директоры қызметінде болды. 500-ден аса ғыл. жарияланымның, оның ішінде 30 монография, 50-ден аса ұжымдық еңбектің авторы. Ш.Уәлиханов атынд. (1970), ҚР Мемл. (1995), ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім (1997) сыйлықтарының лауреаты. «Парасат» орденімен (2001) және медальдармен марапатталған. Қостанай обл-ның құрметті азаматы. Қ. «20 ғасырдың ұлы реформаторы» мақаласында «Ахмет Байтұрсынұлы – 20 ғасырдың феномені. Оның есімі, осы дүбірлі ғасырдың түбірлі, түбегейлі құбылыстарымен тағдырлас. ...Ахметтануды дамыту барлық гуманитарлық ғылымдардың ортақ парызы» деп баға берген. Сондай-ақ қазақ халқының бас бостандығы, мемлекеттілігі үшін күрескен азаматтар А.Байтұрсынұлы, Т.Рысқұлов, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, Б.Майлиндер туралы «Ғасыр қасіретін арқалаған арыстар» («Егемен Қазақстан», 12.8.1994), «Ақтандақтар ақиқаты» («Қазақ университеті», 1992), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 6-т.

«**КОЙ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Төрт түлік малдың бірі – қойдың қазақ тұрмысындағы орны, пайдасы (жүні, еті, терісі, майы, сүті, т.б.) сөз болған. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

«**КОЙ**» (**КӨЙ**, **ГӨЙ**) **ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол затты күйіттеушіні атайтын жұрнақ. Мәселен: «сықақ» деген сөзге «қой» жұрнағын жалғап, «сықаққой» деп сықақ күйіттеушіні айтамыз. «Әзіл» деген сөзге «гөй» жұрнағын жалғап, «әзілгөй» деп әзіл күйіттеушіні атаймыз. «Бата» деген сөзге «гөй» жұрнағын жалғап, «батагөй» деп бата күйіттеушіні атаймыз.

*О.Жұбаева*

**КОЙГЕЛДИЕВ** Мәмбет Құлжабайұлы (18.8.1946 ж.т., Жамбыл обл. Шу ауд. Төле би а.) – тарих ғыл. докт. (1994), проф. (1995), ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (2013). ҚР Әлеуметтану ғылымдары академиясының акад. (1996). Қырғыз мемл. ун-тін бітірген (1968). Ун-тті бітіргеннен кейін мектеп мұғалімі, обл. мұрағаттың ғыл. қызметкері (1968–71), Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технол. ин-тында, ҚазҰУ-да аға оқытушы, доцент, Қазақстан КП ОК жанындағы партия тарихы ин-тының аға ғыл. қызметкері (1971–94), ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі, декан, ун-т жанындағы жоғары оқу орындары оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігін жетілдіру ин-тының директоры (1994–2002), ҚР ҰҒА Тарих және этнол. ин-тының директоры (2002–06), 2006 жылдан С.Демирел атынд. ун-ттің проф. қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта ҚазҰПУ-да «Айтылған тарих» саласы маман даярлау және зерттеу орт-ның жетекшісі. Қ. 20 ғ-дың алғаш-

## ҚОЙШЫ

қы ширегіндегі қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін зерттеумен шұғылданады. Тарих ғылымында Алаш қозғалысы тарихына жаңа көзқарас қалыптастырды. 400-ден астам ғыл. еңбектің,



М.Қойгелдиев

оның ішінде 7 монография, 2 оқулық, 10 ғыл. жинақтың авторы. Халықар. Сократ сыйл. лауреаты (2007), Америка биогр. ин-тының Алтын медалімен (2009) марапатталған. Қазақстан тарихшылары қауымдастығының президенті. Оның ұсынысы және жетекшілігімен 5 кітаптан тұратын «Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы» (2004–08) және 12 томдық «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» (2007–08) қазақ және орыс тілдерінде, «Красный террор: из истории политических репрессий в Казахстане» құжаттық материалдар жинағы (2013), «Алаш қозғалысы» (2 томдық монография. 1-т.) баспадан шықты. «Иосиф Сталин және Қазақстан», «Алаш аманаты бәрімізге сын» атты мақалаларында Қ. А. Байтұрсынұлының қайраткерлігі жайында ой қозғаған. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясындағы «Байтұрсынұлы» өмірбаяндық мақаласының телавторы. Сонымен қатар «Ахандар аялаған азаттық рухы» («Қазақ әдебиеті», 1.11.1990), «Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905–1917 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі» (А., 1994), «Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры». (XVIII–XX ғ-лар; 2004), т.б. зерттеу еңбектері жарық көрген.

Е.Тілешов

**«ҚОЙШЫ»** – «Оқу құралына» енген өлең. 23 шумақ (92 тармақ). Авторы – Б.Майлин. «Қотанда қой шетінде арпалысып, төңбекшіп жалғыз өзі» жатқан қойшының «Қорлықтан көрмегені жоқ» өмірі суреттелген. Жаңа заманның жас шәкіртіне бұрынғы қазақ тұрмысының әлеум. жағдайынан хабар беретін көрінісі. Ғыл. түсініктеме берілген.

С.Ғұрманқызы

**ҚОЙШЫБАЕВ** Бейбіт Орынбекұлы (20.11.1945 ж.т., Жамбыл обл. Сарысу ауд. Саудақент а.) – жазушы, публицист, тарих ғыл. канд. (2002). ҚазҰАҰ-ды (1968) бітірген. Кәсіптік-тех. уч-ше-

де оқытушы (1968–69), Қазақстан ЛКЖО Орт. к-тінде лектор (1971–75), газет-журналдарда жауапты қызметтер атқарған. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, Қазақстан әдеби қоры басқармасының төрағасы болды. «Қазақ энциклопедиясы» баспасында жетекші маман, орт. бастығы (2002–03) болып қызмет істеді. Қазіргі уақытта Қазақстан «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының президенті, 2017 жылдан орынбасары. «Құрмет» орденімен (2006) мара-



Б.Қойшыбаев

патталған. Қ. «Түнектен оралған есімдер» көптомдығының «Іргетас» (А.: «Рух БГ» баспасы, 2016. – 192 б.) атты кітабында бірінші орыс революциясы жылдары Мемл. Дума мінберінен патша үкіметінің отаршылдық әрекеттерінің астарына әшкерелеп, империяның жер саясатын тұңғыш және жеке-дара сынаған Б.Қаратаев, алғашқы Түркістан автономиясының басшы қызметкерлері С.Лапин, Қ.Қожықов, қазақ азаттық қозғалысының белсенді өкілдері А.Бірімжанов, Ш.Қосшығұлов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев, т.б. жайында сыр шертеді ([www/webcache.googleusercontent.com](http://www/webcache.googleusercontent.com); қаралған күні: 29.9.2017). Сонымен қатар Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтар туралы «Жазықсыз жапа шеккендер» (А., 1990) атты кітабы, Торғайда өткен Байтұрсынұлы мен М.Дулатов күндеріне орай «Жаңғыру» («Денсаулық», А., 1991, №8) «Зауал: мақалалар, естеліктер» (А., 1991, «Қазақ әдебиеті», 27.1.1989), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарияланған.

**ҚОЙШЫЛЫҚЫ ҚИЫСУ** – кейінгі сөйлемнің алдыңғы сөйлемдерді қорытып айтуы. Мыс.: *Не өгіз өлер, не арба сынар – екеуінің бірі болар. Мал да керек, жан да керек, білім де керек – бәрі де керек.*

О.Жұбаева

**ҚОҚАНБАЕВ** Әзімбек (8.3.1948 ж.т., Жамбыл обл. Талас ауд. Бостандық а.) – хим. ғыл. канд. (1976), проф. (2002). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2015). Қазақстан пед. ғылымдар академиясының акад. (2014). ҚазҰҰ-ды (1970)

және аспирантурасын (1975) бітірген. 1976 жылдан қазіргі уақытқа дейін ғылыми және ұстаздық қызметпен айналысады. Қ-тың катализ бен коллоидтық химияның түйсіуінен пайда болған жаңа ғыл. бағыты беттік активті заттардың сұйық фазалық гидрогендеу үрдістеріндегі реакция жылдамдығына әсерін зерттеуге, олардың табиғаты (аниондық БАЗ, катиондық БАЗ және иондық емес БАЗ) мен концентрациясын арттыру арқылы реакция жылдамдығын және механизмін белгілі бір бағытта реттеуге арналған. А.Байтұрсынұлы атынд. медальмен марапатталған (2012). ЖОО-ның үздік оқытушысы (2008). Қазақша-орысша,



Ә.Қоқанбаев

орысша-қазақша, терминологиялық сөздіктер сериясының (барлығы 31 том) химия саласы бойынша жазылған (13-томы) құрастырушы-авторларының бірі. 250-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 40-тан астам оқу және әдістемелік құралдардың авторы.

**«ҚОҚАННЫҢ ХАНЫНА НАЙМАН ЖАНКІСІ БИДІҢ АЙТҚАНЫ»** – «Оқу құралына» енген өлең. 40 тармақтан тұрады. Қазақтың кейбір ауылдары Қоқан ханына қарап тұрған тұста, хан шабармандарының салық, зекет жинап жүріп халыққа көрсеткен жәбір-қысымын орақ ауыз отты жыр тілімен ханның өзіне айтқан сөзі келтіріледі. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғусманқызы*

**ҚОЛ ЖҮРҮІ** – тез жазу.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013.

**ҚОҒАРМАЛЫ ТІЛ** – сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл. Мәселен, орыс тілі, араб тілі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013.

*О.Жұбаева*

**ҚОРДАБАЕВ** Төлеубай Рақымжанұлы (12.12.1915, Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. №9-а. – 27.4.2002, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1969), проф. (1970), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері (1976), ҚазҰПУ-ды (1940) бітіріп, Моңғол Халық Республикасының Байан Өлгий

аймағында (1940–46) қызмет істеді. ҚазҰПУ-да, ҚазМҚПУ-да кафедра меңгерушісі, проректор, Алматы жоғары партия мектебінде, Қазақстан ҒА-ның Тіл білімі ин-тында бөлім меңгерушісі, Қарағанды мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі (1946–93) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. бағыты – жалпы тіл білімі мен түркітану, қазақ тілінің тарихы және құрмалас сөйлем синтаксисі. 300-ге тарта ғыл. еңбектің авторы. Еңбек Қызыл Ту, МХР-ның «Алтын ғадас» ордендерімен, бір-



Т.Қордабаев

неше медальдармен марапатталған. Қ-тың «А.Байтұрсынұлы – ақын, аудармашы» («Орталық Қазақстан», 31.12.1988), «А.Байтұрсынұлы Ү.Алтынсариннің ізбасары» («Қазақстан мұғалімі», 21.4.1989), «Байтұрсынұлы және қазақ тілі білімі» («Орталық Қазақстан», 2.7.1992), «А.Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерінің насихатталуы» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1998, №1–2), қазақ тілі ғылымының негізін салушылардың бірі Байтұрсынұлының еңбектері туралы «Бірі емес, өзі» («Қазақстан мұғалімі», 20.7.1990), «Қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы» («Қазақстан мұғалімі», 30.12.1988), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарияланған.

**ҚОРЫТПА** – айтылған пікірлердің маңызы қайта айтылатын не пікірлерден шыққан нәтиже айтылатын байымдама мүшесі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

**ҚОРЫТПАЛЫ ОРАЛЫМ** – тақырыпшы мүшесіндегі пікірді баяндау мүшесі қорытатын оралым. Мыс.: Еркімен ұшып, еркімен қонатын құс сияқты, жер-су мол шағында, жұрттың көбі еркімен қонып жүрген болса, онан бері келе адам баласы өсіп-өніп, жер тарылған кезде көшуді тастап, отырықшылыққа айналған болса, онда жұрттың көшпелі із отырықшы болуының себебі жердің кең, тарынан болғаны ғой.

**ҚОРЫТУ** – уақиғадан шыққан нәтиже не айтушының қарары айтылатын әуезінің бөлігі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.



## ҚОСАБАЕВ

**ҚОСАБАЕВ Жақан** (12.1.1941, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Октябрь а. – 8.12.2007) – қоғам қайраткері. Челябинск а.ш-н механикаландыру және электрлендіру ин-тын (1965) бітірген. Еңбек жолын механизатор болып бастаған. Оқу бітірген соң кәсіптік-тех. уч-шеде оқытушы, «Южный» кеңшарында автогараж меңгерушісі, бас инж. болды. 1967 жылдан ауд. комсомол к-тінің 2-хатшысы, партком хатшысы, кеңшар директоры болды. 1981 ж. Жангелдин ауд. атқару к-тінің төрағасы болып сайланды. 1982, 1983, 1984 ж. аудан Бүкілодақтық социалистік жарыстың же-



Ж.Қосабаев

німпазы болып, КОКП Орт. к-тінің, КСРО Мин. кеңесінің, ВЦСПС-тың және Орт. комсомол к-тінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды. Ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1987), Қазақстан КП ОК мүшесі (1988), Торғай обл. а.ш. басқармасының бастығы, облыс әкімінің 1-орынбасары (1992), Торғай обл-ның әкімі (1993) болып тағайындалды. 1995 жылдан Қазақстан А.ш. мин-нің басқарма бастығы, «Қазақавтожол» мемл. кәсіпорны кадрлар бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. 1984–91 ж. Қ-тың тікелей ат салысуымен Торғайда Ыбырай Алтынсарин, Әліби Жангелдин, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов, Шақшақ Жәнібек және Нұрхан Ахметбеков мұражайлары ашылды. Оның «Торғай – дуанында» (1995), «Туған жер деп толғандым», т.б. кітаптары жарық көрген.

**ҚОСАЛҚЫ СӨЗ** – өз алдына мағынасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда мағына шығатын сөз, демеу. Мәселен: да, ғой, ғана (мал да, жан да, солай ғой, осы ғана).

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ҚОСАРЛЫ БАСТАУЫШ** – бірнеше сөзбен берілген бастауыш, күрделі бастауыш. Мысалы: *Тамағы жоқтық таттырар*. Не таптырар? – *тамағы жоқтық* (бастауыш екі сөзбен беріліп тұр).

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ҚОСАРЛЫ БАЯНДАУЫШ**. Бұл қазіргі қазақ тілі синтаксисінде күрделі баяндауыш деп аталады. Қазір де күрделі баяндауыштардың жасалу жолы ретінде А.Байтұрсынұлы көрсеткен жолдар қолданыста. Олар – негізгі етістік пен көмекші етістіктің, есімдер мен көмекші етістіктің тіркесуі арқылы болатын баяндауыштық түзілістер.

*Ж.Жақылов*

**ҚОСАРЛЫҚ БЕЛГІ (-)** – дефис, қос сөздердің арасына қойылатын тыныс белгі: құрт-құмырсқа, бақа-шаян, аяқ-табақ, төсек-орын, бала-шаға, келін-кепшек, қысылып-қымтынып, ырғап-жырғап т.с.с.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // Еңбекші қазақ, 1929. – 27 март.

**ҚОСАР ТҮРДЕГІ ЕТІСТІК** – бірнеше етістіктен құралған, көмекші етістік қосыла айтылатын тіркес. Етістіктердің қосар түрінде жай етістіктер (негізгі етістік) мағына беруші болып, алда жүреді; көмекші етістіктер өзгеруші болып, соңында жүреді (*айта берді, келе жатыр, созып жіберді* т.с.с.).

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ҚОС НОҚАТ** – қос нүкте, бәшелеу белгісі. Қазіргі кезде *қос ноқат* деген атаудың орнына *қос нүкте* деген атау қолданылады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ҚОС НҮКТЕ** – қос ноқат, бәшелеу белгісі: 1) алдыңғы сөйлемдегі пікірді, кейінгі сөйлем ыдыратып (сиретіп, ұсақтап, сұйылтып) сөйлейтін орындарда қойылатын (Біздің екі үйіміз бар: жаз тігетін киіз үй, қыс кіретін там үй); 2) келтірінді сөйлемнің алдына қойылатын (*Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста, Солардың бәрі-дағыз әдемі әнге Тауықтың айғырындай емес ұста*) белгі. Қазіргі кезде *қос ноқат* деген атаудың орнына *қос нүкте* деген атау қолданылады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ҚОС СӨЗ** – қосарынан айтылатын сөздер. Қос сөз екі түрлі болады: жалпылағыш қос сөз нәрсеңіз көбін қамти атайды (*аяқ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, киім-кешек, жүн-жұрқа, бақашаян, құрт-құмырсқа, бұта-бұтанақ, жер-су* т.с.с.); жалқылағыш қос сөз нәрселерді айыра атайды (*жел-бау, төсек-ағаш, жүк-аяқ, піспек-сап, шеге-балға, қауға-шелек, Асыл-бек, Төре-тай*

## ҚОСТАНАЙ

т.с.с.). А.Байтұрсынұлы қос сөз ретінде екі не одан көп сөзден құралған күрделі сөздерді таныған. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ҚОСТАНАЙ** – қала, Қостанай обл-ның әкімш., экон., мәдени орталығы. Қазақстандағы аса ірі темір, әуе және автомоб. жолдары тораптарының

мағамбетов. Мүсіннің биікт. 2 м. Бейнесі мыстан құйылған. 95 см болатын тұғыры гранит тастармен қапталған. Байтұрсынұлы атынд. алаңда ун-т, қала, облыс өміріндегі маңызды іс-шаралар өткізіледі.

**ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ** – Ахмет Байтұрсынұлы атынд. жоғары оқу орны. 1993 ж. тамызда бұрынғы Қостанай пед. ин-ты негізінде құрылған. Қазақстан Республи-



бірі. Батыс Сібір ойпатының дала белдемнің оңт.-батыс шетіндегі Қостанай жазығында, Тобыл өзінің жарқабақты жағасында орналасқан. Қалада А.Байтұрсынұлының ескерткіші, А.Байтұрсынов атынд. Қостанай мемл. ун-ті бар.

**ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕСКЕРТКІШ** – монументтік өнер туындысы. 2000 жылғы 5 қыркүйекте ашылған ескерткіште ағартушы, ұстаз А.Байтұрсынұлының үстел басында хат жазып отырған бейнесі сомдалған. Мүсіннің және ескерткіш орналасқан алаңның архитектурасы мен композициясының авторы – Төлеген Дос-

касы Үкіметінің 1996 жылғы 3 сәуірдегі №384 қаулысымен ун-тке А.Байтұрсынұлы есімі берілді. 2000 ж. ун-тке Қостанай а.ш ин-ты қосылды. 15 ф-тте 47 мамандық бойынша мамандар даярланады. Қазіргі таңда 7,5 мың студент оқиды. Оқу жүйесін 57 кафедра ұйымдастырады. Құрамында Физика және ақпараттық технология, Стратег. басқару, Агроөнеркәсіп кешенінің жаңа технологиялары, Лингвистика ғыл.-зерт. ин-ттары жұмыс істейді. 9 мамандық бойынша аспирантура, бірқатар ф-ттерде магистратура бар. Ун-ттің ғыл. кітапханасының қорында 708107 дана кітап тіркелген. А.ш. саласының студенттері үшін өндірістік тәжірибені ұйымдастыру мақсатында оқу және ғыл. өндірістік бөлімшелер құрылған. 4 спорт залы, ашық спорт алаңдары, «Жастар» студенттік драма театры, қазақ халық аспаптары, орыс халық аспаптары оркестрлері, фольк. ансамбль, т.б. студенттік шығарм. ұжымдар жұмыс атқарады.

*К.Қошым-Нозай*

**ҚОСТАНАЙ УЕЗІ.** 1868 ж. құрылған. Патшалық Ресей тұсында Торғай обл-на қарады. Тобыл өзінің жоғарғы ағысы және оның Обаған атты



## ҚОСШЫҒҰЛОВ

тармағының оң жақ алқабында орналасқан. Халқының саны – 160 мың (1897), оның 130 мыңға жуығы қазақ болған. 1897 ж. Еділден, Орынбор губ-нан көшіп келген орыс шаруалары Қостанай деген қоныста негізін қалады. Алғашқыда «Николаевка» деп аталды. 1893 ж. бұрынғы Торғай обл-ндағы жаңа уездік аумақтық-әкімш. бөлініске «Қостанай» атауы беріліп, Қостанай уезінің орт. болды. А.Байтұрсынұлы 1895–1909 ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы к. уч-щесінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1891–95 ж. Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебінде оқып жүріп, Қостанай уезінің Әуликөлдегі бастауыш мектебінде тәжірибелік сынақтан өтіп, кейін мұғалім болып істеген. Байтұрсынұлының «Оқу жайы» (1913 ж. 21 сәуірде «Қазақ» газетінде жарияланған бас мақала) еңбегінде көрсетілген мәліметтер бойынша, уезде 1909 ж. 112657 қазақ (60594 еркек, 52063 әйел) өмір сүрген. Олардың ішінде қазақша оқығаны (хат танығаны) – 6065 еркек, 379 әйел; орысша оқығаны – 690 еркек, 29 әйел. Яғни Қ. у. бойынша, 100 еркектен 6 адам, 300 әйелден 1-еуі қазақша, 1000 еркектен 6 адам, 4000 әйелден 1-еуі орысша хат таныған. Уездегі 132 мектептің 109-ы ауылдық мектеп деңгейінде қалған. Кеңес өкіметі тұсында Торғай обл. Қостанай уезі Кирревкомға (Қазақ рев. к-ті) бағынуы тиіс деген негізді (1919 жылдың 10 шілдесіндегі «ХКК Положениесі», 1919 жылдың 17 шілдесіндегі №155 респ. «БОАК хабаршысы») басшылыққа алған Байтұрсынұлы уезді Челябинск губ-нан шығарып, қазақ өлкесіне қайтаруда белсенділік танытты. 1921 ж. біріккен қазақ-орыс съезінің шешіміне сәйкес Қ. у. Челябинск губ-нан шығарылып, қазақ өлкесіне қайтарылды.

*Әдеб.:* Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – 6-т.; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.; Исмаилов С.С. Участие казахской интеллигенции в территориальных процессах 1920-х годов // «А.Байтұрсынұлы және Мәңгілік ел идеясы Қазақстан мәдениеті мұрасын зерделеу аясында» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, 2016.

*К.Саркенова*

**ҚОСШЫҒҰЛОВ** Шаймерден, Шаһмерден (1869/1874, Ақмола обл. Алтай ст. – 1932, Ресей, Омбы обл. Марьяновка ст.) – қоғам қайраткері. Науан хазіреттен дәріс алып, білімін Бұхара медресесінде жетілдірген. 1905 ж. маусымда Қоянды жәрмеңкесінде Қарқаралы петициясына қол қойылды. Сол тілек-хат Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлының басшылығымен жазылған болатын. Онда үкіметтің қазаққа дін істерінде жасап отырған қиянаты, Көкшетау діни қызметшілері Науан хазірет пен медресе мұғалімі Қ-

тың айдалып кеткені атап айтылады (Б.Қойшыбаев. «Алаш қозғалысы және діни қызметші Шаймерден Қосшығұлов». www.qamshy.kz; қаралған күні: 21.9.2017). 1906 ж. қаңтарда Санкт-Петербургте өткен Бүкілресейлік мұсылмандардың екінші съезіне делегат болды. Съезде мұсылмандардың халықтық саяси партиясын құру қажеттігін қуаттаған. Партия бағдарламасын жасау жөніндегі комиссия құрамына сайланды. 1906–07 ж. 1 Мемл. Думаға Ақмола обл-нан депутат болып сайланды. Алайда комиссия орыс тілін білмейді дегенді алға тартып, оны Дума мүшелігіне тіркемеген. 1906 ж. Нижний Новгородта



*Ш.Қосшығұлов*

болған Бүкілресейлік мұсылмандардың 3-съезіне қатысып, оның төралқасына сайланды, съездің ағымдағы саяси ахуал, оқу және дін істері жөніндегі қаулыларын әзірлеуге қатысқан. Съезде құрылған «Ресей мұсылмандар одағы» ұйымының ОК құрамына сайланды. 2 Мемл. Думаға депутат болды. Мұсылман фракциясының құрамына енді. «Серке» газетін шығаруға ат салысты, діни және ағартушылық істермен шұғылданды. 1907 ж. Алаш көсемі Ә.Бөкейханның тапсырмасымен Түркияға барып, үкімет, парламент басшыларымен кездесті. Қ. 1917–19 ж. Алаш қозғалысына қатысқан. 1918 ж. Қызылжар өңірі Бәйімбет болысында Алаш к-тінің төрағасы болып сайланды. 1931 ж. Петропавл түрмесіне жабылып, 1932 ж. қайтыс болды.

*Е.Тілешов*

**ҚОСЫМША** – өз алдына мағынасы жоқ, басқа сөзге жалғанбай, бөлек айтылмайтын, сөзге жалғанатын буындар. Қосымшалар екі түрлі: *тысқарғы жалғаулар* я *тікелей жалғау* жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейді, *ішкергі жалғаулар* я *тікелей жұрнақ* жалғанған сөзінің тұлғасын да, ішкі мағынасын да өзгертеді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-қурал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.

**ҚОСЫНДЫ (СӨЗ)** – нәрселерді айыра атайтын қос сөздер, жалқылаушы қос сөз. Бұрын «Тіл-

құралда» қос сөздің біріне саналынып келген *жалқылаушы қос сөз* балаларға үйреткенде жеңіл болу үшін 1928 жылдан бастап қосынды (қосынды сөз) деп аталатын болған. *Қазақ тілінің негізгі заңы – дыбыс үндестігін бұзбау үшін екі сөздің бірігуінен жасалған, алайда бір буыны жуан, екіншісі жіңішке буыннан (аралас буын) құралған қосынды сөздер (жалқылағыш қос сөздер) дефис арқылы бөлініп жазылған еді* (Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924). Алайда кейін олардың бәрі қосарлықпен (-) жазылады.

*О.Жұбаева*

**«ҚОЯН»** – өлең. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 31 желтоқсандағы 163-санында жарық көрген. Шығарма «Байқаушы» атты бүркеншік есіммен берілген. Бұл бүркеншік есімді зерттеуші ғалым Ө.Әбдиманұлы Т.Шонанұлының және Б.Байғалиевтің еңбектерін саралай отырып, А.Байтұрсынұлына тиесілі деп тұжырымдайды. «Мұз төсеп, қармен басып, құбан қып тұр, «Мал құтын ойсырағам, ойам» деп тұр» деп басталатын өлеңде автор қазақша жыл санау бойынша «Қоян» аталатын жылдың қай кезде де көшпелі халыққа оңай тимегенін, көбіне жұртты жұтқа ұрындырғанын айта отырып, келіп кірген қоян жылынан сақ болуға шақырады. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 4 шумақ, 19 жолдан тұрады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕНКЕСІ** – жылына бір рет ұйымдастырылған сауда орны. Қарқаралы – Қызылжар жолындағы Қоянды бекетінде 1848–1930 ж. 25 мамыр – 25 маусым аралығында жұмыс істеп тұрған. 19 ғ-дың соңындағы 1,5 млн сом тауар айналымы 20 ғ-дың басында 3 млн-ға жеткен. Жәрменкеге Ресейден, Орт. Азиядан мата, қант, айна-тарақ, ине-жіп, т.б. тұрмыстық заттар әкелілген. 19 ғ-дың 2-жартысында Қарқаралы жерінде орыс және татар көпестері басымы болып, ғасыр соңында мал мен мал өнімдерін сататын қазақ байларының саны көбейген. 1902 жылғы жәрменкенің жылдық тауар айналымы 2773000 сомға жетіп, көпшілігін (1205705 сом) қазақтар әкелген мал және мал өнімдері құраған. Қ. ж. жұмыс істеген кезеңде сол жердің қазағының белсенді азаматтары әр түрлі саяси-әлеум. мәселелер төңірегінде пікір алмасып, астыртын жиындар өткізген. 1905 ж. 22 маусымда осы жәрменкеде Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев дайындап, 10 мыңнан астам қазақтың қолдауына ие болған атакты «Қарқаралы құзырхаты» қабылданған.

*С.Тахиров*

**ҚУАНЫШҚАЛИҰЛЫ** Кубала (Сұлтанғали) (19 ғ-дың 2-жартысы, Сарыезен бойындағы Қосарал мекені, қазіргі Казталов кентінің маңы – ө.ж.б.) – айтыс ақыны. 1875 жылдан Кубала Жайық, Орда елдеріне аты мәлім Озипа, Шөкей, Жыға, Қараішік, Қанымай, Мойыл сияқты ақын қыздармен айтысып, бәрін жеңеді. Қ-ның айтыстары мен өлең, толғаулары ҚР ҰҒА-ның Орт. ғыл. кітапханасы, Әдебиет және өнер ин-ты қорында кездеседі. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты зерттеу кітабында (1926) Қ-ның «Бір алла, мал мен басқа қаза бердің, Күніме жаяулық пен жаза бердің» деп басталатын өлеңін мысал ете отырып, талдап шығады. «Кубала мен Озипа» айтысы басынан аяғына дейін жұмбаққа құрылған. Қ. – айтыс өнерінде, оның ішінде жұмбақ айтысы саласында өзіндік орны бар ақын. *Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.*

**«ҚУАНЫШТЫ КҮН»** – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін I-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Автор әңгімесіне жаңа заң қабылданған 30 желтоқсан мейрамын арқау етіп алған. Қуныш пен шаттыққа толы көңіл-күйін: «Қызыл ту желбіреді. Қазақ әйелдері қызыл туды бастарына көтеріп келеді. Жүгіріп барып сұрап қалсам, бүгін 30-ыншы декабір, қазақ сақарасында қалыңмалды қалдыру, көп қатын алуды жойыу туралы әділ заңының шыққан күні екен. Қуанғаннан не дерімді білмедім. Көңілдегі шаттыққа шыдай алмай: «Қасірет-шерің жойылды, Малға сату қойылды, Енді көтер бойыңды», – деп, мен де бірге айқайлап, дауысымды костым» деп жеткізеді. Жазба соңында «Ғ.Сұлтан ұлы» деп көрсетілген.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.*

**«ҚУЛЫҚ»** – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін I-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Шағын шығармада өлікке жаназа оқитын адам таппай қиналып жатқан ауылға тап болған қудың жаназаны қалай шығарғандығы жөнінде сөз болады. Әңгіменің қайдан алынғандығын шығарма соңында «Шорман жазбаларынан» деп көрсеткен.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**«ҚУБАҚАН»** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Бұл әннің ладтық синаттамасында этнограф А.Затаевич

## ҚҰБЫЛАНАМА

фригийлік деп белгілеген. Дегенмен әннің басындағы әуеннің дамуы құбылмалы ладты көрсетеді. Әннің алғашқы әуендік жолы фа#-эолийлік ладта жазылған. Ән 2 дыбыс зағатпен басталған әуен терцияға көтеріліп, толқындалып келіп, ля дыбысына кідіріп, 5 дыбыстың әндегілуімен фа# дыбысына тоқтайды. Екінші тармақ фа-диез эолийліктен ауытқу арқылы до-диез фригийлік ладқа ұласады. Екінші әуендік жолда квинта-кварталық секірмелерден тұратын интонациялар берілген. Ән төмен бағыттағы фригийлік трихордпен аяқталады. Жалпы әуендік құрылымын АВ деп белгілеуге болады. Асықпай енінінде жазылған ән – тұрақты 4/4 өлшемде жүреді.

*А.Қазтуғанова*

**«ҚҰБЫЛАНАМА»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Автор құбыланама деп компасты айтқан. Оның құрылысы мен жұмыс істеу тәртібі туралы түсінік береді.

**«КҰЙРЫҚТЫ ЖҮЛДЫЗ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Автор «Күйрықты жұлдыз не нәрсе» дегенге жауап беріп, соған байланысты адамдардың ұғым-нанымдарын, күйрықты жұлдыздың пайда болуының ғыл. себептерін айтып түсіндіреді.

*С.Ғұрманқызы*

**ҚҰЛЖАНОВ** Нұрғали (1869/70, бұрынғы Торғай оязы Қошалақ а. – 1919, Орынбор қ.) – қазақ ағартушысы, ұстаз. Торғай өлкесіне белгілі Құлжан бидің отбасында дүниеге келген. Торғай қ-ндағы қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогы, демократ, ақын-жазушысы Ы.Алтынсарин іргесін қалаған орыс-қазақ мектебінен тәлім алып, А.Байтұрсынұлының қамқорлығы мен қолдауын көрген. Қ-тың азаматтық көзқарасының қалыптасуына Байтұрсынұлы үлкен ықпал еткен. Кейін Қостанай гимназиясында оқыған, Орынбор қ-ндағы мұғалімдер даярлайтын семинарияны бітірген. Қ. бүкіл саналы өмірін халықты ғылым-білімге шақырып, туған елінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолына арнады. 1905 жылғы Ресейдегі «Қанды жексенбіден» кейін социал-демократ. партияның қатарына өтіп, ұлы державадағы патшалық билікке қарсы күрес жолына түсті. 1905 ж. Семейдегі мұғалімдер семинариясында ұстаздық етіп, қазақтың болашақтағы ұлы азаматтары Қ.Сәтбаевқа, М.Әуезовке, С.Бегалинге дәріс берген. 1908 ж. Батыс Сібір геогр. қоғамы Семей бөлімшесіне мүшелікке қабылданып, оның тексеру комиссиясының құрамына енді. Қ. қазақ елінің тарихына, муз., фольклорлық мұраларына байланысты зерттеулер жүргізіп, жиған-терген мүлкітерін геогр. қоғамға тапсырған. 1914 ж. зайыбы Н.Құлжановамен бірге Семейде А.Құнанбаевтың қайтыс болғанына он жыл толуына бағыштап арнайы кеш өткізуге көп еңбек сіңірді. Мақалалары «Қазақ», «Бірлік туы», «Үш

жүз» газеттерінде жарияланып тұрды. 1915 ж. 13 ақпанда Петроградтағы мұсылман ауруханасы мен кіріптар қазақ шәкірттеріне қаржылай көмек көрсету мақсатымен Семейде өткен әдеби-муз., этногр. қайырымдылық кешінде сөз сөйлеп, Біржан мен Сара айтысының тарихын баяндап берген. Өмірінің осы кезеңінде алаш ардагерлерімен пікірлес болды. Жан жолдасы, қазақтың алғашқы журналист қыздарының бірі – Н.Құлжанованың қоғамдық-саяси көзқарасының, азаматтық тұлғасының қалыптасуына көп ықпал етіп, білімін көтеруге жағдай жасаған. Колчак жандеттерінің қолынан қаза тапты. Қ. 3-дәрежелі Әулие Станислав орденімен марапатталған (1906). Арқалық қ-нда бір көше ерлі-зайыпты Құлжановтар есімімен аталады.

*С.Кенжеахметұлы*

**ҚҰЛЖАНОВА** Нәзипа Сегізбайқызы (Сағызбайқызы) (27.7.1887, Торғай қ. – 1934) – ағартушы-педагог, этнограф, журналист-аудармашы. 1902 ж. Қостанайдағы орыс-қазақ гимназиясын бітірген. Торғайдағы қыздар уч-шесінде (1903–04), Семей қ-ндағы оқытушылар семинариясында (1905–20) ұстаздық еткен. 1913 ж. Орыс геогр. қоғамының Семей бөлімшесіне, «Азамат серіктігі» ұйымына мүше болған. Орыс геогр.



*Н.Құлжанова*

қоғамы Семей бөлімшесінің атынан 1914 ж. 26 қаңтарында Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай және 1915 ж. 13 ақпанында Петроградтағы мұсылман ауруханасы мен мұқтаж қазақ шәкірттеріне қаржылай көмек көрсету мақсатында әдеби кештер ұйымдастырды. «Қазақ», «Сарыарқа» және «Алаш» газеттеріне әйел мәселесіне байланысты мақалалар жариялады. 1917 ж. Семей обл. қазақ съезіне қатысып, оның төралқасы құрамына енді. 1920 ж. Қырғыз (қазақ) АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамының мүшесі болды. Осы қызметте жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі ОК-нің құрамына мүшелікке енді. 1922 ж. «Еңбекші қазақ»

газеті ред. алкасының мүшесі, «Қызыл Қазақстан» (1923–25), «Әйел теңдігі» журналдарында (1925–29) жауапты қызметтер атқарды. «Мектептен бұрынғы тәрбие» (Орынбор, 1923), «Ана мен бала тәрбиесі» (Қызылорда, 1927) әдістемелік кітаптарын шығарды. «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегіне А.Байтұрсынұлы кіріспе сөз жазып, бұл еңбекке «Қазақстан топырағындағы жаңа тақырыпқа арналған тың туынды» деп жоғары баға берді. Өнертанушы А.А.Затаевич Қ-дан «Ғайни-ау, сәулем», «Қадыр зары» әндерін жазып алған. «Айқап», «Қазақ», «Бірлік туы», «Алаш» басылымдарында оқу-ағарту, мәдениет мәселелері туралы мақалалары жарияланған. Байтұрсынұлы 1910 ж. жергілікті өкімет қудалап жүргенде Қ-ға арнап жазған өлеңінде: «Рақатсыз өтсе де өмір жасым, Бұл жөнiмнен құдайым айырмасын. Ұзақ жолға ниет қып бiр шыққасын, Жарым жолда қайтпасын, қарындасым!..» – деп азаттық үшін күрестегі өз ұстанымын анық білдіреді.

*С.Жұмағұлов*

**ҚҰЛМАНОВ** Бактыгерей (1857, Атырау обл. Теңіз ауд. – ө.ж.б.) – Алаш қозғалысының қайраткері. 1887 ж. (1886) шығыс тілдері мамандығы бойынша Санкт-Петербург ун-тін үздік дипломмен бітірген. 1888 ж. филол. саласы бойынша



*Б.Құлманов*

магистрлік дисс. қорғаған. 1890–1903 ж. Ішкі Орданың Қамыс-Самара бөлігін басқарды. 1906–07 ж. Ресейдің I және II Мемл. Думаларына екі рет сайланып, Мұсылман фракциясының белсенді мүшесі болды. 1917 ж. 21 сәуірде өткен Ішкі Ордадағы қазақтардың съезіне қатысып, қырғыз (қазақ) ордасының комиссары болып сайланды. Бірінші жалпықазақ съезінің шешіміне орай Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесінің атқару к-тінде қызмет етті. 1917 ж. Батыс Қазақстандағы Алаш қозғалысына белсене араласып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Алашорда үкіметінің ұлттық кеңесіне мүше болып сайланған. Халық мүддесін жоғары қойған Қ. Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов

сынды ұлт зиялыларымен тізе қосып, халық мұраты жолында Алаш партиясының құрамына қосылды. Алаш қайраткерлері жалпы адамзаттық гуманизм қағидаларын да ұмытпай, бүкіл қазақ халқының мұн-мүддесіне қызмет етті және бүкіл ғұмырын осы мақсатқа жетуге арнады. Қ. Ордада Қазақ автономиясын жариялауды қолдағандардың бірі.

**ҚҰЛ-МҰХАММЕД** Мұхтар Абрарұлы (12.12.1960 ж.т., ҚХР, Шәуешек к.) – мемлекет қайраткері, тарих ғыл. канд. (1995), заң ғыл. докт. (1999), проф. (2000). Нью-Йорк ғылым академиясының толық мүшесі (1997), ҚР Әлеум. ғылымдар академиясының акад. (2001). ҚазҰУ-ды (1982) бітірген. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында ғыл., аға ғыл. редактор, философия, құқық және социология редакциясының меңгерушісі, жауапты хатшы (1982–92), «Атамұра» корпорациясының президенті (1992–99), ҚР Парламенті Сенатының депутаты (1999–2001), ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі (2001–03), ҚР Президентінің кеңесшісі және баспасөз хатшысы (2003–07), Қызылорда облысының әкімі (2007–08), ҚР Мәдениет және ақпарат министрі (2008–10, 2013–14), ҚР-ның Мәдениет министрі (2010–12), ҚР-ның Мемл. хатшысы



*М.Құл-Мұхаммед*

(2012–13), ҚР Президентінің кеңесшісі (2014–16) қызметтерін атқарған. 2016 жылдан «Нұр Отан» партиясы Төрағасының 1-орынбасары. Ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі бағыты қазақ мемлекеті мен құқығының тарихы, түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті, руханият пен өркениет мәселелеріне арналған. 200-ден аса ғыл. еңбектің, оның ішінде 6 монографияның авторы. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (1996). «Құрмет» (2004), «Парасат» (2010), 3-дәрежелі «Барыс» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Астана қ-ның, Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд-ның құрметті азаматы. Қ.-М-тің «Жақып Ақбаев және Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарасының эволюциясы» атты докторлық диссертациясында А.Байтұрсынұлы туралы мол мағлұматтар бер

## ҚҰЛ ҰСТАЙТЫН

рілген. Сондай-ақ «Алаш ардагері: Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық кезқарастары» атты зерттеу еңбегінде тарихи тұлға – Санкт-Петербург уні-тін бітірген қазақтың тұңғыш құқық магистрі Ж.Ақбаевтың тағдыр-талайы мұрағаттық құжат-тар негізінде қарастырылып, талданады. Қ.-М. сарғайған материалдарды саралауда Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхановтың түрмеге камалуының себептерін қатталған құжат тілімен сөйлеткен. Ғасыр басында халқына келген ін-детке қарсы тұрып, қара жұртын ығына алған алыптардың тағдыры бір-бірімен тығыз байла-ныста болғаны – зерттеудің өн бойында шынайы баяндалады (А.: «Жеті жарғы» баспасы, 1996).

**«ҚҰЛ ҰСТАЙТЫН ҚҰМЫРСҚА, МАЛ БА-ҒАТЫН ҚҰМЫРСҚА»** – «Оқу құралына» ен-ген мәтін. Құмырсқалар тіршілігінің ішкі тәртібі баяндалған. Құмырсқалар бірімен-бірі (бөлек илеудегілер) адамдар секілді соғысады. Тірідей қолға түскендерін өз илеуіне алып келіп құлдык-қа салады, жұмыс істетеді. Құл иеленуші құмырс-қалар жұмыс істей алмайды, тіпті тамақты ау-зына салып бермесе, өздіктерінен жей де алмай-ды. Осыларды айта келіп, әңгіменің түйінінде: «Тиісті жұмысын атқарып тұрмаса, денесінің қай мүшесі болса да, істен шығып қалуы, құруы – табиғаттың заңы» деген қорытынды жасалады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұрманқызы*

**ҚҰЛЫБЕКҚЫЗЫ** Күңші (т.ж.б. – 1919) – А.Байтұрсынұлының анасы. Әкесі Құлыбек Шеруұлы – Арғыннан тарайтын Сүгір руынан. Байтұрсынұлының нағашы бабасы Шеру ауқаты болған деседі. Көз көргендердің айтуын-ша, Қ. өте ақылды әрі байсалды, кесек мінезді, қолы жомарт жан болған. Оның бойында ше-берлікпен қатар, ақындық қасиеті болғандығы, қыстың ұзақ күндерінде әулет балаларына аңыз-ертегілер мен кызықты жұмбақтар айтып, кейде ән де салатыны айтылады. Қайын жұртындағы ағайын-туғандары, көрші-қолаң ауылдастары Қ-на «Сарыүйіз» деген ат қойған. Бұл оның от-басындағы асыраушысы айдалып кеткенде, қаймықпай, ерлерше атқа отырып, бала-шаға-сын «суыққолдылардан» қызғыш құстай қорға-ғандығынан қойылған. Осы кездері әулеттің арқа тұтар ағасына айналған, қара шаңырақтың ке-нжесі Ерғазы Шошақұлы қапыда қаза болғанда, әулеттің анасы, сонымен қатар панасы да, қор-ғаны да болу жауапкершілігі оның иығына жүк-теледі. Осы жауапкершілік – Қ. анамыздың жар-ық дүниеден өткенше атқарған ең қасиетті ісі-не айналады. Ата-әжесі Байтұрсын мен Қ-ның мәңгілік сапарға аттануы туралы Қалидің қызы Сәкен апа 83 жасқа қараған шағында артынан іздеп келген Ш.Байсалова мен Г.Дулатоваға айтып береді. Бұл тағылымы зор, тарихи маңызы бар

әңгімені Г.Міржақыпқызы 1988 ж. қазан айында жазып алып, 1998 ж. «Шындық шырағы» кіта-бында «Сәкен Қалиқызының әңгімесі» деген та-қырыппен жариялады.

**«ҚҰМ МЕН ШАРЫҚ ТАС»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Құмның топырақтан өзгешелігі, құм түйіршіктері сазбен байланып біріксе, шарық тас болатыны және құм мен шарық тастың тұрмыс-та, өндіріс пен еңбек үрдісінде қолданылуы (қай-рақ, диірмен тас) туралы айтылады. Ғыл. түсі-ніктеме берілген.

**ҚҰНАНБАЙ** Өскенбайұлы, Қ ұ н а н б а й к а ж ы (1804, бұрынғы Семей обл. Шыңғыстау, Ақшоқы қыстауы – 1886, сонда) – би, аға сұлтан. Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер. Қ. жасынан балуан, найзагер болды, қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласты. 1834 ж. әкесінің орнына Кү-шік-Тобықты болысының старшындығына сай-ланады. Осыдан 1856 жылға дейін билік тізгі-нін қолынан шығармаған. 1846 ж. генерал Виш-невскийдің Ұлы жүз қазақтарын Ресейдің бода-



*Құнанбай Өскенбайұлы*

ны ету мақсатында жүргізген арнайы экспед-на қатысты. Экспед. құрамында болған поляқтың саяси қайраткері А.Янушкевич сапарнамалық күнделігінде Қ-дың қайраткерлік тұлғасы туралы: «Құнанбай өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және онегелі мұсыл-ман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының се-німіне ие болып, болыстыққа сайланған..., әді-летсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған» деп сипаттайды («Қазақ даласы-на жасалған саяхат туралы жазбалар», А., 1979). Қ. «Ескі там» деген жерде мектеп ашты. Патша өкіметіне адал қызметі үшін оған 1946 ж. хорун-

жий атағы берілді. 1849–52 ж. Қарқаралы окр-нің аға сұлтандығына сайланды. Бірақ Шыңғыстың бөктеріндегі қыстау үшін Бөкейге жасаған қысымына байланысты тергеуге тартылып, Омбы қ-нда мырзақамаста (қамауда) жағайды. Қамаудан Дала ген.-губернаторының қазақ істері жөніндегі кеңесшісі, полк. Шыңғыс Уәлихановтың кепілдігімен босанып шығады. Аға сұлтан кезінде Қарқаралы қ-нда мешіт салдырды. Арқат-Аягөз бекеті аралығында поштаны тонап, хорунжийді өлтірген Табылды, Үдербай, Әбділда, Түңлікбай есімді қазақ жігіттерін Барлық тауында тығылып жүрген жерінен Аягөз округінің аға сұлтаны Барақ Солтабаевтың көмегімен Қ. патша өкіметіне ұстап береді. Осының арқасында оның үстінен жүргізілген тергеу ісі тоқтатылып, хорунжий атағы қайтарылған. Ұсталғандар Аягөз қ-нда дарға асылып, атылғаннан кейін өзінің алданғанын түсінген Қ. биліктен бас тартып, қайтып мұндай іспен айналыспауға бекінеді. Омбы мұрағатындағы «Құнанбай Өскенбаевтың қылмыстық ісі» деген көл. 1700 беттік тергеу ісінің соңына 1862 ж. Қ-дың қажылыққа кетуіне байланысты «істі жабу» туралы мин-ке жолданған хат тіркелген. Кей деректерде Қ. қажыға 1874 ж. барды делінген. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрып, құдайға құлшылық етушілерге арнап тәккия (қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырған. Қ. – аса күрделі тұлға, билік тізгінін ұстаған кезіндегі қайраткерлігі қарама-қайшылықтарға толы. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын – қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шариат жолын қатар ұстанды. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, онтайлы шешімдерді жүзеге асырды. Қатал да әділ билік елді тезге салып, жөнге келтіреді деп білді. Барымтаға, ұрлыққа, дінбұзарлыққа, зинақорлыққа қатаң тыйым салды. Заманның ауқымын аңдап, ертенін болжай білді. Балаларын орысша оқыта отырып, мұсылмандықты уағыздады. Медресе салдырып, Әуез, Ғабитхан, Кішкене молда секілді шариат білгірлерін ауылына көшіріп әкеліп, бала оқыттырды. Сырттай Кеңесары қозғалысына қарсы күрескер ретінде көрінгенімен, оған астыртын қолдау жасап, көмек берді. Қ-дың бәйбішесі Күнкеден – Құдайберді, екінші әйелі Ұлжаннан – Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиолла, Смағұл, Кәмшат атты ұл-қыздары туған. Төртінші әйелі Нұрғанымнан туған баласы жасында қайтыс болған. Балаларының ішінде Абайдың болашағынан ерекше үміт күтіп, оны 13 жасынан қасына ертіп, билікке баулыған. Абай да әкесінің билік жолын үлгі тұтты. Ел арасында Құнанбай айтты деген нақыл сөздер кең таралған. Қ-дың өмірі мен қайраткерлігі туралы деректерді жинап,

бір ізге түсірген – М.Әуезов, оның «Абай жолы» эпопеясында Қ. бейнесі кеңестік идеол. ықпалына сай бұрмаланғанымен, жан-жақты сипатталып, шебер сомдалған. А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №43 санында жарық көрген «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында тек Абайды ғана талдап қоймай, оның әкесі Қ. жөнінде қазақ арасында беделді, бірегей тұлға болғандығы жайында мәліметтер келтірген.

*Т.Жұртбай, Е.Уәлиханов*  
**«ҚҰРБАН ҚИЯ»** – «Оқу құралына» енген әңгіме. «Қырым сөзі. Маркстан» деген сілтемедегі Қырым сөзі Қырым өлкесіне қатысты айтылған. Әңгімеге берілген ғыл. түсініктемеде «Маркстан» дегеннің нені білдіретіні айтылмайды. Ал қазақшаға аударған «Қыр баласы» – Ә.Бөкейханның бүркеншік аты. «Құрбан қия» – Қырым өлкесіндегі тарихи оқиға өткен жартасқа берілген атау.

*С.Ғұсманқызы*  
**ҚҰР КӨМЕКШІ ЕТІСТІК** – көмекші етістіктің бір түрі; қалып етістіктері (*отыр, жатыр, жүр, тұр*) мен *е-* етістігінен басқа көмекші етістіктер. Құр көмекші етістік болатындар: *бармақ, болмақ, алмақ, бермек, келмек, кетпек, көрмек, өтпек, тастамақ, қоймақ, қалмақ.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ** – мағына жақындығымен қатар қисын жақындығы бар сөйлемдер. Құрамындағы сөйлемдерінің құрмаласуына қарай А.Байтұрсынұлы құрмалас сөйлемдерді *сыйыса құрмаласу, қиыса құрмаласу* деп жіктейді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*  
**ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ** Шерубай (27.11.1964 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Қарасаз а.) – филол. ғыл. докт. (1999), проф. (2001). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2008). ҚазҰУ-ды (1991) бітірген. ҚР Ұлттық ҒА Тіл білімі ин-тында кіші ғыл. қызметкер, ғалым-хатшы (1991–96), ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі (1996–2001), ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нде басқарма бастығы (2001–03), ҚР Мәдениет мин. Тілдерді дамыту департаменті директорының орынбасары (2003–04), ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт мин. Тіл к-ті төрағасының орынбасары (2005–06), Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі (2006–07), ҚР Білім және ғылым мин-нде кеңесші (2007–08), ҚР Президенті Әкімш. басшысының кеңесшісі (2008), «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры тіл құрылымының басшысы (2009) қызметтерін атқарды. 2009 жылдан А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-



тының директоры, ҚР Мәдениет мин. Тіл к-тінің төрағасы (2011–12), ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Тіл к-ті төрағасының орынбасары (2012–13) қызметтерін атқарған. 2014 жылдан ҚР Ұлттық банкінің ұйымдастыру жұмысы және бақылау департаменті директорының орынбасары. Қ. Байтұрсынұлының тілдік мұрасын зерттеуге қосқан үлесі үшін Ахмет Байтұрсынұлы атынд. (2014), «Астанаға 10 жыл» медальдарымен (2008), ҚР БҒМ «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталған (2010). 300-ден астам ғыл. жарияланым мен 4 монографияның, 10 оқу құралы мен сөздіктің, бірнеше әдістемелік құралдарының авторы. Қ. өз еңбектерінде А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің негізін қалау мен ұлттық ғылым тілін, терминологияны қорды қалыптастырудағы еңбегі мен рөлін атап көрсетеді. Оның ғыл. монографияларының бөлімдері мен бірнеше ғыл. макалалары Ахмет мұрасын зерттеуге арналған. Ғыл. жинақтар мен респ. басылымдарда жарық көрген «А.Байтұрсынұлы және терминжасау ісі» («Қазақ тілі мен әдебиеті», 1997. – №7, 8. 3–10-б.), «Терминолог» (А.Байтұрсынұлы туралы. «Егемен Қазақстан», 12.11.2008. – №343–344), «Ахандар аманатын орындай алмай келеміз» («Зан» газеті, 14.10.2010. – №152), «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ терминологиясы» («Ана тілі», 21–27.2. 2013. – №8), «Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы балама сөздер» («Қырық мысал» негізінде. «Ана тілі», 3–10.3.2017. – №13) сияқты макалалары солардың қатарына кіреді. «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидадары» атты монографиясында (2004) 1926 жылғы Бакуде өткен түркітанушылардың 1-съезінде жасаған баяндамасында Байтұрсынұлының түркі жұртына ұсынған ғыл. қағидадарын жан-жақты талдап, оның ғыл. негізінің берік екендігін дәлелдейді.

**«ҚҰРТ-ҚҰМЫРСҚА»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Шыбын-шіркей тәрізді ұсақ жәндіктердің қалай өсіп-өнетіні жайында танымдық маңызға ие. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұрманқызы*

**ҚҰРТ ШАҚЫРУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы тісі ауырған адамның тісін құрт жейді деп, сол құртты түсіру үшін айтылатын емшілердің сөздерін Қ. ш. деп атаған. Ғалым «Арқадағы алты құрт, Арқаласып келер құрт, Желкедегі жеті құрт, Желкелесіп келер құрт» деген жолдарды Қ. ш.-дың бір үлгісі ретінде көрсетеді. Бұл термин қазіргі таңда қолданыста жоқ.

*С.Жайлауова, Ә.Қожамет*

**ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОМИТЕТІ (КОМУЧ)**, 1918 ж. 8 маусымда құрылған. Ресейдің Құрылтай жиналысының мү-

шелері – эсерлер мен меньшевиктерден құралған Уақытша үкімет. Басшылығына В.К.Вольский (төраға), И.М.Брушвит, П.Д.Климушкин, И.Н.Несеров, Б.К.Фортунатов сайланған. Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін заң шығарушы және атқарушы билік қызметтерін атқарған. 100 адамнан тұрған үкімет құрамына А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, С.Дошанов, А.Бірімжанов, Ғ.Әлібеков, Ж.Досмұхамедов, У.Танашев, Х.Досмұхамедов, М.Шоқай енген. КОМУЧ бірнеше миллион қазақ халқы өзін-өзі билеуге толық құқылы, бірақ автономия жөніндегі мәселе түпкілікті Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында шешілуі тиіс деген пікірде болған. Сондай-ақ КОМУЧ Алашорданы Құрылтай жиналысына дейінгі заңды үкімет ретінде таныды. КОМУЧтың мәлімдемесінде «Түркі-татар қауымдары мәдени-ұлттық автономия алуға құқылы, ендігі жерде олардың жергілікті мекемелерінде, соттарында ана тілін қолдануға, түрлі мектептер ашуға, діни, мәдени-ұлт істерін, халқын өз үкіметінің күшімен басқаруға, алым-салыққа, халық ағарту, т.б. жұмыстарында өз еріктері өздерінде. Ресейдегі мұсылманы көп облыстар – Түркістан, Алаш, Башқортостан жерінің саяси автономия болуына қайшы емес» делінген. 1918 жылдың 2-жартысында Төм. және Орта Еділ, Оңт. Орал және Сібір жері эсер үкіметтерінің қарауына көшкен. Ең ірілері – КОМУЧ (орт. – Самара қ.) және Сібір үкіметі (орт. – Омбы қ.) болды. 15–16 шілдеде Челябинск қ-нда чех легионерлерінің бақылауымен екі үкімет өкілдерінің жиналысы болып, келіссөздер Челябинск Мемл. кеңесінің 20–25 тамызындағы съезінде жалғасқан. Самараға КОМУЧ пен Сібір үкіметінің Қазақ автономиясы жөніндегі ұстанымын білу мақсатында 19 тамызда Байтұрсынұлы, Х. және Ж.Досмұхамедовтар келген әрі олар осында Сібір үкіметімен келіссөз жүргізіп жатқан Ә.Бөкейханмен кездескен (Түркістаннан Парижге. Құрылтай жиналысы: үміт пен елес // Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12-том. – А.: Дайк-Пресс, 2012. – 1-т. (том авторы – К.Есмағамбетов).

**«ҚҰС»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Құстардың түрлері (20 топқа бөлінетіндігі), тіршілік әрекеті танымдық тұрғыдан түсіндірілген. Ғыл. түсініктеме берілген.

**ҚҰСАЙЫН-ЗАДА**, Гуссейн-заде Али Мирза Ага-оглы (1906, Иран, Пехлеви қ. – ө.ж.б.) – түркітанушы, тарихшы және әдебиеттанушы. Саудагердің отбасында дүниеге келген. 1933–36 ж. Материалдық мәдениет тарихы мемл. академиясында аспирантурада оқыған. 1936 жылдан КСРО ҒА Шығыстану ин-тында ғыл. қызметкер болған. Сол жылы НКВД шешімімен қамауға алынып, 5 жылға жазасын өтеуге кесілген. Одан кейінгі тағдыры туралы мәлімет жоқ. 1956 ж. ақталған. Қ.-3. 1926 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтық түр-

кітанушылардың I-съезіне қатысып, баяндама жасаған. Ол туралы А.Байтұрсынұлы өзінің «Түрікшелер құрылтайы» атты мақаласында жазған. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

**ҚҰСАЙЫНОВ** Амангелді (29.12.1942 ж.т., Павлодар обл. Ертіс ауд. Үлгілі а.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1991), проф. (1991). КСРО Жоғары мектебінің үздігі (1980). Қазақ білім академиясының акад. (2004). ҚазҰУ-ды (1969) және аспирантурасын (1976) бітірген. Қазақ мемл. ун-тінің аспиранты, ассистент, аға оқытушысы,



А.Құсайынов

доцент, проректор, аға ғыл. қызметкер, проф. (1973–92), Ақмола (1992–96), Еуразия ұлттық ун-ттерінің ректоры (1996–2000), ҚР Жоғары аттестац. комиссиясының төрағасы (2000–04), Қазақ білім академиясының президенті (2004–07) қызметтерін атқарған. 2007 жылдан Еуразия гуманист. ин-тының ректоры болды. Негізгі ғыл. бағыты – Қазақстан тарихының мәселелері. 150-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 3 монографияның авторы. Еңбек Қызыл Ту, А.Байтұрсынұлы атынд., «Құрмет» (2013) ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**ҚҰСАЙЫНОВ** Әмірлан Айдарбекұлы (25.9.1957 ж.т., Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1993),



Ә.Құсайынов

проф., Халықар. жоғары мектеп ғылымдары (1996), Халықар. (2002) және ҚР (2002) Инж.

академияларының акад. Мәскеу құрылыс-инжендері ин-тын (1979) және Орт. құрылыс конструкциялары ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1983) бітірген. Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясында ассистент, доцент, проф., кафедра меңгерушісі (1983–95), ҚР Үкіметі аппаратында бөлім меңгерушісінің орынбасары (1995–97), Қазақстан–Америка ун-тінің президенті (1997–2000) қызметтерін атқарған. 2000 жылдан Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясының ректоры. 40-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 2 кітаптың (телавт.) авторы. А.Байтұрсынұлы атынд. орденмен марапатталған.

**«ҚҰСТАРДЫҢ МАСА, ШЫБЫН, ҚОҢЫЗДЫ ҚҰРТУЫ»** – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Орыс жазушысы Н.Рубакиннен аударылған. Құстардың адамға, малға зиянды маса, шыбын, қоңыз секілді жәндіктерді қалай жеп құртатыны жөнінде айтылады. Мыс., ұзақ қарғалар көбелекті, қараторғайлар қоңызды, сарғалдақтар шыбынды, дырозд деген құс шегірткені аулайды. Ғыл. түсініктеме берілген.

С.Ғұсманқызы

**ҚЫДЫРШАЕВ** Абат Сатыбайұлы (15.11.1963 ж.т., Атырау обл. Құрманғазы ауд. Тайланбай а.) – пед. ғыл. докт. (2002), проф. (2008), ҚР Пед. ғылымдары академиясының акад. (2009). Батыс



А.Қыдыршаев

Қазақстан мемл. ун-ті (1985), ҚазҰПУ-дың аспирантурасын (1995) бітірген. Батыс Қазақстан мемл. ун-тінде кафедралардың меңгерушісі (1995–97, 2006–09), декан (2002–04), ҚазҰПУ-да аға ғыл. қызметкер (1999–2001), Батыс Қазақстан агротех. ун-тінде тәрбие және әлеум. жұмыстар жөніндегі проректоры, кафедра меңгерушісі, проректор (2009–11) қызметтерін атқарған. 2011 жылдан Батыс Қазақстан мемл. ун-тінде декан. Халықар. көптілді білім беруді дамыту ортның (2012 жылдан) қызметтерін атқарған. 2013 жылдан «Махамбет» халықар. ғыл.-зерт. ортның директоры. 300-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 5 монографияның, 25 оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралдың, 4 электронды

## ҚЫЗ ӘКЕСІНЕ

оқулықтың, 13 оқу бағдарламасының авторы. ЖОО-ның үздік оқытушысы (2007). Қ-тың «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты монографиясында (Орал, 1998; Ұлағат, 1995) А.Байтұрсынұлына дейінгі ана тілін оқытуға байланысты мәселелерге шолу жасалып, оның әдіскер ғалым ретінде қалыптасуына өз кезеңіндегі әдістеме ілімінің әсері ескеріліп, Л.Толстой мен Байтұрсынұлы еңбектеріне жасалған салыстырмалы барлау нәтижелері баяндалып, Ахметтің әдіскер ізбасарлары баса көрсетілген. Сондай-ақ «Ахметтану тәлімі» (Орал, 2008) кітабы, оқу-ағарту, әдістеме мәселелері жөнінде «Алты миллион қазаққа алты ат» («Ана тілі», 27.1.1994), ана тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы «Ғұлама ғалым, ақын, қоғам қайраткері» (Ақтөбе, 3.2.1996) атты мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген.

**«ҚЫЗ ӘКЕСІНЕ»** – өлең. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 7 шумақ, 28 жолдан тұрады. Көкейін ақша мен мал тесіп, 14 жастағы қызын қарт шалға бермек болып жатқан қыз әкесіне арналып жазылған. Соңына авторы «Малыбай ұлы Рақымжан» деп көрсетілген.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

**«ҚЫЗДЫҢ ЖОҚТАУЫ»** – қырғыздың жоқтау жыры. Авторы белгісіз. Бұл жоқтауды «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа құрастырған А.Байтұрсынұлы. «Кередегі ышқындай Кейпіңді айтамын! Көп сөйлесіп келгенде, Ептіңді айтамын!» деп басталатын 7 буындық жыр үлгісіне құрылған шығарма 22 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде шығарманы В.В.Радловтың жинағына алғаны көрсетілген.

*Әдеб.:* 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ҚЫЗМЕТТІК ТІЗБЕ** – А.Байтұрсынұлы 1929 жылғы 8 наурызда Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты Қазин-тының қызметкері ретінде толтырған құжат. Осы 3 беттік тізбеде аты-жөні, туған күні, айы, жылы, жері, білім алған оқу орны, отбасылық жағдайы, мамандығы, ғыл. қызметінің басталған жылы, ғыл. өтілі, қай оқу орнында жұмыс істейтіндігі, ғыл. еңбектерінің тізімі, партияға қатысы, мекенжайы туралы мәліметтер толтырылып, қол қойылған. Қолжазба Алматы қ-ндағы Ахмет Байтұрсынұлы мұражайында сақталған.

*Е.Ердембек*

**«ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫН 37-ДЕ ОПАТ БОЛҒАН-ДАР»** – жинақ. Құрастырғандар – Қ.Қасенов, Ә.Төреханов. А., «Қазақстан» баспасынан 1994 ж. жарық көрген. Көл. 80 бет. Таралымы 50000 дана. Жинаққа 37-ші жылдардағы жеке басқа табынушылықтан, Сталиндік зұлматтың зардабынан қуғын-сүргін көріп, опат болған қазақ халқының біртуар қоғам қайраткерлері, қаламгерлері (жалпы саны 23 тұлға) туралы жазылған материалдар енген. Жинақта қамтылған Алаш партиясының негізін салушылар – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, сондай-ақ С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, Ж.Ақбаев, т.б. жөнінде жаңа деректер негізінде жазылған очерктер оқырман қауымды бейжай қалдырмайды. Жинақтың 9–12 беттерінде А.Мектептің Ахмет жайлы очеркі жарияланған. Көпшілік оқырманға арналған.

*С.Арғынғазин*

**ҚЫЗЫЛОРДА** – Қызылорда обл-ның әкімш., экон. және мәдени орталығы (1938 жылдан). Сырдария өз-нің оң жағалауына орналасқан. А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» хрестоматиясы Қ-да 1926–1927 жылдары екі рет басылып шыққан. Ресми құжаттардағы «Мәлімдемелерде» (6 томдық шығ. жин., 6-т.) әдеби еңбекті ешкім мақтанш үшін жазбайтынын айта келіп, А.Байтұрсынұлы «Мәдениет тарихы» деген еңбек жазғанын, сол бойынша Қазақ оқу-ағарту Халкомында, Орынборда, Қызылордада дәріс оқығанын айтады. А.Байтұрсынұлы: «...Қазақ-қырғыз институты көшпейтін болса да, шәкірттердің оған қарамай астанаға барамыз деп шешкенін көріп мен де Қызылордаға қоныс өзгертуді жөн санадым» деп Әлихан Бөкейханға жазған хатында айтқан.

**ҚЫЗЫЛ ТЕҢІЗ**, Ш а а б т ең і з і – Үнді мұхитының Арабия түбегі мен Африка аралығындағы құрлық аралық теңіз. Жағалаулары Египет Араб Республикасы, Судан, Эфиопия, Сауд Арабиясы, Йемен Араб Республикасымен шектеседі. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатына жалпы сипаттама берген. Онда ол Азияның ірі теңіздеріне тоқталып, Азияны Африкадан бөліп жатқан теңізді Қ. т. (Шааб) деп берген. Қ. т. Азияны Африкадан Суэц каналы арқылы бөліп жатыр.

*Қ.Ахметов*

**«ҚЫМ-ҚУАТ ІЗДЕР»** – оқу құралы. Авторы – Т.Қожақеев. ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нің бағдарламасы бойынша, «Санат» баспасынан 1999 ж. жарық көрген. Көл. 400 бет. Таралымы 1000 дана. Автордың әр жылдар аралығында жазып, бұрын-соңды жарық көрген кітаптарына енгізілмеген, әр түрлі жанрлардағы материалдарының жинағы. Еңбек «Әңгіме. Әдебиет әлемінде», «Сырласу. Сатира саласында», «Жүздесу. Журналистика жөнінде», «Толғаныс. Тарихи тұлғалар төңірегінде» атты төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлімге енген дүниелердің

тәлімдік мәні зор. Олар әр жылдардың үні, ізі ретінде еш өзгертусіз, аты-жөнімен, тіл, стиль, үн пафосымен берілген. Автордың «Қадірін біз білмеген, басқа білген» атты мақаласында 1967 ж. Америкадағы Колумбия ун-тінің профессорлары Э.Олуорд, Я.Муррей Мэтли, К.Х.Мэнгес өз шәкірттерімен бірлесіп, Нью-Йоркте ағылшын тілінде «Орталық Азия орыс билеген ғасырда» («Центральная Азия в век русского правления») деген кітап шығарғаны, онда А.Байтұрсынұлы туралы пікір білдіріп, оның саясат, әдебиет, мәдениет майданындағы ерлік істерін ерекше бағалағаны, т.б. айтылса, «Тың дерек» атты мақаласында, Мәриям Қырым деген автордың «Америкадан хат» атты хабарламасында Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов еңбектерін шетелдердің қандай кітапханаларынан іздеу керектігі жөнінде бағыт көрсетіп, сілтеме жасағаны баяндалған.

*С.Арғынгазин*

«ҚЫПШАҚ СЕЙІТКҮЛ» – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Шығармада ел-жұрттың малмен қоса егін егіп, жер емшегін емуге үйретіп, мамыражай тірлік кешкені жөнінде баяндайды. «Сейіткүл 1830-ыншы жылы дүниеден қайтыпты. Сол данышпан кісінің ақылымен егінді әдет еткен ел қабырға суының бойында осы күнде де көп. Жарлы болып, басқа кәсібі болмаған ел Торғай жағында тез егінге айналады. Ерінбей бейнеттенгендері біраз жылдың ішінде-ақ егін арқасында жұрт қатарына қосылды» деп аяқтайды. Сонына «Алтынсары ұлының кітабынан» деп сілтеме берген.  
*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ногай*

**ҚЫРҒЫЗ (ҚАЗАҚ) МҰҒАЛІМДЕР МЕКТЕБІ.** А.Байтұрсынұлы 1891–95 ж. Орынбор қ-нда Қырғыз (казак) мұғалімдер мектебінде білім алған. Бұл мектеп 1883 ж. Орсқ қ-нда ашылған. 1928 ж. орыс тілінде жазған өмірбаянында Байтұрсынұлы «Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебіне түстім, онда 1891–95 ж. оқыдым. Бұл мектепті бітіргендер 6 жыл мұғалім болып қызмет істеуге міндетті» деп жазды. Мектеп ғимараттарының 1888 ж. өртеніп кетуіне байланысты Халық ағарту мин. императорға өтініш жазып, 1889 ж. 28 тамызда Орынборда қайта ашылған. Орта білім беретін бұл жабық типтегі мектепте казак, қырғыз, башқұрт, татар, орыс ұлтының өкілдері оқыған. Білім беру орыс тілінде жүргізілген. 4 жылдық бұл мектепке әлеум. тегіне қарамай, ер балалар қабылданған әрі казак балалары үшін оқу тегін болған. Мектепте білім

беру «Қырғыз мұғалімдер мектептері жөніндегі ережеге» (1880), «Татар мұғалімдер мектептері жөніндегі ережеге» (1872), «Орыс мұғалімдер семинариялары жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес жүргізілген.

*Д.Жарылгасын*

**ҚЫРЫ КЕЛЕТІН СӨЗДЕР** – тұрған күйінде алса да қиындаса қалатын сөздер. Мыс.: *Қыс қатты, қар қалың, күн суық* дегенде үш сөйлемнің ішіндегі сөздер өзгертілместен алынған, өзгертілмей-ақ қырлары келіп, қиындасып тұр.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ҚЫРЫ КЕЛМЕЙТІН СӨЗДЕР** – қиындастыру үшін қырларын өзгертіп, қиоын келтіретін сөздер. Мыс.: *Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада* деген сөйлемдердің ішіндегі сөздердің бәрі өзгертілген, өзгертілмей алынған бір сөз жоқ. Қырларын өзгертпесе (*ел, мал, дала, біткен, жан, жала, көп, жат, қала*) бұл сөздерден *Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада* деген ойларды ұғу мүмкін болмайды. Қырларын келтіріп, қиындастыру үшін өзгертпей, тұрған-тұрған түпкілікті күйінде алса, қырлары жанаспайды, біріне бірі қиындаспайды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

«ҚЫРЫҚ МЫСАЛ» – өлеңдер жинағы. Редакторы – Е.Дүйсенбайұлы. А., «Жазушы» баспасынан «Мектеп кітапханасы» сериясы бойынша



2001 ж. жарыққа шыққан. Көл. 120 бет. Таралымы 5000 дана. А.Байтұрсынұлының «Қ. м-ы»

## ҚЫРЫҚ МЫСАЛ

өзінің көзі тірісінде-ақ «революциялық рухтағы алғашқы сөз», «Елшілдік ұраны» (М.Әуезов) деп бағаланған. Қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруға қызмет еткен бұл шығармалар Крыловтан жасалған таза аударма емес, автордың төлтума туындысы. Сондай-ақ 1911 ж. Орынборда жарық көрген «Маса» жинағынан алынған өлеңдер де кезінде ұлттық ой-сананы оятуда ұйытқылық рөл атқарған.

*С.Арғынгазин*

**«ҚЫРЫҚ МЫСАЛ»** – А.Байтұрсынұлының мысал жанрында жазған шығармалары. «Қ. м.» алғаш 1909 ж., кейіннен 1913, 1922 ж. жарық көрген, Байтұрсынұлының ардақты есімі халқына қайта оралғаннан кейін де бірнеше мәрте жарық көрді. «Қ. м.» – Крылов мысалдарының негізінде жазылғанымен, автор жанрдың табиғатына сай еркін жазған. Сондықтан, төл шығарма болып шыққан. Оған мысалдың жанрлық ерекшелігі де ықпал еткен. Әлемдік әдебиетте қалыптасқан заңдылықта ортақ сюжет, ортақ тақырыпқа жарысқа түсіп ақындар мысалдар жазған. Бұл – мысалдың жанрлық ерекшелігі. Мысал жанры табиғатының тағы бір ерекшелігі – оның синкреттілігі. Мысал табиғатында – лирик., драмалық, сатиралық, комед., эпостық, тіпті трагед. элементтерді ұштастыратын күрделі жанр. Байтұрсынұлының 1909 ж. Петерборда жарық көрген «Қырық мысал» атты жинағы қазақ мысал жанрының алтын дінгегі іспеттес. Әдебиеттің басқа жанрларынан ерекше бір қасиеті мысал жанрының ортақ сюжетке құрыла беруі, оның өзі ғасырлар бойы байланысын үзбеген фольклорлық дәстүрдің беріктігінің бір көрінісі. Шындығында, мысал жанры саласында қалам тербегендер сюжет табуға тырыспаған, сонау Эзоп, Лұқман Хакім заманынан Байтұрсынұлына дейін, тіпті бүгінгі таңға дейін бұл дәстүр берік сақталып келеді. Аарне және Томпсонның (Андреев) дүниежүз. ертегілер каталогындағы (АТ каталогы) сюжеттердің мысал жанрында көрініс табуын келтірейік. Мыс. «Түлкі мен Қарға» сюжеті АТ каталогында №57 бар болса, осы сюжет Эзопта 112; Федрте 13; Бабрийде №77; Лафонтенде №33; Крыловта №I; Абайда №10; Ыбырайда №1; Әлиханда №45; Ахметте №12 мысалда қолданылған. Сондықтан қырық мысалды тек Крыловтан алған деуге келмейді. Мысал жанрының негізгі сюжеттерінің тарихы тереңде, адамзатқа ортақ сюжет. Осы ортақ сюжетке көркемдік қуат пен ғалымдық зерделікті ұштастыра даралық стильмен келген Байтұрсынұлының «Қ. м-ы» – төл шығарма. Мысал – ұзақ тарихи кезеңде тұрақты

жанрлық қасиетін «бұзбаған» жанр. Осындай қалыпты дәстүрі бар жанрға Байтұрсынұлы даралық шеберлігімен қазақ әдебиетінде терең мазмұнды, жаңа формадағы нағыз халықтық мысалдарды дүниеге әкелді. Байтұрсынұлы мысалдарының төлтума стильдік сипаттары айқын көрініс берген ерекше бір белгісі – эпостық сарынның барлығы. Мыс., Байтұрсынұлының «Аңдарға келген індет» атты мысалы 117 жолдан тұрады. Немесе, «Қасқыр мен тырна» – 76 жол, «Арыстан, Киік һәм Түлкі» – 56 жол, «Қасқыр мен қозы» – 68 жол, «Емен мен Қамыс» – 68 жол, «Қайырымды түлкі» – 56 жол, «Жарлы бай» – 108 жол, «Кісі мен Арыстан» – 62 жол, «Кісі мен Аю» – 68 жол, «Иттің достығы» – 66 жол, «Түлкі мен Қарашекпен» – 78 жол, «Қайыршы мен Қыдыр» – 96 жол, «Ала қойлар» – 64 жол, «Есек пен Үкі» – 69 жол, «Өзен мен Қарасу» – 70 жолдан тұрады. Лафонтен, Крылов, Абай мысалдарынан көлем жағынан көп. Бұл сапаның санға жол беруі емес, керісінше сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтуды мақсат еткен ақынның позициясын байқатады. Ол кезең, қазақ халқының әлеум. өмірінде үлкен өзгерістер кезеңі еді. Елдікке, бірлікке, бостандыққа бастар, үлкен мұратты мақсат тұтқан ақын қаламы тереңнен ширеңге, шабыттана ой толғағанда тыныстың тарылмауына эпостық сарынның қажеттілігін сезінген. Табиғатында поэзиямен егіз халықтың қабылдау дәстүрін таныған ақын бұл жанрға өзгеше еркіндікпен келген. Әлемдік белгілі сюжет сарынының мазмұнын тереңдете, мысалды драмалық сипатты шығарма деңгейіне көтерген. «Аңдарға келген індет» атты мысал өлеңінде Байтұрсынұлы оқиға желісін терең де еркін меңгеріп, поэмалық деңгейде баяндағанын байқаймыз. Драмалық тартысқа, психол.-аллегор. астарға маңыз берілген бұл мысалдың көтерген жүгі кез келген шұбалаңқы қайсыбір «поэмаларды» өзінің ерекшелігімен ұялтып кетеді. Жалпы, осы мысал сюжеті әлем халықтары әдебиетіне кеңінен тараған. Бұл мысалдың сюжеті Байтұрсынұлына Крыловтан келсе, Крылов француз әдебиетінен, яғни Лафонтеннен алған. Лафонтен, Крылов мысалдарының қысқа қайырған соңғы түйініне, Байтұрсынұлының «Залымдар айран ішіп аман кетіп, Момындар тұтылып жүр шелек жалап» деген жолдары үндес келгенімен, дәстүрлі мысал түйінінде астарлап, халқымыздың басында тұрған қаншама әділетсіз теңсіздікті жеткізе білген. Сондықтан оншақты жолдан тұратын мысалдың қорытынды түйіні қазақ халқының сол

кездегі шынайы жағдайын көрсетер толғаныс-толғауға айналып кеткен. Байтұрсынұлы, әлемге танымал сюжеттерге, өзгеше ұлттық мазмұн берген, мысалдың өне бойында қазақ тілінің тілдік оралымы үстемдік құрып, «қазақы» түрге енген. Сонымен қатар, әрбір мысалдың сюжетін алғанда, оған үлкен талғаммен қараған. Байтұрсынұлы мысалдарын көлемділігі жағынан екі топқа бөлуге болады. Айтылар ой, персонаждар санына қарай бірінші тобы эпик. сарынды, негізінен поэма жанрына тән ерекшеліктер түгел дерліктей кездесетін топ. Екінші топ, ақын мысалдары сюжеттің көтерер жүгі, айтылар мақсатына қарай, кең көсілмей қысқа қайыра, айтар ойды тапқырлықпен нақтылы түйіндей айтатын мысалдары. Айталық, ақынның «Аққу, шортан һәм шаян», «Шымшық пен Көгершін», «Маймыл», «Егіннің бастары», «Өгіз бен бақа», «Екі шыбын», «Шал мен ажал», «Маймыл мен көзілдірік», «Шал мен жұмыскер», «Айна мен Маймыл», «Екі бөшке», «Қаптесер мен Көртышқан», «Сары шымшық», «Үлес», «Малшы мен маса» осы бағытта жазылған мысалдар. Жалпы, қазақ әдебиетінде мысал жанрын стильдік деңгейге көтерген Байтұрсынұлы мысалдарының негізгі тақырыбы, жинақтай айтсақ елшілдік ұраны деп айта аламыз. Байтұрсынұлының елшілдік ұраны тек қана мысалдарында ғана емес, бүкіл поэзиясында көрініс береді. Мысал – сюжетті жанр. Байтұрсынұлы мысалдары түгелімен халықар. сюжетке құрылған. Ол мысал сюжеттері антик. мысал сюжеттерінен бастау алады. Алайда, дәстүрлі сюжет автордың өзіндік ізденісіне, оған ұлттық ерекшелік пен төлтума сипат беруіне ешқандай кедергі болмайды. Байтұрсынұлы өмір сүрген кезең, қазақ халқының әлеум.-қоғамдық өмірі қайшылыққа толы, сілкініс кезеңі еді. Отаршыл саясат, жуан жұдырықпен бірге ел ішінде қырық пышақ дау-дамай ғасырға созылып, халықтың ашынып шиыршық атқан кезін дәл таныған ақын мысал жанры арқылы, оның ықпалы арқылы халық рухын көтеріп, поэтик. үндеу тастады. Бұндай үндеу, ғибрат сөз, тек Байтұрсынұлы сияқты алыптың аузынан шыққанда салмақты. Ол ғибрат, ол толғам бүгінгі таңда да маңызын жоймақ емес, Байтұрсынұлы өзінің ғибрат сөзін, алдымен «Қырақ мысал» еңбегіндегі бірінші мысал «Аққу, Шортан һәм Шаянның» түйінінде берді: «Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас. Бірінің айтқанына бірің көнбей, Істеген ынтымақсыз ісің оңбас». Жалпы, бүкіл сюжет осы түйін – сентенсияға қызмет атқарып тұр. Өйткені ондағы персонаждар диалогы, тартыс жоқ. Сондай-ақ

мысал жанрында басты элемент болып табылатын, бұндағы персонаждар қалыпты характері бар персонаждар емес. Мыс., халықта қалыптасқан, Түлкі қу, Қоян қорқақ, Қасқыр жыртқыш, Аю ебдейсіз т.б. белгілері жоқ персонаждар. Алайда, бұл персонаждар іс-әрекетіне байланысты алынып отыр. Барлық адам аққудың ұшатынын, шаянның жерде жүретінін, Шортанның жүзетінін біледі. Сондықтан бірігіп әрекет қылғанымен нәтиже жоқ. Мысал түйінінде, елді тұтастық – бірлікке, ынтымақтастыққа шақырған ғибрат ой-тұжырым жатыр. Байтұрсынұлы стилінде ғибраттық түйін ерекше орын алады. Оны ақын әр позицияда әдемі қолдана білген. Расында, стиль қалыптасу барысында форма табу, сол арқылы ой-пікірді беруде ақын мысалдарында түйін-пікір (сентенция) ерекше маңызды рөл атқарады. Ол түйіндердің бірінде, адам бойындағы қасиет сөз болса, бірінде жалпы адамзат қоғамы туралы тұжырым жасалады. Жалпы, мысал жанрының халық даналығы мақал-мәтелдермен, халық ертегілерімен генетик. байланысы, мысалды халық ерекше сүйіп, қабылдауының басты факторы болды. Байтұрсынұлы – жанр табиғатын терең таныған ақын. Қазақ мақал-мәтелдерін қолдана білуі, дәстүр жалғастығы және жанр ерекшелігін тануы, сондай-ақ өзіне тән даралығы. Қазақтың мақал-мәтелдерімен көмкерілген мысалдардың сюжетін халықар., әлемдік, яғни, әдеби байланыс арқылы келген деп еш оқырман, тыңдарман ойламайды. Байтұрсынұлының мысалшыл ақын ретінде шеберлігі де оның мысалдарының тіл байлығынан көрінеді. Соның бір парасы, қазақ елінде болып жатқан өзгерістер мен қарама-қайшылықтың типтік портретін бейнелеуде, астарлап жеткізуде, өткір сатиралық тіл дәлдігімен де танылған. Байтұрсынұлы өз мысалдарында ақын, сонымен қатар ойшыл ретінде көрінеді. Ақын мысалдарында тұрмыстық қайсыбір детальдарды дәл беру арқылы, өмірдің шынайы суретін де бере біледі, Байтұрсынұлының «Сарышымшық» мысалында персонаж өзінің әсірелеу қалпымен күлкі тудырса, оның ар жағында: «Балық жеп, сорпа ішіп тойынбаққа, Аш пенен көбінесе арық келді. «Бір соғым пұлсыз астан» дейтіндер де, Қасығын қолдарына алып келді». Жалпы тобыр психологиясы, дайынға жүгірер «піскен асқа тік қасық» күлкілі топ та, астарлы иронияға ілінген. Жалпы, ақын мысал сюжетін Крылов арқылы алып отырғанмен, ондағы сорпа, соғым, я бөлен, я нағашың, я жиенің, т.б. сөздердің қолданылуы, сюжетті қазақ даласына еркін енгізіп жіберген. Егер де, Байтұрсынұлы мысалдарын қайтара

## ҚЫРЫҚ МЫСАЛ

орыс тіліне аударса, Крылов өз мысалдарын мүлде танымас еді. Тіл байлығы, ақын шеберлігінің бір әдемі көрінісінің айғағы осы. Байтұрсынұлы мысалдарының тілі дегенде, ауыз әдебиетін, оның ішінде ғасырлар тезінен суарылып шыққан асыл ойлы мақал мен мәтелдердің орны ерекше екенін атап өтуіміз керек. Байтұрсынұлы мысалдарының халықтығы мақал-мәтелдер стилімен үндестігінен де көрінеді. Өйткені мақал-мәтелде халық образы, халық характері көрінетінін, халық даналығының кітабы екендігін теріске шығара алмасак керек. Сонымен, көптеген халық мақал-мәтелдері мысал тілінен көрініс тапты. Соның қайсыбіріне тоқталайық: «Жазмыштан озмыш болмас», «Алланың адам басы добы» (Шымшық пен көгершін, №2), «Әлін білмес әлек» (Өгіз бен бақа, №6), «Садаға бастан құлақ» деген мақал (Қасқыр мен тырна, №8), «Халық айтса, қалып айтпайды» (Қарға мен түлкі, №12), «Көз кетсе – көзілдірік емі» (Маймыл мен көзілдірік, №18), «Жақсылықты басына қыл, басыңнан асса, досқа істеңіз» (Қара бұлт, №28), «Не ексең соны орасың» деген сөз бар (Қасқыр мен мысық, №30), «Ұялған тек тұрмайды» деген рас (Сары шымшық, №33), т.б. мақал-мәтелдер. Байтұрсынұлы өз мысалдарында теңеу, теңдестіре келетін теңеулік метафора, әсірелеп берілетін теңеу – символда қолданған. «Гауһардай қанаттарың жарқырайды, Келісті қалай біткен және маңдай» (Қарға мен түлкі, №12). Байтұрсынұлы мысалдарында аса бай қазақ тілінің оралымдары, фразеол. тіркестер, ұлттық тілдің төл сипатын айқындайтын сөздердің мейлінше мол қолданылуы ұлттық бояуын қоюлатып, қазақы төл туынды белгісін мәңгілік салған: «тұлыптай боп», «қара басқыр», «құрбан шалу», «бейуакта», «ораза ұстап», «жұт жылы», «бергеніңе мың шүкір», «Қыдыр дарып», «белшесінен батып», «жұрдай болып» тағы басқалар. Байтұрсынұлы мысалдарының тілі қазақ әдебиетіндегі жаңа үлгінің көрінісі, ақынның сөз өнері саласындағы дара стилін қалыптастырушы аса маңызды факторы болды. Мысал сюжетті фольклордан да сүзіп алуы, керісінше мысалдың фольклорға сіңіп кетуі де заңды үрдіс. Оған мысал сюжеттерінің әлемдік ертегі сюжеттері қорының каталогынан көрініс беруі тағы бір дәлел. Қазақ халқының болашағын Байтұрсынұлындай ойлаған, еңбек еткен адам сирек. Бүгінде тәуелсіз ел болып, өз билігі өзіне жеткен еліміздің болашағының ірге тасын бүкіл өмірін сарп етіп, дарынымен, шығарм. еңбегімен қалап кеткен – Байтұрсынұлы.

*Т.Шаңбай*

«ҚЫРЫҚ МЫСАЛ» – кітап. 1909 ж. Петербург қ-нда жарық көрген. 1913, 1922 ж. қайта басылған. Басылымға «Аққу, шортан һәм шаян», «Шымшық пен көгершін», «Емен мен қамыс», «Қасқыр мен тырна», «Бұлбұл мен есек», т.б. И.А.Крыловтан аударылған 40 мысал өлеңі жинақталған. Жинақтың «Қ. м.» аталуының мәнісі де осында. «Қ. м.» Ахмет Байтұрсынұлын халыққа аудармашы ақын ретінде танытқан тұңғыш жинағы. «Замандастарыма» атты өлеңі кітаптың беташары ретінде берілген. Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ – орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнған. Аударылған мысалдардың соңына оқырманға арнап гибрат өлеңдер жазып отырған. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен қыдыр», «Ат пен есек» мысалдарында әлеум.-қоғамдық жағдайларды мезгейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындаз әуездер, тағылымды, гибратты тұжырымдар мол орын алған.

*К.Қошым-Ноғай*

**ҚЫРЫМ**, к. *Қырым хандығы.*

**ҚЫРЫМ ХАНДЫҒЫ** Қырым елі – Алтын Орда ыдырағаннан кейін Қырым түбегінде құрылған мемлекет (1430–1783). 13 ғ-дың аяғында Қырым түбегінде Алтын Ордаға тәуелді ерекше аймақ құрылды. Оның орт. – Солхат к. болды. Алтын Орда билеушілерінің өзара күрестартыстарынан кейін Меңлі Гирей хан (1428–1515) 1443 ж. тәуелсіз Қ. х-ның негізін қалады. Оған Қырым түбегінен басқа Днепрдің төм. бөлігі де кірді. Ол хандықтың астанасын Бахшасарайға көшірді. 1475 ж. Қырымға түрік әскерлері басып кіріп, хандық Түркияға тәуелді болды. Қ. х. Ресей, Украина жерлеріне бірнеше жорықтар жасады. Қырым әскерлерінің орыс жеріне жорықтары әсіресе Ливон соғысы (1558–83) кезінде жиіледі. 16–17 ғ-ларда Ресей өкіметі оңт. шекарасын Қырым татарларынан қорғау үшін шекара бекініс шептерін құрды. Орыстардың 1687–89 ж. Қырымға жасаған жорықтары нәтижесіз аяқталды. 18 ғ-дағы орыс-түрік соғысында Ресей жеңіске жетіп, Қ. х. әлсірей бастады. 1774 ж. Күшік-Қайнарджа бітімі бойынша Қ. х. Түркияның қол астынан шығып, Ресейдің қарамағындағы тәуелсіз ел болып танылды. 1783 ж. Қ. х. Ресей империясының құрамына кірді. А.Байтұрсынұлы Сөз өнері ғылымы бөлімінде (6 томдық шығ. ин. 1-т.) «Мен Қырымның ішінде, Ақша ханның қызы едім, Атам менен анамның, Асыранды қызы едім,

Жылқыда шаққан бозы едім, Қытай менен Қырымнан, Тәмәм жақсы жиылса, Аузыңдағы сөзі едім» деп Ер Тарғын жырында Қырым, яғни Қ. х. жайлы айтылғанын келтіреді. Абай өлеңінің бір шумағында: «Қыранша қарап Қырымға, Мұң мен зарды қолға алар, Кектеніп назым зұлымға, Шиыршық атып толғанар» деп күйінгенін айтады. «ҚЫС» – «Оқу құралындағы» Абайдың «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды...» деп басталатын белгілі өлеңі. 20 тармақтан тұрады. Ғыл. түсініктемеде бұл жинаққа кірмей қалған түпнұсқаның төрт тармағы нақты көрсетілген. «Әдебиет» оқулықтарының барлығынан орын алып келе жатқан Абай өлеңдерін оқып-үйрену үрдісі А.Байтұрсынұлынан бастау алғанын байқаймыз.

*С.Ғұсманқызы*

**ҚЫСТАУБАЕВ** Захардин (10.9.1948 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауд. Қажымұқан а.) – журналист. ҚазҰУ-ды бітірген (1973). Ун-тті бітірген соң түзетуші, ауд., қалалық газеттердің бас редакторы, обл. «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жауапты хатшының орынбасары (1973–82), Ленгер ауд. «Ильич жолы» – «Путь Ильича», Кентау к. «Кентау правдасы» – «Кентауская правда» газет-



*З.Қыстаубаев*

терінің бас редакторы қызметтерін (1982–86) атқарды. 1987 ж. Алматыдағы респ. «Жалын», «Жазушы» баспаларында, Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемл. к-тінде, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінде, «Игілікбанкте» қызмет етті. Көп жыл заң әдебиеттерін шығаратын «Жеті жарғы» баспасының бас редакторы болды. Бүгінде «Өркениет» баспасы ЖШС-ның директоры. Алғашқы өлеңдері мен әңгімелері оқушы кезінде ауд., обл. газеттерде жариялана бастады. Тұңғыш әңгімелер жинағы студент кезінде жарық көрді. Көптеген әңгіме, повесть жинақтарының, екі пьесаның авторы. Бірнеше рет әдеби конкурстардың лауреаты болды. Қ. «Нәубет»

атты публицист. ой-толғауларында («Жалын», 1990) ел басына туған нәубеттің зардаптары мен жеке басқа табыну кезеңінде жазықсыз жапа шеккен Алаш қайраткерлерінің – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б. тағдыры сипатталған.

**ҚЫСТЫРМА СӨЗ** – сөйлемдегі басқа сөздермен үйлеспейтін, байласпайтын, алып тастағанда орны ойсырай қоймайтын сөздер.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ҚЫСТЫРУШЫ СӨЙЛЕМ** – сөйлемнің ішіне басқа бір сөйлемді қыстыруға болатын (қыстырататын) сөйлем. *Әзір, Аллаға шүкір, жаман емеспіз* деген сөйлемді *Әзір жаман емеспіз* деп те айтуға болады. Бұл қыстырушы сөйлем болғандықтан, сөйлемнің ішіне *Аллаға шүкір* қыстырынды сөйлемін қосуға (қыстыруға) болады.

*О.Жұбаева*

**ҚЫСТЫРЫНДЫ СӨЙЛЕМ** – А.Байтұрсынұлы енгізген термин. Бұл синтаксистік бірлік әлі де қазіргі қазақ тілі синтаксисіне еркін ене қойған жоқ. А.Байтұрсынұлы синтаксисінде құрылуына айырылатын сөйлемдер түріне жатқызылады, сөйлем ішіне айтушының айтылған хабарға деген ой-пікірін, қарым-қатынасын білдіру үшін енгізілетін басқа сөйлемді осылай атайды. Мыс.: *Бүгін, Құдай біледі, жауын болса керек.*

*Ж.Жақыпов*

**ҚЫТАЙ**, Қытай Халық Республикасы – Шығыс және Орт. Азиядағы мемлекет. А.Байтұрсынұлы «1916 жылдың көтерілісі» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) көтерілістің қалай басталғаны, немен аяқталғаны, көтеріліс кезіндегі ел арасындағы ахуалды жан-жақты баяндаған. Патша бұйрығы бойынша қазақтардан соғысқа солдаттар алады деген бұйрық бар дегенді естіген жұрт арасынан шешендеу біреулері: «жер, судан айырылды, енді басымызға қол салуға айналды, баламызды бермейміз, я біріміз қалмай қырылғанша үкіметпен соғысамыз, я Қытайға қарай ауамыз» деп жатқандар болды делінген. Сондай-ақ, Байтұрсынұлының «Астық» мақаласында астық дақылдылардың қалай егіліп, қалай жиналатындығы, елдер арасында қалай таралғаны әңгіме болады. Соның бірінде күріш дақылын дүние жүзіндегі адамзаттың жартысынан астамы тамақ ретінде қолданатындығы және ол Қытайда көп өсірілетіні айтылады. «МОПР һәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» кітабында (кітапша 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген) Қытайда болып жатқан азамат соғысына тоқтал-



## ҚЫТАЙҒА

ған. Азамат соғысына себепші болып отырған Англия, Америка, Жапония, Франция сияқты жиһангер мемл-ттердің ісі екені, олардың мақсаты – Қытай жұртын бір-бірімен атыстырып, берекесін кетіру, күшін азайтып, өз отарына айналдыру болып отырғаны баяндалады.

Қ.Ахметов

**ҚЫТАЙҒА БОСҚАН ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ АУЫР ТҰРМЫС-ХАЛІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ ШАҚЫРҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ «АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА» ҮНДЕУІ.** 1917 ж. 11 маусымда жазылып, «Қазақ» газетінің №233 санында жарық көрген. Үндеуде былай делінген: «25 июнь жарлығының кесірінен бүліншілікке түсіп, Қытайға босқан қырғыздардың халдері қандай нашарлығын көзімен көрген тілші «Қазақтың» 231-номерінде жазып отыр. Әр жерден барған жәрдемнің қанша екенін өткен номерде жазып көрсетіп отырмыз. Беріліп жатқан жәрдемдер аш-жалаңаш қалған қырғыздардың халдеріне қарағанда жоқ есебінде. Сондықтан Түркістан комитетінің ағзасы (Торғай облысының комиссары) Әлихан Бөкейхан сол комитеттің ағзасы (Жетісу облысының комисса-

ры) Мұхамеджан Тынышбаевқа телеграм берді: «Босқын қырғыздар үшін 200 мың сом қазынадан қарыз сұрау керек» деп. Сондай бірден берілетін молырақ суммамен қырғыздар халін жиып алмаса, аздап жинаған көмек қырғыздардың толып жатқан мұқтаждығының біріне жетсе, екіншісіне жетпей, тапшылық қыла бермекші. Бір жағынан қарыз ақша беріліп, бір жағынан жәрдем жиналса, қазіргідей қымбатшылық заманда қырғыз сияқты ішерге тамағы жоқ, киерге киімі жоқ, паналарға үйі жоқ, жұрдай болып сорлаған бүкіл мұқтаждығын өтерлік қаржы сонда ғана құралмақшы. Өлейін деп жатқан адамның аузына су тамызғандай, аз-көп демей әркім әліне қарай жәрдем ету әуелі адамшылық, екінші ағайыншылық жүзінен кімге де болса борыш. Бұл айрықша етіп алаш азаматтарының ісіне салып отырғанымыз, қырғыз ағайындарының алдындағы борыштарын ұмытпай өтеулері тиіс дегеніміз. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Қадырбаев, И.Әлімбеков, Ж.Жәнібеков, А.Мәметов, Е.Ғұмаров», т.б. қол қойған.

**ҚЫТАЙ ОЙПАТЫ**, к. Ұлы Қытай жазығы.





«Л» – қазақ тілінде сөз ішінде қатар келмейтін дыбыс. А.Байтұрсынұлы екі «л» қабат келген жерде біреуі басқа дыбысқа айналып кететінін ескертеді. Мәселен, «Алла» деген сөздегі қабат келген екі «л»-дың біреуін «д»-ға айналдырып, «Алда» қылып айтады. Сондай-ақ, «лық» жұрнағына «л» да – екі «л»-дың біреуі болып келетін жерде «д»-ға айналып кетеді. Мәселен: *сал=саллық* боларға тиіс еді, олай айтылмай, *сал=салдық* болып айтылатын себебі – қазақ тілінің екі «л» қабат келуін сүйемегендігінен.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924. «ЛА» (ЛЕ, ДА, ДЕ, ТА, ТЕ) ЖҰРНАҚ – зат есімге жалғанып, істің сол затпен істелетінін көрсететін жұрнақ. Мәселен: «*таға*» деген сөзге «*ла*» жұрнағын жалғап, «*тағала*» дейміз, істі тағамен істеу үшін. «*Шеге*» деген сөзге «*ле*» жұрнағын қосып, «*шегеле*» дейміз, істі шегемен істеу үшін. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

ЛАПИН Серәлі Мұңайтпасұлы (1868, Қызылорда обл. Сырдария ауд. Қоғалыкөл а. – 1919, Самарқан қ.) – қоғам қайраткері, шығыстанушы. Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясын (1889), Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін бітірген (1891). Л. 1889–92 ж. Түркістан семинариясында мұғалім, 1892 жылдан Самарқан обл. әскери губернаторы жанында аудармашы, 1901–17 ж. Самарқан, Сырдария облыстарында адвокат қызметін атқарды. Л. араб, парсы, т.б. шығыс тілдерін жетік білген. Гүр-Әмір, Регистан, Шаһи-Зинда кешендеріндегі, Көкелташ медресесі және т.б. көне архит. ескерткіштердегі арабтың көне емшелерімен өрнектелген жазуларды оқыды, оларды орысшаға аударып, ғыл. айналымға қосты. «Шаһнама», «Гүһрат әл-Хани» дастандарының парсы тіліндегі қолжазбаларын тауып, зерттеді. Л. ауызша тәржіма жасаған. 1900–04 ж. қазақ, өзбек, қырғыз, т.б. ағауларды дұрыс қолдану жөнінде «Туркестанские ведомости», «Оренбургский листок» газеттерінде мәселе көтерді. Оның шығыстану саласындағы жұмыстарын В.Л.Вяткин, В.В.Бартольд, Н.И.Веселовский, В.В.Розен өз

еңбектерінде пайдаланған. Л. 1908–10 ж. Санкт-Петербургте тұрып, 3-Мемл. Думаның Мұсылман фракциясы ұйымдастыру бюросында қызмет етті. Л. халық мүддесі үшін жұмыс атқарып (1910–13), Түркістан ген.-губернаторының рұқсатымен, қазақ арасында сауда-экон. серіктестік құрды. 1915 ж. Петерборда С.Жантөрин, Б.Сыртанов және Л. секілді түркі тілдес зиялы қауым өкілдері Ресей мұсылмандарының көрнекті қоғам қайраткерлерінің немесе В.Радлов іспетті атақты орыс шығыстанушыларының үйлерінде, я болмаса, Петербор мұсылмандары қайырымдылық қоғамында пікірталас тудыратын жиындар өткізіп отырған. Бұл жиындарға З.Уәлиди, М.Шоқай, әзербайжандық Әли Әкбер Топчубашы, түрікмен К.Бердиев, қазақ И.Қашқынбаев, татар И.Алкин және М.Шахқұлы, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы және М.Дулатов секілді сол дәуірдің көрнекті саяси және зиялы тұлғалары да келетін (Әбдіуақап Қара. «Әлихан Бөкейхан башқұрттан шыққан белгілі ғалым және мемлекет қайраткері Зәки Уәлидің саяси ұстазы». «Түркістан», 10.5.2016). Л. 1917 ж. наурызда Ақмешіт халық өкілдері кеңесінің төрағасы болды. Сырдария қазақтарының 1917 ж. тамызда өткен съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Түркістан өлкесі мұсылмандарының төртінші төтенше съезінде құрылған Қоқан (Түркістан) автономиясының халық кеңесі құрамына сайланды. Л. 1918 ж. 17 қаңтарда өлкелік Халық комиссарлары кеңесіне жолдаған мәлімдемесінде Қоқандағы Түркістан автономиясы мен Ташкенттегі Кеңес өкіметі арасындағы тегекіреті бейбіт жолмен шешуді көздеді. Алайда большевиктер Қоқан автономиясын қарулы күшпен құлатып тынды. Л. саяси күресті жалғастыру мақсатымен әуелі Бұхар әмірлігіне өтті, кейін 1-дүниежүз. соғыс тұтқындарын қайтарумен шұғылданатын неміс комиссиясының көмегімен Германияға барды. Онда неміс әскерлерінің көмегімен Түркістандағы кеңестер билігін құлату жолында Германия үкіметі басшыларымен келіссөздер жүргізу мақсатында әрекеттер жасады. Олардан қолдау таппаған соң, 1919 ж. Самарқанға оралып, белгісіз жағдайда қайтыс болды.

ЛА-ПЛАТА ШЫҒАНАҒЫ, Л а п л а т а – Атлант мұхитында, Оңт. Американың оңт.-шығысында, Парана және Уругвай өзендерінің эстуарийі саналады. А.Байтұрсынұлы Америка құрлығының табиғатына сипаттама бергенде (6 томдық шығ. жин., 2-т.) Оңт. Америкадағы ірі шығанақтың бірі Л.-П. ш-на да тоқтаған.

«ЛАС» (ЛЕС, ДАС, ДЕС, ТАС, ТЕС) ЖҰРНАҚ – зат есімге жалғанып, сол затқа басқалар ортақ екендігін көрсететін жұрнақ. Мәселен: «*ата*» деген сөзге «*лас*» жұрнағын жалғап, «*аталас*» деп,

## ЛАТЫН

атаға ортақ екендігін көрсетеміз. «*Жер*» деген сөзге «лес» жұрнағын жалғап, «*жерлес*» деп, жерге ортақ екендігін көрсетеміз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ЛАТЫН ӘЛІПБИ** – Б.з.б. 7 ғ-да Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. 1 ғ-нда қалыптасқан жазу. А.Байтұрсынұлы Л. ә. туралы өз пікірін 1924 ж. 12–18 маусым аралығында Қазақ АКСР-інің сол кездегі астанасы Орынбор қ-нда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде оқыған «Әліпби тақырыпты баяндамасында» ашып айтқан. Ғалым жақсы әліпби таңдауда мынадай ұстанымдарға сүйенген: 1) жақсы әліпби тілге шақ болуы қажет; 2) жақсы әліпби жазуға жеңіл болуы тиіс; 3) баспа ісіне қолайлы болуы тиіс; 4) үйретуге жеңіл болуы қажет. Бірінші ұстанымда Байтұрсынұлы кирилл әліпбиінен ережесіз, өзгертусіз 19 әріп қазақ дыбысына сәйкес келгенде, Л. ә-нен 14 дыбыс қана сәйкес келетінін негізге алған. Кирилл әліпбиінде бір дыбысқа екі әріп алынбайды, ал Л. ә-нің кемшін тұсы осы бір дыбысқа екі әріп алынуында деп көрсеткен. Екіншіден, әліпбидің жазуға жеңіл болуы ұстанымы бойынша Байтұрсынұлы кирилл әліпбиінде қалам сермеу саны 41, латында 53 екенін уәж етіп, кирилл әліпбиі жазуға анағұрлым ыңғайлы әрі жеңіл екенін алға тартқан. Ғалым: «Соңғы кезде түрік тіліне өте қолайлы деп жүрген әліпби – латын әліпбиі. Бұл әліпбидің түрік әліпбиімен салыстырғанда артықтығы жалғыз-ақ баспа түрінің даралығында. Басқа жағынан қарағанда кемшілігі көп, артықтығы жоқ» деп, үшінші ұстанымға келгенде, Л. ә-нің артық тұсы баспаға қолайлылығында екенін мойындаған. Төртінші ұстанымға ғалым кирилл әліпбиінің 14 әрпін жазып үйренген соң, 10 әрпі үйретусіз жазылатыны оны үйретудің қолайлылығын көрсететіндігін айтқан. Байтұрсынұлы осы төрт ұстанымға сүйеніп, кирилл әліпбиінің жалғыз кемшілігі баспаға қолайсыз, басқа жағынан кирилл әліпбиі анағұрлым тиімді деген байламға келген. Ал, Л. ә-не көшудің алғышарттары жөнінде, Байтұрсынұлы әлеум.-мәдени факторға: «...Латын әліпбиі Еуропаның, мәдениетті жұрттардың пәнді, сәнді әдебиеттерін өзімен ала келетін болса, яғни ол жұрттар бізбен тұқымдас, тілі жақын болып, олардың газет, журнал, пән кітаптарын оқып кететін болсақ, әліпби алғанмен тіліміздің арасында ешбір жақындық болмаған соң, латын әліпбиінен ондай пайданы көре алмаймыз» деген пікір айтады. Ал, тарихи, саяси факторларға қатысты: «Болмаса, латын әліпбиін тұтынған жұрттар орыстың орнында болып, аузына қарап, әмірін күтіп, балаларымызға тілін үйретіп отырған жұрттар болса екен. Онда алуда мағына бар

дер едік. Ең болмаса, латын әрпін тұтынған жұрттармен көрші отырып, аралас-құралас болса екен. Онда да пайдасы тиер дер едік» деген уәж келтірген.

*Е.Шынтай*

«**ЛАУ**» («**ЛЕУ**», «**ДАУ**», «**ДЕУ**», «**ТАУ**», «**ТЕУ**») **ЖҰРНАҚ** – сын есімге жалғанып, анық сол сын еместігін көрсететін жұрнақ. Мәселен, «сары» деген сөзге «лау» жұрнағын жалғап, «сарылау» деп, анық сары еместігін көрсетеміз; «кір» деген сөзге «леу» жұрнағын жалғап, «кірлеу» деп, анық кір еместігін көрсетеміз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ЛАФОНТЕН Жан де** (8.7.1621, Франция, Шато-Тьерри, Шампань, қазіргі Эн департаменті – 13.4.1695, Париж қ.) – француз ақыны, жазушы, атақты мысалшы. Француз академиясының (1684) мүшесі. Л. өзінің тұңғыш әдеби шығармасы ретінде Теренцийдің «Өтек» (1654) комедиясын өңдеп жазды. «Адонн» поэмасы (1658), «Климена» драмалық эклогасы (1658 ж. ш.), «Водағы тұс» (1658–61) поэмасының бірнеше фрагменттері мен көптеген мадригалдары, арнау хаттары, балладалары жарияланды. Ал көңілді де күлдіргі «Өлеңмен жазылған ертегілер мен әңгімелерінде» (1665–85) және мысал өлеңдерінде Л. дарынды сатирик, еркін ойшыл, ренессандық дәстүрді жалғастырушы ретінде көзге түсті. 1694 ж. Л. соңғы «Мысал өлеңдер» (1694) кітабы арқылы Францияның ұлы халық ақындарының бірі ретінде танылды. А.Байтұрсынұлы өзінің алғашқы «Қырық мысал» (1909) кітабына енген өлеңдердің идеясы мен негізгі желісін орыстың мысалшы ақыны И.А.Крыловтан алып, қазақ өміріне үйлестіре кеңейтіп, еркін аударма жасаған болса, Крылов мысалдарының көпшілігінің сюжеті Л-нен алынғаны белгілі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1–6-т.

**ЛЕБІЗ** – айрықша өң беріліп айтылған сөз (жырлау, толғау) де, айрықша өң берілмей, жай айтылған сөз (сөйлеу) де жеткізілетін тілдік бірлік. А.Байтұрсынұлы Л. мынадай кезде анық болмайтынын ескертеді: а) Лебездің мағынасы екіұшты ұғарлық болып айтылғанда. Мыс.: *Абай ұрыға қас еді, ұры ауылының маңына жоламаушы еді.* Мұнда «ұры ауылының маңына» Абай «жоламаушы еді» деп те ұғуға болады, ұры Абай «ауылының маңына жоламаушы еді» деп те ұғуға болады. ә) Сөйлемдер шұбалаңқы айтылып, бір басынқы сөйлем қасында көп бағынцқы сөйлем болса немесе сөйлемдердің құралу, құрмаласу, сабақтасулары шатақ түрде болса, әйтпесе тыныстар орнына қойылмаса. Мыс.: *Өз әкесі Құнанбай... уақытындағы елдің құр мұсылманмын*

дегеннен басқа діннің не екенін білмей қан жеп, неше түрлі ырымдарға табынып жүргеніне қатты тыю салып, анық шарият қоспаған істі қылған, гайыры бұзықшылық іс қылғандарға бек аяғы жазал салып, халық ауыл басы молда ұстатып, қадары қал ғылымның жолын көрсетіп, үлгі салған еді. б) Сөздер өз мағынасында жұмсалмай, басқа мағынада меңзеу өрескел болса. Мәселен: *Таулардан бұлақ ағар сарқыраған, Күмістей сәуле беріп жарқыраған* дегеннің орнына *таулардан сарқырап, жарқырап, ақ күміс ағады* десе. в) Адам сөздерді аңдап айтпаса. Мәселен, *ол елдің адамының бәрі азулы* дегенде адамның бәрі азып болғанын айтқаны ма? Болмаса *адамының бәрі мықты, азулы айғырдай* дегені ме? – анық емес. г) Сөз өктейсіз орынға қойылғанда. Мәселен: *Күндерде бір күн Сәтемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп, жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі.* Мұнда *бір аяғы ақсақ құмырсқа* деген сөз құмырсқаның бір аяғының ақсақ екендігін көрсетсе ме, болмаса «аяғы ақсақ бір құмырсқа» деген мағына ма – белгісіз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ЛЕБІЗДЕН ШЫҚҚАН СӨЗДЕР** – «кет әрі», «әпер бақан», «көріпкел», ұр да жық», «барса келмес», «найзамды әпер», «шап ал десе бас алар» т.с.с. сөздер.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ЛЕНА** – Азиядағы өзен, жер шарындағы аса ірі өзендердің бірі. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин. 2-т.) ірі өзендердің бірі – Л. өз. жайлы да жазған. **ЛЕНИН** (Ульянов) Владимир Ильич (10(22). 4.1870, Ульяновск – 21.1.1924, Мәскеу қ.) – саяси қайраткер, Кеңес өкіметі мен Кеңес Одағы Коммунистік (большевиктік) партиясының негізін қалаушы. Л-нің тікелей басшылығымен 1917 ж. 25 қазанда (7 қараша) Ресейде соц. революция жүзеге асты. Кеңестердің бүкілресейлік 1-съезінде (1917 ж. қазан) Л. жаңадан құрылған Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып сайланды. Азамат соғысы мен шетел интервенциясы (1918–20) кезеңінде Жұмысшы-шаруа Қорғаныс Кеңесінің төрағасы міндетін атқарып, кеңес өкіметін сақтап қалу жолында күрес жүргізді. 1918 ж. наурызда астананы Петроградтан Мәскеуге көшірді. Брест бітімін жасауда үлкен табандылық көрсетті. 1918 ж. 30 тамызда өміріне қастандық жасалып, ауыр жараланды. Азамат соғысы жылдарында Л. контрреволюцияға қарсы Бүкілресейлік Төтенше комиссия (ВЧК) құрып, саяси қуғын-

сүргінге кеңінен жол ашты. Елде РК(б)П-ның қатал басқаруын орнатып, басқа партияларға тыйым салды. Жаңа өкіметпен көзқарастары үйлеспейтін интеллигенция өкілдері толығымен шет елге қуыды. Дінбасылар қудаланды. Әске-



*В.И.Ленин*

ри коммунизм саясаты салтанат құрды. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде «Ленин», «Ленин және Ортақшыл партиясы», «Ұшқын» газетінің 1920 жылғы сәуірдегі 22-санында «Лениннің елу жасы» секілді мақалалары жарық көрген. Сонымен қатар Л-ге жазған хатында 7 тармақтан тұратын «1) қазақ өлкесін басқаруға аты ғана емес, нағыз идеялық коммунистер мен халық сеніміне ие болған ұлт зиялыларынан шыққан, сыннан өткен идеялық қызметкерлер қойылсын; 2) халқы аралас аудандарда үкімет органдарының бәрінде езілген ұлттардың өкілдері кемінде 2/3 бөлігі болуға тиіс; 3) қазақ өлкесінің шаруашылық-экон. мекемелерін басқару түрлі шаруашылық саласы бойынша басқа губернияларға немесе облыстарға ешқандай да бөлінбей және бағындырылмай қазақтардың қолында болуға тиіс; 4) Қазақ коммунистері мен рев. зиялылардың бүкіл саяси-мәдени жұмысы кеңестік соц. шаруашылық саясатына негізделуге тиіс; 5) Қазақстанды біріктіретін, Орынбор қ-нан басқарылатын әскери округ құрылсын; 6) қ-лардағы гарнизондар міндетті түрде қазақтардан болсын; 7) қазақ өлкесінің шекарасы жөнінде төменде аталғандарынан басқа ешқандай да өзгерістерге жол берілмеуі тиіс...» деген талап-тілектерін жеткізген. Сонымен қатар 1921 ж. 12 қазанда Байтұрсынұлы Л-нің қабылдауында болған.

*К.Нұрпейіс*

«**ЛЕНИН**» – мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Мақалада автор большевиктердің көсемі Л-нің өмірі жайында

## ЛЕНИНГЕ

қысқаша баяндай отырып, оның 1924 ж. 21 қаңтарда өмірден озғаны жайынан хабар береді. Оның астақарған істері жайында: «Коммунизм жолын бастап шығарған Маркс десек, түйінін шешіп, тотып аршып, қазып шығарған Ленин болатын» деген баға береді. Жазба соңына «Сәрсенбай ұлы» деп қол қойылған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 4-т.

«**ЛЕНИНГЕ ХАТ**» – орыс тілінде жазылған А.Байтұрсынұлының хаты. Бұл ресми құжат ҚР Ұлттық Қауіпсіздік қ-тінің мұрағатында 6-том, 78754-іс, 44-парағы бойынша сақтаулы тұр. Хаттың соңына «Қазақ әскери-революциялық Комитеті мен БОАҚ мүшесі А.Байтұрсынов. 1920 жылғы 7 мамыр, Мәскеу қаласы» деп қол қойылған. Хатты 2013 ж. М.Қозыбаев атынд. СҚМУ-дың проф. Заркын Тайшыбай алғаш рет қазақ тіліне аударып, «Қасым.kz» сайтына жариялаған. Бұрынғы жинақтарына енген бұл құжат 2013 ж. Алматы қ-ндағы «Ел-шежіре» баспасынан басылып шыққан ғалымның 6-томдық жинағының 6-томына берілген. Бұл құжатта автор коммунистердің көсемі В.И.Ленинге жаңа қоғам орнаған Қазақ еліндегі бірқатар проблемаларды тілге тиек ете отырып: «1) Қазақ өлкесін басқаруға аты ғана емес, нағыз идеялық коммунистер мен халық сеніміне ие болған ұлт зиялыларынан шыққан, сыннан өткен идеялық қызметкерлер қойылсын...; 2) Халқы аралас аудандарда үкімет органдарының бәрінде езілген ұлттардың өкілдері кемінде 2/3 бөлігі болуға тиіс; 3) Қазақ өлкесінің шаруашылық-экономикалық мекемелерін басқару түрлі шаруашылық саласы бойынша басқа губернияларға немесе облыстарға ешқандай да бөлінбей және бағындырылмай қазақтардың қолында болуға тиіс; 4) Қазақ коммунистері мен революциялық зиялылардың бүкіл саяси-мәдени жұмысы кеңестік социалистік шаруашылық саясатына негізделуге тиіс; 5) Қазақстанды біріктіретін, Орынбор қаласынан басқарылатын әскери округ құрылсын; 6) Қалалардағы гарнизондар міндетті түрде қазақтардан болсын; 7) Қазақ өлкесінің шекарасы жөнінде төменде аталғандарынан басқа ешқандай да өзгерістерге жол берілмеуі тиіс...» деген талап-тілектерін жеткізеді. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 6-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ЛЕНИНГЕ ХАТТАРЫ** – А.Байтұрсынұлының Қазан төңкерісінен кейін Кеңестер үкіметінің көсемі В.И.Ленинге жолдаған хаттары. 1920 ж. жазған. 1920 ж. 17 мамырдағы хатында Байтұрсынұлы Қазақстандағы тұңғыш кеңестік өкімет органы – Қазақ ревкомының өзі құрылғаннан бергі он айлық қызметінің нәтижелерін баяндай отырып, оның жұмысындағы кейбір жосықсыз жақ-

тарын өкінішпен баяндаған. Бұл Байтұрсынұлының өз өтінішімен РК(б)П мүшелігіне өткен кезеңі болатын. Жаңа өкімет пен кеңестерге деген сеніміне сезік түсе бастаған ұлт жоқтаушысы Мәскеу билігі қазақ халқымен өзара сенімге негізделген қатынас құра алмағанын, көп ретте бұл қатынастар жеңіл бүркемеленген айла-шарғылар мен үстемдікке негізделіп отырғанын жазады. Қазақ халқы өзін-өзі билеу үшін сан ғасырлар бойы күрес жүргізгенін дәлелдей келіп, ондай еркін елді басқара алатын ұлттық зиялылардың өсіп жетілгенін білдіреді. Ал осы жылғы 6 маусымдағы хатын «Ленин жолдастың ұлт және отар мәселелері туралы тезистеріне қосымша» деп атап, оны Ә.Ермеков, Түркістан АКСР-ның өкілдері Т.Рысқұлов пен Н.Қожанов, Башқұртстан басшылары З.Уәлиди Тоған, Х.Юмағұловпен бірге жазған. Осы және келесі екі хатында Байтұрсынов тағы да сол тезистерге байланысты өзін ескертулері мен ұсыныстарын білдіреді. Ол бұл хаттарында ұлт бостандығына жету жолын қазақ халқы өзі таңдауға хақылы екенін айтады. «Коминтерн мен Ресей коммунистерінің Шығысқа «көмегі» күшпен таңылмауы керек, оның орнына жанашыр қолдау көрсету қажет» деп жазды. Сөйтіп, қазақ ұлты ғана емес, барша түркі жұртының болашақ тағдырына алаңдаушылығын ашық білдіреді. Осы хаттарына тыңғылықты жауап ала алмаған және кеңестік билік пен коммунистік идеологияның түпкі мақсаттарын, большевиктердің жергілікті жерлерде ел мен ұлттың мүддесіне қайшы саясат жүргізіп отырғанын түсінген Байтұрсынұлының көп ұзамай, 1921 жылы-ақ партия қатарынан шығып кеткені тарихтан жақсы белгілі.

*Т.Рсаев*

«**ЛЕНИН ЖӘНЕ ОРТАҚШЫЛ ПАРТИЯ-СЫ**» – мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Мақалада автор 20 жыл бойы Ленин басқарып келе жатқан ортақшыл партиясы бір-бірінен ажырамастай жымдасып кеткені жайында сөз қозғайды. Езілгендерді қолдайтын партияның соңынан жұмысшылар мен шаруалардың жаппай ергені партияны жеңіске жетелегені баяндалады. Жазба соңына «Жағыпар» деп қол қойылған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 4-т.

«**ЛЕНИННІҢ ЕЛУ ЖАСЫ**» – мақала. «Ұшқын» газетінің 1920 жылғы сәуірдегі 22-санында жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автор мақаласын коммунистер-

дің көсемі В.И.Ульяновтың 50 жылдық мерейтойына арнап жазған. Бұл жазбада Қазан төңкерісі көсемінің өмірбаяны, атқарған қызметтері жан-жақты баяндалады. Социализм идеясын жүзеге асырған азаматтың ұстазы кім болғанын: «Сотсиализм қалайша жарыққа шығып, қалайша дүниаға орнайтын жолын ғылыми түрде басқарушы Карл Маркс деген Еуропа ғалымы болған. Адам баласын теңгеру жолын іздеген Еуропа кісілерінің бәрі Марксті ұстаз етіп, соның көрсеткен жолымен жүріп, дүниаға сотсиализм орнатпақ болған. Маркстың айтуынша, дүниа билігін кемшілікте, қорлықта жүргендер алмай, адам баласын теңдікке жеткізу, сотсиализм орнатуға болмайды» деп жеткізеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 5-т.

*К.Қошым-Нозай*

**ЛЕП БЕЛГІСІ** « ! » – 1) лепті сөйлемдерден кейін; 2) тілекті сөйлемдердің бұйрық, өтініш түрлерінің соңынан; 3) тілекті сөйлемнің үгіт түріндегісінің қаратпа сөзділерінің соңынан қойылатын тыныс белгі (*Бар! Жүгір! Үйі! Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал! Айта гөр, қайырымды ер бар болса! Балалар, оқуға бар! Жатпа қаран*).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЛЕПЕСТЕН ШЫҚҚАН СӨЗДЕР** – одағаймен бірлесе айтылатын сөздер. Мәселен: «*Ой, пәлі!*», «*А, Құдай!*», «*А, пірім-ай!*», «*А, пірім-ай!*».

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ** – адамның көңіл күйі, жан жайымен сөйлегенде, мәселен, жан ауырғанда, таңданғанда, сұқтанғанда, кейігенде, есіркегенде, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, қуанғанда айтылатын сөйлемдер. Мыс.: *Уф, Алла! Битті қаным! Шықты жаным! Жарайды, бәрекелді, сабаз-ай! Алақай-ай, атам келді зой!*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЛЕПТІ ҮН** – жан ауырғанда, таңданғанда, сұқтанғанда, кейігенде, есіркегенде, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, қуанғанда айтылатын сөйлемдердің (лепті сөйлемдердің) үні. Мыс.: *Тамаша қарағанға нұрың қаңдай? Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай! Алжыған шал! Атымды айырыпсың босқа менен. Қаннан қан, еттен етім, бауыр жұртым! Уа, дариға, өттің бастан қызық жас!*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ЛЕРМОНТОВ** Михаил Юрьевич (15.10.1814, Мәскеу қ. – 27.7.1841, Пятигорск қ.) – орыс ақы-

ны. Мәскеу ақсүйектер пансионында тәрбиеленіп (1828–30), Мәскеу ун-тінде (1830–32) білім алған. Гусар полкінде әскери қызметте (1834–37) болды. Тұңғыш өлеңдері мен поэмаларын пансионда оқып жүргенде жазған («Черкестер», «Кавказ тұтқыны»). Л. орыс әдебиетінде А.С.Пушкиннің ізбасары ретінде танылды. Л-тың «Періште», «Желкен», «Русалка», «Бородино», «Тұтқын», «Дұға», «Теректің сыйы», т.б. лирик. өлеңдері; «Мцыри», «Демон», т.б. поэмалары, «Бір түрлі адам», «Екі ағайынды», «Маскарад» драмалары; «Біздің заманның қаһарманы» романы, т.б. повестері мен очерктері орыс әдебиетінің озық үлгілері болып саналады. Л. өз шығармаларында 19 ғ-дағы орыс өмірін, қала мен дала адамдарын, әскерлер, зиялылар, шаруалар өмірін, өзге халықтар тағдырын көрсетті. Орыс, кавказ, түркі халықтары тарихы мен фольклорының сюжеттерін шығарм-нда ұтымды пайдаланды. Л. шығармаларын І.Жансүгіров, Қ.Аманжолов, Т.Жароков, т.б. көптеген ақындар қазақ тіліне аударды. А.Байтұрсынұлы Л-тың «Мцыри», т.б. өлеңдеріне аударма жасаған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

**«ЛЕРМОНТОВТАН»** – «Маса» жинағына енген өлең. 29 шумақ (124 тармақ). Өлеңге берілген ғыл. түсініктемеде, түпнұсқада «Отрывок из поэмы Лермонтова «Мцыри» («Монах – сопы») деген сілтемелер берілгендігі айтылады. Өлеңде жат қолына тұтқынға түскен баланың жан құмары, ой-арманы туған жеріне жету екені баланың аузымен айтылады: «Жел жүлған жапырақтай ұшып келіп, Күн түспес күнгірт жерде солдым семіп... Ой ұшты адам құстай, азат жоқ па, Өлім мен өмір қатар қабат жоққа. Таулары басын бұлтқа жасыратын, Ләззат мол тіршілікте ғажап жаққа!» дейді бала. Адамның туған жерге деген махаббаты сүтпен кіріп, сүйекпен бітетіні осыдан көрінеді.

*С.Ғұсманқызы*

**ЛҮАРА** – Франциядағы өзен. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының ішкі өзен-көлдерін сипаттағанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.) Батыс Еуропаның ірі өзендерінің бірі – Л. өз-не тоқталады.

**ЛҮҒАТ** – тіл, сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы. Лұғат – «тіл» деген сөздің араб тіліндегі баламасы. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл, лұғат сөздері жарыса қолданылады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ЛҮҒАТ АНЫҚТЫҒЫ** – айтылған лебіздің ашық, мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болуы. Лебіз ашық, мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық атайды да көмескі танитын нәрсесін көмескі, күнгірт

## ЛУҒАТ

атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ЛУҒАТ ӘУЕЗДІЛІГІ** – сөйлеудің ішіндегі сөздердің, сөз құрамындағы дыбыстардың құлаққа жағымды болып құралуы.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ЛУҒАТ БЕЛГІСІ** – әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болатын, сөздің өзін танытатын белгі. Әркімнің өз салты болғанмен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын шарттарын білу қажет.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ЛУҒАТ ДӘЛДІГІ** – сөз мағынасының ойлаған ұғымға сәйкес келуі. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Көбінесе тіл дәлдігін мәндес сөздер бұзады. Мәндес сөз дегеніміз – мағынасы жақын сөздер. Мысалы: батырлық, ерлік, батылдык, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен, әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай яки аңғармай, бірінің орнына бірін айтса, лұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді. Лұғат дәлдігіне кемшілік келетін орындар: 1) сөйлем ішіне орын алып, оралғы болудан басқа қажеті жоқ сөздер кірсе. Мысалы: а) *Кейбіреулер дүние қуғыш, мал жиғыш, пайда қылғыш келеді*; ә) *Өз көзіммен көріп, көз алдымнан атқарып келіп отырмын*; б) *Оның қалыптанған ерте тұратын әдеті бар еді*. Бұл үш мысалдың ішінде алып тастаса, орны ойсырамайтын сөздер – «мал жиғыш», «пайда тапқыш», «көз алдымнан атқарып», «қалыптанған» деген лебіздер. Бұлар сөйлем ішінде тұрғанда толық болуына келтіріп тұрған пайдасы жоқ. 2) Сөйлем ішіне орын алып, оралғы болудан басқа қажеті жоқ сөздер кірсе.

Мысалы: Кейбіреулер дүние қуғыш, мал жиғыш, пайда қылғыш келеді; 3) Ойы қарайлас сөйлемдер қатар айтылғанда. Мәселен: «Мен қартайған шағымда байы жоқ деп баққан жоқ, күйі жоқ деп күйген жоқ, қайраты жоқ деп қарасқан жоқ, әлі жоқ деп асыраған жоқ» деген сияқты. Бұлай айтудың сырты көркем сияқты көрінсе де, ішкі мағынасы пікірді толықтырмай, тек сөздің, сөйлемнің қарасын көбейтеді.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ЛУҒАТ ҚИСЫНЫ** – сөз өнерінің тіл өңі жағынан сипатталуы, сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу, тіл қисыны.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**«ЛЫ» (ДЫ, ТЫ) ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол заттың екінші затта барлығын, молдығын көрсететін жұрнақ. Мәселен: «бала» деген сөзге «лы» жұрнағын жалғап, «балалы» деп, баласы көптігін көрсетеміз. «Мал» деген сөзге «ды» жұрнағын жалғап, «малды» деп, малы барлығын хәм молдығын көрсетеміз.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**«ЛЫҚ» («-ЛІК», «-ДЫҚ», «-ДІК», «-ТЫҚ», «-ТІК») ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол зат үшін жұмсалатын затты атайтын (мәселен: «арқа» деген сөзге «лық» жұрнағын жалғап «арқалық» дейміз арқа үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін; «тер» деген сөзге «лік» жұрнағын жалғап, «терлік» дейміз, тер үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін); басқа нәрселерге сол зат өлшеу болатындығын көрсететін (мәселен, «ай» деген сөзге «лық» жұрнағын жалғап «айлық» дейміз, айдың өлшем болатындығын көрсету үшін; «жыл» деген сөзге «дық» жұрнағын жалғап, «жылдық» дейміз, жылдың басқаларға өлшем болғандығын көрсету үшін); сол заттың қалпын көрсететін (мәселен, «аға» деген сөзге «лық» жұрнағын жалғап «ағалық» дейміз, аға қалпын көрсету үшін; «іні» деген сөзге «лік» жұрнағын жалғап «інілік» дейміз, іні қалпын көрсету үшін) жұрнақ.

О.Жұбаева

## МАЙМЫЛДЫҢ

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**МАЙЛИН** Бейімбет (Бимұхамед) Жармағамбетұлы (15.11.1894, қазіргі Қостанай обл. Таран ауд. Бейімбет Майлин атынд. а. – 26.2.1938) – жазушы. Қостанай губ. «Ауыл» (1923–25), «Еңбекші қазақ» (1925–28), респ. «Ауыл тілі» газеттерінде әдеби қызметкер, редактор (1928–32) болды. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Еге-



«МАГНИТ ТАС» – «Оқу құралына» енген мәтін. Магнит тастың темірді (металды) өзіне тартатын қасиеті, оның күнделікті тұрмыста, өндірісте қолданылуы туралы ақпараттық білім берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**МАЖИТОВ** Равиль Сидағатұлы (1979 ж.т., Батыс Қазақстан обл. Бөкей ордасы ауд. Сайхин а.) – тарих ғыл. канд. (2005), Батыс Қазақстан мемл. ун-тінің тарих, заң ф-терін бітірген. Осы ун-те конституц. құқық, құқық және мемлекет



*Р.Мажитов*

тарихы мен теориясы кафедрасының меңгерушісі, 2006 жылдан Батыс Қазақстан мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі болды. 2008 жылдан прокуратура органдарында қызмет атқарып келеді. 20 ғ. басындағы Қазақстанның ұлттық мемл. құрылымы мен Алаш қозғалысы көшбасшыларының тарихын зерттеумен айналысты. М. 40-тан астам ғыл. еңбектің, оның ішінде «Жаһанша Досмұхамедов» атты ғыл. монографияның («Арыс» баспасы, 2007), «Прокурорлық қадағалау актілерінің үлгілер жинағы» (2011) оқу-әдістемелік құралының және т.б. авторы. М-тың еңбектерінде А.Байтұрсынұлы жайында деректер кездеседі.

**МАЗМҮНДАУ** – уақиғаның қалай болып, қалай өткені айтылатын әуезенің бөлігі.



*Б.Майлин*

мен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, (1932–37), т.б. қызметтер атқарды. Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған жылдары татардың Ғ.Ибрагимов, М.Ғафури, т.б. ақын-жазушыларымен шығарм. байланыста болды. Осы оқу орнындағы «Садақ» қолжазба журналында «Мұсылмандық белгісі» атты тұңғыш өлеңі жарық көрді (1913). Оның алғашқы шығармалары – «Қостанай уезі, Дамбар болысы» очеркі, «Мұқтаждық», «Көңіліме» атты өлеңі (1914), «Мал» (1914), «Шұғаның белгісі» повесі (1914), «Болған іс» әңгімесі «Айқап» журналында, А.Байтұрсынұлы басқарған «Қазақ» газетінде жарияланды. Журналда Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М., Б.Өтетілеуов, С.Көбеев, Н.Құлжанов, т.б. белгілі жазушылар белсенді қызмет атқарған. М. – әңгіме жанрының шебері. Оның «Қанды кек» (1916), «Күлпәш», (1922), «Талақ», (1923), т.б. әңгімелері бар.

«МАЙМЫЛ» – «Қырық мысалдағы» төртінші өлең. 9 шумақ (36 тармақ). Жер жырттып, егін еккен диканның еңбегі мен айдалада жатқан қу томарды көтеріп әбігерге түскен мактаншақ маймылдың әрекетін салыстыра келіп, автор: «Не бітер күшті орынсыз жеккенменен, Шығар ма тасқа егін еккенменен. Ойлама алғыс, абырой аламын деп, Пайдасыз құр миһнат еткенменен» деген гибратты ой ұсынады. Осы маймылға ұқсап, пайдасыз іске ұрынбауды уағыздайды.

*С.Ғұсманқызы*

«МАЙМЫЛДЫҢ ТІЛ» – «Оқу құралына» енген танымдық әңгіме. Гарнер дейтін америкалық



## МАЙМЫЛ МЕН

профессордың маймылдың тілін үйреніп, онымен сөйлескені туралы әңгіме болады. Оқырман шәкіртті табиғат құпиясын білуге, ғылым-білім үйренуге деген талапшылдыққа баулиды. Әңгімеге автор ретінде «А.М.Никольский» деп жазылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

«МАЙМЫЛ МЕН КӨЗІЛДІРІК» – «Қырық мысалдағы» он сегізінші өлең. 7 шумақ (28 тармақ). Қартайып, көзі нашар көре бастаған маймыл, жұрттың сөзіне сеніп, бес-алты көзілдіріктің біреуін құйрығына қыстырып көреді, бірін төбесіне қояды, енді бірін жалап, тағы бірін иіскеп, байқайды. Бірақ бірде-біреуінен пайда болмайды. Осыдан кейін Маймыл: «Елдің бәрі өтірік айтыпты. Сөздеріне сеніп, ақымақ болыппын» деп ойлап, көзілдіріктерін тасқа ұрып сындырып тастайды. Ал оқырман ойында автордың соңғы тұжырымы қалады: «Алғанға бұл кеңесте ғибрат бар, Маймылша іс ететін көп надандар, Пайдальы затты орнына жұмсай алмай, Сөгетін пайдасыз деп жоқ па, адамдар?».

*С.Ғұрманқызы*

**МАҚАЛ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі сарындаманың бір тарауы – салт сөзінің бір түріне берілген термин. Ғалым оны тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер деп түсіндіре келе, тақпаққа қарағанда мақалдың маңызын жоғары қояды. Өйткені ол шынайы болып келеді. М. – өмірдегі түрлі құбылысты, әрекетті түйіп, ықшамдап беріп, соны бір-екі тармақ сөзбен пайымдап, белгілі ой айтатын халықтық бейнелі поэтик. жанрдың бір түрі. М. көбіне өлең үлгісінде кейде қарасөзбен де айтылады. Оған Байтұрсынұлы бірталай мысалдар келтіреді: көрген жерде бой сыйлы, көрмеген жерде тон сыйлы; битке пышақ суырма. Ол ұйқасқа, аллитерацияға, ассонансқа құрылып, тура және ауыспалы мағынада қолданылады.

*С.Жайлауова*

**МАҚПЫРҰЛЫ** Серік (15.1.1944, Қызылорда обл. Жалағаш ауд. Мақпалкөл а. – 23.7.2012, Алматы қ.) – әдебиеттанушы ғалым, әдіскер-педагог, филол. ғыл. канд. (1976), проф. (1997), Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақстан халық ағарту ісінің озық қызметкері (1992), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2003). ҚазҰПУ-ды (1969) және аспирантурасын (1972) бітірген. Осы ун-ттің қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы, доцент, филол. ф-ті деканының орынбасары, ғыл. хатшы, проф. (1972–2012), 1996 жылдан ҚР БҒМ-ның «Қазақстан жоғары мектебі» – «Высшая школа Казахстана» халықар. ғыл.-нед. журналы бас редакторының орынбасары, «Ұлт тағылымы» ғыл. қосымшасының редакторы қызметтерін атқарды. С.Мұқанов шығарм-н, әдебиет теориясы мен қазақ әдебие-

тің жоғары және орта мектептерде оқыту әдістемесі мәселелерін зерттеген. М. 3 монография, ондаған оқулық пен оқу құралдарының, әдістемелік талдау еңбектердің, 200-ге жуық әдеби-сын, ғыл.-зерт., оқу-әдістемелік, публицистик. мақа-



*С.Мақырұлы*

лардың авторы. М. А.Байтұрсынұлы туралы «Таза мінсіз асыл тасты» енді шатастырмайық» (Қазына. А.: Арыс, 2004) деген танымдық зерттеу мақала жазды. «Ы.Алтынсарин» медалімен марапатталған. «Ахаңның бір аудармасы хақында» («Қазақстан жоғары мектебі», 1998, №4) атты мақаласында «Әдебиеттануға кіріспе» деген оқу құралының «Қазақ әдебиетшілерінің әдеби-теориялық еңбектері» деген тарауына Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, З.Қабдолов сынды ғалымдардың әдеби-теор. зерттеулерінен үзінді келтірген.

**МАҚСАТ ПЫСЫҚТАУЫШ** – амалдың мақсатын көрсететін, «неге?» «не үшін?» деген сұрауларға жауап беретін сөз. Мыс.: *Жұрт өлең тыңдауға жиылды. Жұрт неге жиылды?* – өлең тыңдауға.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда. 1927.*

**МАҚСАТ ПЫСЫҚТАУЫШЫНЫҢ БАҒЫНЫҢҚЫСЫ** – істің мақсатын айтып тұратын бағыныңқы сөйлем. Мыс.: *Орақшы шөп шабайын деп, тоғайға барды.* Мұнда басыңқы сөйлем – *орақшы тоғайға барды.* Бағыныңқы сөйлем – *шөп шабайын деп.* Орақшы тоғайға не үшін барды? – *шөп шабайын деп.* Бұл бағыныңқы сөйлем «не үшін?» деген сұрауға жауап беріп тұр. Ол «не үшін» деген сұрау – мақсат пысықтауышының сұрауы. Сондықтан «шөп шабайын деп» деген бағыныңқы сөйлем мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мақсат пысықтауышының сұрауы жалғыз «не үшін» емес, «неге?» деген сұрауы да бар. Сондықтан бұл «неге?» деген сұрауға да жауап беруші бағыныңқы сөйлем болса, о да мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мыс.: 1) *Өлең тыңдағысы келіп, жұрт жиылды. Жұрт неге жиылды?* –

өлең тыңдағысы келіп. 2) Бата бермекші болып, ақсақал қолын жайды. Ақсақал қолын неге жайды? – бата бермекші болып. Мұнда ілтипат ететін бір нәрсе мынау: «Неге?» деген сұрау себеп пысықтауышында да, мақсат пысықтауышында да бар. Солай болған соң, тек «неге?» деген сұрау бойынша себеп пысықтауышының немесе мақсат пысықтауышының бағыныңқысы екендігін білуге болмайды. Мұнда мағынасына қарау керек. Бағыныңқы сөйлем істің себебін айтып тұрса, себеп пысықтауышының бағыныңқысы болады, егерде істің мақсатын айтып тұрса, мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.


**МАҚСАТТЫ ОРАЛЫМ** – өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін мақсаттай баяндайтын оралым. Мыс.: *Тобыршық атқа зор салды, Ақ алмасқа қол салды. Қамшы басты сауырға, Екпіні ұқсап дауылға. Тобығы меңді торы атпен Қобыланды шапты ауылға Қатуланып қаттанып, Буырқанып бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Қабағынан қар жауып, Кірпігінен мұз тамып, Ар жақ пенен бер жаққа Найзасын ұстап бармаққа, Аттанбаққа қалмаққа Құдай жолы шалмаққа. Сөзге сынық қылды деп, Батыр кейіп келеді. Егер шықса алдынан Бұлаңдаған Кұртқаның Басын кесіп алмаққа* («Қобыланды батыр»).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**«МАҚТА»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Мақтаны өсіру, жинау, өңдеу, жіп иіру, одан соң әр алуан киімдер тоқып шығарудың жолдары әңгімеленген. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«МАҚТАНЫШЫ ЕЛІМНІҢ»** – кітап. Авторы – Ж.Әнесұлы. А., «SANJAR-U» баспасынан 2010 ж. жарыққа шыққан. Көл. 198 бет. Таралымы 500 дана. Кітап С.Оспановтың алғы сөзінен және «Ел ардақтаған ағалар», «Өнер жұлдыздары» атты екі бөлімнен тұрады. Бұл кітапта автордың А.Байтұрсынұлы туралы публицист. мақалалары, Н.Ахметбеков, С.Мәуленов, Ғ.Қайырбеков, Н.Бектемісов, К.Мырзабеков, С.Тұрғынбеков туралы мақалалары мен эсселері, естеліктері жарық көрген. Сондай-ақ өнер саңлақтары туралы «Өнер жұлдыздары» бөлімі де танымдығы жағынан өте құнды. Автор «Ұлылықтың үлгісі болған Ахмет Байтұрсынұлы» атты тараудағы «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып, күн болған...», «Әділет және теңдік үшін күрес жолы», «Ахаң ғалым, қайраткер», «Аханның одан кейінгі тағдыры, мұрасы», «Аханның ұрпақтары» атты мақалаларында Ахметтің шық-



қан ортасына, қоғамдық-саяси және ағартушылық қызметіне, тағдыры мен мұрасына толымды шолу жасаған. Кітап Торғай өңірінен шыққан қазақтың белгілі ақындары туралы жан-жақты мағлұмат беретінімен құнды.

С.Арғынғазин

**МАҚТАУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. М. сан салалы болып келеді. Адамның арына, адамгершілігі, имандылығына қатысты М-дың әр түрлі сипаты болады. Ал діндар дәуірдің М. өлеңдерінде діндарлық сипат бар. Байтұрсынұлының пікірінше, М-да ұлы мақсат, таза қошемет, таза ықылас болуы керек.

Ә.Қожахмет

**«МАЛ АСЫРАУ ҚАЛАЙ ШЫҚҚАН»** – «Оқу құралына» енген танымдық әңгіме. Мал асырау үрдісі алғашында аң аулау кәсібінен басталғаны айтылады. Адамдар өздері аулаған аңның төлдерін қоса алып келіп, онымен балалар ойнайтын болған. Жем-шөп пен су беріп, бағып-күтуді үйренген. Үлкейген кезде оларды сойып жеген. Қолға мал үйрету осылай пайда болған. Ғыл. түсініктеме берілген.

С.Ғұрманқызы

**МАЛБАҚОВ** Мырзаберген (5.5.1955 ж.т., Ақтөбе обл. Әйтеке би ауд. Бөгенбай а.) – тіл білімі маманы, филол. ғыл. докт. (2003), проф. (2009). ҚазҰУ-ды (1981) бітірген. Кітап палатасында (1981–82), Респ. Кітап мұражайында ред., аға ғыл. қызметкер, бөлім бастығы (1982–87), ҒА-ның Тіл білімі ин-тында зертханашы, кіші, аға ғыл. қызметкер (1987–93), ҚР Мин. Каб. жанындағы Тіл к-тінің терминолог. және тіл мәдениеті бөлімінің меңгерушісі (1993–94) болған. Анкара қ-нда Түркі тіл қоғамының ұйымдастыруымен «Түрік тілдерінің толық салыстырма сөздігін» (1994–95) құрастыруға қатысқан. Шығыстану ин-тында аға ғыл. қызметкер (1995–98), Тіл білімі ин-тында аға ғыл. қызметкер (1999–2001), директордың орында-

## МАЛДЫБАЕВ

сары (2009–11), директоры (2011–16) қызметтерін атқарған. Ғыл. жұмысының негізгі бағыты – тіл тарихы, лексикография. Түркітану мен қазақ



*М.Малбаев*

тілінің тарихына, қазақ лексикографиясының теор. мәселелеріне арналған 100-ден астам ғыл. мақаласы бар. М-тың А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқулығында көтерген мәселелері жөнінде «Ұлттық тілтанымның негізін қалаушы» атты ғыл. мақаласы жарық көрген. Қостанай обл. Әулікөл ауд-нда Байтұрсынұлына арналған ескерткіш-белгі қою рәсіміне қатысып, Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі, көрнекті ағартушы ғалым туралы баяндама жасаған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 3-т.

**МАЛДЫБАЕВ** Мұстақым (1880–1927) – Алаш қозғалысының қайраткері, ағартушы, журналист. Уфа қ-ндағы «Ғалия» медресесін бітірген. 1911–18 ж. «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері мен «Айқап» журналында мақалалары жарияланып



*М.Малдыбаев*

тұрды. Мақалаларында оқу-ағарту, қазақ тілі, әйелдердің қоғамдағы рөлі, дін, саясат, т.б. мәселелер төңірегінде ой қозғады. Өз туындыларын «Малдыбаев Мұстақым, Азамат Қорықбасов, Мұстақым, Ризабек Сәулесі» деген бүркеншік аттармен жариялаған. Ол А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Өтетілеуов, т.б. сияқты белгілі жазушылармен бірге белсенді қызмет атқарған. 1911 ж. Семей қ-ндағы «Жәрдем» бас-

пасынан «Оқу кітабы» жарық көрді. 1912 ж. Ж.Аңдамасовпен бірігіп жазған «Қазақша ең жаңа әліппе» оқулығы Қазан қ-нда басылып шықты. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Семей обл. қазақ к-ті құрамына еніп, Семей обл. қазақ съезін ұйымдастырушылардың бірі болды. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Алаш партиясының Семейдегі к-тін құруда белсенділік танытты. Азамат соғысы жылдарында Алаштың атты әскер полкін ұйымдастыру жолында қазақ ауылдарында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Кеңестік билік орнағаннан кейін Семейдегі пед. техникумда, губ. халық ағарту бөлімінде, бірқатар баспасөз редакцияларында қызмет етті. М. саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

**МАЛОВ** Сергей Ефимович (4.1.1880, Қазан – 6.9.1957, Ленинград қ.) – көрнекті түркітанушы, КСРО ҒА-ның корр. мүшесі, Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері. Батыс және Орт. Қытай-



*С.Е.Малов*

да экспед-да болып, ұйғыр, сары ұйғыр, лобнор және салар халықтарының тілі, ауыз әдебиеті және этнографиясы туралы мол деректер жинаған. Түркі тілдерінің Қытай аумағындағы қолданысын зерттеп, алғаш рет ғыл. тұрғыда негіздеді. Ол көне түркі тілдерінің жазу нұсқаларын талдап, граммат. очерктер, сөздіктер жазды, Орхон-Енисей жазуының көлемді нұсқаларын тауып, бастырып шығарды (1951–52). В.В. Радловпен бірге көне ұйғыр «Алтын арығ» ескерткіші мәтінінің мағынасын ашып, жариялады. Радловтың, П.Н.Меллиоранскийдің ғыл. тұжырымдамаларын жалғастырды. Түркі тілдері жіктелімін жасап, көне элементтердің сақталу жиілігіне орай 4 топқа бөлді: а) ең көне тіл (бұлғар, сары ұйғыр, чуваш, якут); ә) көне тіл (оғыз, тоғалар, хакас, шор); б) жаңа тіл (әзербайжан, гагауз, құман, қыпшақ, печенек, половец, салар, түрік, түрікмен, т.б.); в) ең жаңа тіл (башқұрт, қарақалпақ, татар, қырғыз, құмық, ноғай, ойрат, т.б.). 2-дүниежүз. соғыс жылдарында Алматыда тұрып, қазақ тілінің тарихы туралы арнайы еңбектер жазды. А.Байтұрсынұлы жасаған төте жазу әліппесін латын әліп-

биіне ауыстырар шақта М. Ғылым академиясының Жаңа қазақ әліппесі к-ті экспед. жұмысына жетекшілік етті. Сонымен қатар Ф.Ф. Менцель, Месарош, С.Ф. Ольденбург, Құсайын-зада, С.И. Руденко, А.Н. Самойлович, Н.Ф. Яковлев және М. 1926 жылғы 26 ақпан – 5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезіне Байтұрсынұлымен бірге делегат болып қатысқан. Ол туралы Байтұрсынұлы өзінің «Түрікшелер құрылтайы» атты мақаласында жазған. Ленин, Енбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*Р.Авакова*

**«МАЛШЫ МЕН МАСА»** – «Қырық мысалдағы» ең соңғы өлең. 6 шумақ (26 тармақ). Иттеріне сеніп көлеңкеде ұйықтап жатқан Малшыны шағайын деп таяп келген жыланды көрген Маса Малшыны жыланнан бұрын шағып оятады. Оянып кеткен Малшы ашуланып, Масаны алақанымен соғып өлтіреді. Мысал өлеңнің мән-мағынасын автордың мына сөздерін оқығанда барып түсінеміз: «Мысалы, қазақ – Малшы ұйықтап жатқан, Жыланды бәле делік аңдып баққан. Бәленің түрін көрген мен – Сары Маса, Халықты оянсын деп сөзбен шаққан» дейді. Бұл жолдарға түсініктеме керек емес. Бірақ автор одан әрі батырып айтпайды. Себебі түсінікті. «Жақсыны айтпай, жаманды айтты» деп кінәлайтын қазақтың сөзі тағы бар. Сондықтан да болар, «Қырық мысалдың» әрбір өлеңінде өз халқының бір мінезімен орайластыра ой түйіндеп отырған автор, соның бәрінің ортақ жауабы боларлық сөзін осы соңғы мысалдың қорытынды шумағы арқылы жайып салады: «Ойлаймын: «Осы сөз де жетеді, – деп, Қатты айтсам, сөзім батып кетеді, – деп. Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді – Қорқамын Сары Масадай етеді, – деп» дейді. Шындықты шымбайға батырмай, мысал арқылы бейнелі түрде меңзеп көрсетуі ел-анасына деген есті баланың (автор А.Байтұрсынұлының) ерке بازیнасындай әсер етеді.

*С.Ғұсманқызы*

**МАМАЙ** (т.-ө.ж.б.) – ноғай ұлысының билеушісі. Шамамен 15 ғ-дың аяғы – 16 ғ-дың бас кезінде өмір сүрген. Ол туралы «Орақ-Мамай» жырында айтылады. Екеуі де қазақ-ноғай дәуіріндегі тарихи тұлғалар. Едіге бидің ұрпақтары. Деректерде М-дың шыққан тегі: Едіге – Алшағыр – Нураддин – Мұсахан, одан Орақ пен М. болып таратылады. Мұсахан өлгеннен кейін М. әкесінің орнына ордада билік еткен. Оның інісі Орақ батыр қолбасы міндетін атқарған. М. өлген соң, билікті Орақ қолға алды. Халық арасында М-дың өліміне байланысты «Өлдің Мамай, қор болдың» деген мәтел сөз сақталып қалған. А.Байтұрсынұлының «23 жоқтау» (Мәскеу, 1923) атты

кітабында М-дың шешесі Қараүлектің «Мамай батыр» деген жоқтауы берілген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*Б.Кәрібаев*

**«МАМАЙ БАТЫР»** – жоқтау жыр. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа құрастырған А.Байтұрсынұлы. Ғалымның 5 томдық шығ. жинданда (А., 2006), 6 томдық шығ. жинданда (А., 2013) қайта басылған. Негізгі шығарушысы Мамайдың шешесі Қараүлек делінеді. «Ай, Орағым, Орағым, Жалғыз қалдың Қарағым! Мамайжан еді ырысың, Бір құрсақтан дүреген Екеу еді туысың» деп басталатын 7 буынды жыр үлгісінде құрылған жоқтау 190 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңына «Мамай – Едіге бидің нәсілінен, XVI ғасырда өмір сүрген ноғайлының батыры» деп түсінік берілген.

Әдеб.: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**МАМЫРАЕВ** Бейбіт Баймағамбетұлы (5.2.1957 ж.т., Қарағанды обл. Нұра ауд.) – филол. ғыл. докт., проф. (1999). Халықар. Еур. экон. (2009), Қазақстан пед. академияларының акад. (2015). Қарағанды мемл. ун-тін бітірген. Қарағанды кооп. ин-тында, Қарағанды мемл. ун-тінде аға оқыту-



*Б.Мамыраев*

шы, доцент (1980–88), М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында аға ғыл. қызметкер, ғалымхатшы, ин-т директорының орынбасары (1988–93) болды. ҚР Президенті Әкімшінің Ішкі саясат басқармасы секторының меңгерушісі (2000–04), Ресей Федерациясындағы ҚР Елшілігінде кеңесші-уәкіл (2004–06), ҚР Президенті Әкімшінің мемл. инспекторы (2006–08), Шығыс Қазақстан мемл. ун-ті РМҚК ректоры (2008–12), Атырау мемл. ун-ті ШЖҚ РМК ректоры (2012–16) қызметтерін атқарған. 2016 жылдан ҚР Парламенті Мәжілісінің (6-шақырылым) депутаты. 20 ғ-дың басындағы зерттеулерінде Алаш қаламгерлері А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезовтің шығармалары жө-

нінде ғыл. талдаулар жүргізген. Көптомдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (10 том) авторының бірі. С.Торайғыровтың 2 томдық жинағын құрастырушылардың бірі. 200-ден астам ғыл. және шет ел басылмаларының авторы. «Құрмет» орденімен (2011), бірнеше мерекелік медальдармен, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хаттарымен (2007, 2011, 2015) марапатталған.

**МАНДАТ** – В.И.Лениннің қабылдауына рұқсат етілген куәлік. М-ты Қырғыз (Қазақ) орт. атқару к-тінің төрағасы мен хатшысы бергендігі көрсетіліп, олардың қолдары қойылған. 1921 жылғы 12 қазанда қабылдауға рұқсат берілгендігі көрсетілген. М-тың екінші беті араб әліпбиі негізінде жасалған төте жазумен толтырылған. Сонымен қатар осы бетте «Осы Мандатты көрсетуші Қырғыз (Қазақ) орт. атқару к-тінің мүшесі барлық кеңес мекемелеріне еркін кіруге құқы бар» деп жазылған.

*К.Қошым-Ноғай*

**МАРҒҰЛАН** Әлкей Хақанұлы (11.5.1904, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 12.1.1985, Алматы қ.) – ғалым, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы. Бүкілодақтық география қоғамының толық мүшесі (1933), филол. ғыл. докт.



*Ә.Марғұлан*

(1945), Қазақстан ҒА-ның акад. (1958), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері (1961). Абылай ханның ту ұстаушыларының бірі Олжабай батырдың шөпшегі. Павлодар қ-ндағы мұғалімдер курсы бітіріп, туған ауылында мұғалім болып істеді. 1921–25 ж. Семей пед. техникумының студенті бола жүріп, «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында қызмет атқарды. Осы жылдары ол М.Әуезовпен, М.Жұмабаевпен танысты. 1925–29 ж. Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Шығыстану ин-тының түркітану және тарих-филология ф-терінде қатар оқыды. 1926–27 ж. М. КСРО ҒА-ның акад. А.Е.Ферсман мен проф. С.И.Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай археол. және этногр. экспед-ларының жұмысына қатысты. Экспед. кезінде Ә.Бө-

кейханмен тығыз қарым-қатынас орнатып, бірлесіп қызмет жасады. М. 1928 жылдан қазақ халқына қатысты әдеби, мұрағаттық материалдар жинақтаумен шұғылданды. 1929 ж. Абай шығарм. туралы дипломдық жұмыс қорғап, орыс геогр. қоғамы мұрағатындағы Абай қолжазбалары туралы нақты тарихи деректер негізінде ғыл. дәйекті тұжырымдар жасады. 1930–31 ж. Терминолог. комиссияның ғалым хатшысы, 1931–34 ж. Ленинградтағы Мемл. материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты, 1931–35 ж. Шығыстану ин-тының оқытушысы, 1936–38 ж. Мәскеудегі материалдық мәдениет тарихы ин-тының ізденушісі және ғыл. қызметкері болды. Осы жылдары ол Шығыс Түркістан археологиясы мен өнері бойынша маманданып, бірнеше археол. экспед-ларға қатысты. 1939–41 ж. КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі Тарих ин-тының аға ғыл. қызметкері болды. 1940–41 ж. оның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Декабристер және Қазақстан», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Жамбыл Жабаев», т.б. еңбектері жарық көрді. 1941 ж. КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің тарих бөлімін басқарды. 1946–53 ж. археология, палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғыл. қызметкері, 1953–55 ж. Қазақстан ҒА-ның Архитектура, құрылыс және құрылыс материалдары ин-тының аға ғыл. қызметкері болды. 1958–76 ж. этнография бөлімін басқарды. Осы жылдары «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» аталатын монографиясын жариялады (1950). М. – қорқыттанушы ретінде оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан данагөй абыз, жырау, күй ағасы, қазақ бақсыларының жебеушісі, батагөй-сәуегейі Қорқыт мұрасын зерттеді. М. «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» атты еңбегінде (1959) қазақ халқының эпик. жыр дәстүрін дамытқан ақындарға, шебер орындаушыларға, сал-серілерге тоқталып, олардың сөз өнеріндегі орнын айқындады. Еңбектегі ғыл. тұжырымдар танымдық тереңдігімен ерекшеленеді, онда көне ойшылдардан бастап Жанақ, Шөже, Арыстанбай, Марабай, Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса секілді ақындар шығарм. талданады. М-ның «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуінде әдеби-тарихи һәм мәдени деректер мольнан кездеседі. Ол сонымен қатар қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғыл.-зерт. ісінің дамуына үлес қосты. 1957–67 ж. Уәлихановтың ғыл. мұраларын жинайтын топқа (Әуезов, С.Бәйішев, С.Мұқанов, Қ.Сәтбаев, А.Нүсіпбековпен бірге) басшылық етіп, оның таңдамалы (1958) және 5 томдық шығ. жин-н жарыққа шығарды. 1976–84 ж. Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғыл. қызметкері болып, оның ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарына бірнеше археол.

және этнограф. экспед-лар ұйымдастырылды. Ол өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеді. Ғалым 40-жылдардың соңында бірнеше рет саяси қудалауға ұшырады, кейін де ұдайы саяси бақылауда болды, ғыл. ортаның кейбір қисынсыз сындарына ұшырады. М. тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер (қолданбалы және сәулет өнері) және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғыл. зерттеу жұмыстар, 100-ден астам энциклопед. мақалалар жазды. Оның ғыл. еңбектерінің бірқатары шет ел тілдеріне аударылды. 1991 ж. Ш.Уәлиханов атынд. Тарих, археол. және этнография ин-тындағы археол. орт-тың негізінде М. атынд. Археология ин-ты құрылды. Қазақстанның қалалары мен аудандарында бірнеше көшелер, мектептер М. есімімен аталады. Павлодар қ-нда мүсіні орнатылған, сондай-ақ С.Торайғыров атынд. Павлодар пед. ун-тінде М. атында стипендия тағайындалып, мұражай ашылған. 1967 ж. Қазақстан ҒА-ның Ш.Уәлиханов атынд., 1982 ж. Қазақстан Мемл. сыйлықтарын алды. Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы», Ленин ордендерімен және медальдармен марапатталған. Сағымбай Ботпайұлының «Әлкей Марғұлан және Алаш қайраткерлері» атты мақаласында М. қазақтың ұлы тұлғалары – Ш.Уәлиханов, Қ.Сәтбаев, Б.Момышұлы, сондай-ақ А.Байтұрсынұлы секілді ғасыр саңлақтарын дәстүр арнасында жаңғыртып, отандық тарих және мәдениет, әдебиет пен өнердің сан ғасырлық мұрасы аясында кешенді зерттеген (abai.kz/қаралған күні: 6.10.2017).

**МАРОККО**, М а р о к к о к о р о л ь д і г і, э л - М а м л а к а э л - М а ғ р и б и я – Солт.-Батыс Африкадағы мемлекет. А.Байтұрсынұлының «МОПР хәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» атты мақаласында (6 томдық шығ. жин., 5-т.) Марокко елінің Фес және Мерекке (Марокко) қалалары Францияның отары екені, бұл қалалардың негізін мұсылмандар құрайтыны, француздарға құл болмау үшін азаттық алуға ұмтылғандарды түрмелерге жапқаны, әскер қызметіндегі мұсылман жігіттеріне Құран оқуға тыйым салынғаны айтылған.

«МАСА» – кітап. 1922 ж. Мәскеу қ-нда жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» (А., 1991), 5 томдық шығ. жин. (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-на (А., 2013) енгізілген. Көл. 58 бет. Жинақта 12 аударма, 22 өлең бар. Кітапқа автордың «Сөз иесінен» атты 8 жолдан тұратын өлеңі беташар ретінде берілген. Басылым соңы «Балалар, бұл жол басы даналыққа, Келіндер, түсіп, байқап, қаралық та» деп басталатын «Тарту» атты өлеңімен аяқталған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 5-т.

*Қ.Қошым-Ноғай*

«МАСА» – тұңғыш рет 1911 ж. Орынбор қ-нда жарық көрген өлең. Бұл өлең «Маса» жинағының беташары ретінде беріліп, кітаптың жалпы мазмұнына, автордың айтайын деген ойына кіріспе сипатында қолданылған. Өлең жинақтың кейінгі басылымдарына да енгізілген. Барлығы 5 буын, 4 жолдан тұрып, шалыс ұйқас түрінде жазылған бұл туындының көркемдік құндылығы өте жоғары. «Түсіне қарап, Ішінен түңілме. Күшіне қарап, Ісінен түңілме», – деген бір шумақтың астарында үлкен мағына бар. Өлең халықтық фольклордың үлгісімен жазылған. Қазақ паремологиясында осындай оралымдар жиі қолданылған. Мәселен, ««Малы жоқ» деп, ерден түңілме, «Егіні жоқ» деп, жерден түңілме» немесе «Кебін кигеннен түңіл, Кебенек кигеннен түңілме».

*С.Итеғұлова*

«МАСА: ӨЛЕҢДЕР МЕН КӨСЕМСӨЗДЕР» – кітап. ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт мин., Ақпарат және мұрағат бағдарламасы бойынша шығарылған. А., Рарирет баспасынан 2005 ж.



жарық көрген. Көл. 208 бет. Таралымы 2000 дана. Жинақ М.Әуезовтің «Алаштың ардақтысы» атты мақаласымен ашылып, С.Сейфуллин мен Р.Нұрғалиевтің А.Байтұрсынұлы жайлы пікірлері берілген. Кітапқа Ахметтің өткен тар замандарда қазақтың ұлттық санасын қалыптастырған таңдаулы шығармалары енгізіліп, бұған дейін жарық көрген басылымдарда кеткен мәтіндік қателер түзетілген.

*С.Арғынғазин*

**МАХАЕВА** Айткүл Шайымқұлқызы (1965 ж.т., Жамбыл обл. Қордай ауд. Алға а.) – тарих ғыл.

## МӘДЕЛІ

докт. (2009), проф. (2002). ҚазҰУ-ды (1989), аспирантурасын (1995) бітірген. ҚазҰУ-да (1993–2008), ҚазҰТУ-да оқытушы (2009–12), 2012 жылдан ҚазҰПУ жанындағы ҚР ҰҒА Т.С.Садықов атынд. Қазақстан тарихы кафедрасының меңгеруші-



*А.Махаева*

сі қызметін атқарған. 2015 жылдан осы ун-тте Әлем тарихы кафедрасының меңгерушісі. М. 100-ден аса ғыл. мақаланың және «Тойшыбек би және оның заманы» (2006), «Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы» (XVIII ғасырдың 2-жартысы – XX ғасырдың бас кезі) (2007), қырғыз тіліндегі «Қазақ-қырғыз тарихынан» (2011) атты монографиялардың және бірнеше оқу құралдарының авторы. Ғыл. мақалалары алыс-жақын шет елдерде жарияланған. М. «1917 жылғы саяси өзгерістер тұсындағы қазақ-қырғыз байланыстары тарихынан» атты еңбегінде 1917 ж. наурыз – сәуір аралығында Ақмола, Семей, Орал және Жетісу облыстарында құрылған қазақ к-ттері Бішкек, Пржевальск уездеріне орай Жетісу обл. қазақ к-тінің қазақ-қырғыз к-ті деп аталғанын, сондай-ақ 1917 ж. 2–5 тамыз аралығында Ташкент қ-нда өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының съезінде оқудың (бастауыш білім алу) жалпыға бірдей міндетті болуы, мектепте балаларды ана тілінде оқыту, оқу кітаптары мен баспасөздердің «Қазақ» газетінде (А.Байтұрсынұлы қолданған әліпби) қолданған емлемен жазылуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістен кейін Жетісуда орын алған босқыншылық Ә.Бөкейхан, Байтұрсынұлы, М.Дулатов сияқты Алаш қайраткерлерін шет қалдырмағаны, т.б. туралы жазған.

**МӘДЕЛІ** Жүсіпқожаұлы (1816, қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Арыс өңірі – 1888, сонда) – ақын. Шығыстың классик. әдебиеті мен фольклорын көп оқып, он бес жасынан лирик.-дидакт. толғау өлеңдер шығара бастады. Өзіл-қалжың өлеңдерін айта жүріп, суырыпсалма ақындық өнерге де төселеді. М-нің әдеби мұрасы – толғаулар, айтыстар, арнау өлеңдер. Ғұмырнамалық өлеңдерінде адамның ана құрсағында пайда болуынан бастап жүз жасқа дейінгі фөнилік кезеңдегі тағдырына

дидакт.-филос. шолу жасалды. Ақынның айтыстарында («Ұлбике мен Мәделі», «Айым қызбен жұмбақ айтысы», т.б.) айтыскер ретіндегі шеберлігі аңғарылады. Ол атакты Майлықожа ақынмен де өнер жарыстырған («Бес ғасыр жырлайды», 1-т., 1989). М-нің шығармалары баспасөз беттерінде («Түркістан уәлаяты», 1875, 1878; «Жас Қайрат», 1924, т.б.), хрестомат.-антол. жинақтарда («Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы», 1967; «Бес ғасыр жырлайды», 2-том, 1984, 1989, 1991), жоғары оқу орындарына арналған хрестомат. оқу құралдарында жарияланған. Ақынның шығарм. туралы әдебиеттанушы ғалымдар Х.Сүйіншәлиев, Ә.Оспанұлы, т.б. зерттеген. Ұлы жүздегі дулат тайпасының екі шонжары Байзақ пен Батырбек айтысып, ел арасы бүлініп бара жатқан кезде оларды бірлікке шақырған М-нің: «Дұшпандар тың салмай ма шабысына, Тұлпардай әрбір шыққан дабысына» деп басталатын өлең жолдарын А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» (1926) атты оқулығына енгізген. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.

*Т.Тебегенов*

**МӘЖІТАЕВА** Шара (25.11.1951 ж.т., Жамбыл обл.) – филол. ғыл. докт. (2001), проф. (2005). Қазақ халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-тін бітірген. Қарағанды мемл. ун-тінде шет тілдер кафедрасының оқытушысы (1987–91),



*Ш.Мәжітаева*

Қазақ халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-ті жанындағы 2 жылдық жоғары пед. курстардың тыңдаушысы, 1991 жылдан Қарағанды мемл. ун-тінде доцент, шет тілдер, қазақ тіл білімі кафедраларының меңгерушісі, аға ғыл. қызметкер, проф. 200-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 6 монографияның авторы. М-ның А.Байтұрсынұлы туралы «Әліппе айтысы» (Қарағанды, 1990. – 102 б.), «Қазақ (араб) жазуының тарихы хақында» (Ұлттық рухтың ұлы тіні: ғыл. мақалалар жинағы; қазақ, орыс, ағылшын, т.б. тілдерде. – А.: Ғылым, 1999. – 281–288-б.), «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (Аст.: Елорда, 2001. – 343 б.), «Ахметтану бастамалары» атты оқу-әдістемелік

құралы (Қарағанды, 2005), «Қазақ әдеби тілінің тарихы XV–XX ғасырлар». Оқу құралы (Б.Әбілқасымовпен бірлесіп, Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 242 б.); «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі», «Әдеби тілдің функционалдық стильдері: қалыптасуы мен дамуы». Оқу құралы (Қарағанды: ҚарМУ, 2017. – 211 б.), т.б. мақалалары жарық көрген. М-ның зерттеу еңбектерінде 20 ғ-дың басындағы терминжасам негізін салушы, қазақ тіл білімінің классигі А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі ғыл.-теор. көзқарастар мен негізгі қағидаттарға қатысты мәліметтер беріліп, оның «Қазақ» газетінің редакторы ретіндегі, қазақ публицистика стилін дамытудағы қызметі көрсетілген.

«МӘЛІМДЕМЕЛЕР» – орыс тілінде жазылып, ҚР ҰҚК-нің мұрағатында сақтаулы тұрған А.Байтұрсынұлының ресми құжаттары. Бір тақырыпты қозғайтын 2 нұсқадағы мәлімдеменің алғашқысы 1929 жылғы 18 маусымда жазылған. Бұл құжатты Д.Досжанов өзінің «Абақты» атты кітабының Байтұрсынұлына қатысты бөлімінде пайдаланған. Екінші құжат – Саенко атты тергеушіге берген жауабы. Оның соңында «Менің берген жауабым өзіме оқылды, менің айтқан сөздерім дұрыс қағазға түсірілген, сол үшін қол қоямын» деп аты-жөні жазылып, қолы қойылған. Жазушы Т.Жұртбай бұл құжатты өзі құрастырған «Алаш ақиықтары» атты кітаптың «Талант талқысы» атты андатпасында беташар етіп берген. Бұрын ешбір жинақтарына еңбеген осы құжаттар 2013 ж. Алматы қ-ндағы «Ел-шежіре» баспасынан жарық көрген ғалымның 6 томдық шығ. жин-ның 6-томында жарияланған. Бұл екі құжатта да Байтұрсынұлы: «Кенес өкіметі тұсында мен әдеби іспен айналысқаным жоқ. Көркем шығарма туралы мәселеге келетін болсақ, мен көркем дүниенің құндылығын оның қандай идеяны негізге алғандығымен емес, адамның жан дүниесіне, сезіміне қалай әсер етуіне байланысты бағалануы керек деген көзқарасты жақтаймын» дей келе, өзінің М.Жұмабаев, Ә.Бөкейхан, Сәрсенбин сияқты азаматтармен әдеби шығарм. ұйымдарда бір болмағанын және үкіметке қарсы әрекет ететін ешқандай да талқылауларға қатыспағанын мәлімдейді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 5-т.

К.Қошым-Ноғай

**МӘЛІМДЕУ** – уақиғаның алдында не болғаны немесе айтушының уақиғадан қанша хабардар екендігі айтылатын әуезенің бөлігі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

О.Жұбаева

**МӘМЕТОВ** Ахмет (Ахмедғали Мамытұлы) (1895, Астрахан губ. Талов уезі Қойтоғыз а. –

11.11.1938) – Алашорда қайраткері, ағартушы, ақын, журналист, дәрігер. 1910–15 ж. «Ғалия», «Хұсаиния» медреселерінде оқыды. М-тің алғашқы өлеңдері 1912 ж. «Қазақстан» газетінде, 1914–17 ж. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газе-



А.Мәметов

тінде жарияланды. 1916 ж. босқын қазақтарға көмек беру үшін «Қазақ» газетінде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Жәнібековтермен бірге елге үндеу тастады. Ақпан төңкерісінен кейін Ташкентте «Алаш» газетіне мақала жазып, журналист ретінде танылды. 1917–18 ж. «Бірлік туы» (Ташкент), «Ойыл уәлаяты» газеттерінде, Орал обл. земство басқармасында жұмыс істеді. 1920 ж. Орал губревкомының үгіт-насихат және Жымпиты уездік ревкомының халық ағарту бөлімдерінде қызмет атқарған. Ойыл уездік «Еркін қазақ» газетін шығарды (1919). 1921 ж. Орал обл. «Қызыл ту» газетінің редакторы, Бөкей губ. РК(б)П к-тінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болды. 1923–27 ж. Саратов ун-тінің мед. ф-тінде оқыды. 1927–29 ж. Маңғыстау, Семей өңірлерінде дәрігер, 1930 ж. Алматы қ-нда Қазақ тері және жұқпалы аурулар ғыл.-зерт. ин-тының алғашқы директоры болды. 1931–37 ж. аралығында Орал, Алматы қ-ларындағы мед. мекемелерде қызмет атқарды. 1937 ж. тұтқындалып, ату жаза-сына кесілді. 1958 ж. 27 ақпанда КСРО Жоғ. Соты әскери коллегиясының қаулысымен ақталды.

С.Смағұлова

**МӘМЕТОВ** Базарбай (1888, Жетісу обл. Лепсі уезі – 1946) – қоғам қайраткері, заңгер. Алаш қозғалысының, Алашорда үкіметінің мүшесі. 1911 ж. Верный ерлер гимназиясын, 1917 ж. Қазан ун-тінің заң ф-тін бітірген. 1916 ж. 15 қыркүйекте «Қазақ» газетінде Қазан қ-ндағы қазақ студенттеріне арнап тыл жұмысына алынған қазақ жастарына көмек беру туралы ашық хат жазып, үндеу тастады. 1917 ж. 21–26 шілдеде Орынбор қ-нда өткен 1-жалпықазақ съезіне қатысып, Бүкілресейлік Құрылтайға және Бүкілресейлік мұсылмандар кенесіне Жетісу обл-ның атынан сайланды. 1917 ж. 5–13 желтоқсанда өткен 2-жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда үкіме-



## МӘНДЕС

тіне мүшелікке өтті. Съезд шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Е.Омаров, С.Досжановпен бірге оны ұйымдастыруда белсенділік танытты. Алаш әскерін жасақтау, ашаршылыққа ұшыраған



Б.Мәметов

халыққа көмек ұйымдастыру ісімен айналысты. 1918 ж. 10–31 тамызда Алашорданың Лепсіде өткен Жетісу обл. съезінде оның кеңесінің мүшелігіне сайланды. 1919 ж. Колчак үкіметі тарапынан большевиктермен қатысы бар деген желеумен қысымға алынған. Жетісуда Кеңес өкіметі орнаған соң да саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1928 ж. отбасымен түрмеге қамалды. 1931 ж. Саратовқа жер аударылды. Өмірінің соңына дейін Саратовта, Қарақалпақстанда, Жамбыл мен Талдықорған облыстарында әр түрлі қызметтер атқарған.

М.Әбдешев

**МӘНДЕС СӨЗДЕР** – мағынасы жақын сөздер. Мәндес сөздер тілдің байлығын көрсеткенмен, тіл дәлдігіне нұқсан келтіретін кездері де болады. Мәселен, *батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік* деген сияқты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен, әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай яки аңғармай, бірінің орнына бірін айтса, лұғат дәлдігіне кемшілік келеді. Сөйлем ішіне орын алып, оралғы болудан басқа қажеті жоқ сөздер кірсе, тіл дәлдігіне кемшілік келеді. Мыс., *Кейбіреулер дүние қуғыш, мал жиғыш, пайда қылғыш келеді.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**МӘНДІ ӨЛЕҢ** – сөзі ажарлы, мағыналы өлең. Мәнді өлеңде жұрттың құлақ салатыны ән емес, сөз болған соң, айтушы сөздің ажарлы және мағыналы болу жағына көп тырысқан. Сол себепті әнді өлеңнің сөзінен мәнді өлеңнің сөзі ажарлырақ, мағыналырақ болған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жін. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

О.Жұбаева

«**МӘҢГІ ЖАС – АЛАШ ИДЕЯСЫ**» – публицист. зерттеулер мен мақалалар жинағы. Авторы – Б.Төлепберген. А., «Алматы баспа үйі» 2008 ж. жарыққа шығарған. Көл. 304 бет. Таралымы 1000 дана. Жинақ үш бөлімнен («Алаш қозғалысынан тәуелсіздікке дейін», «Алаш орда» үкіметінің мүшелері, Алаш арыстары, алашшыл жастар», «Жасампаз идеяның жалғасы») тұрады. Кітапта 20 ғ-дың түрлі кезеңдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар арасындағы өзара логик. байланыс ұтымды баяндалған. Автор Алаш идеясы үшін күресті кеңестік билік жағдайында жалғастырған қоғамдық ұйымдар мен жеке азаматтардың қызметін нақты құжаттық материалдар арқылы берген. Кітаптың ауқымды бөлігі бүгінгі қазақ жастарының саяси-әлеум. жағдайын талдауға арналған. Сондай-ақ, жинақта Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, т.б. Алаш идеясын уағыздаушы әрі жүзеге асырушы қайраткерлердің саяси-қоғамдық қызметіне баға беріліп, олардың өмір жолдарына қысқаша шолу жасалған. Кітап Алаш идеясына қызығушылық танытқан барша оқырманға, жастарға, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

С.Хасенов

**МӘРМӘР ТЕҢІЗІ** (түрікше Marmara – ақ мәрмәр мағынасын білдіреді) – Атлант мұхитының Еуропа мен Кіші Азия аралығындағы теңіз. Солтнде Боспор бұғазы арқылы Қара т-бен, оңт-нде Дарданелл бұғазы арқылы Эгей т-мен жалғасады. А.Байтұрсынұлы «Еуропа» мақаласында құрлықтың табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жін., 2-т) ондағы ішкі теңіздердің бірі М. т-не де қысқаша сипаттама берген.

**МӘРСЕКОВ** Райымжан (1879, Өскемен уезі, Айыртау болысы – ө.ж.б.) – Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер, публицист. Өскеменде



Р.Мәрсеков

уездік орыс-қазақ мектебін, Омбыда классик. гимназияны (1897), Санкт-Петербург Императорлық ун-тінің заң ф-тін (1902) бітірген. Семейдің округтік сотында (1902–08), Омбының сот палатасында (1908–12) қызметтер атқарды. Орыс географ. қоғамы Батыс Сібір бөлімі Семей қала-

лық бөлімшесінің белсенді мүшесі (1908–11) және Семейде заңгер-адвокат (1912–17) болды. 1917 ж. Семей обл. қазақ к-тінің төрағасы және Уақытша үкіметтің обл. атқару к-тінің мүшесі, 1917 ж. 27 сәуір–мамыр аралығында өткен Семей обл. қазақ съезін ұйымдастырушылардың бірі болып, күзде Алаш партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутат болып сайланды. М. Семейде «Сарыарқа» газетін ұйымдастыруға қатысып, оның алғашқы редакторларының бірі (1917–19) және Алашорданың осы облыстағы белсенді мүшесі болды. Семей обл. Земство басқармасының төрағасы (1918–19) қызметін атқарды. Осы жылдары Семей обл-нда «Алаш» полкін жасақтауға белсене араласты. Алашорда үкіметінің атынан А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Аманжоловпен бірге Шәуешек қ-ндағы Ресей консулдығы арқылы большевиктерге қарсы күрес жүргізу үшін Қытай үкіметінен қару-жарақ алу туралы келіссөз жүргізуге қатысқан. Алашорда үкіметі таратылып, Қазақ автономиясы жарияланған соң 1920–22 жылдардың маусым айына дейін Семей губ. атқару к-тінің ақпарат-нұсқау бөлімінде нұсқаушы-тексеруші қызметін атқарған. Бірақ осы кезден бастап қоғамдық-саяси өмірден шеттетіліп, кеңес өкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған М. 1922 ж. Қытайға кетуге мәжбүр болды. М. «Дала уәлаяты» газетінде (1899–1900) әйел теңдігі, қазақ билерінің дауды шешуі мен сайлау жөнінде, кейін «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінде (1912–16) патша өкіметінің отаршылдық саясатын әшкерелеген және қоғамның болашағы қандай үлгіде дамуы қажет деген мәселелерді қарастырған мақалалар жариялады. Ол көптеген жауапты әрі лауазымды қызметтерде жүріп, қазақ соттарын ұйымдастыру, Алаш әскерін жасақтау, жер дауын шешу, елді азық-түлікпен қамтамасыз ету, қазақ жастарын оқыту, т.б. мәселелерге білімі мен қажыр-қайратын жұмсады. М-тің кейінгі Қытайдағы тағдыры туралы деректер аз сақталған және онда қайшылықтар көп кездеседі. **«МӨРТЕБЕЛІ ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ»** – сұхбаттар жинағы. Авторы – Ш.Құрманбайұлы. А., «Полиграфкомбинат» ЖШС-да 2014 ж. басылған. Көл. 272 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл жинақта тіл саясатының, қазақ тіл ғылымының, терминтанудың, ономастика мен тіл мәдениетінің, сондай-ақ ұлттық және қоғам өмірінің өзекті мәселелеріне қатысты автордың әр жылдары баспасөзге берген сұхбаттары, ой-пікірлері хронол. ретпен берілген. Жинақта автордың А.Байтұрсынұлы жайында берген сұхбаттары «Біз терминологиядағы Алаш зиялылары қалыптастырған дәстүрді үзіп алдық», «Ахандардың аманатын орындай алмай келеміз», «Ахан енгізген мыңға жуық терминнің 500-дейі қолданыс-

та жүр» және «Ахмет Байтұрсынұлы енгізген терминдер» атты тақырыптармен берілген. Сұхбаттар жинағы студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, ғалымдар мен оқытушыларға, қазақ тіл білімі мен елдің тіл саясаты қызықтыратын көпшілік оқырманға арналған.

*С.Хасенов*

**МӘСКЕУ** – Ресей Федерациясының астанасы, Орт. Федералды округтің және Мәскеу обл-ның орт. Ока және Волга өзендері аралығында, Мәскеу өз-нің бойында орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Қазақ малының тұқымын асылдандыру жайында» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) «бұрын Орынбордан Мәскеуге апарған өгіздер еті 15 пұттан кем болмайтын, соңғы жылдары 13 пұттан кем» деп айта келіп, оны қазақ малының уақтанғаны, оның М-де арзандағаны ойландырады. М. қ-на А.Байтұрсынұлы саясат, білім, ғылым, бапхана істеріне байланысты жиі барған. Мыс., М-де 1931 ж. шыққан «Литературная энциклопедия» атты жинақтың 5-томына «Қазақ әліпбиі немесе Байтұрсынұлы емлесі» немесе «Казахский (Байтурсуновский) алфавит» ғыл. мақаласы енгізілген және соңында оны орыс ғалымдарының жоғары бағалағаны айтылады. Байтұрсынұлының «МОПР хәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» (6 томдық шығ. жин., 5-т.) кітапшасы 1924 ж. М-де жарық көрген, кітапшада МОПР ұйымының М-де құрылғанына әлі екі жыл толмағаны жазылады. 1919 ж. А.Н.Самойлович жазған «Байтұрсынұлы Ахмет Байтұрсынұлы» атты ғыл. мақала. 1930 ж. Ахан түрмеде отырған кезде, М-де жарық көрген «Әдеби энциклопедия» атты жинақтың 1-томына енген. Байтұрсынұлы өмірінің бір кезеңін (1922–1924 жылдары болу керек) РКФСР Халық ағарту комиссариатының М-дегі жатақханасында өткізген.

**МӨТ «~»** – сөз басында келген «а» дыбысын таңбалап, сүйеу таяқтан ажырату үшін қойылған белгі. Сөз ортасында, сөз соңында келген «а» әрпі мәтсіз жазылады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**МӘТЕЛ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі сарындаманың бір тарауы – сәлт сөзінің бір түріне берілген термин. М. – кезі келгенде кесегімен айтылатын сөздер. Ғалым М. мағынасы жағынан мақалға жақын болатынын да айтады. Мақал өмірде көрген, түйген ақиқаттан шықса, М. ол жағын қарамай, әдепті сөз есебінде айтылады. М. – негізгі түйінді кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. М. тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Байтұрсынұлы оған бірталай мысалдар келтіреді: *бір теңге беріп*

## МӘУЛЕНОВ

*жырлатып, мың теңге беріп қойдыра алмады; өткен өрен, қалған салауат.* Ол адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді.

*С.Жайлауова*

**МӘУЛЕНОВ** Сырбай (17.9.1922, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Торғай а. – 13.2.1993, Алматы қ.) – ақын, Халық жазушысы (1990). А.Байтұрсынұлының күйеу баласы. М-тің зайыбы Күлжамал – Байтұрсынұлының туған ағасы Қалидан туған Әмірдің қызы. М. Жамбыл пед.



*С.Мәуленов*

уч-шесінде, Қызылорда пед. ин-тында оқыған. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазҰПУ-дың тіл, әдебиет ф-тін бітірген (1973). Қостанай обл. радио к-тінде, «Большевиктік жол» газетінде (1943–50), Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімінің менгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактордың орынбасары, «Жұлдыз» журналының, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы (1951–77) болды. М-тің алғашқы өлеңі 1937 ж. Жамбыл обл. «Колхозшы» газетінде жарияланған. Ақынның «Өлеңдер» атты тұңғыш жыр жинағы 1948 ж. жарық көрді. Қазақ поэзиясында лирика жанрын дамытуға елеулі үлес қосқан ақынның «Жолдас», «Жол үстіндегі жалындар» (1963), «Қызыл арша» (1969), «Боз қырау» (1976), «Жалын» (1979), «Шуак», «Алтын тасқын» (1981) атты өлеңдер мен поэмалары, «Жұлдыз жүрек» (1985), «Шаңқай түс» жинақтары, «Тандамалы» 2 томдығы шықты. «Үркер төбеде тұр» атты кітабында Абай, Ыбырай, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Қасымдардың өмір жолдары көркем бейнеленген. М. балаларға арналған «Барлаушы бала» (1961), «Кұлыншак», «Бала жолбарыс» (1963), «Қорқақ торпақ» (1966), т.б. өлеңдер мен әңгімелер жинағын жазды. Ол А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А.Некрасов, Дж.Г.Байрон, Ә.Науаи, Т.Г.Шевченко, А.Блок, Н.Хикмет, т.б. қаламгерлер шығармаларын қазақ тіліне аударды. М. «Апрель жаңбыры», «Қызыл арша» атты жыр жинақтары үшін ҚР Мемл. сыйлығын алды (1970). Ол Еңбек Қызыл Ту,

«Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Алматы, Астана, Қостанай, Арқалық, Қызылорда қ-ларында 4 көше мен 3 мектепке ақын есімі берілген. Байтұрсынұлының қазақ еліне жасаған еңбектері, солардың бірі қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін сабақтастырып өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін – «фонетика» қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі, қазақ тіл біліміне қосқан үлесі жөнінде М.: «Ахметтің Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі, қазақ тілі секілді орындарда оның еңбегі мол ... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды» деген (С.Мәуленов. Ұлт ұстазы, Егемен Қазақстан, 12.3.2010, №90–93). Сондай-ақ «Сыр мен жыр: Туған әдебиет туралы ойлар» (А., 1991), «Ойшыл ақын, ғибратты ғұлама» («Коммунизм таңы», 22.7.1989), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген.

Әдеб.: [www/webcache.googleusercontent.com](http://webcache.googleusercontent.com) (қаралған күні: 18.9.2017).

*Р.Сыздық*

**МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ** (1858, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 1931, сонда) – ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. «Бес жаста «бісімлла» деп жаздым хатты, Бұл тағдыр



*Мәшүр Жүсіп Көпейұлы*

жастай маған тиді қатты» деп М. Ж. К-ның өзі айтқандай, бес жасынан бастап-ақ молладан хат таныған ол 1870 ж. Хамеретдин хазіреттің медресесінде, одан кейін Бұхарадағы діни жоғары оқу орнында оқыды. Өнер-білімге, әдебиетке құмар болып, «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты халық жырлары мен Шығыстың кисса-дастандарын жатқа айтқан. Сол себепті де Мәшүр Жүсіп атанды. «Мәшүр» арабша белгілі деген мағынаны білдіреді. Медреседе оқып жүрген кезінде ол балалардың алды

болып, он бес жасынан өлең жаза бастаған. 1875 жылдан біраз уақыт оқытушы болды. «Дала уялайты» газетіне хат-хабар, мақала жіберіп тұрды. 1887–90 ж. Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұхара, т.б. қ-ларды аралап, араб, парсы тілдерін үйреніп, Шығыстың классик әдебиетімен жете танысқан. Осы жылдары түркітанушы ғалым, акад. В.В. Радловпен танысып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен айналысты, жар-жар, ау-жар, бата, ұлағатты сөздер, ертегі, аңыздар, діни киссаларды жинап, жариялады. Сонымен бірге «Гүлшат–Шеризат», «Гибратнама», «Шайтанның саудасы» сияқты Шығыс дастандары үлгісін және бірнеше тарихи жырларды жинап, хаттаған. «Көроғлы», «Ер Көкше», «Сайын батыр» жыр-дастандары мен Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанақ, Сақау секілді ақын-жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатқа түсірген. Ақынның 1907 ж. Қазан қ-нда Құсайыновтар баспасынан үш бірдей кітабы шықты. «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармаларында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры, т.б. өзекті мәселелерді көтереді. М. Ж. К-ның таңдамалы екі томдығы (1990), «Қазақ шежіресі» атты еңбегі (1993) жарық көрді. Павлодар қ-нда ақын атында мешіт, Баянауылда Мәшһүр Жүсіп мұражайы бар. М. Ж. К. да А.Байтұрсынұлы секілді ел аузында айтылып жүрген көптеген фольклорлық шығармаларды жинаушылардың және насихаттаушылардың бірі болды. Екі алыптың да жинаған шығармаларының арасында «Ер Сайын» атты жыры бар.

С.Дәуітұлы

**МЕЗГЕУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде А.Байтұрсынұлы алғаш рет қолданған термин. Тіл көрнекілігі үшін қолданылатын көріктеу мен әсерлеу сияқты әдістердің бірі. М. бір ұғымның орнына екінші ұғымның айтылуын білдіреді. *Ана ауылға Омар, Оспан, Асан, Үсен келді* деген деудің орнына – *ана ауылға Омарлар келді* деген сөйлемдегі *Омарлар келді* деген М. болатынын айтып түсіндіреді. «*Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды*» дегендегі «*отыз рулы ел*» деп кесіп айтуымыз М. болады. М. арқылы айтылған сөз жай айтылған сөзден жинақы және ширақ болады. Сол себепті М. ақындар сөзінде көп кездеседі. Байтұрсынұлы тұтас көрсеткен бұл әдіс қазіргі ғылымда құбылту түрлеріне жататын метонимия және синекдохға сәйкес келеді.

Д.Оспанова

**МЕЗГІЛДІК ҮСТЕУ** – істің мезгілін көрсететін сөздер. Мезгілдік үстеу сұраулары: *қашан? қашаннан? Атам заманнан солай, күн сайын толады* дейміз. Мысалы, *атам заманнан, күн сайын* деген сөздер *қашаннан?* деп сұрағанға жауап бо-

лады. *Қашаннан солай? – атам заманнан.* *Қашан толады? – күн сайын.* Бұлар үстеу орнындағы зат есім сөздер. Мұнан басқа туынды һәм түпкі үстеулер бар. Мыс.: *бүгін, кеше, ертең, биыл, бүрсікүні, бұрнағы күн, бұрнағы жыл, алдыңғы күн, алдыңғы жыл, соңыра, қашаннан, ілезде* (бұлар – туынды үстеу), *бұрын, мана, әлі, ылғи, дәйім, дереу* (бұлар – түпкі мезгілдік үстеулер).

**МЕЗГІЛ ПЫСЫҚТАУЫШ** – амалдың мезгілін көрсететін, «*қашан?*» «*қай уақыт?*» «*қанша уақыт?*» сұрауларына жауап беретін сөздер. Мыс., *Мана қар жауды. Қашан қар жауды? – мана.* Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**МЕЗГІЛ ПЫСЫҚТАУЫШЫНЫҢ БАҒЫНЫҢҚЫСЫ** – істің мезгілін білдіретін бағыныңқы сөйлем. Мыс., *Қашан жер отаяды, мал сонда сүтейеді.* Мұнда басыңқы сөйлем – «*мал сонда сүтейеді*», бағыныңқы сөйлем – «*қашан жер отаяды*». Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны білу үшін басыңқы сөйлемді алып, сұрау салу керек. *Мал қашан сүтейеді? – Қашан жер отаяды (сонда).* «*Сонда*» – басыңқы сөйлемнің мезгіл пысықтауыш, «*қашан жер отаяды*» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр әрі «*қашан?*» деген мезгіл пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мезгіл пысықтауышының сұрауы жалғыз «*қашан?*» емес, «*қашанға дейін?*», «*қашаннан?*» деген сұраулары да бар. Солай болған соң, бұл сұрауларға да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер мезгіл бағыныңқысы болады. Мыс.: 1) *Қашанға дейін ұйқым келмесе, соған дейін отырамын.* *Қашанға дейін отырамын? – қашанға дейін ұйқым келмесе (соған дейін).* 2) *Қашаннан өзім жүре бастадым – сонан бері малдың өңі кіре бастады.* *Қашаннан малдың өңі кіре бастады? – қашаннан өзім жүре бастадым, (сонан бері).* Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**МЕКЕНДІК ҮСТЕУ** – істің мекенін көрсететін сөздер. Мекендік үстеу сұраулары: *қайда? қайдан?* Бұл сұрауларға жауап болмаған сөздер мекендік үстеу болмайды. *Тыста жатыр; қалаға барды; жайлаудан қайтты* дегендегі «*тыста*», «*қалаға*», «*жайлаудан*» деген сөздер *қайда? қайдан?* деп сұрағанға жауап болады. (*Жатыр қайда? – тыста.* *Барды қайда? – қалаға.* *Қайтты қайдан? – жайлаудан*). Бұлар – үстеу орнындағы зат есімдер. *Онда бармады; мұнда келді* дегендегі «*онда*», «*мұнда*» деген сөздер *қайда? қайдан?* деп сұрағанға жауап болады. (*Бармады қайда? – онда.* *Келді қайда? – мұнда*). Бұлар – үстеу орнындағы есімдіктер.

## МЕКЕН ПЫСЫҚТАУЫШ

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**МЕКЕН ПЫСЫҚТАУЫШ** – амалдың орнын көрсететін, «қайда?» «қайдан?» «қалай?» деген сұрауларға жауап беретін сөз. Мекен пысықтауыш болатын сөз таптары: Әуелі – мекен пысықтауыш болатын мекендік үстеу. Мыс., *Атты әрмен бара жатыр*. Атты қайда бара жатыр? – *әрмен*. Сын пысықтауыш амалдың сынын көрсететін сөз болғандықтан, «қалай?» «қалайша?» «қайтып?» деген сұрауларға жауап береді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**МЕКЕН ПЫСЫҚТАУЫШЫНЫҢ БАҒЫНЫҢҚЫСЫ** – істің мекенін білдіретін бағыныңқы сөйлем. Мыс.: *Егін қайда болса, береке сонда болады*. Мұнда басыңқы сөйлем – «*береке сонда болады*». Бағыныңқы сөйлем – «*егін қайда болса*». Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны білу үшін басыңқы сөйлем арқылы сұрау саламыз. Береке қайда болады? – *егін қайда болса (сонда)*. «Сонда» – басыңқы сөйлемнің мекен пысықтауышы. «*Егін қайда болса*» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр және «қайда?» деген мекен пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем мекен пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мекен пысықтауышының сұрауы жалғыз «қайда?» емес, «қайдан?», «қалай қарай?» деген де сұраулары бар. Сондықтан бұл сұрауларға жауап беруші бағыныңқы сөйлемдердің бәрі мекен пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мыс.: 1) *Алдыңғы арба қай жерден жүрсе, соңғы арба со жерден жүреді*. Соңғы арба қайдан жүреді? – *алдыңғы арба қай жерден жүрсе, (со жерден)*. 2) *Жел қай жаққа қуса, қаңбақ солай қарай домалайды*. Қаңбақ қалай қарай домалайды? – *жел қай жаққа қуса, (солай қарай)*.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ** – білім ордасы. Толық атауы – Ахмет Байтұрсынұлы атынд. №139 м.-г.



Алматы қ-нда орналасқан. 1990 ж. 1020 балаға арналып салынған. Мектепке 1991 ж. қазақтың біртуар азаматы, ұлт ұстазы Байтұрсынұлының есімі берілген. Сонымен қатар осы жылы мектеп-гимназия мәртебесін алды. Мектеп-гимназияда қазақ тілі, ағылшын тілі, математика және биология пәндері тереңдетіліп оқытылады. Білім ордасы экол. бағыттағы мектеп болып есептеледі. 1994 жылдан түрік тілі пәні енгізілген. Түрік елшілігінің көмегімен мектепте түрік кабинеті, мұғалімдер бөлмесі жабдықталған.

**МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ** – білім ошағы. Толық атауы – Ахмет Байтұрсынов атынд. №50 м.-г. Оңт. Қазақстан обл. Шымкент қ-нда орналасқан. 1989 жылғы 9 қыркүйекте ашылған. 1046 оқушыға арнап салынған. Оқу орнында екі информа-



тика, 1 мультимедиялық, 1 лингофонды, химия, биология, физика, технология (іс тігу, ас даярлау, ағаш өңдеу, темір өңдеу) кабинеттері және 5 интерактивті тақта бар. 2013 ж. Францияда өткен Халықар. «FIDJIP-EUROTALENT CONCORDE» дарынды балалар байқауында мектептің 1 оқушысы 1-дәрежелі, 2 оқушысы 2-дәрежелі дипломмен марапатталған. Респ. «Ақбота» интеллектуалды байқауында 12 оқушы, Халықар. «Кенгуру – лингвист» марафонынан 8 оқушы, Халықар. «Русский медвежонок» марафонынан 2 оқушы жүлделі орындарға ие болған.

К.Қошым-Нозай

**«МЕКТЕП КЕРЕКТЕРІ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62-санында жарық көрген. Мақаланың мәтіні «Ақжол» (А., 1991. 269–271-беттер), «Тіл тағлымы» (А., 1992. 438–440-беттер), «Қазақ прозасы» (520–522-беттер) кітаптарына 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Қаламгердің шығармасында бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту әдістемесі туралы сөз қозғалады. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен

балалар көбірек білім біліп шықпақшы» дей отырып, өзге де мектеп қажеттіліктерін санамалап шығады.

*Р.Имаханбет*

**МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ** – білім ошағы. Астана қ-ндағы Ж.Жирентаев көшесінде (15/2) орналасқан. Толық атауы – Ахмет Байтұрсынұлы атынд. №48 м.-л. мемл. мекемесі. 2003 жылғы 1 қыркүйекте ашылған. Жалпы көлемі 16,111 шаршы метр.



1200 балаға арналып салынған. Оқушылар 2 ауысымда оқиды. Мектепте 2 эксперимент алаңы жұмыс істейді. 2011–12 оқу жылынан «Жестіктер мектебі» эксперименті негізінде жұмыс жүргізіледі. 2012 ж. «RWCT мектебі» атағына ие болған. 2011 жылдан e-learning жобасы енгізілген. 2014 ж. Л.Н.Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-тімен екіжақты келісімшартқа қол қойылып, базалық мектеп болып бекітілді. 2 физика, химия, биология, 2 мультимедиялық және лингафондық, 2 технология кабинеттері бар. 41590 кітап қоры бар кітапхана оқушыларға қызмет көрсетеді.

*К.Қошым-Ноғай*

**МЕКТЕП-ТЕГІ** Аманқос Құлтанұлы (1954 ж.т., Ақтөбе обл. Байғанин ауд. Жарқамыс а.) – филол. ғыл. канд., доцент. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. ҚазҰУ-ды (1979), ҚазҰПУ-дың аспирантурасын (1983–86) бітірген. ҚР ҰҒА Тіл білімі ин-тының кіші ғыл. қызметкері (1981–96), «Ана тілі» газетінің әдеби қызметкері (1990–92), «Жалын» журналының бөлім меңгерушісі (1995–96) қызметтерін атқарды. 1996 жылдан ҚазҰУ-да пед.-ғыл. жұмыстармен айналысады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, С.Бөкейхан, т.б. мұрасын баспасөз бетінде алғашқы насихаттаушылардың бірі. М.-Т-нің Алаш тақырыбына байланысты зерттеу мақалалары «Бес арыс», «Тіл тағылымы», «Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер», «Қызыл қырғын», «Исатай–Махамбет», «Аламан», «Бекет-ата», «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы», «Халел Досмұхамедовтың өмірі және

оның шығармашылығы», «Ұлттық рухтың ұлы тіні», «Көсемсөздің көсемі», т.б. монография мен ғыл.-танымдық жинақтарда жарияланған. «Ахмет Байтұрсынұлы» («Арай», 1989, №5), «Из плена забвения: Ахмет Байтұрсунов» («Заря», 1989, №5), «В памяти народной» («Горизонт», 1.4.1989), «Абайтанудың – бастау көзінде» («Коммунизм жолы», 9.9.1989), «Алматыда бір үй бар» («Алматы ақшамы», 2.1.1990), «Қилы заман: Қайта қарар қағида. «Қазақ» газеті және 1916 жыл дүрбелеңі» («Ана тілі», 7.6.1990),



*А.Мектеп-тегі*

«Әліпби түзген Ахан» («Ана тілі», 30.1.1991), Байтұрсынұлы мен М.Дулатовтың Торғай жерінде болған күндеріне орай «Тойдан соңғы толғаныс» («Алматы ақшамы», 16.7.1991), «Қазақ жазуының қасиеті мен қасіреті» («Жалын», 1996, №1–2), «Қазақтың саяси көсемдері» («Қазақ елі», 16.2.1996), «Әлихан Нұрмұхамедовтың Бөкейхан. Ахмет Байтұрсынұлы» («Түрк Дүниесі. Тарих», 1996), «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ баспасөзінің тұңғыш теоретигі» («ҚазМҰУ хабаршысы» журналистика сериясы, 1999, №5), «Геноцид» («Ана тілі», 28–3.5–6, 4–10.6, 11–17.6, 18–24.6, 25–1.6–7, 2009), «Ахмет Байтұрсынұлынан жеткен бір сурет» («Жас алаш», 13.10.2015), т.б. еңбектері мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған. **МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА** – 1906–17 ж. Ресей империясындағы мемлекетті басқарудың конституц.-монарх. бағыттағы заң шығарушы жоғары өкілетті органы. М. Д. 1-орыс революциясы нәтижесінде демокр. даму жолындағы өзгерістерді енгізуге мәжбүр болған Ресей патшасының 1905 ж. 17 қазанда жариялаған манифесті негізінде құрылды. Оған Ресей мемлекетіндегі партиялар фракциялары мен ұлттық аймақтардың өкілдері сайланды, сондай-ақ орыс тілін білмейтіндер сайлана алмады. М. Д. төрт рет шақырылды. Қазақ халқы оның екеуіне қатысты. 1-Мемл. Дума 1906 ж. 27 сәуір – 8 шілде аралығында жұмыс істеп, бір ғана сессия өткізді. Құрамы, негізінен, кадет, еңбекшілер партияларынан құралды. Дума агр. мәселемен шұғылданды. Оған қазақ жерінен 11 депутат, оның ішін-

## МЕМЛЕКЕТТІК

де қазақ халқы атынан Ә.Бөкейхан, А.Бірімжанов, А.Қалменов, Б.Құлманов, Ш.Қосшығұлов, М.Тайынов, С.Жантөрин, Д.Тұндыт (қалмақ), орыс ұлттық өкілдерінен В.И.Ищерский, И.П.Лаптев, В.В.Недоносков, Н.Е.Дыхнич, Н.Я.Коншин сайланды. Бұл Думада Бірімжанов пен Қалменов ерекше белсенділік көрсетті. 1906 ж. 9 шілдеде патша өкіметі 1-Мемл. Думаны таратқаннан кейін, оның либералдық және соц. ағымды жақтайтын мүшелерімен бірге Бөкейхан Выборг қ-нда (Финляндия) жиынға қатысып, халықты салық төлемеуге, үкіметке қарыз және қосымша солдаттар беруден бас тартуға шақырған наразылық үндеуіне қол қойды. Осы үшін полиция оны қамауға алып, Самараға жер аударды. 2-Мемл. Дума 1907 ж. 20 ақпан – 3 маусым аралығында жұмыс істеп, 2 сессия, 53 мәжіліс өткізді. Оның құрамы, негізінен, кадеттерден, социал-демократтар мен октябристерден тұрды. Бұл Дума да агр. мәселені талқылады. Қазақстаннан 14 депутат, оның ішінде қазақ халқынан 6 депутат – Қосшығұлов, Х.Нұрқенов, Б.Қаратаев, Бірімжанов, Т.Аллабергенов, М.Тынышбаев, ал орыс халқынан А.К.Виноградов, И.В.Голованов, И.И.Космодемьянский, Н.Я.Коншин, И.П.Лаптев, Я.И.Егошкин, М.А.Гаврилов сайланды. Қазақ халқынан сайланған 2-Мемл. Дума депутаттары кадеттерге қосылды және Мұсылман фракциясына кірді, олар Ресейдің басқа ұлт қайраткерлерімен бірлесіп, шет аймақтарға шаруаларды қоныс аударғудың тоқтатылуын талап етті. 2-Мемл. Думада депутаттар Т.И.Седельников (Орынбор обл.), Н.А.Бородин, т.б. қазақ халқының мүдделерін қорғап сөз сөйледі. 1907 ж. 3 маусымда күшпен таратылғаннан кейін социал-демокр. фракция қамауға алынып, Сібірге айдалды. Патша жарлығы бойынша, М. Д-ға қазақ елінен депутаттар сайланбайтын болды. 1-, 2-Мемл. Думаға сайланған қазақ депутаттары Ресей парламентіне өз аймақтарының көкейтесті мәселелерін жеткізуге мүмкін болғанның бәрін жасады. Қазақ зиялыларының саяси белсенділігі Дума жұмысына тікелей араласумен шектелген жоқ, олардың кейбір өкілдері (Қосшығұлов, М.Шоқай) 1-орыс революциясы мен одан кейінгі жылдарда өріс алған Ресей мұсылмандарының қоғамдық-саяси қозғалысына қатысты, М. Д-ның мұсылмандар фракциясы қызметінің сапалы атқарылуына жәрдемдесті, Түркістан мен қазақтан Думаға депутат болып сайланғандарды олардың сайлаушыларымен байланыстырды. Ресейдің 3-Мемл. Думасы 1907 ж. 1 қараша – 1912 ж. 9 маусым аралығында, 4-Мемл. Дума 1912 ж. 15 қараша – 1917 ж. 6 (9) қазан аралығында қызмет етті. 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін 1917 ж. 18(31) желтоқсанда М. Д. таратылды.

Әдеб.: Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А., 1995; Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905–1917 ж.). – А., 1997.

*К.Нұрпейіс*

**«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ»** – жинақ. Құрастырушылар – Т.Алпысбаев, К.Матыжанов, Т.Тұяқбаев. ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім мин-нің Тілдерді дамыту департаменті ұсынған. Аст., «Елорда» баспасынан 1998 ж. жарық көрген. Көл. 248 бет. Таралымы 1000 дана. Жинаққа 1998 ж. 21–27 қыркүйек аралығында «Қазақстан халықтарының тілдері апталығы» аясында А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналып Астана қ-нда өткізілген «М. т.: б. м. б.» атты респ. ғыл.-теор. конференция материалдары топтастырылған. Байтұрсынұлы мұраларын ғыл. тұрғыдан зерделеген 39 ғалымның баяндамасы енген.

*С.Арғынғазин*

**«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МҰРАҒАТТАРЫ»** – көмекші құрал. Авторы – С.Шүкірұлы. А., «Ғылым» ғыл. баспа орт-нан 2002 ж. жарық көрген. Көл. 352 бет. Таралымы 500 дана. Кітапқа автордың тіл білімі саласындағы зерттеу еңбектері енгізілген. Олар негізінен сөз тектеу, грамматика, орфография, стилистика мәселелеріне және түрлі сөздіктердің жаңа басылымдарын талдауға арналған. Мемл. тілдің өзекті тақырыптарын қозғаған зерттеу мақалалары мен ғыл.-тәжірибелік конференцияларда сөйлеген сөздері тілдерді дамытудың Мемл. бағдарламаларын және Үкімет қаулыларын жүзеге асыруға бағытталған келелі мәселелерді қамтиды. Кітапта автордың А.Байтұрсынұлы жайлы «Мұратты істің мұдесі», «Көз жетіп, көңіл сенгендей», «Ахан рухы бізбен бірге», «Қазақ тілінің айтылым сөздігі» кітабынан туындаған ойлар» атты мақалалары жарияланған.

*С.Хасенов*

**МЕНДІК** – І жақ, сөйлеуші, айтушы жақ.  
**МЕНДІҒАРА АУДАНЫ** – Қостанай обл-ның солт-нде орналасқан әкімш. бөлініс. А.Байтұрсынұлы «Жер жалдау жайынан» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) қазақ жеріне қоныс аударған орыстарға жерлерін сатып жатқан қазақтар туралы жазған. Сондай жер сату жайында мысал ретінде Қостанай уезіндегі Мендіғара болысында (қазіргі Мендіқара ауд. аумағы) норма бойынша «излишке» (артық жер) болмаса да қазақтар орыс зайықаларын сатқанын, оған мысал ретінде Гребенкин заимкасының сатылғаны айтылады.  
**«МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ (1870–1918 Ж.Ж.)»** – ғыл.-зерт. еңбек, Қ.Атабаевтың докт. дисс-сы.

әл-Фараби атынд. Қазақ мемл. ұлттық ун-тінде 2000 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – М.Койгелдиев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 5 тараудан («Мерзімді басылымдарды дерек көзі ретінде талдаудың теориялық-методологиялық негіздері», «Түркістан уалаятының газеті» және «Дала уалаяты газетінің» қазақ тарихын зерттеудегі деректік маңызы мен орны», «Ұлттық бейресми басылымдар және олардың деректік орны мен ерекшеліктері», «Қазақ» газеті – Қазақстан тарихының дерек көзі», «1917–1918 жылдардағы қоғамдық-саяси өзгерістер және Қазақ баспасөзі»), қорытындыдан, пайдаланған деректер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Кіріспеде жұмыстың маңыздылығы, мақсаты мен міндеттері, зерттелу деңгейі, деректері, ғыл. жаңалықтары т.б. айтылған. 1-тарауда деректанулық ұғымдар мен терминдер туралы, мерзімді басылымдарды дерек көзі ретінде талдаудың теор.-әдістемелік негіздері және жолдары, оларды сыныптаудың қажеттілігі мен өлшемдері жөнінде, 2-тарауда қазақ тілінде жарық көрген алғашқы ресми газеттердің шығарылу мақсаттары мен деректік ерекшеліктері, 3-тарауда ұлттық бейресми басылымдардың пайда болуының алғышарттары, тарихи жағдайлары, ерекшеліктері, 4-тарауда «Қазақ» газетінің сипаты мен негізгі авторлары, 1-дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы қазақ қоғамы тарихының дерегі ретіндегі маңызы, 5-тарауда ақпан төңкерісінен кейін шыққан басылымдардың дерек көзі ретіндегі ерекшелігі мен маңызы туралы айтылған. Соңында жұмысқа жалпы қорытынды жасалынып, мерзімді басылымдарды одан әрі дерек көзі ретінде зерттеудің негізгі бағыттары көрсетілген. Еңбекте «Қазақ» газетінде жарияланған барлық материалдардың жартысынан астамын негізінен үш автордың (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов) ғана жазғаны дәлелденген және оның себептері де көрсетілген. Сонымен қатар Ахметтің ерекше назар аударуды қажет ететін қырларының бірі, оның тарих ғылымына, тарихи деректануға қосқан үлесі айрықша атап өтілген. Көлемі 289 бет.

*С.Арғынғазин*

**МЕСАРОШ** Дьюла (1883, Австрия-Венгрия – 1957, АҚШ) – этнограф және антрополог. Венгрия ҒА-ның проф. Еділ бойы халықтарының мәдениетін, чуваш, башқұрт, татар халықтарының этногр. тарихын зерттеген. 1906–08 ж. Орта және Шығыс Азия халықар. қоғамы Венгрия к-тінің тапсырмасымен Қазан және Симбирск губ-ларына арналған этногр. экспед-ға қатысты. 1908 ж. 25 мамырда экзопед. нәтижелері бойынша Венгрия ҒА-да баяндама жасап, кейін оның мәліметтері басада жарияланды. М. және Ф.Ф.Менцель, С.Ф.Ольденбург, Кұсайын-зада, А.Н.Самойлович, Н.Ф.Яковлев, т.б. 1926 жылғы 26 ақпан –

5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезіне А.Байтұрсынұлымен бірге делегат болып қатысқан. Бұл туралы Байтұрсынұлы өзінің «Түрікшелер құрылтайы» еңбегінде айтып өткен.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*Ғ.Егеубаева*

**МЕСОПОТАМИЯ ОЙПАТЫ**, Тигр мен Евфрат өзендерінің орта және төм. ағысының алабында орналасқан. Түгелдей дерлік Ирак жерінде, аздаған бөлігі Сирияға, Иранға және Кувейтке қарайды. Оңт.-шығысы Парсы шығанағымен шектеседі. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының (6 томдық шығ. жин., 2-т.) табиғатын және әр аймақтарда тұрып жатқан халықтардың өмір тіршілігін, салт-дәстүрін сипаттап жазған. Құрлықтың сондай аймақтарының бірі, адамзаттың ең ежелгі мәдени орт-тарының ошағы – М. о. да сипатталған. Байтұрсынұлы шығармаларының 5-т-ның «Григорий Николаиш Потанин» мақаласында төрт мың жыл бұрын Тигр–Евфрат өзендері аралығында «Месопотамия» деген өлке болғаны және онда Вавилонна, Ассирия деген зор патшалықтар болғанын Қыр баласы (Ә.Бөкейхан) атап өткен.

*Қ.Ахметов*

**МИЛЛАТ** (милла, мілләт) – діни қауым. Мұсылман дүниесінде «ұлт», «жұрт», «ел» мағынасында айтылады. Ислам құндылықтарында милла атауы Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мен оның жолын ұстаушылардың бұрмаланған дінді қалпына келтірушілер ретіндегі мәртебесін белгілейді. Құранда миллат атауы өзіндік орын алған. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар ол атаумен діни белгілері бойынша біріккен қауымдарды атаған. Миллат атауының мағына-түсінігі Мұхаммед пайғамбармен замандас ақындардың өлеңдерінде, ортағасырлық мұсылман әдебиеттерінде, билеушілердің лауазым-атақтарында көрініс тауып отырды. Сондай-ақ миллат атауы «бағыт», «түсінік» мағынасында да қолданылған. 15 ғ-дың 2-жартысынан бастап Осман империясы миллат атауын «мемлекет мойындаған шектеулі автономиялық еркіндігі бар діни қауым» ұғымында қолданды. Бұл әлеум.-саяси басқару тетігінің дүниеге келуі Осман империясына бағынышты халықтың құқына және жағдайына байланысты еді. Кейінгі дәуірде аталған сөз құрандық мағынасымен қатар «халық», «ұлт» деген ұғымда да қолданылды. Жәдитшілдік кезеңде милләт атауы белсенді қолданылды. «Милләтшілдер» (ұлтшылдар, халықшылдар) деген ұғым пайда болды. Бұл метрополия мен колония қарым-қатынасы кезінде дәстүрлі терминдердің орнына мәміле атаулардың өмірге келуімен түсіндірілетін құбылыс. Алаш қайраткерлерінен А.Байтұрсынұлы, М. Ду-



## МИЛЛЕР

латов, т.б. шығармаларында осы сөз жиі кездеседі. Түркістан өңірінде және эмиграцияға кеткен түркістандықтар ортасында осындай атаумен мерзімді басылымдар да шығып тұрды.

*Д.Қамзабекұлы*

**МИЛЛЕР** Александр Александрович (27.8.1875, Екатеринослав губ. Луганск қ. – 12.1.1935, Карлаг) – археолог-этнолог, суретші, музейтанушы. Новочеркасск кадет корпусын (1893), Санкт-Петербургтегі Николаев атынд. инж. уч-щесін (1896), Антропол. мектептің археология бөлімін (1904) бітірген. Материалдық мәдениет тарихы мемл. академиясының, Эрмитаж кеңесінің мүшесі. Франциядағы геогр., археол., тарихқа дейінгі қоғамның мүшесі (1908–10). Санкт-Петербург ун-тінің археол. проф. болды. Император Александр III Орыс мұражайында этногр. бөлімінің меңгерушісі, директоры (1918–23) қызметтерін атқарған. 1906 ж. Париж салонында көркемсурет туындыларының көрмесіне қатысты. М-дің туындылары қазіргі уақытта Орыс мұражайының қорында және Таганрог көркемсурет галереясында сақтаулы. М. 1926 жылғы 26 ақпан – 5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың I-съезіне А.Байтұрсынұлымен бірге делегат болып қатысқан.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

**МИССИСИПИ** – Солт. Америкадағы ең ірі өзен, дүние жүзіндегі аса ірі өзендердің бірі. А.Байтұрсынұлы «Америка» мақаласында (6 томдық шығ. жин. 2-т.) құрлықтың табиғатын сипаттаған. Онда ол Солт. Америкадағы ең ірі өзен жүйесін құрайтын, дүние жүзіндегі ең ұзын өзендердің бірі М. өз-не де тоқталған.

**МИХАЭЛИС** Евгений Петрович (26.9.1841, Ресей, Санкт-Петербург қ. – 2.12. 1913, Қазақстан, Өскемен қ.) – орыс зиялысы. Петербургтегі студенттік қозғалыс басшыларының бірі ретінде полицияның қатаң бақылауымен Петрозаводск қ-на, 1863 ж. Тарту қ-на жер аударылған. 1869 ж. М. Семейге ауыстырылып, статистика басқармасында іс жүргізушінің жәрдемшісі болып орналасты. Осы кезеңнен бастап М-тің ғыл., ағартушылық қызметі Қазақстанмен тығыз байланысты болды. М. 70-жылдардың басында Семейдің қоғамдық кітапханасында Абаймен танысып, бірнеше жыл қатарынан тығыз байланыс жасады. Ол ақынды Ресейдің ішкі өміріндегі жаңалықтармен, орыс әдебиетінің үздік шығармаларымен таныстырды. Г.Спенсер, И.Дарвин, т.б. еңбектерін оқып-үйренуге кеңес берді. 1886 ж. М-тің ұсынысы бойынша Абай Семей обл. Статистика к-тінің толық мүшесі болып сайланды. М. 1878 жылдан Семей обл. статистика к-тінің хатшысы болып, қалада өлкелік музей мен кітапхана аштырды. 1880 ж. Ресей Геогр. қоғамы Батыс

Сібір бөлімшесінің мүшелігіне сайланды. М-тің Семей обл-н зерттеуге арналған еңбектері Ресей Геогр. қоғамның кезекті басылымдарында жарияланды. 1882 ж. М. қызмет бабымен Өскемен қ-на ауысып, өмірінің соңына дейін жергілікті қазба байлық пен ауа райын зерттеумен шұғылданды, гидрогеол. мәселелерді қарастырды. М. жүргізген ғыл.-зерт. еңбектері жоғары бағаланып, Ресей Геогр. қоғамының медалімен марапатталды. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында А.Құнанбаев жайында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ» деп жазған болатын. Ал, Абай болса: «Менің көзімді дүниеге ашқан Михаэлис» деп аузынан тастамай айтып жүрген.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

**МОЛДАБАЙҰЛЫ** Әнияр (1856, Шыңғыс болысы – 1934) – Алаш қозғалысына қатысушы. Әкесі Қожабай ағаштан түйін түйген бессапа шебер болған. Абайдың замандасы әрі қамқорлығында болған. Семей интернатында, кейін №5 қалалық уч-щесінде оқыған. Абайдың ықпалымен М. Ресейде оқып, адвокат куәлігін алған соң елге оралады. Кейіннен пошта бөлімінде жұмыс істеп, Ташкент қ-на, соңынан Әндіжанға іссапарға жіберіледі. Қайта оралған соң, Семей Мемл. банкінде 1919 жылға дейін тілмәш болып қызмет істейді. 1917 ж. Алаш партиясына кіреді. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жылдары Ә.Бөкейханның басшылығымен Алаш партиясының Семей обл. к-ті құрылған кезде қазынашы болды. 1917–20 ж. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Ғаббасов, М.Тынышбаев, Е.Омаров, М.Тұрғанбаевпен белсенді қызмет атқарып, өз елінің егемен ел, іргелі мемлекет болуын аңсады (Қ.Ибрагимов. «Әнияр Молдабаев». [webcache.googleusercontent.com](http://webcache.googleusercontent.com); қаралған күні: 29.9.2017). Кейін Семей обл. земствосы, Семей уездік қазақ соты жиналыстарының мүшесі және Земск банкі төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. М. Нұрғали және Нәзипа Құлжановтармен жақсы таныс болған. Ұлы қазақ ақыны А.Құнанбаевтың Семейдегі мұражай-үйі 1944–67 ж. М. үйінде орналасты. Оның тұңғыш директоры Қ.Мұқаметханов болды. 1997 ж. М.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына орай М-ның мемориалды үйінде «Алаш арыстары және Мұхтар Әуезов» мұражай экспозициясы ашылды.

**МОМЫНОВА** Бағдан Қатайқызы (26.5.1957 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Күршім ауд. Топтерек а.) – филол. ғыл. докт. (1999), проф. (2004). ҚазҰУ-ды (1979) және аспирантурасын (1992) бітірген. 1979–89 ж. «Қазақстан» баспасында кіші редактор болып, Бүкілодақтық авторлық құқық

агенттігінде еңбек етті. 1993–2005 ж. ҚазҰУ-да оқытушы, аға оқытушы, доцент, проф., 2005 жылдан кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарады. Негізгі ғыл. бағыты – қазақ әдеби тілінің тарихы мен нормасы, қазақ тілінің морфологиясы, лексикография, терминология, БАҚ тілі. 200-ге жуық ғыл. еңбектің, оның ішінде 3 монография, 6 оқу құралы, 2 электронды оқулық, бірнеше сөздіктер мен типтік бағдарламалардың авторы.



Б. Момынова

15 томдық «Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігін» құрастырушылардың бірі. Ш.Ш. Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (2005). ЖОО-ның үздік оқытушысы (2007, 2011). М-ның А. Байтұрсынұлы жайында «Қазақ газеттерінің лексикасы: жүйесі мен құрылымы», «Қазақ» газетіндегі қоғамдық саяси лексика», «Қазақ» газетіндегі тілдік ерекшеліктер», «Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік бағалауыштық, сөзжасам», т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген.

**МОҢҒОЛИЯ**, Моңғолия Республикасы – Азияның орта тұсында орналасқан мемлекет. А. Байтұрсынұлы шығармаларының 5-т-ндағы Қыр баласының «Григорий Николаиш Потанин» мақаласында «Г.Н. Танғұт, Моңғол, Күнбатыс Қытай жеріне үш қайтара барып, кезіп-аралап, бұлардың жерін, жұрттың тұрмысын түгелдей жазады» деген. Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда құрлықтың біршама ірі қыраттарына тоқтаған. Сондай қыраттарының бірі – М-дағы Гоби Алтайы мен Хангай қыраты Байтұрсынұлы шығармасында Гоби Алтайы мен Хангай таулары Моңғолстан дөңесі деп берілген. **«МОПР ҒӘМ КҮНШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ»** – кітапша. 1924 ж. Мәскеу қ-нда жарық көрген. Аударып, баспаға дайындаған – А. Байтұрсынұлы. Бұл еңбек Байтұрсынұлының 6 томдық шығармалар жинағының 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автор оқырмандарына «МОПР-ды» «Международная организация помощи борцам революции» деп түсіндіріп өтеді де, оның бүкіл жер жүзіндегі еңбекшілерге керек ұйым екенін тарата айтып, қазақ халқының

бұқара еңбекшілері мен жұмысшыларына да ел ішінде құрылып жатқан бұл ұйымнан тыс қалмай, мүшелікке өтулерін, болашақтарына керек іс екенін жеткізеді. Кітапша соңына «МОПР комитетінің құралдарынан тізуші А.Б. 1924 ж.» деп қол қойған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, 5-т.

К. Қошым-Ноғай

**МРАМОР ТЕҢІЗІ**, к. Мәрмәр теңізі.

**МҰҒАЛІМ КӨЛІ** – тарихи мекен. Осы жерде ел-жұртқа ежелден таныс жеті көл бар. Соның бірі М. к. аталады. М. к. Ащысай өз. алабындағы көл. Қостанай обл. Әуликөл ауд. Әуликөл а. маңында, Ащысай өз-нің сол жағалауында орналасқан. Аум. 0,8 км<sup>2</sup>, су жиналатын алабы 104 км<sup>2</sup>. Шағын көлдің ұз. 220 м-дей, ені 80 м-ге жуық. Көл Грачевка құрғақ саймен жалғасып жатыр. Ел аузындағы әпсана бойынша: «өткен ғасырларда ауыл ортасындағы айна көлдің бірі сарқырай ағып, жер астына сіңіп кетеді де, үш күннен кейін қайта пайда болыпты» делінеді. Тылсым табиғаттың мұндай құбылысын көрген ел-жұрт содан бері осы көлдерді «Әуликөл» деп атап кеткен. 19 ғ-дың аяғында А. Байтұрсынұлы Әуликөл а-ндағы мектепте мұғалім болып қызмет атқарған. Алғашқы мұғалімнің құрметіне көлдің аты М. к. аталып кеткен. Ахмет осында болашақ жары Бадрисафамен жолығып, отбасылық өмірін бастаған.

**МҰҚАНОВ** Жолдыбек (12.5.1943, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а. – 2003, сонда) – ақын. 5-сыныптық қана білімі болған. Жастайынан кара жұмыспен өскен ол өлең-жырға құмар болады. Қарағайдан домбыра шаптырып, өлең ай-



Ж. Мұқанов

тып та жүрген. 15 жасында «Қасқа өгіз» атты алғашқы өлеңін жазған. Осы кезден бастап ақын бала атанған ол өлеңді жанына серік етеді. 1967 ж. облыс ақыны Ғаббас Тұралинмен айтысқа түсіп, осы айтыста 12 ақынның ішінен бас бәйген иеленеді. Кенес, Әлфия, т.б. ақындармен айтысқан. Әр жылдары өзі туып өскен ауылында комсомол хатшысы, пошта бастығы, жұмысшылар к-тінің

## МҰҚАНОВ

төрағасы, баскарма, автодүкенші, директордың орынбасары секілді қызметтер атқарған. Баспасөз беттерінде «Мәңгілік тақырып», «Өртеңге біткен қызыл гүл», «Көңілім кейде көктем, күз секілді», «Кететіндей тіл қатып» секілді дастандары, «Киелі Ақкөл мекенім» атты өлеңдер жинағы (2010) жарық көрді. «Елестей болып бір бейне...» атты көлемді өлеңі А.Байтұрсынұлының ақталуына орай туған. Байтұрсынұлына арнап «Аханды аңсау» атты толғау жазған.

*К.Қошым-Ноғай*

**МҰҚАНОВ** Сәбит (22.4.1900, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Сәбит Мұқанов атынд. а. – 18.4.1973, Алматы қ.) – акад.-жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстан ҒА-ның акад. (1954). Омбыдағы мұғалімдер курсы, Орынбордағы рабфакты (1922–26) бітірген. Оқуды бітірген соң ауылда біраз уақыт оқытушылық қызметте



*С.Мұқанов*

болды. «Бостандық туы» газетінің жауапты хатшысы, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі (1926–28), Қазақстан Мемл. баспасының бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы (1935–36), Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы (1936–37, 1941–51), ҚазҰПУ-дың проф. (1937–41) қызметтерін атқарды. Ол қазақ әдебиетінің барлық жанрында өндіре еңбек етіп, артына мол мұра қалдырды. М. 80 мың жолға жуық лирик өлең, 20-ға тарта поэма, бірнеше повесть («Менің мектептерім», 1940; «Балуан Шолақ», 1945) пен романдар («Адақандар», 1931; осы романы 1959 ж. «Мөлдір махаббат» деген атпен қайта басылып шықты; «Жұмбақ жалау», 1938; «Ботагөз», 1964; «Сырдария», 1947), көптеген әңгіме, очерктер, оннан астам пьеса, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, қазақ ақын-жазушыларының шығарм-н талдайтын монографиялар, қазақ мәдениетінің тарихы және этнографиясы туралы зерттеу еңбектер («20 ғасырдағы қазақ әдебиеті», 1932; «17–19 ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы очерктері», 1941; «Осу жолдарымыз», 1960; «Жарқын жұлдыздар», 1964; «Халық мұ-

расы», 1974) т.б. сан-салалы кітаптар жазды. М. қазақтың 19 ғ-дағы ойшыл-ғалымы, Абылай ханның шөбересі Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығарм-н ұзақ жылдар бойы терең зерттеді. Соның нәтижесінде оның қаламынан «Шоқан Уәлиханов» пьесасы мен «Жарқын жұлдыздар» атты зерттеу еңбегі туды. М. өмірінің соңғы жылдарында Шоқан өмірінен «Аққан жұлдыз» романын жазып, оның екі кітабын шығарды. «Қазақтың 18–19 ғ-лардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942, кейін тыйым салынған) атты монографиясында ақын-жыраулар (Бұқар, Байтоқ, Жанұзақ, Махамбет, Шортанбай, Шернияз, Мұрат, т.б.) поэзиясы мен жыр-дастандарға, сондай-ақ атақты тарихи тұлғаларға (Абылай, Кенесары) қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тұрғысынан қарады. М. қазақ елінің мүддесі, халық тағдыры тұрғысынан патша өкіметінің отаршылдық саясатын сынға алды. Оның 1944–45 ж. жазылып, 1961 ж. жарық көрген «Абай Құнанбаев» монографиясы автордың Абай туралы пікірлері мен қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгі жайында көзқарастарының өсіп-жетілу кезеңдерін көрсетеді. 1930–50 ж. аралығында әдебиетке келген жаңа толқын өкілдері М. жанашырлығын көріп өсті. М. есімі қазақ әдебиетінің «алыптар шоғыры» қатарында аталады. Оның шығармалары әлемнің 46 тіліне аударылды. 1956–66 ж. Қазақстан КП ОК-нің мүшесі болды. 2–8-сайл. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты, КСРО Жазушылар одағының баскарма мүшесі болып сайланды. Дүниежүз. Бейбітшілікті қорғау к-тінің мүшелігіне қабылданып (1958–69, Араб елдерімен достық және мәдени байланыстар қоғамы қазақ бөлімшесінің төрағасы да (1965–69) болды. М. ҚР Мемл. сыйл. 1-лауреаты атанды. 2 рет Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталды. Алматы қ-ндағы М. атынд. көшеде ескерткіш мүсіні орнатылған (2000). М-тың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) атты еңбегінде А.Байтұрсынұлының өмірбаянын, шығармаларын, саяси күрес жолын кең толғап, тоқтамдар жасайды.

Шығ.: Толық шығ. жин., 1–2-т., А., 1936; Таңд. шығ., 1–6-т., А., 1955–58; Толық таңд. шығ. (16 томдық), 1–5-т., А., 1971–74; Тұлпар, М., 1934; Сұлушаш, М., 1949; Сырдарья, М., 1954; Школа жизни, кн. 1–2, А.-А., 1957–58; Стихи и поэмы, А.-А., 1960; Сказание о современнике. Повесть в стихах, А.-А., 1962; Балуан Шолақ, М., 1962; Ботагөз, М., 1964.

**«МҰҚАНЫҢ ӘНІ»** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Ән қайталамалы қос тармақтан тұратын шумақты құрылымда жазылған. Әннің өлшемі ауыспалы 3/2 мен 5/4 өлшемдері кезектесіп келеді. Диапазоны октава арақашықтығын қамтиды. Ладтық тұрғысы құбылмалы: бірінші әуендік жол соль-

ионийлік ладты көрсетсе, екінші әуендік жол мифриго-эолийлік ладты байқатады. Бірғағында сегіздік, төрттік, жартылық, бүтін нота ұзақтықтарымен қатар, триольдар кездеседі. Бірінші әуендік жол соль-ионийлік ладтың 5-дыбыстың қайталануынан басталып, толқындалған әдіспен негізгі тонға келеді.


А.Қазтуғанова

«МҰНАЙ» – «Оқу құралына» енген мәтін. Мұнайдың жерден алынатыны, сондықтан оны «жермай» деп атайтыны, мұнайдан не дайындалатыны, олардың қолданылуы жөнінде әңгіме болады.

**МҰҢ РАЙ** – істерлік іске мұң болғанда айтылатын сөз. Мыс.: айтар ма едім, айтпас па едім, жүрер ме едің, жүрмес пе едің.


**МҰРАГЕРЛІК КУӘЛІК** – А.Байтұрсынұлының мұрагері Шолпан Байсалова екенін заңдастырған құжат. Құжат №3-599 санымен тіркеліп, Ш.Байсаловаға 1989 жылғы 18 мамырда Алматы қ-ндағы Фрунзе ауд. нотариалдық

ген. Анықтамада А.Байтұрсынұлының отбасылық жағдайы жөнінде өз қолымен 1924 ж. және 1925 ж. 22 сәуірде толтырған анкетасы бар екендігі айтылған. Оның алғашқысында отбасылық жағдайын ғалым: әйелім Бадрисафа 46 жаста,



кеңсесінің қызметкері А.Н.Аубакированың тарапынан берілген. Куәлікте Қазақ КСР Азаматтық Кодексінің 527-бабына орай А.Байтұрсынұлының бүкіл мүдіктік мұрагері Алматы қ-ндағы Қашқар көшесінің 3-үй, 8-пәтер тұрғыны, ғалымның қызы Байсалова екендігі нақты жазылған. Көшірмесі Алматы қ-нда орналасқан А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінде сақталған.

**МҰРАҒАТТЫҚ АНЫҚТАМА** – Қазақ АКСР Халкомының мұрағаттық қорында сақталған құжат. Құжатты Қазақ КСР Мин. Кеңесі жанындағы мемл. орг. Бас мұрағаттар басқармасы бер-



балаларым Қазихан 14, Аумат 7, Шолпан 5 жаста деп көрсетсе, екіншісінде: әйелім Бадрисафа 47 жаста, балаларым Қазихан 14, Аумат 9, Шолпан 6 жаста деп жазылған. Құжаттың көшірмесі Алматы қ-нда орналасқан А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінде сақталған.

К.Қошым-Ноғай

**МҰРАТ** Мөңкеұлы (1843, қазіргі Атырау обл. Қызылқоға ауд. Қарабау а. – 1906, Жайық бойындағы Өрлік а.) – айтыскер ақын, жырау. Жасынан жетім қалып, ағасы Матайдың қолында тәрбиеленген. Ауыл молдасынан білім алған. Есет би мен Абыл ақыннан өнеге алып, өзі Мұрын жырау Сенгірбайұлына ұстаздық еткен. 17 жасында Жылқышы, 20 жасында бала Ораз, 25-інде Жаскелең, Жантолы, Шолпан, Тыныштық сынды ақындармен айтысып, жеңіп шыққан. Өжет мінезі, қағытпаға жүйріктігі, тапқырлығы әрдайым жеңіске жеткізген. М. елінің тәуелсіздігін аңсап, бодандыққа қарсы жыр толғады. Зар заман ақыны атанды. Ата қоныстың отарлаушы талауына түскеніне налыған ақын өзі туып өскен даланың кешегі күнін сағынышпен еске алады. Оның «Әуелі жеңіп орыс Еділді алды, Сарытау, Аштарханның жерін алды. Тәмамы су мен нуды орыс ұстап, Қазақтың мұнан жұтап шалынғаны»,

## МҰРАТТЫ

«Қазақтың жер-мұрасы», «Кең қоныс қайдан іздеп таптырады?» деген жыр жолдары ақынның отаншылдық рухына дәлел болады. М-тың басты шығармасы – «Үш қиян». Мұнда ақын ескі дәстүрдің іргесі шайқалғанын, адамдар ниетінің бұзылуын сөз етеді. Құнарлы қоныстарды тартып алған отарлау нәтижесінде тұрмысы нашарлап, тығырыққа тірелген ел тағдыры ақынды тебіртпей қоймайды. «Үш қиян» толғауымен «Сарыарқа», «Әттең, қапы дүние-ай», «Қазтуған» жырлары үндес. Мұнда айтылатын басты нәрсе – жер, құтты қоныс жайы. Ол «Қарасай-Қазы», «Шәлгез», «Ғұмар Қазіұлына айтқаны» атты жырларына діни аңыздарды негіз еткен. Білімді игермейінше елінің өркендемейтінін «Оқудан қайтқан азаматқа» өлеңінде аңғартады. Ақын мұрасының бір шоғыры – би-болыстарға айтқан арнау өлеңдері. М. майталман жыршы, термеші ретінде де танылған. «Өлім», «Қыз», «Арғымақ сайлап не керек», «Аттан сұлу болар ма?», «Жалғаншы фәни жалғанда» атты термелерінде заман сырына үңіліп, өмір мен өлім, жастық пен кәрілік, сұлулық хақында толғанады. Хат үлгісінде жазылған үш туындысы («Оқудан қайтқан жігітке хат», «Еліне жазғаны», «Бір досқа») сақталған. М. «Қырымның қырық батыры» жырын, Шалкиіз, Қазтуған шығармаларын жеткізушілердің бірі. Әсіресе Махамбет өлеңдерін жеткізудегі еңбегі ерекше. Махамбет жырлары Қуан жырау – Мұрат – Ығылман ақындар арқылы біздің заманымызға жеткен. М. шығармалары «Мұрат ақынның Ғұмар Қазіұлына айтқаны» (Қазан, 1908), «Ақын» (Қазан, 1912), «Мұрат ақынның сөздері» (Ташкент, 1924), «Бес ғасыр жырлайды» (1989), «Алқаласа әлеумет» (1991), т.б. жинақтарда жарияланды. Б.Қорқытовтың құрастыруымен жеке жинағы шықты. М. шығармаларын Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Тоқмағанбетов, Қ.Жұмалиев, Б.Омарова, Қ.Мәдібай, т.б. ғалымдар зерттеген. Ақын шығармалары орыс тіліне аударылған. А.Байтұрсынұлы зар заман ақындары жырларын бірнеше жанрға сәйкестендіре талдаған «Әдебиет танытқыш» еңбегінде Мұрат Мөңкешұлының өлең жолдарын «Тіл көрнектілігі» тарауының «Көріктеу» тараушасында мысал ретінде көрсетеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

Ж.Тіленов

**МҰРАТТЫ КӨСЕМШЕ** – істеуге ниеттеніп тұрғанды көрсететін сөз. Мыс.: *барғалы тұрмын, барғалы тұрсың, барғалы тұр т.б.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**МҰРЫН ҚАТЫСАТЫН ДЫБЫС** – мұрыннан шығатын дыбыстар: **м, н, ң**. 1924 жылғы Қа-

зақ білімпаздарының съезіне дейін, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде бұл дыбыстар (**м, н, ң**) *ұяң дауыссыз* деп аталған. Елдес Омаров бұл үш дыбыс (**м, н, ң**) дауысының шамасына қарағанда жарты дауысты төрт дыбысқа («р», «л», «у», «и») жақын екенін, сондықтан дыбыс жүйесінде бұл жетеуі бір тап болып, барлығы да *жарты дауысты* атанғанын ескерте келіп, дыбыс жүйесі жағынан бұлардың ерекшелігі барын, яғни, «л», «м», «н» – үшеуін айтқанда оларға мұрын қатысатынын, «р», «л», «у», «и» – төртеуіне мұрын қатыспайтынын айтады. Сондықтан бұл жарты дауысты жетеуі өз ішінен екі бөлініп, мұрыннан шығатын үшеуі «ымырасыз» деп, қалған төртеуі «ымыралы» деп аталған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924; Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

О.Жұбаева

**МҰРЫН ШЫҒЫСТЫ ДЫБЫСТАР** (босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі) – шала дауыстылар (үнділер). Әрі қарай бірнеше топқа жіктеледі. Жіктелім атаулардың мағынасын ашу үшін дауыссыз дыбыстардың жасалу тәсілін ескеруге тура келеді. Өйткені қазіргі оқырманға бейтаныс атаулардың негізінде дауыссыздардың жасалу тәсілі жатыр. Босаң жолды деп топтап отырған шала дауыстылар қазіргі жуысыңқы дауыссыздар, яғни дауыссыздардың жасалу тәсіліне қатысты жасалым белгісі: дауыссыздар сөйлеу мүшелерінің бір-бірімен жуысуы арқылы жасалады. Қысаң жолды шала дауыстының артикуляциясы күрделі, сондықтан да қысаң жолды деп атап отыр. Ал шын мәнінде, тілдің ұшы тіспен тоғысып тұрғандықтан, тіл мен таңдайдың арасында сәл ғана саңлау қалады, шала дауыстының қысаң жолды аталып отырғандығы сондықтан. Шала дауыстының құрамында жүрген [л] дауыссызы тіл ұшы мен тістің тоғысып, екі жаны бос қалу арқылы жасалады. Ауа тілдің бос қалған екі жаны арқылы шығады. Босаң бөгеулі шала дауыстының артикуляциясы сөйлеу мүшелерінің тоғысуы арқылы жасалып, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Дыбыс лепсіз аяқталады, сондықтан да босаң бөгеулі деп атап отыр. Бөгеулі болып отырған себебі, сөйлеу мүшелері өзара тоғысып, ауаның еркін шығуына кедергі жасайды. Ал шын мәнінде, тілдің ұшы тіспен тоғысып тұрғандықтан бөгеулі (тоғысыңқы) аталып тұр. Шала дауыстының құрамында жүрген [н] дауыссызының жіңішке әуезді түрі тіл ортасы мен таңдайдың, ал жуан әуезді түрі тілшік пен тіл түбінің (тілшік пен тіл түбінің) тоғысуы арқылы жасалады. Ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Қысаң бөгеулі шала дауыстының артикуляци-

асы да сөйлеу мүшелерінің тоғысуы арқылы жасалып, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Дыбыс жартылай лепті аяқталады, сондықтан да қысаң бөгеулі деп атап отыр. Мұның да бөгеулі болып отырған себебі, сөйлеу мүшелері өзара тоғысып, ауаның еркін шығуына кедергі жасайды. Ал шын мәнінде, тілдің ұшы тіспен тоғысып тұрғандықтан бөгеулі (тоғысыңқы) аталып тұр. Шала дауысты құрамында жүрген [н] дауыссыз тіл ұшы мен тістің тоғысуы арқылы жасалады. Ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Тұйық бөгеулі шала дауыстының артикуляциясы да сөйлеу мүшелерінің тоғысуы арқылы жасалып, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Дыбыс ерін мен еріннің өзара тоғысуы арқылы жасалып тұр, ерін ауыз қуысының сыртқы бітер тұсы болғандықтан, еріннің тұсына келгенде ауыз қуысы тұйықталады, сондықтан да тұйық бөгеулі деп атап отыр. Мұның да бөгеулі болып отырған себебі, сөйлеу мүшелері өзара тоғысып, ауаның еркін шығуына кедергі жасайды. Ал шын мәнінде, ерін мен ерін тоғысып тұрғандықтан бөгеулі (тоғысыңқы) аталып тұр. Шала дауыстының құрамында жүрген [м] дауыссыз ерін мен еріннің тоғысуы арқылы жасалады. Ауа мұрын қуысы арқылы шығады.

*Ә.Жүнісбек*

**МҰСАБАЕВ** Хамитбек Қуандықұлы (7.10.1953 ж.т., Қостанай обл. Амангелді ауд.) – журналист, ақын, ҚР Мәдениет қайраткері (2008), Қазақстанның құрметті журналисі (2011). ҚазҰУ-ды (1979), Алматы жоғары партия мектебін (1986) бітірген. Еңбек жолын 1971 ж. «Қарасу» кеңшарында жұмысшы болудан бастап, ауд. Пионерлер үйінде тәлімгер, директор болды. 1972 жылдан бірыңғай журналистік қызметпен айналысып, Амангелді ауд. газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, 1990 жылдан газет редакторы болды. 2002 жылдан Қостанай обл. «Торғай таңы» газетінің меншікті тілшісі. А.Байтұрсынұлы туралы «Торғай топырағы» (1991), «Ақжол» (1992), «Ахан-Жахан ізімен» (1993), «Алашорда арманы» (1995), «Таразы» (2003), «Ғазиз қажы» (2007), «Амангелді ауданы: деректер мен дәйектер, жырлар мен әндер» (2008) кітаптарының, «Қаншенгел», «Ахметтің соңғы күндері», «Наркескен» атты поэмалардың авторы. Қостанай обл. әкімінің Б.Майлин атын. сыйл. (2011) марапатталған.

**МҰСАҒАЛИЕВА** Арайлым (4.10.1974 ж.т., Атырау обл. Құрманғазы ауд. Жамбыл а.) – тарих ғыл. докт. (2010), проф. (2011). ҚазҰУ-ды (1996) және аспирантурасын (2000) бітірген. Осы ун-те (1996–97) тәлімгер-зерттеуші, 2001 жылдан Еуразия ұлттық ун-ті Қазақстан тарихы кафедрасының проф. қызметінде. Негізгі ғыл. бағыты – деректану, 20 ғ. тарихының деректері. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы аттес-

таттау және қадағалау к-тінің тарих ғылымдары бойынша сараптау комиссиясының мүшесі және ғалым хатшысы (2006-07), «АЛЖИР» саяси репрессиялар мен тоталитаризм құрбандарының музейлік-мемориалдық кешенінде ғыл. кеңесші (2007), «Қазақстан мұрағаттары» ғыл. журналының бас редакторы (2011–14) қызметтерін атқарған.



*А.Мұсағалиева*

160-тан астам ғыл. мақаланың, 3 монографияның, бірнеше оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешендердің авторы. Мақалалары қазақ, орыс, ағылшын, түрік, болгар, венгр, неміс тілдерінде жарияланған. Ғыл. мақалалары Жапония, Германия, Венгрия, Болгария, Беларусь, Украина, Ресейде жарық көрді. М-ның еңбектерінде А.Байтұрсынұлы жайында деректер кездеседі.

**МҰСТАНБАЕВ** Ыдырыс (8.11.1898, Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд. – 15.11.1937, Алматы к.) – Алаш қозғалысының қайраткері, әдебиет сыншысы, абайтанушы. Тінібай медресесін, 2 сыныптық орыс-қазақ уч-шесін бітіріп, Семей гимназиясында оқыған. Еңбек жолын пошта телеграфисі болып бастады. 1918 ж. Семейде Алаштың атты әскер полкін жасақтауға қатысты. Семей губревкомы мен губаткомының мүшесі болып, Семей, Өскемен, Аягөз, Зайсан уезінде ұйымдастырушылық-басшылық (1919–21) қызметтер атқарды. Қазақ АКСР-інің Құрылтай съезінде (1920) ОАК-нің мүшелігіне сайланды. Орал (1921–23), Ақмола губ-ның прокуроры (1924–25), Сырдария губ. атқару к-тінің төрағасы, Қазақ Орт. атқару к-тінде нұсқаушы (1925–26) болды. 1926 ж. «Сырдария ісі», «Шаян ісіне» қатысты жауапқа тартылды. КСРО Орт. атқару к-тінің, Қазақ Орт. атқару к-тінің мүшесі (1926–27), жұмысшы-шаруа инспекция комиссариатының аға инспекторы (1928–29), халықтық байланыс к-тінің орынбасары, Қазақ КСРО Халық комиссариатының мүшесі (1929–30), 1931 ж. аймақтық ұжымшар одағы басқармасының мүшесі, 1932 ж. Қазақ жоспарлау к-ті жанындағы стандарттау бюросы меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарған. Өмірінің соңғы жылдары Қызылорда мен Алматыда әр түрлі кеңес,

## МҰСТАФАЕВА

партия, шаруашылық қызметтерде болды. Қазақстандағы жер мәселесі, ауылдағы тап тартысы, байларды тәркілеу, мекемелерді қазақыландыру, т.б. соц. қайта құрулар мен голощекиндік ұлт саясатына қарсы күрескені үшін, «сәдуақасовшылық», «троцкийлік» оппозицияның көрнекті өкілі ретінде қудаланып, бірнеше рет партия қатарынан шығарылды. М. әдеби сыңға өзіндік үлес қосып, қазақ әдебиетінің тағдырына қатысты талас-тартысқа белсене араласты. Абай, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаевтардың шығарм. мұрасын таптық-идеол. шабуылдан қорғады. Оның «Көркем әдебиет туралы» («Қызыл Қазақстан», 1927, №2), «Біздің таластарымыз» («Жаңа әдебиет», 1928, № 5–6), т.б. мақалалары бар. Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. 1991 ж. 18 ақпанда ақталды.

**МҰСТАФАЕВА** Кәмшат Минайдарқызы (14.5.1979 ж.г., Қызылорда қ.) – шығыстанушы-тарихшы. ҚазҰУ-ды (2002), магистратурасын (2015) бітірген. ҚР БҒМ ҒК Әдебиет және өнер ин-тында әдебиет теориясы және әдебиеттану методо-



К.Мұстафаева

логиясы бөлімінде кіші ғыл. қызметкер (2002–11), Қазақ-түрік ун-ті жанындағы Түркология ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер (2010–11) болды. 2017 жылдан Халықар. Қазақстан–Түркия лицейінде тарих пәнінің мұғалімі. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы мемл. ғыл. жобаларға қатысып, бөлім тақырыптарын жазуға, Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 5 томдығын дайындап, жарыққа шығаруға ат салысты (2003–05). «Тіл құралы» кітабын құрастырып, ғыл. түсініктерін жазушылардың бірі. Түркі дүниесінің белгілі тұлғасы, сопы-шайыр Қ.А.Иасауидің «Диуани хикмет» атты шығармасын көне қолжазбалар мен ескі литограф. нұсқаларды салыстыра отырып, жарыққа шығарды. Сондай-ақ Алаш арыстарының осыдан бір ғасыр бұрын жазылған шығармаларын жинақтап, 2016 ж. «Оян, қазақ! Тұр, қазақ! Жатпа, қазақ!» атты кітабын баспаға дайындады. Шығыстану, түркітану және араб елдеріндегі түркі жазба ескерткіштері хақындағы жазған ғыл., ғыл.-таным-

дық мақалалары мерзімді басылым беттерінде жарияланған.

**МҰСТАФА ШОҚАЙ** (25.12.1889, қазіргі Қызылорда обл. Шиелі ауд. Сұлутөбе а. – 27.12.1941, Берлин қ.) – Алаш қозғалысы қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі, публицист. Сұлутөбе ст-ндағы орыс мектебінде бастауыш білім алған ол 1902 ж. Ташкенттегі гимназияға түсіп, 1910 ж. үздік бітіріп шығады. Бірақ гимназияда оған тиесілі алтын медальдің орнына күміс медаль алады. Болашақ қайраткер 1910 ж. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тіне оқуға түсіп, оны 1917 ж. бітірді. Студент шағынан қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, түркі-мұсылман студент-жастарының қозғалысына қатысты. Балқан соғысына байланысты 1912 ж. Санкт-Петербургтегі қазақ, татар, өзбек, башқұрт және эзербайжан студент-жастары арасында Түркияны қолдау қозғалысы өріс алған кезде оның арасында М. Ш. да болды. 1915 ж. түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысына іріткі салу мақсатында орт. билік



Мұстафа Шоқай

орындары құрған «Сират-ул-мустақим» («Тура жол») партиясына алғаш қарсылық танытқандар қатарында М. Ш. тұрды. Ол астанадағы түркі-мұсылмандық студент жастар тобымен бірлесе отырып, зиялы қауым өкілдеріне «Сират-ул-мустақим» партиясын қолдамау жөнінде үндеу тастады. Бұл үндеу сол кезде татар тілінде жарық көріп тұрған «Сөз» газетінде жарияланды. 1916 ж. Ә.Бөкейханның ұсынысымен Мемл. Думадағы Мұсыман фракциясы жанындағы бюроға мүше болып, онда хатшылық қызмет атқарды. Онда А.Байтұрсынұлы, Ш.Кәрі секілді қазақ зиялыларымен жақын танысады. 1917 ж. Ақпан төңкерісі нәтижесінде патша өкіметінің құлауын зор қуанышпен қарсы алып, қалыптасқан саяси ахуал Ресей империясында ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түркі-мұсылман халықтарының бостандыққа жетуіне мүмкіндіктер туғызады деп үміттенді. 1917 ж. көктемде Түркістан өлкесіне оралды. Жолда майданның кара жұмысына алынған қазақ жастары мен жалпы түр-

кістандық жастардың елге қайтуларына қол ұшын берді. 1917 ж. 16 – 21 сәуір аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-съезіне қатысып, оның төралқасына мүше болып сайланды. «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болды. Түркістан өлкесі жергілікті халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етті. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысты. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. 1917 ж. 28 қарашада өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше 4-съезінің төралқасына басшылық етті. Осы съезд шешімімен құрылған Түркістан (Қоқан) автономиясының 54 адамнан тұратын Уақытша Халық Кеңесі құрамына сайланды және жаңа Уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі болды. Түркістан мұхтарияты Уақытша үкіметінің төрағасы М.Тынышбаев қызметінен кеткеннен кейін оның орнына М. Ш. сайланды. Ол сондай-ақ 1917 ж. желтоқсанда 2-жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. 1918 жылдың бас кезінде өткен Сырдария обл. қазақтарының съезі «Алашорда өз алдына автономия жариялап, Түркістан (Қоқан) автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіреді» деген қаулы қабылдады. М. Ш. 1919 ж. көктемде Маңғыстау арқылы Бакуге, одан Тбилисиге келді. М.Ш. онда 1921 жылдың 25 ақпанына дейін болып, осетиндік белгілі қайраткер А.Цальковтың редакторлығымен шығатын «Вольный горец» және Грузия меньшевиктерінің «Борьба» газеттерінде жұмыс істеді. 1920 ж. Тбилисиде украиндықтармен бірлесе отырып «На рубеже» журналын шығаруды жолға қойып, оның редакторы қызметін атқарды. Сонымен бірге ол «Шафак» («Таңсәрі») газетіне бас редактор болды. Тбилиси к. Кеңес өкіметінің қолына өткен соң М.Ш. зайыбымен бірге Түркияда біраз аялдап, соңынан Францияға ауысты. Шетелдік эмиграция жылдарында көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, ол кең ауқымды, терең мазмұнды саяси күрес жүргізді.

Шығармалары: Туркестан под властью Советов (к характеристике диктатуры пролетариата). – П., 1928; Таңд., 1-., 2-т. – А., 1998, 1999.

*К.Нүрпейіс, С.Рүстемов*

**МҰСТАФИН** Сейіт-Баттал (1889, Ақмола обл. Еңбекшілдер ауд. – 16.9.1937, Қызылжар к.) – ағартушы-ұстаз. Ауылда мұсылманша хат таныған соң, Стамбұл қ-ндағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқыған (1908–13). 1918 ж. 31 қазанда Семей қ-нда ашылған под. курсқа К.Сәтбаев, М.Тұрғанбаевтармен бірге мұғалім болып

тағайындалып, қазақ тілі, қазақ тарихы және физика пәндерінен дәріс оқыды. Семейде Ж.Аймауытов, М.Әуезовпен бірге «Абай» журналын шығарысып, оның белсенді авторы болды, «Айқап» журналы мен «Алаш» газетінің жұмысына да белсене қатысты. М. қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін, әсіресе Төле би, Қали би, Орынбай, Шортанбай сияқты белгілі би, ақындардың өлең-жырларын, өсиет сөздерін, қолжазбаларын жинастырды. Түріктің «Көксанжак» романын қазақ тіліне аударған. Көкшетау қ-нда ағарту бөлімінде (1920–25), Қызылжар қ-ндағы пед. техникумда



*С.-Б.Мұстафин*

(1925–30) қызмет атқарды. Туған жерінде (1930–33), Степняк қ-нда (1933–37) мұғалім болды. 1937 ж. 25 сәуірде тұтқынға алынып, «халық жауы» деген айып тағылып, ату жазасына кесілген. 1958 ж. 28 желтоқсанда ақталған. 1921 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан үкіметінің Халық ағарту комиссары А.Байтұрсынұлы мәжіліс шақырып, кеңес ашқан. Е.Омаров, Ө.Бөкейхан, Б.Сәрсенов, Ж.Аймауытов, Х.Болғанбаев, С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов, С.Айтхожин сияқты зиялы қазақ азаматтары қатысқан мәжілісте қазақ тілінде 1- және 2-басқыш мектептер үшін оқулықтар жазу мәселесі көтерілген. Байтұрсынұлының баяндамасынан кейін мәжілісте қаулы қабылданып, онда: «1) осы мәжіліске қатысқан адамдар орыс тіліндегі оқулықтарды қазақ тіліне аударуға тартылсын; 2) осы мақсатта бұл жұмысқа Мағжан Жұмабаев, Қошмұхамет Кемеңгеров, Жұмағали Тілеулин, Сейітбаттал Мұстафин, т.б. тартылсын деген шешім шығарылған (Қ.Омаров. «Ақиық ақынның ұстаздығы». Әдебиет порталы). Шығармалары: «Зуфнун», Қ., 1913; «Шернияз», М., 1925.

*Н.Мұстафина*

**МҰСЫЛМАН ФРАКЦИЯСЫ** – Мемл. думадағы мұсылман халқы өкілдерінің парламенттік фракциясы (1906–17). 1-Мемл. думадағы 436 депутаттың 36-сы мұсылман депутаты болды. Олар бүкіл империядағы мұсылмандардың мүддесін қорғау мақсатында парламенттік фракция құрды. Төрағалыққа белгілі әзербайжан қайраткері Ә.Топчибашев, бюро құрамына М.Ра-



## МҮҢКЕ БИ

лиев, С.Алкин, И.З.Зиятканов, А.Ахметов, Ш.Сыр-танов, С.Жантөрин, т.б. ұсынылған. М. ф. депутаттары Мемл. думадағы жер, азаматтық теңдік, қаржы комиссияларының құрамына еніп, мұсылман халқының мүддесі жолында қызмет етті. Онда қазақ депутаттары А.Бірімжанов пен А.Қалменов қазақ халқының мүддесін қорғады. М. ф. елдегі оппозиц. саяси күштермен бірікті. Олармен бірге М. ф. Мемл. думаның құқын кеңейтуді, заң шығару ісімен қатар үкіметті де Мемл. Дума колына тапсыруды талап етті. 1907 ж. ашылған 2-Мемл. думаға сайланған 518 депутаттың 35-і мұсылман халқының өкілдері болды. Олар «Ресей мұсылмандары одағы» және «Еңбек партиясы» бағдарламасын қолдаушылар деп екіге бөлінді. «Ресей мұсылмандары одағы» ұйымының бағдарламасын қолдаушылар М. ф-на бірікті. Оның төрағасы болып М.Биглов сайланды. Бюро құрамына Б.Қаратаев, Қ.Тевкелев, Ғ.Маһдиев, Х.Хасмамедов, Ф.Хан-Хойский кірді. Олар әзірлеген бағдарламада М. ф-ның мақсатына сай саяси, экон., діни, т.б. бірқатар реформаларды жүзеге асыру жолында Ресейдің мұсылман азаматтары іс-әрекеттерін біріктіруі керектігі атап көрсетілді. 3-Мемл. думаға Қазақстан және Орта Азия халқы қатыстырылмады. Сондықтан ондағы 442 депутаттың 10-ы ғана мұсылман халқының өкілдері болды. Олар Мемл. дума мәжілістерінде Түркістан өлкесі және Дала облыстарына өз алдына діни басқарма құру қажеттігін, мұсылман дінбасылары құқықтарын христиан-православие дінбасылары құқықтарымен теңестіру мәселесін көтерді. 4-Мемл. думадағы 442 депутаттың 6-сы мұсылман халқының өкілі болды. Солардың ұйымдастыруымен 1914 ж. 15–20 маусым аралығында Бүкілресейлік мұсылман съезі өтті. 4-Мемл. думада М. ф. мүшелерінің аз болуы себепті, 1916 ж. оған көмек көрсететін бюро құру қажеттілігі туды. Ресей патшасының 1916 ж. 25 маусымдағы «бұратаналарды» майданның тылдағы қара жұмысына алу туралы жарлығына М. ф. наразылық танытты. Жалпы 1-, 2-Мемл. думаға сайланған қазақ депутаттары (Б.Қаратаев, Ә.Бөкейхан, А.Бірімжанов, М.Тынышбаев, т.б.) М. ф. жиындарында сот ісі, ағарту, діни істер, т.б. мәселелерге белсенді араласты.

«МҮҢКЕ БИ» – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Әңгімеге Мүңке бидің 7 жасында билік айтып, аты алты алашқа тарағандығы жайындағы оқиға тиек болған. Оқыста қайтыс болған бай құнын даулаған ел-жұртты: «Ердің құны бір жылқы, бұл істе

тентек төртеу, әуелі ойнап жүрген бала тентек, екінші, оны қуған бай тентек, үшінші, үріккен байтал тентек, төртінші, бастан ұшқан бөрік тентек. Төрт тентекке жүз жылқыны бөлу керек» деген билігімен тоқтатқаны айтылады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Нозай*

**МҮРСӘЛІМ** Болат (1.10.1979 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд. би Боранбай а.) – белгілі тележурналист, әдебиеттанушы. Қазақ ұлттық агр. ун-тін (2001), ҚР ҰҒА М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының аспирантурасын (2005) бітірген. «Қазақстан–ZAMAN» газетінде, «Парасат» журналында, «Қазақ радиосында»,



*Б.Мүрсәлім*

«Қазақстан», КТК телеарналарында қызметтер атқарған. Ш.Айманов атынд. «Қазақфильм» АҚ Сценарийлік алқа мүшесі болған. 2012 жылдан «31 арнада», қазіргі уақытта Ақпараттық бағдарламалар директоры. Қазақстанның «Ақпарат саласының үздігі» медалінің иегері. Алаш қайраткерлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, т.б. туралы «Алашорда» (2008), «Кремль тұтқыны» (2012), «Ғұмырдан да ұзақ жол» (2012), «Ең ақырғы кездесу» (2012), «Жұлдызды ғұмыр» (2012), «Алаштың он екінші желтоқсаны» (2012), «Алаштың алыс кеткен арыстары» (2013), «Алаш туы астында» (2017), т.б. деректі фильмдер сценарийінің авторы. «Алашорда» және «Алаш автономиясының әскері» атты фотоальбомдардың құрастырушы-авторы.

«МҮҢ БІР МАҚАЛ. ЖИЫРМА ҮШ ЖОҚТАУ» – жинақ. Редакторы – Р.Асанбаева. А., «Қазақстан» баспасынан 1993 ж. жарық көрген. Көл. 96 бет. Таралымы 23000 дана. Бір жинақ болып біріктірілген бұл екі кітап 1923 ж. Мәскеуде Шығыс халықтарының кіндік баспасында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, А.Баржақсин, Н.Төркүловтардың еңбегімен шыққан. «Мың бір мақал» (жинаушы – Баржақсин) қазақ макалдарының жинастырылып, тақырып бойынша жүйеленіп, алғаш бастырылуы болса, «23 жоқтаудағы» (жинастырып, түзеткендер – Байтұрсынұлы,

Бөкейхан) Қаз дауысты Қазыбекке, Мамайға, Кенесары мен Наурызбайға арналған жоктаулар бір-бір поэмаға барабар шығармалар. Екі кітап та еш түзету, өзгеріс енгізілмей берілген. Халық мұрасына ден қойған қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**МЫРЖЫҚ** – тау, Сарыарқаның солт.-шығыс бөлігінде, Қарағанды обл.-ның Қарқаралы ауд. және Шығыс Қазақстан обл.-ның Семей қ-лық әкімдігі аумағында орналасқан. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 60 км-ге созылып жатыр. Ені 20–25 км. Беткейлері, өзен аңғарлары сай-жыралармен тілімделген, толып жатқан жартасты қырқалар мен шоқылардан тұрады. Олардың арасындағы ең биігі – Егібай тауы (970 м). Оңт.-нен Сарыөзеннің жоғ. сол салалары, солт.-нен Жінішкешұлақ, т.б. өзендер бастау алады. Таулық қоңыр топырағында бетеге, қылқан селеу, сұлыбас, бөрте жусан, суық жусан, өзен аңғарларында түрлі бұта, бидайықты шалғын өседі, шатқалдарында қайың, тал, итмұрын, арша кездеседі. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты ғыл.-зерттеу мақаласында (6 томдық шығ. жин., 1-т.) Абайдың шешесі Ұлжан Қарқаралы уезіндегі Мыржық деген жердегі Қаракесектің Бошан руынан, Бергіс бидің тұқымынан екені айтылады. Мұндағы Мыржық деген жер атауы осы М. тауы болса керек.

*Қ.Ахметов*

**МЫСАЛ** – ауыз әдебиеті жанрларының бірі. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Ғалым оны әуезенің (эпостың) бір түріне жатқызады. М. – адамның амалын, мінезін, құлқын жанды-жансыз нәрселер арқылы көрсетіп әңгімелеу. Ғалымның бұл жанрға берген анықтамасында М.-дың көбіне хайуандар турасында шыққан ертегілерден алынатындығы айтылады. «Арсыз ит», «Өтірікші тышқан», «Хайуандар таласы», «Бақылдақ теке», «Құлағынан айрылған ешкі» сияқты М.-ды келтіре отырып, бұл жанрдың анықтамасын береді. «Адамның ғамалын, мінезін, құлқын, жанды-жансыз нәрселер арқылы салтанасына сәйкес көрсетіп өнегелеу – мысалдау болады» деп түйіндейді. Онда автор хайуандарға адамша тіл бітіріп, адамша мінездеп, түрлі мақұлыққа түрлі өнеге боларлық сипат танады. Ғалым М.-ды әуезенің бір түріне жатқызады. Автор М.-ды шебер жазатындардың қатарына француз ақыны Лафонтенді, орыс ақыны Крыловты жатқызады. Ғалым анайы әдебиетте болған хайуандар сыры мен адам мінезін көрсету мақсаты сыпайы әдебиетте де бар екенін айтады. Олардың айырмашылығы – айтылуында. Сыпайы әдебиеттегі М. мінезіннің ұқсауымен қатар айтылуының әдемілігімен де бірдей болады. Мұнда

ұқсату, яғни кейіптеу тәсілі шебер қолданылып, тыңдаушыға қызықты түрде жеткізіледі.

*Е.Шынтай, С.Итеғұлова*

**«МЫСАЛ ЖАНРЫНЫҢ СТИЛІ МЕН ТІЛІ (А.БАЙТҰРСЫНОВ «ҚЫРЫҚ МЫСАЛ») –** ғыл.-зерт. еңбек, Т.Шаңбаевтың канд. дисс.-сы. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында 1993 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – З.Ахметов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан («Мысал жанрының теориясы», «А.Байтұрсыннов мысалдарының стильдік тәлтума сипаттары», «А.Байтұрсыннов мысалдары тіліндегі ұлттық-бейнелілік ерекшеліктері»), қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде қазақ мысал жанрының генетикалығы мен контактілігіне, сондай-ақ жанрдың қазақ әдебиетінде алар орнына мінездеме берілген. 1-тарауда мысал жанрының теориясы арнайы қарастырылып, ғыл. әдебиеттің осы саласындағы бағыттарына тоқталып, әдістемелік ізденістерге шолу, теор. болжам тұжырым жасалған. 2-тарауда А.Байтұрсынұлы стиліндегі жаңашылдық пен дәстүр үндестігі мәселесі қаралған. Оның мысалдарының стильдік даралығында халық фольклорының алатын орнына назар аударылған. 3-тарауда Ахмет мысалдары тіліндегі ұлттық-бейнелілік ерекшеліктері арнайы зерттелген. Зерттеу барысында Байтұрсынұлы мысалдары қазақ әдебиетіндегі ерекше көркемдік ашылым, соны құбылыс, дара стиль екендігі дәлелденген. Көлемі 121 бет.

*С.Арғынғазин*

**«МЫСЫҚ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Танымдық мақала. Мысықты алғаш мысырлықтар қолға үйреткені, мысық тұқымдастар (арыстан, жолбарыс, ягуар, леопард, пума) туралы айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**МІНӘЖАТ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы діндар дәуірдегі мұңды, зарлы сөздерді М. деп атаған. Бастапқы кезде ғұламалардың құдайға айтқан зары, арызы, налысы М. деп аталса, кейіннен зарлық өлең сияқты сөздерді М. деп кеткен.

*Ә.Қожахмет*

**МІНЕЗДЕМЕ** – адамның, елдің, жұрттың, таптың, ұлттың сырын, мінезін танытып көрсететін әуезенің бір тарауы. Ғалымның пайымдауынша, М. заманның да, дәуірдің де, адамның да халін мінездеп көрсетеді. Адамды мінездегенде өмірбаянның бөлімі болса, жұртты, ұлтты, заманды мінездегенде тарихтың бөлімі болып кіреді. Ғалым өмірбаянның соңғы жағы М.-ге ұласып кететіндігін Шоканның жәт дерегімен, Абай, Ақан серінің өмірбаяндарымен негіздейді.

*С.Итеғұлова*

**«МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ, ШЫҒАРМАЛАРЫ»** – жинақ. Құрастырушылар – М.Әбсем-

## МІРЖАҚЫП

тов, Г.Дулатова. Алғы сөзін жазған – Ж.Ысмағұлов. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. «Жазушы» баспасынан 1991 ж. жарық көрген. Көл. 384 бет. Таралымы 30000 дана. Бұл жинаққа 20 ғ-дың бас кезінде қазақ даласындағы әлеум. өмірдің көкжиегінде жарқырай көрінген шырақтардың бірі, дарынды акын, ағартушы, публицист, қоғам қайраткері М.Дулатовтың «Оян, қазақ!», «Азамат» өлеңдер жинағы мен қазақтың тұңғыш романы «Бақытсыз Жамал», «Балқия» пьесасы, әңгімелері, аудармалары, мақалалары мен зерттеулері енгізілген. Жинақтың 295–302 беттерінде Міржақыптың 1922 ж. А.Байтұрсынұлының 50 жылдығына арнап орысша жазған «Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов (биографический очерк)» мақаласы жарияланған.

**«МІРЖАҚЫП ДУЛАТУЛЫ. БЕС ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ»** – көптомдық шығармалар жинағы. Құрастырушылар – Г.Дулатова, С.Иманбаева. ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нің бағдарламасы бойынша шығарылған. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты дайындаған. «Алаш мұрасы» сериясы аясында ұсынылған. Алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған – Ж.Ысмағұлов. Араб үлгісіндегі жәдит жазуынан қазіргі қазақ әрпіне түсірген – У.Қыдырханұлы. «Мектеп» баспасынан 2002–04 ж. жарық көрген. Көлемі 1-том – 368 бет, 2-том – 292 бет, 3-том – 400 бет, 4-том – 344 бет, 5-том – 616 бет. Таралымы әрқайсысы 2000 данадан. Көптеген фотосуреттер берілген. 1-томға М.Дулатұлының «Оян, қазақ!», «Азамат», «Терме» өлеңдер жинақтары, жеке жинаққа енгізілмеген өлеңдері, «Бақытсыз Жамал» романы мен «Балқия» атты пьесасы және әңгімелері, 2-томға 1907–17 ж. аралығындағы, 3-томға 1920–29 ж. аралығындағы мерзімді баспасөзде жарық көрген еңбектері, 4-томға ағартушылық бағыттағы еңбектері, оқу құралдары, 5-томға аудармалары, автор жайлы естеліктер мен жекелеген құжаттар, түрік-орыс сөздігінің факсимиле нұсқасы енгізілген. Жинақтың 1-томында А.Байтұрсынұлының Міржақыпқа арнаған «Ақын ініме» (313–31-беттер) атты өлеңі, 2-томда Ахмет жайлы «Жазу тәртібі» (54–56-беттер), «Қазақ» баспаханасы (321–324), «Тіл құрал: Қазақ тілінің сарфі» (219–222-беттер) мақалалары, Ахметтің «Алашқа» (Міржақып, Әлиханмен бірге), «Досмайыл қажыға ашық хат» (Міржақыппен бірге), «Шорай Ислам» (бір топ Алаш қайраткерлерімен бірге) мақалалары, 3-томда Ахмет жайлы «Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов» (59–66-беттер), «Жаңа жазу ережелері» (97–106-беттер), «Баспасөзіміз не күйде»

(106–113-беттер), «Өтірік емес, рас» (159–161-беттер) мақалалары, Ахметтің оқу кітаптары жайлы (258–259, 264, 293, 304, 316 – 318, 349-беттерде), 4-томда Байтұрсынұлының өлеңдері мен хикаялары («Жол басы») (19-бет), «Аққу, шортан һәм шаян» (26-бет), «Шыбыжық пен көгершін» (27-бет), «Егіннің бастары» (30–31-беттер), «Қожа Несриддин ақылы» (31-бет), «Кісі мен көленке» (31–32-беттер), «Үлес» (35-бет), «Екі шыбын» (37-бет), «Айна мен маймыл» (38–39-беттер), «Бұлбұл мен есек» (40–41-беттер), «Өгіз бен бақа» (43-бет), «Қайырымды түлкі» (48–49-беттер), «Шал мен Ажал» (50–51-беттер), «Жүргіншілер мен иттер» (53–54-беттер), «Оқуға шақыру» (55-бет), «Маймыл» (56–57-беттер), «Қаптесер мен көртышқан» (57–58-беттер), «Қасқыр мен қозы» (71–73-беттер), «Қасқыр мен мысық» (80–83-беттер), «Шал мен жұмыскер» (90–91-беттер), «Қара шекпен мен қой» (91–92-беттер), «Сары шыбыжық» (95–96-беттер), 5-томдар Ахмет жайлы естеліктер: Г.Дулатованың «Өмір өткелдері» (288–339-беттер), Қ.Бадыровтың «Қаз қалпында» (340–341-беттер) мақалалары мен Байтұрсынұлының Міржақыпқа жазған хаттары (412–427-беттер) жарияланған.

*С.Арғынбаев*

**МІРЖАҚЫПҚА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ** – хабарласу, жағдай сұрасудың бір түрі. А.Байтұрсынұлының Міржақыпқа жазған 3 хаты Дулатұлының қызы Гүлнардың жеке мұрағатында сақталған. Араб әліпбиінің үлгісімен жазылған хаттар Міржақыпқызының қадағалауымен бүгінгі әліпбиге түсіріліп, Алматы қ-ндағы «Елшежіре» баспасынан 2013 ж. жарық көрген ғалымның 6 томдық шығ. жин-ның 6-томына енгізілген. Хаттар Міржақып, Мырзағазы, Ғазымбектерге арналған. Алғашқысы 1932 жылдың 31 желтоқсанында жазылған. Онда автор өзінің Архангельскіге келгенін, мұнда Абдолла және Қыр баласымен (Ә.Бөкейхан) жолыққанын хабарлайды. Екінші хат 1933 жылдың 26 ақпанында жазылған. Бұл хатында Архангельскіде әзірге жалғыз тұрып жатқанын, әйел, баласын көшіріп алуға Мәскеу жақтың рұқсат бермей тұрғандығын, суық пен қоса қымбатшылықтың қысып бара жатқанын жеткізеді. Үшінші хат 1934 жылдың 8 наурызында жазылған. Бұл жазбасында өзінің көптен бері балашағасының жанына сұранып жүрген тілегі орындалып, 1934 жылғы қыркүйектен бері жаңа қонысында тұрып жатқаны, Қыр баласымен хабарласып тұрғаны айтылады. Хаттардың көшірмесі Алматы қ-нда орналасқан ғалым атынд. мұражайда сақтаулы.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, 6-т.

*К.Қошым-Ноғай*



**НАҒЫЗ ДЕНДЕМ БӨЛІМІ** – пікір мәністеліп, дәлелденіп, сипатталатын бөлім, байымдама.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**НАҒЫЗ ТАЗА ҮСТЕУ** – қосылған сөзінің мағынасын толықтыратын, қалай? қашан? қайда? деген сұрақтарға жауап болып айтылатын түбір сөздер. Мәселен, «*әрең келдім*» дегенде, «*әрең*» демесе де келгендігі көрініп тұр, бірақ «*әренді*» қосқанда келгендіктің үстіне қалай келгендік көрінеді.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**НАДСОН** Семён Яковлевич (14(26).12.1862, Санкт-Петербург қ. – 19(31).1.1887, Ялта; Санкт-Петербуркте жерленген) – ақын. Павлов әскери уч-шесін (1979) бітірген. 1882 ж. Н. сол кезеңдегі демократ. «Отечественные записки» журналына А.Н.Плещеевтің шақыруымен алғашқы өлеңдерін бастырған. Кейін «Дело», «Устои», «Русская мысль» журналдарында Н-ның өлеңдері жиі жарияланып тұрды. Көзі тірісінде Н-ның өлеңдер жинағы 1885 ж. жарық көрді. 1886 ж. М.И.Кулишердің «Заря» атты баспасында қызмет істеген. Онда сыни, фельетондары жарияланып тұрды. «Литературные очерки» (1883, 1886) кітабы, «Старая сказка» (1881), «Святитель» (1882), «Не вини меня, друг мой, – я сын наших дней...» (1883), «Грезы» (1883), т.б. өлеңдері бар. А.Байтұрсынұлы орыстың белгілі лирик ақыны Н-ның өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

«**НАДСОННАН**» – «Маса» жинағына енген өлең. 30 тармақтан тұрады. Жинаққа берілген ғыл. түсініктемеде Семен Яковлевич Надсон – петерборлық (қазіргі Санкт-Петербург) орыс ақыны екені, Байтұрсынұлы бұл өлеңді осы ақыннан аударғаны айтылады. Өлеңде айтылатын ой: «Шайылғаң көз жасымен жердің бетін, Жауыздық жалғандықпен қаптағанға, Адал жол, ақ ниетті – арам жеңіп, Жазықсыз жанды қинап, қанды төгіп. Бұзықтық – түзіктікті таптағанға, Қиналып, кім болсаң да, талыққандар, Түніліп,

үміт үзіп, жабықпандар. Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып, Жарқырап жақсылыққа атар таң бар... Артықша тасқан қайтып, толған солып, Құритын кез келмекші нәубетіне... Соқпалы, содыр жолдан шығар бәрі. Толған күш, қиналған тән, ауырған жан, Дертіне жақындықты етер дәрі» деген пікір. Өлеңге зұлымдықты түптің түбінде әділет пен ізгілік жеңеді деген гуманистік идеал өзек болған.

*С.Ғұсманқызы*

**НАЗАРБАЕВ** Нұрсұлтан Әбішұлы (6.7.1940 ж.т., Алматы обл. Карасай ауд. Үшқоңыр а.) – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы, ҚР Қарулы Күштерінің Жоғ. Бас қолбасшысы, «Нұр Отан» партиясының, ҚР Қауіпсіздік кеңесінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының, Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы. Экон. ғыл. докт. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (1995). Қарағанды металлургия комб. (Қарметкомбинат) жанындағы зауыт – Жоғары тех. оқу орнын (1967), КОКП ОК жанындағы Жоғары



*Н.Назарбаев*

партия мектебін (1976) бітірген. Еңбек жолын Қарағанды обл. Теміртау қ-ндағы «Қазметаллургстрой» тресінің жұмысшысы ретінде бастап, Қарағанды металлургия комб-ндағы домна пешінің көрікшісі, құю машинасының шойыншысы, домна цехының дис-петчері, газшысы болды. 1969–73 ж. Теміртау қ-ндағы комсомол және партия ұйымдарында қызмет істеді. 1973–77 ж. Қарметкомбинат партия к-тінің хатшысы, 1977–79 ж. Қарағанды обл. партия к-тінің хатшысы, 2-хатшысы, 1979–84 ж. Қазақстан КП ОК-нің хатшысы, 1984–89 ж. Қазақ КСР Мин. Кеңесінің төрағасы, 1989–91 ж. КСРО халық депутаты, Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы және Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының төрағасы (1990 жылдың ақпанынан) болды. 1990 ж. 24 сәуірде «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңының негізінде 12-шақырылған Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Н-ты Қазақ КСР-інің Президенті етіп сайлады. Осымен бір мезгілде Қазақ

## НАЗЫМ

стан КП ОК-нің 1-хатшысы қызметін қатар атқарды. КСРО-дағы қайта құру жылдарынан кейін қалыптасқан күрделі де қиын жағдайда, Қазақстан тәуелсіздігі жарияланғанға дейін, Н. елде түбегейлі экон. реформалар жүргізуге, одақтық орт. пен республика арасындағы құзыреттілікті анық айқындауға, әлеум. тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайтуға жете көңіл бөлді. «Тіл туралы» Қазақ КСР-інің Заңы (1989) мен «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияның қабылдануы (1990) егемендік жолындағы маңызды қадам еді. Республика Президентін алғаш рет бүкілхалықтық сайлау жоғарыда аталған барлық үдерістердің заңды қорытындысы болды. 1991 ж. 1 желтоқсанда Н. Қазақстан Президенті болып сайланды. Оған сайлаушылардың 98,78%-ы дауыс берді. 1991 ж. 10 желтоқсанда Қазақстан Президентін ұлықтау рәсімі өтіп, сол күні «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» Заңға қол қойылды, 1991 ж. 16 желтоқсанда еліміздің толық тәуелсіздігіне негіз болған «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституц. Заң қабылданды. Жас егемен мемлекеттің басшысы алдында тоталитарлық жүйені бұзып, мемлекеттіліктің жаңа үлгідегі моделі мен нарықтық экономиканы құру міндеттері тұрды. Ең алдымен, мемл. биліктің пішіні түбегейлі өзгеріске ұшырады, ол заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінді. Мемл. биліктің біржолата тұралауына жол бермеу мақсатында 1995 ж. 29 сәуірде Президенттің өкілеттілігін 2000 жылға дейін ұзартқан бүкілхалықтық референдум өткізілді. Заң шығарушы орган жөке кезде Президент заң шығару қызметін өз мойнына алуға мәжбүр болды. Осымен бір мезгілде ол жаңа Конституцияның жобасын әзірлеу жөнінде бастама көтерді. 1995 ж. 30 тамызда өткен бүкілхалықтық референдумда республика азаматтарының 89,1%-ы жаңа Конституцияны қолдап дауыс берді. Президенттің мемл. саясатын қолдап, қоғамның саяси және азаматтық санасына ықпал ету мақсатында 1999 ж. «Отан» партиясы құрылып, оның Төрағалығына Н. сайланды. 2006 ж. ол «Нұр Отан» халықтық-демокр. партиясы, кейіннен 2013 ж. «Нұр Отан» партиясы болып өзгертілді. Н. бастамасымен 1997 ж. әзірленген Қазақстан-2030» стратегиясы республикадағы әлеум.-экон. және саяси реформалардың тұжырымдамалық негізіне айналды. Онда бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдер арасында тұңғыш рет республиканың ұзақ мерзімді дамуының айқын да ауқымды басымдықтары көрініс тапты. 2012 ж. желтоқсанда оны мерзімінен бұрын жүзеге асыруға байланысты Қазақстанды әлемнің отыз озық елінің қатарына қосуды көздейтін 2050 жылға дейінгі стратег. басымдықтар айқындалды. Н.

саяси өмірбаянының жекелеген беттері астананы көшіру туралы дәуірлік маңызы зор шешімдермен сабақтасып жатыр. Н. – «Стальной профиль Казахстана», «Ақиқаттың ақ жолы», «Стратегия ресурсосбережения и переход к рынку», «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде», «Ғасырлар тоғысында», «Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы», «Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации», «Бейбітшілік кіндігі», «Сындарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде», «Қазақстан жолы», «Стратегия становления постиндустриального общества и партнерство цивилизаций», «Ғаламдық қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркеніеттер серіктестігі», «Қазақстан-2050» стратегиясы: Кемелденген мемлекеттің жаңа саяси бағыты» және т.б. кітаптардың авторы. Бұдан басқа, Н. қаламынан «Дағдарыс кілті», «Демократия өскінінің әлеуеті», «Бесінші жол», «ЕҚЫҰ тағдыры және перспективалары», «Еуразиялық одақ: идеядан – болашақтың тарихына» сияқты бағдарламалық сипаттағы көптеген мақалалардың авторы. Н-тың «Тарих толқынында» (А.: Атамұра, 2003) атты кітабының бір тарауы «Алаш мұрасы және осы заман» деп аталады. Бұл тақырып аясында Ә.Бөкейхан бастаған алаштық қайраткерлердің елі үшін жасаған қызметіне баға берілген. Н. А. Байтұрсынұлының қайраткерлігіне кеңінен тоқтала отырып, «Қазақ» газеті жайында: «...Оның редакторы А. Байтұрсынов болып, төңірегіне дарынды қазақ журналистері мен жазушыларының тұтас бір саңлақ тобы жиналды. Олардың арасында Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов және басқалар бар. Оппозициялық газет бола отырып, «Қазақ» қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтерді, ағартушылық идеяларын насихаттады, қозғалыстың және болашақ «Алаш» партиясының баспа органы болды» деп баға береді. Н. кеңестік «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, қазақстандық «Алтын қыран» орденімен, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» құрметті атақтарымен және шетелдік марапаттармен, А. Байтұрсынұлы атынд. орденмен, көптеген медальдармен, құрмет белгілерімен, сыйлықтармен, дипломдармен марапатталған.

**НАЗЫМ** – ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет енгізген термин. Онда «назым – арабша дарынды сөзді шығарма» дейді. Н-да көріктеу құралдары, бейнелі көркем ләбіз беріледі. Н. белгілі бір мағлұматты беру арқылы адамның түйсігіне әсер етуді көздейді.

*С.Итегілова*

«НАН» – «Оқу құралына» енген өлең. 31 тармақтан тұрады. М.Дулатұлының «Жұт» деген өлеңі секілді, бұл да 1921 – 22 жылғы қыс кезінде болған жұттың зардаптарына арналған. Авторы Майлыұлы Бейімбет деп көрсетілген.

*С.Ғұсманқызы*

**НАСИХАТ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы Н. деген сөздің мағынасы – ақыл үгіт деп көрсетеді. Діндар дәуірде Н. айтушылар оны шарифатпен, яғни дінмен байланыстырған. Ғалым Шортанбайдың «Билер, пара жеменізі! Жалғанды жолдас демендер! Ақирет қамын іздендер! Жанға тіпті тимендер!» деген Н. жолдарын мысал ретінде көрсеткен.

*Ә.Қожахмет*

**НАСЫР** – адамның ойына өң беріп, көңіліне күй түсіретін сөз жүйесі. Ғалым «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет осы терминді енгізіп, «насыр – арабша қара сөзді шығарма» деген анықтама береді. Н. сөзде тек ұғым ғана беріледі. Н. белгілі бір мағлұматты екінші адамға ешбір боямасыз, сол қалпында жеткізушілік қызмет атқарады.

*С.Итегұлова*

**НАУРЫЗБАЕВ** Хакімжан Есімханұлы (27.8.1925, Қостанай обл. Меңдіғара ауд. Ұлықөл а. – 4.9.2009, Алматы қ.) – мүсінші, ұлттық кәсіби мүсін өнерінің негізін салушылардың бірі. Қа-



*Х.Наурызбаев*

зақ КСР-інің халық суретшісі (1969). Харьков көркемсурет ин-тын (1951) бітірген. Сол жылдан бастап Алматы қ-ндағы жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқарды. «Абай» (1960, қола, гранит, Алматы қ-нда; 1965, гранит, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Қарауыл а-нда), «Жамбыл» (1963, шойын, гранит, Тараз қ-нда), «Шоқан Уәлиханов» (1969, қола, гранит, Алматы қ-нда); сондай-ақ «Мәншүк Мәметова» (1988, қола, гранит; Орал қ-нда), «Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатов» (1990, қола, гранит; Қостанай обл-ның Торғай ауд. Торғай а-нда) атты монументті ескерткіштерінде пропорция, ритм заңдылықтарын тиімді пайдалану арқылы об-

раздарды шынайы кескіндеді әрі ұлттық колоритке жіті назар аударды. Ол 200-ден астам әр алуан ескерткіш («Амангелді Иманов», 1960, қола, гранит; Қостанай обл. Амангелді ауд-ның орт-нда), бюсттер («Құрманғазы», 1958; «М.Хакімжанова», 1961; «С.Қожамқұлов», 1962; «С.Сейфуллин», 1964; бәрі де мәрмәрден жасалған, ҚР Мемл. өнер мұражайында); сондай-ақ Қ.Сәтбаев, Ы.Жақаев, А.Жұбанов, А.Байтұрсынұлы, Т.Тәжібаев, Ж.Саин, Д.Нүрпейісова, Т.Жароков, Х.Есенжанов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Жамбыл тұлғаларын жасады. «Женімпаз қаһарман» композициясы үшін ҚР-ның (1953), Қазақ КСР Мемл. (1970) сыйлықтарын алған. «Парасат», Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

**НАУРЫЗБАЙ** Қасымұлы (1822, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Кекілік тауы, Майтөбе мекені) – батыр. 1837–47 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Н. Кенесарының тапсырмасымен көтеріліске қарсы жергілікті басшыларды бағындыру, салық жинау, барлау, әскерді қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз ету, дипломат., т.б. қызметтер атқарған. Ресей отаршылары мен Қоқан ханының озбырлықтарына қарсы соғыстың барлығына қатысқан. 1841 ж. Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған. Соғыста тапқыр, ұрыста батыл Н-дың сөзге шешен, әнші-күйшілігімен, жауырыны жерге тимеген балуандығымен аты шыққан. Бүркіт, қаршыға, лашын ұстап, құсбегілікпен айналысқан. Н. 1847 ж. тұтқынға түскен ағасы Кенесарының қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза тапты. Оның көркем бейнесі Нысанбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» дастанында, М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасында сомдалған. А.Байтұрсынұлының «23 жоқтау» (Мәскеу, 1923) атты кітабында «Кенесары–Наурызбай» атты жоқтау берілген.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.*

*Т.Барақұлы*

**НАУРЫЗЫМ ҚОРЫҒЫ** – Қостанай обл. Наурызым және Әуликөл аудандарында орналасқан



мемл. корық. Р.Сахыбекқызының «Ғұлама ғұмырнамасы: мұрағат деректері» (6-том) мақаласында А.Байтұрсынұлының отбасы жайлы мәліметтердің бірінде ру атына айналған Үмбетей атаның ел-жұрты Қостанайдың Наурызым, Торғайдың Ақкөл аралығын мекендегені баяндалады. Мұнда Наурызым деп отырғаны осы Н. к. аумағын айтады.

**НАУШАБАЕВ** Нұржан (Нұрмұхамбет) (1858, қазіргі Қостанай обл. Ы.Алтынсарин ауд. – 1919) – ақын. Діни-ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі. Троицк қ-нда З.Расулов медресесінде білім алған. Жасынан араб-парсы тілдеріндегі кітаптар мен татар, башқұрт жазушыларының шығармаларын оқыды, әнші, сері, балуан атанып, дидакт. үлгідегі нақыл, терме, толғау, мысал және назым, ғақлия жырларын жазды. Оның 40 шақты өлеңі мен айтыстары «Жұмбақ. Нұржан мен Сапарғалидың жұмбақ айтысы» (1903), «Манзұмат қазақия» (1903), «Алаш» (1910) атты жинақтарында Қазан қ-нда басылған. Н. өлеңдерінің негізгі тақырыбы – өнер-білім мен адамгершілік қасиеттерін насихаттау. Оның «Замананың қалпына айтылған сөз», «Тақпақ», «Терме» өлеңдері, сондай-ақ Крыловқа еліктеп жазған «Түлкі мен әтештің хикаясы», «Өгіз бен есек», т.б. мысалдары бар. Дидакт. жанрда жазылған «Қырық тілек» атты 13 жұмбақтан тұратын ғақлия өлеңі көркемдігімен ерекшеленеді. Қоғамдық жайларды исламдық тұрғыдан таразылап, діни өлеңдерінде Құран Кәрімнің маңызын, қасиетін түсіндіруге талпынған ақын мұсылманның парыз-уәжіптеріне талдау жасайды («Қырық парыздың баяны», т.б.). Н. шығарм-нда татар ақыны, әнші Сапарғали Қуанышұлымен жұмбақ айтысының орны ерекше. Хат үлгісіндегі жазбаша сөз сайысында қарсыласы тарапынан қойылған 25 жұмбаққа Н. тапқырлықпен жауап беріп, білімдарлығын көрсеткен. Айтыс мәтіні 359 жолдан тұрады, алғаш «Манзұмат қазақия» (1903) кітабында, кейін «Айтыс» жинағының 2-томында жарық көрді. Ақынның «Көкем-ай», «Көңіл ажар», «Жан сәулем», т.б. әндері ел арасына кең тараған. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Н. секілді азаматтар Алаш автономиясы жарияланып, Алашорда үкіметінің құрылғанына ерекше қуанған ақындардың бірі. Осы кезеңде жазылған өлеңінде ол: «Бірлік қылсаң, Алашым, Ілгері қарай басасың. Қол ұстасып ұмтылсаң, Қатар жұрттан асасың. Атағын мәңгі қалдырып, Жасасын, Алаш, жасасын!» деп жырлады.

Шығармалары: Алаш. Қостанай, 1997.

Ө.Әбдіманұлы

**НАХУ** – «грамматика» (синтаксис) сөзінің арабша баламасы.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**«НӘБЕК АТЫ»** – «Маса» жинағындағы өлең. 18 шумақ (76 тармақ). Нәбек деген кедейдің жүйрік атына қызыққан Дайыр дейтін бай кедейге: «Малымнан қанша алсаң да берейін. Атыңды маған бер» дейді. Кедей бермейді. Бір күні Дайыр бай қулық жасап, қайыршы болып киініп, кедейдің жүрген жолын тосып отырады. Кедей жанына келгенде, бай: «Мен бір мүсәпірмін. Атыңа мінгестіріп ала кетші. Бірақ атқа өзім міне алмаймын» дейді. Нәбек «Жарайды» деп, аттан түсіп, қайыршыны атына көтеріп мінгізгені сол, Дайыр бай: «Әй, Нәбек! Кім екенімді білдің бе енді? Атыңмен қошта, аңқау, сорлы ақ пейіл!» деп, шаба жөнеледі. Сонда Нәбек: «Атымды алдап алғаныңды ешкімге айта көрме. Мұны жұрт білсе, шын пақырларға ешкім қараспас» дейді. «Мұны естіп, Дайыр жылдам аттан түсті, Нәбекті сүйіп Дайыр мойнын құшты». Бірақ «Арымай алдырғанға Нәбекшілеп, Адам аз айтқанды ұғып Дайыршылар... Сұмдығы сұраушының азаймаса, Не жөн бар қайырсыз деп жұртқа өкпелер?!». Өлең идеясы: достыққа қастық, жақсылыққа жамандық жасаушылар көбейе берсе, жақсылық жасауға кім қызығар деген ойға әкеледі.

С.Ғұсманқызы

**НӘРСЕНІҢ ТИІС ЖАҒЫ** – нәрсенің бойында бар сипаттар. Мәселен, нәрсенің бірін *жылы*, бірін *суық*, бірін *тегіс*, бірін *бұдырмақ*, бірін *қатты*, бірін *жұмсақ* дейміз. Бұл – нәрсенің бойында бар сипаттар. Сондықтан бұл – нәрсенің тиіс жағы. Нәрсенің тиіс жағы – өзінде бар шын жағы.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**НӘРСЕНІҢ ТҮЙІС ЖАҒЫ** – нәрсенің адам қосқан, танған сипаттары. Сипаттаудың біреулері адамға ұнап, енді біреулері ұнамайды. Жылы нәрсе, тегіс нәрсе, жұмсақ нәрсе адамға жағымды, сүйкімді болады да, суық нәрсе, бұдырмақ нәрсе, қатты нәрсе адамға жағымсыз, сүйкімсіз болады. Бұлардың біреулерін *жағымды*, *сүйкімді* деп, екіншілерін *жағымсыз*, *сүйкімсіз* деп сипаттау нәрсені тиісінше сипаттау емес, адам өз көңілінің түйісінше сипаттау болады. Нәрсенің түйіс жағы – өзінде жоқ, жабатын жала, қоятын кінә, таңатын өсек, тағатын таба, жағатын опа сияқты, адам апарып жапсыратын нәрсе.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

О.Жұбаева

**«Н.Г. ПОТАНИНГЕ»** – 1923 ж. Мәскеуде «Күншығыс» баспасында жарияланған «Ер Сайын» атты кітапта басылған өлең. Көлемі 30 жол, 6 тармақ, 5 шумақ, 11 буыннан тұрады. Өлең аралас ұйқасқа құрылған. Ақынның бұл өлеңі ар-

нау өлеңдердің қатарына жатқызылғанмен, автор өз поэзиясындағы арналы бағытынан – езілген, өнер-білімнен кенде қалған ұлттың өнеге көрсетуден ауытқымайды. Потаниннің қазақ халқына ардақты болу себептерін санамалап көрсетіп, ұлы тұлғаны жастарға үлгі етеді. «Көп сөзді көршілер тұр ұнатпайтын» // «Біз едік қадірі жоқ ұл әкеге» деген сөздердің астарында патшалық Ресейдің бұратана халықты кем тұтатын саясатын да бір сынап өтеді. Өлеңнен ақынның азатшылдық рухы, күресшілдік сарыны еседі.

*С.Итеғұлова*

**НЕ** – басқа сөздің арасындағы жүйелерін келтіріп, жалғастыруға демеу болатын сөз. Мыс.: *Балаң қазақша оқи ма? Не орысша оқи ма?* Мұндағы *не* деген сөз басқа сөздердің арасындағы жүйесін келтіріп, жалғастыру үшін қолданылған. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«НЕДЕН ӨЛДІ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Тереңдігі екі кісі бойындай ескі құдықтың түбін тазалау үшін ішіне бірінен кейін бірі түскен екі жігіт те түбіне барысымен сылқ етіп өліп кетеді. Мұның сыры кейін белгілі болады. Құдықтың түбінде «жаман ауа» (оттегі жоқ) болғаны анықталады. Танымдық мәнді мақала.

*С.Ғұсманқызы*

**НЕКЕ ҚИЯР** – А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданған термин. Автор бұл терминге мынадай анықтама береді: «Неке қияр сөз деп неке қияр кезде екі арада жүретін екі куәнің, күйеу мен қыздың ырзалығын сұраған уақытта айтатын сөздерін айтамыз». Сондай-ақ, ғалым Н.к. әнмен айтылмайтындығын, бірақ өлеңше ұйқасқан түрде, бір қалыпта айтылатындығын мысалдар арқылы нақтылай түседі.

*Е.Шынтай*

**НЕКРАСОВ** Николай Алексеевич (10.12.1821, Немиров мекені, қазіргі Винницк обл. – 8.1.1878, Петербург) – орыс ақыны. 1832–37 ж. Ярославль гимназиясында оқыды. 1839 ж. Петербургке келіп, екі жылдай ун-тте еркін тыңдаушы болды. Н-тың алғашқы жинағы – «Армандар мен әуендер» 1840 ж. жарық көрді. Ол 1841 ж. «Литературная газета», «Отечественные записки» журналдарында қызмет істеді. Н-тың басқаруымен шыққан «Петербург жинағы» (1846), «Бірінші апрель» альманахы (1846) натуралдық мектептің манифесіне айналды. Бұл басылымдарға В.Г.Белинский, А.И.Герцен, И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, т.б. қатысты. Н. 1847–66 ж. революцияшыл-демокр. ой-пікірдің ұйтқысы – «Современник» журналын бастырып шығарушы және оның редакторы болды. Оның өмірінің соңғы он жылы «Отечественные записки» журналы-

мен тығыз байланысты болды. Н. поэзиясында революцияшыл-демократтың портретін жасады («В.Г.Белинский», 1855; «Добролюбовты еске алу», 1861, т.б.). Орыс халық шығарм-нан нәр алған ол А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.В.Гогольдің реалистік дәстүрін дамыта түсті. Өткен ғасырдың 60–80-жылдары демокр. поэзияны қалыптастырып дамытуға Н. үлкен әсер етті. 20 ғ-лардың алғашқы ширегінде А.Блок, Д.Бедный, В.Маяковский, т.б. шығармаларынан Н. ықпалы сезіліп тұрды. Ал қазақ ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров шығарм-на Н. поэзиясы әсер еткенін кезінде М.Әуезов атап көрсетті. Оның «Қызыл шұнақ аяз» поэмасы 1939 ж. қазақ тіліне аударылды. Басқа да көптеген шығармалары қазақ тіліне аударылып, бірнеше рет жеке кітап болып басылды. А.Байтұрсынұлы өзінің «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Пушкин, Лермонтов, Н-тарды өзіне ұстаз тұтқандығын айтады. Ш ы ғ.: Таңдамалы өлеңдер жинағы, А., 1947; Өлеңдер, А., 1968; Полн. собр. соч. и писем. т. 1–12, М., 1948–52; Собр. соч., т. 1–3, М., 1971.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. –А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

**НЕМЕСЕ** – басқа сөздің арасындағы жүйелерін келтіріп, жалғастыруға демеу болатын сөз. Мыс.: *Мен саған ұрыстым ба? Немесе соқтым ба?* *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**НЕМІС ТЕҢІЗІ**, қ. *Солтүстік теңіз*.

**НЕШЕ?** – нәрсенің дәл санын білу үшін қойылатын сұрақ. Мәселен, *неше кісі келеді?* – *Үш кісі келеді. Тойда неше кісі болды?* деп сұрамайды, *қаниша кісі болды?* деп сұрайды; өйткені тойдағы кісілердің анық санын білуге емес, шамасын ғана білуге сұралады. Жауап беруші тойдағы кісілердің анық санын айта алмай, шамасын ғана айтады; мәселен, *екі жүз кісі болды* демейді, *екі жүздей кісі болды* дейді. Басқаша айтқанда, *неше?* дегенге «үш», *қаниша?* дегенге «екі жүздей» деген сөздер жауап болып тұр.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**НИКОЛАЙ П**, Николай Александрович Романов (18. 5.1868, Царское Село – 17.7. 1918, Екатеринбург) – Ресейдің соңғы императоры (1894–1917). Александр III-нің үлкен ұлы. Н. П патшалық еткен кезең Ресей экономикасының жедел даму дәуіріне тура келді. Н. П дамып келе жатқан рев. қозғалысқа қарсы армияны, полицияны, сотты пайдаланды, ұлтшылдық пен шовинизмді қоздырды, агресс. сыртқы саясат жүргізді, ал бұл саясат 1904–05 ж. орыс-жапон соғысына душар етті. Орыс-жапон соғысында жеңілу елді 1905–07 жылдардағы рево-



## Н.Қ. ХАНЫМҒА

люцияға алып келді. Халық толқуынан жасқанған Н. II кейбір жеңілдіктерге баруға мәжбүр болды. Саяси партиялар жария жұмыс істей бастады. А. ш-нда Столыпиннің агр. реформасы жүргізіліп, Қазақстанның, Сібірдің, Орт. Азияның жергілікті тұрғындары өз жерлерінен ығыстырылды. 1906 жылдың 11 наурызында патшаның арнайы кеңесінде үлкен мәселе болып қаралып, түркі халықтарын орыс әліпбиіне – кириллицаға көшіру туралы шешім қабылданды. А.Байтұрсынұлы осы шешімге қарсы болып, төте жазу әліпбиін жасады. Сыртқы саясатта Ресей Антанга елдерімен жақындасып, Германия мен оның одақтастарына қарсы 1-дүниежүз. соғысқа (1914 – 18) қатысты. Орасан зор соғыс шығындары елді қатты тұралатты. Жұмысшылардың бас көтерулері мен шаруалар толқуы қайта күшейді. 1916 ж. Орт. Азия мен Қазақстанда ұлт-азаттық қозғалыс болып өтті. Елдегі саяси дағдарыс 1917 ж. Ақпан революциясына ұласты. Н. II тақтан өз еркімен бас тартуға мәжбүр болды. Ол тұтқындалып, Тобольскіге, Қазан төңкерісінен кейін Екатеринбургке жіберілді. Азамат соғысы жылдарында Кеңес өкіметінің қаулысы бойынша Н. II және оның отбасы мүшелері Екатеринбург қ-нда атылды.

*Әдеб.:* Әуелбек Ә. Алғашқы басқосу – ақырғы айқас. – Алматы ақшамы, 2017. 25 сәуір.

*Л.Исова*

«Н. Қ. ХАНЫМҒА» – тұңғыш рет 1922 ж. Қазан қ-нда басылған «Маса» жинағына енген өлең. Көлемі 28 жол, 4 тармақ, 7 шумақтан тұрады. 11 бұйынды қара өлең ұйқасына құрылған. Бұл жыр ақынның тіршіліктің мәні, өмір мен өлім жайлы толғанысынан тұрады. Шығарманың тақырыбы – күрескер адамның ар алдындағы жан сыры. Өзінің ісіне адал қайраткер талай қилы заманның, қиын кезеңнің туатыны саналы түрде түсініп, қанша соққы көрсе де мұқалмас ерлердің қатарынан табылуға серт береді. Өлеңде көп жайдың түйіні бар. «Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, // Ойлайтындар мен емес бір күнгісін. // Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, // Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деп, бұл заманнан өзгеше жаңа заманның болатындығын болжайды.

*С.Итеғұлова*

**НОБЕЛЬ** Альфред Бернхард (21.10.1833, Швеция, Стокгольм – 10.12.1896, Италия, Сан-Ремо) – швед өнертапқышы әрі кәсіпкері. Лондон корольдік қоғамының және швед ҒА-ның мүшесі. Н. Ресейде болған кезде орыс ғалымдары Н.Н. Зинин мен В.Ф. Петрушевскийдің нитроглицерин жөніндегі ғыл. жұмыстарымен танысқан. 1864 ж. күркіреуік сынапты капсуль-детонатор жасады, ал 1867 ж. динамит жасау жұмысына патент алып, оны көптеп шығаруға кірісті. Н. атынд. халықар. сыйл. тағайындалған. А.Байтұрсынұлы

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы (31.5.№16) санында жарық көрген «Білім жарысы» атты мақаласында италяндық Н-дің атында сыйлық барын айта



*А.Б.Нобель*

отырып, қазақ жұртында да осындай сыйлық тағайындау арқылы білім жарысын ұйымдастыру қажеттігін айтады. Сонымен қатар 1912 жылғы Н. сыйл-на ие болғандар – инж. Дален, проф. Каррел, неміс драматургі Гауптман, француз ғұламалары Сабатъ мен Гренкер, т.б. деп атап өтеді. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 6-т.

**НОҒАЙЛЫ** – Алтын Орда ыдырағанан кейін құрылған Ноғай Ордасының негізін қалаған түркі-моңғол тайпаларының ортақ атауы. 15–16 ғ-лардың аяғында Н. жұрты көрші елдерге де осы атымен мәлім болған. 16 ғ-дың 2-жартысынан бастап Н. бірнеше ұлысқа бөлініп кетті. Н. ауыз әдебиетіндегі батыр, билер туралы жырлар көптеген түркі халықтарының ортақ мұрасына айналды. Н. мәдениетінің басты мұрагері – қазақ халқы. А.Байтұрсынұлының халық ауыз әдебиетінен жинақтап, баспаға дайындаған «Ер Сайын» дастанында осы Ноғайлы жұрты жырланған. **НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНІҢ ӘДЕБИЕТІ** – Алтын Орданың ыдырау кезеңі мен қазақ хандығы құрылғанға дейінгі әдебиет. Ноғайлы дәуірі 14–16 ғ-лар арасын қамтиды. Бұл кезеңдегі этностық топтар сары, қара, маңғыт және Кавказ ноғайлары болып бірнеше тармаққа бөлінді. Сары ноғайлар (татарлар) Алтын Орда құлаған соң Қазан, Қырым, Астрахан, Қасым хандықтарын құрды. Қара ноғайлар (барабы татарлары) он сан ноғай хандығын орнатты. Маңғыт ноғайлар Маңғыстау жерінде Кіші жүз қазақтарымен аралас-құралас тұрған. Кавказ ноғайлары (адыгей, қарашай, бұлғар, абхаз, ингуш, құмық, т.б.) Кіші және Үлкен Ноғай ордасының құрамында болды. Н. д. ә., негізінен, екі түрлі арнада дамыды: бірі – фольклор, екіншісі – ауыз әдебиеті. Фольклор саласында көптеген ғұрып өлеңдері мен ертегілер, шығыс сюжеттері («Мың бір түн», «Тотынама», «Калила мен Димна», т.б.) кең тара-

ды. Қаһармандық мазмұндағы классик эпос үлгілері («Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Сайын», т.б.) бұл кезеңде этностық сананың қозғаушы күші ретінде мазмұндық-құрылымдық жағынан жаңғырып, толықтырылып, қайтадан эпик. айналымға түсті. Сонымен қатар ноғайлы заманының тарихи оқиғаларын қамтыған эпостық жырлар да бой көрсетті. Олар бірде жеке батырлардың іс-әрекеттеріне негізделсе («Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Көкше»), бірде ондаған жырлардан құралатын, генеолог. жүйеге негізделген эпик. топтама үлгісіне құрылды («Едіге», «Орақ – Мамай», «Қарасай – Қазы», «Аңшыбай батыр», «Парпария», «Құттықия», «Едіге», «Нұрадин», «Мұсахан», т.б.). «Қырымның қырық батыры» деп аталған бұл жырлар Қазақстанның батыс аймақтарында сақталған. Оның толық нұсқасы 1942 ж. Мұрын жыраудан жазылып алынса, кей үлгілерін («Қарасай – Қазы», «Едіге», «Орақ – Мамай») 20 ғ-дың бас кезінде Нұртуған ақын жазбаша түрде қайта жаңғыртқан. Ноғайлы ұлысының кейін қазақ халқының этногенезін құраған көптеген түркі тайпаларын қамтығаны белгілі. Сондықтан ұлыс құрамындағы жеке ру-тайпа батырлары жыр үлгілерінде ноғайлы деген жалпы атау аясында көрінеді. Ноғайлы дәуіріндегі ауыз әдебиеті өкілдері қатарында Кетбұға, Сыпыра, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалғез (Шалкиіз) жыраулар болды. Олардың шығармалары, негізінен, авторлық әдебиет көрінісі ретінде жыраулық поэзияға жол салды. Мұндай туындылар қазақ және ноғай әдебиетінде қатар сақталған, ортақ шығарма болып табылады. Олардың қатарында «Айсылдың ұлы Әмет батыр», «Бозжігіт», «Шора батыр», «Әділ сұлтан» эпостық жырларын, «Тақырлауға қонған қаз, тырна» (Асан қайғы), «Алан да алаң, алаң жұрт» (Қазтуған), «Би Темірге айтқаны», «Шағырмақ бұлт жай тастар» (Шалғез), «Айнала бұлақ басы тең», «Қоғалы көлдер ком сулар» (Доспамбет), «Ер Шобан» (Естерекұлы Ер Шобан), т.б. көптеген толғауларды атауға болады. Қазақ арасында ноғайлы жырлары, сондай-ақ ноғай әдебиетінде қазақ жырлары молынан сақталған. Ноғай әдебиетінің үлгісі ретінде жарық көрген «Біз – қазақпыз», «Жорықта өлген жігіттің жыры», «Асқар тау», «Сары қыз», «Алалай жыры», «Богагөз», т.б. қазақ жырлары соның айғағы. Сонымен қатар онда Асан қайғы Сәбитұлы, Шалкиіз Тіленшіұлы, Доспамбет Азауұлы, Қазтуған Сүйіншіұлының қазақ әдебиетіне беймәлім шығармалары да баршылық. Осы тарихи кезеңде туған жазба әдебиет үлгілері де бар, бірақ олардың қай тарихи кезеңге жататындығы туралы түрлі пікірлер айтылып келеді. Кейбір зерттеушілер бұл кезеңді Дешті Қыпшақ немесе Алтын Орда дәуірінің әдебиеті

деп те атайды. Бірақ мұндай дәуірлеудің әлі де анықтай түсетін тұстары жеткілікті. Біріншіден, «Дешті Қыпшақ» (11–16 ғ-лар) өте кең ұғым, ол этностық негіздегі мемл. бірлестіктен гөрі тарихи-геоғр. ұғымға жақын. Екіншіден, Алтын Орда дәуірінде (1243–1503) өмір сүрген шайырлар: Құтыб «Хұсрау – Шырын», Хорезми «Мұхаббатнама», Сайф Сараи «Гүлистан би-т-түрки», Мұхаммед Салих «Шайбанинаме» сияқты жазба мұралар қалдырғанымен, олар ноғайлы дәуірінің этностық санасы мен эпик. дәстүрінен дараланып тұрады. Бұл жазба ескерткіштердің кейінгі ноғай әдебиетінде сақталмауы да көп нәрседен хабар береді. Н. д. ә. үлгілерін М.Османов, В.В.Радлов, А.Жәнібек, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, М.Мағауин, А.Сикалиев, Ә.Дербісәлі, т.б. ғалымдар зерттеді. А.Байтұрсынұлы өзі жинақтап, түзетіп, 1923 ж. Мәскеуден шығарған «23 жоқтау. Қазақ тарихының төрт жүз жылғы алады» атты еңбегінде «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек... ел аузындағы тіл дегенімізде, нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, жоқтауларды, мақалдарды, жұмбақтарды, ертегілерді, өлеңдерді, тағы тағы осындайларды» дей отырып, 16 ғ-да өмір сүрген Ноғайлының атақты батыры Мамай батырды (Мамайды шешесі Қараүлектің жоқтап айтқаны) 1-жоқтауында көрсеткен.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. («Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби. мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары). – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*Т.Қоңыратбай*

**«НОҒАЙЛЫ МАМАЙ ӨЛГЕНДЕ КЕМПІР ШЕШЕСІ ҚАРАҮЛЕКТІҢ ЖОҚТАП АЙТҚАНЫ»** – «Оқу құралына» енген фольклорлық шығарма. «Әубәкірден» деп көрсетілген. Берілген ғыл. түсініктемеде бұл Әубәкір Диваев болуы мүмкін деген жорамал жасалған және алғаш рет А.Байтұрсынұлының «23 жоқтау» жинағында баспа бетін көргені айтылады.

*С.Ғұрманқызы*

**НОҚАТ** « . » – нүкте, ұлы тыныс.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Ш тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**НҮРҒАЛИ** Рымғали (1.6.1940, Шығыс Қазақстан обл. Семей қалалық әкімдігі, Қайнар а. – 16.2.2010, Дубай; Алматыда жерленген) – әдебиет зерттеушісі, жазушы, филол. ғыл. докт., проф. Халықар. ақпараттандыру (1995), Халықар. Айтматов (2003) академияларының, ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Жоғары мектептің үздік қызметкері (1984), Қазақстанның еңбек сің. ғылым және техника қайраткері (1998), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2006). ҚазҰУ-ды (1963) және аспирантурасын (1967) бітірген. 1962–65 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде

## НҮРМҰХАМЕДОВ

тілші, Қазақстан Жазушылар одағы сын секциясында кеңесші (1966–68), ҚазҰУ-да доцент, проф., декан (1968–2000), «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакторы (1986–97) бол-



Р.Нұрғали

ды. 2000 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Ол әдебиет пен өнер, эстетика, театр мәселелерін сөз ететін көптеген эссе, мақалалар топтамасын жазған. Қазақ КСР Мемл. (1988), «Айдын», «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» трилогиясы үшін Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (2003), Ахмет Байтұрсынұлы атынд. халықар. (2005) сыйлықтардың лауреаты. «Парасат» орденімен марапатталған (2005). Әдебиетші академик Н. «... Алаштың екі алып азаматы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы ауылдас, аталас, ең бастысы бұлардың ұлы күрес жолындағы рухани туыстығы – қазақ тарихындағы қымбат та қасерлі беттердің бірі» деп бағалайды («Айқап» энциклопедия. – А., 1995). Оның «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты көлемді монограф. зерттеуінде Алаш қаламгерлері Шәкерім, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың өмірі мен шығарм. жөнінде арнайы тараулар берілген. Н. «Алаш қайраткерлері мұрасының қазіргі Қазақстанның мәдени-рухани дамуы мен сабақтастығы» атты ғыл.-жобаның жетекшісі. «Ақ жол» («Қазақ әдебиеті», 21.4.1989) атты еңбегіне Байтұрсынұлы туралы «Алып бәйтерек» мақаласын енгізген. Әдеби мұрасы жайында «Ұлт ұстазы», т.б. мақалалары «Ахметтану бастаулары» оқу-әдістемелік құралы (Қарағанды, 2005, телавт.) жарық көрген.

**НҮРМҰХАМЕДОВ** Дінәш (21.3.1948, Қостанай обл. Амангелді ауд. Қаралық а. – 10.6.2006, Алматы қ.) – жазушы-журналист, аудармашы. ҚазҰУ-ды (1972) бітірген. 1970 жылдан Қазақ радиосында редактор, аға редактор, бөлім меңгерушісі, бас редактор қызметтерін атқарды. Халықтар. «Азат» газетінде қызмет істеді. «Ең бақытты күн» деген әңгімелері мен повестерінің алғашқы жинағы 1982 ж. жарық көрген. Кейін

«Жаңа жылға қараған түн», «Өмір», «Жарық күн» повестер жинақтары, «Алтын арна», «Әкеден қалған аманат», «Саусақтан төгілген сәуле» деректі шығармалары бар. Н. драматургия жанрында



Д.Нұрмұхамедов

«Соңғы аялдама», «Адамның кейбір кездері», А.Байтұрсынұнов өміріне арналған «Сен ертең атыласың», т.б. пьесаларын жазды. Очерктері респ. баспасөзде жарияланған. Жекелеген әңгімелері өзбек, қарақалпақ, орыс тілдеріне аударылды. Ә.Кешоковтың «Сынған таға» эпопеясының алғашқы кітабын, поляк, украин, т.б. халықтар жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударған.

**НҮРМҰХАНБЕТҰЛЫ** Тоқтасын (1935–1994) – А.Байтұрсынұлының немере қарындасынан туған жиені. Қазақстан а.ш. ісінің үздігі. Бірнеше жыл қой өсірумен айналысатын кеңшар бөлімшелерінің басшысы болған. Ахмет ақталысымен оның туған жеріне ескерткіш қою ісін қолға алып, белгітасын жаздырады. Өзі науқасқа шалдығып, бастаған ісін аяқтауды ауыл әкімі Р.Бектұрғанов пен баласы Сапарға аманаттайды. Ескерткіш белгі Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а-нда 1992 ж. орнатылды.

**НҮРПЕЙІС** Кеңес (15.3.1935, Алматы обл. Райымбек ауд. Саты а. – 10.12.2007, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1973), проф. (1980), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР Білім беру ісінің үздігі (1995), Қазақстанның еңбек сің. ғылым және техника қайраткері (1998). ҚазМУ-ды (1957, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1958 жылдан Қазақстан ҒА-ның Тарих және этнология ин-тында еңбек етті. Көптеген ұжымдық еңбектерді, олардың қатарында акад. 5 томдық «Қазақстан тарихының» екі басылымын жазуға қатысқан. Ол республикадағы археогр. істің дамуына зор үлес қосты. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1982). 460-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 20-дан астам монография мен мектептерге арналған оқулықтың авторы. Н. 1989–2005 ж. саяси қуғын-сүргін құрбандары болған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ә.Ермеков, Т.Рысқұлов,

М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, О.Жандосов мұраларын жариялап, үлкен үлес қосты. Ол «Алаш һәм Алашорда», «Тұлғалар» атты зерттеулерінде алаштанудың қалыптасуы мен дамуына ықпал



К.Һүпнейіс

жасаған тарихи тұжырымдамалық негіздерді қалыптастырды. Сондай-ақ Н-тің «Білімге бастап ел-жұртын» («Егемен Қазақстан», 7.5.1992), «Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз, ағайын?» («Заман Қазақстан», 2.10.1998), 1928 ж. Қазақ мемл. ун-тінің ашылуына арналған жиналыста сөйлеген «Ахмет Байтұрсынұлының сөзі» («Егемен Қазақстан», 7.5.1992) мақалалары, «Ахмет Байтұрсынұлы – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері» (Алматы, 1999) атты ғыл. мақалалар жинағы, т.б. баспасөз беттерінде жарияланған.

**НҮКТЕ** « . » – 1) ойы аяқталған сөйлемдерді бір-бірінен айыратын орында; 2) мақала, кітап басының атауларынан соң; 3) қысқартқан сөздің соңынан; 4) келте-келте қысқартылып айтқан сөйлемдердің соңынан қойылатын белгі, нүкте, ұлу тыныс.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**НЫҚТАУЛЫҚ ҮСТЕУ** – басқа сөздердің мағынасын нығыздау үшін айтылатын сөздер. Мыс.: **ең жақсы, тым шабан, өте тығыз, тіпті қысқа, тап өзі, нақ сол, дәл тиді, дәп келді** т.б. Осындағы қара қаріппен жазылған сөздер **нықтаулық үстеу** болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

**НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ** Жаманқұлды (1822, Сыр бойы – 1883, қазіргі Қызылорда обл. Жала-

ғаш ауд. Аққошқар мекені) – ақын, жырау, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің жыршысы. Н. көтеріліске бастан-аяқ қатысып, көрген-білгенін жырға қосқан. «Кенесары – Наурызбай» атты көлемді дастанында көтеріліс басшыларын батырлар жыры дәстүрінде бейнелеп, заман шындығын отарлық езгіге қарсы көтерілген халық үнімен шебер киноластыра білді. Жырда Кенесарының қырғыздарға жасаған жорығы, оның қаза табуы мазмұндалған. Дастан халық арасына кең тараған, алғаш 1875 ж. С.Жантөрин мен Т.Сейдалиннің аудармасымен «Записки Оренбургского отдела императорского русского географического общества» журналында орыс әліпбиімен қазақ тілінде басылды. Шығарманы 1912 ж. Қазан қ-нда Ж.Шайхысламұлы жеке кітап етіп бастырды. 1923 ж. Ташкентте Х.Досмұхамедовтың, 1924 ж. Н.Төрешұлының алғы сөздерімен кітап болып шықты. 1996 ж. «Қазақ халық әдебиеті» атты көптомдықтың 17-кітабында жарық көрді. Н. ж-дың шығарм. жолын Х.Досмұхамедов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Т.Тебегенов, т.б. зерттеді. А.Байтұрсынұлы «23 жоқтау» (Мәскеу, 1923) атты еңбегіндегі «Кенесары – Наурызбай» жоқтау жырын Н. ж-дан жазып алған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

І.Мәдібай

**НІКІ ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, нәрсенің сол затқа тиісті екендігін көрсететін жұрнақ. Мәселен: «*кісі*» деген сөзге *нікі* жұрнағын жалғап, «*кісінікі*» дейміз, нәрсенің кісіге тиісті екендігін білдіру үшін. «*Мал*» деген сөзге «*дікі*» жұрнағын жалғап, «*малдікі*» деп, нәрсенің малға тиісті екендігін білдіреміз. «*нікі*» жұрнағы «*ның*» және «*кі*» қосымшаларынан жасалған: «*ніңкі*», «*діңкі*» орнына «*нікі*», «*дікі*» болып кеткен.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

**НІЛ** – Африкадағы және дүние жүзіндегі ең ұзын өзен. А.Байтұрсынұлы Африка құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.), оның ірі өзен-көлдеріне де тоқталған. Онда ол құрлықтың Конго, Замбези өзендерін, Виктория, Танганьика көлдерін айта отырып, дүние жүзіндегі ең ұзын Н. өз-не сипаттама берген.



**ОБ, О б ь** – Батыс Сібірдегі (Ресей) өзен. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын, өзенкөлдерін сипаттап жазғанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың ірі өзендерінің бірі – О. өз. де аталған.

**«ОБ» ТУРАЛЫ** – мақала. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 102-санында жарық көрген. Мақала «Ақжол» (А., 1991. 315–316-беттер), «Жаңа нұсқа» (А., 1996. 110–111-беттер), 6 томдық шығ. жин.-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Мақалада автор оқырманның сауалына орай ой-пікір бөліскен. Қазақ азаматтарының аты-жөндеріне сырттан телінген «-овтың» қажетсіз екенін, оның орнына «ұлы», «қызы» деп жазудың тиімді екенін сол кездің өзінде дәлелдеген. Және мұны оқырмандардың талқылауына салады. Кітаптарға енгізілген жазбадағы «Памилия – фамилия» болып өзгертілген. Бір ескеретін жайт.: «ұлы» сөзі ол тұста «оғлы не ұғлы» болып айтылған әрі жазылған.

*Р.Имаханбет*

**ОДАБАШ** Абибулла Абдурешидович (1891, Қырым, Корбек с. – 1937) – жазушы, филолог, педагог. Тимуржан және Чатыр-Тавлы деген бүркеншік есіммен жазған. Стамбұлда оқып, жоғары білім алған. Алғашқы өлеңдер мен поэмалар жинағы «Алтын ярықъ» деген атпен жарық көрген. 1917 ж. Қырымға қайтып оралып, 1920 жылға дейін «Ешиль ада» («Жасыл арал»), кейіннен «Бильги» («Білім») журналдарын шығарған. 1921–28 ж. пед. техникумда, Қырым пед. ин-тында оқытушы болған. Қырым татарлары мектептеріне арналған тіл және әдебиет оқулықтарын шығарған. 1925 жылдан Симферополь қ-нда шығып тұрған «Оқуван ишлери» журналында өзінің пед., мәдени-ағартушылық, әдебиеттануға арналған мақалаларын, өлеңдері мен әңгімелерін жариялап тұрған. 1928 ж. «Милли Фирк» ісі бойынша қамауға алынып, 10 жылға жазасын өтеуге кесілген. 1926 ж. Баку қ-нда өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезінде баяндама жасағандығы туралы А.Байтұрсынұлы өзінің «Түрікшелер құрылтайы» мақаласында сөз еткен.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

**ОДАҒАЙ** – одағайланып оңаша айтылатын сөздер. Одағай сөздер қазақ тілінде көп. Барша шапшаң болған істі көрсету үшін айтылатын, барша шабыттау үшін айтылатын, барша жекіру, ақыру, тыю, қайыру, тоқтату, басу, жұбату үшін айтылатын, барша қуаныш, реніш, уайым, қайғы, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, шошығанда, танданғанда, тамсанғанда, жан я тән күйзелгенде, киналғанда, рахаттанғанда айтылатын сөздер һәм шығатын дыбыстар *одағай* болады.

**ОДАҒАЙ АЙТЫЛУ** – оқшау, оңаша айтылу. Мәселен, *Апырым-ай, шошып кеттім ғой. Айхай! Жаным жаңа райыс тапты-ғой. Айхай! Менің өз үйім, кең сарайым!*

**ОДАҒАЙДАН ТУҒАН СӨЗДЕР** – одағайдан жасалған сөздер. Ол екі түрлі болады: 1) одағайдан көмекші етістік арқылы жасалған сөздер: *лап ету, шап ету, жалт ету, зып ету, сып ету, дік ету, күмп ету т.б.*; 2) жұрнақ арқылы жасалған сөздер: *лапылдау, шапылдау, жалтылдау, жытылдау, зыпылдау, сыпылдау, дікілдеу, дүрсілдеу, тақылдау т.б.*

*О.Жұбаева*

**ОЗҒАНБАЕВ** Әмірзақ (9.6.1941 ж.т., Маңғыстау обл. Қарақия ауд. Құрық кенті) – филос. ғыл. докт. (1993), тарих ғыл. докт. (1998). Түрікменстан (1968), Қазақстан (1977), КСРО (1989), ҚР Білім беру ісінің үздік қызметкері, ҚР Білім беру



*Ә.Озғанбаев*

ісінің құрметті қызметкері (2001), Халықар. пед., Ресей білім және жоғары мектеп академияларының акад. Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1996). Қызылорда мемл. ун-тін бітірген (1966). Маңғыстау обл-нда орта мектепте мұғалім, директордың орынбасары, ауд. оқу бөлімінің инспекторы, ауд., қалалық партия к-ттерінің бөлім меңгерушісі, обл. «Білім» қоғамының басшысы, обл. Мұғалімдер білімін жетілдіру ин-тының директоры, респ. оқу-әдістемелік орт-ның директоры, обл. білім беру басқармасының бастығы (1959–94), ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1994–95), ҚР Парламенті Сенатының депутаты, қ-т төраға-

сы (1995–99), Қазақ білім академиясының президенті (1999–2001), «Нархоз ун-ті» АҚ-ның проректоры (2002–04), «ҚазМұнайгаз барлау және өндіру» АҚ Бас директорының кеңесшісі (2004–07), Маңғыстау обл. әкімі жанындағы Ардагерлер кеңесінің төрағасы (2007–13), ҚР Ардагерлер ұйымының төрағасы (2013), Респ. «Ардагерлер ұйымының» атқарушы төрағасы (2013–16) қызметтерін атқарды. 2016 жылдан «Ардагерлер ұйымы» респ. қоғамдық бірлестігі орт-ның төрағасы. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 20 кітаптың авторы. «Құрмет» (2006), «Парасат» (2012) ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. О-тың «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905–17)» атты мақаласында А.Байтұрсынұлының «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті бетінде сол дәуірдегі ең өзекті де түйінді саяси-әлеум., мәдени-рухани мәселелердің толық қамтылғандығы жөнінде айтылған.

**ОЙЛАУ ОҢТАЙЫ** – ойлау әдістері. А.Байтұрсынұлы ойлау оңтайын екіге бөледі: 1) *айырыңқы оңтай*, 2) *жиылыңқы оңтай*. Ғалым *айырыңқы оңтайды* «іріден ұсақтату», *жиылыңқы оңтайды* «ұсақтан ірілету» деп сипаттайды. Яғни, мұндағы *айырыңқы оңтай* деп отырғаны – дедукция, *жиылыңқы оңтай* деп отырғаны – индукция. Байтұрсынұлы еңбектерінде *индукция, дедукция, анализ, синтез* сөздерінің баламасы ретінде бірнеше атау (айырыңқы, жалпылау, терме; жиылыңқы, жалқылау, талдама) қолданылғанын байқаймыз. «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ғалым: «1) кей әдістердің негізі қосу, жинау болады. Барша ол негізді әдістер *жалтылау (синтез)* немесе *жиылыңқы әдіс* деп аталады; 2) кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бәрі *жалқылау (анализ)* немесе *айырыңқы әдіс* деп аталады; 3) кей әдістердің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер *жалқылаулы-жалтылау* немесе *айырыңқы-жиылыңқы* деп аталады» деп жазады (Ана тілінің әдісі // Жаңа мектеп, 1927. – №9 (24). – 23–31-б.). Бүгінде шет тілдегі нұсқасы қолданылып жүрген *индукция, дедукция, анализ, синтез* сөздерінің баламасы ретінде Байтұрсынұлы атауларын қолдануға болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жін. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.; Ана тілінің әдісі // Жаңа мектеп, 1927. – №9 (24). – 23–31-б.

О.Жұбаева

**ОЙСЫЛБАЙ** Айсұлу Төрөкүлқызы (12.1.1965 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд. Ақайдар а.) – әдебиеттанушы, филол. ғыл. канд. (2010). Халықар. ақпараттандыру академиясының корр. мүшесі (2013). ҚазҰУ-ды (1991), М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының аспирантурасын (1994) бітірген. Ин-тты бітірген соң осы ин-тта аға ғыл. қызметкер, әдебиет теориясы және

әдебиеттану методологиясы бөлімінде аға зертханашы (1991) қызметтерін атқарған. О. «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері» атты тақырып-



А.Ойсылбай

та канд. дисс. (2010) қорғаған және монографиясы (2016) жарық көрген. Осы еңбегінде Байтұрсынұлын қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған әдебиет теоретигі ретінде жоғары бағалап, оның әдебиеттану ғылымына қосқан еңбегі мен енгізген ғыл. жаңалығын саралаған. Халықар., респ. ғыл.-теор. конференцияларға қатысып, баяндамалар жасаған. Қазіргі қазақ әдебиетінің аспектілеріне арналған 200-ден аса ғыл. мақаласы, оның ішінде 2 монографиясы ұжымдық жинақтар мен баспасөз беттерінде жарияланған.

Ғ.Егеубаева

**ОЙЫЛ УӘЛАЯТЫ** – Алашорда үкіметінің батыс бөлігіндегі әкімш.-аум. басқару органы. 1918 ж. сәуірде Жымпитыда өткен 4-Орал обл. қазақ съезінің қарарымен құрылған. Үкіметке Ж. және Х.Досмұхамедовтер, Д.Күсепқалиев, С.Омаров, І.Асанов, Ғ.Қосдәулетов мүше болды. Уәлаяттың әкімш.-аум. құзырына Жайық өзінің оңт. жақ бетіндегі және Ойыл, Тайсойған өңіріндегі 34 болыс енді. Уақытша үкімет жанында құрамында 10 адам бар арнаулы кеңес жұмыс істеді. О. у-ның жоғ. органы – уәлаят құрылтайы, халық сайлайтын басқару органы – земство управасы, мемл. органы – Кеңес, атқарушы билік аппараты – Уақытша үкімет болды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары ауылдық, болыстық және уездік земство к-ттеріне бөлінді. Сондай-ақ уәлаяттағы заңдылықты сақтау, құқықтық тәртіпті нығайту мақсатында земстволық жиналыс сайлайтын органдар – уездік соттар мен жергілікті милиция құрылды. Уәлаят бірнеше уезге бөлініп, оған Жымпиты, Ойыл, Шыңғырлау және Сағыз уездері қарады. Уәлаяттың орталығы Жымпиты к. болды. Үкімет басшылары әскер жасақтау мәселесіне ерекше мән беріп, 1918 ж. шілдеде Жымпитыда прапорщиктер, Ойылда юнкерлер мектебін ашты. Құрамын 2 мың адамға жеткізу белгіленген әскери жасақты «Халық милициясы»

деп атады. Жылына 2 рет Жымпиты, Қаратөбе, Көкжар (Ойыл), Күйіккала (Елек), Қарақамыс (Темір) жәрмеңкелерін өткізді. Доссор, Мақат мұнай кәсіпшіліктерінің жұмыстарын жандандырды. 1918 ж. күзде Жымпитыда Қазақ земство банкі ашылды. Бірақ банк айналымындағы Орал казак-орыс әскери үкіметі мен Омбы үкіметінің банкноты сауда-саттық ісін, банк операцияларын толыққанды жүргізуге, уәлаят қызметкерлеріне жалақы, әскерге айлық төлеуге жетпеді. Кейбір дерек көздеріне қарағанда, уәлаят ақшасы 1927 ж. шыққан Чучиннің Бон каталогына тіркелген. 1918 ж. 11 қыркүйекте Алашорда үкіметінің Уфадағы мәжілісінде Алаш автономиясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселе талқыланып, О. у. таратылды. Соғыс жағдайына және жол қатынасының нашарлығына байланысты Бөкей Ордасын, Каспий сырты облысын Маңғыстау уезін, Торғай облысын Ақтөбе және Ырғыз уездерін қосып басқару үшін оның орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарылды. Ол ресми түрде Алаш автономиясының Батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше деп аталды.

*М.Тәж-Мұрат*

**ОҚУ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.** А.Байтұрсынұлының оқу-ағартушылық ісі 4 бағытта жүргізілді: 1) «Айқап», «Шора» журналдары мен «Қазақ» газетінде жер, ұлт, тіл, мемл. құрылыс және тәуелсіздік жөнінде жазған мақалалары; 2) шығарм. ағарту жолы: 1909 ж. Петербургте шыққан «Қырық мысал» атты аударма жинағы, 1911 ж. Орынборда шыққан «Маса» мысалдар жинағы, 1923 ж. жазылып, жоғалып кеткен «Мәдениет тарихы» зерттеуі, 1926 ж. Мәскеуде басылған «23 жоқтау» жинағы, осы жылы Мәскеуде жарық көрген «жыршылардың айтуынан алып өңдеп өткерген» «Ер Сайын» жыры; 3) сауат ашуға арналған әліппелері, бейімдендіруге арналған оқулықтары және дағдыландыруға арналған әдістемелік баяншылары; 4) оқу-ағарту ісінің іскер де белсенді ұйымдастырушысы болуы. Әліппе, оқулық және баяншылардың 1912–28 ж. аралығында 48 рет қайталап, толықтырылып басуы – Байтұрсынұлының қазақ халқын сауаттандыру мен білімдендіруде, ағартуда қандай қызмет еткендігінің сандық қана емес, сапалық, мазмұндық көрсеткіші. Ол еңбектері «Оқу құралы», «Тіл-құрал», «Баяншы», «Әліппе», «Сауат ашқыш», «Әліп-би» және «Тіл жұмсар» деп аталады. Бұл еңбектер Орынбор, Семей, Ташкент, Қазан, Уфа, Қызылорда қ-ларында жарық көрген. «Оқу құралы» атты оқулығы балаларды дыбыс әдісі (усул сотие) негізінде сауаттандыруға арналып, 1926 жылдан бастап Т.Шонанұлымен бірге 3–4 жылдық мектептерде оқытылатын кітап болып шыға бастаған. 1912–27 ж. аралығын-

да қайталанып, толықтырылып 10 рет басылған. «Сауат ашқыш» ересектерді сауаттандыруға арналған, 2 рет (1924, 1926) басылған. Оның себебі ересектердің сауатын ашу науқанының аяқталуымен байланысты болса керек. «Әліппе астары» – «Оқу құралдарын» үйретуге арналған баяншы, қазіргі тілмен айтқанда әдістемелік нұсқау. 1920 ж. Қазанда бір рет басылған «Баяншыда» реформаланған араб әліппесін мұғалімдер оқушыларға қалай үйретуі керек екендігі баяндалады. 1928, 1929 ж. жарық көрген «Тіл жұмсарлар» – сөйлеу, оқу және жазу тілін тәжірибе жүзінде іске асыруға үйрететін, қазіргі тілмен айтқанда, практикалық сабақтарға арналған жаттығулар жинағы. «Әліп-би» – «Оқу құралы», «Сауат ашқыштардың» жалғасы іспетті. Бірақ «Әліп-бидің» өзіндік өзгешелігі бар. Ол – дыбыс негізді әдіс (усул сотие) – «төте оқу» және әріп негізді әдіс (усул медие) – «тұтас оқу» деген ұстанымдарын жакындатып, араластырып оқыту мақсатындағы еңбек. Қосымша «Жаңа құрал» деп аталуының себебі де осы. «Тіл-құрал» оқулығының жарық көруі 1914 жылдан басталады. Оқулықтардың бірінші жылдық, екінші жылдық, үшінші жылдық болып бөлінуі, қазіргіше фонетикаға, морфологияға, синтаксиске арналғандығын айғақтайды. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне арналған оқулығы (1914 ж) – ғалымның араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуын ретке келтіріп, қалыптастыруының нәтижесі. Олар 10 рет қайта басылған. Байтұрсынұлының фонетика жайындағы 1928 ж. «Жаңа мектеп» журналында жарияланған «Дыбыстарды жіктеу туралы» атты шағын мақаласында қазақ тіліндегі дыбыстарды айтылуына, жасалуына («мүшелердің қатысуы») қарай жіктеуі бұған дейінгі еңбектерінен өзгеше жаңалық болды. Дегенмен, Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі дыбыстарды жіктеу критерийлерінде зерттеп, зерделеуді қажет ететін тұстар жеткілікті. Морфологияға арналған «Тіл-құрал» кітаптары 1915–27 ж. аралығында 9 рет басылған. Синтаксиске арналған «Тіл-құрал» кітаптары 1923–28 ж. 6 рет жарық көрді. Тұжырымдай келгенде, оқулықтардың 16 жыл ішінде (1912–28) қайта басылғандарының жартысы (25 рет) қазақ лингвистикасының жоғарыда аталған салаларында «Тіл-құрал» оқулықтарының қалыпты грамматикасының мән-маңызын айқындайды. Кейіннен жазылған ғыл. грамматикалардың негізі болғандығын дәлелдей түседі. Байтұрсынұлы 1929 ж. өз қолымен жазған «Өмірбаянында»: «қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты» дейді. Бұл мақсаты кейіннен қазақ лингвистикасы мен әдебиеттануына арналған ең-

бектерінде заңды жалғасын тапты. Сауат ашу, бастауыш, орта, арнаулы орта және жоғары мектептерге арнайы оқулық жазу мен басып шығарудың белгілі бір мақсатты бағдарламамен іске асырылуы, негізінен, Байтұрсынұлының 1920–21 ж. оқу-ағарту комиссары, 1921–22 ж. Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академ. орттың төрағасы болуынан басталып, 1923 ж. Ташкенттегі «Талап» қауымының мақсаттарында жалғасын тауып, 1925–27 ж. аралығында Смағұл Сәдуақасұлының Халық ағарту комиссары қызметін атқаруымен тығыз байланысты. Ал Алашорданың халық ағарту бағдарламасындағы: 1) жалпы халыққа бірдей міндетті түрде бастауыш білім беру; 2) балалар алғашқы екі жылды ана тілінде оқуы керек; 3) оқулықтар және қазақ тіліндегі басқа да шығармалар «Қазақ» газетінде қабылданған жазу ережесін ұстануы керек деген пункттерді оқығанда, қазақ тілінде оқулықтар құрастыру жөніндегі идея мен оны іске асырудың түп тамырының қайда жатқандығын пайымдау қиын емес. Мыс., Ж.Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі», «Психология», «Жан жүйесі және өнертану», М.Жұмабаевтың «Педагогика» («Баланы тәрбие қылу құралы») (1922, 1923), М.Дулатовтың «Қирағат» кітабы (1914), «Есеп құралы» (1922, 1924), М.Тынышбаевтың «Қазақ халқының тарихынан деректер» (1925), Х.Досмұхамедовтің «Жануарлар», «Табиғаттану» (1922), «Адамның тән тірлігі» (1927), С.Кожановтың «Есеп тану құралы» (Арифметика) (1924), Қ.Кемелгеревтің «Қазақ тарихы», «Бұрынғы езілген ұлттар» (1926), Т.Шонанұлының «Қазақ тілінің оқу құралы» (орыс мектептері үшін) (1923), «Тұрмыс жүйесі ғылымының қысқа курсы» (А.Богдановтың «Курс политэкономии» кітабының аудармасы) (1924), «Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» (С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиевпен бірге) (1935), географияны оқытуға арналған мақалалар (1927, 1929), С.Сәдуақасовтың сол кездегі республика географиясын ғыл. тұрғыда сипаттаған «Қазақстан» атты топтама мақалалары (1922), «Күнбатыс пен Күншығыстың бостандық жолындағы күрестерінің тарихы» атты ғыл.-танымдық топтамасы (1923). А.Байтұрсынұлының еңбектері қазақ қауымының ғана емес, қырғыз халқының да рухани қажеттілігін өтеген. Мыс., 1924 ж. 12 маусымда Орынбор қ-нда қырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі өткен. Келесі 1925 ж. 25 мамырда қазіргі Бішкек қ-нда Қарақырғыз автоном. облның ағарту қызметкерлерінің педагогика және білім мәселелері жөнінде обл. I съезі өтеді. Осы съезде Орынбордан Байтұрсынұлы шақырылып, құрметті төралқаға сайланған. Байтұрсынұлы осы съезде қырғызша және орысша қысқартып аударып сөйлейді. Ол өз сөзінде әрбір түркі тайпасының өз тілі, өз кітабы және осы тілде өз

мектебі болуы керек екенін айтып, жиырмасыншы жылдары түркі тайпаларының жазуы жаңадан пайда болғанын, әр диалект өз алдына тіл болып бөлінгенін, осындай кезеңде әліппе мен термин мәселесі бірінші қатарда тұруы керек екенін баяндайды. Қырғыз проф. Карбоз Дыйканов Байтұрсынұлының 1910, 1912 ж. Қазан, Уфа, Орынбор қ-ларында қазақ тілін татар тілінен бөліп ажырату үшін «Қазақ әліпбиін» 3 рет оқулық етіп шығарғанын, қырғыздар бұл кітаптарды 1924 жылға дейін оқып пайдаланғанын баяндайды. Тағы бір қызықты дерек 1923 ж. Байтұрсынұлының мерейтойына арнап жазған мақаласында Т.Шонанұлы ғалым 1921 ж. қазақ тілінде аударма оқулықтар шығару және жазу жөніндегі комиссияның төрағасы болып сайланып, әдебиет теориясын жазу М.Жұмабаевқа тапсырылды дегенді айтады. Әйтсе де әдебиет теориясына арналған «Әдебиет танытқышты» Байтұрсынұлының өзі 1926 ж. жазып, Ташкентте жарық көргені белгілі. Бұл еңбек – Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануы терминдерін жасап қалыптастырушы ғана емес, қазақ әдебиеттануының негізін салушы екендігінің айғағы.

Әдеб.: Дыйканов К. Кыргыз тили жана Акмат Байтурсунов // «Ана тілі» газеті, 1998 жыл, 24 қыркүйек; Алашорда. Сборник документов (құрастырушы Н.Мартынченко). – А.: Айқап, 1992.

*Ш.Шарпанұлы, М.Әбілжанқызы*  
**«ОҚУҒА ШАҚЫРУ»** – «Маса» жинағындағы өлең. 4 шумақ (16 тармақ). «Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап! Жуынып, киініңдер шапшанырақ! ... Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да, Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да. Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп, Баралы аралар да ұшып балға». Өлең Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен рухтас, үндес екені бірден байқалады. Егер Алтынсарин: «Кел, балалар, оқылық, Бір Құдайға сиынып» десе, Байтұрсынұлы: «Аллалап, ал кітапты қолдарыңа! Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған» деп, жас ұрпақты ерінбей еңбектенуге, білім нәрімен сусындауға үндейді.

*С.Ғұсманқызы*  
**«ОҚУ ЖАЙЫ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 11-санында жарық көрген. Мақала «Ақжол» (А., 1991. 226–228-беттер), «Тіл тағлымы» (А., 1992. 428–430-беттер), «Қазақ прозасы» (465–467-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Қаламгердің бұл жазбасында оқу-ағарту мәселесі жөнінде сөз болып, Қостанай мен Торғай облыстары халқының саны, оқушылары, мектептері жайында мәліметтер берілген. Алдыңғы үш жинақтағы сөздер бүгінгі емлеге сай өзгертілген. Өзге тілден «институт», «университет» секілді халықар. атау сөздер кездеседі.

*Р.Имаханбет*



«ОҚУ ҚҰРАЛЫ» – А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонанұлының еңбегі. Бұл еңбек Қазақстан Оқу комиссиясы мен Ғылым ордасының (қазіргі Ғылым академиясының) нұсқауымен тізіліп, бастауыш мектептің 3–4-сыныптарына арналған. Оқулық материалдарының дені – екі автордың өздері жазған шағын әңгіме-мағлұматтар, бірқатары Т.Аксаков, А.М.Никольский, Л.Н.Толстой, Ушинский, А.П.Чехов, Н.М.Покровский, Тимирязев, Рубакин, Вивсгор Гюго, Короленколардан аударылған мақала-әңгімелер (бұлардың бірқатарын аударған – Қыр баласы, яғни Ә.Бөкейхан. Бірді-екілі материалдар, мысалы, «Тундра», «Арқаның жарқылы», «Живой родник» сияқты сол кездегі орыс тілінде көпшілікке арналып шығып тұрған журналдардан алынған). Бірақ сан жағынан мұндай аударма материалдар көп емес. 229 мақаланың 20-дан асар-аспасы ғана. «Оқу құралының» және бір ұтымды ерекшелігі – адам, табиғат, қоғам, тарих туралы прозамен берілген әңгімелердің ара-арасында өлең мәтіндері араласып отырған. Мыс., жыл мезгілдері сөз болған тұста Абайдың «Қыс», «Күз», «Жазғытұры», табиғат көріністерін суреттеген жерлерде Ыбырайдың «Өзен», Міржақыптың «Жұт», С.Сейфуллиннің «Жазғы дала», Б.Майлиннің «Жазғы кеш» сияқты өлеңдері келтірілген. Ал бұлардан да жиірек берілгендер – А.Байтұрсынұлының өзінің өлеңдері, бірақ прозамен берілген материалдардың да, өлеңдерінің де авторын қоймаған. Сондай-ақ әңгімелердің қайсысын кім (Байтұрсынұлы өзі ме, әлде Т.Шонанұлы ма) жазғаны да көрсетілмеген, оны «Дәйектеме» деп ұсынған алғы сөзде, «жазушылар (яғни авторлар дегені) мақалаларын тіке өз беттерімен жазып, соңына екеуі бір қосқан» деп ескертеді. Екеуінің авторлықтары айырып көрсетілмесе де, барлық материал баяндау стилі, көлемдік мөлшері, терминдерді қолдану жағынан біртекті болып шыққан. «Оқу құралы», авторлардың түсіндіруінше, екі бөлімнен тұрады: 1) әдебиет және тұрмыс пен еңбекке қатысты; 2) ғылымға, ғыл. танымдарға қатысты материалдар. Кітапта қазақ халқының тарихын баяндайтын әңгіме-мақалалардың келтелеу болғанын ескертеді, өйткені «жіктеп жазуға бұл күнге дейін ана тілімізде жазылған тарих жоқ» дейді. «Оқу құралының» өн бойындағы тақырып аттары мен оларды жүйелеп орналастыруда авторлар үлкен шеберлік көрсеткен: алғашқы әңгімелердің тілі қарапайымдау, яғни ауыл баласының білім дәрежесін ескеріп жазылған, мәтіндер қысқа, бірер беттен аспайды, яғни бір сабақта оқып үйренетін материал мөлшері көзделген. Еңбекте 10–12 жастағы мектеп балалары үшін табиғат құбылыстары: жыл мезгілдері, олардың адам тіршілігіне қатысты жай-жағдайлары («Қазақ даласы», «Дала бораны», «Күз», т.б.) әңгіме

етіледі және тек қазақ тұрмысына, танымына жанасты көріністер ғана емес, Тундра, Арқалық (Солтүстік) мұз мұхиты, «Арқаның жарқылы» (орысша «Северное сияние») сияқты қазақ табиғатында жоқ құбылыстармен де таныстырылады. I бөлімнің бір үлкен тарауы жан-жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне арналған. Тараудың бір тармағында қазақ ақын-жырауларының өлең-жырлары, би-шешендерінің сөздері келтірілген. Мыс., «Қаракесек Тіленші би», «Бекболат би мен Абылай ханның түйісуі», «Қобыланды батыр» жырынан үзінді, «Сіргелі Елшібек батыр», «Кенесары қоныстан ауғанда Досқожа ақынның айтқаны», «Керей Қожаберді жыраудың Абылайға айтқаны» сияқты поэтик. дүниелерді беруді авторлар өте қажет деп тапқан. Бұлар, бір жағынан, қазақ халқының тарихынан хабар берсе, екінші жағынан, қазақ тілінің әсемдігін, эстетик. күдіретін көрсететін материалдар болып шыққан. Кітаптың II бөлімі «Ғылым» деп аталғандықтан, балалар мұнда ботаника, зоология, астрономия, геология, ішінара химия ғылымдарымен «ауызданады»: ең алғашқы ғыл. мағлұматтармен танысады. Егер еңбектің I бөлімінде аң-құстар, ағаш-шөптер, табиғат нысандары туралы мәліметтер, олардың адам тіршілігіндегі орны, мәні, пайда-зияны сияқты тұрғыдан берілсе, «Ғылым» атты II бөлімде бұлар енді өзге ғылым-таным қырынан баяндалады. Мыс., өсімдіктің жер жүзіне таралуы, желдің, шыбын-шіркейлердің қызметтері, өсімдіктің оттегін шығарудағы ролі айтылады. Химияның оттегі, көміртегі, газ деген терминдері кездеседі. Бұл терминдер Х.Досмұхамедов шығармаларында да қолданылған. Демек, 20 ғ-дың 20-жылдарының басында-ақ бірқатар химия терминдері қалыптаса бастаған. Авторлардың педагогика, психология, этнография салаларына қатысты білімдерін танып білу бүгінгі ғылым үшін аса маңызды ізденістер болары сөзсіз. Жазба дүниенің жанры сөз болған соң, сол жанрдың функционалдық стилі де назарда тұратыны түсінікті. Демек, «Оқу құралы» сияқты тұңғыш танымдық-ғыл. еңбектің тілін талдау арқылы оның стильдік белгілерін анықтау, қазіргі оқулықтардан айырмашылықтарын және бұл стильдің баяндау мәнерін, сөз қолданысын, жаңа сөздерді және терминдерді жасаудағы амал-тәсілдерін өз алдына жеке зерттеу қажет. Бұл құралда ғылымның әр саласынан алғашқы мағлұматтар беретіндіктен, сол салаларға қатысты әр алуан жай атаулар мен терминдер біраз қолданылған. Көбінесе орыс сөздері, шеттілдік сөздер мұнда едәуір кездеседі. Бұл күнде кейбір зерттеушілер, әсіресе терминология мәселелерін сөз етушілер, Байтұрсынұлы, Досмұхамедов шеттілдік сөздерді қолданбау бағытын ұстанған, терминдер мен білім-ғылымдық ұғым атауларын қазақ тілінің өз сөздерімен беру-

ге ұмтылған дегенді баса айтып жүр. Бұл пікір Байтұрсынұлының бастауыш мектептің 1, 2-сыныптарына арналған ана тілі оқулықтары мен қазақ әдебиетіне арналған еңбектерінің тіліне қарап тұрқырымдалған деуге болады.

*Р.Сыздық*

**«ОҚУ ҚҰРАЛЫ. ҚАЗАҚ АЛИФБА»** – кітап. А.Байтұрсынұлының 1914 ж. Орынборда жарық көрген кітабының К.Дыйқановтың қаражатымен қырғыз тілінде шыққан басылымы. Бішкек, «Периодика» баспасынан 1991 ж. шыққан. Көл. 97 бет. Таралымы 5000 дана. Кітап мазмұны еш өзгертілместен, аздап баспа табақ көлемі кішірейтіліп шығарылған. Құрастырушы оқырмандардың түсініп оқуын жеңілдету үшін, арабшаның тұсына орыс таңбасымен қырғыз тіліне тәржімалаған.

**«ОҚУ ҚҰРАЛЫ. ҚАЗАҚША АЛИФБА»** – кітап. 1912 ж. Орынбор қ-нда жарық көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибрат тақпағын оқулықтың беташары ретінде берген. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі: «Биисмиллаһи рахмани-рахим» орналас-тырылған. Әрі қарай қазақ әріптері төте жазу жолымен рет-ретімен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады. Және төменгі жағына оқытушыға түсінік, яғни нұсқаулығы қатар ұсынылады. Сонымен қатар, соңына қазіргідей шұбыртпалы ұзыннан-ұзын мәтіндер емес, қысқа әрі нұсқа оқушының ұғымына сай, түсінігіне лайық мыс.: Туысқан-туған атаулары, тұрмысқа қажетті киім, үй сай-мандары, ыдыс-аяқ, мал мен хайуандар атаулары және ас-тағамдармен қатар, дене мүшелерінің атаулары т.б. қамтылады. Оқу құралының екінші кітабы алғашқы әліппеге жалғасты ретінде толықтырылып, 913 ж. шықса, «Әліппе астары» атты әліппеге жетекші құралы 1924 ж. жарық көрген. Оқулықтардың бала сауаттандырудағы қажеттілікті өтеудегі зор қызметіне, оның 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925 ж. жиі басылым көруі айғақ. Кітап ғалымның аяулы есімі ақталғаннан кейін бірінші рет бүгінгі әріпке түсіріліп, ҚР БҒМ ҒК ҰҒА Тіл білімі ин-тының дайындауымен 1992 ж. жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинаққа (А., 1992) енді. Сондай-ақ, Қырғыз республикасының филолог-ғалымы Дыйқанов Карбоз өз қаражатымен осы кітаптың 1914 жылғы басылымын 1991 ж. 5000 данамен қайтадан бастырды. Кітап қаз-қалпында, яғни төте жазумен жарияланды. Ал кітаптың әр жылдары жарық көрген барлық нұсқаларын тауып, салыстыру мүмкіншілігі болмады. Ұлттық кітапхананың сирек қорында бұл 1912 жылғы кітаптың қандай да данасы сақталмаған. Бұл оқулық тек Тіл білімі ин-тының мұрағатында ғана сақталса керек.

*Р.Имаханбет*

**«ОҚЫТУ ЖАЙЫНАН»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 7 қыркүйектегі 29-санында жарық көрген. «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автордың бұл мақаласын жазуға газет оқырманы Таһир Жомартбаевтың: «Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар дайар ма?» деген сауалы түрткі болған. Бұл сауалға орай мақалада қазақша оқытудың толып жатқан мәселелерін қозғай отырып автор: «...қазақ мектебінде оқытатын қазақ тілінде әліппелерден басқа кітап жоқ. Бірақ олардың бәрі де болады. Қазақ мектебінде оқу үш жылдық болуы қолайлы. Сол үш жылға керек кітаптар шығуына талап етіп жатырған адамдар бар. Олар шыққанша мұғалімдер де өз тарапындағы кемшілік жерлерін толтыруға қам қыларға керек» деген ойын айтады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.*

**ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.** А.Байтұрсынұлы 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920–21 ж. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары, 1922 ж. Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Акад. орт-тың мүшесі, 1922–25 ж. Халық ағарту комиссариаты Ғыл.-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы қызметтерін атқарды. Байтұрсынұлы осындай түрлі мемл. қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеді. 1921–25 ж. Орынбордағы, 1926–28 ж. Ташкенттегі Қазақ халық ағарту ин-ттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 ж. Алматыда ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰПУ) ашылуына байланысты проф. қызметіне ауысты. Байтұрсынұлының осы қызметтері Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатованың жеке мұрағатынан алынған Ә.Бөкейхан және Байтұрсынұлының өзара жазған хаттарында (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 6-т.) көрініс тапқан. 1925 ж. Бөкейханға жазған хатында ол астананың Қызылордаға көшуіне орай қоныс аудармақ ниетін, бірақ әзірге Орынбор Қазақ-қырғыз ин-тында жұмысын жалғастыратынын, сондай-ақ Бішкек қ-нда өткен қазақ мұғалімдерінің съезіне қатысқанын, Акад. орт-тың күнделікті жұмыстарына қатысты ойларын жеткізді. 1929 ж. 29 маусымда Алматыда тұтқындалып, 5 шілдеде проф. қызметінен босатылды.

**«ОЛАҚТЫҚ ПА, САЛАҚТЫҚ ПА?»** – танымдық мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013)

## ОЛКОТТ

қайта басылған. Мақалада автор жерді игеру, егін егу жайында сөз қозғайды. Сонымен қатар мал баққан қазақтың үй-жай тазалығына көңіл бөле бермейтіндігін: «Қазақ малдың төлін кішкене ғана үй салып, бөлек қамауға ерініп, өзі отырған үйіне төлін – қотыр өгізше, қашарын бірге қамап, үйінің жартысын қора қылып, былықтырып жібереді» деп тілге тиек етеді. Соңына бұрынғы жарық көрген жерін «Ауыл» деп көрсеткен.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ногай*

**ОЛКОТТ** Брилл Марта (1949 ж.т., АҚШ) – америкалық тарихшы, саясаттанушы. Чикаго ун-тін (АҚШ) бітірген. 1974–2002 ж. Колгейт ун-тінде қызмет атқарды. 5 жылға жуық Орта Азиядағы Америка даму қорының директоры, АҚШ Мемлекет департаментінің Орта Азия және Қазақстан бойынша кеңесшісі болды, «Бұрынғы КСРО елдеріндегі саяси және этникалық қарым-қатынастар» жобасы бойынша жұмыс істейтін Карнеги-Мәскеу орт. директорларының бірі. Негізінен Орта Азия және Кавказдың дамуы, сондай-ақ Каспий аймағындағы қауіпсіздік мәселелерін қарастырды. Кейінгі жылдары Кеңес Одағы құрамында болған республикалар мен Ресейдегі этностық қарым-қатынастарды зерттеумен айналысты. 1975 ж. Қазақстанға ғыл. сапармен келді. Қазақстан тарихы жөнінде бірнеше монограф. зерттеулер мен көптеген мақалалар жазды. Ол «Қазақтар» (Гувейр ин-ты, 1987, 1995) еңбегінде 15 ғ-дан бастап 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына дейінгі Қазақстан тарихын бағыстың дәстүрлі ортаазиятану көзқарасымен ұлттық қайшылықтарға, әсіресе, орыс-қазақ қайшылықтарына баса назар аударып отырып жазса, «Орталық Азиядағы жаңа мемлекеттер» (Вашингтон, 1996) кітабында Қазақстанның қазіргі саяси даму тарихын қарастырды. Тегерандағы халықар. конференцияда (1992) Қазақстанның геосаяси позициясы, Гарвард ун-тіндегі конференцияда (1993) Қазақстанның Тұңғыш Президенті жайында «Нұрсұлтан Назарбаев» атты ғыл. баяндамалар жасады. О. Алаш қайраткерлерінің идеясын озық ойлы, алдыңғы қатарлы прогрессивті деп баға берді. А.Байтұрсынұлының жетекшілігімен 1913–18 ж. Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетін дүниежүз. деңгейдегі басылым дей отырып, «өз ана тілін білмеген қазақтың ешқашан мәдениетті бола алмайтындығын» баса айтты. «Қазақ халқының толық орыстанып кетуіне жол ашпау керек, прогреске жету үшін орыс болудың қажеті жоқ, бұл жолда Байтұрсынұлы және тағы басқалар ұлттық қозғалыстың үлгісіне «қазақылық» теорияны басшылыққа алды» деді.

*Ғ.Егеубаева*

**ОЛЬДЕНБУРГ** Сергей Федорович (26.9.1863, қазіргі Чита обл. Нерчинск ауд. Бянкино с. – 28.2.1934, Санкт-Петербург қ.) – кеңес шығыс зерттеушісі, орыс индология мектебінің негізін салушылардың бірі. Петербург ҒА-ның (1900, кейін КСРО ҒА) акад., 1904–29 ж. хатшысы. Петербург ун-тін (1885, қазіргі Санкт-Петербург мемл. ун-ті) бітірген. 1889 жылдан сонда ұстаздық етті (1894 жылдан проф.). 1917 ж. Уақытша үкіметтің ағарту министрі, 1930–34 ж. КСРО ҒА Шығыстану ин-тының директоры болды. О. Үндістанның көне және орта ғасырлық діні мен мәдениетінің, будда өнері мен жазба ескерткіштерінің тарихы, Шығыс елдері мен Ресей және Батыс Еуропа халықтарының фольклоры, этнографиясы, өнері туралы еңбектердің авторы. Ол 1909–10, 1914–15 ж. Шығыс Түркістанға жасалған экспед-ларды басқарды. Көне үнді қолжазбаларының сырын ашып талдады. Орт. Азия мен Тибетке жасалған ғыл. экспед-ларды ұйымдастырды. 1897 жылдан «Bibliotheca buddhica» («Будда жинағының текстері») халықар. сериясына жетекшілік етті. 1926 жылғы 26 ақпан – 5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың I-съезіне делегат болып қатысқан.

**ОМАРБЕКОВ** Талас (29.5.1948 ж.т., Жамбыл обл. Байзақ ауд. Ақжар а.) – тарих ғыл. докт. (1994), проф. (1995). ҚР Әлеум. ғылымдар академиясының акад. (1997). ҚазҰПУ-ды (1971)



*Т.Омарбеков*

бітірген. ҚазҰПУ-да аспирант, оқытушы, аға оқытушы, доцент (1977–89), Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы ин-тында аға ғыл. қызметкер (1989–91), ҚазҰУ-да доцент (1991–95), Қазақ көлік және коммуникациялар академиясында (1995–96), ҚазҰУ-дың мамандар біліктілігін арттыру ин-тында (1996–2000) қызметтер атқарды. 2001 жылдан осы ун-тте кафедра меңгерушісі. 200-ден астам ғыл. еңбектің, 7 монография мен бірнеше кітаптардың авторы. ҚР БҒМ-ның «Құрмет» грамотасымен екі рет марапатталды. О. Қазақстанда сталиндік тоталитарлық жүйенің орнығу тарихы мен оның салдарын зерт-

теген алғашқы отандық тарихшылардың бірі болды. 20 ғ-дың 20–30-жылдары Қазақстанда байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру саясатының зардаптарын ашып көрсетіп, сол тарихи кезеңде орын алған халық наразылықтарына жаңа тарихи көзқарас қалыптастырды. Солардың ішінде «20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» (1997), «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» (2001), «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» (2004) секілді танымал еңбектері бар. А.Байтұрсынұлы, Т.Рысқұлов және т.б. зиялылардың қазақ ұлтының болашағы жолындағы күресі туралы «Қателескен Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма?» («Егемен Қазақстан», 26.11.1991), 1928–30 жылдардағы алашордашыларға қарсы күрестің күшейгені жайында «Голошekin тұсындағы Алаш қайраткерлерінің тағдыры» («Ақиқат», 1995, №12), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарияланған.

**ОМАРОВ** Елдес (1.3.1892, бұрынғы Торғай обл. Қостанай уезі, Дамбар болысы, №2 а. – 2.12.1937) – қоғам қайраткері, педагог, публицист. Қостанай қ-ндағы 2 сыныптық орыс-қазақ уч-шесін (1907), Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін (1911) бітірген. Қостанай орыс-қазақ



*Е.Омаров*

уч-шесін бітірген соң Дубай а-нда мұғалім болып жұмыс істеді. 1917 ж. ақпан айына дейін жергілікті соттың кеңсесінде қызмет етті. Сол жылы Минск қ-ндағы Земство одағының хатшысы болды және оқулық дайындау комиссиясының мүшесі етіп тағайындалды. Азамат соғысы жылдары Қостанай уезі бойынша Алашорданың комиссары және Қостанайдағы бөлімшесінің төрағасы қызметін атқарды. 1917 ж. Орынбор қ-нда өткен 2-жалпықазақ-қырғыз құрылтайында Қазақстанда ұлттық автономия — Алашорда өкіметін құру туралы шешім қабылданған. Бұл бастаманың басында Алаш партиясының мүшелері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған азаматтар тұрды. Осы бағдарламаның авторларының бірі замандастары жан-жақты білімі, таланты үшін қазақтың Ломоносовы деп атаған белгілі О. болды. 1920–22 ж.

Орынборда халық ағарту комиссариатында нұсқаушы, кеңестік партия мектебінде оқытушы болды. Осы кезеңде ол көптеген ғыл. мақалалар жазды. 1922–26 ж. Қазақ халық ағарту комиссариатының академ. орт-нда қызметкер, Қырғыз (қазақ) халыққа білім беру ин-тында (КИНО) оқытушы болып, саяси-әлеум., оқу-ағарту және тіл білімі мәселелеріне арнап көптеген мақалалар жазды. Қазақ тілінде физика, геометрия оқулықтарын жазып, матем. терминдерді қалыптастыруға зор үлес қосты. 1926–29 ж. саяси қуғынға ұшыраған О. Ташкентте пед. ин-тта, Орта Азия мемл. ун-тінің шығыс ф-тінде оқытушы болып істеді. Бұл кезеңде ол қазақ мектептеріне арналған геометрия оқулығының 2-кітабын жазып, Цингирдің физика оқулығын қазақшаға аударды. 1929 жылдың соңында тұтқындалып, 1930 ж. сәуірде ату жазасына кесілді, кейіннен 10 жылға Архангельскіге жер аударылды. 1933 ж. ақталып шықты. 1934–35 ж. Қазақ мемл. мед. ин-тында қазақ тілінен сабақ берді, ин-т студенттеріне арнап қазақ тілі оқулығын жазды. 1935–37 ж. ҚазҰУ-да қазақ тілі кафедрасының доценті болып қызмет істеді. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі грамматикасын және геометрия есептері оқулығын жазды. «Упражнения по синтаксису» («Синтаксис жаттығулары»), «О сочетании звуков казахского языка» («Қазақ тіліндегі дыбыс үндестігі»), «Новые правила о казахском шрифте» («Қазақ қаріптерінің жаңа ережелері»), «Ученая деятельность Ахмета Байтурсынова» («Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми еңбектері») т.б. ғыл. еңбектері бар. Алғашқы қазақ мектептеріне арналған оқулықтарды А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедовтермен бірге О. та («Алашорданың» кезіндегі идеол. бағыт-бағдары бойынша) жазды. Сонымен қатар Байтұрсынұлының жасаған ескі араб әліпбиін жақтады. Саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

*Б.Байғалиев*

**ОМАРОВ** Қалила Нематұлы (4.5.1957 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті) – кинорежиссер-оператор. Қазақстан Кинематографистер одағының мүшесі (1992). Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2009). Санкт-Петербург мәдени-ағарту уч-шесін бітірген. «Қазақтелефильм» студиясында реж. (1987–98), «Алатау» ұлттық телеарнасында бас реж., кейіннен ҚР Президенті «Телерадио-кешенінің» реж. (1998–99), «Хабар» агенттігінде дубляж реж. (1999–2003), Ш.Айманов атынд. «Қазақфильм» киностудиясында реж. (2006–10) болып жұмыс істеген. «Атамекен» (1990), «Мағжан Жұмабаев» (1990), «Нәубет» (1992), «Міржақыптың оралуы» (1993), «Мұхаммед Хайдар Дулати» (2007), «Қазақтың Бауыржаны» (2010), «Темірбек Жүргенов» (2013), «Хан Кенесары» (2015), т.б. де-

## ОМАРОВ

ректі фильмдерді түсірген. 1986 ж. респ. «Театр көктемі» фестивалінде бас жүлдені жеңіп алған. Ә.Мәжитовтің «Бір үзім нан» спектаклінің О. актер ретінде Иван Хлебниковтың рөлін сом-



Қ.Омаров

даған. Оның күйші-сазгер Құрманғазы туралы түсірген «Кісен ашқан» қысқаметражды фильмі 1982 ж. «Ақ түндер-82» кинофестивалінде бас бәйгеге ие болған. Қазақстан Жастар одағы (1992) және Жамбыл атынд. халықар. (1996) сыйлықтардың лауреаты. ҚР ПМ Ішкі әскерлерінің 2-дәрежелі «Қайсар» орденімен (1997), «Бауыржан Момышұлы» Құрмет белгісімен марапатталған. О-тың А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев секілді Алаш қайраткерлері жайында түсірген «Алаш туралы сөз» (1994), «Алашорда» (2009), т.б. фильмдері бар.

**ОМАРОВ** Салық (т.ж.б., Орал обл. Жымпиты уезі, Өлеңті болысы, Жетікөл ауд. – 1941, Челябинск) – Батыс Алашорда қайраткері. Қазақ халқының атақты биі, бағыры, қоғам қайраткері Сырым Датұлының шөбересі, батырлығына қоса шешен болып, ел ішінде «қанатты қазы» атанған полк. Қазы Сырымұлының немересі. Өз әкесі Омар да сөз ұстаған, ел ішінде ықпалды адам болған. Жырау Мұрат Мөңкеұлының 1906 ж. Қазанда жарық көрген «Ғұмар Қазыұғылына айтқаны» деп аталатын жырында оның көсемдік, адамгершілік қасиеттері байыпталды. О. көп жыл бойы Өлеңті болысының управителі болып сайланды. 1912 ж. сауда-кәсіпкерлік қызметпен айналысты. 1917 ж. сәуірде өткен I Орал обл. қазақ съезіне шақырылған О. Жайық сырты қазақтарының обл. к-тіне мүше болып сайланды. 1917 ж. жазда Жымпиты уездік атқару к-тінің жаңа аум. межелеу саясатына қарсы шығып, бұрынғы а.-болыстық, аум. бөліністі сақтап қалуды жақтады. 1917 ж. жазда земстволық съезді шақыруға байланысты құрылған Жымпиты уездік ұйымдастыру к-ті құрамына кірді. 1918 ж. ақпанда Қаратөбеде өткен 3-Орал обл. қазақ съезінде Жайық сырты қазақтарының бөлек облыс болу ниетін қызу қолдап, осыған орай елге түсетін салық ауыртпалығын жұмыла көтеруді жақтады.

1918 ж. сәуірде Орал обл. қазақ земство басқармасы мен казактардың Войско үкіметі арасында қол қойылған одақтық келісімшартты қолдап, оны сол жылғы мамырда Жымпитыда өткен 4-Орал обл. қазақ съезінде бекітуге белсене қатысты. Сол съезде Жайық сырты қазақтарының жоғары билік органы – «Ойыл уәлаяты» (обл.) Уақытша үкіметіне мүше болып сайланды, жаңа үкімет құрамында жер пайдалану мәселесіне жауап берді, уәлаят аумағында Уақытша үкіметтің 1917 жылғы 3 сәуірдегі өкімімен бекітілген уақытша жер пайдалану тәртібінің орындалуын, яғни Құрылтай жиналысына дейін жергілікті халықтан қазына есебіне жаңадан жер алынбауын, жұт жылдары бұрынғы переселендерден қалған учаскелердің, сондай-ақ, бос жатқан мал жайылымдарының күнкөрісі қиындаған ауылдарға тегін берілуін қадағалады. О. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы секілді қайраткерлер құрған Алаш үкіметінің милициясына 200 ат берген. Батыс Алашорда таратылғаннан кейін, Орал губ. төтенше комиссариаты тарапынан ұсталып, концлагерьге қамалды. 1920 ж. 18 сәуірде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жөнінде үкім шығарылды. О-тың Қазәсревкомға жазған арызынан кейін қайраткерлер Ә.Әйтиев, С.Арғыншиевтің араласуымен үкім күшін жойды. Одан әрі О. елде шаруашылықпен айналысты. Күштеп тәркілеудің құрығынан құтыла алмай, «жартылай феодал» атанып, бай ретінде де, Алаш қозғалысына белсене қатысушы ретінде де мал-мүлкі тартып алынып, үй ішімен Жетісу окр-не жер аударылды. Шамамен 1937–38 ж. Жетісудан Челябинскіге 10 жылға жер аударылып, 1941 ж. сонда қайтыс болған.

**ОМАШЕВ** Намазалы (19.1.1950 ж.т., Жамбыл обл. Меркі ауд. Ойтал а.) – филол. ғыл. докт. (1993), проф. (1994). ҚР Білім беру ісінің құрмет-



Н.Омашев

ті қызметкері (2010), ҚР Жоғары мектебі ҒА-ның (2003), Қазақстан журналистика академиясының (2002) акад., Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2004). ҚазҰУ-дың журналистика ф-тін (1974) бітірген. Қазақ радиосында редактор, аға редак-

тор (1974–77), ҚазҰУ-да оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, проф., декан, проректор (1977–2008) қызметтерін атқарды. 2009 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде журналистика мәселелерін зерттеу ин-тының директоры, декан, кафедра меңгерушісі. О. – қазақ радиожурналистика ғылымының негізін қалаған, ғыл. мектебін қалыптастырған ғалым. 300-ден астам ғыл.-публицист. жарияланымның, оның ішінде 13 монография, 3 оқулық, 9 оқу құралы, 9 ғыл.-публицист. еңбектер мен очерктер жинағының авторы. «Алтын самұрық» (2002), «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2003), төсбелгілерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. ҚР Президенті (2007), Қазақстан Журналистер одағы сыйлықтарының (1989, 2000, 2006) лауреаты. ЖОО-ның үздік оқытушысы (2009). О-тің жетекшілігімен 2007–09 ж. ҚР БҒМ жариялаған «Ұлттық идея – Қазақстанның тұрақты даму негізі» атты бағдарлама аясында «Ұлттық идея қайнар көзі – Алаш публицистері мұраларын жинастыру, жүйелеу, талдау және жариялау» деген тақырыпта ғыл.-зерт. жұмыстары жүргізілді. Оның Қазақ Республикасында алғашқы радио жұмысының жандануы және оған А.Байтұрсынұлының қосқан үлесі жайында «Ақандар ашқан арна» («Жас алаш», 20.5.1992), «Алаш көсемсөзі. Тың зерттеулердің бастауы» (10.11.2011), «Алаш көсемсөзін зерттеудің өзектілігі», т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарияланған.

**ОМБЫ** – қала, Ресей Федерациясы Омбы облысының орт. Ом өз-нің Ертіске құятын жеріндегі порт, т. ж. желілері мен автожолдардың торабы. «1782 жылы Ұлы ханды қазақ хан көтерсе де, бекітуін орыс патшасы бекітеді және өзіне қараған қазақтар Омбы, Семей дуандарының аралығындағы бос жерлерде көшіп жүруге рұқсат берілген» дей отырып, А.Байтұрсынұлы Орта жүздің орысқа тәуелді екенін айтады. Байтұрсынұлының «Закон жобасының баяндамасындағы» «Тарихи справка» бөлімінде (6 томдық шығ. жин., 4-т.) «Ресейдің Сібір өлкесі 1822 ж. 22-июньде губернияларға, облыстарға бөлінді. Сонда бір облысы Омбы деп аталды. Омбы облысына қараған жерге Орта жүздің қазағының біраз жері кіреді. Басқа қазақтардан айыру үшін Омбы облысына қараған қазақтар «Сібір қазақтары» делінген. О. обл. сол жылдары төрт округке бөлінген, олар: Омский, Семипалатинский, Петропавловский, Усткаменогорский округтері деп аталды». Байтұрсынұлы «Орыс мейрманшылығы» (1913 ж.) мақаласында (5-том) «Омскі бізге жазады, биыл ондағы орта дәрежедегі селіскозид-айыстуенный ышқолаға Мұхтар Саматов деген қазақ баласы келді. Ол Семейдегі 4 класты городской ышқолды бітіріп, Омбыға тілеген ышқолаға кіруін кірсе де, «өз күшінмен окисын»

деп қазынадан орын бермепті» деп, баланың әке-шешесінің оқуға ақшасы жок, өте кедей болғанын ақшаға деген мұқтаждықтың зарын шегіп жүргенін, оған газет арқылы бір жылдық болса да оқуына жетерлікті қажет ақша жинауды ұйғарғанын жазады. Байтұрсынұлы оқу мен қызметінің біраз бөлігін осы О. қ-нда өткізген.

*Қ.Ахметов*

**«ОМБЫНЫҢ АЛАШ ДӘПТЕРІ»** – өлең-жырлар жинағы. Құрастырған – Д.Қамзабекұлы. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат қ-тінің «Әдебиеттік әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару бағдарламасы» аясында «Алаш мұрасы» сериясы бойынша «Жазушы» баспасынан 2013 ж. басылып шыққан. Көл. 368 бет. Таралымы 2000 дана. Алаш мұрасына тыйым салынған жылдары көрнекті ақындар өлеңі ел арасында қолжазба дәптерлер арқылы тараған. Жинаққа кірген мұралардың хронол. ауқымы 20 ғ-дың 20–30-жылдарын қамтиды. Сонымен бірге бұған репрессияға ұшыраған Алаш қозғалысына тілектес азаматтардың тоталитарлық жүйе қыспағы тұсында жазған жырлары енген. Жинақ Қамзабекұлының «Кітапқа бергісіз дәптер» атты кіріспе мақаласымен (3–12-беттер) ашылып, үш дәптерге бөлінген. «Бірінші дәптерде» ақындардың өлең-жырлары, «екінші дәптерде» Мәшһүр Жүсіп, Шәкерім қажы, Н.Орманбетов, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев өлеңдерінің топтамасы, «үшінші дәптерде» С.Ғылманидың өлең-жырлары берілген. Сонымен бірге кітапты айшықтайтын 34 жапсырма сурет көрсетілген. Осы жинақтың «Бірінші дәптерінде» Ахметтің «Қасқыр мен қозы» (27-бет), «Иа, Құдайым, аққа жақ» (32-бет, қазіргі жинақтарында «Тілек батам» деп берілген), «Жанға көңілім қалып тұр» (34-бет), «Абақтыдан» (35-б.), «Інім» (36-бет) және «Екінші дәптерде» «Аққу, шортан һәм шаян», «Қайыршы мен Қыдыр», «Өзен мен қарасу», «Қазақ қалпы», «Жұртыма», «Оқуға шақыру» және «Қазақ салты» (283 – 291-беттер) атты өлеңдері жарияланған.

*С.Арғынғазин*

**ОМБЫ УЕЗІ** – патша өкіметінің 1868 жылғы «Уақытша ережесіне» сәйкес Ақмола обл-нда құрылған әкімш.-аум. бөлініс. О. (Омский) у-н Орта жүздің найман, керей, қыпшақ тайпаларының рулары мекендеді, 1908 жылғы шаруашылық есеп бойынша халқы 145775 адам (қазақтар 44885, казак-орыстар 17022, қоныс аударған орыс шаруалары 83868) болды. О. у-не Алабота (48 ауыл), Қызылқак (124 ауыл), Жеке (87 ауыл), Омбы (136 ауыл), Қорған (103 ауыл), Николаевск (207 ауыл) және Покровск (80 ауыл) болыстары қарады. Омбы к. 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін уезбен қатар Дала ген.-губернаторлығы мен Ақмола обл-ның орт. болды. А.Байтұрсынұлы «Закон жобасының баяндамасы» мақаласында (6 томдық

шығ. жин., 4-т.) «1822-ші жылы 22-ші июнде Сібір өлкесі губернияларға, облыстарға бөлінгені, сонда бір облыс – Омбы облысы аталғанын» жазған.

«ОН ҒАСЫР ЖЫРЛАЙДЫ» – кітап. Жауапты редактор – А.Омар. Өмірдеректерді дайындағандар – С.Дәуітұлы, А.Ісімақова. А., «Дәуір» баспасынан 2006 ж. жарық көрген. Көл. 408 бет. Таралымы 5000 дана. Бұл еңбек қазақ елінің он ғасырын қамтып, ел намысын, мұратын, ерлігін, тіршілігін, парызын, «Отанды сүю – иманнан» деген басты құндылықтарын жырлаған (Жүсіп Баласағұнидан бастап Мұқағали Мақатаевқа дейінгі 34 ақын-жыраудың) ұлттың дана сөзінің асыл маржандары. Кітапта ақын-жыраулардың отаншылдық, білім, сенім және әдеп (этика) мәселелеріне қатысты өлеңдері таңдалып алынған. А.Байтұрсынұлының өмірдерегі беріліп, оның «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Адамдық диканшысы», «Тарту», «Н.Қ.Ханымға», «Жауап хаттан», «Оқуға шақыру» атты өлеңдері жарияланған.

*Н.Хасенова*

**19 ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ.** 19 ғ-дың 60-жылдарының орта шенінен қазақ даласын түпкілікті билеу мақсатында Ресей империясы бірқатар реформалар жүргізді. Ұлыстарды бөлшектеді, оларды губ-ларға, окр-терге бөлді. 1868 жылғы «Ереже» бойынша Қазақстан жері үш: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір ген.-губернаторлықтарына бөлінді. Орынбор ген.-губернаторлығына Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібір ген.-губернаторлығына Ақмола және Семей облыстары, Түркістан ген.-губернаторлығына Жетісу мен Сырдария облыстары кірді. Бұрынғы Бөкей Ордасының жері 1872 ж. Астрахан губ-на қосылды. Маңғыстау приставтығы 1870 ж. Кавказ әскери окр-нің қарауына берілді, ал кейін Закаспий обл-на енді. Уезд бастықтарын ген.-губернаторлар тағайындады. Бұл лауазымға облыстардың әскери губернаторларының ұсынуы бойынша офицерлер бекітілді. Әр уезд аймақтық белгілері бойынша құрылған болыстардан тұрды. Ауылдар 100–200 шаңырақтан құралды. Ал болыстарға 1000 шаңырақ қарады. 1867 ж. заң барлық жерді мемл. меншігі деп жариялап, қауымдарға пайдалануға берді. Жер мәселесін бұлайша шешу қазақ жерлерін «занды» жолмен одан әрі орыс мемлекетінің иелігіне айналдыруға заң жүзінде негіз жасады. 1886 ж. 2 маусымда «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже», 1891 ж. 25 наурызда «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» қабылданды. Түркістан өлкесі жерінің құрамына Ферғана, Самарканд және Сырдария облы-

стары кірді. Сырдария обл. Әмудария бөлігінен, Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата және Ташкент уездерін тұрды. Ал Орынбор және Батыс Сібір ген.-губернаторлықтарының орнына орт. Омбы болған Дала ген.-губернаторлығы құрылды. Құрамына Ақмола, Семей, Орал, Торғай және Жетісу облыстары кірді. 1897 ж. Жетісу обл. қайтадан Түркістан ген.-губернаторлығының қарауына берілді. Ресей үкіметінің отарына айналған қазақтар ақшалай алым-салық төледі. Олардың мөлшері әр түрлі болып өзгеріп отырды. Мыс., 1884 жылғы «Ереже» бойынша 4 сомға жетті. 19 ғ-дың 2-жартысында Кіші жүз қазақтары арасында көшіп-қонатын жер үшін Ресей үкіметіне қарсы наразылықтар күшейді. Елдегі агр. дағдарысқа байланысты Ресей үкіметі 1889 ж. орыс шаруаларын Ресейден Қазақстанға көшіріп қоныстандырудың тәртібі жөнінде заң шығарды. Бұл Ресей шаруаларының қазақ жеріне ағылып келуіне жол ашты. Ресейден қоныс аударушылар санының көбеюіне байланысты қазақ жерлерін басып алу күшейді. Қазақтарды тонауды Ресей үкіметі «қоныстанушы», «жер қоры» деп аталатын желі бойынша жүргізді. Бұл қорды жасау үшін жергілікті халықтың жайлы қоныстары тартып алынып, жергілікті тұрғындарды шөл және шөлейт аудандарға күштеп көшіру жиіледі. Жетісуда, мыс., 30 мыңнан астам отырықшылық ошағы талауға түсті. Қазақстанда шаруаларды қоныстандыру алдымен Ақмола, одан соң Жетісу, Семей, Орал, Торғай облыстарында жүргізілді. Тек 1885 жылдан 1893 жылға дейін Ақмола облысының жергілікті халқынан 251779 десятина жер тартып алынып, 10940 халқы бар 24 жаңа село пайда болды. Семей обл-нда бұл кезде қазақ шаруаларынан 33064 десятина егістік жер тартып алынды. 1884–91 ж. мұнда 3324 отбасы қоныстанды. Ресей үкіметінің әскери-әкімш. отарлау саясаты қазақтың елдік этностық ұйтқысын ірітіп, Қазақстанның а. ш-ның дамуына айтарлықтай кері әсерін тигізді.

*Е.Уәлиханов*

**ОНАША ТӘУЕЛДЕУ** – заттың бір ғана затқа не адамға меншікті екенін білдіретін тәуелдеу түрі. Онаша тәуелдеуде анайылық ретпен айтылады. *Жекеше:* 1-жақ: *атам, анам, балам, атым, басым.* 2-жақ: *атаң, анаң, балаң, атың, басың.* 3-жақ: *атасы, анасы, баласы, аты, басы.* *Көпше:* 1-жақ: *аталарым, аналарым, балаларым, аттарым, бастарым.* 2-жақ: *аталарың, аналарың, балаларың, аттарың, бастарың.* 3-жақ: *аталары, аналары, балалары, аттары, бастары.*

**ОҢТАЙ** – әдіс. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *оңтай, әдіс* сөздері жарыса қолданылғанын байқаймыз. Хронол. тұрғыдан алғанда, 1926 ж. жарық көрген «Әдебиет танымтқыш» атты еңбегінде *оңтай* сөзін қолданса, 1927–28 ж. «Жаңа мектеп»

журналында (М.Жолдыбаев редакторлық еткен тұста) жарық көрген «Ана тілінің әдісі» (1927. – №9 (24)); «Жалқылаулы-жалпылаулы әдіс» (1928, №1); «Жалқылау (айырыңқы) әдіс» (1928. – №11–12); «Қай әдіс жақсы?» (Жаңа мектеп, 1928. – №4) т.с.с. мақалаларында әдіс сөзін қолданады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. –1-т.; ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

*О.Жұбаева*

«ОҢТҮСТІК» – «Оқу құралына» енген мәтін. Ғыл. түсініктемеде Ырғыздың онт. өңірі туралы танымдық мақала делінген.

**ОҢТҮСТІК АМЕРИКА**, қ. *Америка*.

**ОРАЗАЕВ** Мұстафа (1891–1970) – Ахмет ишан Оразайұлының баласы. Бұхара қ-ндағы діни медреседе оқыған. Уфа қ-ндағы «Ғалия» медресесінде атакты ақын М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлымен бірге оқыды. «Қазақ» газетін шығару ісін ұйымдастырушылардың бірі. Ә.Бөкейханның Думада қазақ өкілі болуын қуаттап, «Жұрт жақсыларына ашық хат» деген үндеуін жариялаған. Бөкейхан, М.Дулатовпен бірігіп «Алаш ұлына» деген үндеу хат жазып жариялаған.

**ОРАЗАЙ** Файзолла Мұртазаұлы (15.12.1938 ж.т., Онт. Қазақстан обл. Түркістан қалалық әкімдігі Ихан а.) – филол. ғыл. докт. (1975), проф., ҚР Гуманит. ғылымдары академиясының акад. (1995). ҚазҰУ-ды (1960) және ҚазҰПУ-дың (1969) аспи-



*Ф.Оразай*

рантурасын бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде, «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында әдеби қызметкер (1958–62), «Қазақфильм» киностудиясында аға редактор (1962–66), «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі (1969–70), Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында аға ғыл. қызметкер (1970–79), ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі (1979–95), Алматы халықар. журналистика ин-тында (1995–2000) қызметтер атқарды. 2000 жылдан Халықар. мамандықтар ун-тінің ректоры. 1995 жылдан ҚР Гуманит. ғыл. академиясының президенті. О-дың ғыл. жарияланымдары қазақ кеңес

әдебиеті мен өнері, орыс журналистикасының тарихы мәселелеріне арналған. 3 монографияның, бірқатар кітаптар мен жинақтардың авторы. О-дың «Қазақ әдебиетін зерттеушілер: өмірбаяндық-библиогр. анықтамалығында» «Байтұрсынұлов Ахмет Байтұрсынұлы» (28.1.1873–8.10.1937), баспасөз беттерінде «Қазақ» газетін жазалатқан кім?» («Қазақ үні», 1999, №1), т.б. мақалалары жарық көрген.

**ОРАЗАЙҰЛЫ** Ахмет (1861, Сырдария уезі Зиңкестер елді мекені – 1927, Телікөл) – Алаш қозғалысын қолдаушы. «Қазақ» газетін шығаруға қаржылық көмек көрсеткен. Жасынан өкесінен сауат алған. Кейін Бұхарада оқыған. Елге діни сауатты болып оралып, Орт. Қазақстанмен шектес Сарысу, Телікөл маңайында мешіт, медресе салдырып, қазақ халқының білім дәрежесін көтеруге ат салысқан. 1881–83 ж. екі рет Меккеге қажылыққа барған. Стамбұл, Қазан, Уфа, Шығыс мұсылман елдері қ-ларынан ислам әдебиетін алдыртып, әр елдегі діни ғұламалармен байланыс жасап тұрған. Діни сауаты, рухани баделі, зиялылығымен Ақмола, Торғай жұртшылығының аузында жүрген. Медреселерін жәдитшілдік жүйеге құрып, Қырым татарынан шыққан қайраткер Исмаил Гаспаралының ағартушылық бағытын қолдаған. Торғай уезі Қызылшенгел болысында тұрып жатқан О. 1906–14 ж. Ресей қ-ларында өткен Мұсылмандар съезіне қатыса алмаса да, оның шешімдерін сараптап, өз бетімен ізденіске толы жұмыстар істеген. 1910 ж. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов сынды жаңашыл қайраткерлермен танысып, ұлтты ояту күресіне – Алаш қозғалысына ниеттес екенін білдіреді. Алаш зиялылары қазақ байлары мен оқыған-діндарларының жаңа жағдайдағы азаматтық ұстанымы қандай болу қажеттігін айтады. Ишан жиған барлық қаржысын және пікірлестерінің де қаржысын саяси газет шығару үшін жұмсауға әзір екенін жеткізді. Сөйтіп, Байтұрсынұлы мен О-ның атынан Орынбор ген.-губернаторына «Қазақ» атты газет ашуға өтініш жасағаны туралы хат жолданады. Патша үкіметінің жоғ. Баспасөз басқармасы рұқсатнаманы 1913 ж. 5 қаңтардағы бұйрығымен бекітеді. Мұнда өкіметтің ресми жарлықтарын, Мемл. Дума жұмысын, ішкі-сыртқы жаңалықтарды, қазақ тұрмысын, мәдениетін, шаруашылығын, оқу-ағарту саласын, денсаулық пен малдәрігерлік ісін, жергілікті хабар-ошарларды, құлақтандыруларды, хабарламаларды жариялап тұруға мұрсат берілетіні жазылған. «Қазақ» 1913–18 ж. жалпы қазақтың «көзі, құлағы һәм тілі» (А.Байтұрсынұлы) болып, елдің көзін ашқаны белгілі. Газетте О-ның да мақалалары, ой-пікірі жарияланып тұрды. Қайраткер мұның сыртында жергілікті жерде



## ОРАЛ

суландыру және денсаулық сақтау жұмыстарын ұйымдастырып, халыққа қамқорлық көрсетті.

**ОРАЛ ОБЛЫСТЫҢ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ**, 1917 ж. сәуірдің 19–22-сі аралығында Орал обл. қазақ к-тінің ұйымдастыруымен Орал к-нда өтті. Съезге осы облыстың уездері мен болыстарынан 800-ден астам делегат қатысты. Съездің төралқа құрамына Ж.Досмұхамедов (төраға), Ғ.Әлібеков, А.Қалменов (төраға орынбасарлары), Ғ.Жетпісбаев, Х.Ахметшин және Н.Арғыншиев (хатшылары) сайланды. Съездің күн тәртібінде мемл. басқару құрылымы, соғысқа, Уақытша үкіметке көзқарас, жер, дін, сот ісі, оқу-ағарту, мәдениет және шаруашылық-қаражат мәселелері секілді 23 мәселе қойылып, тиісті шешімдер қабылданды. Съезде Ресей көлемінде ұлттық-аум. федерация құру мәселесін ашық қалдыра отырып, Құрылтай сайлайтын федеративті-демокр. республика құру, жергілікті өзін-өзі басқару мәселесіне обл. қазақ управасын сайлау, соғысты жеңіске жеткенше жүргізе беру, ал Уақытша үкіметтің қызметіне қолдау көрсету, жер мәселесі бойынша сырттан көшіп келушілерге және қазақтардың пайдалануындағы жерлерді алуға тыйым салу, дінге байланысты обл. діни басқармасын Орынбор мұфтилігіне бағындыру, жергілікті жерлерді басқаруға тиісті өкімет пен атқару органдары жүйесін құру, орта мектептер ашу және кәсіби мамандардың қатысуымен оқу-ағарту ісін реформалау мәселелерін талқылау үшін мұғалімдер құрылтайын шақыру, т.б. мәселелер талқыланды. Съездің бірінші күні құрамында 20 адам бар Ж.Досмұхамедов басқарған обл. қазақ к-ті сайланды. 1917 ж. мамыр айында Мәскеуде өтетін Бүкілресейлік мұсылман съезіне делегат ретінде Ж. және Х.Досмұхамедовтерді, Ғ.Әлібековті, мұғалім Сұбхановты және алты молданы жіберу жөнінде шешім қабылданды. Съезде құрылған обл. қазақ к-ті өзінен кейін 1918–19 ж. осы өңірдің әкімш.-саяси құрылымы ретінде өмір сүрген «Ойыл уәлаятының» қызмет жүйесін қалады.

**ОРАЛ ОБЛЫСЫ** (1869 жыл) – патша үкіметінің «Дала облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережесіне» сәйкес құрылған әкімш.-аум. бөлініс. Облыс құрамына Орал казак-орыс әскерлері мен Орынбор казактарының біраз бөлігі кірді. Орал обл. Орал, Ілбішін, Гурьев, Темір уездеріне бөлінді, сондай-ақ оған Маңғыстау приставтығы да қарады. Жер аум. 29 626 234 десятина, оның шұрайлы деген 6 465 402 десятинасы Орал казак-орыс әскерлерінің иелігінде болды да, 23 160 832 десятинасы қазақтардың пайдалануына «берілген» мемлекет меншігі деп жарияланды. 1897 ж. санақ бойынша Орал обл-нда 645 121 адам тұрды. Оның 335 972-сі ер, 309 149-ы әйел. Қала тұрғындары обл. халқының 8,5%-ын құрады. Обл. орг. Орал к-нда болды.

Жалпы санақ бойынша облыста 33 009 казак тұрған. Бүкіл азаматтық және әскери билік ішкі істер мин-не бағынышты Орал әскери губернаторының қолына шоғырландырылды. Орал обл. жәрмеңкесімен аты шығып, ол балық және астық саудасының орт-на айналды. Жәрмеңке жылына екі рет – маусым мен қыркүйек айларында өткізілді. 1834 ж. Петровск және Воздвиженск жәрмеңкелері ашылды. 1867 ж. Қазыбекте ашылған Ойыл жәрмеңкесінің бүкілресейлік маңызы болды. Негізгі сауда заттары – мал мен мал ш. өнімдері, астық, сабын, желім, шойын, мыс және ағаштан жасалған бұйымдар, жібек, жүн, кенеп маталар т.б. 19 ғ-дың 2-жартысында Орал обл-нда шикізат өнімдерін өңдейтін 72 кәсіпорын болды. Орал обл-ның құрылуына байланысты құрылған жаңа әкімш. жайылымдық жерлерді пайдалануға ғасырлар бойы қалыптасқан тәртіпке сай келмеді. Соның салдарынан 1869–70 ж. Орал обл-нда казак тұрғындарының арасында күшті толқулар болды. 1869 ж. наурызда патша өкіметінің отаршылдық саясаты мен жергілікті оларды қостаушылардың ауыр езгісіне қарсы алғашқы біріккен басқөтерулері 20 ғ-дың басында болды. Әсіресе, 1906 жылғы толқу күшті өтті. Ал Орал обл-ндағы 1916 ж. басқөтеру бұқаралық сипат алып, шілдеден тамызға дейін созылды. Көтеріліске басшылық еткен А.Ізбасаров, И.Байұзақов, А.Айымбетов (Айбетов), Қ.Айжаевтар дарға асылды. Ә.Сәрсенбаев, С.М.Мендешев, М.Жолдыбаев және Н.Залиевтер Астрахан түрмесінде жазаларын өтеді. А.Байтұрсынұлы 1917 ж. 19–22-сәуір аралығында өткен Орал обл. қазақ съезіне қатысқан. Сонымен қатар, еңбектерінде Орал обл. балаларының оқу орындарында қазына есебінен оқи алмай жүргендігі туралы мәселе көтерген.

*И.Нұрахмет*

**ОРАЛ ТАУЛАРЫ** – Еуразиядағы тау жүйесі. Оның шығыс етегімен екі дүние бөлігін – Еуропа мен Азияны бөлетін шартты шекара өтеді. О. т-ның көпшілік бөлігін қылқан жапырақты



орман алып жатыр, оңт. – орамды дала. Акын Ә.Сәрсенбаевтың Ахмет ағасына жазған «Рухани көсем – Пайғамбар» толғау өлеңінің бір шумағында «...Елес берді ер бабалар, Жоңғар, Алтай, Орал таулар аскарында, Басқыншыдан елін қорғап, Таң атырған, кірпік ілмей, ат жалында» деп ер бабаларымыздың өз жерлерін басқыншылардан кірпік ілмей қорғағанын жазған. А.Байтұрсынұлы Азия мақаласында (6-томдық шығ. жин., 2-т.) құрлық табиғатын сипаттай отырып, ірі тау жүйелеріне тоқтаған. Сол таулардың бірі – О. т.

*Қ.Ахметов*

**ОРАЛ УЕЗІ** – «Дала облыстарын басқару жөніндегі Ережеге» сәйкес 1869 ж. желтоқсанда Орал обл-нда құрылған әкімш.-аум. бөлік. О. у. Жайық өз-нің екі жақ алқабында орналасты, оң жағында казак-орыс әскерлері, сол жағында қазақтар тұрды. Халқының тығыздығы жағынан Орал обл-нда 1-орын алды. Казак-орыстар, негізінен, балық аулаумен, егін ш-мен, ал қазақтар мал өсірумен, ішінара егіншілікпен айналысты. Уезд жерінің 2,1%-ы ғана егіншілікке пайдаланылды. О. унде 1367 жұмысшысы бар шағын 466 з-т және диірмен болды. Бақша өсіру өркендей бастады, айналымдағы ақша қоры 1 млн. сомға жуықтайтын Петровский, Воздвиженский, Калмыковский және Орал жәрмеңкелері жұмыс істеді. А.Байтұрсынұлы О. у. аумағында қызмет еткен алашордалық қайраткерлермен тығыз байланыста болды.

**ОРАЛЫМ** – өрнекті сөйлем; бастары қосылып, кестелі болып құралған құрмалас сөйлем. А.Байтұрсынұлы оралым *шұбыртпа*, *өрнекті сөйлем* деп те аталатынын ескерте келіп, оралымды айтқанда, дауыс көтеріліп, төмендеп, әнше оралып, қайырылып отыратынын айтады. Ғалым оралымды екі мүшеге жіктеп, бір мүшесінде пікір тақырыбы, екіншісінде пікір баяны болатынын ескертеді. Сол себепті біріншісін *тақырыпшы мүше*, екіншісін *баяншы мүше* деп атайды. Қазіргі кезде *тема*, *рема* түрінде қолданылып жүрген атаулардың орнына ғалым ұсынған *тақырыпшы мүше*, *баяншы мүше* атауларын алуға әбден болады. Осы саладағы еңбектерін зерделей келе Байтұрсынұлын «коммуникативті грамматиканың негізін салушы» деп атаймыз.

*О.Жұбаева*

**«ОРАМАЛ»** – «Оқу құралына» енген өлең. 53 тармақтан тұрады. М.Жұбайұлының белгілі өлеңі. «Жарымды, өкіріп отарба, Қандай жаққа әкетті... Күрегіне сүйеніп, Суықта жаурап тұр ма екен? ...Уға толды жас жүрек. Орамалды жарыма, Бітімем қашан кестелеп...» деген жолдар отағасы соғысқа аттанған әйелдің атынан айтылады. Өлеңнің соңынан шәкірттерге сұрақтар қойылған: «Орамалды тігіп отырған кім? Кімге тігіп отыр? Қай

жылы?..». Бұған қарағанда, бұл – 1916 жылғы майданның қара жұмысына аттанған оқиғаға орай жазылған өлең екені аңғарылады.

*С.Ғұрманқызы*

## ОРАМДЫ НЕМЕСЕ ӨРНЕКТІ СӨЙЛЕМ.

«Сөйлегенде ойды тақ-тұқ қысқа айтып білдіретін орын да болады. Ойды ұзын айтып, орағытып келіп білдіретін орын да болады. Ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деп аталады». А.Байтұрсынұлының бұған келтірген мысалдары «период» деп атап жүрген ұғымға сай келеді. Период – қазақ тіл біліміне еңбеген санат. Сондай-ақ Байтұрсынұлы мұндай бірліктің стильдік құбылыс екенін де ескерген. Мұны «Әдебиет танытқышында» сөйлеу әуезділігінің факторы ретінде синтаксистік құрылыстан гөрі кеңірек қарастырған, ондай сөйлемдерді «өрнекті сөйлемдер» деп атаған. Өрнекті сөйлемдердің «өлеңдісі де, өлеңсізі де болатынын» ескерткен. «Әдебиет танытқышта» «өрнекті сөйлемдерге» мынадай сипаттама берілген: «Өрнекті сөйлемдер деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құралуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке яки кілемге салған тұр сияқты болмағанмен, өрнек-өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлем оралым (яки шұбыртпа) деп аталады. Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға да болады. Ол пікірді шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады» [Байтұрсынұлы А. – Әдебиет танытқыш. // А.Байтұрсынұлы. – Шығармалары – А.: Жазушы, 1989. – 179-180 б.]. Мұнан соң ғалым баяншы мүшенің тақырыпшы мүшеге қандай қызмет атқарып тұруына (мағыналық қатынастарға) қарай бұларды: себепті, мақсатты, ұқсатпалы, қайшы, шартты, жалғасыңқы, серіппелі, айырықты, қорытпалы деп тоғыз топқа бөледі.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Жазушы, 1989.

*Ж.Жақытов*

**ОРАМДЫ СӨЙЛЕМ** – ойды ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайтатын сөйлем. А.Байтұрсынұлы: «Қисапсыз бай болсаң да Қарынбайдай, Сақи боп мал шайсаң да Атынтайдай, Патшадай Әмір-Темір дің түзетіп. Болсаң да Әйдік батыр арыстандай. Болсаң да Жиреншедей сөзге шешен, Ақырда жатар орның тар лақат

жай», – деген қолданысты мысал ретінде келтіре отырып, мұнда ой «иешен» деген сөзге дейін дәуірлеп, сонан арғы жерде беті бұрылатынын ескертеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ОРДА** Гүлжахан Жұмабердіқызы (3.4.1968 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Мақтаарал ауд. Датқа а.) – филол. ғыл. докт. (2011), доцент (2010). ҚазҰПУ-ды (1992) бітірген. Әдебиет және өнер ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1992–2011), 2012 жылдан бас ғыл. қызметкер. О. Қошқе Кемеңгерұлының әдеби мұрасын ғыл. айналымға түсіріп, М.Базар-



*Г.Орда*

баевтың 1960 ж. Шәкерім Құдайбердіұлы мұрасы туралы жазған дүниелерін және оның бүкіл зерттеулерін сол дәуірдегі әдеби үрдіспен бірге ғыл. айналымға енгізді. 400-ден астам ғыл. мақаланың, 6 библиогр. көрсеткіш, 8 ұжымдық монография мен 45 іргелі ғыл. еңбектің жауапты шығарушысы және негізгі авторы. Жас ғалымдарға арналған М.О.Әуезов атынд. сыйл. лауреаты (2002). «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен (2011) марапатталған. О. «Алаштың бір ардағы» (1998), «Көркем ойдың күдіреті» (2007), «Әдебиет тарихын зерттеудің проблемалары» (2010), «20–30-жылдардағы қазақ әдебиеті», «Әдеби сын», «1920-жылдар әдебиетіндегі тәуелсіздік туралы ұғым мен көркемдік ізденістер» (2011), «Ахмет Байтұрсынұлының сахналық бейнесі» (2017), т.б. зерттеу еңбектерінің авторы.

**ОРИНОКО** – Оңт. Американың Венесуэла мен Колумбия жеріндегі өзен. А.Байтұрсынұлы «Америка» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың табиғатын сипаттаған кезде, Оңт. Американың ірі өзендерінің бірі – О. өз. де аталған. **«ОРМАНБЕТ»** – ұлы Нарманбет шығарған жоқтау жыр. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, А.Байтұрсынұлы құрастырған «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа берген – Әлихан Бөкейхан. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013)

қайта басылған. «Бісіміллә деп бастайын, Медет тілеп Алладан. Қабыл қақтан болғанда, Мінәжат дұға бендеден» деп басталатын 7 буындық жыр үлгісіне құрылған шығарма 368 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде: «Орманбет – 1901-нші жылы өлген. Баласы ақын Нарманбет жоқтаған. Ол 1919-ншы жылы дүниеден озған. Бұлардың елі Тобықты, Балқаш көлін қыстап, Тоқырауын өрлеп көшіп, Сарыарқаны жайлайды. Орманбет бейіті Жалағаштың басында. Бұл да Тоқырауынның бір тарауының басы» деп жазылып, астына «Қ.б.» деп қол қойылған. Әлихан Бөкейханның жанама есімдерінің бірі – «Қыр баласы».

Әдеб.: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ОРМАН ҚҰСТАРЫ»** – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Орманда өсіп-өнетін құр, тоты, тоқылдақ (8 түрі бар), көкек (2 түрі бар), қаршыға және қарға тобына (қарға, құзғын, таған, сауысқан) жататын құстардың тіршілік жағдайларымен таныстыруды көздейді. Ғыл. түсініктеме берілген. **«ОРМАН ПАТШАСЫ»** – «Оқу құралына» енген өлең. 64 тармақтан тұрады. Өлеңді ақын М.Жұмабаев орыс тілінен аударған. Аудармашы тақырыптан кейін «Шиллер – Жуковскийден» деген анықтама берген. Өлеңнің авторы және аударылу тарихы жөнінде ғыл. түсініктемеде айтылған. Өлең мәтінінен кейін автор (А.Байтұрсынұлы) шәкірттердің түсінігін тексеру және бекемдеу үшін бірнеше жаттығу сұрақтарын беріп, оларды шығарм. ойлауға баулиды.

*С.Ғұсманқызы*

**ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫ АУМАҒЫН МЕЖЕЛЕУ** – Ресей отаршылары жойған ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту барысында Орта Азия республикаларының жерлерін белгілеу үшін 1917–25 ж. атқарылған іс-шаралардың нәтижесі. Ақпан төңкерісінен кейін, бұрынғы патша өкіметіне бағынышты болған Орта Азия елдерінің аум. тұтастығын қалпына келтіру мәселесі алдыңғы орынға шықты. Соның ішінде қазақ халқын жер-суымен бір құрылымға біріктіру мақсаты 1917 ж. желтоқсанда өткен 2-жалпықазақ съезінде көтеріліп, оған қатысушылар «Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облысындағы хәм Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыздың тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық-жерлі автономия құруға» қаулы қабылдады. Оны жүзеге асыру үшін Алаш үкіметін құрды. Алайда Алаш автономиясын Кеңес үкіметі мойындағысы келмеді. 1918 ж. ақпанда құрамына оңт-тегі қазақ аймақтары кірген Түркістан (Қоқан) автономиясы да боль-

шевиктердің қарулы күштерінің арқасында құлатылды. Орнына 1918 ж. 1 мамырда РКФСР құрамындағы Түркістан автоном. кеңестік республикасы дүниеге келді. Дегенмен, қазақ халқын Кеңес өкіметі жағына шығару мақсатында, В.И.Ленин 1919 жылдың 10 шілдесінде «Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаратын революциялық ко-

тамызда Ленин бұрынғы Дала өлкесінің батысы мен шығысындағы даулы аймақты бөлшектемей, жаңадан құрылатын Қазақ автоном. республикасына тұтас қалпында қосуға нұсқау берді. 1920 ж. 26 тамызда қабылданған «Қырғыз (қазақ) автономиялық кеңестік социалистік республикасын құру туралы» декрет бойынша ав-



митет туралы уақытша ережеге» қол қойды. К-т мүшелігіне алғашында А.Байтұрсынұлы, Ә.Жангелдин, Б.Қаратаев, т.б. еніп, әкімш. орт. Орынборда орналасты. 1919 ж. 27 тамызда Сібір өлкесін басқару үшін Сібір Төңкеріс к-ті құрылып, әкімш. орт. болып Омбы қ. белгіленді. Орта жүз қазақтары қоныстанған Сарыарқа атырабы, атап айтқанда, бұрынғы Қостанай уезі Челябинск губ.-на қосылып, ал Ақмола обл. Омбы губ. атанып, құрамына осы облыстан Көкшетау, Атбасар, Петропавл және Омбы уездері енді. Павлодар, Қарқаралы, Аягөз, Зайсан және Өскемен уездері Сібіревкомның құзырына көшті. Қазақ зиялыларының ұсынысы ескерілмей, 1920 ж. 4 тамызда «Сібірді аудандарға бөлу» деп аталатын қаулы қабылданды. Қаулы бойынша Павлодар уезінің солт.-ндегі 10 болыс, 12 тұзды көл мен бірнеше аудан толық Омбы уезіне өтіп, Павлодар қ-ның төңірегіндегі елді мекендер, тұз өндіретін көлдері мен ормандарын қоса Славгород уезіне қосылды. Осы мәселеге байланысты басталған екі жақты талас-тартысты шешу үшін 1920 ж.

тономия аумағы Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, Закаспийский обл.-ндағы Маңғыстау уезі, Красноводск уезінің Адай болыстары, Астрахань губ.-ның Синемор болысы, Бөкей Ордасы мен Приморье округтеріне тиіп жатқан бұрынғы қазыналық алым алу (оброк) жерлерінің аумағы, Жағалық жолақ пен Сафронов, Ганюшкин, Николаев болыстарының бұрынғы әкімш. шектерімен белгіленді. Бүкілресейлік ОАК-нің 1920 ж. 22 қыркүйектегі декретімен жаңадан ұйымдастырылып жатқан Қазақ АКСР-іне қосымша Орынбор губ. мен Орынбор қ. беріліп, 4–12 қазанда Қазақстан кеңестерінің 1-құрылтайы болып өтті. Орынбор қ. Қазақстанның алғашқы астанасы болды (1920–25). Қазақ АКСР мен Сібіревком арасындағы шекараға байланысты даулы мәселе Қазақстан пайдасына шешіліп, 1922 ж. 26 қаңтарда ұлан-байтақ жерлер толық біржола берілді. 1921 ж. 11 сәуірде Орта Азияда ұлттық-аум. межелеу мәселесі көтерілді. Мұндағы халықтардың тарихи байланыстарының тереңдігі мен ұлттардың бір-бірімен арада және тығыз

## ОРТА

орналасуы ұлттық республикалардың шекараларын анықтауда көптеген қиындықтар туғызды. Қазақ АКСР-інің басшылығы РК(б)П ОК-нен Жетісу мен Сырдария облыстарының қазақ аудандарын республика құрамына қосуды сұрап, өтініш білдірді. 1924 ж. 9 сәуірде РК(б)П ОК-нің саяси бюросы жергілікті ұйымдардың ұсыныстарын қарап, Орта Азияны ұлттық республикаларға бөлуге әзірлеу комиссиясын құрды. 1924 ж. 27–28 қыркүйекте РК(б)П Қазақ обл. к-тінің (Қазобком) 2-пленумы болды. Қазақ АКСР ОАК төрағасы С.Мендешев және РК(б)П ОК Орта Азия бюросының (Средазбюро) мүшесі С.Қожановтың «Орта Азиядағы ұлттық межелеу туралы» баяндамалары тыңдалып, талқыланды. 1924 ж. 27 қазанда қабылданған КСРО Конституциясына сәйкес КСРО ОАК-нің 2-сессиясында Түркістан АКСР-інің құрамындағы қазақтар мекендеген жерлердің Қазақ АКСР-іне қосылғандығы туралы қаулысы бекітілді. Межелеу нәтижесінде Орта Азия аумағының 45,7%-ы, яғни 797,9 мың км<sup>2</sup> жері Қазақ АКСР-іне қосылды (оның ішінде 112 мың км<sup>2</sup>-лік Қарақалпақ автоном. окр. 1930 ж. шілдеде РКФСР-ге берілгенге дейін Қазақстанның құрамында болды). Ал қазақ-өзбек шекарасы екі ел комиссия мүшелерінің көптеген талас-тартысынан кейін анықталып, Ташкент және Мырзашөл уезі арқылы белгіленді. 1924 ж. 11 қазанда РК(б)П ОК Саяси бюросының кеңейтілген мәжілісінде межелеу мәселелері қаралып, Ташкентті Өзбекстанға беру туралы ұйғарым жасалды. Қазақстанға Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент пен Әулиеата уездерінің басым бөлігі, Самарканд обл. Жизак уезінің алты көшпелі болысы, Жетісу обл-ның Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Пішпек уезінің Георгиевка, Шу, Қарақұныс болыстары қосылды. О. А. Р. а. м. қорытындысы 15 қазанда Бүкілресейлік ОАК, 27 қазанда Бүкілодақтық ОАК сессияларында заң жүзінде бекітілді. Қазақ санының аздығын желеу етіп, 104 мың км<sup>2</sup> жер (оның ішінде Орынбор к. да бар) Ресей қарамағына алынды. Орынбордың Ресейге өтуіне байланысты Қазақстан астанасы Ақмешіт қ-на көшірілді. Онда 1925 ж. сәуірде Қазақ АКСР кеңестерінің 5-съезі өтті. Онда РК(б)П Қазақ өлкелік партия к-тінің 2-хатшысы С.Қожановтың ұсынысымен орысша жазылуында «Киргиз» деп бұрмаланып келген қазақ халқының тарихи атын өзіне қайтару және ел астанасын Қызылорда деп атау жөнінде шешім шығарылды. Сөйтіп, қазақ халқының тарихи шекарасы мен атауы қалпына келтірілді. Сол жылдары қазақ жерінің аумақтық тұтастығын сақтау, оны құжатпен бекітіру ісінде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ә.Ермеков, т.б. Алаш қайраткерлерінің сіңірген еңбегі зор. 1991 ж. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін елдің тұтастығын сақтау мәселесі

алдыңғы орынға шығып, көрші мемлекеттермен арадағы шекаралар заңдастырылды.

*Б.Қойшыбаев*

**ОРТА ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР (ХАРИФТЕР)** – қ. *Жарты дауысты дыбыстар (харифтер).*

**ОРТА ДЫБЫС** – дауысты дыбыстардай ашық айтылмайтын, дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын дыбыс, жарты дауысты дыбыс. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924. **ОРТАҚ ЕТІС** – жеке істелмейтін, екі жақтап істейтін істерді көрсететін сөздер. Ғалым *бала жарысты, жау соғысты, балуан күресті сияқты сөйлемдерді мысалға келтіре отырып*, бала жалғыз жарыса алмайтынын, біреумен жарысатынын; жау өзімен өзі соғыспайтынын, біреумен соғысатынын; балуан өзімен өзі күреспейтінін, біреумен күрестінін тілге тиек ете отырып, осындай істерді көрсететін сөздерді *ортақ етіс* деп атайды.

**ОРТАҚ ТӘУЕЛДЕУ** – бір не бірнеше заттың көп затқа я адамға меншікті екенін білдіретін тәуелдеу түрі. Ортақ тәуелдеу сыпайлық ретпен айтылады. *Жекеше:* 1-жақ: *атамыз, денеміз, атауымыз, егеуіміз.* 2-жақ: *атаңыз, денеңіз, атауыңыз, егеуіңіз.* 3-жақ: *атасы, денесі, атауы, егеуі.* *Көпше:* 1-жақ: *аталарымыз, денелеріміз, атауларымыз, егеулеріміз.* 2-жақ: *аталарыңыз, денелеріңіз, атауларыңыз, егеулеріңіз.* 3-жақ: *аталары, денелері, атаулары, егеулері.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ОРТА МЕКТЕП** – білім ошағы. Ақтөбе обл. Алға ауд. Самбай а-нда орналасқан. 1990 жылдың 27 ақпанында ауд. атқару к-тінің шешімімен Ахмет Байтұрсынұлы аты берілген. Мектепке ғалым атын беруге филол. ғыл. докт. Рабиға Сыздықова



мен қайраткердің қызы Шолпан мұрындық болған. Білім шаңырағын алғаш 19 ғ-дың соңында Батпақты аймағының болысы Ахметкерей Қосуақов ашқан. Байтұрсынұлы Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепті бітіргеннен кейін осында 1891–95 ж. аралығында мұғалімдік

қызмет еткен. 1932 ж. Қарағаш бастауыш мектебі, 1956 ж. Қарағаш жеті жылдық мектебі болып қайта құрылған. 1983–84 ж. 10 жылдыққа айналдырылған. Оқу ордасына 1988 ж. жаңа ғимарат салынған.

**ОРТА МЕКТЕП** – білім ошағы. Батыс Қазақстан обл. Орал қ-нда орналасқан. Толық атауы – А.Байтұрсынұлы атынд. №10 жалпы орта білім беретін мемл. мекеме. 2008 ж. үкіметтің 100 мектеп, 100 аурухана бағдарламасы бойынша 1200 оқушыға арналып ашылған. Мектеп жанынан



2011 ж. Атамұра мұражайы ұйымдастырылып, Байтұрсынұлына арнайы бұрыш жасалып, мұрағаттық заттар қойылған. 3 қабатты мектеп ғимараты 5 блокқа бөлінген. 36 оқу бөлмесі, 1 спорт зал, 1 кітапхана, 816 орындық мәжіліс залы, 3 шеберхана, 3 информатика бөлмесі, 1 мультимедиялық, 2 медициналық бөлме, 1 фотокиностудия және асханасы бар.

**ОРТА МЕКТЕП** – білім беретін мекеме. Шығыс Қазақстан обл. Өскемен қ-нда орналасқан. 1996 ж. №20 аралас қазақ мектебі болып қалыптасты. 1997–98 оқу жылында қазақ тілі мен математика пәндерінен кеңейтілген бағдарламамен



оқытылатын сыныптар ашыла бастады. Мектеп жағдайын ескере отырып, математика бағытындағы сыныптар үшін базистік оқу жоспарының «Математиканы ілімдік және тәжірибелік тереңдетіп оқытуға арналған» №7, гуманитар.-эстет. бағытта оқытылатын сыныптар үшін «Қазақ тілі мен әдебиетін ілімдік және тәжірибелік тереңде-

тіп оқытуға арналған» №4 және «Эстетикалық бағытта оқытуға арналған» № 26 нұсқаларына сәйкес жоспарланған. 2000 ж. мектепке Ахмет Байтұрсынұлов есімі берілген. 2002 жылдың 17 қыркүйегінен қалалық білім беру басқармасының №244-П бұйрығымен мектепке «Мемлекеттік тілде оқытатын гуманитарлық-эстетикалық дамыту бағытындағы А.Байтұрсынұлов атындағы №20 жалпы білім беретін мектеп» мемл. мәртебесі берілді. Осыған орай, риторика, бейнелеу өнер, би, көркем еңбек, мәдениет тарихы, этика және таңдау курстары бойынша логика, ағылшын тілі, тарих, география, өнертану пәндері оқытылып, эстет. сыныптар тереңдетілген. 2003 ж. мектепте А.Байтұрсынұлов атынд. мұражай ашылды. 2011 жылдың 23 желтоқсанынан бастап мемл. мекемелерді қайта атау және олардың Жарғыларына өзгертулер енгізу туралы Өскемен қ. әкімдігінің қаулысы бойынша мектеп атауы Өскемен қаласы әкімдігінің «А.Байтұрсынұлов атындағы №20 орта мектебі» коммуналдық мемл. мекемесі болып аталған.

**ОРТА МЕКТЕП** – білім ошағы. Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Саймасай а-нда орналасқан. Толық атауы – А.Байтұрсынұлы атынд. орта мектеп – мектепке дейінгі шағын орт. мемл. мекемесі.



1974 ж. Александровская орта мектебі болып ашылған. 640 оқушыға арналып салынған. 2007 ж. Саймасай а. окр. әкімдігінің №11-66 шешімі бойынша мектепке Байтұрсынұлының есімі берілген. 2011 ж. мектеп жанынан 25 орындық шағын орт. (4–5 жастағы балалар үшін) ашылған. Мектеп орналасқан Клубная көшесі 2013 жылдан Байтұрсынұлов атымен аталады.

**ОРТА МЕКТЕП** – білім ошағы. Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. Қарабөгет а-нда орналасқан. 1965 ж. «Маяк» 8 жылдық мектебі болып ашылған. 1979 ж. О. м. болып қайта құрылды. 1993 ж. мектепке А.Байтұрсынұлы есімі берілген. Білім ордасында 11 арнайы жасақталған кабинет бар. Информатика кабинеті ғаламтор желісімен жабдықталған. Мектеп оқушылары обл., респ. байқауларда жүлделі орындар алған. Мұғалімдер

## ОРТА

арасында 2 маманның іс-тәжірибесі аудан көлеміне, тағы да 2 мұғалімнің іс-тәжірибесі облыс көлеміне таратылған. Олардың жазған әдістемелік



оқу-құралдарын облыс, аудан көлеміндегі мұғалімдер өз іс-тәжірибелерінде пайдаланып жүр.

**ОРТА МЕКТЕП** – білім ошағы. Оңт. Қазақстан обл. Түркістан қ-нда орналасқан. Толық атауы – А.Байтұрсынұлы атынд. №1 орта мектеп. 1898 ж. ғалым И.Яковлев атынд. орыс-қазақ түзем мектебі болып ашылған. 1918–20 ж. А.Чехов атынд. мектеп атауын алған. 1924 ж. О. м-ке В.И.Ленин



есімі берілген. 1993 жылғы 27 наурыздағы 21-шақырылған халық депутаттары Түркістан қалалық кеңесі 14-сессиясының қаулысы бойынша білім ордасы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен аталады. Осы білім ордасынан қайраткер, ғалым Сұлтанбек Қожанов, филол. ғыл. докт., проф. Қазақстан Ғылым акедемиясының акад. Исмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, жазушы Саттар Ерубасов, әскери қайраткер, ген.-м. Баһадүрбек Байтасов, қазақ спортының мақтанышы, даңқты волейболшы Октябрь Жарылқапов, грек-рим күресінен КСРО-ның бірнеше дүркін жеңімпазы Қайыс Ақалиевтар түлеп ұшқан.

*К.Қошым-Ноғай*

**ОРТА ТЫНЫС** «;» – 1) сөйлемдердің ішкі жақындығы күшті болған жерде қойылатын; сөйлемдер арасында ондай жақындық ортақ ой айтылған немесе нәрсе тұтас суреттелген жерде келетін (*Шақшам жақсы еді, тау текенің мүйізінен істелген тақысы еді; қырық қой, төрт ай істеген кісінің ақысы еді; сексен маржан көзі бар еді, тоғыз ат болар деген істеген кісінің сөзі бар еді*); 2) сыйысулы құрмалас сөйлемдердің

баяндауыштары демеулермен құраспай, алды-алдына тұрған және де қастарында тұрлаусыз сөйлем мүшелері немесе бағыныңқы сөйлем болған орында қойылатын (*Берген ақыны азсынып, істеген кісі тау жайлаймын деп наришамды алды; ой қыстаймын деп шотымды алды; қыр қыстаймын деп балтамды алды; қалауым деп бөрте атымды алды; жау шапты деп төрт атымды алды; қайқы келген қара атымды алды; тілік құлақ сары атымды алды*) белгі, үтірлі нокат. Қазіргі кезде ол атаулардың орнына *нүктелі үтір* тіркесі қолданылып жүр.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ОРЫНБАЙ** Бертағыұлы (1813, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Айыртау ауд. Егіндіағаш а. – 1891, Семей обл. Аягөз уезі) – айтыскер акын, жырау, әнші, сазгер. О. ел ішінде Қарауыл Орынбай ақын деген атпен мәлім. Шығармаларында өз дәуіріндегі әлеум. мәселелерге үн қосып, болыс, аға сұлтан сайлауындағы әділетсіздікті әшкереледі. Жырларында билік басына қалталылардың көліп жатқанын ашық айтты («Бір жан жоқ болыстыққа талас емес»), бақ-дәулеттің өткіншілігін жырлады («Тұлпар бар ма тұяғы майрылмаған», «Өлген соң бай мен жарлы мал демейді», т.б.). Сондай-ақ «Адамның жаратылуы туралы», «Қырық парыз», «Бұл дәурен тұрар ма екен сіздерге ұдай», «Жүз жұлдыз» атты толғаулары діни танымда жырланған. О-дың «Жазы биге», «Шоң биге айтқаны», «Алсай Құрақбайға айтқаны» секілді арнаулары бар. Ол Ш.Уәлиханов өмірден қайтқанда көңіл айтып, өлең шығарған («Уа, Шыңғыс, Зейнеп ханым көтер басты»). О. өз тұсында Жанақ, Балта, Шөже, Тоғжан, Серәліқожа, Арыстанбай, Шортанбай, Сақау, Қожабек, Кемпірбай, Тезекбай, Өтеулі, Дана, Байкөкше, Нүркей, т.б. ақындармен айтысқан. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты кітабында Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, Мұрат, Шернияз және О. т.б. ақын-жыраулар шығармаларынан үзінділер берген (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.). Поляк саяхатшысы А.Янушкевич О-дың Жанақ ақынмен Аягөзде өткен айтысын таңданыспен суреттесе (1846), тегеурінді дарын иесін Шал ақын оны «ақындардың төресі» атаған. «Орынбай ақынның Ерден батырды мақтаған сөзі» Ы.Алтынсарин құрастырған «Киргизская хрестоматия» (1879) оқулығында жарияланды. Ш.Уәлиханов «Қазақ халықтық поэзиясының түрлері жөнінде» деген зерттеуінде ақын өлеңдерінің құрылымын, жүйесін талдады. В.В.Радлов (1870), Я.Я.Лютш

(1888), С.Сейфуллин (1931), т.б. зерттеушілер ақын шеберлігін жоғары бағалаған.

Шығ.: Ертедегі әдебиет нұсқалары. – А., 1967; Бес ғасыр жырлайды. А., 1984. – 2-т.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

*С.Негимов*

**ОРЫНБОР** – Ресейдегі қала, облыс орталығы. 1735 ж. бекініс қамал ретінде қаланып, аты Ор өз-нің атауына байланысты қойылған. А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы. Қазақша алифба» кітабы 1912 ж. О. қ-нда жарық көрген. Сонымен қатар 1913–1918 жылдары осы О-да шыққан «Қазақ» газетіне басшылық еткен. А.Байтұрсынұлы ресми құжаттардағы «Ленинге хатында» (6 томдық шығ. жин., 6-т.) «Қазақстанды біріктіретін, Орынбор қаласынан басқарылатын әскери округ құрылсын» деп ұсынды. Байтұрсынұлының «Өмірдерегінде» (6 томдық шығ. жин., 6-т.) түрмеден босанғаннан кейін Қазақ жері аумағына тұруға тыйым салынғанын білген ол Қазақстанға жақын орналасқан О. қ-на 1910 жылдың 10 наурызында келгені баяндалады. М.Әуезовтың «Ахаңның елу жылдық юбилейі» мақаласында «Торғайдағы алғашқы түскен школын жастай бітірген соң, тағы ілгері оқуды талап қылып, Ахмет Орынбордағы учителдік школына түскен» деп жазған. Одан әрі ол Ахаңның Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң бір жарым жылға (административтік ссылқаға) айдау ретімен Орынборға келгені, О-да сол тұрған жылдары «Масаны» жазғаны айтылады. А.Затаевичтің «Ахмет Байтұрсынұлы» кітабы 1925 жылы О-да алғаш жарық көрген. Осы О. қ-нда орыс мектебінде жүрген барлық қазақ баласы қара жұмыс істеп, «Қазақ» газетінің шығуына ат салысады. 1917 жылдың төңкерісінде Ахаң О-да қазақ ин-тында және басқа да қазақ баласы оқыған мектептерде оқытушы болған. Жалпы А.Байтұрсынұлының ғұмырында О. қ-ның орны ерекше болған. Ол О-да қызмет істеген, мұнда баспа ісімен, ғылым, біліммен шұғылданған, қазақтың көзі ашық азаматтарымен, Алаштың арыстарымен, т.б. жүздескен, сұхбаттасқан, өзіне көптеген жақын бауырдай болып кеткен адамдармен танысқан, бірге қызметтес болған.

**ОРЫНБОР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ**, Қазақстанның батыс, солт.-батыс және оңт.-батыс иеліктерін отарлау мақсатында 1850 ж. құрылып, 1881 жылға дейін сақталды. 1868 ж. О. г.-г. құрамында орт. Орынбор қ. болған Торғай обл. құрылды. 1876–81 ж. Қазақстанның солт.-шығысы мен оңт.-нде Дала және Түркістан ген.-губернаторлықтарының құрылуына байланысты О. г.-г. жойылып, Орынбор губ. қалпына келтірілді. Дегенмен, Торғай обл. Орынбор губ. құрамында қалдырылды.

**ОРЫНБОР ГУБЕРНИЯСЫ** – әкім.-аум. бөлік. 1744 ж. құрылған. Алғашқы ген.-губернаторы И.Неплюев болды. Бастапқыда О. г. Кама өз., Каспий т., Батыс Сібір мен қазақ даласы арасындағы жерлерді қамтыды. Кейін жаңа губерниялар мен облыстардың құрылуына байланысты солт.-те Пермь, батыста Уфа және Самара, оңт.-те Орал және Торғай, шығыста Тобыл губ.-ларымен шектесті. Қазақстанның батыс, солт.-батыс және оңт.-батыс иеліктерін отарлау мақсатында 1850 ж. құрылып, 1881 жылға дейін сақталған Орынбор ген.-губернаторлығының құрамында 1868 ж. орт. Орынбор қ. болған Торғай обл. құрылды. 1876–81 ж. Қазақстанның солт.-шығысы мен оңт.-нде Дала және Түркістан ген.-губернаторлықтарының құрылуына байланысты О. г. жойылып, Орынбор губ. қалпына келтірілді. Дегенмен, Торғай обл. Орынбор губ. құрамында қалдырылды. 1897 ж. жер аум. 15 млн. десятина, халқы 1 млн 608388 адам болды. О. г.-на халқы, негізінен, қазақтардан тұратын Торғай обл. тікелей бағынды. А.Байтұрсынұлы «Қазақстан дәуірінің жаңа құрылымы» мақаласында (1926, 6 томдық шығ. жин., 6-т.) «Қазақстан Ленинград емес, Кеңес Одағынан бізді Орынбор губерниясы ғана бөліп тұр». «Жалпы ілгерілеу шараларды қолданбаса да болады» деп, Орынбор губ.-сы болмаса барлығының шамасы бірдей екенін айтады. Байтұрсынұлы Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебін бітіріп (1891), Орынбор қ-ндағы төртжылдық мұғалімдер мектебіне оқуға түскен. 1889 ж. ашылған бұл білім ордасында алыс ауылдардан келіп оқитын балалар жатақханасы мен асханасы, 5 мыңнан астам қоры бар кітапханасы болған. Байтұрсынұлы осы Орынбор семинариясын 1895 ж. бітіріп шыққан.

**ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ АРХИВ КОМИССИЯСЫ** – ғыл.-құжаттық мекеме. 1887 ж. желтоқсан айында 25 адамнан тұратын О. ғ. а. к. құрылды. Комиссияның басты мақсаты – архив істерін ретке келтіру, Орынбор өлкесінің тарихын зерттеу, археолог. және этнографт. материалдар жинау болды. Алғашқы жылы қазақтардың тарихы жөніндегі құжаттар, көрші мемлекеттермен сауда қарым-қатынастары туралы құжаттар жинақталды. Жергілікті өлкетанушылармен бірге комиссияның жұмысына В.В.Бартольд, Санкт-Петербург археология ин-тының директоры Н.В.Покровский, акад. В.В.Радлов құрметті мүшелер ретінде қатысты. А.Балғымбаев, А.Байтұрсынұлы, М.-Ф.Кәрімов, М.-З.Рамеев, М.-Ф.Сүлейменов, т.б. қазақ, татар және башқұрт зиялылары комиссия жұмысына белсене араласты. О. ғ. а. қ-нда 18–19 ғ-ларда Қазақстанды Ресейдің отарлау тарихы жөнінде көптеген деректер жиналды. И.А.Кастаньенің «Қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» деген еңбегінде



## ОРЫНБОРДАҒЫ

Қазақстан тарихы жөнінде алуан түрлі деректемелік материалға жүйеленген шолу берілді. Комиссияның «Труды» атты өз баспасөз органы болды. 1894–1917 жылдарда бұл басылымның 34 саны жарық көрді. О. ғ. а. к. Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді.

*С.Рүстемов*

**ОРЫНБОРДАҒЫ ӘДЕБИЕТ КЕШІ** – 1915 жылғы II сәуірде Орынбор қ-нда Алаш зиялылары ұйымдастырған мәдени шара. Ол жөнінде «Қазақ» газетінде хабарландыру жарияланған. Кеш I-дүниежүз. соғыста жараланған әскерлерге көмек беру мақсатында ұйымдастырылған. Орынбор театрындағы бұл кешке Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы қатысып, ән орындаған. Сонымен бірге кеште халық әндері, Байтұрсынұлының, Ғ.Қараштың, М.Дулатовтың, татар ақыны Ғ.Тоқайдың әндері орындалған. Кеште, сондай-ақ, Алаш қайраткерлері Дулатов пен С.Қадырбаевтың жұбайлары Ғайнижамал мен Жаңыл халық әндерін орындаған.

*Е.Тілешов*

**ОРЫНБОРДАҒЫ ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА** – Ресейдің Орынбор қ-ның Чичерин көшесіндегі А.Байтұрсынұлы тұрған үйге қойылған ескерткіш тақта. 2010 жылғы 24 қараша күні қойылған.



Ескерткіш тақтаның қойылуына Орынбор обл. «Халықтар достығы үйі» мұрындық болған. Бұл игі іс екі ел басшыларының сәтті келісімі арқылы жүзеге асты. Байтұрсынұлы 1910 жылғы 19 ақпандағы Ресей ІІМ Ерекше Кеңесінің Байтұрсынұлы қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөніндегі шешімі бойынша бұл қалаға 1910 жылғы 10 наурызда келген. Ол осы қалада 1918 жылға дейін тұрды. 1913–18 ж. аралығында Ә.Бөкейхан және М.Дулатовтармен бірігіп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды.

*К.Қошым-Ногай*

**ОРЫНБОР ЖӘНЕ БАТЫС СІБІР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН БАСҚАРУ ЖӨНІН-**

**ДЕГІ УАҚЫТША ЕРЕЖЕ** – 1868 ж. Ресей императоры Александр II қол қойған құжат. Осы құжат бойынша Орынбор және Батыс-Сібір ген.-губернаторлықтарында саяси-әкімш. реформа жүргізіліп, ген.-губернаторлықтар облыстарға, облыстар уездерге, уездер болыстықтарға, болыстықтар ауылдарға бөлінді. Орынбор ген.-губернаторлығына Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібір ген.-губернаторлығына Ақмола және Семей облыстары кірді. Орал обл. – Орал, Гурьев, Калмыков, Желі; Торғай обл. – Елек, Николаевск, Ырғыз, Торғай; Ақмола обл. – Ақмола, Көкшетау, Омбы, Петропавл; Семей обл. – Семей, Жаңасарысу, Баянауыл, Көкпекті, Зайсан, Баянауыл, Өскемен уездеріне бөлінді. Ген.-губернаторлықтардағы әкімш. және әскери билік ген.-губернатордың қолына шоғырландырылды. Облыстық әскери және әкімш. билік берілген әскери губернатор басқарды. Ол облыс аумағында орналасқан казак әскерінің атаманы болып саналды. «Ережеде» далалық облыстардың әскери губернаторлары дивизия командиріне теңестірілді. Уезд бастықтарын облыс әскери губернаторының ұсынуы бойынша ген.-губернатор тағайындады. Уезд бастықтарының қолына әкімш. және полицейлік билік шоғырландырылды. Орал обл-ның уезд бастықтарына, Семей обл. Көкпекті уезінің бастығына жергілікті әскери бөлімдер бағындырылды. Болыстықтар 1000 шаңырақтан 2000 шаңыраққа дейінгі бірнеше ауылды қамтыды. Әкімш. ауылдар 100–200 шаңырақтан құралды. Болыстық және ауыл әкімш-н құру тәртібі Қазақстан аймағын отарлау мақсатына қызмет етті. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындары әрбір үш жылда қайта сайланды. Сайлау кезінде рулық талас-тартыстар мен әр түрлі жолсыздықтарға орын берілді. Болыстық басқарушылар мен олардың кандидаттары обл. әскери губернатор бекіткеннен кейін ғана қызметке кірісті. Ауыл старшындары мен олардың кандидаттарын уезд бастығы бекітті. Болыс басқарушысы өз болыстығындағы билігін жүзеге асыру барысында «тыныштық пен тәртіптің» сақталуын, алымдардың жиналуын, т.б. қадағалап отыруға міндетті болды. Болыс басқарушысына тәртіп бұзушыларды үш күн мерзімге қамауға алу және ақшалай айып төлету құқығы берілді. Өзінің әкімш. шегінде старшындардың да болыс басқарушыларындағыдай құқықтары болды. Жергілікті халық өкілдері болыстық және ауылдық деңгейдегі басқару орындарына ғана тартылды. Одан жоғары деңгейдегі басқару орындары отаршылдардың әскери адамдарынан құрылды. Ресей империясының қазақ даласына тұтастай саяси өктемдігін орнатуын 1891 ж. қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже»

зандастырды. А. Байтұрсынұлы 1913 ж. «Орынбор. 13-нші Октябрь» атты мақаласында «Степное положение онша жаман закон емес. Хүкімет пен қазақ арасына салған жолының кейбір жеріндегі таршылығын былай қойып, қазақтың өз арасындағы жұмыстарына салған жолын алғанда, жап-жақсы закон. Басшылық етіп, ел бағатын жақсыларыңды өздерің сайла деп, дұрыстық айтып, дау бітіретін адамдарыңды өздерің сайла деп, би, болыс, ауылнай сайлауды қазақтардың өз еркіне беріп қойған жаман закон емес. Жер турасында да степное положение қазақ қамын ойлап, қазаққа пайдалы жағын көздеген жоқ. Егерде қазақтар степное положениемен пайдалана алмай, оның пайдалы жағын зарарға аударса, оған степное положение кінәлі емес, кінә қазақтың өзінде... Степное положение, жұрт асылына түсініп пайдалана алмаған соң, жұртты бұзуға себепкер болған закон болып табылып тұр» деп жазды.

*Әдеб.:* Материалы по истории политического строя Казахстана. – Алма-Ата, 1961. – Т.1; Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в начале веков. – А., 1996.

*С.Рүстемов*

**ОРЫНБОР МҮФТИЛІГІ** – Ресей империясындағы мұсылмандық діни басқарма. 1788 ж. 22 қыркүйекте Екатерина II-нің жарлығына сәйкес Уфа қ-нда ашылды. Патша өкіметі мүфтилік құру арқылы империя мұсылмандарына көршілес Түркия, Иран, Ауғанстан сияқты елдер мен Орта Азия хандықтарының ықпал етуін тежеуді және олардың Ресей отаршылдық саясатына қарсылығын бәсеңдетуді мақсат етті. Басқарушы сенаттың ұйғарымымен О. м-нің бас мүфтилігіне қазандық татар М.Хұсайынов тағайындалды. Уфа қ-нда құрылған діни басқарма 1797 жылдан О. м. деп аталды. 1918 жылға дейін оның О. м. деген аты сақталып қалды. Патша үкіметінің қазақтардың діни істерін О. м-не қарату шаралары 1789 ж. жүзеге асты. Жаңадан қосылған аймақтардағы қазылар мен молдаларды бекіту мүфтидің құзырында болды. О. м. қазақ балаларын Уфада, Қазанда, Троицкіде, Орынборда және Омбыда ашылған медреселерге оқыту ісінде елеулі рөл атқарды. 19 ғ-дың 2-ширегінде мүфтиліктің араласуымен Ішкі Ордада медресе ашылды. О. м-нің қарамағында 18 ғ-дың соңына қарай 114 мешіт, медресе болды. Мұсылмандық әдебиеттерді шығару жөнінде билік орындарының рұқсатын ала отырып, 1797 ж. 3600 дана, 1806 ж. 1500 дана, 1853 ж. 82 мың дана Құран кітабын басып шығарды. 1867–68 ж. өткен саяси әкімші. реформаларға сәйкес қазақтар мен Түркістан өлкесіндегі өзге де мұсылман халықтарының діни істері жергілікті орт. билік органдарының қолына беріліп, қазақтардың діни істері О. м. құрамынан шығып қалды. 1905 ж. жолданған Қарқаралы құзырхатында қазақтардың діни істерін

О. м-не қарату туралы талап қойылды. Қазақтардың діни істерін О. м-не қарату мәселесі 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейінгі қалыптасқан саяси ахуал жағдайында да жалғасты. 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары мен Ішкі Орда қазақтарының діни істері О. м-не қаратылсын деген шешім қабылданды. Мұндай шешім 2-жалпықазақ съезінде құпталды. 1918 ж. өлкеде кеңес үкіметінің орнауымен О. м-нің қызметі тоқтатылды.

*Әдеб.:* Азаматов Д.Д. Оренбургское магометанское духовное собрание в конце XVIII–XIX. – Уфа, 1999; Хабудинов А. Миллет Оренбургского духовного собрания в конце XVIII–XIX веках. – Казань, 2000; Рүстемов С. Орынбор мүфтилігі және қазақтар. – Қазақ тарихы. – 2004. – №5.

*С.Рүстемов*

**«ОРЫНБОР. 13-ІНШІ ОКТИАБР»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 31 қазандағы 36-санында жарық көрген. Ғалымның «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Бұл көлемді мақалада автор Ішкі істер мин. Мемл. Думаға қазақ турасындағы «Степное положение» заңына өзгеріс жобасын ұсынғандығы жайында хабар жеткізіп, оны жан-жақты талдайды. Сонымен қатар бұл заңның қазақтарға пайдалы болуы үшін алдағы болатын 4-Думаға қазақ білімпаздарынан депутат сайлануы қажеттігі, олай болмаған жағдайда қазақтар өз жобаларын жасап, Думаның алдына қоюы жөнінде мәселе көтереді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

**«ОРЫС «МЕЙРМАНШЫЛЫҒЫ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы санында жарық көрген. «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Мақалада автор орыс билігінің қарамағындағы қазақтарға немқұрайлы қарайтынын ашық жазады. Оған мысал ретінде моңғолдардан зорлық көріп, қытай тарапынан ауып, ата жұртын паналап келген 1000 қаралы үйді әскер күшімен кері қайтарып, ажал аузына айдап салғалы отырғанын келтіреді. Сонымен қатар Семейдегі қалалық 4 сыныптық мектепті үздік бітіріп, Омбыдағы орта дәрежелі а.ш. мектепке қабылдаған Мұқтар Саматов деген бозбаланы қазына қорынан оқытуға рұқсат бермей жатқандығы жөнінде де айта отырып: «Біз газетамыз арқылы Мұқтар Саматовқа ең болмаса бір жылдық оқуына жеткендей жәрдем жыйуға жақын арада Орынбор губернаторынан рұқсат алмақшымыз» деп жазады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Нозай*

**«ОРЫСША ОҚУШЫЛАР»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 26-санында жарық көрген.

## ОСПАНОВ

Мақала «Ақжол» (А., 1991. 259–260-беттер), «Тіл тағлымы» (А., 1992. 430–432-беттер), «Қазақ прозасы» (507–509-беттер), «Маса» (Орынбор, 1911. 186–189-беттер), 6 томдық шығ. жин-нын 4-томына (А., 2013) енгізілген. «Қазақ мұғалімдер мектебіне» деген тіркес сол тұста «Киргизская учительская школа» деп орыс мәтінде берілсе, төте жазуда «қырғыз-қазақ» деп жазылады. «Семинария», «городской», «киргизский», «учительский», «школа», «стипендия», «переводник» сынды сөздер бүгінгі емлеге сай түзетілген нұсқасы берілген. Мақалада автор сол кездегі оқу қуып жүрген жастардың мәселесін көтере отырып: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой», – деп, олардың оқуы кезінде арнайы стипендия төлеу жағын қозғайды.

*Р.Имаханбет*

**ОСПАНОВ** Серікбай (1.4.1945 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Шиелі а.) – ақын, журналист, филол. ғыл. канд., проф. (2010). Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1982). ҚазҰУ-ды



*С.Оспанов*

(1968) бітірген. Қазақ радиосында (1968–78), «Жалын» баспасында бөлім меңгерушісі (1978–96) болып қызмет істеді. А.Байтұрсынұлы атынд. Қостанай мемл. ун-тінде аға оқытушы (1997 жылдан), Қостанай мемл. пед. ин-тында қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, доцент (2005 жылдан) болды. Алғашқы топтама өлеңдері «Жер жүрегі» (1967), «Жас керуен» (1969) ұжымдық жинақтарына енген. Содан бергі жылдары бірнеше жыр жинақтары, аударма өлеңдері, балаларға арналған кітаптары баспадан шықты. Зерттеуші-ғалым ретінде «С.Мауленов – журналист, публицист» (2001), «Публицистика» (2001), «Ахмет өскен ақындық орта» («Қостанай таңы», 2004), «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» (2006) монограф. еңбектері, А.Байтұрсынұлы туралы «Қаракөзайым» («Торғай таңы», 1991), «Аханның айшықтары» («Ана тілі», 2001), «Ахмет

Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов» (Қостанай, 2011), «Аристотель, әл-Фараби және Ахмет немесе ұлылар үндестігі туралы ой-толғам» («Қостанай таңы», 2007), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарияланған. 200-ден астам ән мәтінінің, 30-дан астам әндердің авторы. Жамбыл атынд. халықар., Байтұрсынұлының шығарм. мұрасын зерттеуде және университет жетістіктерін насихаттауда жоғары белсенділік танытқаны үшін А. Байтұрсынұлы атынд. сыйлықтарын иеленді. Бірнеше медальдармен марапатталған.

**ОСЫ ШАҚТЫҚ ЕСІМШЕ** – осы шақта істеп тұрғанды көрсететін есімше. Мыс.: *өлең айтушы, бие сауушы, құдық қазушы.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**«ОТЗЫВ БАЙТУРСУНОВА О РУКОПИСИ РУКОВОДСТВА К ПРЕПОДАВАНИЮ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА РУССКИМ, СОСТАВЛЕННОГО Т. КОСИВЦОВЫМ»** – А.Байтұрсынұлының Косивцовтың орыстарға арналған қазақ тілі оқулығына берген пікірі. ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатында сақтаулы (81-қор. 1-тізім. №1314 іс. 6-б.). Пікірді алғаш А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-тының «Тілтаным» атты журналында (А., 2000) жариялаған – О.Жұбаева. *Әдеб.:* XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

*О.Жұбаева*

**«ОТ СӨНДІ»** – «Оқу құралына» енген шағын әңгіме. Жабайы адамдардың тасты тасқа, ағашты ағашқа ысқылып, от шығарып алуды үйренгені туралы әңгімеленген. Адамдардың от жағуды, сөніп қалса, қайтадан тұтатуды үйренуі туралы ғыл. болжам-тұжырымдар бала мен қарияның арасындағы әңгіме түрінде берілген. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«ОТЫЗ ЖЕТІНШІ ЖЫЛ»** – әңгіме кітап. Авторы – Қ.Сәрсекеев. А., «GAUHAR» баспасынан 1998 ж. қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген. Көл. 176 бет. Таралымы 10000 дана. Халық арасында «нәубет жыл» атанған – 1937 жыл трагедиясы шығармада барынша шыншылдықпен баяндалған. Әңгіменің тілі шұрайлы, сюжеттік желісі ширақ, мазмұнға бай. Автор оқушы назарына ұсынып отырған бұл кітабын азапты жылдар құрбандарының – А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, т.б. асыл рухына бағыштаған. Кітап 1937 жылдың ащы шындығын айғақтайды.

*С.Хасенов*



**«ӨГІЗ БЕН БАҚА»** – «Қырық мысалдағы» алтыншы өлең. 9 шумақ (36 тармақ). Көлге келіп су ішкен өгізді көріп, мен де сондай боламын деп, «Жел тартып, ісіп, кеуіп, Қарнын керген» бақа ақыр аяғында іші жарылып өлгенін мысал ете келіп, автор: «Нақыл сөз: «Өлін білмес – әлек» деген, Осындай әуре болған жаннан қапты» деп, шамасына қарамайтын кейбіреулерді келемеж етеді. «Арыстан Айға шауып мерт болыпты» деген мәтелге орайласатын ой білдіреді.

**ӨЗБЕКҰЛЫ** Сәкен (22.1.1951, Алматы обл. Жамбыл ауд. Самсы а. – 18.7.2009, Алматы қ.) – заң ғыл. докт. (1999), проф. (2000). ҚР Заң ғылымдары академиясының акад. (2004). ҚР Гуманит. ғылымдар академиясының корр. мүшесі. ҚазҰУ-ды (1979) және Қазақстан ҒА Философия және құқық ин-тының аспирантурасын (1983)



С.Өзбекұлы

бітірген. Осы ин-тта кіші ғыл. қызметкер, ҚазҰУ-да оқытушы, Д.Қонаев атынд. ун-тінің проректоры. ҚР ҰҒА Мемлекет және заң ин-тының аға ғыл. қызметкері (1980–99), 2004 жылдан Орта Азия ун-тінің проректоры қызметтерін атқарған. Негізгі ғылым еңбектері мемлекет және құқық теориясы мәселелерін, саяси-құқықтық ілімдер тарихын, Қазақстан мемлекеті мен құқығының тарихын зерттеуге арналған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 10 монографияның авторы. Оның «Ахаң айтқан ақиқат» («Жас алаш», 30.1.1993), «А.Байтұрсынов құқықтық мемлекет туралы» («Ақиқат», 1994, №7), т.б. мақалалары жарық

көрген. «Арыстары алаштың» (А.: Жеті жарғы, 1998) тарихи очеркінде Қазақстандағы қоғамдық-саяси, құқықтық ой-пікірдің көрнекті өкілдері және олардың қазақ қоғамының саяси дамуына көзқарастарын зерделеген. Байтұрсынұлының сан қырлы саяси-қоғамдық және ғыл. қызметі, оның ішінде мемлекет, құқықтану саласында жазған еңбектерінің маңызы қарастырылған.

С.Кәрімов

**«ӨЗЕН»** – «Оқу құралындағы» өлең. Авторы – Ы.Алтынсарин. Қазіргі оқушыларға кеңінен таныс болғанымен, Байтұрсынұлының оқу құралдары арқылы жұртшылыққа алғаш рет ұсынылған. **«ӨЗЕН МЕН ҚАРАСУ»** – «Қырық мысалдағы» отыз тоғызыншы өлең. 70 тармақ. Азғана жерде ақпай жатқан Қарасу бір күні Өзенге: менің көрген күнім рақат, тыныш жатамын, ал сен болсаң тыным таппай, ойдан-қырға шапшып жатқаның, осы бейнеттің керегі не деген уәж айтады. Бұған Өзен: «Толтырып сай-саланы жылда суға, Келтірдім көпке пайда тапқаныммен... Ағармын, әлі де болса неше жүз жыл. Суалып оған дейін жатқан сенің, Дүниеде атың қалмас, суың түгіл» деп жауап береді. Автор өлеңнің соңын өз халқына, қазағына арнап, оған: «Айтамын жаным ашып жақыныма. Қозғалмай бұл күйіңмен жата берсен, Боларсың Қарасудай ақырында» деген ой айтады. Шағын мысалдың осындай ғибраты шалқар ойға бастайды.

С.Ғұрманқызы

**ӨЛГЕНДІК ТУРАЛЫ КУӘЛІК** – АХАЖ бөлімінен А.Байтұрсынұлының өлгендігін растау жайында берілген құжат. Бұл құжат 1989 ж. 23



наурызда Алматы қ. Фрунзе ауд. АХАЖ бөлімінен өлгендік туралы актілерді тіркеу кітабынан алы-

## ӨЛЕҢ

нып берілген. Ғалымның өлген уақытын құжатта Алматы қ. 1937 жылғы 8 желтоқсан деп көрсетеді. Өлу себебі – атылған деп толтырылған. Ату жазасы орындалған шақта ғалым 62 жаста болған. Куәлік көшірмесі Алматы қ-нда орналасқан ғалым атынд. мұражайда сақтаулы.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 6-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ӨЛЕҢ АҒЫНДАРЫ** – «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде алғаш рет қолданған термин. Ө. а. – әр бунақтың шумақ ішіндегі орнына байланысты болып келетін өлең кестесі. Әр бунақтың шумақ ішіндегі талғамалы, таңдамалы орнына байланысты болады. Бунақтың таңдамалы орны – тармақ аяғында келетін үш буынды бунақтан немесе төрт буынды бунақтан тұратын өлең кестесі. Бунақ таңдамалы орнында тұрмаса не болмаса буын саны сәйкес келмесе, өлеңнің ырғағы, ұйқасы бұзылады. Бунақтың талғамалы орны – тармақтың басында немесе ортасында келетін үш буынды бунақтан немесе төрт буынды бунақтан тұратын өлең кестесі. Ғалым бунақтар орын талғайтынын айта келе, өлең ырғағы, ұйқасы бунақтың шумақ ішіндегі орнына байланысты ерекше атап көрсетеді. Шумақ ішінде бунақтар тармақтардың басында я ортасында келіп, орнын сақтауы тиіс. Олай болмаса, өлеңнің ырғағы бұзылып, жорғағынан жаңылады. Ғалым Ө. а. сақталмайтын өлеңдер қатары көп екенін, тіпті Абай өлеңдерінде де бұл кемшілік орын алатынын айтады. А.Байтұрсынұлы өлең ағындарының үш түрін көрсетеді: бірінші ағынды өлең, екінші ағынды өлең, үшінші ағынды өлең немесе «түрікпен» ағыны. Бірінші ағынды өлең – Байтұрсынұлы жіктеген Ө. а. түрі. Ондай өлең дауыс ағыны басынан аяғына дейін бірдей болады. Екінші ағынды өлең – дауыс ағыны бірінші ағынды өлеңнен басқа болып, бастапқы және соңғы бунағындағы буын саны сәйкес келеді. Үшінші ағынды өлең немесе түрікпен ағыны – 11 буынды өлеңдерде кездесетін Байтұрсынұлы жіктеген Ө. а. түрі. Ғалым оны қазақ өлеңшілері «түрікпен» ағыны деп атайтынын, бірақ олай аталу себебі белгісіз екенін айтады. Үшінші ағынды өлеңнің аяқ бунақтары ылғи үш буынды болып, басқалары төрт буынды болып келеді. Тармақ кезектері – бунақтардың арасындағы дауыс толқынының жіктері. Байтұрсынұлы тармақ кезектерінің екі түрін көрсетеді: ұлы кезек және кіші кезек.

*Е.Шынтай*

**ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ.** А.Байтұрсынұлының рухани мұрасында өлеңдерінің алар орны бөлек. Алаш жұртына есімін танытқан «Қырық мысал» (1909). «Маса» (1911) жинақтары өлең сөзбен жарық көрді. Ақын өлеңдері құрылысы жағынан негізінен 20 ғ. басында қазақ әде-

биетінде орныққан дәстүрлі үлгімен берілген. Өлеңге биік талғаммен, талаппен қараған ағартушы кейін өлең сөздің құрылымын талдаған «Әдебиет танытқыштай» зерттеу жазғаны белгілі. «Қырық мысал» жинағы ауыз әдебиетінен бері келе жатқан сөз өнерінде ежелден қалыптасқан қара өлең ұйқасымен жазылған. Орыстың тәржіме еттім мысалдарын, Әзірге қолдан келген осы барым. Қанағат азға деген, жоққа сабыр, Қомсынып қоңырайма, құрбыларым! А-А-Ә-А ұйқас тәртібімен жазылған шумақ тармағы 11 буыннан, 3 бунақтан тұрады. Бірінші бунақта буын саны – 3, қалғандарында – 4 буыннан. Осы тәртіп (3-4-4) кітаптың соңына дейін сақталған. Негізінен толымсыз ұйқас, толымды түрі аз. Акад. Қ.Жұмалиев көрсететін екі буынды ұйқас жиі келтіріледі (Аққу бір күн – дүркін-дүркін – Шортан шіркін; отын алып – өліп-талып – ойға қалып). Тұтас төрт буынды ұйқас сирек кездеседі (Сөз жаздым үгіт үшін бозбалаға // Осындай елде оқиға аз ғана ма?; Ақылың қайда кетті, данышпаным? // Серт етіп түспесе қол алысқаның?). «Маймыл» мысалына жазған түйін сөзінде бірінші шумақ қара өлең ұйқасымен берілген (А-А-Ә-А). Келесі шумақтың 2-, 4-тармақтары бірінші шумақтағы ұйқаспен үндеседі (Б-А-В-А). Қорытынды үшінші шумақ қайыра қара өлеңмен жазылған (А-А-Ә-А). Яғни Байтұрсынұлы өлең өлшемінде кейде қалыпты жүйені сақтай бермеген. Шығарма мазмұнын, айтар ойын жеткізу үшін еркін ұйқас түрлерін қолданған. «Маса» жинағына енген өлеңдерінің құрылымы «Қырық мысалмен» салыстырғанда біршама қалыптасқан. Ақынның аударма емес, төл туындылары болғандықтан, шығармалар құрылысы, ұйқасы жағынан әртүрлі. Оның негізгі себебін Байтұрсынұлының Абай өлеңдерінен сусындап, мазмұндық және пішіндік жағынан үлгі болатын шығармашылығымен танысқанында деп танымыз. Абайдың 1909 ж. жарық көрген тұңғыш жинағын оқығаннан кейін жазған өлеңдерінде Байтұрсынұлы өлең құрылысында пішіндік ізденіске барады. Осы орайда данышпан ақынның жақсы дәстүрінің жалғастығын байқаймыз. Абайда кездесетін ұйқас түрлері, өлең өлшемі «Маса» жинағына енген туындыларда көрініс табады. Түсіне қарап, Ішінен түңілме. Күшіне қарап, Ісінен түңілме. «Қырық мысалда» кездеспейтін өлең өлшемі, 5 буынды 2 бунақты тармақ. Шалыс ұйқас үлгісімен жазылған өлеңде 2-бунақ қайталанып отырады. Әр тармақтың бірінші бунақтары ұйқасады (түсіне-күшіне, ішінен-ісінен). Су түбінде жатқан зат Жел толқытса шығады. Ой түбінде жатқан сөз Шер толқытса шығады. «Жадовскаядан» аударма өлеңі 7 буынды, 2 бунақты шалыс ұйқаспен жазылған. Туындының формасы «Масада» кездеспейді. Ал ақынның «Жиган-терген» өлеңінде Абайдың «Сергіз аяғыңын» үлгісі көрініс табады: Қазағым, елім, Қайқайып белің, Сынұға

тұр таянып. Талауда малың, Қамауда жаның, Аш, көзіңді, оянып! Қанған жоқ па, әлі ұйқың? Ұйықтайтын бар не сыйқың?! Шығармада ұйқас түрі, буын өлшемі, тармақтардың рет саны ұлы акынның өлеңін жалғағандай. Абай өлеңіндегі құрылым тұтас сақталған. 8 тармақты шумақта «Алыстан сермеп» өлең формасы қайталаанады. 1, 2, 4, 5 тармақтар – 5 буыннан; 3, 6, 7, 8 тармақтар – 7 буыннан. Ұйқасына қарасақ, шумақтың 1, 2 және 4, 5 тармақтары өзара үйлеседі де, буын саны артық 3 пен 6 тармақтар бір-бірімен үндеседі. Шумақтағы ойды қорытындылайтын 7 мен 8 тармақтарда бөлек ұйқас берілген. Осы ұйқас түрі акынның «Жауап хаттан» өлеңінде де кездеседі. Акынның кейбір өлеңдерінде дәстүрлі қара өлең ұйқасымен жазылған шумақ 4 тармақтан емес, 6 тармақтан тұрады. Мыс.: ондай тәртіп «Нәбек аты» (жеке шумақтар), «Бұл сөздің мағынасы емес терен», «Сорлы болған мұжық», «Лермонтовтан», «Тарту» өлеңдерінде бар. «Тілек батам» өлеңі құрылысы жағынан өзге туындыларына ұқсамайды. Өлеңде 7 буынды тармақ басынан аяғына дейін біркелкі. Мұнда жоғарыда мысал еткен «Сегіз аяқ» тәртібі жоқ. Екіншіден, 7 шумақты өлеңде бұрын кездеспеген жүйе бар. Әр шумақтың соңғы тармағы кейінгі шумақтың соңғы тармағымен ұйқасады және ұйқас аяғына дейін ұқсас болып келеді. Мыс.: ашпай жап – деген бап – өзің тап – түсір, Хақ – болған шақ – толған шақ – әруақ. Алайда шумақтарда тармақ саны біркелкі емес, бірде – 4, бірде – 5 болып келеді. «Жауға түскен» сөзі өлеңінде де 7 буын сақталған. Екі тармақты шумақтың соңғы тармағы келесі шумақтың соңғы тармағымен ұйқасып отырып, туындыны біртұтас шумақ секілді жинақтап көрсетеді. Шумақтың алғашқы тармағы ұйқаспайды. «Қазақтың бала жұбату өлеңі» туындысының шумағы 2 тармақты, 4 буынды үлгімен жазылған. Шумақтың екінші тармақтары ұйқасып отырады. Ұйқасытын тармақта негізінен көмекші етістік (тұр) пен сұрау есімдігі (қайда) қайталанып келеді. Акын, ғалым, қазақ әдебиеттану ғылымының атасы Байтұрсынұлы өлең сөздің сыр-сипатын, құрылымын, жүйесін, жасалу жолын, ұйқас тәртібін жақсы түсінген. Алдымен көркем жинақтарын жариялап, теориялық зерттеу еңбегін кейін жазса да, акынның өлең құрастыруда биік талғамы байқалады. 20 ғ-дың басында өмір сүрген қазақ ақындарының көбінде ұшырасатын өлең жолдарындағы артық буын, құрылымдағы жүйесіздік, шумақтағы қосылып кеткен тармақтар Байтұрсынұлы туындыларында сирек кездеседі. Акын өлеңін мейлінше тәртіптен, бастапқы қалыптан жүйелі жазуға ұмтылады. Көрікті ойын өлең арқылы көркем жеткізген суреткер туындыларының ағартушылық, саяси-әлеум., дидактик., филос. мазмұнына байланысты олардың өлшемін де түрлендіріп отырады. Бұл орайда акын өлеңдерінде белгілі

мөлшерде мазмұн мен пішін сабақтастығын байқаймыз.

*Қ.Кемеңгеров*

«ӨМІР» – өлең. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 5 шумақтан және 20 жолдан тұрады. Шығарманың соңына авторы «Бұйра-ұлы» деп көрсетілген.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**ӨМІРБАЯН** – әуезенің бір тарауы. «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Біреудің туғанынан бастап, өлгеніне шейінгі өмірін жазу, я айту өмірбаян болады» деп анықтама береді. Ө-ның жазылу барысына тоқтала отырып, ғалым оның нағыз рас әңгіме екендігін атап өтеді. Абылай, Абай, Ақан сері, Әбубәкір, Сағынғалидың өмірбаяндарын мысал ретінде келтіре отырып, жай өмірбаян мен өз өмірбаяны арасындағы айырмашылыққа тоқталады.

*С.Итеғұлова*

**«ӨМІРДЕРЕК»** – А.Байтұрсынұлының 1929 ж. 12 мамырда өз қолымен орыс тілінде толтырған анкетасы. Құжаттың түпнұсқасы А.Байтұрсынұлы мұражайының қорында тіркеліп, сақтаулы тұр. Алматы қ-дағы «Ел-шежіре» баспасынан 2013 ж. жарық көрген ғалымның 6 томдық шығ. жин-ның 6-томына алғаш рет қазақ тіліне аударылып жарияланған. 4 беттен тұратын анкета екі бөлімді құрайды. «Менің туған жылым «мешін» 1872 жыл» деп басталатын алғашқы бөлімде туған жері, сауат ашу кезеңдері, отбасылық жағдайы, анкетаны толтырған кезеңге дейінгі атқарған қызметтері толықтай қамтылған. Екінші бөлімінде газет-журналдардан бөлек, жарық көрген оқулықтары мен ғыл.-әдістемелік еңбектерінің тізімі 14 деп көрсетілген. Қандай себептермен екені белгісіз, басылым көрген туындыларының тізімінде сол кездері жарық көрген «Ер Сайын» тарихи жыры, «23 жоқтау» (Ө.Бөкейханмен бірге), «Оқу құралы» атты жалпы мектеп сыныптарына арналған пән кітабының 2-, 3-бөлімі, «Мәдениет тарихы», «Уголовный кодекс РСФСР» атты еңбектері жайында мәлімет бермеген.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 6-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**«ӨМІР ЖОЛЫ»** – А.Байтұрсынұлы туралы түсірілген 30 минуттық деректі фильм. 2015 ж. «Хабар» агенттігі түсірген. Авторлары – Ербол Мәндібек, Сәкен Нөгербек. Деректі фильм ғалымның торғайлық туысы әрі ахметтанушы, Үмбетей қорының төрағасы Ибраһим Ағытаев-

тың ұзақ жылдардан бері жинаған материалдары негізінде түсірілген. Фильм Байтұрсынұлының балалық шағынан басталады. Одан ары қарай фильмде ахметтанушы ғалымдардың пікірлері деректер арқылы ғыл. түрде өрбіп отырады. Деректі фильмде Ахметтің әкесі Байтұрсын мен оның ағасы Ақтасты жайлаудан қыстауға бет алған шағында орыс оязы Яковлев және оның бір топ сарбаздарының қуғындауға алған кезеңі бейнеленген. Сонымен қатар, фильмде ғалымның туған ауылының тұрғындары мен ұрпақтарынан сұхбат алынған. Сұхбаттарда Байтұрсынұлының 1872 ж. 5 қыркүйекте Қостанай окр., Торғай уезі, Тосын болысының 5-а-на қарасты Сарытүбек мекенінде дәулетті отбасында дүниеге келгендігі баса айтылады. Осы уақытқа дейін түрлі аталып келген болжамдарға нақты дерек арқылы нүкте қою фильмінің мақсаты болған.

*Р.Имаханбет*

«ӨРБУ» – танымдық мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Шығармада табиғаттың, жер, судың қалай жаралғандығы жайында әңгіме өрбітеді. «Адамзат адам болғаннан бері де неше мың жылдар өткен. Неше мың жылдарды өткізе, неше түрге түсіп, жеттіге, жетіле келіп, осы күнгі тұрмыс түрін тапқан» деп, адамзаттың дамуы жөнінде де түсінік береді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ногай*

«ӨРКЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТ» – мақалалар жинағы. Авторы – М.Қозыбаев. А., «Сөздік – Словарь» баспасынан 2001 ж. жарық көрген. Көл. 369 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап «Өркениет өрісінде», «Ұлт болмысы» және «Өркениет маршруты – тәуелсіздік» атты үш бөлімнен тұрады. Еңбекте автордың соңғы 10–15 жыл шегінде Дала өркениеті, қазақ ұлты, оның өркениетке үлес қосқан даналары, өркениеттік тұлғалар мен шығармалар қаралған. Сондай-ақ кітапта А.Байтұрсынұлының Алашордадағы қызметі, оның ұлт болашағы, ұлт болмысы, ұлт намысы, ұлт тілі, ұлттық мәдениет, ұлттың рухы, ұлтжандылық, жер тағдыры жайындағы ойлары, сонымен қатар автордың «Ахмет Байтұрсынұлов – XX ғасырдың ұлы реформаторы» атты көлемді танымдық зерттеу мақаласы жарияланған. Акад. Қозыбаевтың Қостанай қ-нда Байтұрсынұлының мемориалдық ескерткіш кешенінің ашылу салтанатында сөйлеген сөзі берілген.

*С.Арғынғазин*

**ӨРНЕКТІ СӨЙЛЕМДЕР.** Қазақ тіл білімінде күрделі құрмалас сөйлемдер туралы алғашқы пікір айтқан А.Байтұрсынұлы болатын. Ғалым

күрделі құрылымдағы сөйлемдерді өрнекті сөйлемдер деп атап, оған мынадай анықтама береді: «Өрнекті сөйлем деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құрылуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге салынған түр сияқты болып, өрнек өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп, әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлем оралым (яки шұбыртпа) деп аталады. Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқысы тақырыпты мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады». Ғалым олардың себеп, мақсат, ұқсатпалы, қайшы, шартты, жалғасыңқы, серіппелі, айырықты, қорытпалы түрлері болатындығын көрсеткен. Ғалымның тұжырымдауынша, Ө. с-ді иіріп-жиырып жай сөйлемге, жай сөйлемді жайып, Ө. с-ге айналдыра беруге болады. Өйткені Ө. с. қанша үлкен болғанымен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Мәселен, жоғарыдағы сөйлемдегі ойды бір-ақ сөйлемге сыйдыруға болады: Бұл сапарға бармаймын, өйткені анасы Тайбурылдың әлі қырық үш күндік кемдігі бар деген (салалас құрмалас сөйлем). Анасы Тайбурылдың әлі қырық үш күн кемдігі бар дегендіктен, мен бұл сапарға бармаймын (сабақтас құрмалас сөйлем). Алғашқысында салдар өлеңдегідей себептің алдында тұр. Ал сабақтас құрылыммен айтқанда, себеп салдардың алдына шығады. Қазіргі дәстүрлі грамматикадағы айтылып жүрген көп сыңарлы құрмалас сөйлемдердің мағыналық қазығы екеу-ақ (пікір тақырыбы, пікір баяны) болатындығын Байтұрсынұлы сол кезде-ақ дәлелдеп берген. Осыдан барып, құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер және құрмаластың сыңарлары (компонент) деген лингвистик. ұғымдар бір емес, екі басқа деген қорытынды шығаруға болады.

*Б.Қапалбек*

**ӨСКЕНБАЙ** Ырғызбайұлы (1778–1850) – Абайдың атасы, атақты би. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай туған. Ө. жастайынан зерек, есті болып өседі. Кеңгірбай би Ырғызбай жастай өлген соң, інісінің орнына осы баласы – Ө-ды сүйеніш етеді. Қартайған кезінде жол өз баласы Ералыныкі болса да батасын беріп, Ө-ды би қояды. Ө. өзінің ел басқару әдісінде, ең алдымен паракорлықтан бойын аулақ салуға тырысады. Ө-дың әділдігіне тәнті болған ел арасында «Іең адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген тәлімді сөз пайда болады. Ө. үлкен әйелі Зере бәйбішеден (шын аты – Тоқбала Бектемірқызы) – Құттымұхамбет, Құнанбай, Тайбала есімді екі ұл, бір қыз сүйеді. Құттымұхамбет жастай оғат болған. Зерен кейінгі төрт тоқалынан Өскенбай би тоғыз ұл көрген. 1822 жылғы Сібір қазақтарын билеу ту-

ралы патша әкімш. жарлығынан кейін отарлау саясатының тасқұрсау тәртібіне мойынсұнып, Тобықты елі Ресейге «бодан» болып, Петербургтен келген арнаулы өкіл Иван Семенович деген майордан Ө. кепілдеме құжат алады. 1826 ж. 16 қазанда шекаралық басқарманың міндетін атқарушы Броневскийдің жарлығымен старшын шеніне көтеріледі. Ол орта жасқа келген шағында ел билігі тізгінін үлкен ұлы Құнанбайдың қолына ұстатады. Өзі ақыл-кеңесін беріп, ел-іші істерін сырттай ғана бақылап отырады. Ө-дың сүйегі Шыңғыстаудың ішінде Бекенші өз-нің бойында әулеттік қорымда жерленген. Құнанбай Ө. биге 1851 ж. шілде айында, Көкшетаудың арғын ішінде Қамбар руы жайлаған Кекжайдақ деген жерде ас берген. Өзі бес жасқа толған кезінде мәңгі-бақиға көз жұмған аяулы атасы Ө. биге берілген ұланғайыр асқа бала Абай да Зере әжесіне еріп барған. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Абайдың ұлы атасы жайында: «Кіші атасы Өскенбай би ел арасында ғаділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алыс елдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің жұртына келіп бітіседі екен» деп жазады.

*Б.Сапаралы*

**«ӨСІМДІК»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Өсімдік деп нелерді айтуға болады, ол үшін қандай жағдайлар (су, ауа, жарық) керек болады деген сұрақтарға жауап берілетін танымдық ақпарат. **«ӨСІМДІКТІ ҚОРЕКТЕНДІРУ, ТОЗҒАН ЖЕРДІ ЖАҒЫРТУ»** – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Жерді тыңайтудың әдіс-тәсілдері айтылған. Оның ішінде фосфор, селитра, әктас секілді хим. тәсілдер бар. Либик деген ғалымның 35 жыл бойы зерттеп тапқан әдісі бойынша жерді бір жыл ішінде 25 жыл бос жағқандай етіп тыңайтуға болатыны анықталған. Ғыл. түсініктеме берілген.

**«ӨСІМДІКТІҢ ЖЕР ЖҮЗІНЕ ТАРАЛУЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Өсімдіктің көбеюіне себеп болатын жағдайлар (жемісі, ұрығы), оның тұқым шашу арқылы таралатыны түсіндірілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ӨТЕТІЛЕУОВ** Бекет (1.7.1883, Қостанай обл. Обаған ауд. – 9.7.1949, сонда) – ақын, аудармашы, ағартушы, педагог. Екі сыныпты орыс-қазақ мектебінде, кейіннен мұғалімдер даярлайтын курста оқыған. 1907 жылдан өмірінің соңына дейін ұстаздық қызметпен айналысқан. 1923–25 ж. Қостанайда Б.Алтынсарин ашқан, кейін Қазкоммуна аталған мектепте меңгеруші, 1925–29 ж. округтік оқу к-тінің төрағасы, 1930–49 ж. орыс тілінің мұғалімі болды. Ө. Ыбырай салған ағартушылық жолды жалғастыра жүріп, аудармашылық, жазушылықпен де шұғылданды. «Дүние ісі ахиретке кетпес» атты тұңғыш кітабы 1912 ж. Қазанда жарық көрді. Онда ақынның екі дастаны бар. Бірі кітаптың атымен аталады,

екіншісі – «Жанғыз сәуегей сипатында». Келесі «Жиған-терген» (1914) кітабын А.Байтұрсынұлы Орынборда бастырып шығарған. Оған «Қазақтың надан байлары мен нашар көршілері және ғалымдық пен надандық», «Данышпан қазы», т.б. шығармаларымен қатар Хемницерден «Құмырсқа мен дән», Пушкиннен «Көктемнің келуі», Жуковскийден «Туған жер», Лермонтовтан «Үш бәйтерек», Крыловтан 15 мысал аудармалары енген. Осы кітаптардан кейін Ө. жазушылықты біржола қойып, педагогтік қызметпен айналысқан. Ғ.Мүсіреповтің «Автобиографиялық әңгімесінде» Ө-тің ұстаздық бейнесі суреттелген.

*С.Қашев*

**ӨТКЕЛДІЛЕР** (ауыз арқылы өтетіндер: еркіндері, қымқырындысы, именіштілері, қақтықпалары, бөгелістісі; мұрын арқылы өтетіндер: ерін бөгетті, тіл бөгеттісі, тамақ бөгеттісі). Ауыз қуысында (ауыз жолды) кедергіге ұшырамай шығатын дыбыстарды еркін деп, еріндік дыбыстарды қымқырынды деп, діріл дыбысты қақтықпалы деп, тоғысыңқы дыбыстарды бөгелісті деп атап отыр. Мұрын (мұрын жолды) арқылы өтетін дыбыстарды ерін бөгетті (ерін тоғысыңқы), тіл бөгетті (тіл тоғысыңқы), тамақ бөгетті (тілшік тоғысыңқы) деп, дыбыстың жасалу орнын жасалым (артикуляциялық) белгі ретінде алып отыр.

**ӨТКЕЛСІЗДЕР** (қамалатындары: ерін қамаулысы, тіс қамаулысы, тамақ қамаулысы; сүзілетіндер: тандай сүзілулер, тамақ сүзілулер). Бұл жерде дыбыстардың жасалу тәсілін пайдаланады. Өткелсіздерді айтқанда сөйлеу мүшелері өзара тоғысып, ауаның шығуына кедергі жасалады: ерін қамаулысы ерін мен ерін өзара тоғысып қамалады; тіс қамаулысы тіс пен тіл ұшы өзара тоғысып қамалады; тамақ қамаулысы тілшік пен тіл түбі өзара тоғысып қамалады. Сонымен, өткелсіздер атауын тоғысыңқы деп түсіну керек. Сүзілетіндерді айтқанда сөйлеу мүшелері өзара жуысып, ауаның шығуына кедергісі болмайды: тандай сүзілулі дыбыстар тандай мен тілдің өзара жуысуы арқылы жасалады, ал тамақ сүзілулі дыбыстар тілшік пен тіл түбінің өзара жуысуы арқылы жасалады. Сонымен, сүзілетіндер атауын жуысыңқы деп түсіну керек.

*Ә.Жүнісбек*

**ӨТІРІК ӨЛЕҢ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. Шындық емес, жалғанға құрылған шағын өлеңнің түрін ғалым Ө. ө. деп атайды. Ө. ө. қалай шыққанын сөйлейтін ертегі бар: ол ертегінің қысқаша мазмұны – қырық ауыз қиысын келтіріп, Ө. ө. айтқан адамға бір хан қызын берем деген. Соған біреу қырық ауыз өлең айтып, қызын алған дейді. Ө. ө. түрлері мынадай болып келеді: «Бақа қызын беріпті көбелекке, Жүріпті қара шыбын жеңгелікке. Құмырсқаның бір туын ұстап сойып, Той қылып, ат шаптырды төңірекке».

*М.Бақытқызы*





**ПАЛЕСТИНА**, Палестина мемлекеті – Батыс Азияда орналасқан. А.Байтұрсынұлы «МОПР һәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» еңбегінде (6 томдық шығ. жин., 5-т.) Англияның отары П-дағы Хайфа қ-нда жұмысшылар клубын жауып тастағанын, клуб басқарып жүргендердің 7-еуін түрмеге жапқанын, ағылшындардың бұл озбырлығы П. жұмысшыларының ереуіл жасауына себепші болғанын айтады.

**ПАМИР** – Орт. Азияның оңт-ндегі тау жүйесі. Негізінен Тәжікстан жерінде, шығыс және оңт. бөліктері Қытай мен Ауғанстан мемлекеттері аумағында. Солт-нде Алай сырты жотасымен, оңт-нде Зоркөл, Памир және Пяндж өзендерімен, батысында Пяндждің меридиан бағытымен, шығысында Сарыкөл жотасымен шектеседі. Жер бедерінің сипатына қарай П. Батыс және Шығыс бөліктерге бөлінеді. Жұмыр тау жоталарын (Сарыкөл, Мүзкөл, т.б.) кең аңғарлар мен түбі тегіс қазаншұңқырлар бөледі. А.Байтұрсынұлы Азия (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлығының табиғатын сипаттағанда ірі тау жүйелеріне тоқталған. Сондай ірі тау жүйесі деп Орт. Азиядағы П. таулары да айтылған.

*Қ.Ахметов*

**ПАНАМА ҮЗІЛІСІ**, Панама мойнағы – Орт. Американың ең жіңішке бөлігі, Панама мемлекетінің аумағында орналасқан. А.Байтұрсынұлы Америка (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлығының табиғатын сипаттағанда П. ү. жайлы да айтқан.

**ПАРАГВАЙ** – Бразилия мен Парагвай мемлекеттеріндегі өзен, Парананың оң саласы. А.Байтұрсынұлы «Америка» (6 томдық шығ. жин., 2-т.) мақаласында Оңт. Американың табиғатын сипаттап, өзен-көлдерін де жазған. Сондай ірі өзендердің бірі – П. өз.

**«ПАРАШЫЛҒА»** – «Оқу құралына» енген өлең. 32 тармақтан тұрады. Авторы Жөнеу (журналист Аманғали Сегізбаев) деп көрсетілген. «Ақша десе арың төккен, Қарныкен» паракордың бүгінгі көпшілікке де таныс бейнесі көрініс береді. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ПАРИЖ** – Францияның астанасы. Қала Марна және Уаза өзендерінің Сена өз-не құяр сағасында орналасқан. Ресми құжаттардағы «Мәлімдемелер» (1929) (6 томдық шығ. жин., 5-т.) топтамасында А.Байтұрсынұлы «Шоқаевқа қатысты білетінім, оның Парижде тұратындығы ғана. Тек 1924 жылы Парижде өткен дүниежүзілік өнер мерекесіне барған қазақ әншісі Әміре Қашаубаев ол жактан қайтып келген соң Шоқаевты көргенін айтқан болатын» деп жазады. Хаттар топтамасында «Арыстар арасындағы хаттарда» (6 томдық шығ. жин., 6-т.) Париж мәнді енді талап ететіндіктен әншінің әннің сөзін жаттауы қажеттігі айтылған.

**«ПАРТИЯ ӘМ КЕҢЕС ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ РУШЫЛЫҚ ӘСЕРІ»** – мақала. 1926 ж. жарық көрген. Мақаланың толық мәтіні «Ақжол» (А., 1991. 323–325-беттер), «Жаңа низам» (А., 1996. 117–120-беттер), 6 томдық шығ. жин.-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Кеңес үкіметі орнағанына тоғыз жыл толған шақта «қазақ халқының арасында алғашқы қауымдық құрылыстың сарқыншақтары бар» деген мәселеге орай жауап ретінде жазылған. Мақалада автор «тексеруге» сөзінің баламасын жақша ішіне алып «анализировать» деп берген. Мұнан басқа да жазба ішінен «эксплуатация», «правый уклон», «родовой строй», «капитал» деген секілді орысша сөздер кездеседі. Мұндағы «правый уклон – оң мінезділер», «родовой строй – рушылық дәуір» болып баламаланған. Бүгінгі емлеге түсіру барысында жинақтарда қайта басылған жазбада «партия – партия», «байандап – баяндап», «Енгіліс – Энгельс», «екіспылуотация – эксплуатация», «сайаси – саяси», «сайасат – саясат», «байағы – баяғы», «қойады – қояды» деп түзетілген.

*Р.Имаханбет*

**ПАТАГОНИЯ**, Патагон – Оңт. Америкадағы Рио-Колорадо мен Рио-Негро өзендерінің оңт-дегі табиғи аймақ, үстірт. А.Байтұрсынұлы Америка (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлығының табиғатын сипаттап, жер бедерінің ерекшеліктеріне тоқтаған. Осы аймақтағы ірі аумақты алып жатқан, жер бедері негізінен жазық болып келетін П. үстіртті жазығын суреттеген.

*Қ.Ахметов*

**ПӘН** – 1) жүйеленген білім, ғылым; 2) жүйеленген білім жайын сөйлейтін байымдама. Білім үйрету мақсатында да, үйлестіру мақсатында да жүйеленеді. Қай мақсатпен жүйеленсе де, жүйеленген білім пән болады, сондықтан ғалымдардың білімді таза білім жүйесімен жүйелеп шығарған кітаптары да, үйретушілердің білімді тек үйрету қолайына қарай жүйелеп шығарған оқу кітаптары да бәрі пән табына жатады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. –1-т.

**ПӘНДІ ӘЛІПТЕМЕ** – әліптеуді көзделген мақсатқа қарай жіктегендегі бөлігі. Нәрсені пән мақсатымен алып, сыр-сипатын дұрыс танытып, нәрсе туралы дұрыс ұғым беру үшін пән әліптеледі. Әліптеудің екі түрі бар: 1) *пәнді әліптеме*; 2) *сәнді әліптеме*.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. –1-т.

**ПӘН ШЫҒАРМА** – нәрселер арасында қандай сабақтастық, іліктестік, құрмаластық бар екенін ашу жағын, олардың бар болуы қандай себептермен, қандай заң бойынша екендігін айыру жағын байымдап, ғалым адамдардың шығарған сөздері, байымдама. Пән шығарманың асылы байымдама болады, сондықтан пән шығарманың жалпы аты да байымдама болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. –1-т.

*О.Жұбаева*

**«ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ»** – оқулық. Авторы – Қ.Сейталиев. Х.Досмұхамедов атынд. Атырау мемл. ун-тінің Ғыл. кеңесі ұсынған. А., «Білім» баспасынан 2008 ж. жарық көрген. Көл. 416 бет. Таралымы 1000 дана. Оқулық кіріспеден және төрт бөлімнен («Шетел педагогикасының тарихы», «Ресей педагогикасының тарихы», «Кеңестік педагогика тарихы», «Қазақ педагогикасының тарихы») тұрады. Кітап педагогика ғылымының соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, тарихқа жаңа көзқарас тұрғысынан типтік оқу бағдарламасына сәйкес жазылған. Оқулықта А.Байтұрсынұлының ғыл.-пед. және ағартушылық мұрасы жайындағы автордың «Ахмет Байтұрсынұвтың педагогикалық көзқарастары (1873–1937)» атты зерттеу мақаласы берілген. Оқулық университеттер мен пед. ин-ттардың пед. мамандық алатын студенттеріне, магистранттарына және мектеп мұғалімдеріне арналған.

*С.Аргынгазин*

**«ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ»** – оқу құралы. Авторы – Ж.Әбиев. А., «Дарын» баспасынан 2006 ж. жарық көрген. Көл. 480 бет. Таралымы 2000 дана. Оқу құралы педагогиканың сан ғасырлық тарихы мен тәлімін, сақ заманынан қазіргі кезеңге дейінгі дамуын қамтыған. Адамзат қоғамының алғашқы күндерінен бастап, оқу, тәрбие, білім берудің теор. және ғыл. тұрғыда қалыптасуы мен жетілуін, оқиғалар мен нақты пед. дүниетанымдық жағдайларды қайта қарастырып, оны тарихи деңгейде бағалап, салт-дәстүр, тұрмыс, мәдениет, оқу-ағарту мәселелеріне мән бере отырып тұжырымдалған. Қазақ жерінде ашылған тұңғыш мектептер беріле отырып, ол қазақ ағартушыларының және 20 ғ-дың соңғы ширегіндегі жаңашыл педагогтардың педагогикаға енгізген жаңалықтарымен толықтырылған. Кітаптың «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі

педагогикалық ой-пікірлер» тарауында «Ахмет Байтұрсынұвтың ағартушылық қызметі (1873–1937)» атты көлемді танымдық тақырып берілген, онда Ахмет 20 ғ-дың алғашқы жартысындағы оқу-ағарту ісінің төлбасы деп атап көрсетілген. Кітап жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, пед. колледждерге, педагог ғалымдар мен ізденушілерге, зерттеушілерге, қалың көпшілікке арналған.

*С.Хасенов*

**«ПЕРВЫЙ ВСЕСОЮЗНЫЙ ТЮРКОЛОГИЧЕСКИЙ СЪЕЗД»** – кітап. Жауапты шығарушы – В.Бахманлы. Баку қ-ндағы «Нагыл Еви» баспасынан 2011 ж. жарық көрген. Көл. 552 бет. Таралымы 3000 дана. Кітапқа 1926 жылғы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың I-съезінде жасалған баяндамалар жинақталып берілген. Съезде түркі халықтарының жазба тілі мен әліпбиі жайындағы өзекті мәселелер қаралған. Кітаптың 222–224-беттері аралығында А.Байтұрсынұлының жасаған баяндамасы берілген. Баяндамада ғалым жазу тәртібі жайында өз ойларын ортаға салады. Ол алқалы жиындағы сөзінде дұрыс жазу үшін тілдік дыбыстардың нақты және сәтті таңбалануы қажеттігін, сонымен қатар оқылуға жеңіл болуы керектігін баса айтады. Ұлттардың тілдік ерекшеліктеріне орай мысалдар да келтіріп кетеді.

*К.Қошым-Нозай*

**ПЕТРОПАВЛОВСК**, Қ ы з ы л ж а р – қала (1825 жылдан), Солт. Қазақстан обл-ның орт. А.Байтұрсынұлы «Закон жобасының баяндамасы» мақаласында (6 томдық шығ. жин. 4-т.) Сібір өлкесінің 1822 ж. 22 маусымда губ-ларға, облыстарға бөлінгені, оның бірі Омбы обл. аталғаны, сондай-ақ Омбы обл. төрт округке: Омск, Семей, Петропавл, Өскемен округтеріне бөлінгенін жазады. Байтұрсынұлы шығармасында округтер «Омский, Семипалатинский, Петропавловский, Усткаменогорский» деп берілген.

**ПЕШКОВА** Екатерина Павловна (26.7.1876, Украина, Харьков губ. – 1965, Ресей, Мәскеу қ.) – Ресей және кеңес қайраткері, құқық қорғаушы. М.Горькийдің зайыбы. Самара қ-ндағы гимназияны (1895) бітірген. 1895 ж. «Самара» газетінде қызмет істеген. 1907–14 ж. Парижде болып, Сорбонна ун-тінде француз тілінен курсқа қатысып, әлеум. ғылымдар жөнінде лекция тыңдады. 1913–14 ж. Қызыл кресте. Саяси Қызыл крест (1917 жылдан Қызыл крестің Мәскеу қоғамы) ұйымдарында балалар комиссиясының, саяси тұтқындарға көмек көрсету бюросының басшысы болды. 1919–20 ж. Польша және Ресей әскери тұтқындарын отанына қайтару жұмыстарымен айналысты. 1922–37 ж. КСРО аумағындағы жалғыз құқық қорғау ұйымы – саяси тұтқындарға көмек ұйы-

## ПИСАРЕВ

мын басқарды. 1941 ж. Ташкентке эвакуацияланған. Өмірінің соңғы жылдары Марксизм–Ленинизм ин-ты жанындағы М.Горький мұражайының



*Е.П.Пеикова*

кеңесшісі қызметін атқарды. П. «Қызыл крест» қоғамын басқарып тұрған жылдары айдауда жүрген А.Байтұрсынұлы мен М.Жұмабаевтың арыздары бойынша оның тікелей араласуымен үкім жазасының мерзімі қысқартылып, түрмеден босатуға қол ұшын берген.

**ПИСАРЕВ** Дмитрий Иванович (14.10.1840, қазіргі Липецк обл. Знаменское с. – 16.7.1868, Латвия, Юрмала қ.; Санкт-Петербургте жерленген) – орыс публицисі және әдебиет сыншысы. Дворян отбасында туған. Петербург ун-тінің тарих-филол. ф-тін бітірген (1861). 1859 жылдан «Рассвет» журналында библиогр. бөлімін басқарды. 1862 ж.




*Д.И.Писарев*

үкімет орындарының «нигилистерді» қуғынға ұшыратуына және көптеген демокр.-ағартушылық мекемелерді жабуына байланысты памфлет жазып, үкіметті құлатуға және патшаның үй-ішін құртуға шақырғаны үшін 1862 ж. П. тұтқынға алынып, Петропавл қамалына жабылады. 1866 ж. кешірім бойынша абақтыдан босатылды. 1868 жылдың басынан Н.А.Некрасов шығарып тұрған «Отечественные записки» журналында істеді. Оның шығармалары көбінесе қоғамдық-саяси, филос., социол., пед. мәселелерге арналған. Ол ғылымды, әсіресе, жаратылыстану мен математика ғылымын қоғамдық дамудың басты күші

деп санады. И.И.Мечников, К.А.Менделеев, К.Н.Бахтардың ғылымға келуіне зор ықпал жасады. В.И.Ленин орыстың азаттық қозғалысындағы П. рөлін аса жоғары бағалады. П-тің эстет. көзқарастарының 1860–70 жылдарда ерекше мәні болды. П. жөнінде қазақ әдебиетшілері Қ.Бекхожин, Р.Бердібаев, Б.Ысқақов бірнеше мақалалар жазды. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Абайға Михаэлистің: «...орыстың атакты ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қара сөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевскийді, сөз сыншысы Белинский, Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген, олардың кітаптарымен таныстырған» деп жазады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

**ПЛАТОН** (Platon) Афиналық (б.з.б. 427–347) – ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті, еуропалық идеализмнің негізін салушы. П. – оның лақап аты (жалпақ кең), өз есімі – Аристокл. 407 ж. ш. П. Сократпен танысып, оның ең сүйікті шә-



*Платон*

кіртінің бірі болды. Сократ өлгеннен кейін Афинадағы саяси жағдайдың қолайсыздығына байланысты Мегарға кетті. 389 ж. Оңт. Италия мен Сицилияға саяхат жасап, онда пифагоршылармен ғыл., филос., діни ілім жайында пікір алысты. П. Афинада өз мектебі – Платон академиясының негізін қалады, 367 және 361 ж. Сицилияға екі рет саяхат жасап, өмірінің соңғы жылдарын Афинада өткізді. Осында көптеген еңбектер жазып, дәріс оқыды. Негізгі шығармалары: «Апология» (Сократты қорғау), «Критон» (заңды сыйлау туралы), «Кратил» (тіл туралы), «Федон» (әдептілік туралы), «Мемлекет» (идеялар теориясы), «Тәетет» (білім туралы), «Тимей», «Зандар», т.б. П-ның пікірінше, шын болмыс – ақылмен ғана білуге болатын денесіз идеялар әлемі. Оның болмысы Пармендіткіндей біртұтас емес, кәрісінше өздеріне тән идеялары бар рухани көпшілік болмыс. Өр идея өз алдына мәңгі және өзгермейді, ол өзіне-өзі тән. Идеялардың саны көп, бірақ шексіз емес. Идеялар бір-біріне тек

карым-қатынаста ғана емес, сонымен бірге бір-біріне бағынышты, басқаша айтқанда, бірнеше түрлі идеялар бір ортақ идеяға бағынышты қатынастарда болады. П. рухани әлемнің жеке идеялары туралы айтқанда, көбінесе «эйдос» деген ұғымды қолданады. Ежелгі грек тілінде идея да, эйдос та бір-біріне ұқсас мағына береді: түр, пішін, кейіп, тәсіл, т.б. П-ның ойынша, адам – әрі қоғамдық, әрі парасатты, әрі мемл. азамат. П. өзінің көптеген шығармаларында, әсіресе, саяси-әлеум. мәселелерді қарастырған сұхбаттарында адамның ішкі дүниесін ашумен қатар, оның қоғамдық іс-әрекетіне де талдау жасады. П-ның көптеген ой-пікірлері кейінгі философтарға үлкен ықпалын тигізіп, осы күнге дейін өміршеңдігін көрсетіп келеді. А.Байтұрсынұлы «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты оқулық кітабындағы «Қос үтір» (тырнақша) тарауында: «Ақылы Апплатондай болса-дағы, Қымыз бен еті жоқ құр татыр, білім» деп аяқталатын «Ақын ініме» атты өлеңінен мысал келтірген (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 3-т.).

*Ж.Алтаев*

**ПОКРОВСКИЙ** Михаил Николаевич [17 (29).8.1868, Мәскеу қ. – 10.4.1932, сонда] – кеңес тарихшысы, партия және мемлекет қайраткері. КСРО ҒА акад. (1929). Мәскеу ун-тінің тарих-филол. ф-тінің (1891) бітірген. Рев. «Ко-



*М.Н.Покровский*

локол» баспасы басшыларының бірі. Мәскеуде 1905 ж. Декабристердің қарулы көтерілісіне қатысты. РСДЖП 5-съезінің (1907) делегаты, ОК мүшелігіне кандидат болып сайланды. Өмірінің кейбір кезеңдерінде бурж.-либералдық (1904), троцкистік (1909—13) бағытта ауытқушылық болды. Кеңес өкіметі тұсында партия, кеңес органдарында, қоғамдық ұйымдарда, баспа мен ғыл. мекемелерде басшылық қызмет атқарды, жоғары оқу орындарында пед. жұмыстар жүргізді. П. – КСРО тарихы мәселелері, әсіресе, сыртқы саясат, тарихнама, 19–20 ғ-лардағы рев. қозғалыс туралы еңбектердің авторы. 17–18 ғ-лардағы шаруалар қозғалысы, 1905–07 ж. революциясы, Октябрь соц. революциясы мен Азамат соғысы туралы мұра-

ғат құжаттары жинақтарының редакциясын басқарды. 9 томдық «19 ғасырдағы Россия тарихы» мен Гранат энциклопед. сөздігін жазуға қатысты. Ол тарихтың әдістемелік мәселелеріне, лениндік теор. мұраны насихаттауға көңіл бөлді. Ленин орденімен марапатталған. А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірігіп жазған «Оқу құралында» (1926) П-дің «Қара шекпен мен жұмысшылар төңкерістері», «1916 жылдың көтерілісі» атты мақалалары берілген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

**ПОЛИВАНОВ** Евгений Дмитриевич (12.3.1891, Смоленск қ. – 25.1.1938) – орыс шығыс зерттеушісі, түрколог. Петербург ун-тінің проф. (1919). 1912 ж. Петербург ун-тін және шығыс практик. академиясын бітірген. Ун-тті бітірген соң салыстырмалы тіл білімі кафедрасында қызмет істеді. 1917 ж. Сыртқы істер халық комиссариатын құру-



*Е.Д.Поливанов*

ға қатысып, 1918 жылғы ақпанға дейін Шығыс елдері бөлімін басқарды. 1921–26 ж. Мәскеуде, кейін Ташкентте коминтернде қызметтер атқарды. П. өзбек, қарақалпақ, жапон, қытай, тәжік, грузин, дүнген, корей тілдерінің дыбыстық жүйесін талдауға Бодуэннің, Щербаның фонол. зерттеу әдістерін қолдана отырып, фактілерді талдауда ғыл. пікірлер айтты. Ол түркі халықтарының әліпбиін жасау мәселесіне де елеулі үлес қосты. П-тың «Жаңа қазақ-қырғыз (Байтұрсынұв) орфографиясы» атты еңбегінде алғашқылардың бірі болып қазақ жазуын, емлесін жасаудағы А.Байтұрсынұлының еңбегіне жоғары тарихи баға берілді. Ол өз мақаласында Байтұрсынұлы құрастырған әліпбидегі дыбыстар жөнінде және дыбыстардың таңбалануы туралы лингвист. ілімін талдады. Сонымен бірге әліпби түзудегі Байтұрсынұлы принциптерінің ғылымилығын, дәлдігін көрсеткен. Әліпбидің жоғары деңгейде болатындығы ең алдымен Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғатын терең білуі және соны ғыл. тұрғыда дәйектеуі деп атап өтеді.


Шығ.: Краткая грамматика узбекского языка, ч. 1–2, Таш., 1926; Революция и литературные языки Союза

## ПОЛТАВА

ССР, «Революционный Восток», 1927, №1; Введение в языкознание для востоковедных вузов, Л., 1928; За марксистское языкознание, М., 1931; Статьи по общему языкознанию. 1968.

**ПОЛТАВА** – Украинадағы қала, Полтава облының орталығы. Қала Ворскла өзені бойында орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Земство» мақаласында («Қазақ» газеті, 1913 ж. 25-санында жарық көрген) жергілікті басқару жүйесін қазақ қоғамында пайдалану, енгізу тиімді екенін мысалдармен, әлеум. іс-тәжірибелермен алынған деректермен дәлелдейді. Мыс., «...қазақ баласы гимназияға оқиян десе, стипендия жоқ, реальный училищеге оқиян десе стипендия жоқ, учительский школада земский стипендияға қазақ баласы алынбай, Полтава губерниясынан келген орыс балалары алынады – халық ақшасы далаға кету деген осы болады» деп жазады.

**ПОПШЕ** Николай (Николас) Николаевич (27.7.1897, Қытай – 8.8.1991, АҚШ) – түркітанушы, Алтай тілдерінің маманы. 1928 жылдан проф. КСРО ҒА-ның корр. мүшесі (1933). 1921 ж. Санкт-Петербург ун-тінің моңғол бөлімін бітірген. 1920–41 ж. Шығыс тілдері ин-тында оқытушы, география ин-тында зертханашы, Санкт-Петербург ун-



Н.Н.Понне

тинде, КСРО ҒА Шығыстану ин-тында оқытушы, ғыл. қызметкер, моңғол зерттеулері бөлімін басқарған. 1926–32 ж. моңғол экспед-на қатысты. Бурят диалектісі, фольклор, т.б. тілдерге қатысты материалдар жинақтаған. 1939–40 ж. Кеңес-фин соғысына қатысты. 1949–68 ж. АҚШ-қа қоныс аударып, Вашингтон штатындағы ун-тте Қиыр Шығыс ф-тінің проф. болды. 1968 ж. Бонн ун-тінің құрметті докт. атағы беріліп, 1968 және 1977 ж. Финляндия ҒА-ның шетелдік мүшесі болып сайланды. П. және Ф.Ф.Менцель, Месарош, С.Ф.Ольденбург, Күсайын-зада, А.Н.Самойлович, Н.Ф.Яковлевтер 1926 жылғы 26 ақпан – 5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың I-съезіне А.Байтұрсынұлымен бірге делегат болып қатысқан (қ. *Түрікшелер құрылтайы*).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

Ф.Егеубаева

**ПОТАНИН** Григорий Николаевич [22.9.(4.10).1835, Павлодар губ. Ямышево а. – 30.6.1920, Ресей, Томск қ.] – Орта Азияның табиғатын, этнографиясын зерттеген саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы. Омбыдағы кадет корпусын бітірген (1852). Семей мен Омбыда әскери



Г.Н.Потанин

қызметте (1853–58) болды. Петербург ун-тінің табиғаттану бөлімінде (1859–62) оқыды. 1861 ж. студенттік толқуларға қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды. Орыс география қоғамының астроном К.Струвениң басқаруындағы экспед-на қатысып, Зайсан көлі мен Тарбағатай тауын (1863–64) зерттеді. «Сібірдің тәуелсіздік қоғамы» жасырын ұйымына қатысқаны үшін тұтқындалып, (1865–74) қамауда болды. Моңғолияның солт.-батысы және Туваға (1876–77 және 1879–80), Солт. Қытай, Шығыс Тибет, Орт. Моңғолия (1884–86 және 1892–93), Үлкен Хинганға шыққан экспед-ларға (1899) қатысты. Зайыбы А.Потанинамен бірге Орт. Азия мен Сібірдің түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур, т.б. көптеген халықтарының фольклоры, этнографиясы туралы құнды материалдар жинап, табиғатына, органик. дүниесіне берген кең көлемді ғыл. сипаттамасы «Орта ғасырлық Еуропа эпосындағы Шығыс сарындары» (1899) атты еңбегінде көрініс тапты. Ш.Уәлихановтың Сырымбеттегі а-на барып қайтқан сапарында «Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде» (1896) деген мақаласын жазды. Қазақ фольклоры үлгілерін, жалпы түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін жинап, «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері» (1916) атты еңбегін жазды. Ол «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір нұсқасын ел аузынан жинап жариялады. Қиын да жауапты сәттерде Алаш зиялыларына жәрдемдесті. Алаштың ардақты перзенті А.Байтұрсынұлы ол туралы өлең жазды. 1917 ж. 21–26 шілдеде ашылған I-жалпықазақ съезінде П-ды Бүкілресейлік құрылтайға депутат етіп ұсынды. Ол қазақ елінен ұсынылған

81 депутат қатарында Семей обл-ның атынан шықты. Байтұрсынұлы П-нің өмір жолы, ұстанған бағдарымен таныстыруды көздеген мақаласында қазаққа өнер-білім басқа жұртпен бірге теңдікке жету үшін керек екендігін айта келіп: «Қазақты автономия етсек, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды шығарған, Шокан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа білер еді» – деген (М.Қойгелдиев. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. 15–20 ғ-лар. – А.: Жалын, 2004). Геогр. озық еңбектері үшін П-ді Орыс геогр. қоғамы 1886 ж. Үлкен Константинов медалімен марапаттады. П. есімімен Наньшань тауындағы жота, Моңғол Алтайындағы мұздық аталған.

Шығ.: Очерки Северо-Западной Монголии, в. 1–4, СПб., 1881–83 (переиздано под назв. Путешествия по Монголии, М., 1948); Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки, «Живая старина», в. 2–3, СПб., 1916–17; Казахский фольклор в собраниях Г.Потанина (Архивные материалы и публикации). Сост. Н.Смирнова, Е.Турсынов, С.Қасқабасов, А.-А., 1972.

**ПРЕРИЯ** – Солт. Американың орт. бөлігіндегі үстіртті жазық. А.Байтұрсынұлы Америка (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлығының табиғатын сипаттағанда «...Американың ойпаттары үлкен-үлкен дала болады. Олар қараңғылықтағы Америка жерінде Сауана, Прери деп аталады» деп жазған. Мұнда Прери деп Солт. Американың орт. бөлігіндегі үлкен аумақты алып жатқан жазықты меңзеп отыр. Прери қазір П. деп жазылады.

**ПУШКИН** Александр Сергеевич [26.5.(6.6.) 1799, Мәскеу қ. – 29.1.(10.2.)1837, Санкт-Петербург қ.] – Ресей акыны, классик. орыс әдебиетінің негізін қалаушы. П-нің шығарм. – бір жарым ғасырға созылған орыстың ұлттық әдебиетінің қалыптасу кезеңін аяқтады. Ол дворян отбасында туылып, балалық шағын Мәскеуде өткізген. 12 жасынан лицейде оқып (1811–17), ақындық шеберлігін шындай түсті. Лицейді аяқтаған соң Петербургке қоныс аударып, әдеби-қоғамдық өмірге белсене араласты. Осы жылдары «Еркіндік», «Чаадаевқа» (1818), «Деревня» (1819) секілді өлеңдерін, «Руслан мен Людмила» (1817–20) атты тұңғыш поэмасын жазды. 1820 ж. «еркін өлеңдері» үшін қуғын көріп, Екатеринослав. Кичинев өлкелеріне жер аударылды. Онт-те жүргенде жазылған «Кавказ тұтқыны» (1820–21) атты поэмасында ақын 19 ғ. жастарының бейнесін сомдады. П. «Ағайынды қарақшылар» (1821–22), «Бақшасарай фонтаны» (1823), «Сығандар» (1823–24) туындыларында романтизмнің төңкерісшіл, еркіндік идеясына толы жаңа типін жасады. Кичинев, Одессадан кейін патшалық Ресей П-ді әдеби-мәдени ортадан алыс жатқан Михайловское с-на жер аударды (1824–26). Бұл тұста қалам-

гер өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романы мен «Граф Нулин», т.б. көптеген өлеңдер мен сын мақалаларын (1824), «Борис Годунов» (1825) тарихи трагедиясын жазды. Оның «Полтава» (1828), «Мыс салт атты» поэмалары (1833) мен «Пат-



А.С.Пушкин

шайым өлімі туралы», «Балық пен балықшы туралы» атты ертегілері, «Белкин повестері», «Қарғаның мәткесі» повестері, сондай-ақ аяқталмаған «Дубровский», тарихи тақырыптағы «Капитан қызы» романдары бар. «Пугачев тарихы» еңбегінде (1833 – 34) Е.Пугачевтің ерлігін, қайсарлығын, көтеріліс жайын сипаттады. 1831 ж. П. Наталья Гончароваға үйленеді. 1837 ж. жұбайына араша түсіп Дантесті дуэльге шақырған П. ауыр жаракат алып, арада 2 күн өткенде қайтыс болады. П. Орынбор, Орал қ-ларында болған кезінде (1833) қазақтың лиро-эпостық жыры «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» жаздырып алып, осы тақырыпта шығарма жазуды жоспарлады. Құран сүрелерін өлеңмен жырлады («Құранға еліктеу»). Қазақ даласында П. мұрасына алғаш айрықша көңіл аударып, қазақ халқына танытқандар қатарында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, т.б. болды. Абай «Евгений Онегин» шығармасының үзінділерін қазақ тіліне аударды (1889), «Татьянаның хағы» Абай әнімен қазақ өңіріне кең тарды. «Капитан қызы» 1903 ж. қазақ тілінде басылып шықты. І.Жансүгіров, Қ.Аманжолов, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, І.Тоғызақов, Х.Бекхожин, С.Мәуленов, Қ.Шаңғытбаев, т.б. қаламгерлер П. шығармаларын тәржімалаған. А.Байтұрсынұлы П-нің «Балық пен балықшы», «Алтын этеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Шығ.: Танд. шығ. жин., А., 1936 (1949, 1953 – 54, 1975).

Т.Қоңыратбай

«**ПУШКИН**» – «Маса» жинағына енген өлең. 6 шумақ (24 тармақ). Өлеңге берілген ғыл. түсініктемеде: «Бұл өлең – А.С.Пушкиннің «Стансы» (Вольтерден) атты туындысының аудармасы» деп жазылған. Өмірдің өтпелілігі туралы өлең. Қазақтың «Екі келмес қайран жиырма бес!»

## ПЫСЫҚТАУЫШ

дегеніне келеді: «Уа, дариға, өттің бастан, қызық жас! Өзіңе жөн, өзгелерге бұзық жас. Қайғы, қасірет дертін жанға батырмай, Қайран жастық, қызуымен қылған мас!». Бірақ өмір өз дегенін істейді, қолдан келер шара жоқ: «Жасың айтса, көнбегеннен не пайда? Уақыттың тілі шолақ: «Жүр, айда!». Тұрлауы жоқ, өзгерілгіш өмірдің, Өтпесіне еткен, сірә, кім айла?». Әйтсе де Алланың берген ғұмырын адамша сүріп өту – парыз. Ал «Мүмкін десек адамзатқа екі өлмек, Бірі соның – «жасым жетті» деп көнбек... Мұнан кейін өлім бе сол – дем сөнбек?!». Бұл жолдарды әркімнің өзінше түсінуі мүмкін. Бірі – Алланың бергеніне қанағат ету болса, екіншіден, соңғы демің бітпей, тіршілік мұраттарынан күдер үзбеу керектігін меңзейтіндей.

**ПЫСЫҚТАУЫШ СӨЗДЕР.** А.Байтұрсынұлы синтаксисінде сөйлемнің бұл тұрлаусыз мүшесі «амалдың мезгілін, орнын, сынын, сыйқын, себебін, мақсатын» білдіретіндіктен мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, себеп пысықтауыш, мақсат пысықтауыш деген мағыналық түрлерге бөлінеді. Осы мағыналарды білдіруі пысықтауыштың ішкі белгісі деп танылса, белгілі бір сұрауларға жауап беруі сыртқы белгісі деп саналады. Мұнан соң пысықтауыштың аталмыш түрлерінің әрқайсысына жеке тоқталады. Мезгіл пысықтауыштың сұраулары – *қашан? қай уақыт?* Жасалу жолдары: мезгілдік үстеу, мезгілдік үстеуге айналған зат есім («*Ертең боран болар*»), мезгілдік үстеудің орнына айтылған зат есім («*Хатишы күні бойы жазды*»), сан есім мен зат есімнің тіркесуі («*Оқу он сағатта басталды*»). Мекен пысықтауыштың сұраулары – *қайда? қайдан? қалай?* Жасалу жолдары: мекендік үстеу, мекендік үстеуге айналған зат есім («*Тыста тықыр естілді*»), өз қалпындағы зат есім («*Қапаш қалаға кетті*»), мекен үстеуіне айналған есімдік («*Мұқан мұнда келді*»), мекен үстеуі орнына айтылған есімдік («*Оспан осынан аттанды*»), зат есім мен үстеуге айналған көсемшенің тіркесуі («*Қалашы елге қарай бұрылды*») /қалай қарай? – елге қарай/. Сын пысықтауыштың сұраулары – *қалай? қалайша? Қайтіп?* Жасалу жолдары: сынаулық үстеулер («*Тазы түлкіге әрең жетті*»), үстеу орнына айтылған зат есім («*Құс ұшар жүйесімен аспандағы*»), үстеуге айналған зат есім («*Бала шалқасынан құлады*»), сын есім [А.Байтұрсынұлы синтаксисінде бұл – «үстеу орнына айтылған зат есім»] («*Әскер жаяу жүрді*»), үстеуге айналған есімдік («*Омар олай ойламады*»), сан есім («*Балшы ноқатын төрт-төрттен санады*»), көсемше («*От саулап жанды*»). Себеп пысықтауыштың сұраулары – *неден? неге? неліктен? не себептен?* Жасалу жолдары: зат есім («*Атасы аштан өлітті*»), есімше («*Баласы ұялғанынан қызарды*»), үстеуге айналған есімдік («*Сондықтан от жанба-*

*ды*»). Мақсат пысықтауыштың сұраулары – *неге? не үшін?* Жасалу жолдары: етістік («*Жұрт өлең тыңдауға жиналды*»), етістіктен есімге айналып оған «үшін» септеулігінің (А. Байтұрсынұлы атауында – «жалғаулық») тіркесуі («*Жігіт қыз таңдау үшін жүріпті*»), барыс септігіндегі зат есім («*Біреу танысына қонаққа барыпты*»).

Ж.Жақыпов

**ПІКІР БАЯНЫ** – оралымның мүшесі, баяншы мүше. Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады, сондықтан бастапқысы *тақырыпшы мүше*, екіншісі *баяншы мүше* деп аталады. Өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып, жай сөйлемге айналдыруға болады. Жай сөйлемді жайып, далитып, өрнекті сөйлемге айналдыруға болады, өйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанмен, яғни, ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанмен, бәріне қазық болатын *бас пікір* жалғыз-ақ болады. Ол пікірді көп сөйлеммен ұлғайтып айтуға да, шағындап, аз сөйлеммен айтуға да болады. Мыс.: *Қисапсыз бай болсаң да Қарынбайдай, Сақи боп мал шашсаң да Атымтайдай, Патшадай Әмір Темір дін түзетіп, Болсаң да әйдік батыр Арыстандай, Болсаң да Жиреншедей тілге иешен, Ақырда жатар орның тар лақат жай* (Алтыбас Ақмолда). Мұны шағындап аз сөйлеммен былай айтуға болады: «Бай да, сақи да, патша да, батыр да, шешен де – бәрі де ақырында бір өлмек». Өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін мақсаттай баяндаса, оралым *мақсатты* деп аталады. Мыс.: *Тобыршық атқа зор салды, Ақ алмасқа қол салды. Қамшы басты сауырға, Екпіні ұқсап дауылға. Тобығы меңді торы атпен Қобыланды шапты ауылға Қатуланып қаттанып, Буырқанып бұрсанып, Мұздай темір құрсанып, Қабағынан қар жауып, Кірпігінен мұз тамып, Ар жақ пенен бер жаққа Найзасын ұстап бармаққа, Аттанбаққа қалмаққа Құдай жолы шалмаққа. Сөзге сынық қылды деп, Батыр кейіп келеді. Егер шықса алдынан Бұлаңдаған Кұртқаның Басын кесіп алмаққа.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ПІКІР ТАҚЫРЫБЫ** – оралымның мүшесі, тақырыпшы мүше. Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады, сондықтан бастапқысы *тақырыпшы мүше*, екіншісі *баяншы мүше* деп аталады. Баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін дәлелдей баяндағанда, оралым *себепті* деп аталады. Мыс.: *Көлден ұшқан қалбаймын, Жаманның тілін алмаймын, Хақ бұйырған сапардан Арыстаным, қалмаймын. Асыл достым, сөкпесен, Бұл сапарға бармаймын! Бұл олжадан алмаймын. Асқар тауды бел деген, Ақ бармақпен жем жеген, Ауырса жеммен емдеген, Өзінен басқа*

*көрмеген, Өзінен басқа білмеген. Күтіп тұрған анасы – Өзі әйелдің данасы, Тұлпар туған Бұрылдың Қырық үш күні кем деген.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ПІРӘЛИЕВА** Гүлзия Жайлауқызы (30.4.1958 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түлкібас ауд. Ақбиік а.) – филол. ғыл. докт. (2005), проф. (2008). ҚазҰУ-ды (1980) бітірген. Еңбек жолын 1980 ж. респ. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде тілші болып бастаған. Осы газетте (1980–84), «Оңтүстік Қазақстан» газетінде (1984–89), «Өркен» газетінде бөлім меңгерушісі (1989–91), Әдебиет

және өнер ин-тында ғыл. және бас ғыл. қызметкер (1991–2006), ҚазМҚПУ-да кафедра меңгерушісі (2006–08), филол. ф-тінің деканы (2008–10), ғылым және халықар. қатынастар жөніндегі проректоры (2010–11) қызметтерін атқарған. 2011 жылдан Әдебиет және өнер ин-тында әдебиет теориясы және әдебиеттану әдістемесі бөлімінің бас ғыл. қызметкері. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 5 томдығын дайындап, жарыққа шығаруға ат салысты (2003–05). 250-ден астам ғыл. жарияланымның, 2 монография, 4 электронды оқу құралының авторы. ЖОО-ның үздік оқытушысы (2010).







«Р» – құрамында дауыс та, жай дыбыс та бар, дауысты дыбыстардай нағыз ашық айтылмайтын әрі дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын дыбыс. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде «р» ұяң, оның ішінде ымыралы дыбыс ретінде көрсетілген. 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының съезінде, «р» дыбысы *жарты дауысты дыбысқа* жатқызылған. Съезд қазақша дыбыстарды бұлай жіктегенде жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай жіктеп, жалғау, жұрнақтары бірдей болып шығатын дыбыстарды бірыңғай шығарып, оның әрқайсысын өз алдына бір тап қылып жіктеген, сөз аяғында келмейтін, жалғау жұрнақтардың ешбір түрімен де үйлеспейтін үш дыбысты ымырасыз деп өз алдына бір тап қылып шығарған. Елдес Омаров «р» дыбысы дауысының шамасына қарағанда жарты дауысты үш дыбысқа («л», «у», «и») жақын екенін, сондықтан дыбыс жүйесінше жетеуі («л», «м», «н», «р», «л», «у», «и») бір тап болып, барлығы да *жарты дауысты* атанғанын ескерте келіп, дыбыс жүйесі жағынан бұлардың ерекшелігі барын, яғни, «л», «м», «н» – үшеуін айтқанда оларға мұрын қатысатынын, «р», «л», «у», «и» – төртеуіне мұрын қатыспайтынын айтады. Сондықтан бұл жарты дауысты жетеуі өз ішінен екі бөлініп, мұрыннан шығатын үшеуі «ымырасыз» деп, қалған төртеуі «ымыралы» деп аталған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924; Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

*О.Жұбаева*

**РАДЛОВ** Василий Васильевич Фридрих [Вильгельм] (5.1.1837, Берлин қ. – 12.5.1918, Петроград қ.) – Ресей шығыстанушысы, этнограф, археолог, Петербург ҒА-ның акад. (1884). Полиция қызметкерінің отбасында дүниеге келген. Жасынан гимназияда оқып, 1858 ж. Берлин университетіне түсіп, Осы тұста ол араб, парсы, түрік, татар, моңғол, манчжур, қытай, т.б. тілдерді үйренді. Р. 1858 ж. Ресейге көшіп келіп, Алтай

өлкесінде мұғалім болды. Кейіннен Қазан оқу бөлімінің татар, қазақ, башқұрт мектептерінің инспекторы (1871–84), Азия (1885–90), антропология және этнография (1894–1918) музейлерінің директоры, Орт. және Шығыс Азияны зерттеу жөніндегі орыс к-тін құрушылардың бірі, оның



*В.В.Радлов*

басшысы (1903–18) болды. Р-тың ғыл. өмірі үш кезеңге бөлінеді: Алтай, Қазан, Петербург. Алтай кезеңінде (1859–71) Батыс Сібір, қырғыз даласы, Хакасия, Жетісу аймақтарында тіл, фольклор, этнография материалдарын жинаумен айналысты. Қазан кезеңінде (1871–84) «Солтүстік түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» және «Сібірден» (екеуі де неміс тілінде) атты екі еңбегі жарық көрді. Петербург кезеңінде (1884–1918) «Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі» атты көптомдығы баспадан шыға бастады (4 жинағы шыққан). 1891 ж. ол Ресей ҒА экспед-н басқарып, Моңғолия жеріндегі Орхон ескерткіштерін зерттеген. 10-нан астам әріп таңбаларын оқып, Кошо-Цайдам ескерткіштерінің фонет.-граммат. ерекшеліктері туралы жазды, мәтіндердің орыс тіліндегі транскрипциясын жасады. Әр жылдары «Құтты білік» (1891–1910), «Тонькөк» (1899) ескерткіштерінің аудармасы мен транскрипциясын жариялады. Көне ұйғыр жазбаларын, оның тарихын зерттеді, граммат. құрылысы жайында бағалы пікірлер айтты. Құнды еңбектерінің бірі – «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» деп аталды. Ол ғыл. еңбектерінде түркологияның барлық саласын қарастырды: лексикография мен диалектология, салыстырмалы-тарихи фонетика мен текстология, көне түркі, ұйғыр және араб ескерткіштері, түркі халықтарының фольклоры, этнографиясы, тарихи мен археологиясына байланысты түбегейлі зерттеулер қалдырды. Оның тарих пен этнография саласындағы еңбектері: а) Сібір мен Орта Азия түркі тілдес халықтарының этнографиясын; ә) олардың көне тарихы; археологиясы, мәдени даму жолдарын; б) аңшылық пен көшпелі халықтардың даму ерекшеліктерін, әсіресе, түркі халықтарының рулық құрамын анықтау мәселелерін қамтыды. Р-ты аса көр-

некті фольклортанушы ретінде танытқан «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атты 10 томдық еңбегі болды. Р. жинаған фольклор үлгілері «Халық өлендері» (жеке шумақтар, бата сөз, жоқтау, бақсы сөзі, өтірік өлең), «Ертегілер», «Бағырлар жыры» («Ер Көкше», «Ер Тарғын», «Сайын батыр») болып жіктелген. Сонымен бірге ғашықтық, тарихи жырлар, аңыз, қисса-дастан, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы да қамтылған. А.Байтұрсынұлы құрастырған «Ер Сайын» (1923) жырын көрнекті түркітанушы ғалым Р. «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» көптомдығында «Сайын батыр» деген атпен шығарған. Бұл екі жыр нұсқасының мазмұны бірдей. Бірақ мәтінде тілдік көркемдік айырмашылықтар бар. Р. жырды айтушының аузынан жазып алған қалпында берсе, Байтұрсынұлы мен Ә.Бөкейхан жырдың сюжеттік желісін негізге ала отырып, оны екі үлкен бөлімге және тарауларға бөлген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*Т.Қоңыратбай*

**РАЙ** – сөйлеушінің шындық болмысқа, іс-қимыл, әрекетке субъективтік қатысын, көзқарасын білдіретін егістік категориясы. А.Байтұрсынұлы райдың 15 түрін көрсетеді: 1) тұйық рай, 2) билік рай, 3) ашық рай, 4) шартты рай, 5) ереуіл рай, 6) реніш рай, 7) қалау рай, 8) сенімді рай, 9) сенімсіз рай, 10) мұң рай, 11) көніс рай, 12) қайрау рай, 13) ызалы рай, 14) теріс рай, 15) болжал рай. Ғалым райларда үш жақ: 1-жақ (айтушы), 2-жақ (тыңдаушы), 3-жақ (бөгделік); екі айырыс: 1) жекелік айырыс, 2) көптік айырыс; үш шақ: 1) осы шақ, 2) өткен шақ, 3) келер шақ барын айта келіп, осы үш жақ, екі айырыс, үш шақ бойынша сөз түбірінің аяқ дыбысына қарай егістік өзгеретінін ескертеді.

*О.Жұбаева*

**РЕАЛИЗМІ.** Қазақ әдебиеттанушыларынан ұлт әдебиетінің тарихын түгендеу барысында белгілі бір кезеңдегі әдеби үдеріс ерекшеліктерін зерттеу жолында, жеке ақын-жазушылардың шығарм. ерекшеліктерін ашу тұрғысында реализм мәселесіне соқпай кеткені некен-саяқ. Тіпті әдеби шығарманың көркемдік құндылығы мен идеялық-эстетик. маңызы реализмнің қаншалықты деңгейде көрініс тапқанымен өлшеніп келгені шындық. Кәсіби әдебиеттануымыздың басында тұрған, ұлттық әдебиеттің дамуын теор. тұрғыдан қарыстыруға ең алғаш түрлен салған, әдеби-теор. категорияларды қазақ әдебиетінің мысалында зерттеудің әдістемесін жасап шыққан А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» еңбегінде де көркемдік әдіс, реализм мәселесі қамтылды. Ғалым жазба әдебиетін «діндар дәуір» және «ділмар дәуір» деп жіктейтіні белгілі. «Қазақ

әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмар дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес. Басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып соған еліктеуден пайда болып отыр» деген тұжырым жасайды. Діндар дәуірдің сыр-сипатын анықтауға, негізгі жанрлық түрлерін айқындауға бір тарау арнайды да ділмар дәуір әрі қарай талданбайды. Оның орнына «сындар дәуір» деп аталатын тарау бастайды. Ғалымның тұжырымдамасы бойынша сындар дәуір де жазба әдебиетінің маңызды дәуірі екені анық. Ал енді жазба әдебиетті осындай дәуірлерге жіліктеуде ғалым қандай критерийлерге сүйенді дегенге келер болсақ, әр дәуірде жетекшілік жасаған жанрларға, түрлік ізденістерге баса көңіл бөлетін сияқты. Мыс., «Діндар жағынан басымдылығымен айырылатын түрлері мынау: қисса, хикаят (мысал), насихат (үгіт), мінажат, мақтау, дағтау, айтыс, толғау, терме» дей отырып, әрқайсына толымды сипаттама береді. Алайда Байтұрсынұлының әдебиетті дәуірлерге бөлуде ұстанатын түпкі негіздемесі бойынша түрлік-формалық ізденістердің барлығы шығарм. ойлау типіне, өмір шындығын игеру ұстанымдарына тікелей байланысты. Яғни, дәуірлеудегі әдеби бағыт пен көркемдік әдіс мәселесіне маңыз берілген. Бұл сол кезеңде Еуропа мен орыс әдебиеттануында әдебиет дәуірлерін әдістер мен бағыт-ағымдарға тәуелдейтін (мыс., классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм дәуірі деп санамалау) жетекші әдістеме болатын. Ұлттық жазба әдебиетті дәуірлерге бөлуде Байтұрсынұлының көркемдік әдісті негізге алатынын зерттеушілеріміз дұрыс аңғара алғанын атап өтуге тиіспіз. Мәселен, М.Қараев: «Қазақ әдебиетіндегі, бізше, консервативтік романтизм және сыншылдық реализм дәуірлері деп аталған әдеби ағымдарды «Діндар дәуір» және «Сындар дәуір» деп екі топқа бөледі» десе, қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын қарастырушы Ж.Смағұлов: «Бұл тұрғыдан келгенде, «Әдебиет танытқыштағы» діндар дәуір деп отырғаны – діни-моральдық романтизм, маркстік-лениндік әдіснама бойынша айтсақ, реакцияшыл кертартпа романтизм болып шығады. Ал ділмар дәуір – азаматтық романтизм, яғни қазірше айтсақ, революцияшыл романтизм. Сындар дәуір – сыншыл реализм атауының баламасы екені анық. Бұдан шығатын қорытынды: Байтұрсынұлы әдебиет тарихын тарихи кезеңдерге бөліп отырған жоқ, әдеби дамудың заңдылығына орай көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірлеп отыр. Олай болса, Абайға дейінгі ақын-жыраулар, әнші ақындар шығармашылығы реализммен дамып келді де, сыншыл реализмге ауысты деген пікір туындайды»

## РЕВОЛЮЦИЯ

дейді. Біздіңше, Байтұрсынұлы ұсынған «сындар дәуір» ұғымын тек сыншыл реализммен ғана байланыстыруға болмайды. Ғалым бұл тұста реализм эстетикасын тұтастай алып қарастырып отыр. Мұндағы ғалымның теор. тұжырымдары классик. реализм талаптары бойынша жасалады да, реализмнің қай түріне, қай сатысына болсын қатысты болып шығады. Оны теорияшының мына пікірлері дәлелдей түседі: «Жоғарыда айтылған «Сын арқылы шығып, әдеміленген» деген сөзді, шығарған сөз біреудің сынына салынып, сонан кейін шыққан сөздер деп ұқпаса керек. «Сын арқылы шығып» дегеніміз – шығарушы өзі жазушы, өзі сыншы болған уақытта шыққан деген мағынадағы сөз. Еуропа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастайды. Сөздің ондай сырын білу – сын білу болады... Сондай-ақ сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынап біледі. Сынап білетін адам жаза да білетін ақын болса, оның ақындық жағынан шығатын сөзі сеністік (сыншылық) жағының сынына түсіп, сын арқылы шығып отырады». Ғалымның ұғындыруынша, бұл жердегі «сын» ұғымы белгілі бір тарихи кезеңге, я болмаса әлеум. ортаға деген қатынас емес, шығарм. иесінің «сөзді сынап» білу қасиеті, сол арқылы шығарманың шынайылығына («сеністігіне») жету мағынасын иеленіп тұр. Реализм ақиқат болмысты өмірлік шындық тұрғысынан жүйелі талдауға негізделді. Романтизм кейіпкері өзінің жеке ансарымен абсолютті еркіндікке ұмтылған индивидуум, қоршаған орта жағдайларына мүлде тәуелсіз тұлға ретінде көрінсе, реализм кейіпкері – қоғамдық ортада өзінің тұрақты орны бар, мінездік бітімдері қоғамның басқа мүшелерімен тәжірибелік қарым-қатынасында ашылатын, өз уақытының әлеум.-тұрмыстық белгілерін бойына жинақтаған тұлға. Сондықтан да Байтұрсынұлы өзі түсінген, өзі теор. баға берген реализм ұстанымдарын «Қырық мысалында» да, «Масасында» да пайдаланды. Ғалым реалист-қаламгер ретінде қаһарманның өмір сүрген уақытының белгілерін сақтай отырып, қоғам кемшіліктерінің сыр-сипатын тәптіштеп талдауға ұмтылды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003; Қараев М. Қазақ әдебиетінің тарихи даму кезеңдеріндегі көркемдік әдіс мәселесі. Ф.ғ.д. алу үшін дайын. диссертация. Алматы, 1995; Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа», 2005.

*Ж.Жарылғапов*  
**РЕВОЛЮЦИЯ ЖОЛЫНДА КҮРЕСУШІ-  
ЛЕРГЕ ЖӘРДЕМ БЕРЕТІН ХАЛЫҚАРА-  
ЛЫҚ ҰЙЫМ** [Международная организация по-  
мощи борцам революции (МОПР)] – 1923 ж. 18  
наурызда құрылған халықар. ұйым. Париж кому-  
мунасы (1871 ж. 18 наурыз) күні құрметіне Кеңес  
үкіметінің ресми тағайындаған арнайы мейра-

мы («МОПР күні»). МОПР атауын Коминтерн-  
нің поляк секциясы коммунистерінің басшысы  
Ю.Мархлевский берген. 1925 ж. алғашқы бас-  
шысы Мархлевский қайтыс болған соң МОПР  
атқару к-тін Клара Цеткин басқарып, оның орын-



басары қызметін атақты ғалым П.Лепешинский  
атқарған. Мақсаты – саяси тұтқындарға, саяси  
эмигранттарға, олардың отбасыларына, қаза  
тапқан революционерлердің туыскандарына, т.б.  
материалдық, құқықтық және моральдық көмек  
көрсету. 1924 ж. МОПР-ға 3,5 млн адам мүше  
болды. 1928 ж. 44 елде МОПР бөлімшесі жұмыс  
істеп, 1932 ж. 70 ұлттық секциясына 14 млн адам  
кірген, оның 10 млн-ы КСРО азаматы болды.  
МОПР арқылы бауырлас компартияларға, кейін  
тұтас халықтарға мемлекет есебінен тегін көмек  
берудің кеңестік негізі қаланды. МОПР к-тінің ма-  
териалдарынан 1924 ж. А.Байтұрсынұлы «МОПР  
һәм күншығыс елдерінің еңбекшілері» атты ма-  
қала жазған. Байтұрсынұлының «МОПР һәм Күн-  
шығыс елдерінің еңбекшілері» атты кітапшасы  
Мәскеу қ-нда жарық көрген.

*Әдеб.:* [www.wikipedia.org/wiki/МОПР](http://www.wikipedia.org/wiki/МОПР) (қаралған күні:  
20.9.2017); Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.:  
Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Саркенова*

**«РЕВОЛЮЦИЯ И КИРГИЗЫ»** – мақала. Ав-  
торы – А.Байтұрсынұлы. «Жизнь национальностей»  
газетінде 1919 ж. 3 тамызда жарияланған.  
Мақалада автор қазақ қоғамының Ақпан төңке-  
рісін және Қазан төңкерісін қалай қабылдағанын  
талдайды. Ол қазақтардың Ақпан төңкерісін  
түсіністікпен, айрықша қуанышпен қарсы алған-  
дығын айтып, Қазан төңкерісінің қазақ үшін  
мүлдем түсініксіз болғандығын жазады. Мақала-  
да большевиктердің елге істеп жатқан зорлығы,  
тонаушылық әрекеттері сыналады. Сонымен бірге  
автор Орынборда 1917 жылғы 5–13 желтоқсанда  
өткізілген жалпықазақ съезі және оның шешім-  
дері жөнінде де жазады. Төңкерістер кезеңіндегі  
қазақ даласындағы дүрбеленді жағдай, қазақтың

табиғи өмір сүру қалпы жайында да автор өз ойларымен бөліскен.

*Е.Тілешов*

**РЕЙН** – Батыс Еуропадағы ірі өзендердің бірі. А.Байтұрсынұлы «Еуропа» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың табиғатына сипаттама берген. Құрлықтың өзен-көлдеріне тоқтап, бірнеше ірі өзендерді жазған. Сондай өзендерінің бірі ретінде Р. өз. де айтылады.

**РЕНІШ РАЙ** – істеген-істемеген істерге реніш еткенде айтылатын сөз. Мыс., «шақырғанда, барсамшы!», «көрдім деп айтпасамшы!». «Барсамшы» дегенде бармағанына реніш айтады; «айтпасамшы» дегенде айтқанына реніш айтады. «Барсамшы», «айтпасамшы» деген реніш көрсететін сөздер *реніш рай* болады.

*О.Жұбаева*

**РЕСЕЙ**, Ресей Федерациясы – Шығыс Еуропа мен Азияның солт-нде орналасқан мемлекет. А.Байтұрсынұлының «МОПР һәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 5-т., 1924 ж. Мәскеуде жарық көрген), Ресей коммунистер партиясы арқасында бұрын Ресей байларынан қорлық көрген ұсақ ұлттар осы күндері өз алдына ерік алып, мәдениетін көркейтуге ел болуға кірісіп отыр» деп, одан әрі орыс байларының отары болған казак, татар, башқұрт, өзбек, қалмақ, шеркеш, т.б. ұлттардың автономия алғаны баяндалады. Сондай-ақ, «Соғысушы патшалар» мақаласында, Ресейдегі халықтардың түрлі дінді, тілді екендігі, олардың арасында көбі орыс екені (160 млн халықтың 105 млн-ны орыс) айтылады. «Октябрь төңкерісі» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) «Ресейдегі төңкеріс бүтін жержүзіне де орнауы анық, бірақ ол үшін еңбекшіл тап өз пайдасын дұрыс ұғынып, бірігіп, жауымен белдесу керек» дейді. «Аспаннан жаңбырдан басқа жауатын нәрселер» мақаласында түрлі себептермен аспаннан шегіртке бақа, балық, қоңыз, бидай, т.б. жауатыны жайында айта отырып, Ресейдің Тверь губ-нда жүнді құрттардың жауғанын мысалға келтіреді. Бұл табиғи құбылыстың ешқандай құпия емес екені айтылады. «Земство» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) Ресейде земство заңының шыққанына 50 жыл болғаны және 34 губернияда земство көптен бері қолданылып келе жатқаны айтылса, келесі «Закон жобасының баяндамасында» (4-т.) «Жоба баяндамасы біз Россияға қарағанның берілі казак туралы шыққан заңдардың қысқа ғана тарихы» деп келіп, одан кейін, 1822 ж. уставта (жарғыда) Ресей үкіметінің казак еліне Ресей ісінің тәртібін кірістіргені және уставтың жетіспеген жерлерінің көп екені, казак ісін басқарушы хакімдер Россияның жалпы заңы жолымен істеуге рұқсат етілгені сөз болады.

*Қ.Ахметов*

**«РЕСЕЙДЕГІ ДУМА САЯСАТЫ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: НАҚТЫЛЫ ТАРИХИ ТАЛДАУ (1905–1917 Ж.)»** – ғыл.-зерт. еңбек, Ө.Озғанбаевтың докторлық диссертациясы. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-тында 1998 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – С.Зиманов. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 4 тараудан («Тақырыптың тарихнамасы және деректік негіздері», «1905–1907 жылдардағы Ресей мен Қазақстандағы саяси-қоғамдық және әлеуметтік жағдай», «Мемлекеттік Дума және ондағы казак зиялыларының қызметі», «1916 жылғы көтеріліс һәм казак зиялылары»), қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертац. жұмыста 1- және 2-Ресей Мемл. Думасында депутат болған казактардың саяси-қоғамдық қызметтерін объективті түрде зерттеуге, осыған орай олардың саяси-рухани мұрасымен халқын қайта табыстыруға, бұрынғы ғыл. айналымға түсе қоймаған еңбектерін насихаттауға ден қойылған. Думалардағы казак өкілдерінің ұстанған позициялары түпнұсқа деректер негізінде сипатталған. Ресейлік отарлау саясаты Жоғ. Заң шығару органдары қызметі арқылы жүргізілгендігі мұрағат құжаттары бойынша дәлелденген. Еңбекте Мемл. Думадағы казак зиялыларының (Ә.Бөкейхан, А.Бірімжанов, С.Жантөреев, А.Қалменов, Б.Құлманов, Д.Тұндұтов, Ш.Қосшығұлов, М.Тайынов, Т.Нүрекенов, М.Тынышбаев, Т.Аллабергенов, Б.Қаратаев), сондай-ақ алаш қайраткерлері – А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, т.б. саяси-қоғамдық қызметтеріне баға берілген. Көлемі 388 бет.

*С.Арғынғазин*

**РЕСЕЙДЕГІ ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ**, 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ресейде сайлау құқығы негізінде басқару түрін енгізуге және конституция қабылдауға арналған құрылым. Сол кездегі саяси ағымдар мен партиялардың көпшілігінің қолдауына ие болған. Сайлау 1917 жылдың қараша – желтоқсан айларында Ресейдің басым аймақтарында, казак жерінде 12–18 қарашада, Жетісу және Сырдария облыстарында сәл кейінірек өткен. Сайлау кезінде, «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері белсенді насихат жұмыстарын жүргізген. Әсіресе, «Сарыарқа» газеті Семей обл. бойынша ұсынылған депутаттардың тізімін үнемі жариялап отырған. Эсерлер, меньшевиктер, казактар, т.б. саяси ұйымдармен таласқа түскен Алаш партиясы сайлау барысында дауыс берген халық дауысының басым бөлігін (мыс., Торғай обл. Қостанай уезінде – 72745 дауыс; Ақтөбе уезінде – 28202; Торғай уезінде – 54978) иемденген. Ресейдегі 50-ге жуық партияның ішінен 10-орынды иемденіп, жалпы Құрылтайда 43 депутаттық мандатқа ие болған. Ресейде бірінші орын эсерлерге (40,4%), екінші орын большевиктерге (24%) тиген. Бірақ Ресей халқының да-



уыс беруге қабілетті азаматтарының 50%-ы қатысқан бұл сайлаудың нәтижелері большевиктер тарапынан мойындалмаған.

**РЕСЕЙДЕГІ ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНА АЛАШ ПАРТИЯСЫ АТЫНАН ҰСЫНЫЛҒАН ДЕПУТАТТАР ТІЗІМІ.** 1-жалпықазақ съезінің қаулысы, сондай-ақ обл. съездердің шешімдеріне сәйкес 1917 ж. күз айларында барлық облыстарда жасалды. Облыстар бойынша толық тізім 1917 жылдың қазан айында А.Байтұрсынұлы басшылық жасаған «Қазақ» газетінде жарияланды. Онда Торғай, Ақмола, Семей, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқанд облыстарынан және Бөкей Ордасынан сайланатын депутаттардың тізімі берілді. Оған Алаш қайраткерлерінің барлығы дерлік енді.

*Е.Тілешов*

**«РЕСЕЙДЕ ЖҮННЕН НЕ ІСТЕЙДІ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Орыстардың жүн сабау, оны пайдаға асырудағы өзгеше ерекшеліктерімен шәкірттер жақынырақ таныса алады. Мыс., қазақ жүннен киіз басып, бау тоқып, арқан ессе, орыстар байпақ, қолғап, шұлық, көйлек тоқып қиетіні айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ БЕТІНДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ.** 1905–07 жылдардағы орыс революциясы патшалық Ресейдің іріпшіргендігін көрсетті. Бұл Мемл. Думаның өмірге келуіне түрткі болды. Мемл. Дума өз жұмысын 1906 ж. бастады. Дәлірек айтсақ, 1906 жылдың 27 сәуірінен 1906 жылдың 7 шілдесіне дейін 40 мәжіліс өткізді. Алайда Мемл. Дума мінберінен айтылған агр. мәселе шешілмеді, бұл мәселелер патша үкіметіне ұнамады. Сондықтан 1-Мемл.

Дума 73 күнде қуып таратылды. Бұл кезде Ресейдің Мемл. Думасыз өмір сүре алмайтыны да белгілі болды. Сөйтіп, 2-Мемл. Думаға сайлау жүргізілді. 2-Мемл. Дума 1907 жылдың 20 ақпанынан бастап 1907 жылдың 2 маусымына дейін 53 отырысын өткізіп, арада 105 күн өткенде бұл Дума да таратылды. 1- және 2-Мемл. Думаларға қазақ даласынан да депутаттар сайланды. Мыс., 1-Мемл. Думаға Торғай обл-нан А.Бірімжанов, Уфа губ-нан С.Жантөрин, Орал обл-нан А.Қалменов, Астрахан губ-нан Б.Құлманов және Дәуіт Ноян Түндүт, Ақмола обл-нан Ш.Қосшығұлов, Жетісу обл-нан М.Тайынов, Семей обл-нан Ә.Бөкейхан; 2-Мемл. Думаға Ақмола обл-нан Қосшығұлов, Торғай обл-нан Бірімжанов, Семей обл-нан Т.Нұрекенов, Жетісу обл-нан М.Тынышбаев, Сырдария обл-нан Т.Аллабергенов, Орал обл-нан Қаратаев, Астрахан губ-нан Құлманов сайланды. 1- және 2-Мемл. Дума таратылғаннан кейін сайланған кезекті Мемл. Думаға қазақ халқынан депутаттар сайланбады. Ендігі жерде халқымыз көзі ашық, көкірегі ояу ұлдарының соңынан еріп, Тәуелсіздік жолындағы саяси күреске ден қоя бастады. Бұл ретте 1913–18 ж. шығып тұрған «Қазақ» газеті және оның шығарушы бас редакторы, көрнекті ғалым, дарынды ақын, қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлы халық арасына бостандық идеяларын таратуда зор рөл атқарды. Публицистің «Қазақ» газетінде жер, қазақ елінің шет елдермен қарым-қатынасы, соғыстарға қатысқан мемлекеттер, оның қазақ халқына тигізген әсері туралы мақалалары жарыққа шықты. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, армантілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырды. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 40–43-сандарында «Қазақтың бас ақыны» атты очерк рецензиясы басылды. Мұнда Абайдың туғаннан бастап, ақын болып қалыптасқан өмір жолы, өскен ортасы, өлеңдерінің мәні, орыс әдебиетінің Абайға әсері талданды. Байтұрсынұлы Абай өміріндегі өнегелі мысалдарды тілге тиек ете отырып, Абайдың орыс достары Михазлис, Гросстармен қалай танысқанын, орыс әдебиеті классиктерінен алған өнегесі мен сыншылдығын баяндады. Абайдың жалғыз өлен ғана емес, әр нәрсенің асылын танығанын алғашқылардың бірі болып Байтұрсынұлы көрсетті. Автор ұлы ақынның өлеңдеріне баға беріп қана қоймай, оның әлеум. терең мәнін де ашты. Байтұрсынұлы «Бастауыш мектеп» проблемалық очеркінде қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек деген сұраққа жауап іздеді. Ауыл мектебінің жайсыз, күйсіз қалыбын жазды. Бастауыш мектептен

үйренген білімнің оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек екендігін дәлелдеді. Автор болыс мектебін, қала мектебін, ауыл мектебін салыстыра отырып, кейбір келеңсіз жайларды нақты фактілермен дәлме-дәл көрсетті.

*Ө.Озғанбаев*

**РЕТТІК (САН)** – нәрсенің ретін көрсететін сөздер; мәселен: *бірінші, үшінші, жетінші, жиырма-сыншы, жүзінші, мыңыншы, миллионыншы.*

**РЕТТІК ЖҰРНАҒЫ** – нәрсенің ретін көрсету үшін сан есіміне жалғанатын қосымша, «ыншы» жұрнағы. Реттікпен саналғанда есептікпен саналғандай айтылып келіп, ең ақырғы сөздің аяғына реттік жұрнағы («ыншы») жалғанады. Мыс.: «мың тоғыз жүз жиырма үшінші», «мың тоғыз жүз он төртінші».

*О.Жұбаева*

**РСАЕВ** Таңатқан Барақұлы (29.12.1937 ж.т., Қостанай обл. Амангелді ауд. Ағаштыкөл а.) – жазушы, журналист, баспагер, ақын, аудармашы, этнограф-фольклоршы, әуесқой сазгер, абайтанушы, мұқағалитанушы. КСРО Баспасөз үздігі (1989), ҚР Баспа және полиграфия ісінің қайраткері (2004), ҚР Мәдениет қайраткері (2007). ҚазҰУ-дың филол. ф-тін бітірген (1959). Сол жылдан респ. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»)



*Т.Рсаев*

газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Қазақ радиосында қазақ тіліндегі бағдарламалардың және Әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясының бас редакторы (1966–70), респ. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде, «Қазақстан әйелдері» журналында бөлім меңгерушісі (1970–72), Аркалық қ-нда ашылған А.Иманов пен Ә.Жангелдин мұражайының ұйымдастырушы-директоры (1972) болды. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясына қызметке орналасып (1973), 2008 ж. зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін 35 жыл бойы бөлім меңгерушісі, гуманист. ғылымдар орт-ның басшысы, бас редактордың 1-орынбасары (2003–08) қызметтерін атқарды. Р. «Қазақ энциклопедиясынан» жарық көрген күрделі ба-сылымдардың бірқатарына жетекшілік жасап,

баспаның негізгі тұжырымдары мен әдістемелік бағытын белгілеу және ғыл. жағынан қалыптастыру ісіне айтарлықтай үлес қосты. «Қазақ совет энциклопедиясының» он екі томдығынан бастап, «Қазақ ССР», «Шанырақ», «Ислам», үш томдық «Ол кім? Бұл не?», «Негеш» анықтамалықтарын әзірлеуге ғыл. жетекшілік етті. Халқымыздың ұлы ақыны А.Құнанбаевтың 150 жылдығы қарсаңында арнайы құрылған «Абай» ғыл. редакциясының меңгерушісі болды. Оның басшылығымен әзірленіп, баспадан шыққан «Абай» энциклопедиясы 1996 ж. ҚР-ның Мемл. сыйл-мен аталып өтті. Республиканың көрнекті ғалымдарын қатыстыра отырып, еліміздің аса құнды мұралары туралы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі «Қазақстанның жеті кереметі», қазақ халқының он екі мыңнан астам мақал-мәтелдерінен құралған «Сөз мәйегі» кітабын құрастырып, шығарды. Р. 10 томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының, тұңғыш «Қазақстан» энциклопед. сөздігінің тұжырымдамасы мен сөзтізбелерін әзірлеуге және баспадан шығаруға басшылық жасап, оның белсенді авторларының бірі болды. Қаламгер аударма саласында да қыруар жұмыс тындырды. Олардың ішінде «Өнердің ықшам тарихының» 3-кітабы, төрт томдық «Көркемсуретті Қазақстан тарихы», т.б. бар. Баспагер соңғы жылдары «Торғай елі» (2013), «Мұқағали Мақатаев» (2016, «ҚазАқпарат» баспасы) энциклопедияларын әзірлеп, жарыққа шығаруға ғыл. жағынан басшылық етті. «Абай» (кіт. «Алтын қазық», А., 2010), «Қаныш Сәтбаев» энциклопедиясына арналған «Қазақ ғылымының асқар шыңы» («Ана тілі», 15–28 наурыз, 2012) мақалаларын жариялады. Р. «Құрмет» орденімен (2008), бірнеше медаль және Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қостанай обл. Амангелді ауд-ның құрметті азаматы (2012). Қазақстан Журналистер одағы Абай сыйл. иегері (1996). Р-тың «А.Байтұрсынұлының Ленинге хаттары», т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарияланған. Байтұрсынұлының 1920 ж. 17 мамырдағы хатында Қазақстандағы тұңғыш кеңестік өкімет органы – Қазақ ревкомының өзі құрылғаннан бергі он айлық қызметінің нәтижелерін баяндай отырып, оның жұмысындағы кейбір жосықсыз жақтарын өкінішпен баяндағаны айтылады.

**РУБАКИН** Николай Александрович (1862–1946, Лозанна; Мәскеуде жерленген) – библиограф, жазушы. Санкт-Петербург ун-тінің жаратылыстану, тарих-филология, заң ф-ттерін бітірген. Р. Сауаттылық қ-тінің мүшесі және хатшысы қызметінде пед. мұражай жанынан өзіне-өзі білім берудің ерекше бөлімін ұйымдастырған. 1988 ж. О.Н.Попова, И.Д.Сытин және «Баспагер» серіктестігі баспагерлік фирмаларының жетекшісі қызметінде «Халыққа арналған әдебиеттерді зерттеу» бағдарламасын құрастырған. 1905–

## РУДЕНКО

07 ж. Орыс революциясына қатысқан. 1907 жылдан Швейцарияда тұрды. Оның кітап қоры Мәскеудегі Ресей мемл. кітапханасына берілген. А.Байтұрсынұлы 6 томдық шығ. жин-нда табиғат құбылыстарына байланысты Р-нің «Күн күр-



Н.А.Рубакин

кіреуі мен найзағай неден болады?», «Судың дүние кезуі», «Жер жүзінің өзгеруі», т.б. туындыларын аударған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

**РУДЕНКО** Сергей Иванович (28.1.1885, Харьков қ. – 16.7.1969, Санкт-Петербург қ.) – археолог, антрополог, этнограф, гидрогеолог. Тех. ғыл. докт. (1945), Ленинград ун-тінің проф. (1921–54). 1942 жылдан КСРО ҒА-ның археол. ин-тының аға ғыл. қызметкері, 1957 жылдан Ютланд археол. қоғамының мүшесі, 1962 жылдан Бүкілодақтық геогр. қоғамының құрметті мүшесі, 1966 жылдан Германия (ГФР) археол. ин-тының мүшесі. Р. Еділ бойы мен Солт.-батыс Сібір халықтарының этнографиясын, археологиясы



С.И.Руденко

мен антропологиясын зерттеген. Байкал сыртын, Алтайды, Қазақстанды зерттеген кешенді экспедицияларды басқарды. Оның Таулы Алтайдағы ежелгі дәуір ескерткіштеріне жүргізген зерттеулерінің маңызы зор. 1964 ж. Р. Бүкілодақтық география қоғамының П.П.Семенов-Тянь-Шанский атынд. алтын медалімен марапатталған. Р. және Ф.Ф.Мен-

цель, Месарош, С.Ф.Ольденбург, Құсайын-зада, А.Н.Самойлович, Н.Ф.Яковлевтер 1926 жылғы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезіне А.Байтұрсынұлымен бірге делегат болып қатысқан. Ол туралы Байтұрсынұлы өзінің «Түрікшелер құрылтайы» атты мақаласында жазған

Шығ.: Очерк быта северо-восточных казахов. //Казаки, Л., 1930; Второй Пазырыкский курган, Л., 1948; Культура населения Горного Алтая в скифское время, М.–Л., 1953; Искусство Алтая и Передней Азии (середина 1 тыс. до н. э.). М., 1961.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

А.Оңғарұлы

**«РУХАНИЯТ: МАҚАЛАЛАР МЕН ЗЕРТТЕУЛЕР»** – ғыл.-зерт. еңбек жинағы. Авторы – Д.Қамзабекұлы. А., «Білім» баспасынан 1997 ж. жарық көрген. Көл. 272 бет. Жинақта автор А.Байтұрсынұлының қайраткерлігін «Руханиятымыздың «Алқасы», «Дәуірдің кесек тұлғасы», «Ахмет Байтұрсынұлының Ташкентке сапары», «Арыстарымызды мәңгілік ойлайық» атты зерттеу мақалаларында жан-жақты талдаған. Сондай-ақ автор сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басында Алаш зиялыларының «ақталып», ресми тарихымызға қайта оралу кезеңімен қатар енген «руханият» сөзінің мән-мазмұнын тәуелсіздік тұрғысынан талдап, екшейді. Рухани мәдениеттің бір белгісі – ғылым жолын тану, өршіл Рух ұстаны бекем руханияттан туатыны, А.Байтұрсынұлы анықтаған халықтың «тірнек өнері мен көрке өнері» Рух пен руханиятқа байлаулы екендігі айтылады.

**РҮСТЕМОВ** Сәулебек Керімбекұлы (25.4.1965 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Жетісай ауд. Жылысу а.) – тарих ғыл. канд. (1997). ҚазҰУ-ды (1989) және аспирантурасын (1996) бітірген. Шымкент пед. ин-тында жалпы тарих кафедрасының доценті (1989–93), «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында жетекші маман болып (1998–99),



С.Рустемов

10 томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясына (1998–2007) өз саласы бойынша мақалалар жазған. 2000 жылдан ҚР БҒМ ҒК Тарих және эт-

нология ин-тында бөлім меңгерушісі. «Қазақ хандығы» энциклопедиясының жауапты шығарушысы (Тараз, 2015). 200-ден астам ғыл. еңбектің авторы. ҚР Мәдениет және ақпарат мин-нің Құрмет грамотасымен марапатталған (2000). Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, т.б. Алаш қайраткерлері туралы жарияланған «Алаш қозғалысы» (2004) құжаттар мен материалдар жинағының құрастырушыларының бірі. **РЫСҚҰЛОВ** Тұрар (26.12.1894, бұрынғы Жетісу обл. Верный уезі Шығыс Талғар болысы – 10.2.1938, Мәскеу қ.) – мемлекет қайраткері. Меркідегі орыс-түземдік бастауыш мектепте оқыған. 1910 ж. Р. Пішпектегі 1-дәрежелі а.ш. мектебіне қабылданып, оны 1914 ж. қазан айында бау-бақша өсіруші мамандығы бойынша бітіріп шығады. Бұл мектепті үздік бітірген оған Самара қ-ндағы орта дәрежелі а.ш. уч-шесіне түсу үшін арнайы жолдама беріледі, бірақ уч-ще директоры «қазақ – көшпелі, оған жер өндеуді оқудың қажеті жоқ» деп қабылдамай қояды. Оқу министрне арыздана жүріп, арнайы рұқсатпен емтихан тапсырады да, оқуға қабылданады. Күн көру үшін оқумен қатар Ташкент қ-ның іргесіндегі Красноводск тәжірибе алаңында бағбан болып істеді. 1916 ж. жазда қазақ даласында ұлт-азаттық көтеріліс басталған кезде Р. оқуын тастап, Әулиеата уезіндегі Меркі а-на аттанды. Ол келген кезде халық ашық бас көтерулерге шығып, жер-жерде қарулы қақтығыстар өрши бастаған болатын. Ол Ақкөз Қосанұлы бастаған көтерілісшілердің іс-әрекетіне ұйымдық сипат беріп, саяси бағдар сілтеді. Меркідегі көтерілістің өршіген кезінде Р-ты патша әкімш. тұтқынға алды, бірақ оның іс-әрекетінен кінә таппай, босатып жіберуге мәжбүр болды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін көктемде Р. Меркіге оралып, онда «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрды. Осы жылы жазда Р. РСДЖП құрамына мүше болып қабылданды. Р-тың ықпалымен Әулиеата уездік кеңесінің құрамы мен жұмыс тәсілі тез өзгере бастады. Уездік кеңестің мүшелігіне қазақтар көптеп тартылды. Р-тың жетекшілігімен Әулиеата қ. маңында қоғамдық тамақтандыру орындары ұйымдастырылып, онда 20 мың адамға дейін ашыққан қазақтар тамақтандырылды. 1918 ж. шілдеде Әулиеата уездік кеңесі атқару к-тінің төрағасы болып сайланды. Осыған орай 1918 ж. 28 қарашада ерекше Орт. Комиссия ұйымдастырылып, оның төрағасы болып Р. тағайындалды. Комиссия Түркістан І АКСР-інің 19 уезінде 923 мың адамға арналған тамақтандыру орындарын ашты. 1919 ж. 14 наурызда Түркістан АКСР ОАК төрағасының орынбасары болып сайланды. Осы жылы 14–31 наурыз аралығында Ташкент қ-нда болып өткен Түркістан КП-ның 2-конференциясында ОК жаңынан Мұсылман бюросын құру туралы шешім қабылданды. Оның жетекші-

лігіне сайланған Р. Мұсылман бюросы қызметін жандандыра түсу мақсатымен ұйымдастыру, редакция-баспа, мәдени-ағарту және әскери бөлімшелерін құрды. Сондай-ақ 1919 ж. алашорда-



*Т.Рысқұлов*

шыларға кеңес өкіметінің кешірім жасауына орай Түркістандағы ұлттық саяси билік өкілдері – Р., Н.Төреқұлов, С.Қожанов, С.Асфендияров, т.б. Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгеров, тағы басқаларды қызметке тартты. 1920 ж. 21 қаңтарда Р. Түркістан АКСР ОАК-нің төрағасы болып сайланды. 1924 ж. жазда Коминтерн атқару к-тінің Моңғолиядағы өкілетті өкілі болып тағайындалды. Ол онда Моңғолия Конституциясының жобасын әзірлеуге ат салысты. Моңғолия астанасының атын Уланбор (Қызылбатыр) деп қоюды ұсынды. 1926 ж. наурызда Р. Қазақстанға жіберіліп, Қазақ өлкелік БК(б)П к-ті Баспа бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Осы жылы 19 сәуірде Р. Қазақ өлкелік БК(б)П к-ті қаулысымен «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы болып бекітілді. Көп ұзамай 31 мамырда Бүкілодақтық ОАК-нің қаулысымен Ресей Федерациясы ХКК төрағасының орынбасары болып бекітілді. Бұл қызметіне қоса Р. Түркісіб т. ж-н салуда үкімет комиссиясының төрағасы болды. Қазақ өлкелік БК(б)П к-тін басқарған Ф.И.Голощекиннің «Қазақстанда кіші Қазан төңкерісін жасау» идеясына ашық қарсы шықты. Кеңестік ұжымдастыру саясатының зардаптарын жою, Қазақстандағы ашаршылық апатынан халықты құтқару жайында И.В. Сталинге нақты ұсыныстар жасады. Осы қызметі арқылы ол Қазақстанға жаңа басшылықтың келуіне және ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсетуге үлкен ықпал етті. 1937 ж. 21 мамырда Кисловодскіде демалыста жүрген Р. «пантүркішіл», «халық жауы» деген айыппен тұтқынға алынды. Кеңестік қуғын-сүргінге ұшырап, Мәскеу түрмесінде жүрек ауруынан қайтыс болды. Р. КСРО Әскери коллегиясы Жоғ. сотының шешімімен 1956 ж. 8 желтоқсанда ақталды.

*Г.Бисенова, О.Қоныратбаев*





**САБАҚТАС СӨЙЛЕМ** – А.Байтұрсынұлы енгізген термин. Құрастырушы сыңарларының бірі екіншісіне бағына, сабақтала байланысатын құрмалас түрі. Осыған орай құрмаластың бұл түрі басыңқы сөйлем және бағыныңқы сөйлем деген бөліктерден тұрады. Басыңқы сөйлем – сабақтас құрмаластың құрылуына тірек болатын, пішіні, айтылатын ойы жағынан «тыңғылықты» болатын компонент. Мыс., *Халыққа жағайын десең, қазаның болсын* деген сабақтаста *қазаның болсын* деген сыңар басыңқы сөйлем болып саналады. «Бағыныңқы сөйлем – бітпеген шала сөйлем», басыңқы сөйлемнің шылауындағы сөйлем. Байтұрсынұлының синтаксисі бойынша, бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің бір мүшесіне қатысты болып тұрады, сол мүшенің сұрауына жауап береді, соған орай сабақтас мағыналық түрлерге байлайша жіктеледі: 1) бастауыш бағыныңқы сөйлем (*Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер*), 2) анықтауыш бағыныңқы сөйлем (*Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырларсың*), 3) толықтауыш бағыныңқы сөйлем (*Ұяда не көрсен, ұшиқанда соны аласың*), 4) мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы (*Қашанға дейін ұйқым келмесе, соған дейін отырамын*), 5) мекен пысықтауышының бағыныңқысы (*Егін қайда болса, береке сонда болады*), 6) сын пысықтауышының бағыныңқысы (*Қалайша үлгі пішілсе, солайша киім тігілмек*), 7) себеп пысықтауышының бағыныңқысы (*Қар аз болған соң, су сонан тасымды*), 8) мақсат пысықтауышының бағыныңқысы (*Өлең тыңдағысы келіп, жұрт жиылды*), 9) шартты бағыныңқы (*Көсеу ұзын болса, қол күймейді*), 10) ереуіл бағыныңқы (*Қыс қатты болса да, мал аман шықты*).

Ж.Жақытов

**САБАҚТЫ ЕТІС** – нәрсе сабақталатын істі көрсететін сөздер. Мыс. *б хат жаздым; шөп шаптым; қармақ салдым* дегенде: *жаздым, шаптым, салдым* – істер. «Хат жаздым» дегенде жазу ісіне хат сабақталып тұр. «Шөп шаптым» дегенде шабу ісіне шөп сабақталып тұр. «Қармақ салдым» дегенде салу ісіне қармақ сабақталып тұр. «Жаздым», «шаптым», «салдым» деген сияқты, нәр-

се сабақталатын істі көрсететін сөздерді *сабақты етіс* дейміз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

О.Жұбаева

**САБАТАЕВ** Сатылған (24.5.1874, бұрынғы Жетісу обл. Верный уезі, Үлкен Алматы болысы, №7 а. – 15.4.1921, Қарқаралы маңы) – Алаш қозғалысының қайраткері, жоғары білімді қазақ агрономы. Верный ерлер гимназиясын (1895), Мәскеудегі Шығыс тілдері ин-тын (1899), Мәскеу а.ш. ин-тын (1915) бітірген. 1899–1901 ж. Жетісу обл. Пішпек (Бішкек), 1901–06 ж. Жаркент уездік басқармаларының аудармашысы, Жетісу обл. қоныс аудару мекемесінің қызметкері, 1906–08 ж. Жетісу обл. егіншілік және жерге орналастыру бас басқармасының қызметкері болды. 1916–17 ж. Лепсі уезінің а.ш. мекемесінде жұмыс істеген. Патша өкіметі құлаған соң С. Алаш қозғалысына белсене араласты. 1917 жылғы 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен жалпықазақтардың екінші құрылтайына С. та делегат болып қатысты. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы секілді Алаш қайраткерлері ұйымдастырған құрылтайда Алаш автономиясын шұғыл жариялауға С., Мөңке Исмаилов, Нүсіпбек Жәкыпбаевтар қарсы шықты. 1918 ж. қаңтарда Верный қ-ндағы Жетісу обл. қазақтарының 2-съезіне қатысып, автономия, милиция құру жұмыстарымен айналысты. Верныйдағы алаш зиялылары мен казак-орыстардың іс-қимылынан қауіптенген большевиктер 1918 ж. 9 наурызда О.Әлжанов, Ы.Жайнақов және С. сияқты алаш басшыларын тұтқындады. 17 сәуірде түрмеден С. босатылып, Семейге кетті. Семейде земство, Алаш жұмыстарын атқарды. 1918 ж. 10–31 тамызда Алашорданың Лепсі уезінде өткен Жетісу обл. съезінде обл. қ-тің мүшесі болып сайланды. Семейде 1-Алаш әскери полкын жасақтауға белсене қатысты. 1918 ж. 1 қарашада Алашорда кеңесі Сібір үкіметінен С-тың а.ш. бас маманы болуына рұқсат алды. Кеңес өкіметі орнаған соң ол Қарқаралы өңірінде өз мамандығы бойынша қызмет атқарды. 1921 ж. көктемде Ботақара деген жерден тұқым алып келуге бара жатқан С-ты ақтардың соңына түскен қызыл әскерлер жазықсыз атып кетті. С. Лазарев ин-тында оқып жүргенде Мәскеу ун-ті жанындағы жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойларының императорлық мәжілістеріне қатысып, «Қазақтардың сот ісін жүргізуі», «Торғай облысы Қостанай уезі қазақтарының ақсақалдар және араағайындық соты» деген тақырыптарда ғыл. баяндама жасаған. Ол көрнекті шығыстанушы ғалым А.Н.Веселовскийдің құрметіне шығарыл-

ған «Әл-Шарқият» (Мәскеу, 1914) жинағына Абайдың «Жаз», Міржақыптың «Мұң» атты өлеңдерін кара сөзбен орыс тіліне аударып, енгізген.

*М.Әбдешев*

**САВАННА**, С а у а н а – тропиктік ормандар мен шөлдер аралығындағы биом түрі. С-да субэкваторлық, тропиктік және субтропиктік өсімдіктер типінің ксерофитті шөптесіндері, жеке немесе шоқ ағаштары (акация, эвкалипт, т.б.) мен бұталары кезектесіп орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Америка» («Америке») мақаласында (6 томдық шығ. жин. 2-т.) құрлықтың табиғатын баяндаған. Онда ол жазық әрі үлкен аумақты алып жатқан шөбі бітік өскен С-ға сипаттама береді. Мақалада С. Сауана деп берілген.

*Қ.Ахметов*

**САҒАДИЕВ** Кенжеғали Әбенұлы (18.2.1938 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд.) – экон. ғыл. докт. (1977), проф. (1978), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994), ҚР-ның еңбек сің. ғылым және техника



*К.Сағадиев*

қайраткері (1996, 2003). ҚазҰУ-ды (1960) және Мәскеу халық ш. ин-тының аспирантурасын (1966) бітірген. ҚазҰУ-да ассистент, аға оқытушы (1960–63), «Нархоз ун-ті» АҚ-да ғыл.-пед. қызметте (1966–82), ин-т ректоры (1990–94), Целиноград (Ақмола) а.ш. ин-тының ректоры (1982–90), ҚР ҰҒА-ның президенті (1994–96), ҚазҰАУ-дың, Халықар. бизнес ун-тінің ректоры (1996–2004) қызметтерін атқарды. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (2004, 2007). Экология мәселелері және табиғат пайдалану к-тінің мүшесі. Негізгі ғыл. еңбектері материалдық-тех. жабдықтаудың экон. тиімділігін арттыру мәселелері, Қазақстандағы экон. реформа теориясы мен әдіснамасына арналған. 240-тан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 32 монография, кітаптар мен кітапшалардың авторы. Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі», «Парасат» (2003), 2-дәрежелі «Барыс» (2008) ордендерімен марапатталған. А.Байтұрсынұлына ескерткіш-белгі (бюст) ашу рәсіміне қолдау көрсеткен, қайраткердің экон. мазмұнды мақалаларына ғыл. талдаулар жасаған.

«САЗ» – «Оқу құралына» енген мәтін. Саз деп нені айтуға болады, саз қалай пайда болады, одан нелер (кірпіш, қыш, ыдыстар, т.б.) жасалатыны жөнінде түсінік берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**САЙЛАУБАЙ** Ерлан Ерназарұлы (16.10.1965 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд.) – тарих ғыл. канд. (2001). Семей мемл. ун-тін (1995) бітірген. Осы ун-те оқытушы, аға оқытушы,



*Е.Сайлаубай*

кафедра меңгерушісі, доцент, деканның орынбасары, декан (1995–2012), Шығыс Қазақстан мемл. ун-ті жанындағы Гуманит. ғылымдар оқу-ғыл.-зерт. орт-ның директоры (2012–13), «Назарбаев орталығы» мемл. мекемесі Мемлекеттілік, қауіпсіздік мәселелері және даму ин-тының басшысы (2013–14), «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» мемл. мекемесі Баспа үйінің басшысы, Ұйымдастыру-имидждік жұмысы қызметінің жетекші сарапшысы (2014–15) қызметтерін атқарған. 2015 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінің доценті. «Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі» атты тақырыпта канд. дисс. қорғаған. Ғыл. еңбектері тәуелсіз Қазақстан тарихы мен тарихнамасына, 20 ғ-дағы Қазақстан тарихы, Алаштану, Қазақстан археологиясы мен өлкетану және аймақтану мәселелеріне арналған. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, т.б. Алаш қайраткерлері туралы жарияланған «Алаш қозғалысы» (2004) құжаттар мен материалдар жинағын құрастырушылардың бірі. Сондай-ақ «Алаш арыстары – Мұхтар Әуезов мұражайы», т.б. мақалалары жарық көрген. 60-тан астам ғыл. еңбектің, бірнеше ғыл. басылымдардың, жинақтар мен оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Ы.Алтынсарин төсбелгімен (2009) марапатталған.

**САЙРАМБАЕВ** Талғат (19.2.1937, Оңт. Қазақстан обл. Бәйдібек ауд. Сыпагаев а. – 2009, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1989), проф. (1985). Оңт. Қазақстан мемл. пед. ин-тын (1960) бітірген. Ин-ты бітірген соң орта мектепте мұғалім (1960–61), А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл бі-

лімі ин-тының аспиранты (1961–64), Қызылорда мемл. ун-тінде қазақ тілі кафедрасының оқытушысы (1964–71), ҚазҰУ-да доцент, кафедра меңгерушісі, дайындық ф-тінің деканы, филология ф-тінің проф. (1971–2002) болды. Қазақ тілінің синтаксисі бойынша ірі ғыл.-зерт. жұмысымен айналысты. 200-ден астам ғыл. еңбектің



Т.Сайрамбаев

авторы. С-тың «А.Байтұрсынұлының морфологиялық еңбегі» (Өркен, 1989), «Ахмет Байтұрсынов еңбектері және оның басқа түркі тілдеріне игі әсері» (Ғылым, 1999), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген.

**САҚ** Қайрат Өмірбайұлы (16.7.1964 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд. Төңкеріс а.) – филол. ғыл. канд. (1998), доцент (2009), ҚР Мәдениет қайраткері (2010). ҚазҰУ-ды (1990) және аспирантурасын (1996) бітірген. 1996–2008 ж. ҚазҰУ-да аға оқытушы, «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы, «Қазақ университеті» баспасының директоры, Еуразия ұлттық ун-тінде кафе-



К.Сақ

дра меңгерушісі (2008–11) болды. 2011 жылдан журналистика және саясаттану ф-тінің деканы. «Қазақ» газетіндегі ұлттық саяси мәселелердің жазылуы» атты тақырыпта канд. дисс. қорғаған. «Алаш публицистикасы» тақырыбында ғыл.-зерт. жүргізіп, 100-ге жуық ғыл. мақала жариялады. «Қазақ» газеті» энциклопед. жинағын құрастырды. 150-ден астам ғыл. еңбектің авторы.

«Ұлттық сана ұйытқысы» оқу құралы үшін Қазақстан Журналистер одағы сыйл. (2001) марапатталған. ЖОО-ның үздік оқытушысы (2007). Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев сияқты Алаш қайраткерлерінің өмірі мен туған елі үшін жасаған ерен еңбектерін тарата талдап, танытуға арналған «Алаш мұрасы» және «Алаш көсемсөзі: жер мәселесі» (көптомдықтың 1-томы), т.б. еңбектері жарық көрді.

**САЛАЛАС СӨЙЛЕМ** – А.Байтұрсынұлы енгізген термин. Сыңарлары тең байланысатын құрмалас. Құрастырушы сыңарларының арасындағы қатынастарға қарай былайша жіктелген: 1) жиылыңқы қиысулы, 2) қайырыңқы қиысулы, 3) айырыңқы қиысулы, 4) сұйылыңқы қиысулы, 5) қойылыңқы қиысулы. Егер құрастырушы сыңарлары ыңғайластық, мезгілділік қатынаста тұрса, «жиылыңқы» болады (*Үлкен бастар, кіші қостар*); құрастырушы сыңарлары қарсылықты қатынаста тұрса, «қайырыңқы» болады (*Мен бардым, сен үйде болмадың*); құрастырушы сыңарлары талғаулықты, таңдамалы, баламалы қатынастарға құрылса, «айырыңқы» болады (*Не сен тұрарсың, не мен тұрармын*); жалпыдан жекеге қарай (дедукция) қатынасқа, себеп-салдарлық қатынастарға құрылса, «сұйылыңқы» болады (*Сабыр түбі – сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа*); жекеден жалпыға қарай (индукция) қатынасқа құрылса, «қойылыңқы» болады (*Мал да керек, жан да керек, білім де керек – бәрі керек*).

Ж.Жақыпов

**САЛТ ДАНАЛЫҒЫ** – даналықтың іс ұғымына тиісті жағы. Даналықтың мақсаты – бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам аталған дүниенің жұмбағын (дүние мәселесін) шешу.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**САЛТ ЕТІС** – өткен іске сабақталып, байланып тұрған еш нәрсе болмаған, сабақсыз істі көрсететін сөз. Мыс.: *мен жүрмін; сен тұрсың; ол отыр*. Менің жүргеніме, сенің тұрғаныңа, оның отырғанына сабақталып тұрған еш нәрсе жоқ. Ержан күлді, Нұрман жылады, Бірман жүгірді. Ержанның күлгеніне, Нұрманның жылағанына, Бірманның жүгіргеніне сабақталып тұрған еш нәрсе жоқ. «Жүрмін», «тұрсын», «отыр», «күлді», «жылады», «жүгірді» деген сияқты сабақсыз істі көрсететін сөздерді *салт етіс* дейміз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орысбор, 1924.

О.Жұбаева

**САЛТЫКОВ** Михаил Евграфович, С а л т ы к о в - Ш е д р и н (шын. фам. – Салтыков; лақап аты – Н. Ш е д р и н) (27.1.1826, Тверь губ. қазіргі Ка-

линин обл. Спас-Угол с. – 10.5.1889, Петербург к.) – орыс жазушысы. Кедейленген дворян отбасында туған. Мәскеудегі дворяндар ин-тының пансионатында (1836–38), Александр лицейінде (1838–44) оқыды. Бұл кезде оған В.Г.Белинский, А.И.Герденнің әлеум. көзқарасы үлкен әсер етті. А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.Ю.Лермонтов,



М.Е.Салтыков

т.б. ақын-жазушылардың шығармаларын оқып үйренді. С. лицейді бітіргеннен кейін Әскери мин-те кіші әкімш. қызметтер атқарды. С. алғашқы шығарм. еңбегін өлең («Лира», 1841, т.б.) жазудан бастады. Бірақ оның есімі прозалық шығармаларымен кеңінен мәлім болды. «Қарама-қайшылық» (1847), «Шатақ жағдайлар» (1848) повестерін жариялады. Қазақ әдебиетінің классигі А.Құнанбаев С. шығармаларымен танысып, одан тәлім ала білді. Кеңес дәуірінде шығармалары қазақ оқырмандарының игілігіне айналып, оның «Головлёв мырзалар» (1955), «Губерниялық очерктер» (1956), т.б. шығармалары қазақ тілінде жеке кітап болып шықты. Киров қ-нда С-тың мемориалдық музейі (1968) ашылды. «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы Абайдың Пушкин, Лермонтов, Л.Н.Толстой, Салтыков-Щедрин, Ф.М.Достоевский, Белинский, Н.А.Добролюбов, Д.И.Писаревтің еңбектерімен таныс болғанын айтады (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.).

**САМАРҚАНД**, С а м а р қ а н – Өзбекстан Республикасындағы ежелгі қала, өзі аттас облыс орталығы. А.Байтұрсынұлы араб әліп-биін жақтаған баяндамасында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) «... түрік жұртындағы қалалардың баспаналарында өзгертпеген латын әрпі де жеткілікті табылмайтынын айта келіп, Қызылорданы былай қойғанда, Қазан, Уфа, Ташкент, Самарқан қ-ларының өзінде де табылмайтындығын» айтқан.

**САМАТОВ** Мұхтар (1894, Павлодар уезі, Баянауыл – 1938) – Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны. 1917 ж. Омбы а.ш. уч-шесін, Омбы политех. ин-тының 1-курсын (1919) бітірген. 1910–13 ж. Петербург статистик. экспед-нда (Павло-

дар, Өскемен, Зайсан уездері) аудармашы, Павлодар уезінде мұғалім болды. 1913 ж. Омбыдағы түрлі оқу орындарында оқитын қазақ жастары «Бірлік» қоғамын құрды. Оның басқарушы тобы құрамында С., Нығмет Нұрмақов, Мағжан Жұмабаев, Шаймерден Әлжанов, Сәкен Сейфуллин сияқты жастар бар еді. 1917 жылғы Қа-



М.Саматов

зан төңкерісінен кейінгі оқиғалар тұсында «Бірлік» ұйымы екі қанатқа жарылып кетті. Оның бір қанаты (Ә.Досов, Ж.Сәдуақасов, Жүсіпбеков, т.б.) кеңестік билік жағында болса, екінші қанаты (Қ.Кемеңгеров, С.Сәдуақасов, т.б.) Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы басқарған Алаш партиясының бағдарламасын қолдады және өздерін «жас алашшылар» санады (Е.Тілешов. Алаш қозғалысы: дәуір мүмкіндігі және күрес эволюциясы. Qasym.kz. 14 қаңтар, 2016). 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Алаш партиясының Ақмола обл. ұйымдастыру к-тінің мүшесі болып, жергілікті бөлімшелерді ұйымдастыруға қатысты. Азамат соғысы жылдарында дутовшыларға қарсы жасақ ұйымдастырды. 1918–19 ж. обл. жер басқармасының нұсқаушысы болған. 1920–21 ж. Қарқаралы уездік атқару к-ті төрағасының орынбасары, 1921–24 ж. Қазақ АКСР Азық-түлік халық комиссары, 1924–25 ж. Қазақ АКСР Халық ш. Орг. Кеңесінің төрағасы, 1925–37 ж. өлкелік партия-кеңес мектебінің лекторы, өлкелік баспа басқарушысы, Семей губ. атқару к-тінің төрағасы, Қазақ АКСР Су ш. басқармасының бастығы, Қазақ КСР Мемл. жоспарлау комиссиясы төрағасының орынбасары, Халық ш. есебі басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. 1937 ж. «халық жауы» ретінде ұсталып, 1938 жылдың ақпанында ату жазасына кесілген.

**САН ЕСІМ** – нәрселердің есебін хәм ретін көрсететін сөз. Мыс.: *үш, тоғыз, он, он бір, тоқсан, жүз, мың, миллион, түмен т.с.с.* Нәрсең санын сұрағанда *неше? немесе қанша?* деп сұраймыз. Нәрсең дәл санын білу үшін *неше?* деп сұраймыз. Мәселен: *неше кісі келеді? – Үш кісі келеді.*

## САНКТ-ПЕТЕРБУРГ

Нәрсенің дәл санын емес, шамасын ғана білу үшін қанша? деп сұраймыз. Мәселен, қанша күн жүресің? – *Үш-төрт күн жүремін.*

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.*

**САНКТ-ПЕТЕРБУРГ** – Ресей Федерациясындағы қала. 1914 ж. дейін Петербург, 1914–24 ж. Петроград, 1924–91 ж. Ленинград деп аталды. Федералды субъект мәртебесіне ие. Ленинград обл-ндағы Нева өз-нің Фин бұғазына құяр сағасында орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Қазақ һәм түрлі мәселелер» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) қазақ арасында дінді дамыту үшін ең алдымен, бағдарлама жасауды өзекті мәселе етіп қойған, мұсылмандықты биік дәрежеге көтеру үшін алдымен дін қызметкерлерін оқытып дайындау қажеттігін айта отырып мысал келтірген. Онда «Мүфти жайынан жазатын қазақтан молда шықпаған соң, ноғай молдасы жазып отыр, 6-шы майда болатын Петербургтағы мұсылмандар кеңесіне барарлық қазақта қандай молда бар деп сұрағанға еш молданы көрсете алмай отырмыз» деп жазған. Келесі бір дін мәселесінде «...қараңғы халыққа түндікті бүркеп, қараңғылап қойып, шарифат соғатын молдалар қазақ арасында көп екенін білеміз, бірақ білімін жарыққа шығарып көрсетпеген соң, Петербург кеңесіне қайсысы жарайтынын біле алмадым» деп айтқан. Мұнда қазақ арасында молданың көп екені, бірақ өздерін көрсете алмаған соң Петербург кеңесіне баратыны жоқ екенін меңзегені. Байтұрсынұлының «Петербор Кеңесінің II Николайды тұтқынға алуы» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) Ресейдегі уақытша үкімет кезеңіндегі оқиға суреттелген. Оқиғада патшаның үй-шіі II Николаймен бірге уақытша үкімет Англияға жөнелуге дайындалып жатқан түнде исполкомға хабар жеткені айтылады. Сондықтан «қауіптілер» Петербор (Петербург) кеңесінің қолында болу керектігі ұйғарылады. Қаулыны орындау үшін Царское (Тысарское) қаласына Мстиславскийді басшы қылып қосып жібергені баяндалады. Жер астымен жеткен Мстиславский Петербор әскерлері мен солдаттары арқылы халыққа сәлем жолдап «Петербор сендерден үміті зор...» деп аяқтайды.

**САП ДАНАЛЫҚ** – даналықтың ес ұғымына тиісті жағы. Сап даналық жолының өзі екі айырық болады: бірі ғаламның адам арқылы жетерлік те, бірі жетпестік те жағын зейінге салады. Алдыңғы *табансыз даналық*, соңғысы *табанды даналық* деп аталады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

*О.Жұбаева*

**САРБОПИН** Нұғыман (1890, Орал обл. Ілбішін уезі, Соғалы болысы – 1918, Орынбор, Бөрте

болысы, 3-а.) – Алаш қозғалысына қатысушы, қазақтың арнаулы білімді алғашқы әскери мамандарының бірі. Санкт-Петербургтегі Александр Кавалерия уч-щесін 1910 ж. шамасында бітірген соң Ресей-Қытай шекарасында тұрған 553-жаяу әскер полкына қызметке жіберілді. 1914–17 ж. 1-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 553-полк құрамында мұсылмандардан құралған жеке ротаны басқарды. Соғысты штаб-капитан шенінде аяқтап, Батыс майданнан Мәскеуге келді. Ондағы Уақытша үкімет органы жанынан құрылған мұсылман комиссиясына қызметке түру жөнінде ұсыныс жасалғанына қарамастан, 1917 ж. Орынборға келді. Осында А.Кенжин, Н.Төрөқұлов, Т.Жаманмұрынов, М.Сейдалин, М.Есболовтардың ұйытқы болуымен ашылған «Еркін дала» ұйымына Ж.Жәнібеков, Т.Тұрмағамбетов, С.Қадырбаев қатарлы жастармен, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов секілді қайраткерлермен бірге мүше болып кірді. Қауым бағдарламасына сәйкес мәдени-ағарту жұмыстарымен, мектеп, баспасөз органдарын ашу, оқу құралдарын шығару, драмалық үйірмелер құру, шәкірттерге жәрдем беру ісімен шұғылданды. Орынборда Кеңес өкіметі орнаған 1918 жылдың басында Ә.Жангелдиннің, Н.Төрөқұловтың Кеңес жағында қызмет ету жөніндегі ұсынысын қабылдамастан, Оралдағы Алаш қозғалысына қосылу ниетімен жолға шықты. Елге апаратын жол бойындағы Елек қ. большевиктер қолына көшкендіктен Орынбор маңындағы 1-Бөрте болысының №3 а-нда С. орынборлық казак Н.Каширин отрядының қолынан мерт болды.

**САРДИНИЯ АРАЛЫ** – Жерорта т-ндегі арал. Италияның Апеннин түбегінің батысындағы 4 провинциядан тұратын әкімш. облысы. А.Байтұрсынұлы «Еуропа» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың табиғатын сипаттаған. Онда ол құрлықтың ірі аралдарына тоқтап, олар жайлы толығырақ мағлұмат берді. Сондай аралдардың бірі саналатын С.а. Жерорта т-нде орналасқанын атап кеткен.

**САРФ** – «морфология» сөзінің арабша баламасы. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тілімізге ертенен еніп, сіңісіп кеткен араб сөздерімен өз тарапынан енгізген, терминдік мәнде қолданылған араб сөздері де бар: *лұғат* – тіл, *наху* – синтаксис (грамматика), *сарф* – морфология. 20 ғ-дың басында қазақтардың арабша, парсыша сауаттылық деңгейі жоғары болуына байланысты, ғалым «Тіл-құралдың» кіріспесіндегі мұғалімдерге арналған сөздерінде, «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде араб тіліндегі сөздерді терминдік мәнде еркін қолданған. Мәселен, «Тіл-құралдың» кіріспесінде Байтұрсын-

ұлы қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, қазақ тілінің наху, сарфы да үйретілуі керектігін, үш жылдық бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің наху, сарфын бөліп, балаларға оқытуға оңтайлы түрмен осы «Тіл-құрал» деген кітапшаларды шығарып жатқанын айта келіп, арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенімен, түсініксіз болмайтынын, араб һәм орыс наху сарфтарында оқылатын заттар мұнда да оқылатынын ескерттеді. Ал шәкірт балаларға арналған сөздерінде, кітаптың атауында ол сөздердің қазақ тіліндегі баламасын берген: *сарф – сөз жүйесі мен түрлері, наху – сөйлем жүйесі мен түрлері т.с.с.* Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

**САРЫАРҚА**, А р қ а – Қазақстанның бүкіл орт. бөлігін алып жатқан аймақ. Ресми құжаттардағы «Хаттар» топтамасында (6 томдық шығ. жин., 6-т.) «Ахметтің елге сәлемі» өлең-хаты С.Мамырқанов арқылы жеткен. Онда А.Байтұрсынұлы туған еліне сәлем жолдағаны айтылады. Елден «баз біреулердің» қасақана көрсетуімен айдалып кетсе де сол жұртына деген сағынышын жасыра алмады. Ақынның: «...*Кеттік деп сенен алыс қамығады. Сарыарқа сайран еткен, қайран мекен, Ерте-кеш соны ойлап, сағынады*» деген өлеңінде «өзектен тепкен Отанына» өкпесін артпай, керісінше «өз ошағы, өлең төсегі – Қазақ еліне» шексіз махаббатын арнайды. Байтұрсынұлының «Өсімдіктің жер жүзіне таралуы» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) өсімдіктер қалай және қандай жолдармен таралып, көбейетіні жөнінде ғыл. мағлұматтар бере отырып «...Кілемдей шөбі түрленген Сары Арқада жүріп келе жатқанда, желмен желкілдеп тұрған қылқанға көздерің түссе, болмаса оң мен солға шұлғып тұрған қамыстың басын көрсендер... мұндай өсімдіктердің тұқымы желмен тарайды...» деп мысал келтірген. Ахаңның «Жел неден болады?» мақаласында (6 томдық шығ. жин. 2-т.) бірқатар сауалдарға дәлелдер келтіреді. Онда ... Біздің қазақ даласында жел қыстықүні көбінесе Арқадан (Сарыарқадан) соғады, оның себебі – біздің Арқа жағымыз суық, Күн жағымыз қыстықүні де жылы» деп мысал келтіреді. «Ақтабан шұбырынды» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) қазақ тарихындағы елдің басына түскен қайғы-қасіретті қаралы күндер жыр болады. Онда жоңғар әскері елге баса көктеп кіргенде малға, жақынға, дүниеге қарамастан, әркім бас сауғалап Бұқар, Хиуаға ауа бастағанын, осы кезде ғана Арқадағы (Сарыарқадағы) ауыр әскер қолы же-

тіп, Орта жүз бен Кіші жүз жоңғарды қиратып тастап, Сарыарқаға қарай бет алғаны баяндалады.

Қ.Ахметов

«**САРЫАРҚА**» – Семей обл. Қазақ к-тінің газеті. 1917–19 ж. Семей қ-нда қазақ тілінде аптасына бір рет шығып тұрған. Шығарушылары – Х.Ғаббасов, Р.Мәрсеков. Газет «Теңдік» серіктігінде басылды. Әр жылдары газеттің редакторы қызметін Мәрсеков, И.Әлімбаев, Ғаббасов атқарды. 1917 ж. 15 маусымда алғашқы саны, соңғы 88-саны 1919 ж. шықты. Бір ғасыр бұрын аласапыранды кезеңде жарық көріп, кеңес заманында оқуға тыйым салынып, жойылған басылымның 1917 жылғы 3 саны, 1918 жылғы 30 саны табылған жоқ («Сарыарқа» газеті. 1917 жыл / құраст.: проф. Ғ.Әнес. – А.: «Арыс» баспасы, 2017). Газетте, негізінен, алаш қайраткерлерінің (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Ғаббасов, т.б.) мақалалары жарияланды. «Алаш» партиясының органы ретінде сол кездегі саяси-қоғамдық мәселелер көтерілді. 1917 ж. «С.» газетіне «Алаш» партиясына мүшелікке кірмек болған азаматтарға қойылатын талаптар мен партияның бағдарламасына енгізілетін мәселелер туралы «Алаш партиясы» мақаласы жарияланды. 1917 ж. 21 қарашада «С-да» С.Торайғыровтың «Алаш ұраны» өлеңі жарияланды. Газетте Ресей үкіметінің отаршылдық саясатының қазақ еліне тигізген зияны, Алаш партиясының бағдарламасы және қызмет барысы, елдегі саяси-экон. жағдай, қоныс аударушылар мен жергілікті қазақтар арасындағы қарым-қатынас, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына дайындық, Алаш партиясының, Алашорда үкіметінің құрылуы, атқарған жұмыстары, жер, дін, тіл, оқу-ағарту ісі, мәдениеті, әйел мәселесі туралы замануи мақалалар жарияланды.

**САРЫБАЕВ** Шора Шамғалиұлы (2.3.1925 ж.т., Ташкент қ.) – тіл білімі маманы, филол. ғыл.



Ш.Сарыбаев

докт. (1974), проф. (1979), ҚР ҰҒА-ның акад. (1983), Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1985), ҚазҰУ-ды (1950), оның аспирантурасын (1953) бітірген. 1954–95 ж. А.Байтұрсынұлы

## САРЫҒОЖИН

атынд. Тіл білімі ин-ты қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы бөлімінің меңгерушісі (1954–60, 1967–95), ин-т директорының орынбасары қызметтерін атқарды. 1995 жылдан осы ин-ттың бас ғыл. қызметкері. Ғыл.-зерт. еңбектері диалектология, морфология, лексикология, лексикография, библиография, тіл тарихы, аударма, есім-нама, алтаистика мәселелеріне арналған. 250-ден астам ғыл. мақала мен оқулықтары, монографиялары жарық көрген. С. проф. С.Аманжоловтың тілдегі диалектілерді топтау теориясын әрі қарай дамытты, диалектология саласындағы терминдердің қалыптасуына ат салысты. «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» (1966), «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін» (1969), «Жаңа атаулар сөздігін» (1992) құрастырушылардың бірі. «Қазақтың аймақтық лексикографиясы» (1976) монографиясы – түркітану ғылымында аймақтық лексикография теориясына арналған алғашқы еңбек. С. «Қазақ тіл білімінің библиографиялық көрсеткіші» атты 6 томдық (1-т. 1965; 2-т. 1971; 3-т. 1977; 4-т. 1982; 5-т. 1987; 6-т. 1994) еңбегі арқылы қазақ тіл білімінің тарихын зерттеу ісіне зор үлес қосты. Ол «Түркітану әдебиетінің библиографиясын» (1989) бастырып шығарды. Қазақ тіл білімі саласында қорғалған 1000 канд., докт. дисс.-ның библиогр. көрсеткішін құрастырды (2000). С. «Құрмет» орденімен, А.Байтұрсынұлы атынд. алтын медальмен марапатталған.

**САРЫҒОЖИН** Сабыр (т.ж.б. – 1925, Ұлыбритания, Лондон к.) – Алашорда үкіметі үшін қызмет еткен әскери қайраткер, ген.-м. С. Оралдағы реалды әскери уч-шені бітіріп, Мәскеудегі жоғары әскери мектепке жолдаса алған. Көп жылдар Мәскеуде Ресей патшасы әскерінде қызмет етті. 1-дүниежүз. соғыста тыл жұмыстарына алынған Нұғыман Сарбөпин, С., Молданияз Бегімұлы, Хамит Тоқтамышев тәрізді қазақтар штабс-капитан шеніндегі әскери атақ-лауазымдарға ие болып қайтты. Бұл әскери қазақтар кейін Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы секілді азаматтар құрған Алашорда үкіметі әскерінің негізін құрады (Мұратбек Кенемолдин. «Тұрағұл Абайұлы және Алашорда үкіметі». Әдебиет порталы). 1918 ж. Жымпитыдағы Алашорда үкіметінің әскери комиссары болып тағайындалды. Алашорда таратылып, қызыл үкімет орнай бастаған кезде бұрынғы ақ патша әскерінің құрамында жұмыс істеген. 1919 жылдың күзінде Қара т. арқылы Ұлыбританияға кеткен.

**САРЫТҮБЕК** – А.Байтұрсынұлының туған жері. Қазіргі Қостанай обл. Жангелдин ауд. жерінде. «Сартүбекті Торғай, Қараторғай, Ұлы Жыланшық өзендері киып өтеді, содан да Сартүбек жері көкорай шалғынды... Жыланшықты Қараторғай өзендерінің және Ақкөлдін бойында жазда киіз үй тігіп, жаз жайлап отырып, ма-

лын өсіріп, төлдерін, қыстан жүдеу шыққан малын семіртіп алады екен. Ақкөл мен Сарытүбектің қысы ерте түсіп, қары мол жауады...» деп А.Байтұрсынұлының немере інісі С.Кәкішев «Ахаң туралы ақиқат» кітабында сипаттайды.

*С.Кәрімов*

**САРЫТҮБЕКТЕГІ ҮЙ** – Қостанай обл. Жангелдин ауд. Сарытүбек а-ндағы А.Байтұрсынұлы



туған бір мұржалы 2 бөлмелі шағын қоржын үй. Қостанай қ-нан 700 шақырымдай жерде орналасқан. Ақкөл және Қарасу а-дарының арасында. Бұл үйді 1953–55 ж. шопандар қыстақ ретінде пайдаланған. Кейінірек егесіз үй қарусыз қалғандықтан жаңбырдан мүжіліп, қираған. 2010 ж. сол ауылдың азаматы Балғабай Қалиевтің бастамасымен үй бұрынғы жобасын сақтай отырып, қайта қалпына келтірілген. Жан-жағы қоршалып, тарихи орынға айналдырылған. Қабырғасына: «Бұл жерде қазақтың ұлы перзенттерінің бірі – Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5-ші қыркүйекте дүниеге келген» деген жазуы бар ескерткіш тақта ілінген. Үй ішіне пеш те орнатылған. Қоржын үйден екі жүз метрдей қашықтықта Ахметтің әкесі Байтұрсын мен ағасы Қалидың бейіті жатыр.

*К.Қошым-Ноғай*

**«САРЫ ШЫМШЫҚ»** – «Қырық мысалдағы» отыз үшінші өлең. 7 шумақ (30 тармақ). Сары шымшық: «Теңізді өртеймін» деп жар салады. Мұны көрмекке жан-жақтан барша жан-жануар, адамдар да жиналады. Бірақ «Теңізге от салғанмен, жана қоймас... Ол теңіз күймек түгіл, қайнаған жоқ. «Қап, бәлем, тоқтай тұр!» деп Торғай қайтты, Теңізге тісін басып, қайраған боп». Бұдан шығатын қорытынды: «Кейбіреу қолдан келмес істі ойлайды, Қап, бәлем, тоқтай тұрмен жұртты алдайды».

**«САТЕМІР»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Кішкентай құмырсқаның бір құлап, бір тұрып жүріп, сонда да алған бетінен қайтпай, қайта-қайта тырмысып, тырбанып, ақыр аяғында үйдің төбесіне шыққанын көрген Сатемір деген баланың «Менін де талап іздемей, жұмыссыз ойнап

жүргенім жарамас» деп ойлап, қалада тұратын бір зор білімді, оқымысты кісіге үй сыпырушы болып жалданғаны, ақырында сол Сатемір асқан данышпан, білімді болып, жұртты аузына қаратқаны туралы айтылады. «Талпынған жетер мұратқа» дегендей, тағылымы мол. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**САТЫБАЛДИЕВ** Әбен (31.12.1914, Жамбыл обл. Мойынқұм ауд. Мойынқұм а. – 1974, Алматы қ.) – жазушы, ғалым, аудармашы, филол. ғыл. канд. (1964). ҚазҰУ-ды бітірген (1955). «Оңтүстік Қазақстан» обл. газетінің редакциясында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі (1939–45), респ. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Оңт. Қазақстан обл.-ндағы тілшісі, аударма, әдебиет және өнер бөлімдерінде (1945–55), респ. баспасөз органдарында әр түрлі басшылық қызметтерде (1956–60) болған. Сагиралық «Ара» («Шмель») журналының жауапты хатшысы, «Жұлдыз» журналы бас редакторының орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты редакторы болып істеген. Қазақ КСР ҒА жанындағы Тіл білімі ин-тында кіші (1961–68), аға ғыл. (1964 жылдан) қызметкер болды. 1968 жылдан өмірінің соңына дейін «Қазақ совет энциклопедиясы» Бас редакторының 1-орынбасары қызметін атқарып, энциклопедияның негізін қалауға белсене қатысты. «Қазақ совет энциклопедиясы» Бас редакциясы жанындағы терминология комиссиясының төрағасы болды. «Рухани қазына» (1965), т.б. кітаптардың авторы. Б.Полевойдің «Нағыз адам туралы аңыз», Е.Мальцевтің «Шын жүректен», Ф.Гладковтың «Балалық шақ туралы әңгіме», И.Гончаровтың «Жар» романдарын аударған. С. Алаш мұрасы толық ақталмай тұрғанда Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, А.Байтұрсынұлы, т.б. шығарм. мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуге зор үлес қосты.

**САТЫБАЛДЫҰЛЫ** Файзолла (27.9.1883, Торғай уезі, Батпаққара мекені – 1959) – діни қайраткер, ақын, қари. Әкесі – белгілі діни оқымысты Сатыбалды ишан Ғабдоллаұлы. Діни білімді 1900 ж. Троицкіде (Ахунхазіреттен) және Бұхарада алады. 1901–06 ж. Торғай қ-ндағы уездік мешіт, медреселерде Науан хазірет, дамолла Байту, Бейіс хазірет, Оспан жожа қайраткерлермен бірге қызмет жасады. 1906–18 ж. Батпаққарада Сатыбалды ишанның мешіт-медресесінде ұстаздық құрып, 1923–28 ж. мешіттерде имамдық етеді. 1928–35 ж. нағашысы Міржақып Дулатовпен бірге айдауда болады. С. артына мол поэтик мұра қалдырған, араб, орыс әдебиеті үлгілерінен тәржіма жасаған. Қ.Халидтің «Тауарих Хамса-сын» аударған. А.Байтұрсынұлы жайында «Ахмет қайтыс болды дегенде» атты еңбегінде С. алты Алашқа танылған Ахметтің қазасын естгенде,

оның рухына басын игені, фәни ғұмырда екеуінің талай кездесіп, дәмдес болғанын жырлай отырып, Байтұрсынұлының өнегесін айтып, өкінеді. «Тең жорға төрт аяғы тұлпар едің, Сендей жан бұл фәниде қайта тумас!» деп бағалайды. Сонымен қатар «Тас түрмеде», «Шерлі жылдар, шерулі жылдар», «Халқыма» (1920), 1916 ж. Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісіне арнаған «Әбдіғаппар хан» атты поэмасы мен өлеңдері жарық көрген. **«САУАТ АШҚЫШ. САУАТСЫЗ ҮЛКЕНДЕР ҮШІН 1-КІТАП»** – оқулық кітап. 1926 ж. Семей губерниялық баспасынан жарық көрген. Оқулық ересек жандарға арнап жазылғандықтан, дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген. Мұнда әрбір харіптің тұсына атау сөз беріледі де, соңына осы сөздерге арнайы сөз тіркестерін қоса береді. Бір ғажабы, бұл туындыда ғалымның алғашқы «40 мысалы» сынды 40 тақырып қарастырылған. Тақырып «Торайғыр бидің тақпақтарынан» өріліп, «Қуанышты күн» деген Ғ.Сұлтанұлының шағын әңгімесімен аяқталады. Кітапқа Абайдың «Шыр-ылдауық шегірткесі», Шорман жинағынан төрт танымдық әңгіме, Ы.Алтынсарин кітабынан «Үш мерген», «Жәнібек батыр», «Қыпшақ Сейітқұл», Елдес Омаровтың «Қазақ салты» және «Дағдылы жол мен айлалы жол», Телжан Шонанұлының «Күн» (Толстойдан), «Тамшының тарихы» атты аудармалары, Қыр баласының (Әлихан Бөкейхан) «Дүние қандай?», т.б. ауқымды тақырыптағы түрлі әңгімелер мен алуан өлеңдер топтастырылған. Жалпы саны 40 тақырып, оның ішінде 7 өлең, 2 аударма тақпақ, 4 мысал өлең, 25 әңгіме, 2 көркем аударма қамтылған.

*Р.Имаханбет*

**САУД АРАБИЯСЫ.** Сауд Арабиясы корольдігі – Арабия түбегінде орналасқан мемлекет. А.Байтұрсынұлы «МОПР хәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 5-т.) «Мұсылман жұрты өзге Күншығыс елдерінен гөрі Арабыстанды жақсы біледі. Түркия, Арабыстан – мұсылман елдерінің бесігі секілді жерлер» деп айтқан. Одан әрі Арабыстанда (Сауд Арабиясында) мұсылмандардың «қасиетті қалалары» Мекке мен Мәдинада тағзым (тәжім) ететін қағбасы бар екені баяндалады. Арабыстанды өзіне бағындыруға, отарға айналдыруға Англияның қатты кіріскені, арабтың байлары мен ишандарына пара беріп, өздеріне қаратып, бұқара халықты бір-біріне атыстырып, Арабыстан жұртының берекесін алу мақсатының тұрғаны сөз болады. «Арабыстанның Иран жағындағы кең далаға жұрттың көтерілісін басу үшін ағылшындар әуе кемелері, оқ шебіктері (пулемет) бар әскер жіберіп, Арабыстан жұртының қанын төгу болып отыр» деп аяқталады.



## САУЫҚ ҚҰСТАР

«САУЫҚ ҚҰСТАР» – «Оқу құралына» енген мәтін. Сұлулығына немесе дауысына бола әуестікпен қолда ұсталатын бұлбұл, сандуғаш, тоты секілді құстардың түрлері таныстырылады. Оларды ұстаудың, бағып-күтудің жолдары сөз болады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**САУЫР ЖОТАСЫ** – Шығыс Қазақстан обл. Зайсан ауд.-ндағы тау жотасы. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.) Орт. Азиядағы ірі жоталардың бірі – С. ж-на тоқталып, оның Қазақстан мен Қытай аралығында ендік бағытта созылып жатқанын айтқан. Мақалада С.ж-н Сәуір деп берген.

**САХАРА** (араб. сахра – шөл) – дүние жүзіндегі ең ірі шөл. А.Байтұрсынұлы «Африка» («Априке») мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың табиғатын сипаттай отырып, табиғат құбылыстарына да тоқтаған. Мысалы, «Қандай желдер болады?» мақаласында Африкада «Сақара» (Сахара) деген ұшы-қиыры жоқ, аумағы өте үлкен, жер жүзінде одан зор шөл жоқ екені айтылады. Сол С. шөлінде «самум» (ыстық жел) деген дауылды жел соғатынын, оның құмды бұрқыратып соққанда, тірі жан жүре алмайтынын айтады. Тұншығып өліп кетпес үшін түйелер басын құмға тықса, адам бүркеніп жатады деп жазады.

*Қ.Ахметов*

**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН** – кеңестік әміршілдік жүйенің саяси және таптық қарсыластарын «тап жаулары», «ұлттыштар», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде саяси қудалау саясаты. Қазан төңкерісінен және КСРО-дағы азамат соғысынан бастау алған. Саяси қуғын-сүргін КСРО тарағанға дейін созылды. 1928 жылдан «буржуазияшыл-ұлттыштар» деген айыппен Алаш қозғалысының қайраткерлері жаппай тұтқындалды. 44 қайраткердің үшеуі (Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әбілов) ату жазасына кесіліп, қалғандары әр түрлі мерзімдерге түрмелерге қамалды. Ұлттық интеллигенцияның келесі толқыны 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында тұтқынға алынып, 15-і Ресейге жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне, негізінен, КСРО-ны құлату үшін астыртын контррев. ұйымдар құрды деген жала жабылды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, т.б. Алаш қайраткерлері де С. қ.-с-нің құрбаны болды.

*М.Қойгелдиев*

**САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН МҰРАЖАЙЫ** – мемл. мәдени мекеме. 2001 ж. 2 қарашада ашылған. Оңт. Қазақстан обл. Шымкент қ. Рысқұлбеков көшесінде орналасқан. Мұражай қорында 16 мыңнан астам жәдігерлер, құжаттар мен суреттер бар. Үлкен залдың ортасына «Репрессия» аталатын скульптуралық композициясы қойыл-

ған. Мұнда келушілер отызыншы жылдары Ф.И.Голошекиннің «Кіші Қазан» саясатымен, 3 млн адамның өмірін қиған ашаршылық пен қуғын-сүргінге ұшырағандардың қысқаша тарихымен және басқа да оқиғалармен таныса алады. Мұражай экспозициясының орт.-нда Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткер-



лері, саяси қуғын-сүргін құрбандары: Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Шоқай, Т.Рысқұлов, М.Тынышбаев, Ж.Аймауытов, М.Жұмбабаев, С.Қожанов, Н.Төреқұлов, С.Меңдешев, С.Садуақасов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров, Т.Жүргенов, О.Жандосов, Ш.Құдайбердіұлы, Қ.Жұбанов сынды, т.б. тұлғаларға арналған портреттерден құралған галерея орналасқан. Мұражай 20 ғ.-да бодандықтың бұғауындағы бейқам халықты өркениеттің өріне сүйреген қазақ зиялылары, тарихи тұлғалар, саяси күрескер, азаматты патриот, әрі ғалым, әрі киелі өнер иесі азаматтарының тоталитарлық идеология тұрғысынан «халық жауы» деген жасанды жаламен жойылған қазақтың ұлттық кәсіби саяси элитасының өмірі мен қызметі жайында мәліметтер береді. Мұражайдың кітап қорында Байтұрсынұлының «Маса» атты өлеңдер жинағының төте жазумен жазылған нұсқасы сақталған.

*К.Қошым-Ногай*

**«СӘБИТКЕ ЖАУАП»** – «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылдың 18 қаңтарындағы №15 санында жарияланған Сәбит Мұқановтың «Алаш – ура!» атты мақаласына жауап ретінде жазылған А.Байтұрсынұлының мақаласы. «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылдың 26 қаңтарындағы санында басылған. Мақала алғаш А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі ин-тының «Тілтаным» атты журналында (А., 2001) жарияланды. Қазіргі жазуға түсіріп, жариялаған – О.Жұбаева.

*Әдеб.:* XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013. – 640 б.

*О.Жұбаева*

**СӘДУАҚАСОВ** Жаңайдар (1898, қазіргі Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. – 25.2.1938, Алма-

ты к.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Ауыл молдасынан хат танып, Ақмоладағы орыс мектебінде (1913–15), жоғары бастауыш мектепте (1915–16), Омбы гимназиясында (1916–19) оқыған. 1916–18 ж. «Бірлік», 1918 ж. «Жас қазақ», 1918–19 ж. «Қазақ жастарының демократиялық кеңесі» ұйымдары басшыларының бірі болды. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі оқиғалар тұсында «Бірлік» ұйымы екі қанатқа бөлініп кетті. Оның бір қанаты (Ә.Досов, С.Жүсіпбеков, т.б.) кеңестік билік жағында болса, екінші қанаты (Қ.Кемеңгеров, С.Сәдуақасов, т.б.) Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы басқарған Алаш партиясының бағдарламасын қолдады және өздерін «жас алашшылар» санады (Е.Тілешов. Алаш қозғалысы: дәуір мүмкіндігі және күрес эволюциясы). Колчак билігі орнаған шақта астыртын жұмыспен айналысты. Жазушы – қайраткер Ф.А.Березовский арқылы саяси ұйымдармен байланысып, 1918 ж. 22 желтоқсандағы қарулы көтеріліске қатысты. Халық ағарту саласының қазақ бөлімінде іс жүргізуші қызметінде істей жүріп, Омбы түрмесінен С.Сейфуллин мен басқалардың қашып шығуына қажетті құжаттар дайындады. 1919 ж. шілдеде тұтқындалу қаупі төнгендіктен, Ақмолаға оралды. Осында кеңес өкіметі орнағанда, уездік халық сотының мүшесі ретінде қызмет істеп, 1920–22 ж. РК(б)П Ақмола уездік к-тінде жауапты қызметтер атқарды. Қазақ АКСР ОАК-нің жауапты хатшысы (1922–24), ОАК жанындағы іс қағаздарын қазақ тіліне көшіру жөніндегі Орт. комиссияның төрағасы (1923–24) болды. «Сейфуллиншілдікке» байланысты орнынан алынып, Адай уездік ревкомының төрағасы қызметіне (1924–25) жіберілді. Қазақ АКСР Қаржы халық комиссарының орынбасары (1925–26), Сырдария губ. аткомының төрағасы (1927–28) болып істеді. Қазақ АКСР Әділет халық комиссары әрі республика прокуроры (1928–29) болып тағайындалды. БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінде мәдениет және насихат бөлімінің меңгерушісі, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы (1929–33), БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің хатшысы (1934–36), Қазақ АКСР ХКК төрағасының 1-орынбасары (1936–37), 1937 ж. Қазақстан К(б)П Алматы обл. к-ті мен Алматы қалалық к-тінің 1-хатшысы болып сайланып, сол қызметінде 1937 ж. 17 қыркүйекте тұтқындалғанға дейін істеді. 1938 ж. 25 ақпанда атылған. С. 1931 ж. Қазақстан партия ұйымы қабылдаған маңызды қаулы-қарарларды жинастырып, құжаттар жинағын шығарды. Өр кезде ағымдағы сәтке байланысты мақалалар жазып тұрды. С-тың өмір жолының патша өкіметі құлағаннан кейінгі алғашқы кезеңі С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи романында суреттелген. 1957 ж. сәуірде ақталды.

**СӘДУАҚАСОВ Смағұл** (1900, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Есіл ауд. Жарқын а. – 1933, Мәскеу

к.) – қоғам және мемлекет қайраткері. Ауыл мектебін, 2 сыныпты орыс-қазақ уч-щесін (1915), Мәскеу көлік инж-лері ин-тын (1931) бітірген.



*С.Сәдуақасов*

Омбыдағы а.ш. мектебінде және а.ш. ин-тында оқыған (1916–18). 1915–16 ж. ауылда мұғалім, Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымының белсенді мүшесі әрі оңшыл қанатының басшысы, «Жас азамат» ұйымы басқармасының хатшысы (1917–18), Ақмола обл. земство басқармасы жанындағы қазақ бөлімінің қызметкері, қазақ оқытушылары курсының мұғалімі (1918–20) болды. 1920 ж. С. Ресей коммунистік жастар одағы (РКЖО) Сібір бюросының қазақ-татар секциясының қызметкері, 12–18 қыркүйек аралығында өткен Күншығыс ұлттары жастарының 1-конференциясына өкіл болып барып, қазақ жастарының атынан сөз сөйледі. Жиында Күншығыс жастарының орт. бюросына мүше болып сайланды. С. Орынборда жалпықазақ кеңестерінің 1-съезіне делегат болып қатысып, жас қайраткерлер атынан сөз сөйледі. Осы жолы ол Орт. атқару к-тінің Төралқа мүшесі болып сайланып, саяси хатшы, төрағаның орынбасары қызметін атқарды. 2 желтоқсанда Қазақ автоном. республикасы Атқару к-тінің кезекті мәжілісінде (төраға С.Мендешов) ол Қазақ мемл. баспасының 5 кісіден тұратын редакт. алқасына А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Х.Болғанбай, Ж.Аймауытов сынды тұлғалармен бірге кірді. РКЖО Қазақ обкомының хатшысы. «Кедей сөзі» (Омбы) газетінің редакторы, «Үшқын», «Еңбек туы» (Орынбор) газеттері шығарушылар алқасының мүшесі қызметтерін атқарды. Қазақ автономиясының Құрылтай съезінде (1920) Қазақ АКСР ОАК-нің мүшелігіне сайланды және Қазақ ОАК-нің саяси хатшысы қызметін атқарды. 1921 ж. Семей обл-н Сібіревкомның қарамағынан Қазақ АКСР құрамына алу ісіне басшылық етті. Қазақ өкілдері жоқ болғандықтан РК(б)П Семей губкомы мен губаткомын таратып жібергені үшін партиялық жауапкершілікке тартылды. Соған қарамастан ол 1922 ж. осы себепті негізге ала отырып, Қостанай губаткомы мен Торғай уездік аткомын

## СӘКЕН

таратты. 1922 ж. наурызда С. пен М.Әуезов республика басшылығына қазақтар арасында жүргізілуге тиісті саяси-әлеум. жұмыс бағыттары жобасын ұсынды. Бұл құжатта ұлттық теңсіздікті жоюдың іс жүзіндегі жолдары көрсетілді. 1922 ж. 19 тамызда қазақ жастарын техника тілін үйренуге шет елдерге оқуға жіберуді ұсынды. Қазақ ОАК-нің Түркістан Республикасындағы өкілетті өкілі, Қазақ АКСР Жер халық комиссарының орынбасары, Қазақ АКСР жоспарлау комиссиясы төрағасының орынбасары, төрағасы (1922–25) болды. 1923 ж. наурызда РК(б)П-ның Қазақстандағы ұлт саясатына наразылық білдірген «14-тің мәлімдемесіне» қол қойды. «Өртең» (Орынбор, 1922) газетінің редакторы, «Жас қазақ» журналының (1923) редакция алқасының мүшесі, «Қызыл Қазақстан» (1924) журналының жауапты хатшысы, Қазақстанның Халық ағарту халкомы (1925–27), БК(б)П Қазақ өлкелік бюросының мүшесі, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы (1925–26) болды. С. голощекиншілердің қазақ халқына зиянды «Кіші Қазан» бағытына ашық қарсы шықты. Ол ауылдың бейбіт эволюц. дамуын қалады, байлар мен орташаларды орынсыз тәркілеуге, елдің еур. бөлігінен Қазақстанға шаруаларды әкеліп қоныстандыруға қарсы шықты. Осыған байланысты С-тың пікірлері «сәдуақасовшылар» деп аталып, антипарт. ұлтшыл ауытқушылық идеялық ағым әрі байшыл, буржуазияшыл ниеттегі қызметшілердің ұйымдасқан тобы ретінде қуғын-сүргінге ұшырады. «Сәдуақасовшылық» Мәскеудің Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатына қарсы күрескен қуатты оппозиц. күш болды. Оның басшысы С. оңшылдар көсемі, ұлтшылдардың дем берушісі, Компартияның ішіндегі алашордашы делініп, қараланды. БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің 3-пленумы (1926) С-тың, С.Қожанов, Ж.Мыңбаевтардың оппозиц. топтарын айыптаған қаулы шығарды. С. және «сәдуақасовшылыққа» қатысқан қайраткерлер басшы қызметтерден қуылды. Қазақстаннан қуылған С. 1927–28 ж. Ташкентте Қазақ пед. ин-тының ректоры болды. Ол «Большевик» журналында (1928, №1) жарияланған «Ұлттар және ұлт өкілдері туралы» атты мақаласында БК(б)П ОК-нің шексіз үстемдігін әшкереледі. КСРО ҒА-ның Шығыстану ин-тының ғыл. қызметкері әрі Мәскеу көлік инж-лері ин-тының студенті (1928–31), Донбасс – Мәскеу т.ж. құрылысының инж. (1931–33) қызметін атқарды. С. жастардың ұлттық қозғалысына арналған алғашқы зерттеулермен айналысты («Жастарға жаңа жол», «Жастармен әңгіме»). Ол Қазақстан экономикасының өркендету жөнінде зерттеулер жазды. Оның публицистикасы қоғамдық ойдың қалыптасуына ықпал етті. С. «Сәрсенбек» атты аяқталмаған роман, «Салмақбай, Сағындық», «Күміс қонырау», «Күлпәш» атты повестер, көркем

әңгімелер, т.б. прозалық шығармалар жазды. Сын жанрының қалыптасуына өзіндік үлес қосып, әдеби айтыстарға қатысты. С. қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі, ұлттық театрландыруға алғашқы еңбектердің авторы болып саналады. Шығ.: Избранное. – А., 1994; Екі томдық шығ. жин. – А. – 2003.

Ж.Сүлеймен

**СӘКЕН** Сейілбек Икрамбайұлы (27.9.1954 ж.т., Жамбыл обл. Сарысу ауд. Түгіскен а.) – филол. ғыл. канд. (1998), доцент (2011). ҚазҰУ-ды (1983) бітірген. Әдебиет және өнер ин-тында кіші, ғалым-хатшы, аға ғыл. қызметкер, ғалым-хатшы (1990–2008) болды. Алматы қалалық



С. Сәкен

әкімдігінің «Тіл» оқу-әдістемелік орт-нда бас ғыл. қызметкер (2009), ҚазМҚПУ-да (2010–11) оқытушылық қызметте болды. Қазіргі уақытта осы ун-те кафедра проф. С. «Жанр және поэтика мәселелері» (2004), «Қазақ әдебиеттануының тарихы» (2008), 10 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томы (2008) атты ғыл. зерттеулердің тарауларын жазып, М.Әуезовтің 50 томдық толық жинағының 7–10-томдарын, «Бабалар сөзі» 100 томдығының 7-томын (41, 49–51, 56, 59–60-томдар), Анкарада жарық көрген «Kazak destanlari» атты көптомдықтың 3-томын (2010) әзірлеуге қатысты. Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары 5 томдық жинағының «Алаш» (2005) және «Ел-шежіре» (2013) баспаларында жарық көрген басылымдарының құрастырушысы. 100-ге жуық ғыл. еңбектің, 40-тан аса ғыл. баяндаманың авторы. Олардың біркатары Түркия, Ресей, Әзербайжанда жарық көрді. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2015) марапатталған.

**СӘНДІ ӘЛІПТЕМЕ** – әліптеуді көзделген мақсатқа қарай жіктегендегі бөлігі. Әліптеудің екі түрі бар: 1. *пәнді әліптеме*; 2. *сәнді әліптеме*.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танитқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӘРСЕКЕЕВ** Қоғабай (1.4.1939, Қостанай обл. – 17.11.2014, Алматы қ.) – жазушы-журналист, ақын, драматург, баспагер. ҚР-ның еңбек сің.

қайраткері, Халықар. ақпараттандыру, Халықар. Еуразия академияларының акад. ҚазҰУ-ды (1963) бітірген. Еңбек жолын «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінен бастап, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Қазақ әдебиеті», «Кітап жаршысы – «Друг читателя» газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім



Қ.Сәрсекеев

менгерушісі, жауапты хатшы, бас редакторы, «Жалын» баспасының бас редакторы, «Қазақкітап» бірлестігінің бас директоры, «САҚ» АҚ-ның президенті қызметтерін атқарды. 1913–18 ж. А.Байтұрсынұлының жетекшілігімен жарық көрген «Қазақ» газетін көп жылдардан кейін қайта шығарып, өмірінің соңына дейін басылымның бас редакторы (2004–14) болып еңбек етті. Алғашқы әңгімелері 1950 ж. респ. күнделікті баспасөзде жариялана бастады. С-тің «1938» жыл деген әңгімесі 1998 ж. қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шықты. «Жол үстіндегі әңгіме», «Құс қанаты», «Встречи и расставания», «Міржақып Дулатов», «Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі», т.б. кітаптары баспадан шықты. 2005 жылдан «Үш Арыс» роман-эссесін, төрт кітаптан тұратын «Төрт таған» атты шығармасын, «Қазақия» танымдық еңбегін, «Дешті қыпшақ» роман-хроникасын, «Жасасын Алаш, жасасын!» өлеңдер жинағын ұсынды. «Парасат» орденімен (1012), Францияның «8РІ» мен Халықар. ақпараттандыру академиясының алтын медальдарымен марапатталды. Халықар. «Алаш», А.Байтұрсынұлы, Б.Майлин атынд. әдеби. ҚР Журналистер академиясының Алтын жұлдыз сыйлықтарының (2011) иегері. **СӨРСЕКЕЙ** Гүлбану Құлетқызы (24.3.1967 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд.) – заңгер. Алматы технол. және бизнес ун-тінің юриспруденция ф-тін (2000), заңгер мамандығын (2005) бітірген. Мұражай қызметіне 1990 жылдан бастап келді. Алғаш Ө.Жангелдиннің тарихи-мемориалдық мұражайының, кейін Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатовтың әдеби мұражайының (1991) жүргізушісі болып қызмет атқарды. 1992 ж. осы мұражайда кіші ғыл. қызметкер, 1993 жылдан Шақшақ Жәнібек мұражайының ғыл. қызмет-

кері, 2013 жылдан Семей обл. тарихи-өлкетану мұражайының директоры, 2015 жылдан Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы болды.



Г.Сәрсекей

Қазіргі уақытта Қостанай обл. мұражайының директоры. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен, «Ы.Алтынсаринге 175 жыл» (2016) төсбелгісімен, ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедұлының, Қостанай обл. мәдениет департаментінің Құрмет грамоталарымен (2004) марапатталған.

**СӨРСЕНҰЛЫ** Бидахмет (1885, Семей обл. Зайсан уезі, Нарын болысы – 1921) – Алаш қозғалысының қайраткері. 1905–09 ж. Семей мұғалімдер семинариясында оқыды. 1909–16 ж. мұғалім, 3 жыл болыстық кеңесте қызметкер болды. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін ол Семей облында Қазақ к-тіне мүше болып сайланып, Павлодар уезінде жергілікті к-ттер құруға ат салысты. 1917 ж. Алаш партиясы құрылған 1-жалпықазақ, Алаш автономиясы жарияланған 2-жалпықазақ съездерінің ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысты. Алашорда үкіметі – Ұлт кеңесі анықталатын 2-съезд құрамында А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Е.Омаров, Т.Шоңанұлымен бірігіп, білім комиссиясына кірді. 1919 ж. Семей обл. жер басқармасы халық ағарту бөлімінің Қазақ бөлімшесіне басшы болып тағайындалды. Семейде жаңадан ашылған мұғалімдер курсында, өзі оқыған мұғалімдер семинариясында әр түрлі пәннен сабақ берді. Азамат соғысы жылдары Шығыс Алашорда үкіметі құрамында қызмет етіп, обл. земство басқармасында халық ағарту бөлімінің Қазақ бөлімшесін басқарған С. ұлттық мектептерді ашу және оларды қаржыландыру, қазақ балаларын оқуға орналастыру, қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету жұмысымен айналысты. Әрі Семейдегі мұғалімдер семинариясы мен Алаш к-ндағы қысқа мерзімді пед. курстарда сабақ берді. Сондай-ақ «Қазақ», «Сарыарқа» газеттеріне мақалалар жариялап тұрды. 1920 ж. Орынборда Қазақ автоном. республикасы жарияланғанда, оны жаңа астанаға қызметке шақырды. Алғаш Соғыс комиссариатының саяси білім

бөлімін, кейін Халық ағарту комиссары Байтұрсынұлының шақыруымен білім саласына ауысып, комиссариат алқасының мүшесі, әлеум. тәрбие бөлімінің басшысы, мектеп істері бөлімінің меңгерушісі жауапты қызметтерін атқарды. Осы уақытта Орынбордағы мұғалімдер курсына, Қазақ халыққа білім беру ин-тында (КИНО) ұстаздық етті. Мұрағат деректерінде қайраткерге физика, математика пәндерінен мектеп оқулығын жазуға ұсыныс жасалғандығы айтылады. Ғалым-ұйымдастырушы ретінде ол Қазақ ғылым комиссиясының, Академ. орг-тың негізін қалауға ат салысты.

**СӘТБАЕВ** (Зейінов) Әбікей (Әбухұрайра) Зейінұлы (1881, Павлодар уезі, Ақкелін болысы – ө.ж.б.) – Алаш қозғалысының көрнекті өкілі. 1904–08 ж. Семей мұғалімдер семинариясында оқып, білім алған. 1908–10 ж. Павлодар уезі болыстарында, 1910–17 ж. Павлодардағы 2 сыныптық орыс-қазақ уч-щесінде ұстаздық етті. 1917 ж. Орынборда өткен I-жалпықазақ съезіне қатысып, Петроградта өтетін жалпы мұсылман кеңесіне өкіл ретінде және Құрылтай жиналысына Ақмола және Семей облыстарының Алаш партиясы атынан депутаттыққа кандидат болып сайланған. 1918–20 ж. Семей обл. Земство басқармасының мүшесі әрі оқу бөлімінің меңгерушісі, Семей обл. Алашорда кеңесінің мүшесі және Уақытша Сібір үкіметінің Әскери штабының жанындағы Алашорда өкілі қызметтерін атқарған. 1920–21 ж. Семейдің губ. халыққа білім беру бөлімінің төрағасы, өзі оқыған мұғалімдер семинариясында оқытушы, 1922–27 ж. Семей пед. техникумының директоры қызметтерін атқарды. 1927 жылдың соңында Омбының жұмысшылар ф-тінде оқытушы болды. 1930 ж. Алашорда қозғалысына қатысқаны үшін қатаң сынға түскеннен кейін Қырғызстанға көшіп, Бішкек қ-ндағы пед. ин-тта жұмыс істеді. «Таң», «Сана» сияқты басылымдарда оқу-ағарту мәселелеріне арналған бірқатар мақалалары жарияланған. 1937 ж. алашордашы ретінде тұтқындалып, ату жазасына кесілген. «Саяси көзқарас, халық азаттығы үшін күрес, Алашорда үкіметі» атты зерттеу мақалада Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы секілді Алаш арыстары ұйымдастырған I-жалпықазақ съезінің шешімімен Шорай исламға Ақмоладан Айдархан Тұрлыбаев, Семейден Әбікей Сәтбаев, Торғайдан Әлжан Байғариң, Оралдан Жаһанша Досмұхамедов, Бөкейден Уәлихан Танащев, Жетісудан Базарбай Мамытов, Сырдариядан Мұстафа Шоқай, Ферғанадан Ғабдалрахман Оразаев сайланған («Ұлытау өңірі», 8.4.2017).

**СӘТБАЕВ** Қаныш Имантайұлы [12.4.1899, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Ақкелін болысы, Шадра (қазіргі Сәтбаев) а. – 31.1.1964, Мәскеу қ.; Алматыда жерленген] – ұлы ғалым-геолог, қоғам

қайраткері, геол.-минерал. ғыл. докт. (1942), проф. (1950). Қазақстан ҒА-ны ұйымдастырушылардың бірі және тұңғыш президенті (1946). КСРО ҒА-ның акад. (1946); 1943 жылдан коор. мүшесі), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), Тәжікстан ҒА-ның құрметті мүшесі (1951). С. қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инж.-геологі, Қазақстан ғылымының атасы, Қазақстан геологтары ғыл. мектебінің негізін қалаушы, Қазақстандық металлогения ғылымының негізін салушы. С. мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті тұлғалармен қатар оқыған. Абайдың рухани мұрагерлерімен, оның ішінде Шәкерім қажымен, елге әйгілі Мәшһүр Жүсіппен тығыз байланыста болған. Білім, ағартушылық тұрғысынан Алаш қозғалысына тұрақты қолдау білдіріп отырған. Немере ағасы, Семей обл-нан Алаш партиясы атынан Құрылтай жиналысына ұсынылған Сәтбаев Әбікейдің көп тәр-



Қ. Сәтбаев

биесін көрген. 1920 ж. С. ұлт көсемі А.Байтұрсынұлының қолдауымен «Алгебра» атты оқулығын жазып шықты. 1924 ж. 12–17 маусым күндері Орынборда Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезі өтті. Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедов, т.б. ұйытқы болған осы жиында оқулық жазу мен ғылымды қалыптастыру мәселесі нақты қарастырылды. 1927 ж. Бөкейхан, М.Жұмабаев, Н.Төреқұлов қызмет істейтін Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан «Ер Едіге» атты жинағын шығарды. 1926 ж. Томск технол. ин-тын бітірген соң Қазақ АКСР Халық ш. орг. кеңесінің ұйғаруымен Мәскеу қ-на «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімін басқаруға жіберілді. 1941–64 ж. КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғылымдары ин-тының директоры, КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі төрағасы төрағасының орынбасары (1941–42), төрағасы (1942–46), Қазақстан ҒА-ның президенті (1946–52) болды. С. ғылымға формац. металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай, т.б. аймақтарды ерекше назар аударып зерттеді. 1927–28 ж. Жезқазған, Қарсақбай, Атбасар, Спасск

аудандары, Қарағанды тас көмір алабы және Қаратау полиметалл кендері жөнінде ғыл. маңызды еңбектер жариялады. С-тың қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып (1948), Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау мин. құрылды (1956). С. басқарған бір топ қазақстандық ғалымдарға металлогендік және болжам картасын жасап шығарғаны үшін Лениндік сыйлық берілді (1958). С. халық ауыз әдебиетін зерттеуді Баянауылда жүргенінде бастап, студент шағында одан әрі жалғастырды. Кейін Қазақстан ҒА-ның президенті болған кезінде фольклор үлгілерін жинақтауға ерекше көңіл бөлді. КСРО Мемл. (1942), Лениндік сыйл. лауреаты (1958), 4 рет Ленин, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған. Қазақстанның қала, ауылдарында С. есімімен аталатын жүздеген көше, 40-тан астам мектеп, ескерткіштер бар. С. 640-тан астам ғыл. еңбектің авторы, оның 530-дан астамы орыс, 98-і қазақ, қалғаны басқа тілдерде жарық көрді. Оның есімі Қазақстан ҒА-ның Геология ғылымдары ин-тына, Жезқазған кен-металлургия комб-на, бір қалаға, Алматы, Балқаш, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Семей қ-ларындағы көшелерге, бір планетаға берілген. С-тың құрметіне Жоңғар (Жетісу) Алатауы жотасындағы мұздық пен шың, Қаратаудағы ваннадий кен орнында табылған «Сәтбаевит» минералы, «Академик Сәтбаев» гладиолиус гүлі аталған. Еліміздегі ең ірі жоғары тех. оқу орны Қазақ ұлттық тех. ун-тіне С. есімі берілген. 1999 ж. С-тың 100 жылдық мерейтойы респ. деңгейде аталып өтті.

**СӘТБАЕВА** Шәмшиябану Қанышқызы (25.7.1930, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Қ.Сәтбаев атынд. а. – 1.1.2002, Алматы қ.) – әдебиет зерттеушісі, филол. ғыл. докт. (1971), проф. (1988), ҚР ҰҒА-



Ш.Сәтбаева

ның корр. мүшесі (1979), ҚР Халық ағарту ісінің үздігі (1980). ҚазҰПУ-ды (1950) бітірген. Осы ун-тте (1954–65), 1965 жылдан Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. Ғыл-

зерт. еңбектері әдебиет тарихына, салыстырмалы әдебиеттану (компаративистика) мен әдебиеттер байланысын зерттеуге арналған. С-ның «Орта Азия және Қазақстан әдебиетінің тарихы» (1961), «XIX–XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ – еуропа әдеби байланыстары» (1972), «Әдеби байланыстар» (1974), «Қазақ әдебиеті мен Шығыс» (1982), «Уақыт шуағы» (2000), т.б. монограф. еңбектері бар. С. алашордашыл қаламгерлердің шығарм. мұрасын зерттеген сарапшылар құрамында Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы шығармаларын жүйелеу, жарыққа шығару ісін басқарды, олардың өмірі, шығарм. жайында зерттеулер жазды. Бірнеше оқулық пен оқу құралдарының авторы. Ш.Уәлиханов шығарм. жайындағы зерттеулері үшін Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. (1990) марапатталған.

**СӘУЛЕТ ӨНЕРІ** – тастан, кірпіштен, ағаштан яки болмаса басқа заттан сәнін келтіріп сәулетті сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері, архитектура.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СЕБЕП ПЫСЫҚТАУЫШ** – амалдың себебін көрсететін сөз. Себеп пысықтауыштың сұраулары: «неден?» «неге?» «неліктен?» «не себептен?». Ғалым себеп пысықтауыш зат есімнен, есімшеден жасалатынын айтады. *Атасы аштан өлікті* деген сөйлемді мысалға келтіріп, *аштан сөзін* себеп пысықтауыш болған зат есім ретінде сипаттайды. Сол сияқты *Бала ұялғанынан қызарды* деген сөйлемдегі *ұялғанынан* деген сөзді себеп пысықтауыш болған есімше ретінде көрсетеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЕБЕП ПЫСЫҚТАУЫШЫНЫҢ БАҒЫНЫҢҚЫСЫ** – істің себебін айтып тұратын бағыныңқы сөйлем. Мыс.: *Олар көше алмайды, өйткені көлігі жоқ.* Мұнда басыңқы сөйлем – *«олар көше алмайды»*, бағыныңқы сөйлем – *«өйткені көлігі жоқ»*. Бұл бағыныңқы сөйлем қандай сұрауға жауап береді екен? Олар неге көше алмайды? – өйткені көлігі жоқ. Бұл бағыныңқы сөйлем *«неге?»* деген сұрауға жауап беріп тұр. Бұл сұрау – себеп пысықтауышының сұрауы. Сондықтан бұл себеп пысықтауышының бағыныңқысы болады. Себеп пысықтауышының *«неге?»*-ден басқа да сұраулары бар. Мәселен: *«неден?» «неліктен?» «не себептен?»*. Бұл сұрауларға да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер себеп пысықтауышының бағыныңқылары болады. Мыс.: 1) *Қар аз болған соң, су сонан тасымады. Су неден тасымады? – қар аз болған соң (сонан).* 2) *Малы жұтпап қалған соң, ел сондықтан жүдеді. Ел неліктен жүдеді? – малы жұтпап қалған соң (сондықтан).* 3) *Не себептен мал қырылды,*

## СЕБЕПТІ

*сол себептен жұрт аш болды. Не себептен жұрт аш болды? – не себептен мал қырылды (сол себептен)* т.с.с.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**СЕБЕПТІ ОРАЛЫМ** – баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін дәлелдей баяндайтын оралым. Мыс.: *Көлден ұшқан қалбаймын, Жаманның тілін алмаймын, Хақ бұйырған сапардан Арыстаным, қалмаймын. Асыл достым, сөкпесең, Бұл сапарға бармаймын! Бұл олжадан алмаймын. Асқар тауды бел деген, Ақ бармақпен жем жеген, Ауырса жеммен емдеген, Өзінен басқа көрмеген, Өзінен басқа білмеген. Күтіп тұрған анасы – Өзі әйелдің данасы, Тұлпар туған Бұрылдың Қырық үш күні кем деген.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

«**СЕЗІМ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Авторы – Л.Н.Толстой. Адамдардың, аң мен жәндіктердің сезім мүшелері (есту, көру, иіс сезу, т.б.) туралы әңгімеленеді. Әсіресе аң мен жәндіктер, төрт түлік мал, ит, мысық иісті жақсы сезеді. «Ит бірін-бірі біліп, біріне-бірі иіспен хабар береді. Бәрінен де құрт-құмырсқаның сезімі нәзік болады. Ара тіп-тіке керек гүліне ұшып барады. Құрт өзіне керек жапыраққа ғана барып жорғалайды». Әңгіме шәкірттің танымдық қабілетін жетілдіреді. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұрманқызы*

**СЕЙДАЛИН** (Шуақов) Жансұлтан (1856, Қостанай қ. – 1919, сонда) – қоғам қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш құқық магистрі. Орынбор қ-нда орыс классик. гимназиясын күміс медальмен аяқтаған соң 1878 ж. Қазан ун-тінің заң ф-тіне оқуға түскен. 1883 ж. құқық магистрі дәрежесін алып, ун-тті үздік бітіріп шықты. 1883–86 ж. губернатордың ерекше тапсырмалар жөніндегі көмекшісі және Қапал, кейіннен Ақмола уездерінің судьясы қызметтерін атқарды. Одан соң Троицк қ-нда округтік соттың мүшесі болды. Сот төрелігі ісіне сіңірген еңбегі үшін 1889 ж. «Коллежский ассессор» дәрежесін алды. 1912 ж. 4-Мемл. Думаның қарауына қазақ даласында әдет-ғұрып нормаларына негізделген «билер сотын» жойып, оны шаруалар соты құзырына беру туралы жоба ұсынылғанда С. батыл қарсы шықты. Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрыптық құқық жүйесін сақтап қалуға, орыс заңдарының үстемдігін тежеуге күш салды. 1917 жылғы болған Торғай обл. қазақ съезіне төрағалыққа ұсынылған А.Байтұрсынұлының кандидатурасына С. қарсы болды. Бірақ съезд делегаттары бірауыздан мақұлдады.

*С.Өзбекұлы, М.Әбдеш*

**СЕЙДАЛИН** Жанша (Жиһаншах) Әлмұхамедұлы (8.10.1877, Қостанай қ. – 1923, Орынбор қ.) – қоғам қайраткері, заңгер. Неплюев кадет корпусында, Орынбордағы гимназияда білім алған. Санкт-Петербург ун-тін (1904) бітірген. Жолдамамен Кавказда, Қара т. жағалауындағы Озургедь шаһарында 1910 жылға дейін заң қызметінде болды. 1916 ж. тыл жұмыстарына адам алу туралы патша жарлығын қатаң сынға алды. Б.Қаратаевпен бірлесіп «Қырғыздар туралы еске алатын жазбалар» атты қазақтан адам алуды доғаруды талап еткен өтініш хат жазып, Ресей өкіметіне жолдады. 1917–23 ж. Кеңес өкіметінің ағарту және жер мәселесі комиссариаттарында жауапты қызметтерде болды. С. өз заманының талаптарына сай әлеум., саяси мәселелерді шешуде құнды идеялар ұсынды. Оның 1911 жылдан бастап «Айқап» журналында жарық көрген съезд шақыру мәселесіне арналған мақалалары қазақ зиялыларының ортасында пікір тудырды. Оның осы мақалаларына Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов, М.Тынышбаев, т.б. алғаш «Айқап» журналында, кейіннен «Қазақ» газетінде пікірлерін білдірді. Байтұрсынұлы «Бас қосуға рұқсат берілмейді» (1913) атты мақаласында С-нің Торғай губернаторынан съезд шақыру жөнінде рұқсат ала алмағандығы туралы жазған. Сондай-ақ «Айқап» журналына 1913 ж. жариялаған «Тағы да съезд хақында» атты мақаласында С. жалпықазақ съезін ұйымдастырудың өзектілігі мен қажеттілігін көрсете отырып, Байтұрсынұлының қазақ съезін шақыруда кездесетін қиыншылықтар жөніндегі пікіріне талдау жасады (Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір, 1901 – желтоқсан 1917. – А.: Алаш, 2004. – 1-т.). *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

**СЕЙДАХМЕТ** Бейсенұлы (1843, бұрынғы Торғай оязы, Қараторғай болысы, Қызылжар қыстауы – 1912, сонда) – ақын, ұста. Ұзын қыпшақ кедел руының Таңат атасынан шыққандықтан ел арасында «Таңат Сейдахмет ақын» атанған. Мұсылманша оқуға он жасында барған болашақ ақын алғырлығымен көзге түсіп, үздік оқыған. Ақын есімі Торғай, Қостанай, Ақмола, Атбасар, Жезқазған, Ұлытау өңірлеріне танымал болған. Өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған. Ы.Алтынсаринмен дос болып, ұлы ағартушының Торғай өлкесінде мектептер ашу ісіне барынша көмек көрсеткен. Ыбырай ақын шығарм-н жоғары бағалап, оның «Бір нашардың әділ төреге айтқаны» деген өлеңін 1879 жылғы хрестоматиясына енгізген. Ақынның Ыбырай, А.Байтұрсынұлына жазған арнау өлеңдері бар. Байтұрсынұлы С. ақынның «Құдай-ау, мен не жаздым бұл заманға?» деп басталатын әрқайсысы 6 тармақтан тұратын үш ауыз өлеңін өзінің «Әдебиет таныт-

қыш» атты оқулығының мінәжат деген бөлімінде мысалға келтіреді. С-тің өлеңдері ел аузында көп сақталған. Оның барлық пен жоқшылықты, адалдық пен арамдықты, жомарттық пен сараңдықты, даналық пен надандықты салыстыра сипаттаған өлеңдері, жұртшылықты жақсылыққа, өнер-білімге, еңбекқорлыққа үндейді. Болыс, би, байлардың ұрлық-қарлығын өлтіре сынай отырып, кедейліктің кесірлі жақтарын ащы мыскылмен күлкі етеді, жемқорлықты кәсіпке айналдырып, шариғат жолын бұзған дүмше молдаларды әжуа қылады. Оның «Он үште топқа түсіп айғайладым», «Сейдахмет пен кедейлік», «Байлар мен Таңатар», «Өкініш», «Біз көрдік талай жанның қиянатын», «Қай жерде жақсы көрсем жанап өтем», «Құдай-ау, мен не жаздым бұл заманға?», т.б. туындылары осыны танытады. Кейін табылған шығармалары ақынның жұмбақ, мысал, жыр, толғау жанрларында да жемісті еңбек еткенін дәлелдейді. С-тің «Түлкі мен сауысқан» деген мысалы И.А.Крыловтың туындысына ұқсастығы болғанымен, соңғы жағы өзгеше. Байтұрсынұлы, М.Сералин аудармаларына да ұқсамайды. Қостанай обл. Амангелді ауд. газетінің редакторы болған Б.Әлмағамбет 2005 ж. жарық көрген «Торғайдың топжарғандары» деген кітабында оның «Қырық хикаят» жазғанын айтады. Ақынның бұл көлемді шығармасының әзірге жеті хикаяты Мұса Сәрсеновтен (1914–1998) табылған. Сондай-ақ «Мың бір түннен» алып жазған көлемді «Махрума» және «Өнерлі уәзір» дастандары бар. 2010 ж. С-тің «Фибрат» өлеңдер жинағы баспадан шықты. Жинап, құрастырған Б.Әлмағамбет. Замандастарының айтуына қарағанда С. ақын бармағы майысқан шебер, аңшылық, әншілік серілігі бар, әзіл-оспаққа жүйрік адам болған.

*Т.Рсаев*

**СЕЙДАХМЕТОВ** Қабылахат Қарағұлұлы (2.2.1966 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а.) – филолог. Арқалық пед. ин-тын (1995) бітірген, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 1991 жылдан Қостанай обл. Жангелдин ауд. «Жаңа өмір» және обл. «Торғай таңы» газеттерінде тілші болған. 1997 жылдан обл. телерадио компаниясының тілшісі және редакторы болып қызмет атқарады. Екі әдеби жинақтың және «Ақ келін» драмасының авторы, Драма Қостанай обл. «Меценаттар клубының» арнайы жүлдесіне ие болған. 2013 ж. Түркістанда жарық көрген «Мерген Бабасұлы» және 2014 ж. Қостанайда жарияланған «Өлкеміздегі оқу-ағарту ісінің даму тарихы» атты ғыл. еңбектері бар. Қостанай обл. әкімінің арнайы сыйлығы (1998, 1999, 2003, 2011, 2013) иегері. Респ. теле (1998–2002), Қазақстан Журналистер одағы КОФ байқауларының (2002, 2007, 2011 және 2013) жүлдегері. 45-тен астам

еңбектің, оның ішінде 15 ғыл., 30 ғыл.-танымдық және ақпараттық мақалалардың авторы. Алты Алашқа мәшһүр А.Байтұрсынұлының туғанына



*Қ.Сейдахметов*

125 жыл толуына орай «Белгілі Бекзат данышпан» («Қостанай таны», 13.2.1998), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарияланған.

**СЕЙДІМБЕК** Ақселеу Сланұлы (12.12.1942, Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а. 16.9.2009, Астана қ.) – ғалым, жазушы, филол. ғыл. докт. (1997), проф. (2003), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2004). ҚазҰУ-ды (1968) бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде әдеби қызметкер, меншікті тілші, «Орталық Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі (1968–99), «Зерде» журналының бас редакторы (1983–87), Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тында зертханашы,



*А.Сейдімбек*

аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атынд. Білім проблемалары ин-тының директоры (1997–98), ҚР Президенті Мәдени орт. директорының ғылым жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. 2000 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде журналистика кафедрасының меңгерушісі болды. С-тің «Ақиық» әңгімелер жинағы (1972), «Күңгір-күңгір күмбездер» (1981), «Серпер» (1982), «Күй шежіре» (1, 2-кіт., 1992, 1997), «Қазақтың күй өнері» (2002, Мемл. сыйл. 2004), т.б. ғыл.-зерт. еңбектері бар. Гомердің



## СЕЙТҚҰЛОВ

«Илиада», «Одиссея» (1974) эпостарын, И.Можейконың «Әлемнің 7 және 37 кереметі» (1988) атты кітабын қазақ тіліне аударған. С. «Сарыарқа», «Дәурен-ай», т.б. әндер шығарған. «Құрмет» орденінің иегері. С-тің С.Қалиевпен бірге жазған «Ахмет Байтұрсынның педагогикалық көзқарастары мен ағарту істері» атты ғыл. мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, А., Ғылым, 1999), «Әлем: Альманах: Өлеңдер, очерктер, әңгімелер» (1-басылым), т.б. баспасөз беттерінде жарияланған.

*Д.Ысқақұлы*

**СЕЙТҚҰЛОВ** Мұхамедхан (1870, Семей – 1937) – алашордашы. Алаш париясының орт. үйін ашқан мәдениет қайраткері. С. 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың алғашқы үш онжылдығында қазақ халқының рухани дамуына ықпал етті. Ол көптеген қолжазбалар мен тарихи өлең-жырларды жинақтаушы және мәдени мұраны сақтаушы. Сол уақыттағы жазушылар мен баспагерлердің арасындағы қарым-қатынасты қолдайтын меценат болды. Оның орт. үйі кездесулер және Алаш партиясы мүшелерінің талқылаулары үшін ашық болды. Онда Абай, Шәкерім, М.Әуезов, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов, С.Торайғыров, Ы.Мұстамбаев, С.Дөнентаев және т.б. болған. Ол Аймауытов және Әуезов редакциясынан шығатын «Абай» журналын және «Сары Арқа» газетін қаржыландырғандардың бірі болды. «Дала уәлаяты» газеті, «Айқап», «Шора», «Абай» журналдары, «Қазақ», «Сарыарқа», «Уақыт», «Тәржіман» газеттері, Абайдың (1909) кітабы, Шәкерімнің, Байтұрсынұлының, Дулатовтың, Жұмабаевтың, Торайғыровтың, т.б. қазақ ақын-жазушыларының кітаптары, киссадастандары жеке кітапханасынан табылған. С. Семей семинариясында оқығанда Әуезовпен таныс болды. «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» пьесаларын сахнаға даярлау кезінде репетицияларын үнемі сол үйде өткізген. Мұхтармен бірге Аймауытов, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Әлмағамбет әншілер С-тың үйінде жиі қонақ болып тұрған. Ол Әуезов пен Хасен Тұрлыхановтардың моральдық, материалдық және рухани жетілуіне, белгілі тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Бөкейхан Семейдің сол жағалауында өткен жиында қалаға бастапқы «Алаш» атауын қайтару туралы мәселе көтерген кезде С. нақты дәлелдермен қорғап шықты. 1911 ж. Дулатовтың, Шәкерімнің қамаудан босап шығуына көмектесті. Ол Тіңібай мешітінде ислам дінінен сабақ берді, кейін №6, Ахмет Риза мешіттерінде имам болып қызмет атқарды. Алаш арыстары атылған кезеңде С. мұсылмандардың кеңес үкіметіне қарсы тобының белсенді мүшесі деген жаламен

ату жазасына кесілді. Қайтыс болғаннан кейін ақталды.

**СЕЙФУЛЛИН** Сәкен (Сәдуақас) (15.10.1894, қазіргі Қарағанды обл. Шет ауд. Қарашілік а. – 25.2.1938, Алматы қ.) – жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Омбыдағы мұғалімдер семинариясында (1913–16) оқыған. Қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымы басшыларының бірі болып, патша өкіметінің қысымына



*С. Сейфуллин*

қарсы күрес пен қазақ арасына оқу-білім тарату ісіне араласты. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін «Жас қазақ» ұйымын құрды. 1917 жылдың 27 желтоқсанында Ақмола Совдепінің төралқа мүшелігіне сайланып, ағарту комиссары болып тағайындалды. 1920 ж. 4 қазанда Орынборда өткен Қазақстан кеңестерінің 1-Құрылтай съезіне арнайы шақырылып, Қазақстан ОАК-нің төралқа мүшесі болып сайланды. 1922 ж. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Қазақстан кеңестерінің 3-съезінде Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болып тағайындалған (1922–25), халық ағарту комиссарының орынбасары, Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғыл. орт-тың төрағасы (7.4.1925), Қазақтың пролетар жазушылары ассоциациясының (ҚазАПП) басшысы (12.6.1925), БК(б)П Өлкелік к-тінің партия тарихы бөлімінің меңгерушісі (1926), Қызылордадағы халық ағарту (1925), Ташкенттегі қазақ пед. ин-тының (1927–29) директоры, 1932 жылдан ұзақ уақыт бойына «Әдебиет майданы» журналының редакторы болды. Алматыдағы Қазақ мемл. ун-тінде (қазіргі ҚазҰПУ) 1928–37 ж. қазақ әдебиеті кафедрасында А.Байтұрсынұлы, М.Жолдыбаев, Ө.Тұрманжанов, С.Ерубаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Х.Есенжанов және С., т.б. ұстаздармен бірге еңбек етті. Сонымен қатар Қазақтың коммунистік журналистика ин-тында сабақ берді. С. Орынборда «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағын, «Қызыл сұңқарлар» пьесасын жариялады (1922). «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929) өлең-поэмаларын, «Ақсақ киік», «Сыр сандық», т.б. көптеген шығармаларын, «Тар жол, тайпақ кешу» ат-

ты тарихи мемуарлық роман-эссесін, «Жер қазғандар» повесін (екеуі де 1927) жарыққа шығарды. С. қазақтың ескі әдебиет нұсқаларын жинау, зерттеу, оның таңдаулы үлгілерін жариялау ісімен де шұғылданды. Оның құрастыруымен «Қазақтың *\_W\_o\_r\_k\_f* ескі әдебиеті нұсқалары» (1931), «Батырлар жыры» (1933) жинақтары, Ы.Алтынсарин, Ақан сері, Ақмолла, т.б. шығармалары (1935), «Ләйлі–Мәжнүннің» қазақша аудармасы жарық көрді. С-нің өмірі мен шығарм. туралы С.Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» пьесасы, Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі, Ә.Тәжібаев, А.Токмағамбетов, Қ.Бекхожин, т.б. поэмалары, Е.Ысмайылов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, т.б. ғалымдардың әдеби зерттеулері, естеліктері жарық көрді. С. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. С. есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады. Астана қ-нда Сейфуллин мұражайы жұмыс істейді. С. А. Байтұрсынұлына: «...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уезд, губерния соттарына күш салып, тілмаш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» деп баға берген ([www/kultegin.kz](http://www/kultegin.kz); қаралған күні: 5.10.2017).

Шығ.: Повести и рассказы, А., 1958; Тернистый путь, А., 1964; Шығ. жин. 1 – 6 т., А., 1960–64; Стихотворения и поэмы, А., 1973; Көп томдық шығ. жин., 2, 3-т., А., 2004.

*Т.Кәкішұлы, К.Садырқызы*

**СЕЙТОВ** Асылбек Жұманұлы (22.1.1894, Ресей, Омбы қ. – 4.12.1937, Алматы қ.) – дәрігер, қоғам қайраткері. 1911 ж. Омбы гимназиясын,



*А. Сейітов*

Томск мемл. мед. ун-тін (1916) бітірген. 1916 ж. Павлодар обл-ндағы Баянауыл ст-нда дәрігер болып жұмыс істеді. Халық арасында жиі кездесетін сүзек, безгек, тырысқақ ауруларына қарсы мед. көмек ісін ұйымдастырды. Сондай-ақ осы

жылдары қоғамдық саяси өмірге араласып, зиялы қауым қатарынан көрінді. С. Алаш партиясының белсенді қайраткерлерінің бірі болды. 1917 ж. 21 шілдеде Орынбор қ-нда өткен жалпықазақ съезінің төрағасы Х.Досмұхамедов, төраға серіктері: Ахмет Байтұрсынұлы, А.Көтібаров, хатшылары: Міржақып Дулатов және С. болды (Уикипедия. «Жалпы қазақ съезі»). Сол жылы С. Ақмолада өткен уезд құрылтайына, 1921 ж. Орынборда өткен Қазақстан дәрігерлерінің 1-съезіне, 1922 ж. Қазақ АКСР Кеңестерінің съезіне делегат болып қатысты. 1922 ж. Семей қ-на Губ. денсаулық сақтау басқармасының бастығы болып тағайындалды. Семей обл-нда туберкулезді емдейтін «Ауыл» және «Березовка» шипажайларын ашуға ат салысты, ол емдеу орындары осы күнге дейін жұмыс істейді. 1937 ж. Қазақ КСР Денсаулық сақтау Халық комиссариаты жоспарлау-қаржы бөлімінің меңгерушісі, Алматы қ-ндағы №5 емхананы алғаш ұйымдастырушылардың бірі және оның бас дәрігері болды. 1937 ж. 3 желтоқсанда ұсталып, 8 желтоқсанда ату жазасына кесілді. 1957 ж. 8 шілдеде ақталды. С-ке Алматы қ-ндағы №5 емханада ескерткіш-тақта қойылды (1999). Семей қ-ндағы (2001) және Алматы қ. Таугүл 3 ықшамауданындағы көшеге С. есімі берілді.

*К.Сейітова*

**СЕЙТОВА** Мина (29.8.1919, Қостанай обл. Қарабалық ауд. 9-а. – 18.4.1987, Алматы қ.) – А.Байтұрсынұлының қарындасы Зилиштан туған жиені Бәкібайдың әйелі. Қазақ КСР-інің еңбек сін. мәдениет қайраткері (1970), КСРО-ның құр-



*М. Сейітова*

метті радисі (1956). Алматы қ-ндағы №12 мектеп интернатта (1930–37) тәрбиеленген. С.Асфендияров атынд. ҚазҰМУ-да М.Мәметовамен бірге оқыған. Қазақ радио к-тінің балалар редакциясында шәкірт (1934–37), диктор, аға, 1-санатты. Қазақ КСР телевизия және радиохабарын тарату мемл. к-тінің жоғары санатты дикторы (1937–78) қызметтерін атқарған. Ұлы Отан соғысы жылдары кеңестік ақпараттық бюро (Совинформбюро) жаңалықтарын радио арқылы таратып отырды.

## СЕМЕЙ

С. 1945 ж. мамырда жеңіс туралы хабарды алғаш жеткізген. Соғыстан кейін атақты кеңес дикторлары Ю.Б.Левитан, В.Б. Герцик, В.Н.Чижов, т.б. тығыз байланыста жұмыс жасаған. С-ның шәкірттерінің қатарында Қазақ КСР халық артисі Ә.Байжанбаев, З.Шәріпова, КСРО халық артисі Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, қазақтың белгілі ақыны М.Мақатаев, Қазақстанның еңбек сің. артисі С.Жаканова, т.б. бар. «Құрмет» орденімен (1966), «Ерен еңбегі үшін» (1945), «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына сіңірген еңбегі үшін», «Жеңіске – 40 жыл» медальдарымен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің грамоталарымен (1956, 1960, 1965) марапатталған.

*Ғ.Егеубаева*

**СЕМЕЙ** – Шығыс Қазақстан обл-ндағы қала, т. ж. ст., әуе және автомоб. жолдарының ірі торабы. Қала іргесі қаланған кезден-ақ Орта Азия халықтары мен көршілес елдердің Шәуешек, Құлжа, Қашғар қ-ларымен сауда жүргізіле бастады. 1 уездік уч-ше, 1 әйелдер уч-шесі, 5 мұсылман медресесі жұмыс істеді (1845). 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін С-де саяси өмір жандана түсті, онда Семей обл. қазақ съезі өткізілді. Р.Мәрсеков, Ж.Ақбаев, Х.Ғаббасов, т.б. жергілікті Алаш қозғалысы қайраткерлері С-ге іргелес жатқан «Заречная слободка» елді мекенінің атауын (қазіргі Жаңа Семей) «Алаш» деп өзгертуге күш салды. «Сарыарқа» газеті мен «Алаш» журналы С-де шықты. Алаш партиясының Семей обл. к-ті 1917 ж. күзде С. қ-нда ашылды. С. өңірі қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбаевтың, философ-ойшыл Шәкерім Құдайбердіұлының, дүниежүз. әдебиет мейталмандарының бірі Мұхтар Әуезовтің және Парижде өнер көрсетіп, әлемге танылған атақты әнші, суырыпсалма ақын Әміре Қашаубаевтың туып-өскен өңірі. А.Байтұрсынұлы «Өмірдерегінде» (6 томдық шығ. жин. 6-т.) 1909 ж. Қарқаралы қ-нда екі сыныптық уч-шеде меңгеруші болып жүргенінде Семей губернаторы Тройницкийдің үкімімен тұтқындалып, Семей түрмесіне жіберілгені жазады. Студент Оралбек Ысқақтың «Ахметке арнау» өлеңінің бір шумағында (6 томдық шығ. жин., 6-т.): «Жүрегіңді кернегенде өгей мұң, Елдің жүгі оңай соқты демеймін. Көкірегің құса-дертке толды ғой, Жатып ұзақ түрмесінде Семейдің» деп, түрмедегі қиын-қыстау кездерін өлеңмен жеткізеді. А.Байтұрсынұлы Алаш астанасы болған С. қаласында бірнеше рет болып, Шәуешек сапарына да осы С. қ-нан аттанған.

**СЕМЕЙ УЕЗІ**, Семей облысы – Семей обл-на қараған әкімш. аймақ. Жер аум. 64786,9 км<sup>2</sup>, 19 ғ-дың аяғындағы тұрғындар саны 118448 адам болды. С. у. 19 болысқа бөлініп, онда 26062 түтін тұрған. Халқы, негізінен, мал ш-мен, аздап егіншілікпен айналысқан. 1893 ж. 6418 түтін

жер өңдеуді кәсіп етті. Егістік аймағы, негізінен, Ертіс жағалауында болды. А.Байтұрсынұлының еңбектерінде С. у-не сипаттама беріліп, өзекті мәселелері айтылған. Мыс., «Қазақ шаруашылығы» (6 томдық шығ. жин., 2-т.) мақаласында мал азығы саналатын жоңышқаны Түркістан қазақтары көп ексе, С. у. өңірінде әр жерде ғана егілетінін айтады. Сондай-ақ қазақ жерінде С. у. өңірі жылқылы саналатыны және онда он мың асау жылқы айдаған адамдардың барлығын мысалға келтіреді. Сонымен бірге С. обл-ның қазақтары темірге күміс шаптыруға (қаптауға) шебер ұста екендігін айтады. Ал «Жер жалдау жайынан» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) «...1888 ж. 17 мартта (наурызды) шыққан ген.-губернатор Колпаковскийдің бұйрығы» бойынша С. обл-ның еш жеріне мұжықтарға қала салуға болмайтынын айтқан. Келесі «Осы күнгі соттың тәртібіндегі кемшіліктер» мақаласында (6 томдық шығ. жин. 4-т.) «Закон жобасындағы» сот кемшіліктерінің бірнеше тараудан тұратындығы және мәтінінің орыс тілдегі сөздерінің көп екені, кара қазақтардың түсіне бермейтіндігі айтылады. Мысал ретінде Сырдария обл-ның Әулиеата уезіндегі бір народный соттың жіберген қателігі айтылса, Семей обл-ның Зайсан у-нде 1903 ж. тамырына қонақасы бермегені үшін Базаровский (Базар өз. атымен аталған болуы керек) болысының бір қазағын жазалағаны айтылады. Одан әрі сот тәртібіндегі кемшіліктер биге түскен арыздарда да байқалады. Мыс., Семей обл-нда биге түскен арыздың саны, оның ішінде қаралғаны, қаралмай қалғаны, үстінен арыз түскені айтылады, яғни 60% арыздың қаралмай қалғаны, ал айтылған биліктің 65%-ына риза болмай, арыздардың бола беретіні баяндалады. «Көшпелі қазақтардың сотын өзгертудің лебізі» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) қазақтың көпшілік бөлігінің көшпелі екендігін айта келіп, Семей обл. қазақтарының 85%-ы көшіп-қонып жүретіндігіне мысал келтірген. Ал «Губернатор өзгерілуі» (6 томдық шығ. жин., 5-т.) мақаласында Семей губернаторы Тройницкийдің (Тройницкий) Тулаға губернатор болып кететіндігі, оның орнына Шернецов деген келетіндігі сөз болады. Онда қалай дегенмен де Тройницкийдің қазақтарға суық қарағанымен, адал жолмен адамдыққа жете алмай жүргендерге жол тауып бергені, сондықтан Тройницкийдің кеткеніне сүйінетін де, күйінетін де қазақтардың бар екені және бұл Семей обл-ның қазақтарына қатысты екені айтылады.

*Қ.Ахметов*

**СЕНА** – Францияның солт-ндегі өзен. А.Байтұрсынұлы «Еуропа» мақаласында (6 томдық шығ. жин. 2-т.) құрлықтың табиғатын сипаттайды. Онда ол құрлықтың ішкі өзен-көлдеріне тоқтап, Батыс Еуропаның ірі өзендерінің бірі, Париж қ-н кесіп өтетін С. өз-ніне де тоқталған.

**СЕНДІК** – II жақ, тыңдаушы жақ.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЕНІМДІ РАЙ** – істің істелу-істелмеуіне көңіл сеніп сөйлегенде айтылатын сөз. Мыс., алғаймын, алмағаймын, тұрғайсың, тұрмағайсың, болғай, болмағай. Сенімді рай ғай /гей жұрнағы жалғану арқылы жасалады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЕНІМСІЗ РАЙ** – істің болу-болмасына көңіл сенбегенін көрсететін сөз. Мыс.: *барар ма екем; бармас па екем; көрер ме екенсін; көрмес пе екенсін; жүрер ме екен; жүрмес пе екен.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЕПТЕУ ЖАЛҒАУЛАРЫ** – сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып, синтаксистік қатынастарды көрсететін жалғау. А.Байтұрсынұлы септік жалғауларының 5 түрін көрсетеді: 1) Ілік жалғау (іліктеу): -ның, -дің; 2) Барыс жалғау (барыстау): -ға (-қа), -ге (-ке); 3) Табыс жалғау (табыстау): -ны, -ды; 4) Жатыс жалғау (жатыстау): -да (-де); 5) Шығыс жалғау (шығыстау): -дан (-ден), -нан (-нен). Септеу жалғау сөздің аяқ дыбысына қарай түрліше жалғанады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЕПТЕУ ЖҰҚАНАҒЫ** – септеу жалғауларының қалдығы, белгісі. А.Байтұрсынұлы сеп есімдіктері тәуелді қалпында ғана септеуге, жіктеуге келетінін ескерте келіп, жалғыз-ақ «өз» деген шектеу есімдігінде септеу жұқанағы байқалатынын, бірақ ол жұқанақ «өз» деген сөз қалыпты мағынасынан шыққан түрлерінде ұшырайтынын ескертеді. Мәселен, «өзге», «өзді-өзі» дегенде біреуінде барыс жалғауы бар. Екіншісінде табыс жалғауы бар сияқты, бірақ «өзге» деген «басқа» деген мағынада, «өзді-өзі» деген «өзара» деген мағынада.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап, 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**СЕРАЛИН** Мұхамеджан (1872, қазіргі Қостанай обл. Қарабалық ауд. Өрнек а. – 8.11.1929, сонда) – ақын, журналист. Троицкідегі медреседе оқыған (1880), Қостанайдағы 2 кластық орыс-татар мектебін бітірген (1891). 1911–15 ж. Троицкіде «Айқап» журналын шығарды. Журналды шығаруға Ә.Ғашимов, С.Торайғыров ат салысқан. А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Майлин, Б.Өтегілеуов, С.Дөнентаев, С.Көбеев, Н.Құлжанова, т.б. қадамгерлер белсенді қатысты. 1913 ж. «Қазақ» газеті шыққанға дейін Байтұрсынұлының басты мақалалары «Айқап» журналында

жарияланды. С. мен Ахметтің көзқарас қайшылықтары болғанмен, олардың басты мақсаты қазақ елінің, Алаш жұртының мүддесі болды. 1919–20 ж. «Ұшқын» газетінде қызметкер, 1921 ж. Қостанайдағы Шұбар болыстық атқару к-тінің төрағасы, 1922–23 ж. Қостанай губаткомы төрағасының орынбасары, 1923–26 ж. «Ауыл» газетінің редакторы қызметтерін атқарған. С-нің журналистік қызметі екі кезеңге бөлінеді: 1-кезеңіне «Айқап» журналында төңкеріске дейін басылған 40-қа жуық мақалалары жатады. 2-кезең 1918–28 ж. аралығын қамтиды, бұл кезеңде «Ұшқын», «Еңбекші қазақ», «Ауыл» газеттерінде саясат, шаруашылық, мәдениет мәселелері жайында мақалалары жарияланды. Алғашқы «Топ-жарған» (1900) поэмасы қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар қатарына жатады. Поэмада 19 ғ-дың 30–40-жылдарындағы қазақ өмірі, Кенесары, Наурызбай бастаған қозғалыс бейнеленген. «Гүлқашима» (1909) поэмасы әйел теңсіздігі мәселесіне арналған. С. өз шығармаларында Ы.Алтынсариннің ағартушылық-демократ. идеяларын қолдады. Ол Фердоуси «Шаһнамасының» «Рүстем–Зораб» бөлімін В.А. Жуковский (1846–47) нұсқасынан, сондай-ақ А.Сорокиннің «Жусан» повесін қазақ тіліне аударған (1915).

**СЕРҒАЛИЕВ** Мырзатай (17.3.1939, Солт. Қазақстан обл. Шал ақын ауд. Жаңақол а. – 23.7.2011, Астана қ.) – филол. ғыл. докт. (1988), проф. (1990), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР Білім беру ісінің үздігі (2000), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2003), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2006), ҚазҰУ-ды (1960) және аспирантурасын (1965) бітірген. Қазақстан ҒА-ның



*М.Серғалиев*

Тіл білімі ин-тында кіші ғыл. қызметкер, ҚазҰУ-да аға оқытушы, доцент, проф., декан, кафедра меңгерушісі (1965–99), Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі, проф. (1999–2008) болды. Негізгі ғыл. еңбектері қазіргі қазақ тіліндегі синтаксис, стилистика, сөйлеу мәдениеті, көркем шығарма тілі мәселелеріне арналған. ҚР ЖОО-

## СЕРІПЕЛІ

ның үздік оқытушысы (2005). 600-ден астам ғыл. жарияланымның, 10 монографияның, 6 оқулықтың авторы. С-тің «Алыптарды ардақтай білейік» («Қазақстан мұғалімі», 27.5.1998, №10), «Ахмет Байтұрсынұлының сөйлем синтаксисіне көзқарастары» (ҚР ҒМ-ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1998, №5–6), «Ұлылықты бағалау да – ұлылық» («Қазақстан мұғалімі», 14.10.1998, №21), т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарияланған.

**СЕРІПЕЛІ ОРАЛЫМ** – баяншы мүшесі тақырыпшы пікірді кеңінен толғай баяндайтын оралым. Мыс.: 1) *Ыстамбол, патша болсаң да Құддыс, Шамға, Бұхар мен үкім етсең де Үндістанға, Ағылшын, Қытай, Мәскеу, Римді алып, Дін түзең әмір етсең де бұл жиһанға. Тұтсаң да жеті ақылымның бәрін тегіс Кірерсің ақыр бір күн көрстанға.* 2) *Шайылған көз жасымен жердің бетін, Өткізіп тым өлшеусіз үкіметін. Жауыздық, жалғандықпен билесін-ақ Адал жол, ақ ниетті арам жеңіп, Жазықсыз жанды қинап, қанды төгіп, Бұзықтық, түзіктікті илесін-ақ Қиналып, кім де болсаң талыққандар Түңіліп, үміт үзіп жабыққандар, Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып, Жарқырап жақсылыққа атар таң бар* («Маса»).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СИПАТТАУ** – пән шығарманың қорытпасында айтылатын пікірдің бөлімі. Сипаттау түрлері: 1) мәністеп, дәлелдеп сипаттау; 2) керек пікірді яки нәрсені басқа, соған ұқсас нәрселермен салыстырып сипаттау; 3) керек пікірді қостайтын, қуаттайтын мысалдар келтіріп сипаттау; 4) белгілі адамдардың айтқан иә жазған пәтуаларын келтіріп сипаттау; 5) қаралатын пікірге қарсы пікірдің нашарлығын яки қателігін көрсетіп сипаттау.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.


*О.Жұбаева*

**СИРИЯ ҮСТІРТІ**, С и р и я д ө н е с і – С. үнің көпшілік бөлігі шөлейтті. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының (6 томдық шығ. жин., 2-т.) табиғатына сипаттама берген де, Азияның оңт.батысындағы таулар мен үстірттерге тоқталып, Сирия еліндегі С. ү. мен шөлін суреттеген.

**СИЦИЛИЯ АРАЛЫ** – Жерорта теңізіндегі ең үлкен арал. 9 провинциядан тұратын Италияның әкімш. облысы. А.Байтұрсынұлы Еуропа (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлығының табиғатына сипаттама бергенде, Италияның бір провинциясы саналатын С. а-на да тоқталып, жер бедерінің күрделі екенін және Еуропадағы ең биік Этна жанартауын да сипаттап өткен.

«СИЫР» – «Оқу құралына» енген мәтін. Сырдың тұқымдары, түрлері, адамға пайдасы (еті, сүті, терісі) әңгіме болады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**СКАЛОЗУБОВТЫҢ ХАТЫ** – Ресей империясының Ішкі істер министрі В.Г.Курловқа жазылған сауал хат. 1909 ж. 17 қарашада жіберілген.



Хатта 1 маусымда тұтқынға алынған А.Байтұрсынұлының әлі күнге дейін ешқандай айып тағусыз Өскемен түрмесінде жатқандығын жергілікті адамдардан және Байтұрсынұлының әйелінен естігенін жазады. Министрден Қарқаралы орысқырғыз (қазақ) мектебінің мұғалімі не үшін тұтқында ұсталып отырғанын анықтауды сұрайды. Осы сауал хаттан кейін Байтұрсынұлының түрмеде жатқандығы жайында бірнеше газеттерде хабарлар жарық көрген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ногай*

**СМАҒҰЛОВ** Жандос Қожахметұлы (16.9.1956 ж.т., Қарағанды обл. Ақтоғай ауд. Шабанбай а.) – әдебиеттанушы ғалым, филол. ғыл. докт. (2009). Халықар. ақпараттандыру академиясының акад. (2011). Қарағанды мемл. ун-тінің (1979) бітірген. Ақтоғай ауд-ндағы орта мектепте мұғалім (1979–82). Жамбыл мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры (1980–82) қызметтерін атқарған. Қарағанды мемл. ун-тінде қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы (1983–93), меңгерушісі (1993–95), журналистика кафедр.

расының меңгерушісі (2000–03), (1995–97) ф-т деканының орынбасары қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта қазақ әдебиеті кафедрасының проф. қызметінде. Мақалалары Ресей, АҚШ, Болгария, Қытай, Түркия, Грузия, Қырғызстан т.б. елдердің ғыл. журналдарында жарияланған. Анкарада Гази атынд. ун-тте (2005), ҚХР Құлжа қ-ндағы Іле пед. ун-тінде (2014, 2015), Күйтін қ-ндағы Шыңжаң ин-тында, Пекин қ-ндағы Орт. ұлттар ун-тінде (Минзу, 2015, 2017) дәріс оқыды.



*Ж. Смағұлов*

ҚХР Құлжа қ-ндағы Іле пед. ун-інің құрметті проф. 250-ден астам ғыл. және сын мақаланың, 4 монография, 15 оқулық пен оқу құралы және оқу-әдістемелік құралдардың авторы. Ахметтану ілімі саласында «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005) атты монографиялары мен «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» (1995), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы» (2012) аталатын оқулықтары, «Әдеби мұраны игеру проблемалары» (1992), «А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін қалаушы» (1997), «Ахметтану бастаулары» (2005), «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» (2006) оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. «А.Байтұрсынұлы жасаған әдебиеттануға арналған пән атаулары» (1996), «Абай және Әлихан» (2002), «Әдебиет танытқыш» және ұлттық әдеби теориялық ой-пікір» (2003), «Ә.Бөкейхан еңбектеріндегі Ұлттық әдебиеттану ғылымы мәселелері» (2005), «А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы» (2007), «С.Сәдуақасов және Ұлттық әдебиет тарихының мәселелері» (2008), «Унисон великих» (Тула, 2012), «А.Байтұрсынұлы – ғылыми мектептің негізін қалаушы» (София, 2013), «Алаш арыстары зерттеулерінің әдіснамалық негіздері» және т.б. еңбектерінде Алаш қаламгерлерінің шығарм. зерттелінген. Б.Алтынсарин атынд. медалімен, ҚР Мәдениет және спорт мин-нің Құрмет грамотасымен (2016), респ. «Өрлеу» ғылым-білім орт-ның «Ұлағатты ұстаз» (2014, 2016) төсбелгісімен марапатталған. ЖОО-ның үздік оқытушысы (2013).

**СМАҒҰЛОВА** Гүлдархан Нұрғазықызы (1.5. 1950 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Кеген а.) – филол. ғыл. докт. (1999), проф. (2001). ҚазҰУ-ды (1973) бітірген. Осы ун-тте әдіскер (1975–89), декан (1994–96), кафедра меңгерушісі (2002–05) болды. 2004 жылдан филол. ф-тінің проф. Негізгі ғыл. бағыты – қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. 200-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монографияның, 6 оқулық пен оқу құралының, 4 электронды оқулықтың, 1



*Г. Смағұлова*

сөздіктің авторы. А.Байтұрсынұлы атынд. «Саңлақ автор» медалінің (2010), Сорос қоры грантының (1996) иегері. ЖОО-ның үздік оқытушысы (2007). С. өзінің «А.Байтұрсынұлы қазақтың шешендік сөздері жайында» атты мақаласында Байтұрсынұлы орыс ғалымы Г.З.Апресьяннан жарты ғасыр бұрын шешендік сөздерді саясат, билік, білімдар, қошемет, уағыз шешендік сөздер деп 5 бөлікке бөліп, оның бастама, ұсынба, мазмұндама, қыздырма, қорытпа тәрізді құрылымдық бөліктерден тұратындығын алғаш айтқандардың бірі екендігі жөнінде мағлұмат берген.

**СМАҒҰЛОВА** Светлана Одепқызы (4.9.1968 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд. Көкжыра а.) – тарих ғыл. докт. (2010). ҚазҰУ-ды



*С. Смағұлова*

(1993), Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнол. ин-тының докторантурасын (2009) бітірген. Осы ин-тта аға зертханашы, кіші, аға, бас ғыл.

## СМАЙЫЛОВ

қызметкер (1993–2001), Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихы бөлімінде аға, жетекші ғыл. қызметкер (2003–12), «Арыс» қоры жанындағы «Алаш» орг-ның басшысы (2004–10), Тарих және этнол. ин-ты директорының орынбасары (2012–17) болды. ҚазҰПУ-да, ҚазМҚПУ-да қызметтер атқарған. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да, ҚазҰАУ-да тарих пәнінен дәріс береді. С. 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басында Қазақстандағы жер мәселесі мен патша саясатына қарсы күрес жүргізген ұлттық зиялы қауымның қазақ қоғамындағы рөлін, 20 ғ-дағы Қазақстандағы саяси оқиғаларды, Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметтерін, «Үш жүз» партиясының қызметін, 19 ғ-дың 20–30-жылдарындағы қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы мен деректік маңызын зерттеумен айналысады. 250-дей ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монографияның, 20-дан астам ғыл. жинақтың, жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу-әдістемелік бағдарламалар мен дидакт. оқу құралдарының авторы. А. Байтұрсынұлының ұйымдастыруы және редакторлығымен жарық көрген «Қазақ» газетінің 1913, 1914 ж. толық нұсқасын қазіргі емлеге аударып, шығарған авторлардың бірі. Ғыл. мақалаларында Байтұрсынұлының ағартушылық, Алаш партиясындағы қоғамдық-саяси қызметіне, мектеп оқулықтарына, жазу емлесіне тоқталған.

**СМАЙЫЛОВ** Камал Сейітжанұлы (24.4.1932, Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Сарлық а. – 25.6.2003, Алматы қ.) – жазушы-публицист, мемлекет қайраткері, кинотанушы, өнертану ғыл. канд.



*К. Смайылов*

(1975), проф. (2000). ҚР Гуманит. ғылымдар және Қазақстан журналистика академияларының мүшесі. ҚР-ның еңбек сің. қайраткері. ҚазҰУ-ды (1954) бітірген. Қазақстан комсомолы ОК-нің хатшысы (1971–73), Қазақ КСР Мемл. кино к-тінің төрағасы (1973–77), Республика Мин. кеңесі мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1977–80), Қазақ КСР Мемл. телерадио к-ті төрағасының орынбасары, төрағасы (1980–86), Қазақстан КП ОК-де мәдениет бөлімінің меңгеру-

шісі (1986–88), «Парасат», «Қазақстан коммунисті» («Ақиқат») журналдарының бас редакторы (1988–93), Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы (1993–96) болды. 350-ден астам мақаланың авторы. Екі рет «Құрмет белгісі» орденімен (1971, 1976), бірнеше медальдармен марапатталған. С-тың «Арыстарды ақтағанда» атты мақаласында А. Байтұрсынұлы жайында да ойлар өрілген (Жеті қыр, бір сыр. Естеліктер, публицистика. А., Атамұра, 2000).

**«СОҒЫСУШЫ ПАТШАЛАР»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 31 шілдедегі 72-санында жарық көрген. «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автор бұл мақалада 1-дүниежүз. соғыс жайында сөз қозғайды. Соғысқа қатысушы Ресей, Франция, Англия және бұларға қарсы Германия, Австрия, Сербия, Белгия елдерін атай отырып, сол елдер жайындағы нақты ақпараттарды – жер көлемі, әскер саны сынды деректерді келтіре кетеді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.*

*К. Қошым-Ноғай*

**СОЛТОНОВ** Белек Солтонкелдіұлы (1878, Қырғызстан, Чоң-Кеме –1938) – тарихшы, ағартушы. Қаракол орыс-түзем, Пішпекте (Бішкек) қырғыздарға арналған бағбандық мектебінде оқыған. 1916 ж. Атаке болысының болыс басқарушысы болып сайланды. 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, басқа көтерілісшілермен бірге Қытайға қоныс аударған. 1917 ж. қайта келіп, 2-жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметіне мүшелікке кандидаттыққа сайланды. Алашорда – Ұлт кеңесінің құрамына Оқу комиссиясының мүшелері – А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Е. Омаров, Б. Сәрсенов, Т. Шонанұлылармен бірге С. та мүшелікке кандидат ретінде қатысты, төраға (премьер-министр) – Ә. Бөкейхан, мүшелері (министрлер) – У. Танашев, Х. Досмұхамедов, А. Бірімжанов, Мұстафа Шоқай, М. Тынышбаев, т.б., мүшелікке канд-тар (министрлердің орынбасарлары) – И. Қашқынбаев, Н. Жакыпбайұлы, М. Боштаев, Е. Тұрмағамбетов, С. және қатысты. С. Жетісуда кеңес өкіметін орнатуға қатысқан. 1920–24 ж. солт. Қырғызстанда оқу-ағарту жұмысымен айналысқан. 1924 ж. қырғыз босқындарының істерімен Шығыс Түркістанға (Құлжа) келген. 1927–37 ж. Қырғыз АКСР Халкомсовының ғыл. қызметкері болды. Шежіре деректері мен еур. әдебиет материалдарының негізінде қырғыз халқының тарихы бойынша еңбек жазуға тырысты. Оның «Қызыл қырғыз тарихы» (басқаша атауы – «Қырғыз-қазақ тарихы») деген қырғыз тілінде араб графикасымен жазылған бірегей еңбегі К. Жусуповтың қолдауымен ғыл. айналымға енгізіліп, 2 том болып басылып шықты (Биш-

кек, «Учкун», 1993). 1937 ж. жазықсыз қамауға алынып, 1938 ж. ату жазасына кесілді. 1955 ж. ақталды.

Әдеб.: Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: Сардар. 2014.

**СОЛТУСТІК АМЕРИКА**, қ. Америка.

**СОЛТУСТІК ТЕҢІЗ**, Неміс теңізі – Еуропаның солт.-батыс жағалауындағы Атлант мұхитының шеткі теңізі. А.Байтұрсынұлы «Еуропа» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың табиғатына сипаттама беріп, құрлықты қоршап жатқан теңіздердің бірі саналатын С.т-ге тоқтаған. Байтұрсынұлы бұл мақалада С.т-ді *Неміс теңізі* деп атаған.

**СОҢҒЫ СУРЕТ** – А.Байтұрсынұлының Қазақ КСР Мемл. қауіпсіздік к-ті мұрағатында сақталған суреті. Қайраткер соңғы рет тұтқындалып, ату жазасына кесілдердің алдында түсірілген. 1988 ж. Байтұрсынұлы ақталғаннан кейін, бір кездері осы мекемеде қызмет еткен ғалымның қарындасы Зиялштан туған жиені Бәкібай Бейі-



сов мұрағаттан алып, қайта қалпына келтіріп жарнатқан. 1989 ж. бұл суретті қызы Меруерт Бәкібайқызы Тыныбековаға тапсырған. Қазірде осы жаңартылған сурет Алаш қайраткерінің жиеншары Меруерттің үйінде сақтаулы. Жаңартылған суреттің көл. 18x24 см. Көшірмесі Алматы к-ндағы ғалым атынд. мұражайға өткізілген.

*К.Қошым-Нозай*

**«СОҢҒЫ БОЛҒАН МҰЖЫҚ»** – «Маса» жинағындағы өлең. 13 шумақ (54 тармақ). Үйіне ұры түсіп, мал-мүлкінен айырылып қалған бір адам жақындарын жинап, олардан көмек сұраса, бәрі құрғақ сөзбен ақыл айтып, ешбір жәрдем етпейді. Осыны айта келіп, автор: «Достықты, жақындықты шын-ақ дер ем, Жап-жақын жайшылықта көп дос-жарды, Мен неге жамандықта сирек көрем? Тар кезең, талма жерде табылу жоқ, Қала-

ды құлақтары болып керек. Осындай дүниенің ісін байқап, Достық пен жақындыққа талғап сенем» дейді. Өмірдің ортасынан ойып алынған шындық әркімнің-ақ ойынан орын табады.

*С.Ғұсманқызы*

**СӨЗ** – адам қарым-қатынасының негізі, тілдің ең басты бөлшегі. Сөз шындығымен ақылға қонады, өңі үйлестігімен көңілге ұнайды. А.Байтұрсынұлы сөз өнері үшін жұмсалатын сөзді былайша сипаттайды: «Сөздің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас, бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті, әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ. Жақсылап үй сала білу үшін сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың сыр-сипатын, қасиетін жақсы білу тиіс. Оларды тиісті орнына жұмсауын жақсы білу тиіс. Кірпіштің түрлі қалауларын жақсы біліп, белгілеген жобамен үйдің түрін келістіріп шығару жағын жақсы білуі тиіс. Мұның бәрін жақсы білу үшін сәулет өнерінің ғылымын жақсы білуі керек. Сондай-ақ, сөзіндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады. Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады, сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс, яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап, сөйлемді тізе білу тиіс. Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде із жазып қолданумен біледі».

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЗ ӘУЕЗДІЛІГІ** – сөз ішіндегі дауысты-дауыссыз дыбыстар оңтайлы орналасып, құлаққа жағымды болып естілуі. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар аралатпа болып келмеген жерде, яғни кілең дауысты дыбыстар яки кілең



## СӨЗ БЕТІ

дауыссыз дыбыстар ұйлығып қатар келген жерде сөз айтуға оңтайлы болмайды. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қатарынан бір сөздің ішінде келуі тіпті болмайды. Қатарынан келетін кездері қос сөздерде, не екі сөздің бірінің аяғы, бірінің басы дауысты дыбыс болып келетін жерде болады. Мәселен, *сары үй, торы айғыр, қазба үй, қара өлең, ата тегін қуса игі еді. Қара маса екен, бала емес, баласы еді, қырдағы үй, кесе-аяқ, мосы ағашы* деген сияқты сөздер. Дауысты дыбыстардың бұл сияқты қатарынан келуі айтуға оңтайсыз болып, сөздің әуезділігін кемітеді. Бұл кемшілік қазақ тілінде көбінесе екі дыбыстың бірін айтып, бірін айтпаумен ғана сезілмейді. Айтқанда «сары үй» демей, «саруы» дейді. «Торы айғыр» демей, «торайғыр» дейді. Басқаларын да солайша бір дыбыспен айтады. Мәселен, «қуса игі еді» деген сөздерді «қусигеді» етіп айтады. «Баласы екен» яки «бала екен» деп дыбыстарын түгелдемей-ақ, «баласекен», «балекен» дейді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЗ БЕТІ ҚАРАТЫЛУ** – назар аударылу, көңіл бөліну. А.Байтұрсынұлы сөз беті қаратпа сөздерге қаратылатынын ескертіп, мынадай мысалдар келтіреді: *Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда! Сөз тыңдаңыз, әлеумет! Әй, Әлжан, қайда барасың? Құдай, оңда! Оңға баста... Мұнда қаратпа сөз болатындар: «қызым», «келінім», «әлеумет», «Әлжан», «Құдай», өйткені сөз беті соларға қаратылып айтылып тұр.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**СӨЗ ДҰРЫСТЫҒЫ** – сөз талғаудың жалпы шарттарының бірі. А.Байтұрсынұлы сөздің дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалыуын айтады. Ғалымның тұжырымынша, сөзді қолданушы ең алдымен сөздердің тұлғасын, мағынасын жақсы білуі керек. Сонымен бірге сөйлем ішіндегі сөздерді дұрыс септеп, көптеп, жіктей алғаны жөн. Құрмалас сөйлемдердің құрамын дұрыс байланыстыру қажет. Бір сөзбен айтқанда, сөзді, сөз тіркестері мен сөйлемді, олардың грамматик. тұлғаларын тілдегі мағынасын және грамматик. емле-ережелеріне сай қолдану, орынды пайдалану – сөз дұрыстығы болмақ.

*Ә.Қожахмет*

**СӨЗДІ ДҰРЫС ТІЗІП СӨЙЛЕУ** – пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп, сөз арқылы тысқа шығару. А.Байтұрсынұлы әңгіменің қандай болып шығатыны сөздің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен екенін ескерте келіп, сөздің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтынын,

тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайтынын айтады. Сондықтан әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Жазушы неғұрлым қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ. Сөзден құрастырып, қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЗДІ ҚОЛДАНА БІЛУ** – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білу, сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білу.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЗДІҢ АЯҒЫ** – сөздің соңы. Ғалым жұрнақ сөз соңындағы дыбыстарға қарай жалғанатынын ескертеді: *Жұрнақ «ма»*. Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса яки «р», «л» болса, осы «ма» күйінде жалғасады. Мәселен: *сана – санама, тасы – тасыма, ту – тума, сау – саума, жай – жайма, қыр – қырма, сал – салма*. Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «ма» орнына «ба» болып жалғасады. Мыс., *жаз – жазба, оң – оңба, жон – жонба*. Түбір сөздің аяғы қатаң болса, «ма» орнына «па» болып жалғасады. Мәселен: *бас – баспа, ат – атпа, ақ – ақпа, жап – жаппа, аш – ашпа*.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СӨЗДІҢ ЖҮЙЕСІН КЕЛТІРУ** – сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын біліп, сөздің қисынын келтіру. Сөйлегенде сөздің жүйесін келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЗДІҢ КЕСТЕСІН КЕЛТІРУ** – сөздің қисынын келтіру, әуезді, құлаққа жағымды ету. Сөз кестелі келсе, құлаққа жағымды болады. Құлаққа жағымды болуы әуезділік болады. Сөздің қисынын келтіру үшін қай сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЗДІҢ ҚИСЫНЫН КЕЛТІРУ** – сөз қандай орында қалай өзгеріп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын біліп, сөздің жүйе-

сін келтіру. Сөйлегенде де, жазғанда да сөздің қисынын келтіру керектігін ескерте келіп, А.Байтұрсынұлы: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» деп жазады. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, әбден дағдыландыратынын ескерте келіп, тіліміз бұзылмай сақталуы үшін әуелі өз тілімізбен оқытып, бастауыш мектепте басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керектігін, сол себепті «Тіл-құрал» деген кітапшаларды шығарғанын айтады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЗДІҢ ТҮЛҒАСЫ** – сөздің бітімі, жеке күйіндегі тұрпаты, басқа сөздердің ықпалына ұшырамай, жеделдік, тұтастық жоқ кездегі қалпы. Мыс.: «Тұрғанбай», «Қаракөз», «Сылаң қыз», т.с.с. А.Байтұрсынұлы сөздің тұлғасы мен тұрпаты бірдей болмайтынын ескерте келіп: «Тұлғасы бірдей сөздердің тұрпаттары басқа болуы мүмкін. Мәселен, «Тұрғанбай» – «Тұрғамбай» деген сөздердің тұлғалары бірдей, тұрпаттары бірдей емес» деп жазады. Мұндай орында айтылудың дұрыс-бұрысына қарау керектігін ескертеді. Дұрысы – «Тұрғамбай емес, «Тұрғанбай». Сондықтан жазғанда «Тұрғанбай» деп дұрыс тұрпатымен жазамыз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СӨЗДІҢ ТҮРПАТЫ** – басқа сөздермен тіркескен қалпында, қос сөздерде, қосарлап айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасуынан болатын сөздің өзгерісі. Ғалым қос сөздерде, қосарлап айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасуынан болатын тұрпат өзгерісіне қарамай, жеделдік, тұтастық жоқ жеке күйіндегі тұрпатымен жазу керектігін ескертеді. Мәселен: «жүк-аяқ» деген сөзді «жүк-аяқ» деп, «Қаракөз»

дегенді «Қара-көз» деп, «Сылаңғыз» дегенді «Сылаң қыз» деп жазамыз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СӨЗДІҢ ҮНДІ БОЛУЫ** – дауысты дыбыстар көп келген сөз. А.Байтұрсынұлы «ұ», «ү», «і» дыбыстары дауысты болғанмен, үні аз екенін айтады. Ғалым әуезді сөз бен әуезсіз сөзді сипаттау үшін «шамалы» деген сөз бен «шанышқы» деген сөзді өзара салыстыра келіп, «шамалы» сөзі құлаққа жағымды екенін айтады да, оның себебін: «1) ішіндегі дыбыстардың бірі дауыссыз болғанда, екіншісі дауысты болып, реттеліп келіп тұрғанынан; 2) дауысты дыбыстар ішінде көп болғандықтан, сөздің үнді болып шыққанынан» деп түсіндіреді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СӨЗДІҢ ҮНСІЗ БОЛУЫ** – дауыссыз дыбыстар көп келген сөз. Сөз ішінде бұлар көп келгенде сөздің үні кем болып шығады және кей сөздің ішінде көп келеді де, кей сөздің ішінде аз келеді. Сөз әуезділігі жағынан мұның да мәні болады. Ғалым әуезді сөз бен әуезсіз сөзді сипаттау үшін «шамалы» деген сөз бен «шанышқы» деген сөзді өзара салыстыра келіп, «шанышқы» сөзі құлаққа жағымды болмайтынын ескертеді. Себебі «шанышқы» деген сөзде «1) дыбыстар реттеліп, бірі дауысты болғанда, екіншісі дауыссыз болып келіп отырған жоқ; 2) дауысты дыбыстары аз, сондықтан мұның үні жатық емес, мол да емес» екенін айтады. Яғни, үні кем, жатық болмаған соң «шанышқы» сөзі құлаққа жағымсыз болып естілетінін ескертеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СӨЗ ЖҮЙЕСІ ҒӘМ ТҮРЛЕРІ** – морфология, сарф. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *сарф*, *сөз жүйесі мен түрлері* атаулары жарыса қолданылады. Ғалым бүгінгі таңда «морфология» деп аталып жүрген грамматика саласының араб тіліндегі нұсқасы мен қазақша баламасын қолданған. Ғалымның бастауыш мектеп балаларына арналған «Тіл-құрал» атты еңбегі үш тараудан тұрады: 1) дыбыс жүйесі мен түрлері, 2) сөз жүйесі мен түрлері, 3) сөйлем жүйесі мен түрлері. Онда сөйлеу мен сөйлемді, сөйлем мен сөзді, сөз бен буынды, буын мен дыбысты танытады. Дыбыс танудан қаріп мәселесі туады. Дыбыс пен қаріп мәселесінен жазу ережелері мен сөз түрлері, тұлғалары, сөз түрлену, өзгерулері туады. Яғни, «Тіл-құралдың» I-бөліміндегі дыбыс жүйесі мен түрлері деген тіл таныту бөліміне

## СӨЗ ИЕСІНЕН

осы айтылған нәрселердің бәрі де кіреді, әрқайсысынан қысқаша бастауыштық дәрежелі білім беріледі. «Тіл-құрал» үшке бөлінгенмен, әрқайсысы әр жыл оқылмайды. Бұл үшке бөлу жылдық оқу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесі бойынша үйреткен уақытта әр жүйесіне балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алынып үйретіледі.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

«СӨЗ ИЕСІНЕН» – 1911 ж. «Маса» жинағында, осы кітаптың кейінгі екі басылымдарында да жарық көрген өлең. 8 жолдан, 11 буыннан тұрады, аралас ұйқас түрінде жазылған. Ақынның бұл шығармасындағы «Ызыңдап, ұшқан мынау біздің маса, // Сап-сары, аяқтары ұзын маса...» деп сипатталып отырған Маса – ұйықтап жатқан елді оятуға ұмтылған ағартушылар мен ұлт зиялылары. Бұл өлеңде үлкен филос. тұжырым бар. «Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып, // Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша» деген жолдардан сол кездегі қоғамның енжар, қараңғы, жалқау халі мен серпіліс пен сәулеге ұмтылғандардың қоғамнан көретін қағажуы көрініс табады. Өлеңнің басты идеясы – жұртшылықты рухани өрлеуге тарту, елдің көкірек көзін ашу.

*С.Итегұлова*

**СӨЗ ҚИСЫНЫ (лұғат қисыны)** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы қандайда бір шығарманың заңдылықтары мен көркемдік ерекшеліктерін сөз қисыны деп атаған. Ғалымның тұжырымынша, «сөз қисыны – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым». Қазіргі таңда бұл ұғымды поэтика деп атайды. Яғни көркем шығармаға тән мазмұндық, құрылымдық ерекшеліктерді осы сөз қисыны қарастырады. Демек, сөз қисыны шығарма сөздің образдық, сөздік әрі дыбыстық құрылымын қарастырады. Қазіргі әдебиеттану саласында сөз қисынының жалпы, жеке және тарихи деген үш түрі бар. «Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны деп аталады». Демек, шығарманың көркем әрі әсерлі болуы жазарманың лұғат қисынына байланысты.

*Ә.Қожасмет*

**СӨЗ ӨНЕРІ** – 1) нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері (әдебиет); 2) бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білу. Ғалым көрнек өнерінің бес түрін (сәулет өнері, сымбат өнері, сүгіреттеп көрсету өнері, әуез өнері, сөз өнері) көрсетіп: «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады.

«Өнер алды қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» дейді. А.Байтұрсынұлы сөз өнері ғылымын екіге бөледі: 1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы. *Тілінің ғылымы* дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ал *түрінің ғылымы* сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді. Ғалым сөз өнері адам санасының үш негізіне: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге тірелетінін айта келіп, әрқайсысының өзіндік ерекшелігін көрсетеді (Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – тую, талғау) де: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің туюін түйгенінше айтуға жарау» деп қорытады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЗ ӨНЕРІНЕ ЖҰМСАЛҒАН СӨЗ ШУМАҒЫ** – тіл, лұғат.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

«СӨЗ САРАСЫ» – тіл туралы қазақ афоризмдері. Құрастырушылар – Е.Шаймерден, Е.Тілешов, ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Тіл қ-тінің тапсырысы бойынша «Руханият» орт. дайындалған. А., «Сардар» баспа үйі 2009 ж. жарыққа шығарған. Көл. 160 бет. Таралымы 3000 дана. Жинақ «Ауызша мәдениет», «Далалық өркениет», «Алаш кезеңі», «Кеңес заманы», «Тәуелсіздік дәуірі» атты бес бөлімнен, авторлар туралы мәліметтен және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бұл жинаққа – қазақ тілі туралы айтылған мақал-мәтелдер, толғамды ойлар, толғақты пікірлер, қанатты сөздер енгізілген. Олар тілге қатысты қазақ ойының даму арнасын әр қырынан кеңінен көрсетеді. Жинақтың құрылымы да тіл туралы қазақ ой-өрнегінің кезеңдік өрістерін аңғартуға негізделген. Кітаптың 84–89 беттерінде А.Байтұрсынұлының тіл турасындағы айтқан көптеген ой-пікірлері, қанатты сөздері жарияланған, сондай-ақ 148-бетте Ахмет жайлы қысқаша мәлімет берілген. Жинақ тіл

тағдыры толғандыратын ойлы оқырман қауымға, ұлт болашағы – өскелең ұрпаққа арналған.

*С.Аргынгазин*

**СӨЗ ҒАМ БУЫНДАР.** А.Байтұрсынұлы «Сөз – дыбыстың мағналы болып тізілгені. Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу» деп, сөздің айтылатынын және жазылатынын көрсетеді. Басқаша айтқанда сөз – дыбыстардың мағыналы тіркесі. Дыбыстардың мағыналы тіркесі ғана сөз болады. Байтұрсынұлы буын түрлерін былай деп анықтайды: буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға «бітеу» деп ат қойындар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға «ашық» деп ат қойындар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға «тұйық» деп ат қойындар. Бүгінгі буын түрлерінің анықтамасы Байтұрсынұлынан басталған. Байтұрсынұлының буыншы деп отырғаны дауысты дыбыс, яғни буынкұрауыш дыбыс: дауыссыздан басталып дауыссызға бітсе бітеу буын, дауыссыздан басталып дауыстыға бітсе ашық буын, дауыстыдан басталып дауыссызға бітсе тұйық буын болып шығады деп, бүгінгі буын анықтамалары Байтұрсынұлын қайталап отыр.

*Ә.Жүнісбек*

**СӨЗ ШЫҒАРУ** – ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**СӨЙЛЕМ** – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиындастырады. Қыры келетін сөздер тұрған күйінде алса да қиындаса қалады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп, қиюын келтіреміз. Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойы тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны – сөздердің басы мағыналы болып құралуы. Олай болмаса, құр сөздердің басын құрап айтқанмен, сөйлем болмайды.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.*

**СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ТЫСҚЫ ЖАҚЫНДЫҒЫ** – сөйлемдерді бір-біріне жанастыру жүзіндегі жақындық. Сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі – ішкі, бірі – тысқы. Мағына жақындығынан басқа қысын жақындығы бар сөйлемдер *құрмалас* деп аталады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ІШКІ ЖАҚЫНДЫҒЫ** – сөйлемдердің мағына жүзіндегі жақындығы.

Сөйлемдер арасында ішкі және бірі тысқы жақындық болады. Мағына жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер *іргелес* деп аталады. *Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**СӨЙЛЕМДІ ТІЗЕ БІЛУ** – сөйлеушінің ойын өзгелер қиналмай түсінетін етіп айтуы, сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі, әр сөздің мағынасын жақсы біліп, сөйлемді дұрыс құрай білуі. Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады, сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін етіп айтуы керек. Ол үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білуі тиіс, яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап, сөйлемді тізе білуі тиіс. Сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы сөйлемдерінің тізілу түрінен, сондықтан сөз әуезділігі де болады, сөйлеу әуезділігі де болады. Бірақ сөздің де, сөйлеудің де әуезді болуының негізгі мәнісі бар. Екеуі де дауыс ағымына қарайды. *Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

*О.Жұбаева*

**СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ СӨЗ.** А.Байтұрсынұлы сөйлемнің негізгі шарты қарым-қатынас құралы болу керек екенін талап ете отырып, оның «сөздердің басын құрастырып біреу айтқан ой» болатындығын алдын ала ескертеді. Синтаксис саласында ғалым «сөз» терминін екі мәнде жұмсайды: біріншісі – қазір орыс тіліндегі «речь» сөзінің баламасы ретінде (қазір қазақ тіл білімінде бұған байланысты «сөйлеу», «сөйленіс» деген терминдер жарыса қолданылып жүр); екіншісі сөйлемді құрайтын бөлшектер – грамматик. сөз, сөйлем мүшелері деген мәнде жүреді.

**СӨЙЛЕМ ЖҮЙЕСІ.** А.Байтұрсынұлы сөйлем жүйесіне «Тіл-құрал. III тіл танытқыш кітабын» (Қызылорда: «Қазағыстан» мемлекет баспаханасы, 1925) арнаған. «Сөйлем жүйесі» деген терминді «синтаксис» терминінің баламасы ретінде қолданады: «Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан» білімдерді сөйлем жүйесі деп атайды. Сөйлем жүйесін жіктеудегі межелеушітері: сөйлемнің жалпы түрлері; айтылуына айырылатын түрлері, құрылуына айырылатын түрлері. Кезегіне қарай сөйлемнің жалпы түрлерін болымды және болымсыз, толымды және толымсыз, жалаң және жайылма деп 6 түрге, айтылуына қарай түрлерін сұраулы, лепті, тілекті, жай сөйлем деп 4 түрге бөлсе, құрылуына қарай іргелес және құрмалас сөйлемдер деп 2 түрге бөледі.

*Ж.Жақытов*

**СӨЙЛЕМ ЖҮЙЕСІ ҒАМ ТҮРЛЕРІ** – синтаксис, наху. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *наху, сөйлем жүйесі мен түрлері* атаулары жарыса

## СӨЙЛЕМ

қолданылады. Ғалым бүгінгі таңда «синтаксис» деп аталып жүрген грамматика саласының араб тіліндегі нұсқасы мен қазақша баламасын қолданған. Ғалымның бастауыш мектеп балаларына арналған «Тіл-құрал» атты еңбегі үш тараудан тұрады: 1) дыбыс жүйесі мен түрлері, 2) сөз жүйесі мен түрлері, 3) сөйлем жүйесі мен түрлері. Қ., *Сөз жүйесі һәм түрлері*.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ** – сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**СӨЙЛЕМНІҢ АЙТЫЛУЫНША АЙЫРЫЛАТЫН ТҮРЛЕРІ.** Қазіргі қазақ тілі синтаксисінде сөйлемнің мұндай түрлерін айтылу мақсатына қарай немесе интонациясына қарай, не модальділігіне қарай түрлері деп таниды. А. Байтұрсынұлы сөйлемнің мұндай түрлерінің төртеуін көрсетеді. Олар: сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем, жай сөйлем. Сұраулы және лепті сөйлемдердің сипаттамасы қазіргі қазақ тілі синтаксисіндегідей. Ал «жай сөйлем» деп атаған сөйлемі – қазіргі терминологиядағы «хабарлы сөйлемнің» баламасы. Мұндағы «тілекті сөйлем» қазіргі синтаксисте бұйрықты сөйлем деп қаралып жүр. Байтұрсынұлының «тілекті сөйлем» деп атауында мағыналық-функционалдық ұстаным бар, яғни іс-әрекетке деген интенцияны тұғыр етіп барып, функционалдық мағына жағынан бұйрық түрдегі, өтініш түрдегі, үгіт (ақыл) түрдегі, жай тілек (мұрат) түрдегі мән білдіретін сөйлемдерді осы қатарға енгізеді.

*Ж.Жақыпов*

**СӨЙЛЕМНІҢ БІРНЕШЕ МҮШЕСІ БІР-ӨККЕЙ БОЛУ** – сыйысулы сөйлемдердің белгісі, сөйлемдегі бірнеше сөздің бір тұлғада келуі (бірыңғай мүшелер ретінде). Мәселен, «Қарабай мен Сарыбай аңға шықты» деген сөйлемде Қарабай, Сарыбай – екеуі де бастауыш, яғни сөйлемнің екі мүшесі бірөккей.

*О.Жұбаева*

**СӨЙЛЕМНІҢ ЖАЛПЫ ТҮРЛЕРІ.** Бұған А. Байтұрсынұлы болымды және болымсыз, толымды және толымсыз, жалаң және жайылма сөйлемдерді жатқызады. Бұл сөйлемдердің межелеуіншітерінің қазіргі қазақ тілі синтаксисінен өзгешеліктері бар. Ғалым әрбір сөйлемнің негізгі сипатын атап өтеді де, тиісті мысалдарын береді. Сөйлемнің бұл түрлерінің бір жайтты «бар қыла» баяндаған сөйлемі болымды деп, «жоқ қыла» сөйлеген сөйлемі болымсыз деп

танылады; тұрлаусыз мүшелері қатысса – толымды, тұрлаусыз мүшелерінің «біреуі немесе екеуі де жоқ болса» – толымсыз сөйлем болады; тұрлаулы мүшелерден тұратын сөйлем – жалаң сөйлем болса, тұрлаусыз мүшелері бар сөйлем жайылма сөйлем болады.

**СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРЫЛУЫНША АЙТЫЛАТЫН ТҮРЛЕРІ.** Бұл түрлер, негізінен, құрмалас сөйлемдерге байланысты. «Құрмалас сөйлем» термині – А. Байтұрсынұлының орыс тілі синтаксисінің «күрделі сөйлем (сложное предложение)» терминінің мұндай сөйлемдерді дәл атай алмайтынын біліп, тіл табиғатын дәл танып тапқан термині. С. қ. а. т-не: 1) іргелес сөйлем,

2) құрмалас сөйлем, 3) қыстырынды сөйлем, 4) келтірінді сөйлем, 5) орамды немесе өрнекті сөйлем жатқызылады. Іргелес сөйлем, құрмалас сөйлем аталымдарын Байтұрсынұлы енгізген. Іргелес сөйлемдер мағына жақындығына ғана сүйенсе, құрмаластар әрі мағына жағына, әрі құрылымдық байланысқа сүйенеді. Байтұрсынұлы «іргелес» сөйлемдерге мына сияқты дербес сөйлемдердің мағыналық жақындығын, бұлардың біріне-бірі ой іргесімен ғана жанасатынын, араларының бір-біріне қосылмай, ашық-ашық үзіліп айтылатындығын мысалға келтіреді: 1) *Күн ашық. Тоғайлар шат. Ың-жың орман.* 2) *Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.*

3) *Бісімілдә безгелдек! Бұлай жатсын дуадақ! Сыбагама қоңыр қаз. Үлесіме үш үйрек. Екі сартқа бір тартар, аққуды батырекең атар.* Қойылатын тыныс белгісі: «Жазғанда араларына үлкен тыныс белгісі (.) қойылады» деп көрсетеді [Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III-нші тіл танытқыш кітап]. Мұны қазақ тілтанушылары, тәрізі, жалғаулықсыз салалас құрмалас деп түсінген сынайлы. Мәселен, құрмалас сөйлемнің классик. зерттеушісі академик Н.Т. Сауранбаев бастап бір кездерде қазақ тілі синтаксисіне қатысты еңбектерде жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем «іргелес құрмалас» деп те аталып жүрді. Шын мәнінде, көріп отырғанымыздай, бұлар – грамматик. жағынан аяқталған, бас әріптен нүктеге дейін көмкерілген дербес сөйлемдер, демек, құрмаластың сыңарлары емес. Мұндай бірліктерді қазіргі тіл білімінде күрделі синтаксистік тұтастық, күрделі синтаксистік бірлік, микроәтін, фразадан жоғарғы бірлік, абзац т.с.с. атаулармен белгілеп жүр. Ал құрмаласты сыйысулы және қиысулы деп екіге бөледі.

*Ж.Жақыпов*

**СӨЙЛЕМНІҢ МАҒЫНАСЫ** – сөздердің басы мағыналы болып құралуы. Құр сөздердің басын құрап айтқанмен, сөйлем болмайды. Сөйлем мағыналы болуы үшін сөйлем ішіндегі сөздердің

басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемдерді түсінікті етіп жасау керек.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ** – сөйлем болған жерде қалмай айтылатын, қалса да қалғандығы сезіліп тұратын сөздер. Мәселен, «*асыл – тастан, ақыл – жастан*» дегенде бірінші мысалда «*шығады*» деген сөз қалып тұрғандығы сезіліп тұр. Не болмаса, «*жығылған күреске тоймас*» деген сөйлемде «*адам*» деген сөз қалып тұрғаны анық сезіледі. Толықтырып айтсақ: «*асыл тастан шығады, ақыл жастан шығады*», «*жығылған адам күреске тоймас*» дер едік. Осындай сөйлем ішінде бірде болып, бірде болмайтын сөздер немесе керек болған жерде айтылып, керек болмаған орында айтылмай қалып отырған сөздер, қалған жерде қалғандығы ашық сезілмейтін сөздер *тұрлаулы мүше* деп аталады. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екеу: 1) бас мүше 2) баяншы мүше.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ** – тыңдаушыға ойын толық жеткізу мақсатымен айтушының ойын анықтау, толықтау, пысықтау үшін қолданылатын сөздер. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: 1) анықтауыш мүше; 2) толықтауыш мүше; 3) пысықтауыш сөздер болып үшке бөлінеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЙЛЕСУ** – пікір алысу, қарым-қатынас жасау. А.Байтұрсынұлы сөйлесудің екі түрін көрсетеді: жазумен сөйлесу, ауызбен сөйлесу. Сөйлесудің екі түрінде де сөздің жүйесін, қисынын келтіру, сөз кестесін келтіру қажет.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЙЛЕУ** – біреуге білдірейін деген ойын айту мақсатымен қолданылатын тілдік бірлік, сөйлесім. Бір сөйлеу бірнеше сөйлемнен құралы мүмкін. Мыс.: *Жер жұтуға тоймайды; от отына тоймайды; құлақ естуге тоймайды; кісі ойға тоймайды; бәрі қойға тоймайды*. Бұл сөйлеуде бес сөйлем бар.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЙЛЕУ ӘУЕЗДІЛІГІ** – сөйлеу ішіндегі сөйлемдерінің үндері құлаққа жағымды болып естілуі. Сөйлеу әуезді болуы үшін а) сөйлемдер дұрыс жасалып, өрнекті сөйлемдердің кестелері келісті жасалуы, ә) өлеңді сөйлемдердің өлшеулері дұрыс келуі, сөйлеу құлаққа жағымды болуы керек. Сөйлемдер дұрыс құралмаса, мәселен, сөйлем мүшелері орнына қойылмаса не тұрлаусыз мүшелері көбейіп, сөйлемді ауырлатса не басынқы сөйлем мен бағыныңқы сөйлемдердің жапсар-

лары дұрыс келмесе, сөйлеу құлаққа жағымды болмайды. Яғни, сөйлеу әуезді болмайды. Дауыссыз дыбыстардың қатарынан екеуі келуі сөйлеу әуезділігіне онша кемшілік келтірмейді. Дауыссыз дыбыстар қатар келетін сөздер «жаттықтыру», «аптықтыру» деген сияқты болады. Бұларда қатар келген дауыссыз дыбыстар екеуден артық емес және сөздің үнін азайтып, айтуға онша оңтайсыздық келтіріп тұрған жоқ. Сөйлеу әуезділігі буын екпіні мен сөз екпінінің қолайлы орналасуынан болады. Әуелі буын екпіндерінің арасы тым жақын келсе иә алыс келсе, әуезділігінде кемшілік болады. Тым жақын болып келу өңшен қысқа сөздер бір өңкей келгенде болады да, тым алыс болып келу өңшен ұзын сөздер бірөңкей келгенде болады. Сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып, ұнамды құралуынан болады. Олай құрастыру сөйлеушінің яки жазушының шеберлігін талғайды. Сөздің кестесін келтіріп айту деген сөз Абайдың «тілге жеңіл» деген сөзі – бұлардың бәрі сөйлеу әуезділігіне тиісті сипат туралы айтылған сөздер.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЙЛЕУДІҢ ҚҰЛАҚҚА ЖАҒЫМДЫ БОЛМАУЫ** – сөйлеу әуезділігінің болмауы. Сөйлемдер дұрыс құралмаса, мәселен, сөйлем мүшелері орнына қойылмаса не тұрлаусыз мүшелері көбейіп, сөйлемді ауырлатса не басынқы сөйлем мен бағыныңқы сөйлемдердің жапсарлары дұрыс келмесе, дауысты-дауыссыз дыбыстар ұйлығып қатар келсе; сөйлеу құлаққа жағымды болмайды. Яғни, сөйлеу әуезді болмайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЙЛЕУДІҢ ҚҰЛАҚҚА ЖАҒЫМДЫ БОЛУЫ** – сөйлеудің әуезді болуы. Сөйлемдер дұрыс құралса, өрнекті сөйлемдердің кестелері келісті жасалса; өлеңді сөйлемдердің өлшеулері дұрыс болса, сөйлеу құлаққа жағымды болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СӨЙЛЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТЫ** – сөйлеу жүйелерін білдіріп, анайы тілдегі асыл сөздердің түрлерімен таныстырып, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету. Сондықтан сөйлеу жүйелерін білдіргеннен кейін қазақтың анайы әдебиетінен бастап, тілдегі бар шығармалардың түрлерімен таныстыру қажет болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

О.Жұбаева

**СПАНДИЯРОВ Қасым** (1891–1938) – Байтұрсынның (Ахметтің әкесі) туған ағасы Ақтастың немересі. «Халық жауы» ретінде ұсталып, түрмеде атылған. Жазған өлеңдері ел арасында кең

## СПАНДИЯРОВ

таралған. Әкесі Спандиярдың да, С-тың да жазба өлеңдерінің көпшілігін анасы Зағиға Дүзенқажықызы (1892–1972) өртеп жіберген, көпшілігі қолды болған. Балалары Фазыл мен Қарасыннан тараған ұрпақтары Қостанай, Жітіқара қ-ларында тұрады.

**СПАНДИЯРОВ** Фазыл Қасымұлы (1916, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Ақкөл а. – 1986) – Байтұрсынның туған ағасы Ақтастың шөбересі. Атасы Спандияр, әкесі Қасым ұсталғаннан кейін «халық жауының» отбасы ретінде ел ішінде өмір сүру өте ауыр болып, күйзеліске ұшырайды. Бабасы Ақтастан басталған қуғындау Сталин заманында тіпті күшейеді. 1939 ж. туыстары Байтұрсынұлы Қалиды, Спан балалары Жақыпбек пен Аймағанбетті сағалап, отбасымен Қостанай қ-на келеді. Осындағы обл. басқару мекемелерінде қызмет еткен. Ұрпақтары Қостанай, Жітіқара қ-ларында тұрады.

**СТАМБУЛ**, Ы с т а н б ұ л – Түркияның ең үлкен қаласы, С. илінің әкімш. орт. Мәрмәр т-нің жағалауында, Боспор бұғазының қос жағасында, Азия мен Еуропаны байланыстыратын су торабында орналасқан. «Данышпан Алектің ажалы» (6 томдық шығ. жин., 1-т.) өлеңінде (өлең А.С.Пушкиннің «Львов жылнамасындағы» әңгіме түрінде алынған және 1828 ж. жарияланған «Песнь о Вещем Олеге» шығармасының аудармасы ретінде берілген) «Қол бастап, киіп сауыт – Царградты, Сыр мінез тандап мініп сенімді атты... немесе шумақта... Атың зор, айбының мол жау мұқатқан, Қалқаның қақ басында Царградтың» деп отырған Царград қ. – С-дың бұрынғы аты, ал Сауыт Царград – сонан шыққан Сауыт мағынасы деп А.Байтұрсынұлы түсіндіреді.

**«СТЕПНАЯ ПРАВДА»** – 1920-жылдары Орынбор қ-нда шығып тұрған РК(б)П Қазақстан өлкелік к-тінің газеті. 1922 жылғы 21 мамырдағы санында Қазақ АКСР Халық ағарту комиссарының орынбасары А.Байтұрсынұлының Халық ағарту қызметкерлерінің 1-жалпықазақ съезінде (1922 ж. 18 мамыр) сөйлеген сөзі жарияланған.

**СТИЛЬ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Сөз өнері» тараушасында айтылған әдеби категория. Автор бұл еңбегінде «стиль» терминін қолданбаған. Бірақ еңбекте Байтұрсынұлы стильді «лұғат» деген атаумен береді. Оны түсіндіру үшін «сөз өнерпаздарының» әрқайсысына тән тілдік, лұғаттық ерекшелігі болатынын айтып, соған орай әрбір қаламгердің өзіндік ерекшелігін тани алатындығымызды баяндайды.

*Е.Тілешов*

**«СУ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Судын тіршілік үшін, адам өміріне пайдасы, судын үш күйі (сұйық, қатты, газ түріндегі) туралы ғыл. түсінік берілген.

**СУ БЭЙХАЙ** (1917, Ганьсу пров. – 2000, Үрімші) – қытай тарихшысы. Шыңжаң ун-тінде дәріс берген. Оның еңбектері Қытайдың Батыс өңірі-



*Су Бэйхай*

нің тарихын, географиясын, соның ішінде қытай қазақтарының тарихын зерттеуге арналған. Қазақ тілін білген. Ең көлемді 4 томдық «Қазақтың жалпы тарихы» (2003) еңбегінде қазақ ұлтының шығу тегінен бастап қазірге дейінгі тарихы қамтылған. Сондай-ақ «Қазақ халқының мәдениет тарихы» (1989) деген еңбегінде қазақ халқының көне дәуірден қазірге дейінгі қоғамдық құрылысы, мәдениеті, әлеум. жағдайы айтылған. Ол «Батыс өлкенің тарихы мен географиясы», «Ұйғыр халқының тарихы», «Моңғолия және батысқа сапар», «Шыңжаң тарихы», т.б. жүзден астам ғыл.-зерт. еңбектерін жазған. С. Б. «Араб жазуы негізіндегі қазақ жазуы» атты зерттеу мақаласында А.Байтұрсынұлы жасаған төте жазу әліпбиі жайында талдау жасаған («Қазақ мәдениетінің тарихы». А., 2001).

*Н.Алдабек*

**СУРЕТКЕР ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ӘДІС** – кітап. Авторы – Е.Тілешов. А., «Арқас» баспасынан 2005 ж. жарық көрген. Көл. 278 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап 2 бөлімнен («Суреткер және көркемдік әдіс» (монография), «Зерттеу мақалалар») және қосымшадан құралған. Монографияда М.Жұмабаев поэзиясындағы романтизм, ағартушылық реализм, сентиментализм, символизм көркемдік әдістері және ақынның шығарм. эволюциясы сөз етілген. Келесі бөлімде Абайдың әдеби мектебінің, А.Байтұрсынұлы («Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» және жанрлар теориясы» атты мақала, К.Кемеңгерұлы, М.Мақатаев шығарм-ның кейбір қырлары, сондай-ақ, дәстүр мен жаңашылдық, әдебиет тарихын дәуірлеу проблемалары қарастырылған.

*С.Арғынғазин*

**«СУШЫЛ ҚҰСТАР»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Аққу, шағала, қаз, бірқазан секілді негізінен суды мекендеп, балықпен азықтанатын құстармен таныстыру мақсаты көзделген. Ғыл. түсініктеме берілген.

**СҰБХАНБЕРДИНА** Үшқұлтай (1927, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Баянауыл а. – 1997, Алматы қ.) – алғашқы библиограф, филол. ғыл. канд. (1964), проф., алғашқы қазақ баспасөзін («Қазақ» газеті, «Айқап» журналы, т.б.) зерттеуші. ҚазМҚПУ-ды (1948) бітірген. 1952–65 ж. Қазақ КСР ҒА Орт. ғыл. кітапханасында библиограф, қазақша кітаптар мен сирек қолжазбалар бөлімінің бастығы, 1966 жылдан Әдебиет және өнер ин-тында аға ғыл. қызметкер, фоно-фото бөлімінің бастығы, қолжазбалар орт-ның аға ғыл. қызметкері болды. Ғыл. еңбектерінде Қазан революциясына дейінгі қазақ баспасөзін зерттеді. «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Айқап», А.Байтұрсынұлының редакторлығымен жарық көрген «Қазақ» басылымдарын зерделеді. «Қазақ» газеті, «Қазақ халқының атамұралары», «Қазақ, Алаш, Сарыарқа», т.б. мақалалары жарық көрген.

**СҰЙЫЛЫҢҚЫ ҚИЫСУ** – маңызды, нағыз айтылған сөйлемді басқа сөйлемдердің баяндап тұруы. Мәселен: «*Сабыр түбі – сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа*». Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

О.Жұбаева

**СҰЛТАНОВ** Болат Қылышбайұлы (6.9.1951 ж.т., Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (2007), Қазақ



Б.Сұлтанов

станның еңбек сің. қайраткері (2008). ҚазҰУ-ды (1974) және Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантурасын (1982) бітірген. ҚазҰУ-да ассистент (1974–78), оқытушы, аға оқытушы, доцент, декан (1983–93), ҚР Сыртқы істер мин-нде 1-хатшы, бөлім меңгерушісі (1993–95), ГФР-дегі ҚР елшілігінде 1-хатшы, кеңесші (1995–2000, 2002–04), ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратег. зерттеулер ин-тында бөлім меңгерушісі, ин-т директорының кеңесшісі және 1-орынбасары (2000–01), ҚР Сыртқы істер мин. Сыртқы саясат және сараптама орт-ның директоры (2001–02), ҚР Тұңғыш Президенті қоры жанындағы Әлемдік экон. және саясат ин-ты директорының 1-орынбасары (2004–05) қызметтерін атқарған. 2005–14 ж.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратег. зерттеулер ин-тының директоры болды. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 10 кітаптың авторы. ҚР-ның дипломат. қызметінің құрметті қызметкері (2011). «Достық» орденімен (Ресей, 2011), А.Байтұрсынұлы атынд. алтын (2011) және т.б. мерекелік медальдармен марапатталған. **СҰЛТАНОВ** Өмірзақ Сембайұлы (8.10.1953 ж.т.) – а.ш. ғыл. канд. Семей зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1975), К.А.Тимирязев атынд. Мәскеу а.ш. академиясының аспирантурасын (1986) бітірген. Қазақстанның құрметті спорт қайраткері (2007), Шығыс Қазақстан обл. Көкпекті ауд-ндағы «Үлгілі малшы» ұжымшарында зоотехник-селекционер және №3 фермасында зоотехник (1975–77), Семей обл. а.ш. басқармасының зоотехнигі (1980–83), Қазақтың қой ш. ғыл.-зерт.



Ө.Сұлтанов

технол. ин-тында солт.-шығыс бөлімінің (Семей) кіші ғыл. қызметкері (1977–80), К.А.Тимирязев атынд. Мәскеу а.ш. академиясының аспиранты (1983–86), Семей зоотех.-малдәрігерлік ин-тында кафедра ассистенті (1986–88), Қазақтың қой ш. ғыл.-зерт. технол. ин-ты солт.-шығыс бөлімінің жетекшісі, бас маман (1988–93), Семей зоотех.-малдәрігерлік ин-тында ассистент, аға оқытушы (1993–96), Мемл. қаржы ин-тында аға оқытушы, доцент, казак тілінде оқыту ф-тінің деканы (1996–2000), Семей мемл. ун-тінің аға ғыл. қызметкері, доцент (2000–03), кафедра меңгерушісі (2003–04), проф. міндетін атқарушы (2005–14) болып істеген. 2014 жылдан С.Сейфуллин атынд. ҚазАТУ-да кафедра доценті. С.Бердіқұлов атынд. сыйл. лауреаты (2008). 209-ға жуық ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монография, 4 авторлық куәлік пен 16 оқу құралының авторы. «Мұхтар Әуезов және спорт өнері», А.Байтұрсынұлының қайраткерлігі жайында «Қазақтың экономика ғылымы және Алаш қайраткерлері», т.б. кітаптары бар.

**СҰРАУ БЕЛГІСІ «?»** – жауап сұраған сөйлемдердің соңынан қойылатын белгі.



*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**СҰРАУ ЕСІМДІГІ** – біреуден бір нәрсе туралы сұрағанда айтылатын сөздер. Адам туралы сұрасақ «кім?» дейміз; басқа заттар туралы сұрасақ «не?» дейміз; қай нәрсе екендігін сұрасақ, «қайсы?» дейміз; нәрсенің сыны тақырыпты сұрасақ «қандай?» дейміз; нәрсенің дәл санын сұрасақ, «нешеу?», «неше?» дейміз; нәрсенің дәл саны емес шамасын сұрағанда «қанша?» дейміз; нәрсенің қатарда нешінші екенін сұрасақ «нешінші?» дейміз. Мезгіл туралы сұрасақ, «қашан?» дейміз. «Кім?», «не?», «қайсы?», «қандай?», «нешеу?», «неше?», «қанша?», «нешінші?», «қашан?» деген сөздер *сұрау есімдігі* болады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ** – жауап сұралғанда айтылатын сөйлем. Мыс.: *Сен тамақ иштің бе? Үйде кім бар? Соңшама бұл бидайдың дәні көп пе? Сұрау сөйлемдерінің соңынан сұрау белгісі (?) қойылады.*

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**СҮГІР** Бегендікұлы (1894, Маңғыстау түбегі, Өгізді-Өреуіл – 1974, Түпқараған ауд. Ескіөзен а.) – жырау. Жас кезінде медресе-мектептерде оқыған. Маңғыстау, қарақалпақ пен түрікмен



*С.Бегендікұлы*

жеріндегі Қарасай жыраудан, Қашаған, Сәттіғұл ақындардан, Жылгелді, Шолтаман әншілерден өнеге алған. С. «Ноғайлық жырларын» («Қарасай-Қазы», «Орақ-Мамай», «Едіге») және «Мұңлық-Зарлық», «Алпамыс» сияқты жыр дастандарды, Абыл, Қашаған, Ақтан, Сәттіғұл шығармаларын сан түрлі мақам-сазға салып, әдемі әуенмен айтып, шебер жырлайтын үздік жыршы болған. Сол үшін халық оны «жырау» атаған. Қарақалпақстан, Түрікменстан, Қазақстан жыршылары «Сүгірдің сазы» дейтін 4–5 түрлі әуенді ерекше қадір тұтқан. С. әуені – дауысты бірнеше ырғап, ше-

бер шығандата көтеріп, құбыла толғайтын сұлу саз. Оны талантты, шебер жыршылар ғана әдемі орындай алады. С. мақам-сазымен айтатын жыраудың шәкірттері – Жолжан, Бүркітбай, Жақсылық, Қобылаш жыршылар. Өзі шығарған «Сәттіғұл ақынға», «Хорезм елімен қоштасуы», «Ризамын халқыма», «Өмір сыры», «Мұштарих», т.б. толғаулары бар. «Сәттіғұл мен Сүгірдің жұмбақ айтысы» ел арасына кең тараған. С. репертуарынан жазылған жырлардың бірқатары ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тының Қолжазбалар қорында сақтаулы. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты кітабында Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Құбыла ақын, Жарылғап ақын, Алтыбас, Ақмолда, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, С. жырау, Мұрат, Досжан, Орынбай, Шернияз т.б. ақын-жыраулар шығармаларынан үзінділер берген.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.

**СҮГІР** – ру атауы. Аргын руының Сүгір тармағы – А.Байтұрсынұлының нағашы жұрты. Байтұрсынұлының анасы Күңші – Қостанай өңіріндегі Аманқарағай деген жердегі Сүгір руынан шыққан Құлыбек Шеруұлдың қызы. Келін болып түскен Үмбетей жұртындағы ағайын-туғандары, ауылдастары оны «сарыүйез» деп атаған (Имаханбет Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: ПедагогикаПРЕСС, 2010). Бұл атау Байтұрсынұлының әкесі Байтұрсынның Сібірге жер аударылып, шешесі Күңшінің отбасын қамқорлауына байланысты қойылған. Байтұрсынұлы шешесінің қолдауымен Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебін бітіріп (1891), Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түскен.

**СҮЙЕНІШ ТАЯҚ** – А.Байтұрсынұлының сүйеніш ретінде қолданған заты. Үш жағына қыстың



күні тайғанамас үшін резинадан таған бекітілген. Таяққа күміс жалатылып жасалған. Ахметтің тұған жиені Айман Байсалованың айтуы бойынша С. т. бір кездері сынып қалған көрінеді. Бұл күндері Қостанай қ-ндағы ғалым атынд. мұражайда сақтаулы тұрған таяқ жөндеуден өткізіліп, бұрынғы қалпына келтірілген.

*К.Қошым-Ноғай*

**СҮЙЕУ ТАЯҚ** – сөз басында келген дауысты дыбыс харіфтерінің алдынан қойылған белгі. А.Байтұрсынұлы әліпбиге реформа жасағанға дейін «а» дыбысы сөз басында келгенде мәт (-) белгісімен таңбаланып келді. Сөз басында мәт белгісінің келген «/» таңбасы оқылмай, одан кейінгі дыбыстың дауысты екенін ғана білдіретін. Ғалым «Тіл-құралда» сөздің бітеу буындары мен ашық буындарын айырғанда, сүйеу таяқ (!) дыбыссыз харіфке саналатынын ескертіп, *ынтық, ықтың, ысқын, ырғыз, ылғи арабишасын беру* деген сөздердің бас буындары бітеу буын болатынын айтады. Тұрпаты дауысты «а» дыбысына ұқсас болғанмен, буынға белуде ол дауысты дыбыс ретінде қарастырылмаған. Яғни, сүйеу таяқтың фонемалық статусы болмаған. Жазуда, оқуда қиындық келтіретіндіктен, ғалым әліпбиге реформа жасаған кезде сүйеу таяқ қолданыстан шығып қалды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**СҮЛЕЕВ** Біләл (1893, Алматы обл. Ақсу ауд. Қапал а. Баянжүрек қонысы – 1937) – қоғам қайраткері, ақын, ағартушы, журналист, драматург. Алғашқы білімді әкесі Сүлей Майлыұлынан алған. 1911 ж. өзі туған өңірде ашылған «Мамания» мектебін бітірген. Бірер жыл оқыған зерек баланы осы оқу орнын ұйымдастырушылардың бірі Маманұлы Есенгүл болыс өз қаражатымен «Ғалия» медресесіне оқуға жіберген. 1913–16 ж. Орынбордағы мұғалімдер семинариясын бітірген. 1916 ж. маусым жарлығына ілігіп, қара жұмысқа алынған қазақтарға мыңбасы болып Минск қ-на барды. 1916–18 ж. Қапалдағы татар мектебінде оқу ісін басқарушы болып қызмет етті. 1918–27 ж. халықты жаппай сауаттандыру ісімен айналысып, Жетісу өлкесіндегі қазақ ауылдарында екі жылдық бастауыш, аудан орт-тарында жеті жылдық орталау, облыста тоғыз жылдық орта мектептерін ашуға себепкер болды. С. енгізген бұл тәжірибе Жетісудағы қазақ жастарының Кеңес Одағының барлық қ-ларындағы жоғары оқу орындарына оқуға түсулеріне мүмкіндік берді. 1926 ж. Баку қ-нда Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезі өткізіліп, күн тәртібіне түркі халықтарының жазуы, орфографияның негізгі принциптері, терминология мәселелері, түркі халықтарының тарихы, типографиясы, ана

тілін оқыту әдістемесі, т.б. көптеген мәселелер күн тәртібіне қойылды. Солардың ішінде ең үлкені де, талас-тартысы көбірек болғаны да – түркі халықтарының тегіс латын әліпбиіне көшуі жайындағы мәселе болды. Съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омаров, Әзиз Байсейітов, С., Нәзір Төрөқұловтар делегат болып қатысты (Рәбиға Сыздық. «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақтың ұлттық ғылымының көшбасшысы». Qamshy.kz; қаралған күні: 27.10.2017). 1928–29 ж. Ақтөбе обл. оқу бөлімінің меңгерушісі, 1930 ж. Семей пед. ин-тының алғашқы ректоры болды, соңғы қызметінде жүргенде жазықсыз қамауға алынып, 1932 ж. 5 қыркүйекте босанып шықты. 1932–34 ж. Мәскеу өндіріс орындарында мәдени-ағарту саласында қызмет істеді. 1934–37 ж. Қарақалпақ АКСР-інде халық ағарту комиссары болды. 1937 жылдың соңында 2-рет қамауға алынып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. Семинарияда оқып жүргенде өлең, әңгіме жазумен айналысқан. С. Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде қосымша жұмыс істеп, газет бетінде «Матай», «Қаптағай» деген бүркеншік атпен бірнеше өлең, мақалаларын жариялады. Татардың «Шура» журналының 1916 жылғы 3-санында «Науширван эфенді мақаласы жайында» атты ғыл. мақаласын жариялады. Осы журналда және татар тіліндегі «Вахит» («Уақыт») газетінде С-тің мақалалары мен өлеңдері жиі жарық көрді. С. әдебиет әлемінде сатирик ақын, жалынды көсемсөзші, талантты драматург ретінде танылды. Өлеңдері мен мақалаларында қоғамның келеңсіз жақтарын аяусыз әшкереледі, өткір тілмен мінеді. «Қартаға салынған қатын» атты өткір әжуаға құрылған комедиясы 1921 ж. Алматыда бірнеше рет қойылды. 1922 ж. жазылған «Қабанбай мен Сазанбай» атты өлеңмен жазылған ұзақ сатирасы Жетісудағы алғашқы жер бөлінісіне арналған. «Қыз бен жігіттің айтысы», «Жұт жеті ағайынды», т.б. сатиралық өлеңдері «Қаптағай», «Бұйрас» деген аттармен газет-журналдарда жарық көрген.

*С.Қорабай*

**«СҮТТІ СИЫРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ»** – мақала. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Мақалада автор жұмыс күшіне, ет бағытына және сүт өндіру мақсатына пайдаланылатын сиыр тұқымдарын талдап, жіктейді. Соның ішінде сүтті сиырлардың ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып: «Сүтті сиырдың бас белгісі желіннің бітімінде, желін толған без. Әрбір без есепсіз көп қуықшадан құралады. Қуықшаның ара-арасын қудалаған ет, май, қан жүретін жерінде ыдыс

## СЪЕЗД

болады» деп жан-жақты талдайды. Жазба соңына «Агроном» деген бүркеншік есім берілген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре. – 2013, 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**СЪЕЗД ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР** – алдымен «Айқап» журналында, содан кейін «Қазақ» газетінде 1913 ж. жарияланған мақалалар. Бұл мақалалардың алғашқысы «Айқап» журналында жарияланған Ж.Сейдалиннің «Азып-тозып кетпеске не амал бар?» мақаласы. Бұдан кейінгі мақалалардың көпшілігі осы мақалаға жауап ретінде жазылған. Мыс., Ж.Тілеубергеннің «Бас қосу турасында», Е.Қасаболатовтың «Бас қосу турасында бір-екі ауыз сөз» мақалаларында, «Сиез тасталған емес, басталған әңгіме» атты «Айқаптың» редакц. мақаласында съезді кешіктірмей шақыру қажеттілігі айтылса, Ә.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының мақалаларында қазіргі кезде съезд ашудың мүмкін болмай тұрғандығы, оған халықтың да, елдің бас адамдарының да дайын еместігі, жұрттың қамын съезд ашудан да басқа жолмен шешуге талап қылуға болатындығы айтылады. Ә.Бөкейхан хатының соңында: «Болатын бас қосудан қашпаймын, болмайтын бас қосуға арам тер болмаймын, тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді. Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп жазады.

**СЪЕЗД ТУРАЛЫ ХАТТАР** – жалпы қазақ съезін ашу жөнінде жазылған Ж.Сейдалин, Ж.Тілеуберген, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы мақалаларына үн қосу ретінде жазылған хаттар. Бұл хаттардың авторлары Сейіт, Асқақ Ақберліұлы, Тілеуберген, А.Байтұрсынұлы, Б.Қаратаев, К.Шалқаров және тағы басқалардың хаттарында қазақ съезін ашудың қазіргі кезеңдегі өзектілігі, маңыздылығы сөз етіледі.

**СЪЕЗД ХАТТАМАСЫ** – Алаш қозғалысы тарихындағы аса маңызды құжаттардың бірі. Құжатта 1917 жылғы 5–13 желтоқсаны аралығында өткізілген жалпықазақ съезінің барысы берілген. Құжатта Бөкей ордасынан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Самарқан облыстарынан және съезге арнайы шақырылғандар, сонымен бірге съезді шақырушылардың аты-жөндері берілген. Құжаттан осы съезде автономия, милиция, ұлт кеңесі, оқу, ұлт қазынасы, мүфтилік, сот, ауылнай, азық-түлік мәселелері қаралғанын көреміз. Осы хаттаманың көшірмелері Алашорда үкіметінің атынан негізгі құжат ретінде басқа мемл., әскери құрылымдарға жолданылып тұрған. Хаттаманың соңына съезд төрағасы Б.Құлманов, серіктері Бөкейхан, Қараш, Досмұхамедов, Кенесарин, Дулатов, хатшылары Қадырбаев, Күсепқалиевтер қол қойған. Біздің

дәуірімізге жеткен осы хаттаманың сол жақ бұрышына Алаш көсемі А.Байтұрсынұлының қолымен: «КССР мұрағатына IX. 28 ж. Байтұрсынов тапсырды» деп жазылған.

*Е.Тілешов*

**СЫДЫҚОВ** Ерлан Батташұлы (29.2.1956 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Семей қ.) – тарих ғыл. докт. (1999), проф. (2001), Халықар. пед. білім беру (2003), Қазақ білім беру (2005), Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары (2005) академияларының акад. ҚР Білім беру ісінің құр-



*Е.Сыдықов*

метті қызметкері (2001), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2005), ҚР спортының құрметті қайраткері (2007). ҚазҰУ-ды (1978) және аспирантурасын (1984) бітірген. 1984–96 ж. Семей ет және сүт өнімдері технол. ин-тында ассистент, аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі, ректордың орынбасары, 1996–97 ж. ҚР Үкіметі аппаратында мемл. қызмет және кадрлармен жұмыс бөлімінде кеңесші, 1997–2008 ж. Семей мемл. пед. ин-тының және 2008–11 ж. Семей мемл. ун-тінің ректоры қызметтерін атқарған. 2011 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінің ректоры. Негізгі ғыл. бағыты – Отан, Алаш тарихы, Абайдың мәдени-тарихи ортасының тарихы, шәкерімтану, жаңа Қазақстандағы демократия тарихы, еур. идеялар тарихы. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 4 монография мен 3 оқу құралының, кітаптардың авторы. Шығыс Қазақстан обл., 2 рет Астана қалалық мәслихаттарының депутаты болып сайланған. ҚР Ұлттық кеңесінің мүшесі. «Парасат», 2-дәрежелі «Барыс» ордендерінің, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы атынд. күміс, т.б. медальдардың, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің (2007) иегері. Халықар. биограф. орг. комиссиясының (Кембридж, Англия) шешімімен білім мен ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін «Әлемнің көрнекті ғалымы» атағы берілді. Шығыс Қазақстан обл-ның құрметті азаматы (2009). С-тың «Шәкерім және Алашорда: ғылыми жи-

нақ», «Алаш қаласының тарихы», «Алашорда және ұлт зиялылары», «Шакарим и Алашорда: вопросы шакаримоведения», т.б. туындылары бар. «Шәкерім» атты кітабында (2013) А.Байтұрсынұлының Қоянды жәрмеңкесіне барғандығы, Қарқаралы петициясына қатысқандығы, сонымен қатар қазақ әліпбиін құрастырғандығы, т.б. жайында мол деректер берілген.

**СЫЗДЫҚ** Рәбиға Сәтіғалиқызы (17.8.1924 ж.т., Ақтөбе обл. Ойыл ауд. Ойыл а.) – филол. ғыл. докт. (1971), проф. (1989). ҚР ҰҒА-ның акад.



Р.Сыздық

(2003), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері (1989). ҚазҰПУ-ды (1947) және аспирантурасын (1951) бітірген. Ун-тті бітірген соң мектепте мұғалім, пед. уч-шеде оқытушы, «Мектеп» баспасында редактор, редакция меңгерушісі (1940–61), Тіл білімі ин-тында қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы (1961–67), тіл мәдениеті (1980–94) бөлімдерінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері қазақ әдеби тілінің тарихы, Абайдың поэтик. тілі, қазақ тілінің поэтикасы, 15–19 ғ-лардағы ақын-жыраулар тілі, ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінің тарихы мен лексик.-грамматик. құрылымы, текстологиясы, тарихи лексика, лингвостилистика, тіл мәдениеті салаларына арналған. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (1995), ҚР Мемл. (1996) сыйлықтарының лауреаты. «Құрмет белгісі» (1971), «Парасат» (2004) ордендерімен, медальдармен марапатталған. С. қазақ әдеби тілінің қалыптасуы, Абай шығармаларының тілі жөнінде іргелі зерттеулер жазды. Оның А.Байтұрсынұлына арналған еңбектерінде ғалымның тілдік мұрасының қазақ тіл білімінің қалыптасуындағы орны ғыл. тереңдікпен айқындалды. С-тың «Ахаң өлең арнаған...» («Қазақ әдебиеті», 8.9.1989) «А.Байтұрсынұлы – ұлттық ғылым-білімнің көшбасшысы», «Ахмет Байтұрсынов» («Қазақ әдебиеті», 6.1.1989), Байтұрсынұлының ғыл.-зерт. еңбектері жөнінде «Ғалым зерттеуші: Сан қырлы сандық дарын», т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген.

**«СЫЗ» ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол заттың екінші затта жоқтығын көрсететін жұрнақ. Мәселен: «*бала*» деген сөзге «*сыз*» жұрнағын жалғап, «*баласыз*» деп баласы жоқтығын көрсетеміз, «*мал*» деген сөзге «*сыз*» жұрнағын жалғап, «*малсыз*» деп, малы жоқтығын көрсетеміз. «*Жан*» деген сөзге «*сыз*» жұрнағын жалғап, «*жансыз*» деп, жаны жоқтығын көрсетеміз тағысың тағылар.

**Әдеб.**: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЫЗЫҚША** «-» – жалпылағыш қос сөздердің арасына, сөзді тасымалдаған кезде, т.с.с. қойылатын белгі. Мыс.: *аяқ-табақ, киім-кешек, қой-қозы, сауыт-сайман, ер-тұрман* немесе *сау-да, са-йақ, а-сық, тұш-қыл-тым, са-рым-сақ, мақта-ну-ға, жал-пыл-дау-ға, а-тыс-ты-ру-ға*. Бүгінгі таңда А.Байтұрсынұлының «сызықша» деген атауының орнына орыс тілі арқылы латын тілінен енген *дефис* атауы қолданылып жүр. Ғалым «дефис» сөзінің баламасы ретінде *сызықша, қосарлық, кіші сызықша* атауларын пайдаланған. Ал қазіргі кезде *сызықша* атауы «дефис» емес, орысша «тиренің» баламасы ретінде қолданылып жүр. Дұрысында, қазақ тілінде **-ша/-ше** қосымшасы кішірейту мәнінде жұмсаланды (*тақтайша, қалташа, қалақша* т.с.с.). Сондықтан А.Байтұрсынұлы ұстанымдарын қуаттап, негізге ала отырып, *сызықша* деген атауды «дефистің» баламасы ретінде қолданып, *сызықша, тире* деген атаулардың орнына *сызық* деп алған жөн. Яғни, ұзынын «сызық» деп, қысқасын «сызықша» деп атаған дұрыс болар еді.

**Әдеб.**: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**СЫЙМАҒАН БУЫН** – тасымалдау барысында жазып келе жатқан жолға сыймай қалған, келесі жолға асырылатын буын.

**Әдеб.**: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. – I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЫЙЫСУЛЫ ҚҰРМАЛАС** – сөйлемдері сыйыса құрмаласқан сөйлем. Мыс., *Қарабай мен Сарыбай аңға шықты* дегенде екі сөйлем сыйысып, қосылған. Ал қосылмай, бөлек тұрғандағы түрі: *Қарабай аңға шықты. Сарыбай аңға шықты*. Бұларды екі қайта айтып жатпау үшін екеуін сыйыстырып қосып, бір-ақ айтқан. Сыйысулы құрмалас екі түрлі: 1) шұбалаң, 2) ықшам. **Шұбалаң түрі**: *Мен бүгін ерте тұрдым, жуындым, киіндім, шай іштім, сабаққа бардым. Біқшам түрі*: *Мен бүгін ерте тұртып, жуынып, киініп, шай ішіп, сабаққа бардым*.

**Әдеб.**: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

## СЫМБАТ

**СЫМБАТ ӨНЕРІ** – балшықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сүгірет жасау өнері, скульптура.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СЫН** – адам ісінен шыққан нәрсені тексеріп, баға беру. Ғылымнан, өнерден шыққан нәрсе, кәсіптен өнген, қоғамшылықпен құралған нәрсе сынға салынатынын ескерте келіп, А.Байтұрсынұлы дарынды сөзді сынаушы мен ұстаны өзара салыстыра отырып, былай дейді: «Дарынды сөзді сынау үшін де білім керек, бірақ қара сөзді шығармаларға керек болған пән білімі емес, басқа түрлі білім керек. Бұған ғылым білімінен гөрі өнер білімі көбірек керек. Ұстаның мінін көбінесе ұсталар көреді. Сондай-ақ дарынды сөздің мінін ақындық дарыған адам көбірек көрмек, бірақ ұста істеген нәрсенің мінін ұстаның бәрі көре бермейді. Жақсы ұста ғана ұста істеген нәрсенің мінін көре алады. Жаман ұстаға өзінен артық ұстаның істеген нәрсесінің бәрі де жақсы көріне береді. Ондай ұстандан да жақсы ұстаның істеген нәрсесін тұтынып, көзі үйренген жай адам ұстаның ісін артық сынамайды. Сол сияқты, дарынды сөзді ақындығы шамалы адамнан да жақсы ақындардың сөзін оқып, әдемілігінен әсер алып үйреніп қалған, оқыған жай зейіні ашық адамдар дарынды сөзді артық сынауы ықтимал. Сондықтан дарынды сөзді сынауға ақындық керек болғанмен, ақын емес адамның да қолынан келмейтін іс емес. Сүйтіп, ғылым сыны ғалымдықсыз жасалмайтын сын да, дарынды сөз сыны ақындықты керек қылғанмен, ақындығы жоқ, ақындықтан шыққан әдемі сөздерге үйір болған адамдар да жасауға болатын сын».

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СЫНАУ** – «Тіл-құралды» оқыту барысында қолданылатын тәсіл. А.Байтұрсынұлы «Тіл-құралда» мұғалімдер үшін әдістемелік кеңестер де беріп, материалды балаларға тез әрі жеңіл үйретудің жолдарын да көрсетіп отырған. Ғалымның өзі «сынауы» былайша сипаттайды: «Балалар дағдыланып, үйреніп болды ғой дегенде, нық біліп болған, болмағанын байқау керек, сынау керек. Сынағанда үйренген қағида я ережелерді орнына келтіріп жаза ала ма? Жаза алмай ма? – Соны сынау».

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**СЫНАУЛЫҚ ҮСТЕУ** – істің сынын көрсететін сөздер. Сынаулық үстеу сұрауы: *қалай? қалайша?*

Осы сұрауға жауап болмаған сөз үстеу болмайды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**«СЫН ӘУЕНІ: ӘДЕБИ ОЙ-ТОЛҒАНЫС-ТАР»** – зерттеу еңбек. Авторы – С.Жұмабек. ҚР

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің бағдарламасы бойынша шығарылған. Аст., «Елорда» баспасынан 2001 ж. жарық көрген. Көл. 288 бет. Таралымы 2000 дана. «Тарихқа тағзым. Тәуелсіздік тұмарлары мен тәбәріктері», «Тәуелсіз әдебиетіміздің тарландары», «Тәуелсіз әдебиетіміздің хас суреткерлері», «Тәуелсіз әдебиетіміздегі менің буыным» атты 4 бөлімнен құралған автордың бұл кітабына еліміз тәуелсіздік алған он жыл ішінде жазылған, мерзімді баспа-сөз беттерінде жарияланып, жұртшылық назарын аударған мақалалары топтастырылған. Кітаптың 15–20 беттерінде автордың А.Байтұрсынұлының шығарм. жайлы жазған көлемді «Атақазак – Ахмет» атты ғыл. мақаласы берілген.

*С.Арғынғазин*

**СЫН ЕСІМ** – нәрсенің сынын көрсететін сөздер. Сын есімнің сұрауы *қандай? Мәселен: Жаман төре жан алар. Қандай төре жан алар?* – Жаман төре жан алар. *Арық атқа қамшы жүк. Қандай атқа қамшы жүк?* – Арық атқа қамшы жүк. «Жаман», «арық» деген сөздер «қандай?» деп сұрағанға жауап береді және өздері нәрсенің сынын көрсетеді. Осындай «қандай?» деп сұрағанға жауап болатын сөздердің бәрі де сын есім болады. Сын екі түрлі: 1) тек сыны, 2) сыр сыны.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**«СЫН ЖАНРЛАРЫ»** – оқу құралы. Авторы – Д.Ысқақұлы. ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрінің, ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің, «Санат» баспасынан 1999 ж. жарық көрген. Көл. 288 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл еңбек қазақ әдеби сынындағы жанрлар жүйесін зерделеуге арналған. Жалпы әдеби сын, оның ішінде аннотация, рецензия, мақала, шолу, шығарм. портрет сияқты жанрлық түрлері қазақ баспасөзінің тәжірибелеріне сүйене отырып, типол. тұрғыдан қарастырылған. Сондай-ақ еңбекте «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №43 санында жарық көрген А.Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақынында» шығарм. портреттің жанрлық белгілері сараланғаны, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде әдеби сындың жанрлық сипаттары айқын көрініс тапқаны айтылған. Кітап жоғары оқу орындарының филология, журналистика факультеттерінің студенттеріне, зерттеушілер мен әдебиет сүйер көпшілік қауымға арналған.

*С.Хасенов*

**«СЫН» ЖУРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол зат сияқтануды білдіретін жұрнақ. Мәселен: «адам» деген сөзге «сың» жұрнағын жалғап, «адамсың» дейміз адам сияқтану үшін. «Жігіт» деген сөзге «сің» жұрнағын жалғап, «жігітсің» дейміз, жігіт сияқтану үшін.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЫН ПЫСЫҚТАУЫШ** – істің сынын, амалын білдіретін сөз. Сын пысықтауыштың сұраулары: *қалай? қайтін?* Ғалым сын пысықтауыш сынаулық үстеу орнына айтылған зат есімнен жасалатынын айтады. *Тазы түлкіге әрең жетті* деген сөйлемді мысалға келтіріп, *әрең* сөзін сын пысықтауыш болған сынаулық үстеу ретінде сипаттайды. Сол *Құс ұшар жүйесімен аспандағы* деген сөйлемдегі *жүйесімен* қалған сөзді сын пысықтауыш болған үстеу орнына айтылған зат есім ретінде көрсетеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**СЫН ПЫСЫҚТАУЫШЫНЫҢ БАҒЫНЫҢҚЫСЫ** – істің сынын айтып тұратын бағыныңқы сөйлем. Мыс.: *Қалай бақсаң, атың солай жүрмек*. Мұнда басынқы сөйлем – *«атың солай жүрмек»*, бағыныңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұр? Оны білу үшін сұрау салайық. Атың қалай жүрмек? – *қалай бақсаң (солай)*. «*Солай*» – басынқы сөйлемнің сын пысықтауышы, «*Қалай бақсаң*» деген бағыныңқы сөйлем «*солай*»-дың шылауында тұр және «*қалай?*» деген сын пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем сын пысықтауышының бағыныңқысы болады. Сын пысықтауышының «*қалай*»-дан басқа да сұраулары бар. Мәселен: «*қалайша?*» «*қанша?*», т.б. Солай болған соң, «*қалай?*» деген сұрауға ғана емес, сын пысықтауышының басқа сұрауларына да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер сын пысықтауышының бағыныңқылары болады. Мыс.: 1) *Қалайша үлгі пішілсе, солайша киім тігілмек*. Киім қалайша тігілмек? – *қалайша үлгі пішілсе, (солайша)*. 2) *Қанша іс қыла білсе, сонша жұмыс өнбек*. Жұмыс қанша өнбек? – *Қанша жұмыс қыла білсе, (сонша)*, т.б.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**СЫН ҰҒЫМЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ** – зейін басқаның ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде пайда болатын ұғым жүйесі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**«СЫН ШЫН БОЛСЫН»** – оқу құралы. Авторы – Д.Ысқақұлы. ҚР Білім мин. ұсынған. А., «Қазақ университеті» баспасынан 1993 ж. жарық көрген. Көл. 128 бет. Тарадымы 2000 дана. Кітап кіріспеден, үш тараудан («Әдеби сынның табиғаты», «Әдеби сынның принциптері», «Әдеби сынның түрлері») және сілтеме әдебиеттер тізімінен тұрады. Кітапта әдеби сынның теориясы зерттеліп, оның әдістері, ұстанымдары, міндеті тәрізді басты категорияларына терең талдау жасалған. Сын түрлеріне жан-жақты тоқталып,

әдебиеттану ғылымын танып-білуде жүйеге түсірілген парасатты пайымдаулар берілген. Еңбекте қазақ әдебиетінде 20 ғ-дың алғашқы кезеңінде А.Байтұрсынұлы шығармаларының жарық көруі сыни ой-пікірдің жаңаша қарқынмен дамуына түрткі болғаны, ол басқарған «Қазақ» газетінің ұлттық әдебиеттің мәселелерін әр түрлі деңгейге көтергені, «Маса» жинағының жарық көруі әдеби сынды ілгері жетелегені, ұлы Абайдың өлендері жайлы Байтұрсынұлының ой-пайымы да айтылған. Жоғары оқу орындарының студенттеріне, аспиранттары мен оқытушыларына арналған.

*С.Хасенов*

**СЫПАЙЫ ӘДЕБИЕТ** – жазу-сызу, өнер-ғылымы бар мәдениетті жұрттардың сыпайы тілмен жазып шығарған асыл сөздері, жазу әдебиет. Ғалым барлық халықтың да жазу-сызу, өнер-ғылым білмеген шағы болғанын ескерте келіп, анайы әдебиет пен сыпайы әдебиетті салыстыра отырып сөз етеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**СЫПАЙЫ ЖІКТЕУ** – қалыптың амалын, болмыстың жігін ашып, сыпайылық ретпен жақ-жаққа айыра сөйлегенде қосылатын жалғау: *Жекеше*: 1-жақ: *баламыз, бөпеміз, адамбыз*; 2-жақ: *баласыз, бөпесіз, адамсыз*; 3-жақ: *бала, бөпе, адам*. *Көтше*: 1-жақ: *балалармыз, бөпелерміз, адамдармыз*; 2-жақ: *балаларсыз, бөпелерсіз, адамдарсыз*; 3-жақ: *балалар, бөпелер, адамдар*.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЫПАЙЫ ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІ** – сыпайылық ретпен сөйлегенде қолданылатын жіктеу есімдіктері.

<i>Жекеше:</i>	1-жақ	2-жақ	3-жақ
Атау	кім?	<i>біз</i>	<i>сіз</i>
Ілік жалғау	кімнің?	<i>біздің</i>	<i>сіздің</i>
Барыс жалғау	кімге?	–	<i>сізге</i>
Табыс жалғау	кімді?	<i>бізге</i>	<i>сізді</i>
Жатыс жалғау	кімде?	<i>бізді</i>	<i>сізде</i>
Шығыс жалғау	кімнен?	<i>бізде</i>	<i>сізден</i>
		<i>бізден</i>	–
<i>Көтше:</i>	кімдер?	<i>сіздер</i>	–
Атау	кімдердің?	<i>біздер</i>	<i>сіздердің</i>
Ілік жалғау	кімдерге?	<i>біздердің</i>	<i>сіздерге</i>
Барыс жалғау	кімдерлі?	<i>біздерге</i>	<i>сіздерді</i>
Табыс жалғау	кімдерде?	<i>біздерді</i>	<i>сіздерде</i>
Жатыс жалғау	кімдерден?	<i>біздерде</i>	<i>сіздерден</i>
Шығыс жалғау		<i>біздерден</i>	–

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**СЫПАЙЫЛЫҚ РЕТПЕН СӨЙЛЕУ** – ортақ тәуелдеу түрімен айту.

## СЫРДАРИЯ

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.*

**СЫРДАРИЯ** – Орт. Азиядағы ірі өзендердің бірі. Бастауын Орт. Тянь-Шань сілемдерінен алады. Нарын мен Қарадария өзендерінің қосылған жерінен бастап С. деп аталады, Арал т-не құяды. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда, құрлықтың ірі өзен-көлдеріне де тоқталған. Сондай ірі өзендерінің бірі – Орт. Азияның орта тұсынан ағатын С. өз. айтылады.

**СЫР СЫНЫ** – нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін, яғни, түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсететін сөздер. Мыс.: *биік, аласа, жуан, жіңішке, толық, нәзік, торы, күрең, шабдар, бурыл, зирек, момын, қу, сұм, аңқау т.с.с.*  
*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.*

*О.Жұбаева*

**СЫРТАНОВ** Барлыбек (1866, бұрынғы Жетісу обл. Қапал уезі Арасан болысы – 26.10.1914, сонда) – қоғам қайраткері. С. Верныйдағы ер балалар гимназиясында орта білім алып, 1886 ж. Санкт-Петербург ун-тінің шығыстану ф-тіне оқуға түседі. Ол студенттік шағында сондағы жоғары оқу орындарында оқып жүрген М.Сералин, Б.Қаратаев, А.Теміров, Б.Құлманов секілді қазақ жастарымен бірлесіп, «Жерлестер» атты үйірме құруға ат салысты. Бұл үйірме мүшелері студент жастарға материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыруымен бірге саяси-әлеум. мәселелерді қызу талқыға салды. Ун-тті аяқтағаннан кейін С. 1891–94 ж. Ташкент қ-нда Түркістан ген.-губернаторының қазыналық палатасында қызмет етті. 1894 ж. 29 қыркүйекте Жетісу әскери губернаторының бұйрығымен обл. басқармада іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Кейін ерекше тапсырмалардың кіші шенеунігі қызметін атқарды. Ол Жетісу обл. басқармасында қызмет ете жүріп, Ресей шенеуніктерінен жәбір көрген қазақ халқының өкілдеріне көмек көрсетуді өз борышы санады. 1903–07 ж. С. Ресей мен Қытай шекарасының межесін тексеру ісіне ат салысты. Патша өкіметінің орыс шаруаларын Жетісу өңіріне қоныс аударып, жергілікті халықтың мал бағуға, егіс егуге жарамды жерлерін тартып алуына наразылық танытты. «Айқап» журналында қазақ халқының әлеум.-саяси мәселелеріне қатысты мақалалар жариялады. Сол тұстағы жергілікті халықтың мұң-мұқтажын айқындау әрі оны шешу жолдарын қарастыру мақсатында жалпықазақ съезін шақыру мәселесін көтерді. Оның мұндай ұсынысы С.Лапин, Р.Мәрсеков, Ж.Сейдалиев және Б.Қаратаев секілді қазақ зиялылары тарапынан қолдау тапты. Қазақ зиялылары бас қосқан 1905 жылғы Қарқаралыдағы

Қоянды жәрменкесінде Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Жакып Ақбаевтармен бірге С. та қазақ ұлтының жерге қатысты және өзге де құқықтарын талап етіп, патшаға петиция жазды (Н.Байгелова. С.Өзбекұлы. Қарқаралы петициясы және Қазақстан конституционализмінің дамуы. А., 2007). 1910–13 ж. С. өз тарапынан құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің отары қатарынан шығаруды көздеген жарғы әзірледі. Бұл жарғыда қазақ жері Ресей отары емес, доминоны болу керектігі көрсетілді. Ол ауыр науқастан қайтыс болып, туған ауылында жерленді.

*Ә.Шааиев*

**СІБІР ГУБЕРНИЯСЫ** – Ресейдегі әкімш. бөлік. 1708 ж. Ресей патшасы Петр І-нің жарлығы бойынша Сібір өлкесін басқару үшін құрылған. Алғашқы орт. – Тобыл қ. Сібір өлкесін 1822 жылға дейін басқарып келген Сібір приказы орт. мемл. мекеме сипатындағы маңызын жойып, Сібір ген.-губернаторының қарауына өтті. С. г-ның құрамына Сібір өлкесі мен Орал жағалаулары енді. Онда бұрыннан қалыптасқан әкімш.-аум. бөлініс тәртібі сақталды. 1764 ж. 19 қазанда Екатерина II патшаның жарлығымен С. г. таратылып, орнына Тобыл және Иркутск губ-лары құрылды. С. г. Ресей өкіметінің солт.-шығыс Қазақстанды отарлауында шешуші рөл атқарды. А.Байтұрсынұлы «Закон жобасының баяндамасы» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) 1822 жылдың 22 маусымына дейін Сібір өлкесі болып келген аумақ губ-ларға және облыстарға бөлінгенін айтады. Осы жылы Сібір уставы шығып, облыстар – округтерге, округтер – уездерге, уездер – болыстарға, ал болыстар ауылдарға бөлінетін болды делінген. **СІЛТЕУ ЕСІМДІГІ** – бір нәрсені көрсеткенде айтылатын сөздер. Мыс.: жақын нәрсені көрсеткенде «осы», «бұл», «мынау» дейміз. Алыс нәрсені көрсеткенде «сол», «анау» дейміз. «Осы», «бұл», «мынау», «сол», «анау» деген сөздер *сілтеу есімдігі* болады. Сілтеу есімдігінің жалғаулары ғана өзгеріп қоймайды, өздері де өзгеріпкіреді. *Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.*

*О.Жұбаева*

**«СІНІМДІ, СІНІМСІЗ АС»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Тамақ түрлері, олардың ерекшеліктері, бойға таралуы, адамға қорек болуы туралы ғыл. түсінік берілген.

**«СІРГЕЛІ ЕЛШІБЕК БАТЫР»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Жоңғар шапқыншылығы тұсында қалмақ сарбазымен сайысқа түскен Елшібек батырдың тапқырлығы әңгімеленеді. Авторы Шоқан (Уәлиханов) делінген. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*



**ТАБАНДЫ ДАНАЛЫҚ** – ғаламның адам арқылы жетерлік жағын зейінге салатын сап даналығының жолы.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТАБАНСЫЗ ДАНАЛЫҚ** – ғаламның адам арқылы жетпестік жағын зейінге салатын сап даналығының жолы.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТАБЫС ЖАЛҒАУ** – тура толықтауыш қызметінде жұмсалатын табыс септігінің жалғаулары: ны, ды.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТАБЫСТАУ** – *табыс жалғау*. А. Байтұрсынұлы еңбектерінде табыс жалғау кейде *табыстау жалғау* деп те қолданылады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О. Жұбаева*

**«ТАҒДЫР»** (Жазмыш) – «Оқу құралына» енген Шығыс халқының әңгімесі. Авторы – орыс жазушысы Короленко. Адам өмірі, табиғаттағы тіршіліктің себеп-салдары жөніндегі әр алуан түсініктегі адамдардың көзқарасы, пікірі бейнеленген. Үш қарт пен жас жігіттің арасындағы әңгіме түрінде өтеді. Шәкірттердің әр нәрсеге өзінің жеке дүниетанымын қалыптастыруға әсер етеді. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С. Ғұсманқызы*

**«ТАҒЫ ДА НАРОДНЫЙ СОТ ХАҚЫНДА»** – мақала. «Айқап» журналының 1911 жылғы 6-нөмірінде (6–10-беттерінде) және 1913 ж. «Қазақ» газетінде жарық көрген. Ғалымның «Ақжол» (А., 1991. 210–213-беттер) атты жинақ кітабына, «Айқап» энциклопедиясына (А., 1995. 65–68-беттер), Жана низам (А., 1996. 12–16-беттер), Қазақ прозасы (444–447-беттер) атты жинақтарға және 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Осы кітаптар мен жинақтарға енгізілген мақаладағы кейбір сөздер қазіргі емлеге тү-

сірілген. Мәселен, «иә – я», «иаки – яки», «қалық – халық», «судиа – судья», «шенеунік – чиновник», т.б. Сондай-ақ, шығармадағы орыс тілінен енген «народный», «закон», «чиновник», «казенный», т.б. сөздері қазақша баламаланбаған, кей тұстары мәтін ішінде халық, қазына, заң сөздері аударылған тізбекпен қатарласа беріледі. Аударма ісіне өте шебер Байтұрсынұлы сол тұстағы әлеум. орта, зиялы қауымның ұғымына түсінікті болу үшін орыс тілінен шыққан сөзді сол қалпында беріп отырса керек. Сонымен қатар, жалпы түркі жұртына ортақ «низам, шарифат, муафик» секілді атау сөздер де кездеседі. Осы мақалада сол заманғы Қазақ еліндегі сот құрылымының бірқатар көкейтесті мәселелерін сөз етеді. Билердің орнына сайлау арқылы енгізілген «халық соты» деп аталатын лауазымға қатысты пайда болған жағымсыз құбылыстардың себеп-салдарына талдау жасай отырып: «Народный сот дегеніміз қазақтың ғадетіндегі қағидалар бойынша айтылатұғын билік. Бұрынғы әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатұғын жақсы дәрі еді, бұл күнгі арам билердің қолында дәрі болмақ түгіл, у болып жұғып тұр», – дей отырып, оны қалай шешу жолдарын қарастырады. Мақала соңында: «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» деген түйінмен білімді де біліктілер арқылы елінің болашағы дамитынына үміт артады.

*Р.Имаханбет*

**«ТАЗА БҰЛАҚ»** – өлең. А. Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 14 шумақ және 56 жолдан тұрады. Соңында өлеңнің авторы «Азамат» деп көрсетілген.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013, 4-т.

*К. Қошым-Нозай*

**«ТАЙНЫ И СУДЬБЫ ВЕЛИКИХ КАЗАХОВ»** – А. Байтұрсынұлы туралы 52 минуттық деректі фильм. 2016 ж. «Білім және мәдениет» арнасы түсірген. Жоба авторы әрі реж. – Майя Бекбаева. Ахмет рөлін актер Айтбек Тәшімбетов сомдаған. Эпизодтық рөлдерде Елена Дручинина, Нұрбек Назірұлы, Бекзат Тоқаманов, Әли Қалымжанов, Ислам Тоқаманов, Шыңғыс Қалымжанов, Аружан Омарбекова, Талғат Қамзахановтар ойнайды. Фильмге А. Байтұрсынұлы мұражай-үйі, Абай атынд. мемл. тарихи-мәдени мұражай, Семей қ. Ф. М. Достоевский атынд. мемл. орыс драма театры, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Орт. мемл. кинофото құжаттар мен дыбыс жазбалар мұрағаты қолдау көрсеткен.

*Р.Имаханбет*



## ТАЙШЫБАЙ

**ТАЙШЫБАЙ** Зарқын Сыздықұлы (31.3.1942 ж.т., Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Егіндібұлақ а.) – филол. ғыл. докт. (1997). Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2016), Қазақстан білім беру саласының құрметті қызметкері (2002), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2016). ҚазҰУ-



3. Тайшыбай

дың аспирантурасын, Алматы жоғары партия мектебін (1972) бітірген. Еңбек жолын 1960 ж. Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. «Ленин туы» газетінен бастаған. Ауд. кеңес атқару к-тінде бөлім меңгерушісі, ауд. газет редакторының орынбасары, редакторы, обл. газетте бөлім бастығы қызметтерін атқарды. Қарағанды мемл. ун-тінде аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент (1992–2000), 2000 жылдан Солт. Қазақстан мемл. ун-тінің проф., 2001 жылдан «Атамекен» этномәдени ғыл.-зерт. орт-ның жетекшісі болды. Т. көптеген ғыл. және пед. кітаптардың жауапты шығарушысы әрі редакторы. 200-дей ғыл. мақала, 12 монография, 13 оқулық пен оқу құралының авторы. А.Байтұрсынұлы атынд. «Саңлақ автор» төсбелгісімен (2007), т.б. марапатталған. ҚР ЖОО-ның үздік оқытушысы (2012). Т-дың Алаш әдебиетінің көрнекті өкілі М.Жұмабаевқа арналған «Мағжанның Қызылжары» және Алаш қозғалысының қайраткері туралы жазылған «Жақып Ақбаев. Күрескерлік өмірбаяны» (Н.Дулатбековпен бірге) зерттеулері бар. Сонымен бірге Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбаев, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Әуезов, Жұмабаев, Қ.Кемеңгеров, С.Сәдуақасов т.б. Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі туралы тың деректерге құрылған ғыл. мақалалары және «Мен қазаққа не жаздым», Байтұрсынұлының 1920 ж. еңбекшілер көсемі Ленинге жазған баянхаты «Ленинге хат» (2013) мақалалары жарық көрген. Сондай-ақ «Ахмет Байтұрсынұлының ісі», «А.Байтұрсынұлының өмірінің Қарқаралы кезеңі», «Ақан Қуға келіп тұрушы еді», «Қарқаралы петициясы туралы ақиқат», т.б. зерттеу мақалаларында Байтұрсынұлының күрескерлік және ұстаздық өмірбаянының көпке мәлімсіз тұстарын ашты.

**ТАҚЫРЫП, ЖОСПАР, МАЗМҰН, ТҮРІ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған термин. А.Байтұрсынұлы сөз өнеріне қатысты ұғымдар мен түсініктерді шығарма сөз немесе оны қысқартып шығарма деп атаған. Ғалым шығарма сөздің тақырыбы, жоспары, мазмұны, түрі болатындығының теориясын қалыптастырып, мысалдар арқылы дәйектеген. Демек, шығарма сөзде осы ұғымдардың барлығы сақталған кезде ғана толық мазмұнды, құрылымды шығарма болмақ. Байтұрсынұлы тұжырымынша, «әңгімедегі пікір не туралы болса, сол нәрсе тақырыбы болады». Сонымен қатар тақырыбы қойылмаған өлеңдерді бірінші жолындағы сөздермен атайтындығын көрсеткен. Жазушы я ғалым сөзін шығарудан бұрын ойын жүйелеп, жоспарлайды. «Қай шығарма сөзде де болса, жоспар болады, бірақ біреуінің жоспары, тәртібі сара-сара ашық болады. Қаншама кішкентай шығарма болса да, өзіне сәйкес жоспары болады» дейді Байтұрсынұлы. Жоспарсыз шығарма жазылған жағдайда тақырып пен идея ашылмай, ой шашыраңқы болып, тыңдарманға жүйесіз дүние жеткізіледі. Сол себепті шығарма шағын болсын, көлемді болсын оның жоспары болуы шарт. Сонымен бірге ғалым «бір нәрсе туралы ойға алған пікірді айтуға жұмсаған бүкіл сөзіміз мазмұн болатынын» айта келіп, мазмұнның үш түрін көрсеткен: аңдату, мазмұндау, қорыту. Аңдату барлық шығармада бола бермейді, ал мазмұндау – шығарма сөздің ең маңызды тұсы. Мазмұндаусыз шығарманың мазмұны болмайды. Қорыту бөлігінде осы мазмұндауда айтылған өзекті мәселелер қорытылады. Байтұрсынұлының шығарма сөзге қатысты тағы бір маңызды мүшесі – түрлері. Мазмұндауда айтылған ойдың, идеяның оқырманға я тыңдарманға жеткізілу амалын шығару түрлері дейді. Ғалымның пікірінше, «шығарманың мазмұны төрт түрде айтылады: жай сөйлеу түрде, сөйлестірген түрде, хат түрінде, аралас түрде».

Ә.Қожахмет

**ТАҚЫРЫПШЫ МҮШЕ** – оралымның мүшесі, пікір тақырыбы. Ғалым оралымды екі мүшеге жіктеп, бір мүшесінде пікір тақырыбы, екіншісінде пікір баяны болатынын ескертеді. Сол себепті біріншісін *тақырыпшы мүше*, екіншісін *баяншы мүше* деп атайды. Қазіргі кезде *тема, рема* түрінде қолданылып жүрген атаулардың орнына ғалым ұсынған *тақырыпшы мүше, баяншы мүше* атауларын алуға әбден болады. Осы саладағы еңбектерін зерделей келе А.Байтұрсынұлының «коммуникативті грамматиканың негізін салушы» деп атаймыз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

О.Жұбаева

«ТАЛАС» – «Оқу құралына» енген мәтін. Жерден өніп шығатын жеміс, шөп, астық, ағаш төртеуінің «Адамға қайсымыз көп пайда келтірерміз?» деп таласқаны айтыла келіп, соңында автордың: «Босқа қызыл кенірдек болмаңдар. Бәрің де пайдалысыңдар» деген сөзімен қорытындыланады. Осыған ұқсас әңгімелер Ы.Алтынсарин құрастырған кітаптарда және Абайдың қарасөздерінде де бар.

*С.Ғұсманқызы*

**ТАЛҒАУЛЫ ШЫРАЙ** – нәрсенің сиқының бірінен бірі артық-кемдігін көрсететін шырай. Талғаулы шырайды көрсету үшін жай сындағы сөзге «рақ», «рек» деген талғау қосымшалары тіркеледі. Мәселен: *жақсы – жақсырақ, жаман – жаманырақ, зерек – зерегірек, семіз – семізірек*. Талғаулы шырайды күшейткенде *көп, анағұрлым* деген сөздер қосылып айтылады. Мәселен: *сыыр түйеден көп аласа, қой аттан көп арзан; талдан қарағай анағұрлым биік; темірден ағаш анағұрлым жеңіл* т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТАЛДАМА ОҢТАЙ** – ойлау әдісі, нәрсені бұтарлап, мүшелеп, ұсақтай түсіндіргенде қолданатын оңтай. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *индукция, дедукция* сөздерінің баламасы ретінде бірнеше атау қолданылғанын байқаймыз. Яғни, *индукция – айырыңқы, жалпылау, терме; дедукция – жиылыңқы, жалқылау, талдама*.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

«**ТАЛҚЫ**» – роман-эссе. Авторы – Т.Жұртбаев. А., «Қазақстан» баспасынан 1997 ж. жарық көрген. Көл. 368 бет. Таралымы 2500 дана. Кітап бес бөлімнен («Тарих талқысы», «Ел талқысы», «Жер талқысы», «Талант талқысы», «Заман талқысы») тұрады. Автор М.Әуезовтің тауқыметке ұшыратқан шығармаларының жазылу тарихы мен оның өміріндегі қиын белестерді салыстыра отырып талдап, пікір қозғайды. 1929–32 ж. Әуезовтің түрмедегі тергеу ісі, 1936–38 жылдардағы қысымдар, қудалану кезеңдері, жазықсыз жапа шегулері туралы мұрағат деректері алғаш рет оқырманға ұсынылған. Сондай-ақ кітапта А.Байтұрсынұлының қайраткерлік, шығарм. қиын тағдыры Әуезовпен байланыстыра көрсетілген.

*С.Хасенов*

«**ТАМШЫНЫҢ ТАРИҚЫ**» – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Шағын әңгімеде кішкентай ғана тамшының ауа райының әсерімен түйіршік қарға, жылтырақ

мұзға, одан кейін көктем келіп, күн жылынғанда мұз буға, қайтадан тамшыға айналған тарихы көркем де әсерлі баяндалған. Жазба соңына «Аударушы: Телжан» деп қол қойылған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Нозай*

**ТАНАШЕВ** Уәлитхан Шарафиддинұлы (1887, Бөкей ордасы, 2-Теңіз жағалауы окр., 3-старшын – 1968, Алматы қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. Астрахан гимназиясын (1908), Қазан ун-тінің заң ф-тін (1912) бітірген. 1913–



*У.Танашев*

17 ж. Қазан қ-нда адвокат болды. Төңкеріс жылдары елге келіп, Алаш қозғалысына белсене араласты. 1917 ж. 1–8 сәуір аралығында Орынбор қ-нда өткен Торғай обл. қазақтарының съезіне қатысып, мәжіліс төралқасы төрағасының орынбасары болды. 1917 ж. 21 сәуірде Ордада өткен Бөкей қазақтарының съезінде төралқа төрағалығына сайланды. Съезд қаулысымен Т. Бөкей земство управасының төрағасы болып сайланған. Бөкей ордасынан Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне өкіл болып ұсынылып, Ж.Досмұхамедов екеуі кеңестің атқару к-тіне енгізілді. Сондай-ақ Бөкей ордасынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылып, тамыз айында Киевке Бүкілресейлік федералистер съезіне барды. Сол 1917 жылдың 1–11 мамырында Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, оның атқару к-тіне мүше болған. Ал 1917 ж. 5–13 желтоқсанында Орынборда өткен жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің министрі болып белгіленді. 8–23 қыркүйекте Уфа мәжілісіне қатысты. Т. 11 қыркүйекте Ә.Бөкейханның төрағалығымен, Ж. және Х.Досмұхамедовтер, А.Бірімжанов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаевтың қатысуымен өткен Алашорданың шұғыл мәжілісіне де шақырылды. Бұл тарихи мәжілісте «Ойыл уәлаяты» таратылып, Алашорданың Батыс бөлімі құрылды. 1918 ж. 18 қарашада Омбыдағы төңкеріс нәтижесінде Директория құлап, барлық өкімет билігі адмирал Колчакқа өткенде Алашорда басшылары қатарында жаңа өкіметпен келіссөз

## ТАНЫҚТАУ

жүргізуге талапталды. Т. Алаш қозғалысына қатысқандарға кешірім жарияланған соң 1919 жылдан Қазақ АКСР-ін ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстанда мемл. баспа бөлімшесін құру жөніндегі жұмыстарға араласты. Қазақстанның аумақтық тұтастығын қалпына келтіру, қазақ халқының болашақ тарихи тағдыры үшін аса маңызды рөл атқарды. Сондықтан да бұл аса қиын да күрделі мәселені шешу үстінде алаш қайраткерлері Байтұрсынұлы, Ермеков, А.Тұрлыбаев, Ф.Тәжібаев, М.Көкебаев және Т. т.б. ұлт мүддесі үшін бар жан-тәндерімен жұмыс істеді. Қазақ рев. к-ті Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезіне шақырудың, болашақ республиканың шекараларын анықтаудың барлық дайындық жұмыстарын жүргізді. Орынбордағы Қазэсревком аппаратында қызмет етіп, респ. ОАК-ге мүше болып сайланды. 1920 ж. 25 қыркүйекте Қазақ АКСР Әділет халкомының орынбасары болып, бірнеше заң актілерін дайындауға ат салысты. 1922 ж. 9 қарашада Ұлт істері жөніндегі халкомат жанындағы Қазақ АКСР өкілдігі басшысының орынбасары, кейін федералдық к-тінде, жер мәселесі жөніндегі жоғ. бақылаудың ерекше алқасында қызмет атқарды. 1924–37 ж. Қазан к-ндағы Татар АКСР Жоғ. сотында адвокат болды. 1937 ж. және 1949 ж. 2 рет Татарстанда қуғын-сүргінге ұшырап, 1949–55 ж. Краснояр өлкесінде айдауда болды. 1957 ж. Татар АКСР-інің Жоғ. соты төралқасының шешімімен толық ақталды.

*М.Әбдеш*

**ТАНЫҚТАУ ЕСІМДІГІ** – нәрсенің жоқтығын, анық белгілі еместігін, түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен: *ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір* жоқтықты көрсетеді; *кей, қайсыбір* нәрсенің түгел еместігін көрсетеді; *біреу, әлдекім, әлдене* анық белгілі еместігін көрсетеді. Танықтау есімдіктері көбінесе басқа есімдіктерден жасалған. «Кей», «еш» деген сияқтылары ғана – нағыз танықтау есімдігі. Функционалды грамматикада арнайы зерттеліп жүрген категориялардың бірі – анықтылық/танықтылық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантик. категориясы. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде анықтылық/танықтылық функционалды-семантик. категориясы арнайы зерттеу нысанына алынып, Н.Сәрсенбаева, А.Тураева сияқты зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. Байтұрсынұлы есімдіктерді топтастырғанда, анықтылық/танықтылық категориясының өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін толық түсінгені анық байқалады. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде есімдіктің бес түрі ғана көрсетілген. Ғалым есімдіктерді *жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтау* деп жіктейді. *Шектеу есімдігі* деп аталатын есімдік түрін ғалым: «Нәрсенің шегін

айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, *барі, барша*», – деп сипаттаса, *танықтау есімдігі* деп аталатын есімдік түрін: «Нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін, яки түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, *ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір*. Бұлар жоқтықты көрсетеді; *кей, қайсыбір* – бұлар түгел еместігін көрсетеді; *біреу, әлдекім, әлдене* – анық белгілі еместігін көрсетеді» деп айқындайды (Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923). Ғалымның шектеу есімдіктер деп отырғаны – анықтық мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де, танықтау есімдігі деп аталатын есімдіктер – танықтық мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер. Яғни, Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді – *шектеу есімдігі* деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді *танықтау есімдіктері* деп біріктірген. Есімдіктерді топтастыруда ғалым мағыналық реңктеріне ерекше назар аударған. Яғни, анықтық/танықтық мәндерін негізге ала отырып, аталған есімдіктердің басын біріктірген. Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, анықтылық/танықтылық функционалды-семантик. категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның т.с.с. сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық анық /танық, белгілі/ белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуына негізделеді. Бұл жерде Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтық есімдіктерін анықтық/танықтық мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескергені байқалады. Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде 20 ғ-дың екінші жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысаны болды. Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни 20 ғ-дың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. Байтұрсынұлы функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, негізгі ұстанымдарды, функционалды-семантик. категория, өріс, семантик. инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. Ғалым тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, 20 ғ-дың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабының кесірінен ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор,

1924; Сәрсембаева Н. Артикльді және артикльсіз тілдердегі белгілілік /белгісіздік категориясы. Филол. ғыл. док. ... дисс... – А., 2007; Тураева А. Қазақ тіліндегі белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы: фил. ғыл. канд. ... дис. – А., 2007.

*О.Жұбаева*  
**«ТАНЫСТЫРУ»** – поэма. Авторы – С.Торайғыров. 1917 жылдың соңы және 1918 жылдың басында Абай елі Шыңғыстауда жазылған. Алғаш 1933 ж. жарық көрді. Бұл поэманың кейіпкерлері Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ө.Ермеков, Х.Ғаббасов, М.Боштайұлы, Ж.Ақбаев, Н.Құлжанов, Н.Құлжанова, Б.Сәрсенов, Р.Мәрсекөв, С.Сабатаев, Ө.Молдабаев сияқты Алаш қайраткерлері. Поэма авторы олардың әрқайсысының қайраткерлік және тұлғалық мінез портреттерін береді. «Таныстыру» поэмасы – Алаш қозғалысы және оның қайраткерлері туралы жазылған тұңғыш көлемді туынды.

*Е.Тілешов*

**ТАҢБА ЖҮЙЕЛІ ЕМЛЕ** – тіл іліміне тірмей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // «Еңбекші қазақ», 27.3.1929.

**ТАҢБАЙҰЛЫ** Көбек (1805–1880) – Ахметтің атасы Шошақтың туған інісі. Тобыл – Торғай бойындағы арғын – қыпшақ арасында дарқандығы, жомарттығы арқасында «Мырза Көбек» атанған.

**ТАҢБАЙҰЛЫ** Шошақ (1803–1875) – Байтұрсынның әкесі, Ахметтің атасы. Әкесі Таңбай Арғынның Үмбетей бөлімінің ірі билеушісі, ру қайраткері болған. Т. төрт ағайынды, оның екі ағасы – Жатай мен Кәйдек, өзінен кіші інісі – Көбек. Ол дәулетті, ел ішінде беделді, ақылды, осы төңіректегі арғын – қыпшақ елінің ымырашысы, тұрмыстарындағы әділ таразышысы болған. Жаз жайлауы – Аққұм, қыс қыстауы – Ақкөлге келіп, мыңғырған малының арқасында, ауылдан алшақ жатқан қиырдағы қыш үйлерге жиі шығып тұрған. «Қала өмірінен хабары болсын» деп, балаларын жанына ертіп жүреді екен. Торғай обл. құрылғанға дейін дистанция бастығы қызметін атқарған. Т. өмірден өткенде әке әруағын сыйлаған ел басылары бұл қызметке баласы Байтұрсынды тағайындаған. Т-ның артындағы ұрпақтары моласының басына үлкен там тұрғызған. Бұл орын кейін үлкен әулеттің қорымына айналған.

**ТАҢДАУ ҚОСАЛҚЫ СӨЗДЕРІ** – таңдаулы шырай жасауға қатысатын көмекші сөздер. Мыс.: *ең, нақ, тап, тым, бек, қас*, т.с.с. А.Байтұрсынұлы таңдау қосалқы сөздерінің орнына басқа сөздер де жүретінін ескертеді. Мәселен: *өте жақсы, айрықша жүйрік, аса құнғақты, тіпті әеми, артықша шебер. Өте, айрықша, артықша, тіпті, аса* деген сөздер мұнда *ең, нақ, тап, тым, бек, қас* деген сөздердің орнында айтылып тұр.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТАҢДАУЛЫ ШЫРАЙ** – нәрсеңнің сиқы өте артық екенін көрсететін шырай. Ғалым таңдаулы шырай екі түрлі жолмен жасалатынын айтады: 1) жай шырайдағы сөздің алдына *ең, нақ, тап, тым, бек, қас* деген сөздер қосылып айтылады (*ең жақсы, нақ шешен, тап зерек, тым қорқақ, бек нәзік, қас батыр*, т.с.с.); 2) жай шырайдағы сөз таңдаулы шырайға түсуге бас дыбыстары я бас буындары бөлек алынып, оған «п» дыбысы жалғанып, сол бөлектенген дыбыстар сөз алдына қойылып айтылады. Мәселен: *а-нық = ап-анық, о-лақ = оп-олақ, шо-лақ = шоп-шолақ, қы-сқа = қып-қысқа, та-йпақ = тап-тайпақ, жа-ллақ = жап-жаллақ, се-міз = сеп-семіз, ық-шам = ып-қышам* хәм басқалар.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**«ТАПСЫРДЫМ БІР ҚҰДАЙҒА»** – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Бұл әнге А.Затаевич «әйелдердің әні» деген анықтама берген. Ми-эолийлік ладта жазылған ән қайталамалы қос әуендік жол және



қайырмадан тұрады. 7-дыбыстан басталған әуен квартаға төмен бағыттала, осы дыбыстың қайталануы арқылы тұрақты тірекке секіреді. Одан кейін, қайтадан 7-дыбыстан өріле түскен әуендік тармақ төменгі ми дыбысына келеді. Кең, маңғаз екпінде жүретін әннің алғашқы тармағында жартылық, бүтін нота ұзақтықтары пайдаланылған. Екінші әуендік жол алғашқы тармақты басынан аяғына дейін қайталап, оған қосымша қысқа қайырма, яғни каденц. айналым қосылған. Қайырманың әуендік жолы алғашқыларға ұқсамайтын өзіндік интонациялардан құралған. Соль дыбысынан тізбектеле көтерілген әуен қайта төмен орылып 2-дыбысқа кідіре, негізгі дыбыстан бастап трихорд аралығында дами түсіп, ми дыбысымен аяқталады. Тұрақты 4/4 өлшемде жазылған әннің құрылымы АА және қайырмадан тұрады.

*А.Қазтуғанова*

**ТАРИХ ЖҮЙЕЛІ ЕМЛЕ** – баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өз-

## ТАРИХ

герсе де, өзгерместен әдеттенген бойынша қолданылатын емле.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // «Еңбекші казак», 27.3.1929.

*О.Жұбаева*

**«ТАРИХ ЗЕРДЕСІ (Арыстар тұғыры). 2-КІТАП»** – зерттеу еңбек. Авторы – М.Қозыбаев. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-ты ұсынған. А., «Ғылым» баспасынан 1998 ж. жарық көрген. Көл. 280 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап екі бөлімнен («Ұлттың ұйытқысы – арыстары қазақтың», «Замана перзенттері») тұрады. Бұл кітап қиын-қыстау күндерде халыққа бағдар нұсқаған, оның тәуелсіздігі, бостандығы үшін күресте ту ұстаған, өркениеті озық халықтардың қатарына қосылу жолында ұлттық мүддені мұра етіп, әлем көгіне шырқаған арыстардың өмір жолына арналған. Сонымен бірге аласапыран 20 ғ-дың тауқыметі мен қасіретін арқалаған замана перзенттерінің тарихтағы орны туралы хикаялар оқырманды бейтарап қалдырмайды. Автордың «Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы бастаған алаш қайраткерлерінің тәуелсіз ел болуды көздеген саяси қызметі баяндалған. Еңбек зерттеушілерге, жоғары оқу орындары мен мектеп оқушыларына, аспиранттар мен студенттерге, сондай-ақ Отан тарихына ынтық оқушылар қауымына арналған.

*С.Хасенов*

**«ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР»** – кітап. Авторы – К.Нұрпейіс. ҚР Мәдениет және ақпарат мин-нің тапсырысы бойынша шығарылған. А., «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2007 ж. жарық көрген. Көл. 376 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл кітапқа автордың кезінде баспасөзде жарияланған материалдары жинақталған. Оқырман қауым Қазақстан тарихын жаңаша тұжырымдарға сай қайта зерделеу бағытымен танысып, коммунистік идеологияның кесірінен есімдері аталмай келген көрнекті алаш ардагерлерінің өмірі мен қоғамдық қызметтері, тәуелсіздік жолындағы табанды күрестері жайлы дәйекті мағлұматтар алады. Бұл кітап Алаш қозғалысының 90 жылдығына арналған. Кітапта А.Байтұрсынұлы жайында көптеген тың деректер келтірілген, сондай-ақ, автордың «Біз Байтұрсынұлы қалай бағалап жүрміз, ағайын?», «Ахмет Байтұрсынұлы – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері» атты көлемді мақалалары жарияланған. Кітап ғыл. орта мен жалпы оқырманға арналған.

**«ТАРИХ: ПАЙЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ»** – кітап. Авторы – З.Алдамжар. ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нің бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Арыс» баспасынан 2002 ж. жарық көрген. Көл. 288 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітапта тарих ғылымының

философ. негіздері, әдістемелік жүйесі мен зерттеу әдістері жайында жаңаша пайымдаулар жасалған. Кеңес қоғамының өмір шындығы, ұлт-азаттық күресінің тарихи төркіні, әсіресе Исатай Тайманұлының ерлік жолдары ауқымды баяндалған. А.Байтұрсынұлының рухани көсемдік тұлғасы және оның білім, ғылым, ұлттық тәлім-тәрбие арнасындағы ой-толғамдары бүгінгі тәуелсіз мемлекет, егеменді ел тағдырымен біртұтас болмыстық негізде сомдалған. Сондай-ақ автордың «Ұлттымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы туралы», «Ахаңның тарихқа көзқарасы хақында», «Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие немесе Ахмет Байтұрсынұлынан ғибрат», «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті: белестер мен ұмтылыстар» атты көлемді мақалалары берілген.

*С.Аргынгазин*

**ТАРМАҚ ТҮЛҒАЛАРЫ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет А.Байтұрсынұлы қолданған термин. Автор Т. т-н жалғыз бунақты тармақ, екі бунақты тармақ, үш бунақты тармақ, төрт бунақты тармақ деп бөледі. Жалғыз бунақты тармақ – бір ғана бунақтан тұрады. 3.Қабдолов «Сөз өнері» атты еңбегінде жалғыз бунақты тармақты бір бунақты тармақ деп қолданады. Автор еңбегінде жалғыз бунақты тармаққа мысал ретінде М.Жұмабаевтың «Жұмбақ» атты өлеңін келтіреді. Бұл өлең жалғыз бунақты алты тармақты шумақтан тұрады. Жалғыз бунақты тармақта дауыс соқпасы біреу ғана болып келеді де, өлең ырғақты, ойнақы оқылады. Екі бунақты тармақ – екі бунақтан құралады. Байтұрсынұлы қазақтың байырғы жырларының бәрі дерлік екі бунақты тармақтан тұратынын айта келе, Асан Қайғының жырынан мысал келтіреді. Бұл жыр екі бунақты төрт тармақты шумақтан құралған. Екі бунақты тармақта дауыс соқпасы екеу болады әрі өлең ырғағы жалғыз бунақтыға қарағанда жылдам болып келеді. Үш бунақты тармақ – үш бунақтан құралады. Байтұрсынұлы қазақтың кара өлеңінің бәрі үш бунақты тармақтан тұратынын айтып, өзінің «Маса» жинағына енген «Оқуға шақыру» атты өлеңін мысалға келтіреді. Өлең үш бунақты төрт тармақты шумақтан тұрады. Төрт бунақты тармақ – төрт бунақтан құралады. Төрт бунақты тармақ – көп бунақты тармақтан тұратын тармақ тұлғасына жатады. Төрт бунақты тармақтан құралған өлеңдердегі дауыс соқпасы тертеу болатындықтан, ондағы өлең ырғағы да баяу болып келеді.

*Е.Шынтай*

**ТАРМАҚ ҰЙҚАСТЫҒЫ** – «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Т. ұ. – тармақтардың аяғының ұйқастығы. А.Байтұрсынұлы Т. ұ-н ұзын тармақты жеке шумақты, ұзын тармақты тұтас шумақты

өлең деп екіге жіктейді. Ұзын тармақты жеке шумакты өлеңдерде бірінші, екінші, төртінші тармағы ұйқасып, үшінші тармағы ұйқаспай, азат қалады. Ғалымның ұзын тармақты жеке шумакты өлеңдерге берген анықтамасы Қ.Жұмалиев ұсынған қара өлең ұйқасына сәйкес келеді. Ұзын тармақты тұтас шумакты өлеңдерде бастапқы екі тармағы ұйқасып, онан арғылары бірі азат, бірі ұйқас аралатпа болып келеді. Ұзын тармақты, тұтас шумакты өлеңдердегі ұйқас түрі қазіргі аралас ұйқас түріне сәйкес келеді.

*Е.Шынтай*

**«ТАРТУ»** – тұңғыш рет А.Байтұрсынұлының Орынбор қ-нда 1922 ж. шыққан «Оқу құралы» атты кітабында жарияланған, кейін М.Дулатовтың 1924 ж. Орынборда шыққан («Қирағат» – оқу құралы) жинағының беташары ретінде басылған өлең. Өлеңнің көлемі 6 жол. 11 буынды ерікті ұйқасқа құрылған. Өлеңнің негізгі идеясы – жас ұрпақты оқуға, өнер-білімге шақыру. Ақын «даналық» деген бір ғана сөздің аясына рухани өрлеу, мәдениетті елге айналу, адал еңбек ету т.б. ұғымдарды сыйғызып тұр. Қаламгердің бұл өлеңі сол кездегі ағартушылық бағытпен, Абай, Ыбырай шығармаларымен үндес.

*С.Итегүлова*

**«ТАС КӨМІР»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Тас көмір деген не, қалай пайда болады? Тас көмірдің пайдасы мен қолданылуы туралы ақпарат берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«ТАС ТҮРМЕДЕ»** – өлең. Авторы – Файзолла ишан Сатыбалдыұлы. Алаштық ұстанымы үшін жазықсыз жапа шегіп, 1928 ж. Қостанай түрмесіне қамалған. Бұл өлең абақтыда жатқан кезінде өзі ұстаз тұтатын А.Байтұрсынұлына арналып жазылған. Шығарма А.Байтұрсынұлының 6 томдық шығ. жин-ның 6-томында берілген. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 10 шумақ, 40 жолдан тұрады. Өлең: «Адамды сен табар едің ғұламам, Тура жолмен қайда жүрсең жүр аман. Ей, тіршілік! Ар мен Ахан беттессін, Басқа тілек кетсем де өліп сұраман» деп аяқталады. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин.– А.: Елшежіре, 2013 – 6-том.

*К.Қошым-Ноғай*

**ТАСЫМАЛ** – жазып келе жатқанда жол аяғында орын аз қалып, сөз сыймайтын болса, сөзді екі бөліп, бір бөлегін сол жолда қалдырып, екінші бөлегін келесі жолға асыру амалы.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ТАСЫМАЛДАУ** – жазып келе жатқанда жол аяғында орын аз қалып, сөз сыймайтын болса, сөзді екі бөліп, бір бөлегін сол жолда қалдырып, екінші бөлігін келесі жолға асыру. Тасымалдаған

да әр буын бөлінбей, я тұтас қалады, я тұтас асырылады. Мәселен, жол аяғында «шақырғанға» деген сөз тұтас сыймады. Не істемек керек? Сөзді дұрыстап буынға бөлу керек болады: «ша-қырған-ға», «ша» буынды қалдырып, басқаларын келесі жолға асыруға болады; я «шақыр» деген екі буынын қалдырып, басқаларын асыруға болады; я «шақырған» деген буындарын қалдырып, жалғыз «ға» буынын асыруға да болады. «Шақ» деп бөліп, қалғанын асырсақ яки «шақырға» деп бөліп, «нға-ны» асырсақ, дұрыс болмайды. Себебі қағида бойынша буын бөлінбеске тиіс. Мұнда буындар бөлініп тұр, яғни, «шақ» деп бөлгенде, «қыр» буыны екі бөлініп тұр; «шақырға» деп бөлгенде «ған» буыны екі бөлініп тұр.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ТАСЫМБЕКОВ** Армиял (1953, Алматы обл. Жаркент ауд. – 1999, Алматы қ.) – көсемсөзші. 1930-жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы сериялы зерттеу мақалалар жазған. Көбіне газет-журналдар мен теледидарда жұмыс істеген. Өмірінің соңғы жылдары Еуразия ұлттық ун-тінде қызмет атқарды. Баспасөзде адам тағдыры мен өнер әлемі туралы эссе, мақалалар жазып тұрды. «Жазығы не еді апалардың?» атты мақалалар топтамасы «Өркен» газетінде жарық көрді. Осының негізінде деректі фильм де түсірді. 1994 ж. «Жалын» баспасынан «Жан дауысы: АЛЖИР архипелагі» атты кітабы жарияланды. А.Байтұрсынұлы атынд. мұражай-үйінің директоры Р.Имаханбет «Ғасыр саңлағы» атты монографиясында: «Отызында орда бұзып, қараңғы ұлтының ағартушылық диқаншысына айналған Ахмет отбасын құрғанда 25-те болса, жары 19-да еді. Бұған айтар айғақтар мұрағатта жетерлік. Бадрисафа анамыз 1909 жылы 5 тамызда Дала губернаторына түрмеде отырған күйеуіне араша болуын сұрап, жеделхат жолдайды. 133 сөзден тұратын жеделхатта «күйеуім» деген сөз жеті рет қайталанады. Бұл ресми деректі 1994 жылы журналист Армиял Тасымбеков БАҚ-та сенсация ретінде жариялады» деп жазады.

**ТАШКЕНТ**, Т о ш к е н т – Өзбекстан Республикасының астанасы, Ташкент обл-ның әкімш. орталығы. А.Байтұрсынұлы өзінің «Өмірдерегінде» (6 томдық шығ. жин., 6-т.) 1926–28 жылдары ҚазМУ-ге ауысқанға дейін Т-тегі Қазак пед. ин-тының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында доцент болғанын айтады. «Ахметтану ғылымының негіздері» ғыл. басылымында Ахана деген құрмет 1922 жылғы 2 тамызда Ташкенттегі Қырғыз-қазақ ин-тында алты алаштың бас қосқан салтанатты жиынында тұңғыш рет көрсетілгені және зерттеушілердің деректерінде, Бай-

## ТАШКЕНТ

тұрсынұлының Ташкентке сапарының басты мақсаты – Түркістандағы екі облыс Жетісу мен Сырдарияны Қазақстанға қосу болғаны сипатталады. Бірақ сол жылғы Ташкент қ-нда шыққан «Ақ жол» газеті бетіндегі «Лайықты қошемет» атты мақалада Байтұрсынұлының іссапарынан гөрі, оған көрсетілген игі тілек туралы жазылғандығы айтылады. Кейін Д.Қамзабекұлы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Ақанның алдында» (1996), «А.Байтұрсынұлының Ташкенттегі сапары» атты зерттеу мақалаларын жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» және «Тіл – құрал» оқулықтары Т-те 1918–30 ж. қайта басылған.

**ТАШКЕНТ САПАРЫ.** Қайраткер-ағартушы 50 жылдық мерейтойында Түркістан зиялыларының шақыртуымен 1922 ж. тамызда Ташкент қ-на барды. «Ақ жол» газетінде жарияланған «Лайықты қошемет» атты осы сапар туралы жазылған мақалада (10.9.1922): «Келген жұмысы – Түркістандағы екі облыс қазақты Қазақстанға қосып, қазақ елін біріктіру» делінген. Қайраткерді күтіп алуға түркістандықтар мұқият дайындалды. Оған Ташкенттегі елшілік, өкілеттік басшылары, еур. ғалымдар қатысты. Салтанат Ташкенттегі халық ағарту ин-тында (Киринпрос) өтті. Төрге төңкеріс көсемдерімен бірге Абай мен Ахметтің портреттері ілініп, жастар ұлт ұстазын «Жасасын, қазақ!», «Жасасын, қазақтың қаһармандары!», «Жасасын, қазақтың көсемі Ахмет ағай Байтұрсынұлы!» деген жалынды сөздермен қарсы алды. Бұдан кейін қайраткердің құрметіне концерт қойылды. Өлеңдеріне жазылған әндер шырқалып, ресми банкет беріліп, арнау сөздер сөйленді. Оны С.Ақайұлы ашып, И.Табынбайұлы арнайы баяндама жасады. Ол қиын заманды, Алаш тұлғаларының қайсарлығын айта келіп: «бірінші рет басталған, бұрын ешкім ескермеген жұмыстың бар ауыртпалығы Ақанның басына түсті: ойға-қырға қуылды, түрмеге түсті. Бірақ Ақанның қайраты таспаса қайтпады, ақылы аспаса саспады. Өзінің тізесін, түрменің терезесін үстел қылып, Ақаң қаламын тартпай жазумен болды» дейді. Сөйтіп, дара тұлғаның қайраткерлік еңбегін санамалап жіктейді. Сөзінің соңында Ахметке оқығандар атынан алтын жетон тапсырылды. Оған жауап ретінде Байтұрсынұлы: «Мен – халық мұғалімімін. Оқуым көп емес, аз. Бірақ білімді халық мақсаты үшін жұмсағаным рас. Менің істеген аз жұмысым сендердің де қолдарыңнан келеді. Мен де өздеріңдей адаммын» дейді. Жиында Башқортостан елшісі Әміров, Түркістан мемл. білім кеңесінің басшысы Хожаев, Қунысғыс ин-тының басшысы проф. Шейт, Түркістан Халық ағарту комиссарының серігі Голиков сөз сөйледі. Байтұрсынұлы осы сапарында Ташкент қ-ндағы зиялылармен кездесіп, негізгі мәселе бойынша пікір алмасып, ой бөлісті.

*Д.Қамзабекұлы*

**ТӘБӘРІКҰЛЫ** Сейітмұхамет (17.3.1928, Шығыс Қазақстан обл. Абыралы ауд. Қайнар а. – 28.12.2016, сонда) – тарихшы, ғалым-зоотехник. Ұзақ жыл Абай, Ақсуат, Аягөз, Шұбартау аудандарында басшылық қызметтер атқарған. Ардақты Алаш арысы, қажырлы қайраткер Мәннан Тұрғанбайұлының өмірі мен қызмет жолы, шығарм. жөнінде жазған еңбегі «Қайран, Мәннан» (2002) деген атпен жарық көрді. Бұл кітапта Тұрғанбаев жөніндегі құнды деректермен бірге Шәкерім, Мұхтар Әуезов, т.б. тұлғалардың Алашқа қатысы нақты мәліметтермен берілген, сондай-ақ қозғалысқа байланысты беймәлім деректер келтірілген. Сонымен қатар «Алаштың алтын көпірлері», «Тауқымет», «Тұлпардың ізі өшпейді», «Замананың тозағы мен тұзағы», «Замана ағысы», т.б. кітаптарының авторы. Т-ның «Мәннан Тұрғанбаев» атты кітабында (1999) Алаш қайраткерлерінің бірі Тұрғанбаевтың А.Байтұрсынұлымен тығыз байланыста болғаны, ел үшін, қазақ үшін жанқиярлық әрекеттер жасағаны айтылады.

**ТӘЖ-МҰРАТ** Мақсат (1959 ж.т., Атырау обл. Жылыой ауд. Төлес а.) – әдебиеттанушы-ғалым, эссеист, филол. ғыл. канд. (1994). ҚазҰУ-ды (1983), докторантурасын (2002) бітірген. «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналында әдеби қызметкер, «Социалистік Қазақстан» (қазір-



*М.Тәж-Мұрат*

гі «Егемен Қазақстан») газетінде тілші, «Горизонт»–«Өркен» газетінде редактордың орынбасары, «Жалын» журналының жауапты хатшысы (1983–90), ҚазҰУ-да аспирант, аға оқытушы, доцент (1990–99), 2002–06 ж. шығарм. қызметте болды. «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары (2006–07), «Ана тілі» газетінің бас редакторы (2007–09), «Астана» журналының бас редакторы (2009–13) қызметтерін атқарған. 2013 жылдан Алматыдағы Қазақ ғыл.-зерт. мәдениет ин-тының бас директоры. Бірнеше кітаптың және мақалалардың авторы: «Шәңгерей: жасампаздық өмірі» (1998), «Батыс Алашорда: библиографиялық сөздік тәжірибесі» (2003). Алашорданың Батыс бөлімі туралы зерттеулер

жүргізген. Алаш қайраткерлері А.Абылаев, Қ.Асанов, Ғ.Әлібеков, Ғ.Ешшұлов, К.Жәлшов, А.Мәметов, Н.Иппағамбетов, С.Қаратілеуовтің, т.б. емірбаяндарын жазған. Т.-М. «Батыс Алашорда: библиографиялық сөздік тәжірибесі» атты зерттеу еңбегінде «1916 жылғы дүрбелең тұсында босқыншылыққа ұшыраған қырғыз еліне көмек беру жөнінде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ж.Жәнібековпен бірге 1917 жылы маусымда «Қазақ» газетінде қазақ еліне үндеу тастады. 1-Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысқан бір топ зиялының жалпықазақ съезін Ташкент қаласында өткізу, Алаш автономиясына Түркістан өңірін қосу туралы ойын қостады» деп жазады (Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2003).

**«ТӘНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ»** – мақала. 1922 ж. «Қазақ күнтізбесінде» жарық көрген. Мақала «Ақжол» (А., 1991. 320–322-беттер), «Жана нызам» (А., 1996. 112–115-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Қаламгер жазбасында тән таза болуы тазалықта, жан сұлулығының тамыры тән сұлулықта екендігін, яғни тән сау болу үшін не істеу керектігін заман талабы кезеңімен өлшеп, екшеп көрсетеді. Қай заманда да адам баласының еңбекпен күнелтіп, жан сақтағанын: «... біздің заманымыз – еңбек заманы, қазіргі хүкімет басында отырған коммунист партиясының жолы «еңбек жоққа – жемек жок» дейді. «... Күнелту үшін ас керек, ас істеуге күш керек, күшті жұмсауға ес керек. Күш пен есті қатар жұмсап ас қылу – еңбек ету болып шығады», – деп жеткізеді. Осы керектермен ел билігіндегілер халқының азып-тозбауы үшін қажеттіліктермен қамтамасыз етуі тиіс деген ойды айта отырып: «Аштықтан адамның тәні азып... жан да азып, ар кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетеді», – деп қорытындылайды. Жазбадағы «Календарь», «зиян», «я», «һәм» секілді сөздер бүгінгі емлеге салынып, түзетілген.

*Р.Имаханбет*

**ТӘТІБАЕВ** Қазмұхамед Мұқанұлы (1885, қазіргі Батыс Қазақстан обл. Ақжайық ауд. – 1962, сонда) – Алаш қозғалысының қайраткері. Орыс-қазақ мектебін (1902), орыс-қазақ уч-шесін (1905), Ташкент прапорщиктер мектебін (1917) бітірген. 1905–16 ж. ауыл мектептерінде мұғалім болды. 1917–19 ж. Жайық сырты қазақтарының милициясын құруға, «Ойыл улаяттарының» халық милициясы мен Батыс Алашорданың қарулы күштерін ұйымдастыруға, Алашорда әскерінің жабдықталып-қарулануына, Жымпитыда қазақ жастарына арналған юнкерлер мектебінің ашылуына басшылық жасады. Орал қазақтарының 3-, 4-обл. съездеріне қатысты. Батыс Алашорда өкіметі мен Қазақ әскері рев. к-ті арасында келіссөз жүргізді. 1919 жылдың сәуір айында Кеңес өкіме-

ті Мәскеуде А.Байтұрсынұлымен арадағы келіссөз нәтижесінде Батыс Алашордамен байланыс жасау жөнінде шешім қабылдап, Жайық облревкомына жіберілген В.И.Ленин жеделхатына орай қабылдаған Жайық (Орал) обл. рев. к-тінің Ұлт істері жөніндегі коллегиясы шешімімен Жайық облревкомы төрағасы И.И.Ульяновтың атынан Т. Батыс Алашорда өкіметіне баратын делегат (парламенттер) болып белгіленді ([www.alash.semeuilib.kz](http://www.alash.semeuilib.kz); қаралған күні: 12.10.2017). Сәуірдің орта шенінде майдан шебінен өтіп, Жымпитыға келді. Ж.Досмұхамедов Лениннің жеделхаты және оралдық большевиктердің хаты салынған пакетті тапсырды. 1920 жылдан Әділет органдарында: Орал губ. рев. трибунал мүшесі (1920, 1921), сот мүшесі (1921, 1922), 1922 ж. өткен РК(б)П ІІ Бүкілқазақ конференциясына делегат болды. 1921–22 ж. қазақ жігіттерінен құралған эскадронға басшылық етті. 1922 ж. сәуірден 1923 ж. желтоқсанға дейін Орал губ. соты төрағасының орынбасары, төрағасы (1923, 1925), Сырдария губ. сотының мүшесі (1925), Сырдария губ. бақылау комиссиясының төралқа мүшесі (1925, 1926), Сырдария губ. сотының төрағасы (1926, 1927), Қазақ әділет халық комиссариаты мемл. нотариаты қосалқы бөлімінің меңгерушісі (1927), 1928 ж. БК(б)П Қазақ өлкелік к-тінің нұсқаушысы болды. Халық ағарту комиссариаты саласында жұмыс істеу үшін Орынбор қ-на жіберілді. 20 ғ-дың 30-жылдары сталиндік қуғын-сүргінге ұшырап, ұзақ жыл айдауда болды. Кейінгі жылдары Орал обл-нда, туған ауылында тұрды.

**ТӘУЕЛДЕУ** – бір жаққа меншіктете сөйлегенде қосылатын жалғау. Тәуелдеу екі түрлі: 1) оңаша тәуелдеу; 2) ортақ тәуелдеу. А.Байтұрсынұлы сөздердің үш жақта түрленуін басқа жалғаулардан бөлек қарастырып, мендік (айтушы жағы), сендік (тыңдаушы жағы) және бөгделік (айтушы мен тыңдаушы екеуінен басқалардың жағы) деп жіктейді. Ғалым жіктік жалғауы мен тәуелдік жалғауын біріктіріп, «жақ жалғаулары» (қысқаша «жақтау») деп атаған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. ІІ тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТӘУЕЛДЕУДІ ЖІКТЕУ** – тәуелдік жалғауы жалғанған сөздің жіктік жалғауларын қабылдауы. Жіктеу жалғаулары тәуелдеуге қиғаш жалғанады, яғни, жіктеудің бірінші жағы тәуелдеудің екінші жағына келіп жалғанады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. ІІ тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТӘУЕЛДЕУДІ СЕПТЕУ** – тәуелдік жалғауы жалғанған сөздің жіктік жалғауларын қабылдауы. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. ІІ тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*



## ТӘУЕЛДЕУЛІ

**ТӘУЕЛДЕУЛІ ҚАЛЫП** – тәуелдік жалғауы жалғанған күй, тәуелденген түр. А.Байтұрсынұлы жалғаулар түрлі есімдіктерге түрліше жалғанатынын ескертеді. Мәселен, жіктеу есімдігі септеледі, жіктеледі, бірақ тәуелдеуге келмейді. Жіктеу есімдігі тәуелдік жалғауларын қабылдайды әрі тәуелденген соң ғана септеу, жіктеу жалғауларын қабылдай алады. Танықтау есімдігінің бәрі бірдей тәуелденген күйінде жіктеле бермейді.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АЛАШ ҒЫЛЫМЫ** – зерттеулер, мақалалар жинағы. Авторы – А.Ісімақова. ҚР Мәдениет және спорт мин. «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасынан 2015 ж. жарық көрген. Көл. 288 бет. Таралымы 2150 дана. Бұл кітапта Алаш ғалымдары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Ж.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, И.Байзақов, М.Әуезов, Қ.Мұхамедхановтың әдебиеттанулық зерттеу еңбектері 21 ғ-дағы әлемдік әдебиеттану контексінде жаңаша қарастырылған. Автордың «Ахмет Байтұрсынұлы және әдебиет теориясы», «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» және қазіргі әдебиеттану», «Әдебиет танытқыштағы» халық ауыз әдебиеті» атты көлемді зерттеу мақалалары жарияланған. Бұл зерттеуді қазіргі қазақ тілі мен әдебиетін, теориясын тереңдете оқытатын мектептерде, жоғары оқу орындарындағы филология және журналистика ф-ттерінде арнаулы курстар мен семинарларда көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Сондай-ақ бұл еңбек алаштанушылар мен көпшілік оқырманға да арналған.

*С.Арғынғазин*

**ТВЕРЬ ОБЛЫСЫ** – Ресей Федерациясындағы субъект. Ресейдің еур. бөлігінің орт. тұсында орналасқан. А.Байтұрсынұлы «Аспаннан жаңбырдан басқа жауатын нәрселер» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) түрлі себептермен аспаннан шегіртке, бақа, балық, астық (бидай, т.б.) жауатынын айта отырып, оның ешқандай құпия емес, бұл табиғат құбылысы екенін, осындай құбылыс Ресейдің Тверь губ-нда 1827 ж. болған. **ТЕК СЫНЫ** – нәрсеңіз тегін көрсететін сөз. Мыс.: *ағаш аяқ, күміс қасық, алтын жүзік, қағаз ақша, жез құман, киіз қалпақ, қайыс жүген, т.с.с.* *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**«ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ»** – кітап. Жауапты шығарушылар – М.Мырзағұл, Б.Мырзабай. ҚР Байланыс және ақпарат мин. Ақпарат және мұ-

рағат к-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. «Алаш мұрасы» сериясы аясында ұсынылған. А., «Ел-шежіре» баспасынан 2011 ж. жарық көрген. Көл. 368 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітап 2 бөлімнен («Шығармалары», «Телжантану: зерттеулер, ізденістер») тұрады. Алғашқы бөлімге Т.Шонанұлының бұрын жарық көрген «Қазақ жер мәселесінің тарихы» атты еңбегі енген. Автор бұл еңбегінде қазақтардың бұрынғы жер иелену тарихына, жерге деген көзқарасына, патшалық Ресейдің отарлау саясатына назар аударған. Сондай-ақ осы бөлімге телжантанушылар – Ә.Тәкенов пен Б.Байғалиев әзірлеген, бұрын баспа бетін көрмеген Шонанұлының бірқатар еңбектері енгізілген. 2-бөлімде Телжанның мұраларын зерттеушілердің мақалалары, зерттеулері берілген. Шонанұлы ұстазы А.Байтұрсынұлының қазақ тілін дамытуға қосқан үлесін зор бағалаған. 1926 ж. жарық көрген «Оқу құралының» (хрестоматия түрінде) мұқабасында авторлары «А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы» деп жазылған. «Т. Ш.» кітабында Т. Ш-ның 1923 ж. наурызда Байтұрсынұлының 50 жасқа толған мүшелтойына арнап жеке кітап ретінде шығару мақсатымен орыс тілінде жазылған, бірақ жарық көрмеген «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынұлы в области народного просвещения и литературы» (по случаю исполнения 50 лет со дня рождения) атты көлемді мақаласы берілген. Мақаланы қолжазбадан аударды, жариялауға дайындаған – Б.Байғалиев, «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынұлы – халық ағарту және әдебиет саласында» деген атпен берілген (226 – 248 беттер).

*С.Арғынғазин*

**ТЕЛ ХАРИФТЕР** – дауысты дыбыстарға да жарты дауысты дыбыстарға да ортақ харіфтер, «у» және «й» харіфтері.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ТЕМЗА** – Ұлыбритания аралындағы ең үлкен өзен. А.Байтұрсынұлы Еуропа құрлығының табиғатын сипаттағанда ол құрлықтың ірі өзендерін атап өтіп, Ұлыбританияның астанасы – Лондон қ-мен ағатын Т. өз. жайлы жазған.

**«ТЕМІР САБАНҒА ҚАЛАЙ ЖЕТКЕН»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Адам баласы тіршілік жолында еңбек құралдарын жетілдіріп отырғаны белгілі. Соның бірі – жер жыртатын темір сабанның (соқа) пайда болуы. Шағын әңгімеде ең әуелгі темір балта мен кетпеннен бастап тракторға қалай жеткені, «соның бәрін істеген – адамның екі қолы мен миы» екені айтылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ТЕНЕУ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» еңбегінде алғаш рет қолданылған тер-

мин. Байтұрсынұлы Т-ді көрнекілеудің бір түрі ретінде көрсетеді. Т. – белгісіз нәрсені белгілі нәрсеге ұқсатып, салыстыру үшін айтылатын тілді көрнекілеу әдісінің бірі. Байтұрсынұлы Т-ді іштей екі түрге бөледі: 1) Әншейін Т.; 2) Әдейі Т. Екеуінің айырмашылығы: әншейін Т. – әдетті Т. болады. Әдетті Т. дегені – ауызекі тілде көп қолданылатын қарапайым сөздер. Мәселен, удай ашы, айдай жарық, күйедей кара дегендегі «удай», «айдай», «күйедей» деген сияқты сөздерді әншейін Т-ге жатқызады. Ал әдейі Т. дегені – көбінесе ақын-жазушылардың оқырмандарына өз шығармаларын әсерлі жеткізу мақсатында қолданылатын көркемдеуіш құрал.

*А.Кадырхан*

«ТЕПЕҢКӨК» – халық күйі. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Этнограф түсініктемесінде: «Тепеңкөк – это название лошади серой масти, со спокойным аллюром. Пьеса выдержана в темпе и ритме верховой езды галопом...» деген (А.Затаевич. «1000 песен и кюйев казахского народа». – А.: Дайк-Пресс, 2004. – 408 б.). Халық арасында тараған «Т.»

789. Тепең-көк.<sup>479</sup>  
(Екінші галоппен)

Умеренно скоро, ровно и легко. *mf*

Собщица Ахмет Байтұрсынұлы  
Түпнұсқасын ашты.

Начиная с 11-го такта.

Начиная с 14-го такта.

\* „Жылдан дымбы. Ирактан ситатан аман.“

күйінің аңызында: «Ертеде бір кедейдің мал дегенде жалғыз көк аты болыпты. Өзі бәйгеге қосқанда алдына қара салмайтын жүйрік екен. Бірақ бір қасиеті, тері шықпаса мүлдем шаба алмайды,

ол жақсылап тері шыкса қандай жарыс болса да алдын бермейді. Аттың сыры иесіне мәлім демекші, сол елде үлкен ас болып, асқа жан-жақтан небір сәйгүліктер келулі. Аста ат шабыс, жамбы ату, балуан күрестері белгіленіп, озғандарына жүлде тағайындалады. Бұл асқа әлгі кедей де келеді. Көк тұлпарын жарысқа қосу үшін иесі бәйге басталмас бұрын қанжығасына екі дорба құмды өңгеріп, әрлі-берлі желдіртіп, терін шығарып тепендегіп келе жатқанда, елдегі бір домбырашы көріп, аттың сұлулығына, жүрісіне көңілі толып «шу жануар тепең көк» деп күй тартыпты. Содан бұл ел арасында «Т.» атанып кеткен деген екен (Мерғалиев Т., Бүркіт С., Дүйсен О. Қазақ күйлерінің тарихы. – А.: Комплекс, 2000. – 107 б.). Байтұрсынұлы орындауындағы «Тепеңкөк» күйінің қазіргі заман нотографиясына лайықталған түрі «Қазақ күйлерінің тарихы» атты жинаққа енген. Күй ре-соль бұрауына көшірілген нұсқасы бойынша талданады. Буындық құрылымда жазылған күй: бас буын – кіші саға – бас буын – бірінші орта буын – бас буын – кіші сағаның қайталануы – бас буын – екінші орта буын – бас буын бөлімдерінен тұрады. Күй – 6/8 өлшемінде жүріп, алма-кезек пен сүйретпе қағысқа негізделген (ПV ПVV). Бас буын ре-ля тірегіне тұрақталып, әуені ре-ішегінде дамиды. Күй халық күйі болғанымен әдеттегі заңдылықтардан тыс кіші сағадан басталады. Ре-ля<sup>2</sup> дыбыстарынан басталып, ре-ми<sup>2</sup> тірегіне келіп, кварта аралығында әуен өрбіп, бас буынға оралады. Бірінші орта буында фа-си бемоль тірегіне және ми-си бекар тірегіне негізделген әуен секундалық қозғалыс арқылы көмекші әдістермен қайырылған. Бас буын мен кіші сағаның қайталануынан кейін екінші орта буын соль-до<sup>1</sup> аппликатуралық интонациялық кешен арқылы өріле, бас буынмен аяқталады. Туынды біркелкі, жеңіл екпінде жүреді.

*А.Казтуғанова*

«ТЕРЕКТІҢ СЫЙЫ» – «Оқу құралына» енген Абайдың Лермонтовтан аударған белгілі өлеңі. «Тауды бұзып, тасты жарып, жол салған асау Теректің» табиғаты бейнеленген.

**ТЕРМЕ ОҢТАЙ** – ойлау әдісі, нәрсенің мүшесін жинастыра, құрастыра, іріктей түсіндіргенде қолданатын оңтай. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *индукция*, *дедукция* сөздерінің баламасы ретінде бірнеше атау қолданылғанын байқаймыз. Яғни, индукция – *айырыңқы, жалпылау, терме*; дедукция – *жиылыңқы, жалқылау, талдама*.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ.** Мемл. тіл мәртебесіне сәйкес қазақ тілінің қоғамдық қызметін жан-жақты жетілдіру – бү-

## ТЕРМИНДЕРІНІҢ

гінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Осыған байланысты ұлттық тілдегі терминдік жүйенің қоғам алдындағы маңызы бұл салада көптеген міндеттерді жаңаша шешуді көздейді. Атап айтқанда, ол мемл. тілдің жан-жақты қоғамдық қызметіне «жан беретін» терминдер табиғатын танумен байланысты. Осыған орай термин табиғатын түсіндіруді, оның қалыптасуын, дамуын жалпы тілдік жүйеден, сол тілде сөйлеуші ұлт танымынан тыс қарамау көп мәселелердің шешіміне тиімді әсер етпек. Қоғам дамуының қазіргі жағдайында ұлттық төл мәдениет – рухани қалыптасудың негізі. Осыған орай рухани мәдениет таралатын салалардың бір бағыты ғылым тілін «қазақыландыру» бағытының да негізгі ұстанымы – осы. Қазақ ғылымы тілінің 70–80 пайызын құрайтын халықар. стандарттағы интернационалдық терминдердің қазақша баламаларын жасау – дамудың заңды құбылысы. Нақты айтқанда, ғыл. түсініктерді белгілейтін тілдік құралдардың атауларын қалыптастыруда ұлттық ұғымды арқау етіп, қазақ терминдерінің төл тілдік баламаларын жасаудың, ғылым тілін қазақша «сөйлету» әрекетінің барысындағы үрдістің жаңадан даму деңгейі. Бірақ терминдердің құрылымдық компоненттерінің табиғилығы үшін төл тілдік сөздің ішкі мазмұны тірек етілгенімен, сөздің ішкі мазмұны, семантик. құрылымы, ұғымдық көлемі терминдік дефиницияға толық сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан бұл бағыт барысында аталымдар нұсқалылығының, емлелік ала-құлалықтардың, тіл нормасынан ауытқушылардың, тілді пайдаланушылар тарапынан ұсыныстардың, сыны пікірлердің айтылуы – табиғи жағдай. Мыс., отбасы, жанұя, үйелмен, т.б. Төлтілдік сөздің ішкі мазмұнын тірек ету үшін интернационалдық терминдердің сыртқы құрылымы, дефинициясы қазақшала-нады, терминнің семантикасына балама іздестіріледі. Кезінде А.Байтұрсынұлы шығарма-ндағы термин жасау ұстанымының да негізгі арқауы – осы. Себебі, термин қалыптастырудағы ең негізгі талаптар: ұлттық, қоғамдық, әлеум. мүддеге сай болуы керек. Олай болса, қоғамдағы ғыл. қатынас құралы ретінде жаңа, күрделі ойды жеткізуді терминдер де сөздер секілді халықтың ақыл-ойын, адамдық рухын, білім ақылын жаңа сапада өсіру мұратын есте тұтады. Ол үшін жаңа терминжасамда халықтың тарихи-мәдени кодтық жадын жаңғырту да ескерілгені жөн. Осы жаңа ғыл. бағыттар (мыс., психоллингвистика) тұрғысынан саралап қарасак, Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың қазақ тілінде термин түзуі ана тілінің табиғатына сай болғанын байқаймыз. Терминжасамның когнитивтік негізі, біріншіден, фондық мәліметтерге, тіл туралы білім аясына тәуелділігі түрінде көрінеді. Яғни когнитивтік

көзқарас жаңа сөз жасау, қолдану мәселелерін басқа қырынан «көріп», жаңаша бағалауға мүмкіндік береді. Шындығында, ұғымның басты белгілерін анықтауда адам ойының, таным деңгейінің рөлі ерекше екенін қазіргі когнитивтік лингвистика дәлелдеді. Бұл арада атаудың прагматик. мақсаты ғана негізге алынуы жеткіліксіз. Қоршаған орта құбылыстары көрінісінің адам ойы мен таным жүйесінде зерделенуі ой мен тілдің анықтауыштық, құрауыштық функцияларын құрайды. Когнитология теориясы бойынша атау жасауда қабылдау, еске түсіріп, қайта қолдану адамның жалпы және әрбір сәттегі ойлау, сезіну қалыбымен, ауқымымен байланыстылығын негіздейді. Жеке адамның ойлау еркі оның тілдік білігіне тәуелді болса, ұлттық ойлау ұлттық тілдің мүмкіндігімен анықталады. Байтұрсынұлы қалыптастырған жүздеген терминдердің қалың көпшілікке етене жақын болуын, табиғилығының феноменін осы танымдық негізде түсіндіруге болады. Соның негізінде анықталатын терминжасамның тілдік тетіктері осы саладағы субъективті факторды (яғни, «меніңше, мынау дұрыс» деген сияқты) жоққа шығарып, объективті сипат бермек. Бұл арада танымдық негіздің ұлттық ерекшеліктерінің де (шешендік, бейнелілік, т.б.) мәні ерекше. Мыс., Байтұрсынұлы қалыптастырған көсемше терминінің лингвистик.-грамматик. қызметіне сай мәндік сабақтастығы, дәлдігі дау тудырмайды. Шындықтың бейнелену нәтижесі іспетті терминдердің қалыптасуы олардың көбірек немесе азырақ нақты ұйымдастырылған топтарына, категорияларына бөлу арқылы тәртіптеледі, ал қабылданатын мәнді әдепкі топтарға жатқызу үрдісі арқылы ұғынуда осы жаңа мәнде жазылатын мүшелердің сипаттамасы ұғымның әртүрлі деңгейінде білімнің қорытындысы ретінде ескеріледі, бұл үрдіс когнитивтік лингвистикада категоризация деп аталады. Сөзді термин ретінде пайдалану үшін оның есте өзектелуі қажеттілігі туындайды, нәтижесінде осы сөзбен байланысты тілдік (аялық білім) және энциклопед. білімге қол жеткіземіз. Психоллингвистик. тұрғыдан қорыда айтылған үрдістердің кез келгені тілдік/сөйлеу механизмдерінің ерекше қызметі тұрғысынан қарастырылуы тиіс. Олай болса, сөз мағынасының өзектелуі мағына аспектісінің дәл осы сәттегі санада бейнелену мүмкіндігін көрсетеді. Демек, категоризацияның бір-бірімен байланысты екі бағытына лайықталып реформаланған араб таңбаларын латыншаға ауыстырудың тиімділігі туралы пікір айтқан Байтұрсынұлы бастаған зиялы топқа «ұлтшыл», «пантүрікшіл», «кеңеске қарсы» деген айыптар таңылды, ғалымның сан жылғы еңбегі жоққа шығарылды. Байтұрсынұлының ғыл. еңбегінің мәнін біз әлі де зерделей ұғынуға тиіспіз.

*Ж.Манкеева*

**ТЕРМИНЖАСАМ ҮЛГІЛЕРІ.** Ғыл. ұғымдар жүйесін сөз арқылы, терминдер арқылы жүйелеп беру жетілдірілген терминжүйе түзудің ең ұтымды жолы саналады. Бұл тұрғыдан келгенде тіл ғұламасы ұлттық термин жасаудың тамаша үлгілерін көрсетуімен ерекшеленеді. Термин шығарм-нда ұлт тілінің өз қосымшаларын, сөз тудырушы жұрнақтарды орнымен әрі өте ұтымды пайдаланды. Мәселен, ол сөйлем мүшелерін *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш* деп атап, бірыңғай -уыш (-уыш) жұрнағы арқылы береді. Біртектес ұғымдарды бір үлгімен жасайды. -лык/-лік (-дык/-дік, -тық/-тік) жұрнақтарын жалғай отырып, *есімдік, етістік, жалғаулық, сұраулық* атауларын жасау арқылы – екінші, *есімше, көсемше, сызықша* терминдерін -ша/-ше, жұрнағы арқылы жасай отырып – үшінші терминүлгі ұсынады. Осы сияқты, қазақ тіліндегі сөз тудырушы -ым/-ім және -ма/-ме жұрнақтарын жалғау арқылы да бірыңғай терминүлгілер жасайды. Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғыл. еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Олар өздерінің термин шығарм-нда Байтұрсынұлы туындатқан терминүлгілерді (терминомодель) жаңа термин жасаудың қалыбы ретінде пайдаланды. 20 ғ-дың басында Байтұрсынұлы еңбектері жарық көргеннен кейін әр түрлі ғылым салалары бойынша жазылып, баспа бетін көрген қазақ зиялыларының еңбектерінде қолданылған терминдер соған дәлел бола алады. Оны баспадан шығу ретіне қарай хронол. тәртіппен берілген мына төмендегі оқулықтардан анық көруге болады.

термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады. Мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мыс., Байтұрсынұлының қаламынан туындаған *тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем* терминдері Омарұлының көрсетілген оқулығындағы *тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін* терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын. Ал мәселенің екінші қырынан қарағанда, мұны 20 ғ-дың алғашқы ширегінде қанаттасып, қатар қызмет еткен қазақ тіл білімінің қос ғұламасының термин жасау ісіндегі шығарм. сабақтастығының көрінісі деп тануға да негіз бар.

Ш.Құрманбайұлы

**«ТЕРМИННІҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, С.Ақаевтың докторлық диссертациясы. А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-тында 2002 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Ә.Қайдар. Зерттеу жұмысы кіріспеден, «Термин жасау тарихы мен дәстүрі», «Терминжасамның теориялық-әдістемелік негіздері», «Терминге қатысты әлеумет мүддесінен туатын талаптар», «Терминге қатысты тіл мүддесінен туатын талаптар», «Терминге қатысты ғылым мүддесінен туатын талаптар» атты 5 тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыста жалпы тұрғыда және қазақ тілінде терминнің арнайы сөз тобы ретінде пайда болу, қалыптасу тарихы мен үрдісі, термин жасаудың теор. негіздері, сөздің когнитол. сипаттары талқыланған. Сондай-ақ шетел сөздерін аудару-аудармаудың оң-теріс жақтары; терминнің тілдегі, ел өміріндегі, сөздің ғылымдағы орны мен маңызы; тіл және ғыл. түсінік жүйелілігі қарастырылған. Зерттеуде А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының халықар. сипатты саналатын әрі өзі

А.Байтұрсынұлы. Тіл-құрал. Орыпбор. 1914, 1915 ж.	С.Қожанұлы Есептану құралы. Ташкент. 1924 ж.	Ж.Күдерін. Өсімдістану Мәскеу, 1927 ж.	Е.Омарұлы. Пішінге (Геометрия). Қызылорда, 1928 ж.
Есімше, өрнеміше, сызықша	Жақша	Қайташа, сабақташа, тостағанша, тұрлауыша және т.б.	Қызылорда, тегіше, тікше
Есімдік, етістік, жалғаулық, сұраулық	Барабарлық, бөлігіліктік, құралғыптық	Аналық, аталық, тұқымдық	Құрылымдылық, өлшемдік, ұқсастық
Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш	Өлшеуіш	Қайтауыш	Өлшеуіш
Орылым	Айырым, алым, бөлім	Бітім	

Бұл кестеден одан кейін оқулық жазған авторлардың, өз замандастарының Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) қалай пайдаланғанын немесе ұлт тілінде бұрыннан бар тұлғалас сөздерді терминдік мағынада жұмсағандығы арқылы олардың арасындағы сабақтастықты көруге болады. Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде

де күрделі терминді толық түрде ұлттық тіл мен ұғымдар негізінде жасауға ұмтылуы мен оны жүзеге асыра алуларының себептері және кейінірек орныққан терминді шетел сөздері арқылы жасау дәстүрінің қандай тұжырымдарға негізделіп, не нәтиже бергені, бүгіндегі термин түзу үрдісі талданып, анықталған. Көлемі 291 бет.

С.Арғынғазин

## ТЕРМИНТАНУШЫЛЫҒЫ

**ТЕРМИНТАНУШЫЛЫҒЫ.** Қазақ терминологиясының қалыптасуы мен ұлттық терминтану ғылымының дамуы ғұлама ғалым, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Қазақтың ұлттық ғылым тілінің, терминологиясының дамып, қалыптасуының тұтастай бір кезеңі ғалым еңбектерімен, оның ғыл.-пед., ағартушылық және ғыл.-ұйымдастырушылық қызметімен тікелей байланысты. Сондықтан да қазақ терминологиясының тарихы, оның даму, қалыптасу кезеңдері туралы сөз қозғағанда Байтұрсынұлының ғыл. шығарм. мен пед.-ағартушылық қызметіне айрықша тоқталу қажет. Ол – қазақ тіл білімінің негізін қалап, ұлттық ғылым тілі мен терминдер қорының қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан ірі ғалым. Байтұрсынұлының терминология саласындағы еңбегін бірнеше салаға бөліп қарауға болады. Біріншіден, ол – тіл білімі, әдебиеттану, педагогика сияқты бірнеше арнаулы саланың терминдер жүйесін жасап, қалыптастырған, авторлық терминология түзген ғалым. Оның жеке авторлығымен 20 ғ. басында қазақ тіл білімінің фонетика, лексикология, синтаксис салаларының тірек терминдері жасалып, оқулықтарға енгізілген. Олардың қатарына *дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, буын, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, көсемше, есімше, үстеу, демеу, жалғау, одағай, қосымша, қос сөз, түбір сөз, туынды сөз, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем* сияқты қазақ тіл білімі ұғымдарын ұтымды бейнелеген мол терминдер кіреді. Оның дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі деп бөлінген «Тіл-құрал» кітаптары – қазіргі тіл білімінің фонетика, лексикология, морфология, синтаксис салаларын оқытуға арнаған оқулықтар. Бұл ғалымның тіл білімінің негізгі салаларын өз заманына сай кеңінен қамтып, олардың ұғымдар жүйесіне сәйкес келетін терминжүйе жасағанын көрсетеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде әдебиеттану ғылымының да негізгі ұғымдарын жүйелеп берді. Әдебиеттану атауларын да алғаш жасап, осы оқулығы арқылы өзі бастап қолданысқа енгізген, ғыл. айналымға шығарған аса дарынды әдебиетші ғалым болды. Ол осы еңбегінде де қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін шебер пайдалана отырып, көптеген жаңа терминдер жасап, әрі халықтың жалпы тілінде бұрыннан бар кейбір атауларға терминдік мағына жүктей отырып, әдебиеттану терминжүйесінің негізін қалап берді. Мыс., терминдендіру жолымен әдебиет атауына айналдырған *бунақ, тармақ, шумақ, қара сөз, дарынды сөз, шешен сөз, көсем сөз, марқақтық, налыс, айтыс, тартыс, намыстананыс, алектеніс, әуреленіс, сұқтаныс* тәрізді

мол терминдер тізбегі – соның айғағы. Ағартушы ғалым – ұстаздық етіп, туған халқына өнер, білім шуағын шаша жүріп, балалар мен мұғалімдерге арналған алғашқы төл оқулықтарымыз бен оқу-әдістемелік құралдарды да жазған ірі педагог, әдіскер. «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Сауат ашқыш» сияқты еңбектерінде де ол жасаған *әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалтылау әдісі, жалқылау-жалтылау әдісі* сияқты ондаған пән-сөздер, шебер қолдан шыққан терминдер бар. Сонымен қатар жалпы әдеби тіл мен қоғамдық-саяси лексиканы, «Қазақ» газетін басқарған алғашқы кәсіби редакторлардың бірі ретінде баспасөз саласының ұғымдарын ұтымды атай білген атаулары да аз емес. Ғыл. ұғымдарға ат қою, оларды жүйелеп беру – өте күрделі жұмыс, үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығарм. үдеріс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни жасауға емес, қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, Байтұрсынұлы – қазақ тілін термин шығарм-нда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен ізашар ғалым, ұлт тілінің ғыл. ұғымдар жүйесін қалыптастыруға аса зор үлес қосқан ғұлама; бір емес, бірнеше саланың терминдер жүйесін жасап, ұлттық терминдер қорын қалыптастыруда ұстанатын ғыл. қағидаттарды белгілеп, ел көлеміндегі терминология жұмыстардың жүргізілуіне, ұйымдастырылуына басшылық етіп, алғашқы құрылған термин комиссиясына (Мемл. терминология комиссиясына) төрағалық еткен, сөйтіп, қазақ терминологиясының негізін қалаған, ұлттық ғылым тілі мен терминқорды жасауға орасан еңбек сіңірген заңғар тұлға.

*Ш. Құрманбайұлы*

«**ТЕРІ ИЛЕУ**» – «Оқу құралына» енген танымдық мәтін. Сібірде, Ресейде, қазақ даласында тері илеу тәсілдері, теріден жасалатын киімдер туралы айтылған. Ғыл. түсініктеме берілген.

**ТЕРІС ӘУЕЗЕ** – қате, жаңсақ түсінік. Ғалым ертеректегі адамдар дүниені дұрыс танымаған соң, дүние турасындағы мағлұмат жиысатын сана-саңылауы дұрыс болмаған соң табиғаттың күшін, ісін, қасиетін теріс танып, теріс әуезе қылғанын ескертеді. Сондықтан бұрынғылардың ертегі сияқты, ертегі жырлар сияқты шығарған сөздері біздерге шып-шылғи өтірік көрініп, біздің ақыл арнамызға жуыспайды. А.Байтұрсынұлының бұл тараптағы ойлары бүгінгі таңдағы когнитивті

лингвистикадағы ұғым-түсінік (наивная картина мира) қағидалармен сәйкес келеді. Сол себепті Байтұрсынұлы «когнитивті лингвистиканың негізін қалаушы ғалым» деуге толық негіз бар. Ендеше, қазақ тіл білімінде когнитивті лингвистика 20 ғ-дың басында-ақ қалыптасқан.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТЕРІС РАЙ** – істелетін іске айтылатын сөздің теріс түрі. Мыс.: *барса игі еді, алса игі еді, жүрсе игі еді, жүрмесе игі еді.*

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТЕРІС ҮТІР** « , » – 1) бұратана сөздерді бөлек шығару үшін; 2) сыйысулы сөйлемдердің бірөңкей мүшелерінің арасына қойылатын; 3) бағыныңқы сөйлемнің жігін басыңқы сөйлемнен айыру үшін қойылатын; 4) лепті сөйлемдерде одағайдан кейін қойылатын; 5) бір сөз не болмаса сөйлем қайта-қайта айтылған орында қойылатын белгі, кіші тыныс.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«ТИТТЕЙ ЖҰМЫСКЕРЛЕР»** – «Оқу құралына» енген мәтін. «Бір түрлі үй» деген жұмбақты шешу барысында, бір шәкірт оны – сағат, екіншісі – құмырсқаның илеуі, үшінші оқушы – адамның денесі деп шешкенін айта келіп, автор (Байтұрсынұлы) оқушыларға: «Осыны сендер табындаршы!» деген сауал тастайды. Бұл – қазіргіше айтқанда, шығармашылыққа баулу, проблемалық оқыту элементтері енгізілген тәсіл.

*С.Ғұсманқызы*

**ТИІС ҒАЛАМ ТУРАСЫНДА СӨЙЛЕУ** – жай күйінде жабайы тілмен тиісін айту.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТИІС ЖАҒЫНАН АЛЫП СӨЙЛЕУ** – заттың бойындағы сипат бойынша сөйлеу. Мәселен, кісі жайында тиіс жағынан алып сөйлегенде түсі, тұрпаты, мінезі, құлқы, туысы, тұрмысы, ісі айтылады. Кісі туралы тиіс жағынан алып сөйлегенде оны сүйетін-сүймейтінімізді, сыйлайтын-сыйламайтынымызды айтамыз.

*О.Жұбаева*

**ТОБЫҚТЫ** – Арғын тайпасының құрамындағы ру. Т-лар 17 ғ-дың аяғында Балқаш, Тоқырауын, Құсақ маңында тұрған. Кейіннен 19 ғ-да Бұғылы, Шаған, Мұқыр, Шыңғыс, Қызыладыр деген 5 болыс ел болып Шыңғыс, Арқат, Дегелең, Шұнай, Шақпақ таулары баурайына, Ащы су, Шаған, Мұқыр, Құндызды, Бақанас өзендерінің бойына, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. жеріне орналасқан. 1822–50 ж. аралығында Омбы обл.-ның өкімш. деректерінде манас-тобықты, мәмбет-тобықты,

күшік-тобықты, жүз-мәмбет тобықты деген болыстардың аттары кездеседі. Т-ның ұраны – Ақжол, таңбасы – көз. А.Байтұрсынұлының (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.) жинақтап, түзетуімен 1923 ж. Мәскеуден шыққан «23 жоқтау» атты еңбектің жоқтауларында Т. руының аты аталады.

**ТОҒЖАНОВ** Ғаббас Садуақасұлы (1900, қазіргі Ақмола обл. Уәлиханов ауд. Жарқын а. – 1937) – қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, публицист. Омбы гимназиясын (1917) бітіріп, Ташкенттегі Орта Азия ун-тінде (1922–23), Мәскеудегі В.Г.Плеханов атынд. халық ш. ин-тында (1923–24) оқыған. Жас кезінде Омбы қ-нда құрылған «Бірлік», «Жас азамат» қазақ жастарының ұйымдарына қатысқан. Ресей коммунистік жастар одағы Сібір бюросы жанындағы қазақ-татар секциясының хатшысы, «Еңбекші жастар» газетінің редакторы, Ақмола губ. төтенше комиссиясының хатшысы,



*Ғ.Тоғжанов*

Ақмола жалпы білім к-тінің алқа мүшесі (1919–22), Ташкентте шыққан «Жас алаш» газетінің жауапты хатшысы (1922–23), КСРО Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты Орт. Күншығыс баспасы қазақ секциясының хатшысы (1923–24) қызметтерін атқарды. БК(б)П ОК баспасөз бөлімінің нұсқаушысы (1924–26), Қазақстан Өлкелік партия к-ті баспасөз бөлімінің меңгерушісі (1926–28), «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің редакторы (1926–32), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы (1935–36), Қазақ КСР ХКК жанындағы көркемөнер істері жөніндегі басқарма бастығы (1936–37) қызметтерін атқарды. Т. қазақ әдеби сынының қалыптасып дамуына зор үлес қосты. «Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны» (1925), «Екі жастың әңгімесі» (1926), «Әдебиет және сын мәселелері» (1929), «Көне ауыл», «Байтұрсыннов және байтұрсынновшылдық туралы», «Қазақтың театр өнері туралы» (1932, І.Жансүгіровпен бірге), «Абай» (1935) кітаптарының және қазақ тари-

## ТОҚТАБАЕВ

хы мен мәдениеті, әдебиеті мен өнері туралы жүздеген мақалалардың авторы. Кеңестік идеология талабына сәйкес Алаш қайраткерлері шығарм-тары туралы ағат пікірлер айтуға жол берілді. «Әдебиет және сын мәселелері» атты еңбегі қазақ ұлттық әдебиеттану әдістемесі мен теориясының алғашқы тәжірибесі болып саналады. Т. саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. Т-тың «Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді» деп жоғары баға бергендігі туралы Р.Нұрғали өзінің «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» деген мақаласында үзінді келтірген ([www/webcache.googleusercontent.com](http://www/webcache.googleusercontent.com); қаралған күні: 2.10.2017).

*С.Қорабай*

**ТОҚТАБАЕВ** Кәрім Досжанұлы (1890, Торғай обл. Торғай уезі Шұбалаң болысы –1936) – қоғам қайраткері, Алашорданың Торғай кеңесінің мүшесі. 1909 ж. Орынбордағы қазақ мұғалімдер мектебін бітірген. 1909–12 ж. Тосын болыстық мектебінің мұғалімі, 1912–19 ж. Торғай қ-ндағы медресе жанындағы орыс сыныптарының меңгерушісі, Торғай жоғары бастауыш уч-щесінің математика және физика пәндерінің оқытушысы болды. Ақпан революциясынан кейін 1917–18 ж. Алаш қозғалысына белсене араласып, Торғай кеңесіне мүшелікке сайланды. Кейіннен кеңес өкіметі жағына шығып, 1919–21 ж. Семей



*К.Тоқтабаев*

губ. халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, 1921–22 ж. Көкшетау уезінің азық-түлік комиссары, Қазақ ОАК-нің Қызыл керуен уәкілі болып қызмет істеді. 1922–24 ж. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссарының орынбасары, саяси ағарту жұмыстары бас басқармасының бастығы, 1924–25 ж. Қазақ АКСР Егін ш. халық комиссариаты жерге орналастыру бас басқармасының бастығы, 1925–27 ж. Семей губ. атқару к-тінің төрағасы, 1927–31 ж. Қазақ АКСР Халық ағарту, Егін ш. комиссары қызметтерін атқарды. 1931–33 ж. КСРО БРОАК жанындағы Қазақстан өкілі (Мәскеу қ.). Алматы обл-ндағы «Дегерес» қосалқы ш-ның меңгерушісі болды. Алаш ісі бойынша 1933 ж.

казанда тұтқындалып, 1934 ж. сәуірде 5 жылға сотталды. 1934 ж. Воронеж қ-на жер аударылып, 1936 ж. айдауда қайтыс болды. 1958 ж. ақталды. Т.Жұртбай «Сөзі де – ақ, өзі де – ақ...» атты мақаласында Мырзағазы Есполювтың тергеуде берген жауабынан: «...Сол арада қызыл әскерлер Орынборға келді, Ор және Троицк казактары қарсы көтеріліс жасады. Ол кезде қазақтардың көтеріліске қатысатындай мүмкіндігі жоқ еді. Бөкейханов Омбыда ұзақ уақыт тұрақтап қалды. Кәрім Тоқтабаев бізге Кеңес үкіметі жағына шығу туралы жасаған Жангелдиннің ұсынысын алып келді. Ахмет Байтұрсынұлы, Дулатов, Қаратілеуов Торғайда болатын» деп үзінді береді («Әдебиет» порталы).


**ТОҚТАРБАЙ** Елдос Нүсіпұлы (2.1.1993 ж.т., Алматы обл. Көксу ауд. Балпық би кенті) – әдебиеттанушы. Арқалық мемл. пед. ин-тының филол. ф-тін (2015), Еуразия ұлттық ун-тінің магистратурасын (2017) бітірген. Арқалық көпсалалы колледжінде оқытушы (2013–15), С.Сейфуллин мұражайында бас ғыл. қызметкер (2015–16), Қазақстан «Ақ жол» демократ. партиясының идеол. жұмыстар бөлімінде аға сарапшы, респ. «Қазақстан– ZAMAN», «Үркер», «Дәстүр», «Ана тілі», «Жас қазақ» мерзімді басылымдарының тілшісі (2015–17) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. бағыты – әдебиет теориясы мен әдістемесі және қазіргі кезеңдегі әдебиет сыны және әдебиет та-



*Е.Тоқтарбай*

рихы мәселелері. Т-дың «Қаламгер, ғалым, қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының әдеби мұрасы» атты ғыл.-зерт. еңбегі (2012, А.Абдуллинамен бірге) жарық көрген. «Қазақ әдебиеті тарихындағы түрме шығармашылығы және эмигранттық кезең» (Генезис. Эволюция. Поэтика) монографиясы мен балаларға арналған «Ақ желкеннің ұландары» (2015) атты әңгімелер жинағының авторы. Т-дың әдебиет тарихына арналған ғыл. зерттеулері мен әдеби сыни мақалалары, прозалық шығармалары респ. мерзімді басылымдарға жиі жарияланып тұрады. Халықар. «Дарабоз» әдеби байқауының жеңімпазы. «Алаштың Ақ жолы» сыйл. иегері.

«**ТОҚЫБАС ӘНІ**» – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Секста секірімесінен басталған әннің ерекшелігінде қайталамалы дыбыстардың жиі кездесуі речитативті бастаманы аңғартады. Оған ілескен толқындатылған әуен кантиленалық бағытты көрсетеді. Әннің диапазоны кең – дедима арақашықтығын қамтиды. Ән құбылмалы ладта, төрт әуендік толдан тұратын шумақты құрылымда жазылған (ABCD). Әннің бірінші әуендік жолы соль дыбысынан жоғары бағытта секстальк секіріме жасап, кейін ми дыбысын қайталай келе, төмен берілген жоғары тетракор арқылы ре нотасына тоқталады. Екінші әуендік жол жоғарыдағы, яғни екінші октавадағы соль дыбысынан басталып тізбектел-



ген дыбыстар арқылы си дыбысына келіп тұрақталады. Үшінші әуендік жол до дыбысынан басталып, ля дыбысына кідіреді, ал төртінші әуендік жол до дыбысынан басталып, жоғарыдағы ми дыбысына барып, толқындалатын әуен арқылы солға келіп, ми дыбысымен аяқталады. Ладтық өзгешелікке келсек, алғашқы қос тармақ соль-миксолидийлік ладта, үшіншісі ля-эолийлік, ал төртіншісі ми-фригийлік ладты көрсетеді. Әннің әуендік құрылысында трихордтық, тетракордтық, терция арақашықтығы арқылы берілген интонациялар кездеседі. Әндегі төрттік ұзақтықтар өлшемнің тұрақтылығын көрсеткендей болады, дегенмен 4/4 өлшемнің арасында 5/4-ге кездеседі. Жалпы әннің әуендік даму үдерісі, яғни – жоғары дыбысқа секірменің ақындық әуен құрылысына тән жасалғаны (С.Елеманованың анықтамасы бойынша «акынская мелодическая формула»), әуендік желістің үнемі дамып отыруы, ладтың құбылмалығы т.с.с. кәсіби-композит. туындыларға жақындықты танытады.

*А.Қазтуғанова*

**ТОҚЫРАУЫН** – Солт. Балқаш алабындағы өзен. А.Байтұрсынұлы жинап, 1926 ж. Мәскеуде жарық көрген «23 Жоктаудың» бірінде Орманбетті оның ұлы Нармамбеттің жоктағаны келтіріледі. Онда Орманбеттің руы Тобықты екені, оның Балқаш көлін қыстап, Т. өз-нің бойлап, Сарыарқаға жайласқаны баяндалады.

**ТОЛҒАУ** – дарынды сөз, ақындардың сөзі, көркем сөз, келістігімен, әдемілігімен көңілге ұнауын көздейтін сөз. Т. – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жал-

ғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып толғай алу да. Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатында толғайды. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

«**ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ**» – жинақ. Авторы – Р.Нұрғали. ҚР Мәдениет және Ақпарат мин. Тіл к-тінің тапсырысы бойынша «Руханият» орт-нда дайындалған. А., «Үш Қиян» баспасы 2009 ж. жарыққа шығарған. Көл. 304 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап «Сабақтастық немесе кітаптың беташарынан» және төрт тараудан («Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», «Тіл тағдыры – ұлт тағдыры», «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін», «Толғауы тоқсан қызыл тіл») тұрады. Бұл зерттеу еңбекте Алаш алыптарының тіл, әдебиет, халық, бостандық туралы ой-толғамдары мәтіндерді саралау арқылы нақты талданып, бүгінгі тәуелсіздік міндеттерімен сабақтастығы көрсетіледі. Ұлттық дамуымызға түрен салған қайраткерлердің шығарм. тұлғасы сомдалып, қазіргі заманға қатысты көкейкесті, толғақты пікірлер айтылған. Автордың А.Байтұрсынұлының қайраткерлігі, шығарм. мұрасының негізгі арналары жайлы «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» атты көлемді зерттеу мақаласы (9–29-беттер) берілген.

*С.Хасенов*

«**ТОЛҚЫН**» – ақын М.Жұмабаевтың «Оқу құралына» енгізілген белгілі өлеңі. Шәкірттер формасы да, ойы да жаңа сипаттағы көркем жырдан эстет. ләззат алады.

*С.Ғұрманқызы*

**ТОЛСТОЙ** Лев Николаевич (9.9.1828, қазіргі Тула обл. Шекин ауд. Ясная Поляна – 20.11.1910, Липецк обл. Лев Толстой т.ж. ст.) – орыс жазушысы. 1844–49 ж. Қазан ун-тінің әуелі шығыстану, кейін заң ф-ттерінде оқыды. Ол ағылшын, француз, неміс тілдерін еркін меңгеріп, чех, поляк, серб, итальян, грек, латын, украин, татар тілдерін білген, қосымша ежелгі еврей, түрік, голланд, болгар тілдерін оқыған. 19 жасынан күнделік жазған (90 томдық шығармалар жинағының 13-томына енді). Жасынан ол Ж.Ж. Руссо шығармаларын, Ч.Диккенс, Л.Стерн, Ф.Шиллер, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.Ю.Лермонтов, т.б. жазушылардың туындыларын оқыды. 1852–55 ж. «Современник» журналында жазушының балалық шағы мен отбасылық өмірі жайында жазылған «Балалық»,



## ТОЛЫҚТАУЫШ

«Ересектік», «Севастополь әңгімелері» атты автобиогр. трилогиясы басылған. 1856 жылдың күзінде әскери қызметінен босап, Германия, Франция, Швейцария елдерін аралады. Осы жылдары «Помещиктің таңғы тірлігі» (1956) әңгімесін, «Альберт» (1857 – 58) повесін, «Отбасы бақыты» (1858 – 59) романын жазды. 1862 ж. «Ясная Поляна» атты пед. журнал шығара бастады. 60-жылдары Орынборға, Самара даласына барып, жергілікті халықтардың (башқұрттар, татарлар, қазақтар, т.б.) тұрмысымен танысты, сонда қымызбен емделді. 1863–69 ж. Ясная Полянада «Соғыс және бейбітшілік» роман-эпопеясын, 70-жылдардың басында «Әліппе» (1871–72), «Жаңа әліппе» (1874–75) еңбектерін, «Анна Каренина» психол. романын (1873–77), «Тәубаға келу» (1978–80), «Мен дінге қалай сенемін?» (1882–84) атты туындыларын жазды. 80-жылдардың ортасынан «Қараңғылықтың өкімі» (1886) драмасын, «Тәрбие жемістері» (1886–90) комедиясын, т.б. драмалық шығармасын жариялады. Т. публицистика жанрында да біршама мақалалар жазды. Т.Манн ол туралы «Гете және Толстой» (1932) атты көлемді зерттеу еңбек жазған. М.Горький «Лев Толстой» очеркінде Т. өмірін жан-жақты суреттеген. Т. еңбектері Абай мен Шәкерім шығарм-на әсер еткен. Шәкерім Т.-дың «Ассирия патшасы Асархадон», «Үш сауал», т.б. шығармаларын қазақ тіліне еркін аударған. Қазақ тілінде Т.-дың «Анна Каренина» (1953), «Арылу» (1955), «Соғыс және бейбітшілік» (1963), т.б. шығармалары жарық көрген. А.Байтұрсынұлы Т.-дың «Сезім», «Күн», «Жұмыртқадай бидай», т.б. туындыларын қазақ тіліне аударған. Кавказ соғысында көрсеткен ерлігі үшін Анна орденімен, «Ерлік үшін», т.б. бірнеше медальдармен марапатталған.

Шығ. жин., 90 томдық, М.–Л., 1928 – 58; Собр. соч., 1 – 20, М., 1960 – 65.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшігері, 2013. – 2-т.

Қ.Кәкілбаева

**ТОЛЫҚТАУЫШ** – А.Байтұрсынұлының «нәрсенің амалын, жайын, болмысын толықтыру үшін айтылатын сөзді» атау мақсатында енгізген термині. Қазіргі тіл білімінде Т. іс-әрекеттің тура я жаңама нысанын білдіретін тұрлаусыз мүше ретінде танылған. Байтұрсынұлы синтаксисінде іс-әрекеттің неге жұмсалғанын білдіру Т.-тың ішкі белгісі болып саналады, ал сыртқы белгісі – *кімге? неге? кімді? нені? не? кімде? неде? кімнен? неден? не қылуға? не етуге? кіммен? немен? кім үшін? не үшін? кім туралы? не туралы?* сияқты сұрауларға жауап беруі. Т.-тың септік жалғаусыз және септеуліксіз түрі тура Т.-қа жатқызылады. Мыс., *Әкесі баласына кітап сатып алды* деген сөйлемдегі *кітап* сөзі тура Т. ретінде танылады. Т. болатын сөз таптары,

қазіргі қазақ тілі синтаксисіндегідей, жаңама септіктер (Байтұрсынұлы грамматикасында жалғаулар деп аталады) жалғанған мен септеуліктер (Байтұрсынұлы грамматикасында жалғаулықтар деп аталады) тіркескен зат есімдер және септік жалғаулары жалғану арқылы заттанған сын есім, сан есім, есімдік, қимыл есімі мен есімше, үстеу, одағайлар. Қазіргі қазақ тілі синтаксисінен бір ерекшелігі – тұйық етістік пен үшін септеулігі тіркескен сөздер қазіргі синтаксисте пысықтауышқа жатқызылса, Байтұрсынұлы синтаксисінде Т.-қа жатқызылады. Мыс., *Жұмаш жұру үшін қайғырмады* деген сөйлемдегі *жұру үшін* Т. ретінде көрсетіледі. Т. жасайтын «бүтін сөйлем» дегені, қазіргі синтаксисте үйірлі Т. ретінде қаралады. Мыс., *«Бай бол» дегеннен адам байымайды.*

Ж.Жақыпов

**ТОЛЫҚТАУЫШ БАҒЫНЫҢҚЫ СӨЙЛЕМ** – басынқы сөйлем толықтауышының шылауында болып, толықтауыштың сұрауына жауап беретін бағыныңқы сөйлем. «*Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың*». Мұнда басынқы сөйлем – «*ұшқанда соны аларсың*», бағыныңқы сөйлем басынқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны білу үшін басынқы сөйлемді алып, сол арқылы сұрау саламыз. *Ұшқанда нені аларсың? – ұяда не көрсең (соны).* «*Соны*» – басынқы сөйлемнің толықтауыш мүшесі. «*Ұяда не көрсең*» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр және «*нені?*» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем Т. б. с. болады. Толықтауыш сұрауы «*нені?*» ғана емес, басқа сұраулары да толып жатыр. Мәселен: «*кімді?*» «*кімге?*» «*неге?*» «*кіммен?*» «*немен?*» т.б. Сондықтан «*нені?*» деген сұрауға ғана емес, толықтауыштың басқа сұрауларына да жауап берген бағыныңқы сөйлемдер Т. б. с. болады. Мыс.: 1) *Кім жалқау болса, жоқтық соған жолдас.* Жоқтық кімге жолдас? – *кім жалқау болса, (соған).* 2) *Кіммен ауылдас болсаң, сонымен қауымдас боларсың.* Кіммен қауымдас боларсың? – *кіммен ауылдас болсаң, (сонымен)* т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ТОЛЫҚТАУЫШ СҰРАУЛАРЫ** – толықтауыштың тысқы белгісі: «*кімге?*» «*неге?*» «*кімді?*» «*нені?*» «*не?*» «*кімде?*» «*неде?*» «*кімнен?*» «*неден?*» «*не қылуға?*» «*не етуге?*» және де «*кім?*» «*не?*» деген сұрауларға «мен» «үшін» «туралы» «тақырыпты» негізді сұраулар.

**ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ ТЫСҚЫ БЕЛГІСІ** – сөздің толықтауыш сұрауларына жауап беру. Толықтауыш сұраулары: «*кімге?*» «*неге?*» «*кімді?*» «*нені?*» «*не?*» «*кімде?*» «*неде?*» «*кімнен?*» «*неден?*» «*не қылуға?*» «*не етуге?*», сонымен қатар

«кім?» «не?» деген сұрауларға «мен», «үшін», «туралы», «тақырыпты» т.б. жалғаулықтары қосылуы мүмкін.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ ІШКІ БЕЛГІСІ** – сөздің баяндауышты толықтап, нәрсенің амалын, жайын, болмысын толықтыру үшін айтылуы.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТОЛЫҚ ТҮРДЕ АЙТЫЛҒАН БАҒЫНЫҢҚЫ СӨЙЛЕМ** – бағыныңқы сөйлемнің толық түрі. Бағыныңқы сөйлемдер екі түрде айтылады:

1) толық түрде; 2) ықшам түрде. Толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің бәрін болмаса да, көбін ықшам түрге айналдыруға болады. Ықшамдау дегеніміз – толық түрден ықшам түрге айналдыру. Қазақ тілінде толық түрінен де ықшам түрі көбірек жүреді. Бағыныңқы сөйлемнің көбі ықшам түрге айналғанда, басынқы сөйлемге сіңісіп, жоғалып кетеді. Мыс.: 1) *Түсі қандай болса, ісі сондай болады.* Бұл – толық түрі. Ықшам түрінде айтқанда, *«ісі түсіндей болады»* дейміз (зат есім арқылы). 2) *Ит жүйрік болса, оны түлкі сүймес.* Мұны ықшамдап айтқанда, *«ит жүйрігін түлкі сүймес»* дейміз (мұнда сын есім арқылы).

3) *Қалай пішілсе, киім солай тігілмекші.* Мұнда ықшамдап айтқанда, *«пішілуінше киім тігілмекші»* дейміз (мұнда етістік зат есімге айналған түрі арқылы). 1-мысалда *«түсі қандай болса»* деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, *«түсіндей»* деген жалғыз ауыз сөз болып, басынқы сөйлемге сіңісіп кетіп тұр. 2-мысалда *«ит жүйрік болса»* деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, *«ит жүйрігін»* деген екі ауыз сөз болып, басынқы сөйлемге сіңісіп тұр. 3-мысалда *«қалай пішілсе»* деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, *«пішілуінше»* деген бір ауыз сөз болып сіңісіп тұр. Жазғанда бағыныңқы сөйлемнің толық түрі мен ықшам түрінің қай қолайлысы, көркемі алынады. Сондықтан ықшам түрінен толық түрі көркем болып шықпайтын болса, сөйлемдерді ықшамдаудың қажеті жоқ. Және де ондай сөйлемдер ықшамдалмайтын сөйлем саналады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ТОЛЫМДЫ СӨЙЛЕМ** – тұрлаусыз мүшелері бар сөйлем. Мыс.: *Берген алар, еккен орар. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек. Қоянды қамыс өлтірер.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері, III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ТОЛЫМСЫЗ СӨЙЛЕМ** – тұрлаулы мүшесінің біреуі немесе екеуі де жоқ сөйлем. Мыс.: *Ит тойған жеріне, ер туган жеріне. Барымен базар, жоқты қайдан табар. Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай-құнаннан. Құлме досыңа, келер басыңа.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**ТОМОХИКО** Уяма (1.11.1967 ж.т., Жапония) – тарихшы, саясаттанушы, алаштанушы. Токио ун-тінде жалпы білім беру ф-тінің орыс бөлімін (1991), аспирантурасын (1993), докторантурасын (1996) бітірген. Маскеу мемл. ун-ті тарих ф-тінде (1989–90) тәлімгерліктен өткен. ҚР-дағы Жапония елшілігінде атташе (1994–95), ҚР ҰҒА Шығыстану ин-тында шақырылған ғалым (1995–96), Хоккайдо ун-ті славяндық зерттеулер ортнда доцент (1996–2006), директоры (2012–14) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта Хоккайдо ун-ті жанындағы славяндық-еур. зерттеулер орт-



У.Томохико

ның (2014 жылға дейін славяндық зерттеулер орт.) проф., Жапониядағы Орт. Азияны зерттеу қоғамының президенті. Ғыл. жұмысының негізгі бағыты – Орт. Азия елдерінің тарихы мен саясаты, 19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың басындағы Қазақстан тарихы. Т. ҚР ҰҒА-ның «Алашорда және Алаш автономиясына – 100 жыл» ескерткіш медалімен (2017), «Аймақтануды дамытуға қосқан үлесі үшін» (Дайдо қоры, 2010), Хоккайдо ун-ті ректорының сыйлықтарымен (2016) марапатталған. Т. «Алашорда – Алаш автономиясы аз уақыт өмір сүрсе де мемлекет құрудың жоғары деңгейін көрсетті. Алаш қозғалысы Қазақстан тарихы үшін тағылымы мол дүние» деген пікір білдірді. Сонымен қатар М.Дулатов, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, т.б. Алаш қайраткерлері «өз заманындағы әлемдік ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің қай-қайсысымен де тең тұра алды» деп атап көрсетті. Т. «20 ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының көзқарасы: М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабы туралы» // (Славян зерттеулері. – 1997. – №44; жапон тілінде), «Қазақ

зиялылары үш өркениет тоғысында. Түркістандағы реформалық қозғалыстар мен революциялар (1900–1924)» (ағылшын тілінде, 2001. – 393–401-б.), «Қазақ мемлекетін құрудың екі мүмкіндігі: 1916 жылғы көтеріліс және Алаш қозғалысы» (Лондон, 2001), «Алашорданың Сібір, Орал және Түркістанмен қарым-қатынасы: қазақ ұлттық қозғалысы және Ресей империясының мұрасы» (Лондон, 2012), т.б. еңбектерінің авторы.

**ТОМСК** – Ресейдегі қала, Томск обл-ның орталығы. Қала Том өз-нің оң жағалауында Об өз-нен 60 км қашықта орналасқан. Батыс Сібірдің ірі өнеркәсіп, ғыл. және мәдени орт. саналады. Мұнда Ресей Ғылым академиясының Сібір физика-техн., ядролық физика ин-ттары орналасқан. Қалада мұнай химиясы және атмосфера физикасы ғыл.-зерттеу ин-ттары бар. Жоғары оқу орындарынан Т. мемл. ун-ті, Политех. ун-ті, сондай-ақ инж.-құрылыс, автоматтық басқару жүйесі және радиоэлектроника, мед., педагог. ин-ттар жұмыс істейді. Т. орыс қамалы ретінде 1604 ж. салынған. 1629 ж. облыс орт., Сібір сауда-колөнері орт. болған. 1719 ж. Т. Бийск провинциясы, 1726 жылдан Тобыл провинциясы құрамында, ал 1782 жылдан Тобыл обл. наместнигінің, 1804–1944 ж. аралығында Т. губ.-сының, ал 1944 жылдан облыс орт. саналады. А. Байтұрсынұлы «Қазақ жерін алу турасындағы Низам» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) ғасыр басындағы жер мәселесінің өзекті тақырыпқа айналғанын айта келіп, бұқара халықтың заңды дұрыс білмегендіктен құқы аяққа тапталатынын дәлелдеді. Мысал ретінде 1909 ж. 9 маусымда Министрлер Кеңесі шығарған бұйрығында: «1 пункт: қазақ пайдасындағы жердің артықтарын мұжықтарға патшалық керегіне шығару жолы Тобылск, Томск, Енесейск һәм Иркутск губернияларды жер кесуге шығарған низамның...» деп келтіргені айтылады. Қара қазақ халқы заңды білмегендіктен, жерін бере салған делінеді.

**ТОН ДЫБЫСТАР** – «к», «ғ» сияқты жіңішкертуге көнбейтін дыбыстар, «к», «г», «е» сияқты жуандатуға көнбейтін дыбыстар.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-қурал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**«ТОРАЙҒЫР БИДІҢ ТАҚПАҚТАРЫ»** – өлең. А. Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін I-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Оқулыққа өлеңді Шорман жинағынан алып пайдаланғанын соңында берілген сілтеме көрсеткен. 3 шумақ, 22 жолдан тұратын шығарма 8 буынды жыр үлгісінде құрылған.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013, 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ТОРАЙҒЫРОВ** Сұлтанмахмұт (28.10.1893, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Уәлиханов ауд. – 21.5.1920, Павлодар обл. Баянауыл ауд.) – ақын, ағартушы. 1911 ж. жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. 1912 ж. Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түсіп, бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығады. Т. медреседе оқуды қойып, орысша оқу іздейді, қала маңындағы елде жаз бойы бала оқытады. Осы кезден ақындыққа ден қойып, 1912–13 жылдар аралығында «Оқып



*С.Торайғыров*

жүрген жастарға», «Тәліптерге» («Шәкірттерге»), «Ендігі беталыс», «Оқудағы мақсат не?», «Досыма хат», «Шығамын тірі болсам адам болып», т.б. өлеңдерін, «Зарлаңдым» атты ұзақ очеркін жазды. «Қамар сұлу» романын жазуды бастады. 1913–14 ж. «Айқап» журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасып, жазғандарының бірқатарын журналда жариялаған. «Ендігі беталыс», «Тұрмысқа», «Бір адамға», «Туған еліме», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сую», «Гүләйім», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам», «Гүл», т.б. өлеңдерін және «Кім жазықты?» атты романын дүниеге әкелді (1915). 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Семейде жаңа құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатынасып, «Алаш ұранын» жариялады. Бірақ ауруы асқынып кеткендіктен оқуды, жұмысты тастап, 1918 ж. еліне біржола оралды. Осы тұста саяси-филос. әдебиетті (Г.Ц.Плеханов, Н.Г.Чернышевский, т.б.) көп оқып, «Шал мен қызға», «А, дүние», «Жас жүрек», «Сарыарқаның жаңбыры», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айттыс», т.б. өлеңдерін жазды. Көптеген әңгіме, очерктер, әдеби-сын мақалалар, «Қамар сұлу», «Кім жазықты?» романдарын, «Таныстыру» (1917–18), «Адасқан өмір» (1918), «Кедей» (1919), «Айттыс» поэмаларын жазды. «Алаш туы астында. Күн сөнгенше сөнбейміз. Енді ешкімнің алашты, Қорлығына бермейміз!

Адамдықтың жолына, Бастаған ерлер соңында, Басқаға көңіл бөлмейміз, Қандай шайтан келсе де, Алдауына көнбейміз. Өлер жерден кеттік біз, Бұл заманға жеттік біз! Жасайды алаш, өлмейміз! Жасасын алаш, жасасын!» деп Алаш идеясын жырлады. Алаш қайраткерлерінің тарихи қызметін бағалап, «Таныстыру» поэмасын (1917–18) арнады. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовты «бірі – күн, бірі – шолпан, бірі – айым» деп бағалады. Поэмада Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Ш.Құдайбердіұлы, Р.Мәрсеков, Н.Құлжанова, Н.Құлжанов, Ә.Молдабаев, И.Тарабаев, Ж.Ақбаев, Б.Сәрсенов, С.Сабатаевтардың есімдері аталып, қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы еңбектерін саралайды. Т. шығармалары – 20 ғ-дың басындағы қазақ қоғамы шындығын, ондағы жаңашыл ой-пікірдің дамуын танытатын үлкен белес.

Шығ.: Толық шығ. жин., Қ-о., 1933; Таңд. шығ., А., 1957, 1987; Избр. А., 1958; Шығ. жин. 3 томдық, А., 2002 – 05.

*С.Қирабаев*

«ТОРҒАЙ» – «Оқу құралына» енген қысқа әңгіме (эюд). Авторы «Түргенұлы» деп берілген. Ғыл. түсініктемеде орыс жазушысы И.С.Тургеневтің шығармасы екені айтылады. Өзінің ақ үрпек балапанын құтқару үшін аңшы итінің арандай ашылған аузының тап алдына келіп, тап-тап бергені, торғай-ананың жанкешті әрекеті суреттелген. Әңгіме соңындағы аңшының: «Менің құтпаным тоқтап, кейін шегінді. Ит те әлгі күшті мойындады. Мен ұялып, сасып бүгежектеп қалған итті шақырып алдым» деген сөздері балаларды адамгершілікке баулудың көрнекі бір мысалындай көрінеді.

*С.Ғұсманқызы*

**ТОРҒАЙДАҒЫ ЕСКЕРТКІШ** – монументті өнер туындысы. Қостанай обл. Торғай қ-ндағы Ах-

мет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың әдеби мұражайының ауласына орнатылған. Аудандық кеңес шешімі негізінде 1990 ж. қойылған. Авторы – Хакімжан Есімханұлы Наурызбаев. Мүсінде ойлы жанармен қазақтың болашағына көз жіберіп тұрған қос алыптың бейнелері кейіптелген. Мыстан құйылған мүсіндердің тұғыры гранит тастармен қапталған.

*К.Қошым-Нозай*

«ТОРҒАЙ ЕЛІ» – энциклопедия. Құрастырып, баспаға әзірлеген Т.Рсаев. «Арыс» қорының «Жаңа энциклопедия» сериясы аясында, «Арыс» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 456 бет. Таралымы 1500 дана. 16 бет түрлі түсті суретті жапсырма берілген. Бұл кітап «Т. е-нің» тарихи жолын, көп салалы шаруашылығы мен мәдениетінің өсу-өркендеу барысын баяндап, өзенкөлдері, т.б. табиғи-геогр. атауларын, ірі елді



қоныстарын, белгілі азаматтарын таныстыруды мақсат еткен энциклопед. басылым. Кітапқа Соц. Еңбек Ерлері, еңбек адамдары мен соғыс ардагерлері, арнайы атақтары бар мамандар, ғылым кандидаттары мен докторлары, ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлері, аудан және көрнекті шаруашылық басшылары іріктеліп алынған. Арқалық, Амангелді, Жангелдин аудандары туралы көлемді материалдар берілген. Кітап материалдары барлық академ. энциклопед. басылымдар үлгісімен қазақ әліпбиінің реттік тізімі бойынша орналастырылған. Басылымда Торғай жерінде дүниеге келген, «ұлт ұстазы» атанған А.Байтұрсынұлы жайлы деректер мол қамтылған. Атап айтқанда: М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы», С.Кенжеахметұлының «Байтұрсын Шошақұлы» (Байтұрсынұлының әкесі), Қойгелдиев, С.Қирабаев, Р.Сыздықова, Ғ.Әнестің «Бай-

## ТОРҒАЙ

тұрсынов Ахмет», Кенжеахметұлының «Байтұрсынова Александра Ивановна (Бәдрисафа Мұхамедсадыққызы) (жары), «Байтұрсынов пен Дулатовтың әдеби мұражайы», Рсаевтың «Байтұрсыновтың Ленинге хаттары», «Байтұрсыновтың мұражай-үйі», Рсаевтың «Торғай көтерілісі (1916)», Ә.Шашаевтың «Торғай облыстық қазақ сыязы» және «Торғай, Семей, Орал және Сырдария облыстары өкілдерінің кеңесі», Рсаевтың «Торғай һәм Ырғыз оязы халқына» атты көлемді мақалалары жарияланған.

*С.Хасенов*

**ТОРҒАЙ КӨТЕРІЛІСІ** – он алтыншы жылғы көтерілістің Торғай уезіндегі құрамдас бөлігі. Көтеріліс бастапқыда уездің қыпшақтар қоныстанған Қайдауыл, Аққұм, Қаратоғай, Сарыторғай, Қарақопа болыстарында және арғындар қоныстанған Тосын, Майқарау, Сарықопа, Наурызым, 2-Наурызым болыстарында Ресей патшасының 25 маусымдағы жарлығына мойынсұнбау, болыс басшыларына, тыл жұмысына алынатындардың тізімін жасаушыларға қысым көрсету түрінде жүрді. Т. к-нің екпін алуы барысында Әбдіғапар Жанбосынұлы қыпшақ көтерілісшілерінің ханы, ал Шолақ Оспанов арғын көтерілісшілерінің ханы болды. Кейін 21 қазанда 13 болыс (6 болыс арғын, 6 болыс қыпшақ және 1 болыс найман, мадияр) өкілдерінің Жалдама өз. бойында өткен Құрылтайында Жанбосынұлы Торғай уезі қазақтарының ханы, Амангелді Үдербайұлы көтерілісшілердің сардарбегі (бас қолбасшысы) болып сайланды. Көтерілісшілер болыстықтар деңгейіндегі жергілікті билік орындарын өз қолдарына алды. 50 мыңнан астам адамнан тұратын көтерілісшілерден ондықтарға, жүздіктерге және мыңдықтарға бөлінген әскери жасақ құрылды. Әрбір қолды басқаруға онбасы, жүзбасы, мыңбасы тағайындалды. Кейкі Көкембайұлы бастаған арнаулы мергендер тобы жасақталды. Көтерілісшілер штабы Торғай қ-нан 150 км жердегі Батпаққараға жақын Үрпек а-на орналасты. Әскери кеңес көтерілісшілерді азық-түлікпен, аспен қамтамасыз етуді, ұстаханаларда қолдан мылтық, қылыш, қанжар, семсер, т.б. жасауды ұйымдастырды. 22 қазанда 15 мың адамнан тұратын көтерілісшілер жасағы Торғай қ-н қоршады. Бұған Ә.Жангелдин де қатысты. Қаланы қорша бірнеше күнге созылды. Қоршаудағыларға көмекке ген. А.Лаврентьевтің жазалаушылар отряды қалаға қарай үш бағытта келді. Жазалаушылардың жақындап қалғаны туралы мәлімет алған көтерілісшілер патша әскеріне қарсы қозғалды. 16 қарашада 12 мың көтерілісшіден тұратын жасақ Тонқойма пошта ст. маңында подполк. Катоминнің жазалау отрядына шабуыл жасады. Жазалаушы отряд тосыннан жасалған шабуылдан қорғанысқа көшті. Көтерілісшілер адам шығынына ұшы-

рамау мақсатында Батпаққара өңіріне өтіп кетті. Патша өкіметі Т. к-н басу үшін жанадан 17 атқыштар ротасын, 18 казак жүздігін, 4 атты экадронын, 18 зеңбірек, 18 пулемет әкелді. Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында Тағырда, Ақшығанақта, Күйікте шайқастар болды. Доғал-Үрпекте 1917 жылғы ақпан айының соңында өткен шешуші айқаста көтерілісшілер жазалаушы отрядқа айтарлықтай қарсы тұрып, оларды Торғай қ-на шегінуге мәжбүр етті. Көтеріліс нәтижесінде патша өкіметінің Торғай уезінен қара жұмысқа адам алу жоспары орындалмай қалды.

*С.Жұмағұлов*

**ТОРҒАЙ ҚАЛАСЫ.** А.Байтұрсынов 1891 ж. Торғай қ-ндағы орыс-қазақ уч-щесін бітірді. 1868 жылғы «Дала аймағын басқару жөніндегі уақытша ережеге» сәйкес Т. қ. Торғай обл. Торғай уезінің әкімш. орт. болды.

*С.Каримов*

### **ТОРҒАЙ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ КОМИТЕТІ.**

1917 жылдың наурызында құрылған. Құрамына А.Байтұрсынұлы, Н.Бегімбетов, С.Қадырбаев, М.Тұңғашин, т.б. енген. Ақпан төңкерісінен кейінгі саяси жағдайда құрылған бұл қ-т қоғамдық тәртіпті сақтау, өзара діни, таптық, әлеум. қайшылықтарды тудырмау мақсатында Торғай обл-ның азаматтарына үндеу жариялаған. Қ-т сәуір айында өткен обл. қазақ съезінен кейін нәтижелі жұмыстар атқарған. Обл. қ-т мүшелерінің рөлі, әсіресе, Алаш қозғалысы идеяларын таратуда, жалпықазақ съездерін ұйымдастыруда айрықша болған.

**ТОРҒАЙ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ.** 1917 жылдың сәуір, тамыз айларында екі рет шақырылды. Тарихта «тұңғыш съезд» атауымен қалған алғашқы Т. о. қ. с. 1917 ж. 2–8 сәуірде Орынбор қ-нда өтті. Съезді Алаш қозғалысының қайраткерлері А.Байтұрсынұлы, С.Қадырбаев, О.Алмасов, т.б. ұйымдастырды. Оған 300-ден астам делегат қатысты. Торғайлықтармен бірге Ақмола, Семей, Сырдария, Бөкей облыстарынан өкілдер келіп, Қазан мұсылман қ-тінен Н.Халфин, Уфа мұсылман қ-тінен Ә.Рахметдинов, татар тіліндегі «Вақит» («Уақыт») газетінің редакторы Ф.Каримов та қатысты. Мәжіліс төрағалығына Байтұрсынұлы, орынбасарлығына 1-Мемл. Дума мүшесі А.Кәлменов және У.Танашев, хатшылығына Қадырбаев, Алмасов, Ш.Бекмұхамедов сайланды. Съезді кіріспе сөзбен ашқан Байтұрсынұлы қазақ қауымын бірлікке, жаңа үкіметті қолдауға, елдегі тәртіп пен тыныштықты сақтауға шақырды. Съездің күн тәртібіне патша өкіметі құлатылғаннан кейінгі жергілікті өкімет және басқару органдарын құру, жалпықазақ съезін шақыру, бүкілресейлік мұсылман съезіне өкілдер жіберу, уақытша үкіметке және ол жалғастырып отырған соғысқа көзқарас, мәдени, діни және

шаруашылық істері сияқты мәселелер қойылды. Съезде мынадай шешімдер қабылданды: Уақытша үкіметке қолдау көрсету үшін жер-жерлерде азаматтық к-ттер құрылсын; бүкіл қазақ халқын біріктіру, оның мұқтаждықтарын анықтау үшін жалпықазақ съезі шақырылсын, бұл съезді шақыру бюросының құрамына Ә.Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Дулатов, Қадырбаев, О.Есенқұлов, И.Әлімбаев, И.Тұрмұхамедов, К.Тұрғымов енгізілсін; Мәскеуде өткізілетін Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Торғай обл.-ның өкілдері ретінде О.Татиев, Қадырбаев, А.Досжанова, С.Ысмақов жіберілсін; Ресей мемлекеті демокр., парламенттік және орталықтанбаған республика болып құрылсын; Торғай обл. қазақтарының діни істері уақытша Орынбор мұфтилігіне қаратылсын; бастауыш білім алу жалпыға бірдей міндетті болсын; бұрын қоныс аудару қорына алынған қазақтар иелігіндегі жерлер кері қайтарылсын. Нәтижесінде Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Дулатов, т.б. басқаруымен Торғай обл.-нда жергілікті азаматтық к-ттер құрылды. Земстволық басқарма төрағалығына А.Бірімжанов, Торғай уездік комиссарлығына Алмасов, хатшылығына Ә.Қасымов сайланды. 1917 жылдың 11 сәуірінде облысты басқару тізгіні Уақытша үкіметтің Торғай обл. комиссары Бөкейханға өтті. 22 сәуірде өткен съезде жер мәселесі бойынша агр. комиссия құрылды. Онда қазақ пен орыстың қарым-қатынасы, облыстағы қоныстанушыларды жермен қамтамасыз ету, т.б. мәселелер талқыланды. Комиссия бұл мәселенің жергілікті қазақтар мен сырттан келген қоныстанушыларға ортақ екенін ескере отырып, 2–8 сәуірдегі Торғай обл. қазақ съезіндегі жер мәселесіне қатысты қабылданған шешімді толық мақұлдады. Мазмұны жағынан 1-Торғай обл. қазақ съезі жалпыұлттық деңгейді көрсетті. 1917 жылдың 20–25 тамызында Ақтөбе қ-нда 2-Торғай обл. съезі өтті. Оған Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз, Торғай уездерінен 150 делегат қатысты. Съезд төрағасына М.Есболов (төраға), С.Досжанов, А.Тұнғаншин (серіктері), Т.Жаманмұрынов, А.Жөндібаев (хатшылары) сайланды. Күн тәртібіне 15 мәселе қойылды: мемл. билік түрі; қырғыз обл. автономиясы; жер мәселесі; земство; қырғыздардың қаражатына салынған үйлер, стипендиялар және арнайы қырғыз қаражаттары; оқу мәселесі; «Еркін дала»; «Бірлік»; сот ісі; Құрылтай жиналысы және Торғай обл. қазақтарынан кандидаттар белгілеу; қырғыз саяси партиясы; Бүкілресейлік мұсылман кеңесі; Жетісу обл.-ндағы оқиғалар және Қазан зардаптары, т.б. Осы съезде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына Торғай обл.-нан Байтұрсынұлы, Дулатовтың кандидатуралары ұсынылды.

Әдеб.: Нұрпейісов Қ. Алаш һәм Алашорда. – А.: Ата-тек, 1995; Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. – А.:

Санат, 1995; Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. – М.: Издательский центр «Россия молодая», 1994; Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. – А.: Ел-шежіре, 2007. – 4-т.; Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж.; Казахские съезды. Сборник документов и материалов. Апрель 1917 г. – декабрь 1919 г. – Т.4.

К.Лиясова

**ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫ** – Ресей үкіметінің 1868 ж. жүргізген әкімш.-аум. реформасына сәйкес Орынбор ген.-губернаторлығы құрамында құрылған әкімш. аймақ. Солт-нде Орынбор губ.-мен, батысында Орал, оңт-нде Сырдария, шығысында Ақмола облыстарымен шектесті. Т. о. 4 уезге (Торғай, Ырғыз, Елек, Николаевск) бөлінді. Облыстың басқармасы Орынбор қ-нда, Торғай у-нің орт. – Ырғызда, Елек у-нің орт. – Елек қорғанысы, Николаевск у-нің орт. – Троицкіде орналасты. Жер ауд. уездер бойынша: Електе 50790 км<sup>2</sup>, Николаевскіде 73760 км<sup>2</sup>, Торғайда 148340 км<sup>2</sup>, Ырғызда 117646 км<sup>2</sup> болды. 1897 жылғы санақ бойынша 790 мың жылқы, 335 мың сиыр, 2146 мың қой, 91 мың түйе тіркелген. Облыс тұрғындары Ресейдің еур. бөлігін Түркістан өлкесімен, Хиуа, Бұхара, т.б. Орт. Азия аймақтарымен жалғастыратын керуен жолында орналасқандықтан, тұзбен, т.б. заттармен сауда-саттық жасады. Орқаш, Әбелей, Мыдтым, Тұзды Құдық көлдерінен 1878 ж. 14,74 млн кг тұз алынды. 1871 ж. облыста Ырғыз, Ақтөбе жәрмеңкесі ашылды, бірақ Ырғыз жәрмеңкесі шалғайда болғандықтан, сауда жүрмеді. 1874 ж. Ресей тауарларынан 14 мың сомдық, жергілікті тауарлардан 50 мың сомдық зат сатылды. 1878 ж. облыста 3 мектеп (Торғайда, Ырғызда, Троицкіде) болды, мұнда 96 бала оқыды. 1879 ж. Ырғыз қ-нда екі кластық халық үш-шесі ашылды. Столыпіннің агр. реформасы кезінде Т. о-нан қоныс аударушыларға арналып 15,8 млн. десятина жер кесіліп, қазақтар шұрайлы жерлерден ығыстырыла бастады. 1916 ж. Т. о. қазақтары 25 маусымдағы патша жарлығына қарсы көтеріліске шықты. 1917 ж. Т. о-ның қазақ съезі өтті. 1928 ж. Т. о. Қостанай обл.-ның құрамына кіріп, Жангелдин ауд. деп аталды. Торғай қ. – Торғай а. болып өзгертілді. Ауылда 2017 жылдың қаңтарындағы статист. дерек бойынша 5 мыңға жуық адам тұрды. А.Байтұрсынұлы «1916 жылдың көтерілісі» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) 1916 жылғы қазақ халқының көтерілісі, оның қалай басталғаны, немен аяқталғаны, көтеріліс кезіндегі ел арасындағы ахуал жан-жақты талқыланғаны жазылған. Соның бірінде «...Октябрь басында сырттан драгун, ұлан, түрлі атты қазақтар келе бастады. Ырғыз, Торғай екі уақ қалаға ғана отыз мың әскер келіп құлады» деп келтірген. Байтұрсынұлы «Жел неден болады?» (6 томдық шығ. жин., 2-т.) мақаласында желдің соғуы, оның қайдан шығатыны т.б. сауалдарға ғыл. негізге сүйе-

## ТОРҒАЙ

ніп дәлелдегені айтылады. Оның бірінде казак даласында жел қысты күні Арқадан (Сарыарқадан) соғатынын, ал Орал, Торғай халқы Арқа желінің Орал, Торғай өңіріне тигізер әсерін «*Жайық басынан жел тұрды; Жайық басынан жел тұрса, жаз да болса қыс болар*» деп сипаттағаны айтылады. Байтұрсынұлы «Закон жобасының баяндамасы» (6 томдық шығ. жин. 4-т.) мақаласында сотта болған кемшіліктер баяндалады, биге түскен арыздардың толық қаралмайтыны сөз болады. Сондай жағдайдың бірінде «Торғай облысында биге түскен арыздың саны 3681, оның қаралғаны 2345, қаралмай қалғаны 1336, үстінен арыз жүргені 1548. Сөйтіп, 64 проценті қаралмаған, 36 проценті қаралған, айтылған биліктің 70 процентіне риза болмай, арыз жүрген» деп, Т. облндағы жағдайдан мысал келтіреді. «Көшпелі қазақтардың сотын өзгертудің лебізі» (6 томдық шығ. жин., 4-т.) мақаласында казак халқының көшпелі екендігі айтыла келіп, Торғай обл-ның 60% қазағы көшіп-қонып жүретінін сөз етеді. Ал «Оқу жайлы» (6 томдық шығ. жин., 4-т.) мақаласында қазақта оқудың көп-азын мөлшерлеу үшін бірнеше есептеуден бүкіл казак жеріндегі оқуды шамалап айтуға болатыны келтірілген. Мыс., «Торғай облысында 1912-нші жыл бірінші гинуарға (январьға) шейін 570 мың 109 казак тұрған, казак баласы оқитын 132 школ болған. Бұлай болғанда, әрбір 3 мың 561 кісіге бір школдан келеді екен» делінген. Байтұрсынұлы өзінің «Өмірдерегінде» 1886–91 жылдары Торғай қ-ндағы орыс-казак уч-шесінде оқығанын айтады. «Хаттар» тақырыбында «*Бауырым Ақымет! 11 маусымда жазған хатыңды алдым. Профессор тамыз және қыркүйек айларында Ырғыз бен Торғайға барып, сол жақтан Қызылордаға соғатын боп уәде беріп, Берлин қаласына қайтып кетті*» деп, хаттың бір үзіндісінде Торғай жері аталған. Хат соңында «*Хат жаз. Әлихан. Мәскеу. 23/VI-25 жыл*» делінген. Оның алдында Байтұрсынұлы Әлихан Бөкейханға жазған хатында осы жылы орт-тың көшуіне байланысты елге бара алмағандығын, егер проф. Торғай мен Ырғызға қарай баратын болса, онымен бірге бару керегін айтады. Ғафу Қайырбековтың «Ахаң туралы ой» (6 томдық шығ. жин., 6-т.) өлеңінде: «Жаралып асыл Торғай топырағынан, Қазаққа болып кеткен ортақ ұлан. Ұлдар көп, ең бастығы Байтұрсынұлы Ахаң деп, өз ағам деп ел таныған» деген бір шумақта Ахаңның қасиетті Торғай жерінен екенін және казак ұлдары ішіндегі бастысы – Байтұрсынұлы екенін жазады. Ақын Серік Тұрғынбекұлы «Ахмет» өлеңінде: Құрдас тәңті өзіңе, құрбы-кішік, Тіл ката алмай ішінен тұрды ұғысып, Сағыныштан сарғайған Торғай жері. Жүрді ме екен көзіңнен бір-бір ұшып»

деп Ахаңның туған жері Торғайды сағынғаны жайлы жырлайды. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласында Абайдың Ұлы атасы Ырғызбай Торғай обл-ндағы Ырғыз деген өзен бойында туғанын, соған байланысты есімін Ырғызбай қойғанын айтады.

Қ.Ахметов

**ТОРҒАЙ, ОРАЛ, АҚМОЛА, ЖЕТІСУ ОБЛЫСТАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ЖИНАЛЫСЫ.** 1916 ж. тамызда Орынбор қ-нда 25 маусымдағы патша жарлығына байланысты казак зиялыларының көзқарасын айқындауға арналған жиналыс өтті. Төрағасы – Ә.Бөкейхан, О.Алмасов және М.Дулатов хатшылық етті. Жиналыста қазақтан майдан жұмыстарына адам алу мәселесі талқыланды. Казак жерінің әр түкпірінде патша жарлығына байланысты асыра сілтеушіліктердің орын алып жатқаны, ел ішіне казак отрядтарының келіп, халықты үрейге салуы, т.б. айтылып, 18 баптан тұратын қаулы қабылданды. Онда майдан жұмыстарына адам шақыруды солт. уездер үшін 1917 жылдың 1 қаңтарына, оңт. уездерге 1917 жылдың 15 наурызына дейін ығыстыру, майданға шақырылатын 19–31 жас аралығындағы жастардың үштен бірін ғана алу, медреседе оқитындарды оқуларында қалдыру, т.б. қамтылды.

**ТОРҒАЙ, ОРАЛ, АҚМОЛА, СЕМЕЙ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСТАРЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КЕҢЕСІ.** 1916 ж. 8 тамызда қазақтан тыл жұмыстарына адам алу мәселесіне байланысты өткен. Төрағасы – Ә.Бөкейхан, хатшылары – М.Дулатов, О.Алмасов, т.б. Кеңесте қазақтан тыл жұмыстарына адам алу мәселесі талқыланған. Онда 18 тармақтан тұратын қаулы қабылданған. Солт. уездерінен тылға адам алуды 1917 жылдың 1 қаңтарына, ал оңт. уездер үшін 15 наурызға ығыстыру, әр отбасыда міндетті түрде бір жұмыс күшін қалдыру, мүмкіндігінше тұрғылықты жері бойынша мемлекетті қорғау жұмысына алып калу, әр ауылға бір молда қалдыру, т.б. мәселелер қамтылған. Бұл кеңес казак зиялыларының ұлт мүддесі жолында біріге алатындығын көрсеткен, сондай-ақ казак жерінің барлық облыстарынан өкілдер бас қосқан алғашқы жиналыс болды.

М.Шіменбаева

**ТОРҒАЙ ОРЫС-ҚАЗАҚ УЧИЛИЩЕСІ** – Б.Алтынсариннің бастамасымен 1864 ж. ашылған оқу орны. 1874 ж. оқу орны 2 жылдық болып өзгерген. Байтұрсынұлы бұл оқу орнында 1886–91 жылдары білім алған. Ол жөнінде өз «Өмірбаянында»: «Торғайдағы екі сыныптық орыс-қырғыз училищесінде 1886–1891 жылдары оқыдым. Аталған училищедегі курсты аяқтаған соң Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебіне түстім» деп жазды. Уч-щеге Байтұрсынұлын әкесінің інісі Ерғазы берген.

Д.Жарылғасын

**ТОРҒАЙ, СЕМЕЙ, ОРАЛ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ КЕҢЕСІ** – қазақ өкілдерінің 1916 ж. 7 тамызда Орынбор қ-нда өткен кеңесі. Ол Орынбор ген.-губернаторы Эверсманнен рұқсат етуімен өтті. Оған Торғай, Семей, Орал және Сырдария облыстарының қазақ өкілдерімен бірге Алаш қозғалысы қайраткерлері де қатысты. Кеңесте 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына сәйкес соғыс майданының тыл жұмыстарына қазақтардан адам алу мәселесі қарастырылды. Кеңеске жиналғандар төрағалыққа Ө.Бөкейханды, хатшылыққа М.Дулатов және О.Алмасовты сайлады. Кеңестің жұмысына А.Байтұрсынұлы да ат салысты. Кеңес тыл жұмысына адам алу іс-шарасы қазақ жұрты шаруашылығына зияны тимейтіндей талап-тілектерді білдірді: тыл жұмысына адам алу солт. өңірде 1917 жылға дейін, оңт. өңірде 1917 жылдың 15 наурызына дейін шегерілсін; 19–31 жас аралығындағылардың үштен бірі алынсын; адам алу барысында қазақ халқына мұғалімдер жетіспейтіндігі ескерілсін; мектептер мен медреселерде оқып жүрген шәкірттер тыл жұмысына алынбасын; тыл жұмысына алынғандар отыз кісіден топтастырылып, отар тілмаштармен және молдамен қамтамасыз етілсін. Осы талап-тілектер Мемл. Думадағы Мұсылман фракциясы мен А.Ф.Керенский атына жеделхат арқылы жолданды. *Әдеб.:* Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А., 1995; «Қазақ» газеті. – А., 1998.

*Ә.Шашаев*

**ТОРҒАЙ УЕЗІ** – 1868–1917 ж. Торғай обл-на қараған төрт уездің бірі. Орт. Торғай қ. болды. Құрамына 13 болыс пен 65 ауыл қарады. Т. у. облыстың оңт-нде орналасып, Ұлытаумен шектесті. А.Байтұрсынұлы осы уездің Тосын болысында дүниеге келген. 1882–84 ж. ауыл мектебінде оқып, 1890 ж. Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ уч-щесін бітірген.

*С.Кәрімов*

**ТОРҒАЙ ҒӘМ ЫРҒЫЗ УЕЗІ ХАЛҚЫНА ҮНДЕУ** – үндеу. «Қазақ» газетінде 1916 жылдың желтоқсанында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, С.Қадырбаев және М.Тұнғашин атынан жарияланған. Үндеуде тыл жұмысына адам алу туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығына қарсылық көрсетпеу жөнінде айтылған. Патша жарлығына қарсылық көрсету жазалаушы отрядтың шығуына алып келетіндігін, оның өз кезегінде халықты күйзеліске түсіріп, адам шығынына ұшырататындығын түсіндіру басты мақсат етіліп қойылған. Басқа уездерден тыл жұмысына алынғандардың майданда есендікте қызмет етіп жатқандығы да келтірілген.

*Е.Тілешов*

**ТОСЫН БОЛЫСЫ** – А.Байтұрсынұлының атамекеніне байланысты кездесетін жер атауы.

Ол осы аттас құм атауынан шыққан. 19 ғ-дың 2-жартысында және 20 ғ-дың басында сол кездегі әкімш. бөлініс бойынша «болыс» мәртебесінде болған. Т. б. аумағында Қарасай, Шолақ Қарасай, Жайылма, Қабырға өзендері, Орқаш қ. бар. Қазіргі кезде Т. б. аумағы Қостанай обл. Жангелдин ауд-нда орналасқан Тосын құмы (Сарытосын) алабын қамтиды. Кеңестік дәуірде Жангелдин ауд-ның «Южный», «Ақкөл», «Торғай», «Речной», «Юбилейный», «Шили», «Бестау» кеңсарлары орналасты. Құмның Шеген а. тұсындағы Қарғалы қонысында желкүз, қышыма, құян ауруларына шипа болатын Тосын жер асты минералды су көзі бар. Байтұрсынұлының балалық шағы осы аймақта өткен.

*Қ.Ахметов*

**ТӨЛЕБАЕВ** Мырзахан (т.-ө.ж.б.) – Алаш қозғалысының қайраткері. 1916 ж. патша жарлығымен тыл жұмысына алынған Жетісудың қазақ жігіттерін майданға бастап барып, тілмаштық қызмет атқарған. Ағартушылық-демократ. бағыт ұстанған қазақ жастарының «Еркін дала» қауымының мүшелігіне кірген. 1917 ж. 21–26 шілдеде Орынборда өткен жалпықазақ съезіне Жетісудан делегат болып, осы жиында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының депутаттығына кандидат болып ұсынылды. 1918 ж. 26 наурызда Верныйда өткен Жетісу мұсылман солдаттары, жұмысшыларының жиналысында большевиктер тұтқынындағы жергілікті Алашорда қайраткерлері – О.Әлжанов, Ы.Жайнақов, С.Сабағаетов сотқа дейін обл. мұсылман ұйымдарының кепілдігімен босату жөнінде сөз сөйлеген. Алашорданың Қапал уездік кеңесіне мүше болып жүрген кезінде жергілікті Алаш милициясын жасақтауға белсене ат салысты. 1918–20 ж. Азамат соғысынан титықтаған қазақтарға көмек көрсету үшін Қапал к-тін құрды. 1919 ж. 27 ақпанда «большевиктермен байланысы бар» деген желеумен Т-ты Колчак үкіметі тұтқынға алғанда М.Тынышбаев араша түскен. 1913 ж. Верный қ-нда Романовтар әулетінің 300 жылдығына орай Жетісу обл-ның а.ш. көрмесінде жергілікті қазақтардың салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін (фотограф Лейбин) бөлім ұйымдастырған, кейін көрме туралы фотоальбом құрастырған, ол фотоальбом әлі күнге дейін сақтаулы. Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы құрған Алашорданың милициясы жайында Берік Өбдіғалиұлы «Жетісу майданындағы алаш әскері» атты мақаласында: «М.Тынышбаевтың айтуынша «800 жігіттен асатын (фронтта барлығы 1000-нан аса адам)» алаш жасағын құрумен Отыншы Әлжанов (қаза болған), Садық Аманжолов (ауыр жарақат алған), Жетісу обл. Алашорда кеңесінің мүшесі Дүйсебаев Төлебай (екі рет жарақат алған), Қапал уездік Алашорда кеңесінің төрағасы Төлебаев, кеңес



## ТӨЛЕБАЙ

мүшелері Қанатхан Сыртанов, Біләл Сүлеев, Лепсі көмек комитетінің төрағасы Базарбай Мәметов, Лепсі уездік Алашорда кеңесінің мүшелері Қожамсейіт Ниязов (жартылай қаруланған жігіттерді жеке басқарған) және Х.Күдербеков айналысқан» деген дерек берілген («Қоғам және дәуір», 2017, №1).

**«ТӨЛЕБАЙ»** – 12 жасар қызының айтқан жоқтауы. Жоқтауды шығарушы – үмбетей руынан тарайтын Қарпық ақын. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, «23 жоқтау» (Мәскеу, «Күншығыс», 1923) атты кітапқа құрастырған А.Байтұрсынұлы. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. «Әуелі адам Пайғамбар, Екінші сөзім Мұқамбет. Дүниеге шықсаң – бар өлім, Мұқамбетке болса үмбет» деп басталатын шығарма 7-8 буындық жыр үлгісінде құрылған. Жалпы нобайы 311 жолдан тұрады. Жоқтау соңындағы түсіндірмеде «Төлебайдың жоқтауын шығарған Қарпық ақын. Үмбетейден Таңбай мен Қасқатай бір туысқан. Таңбайдан Шошақ, онан – Байтұрсын, онан – ақын Ақымет, Қасқабайдан – Қожырбай, онан – Шолақ, онан – ақын Қарпық» деп жазған. *Әдеб.*: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

**«ТӨЛЕБАЙДЫ ЖАМАҒАТЫНЫҢ ЖОҚТАУЫ»** – жоқтау жыр. Жоқтауды шығарушы – үмбетей руынан тарайтын Қарпық ақын. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, «23 жоқтау» (Мәскеу, «Күншығыс», 1923) атты кітапқа құрастырған А.Байтұрсынұлы. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. «Кешегі менің бегімнің Бір аз ғана дастаны. Жылады деп сөкпеңіз, Жылып келген достары» деп басталатын жоқтау 7-8 буындық жыр үлгісінде құрылған. Шығарманың жалпы нобайы 100 жолдан тұрады. Жоқтау соңындағы түсіндірмеде: «Төлебайдың жоқтауын шығарған Қарпық ақын. Үмбетейден Таңбай мен Қасқатай бір туысқан. Таңбайдан Шошақ, онан – Байтұрсын, онан – ақын Ақымет, Қасқабайдан – Қожырбай, онан – Шолақ, онан – ақын Қарпық» деп жазған.

*Әдеб.*: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

**«ТӨЛЕБАЙДЫ КЕЛІНІНІҢ ЖОҚТАУЫ»** – жоқтау жыр. Жоқтауды шығарушы – үмбетей руынан тарайтын Қарпық ақын. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, «23 жоқтау» (Мәскеу, «Күншығыс», 1923) атты кітапқа құрастырған А.Байтұрсынұлы. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. «Рұқсат болса азырақ Отырған достар, ағадан; Өлімге мирас жыламақ, Бұрынғы өткен бабадан» деп басталатын шығарма 8 буын-

ды жыр үлгісінде құрылған. Шығарманың жалпы нобайы 53 жолдан тұрады. Жоқтау соңындағы түсіндірмеде: «Төлебайдың жоқтауын шығарған Қарпық ақын. Үмбетейден Таңбай мен Қасқатай бір туысқан. Таңбайдан Шошақ, онан – Байтұрсын, онан – ақын Ақымет, Қасқабайдан – Қожырбай, онан – Шолақ, онан – ақын Қарпық» деп жазған. *Әдеб.*: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ТӨЛЕБАЙҰЛЫ** Ташмұхаммед (Тәшмағанбет) (1870–1931) – Шошақтың (А.Байтұрсынұлының атасы) туған інісі Көбектің немересі. Ақкөзде ауылнай, 1916 жылғы көтерілісте Оспан хан бастаған көтерілістің 7000 қолын басқарған әскербасы болған. 1929 жылғы Бетпаққара көтерілісіне қатысқан, бай деген желеумен сотталып, Ақтеңіз-Балтық каналында айдауда жүргенде қаза тапқан. Ұрпақтары Ақкөл а-нда, Арқалық, Қостанай қ-ларында тұрады.

**ТӨЛЕПБЕРГЕН** Болатбек Көрпелбайұлы (5.2.1974 ж.т., Жамбыл обл. Сарысу ауд. Жайылма а.) –



*Б.Төлепберген*

журналист, филос. ғыл. канд. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. ҚР Мәдениет қайраткері (2009). ҚазҰУ-ды (1996) бітірген. Еңбек жолын «Жас алаш» газетінен бастаған. «Қазақ әдебиеті» газетінің бөлім меңгерушісі, «Зерде» және «Жалын» журналдары бас редакторының орынбасары, «Асар» және «Журналист» газеттерінің редакторы қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта «Қазақстан» ТРК «Шалқар» радиосының бас редакторы. Қазақстан Жастар одағы (2003), мемл. «Дарын» әдеби жастар (2008), ҚР Президентінің журналистика саласы бойынша сыйлықтарының (2011) лауреаты. Қазақстан Жазушылар одағы мен «Атамұра» корпорациясының жазушы Оралхан Бөкей атынд. стипендиясының тұңғыш иегері (1993). «Сорос-Қазақстан» жас жазушылар бәйгесінің жүлдегері (1996), «Астанаға 10 жыл» мерекелік медальінің иегері (2008). Ұлттық мәселелер, тарихи ақидақтар және демократия ұстанымдары турасында өз авторлығымен және құрастыруымен 20-

ға жуық кітабы жарық көрген. «Мәңгі жас – Алаш идеясы» аталатын кітаптың авторы. Т. «Алаш қозғалысынан тәуелсіздікке дейін» атты мақаласында А.Байтұрсынұлының және т.б. Алаш қайраткерлерінің атқарған қызметі мен өмір жолдарына сараптама жасаған (www.azattyq.org; қаралған күні: 19.10.2017).

**ТӨЛЕУ СӨЗ** – мақалды не біреудің сөзін айтушының айтылған күйінен өзгертіп мағынасын, мазмұнын ғана айтқан келтірінді сөйлем. Мыс.: *Шал тұрып орнынан есен-аман, жақындап жұмыскерге келді таман, әумесер ақылы жоқ, ит, доңыз деп, байғұсты балазаттап сөкті жаман.* Мұнда «әумесер»... дегеннен бастап, «деп»-ке дейін шалдың не дегенін нақ айтқан күйінде келтірмей, жай ғана әңгіме түрінде мазмұнын ғана айтып өткен. Мұнда шалдың төл сөзі емес, төлеуі ғана айтылған. Сондықтан бұл *төлеу сөз* болады. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ТӨЛІ СӨЗ** – мақалды не біреудің айтқан сөзін айтушы не сол айтылған күйінде өзгертпестен айтқан келтірінді сөйлем. Мыс.: *Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: «мақтаулы бар зой әппаз әрбір тұста, солардың бәрі-дағы әдемі әнге тауықтың айғырындай емес ұста».* Мұнда «мақтаулы»... дегеннен бастап, «ұстаға» дейін бәрі есектің сөзі өзгерместен алынып айтылып тұр. Сондықтан бұл *төл сөз* болады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ТӨРЕҚҰЛОВ** Нәзір (1892, Қоқан – 3.11.1937, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, публицист. Қокандағы жәдиттік және 2 жылдық орыс-түзем мектептерінде бастауыш білім алған. 1913 ж. сондағы коммерция уч-щесін бітіріп, Мәскеудегі коммерция ин-тына оқуға түскен. 1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығы бойынша майданның қара жұмысына алынған жерлестеріне көмек көрсету мақсатымен оқуын тастап, Батыс майданға барған. Минскіде Земство одағына нұсқаушы болып жұмысқа кіріп, тыл жұмысына алынғандарға тілмаштық қызмет көрсетіп, олардың мүддесін қорғау бағытындағы іс-шараларға белсене ат салысты. Сонда жүріп қазақ жастарының «Еркін дала» атты астыртын ұйымын құруға жетекшілік етті. 1917 жылғы Ақпан рев-нан кейін Орынборға оралып, «Еркін дала» ұйымының алғашқы құрылтайын ұйымдастырады. 1918 жылғы 16 сәуірден Орынборда «Қазақ мұны» газетін шығаруды қолға алды. Осы жылы жазда Қоқанға оралып, сонда жұмысшы, дикан және солдат депутаттары кеңесіне қызметке тұрып, оның органы болып табылатын «Халық газетасын» және Түркістан КП органы «Инқилоб»

(Революция) журналын шығаруға ат салысты. 1919 ж. Ферғана обл. ревкомының және Түркістан ОАК-нің төрағасы болды. 1920–22 ж. Түркістан КП ОК-нің төрағасы, Түркістан ОАК-нің мүшесі және төрағасы, БОАК-нің және РКФСР халық комиссарлар кеңесінің, РК(б)П ОК-нің Түркістан бюросының, Түркістан майданы рев. әскери кеңесінің мүшесі. Ол осындай лауазымды қызметтерде жүріп дін мәселесіне көп көңіл бөл-



*Н.Төреқұлов*

ді. Түркістан ОАК-нің төрағасы ретінде барлық мекемелерде демалыс күнін жексенбіден жұмаға ауыстыру туралы және Құрбан айттың үш күнін демалыс күндері деп жариялау туралы қаулыларға қол қойды. 1921 ж. «Қызыл байрақ» журналында «Ислам және коммунизм» атты мақала жариялап, онда исламның қоғамдағы атқарып отырған рөліне оң баға берді. 1922–28 ж. Мәскеуде КСРО ОАК жанындағы Орт. баспа басқармасының төрағасы қызметін атқарды. Бұл қызметке кіріскеннен кейін В.И. Лениннің қабылдауында болып, автономия алған халықтардың тілін мемл. тілге айналдыру мәселесін көтерді. Түркі тілдес халықтардың ортақ әліпбиін жасау жөніндегі комиссияға төрағалық етіп, араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшуді жақтады. 1926 ж. Баку қ-нда өткен I-Бүкілодақтық түркітанушылар съезінде латын әліпбиін жақтап баяндама жасады. А.Байтұрсынұнов ол жайында өзінің «Түрікшелер құрылтайы» мақаласында жазған. Орт. баспа басқармасының төрағасы ретінде қазақ тілінде «Темірқазық» атты журнал шығаруды ұйымдастырып, оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев секілді қазақ зиялыларын тартты. 1928–32 ж. Хиджазда бас консул, 1932–36 ж. КСРО-ның Сауд Арабиясындағы өкілетті елшісі болып қызмет етті. 1932 ж. маусымда Сауд Арабиясы королінің мұрагері Фейсал әл-Саудтың КСРО-ға ресми сапарын ұйымдастырды. Т. елші болған жылдары араб тілін жетік меңгеріп, бірнеше мәрте кіші және үлкен қажылық рәсімін орындады. 1936 ж. КСРО Ұлттар кеңесінің жанындағы Орт. тіл және жазу ғыл.-зерт. ин-тына қызметке орналас-

## ТӨРТ

ты. 1937 ж. шілдеде «халық жауы» ретінде айыпталып, ату жазасына кесілді. 1958 ж. 28 қаңтарда КСРО Жоғ. сотының шешімімен ақталды. Бүгінде Алматы, Шымкент, Қызылорда қаларында Т. есімімен аталатын көшелер бар. Оның есімі Шымкенттегі, Түркістандағы және Шолаққорғандағы орта мектептерге берілген. Түркістан қ-нда Т. мұражайы жұмыс істейді.

Шығ.: Шығ. – Соч., А., 1997; Шығ. жин., 1 – 2-т., А., 2004.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*Т.Мансұров*

**ТӨРТ БУЫНДЫ СӨЗ** – төрт буыннан құралған, яғни төрт дауыстысы бар сөз. «Тіл-құрал» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы төрт буынды сөзге мысал ретінде *а-та-лар-ға* сөзін келтіреді.

*О.Жұбаева*

«**ТӨРТ ТҮС**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Жер шарының оңт., солт., батыс, шығыс деп аталатын төрт тұсын түсіндірген мәтін. Соңында «Төрт тұстың қайда екенін ашатын құбыланама деген құрал бар» екенін айтады.

*С.Ғұрманқызы*

**ТӨРТІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА** – Ресей империясында 4-рет сайланған конституц.-монарх. бағыттағы заң шығарушы өкілетті орган. 1912 жылдың 12 қарашасынан 1917 жылғы 26 ақпанға дейін жұмыс істеді. Оған 442 депутат сайланды. Депутаттардың құрамында 1907 жылғы 3 маусым заңына сәйкес, мұсылман халқынан 6 өкіл – Уфа губ-нан И.Ахтямов, Г.Байтереков және Қ.Тевкелев, Қазан губ-нан Г.Еникеев, Баку губ-нан М.Жапаров, Самара губ-нан М.Мангалиев болды. Осы 6 депутат Т.М.Д-да Мұсылман фракциясына бірікті. Т.М.Д-ның алғашқы мәжілісіне «Мемлекеттік Думаға сайлау тәртібін өзгерту туралы» заң жобасы қойылды. Оны талқылауға кадеттер фракциясы мен Мұсылман фракциясынан 32 депутат енді. Бұл заң жобасы бойынша, «Үшінші маусым заңы» өзгертіліп, Мемл. Думаға қазақтар мен Түркістан өлкесінің өзге халықтарынан депутат сайлауға құқық берілуі тиіс болды. Бірақ бұл заң жобасы оңшыл топтар басымдық танытқан Т.М.Д-да қабылданбай қалды. Т.М.Д-дағы Мұсылман фракциясы мүшелері патша өкіметінің қоныс аудару саясатын сынға алды және Түркістан өлкесінде мұсылмандық діни басқарманың ашылу қажеттілігі жайында мәселе көтерді. Т.М.Д-да империяның шеткері аймақтарына халықтың өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ететін земство туралы кадеттер фракциясы мен Мұсылман фракциясы тарапынан заң жобасы әзірленді. 1912 ж. А.Байтұрсынұлы «Қазақ хәм 4-Дума» атты мақаласында бұл сайланбақ Думаға қазақ өкілін енгізуге байланысты өз пікірін ұсынды. Бірақ қазақтан депутат сайланбады.

1-дүниежүз. соғыс басталған кезде Т.М.Д. империя халқына жауды жеңуге шақырған үндеу тастады. 1916 жылғы 25 маусым жарлығынан кейінгі халық көтерілістерін басып-жаншудың зардаптарын тексеруге А.Ф.Керенский және Тевкелев бастаған арнайы комиссия құрылып, Мұсылман фракциясынан оған М.Шоқай, Ш.Мұхамедияров енді. Т.М.Д-ның 1916 ж. 13 желтоқсандағы мәжілісінде Керенский өлкедегі қанды оқиғаларға тікелей жауапты патша өкіметі деп мәлімдеді, ал депутат Жапаров наразылық білдірген халықты қырғынға ұшырату патша өкіметінің бірнеше ғасырлар бойы жүргізіп келе жатқан саясатының айқын көрінісі деп бағалады. Т.М.Д. депутаттары Ақпан төңкерісінен кейін Уақытша үкіметті және оның жергілікті билік орындарын құруға қатысты.

Әдеб.: Аврех А.Я. Царизм и IV Дума. – М., 1981; Демин В.А. Государственная Дума России (1906–1917): механизм функционирования. – М., 1996; Озганбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905–1917). – А., 1997; Мусульманские депутаты Государственной Думы России (1906–1917). Сборник документов и материалов. – Уфа, 1998; Смирнов А.Ф. Государственная Дума Российской империи (1906–1917). Историко-правовой очерк. – М., 1998; Қазақ хәм 4-Дума. – Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*С.Рүстемов*

**ТӨТЕ ЖАЗУ** – 1910–12 ж. сауатсыздықты жою үшін араб жазуының қазақ тіліне қолайлы емес жақтарын түзей отырып, оны тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай етіп жасаған әліпбиі. Т. ж. жобасын А.Байтұрсынұлы «Жазу тәртібі» деген көлемді мақала етіп «Айқап» журналының 1912 жылғы 4-5 сандарында жариялаған. Әліпби 1912 жылдардан бастап қолданысқа енген. Байтұрсынұлы 1912 ж. осы «төте жазу жүйесімен» «Оқу құралы» деп аталатын тұңғыш кітабын жарыққа шығарған. Әліпби 24 таңбадан тұрады. Ол таңбалар 5 дауысты, 17 дауыссыз, 2 жартылай дауысты дыбыстарды таңбалайды. Қазақ тілі үшін қажеті жок артық таңбаларды ығыстырады, олар жуан дауыссыз деп аталатын араб тіліне тән дыбыс таңбалары болатын, кейбір таңбалардың жуан-жіңішкелік оппозииттерін білдіретін тәсілді ұсынып, ол үшін дәйекші деген белгіні ойлап тапқан. Т. ж. 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде, 1929 жылға дейін кенестік мектептерде қолданылды. 1920 жылдың аяғында Байтұрсынұлы реформалаған емле қолданыстан шығарылған. ҚХР Шыңжаң автономиялы ауданындағы қазақтар Байтұрсынұлы әліпбиін қазіргі кезге дейін қолданып келеді. Т.ж. атауы тіл тарихында «А.Байтұрсынұлы әліпбиі», «Қазақтың ұлттық жазуы» атауларымен қатар қолданылады.

*Д.Оспанова*

**ТРОИЦК** – Ресей Федерациясындағы қала. Челябинск обл-ндағы Троицк ауд-ның орт. Үй мен

Увелька өз-нің тоғысқан жерінде орналасқан. Мұнда татар зиялыларының ат салысуымен «Расулия», «Уазифа» атты медреселер ашылды. Бұл медреселерге қазақ балалары көптеп қабылданды. 20 ғ-дың басына қарай аталмыш медреселер жәдиттік оқу тәсіліне көшті. Алғашқы қазақ баспасөздері де осы қалада жарық көрді. 1907 ж. «Қазақ» газеті атты басылым шығарылса, 1911 – 15 ж. «Айқап» журналы шығып тұрды. Филол. ғыл. докт., ҚР ҰҒА-ның академигі Р.Сыздықтың «Ахмет Байтұрсынұлының» өмірі мен қызметі жайлы мақаласында 20 ғ-да қалыптасқан қазақ интеллигенция жастары Петербор (Петербург), Омбы, Қазан, Уфа, Троицк, т.б. қ-ларда оқығанын баяндаған.

**ТРОЙНИЦКИЙ** Александр Николаевич [28.9. (10.10.)1869, Самара – ө.ж.б.] – орыс мемлекет қайраткері, Семей және Тула губернаторы. 1891 ж. Императорлық уч-щені бітіріп, ПМ-ге қызметке орналасқан. 1891 ж. Олонекц губернаторының ерекше істер жөніндегі шенеунігі, 1892 ж. Петрозаводск губ. түрме к-тінің директоры, 1893 ж.



*А.Н.Тройницкий*

Чернигов губернаторы жанындағы аға шенеунігі, 1895 ж. Орлов губернаторының кеңесшісі, 1896 ж. ПМ земстволық бөлімінің қызметкері ретінде 1897 жылғы алғашқы халық санағына қатысқан. 1898–1909 ж. Ставрополь губерндік түрмелерінде бақылаушы болған. 1902–08 ж. Тобылда вице-губернатор, 1908–13 ж. уақытша Семей әскери губернаторының міндетін атқарушы, 1914 ж. Тула губернаторы болды. Бірнеше ордендермен, медальдармен марапатталған. Т. Семей, Павлодар, Өскемен қ-ларының құрметті азаматы. А.Байтұрсынұлының «Губернатор өзгерілуі» атты мақаласы «Ақ жол» (1999) және 6 томдық шығ. жин-на (А., Ел-шежіре, 2013. – 5-т.) енгізілген. Мақалада автор Семей губернаторы Т-дің Тулаға губернатор болып ауысуы, оның орнына Чернышевскийдің келуін хабарлай отырып, жеке басына сипаттама береді.

**ТРОЦКИЙ** (Бронштейн) Лев Давидович (25.10.1879, Харьков губ. Яновка с. – 21.8.1940, Мехико к.) – саяси қайраткер. 1897 ж. Одессадағы реал-

ды уч-щені бітірген. Уч-шеде оқып жүргенде «Оңтүстік орыс жұмысшыларының одағы» атты астыртын ұйымға мүше болып, марксизм ілімін насихаттауға белсене қатысты. 1898 ж. патша өкіметі оны тұтқына алып, Иркутск губ-на жер аударды. 1900 ж. айдаудан қашып, Лондонда В.И.Ленинмен және өзге де ресейлік революционер-эмигранттармен тығыз байланыс орнатты. 1903–05 ж. РСДЖП-ның белсенді мүшесі ретінде оның большевиктер мен меньшевиктер фракциясына бөлінуіне қарсы шығып, партияны қайта бірігуге шақырды. Ресейде болған революция дүние жүзі пролетариатын оятып, соц. революцияға ұласады деген «перманентті» (үздіксіз) революция теориясын ұсынды. 1905–07 ж. Ресейге оралып, Петербург жұмысшы депутаттары кеңесіне жетекшілік етті, оның органы «Известия» газетінің редакторы қызметін атқарды. 1908–12 ж. Венада шығып тұрған «Правда» газетінің редакторы болды. 1912 ж. меньшевиктермен бірлесуді жақтауына байланысты Ленин тарапынан айыпталып, большевиктер партиясы қатарынан шығарылды. 1914 ж. меньшевик П.В.Мартовпен бірлесіп, Парижде «Наше слово» газетін шығарды. Бұл газет 1-дүниежүз. соғыстың басталуына байланысты француз өкіметі тарапынан немістердің мүддесін жақтаушы ретінде айыпталып, Т. Франциядан қуылды. 1916 ж. АҚШ-қа барып, онда «Новый мир» атты газеттің редакциясында қызмет етті. 1917 ж. мамырда Ресейге оралып, Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесіне төрағалық етті. Большевиктер партиясы қатарына қайта қабылданып, ОК-ге мүше болып сайланды. Қазан төңкерісі жетекшілерінің бірі болды. Қазан төңкерісінен кейін 1917–18 ж. РКФСР Сыртқы істер халық комиссары, 1918–25 ж. Әскери істер халық комиссары, Рев. әскери кеңестің төрағасы болды. Қызыл Армияның негізін қалап, Азамат соғысы жылдарында оның майдандағы қимылдарына жетекшілік етті. Қызыл террордың жүргізілуін қолдап, кеңестік билікке наразылық танытушыларды аяусыз жазалауды ұйымдастырды. Ленин қайтыс болғаннан кейін И.В. Сталин жүргізіп отырған саясатқа қарсы шығып, оның саяси бәсекелесіне айналды. Т-дің саяси ұстанымдары 1924 ж. РК(б)П тарапынан «ұсақ буржуазиялық ауытқушылық» ретінде айыпталып, оны жақтаушылар «троцкишілдер» деп аталды. 1927 ж. Т. партия қатарынан шығарылып, Алматыға жер аударылды. 1929 ж. ОГПУ-дің шешімімен КСРО аумағынан аластатылды. Ол 1933 жылға дейін Стамбұл маңындағы аралда, 1933–35 ж. Францияда, 1935–37 ж. Норвегияда тұрды. 1937 ж. Мексика президенті Карденастың шақыруымен Мехико қ-на орналасты. Ол эмиграцияда жүріп, сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйені сынауды одан әрі жүргізді. НКВД-ның арнайы жіберген ис-

## ТУҒАН

пандық агенті Р.Меркадердің қолынан қаза тапты. А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» (1913) атты кітабында Т-дің «Октябрь Петроградта» деген мақаласы берілген (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре. 2013. – 2-т.).

*С.Рүстемов*

«ТУҒАН ЖЕР» – өлең. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз жікендер үшін 1-кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Шығарма тақырыбының астына өлеңнің Жуковскийдікі екендігін жазып, соңында аударушы «Бекет» деп көрсетеді. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 12 жолдан тұрады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.*

**ТУҒАН КҮНІ** – А.Байтұрсынұлының нақты дүниеге келген уақыты. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының 1999 ж. жарық көрген 2-томында ғалымның туған күні, айы, жылы «28 (15).1.1873, қазіргі Қостанай обл. Жангелдин ауд. Сарытүбек а.» деп көрсетіліп келген. Кейінгі жылдарға дейін осы мәлімет ғыл. айналыста болып жүрді. Кейінгі кездері ғалым қызмет атқарған Қазақ мемл. университетінің (қазіргі Абай атынд. ҚазҰПУ) мұрағатынан ғалымның 1929 ж. 12 мамырда өз қолымен орыс тілінде толтырған өмірбаяндық деректері табылды. Оны тапқан – ғалымның Зиляш атты қарындасынан туған жиеншары Меруерттің жұбайы Таңжарық Тыныбеков. Онда: «Менің туған жылым мешін (1872 жыл), Қостанай округінің Торғай ауданына қарасты Тосын болысының Сарытүбектегі №5-ауылында тудым» деп анық жазылған. Сонымен қатар бұл құжатта қай жылдары қандай оқу орнын бітіргені, атқарған қызметтері де көрсетілген. Құжат соңына «12/V 29 ж. Ахмет Байтұрсынов» деп қолы қойылған. Табылған тарихи құжат 4 беттен тұрады. Оның 3 бетіне өмірбаяндық мағлұматтар жазылса, 4-бетіне әр жылдары баспа бетін көрген кітаптары жайында мағлұмат берілген. Осы табылған құжат ғалымның туған күні, айы, жылы туралы ақпараттарды нақтылап береді. Бұдан да бөлек, Орынбор Мұғалімдер мектебін бітіргендігі туралы куәлікте де туған мерзімі жайында: «5 қыркүйек 1872» деп жазылған. 1920–25 ж. аралығында мемл. мекемелердегі түрлі ресми сауалнамаларға берген жауаптарында да осы даталарды көрсетеді.

«ТУҒАН ТІЛІМ» – өлең. «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 31 қаңтардағы 167-санында жарық көрген. Төте жазумен басылған өлеңді 1989 ж. әдебиетші Б.Байғалиев бүгінгі әліпбиге түсірген.

Шығарма «Байқаушы» атты бүркеншік есіммен берілген. Бұл бүркеншік есімді зерттеуші ғалым Ө.Әбдиманұлы Т.Шонанұлының және Б.Байғалиевтің еңбектерін саралай отырып, А.Байтұрсынұлына тиесілі деп тұжырымдайды. «Кенің бай, келімің мол, туған тілім, Дыбыстың теріп сөз ғып, буған гүлін. Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен, Мен тосып құтыла алмас қусам білім» деп басталатын өлең сол бір замандағы «барлық түркі тектес халықтар иен далаға кеңінен тарап, көпшілік арасында өріс алған татар тілін, жазуын қабылдасын» деген өктем қысымға қарсы жазылған. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 7 шумақ, 28 жолдан тұрады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.*

*К.Қошым-Ноғай*

**ТУҒЫН СӨЗ** – туынды сөз. А.Байтұрсынұлы сөзді тұлғасына қарай беске бөліп, туғын сөз бен туынды сөзді жарыстыра қолданады: Сөйтіп, сөз тұлғасына қарай беске бөлінеді: 1) түбір сөз; 2) туынды сөз (туғын сөз); 3) қос сөз; 4) қосалқы сөз; 5) қосымшалар.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.*

*О.Жұбаева*

**ТУНДРА** – солт-нде арктик. шөлмен, оңт-нде орманмен шектесетін арктик. облыстарға тән белдемдік ландшафт типі. Вегетац. кезең қысқа болуына байланысты көп жылдық өсімдіктер: мүкті-қыналы және бұталы өсімдіктер негізгі орын алады. Жылу жеткіліксіз, ылғал мол болғандықтан, өсімдіктер ауаның жер бетіне таяу қабатындағы жылуды пайдалану үшін төселіп немесе жастық тәрізdes ұйлығып өседі. Белдемдігіне байланысты: субарктик. және арктик. Т.; түр құрамына байланысты: мүкті, қыналы, бұталы, төмпешікті (шымдар төмпешіктер құрайтын жерлерде) және полигоналды Т. болып ажыратылады. Т. негізінен Солт. жарты шардың арктик. және субарктик. белдеулерінде таралған. Тауда, тау орманы шекарасынан жоғарыда биіктік ландшафт белдеуі – тау Т-сы орналасқан. А.Байтұрсынұлының «Тундра» мақаласы (6 томдық шығ. жин., 2-т.) Т. жайлы толық ғыл. дерек, мағлұмат береді. Онда Т-да қыстың ұзақ болатыны, кейде 8–9 айға созылатыны, сондай-ақ қыста түннің ұзақ, ал жаздың қысқа болатыны, ондағы халықтың Күннің көзін сарғая күтетіні, ал апрельден (сәуірден) бастап «ақ түндердің» асталатыны, тек маусым (июнь) айының ортасында ғана жаздың келетіні баяндалған. Жазда Т-ның жерінде өсімдіктер көрініп, жер бетін «агел» (ягель) деген ақ сұр шөп басып, анда-санда аласа келетін (30–50 см) бұралаңдаған қайың өсетіні, сондай-ақ Т-ның сәнін келтіретін көптеген көлдерінің бар екендігі аңғалап жүрсен де мүк, әр жерде бүлдірген, қарамық

тан басқа ештеңе кездеспейтіні баяндалған. Жан-жануарлар, құстардан көл жағалауларында құстардың көптеп кездесетіні, ойлы-қырлы жерлерде қасқыр, түлкі, бұғыларды кездестіруге болатыны айтылған. Т. мақаласы сол жылдары «Живой родник» деп аталатын ғыл. басылымнан алынған болуы керек.

Қ.Ахметов

«**ТУНДРА**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Қазақ баласына тундраның не екенін түсіндіруді мақсат еткен танымдық дерек екені ғыл. түсінікте кеңірек айтылады.

**ТУРГЕНЕВ** Иван Сергеевич [28.10.(9.11)1818, Орел қ. – 22.8.(3.9)1883, Париж маңындағы Буживаль, Петербургтегі Волково бейітінде жерленген] – орыс жазушысы. Мәскеу ун-тінде (1833), Петербург ун-ті философия ф-тінің сөз өнері және тіл бөлімінде (1834–37) оқып, кандидат дәрежесін алды. 1838 – 41 ж. Берлин ун-тінде фило-



И.С.Тургенев

логия, философия және тарихтан дәріс тыңдаған. 1842–44 ж. Ішкі істер министрлігінде қызмет атқарған. 1847 ж. шет елге ұзақ мерзімге кетіп, алғаш Германияда, 50-жылдан өмірінің соңына дейін Францияда Париж маңындағы Буживаль, Куртанвель атты Виардолар жанұясы меншігіндегі жерде өмір сүрді. Т. әңгіме, очерктерден тұратын, есімін әлемге мәшһүр еткен «Аңшының жазбалары» топтамасын жариялады (1847–52). Т-тің алғашқы романы «Рудин» 1855 ж. жазылып, «Современник» журналында 1856 ж. жарық көрген. «Фауст» (1856), «Ася» (1858) атты повестері, «Дворян ұясы» (1859), «Қарсаңда» (1860), «Әкелер мен балалар» (1862) психол. романдары «Орыс хабаршысы» журналында жарық көрді. Өмірінің соңына қарай «Ит», «Түс», «Махаббат әні», «Клара Милич», т.б. повестері (1870–83) мен «Қара өлең» (1882–83) атты соңғы жинағын жариялады. Т. шығармалары дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылған. Қазақ тілінде Т-тің «Әкелер мен балалар» (1953), «Дворян ұясы» (1958), «Аңшының жазбалары» (1965), «Түтін» (1966), т.б. шығармалары басылған.

А.Байтұрсынұлы Т-тің «Торғай» атты әңгімесін қазақ тіліне аударған.

Қ.Кәкілбаева

**ТУЫНДЫ ДЕМЕУ** – басқа сөз таптарынан бірігу, кірігу, т.с.с. арқылы жасалған демеу. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде демеу сөз аз екенін ескерте келіп, оның да көбі басқа сөзден шыққан туынды демеулер екенін айтады. Мәселен: *үйткені, сүйткені, үйтсе де, бүйтсе де, сүйтсе де, әйтсе де, әйтпесе, бүйтпесе* т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТУЫНДЫ СӨЗ** – бастапқы тұлғасы да, мағынасы да өзгерген сөз. Мәселен: *бастық, тастақ, шашақ, қолтық*.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТУЫНДЫ СӨЗДІҢ ЖАЛҒАУЛЫ ТҮРІ** – сөздің жалғау қосылғандағы тұлғасы. Мәселен: *бастыққа, басшыны, атадан, аталықтан, малышылардан, малышылықтан, қапшығын, құлақшыным*, т.с.с. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТУЫНДЫ СӨЗДІҢ ЖАЛҒАУСЫЗ ТҮРІ** – туынды сөздің жалғаусыз күйіндегі тұлғасы. Мәселен: *бастық, аталық, малыш, қапшық, құлақшын* т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТУЫНДЫ ҮСТЕУ** – басқа сөз таптарынан жасалған үстеу. Ғалым қазақ тілінде нағыз таза үстеу сөздер аз екенін ескерте келіп, көбінесе үстеу сөз орнына басқа сөздер яки басқа сөзден туынды үстеу сөздер жүретінін айтады. Үстеу сөз де, туынды үстеу сөз де, үстеу сөз орнындағы басқа сөз де – бәрі сұраудан білінеді. *Қалай? қашан? қайда?* деген сұрақтарға жауап болып айтылатын сөздердің бәрі де я үстеу сөз, я соның орнындағы төлеу сөз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТУЫС ЖҮЙЕЛІ ЕМЛЕ** – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда *«қорада бір қара ат тұр екен»* дегенде «қара», «ат» деген сөздерді ауыздан шығуынша *«қарат»* деп жазбай, *«қара ат»* деп жазады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923; Байтұрсынұлы А. Емле туралы // Еңбекші қазақ, 1929. – 27 март.

О.Жұбаева

«**ТУЫСЫМА**» – ең алғаш рет «Маса» жинағында жарияланған өлең. Екі шумақ, үш тармақ,

## ТҰЙЫҚ

11 буыннан тұрады. Өлеңнің бірінші шумағы кара өлең ұйқасына, екінші шумағы кезекті ұйқасқа құрылған. Өлеңде замана көрінісі айқын аңғарылады. «Айта алмай шын сөзінді қорғалайсың, // Туғаның бүйгіп қор боп құрысын да!» деген жолдарда өмірден баз кешкен бойкүйездік емес, тағдырына мойымайтын қайсарлық байқалады. «Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса, // Мал ғұрлы мағына жоқ тұрысында» деу арқылы автор Байтұрсынұлы адамның өмірдегі басты мақсаты кара басының камын жеу емес, ел-жұртының кетігін бүтіндеу екендігіне меңзейді.

*С.Итегулова*

**ТҰЙЫҚ АЙТЫЛАТЫН ДЫБЫС** – дауыстап айтуға көнбейтін, дауыссыз дыбыс. Ғалым сөз әуезді, құлаққа жағымды болуы үшін сөз ішіндегі дыбыстардың үнді болуы, яғни, дауысты дыбыстар көп болуы қажеттігін, дауысты мен дауыссыз дыбыстар ретімен келуі керектігін ескертеді. Ғалым әуезді сөз бен әуезсіз сөзді сипаттау үшін «шамалы» деген сөз бен «шанышқы» деген сөзді өзара салыстыра келіп, «шанышқы» сөзі құлаққа жағымды болмайтынын ескертеді. Себебі «шанышқы» деген сөзде «1) дыбыстар реттеліп, бірі дауысты болғанда, екіншісі дауыссыз болып келіп отырған жоқ; 2) дауысты дыбыстары аз, сондықтан мұның үні жатық емес, мол да емес» екенін айтады. Яғни, үні кем, жатық болмаған соң «шанышқы» сөзі құлаққа жағымсыз болып естілетінін ескертеді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ТҰЙЫҚ ДЫБЫС** – дауыстап айтуға көнбейтін, түйық айтылатын дыбыс, дауыссыз дыбыс. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 17 дауыссыз дыбыс барын айтады: «Он жеті дыбыс түйық айтылатын болғандықтан, яғни дауыстап айтуға көнбейтін болғандықтан, *түйық дыбыс* яки *дауыссыз дыбыс* деп аталады». Ғалым дауыссыз дыбыстар көп келген сөз үнсіз болып, сөз әуезді болмай қалатынын ескерте келіп, 1) ішіндегі дыбыстардың бірі дауыссыз, екіншісі дауысты болып, реттеліп келіп тұратын; 2) дауысты дыбыстар ішінде көп болатын сөздер үнді болып шығатынын айтады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. – тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ТҰЙЫҚ РАЙ** – істің беті белгісіз түйық күйінде тұрғандағы айтылатын сөздің түйық түрі. Мәселен, *қарамақ, саумақ, бармақ, жазбақ, атпақ, ермеқ, үймеқ, жұрмеқ, тізбек, кетпек* дегенде кім қашан, қалай, істегені мәлім емес; осындай сөздер *түйық рай* болады. Түйық рай – етістіктің бейта-

рап, жалпы түрі, сондықтан жалпы етістік жайынан сөйлегенде осы түйық райдағы түрі алынады. *Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТҰҚЫЛ** – түбір мен жұрнақты жалғаудан айырып сөйлегендегі сөз тұлғасы. Жалғау түпкі етістердің түбіріне, туынды етістердің тұқылына жалғанады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТҰЛҒА** (сөздің тұлғасы) – сөздің бітімі, жеке күйіндегі тұрпаты, басқа сөздердің ықпалына ұшырамай, жеделдік, тұтастық жоқ кездегі қалпы. Ғалым сөздерді тұлғасына қарай беске бөледі: 1) түбір сөз; 2) туынды сөз; 3) қос сөз; 4) қосалқы сөз; 5) қосымшалар.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**«ТҰЛҒАЛАР ТҰҒЫРЫ»** – жинақ. Авторы – М.Қозыбаев. Құрастырған – І.Қозыбаев. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-ті «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Қазақпарат» баспасынан 2009 ж. жарық көрген. Көл. 540 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап «Ой толғау», «Арыстары қазақтың», «Замана перзенттері», «Дүние-дүрмек өткінші» атты төрт тараудан тұрады. Автордың мақалалар мен баяндамаларының жинағы тарихи тұлғалар тағдырлары арқылы Отанымыздың сан қырлы тарихын аша түседі. Бұл кітапта оқырман ежелгі кезеңдерден бастап бүгінге дейінгі отандық даңқты тұлғалармен танысады. Жинақтың 188–199-беттерінде автордың «Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы» атты көлемді зерттеу мақаласы жарияланған. Онда Байтұрсынұлы болмысы жан-жақты ашылып көрсетілген.

*С.Арғынғазин*

**«ТҰҢҒЫШТАР»** – А.Байтұрсынұлы туралы түсірілген 20 минуттық деректі фильм. 2014 ж. Мәдениет және білім арнасы түсірген. Ғалым туралы мәліметтерді Өмірхан Әбдиманұлы, Райхан Сахыбекқызы, Махамбет Жүсіпұлы, Әлімхан Жүнісбековтер берген. Фильмге ҚР Мәдениет және Спорт мин-нің Орт. мемл. кинофото құжаттар мен дыбыс жазбалар мұрағаты, ҚР Ұлттық кітапханасы, Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі қолдау көрсеткен. Деректі фильмге Байтұрсынұлының оқу-білім жайындағы айшықты әрі құнды пікірлері негіз етіп алынған. Мыс., ғалымның «Оқу жайы» атты мақаласындағы: «...Қостанай уезінде қазақша хат танытын еркек әрбір жүз кісіден алтау, ал орысша хат танытын еркек әрбір үш жүз кісіден алтау» деп берілетін дерекке үлкен мән мен мағына бере отырып, одан

әрі тарихшы, тілші ғалымдардың пікірлері арқылы өрбіп отырады.

*Р.Имаханбет*

**ТҮРАН ОЙПАТЫ**, Т ұ р а н ж а з ы ғ ы – Орт. Азиядағы кең жазық аумақ. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттап жазғанда, құрлықтың аса ірі ойпаттарына арнайы тоқталған. Сондай ірі ойпаттың бірі – Орт. Азияның орта тұсымен меридиан бағытымен созылып жатқан Т.о-н атап өткен.

«**ТҮРАР РЫСКҰЛОВ**» – деректі фильм. Фильмнің реж. – Еркін Рақышев. 2012 ж. түсірілген. ҚР Мәдениет мин-нің арнайы тапсырысы бойынша жасалған. Түсірілім еліміздің тәуелсіздігі жолында құрбан болған қазақ халқының аяулы перзенті, көрнекті қоғам қайраткері Т.Рысқұловтың өмір жолынан сыр шертеді. Фильмде бұрын-соңды кездеспеген тың дүниелер жеткілікті қамтылған. 1920 ж. Баку қ-нда өткен съезде сөйлеген сөзі, тікұшақпен Моңғолияға барған кездегі бейнесі сәтті берілген. Мәскеу, Ташкент, Бішкек, т.б. қалаларға барып, бұрын жарық көрмеген құжаттар мен бейнетаспаларды және Рысқұловтың осы уақытқа дейін белгісіз болып келген жерленген жерін тапқан шығарм. топ материалдары Алматыдағы Тарих және этнография ин-тында сараптамадан өткізіліп, қойылымда сәтті пайдаланылған. Фильмде Рысқұловтың образын Тараздың талантты актері Мәлік Ақұрпеков сомдаған. Оның әкесі Рысқұлды Темірбек Жүргеновтің баласы – Бижан Жүргенов ойнаса, А.Байтұрсынұлының рөлін ғалымның Қали атты ағасынан тарайтын шөбере туысы Болат Әміров ойнаған.

*К.Қошым-Ноғай*

**ТҮРҒАНБАЕВ** Мәннан (1886, Семей губерниясы Қарқаралы уезі Абыралы болысы Сарыапан а. – 1937) – Алаш қозғалысының белсенді қайраткері, сыншы, публицист. 1910 ж. Уфадағы «Ғалия» медресесіне түсіп, 1915 ж. бітірді. Ел ішіндегі 1916 ж. жарлыққа қарсы дүрбелең мен күйзеліс күйлер Т-қа өз ықпалын тигізбей қоймады. Осы кездерде ол Орынборда А.Байтұрсынұлының жетекшілігімен шыға бастаған «Қазақ» газетіне шақырылды. Алаштың біртуар тұлғасы Әлихан Бөкейханның бастауымен Түркияға іссапармен, Каирдегі мұсылман рухани академиясы мен Стамбулда қысқа мерзімді курстардан, 1917 ж. Орынбордан Семейге келіп, «Сарыарқа» газеті редакторының орынбасары ретінде Санкт-Петербургтегі екі жарым айлық курстан өтті. Семейде жарық көрген «Таң» журналында сауатсыздықты жою туралы «Жазу, тану, хәм жаздыру әдісі» атты мақаласы жарияланған. 1917 жылғы сәуірде өткен Семей обл. қазақ съезінде к-т мүшесі болып сайланды. «Абай» журналының 1918 жылғы 2-санында «Ұлтшылдық» мақаласы жа-

рияланды. 1918 ж. Алашорданың атты әскер полкіне қабылданды. 1919 ж. Орынборда «Ұшқын» газетінде редакторлық қызмет атқарды. Сол жылдың күзінде Семейге оралып, «Қазақ тілі» атты Кеңес үкіметінің тұңғыш газетін шығаруға ат салысты. 1920 жылға дейін Ж.Ақбаевпен бірге халық соты кеңесінің мүшелігіне қабылданып, осы жылы жалпықазақ кеңестерінің 1-съезіне Семейден делегат болып сайланды. 1922 жылдан бастап ол халық соты төрағасының орынбасары әрі қазақ ісі жөніндегі азаматтық бөлімнің меңгерушісі міндеттерін атқарды. 1926 жылдан бастап Т. Қарқаралы пед. уч-шесінің оқу бөлімінде ұстаздық қызмет етті. 1928 ж. Семейге келісімен обл. соттың орынбасары, кейін қалалық оқу бөлімінің инспекторы болды. 1930 ж. Семейде қамауға алынып, Қапал түрмесіне айдалды. 1932 ж. оның айыптары дәлелденбегендіктен түрмеден босатылды. 1932–36 ж. Алтай өлкесіндегі Ойрат автоном. обл. Усть-Кант аймағындағы Қызыл ұлтшыл а-ның орталау мектебінде мұғалім болды. Бірнеше жылдан кейін, Семейге туған еліне оралып, мектепке мұғалім болып орналасты. 1937 ж. Семей түрмесіне қамауға алынып, ату жазасына кесілді. 1963 ж. ақталды.

**ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕ** – сөйлемді құрауға тұрлау, яғни тірек, болатын негізгі мүшелердің атауы, А. Байтұрсынұлы шығарған тілтанулық термин. Ғалым бұрынғы үндіеуропалық тіл білімінде, соның ішінде орыс тіл білімінде қолданылып жүрген «тиесілі» деп аударылатын «подлежащее» сөзі сөйлемнің мұндай мүшелерінің табиғатын ашпайтынын біліп, сөйлемнің мағыналық негізін түсіндіру үшін қолданған. «... сөйлем болған жерде қалмай айтылатын сөздер немесе қалса да, қалғандығы сезіліп тұратын сөздер». Байтұрсынұлы бұған «бас мүше» мен «баяншы мүшені» жатқызады да, ықшамдық үшін бас мүшені – бастауыш, баяншы мүшені баяндауыш деп атайды. Бұл бүгінгі күнге дейін дәл де толымды аталым ретінде қолданылып жүр.

*Ж.Жақыпов*

**ТҮРЛАУЛЫ ӨЗГЕРІС** – сөздің азып өзгеруінің айнымай, сақталып қалуы. Мыс.: «*yümin*», «*büymün*», «*сүйімін*», «*әйтседе*», «*әйтпесе*», «*бұрнағы*», «*бүрсі*», «*белбеу*» т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923; Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

**ТҮРЛАУСЫЗ МҮШЕ** – сөйлемді құрауға тұрлау, яғни тірек бола алмайтын, сөйлемді мағыналық-құрамдық жағынан, ақпараттық жағынан толықтырып, тұрлаулы мүшелерді түрлі жағынан сипаттауға қызмет ететін мүшелердің атауы, А.Байтұрсынұлы шығарған тілтанулық термин.



## ТҰРЛАУСЫЗ

Тыңдаушыға ойын толық жеткізу мақсатымен айтушының ойын анықтау, толықтау, пысықтау үшін қолданылатын сөздер. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: 1) анықтауыш мүше; 2) толықтауыш мүше; 3) пысықтауыш сөздер болып үшке бөлінеді. Ғалым бұрынғы үндіеуропалық тіл білімінде, соның ішінде орыс тіл білімінде қолданылып жүрген «екінші дәрежелі» деп аударылатын «второстепенное» сөзінің сөйлемнің мұндай мүшелерінің табиғатын ашпайтынын біліп, сөйлемнің мағыналық негізін түсіндіру үшін қолданған. «... сөйлем ішінде бірде болып, бірде болмайтын сөздер немесе керек болған жерде айтылып, керек болмаған орында айтылмай қалып отырған сөздер, және де қалған жерде, қалғандығы ашық сезілмейтін сөздер». Байтұрсынұлы бұған анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштарды жатқызады. Бүгінгі күнге дейін дәл де толымды аталым ретінде қолданылып жүр.

*Ж.Жақыпов, О.Жұбаева*

**ТҰРЛАУСЫЗ ӨЗГЕРІС** – дыбысы айнып, бірде олай, бірде бұлай айтылуынан болатын, уақытша өзгеріс. Мыс.: *қазақ – қазағы, талап – талабы, терек – терегі, қаймақ – қаймағы* т.с.с. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ТҰРЛЫБАЕВ** Айдархан (1877, бұрынғы Ақмола обл. Көкшетау уезі Мезгіл болысы – 1937, Омбы) – Алаш қозғалысының қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны. 1897 ж. Омбы гимназиясын бітіріп, Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тіне оқуға түскен. Ун-тті бітіргеннен кейін 1902–17 ж. Омбыда адвокат болып қызмет етті. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, Ақмола обл. қазақ к-тіне төрағалық етті. Оның жетекшілігімен Ақмола обл. қазақ съезі өткізілді. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысып, онда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Алаш партиясының Ақмола обл. к-тін құруға ат салысты. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы секілді Алаш қайраткерлерінің ұйымдастыруымен 1917 жылғы 5–13 желтоқсан аралығында өткен 2-жалпықазақ съезінде Уақытша Ұлттық Кеңес – Алашорданың құрамына Қазақстанның барлық аймағынан 15 адам сайланды: Уәлитхан Танашев (Бөкей Ордасынан), Халел Досмұхамедов (Орал обл.), Айдархан Тұрлыбаев (Ақмола обл.), Халел Ғаббасов (Семей обл.), Мұстафа Шоқай (Сырдария обл.), Садық Аманжолов (Жетісу обл.), т.б. (Нұрперзент Домбай. «... Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын». «Ана тілі», 14.1.2016). Т. Алаш милициясын ұйымдастыруда белсенділігімен көзге түсті. Азамат соғысы жылдарында (1918–20) Х.Ғаббасов, Р.Мәрсеков,

М.Тынышбаев секілді қайраткерлермен бірге кеңестік билікпен келіссөздер жүргізуге қатысты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Омбыдағы заң орындарында қызмет етті. Т. 1937 ж. 14 маусымда «ұлтшыл», «ұлттық буржуазия өкілдерінің сойлы-лын соғушы» ретінде айыпталып, ату жазасына кесілді. 1957 ж. ақталды.

*М.Әбдеи*

**ТҰРМҰХАМЕДОВ** Есенғали (т.-ө.ж.б.) – Алаш қайраткері. 1-жалпықазақ съезінің шешімдеріне сәйкес Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров және т.б. қайраткерлермен бірге Алаш партиясы бағдарламасының жобасын жасауға қатысты. Алаштың 2-съезінде Алашорда үкіметіндегі Орт. кеңеске мүше болып сайланған. Т. және Бөкейхан, Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Омаров, Ғабдолхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов түзген «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасындағы мемлекетшілдік ұстанымға негізделген саяси тұжырымдамаларды Ғұмар Қараш әлеум. лирикасымен көркемдік танымда жаңғыртып отырды.

**ТҰРСЫНОВ** Едіге Дәріғұлұлы (10.7.1942, Алматы қ. – 24.12.2016, сонда) – әдебиеттанушы-фольклорист, филол. ғыл. докт. (2003). ҚазҰПУ-ды (1964) бітірген. Астана мемл. мед. академиясында (1964–66) оқытушы, Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1966–88), 1994 жылдан «Ай» журналының әдеби қызметкері болды. Ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі бағыты – қазақ фольклорының көне дәуірдегі типтері, ақын-жыраулық дәстүр мен айтыс жанрының қалыптасуы, фольклор таратушылардың (ақын, сал, сері, жырау, сыншы, т.б.) пайда болу тарихы мәселелері. Оның «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976), «Қазақ бақсы-балгерлері» (1997), «Атамекен. Казахи. История. Этнография. Культура» (2002), т.б. 40-тан астам ғыл. еңбектің авторы. Т. «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» атты кітабында (1976) Кеңес дәуірінде ауыз әдебиетін жинақтаушылардың алдыңғы қатарында А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Е.Ысмайылов, т.б. тұрғанын айтып өтеді.

**ТҰТАС ЖАЗЫЛУ** – бірге жазу. Ғалым қос сөздегі екі сөз бірыңғай болса, яғни, екеуі бірдей я жуан, я жіңішке айтылса, екеуі айырылмай, тұтас жазылатынын ескертеді (*басқұр, қолғап, айбалта, Алтынбай, Баймырза*).

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ТҰТАС КҮЙНДЕ АСЫРУ** – тасымалдаған кезде сөзді не буынды келесі жолға тұтасымен көшіру. Ғалым тасымалдаған кезде әуелі, сөзді буынға дұрыс бөлу; екінші, бір буынды бөлмей,

тұтас күйінде асыру; үшінші, жалғыз харіфті, буын бола тұрса да, қалдырмай келесі жолға асыру керектігін ескерте келіп: «Жалғыз харіф буын бола тұрса да, қалынбайды да, асырылмайды да. Мәселен, *а-ға-лар* деген сөзде бас буын жалғыз харіф «а». Қағида бойынша бұл «а» өз алдына буын бола тұрса да қалынбайды, яғни, «а»-ны ғана қалдырып, басқа буындарын келесі жолға асырмаймыз», – дейді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**«ТҮТҚЫН ЗАРЫ»** – өлең. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін I-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-да (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Тақырып астына «Красовскийден» деп көрсеткен. Соңында аударушыны «Бекет» деп сілтеме береді. 11 буынды кара өлең ұйқасына құрылған шығарма 30 жолдан тұрады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ТҮБІР СӨЗ** – бастапқы мағынасындағы, бастапқы тұлғасындағы сөз. Мәселен: *бас, тас, шаш, қол*. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТҮБІР СЫН ЕСІМ** – заттың сынын көрсететін сын есім. Мыс.: *биік, аласа, шорқақ, олақ, ақ, қызыл, торы, күрең, момын* т.с.с. Нәрсең сыны қалыпты күйінен тысқары болса яки сыннан өтетін басқа нәрсе я іс болса, сын есімге әртүрлі жұрнақтар жалғанады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТҮБІРШК ТІЛ** – түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалатын тілдер. Мәселен: қытай һәм жапон тілдері.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // «Еңбекші қазақ», 27.3.1929.

**«ТҮЗЕТІЛГЕН ӘРІП»** – мақала. «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы 1-санында жарық көрген. «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Автор бұл мақаласында қазан айының 20-сы мен 26-сы аралығында араб әліпбиін сол заманға сай баспа өндірісіне лайықтау жөніндегі Кеңес өткенін хабарлайды. Кеңесте негізінен 2 жобаның (1. Араб әрпін еуропашалау негізіндегі түзеу жобалары; 2. Араб әрпін өз негізінде түзеу жобалары) талқыланғаны айтылады. Сонымен қатар Кеңес шешімі қандай болғанын: «Түпкілікті баспаға тек жалғыз тұрпатты әріп жобалары алынатын

болды. Ондай жоба ұсынушылар: Алпар, Ыдырыс, Тоқай, Шарапұлылар. Бұлардың жобалары бір негізді: алатындары әріптің жалғыз тұрпаты. Араларындағы айырымдары аз. Сондықтан төртеуінің де жобалары қабыл алынды» деп хабарлайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ТҮЙДЕКТЕУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Әр сөзге көп ой сыйғыза білу дегенді білдіреді. Түйдектеп сөйлеу сөздің әсерлілігін, өткірлігін күшейте түседі. Себебі сөйлем ішінде сөз аз болса, әр сөзге көбірек назар саламыз да, ол сөздер ілтипатты болады. Ал көп сөзді сөйлемдерде керек сөз адам көзіне түспей, сөз ілтипаты ыдырап, сирей түседі. А.Байтұрсынұлы бұған бір топ адамдарды мысал етеді. Топ арасында келе жатқандардың түр-түсін, киімін, мінген атын байқамай қаламыз. Сәйкесінше аздаған кісінің сыртқы қалпы жан-жақты көзге түсетіні белгілі. Байтұрсынұлы сөз де сол сияқты екенін айтып, түйдектей сөйлеуге мысалдар келтірген: Бақ – ерікте; ерік – ерлік пен бірлікте, ерік – ұранымыз, бірлік – құранымыз болсын. Мысалдан байқалғандай, аз сөзбен көп мағына беру арқылы сөз әсерлі бола түседі.

*Д.Оспанова*

**«ТҮЙЕ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Түйе түлігінің түрлі тұқымдары (айыр өркеш, жалғыз өркеш), тұрмыстық пайдасы (шөлге шыдамды көлік, еті, сүті, жүні, терісі) әңгіме болған. Ғыл. түсініктеме берілген.

**ТҮЙІС ҒАЛАМ ТУРАСЫНДА СӨЙЛЕУ** – көңіл түйінше өң беріп, дем беріп, көрнекі тілмен айту. Түйіс ғалам турасында сөйлегенде дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетеді. Тиіс ғалам турасында сөйлегенде де айқындық үшін ажарлау керек болса, жалаң лебіз орнына көрнекі лебіз жұмсалады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТҮЙІС ЖАҒЫНАН АЛЫП СӨЙЛЕУ** – адамның қосқан, таңған сипаттары бойынша сөйлеу. Мәселен, кісі жайында түйіс жағынан алып сөйлегенде түсі, тұрпаты, мінез-құлқы, туысы, тұрмысы, ісі айтылады.

*О.Жұбаева*

**«ТҮЛКІ МЕН ҚАРАШЕКПЕН»** – «Қырық мысалдағы» отыз төртінші өлең. 17 шумақ (78 тармақ). Бір Мұжық (Қарашекпен) Түлкіге: «Егер Тауықты жегенді қойсаң, мен саған өзімнің тауықтарымды бақтырып, қарныңды тамаққа тойғызар едім», – дейді. Түлкі келіседі. Қарашекпен де уәдесінде тұрып, Түлкі күптей болып

семіреді. Қарашекпен ойлайды: Түлкі Тауықты жегенін қойды, – деп. Бірақ Түлкінің қарны тойғанмен, ниеті түзелмеген еді. Қараңғы бір түні Қарашекпеннің барлық Тауығын қырып салып, тайып тұрады. Мысал түйіні соңғы шумақта тарқатылады: «Адамдар ұяты бар, ниеті ақ, ұрламас, аштан өлер болса да нақ. Санап бер саф алтыннан миллионды, Ұрлығын ұры қоймас Түлкідей-ақ. Бұзықтық бай-жарлыға бірдей нәрсе, Пиғылды түзетпейді дәулет пен бак». Ақиқат сөзге арсыз дауласады. Сондықтан мысал түйінін өзі тарқатып тұр деп түсінген жөн.

*С.Ғұсманқызы*  
**«ТҮН ЕДІ»** – өлең. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. 11 буынды қара өлең ұйқасына құрылған шығарма 16 шумақ, 64 жолдан тұрады. Шығарма соңына авторын «Мағжан» деп көрсеткен. Өлеңде түнек түннің түріліп, азаттық таны атып, әйел теңдігі орнап келе жатқаны айтылады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ТҮПКІ ЗАТ ЕСІМ** – түбір зат есім: *ой, ес, ар, мал* т.с.с. Түпкі затқа қатысқан екінші зат болса, ол екінші затты атау үшін түпкі заттың есіміне әртүрлі жұрнақтар жалғанады. Мыс.: *ессіздік, саналылық, малыш* т.с.с.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТҮПКІ ҮСТЕУ** – түбір үстеу, басқа сөз таптарынан жасалмаған, түбір күйіндегі үстеу. Мыс.: *әбден, тым, тіпті, қас, сірә, есе, тап, нақ, нағыз, әрең* т.с.с. Ғалым қазақ тілінде түпкі үстеу сөздер тіпті аз екенін ескерте келіп, көбінесе үстеу мағынасында басқа есімдерден, есімдіктен, етістіктен шыққан сөздер жүретінін ескертеді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

**ТҮРКИЯ**, Түркия Республикасы – Батыс Азияда және ішінара Оңт.-Шығыс Еуропа жерінде орналасқан мемлекет. А.Байтұрсынұлы «МОПР һәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» кітабында (6 томдық шығ. жин., 5-т.) Т. туралы айта келіп, «1921 жылы Кемал пашаның бұйыруы бойынша Түркия коммунистер партиясының комитеттік мүшелері 15 адам Қара теңіздің Трапезонд (Трапезон) жақ жиегінде суға батырылды... 1922 ж. 22 адам Аңғара шаһарындағы коммунистер қуылып, 50 адам түрмеге жабылды...» деп жазады. Одан әрі 1924 ж. август (тамыз) айында

Стамбұлда болған шойын жол жұмысшыларының ереуілі таратылды делінген.

**ТҮРКІСТАН**, И а с ы – Қазақстан Республикасындағы тарихи қала, Оңт. Қазақстан обл. Түркістан қалалық әкімдік аумағының орталығы. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты ғыл.-зерттеу мақаласында (6 томдық шығ. жин., 1-т.) Абайдың атасы Ырғызбай халқының қолбасы, батыры және ел ағасы екенін, Тобықты аумағына Түркістаннан елін ертіп, Шыңғыс тауы малға жайлы деп қоныстанғанын айтады («Қазақ» газеті, 1913 ж. №39-, 40-, 43-сандары). Сондай-ақ «Керей Қожаберген жыраудың Абылайға айтқаны» өлеңіндегі: «Абылай! Сен мен көргенде, Тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің, Әбілмәмбет ағана, Қызметкер болған ұл едің...» дегенін келтіреді. «Октябрь төңкерісі» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) Октябрь төңкерісі бүкіл езілген елдерге, халықтарға және барлық адам баласына орыспен терезелерің тең деп, бас-басына автономия бергенін, Түркістан мен Қазақстанда автоном. респ. құрылғанын айтады. «Қыпшақ Сейітқұл» мақаласында «Түркістанда қалсам, қоқаны қоқандап, өзбегі өкіректеп, тыныштықпен кәсіп істетпес» деп, Қабырғаны (Қабырға өз. болу керек) ұнатқанын айта отырып, Сейітқұлдың отыз үйлі тобырына жер таңдап жүргені айтылады. Соңында Үргеніш, Қоқан, Түркістанға да қарамай, ел іші деп Қабырға өз-нің бойында жайласқанын баяндайды (Алтынсары ұлының кітабынан алынған). Ахмет «Көшпелі қазақтардың сотын өзгертудің лебізі» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) Қазақ ісін қарауға қойған халық судиясы қазақтың білімді адамдарынсыз еш нәрсе істей алмайтыны, осыған байланысты соттың кемшіліктерін түзетіп, әділдік жолына қою үшін патша бекітуі бойынша 1911 ж. Түркістан өлкесінде Харитонов кеңесінің құрылғанын айтады («Қазақ» газеті, 1915 ж. №80 және 1915 ж. №105). «Ахметтану ғылымының негіздері» ғыл.-зерттеу мақаласында (6 томдық шығ. жин., 6-т.) Құл-Мұхамед М. «Алаш ардагері. Жакып Ақбаев» (А., «Жеті жарғы», 1996) еңбегінде А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, т.б. Алаш қайраткерлері халықтардың өзін-өзі билеу құқығын жариялап қана қоймай, сонымен бірге Түркістан авт. респ-н құрғандығы айтылған. Байтұрсынұлының Ташкентке сапарының басты мақсаты – Түркістандағы екі облыс Жетісу мен Сырдарияны Қазақстанға қосу болғаны баяндалады. **ТҮРКІСТАН АВТОНОМИЯСЫ**, Қоқан автономиясы, Түркістан мухторияти – 1917 ж. 28 қарашада Түркістан өлкесі халықтарының өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету мақсатында құрылған мемл. құрылым. Өлкедегі барлық билікті өз қолына алуға ұмтылған Ташкенттегі Түркістан Халық комиссарлары кеңесіне

балама түрде Қоқан қ-нда Түркістан өлкесі мұсылмандарының 4-съезі шешіміне орай құрылды. Осы съезде оның Уақытша үкіметі мен заң шығарушы органы – Түркістан Ұлттық кеңесінің құрамы сайланды. Т. А. Уақытша үкіметінің төрағасы (премьер-министрі) болып М.Тынышбаев сайланғанымен, көп ұзамай оның бұл қызметтен бас тартуына байланысты төрағалыққа М.Шоқай тағайындалды. 1 желтоқсан күні Т. А-ның Уақытша үкіметі өлке халқына арнап үндеу жариялады. Онда халықты Т. А-на қолдау көрсетуге шақыра отырып: «Бұғаудан босаған түркістандықтардың өз жерінің толық қожайындары ретінде өз тарихын өздері жасайтын сәт туды. Біз алдымызда тұрған міндеттердің ауқымды екендігін, біздің ісіміздің дұрыстығын сезініп, Алланың ризашылығымен өз жұмысымызға кірістік» делінді. Қоқан қ-нда мұсылмандардың Т. А-н қолдаған манифестациясы болды. Мыңнан астам адамның қатысуымен өткен бұл манифестацияда халық Ақпан төңкерісі әкелген бостандық негіздерін қорғауға және Т. А-на қолдау көрсетуге ант берді. Мұның артында Наманганда Т. А. Уақытша үкіметіне қолдау көрсетуге арналған митинг өтті. Наманган көшелеріне лық толған адамдар «Жасасын Түркістан автономиясы мен оның үкіметі» деген плакаттар алып жүрді. 6 желтоқсан күні Ташкентте Шуро-и-ислам ұйымының ұйымдастыруымен Т. А-на қолдау көрсетуге арналған 60 мыңнан астам адам қатысқан митинг болды. Социал-революционерлер (эсерлер) Қоқан қ-нда өлкелік съезін өткізіп, Т. А-н қолдайтындықтарын, оның үкіметімен бірлесе жұмыс істеуге дайын екендіктерін мәлімдеді. Т. А-ның жариялануын Ташкенттегі еврейлердің «Бунд» пен Қоқандағы «Вайнер» қоғамы құттықтап, оған көмек беретіндігін танытты. Т. А-ның жариялануы өлкедегі мұсылман жұртшылығының көңілінен шығып, олардың рухын көтерді. Самарқанд, Закаспий облыстары мұсылмандарының съездері, Түркістан еңбекшілері мен дикандарының съезі, Шымкент қ. мұсылмандарының жиылысы Т. А-н қызу қуаттады. Перовск және Қазалы уездеріндегі қазақтар Т. А-н қолдайтындықтарын білдірген жеделхаттар жолдады. Мұндай пікір Ырғыз уезі қазақтары тарапынан да білдірілді. Закаспий обл-ндағы қазақтар Т. А-на кіруге ризашылығын білдіру мақсатында Қоқанға Ж.Мыңбаевты жіберді. 13 желтоқсанда Қоқан қ-нда өткен мұсылман жұмысшылары, солдаттары мен дикандарының съезінде Т. А-ның Уақытша үкіметін қолдау жөнінде шешім қабылданып, оның құрамына мұсылман жұмысшыларынан, дикандардан және солдаттардан өкілдер енгізу жөнінде ұйғарым жасалынды. 2-жалпықазақ съезінде Т. А-на қатынас мәселесі қаралып, Сырдария обл. қазақтарының Алаш автономиясына қосылу жайын айқындау

үшін обл. съезд өткізу жөнінде шешім қабылданды. Бұл съезд 1918 ж. 6 қаңтарда Түркістан қ-нда өтті. 1918 ж. 20–26 қаңтар аралығында Ташкентте өткен өлкелік кеңестердің 4-съезі Т. А-н және оның Уақытша үкіметі мүшелерін заңнан тыс деп жариялап, Т. А-н күшпен тарату жөнінде шешім қабылдады. Кеңестердің осындай шешім қабылдауына сәйкес Т. А-ның Уақытша үкіметі қорғанысқа көшуді шұғыл қолға алуға кірісті. Т. А-ның әскері 2 мыңға жетті. Сол тұста Қоқан қ. милициясының басшысы Ергештің қол астында 4 мыңға жуық қарулы жасақ болды. Қоқан қ-ндағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі 28 қаңтардағы мәжілісінде Т. А-н қарусыздандырып, оның әскери ұйымдарын тарату керек деген шешім қабылдап, оны жүзеге асыратын арнайы топ құрды. 29 қаңтар күні Қоқан қ-ндағы жұмысшы-солдат депутаттары кеңесі қалалық төтенше өкімет органын – рев. к-т құруды ұйғарды. Осы рев. к-т Ташкенттегі Халық комиссарлар кеңесінен Т. А-на қарсы күресу үшін көмек сұрап, 4 зеңбірегі, 4 пулеметі бар 120 адамнан тұратын әскери жасақ алдырды. Артында Түркістан ХКК Қоқан рев. к-тіне көмекке 11 әскери эшалон және австрия-венгрлік соғыс тұтқындарынан құрылған әскери бөліммен армян (дашнак) құрамасын аттандырды. 6 ақпанда кеңестік қарулы күш Қоқан қ-н зеңбірекпен атқылап, қаланы өртке орады. Қызыл әскерлер бөлімдері мен армян құрамасы қалаға еніп, Т. А. Уақытша үкіметі мен ұлттық кеңесінің 54 мүшесінің 30-ын тұтқындады. Т. А-н күшпен тарату кезінде Қоқан қ-ның басым бөлігі өртеніп, 10 мыңнан астам адам қаза тапты. Осылайша халық тілегіне сай құрылған Т. А. кеңестік биліктің қаруымен құлатылды.

*Әдеб.:* Агзамхужаев С. Туркестон мухторияти. – Тошкент, 2000; Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости. – Ташкент, 2000; Исаков С.М., Российские мусульмане и революция (весна 1917 г. – лето 1918 г.). – М., 2003.

**«ТҮРКІСТАН ҰЛТТЫҚ БІРЛІГІ»**, «Т ү р к і с т а н ұ л т т ы қ о д а ғ ы» – Түркістан халықтарының мүддесін қорғау мақсатында 1920–41 ж. аралығында қызмет еткен қоғамдық-саяси ұйым. Бұл ұйым Зәки Уәлиди Тоғанның белсенділік танытуымен құрылды. Оның бастамасымен 1920 ж. маусымда Бұхара қ-нда башқұрттардан С.Мағазов, Ферғана басмашыларынан Шерахмет Бек, Ы.Мутин, Х.Игілік, Рахманқұл құрбашы, Мұстафа Шахқұл, түрікмендерден К.Бердиев, қазақтардан Х.Болғанбаев, М.Әуезов, Д.Әділов, Бұхара мен Ташкент зиялыларынан Мұнауар Қарри, А.Мұхидинов, Ф.Хожаев, С.Айни секілді қайраткерлер және Ататүріктің түркі-мұсылман халықтарының саяси өмірі туралы Түркістанға мәлімет жинауға жіберген өкілі Субхи Сайсаллығлы қатысқан жиналыс өтіп, онда «Т. ұ. б.»

## ТҮРІКШЕЛЕР

атты ұйым құруға шешім қабылданды және 7 баптан тұратын бағдарламасы бекітілді. Бағдарламада Түркістан өлкесін кеңестер үстемдігінен азат ету, өлкеде демокр. республика құру, өлке экономикасын дамыту, ағарту ісін жандандыру, дін ісін мемлекет ісінен ажырату қажеттігі аталып көрсетілді. Ұйымның төрағасы болып З.У.Тоған сайланды. 1920 ж. 5–7 қыркүйек аралығында Самарқандта «Т. ұ. б.» ұйымының конгресі өтті. Бұл конгресте ұйымның жарғысы мен Түркістанның ұлттық туы жасалып, қабылданды. Туының ортасына ай мен жұлдыз орналастырылды және ол тоғыз (бесеуі қызыл, төртеуі ақ түсті) жолақпен безендірілді, сондай-ақ тудың шетіне көгілдір жолақ жүргізілді. 1922 ж. 18–22 қыркүйек аралығында «Т. ұ. б.» ұйымының кезекті конгресі өтті. Бұл конгреске қатысушылардың ішінде М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, т.б. қазақ қайраткерлері болды. Конгресте Түркістанның толық азаттық алғанына дейін кеңестермен күрес жүргізе беру керектігі және бұл күресте Түркістан халқын ұлттарға жіктемеу жайлы шешім қабылданды. Бұл шешімді жүзеге асыру үшін «Т. ұ. б.» ұйымы өз қызметін Түркия мен Еуропада жандандыру қажет деген ұйғарым жасалды. 1923 ж. 26–28 маусым аралығында «Т. ұ. б.» ұйымының Кабулда жиналысы өтті. Оған Тоған, Бұхар КСР үкіметінің бұрынғы басшысы Осман Қожаоғлы, Абдулкадыр Инан, Бұхараның Кабулдағы елшісі Мырза Исамеддин, т.б. қайраткерлер қатысты. Осы жиналыстың шешімі бойынша Тоған «Т. ұ. б.» ұйымының ішкі және сыртқы бөлімшелерінің бас төрағасы, Осман Қожаоғлы Түркия бөлімшесінің төрағасы, А.Арифов Кабул бөлімшесінің төрағасы, Мұстафа Шоқай Еуропа бөлімшесінің төрағасы болып белгіленді. 1924 ж. 23 қарашада Берлинде «Т. ұ. б.» ұйымының конгресі өтті. Оған қатысқандардың қатарында Шоқай болды. Конгресте «Т. ұ. б.» ұйымының орт-н Түркияға көшіру және Стамбұлда ұйымның органы болып табылатын журнал шығару жайлы шешім қабылданды. 1927 ж. наурызда Стамбұлда «Т. ұ. б.» ұйымының конгресі өтті. Конгреске Парижден Шоқай келді, сондай-ақ Тоған, Қожаоғлы, Насыр Махдум, Шахкул, Инан, т.б. қатысты. Конгрестің шешімімен Стамбұлда Тоған мен Инан басшылық ететін «Йени Түркістан» («Жаңа Түркістан») атты журнал шығатын болды. Бұл журналда Түркістан тарихы, әдебиеті, сондай-ақ әлеум.-экон. мәселелеріне байланысты ғыл. мақалаларға орын беруге шешім шығарылды. 1928 ж. Тоған ғыл. жұмыстарға ойысып, саясаттан қол үзіп кетуіне байланысты «Т. ұ. б.» ұйымына Қожаоғлы төрағалық етті. 1933 ж. «Т. ұ. б.» Шығыс Түркістан Республикасының құрылуына қолдау білдіретіндігін танытып, Қашқарға өз өкілін аттандырды. 1939 ж. 24 наурыз – 2 сәуір аралығында Берлинде

«Т. ұ. б.» ұйымының конгресі өтіп, онда ұйымның төрағалығына Шоқай сайланды. 1939 ж. 2-дүниежүз. соғыстың басталуына орай «Т. ұ. б.» ұйымының қызмет етуі қиындай түсті. Шоқайдың 1941 ж. Берлинде қайтыс болуымен «Т. ұ. б.» ұйымы өз қызметін доғарды.

Әдеб.: Заки Валиди Тоған, Воспоминания. Кн. 2. – Уфа, 1998; Зиеева Д. Туркистон миллий озодлик харакати. – Ташкент, 2000; Абдуқап Қара. Мұстафа Шоқай. – А., 2004.

*С.Рүстемов*

**«ТҮРІКШЕЛЕР ҚҰРЫЛТАЙЫ»** – мақала. «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 7-, 8-сандарында жарық көрген. Мақала «Тіл тағылымына» (А., 1992. 411–416-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Журналдың төте жазумен шығарылғанын ескерсек, «Тіл тағылымына» енгізілген мақаладағы кездесетін мына сөздер: «Февраль», «француз», «программа», «профессор», «Стамбул» сонымен қатар адамдардың аты-жөндері: «Бартольд, Шерба, Менсель, Ольденбург, Павлович», т.б. да «баяндамашы, қарпы» сынды атау сөздер қазіргі емлеге түсіріліп, түзетілген.

*Р.Имаханбет*

**«ТҮРІКШІЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС»** – зерттеу еңбек. Авторы – С.Шілдебай. ҚазҰТУ-дың Ғыл. кеңесінің шешімі бойынша шығарылған. А., «Ғылым» ғыл. баспа орт-нан 2002 ж. жарық көрген. Көл. 214 бет. Таралымы 1000 дана. Еңбек кіріспеден, екі тараудан («XX ғасыр басындағы Ресей түріктерінің ұлт-азаттық қозғалысындағы түрікшілдік», «Кеңестер дәуіріндегі Қазақстанның ұлт-азаттық қозғалысындағы тұтас Түркістан идеясы»), қорытындыдан және пайдаланылған деректер тізімінен тұрады. Бұл еңбекте патшалық және кеңестік билік кезеңінде «пантүркізм» атауы танылып, адамзат қоғамына қауіп төндіретін қатерлі ағым ретінде сипатталып келген түрікшілдік тарихы, оның тарихи кезеңдердегі эволюциясы және 20 ғ-дың 1-жартысындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысындағы орны мен маңызы тың мұрағат құжаттары мен соны деректер негізінде баяндалып, талданған. Сондай-ақ, кітапта қазақ ұлт-азаттық қозғалысында зор рөл атқарған А.Байтұрсынұлының еңбектерінде түрікшілдік қозғалыс және оның негіздері туралы ең алғашқы мәліметтер мен деректер кездесетіні айтылған. Кітап тарихшыларға, саясатшыларға, жоғары оқу орындары студенттеріне, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

*С.Хасенов*

**ТЫНЫБЕКОВ** Таңжарық (26.8.1939, Алматы обл. Кербұлақ ауд. Сарыөзек а. – 9.2.1998, Алматы қ.) – саяси, партия және қоғам қайраткері. А.Байтұрсынұлының туған жиеншары Меруерттің

жұбайы. ҚазҰПУ-дың шет тілдері ф-тін (1963), Алматы жоғары партия мектебін (1984), Новосибирскіде запастағы офицер – саяси қызметкерлердің екі айлық әскери курсы (1965) бітірген. 1965–71 ж. ҚазҰМУ-да оқытушы, референт, аға референт, шет елмен достық және мәдени байланыс жөніндегі қазақ қоғамының бөлім меңгерушісі, Алматы обл. халықтық бақылау к-тінің инспекторы (1971–73), обл. партия к-ті үгіт-насихат, мәдениет бөлімдерінде, 1977 ж. Қазақстан КП ОК-де, 1984 ж. Қазақстан КП ОК-нің жалпы бөлімінде нұсқаушы (1973–77), Қазақ КСР ИІМ саяси, партия жұмыстарын ұйымдастыру бөлімдерінің бастығы (1984–86), Алматы өрт сөндіру тех. уч-шесі саяси бөлімі бастығының орынбасары (1986–93) болды. 1993 ж. зейнеткерлікке шығып, қоғамдық жұмыстармен айналысты. Ол Байтұрсынұлы мұражайының ашылуына тікелей ат салысып, мұражай директорының көмекшісі, кейін вице-президенті қызметін атқарды. 1994–95 ж. ҚазҰПУ мұражайының директоры болды. Осы мұражайдан Байтұрсынұлының жеке ісін алдыртып (11.9.1995), Ахметтің өз қолымен жазған өмірбаянын (туған күні 5.9.1872) тапты. Т. Неміс кеңес достығы қоғамының Алтын құрмет белгісімен, «Фашистік Германияның жеңгені үшін», «ГДР-дың құрылғанына 30 жыл», «Ерен еңбегі үшін», Еңбек ардагері, т.б. медальдармен марапатталған.

**ТЫНЫБЕКОВА** Меруерт Бәкібайқызы (17.5.1941 ж.т., Алматы қ.) – педагог. А.Байтұрсынұлының туған қарындасы Зиялштан тараған жиеншары. Әкесі – Бәкібай Бейісов КСРО Қоғамдық қауіпсіздік к-тінің полк., анасы – Мина Сейітова



*М.Тыныбекова*

тұңғыш Қазақ дикторы болды. 1958 ж. Ә.Қашаубаев атынд. муз. мектепті, ҚазҰПУ-дың шет тілдері ф-тін (1963) бітірген. 1963–65 ж. «Горный Гигант» кеңшарында №52 орта мектепте мұғалім, 1965–98 ж. ҚазҰМУ-да шет тілдері кафедрасында неміс тілінің оқытушысы қызметтерін атқарған. 1998 ж. зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін, Алматы қ. Алмалы ауд-нда, 2006–08 ж. Қостанай қ-нда Байтұрсынұлы атына байланысты

өткен іс-шараларға, 2012 ж. Байтұрсынұлының жары Бәдрисафаның ескерткішінің ашылуына қатысты.

**ТЫНЫСТАНОВ** Қасым (1901–1937) – Алаш қайраткері. 1918–19 ж. 6 сыныптық түзем мектебін бітірген. 1919 ж. республикадағы жергілікті ұлт мамандарын даярлау жоспарына сәйкес, ол Түркістан кеңестік автономиясының орт-на, жұмысшы ф-тіне жіберілді. 1924 ж. Ташкенттегі өлкелік Қазақ-қырғыз халық ағарту ин-тында 1924 жылға дейін оқыды. 1922 ж. Ташкентте ашылған «Талап» мәдениет ұйымының басқарма мүшесі болып сайланды. Оны Алаш қайраткері Х.Досмұхамедов басқарып, М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, М.Әуезовтер жұмыс істеді. Т-тың алғашқы өлеңдері 1920 ж. Ташкенттен шыққан «Жаңа өріс» газетінде басылған. 1924 ж. Ташкентте Түркістан мемл. баспасынан Т-тың «Қырғыз тілінің хрестоматиясы» атты алғашқы пед. еңбегі жарық көрді. 1925 ж. К.К.Юдахинмен бірігіп орыс графикасының негізінде қырғыз әліпбиінің алғашқы нұсқасын жасады. Ол осы жобасын 1926 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтың түркітанушылардың I-съезіне ұсынды. А.Байтұрсынұлы да қатысқан бұл басқосуда «Жаңа алфавитті түзудің негізгі принциптері» атты баяндама жасады. 1926 ж. Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан «Ересектер үшін әліпби», «Қырғыз тілінің грамматикасы» (1927) «Қырғыз әдеби тілінің жаңа орфографиясының жобасы», «Қырғыз тілінің морфологиясы» (1934), «Қырғыз тілінің синтаксисі» атты кітаптар (1936) жариялады. Т. 1927 ж. Қырғыз АҚР-інің халық ағарту комиссары болып тағайындалды. Қырғыз тілінің дыбыстық қатарын, грамматикасын және әдістемесін ғыл. жүйеге түсіріп, қырғыз ғыл. тілінің негізін қалыптастырды. Ол К.Юдахин, В.Бартольд, Е.Поливанов сынды әлемге белгілі ғалымдарды қырғыз тарихы мен әдебиетін, тілі мен этнографиясын зерттеуге және дүние жүзіне насихаттауға жұмылдырды. Оның алғашқы жыр кітабы «Қасым ырларының жыйнағы» деген атпен «Күншығыс» баспасынан 1925 ж. жарық көрді. Мәскеу жинағына ақынның 1920 жылдан бастап жазған өлеңдері енген. Т-тың «Қаламға», «Айға», «Бұлбұлға», «Бөбек тербеткенде», «Жастарға» т.б. өлеңдері, «Жаңыл мырза» поэмасы, «Академиялық кештер» (1932) атты пьесасы бар. 1935 ж. Фрунзеде «Манас» жырына байланысты тұңғыш бүкілодақтық конференция өтіп, оған Е.Поливанов, М.Әуезов, т.б. ғалымдар қатысты. Бұл жиында Т. манастанудың жаңа міндеттері туралы баяндама жасады. 1937 ж. ұсталып, ату жазасына кесілді. Абдылдажан Ақматалиев «Қырғыз, қазақ – алаштан...» атты мақаласында: «Қазақ ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлы мен қырғыз ақыны Қасым Тыныстанов аға-інідей сыйлас, әріптес, тағдыр-

## ТЫНЫШБАЕВ

лас болғаны баршаға белгілі. Білімі көл-көсір Ахмет Қасым Тыныстановқа шығармашылық тұрғыдан зор ықпалын тигізген. Қасымның алғашқы жырларынан оның Алаш идеясына берілгендігі айқын аңғарылады» деп жазған («Егемен Қазақстан», 19.5.2016).

**ТЫНЫШБАЕВ** Мұхамеджан (12.5.1879, бұрынғы Жетісу обл. Лепсі уезі Мақаншы-Садыр болысы – 1938, Ташкент қ.) – Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш т.ж. инж. 1900 ж. Верныйдағы ер балалар гимназиясын алтын медальмен бітір-



*М.Тынышбаев*

ген. Гимназияда оқып жүргенде Т. өзінің ізденімпаздығымен, жан-жақтылығымен ерекшеленіп, 1899 ж. Верный қ-нда өткен А.С.Пушкиннің 100 жылдық мерейтойында баяндама жасады. Гимназия директоры Жетісу обл. әскери губернаторына жолдаған өтінішінде Т-ты «тамаша шәкірт қана емес, нағыз талант иесі» деп мәлімдеп, жоғары оқу орнында білім алуына арнайы стипендия бөлуді сұрады. 1900 ж. жол қатынасы ин-тына түсіп, 1906 ж. бітірді. Студент кезінде қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, баспасөз беттерінде отарлық билікті сынайтын мақалалар жазып, патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы үгіт-насихат жүргізді. Патша өкіметіне оппозициядағы партиялардың ұйымдастырған іс-шараларына ат салысты. 1905 ж. қарашада автономияшылдар одағы ұйымының ұйымдастыруымен өткен съезге қатысып, сөз сөйледі. Ол өз сөзінде патша өкіметінің қазақ жерінде жүргізіп отырған отаршылдық саясатын айыптай отырып, ендігі уақытта ұлттық езгідегі халықтарға автономия берілуін талап етті. Ин-ты бітірген соң инж.-маман ретінде Орта Азия т.ж. құрылысына жіберілді. 1907 ж. 2-Мемл. Думаға депутат болып сайланды және онда агр. комиссия құрамында қызмет етті. Дума таратылған соң Орта Азия т.ж. құрылысына айрықша өкілетті нұсқаушы-инж. болып тағайындалып, Омудария өз. арқылы өтетін көпірді салуға қатысты. 1911 ж. Урсатевск – Әндіжан т.ж. құрылысының бастығы әрі бас инж. болды. 1914 ж. Арыс –

Әулиеата т.ж. құрылысының бас инж. қызметін атқарды. Ол 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын күні бұрын болжап, көтерілісшілерді сабырлыққа шақырды. Патша өкіметінің жергілікті билік орындарының көтеріліске шыққан қазақтар мен қырғыздарды жазалауда жасаған озбырлығын әшкерелеуде белсенділік танытты. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Т. Уақытша үкіметтің Түркістан к-ті құрамына мүше болып тағайындалды. Ол Түркістан өлкесі орт. атқару к-ттері өкілдерінің съезіне қатысты. Уақытша үкіметтің Түркістан к-тінің мүшесі ретінде Жетісу обл-ндағы 1916 ж. Қытайға ауып кеткен қазақ-қырғыз босқындарына көмек көрсетуді ұйымдастырды. 1-жалпықазақ съезіне қатысып, онда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Түркістан өлкесінде жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің билікті өз қолына алу жолындағы әрекетіне қарсылық танытты. Түркістан өлкесі мұсылмандарының төртінші съезіне қатысып, онда құрылған Түркістан автономиясы Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып сайланды. Көп ұзамай ол бұл қызметтерінен бас тартты. Оның орнына Мұстафа Шоқай тағайындалды. 2-жалпықазақ съезінде Т. Алашорда үкімет құрамына сайланды. Т. Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге қазақ елі дербестігін қалпына келтіруге, елдің амандығын сақтауға күш салды. Ол осы мақсатта Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Ғаббасов, Р.Мәрсеков, Ғ.Танашев секілді Алашорда үкіметі мүшелерімен бірге Уақытша Сібір үкіметімен, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелері к-тімен және Колчак үкіметімен келіссөздер жүргізуге қатысты. 1920 ж. 1 қазанда Ташкент қ-нда ашылған Қазақ халық ағарту ин-тына қызметке орналасып, көп еңбек сіңірді. Ин-т үшін Т. ел арасынан қаржылай көмек жинауды ұйымдастырды және осы оқу орнында білім алу үшін Сырдария мен Жетісу облыстарынан қазақ жастарын жинастырды. Т. халық ағарту ин-тында математика, физика, химия, түркі халықтары тарихы пәндерінен дәріс оқыды. Т. сонымен бірге ғыл. жұмыспен де белсене айналысты. Ол Орыс геогр. қоғамының Түркістан бөлімінің, Қазақстанды зерттеу қоғамының, «Талап» ұйымының мүшесі болды. «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының қызметіне ат салысты. Т. халқымыздың тарихының күрделі, бұрын зерттелмеген кезеңдеріне арнап, дерек көздері бай, ғыл. тұрғыдан негізделген іргелі еңбектер жазды. Оның тарихты терең түсіне білгендігі, зерттеушілігі, қазақ халқының өміріне, кейінгі тағдырына әсер еткен ірі оқиғаларды түпқазық етіп алып, жүйелі түрде қарастыруынан байқалады. Бұл пікірге Т. еңбектеріңдегі «Қырғыз-қазақ руларының шежіресі», «Қыр-

ғыз-қазақтың шығу тегі», «Қазақ этнонимі туралы», «Алтын Орданың құйреуі және Қазақ хандығының құрылу тарихы», «Ақтабан шұбырынды» секілді, т.б. тақырыптағы еңбектері дәлел бола алады. Қазақ тарихының көне дәуірі, орта ғасырлар кезеңі, жаңа заманы ретінде жеке қарастыратын күрделі мәселелерді кеңінен қамтуға талпынысы, Т-тың өзіндік қалыптасқан тарихи көзқарасы бар екендігін аңғартады. Т. еңбектері ұлттық мүдде тұрғысында жазылуымен ерекшеленеді. Ол қандай да бір халықтың тарихын жазу үшін сол ұлттың тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін жетік меңгеру керек деген принципті берік ұстанды және бұл принципті өзге зерттеушілердің ұстануын талап етті. Т. 1922 ж. Түркістан АКСР Су ш. басқармасында, 1924 ж. Ташкентте Жер суландыру бөлімінде, 1925 ж. Қызылорда қ-ның құрылыс-жөндеу жұмыстарында, 1926 ж. Жетісу губ. атқару к-тінің Жол бөлімінде еңбек етіп, өзін білікті инж.-маман ретінде таныта білді. 1927 жылдан бастап Түркістан – Сібір т.ж. құрылысында қызмет етті. Осы құрылыстың жобалаушысы, негізгі маманы болды. Т-тың кәсіби шеберлігі Түрксіб құрылысын салу барысында айрықша танылды. Осы еңбектеріне қарамастан Т. кеңестік биліктің қуғын-сүргініне ұшырап, Түрксібті салып жатқан кезінде 1930 ж. 3 тамызда тұтқынға алынып, оған «тап жауы», «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Кейінгі жылдары да үнемі бақылауда болған ол, ақырында кеңестік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Алматы қ-ндағы Қазақ көлік және коммуникация академиясына Т. есімі берілген. Алматы обл. Сарқант ауд-ндағы бір ауыл және Алматы қ-ндағы бір көше Т. есімімен аталады.

Шығ.: Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925; Великие бедствия и великие победы казахов, А., 1992; История казахского народа, А., 1993.

*М.Әбдешев*

**ТЫҢДАУШЫ ЖАҒЫ** – 2-жақ, сендік жақ.  
 Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТЫСҚАРҒЫ ҒАЛАМ** – тысқы ғалам, басқа адамдар, мақұлықтар, нәрселер, бүтін дүние, адамнан тыс ғалам. Ғалым Т. ғ. деп атауының себебін былайша түсіндіреді: «Тысқарғы ғалам деудің мәнісі – адамда екі ғалам болады: *ішкі ғалам*, *тысқы ғалам*. Ақыл, көңіл, қиял сияқты адамның рухына қараған жағы ішкі ғалам болады да, онан басқалары – басқа адамдар, мақұлықтар, нәрселер, бүтін дүние – тысқы ғалам болады».

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТЫСҚАРҒЫ ҒАЛАМНЫҢ ЖЫРЫ** – тысқарғы түрде айту, тысқарғы ғалам турасындағы сөздер, көркем сөздің тысқарғы түрлісі, әуезе. Ақын әуезе түрінде сөйлегенде уақиғаның

ішінде өзі болып, басынан кешірген адамша сөйлемей, тек сыртта тұрып бақылап, уақиғаға көз салған адамша, қатта біреуден естіген адамша айтады. Уақиғаны бұлайша түрде айтып көрсету *тысқарғы түрде айту* болады, сондықтан әуезе көркем сөздің тысқарғы түрлісі болады. Бірақ әуезеге алынған уақиға болғандықтан және де ол уақиғаға айтушы өзінше көрік беріп шығарғандағы сөзі әуезе болады. Мәселен, *ертек* – тысқарғы ғаламның жыры, *толғау* – ішкергі ғаламның күйі. Тысқарғы ғалам жырын әуезелейтін адам айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылады. А.Байтұрсынұлы тысқарғы ғалам мен ішкергі ғаламның жырын сипаттай келіп: «*Әуезе* – тысқарғы ғаламның жыры, *толғау* – ішкергі ғаламның күйі деп екі айырғанымызбен, екі ғаламның ісінің арасында зор іліктік бар. Нәрсені танығандар, сол тануымыздың өзі екі жақты болады. Әр нәрсені саңылап санамызға алған уақытта, ол нәрселер турасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды. Адам дүниедегі көрген, білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңылаулап қана қоймайды, ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің иә істің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғалам мен сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жырттылып айырылғысыз болып бірігеді. Тысқарғы ғаламнан санаға түскен саңылау мен сана жанында тұрған көңілдің күйін бір-біріне қатыстырмай, бөлектеп қою мүмкін емес деп қорытады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТЫСҚАРҒЫ ЖАЛҒАУ** – жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейтін қосымша. Ғалым тысқарғы жалғауды *тікелей жалғау* деп те атайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТЫСҚЫ ҒАЛАМ.** қ. *Тысқарғы ғалам*.

**ТЫСҚЫ ЖАҚЫНДЫҚ** – сөйлемдерді бір-біріне жанастыру жүзіндегі жақындық.

**ТІКЕЛЕЙ ЖАЛҒАУ** – жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейтін қосымша, тысқарғы жалғау.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ТІКЕЛЕЙ ЖҰРНАҚ** – жалғанған сөзінің тұлғасын да, ішкі мағынасын да өзгертетін қосымша. Ғалым тікелей жұрнақты *ішкергі жалғау* деп те атайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.



## ТІКІ ЖҰРНАҚ

**ТІКІ ЖҰРНАҚ** – зағ есімге жалғанып, нәрсе-нің сол затқа тиісті екендігін көрсететін жұрнақ. Мәселен: «*kici*» деген сөзге нікі жұрнағын жалғап, нәрсеңнің кісіге тиісті екендігін білдіру үшін «*kisinki*» дейміз. «*Mal*» деген сөзге «*diki*» жұрнағын жалғап, «*maldiki*» деп нәрсеңнің малға тиісті екендігін білдіреміз. -нікі жұрнағы -ның және -кі қосымшаларынан жасалған: -*niңki*, -*diңki* орнына -*nik*, -*dik* болып кеткен.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ТІЛ** – сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы, лұғат. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар» – дей келіп, ғалым тілді дұрыс жұмсай білетін адам табылса, тіл шама-қадырының жарайтынын, бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын екенін ескертеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТІЛ (ЛҰҒАТ) АНЫҚТЫҒЫ** – сөз талғаудың жалпы шарттарының бірі. А. Байтұрсынұлы тұжырымынша, ашық, мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін лебіз тіл анықтығы деп аталады. Т. а. – сөйлеушінің тілдің дыбысталу заңдылықтарын, орфоэп. нормаларды сақтауы. Сөйлеу анықтығында айтылған ойдың қисындылығы, дәлдігі мен бірізділігіне мән берілсе, Т. а-нда сөйлеушінің сөйлеу барысында дұрыс дыбыстауына, сөздің анық шығуына, дыбыстарды дәл әрі нақты егіп айтуына мән беріледі. Т. а-ның бұзылуы балалар арасында да, ересектер арасында да кездесіп жатады. Әсіресе, шаршы топ алдында дәріс оқитын лектор, теледидарда хабар жүргізуші диктор немесе әнші-жыршылар үшін Т. а-н сақтау аса маңызды. Т. а-ның бұзылуына әлеум.-психол. факторлар да, физиол. факторлар да әсер етеді. Әсіресе, фонетик. бұзылулар – бір дыбысты немесе бір топқа жататын дыбыстарды айта алмау (ызың, шұғыл, тіл ортасы, тіл алды дыбыстардың бұзылуы; дауыссыз дыбыстардың қатаң-ұяң-үнді айтылуының бұзылуы, дыбыстарды дұрыс қабылдау қабілетінің бұзылуы) жиі кездеседі. Сонымен қатар шектеулі сөздік қор, жадағай фраза, фразидағы және сөйлемдегі сөздердің өзара қиыспауы, шылаулар мен жалғау – жұрнақтарының қате қолданылуынан лексика-грамматик. бұзылулар да туындап жатады. Сондай-ақ әуендік-екпіндік бұзылулар да Т. а-на нұқсан келтіреді. Дауыстың күші мен жоғарылығы, тембрінің бұзылуына қарай ақырын, қарлығыңқы, тұншыға, анық емес, мәнерсіз, шырылдап, күмілжіңкі шыққан сөздер Т. а-н бұзып, тыңдаушының ойды түсінуіне

кедергі келтіреді. Байтұрсынұлы ең алғаш болып осы терминді тіл білімі саласына енгізді. Соның негізінде сөйлеу қағидаттары қалыптасты.

С.Итегулова, Ә.Қожахмет

**ТІЛ ӘУЕЗДІЛІГІ** – сөйлеудің ішіндегі сөздердің, сөз құрамындағы дыбыстардың құлаққа жағымды болып құралуы, лұғат әуезділігі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ**, А. Б а й т ұ р с ы н ұ л ы а т ы н д. – ҚР БҒМ ҒК Ғылым академиясының ғыл.-зерт. мекемесі. Қазақ тілі мен түркітанудың іргелі де қолданбалы мәселелерін зерттеумен айналысады. Ин-тта қазақ тілінің құрылымы мен тарихы, диалектологиясы, ономастика мен терминологиясы, қоғамдық қызметі, туыста және өзге де тілдермен байланысы, мәдени өмірдегі орны, т.б. мәселелер көне түркі, ортағасырлық, кейінгі ортағасырлық жазба ескерткіштер негізінде зерттеліп, тіл білімінің жетістіктері мен нәтижелері жұртшылыққа насихатталып отырады. Сондай-ақ ин-т осы аталған мәселелер бойынша ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізумен қатар жоғары білікті мамандар (ғылым канд. мен докторларын) даярлайды. 1932 ж. КСРО ҒА-ның Қазақстан базасы жасақталып, 1936 ж. оның құрамына Ұлт мәдениеті ин-ты (1934 ж. құрылған, алғашқы директоры С.Аманжолов) енді. Осы аталған ин-ттың тіл, әдебиет, халық шығарм. және тарих секторлары аталмыш база негізінде 1938 ж. шаңырақ көтерген КСРО ҒА Қазақ филиалы Тіл, әдебиет және тарих ин-тының (алғашқы директоры Н.Сауранбаев) құрылуына (1941) негіз болды. 1945 ж. Тіл, әдебиет және тарих ин-ты негізінде Тарих, археология және этнография ин-ты мен Тіл және әдебиет ин-ты құрылды. Осы аталған ин-ттың әдебиеттану бөлімдері 1961 ж. Әдебиет және өнер ин-ты болып бөлініп шығып, ин-т «Тіл білімі институты» деп аталды (директоры акад. Қ.Кенесбаев). Т. б. и. құрылымындағы ұйғыртану бөлімі 1989 ж. Ұйғыртану ин-тының (кейіннен Шығыстану ин-ты) құрылуына негіз болды. Сөйтіп, Т. б. и. кара шаңырақ болып, оның ұйымдық құрылымынан бірнеше академ. ғыл.-зерт. мекемелері бөлініп шықты. 1990 ж. 26 ақпанда Т. б. и-на А.Байтұрсынұлының есімі берілді. Ин-т ғыл. еңбектер, анықтамалықтар шығарумен қатар қазақ тілінің грамматикасы, лексика-фразеологиясы, тарихы мен диалектологиясы, ономастикасы мен терминологиясы, әдеби тілдің көне түркілік, ортағасырлық ескерткіштері, сөз мәдениеті, стилистика, қазақ ойшылдары мен суреткерлерінің тілін, стилін талдау, социалингвистика, т.б. салалар бойынша іргелі зерттеулер жүргізеді. Сондай-ақ ин-тта этнолингвистика, фоносемантика, сингармофонология, статистик. лингвистика, лекси-

когр. жұмыстарды автоматтандыру тәрізді жаңа бағыттар бойынша зерттеу жұмыстары қолға алынған. Ин-т жанында дисс. кеңес жұмыс істейді. Ин-т қызметкерлері ғыл.-зерт., пед., тіл ғылымын насихаттау жұмыстарынан басқа жалпы мемл. мәні бар нормативті, заңдық күші бар құжаттарды – қазақ тілі орфографиясының ережелерін (1957, 1983), ҚР-ның Тіл туралы заңдары (1989, 1997) мен тілдерді дамыту бағдарламаларының (1989, 1997), ҚР Тіл саясаты тұжырымдамаларының жобаларын (1989, 1996), т.б. әзірлеу, талқылау, сараптамадан өткізу жұмыстарына қатысып келеді. Қазіргі кезде ин-т құрамында грамматика, лексикология, фонетика, тіл мәдениеті, қолданбалы лингвистика бөлімдері және тілдер кафедрасы бар. Сондай-ақ ономастика, терминология, әдеби тіл тарихы, этнолингвистика топтары жұмыс істейді.

*А.Фазылжанова*

**«ТІЛҒҰМЫРЛАР»** – кітап. Авторы – Ө.Айтбайұлы. ҚР Мәдениет мин. Тіл к-тінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. А., «Абзал-Ай» баспасынан 2014 ж. жарық көрген. Көл. 400 бет. Таралымы 4000 дана. Кітап «Тілғұмырлар (Қазақ лингвистері)» және «Тіл-тұғырлар (Тіл жанашырлары)» атты екі тараудан тұрады. Кітапта А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев және тіл мәртебесін биікке көтерген көптеген тілші ғалымдардың пед. және қоғамдық қызметі туралы жан-жақты баяндалған. Сондай-ақ мұнда С.Сейфуллин, Ө.Жәнібеков, Н.Ондасынов, З.Ахметов, Ш.Қалдаяқов, І.Жақановтар туралы да көркем эссе тұрдысынан шебер баяндалған. Автордың Байтұрсынұлы жайлы «Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы (1873–1937)» және «Қазақ терминологиясының атасы» атты көлемді зерттеу мақалалары жарияланған. Еңбек тіл мамандарына, жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне, қазақ тілі жанашырларына және жалпы оқырман көпшілікке арналған.

*С.Арғынғазин*

**ТІЛ ДӘЛДІГІ** – сөз мағынасының ойлаған ұғымға сәйкес келуі. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Көбінесе тіл дәлдігін мәндес сөздер бұзуда. Мәндес сөз дегеніміз – мағынасы жақын сөздер. Мыс.: *батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік* деген сияқты сөздер. Мұның бәрі жүректілікті көрсеткенмен, әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай яки аңғармай, бірінің орнына бірін айтса, дұғат дәлдігіне кемшілік келтіреді. Т. д-не кемшілік келетін орындар: 1) сөйлем ішіне орын алып, оралғы болудан басқа қажеті жоқ сөздер кірсе. Мыс.: а) *Кейбіреулер дүние қуғыш, мал жиғыш, пайда қылғыш келеді*; ә) *Өз көзіммен*

*көріп, көз алдымнан атқарып келіп отырмын*; б) *Оның қалыптанған ерте тұратын әдеті бар еді*. Бұл үш мысалдың ішінде алып тастаса, орны ойсырамайтын сөздер – «мал жиғыш», «пайда тапқыш», «көз алдымнан атқарып», «қалыптанған» деген лебіздер. Бұлар сөйлем ішінде тұрғанда ғана толық болуына келтіріп тұрған пайдасы жоқ. 2) Сөйлем ішіне орын алып, оралғы болудан басқа қажеті жоқ сөздер кірсе. Мыс.: *Кейбіреулер дүние қуғыш, мал жиғыш, пайда қылғыш келеді*; 3) Ойы қарайлас сөйлемдер қатар айтылғанда. Мәселен: *«Мен қартайған шағымда байы жоқ деп баққан жоқ, күйі жоқ деп күйсен жоқ, қайраты жоқ деп қарасқан жоқ, әлі жоқ деп асыраған жоқ»* деген сияқты. Бұлай айтудың сырты көркем сияқты көрінсе де, ішкі мағынасы пікірді толықтырмай, тек сөздің, сөйлемнің қарасын көбейтеді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**ТІЛДІ ҚОЛДАНА БІЛУ** – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білу және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білу. Қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әртүрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Бәрінің де ой, мақсаты бір. Бәрінікі де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әртүрлі сөз қолданып, өзінше сұрайды. Сол сияқты әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздердің әрқайсысын әртүрлі қолданады. Қысқасын айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөзі сол адамның сөзі болады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

*О.Жұбаева*

**«ТІЛЕК БАТАМ»** – алғаш «Маса» жинағында жарияланған өлең. Көлемі 63 жол. Өлең ерікті ұйқасқа құрылған. Қазақ фольклорының бата жанрының үлгісінде жазылып, ақынның жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, обал мен сауап, ұлттық құндылық пен қоғамдағы дерт турасындағы моральдық-этик. түйсініктерін танытады. «Аз күндікке алданып, // Аз нәрсеге жалданып, // Адасқаның алаштың // Түзу жолға түсір, хақ!» деп халқының тілеуін тілеген ақынның бұл шығармасы «Досыма хат», «Қазақ салты», «Анама хат» өлеңдерінің заңды жалғасы іспетті. Өлеңде халықты бостандық үшін күреске жігерлендіру бар. М.Жұмабаевтың, М.Дулатовтың азаттықты

## ТІЛЕКТІ

ансау, халыққа үндеу өлендерімен сарындастық байқалады.

*С.Итеғұлова*

**ТІЛЕКТІ СӨЙЛЕМДЕР.** А.Байтұрсынұлы сөйлемдерді айтылуына қарай 1) сұраулы; 2) лепті; 3) тілекті; 4) жай деп төрт түрге бөледі. Оның ішінде Т. с-ді ғалым бұйрық түрде, өтініш түрде, үгіт (ақыл) түрде, жай тілек түрде деп тағы төртке жіктейді. Бұлай жіктеу «айтушының көңіл тілегіне байланысты болып отыр» дейді тағы да. Байтұрсынұлы Т. с. түрлерінің тыныс белгілері де түрліше болып келетіндігін айтқан. Ғалымның бұл ғыл. тұжырымы уақытынан бір ғасыр бұрын айтылып, тіл ғылымының бүгінгі даму биігіндегі пікірлермен үндес келіп отыр. Мәселен, сөйлемдердің интонациясын арнайы зерттеген проф. З.Базарбаева: «Бұйрықты сөйлемді интонациялық айырмашылықтарына қарай екіге бөлуге болады. Олардың біріншісі – орындалуға тиісті, жалтаруға болмайтын қатал бұйрық болса, екіншісі – тілек, қалау не сыпайы түрде айтылған бұйрық. ...Қатал бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшелігіне, оның көбінесе жоғары тонмен басталып, соңына қарай бәсеңдеуін, ал сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемнің ерекшелігіне біркелкі, орташа тоналды деңгейде айтылуын жатқызуға болады» дейді. Баяндауыштары бұйрық рай тұлғасында келетін сөйлемдер қазіргі қазақ тіл білімінде бұйрықты сөйлемдер деп аталатындығы белгілі. Алайда, осы мәселені тереңірек қарастырған ғалым Л.Дүйсенбекова «Қазақ тіліндегі бұйрық райдың құрылысы мен мағынасы» атты зерттеуінде баяндауыштары бұйрық рай тұлғасында келетін сөйлемдердің барлығы бірдей тек бұйрықты білдіре бермейтіндігін, оның көптеген мағыналық реңктері болатындығын тілдік фактілермен дәлелдеді. Яғни, Байтұрсынұлы өткен ғасыр басында ақ тілекті сөйлемдердің айтылуына қарай бірнеше мағынасы болатындығын деп басып көрсеткен. Енді ғалымның айтылу мақсатына қарай бөлінеді деген анықтамасына келсек, хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер күні кешеге дейін дәстүрлі синтаксистің ауқымында қарастырылып, бұл сөйлемдер проф. Ж.Жақыповтың басқаруымен Мемл. тілді дамыту ин-тының базасында шыққан «Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар» атты монограф. оқулықта коммуникативтік синтаксис аясында қарастырылған. Яғни, Байтұрсынұлының ғасыр басында берген анықтамасы бүгінгі ғалымдар тарапынан қолдау тауып отыр.

*Б.Қаналбек*

**ТІЛЕНШІ** Токбайұлы (1746–1844) – батыр, би әрі шешен. Әкесі Токбай, атасы Бертіс Қожығырұлы қазақ-жоңғар соғыстарында ерлігімен танылған. Т. еліміздің батыс бөлігін Еділ қалмақта-

рынан азат ету шайқастарына қатысқан. Жорықтарда өзінің қаһармандығымен даңққа бөленген, мыңбасылыққа тағайындалған. Көптеген түйіні қиын мәселелерді реттеп, халық арасында шешендік талантымен танылған. Т. қазақ халқының тәуелсіздігі жолында Марал ишан Құрманұлының орыс отаршылдығына қарсы жүргізген күресіне қолдау көрсеткен. А.Байтұрсынұлы Т.Шонанұлымен бірге жасаған «Оқу құралы» (1926) атты кітабында «Қаракесек Тіленші би» атты шағын өмірбаяндық әңгіме жазған (Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 2-т.). **ТІЛЕУБАЕВ** Шәмек Баянұлы (9.5.1966 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Күрметі а.) – тарих ғыл. канд. (2010). ҚазҰУ-ды (1994) және аспирантурасын (1997) бітірген. ҚазҰУ-да дайындық бөлімінің тыңдаушысы (1988–89) болды. Алматы обл. №1 қазақ-түрік лицейінде тарих пәнінің мұғалімі, тәрбиешісі (1994), Алматы қ-ндағы «БИСС» фирмасында білім беру технологиялары бойынша менеджер (1997–98), ҚазҰУ жанындағы



*Ш.Тілеубаев*

жоғары оқу орындары оқытушыларының білімін жетілдіру ин-тының қызметкері (1998–99), тарих ф-тінде оқытушы (2000), «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында I-дәрежелі маман ретінде редакторлық қызметте (2000–01), ҚазҰУ-да оқытушы, аға оқытушы (2001–08), ҚаҰПУ-да аға оқытушы (2008–09), Магистратура және PhD докторантура ин-тында аға оқытушы (2009–15) қызметтерін атқарған. 2015 жылдан ҚазҰПУ жанындағы Тарих және құқық ин-тында аға оқытушы. Т. «Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі» атты тақырыпты кандидаттық диссертация қорғаған. Онда Ресей Федерациясы Мемл. мұрағатынан табылған А.Байтұрсынұлының 1910 ж. түрмеде отырғанда Ресей империясының ІІМ-ге жазған хатын сол замандағы қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайдан, әлеум. өмірден мол мәлімет беретін тарихи дерек ретінде пайдаланған. Алаш қозғалысы деген атпен тарих сахнасына шыққан қазақ ұлт-азаттық қозғалысы тарихына, кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген саяси

репрессия тарихына байланысты, т.б. ғыл.-зерт. еңбектері бар. 60-тан астам ғыл. мақаланың, 20-дан астам оқулық пен оқу құралдарының, ғыл. жинақтардың авторы әрі телавторы.

*О.Жұбаева*

**ТІЛЕУЛИН** Жұмағали (1890, Ақмола обл. Көкшетау уезі Айыртау болысы Жаманшұбар а. – 1938) – Алаш қайраткері, аудармашы, білікті дәрігер. 1913 ж. Орынбор әскери мектебін бітірген. 1913–17 ж. Петропавл уезінде фельдшер болып жұмыс атқарған. 1917 ж. Омбы қ-нда Алаш партиясының Ақмола обл-ндағы бөлімшесін құруға қатысып, күрескерлігімен көзге түскен. Омбы қ-нда өткен 2-жалпықазақ съезінде Алашорда ұлттық өкіметіне мүше болып қабылданды. 1919–21 ж. Петропавл қ-нда уездік жер басқармасында, Көкшетау уезінің денсаулық сақтау бөлімінде жұмыс істеді. 1922 ж. Петропавлдағы мұғалімдер даярлайтын үш жылдық курсты басқарды. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы 1923 ж. Т-ге қазақша мед. оқулықтар жазуды міндеттеген. «Гигиена» (1924, Орынбор), «Денсаулық» (1926), Мәскеуде «Жұқпалы аурулар», т.б. кітаптары жарық көрді. Қазақтың алғашқы аудармашыларының бірі ретінде «Көз ауруы – трахома» (1924), «Мерез», т.б. кітаптарын қазақ тіліне аударды. 1927–30 ж. Ақмола губ-нда және Петропавл аум. денсаулық сақтау окр-нің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1930 ж. 5 маусымда тұтқындалды. 1932 ж. 5 жылға бас бостандығынан айырылып, Воронеж обл-на жер аударылды. 1932 жылдан Қырғызстанда дәрігер болып жұмыс істеді. 1938 ж. тұтқындалып, ОГПУ «үштігінің» шешімімен атылды.

*Е.Тілешов*

**ТІЛЕШОВ** Ербол Ердембекұлы (22.2.1965 ж.т., Алматы қ.) – филол. ғыл. канд. (1997). ҚР Ономаст. комиссиясының мүшесі. ҚазҰАУ-ды (1985), ҚазҰПУ-ды (1992) бітірген. Ақмола пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы (1992), Еуразия ұлттық ун-тінде доцент, Гуманит. ин-т директорының орынбасары (2003–04) қызметтерін атқарған. ҚР Мәдениет мин. Респ. тілдерді жеделдетіп оқыту орт-ның директоры, орынбасары (2004–07), Астана қ. Тілдерді дамыту басқармасы «Руханият» орт-ның директоры (2007–12), Астана қ. Тілдерді дамыту басқармасының басшысы (2012–15) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта ҚР Мәдениет және спорт мин. Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс к-ті Ш.Шаяхметов атынд. Тілдерді дамытудың респ. үйлестіру-әдістемелік орт-ның директоры. Негізгі еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясына, алаштану, тілтану, қазақ тілін үйрету әдістемесі тақырыбына арналған. «Суреткер және көркемдік әдіс» монографиясының, «Алаш туы астында» зерттеуінің, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев шы-

ғарм-на, Алаш әдебиетіне қатысты мақалалардың авторы. «Алаш қайраткерлері» библиограф. көрсеткіші және «Алаш және Әуезов», «Әлем қазақтарының рухани сұхбаты» жинақтарын да-



*Е.Тілешов*

йындаған. «Алаш қозғалысы» анықтамалығының (Д.Қамзабекұлымен бірге), «Алаштың ардағы» жинағының құрастырушысы. 200-ден астам ғыл. және ғыл.-әдістемелік мақаланың авторы.

«ТІЛЖҰМСАР» – бастауыш мектепке арналған оқулық кітап. 1928 ж. Қызылорда қ-ндағы Қазақстан баспасынан жарық көрген. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-на (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-на (А., 2013) енгізілген. Қазақстан Оқу комиссариатының білім ордасы бекіткен. Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы оқытуға арналған. Оқулық «Дәйектеме», «Әріп белгілері», «Сөйлемдер», «Сөйлем белгілері», «Сөздер», «Сөз белгілері», «Буын», «Буыншы әріптер», «Бітеу буын», «Буыншы әріптер», «Қ, К әріптері», «Қосарлық», «Тастарлық», «Тасымалдау», «Нөмір» атты тақырыптардан тұрады. Өрбір тақырыптардың ішінде жаттығулар, шағын мысалдар беріліп отырған.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ТІЛ КӨРНЕКТІЛІГІ** – сөздің айрықша өңділігі, көркемдігі. Сөз дұрыс, таза, анық, дәл айтылумен қатар көрнекі болуы да қажет. Ғалым тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керектігін ескерте келіп, сөз ондай дәрежеге жету үшін: 1) көріктеу; 2) мензеу; 3) әсерлеу әдістері қолданылатынын айтады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі заттарша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалдайды. *Ақ көңіл, шолақ ақыл, арам ой деу яки күн бүркіп түр, найзағай ойнады, су қайтты деу я болмаса*

## ТІЛ ҚИСЫНЫ

қазанның құлағы, ошақтың бұты, үйдің төбесі деу дерексіз заттарды деректі затша, жансыз заттарды жанды затша, бернесіз заттарды бернелі затша қалыптау, ғамалдау, бернелеуден шығып, әдетті сөзге айналып кеткен. Мұндай сөздер жалғыз әдетті түрінде емес, әдейі де айтылады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ТІЛ ҚИСЫНЫ** – сөз өнерінің тіл өңі жағынан сипатталуы, сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу, лұғат қисыны.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

«**ТІЛ-ҚҰРАЛ**» – кітап. Құрастырушы – Е.Тілешов. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Тіл к-тінің тапсырысы бойынша «Руханият» орт-нда дайындалып, А., «Сардар» баспа үйінен 2009 ж. жарық көрген. Көл. 348 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап Тілешовтың А.Байтұрсынұлы жайлы «Қазақ руханиятының көсемі, қазақ тіл білімінің атасы» атты алғы сөзінен, ғыл. түсініктемелерден, библиографиядан тұрады. Жинаққа Байтұрсынұлының тілтану саласындағы еңбектері, атап айтқанда, «Тіл құрал. (Қазақ тілінің сарфы)», «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері», «Тіл жұмсар» атты оқулықтары және әліпби, емле, әдістеме жайында жазылған ғыл., ғыл.-әдістемелік мақалалары, жасаған баяндамалары, айтқан қанатты сөздері және өмірінің негізгі кезеңдері енгізілген. Кітап тілтанушы мамандарға, студенттерге, жалпы көпшілік қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

«**ТІЛ-ҚҰРАЛ**» – оқулық кітап. Алғаш рет 1914 ж. Орынбор қ-нда жарық көрген. Көл. 53 бет. Сондай-ақ 1915 ж. (Орынборда, 120 б.), 1918 ж. (Ташкентте, 32 б.), 1920 ж. (Ташкентте, 96 б.), 1920 ж. (Казанда, 104 б.), 1922 ж. (Ташкентте, 90 б.), 1922 ж. (Ташкентте, 96 б.), 1923 ж. (Орынборда, 128 б.), 1923 ж. (Орынборда, 46 б.), 1923 ж. (Орынборда, 68 б.), 1924 ж. (Орынборда, 48 б.), 1924 ж. (Орынборда, 128 б.), 1924 ж. (Орынборда, 48 б.), 1924 ж. (Орынборда, 67 б.), 1925 ж. (Қызылордада, 39 б.), 1925 ж. (Қызылордада, 122 б.), 1925 ж. (Қызылордада, 73 б.), 1926 ж. (Қызылордада, 39 б.), 1927 ж. (Қызылордада, 122 б.), 1927 ж. (Қызылордада, 73 б.), 1927 ж. (Қызылордада, 73 б.), 1928 ж. (Ташкент-Қызылордада, 72 б.) бірнеше рет ықшамдап, толықтырылып басылған. Ғалымның 5 томдық шығ. жинна (А., 2006), 6 томдық шығ. жинна (А., 2013) енгізілген. «Сөз басы» аталатын кітап кіріспесінде: «Тіл құралымен» балаларды оқытқанда һәр қағида я ережені оқытқаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем, сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалар-

дан айыртып үйрету. Солай бірнеше рет істеп көрсеткеннен кейін балалар керек сөздерді өздері тауып, өздері айыруға дағдыланады» деп түсінік берген. Оқулық бірнеше тақырыптарға бөлінген. Үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған. Бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914–1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923). Әдіскер ұстаз осы оқулықты не себепті үш жылға бөлінгенін түсіндіре отырып, бірінші жылы оқытылатын «Т. қ.» тіл білімінің негізі болғандықтан оқытушылардың алғашқы жылы нық үйретулері керектігін ескертеді. Бірінші кітапта әріптер, буындар, әріптер туралы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті екенін айтады. Дүниедегі жұрт тілінің негізі үшке: түбіршек, жалғамалы, қопармалы болып бөлінетіні, ал қазақ тілінің қай топқа жататынын әрі оның негізгі ережелерін түсіндіріп береді. Сонымен қатар, оқулықта қолданылуға тиісті әдіс-тәсілдердің қандай жолмен оқытылуы керектігін ұғынықты етіп түсіндіреді. Оқулықтың тақырыбы күрделеніп, қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылады. Жалпы, ағартушының бала оқытудағы әдістемелік мұрасы туралы 1995 ж. тілші ғалым А.Қыдыршаев ғыл.-зерт. еңбегінде әдіскердің еңбектерінің жазылу тарихы, әліппе мен оқулықтарының әдістемелік негізі, жалпы сипаттамасы жөнінде сараптамалық талдаулар жасады. Зерттеуші еңбегінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің іргетасын қалаушы» екендігін ғыл. тұрғыдан дәлелдеп шығып, ағартушының әдістемелік мұрасының бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын, тұлға мұрасының өміршеңдігін жазды. Шындығында, осы «Т. қ.» кітабының бірінші бөлімі – 7 рет, екіншісі – 8 рет, үшіншісі – 6 рет басылған. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре. – 1-т.

*Р.Имаханбет, К.Қошым-Ноғай*

«**ТІЛ САЯСАТЫ: ТАҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕ**» – мақалалар топтамасы. Авторлары – Д.Қамзабекұлы, М.Серғалиев, Х.Әбжанов. ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт мин-нің Тіл к-ті ұсынған. А., «Арда» баспасынан 2005 ж. жарық көрген. Көл. 256 бет. Таралымы 1000 дана. Кітапқа Л.Н.Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-ті ғалымдарының (Д.Қамзабекұлы, М.Серғалиев, Х.Әбжанов) 1990–2000 жылдары жазған мақалалар топтамасы енгізілген. Бұл еңбекте әдебиет, тіл, тарих саласының танымал мамандары қазақ тілін өрістету туралы ойларын орғаға салады. Кітапта Қамзабекұлының А.Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі жайлы «Қазақ Білімпаздарының тобы (сиезі)», «Қазақ зиялылары және

әліпби айтысы» атты көлемді мақалалары жарияланған. Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

*С.Хасенов*

**«ТІЛ ТАҒЫЛЫМЫ»** – А.Байтұрсынұлының қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектерінің жинағы. Құрастырушылар – Ғ.Әнесов, А.Мектеп-тегі. Қазақ КСР ҒА-ның А.Байтұрсынов атынд. Тіл білімі ин-ты әзірлеген. Жалпы редак-



циясын басқарғандар – Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев. Араб жазуынан қазіргі жазуға көшіріскендер – Ж.Нәлібаев, Ж.Есеналиева, А.Төлегенов. А., «Ана тілі» баспасынан 1992 ж. жарыққа шыққан. Көл. 448 бет. Таралымы 11500 дана. Бұл кітапта Байтұрсынұлының ана тілінде сауат ашуға арналған алғашқы әліппелері («Оқу құралы», «Әліп-би», «Сауат ашқыш») мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтарының, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде баяндайтын құралдардың («Тіл-құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл жұмсар») мәтіндері толық ұсынылған. Сонымен бірге автордың қазақ жазуы (графикасы), емлесі, терминологиясы жайында жазған мақалалары, сөйлеген сөздері мен қазақ жеріндегі оқу-ағарту мәселелеріне арналған еңбектері де енгізілген. Бұлардың барлығы дерлік араб жазуынан қазіргі қазақ жазуына көшіріліп берілген. Сондай-ақ Ахмет еңбектерінің библиогр. көрсеткіші де ұсынылған.

*С.Арғынғазин*

**ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ** – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұғыну қажет болса, жұртқа сінісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. А.Байтұрсынұлы орыстың жақсы жазушылары а) ескірген сөздерге жоламаған; ә) жаңадан шыққан сөздерден қашқан; б) өз тілінде бар сөздің

орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан; в) жергілікті сөздерге, яғни, бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламағанын ескерте келіп, қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта ақын-жазушылардың қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамайтынын, жергілікті сөзден қашпайтынын айтады. Бұл орайда ғалым жатшылдықтан (жат сөзшілдіктен) мықтап қашу керектігін ескерте келіп: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт «өз тілінде жоқ» деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады», – дейді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

*О.Жұбаева*

**«ТІЛТАНУ БЕЛЕСТЕРІ»** – кітап. Авторы – С.Шүкірұлы. «Руханият» орт. дайындаған. А., «Сардар» баспасынан 2009 ж. жарық көрген. Көл. 248 бет. Таралымы 500 дана. Кітап «Тіл мәртебесі – ұлт мәртебесі», «Атау сөздің аужайы», «Әліпби – сөздің киесі», «Бағзы мұраның зерттелуі», «Бұрысы мен дұрысы» атты бес тараудан тұрады. Бұл кітапқа автордың 2002–2009 жылдар аралығындағы мемл. тіл саясатына байланысты пікір қозғаған мақалалары мен респ. ғыл.-тәжірибелік мәслихаттар мен кеңестерге қатысты ой толғамдары топтастырылған. Сондай-ақ автордың А.Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі жайлы жазған «Ел деп өткен адал ер», «Ахаң арманын алға апарайық», «Алаш аманаты», «Барын халқына берген жан», «Таңбадан жеріп, дыбыстан шошымайық», «Ахаң әліпбиі һәм қазіргі тіл дыбыстары» атты мақалалары берілген.

*С.Арғынғазин*

**ТІЛ ІЛІМІ.** А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары тіл тазалығын сақтау, әдеби тілді қалыптастыру және ұлттық тілдің көркемдік деңгейін, қоғамдық өмірдегі рөлін көтеру жолында жана-шыр ғана емес, жасаушысы да болды. Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ұйымдастырғанға дейін «Айқап», «Шора» журналдарында жарияланған еңбектерінде Ы.Гаспринскийдің 1884 ж. ұсынған «Усул жадидін» қолданғанымен, оның көзсіз еліктеушісі болмай, араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуы қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесіне сүйенетіндігін айтып, тіліміздегі арабизм, парсизм, татаризмдерге қарсы шықты. С.Мұқановтың, күрделі кезең, 1932 жылдың өзінде «Қазақ» газеті

«Айқап» шала пісірген нәрселерді дұрыс пісірді, көмескі пікірлерді айқындап, сонымен қатар «Қазақпен» қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспасөз «Қазақ» газеті ғана болды... көпшіліктің пікір көші «Айқаптан» «Қазаққа» ауды» деуінен газеттің қазақ тілі мәселелерін сөз етіп қана қоймай, өзі үлгі бола білгендігін бағамдаймыз. Байтұрсынұлының 1912–26 ж. аралығында «Жазу тәртібі», «Шаһзаман мырзаға» (1912), «Жазу мәселесі», «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақша оқу жайынан», «Оқыту жайынан» (1913), «Бастауыш мектеп» (1914), «Шекіспей, бекіспейді» (1916) атты тарихи мақалалары жарияланды. Араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қарап түзу мәселесін 1912 ж. «Айқап» журналында жарияланған «Жазу тәртібі» атты мақаласында алғаш көтеріп, тұңғыш қадам жасады. Қазақ тілінің 43 дыбыс, 28 таңбадан тұратын араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуын ұсынды. Байтұрсынұлы жасаған әліппенің Енисей, Орхон, Талас жазуларымен, М.Қашқаридың еңбектерімен бірнеше үндес сабақтастықта, сала-ластықта бағамдауға болады. Мәселен: 1) Енисей, Орхон, Талас жазуларында дара дыбыстар саны – 12 (А мен Е, Ы мен І, Ө мен Ү әріптері 4-ақ таңбамен белгіленген), ал Қашқари ұйғырлар туралы айта келіп, «олар 24 дыбыстан тұратын түркі жазуын пайдаланады» дейді. Әріптердің Енисей, Орхон, Талас жазуларында 22, Қашқари заманында 24, Байтұрсынұлында 28 болуы – 5–8, 11 және 19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың басында түбі бір түркі тілдерінің дыбыстық құрамының өзгергенімен, көп алшақтай қоймағандығы, түркі тілдік артикуляция. базаның берік болғандығының айғағы; 2) Енисей, Орхон, Талас жазулары негізінен силлабик. (буындық) және фонетик. (дыбыстық) жазу түрлеріне негізделгендіктен, сөздердің дыбыстық құрамының жуан не жіңішке екендігі қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан не жіңішкелігіне қарай ажыратылады, себебі сөз мағыналары анықтала дауыссыз дыбыстар шешуші рөл атқарған. Байтұрсынұлының әліппелік реформасында, керісінше: «Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы», себебі Байтұрсынұлы тек қана фонетик. жазуды басшылыққа алған. Енисей, Орхон, Талас жазулары. Қашқари пайымдауы мен Байтұрсынұлының қазақ әліппесін негіздеуіндегі ең басты ортақтық – сингорманизм, ассимиляция заңдылықтары түркі тілдерінің айнымас ережесі болғандығын дәлелдеудері; 3) Қашқари араб әліппесі түркі тілдерінің дыбыстық құрамын толық қамтамасыз ете алмайтындығын 11 ғасырда-ақ атап көрсетсе, Байтұрсынұлы осы

мәселенің шешімін қазақ тілінің негізінде канондық қасиетте деп саналып келген араб әліппесіне 938 жылдан соң өзгеріс енгізуі – ерлікке парапар іс. «Шаһзаман мырзаға», «Жазу мәселесі» атты «Айқап» журналында жарияланған мақалалары – Ш.Жияшев пен Ғ.Мусилердің қазақ әліппесіне қатысты қарсы да қияпақтау пиғылдағы жарияланымдарына жазған жауаптары. Жияшев өз мақаласында Байтұрсынұлының араб әліппесіндегі қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін дыбыстарына график. өзгеріс енгізу арқылы жаңа әліппе түзуін «бірге қозғалмаудың», бұра тартудың белгісі деп түсінеді. Байтұрсынұлы бұған жауап ретінде, «Белгілі бір тілге әліппе құрастыру жеке адамдардың еркі емес, тіл болса, оның заңы боларға керек. Менің ... жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер» деп, тілдік фактілерден пайымдалған теор. тұжырымдар екенін баяндайды. «Сізден білімі кем емес» Бөкейханов й және у дыбыстарына «Англия тілінде» де өз алдына әріптер алынбайтынын, себебі олар дауысты дыбыстардан кейін келгенде жарты дауысты болатынын сіз секілді күлкіге көтермей кеңес етіп айтты деп саликалы пікір алысу мен әдептен озбауға шақырады. Екінші мақалада Мусиге у, о, ы, е дыбыстарын жазуда график. таңбаларды белгілеуде қазақ тілінің табиғатын ескергенін түсіндірді. 1926 ж. «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақаласында Байтұрсынұлының өзі де проф. Яковлевтің жақсы әліппе 2 талапқа: 1) тіл дыбысына әріптер түгел жетуі керек, 2) әріп белгісі аз болуы керектігін, бұл қасиеттер қазақ әліппесінде бар екендігін айтқанын баяндайды. Байтұрсынұлы жасаған әліппе ғыл. және практик. жағынан негізделген іс екендігін өз заманында, кейінгі кезеңдерде небір білімпаздар ерекше бағалап жүр. Оған дәлел: А.В.Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929–31 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» 1- және 4-томдарында «Казакский алфавит» деген кесте беріліп, «Байтурсынский алфавит» деп көрсетеді. Орыс лингвисті Н.Ф.Яковлев 1928 ж. «Математическая формула построения алфавита (Опыт практического применения лингвистической теории)» атты мақаласында Байтұрсынұлы еңбегін «лингвистикалық тапқыр жаңалық» («лингвистическое изобретение») деп, Е.Д.Поливанов: «Эту последнюю форму, которую приняла казах-киргизская графика в 1924 году я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в поправлении и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием» деп бағалаған. Байтұрсынұлы әліппесін А.А.Реформатский, А.М.Барулин, А.Н.Кононовтар және

Германия, АҚШ ғалымдары жоғары бағалады. Оның өміршеңдігі сондай, Қытай, Түркия, Моңғолия, Иран қазақтары әлі күнге дейін қолданады. Реформатский Байтұрсынұлының сингармоорфография ұстанымының орыс және АҚШ лингвисті, әдебиеттанушысы Р.О.Якобсонның дыбыстық графика арқылы беру әдісінен көп бұрын жасалғандығын ескертеді. Өзбекстандағы қазақ проф. М.Жүсіпов Байтұрсынұлы жайында тұңғыш монография жазып, Байтұрсынұлы әлемдік лингвистика тарихында алғашқы соны жаңалық – сингармоалфавит пен сингармоорфографияның негізін қалап, сингармон. тілдердің әліппелерін әуелде латын, содан кейін кириллица негізінде құрауға ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек», «егерде Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек» дейді. «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында мұғалімдердің «көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харыфына қарап есептейді. Араб харыфы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жокқа санайды» деп, дыбыс пен әріпті, оның ішінде араб және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйесін айыра білмегендерді сынға алады. Екінші кемшілігі ретінде оқуды, сауаттандыруды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтындығын айтып, «Оқыту жайынан» деген мақаласында *усул жадит* (төте оқу) жүйесімен сауаттандырудың 2 түрлі әдіске: *усул мәдие* – әріпті таныту арқылы сауаттандыру, *усул сотие* – дыбысты таныту арқылы сауаттандыру болып бөлінетінін, оның ішінде график. әдіспен (усул мәдие) емес, фонолог. әдіспен (усул сотие) үйретудің тиімді екенін ескертеді. Ал ғалымның 1912 жылдан бастап бірнеше рет қайта басылған оқу құралдары *усул сотие* әдісімен жазылғаны белгілі. «Бастауыш мектеп» атты мақаласында (1919) патша үкіметінің бодан елдер мен отар халықтардың ана тілдеріне деген қитұрқы саясатын сынап, бастауыш мектептің оқу тілінің қандай болуы керек екенін мәселе етіп қояды. Мәселен, Ресейдегі орыстан басқа елдерде бастапқы білім, алғашқы екі жыл ана тілінде болуға тиіс деген ереже мен жарлықтың екі рет (1906 ж. 31 наурыз; 1913 жыл 14 маусым) шыққанына қарамастан, оқу министрінің «бірден орыс тілімен оқытуды ұнатуы», «хүкіметке керегі – мемлекеттегі жұрттың

бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда» болғанын ұнату саясатын жүргізіп отырғандығынан деп, оған «әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу» деген мұратты қарсы қояды. «Араб әрпі дінімен бірге келіп қазаққа арналған. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазақта газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газет, журналы шығып, кітаптары басылып ... жатқанда, қазақ тілі жоғалмас» дейді. Сонда алдымен араб әліппесінен, содан соң дінінен айыру Кеңес өкіметінің отаршыл патшалық Ресейден алған авантюристік шовинизм мұрасы болғандай. Дінмен байланысқан жазу жоғалғандықтан, дін жоғалды, екеуі жоғалғандықтан, тіл жоғалуға бет алды... 11 жылдың ішінде (1929–40 ж. аралығында) бір халықты 3 рет сауатсыздандыру, яғни 3,5 жылда 1 рет әліппе ауыстыру, халық зердесін жадыбастандырудың «жетілген» түрі болды. Осы тұста «Қазан төңкерісіне дейін қазақтың 2%-ы ғана сауатты болды» деген жала фактіні Байтұрсынұлының 1914 ж. жазған мақаласындағы «қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары» деген пікірімен салыстырсақ, арабша хат танығандар сауатсыздарға жатқызылған ба деген ой туындайды. Байтұрсынұлы мақаласын түйіндей келіп: «бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуы үшін бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға тиіс. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек» дейді. Қазақ тілінде үйретілетін пәндер оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы деген нақты ұсыныстар жасайды. Осы кезеңдегі (1914–16 ж.) тілге қатысты түйткілдердің бірі – татар зиялыларының 1914 ж. Петербуртегі мұсылмандар съезінде «рухани мекеме қағазы» (баспасөз ісі) татар тілінде болсын деп ұсыныс жасап, ақыры «татар-түрік тілімен» жазылатын болып қабылдануы. Бұл жөнінде Ә.Бөкейхан 1914 ж. «Қазақ» газетінің бірнеше санында жазып, жақтасы Ж.Досмұхамедов, қарсыласы Б.Қаратаев болғандығын налып жазды. Келесі бір «мүйіз-деудің» сорақысы тағы да осы татарлардан 1916 ж. шықты. Қазақ тіліндегі «рухани мекеме қағаздарының» татар баспаханаларына кіріптарлығын пайдаланып, басына түскісі келіп, олар мұсылмандар съезінің шешімін қазақ тіліндегі баспа өнімдерінен талап етті. Алаштың ардақтыларының бірі, орыстарға қазақ тілін үйретудің негізін салушы Т.Шонанұлының 1923 ж. жазғанындай: «Ол кезде мәдени жағынан жоғары тұрмыз деп есептеген татар интеллигенциясы өзге түркі халықтарын татарландыру, ішінде қазақ та бар, басқа да ұсақ түркі тайпаларын да ешқандай себеп-салдарсыз татар тектес жұртшылықта татар тілін қабылдасын дегеннен басталған еді. Кезек қазақ



## ТІЛІМ МЕНІҢ

тіліне де таянған еді». Мұндай пиғылдардың «сыбағасын» Байтұрсынұлы өзінің «Шекіспей, бекіспейді» атты мақаласында берді. Байтұрсынұлы 1926 ж. Түркітанушылардың I съезінде 1905 жылғы революцияға дейін қазақ тілінде баспасөздің болуына рұқсат етілмегендігін өкінішпен еске алады. Қазақ баспасөзінің кенжелеп қалыптасуы, Байтұрсынұлының алғашқы оқу құралының 1912 жылдан бастап қана жарық көруі – осы зұлмат фактінің кесепаты.

*Әдеб.:* Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993.-232б.; Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-455 б.; Дулатов М., Омаров Е. А. Байтұрсынұлы (библиографический очерк) // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 3 б. –Б. 295-302; Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. –Қызылорда, 1932.-180 б.; Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –Алматы: Мектеп, 1986. -182 б.; Кононов А.Н. М.Кашгарский и его «Дивани лугат ит-турк»//Советская тюркология, 1972, №1-С. 3-17; Поливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтұрсынұлы) орфография. Бюллетень Среднеазиатский гос. университет. Вып. VIII. -Ташкент, 1924; Джусупов М. Фонемография А.Байтұрсынұлы и фонология сингармонизма. -Ташкент: 1995; Библиографический словарь отечественных тюркологов (До октябрьский период). Подготовил Кононов А.Н. –Москва: Наука, 1974.-300 с.; Дулатов М., Омаров Е. А.Байтұрсынұлы (библиографический очерк) // Дулатов М. Шығармалары. –Алматы, 1991. –3 б. –Б. 295-302; Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. –Алматы: Қазақстан, 1993. -168 б.; Шонанов Т. А.Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында // «Жұлдыз» журналы. -1992, №2. Б.123-128.

*Ш.Шарапатұлы, М.Әбілжанқызы*

«ТІЛІМ МЕНІҢ – ТІНІМ МЕНІҢ» – мақалалар, баяндамалар жинағы. Авторы – М.Серғалиев. Құрастырушы – Қ.Саркенова. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Тіл к-тінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. А., «Сардар» баспа үйінен 2013 ж. жарыққа шыққан. Көл. 392 бет. Таралымы 4000 дана. Жинақта белгілі тілші-ғалым, ұстаз М.Серғалиевтің жарты ғасырда ғыл. және мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларының, жасалған баяндамаларының таңдаулары топтастырылған. Кітаптағы материалдар жүйелі 4 бөлімнен («Мемлекеттік тіл мәселелері», «Тіл мәдениеті мен терминология жайы», «Қазақ тілін зерттеушілер» және «Зерттеулерді зерделеу»)

тұрады. Алғашқы 3 бөлімнің мазмұнын атаулары білдіріп тұрса, ал 4-бөлімде қазақ тіл білімінің әртүрлі салаларына жазылған кітаптарға осы жинақ авторының пікірлері енгізілген. 3-бөлімде автордың Ахмет жайлы «А.Байтұрсынұлы – дара бастамашы», «А.Байтұрсынұлы – қазақ тілі синтаксисінің негізін салушы», «Алыптарды алқаласак» атты мақалалары жарияланған. Кітап филология ф-ті студенттері мен магистранттарына, ізденуші ғалымдарға, сонымен қатар тілсүйер қауымға арналған.

*С.Аргынгазин*

**ТІРНЕК ӨНЕРІ** – тіршілік үшін жұмсалатын, тұтынуға қолайлы, жайлы, берік болу жағын көбірек көздейтін күн көру ісіне керек шаруа керек-жарақтары. Адамның жан сақтау керегінен шыққан нәрселер болғандықтан, «сұлуынан жылуды» дегендей, мұндай заттардың көркем болуы көзделмейді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*

«ТІС» – «Оқу құралына» енген мәтін. Тістің қызметі, пайдасы, тісті күтіп ұстаудың шарттары түсіндірілген.

**ТЯНЬ-ШАНЬ** (қыт. тянь – аспан, шань – тау), Т ә н і р т а у – Азияның орт. бөлігіндегі аса ірі тау жүйесі. Т.-Ш-ның орт. бөлігі Қырғызстанға, солт. және батыс жоталары Қазақстанға, оңт.-батыс шеті Өзбекстан мен Тәжікстанға, шығыс бөлігі Қытайға қарайды. Батыстан шығысқа қарай 2500 км-ге созылып жатыр, ені 400 км. Т.-Ш. солт.-нде Борохоро жотасы арқылы Жетісу Алатауымен, оңт.-нде Алай жотасы арқылы Памир тау жүйесімен түйіседі. Солт. шекарасы ретінде батыста Іле аңғары, Мойынқұм, шығыста Жоңғар жазығы алынған. Оңт. шекарасы шығыста Тарим қазаншұңқырына сәйкес келеді. Ең биік жері – Жеңіс шыңы (7439 м.). Т.-Ш-ның Қазақстанға тиісті бөлігінде Ақсу-Жабағылы және Алматы қорықтары, Қырғызстан жерінде Ыстықкөл, Сарышелек, Өзбекстанда Шатқал қорықтары ұйымдастырылған. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда, аса ірі тау жүйелеріне тоқталған. Сондай жүйелердің бірі – Орт. Азия аумағында ендік бағытта созылып жатқан Т.-Ш. тау жүйесін атап жазған.

*Қ.Ахметов*



«У» – дауысты дыбыстардай ашық айтылмайтын, дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын дыбыс, жарты дауысты дыбыс. 20 ғ-дың басында жарты дауысты яки орта дыбыстардың («у» және «й») өз алдына оңаша харіфтері болмады. Олардың орнына бүтін дауысты «у» мен «и» харіфтері жүрді. «у» және «й» дыбыстарының қандай дыбыстан кейін келгеніне байланысты олардың қандай дыбыс екені анықталатын. Жарты дауысты «у» дыбысы қазақ сөзінде дауысты дыбыстардың соңында ғана айтылады; «у» дыбысы қазақ сөзінде еш орында дауысты дыбыстан соң айтылмайды. «у» һәм «й» харіфтері дауысты дыбыстарға да жарты дауысты дыбыстарға да ортақ харіфтер болғандықтан, А.Байтұрсынұлы оларды «тел» харіфтер деп атайды. Жарты дауысты харіфтер шолақ «у», шолақ «й» деп аталады. Ғасыр басында баспасөз бетінде де, білімпаздар тобында да арнайы сөз болып, көп айтқс туғызған мәселелердің бірі – бітеу буындарда және **л, р, у, и** дыбыстарының алдында **ы(і), ұ(ү)** дыбыстарын жазу-жазбау туралы болды. Б.Малдыбайұлы, Малабайұлы, Ж.Аймауытов, Т.Шонанұлы, К.К.Юдахиндер «**ы (і), ұ (ү)** дыбыстары дүдәмал естілетіндіктен, кейде түсіп қалатындықтан (*орын – орны, мойын – мойны* т.б.) әрі сөз мағынасына әсері болмайтындықтан, **р, л, у, и** дыбыстарының алдында бітеу буындарда жазбай-ақ қойса да болады» деген пікірді ұстанады. Ал А.Байтұрсынұлы алғашқы кезде бітеу буындарда **р, л, у, и** дыбыстарының алдынан **ы, ұ** (соған сәйкес **і, ү**) дыбыстарын жазбай-ақ қоюға болатынын айтса, кейінгі мақалаларында естілсе, **ы, ұ** дыбыстарын таңбалау керектігін айтады. Е.Омаров «Қазақша жазу жайы», «Емле мәселесі», «Жазу мәселесі» т.б. мақалаларында және конференцияда сөйлеген сөздерінде **ы, ұ** дыбыстары естілген жерінде қалдырылмай жазылу керектігін дәлелдейді. Осындай көзқарасты Қ.Кемеңгерұлы («Жаурапалықтар үшін оқу құралы», конференциядағы сөздерінде т.б.); Есенғали («Емле жайындағы пікірлер») да қуаттайды. Байтұрсынұлы мен Омаров бітеу буында **ы (і), ұ (ү)** дыбыстарының бар-жоқтығын айыру үшін

«артықша сезгіштіктің керегі жоқ, қазақ құлағы болуы керектігін» айта келіп, кейбір сөздердің мағынасын ажыратуда бұл дыбыстардың әсері бар екенін: *жарқ етті – ай жарық; тұрс (тар-тұрс) – тұрыс (отырыс-тұрыс); бұлк (бұлк ету) – бүлік (бүлік шығару), жорт (аттың жортуы) – жорыт (түсті жорыту)* сияқты мысалдарды келтіре отырып дәлелдейді. Байтұрсынұлы бітеу буында **ы (і), ұ (ү)** дыбыстарын таңбаламайтын болсақ, мұндай мағыналары екі түрлі сөздерді ажырату қиынға түсетінін айта келіп, естілген жерінде жазып, естілмеген жерінде жазбау керектігін ескертеді. Ал енді «әркімнің құлағы әр түрлі естіген немесе солай естіледі деп ұғып, әдеттеніп қалған жағдайда, өлең өлшемімен ашылуы керектігін» айтады. Бұл орайда ғалым: «**ұ** мен «**ы**» дыбыстары «**у**» дыбысының алдында келгенде ашық буындарда анық естіледі, бітеу буындарда дүдәмал естіледі. Сондықтан дүдәмал болған жерде бітеу буынды ашып, ашық буынға айналдыру керек. Мыс.: 1) *сұу; бұу; тұу* деп жазу-ма, яки *су; бу; ту* деп жазу ма, дүдәмал, яғни «**у**»-дың алдындағы дыбыс «**ұ**» ма, «**ы**» ма, – анық естілмейді. Егерде «**у**»-дың алдындағы дыбыс «**ұ**» болса, «сұу», «бұу», «тұу» деп жазу тиіс. Егерде «**у**»-дың алдындағы дыбыс «**ы**» болса, бұл сөздер «**ы**» харфі бітеу буында жазылмауы себепті, «су», «бу», «ту» деп жазылуы тиіс. «**У**» алдындағы қай дыбыс екені бітеу буынды ашқанда мәлім болады. «**У**»-дың алдына «**ұ**» харфін қойып та, «**ы**» харфін қойып та ашып қарайық: *сұу=сұуы, бұу=бұуы, тұу=тұуы; су=сы-уы, бу=бы-уы, ту=ты-уы*. Әрине, *сұуы, бұуы, тұуы* деп айту *суы, быуы, тыуы* деп айтудан дұрыс екендігі қандай даусыз болса, *сұу; бұу; тұу* деп жазу һәм сондай даусыз болып шығады», – деп жазады. *Әеб.*: Байтұрсынұлы А. Емле туралы // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

«УАҚ ҚАРЫЗ» – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 28-санында жарық көрген. Мақала «Ақ-жол» (А., 1991. 233–226-беттер), «Жаңа нызам» (А., 1996. 34–37-беттер), «Қазақ прозасы» (474–477-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Жазбада қаламгер ел арасында шағын несие беру мен алу ісін қалай ұйымдастыру қажеттігіне тоқталады. Уақ несие тиімді ұйымдастырылған жағдайда халыққа пайдалы болатыны дұрыс көрсетілген. Көтерілген мәселелер қазіргі нарықтық қатынастар кезеңінде өз мәнін жоймайтыны белгілі. Мақалада «государственный банк», «общий собрание» тіркестері, «учредитель», «правление», «учитель», «писарь», «книга», «член», «отчет», «расход», «срок», «смета», «касса», т.б. жекелеген орыс сөздері кездесе-

ді. Және «қалық – халық», «қабар – хабар», «иә – я», «ықтарлы – ықтиярлы», «қат – хат», «әм – һәм», «мәслиқат – мәслихат», «сыйақты – сияқты» болып өзгерген.

*Р.Имаханбет*

«УАҚ ТАС, ҚҰМ, САЗ» – «Оқу құралына» енген мәтін. Тасты үгітіп – құм, оны жұмсартып, саз жасайтын су екендігі нақты мысалдар арқылы, ғыл. түрде түсіндірілген.

**УАН**, көл, қ. *Ван көлі*.

**УӘЛИ** Нұрғелді Мақажанұлы (1.7.1945 ж.т., Алматы обл. Көксу ауд. Еңбекшіқазақ а.) – филол. ғыл. докт. (2007), проф. ҚР Білім беру ісінің үздігі (1996). ҚазҰУ-ды (1968) және Қазақстан ҒА Тіл білімі ин-тының аспирантурасын (1971)



*Н.Уәли*

бітірген. Осы ин-тта кіші (1973–90), аға (1990–95) ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1995–2008), ин-т директорының орынбасары (1995–2009) қызметтерін атқарған. 2009 жылдан Тіл мәдениеті бөлімінің бас ғыл. қызметкері. У. «Қазақ тілі мен әдебиеті» (1991 жылдан), «ҚР ҰҒА-ның Хабаршысы» журналдарының (1996–2009) алқа мүшесі болды. ҚазМҚПУ-да А.Байтұрсынұлы атынд. зертханалық кабинеттің ашылуына ат салысқан. У. өз зерттеулерінде қазақ сөз мәдениетін нормативтік, коммуникативтік, прагматик және когнитивтік, лингвомәдени, лингвоэкол. тұрғыдан қарастырып, оның теор. пән ретіндегі концептуалдық негіздерін айқындады. Сондай-ақ сөздің коммуникативтік сапаларын объективті түрде бағалаудың және тілдік нормаларды кодификациялаудың ғыл. негіздерін ұсынды. Қазіргі кезде ол когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным салалары бойынша ғыл. мақалалар топтамасын жариялауда. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, бірнеше оқу құралы мен оқулықтардың, әдістемелік құралдардың авторы. «Құрмет» орденімен (2013), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған (2006). У-дің «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері», «Байтұрсынұлы әліпбиі», «Ахаң жиған асыл сөз», «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ фи-

лологиясы» «Ұлттық жазудың ұлы диканшысы», т.б. мақалалары баспасөз беттерінде жарық көрген. У. «Тілтаным» ғыл. лингвистик. басылымының негізін салушы әрі ұйымдастырушы-шығарушысы. Қазіргі кезге дейін 40 басылымы жарық көрді. Ин-тта орындалған іргелі зерттеулердің негізгі нәтижелері мен қорытындысын жинақтап көрсететін «Тілтанымдық зерттеулер» (2000–02; 2003–05) атты сериялық басылымның ұйымдастырушысы болды.

**УӘЛИХАНОВ** Шоқан (Мұхамедханафия) Шыңғысұлы [қараша, 1835, бұрынғы Күнтімес, Аманқарағай окр-нің орт. (қазіргі Қостанай обл.) – 10.4.1865, Алтынемел, Алматы обл.] – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарих-



*Ш,Уәлиханов*

шы, этнолог, географ, фольклортанушы, суретші. Омбы кадет корпусын бітірген (1853). Петербург ун-тінің тарих-филол. ф-тінде дәріс тыңдаған. У. халық мұрасын жинауды қолына алған әкесіне көмектесе жүріп, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге» жырларының нұсқаларын хатқа түсірді. Жасынан араб, шағатай тілдерін, кейін Орт. Азиядағы түркі тілдерін меңгерді. Оның алғашқы ғыл. жұмысы Тоқтамыстың «Хан жарлығына» және Қыдырғали Жалайыридың «Жамиғ ат-Тауарих» атты шығармасының орыс тіліндегі аудармасына талдау жасау болды. 1853 ж. У. кадет корпусын бітіріп, атты әскер корнеті дәрежесінде Сібір казак-орыс әскері 6-атты әскер полкінің офицері болып тағайындалды. Іс жүзінде Батыс Сібір ген.-губернаторының кеңсесінде қалдырылып, бір жылдан кейін Батыс Сібір мен Қазақстанның солт.-батыс аймағын басқарған Г.Х. Гасфорттың адъютанты қызметіне белгіленді. Екінші жағынан Батыс Сібір өлкесінің Бас басқармасы оны қазақ даласы мен Орт. Азия елдері бойынша айрықша тапсырмаларды орындайтын офицер етіп ұстады. Көп ұзамай Жетісу өңіріне Ресей ықпалын жүргізу мақсатында жасакталған экспед. құрамына енгізілді. Осы экспед-нда 1855 ж. Омбыдан Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауына дейін келді. Қайтарда

Жоңғар қақпасына, Алакөл, Тарбағатайға саяхат жасады. Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы күзде Омбыға оралды. Осы сапарда ол қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясына қатысты материалдар жинап қайтты. 1856 ж. Хоментовскийдің Жетісуды түгел шарлаған ол қырғыз халқының шежіресін, өлең, жыр, аңыз-әңгімелерін, соның ішінде «Манас» жырын жазып алды. 1856 ж. тамызда Құлжаға барып, Қытай мен Ресей арасындағы шекара дауын шешуге ат салысты. 1856–57 жылғы алғашқы саяхаттарының ғыл. нәтижелері У-тың «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбектерінде баяндалған. 1858–59 жылдардағы Қашқарияға сапары У-тың ғылым, ағартушылық саласындағы шығарманың жаңа белеске көтеріліп, дәуірлеп өсуіне жол ашты. Қашқарияда 1858 жылдың 1 қазанынан 1859 жылғы наурыздың ортасына дейін болған У. Қашқар қ. мен Алтышаһар елін зерттеп, «Алты шаһардың яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегін жазды. У-тың бұл еңбегі орыстың мемл., әскери қайраткерлеріне қажетті, аса маңызды құрал болып шықты. 1860 ж. 8 сәуірдегі Үкімет жарлығымен У-қа штабс ротмистр әскери атағы, 4-дәрежелі Ізгі Владимир ордені және бір жолғы көмек ретінде 500 сом күміс ақша берілетін болды. Петербургте ғалымдар, Бас штаб пен Сыртқы істер мин. Азия мәселесі жөнінен У-ты үлкен бедел тұтты. Бас штабтың әскери-ғыл. к-тінің тапсыруы бойынша Орт. Азия мен Шығыс Түркістанның карталарын жасады. Оның редакциясымен «Балқаш көлі мен Алатау жотасы аралығының картасы», «Құлжа қаласының жобасы», «Ыстықкөл экспедициясының қорытындысына қосымша карта», т.б. дайындалды. 1861 ж. көктемде науқастануына байланысты У. дәрігерлердің кеңесімен туған еліне қайтты. У. мендең аруына шипа таба алмай, Тезек төренің а-нда 9 ай тұрып, қайтыс болды. 1904 ж. Н.И.Веселовскийдің жинауымен У-тың 1 томдық еңбегі жарық көрді. Оның 5 томдық шығ. жин. 2 рет, 1961–72 ж. және 1985–86 ж. баспадан шығарылды. 1958 ж. У-тың Алтынемелдегі қабірі басына биік ескерткіш орнатылды. Кауфман қойғызған мәрмәр тас соның қабірғасына өріліп жымдастырылды. Алматыда, Көкшетауда, Семейде, Алтынемелде У-тың мүсіндік ескерткіштері орнатылған. Тарих және этнология ин-тына, Көкшетау мемл. ун-тіне, Алматыдағы бір көше мен мектепке, Ақмола обл-ның бір ауд-на У. есімі берілген, Сүйегі жатқан Алтынемелде (Алматы обл.) мемориалдық кешен орнатылған. Ғылым саласындағы жетістіктері үшін ғалымдарға У. атынд. сыйл. тағайындалған. А.Байтұрсынұлы

шығарып тұрған «Қазақ» газетінде М.Дулатовтың «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан» атты маласы жарық көрген. Мақалада Шоқанның өмірі, араласқан ортасы, атқарған істері қамтылған («Қазақ». А., 1998). Сондай-ақ Байтұрсынұлының 6 томдық шығ. жин-ның «Оқу құралы» атты 2-томында У-тың «Сіргелі Елшібек батыр» деген шағын мақаласы берілген.

Шығ.: Соч. Ч.Ч. Валиханова, изд. под ред. Н.И. Веселовского, СПб, 1904; Избр. произв., под ред. А.Х. Маргулана, А.-А., 1958; Собр. соч., в 5 т.т., т. 1–5., А.-А., 1985 – 86; Избр., М., 1986; Танд., А., 1986.

*С.Өтенияз, Ә.Бейсенова*

**УЕЗД**, О я з – әкімш.-аум. бөлініс. Ресейде 13 ғ-дан бастап қолданып келген. У. қала мен оған бағынышты болыстардан тұрады. Өуелде оны князьдің жергілікті билеушісі, ал 17 ғ-дан воєвода басқарды. 17 ғ-дан бастап У. губ-ның құрамды бөлігіне айналды. 1775 ж. У. әкімш., сот және қаржы қызметі бар төменгі бөлік болды. Ол Қазақстанның саяси-әкімш. өміріне 1867–68 жылғы реформа негізінде енді. Облыстар уездерге, ал уездер болыстарға бөлінді. Уездерді патша офицерлерінен қойылған уездік бастықтар басқарды да, олардың көмекшілері ретінде қазақ шонжарлары тағайындалды. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында Қазақстан аум-нда 26 У. болды.

*Е.Тілешов*

**УРМИЯ**, У р м и я, Р е з а й е – Иранның солт.-батысындағы ағынсыз тұзды көл. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың ірі өзенкөлдеріне тоқталған. Сондай көлдердің бірі Иран елінің оңт.-батысындағы У. тұзды көлін атап өткен. **УФА**, У ф а – Ресей Федерациясындағы қала, Башқортостан Республикасының астанасы. А.Байтұрсынұлы «Қазақ хәм 4-ші Дума» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 4-т.) Думаға қазақ депутаттарын сайлау туралы жазылған мақалаға талдау жасайды. Онда ол 4-Думаға қазақтардан бірде бір депутаттың сайланбағанын, ал татарлардан Уфа, Қазан губ-ларынан бірнеше депутаттың бар екенін айтады. Байтұрсынұлының «Маса» кітабы шыққан кезде У-дағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ шәкірттері қазақша газет шығару керектігін айтқан («Ақжол» газеті, 1923 жыл, №63-саны).

**УФА ДИРЕКТОРИЯСЫ** – 1918 жылы 23 қыркүйекте Уфа қ-нда құрылған Уақытша Бүкіл-ресейлік үкімет. Оның құрамына эсерлер партиясының мүшесі Н.Д.Авксентьев (төраға), қадеттер партиясының мүшесі Н.И.Астров, ген. В.Г.Болдырев, Уақытша Сібір үкіметі жетекшілерінің бірі П.В.Вологодский, халықтық соц. партияның мүшесі Н.В.Чайковский кірді. У. д. Қазан төңкерісі нәтижесінде орнаған кеңестік билікті мойындаудан бас тартып, онымен күрес жүргізуді ұйым-

дастырды. Осы мақсатта Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, т.б. құрған Алашорда үкіметімен байланыс орнатты. Кеңестік биліктің Уфа қ-нда күшеюіне байланысты У. д-ның мүшелері қазан айында Омбы қ-на қоныс аударды. 1918 ж. 18 қарашада А.В.Колчак Омбыда төңкеріс жасап, бар билікті өз қолына алып, У. д-н таратты.

Әдеб.: Гармиза В.В. Крушение эсеровских правительств. – М., 1970; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995.

*Е.Жасыбаев*

### УФА МӘЖІЛІСІ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРИЯСЫ.

1918 ж. 8 қыркүйекте Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедов, С.Досжанов, Б.Жанқадамов, А.Байтұрсынұлы, Г.Әлімбеков, М.Тынышбаев, М.Шоқай, І.Тұрмұхамедов, т.б. қатысқан Уфа мемл. мәжілісі өткен. Бүкілресейлік жоғ. үкімет құрылып, ол «Уфа директориясы» деп аталды. 15 қыркүйекте Алашорда мүшелері төтенше басқосу өткізіп, оған Б.Құлманов, У.Танашев, Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Досжанов, А.Бірімжанов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, Тұрмұхамедов, Жанқадамов қатысқан. Алашорда төрағасы Ә.Бөкейхан «автономияның жергілікті басқару жүйесі» жөнінде мәселе көтерген. Бөкейхан көтерген мәселе талқыланып, нәтижесінде «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметін таратып, орнына Алашордаға бағынышты Батыс бөлігін құру туралы шешім шығарылған. «Алаш автономиясы батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімшеге» төраға болып Жанша Досмұхамедов сайланған. 23 қыркүйекте Уфа директориясы құрылғандығы жөнінде актіге қол қойылған. Бұған дейінгі Құрылтай жиналысы Директорияға өз билігін тапсырған. Алашорда атынан Директория құжатына Бөкейхан, Әлімбеков қол қойған. Директорияның 1918 ж. 4 қарашадағы жарлығымен Алашорда үкіметі таратылған.

*Е.Тілешов*

**УШИНСКИЙ** Константин Дмитриевич [19.2.(2.3.)1824, Тула – 22.12.1870 (3.1.1871) Одесса; Киевте жерленген] – орыстың педагог демократы, Ресейде ғыл. педагогиканың негізін қалаушы. 1844 ж. Мәскеу ун-тінің заң ф-тін бітірген. 1846–49 ж. «Современник» және «Библиотека для чтения» журналдарында қызмет істеді. 1854 ж. Гатчинодағы жетім балалар ин-тында орыс тілі және заң пәндерінің оқытушысы, 1855–59 ж. сынып, 1859 ж. Смольный ин-тының инспекторы қызметтерін атқарды. Ол шет ел және орыс мектептерінің озат тәжірибелеріне сүйене отырып, Ресейдің оқу-тәрбие ісіне түзетулер мен өзгерістер енгізуді қуаттады. Сабактардың бағ-

дарламасын өзгертті. Оқытудың тиімді әдістері мен жолдарын енгізуді, азаматтардың бас бостандығын жақтады. Осы зерттеулерінің нәтижесінде «Педагогикалық әдебиеттердің пайдасы туралы», «Қоғамдық тәрбиенің халықтық негізі



*К.Д. Ушинский*

туралы», «Мектепті құрайтын үш мәселе» атты еңбектерін жазды. Бірақ У-дің демокр. көзқарасы патша шенеуніктеріне ұнамай, 1862 ж. шет елге кетуге мәжбүр болды. 1862–67 ж. шет елдерде мектеп істерін зерттеумен айналысты. У-дің пед. қызметі басыбайлылық құрылыстың дағдарысы, қоғамдық-демокр. қозғалыстың өрлеуі, онда рев.-демокр. бағыттың қалыптасу кезеңдерінде өтті. Сол себепті, оның пед. жүйесінің негізгі өзегі білім беру мен оқытудың жүйесін демократияландыру болды. Тәрбиенің халықтығы, халықтың тарихи процестегі шығарм. күші мен білім алу құқығын қорғау идеясы У-дің пед. жүйесінің негізіне айналды. Ол басыбайлылыққа қарсы болды, баланы жазалап оқытуды айыптады. Оқытудың сыныптық жүйесін қуаттады. Білім беру ісі мен тәрбие ісін қатар жүргізу керектігіне, оқытудың көрнекілігіне, білімнің тәжірибемен байланысына ерекше мән берді. Оқытудың дидактик. негізін қалап, педагогика ғылымын ең озық ғыл. дәрежеге көтеруді, оны әрі ғылым, әрі өнер деп бағалауды ұсынды. У-дің Ресейдегі пед. ісі бүкіл ұстаздар қауымына үлгі-өнеге болды, прогресшіл педагогиканың дамуына зор ықпал етті. Оның жолын қушы прогресшіл педагогтар тек ішкі Ресейде ғана емес Кавказ бен Орт. Азияда, соның ішінде Қазақстанда көптеп шықты. У-дің жолын қушылардың бірі белгілі қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин болды. А.Байтұрсынұлы 6 томдық шығ. жина (А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.) У-дің «Жерден шыққан көйлек», т.б. туындыларын аударып, енгізген.

*С.Қалиев*



**ҰЗАҚҰЛЫ** Әбілбек (1936 ж.т., Қостанай обл. Амангелді ауд. Ырымбай шығанағы) – суретші, мүсінші. 1953–55 ж. Амангелді кентіндегі ДО-СААФ мектебінде оқып, жүргізуші мамандығын алған. Алматыдағы Н.В.Гоголь атынд. көркемсурет уч-щесін (1965) бітірген. Қостанай обл. Амангелді ауд. мәдениет бөлімінде көркемдеуші-суретші (1967–97) болып істеді. Ауд. тұрмыс қажетін өтеу комб-ның тапсырысымен аудан, кеңшар орт-тарын үгіт-насихат плакаттарымен безендіріп, еңбек озаттарының түрлі түсті портреттерін салды. Бірнеше рет «Торғай әуендері» фестиваліне қатысып, диплом, грамоталармен марапатталған. Осы жылдар ішінде ауданның көрнекті азаматтарының, Еңбек Ерлерінің, а.ш. озаттарының, ақын-жазушылардың, Торғай елінен шыққан өткен замандардағы халық батырларының ескерткіштерін жасады. Қостанай обл. Арқалық қ-ндағы Амангелді Иманов (2002, биікт. 6 м; 2003 ж. осы еңбегі үшін Қостанай меценат клубының сыйл-н алды), А.Байтұрсынұлы (2012) ескерткіштерінің авторы.

**ҰЙҒАРЫНДЫ ЕСІМШЕ** – істеуге ұйғарылған істі көрсету үшін айтылатын сөз. Мыс.: *жазатұн хат, сөйлейтұн сөз, көретұн көз дегендегі «жазатұн», «сөйлейтұн», «көретұн»* деген сияқты сөздер *ұйғарынды есімше* болады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҰЙҒАРЫНДЫ ТҮЙІС ҒАЛАМ ТУРАСЫНДАҒЫ ӘНГІМЕ** – дарынды сөз, ақындардың сөзі, келістілігімен, әдемілігімен көңілге ұнауын көздейтін көркем сөз. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып, сөз қылады; қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қисынын келтіріп, қиялдан туғызып, әдемі әңгіме шығару ақындық дараған адамның ғана қолынан келеді. Көркем сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, ақиқат түрінде айтады. Жа-

лаң сөздің қара сөз делініп, көркем сөздің дарынды сөз деп аталу мәнісі де осыдан. Сондықтан қара сөзде айтылған нәрсе дүниеде нақ болған, сол күйде және бар нәрсе деп білу керек те, дарынды сөзде айтылған нәрсе нақ сол күйде болып өтпегенмен яки бар болып тұрмағанмен, дүниеде болатын және боларлық нәрсе деп білу керек. Қысқасынан айтқанда, қара сөз – жаратынды тиіс ғалам турасындағы әңгіме де, дарынды сөз – ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ҰҚСАТПАЛЫ ОРАЛЫМ** – өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесі тақырыпшы мүшесін ұқсата баяндайтын оралым. Мыс.: *Асыл туған Ақжүніс, Күнді бұлт құрсайды, Күнді байқай қарасам, Күн жауарға ұқсайды; Айды бұлт құрсайды; Айды байқап қарасам, Түн жауарға ұқсайды; Көгілдірін еріткен Көлдегі құлар шулайды; Шулағанға қарасам, Көктен суңқар суылдап, Созылғанға ұқсайды! Бойды байқап қарасам, Қол-аяғым созылып, Аузы-мұрным суынып, Хақтың маған бұйрығы Таяғанға ұқсайды* (Ер Тарғын).

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**«ҰЛАҒАТТЫ ҰЛТ ҰСТАЗЫ»** – анықтамалық-көрсеткіш. ҚР Мәдениет мин. Ахмет Байтұрсынұлының шығарм. мұрасын насихаттауда кешенді шараларды ұйымдастыру жобасы бойынша дайындалған. А.Байтұрсынұлы атынд. қоғамдық қор және А.Байтұрсынұлы мұражайы үйі ұсынған.



Құрастырушылар – Р.Имаханбетова, Қ.Байдебеков. А., «Сардар» баспа үйі 2010 ж. жарыққа шығарған. Көл. 276 бет. Таралымы 300 дана. 24 жапсырма бет (36 фотосурет) берілген. Кітап К.Сағадиевтің «Ұлт ұстазы» атты алғысөзімен ашылып, 3 бөлімге («Ғұлама ғалым һәм Алаш

ардагері», «Ұстазды ұлықтаған ұрпақтар үні» және «Ғұлама ғалым библиографиясы») бөлінген. Бұл анықтамалық-көрсеткіште Байтұрсынұлының ғұмыр жолының негізгі кезеңдері, шығарм. еңбектерінің хронол. тізбесі, қайраткердің өмірі мен еңбектері туралы қорғалған зерттеулер мен түрлі материалдар көрсеткіші берілген. Сонымен қатар, ол туралы таңдаулы мақалалар мен арнау өлеңдер топтастырылған. Анықтамалық оқытушыларға, ЖОО-ның студенттері мен магистранттарына, жалпы мектеп оқушылары мен көпшілік оқырман қауымына арналған.

**ҰЛЖАН** (1810–1887) – Құнанбайдың екінші әйелі, Абайдың анасы. Арғы атасы Орта жүз қаракесектен тарайтын шаншардың Нұрбике деген әйелінен туған Бергіс биден: Мөшке, Битен, Шитен деген немерелері өрбиді. Битеннен – Қантай, Тонтай, Тұрпан, Тұрпаннан – апалы-сіңлілі Ұлжан, Молқара дүниеге келеді. Ұлжаннан: Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан туады. Ұлжан өте сабырлы, кең мінезді, сөзге ұста, тапқыр, шешен кісі болған. Абай анасының осындай асыл қасиеттерін жастайынан бойына сіңіріп өскен. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында Ұлжанның бейнесі тамаша жасалған. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласында ұлы ақынның анасы Ұлжан жайында деректер келтірген *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**«ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРКЕМДІК МӘНІ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТЫ»** – ғыл.-зерт. еңбек, Ө.Әбдиманұлының докт. дисс.-сы. әл-Фараби атынд. Қазақ ұлттық ун-тінде 2007 ж. қорғалған. Ғыл. жетек. – Т.Кәкішев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 4 бөлімнен «Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идеяны жырлаудың дәстүрлік арналары», «ХХ ғасыр бас кезіндегі тарихи-әлеуметтік жағдай және әдебиеттің ұлттық сананы оятудағы қызметі», «Ұлт-азаттық идеяның ұлт-азатшыл әдебиеттегі жаңашыл сипаты», «Ұлт-азаттық идея – ХХ ғасыр басындағы көлемді көркем туындылар арқауы», қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеуде ұлт-азаттық идеяның дәстүрлік негіздері ежелгі дәуірден 20 ғ-дың алғашқы ширегіне дейінгі кезеңде түгел қамтылып, оның көркемдік мәні, жаңашыл сипаты ашылған. Ұлт-азаттық идеяны өз шығармның басты ұстанымына айналдырушылар мен олардың ізбасарлары 20 ғ. басындағы әдебиеттің негізгі қозғаушы күші болғандығы туралы тұжырым ғыл. тұрғыдан негізделген. Сондай-ақ қазақ әдебиетінде ұлт-азаттық идея көрініс табуының тарихпен сабақтас дәуірлері, басты кезеңдері айқындалып, анықталған. Еңбекте 3-бөлімнің 1-тарауы «Ахмет Байтұрсынұнов – ХХ ғасыр

әдебиетіндегі ұлт-азатшыл бағыттың көшбасшысы» деп аталған. Онда Байтұрсынұлының қайраткерлік қызметі айтылып, шығарм. жан-жақты талданған. Ахмет шығармның 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму тарихындағы биік белес болып қалатындығы атап өтілген. Көлемі 326 бет.

*С.Арғынғазин*

**ҰЛТ МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАУШЫ.** А.Байтұрсынұлы – әдебиеттің бар саласына назар аударған жан-жақты ілім иесі. Ол әсіресе халық мұрасына қатты көңіл бөлген. Ғалым ауыз әдебиеті үлгілерін жинастырып қана қоймай, жариялау және зерттеу мәселелерімен шұғылданған. 1923 ж. Мәскеуде Байтұрсынұлы құрастырған «Ер Сайын» жинағы жарық көрді. Автор бұл кітапты қазақ ауыз әдебиетінің жанашыры, ғалым Г.Н.Потанинге арнаған. Кітаптың шығуына көрнекті қазақ зиялысы Ө.Бөкейхан да ат салысқан. Жаңа жыр нұсқасының басты ерекшелігі – жыршылардың аузынан жазылып алынған соң өзіндік талапқа сай өңдеуден өткізіліп барып басылуында. Бұған дейін жырдың бір нұсқасын шығыстанушы В.Радлов «Түрік тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» көптомдығында «Сайын батыр» деген атпен бастырған болатын. Бұл екі жыр нұсқасының мазмұны бірдей. Бірақ мәтінде тілдік көркемдік айырмашылықтар бар. Радлов жырды айтушының аузынан жазып алған қалпында берген. Байтұрсынұлы мен Бөкейханов осы жырдың сюжеттік желісін негізге ала отырып, оны екі үлкен бөлімге және бірнеше тарауларға бөлген. Олар жырдың тілдік ерекшеліктерін ескеріп, артық немесе қажеті жоқ сөз тіркестерін алып тастап, ықшамдап, тілге орамды етіп түзетіп, көркем етіп бастырған. «23 жоқтау» кітабы Мәскеуден 1926 ж. жарыққа шыққан. Ғалым бұл жинақты да Бөкейханмен бірігіп шығарған. Жалпы, «Ер Сайын» және «23 жоқтау» кітаптары Бөкейханның Мәскеуде КСРО халықтары орт. баспасында әдеби қызметкер болып, өз елінің рухани өсуіне үлес қоспақ жолында жүрген кезінде жарық көрді. Ұзақ жылдарға созылған талмас ізденістің нәтижесінде жарияланған «23 жоқтау» ауыз әдебиетінің көрнекті үлгісі ретінде ғана емес, тарихымызға қатысты құнды деректердің мол болуымен де назар аудартады. Ғалымдар жоқтаулардың қазақ тарихына өте қажет жәдігер екенін сезгендіктен де, оларды бір жинаққа топтастырып шығарған. Бұл жоқтаулардың кейбірі Радловтан алынса, кейбірін өздері жазып алып, қажет жерін түзетіп бастырған. Жинақта, мәселен, Қазыбек, Кеңгірбай би, Кенесары, Наурызбай тәрізді тарихи тұлғаларға қатысты өте мол деректер берілген. Автор кейбір жоқтау шығарған адамның ата тегіне дейін көрсеткен. Оны «Төлебайды жамағатының жоқтауы» деген өлеңге

берілген сілтемесінен аңғарамыз. Ғалым жинаққа енгізген жоқтаулар қазақ халқының 400 жылдық тарихын алады деп бекер айтапаған. Себебі, кітаптағы жоқтау өлеңдер, бірнеше ғасыр уақыт аралығындағы қоғамдық-әлеум. жағдайдың көрінісін шынайы жеткізеді. Жинақта 16 ғ-да өмір сүрген Ноғайлының батыры Мамайға, бергі Кеңгірбай биге, Кенесары, Наурызбай, Төлебай, Әйтеке, Әбжан, Балқын қыз, Байжігіт, Мұратқа, Ысмайылханға, Ерторыға, Жолдыбайға, Есмағамбетке, Ерғазыға, Абдрахманға, Орманбетке, Әбдіғаппарға арналған жоқтаулардың қай-қайсысы болсын, олар өмір сүрген кезеңнің тарихынан дерек береді. Бұл жоқтаулар ел ішінде әділдігі, батырлығы, ақылдылығы, шешендігімен аты шыққан белгілі тұлғалардың есімдерін құрмет тұтып, қастерлеуге арналған. Осы тарихи тұлғалардың жасаған іс-әрекеті халық арасында жатталып қалғандықтан, жоқтауларда тек сол адамдар ғана емес, сол заманға тән оқиғалар, қоғамдағы әлеум. жағдайлар да айтылған. «Әбдіғаппарды жоқтауда» да қазақ тарихына қатыс-ты материалдар көп кездеседі. Әбдіғаппар 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшысының бірі болған. Байтұрсынұлы ол туралы: «1916 жылғы 25 июньнің жарлығына Торғай уезі қарсы болғанда, Әбдіғаппар елге басшы болып, февраль төңкерісіне дейін хукімет әскерімен соғысып келген. Торғай елі Әбдіғаппарды хан сайлаған. 1920 жылы өлген. Әбдіғаппар – Ұзын Қыпшақ» деп жан-жақты мағлұмат береді. Сөйтіп, қазақ халқының өткен тарихынан хабары мол Байтұрсынұлы өз жинағына тарихи дерегі анық жоқтауларды топтастырған. Сондықтан да осы кітаптың алғы-сөзіндегі автордың: «Әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек. Ел аузындағы тіл дегенімізде, нені үлгі-өрнек етіп аламыз? Әрине, осындай жоқтауларды, мақалдарды...» деген тұжырымы жоқтауларды жинап топтастырудағы негізгі мақсатын аңғартады. Ол осы жоқтауларды әдеби нұсқа ретінде халық мұрасының сан ғасырлық тарихының айнасына балап, оны жинастыру ісінде мұқияттылық қажет екенін үнемі ескертіп әрі осы қағидатты өзі де қағаз сақтап отырған. Байтұрсынұлының сөз өнерінің бастау бұлағы болып саналатын ауыз әдебиетіне тән шығармаларды жанрлық ерекшеліктеріне қарай жүйелеу мақсатында алғаш қалам тартқан ғыл. теор. еңбегі «Әдебиет табытқыш» (Қызылорда, 1926) екені белгілі. Ғалым мұнда да ауыз әдебиетінің үлгілерінен көбірек мысал келтіріп, соған жүтінген. Автордың халық ауыз әдебиетінің табиғаты жөніндегі: «Жазу-сызу, өнер-ғылым жоқ анайы халықтардың асыл сөздері анайы тілмен айтылған ауызша шығармалар болады. Сондықтан ондай асыл сөздер ауыз әдебиетінде анайы әдебиет деп аталады» деген тұжыры-

мында фольклорлық нұсқалардың ауыздан-ауызға беріліп, бұл күнге дейін жеткен асыл мұралар болып табылатындығы түсіндірілген. Ол өзінің осы еңбегінде ауыз әдебиетін жеке бөлім етіп қарастырған. Мұның өзі ғалымның ауыз әдебиетін терең білетіндігін және ғыл. тұрғыдан жан-жақты байыптай алатынын танытса керек. Байтұрсынұлы қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін жүйелеуде оларды тұтыну орнына қарай бөлуді басты нысана еткен. Осы мақсатты ұстана отырып, ол қазақ фольклорының үлгілерін жұмсалау орнына қарай «сарындама» және «сауықнама» атты екі үлкен салаға бөлген. Мұндағы сауықнаманың өзін «ермектеме», «зауықтама» деп тағы екіге жіктейді де, алғашқысына ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, тағы басқа да сөздерді жатқызса, кейінгісіне ертегі жыр, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, толғау, түрлі терме өлеңдерін енгізген. Ғалымның «зауықтама» мен «ермектеме» деген ұғымдарының өзі фольклор жанрларының бұлайша топтастырылуының мәнін толық аша алатынын аңғартады. Зерттеуші бұл үлгілердің әрқайсысына ғыл. аяда түсініктеме беріп, тұжырым жасайды. Мәселен, ертегінің қиялы мен қисынын келтіріп, қызықты мақсатпен шығарылған әңгімелер екенін түсіндіре келіп, бұл жанрдың атқаратын рөлін: «1) халықтың ұмытылған сөздері ертегіден табылмақ, олай болса, ертегі тіл жағынан керек нәрсе; 2) балалар әдебиеті жоқ жерде ертегі баланың рухани қиялын тәрбиелеуге көп керектігі бар нәрсе; 3) бұрынғылардың сана-саңылау, қалпы-салты жағынан дерек берумен керектігі бар нәрсе» деп санамалап отырып, сипаттама берген. Бұдан ғалымның ауыз әдебиеті нұсқаларын терең тексеріп, кең ауқымда қарастыра отырып, зерттеу жасағанын аңғарамыз. Ғалым ертегінің тілдік ерекшелігін ескеріп, педагогтік-тәрбиелік мәнін ашып, оның халық дүниетанымы мен тарихынан мағлұмат беретін мәселелерін ғыл. негізде пайымдайды. Ал ертегі жыр, яғни батырлар жырындағы шындыққа үйлесімді жағы мен халық қиялынан туған көрінісіне тоқтала келіп, ары қарай зерттеуші: «Батырлардың рухынан, батырларды жыр қылған ақын сөздерінің рухынан сол жыр шыққан замандағы халық рухы қалай болғанын білеміз» деп, жырдың шығу тарихы жөнінде пікірін түйіндеп, оны сол заманның шындығымен байланыста түсіндіреді. Ал сарындама саласын ғалым «салт», «ғұрып» және «қалып сөздері» деген үш тарауға бөлген. Бұл тараулардың өзі бірнеше кішігірім жанрлардың топтамасынан тұрады. Салт сөзіне мысалдар, ділмар сөз (афоризм), тақпақ, мақал, мәтелдер енгізілген. Ғұрып тарауына тойбастар, жар-жар, беташар, некеқияр кіріктірілсе, ал қалып сөзіне жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры топтастырылған. Жалпы, Байтұр-



сынұлы фольклор жанрларын түгелдей қамтыған. Ал шешендік сөздерді ғалым жеке қарастырады да, оларды мынадай бес түрге ажыратады: 1) мемлекет ісіне қатысты айтылатын саясат шешен сөз; 2) билік шешен сөз (айыпкердің жазасына тән шешімдердің нәтижесіндегі айтылатын сөз); 3) қошемет шешен сөз (белгілі бір адамның ел алдындағы қызметін ескере отырып, оны қошеметтеп айтылған); 4) білгір шешен сөз (ғылым иелерінің мазмұнды сөздері); 5) молдалар мен ғұламалардың дін жайындағы сөздері – «уағыз». Осы шешен сөздер табиғаты жөнінде «шешендер адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөз қанға әсер етіп, адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кете, ыждаһат етеді» деп, өте көркем сипаттама береді.

*Ө.Әбдиманұлы*

**«ҰЛТ РУХЫ: АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ АФОРИЗМДЕРІ»** – кітап. Құрастырған – Е.Зәңгіров. ҚР Мәдениет және спорт мин. «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Ағна-б» баспасынан 2015 ж. жарық көрген. Көл. 160 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітапқа Алаш қайраткерлерінің (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Т.Рысқұлов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, М.Дулатов, Т.Жүргенов, М.Шоқай, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Х.Досмұхамедов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Әуезов, Ж.Тәшенов, Б.Момышұлы, Н.Оңдасынов, І.Омаров, Ө.Жәнібеков, М.Есеналиев, М.Қозыбаев) Отан, ел, тіл, діл, жер, шекара, білім, патриотизм туралы айтқан қанатты сөздері топтастырылған. Әр қайраткердің фотосуреттері берілген. Кітап көпшілік қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**ҰЛТТЫҚ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТ**, А л а ш ә д е б и е т і – Абай заманында өмірге келіп, өркен жая бастаған жазба әдебиет. Оның нағыз бағбаншылары Алаш ұранды әдебиет өкілдері болды: А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ғ.Қараш, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, М.Әуезов, Қ.Кемеңгеров, Б.Күлеев, т.б. Алаш қозғалысының белді, белсенді мүшелері қазақтың жазба әдебиетін тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан байытты, кеңітті. Яғни, негізінен ауызша айтылып, тыңдалып жүрген көркем сөз үлгілері хатқа түсіп, жазу түрінде газет, кітап беттеріне көше бастады. Бұл әдебиеттің өмір сүру, таралу типін ғана өзгертіп қоймай, ең бастысы, жазудың мәдениетін арттырды. Көркем ойды жеткізудің тілдегі стилист. мүмкіндіктерін еселеді. Соған орай жаңа көркем түрлер пайда болды, тың сөз тіркестері мен сөйлемдер жасалды. Жазба әдебиет үлгілері дайындықпен, қажетті материалдар жинаумен, ұзақ толғанумен жазылатын дүниелер болғандықтан, мұнда ұлт тілінің барлық байлығы мен бейнелілігін сарқа

пайдалануға зор мүмкіншіліктер туды. Туған тілінің осы артықшылықтарын тумысынан талантты, ұлтына ұлы, құрметті Алаш ұландары ұтымды пайдалана алды. Сөйтіп, қандайда бір қасаңдықтан ада, адами құндылықтарды ту еткен, халқының халіне, ұлтының ұйысуына зерек ой, адал ниетпен көмкерілген көркем туындылар дүниеге келді. Бұл «Алаш әдебиеті» деп аталатын жаңа әдеби дәуірдің бастапқы кезеңдерінде ұраншылдық, насихатшылдық басым болғанымен, жас дарындар Аймауытов, Жұмабаев, Әуезовтердің шығармалары жазыла, жарық көре бастаған тұстан бастап көркемдігі кемел дүниелер бой көрсете бастады. Осы эволюц. жол – Алаш әдебиетінің тез өсіп, жедел жылдамдықпен ілгерілегенін көрсетеді. Оның мысалы – «Оян, қазақ!» пен «Батыр Баян», «Қорғансыздың күні», «Ақбілек» секілді шығармалар.

*Т.Сейсенбай*

### **ҰЛТТЫҚ ЖАЗУДЫҢ ҰЛЫ ДИҚАНШЫСЫ.**

Сан ғасырлық тарихы бар, өркениетті әлемге кеңінен тараған араб, латын, кирилл, т.б. әліпбилері әр заманда ондаған тілдің жазба түрде қызмет етуіне негіз болып, жалпы адамзат мәдениетінің дамуына, қоғамның ілгерілеуіне ерекше ықпал етті. Әрине, белгілі бір тілдің дыбыстық құрылымына негізделген әліпби жүйесін екінші бір тілге механик. тұрғыдан көшіре салу оң нәтиже бермейді: ондай график. жүйені игеру үшін мыңдаған адам, мейлі араб, мейлі латын, мейлі кирилл әліпбилері болсын, артық уақыт, артық күш-жігер жұмсайды. Сондықтан мәселе – белгілі бір әліпбиді нақты бір тілдің дыбыстық құрылымына негізделген әліпби жүйесін екінші бір тілге жазылған әр түрлі жазба мәтін, құжат нұсқалар болды. Қазақ хан-сұлтандарының бұйрық-жарлықтары, көрші елдермен жазысқан дипломат. қағынас қағаздары, өзара жазысқан хаттары, т.б. – ескі қазақ жазба тілінің үлгі-нұсқалары болып саналады. Акад-тер Ө.Марғұлан, Р.Сыздық, т.б. ғалымдар Қадырғали би Жалайыридың тарихи жазбаларын, Өбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресін» ескі қазақ жазба тілінің бастау көздеріне жатқызады. Проф. Бабаш Әбілкасымов «Түркістан уәлаяты» (1870–82), «Дала уәлаяты» газеттерін ескі қазақ жазба тілінің үлгілері деп таниды. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің жазба мұраларында ескі қазақ жазба тілінің үлгілері молынан кездеседі. Ескі қазақ жазба тілінің жазу жүйесі күрделі. Өйткені оның құрылымы әртекті (гетерогенді) болды: 1) қазақ тілінің элементтері, 2) ескі қыпшақ тілінің элементтері, 3) қарлұқ, оғыз-қыпшақ, сондай-ақ араб-парсы тілдерінен алынған ауыс-түйістер молынан кездесіп отырды. Осыған қарап кейбір зерттеушілер бұл тілді шағатай немесе ескі ғатар тілі деп қате тұжырым жасады. Қазақ топтырағында жасалған

дыктан, қазақ қоғамына, қазақ мемлекетіне қызмет еткендіктен, қазақтың халық тілі элементтері, әуелде аздау болғанымен, кейініректе молынан қолданылғандықтан, бұл тіл ескі қазақ жазба тілі деп арнайы терминмен аталып жүр. Әсіресе 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында ағартушылар, белгілі түркітанушы ғалымдар жазу-сызуды реформалау қажеттілігіне айрықша назар аударып, демократ. бағытқа қарай бетбұрыс жасауды көздеді. Жазу-сызуды демократияландырудың негізгі мәні жазуды барынша халық тіліне жақындату еді. Жазу жүйесіндегі таңбалар ауызша тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірліктерді бейнелеуге тиіс болды. Ал бұрынғы араб әліпбиіне негізделген түркі жазуының график. жүйесінде ауызша қолданыста жоқ архаик. элементтер мен орфограф. шарттылықтар, екіұшты оқуға болатын таңбалар жиі кездесіп отырды. Міне, мұндай жайттар араб әліпбиі түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне жарамсыз деген пікірлердің жиірек айтылуына себеп болды. Бұл жерде араб әліпбиі «жарамсыз» деуден бұрын, алдымен араб әліпбиіне негізделген түркі жазуы қайсы тілдің дыбыстық жүйесінің график. көрінісі деген мәселенің басы ашылмаған болатын. Шындығында, ол кездегі түркі жазба тілі белгілі бір халықтық тілдің («тірі» тілдің) лексик., грамматик., дыбыстық жүйесін дәлме-дәл бейнелеген емес. Ол халықтық тілден едәуір айырмасы бар кітаби тілдің тұрпат межесін белгілейтін график. жүйе болатын. Сондықтан сол кездегі тілдік жағдаятты халық тілі өз алдына, ал жазба тіл өз алдына жүйе деп тануға болады. 19–20 ғ-ларда мұндай гомогенді диглоссия жағдаяты ағарту ісін қалың бұқараға қарай бұру ісіне қиындық келтіре бастады. Жазу-сызуды азғана топтың емес, жалпы жұртшылықтың игілігіне айналдыру мақсаты тұрды. Бұқара жұртшылықтың сөйлейтін тілінен оқыған сауатты адамдар қолданатын кітаби тіл жүйесінің едәуір айырмасы болды. Осымен байланысты барлық ағартушылар алдында екі түрлі бағыт тұрды. Бірі – бұрынғы кітаби тілдің жазу жүйесін өзгертпей-ақ, халықтық тілдің элементтеріне кеңінен жол ашу; екіншісі – жазу-сызуды ауызша тілдің жүйесіне лайықтап жасау, яғни жазу-сызу жүйесін түбегейлі реформалау еді. Жазу-сызумен байланысты бұл екі бағыт қазақ қоғамының мәдени өмірінде жарыса жүрді. «Дала уалаяты», «Айқап», «Қазақ», т.б. мерзімді басшылар мен кейбір баспа өнімдері тіліне халықтық тіл элементтері дендеп ене бастағанмен, ескі жазба тілге тән кейбір нормалар сақталып отырды. Оның бірнеше себептері болды. Солардың негізгілері, бір жағынан, дінге, екінші жағынан, жазудағы ортақ дәстүрлі норманы сақтау дегенге саяды. Қазақ тілін «арабшина», «татарщинадан» «құтқару» идеясының мәнінде Н.Ильминскийдің миссионерлік

саясатының «жемісі» болатын. Ильминский алғаш рет қазақ тілі материалдарын орыс жазуына түсіріп, орыс әліпбиімен берудің үлгісін жасады. Ондағы көздеген мақсаты орыс әліпбиінен қазақ оқығандарының санасына сіңіру, сөйтіп, араб әліпбиінен «жарамсыз» етіп, қазақ қоғамын ислам мәдениеті мен рухани дүниелерінен шеттетуді еді. А.Байтұрсынұлы жазу-сызудың арқауы халықтық тіл болуы керек деген тұжырымды ұстанып, жазуды азғана оқығандардың емес, көпшіліктің білім, тәрбие құралына айналдыру, яғни жазу-сызуды демократияландыру қағидасын дәйекті түрде жүзеге асыруды, даналықтың дөнін себүді мақсат етті. Солай еткенде ғана жазу-сызу ат төбеліндей азғана элитарлық топтың ғана емес, күллі халықтың игілігіне айналуды тиіс болды. Осымен байланысты ағартушылардың алдында екі таңдау тұрды. Біріншісі – оқу-ағарту, сауаттандыру ісінің бұқаралық сипат алуы үшін араб графикасына негізделген бұрынғы әліпбиді негізге алып, ескі жазба тілдің графика емле дәстүрін сақтай отырып, қолданыстағы жазу дәстүрінен қол үзбей, тек азды-көпті оңтайландыру болды. Бұл «Айқаптың» ұстанымы еді. Екіншісі – ескі жазба тілдің график. жүйесінен мүлде бас тартып, қара халықтың ауызша тіліне негізделген әліпби жүйесін жасау. Байтұрсынұлы екінші жолды таңдады. Халық арасына аса кең тараған эстетик.-тәрбиелік, танымдық мәні, көріктеуіш құралдары, азаматтық-қоғамдық үні айрықша ауызша әдебиет үлгілері бар екенін, оның қалыптасқан тілдік, стильдік нормалары жаңа сападағы жазу-сызу түзуге мықты тірек болатын әлеум.-тілдік фактор екенін Байтұрсынұлы терең түсінді. Жалпы, тіл білімінде тұңғыш фонологтар деп әдетте әліпби түзушілерді айтады (олардың фонолог. зерттеу жазуы шарт емес). Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстары жөніндегі фонолог. көзқарасы алдымен өзі түзген әліпбиден көрінеді «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның тоғызы дауысты; он тоғызы дауыссыз. Дауысты дыбыстар: .../а/, .../о/, .../ұ/, .../ы/, .../е/ және э, о, ү, і. Дауыссыз дыбыстар мынау: .../б/, .../п/, .../т/, .../ж/, .../ш/, .../д/, .../р/, .../з/, .../с/, .../ғ/, .../к/, .../қ/, .../г/, .../н/, .../л/, .../м/, .../н/. Жарты дауысты дыбыстар: шолақ .../у/, һәм шолақ .../й/.» Бірақ Байтұрсынұлы тоғыз дауыстының бас-басына таңба алмай, «Бес дауысты» жүйемен әліпби түзе келіп, олардың әрқайсысын бір-бір әріппен белгілейді. Сөйте отырып, әлгі әріптер арқылы жазуда әр фонеманың екі түрлі әуезін (жуан, жіңішкелігін) сол фонеманың таңбасына сыйғызып береді. Сөйтіп, төрт дауыстының бас-басына әріп алмай-ақ, дәйекші арқылы жуан немесе жіңішке (дәйекші болмауы – жуан оқуды, дәйекші болуы – жіңішке оқуды) әуезді оқылатындай жазу жүйесін жасайды. Байтұрсынұлы әліпби жүйесінің, түптеп келгенде, сол кездегі

## ҰЛТТЫҚ

және қазіргі жазу жүйесінен өзгешелігі – әріптердің әрі дыбыстық мәнді, әрі сөз әуезін (жуан-жіңшке әуезін) білдіріп, біте қайнасып тұрған ішкі құрылымдық ерекшелігінде. «Біте қайнасан» бұл ерекшелік қазақ тілінің сингармонизм жүйесімен ерекше үйлесім табады: «Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды солай билейді; яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз я жарты дауысты дыбыстар да жуан айтылады. Дауысты дыбыстар жіңшке айтылса, басқа дыбыстар да жіңшке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңшке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңшке айтылатындығы да айырылғаны» (А.Байтұрсынұлы, «Тіл тағылымы», 325-б.). Байтұрсынұлы түзген әліпби жүйесінде фонемалар мен әріптердің сандық қатынасы 28 (фонема): 24 (әріп) болып шығады. Мұндай қатынас, «әліпбидегі әріптің саны фонеманың санынан аз-кем төмен болуға тиіс» деген жазу теориясындағы ең жақсы әліпби шартымен үйлесім жатады. Байтұрсынұлы тек әліпби түзіп қойған жоқ, фонология теориясындағы айырым белгі әдісін қолдану арқылы қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен түзілімін 9 дауысты, 19 дауыссыз деп тұңғыш рет дәл анықтады. Дауыстылар мен дауыссыздарға берген сипаттамасына қарағанда, Байтұрсынұлы дауыстыларды функционалдық басыңқы жүйе, ал дауыссыздарды функционалдық бағыныңқы жүйе деп таниды. Мұндай лингвистик. танымның мәні айрықша. Әдетте басыңқы жүйенің (дауыстылардың) бағыныңқы жүйеге әсері, ықпалы күшті болады. Соның салдарынан бағыныңқы жүйенің (дауыссыздар) жүктемесі де көбіей түседі. Мәселен, дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың ренктері әлдеқайда көп болып, басыңқы жүйенің ыңғайына қарай жуан, жіңшке, еріндік, езулік болып түрленіп отырады. Сөйтіп, жуан немесе жіңшкелік белгі бүкіл сөз бойы тұтаса айтылып, әуен-әуез бірлігіне айналады. «Байтұрсын әліпбиіндегі» (жалпы тіл біліміндегі атауы, Самойловичтің термині) дәйекші әуен-әуез бірлігін бейнелесе, жеке әріптер жеке-леген дыбыстық бірліктерді көрсетеді. «Байтұрсын жазуының» графемалық жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан сегменттік әрі суперсегменттік бірліктерді (жуан, жіңшкелікті) белгіледі. Сондықтан да бұл жазу жүйесі қазақ тіліндегі сингармонизм табиғатымен барынша үйлесімді болды. Байтұрсынұлы жазу жүйесінің бұрынғы араб әліпбиі негізіндегі ескі қазақ жазу жүйесінен, орыс әліпбиіне негізделген жазу жүйесінен айырмасы осында еді. Байтұрсынұлына дейін араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуының тұрпат межесі жуан немесе жіңшкелік белгілерді дауыссыздар-

дың ыркына бағындырып бейнеледі, яғни дауыстылардың жуан, жіңшкелігі дауыссыздардың жуан немесе жіңшкелік таңбасына қарай оқылады. Ал орыс әліпбиіне негізделген жазу болса, біріншіден, сөздің жуан немесе жіңшкелігіне тән белгілерді жеке дыбыстармен «бөлшектеп» берді, екіншіден, дауыссыздар жүйесінің дауыстылар жүйесіне бағыныңқылық қатынасы ескерілмеді. Байтұрсынұлы түзген әліпбиді сол кезеңдегі фонол. мектептің аға буын өкілдері, әлемдік лингвистиканың көшбасшылары болған Е.Д.Поливанов, сондай-ақ Н.Ф.Яковлев тәрізді көрнекті фонологтар аса жоғары бағалады. Түркітанушы К.К.Юдахин мен А.М.Сухотин латын жазуына көшкенше қырғыз (қазақ) халқының «Байтұрсын әліпбиін» сол күйінде қолданғанын атап айтады. Мұның өзі Байтұрсынұлы әліпбиінің ұлтаралық мәртебесін көрсетеді. Сондай-ақ, Байтұрсынұлы түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісінде өте оңтайлы болғанын М.Дулатовтың мына пікірінен айқын аңғаруға болады: «Қолына қалам ұстағаннан бері шығи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады, жаңа сөйлеммен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені «тосырақ түсінбейміз, оқи алмадық» деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншалла, мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор». Байтұрсынұлы бұрын тек бір ғана формада, яғни ауызша түрде қызмет етіп келе жатқан ауызша әдеби тілдің график., орфограф. жүйесін жасап, оның жазбаша түрде қызмет етуін зерделеп берді. Таңба теориясы тұрғысынан алғанда Байтұрсынұлының жасаған араб әліпбиі негізіндегі жазу жүйесі тұрпат межесі тұрғысынан жалпыхалықтық тілдің бір формасы болып табылатын ауызша әдеби тілдің дыбыс бірліктерін, ал мазмұн межесі тұрғысынан сол тілдің мағыналық бірліктерін белгіледі. Байтұрсынұлының лингвистик. мұрасын жан-жақты зерттеп, арнайы монография жазған Өзбекстандағы қандасымыз, филол. ғыл. докт., проф. М.Жүсіпов қазақ тіл білімі тарихында Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстық бірліктер түзілімін дәлме-дәл анықтауы арқылы ұлттық жазудың тұңғыш фонемограф. жүйесін жасағанын атап айтады. Сөйтіп, 20 ғ-дың басында Бай-

тұрсынұлы қазақ жазу-сызуын демокр. бағытқа (халық тіліне) бұрды; қазақ жазуы фонетик. жазудан фонемограф. жазуға қадам басты, ұлттық жазудың негізі қаланды. Қазақ жазуының онтогенездік дамуындағы бұл ерекше кезеңде Байтұрсынұлы ақыл-парасаты, қажыр-қайраты, лингвистик. ой тереңдігі жағынан дәуірдің дара тұрған біртуар ұлы тұлғасы болды. Алайда қазіргі қолданылып жүрген орыс графикасына негізделген жазуды, менің ойымша, ұлттық сипаттағы жазу деп тануға болмайды, өйткені, біріншіден, әліпби құрамында қазақтың дыбыс жүйесін бейнелемейтін әріптер бар. Екіншіден, қазақтың төл сөздері қазақ тілінің дыбыс ережесімен, ал толып жатқан кірме сөздер (экономика, медицина, цех, футбол т.б.) орыс орфографиясының ережесімен жазылып жүр. Бұл кезең де – Орт-тың нұсқауымен жасалған, тоталитарлық режимнің «құндылықтары». Кіндігі орыс тіліне байланып қалған мұндай қос тілді жазу-сызуды ұлттық сипаттағы рухани дүниеміз деп тану екіталай. Сондықтан да даналықтың диханшысы болған Байтұрсынұлынан тағылым ала отырып, қазақ жазуын түбегейлі реформалау арқылы оған ұлттық сипат беру кезек күттірмес өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

*Н. Уәлиұлы*

**«ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ»** – ғыл.-танымдық талдаулар мен публицистик. толғаулар жинағы. Авторы – Б.Төлепберген. ҚР Мәдениет және спорт мин. «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша шығарылған. А., ЖК «Inter VesCompanу» баспасынан 2016 ж. жарыққа шыққан. Көл. 240 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл еңбекте қазақтың ұлттық идеясының қалыптасуы мен дамуы ел тәуелсіздігінің тұғыры әрі алғышарттарының бірі ретінде қарастырылған. «Тәуелсіздік және ұлттық идея» аталатын бірінші бөлімде қазақтың ұлттық идеясы ғыл.-танымдық тұрғыдан талданған. Қазақ ұлттық идеясының тарихи-рухани қалыптасуы мен оның мазмұны болмыстық, рухани, этикалық, құндылық және әлеум. қырынан зерттелген. «XX ғасыр басындағы қазақтың Алаш идеясының ұлттық сипаты» атты тарауда қазақ элитасының саяси-идеялық күресі және Алаш қайраткерлерінің (Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ө.Ермеков, т.б.) қызметі екінің бірінші бөлімде автор тәуелсіздік алған жылдардан бергі уақыттағы қоғамдық-саяси құбылыс-

тарды публицистік тілмен саралаған. Кітап ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналып шығарылған.

*С.Арғынғазин*

**ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ҮШІН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖҮРГІЗГЕН КҮРЕС.** Патша өкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясаты 20 ғ-дың басында күшейді. Отаршылдардың бұратана халықтарға байланысты жүргізген шовинистік саясаты, халықтың жер мәселесіндегі күйзелісі, қарапайым халық құқығының болмауы, басқарудың ұйымдастырылу сипатының халыққа қарсы болуы, т.б. қазақ елінің сол кездегі зиялы қауымының наразылығын тудырды. Бұл туралы М.Дулатов «Қазағым менің, елім менің» деген мақаласында: «Ресейге тәуелді қазақ халқының ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кекті тудырады. Чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып алып, ойына не келсе соны істейді. Енді олар біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға ауыз салуда. Жер ауып келген мыңдаған мұжықтар қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып алуда» деп жазды. Ресейдің мұндай отаршылдық саясатына шыдамаған 20 ғ-дың басындағы қазақ зиялылары күрес жолына шықты. Соның жарқын бір белгісі – 1905 ж. Орал қ-нда Ө.Бөкейхан, Дулатов, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, Б.Сыртанов, т.б. қазақ өкілдерінің «бес облыстық делегаттар съезі» аталған бас қосуда «Қазақ конституциялық демократиялық» партия құру жөніндегі әрекеті. 1907 ж. наурызда Петербургте Ш.Қосшығұлов пен А.Ибрагимов, т.б. басылығымен қазақ тілінде тұңғыш бейресми «Серке» газетінің алғашқы және соңғы саны шықты. Кейін «Қазақстан», «Қазақ» газеттері, «Айқап» журналы, т.б. басылымдар жарық көрді. 1917 жылдың ақпанында Ресейде бурж.-демокр. революция жеңіске жетіп, патшалық билік құлады. Енді саяси партиялар құруға мүмкіндік туып, митингілер, шерулер ұйымдастыру, сөз, баспасөз, т.б. бостандықтарға жол ашылды. Бөкейхан халыққа «Жаңарған Ресейдің азат азаматтары – қазақтарға» деген үндеуінде «жаңа құрылысты және үкіметті қолдау үшін ұйымдасу қажет. Жаңа құрылысты қолдаған барлық ұлттармен бірігіп жұмыс істеу керек, біздің ұранымыз – демократиялық республика және мал шаруашылығынан әрі егіншілікпен кім табыс алып жатса – жер соныкі» деген ұран тастады. Сол дәуірдегі қазақ қоғамы алдына қойған ең маңызды мәселе, яғни Бөкейхан бастаған ұлт зиялыларының қоғамдық күрестегі негізгі мақсаты – елдің азаттығы, сол үшін ұлттық мемлекет құру еді. Бөкейханның қазақ еліне автономия беру мәселесін қойып, мұны орыстың конституц.-демокр. партиясы қолдайды деген үміті ақталмады.

## ҰЛТТЫҚ

Уақытша үкімет ұлттық-мемл. құрылыс, жер, дін сияқты негізгі саяси-әлеум. мәселелерді түбегейлі шешпей, бұрынғы патша үкіметінің саясатын одан әрі жүргізе берді. Сондықтан Бөкейхан кадет партиясынан қол үзіп, ұлттық-саяси партия ұйымдастыруға кірісті. Бұл Бөкейханның «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген ашық хатында «Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық. Мен сондықтан Алаш партиясын ашуға кірістім» деген сөздерінен анық көрінді. Осыдан кейін қазақтан шыққан тоғыз өкілге бас болып Бөкейхан Томск қ-нда өткен Сібір автономистерінің съезіне қатысты. Съезде ұлт зиялылары және қазақ халқының арманы орындалғандай болды, болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясын құру мәселесі шешілді. Ұлттық мемлекет құру Бөкейхан және бурж.-демокр. бағыттағы зиялы өкілдердің түпкі мақсаты болды. 1917 ж. 5 наурызда Уақытша үкімет жергілікті органдар құруды қолға алды. 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында обл. және уездік казак съездері өтіп, ұлттық к-ттер құрыла бастады. Бұл съездерде қаралған мәселелер демокр. сипат алып, ел өмірінде үлкен тарихи рөл атқарды. Тарихшы А.К.Богачев: «Бұл съездер халықтың ескі патшалық тәртіпке қарсы жылдар бойы жиылған кегінің көрінісі болды және сонымен бірге халықтың өзін-өзі басқару, ұлттық өкімет құру, отарлау саясатының тоқтатылуы, ұлттық мектеп, сот, милиция ұйымдастыру, т.б. үміттерінің көрінісі болды» деп жазды. Осы жылы Торғай обл. казактары өкілдерінің съезі болып, онда: «Бүкіл қазақ халқын біріктіру, оның мұқтаждарын анықтап, шешу үшін жалпықазақ съезі шақырылсын. Бұл үшін ерекше ұйымдастыру бюросы құрылсын» деген шешім қабылданды. Съезд бюро құру туралы қаулы алды. Оның басшылығына Бөкейхан және А.Байтұрсынұлы бекітілді. Бюро 1917 ж. 24 маусым күнгі «Қазақ» газетінде съездің күн тәртібіне қойылатын мәселелер жөнінде өз көзқарастарын жазып, ел талқысына салды. Съезде мемл. дербестік мәселесі қаралатын болды. Бюро мүшелері болашақ ұлттық автономия қандай болмақ, оның мазмұны мен мәні неде, қазаққа тиімдісі мемл. автономия ма, әлде уәлаяттық автономия ма? Бұл екеуінің арасындағы айырмашылық: мемл. автономия болса – өз думасы болмақ, өзіне керек заңдарды сол думада шығармақ, ақшасын өзі жасамақ, бүкіл шаруашылық ісі, темір жол, пошта, телеграф сияқты істерінің бәрі өзінде болмақ. Өз алдына әскер ұстамақ. Бір сөзбен айтқанда, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Тек шет мемлекеттермен арасында болатын істер жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемл. автономияда уәкілі ғана тұрмақ.

Уәлаяттық автономияда өзінің ақшасы, т. ж., пошта, телеграф, әскері болмайды, Мемл. Думаға уәкілдерін ғана жібереді. Өз думасы сол жалпы Мемл. Думада шыққан заңға қайшы келмейтін заңдарды шығаруға ықтиярлы болады. Жер-судың билігі жалпы мемл. қолында болмақ. 1917 ж. 21–26 шілдеде Орынбор қ-нда 1-жалпықазақ съезі өтті. Онда ең өзекті мәселелер қаралды. Ұлттық Алаш партиясы құрылды. Мемлекетті билеу түрі бойынша съезде Байтұрсынұлы мен Дулатов «автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін» құрғанды жөн көрді. Ал, Бөкейхан «демократиялық, федеративтік және парламенттік Россия республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-аум. автономиясын құруды дұрыс санап, «федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федерациялық республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Үкімет басында Учредительное собрание мен Дума қалауына сайланған президент болады» деп түсіндірді. Сөйтіп, Бөкейхан ұсынған автономия бурж.-демокр. республика болуы тиіс болды. Съезде бұл мәселе бойынша ұлттық мемлекет құруға дайындық жүргізу туралы қаулы қабылданды. Бірақ империя көлемінде жағдайдың шиеленісуі, Уақытша үкіметтің біртіндеп саяси аренадан кетуі елдегі жағдайды одан әрі ушықтырып жіберді. 1917 ж. 25 қазанда (7 қараша) Ресейде Қазан төңкерісі жеңіске жетіп, большевиктер үкімет басына келді. Үкімет басына келген большевиктерді Бөкейхан «Жалпы Сібір съезі» атты мақаласында «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен» келген үкімет деп сипаттады. Большевиктер Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс өкілдерін еңбекші бұқараға қарсы қойып, өз жағына қаратуға тырысты. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 14 қарашадағы санында елде қалыптасқан төтенше саяси жағдайға байланысты 5 желтоқсанда Орынбор қ-нда «Қазақ-қырғыз болып бас қосып, бір жалпы съезд өткізіп, «анархиядан» өзін қорғау үшін қазақ-қырғыз айрықша милициясын жасау» керектігі айтылды. Ал газеттің 26 қараша күнгі санында съездегі негізгіге қосымша Ұлт кеңесін құру туралы мәселе ұсынылды. 1917 ж. 26 қарашада Қоқанда мұсылмандардың төтенше съезі Түркістан (Қоқан) автономиясын жариялады. Төрағасы болып М.Шоқаев сайланды. Қазақ мемлекеттігі туралы мәселені қараған 2-жалпықазақ съезі 1917 ж. 5 желтоқсанда Орынборда ашылды. Оған Қазақстанның барлық облыстарынан, Алтай губ. мен Самарқанд қазақтарынан және Қырғызстаннан 82 өкіл қатысты. Онда Сібір, Түркістан автономиясы және Оңт.-Шығыс одағы, қазақ-қырғыз автономиясы, милиция, Ұлт кеңесі, ұлт қазынасы, мүфтилік, халық соты, ауылдық басқару, азық-түлік, т.б. мәселелер қаралды. Съездің күн тәртібінде ұлттық автономия басты мәселе болды.

Осыған байланысты Бөкейханның баяндамасы тыңдалып, қазақ автономиясын, милиция және Ұлт кеңесін құру істері бойынша бес адамнан тұратын комиссия сайланып, Х.Ғаббасовтың сөзі тыңдалды. «Автономия туралы Халелдің баяндамасын тыңдап, қазанның аяғында Уақытша үкіметтің түскенін, Россия мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкіметтің жоқтығын және бүліншілік біздің қазақ-қырғыздардың да басына келуі мүмкіндігін жоққа шығармай, съезд төмендегідей қаулы қабылдады: 1) Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы, Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, қазақ-қырғыз халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға; 2) қазақ-қырғыз автономиясының жер үстіндегі түгі-суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын; 3) қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына енген ұлттардың бәрі мекемелерінде санына қарай орын алады; 4) Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша Ұлттық кеңес құрылсын. Оның атауы Алашорда болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылсын. Алашорданың уақытша орны – Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қырғыз-қазақ халқының билігін өз қолына алды». Ұлттық-аум. мемлекеттіліктің іргетасы қаланысымен, съезде Алаш автономиясының Алашорда аталған Ұлт кеңесінің құрамы сайланды. Алаш үкіметі – Алашорданың төрағасы болып Бөкейхан тағайындалды. Алаш автономиясының үкіметі – Уақытша Ұлттық кеңес құрамына У.Танашев (Бөкей Ордасынан), Х.Досмұхамедов (Орал облынан), А.Тұрлыбаев (Ақмола облынан), Ғаббасов (Семей облынан), Шоқай (Сырдария облынан), С.Аманжолов (Жетісу облынан), т.б. сайланды. Облыстардан тысқары, халыққа кеңінен танымал Бөкейхан, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, Б.Құлманов, Ж.Ақбаев, Б.Мамытов, О.Әлжанов сайланды. Қазақстанда Алаш автономиясының құрылуы үлкен саяси-тарихи оқиға болды. Кезінде съезд делегаты Ермеков: «Желтоқсанның 12-сі күні, түс ауа, сағат 3-те Алаш автономиясы дүниеге келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ Орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қонсы қонып, шашылып жүрген қазақ-қырғыз жұрты өз алдына ауыл болды» деп жазды. Бөкейхан бастаған ұлттық зиялы қауым өкілдері құрған Алашорда нағыз демокр. құрылым болды. Ол тарихта өшпес мұра қалдырды: 1) ұлттық мемл. идеясы; 2) президенттік басқару жүйесі; 3) демокр., құқықты, зайырлы қоғам орнату; 4) діннің мемлекеттен бөлінуі; 5) ұлттық қарулы

күштің құрылуы және ұлтаралық келісім. Ұлттық зиялы қауым өкілдері нақ осы күйдегі ұлттық мемлекетті орнатқылары келді. Бірақ Кеңес дәуірінде оған «буржуазияшыл-ұлтшыл автономия» деген баға берілді. Ал, ақиқатына келгенде Алаш автономиясы бағдарламасында Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мүддесі қарастырылды. Қазақтың автоном. ұлттық-демокр. Алаш мемлекетінің Алашорда үкіметі азамат соғысы жағдайында 1917 жылдың желтоқсанынан 1919 жылдың желтоқсанына дейін екі жыл өмір сүрді. Ал заңды өмір сүруін Омбы қ-ндағы Уақытша Бүкілресейлік үкіметтің жарлығымен тоқтатты. Қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру және қазақ халқының еркіндігі мен бостандығы үшін күрескен Алаштың абзал азаматтары қызыл империяның қолынан қаза тапты.

*Әдеб.:* Ахметов З. Алаш туын қолға алған. – Қазақ әдебиеті. – 13 қаңтар. – 1995; Қойгелдиев М. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. – А., 1994; Жамбылов Д. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – А., 2001; Бөкейханов Ә. Алаш партиясы программасының жобасы. Шығармалар. – А., 1994; Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. – А., 1997; Алаш автономиясы туралы ақиқат. – Инфо-Цес. – 13 желтоқсан. – 2002.

*А.Ибраева*

**ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА.** 20 ғ-дың басында қазақ халқы аса күрделі әлеум. және қоғамдық-саяси қайшылықтарымен ерекшеленетін кезеңді басынан өткерді. Патша үкіметі қазақтың кеңбайтақ жерін әскери, саяси және экон. жағынан ғана емес, идеолог. жағынан да жаулап алуға тырысты. Сол кезеңде қазақ халқының ұлттық төл тумалығын сақтап, тарихи мұрасын қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау жолында қазақ зиялылары аянбай қызмет етті. Осы тұста алдымен ойға оралатын шоқтығы биік тұлға – А.Байтұрсынұлы. Байтұрсынұлы өмірі мен қызметінің салмақты бір саласы – оның оқу-ағартушылық қызметі. Өйткені отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін толық түсініп, бар ғұмырын осы жолға арнады. Ұстаз болып бала оқытып, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатты. Газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын «мақсадайын» оятуға тырысты. Білімге деген құштарлық, халқына адал қызмет ету негізгі ұстанымы болды. Артта қалған ел-жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игі істі тікелей жүзеге асыруға да өлшеусіз үлес қосты. Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» атты мақаласында: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі хәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі –

білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші – оқыту ісіне керек құралдар қолайлы хәм сайлы болуы, құралсыз іс істелмейді хәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық болуына құралдың сайлы хәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі – белгілеген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек, үлгісіз я мерзімді өлшеусіз істелген іс олпы-солпы, я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін бастауыш мектепте үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады» деп жазады. Оның осы еңбегінде айтылған пікірлері бүгінгі күнгі білім беру ұстанымдарымен үндеседі. Білімді мұғалімдер санының аздығына, арнаулы бағдарламаның жоқтығына, оқудың белгілі бір жүйеге түсе қоймағанына реніш білдіреді. Байтұрсынұлы үнемі «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деген ойын алға тартып келді. Бала оқыту ісін түзеу үшін өзі көрнекті ғалым ретінде ғана емес, әдіскер ретінде де көп еңбек етті. Алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарын жазумен қатар, осы оқу құралдарын тәжірибе жүзінде қалай пайдалану қажеттігі жөнінде де ғыл. маңызы зор терең талдаулар жасады. Бұл тұрғыдан Байтұрсынұлын қазақ әдістемелік ғылымның да алғашқы бастаушысы деп айта аламыз. «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы», «Тіл жұмсар» әдістемелік еңбектері мен «Баулу мектебі», «Жалқылау», «Қай әдіс жақсы», «Дыбыстарды жіктеу» атты мақалалары – сөзіміздің дәйекті дәлелі. Байтұрсынұлы оқыту әдістерін жетілдіруді, оқытудың әдіс-тәсілдерін жаңартуды көздеді. «Оқыту жайында» атты мақаласында: «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі. Бірі ақшаға, бірі құралға, бірі мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу қисаймайды, ауытқымайды, түзу жүреді» деп ой тұжырымдайды. Ғалымның педагогика саласында жазған еңбектері мен мақалаларын зерттеп, зерделесек, «ұлт ұстазы» ұсынатын қағидаттардан айналып өте алмаймыз. Әдіскер-ғалымның оқыту дұрыс жолға қойылуы үшін төмендегі әдістемелік қағидаттарды ұсынады: Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу; Алғашқы кездегі оқыту деректерінің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану; Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру; Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипап аудару; Сабақты алдын ала даярлайтын сұраулар

қою арқылы ынтасын арттыру; Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де ынталану, жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді. Байтұрсынұлы ұсынып отырған қағидалар оқыту ісінде ескірмек емес. Себебі, олар – мектеп мұғалімі үшін үнемі есте болатын негізгі ұстанымдар. Байтұрсынұлы өзінің саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп-ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Әдіскер ғалымның халық ағарту, ұлттық мәдениетіміз бен өнеріміздің дамуына қосқан үлесі, пед. ой-пікірлері әлі де болса талай ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. М.Әуезов: «...Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ бағасына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» деп Байтұрсынұлы туралы өз пікірін білдірген. Шынында да, Байтұрсынұлы құнарлы ой айта білетін сарабал санасымен, ұлтын сүйген жанашыр жүрегімен халық жадында мәңгілікке орын алды. *Әдеб.:* Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсынұвқа арналады / Құраст. В.К. Күзембаева. – А.: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 б.

*Г.Бөлегенова*

«ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ҰЛЫ ТІНІ» – ғыл. мақалалар жинағы. Жауапты редакторы – Е.Жанпейісов. А.Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты дайындаған. А., «Ғылым» баспасынан 1999 ж.



жарық көрген. Көл. 568 бет. Таралымы 500 дана. Жинақ 3 бөлімнен тұрады. 1-бөлім «Замандастары Ахмет Байтұрсынұлы туралы» деп аталады. Бұған оның 50 жасқа толуына орай өткізілген мерейтойдың материалдары кірген. Бұл бөлімге,

сондай-ақ, кейбір энциклопед. биобиблиогр. сөздіктерде басылған арнайы мақалалары да енген. Ал «Ахмет Байтұрсынұлы – ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері» деп аталатын 2-бөлімге оның 125 жылдық мерейтойына арналған Халықар. ғыл. конференцияның (Алматы) материалдары және Германия Федеративтік Республикасының Майндағы Франкфурт қ-нда 1999 ж. өткен «Қазақ жазуы және оның фонологиялық негіздері» атты Халықар. симпозиумдағы кейбір баяндамалар енгізілген. Жинақтың соңғы, 3-бөлімі ин-т жанындағы «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімі» атты ғыл.-теор. семинарда жасалған баяндамалардан тұрады. Жалпы баяндамалар қазақ, орыс, ағылшын, т.б. тілдерде жасалған. Еңбек жалпы филология, тарих, этнология т.б. ғылым салаларын зерттеумен шұғылданатын ғалымдарға, ЖОО-ның оқытушыларына, аспиранттары мен студенттеріне, ұлт зиялыларына арналған.

**«ҰЛТТЫҚ САНА ҰЙЫТҚЫСЫ»** – оқу құралы. Авторы – Қ.Сак. ҚазҰУ ұсынған. А., «Қазақ университеті» баспасынан 2001 ж. жарық көрген. Көл. 184 бет. Таралымы 500 дана. Кітап кіріспеден, «Қазақтың» тағдыр тауқыметі», «Қазақ» – өзін-өзі қаржыландырған газет», «Газеттің шығарушылары туралы шындық», «Мірдің оғындай публицист», «Қазақтың» соңғы редакторы, «Газеттегі қоғамдық әлеуметтік кейбір мәселелер», «Газет 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде» атты жеті тараудан және қорытындыдан тұрады. Кітапта 20 ғ. басындағы «Қазақ» газетінің тағдыр талайы, қаржыландыру көздері мен шығарушылары, олардың шығарм. туралы апталық тарихына қатысты көкейкесті жайлар мұрағат материалдары негізінде зерттеліп, зерделенген. Ұлттық сананың ұйытқысы бола білген басылым журналистерінің 20 ғ. басындағы кейбір күрделі мәселелерде ұстанған бағыттары шығарм. шеберліктерімен астарластырыла қарастырылған. Бүгінгі күнмен үндестігіне айрықша мән берілген. Сондай-ақ, қазақ зиялыларының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезіндегі ұстанған бағыттары мен мақсат-мұраттарын және атқарған қызметтерін газет материалдары бойынша жан-жақты ашып көрсетуге көп көңіл бөлінген. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан және М.Дулатов үштігінің газетке сіңірген еңбектері де ерекше аталып өтілген. Оқу құралы ЖОО-ның журналистика ф-ттерінің студенттеріне, ізденушілері мен оқытушыларына, сонымен қатар ұлттық журналистиканың өткенін білгісі келетін көпшілік оқырманға арналған.

**«ҰЛТТЫҚ САЯСИ ЭЛИТА. ҚЫЗМЕТІ МЕН ТАҒДЫРЫ (XVIII – XX ғ-лар)»** – зерттеу кітап. Авторы – М.Қойгелдиев. ҚР Ақпарат министрлігі бағдарламасы бойынша шығарылған. А., «Жалын» баспасынан 2004 ж. жарық көрген. Көл.

400 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап алты тараудан («Саяси элита қызметінің негізгі кезеңдері жөнінде (XVIII – XX ғғ.), «XVIII ғасыр. «Ақтабан шұбырынды» кезеңіндегі саяси топ», «XIX ғасыр. Империялық өктемдікке қарсылық», «XX ғасыр. Саяси тәуелсіздік үшін күрестің жаңа кезеңі», «XX ғасыр. Кеңестік билік: ұлтшылдармен күрес науканы», «Өтпелі және мәңгі құндылықтар») тұрады. Кітапта қазақ саяси басқарушы тобының 18–20 ғ-дағы қалыптасу кезеңдері мен қызметі талдауға алынған. Авторлық зерттеу білдер мен батырлардың (18–20 ғғ.), ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру ісіне ғұмырын арнаған К.Қасымов, И.Тайманов, Ә.Бөкейхан, М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ы.Мұстамбаев, сондай-ақ А.Байтұрсынұлының қызметі мен тағдыры төңірегінде өрбіген. Кітап зерттеуші ғалымдарға, Отан тарихын білуге мүдделі студенттер мен көпшілік қауымға арналған.

*С.Арғынғазин*

**ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНЖАСАМ.** А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің сөзжасам тәсілдері мен жолдарын анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым. Терминжасам тәсілдерінің ара жігі ашылып, олардың термин шығарм-нда іске қосылуын ғалымның қазақ тілі грамматикасының (сарфы) жазылуымен байланыста қарастырған жөн. Бүгінгі терминжасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, оны негізінен қазақ тілі сөзжасамынан бөліп қарауға болмайды. Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс, т.б. осылар сияқты терминдері семантик тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфолог. тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған. Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз, т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады.



«Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысын мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» (Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. –М., 1984. – стр. 101.) Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминолог. лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады. Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бейнелеу, үлкенілеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру сияқты әдебиеттану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады. Заттық ұғым мен үрдістік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау ғалымнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мыс., ауыстыру, теңеу, т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мысалы, лептеу, ойламалдау, т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне – у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған. Демек, аса көрнекті тіл маманы Байтұрсынұлы – өзі анықтаған сөзжасам тәсілдерін термин жасау барысында шебер пайдаланып, жүздеген терминдерді жасап, қолданысқа енгізген, ұлттық терминқорымызды байытуға аса зор үлес қосқан сөз зергері.

### Ш.Құрманбайұлы

**ҰЛТТЫҚ ТІЛТАНЫМНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.** «Тіл – ұлттың жаны» екендігін ерте ұғынған ұлағатты ұстаз А.Байтұрсынұлы қазақ елінің тіл жағдайын көп қүйттеді. Оны сақтаудың, жаңа заман жағдайында дамытудың қамын жасады. Осы жолда көп жылдар бойы жемісті еңбек етті. Ұлт ұстазы ең алдымен, жазудың адам мен қоғам өміріндегі зор қажеттілікті қамтамасыз ете алатын құрал ретіндегі рөлін терең ұғынды. Ол: «біздің заманымыз – жазу заманы. Жазумен сөйлеу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлеуге болмайды. Жазу арқылы дүниенің бұ шетінен екінші шетіндегі адаммен сөйлесе аласың» деп жазды. Екіншіден, ұлтқа ортақ бір жазу қажет еді. Ол осы мұқаждықты өтеді. Ғалым өзінің «Тіл-құрал» атты оқулығында: «әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағ-


дыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуымыз тиіс» дейді. Сонымен, Байтұрсынұлы араб графикалы қазақ жазуын (әліпбиін) жасады. Оны кітап түрінде бастырып шығарды, «Қазақ» газеті арқылы қалың бұқараның игеруіне мүмкіндік тудырды, оқу үдерісіне қосты. Ғыл. ортада «Байтұрсынов әліпбиі» атанған бұл үлгі еш кемшіліксіз жазу ретінде жоғары баға алды. Бұл жазу қазақ ұлттың ұйыстыратын, таза қазақ тілінде ақпар таратуға мүмкіндік тудыратын бірден-бір құрал болды. Өзі реформалаған араб графикалы қазақ жазуын жас республиканың мәдени өмір қажеттеріне толыққанды пайдаланудың маңызын жақсы білген ғалым 1922 ж. академ. орты басқарған кезінен бастап, үлкен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде, 1924 ж. Орынборда болып өткен кырғыз-қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайында әліпби жан-жақты талданып, талқыланып, ресми түрде қабылданады. Бұған қоса, өзі басқарып, Ә.Бөкейхан және М.Дулатовтармен бірге шығарып тұрған «Қазақ» газеті де қазақ жазба әдеби тілін қалыптандыруға зор үлес қосты. Бұл туралы заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов: «Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң маса болып қалай ызыңдап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Аханның екпіні болатын» деген еді. Жанаша, таза қазақы бағыт ұстанатын газетті шығару оңай іс болмады. Ол туралы ғалым: «қазақша газет шығару – қиын жұмыстың біреуі. Қиын екендігін «Қазақ» газеті шыққаннан кейін біліп отырмыз. Заман тар, жер жолсыз, қалып тәртіпсіз, іс құралсыз, халық аңсыз» деген-ді. Зерттеушілердің айтуы бойынша, Байтұрсынұлының жаңа әліпбиі, жекелеген қаріптердің график. жазылу заңдылықтары, орфограф. және пунктуац. қағидаларды қамтыған емле ережелері газеттің қызметі барысында кеңінен талқыланып, практик. қолданым тәжірибесінен, қалың бұқаралық сынақ тезінен өтіп, қалыптанды. Газет сол кезеңде өз шығарм.н бастаған талай-талай жас ақын-жазушылардың таза ана тілінде жазып, кәсіби тұрғыдан өсіп, шыңдалуы жолында өлшеусіз зор үлес қосты. Демек, таза қазақ тілінде, жанаша қазақ жазуымен шығып тұрған «Қазақ» газеті өзінің тұла бойында тілтанымдық ғыл. ұстанымдарын орнықтыру әдеби сөзсаптам, көсемсөз нормаларын қалыптандыру негізінде жаңа кезеңдегі жазба тіл нормаларының қалыптасуына, дамуына зор үлес қосты. Кез келген ғылым саласының дамуындағы ең басты, маңызды кезеңнің бірі – ғыл. мета-тіл қалыптастыру. Әр ғылым саласының өз тіл-

қолданым, сөзсаптам ерекшеліктері, ғыл. аппараты, терминдер жүйесі, осының бәрін жинақтап айтқанда, өз метатілі болады. Метатіл қалыптаспай, ғылым дамымайды. Қазіргі қазақ тілтанымның қаңқасын құрайтын, оның пәндік сипатын, сыртқы тұрпаты мен ішкі мазмұнын айқындайтын, құрылымдық және жүйелік ерекшеліктерін айшықтайтын ой-пікір, тұжырымдардың көпшілігі Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ғалымның сонау 1912 жылғы «Оқу құралы» мен 1914 жылғы «Тіл-құрал» оқулығы – қазақ тілтаным бойынша таза қазақ тілінде, ғыл. тілде жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының басы болды. Қазақ тілтаным ғылымының өзегін құрап отырған терминдер құрамын Байтұрсынұлы «пән сөздері» деп атаған. Ғалымның қаламынан шыққан терминдер қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Бұл – олардың өміршеңдігінің дәлелі. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, одағай тәрізді сөз таптарының атаулары, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш сияқты сөйлем мүшелерінің аттары ғалымның туған тіл табиғатын қаншалықты терең білетіндігінен хабар береді. Бұлардан басқа да рай, қосымша, жалғау, жұрнақ, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, буын, шумак, тармақ, дәйекші, жіңішкелік белгісі, әріп, жақша, нүкте тәрізді қазіргі қазақ тілінде ең белсенді түрде қолданылатын терминдерді Байтұрсынұлы жасаған. Терминдерді жасаумен шектелмей, терминжасамның әдіс-тәсілдері мен жолдарын, басты ұстанымдарын айқындап берген. Осылайша ұлы ғалым ұлттық тілтанымның негізін қалап берді.

*М.Малбақов*

**«ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҰСТАЗЫ»** – кітап. Құрастырушы – В.Күзембаева. «Ұлы тұлғалар» ғыл.-биогр. сериясы бойынша ҚР ҰҒА-ның Орт. ғыл. кітапханасы 2001 ж. жарыққа шығарған. Көл. 316 бет. Таралымы 300 дана. Кітаптың алғашқы бетінде «Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы А.Байтұрсынұловқа арналады» делінген. Кітап Р.Сыздықованың алғысөзімен ашылып, Ахметтің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдеріне, шығарм-на қысқаша шолу жасалған. 3 бөлімнен («Таңдамалы еңбектері», «Ахмет Байтұрсынұлов – көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы», «Көмекші көрсеткіштер») тұрады. 1-бөлімде Ахметтің өз қаламынан шыққан бірқатар еңбектері ұсынылып, олардың жарияланған орындары, жылдарымен көрсетілген. 2-бөлімде Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі және шығарм. жайлы мақалалар (К.Нүрпейіс. «Ахмет Байтұрсынұлы – аса ірі қоғам және мем-

лекет қайраткері»; З.Қабдолов. «Аханның әдеби қисындары»; Р.Сыздықова. «Ахмет Байтұрсынұлов»; Б.Қойшыбаев. «Көзқарас эволюциясы»; З.Ахметов. «Бүкіл қазақ «Ахаң» деген»; Б.Әбілқасымов.



«Ұлттық баспасөздің негізін қалаушы») берілген. 3-бөлімде өмірі мен еңбектері туралы әдебиеттер, еңбектерінің хронол. және әліпбилік көрсеткіштері, аудармалары, көрсеткішті құрастыруға пайдаланылған мерзімді басылымдар мен әдебиеттер тізімі көрсетілген. Сондай-ақ кітапты айшықтауға арналған 9 фотосурет жапсырылған.

*С.Серікқазыұлы*

**«ҰЛТ ҰСТАЗЫ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫН-ҰЛЫ»** – 32 минуттық деректі фильм. Деректі фильм Ахмет Байтұрсынұлының шығарм. мұрасын насихаттауда кешенді шараларды ұйымдастыру жобасы бойынша дайындалып, түсірілген. Сценарий авторлары – Сабыржан Шүкірұлы, Ербол Тілешов. Қоюшы реж. – Е.Тілешов. Операторы – Александр Касьян. Жоба идеясының авторы әрі кеңесшісі – Райхан Имаханбет. Фильмді түсіруге ҚР Мәдениет мин., Ахмет Байтұрсынұлы мұражайы қолдау көрсеткен. Түсірілімге қажетті мәліметтер Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев, Жандос Қожахметұлы Смағұлов, Тұрсын Шаңбай, т.б. ғалымдардан алынған.

*К.Қошым-Ноғай*

**ҰЛТ ҰСТАЗЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҢ ИДЕЯ.** 20 ғ. басындағы қазақ қоғамы үмітінен күдігі басым өзгерістер мен қайшылықтарға толы еді. Отарлық тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы болды. Саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, кәсіби даярлығы заманының сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері Ұлы даланың сан ғасырлық кастерлі құндылықтарымен суғарылған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Абаев, С.Лапин, Б.Қаратаев сынды

## ҰЛТ ҰСТАЗЫ

дүлдүлдер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса, іле-шала Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Шоқай, т.б. әрлендірді. Ұлт мүддесін ту етіп көтерген Алаш зиялылары, Байтұрсынұлының 1912 ж. «Айқап» бетінде жарияланған сөзімен айтсақ, «Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабырменен отырып, ойласып іс істелік... Жүк қасындағы «акку, шортан, шаян» үшеуіне ұқсамалық!» ұстанымын қуаттады. 20 ғ. басына қарай қалың жұртты ояту идеясы Байтұрсынұлы сынды ұлы тұлғалардың мектеп ісін ұйымдастырудағы, газет-журнал, кітап шығарудағы, үгіт-насихаттағы, жаңа буын зиялылар тәрбиелеудегі жанкештілігімен, айналасы 10–15 жыл ішінде нақты нәтижеге айналды. Алаш қозғалысының серкелері «Оян, қазақ!» формуласымен түйінделген ұлттық идеяның мазмұны мен пішінін, көздеген нәтижелерін, нақты іс-қимыл бағыттары мен идеологиясын шығармалармен жетілдірген, толықтырған. Байтұрсынұлының осы рухта жазған «Маса», «Қырық мысал» жинақтарындағы пайымдар шынайылығымен зор беделге ие болды. Мұндағы: «Қазағым, елім, Қайқайып белің, Сынуға тұр таянып. Талауда малың, Қамауда жаның, Аш, көзіңді, оянып! Қанған жоқ па, әлі ұйқың? Ұйықтайтын бар не сиқын?!» деген жолдар «Оян, қазақ!» идеясының нағыз түсіндірмесі еді. Қазақты оятуға қызмет қылған «Айқап», «Қазақ» сынды газет-журналдар, қазақ кітаптары бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, ұлттық тұтастықты сақтауға баға жетпес үлес қосты. Алашшылар империядағы және өлкедегі, тіпті әлемдегі өзгерістерге сай ұйымдастырған іс-әрекетпен, қайраткерлікпен халқының жүрегі мен санасын билеп алды. Оқу, білім, жер, келімсектер, ұлт, дін, әйел теңдігі, билік, әділдік мәселелері алғашқыда қазақты ояту мақсатында көтерілсе, империядағы дағдарыстың асқинуына орай, дербес мемлекет құру мүмкіндігімен шендестірілді. Қысқасы, қоғамдық сана мен саяси мәдениеттегі бетбұрыс миллиондардың тағдырына ықпал етті. «Оян, қазақ!» ұлттық идеясының қорытынды басты нәтижесі – 1916 жылғы оқиғалар. Олар Ұлы даланың түпкілікті оянғанының бұлтартпас дәлелі еді. «Оян, қазақтан!» өзгеше жаңа ұлттық идеяны дәйектеу 1917 жылғы Ақпан төңкерісі жеңісімен шешімін тапты. Монархияның құлауы ішкі Ресейдегі тәрізді Атырау мен Алтайдың, Жетісу мен Омбының арасын теңіздей толқытқан еді. Осының өзі «Оян, қазақ!» идеясының пәрменділігін айғақтап, жаңа саяси күштердің күрес сахнасына шығуына түрткі болды. Түптеп келгенде, бір мүшелден де аз мерзім ішінде Ұлы

даланы қозғалысқа әкелген «Оян, қазақ!» идеясы мақсат-мұратына жетіп, 1917 жылдың жазынан оның орнын «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясы басты. Жаңа идеяның өміршеңдігі мен күдіреті 1917 жылғы желтоқсанда екінші жалпы-қазақ съезінің шешімімен дәйектелді. «Қазақ автономиясы» ұлттық идеясының қалың бұқара көңілінен шыққанын Қазақ к-ттерінің пайда болуы, Бүкілресейлік құрылтайға делегаттар сайлау қорытындысы, Байтұрсынұлының, Ш.Құдайбердіұлының, Аймауытовтың, Жұмабаевтың, С.Торайғыровтың, Әуезовтың шығармалары айғақтайды. Большевиктік билік қазақ халқына қисапсыз қасірет әкелетінін Алаш басшылары 1917 жылы-ақ ескертті. Қазан төңкерісін «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған» зорлық актісі ретінде қабылдаған Бөкейхан, әу бастан қазақ жұртын бірігуге, мақсатты әрекетке, бас амандығын қамтамасыз етуге шақырды. «Есік алдынан дауыл, үй артынан жау келді! – деп дабыл қақты ол. – Алаштың баласы, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан соң, 200 жылда, басына бір қиын іс келді! Ақсақал аға, азамат іні, от басы араздық дауды қой; бірік, жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл!». Қатер қаупі сейілмегені Байтұрсынұлының 1920 ж. 7 мамыр күні В.И.Ленинге жазған хатынан да көрініп тұр. «Қазақтарды ғасырлар бойы тонап, езгіге салып келген орыс ұлтының пролетариаты өзін патша шенеуніктерінің орнын басып, езілген халықтардың мойнына мініп алғысы келетін құлдыққа салушы жаңа мырзалар емес, қайта оларды азат етуші ретінде іс жүзінде дәлелдеп, көрсетуге тиіс. Солай бола тұрса да, жергілікті коммунист жолдастар қазақтарды ешнәрсе түсінбейді деп ойлайды, қитұрқы саясатқа салып, еңбекші қазақ халқына олардың тұрмысын кеңестер негізінде құруына туысқандық көмек көрсетуді ұсынбай, қайта оларға әр түрлі қулықпен өз үстемдігін танытып отыр» делінген онда. Бұл – «Қорған, қазақ!» ұлттық идеясы еді. Бірақ Алаш көсемінің сақтандыруынан қорытынды шықпады. Большевиктер Алаш үнін тұншықтыру үшін күш қолданумен қатар, Қазақ автономиясы идеясын өз мақсатына пайдаланып кетті. Соған қарамастан, ұлт ұстазының ұлттық идеясы қазақ халқының тәуелсіздік рухын оятуда үлкен рөл атқарды.

*Х.Әбжанов*

**«ҰЛТ ҰСТАЗЫ НЕМЕСЕ АЛАШТЫҢ АХМЕТІ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖАЙЛЫ ОЙ ТҮЙІН»** – кітапша. Авторы – Қ.Сәрсекеев. А., «Gauhar» баспасынан 2003 ж. жарық көрген. Көл. 80 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл басылымда А.Байтұрсынұлының өмірі, ол өскен орта жайлы әңгімеленген.

**ҰЛТШЫЛДЫҚ** – Алаш қозғалысы тудырған саяси идеол. және рухани құбылыс. Мұнда қазақ

ұлтшылдығының негізінде Ресейдің патша үкіметі жүргізген отаршылдық саясатының ықпалы жатты. Алаш зиялыларының туған ұлтына деген сүйіспеншілігі мен құрметі тудырған табиғи, рухани сезім, елшілдік идеялары олардың саяси және қоғамдық әрекеттерінде, публицист. және әдеби шығармаларында кеңінен көрініс тапты. Алаш қозғалысының ұлтшылдық сипаты мен табиғаты Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, М.Дулатов, М.Шоқай, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Х.Ғаббасов, У.Танашев, А.Тұрлыбаев, Ы.Жайнақов, Ә.Ермеков, т.б. қайраткерлерді, Ғ.Қараш, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, М.Әуезов сияқты аса ірі талант иелерін қалыптастырды. Бұл ұлтшылдық адам-сүйгіштік, отансүйгіштік сезімдерінен ой мен іске айналған табиғи талпыныс болатын. Яғни Алаш қайраткерлерінің ұлтшылдығы өз дәуірі туғызған, қазақ ұлтының алдына сол дәуірдің өзі қойған сауалдарға пікір жүзінде де, әрекет барысында да берген жауабы еді. Бұл жөнінде Мәннан Тұрғанбаев былай деп, осы құбылыстың сырын толық жеткізе алған: «Қазақ қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айырылмасқа керек, әуелі қазаққа өзінің кім екенін, адамшылық құқығын білдіруге, онан соң жақын ағайын, туғандарын сүйгізіп, міндетсіз қызмет қылдыруға, онан соң Отанын танытып, жақсы көргізуге, ұлт жұмысы, жұрт намысы деген сөзді тоқып көңіліне кіргізуге, сонан соң дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл, адамды сүйгіш қылуға тырысу керек. Ұлтшылдықты, кісішілдікті айыра білмеген, бас пайдасынан басқаны ойына алмаған, дін хұқымі шариятқа бас иіп іске асырмаған, әдебиеттен жырақ жатқан қазақ секілді жұртты салғаннан көпшіл қылам демей, әуелі ұлтшыл қылу керек». Осы тұста жазылған көркемдік бағыты жағынан ағартушылық, сыншыл реализм, сентиментализм, романтизм шегінде туған өлеңдер мен поэмалар, әңгімелер, алғашқы қазақ романдары Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым...» деген ұлы гуманистік декларациясын жалғастырған, оны жаңа ұлт-азаттық мазмұнмен өрістеткен көркем дүниелер болды. Олардың негізгі арқауында адамның ішкі жан дүниесі бейнелене отырып, оның күйзелісіне рақыммен қараған шынайы адамсүйгіштік пафос жатты. Алаш зиялыларының гуманизмі – олардың қайраткерлік әрекеттерінің де өзегі еді. Мұндай гуманизм болмаса, олар ұлт тағдыры жолындағы жанкештілік әрекеттерге де бармас еді. Алаш қайраткерлерінің осы тұстағы ұлт мүддесі жолындағы әрекеті мен мақсатына беріктігін шынайы әрі терең көрсеткен «Қалам қайраткерлері жайынан» мақаласында Байтұрсынұлы дәуір куәгерінің көзімен былай деп жазды: «...қазақ қалам қайраткерлері қала-

мын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамақса мүмкін емес: кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес». Осындай табиғи құбылысты кеңестік идеология теріс әрекет ретінде бағалады. 20 ғ. басындағы қазақ қоғамы жағдайында білімді және саналы азаматқа ұлтшылдық ұстанымында болмау мүмкін емес-тін. Сонымен бірге, әрине, барлық білімді, оқыған қазақ ұлтшылдық ұстанымында болды деудің өзі қателік болар еді. 20 ғ. басындағы орыс билігіне қараған қазақ қоғамы алдында тұрған ең басты міндет – бұл, әрине, ұлттық тәуелсіздікке ұмтылу, мемл. дербестікке қол жеткізу, сол арқылы қазақ жерін отарлаушы күштердің меншігіне біржола өтіп кетулен сақтау еді. Ұлттық саяси топ ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтірмейінше негізгі мақсатқа жету мүмкін еместігін жақсы түсінді. Сондықтан да ұлттық мемлекеттілік үшін күрес – бұл идеологияның өзекті жібі және басты мұраты болуға тиіс еді. Басқаша айтқанда, қазақ ұлтшылдығы толық негізді табиғи құбылыс болатын. Қазақ ұлтшылдығы, сондай-ақ кейін большевиктер партиясы дәлелдеуге тырысқандай, өмірде болмаған «қазақ буржуазиясының» мүддесін қорғау мақсатында қолдан жасалынған ұстаным емес-тін. Қазақ ұлтшылдығының діңгегі – «менің ұлтым өзгеден артық» сияқты мазмұндағы ой емес, елім, жұртым деген саналы азаматтың құлдықтан азаттыққа ұмтылған жұртын өзгемен тең ету жолындағы жанкешті қызметке әзірлігін білдіретін ұстаным болатын. 20 ғ. басында жалпыадамзаттық құбылыс ретінде көрініс тапқан ұлтшылдық идеологиясы қазақ қоғамында да белгілі бір мазмұн және сипатта байқалды. Сондай-ақ оның қалыптасқан көзқарас есебінде көрінуіне қажет алғышарттар дәл 20 ғ-дың басындағы тарихи кезеңде пісіп жетілді. Себебі осы кезеңде қазақ ұлт ретінде өзін толық сезініп, саяси күшін де, рухани қуатын да біріктіре алды. Оның көрінісі 1905 ж. басталған ұлт-азаттық қозғалысының шаралары, әсіресе, Ақпан төңкерісінен кейін Алаш автономиясын жариялауға, Алашорда үкіметін құруға бастаған тарихи қадамдар болатын.

*Е.Тілешов*

**«ҰЛТЫНА ҒҰМЫРЫН АРНАҒАН ҰЛЫ ТҮЛҒА»** – кітап. Авторы – Ж.Әнесұлы. А., «Үш Қиян» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Көл. 160 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап кіріспеден, екі бөлімнен («Көсем және сөз шеберлері», «Әңгімелер, мақалалар, бір ой – бір түйін, арнаулар») тұрады. Кітаптағы автордың «Ахан

туған жер», «А.Байтұрсынов – отаршылдыққа қарсы күрестің бастаушысы, дем берушісі», «А.Байтұрсынов қазақ әліпбиінің, грамматикасының және әдебиет теориясының ғылыми негізін қалаушы», «А.Байтұрсынов мұраларының ғылыми бағамдалуы», «Қазақ әліпбиі» саясат құрбаны болды», «А.Байтұрсынов пен Бәдрисафа», «Ахаңның туған күні неге ұлықталмады немесе мұражайдағы бір күн туралы», «Ахаңның композиторлығы туралы» атты танымдық мақалалары А.Байтұрсыновтың балалық шағынан бастап, қаралы 37-жылға дейінгі ғұмырын, шығарм-н, ғыл. еңбектерін, ел үшін сіңірген қайраткерлік қызметтерін атап көрсеткен. Сондай-ақ кітапта автордың К.Мырзабеков туралы «Ұлт ақыны атанған Кеңшілік» атты әдеби танымдық мақаласы мен Кеңшілік туралы естеліктері жарияланған.

*С.Арғынғазин*

**ҰЛЫ АҚ ТЕНІЗ**, қ. *Жерорта теңізі*.

**ҰЛЫ ӘҢГІМЕ**, р о м а н – А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданған термин. Ғалым оны әуезенің (эпостың) бір түріне жатқызады. Ұ. ә. – тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығарма. Ұ. ә-нің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп, онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады. Автор Ұ. ә. шығарушылар (романшылар) шығармаларында бүтін бір жұрттың бір тобының сыр-сипатын сөзбен суреттеп, сол жұрт өмір сүрген заманға деген көзқарасын танытып, бағасын беретінін, яғни Ұ. ә. мазмұндық тұрғыдан басқа әуезе түрлеріне қарағанда әлдеқайда кең тақырыптарды қамтитынын атап етеді. Ұ. ә. желісінде ірі оқиғалармен қатар ұсақ оқиғаларға да орын бар деп көрсетеді. Автор оның мәнісі ұсақ оқиғаның ұлы оқиғаға себеп болатын тұстары да кездесетінінде деп тұжырады. Ұ. ә-нің сюжеттік желісі болатынын айта келіп, автор онда желі тартатын оқиғалар бір-біріне оралып, шиеленісіп, байланысып, ұйысып жататынын, роман тартысқа құрылатынын тілге тиек етеді. Сондай-ақ, автор романдағы кейіпкердің типтік бейнесі туралы сөз қозғайды. Типтік образды кейіптеп бейне деген терминмен береді. Автор: «Мінездері ұқсас бірыңғай, бір кейіпті адамдарды кейіптеп дейміз» дейді. Ұ. ә. жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барлық түрінің элементтерін қолданатындықтан, Ұ. ә. жазу асқан шеберлікті қажет ететіндігін айтады.

*Е.Шынтай*

**ҰЛЫБРИТАНИЯ**, Б р и т а н и я, Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі – Еуропаның солт.-батысында, Британ аралдарында (ең ірісі – Ұлыбритания), Ирландия аралының солт.-шығыс бөлігі мен ұсақ аралдарда орналасқан мемлекет. Құрлықтан Ла-Манш

(Ағылшын каналы) және Па-де-Кале (Дувр) бұғаздары арқылы бөлінген. А.Байтұрсыновтың Еуропа құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың ірі аралдарының табиғатын да жазған. Сондай ірі аралдардың бірі ретінде Ұ. аралы да аталған. Мақалада арал Великобритания деп берілген. Байтұрсыновтың «Соғысушы патшалар» және «Бұ заманның соғысы» мақалаларында (6 томдық шығ. жин., 5-т.) Англия (Англия) деп бірнеше рет аталған мемлекет осы Ұ. және ол кезінде Ұ. мемлекетінің негізгі ордасы (ұйытқысы) болған Англия атымен аталған Ұ. аралының оңт-н ғана қамтиды.

*Қ.Ахметов*

**ҰЛЫ ЖЫЛАНШЫҚ** – Торғай алабындағы өзен. Қарағанды обл-ның Ұлытау ауд., Қостанай обл-ның Амангелді және Жангелдин аудандары жерімен ағады. Ұ. Ж. алабында А.Байтұрсыновтың балалық шағы өткен.

**ҰЛЫ ҚЫТАЙ ЖАЗЫҒЫ**, Қ ы т а й о й п а т ы, Солтүстік Қытай жазығы – Шығыс Азиядағы ірі жазықтардың бірі, Қытай жерінде. Шығыс бөлігін Сары т-дің суы шайып жатыр; солт-нде Яньшань, батысында Тайханшань, оңт.-батысында Тунбошань және Дабешань тауларымен қоршалған, оңт-нде Янцзы өз-нің төм. ағысындағы жазыққа ұласады. А.Байтұрсыновтың Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың ірі ойпаттары мен жазықтарына тоқталған. Онда ол Ұ.Қ. Ж-н сипаттап, оның алып жатқан аумағының үлкендігін айта кеткен. Мақалада Ұ.Қ.Ж. Қытай ойпаты деп берілген.

*Қ.Ахметов*

**«ҰЛЫ ОРЫС»** – «Оқу құралына» енген әңгіме. Авторы көрсетілмеген. Түсініктемеде «Живой рудниктен» болуы мүмкін деген болжам айтылады. Мұндағы «Ұлы орыс» деп отырғаны – ресейлік орыстар болса керек. Солардың тұрмыс-тіршілігі суреттеледі. Басқа халықтардың өмірімен таныстыру ретінде берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«ҰЛЫ СУРЕТКЕР ҰЛАҒАТЫ»** – жинақ. Дайындағандар – Б.Аманқұлова, Г.Ысқақова. М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты дайындаған. Орт. ғыл. кітапхана баспасынан 1997 ж. жарық көрген. Көл. 146 бет. Таралымы 100 дана. Жинаққа М.О.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына орай Орт. ғыл. кітапхананың ұйымдастыруымен өткізілген конференцияның материалдары топтастырылған. Әуезов мұраларын ғыл. тұрғыдан зерделеген, 16 жас ғалымның баяндамалары (қазақ, орыс тілдерінде) жарияланған. Сондай-ақ, жинақта С.Смағұлованың «Мұхтар Әуезов және Алаш партиясы» (34-43-беттер) және А.Ойсылбайдың «Ахмет Байтұрсынов және

Мұхтар Әуезов: Рухани үндестік» (92–98-беттер) атты баяндамалары берілген.

*С.Арғынғазин*

**«ҰЛЫ ТҰРАНЫҢ ҰЛДАРЫ – СЫНЫ ВЕЛИКОГО ТУРАНА»** – төрт томдық шығармалар жинағының төртінші томы. Авторы – А.Асқаров. Құрастырғандар – М.Қазыбек, Ә.Жаужүрек. А., «М.Х.Дулати қоғамдық қоры» 2007 ж. казак, орыс тілдерінде жарыққа шығарған. Көл. 440 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап алғғы сөзден, бес бөлімнен («Ертедегі ортағасырлық дәуір. VI–IX ғғ.», «Ортағасырлық өркендеу. IX–XII ғғ.», «Орта ғасырдың соңғы дәуірі. XIII–XVIII ғғ.», «Жаңаша дәуір. XVIII–XX ғғ.», «Тұраннан тыс Тұрандықтар») тұрады. Кітапта автор Тұран топырағынан шыққан берісі өз елімізде, әрісі дүние жүзіне атақ-даңқы жайылған тұлғаларды тегіне емес, атқарған еңбегіне қарай іріктеп, олардың адамзат мәдениетіне қосқан үлесіне осы заман биігінен тоқтала отырып баға берген. Бұл туындыда 70-тен аса тарихи тұлғалар қамтылып, 90-ға жуық түрлі-түсті суреттер берілген. Еңбектің 163–165-беттерінде автордың «Ахмет Байтұрсынұлы. 1873–1938 жж.» атты танымдық мақаласы жарияланған.

*Н.Хасенова*

**«ҰРАНЫМ – АЛАШ»** – 3 томдық зерт. еңбек. Авторы – Т.Жұртбай. ҚР Байланыс және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-ті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша, «Ел-шежіре» баспасынан 2008, 2011–2012 жылдары жарық көрген. Көлемі тиісінше 472 бет, 464 бет, 648 бет. Таралымы – әрқайсысы 2000 дана. Бұл зерттеу-еңбек Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің үсті-



нен 1927–32 және 1937–38 ж. жүргізілген тергеу ісінің негізінде жазылған. Автор 1988–91 және 1997 жылдары Мемл. қауіпсіздік (қазіргі Ұлттық қауіпсіздік) к-тінің мұрағатында жүзден астам «Мемлекеттік аса құпия құжаттармен» танысып шығуға мүмкіндік алған. Алаш ардагерлерінің тағдырына қатысты жиырма жылға жуық жинақтаған тарихи құжаттарын тергеу деректерімен жан-жақты салыстыра отырып, тың пайымдаулар ұсынған. Еңбектің «Жегі» атты 1-томында Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, З.Уәлиди, М.Дулатов, Х.Ғаббасов, М.Есполов, Ғ.Болғамбаев, Ғ.Бірім-

жанов қатарлы 41 алаш қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеу ісі қарастырылған. «Тез» атты 2-томда М.Тынышбаев, Х. және Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Қ.Кемелгеров, А.Байтасов, М.Тұрғанбаев, Ә.Байділдин, И.Қашқынбаев, М.Мұрзин сынды 30 тұлға туралы бұрын-соңды белгісіз не қате пайымдалып келген тарихи оқиғалар – тергеу деректерімен, сондай-ақ тінту кезінде тәркіленген хаттармен, құжаттармен салыстырыла отырып дәйектелген. 3-том «Талқы» деп аталып, онда жазушы-ғалым М.Әуезовтің өмірі мен шығарм. тағдыры талданған. Автор Алаш зиялыларының қызметін, қазақ қоғамын ілгері дамытудағы еңбегін жалпықоғамдық мәні бар, ұлт тарихында ерекше орны бар құбылыс ретінде бағалаған.

*С.Арғынғазин*

**«ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІ»** – танымдық экспедиция. 2013 ж. 22 маусымда ұйымдастырылған. Қостанай обл. Жанкелдин ауд-ндағы Ахмет Байтұрсынұлы атынд. орта мектептің 14 оқушысы қатысқан. Экспедиция жетекшісі – ахметтанушы, журналист Ибраһим Ағытайұлы. Бағыты Ақкөл – Қостанай – Астана – Семей – Бөрілі – Жидебай. Оқушылар Қостанай к-ндағы Байтұрсынұлы ескерткішіне тағзым еткеннен кейін ун-т жанындағы ғалым мұражайында, Ы.Алтынсарин атынд. обл. тарихи өлкетану мұражайында болған. Одан ары сапар барысы Астанадағы тұңғыш Президент мұражайын, Семейдегі Абай Құнанбаев мұражайын, Байтұрсынұлы отырған түрмені, Бөрілідегі М.Әуезов мұражайын, Еңлік – Кебек кесенесін, Жидебайдағы Абай мұражай-қорығын аралауға жалғасқан. Экспедиция 1 аптаға жалғасқан.

*К.Қошым-Ноғай*

**ҰСЫНБА** – әңгіме болатын пікірмен таныстыратын *байымдаманың* мүшесі.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ҰЯҢ ДЫБЫС** – дауыс та, жай дыбыс та бар, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда дауысы аз болатын дыбыстар: *ж, з, л, м, н, ң*. Қатаң дыбыстарға сәл дауыс қосылса болғаны, қатаңдығы өзгеріп, ұяң болып шыға келеді. Мәселен: «п»-ға дауыс қосылса, ол өзгеріп «б» болады; «т»-ға дауыс қосылса, ол «д» болады; сол қалыпты «с» – «з» болады. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *ж, з, л, м, н, ң* дыбыстары «ұяң дыбыстар», *ж, з, л, р* «ымыралы харіфтер», *м, н, ң* «ымырасыз харіфтер» деп аталды. Қазақ білімпаздарының съезінен кейін *м, н, ң* дыбыстары «мұрын жолды дыбыстар» деп аталды. Елдес Омаров ол үшеуі (*м, н, ң*) дауысының шамасына қарағанда жарты дауысты төрт дыбысқа жақын екенін, сондықтан дыбыс жүйесінде бұл жетеуі бір тап болып, барлығы да *жарты дауысты* атанғанын ескерте келіп, ды-

## ҰЯҢ

быс жүйесі жағынан бұлардың ерекшелігі барын, яғни, «л», «м», «н» үшеуін айтқанда оларға мұрын қатысатынын, «р», «л», «у», «и» төртеуіне мұрын қатыспайтынын айтады. Сондықтан бұл жарты дауысты жетеуі өз ішінен екі бөлініп, мұрыннан шығатын үшеуі «ымырасыз» деп, қалған төртеуі «ымыралы» деп аталған. 20 ғ-дың басында «б» дыбысы қатаң дауыссыз ретінде танылған әрі сөз соңындағы *болып, көріп, айтып* т.с.с. көсемше тұлғалары *болыб, көріб, айтыб* түрінде жазылған. Себебі «оның ішінде дауыс мүлде жоқ, оны шығару үшін екі ерін біріне бірі тиюі керек де, кеңірдектен келген дем сол екі еріннің арасын ашып бірден бұзып шығу керек («б» дыбысын шығару үшін кеңірдектен келген дем дауыс қабыршағын дірілдетпей, дауыс шығармай келеді)» (Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А., 2013). Дыбыстарды дыбыс жүйесінше жіктей келіп, Е.Омаров: «Қатаң дыбыстардың «б»-дан

басқа алтауын бір тап қылу керек, «б»-ны ымыралы мен ымырасыздарға қосып, бұл алтауын бір тап қылу керек, «б»-дан басқа қатаң б дыбысқа бұрынғы қатаң аты дәл келеді. Бұл алтауының сыңары болып шығатын «б», «д», «з», «ж», «ғ», «г» – алтауына «ұяң» деген ат лайық» деп жазады. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҰЯҢ ХАРИФТЕР** – дауыс та, жай дыбыс та бар, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда дауысы аз болатын ұяң дыбыстардың харифтері. Ұяң харифтер өзара екіге бөлінеді: 1) ымыралы харифтер, 2) ымырасыз харифтер. Ымыралы харифтер: *ж, р, з, л*. Ымырасыз харифтер: *м, н, ң*. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева





**ҮГІТ ӨЛЕҢ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы ақыл айтқан, жол көрсеткен, жөн сілтеген мағыналы өлеңдерді Ү. ө. деп атады. Ү. ө. тобына мынадай өлең жатады: «Ай, жігіттер, үлгі алма, Азған елдің ішінен! Алыс-алыс қашыңдар, Зияндасты кісіден! Жақсыны көзден салмандар! Жақсыдан қапы қалмандар! Өзі болған ерлердің, Аяғынан алмандар! Әр елге, әр жұртқа Алтын сақа табылмас».

М.Бақытқызы

**ҮГІТ-ТӘРБИЕ ҰҒЫМ ЖҮЙЕСІ** – зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолына жұмсағанда пайда болатын ұғым жүйесі.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ҮЗІЛЕТІН ҚАРІПТЕР** – араб қаріптерінің сөз басы, сөз ортасы, сөз соңына байланысты таңбалануы себепті өзінен кейін қаріпті қабылдамайтын, тіркеспейтін қаріптер: *a, d, p, z, o, ʔ, y, e арабшасын беру*. Үзілетін қаріптерден кейінгі дыбыстың сөз басындағы тұрпаты таңбаланады. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

**«ҮЙ ҚҰСТАРЫ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Құстарды адамның қолға үйретуі, үй құстарының түрлері (тауық, қаз, үйрек), тұрмыстық пайдасы (еті, жүні) айтылады. Ғыл. түсініктеме берілген.

**ҮЙЛЕС ДЫБЫСТАР** – қатар келген дыбысына әсер етіп, күнгейлеп тұратын дыбыстар. Үйлес дыбыстардың ықпалынан құтылу үшін күнгейлен тұрған дыбыстан аулақ, басқа жерге қойып, айтын көру керек. Мәселен, «*қас екен сау күндегі өнге салды*» десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сияқты септеу жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмалдық болады. Мәселен: *бастың ба? – басдың ба? басты ма? – басды ма? баста ма? – басда ма? бастан ба? – басдан ба?* – дүдәмал, анық емес. Мұнда да әлгідей жалғауларды әсер етіп тұрған дыбыстан құтқару үшін аяғында

әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек. Мәселен: *балдың, малдың, қардың, қаздың, балды, малды, қазды, қарды, балда, малда, қарда, қазда, балдан, малдан, қардан, қаздан*. Қай дыбыс екені мұнда анық естіліп тұр. Бұлар – үйлес дыбыстар, басқа дыбыстардың әсерімен күнгейленгенде болатын дүдәмалдық. Енді үйлес дыбыстардың әсерімен күнгейленгенде болатын дүдәмалдықты мысалмен көрсетелік: «мылтық атты». Мұнда да жіктеу жалғауы не болатыны дүдәмал болып тұр: *ты ма? ды ма?* – белгісіз, анық емес. «*қымыз ашыы», «су кешше», «киім пішіше», «құс ұшыша», «құлын қашыша*» аяғына қосылып тұрған рай белгісі дүдәмал: *ше ме? ша ма? са ма?* Бұлар – үйлес дыбыстардың бірін-бірі күнгейлеуінің бір түрі. Бұлардың анығына жету үшін алдыңғы айтылған әдіс істеледі. Мәселен, «*мылтық алды*» десек, не жалғау екені ашылады. «*Қымызға қанса», «су сепсе», «киім кесе», «құс қонса», «құлын қуса»* дегенде рай белгісінің қандай екені анық ашылады. Үйлес дыбыстардың бірін-бірі күнгейлегенде болатын дүдәмалдықтың екінші түрі бар. Олар мынау сияқтылар: «*құрған теуше», «басқан ішіше», «төккен тұсса», «тұздық тұссыз», «қазан ашыы», «нан кешіі», «көссіз көбелектей», «ішішілер ізіне түсті», «ішішілер ісін тоқтатты», «баишылар баж басты», «баишылар алға түсті*». Үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылу мүмкіндіктен болатын дүдәмалдық мынау сияқтылар: *Қорғам-бай – Қорған-бай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, мінген – мінген, сеңген – сенген, күңге – күнге т.с.с.* Бұлардың қайсысы дұрыс? Әрине, соңғылары дұрыс. Өйткені «*Қорғам», «Арғым», «Тасқым»* деген сөзден шықпағаны, *Қорған, Арғын, Тасқын* деген сөздерден шыққаны көрініп тұр. Онан кейінгілеріне келсек, бұларда әсер етіп тұрған – «*г*» мен «*г*» дыбыстары. Олардың әсерінен құтыла болғаны, дүдәмалдық жоғалады. Мәселен, «*қоныс», «қондық», «жону», «жондым», «жанып», «жанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде», «күндік»* дегенде, дүдәмалдық жоғалып, «*ң*» емес, «*н*» екені ап-анық көрініп тұр.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҮЙЛЕСУ** – сөйлемнің ішіндегі басқа сөздермен тіркесіп, байланысқа түсу. Ғалым қаратпа сөз, қыстырма сөздердің сөйлем ішіндегі басқа сөздермен үйлеспейтінін ескертеді: «*Ауру, әрине, жақсы нәрсе емес. Әзірге, шүкір, жаман емеспіз*. Бұл сөйлемдерге қыстырылып айтылып тұрған қыстырма сөздер – «*әрине*» мен «*шүкір*» деген сөздер. Бұлар басқа сөздермен үйлесіп, байланыс



тұрған жоқ, құр қыстырылып тұр. Оны алып тастағанда, сөйлемге келе қоятын кемшілік жоқ. Мәселен, «*ауру жақсы нәрсе емес*» десек немесе «*әзір жаман емеспіз*» десек, «*әрине*» мен «*шүкір*» деген сөздердің орны үңірейіп, жоқтығы сезіліп тұрған жоқ.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ҮЙІР АЙТЫЛАТЫН СӨЗДЕР** – түйдегімен айтылатын тіркестер, күрделі сөздер. «Емле туралы» деген мақаласында А.Байтұрсынұлы *бұл ат ала байтал, ақ нар, құла құнан, тоз шелек, жез құман, күміс жүзік*, т.с.с. сөздерді мысалға келтіре отырып, үйір айтылатын сөздердің бұрыннан бөлек жазылып келгенін ескертеді. Ғалым үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылуы керектігін, қосынды сөзге айналғандары басқа қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылуы, сын есімнің шырай күшейткіштері де қосарлықпен (-) жазылуы керектігін айтады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«ҮЛЕС»** – «Қырық мысалдағы» отыз сегізінші өлең. 8 шумақ (34 тармақ). «Қосылып, бірнеше адам ортақтасып, Үй салып, ортасынан дүкен ашып...», әбден байып, бірақ ақшаларын бөлісе алмай қызыл кеңірдек болып отырғанда өрт болып, үйлері мал-мүлкімен қоса жанып кетеді. Ортақ табыстан алатын үлестеріне таласып, дауласып отырып, өртті өшіруге де мұршалары болмайды. Авторша айтқанда, бұл да: «Ойласақ, уақиға емес болмайтұғын, ... Қазіргі пайдасына бәрі жетік, Адам аз алдын қарап болжайтұғын». Өмірден алынған жанды мысалдың бірі. Тәрбиелік мәні бар.

*С.Ғұсманқызы*

**ҮЛКЕНДЕТЕ САНАУ** – сан есімді атаған кезде әуелі үлкенін, сонан соң кішісін айту. Ғалым есептік және реттік сан есімдер үлкендете саналатынын ескертіп: «он бір» дегенде әуелі үлкенін айтып, сонан соң кішісін айтамыз: ол «он»-ның «бір»-ден үлкендігінен, «Елу алты» дегенде әуелі «елуді» айтып, сонан соң «алтыны» айтамыз: ол «елу»-дің, «алты»-дан үлкендігінен; «он бірінші» дегенде, әуелі «онды» айтып, сонан соң «бірінші» дейміз, «жүз елуінші» дегенде «жүз»-ді «елу»-ден бұрын айтамыз», – дейді.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҮЛКЕН СЫЗЫҚША** «-» – бытыранды ұғымдарды шоғырландырып, жалқыландырып, теңелерлік нәрселерді теңеп, балап айтағын орындарда қойылатын белгі. Мәселен: *Көк шалғын, ағаш, бұлақ – бәрі жақсы. Қасқыр – аң. Ақымақты үйрету – өлгенді тірілту.*

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ҮМБЕТЕЙ** Байсейітұлы (т.-ө. ж.б.) – батыр. Орта жүз ішінде арғын тайпасынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлігімен көзге түскен. Ұлдары Жасыбай, Аранбай жоңғар-қазақ соғыстары кезінде қаза болған. Ал Жиенбай, Аралбай есімді ұлдары Пугачев бастаған шаруалар соғысы кезінде қазаға ұшырады. Ү-дің 7 әйелінен 29 ұлы болған. Олардан тараған ұрпақтар бүгінде «Үмбетей руы» деп аталады. Ү. – Байтұрсынұлының ұлы бабасы, ру атына айналған үлкен ата. Ұрпақтары қазіргі Қостанай обл. Наурызым ауд. мен Торғайдың Ақкөлі аралығын мекендеген. Ү. батыр Қостанай обл. Наурызым ауд. маңындағы Қарамайшы деген жерге жерленген. Ү-ден Аралбай, одан Таңбай, Таңбайдан Шошақ туған. Шошақтың баласы Байтұрсын, Байтұрсынның үшінші ұлы – Ахмет.

**ҮМБЕТЕЙ** – ру атауы. Шежіре бойынша, Арғын Бәйбіше, Тоқал болып екіге бөлінеді. Тоқал арғыннан тарайтын Момын ананың атына байланысты «Жеті Момын» атанған тармаққа қанжығалы, тобықты, бәсентиін, қарауыл, атығай, сарыжетім, шақшақ жатады. А.Байтұрсынұлы – шақшақтың тоғызыншы тармақтағы үрім-бұтағы.

**ҮМІТ ӨЛЕҢ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде қолданылған термин. Біреуден үміттенсе, бір нәрсе дәме ете айтқан ақындардың өлеңдері Ү. ө. тобына жатады. Мәселен, мақтау өлең, құттықтау өлең. Ертеректе мақтауды, құттықтауды, сұрауды кәсіп қылған, байды, биді, ханды, төрені, мырзаны мақтап, тойын бастап, баласын құттықтап, шапан кию, ат міну, әйтеуір нәрсе алу мақсатпен айтатын ақындар көп болған. Біреулері, мақтасам құр тастамас деп, тек мақтап қойған да, біреулері көрсете сұраған.

*М.Бақытқызы*

**ҮНДЕСТІК ЗАҢЫНА КЕЛМЕЙТІН ҚОСЫМШАЛАР** – сингармонизмге, үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар: «*гер*», «*дікі*», «*паз*». Бұл жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылатынын, ондай жұрнақпен жазылған сөздің түбірінде дәйекші болса оның дәйекшісі жұрнақ қосылғанда да қалмай жазылатынын (мыс.: «*түздікі*», «*түздікі*», «*сөзуар*», «*білімпаз*») ескертеді.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ҮНДІСТАН**, Үндістан Республикасы – Үнді мұхиты алабында, Оңтүстік Азияда орналасқан мемлекет. А.Байтұрсынұлы «МОПР хәм Күншығыс елдерінің еңбекшілері» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 5-т.) «... Кейбір мұсылман

елдерінде мұсылман: Қас, Марокке, Тарабүліс, Иран, Арабыстан, һәм Һүндістандар да азаттығы үшін басталған соғыстар кейінгі кезде ашық соғысқа айналып отыр. Һүндістанда Англия түрмелеріне һәм өздерінің байларына, ақсүйектеріне қарсы көтеріліс жасаған үшін күн сайын мыңдаған адам тұтқынға алынады, асылады» деп қарапайым еңбекшілердің зардап шегіп отырғанын мысалға келтірген. Одан әрі Һүндістан (Үндістан) тақырыбында бұл ел Англияның отары екені, мұндағы халықтың мезгіл-мезгіл үкіметке, әсіресе ағылшын төрелеріне қарсы еңбекшілер көтерілісі болып тұратыны баяндалады.

**ҮНДІСТАН ОЙПАТЫ**, қ. *Инд-Ганг ойпаты*.

**ҮНЕМДІ КӨСЕМШЕ** – созымды істі көрсету үшін қолданылатын көсемше. Мыс.: *айта бердім, айта бердің, айта берді*.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҮНЕМСІЗ КӨСЕМШЕ** – созымсыз, бірден бітетін істі көрсету үшін қолданылатын көсемше. Мыс.: *айтып бердім, айтып бердің, айтып берді*. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҮНІ АЗ ДЫБЫСТАР** – сөздің әуезді, құлаққа жағымды болып шығуына нұқсан келтіретін, үні кем дыбыстар. А.Байтұрсынұлы дауысты дыбыстар көп келген сөз үнді болатынын айта келіп, алайда «ұ», «ү», «і» дыбыстарының үні аз екенін ескертеді.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҮРМИЯ**, қ. *Урмия*.

**ҮСТЕУ** – сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, шәйіту үшін айтылатын сөздер. Мыс.: «әрең келдім», «тым жақсы», «он есе», «тап өзі», т.с.с. Кей сөздер басқа сөздердің мағынасын толықтыру үшін үстеу болады. Мәселен, «*әрең келдім*» дегенде, «*әрең*» демесе де келгендігім көрініп тұр, бірақ «*әренді*» қосқанда келгендіктің үстіне қалай келгендік көрініп тұр. «Осындай сөз үстіне қосылып, сөздің мағынасын толықтыратын сөздерді *үстеу сөз* дейміз. Үстеу бес түрлі: 1) нықтаулық, 2) сынаулық, 3) өлшеулік, 4) мезгілдік, 5) мекендік.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҮСТЕУСІМЕК** – үстеу сөздердің орнына жүретін сөз. Ғалым есімдер заттың сынын да, істің сынын да көрсететінін, сондықтан *жақсы кісі, жақсы еткен, жаман ат, жаман жүреді* деп те айтылатынын ескерте келіп, мұндай сөздер үстеу

сөздердің орнына жүргендіктен, үстеусімек болатынын айтады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҮСТЕУСІМЕКТЕНУ** – үстеу сөздердің орнына жүру.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ҮСТЕУШІ**, қ. *Үстеу*.

**ҮТІРЛІ НОҚАТ** « ; « – 1) сөйлемдердің ішкі жақындығы күшті болған жерде қойылатын; сөйлемдер арасында ондай жақындық ортақ ой айтылған немесе нәрсе тұтас суреттелген жерде келетін (*Шақшам жақсы еді, тау текенің мүйізінен істелген тақысы еді; қырық қой, төрт ай істеген кісінің ақысы еді; сексен маржан көзі бар еді, тоғыз ат болар деген істеген кісінің сөзі бар еді*); 2) сыйысулы құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары демеулермен құраспай, алды-алдына тұрған және де қастарында тұрлаусыз сөйлем мүшелері немесе бағыныңқы сөйлем болған орында қойылатын (*Берген ақыны азсынды, істеген кісі тау жайлаймын деп шаршамды алды; ой қыстаймын деп шотымды алды; қыр қыстаймын деп балтамды алды; қалауым деп бөрте атымды алды; жау шапты деп төрт атымды алды; қайқы келген қара атымды алды; тілік құлақ сары атымды алды*) белгі, орта тыныс. Қазіргі кезде ол атаулардың орнына *нүктелі үтір* тіркесі қолданылып жүр.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«ҮШ АРЫС»** – роман-эссе. Авторы – Қ.Сәрсекеев. А., «Жазушы» баспасынан 2005 ж. жарық көрген. Көл. 188 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап 3 бөлімнен («Алаштың Әлихан», «Ұлт ұстазы», «Қазақты оятқан қазақ») тұрады. Кітапта үш арыс – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы және М.Дулатов бейнелері жан-жақты, психол. сарында терең суреттелген.

*С.Арғынғазин*

**ҮШ БУЫНДЫ СӨЗ** – үш буыннан құралған, яғни үш дауыстысы бар сөз. «Тіл-құрал» атты еңбегінде А.Байтұрсынұлы үш буынды сөзге мысал ретінде *а-та-лар* сөзін келтіреді.

**«ҮШ МЕРГЕН»** – әңгіме. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Әңгімеде аңшы үш жігіттің құс атуға шыққан кездегі бастан кешкен оқиғалары жөнінде баяндалады.

## ҮШ НӘУБЕТТІ

Араларындағы бір қу жігіттің атып алған жалғыз үйректі қасындағы екі жолдасына татырмастан қулықпен және тапқырлықпен қалай жеп қойғандығы әңгімеленген. Шығарманың соңына «Алтынсары ұлының кітабынан» деп сілтеме берген. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*  
**«ҮШ НӘУБЕТТІ ЕГІС»** – «Оқу құралына» енген мәтін. А.Байтұрсынұлы «нәубетті егіс» деп егін егетін жерді бір жылы бос қалдырып, тынайтып отыру үрдісін айтқан. Сонда, егер диканшы жерін үш танапқа бөліп, екі танабына егін салып, бір танабын дем алғызып қоятын болса, мұны «үш нәубетті егіс» деп атаған. Екі нәубетті егісте жердің жылына жартысы бос жататын болған. «Бұл күнде жері құмақ, тез тозатын оңтүстік аудандарда қазақ жерді бір нәубетті егіс жылымен айдайды. Арқалық қара топырақты аудандарда егіс үш нәубетті» дейді автор. Шәкірттер диканшылық кәсіптің бастапқы түсінігін алады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*  
**ҮШТІКТІҢ ҚАУЛЫСЫ** – А.Байтұрсынұлының ісі бойынша іс қараған Алматы обл. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының үштігі шығарған шешім. Шешім 1937 ж. 25 қарашада шығарылған. Қаулыда Байтұрсынұлына Орта Азия басмашыларымен және түрік халықтық партияларымен байланыста болып, Кеңес өкіметі мен компартияға қарсы жасырын іс-әрекеттер жасаған

деп айып тағылған. Осыған орай үштік ғалымды ату жазасына кесу жөнінде шешім шығарған. Қаулының соңына 8-бөлім инспекторы Комаровтың қолы қойылған. Қаулы көшірмесі Алматы қнда орналасқан А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінде сақтаулы тұр.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 6-т.

*К.Қошым-Ноғай*  
**ҮШІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА** – Ресей империясында үшінші рет сайланған конституц.-монарх. бағыттағы заң шығарушы өкілетті орган. Ү. М. Д. 1907 жылдың 1 қарашасынан 1912 жылдың маусымына дейін жұмыс істеп, барлығы 5 сессия өткізген. 1907 ж. 3 маусымдағы патша жарлығына сәйкес Ү. М. Д-дағы ұлттық шет аймақтардың өкілдігі шұғыл қысқартылып, Орт. Азия, Якутия мен бірқатар басқа да ұлттық аймақтардың халқы сайлаудан толықтай шеттетілген. Ү. М. Д-ның жұмысына 442 депутат қатысқан. Мұсылман тобын 10 депутат құраған (Еділ-Жайық, Кавказ және Қырымнан сайланған түркі, мұсылман халқы өкілдері). Олар Қ.Тевкелев төрағалық еткен Мұсылман фракциясына біріккен. Ү. М. Д-ның мәжілістерінде С.Мақсұдов қазақ халқының мүддесін қорғап, патша өкіметінің қоныс аудару саясатын айыптады. Сондай-ақ ол патша өкіметінің панисламизмді сылтау етіп, түркі мұсылман халықтарының зиялы қауым өкілдерін қуғын-сүргінге ұшыратып жатқанын сынга алды. Қазақтарға, бүкіл Түркістан халықтарына Мемл. Думаға өкілдер сайлауға құқылы болуын талап етті. Б.Қаратаев, С.Лапин және Е.Оразаев бастаған бір топ қазақ зиялылары патша өкіметінің қоныс аудару саясатына тосқауыл қою мақсатында қазақтарды жерге орналастыру жөніндегі заң жобасын әзірлеп, оны Ү. М. Д-дағы Мұсылман фракциясы мен кадеттер фракциясы өкілдерінен құрылған топқа табыс етті. Алайда бұл жоба патша өкіметінің отаршылдық саясатын жақтайтын депутаттардың қарсылығына ұшырап, талқылануға тиіс мәселелердің қатарына енгізілмей қалды. Ү. М. Д. Мұсылман фракциясы мүшелерінің қарсылығына қарамастан, 1910 ж. 7 сәуірде «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ережеге» толықтыру енгізіліп, өлкедегі жергілікті халықтардың иелігінен өкіметке жер телімдерін кесіп алу құқығын бекітті. Ү. М. Д. 1912 ж. 9 маусымда мерзімінің аяқталуына орай өз қызметін тоқтатты. Бұдан кейін 4-Мемл. Думаға депутаттар сайлау науқаны жүргізілді.

*Әдеб.*: Туктаров Ф. Беренче, икинче, өз өченче Думадеги мәселелен депутатлар іәм аларның қилған эшларе. – Қазан, 1912; Смирнов А.Ф. Государственная Дума Российской империи, 1906–1917 гг. – М., 1998.

*С.Рустемов*





**ФАТОВ** Николай Николаевич [8.12.(26.)11.1887, Рязань губ. – ө.ж.б.] – орыс тілі және әдебиетінің магистрі (1918), проф. (1928). Мәскеу ун-тін (1910) бітірген. 1917–19 ж. Санкт-Петербург ун-тінің магистратурасында оқып, приват-доцент атағын алған. А.Байтұрсынұлымен бірге жұмыс істеген. Еңбек жолын 1-, 2-Мәскеу ун-ттерінде оқытушы болып бастаған. 1928–31 ж. Қазақ мемл. ун-тінде, 1931–36 ж. Ставропольск агропед. ин-тында, 1936 жылдан Марий пед. ин-тында оқытушы қызметтерін атқарды. Қазақ мемл. ун-тінде (қазіргі ҚазҰПУ) С.Асфендияров ректор болып тұрған кезде ун-те 3 проф. (Ф. және С.Асфендияров, А.Байтұрсынұлы), 4 доцент (Е.Мансұров, Х.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, В.Потапов), 2 ассистент (Б.Ровинский, В.Дубошин) 1-курс студенттеріне дәріс берген. 1946 жылдан өмірінің соңына дейін Черновцы қ-нда ғыл. және пед. қызметін жалғастырды. Негізгі ғыл. бағыты – 19 ғ-дағы орыс әдебиеті тарихы. 300-ден астам ғыл. еңбектің авторы. «Октябрь», «На литературном посту», «Молодая гвардия», «Печать и революция», «Красная новь», т.б. журналдарда мақалаларын жариялаған.

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.** А.Байтұрсынұлы – қазақ халқының көрнекті ағартушы-демократы, ақын, жазушы, белгілі қоғам қайраткері, ғалым, философ. Ол ұлттық мәдениет тарихына орыстың классик. және батыс поэзиясын қазақ тіліне жетік аударған аудармашы, жазушы, публицист, қазақ тіліндегі мерзімдік баспасөзді ұйымдастырушылардың бірі ретінде енді. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып, Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың шығарм. мұрасын, қазақ халқының сөз өнерінің, фольклорының мазмұнын, жанрын, түрлері мен маңызын мұқият терең зерттеді. Байтұрсынұлының ғыл.-теор. мұрасында өнер, шығарм. мен тілдің теор.-филос. мәселелерін шешу айрықша орын алады. Оның филос. ой толғамдары маркстік-лениндік ілімнің әсерінен тыс қалыптасты. Қазақ ойшылының тілтанымдық философиясы өзінің қай-

таланбас даралығымен, айқын түсінігімен, бір-келкі емес тоқтамдарымен айқындалады. Оның осы заманғы маңыздылығы мен тілтанудағы көптеген филос.-теор. мәселелері күні бүгінге дейін даулы болып саналып және ғыл. шешімнен алыстау қалып келе жатқандығын осы жағдаймен түсіндіруге болады. Ол өзінің филос. тұжырымын 1926 ж. жарық көрген идеялық бай мазмұнға ие «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде сұрыптап көрсете білді. Жарияланған ғыл. жүйесіне қарағанда, оның сол кезеңде кеңінен тараған филос. әдебиеттермен жақсы таныс болғандығы аңғарылады. Философия оны алдымен онсыз тілдің, сондай-ақ, әдеби үрдістің, қазақ әдебиетінің де даму заңдылықтарын айыру қиын болғандықтан да қызықтырғаны байқалады. Сондықтан тілтанымның, әдебиеттанудың, жалпы сөз өнерінің филос. проблемалары оны айрықша қызықтырған мәселелер болды. Ол сөз өнерін зерттеуге кірісерден бұрын табиғи орта мен адам әлемінің арасындағы қарым-қатынасты нақтылауды өзіне мақсат етіп қояды. Шәкерімнен ерекшелігі – ол рухты табиғаттан, ойды материядан, ойлауды тірліктен бөлектемейді және олардың байланысы, өзара қарым-қатынасы туралы ешқандай әңгіме қозғамайды. Бұл тоқтамның дұрыстығын оның табиғи орта мен адам әлемін логик.-филос. тұрғыдан салыстыруға ұмтылысымен алғаш танысқанда-ақ аңғаруға болады. Байтұрсынұлы қоршаған заттарды табиғат немесе адам жасағандықтан оларды айқын көреміз, сезінеміз, білеміз деп санайды. Орман, теңіз, өзендер, бұлақтар тағы басқаларының барлығы – табиғат заттары. Үй, кірпіш, бау-бақша, тағы басқаларының барлығы – адам еңбегінің арқасында жасалған заттар. Табиғат заттары – қоршаған орта, ал адамның жасаған заттары – оның субъективті түрде қолдан заттандыруы арқылы қалыптасқан жасанды әлемге жатады. Адам табиғатты туғызбайды, жасамайды, керісінше, табиғат адамды оның шығарм. еңбекке құлшынысын туғызу арқылы жүйелейді. Барлық заттар нақты максаттарға арналғанына қарамастан, тұрмыстық қажеттілікке ие болады немесе рухани қажеттілікті қанағаттандыруға арналған нәрселерді де адам табиғаттың материалдарынан жасайды. Тіпті саз өнері тәрізді нақты қолданымнан тыс нәрселердің өзі домбыраның үні, немесе, әншінің әсем дауысы, тағы да басқалар сияқты материалдық құрамға ие. Ғалым өнер шығарм.-ның 5 түрін нақтылайды. Бұлар: сәулет өнері, мүсін жасау, бейнелеу өнері, саз және сөз өнері. Бұлардың арасында өнердің театр, кино, эстрада және өзге де түрлері мен жанрларының жоқ екендігі байқалады. Бұл тегін құбылыс емес. Байтұрсынұлы өмір сүрген кезеңде өнер шығарм.-ның көптеген түрлері Еуропа мен Ресейде кеңінен таралғанымен, Қазақ-

## ФИЛОСОФИЯЛЫҚ

станда олар әлі де белгісіз болатын немесе қоғамның ауқатты шағын ортасына ғана таныс еді. Сондықтан қазақ зерттеушісінің назары Қазақстанда айтарлықтай жоғары дамыған өнердің осы негізгі 5 түріне ауғандығы түсінікті жағдай. Ғалым сөз өнеріне аса баса назар аударды. Бұл негізінен екі жағдайға байланысты орын алды деп есептеуге негіз бар. Біріншіден, сөз өнері қазақтың ұлттық мәдениетінде ұзақ кезеңнен бері басты қалыптасқан дәстүр болатын, екіншіден, ғалымның өзі де сөз өнерін өнердің кез келген түрі алмастыра алуы мүмкін емес, ал сөз өнерінің өзі кез келген өнердің қызметін жеңіл әрі толыққанды атқара алады деген тұжырымды ұстанды. Оның берік сеніміне орай, сөз өнері өзінің жарқын бейнелеу қуатын өнердің өзге түрлерінен өзіне сіңіре алады. Сондықтан ол сөз өнеріне негізгі, түбірлік мәнмен қарады. Біз қазір ақпаратты белгілер арқылы берудің: шартты белгі, Морзе әліппесі, жолдағы белгілер, тағы да басқа көптеген түрлері бар екендігін білеміз. Оның бәрінің де мәні және мағынасы, маңыздылығы сөз арқылы шешімін табады, айқындалады. Байтұрсынұлы да әдебиеттің өзге өнер түрлерімен қатынасын сараптай келе, осындай ойға келеді, сәулет, мүсін жасау, бейнелеу, саз өнері де бұл шартты белгіге ие болады және және өзінің мағынасын сөз арқылы емес, түр келбеті арқылы, кейде тіпті қарапайым адам түсіне бермейтін шартты ұғымдар арқылы бере алады. Өнердің шартты белгілерінен хабарсыз адамға оның көптеген түрлері мен жанрларының сырын ұғу қиын, ол оларды тек әсері арқылы ғана қабылдай алады. Ал оларға негіз болатын сөз өнері туралы әңгіме басқа. Сөз өнерінің көмегімен кез келген өнер түрінің мәнін ашып көрсетуге болады, ал бұлай істей алатын сөзден өзге өнер түрі жоқ. Байтұрсынұлы сөз өнері адамның санасы, қиялы, көңіл күйі тәрізді үш негізгі тармағына сүйенеді деген пікірін білдіреді. Алайда өзгелердің санасына өз ойыңды жеткізе білу үшін сөз өнерін жетік меңгере білу керек. А.С.Пушкин мен Л.Н.Толстой сияқты сөз өнерінің қас шеберлерінің өз мәтінін мұқият ұштай түсуді әдетке айналдырғандары сондықтан. Мәселен, Пушкин өзінің кейбір шығармаларын 13 рет қайтара өңдеп шыққан болса, Толстой баспаға берілген туындысының өзін бірнеше рет өңдейтін болған. Байтұрсынұлы осы мысалдарға арқа сүйей отырып, жазушының толғанысын, ойын толық жеткізе білгенде ғана көтеріледі деп сендіруге тырысады. Сөйлеу әркімнің қолынан келгенімен, өзінің ойын нақты жеткізу кімге де болса жеңіл түсе қоймайды. Бұл адамдардың айтайын деген ойын толық жеткізе алмағандықтан туады. Дыбыстық сөз бен оның жазбаша бейнеленуі ойдың жеткізілуін көрсетеді. Сондықтан ой мен сөз үндес болуы міндетті. Мұны бірін-бірі

ұғынғысы келген адамдар меңгеруі керек. Алайда, кейде олай бола бермейді. Кейбіреулер ұзақ әрі мәнсіз сөйлеулері мүмкін. Демек, сөз бен ой ұқсас емес, әрі, олардың мағынасы да, түрі де бір-бірінен тым алшақ. Сөз бен ойдың арасындағы байланысты түсініп, ашып көрсету – философтың абыройлы міндеті. Қазақ ойшылының көптеген зерттеу еңбектері ағылшын философы Ф.Бэконның шығармаларымен таныс болғандығын аңғартады. Осы Бэкон Байтұрсынұлынан көп бұрын шығармаларында «базар сүлделері» туралы алғаш рет мәселе көтеріп, сөз байланысын реттеу қажеттігін ғылым дамуының қиындықтарын жеңудің алғышарттарының бірі ретінде ұсынған болатын. Ал Байтұрсынұлы болса бұны кеңінен шешуді ойлап, ол алғаш рет мұны негіздеуге талпыныс жасап қана қоймай, тілдің қоғамдағы қызметін реттеуге тырысты. Ол тілдік философияны өнердің эстетик. маңызды ғылымы ретінде санап, оның қалыптасу заңдылығының жүйесін саралады. Бұған үлкен мән беріледі, өйткені, сөз эстетикасы адам қызметінің өзге түрлерінің іргетасы ретінде қалыптасып, адамның әлеум.-тұрмыстық әлемінің табиғи жағын игеру, немесе, көркем-бейнелеу арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан Байтұрсынұлы сөз өнері шығарманың заңдылықтарын игеру мен оны зерттеуге айрықша назар аударады және бұл заңдылықтардың шығарм. қызметтегі адамдардың күнделікті ережесіне айналуын талап етеді. Оның, сөз өнеріне арналған ғылымның басты мақсаты – тіл мен сөздің шындықты айқын бейнелей алатын жоғары өнер деп түсіндіруі сондықтан. Демек, сөз – адам ойының жазылған бейнесін дыбыс арқылы бере білу ғана емес, оның мағынасы мен мәні бар ұйымдасқан, эстетик. талапқа сай келетін бейнеленуі деп қабылдауға болады. Олай болмаса тіл мен сөз өзінің мағынасын және қызметін жоғалтып, ешкімге қажетсіз дүниеге айналады. Байтұрсынұлының бұл ойларында терең филос. мағына бар. Ол тіл дамуының адамзат өмірінде шешуші міндет атқара алатын тарихи-мәдени феномендер тәрізді аса күрделі үрдістерін камтып, осы саладағы маңызды рөлін ашып көрсете білді. Өзінің әдебиет саласындағы қызметінде сөз қолданудың ұтымды үлгілерін көрсетіп жүрген сөз өнерінің шеберліктерімен таныстыру арқылы адамзат мәдениетінің дамуын жеделдетуге болады деп санаған. Бұл тоқтамдарының дұрыстығын көрсету үшін ол сөздің көмегімен түрлі әңгімелер, әдеби шығармалар құрастыруды үй мен өзге де сәулет өнерінің туындыларын кірпіштерден құрастырумен салыстырады. Әдеби шығарма үшін сөз, ал үй салу үшін кірпіш қажет. Салынып жатқан үйдің бөлшегі кірпіш болса, әдеби шығарманың бөлшегі – сөз. Құрылыстың қандай болып салынатындығы кірпішке ғана байланысты

емес. Бұл сол кірпіштердің қалай қалануына қатынасты. Кірпіштің өзі сапалы болғанымен, одан салынған үйдің ештеңеге жарамауы әбден мүмкін. Бұл ғимараттың жобасы мен оны жобалаушының қиялдауына да байланысты жағдай. Сөз асыл болуы үшін үйлесімді болуы шарт. Мәселен, адам сұлулығы оның қос жанары, құлағы, қолы, аяғы, тағы да басқаларының симметриясымен нақтыланады. Сөзде де шамамен осындай жағдай бар. Егер құлаққа жағымсыз сөздер тіркесе, ол дұрыс естілмейді, қабылданбайды. Бұл сөзде дауысты және дауыссыз дыбыстардың кезектесіп, үндесіп келіп, эстетик. мағынаны теңесіп, бірлесіп беретіндігіне байланысты орын алады. Осыған байланысты, Байтұрсынұлы қазақ әліппесін жетілдіруді қолға алды. Оның ойы қарапайым болғандықтан, қолдануға жеңіл әрі ұтымды болатын. Қазақ сөзін үнемді, мағыналы, ең бастысы, эстетик. ету үшін ол қазақ әліппесінен артық дыбыстар мен әріптерді алып тастауды ұсынды. Қазақ тілі қазақ халқының тілдік мәдениетінің дамуына кең жол ашу, қазақ бұқарасына білім тарату мен сауат ашуды жеңілдету үшін 37 дыбыспен, оның таңбалануымен шектеле алады деген бұл ойын толық дәлелдеп шықты. Фонетика, морфологияны жеңілдетуге арналған бұл бастама ұтымды ой болатын. Адам өз ойын өзі үшін емес, өзге үшін айтады. Бізді қоршаған әлем ойдың қайнар көзі болып саналады. Табиғаттағы нәрселер әлемі – адам өмір сүретін әлем, ал адамның өзі жасаған заттар әлемі – оның өзінде өмір сүретін әлем. Осылайша, адамның ойының қайнар көзі күрделі ерекшелікке ие екендігін білеміз. Осыдан барып ойлау үрдісінің күрделі екендігі, сондай-ақ психол. және физиол. тетіктердің қыры мен сырының күрделі әлемі барлығын байқауға болады. Ол сондықтан да сөздің мағынасын ойды жеткізіп берудің негізгі түрі, іргетасы ретінде түсіндіруге тырысты. Олай болса, сөйлеушінің жеткізбек болған ойы оны тыңдаушыға немесе оқушыға түсінікті болуын ескеруі қажет деп санады. Ол үшін сөйлеуші немесе жазушы өзі қолданып отырған тілді жетік білуге міндетті. Әр сөздің мағынасы айқын болуы шарт. Бірақ бұл да аз. Сөз тіркесі немесе сөздің құрылымы іріктеліп, үйлесімді болып, айтатын ойдың мағынасына қатаң сәйкес келуі керек. Бұған жету үшін ең кем дегенде сөйлем құрауға машықтанған жөн. Филология тарихында да, қазіргі жағдайда да сөз бен ойдың қарым-қатынасының мәселесі үнемі ескеріледі. Философия ғылымының кейбір ағымдарын түйсіну, сезінудің ақиқаты дұрыс сөз қолданумен тығыз байланысты деген пікір айтады. Бұл семантикада, семиотикада, құрылымдық лингвистикада, философияның сараптамында, тағы басқаларда да айқын бейнеленген. Әрине, бұл кездейсоқ құбылыс емес. Шынында да сөз тіл,

сөйлеу болмаса, онда танымның ешқандай түрлері бола алмайтындығын түсіндіріп жатудың өзі артық. Байтұрсынұлы, әрине, тіл философиясының жоғарыдағы көптеген бағыттарымен таныс болғандығы анық. Бұған оның тіл теориясын шешуге арналған істерінде ұстанған басты бағыттары куә болғандай. Дегенмен, оның басты бағымдылығы еуропалық мектептердің өзінің қолына түспеген материалды қолдануында жатыр, бұл оның дағдыланған бағыттардан тыс жүйелерді қамтып, тың шешім қабылдауына мүмкіндік туғызды. Өзінің зерттеулерінің қорытындысында ғалым: «Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек» деген тоқтамға келеді. Ал қазақ ағартушыларының арасында Байтұрсынұлынан өзге ешкім мұндай тұрғыдан ой қорыта алмағандығын да ескергеніміз жөн.

*Әдеб.: Бейсембиев К. Идеино-политические течения в Казахстане конца XIX- начала XX века. А., 1961; Бейсембиев К. Очерки истории общественно-политической и философской мысли в Казахстане. А., 1976; Сегибзаев О. История казахской философии. А., 1998.*

*А.Ералина*

**ФОЛЬКЛОР** – Алаш қайраткерлері 20 ғ-дың алғашқы ширегінде ат салысқан сала. Қайраткерлердің көпшілігі халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға қатысқан, ал Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов Ф. туралы мақалалар, зерттеулер жазған. Айталық, Бөкейханның «Қара қыпшақ Қобыланды», С.Сәдуақасовтың «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу жырына алғы сөз» мақалаларында Ф-лық шығармалар жөнінде жазылса, Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» тұтас тарау, Р.Мәрсековтің «Қазақ әдебиеті жайынан», Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» зерттеулері – ұлттық фольклортанудағы алғашқы еңбектер. Өсіресе, «Әдебиет танытқыштың» «Ауыз әдебиет» тарауында және Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» еңбегінде қазақ Ф-ы мазмұндық және жанрлық жағынан кең көлемде алғаш рет жүйеленді. Досмұхамедов аталған еңбегін қазақ халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаған Ә.Диваевқа арнаса, Алаш қайраткерлері Ф-танушы Г.Н.Потанинді айрықша құрметтегені де мәлім. М.Дулатовтың «Айтыс», Мәрсековтің «Қазақ әдебиеті жайынан», С.Торайғыровтың «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбектерінде қазақ Ф-ының мәселелері сөз болады. М.Әуезовтің шығарм. өмірбаянында Ф-тану негізгі зерттеу бағыттарының біріне айналды. Оның «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ертегілер», «Айтыс», «Қырғыз халқының «Манас» қаһармандық эпосы» зерттеулері – қазақ Ф-тану ғылымындағы класс. еңбектер ката-

## ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ

рында. Алаш қайраткерлерінің осы саладағы еңбектерінде ауыз әдебиетінің халық өмірімен тікелей сабақтастығы, тарихилығы, ондағы кейіпкерлер, жанрлар жүйесі, көркемдігі және тағы басқа мәселелер туралы тұңғыш сыни, ғыл. тұжырымдар жасалды, сөйтіп, олар ұлттық Ф-тану ғылымының алғашқы туу, қалыптаса бастау кезеңін жасады. Сонымен бірге Алаш зиялылары халқымыздың бай мұрасы – Ф. нұсқаларын жинаумен де шұғылданды. Бұл ретте Бөкейханның, Байтұрсынұлының, Әуезовтің еңбектері айрықша. Бұларға қоса А.Затаевичке халық әндерін бергендердің ішінде Алаш зиялылары Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, Сәдуақасов, Қ.Сәтбаев, М.Мурзин, Б.Күлеев, М.Саматов, т.б. болды. Халық ауыз әдебиетінің әсерін Алаш қаламгерлерінің еңбектерінен де байқаймыз. Бұл ыңғайда Байтұрсынұлының, Ғ.Қараштың, Дулатовтың, С.Дөнен-таевтың өлеңдерін, Жұмабаевтың «Ертегі», «Оқжетпестің князсында», «Қорқыт» поэмаларын атауға болады. Ф-ға тән баяндау тәсілдері «Бақытсыз Жамал», «Кім жазықты», «Адасқандар», «Ақбілек», «Қартқожа» романдарынан, басқа да Алаш қаламгерлерінің көркем туындыларынан аңғарылады.

*Н.Жүсіп, С.Итегұлова*

**ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ.** Жанры жағынан да, түрі жағынан да мол фольклорлық мұрамызды зерделеу – ғалымның халқына жасаған құнды қызметінің бір қыры. Халықтың өткен өмірі мен салт-санасын, шығарм. қабілетін танытудағы фольклорлық туындылардың маңызын жете түсінген ғалым осы құндылықтарды жинауға ден қояды. Ел мүддесін көздеген қайраткер ағартушылық қызметі барысында фольклорлық үлгілерді тиімді пайдаланады. 21 жасынан фольклортану ғылымына белсенді қызығушылық танытып, ел ішіндегі даналық мұраларын жинақтай бастайды. Ғалымның фольклор нұсқаларын жинастыруына сол кездегі «Дала уалаяты» газетінде жарияланған Г.Н.Потаниннің «Қазақтардың арасындағы әр түрлі ойлап шығарылған өлең, қисса, ертегілерінің, әдет заңдарының керекті болғаны турасында» деген үндеу-мақаласы әсер етеді. Сондай-ақ Ш.Уалиханов, В.Радлов, А.Е.Алехторов, М.Ж.Көпеев, Ә.Диваевтардың осы саладағы зерттеулері де ғылымның осы саласы туралы тың пайымдаулар жасауына септігін тигізеді. Ғалым фольклор үлгілерін қағазға қалай түсіру керектігі, мәтіннің паспортын толтыру, сөзбе-сөз көшіру, мәтінді өзгертпеу сияқты жалпы фольклортанушы ғалымдарға қажетті негізгі ұстанымдарды қатаң сақтаған. 1923 ж. «Ер Сайын» кітабын Мәскеуден жариялап, тағылымды жырдың тарихта қалуына өз үлесін қосады. Өзі құрастырған оқу құралдарына ауыз әдебиеті мен фольклордың озық үлгілерін енгізіп, ғылымның

осы саласын белсенді насихаттауға атсалысқан ғалым оны жанрлық ерекшеліктеріне қарай сәтті топтастырады. Ағартушы жинаған мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары үлгілері, батырлар жыры мен айтыс нұсқалары өздерінің көркемдік құндылығымен ерекшеленеді. Ғалым өз оқу құралдарына әсіресе мақал-мәтелдерді көп пайдаланған. Мәселен, бір еңбекте 10 шақты мақал мен мәтелдер пайдаланса, екіншісінде 15 үлгіні қолданады. Ағартушы мақал-мәтелдерді тіл заңдылықтарын үйрету барысындағы пысықтау-жаттығулары үшін қажетті дайын материал ретінде де қолданған. Байтұрсынұлының мақал-мәтелдерді пайдалануы кездейсоқ емес. Ол мақал-мәтелдерді іштей іріктеп, жіктеп, саралай отырып, балалардың ой-санасына сінімді, таным-қабілетіне орай, жас ерекшеліктерін ескере отыра енгізген. Фольклортанушы ғалым халық даналығын бірде танымдық-ақпараттық мақсатта пайдаланса, бірде ағартушылық, үлгі-өнеге мақсатында қолданады. «Оқу – білім азығы, // білім-ырыс қазығы», «Білім жұғысады, // ырыс ауысады», «Білегі толық бірді жығады, // білімі толық мыңды жығады», «Ылғи қойшы болсаңдар, құл боларсың. // Ылғи тойшы болсаңдар, қу боларсың» деп ағартушылық-демократтық көзқарасын аңғартады. Ғалымның «Тіл-құрал» еңбегінде қолданылған мақал-мәтелдер шоғыры белгілі бір игерілген теор. тұжырымдарды менгерту, таныту, есте ұстату сияқты мақсаттарды дағдыландыру, пысықтау, ширату, сынау жаттығулары есебінде алынған. Мәселен, жеке сөз, сөйлем жасау мақсатында – 38; сөзді буынға бөлу, буынды жеке-жеке дыбыстарға бөлу ерекшеліктерін ашу үшін – 28; ажыратылған дыбыстарды пысықтауда – 100; ал, жазу қағидаларын есте ұстату үшін – 130 мақал-мәтелдер шоғыры келтірілген. Бұдан фольклортанушының мақал-мәтелдерді дайын тілдік материал көзі ретінде қолданғанын көреміз. Ғалым «Оқу құралы» кітабында баланың тілін ұстарту мақсатында жаңылтпаштарды да орынды пайдаланған. Оқулықтарда кездесетін жаңылтпаш үлгілері себепсіз, ретсіз, кездейсоқ т.б. беріле салмаған. Бәрінде де белгілі бір жүйелілік бар: біріншісі – оқулық ішіндегі жоғарыдағы дыбыстарды өткенде, сол тақырыпты жастарға аңдату, пысықтау, дағдыландыру, т.б. үшін алынса; екіншісі – жастар бойында кездесетін сол дыбыстарды айту тұсындағы кемшілік атауларды әрі жою, әрі тілді ұстарту мақсаттары көзделген. Ғалым өз оқу құралдары арқылы қазақ фольклорының жұмбақ, өтірік өлең, байырғы кара есепті өте ұтымды пайдаланған. Мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, т.б. үлгілерді келтіргенде, ғалым міндетті түрде сол үлгінің шекесіне «мақал», «жаңылтпаш», «жұмбақ» сияқты маңдайша тақырыпшаларды жеке-жеке

көрсетіп отырады. Бұдан ғалымның фольклордың ішкі жанрлық ерекшеліктерін ажырата білгенін танымыз. Және осы ішкі ерекшеліктерді оқулық жазуда орынды пайдаланған. Ғалымның «Сауат ашқыш» (Семей, 1926) оқулығына енген шешендік сөздің үлгілерінде фольклорлық туындыларды жинау барысында орындалуға тиісті талаптар түгел сақталған. Бұлардан басқа дайын дағдыландыру материал көзі ретінде ғалым фольклордың тұрмыс-салт жырларына жататын төрт түлік малға қатысты жырлардан да бір-бір шумақ; бөбекке арналған жырларынан да бір-бір шумақ өлең үлгісін, т.б. келтіреді. Олар көбіне сөйлемді ажыратуда, әр сөйлемнің ішінде неше сөз бар екенін жіктеу үшін де қолданылған. Фольклорға қатысты эпостық жыр үлгілерін де ғалым аттап кетпеген. Тек олар толық емес, үзінді күйінде, үзік-үзік 2-3 сөйлем үлгісінде келтірілген. Жыр үлгілерінің тармақтар арасы өзара ажыратылмай, қара сөз үлгісі бойынша бірінен соң бірі тізбектеліп берілген. Зерттеуші фольклорды жинақтаудың фольклортану ғылымы тарихында қалыптасқан дағдылы 3 түрін пайдаланып, фольклорлық мәтінді әрі ел аузынан жинаумен, әрі ескі қолжазбалардан алумен, әрі көне кітаптардың бетінен сүзүмен айналысады. Сондай-ақ фольклортану ғылымында белгілі болған экспедициялық әдісті де, стационарлық әдісті де қатар қолданған. Сонымен қатар өзі жазған оқулықтарға материал көзі ретінде алынған деректерде фольклордың барлық жанрларын (тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, батырлар жыры, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер, айтыс үлгілері т.б.) қамтып, академ. жинау әдісін де ұтымды пайдаланады. Бұдан фольклорист-ғалымның қазақ фольклорының тәрбиелік және тарихи маңызын түсінгендігін байқаймыз.

*Н.Жүсіпов, С.Итегұлова*

**ФРАНЦИЯ.** Француз Республикасы – Батыс Еуропада орналасқан мемлекет. А.Байтұрсынұлының «Бұ заманның соғысы» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 5-т.) соғысқа қатысқан патшалардың (елдердің) соғысқа жұмсайтын құралдары мен соғысу тәртібінің қандай екені, Германия Францияға бір тәулікте 1,5 млн әскер жібере алатыны айтылады. Сондай-ақ «Соғысушы патшалар» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 5-т.) соғысқа кірісіп тұрған 5 ұлы патша (ел) және үш кіші патшалардың қайсысының әскери күшінің басым екендігі айтылады. Онда Ресей, Англия және Франция (Пырантсия) үш ұлы патшаның (елдің) бір жақ екені және Ресейге жақын Францияның жер аумағы, халқының саны, ұлт құрамы, діні, ғылымы мен өнері дамыған ел екені, жайшылықта (бейбіт кезде) әскерінің саны 600 мың, ал соғыс кезінде 4,5 млн болатыны баяндалған.

**ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА.** А.Байтұрсынұлы оқулықтары негізінен мектеп оқушыларына арналып, 1912–29 жылдар аралығында бірнеше рет басылып шыққан. Ғалымның еңбектері мен кейінгі оқулықтардың өзара салыстыра отырып, көптеген категориялардың басқаша сипатталғанын, бірқатар өзгешеліктер барын көреміз. Оның сыры неде? Не себепті тілдік категорияларды сипаттауда елеулі алшақтықтар орын алған деген сұраққа жауап іздеу барысында ғалымның бірқатар мәселелерге функционалды тұрғыдан сипаттама бергенін байқаймыз. Акад. Р.Сыздық Байтұрсынұлы еңбектері негізінен мектеп оқушыларына арналуына байланысты тілінің мейлінше түсінікті болғанын жазады. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде қолға алынып, зерттеліп келе жатқан жаңа бағыттардың бірі функционалды грамматика мәселелері Байтұрсынұлы еңбектерінде де сөз болған. Ғалым функционалды грамматика атауын, оған қатысты терминдерді қолданбаса да, осы мәселенің нышандары еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, зерттеулер мағынадан тұлғаға қарай бағытталады. Яғни белгілі бір ұғымның қандай тұлғалар арқылы берілетіні тілдің бірнеше деңгейлері бойынша сараланады. Тілдегі грамматик. бірліктердің қолданылу ерекшелігіне мән беріліп, ұғымдардың өзара қатынасына, олардың тілдегі қолданысына басты назар аударылады. Байтұрсынұлы еңбектерінде және ғалымды өзіне ұстаз тұтқан Т.Шонаңұлы, Қ.Кемеңгеров, Қ.Жұбанов, т.с.с. ізбасарларының еңбектерінде функционалды грамматиканың нышандары байқалады. Мәселен, бүгінгі таңда етістіктің арнайы бір түрі ретінде қарастырылып жүрген салт, сабақты етістіктер Байтұрсынұлы еңбектерінде етіс құрамында сөз болады. Ғалым -т, -ңыз, -тыр, -р жұрнақтары салт етіске жалғанса, сабақты етіс жасалатынын айтады. Өзгелік етіс болу үшін тура толықтауышпен қатар жанама толықтауыштың да болуы шарт екенін ескертеді. Мәселен, қазіргі оқулықтарда сындыр, ағарт, жүргіз сияқты етістіктер тұлғасына, яғни -дыр, -ғыз, -т қосымшаларының жалғануына байланысты өзгелік етіс ретінде түсіндіріледі. Алайда өзгелік етістің өзіндік мәні бойынша, іс-әрекетті субъект өзі іске асырмай, басқа біреуге істетуі керек. Өзгелік етісті сөйлемде қимылды екі субъект іске асырады: біреуі – қимылды орындаушы да, екіншісі – қимылды тікелей орындаушы болады. Алайда бұл етістіктерде (ойыншықты сындырды, үйді ағартты, мәшинені жүргізді, т.с.с.) іс-әрекетті басқа біреу емес, тікелей субъектінің өзі атқарып тұр. Сол себепті мұндай етістіктер өзгелік етіс бола алмайды. Байтұрсынұлы -дыр, -ғыз, -т қосымшалары салт етіске қосылған жағдайда сабақты етіс жасалатынын көрсете келіп,



## ФУНКЦИОНАЛДЫ

сол қосымшалар сабақты етіске (түбір не туынды) жалғанса ғана басқа етіс түрлері жасалатынын айтады. Жоғарыда келтірілген етістіктерді өзгелік етіске айналдыру үшін оларға әрі қарай да сол тұлғалар үстемелене жалғануы керек. Сонда, Байтұрсынұлының түсіндіруінше, тура толықтауышты ғана қажет ететін, салт етістерге -т, -тыр, -кыз, -р жұрнақтары жалғану арқылы жасалған етіс түрі – сабақты етіс те, сабақты етіске (негізгі, туынды) аталған қосымшалар үстеліп, сөйлемде тура толықтауышпен қатар барыс септікті жанама толықтауыштың да болуын қажет еткен кезде ғана басқа етіс түріне (өзгелік, шағыс, беделді) ауысады (ғалым қазақ тіліндегі етістерді 10 түрге жіктейді). Байтұрсынұлы етіске тән өзіндік мағынасы мен арнаулы көрсеткіштері болуына байланысты, сабақты етісті етіс категориясына қосқан. Сонымен қатар сабақты етіспен оппозиция құрайтын, яғни тура толықтауышты (нысанды) керек етпейтін салт етісті де осы категория шеңберінде қарастырған. Өз тарапымыздан түркологияда талас тудырып жүрген негізгі етістің орнына Байтұрсынұлы жіктеуіндегі салт, сабақты етістерді етіс қатарында тануға әбден болады деп ойлаймыз. Кейінгі еңбектерде тұлғаға ғана мән беріліп, мағынасы назардан тыс қалса, Байтұрсынұлы оқулықтарында кейбір тұлғалардың өзіндік мағыналық ерекшеліктері болатыны ескеріліп, соған байланысты жіктеліп отырған. Осындай ұстаным ғалымның сан есімдерді топтастыруынан да анық байқалады. Бүгінгі таңдағы оқулықтарда сан есімнің алты түрі көрсетіліп жүр. Байтұрсынұлы еңбектерінде сан есімнің төрт түрі ғана берілген. Яғни қазіргі оқулықтардағы топтау сан есімдері мен болжалдық сан есімдер ғалымның еңбектерінде аталмайды. Топтау сан есімдері мен болжалды сан есімдер сан есімге көптік жалғауы, шығыс септік жалғауы, -лап/-леп тұлғаларының қосылуы арқылы жасалған. Алайда аталған тұлғалардан басқа сан есімге -нікі, -дағы/-дегі, -дай/-дей, -сыз/-сіз, -лы/-лі, -лық/-лік т.с.с. қосымшалар да жалғана береді. Ол қосымшалар жалғанған сөздің бәрін сан есімнің мағыналық топтарына қоса беруге болмайды. Кейінгі оқулықтарда топтау сан есімдері деп танылған екеулеп, он-оннан, бір-бірлеп т.с.с. сөздер үстеу ішінде де сөз болып, топтау (я саралау) үстеулері, кейде мөлшер үстеуі ретінде беріліп жүр. Яғни бір форма екі түрлі сөз табынын аясында қарастырылуда. Байтұрсынұлы еңбектерінде болжалды сан есім мен топтау сан есімдері сан есімнің мағыналық топтары ретінде қарастырылмай, сан есімнен жасалатын басқа сөз таптарының қатарында, үстеу ретінде, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері, нақты табиғаты берілген. Қазақ тіл білімінде өзіндік із қалдырған ғалым Ы.Маманов көлемдік-мекендік септіктер мен көптік форманың контекстке не-

месе түбір сөздің мағынасына байланысты әр түрлі мағыналық қырлары болатынын айта келіп, сан есімнің шығыс септік формасы (бестен, бесбестен) мен көптік формасын (ондар, жүздер) мағынаға бағындырып, сан есімнің лексика-семантик. топтарына жатқызудың ғыл. тұрғыдан негізсіз екендігін айтады. Функционалды грамматикада арнайы зерттеліп жүрген категориялардың бірі – белгілілік/белгісіздік функционалды-семантик. категориясы. Бүгінгі таңда бұл мәселе арнайы зерттеу нысанына алынып, Н.Сәрсенбаева, А.Тураева сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. Бұл атауды арнайы қолданбағанмен, Байтұрсынұлы есімдіктерді топтастырғанда, осы категорияның өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін толық түсінген. Қазіргі оқулықтарда есімдіктер жеті топқа жіктеліп жүр: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, болымсыздық, белгісіздік. Байтұрсынұлы еңбектерінде есімдіктің бес түрі ғана көрсетілген. Ғалымның есімдіктерді жіктеуінен белгілілік/белгісіздік категориясының өзіндік ерекшеліктерін терең түсінгені байқалады. Ол есімдіктерді жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтық деп жіктейді. Шектеу есімдігі деп аталатын есімдік түрін: «Нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, бәрі, барша» деп сипаттаса, танықтық есімдігі деп аталатын есімдік түрін: «Нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін, яки түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір. Бұлар жоқтықты көрсетеді; кей, қайсы-бір – бұлар түгел еместігін көрсетеді; біреу, әлдекім, әлдене – анық белгілі еместігін көрсетеді» деп айқындайды. Ғалымның шектеу есімдіктер деп отырғаны – белгілілік мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де, танықтық есімдік деп аталатын есімдіктер – белгісіздік мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер. Яғни Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді – шектеу есімдігі деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді танықтық есімдіктері деп біріктірген. Есімдіктерді топтастыруда ғалым мағыналық ренктеріне ерекше назар аударған. Яғни белгілілік/белгісіздік мәндерін негізге ала отырып, аталған есімдіктердің басын біріктірген. Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, белгілілік/белгісіздік функционалды-семантик. категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның, т.с.с. сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық белгілі/белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуына негізделеді. Бұл жерде Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтық есімдіктері белгілілік/ белгісіздік мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескер-

гені байқалады. Бұлайша жіктеу кейін Кемеңгерұлы еңбектерінде де (определительные, неопределительные местоимения) сабақтастық тапқанмен, кейінгі ғалымдардың еңбектерінде назардан тыс қалған. Ғалымдар арасында жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін тануда алшақтық болмағанмен, зерттеушілер анықтау, танықтау есімдіктерін ұсақ бөлшектерге жіктеуге тырысқан. Яғни, Байтұрсынұлы еңбектерінде танықтық есімдігі нәрсенің жоқтығын (ешкім, ештеңе, ешбір), анық белгілі еместігін, (әлдекім, әлдене) немесе түгел еместігін (кейбір, қайсыбір) білдіретін сөз болса, Жұбанов, С.Аманжолов, Ғ.Бегалиев, Н.Сауранбаев еңбектерінде нәрсенің жоқтығын білдіретін сөздер – болымсыздық есімдіктері, анық белгілі еместігін білдіретін сөздер – белгісіздік есімдіктері, түгел еместігін білдіретін сөздер – алау есімдіктері деп аталып, танықтау есімдігінің мағыналық ерекшеліктеріне сәйкес өз ішінен одан әрі таратыла түскен. Сол сияқты шектеу есімдіктері өздік есімдігі және жалпылау есімдігіне жіктелген. Бұлайша жіктеу бүгінгі таңдағы оқулықтарда да үрдіс алып келеді. Яғни, кейінгі оқулықтардағы есімдіктердің берілуі Аманжолов, Бегалиев, Сауранбаев жіктеулеріне ұқсас екенін көреміз. «Тәуелдеу есімдігі» деген атаудың орнына «өздік есімдігі» деп аталғаны болмаса, басқа өзгешелік жоқ. Бұл оқулықтардың бәрінде де белгісіздік есімдіктері бір, әр, әлде сөздерінің ұйтқы болуымен жасалатыны сөз болады. Байтұрсынұлы еңбектерінде әр сөзі шектеу есімдігі ретінде танылады. Дұрысында, кейбір, қайсыбір, әлдекім, әлдене т.с.с есімдіктермен салыстырғанда, әр есімдігімен бірігу арқылы жасалған әркім, әрбір, әрқайсысы сияқты есімдіктерде белгісіздік мәненен гөрі нақтылық, белгілілік басым. Бұл ерекшелік әр сөзінің зат есіммен тіркесуінен айқын көрінеді: әр адам, әр оқушы, әр ай, әр зат т.б. Ендеше, әр сөзінің қатысуымен жасалған есімдіктерді белгісіздік есімдігінің қатарына қосуға келмейтін тәртізді. Оның үстіне болымсыздық есімдігі ретінде танылып жүрген ешкім, ешқайсы, ешбір, ештеңе, т.с.с еш сөзінің ұйтқы болуы арқылы жасалған есімдіктердің орнына белгісіздік есімдіктері де жүре алады: ешкім келмеді – біреуі де келмеді, ешқайсысы да айтпады – бірі де айтпады, ештеңе қалмады – бірдеңе қалмады, т.б. Сол сияқты «мағыналары жағынан заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздерге» белгісіздік есімдіктерін де, болымсыздық есімдіктерін де жатқызуға болады. Ендеше, өзара мәндес, шектес мұндай есімдіктерді жіктемей-ақ, топтастырып берген дұрыс

сияқты. Сонымен қатар кейінгі грамматикаларда есімдіктің жеке бір түрі ретінде танылып жүрген өздік есімдігінің жекеше түрі әркім, әрқайсы, т.с.с. есімдіктермен, көпше түрі бәрі, барлығы, барша, т.б. жалпылау есімдіктерімен мәні жағынан да, түрленуі жағынан да сәйкес келетін сияқты. Өздік есімдіктеріне: «сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан бөліп алып көрсетуші сөздер» түрінде берілген анықтамаға жіктеу есімдіктері де, әркім, әрқайсысы, әрбір, т.б. есімдіктер де толық жауап бере алады. Ендеше, парадигма құрай алмайтын өздік есімдігін сыртқы тұлғасына байланысты жеке топ ретінде танығаннан гөрі өзара мағыналас есімдіктер қатарына қосқан жөн тәртізді. Мектеп оқулықтарында әлде, әр сөздерінің қатысуымен жасалған әрқалай, әрқашан, әлденеше, әлдеқайда, әлдеқалай, әлдеқашан, т.с.с. сөздер әрі есімдік, әрі үстеу қатарында аталып, бір сөз екі түрлі категория аясында сөз болып келеді. Яғни, Байтұрсынұлының еңбектеріндегі жіктеулердің өзіндік уәжділігі бар. Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде 20 ғ-дың 2-жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысаны болды. Алайда Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни 20 ғ-дың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. Ғалым функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантик. категория, өріс, семантик. инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. Байтұрсынұлы тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, 20 ғ-дың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, қуғын-сүргін зардабының кесірінен ғылым дамуының қаншалықты тежелгені де танытса керек. *Әдеб.:* Сыздық Р. Термин жасау – А.Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – А.: Ғылым, 1999. – 250–262 б.; Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. – Семей, 1927. – 27–32 б.; Исаев С., Назарғалиева К., Дәудетбекова Ж. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық А., Атамұра, 2006 122-б.; Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі (лекциялардың текстері). – А., – 90 б.; Кемеңгеров Қ. Оқу құралы. I кітап – Ташкент, 1928. – 134 б.; II кітап – Қызылорда, 1929. – 194 б.; Ысқақов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – А.: Мектеп, – 408 б.; Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – А.: Рауан, 1998. – 304 б.

О.Жұбаева



**«ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ ҚО-РЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ РЕСПУБЛИКА ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН КӨЗ-ҚАРАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ДЕРЕК КӨЗІ (1920–1936 ж.)»** – ғыл.-зерт. еңбек, А.Мұсағалиеваның канд. дисс.-сы. Қазақ ұлттық ун-тінде 2000 ж. қорғалған. Ғыл. жетекшілері – М.Қойгелдиев, Т.Қаратаев. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан («Халық Ағарту Комиссариатының құжаттары республика зиялылары қызметін зерттеудегі дерек көзі», «Халық Ағарту Комиссариаты қорындағы зиялылардың көзқарасына қатысты құжаттар», «Халық Ағарту Комиссариаты қызметіне қатысты мерзімді басылым деректері»), қорытындыдан және пайдаланылған деректер тізімінен тұрады. Диссертац. жұмыста мұрағат құжаттарының негізінде Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссариатындағы Қазақ зиялыларының қызметінің тарихы жасалып, олардың халық ағарту саласындағы рөлі ашып көрсетілген. Қазақ зиялыларының тоталитарлық жүйе талқысына ұшырауы деректер көзі арқылы айқындалып, мерзімді басылым материалдары арқылы қазақ зиялыларының ағарту саласындағы көзқарастары мен сiңiрген еңбектері анықталған. Еңбекте алғашқы Қазақ АКСР Халық Ағарту Комиссары, Академ. орталықтың төрағасы болған А.Байтұрсынұлының халық ағарту саласы мен мәдениетті дамытудағы зор еңбегі, қазақ тіліндегі оқулықтар шығарудағы бас-тамашылық рөлі баса көтерілген. Көлемі 181 бет.

*С.Арғынғазин*

**ХАНТӘПІРІ** – Орг. Тянь-Шаньның шығыс бөлігіндегі шың, Қазақстанның ең биік жері. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың ірі тау жүйелері мен биік шыңдарын да айтқан. Сондай биік шыңның бірі, еліміздің ең биік Х. шыңына да тоқталған.

**ХАРИФ** – дыбыстың таңбасы. Жазған сөзде пәлен харіф бар, айтқан сөз ішінде пәлен дыбыс бар дейміз. Дыбыс хәм харіф – екеуі екі басқа нәрсе. Біріне бірін қатыстырып, шатастырмасқа тиіс. Дыбыс – естілетін, көрінбейтін нәрсе, харіф –

көрінетін, естілмейтін нәрсе. Дыбыстар дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні сияқты харіфтер де дауысты, дауыссыз болып бөлінеді.  
*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ХИКАЯТ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ең алғаш қолданылған термин. А.Байтұрсынұлы діндар дәуірдің өнеге үшін шығарған әңгімелерін Х. деп атаған. Негізі, Х-тың тақырыбы дін ғана емес, оның тақырыптық аясы өте кең болып келеді. Ғалым молда Мұсаның дін жөнінде айтылған Х-ын мысалға келтірген.

*Ә.Қожахмет*

**ХИУА**, Қ и у а – Өзбекстан Республикасындағы қала. А.Байтұрсынұлы «Ақтабан шұбырынды» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) қазақ тарихындағы елдің басына түскен қаралы күндер, яғни 1723 жылғы зобалаң айтылады. Жоңғардың ызғары мен екпініне шыдай алмаған ел шұбырып, басы ауған жаққа қаша бастағаны, ақырында жоңғар әскері елде қаптап кеткенде, жұрт тегіс дерлік Бұхар мен Хиуаға ауа бастағаны баяндалады. Т.Шонанұлының «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» атты еңбегінде (6 томдық шығ. жин. 6-т.) «Сорымыздың зоры ана тілімізде оқып, білім алудың тұтқасы дүмше молдалардың, қашқындар мен Хиуадан, Қарақалпақтан, Бұхарадан, Түркістаннан, Қазаннан... ақ шалмадан басқа түгі жоқ келімсек оқымыстылардың, шәкірт тәрбиелеудің қарапайым жөн-жосығын да білмейтіндердің тізгінінде кеткен еді» деп Ахаңның өкініш білдіргенін айтады.

*Қ.Ахметов*

**ХЛУДОВ** Николай Гаврилович (7.12.1850, Орел губ. – 23.6.1935, Алматы қ.) – суретші. 1873–75 ж. Одесса сурет және мүсін мектебінде оқыған. 1876 ж. Санкт-Петербургте суретші Голинскийдің шеберханасында жұмыс істеді. 1877 ж. арнайы шақыртумен Верный (Алматы) қ-на суретші Х.Глушковпен бірге келіп, жергілікті халықтардың этногр. көркемсуретті альбомын құрастырды. Жергілікті халықтың тұрмыс-салтын тыңғылықты біліп зерттеу үшін ол Жетісу және Сырдария обл-ның жерлерін межелу мекемесіне орналасты. Іссапармен осы өлкенің көптеген жерлерінде болған Х. жүрген жерлерінен сан алуан этюдтер, сызбалар, суреттер салып, кейін соның негізінде этногр.-өлкетанушылық маңызы зор және көркемдік орындалу шеберлігі жағынан әр қилі картиналар сериясын жасады. Қазақстанда өмірінің соңына дейін тұрған Х. көптеген ғыл. қоғамдардың мүшесі, Қазақстанды зерттеу қоғамының толық мүшесі болды. 1929 ж. Алматыда Х. картиналарының көрмесі өтті. Қазақстан Орг.

мұражайының кеңесі суретші шығармаларын өз қорына алу туралы мәселе көтеріп, осыған орай Х. картиналарының көркемдік құндылығын анықтау мақсатымен суреттерді А.Байтұрсынұлына сарапшылыққа берді. Байтұрсынұлы Х-тың 18 картинасын саралай отырып, олардың көпшілігінің қазақы тұрмысты шынайы бейнелемей, алшақ жатқандығын ашып, сын-ескертпелерін жазды. Дегенмен, Х. картиналарында казак тұрмысын өзі көрген қалпында бейнелеген, оны тануға ұмтылғанын және жергілікті тұрғындарға деген шынайы жылылық сезімі «Тайынша мінген бала», «Жасауыл», «Қобыз тыңдап отырған қазақтар» (1904), «Қойшы бала», «Тянь-Шань баурайындағы шөп шабу», т.с.с. шығармаларында айқын байқалады. Х. шығармаларының басым бөлігі ҚР Мемл. Орт. мұражайы қорында сақтаулы. 20 ғ-дың 20-жылдары ол Верный қ-нда жас суретшілерді оқытып үйрететін шеберхана-студия ұйымдастырды; осы студияда көптеген суретшілер (Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, С.А. Чуйков, Г.А. Брылов, А.Н. Бортников, т.б.) тәлім алды.

*М.Әбдешев*



**ЧЕХОВ** Антон Павлович (29.1.1860, Таганрог – 15.7.1904, Германия; Мәскеуде жерленген) – орыс жазушысы. Таганрог гимназиясын (1879), Мәскеу ун-тінің мед. ф-тін бітірген (1884). «Ресейдегі дәрігерлік жұмыс» (1884–85) атты еңбегін жазды. Әдеби қызметін 19 ғ-дың 70-жылдарының соңынан бастап көптеген шығармаларын «Антоша Чехонте» деген лақап атпен жариялады.



*А.П.Чехов*

Тұңғыш әңгімелер жинағы – «Мельпоменаның хикаялары» 1884 ж. жарық көрді. 1898 ж. Ялтаға қоныс аударды. «Қасірет» (1885), «Ванька» (1886), «Сағыныш» (1886), «Бақыт» (1887), «Дала» (1888), т.б. новеллалары мен повестері, 19 ғ-дың 90-жылдары жазған «Көңілсіз оқиға», 1889; «Жекпе-жек», 1891; «Құндақтаулы адам», 1897, «Ионыч», 1898, т.б. новеллалары бар. Ч. новелла жанрының айтулы шебері болумен бірге драматургия саласында да зор еңбек етті. «Шағала» пьесасы (1896), «Ваня ағай» (1897), «Апалы-сінділі үшеу» (1900) драмалары өмірдің қайшылығы мен шиеленістеріне құрылған. «Шие бағы» пьесасында (1903–04) Ресей тағдырының қиын кезеңін үлкен суреткерлікпен бейнеледі. Ч. шығармалары дүние жүзінің көптеген тіліне, оның ішінде қазақ тіліне де бірнеше мәрте аударылған. А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» (1926–27) кітабында Ч-тың «Камелеун» («Хамелеон») атты әңгімесі берілген.

## ЧОБАН

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.

**ЧОБАН-ЗАДЕ** Бекир Вагап оглы [9(21).1.1893, Ресей, Қырым, Аргын дер. – 18.4.1938] кеңес ақыны, түркітанушы-ғалым, филол. ғыл. докт. (1920). 1909–14 ж. Стамбұлдағы «Султани» лицейінде оқыған. 1918 ж. Будапешт ун-тін бітірген. 1919–20 ж. Будапешт және Лозанн ун-ттерінде проф. болған. 1920 ж. туған жеріне оралып, 1921 жылдан Қырым ОАК-нің мүшесі, Қырым (1922 жылдан), Әзербайжан (1924 жылдан) ун-ттерінің проф. болды. 1935 жылдан КСРО ҒА Әзербайжан бөлімшесінің, Париж лингвист. қоғамының мүшесі. Қырым татарлары мен басқа да түркі халықтарының фольклоры мен әдебиет тарихы бойынша көптеген еңбектердің, өлеңдер мен поэмалардың авторы. Латын әліпбиі негізінде түрік әліпбиін жасауға қатысқан. Ч.-З. 1926 ж. Баку

қ-нда өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезіне қатысып, баяндама жасаған. Ол туралы А.Байтұрсынұлы өзінің «Түрікшелер құрылтайы» мақаласында жазған.

Әдеб.: [www/slovar.wikireading.ru](http://www/slovar.wikireading.ru) (қаралған күні: 23.10.1917).

**«Ч» ХАРФИ** – басқа түркілерден тым алыстамау үшін алынған қаріп. Қазақша *ақша, неше, жетінші, үш*, т.с.с. сөздер «ш» дыбысымен айтылса да, оны таңбалау үшін «ш» харфін алмай, «ч» харфін алынған. Ол қаріпті алғаннан қазақ тіліне келерлік еш кемшілік жоқ екенін ескерте келіп, А.Байтұрсынұлы басқа түркілерден тым алыс кетпеуді мақсат еткенін айтады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*





**ШАҒЫС ЕТІС** – ортақ істі істеуге себепкер болатын сөз. Мыс.: *балаларды күрестірдім, елді табыстырдым, екі жағын соғыстырдым.* «Күрестірдім» дегенде күресулеріне мен себепкер болғанмын; «табыстырдым» дегенде табысуларына мен себепкер болғанмын; «соғыстырдым» дегенде соғысуларына мен себепкер болғанмын. «Күрестірдім», «табыстырдым», «соғыстырдым» деген сияқты сөздерді *шағыс етіс* дейміз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923. **«ША» (ШЕ) ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол заттың кішкенеелігін көрсететін қосымша. Мәселен: «құман» деген сөзге «ша» жұрнағын жалғап, «құманша» деп құманның кішкенеелігін көрсетеміз. «Көрпе» деген сөзге «ше» жұрнағын жалғап, «көрпеше» деп, көрпенің кішкенеелігін көрсетеміз т.т.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«ШАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЗІРЛЕНУІ»** – «Оқу құралына» енген мәтін. Шай ағашын өсіру, баптау, күту тәсілдері әңгімеленген. Шай ішуді ұнататын қазақ оқырманы үшін бұл деректердің тартымдылығы бар. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**«ШАЙҚ САҒДИДАН»** – насихат өлең. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін I-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. 7 және 8 буынды жыр ұйқасына құрылған шығарма 16 жолдан тұрады. Өлең соңына қайдан алынғандығын «Асау тұлпар» деп көрсетеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**«ШАҚЗАМАН МЫРЗАҒА»** – мақала. «Айқап» журналының 1912 жылғы 10- (229–233-беттер), 11-санында (251–254-беттер) жарық көрген. Мақаланың толық мәтіні «Тіл тағлымы» (А., 1992,

387–395-беттер), «Айқап» энциклопедиясына (А., 1995. 123–126-беттер), 6 томдық шығ. жин-ның 4-томына (А., 2013) енгізілген. Қаламгердің бұл жазбасы «Айқап» журналының сол жылғы 6-, 7-сандарында жарық көрген Ш.Жияшевтің «Бірге қозғалайық» атты мақаласына жауап ретінде жазылған. Жияшев қазақ тілінде шыққан кітаптар жайына тоқтала отырып, А.Байтұрсынұлының «Жазу тәртібі» мақаласына сын айтады. Жауап жазбада бұл сынның негізсіз, бұрыс екеніне тоқтала келіп, «Оқу құралын сайлау оңай емес, сіз болып, біз болып өнерімізді осыған жұмсап, осы істі аяқтандыралық. 28 қаріппен жазу жазып, бір-бірімізді түсініп жүрміз ғой деген сөз қазақтың балаңды оқыт дегенде «оқымай да өлмей күн көріп жүрміз ғой» деп айтатын жауабы сықылды» деп өзінің әліпби түзгендегі, түрленгендегі мақсатын: «Тарихтың да негізгі мағынасы жақсыдан жақсыны іздеу емес пе? Жазу түзету бірімізге емес, бәрімізге керек нәрсе ғой» деп қорытады.

*Р.Имаханбет*

**ШАҚЫРЫС ОДАҒАЙ** – адамды шақырғанда (*Әй! Атман!, Алаш!*), малды шақырғанда (түйеге *көс-көс!* жылқыға: *құру-құру!* сиырға: *ау-қау!* қойға: *нұшайт-нұшау!* ешкіге: *шөре-шөре-уау!* итке: *кә-кә! көйт-көйт!* құсқа: *қайт-кел!* мысыққа: *мыш-мыш!*) т.с.с. қолданылатын сөздер.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ШАЛА ДАУЫСТЫЛАРЫ** (ауыз шығысты босаң жолды, қысаң жолды). А.Байтұрсынұлының «шала» дауыстылар деп отырғаны – дауыс желбезегінің мол (бірақ толық емес) тербелісінен туындаған дауыссыздар. Дауыс мол қатысады, бірақ нағыз дауыстылар жасалымындағыдай толық болмайды. «Шала» (үнді) дауыссыздарды айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, сонда «шала» дауыстылар, қазіргі атаулармен айтқанда, тербелімді болып шығады. Үнді дауыссыздардың дауысты тобына қосылып отырғандығы сондықтан. Шала дауыстылар немесе жарты дауыстылар деп үнді дыбыстардың р, л, у, й тобын айтады. Дауыссыздардың жасалымында үннің басым екенін ескергені байқалады және сөйлеу мүшелерінің арасынан, дауыстыларға тән сықылды, мол саңылау калып, ауаның еркін шығуы арқылы айтылғаны тағы бар. Ал босаң жолды дегенде ауа кедергісіз шығып отырған у, й дауыссыздары, ал р, л дауыссыздарын айтқанда сөйлеу мүшелерінің тоғыса түсетіні ескерілген.

*Ә.Жүнісбек*

**«ШАЛ МЕН АЖАЛ»** – «Қырық мысалдағы» он алтыншы өлең. 8 шумақ (32 тармақ). Кедейліктен шаршаған кәрі шал орманнан отын аркалап

## ШАЛ

келе жатып: «Бұл маған не қылғаның, Жаратқаным?!... Не жаздым құтқармастай бұл бейнеттен?... Келмейді маған Ажал, қайда кеткен?» деп налиды. Сол кезде «Неге шақырдың?» деп Ажал жетіп келеді. Мұны көрген шал сасқанынан: «Отынымды аркалатып жіберші!» дейді. Қорытынды: «Сау жер жоқ денесінде ауру да, Өлімнен тірілігін көреді артық. Кейбіреу көтере алмай жүрсе күнін, Кейіген сағатында тілейді өлім. Болады надандықпен зор күнәһар, Ісінің Құдіреттің білмей жөнін». Қиналғанда ажал шақыру – қазақта да бар әдет. Сондықтан бұл мысал да ұлттық танымымызға жат емес.

**«ШАЛ МЕН ЖҰМЫСКЕР»** – «Қырық мысалдағы» он тоғызыншы өлең. 9 шумақ (36 тармақ). Орманда малайымен бірге пішен шауып, кешке үйіне қайтып келе жатқан шалдың алдынан аю шығып, шалды жығып, жеуге айналады. Шал малайына: «Құтқар!» деп жалынады. Малай айырымен аюды шанышқылап жүріп, Шалды құтқарады. Ажалдың аузынан қалған шал малайға алғыс айту орнына, аюдың терісін іске алғысыз еттің деп ұрысады. Бұдан оқырманның ұғатыны: «Қайырын наданға еткен – шашқан мүлкің, Болады рәсуа құр далаға... Жақсылық етсең де бір, етпесең де, Жақпайсың кей ақымақ надандарға». Шәкірттің өздігінен ой түйіне арналған.

*С.Ғұсманқызы*

**ШАҢБАЙ** Тұрдықұл Қасенұлы (15.1.1959 ж. т.) – филол. ғыл. канд. (1993), проф. (2014). Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының акад. (2014), ҚР Мәдениет қайраткері (2008), ҚР Білім беру ісінің үздігі (2009). Семей мемл. пед. ун-тін (1984), ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер



*Т.Шаңбай*

ин-тының аспирантурасын (1993), Қазақ инновация, гуманитар.-заң ун-тін (2014) бітірген. Сол интта ғыл., аға ғыл. қызметкер, ҚазҰУ-да аға оқытушы, ҚР Мемл. аттестік. к-тінде ғалым-хатшының орынбасары, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында бөлім меңгерушісі, орт. жетекшісі (2002), 2002 жылдан Семей мемл. пед. ун-тінде кафедра меңгерушісі әрі ректордың ғыл. кеңесшісі, Шәкерімтану ғыл.-зерт. орт-ның ди-

ректоры, «Шәкерім» респ. ғыл.-пед. журналы бас редакторының орынбасары, 2005 жылдан Қазақ қаржы-экон. ин-тындағы Қаракерей Қабанбай атынд. ғыл.-зерт. орт-ның директоры қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта Қазақ инновация. гуманитар.-заң ун-ті жанындағы Алаштану ғыл.-зерт. орт-ның директоры әрі ректордың кеңесшісі. Ғыл.-зерт. еңбектері негізінен әдебиет теориясы, өнер философиясы және ғылым методологиясы салаларын қамтиды. 1000-нан астам ғыл.-зерт. мақаланың, монография, оқулық, атлас, энциклопедиялардың авторы. 20 ғыл.-энциклопед. басылымды, энциклопедияшы мамандар Т.Жұмаханов, Б.Жұматаевпен бірге 16 томдық балалар энциклопедиясының жобасын жасап, оның екі томын шығаруға қатысқан. Халықар. «Түркістан», т.б. энциклопедияларын, «Восточная Алашорда», «Алаштану мәселелері» және «Халық тарих толқынында» ғыл. сериялық жинақтарын, «Күншығыс» атласын әзірлеуге басшылық етті. Ш. өзінің еңбектерінде Байтұрсынұлы шығармаларының поэтикасы мен стилін жан-жақты зерттеген. Сондай-ақ оның ғыл. еңбектерінің теор. және методол. ғыл. қуатын талдаған. А.Байтұрсынұлы атынд. «Саңлақ автор», «Жамбыл Жабаев» (2016), «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2016), т.б. медальдарымен, ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ш. Ахмет Байтұрсынұлының шығарм-нан «Мысал жанрының стилі мен тілі (Ахмет Байтұрсынұлы 40 мысал)» атты тақырыпта канд. дисс. қорғаған.

*Е.Тілешов*

**«ШАҢ» (ШЕН) ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол зат екінші затта көрнеу екендігін көрсететін қосымша. Мәселен: «шапан» деген сөзге «шаң» жұрнағын жалғатып, «шапанишаң» дейміз кісі үстінде шапан көрнеу екендігін көрсету үшін; «бөрік» деген сөзге «шең» жұрнағын жалғап, «бөрікшең» дейміз, кісі басында бөрік көрнеу екендігін көрсету үшін. «Шаң» (шен) жұрнақ басқа мағынада да жүреді, мәселен, «ашу» деген сөзге «шаң» жұрнағын жалғап, «ашушаң» дейміз, ашуы оңай пайда болғандығын көрсету үшін; «тер» деген сөзге «шең» жұрнағын жалғап, «тершең» дейміз, тері тез шығатындығын көрсету үшін. Ғалым «шаң» (шен) жұрнағы зат есімге жалғанып, сол заттың оңай пайда болғанын да көрсететінін ескертеді.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Ш тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ШАРТТЫ БАҒЫНЫҢҚЫ** – істің шартын айтып тұратын бағыныңқы сөйлем. Мыс.: *Көсеу ұзын болса, қол күймейді.* Мұнда басыңқы сөйлем – «қол күймейді», бағыныңқы сөйлем – «көсеу ұзын болса». Қалай етсе (не етсе) қол күймейді? – *көсеу ұзын болса*; қол күймеудің шарты –

көсеу ұзын болуында. Ішінде шарты болғандықтан, бағыныңқы сөйлемдер *шартты бағыныңқы* деп аталады. Шартты бағыныңқының белгісі сұрауында емес, ішінде шарт болуында. Сондықтан шартты бағыныңқыны сұраумен емес, шарт барлығынан табамыз. Мыс.: *«Тоқпағы зор болса, киіз қазық жерге кірер»*. Мұнда киіз қазық жерге кіруіне тоқпағы зор болу шарт (шарт тоқпақтың зор болуында). Сондықтан «тоқпақ зор болса» деген сөйлем шартты бағыныңқы болады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ШАРТТЫ ОРАЛЫМ** – өрнекті сөйлемнің баяншы мүшесінде болжал себеп иә шарт, тақырыпшы мүшесінде болжал салдар болған оралым. Мыс.: *Намаздыгер өткенше, Намазшамға жеткенше, Қазан ағаш бағысын Түсірмесем жүзіңе, Көрсетпесем көзіңе Жан серігің Бурылды Сол жерде шал, Құдайа!* (Қобыланды). *Бұ дүниеде көрмесең, Құртқамбысың демесең Қазақ жетіп бұ жолда, Хаққа түзеп бетіңді, Арыстаным жөнелсең, Жұбайым бар деп еске алсаң, Сұлтаным, сонда мені ізде Пайғамбардың туында* (Қобыланды батыр).

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ШАРТТЫ РАЙ** – істің істелуіне шарт көрсететін сөз. Мыс., «Берсең аларсың, ексең орасың». Алуға беру шарттығын, оруға егу шарттығын «берсең», «ексең» деген сөздер көрсетіп тұр. Сөздің осындай түрі *шартты рай* болады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**«ШАРУА ЖАЙЫНАН»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 31 шілдедегі 24-санында жарық көрген. «Ақ жол» жинағына (А., 1991), 6 томдық шығ. жин-ның 5-томына (А., 2013) енгізілген. Мақалада автор: «Аз жерді аздырмай, көп жер орнына тұтыну үшін асыл малға керек білімнен де көбірек білім қажет. Бірақ сол білімнің бәрі де білгісі келген адамдарға табылатын білім. Білім үшін, әуелі, керек қылу шарт, екінші, жаһат ету шарт. Бұл жоғарыда айтылған сөз қазақтың бәрі үшін, әсіресе арасындағы қала боламын деп, қамытқа басын сұғып қалып, қайта шығара алмай, абдырап тұрғандар үшін» деп шаруаның ынғайын қалай келтіру керектігі жөнінде ақыл-кеңес береді.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ШӘКЕРІМ** Құдайбердіұлы (24.7.1858, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Қарауыл а. –

2.10.1931, сонда) – қазақ ақыны, ойшыл, композитор, аудармашы, Алаш қайраткері. Әкесінен жастай жетім қалып, немере ағасы Абай Құнанбаевтың қолында тәрбиеленді. Бұл жағдай Ш-нің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, ақындық шеберлігінің шыңдалуына зор әсер етті. Ол жастайынан орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, Батыс, Шығыс әдебиеттерін терең



*Шәкерім Құдайбердіұлы*

білді. Жеті жасынан өлең жазып, өмірінің соңына дейін ағартушылық бағыт ұстанды. Абайдың жаңашылдық дәстүрін дамытып, Абайдан кейінгі екінші реалист ақын атанды. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басындағы қазақ өміріндегі оқиғаларға, құбылыстарға қызу үн қосты. «Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық» (1877) өлеңінде талапты жастарды ұлы Абайдан үлгі-өнеге алуға, содан үйренуге шақырса, «Жастық туралы», «Керілік туралы» (1879) өлеңдері Абай үлгісінде жазылып, адам өмірінің мән-мағынасы туралы толғанады. «Өмір», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Құмарлық», «Қалжыңбас», «Тойымсыз нәпсі» сияқты дидактик. өлең-жырларында боямалы ажарды, жасанды мінез бен жағымсыз қылықты сынға алады. Ғашықтық сезім таза, пәк жүректен маздайтынын айта келіп («Анық асық әулие», «Шын сырым»), адамгершілік ақ жолға, өнер-білімге үндейді («Жастарға», 1980). «Арман», «Насихат» (1881) атты өлеңдерінде әр түрлі тап пен топ өкілдерінің ниет мақсаттарын шеней келе, қоғамда әлі моральдық өлшемнің дұрыс қойылмағанын сөз етеді. III. көпшілік өлеңдерінде ағартушылық көзқарасты насихаттады. «Қош жұртым» өлеңінде (1931) жапан түзде жалғыз жатқанымен, халықтан қол үзбегені, болашаққа сеніммен қарайтыны айтылады. Бұл ойын ол С.Мұқановқа жазған хатында (3.2.1931) да айқын білдірген. III. – «Қолдардың өлімі», «Кірез патша» дастандарының авторы. 1905 ж. III. қажылық сапар шекті. Меккеге барған бұл сапарын пайдаланып, ақын өзінің байырғы арманын жүзеге асырды. Стамбұл, Париж кітапханаларынан туған халқының тарихына байланысты кітаптарды оқыды. Осылай жинаған материалдар негізінде «Түрік, қырғыз, қазақ



## ШӘКІРТТЕРГЕ

һәм хандар шежіресі» (1911) кітабын, қисындарын халық мүддесіне үйлестіре түсіндіру мақсатымен «Мұсылмандық шарты» деген еңбек жазды (1911). Бұл тұста ақынның діншілдігі ғана емес, үлкен ойшыл философ екені айқын танылады. Ол жаратушы Алланы ақылға салып түсінуге ұмтылады. Дін бұзушыларды қатты сынға алады («Көнбеймін дінді теріс бұрғаныңа», «Сопының бара қойман құрбанына»). Орыс, Батыс әдебиетінің тамаша үлгілерін қазақ оқырмандарына таныстырды. Лев Толстойдың шығармаларын аса жоғары бағалап («Ақиқат сырлымды айтсам, Толстойдың, мың сопыны алмаймын тырнағына»), өз халқын дүние жүзінің озат мәдениетін игеруге шақырды. Өзін ғұмыр бойы Толстойдың шәкіртімін деп санады, онымен хат жазысып тұрды. Американы жазушысы Гарриет Бичер-Стоудын (1811–96) «Том ағайдың балағаны» романын, Толстойдың «Асрхадон патша», «Үш сауал», т.б. әңгімелерін, А.С.Пушкиннің «Боран», «Дубровский» повестерін қазақ тіліне аударды. Физиуидің «Ләйлі – Мәжнүн» дастанын назира үлгісімен жырлады (1907). Ш. мен Алаш қайраткерлері арасында тығыз байланыс болғанын дәлелдейтін дерек аз емес. Мысалы, ұлттың саяси қозғалысының серкесі Ә.Бөкейхан 1907 жылы 2-Мемл. Думаға депутаттыққа кандидат етіп Ш-ді ұсынған. Бірақ ақын өз орнын Т.Нұрекенұлына берген. Сондай-ақ, 1905–06 ж. Семейде Ә.Бөкейханның жетекшілігімен және қатысуымен өткен саяси жиындардың барлығына дерлік Ш. ұлт зиялыларының өкілі ретінде қатысқан. Ақын Алаш қайраткерлерінің ақыл және еңбек күшімен шыққан «Айқап» журналы мен А.Байтұрсынұлы шығарған «Қазақ» газетіне белсене араласып, мақала, өлең жазып тұрған. Екі басылым арасында өзара пікірталас туғанда бітістіруші-дәнекер болғаны тағы бар. Ә.Бөкейхан 1914 ж. мұсылман съезіне қатысты сериялық мақалаларында қазақ тілінің мықтылығын дәлелдегенде, Абайдың қатарында Ш-нің орнын айрықша атайды. «Қазақ» газетінде Алаш қайраткерлері Ш-нің жарияланған кітаптарына оқ баға беріп отырды. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында», басқа да қайраткерлердің оқулықтары мен мақалаларында ақын шығарм. лайықты сөз етілді. 1917 ж. Ш. Алаш қозғалысының жуан ортасында жүрді. Алаш партиясын құру және Алаш автономиясын жариялау шарасына даярлық ретінде облыстарда қазақ сөздері ұйымдастырылғанда, ақын өз өңірінде (Семейде) 27 сәуір мен 7 мамыр аралығында өткен жиынға қатысып, сөз сөйледі. Ш. Алашорда үкіметі жарияланатын 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезіне арнайы шақырылды. Алаш партиясының Семей обл. ктіне ақынның өзіне жақын тартқан 4 шәкірті (А.Қозыбағаров, Т.Абайұлы, Х.Ғаббасов, А.Молдабаев) кірді. 1917 ж. қараша-желтоқсан айларын-

да земство сайлауы болғанда, Ш. Семей уездік земствосына Шыңғыс болысынан сайланады. Ертерек, 1878–80 ж. Шыңғыстаудың болысы болып, ел билеу ісін тәжірибесімен өткерген ақын жаңа заманның да билігін көреді. Обл. земствоға бірнеше рет қатысады. М.Боштайұлы басқарған обл. қазақ сотының мүшесі болады. Осы шамада аталған сот земство мәртебесі аясында Алаш Орданың атынан сот билігіне қатысып отырғанға ұқсайды. Біраз зерттеушілер «Алаш Орданың қазысы, биі болды» деуі сондықтан. Ахат Шәкерімұлы естеліктерінде де осындай мәлімет бар. 1918 ж. Алаш қаласында большевиктер қолынан қапыда қаза болған ұлт сардары Қ.Нұрмұхамедұлының жаназасында Ш. «Өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен дәлелдеді. ... Құдай тағала қазаққа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзім жетті» деп аталы сөзін айтты. 1919–31 ж. ақын біраз уақыт шығармалармен айналысып, «Таң», «Қазақ тілі» басылымдарымен араласып тұрады. 1924 ж. Германиядан келген проф. М.Кучински Қ.Кемеңгерұлының жол бастауымен Ш-мен диалогтасды. 1930 ж. үлкен ұлы Ғафур Семей түрмесінде қорлықпен қаза болғанда, ақын Шапқаттыдағы қыстауында өмірден баз кешіп, қайғымен жатып қалады. ОГПУ мұнда да тыныштық бермейді. Оның «Елсізде қалған мен бір шал» дейтіні – осы шақ. 1931 ж. 2 қазанда ауданға бет алып келе жатқан ақынды ОГПУ қаныпезерлері екі рет атып, мерт қылады. Құрқұдыққа тасталған оның сүйегін баласы Ахат 1961 ж. аршып алып, мұсылман ғұрпымен Абай зиратының қасына қайта жерлейді. Тек 1988 ж. ғана ақын есімі толық ақталды. Семей қ-нда ақынға орт. көше аты берілген, «Семей» мемл. ун-ті Ш. атында.

**«ШӘКІРТТЕРГЕ»** – «Оқу құралына» енген өлең. 7 шумақ (28 тармақ). Өлең авторы Азамат – М.Дулатовтың бүркеншік аты екені ғыл. түсінікте айтылған. Автор шартараптан жиналған жаңа талап, жас ұланды ғылым туын қолға алуымен құттықтайды.

*С.Ғұрманқызы*

**ШӘУЕШЕККЕ САПАРЫ** – бір топ Алаш қайраткерлерінің Қытайдағы Шәуешекке баруы. 1918 жылдың мамырында Қытайдағы Шәуешек қ-на Алашорда атынан А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Р.Мәрсеев, С.Аманжоловтар барды. Бұл сапардың мақсаты – Қытайда тұратын қазақтарға Алаштың азаттық идеяларын насихаттау. Алашорда төрағасы Ә.Бөкейханның Қытай қазақтарына жазған үндеухаты сондағы азаматтарға табыс етіледі. Шәуешек қ-нда сол жердегі белгілі азаматтармен басқосу өткізіледі. Осы басқосуға атақты ақын, әнші Ә.Найманбайұлы да қатысып, «Алаш» толғауын айтады. Алаш қайраткерлерінің Шәуешекке сапары Алашорда көсемдерінің бар қазақтың басын қосу идеясын айғақтайды.

*Е.Алишынбай*

**ШВЕЙЦАРИЯ**, Швейцария Конфедерациясы – Орт. Еуропадағы мемлекет. А.Байтұрсынұлы «Аспаннан жаңбырдан басқа жауатын нәрселер» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) аспаннан құмырсқа, бақа, шегіртке, қоңыз, балық, бидай, т.б. жауатынын және оның ешқандай құпиясы жоқ екенін ғыл. түрде дәлелдеп халыққа түсіндіреді. Сондай табиғат құбылысының бірі Ш. елінде болғаны айтылады.

**ШВЕТСАРИЯ**, к. *Швейцария*.

**ШВЕЦИЯ**, Швеция Корольдігі – Солт. Еуропадағы Скандинавия түбегінің шығысы мен оңт-н алып жатқан мемлекет. А.Байтұрсынұлы «Жандықтардың жер жүзіне таралуы» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) жер жүзіндегі жәндік атаулының өсіп-өнуі, таралуы су мен желдің көмегімен болатыны жайлы қызық деректер келтірген. Сондайдың бірі – Ш-ның Укке мерак қ-ның маңында аспаннан бір жарым сағат жаңбырмен бірге шортан, алабұға, шабақ, инебалық жауғаны айтылады.

**ШЕЖІРЕ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде зерделенген әуезенің тарауы. А.Байтұрсынұлы Ш-ні өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі ретінде таниды. Ш-де уақиғадан гөрі өткендердің түсі, туындысы көп айтылатынын, сондықтан Ш. уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе табына жататынын ескерте келіп, оның кемшін тұстарына тоқталады. Шәкерімнің «Қазақ әм хандар шежіресі» кітабындағы тек хандардың түсі мен туыстық белгілерінің ғана тізілгенін, болған оқиғалардың түп себептері көрсетілмегендігін мысалға алады. Ғалым Ш-нің хатқа түспеуін қазаққа жазу өнерінің болмауымен байланыстырады. «Орақ – Мамай», «Едіге», «Кенесарының Садығы» туралы әңгімелерді Ш-ге жатқызады.

*С.Итеғұлова*

**ШЕКТЕУ ЕСІМДІГІ** – нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатын сөздер. Мыс.: *бәрі, барша, өз*. «Әр» деген сөз өзі шектеу хәм басқа сөздерге де қосылып, Ш. е-нің орнына жүреді. Мыс.: *әр кім, әр бір, әр қайсы* т.с.с. Функционалды грамматикада арнайы зерттеліп жүрген категориялардың бірі – анықтылық/танықтылық (белгілілік/белгісіздік) функционалды-семантик категориясы. Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде анықтылық/танықтылық функционалды-семантик категориясы арнайы зерттеу нысанына алынып, Н.Сәрсенбаева, А.Тураева сияқты зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сөз болып келеді. А.Байтұрсынұлы есімдіктерді топтастырғанда, анықтылық/танықтылық категориясының өзіндік белгілерін, ерекшеліктерін толық түсінгені анық байқалады. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде есімдіктің бес түрі ғана көрсетілген. Ғалым есімдіктерді *жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтау* деп

жіктейді. *Ш. е.* деп аталатын есімдік түрін ғалым: «Нәрсенің шегін айта сөйлегенде айтылатын сөздер, мәселен, *бәрі, барша*», – деп сипаттаса, *танықтау есімдігі* деп аталатын есімдік түрін: «Нәрсенің жоқтығын, яки анық белгілі еместігін, яки түгел еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, *ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір*. Бұлар жоқтықты көрсетеді; *кей, қайсыбір* – бұлар түгел еместігін көрсетеді; *біреу, әлдекім, әлдене* – анық белгілі еместігін көрсетеді» деп айқындайды. Ғалымның Ш. е. деп отырғаны – анықтық мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер де, танықтау есімдігі деп аталатын есімдіктер – танықтық мәнді білдіру үшін қолданылатын есімдіктер. Яғни, Байтұрсынұлы қазіргі кезде оқулықтарда өздік есімдігі, жалпылау есімдігі ретінде танылып жүрген есімдіктерді – *Ш. е.* деп, болымсыздық, белгісіздік есімдіктері ретінде беріліп жүрген есімдіктерді *танықтау есімдіктері* деп біріктірген. Есімдіктерді топтастыруда ғалым мағыналық реңктеріне ерекше назар аударған. Яғни, анықтық/танықтық мәндерін негізге ала отырып, аталған есімдіктердің басын біріктірген. Функционалды грамматика ұстанымдары бойынша, анықтылық/танықтылық функционалды-семантик категориясы сөз болып отырған нәрсенің, адамның т.с.с. сөйлеуші мен тыңдаушыға қаншалық анық/танық, белгілі/белгісіз болуына, таныс/бейтаныс болуына негізделеді. Бұл жерде Байтұрсынұлы есімдіктерді жіктеуде осы ерекшелікке ерекше мән берген. Ғалымның шектеу және танықтық есімдіктерін анықтық/танықтық мәндерін білдіруіне байланысты өзіндік оппозиция құрай алатынын ескергені байқалады. Функционалды грамматика мәселелері орыс тіл білімінде 20 ғ-дың екінші жартысында ғана қолға алынып, арнайы зерттеу нысаны болды. Байтұрсынұлы еңбектерінде, яғни 20 ғ-дың басында ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кездің өзінде-ақ ғалымның функционалды грамматиканың көптеген мәселелерін терең зерделеп, түсінгені байқалады. Байтұрсынұлы функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, негізгі ұстанымдарды, функционалды-семантик категория, өріс, семантик. инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. Ғалым тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, 20 ғ-дың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, қуғын-сүргін кесірінен ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытады. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924; Сәрсенбаева Н. Артикльді және артикльсіз тілдердегі белгілілік/белгісіздік категориясы. Филол.

## ШЕКІСПЕЙ

ғыл. док. ... дисс... – А., 2007; Тураева А. Қазақ тіліндегі белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясы: фил. ғыл. канд. ... дис. – А., 2007.

*О.Жұбаева*

**«ШЕКІСПЕЙ, БЕКІСПЕЙДІ»** – мақала. «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 31 қаңтардағы 167-санында «Тілшілерден» деген айдармен жарық көрген. Жазбаның А.Байтұрсынұлынікі екендігі 1999 ж. баспа бетін көрген «Ұлттық рухтың ұлы тіні» (А., Ғылым) атты жинаққа енген Т.Шонанұлының мақаласында айтылуы арқылы дәлелденген. Автордың бұл мақаласы қазақ тілінде газет шығару ісіне қарсы «Уақыт» газетінің бетінде пікір білдірген материалға жауап ретінде жазылған. Түркі тектес ірі екі ұлттың қанша туыс болса да бір тілдің, бір әдебиеттің аясында біріге алмайтынын нақты айғақтармен дәлелдей отырып автор өз ойын: «Біздің әуелден-ақ айтып келе жатқанымыз, қатар жүріп, аптықпай екі жұрттың да тең жасап, көркейіуіне қолдан келгенін істету. Татар балаларын татарша оқытқанына қазақ іші тарылмай, қазақ балаларын қазақша оқытқанына татар іші тарылмай, көңіліміз кең болып, жасауымыз тең болса, бетіміз де жөн болар» деп қорытады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ШЕНДЕСТІРУ** – «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Мүлде қарама-қарсы ұғымдарды, жағдайларды, образдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя отырып, ой мен сезімді әсерлі айту үшін қолданылатын көркемдік әдіс түрі. Екі нәрсе қатар немесе қарама-қарсы келгенде, арасындағы айырмашылық көзге түседі. Тіліміздегі қарама-қарсы мағыналы ұзын-қысқа, аласа-биік, көрікті-көріксіз, ғалым-надан, кең-тар, тәтті-ашы сөздерінің айырмасы анық. А.Байтұрсынұлы жайшылықтағы мұңнан қуаныш үстінде келген қайғы жанға қаттырақ бататынын мысал етеді. Байдың байлығын кедейдің күйімен салыстыру, батырдың батырлығын қорқақтың сипатымен түйістіру арқылы сөз әсерлене түседі. Әдебиеттануда Ш. антитеза деп те айтылады. Абайдың «Бір үміт, бір қауіп» деген сөзінде сыртқы белгілерді салыстырумен бірге, адамның жай-күйі, ішкі сезімі, сыр-сипаты да Ш. арқылы бейнеленеді.

*Д.Оспанова*

**«ШЕРЛІ ЖЫЛДАР, ШЕРУЛІ ЖЫЛДАР: ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМАЛАР»** – Алаш зиялысы Ф.Сатыбалдыұлының кітабы. Бас редактор – Х.Мұсабаев. Құрастырушылар: Т.Сатыбалдин, Р.Зияуитденов. Қостанай «Баспа үйінен» 2004 ж. жарық көрген. Көл. 470 бет. Таралымы 500 дана. Кітапқа Сатыбалдыұлының әр жылдарда – абақтыда айдауда жүріп жазған,

кезінде газет-журналдарда, кітаптарда жарық көрген еңбектері жинақталып берілген. Автор – А.Байтұрсынұлының замандасы, әрі жерлесі. Осы кітаптағы «Тас түрмеде» (62 – 63-беттер), «Ахмет қайтыс болды дегенде» (121 – 123-беттер) атты өлеңдер Байтұрсынұлына арналған. Оның Ахмет қазасына арналған жоқтау-жырының өн бойында ғұламаға деген құрметімен қатар, үлкен қайғысы да шынайы суреттелген. Кеменгер Ахметті данышпанға теңеген өлеңіндегі: «...Азамат тату-тәтті болса сыйлас, Өлімге бірін-бірі сірә қимас. Тең жорға төрт аяғы тұлпар едің, Сендей жан бұл фәниде қайта тумас», – деген жолдарда оның өзек өртеген өкініші өріледі. Бірақ, «қазақ көшін алға сүйреген Ахметтің» еңбегі ақталатынына: «Ақиқат ақ сөйлейтін туар заман, Боларын ондай күштің білмес надан. Халыққа зәбір берген зәнталақтың, Көрерміз сонда жайын болсақ аман» деп, зор үміт артады.

*С.Аргынгазин*

**ШЕРНИЯЗ** Жарылғасұлы (1806, Ақтөбе обл. Ойыл ауд. – 1867, Атырау обл. Қызылқоға ауд.) – халық ақыны. Кіші жүз қазақтарының Исатай, Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне (1836–37) қатысып, оның жалынды жыршыларының бірі болған. Ш. жырларында көтеріліс тақырыбы басты орын алды. Ақын көтеріліс жеңіліске ұшырап, оның басшысы Исатай мерт болса да, азаттық, бостандық тақырыбын асқақ үнмен жырлады. Жалпы Ш. поэзиясы мазмұндық сипатымен, стильдік айқындылығымен, көркемдік бейнелеу нақыштарының шеберлігімен ерекшеленеді. Ш. өлеңдерінің үш нұсқасы (Алыш ақын, Мәшһүр Жүсіп, Омарбек нұсқалары) бар. Шығармалары 1925 ж. Мәскеуде, Ташкентте (І.Жансүгіровтің жариялауында) жарық көруінен бастап, әр кездері шыққан орта мектептерге арналған хрестоматияларда, «18–19 ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары», «Айтыс» (1-т., 1965) жинақтарында басылған. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты кітабында Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Жарылғап ақын, Алтыбас, Ақмолда, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір ақын, Мұрат, Досжан, Орынбай және Ш. т.б. ақын-жыраулар шығармаларынан үзінділер берген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 2-т.

**ШЕШЕН СӨЗ** – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Байтұрсынұлы Ш. с-ді байымдамамен салыстыра отырып түсіндіреді. Байымдама жазушы пікірі негізінде өрбитін болса, Ш. с. айтушының мақсаты баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, иман келтіру болады. Яғни Ш.с-бен айтылған сөз қанға, жанға әсер етіп, арбап айтылғандай, адамның

ойын, бойын балқытып, билеп алуға қабілетті сөз болып табылады. Ғалым Ш.с-дің «қыздырма» деген бөлімін сөз етеді. Оны ғалым «қоздырма» деп те атайды. Ол сөз айтушы пікірді айтып, дәлелдеп, мәністеп болғаннан кейін жүреді. Қызметі де белгілі: адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, намысына тиіп, арқасын қоздыру. Жазушы осы мақсатқа жете алса, оның сөзі әсерлі, тілі уытты әрі көрнекті болмақ. Ш. с., құрамына қарай, бас-тамасы, ұсынбасы, мазмұндамасы, қыздырмасы және қорытпасы болады. Байтұрсынұлы Ш.с-дің бес түрін көрсетеді: саясат Ш. с-і, билік Ш. с-і, қошемет Ш. с-і, білмер Ш. с-і, уағыз, ғұламалар Ш. с-і. Саясат Ш. с-і деп шешендер жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісі жайында шешім шығару мақсатымен сөйлеген сөзді айтамыз. Билік Ш. с-і – шешендердің сотта айыпкер адамдарды ақтау, я қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері. Бұлар бүгінде ісқағаз тілі делінеді. Қошемет Ш. с. – бір кісінің ел алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, мадақтап сөйлеген Ш. с-і. Білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені – білмер Ш. с-і болса, уағыз – дін жайынан сөйлеген имам-молдалар сөзі болады. Бүгінгі әдебиеттану ғылымында Ш. с-дерді жанрлық мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау деп үш салаға бөледі.

*Д.Оспанова*

**«ШОЙЫН, ТЕМІР, БОЛАТ»** – «Оқу құралына енген мәтін. Шойын, темір, болаттың неден алынатыны, олардың бір-бірінен өзгешелігі, қолданылатын орны туралы айтылған. Шәкірттердің танымдық білімін арттыру тұрғысынан берілген.

**«ШОҚШОЛАЙ ҚЫЗЫНЫҢ ЖОҚТАУЫ»** – қырғыз жоқтауы. Бұл жоқтауды «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа құрастырған А.Байтұрсынұлы. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. «Ата-кем батыр Шоқшолоай Ақ жорғаға мінсе, найқалған, Сақалы аласын шөптей шайқалған» деп басталатын шығарма негізінен 8 буынға құрылған. Ішінара 11 буынды жолдар да кездеседі. Шығарманың жалпы нобайы 89 жолдан тұрады. Жыр соңында берілген түсініктемеде шығарманың В.В.Радлов жинақтаған нұсқадан алынғаны айтылады. Сонымен қатар «Шешектен өлген Шоқшолоайдың қызы жоқтаған. Шоқшолоай да қырғыз» деп түсінік береді.

Әдеб.: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ШОЛАҚ «У», ШОЛАҚ «Й»** – жарты дауысты харіфтер, дауысты дыбыстарға да жарты дауысты дыбыстарға да ортақ, тел харіфтер. Шолақ (у) дауысты дыбыстардан соң ғана естіледі; сондықтан дауысты харіфтерден соң жазылған «у»

шолақ «у» болады. Бүтін «у» еш орында дауысты харіфтен соң жазылмайды. Мәселен, *тау, тұу, кеуде деген* сөздерде жазылған харіфтер – шолақ «у». Шолақ «й» дауысты дыбыстардың ғана соңында я алдында естіледі. Сондықтан дауысты дыбыстардан соң жазылған «й» бүтін «и» емес, шолақ «й» болады. Мәселен, *тай, қойлар, құймақ, кій* деген сөздердегі «й»-лар.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ШОНАНҰЛЫ** Телжан (17.12.1894, қазіргі Ақтөбе обл. Ырғыз ауд. Ұ.Құлымбетов атынд. а. – 27.2.1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, аудармашы, тілші ғалым. 1908–12 ж. Ырғыздағы орыс-қазақ уч-шесінде, 1912–16 ж. Орынбордағы қазақ мұғалімдер ин-тын-



*Т.Шонанұлы*

да оқыған. Орынборда оқыған кезінде қазақ жастарының мәдени ағарту бағытында құрылған «Игілік» ұйымын ұйымдастыруға белсене араласып, «Қазақ» газетіне халық ағарту мәселелері бойынша мақалалар жариялады. 1916 ж. Ырғыз уезінде мұғалім болып істеді. Ш-ның әлеумет істеріне белсене араласуы 1916 жылғы қазақ халқының Ұлт-азаттық көтерілісі кезінен басталды. Ол қарулы көтеріліске қарсы болған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов бастаған демократ. зиялы азаматтарға қолдау білдірді. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ш. ұлттық автономия жолында күрес жүргізген Алаш қайраткерлерінің қатарында болды. 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезінде Ш. Алашорда үкіметі жанынан құрылған оқу комиссиясының құрамына (Байтұрсынұлы, Дулатов, М.Жұмабаев, Е.Омаровпен бірге) енгізілді. 1921 ж. Ырғызда тұтқынға алынып, Орынбордағы ОГПУ бөлімінде тергелді. 1922 ж. түрмеден босатылады. 1922–26 ж. Орынборда Халық ағарту комиссариаты (ХАК) жанындағы Академиялық орг-та қызмет атқарды. Ш. қазақ бастауыш мектебінің теор. және практик. негізін қалаушылардың бірі болды. Оның қаламынан емлеге, тіл

## ШОРТАНБАЙ

дамытуға, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты көптеген еңбектер мен хрестоматиялар жарық көрді. Ш-ның әдістемеге қатысты еңбектеріне «Жаңалыққа жетекші», «Диagramдар, графиктер қандай болады» деген кітаптары, «Орыстарға қазақ тілін үйрету әдісі жайында», «Ересектерді сауаттандыру әдісі», «Дауыстап оқытудың әдісі» сияқты көптеген мақалалары жатады. Ш. 1923 ж. 15 сәуірде «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамына» мүше болып, латын әліпбиін енгізуді жақтаған зиялылар тобында болды. 1924 ж. 12–18 маусымда өткізілген қазақ білімпаздарының тұңғыш съезіне, сол жылы Қазақ АКСР ғылым саласы қызметкерлерінің съезіне делегат болып қатысты. Ш-ның қазақ әдебиеті саласындағы еңбектеріне «Сәкеннің тілі», «Халық ауыз әдебиеті», «Евгений Онегиннің аудармасы», т.б. сын-мақалалары жатады. Аударма ісі бойынша ол А.Богдановтың «Курс политэкономий» атты кітабын қазақшаға аударып, орысша-қазақша термин сөздігін қоса берген. Бұдан басқа Каминскийдің, Н.Крупскаяның кітаптарын қазақшаға аударды. 1926–29 ж. Қызылордада Қазақ Халық ағарту ин-тында оқытушы болып жұмыс істеді. Осында жүріп 1926–28 ж. «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» тарих-этнография секциясының төрағасы болды. 1926 ж. Байтұрсыновпен бірлесіп, мектеп оқушыларына арналған «Оқу құралын» (хрестоматия) құрастырды. Сол жылы «Қазақ жер мәселелерінің тарихы» атты еңбегі жарық көрді. Онда қазақтарды қоныстандыру, отырықшыландыру, жер бөлу мәселелері айтылды. 1926 ж. тамызда Бакуде өткізілген Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезіне Байтұрсынұлы, Н.Төрөқұлов, Е.Омаров, Б.Сүлеев, Ә.Байсейітовпен бірге Ш. да қатысты. Съезден кейін Ш. латын әліпбиін насихаттайтын респ. к-т құрамына енді. Сол кезеңде ол О.Жандосовпен бірге барлық латын к-ттері мен латыншыларға арнап ашық хат жариялады. 1927 ж. М.Жолдыбаевпен бірге «Жаңа арна» оқулығын шығарды. Ш. 1929 ж. Алматыға көшіп келіп, Қазақ АКСР ХАК-да қызмет атқарды. 1934 жылға дейін ҚазҰПУ-да оқытушылықпен айналыса жүріп, мектепке арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жазды. 1929 ж. ол «Қазақстан жағрафиясы» атты кітап жазып, өлкетану жұмысына да белсене араласты. Д.Снегинмен бірге «Уйгурская поэзия» жинағын (1934) ұйғыр тілінен орыс тіліне тәржімалады. 1935 жылдан бастап қазіргі ҚазҰУ-да қазақ тілінің доценті болып еңбек етті. Ш. жалпы 1923–37 ж. 32 оқулық, кітап, 72 мақала жазған. 1937 ж. 19 шілдеде тұтқындалып, КСРО Жоғ. Соты әскери коллегиясы «үштігінің» үкімімен ату жазасына кесілді. 1992 ж. 18 қыркүйекте ақталды. Ш. А. Байтұрсынұлының 50 жасқа толуына орай «Ахмет Байтұр-

сынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» (6-т., 1923. – 131–143-б.) атты еңбегінде Байтұрсынұлының ағартушылық, ғалымдық, ақындық қырларын ашты.

Шығ.: Жер тағдыры – ел тағдыры, А., 1995.

*Қ.Тілеушова*

**ШОРТАНБАЙ** Қанайұлы (1808, қазіргі Жамбыл обл. Қаратау өңірі – 1881, қазіргі Қарағанды обл. Шет ауд.) – ақын, діни қайраткер. Ол 19 ғ-да өз



*Шортанбай Қанайұлы*

дәуірінің шындығын бүге-шігесіне дейін көрсете білген бірден-бір ақын. Ш. белгілі бір ортаның немесе аймақтың ғана емес, барша халықтың мұң-мұқтажын толғады, көптің жоқтаушысы болды. Ресей отаршылдығының зорлығын көзімен көріп, жанымен, тәнімен сезінген ақын өзінің «Зар заман», «Бала зары», «Тар заман», «Опасыз жалған», т.б. толғаулары арқылы ақиқаттың астарын ашып көрсетті. Ш. өзіне дейінгі Бұқар, Тәтіқара, Ақтамберді жыраулар мен Шал ақынның мол мұраларымен жақсы таныс болған. Өмірінің дені Арала өңірінде өткен ол Жанғұтты ақынмен достық қарым-қатынаста болып, сыйластықпен ғұмыр кешкен. Ш. толғауларының ішіндегі көпшілікке кеңінен тараған туындысы «Келер заман сипаты» атты шығармасы. Онда халқының болашағын болжай білген ақын елі үшін қабырғасы қайыса отырып, тығырықтан шығар жол іздейді. Келер заманның кескін-келбетін көрегендікпен көрсете келіп, өз тарапынан тұжырым жасайды, баға береді. Ш. сонымен қатар айтыс ақыны ретінде Шөже, Орынбай, Асан ақындармен сайысқа түскен. Талай айтыстарда шындалып, сан рет жұлде алған Орынбай сияқты айтулы ақынмен сайысқа түскен Ш. өзінің алғырлығын, тілге тиек болар жағдайды бұрынырақ болжап, алдын орап кететін сезімталдығын танытады. Ш. өз шығармаларында заманның кескін-келбетін дәл басып, нақты көрінісін жасаған шыншыл ақын ретінде танылды да, өзінің болмыс-бітіміндегі көріпкелдік қасиетінің арқасында бұлыңғыр болашақты айна қатесіз болжай білген әулиелік қасиетімен ерекшеленді.

өлеңдерінің ою-өрнегін киноластыра білген, мазмұн мен маңызды ұштастыра білген шебер акын болды. Ш. мұраларын алғаш зерттеушілердің бірі М.Әуезов Ш-мен қатарлас өмір сүрген акындар шығарм-н тұтастай алғанда Ш. мұрасына сай «Зар заман акындары» деп саралады. Ш. мұраларын зерттеу ісінде С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев, Т.Нұрғазин, М.Мағауин, С.Қирабаев, Ы.Дүйсенбаев, Ғ.Мұсабаевтар көп еңбек сіңірді. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты оқулық кітабында Ш., Дулат, Албан Асан және т.б. акын-жыраулар заманын «Зар заман әдебиетіне» жатқызып, олардың шығармаларынан үзінділер берген.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013 – 1-т.

*С.Қорабай*

**ШОШАҚҰЛЫ** Ақтас (1840–1920) – Ахметтің әкесі Байтұрсынның туған ағасы. Шошақтың ұлдары Ақтас пен Байтұрсын жөнінде ел ішінде сұлтан-сардарлармен мінезі жараспайтын, қайратты, әрі білекті, ақылды жандар болған деп айтады. Торғайлықтардың деректеріне сүйенсек, А. пен Байтұрсын екеуі Үмбетейдің сауыры болған. Оларды күллі руды бұзықтарымен қоса ауыздықтау үшін, әулетішілік билікке жетекші етіп қойған. Ш. інілері Байтұрсын және Даниярмен бірге Сібірге итжеккенге айдалғанда жер аударылғандардың барлығы ер адамдар болғандықтан, олардың күнкөрісі «отбасы, ошақ-қасылық жағдайлары болмайды-ау» деп күйзелген Ақтастың бәйбішесі Үбіжан да қоса ереді. Үбіжан сол жақта қайтыс болып, жат жердің топырағы бұйырады. Ағайынды Ақтас пен Байтұрсынның табаны туған жердің топырағына 1902 ж. қайта тиеді. Елге оралған оларды ел-жұрты үлкен сый-құрметпен қарсы алады. Ш-ның кейінгі алған әйелі Торшадан перзент жоқ, Үбіжаннан туған баласы Асфандиярға іні етіп, туысының Шаймерден деген баласын бауырына салады. Кейін осы қос ұлдан ұрпақ жалғасып, бірінен – Қасым (1937 ж. қамалған), Қасымнан Фазыл, Шаймерденнен Амандық (Амантай), Орал туады. Ш-ның Алуа, Гүлсім атты қыздары болған, Ұрпақтары Қостанай, Торғай, Алматы, Қарағанды өңірінде тұрады.

**ШОШАҚҰЛЫ** Байтұрсын (1843–1909) – Ахмет Байтұрсынұлының әкесі. Торғайдағы Жыланшық өз-нің Ақкөлге құятын сағасының бойында дүниеге келген. Әкесі Шошақ дәулетті, ел ішінде беделді, ақылды жан болған. Б. өзінің туған жерінде атадан балаға мұрас болып қалған Үмбетейлердің аға қонысында жаз – жайлауға, күз – қыстауға көшіп, бас-көз болып, өзі қорғаншылық еткен. Туыс-ағайындарының ортасында беделді, өзін өзгеге басындыра қоймайтын қасиетімен дараланған. Әжет мінезімен ауа жайылған ел-жұртын бір жерге топтастырып, тұрмысқа қажетті

шаруашылықты шебер жүргізе білген. Оның ерекше басқару қабілетін байқаған орыс оязы Ш-н сол елге сардар етіп сайлайды. Өздеріне қиянат көрсеткен уезд бастығы Яковлевке тоғыз өрім дойыр қамшы сілтеп, ат үстінен аударған. Сол үшін үкімет алдында «жазықты болып», ағасы Ақтас, інісі Даниярмен бірге Сібірге айдалады. 1902 ж. елге оралғанда Байтұрсындай сардарларын аман көргендеріне қуанған ел-жұрт, «ақсарбас» айтып, оған «Ақжелен» деген жүйрік тұлпарды сыйлайды. Ағайын-туғандардың ортасында 7 жылдай дәурен құрған Ш. баласы Ахметтің басына түскен сын-сағаттың соңы қалай аяқталғанын білместен көз жұмады.

**ШОШАҚҰЛЫ** Данияр (т.-ө.ж.б.) – Байтұрсынның туған інісі. 1885 ж. ұсталып, 1 жыл Торғай түрмесінде жатқан (кейбір деректерде Сабалақ есімімен мәлім. Мұны негізінен, ғұрып бойынша жеңгелері қойған). Торғай уезінің оязы Яковлевті жарақаттағаны үшін жазықты болған ағалары Байтұрсын, Ақтастармен бірге Сібірге айдалған. Сол жақта солдаттардың атқан оғынан мерт болған. Ш-ның 9 қызынан тараған ұрпақтары Қостанай, Торғай өңірінде тұрады.

**ШОШАҚҰЛЫ** Ерғазы (1846–1887) – Байтұрсынның туған інісі. Бауырлары Сібірге айдалғаннан кейін әулеттің арқа тұтар ағасына айналған. Жазықсыз айдалған ағаларына араша сұрап, Торғай мен Ырғыздың арасында бірнеше рет табан тоздырады. Қанша ізденсе де, арызына дұрыс жауап ала алмайды. Ортада жолаушылап жүргенде, бәзбіреулердің қасақана ұйымдастырған қастандығынан мерт болады. Ш-н жоқтаған әйелінің жырына сүйенсек, ол 41 жасында қаза болған. Әйелінің: «...Алты ай жүрген жолынан, Келіп еді саламат. ...Ұстаудан шығып келген сон, Артықша болды қанасы» – дегеніне қарағанда, Ерғазы да айдалған ағаларымен түрмеде біршама бірге болып, кейін босатылған. Осы кіші анасының жоқтауын Ахмет 1923 ж. шығарған «23 жоқтау» жинағына енгізген [Б. 111–114].

*Р.Сахыбекқызы*

**ШОШАҚҰЛЫ** Ермағанбет (т.-ө.ж.б.) – Байтұрсынның туған інісі, Шошақ Таңбайұлының кенже ұлы. Ермағанбеттен ұрпақ қалмаған.

**ШУМАҚ** – «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде алғаш рет қолданылған термин. Ғалым аталмыш еңбегінде шумақты мынадай түрлерге бөліп қарастырады: екі тармақты шумак, төрт тармақты шумак, бес тармақты шумак, алты тармақты шумак, жеті тармақты шумак, сегіз тармақты шумак, он тармақты шумак. Автор «Жар-жар» және одан басқа ескі өлеңдердің дені төрт тармақты болатынын айтады.

*Е.Шынтай*

**«ШУРА-И ИСЛАМ», ИСЛАМ КЕНЕСІ** (парыша «Ислам кенесі») – 1917 ж. Қазан төңкерісі

## ШУРА

қарсаңында Түркістанда (Ташкентте) құрылған қоғамдық-саяси ұйым. Негізгі идеялық тірегі – ағартушылық бағыт және жәдитшілдік мұраты. Ұйымды М.К.Абдурашидханов басқарды. Ұйым жұмысына М.Шоқай, А.В.Кори, М.Муминбаев, А.Темірбеков, С.Мирджалилов белсенді қатысты. 1917 ж. наурыздың соңында Түркістан өлкесінің барлық қ-ларында Шура-и ислам бөлімшелері ашылды. Ұйым жергілікті діндарлар мен зиялыларды діни туыстық пен бауырлық және ағартушылық негізінде топтастыра алды. Сондай-ақ ол жерге жеке меншік болуын қолдады. Олар Ресей құрамында ұлттық-діни бағыттағы Түркістан автономиясын құруды армандады. 1917 ж. 16–23 сәуірде «Шура-и исламның» 42 делегаты қатысқан съезд өтті. Осы жиын Түркістанның мәдени-саяси өзін-өзі басқаруын жақтап, Уақытша үкіметке сенім білдірді. Онда «Түркістан мұсылмандарының өлкелік кеңесі» құрылды. Ұйым құрылған уақыттан бастап негізгі мәселені шешуде жәдиттер мен үлемдер бір-бірімен үндесе қоймайтын екі бағытты ұстанды. Діндарлар бірте-бірте жәдитшілдерді «шариғаттан, дін қағидаттарынан бас тарттындар, дәстүріміздің сақталуын әлсіретіндер» деп кінәлады. 1917 ж. маусым айында олар «Шура-и исламнан» шығып, «Шура-и улема» ұйымын құрды. 17–20 қыркүйекте ұйымның 2-съезі өтті. Қарашада өткен 3-съезде большевизмге тоқтау салу туралы қарар қабылданды. «Шура-и ислам» мүшелері Ресейдегі қазан төңкерісін қолдаған жоқ. Большевизмді қасірет деп есептеді. Сөйтіп, Қоқанда құрылмақ Түркістан мұхтарияты жолында күресті. Соны құрды, ол құлатылғанда басмашы қозғалысын қолдады. 1918 ж. басында большевиктік Түркістан Халық комиссарлар кеңесі «Шура-и исламды» жаңа үкіметке жат ұйым ретінде жұмысын тоқтатуға қаулы шығарды.

*Д.Қамзабекұлы*

**«ШУРА-И УЛЕМА»**, Ғ ұ л а м а л а р қ о ғ а м ы (кеңесі) – қоғамдық-саяси ұйым. 1917 ж. 10 шілдеде Ташкентте көрнекті қазақ қайраткері С.Лапиннің жетекшілігімен құрылған. Ұйым Түркістан өлкесіне Ресей Федерациясы құрамында аум. автономия берілуін жақтады, ұлттық-діни ой-пікірлерді мерзімді баспасөз арқылы насихаттау, күнделікті өмірде талас тудыратын мәселелерді шариғат арқылы шешу керек деп санады. Түркістан автономиясын қолдамаған бұл ұйым Өлкелік Халық комиссарлар кеңесіне кантөгіске жол бермеу үшін мұсылмандық автономия орнату, ХКК-ға еур. нәсілдегі тұрғындарды басқаруды қалдырып, соц. ұстанымдарға негізделген мұсылмандық автоном. үкімет құрудың тиімділігін көрсеткен мәлімдеме жолдады. Бірақ кеңес өкіметі оны тарату туралы шешім қабылдады.

*Е.Тілешов*

**ШУБЫРТЦА** – құрмалас сөйлемдердің бастауры қосылып, кестелі болып құралуы, өрнекті

сөйлем, оралым. Ш. нақ текеметке яки кілемге салған түр сияқты болмағанмен, өрнек-өрнегімен айтылады. Ондай сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, төмендеп, әнше оралып, қайырылып отырады. Ғалым оралымды екі мүшеге жіктеп, бір мүшесінде пікір тақырыбы, екіншісінде пікір баяны болатынын ескертеді. Сол себепті біріншісін *тақырыпшы мүше*, екіншісін *баяншы мүше* деп атайды. Қазіргі кезде *тема, рема* түрінде қолданылып жүрген атаулардың орнына ғалым ұсынған *тақырыпшы мүше, баяншы мүше* атауларын алуға әбден болады. Осы саладағы еңбектерін зерделей келе А.Байтұрсынұлын «коммуникативті грамматиканың негізін салушы» деп атаймыз. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**«ШУБЕРЕК ПАБРИКАСЫ»** – «Оқу құралына» енген. Авторы – орыс жазушысы Н.Ф.Павлов. Ресейдегі мата тоқитын фабрикалардың жұмыс істеу жағдайынан танымдық ақпарат берілген. Шәкірттер машиналармен істелетін өнеркәсіптік қызметтің қыр-сырымен танысуға мүмкіндік алады. Ғыл. түсініктеме берілген.

*С.Ғұсманқызы*

**ШҮКІРҰЛЫ** Сабыржан (12.8.1939, Қостанай обл. Әуликөл ауд. – 24.8.2013, Алматы к.) – журналист. КСРО, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1964). Қазақ КСР-інің еңбек сің. мәдениет қайраткері (1989). ҚазҰУ-ды (1969), Алматы жоғары партия мектебін (19782) бітірген. Ең-



*С.Шүкірұлы*

бек жолын Қостанай обл. Жангелдин ауд. «Социалистік ауыл», кейін «Жаңа өмір» – «Новая жизнь» газеттерінде әдеби қызметкер, аудармашы, бөлім меңгерушісі болып бастаған. Комсомол, партия қызметтерінде болған. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Торғай обл-ндағы меншікті тілшісі, бөлім меңгерушісі, Бас редактордың орынбасары (1974–91), «Сұхбат» және «Позиция» хабаршыларының Бас редакторы (1991–96), «Ана тілі» ұлт газетінде тіл және этнография бөлімінің редакторы (1996–

2006) қызметтерін атқарған. «Тамаша өмір», «Шақшақ Жәнібек», «Накпа-нақ», т.б. кітаптардың және Алаш тұлғаларына қатысты мақалалардың авторы. Алматыдағы А.Байтұрсынұлының мұражай-үйі ғылы. кеңесінің мүшесі. «Мемлекеттік тіл мұраттары», «Барын халқына берген жан», «Қолтаңба», т.б. кітаптарының, «Алаштың тілдік мұрасы» жинағының құрастырушысы. А.Байтұрсынұлы жайында «Ахаң әліпбиі һәм қазіргі тіл дыбыстары», «Мен ұлтыма жауаптымын деп жүрсе...» (Ахмет айтқан айшықтар), «Алты Алаштың ардағы», «Танбадан жеріп, дыбыстан шошымайық», т.б. еңбектері баспасөз беттерінде жарияланған.

*Е.Тілешов*

**ШЫҒАРҒЫ ӘҢГІМЕ** – көркем нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша, сөйлейтін, шын емес әңгіме. Ш. ә. – көңіл тілі, қиял байлығына қарайтын нәрсе.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**ШЫҒАРМА** – ауызша шығарылған не жазып шығарылған сөз. Ш-ның түрі көп екенін ескерте келіп, ғалым оның бәрі арабша *әдебиет*, қазақша *асыл сөз* деп аталатынын ескертеді. А.Байтұрсынұлы Ш-ның өнді, ұнамды болуы үшін бірнеше талаптарға сәйкес болуы керектігін ескертеді. Атап айтқанда: 1. Сөз дұрыстығы. Ол үшін сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну; сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру қажет екенін айтады. 2. Тіл тазалығы, ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. Мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуымыз мүмкін екенін ескертіп: «Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады» дейді. 3. Тіл (лұғат) анықтығы. Лебіз ашық, мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танытын болуы керек. Ш-ның екі жағы бар: 1) ішкі пікір жағы, 2) тысқы тіл жағы. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: 1) Ш. түрінің ғылымы. 2) Ш. тілінің ғылымы. Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл

өңінің жүйелерін танытады, ал түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**ШЫҒАРМА СӨЗ** – сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты, шығарма.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**ШЫҒАРМА ТҮРІНІҢ ҒЫЛЫМЫ** – сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытатын сөз өнерінің ғылымы. А.Байтұрсынұлы сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінетінін ескертеді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**ШЫҒАРМА ТІЛІ** – ішіндегі пікір, қиял, көңілдің күйі тәртiптелiп, қисыны, қырын, кестесi келiстiрiлiп, тысқа шығарылған сөз. Шығарма тілі екі түрлі: 1) ақын тілі (айрықша өң беріліп айтылған сөз, шығарманың тілі); 2) әншейін тіл (айрықша өң берілмей, жай айтылған сөз, шығарманың тілі).

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**ШЫҒАРМА ТІЛІНІҢ ҒЫЛЫМЫ** – дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытатын сөз өнерінің ғылымы. Сөз өнерінің ғылымы тіл өңі жағынан тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.*

**ШЫҒЫС ЖАЛҒАУ** – шығыс септеудің жалғаулары: -дан (-ден), -нан (-нен).

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.*

**ШЫҒЫС СІБІР** – Ресейдің шығысындағы аймақ. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин. 2-т.) құрлықтың таулы үстіртті аймақтарына тоқталған. Сондай өте ірі (аум. 7,2 млн км<sup>2</sup>) аймақтың бірі болып Ш.С. саналатынын айтқан.

**ШЫҒЫСТАУ** – шығыс жалғау. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде шығыс жалғау кейде Ш. жалғау деп те қолданылады.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.*

**«ШЫ» ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол затқа қатысы бар адамдарды атау үшін (мәселен,



## ШЫҚ

«үй» деген сөзге «ші» жұрнағын жалғап, «үйші» дейміз, үй істейтін адамды атау үшін; «жылқы» деген сөзге «шы» жұрнағын жалғап, «жылқышы» дейміз, жылқы бағатын адамды атау үшін) жұмсалатын қосымша.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

«ШЫҚ» (ШҚ) **ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол заттың кішкенеелігін көрсететін қосымша. Мәселен: «қап» деген сөзге «шық» жұрнағын жалғап, «қапшық» деп, қаптың кішкенеелігін көрсетеміз. «Үй» деген сөзге «шік» жұрнағын жалғап, «үйшік» деп, үйдің кішкенеелігін көрсетеміз т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

«ШЫҚ ПЕН ҚЫРАУ» – «Оқу құралына» енген мәтін. Судың температураға байланысты физ. күйін өзгертіп отыруы туралы айтыла келіп, соған орай шық пен қырауға анықтама берілген.

«ШЫЛА» (ШЛЕ) **ЖҰРНАҚ** – зат есіміне жалғанып, сол зат сияқты істеуді көрсететін қосымша. Мәселен, «қазақ» деген сөзге «шыла» жұрнағын жалғап, «қазақшыла» дейміз қазақ сияқты істеу үшін; «естек» деген сөзге «шіле» жұрнағын қосып, «естекшіле» дейміз, естек сияқты істеу үшін.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ШЫЛАУ СӨЗДЕР** – басқа сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздер. Ғалым шылау сөздерге үстеу (үстеуіш), демеу (демеуіш), жалғаулық (жалғауыш), одағайларды (еліктеуіш, лептеуіш) жатқызады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

«ШЫЛ» **ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол затты екінші зат жарататындығын, сүйетіндігін көрсететін қосымша. Мәселен: «ұйқы» деген сөзге «шыл» жұрнағын жалғап, «ұйқышыл» дейміз, ұйқыны сүйетін адамды атау үшін; «ұлт» деген сөзге «шыл» жұрнағын жалғап, «ұлтшыл» деп, ұлтты сүйетіндігін көрсетеміз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

«ШЫЛЫҚ» (ШЛҚ) **ЖҰРНАҚ** – зат есімге жалғанып, сол затқа лайық қалпын атайтын қосымша. Мәселен: «адам» деген сөзге «шылық» жұрнағын жалғап, «адамшылық» дейміз, адамға лайық қалпын атау үшін. «Жігіт» деген сөзге «шілік» жұрнағын жалғап, «жігітшілік» дейміз, жігітке лайық қалпын атау үшін. Ғалым бұл жұрнақты «балықшылық», «егіншілік» деген

сөздердегі «шылық», «шілік» жұрнақтарымен шатастырмау керектігін ескертеді. Бұл қосымша екі жұрнақтан құралған: «шы» һәм «лық» (балықшылық, егіншілік) әрі бұлар заттың жай ғана қалпын көрсетеді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

О.Жұбаева

**ШЫМКЕНТ** – Қазақстанның оңт-ндегі ежелгі қалалардың бірі, Оңт. Қазақстан обл-ның әкімш. орт. (1932). А.Байтұрсынұлы «Қазақ һәм 4-ші Дума» мақаласында (6 томдық шығ., жин. 4-т.) 4-Думаға қазақтан сайланатын депутаттың болмағанын айтады. Мәселен, «...Түркістан шарынан «Уақыт» адресі бойынша Шымкент уезінің қазақтары Байтереков, Қарынбаев, Алдияров, Махмұтов, Шариповтер телеграмма соқты. Телеграмма сөзі: «Біз, Шымкент уезінің қазақтары, Орынбор мұсылмандарынан өтінеміз – бізге қарындастық етіп, жәрдем қолдарыңыз созып, Думаға бір қазақ сайлауыңызды, Орынбор губерниясындағы мұсылмандардың бұл еткен жәрдемі қазақтарға бек қымбат тарихи бір белгі (сый) болар еді» делінген.

**ШЫМКЕНТТЕГІ ЕСКЕРТКІШ** – монументті өнер туындысы. 1992 ж. Шымкент қ-ндағы Ман-



гелдин көшесінің бойында орналасқан А.Байтұрсынұлы атынд. №50 мектеп-гимназияның алдына қойылған.

«ШЫМШЫҚ ПЕН КӨГЕРШІН» – «Қырық мысалдағы» екінші өлең. 8 шумақ (32 тармақ). Өлең мазмұны «Күлме досқа, келер басқа» деген мәтелді еске түсіреді. Торға түсіп қалған шымшықты: «Тал түсте торды көрмей, соқыр ма едің, Есалаң, ақылң жоқ...» деп сөккен көгершін, бір

кезде қыл тұзаққа өзінің де түсіп қалғанын білмей қалады. Осыдан келіп, автор: «Біреуді білмес адам табалайды, Бақ көссе, ақылыңа қарамайды» деген қорытынды шығарады.

*С.Ғұсманқызы*

**ШЫН ӘНГІМЕ** – нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, жалаң сөз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ШЫНДЫҚ СӨЗІ** – нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін *шын әңгіме*.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

«**ШЫНДЫҚ ШЫРАҒЫ**» – естелік-эссе. Авторы – Г.М.Дулатова. А., «Мектеп» баспасынан 2012 ж. жарық көрген. Көл. 408 бет. Таралымы 3000 дана. 95 түрлі түсті сурет берілген. Бұл кітап 1998 ж. Г.Дулатованың ұлы – Е.Ә.Сатыбалдиевтің жеке бастамасымен 2 том болып аз таралыммен басылған. Кейін 2 том біріктіріліп, толықтырылып, өңделіп бір кітап болып шыға-



рылған. Кітап Т.Кәкішұлының «Ақиқаттың анасы – шындық» атты мақаласымен ашылып, «Міржақыптың өмір хикаясы», «Естелігіме қосымша» және «Аяулы жандар» деген бөлімдерден тұрады. Автор әкесі М.Дулатовтың бойындағы азаматтық ажарын, мінез-құлқы мен кейбір оқиғаларға қатысын, өз ортасымен қарым-қатынасын жүйелі түрде баяндаған. Сонымен бірге кітапта А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Қадырбаев, А.Юсупов, Қ.Кемелгеров және т.б. белгілі Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметтері туралы шынайы естеліктер молынан кездеседі.

*С.Аргынгазин*

«**ШЫНЫ**» – «Оқу құралына» енген мәтін. Шынының құрамы (күм, сахар, ізбес), оның қолданылатын орындары айтылған.

**ШЫҢҒЫСТАУ** Ш ы ң ғ ы с т а у ы – Сарыарқаның шығыс бөлігіндегі тау жотасы. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты ғыл.-зерт. мақаласында (6 томдық шығ. жин. 1-т.) Абайдың атасы Ырғызбай Торғай обл-ндағы Ырғыз деген өзен бойында туғаны және Ырғызбай өз халқының қолбасы, батыры және ел ағасы екені, Түркістаннан елін ертіп, Шыңғыс тауына малға жайлы, жері шұрайлы деп қоныс тепкені айтылады.

**ШЫРАЙ КҮШЕЙТКІШТЕРІ** – таңдаулы шырайдың басына сөздің өзінен алып күшейту үшін қосатын буындар. Мәселен: *қып-қызыл, сап-сары, үп-үлкен, ып-ықшам, ып-ыңғайлы, бiп-биік, сып-сида, шiп-шикі* т.с.с.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

*О.Жұбаева*

«**ШЫРҚАУ**» – ән. Орындаған – А.Байтұрсынұлы. Нотаға түсірген – А.Затаевич. Ән асықпай екпінде жүріп, тұрақты 4/4 өлшемінде жазылған. Ырғағында қарапайым, төрттік, сегіздік, жартылық және бүтін ұзақтықтар кездеседі, тек каденциялық айналымда триоль пайда болады. Құрылым жағынан қос тармақты шумақты-қайырмалы (АВС). Әннің бірінші әуендік жолы речитативті, дегенмен кварта аралығындағы трихордты көрсетеді. Яғни ән жоғарғы негізгі «соль» дыбысынан басталып, оның әндетілуі арқылы 6 дыбысқа түсіп, қайтадан «соль» дыбысына көтеріледі. екінші әуендік жол алғашқыға қарағанда кантиленалық, жоғары қарай секундаға қосалқы қозғалыс жасай келе, төмен квинталық секірме жасап, ре дыбысын қайталап, соль дыбысына қайта секіріп, төменгі тетрахордпен тол-



қынды түсіп, 4 дыбыс арқылы ля-негізгі дыбысқа келіп тоқтайды. Қайырманың әуендік жолы до дыбысынан 6b дыбысқа тізбектеле көтеріле, ля дыбысына қайта оралады. Әннің соңғы каденциялық айналымында 2 дыбыс табиғи түрінде, қосалқы қозғалыс арқылы 2b (екінші төмендетілген) дыбыспен түрлендіре ля дыбысымен аяқталады. Әннің диапазоны октава аралығын қамтиды. Ладтық ерекшелікке келетін болсақ соль мажор тональдігінің белгісі берілгенмен ладтық құбылмалық көрінеді: соль-ионийлік – ре-ионийлік – ля-фриго-эолийлік.

*А.Қазтуғанова*

## ШЫРЫЛДАУЫҚ

«ШЫРЫЛДАУЫҚ ШЕГІРТКЕ» – мысал өлең. А.Байтұрсынұлының Қызылорда қ-нда 1926 ж. шыққан «Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін 1-ші кітап» атты оқулық еңбегінде жарияланған. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. Тақырыптың астына «Крыловтан» деп көрсетілген. 9 шумақ, 36 жолдан тұратын шығарма 7 және 8 буыннан тұрады. Шығарма соңына аударушының «Абай» деп сілтеме жасайды.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

*К.Қошым-Ноғай*



**ЩЕРБА** Лев Владимирович (3.3.1880, қазіргі Санкт-Петербург қ. – 26.12.1944, Мәскеу қ.) – тіл білімі маманы. Петербург ун-тінің проф. (1916), КСРО ҒА акад. (1943). Санкт-Петербург ун-тінің (1903) бітірген. 1909 жылдан осы ун-те зертхана меңгерушісі болды. Щ. тілдің өмір сүруі мен дамуын қоғамда алатын орнына және сөйлеуші-



*Л.В.Щерба*

нің психологиясына байланыстыра қарады. Ол синтагма, сөз, әсіресе, фонема теориясына баса назар аударды. Әдеби тіл нормасын әдеби тіл мен диалектінің байланысын, орыс әдеби тілінің бау көздері мен өзгеру себептерін, өлең сөздің тілдік құрылысын, т.б. зерттеді. Щ. және Ф.Ф.Менцель, С.Ф.Ольденбург, Құсайын-зада, Месарош, С.И.Руденко, А.Н.Самойлович, Н.Ф.Яковлевтер 1926 жылғы 26 ақпан – 5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың I-съезіне А.Байтұрсынұлымен бірге делегат болып қатысқан. Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.



**ЫЗАЛЫ РАЙ** – қайрау райдың ызамен айтылатын түрі. Мыс.: *жүрсейіші, жүрмесейші, қалсайшы, қалмасайшы, барсайшы, бармасайшы. Ғалым бұрын ызалы райға жақын өтініштеу рай (барсана, тұрсана, жұрсана, қойсана, кетсана т.с.с.) болғанын, алайда ол ертегілерде ғана сақталғанын, күнделікті қолданыста айтылмайтынын ескертеді.*

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. – II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

О.Жұбаева

**ЫҚШАМДАУ.** Бағыныңқы сөйлемдер екі түрде айтылады. 1) толық түрде, 2) ықшам түрде. Толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің бәрін болмаса да, көбін-ақ ықшам түрге айналдыруға болады. Ы. деп сол толық түрден ықшам түрге айналдыру айтылады. «Қазақ тілінде толық түрінен де ықшам түрі көбірек жүреді. Бағыныңқы сөйлемнің көбі ықшам түрге айналғанда, басыңқы сөйлемге сіңісіп, жоғалып кетеді. Жазғанда бағыныңқы сөйлемнің толық түрі мен ықшам түрінің қай қолайлысы, көркемі алынады. Сондықтан ықшам түрінен толық түрі көркем болып шықпайтын болса, онда сөйлемдерді ықшамдаудың қажеті жоқ. Жана да ондай сөйлемдер ықшамдалмайтын сөйлемдерге саналады» дейді А.Байтұрсынұлы. Ы. тіл деңгейлерінің бәрінде (фонетика, лексика, морфология, синтаксис) кездеседі. Яғни Ы. құбылысы тілдің жеке бір саласына ғана емес, бүтін тілге қатысты болады. Былайша айтқанда, тілдің тіл дамуының жалпы заңдылығы деуге саяды. Ал оның фонетикадағы, лексикадағы, грамматикадағы көріністері сол заңдылықтардың іске асу тәсілдері болып табылады. Жалғыз қазақ тіліне ғана емес, жалпы тіл ағаулыға ортақ заңдылықты қазақ білімінде (мүмкін, түркологияда, әлем лингвистикасында да, оны әлі анықтау керек) алғаш байқаған, алғаш ашқан Байтұрсынұлы деуге болады. Ғалым оның синтаксистегі іске асу тәсілдерінің бірнешеуін мысалдар арқылы талдап та көрсеткен: 1) Түсі қандай болса, ісі сондай болады. Бұл – толық түрі. Ықшам түрінде

айтқанда, «ісі түсіндей болады» дейміз (зат есім арқылы). 2) Ит жүйрік болса, оны түлкі сүймес. Мұнда ықшамдап айтқанда, «ит жүйрігін түлкі сүймес» дейміз (мұнда сын есім арқылы). 3) Олар көше алмады, үйткені көлігі жоқ болды. Мұны ықшамдап айтқанда, «Көлігі жоқ болып, олар көше алмады» дейміз (мұнда етістіктің көсемше түрі арқылы). Түркі тілдерінде бастауышты түсіріп айту өте көп кездеседі. Әсіресе жіктеу есімдіктерінің өз баяндауыштарымен жақ жалғаулары арқылы қиысуы, жіктік жалғауының да, жіктеу есімдігінің де сөйлемде ұқсас бір мағынаны беруі бастауыштардың ықшамдалуына жағдай жасайды, айтушыны сөйлеу кезінде бастауышты түсіріп айтуға итермелейді. Кейде тіпті баяндауышты түсіріп айту да кездеседі. Бүгінгі күннің синтаксис мамандары синтаксистегі ықшамдау құбылысын синтаксистік деривацияның кері тәсілі ретінде түсіндіреді. Оны синтаксистік деривацияның компрессия тәсілімен жүзеге асуы деп қарайды. Компрессия латын тілінен келе жатқан халықар. терминге жатады. Орысша «сжатие», қазақша «тығыздалу», «сығылу» деген мағынаны береді. Тілдегі осы заңдылықты алғаш ашқан – Байтұрсынұлы.

Б.Қапалбек

**ЫҚШАМ ТҮРДЕ АЙТЫЛҒАН БАҒЫНЫҒЫҒЫ СӨЙЛЕМ** – бағыныңқы сөйлемнің ықшамдалған түрі. Бағыныңқы сөйлемдер екі түрде айтылады: 1) толық түрде 2) ықшам түрде. Толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің бәрін болмаса да, көбін ықшам түрге айналдыруға болады. Бағыныңқы сөйлемнің көбі ықшам түрге айналғанда, басыңқы сөйлемге сіңісіп, жоғалып кетеді. Мыс.: 1) *Түсі қандай болса, ісі сондай болады.* Бұл – толық түрі. Ықшам түрінде айтқанда, «ісі түсіндей болады» дейміз. Бұл мысалда «*түсі қандай болса*» деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, «түсіндей» деген жалғыз ауыз сөз болып, басыңқы сөйлемге сіңісіп кетіп тұр. Жазғанда бағыныңқы сөйлемнің толық түрі мен ықшам түрінің қай қолайлысы, көркемі алынады.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЫМЫРА** – бастауыш пен баяндауыштың жекеше, көпше түрде өзара сәйкес келуі. Мыс.: *мен барамын, сен барасың, біз барамыз, сіз барасыз немесе сендер барасыңдар. Мен саумын, сен саусың, біз саумыз, сіз саусыз немесе сендер саусыңдар.* Жекелік, көптік жүзінен бірінші, екінші жақтарында баяндауыш бастауышпен ымыраласқан. Ал үшінші жаққа келгенде, көпше айтылмай, ымырадан шығып кетеді. Мыс.: *ол барады, олар барады («барадылар» орнына «барады» болып тұр). Ол сау, олар сау («саулар» орнына «сау» ғана болып тұр).* Яғни, баяндауыш бастауышпен

## ЫМЫРАЛАСУ

жекелік, көптік жүзінен де ымыраласқанмен, ол Ы-сы толық емес, тұрақты емес.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЫМЫРАЛАСУ** – бастауыш пен баяндауыштың өзара ымырада болуы. А.Байтұрсынұлы баяндауыш бастауышпен жеке айтылғанда, үшінші жағымен ымыраласып, көпше айтылғанда, үшінші жағымен ымыраласпайтынын ескертеді. Сонымен қатар бастауыш бір жақты болса, баяндауыш онымен айтылған түрде ымыраласады. Бастауыш әр жақты болса, мәселен, бастауыш біреу емес, бірнеше болса және әрқайсысы әр жақты болса, онда баяндауыш басым жағымен ымыраласады.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ЫМЫРАЛЫ ДЫБЫС** – ымыраға көнетін, жалғау, жұрнақтардың ауанына сәйкесетін дыбыстар. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде ұяң харіфтер өзара екіге бөлініп, өз ішінен 1) ымыралы харіфтер (*ж, р, з, л*); 2) ымырасыз харіфтер (*м, н, ң*) деп жіктеледі. Яғни, ғалым еңбектерінде жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай жіктеу нәтижесінде жалғау, жұрнақтары бірдей болып шығатын дыбыстарды бірыңғай шығарып, әрқайсысын өз алдына бір тап қылып жіктеу арқылы *ж, р, з, л* дыбыстары «ымыралы» деп аталса, Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінен кейін *р, л* дыбыстары жарты дауыстылар қатарында аталып, *ж, з* дыбыстары ғана Ы. Д. ретінде сипатталды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ЫМЫРАСЫЗ ДЫБЫСТАР** – ымыраға көнбейтін, жалғау, жұрнақтардың ауанына сәйкеспейтін дыбыстар. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде ұяң харіфтер өзара екіге бөлініп, өз ішінен 1) ымыралы харіфтер (*ж, р, з, л*); 2) ымырасыз харіфтер (*м, н, ң*) деп жіктеледі. Яғни, ғалым еңбектерінде жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай жіктеу нәтижесінде жалғау, жұрнақтары бірдей болып шығатын дыбыстарды бірыңғай шығарып, әрқайсысын өз алдына бір тап қылып жіктеу арқылы сөз аяғында келмейтін, жалғау жұрнақтардың ешбір түрімен үйлеспеуіне байланысты үш дыбыс (*н, м, н* дыбыстары) «ымырасыз» деп, өз алдына жіктелген. Тұтастай алғанда, 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының съезінде қазақ тілінің дыбыстарын дауысты, дауыссыз деп екі бөліп алып, дауыссыз дыбыстарды өз ішінен бес бөліп жіктеген: 1. *р, л, у, й* төртеуі *жарты дауысты* атанған; 2. *н, м, ң* – үшеуі *ұяң* делінген; 3. *б, п, т, с, ш, қ, к* – жетеуі *қатаң* атанған; 4. *ж* мен *з* – ымыралы; 5. *д, ғ, г* – үшеуі ымырасыз атанған. Яғни,

бұрын «ымырасыз» деп танылып келген *м, н, ң* дыбыстарының орнына енді *д, з, г* дыбыстары «ымырасыз» деп аталды.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ЫРҒАҚТЫ ЖОРҒАҚ** – жорға жүрісінің тайпалуы, теңселуі сияқты болып келген өлең ырғағы. Ы. ж. сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірдейлігімен, кестелерінің реттілігімен, сөздерінің әуездес ұқсастығымен ерекшеленеді. Ы. ж. тіл табиғатына қарай түрлі жолмен келеді. Сөзден өлең жасап шығару жағынан тіл үшке бөлінеді: дауысты дыбыстарында ұзын-қысқалық бар тілдер; екпін буыны бірыңғай келетін тілдер; екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

*О.Жұбаева*

**ЫРҒЫЗ** – Ақтөбе обл. Ырғыз ауд-ның орт. (1928 жылдан), ауыл, округ орт. А.Байтұрсынұлының «1916 жылдың көтерілісі» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) «...Октябрь басында сырттан драғұн, ұлан, түрлі атты қазақтар құйыла бастады. Ырғыз, Торғай екі уак қалаға ғана отыз мың әскер келіп құлады» делінген. Хаттар топтамасында «Арыстар арасындағы хаттарда» (6 томдық шығ. жин., 6-т.) А.Байтұрсынұлы «Қадірлі Әли...» деп бастап, өзінің Қызылордаға көшкені жайлы, елге осы жылы астананың Қызылордаға көшуіне байланысты бара алмағанын айта келіп, «... сенің профессорың Торғай мен Ырғызға қарай шығатын болса, маған да онымен бірге шығу керек шығар» деп жазғанын келтіреді.

**ЫРҒЫЗ** – Торғай алабындағы өзен. А.Байтұрсынұлы «Аспаннан жауған құмырсқа» мақаласында (6 томдық шығ. жин., 2-т.) Ырғыз дуанынан Шалқарға дейінгі бір көш жердегі Сайқұдық деген жерде түнеріп ойнап шыққан қара бұлт Ы. өз. үстіне келгенде, бұлттан құйылып, уақ, жіңішке бел, қызыл ала құмырсқалардың жауа бастағаны баяндалады. А.Байтұрсынұлы бұның ешқандай құпиясы жоқ екенін ғыл. түрде дәлелдеді және бұл табиғат құбылысынан қорқатын ештеңе жоқ деп түсіндірді.

*Қ.Ахметов*

**ЫРҒЫЗБАЙ** Айдосұлы (1744 ж.ш., қазіргі Ақтөбе обл. Ырғыз өз. бойы – 1785, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Шыңғыстау тауының баурайы) – қоғам қайраткері, батыр, би. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың үшінші атасы. Ол жастайынан өлең сөзге жүйрік, шешен болып өседі, өз ортасында беделді болған. Тобықтының атақты биі Кеңгірбай Жандосұлы Ы-ды қасына ертіп, ел ішіндегі дау-дамайға, бітім-билікке араластырады. Кейін өзі де құн дауы, жесір дауы сияқты қазақ арасындағы күрделі мәселелерді шешуге

белсене қатысады. Ол жоңғар шапқыншылығы кезінде үдере көшкен руластарын Шыңғыстау өңіріне бастап әкеліп қоныстандыруға көп еңбек сіңірді. Қалмақтарға қарсы шайқастарда батырлығымен көзге түсіп, Абылай ханның жақын сырлас достарының бірі болды. Үлкен ас, дүбірлі жиындарда күреске түсіп, балуандығымен де аты шыққан. Атақты Ер Жәнібек батырдың қызына үйленген. Ы-дың Өсер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай атты ұлдарының ішінен Өскенбайы елге қадірлі басшы, әділетті би, тапқыр шешен болғаны белгілі. М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында, Абай туралы жазған зерттеулерінде Ы-ға ерекше тоқталады. Шәкерім де өзінің 1911 ж. Орынборда шыққан «Түрік, қырғыз хәм хандар шежіресі» атты кітабында төртінші атасы Ы. туралы үлкен ілтипатпен жазады. Ы. Шыңғыстау ішіндегі Бөкенші өз. бойындағы әулеттік қорымда жерленген. А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Абайдың ұлы атасы жөнінде: «Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы батыры, ел ағасы, би болған. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркістаннан елін ертіп ауып келіп, Шыңғыс тауы малға еніпті деп, қоныс еткен екен» деген деректер береді.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

**ЫРЫҚСЫЗ ЕТІС** – істелу ырық істеушіден басқада болған істі білдіретін етіс түрі. Мыс.: *ат жегілді, қоян қуылды, қозы сойылды* дегенде ат ырықсыз жегіліп тұр, қоян ырықсыз қуылып тұр, қозы ырықсыз сойылып тұр. «Жегілді», «қуылды», «сойылды» деген сияқты сөздерді *ырықсыз етіс* дейміз.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. – 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ЫСМАҒҰЛОВ** Жұмағали (17.4.1928, Қостанай обл. Сарыкөл ауд. Соңалы а. –17.1.2011, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1994), проф. (1998). ҚР-ның еңбек сің. мәдениет қызметкері (1992). Қазақстан Әлеум. ғылымдар академиясының акад. (1996). ҚазҰУ-ды (1951), КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасын (1961) бітірген. Әуликөлдегі ауд. газет баспаханасында әріп теруші, газет редакциясында жауапты хатшы (1943–46), «Қазақстан коммунисті» журналында бөлім меңгерушісі (1949–51), жауапты хатшы, редколлегия мүшесі (1951–52), «Үгітші блокноты» журналының редакторы (1952–54), Қазақстан КП ОК-нің үгіт және насихат бөлімінде нұсқаушы (1954–58), «Қазақ әдебиеті» журналының бас редакторы (1961–63), Алматы обл. «Жетісу» газетінде бөлім меңгерушісі (1963–65), Шығыс Қазақстан обл. «Комму-

низм туы» газетінде редактордың орынбасары (1965–69), Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы ин-тында бөлім меңгерушісі (1969–73), Қазақ КСР Мин. Кеңесі жанындағы Ақпарат агенттігі (ҚазТАГ) директорының орынбаса-



*Ж.Ысмағұлов*

ры (1973), директоры (1982–87), 1987 жылдан Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, жоба жетекшісі қызметтерін атқарған. «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, Кеңес Одағының 10 медалімен марапатталған. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (1996). С.Қирабаев «Абзал азамат, қадірлі дос» атты мақаласында: «...ол осы тұста ақталып, әдеби мұрасы қолға тиген А.Байтұрсынұлы пен М.Дулатов шығарм-н зерттеп, жаңа еңбектер жазды. «20–30-жылдардағы қазақ әдебиеті» атты ұжымдық зерттеуге осы екі арыс жайында монографиялық тараулар берді» деген дерек келтіреді («Перзенті еді халқының». А.: Қазақстан, 2013). Сондай-ақ Ы-тың «Шын асылмен қайта қауыштық», («Жалын», 1989. – №2. – 21-б.), «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы» (тел-авт.), «Ахметтің аудармашылығы», т.б. мақалалары жарық көрген.

**«ЫСМАЙЫЛ ҚАН»** – Күнжан ханымның жоқтауы. Бұл жоқтауды ел аузынан жазып алып, А.Байтұрсынұлы құрастырған «23 жоқтау» (Мәскеу, Күншығыс, 1923) атты кітапқа берген – Ә.Бөкейхан. Ғалымның 5 томдық шығ. жин-нда (А., 2006), 6 томдық шығ. жин-нда (А., 2013) қайта басылған. «Қара бір таудың жылғасы, Халқына болған құлжасы Сүйіндіктің ағасы, Алтыннан салған сырғасы» деп басталатын 7–8 буындық жыр үлгісіне құрылған шығарма 242 жолдан тұрады. Жоқтаудың соңындағы түсіндірмеде: «Барак – Бөкей – Тәуке – Арыстанбек – Ысмайыл қан. Майор – жаңа зақуннен (1868 жылдан) бұрынғы аға сұлтан заманында оқыружной піриказда, осы күнгі пырокурордай, орыс төре. Майорлар қасқырдай жегіш, тікендей тигіш, елге аурудай апат болған. Бір майор қазақтың қатынын басып,

## ЫСТАНБҮЛ

Ысмайыл қан со майорды қуып, Сібір айдатқан. Соның қатыны алдап қонаққа шақырып, Ысмайыл қанға мішпек су беріп, сонан ер 1867-ші жылы өлген. Күнжан Түркістанда Жолбарыс қанның нәсілінен, шынар, сексеуіл деп жазғаны содан. Ысмайыл қан бейіті Қарқаралы – Семей жолында, Талды өзені бойында, 40 шақырым Қарқаралыдан бекет жанында» деп жазып, астына «Қ.б» деп қол қойған. Ә.Бөкейханның бүркеншік есімдерінің бірі – «Қыр баласы».

Әдеб.: 23 жоқтау. – М., Кіндік баспасы, 1923; Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 5-т.

*К.Қошым-Ноғай*

**ЫСТАНБҮЛ**, қ. *Стамбұл*.

«ЫСТЫҚ ЖАҚ» – «Оқу құралына» енген мәтін. Жер шарының әрбір өңірінде климаттың әр түрлі болуының себебі ол жерлерге күн сәулесінің қалай түсетініне байланысты екені айтыла келіп, осыған байланысты суық жақ пен ыстық жақтың болатыны, мұның әрқайсысындағы тіршіліктің өзіндік ерекшеліктері түсіндіріледі.

*С.Ғұсманқызы*

**ЫСТЫҚКӨЛ**, Ы с с ы к ө л – Солт. Тянь-Шаньдағы Күнгей Алатау мен Теріскей Алатау жо-

таларының аралығында, 1608 м биіктікте (Ыстықкөл қазаншұңқырында) орналасқан тұйық көл, Қырғызстан жерінде. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатын сипаттағанда (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың ірі көлдеріне тоқталған. Онда ол Орт. Азияда (Қырғызстанда) орналасқан Ы. көлін атаған. Мақалада Ы. көлі Ыссы көл деп берілген.

*Қ.Ахметов*

«Ы» ХАРФИ – дауысты, жіңішке, қысаң, езулік дыбыс. 20 ғ-дың басында «ы» харфінің таңбалануына байланысты түрлі таластар болған. Сол себепті А.Байтұрсынұлы еңбектерінде «ы» харфі бас буында, барша бітеу буында жазылмайды, ашық буында қалмай жазылады. Мәселен: «мысық» сөзі «ы»-сыз, «мск» түрінде жазылды. Бас буынға (ашық буын болғандықтан) «ы» жазылмай, басқа буындарда («сы», «ғы») «ы» харфі жазылды: «мсығы».

Әдеб.: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*





**ІЙ КӨМЕКШІ.** А.Байтұрсынұлы көмекші етістің бұлай аталуының мәнісін «бұл етістік өзге сөздерге көмекші болумен әбден *ій* болып, етістік түрінен айырылуға таяған. Қазірде жалғаулық қатарлы мағынадағы сөзге айналып кеткен» деп түсіндіреді. Ій көмекшінің етістікше өзгеру түрінен қалған жұқанақтары: Өткен шақ: 1-жақ *едім*; 2-жақ *едің*; 3-жақ *еді*. Онан басқа қалған жұқанақтары: *емен, емес, екен*.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

**ІЛЕЗДІК ОДАҒАЙ** – аяқ астынан, кенеттен болған іс-әрекетті білдіретін одағайдың түрі: *лап, шап, жалт, жылт, зып, сып, дік, күмп, дүрс, күрс, мырс, қалт, бырт, кірт, кілт, тырс, шақ, тақ, шық, зырқ, дүңк, сап, қып, жып т.с.с.*

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

*О.Жұбаева*

**ІЛІЯСОВА** Күлпаш Мырзамұратқызы (6.5.1966 ж.т., Қызылорда обл.) – алаштанушы, тарих ғыл. канд. (1999), доцент (2011). Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының акад. (2012).



*К.Ілиясова*

ҚазҰУ-ды (1989) және аспирантурасын (1998) бітірген, Қызылорда пед. ин-тында оқытушы (1989–95), Қызылорда мемл. ун-тінде аға оқытушы (1999–2011), доцент, кафедра менгерушісі, бөлім бастығы қызметтерін атқарған. 2011 жыл-

дан ҚР БҒМ Мемлекет тарихы ин-тында жетекші ғыл. қызметкер, Индустриалды-инновац. даму және этноәлеум. үдерістер тарихы бөлім бастығының міндетін атқарушы, бөлім бастығы. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы» көптомдығының (2007, 4-томы), «Қазақ съездері» (А., 2007. – 352 б.) кітаптарының жауапты құрастырушысы. Алаш мұрасы және тәуелсіздік тарихын зерттеу жұмыстарымен айналысады. I. «Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және оның орындалуы. Тарихи талдау (1917–19 ж.)» тақырыбында канд. дисс. қорғап, Алаш қозғалысы тұсындағы болыстық, уездік, обл. жалпықазақ съездерінің және әр түрлі кеңестер мен басқосулардың тарихын зерттеген. Осы ғыл. еңбегінде 1917 жылғы өткен Торғай обл. қазақ съезінде жалпықазақ съезін шақыру жөнінде бюро құрамының бекітіліп, оған Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, т.б. мүше болғандығы, съездің төрағалығына Байтұрсынұлының сайланғаны туралы мәлімет берілген. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен (2005, 2007), ҚР БҒМ «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен (2017), Құрмет грамотасымен (2015) марапатталған. 50-ден астам ғыл. және ғыл.-танымдық мақаланың, 2 кітап, 1 оқу құралының және ұжымдық еңбектердің авторы.

**ІЛІК ЖАЛҒАУ** – ілік септеудің қосымшалары: нын, дін.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ІЛІКТЕУ** – *ілік жалғау*.

*Әдеб.:* Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ІРГЕЛЕС** – мағына жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер. Мыс.: 1) *Күн ашық. Тоғайлар шат. Бің-жың орман.* 2) *Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.* 3) *Біссімилдә безгелдек! Бұлай жатсын дуадақ! Сыбағама қоңыр қаз. Үлесіме үш үйрек. Екі сартқа бір тартар, аққуды батыр екен атар.* 1-мысалға алынған сөйлемдер арасында жақсы күннің жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар. 2-мысалға алынған сөйлемдер арасында кеш уақытта болған уақиға жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар. 3-мысалға алынған сөйлемдер арасында үлес кіретін сөйлеген ой іргесінің ғана біргелігі бар. Сөйтіп, үш мысалдың үшеуіндегі сөйлемдер біріне-бірі тек ой іргесімен ғана жанасқаны болмаса, бастарын қосып тұрған басқа еш нәрсе жоқ. Сондықтан бұлардың аралары да біріне-бірі қосылмай, ашық-ашық үзіліп айтылады. Жазғанда араларына үлкен тыныс белгісі (,) қойылады. Іргелері жақын болса, ортаншы тыныс белгісі (;) қойылады.



*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

**ІС ҰҒЫМЫ** – іске керек ұғым. Адам қара сөзден тек ұғым алады. Ұғым керекті орнына қарай екі түрлі болады: 1) *ес ұғымы*, яғни, еске керек ұғым; 2) *іс ұғымы*, яғни, іске керек ұғым. Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, заңын, сырын, сипатын, мүддесін, мұратын танимыз. Іс ұғымының арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз. Сондықтан қара сөзді өңгімелер екі жақты болып келеді. Бір жағы ес ұғымымен болады, екінші жағы іс ұғымымен болады. Адамның зейіні Құдайды тану жағына жұмсалып, Құдай турасындағы мәселені шешпек болғанда, дін пайда болып, ұғым жүйесі жасалса, ол *ғақаид* деп аталады. Оның екі жағы болады: бірі діннің негізі турасындағы *ес ұғым* болады да, біреуі дінге керек *іс ұғым* болады.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ІСІМАҚОВА** Айгүл Мұхаммедсерікқызы (24.3.1958 ж.т., Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а.) – алаштанушы ғалым, филол. ғыл. докт. (1998), проф. (1999). Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Халықар. ақпараттандыру академиясының акад. (2013). ҚазМҚПУ-ды (1980) бітірген. Қазақстан ҒА-ның М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында зертханашы (1980), Мәскеу к-ндағы Дүние жүзі әдебиеті ин-тында



*А.Ісімақова*

ізденуші-тәлімгер (1981), аспирант (1982–85), Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. (1985–94), аға ғыл. қызметкер (1994–2000), бөлім менгерушісі (2001–11) қызметтерін атқарған. 2012 жылдан осы ин-тта Абайтану бөлімінің жетекші ғыл. қызметкері. Әдебиеттанудағы ғыл. ізденістерінің негізгі бағыты – әлем әдебиеті, әдебиет теориясы, қазақ әдебиетіндегі жанр, стиль, дискурс мәселелері. I. «Казахская художественная проза: Поэтика, жанр, стиль», «Возвращение Плеяды. Экзистенциальная проблематика в творчестве А.Байтұрсынұва, Ш.Қудайбердиева, Ж.Аймауытова, М.Жумабаева, М.Дулатова и М.Ауэзова»

(2002), «Алаш әдебиеттануы», «Асыл сөздің теориясы» (2009), «Тәуелсіздік және Алаш ғылымы», «Алаш ғылымы және тәуелсіздік», «Жазған сөз жаным ашып Алашым...», «Қазақ әдебиеттануы» (2015), «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану» (2016), «Алаш әдебиеттануы» (2017), т.б. еңбектері жарық көрген. Қазақ, орыс, шет ел ақпарат құралдарында жарық көрген әдебиет теориясы, қазақ және әлем әдебиеті, қазіргі әдеби сын мәселелері жөніндегі 1000-нан астам ғыл. мақаланың авторы. I. Үш томдық «Мировое литературоведение» (2007–09), екі томдық «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы», «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттануы», «XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы», Ахмет Байтұрсынұлы бес томдық шығ. жин. (2003–06), Ахмет Байтұрсынұлы алты томдық шығ. жин., «Әдебиет теориясы» (2013) атты ғыл. жобалардың жетекшісі. Еңбектері Ресей, Ұлыбритания, Алмания, Мажарстан, Чехия, Италия, Оңт. Корея, Литва, Болгарияда жарық көрген. А.Байтұрсынұлы атынд. «Саңлақ автор» (2008), ҚР ҰҒА-ның «Алашорда үкіметі мен Алаш автономиясына 100 жыл» медальдарымен (2017), Америка биография институтының «Ғылым адамы–2004» сыйл. марапатталған.

**ІШКЕРГІ ҒАЛАМНЫҢ КҮЙІ** – *толғау*. Әр нәрсені саңылап санамызға алған уақытта, ол нәрселер турасындағы ұғымдарымызға көңіл кіріспей тұрмайды. Адам дүниедегі көрген, білген нәрселерін тек байқап, тек пікірлеп, тек саңылаулап қана қоймайды, ол нәрселермен қатар адамның көңіліне күй де жасалады. Адам көрген-білген нәрсенің иә істің біріне күйінеді, біріне сүйінеді, бірінен сескенеді, бірінен шошынады. Сезіліп тұрған тысқарғы ғалам мен сезіп тұрған ішкергі ғаламның екі арасы санаға келіп түйіскен жерде жырттылып айырылғысыз болып бірігеді. Тысқарғы ғаламнан санаға түскен саңылау мен сана жанында тұрған көңілдің күйін бір-біріне қатыстырмай, бөлектеп қоюға мүмкін емес.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ІШКЕРГІ ЖАЛҒАУ** – жалғанған сөзінің тұлғасын да, ішкі мағынасын да өзгертетін қосымша, *тікелей жұрнақ*.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөз жүйесі хәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

**ІШКІ ҒАЛАМ** – ақыл, көңіл, қиял сияқты адамның рухына қараған жағы. Адамда екі ғалам болады: *ішкі ғалам, тысқы ғалам*.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

**ІШКІ ЖАҚЫНДЫҚ** – мағына жүзіндегі жақындық. Сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі – ішкі, бірі – тысқы.

*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. 6 томдық шығ. жин. – А.: Ел-шежіре, 2013. – 1-т.

*О.Жұбаева*



**ЭЗОП** (б.з.б. 6–5 ғ-лар) – ертедегі аты аңызға айналған грек мысалшысы. Негізгі кейіпкерлері хайуандар болып келетін мысал жанрын Э. шығарды деп уағыздалады. Ол мысалдардың қысқакысқа жазбалары б.з.б. 4–3 ғ-лардан бастап жиналып, кейін оқулықтарға енгізілген. Э. айтылған деректерге қарағанда, Креза патшаның сарайында қызмет еткен, Дельфада азапталып өлтірілген. Э-тың бізге жеткен мысалдарын 13 ғ-дың соңы мен 14 ғ-дың басында өмір сүрген грек монахы Максим Плануд жинаған. Оның 300-ден астам мысалы белгілі. Э. мысалдарының тілі қарапайым, сюжеттері сан алуан. Мысалдарының сюжеттерін Ж.Лафонтен, И.А.Крылов, т.б. мысалшыл ақындар пайдаланды. Э-тың мысалдары 1976 ж. қазақ тілінде жеке кітапша болып шықты. А.Байтұрсынұлы «Қырық мысалда» Э. және Ж.Лафонтен, Крылов, Абайдың мысалда пайдаланған дәстүрлі сюжеттерін негізге алып, ақындық қуат күштілігімен өзгеше төл туындылар жасады.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ.** А.Байтұрсынұлы – біздің ұлттық мәдениетіміздің асқақ шыңы ғана емес, сонымен қатар, рухани бастауымыз, үйретушіміз, ұстазымыз, қоғамдық болмысымызды түбірімен жаңғыртуға бастаушы болған кеменгер тұлға. Қасіретгі ғасырлардың тоғысында өмір сүрген ол өткен тарихи оқиғалар мен ұлт-азаттық қозғалысын және 20 ғ-дың демокр. реформа талаптарын терең түйсініп, түсіне білген. Өзінің саналы ғұмырында халқының артта қалу себептерін зерделей отырып, болашаққа жетудің жөн-жобаларын, жоспарларын, оны жүзеге асыру мүмкіндіктерін іздестірумен болды. Бұл кезең Ресей империясының Қазақстанда ұлттық мемлекеттікті – хандық басқару құрылымын мүлде жойып, елімізді біржолата басыбайлы бодан еткен шақ болған еді. Міне, осындай өте күрделі кезеңде Қазақстанда жана саяси күш – ұлттық либералдық интелгенция пайда болып, олар өз халқын жойылып кетуден құтқару жолдарын қарастырумен болды. Мұндай саяси күштің басында Ә.Бөкейхан, Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы

сынды ойшыл күрескерлер болды. Олар ұлттық қозғалысты ұйымдастырып, соның барысында Алаш партиясын құрды. Бұл партия шын мәнінде реформатор, жаңашыл көзқарасты ұстанып, оны жүзеге асыруға күш салды. Мұндағы жаңашылдық: азаттық қозғалысы ұстанымдарының негізі жасалды, ұлттық-аум. автономияның бағдарламасы дүниеге келді. Сөйтіп, мемл. құрылымның және қазақ қоғамының әлеум.-экон. жаңғыру жолдарының заман талабына сай жобалары ұсынылды. Бүтіндей алғанда, Алаш қозғалысының бағдарламасында қазақ ұлтының өзін-өзі билеу негіздері жасалды. Байтұрсынұлының көптеген мақалаларында қазіргі экон. даму заңдылықтары үшін аса маңызды тұжырымдар бар. Мәселен, «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 145–148, 158, 161, 163-сандарында «Шаруашылық өзгерісі» атты өзекті мәселе көтерген үлкен мақала жарияланған. Мақала авторы көрсетілмеген, десек те ұлт басылымы бетінде ауқымы кең, маңызы зор мұндай сауалды тек жауапты жан ғана көтерері анық. Ал басылымның бас редакторы – Байтұрсынұлы, демек, мақала авторы да Ахмет екені даусыз. Бұл мақаланы маңыздылығы мен өзектілігі жағынан салмақтасақ, мұны Алаш қозғалысының экон. манифесі деуге болады. Байтұрсынұлының бағамдауы бойынша тарихи прогресс адамдардың шаруашылық жүргізу әдістерінің өзгеруі арқылы айқындалып отырады. Сондай-ақ, күрескер ағартушының көзқарасы мен пайымдарына қарағанда, сол кезеңнің өзінде-ақ ол маркстік іліммен жете таныс болған. Бірақ оның көзқарасы маркстік әдебиеттің емес, батыстағы экон. көзқарастардың ықпалымен қалыптасқаны аңғарылады. Өйткені, Алашорда басшылары батыс ойшылдарының еңбектерімен жете таныс болған. Сөйтіп, олардың экон., саяси және әлеум. көзқарастарының қалыптасуына Батыста туындаған озық өнегелер мықтап әсер еткен. Олардың қазақ қоғамының ерекшелігін дұрыс зерделеп, әлемдік өркениет дәрежесіне көтеру жолдарын дұрыс бағамдағанына мысалдар аз емес. «Шаруашылық өзгерісі» топтамасымен басылған мақалаларда халықтың шаруашылық тұрмыстық өмір тірлігін эвол. жолмен өзгерту жөніндегі көзқарасқа мықтап табан тірейді. Байтұрсынұлы ғаламдық ілімдерді сарапқа сала отырып, қоғамдық экон. фармацияны бұрынғыша топтастырудан бас тартып, жаңаша алты сатыға жіктейді: 1) Аңшылық дәуір; 2) Жануарларды тіршілікке икемдеу, бакташылық (бағбандық) дәуір; 3) Жер шаруашылығының дамуы мен пайда болу дәуірі; 4) Жер шаруашылығы мануфактуралы (кәсіби игеру) дәуірі; 5) Жер шаруашылығы мануфактуралы-тауар айналымы дәуірі; 6) Машиналардың пайда болуы және таралу дәуірі. Ал қоғамның эволюц. дамуының қозғаушы күштері қоршаған табиғи орта, халықтың

тығыздығы, тех. прогресс, өзге елдердің жетістіктері, саясат пен заң, дін мен адамгершілік, білім мен оның таратылуы, сыртқы ықпалдар, мемлекеттің мақсаты болып табылатынын дөп басып көрсете білген. Ол тұрмыс-тіршіліктің өзгеруі ешқашанда шұғыл түрде жүзеге аспайтынын, мұның өзі көптеген ғасырлар бойы сандаған сатылар арқылы жүзеге асатынын нақты айта алды. Сөйтіп, ұлы ойшыл тірлік көзін секірмелі түрде өзгертуге болмайтынын, оның бірқалыпты эволюц. жолмен дамуы орынды екенін атап көрсетеді. Мұндай теор. тұжырымдар Бөкейхан, Байтұрсынұлы және олардың көзқарасымен ортақ болған серіктері қазақ халқының болашағы мен қазақ қоғамының даму заңдылықтарын болжап, мүмкіндіктерді дұрыс қарастырғанын, ал көшпелі өмір салтын дереу отырықшылыққа ауыстыру, экстенсивті мал шаруашылығына ауысу зор қателік болғанын ұғыну қиын болмаса керек. Егер еліміздің тарихындағы түрлі реформалар Әлихан мен Ахмет бастаған қазақ зиялыларының көзқарастарына сай жүргізілген болса, халқымыз алапат нәубетке ұрынбаған болар еді. Алаш қозғалысы басшыларының әлеум.-экон. көзқарастары мен тұжырымдарын, жобажоспарларын бүгінгі таңда да мықтап ескеріп, басшылыққа алып отыруымыз өте маңызды, әрі келешекке қажет. Байтұрсынұлы қоғамның дамуының қозғаушы күші таптық күрес емес екенін, сондай-ақ, қазақ қоғамының тапқа бөлінуін зардапты екенін дәлелдеген. Ол «Төңкеріс және қазақтар» (Революция и киргизы) деген мақаласында қазақтарда капитализмнің нышаны да, тапқа жіктелу де жоқ екенін, тіпті меншік дегеннің өзі өзге халықтар секілді нақты айқындалып белгіленбейтінін, көптеген тұтыну заттары ортақ игілік болып табылатынын баса көрсетеді де, қазақтардың Ресейдегі алғашқы 1917 жылғы Ақпан төңкерісін барынша құптағанын, мұны патша үкіметінің езгісінен құтылу деп қабылдағанын, ал екінші төңкерісті қорқынышпен, үреймен қарсы алғанын, мұны мүлде түсінбегенін, өйткені, қазақтардың арасында таптық жікке бөліну болмағанын нақты дәлелдеп жазады. 1911 ж. Байтұрсынұлы «Айқап» журналында «Қазақ өкпесі» деген мақаласында жерді сатуға құқ берген жағдайда кейбір қазақтардың меншігіне алған жерін дереу сатып, сауық-сайран салатыны, сөйтіп, ертеңінде-ақ қаңғырып қалатынын кеңінен сөз етеді. «Қазір қазақтар арасында жерін жалға бергісі келгендер аз ба? Кімде-кім жерін жалға бергісі келгенімен, оны саппай тұра алмайды ғой» деп жазды ол. Бұл сөзде халықтың мұң-мұқтажын тереңнен ойлаған ащы шындық жатты. Алаш партиясының бағдарламасында «аудандық және ауылдық қоғам жерді жеке отбасылар болып емес, бір атадан тараған туыстар бірігіп пайдала-

ну жүзеге асырылуы тиіс, бүкіл жер байлығы – ірі ормандар, өзендер мемлекеттің қарауына жатады және жер жөніндегі құрылым арқылы басқарылады» деп жазылды. Сөйтіп, Алаш партиясының бағдарламасында экономика мәселесіндегі аграрлық бөлімінде қазақ көшпелі қоғамының ішінде жерді ұжымдық пайдалану жөніндегі талаптар қамтылды. Мұның өзі жерді жеке адамдардың бөлшектеп меншіктенуін жойып, жер сатуға, әсіресе жерді шет жұрттықтарға сатуға тыйым салу мақсатынан туындады. Бұл дегеніміз кертартпалық консерватизм нышаны емес, қазақ демократтарының халықтың табиғатын терең түсінгендігінің, сол кезеңдегі нақты тарихи жағдайға сергек қарай білгендігінің белгісі еді. Олар қазақтар арасында тауар – ақша, нарықтық қатынас барынша дамып, ұлттық буржуазия қалыптасатынын, сөйтіп, бұлар бүкіл халықтық мүддені қорғауға қабілетті болатынын аңғара алды. Демек, бұл мәселедегі алашордашылардың көзқарасы қазіргі күнге де қызмет етіп тұрғанын аңғару қиын болмаса керек. Бұған дейін біржақты айтылып келгеніндей, Байтұрсынұлы және ұлттық либералдық зиялылар «қазақ халқын ескірген ортағасырлық шаруашылық жағдайына кері сүйреген» жоқ, қайта олар халықтың жақсы өмір сүруін көздеп, жекелей ауыл шеңберінде шаруашылықты ортақтасып өз алдына дербес жүргізуді, нарық экономикасы дағдысын меңгеруді, сонан кейін барып жерге жекеменшік құқын иеленуді жақтады. Бұл Байтұрсынұлының өз халқына деген протекционизмі болды. Өйткені, қазақтар әлеум. экон. даму жағынан көрші халықтардың әсіресе, экон. жағынан іскерлігі, кәсіпкерлігі, мәдениеті едәуір дамыған ұлттарға қарағанда артта қалып келгені жасырын емес. Байтұрсынұлы мен оның жақтастары өздерінің аграрлық мәселе жөніндегі көзқарастарынан Кеңес үкіметі жылдарында да бас тарта қойған жоқ. Мәселен, 1920 ж. шабындықтар мен жыртылған жерлерді теңестіру өлшемін олар негізгі эксперимент және «даладағы азамат соғысы» деп есептеді. Олар 1928 жылғы малды тәркілеуге қарсы шығып, мұны «халықты тонау» деп әшкереледі. Ірі корпоративтік және фермерлік шаруашылықтарды құру идеясын негіздеді. Тұтастай алғанда, Бөкейхан, Байтұрсынұлы және Алаш партиясының өзге арыстарының енбектерінде экономиканың өтпелі кезеңі теориясының негізін, Қазақстанның өмір сүру ерекшелігін ескере отырып, жан-жақты дәлелдеп жасады және шаруашылық түрлерінің дәстүрлі әдіс-тәсілдерінен жаңа нарықтық қатынасқа байыппен, бірқалыпты, эволюц. ырғақпен көшудің жолдары айқын көрсетілді. Бұл жағынан қарағанда, олардың көзқарастары мен ақыл-ойлары өздері өмір сүрген қасіретті кезеңнен әлдеқайда озық болғанын және сол кезең-

дегі билеушілерге түсініксіз болғанын ұғынамыз. Тек бүгінгі таңда қазіргі ұрпақ олардан өздерін толғандырып жүрген көптеген күрделі мәселелерге нақты ғыл. жауап тауып отыратыны күмәнсіз. Осы қырынан алғанда, өзге кемеңгерлер секілді Байтұрсынұлы қашанда уақыттан озық тұрған ұлы тұлға болмақ.

*К.Сағадиев*

**ЭЛЬБРУС** (кабард. Ошхомахо, балк. Мингитау) – Үлкен Кавказдың бүйір жотасындағы ең биік шың. А.Байтұрсынұлы Азия құрлығының табиғатымен қоса (6 томдық шығ. жин., 2-т.) өте ірі таулардың ең биік шыңдарына да тоқталған. Сондай биік шыңның бірі – Кавказ тауларындағы Э. шыңы болып саналады. Мақалада Э. шыңы Елборс атауымен аталған.

*Қ.Ахметов*

**ЭНГЕЛЬС** Фридрих (28.11.1820, Бармен – 5.8.1895, Лондон қ.) – К.Маркспен бірігіп марксизмнің негізін, ғыл. коммунизм теориясының, диалект. және тарихи материализм философиясының іргетасын қалаушылардың бірі. Бай фабриканттың отбасында дүниеге келген. 18 жасында әкесінің талабымен ірі сауда конторларында



*Ф.Энгельс*

істеген ол көп ұзамай неміс ағартушыларының идеяларымен әуестенді. Баспа органдарына қызметке тұрып, жас гегельшілдермен танысты. 1842 ж. «Рейн газетінің» редакторы Маркспен танысып, өмірінің соңына дейін дос болды. Э. гегельшілдер деп аталатын филос. ағымның сол қанатына кіретін Шеллингтің діни-мистик. көзқарасына, Гегельдің диалект. қайшылықтарына, консервативтік қорытындыларына сын айтты. Э. көзқарастарына түпкілікті әсер еткен жағдай Англияда сол кезде өріс алған жұмысшы қозғалысы – чартистердің бас көтеруі болды. Ол осы елдегі еңбекшілердің өмірі мен тұрмысына байланысты «Саяси экономияға сын туралы жоспар-

лар» деген еңбегін жазды. Э-тің бұл еңбегін Маркс жоғары бағалады. 1845 ж. Э-тің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегі жарыққа шықты. Бұл еңбектерінде ол пролетариатты өзінің бостандығы үшін күрес жүргізіп жатқан тап ретінде көрсетеді. 1844–46 ж. Маркспен бірігіп жазған «Қасиетті семья», «Неміс идеологиясы» деген еңбектерінде сол кезде үстем болған Гегельдің, Фейербахтың филос. жүйелеріне сын айтты. 1870 ж. Лондонға көшіп келіп, Маркспен бірге интернационалға басшылық етті. Осында ол «Анти-Дюринг», «Табиғат диалектикасы», «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» атты өзінің басты еңбектерін жазды. Маркс қайтыс болғаннан кейін, оның ғыл. жұмысын жалғастыра отырып, «Капиталдың» 2 – 3 томдарын өзі басып шығарады. Жалпы, Маркспен Э-тің еңбектері 19 ғ-дың 2-жартысынан бастап Еуропадағы социалистік қозғалыстарға үлкен әсер етті. Осы еңбектерде айтылған идеяларды басшылыққа ала отырып, 20 ғ-дың 1-жартысында алдымен Ресейде, кейіннен Орт. және Оңт.-Шығыс Еуропа елдері мен кейбір Азия мемлекеттерінде (Қытай, Корея, Вьетнам, т.б.) миллиондаған адамдардың өмірін қиған коммунистік режимдер орнады. Дегенмен, бұл режимдердің көпшілігі қоғамдағы өзгерістерге байланысты 1980–90 ж. ыдырап, саяси биліктен кетуге мәжбүр болды. Э. өз еңбектерінде диалект. және тарихи материализм идеяларын табиғаттану ғылымдарымен байланыстыра зерттеді. Мұндағы негізгі идеялары: материя мен қозғалыстың, кеңістік пен уақыттың ажырамас байланыстылығы, материя формаларының сарқылмастығы, атом құрылысының күрделілігі, органик. емес табиғаттың белгілі бір кезеңде пайда болған тіршіліктің қозғалыс формасы екендігі, т.б. Э. өз өмірінің соңғы сәтіне дейін Еуропаның саяси өміріне белсене араласты. А.Байтұрсынұлы «Партия хәм Кенес құрылысындағы рушылық әсері» атты мақаласында Э-тің рулық қоғам жайында: «Рушылық дәуірінде бірнеше рулардың ортасында жалпы үй шаруашылығы, жерге қоғам иелігі (азырақ үй шаруасы), оның қарамағына берілген кішкене шарбақшылардан басқа, барлық жерге қоғам иелігі болса да, сол дәуірде қазіргі уақыттағыдай тегіс араласқан халық билейтін әкімшілік машинасы болмаған» деп айтқан ой-пікірлерін келтірген.

*Әдеб.: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.*

*С.Нұрмұратов*



**ЮКАТАН ТҮБЕГІ** – Орт. Американың Мексика шығанағы мен Кариб т. аралығындағы түбек. А.Байтұрсынұлы Америка (Америке) құрлығының табиғатына сипаттама бергенде (6 томдық шығ. жин., 2-т.) құрлықтың ірі түбектерінің бірі – Ю. т-не де тоқталған. Мақалада Ю. т. Ивкатан деп берілген.



**ЯДРИНЦЕВ** Николай Михайлович (18.10.1842, Омбы қ. – 7.6.1894, Барнаул қ.) – Сібірді зерттеуші этнограф, археолог, публицист. Омбы кадет корпусын бітіргеннен кейін 1860–63 ж. Санкт-Петербург ун-тінің ерікті тыңдаушысы болды. «Сібір жерлестер ұйымы» студенттік үйіріміне қатысып, 1865 ж. «Сібір патриоттарына» саяси мәнді үгіт парақшасын құрастырушы ретінде Омбы түрмесіне қамалды. 1874 ж. Петербург қ-нда тұ-



*Н.М.Ядринцев*

руға рұқсат алды. 1876 ж. Батыс Сібір Бас басқармасына (Омбы қ.) мемл. қызметке орналасып, 1881 жылға дейін жұмыс істеді. Осы уақыт ішінде Я. Орыс геогр. қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің тапсырмасымен 1878, 1880 ж. Батыс Сібір мен Алтайға барып, өлкенің өткені мен қазіргі жағдайы туралы құнды мәліметтер жинады. 1880 жылғы экспед-нда «бұратана халықтардың тұрмысын» зерттеуге көп көңіл бөлді. Осы еңбектері үшін Орыс геогр. қоғамының алтын медалімен марапатталды. 1881 жылдан редакторлық, ғыл. жұмыстармен айналысты. 1882–89 ж. «Восточное обозрение» газетінде (1882–87, СПб.; 1888–89, Иркутск) редактор болды. 1885 ж. Еуропаға (Германия, Италия, Швейцария, Австрия) саяхат жасады. 1886 ж. Минусинск өлкесіне. 1890–91 ж. финн археологтарының Қарақорымға жасаған экспед-на қатысты. Я. Ұйғыр қағандығының астанасы – Қарабаласағұн мен Шыңғыс хан империясының астанасы – Қарақорымның орнына

және Орхон өз. бойындағы ежелгі руна жазба ескерткіштеріне зерттеулер жүргізді. 1891 ж. «Сібір тұрғындары, олардың тұрмысы мен қазіргі жағдайы» атты кітабын шығарып, онда жергілікті халықтардың құқығын қорғады. Зерттеулер барысында Я. Орт. Азия халықтарының өзіне тән жазуы болған деген қорытындыға келіп, ол ойларын «Орхон экспедициясы жайлы еңбектер» жинағында (1892) және «Байырғы моңғол атласы» (1892–99) атты еңбегінде жариялады. 1893 ж. АҚШ-қа қоныс аудару мәселесі бойынша зерттеу жүргізуге барды. 1894 ж. Барнаулга келіп, бекіністе орналасқан шаруашылықтар туралы мәліметтер жинаумен, қоныс аударушылардың жағдайын зерттеумен айналысты. Ол өз еңбектерінде Солт. Қазақстан өлкесі, соның ішінде Петропавл және Көкшетау уездері жайында мәліметтерге көп көңіл бөлген. Сондай-ақ «Көшпелі тұрмыс және даладағы зерттеулер» (1886), «Батыс Сібірге сырттан келген халықтарды зерттеу жоспары» (1880) деген мақалаларында қазақ халқын антропол., этногр. тұрғыдан жан-жақты зерттеуді ұсынды. Ш.Уәлихановпен жақын таныс болып, ол жайында мақалалар жазды. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» кітабындағы «Заманхат» атты әдеби терминді түсіндіру барысында: «Біреудің заманында болған тарихи уақиғадан, яки өз ішінде болған істерден дерек беруі – заманхат деп аталады» дей отырып, оған Я. еңбектерін мысал етіп көрсетеді. *Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 1-т.

*М.Сүгірбеков*

**ЯКОВЛЕВ** Николай Феофанович [10(22) 5.1892, Волгоград обл. Елан ауд. – 30.12.1974] – филол. ғыл. докт. (1947). Мәскеу Шығыстану (1946), Шет тілдері әскери ин-ттарының проф. (1947). 1-Мәскеу гимназиясын, Мәскеу ун-тін (1916) бітірген. 1920 жылдан Солт. Кавказ және Дағыстан тілдерін зерттеу мақсатында құрылған экспед-ның жетекшісі болды. Араб графикасын пайдаланатын КСРО тілдерін лағынға ауыстыру жөніндегі комиссия мүшесі ретінде жаңа әліпби мәселесімен айналысатын Бүкілодақтық орт к-ті технограф. комиссиясының төрағасы қызметін атқарды. Негізгі ғыл. бағыты – кавказ тілдерін сипаттау. 1936 жылдан Тіл және ойлау ин-тының қызметкері, 1942–50 ж. сол ин-тта кавказ тілдері бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. «Таблицы фонетики кабардинского языка» (1923), «Ингуши» (1925), «Краткая грамматика адыгейского (кяхского) языка для школы и самообразо-

вания» (1930), «Синтаксис чеченского литературного языка» (1940), т.б. еңбектері бар. Еңбек Қызыл Ту орденімен (1945) марапатталған. Я. өзінің «Әліпби құрылымындағы математикалық жүйе» деген еңбегінде: «А.Байтұрсынұлының әліпби түрлеу, түзуде үндестік заңын толық сақтағаны, дыбыстарды жүйелеуде өте икемді қалып тапқаны» туралы дәйекті талдау жасаған. Байтұрсын-



*Н.Ф.Яковлев*

ұлы әліпбиінің ғыл. талаптарға толықтай жауап беретіндігін алға тартып «оның әліпбиі үлкен ғыл. жаңалық» деп атап өтеді. Ол түркітанушы ретінде Бакуде өткен Бүкілодақтық түркітанушылардың 1-съезіне А.Байтұрсынұлымен бірге делегат болып қатысқан.


*Әдеб.*: Байтұрсынұлы А. 6 томдық шығ. жин. – А.: Елшежіре, 2013. – 4-т.

**ЯМЫШЕВО**, Т ұ з қ а л а – Павлодар обл. Лебяжье ауд-ндағы ауыл, ауылдық округ орт. А.Байтұрсынұлы шығармаларының 5-томындағы Қыр баласының (Ә.Бөкейхан) «Григорий Николаиш Потанин» мақаласында: «Г.Н.Потанин Қызылжар ойазындағы (уезіндегі) Сібірдің атты казагының баласы және ол... Сол уақытта казак-орыстың Иамышевскаяй, қазақша аты Тұзқала дейтін қаласында 21-нші сентабірде 1835-ші жылы туған» делінген.

*Қ.Ахметов*

**«ЯРКИЙ НОСИТЕЛЬ ДУХА ЧЕЛОВЕЧНОСТИ»** – кітапша. Авторы – М.Сүлейменов. Алматыда 1997 ж. орыс тілінде жарық көрген. Көл. 18 бет. Кітапшаға А.Байтұрсынұлының 11 өлеңі орыс тіліне аударылып берілген. Олардың мазмұны туралы автор өзінің ой-тұжырымдарын қоса айтқан. Сонымен қатар ғұламаның қысқаша өмірнамасы мен ақын өлеңдеріндегі кейбір тәржімаға «көнбейтін», мәселен, «Греке, арыс, би, сұңқар, жұт, әруак» сөздеріне түсінік берген.

## АХМЕТТИҢ АТА ТЕГІ



Қали (1868–1925) Кәкіш (1869–1924)  
Ахмет (1872–1938) Мәшен (1873–1930)

Автобиография.

Заг моего рождения "малыш" (1872 год) и шестю родив-  
шая урочище Сары-төбек в 5 суре Музункой волости,  
Музункой района, Кустанайского округа.

С 1882 года по 1884 г. обучался казакской грамоте  
те дома у дяди, а грамотная школа, то в казахской  
школе, которую оказавшись поблизости.

В 1885 г. семья нашу постигло несчастье: за  
каменные работы Музункой уездному казначейству по-  
ковнику Любовичу отцу был назначен в тюрьму, а мать  
и в 1886 г. приговорен к каторжным работам  
на 15 лет, а имущество конфисковано.

Несчастье это постигло повоем в поступившим  
матерью в школу в г. Музункае. В Музункой двухкласс-  
ной русско-казахской школе учился с 1886 г. по 1891 г.

По окончании курса в казахской школе, поступи-  
л в Оренбургскую казахскую учительскую школу, в  
которой учился с 1891 г. по 1895 г. Окончив курс в этой  
школе, обязан был служить учителем 6 лет.

Назначен с 1 июля 1895 г. сурским учителем в разное  
местах Казакстана, в разные школы — сначала в казах-  
скую, потом в волостную и, наконец, в двухклассную.

С 1901 г. свободным от учительских занятий начал свои  
занятия на свое самообразование и литературную  
работу.

В 1909 году, когда служил учителем — заведываю-  
щим в двухклассной школе в г. Каркаралинске  
Семиркалинской области, по распоряжению Семирка-  
линского губернатора Троицкого был арестован и  
отправлен в Семиркалинскую тюрьму, в которой  
под надзором сидел с 1 июля по 21 фев-  
раль 1910 года.



Из творческих выступлений с запрещением псевдонимов  
в пределах Кавказской области и с правом выбора псевдонима  
псевдонима в других губерниях России. Выбор мой  
пал на г. Оренбург, как на ближайший к Казани  
пути и пути прибытия в шестом месяце 1910г.

По приезду в Оренбург стал заниматься, во-пер-  
вые, исследованием казачьего языка в фонетическом  
морфологическом и синтаксическом отношении, во-  
вторых, реформой казачьего алфавита (не шрифта,  
и орфографии в сторону упрощения в смысле  
упрощения и упорядочения; в третьих, оживлении  
казачьей письменной речи от нежелательной засоренности  
и ее синтаксические построения от гиноллогичности  
всего; наконец, в четвертых, перенесении про-  
(заголовочной, публицистической и научной письменной речи  
с рельсов книжного языка на рельсы живого  
разговорного языка через стилистическую обработку  
и через изобретение научных терминов из казачьих  
слов. Все это проводилось много в жизни тогда  
согласованно много на казачьем языке читались  
и редактировались <sup>много</sup> тогда газету "Казак".

В этом направлении проводилась моя работа  
всего до 18г.

С 18 года, по определению Общекиргизского (общеказ-  
ачьего) съезда, происходившего в г. Оренбурге 5-13 февраля  
1917г., я допущен был работать в Кривом при Цен-  
тральном Казачьем Правлении в "Литературно-Орден" по со-  
ставлению учебников, но по условиям того времени  
заниматься подобной работой не было возмож-  
ности. С начала 18<sup>го</sup> года до начала 19<sup>го</sup> года я  
работал вообще в организации "Литературно-Орден".

Со второй половины 19 года до конца 20 года  
работал в Киргизском (казачьем) Кривом Кривом

Революционном Комитете в качестве члена последнего  
№, состоял членом Военно-Революционного Комитета и  
ВЦИК-а, с 20 года я начал возобновлять свою ин-  
женерскую работу; начиная же с 21 года стал по-  
степенно переходить не только к инженерной,  
но и учебно-педагогической работе: занимая от-  
ветственные должности в Казахстане — сначала в ка-  
честве Народного Комиссара по просвещению, затем за-  
меститель его, потом председатель Академического цен-  
тра, далее член Комиссии Акцентра, наконец, науч-  
ного методического при Казахкомпросе, я преподавал  
с 21 г. по 26 г. казахский язык, казахскую литературу  
и историю культуры. В Казахском Институте  
караимского образования и кроме того с 1926 г. по 1928 г.,  
т.е., по факт перевода в Казгц сохранил должность  
по кафедре казахского языка и литературы в Каз-  
педвузе в Машкенте.

С 1<sup>го</sup> октября 1928 года Казахкомпросом пригла-  
шен в Казахский Государственный Университет в каче-  
стве профессора по кафедре казахского языка, о чем  
имеется особая справка с казахским комиссариатом.

А. Байтурганов (Байтурганов)

12/5 29г.



*1894–95 жылдары Ахмет пен Бадрисафаның тұрған үйі*



*1905 жылы Қарқаралыдағы Құзырхат дайындалған үй*



*Ахмет, Әлихан, Міржақып*



*Орынбордағы «Қазақ» газетінің редакциясы орналасқан үй*



*Ахметтің жары – Бадрисафа*



*«Қазақ» газетінің тілшілері (солдан оңға қарай): Ғайнижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова, Гүлайым Балғынбаева. Орынбор, 1904–10 ж.*



*Алаш автономиясының туы*



*Орынбордағы А.Байтұрсынұлы тұрған үй*



*Орынбордағы Қазақ үкімет үйі, 1920–25 жс.*



*А.Байтұрсынұлы Семей қаласында*



*Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Тұрағұл Абайұлы (екінші отырған), Көкбай Жанатайұлы, Мұқан Жәкежанұлы, Ахмет Байтұрсынұлы. Екінші қатарда (солдан оңға қарай): Елдес Омаров, Сейдәзім Қадырбаев, қазақтың әйгілі балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов, Міржақып Дулатов, Жұбандық Болғанбаев. Семей қаласы, 1918 ж.*



*Ахмет Байтұрсынұлы «Ғалия» медресесінің шәкірттері арасында*





*А.Байтұрсынұлы мен Ә.Жангелдин торғайлық жерлестерінің арасында*



*Бірінші қатарда (солдан оңға қарай): Халел Ғаббасов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов. Екінші қатарда (солдан оңға қарай): Жүсіпбек Аймауытов, Әлкей Марғұлан, Абдолла Байтасов*



*Ахмет Байтұрсынұлы ізбасарларының ортасында*



*Алашорда делегациясы Қытайда (Шәуешек. Сәуір, 1918 ж.).  
Ортада орындықта отырғандар (солдан оңға қарай): Садық Аманжолов,  
Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Ыбырайым Жайнақов.  
Арт жақта оңаша отырған – Әсет Найманбайұлы.*



*Ғылыми қызметкерлердің Бүкілодақтық съезі. 5–13 ақпан, 1927 ж.  
Алдыңғы қатарда сол жақтан үшінші отырған А.Байтұрсынұлы*



*А.Байтұрсынұлы (үстіңгі қатарда, ортада тұр) ғылыми қызметкерлердің  
Бүкілодақтық съезіне қатысушылармен бірге*



*А.Байтұрсынұлы Бакуде өткен түркітанушылардың I-съезінде. 1926 ж.*



*3/III, 1927 ж., Қызылорда.  
Орындықта сол жақта екінші отырған А.Байтұрсынұлы*



*1927 жылдың ақпан айында өткен педагогикалық білім берудің бүкілқазақстандық I-кеңесіне қатысушы қазақ зиялылары. Екінші қатарда сол жақтан төртінші отырған А.Байтұрсынұлы*



*Екінші қатарда сол жақта төртінші отырған А.Байтұрсынұлы*



А.Байтұрсынұлының Торғайда, Орынборда оқыған мектептері



В.И.Лениннің қабылдауына берілген мандаты



*Ахметтің қамаудағы соңғы суреті*



*Ахмет ишан Оразайұлы – «Қазақ» газетінің демеушісі*



*Алматы қаласындағы А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінің 1-залы.  
Ұлттық рухымыздың қайта оралуы*



*Алматы қаласындағы мұражай-үйінің 2-залы. Қазақ санасының шамшырағы*





*Алматы қаласындағы мұражай-үйінің 3-залы. Саясат құрбаны*



*Алматы қаласындағы мұражай-үйінің 4-залы. Ахметтану дәрісханасы*



Алматы қаласындағы мұражай-үйінде сақтаулы тұрған Ахмет алифбасы



Алматы қаласындағы мұражай-үйінде сақтаулы тұрған Ахметтің күйсандығы



*А.Байтұрсынұлы мұражай-үйіндегі жазу машинкасы*



*Мұражай үйге қойылған  
Азап орындығы*



*Алматы қаласындағы  
А.Байтұрсынұлы мұражай-  
үйіндегі сандық, чемодан,  
самаурын, леген, құман,  
шылапшын*

# ҚОСЫМШАЛАР

## ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

Редакциядан

А.Байтұрсынұлының шығармалары бойынша жазылған энциклопед. мақалаларға берілген бұл ғыл. түсініктер автордың 2013 ж. «Ел-шежіре» баспасынан жарық көрген алты томдық шығармалар жинағынан алынды. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-ті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша жарық көрген бұл алты томдықты баспаға ҚР БҒМ ҒК М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты ұсынған. Ғыл. түсініктемелерді (1-, 2-, 3-томдар) жазған авторлар туралы арнайы мәлімет берілмеген. 1-томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Ісімақова А.С., Пірәлі Г.Ж., Сәкенов С.Б., Мұстафаева К., жауапты редактор – Ісімақова А.С., жауапты шығарушылар: Имаханбет Р.С., Ойсылбай А.Т., редакторы А.Төрекүлқызы; 2-томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Ісімақова А.С., Пірәлі Г.Ж., Сәкенов С.Б., Мұстафаева К., жауапты редактор – Ісімақова А.С., жауапты шығарушы Ойсылбай А.Т., редакторы – А.Төрекүлқызы; 3-томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Ісімақова А.С., Мұстафаева К., Хаван А., Имаханбет Р., жауапты редактор – Ісімақова А.С., жауапты шығарушы Ойсылбай А.Т., редакторы – А.Төрекүлқызы; «Ел-шежіре» қайырымдылық қоры» қоғамдық қорының президенті Д.Әшімханұлы делінген. Төмендегі ғыл. түсініктер осы 2013 жылғы басылымдағы («Ел-шежіре») калпы бойынша өзгертілмей беріліп отыр.

\* \* \*

Ахмет Байтұрсынұлының алты томдық шығармалары жинағының 1-томына «Қырық мысал», «Маса» жинақтары, «Қазақтың бас ақыны» және «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми зерттеулері енген. Томды баспаға дайындау барысында қаламгердің 1989, 1991 жылдары қайта басылым көрген жинақтарындағы мәтіндер 1922 жылғы түпнұсқа бойынша салыстырылып, өзгеріске түскен тұстары 2003 жылғы бес томдықтың 1-томында қалпына келтірілген. Сол томдықта кеткен кемшіліктер 2013 жылғы басылымда түзетіліп, қайта өңделген.

### Қырық мысал

Жинақ 1909, 1913, 1922 ж. жарық көрді. Салыстыру жұмыстарында әр жылдағы түпнұсқа басшылыққа алынды. Мысалдың 15-іне ғылыми түсінік жасалды.

«**Замандастарыма**». Оқырмандарға арнау түрінде жазылған бұл өлең «Қырық мысал» жинағына кіріспе іспеттес.

Түпнұсқадағы:

*«Әйтпесе арық шауып өндіре ме,*

*Жүргенде қамыт басып, қажып-талып?!»* – деген тармақтардағы «өндіре ме?» деген сөз 1991 жылғы жинақта «оңдыра ма» деп, ал «жүргенде» деген сөз 1989 жылғы жинақта «жүргенге» деп өзгеріске түскен. Бұлар түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. келтірілді, біз осы жинақты негізге алдық.

«**Аққу, шортан һәм шаян**». Түпнұсқада екінші шумақтың соңғы тармағы – «Аслан жүк орнынан қозғалмады» деген сөйлем. Осындағы бірінші сөз 1989 (47-б.), 1991 (23-б.) жылдардағы жинақтарда «асылы» деп берілген. «Аслан» – араб сөзі. Ол – «мүлдем», «тіпті» деген мағынаны білдіреді. А.Байтұрсынұлында бұл сөз бірнеше жерде «аслан» болып («Ала қойлар» және «Емен мен қамыс», т.б. өлеңдерінде) қолданылған. 1991 жылғы жинақ (28-б.) пен түпнұсқадағы «Жалғыз-ақ тең көремін Қафтың тауын» деген тармақта кездесетін атау сөз 1989 жылғы басылымда (53-б.) «Қаптың» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқа 2003 ж. қалпына келтірілді.

«**Шымшық пен көгершін**». Түпнұсқадағы «Жазмыштан озмыш болмас» деген тармақтағы «озмыш» сөзі 1989 жылғы жинақ пен «Ақ жолда» «озмыш» деп берілген, «болмас» сөзі 1989 жылғы жинақта «озбас» деп өзгерген. Түпнұсқа 2003 ж. қалпына келтірілді.

«**Емен мен қамыс**». Түпнұсқадағы «Тұрсын деп құйын, дауыл, дуға жақын» деген тармақтағы алғашқы екі сөз 1991 жылғы жинақта «Тұрсың сен» деген тіркеспен ауыстырылған (28-б.), «дуға» деген сөз 1989 жылғы жинақта «шуға» деп берілген. Сондай-ақ түпнұсқа мен 1991 жылғы жинақта «Қашаннан айла етіп, әдіс алған» деген сөйлемдегі «айла» сөзі 1989 жылғы басылымда (55-б.) «хайла» деп өзгертілген. Бұл өзгеріске ұшыраған сөздер түпнұсқамен 2003 ж. түзетілді, осы жинақ негізге алынды.

«Қасқыр мен тырна». Түпнұсқадағы «Көңілін жұмсапсам» деген сөз тіркесі 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда «Көңілін жұмсапса» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқадағы «Баласы атайының сен бір асыл» (56-б.) деген өлең жолы 1991 жылғы жинақта «Баласы аталының сен бір асыл» (29-б.) деп берілген. «Мен саған олжа боларың бе едім?» деген тармақтағы «боларың бе» деген сөз 1989 жылғы басылымда (56-б.) «серің», 1991 жылғы басылымда «ерің бе» деп өзгертілген. Бұл өзгерістер 2003 ж. қалпына келтірілді.

«Бұлбұл мен есек». Түпнұсқадағы «Шекеннен өте жазды құлақ жарып» деген тармақ 1989 жылғы басылымда (57-б.) «Шекеннен өте жаздап құлақ жарып», 1991 жылғы жинақта (32-б.) «Шекеннен өте жаздайд құлақ жарып» деп берілген. Түпнұсқадағы «Қойлар да күйісін тыйып, тындап жатты» деген тармақтың соңғы сөзі 1991 жылғы жинақта (32-б.) «қапты» деп басылған екен. Түпнұсқалық қалпы 2003 ж. түзетілді, осы жинақ негізге алынды.

«Арыстан, киік һәм түлкі». Түпнұсқадағы «Тиісті ет қайратты күшің барда» деген тармақтағы «ет» сөзі 1989 жылғы жинақта (60-б.) «ит» десе, 1991 жылғы жинақта (33-б.) «ер» деп беріліпті. Сондай-ақ «Түбіне жардың құлап өлді Арыстан» деген тармақтың бірінші сөзі 1991 жылғы жинақта (33-б.) «Ішіне сайдың құлап өлді Арыстан» деп өзгерген. Түпнұсқада және 1989 жылғы жинақта «Түлкі-екен құлап өлген досын көрді» деген тармақтың бастапқы сөзі 1991 жылғы жинақта (33-б.) «түлкі ку» болып өзгертілген. Түпнұсқадағы қалпы 2003 жылғы жинақта түзетілді, осы жинақ негізге алынды.

«Жас ағаш». Түпнұсқадағы: «Тынышыма бұлар мені өсірмейді» (33-б.) деген тармақ 1989 жылғы жинақта «Тыңдасаң, бұлар мені өсірмейді» деп (64-б.), ал 1991 жылғы жинақта «Тынышымды ап, бұлар мені өсірмейді» (36-б.) болып берілген екен. Ескерер мәселе: екі басылымда мысалдың атауы «Ағаш» деп берілген. «Жау түгіл, иттен бойын қорғай алмай» деген тармақтағы «бойын» сөзі «Ақ жолда» «басын» деген сөзбен алмастырылған екен. Түпнұсқа (28-б.) мен «Ақ жолдағы» (37-б.) «Кісіге жеке-саяқ бақыт қонбас» деген тармақтағы «бақыт» сөзі 1989 жылғы жинақта «бақ та» деп өзгертілген екен. Түпнұсқа бойынша 2003 ж. түзетілді, осы жинақ негізге алынды.

«Қартайған арыстан». «Я Раббым!» сол уақытта деді Арыстан» деген жолдар 1989 жылғы жинақта «Бар ебім», сол уақытта деді Арыстан», 1991 жылғы басылымда «Яраббым, – сол уақытта деді Арыстан» деп қос нүктенің орнына үтір мен сызықша берілген. Түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. келтіріліпті, біз осы жинақты негізге алдық.

«Шал мен ажал». Түпнұсқадағы (39-б.) «Өлімнен тірілігін көреді артық» деген тармақ 1989 жылғы жинақта (68-б.) «Өлімнен өз тірлігін көреді артық» деп, 1991 жылғы жинақта (38-б.) «Өлімнен тірлікті көрген артық» болып өзгерген. Түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. келтірілген, осы жинақты негізге алдық.

«Қайырымды түлкі». Түпнұсқа (41-б.) мен 1989 жылғы жинақтағы (69-б.) «Сар мойын! Ер жетті ғой балаларың» деген тармақ 1991 жылғы жинақта (39-б.) «Сары маса, ер жетті ғой балаларың» деп берілген. 2003 жылғы жинақ мәтіннің түпнұсқадағы күйін сақтап, тек оның бірінші сөзін қазақ тілінің осы замандағы орфографиялық талаптарына сәйкес «Сары мойын! Ер жетті ғой балалары» деп түзетілген. 1989 жылғы жинақ (69-б.) пен түпнұсқадағы (41-б.) «Жоқтатпай сорлылардың аналарын» деген тармақ «Ақ жолда» (39-б.) «Жоқтатпай пақырлардың аналарын» деп өзгертілген екен. Түпнұсқа 2003 ж. қалпына келтіріліпті, осы жинақ негізге алынды.

«Шал мен жұмыскер». Түпнұсқадағы «Бәлені сезе ме, адам тұрған бағып» деген өлең жолы 1989, 1991 жылдардағы басылымдарда «Көңілінде болмай ешбір қатер-қауіп» деп өзгерген. Түпнұсқа 2003 ж. қалпына келтіріліпті, осы жинақ бойынша берілді.

«Жарлы бай». «Апар да әмиянды суға таста» деген өлең жолындағы «әмиян» деген сөзге түпнұсқада «әмиян – ақша салатын ыдыс» (47-б.) деп, ал «Шиланды ашайын деп қолына алды» деген жолдағы «шилан» сөзіне «шилан да – ақша салатын ыдыс» (48-б.) деп түсінік берілген. Бұл түсінік 1989 жылғы басылымда «әмиян – шилан» (72-б.) деп қысқартылса, 1991 жылғы жинақта түсіп қалған. Түпнұсқа (49-б.) мен 1989 жылғы жинақта (73-б.) «Ол үйге жібек көрпе, жастық, кілем» деген тармақ 1991 жылғы жинақта (42-б.) «Ол үйге жібек көрпе, жастық керек» деп өзгертілген екен. Түпнұсқа (49-б.) мен 1989 жылғы жинақтағы «Аналар, қатын алсам, тойға, деді» деген жол 1991 жылғы жинақта (42-б.) «Жұмсармын, қатын алсам, тойға, – дейді» деп өзгеріске түскен.

Бұл өзгертулер 2003 жылғы томда қалпына келтірілген, осы жинақ негізге алынды.

«Кісі мен аю». Түпнұсқа (60-б.) мен 1989 жылғы жинақтағы (80-б.) «Ере алмай, кейін артта қала берді» деген тармақ «Ақ жолда» «Ере алмай, Адам артта қала берді» (46-б.) деп өзгерген. 2003 жылғы жинақта түпнұсқадағы қалпына келтірілген.

«Екі бөшке». Түпнұсқадағы «Құр бөшке салдыры зор, бағасы кем, Фаһамсыз құр даурықпа адаммен тең» деген өлең жолдары 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда «Ауыр бөшке салдыры зор, бағасы кем, Бағасыз құр даурыққан адаммен тең» деп өзгеріске түскен. «Фаһам» араб сөзі – «түсінік, мән, мағына»

дегенді білдіреді. Бұл түсінік арабша сөздердің этимологиясына сүйеніп берілді. Түпнұсқалық қалпы 2003 ж. орнына келтіріліпті, осы жинақ бойынша берілді.

## Маса

Жинақтың М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба және текстология орталығында сақталған 1922 жылғы басылымының фотокошірмесі 2003 жылғы 5 томдықтың 1-томын дайындау барысында түпнұсқа ретінде негізге алынды. А.Байтұрсынұлы әдеби шығармаларының 1989, 1991 ж. қайта басылған жинақтарындағы мәтін салыстырылып, ондағы өзгеріске түскен тұстары бастапқы қалпына келтірілді. Түпнұсқадағы өлеңдер мен 12 аударманың орналасу тәртібі сол қалпында берілді. Ал кейінгі басылымдардағы өзгерістер анықталып, салыстырулар рет-ретімен жіктелді. Бұл жинаққа 12 аударма, 22 өлең енген. Өлеңнің 14-іне, аударманың 12-іне ғылыми түсініктеме берілді.

«**Жадовскаядан**». «Мінсіз таза меруерт» тәржімасы туралы кейінгі 1989 жылғы басылымда: «...автор бұл өлеңді Ю.Жадовскаядан (1824–1883 ж.) аударған, 1911 жылы «Маса» жинағына енгізген. Содан кейін екі рет осы кітаптың қайта шыққан басылымдарында жарияланды» деген түсінік берілген (316-б.). Аударма туралы «20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті» атты зерттеуде Ж.Ысмағұлов: «...екі шумақ сөз өрнегінің бұл күнге дейін ел ауызында Асан Қайғы атына байланыстыра айтылып, қастерленіп келгені. Ахметтің Жадовскаядан аударған осы бір шағын толғауы енді өзіне қайтарылып отыр» деп жазды (Б. 410-423). Ал, әдебиеттанушы С.Мақпыров «Таза мінсіз асыл тасты» енді шатастырмайық» деген танымдық зерттеу мақаласында өзіне дейін дәлелденген аудармаға не себепті қайта оралғанын былайша таратады. 1989, 1997 ж. аударма туралы айтылған түсініктерге және кейінгі басылымдарға қарамастан БАҚ-та жарияланған «Асан Қайғы жырларының көркемдік әлемі» деген мақалада «Ш» деген автордың бұл өлеңді Асан Қайғының туындысына жатқызғанын айтады. Сол себепті де әдебиеттанудағы адасушылықтың алдын алу үшін Ахметтің аудармасы туралы тағы бір толғақты талдаудың әлі керектігіне байланысты өлеңнің тарихын түпнұсқасынан қарастырады. Орысша мәтіні:

*«Лучший перл таится,*

*В глубине морской.*

*Зреет мысль святая*

*В глубине души.*

*Надо сильно буре*

*Море взволновать,*

*Чтоб оно в борении*

*Выбросило перл?*

*Надо сильно чувству*

*Душу потрясти,*

*Чтоб она в восторге,*

*Выразила мысль»* деген жолдарды көркемдік-стильдік тұрғыдан шұбалаңқы, балаң жеткізілген туынды дейді. Бірақ ағартушы әрі ақын Ахметтің бұл өлеңге философиялық тұрғыдан келгенін және «перлді» меруерт деп баламалаудағы негізгі ойдың пәлсапалық мәнде екенін айтады. Жадовскаяның үш шумақты шашыраңқы ойын А.Байтұрсынұлы «... тігісін жатқызып, ойын әрлендіре, жандандыра екі шымыр шумаққа жинақтап, қазақы өлеңнің қалыбына салып, таза ұлттық пішіндегі төлтума деп санауға лайық әсем аударма жасаған», – дейді.

Шындығында, қос өлеңді қатар оқысаңыз, екі өлеңнің мазмұны бір-бірінен алшақ жатыр. Ал өлеңге «Жадовскаядан» деген мәлімдеме берілмесе, өлеңді Байтұрсынұлыныкі деп қабылдарымыз хақ.

Жадовская Юлия Валериановна – орыс жазушысы. Лирикалық өлеңдердің, «Стихотворения», «Отсталая» повесінің, «В стороне от большого света», «Женская история» романдарының авторы. Жарияланған жинақтары: Полн. собр. соч. Т. 1–4. СПб, 1894; Избр. стих., Ярославль, 1958. Добролюбов Н.А. Стихотворения Юлии Жадовской. Собр.соч. Т. 3. М.-Л., 1962.

«**Нәбек аты**». Бұл шығарманың атауы түпнұсқада осылай берілген. Ал 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда атау сөз «Нәбік» деп өзгертілген. 2003 жылғы жинақ түпнұсқадағы қалпына келтірілген, соңғы нұсқасы берілді.

Түпнұсқадағы «Малы көп, түрлі бұйым бәріне сат» деген сөйлемдегі «бәріне» деген сөз 1989, 1991 жылдардағы басылымда «бәрі де» деп берілген. Түпнұсқадағы «Үстіне сылқым-сылқым киіп алып» деген өлең жолы «Үстіне салқам-салқам киім іліп» деп өзгертілген. Түпнұсқалық қалпы 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«**Сорлы болған мұжық**». Түпнұсқадағы «Қаншығым балалады күні кеше» деген тармақтағы «балалады» деген сөз 1989 жылғы жинақта «күшіктеді» деп өзгертілген. Түпнұсқа 2003 ж. қалпына келтірілді, осы жинақ бойынша берілді.

«**Қаздар**». Түпнұсқадағы «Пайдасы, базар өтіп, кетер жерде» деген тармақ 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда «Базар өтіп, пайдасы кетер жерде» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқада «Біздің бе (\*)... жоқ өткізген еңбегіміз?» деген тармақтағы «біздің» деген сөзден кейін жұлдызша қойылып, осы беттің астына «ойланып, ойланып» деген автор сілтемесі берілген. Сілтеме 1989 жылғы жинақта жоқ. Осы жолдан кейінгі «Әше жөн» деген сөз 1991 жылғы басылымда «Әсте жөн» деп өзгертілген. Түпнұсқа бойынша 2003 ж. түзетілді, осы жинақ негізге алынды.

«**Есек пен үкі**». Бұл өлең 1991 жылғы басылымда «Қырық мысал» жинағының 36-мысалы ретінде берілген. Түпнұсқаға сүйенсек, аударма «Маса» жинағында жарияланған. Сондай-ақ түпнұсқада «Есек пен үкі» мысалының түйіні ретінде берілген ғибрат:

*«...Жазған сөз жаным ашып Алашыма:*

*Алаштың адасқан аз баласына.*

*Қаннан қан еткен інім, бауыр жұртым!*

*Қараған «Қара таудың» қаласына.*

*Іші лас, сырты таза залымдардың*

*Алданып құр сыртының тазасына.*

*Мәз болып байғазы алған балаларша*

*Сатылып жылтыраған танасына.*

*Әбілдің зиаратын аттап өтіп,*

*Қабылдың бата қылма, моласына.*

*Қорыққанға қос көрініп, қойдай үркіп,*

*Тығылып дажалдың итханасына.*

*Ес кетіп, сабыр қалмай сасқалақтап,*

*Қорыққаннан көзің сыймай шарасына.*

*Ұмытып Құдайды да, Құранды да,*

*Бас ұрма Лат, Манат ағашына»*

Төрт шумақтың алдында келетін, яғни «Талтүсте лақты деп соны айтып жүр» деген тармақпен тәмамдалған бөлігі «Аудармалар» деген тарауға, ал жоғарыда келтірілген «Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген тармақтан басталатын алдыңғы мысалдық бөлікте айтылған ғибраттық ойды білдіріп тұрған қорытынды бөлігі «Өлеңдер» атты тарауға топтастырылған. 2003 жылғы басылымда бұл мысал түпнұсқадағы қалпына келтірілді.

«Жазған сөз жаным ашып Алашыма» деген тармақтан басталатын жоғарыда келтірілген үзінді «Ақ жолға» (1991) енбей қалған. Түпнұсқадағы «Тығылып дажалдың итханасына» деген тармақ 1989 жылғы жинақта «Тығылып тажалдың бұтханасына» деп берілген және түпнұсқадағы «Бас ұрма Лат, Манат ағашына» деген тармақ 1989 жылғы жинақта «Бас ұрма ләнат-манат ағашына» деп өзгертілген, бұл өзгертулер түзетілді. Лат, Манат, Ғузза – арабтардың ислам дінін қабылдаған уақытқа дейін табынған пұт мүсіндері.

«**Қазақ қалпы**». Түпнұсқада бұл атау «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» деп басталатын өлеңдікі. Ал 1989, 1991 жылғы жинақтарда бұл өлеңнің аты «Қазақ салты» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқа бойынша «Қазақ салты» атты өлеңі «Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ» деп басталады. 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда соңғы өлең «Қазақ қалпы» деп аталады. 1922 жылғы нұсқада «Қазақ қалпы» өлеңі бірінші, «Қазақ салты» екінші берілген. Түпнұсқалық қалпына 2003 ж. келтірілді.

«**Қазақ салты**». Осы өлеңдегі «Жақынмен ырылдастық иттей үрдік» деген тармақтағы «ырылдастық» деген сөз «Ақ жолда» «араздастық» деп өзгертілген. Бұл сөз түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«**Жиған-терген**». Түпнұсқада «Мақтады ұлық – болды мәз!» деген тармақтағы «ұлық» деген сөзге А.Байтұрсынұлы «ұлық – хакім» деген түсінік берген. Түпнұсқада, сонымен қатар, «Арендаға алып па» деген тармақтағы «арендаға» деген сөзге де автор «жалдауға» деген сілтеме берген. Ал бұл түсініктер 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда негізге алынбаған. Түпнұсқадағы «Жан-жақты бұлт торлады» деген тармақ 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда «Көкті бұлт торлады» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқадағы: «Қазағым, елім, Қайқайып белің» деген тармақтағы «қайқайып» деген сөз «Ақ жолда» (79-б.) «қайқып» деп өзгерген. Осы келтірілген тармақтың соңына жұлдызша қойылып, сілтеме түрінде: «Соңғы 8 жол өлең төңкерістен бұрын шыққан «Масаларда», цензура рұқсат етпегендіктен басылмаған. А.Б.» деген түсінік берілген. Бұл түсінік 1989, 1991 жылдардағы жинақтарға енбей қалған. Және 1989 жылғы жинақта: «1922 жылғы Қазаннан шыққан басылымында:

*Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш, көзіңді, оянып!*

*Қанған жоқ па, әлі ұйқың,*

*Ұйықтайтын бар не сиқың?* – деп келетін 8 жол өлең қосылыпты» деген түсінік берілген (311-б). «Ақ жолдың» алғы сөзінің авторы да осындай түсінікті өз атынан берген. Өзгерген тұстар түпнұсқа бойынша 2003 ж. түзетілген.

**«Жауға түскеннің сөзі».** Өлең атауы түпнұсқада 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда «Жауға түскен жан сөзі» деп өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқадағы өлең атауы 2003 ж. қалпына келтірілді, осы жинақ негізге алынды.

**«Адамдық диқаншысы».** «Көңілін көгертуге күл халықтың» деген тармақтағы «көгертуге» сөзі «Ақ жолда» «көтеруге» деп өзгертілген. Бұл сөз түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

**«Көк есектерге».** Түпнұсқадағы: «Мүбтала ғып салғандай бұл азапқа» деген жолдың бастапқы сөзі 1991 жылғы жинақта: «мұншама» деп өзгертілген. Бұл өлең 1989 жылғы жинаққа енбеген. «Мүбтала» – араб сөзі, «душар болу», «бір нәрсеге ұшырау, жолығу» деген мағынада қолданылып тұр. Түпнұсқа бойынша 2003 ж. түзетілді, осы жинақ негізге алынды.

**«Қа... қаласына».** Түпнұсқада қысқартылған қала аты 1991 жылғы жинақта «Қарқаралы» деп толықтырылған. Түпнұсқа 2003 ж. қалпына келтірілді, осы жинақ негізге алынды.

**«Жұбату»** (Қазақтың бала жұбату өлеңі). Түпнұсқадағы: «Нулы, нулы Жерің қайда?» деген сөйлемнің бастапқы сөзі «Ақ жолда» (72-б.) «Тулы» деп өзгертілген. Ал «Сулы, сулы» деген тармақ «Сулы, шулы», «Ел қорғаны» деген тіркестер 1991 жылғы жинақта «Ел қорыған» (72-б.) деп өзгертілген. Түпнұсқадағы: «Сулы көлден сұсты айырды» деген сөйлемдегі «сұсты» деген сөз 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда «құсты» деп өзгертілген.

Осы төрт буынды өлеңнің түпнұсқадағы: «Биің болды» деген тіркес 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда «Биің болды» деп өзгеріске түскен. Ахмет түзген «би» мен «биің» деген сөздің мәнін аңғару үшін осы жолдарды:

*«...Би орнына*

*Биің болды,*

*Би деу бірақ*

*Қиын болды...»* зер салып, үңілсек «бұрынғы бидің» орнына «би болғанның» билігі «би» деп айтуға келмейтінін қоғамға аңдату. Өлеңнің 41-тармағындағы: «Қаралды би» «Қараны би» (73-б.) деп, ал «Қараны жан» деген тіркесі «Параны би» деп өзгеріске түскен. Бұл өлең жолдары түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

**«Н.Қ. ханымға».** «Ақ жол» жинағында «Н.Қ.-ханымға» өлеңінің атауына құрастырушы тарапынан «Нәзипа Құлжановаға арналған» деген сілтеме берілген. Түпнұсқада анықтамалық-сілтеме берілмегендіктен, 2003 жылғы жинақта түпнұсқалық қалпы бойынша берілді.

**«Ақын ініме».** 1922 жылғы түпнұсқадағы: «Азырақ құлағың сал, ақын інім! Ойымыз, рухымыз жақын інім» деген жолдар 1991 жылғы жинақта: «Аз сөзге құлағың сал, ақын інім! Ой, пікір, рухымыз жақын інім» десе, «Аузымен орақ орып бәрін де етер» деген тармақ «Аузымен орақ орып бәрін де істер» деп, «Қымыз бен еті жоқ құр татыр білім» деген соңғы жолы «Еті мен қымызы жоқ – тақыр, інім» деп өзгеріске түскен.

Өлеңнің Міржақып Дулатұлына арналғандығына құрастырушы сілтеме берген. Өзгертулер түпнұсқа бойынша 2003 ж. қалпына келтірілді.

**«И.Б. жездем хатынан».** Бұл өлең 1991 жылғы жинаққа кірмеген, ал 1989 жылғы жинақта 11 жолы түсіп қалған. Шумақ мәтіні мынадай:

*«...Мода болды кіділік,*

*Сал сөзді елегіш.*

*Бір жөнге тарту жоқ,*

*Шалқайақ ересіс,*

*Алалықтан күш бөлу –*

*Бұл қанша керек іс?*

*Шемен бар әуе дерлік,*



*Сасық бар бүйе дерлік  
Замана түрленді,  
Жақсылар кірленді,  
Азасынан у жерлік».*

Осы өлеңдегі «мода» деген сөзге А.Байтұрсынұлы «ресім» деген балама берген. 1989 жылғы жинақта бұл ескерілмеген. Түпнұсқаның бастапқы қалпы 2003 жылғы жинақта толығымен берілді.

**«Жауап хаттан».** Бұл өлең «Ақ жол» жинағына енген. Түпнұсқадағы: «Жолдан мен де шықпайын, Сөзбен сыйлап мықтайын» деген тармақтар 1989 жылғы жинақта: «Жолдан мен де шықпаймын, Сөзбен сыйлап мықтаймын» деп өзгертілген. Өлең жолдарындағы өзгертулер түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

**«Ғылым».** Бұл өлең 1991 жылғы басылымда жоқ. Осы өлеңде: «Сөз емес арнап жазған дос пен қасқа» деген жолдардан кейін келетін:

*«Ғылым бар бет жууда талай, – дедік.  
Жуған жөн бұлай бастап, бұлай – дедік.  
Жұсаңдар солай етіп, сауабы көп,  
Жаза бар жумағанда олай, – дедік.  
Шарттар көп, – дедік, – жұсыл құйылғанда,  
Шаһуат пәлендей боп құйылғанда,  
Қалайша көзде(...) деп айтпады екен?*

*Үйрет, – деп, – мұның бәрін, бұйырғанда!»* деген екі шумағы 1989 жылғы жинаққа кірмеген. Өзгертулер мен өлең шумақтары түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

**«Надсоннан».** Надсон Семен Яковлевич – петербурлық орыс ақыны. Азаматтық, ғашықтық тақырыптардағы және табиғатты бейнелейтін лирикалық өлеңдерімен қатар «Христианка» (1878), «Көктемгі ертегі» (1882) атты поэмалардың, «Проза. Күнделіктер. Хаттар» (1912) атты кітабына енген прозалық шығармалардың, «Софья патшайым» атты өлеңмен жазылған драмалық туындының авторы. Шығармалары мынадай басылымдарда жарияланған: 1. Полн. собр. соч. Т. 1-2. Петербург, 1917; Полн. собр. стих. М.-Л., 1962; С.Я.Надсон. (Сб. статей), СПб., 1887.

Бұл аударма өлең 1991 жылғы жинаққа енген. Түпнұсқадағы: «Бұзықтық түзіктікті таптағанға» деген тармақ 1989 жылғы жинақта «Бұзықтық түзуінді таптағанға» десе, «Жүре алмай, дымы құрып, сонда әрі» деген тармақ «Жүре алмай, демі құрып сонда әрі» деп өзгертілген. Бұл жолдар түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

**«Бак».** Түпнұсқадағы: «Жаңа түсіп басылған» деген тармақтағы «жаңа» сөзі 1989 жылғы жинақта «ана» болып өзгеріске түссе, «Гүл қамауда сеніп тұр» деген тармақ 1989, 1991 жылдардағы жинақта «семіп» десе, «Қашан көңіл жасарар» деген тармақ 1991 жылғы жинақта «Қашан көңіл жарасар» деп берілген. Бұл сөздер түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

**«Пушкин (Вольтерден)».** Бұл өлең – А.С.Пушкиннің «Стансы (из Вольтера)» атты туындысының аудармасы. Пушкин шығармаларының 10 томдық толық жинағында 1817 ж. жазылған бұл шығарма жөнінде: «При жизни Пушкина не печаталось. Вольный перевод стансов Вольтера Сидевиллю» деп жазылған (А.С.Пушкин. Полное собрание сочинений в десяти томах. Издание четвертое. Том первый. Стихотворения. 1813–1820. Ленинградское отделение. Ленинград: Наука, 1977. Стр. 471). Вольтер (бүркеншік аты, шын аты мен фамилиясы – Мари Франсуа Аруэ. (21.11.1694, Париж – 30.5.1778, сонда) – француз жазушысы, философ, тарихшы.

**«Стансы»** терминіне М.В.Гаврилов: «(франц. «stance», италиянша «stanza– шумақ», сөзбе-сөз мағынасы: тұрған жер, аялдама) XVIII-XIX ғ. поэзиясында шағын көлемді шумақтар түрінде жазылған (әдетте төрт тармақ, көбінесе 4 бунақты ямб), әрқайсысынан соң міндетті кідіріс (нүкте), мазмұны көбінесе медитативті. Орыс әдебиетінде А.С.Пушкиннің «Стансылары» кеңірек танылған. «Стансаның» жанрлық белгілері айқын емес, XIX ғ-да қолданылмаған» деп түсінік берген (Литературный энциклопедический словарь. Москва: Советская энциклопедия, 1987. Стр. 419).

1991 жылғы жинақта аударма-өлең атауындағы «Пушкин» деген сөзі көрсетілмеген. 2003 жылғы жинақта түпнұсқа бойынша «Пушкин. (Вольтерден)» деп түзетілді. Түпнұсқадағы: «Қыздыр дейсің, топ, жиынды жан дейсің» деген тармақ 1989, 1991 жылдардағы жинақта «Қыздыр дейсің мәжілісті, жан дейсің» деп өзгертілген. Бұл өзгеріске түскен өлең жолдары түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Ат». Түпнұсқадағы: «Әбзелмен жарқыраған әсем басып» деген тармақтың «басып» сөзі 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда «басқан» деп өзгертілген. Бұл сөз түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Данышпан Алектің ажалы». Бұл аударманың атауы 1989, 1991 жылдардағы жинақтарда «Данышпан Аликтің ажалы» деп берілген. Бұл өлең А.С.Пушкиннің «Львов жылнамасындағы» жылнамалық әңгіме негізінде жазылған. 1825 ж. жарияланған «Песнь о Вещем Олеге» атты шығармасының аудармасы.

Түпнұсқадағы: «Царград – Станбул қаласының бұрынғы аты. Сауыт Царград – сонан шыққан сауыт». «Перун – дінсіздер табынатын пұт» деген А.Байтұрсынұлының берген түсініктері 1989 жылғы жинақта: «Царград – қаланың аты. Сауыт – сонан шыққан сауыт. 2. Перун – дінсіздер табынатын пұт» болып, ал «Ақ жолда»: «Пұт, дінсіздер табынатын» деп, «перун» сөзіне ғана түсінік берілген. Осы өлендегі: «Қалқаның қақ басында Царградтың» деген тармақ 1989, 1991 жылдардағы жинақта «Қалқанның – қақ басында Царградты» десе, ал «Күніркеп дұшпандарың көре алмайды» деген тармақ «Күнкілдеп, дұшпандарың көре алмайды» деп, «Әйтсе де, ой мен жүзі торғылданар» деген «Әйтсе де ой мен жүзі тарғылданар» деп өзгеріске түскен. Өзгертілген өлең жолдары түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Балықшы мен балық». А.С.Пушкиннің 1833 ж. жазылған «Сказка о рыбаке и рыбке» поэмасының аудармасы.

Түпнұсқадағы: «Деп ұрысты: «Миы ашыған, қу, көк сақал» деген тармақ 1989, 1991 жылдардағы жинақта «Алжыған, миы ашыған, қу көк сақал» деп өзгертілсе, осы туындыдағы: «Зумрет, березелі бар білезік» деген тармақтағы «зумрет» – «зумруд» деп, «Жеткен жоқ жаным әлі ризалыққа» дегендегі «ризалыққа» – «ырзалыққа» деп өзгеріске түскен.

Ал түпнұсқада берілген 3 шумақ 1989 жылғы жинақта бар, «Ақ жолға» енбей қалған:

*«...Шал айтты: – «Құтырдың ба? Түзу ме есің?  
Болмасын астамшылық, мұның кесір!  
Білмейсің іс ретін, сөз мәнісін,  
Жұрт күлер: «Қор болған, – деп, – бақыт, есіл!»  
Бұл сөзге кемпір қатты ашуланып,  
Жіберді шалды жаққа салып-салып.  
Қалайша маған қарсы сөз айтасың?  
Сен мұжық, мен ақ сүйек, қой – деп, танып!  
Сөз айтар шалда хал жоқ, жөнеледі,  
Қарайып теңіз беті, түнереді:  
Шақырған шал даусына балық келіп,  
«Ақсақал, не айтасың? Сөйле!» деді».*

Бұл шумақтар және өзгеріске түскен сөздер түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілген, осы жинақ негізге алынды.

«Алтын әтеш». А.С.Пушкиннің 1834 ж. жазылған «Сказка о золотом петушке» атты өлеңінің аудармасы.

Түпнұсқадағы: «Арқадан да, Құбыладан» деген өлең жолы «Ақ жолда» «Сырттан десе, Құбыладан» деп, «Қыз: «Хи-хи-хи! Ха-ха-ха!» деген тармақтан кейінгі «Қорықпайды екен обалдан. Күлген болды хәм Дадан» деген тармақтар «Дейді: «Батыр хан Дадан, Қорықпас білем обалдан» деп 1989, 1991 жылдардағы жинақта өзгертілген. Бұл өзгертулер түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

«Лермонтовтан». Бұл туынды «Ақ жолға» енбеген. Түпнұсқадағы: «Отрывок из поэмы Лермонтова», «Мцыри», «Монах – сопы» деген түсінік-сілтемелер 1989, 1991 жылдардағы басылымдарда ескерілмеген. «Тифлис шаһарына өтіп кетті» дегендегі қала аты 1989 жылғы жинақта «Тиблис» деп, «Мейілі шаппағанындәм-тағамға» деген тармақтың бірінші сөзі «Тәбеті» деп өзгертілген. Бұл өзгеріске түскен сөздер мен сілтемелер түпнұсқадағы қалпына 2003 ж. түзетілгендіктен, осы жинақ негізге алынды.

### Қазақтың бас ақыны

Бұл ғылыми-зерттеу мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 39-, 40-, 43-сандарында жарияланған. Газет нөмірлерінің микрофильмдік төл көшірмелері ҚР Орталық Ғылыми кітапханасында сақтаулы. Ал осы газеттің №39-40 нөмірі ҚР Ұлттық кітапханасының қорында бар.

Микрофильм сапасының нашарлығына байланысты 43-сандағы мәтінді оқу мүмкіндігі болмады. «...Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған»

деп басталатын газеттің 43-санында жарияланған мәтіні түпнұсқамен салыстырылмады, сондықтан 1989 жылғы жинақты негізге алдық. Ал аталған әдеби зерттеудің «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 39–40-сандарындағы мәтіні 1989, 1991 жылдардағы жинақтармен салыстырылып, өзгеріске түскен сөздер қалпына келтірілді. Газеттегі: «...мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолаларымыз...» деген тіркесте 20 ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі болып табылатын ақынның аты «Әдебиет танытқышта» Ақмолда деп аталған, ақын есімі түзетілді.

39-сандағы мәтіннің 1-бетінде: «Абай кітабы. Бағасы – 70 тиын. Семейде Көпбай Байысов лавкасында сатылады» деген сілтеме берілген. Мәтіннің осы тұсы да түпнұсқа бойынша берілді.

39-санның 3-бетіндегі «Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың би болатын заманға қарсы туған» деген сөйлемдегі «тасың» деген сөзден кейін 1989, 1991 жылғы жинақтарда «таспен» деген сөз жақшаға алынып, қосарлана берілген. Түпнұсқадағы қалпына келтірілді.

1989, 1991 жылғы жинақтарда «Қосарлы бейітсымал келді арасы» деген өлең жолындағы «бейітсымал» деген сөзге сілтеме түрінде «Өлең, жыр» деген түсінік берілген. Бұндай түсінік түпнұсқада жоқ.

Ал түпнұсқадағы «Мінәжат ғалымдардың зар-наласы» деген тармақтағы «ғалымдардың» деген сөз жоғарыда аталған жинақтарда «уәлилердің» деген сөзбен ауыстырылып, бұл сөзге де сілтеме ретінде «Әулие, Пайғамбар» деген түсінік берілген екен. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Газеттің 40-санында мысал ретінде алынған Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінен соң сілтеме ретінде бұл шығарманың мәтіні қашан және авторының кім екенін білдіретін «1887-ші жыл (Абай)» деген анықтама берілген, ал бұл анықтама жоғарыда көрсетілген екі жинақта да алынып тасталған. Бұл жинақта олар түзетіліп берілді.

«Қазақ» газетінің 39-, 40-сандарындағы мәтіндерден кейін автордың аты-жөні «А.Б.» деп қысқартылған түрде көрсетілген. Ал 43-санның микрофильмдегі мәтінінің тым көмескілігінен жалғасын оқу қиын болғандықтан, оның соңында да осындай қысқарған атау тұруы мүмкін деген болжам жасауға болады.

#### Әдебиет танытқыш

Ғылыми түсініктемеде «Әдебиет танытқыштың» 2003 жылғы жинағы негізге алынып, түпнұсқамен қайта салыстырылды, өзгертулер енгізілді.

**Көрнек өнерінің тараулары.** Түпнұсқадағы «...келтіре сүгірет жасау өнері» деген тіркес 1989 жылғы жинақта «...келтіріп сүгірет жасау өнері» деп, ал 1991 жылғы жинақта «...келтіре сурет жасау өнері» болып өзгертілген.

Түпнұсқадағы «...қарайық» деген сөз 1989 жылғы жинақта «қарайық» деп дұрыс келтірілсе, 1991 жылғы жинақта «...қаралық» деп өзгерген. Бұл 2003 жылғы жинақта қалпына келтірілген, біз осыны негізге алдық.

**Абайдың әйелді сымбаттауы.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «аласыз...» деген сөз 1991 жылғы жинақта «Аласы аз...» деп берілген екен. «Көрінер аузын ашса, кірсіз тісі» деген жолдар түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақта дұрыс берілсе, 1991 жылғы «Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі» болып, сөздердің орны ауысқан.

Түпнұсқадағы «Тамағын үлбіреген кір шалмайды» деген өлең жолы «Ақ жолда» «Үлбіреген тамағын күн шалмайды» болып өзгерген. 1989 жылғы жинақта түпнұсқадағыдай берілген. Түпнұсқадағы «Шашы бар қолаң қара жібек талдай» деген өлең жолын 1989 жылғы басылым түпнұсқаға сай берсе, 1991 жылғы басылымда «Қолаң қара шашы бар жібек талды» болып өзгерген. Түпнұсқа 2003 ж. қалпына келтірілген, осы нұсқа негізге алынды.

**Абайдың күзгі күнді сүгіреттеуі.** Түпнұсқада «Айырылған жапырағынан...» деген сөз тіркесі 1991 жылғы басылымда «Жапырағынан айырылған...» деп орындары ауысқан. 1989 жылғы жинақта өзгермеген.

Түпнұсқадағы «Тышқан аулап, үйде ит жоқ қайда көрсен» деген өлең тармағы 1989 жылғы жинақта дәл осы ретпен берілсе, 1991 жылғы басылымда «Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсен» деп сөздердің орны ауысқан. 2003 ж. түпнұсқаға сәйкес түзетіліпті, осы нұсқа негізге алынды.

**Мағжанның толқынды кескіндеуі.** Түпнұсқадағы «Жасымен жуып жартасын» деген тармақ 1989 жылғы жинақта «Жасымен жуып жартасы» болып өзгеріп, «н» әрпі түсіп қалса, 1991 жылғы жинақта керісінше, «Жасымен жуып жер тасын» деп «жар» сөзі өзгерген. Өзгерген сөз түпнұсқа бойынша 2003 ж. түзетіліпті, осыны негізге алдық.

**Абайдың ән мен күйді сөзбен сипаттап танытуы.** Түпнұсқадағы «Көбінесе ән басы келер ашы» деген тармақ 1989 жылғы жинақта түпнұсқадағыдай берілсе, 1991 жылғы жинақта «келер» сөзі «келеді» болып өзгерген. Түпнұсқадағы: «Кел тыңда деп өзгеге болар басшы» деген өлең жолы 1991 жылғы басылымда «Кел, тыңда!» деп өзгеге болар басшы» деп берілген болса, 1989 жылғы жинақта түпнұсқа қалпы

сақталған. Келесі тармақтағы «...дүңгір-күңгір...» деген сөз тіркесі 1989 жылғы жинақта түпнұсқадағы қалпын сақтаса, 1991 жылғы жинақта бұл тіркес «...қаңғыр-күңгір...» деп өзгеріске ұшыраған. 2003 жылғы жинақ 1926 жылғы түпнұсқаны негізге алған, біз де солай еттік.

**Сөз өнері.** Түпнұсқа және 1989 жылғы жинақтағы «...ұғу...» сөзі 1991 жылғы жинақта «...ұғыну...» болып өзгерген. Сондай-ақ түпнұсқадағы «...бернесіне...» сөзі 1991 жылғы басылымда «...бейнесіне...» деп берілген. Ал 1989 жылғы басылымда түпнұсқадағы қалпы сақталып, өзгерген сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліпті. Түпнұсқада «Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар...» деген сөйлем 1989 жылғы жинақта дұрыс берілсе, 1991 жылғы жинақта «...асқан...» сөзі түсіп, «Сөз өнері жүзінде өнерпаздар...» деп берілген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымдағы «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деген өлең жолындағы «әркімнің-ақ» сөзі 1991 ж. «әркімнің де» болып өзгерген. «Сонда да ішінде бар таңдамасы» деген келесі тармақтағы «...ішінде бар» сөзі 1991 жылғы жинақта қолданылмай, «Сонда да солардың бар таңдамасы» болып өзгеріске ұшырған. 1989 жылғы жинақта түпнұсқадан ауытқымай, сол қалпында берілген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен...» деген тіркестегі «әркімнің» сөзі 1991 жылғы жинақта «әр кісінің» деп өзгертілген. Өзгеріске ұшыраған сөз түпнұсқа бойынша 2003 ж. түзетіліпті, біз осыны негізге алдық. Сондай-ақ, түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «...сөз тізу салттарынан, шарттарынан...» деген сөйлемдегі «салттарынан» сөзі 1991 жылғы жинақта жоқ. Түпнұсқа 2003 ж. қалпына келтірілген, біз де осыны негізге алдық.

### Шығарма сөз

**Тақырып.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «...болса, тақырыбы «той» болады» деген тіркес 1991 жылғы жинақта «... болса, шығарманың тақырыбы той болады» деп «шығарманың» деген сөз қосылған. Түпнұсқадағы «Және бұл сөздер Айман – Шолпан, Бақытсыз Жамал, Қобыланды батыр, Атымтай Жомарт турасында...» деген сөйлем 1989 жылғы басылымда «...болады және бұл сөздер «Айман – Шолпан», «Бақытсыз Жамал», «Қобыланды батыр», «Атымтай Жомарт» турасында...» деп, әрбір есім тырнақшамен берілген. Ал 1991 жылғы жинақта жыр атаулары түпнұсқамен сәйкес берілген. Тек «Айман – Шолпан» деген сөз үтір арқылы «Айман, Шолпан» деп өзгеріс тапқан. Екі жинақтың да өзгеріске ұшыраған тұстары 2003 жылғы жинақта қалпына келтірілген, осы жинақ негізге алдынды.

**Түрі.** Түпнұсқада және 1991 жылғы жинақтағы «Қолымды деп сермесем, өстер ме едім» деген өлең жолдары 1989 жылғы жинақта «Қолымды деп сермесем, өстерме едім» деп өзгерген. Сондай-ақ осы өлеңдегі «Адамның бір өмірі бала деген» жол 1989 жылғы жинақта түпнұсқаға сай болса, 1991 жылғы жинақта «өмірі» деген сөз «қызығы» деген сөзбен алмастырылған.

Келесі «Ақан – Аликсалам, е, жарқын қай ұлсың?» деген түпнұсқадан алынған сөйлем 1989 жылғы жинақта «Ақан: Алик салам, е, жарқыным қай елсің?» деп берілген болса, 1991 жылғы жинақта «Ақан. Әлик сәлем, е, жарқыным, қай ұлсың?» деп өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқадағы «Ақан – Жарқын...» сөздері 1989 жылғы жинақта «Ақан: Жарқын...», 1991 жылғы жинақта «Ақан. Жарқыным...» деп берілген. Осы тараудағы «...жаңа мына бір...» сөзі 1989 жылғы жинақта өзгертілмей берілген болса, 1991 жылғы жинақта «...мына...» сөзі «...ғана...» сөзімен алмастырылған. Өзгерген сөз 2003 ж. түпнұсқамен түзетіліпті, біз осы жинақты негізге алдық.

### Бірінші бөлім

#### Сөз өнерінің ғылымы

Түпнұсқа мен 1991 жылғы басылымдағы: «Тіл (я лұғат) деп аталады» сөйлемі 1989 жылғы басылымда: «Тіл я лұғат деп аталады» деп, жақшасыз берілген екен. Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін «...көрнекі...» сөзі 1989 жылғы басылымда «...көрнекті...» болып берілген. Ал «Ақ жолда» «...өрнегі...» деп өзгерген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Ішкі пікір жағы, тысқы тіл жағы» деген сөйлем 1991 жылғы жинақта: «Тысқы тіл жағы, ішкі пікір жағы» деп берілген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтың осы тарауында кездесетін: «Шығарманың түрінің ғылымы, шығарманың тілінің ғылымы» деген сөйлем 1991 жылғы жинақта «Шығарманың тілінің ғылымы, шығарманың түрінің ғылымы» деп беріліпті. 2003 жылғы жинақ орны ауысқан сөздерді түпнұсқалық қалпына келтірген, осы жинақ негізге алынды.

2003 жылғы жинақта «Сөз қисыны» деген тарауша «Тіл қисыны» боп өзгерген. Осы жинақта түпнұсқа бойынша «Сөз қисыны...» деп түзетілді.

#### Сөз қисыны (яки лұғат қисыны)

Түпнұсқадағы «...тұтынған сөзді...» деген тіркес 1989 жылғы жинақта «...тұтынған сөз...» деп, 1991 жылғы жинақта «...тұтынған сөздер...» болып өзгертілген. 2003 жылғы жинақ 1926 жылғы түпнұсқаны орнына келтірген. Біз де осы жинақты негізге алдық.

## Сөз талғау

**Сөз дұрыстығы.** Түпнұсқа және 1991 жылғы жинақтағы «...нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын...» деген сөйлем 1989 жылғы басылымда «...нәрселерді біліп, әрқайсысын...» болып, «жақсы» сөзі түсіп қалған.

**Тіл (дұғат анықтығы).** Түпнұсқа және 1989 жылғы жинақта кездесетін «Жаман қатын алсаңыз» деген сөз тіркесі 1991 жылғы жинақта «Жаман қатын алмаңыз» болып өзгеріске ұшыраған. Сондай-ақ түпнұсқадағы «...жастардан өзінің тәрбиесіз...» деген сөйлемдегі «тәрбиесіз» сөзі 1991 жылғы жинақта «...тәртіпсіз...» деп берілген. Ал 1989 жылғы басылымда түпнұсқадағы қалпы сақталған.

**Тіл дәлдігі.** Түпнұсқадағы «Амәндес...» сөзі 1989 ж. басылымда түпнұсқаға сай берілген болса, 1991 ж. басылымда «Әуендес...» болып өзгерген. Түпнұсқадағы: «...амәндес сөз...» деген тіркес 1991 жылғы басылымда «...әуендес сөз...» болып, 1989 жылғы жинақта «...амәндес сөздер...» деп өзгеріске түскен.

**Тіл көрнектілігі:** Түпнұсқадағы «бернесіз» және «бернелі» деген сөздер «Ақ жолда» «пернесіз» және «пернелі» болып өзгерген. Ал 1989 жылғы басылымда түпнұсқадағы қалпы сақталған. Түпнұсқа және 1989 жылғы жинақтағы «...затша сипаттайды» деген сөз тіркесіндегі «сипаттайды» сөзі 1991 жылғы жинақта «...затша қалыптайды» болып өзгерген.

**Көріктеу.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Көркейту я жалпы сипатты жалғыз нәрсеге теліп айтқанда я нәрседе болмайтын сипатты болатындай етіп айтумен болады» деген сөйлем 1991 жылғы жинақта «Көркейту иә жай сипатты болатындай етіп теліп айтумен болады» деп өзгертілген. Түпнұсқадағы «...сияқты лебіздерде» деген сөз тіркесі 1991 жылғы жинақта өзгеріссіз берілген болса, 1989 жылғы жинақта «...сияқты лебіздерше» болып өзгерген. Түпнұсқадағы «Андыған бөрі кірмес пе? деген өлең жолындағы «кірмес пе» сөзі 1989 жылғы жинақта өзгеріссіз, ал 1991 жылғы жинақта «көрмес пе» деп өзгерген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Жол тарттық құба шыңға Жемнен шығып» деген тіркес 1991 жылғы жинақта «...жонға Жемнен шығып» деп өзгеріске ұшыраған. 1991 ж. жинақ пен түпнұсқадағы «Тамызда қызыл мұнар астық шөлге» деген өлең жолы 1989 жылғы жинақта «...ыстық шөлге» деп берілген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Көрнекілеудің...» деген сөз 1991 жылғы жинақта «Көріктеудің...» болып өзгерген.

**Теңеу.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Таулардан бұлақ ағар сарқыраған» деген өлең жолындағы «бұлақ» сөзі 1991 ж. жинақта «өзен» деп берілген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымдағы «Жел сокса, құйын сокса, бір қалыпта» деген тармақтың «құйын» сөзі 1991 жылғы жинақта «ыстық» болып өзгеріске түскен. Сондай-ақ түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы: «Қара албасты қабақтай, Піскен алма сабақтай...» деген өлең жолдарындағы «қабақтай, сабақтай» теңеулері 1991 жылғы жинақта «...қабақты, сағақты...» болып өзгеріске ұшыраған.

**Бейнелеу.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Шақырып тұрар, құбылып кел деп мұнда» деген өлең жолындағы «құбылып» сөзі 1991 жылғы жинақта «...күліп...» болып өзгерген. Түпнұсқада «...бақыт құс...» деп берілген сөз 1991 жылғы жинақта өзгеріссіз келтірілген болса, 1989 жылғы жинақта «...бықыт құс...» болып өзгерген.

**Кейіптеу.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақта «Жансыз нәрсені жанды нәрсенің күйіне...» деген тіркес 1991 жылғы жинақта «Жансыз нәрсенің күйіне...» болып қысқартылған. Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымдағы «Бұлттың суын ішіп ержеткенмін» деген өлең жолындағы «суын» сөзі 1991 жылғы жинақта «сүтін» деп берілген. 1989 жылғы басылымда түпнұсқадағы қалып сақталған.

«Тау-тасқа, адамзатқа келіп жанжал» деген өлең жолының «келіп» сөзі 1989, 1991 жылғы жинақтарда «салып» деп өзгеріске ұшыраған.

**Бернелеу.** Түпнұсқаның осы тарауындағы: «Жан еркем, мен жүремін мынау күймен, Бар ма екен ғашық жарын мендей сүйген? Сен бір шам айнала ұшқан, мен пәруана. Айналып аламын деп отқа күйген» деген өлең шумағындағы «Сен бір шам айнала ұшқан, мен пәруана» жолы 1989 және 1991 жылдардағы басылымдарда «Сен – бір шам, айнала ұшқан мен – пәруана» болып, тыныс белгілері өзгерген. 2003 жылғы жинақ түпнұсқаны негізге алған. Біз 2003 жылғы жинақты негізге алдық. Сондай-ақ түпнұсқада осы өлең жолынан кейін келетін: «Мұнда «мен бір шам» дегеннен бастап аяғына шейін бейнелеу болады» деген сөйлем «Ақ жолда»: «...мен – пәруана...» деп берілген. Ал 1989 жылғы басылымда «...Сен бір шам...» болып берілген. Түпнұсқа мен 1991 жылғы басылымда «Әдемі бернелеуге...» деген сөз тіркесі 1989 жылғы жинақта «Әдемі бейнелеуге...» болып өзгерген.

Түпнұсқадағы:

*«Расты рас демей, танамыз ба?»*

*Бір сәтке татулық жоқ арамызда.*

Тұрмайтын ренжуге аз нәрсеге» деген өлең жолдарындағы сөздердің кейбірі 1989 жылғы жинақта «Бір сәтке» болып, ал 1991 жылғы жинақта «Расын, Бір тәулік, әр нәрсеге...» деп өзгерген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымдағы «...жанына келіп...» тіркесі 1991 жылғы басылымда «...қасына келіп...» деп берілген.

Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Екеуін зордан ғана айырысты» деген тармақтағы «зордан ғана» тіркесі 1991 жылғы жинақта «...зорға әрең...» деп берілген.

**Әсірелеу.** Түпнұсқадағы «Ұмтылғанда қысынып» деген тіркестегі «қысынып» сөзі 1989 жылғы жинақта «қызынып», ал 1991 жылғы жинақта «қысылып» деп берілген. Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін «Қош айту қиын болды кетер жерге» тармағындағы «кетер жерге» тіркесі 1991 жылғы жинақта «...кетер кезде» деп берілген. Ал 1989 жылғы басылымда түпнұсқа сақталған.

**Мезгеу.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Мезгеу» сөзі 1991 жылғы басылымда «Меңзеу» болып өзгерген. Түпнұсқадағы «Отыз тістен шыққан сөз емес, қырық рулы...» деген сөйлем 1989 жылғы жинақта «Отыз тістен шыққан сөз қырық рулы...» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқа және 1989 жылғы жинақтағы «Ант ішкен...» тіркесі 1991 жылғы жинақта «Ант ішіп...» болып өзгерген.

**Әсерлеу (лептеу).** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Мүбтәла қып...» тіркесі 1991 жылғы жинақта «Мұншама ғып...» болып өзгерген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымдағы «...мұнша азапқа» тіркесі 1991 жылғы жинақта «бұл азапқа?» болып өзгерген. Түпнұсқадағы «Қан қарадан жасқанбай...» деген тіркестегі «қан» сөзі 1989 жылғы жинақта «Хан қарадан жасқанбай...» болып берілсе, 1991 жылғы жинақта кездеспейді. 1989 ж. басылымдағы өзгеріс. Түпнұсқада және 1989 жылғы жинақта кездесетін «Сарыарқа сайран жерім-ай» деген тармақтағы «сайран» сөзі 1991 жылғы жинақта «қайран» болып өзгертілген. Сондай-ақ түпнұсқа және 1989 жылғы жинақтағы «Токталсайшы ыстық қан» деген өлең жолындағы «тоқталсайшы» сөзі 1991 жылғы жинақта «Токталмапты...» болып берілген.

Түпнұсқадағы: Кел, балалар, оқылық! Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық! Оқысандар, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан, Іздемей-ақ, табылар (Алтынсары Ыбырай) деген өлең жолдары 1989 жылғы жинақта осы ретпен берілген. Тек автордың аты «Алтынсарин Ыбырай» деп жазылған. Ал, 1991 жылғы басылымда бұл өлең шумақтары кездеспейді.

1989 жылғы жинақта кездесетін:

*«Пір Назар, Смайыл мен Жүсіп Назар!*

*Тілімді алсаң, мұныңды қой, мырзалар!*

*Бар ма еді, құлағыңда қалған нақыл:*

*«Тозған құдан топтанған қарға озар»*

*(Бұдабай ақын)*

деген өлең жолдары түпнұсқадан өзгертілмей алынған болса, 1991 жылғы жинақта бұл мысал жоқ.

**Қайталақтау.** Түпнұсқадағы және 1989 жылғы жинақтағы «Үш ағамыз...» тіркесі 1991 жылғы жинақта «Ұлы ағамыз» деп берілген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «...нәрсенің ғамалын, күйін...» деген сөйлем 1991 жылғы жинақта «...нәрсенің күйін...» деп, «ғамалын» сөзі түсіп қалған. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Дүниеде неғып тұр, Адамзат бір сағат» деген жолдар 1991 жылғы жинақта мүлдем кездеспейді. Біз 2003 жылғы жинақ түпнұсқа бойынша берілген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақта кездесетін «...азар келдім» тіркесі 1991 жылғы жинақта «...әрең келдім» деп өзгеріске ұшыраған.

Осы тарауда, түпнұсқада берілген «...ықсан жан тіріде» деген тіркес 1989 жылғы жинақта сол қалпында берілсе, 1991 жылғы жинақта «...ықсын жан тіріде...» болып өзгерген.

**Шендестіру.** Түпнұсқадағы «Жалғыз шиден оқ аттың» деген өлең жолы 1989 жылғы басылымда сол қалпында берілген. Бұл тармақ 1991 жылғы жинақта мүлдем кездеспейді.

**Дамыту.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Әншейін сөйлегенде дамыту мысалы мынау:» деген жолдар 1991 жылғы жинақта кездеспейді. Түпнұсқадағы «Аяғын топтап басады» деген өлең жолындағы «топтап» сөзі 1991 жылғы жинақта «топ-топ» деп өзгеріске түскен. Ал осы өлең жолынан кейін келетін «Жүні судай тасады» өлең жолы екі басылымда да (1989, 1991) қалып қойған. Түпнұсқада және 1989 жылғы жинақта кездесетін «Халықты қаңсылату – обал» деген сөйлемдегі «қаңсылату» сөзі 1991 жылғы жинақта «қанжылату» болып өзгерген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Тығылып Дажалдың пұтқанасына» деген өлең тармағындағы «дажал», «пұтқана» сөздері 1991 жылғы жинақта «тажал», «пұтхана» болып өзгеріске түскен.

**Түйдектеу.** Түпнұсқадағы «...ерік ұранымыз, бірлік – Құранымыз болсын» деген сөйлем 1989 жылғы басылымда «...ерік – ұранымыз, бірлік – құранымыз болсын» деп берілсе, 1991 жылғы жинақта «...ерік ұранымыз болсын, ерлік-бірлік құранымыз болсын» болып өзгерген.

**«Тіл (лұғат) әуезділігі».** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «...да болып, құралуы мүмкін. Сөздің дыбыстары құлаққа жағымды-жағымсыз болып құралу сияқты» деген сөйлем 1991 жылғы жинақта «...да болып құралу сияқты...» деп өзгеріске ұшыраған.

**Сөз әуезділігі.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы «...апта егін қуса игі еді» деген сөйлемдегі «апта егін» сөзі 1991 жылғы басылымда «...ата жолын...» болып өзгеріске түскен.

**Өрнекті сөйлемдер.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымдағы «Ұйткені өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанымен...» деп басталатын сөйлемнің «...яғни ішіне кіретін сөйлемдер қанша көп болғанымен...» деген жалғасы 1991 ж. басылымда кездеспейді.

**Себепті оралым.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақта «Ауырса жеммен емдеген» деген өлең тармағы 1991 жылғы жинақта кездеспейді.

**Шартты оралым.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Қазан ағаш бағысын. Түсірмесем жүзіңе, Көрсетпесем көзіңе» деген өлең жолдары 1991 жылғы жинақта «Қазанның сырлы қаласын, Көрсетпесем көзіңе, Түсірмесем жүзіңе» болып әрі өзгеріп, әрі орындары ауысқан.

**Жалғасыңқы оралым.** Түпнұсқадағы «Әр уақытта» деп берілген сөз 1989 жылғы басылымда «Әр уақытты» болып берілсе, 1991 жылғы жинақта «Аруаққа» деп өзгерген. Түпнұсқа мен 1989 ж. басылымда «Арқада Қобылан жатқанда» деген тіркес 1991 жылғы жинақта «Қобыланды ойнап жатқанда» болып өзгерген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы «Тізесіне тон жетпей» деген өлең жолынан кейін келетін «Арқасына қол жетпей» деген жол 1991 жылғы басылымда кездеспейді. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтың осы тарауында кездесетін «Абдастасы қолында» деген өлең жолы 1991 жылғы жинақта «Әбдестесі қарында» болып өзгертілген. Осы тарауда кездесетін:

*«Дастарханы белінде,*

*Пияласы қарында*

*Бөтен жаудың елінде,*

*Қызылбастың шенінде,* – деп басталатын өлең жолындағы «дастархан» деген сөз 1989 жылғы басылымда «дастарқан» деп өзгеріске ұшыраған. Ал 1991 жылғы жинақта:

*«Белдемшесі белінде,*

*Пияласы қолында»*

*.....*

*Қызылбастың елінде»* болып, 3-жолы түсіп қалған.

**Серіппелі оралым.** Түпнұсқада: «Шайылған көз жасымен жердің бетін» деп басталатын өлең шумағындағы «Шайылған...» сөзі 1991 жылғы басылымда «Жабылған...» деп өзгертілген.

*«Қиналып, кім де болсаң, талыққандар,*

*Түңіліп, үміт үзіп жабықпаңдар.*

*Қайтадан жақындық кеп, қастық қашып,*

*Жарқырап жақсылыққа атар таң бар»* деген шумақ 1991 ж. басылымда:

*«Қиналып, кім болсаң да, тарыққандар,*

*Түңіліп, үміт үзіп, жабықпаңдар!*

*.....*

*Жарқырап жақсылыққа атар таң бар»* деп, өзгеріске ұшыраған. Ал 1989 жылғы басылымда өзгеріссіз берілген.

**Өлеңді сөйлемдер.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымда «Шешем-ай...» деген сөз 1991 жылғы басылымда «Шешем-ай!...» деп лепті сөйлем ретінде берілген.

Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы:

*«Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар!*

*Азар жақсы болса да қайын енеміз, жар-жар!*

*Айналайын әжемдей болмақ қайда, жар-жар!»* деген шумақ 1991 жылғы жинақта:

*«Жазғытұрғы ақша қар жаумақ қайда, жар-жар!*

*Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар!*

*Қанша жақсы болса да қайын енеміз, жар-жар!*

*Айналайын шешемдей болмақ қайда, жар-жар!»* деп өзгеріске ұшырап, алғашқы жол 1991

жылғы жинақты шығарушы тарапынан қосылған.

Түпнұсқадағы:

*«Айт, келін, айт, келін!*

*Аттың басын тарт, келін!*

*Жұмыртқадан ақ келін»* деп басталатын өлең шумағы 1991 жылғы басылымда:

*«Айт келін, енді айт, келін!*

*Атыңның басын тарт келін!*

*Сауысқаннан сақ келін!*

*Жұмыртқадан ақ келін!»* деп өзгеріске ұшырап, өлеңнің 2-тармағынан кейін «Сауысқаннан

сақ келін» деген 3-тармақ қосылған.

**«Сөздің өнер болатын мәнісі».**

Түпнұсқадағы «Бірінші түрде тілдерде, мәселен, араб, латын, ионан сияқты ескі жұрттардың тілдерінде дауысты дыбыстардың кейбіреулері созылып, ұзын айтылады» деген сөйлем 1991 жылғы басылымда «1-ші түрде тілдерде дауысты дыбыстардың кейбіреулері созылып айтылады» болып, ғылыми тұжырымы толық берілмей, сөйлем қысқартылған. Ал 1989 жылғы жинақта осы мәтіндегі «түрде» сөзі «...түрдегі...» деп өзгертілген.

**Өлең шығару.** Түпнұсқа мен 1991 жылғы жинақтағы:

*«Ашуын бұған бассын», – деп,*

*Жерімді саған тастадым.*

*«Олжа қылып жатсын», – деп,*

*Елімді саған тастадым* («Кенесары-Наурызбай») деген үзінді 1989 жылғы жинақта

кездеспейді.

**Шумақ түрлері.** Түпнұсқадағы:

*«Күніңмен алтын қуанбай,*

*Гүліңмен жібек жуанбай.*

*Жеттің де, тез өттің, жаз!*

*Ағаш, шөптер қураған,*

*Айдын да құрып, суалған*

*Қаңқылдар қайда, қоңыр қаз»* деген өлең жолдары 1989 жылғы жинақта түпнұсқадағыдай берілсе, 1991 жылғы басылымда:

*«Күніңмен алтын қуантпай,*

*Гүліңмен жібек жұбантпай,*

*Жеттің де тез өттің жаз!*

*Ағаш шөптер қуарған,*

*Айдын да құрып, суалған,*

*Қаңқылдар қайда қоңыр қаз?!»* болып, тармақтың орналасу реті өзгеріске ұшыраған. Өзгеріс 2003 ж. орнына келтірілген. Біз де осы нұсқаны негізге алдық.

**Тармақ тұлғалары.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Тармақ тұлғалары» деген тақырып атауы 1991 жылғы жинақта «Тармақ толғаулары» болып өзгерген.

Сондай-ақ түпнұсқадағы:

*Балалар/, оқуға бар/ жатпа қарап/*

*Жуынын/, киініңдер/шапшаңырақ/*

*Шақырды әтеші мана әлдеқашан/*

*Қарап тұр/терезеден/ күн жалтырап/* деген өлең шумағы 1991 жылғы басылымда алғашқы жолының әрбір сөзінен кейін үтір арқылы, қалған үш тармағы таяқшасыз берілген. 1989 жылғы басылымда бұл мәтін таяқшасыз берілген.

**Өлең ағындары.** Түпнұсқадағы:

4

*«Не себептен // хан Кене*

5

*Қырғызға мұнша // өшікті?*

4

*Ақ қалпақты // қырғыздан*

5

*Қазаққа берді // несінті.*

5

*Ат мініп, қару // асынған,*

4

*Бізді аяма // кесіпті*

4

*Есіркесең // болмай ма?*

5

*Жолыңда жатқан // бесікті»* (Нысанбай жырау) деген үзінді екі жинақта да кездеспейді.

Түпнұсқадағы:

34 4



«Бір қазақ // қала шықты // мата ала,  
3 4 4  
Тиеп ап // тері-терсек //, жегіп шана.  
3 4 4  
Ұрлатып // жүгін жолда //, жұрдай болып,  
3 4 4

Үйіне // қайтты байғұс // құр қол ғана»  
XXX // XXXX // XXXX  
XXX // XXXX // XXXX  
XXX // XXXX // XXXX  
XXX // XXXX // XXXX

деген ұйқас түрлерінің 1991 жылғы басылымда өлең жолдары ғана берілген. 1989 жылғы жинақта өзгермеген.

**Тармақ кезендері.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақта кездесетін». 1. Ұлы кезек. 2. Кіші кезек». сөздері 1991 жылғы жинақта «1) ұлы кезек; 2) кіші кезек» болып өзгерген.

Түпнұсқаның осы тарауындағы мысал ретінде берілген:

*«Ақ Жүністей // жолдасым!  
Әйел де болсаң, // мұңдасым!  
Қолаң шашты, // қой көзді,  
Әйелде ару сен едің,  
Аш арыстан // жүректі,  
Балуан, жолбарыс // білекті,  
Жігіттің мәрті мен едім»*

деген өлең шумағы 1989, 1991 жылғы жинақтарда тармақтарының реті сақталмай:

*«Ақ жүністей жолдасым!  
Әйел де болсаң мұңдасым!  
Қолаң шашты, қой көзді,  
Әйелде ару сен едің,  
Аш арыстан жүректі,  
Балуан, жолбарыс білекті,  
Жігіттің мәрті мен едім!»*

деп берілген. Түпнұсқадағы қалпын 2003 жылғы жинақ сақтаған. Біз осы нұсқаны негізге алдық.

Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Мұнда көлденең жуан сызық ұлы кезендерді көрсетеді, жіңішке сызық кіші кезенді көрсетеді» деген сөйлем 1991 ж. басылымда кездеспейді.

**Тармақ ұйқастығы.** Түпнұсқа мен 1991 жылғы жинақта көрсетілген ұйқас түрлерінің мына реті «1-ші, 2-ші, 4-ші тармағы», 1989 ж. басылымда «бірінші, екінші, төртінші тармағы» болып, сөзбен берілген.

## Екінші бөлім

### Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі

Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін «...қара сөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атау қолайлырақ. Әдетке қарамай...» деген сөйлем 1989 жылғы жинақта дұрыс ретін тапқан да, ал 1991 жылғы жинақта «...дарынды сөз деп атау қолайлырақ әдетке қарамай...» болып, қос сөйлем бірігіп, өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқада: «Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөзмағына жағының күштілігімен жағады» деген сөйлемдегі «көркемдігімен» сөзі 1991 жылғы жинақта: «...келістілігімен, мағына...» деп өзгеріске ұшыраған және «сөз» деген сөзі сөйлемге кіріспеген. 1989 жылғы басылымда түпнұсқаға сай берілген.

Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы: «...салынып, сүгіреті толық меңзеуі мерген, қисыны қызық болсын, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді» деген сөйлем 1991 жылғы жинақта: «...салынып, сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді» деп қысқартылған.

Түпнұсқа мен 1991 жылғы жинақтағы «...алынып сөз қалады: қатта қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға...» деген сөйлемнің «қатта» сөзі 1989 жылғы басылымда «хатта» болып берілген. «...дарынды сөздің арасындағы парық жұмсалатын орнына, қызметіне...» деген сөйлемдегі «парық» сөзі түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымда бірдей жазылса, 1991 жылғы басылымда «даралық» болып өзгерген.

**Қара сөз.** Түпнұсқада: «...белгілі бір қарарға келгенде адамға бір үлкен ұғым пайда болады» деген сөйлемдегі «адамға» сөзі «Ақ жолда» «...адамда...» деп берілсе, 1989 жылғы жинақта түпнұсқа бойынша берілген. 2003 жылғы жинақта өзгеріс түпнұсқаға сай түзетілген. Біз де осы нұсқаны негізге алдық.

**Әуезе түрлері.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымдағы: «Біреулер өткенді сөз қылғанда, уақыт сарынымен айтады. Екіншілері уақыт сарынымен айтады да, үшіншілері біреуден біреуді туғызып...» деген сөйлем 1991 жылғы жинақта «...айтады, екіншілері біреуден біреуді туғызып...» деп қысқартылған.

Осы тарауда түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымда кездесетін «...байласылмай, көбінесе...» деген тіркес 1991 жылғы жинақта «...байланыстырылмай, көбінесе...» деп өзгерген.

**Тарих.** Түпнұсқада «Тарихты қазақша ұлы дерек деуге, әуезе табына жатқанмен, айғақты әуезе болады» деген сөйлемдегі «айғақты» сөзі 1991 жылғы жинақта «...айғақшы...» болып берілген. 1989 жылғы басылымда түпнұсқа қалпы сақталған.

**Шешен сөз.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «...шығармалардың бөлектей бір түрі емес...» деген сөйлем 1991 жылғы жинақта «...шығармаларының бөлектей бір сөзі емес...» болып өзгерген.

**Шешен сөзтүрлері.** Түпнұсқада «...қарар шығарту мақсатпен сөйлегенде саясат шен сөзі деп аталады» деген сөйлемдегі «шен» сөзі 1991 жылғы басылымда «шешен» болып, ал «мақсатпен» сөзі «мақсатымен» деп өзгерген. Түпнұсқада «...істетіп, көрсететіндер болды» деген сөйлем «Ақ жолда: «...істетіп, көрсететіндей болған» деп өзгерген болса, 1991 жылғы жинақ та түпнұсқадан ауытқымаған. Сондай-ақ осы сөйлемнен кейін келетін «Онан әрі бара-бара осы күнгі ойналатын түрлі алаң алданышы болып шығар еді» деген сөйлемдегі «алаң алданышы» деген сөз тіркесі 1991 жылғы басылымда «...алаң айнасы...» деп берілген. 1989 жылғы басылымда бұл сөз түпнұсқа қалпын сақтаған.

**Айтыс.** Түпнұсқаның осы тарауында кездесетін «...бір түрі...» деген тіркес «Ақ жолда» «...бұл түрі...», ал 1989 жылғы басылымда түпнұсқа қалпында берілген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақта кездесетін «...бір ананың қолында...» деген тіркестегі «ананың» сөзі 1991 жылғы жинақта «атаның» болып өзгеріске енген. 2003 жылғы жинақ түпнұсқаны қалпына келтіріпті. Біз де осы нұсқаны негізге алдық.

Түпнұсқада берілген «...пердесі көрініп...» деген тіркес 1991 жылғы жинақта «...бейнесі көрініп...» деп берілген. 1989 жылғы жинақта өзгермеген. Түпнұсқаның осы тарауындағы «...басқаға таңу. ...» деген тіркес 1991 жылғы жинақта: «...басқаға таңу...» деп берілген екен. 1989 жылғы басылымда түпнұсқа қалпын сақтаған. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақта «...адамдары жыршы деп атанған...» деп жазылған сөйлем 1991 ж. басылымда «...адамдар жыршы деп аталған» болып өзгертілген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Сөйтіп өзгеріс кіріп, көбінің өрісі кеңіп, өресі ұзайған» деген сөйлем 1991 жылғы басылымда «...көбінің өресі кеңейіп, өрісі ұзарған» болып өзгерген.

## Ауыз әдебиет

**Сауықтама. Ермектеме.** Түпнұсқада және 1989 жылғы жинақта «...ертексімек аңыз...» деп берілген тіркес 1991 жылғы жинақта «...ертегісімақ аңыз...» болып өзгерген.

**Ертекісімек.** Түпнұсқада және 1989 жылғы жинақтағы:

*«Он бес жігіт жиылып, көтере алмай,*

*Енді саба қылмасқа тоба қылдым»* деген өлең шумақтары 1991 жылғы басылымда кездеспейді.

**Зауықтама. Толғау.**

*«Сұрқия Кенесары – қашаған хан,*

*Серғазы – талай жасты жасаған хан.*

*Дәулетін Байекемнің айырма деп,*

*Тілекті мен тілейін жасағаннан.*

*Жарлыны жалғызбенен бір теңгердің*

*Алтынды айналайын босағаннан!*

*Кеңеске келіссіз сөз тек қосайын,*

*Тап атам Жарылғасқа ұсағанмын.*

*Қарастым тойды жақсы бастады деп,*

*Берсең де бір қысырақ қосақ алман»* деген шумақ «Ақ жолда» кездеспейді. Бұл шумақ 1989

жылғы жинақ пен түпнұсқада бар екен.

Түпнұсқада «Қобыланды батыр» жырынан алынған үзіндідегі:

*«Айналайын Қалдыжан,*

*Ағаңды кімге тапсырдың?!»* деген өлең жолындағы «Қалдыжан» сөзі 1991 ж. басылымда

«Қарлығаш» болып берілген. 1989 жылғы жинақта өзгермеген.

Түпнұсқада:

*«Он сегіз мың галамның*

*Патшасы, әуел Хақ Жаббар!*

*Есімтің бе сөзімді?»* деген өлең жолдарындағы «Жаббар» сөзі 1989 жылғы басылымда «Жаппар» деп берілген. Ал, 1991 жылғы жинақта:

*«Он сегіз мың ғаламға  
Патша болған хақ жаббар!*

*Есім мынау сөзімді»* деп өзгеріске ұшыраған.

Түпнұсқаның осы тарауындағы «Күңіреніп жатырмын» деген өлең жолы «Ақ жолда»: «Көгеріп келе жатырмын» болып өзгерген. Ал 1989 ж. басылымда түпнұсқамен бірдей берілген. 1991 жылғы басылымдағы өзгеріс түпнұсқамен түзетіліпті. Біз 2003 жылғы нұсқаға тоқтадық. Сондай-ақ «Ақ жолда»: «Жаз ыстық, қыс суықпен өмір шегіп» деген өлең жолы 1989 ж. басылымда: «Жарыстық қыс суықпен өмір шегіп» болып өзгерген. Бұл өлең жолы түпнұсқада мүлдем кездеспейді.

**Ділмар сөз.** Түпнұсқа мен 1989 ж. басылымдағы «Өр Дулат...» сөзі «Ақ жолда» «Өзі Дулат...» болып өзгерген. 1991 жылғы басылымдағы өзгеріс 1926 жылғы түпнұсқамен түзетіліпті.

**Тақпақ.** Түпнұсқада «Екі дау адағы ауыл болмас» деген өлең жолы 1991 жылғы жинақта «Екі дай адамы ауыл болмас» болып өзгертілген. 1989 жылғы жинақта түпнұсқадағыдай берілген.

**Ғұрып сөзі. Жоқтау.** Түпнұсқада «...жайың да жияйың...» деген өлең жолы 1991 жылғы басылымда «...жайың да жылайың...» деп берілген. 1989 жылғы басылымда өзгермеген. Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақтағы «Ала арқанмен бек тарттым» деген өлең жолы 1991 жылғы жинақта кездеспейді.

**Бата.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымдағы:

*«Сенен байлық өтпесін,  
Желіңнің екі шетіне»* деген жолдар 1991 жылғы жинақта:  
*«Сенен байлық кетпесін»* болып, екінші жолы түсіп қалған.

**Қалып сөзі.** Түпнұсқада: «...жын шақырғанда...» сөйлемі 1991 жылғы жинақта «...жын шақыруы...», 1989 жылғы басылымда «...жынын шақырғанда...» болып өзгерген. 1991, 1989 жылғы басылымдардағы өзгерген сөздер.

**Жазу әдебиет. Насихат.** Түпнұсқадағы:

*«Бүгін жеген қатыңды.  
Таңында бір күн берерсің.  
Пақыр-міскін кез келсе,  
Алып барар малың жоқ,  
Дүниеде қайыр қыл!  
Досыңа жақсы орын бер!»*

(Әбубәкір) өлең шумағындағы «қатыңды» сөзі 1989 жылғы басылымда «қапыңды» деп өзгеріске ұшыраған. 1991 жылғы жинақта:

*«Бүгін жеген наныңды,  
Тағы да бір күн көрерсің.  
Алып барар малың жоқ,  
Бақыр, міскін кез келсе,  
Бәріне де қайыр қыл!*

*Дұшпаныңа жақсы орын бер!»* болып (авторы көрсетілмеген) өзгерген. Өзгерген сөздер түпнұсқадағы қалпын сақтаған.

**Даттау.** Түпнұсқада: «Зекетін саудалайды молдасына» деген өлең жолы «Ақ жолда»: «Дегенін саудалайды молдасына» деп берілген. 1989 жылғы басылымда түпнұсқа қалпын сақтаған.

**Айттыс.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақта «Шарифатқа теріс істерін мін қылып мүдіртпек болады» деген сөйлемдегі «мүдіртпек» сөзі 1991 ж. басылымда «...сүрінтпек...» деп берілген. Түпнұсқадағы: «Өлке иек, қабырғаның саласындай» деген өлең жолы 1989 жылғы басылымда: «Әлкейек...» болып берілген. 1991 ж. басылымда «Өлкейек...» деп өзгертілген.

**Діндар дәуір. Намыс яки соғыс толғауы.** «Жүсіп Ақымет жырында Ғашырбек...» деген сөйлем «Ақ жолда»: «Жүсіпбек, Ақыметбек жырында Ғашырбек...» деп берілсе, 1989 жылғы басылымда «Жүсіп, Ахмет жырында Ғашырбек...» болып өзгерген. Сондай-ақ осы сөйлемнен кейін келетін: «Шүлдірлетіп қызыл басты» деген өлең жолындағы «шүлдірлетіп» сөзі 1991 жылғы басылымда «шөлдірлетіп» деп өзгеріске ұшыраған.

**Сындар дәуір. Әуезе түрлері.** Осы тарауда кездесетін «...қамтама қаласы». Олардың бөгетшілігін...» деген сөйлем 1991 жылғы басылымда «...қапы қаласы». Олардың бөгеттілігін...» деп өзгерген. 1989 жылғы басылымда өзгермеген.

**Айтыс-таргыс.** Түпнұсқа мен 1989 жылғы басылымда кездесетін «...әдебиет түріне тек айтыс дегеннен...» және «...ғамалы болса, сол ғамал мақсаты қайраттан туған ғамал болады» деген сөйлемдер 1991 жылғы басылымда кездеспейді.

Түпнұсқада «Қазақ, орыс патшасына болады не жайбарақат» деген тіркес «Ақ жолда»: «Қазақ орыс патшасына қарап болады. Жайбарақат» деп, ал 1991 жылғы басылымда «Қазақ патшаға қарап, не жайбарақат» болып өзгертілген. Сондай-ақ түпнұсқа мен 1989 жылғы жинақта кездесетін «Намыс толғау соғыс кезінде, соғысқа түсіру үшін яғни» деген тіркес 1991 жылғы жинақта берілмеген.

\* \* \*

Қазақ балаларына ана тілінде сауат аштыру ниетімен үш жылдық білім беру жүйесі бойынша жоспарланып, 1914, 1915, 1925 ж. үш бөлімнен тұратын А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» атты оқулығы жарық көрді. Мұнда автор қазақ тілінің грамматикасын әр жылғы оқу біліміне лайықтандырып белгілі бір жүйемен оқытуды мақсат еткендігі төмендегідей оқулықтарынан аңғарылады.

Оқулық алғаш 1914 ж. Орынбор қаласынан «Тіл-құрал». Қазақ тілінің сарфы. 1-жылдық» деген атпен жарық көреді. Мұнда А.Байтұрсынұлы балаларға сауат аштыруды дыбыс жүйесі мен түрлерінен бастайды. Яғни әріптердің таңбалануы, олардың дыбысталуы, сөйлеу немесе сөйлем, сөйлем немесе сөз, сөз немесе буындар, буын немесе дыбыс, жазу қағидалары, сөз тұлғалары, жұрнақтар туралы қысқаша мағлұмат береді.

1914 жылғы «Тіл-құрал» 1922 ж. Ташкент қаласынан «Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы)» деген атпен қайта басылып шығады. Бірақ мұнда «Ш. Сан есім» деген тараудан кейінгі беттері түпнұсқада сақталынбаған. Ал біздің қолымызға тигені бұл оқулықтың тек 1925 ж. «Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1-тіл танытқыш кітап» деген атпен бесінші рет толықтырылып, қайта басылған нұсқасы (бұл 1925 ж. Қызылорда қаласынан «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» деген атпен жарық көрген үшінші жылдық оқулықтан басқа).

Екінші жылдық оқулық «Тіл-құрал. Қазақ тілінің сарфы. 2-жылдық» деген атпен 1915 ж. Орынбор қаласынан басылып шықты. Мұнда автор сөз жүйесі мен түрлерін оқытуды қолға алады. Бұл, кейін, 1922 ж. Ташкент қаласынан қайта жарық көрген.

Үшінші жылдық оқулық 1925 ж. Қызылорда қаласынан «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» деген атаумен жарық көрді.

1925 жылғы «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап» атты оқулығы 1927 ж. Қызылорда қаласынан осы атпен толықтырылып, қайта басылып шықты.

А.Байтұрсынұлының араб әрпінде (төте жазу) әр жылдары толықтырылып, өзгертіліп, қайтадан жарық көріп отырған осы «Тіл-құрал» оқулығы 1992 жылғы «Ана тілі» баспасынан «Тіл тағылымы» (құрастырушылар Ғарифолла Әнес, Аманқос Мектеп-тегі) деген атпен жарық көрді. Жинақта А.Байтұрсынұлының тек 1914, 1925, 1915, 1925 (бұл басқа оқулық) жылдары жарық көрген «Тіл-құрал» оқулығының нұсқалары берілген. Бұл туралы жинақтың алғы сөзінде: «А.Байтұрсынұлы оқулықтарының бірнеше басылымы (кейбірі 6, 7 реттен) болғаны мәлім. Мұнда бұлардың бір басылымы ғана ұсынылды. «Тіл-құралы» мен «Тіл жұмсарлық», «Баяншы» мен «Сауат ашқыштың» барлық жылдардағы басылымдары қолымызға түспегендіктен, олардың арасындағы айырмашылықтар көрсетілген жоқ. Бұл арнайы жүргізілетін келешектің ісі» деп, келер істің ауқымын көрсеткен екен. Сондықтан қолымызға түскен «Тіл-құрал» оқулығы түпнұсқаларымен салыстырылып, ұсынылып отыр.

«Тіл тағылымы» жинағында берілген «Тіл-құрал» (1914, 1915, 1925, 1925) оқулықтарымен осы жинаққа енген, 1922, 1922, 1927 жылғы оқулықтардың түпнұсқасы қарастырылып, салыстырылды.

Аталған жылдардағы оқулықтарды салыстыру барысында 1922 ж. Ташкент қаласынан бірінші және екінші жылдық оқу құралдары алдыңғы жарық көрген 1914 және 1915 жылғы басылымдардың қайталанған нұсқасы екендігі айқындалды.

Тағы бір айта кететін жайт, 1915 жылғы «Тіл-құралының» түпнұсқасы қолымызға түспегендіктен, «Тіл тағылымындағы» нұсқасы 1922 ж. жарық көрген оқулықтың түпнұсқасымен салыстырылды.

Сондай-ақ 1927 жылғы оқулық 1925 ж. жарық көрген «III тіл танытқыш» кітаптың толықтырылған басылымы.

А.Байтұрсынұлының әр жылдары қайта-қайта жарық көріп отырған «Тіл-құрал» оқулығының алдыңғы жарық көрген нұсқаларын түпнұсқасымен, ал қайта жарық көрмеген нұсқаларының түпнұсқалары (қолда барларының) қарастырылып, алдыңғы оқулықтардан айырмашылықтары салыстырылып анықталды.

Төменде осы оқулықтардың түпнұсқасымен және қайта басылып шыққан жылдардағы басылымдарымен салыстыруларды ұсынамыз.

## Тіл-құрал

1. «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы, бірінші жылдық. Орынбор, 1914 ж.).

Оқулық А.Байтұрсынұлының «Сөз басы» деген алғы сөзімен басталады. Мұнда автор «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» деп, оқулықтың «Тіл-құрал» аталуының мәнін толық ашып, түсіндіреді.

Алғы сөз оқу мен жазудың жалпы адамзатқа қаншалықты керектігін, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткенін баяндай келе, қазақ жастарын өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу, сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытудың соншалықты қажеттілігін алға тартады.

«Тіл тағылымында» (Ана тілі. 1992) қайта жарық көрген «Тіл-құрал» оқулығы (қазақ тілінің сарфы, бірінші жылдық. Орынбор, 1914 жыл) түпнұсқасымен салыстырылды.

Түпнұсқаның алғы сөзіндегі: «...қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп...» (1-бет) деген сөйлемдегі «өзгеріліп» сөзі «Тіл тағылымында» «өзгеріп» (142-бет) болып берілген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «...мәселен, қытай һәм иапон тілдері» (3-бет) деген сөйлемдегі «иапон» деген сөз «Тіл тағылымында»: «жапон» (143-бет) деп берілген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

### Сөз мүшелері.

Сөйлеу һәм сөйлем.

Түпнұсқаның 1-бетіндегі: «Бұл сөйлемде жеті сөйлем сөз бар» деген сөйлемдегі «жеті» сөзі «Тіл тағылымында»: «бес» (144-бет) болып, ал «Бұл сөйлемде тоғыз сөйлем сөз бар» дегендегі «тоғыз» сөзі «Тіл тағылымында»: «алты» деп берілген. Түпнұсқа бойынша түзетілді.

Түпнұсқадағы: «Төмендегі сөйлемдер ішінде» (3-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында»: «Төмендегі сөйлемдер (-дің) ішінде» (145-бет) болып, «-дің» жұрнағы жақшаға алынып берілген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «Сөз һәм буындары» (3-бет) деген сөйлемдегі «буындары» сөзі «Тіл тағылымында»: «буындар» (145-бет) болып берілген. Түпнұсқа бойынша түзетілді.

Түпнұсқадағы: «...буындарын айырту...» (4-бет) деген сөз тіркесіндегі «айырту» сөзі «Тіл тағылымында»: «айыру» (145-бет) болып берілген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «...бұлт ала...» (4-бет) деген тіркестегі «бұлт» сөзі «Тіл тағылымында»: «бұлыт» (145-бет) болып берілген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «Түйенің үлкені...» (8-бет) деген сөз тіркесіндегі «түйенің» сөзі «Тіл тағылымында»: «түйінін» (148-бет) болып өзгерген. Түпнұсқаға сәйкестендірілді.

Түпнұсқадағы: «...қатаң һәм ұяң...» (9-бет) деген тіркестегі «һәм» сөзі «Тіл тағылымында»: «әм» (148-бет) болып берілген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқаның 9-бетінде берілген: «Берсең аларсың, ексең оарарсың» деген сөйлемдегі «ексең оарарсың» тіркесі «Тіл тағылымында» (148-бет) берілмеген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «...жақыннан дорбала» (11-бет) деген сөз тіркесіндегі «жақыннан» сөзі «Тіл тағылымында»: «жақын» (150-бет) болып берілген. Түпнұсқаға сәйкес өзгертілді.

Түпнұсқадағы: «...жыңдар» (11-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында»: «...жыңдырып жазыңдар» (150-бет) болып «қойдырып» сөзі қосылған. Мұндағы «жыңдырып»-ның қазақша таңбалануы – О. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «Білімі жуан мыңды жығады» (13-бет) деген сөйлемнен кейін жақшаның ішінде «жорта қаталы» деген сөйлем берілген. Ал «Тіл тағылымында» бұл сөйлем берілмеген (151-бет). Түпнұсқаға сәйкестендірілді.

Жазу қағидалары.

Дағдыландыру.

Түпнұсқадағы: «...сөздерге «-сыз» жұрнағын...» (26-бет) деген сөйлемдегі «-сыз» жұрнағы «Тіл тағылымында»: «-лау» деп берілген (157-бет). Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «...екі уу болып жалғасады: мәселен. ат-ату, ки-кию. Ескерту. Түбір сөздің аяғы «ы» болса. «у» жұрнағы екі «у» болып қосылады. Оның мәнісі мынау...» (27-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында» қысқартылып: «... екі уу болып қосылады. Оның мәнісі мынау...» болып ғана берілген (158-бет). Түпнұсқадағыдай өзгертілді.

Түпнұсқадағы: «Төмендегі түбір сөзге «!!!» жұрнағын қостырып, туынды сөз істету» (29-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында»: «Төмендегі түбір сөзге «к» орнына «к» болып туынды сөз істету» (159-бет) деп сөйлем мағынасы өзгертіліп берілген. Түпнұсқа қалпына берілді.

### Атауыш сөздер.

I. Зат есім.

Түпнұсқадағы: «Ананың көңілі кімде? – балада» (33-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында»: «Баланың көңілі неде? – далада» болып алдындағы сөйлем қайталанып кеткен (161-бет). Сондай-ақ осы сөйлемнен кейін келетін: «Осындай кім? не? деп...» (33-бет) болып басталатын сөйлемдегі «деп» сөзі «Тіл тағылымында»: «деген» болып өзгеріс тапқан (161-бет). Түпнұсқа бойынша өзгертілді.

#### II. Сын есім.

Түпнұсқадағы: «Жүйрік итті түлкі сүймес» (36-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында»: «Жүйірік итті (тазы) түлкі сүймес» (162- бет) болып, «тазы» сөзі қосылған. Бұл түпнұсқада жоқ. Түпнұсқадағы қалпында берілді.

#### III. Сан есім.

Түпнұсқадағы: «...қанша кісі?» дегенде «екі жүздей кісі» деген сөз жауап; басқаша айтқанда «неше?» дегенге «үш», «қанша?» дегенге «екі жүздей» деген сөздер жауап болып тұр» (37-бет) сөйлеміндегі «...қанша кісі?» дегенде «екі жүздей кісі» деген сөз жауап...» сөйлемі «Тіл тағылымында» берілмеген (163-бет). Сондай-ақ түпнұсқадағы: «Бір кісі мың кісіге олжа салады» (38-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында»: «Бір кісі мың кісіге олжа салады» болып (163-бет) «салады» сөзі «болады» деп өзгеріске түскен. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

#### V. Етістік.

Түпнұсқадағы: «Жел соғып тұр» деген сөйлемнен кейін келетін «Боран бұрқырап тұр» (41-бет) сөйлемі «Тіл тағылымында» берілмеген (165-бет). Түпнұсқаша берілді.

#### Шылау сөздер.

##### II. Демеу.

Түпнұсқадағы: «...иаки осы күйінде қалар» (44-бет) сөйлеміндегі «қалар» сөзі «Тіл тағылымында»: «бітер» (166-бет) болып өзгеріс тапқан. Сондай-ақ түпнұсқадағы: «Төмендегі сөйлемдерді көшіріп...» (44-бет) деген тіркестегі «сөйлемдерді» сөзі «Тіл тағылымында»: «сөздерді» (167-бет) болып өзгеріс тапқан. Түпнұсқадағы қалпына келтірілді.

Түпнұсқаның осы бетінде берілген: «Әлде мен сылап-сипап бақпадым ба?» деген сөйлемдегі «мен» сөзі «Тіл тағылымында» берілмеген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «...бүйтсе де неш нәрсе өнетін емес» (45-бет) деген сөйлемдегі «енетін» сөзі «Тіл тағылымында» берілмеген (167- бет). Түпнұсқадағы қалпына келтірілді.

##### III. Жалғаулық.

Түпнұсқадағы: «Сөзімді көкірегі, тілі орамды жастарға жаздым үлгі бермек үшін» (47-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында»: «Көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым үлгі жастарға бермек үшін» (167-бет) болып сөздердің орны алмастырылып берілген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «Асылында дұрысы арабтың...» (52-бет) деген сөйлемдегі «арабтың» сөзі «Тіл тағылымында»: «арапдан» (171-бет) болып өзгеріс тапқан. Түпнұсқа бойынша берілді.

Түпнұсқадағы: «Үндері жақын; екінші жарты дауысты «з» (ы)» (52-бет) деген сөйлемдегі «екінші жарты дауысты» тіркесі «Тіл тағылымында» (171-бет) берілмеген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Тағы бір айта кететін жайт, әрбір тақырыпта, тақырыпшада мысал ретінде берілген кейбір етістіктер, жеке сөздер, қосарланған сөздер, жекеленген зат атаулары «Тіл тағылымында» басқа мағынада беріліп отырған. Мысалы, түпнұсқада: «жұрт-жұрттық, тоқ, төр, іс-істі, шал-шалдау, тіке, төз, кез, боя, оз, бш, от, ки, құрық, таяқ, кеп, құй, тап болса», «Тіл тағылымында»: «құрт-құрттық, тоң, тор, ес-есті, шаң-шандау, теке, тер, көр, бол, аз, бол, от, қи, қорық, табак, көк, құй, жап» болып өзгеріске ұшыраған. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

2. **Тіл-құрал** (дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап, қазақ-қырғыз білімпаздарының I тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 5-басылуы, Қызылорда, 1925 жыл).

«Тіл тағылымында» (1992) берілген «Тіл-құрал» (1925) оқулығы түпнұсқасымен салыстырылды.

#### Тіл мүшелері.

Сөйлеу мен сөйлем.

Түпнұсқадағы: «Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық» (1-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында» (174-бет) жоқ. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «...ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген» (1-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында» түсіп қалған. Түпнұсқадағыдай берілді.

Түпнұсқадағы: «сүмсұнғанға» деген сөз «Тіл тағылымында»: «сомсынғанда» (174-бет) деп берілген. Түпнұсқадағы қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «I бөліміндегі дыбыс жүйесі» (12-бет) деген сөйлемдегі «бөліміндегі» сөзі «Тіл тағылымында»: «біліміндегі» (174-бет) болып өзгеріс тапқан. Түпнұсқа бойынша берілді.

Түпнұсқадағы: «Солай бірнеше рет істеп көрсеткеннен кейін...» (3-бет) деген сөйлемдегі «істеп» сөзі «Тіл тағылымында» (175-бет) жоқ. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «...белгі «дәйекші» бар» (11-бет) деген сөйлемдегі мына белгі « » «Тіл тағылымында» (174-бет) кездеспейді. « » (араб грамматикасынан алынған) сөзді жіңішкертіп айтуға арналған белгі.

Түпнұсқадағы: «үй» деген сөз «Тіл тағылымында»: «із» деп берілген. Түпнұсқа орнына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «ал» сөзі «Тіл тағылымында»: «сол» деп берілген. Түпнұсқада: «ти», «Тіл тағылымында»: «тіл» деп жазылған. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

#### **Қазақ тіліндегі дыбыстар: олардың таңбалары.**

«Тіл тағылымында» «Дыбыстар қандай түрге бөлініп, қалай аталса, олардың таңбалары да солай бөлініп, солай айтылады» деген сөйлем берілген (179-бет). Бұл сөйлем түпнұсқада (11-бет) кездеспейді.

Жұрнақтар.

Түпнұсқадағы: «-ма» жұрнақ түбір өздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса...» (26-бет) деген сөйлемдегі «я жарты дауысты» деген тіркес «Тіл тағылымында» (189-бет) кездеспейді. Түпнұсқа бойынша берілді.

Есімдік.

Түпнұсқадағы: «Төмендегі сөздердің ішіндегі есімдік сөздерді айырту» (31-бет) деген сөйлемдегі «айырту» сөзі «Тіл тағылымында»; «ажырату» (193-бет) болып өзгерген. Түпнұсқадағы қалпына келтірілді.

#### **Атауыш сөздер.**

Сын есім.

Түпнұсқадағы: «бай қазақ» (29-бет) деген сөз тіркесі «Тіл тағылымында»; «жай қазақ» (191-бет) деп жазылған. Түпнұсқадағы: «баладей» деген сөз «Тіл тағылымында»: «баладай» деп берілген. Түпнұсқада: «жоқ» деген сөз берілмеген. Ал «Тіл тағылымында»: «жоқ» деп сөз қосылған. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

#### **Шылау сөздер.**

Үстеу.

Түпнұсқадағы: «...бірақ оның қайда кеткендігі, менің қайда келгендігім...» (34-бет) деген сөйлемдегі «келгендігім» сөзі «Тіл тағылымында»: «кеткендігім» (194-бет) болып кате берілген. Түпнұсқа бойынша берілді.

Демеу.

Түпнұсқадағы: «Болмаса жемнен қысып сақтадым ба?» деген сөйлемнен кейін келетін «...әйтпесе әбзелдерін сәнді емес пе?» (36-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында» (194-бет) кездеспейді. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

1. **Тіл-құрал** (қазақ тілінің сарфы, бірінші жылдық. Орынбор. 1914 ж.)

2. **Тіл-құрал** (дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап, қазақ-қырғыз білімпаздарының I тобының қаулысы бойынша өзгертіліп, 5-басылуы. Қызылорда, 1925 ж.)

1914 жылғы «Тіл-құрал» оқулығы толықтырылып, 1925 ж. Қызылорда қаласынан «Тіл-құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері, I тіл танытқыш кітап)» деген атаумен қайтадан жарық көргені мәлім. Төменде екі басылымдағы салыстырулар беріледі.

Оқулық А.Байтұрсынұлының алғы сөзімен басталады, бірақ автор бұл алғы сөзде 1914 жылғы басылыммен салыстырғанда өзгертулер, толықтырулар енгізген.

А.Байтұрсынұлы 1914 жылғы оқулықта көбіне грамматикалық атауларды араб грамматикасында қалыптасқан атаулармен берсе, 1925 жылғы оқулықта тек қазақша баламаларын қолданған.

Алғы сөзде (1914 ж.): «...халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады» деген сөйлемдегі «хәттә» – араб сөзі, «тіпті» деген мағынаға саяды. Ал 1925 жылғы басылымда бұл сөз «катта» болып өзгеріс тапқан.

Осы сөйлемнен кейінгі (1914 ж.): «Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз...» деген сөйлемдегі «я» шылауы 1925 жылғы басылымда «не» деп берілген. «Иа» – араб сөзі, «не, немесе» деген мағына береді. Сондай-ақ 1914 жылғы оқулықтағы: «...олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін...» деп басталатын сөйлемдегі «қағида» сөзі 1925 жылғы басылымда берілмейді. Тек «...олардың ішінен ережеге келетін жерлерін...» болып қысқартылған, себебі «қағида» – араб грамматикасында «ереже» дегенді білдіреді.

Сондай-ақ «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің наху, сапфы үйретілерге керек» (Орынбор, 1914) деп мағлұмдаса, кейінгі басылымда «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін үйрету керек» (Қызылорда, 1925) деп таза қазақы атаулармен берген.

Яғни наху; сарф араб сөздері, наху – грамматика, сарф – морфология деген мағына береді. Ал А.Байтұрсынұлы 1925 жылғы оқулықта грамматиканы – дыбыс, сөз, морфологияны сөйлем жүйесі деп, қазақша баламасын ұсынған.

«Тіл-құрал» аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл қазаққа бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенмен түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқытылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана. Онда арабша иа орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда қылатын заты бір, аты басқа» деген түсініктеме 1925 жылғы оқулықта берілмеген. Бұл туралы 1992 жылға «Тіл тағылымының» алғы сөзінде: «1914–1925 жылдар аралығында «Тіл-құралдың» аты да, заты да қазақ жұртшылығына жат көрінбек түгіл, етене жақын, баршаға мәлім дүние болып кеткен-ді» деп түсіндіреді.

1925 жылғы оқулықта қазақ тілінің грамматикасын үйретуге бір жүйеге түсірілгендік байқалады. Мысалы: «Бастауыш мектепте балаларға тіл таныту үш тарау болып бөлінеді: 1) дыбыс жүйесі мен түрлері; 2) сөз жүйесі мен түрлері; 3) сөйлем жүйесі мен түрлері» деп арнайы үш топқа бөліп алып, осы тараулар бойынша жеке-жеке дәріс өткізілген. Мұндай нақты жүйе 1914 жылғы оқулықта кездеспейді.

Сондай-ақ 1914 жылғы оқулықтағы: «Сөз мүшелері», «Сөйлеу һәм сөйлем», «Сөйлем һәм сөз», «Сөз һәм буындар», «Буын һәм дыбыс», «Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері», «Жазу қағидалары» деген тақырып атаулары 1925 жылғы басылымда: «Тіл мүшелері», «Сөйлеу мен сөйлем», «Сөйлем мен сөз», «Сөз мен буындар», «Буын мен дыбыс», «Қазақ тіліндегі дыбыстар: олардың таңбалары» болып өзгеріскен түскен. Сондай-ақ 1925 жылғы оқулықта «Жазу қағидалары» деген тақырыпша кездеспейді.

#### **Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері**

1914 жылғы басылымда «...дыбыстар дауысты, дауыссыз, һәм жарты дауысты (орта дыбыс) болады» деп, дауысты дыбыстарға «а, о, у, ы, и, е» дыбыстарын жатқызса, дауыссыз дыбыстарды екіге бөліп: «қатаң», «ұяң» деп береді де, олардың таңбалануын «харіф» деп атайды.

Қатаң харіфтерге: б, п, т, д, ш, с, г, қ, к, г-лерді жатқызса, ұяң харіфтерге: ж, р, з, л, м, н, ң-дарды алған. Ұяң дыбыстардың өзін ішінен: ымыралы, ымырасыз деп бөлген.

Ымыралы харіфтер: ж, р, з, л.

Ымырасыз харіфтер: м, н, ң деп көрсетеді.

Жарты (немесе орта дыбыс) дауыстылар деп «у мен й»-ді атайды.

Ал, 1925 жылғы «Тіл-құралда» жарты дауысты дыбыстарды дауыссыз дыбыстардың ішінен бөліп шығарады. «Дауысты дыбыстар түрлі қасиеттеріне қарай өзара бірнеше түрге бөлінеді» деп, оларды жарты, қатаң, ұяң деп атайды да, «харіф»-ті енді «таңба» деп атайды.

Жарты дауысты дыбыстар: р, л, у, и.

Қатаң дыбыстар: б, п, т, с, ш, қ, к.

Ұяң дыбыстар: м, н, п.

Ал ымыралы дыбыстарға: ж, з.

Ымыралы дыбыстарға: д, г, г-ні жатқызады.

1914 жылғы оқулықта «Жазу қағидалары» деген тақырыпша берілген. Мұнда «а, о, у, ы, й, е, қ, г» дыбыстарының жазылу ережелерімен таныстыра отырып, осы дыбыстардың қай жерде қалай жазылатындығы, дыбысталғанда басқа, жазылғанда басқа болатын дыбыстардың жазылу үлгілерімен таныстырылып, осы қағидаға байланысты арнайы тапсырмалар берілген. Ал мұндай түсіндірмелі ереже 1925 жылғы оқулықта кездеспейді.

Сөз жазылуының жалпы ережелері

1914 жылғы оқулық бойынша сөз жазылуының ережелерін 5 түрге бөліп қарастырса, 1925 жылғы оқулықта оны 8 түрге бөлген.

1914 жылғы оқулықта:

1. «Һәр түбір сөз һәм туынды сөз жұрнақтарымен, жалғауларымен бірге, тұтас жазылады, бірақ үзетін харіфтер келген жерде үзіледі (үзетін харіфтер: а, о, з, р, о, ү, е).

2. Қос сөздердің арасы сызықша (–)–мен айырылып жазылады (аяқ-табак. киім-кешек).

3. Қосалқы сөз бөлек жазылады.

4. Жұрнақтар барша сөзге қосылып жазылады. Жұрнақ ішіндегі дүдәмал естілетін дыбыстар естілген қалпынша жазылады.

5. Жалғаулар. Түбір сөзге де туынды сөзге де қосылып жазылады.

1925 жылғы оқулықта:

1. «Әр түбір сөз, туынды сөз жұрнақтарымен, жалғауларымен бірге, тұтас жазылады, бірақ үзілетін қаріптер келген жерде үзіледі (үзілетін қаріптер: а, д, з, р, о, ү, е).



2. Жалпылағыш қос сөздердің арасы дәйім сызықшамен (–) айырылып жазылады.
3. Жалқылағыш қос сөздердің арасы сызықшамен (–) айырылып та, айырылмай да жазылады.
4. Сөз артынан жалғанатын демеулер алдындағы сөзбен сызықшасыз бөлек жазылады, ондай демеулер түбір сөзбен жалғаудың арасында айтылатын болғанда түбір сөзге сызықшамен жалғанып жалғаумен бірге жазылады.
5. Үндестік заңына келмейтін «-гер», «-дікі», «-паз» сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылады.
6. Қосалқы «-ма», «-ба»-лардан «еді», «екен» деген сөздер бөлек жазылады.
7. Жұрнақтар барша сөзге қосылып жазылады, жұрнақ ішіндегі дыбыстар естілу қалыбынша жазылады.
8. Жалғаулар түбір сөзге де, туынды сөзге де қосылып жазылады.

1914 жылғы оқулықтың соңында «Мұғалімдер үшін баяндама» атты мақала берілген. Мұнда А.Байтұрсынұлы жаңадан сауат ашқалы отырған жастарға қазақ тілінің грамматикасын түсіндірудегі туындайтын қиыншылықтарды көрсете отырып, сөйлем басында, ортасында, аяғында әр түрлі таңбаланатын әріптерді бір-бірінен қалай ажырату керектігі, оны қарапайым түрде қалай түсіндіру жолдарын баяндайды.

Ал 1925 жылғы оқулықта мұндай тақырыпша берілмеген. Бұл 1914–1925 жыл аралығында қазақ тілінің грамматикасының толық қалыптасып, бір жүйеге түскендігін, оқытушыларға түсіндіру барысында қиындық тумағандығын аңғартады.

**«Тіл-құрал»** («Қазақ тілінің сарфы, 2-жылдық». Орынбор, 1915)

А.Байтұрсынұлының екінші жылдық оқушыларға арналған «Тіл-құрал» оқулығы 1915 ж. Орынбор қаласынан «Тіл-құрал» («Қазақ тілінің сарфы») 2-жылдық деген атаумен жарық көрді.

Бұл оқулық бірінші жылдық (1914) оқулыққа қарағанда анағұрлым күрделі, нақты грамматикалық мысалдармен толықтырылған. Мұнда: «Тәуелді қалып – оңаша тәуелдік, ортақ тәуелдік; Зат есімнен туған сөздер; Сын есім – жай шырай, талғаулы шырай, таңдаулы шырай; Сан есім – есептік сан есім, реттік сан есім, сан есім жалғаулары; Есімдік – жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі, танымдық есімдігі; Етістік, етістер – сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шағыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс; Райлар – тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, болжал рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай; көсемше, есімше, етістіктен туған сөздер; Үстеу – нықтаулық үстеу, сынаулық үстеу, өлшеулік үстеу; Демеу; Жалғаулықтар; Одағайдан туған сөздер» деген атауларды қолданып, әрқайсысына жеке-жеке мысалдар келтірген.

Мұнда А.Байтұрсынұлы қазіргі тілімізде кездеспейтін кейбір жаңа атауларды да қолданысқа енгізген. Мысалы: «Беделді етіс, шағыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс; Райлар билік рай, ереуіл рай, реніш рай, сенімді рай, сенімсіз рай, болжал рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай» деген атаулар қазіргі қолданыста жоқ екендігі мәлім.

«Тіл тағылымын» жинағында (1992) қайта жарық көрген бұл оқулықтың түпнұсқасы табылмағандықтан, 1922 ж. Ташкент қаласынан «Тіл-құрал («қазақ тілінің сарфы, екінші жылдық»)» деген атпен екінші рет жарық көрген нұсқасымен салыстырылды. Салыстыру барысында кітаптың ішкі мазмұнында ешқандай өзгерістер кездеспеді, тек қазіргі әріпке көшірілгенде кейбір сөздер, сөйлемдер өзгертіліп, қысқарып кеткен.

### **Сөйлеу бөлімдері.**

#### **1. Зат есім.**

Түпнұсқадағы: «Нәрсе деп не түрлі де болса бап заттарды айтамыз» (3-бет) деген сөйлемдегі «бап» сөзі «Тіл тағылымында» (199-бет) түпнұсқа бойынша берілді.

Түпнұсқадағы: «Есепсіз бай болсаң да Қарымбайдай, сахи боп, мал шашсаңда Атымтайдай, патшадай Әмір-Темірден түзетін болсаң да...» (4-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында» (201-бет) берілмеген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Жай қалып.

Түпнұсқадағы «тары» (9-бет) сөзінің жіктелуі жатыс, шығыс септіктерінде «неде? неден» деп берілсе, «Тіл тағылымында»: «кімде? кімнені» (204-бет) болып қате берілген. Түпнұсқа бойынша берілді.

Сонымен қатар түпнұсқада осы жіктеуден кейін «дүние» (9-бет) сөзін алып жіктеген. Ал «Тіл тағылымында» «кеме» (204-бет) болып өзгертілген.

Түпнұсқаның 13-бетінде: «Сөз, қол, ел, жер...» деген жеке сөздер берілген. Бұл сөздердің ішіндегі «қол» сөзі «Тіл тағылымында» «көк» (206-бет) болып өзгерген. Түпнұсқа қалпына келтірілді (Ескерту: Сөздердің бұлай басқа мағынаға ауысып кетуі «Тіл тағылымында» көптеп кездеседі).

Зат есімнен туған сөздер.

Түпнұсқадағы: «-шылық» жұрнағы зат есіміне...» (24-бет) деп басталатын сөйлемдегі «есіміне» сөзі «Тіл тағылымында»: «есімге» (213-бет) болып өзгеріс тапқан. Түпнұсқа бойынша түзетілді.

Түпнұсқадағы: «Тұрмұхаммед, Есмұхаммед, Қосмұхаммед» (27-бет) деген кісі аттары «Тіл тағылымында»: «Тұрмағамбет», «Есмағамбет», «Қосмағамбет» (215-бет) болып өзгертілген. Түпнұсқа бойынша берілді.

Сын есім.

Түпнұсқаның 30-бетінде берілген: «Сыр сыны сөздер таптыру» деген сөйлемдегі «таптыру» сөзі «Тіл тағылымында»: «тапқызу» (218-бет) болып өзгеріске түскен. Түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Түпнұсқадағы: «Жай сынның жалғау өзіне жалғанбай» (32-бет) деген сөйлемдегі «өзіне» сөзі «Тіл тағылымында» (219-бет) түсіп қалған. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

**Тәуелді қалып.**

Реттік.

Түпнұсқадағы: «-тық» жұрнағын жалғатып, алпыстық деген» (43-бет) сөйлеміндегі «деген» сөзі «Тіл тағылымында»: «дейміз» (225-бет) болып өзгеріс тапқан. Түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Есімдік.

Түпнұсқадағы: «...жүретін сөздер, мәселен, мұғалім...» (44-бет) деген сөйлемдегі «мұғалім» сөзі «Тіл тағылымында»: «мағлұм» болып өзгерген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Етістер.

Түпнұсқадағы: «шағыс етіс» (53-бет) деген атау «Тіл тағылымында»: «шығыс етіс» болып берілген (231-бет). Түпнұсқа бойынша түзетілді.

Ырықсыз етіс.

Түпнұсқадағы: «қуылды» деген сөз (55-бет) «Тіл тағылымында»: «туылды» (233-бет) болып өзгеріске түскен. Түпнұсқадағыдай берілді.

Тұйық рай.

Түпнұсқадағы: «...түбірiнiң аяқ дыбысына қарай етiстiк өзгередi» (57-бет) деген сөйлемдегі «етістік» сөзі «Тіл тағылымында» жоқ (234-бет). Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Қалау рай.

Түпнұсқадағы: «...істі көңіл қалау, қаламауын көрсететін...» (69-бет) деп басталатын сөйлемдегі «қалау» сөзі «Тіл тағылымында» берілмеген (242-бет). Түпнұсқа бойынша өзгертілді.

Етістіктен туатын басқа сөздердегі жұрнақтар.

Түпнұсқадағы: «...сондай етістік түбірлерін алып...» (85-бет) деген сөйлемдегі «етістік» сөзі «Тіл тағылымында» кездеспейді (255-бет). Түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Осы беттегі: «...етістік түбірлеріне...» деген сөйлемдегі «түбірлеріне» сөзі «Тіл тағылымында»: «түбірге» болып өзгерген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Одағайдан туған сөздер.

Түпнұсқаның 95-бетіндегі: «...кілт ету, тырс ету, шақ ету, тақ ету,шық ету...» деген сөз тіркестеріндегі «тақ ету, шық ету» тіркестері «Тіл тағылымында» түсіп қалған (262-бет). Түпнұсқа бойынша өзгертілді.

**«Тіл-құрал».** (Сөйлем жүйесімен түрлері ІІІ тілтаньтықш кітап, түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 3-басылуы. 1925 ж. Қызылорда).

А.Байтұрсынұлының үш жылдық мектеп оқушыларына арнаған бұл оқулығы екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде: Сөйлем жүйесі; Сөйлем мүшелері, бастауыш, бастауыш болатын сөз таптары; Баяндауыш, баяндауыш болатын сөз таптары, қосарлы баяндауыш; Анықтауыш, анықтауыш болатын сөз таптары; Толықтауыш; Пысықтауыш сөздер – мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауышы, сын пысықтауышы, себеп пысықтауышы, максат пысықтауышы: Бұратана сөздер – қыстырма сөздер, қаратпа сөздер қарастырылса, екінші тарауда сөйлем түрлері – болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем; айтылуынша айырылатын түрлері – сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем – бұйрық түрдегісі, өтініш түрдегісі, үгіт (ақыл) түрдегісі, жай тілек түрдегісі; жай сөйлем, құрылуынша айырылатын түрлері – іргелес сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер, сыйысулы құрмалас – шұбалаң түрі, ықшам түрі, қиысулы құрмалас болып жіктелген.

«Тіл тағылымында» (1992) қайта жарық көрген бұл оқулық сол түпнұсқасымен салыстырылды.

**Бірінші бөлім.**

Баяндауыш.

Түпнұсқадағы: «...көптік жүзінен бірінші, екінші...» (15-бет) деп басталатын сөйлемдегі «екінші» сөзі «Тіл тағылымында» жоқ (274-бет). Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Қаратпа сөз.

Түпнұсқадағы: «Ит тойған жерін іздейді» деген сөйлемнен кейін тұрған «Ер туған жерін іздейді» (34-бет) сөйлемі «Тіл тағылымында» жоқ (288-бет). Түпнұсқа бойынша берілді.

#### **Екінші бөлім.**

Жайылма сөйлем.

Түпнұсқадағы: «Шоңмұрын деген молда бар, Төлеген деген жорға бар» (49-бет) деген сөйлемдегі «Төлеген деген жорға бар» сөйлемі «Тіл тағылымында» кездеспейді (300-бет). Түпнұсқа бойынша қалпына келтірілді.

Құрылуына айырылатын түрлері.

Түпнұсқадағы: «Тысқы жақындық сөйлемдерді бір-біріне жанастыру жүзіндегі жанастық» (49-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында» (300-бет) жоқ. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Мезгіл пысықтаушының бағыныңқысы.

Түпнұсқадағы: «...сөйлемінің мезгіл пысықтаушы «қашан жер отаяды» деген бағыныңқы сөйлем...» деп басталатын сөйлем (54-бет) «Тіл тағылымында» (304-бет) берілмеген. Түпнұсқа бойынша түзетілді.

Максат пысықтаушының бағыныңқысы.

Түпнұсқадағы: «Мұнда ілтипат ететін нәрсе мынау...» (57-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында» кездеспейді. Түпнұсқаға сәйкестендірілді.

Жазу қосымша белгілері және тыныс белгілерінің жалпы ережесі.

Түпнұсқадағы: «Мұндай орында тіркестіру белгісі...» (62-бет) деп басталатын сөйлемдегі «тіркестіру» сөзі «Тіл тағылымында»: (311-бет) «қыстыру» болып өзгеріс тапқан. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Түпнұсқаның осы бетіндегі: «Берген ақыны азсынып, істеген кісі тау жайлаймын деп наршамды алды» деген сөйлемнен кейін келетін «ой қыстаймын деп шотымды алды, қыр қыстаймын деп балтамды алды» (63-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында» (311-бет) жоқ. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Сөйлем түрлерін айыруға керек сөйлем мысалдары.

Түпнұсқадағы: «Бірлік елдің, ерлік, қайрат бақ, ардың...» (65-бет) деген сөйлемдегі «бірлік» сөзі «Тіл тағылымында»: «бірмін» (313-бет) болып өзгерген. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарының бастауы болған А.Байтұрсынұлының сол кездегі (алғашқы басылымдары) кітаптарының құрылымын қаз қалпынша сақтауға тырыстық. Десе де, кейбір тұстарда бүгінгі ұғыммызға әбден сіністі болған сөздер, мәселен, халық, әріп кейде харіп, кейде қаріп, хан, мағана, т.б. қазіргі емлемен берілді.

\* \* \*

Бұл басылымда 2004 ж. шыққан «Оқу құралына» жазылған алғысөз қысқартылып, кітап сол қалпында түпнұсқамен қайта салыстырылып берілді.

20 ғ-дың 20–30-жылдары жаңа үкімет орнап, халықты жаппай сауаттандыру үшін оқу-ағарту жұмыстары жан-жақты жүріп жатты. Сол кездерде арнаулы оқу орындары, қазақ жастарына арналған мектептер аз болғандықтан, жастардың сауатын ашатын оқу құралдары жоқтың қасы болғаны мәлім.

Сондықтан да сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу алаш зиялылары әуелі мектеп оқушыларына оқулықтар жазуға белсене атсалысты. Оны өздерінің тікелей міндеті, перзенттік парызы санай отырып, өзге қыруар қоғамдық-мемлекеттік қызметтерімен ұштастыра білді. Айталық, белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ж.Аймауытовтың «Психология» (1926), ақын М.Жұмабаевтың «Педагогика» (1927), жазушы М.Әуезовтің Казнаркомпростың ғылыми-әдістемелік Кеңесінің шешімімен шыққан «Новый аул. Русский букварь для казахских детей» (1929) атты оқулықтарының жариялануы соның айғағы.

«Үстіміздегі ғасырдың 1910 жылдарынан бастап, қазақ қоғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын әліппе құралдарын жасау қолға алына бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың (М.Нұрбаев, М.Малдыбаев, З.Ерғалиев т.б.) қазақша әліппелері жарық көрді. Бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады. Солардың қатарында шыққан А.Байтұрсынұлының әліппесі– «Оқу құралы» 1912–1925 жылдар аралығында 7 рет басылып, оқу-ағарту жұмысында ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланылды» (Сыздықова Р. А.Байтұрсынов. Өмірі мен қызметтері /А.Байтұрсынов. «Тіл тағылымы». А.: Ана тілі, 1992. – 19-бет).

Алайда бұл – 1926 жылы Т.Шонанұлымен бірге жазылған «Оқу құралынан» мүлдем басқа еңбек. 1912–25 ж. үзбей жарияланып, қазақша сауат ашатын жастардың бірден-бір әліппесіне айналған «Оқу құралы» (96 беттік) әріп, хат танытуды ғана көздейтін оқулық ретінде қолданылса, оқырманға тұңғыш рет ұсынылып отырған «Оқу құралы» – ең біріншіден, хрестоматия. Екіншіден, бұл А.Байтұрсынұлының белгілі ағартушы, әдіскер, өзінің шәкірті Шонанұлымен бірлесіп жазған еңбегі. Үшіншіден, хрестоматия 1–2-сынып емес, ересек 3–4-сыныптарға арналған. «Оқу құралында» мақалалар мәтіні көлемді, мағынасы терең.

«Оқу құралы» 20 ғ-дың 20-жылдары жарық көргендіктен, бұл еңбекте сол кезеңдегі қазақ әдеби тілінің лексикалық және орфографиялық нормаларына сәйкес жазылған сөздер кездеседі. Мәселен, осы күнгі әдеби тіл қолданысындағы сурет, дәреже, т.б. сөздер «Оқу құралында» сүгірет, даража, шыға баратқанда, ірет, т.б. болып қолданылады. Мәтіндегі қазақша сөздердің біразы қазіргі қолданыстағы қалпына түсірілді.

Орыс тілінен енген сөздер (магізен, мағазин, пырқашық, сотсиалестер, нашалник, гүбірнатұр, міністер, т.б.) түпнұсқадағыдай қалпында беріліп, жақша ішіне қазіргі таңбалануы көрсетілді (іспіске – список, меншеуек – меньшевик, есер – эсер, т.б.).

Осы басылымда мақалалардың қайдан алынғандығы, газет, журнал, кітаптардың аттары, шыққан жылы, баспасы мәтіндердің соңында көрсетілмеген. Сол себепті «Оқу құралындағы» кейбір мақала, өлең, мысалдар алдыңғы жинақтарда, басылымдарда жарияланған нұсқалармен салыстырылып, ғылыми түсініктемелер берілді. Бірақ әрбір мәтіннің, өлеңнің «Оқу құралында» берілген нұсқалары сақталды.

«Оқу құралы» хрестоматиялық еңбегі мәтін таңдау, мазмұндас тақырыптарды топтастыру, оларды өзге саладағы шығармалармен (көркем әңгіме, поэзия, мысал, аңыз-әңгіме, т.б.) толықтырып, тереңдете отырып түсіндіру (мыс., түліктің бір түрі қой туралы ғылыми мақаладан соң А.Байтұрсынұлының «Қара шекпен мен қой» мысалының берілуі, т.б.), оның тәрбиелік бағыты, сабақтардың жүйелілігі мен жекелеген мәтіндердің оқушы ұғымына сай жазылуы жұмыстың құндылығын арттырары сөзсіз.

Сондай-ақ хрестоматиядағы кейбір мәтіндерде кездесетін кәсіби терминдік сөздер мен жер-су аттары, көнерген сөздер, сирек кездесетін жан-жануарлар мен өсімдік атауларына байланысты анықтама келтірілген.

Түйіндеп айтар болсақ, А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонанұлының «Оқу құралы» қазірде оқу хрестоматиясының керемет үлгісі боларлық энциклопедиялық еңбек.

## Бірінші бөлім

### Әдебиет, тұрмыс, еңбек

Бұл ғылыми сипаттамада 2004 жылғы нұсқа негізге алынды.

«**Байжанның молдасы**» (ескі оқу тәртібі). Авторы Жөнеу деп берілген. Бұл – журналист, жазушы Аманғали Сегізбаевтың бүркеншік аты. Автор мұнда сауат ашсам деген арман-қиялымен молда алдына келген Байжан атты баланың молдадан көрген зәбірінен соң таудай талабы мұқалғандай болғаны жөнінде көркем тілмен әңгімелейді.

«**Біздің мектеп**». Авторы берілмеген. Алайда жоғарыдағы көркем әңгіменің жалғасы іспеттес. «Байжанның молдасында» ескі оқу тәртібі сөз болса, мұнда бүгінгі жаңа оқу жүйесі, Кеңес дәуірі кезеңіндегі өркеніетті мектеп көрінісі, ондағы оқушылардың білімге деген ынтасы, оқытушылардың сабақты түсіндіру, үйрету мәдениеті туралы баяндалады. Осы мазмұндас мақалалар мәтіні бір-бірімен тығыз байланысып, ескі оқу мен жаңа оқу жүйесі өзара салыстырыла әңгімеленеді.

«**Жас ұлан**». Авторы – Абдоллаұлы Кенжеғали. Тоғыз шумақтан тұратын өлеңде ерекше құштарлықпен білімге ұмтылған жас бозбала туралы жырланады.

«**Бұл кім?**». Авторы – Алтынсарыұлы Ыбырай. Бұл – белгілі ағартушы, ғалым Ыбырай Алтынсарин. Ақын «бұл кім?» деп сауал тастай отырып, әйел-Ананың қасиеті туралы толғайды.

«**Торғай**». Авторы Түргенұлы деп берілген.

Иван Сергеевич Тургенев (1818–1883) – белгілі орыс жазушысы. Автор шағын әрі көркем әңгімесінде баласын ажалдан құтқару үшін өзін құрбандыққа шалған кіп-кішкентай торғайдың ерлігін әңгімелейді.

«**Өзен**». Авторы – Алтынсарыұлы Ыбырай.

Ы.Алтынсариннің бұл өлеңі Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар жинағымен (А.: Ғылым, 1994) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы:

«...Он мың мал айдап өтсең де лай қалмайды,

...Көк шалғын, шөп бітпеген жай қалмайды.

...Тас таста, алтын таста сынамаққа ...

...Құдіретін құдайымның көресің бе?» деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

«...Он мың мал айдап өтсең лай қалмайды,

...Көк шығып, шөп бітпеген жай қалмайды.

...Боқ таста, алтын таста сынамаққа...

...Құдіретін міне, қызық көресің бе?» болып өзгеріске ұшыраған.

«**Ақ Еділдің тасуы**». Авторы Ақсақұлы деп берілген.

Сергей Тимофеевич Аксаков (1791–1859) – белгілі орыс жазушысы.

Автор Ақ Еділдегі (Волга) мұздың көктемгі мезгілде бұзылуы, сол кездегі жергілікті жұрттың қуанышы мен әбiгерiн бала көзiмен көркем суреттейдi.

**«Жел қайықта».** Авторы – Сәкен, яғни қазақтың белгiлi жазушысы Сәкен Сейфуллин. Мәтiнде бейнеленген көлдариядағы дауыл, табиғат апаты туралы жыр жолдары оқушының табиғаттың тосын құбылыстарының сырын түсiнуге деген ынтысын тудыратыны хақ. Бiр тақырып аясындағы оқиға жайында жан-жақты мәтiн жазу ұстанымдары, тақырыпты тереңдетiп талдау жүйесi бұл еңбектiң құндылығын арттырады.

**«Оқу құралында»** берiлген бұл өлең Сәкен Сейфуллин. Шығармалар жинағымен (А.:Көркем әдебиет, 1960) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы:

*«Талмай дүз, тұтқан жолдан кетпей тайып...*

*Дарияда бiрде тыныш, бiрде дауыл...*

*Тымықта құлаш көрсең әнге салып...»* деген өлең шумақтары «Оқу құралында»:

*«...Қорықпай дүз тұтқан жолдан кетпе тайып...*

*...Дарияда бiрде тыныштық, бiрде дауыл...*

*... Тыныштықта құлаш көрсең әнге салып...»* болып өзгерiске ұшыраған.

**«Жазғытұры».** Авторы – Абай, яғни қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Ақынның «Оқу құралында» берiлген бiрқатар өлеңдерi «Абай» жинағымен (А.: Жазушы. 1–2-том, 2002) салыстырылды.

«Абай» жинағындағы:

*«...Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы...*

*...Түйе боздап, қой қоздап қора да шу...*

*...Ұшықыр атпен зырлатып тастағанда...*

*...Шаруаның бiр малы екеу болып...»* деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

*«...Жазғытұрым қалмайды қыстың сызы...*

*...Түйе боздап, қой қоздап қора: шу-шу...*

*...Ұшықыр атпен жүгiртiп тастағанда...*

*... Шаруаның бiреуi екеу болып...»* деп өзгерiске ұшыраған болса, келесi:

*«Жаз жiберiп, жан берген қара жерге,*

*Рахметiне Алланың көңiл сенер.*

*Тамашалап қарасаң Тәңiрi iсiне.*

*Бойың балқып, еридi iште жiгер»* деген 4 жол «Оқу құралында» кездеспейдi.

**«Жазғы дала».** Авторы – Сәкен, яғни Сәкен Сейфуллин. Ақынның бұл өлеңi де Сәкен Сейфуллин. Шығармалар жинағымен (А.: Көркем әдебиет. 1960) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы:

«...Мiнеки, келдi алдыма...» деген жолдағы «мiнеки» сөзi «Оқу құралында»: «мiнекей» деп», «Өзге дене жалаңаш...» деген жолдағы «жалаңаш» сөзi «Оқу құралында» «жаңалаш» болып өзгерiске ұшыраған.

**«Қазақ даласы».** Авторы белгiсiз. Прозалық үлгiде жазылған мақалада кең-байтақ қазақ даласының байлығы жан-жақты баяндалады.

**«Жаз».** Авторы – Абай. Абай Құнанбаевтың бұл өлеңi де Абай жинағымен (А.: Жазушы. 1–2-том, 2002) салыстырылды. Абай жинағындағы:

*«... Шалғыннан жоны қылтылдап*

*...Мал iшiнен айналып...*

*...Кеңесiп, күлiп, сұлқылдап...*

*...Ет әпер деп қыңқылдап...*

*«Жарамсақсып, жалпылдап»* деген өлең шумақтары «Оқу құралында»:

*«... Шалғыннан жүнi қылтылдап*

*...Мал iшiнен айланып...*

*Кеңесiп, күлiп, сыңқылдап...*

*«Ет әпер деп қыңқылдап...*

*Жарамсақтап, жалпылдап...»*

*деп өзгерiске ұшыраған. Сондай-ақ:*

*«Асау мiнiп, теңелген...*

*...Өткен күннiң бәрi ұмыт,*

*Қолдан келер қайрат жоқ»* деген жолдар «Оқу құралында» кездеспейдi.

**«Оңтүстік».** Авторы белгісіз. Бұл Ырғыздың оңтүстік өңіріндегі меңіреу шөлді таныстыру мақсатында жазылған танымдық мақала.

**«Жазғы кеш».** Авторы – Майлыұлы Бейімбет. Бұл мәтін автордың 5 томдық шығармалар жинағымен (А.: Жазушы, 1986) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы:

*«... Созады мақұлық біткен көкке мойын...*

*... Секілді бейне «жұмақ» қарағанда...*

*... Шығып ап ел сыртында жерге дөңес...»* деген өлең шумақтары «Оқу құралында»:

*«... Созады жәндік біткен көкке мойнын...*

*... Секілді бейне ұшпақ қарағанға...*

*... Шығып ап ел сыртында жерге дөңес...»* болып өзгеріске ұшыраған.

**«Жазғы түнде».** Авторы – Жұмабайұлы Мағжан. Өлең Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағымен (А.: Білім. 1995) салыстырылды.

«Жазғы түнде» өлеңінде жаздың тамылжыған түнінде кездесуге келген екі жастың көңіл күй тебіреністері бейнеленген.

Шығармалар жинағындағы:

*«... Белгілі жерде табылмақ...*

*... Баққа аяқты батыл бас...*

*... Буынынан хал кетіп тұр...*

*... Ақ көйлегің көлбеңдеп...»* деген өлең шумақтары «Оқу құралында»:

*«... Белгілі жерден табылмақ...*

*... Баққа аяқты батыр бас.*

*... Буыннан халің кетіп тұр...*

*... Ақкөйлегің көлбеңтеп...»* болып өзгеріске ұшыраған.

**«Күз».** Авторы – Абай. Бұл өлең де «Абай» (А.: Жазушы. 1–2-том. 2002) жинағымен салыстырылды.

Абай жинағындағы: «Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?» деген өлең жолы «Оқу құралында»: «Қай жерінен кедейдің тұрсын күйі?» деп өзгерген. Сондай-ақ:

*«Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,*

*Бала шықса асынан үзіп-жұлып,*

*Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,*

*Үйген жүктің күн жағын орын қылып.*

*Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,*

*О да езіңдей ит болсын, азғыр-азғыр.*

*Асын жөндеп іше алмай қысылады,*

*Құрбысынан ұялып, өңшең жалбыр.*

*Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,*

*Аңдастырған екеуін құдайым-ай!*

*Алса да аянишақтау кедей сорлы,*

*Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.*

*Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,*

*Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы»* деген шумақтар «Оқу құралында» кездеспейді, тек:

*«Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,*

*Артық қайыр артықша қызметке орай»* деген екі жолмен өлең аяқталған.

**«Қыс».** Авторы – Абай. Ақынның бұл өлеңі де «Абай» жинағымен (А.: Жазушы, 1–2-том, 2002) салыстырылды. Абай жинағындағы:

*«... Үсті басы ақ қырау, түсі суық...*

*... Тимығы құруына аз-ақ қалды...»* деген жолдар «Оқу құралында»:

*«... Үсті-басы үскірік, аяз бен қар...*

*... Тимығы құруына тез тақалды...»* болып өзгеріске ұшыраған. Сондай-ақ «Абай»

жинағындағы:

*«... Басқан жері сықырлап келіп қалды...*

*... Дем алысы – үскірік аяз бен қар...*

*... Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды,*

*... Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін...»* деген жолдар «Оқу құралында» кездеспейді.

**«Жүт».** Авторы Міржақып деп берілген. Міржақып Дулатов – ақын, жазушы, қоғам қайраткері. Автор бұл өлеңде қыс кезінде келген жүттың халыққа тигізер залалы туралы баяндайды.

М.Дулатовтың бұл өлеңі Міржақып Дулатов. Шығармалар жинағымен (А.: Жазушы, 1991) салыстырылды.

«Оқу құралында» өлеңнің төмендегі 9 шумағы кездеспейді.

*«Қайран ел, қандай едің заманында,  
Күн бұрын сақтанбадың амаңыңда.  
Алдына жау мен жұттың айдап салып,  
Сөйтетін қор болып жұрт қаларында.  
Жаз туса бейғам едің қыс жетпестей,  
Қызық күн бастан, сірә, шеі өтпестей.  
«Жаратқан құдай артық халықпыз» деп,  
Қолыңнан төрт түлік мал бір кетпестей.  
Көрді ме енді көзің кеткендігін,  
Замана өз жұмысын еткендігін.  
Сақтанбай салақ өскен жалқау жұртты,  
Көндіріп кедейлікке жеткендігін?  
Ақылын жанашырдың алмаушы едің,  
Сөзіне, сірә, құлақ салмаушы едің.  
Қымызға шекең қызып, тойсаң етке,  
Пайдасыз құрғақ дауға қалмаушы едің.  
Жаз жимай қыс азығын жатушы едің,  
Арзанға қымбатыңды сатушы едің.  
Еңбекпен табар пайдаң болмаған соң,  
Борышқа шашетектен батушы едің.  
Балаңды оқыт десе қаиушы едің,  
Малыңды «партияға» шашушы едің.  
Алдында дұрыстықтың көзді жұмып,  
Аңқылдап теріс іске басушы едің.  
Кең қоныс, ата мекен кеткен жоқ па?  
Орнына «хахал» сұмырай жеткен жоқ па?  
Мал болса бар сенгенің о да азайып,  
Заманы көші-қонның өткен жоқ па?  
Кәсіпсіз қиын жұрттың күн көруі,  
Шаруаның осы кезде кетті түрі.  
Жүз жылқы қарға салған қазақтардан  
«Халол» бай пар өгізді жазғытұры.  
Қара жер анамыз зой бізді тапқан,  
Өлгенде тағыз қайта қойнын ашқан.  
Қол үзіп, сол анадан айырылсақ,  
Өлтірер бізді тіпті қалай аштан.*

Сондай-ақ 4-шумақтағы «Хал кеткен қайыруға жылқышылар» деген жолдағы «хал» сөзі «Оқу құралында» «әл» деп өзгерген.

«**Дала бораны**». Көркем әңгіме. Авторы – Ақсақұлы, яғни белгілі орыс жазушысы С.Т.Аксаков. Әңгімеде боран кезінде адасып кеткен адамдарды тауып алған жастардың ерлігі баяндалады.

«**Нан**». Авторы – Майлыұлы Бейімбет. Ақын 1921–22 жылдардағы жұт, халық арасындағы ашаршылық, бір үзім нанға зар болып, үзіліп жатқан қыршын өмірлер жайында ашына жазады.

«**Тундра**». «Живой Родниктен» деп жазылған. Біздіңше, «Живой Родник» сол кездегі ғылыми басылымдардың бірі болса керек. Тундра жайында толық ғылыми дерек, мағлұмат беретін танымдық мақала.

«**Шәкірттерге**». Авторы Азамат деп берілген. Азамат – Міржақып Дулатовтың бүркеншік аты. Мәтінде жастардың білімге деген құштарлығын құптаған ақынның жүрекжарды қуанышы жыр болып төгіледі.

«**Қаракесек Тіленші би**». Халық аңыз. Авторы көрсетілмеген. Аңызда арғын, қаракесек Бекболат бидің тоқалдан туған баласы Тіленшінің үлкендерден бата алып, би атанғаны жайында оқиға баяндалады. Мақала соңында «Тіленші – Қаз дауысты Қазыбек бидің немересі, Бекболат бидің баласы (Шоқан кітабы, 162 бет)» деген сілтеме берілген. Бұл мәлімет белгілі этнограф ғалым, әдебиетші Шоқан Уәлихановтың сол кездегі жарияланған кітабынан алынған болуы мүмкін.

«**Жандықтар**». Авторы жазылмаған. Мақалада жер бетіндегі жандықтардың әр түрлі топқа (хайуан, құс, балық, бақа, шаян, құрт-құмырсқа, т.б.) бөлінетіндігі, олардың тууы, өсуі, қоректенуі, тіршілігі,

т.б. жөнінде жан-жақты мағлұматтар берілген. Мақала соңында осы тақырыпқа байланысты арнайы сауалдар қойылған.

Бір ескертер жайт – «Оқу құралында» осындай танымдық негізде жазылған мақалалардан соң міндетті түрде сұрақтар қойылған, осы сауалдарға жауап беру арқылы оқушы өз ойын тиянақтап, толықтырып, тақырыпты қаншалықты меңгергенін біледі әрі өзіне қажетті қосымша ғылыми ақпараттарды алуға мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ бұл оқу-әдістемесі әрбір оқушының өз ойын толық жеткізіп, сөйлеу, баяндау дағдысын қалыптастыра түсетіні де белгілі.

«Қой». Авторы белгісіз. Мақалада қойдың түрлі тұқымдары туралы айтыла отырып, олардың халық шаруашылығына тигізер пайдасы жайында жан-жақты баяндалады.

«Ешкі». Авторы көрсетілмеген. Ешкі малының өсімтал табиғаты, олардың тұқымдары жайында ғылыми тұрғыдан мол мағлұматтар берілген танымдық мақала.

Осы мәтінде кездесетін «атар» сөзінің анықтамасы: дұрысы – ангор, ежелден келе жатқан ешкі тұқымдарының бірі.

«Қара шекпен мен қой». Мақала соңында автордың аты көрсетілмеген. Бірақ, бұл Ахмет Байтұрсынұлының белгілі орыс жазушысы Иван Андреевич Крыловтан аударған мысалы екені белгілі.

Мысал-өлеңде қой секілді жуас жандарды жазықсыз жазалап, жүндеудің жолы жеңіл екені ащы мыскылмен шенеледі.

Байтұрсынұлының И.А.Крыловтан аударған мысалдарынан «Оқу құралына» енгендері «Қырық мысал» жинағымен (Қазан, 1922) салыстырылды. «Қырық мысалдағы»:

... Тез істі бітірмекке жәһилтенді...

...Қой айтты: Шөпке тойып күні бойын...

... Уақиға болмыс түні ит үрмеді...

...Мұзабын тауықтарды осы жепті...» деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

« ...Тез істі бітірмекке жақаттанды...

... Қой айтыпты: Шөпке тойып күні бойын...

... Уақиға болысы түні ит үрмейді...

...Мұзайын тауықтарды осы жепті...» деп өзгеріске ұшыраған. «Қырық мысалдағы»:

«Кінәлі біреу ойдан, біреу тілден,

Ахмет, осы айтқаның жетер тоқта!

Кердің бе, сөзің онша ажарлы емес,

Ұялмай сынатарға салып топқа.

Алайда, тыңдағандар бір ойланар:

Түлкідей төре беру бар ма, жоқ па?» деген шумақтары «Оқу құралында» кездеспейді.

«Түйе». Танымдық мақала. Авторы белгісіз. Түйе жануарының табиғи жаратылысы, тұқымдары, дене бітімдері (айыр өркеш, жалғыз өркеш, нар, қоспақ, құрт, аруана, т.б.) туралы жеке-жеке мағлұматтар беріледі.

«Жылқы». Авторы көрсетілмеген. Мақалада жылқы жануарының қолға үйретілу тарихынан бастап, қазіргі, күнделікті өмір-тіршілігімізде жылқы малын қалай пайдаланып жүргенімізге дейінгі тарихи дерек-мәліметтер орын алған. Жылқының ауыл шаруашылығының жағдайын арттыруда атқарар рөлі де айтарлықтай дәрежеде екендігі баяндалған. Жоғарыдағы жануарлар, оның жеке түрлері туралы мақалалар – тақырыптық, мазмұндық, ғылымилық, танымдық тұрғыдан бірін-бірі толықтырып тұрған циклды (топтама) дүниелер.

Осы мәтінде кездесетін «Арден» сөзінің анықтамасы: дұрысы – Арденна. Еуропадағықырат. Бельгия, Франция және Люксембург жерінде орналасқан.

«Аттың сыны». Авторы – Абай Құнанбаев.

А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» еңбегінде Абайдың осы өлеңі «Аттың сыны» деген атпен жарияланған. Бірақ «Абай» жинағында (А.: Жазушы, 2002 ж. 1–2-том) бұл атау кездеспейді.

«Абай» жинағындағы:

«...Ой желке, үңірейген болса сағақ...

...Қабырғалы, жотасы болса күшті...

...Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы...

...Тығылмай әм сүрінбей жүрсе көсем...

...Иек қазып, еліріп басса әсем...» деп берілген өлең шумақтары «Оқу құралында»:

«...Ой желкелі, үңірейген болса сағақ...

...Қабырғалы, жоталы болса күшті...

...Алды, арты бірдей келген, ерге жайлы...



*...Тығылмай әм сүрінбей, жүрдек көсем...*

*...Иек қағып, елеріп жүрсе әсем...»* болып өзгеріске ұшыраған.

**«Сиыр».** Авторы көрсетілмеген. Мәтінде Сиырдың толып жатқан тұқымдары бар дей келе, олардың түрлері жіліктеп түсіндірілген. Шағын мәтіннің балалар үшін танымдық рөлі ерекше. Үндістандағы сиырға туыстас хайуандар да әңгімеленеді.

Осы мәтінде кездесетін «буйбул», «зебу» сөздерінің анықтамасы:

Дұрысы – буйвол, сиыр туысына жататын қуыс мүйізді, күйіс қайыратын жануар.

Зебу – өркешті сиыр, тегі жағынан сиырға жақын сүтқоректі жануар. Зебудің ерекшелігі – шоқтығының үстінде салмағы 5–8 кг-ға жететін өркеші болады. Басы жеңіл, мойны қысқа, көкірегі қушық.

**«Мысық».** Авторы көрсетілмеген. Шағын мақалада мысықтың тіршілігі, өсіп-өнуі, физиологиялық жағынан да көп мағлұмат береді. Сондай-ақ, мысық тұқымдас аңдардың (арыстан, жолбарыс, ягуар, пума, т.б.) пайдасынан залалы көп екендігі жайында айтылады.

Осы мәтінде кездесетін ягуар мысық тұқымдасына жататын жыртқыш, сүтқоректі. Тұрқы 2 метрге, құйрығының ұзындығы 75 см-ге, биіктігі 80 см-ге, салмағы 68–136 кг-ға дейін жетеді.

**«Қасқыр мен мысық».** Авторы көрсетілмеген. Бұл мысал да А.Байтұрсынұлының екені белгілі. «Қасқыр мен мысық» мысал-өлеңі «Қырық мысал» жинағымен (Қазан, 1922) салыстырылды. «Қырық мысалдағы»:

*...Зарардан басқа нәрсе істедің бе?..*

*Зараргер жұртқа тегіс болып әбден...»* деген жолдар «Оқу құралында»:

*...Залалдан басқа нәрсе істедің бе?..*

*Залалкер жұртқа тегіс болып әбден...»* болып өзгеріске ұшыраған.

**«Ит».** Авторы көрсетілмеген. Иттің адамға пайдасы кем, достығы мол екені сөз болады. «Адам барған жердің бәріне де ши таралғаны соның дәлелі» дейді. Мұның сыртында иттің тұқымдас бауырлары жайында сөз болады. Балалар үшін шағын мәтіннің берері мол.

**«Иттің достығы».** Авторы көрсетілмеген. Бірақ бұл мысалдың да Ахмет Байтұрсынұлының екені анық.

«Иттің достығы» өлеңі «Қырық мысал» жинағындағы (Қазан, 1922) нұсқасымен салыстырылды. «Қырық мысалдағы»:

*«... Өздері ит болса да әдепті еді...*

*...Тыюсыз сөгіп, соқпай, құрметтейді...*

*...Расын рас демей, танамыз ба?..*

*Құшағын жазып ала жүгірісті...»* деген өлең шумақтары «Оқу құралында»:

*«... Өздері ит те болса әдепті еді...*

*...Туіссіз сөгіп соқпай, құрметтейді...*

*...Расты рас демей танамыз ба?*

*... Құшағын жайып ала жүгірісті...»* деп өзгеріске түскен. Сондай-ақ «Қырық мысалдағы»:

*«...Иттерге, таласса да, жарасады,*

*Әйтпесе ит әдетін адасады.*

*Дос болған адамдарға қарап тұрсақ,*

*Биікпен теңеп болмас аласаны,*

*Сүйектей арасына нәрсе түссе,*

*Иттерден олар артық таласады»* деген 6 жол «Оқу құралында» кездеспейді.

**«Бұғы».** Авторы көрсетілмеген. Бұғының сыртқы пішіні, оның кейбір ерекшеліктері, өсімталдығы, тағылығы сөз болады. Бұғымен тұқымдас (марал, бұлан, құлжа, лось) хайуандардың бұғыдан өзгешелігі жайында айтылады. Мақаланың танымдық мазмұны ерекше.

Осы мәтінде кездесетін аусыл – аша тұяқтыларда, көбіне сиырда болатын жұқпалы ауру, мұны қоздыратын вирустың бірнеше түрі бар. Оларды А, О, С деп белгілейді.

Самаиед, (дұрысы – самоед) – Сібір халықтарының орысша көне атауы.

**«Арқаның жарқылы».** «Живой Родниктен» деп берілген. Сібірдің қақаған аязды күндері жолға шыққан кісіге кездесер қиындықтар жайында баяндалған шағын әңгіме. Негізгі әңгіме тәркіні – табиғат құбылыстарының ерекшеліктері жөнінде. Мұны автор «Арқаның жарқылы» деп атап отыр. Балалар үшін өте қызықты да әсерлі мақала.

**«Азаттық».** Авторы мәтін соңында көрсетілмегенмен, кітаптың мазмұнында «Баранцевт» деп берілген. Қазақшаға аударған авторы белгісіз.

Баранцевич Казимир Станиславович (1851–1927) – орыс жазушысы.

Мақалада Жақып атты баланың базарға барып, тордағы кішкене құсқа азаттық алып бергені туралы айтылады. Өз ісіне марқайған Жақып тәтті қиялға да беріледі. Азаттыққа ие болып, өз еркі өзіне тиген

кішкене құс та балаға алғысын жаудырып, көк аспанға қалықтайды. Автор осы арқылы оқушыға азаттықтың қаншалықты қымбаттығын жеткізуге тырысқан. Мақаланың тәрбиелік мәні зор.

«**Киік**». Авторы көрсетілмеген. Киікке толық сипаттама беріліп, оның мүйізі де, терісі де аса пайдалы екені айтылады. Және «Киіктің баласын ұстағанда енесі адамның, иттің қуғанына болмай, көпке дейін еріп қалмайды. Баласын біреу ұстап алып бара жатқанда, шешесі төзіп тұра алар ма? Киік те сол сияқты» деп, арасында балаларға зор тағылым да беріп отырады.

«**Алтай**». Авторы – Сәкен, яғни Сәкен Сейфуллин. Ақынның бұл өлеңі жоғарыда атап кеткен Сәкен Сейфуллин. Шығармалар жинағындағы (А.: Көркем әдебиет, 1960) нұсқасымен салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы:

«... Өр Алтай ызғарланған көкке тиіп...

...Басыңнан суын мұздай мөлдір бұлақ...

...Саңқылдап Азияға салсам ұран...» деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

«... Өр Алтай ызғарланған көкке тиіп...

...Басыңнан суы мұздай мөлдір бұлақ...

... Саңқылдап Азияға салсаң ұран...» болып өзгеріске ұшыраған.

«**Құрт-құмырсқа**». Авторы көрсетілмеген. Мәтін тақырыбы «Құрт-құмырсқа» деп аталғанымен, оған қоса шыбын-шіркей, қоңыз, инелік, көбелек сияқты «ұсақ мақұлықтарды» да кеңінен таныстырып өткен. Олардың қалай көбейіп, таралатыны, зияны мен пайдасы туралы баяндалады.

«**Екі шыбын**». Авторы көрсетілмеген. Бірақ бұл да Ахмет Байтұрсынұлының мысалы екені анық. «Екі шыбын» мысалы «Қырық мысал» жинағындағы (Қазан, 1922) нұсқасымен салыстырылды. Екеуінде де (жолма-жол тексерілді) өзгерістер жоқ, тек «Оқу құралында»:

«...Адамды кейбір түрлі алып еске,

Қарасақ, гибрат бар бұл кеңесте.

Біредің я қайратын, я дәулетін,

Өзіміз жүретіндер бар емес пе?

Кейбіреу көтереді мұрнын көкке,

Өз әддіні өзі білген адам көп пе?

Мақтанып, бәрін де өзіміз еттіміз дейді,

Біредің шылауында жүріп текке» деген жолдар кездеспейді.

«**Бақа-шаян**». Авторы көрсетілмеген. Бақа-шаян табына кіретін жәндіктерге (көлбақа, тасбақа, жылан, кесіртке) жан-жақты сипаттама беріледі. Олардың ішінде көп тоқталғаны – жылан. Оның улы, ұсыз болуының сыры да айтылады. Мәтіннің танымдық салмағы зор.

«**Құс**». Авторы көрсетілмеген. «Құс біткен 20 топқа бөлінеді. Оның ішінде қазақ білетіндері: ку, құтан, құр, бірказан, кегір, дуадақ, тоқылдақ, тоты, балықшы, қарақұс, көгершін, көкек, торғай» – деп түсіндіре отырып, олардың бір-бірінен айырмашылықтары, қайсысы аңшылыққа, қайсылары қолға ұстап асырауға бейім екені баяндалады.

«**Үй құстары**». Авторы көрсетілмеген. Құсты адам не үшін қолда ұстайды, оны қолда ұстау қашаннан бері жалғасып келе жатқаны туралы әңгімеленеді. Құстардың (аққу, торы ала қаз, сары ала қаз, қасқалдақ, қаз, кара құр, шіл, тауық, бөдене, күрке тауық, т.б.) адамға пайдасы туралы түсінікті тілмен баяндалады.

«**Аққу, шортан, шаян**». Авторы көрсетілмеген. Бұл да Ахмет Байтұрсынұлының екені анық. Бұл өлеңнің атауы «Қырық мысалда» (Қазан, 1922) «Аққу, шортан һәм шаян» деп берілген. Екі басылымда да айырмашылықтар кездеспейді, тек:

«Жігіттер мұнан гибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас» деген өлең жолы «Оқу құралында» кездеспейді.

«**Аңшы құстар**». Аң аулауға арнайы ұстайтын құстарды (қаршыға, бүркіт, лашын, тұйғын, тұрымтай, қырғи, ителгі) қалай баулып, қолға үйрету керек екені айтылады. Аңшы құстардың өзіне тән ерекшеліктері жөнінде де сөз болады.

Осы мәтінде кездесетін құладың сөзінің анықтамасы: Құладың – қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Дене тұрқы 53,5–52,5 см, қанатын жайғандағы ұзындығы 99–120 см, салмағы 310–550 г. Арқасы көкшіл сұр, құйрық қауырсыны ақ сұр, көлденең жолақты, бауыры ақ, жемсауы көкшіл сұр, тұмсығы қара.

«**Сауық құстар**». Авторы көрсетілмеген. Сауық не әуестік құстары деп атаған бұл құстарға автор тоты, бұлбұл сияқты құстарды жатқызған. Мақалада осы құстардың әсемдіктері, сұлулықтары, түрліше дауыстары жайында әңгімеленеді. Қызықты да танымдық мәні бар мәтін.

**«Сушыл құстар».** Авторы көрсетілмеген. Аққу, үйрек, қаз секілді өзен-көлдерді мекендейтін құстарға жан-жақты сипаттама беріледі. Олардың жұмыртқасының, жүнінің адам баласына пайдасы туралы әңгімеленеді. Сушыл құстардың бірсыпырасын қолға үйретуге де икемді екені айтылады.

Осы мәтінде кездесетін «албатрұс» сөзінің анықтамасы: құрысы – альбатрос дауылпаздар отрядына жататын теңіз құстары. Денесі ірі, тұрқы қысқа, салмағы 8 килограмға дейін жетеді. Тұмсығының ұшы имек, қанаты жіңішке әрі ұзын, жайғанда 425 см-ге жетеді.

**«Кешпешіл құстар».** Авторы белгісіз. Көлшік суларда, кешпеді өмірін өткізетін құстар. Мақалада кешпе құстарға «...сирақты, ұзын аяқтары аршынды, өздері сақ болады», – деп сипаттама берген. Оқушының қабылдауына жеңіл, қызғылықты мәтін. Құстың атын сөз етсек, үнемі су кешіп жүретін құстар болғандықтан (кешпе, кешпешіл) солай аталған болуы мүмкін.

**«Орман патшасы».** Авторы – Жұмабайұлы Мағжан («Шиллер Жуковскийден») – деп жазылған. Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағында (А.: Білім, 1989) жазушының «Орман патшасы» деген өлеңі неміс ақыны «Гетеден аударылған» деп берілген. Ал әдебиетші Г.Бельгердің зерттеуінше, дат елінің «Орман патшасының қызы» атты өлеңін неміс ақыны Иоганн Готфрид Гердер аударып бастырған. Аңызда орман патшасының қызы емес, эльфтер патшасының қызы, Гердер жаңылысып аударған. Ұстазына сеніп, Гете ол сюжет бойынша атақты «Орман патшасы» өлеңін шығарған. Бұны 1918 жылы орыс тіліне Василий Жуковский аударған. М.Жұмабаев бұл өлеңді В.Жуковскийден алып, қазақша сөйлеткен.

М.Жұмабаевтың «Оқу құралында» берілген бұл өлеңі ақынның Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағымен (А.: Жазушы, 1989) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы: «Мойныңды бұр балақай» деген өлең жолындағы «балақай» сөзі «Оқу құралында» «нәресте» деп берілген. Сондай-ақ «Феруза гүлдер манайын» деген жол «Оқу құралында»: «Березе. гүлді манайын» болып өзгеріске ұшыраған.

Шығармалар жинағындағы:

*«... Меруерт, маржан, інжу-тас,*

*...Жаным жаңылыс естісің...*

*...Шақырды қара қастарын...»* деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

*«...Меруерт, маржан, қуаныш...*

*...Жаным жаңылыс естисің...*

*«...Қарашы қара қастарын...»* болып өзгерген.

**«Орман құстары».** Авторы белгісіз. Орманда ұялап, орманда өсіп-өніп, өмірінің көбін ағаш ішінде өткізетін құстар; құр, тоты, тоқылдақ, көкек, қарға, қаршыға және басқалары деп, олардың өмірлері туралы баяндалған.

**«Түлкі мен Қара шекпен».** Авторы мәтін соңында көрсетілмеген. Ахмет Байтұрсынұлының И.А.Крыловтан аударған бұл мысалы да «Қырық мысал» (Қазан, 1922) жинағымен салыстырылды. «Қырық мысалдағы»:

*...Бірді алдап, бірді ұрлап шеккен өмір...*

*...Берейін адал кәсіп саған тауып...*

*... Бағуға тауықтарды жиһады зор...»* деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

*...Бірде алдап, бірде ұрлап шеккен өмір...*

*...Беремін адал кәсіп саған тауып...*

*...Бағуға тауықтарды жақаны зор...»* болып өзгеріске ұшыраған.

«Оқу құралында» төмендегі өлең шумақтары кездеспейді:

*«Бұл сөздің мағынасы көрініп тұр,*

*Ұнай ма сөйлей берген білімің құр?*

*Туралап қысқасынан түсіндірсем,*

*Демеңдер баяндауға ерініп тұр!*

*Адамдар ұяты бар, ниеті ақ,*

*Ұрламас, аштан өлер болса да нақ;*

*Санап бер саф алтыннан миллионды –*

*Ұрлығын ұры қоймас Түлкідей-ақ;*

*Бұзықтық бай-жарлығы бірдей нәрсе,*

*Пиғылды түзетпейді дәулет пен бақ».*

**«Қиғырлар».** Авторы белгісіз. Қиғырлар деп «тісі пышақтай өткір мақұлықтар» аталады. Оларды автор 13 топқа бөле келіп, қазаққа белгілі топтарына (тышқан, тиін, суыр, қоян, қосаяқ, құндыз, т.б.) ғылыми сипаттама береді.

«**Күзен**». Авторы белгісіз. Мақалада қазақ жерінде кездесетін сасық күзен, қаншыр, ор тиын, борсық, т.б. секілді мақұлықтардың тыныс-тіршілігі туралы толық мәлімет береді.

«**Аю**». Авторы белгісіз. Бұл мақалада аюдың ет қоректі аңдарға жататынын, оның: кара, сұр, ақ, тау аю және ерінді аю, т.б. секілді түрлері бар екені айтылады.

«**Балық**». Авторы берілмеген. «Дүниедегі көп мақұлықтардың бірі балық», – дей келе, балықтардың өмірі, тіршілігі, олардың адам өміріндегі пайдасы туралы молынан мәлімет береді. Оқушының қабылдауына жеңіл, қарапайым тілмен жазылған танымдық мақала.

«**Еменнің түбіндегі шошқа**». Авторы көрсетілмеген. Бірақ бұл да Ахмет Байтұрсынұлының И.А.Крыловтан аударған мысал екені мәлім. Автордың бұл мысалы «Қырық мысал» жинағымен (Қазан, 1922) салыстырылды.

«Қырық мысалдағы»:

«... Еменнің түбін қазды тура келіп...

...Қалмай ма емен құрап, кеуіп, сынып...

...Ей шіркін жақсылықты білмейтұғын...» деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

«...Еменнің түбін қазды түрегеліп...

...Қалмай ма емен құрап, кеуіп, семіп...

...Ие шіркін жақсылықты білмейтұғын» болып өзгеріске ұшыраған. Аталмыш мысалдағы:

«Дүниеде түрлі-түрлі адамдар бар,  
Жақсы мен арасында жамандар бар.

Ғылымды пайдаланып отырса да,

Сезбейтін сол пайдасын надандар бар» деген шумақ «Оқу құралында» кездеспейді:

«**Бекболат би мен Абылай ханның түйісуі**». Авторы көрсетілмеген. Бірақ «Абылай хан» кітабында (А.: Жазушы, 1993) бұл мәтіннің авторы А.Байтұрсынов деп берілген.

«Оқу құралында» кездесетін бұл мәтін жоғарыда аталған кітаппен салыстырылды.

«Абылай хан» кітабындағы:

«Байқаусызда балалықпен қылған қате іс шығар ... Бұл сізге бойжеңілдік қылған ісі... тентек ініңді өлтірмей ашуымды баса алмаймын ғой... Қайтадан үш жүздей кісімен келіп... Орал таудың ақиығы сонда дағы тек кетпес... Бекболаттың келіп кетуінен не сезіп отырсындар...» деген сөйлемдер «Оқу құралында»:

«Байқаусызда балалықпен қылынған қате шығар... Бұл сізге бой теңелдік қылған ісі...тентек ініңді өлтірмей ашуымызды баса алмаймыз ғой... «Қайта үш жүздей кісімен келіп Орал таудың ақиығы сонда дағы мерт етпес...Бекболаттың келіп кетісінен не сезіп отырсындар...» болып өзгеріске ұшыраған.

«**Жұбату**». Авторы – Сәкен, яғни Сәкен Сейфуллин. Әйел теңдігі туралы жазылған шағын әрі көркем әңгіме.

«Оқу құралына» енген С.Сейфуллиннің бұл әңгімесі Сәкен Сейфуллин. Шығармалар жинағымен (А.: Жазушы, 1987) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы: «1) Күншығыстан ескен майда қоңыр жел өзен бойындағы қалың талдардың, бұталардың, шөптердің бастарын теңселтіп, ақырын ызындап тұр. Көрінбей ақырын жүріп, жұмсақ сыпсындаған жүйрік жел мен түнерген талдардың жапырақтары қалтарысып, ақырын-ақырын сыбдырласып, сырласқандай. Осы қараңғы түнде майда қоңыр желдің жаяулаған жұмсақ сарынынан басқа, бұталардың ақырын ызындаған баяу үнді, мұңды күйінен басқа, тал, жапырақтардың жат тиді сырлы сыбдырынан басқа алдыңғы ауылдан ақырын, нәзік сыңсыған бір ызың естіледі. Сыңсыған ызың жүректің ең нәзік сезімді күйлерін қозғап, үзіліп-үзіліп, өксіп-өксіп естіледі. Еріксіз тыңдап, құлағымды сала, ызыңға қарай жүрдім. Таяуырақ тыңдағанда, ызыңнан көкіректі қарсы айырған жасырын күйініш, ащы қасірет естіледі. Мұңды, қағылы зар естіледі... Қара түнді өте-мөте меңіреу қылып тұр... Көшіп шаршап келіп, жаппалап...» деген сөйлемдер «Оқу құралында»:

«1) Күн шығыстан ескен майда қоңыр жел жоталардың, шөптердің бастарын теңселтіп, ызындатып, түнерген талдардың жапырақтарын қалтыратып, ақырын-ақырын сыбырлатып тұр. Жалғыз-ақ, жел мен бұтаның мұңды ызыңынан басқа тал, жапырақтардың жат тілді сыбдырынан басқа алдыңғы ауылдан бір түрлі сыңсыған ызың естіледі, үзіліп-үзіліп тыңдап, құлағымды сала, ызыңға қарай жүрдім. Бұл ызыңнан көкіректі қарсы айырған жасырын күйініш, қасірет естіледі. Мұңды, қайғылы зар естіледі... Қара түнді өте меңіреу қылып тұр... Шаршап келіп, жаппалап» болып өзгеріске ұшырап, кейбір сөздер, сөйлемдер өзгерген, тіпті сөйлемдер қысқартылып берілген.

Шығармалар жинағында:

«2) Түнерген, меңіреу қара түнде әрбір жан ұйқы, тыныштық құшағында жатқанда, бұл нендей сызылған мұңды ызың екен? Бұл ызың неге жүректің мұңды нәзік тамырына тиеді? Неліктен жүрек бұл үнмен бірге елжіреп алып ұшады? Ызың алыстан нәзік сызылып, үзіліп-үзіліп сарнайды... Сорлы ана ма бұл елде... Құлынын іздеп зарлаған... Таянған сайын жүрек елжіреп, өксиді...».

«Оқу құралында»:

«2) Түнерген, меңіреу қара түнде әрбір жан өзін ұйқыға, тыныштыққа беріп жатқанда, бұл нендей сызылған мұңды ызың? Бұл ызың неге жүректің мұңды тамырына тиеді? Неліктен жүрек ісініп, елжіреп толқиды? Алыстан ызың естілді... Сорлы ана ма бұл елде... Құлынын іздеп еңіреген...Таянған сайын жүрек елжіреп, ысыды...».

Шығармалар жинағында:

«3) Тез басып, демігіп келсем, өзеннің жағасында көзінің жасын көл қылып, егіліп, зар жылап отырған Мұсли-мажан екен».

«Оқу құралында»:

«3) Тез басып, дамығып келсем, өзеннің жағасында, бір түп талдың түбінде көзінен ыстық жасын ағызып, зар жылап отырған Мұслимажан екен».

Шығармалар жинағындағы:

«4) Не болды саған, мұңды қарындасым, неге жыладың? Неге егіліп, ыстық жасыңды төгесің?..сендей шерлі, мұңды көзінің жасын бұлаған қазаққызы көп!.. Олар да жылайды. Мүмкін, сенен де көбірек жылайтындар бар шығар ... Бұл – таң хабаршысы, Бұл – бақыт хабаршысы. Міне, жарқырап атып келе жатқан ерік таңы...» деген сөйлемдер «Оқу құралында»:

4) «Мұңды, зарлы, арманды қарындасым, неге жыладың? Неге зарлы ыстық жасыңды төгесің?... сендей шерлі, мұңды көзінен жасы бұлаған қазақтың сорлы қызы көп ... Олар да жылайды, сенен де көбірек жылайды ... Міне, бақыт баршысы. Міне, жарқыраған ерік таңы...» болып өзгеріске ұшыраған.

Сәкен Сейфуллиннің «Жұбату» атты көркем туындысынан кейін, Шығармалар жинағында «1917 жыл» деп уақыты көрсетілген болса, «Оқу құралында» мұндай анықтама кездеспейді.

«**Маймылдың тілі**». Авторы – М.А.Никольский. Никольский Мстислав Александрович (1885–1920) – Черкасск қорғанысын ұйымдастырушылардың бірі. Мақалада американдық Гарнер деген профессор-дың маймылмен сөйлесіп, тілін үйренген тәжірибесі жөнінде әңгіме болады.

«**Батырдың жауға шыққанда үйімен қоштасқаны**». Бұл «Қобыланды батыр» жырынан алынған үзінді. «Оқу құралында» берілген бұл үзінді «Қобыланды батыр» жинағымен салыстырылды (М.: Наука, 1975).

«Қобыланды батыр» жинағында жыр:

*«Қобыланды сынды батырың...*

*...Беліне семсер іледі,*

*Ноғай бөркін киеді,*

*Дүйсенбі күні сәскеде...*

*Кешегі кеткен қыяттың,*

*Қобыландыдай батырың,*

*Соңынан желіп жөнелді...*

*Қарындасы Қарлығаш,*

*Жан қосағы Қыз Құртқа...*

*Кескілеп кет деп қолыңнан»* деп басталса,

«Оқу құралында»:

*«Қобыланды сынды батырың*

*Тайбурыл атқа мінеді...*

*Батыр Қобылан жөнелді...*

*Жан қосағы, Қыз Құртқа...*

*Кесіп кет деп қолыңнан»* болып өзгеріске ұшыраған.

Сондай-ақ Қобыландының қарындасы Қарлығаштың қоштасқанда айтқан төмендегі сөзі «Оқу құралында» берілмеген:

*«Сол уақытта сөйлейді*

*Қарындасы Қарлығаш:*

*Халық ұйғарса қалмайсың,*

*Көңілің сүймей бармайсың,*

*Жалғыз ағам, жан көкем,*

*Сапарландың талапқа...*

*...Ел-жұртын есен көргенше...  
...Ақ маңдайда тұлымым,  
Бірге туған бауырым,  
Керекке біткен терегім,  
Бірге туған бауырым,  
Қос қанатым, құйрығым,  
Судан шыққан сүйігім,  
Сурылып озған жүйігім,  
Сізге деген құданың...  
Қабыл еттім бұйрығын!».*

Екі кітапта да айырмашылықтар өте көп болғандықтан, біз тек қысқаша ғана салыстырып көрсеттік.

**«Қобыланды батыр мен Тайбурыл».** Аталған эпостан келтірілген бұл үзінді Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар жинағымен (А.: Ғылым, 1994) салыстырылды.

Таңдамалы шығармалар жинағындағы:

*...Ұшақта қорлар сымбатты ...  
... Үйде Құртқа жұбайым...  
...Құртқам баққан бұрыл-жан...  
...Терлемесең күн салқын!..»* деген жыр жолдары «Оқу құралында»:  
*...Ұшақта үрлер сымбатты ...  
...Үйдегі Құртқа жұбайым...  
...Құртқам баққан Тайбурыл...*

*...Терлемесің күн салқын!..»* болып өзгеріске ұшыраған. Сондай-ақ:

*«Қаса тұлпар ат болсаң,  
Барыңды бүгін қарышта»* деген жолдар «Оқу құралында» болғанымен, Таңдамалы шығармалар жинағында кездеспейді.

Таңдамалы шығармалар жинағындағы:

*«Кешегі кеткен жолдасқа.*

*Қоясың ба намысқа»* деген өлең тармағындағы «жолдасқа» және «қоясың ба» сөздері «Оқу құралында» «көп қолға», «қоямысын» болып кездеседі.

*«Кеше кеткен көп қолға,  
Қоямысың намысқа».*

Таңдамалы шығармалар жинағындағы:

*«Қобыланды соны айтты да,  
Тартып-тартып жіберді,  
Тайбурылдың санына»* деген 3 жол «Оқу құралында»:

*«Қобыланды соны айтты да,  
Тобылғы сапты қамшыны,  
Толғап бір ұрды санына»* болып өзгеріске ұшыраған.

Таңдамалы шығармалар жинағындағы:

*«...Қамшыдан тамған қанына...  
...Қанын судай шашқан соң...  
...Сол жерде шал Құдайға...  
...Құлақтың түбі терледі...  
...Қайырма біткен қамыстай...  
...Кеткен қолға аңқытып...  
... Шауып жетте Боқан ед...  
...Боқанға келді арыма деп...  
...Жылқы ішінде алалы...  
... Қылышты жүні қаралы...  
...Мынау белдің астында...  
...Соған да келді сытыртып...»* деген жыр шумақтары «Оқу құралында»:

*«... Қамшыдан аққан қанына...  
... Қаны судай шыққан соң...  
Сол жерде сал Құдайға...»*

Қайранға біткен қамыстай...  
Шауып жетіп қараса...  
Қол соңында барады...  
Қара Боқан жауырынышы...  
Боқанға келді «Арма!» деп...  
Жылқы ішінде алады...  
Қылшық жүнді қарады...  
Осынау деннің астында...  
Оған да келді сыпыртып...» болып өзгерген.

Сондай-ақ осы жырдағы Қобыланды мен Аққозының жолығып, жөн сұрасқандары:  
Таңдамалы шығармалар жинағында:

1) *О да айтады «баласың,  
Енді алдыңда Қараман,  
Жетсең соған барасың.  
Жеткенді деп ойлаймын,  
Өз көңіліме шамасын.  
Кешегі күн шапқалы,  
Құрдасыңның көрмедік,  
Әлі күнге қарасын.*

«Оқу құралы» жинағында:

1) *Аққозы сонда сөйлейді:  
«Алыстан айқын көрінген,  
Жылқы ішінде алады,  
Қылшық жүнді қарады,  
Адасты деп ойлап ең,  
Қобыланды сынды баланы;  
Оңдаса Тәңірі сапарды,  
Пенденің болмас шарасы.  
Қызыл тілді сөйлеткен,  
Қаусырма жақтың арасы,  
Жеткенді деп ойлаймын,  
Өз көңіліме шамасы;  
Кешегі күн шапқалы,  
Көре алмадық шырағым,  
Құрдасыңның қарасын.  
Енді алдыңда Қараман  
Жетсең соған барасың»* деген ретпен берілген. Екі кітаптағы жолма-жол салыстыруларда айырмашылықтар көп.

«**Сіргелі Елшібек батыр**». Авторы Шоқан деп берілген. Бұл – қазақтың көрнекті қайраткері, белгілі этнограф ғалымы Шоқан Уәлиханов.

Қалмаққа қарсы соғыста Сіргелі Елшібек батырдың көрегендігі, ержүректілігінің арқасында қазақ елінің жеңіске жеткені жөнінде әңгіме шертіледі.

«**Ноғайлы Мамай өлгенде шешесі кемпір Қарыүлектің жоқтап айтқаны**». Авторы Аубәкірден деп берілген. Бұл қазақтың этнограф ғалымы Әубәкір Диваев болар деп, ғалымның еңбектері қарастырылды. Ә.Диваевтың «Тарту», «Қазақтың халық творчествосы» атты кітаптарында бұл жоқтау берілмеген. Осы орайда қазақ әдебиетіндегі жоқтау жанрын зерттеуші маман Д.Жақанның пікіріне сүйенсек: «Орақты Қарыүлек ананың жоқтауы алғаш рет «23 жоқтауда» баспа бетіне түскен. 1990 жылы Т.Арыновтың құрастыруымен шыққан «Боздағым» кітабына да бұл жоқтау А.Байтұрсынұлының «23 жоқтау» жинағынан алынып басылғаны белгілі. 1991 жылғы Х.Досмұхамедовтың «Аламан» кітабында берілген «Қарасайқазы» жырының ішінде жоқтаудың қысқа бір бөлігі берілген» дейді. Олай болса Мамайдың шешесінің есімі Қарыүлек емес, Қарыүлек болуы керек.

«Ноғайлы Мамай өлгенде кемпір шешесі Қарыүлектің жоқтап айтқаны» деген атпен «Оқу құралында» берілген бұл жоқтау А.Байтұрсынұлының «23 жоқтау» жинағындағы (М., 1926) нұсқасымен салыстырылды.

«23 жоқтаудағы»:

*«...Қасыңа әскер ертпей...  
...Мамай еді жолдасың...»*

...Отқа жақтың қаңқасын...  
...Мыңды байлап атқанда...  
...Жұрттағы сұлу жорғаның...  
... Қаты қаннан қалмақтың...  
...Пәни дүние, қайтейін...  
...Жау жаулайтын жарағым...  
...Тәуір еді талабың...  
...Ойы терең жер еді...  
...Жабықпаңыз, ноғайлы...  
...Белдемшесін белденген...  
...Көкірегі желденген...  
...Орданың ішін қоршатып...  
...Құдайдан пәрман болған жоқ...  
...Қысан қара сабаны,  
Тұс-тұсынан қойдырған...  
...Қара Үлек енең жоқтаған...  
...Дым-ақ алаш мақтаған...  
...Досты сыйлап сақтаған...  
...Ақ кіреуке сауытым...  
...Қу сүйегім еріттің...  
...Өкпе, бауырым суыттың...  
...Кәрі шешең қайғымен...  
...Күдеріңді үздірдің...  
...Қайратыңменен мәз қылдың...  
...Қасіретіңменен күнінде...  
...Кәрі Үлек шешең қартайды...  
...Жасым жетіп мұндайдым...  
...Жауды көрсеңзаң салдың...  
...Ұжмақты қылып Құдайым,  
...Жолдасың болсын иманың?  
...Алланың қалды тұлдықта...  
... Аттыларға тіл болдың...  
...Иманың болғай жолдасың...» деген жыр шумақтары «Оқу құралында»:

«...Мамай еді жолдасың...  
...Қасыңа әскер ерітпей...  
...Отқа жақтың қан басын...  
...Мыңы байлап атқанда...  
...Елдегі сұлу жорғаның...  
...Қаты хандай қалмақтың...  
...Дерексіз дүние қайтейін...  
...Жау жайлайтын жарағым...  
...Таудай еді талабың...  
...Ойы терең сері еді...  
...Жабықпаңдар ноғайлы...  
...Белдемшесін белденген,  
Мамай... ...Көкірегі желденген,  
Мамай... ...Орданың ішін құрсатып...  
...Қасан бір қара сабаны...  
...Тұс-тұсына қойдырған, Мамай...  
...Қара-Үлек шешен жоқтаған, Мамай...  
...Дүйім алаш мақтаған, Мамай...  
...Досты сыйлап мақтаған, Мамай...  
...Ақ кіреуке сауыттым, Мамай...  
...Қуыс сүйегім еріттің, Мамай...  
...Өкпе-бауырым сәгілттің, Мамай...  
...Қара-үлек шешең қайғымен...



*...Дәуіріңді үздірдің, Мамай...  
...Қайратыңмен мез қылдың, Мамай...  
...Қайғы менен күнінде...  
...Қара-Үлек шешең қазды, Мамай...  
...Жасым жетіп, мендемін, Мамай.,  
...Жауды көріп зең, салдың, Мамай.,  
...Алғаның қалды қорлықта...  
...Аттыларға тел болдың...  
...Айтып, айтпай немене...»* деп, сөздер, өлең жолдары өзгеріп кеткен әрі Таңдамалы

шығармалар жинағында «Мамай» деген атау кездеспейді.

«**Әділ би**». Авторы белгісіз. Үш кісінің дауын әділ шешкен би туралы сөз болады. Бұл қазақ ауыз әдебиетінде белгілі сюжет.

«**Бұл ертегіге қосымша сөз мынау**» деген бес тармақты өлең жолдары да әділ бидің әділдігін өрнектейді. Әділ биді:

*«Ердің құнын екі ауыз сөзбен ептеп,  
Абыройын кісінің еш төкпейді», – деп бағалайды.*

Бұл өлең де Аубақірден деп берілген. Олай болса, «Әділ би» атты аңыз-ертегі де осы автордікі болуы мүмкін деген болжам айтуға болады.

«**Парашылға**». Авторы Жәнеу деп берілген. Бұл – белгілі журналист Аманғали Сегізбаевтың бүркеншік аты.

*«Ақша десе арын төккен,  
Парашылсың, қарны кең!  
Азап көріп, жанын жеккен,*

*Жұмысың жоқ жарлымен»* деп, парашыл адамдарға сын айта отырып жазылған бұл өлең оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді.

«**Құрбан қия**», Авторы Қырым сөзі – Маркстан деп берілген. Қырым өлкесіндегі «Құрбан қия» атты тауға берілген аттың шығу тарихы туралы аңызды қазақтың белгілі қоғам қайраткері, әдебиетші Әлихан Бөкейхан «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен жариялаған.

Бөкейханның бұл әңгімесі «Қазақ газеті» басылымымен (Қазақ энциклопедиясы. – А., 1998) салыстырылды.

«Қазақ» газетіндегі: «1) Бұл Отыз өлкесінде жүріп...», «Оқу құралында»: 1) «Құрбан қия деген Отыз өлкесінде жүріп ... 2) Басын төмен салып ...2) «Басын төмен салбыратып ... 3) Бейне зор ойға қалған ... 3) Бейнезор қалыңойға қалған... 1)...екінші қолмен тастың жарыншағына тіреп ... 4)... екінші қолын тастың жан-жағына тіреп 5) ...Рас, өтірігін кім білсін бірақ солай деген жұртта әуез бар 5) ...Рас, өтірігін кім білсін, бірақ солай деген жұртта аңыз бар... 6) Оның қойшысы Үсен еді. Үсен сияқты жақсы малшы болған емес ... б) «Оның қойшысы Үсендей жағымды малшы болған емес», – болып, сөздер, сөйлемдер өзгеріске ұшыраған.

Сондай-ақ әңгімедегі қыз әкесінің аты «Қазақ» газетінде «Салахалдин» болса, «Оқу құралында» «Салакитдин» деп берілген.

Ал жігіттің аты «Қазақ» газетінде – «Рафихжан», «Оқу құралында» «Рапықжан» болып, «Қазақ» газетіндегі: «мұртынан күледі де» деген сөз тіркесі «Оқу құралында» «миығынан күледі де» деп өзгеріске түскен.

Әңгіме «Қазақ» газетінде «Ноғайлар онықойшы өзін құдай үшін құрбан қылды деп, жартасқа Құрбан қия деп ат қойыпты» деп аяқталса, «Оқу құралында» «Ноғайлар» деген сөзден кейін көп нүкте қойып «Ноғайлар... жартасқа Құрбан қия деп ат қойыпты» деп, сөйлемді қысқартып берген.

«**Ешкі тау**». Аңыз-әңгіменің авторын «Оқу құралында» Қырым сөзі – Маркстен деп берген. Аударған Әлихан Бөкейхан. «Оқу құралында» Ә.Бөкейханның аты «Қазақшаға аударушы Қыр баласы» деп берілген.

«**Ешкі тау**» әңгімесі ғашық әйелдің «аманатын» орындаймын деп қияли болып кеткен Қали есімді жігіт туралы аңыз.

Әлихан Бөкейханның «Ешкі тау» әңгімесі «Қазақ» газетінде (Қазақ энциклопедиясы. А., 1998) берілген нұсқасымен салыстырылды.

«Қазақ» газетінде: «Әлі, сұлу Әлі, мерген Әлі! Кім сені ұмытар! Атадан балаға қалумен...» деп басталатын сөйлем «Оқу құралында»: «Қалиәрі сұлу әрі мерген! Сені кім ұмытар? Атадан балаға қалып...» болып өзгеріске ұшыраған.

Төменде «Қазақ» газеті мен «Оқу құралындағы» аталған әңгіме ретімен салыстырылды.

«Қазақ» газеті; «а) Сенің асыл задальың сол, лағын емізген ешкіге еш уақытта тимеуші едің. б) Көбіне жокты тап деп әурелейтін. в) Лағын емізіп жүрген ешкіні атып бола ма? Бұ не тілек, деп Әлі ғажайыптанды».

«Оқу құралы»: «а) Сенің сүйегіңнің асылдығы сол, лағын емізген ешкіге еш кезде тимеуші едің. б) Көбіне тап деп әурелейтін. в) Лағын емізіп жүрген ешкіні атуға бола ма? Бұ не тілек! – деп Қали таңырқады».

«Қазақ» газеті: «а) Сейіт Мәмет бұлай айтпайды. б) Мейлің білсін! Сұржылан Үрмия солай деді. в) ... капаланып, қалың ойға кірді. г) ... бакшада сыңғыр-сыңғыр ... д) Бәрінің атқарғаны махаббат қарызы».

«Оқу құралы»: «а) Сейіт Мәмет бүйтіп тіл қайырмайды. б) Мейлің білсін! – деді сұржылан Үрмия. в) ... назаланып қалың ойға кірді. г) ... бакшада шыр-шыр ... д) Бәрінің атқарғаны сүйіскендік борышы».

«Қазақ» газеті: «а) Жер жүзінде не болып жатқандарын мысты адамдар бұрынғыдан гөрі жақсы тұра ма, болмаса бұрынғыдай әлі де адам арасында араздық, дүниеге тоймаушылық, өзіне-өзі һәм өзгені де жоюшылық бар ма екен, соның бәрін жер құлағы арқылы естіп біліп жатады-мыс».

«Оқу құралы»: а) «Жер астында болып жатқан жақсылық, жамандықтың бәрін де жер құлағы арқылы естіп, біліп жатады-мыс».

«Қазақ» газеті: а) «Аман ба, Әлі! Таң атпай таутеке атуға келгенің қалай? Мылтығын кезеніп, сығалап еді. Қалидың жүзі сұп-сұр болып, түсі қашып кетті... Бір оқтан сезбей қатсын деп дәл жүректі алып сығалады...».

«Оқу құралы»: а) «Аман ба, Қали, құлқын сәріден таутеке атуға келгенің қалай? Мылтығын кезеніп, көздеп еді. Әлінің сұп-сұр болып, түсі қашып кетті. Бір оқтан сеспей қатсын деп дәл жүректі қарауылға байлап көздеді...».

«Қазақ» газеті: а) «Бір күні қажыға барған, Меккеде көп болған, жүз жастағы шал Асан қайтып келеді. Қажы жолында көрген-білген тамашаларын жұртқа сөйлейді. Оның бәрінен де сол тамаша. Асан өз көзімен Әліні көріпті. Стамбұлда сопы дәруіштер түрік сұлтаны алдында зікір салған жиылысында Асан да барған екен. Бір шал сопының зікіріне жиылған жұрт таң-тамаша қалған. Асан қараса, жұрт тамаша қылып тұрғаны баяғы Әлі. Таныған соң «Әлі» деп шақырған. Әлі мұның бетіне қарап, азырақ тоқтап тұрды да тағы зікірін салып жүре берді» деп аяқталатын сөйлем «Оқу құралында»:

а) «Бір күні Меккеден Асан деген қажы қайтады. Жиылған жұртқа жақсылы, жаманды көргенін сөйлейді. Бәрінен де тамашасы сол: Қалиды Асан өз көзімен Стамбұлда дәруіш болып жүргенін көреді. Таныған соң «Қали» деп шақырған. Қали мұның бетіне қарап, азырақ тоқтап тұрады да, тағы жүре береді», – деп, сөйлемдері қысқартылып, көп нүкте арқылы берілген.

«Елес». Рубакиннен деп жазылған.

Рубакин Николай Александрович (1862) – орыс жазушысы, библиограф, бірқатар беллетристік кітаптардың авторы.

Мұнда табиғаттың тылсым құбылыстарын, ерекше көріністерін, жаратылыс заңдарына түсінбей «керемет» деп ұғынушылар туралы аңыздар ғылыми тұрғыда, қарапайым тілмен баяндалады.

Осы тақырып төңірегінде оқушының ұғым-түсінігін, дүниетанымын кенейтіп, толықтыру үшін мәтінге байланысты бірнеше сұрақтар қойылып, «өздерің де сондай әңгіме ойлап тауып, түсіндіріңдер» деп балалардың ойды әрі қарай дамытуына дәнекер боларлық сауалдар мен талаптар қойылған.

Осы мәтінде кездесетін «Ай-Петри», «Мессин» сөздерінің анықтамасы: Ай-Петри – Қырым тауларының шыңы. Алупка маңында орналасқан. Қара Теңіз жағасына тік жарқабақтанып бітеді. Биіктігі 1233 м.

Дұрысы Мессина. Италиядағы қала, порт. Мессина провинциясының әкімшілік орталығы. Сицилия аралының солтүстік шығыс жағалауында орналасқан.

«Бейшаралар». Виктор Гюгодан деп берілген.

Виктор Мари Гюго (1802–1885) белгілі француз жазушысы.

Мұнда балықшылардың қайыршылықтағы ауыр тұрмысы әңгіме болады. Әке-шешесі аштықтан қайтыс болған балықшылардың күндақта қалған екі жетім баласын өздері аш-жалаңаш отырған Жәни атты әйелдің асырап алғандығы суреттеледі. Қазақшаға аударған авторы белгісіз.

«Тағдыр» (Жазмыш). Авторы Короленко деп берілген.

Короленко Владимир Галактионович (1853–1921) – орыс жазушысы. «Тағдыр» – ескі діни-наным, сенімдерге табынған қараңғы халықтар мен адал, ізгі жүректі жандар туралы сыр шертетін шығыс халқының әңгімесі. Мұнда да қазақшаға аударған, авторы белгісіз.

«Дін үйреткенге». Авторы – Жұмабайұлы Мағжан. «Оқу құралына» енген автордың бұл өлеңі Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағымен (А.: Білім, 1995) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы:

«...Кешегі арыстанды айбыны зор...  
...Көрмейтін көзді көр ғып артты-алды...  
...Мінекей, айырылдық қой бақтан, тақтан!  
...Міне Күн! Сәулесі алтын жерді құшты...» деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

«...Кешегі арыстандай айбыны зор...  
...Көрмейтін қылды қорқып артты алды...  
...Мінекей айырылдық қой бақтан, ардан...  
...Міне Күн сәулесі алтын жарлы құшты...» болып өзгеріске ұшыраған.

**«Күн көру».** Авторы көрсетілмеген. Адам күн көру үшін өзге қажеттің бәрін таба білу керек, себебі, ол дайын күйінде болмайды. Сондықтан адам еңбек етіп, кәсіп үйрену, оны меңгеру арқылы дегеніне жете алады. Мақала оқушы түсінігіне лайықталып, түсінікті, қарапайым тілмен берілген, танымдық маңызы да зор.

**«Адам жер жүзіне таралуы».** Авторы белгісіз. Көлемді мақаланың берер ойы – тұрмыс итермелеуімен адамзат баласының қоныс аударуының себебі тарихи кезеңдердегі оқиғалармен дәлелдене отырып, адамзаттың жер жүзіне таралуы; қараңғылықтан өркениетке, көшпенділіктен отырықшылыққа дейінгі даму сатылары туралы толық ғылыми мәлімет берілген.

Осы мәтінде кездесетін «ескимос» сөзінің анықтамасы; эскимос халық атауы, Чукоттың шығыс бөлігінен Гренландияға дейінгі аралықты мекендейтін байырғы тұрғындар.

**«Кенесары қоныстан ауғанда Досқожа ақынның айтқаны».** Авторы көрсетілмеген. Қазақ ханы Кенесары жайында жазылған бұл өлең қазақ тарихында болып өткен жаугершілік заманнан сыр шертеді. Елін, жерін тастап, жан сауғалай қашқан халықтың артта қалған ата қонысы, бұрынғы құрған дәурені баяндалады.

«Хан Кене» кітабында бұл өлеңнің атауы «Досқожа. Кенесары қоныстан ауғанда айтқаны» деп берілген.

«Оқу құралына» енген бұл өлең «Хан Кене» кітабындағы нұсқасымен (А.: Жалын, 1993) салыстырылды. «Хан Кене» кітабындағы:

«...Қалмақтың Уса, Серенін...  
...Бұл қоныстан кеткен соң...  
...Енді айлап таусылды...  
...Арасы биік бауларым!  
...Арасы биік бау еді...  
...Жарлы-байы белгісіз...  
...Баланың білдім шөлдерін...  
...Қарағайлым. Шұбарым...  
...Сапырып қымыз құйдырып...  
...Алабота тарлауы...  
...Жапырағы жаудырап...  
...Отырушы едің сапырып...  
...Бекіредей басын тасқа сабаған...» деген шумақтар «Оқу құралында»:

«... Қалмақтың Уса, Серенін...  
... Бұл қоныстан көшкен соң  
...Енді қайлап таусылды...  
...Арасы бие бауларым...  
...Арасы бие бау еді...  
... Жарлы-байымбелгісіз...  
...Баланың білдің шөлдерін...  
...Қарағайлы, Шұбарым!  
...Сапыртып қымыз құйдырып...  
...Ала бота тарлаумен...  
...Жапырағын жаудырып...  
...Отырушы едік сапырып...  
...Мекіредей басын тасқа сабаған...» болып өзгеріске ұшыраған. Сондай-ақ:

«Блдиы жоқ, ойы жоқ,

Ат тайғанар жері жоқ» деген екі жолдың соңғы «Ат тайғанар жері жоқ» тармағы «Хан Кене» кітабында кездеспейді.

«**Жандықтардың жер жүзіне таралуы**». Авторы белгісіз. Жер жүзіндегі жәндік атаулының өсіп-өнуі, таралуы, оларды жер жүзіне тарататын су мен жел екендігі жөнінде қызықты мағлұматтар берілген.

«**Жандықтардың таралуына жел жәрдемші болады**». Авторы Н.Кукиннен деп берілген. Бұл жоғарыдағы аталған мақаланың заңды жалғасы іспетті. Жәндіктердің желмен таралу жолдары мұнда жан-жақты баяндалады. Аудармашы мәтінді бала ойына лайық етіп тәржімалаған.

«**Аң мен құстың аууы**». Авторы белгісіз. Аң мен құстың қоныс аударуы, сол жерге сіңісуі, олардың мерзімдік түрлері (күзде жылы жаққа ауып кетуі сияқты, т.б.) секілді табиғат құбылыстары жан-жақты әңгіме болады. Ақ тиін, түлкі, қасқыр, киік, балық, құстардың да ауып, көшіп жүретінін қызғылықты баяндайды. Деректер де орнықты келтірілген.

Осы мәтінде «Архангел» сөзі кездеседі. Дұрысы – Архангельск, Ресейдің солтүстік-батысындағы қала, Архангельск облысының орталығы. Солтүстік Двина өзенінің ағырабында орналасқан.

«**Кей жандықтардың қысты күні жан сақтауы**». Авторы берілмеген. Қысты күні кейбір құстар жылы жаққа ауып, жан сақтаса, жануарлар мен жәндіктер көбіне ұзақ ұйқыға кететінін танымдық шағын материалда балаларға түсінікті тілмен баяндайды.

Осында кездесетін «Альпі» сөзінің анықтамасы: Альпі – Еуропаның ең биік тау жүйесі. Италия, Франция, Швейцария, Австрия, Германия, Югославия және Лихтенштейн жерлерін алып жатыр.

«**Алғашқы адамдардың тұрмысы**». Авторы белгісіз. Жер бетінде пайда болған алғашқы адамдардың түр-түрпаты, тұрмыс-тіршілігі туралы ғылыми мәліметтер көркем тілмен бейнеленген.

«**Алғашқы адамдардың құралдары**». Авторы көрсетілмеген. Алғашқы қауымдағы адамдардың құралдары – аяғы, қолы, тісі болса, тас дәуірінде темір, тастардан құрал-саймандар жасай бастағаны баяндалған.

«**Зиректік**». Ел аузынан жазылып алынуы мүмкін. Мұнда жоғалған түйенің белгілерін өз тәжірибе, зеректігі арқылы көрмей-ақ білген жолаушының байқампаздық қабілеті жөнінде әңгіме қозғалады.

«**Сезім**». Авторы – Лев Николаевич Толстой (1828–1910). Автордың сезім мүшелерінің саналы ой иесі адамда, жан-жануар, жәндіктерде қалай дамығаны жөніндегі ой толғанысы баяндалады.

«**Жандықтың ашаршылықпен алысуы**». Авторы Н.Рубакин деп берілген. Шағын мақалада жер бетіндегі барлық жан-жануарлардың ашаршылықпен қалай күресетіндіктері жайында әңгімеленеді. Қыс бір жағынан қысқанда, ашаршылық екінші жағынан келіп, жәндіктер енді бас сауғалап кететінін айтады.

«**Қарға мен түлкі**». Авторы көрсетілмеген. Бұл А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағына енген мысалдарының бірі.«Қарға мен түлкі» мысалы «Қырық мысал» жинағындағы (Қазан, 1922) нұсқасымен салыстырылды.

«Қырық мысалдағы»:

*«Қарасақ көп адамдар Түлкі боп жүр,  
Залымдықәтірік пен мүлкі боп жүр;  
Солардың сұмдығына түсінбеген  
Қарғадай жұртқа мазақ күлкі боп жүр.  
Жұрт едік аңқау өскен қазақ болып,  
Далада кең сахара көшіп-қонып.  
Алдаған залымдардың тіліне еріп,  
Жүрмесек жарар еді мазақ болып»* деген соңғы екі шумақ «Оқу құралында» кездеспейді.

«**Қасқыр мен қозы**». Авторы жазылмаған. Бұл мысал да «Қырық мысал» жинағымен салыстырылды. «Қырық мысалдағы»:

*...Зәбір зой біреу үшін күйдіргенің...*

*...Үндеме! Жетер! Қазір уақытым жоқ...*» деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

*...Жәбірзой біреу үшін күйдіргенің...*

*... Үндеме, жетер! Қазір нұрсатым жоқ...*» болып өзгеріске ұшыраған. «Қырық мысалдағы»:

*«Орманға қасқыр кетті қозыны алып,  
Белгілі етер ісі алып барып.  
Осындай жазықсызды жазғыратын  
Әр жерде күштілерде бар зой қалып.  
Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,  
Ойлаймын, оны мақтар шықпас кісі.  
Нашарды талай адам талап жеп жүр,  
Бөріден артық дейміз оның несі?»* деген екі шумақ «Оқу құралында» кездеспейді.

«**Жандықтың жауынан қорғануы**». Авторы белгісіз. Жәндіктердің өз жауларынан қалай қорғанатыны жөнінде қызғылықты баяндайды. Оқушының қабылдауына жеңіл тілмен жазылған мақала.

Осы мәтінде кездесетін «каракатитса» сөзінің анықтамасы: каракатица – он аяқты моллюскілердің бір туысы. Тұрқы ұзынша келген (25 см-дей), жалпақ, бүйірінде ескек қанаты, қармалағыштары, ұшында жабысқағы бар, желін ұшы жалпақтау және ұзынырақ біткен екі қармалағышымен ұстайды. Каракатица су түбінде тіршілік етеді, қармалағышымен қозғалады, жай жүреді.

**«Қамелеуін».** Авторы А.Б.Шеқов деп берілген. Бұл – белгілі орыс жазушысы Антон Павлович Чехов (1860-1904). Қазақшаға аударушы «Қыр баласы», яғни Әлихан Бөкейхан.

Чеховтың атақты әңгімесі «Хамелеон» – полиция надзирателінің мұнафиқтығын (мунафик араб сөзі, екіжүзді деген мағынада) әшкерелейтін көркем шығарма.

«Хамелеон» әңгімесі Әлихан Бөкейханов. Шығармалар жинағымен (А.: Қазақстан, 1994) салыстырылды.

Шығармалар жинағында: «Дүкен ашық, алушы жоқ, саудагерлерді ұйқы басқан. Базарда қайыршылар да жоқ. Базармен полицейский надзиратель Очумелов келе жатыр... қасында городской келеді... Сен жексұрын неме қабатын немесің ғой», – деген Очумелов дауысты естіді. Соның арасында үйген отыннан шығып артына қарай-қарай ақсай басып қашып келе жатқан итті көрді. Итті қуып жетіп, бір кісі жығыла-жығыла аяғынан алып ұстады. Көзді ашып-жұмғанша, ұйқыдан ояңған саудагерлер, отыннан жиылған кісілер топталып жиылып қалды... Отын үйген қақпаның алдында жиылған топқа қолын көрсетіп тұрған адам көрінді. Шала мас. Бұл кісі Очумеловке белгілі алтын зергер Хрукин деген екен... Мен кісіге тию деген жоқ. «Күшіктен жәбір көріп, зиян тартсын» деген закон жоқ... Штраф саламын! ... Күшік биттей, сен сырықтайсың. Күшік өзі сенің қолыңа қалай жетеді... нәресте күшікке жаласын жауып ақша алмақпысың? Хрукинге ұрса бастады... Өтірік айтып былжырама, соқыр! Айтқаны, қулиа өтірік тіпті көрген жоқ... Кім құдай алдында өтірік айтпайтынын. Үндеме! – деп Очумелов ақыра бергенде... Рас, білесің бе? Рас, тақсыр. Жанарал аспазшысы келеді екен. Япырмай, туысқанын сағынған. Мен білген жоқ едім. Мынау нәресте Жанарал ағасынікі ме? Сен күшікті ал, қандай әп-әдемі күшік. Ап-ап деп, мынаның қолын тістеп алыпты. Күшігім-күшігім... Хрукинге жекіріп, қаһарын төгіп, Очумелов төре жөніне кетті» деп берілген сөйлемдер «Оқу құралында»:

«Дүкен ашық. Алушы жоқ. Саудагерлер қалғып отыр. Базарда тіленшілер де көрінбейді. Политсия надзирателі Ошумелов базар жағалап келе жатыр... қасында жандарм келеді... Сен оңбаған, қабатын немесің ғой, – деген дауыс Ошумеловтің құлағына тиді. Қаңсылаған ит, кіжінген кісінің дауысы шыққан жерге көзді ашып-жұмғанша, ұйқыдан ояңған дүкеншілер, отыннан қайтқан кісілер топталып қалды... Жиылған топқа бір шала мас адам қолын көрсетіп тұр. Бұл кісі Ошумеловке таныс зергер Қырукин деген екен... «Күшіктен жәбір көріп, зиян тартсын» деген заң жоқ... Айып салам! ... Күшік құрттай, сен еңгезердейсің. Күшіктің аузы сенің қолыңа қалай жетеді... нәресте күшікке жала жауып ақша алғың келе ме?... Қырукинге Ошумелов жекіре бастады... Өтірік айтып былшылдама. соқыр! Айтқаны судай өтірік. Сен тіпті көргенің де жоқ... Үніңді өшір! – деп Қырукинге Ошумелов ақыра бергенде... Анық білесің бе? Анық, тақсыр. Жанарал қазаншысы келеді екен. Япырмай, жарықтық, туысқанын сағынған ғой. Мен тіпті білгенім жоқ, деді. Мынау сүп-сүйкімді, үріп ауызға салғандай нәресте жанарал ағасынікі ме? Ап-ап деп, мына біреудің қолын тістеп алыпты. Аузыңнан-ау сенің! Күшім-күшім... Қырукинге жекіріп, қарын төгіп, Ошумелов төре жөніне кетті» болып өзгеріске ұшыраған.

Осы мәтінде кездесетін «папирус» сөзінің анықтамасы: папирус қияқ тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Сабағының биіктігі 5 м-ге дейін, үш қырлы жуан, түп жағы қабыршақ жапырақты келеді, вегетативті өркендерінің жапырағы жіңішке, қандауыр тәрізді тоқташық. Гүл шоғыры ірі, пішіні шатырша тәрізді, цилиндр пішінді, 6–16 масақты болады.

**«Адам от жағуды қалай үйренген».** Авторы белгісіз. Алғашқы адамдардың отты қалай тауып алғандары, оны тұрмыс жағдайында қалай пайдаланғандары туралы әңгімеленетін танымдық мақала.

«От сөнді». Авторы көрсетілмеген. Бұл алдыңғы мақаланың жалғасы. Мұнда танымдықтан гөрі аңыздық, ертегілік сипат басым: шоқ күзеттіріп кеткен батыл жас баланың абайсызда отты сөндіріп алғаны, осы ісі үшін оны жазалаудан, ажалдан алып қалған қария, оның данышпандықпен шақпақ тас арқылы жабайы адамдарға от жағуды үйреткені туралы баяндалады.

Осы мәтінде кездесетін «мамонт» сөзінің анықтамасы: мамонт – пілдер отрядына жататын сүтқоректілер. Мамонт қазіргі пілдер шамалас болған, биіктігі 2,5–3,5 м, салмағы 7 тонна. Денесін қалың жүн басқан. Қорегі шөп, бұта. Бедерлі тістері қорегін майдалап жеуіне бейімделген.

**«Мал асырау қалай шыққан».** Авторы белгісіз. Адам баласы алғаш рет итті, малды қалай қолға үйреткені жөнінде әңгімеленеді. Тілі көркем әрі нақты.

**«Құл ұстайтын құмырсқа, мал бағатын құмырсқа».** Авторы белгісіз. Мұнда «жауынгер» жәндіктер санатынақосылатын құмырсқалардың мал да бағып, жауынгер де болатыны жөнінде қызғылықты әңгімелейді.

«Алғашқы адамдарда егін егу қалай басталған». Авторы жазылмаған. Егін егу қай дәуірде, қалай, қандай құрал-саймандар арқылы жүзеге асырылғаны жөнінде толық мәлімет беріледі.

«Егінші құмырсқа мен бақшашы құмырсқа». Авторы Н.Рубакин деп берілген. Мұнда кәдімгі егіншілер секілді егін жинап, оны сақтаудың қилы жолдарын білетін егінші құмырсқа мен бақшашы құмырсқалардың тіршілігі туралы ой дамыған. Мәтіннің танымдық мәні мол.

«Сәтемір». Авторы көрсетілмеген. Дегенмен, бұл Ы.Алтынсариндікі екені анық. Мақалада жеті жасар Сәтемірдің бір аяғы кем құмырсқаның мұратына жетпей тынбайтын тірлігіне қарап, өз өміріне де өзгеріс енгізгені жөнінде қызғылықты баяндалады.

«Оқу құралына» енген бұл әңгіме Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар жинағымен (А.: Ғылым, 1994) салыстырылды. «Сәтемір» әңгімесінің атауы Таңдамалы шығармалар жинағында «Сәтемір хан» деп берілген. Шығармалар жинағындағы: «Орта шеніне барғанда... Сәтемір ойға қалды: Құдайтағаланың жаратқан жан-жануарының ең кішкентайы осы құмырсқа екең құмырсқа да тынбай жұмыстап жүр; өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, жығылып, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті... Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, айдай әлемге патша болған...» деген сөйлемдер «Оқу құралында»: «Орта шеніне жеткенде... Сәтемір ойға қалды: жан-жануардың ең кішкентайы осы – құмырсқа, әлі тіпті аз, төрт аяғы да түгел емес, сонда да тынбай жұмыс жұмыстап жүр, ақсаңдап бір тырмысып, жығылып, ақырында қоймай мұратын жетті. Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, білімді болып, жұртты аузына қаратыпты» деп өзгеріске ұшыраған.

Сондай-ақ Таңдамалы шығармалар жинағындағы «...ойнын тастап...» деген сөз тіркесі «Оқу құралында»: «...үйін тастап...» болып, «... ақысына оқу оқыпты-мыс» деген сөйлем «Оқу құралында»: «ақысына оқу оқиды» – болып берілген.

«Алғашқы егін көліктері». Авторы көрсетілмеген. Мақалада шаруашылық жұмыстарында егінді, бергін келе малдарды, көліктерді пайдаланғаны туралы баяндалады.

«Кедейдің кейістігі». Авторы Шаңқан деп берілген. Бұл – белгілі ақын, жазушы Б.Майлиннің бүркеншік аты. Автордың «Оқу құралына» енген бұл өлеңі Бейімбет Майлин. Бес томдық шығармалар жинағымен (А.: Жазушы, 1986) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы: «Жаңа келіп Саламаттың баласы» деген өлең жолындағы кісі аты «Оқу құралында» «Самалықтың» деп өзгертілген.

Шығармалар жинағындағы:

*«...Қай бір тұқым ... үйдің саттым, кигізін...  
...Желдің тынып, күннің-дағы шыжуын...  
...Шыж-быж болып күюменен өлем-ау...  
...Тұқымды да, малды да апты деседі...  
... Теңестірмек дейтін еді кедейді...  
...Кедейді ешкім деуші еді жемейді...»* деген өлең шумақтары «Оқу құралында»:

*«... Қай бір тұқым – үйдің саттым кейізін...  
...Желдің тынып, түннің-дағы шыгуын...  
...Шыжық болып күюмен-ақөлем-ау...  
...Тұқымды да, малды да өздері алды дейді...  
...Теңестірет дейтін еді кедейді...  
Кедейді ешкім деуші еді жемейді...»* болып өзгеріске ұшыраған. «Оқу құралында»:

*«Жұртта дін жоқ әлі мені күндейді,  
Өздерінің не істегенін білмейді.  
Үйде болсам Салқамбай кеп мазалап:  
«Олжа алайық ақсақалдан жүр...» дейді.  
Апырым-ай, бұл шалдар-дағы желікті-ау!  
Тырнағынан қалар емес ешкім сау.  
Бай қасқасын, ер қожасын ергіп ап,  
Іздейтіні елді кезіп ылғи дау.  
Қатын сату, қызды айыру мұрасы,  
Терлікбайдың әп-әдемі құрдасы.  
Отыр дейді бүгін қызды бермен, – деп,  
Сайтандардың айнытуын қарашы»* деген өлең жолдары кездеспейді.

«Бастап темір тұтыну». Авторы белгісіз. Шағын мақалада адам баласының ең алғаш қай кезден бастап темір құралын пайдалана бастағаны жөнінде әңгімелейді. Қазіргі кезде қандай жерлерде темір құралы көптеп кездеседі, сол жөнінде қызғылықты мағлұматтар берілген.

«Ерте замандағы қазақтың қару құралдары». Шоқаннан деп берілген. Бұл – этнограф ғалым Шоқан Уәлиханов екені белгілі. Ғалым ескі заманнан бері қазақтар қолданып келе жатқан қару-құралдарды (қамшы, құрық, сойыл, қылыш, т.б.), олардың түрлерін, атқаратын міндеттерін саналап, сипаттама береді. Этнографиялық танымдылығы зор мақала.

**«Көшпелінің тұрмысы».** Авторы белгісіз. Көшпелі халықтың өмірі, тіршілігі, салт-дәстүрі отырықшы елдімекен жұртының тұрмысымен салыстырыла баяндалады.

Осы мәтінде кездесетін «Кереку» сөзінің анықтамасы: Кереку–Павлодар қаласының қазақша, жергілікті аты.

**«Диқаншының тұрмысы».** Авторы белгісіз. Мақаланың басында «Диқаншы көше ала ма?» деген сауал тұр. Мұндай сауал тастау – жас балалардың тақырыпты оқуына, меңгеруіне, оны талдауға, осы жайында ойлануларына мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілді көрсетеді.

**«Киіз үй мен ағаш үй».** Авторы Алтынсарыұлы Ыбырай деп берілген. Мақалада киіз үй мен ағаш үйдің қай мезгілде пайдалы екендігі жөнінде әділ пікір айтқан бидің билігі туралы өз өмірінен, яғни 1876 жылы би болып тұрған кезіндегі болған оқиға ізімен жазылған әңгіме.

Б.Алтынсариннің бұл әңгімесі Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар жинағындағы (А.: Ғылым, 1994) нұсқасымен салыстырылды. «Киіз үй мен ағаш үй» әңгімесіндегі «судья» сөзі «Оқу құралында» «би» деген қазақша аудармасымен берілген.

Таңдамалы шығармалар жинағындағы: «1876 жылда, мен судьялық орында тұрғанымда, екі ептеш адам бір-бірімен ұрысып, арызға келді... Екеуі де іскер. ...Жазымызға да бұл қолайлы... Көшпен аргуына көнбейтін... Ақырында қайсымыздың сөзіміз дұрыстығын судьяға сынатамыз деп маған келісіпті... Қосүй мен жер үйдің бағасы не болады... Ел жайлауға кеткенде... Бір қыстаудан бір қыстауға көшіп, сонда алып жүруге киіз үй қолайлы және жаз қоста қону түгіл, ауасы да ағаш үйден жақсырақ болады... Ол уақытта сіздер әртүрлі уақ жұмыс істейсіз, көбісінше үйде отырып... Жұмыс адамына... Және жыл сайын біреудің үйін жалдап жүрген ақшаңызға неше жылдық қос пен үй істеп алсаңыз... Екеуі де төре маған тиді деп шығып бара жатқанда және шақырдым... Сен мешер жаз болса мынау қазақтың салған қосында бірге тұрарсың... Екеуі де менікі дұрысқа шықты деп, құлдық ұрысып, шығып кетісті», – деген сөйлемдер «Оқу құралында»:

«1876 жылда, мен би болып тұрғанымда, екі адам бір-бірімен ұрысып, арызға келді. Екеуі де шебер... Жазымызға да қолайлы... Көшсең аргуға көнбейтін... Ақырында қайсымыздың сөзіміз дұрыстығын биге сынатамыз деп маған келіпті... Қос үй мен жер үйдің бәсі не болады... Ел жайлауына кеткенде... Бір қыстаудан бір қыстауға көшіп жүруге киіз қос қолайлы және жаз қостың ауасы да ағаш үйден жақсырақ болады... Ол уақытта сіздер үйде отырып, әртүрлі уақ жұмыс істейсіз... Жұмысты адамға... Және жыл сайын кісі үйін жалдап алып жүрген ақшаңызға неше қос пенуі істеп алсаңыз... Екеуі де төре маған тиді деп, біреуі қос сатып аламын деп, біреуі жер үй сатып аламын деп шығып бара жатқанда және шақырдым... Сен мешер жаз болса мынау қазақтың алған қасында бірге тұрасың...Екеуі де менікі дұрысқа шықты деп, жүріп кетті» деп өзгеріске ұшыраған.

**«Жандықтардың үй салуы».** Авторы белгісіз. Жер бетіндегі жәндік атаулының өздеріне қажетті үй салулары, шеберліктері, олардың басқа жәндіктерден ерекшеліктері қызғылықты баяндалады.

Осы мәтінде кездесетін «термит» сөзінің анықтамасы: Термит – насекомдар класының туыстығы жағынан таракандар мен дәуіттерге жақын бір отряды. Термиттер – қоғамшыл насекомдар, бір илеуде бірнеше қауым болып тіршілік етеді. Термиттердің тұрқы әртүрлі болады. Аузы кеміруге бейім, мұртшасы қысқа.

**«Зиректік».** Авторы белгісіз. Шағын мақалада ағылшын ғалымы Браун деген кісінің сапалы көпір салу туралы ойына өрмекшінің өрмегі дәнекер болғандығы жөнінде әңгіме қозғалады.

**«Үш нәубетті егіс».** Авторы белгісіз. Алғаш рет жерді тыңайтып, егін егу әдісін ойлап тапқандығы туралы баяндалады.

**«Көп нәубетті егіс».** Авторы белгісіз. Жоғарыда аталған мақаладағы ой бұнда жалғасын табады. Көп нәубетті егіс болуы үшін егістік жерді әр түрлі тәсілдермен тыңайту керектігі, оны жүзеге асыру түрлері айтылады.

**«Жұмыртқадай бидай».** Авторы – Лев Николаевич Толстой. «Қазақшаландырушы Қыр баласы» деп берілген. Бұл – Әлихан Бөкейханның бүркеншік аты. Белгілі орыс жазушысы Толстойдың аңыз үлгісінде жазылған бұл әңгімесі адал еңбектің маңыздылығын насихаттайды. Аударма тілі көркем, балаларға тартымды әрі мәтін жинақы, ұтымды берілген.

Толстойдың бұл әңгімесі де «Қазақ» газеті (Қазақ энциклопедиясы, А., 1998) кітабымен салыстырылды.

«Қазақ» газетіндегі: «а) ортасында бидай сызығындай сызығы бар»... қалаға апарып, табылмайтын нәрсе деп, патшаға қымбатқа сатады. Патша данышпандарды жиып, сұрайды: бұл жұмыртқа ма, бидай ма? – деп. Қайда нәм қайуақытта шыққан бидай бұл, табыңдар деп ... Данышпандар ойлайды-ойлайды... Бұл сияқты бидай қай жерде һәм қай кезде егілгенін естігендер бар ма десті (Бұл сөйлем «Оқу құралында жоқ»)...

Патша шабуыл шаптырып ... Ауызда тіс, бойында күш жоқ, тәнінде ет жоқ, көз шала, құлақ мүкіс, адам сыны жоқ құрап тұрған бір шал екі таяққа сүйеніп, патшаға келеді. Шалдың көзі шала, оңды көре алмай... Бұл бидай қайдан шықты екен білесің бе? Өзің екпесең де, сатып алғаның бар ма? Шал құлағы мүкіс, айтқан сөздерді эзер естіді, әрең түсініп, эзер жауап береді» деген сөйлемдер «Оқу құралында»:

«Ортасында бидайдың сызатындай сызаты бар. ... қалаға апарды: қолға түспейтін нәрсе деп, патшаға қымбатқа сатады... Қайуақытта шыққан бидай, табындар, деп... Данышпандар әрі ойлады, бері ойлады. Иекте тіс, бойда күш, тәнінде ет жоқ, көз кіреуке, құлақ мүкіс, адам сыны жоқ кеудіреп тұрған бір шал екі таяққа сүйеніп, патшаға келеді... Шалдың кіреукеленген көзі оңды көре алмай ... Бұл бидай қайдан шыққанын білесің бе? Болмаса сатып алғаның бар ма? Шалдың құлағы ауыр, айтқан сөздерді азар естіді, әрең түсініп, зорға жауап береді» болып өзгеріске ұшыраған.

«**Құстардың маса-шыбын, қоңызды құртуы**». Н.Рубакиннен деп берілген. Мұнда құстардың қоректену барысында табиғатты құртатын зиянды шыбын-шіркей, қоңыздарды жоятыны жөнінде танымдық мағлұматтар беріледі.

Осы мәтінде кездесетін «бөгелек» сөзінің анықтамасы: бөгелек үш тұқымдасқа бөлінетін қос қанатты насекомдар тобының жалпы атауы.

«**Өсімдікті қалай қоректендіреді, тозған жерді қалай жаңғыртады**». Авторы белгісіз. Танымдық әрі ғылыми мақала. Мақалада өсімдіктердің қоректенуі, таралуы жайында биологиялық, химиялық мағлұматтар берілген.

«**Темір сабанға қалай жеткен?**». Авторы белгісіз. Техника-көліктерді дамыту арқылы адамзат ойының жетістігі оқушыға түсінікті тілмен әңгімеленеді.

«**Қазақ шаруашылығы**». Авторы белгісіз. Мақалада көбінесе, мал шаруашылығымен айналысатын қазақ халқының қой, түйе, сиыр, жылқы, т.б. өсірудегі мол тәжірибесі туралы сөз қозғалады.

«**Қойшы**». Авторы Майлыұлы Бейімбет деп берілген.

Бұл – Бейімбет Майлиннің өлені. Елден жырақ жүрген қойшы жігіттің арманы, тәтті қиялы баяндалады. Байыпты лирикалық шегініс пен психологиялық параллелизм де жиі ұшырасады.

«**Жылқышы**». Бұл әңгіменің авторы – Аймауытұлы Жүсіпбек. Қазақтың жылқышы жігіті туралы әңгімелейтін шағын әрі қызғылықты әңгіме.

«**Көш**». Авторы белгісіз. Көшпелі халыққа тән көштердің түрлеріне (жазғытұрғы, жазғы, күзгі) жеке-жеке тоқталып, әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері, салт-дәстүрлері туралы сыр шертіледі. Бұл құнды мәліметтер көркем әңгіме түрінде баяндалады.

«**Бай мен жарлы баласы**». Авторы көрсетілмеген. Бұл – белгілі ағартушы ғалым Ыбырай Алтынсариннің әңгімесі. «Көш» әңгімесі де Ы.Алтынсариндікі болуы мүмкін.

Автордың «Оқу құралында» берілген бұл көркем әңгімесі Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар (А.: Ғылым, 1994) жинағымен салыстырылды.

Таңдамалы шығармалар жинағындағы: «Үсен жарлы баласы, екеуі құрдас екен... Бір күні ел көшкенде қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалыпты... құр жұрты жатыр... Үсен ойланып тұрды да айтты: – Жылағанмен еш нәрсе өнбес. Көшкен ауылды іздеп табалық... Үсен үндемеді... Енді қайсысына түсеміз деп... малдың жас тезегі бар деді... Біраз жер жүрген соң, Асан қарным ашты деп жылады... екеуінің алдынан бір үйрек ұшып, ұзамай қасына қонды... үйректі ұстап алайық... Асан айтты: – Қалай ұстаймыз?... қылды есіп, тұзақ істеді де... қалың шөптің арасыны барып жағты... Көп ұзамай-ақ, үйрек қайта ұшып, жан-жағында адам көрінбеген соң, ұясына келіп қонды... Үйректі Асан:

– Тірі алып, ойнап баралық, – деді... Үсен айтты: – Үйрек, қаз адал құстар, мұқтаждыққа құдайтағала бұларды адамға алып, тамақ етуге бұйырады, бірақ тірілей байлап-матап әуре ету обал деп айтушы еді... От жоқ, неғылып пісіріп желік? – деді... Тал келтірілген соң от жағып... Піскен соң екеуі де жесіп, тойып алысты... қармаққа бау істеп байлап... ойнаған балықтары көрініп жүретұғын... біреуі бір, екеуі екі жемді іскеп... Ол шортан жемге де қарамай, тәкаппарланып жайымен былғандап өтіп жүре берді... Оның үшін қаз сусыз жерді мекен етпейді. Келіп, екеуі енді молалы қырга шықты... көлдің айналасы да... жағасындағы жібектей... жылқының бір парасы көл ішіне кіріп, белінен құраққа кіріп тұр... сортаңда бір топ түйе жатыр... Нақ бесін мезгілде балалар...» деген сөйлемдер «Оқу құралында»:

«Үсен деген жарлы баласы екеуі құрдас екен... Бір күні екеуі қыр астында асық ойнап жүрсе, елі көшіп кетіп, ескерілмей балалары жұртта ұмыт қалыпты... жұрты жатыр... Үсен бір ойлап аз тұрып айтты:

Жылағанмен түк бітпес, онан да көшкен ауылды іздеп табалық... Үсен үндеместен... Енді қайсысына түсеміз деді... малдың жас тезегі жатыр деді... Біраз жер жүрген соң, Асан қарным ашты деп жылай бастады... екеуінің алдынан бір үйрек пыр етіп ұшып, ұзамай-ақ қонып, жорғалай берді... үйректі де ұстап алалық... «Қалай ұстаймыз», деп таңғалды... қылды есіп тұзаққылды да... қалың шөптің арасына



барып жасырынып жатты... Көп ұзамай-ақ, үйрек қайта ұшып келіп, мойнын созып жан-жағына қарап, адам көрінбеген сон ұясына ұшып қонды... Асан: – Үйректі тірі алып, ойнап баралық, – деді. Үсен: Жок, әкем үйрек, қаз адал құстар, мұқтаждықта оларды жеуге болады, бірақ тірілей байлап-матап әуреелеу обал деуші еді... От жоқ, қалай пісіріп жейміз? – деді... Тал келген соң от жағып... Піскен соң екеуі жеп, тойып алысты... қармаққа бау байлап... ондаған балықтары көрініп жүреді екен... біреуі бір, екісі екі жемді иіскеп... Шортан жемге де қарамай, менменсіп, жайымен бұлаңдап өтіп жүре берді... Неге десең, қаз сусыз жерде жүрмейді. Келіп, екеуі молалы дөңге шықты... көлдің жағасы да... жиектегі жібектей... жылқының біразы көл ішіне кіріп, белінен құрақты орып жүр... сортаңда шок-шок түйелер жайылып жүр... Нақ түс ауа балалар...» болып өзгеріске ұшыраған.

**«Ұлы орыс».** Авторы белгісіз. Орыс халқының тұрмысы мен тіршілігі, салт-дәстүрі сөз болады.

**«Кіші орыс».** «Живой Родниктен» деп берілген. «Ұлы орыс» атты мақаланың жалғасы, сондықтан алдыңғы мақаланың да «Живой Родниктен» екені айқын.

**«Күріш».** Авторы белгісіз. Күрішке жан-жақты сипаттама берілген: қайда өседі және қалай өсіру керек деген сауалдарға жауап береді.

**«Шай және оның әзірленуі».** Мәтін соңында «А.Львовтан» деп көрсетілген. Николай Александрович Львов (1751 – 1804) – орыс жазушысы, суретші, архитектор, музыкант, ботаник.

Мұнда шайды кімдер тәуір көретіні, сондай-ақ шайдың жасалу тәсілі баяндалған.

**«Күзем».** Авторы көрсетілмеген. Қойлы ауылдың күзгі тіршілігі жан-жақты айтылады. Тақырыпты нақты мысалдармен бекітіп, соның «Күзем кезінде жұмыс ауыр деп қабағын шытқан жас болмайды» деп аяқтайды.

**«Ресейде жүннен не істейді».** Авторы көрсетілмеген. Жүн сабау, киіз басу тәсілдері басқа халықтардың осы саладағы тәжірибелерімен салыстырыла отырып айтылады. Жүнді қалай иіріп, тоқитыны жайында да мағлұматтар бар.

**«Желім қалай жасалады».** Авторы мәлімсіз. Тұрмыста жиі қолданылатын желімнің қалай және неден жасалатыны сөз болады.

**«Тері илеу».** Авторы белгісіз. Аң терісін илеу, оны іске асыру жөнінде айтылған. Терінің ел экономикасына әсері жайында айтылып, мол мәліметтер келтірген.

**«Былғарының мұңы».** Авторы белгісіз. Көздің жауын алатын әдемі былғары терінің жасалу тәсілі, бірінші жақтан, яғни былғарының «өз аузымен» баяндалады. Солай болғандықтан болар, өте әсерлі, аянышты, қызғылықты шыққан. Танымдық мақаланың осылай көркем тілмен баяндалуы оқушылардың қабылдауына жеңіл екені сөзсіз.

**«Жерден шыққан көйлек».** Авторы – К.Д. Ушинский.

Ушинский Константин Дмитриевич (1824–1871) – орыс балалар жазушысы. Бұл мақаланы қазақшалаған авторы көрсетілмеген. Кендір шөптің өңделіп, матаға айналғанына дейінгі жолы түгелдей суреттеледі.

Танымдық һәм түсіндірмелі тәсілмен берілген. Мұндай мақалаларды әдейілеп, балаларға қызықты деп тауып, іріктеп, арнайы аударып беріп отырғаны анық.

**«Мақта».** Авторы көрсетілмеген. Шағын мәтінде мақтаның неден, қалай жасалатыны, қандай жерде пайдаға асатыны айтылады. Қысқа мақала болғанымен мақтаға қатысты ақпараты мол, балалардың қабылдауына жеңіл.

**«Шүберек пабрикасы».** Авторы Павлов деп көрсетілген.

Павлов Николай Филиппович (1803–1864) – орыстың ұлы жазушысы, сыншы әрі журналист.

Жеңіл өнеркәсіпке ыңғайланған алып фабриканың тыныс-тіршілігі жайында баяндалады. Оны логикалық мысалдармен салыстырып, түсіндіреді. Мәселен, «тірі жан сияқты пабриканың да жүрегі болады... бу машинасы болмаса пабрика қозғалмайды» деген сияқты мысалдар мәтіннің мазмұнын аша түскен.

**«Қағаз қалай істеледі».** Авторы көрсетілмеген. Қағаздың жасалу түрлері, оның тәсілдері туралы толық мағлұмат берілген. Мәтінде «Бұл күнде салам, ағаш ұннан да қағаз жасайтын болды. Бірақ бұл қағаздар сынғақ, тозғақ болады» – деп, сол кездегі қағаздың жасалу тәсілінен де балаларды хабардар етеді.

**«Бұлшық ет».** Авторы – Сәкен. Сәкен Сейфуллиннің «Оқу құралында» берілген бұл өлеңі Сәкен Сейфуллин. Шығармалар жинағымен (А.: Көркем әдебиет, 1960) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы:

«...Боянған түрлі шырайлы...

...Күшімен ол таратқан...

...Тоқтатпай күш жиырылып...

... Балтырдан күшті дене жоқ...» деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

«...Боянған, күлгір шырайлы...

...Күшіменен жаратқан...

...Тоқпақтай құрыш жиырылып...

... Балтырдан сұлу дене жоқ...» болып өзгеріске ұшыраған.

«**Жер құйқасы**». Авторы белгісіз. «Жер құйқасы» деп жердің беткі қабатын айтып отыр. Географиялық ерекшеліктеріне қарай жердің құнары да әрқалай болатыны, оның себептері айтылады.

«**Жер жексені**». Авторы көрсетілмеген. Жер, жердің қыртыстары мен қатпарларының қалай түзілетіні туралы ғылыми мағлұматтар берілген.

«**Уақ тас, құм, саз**». Бұл да «Живой Родниктен» алынған. Аталған табиғи заттардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, олардың жердегі қызметтері туралы толық мағлұматтар берген.

«**Құм мен шарық тас**». Авторы көрсетілмеген. Тұрмыста, өндірісте, табиғатта жиі қолданылатын шарық тастың (үй салынады, көшелерге төселеді, бөгеттер жасалады) құмнан шығатынын айтады.

«**Шыны**». Авторы белгісіз. Шынының пайда болу тарихы туралы өте қарапайым тілмен, қызғылықты баяндаған. Ертеде болған оқиғаның шыны жасауға кездейсоқ сеп болғаны айтылады. Жалпы, мұндай танымдық тұрғыда әрі түсіндіріліп баяндау «Оқу құралында» көптеп кездеседі. Мұның ұтымды жері көп. Оқушының қабылдауына жеңіл әрі қызғылықты мәтін.

«**Саз**». Авторы көрсетілмеген. Сазға, одан не нәрселер жасалатынына толық сипаттама берген. Шағын, танымдық мәтінде саздың қандай түрінің қымбат, қандай түрінің арзан, сапасыз шығатынына дейін баяндалған.

«**Тұз**». Авторы көрсетілмеген. Тұздың Қазақстанның, Ресейдің қай өлкелерінде көп екендігін, жалпы тұздың емдік қасиеті де барлығы айтылады. Аудармашы бұл мәліметтерді орыс ғалымының мәтінінен алуы мүмкін. Бірақ көп мақалаларды еркін аударғандықтан, қазақ даласының өзгешеліктерін кірістіріп, жалпақ тілмен түсіндіріп беретін жерлері кездеседі. Әрине, мұндай танымдық мақалалар үшін ол бірден-бір ұтымды тәсіл.

«**Шым тезек**». «Вагнерден» деп берілген. Жоғарыдағы (құм, тұз, саз, т.б.) осы мазмұндас мәтіндердің авторы зоолог ғалым Вагнер деуге негіз бар.

Вагнер Николай Петрович (1829–1907) – орыс жазушысы, зоолог ғалым.

Аудармашы мәтінді барынша қазақ балаларына түсінікті ыңғайға түсіріп, қазақиландырып аударғанын да айта кету керек. «Шым тезек» деп аталатын қысқа мәтінде су астындағы мүктердің бірінің үстіне бірі топталып, уақыт өте келе содан пайда болған затты шым тезек деп атайтыны туралы танымды мәлімет берілген. Сондай-ақ осы мәтін жөнінде айта кетер бір жайт – кітаптың мазмұнында бұл мәтіннің атауы «Торып» деп берілген де, жинақ ішінде «Шым тезек» деп аталған.

«**Тас көмір**». Авторы көрсетілмеген. Тас көмірдің алғаш қалай табылғаны баяндалады. Көмір табылысымен тіршіліктің барлық салаларына «белсене ат салысып», септігін тигізгендігі сөз болады. Қысқа мәтіннің танымдық салмағы зор.

«**Күйе тас**». Авторы белгісіз. Қысқа мәтінде таскүйе жөнінде мол мағлұмат берілген. Автор тұрмыста қолданылатын графиттің «күйе тас» деген қазақша баламасын берген. Күйе тастан қолданысқа жарамды нелер жасалатыны, сондай-ақ оның басқа да қасиеттері айтылады.

«**Мұнай**». Авторы көрсетілмеген. Мұнайдың жерден шығатыны түсіндіріле келе, оны жер майы деп атайды. Оған қоса қысқа мәтін соңында: «Жер май өте көп шығатын Қатсаздағы Баку қаласы. Баку жер майы бүгін жер жүзіне тарайды. Қазақ ішінде Орал облысында Доссор деген жерде осы күні жер майы алынады. Түркістанда, Ақ Теңіздің шығысында және Перғанада мұнай бар» деген қосымша мәліметтер де жеткілікті.

«**Шойын, темір, болат**». Авторы белгісіз. Темірдің қалай өңделіп, шойынға не болатқа айналатыны туралы айтылады. Темір өндіретін пештердің қызметі жайында да жан-жақты баяндалған.

«**Магнит тас**». Авторы көрсетілмеген. Магнит тастың алғаш қандай жағдайда табылып, оны неге пайдалануға болатыны жайында айтылған. Қысқаша танымдық мәтін оқушы тіліне ыңғайланып жазылған.

«**Алтын**». Авторы көрсетілмеген. Алтын қалай табылады, оның құндылығы, алтынды құм мен саздан қалай тазартып алуға болады деген мәселелер айтылады. Ішінде тәрбиелік тағылымы да бар. «Алтын адамға ауадан керегірек емес: ауасыз адам бір сағатта тұра алмайды, өледі, өмірде қолына алтын ұстамаған кедейлер де тірі жүреді» деген сөйлемдердің жас жеткіншектерге маңызы зор.

«**Күміс**». Авторы көрсетілмеген. Жалпы, күмістің қалай жасалатыны, оның ерекше қасиеттері, одан тиын ақшалар жасалатыны айтылған. Күміс те алтын секілді зор еңбекпен табылған зат болған соң, оның да құнды болатынын оқушыға ескертіп отырады. Көлемі шағын болғанымен, мазмұны салмақты, танымдық мақала.

«**Таптар тартысы**». Авторы Покровский деп берілген.

Покровский Михаил Николаевич (1868–1932) – тарихшы, партия және мемлекет қайраткері. Қысқа әрі шағын мәтінде қоғамдағы әлеуметтік таптар қалай пайда болатыны және олардың бағыт-бағдары қандай болуы керек екендігі баяндалады.

### Тарик

«**Көшпелі түріктердің соғысы**». Авторы – Шәкерім Құдайбердіұлы. Көшпелі тайпалар өмірі жан-жақты сипатталады. Арасында соғысқа кеткен еріне алаңдаушылық білдірген әйел халі өлеңмен беріліп отырады.

«**Ақтабан шұбырынды**». Авторы көрсетілмеген. Қазақ тарихындағы елдің басына түскен қаралы күндер, яғни 1723 жылғы зобалаң айтылады. Соңында «Қаратаудың басынан көш келеді» деген халық өлеңі берілген. Қазақтың қабырғасын қайыстырған айтулы оқиғаның «Оқу құралында» берілуінде де үлкен мән бар. Бұл балаларға ұлттық рухтың дәнін себеді.

«**Қоқан ханына найман Жанкісі бидің айтқаны**». Авторы белгісіз. Қоқан хандығы салтанат құрып тұрған кезде ел арасынан береке кеткенін айтып шағымданған Жанкісі бидің сөзі баяндалады.

«**Абылай. Керей Қожаберген жыраудың Абылайға айтқаны**».

«Абылай! Сен мен көргенде,

Тұрымтайдай ұл едің!» деп басталатын әйгілі жырдан келтірілген төрт шумақ үзінді қазақтың азулы ханы Абылайдың өмірінен сыр шертеді.

«**Кәрібоз бен Наурызбай**». Авторы көрсетілмеген. Қырғыз батыры Кәрібоз бен қазақ батыры Наурызбайдың бір-біріне айтқан уәждері баяндалады.

«Қара шекпен мен жұмысшылар көтерілісі». Авторы Н.М.Покровский. Покровский Михаил Николаевич (1868–1932) – тарихшы, партия және мемлекет қайраткері, академик.

Жұмысшылардың билік басына келуі, буржуазияның шығу тегі, таптық ерекшеліктері баяндалады.

«**1916-жылдың көтерілісі**». Авторы көрсетілмеген. 1916 жылғы қазақ халқының көтерілісі, оның қалай басталғаны, немен аяқталғаны, көтеріліс кезіндегі ел арасындағы ахуал жан-жақты баяндалады.

«**Орамал**». Авторы – Жұмабайұлы Мағжан, яғни Мағжан Жұмабаев. Өлеңде майданға кеткен сүйген жарың деген әйелдің сағынышы, махаббаты кестеленген ақ орамал жайында сыр шертіледі. «Орамал» өлеңі Мағжан Жұмабаев. «Шығармалары» жинағындағы (А.: Жалын, 1995) нұсқасымен салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы «Қасірет батты жаныма» деген өлең жолындағы «қасірет» сөзі «Оқу құралында»: «уайым» болып, «Түсірмес жарың қиясы» жолындағы «қиясы» сөзі «қимасы» деп өзгерген.

«Шығармалар» жинағындағы:

*«Қайғыдан өлсем арман жоқ,*

*Ақиреттік жолдасым.*

*Көзімде жас қалған жоқ,*

*Кестеге сіңді бар жасым»* деген шумақтың 2-жолы «Оқу құралына» еңбеген және 3-жолдағы «жас» сөзі «тамшы» болып өзгеріске ұшыраған.

«Оқу құралында»:

*«Қайғыдан өлсем арман жоқ,*

*Көзімде тамшы қалған жоқ,*

*Кестеге сіңді бар жасым»* деп берілген.

«Петрбор кеңесінің II-Николайды тұтқынға алуы».

Авторы С.Мстиславский деп берілген. Ресейдегі уақытша үкімет кезеңіндегі тарихи оқиға суреттелген.

«Тариқи күн». Авторы Мадияр деп көрсетілген. Мадияр – белгілі ақын, жазушы Міржақып Дулатовтың бүркеншік аты. Шағын мақалада Ақпан төңкерісі, кедейлердің жеңісі туралы баяндалады.

«**Қазақтың жермен қоштасқаны**». Авторы белгісіз. Елге құт-береке болған мекені – ата қонысынан халықтың алысқа кеткенінде айтылған жыры.

«**Октябрь төңкерісі**». Авторы көрсетілмеген. Ресейдегі Қазан төңкерісі, Кеңес үкіметі кезеңіндегі тарихи оқиғалар туралы мағлұматтар келтірілген.

«**Егіз үкімет жайында**». Авторы – В.И.Ленин. Уақытша үкіметі, буржуазия үкіметі, олармен қатар құрылған жұмысшылар кеңесі жайында әңгімелейді.

«**Октябрь Петргратта**». Авторы Троцкий деп берілген.

Мұнда да жұмысшы кеңестерінің Петербургтегі іс-қимылдары жайында сөз болады. Бітім мен жер жайында Лениннің екі декрет ұсынып, екеуінің де қабылданғаны туралы көркем тілмен баяндалады.

«**Жалшылар үкімі**». Авторы – В.И.Ленин. Буржуазия бұқарашылары мен басқа да үкімет биліктері, бағыт-мақсаттары жөнінде әңгімеленеді.

**«Еңбекшілер ұраны».** Аударған Ж.Аймауытов деп көрсетілген. «Еңбекшілер ұраны» (Интернационал) – дүниежүзі пролетариаты әнұранының тұңғыш қазақша аудармасы. Өлеңнің қазақша мәтіні алғаш «Қызыл Қазақстан» журналының 1921 жылы 12 қыркүйектегі 1-санында жарық көрді. Аймауытов аудармасынан кейін де «Интернационал» қазақ тіліне әлденеше рет аударылды.

«Оқу құралында» берілген «Еңбекшілер ұраны» Ж.Аймауытов. Шығармалар жинағымен салыстырылды (А.: Ғылым, 1992.5 томдық).

Шығармалар жинағындағы: «Қираттың ескі жалғанды» деген жолдағы «жалғанды» сөзі «Оқу құралында» «заманды» болып, «Дүние еңбекшілімен» деген тармақтағы «еңбекшілімен» сөзі «Оқу құралында»: «еңбекшілерімен» деп өзгертілген. Сондай-ақ «Қорғанба, дүмпілдеп көрікті» деген жолдағы «дүмпілдеп» сөзі «Оқу құралында»: «көпілдеп» болып, «Патиш да, құдай да, батыр да» деген тармақтағы «құдай да» сөзі «Оқу құралында»: «бай да» болып өзгеріске ұшыраған.

## Екінші бөлім

### Ғылым

#### Өсімдік пен жандық

**«Бір түрлі үй»** (жұмбақ). Авторы көрсетілмеген. Мақалада жасырылып отырған «жұмбақ үйді» жан-жақты суреттей отырып, олардың не екенін жеке-жеке түсіндіреді.

**«Титтей жұмыскерлер».** Жоғарыдағы жұмбақтың кейіпкерлері – «титтей жұмыскерлер». Оқушылар жұмбақтың кейбір «кейіпкерлерін» тапқандарымен (диірмен – тіс, қазан – қарын, ошақ басы – жүрек), осы «титтей жұмыскерлерді» таппаған соң, жұмбақ түрінде адамның басты ағзалары туралы танымды деректер береді.

**«Тіс».** Адам ағзасындағы асқазанның қызметін қарапайым тілмен жеткізген ғылыми әрі танымдық мақала.

**«Асқазанымыз».** Авторы көрсетілмеген. Шағын әрі қызғылықты мәтінде адам асқазанының қызметі туралы баяндалған.

**«Тамақ жеу».** Авторы белгісіз. Жалпы, бұдан кейін келетін біршама мақалалардың дені адамның тамақтануы, дене мүшелерінің қызметтері туралы баяндалатын болғандықтан әрі авторы жазылмағандықтан бұлардың бәрі бір автордікі болуы мүмкін деген болжамға жетелейді. Бұл мақалада адам баласының тамақ жеу жолдары, асқазанға барған тамақтың қалай қорытылатыны жөнінде әңгімеленеді.

**«Қай кезде көп жейміз».** Авторы белгісіз. Адам баласының қай кезде тамақты көбірек қалайтыны, ашығу неден болатыны жөнінде айтылады. Ғылыми дәлелдер балаларға түсінікті тілмен, әңгіме түрінде берілген. Балалар үшін бұл шағын мәтіннің танымдық, ең бастысы медицинадан хабардар болуы жағынан маңызы зор.

**«Сіңімді және сіңімсіз ас».** Авторы белгісіз. Бойға сіңіп, қанға тарайтын тағамның да дәмі әрқалай болатыны белгілі. Осыған қатысты адам ағзасының тағам қабылдауы, оны қорытуы жайында мағлұматтар берілген.

**«Талғау».** Авторы берілмеген. Асты өзінің тәртібімен қорыту жайында, сондай-ақ адам асқазанына түскен тағамның жағымды, жағымсыз болатындығы жөнінде әңгімеленеді.

**«Асауыңа қарай жасауың».** «Ауру – астан» деген халық мақал-мәтелінің өзегі ретінде алынған. Сонымен қатар Еуропа жұртшылығының «асау» тәртібі де әңгіме болады. Тағамды аңдап, өлшеммен ішу керек деген қағида түсіндіріледі.

**«Ас – адамның арқауы».** Бұл жоғарыдағы мақаланың жалғасы болуы керек. Тағамды көп ішу адам денсаулығына зиянды екендігі, сондай-ақ өте аз ішудің де соншалықты залалдары көп болатындығы туралы ескертулер келтірілген мақала.

Адам ағзалары мен тамақтану төңірегіндегі бірқатар мақалаларда мазмұн бірлігі барын байқау қиын емес. Алғысөзде айтып кеткеніміздей, «Оқу құралының» авторлары мақалаларды бір тақырып аясында топтастырған. Және оларда белгілі бір жүйелілік бар. Мәселен, осы топтаманы «Тамақ жеу» деген мақаладан бастайды да, соның мазмұнын жүйелі түрде ашып, асты қалай жейміз, қай кезде жеген дұрыс, оны қорыту қалай іске асатыны сияқты тақырыптарды таратып, жан-жақты түсіндіреді.

**«Өсімдік».** Авторы берілмеген. Өсімдіктің туу, өсу, көбею, өлу, жойылу процестері қызғылықты әңгімеленген.

**«Өсімдіктің жер жүзіне таралуы».** Авторы белгісіз. Өсімдіктің жер жүзіне қалай, қандай жолдармен таралып, көбейетіні жөнінде ғылыми мағлұматтар келтірілген.

**«Астық».** Бұл мақаланың да авторы көрсетілмеген. Астықтың (бидай, тары, арпа, арыш, жүгері) қалай егіліп және бұл дәнді-дақылдарды қай ел қалай қолданатыны жөнінде әңгімеленеді.

«**Өсімдік қалай өседі?**». Авторы белгісіз. Өсімдік жоғарыда тірі зат делінген. Енді ол өсу үшін қоректік заттарды қайдан алады? Әңгіме осы жөнінде.

«**Жапырақ**». Авторы көрсетілмеген. Қызғылықты әрі қарапайым тілмен жазылған бұл мақалада жапырақтың пайда болуы, өсіп-өнуі және оның адам өміріндегі қызметі жан-жақты баяндалған.

«**Талас**». Жеміс, шөп, астық, ағаш төртеуінің адамға тигізетін пайдасының өлшемі жөніндегі өзара «тартыстары» туралы әр «кейіпкердің» сөзі өздері сөйлеу арқылы бейнеленген. Бұл мақаланың да авторы белгісіз.

«**Ағаш**». Ағаштың түр-түрін атай отырып, олар жайында мол мағлұмат берген. Ағаш түрлеріне ғылыми түсініктер берілген. Ағаштың адам өміріндегі пайдасы өте зор екенін дәлелдейтін мысал-дәлелдер бар. Авторы белгісіз.

«**Жандық пен өсімдіктің қоректенуі**». Өсімдіктер де жәндіктер секілді қоректеніп, тамактанатыны айтылады. «Осы күні 400-ге тарта ет жейтін шөптер белгілі» деп деректер келтірген. Мақала авторы жазылмаған.

«**Ет пен шөп тамақ**». Мақала «Успай труд» кітабынан алынған. Жануарлардың шөп жейтіні белгілі. Ал адам баласына барлық шөп ас бола бермейді. Бірақ адам баласы ет жейді, яғни ет пен шөптің арасы осылай байланыстырылып, оның негізі түсіндіріледі.

«**Өсімдіктің пайдасы**». Тимирязевтан деп берілген.

Тимирязев Климент Аркадаевич (1843–1920) табиғат зерттеушісі-дарвинист. Бірақ мақаланы қазақшалаған авторы аталмаған. Өсімдіктің адамға тағам ретінде, басқа да пайдасы жайында жан-жақты баяндалған.

«**Күн**». Авторы – Лев Николаевич Толстой. Мұнда күннің адамға, тіршілікке пайдасы туралы мол мағлұматтар бере отырып, біршама деректер келтірілген. Күннен шыққан жылудың айналамыздағы тұрмыста орасан зор пайдасы туралы сөз болады.

### Табиғат құбылыстары

«**Жел неден болады**». Авторы берілмеген. Желдің соғуына не себеп? Ол қайдан шығады? Ауа жылжымалы болса, оның себебі неде? Осындай бірқатар сауалдарға дәлелдер, ғылыми негізге сүйенген тұжырымдар берілген.

«**Қандай желдер болады**». Авторы көрсетілмеген. Желдің түр-түріне тоқтала отырып, олардың әрқайсысына түсініктер берілген. Желдің адам өміріне, шаруашылықтағы пайда, зияны туралы баяндалған.

«**Дауыл**». Авторы Қаптағай деп берілген. Бұл Ұ.Сұбханбердина анықтағандай қазақ жазушысы Илияс Жансүгіровтің бүркеншік аты.

«**Аспаннан жауған құмырсқа**». Авторы белгісіз. Қай жылы екені айтылмайды, әйтеуір аспаннан құмырсқа жауып, оны ел-жұрт неге жоритындарын білмей, бірі жамандыққа жорыса, бірі жақсылыққа жорып, бірі Құдайдың адам баласына жіберген қаһары деп түсінгені туралы баяндалады.

«**Аспаннан жаңбырдан басқа жауатын нәрселер**». Авторы берілмеген. Түрлі себептермен аспаннан шегіртке, қоныз, бидай жауатыны жайында әңгімелей келіп, оның ешқандай құпия немесе керемет емес, тек табиғат құбылыстарынан барып туындайтын ахуал екендігін нақты дәлелдер арқылы жеткізген.

«**Ауа**». Авторы көрсетілмеген. Адам баласының, сондай-ақ барлық тірі жан-жануарлардың ауасыз бір минут та тұра алмайтыны белгілі. Міне, осы жайында автор әңгімелей отырып, ауаның қандай зат екендігін, көк аспан төрінің ғажайып сырларымен адам баласын таңғалдыра суреттейді. Ағылшын ғалымдары Глешер мен Коксвелдің ауаға жүргізген тәжірибелері баяндалады.

«**Неден өлді?**». Авторы белгісіз. Ауыл азаматтарының құдық қазып жатып жазым болғаны, оған себеп құдық түбіндегі адам өміріне зиянды жаман ауаның әсер еткендігі әңгімеленеді.

«**Тұман мен бұлт**». Авторы белгісіз. Тұман дегеніміз не? Оның бұлтпен ара қатынасы қалай? Екеуін қандай ерекшеліктер арқылы ажырата аламыз? Осындай сауалдарға ғылыми тұрғыда, қарапайым тілмен түсініктер берілген.

«**Күн күркіреуі мен найзағай неден болады?**». Рубакиннен деп берілген. Күннің күркіреуіне, найзағайдың ойнауына не себеп болады? Бұл ненің құдіреті? Бұған ғылым не дейді деген мәселелерді және ондай құбылыстарды анықтау кімдерден басталғаны жөнінде толық мәліметтер береді.

«**Жаңбыр, бұршақ, қар**». Жаңбыр да, бұршақ та, қар да аспаннан жауады. Бірақ «Бұл процесс қалай жүзеге асады?» деген сауалға жауап беретін шағын әрі қызғылықты әңгіме.

«**Жаңбыр неткенде жауады?**». Рубакиннен деп көрсетілген. Жалпы, табиғатқа байланысты біртұтас циклді мақалалардың барлығы Рубакиндікі болуы мүмкін.

«**Қандай жаңбыр жауады**». Рубакиннен деп жазылған. Жаңбырдың тарихын сөз қыла келіп, қатты жаңбыр, баяу жаңбыр, қызыл жаңбыр деген түрлеріне түсінік беріледі.

«**Шық пен қырау**». Авторы белгісіз. Мақалада шықпен қыраудың айырмашылықтары, олардың пайда болу себептері айтылады.

«**Су**». Авторы жазылмаған. Судың табиғаты туралы жазылған танымды мақала.

«**Судың дүние кезуі**». Рубакиннен алынған. Мұнда жоғарыдағы мақала мазмұнын дамыта түседі.

«**Тамшының тариқы**». Мештен деп берілген. Мештен – қай автордың аты немесе бүркеншік есімі екені белгісіз. Көз жасындай бір тамшының пайда болуы, оның өмір сүру мерзімі туралы аңыз-әңгіме баяндалады.

«**Толқын**». Авторы – Мағжан Жұмабаев. Бұл өлең де Мағжан Жұмабаев. Шығармалары жинағымен (А.: Білім, 1995) салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы: «Жарға жетер ентелеп» деген өлең жолындағы «жетер» сөзі «Оқу құралында» «жетед» болып берілген.

«... Күміс кеусер суымен...

... Жасымен жуып жартасын...

... Сүйіп сылқ-сылқ күледі...» деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

«...Күміс кеусер суымен ...

... Жасымен жуды жартасын...

... Сүйіп сылқ-сылқ күледі...» болып өзгеріске ұшыраған.

Сондай-ақ «Оқу құралында»:

«Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,

Бірінің сырын бірі ұрлап,

Толқынды толқын қуады.

Жарына бал береді,

Береді де өледі,

Өледі, толқын, тынады» деген өлең шумақтары кездеспейді.

«**Шөл құдығы**». Авторы берілмеген. Шөл далада табылған құдықтың тарихы әңгімеленеді.

«**Жер іші**». Н.Рубакиннен алынған. Мұнда жер асты қазба байлықтары туралы ғылыми-танымдық мәліметтер берілген.

«**Жер неге сілкінеді**». Н.Рубакиннен деп жазылған. Жер сілкінуінің себептері жайында сыр шертеді.

«**Жер жүзінің өзгеруі**». Авторы белгісіз. Жер бетіндегі табиғат құбылыстарынан туындайтын өзгерістер жөнінде ғылыми танымдық әңгіме болады.

«**Теректің сыйы**». Авторы – Абай Құнанбаев. М.Ю. Лермонтовтан аударған. Бұл өлең «Абай» жинағымен (А.: Жазушы. 1–2-том. 2002) салыстырылды.

«Абай» жинағындағы:

«...Бұлттың сүтін емін ержеткенмін...

...Дем алайын деп келдім аш қойныңды...

...Сәлем-сауқат әкелдім қош көріп ал...

...Қартаң Каспий қалғыған бойыменен» деген өлең жолдары «Оқу құралында»:

«...Бұлттың сүтін ішіп ержеткенмін...

...Аш, қойныңды, сәлем-сауқат алып келдім...

...Дем алайын деп келдім қош көріп ал!..

... Қартаң Каспий қыртыған бойыменен...» болып өзгеріске ұшыраған.

## Үшінші бөлім ДҮНИЕ

«**Дүние көлемдігі**». «Балалар энциклопедиясынан» алынған болуы мүмкін. Көне дәуірде табиғат құбылыстарын белгісіз құдіретті күш жасап отыр деген оптимистік түсінікті мақала авторы ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді.

«**Жұлдыздар**». Авторы белгісіз. Жұлдыздар әлемі туралы толық түсінік бере отырып, қызғылықты әңгімелейді. Балалар үшін едәуір танымдық салмағы бар.

«**Құс жолы**». «Балалар энциклопедиясынан» алынған мақалада аспандағы құс жолы жайында қызғылықты деректер мол.

«**Күн**». Күннің жаратылысы, жер мен күннің қашықтығы жөнінде астрономиялық мәліметтері мол ғылыми мақала.

«**Жер қайдан шыққан?**». Каменковтан деп берілген. Жердің пайда болуы балалардың дүниетанымына орай өте жеңіл тілмен жазылған.

«**Жер беті**». Авторы көрсетілмеген. Туған өлке табиғатымен оқушыларды таныстыруды көздеген мұғалімнің әңгімесі баяндалады.

«**Жердің домалақтығы**». Авторы белгісіз. Танымдық мақалада жер шарының домалақтығы туралы айтылады.

«**Күн мен түн**». Төбемізде айналып жүретін күн мен түн жайында қызғылықты мағлұмат берілген. Бұл мақаланың да авторы белгісіз.

«**Жыл уақыттары**». Авторы белгісіз. Жер күнді айналып шыққан 365 күн. 6 сағат мерзім турасында астрономиялық әңгіме қозғалған.

«**Жазғытұрым**». Авторы – Жұмабайұлы Мағжан. Бұл өлең де Мағжан Жұмабаев. Шығармалары жинағындағы (А.: Білім, 1995) нұсқасымен салыстырылды.

Шығармалар жинағындағы:

«...*Жұмсақ, ыстық бетінен...*

...*Күбірлеп жылы жел жүрер...*

*Ши жібекке оранып...*» деген өлең жолдары «Оқу құралында»

«...*Жұмақ жылы бетінен...*

...*Күбірлеп өбкен жел жүрер...*

...*Шын жібекке оранып...*» болып өзгеріске ұшыраған.

«**Ай мен күннің тұтылуы**». Авторы белгісіз. Ай мен Күннің тұтылуы жайында жан-жақты мәліметтер береді.

«**Құйрықты жұлдыз**». Авторы белгісіз. Аспан жүзіндегі құйрықты жұлдыз жайында тарихи дәлелдер келтіре отырып, қызықты әңгімеленген бұл мақаланың ересектер үшін де ғылыми-танымдық маңызы зор.

«**Ағынды жұлдыздар**». Авторы берілмеген. Аспаннан жұлдыздар неге ағып түседі деген сауал төңірегінде ой толғайды.

«**Бес үйек**». Авторы көрсетілмеген. Ор жердің ауа райының өзгешеліктеріне орай оның беске (бес үйек) бөлінетіндігі жөнінде мәліметтер берілген.

«**Ыстық жақ**». Авторы белгісіз. Шөл-шөлейт, тіпті қар жаумайтын елдердегі табиғат құбылыстары, өсімдіктер мен жан-жануарлар туралы қызғылықты, деректі әңгіме.

«**Суық жақ**». Авторы белгісіз. Мақалада Солтүстік, Тундра, т.б. суық елдімекеннің тұрмыс-тіршілігі туралы мағлұматтар мол.

«**Төрт түс**». Авторы белгісіз. Компас құралы туралы мәлімет беретін қызғылықты мақала.

«**Құбыланама**». Авторы көрсетілмеген. Қысқа мәтінде құбыланаманың не екендігі, адамға тигізер пайдасы туралы ашып түсіндірілген. Автор бұл жерде компасты «құбыланама» деп өте сәтті тәржімалаған.

**Құбыла** – бүтін мұсылманның бет түзер темірқазығы. Тағылымы мол танымдық мақала.

Бұдан кейін авторлар дүниежүзінің алып елдеріне (Азия, Еуропа, Африка, Америка, Австралия) тоқталып, ондағы тіршілік көздері, жергілікті тұрғындар, жан-жануар, өсімдіктеріне дейін толық атай келіп, олардың осы күнге дейінгі даму сатылары, өмір салты, т.б. жайында толық мәліметтер береді.

## Кестелер

1-кестеде А.Байтұрсынұлының 1914 ж. жарық көрген, қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесінің бастапқы курсына арналған, 1915 ж. жазылған сөз жүйесін түбегейлі тексерген, 1925 ж. шыққан 1914 жылғы «Тіл-құрал» еңбегінен кейбір өзгешеліктері бар және 1925 жылғы сөйлем жүйесіне арналған кітаптарын, сонымен қатар 1927 ж. жазылған «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақаласын (1-бағанда), қазіргі қазақ тілі білімінде орныққан пікірлерді қамтыған оқулықтар мен оқу құралдарын (2-бағанда) [І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика), 1952; А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі (морфология), 1974; М.Балақаев, Т.Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис), 1966; К.А.Бейсенбаева. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, 1973)], Қ.Жұбанов пен Т.Шонанұлының еңбектерін салыстыруға арналған кестелер; 2-кестеде Байтұрсынұлы қолданған лингвистик. терминдердің әліппелік тізбесі, 3-кестеде терминдердің лингвистика саласына қатысты тізбесі, 4-кестеде әдебиеттануға арналған пән атаулары, 5-кестеде сөз өнерінің жіктері мен топтарының («Әдебиет танытқыш» бойынша) кестесі берілді.

### 1-кесте. А.Байтұрсынұлы еңбектерін қазіргі қазақ тілі оқулықтарымен салыстыру кестесі

1. Байтұрсынұлы А. “Тіл-құрал” (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық – Орынбор. 1914.	2. Бейсенбаева К.А. “Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы”. – Алматы. 1973.
1	2
<p>24 дыбыс а, б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, к, қ, г, ң, л, м, н, о, ұ, и, у, е, ы</p> <p>Тіл дыбыстары:</p> <p>1) дауысты: а, о, ұ, ы, и, е. - 6</p> <p>2) дауыссыз: б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, к, қ, г, ң, л, м, ң. - 17</p> <p>3) жарты (орта) дауысты: у, й. - 2</p> <p>Дауыссыз дыбыстар:</p> <p>1) қатаң: б, п, т, д, ш, с, ғ, к, қ, г. - 10</p> <p>2) ұяң: ж, р, з, л, м, н, ң. - 7</p> <p>3) ымыралы: ж, р, з, л. - 4</p> <p>4) ымырасыз: м, н, ң. - 3</p>	<p>37 фонема й, о, у, і, ә (!) (басқа фонемалар) ц, ч, щ, һ, е, в, ф, х. (!) – А.Байтұрсынұлы көрсеткен дыбыстармен сәйкес келеді</p> <p>Тіл дыбыстары:</p> <p>1) ә, о, у, ү, і, е. - 12 (!)</p> <p>2) ф, х, һ, ч, щ, в, ц, й. - 25 (!)</p> <p>3) –</p> <p>Дауыссыз дыбыстар:</p> <p>1) ф, х, ц, ч, ш. - 11 (!)</p> <p>2) б, в, ғ, г, д. - 7 (!)</p> <p>3) үнді: м, ң, н, р, л, й. - 6 (!)</p>



Буын түрлері:

- 1) ашық буын – бас харфі не аяқ харфі дауысты буын,
- 2) бітеу буын – бас харфі де, аяқ харфі де дауыссыз яки жарты дауысты буын,
- 3) тұйық буын – буын буыншыдан баска әріпке тірелсе

Буын түрлері:

- 1) ашық буын,
- 2) бітеу буын,
- 3) тұйық буын,
- 4) жалаң буын.

<b>1. Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) Бірінші жылдық. Орынбор – 1914.</b>	<b>2. Ысқақов А. «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) 1974, 1991.</b>
<b>1</b>	<b>2</b>
Сөз тұлғасына қарай: 1) түбір сөз, 2) туынды сөз, 3) қос сөз, 4) қосалқы сөз, 5) қосымшалар.	Сөз тұлғасына қарай: 1) жалаң сөздер: а) түбір ә) туынды 2) күрделі сөздер: а) қысқарған сөз ә) біріккен сөз
Қосымша түрлері: 1) тысқарғы жалғау-жалғау 2) ішкергі жалғау-жұрнақ	Қосымша түрлері: 1) сөз жалғастыратын (күнге) 2) сөз түрлендіретін (үлкендеу) 3) сөз тудыратын (қойшы)
Сөз мағынасына қарай: I. Атауыш сөздер: 1) зат есім 2) сын есім 3) сан есім 4) есімдік 5) етістік	Сөздер семантикалық-морфологиялық белгілеріне қарай: I. Атауыш сөздер 1) есімдер: а) атауыш есімдер (зат, сын, сан, есімдік) ә) үстеуші есімдер (үстеу, еліктеу) 2) етістіктер
II. Шылау сөздер: 1) үстеу 2) демеу 3) жалғаулық 4) одағай  9 топқа бөлінеді	II. Көмекші сөздер: 1) көмекші есім 2) көмекші етістік 3) шылау
	III. Одағай сөздер: 1) одағай
Сөз мүшелері: 1) сөйлеу 2) сөйлем 3) сөз 4) буын 5) дыбыс	Тілдің құрылымдық бірліктері: 1) абзац 2) – 3) – 4) – 5) – - сәйкестікті білдіреді

<b>1. Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» (қазақ тілінің сарфы) Екінші жылдық, – Орынбор – 1915.</b>	<b>2. Ысқақов А. «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) (1974, 1991).</b>
<b>1</b>	<b>2</b>

<p>Сөйлеу бөлімдері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) зат есім</li> <li>2) сын есім</li> <li>3) сан есім</li> <li>4) есімдік</li> <li>5) етістік</li> <li>6) үстеу</li> <li>7) демеу</li> <li>8) жалғаулық</li> <li>9) одағай</li> </ol>	<p>Сөз таптары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) –</li> <li>2) –</li> <li>3) –</li> <li>4) –</li> <li>5) –</li> <li>6) –</li> <li>7) еліктеу сөздер</li> <li>8) көмекші сөздер</li> <li>9) –</li> </ol>
<p>Сан есім:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) есептік</li> <li>2) реттік</li> <li>3) темілдік сан (жарты, ширек)</li> </ol> <p>Есептік:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жай</li> <li>2) жадағай (-ау, -еу)</li> </ol>	<p>Сан есім:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) есептік</li> <li>2) реттік</li> <li>3) болжалдық</li> <li>4) жинақтық</li> <li>5) топтық</li> <li>6) бөлшектік</li> </ol> <p>(жинақтық)</p>
<p>Шақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) осы</li> <li>2) өткен</li> <li>3) келер</li> </ol>	<p>Шақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) –</li> <li>2) –</li> <li>3) –</li> </ol>
<p>Салт, сабақты етістер 2 мүшелі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) түбір</li> <li>2) жалғау</li> </ol>	
<p>Басқа етістер 3 мүшелі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) түбір</li> <li>2) жұрнақ</li> <li>3) жалғау</li> </ol>	
<p>Зат есім:</p> <p>Тегі бойынша:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) деректі</li> <li>2) дерексіз</li> <li>1) жалқы есім</li> <li>2) жалпы есім</li> </ol>	<p>Зат есімнің семантикалық-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) –</li> <li>2) –</li> <li>1) –</li> <li>2) –</li> <li>1) адамзаттық</li> <li>2) ғаламзаттық</li> </ol>
<p>Айырыс:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жекелік</li> <li>2) көптік</li> </ol>	<p>Түр:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жекеше</li> <li>2) көпше</li> </ol>

Қалып: 1) жай 2) тәуелді	Септеу: 1) жай 2) тәуелді
Тәуелдік: 1) оңаша 2) ортақ	Тәуелдеу: 1) оңаша 2) ортақ
Есімдік: 1) жіктеу (мен, сен, ол) 2) сілтеу 3) сұрау 4) жіктеу (бәрі, барша) 5) танықтық	Есімдік: 1) жіктеу 2) сілтеу 3) сұрау 4) жалқылау 5) белгісіздік 6) өздік 7) болымсыздық
Етістік: 1) болымды 2) болымсыз 3) көсемше 4) есімше	Етістік: 1) етістік негізі 2) қимыл атауы 3) салт, сабақты 4) етіс 5) болымды, болымсыз 6) амал 7) көсемше 8) рай 9) шақ 10) есімше
Көсемше: 1) үнемді (-а, -е, -й) 2) үнемсіз (-п, -ып, -іп) 3) ниетті (-ғалы)	Көсемше: 1) өткен шақ (-ып, -а, -ғалы, -ғанша) 2) осы шақ (-а, -е, -й) 3) келер шақ немесе ауыспалы (-а, -ғалы, -ғанша)
Есімше: 1) осы шақтық (өлең айтушы) 2) өткен шақ (-қан, -кен) 3) ұйғарынды (-атын, -етін, -йтін).	Есімше: 1) осы шақ (-атын, етін) 2) өткен шақ (-ған, -атын) 3) келер шақ (-ар, -мақ)
Тәуелді қалыпта 3 жақ: 1) 1-жақ (мендік) 2) 2-жақ (сендік) 3) 3-жақ (бөгделік)	1) – 2) – 3) –
Тәуелді қалыпта 2 рет бар: 1) анайылық 2) сыпайылық	1) – 2) –
Жалғау: 1) септік 2) көптік	Жалғау: 1) – 2) – 3) тәуелдік 4) жіктік

<p>Септіктер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) атау</li> <li>2) ілік</li> <li>3) барыс</li> <li>4) табыс</li> <li>5) жатыс</li> <li>6) шығыс</li> </ol>	<p>Септіктер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) –</li> <li>2) –</li> <li>3) –</li> <li>4) –</li> <li>5) –</li> <li>6) –</li> <li>7) көмектес</li> </ol>
<p>Етістер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сабақты етіс</li> <li>2) салт етіс</li> <li>3) ортақ</li> <li>4) өздік</li> <li>5) өзгелік</li> <li>6) беделді (-тыр, -тір III жақ)</li> <li>7) ырықсыз</li> <li>8) шығыс (-тырдым I жақ)</li> <li>9) дүркінді (атқы-ла) (5)</li> <li>10) өзіңкі (-ыңқыра)</li> </ol>	<p>Етістер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізгі</li> <li>2) ортақ</li> <li>3) өздік</li> <li>4) өзгелік</li> <li>5) ырықсыз</li> </ol>
<p>Үстеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) нықтаулық</li> <li>2) сынаулық</li> <li>3) мезгілдік</li> <li>4) мекендік</li> </ol>	<p>Үстеу:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сын-бейне</li> <li>2) күшейту</li> <li>3) мөлшер</li> <li>4) мезгіл</li> <li>5) мекен</li> <li>6) топтау</li> <li>7) мақсат</li> <li>8) себеп-салдар</li> </ol>
<p>Одағай:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ілездік</li> <li>2) еліктеу</li> <li>3) шақырыс</li> </ol>	<p>Одағай:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көңіл күйі</li> <li>2) ишарат</li> </ol>
<p>Сын есім:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тек сыны (киіз қалпақ)</li> <li>2) сыр сыны (аласа тұман)</li> </ol>	<p>Сын есім:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сапалық</li> <li>2) қатыстық</li> </ol>
<p>Сыр сынында 3 шырай бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жай</li> <li>2) талғаулы</li> <li>3) таңдаулы</li> </ol>	<p>Сын есім шырайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жай</li> <li>2) салыстырмалы</li> <li>3) асырмалы</li> <li>4) күшейтпелі</li> </ol>
<p>Сын есім кейде зат есім орнына жүреді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) зат-сын (зат пен сын орнына жүретін сөздер)</li> <li>2) жай-сын (сынды ғана көрсететін сөздер)</li> </ol>	

<p>Райлар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тұйық</li> <li>2) билік</li> <li>3) ашық</li> <li>4) шартты</li> <li>5) ереуіл</li> <li>6) реніш</li> <li>7) қалау</li> <li>8) сенімді</li> <li>9) мұң</li> <li>10) көніс</li> <li>11) қайрау</li> <li>12) азалы</li> <li>13) теріс</li> </ol>	<p>Райлар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) бұйрық</li> <li>2) қалау</li> <li>3) ашық</li> <li>4) шартты</li> <li>5) неғайбыл</li> </ol>
<p><b>1. Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» (сөйлем жүйесі мен түрлері). III тіл танытқыш кітап. Қызылорда, 1925.</b></p>	<p><b>2. Балақаев М., Қордабаев Т. «Қазіргі қазақ тілі» (синтаксис) Алматы, 1966.</b></p>
<b>1</b>	<b>2</b>
<p>Сөйлем мүшелері:</p> <p>I. Тұрлаулы</p> <p>II. Тұрлаусыз</p>	<p>Сөйлем мүшелері:</p> <p>I. –</p> <p>II. –</p>
<p>Тұрлаулы мүшелер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) бас мүше (бастауыш)</li> <li>2) баяншы мүше (баяндауыш)</li> </ol>	<p>Тұрлаулы мүшелер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) бастауыш</li> <li>2) баяндауыш</li> </ol>
<p>Тұрлаусыз мүшелер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) анықтауыш</li> <li>2) толықтауыш</li> <li>3) пысықтауыш</li> </ol>	<p>Тұрлаусыз мүшелер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) –</li> <li>2) –</li> <li>3) –</li> </ol>
<p>Пысықтауыштың түрлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) мезгіл</li> <li>2) мекен</li> <li>3) сын</li> <li>4) себеп</li> <li>5) мақсат</li> </ol>	<p>Пысықтауыштың түрлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) мезгіл</li> <li>2) мекен</li> <li>3) амал</li> <li>4) себеп</li> <li>5) мақсат</li> </ol>
<p>Бұратана сөздер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қыстырма сөз</li> <li>2) қаратпа сөз</li> </ol>	<p>Бөгде сөз:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) төл сөз</li> <li>2) төлеу сөз</li> </ol>
<p>Сөйлемнің жалпы түрлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) болымды</li> <li>2) болымсыз</li> <li>3) толымды</li> <li>4) толымсыз</li> <li>5) жалаң</li> <li>6) жайылма</li> </ol>	<p>Жай сөйлемнің түрлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) болымды</li> <li>2) болымсыз</li> <li>3) толымды</li> <li>4) толымсыз</li> <li>5) жалаң</li> <li>6) жайылма</li> <li>7) атаулы</li> <li>8) жақты</li> <li>9) жақсыз</li> </ol>

Сөйлемнің айтылуынша айырылатын түрлері: 1) сұраулы 2) лепті 3) тілекті: а) жай тілек ә) бұйрық түрде б) өтініш түрде в) үгіт түрде 4) жай	Сөйлемнің модальдық түрлері: 1) хабарлы 2) сұраулы 3) лепті 4) бұйрықты
Құрылуынша айырылатын түрлері: 1) іргелес сөйлемдер 2) құрмалас сөйлемдер а) сыйысулы ә) қиысулы 3) қыстырынды 4) келтірінді: а) төл сөз ә) төлеу сөз 5) орамды немесе өрнекті сөйлем	Сөйлемнің құрылымына:  1) жай 2) құрмалас а) сабақтас ә) салалас б) аралас
Сыйысулы құрмалас: 1) салалас 2) сабақтас	

**Қазақ тіліндегі дыбыстардың айтылуына қарай жіктелуі**

<b>1. Байтұрсынұлы А. “Дыбыстарды жіктеу туралы”. – 1927</b>		<b>2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. “Қазіргі қазақ тілі” (лексика, фонетика). – 1962</b>	
<b>1</b>		<b>2</b>	
Дауыстылар: 1) толық дауысты: а, е, о, ұ, ы 2) шала дауысты: р, ң, л, м, н, у, и	Дауыссыздар: 1) босаң жолды: 2) б, ж, д, з, ғ, г. 3) қысаң жолды: 4) п, т, с, ш, қ, к	Дауыстылар:	Дауыссыздар: 1) шұғыл: п, б, т, қ, г, к, д, ч, с 2) ызың: ф, в, с, ғ, ш, х, з, ж, ш
Толық дауысты: 1) кең шығысты аңғал түрлі: а, е, ы 2) тар шығысты 3) қымқыру түрлі: о, ұ	Босаң жолды: 1) ашық жолды: ж, з 2) тұйық жолды: б, д 3) тұйықтау жолды: ғ, г		
Шала дауысты: 1) ауыз шығысты: р, л, у, и 2) мұрын шығысты: н, м, ң	Қысаң жолды: 1) ашық жолды: с, ш 2) тұйық жолды: п, т, қ, к		
Ауыз шығысты: 1) босаң жолды: р, у, и, 2) қысаң жолды: л			
Мұрын шығысты: 1) босаң бөгеулі: ң 2) қысаң бөгеулі: ң 3) тұйық бөгеулі: м			

<i>Қазақ тіліндегі дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай жіктелуі</i>			
<i>1. Байтұрсынұлы А. “Дыбыстарды жіктеу туралы”, 1927</i>		<i>2. Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. “Қазіргі қазақ тілі” (лексика, фонетика). – 1962</i>	
<i>1</i>		<i>2</i>	
<p>Өткелділер:</p> <p>1) ауыз арқылы: а, р, л, о, у, е, ы, и, ұ</p> <p>2) мұрын арқылы: м, н, ң</p> <p>Ауыз арқылы:</p> <p>1) еркін: а, е, н</p> <p>2) қымқырынды: о, ұ</p> <p>3) именішті: а, ұ, и</p> <p>4) қақтықпа: р</p> <p>5) бөгелісті: р</p> <p>Мұрын арқылы:</p> <p>1) ерін бөгетті: м</p> <p>2) тіл бөгетті: н</p> <p>3) тамақ бөгетті: ң</p>	<p>Өткелсіздер:</p> <p>1) қамалатындар: б, п, т, д, к, қ</p> <p>2) сүзілетіндер: с, ш, ж, з, ғ, г.</p> <p>Қамалатындар:</p> <p>1) ерін қамаулы: б, п</p> <p>2) тіс қамаулы: т, д</p> <p>3) тамақ қамаулы: к, қ</p> <p>Сүзілетіндер:</p> <p>1) таңдай сүзілмелі: с, ш, ж, з,</p> <p>2) тамақ сүзілмелі: ғ, г</p>	<p>Дауыссыздар:</p> <p>1) ерін (билабиаль): П, б, м, (у)</p> <p>2) тіл мен ерін (лабиаденталь): ф, в</p> <p>3) тіс (денталь): т, с, з, д, ц</p> <p>4) тіл ұшы (алвеоляр): н, л, ч</p> <p>5) тіл алды (палаталь): р, ш, ж, й</p> <p>6) тіл ортасы (препалаталь): к, г</p> <p>7) тіл арты (веляр): к, ғ, н, л</p> <p>5) көмей (фарингаль): һ</p>	<p>Дауыстылар:</p> <p>I. Тілдің қатысына қарай:</p> <p>1) жуан</p> <p>2) жіңішке</p> <p>II. Жақтың қатысына қарай:</p> <p>1) ашық</p> <p>2) қысаң</p> <p>III. Еріннің қатысына қарай:</p> <p>1) еріндік: ө, о, ү, ұ, у</p> <p>2) езулік</p>

**2-кесте. Т.Шонанұлы, А.Байтұрсынұлы және Қ.Жұбановтардың фонетикалық еңбектерін салыстыру кестесі**

**Т.Шонанұлы, А.Байтұрсынұлы және Қ.Жұбановтардың морфологиялық еңбектерін салыстыру кестесі**

<i>«Тіл дамыту, III бөлім» 1931 ж. Т. Шонанұлы</i>	<i>«Тіл-құрал» 1914 ж. А. Байтұрсынұлы</i>	<i>«Қазақ тілінің грамматикасы» 1936 ж. Қ. Жұбанов</i>
<p>29 дыбыс бар: а, о, е, и, ү, ы, е, і, ә, б, ш, ж, д, г, ғ, й, һ, к, л, м, н, ң, қ, р, с, т, з, у, п.</p> <p>Тіл дыбыстары айтылуына қарай:</p> <p>1) Дауысты 9: а, о, е, и, ү, ы, е, і, ә.</p> <p>2) Дауыссыздар 20: б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, к, қ, г, н, л, м, ң, у, й, һ.</p> <p>Дауысты дыбыстар:</p> <p>1) Жуан 4: а, о, и, ы.</p> <p>2) Жіңішке 5: ә, е, ү, і, е.</p>	<p>Тіл дыбыстары 24: а, б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, к, қ, ң, л, м, н, о, ұ, и, у, е, ы.</p> <p>Тіл дыбыстары:</p> <p>1) Дауысты 6: а, о, ұ, ы, и, е.</p> <p>2) Дауыссыз 17: б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, к, қ, г, н, л, м, ң.</p> <p>3) Жарты дауысты 2: у, й.</p> <p>Дауыссыз дыбыстар:</p> <p>1) Қатаң 10: б, п, т, д, ш, с, ғ, к, қ, г.</p> <p>2) Ұяң 7: ж, р, з, л, м, н, ң.</p> <p>3) Ымырасыз 3: м, н, ң.</p> <p>«Тіл – құрал» ( дыбыс жүйесі мен түрлері). 1925.</p> <p>Дауыссыз дыбыстар:</p> <p>1) Жарты дауысты 4: у, и, р, л.</p> <p>2) Қатаң 7: б, п, т, с, ш, к, қ.</p> <p>3) Ұяң 3: м, н, ң.</p> <p>4) Ымыралы 2: з, ж.</p> <p>5) Ымырасыз 3: д, г, ғ.</p>	<p>26 сапалы дыбыс бар: а, б, ш, д, е, г, ғ, й, к, л, м, н, ң, к, р, п, с, т, ұ, у, ұу, үу, з, ый, о, ж.</p> <p>Дыбысталу түріне қарай:</p> <p>1) дауысты 7: а, е, о, у, ы, ұу, ый.</p> <p>2) дауыссыздар 12: к, қ, ш, с, т, п, б, д, з, ж, ғ, ғ.</p> <p>3) сонор дыбыстар 7: у, й, р, л, м, н, ң.</p> <p>Дауысты дыбыстар:</p> <p>1) Дыбысталу түріне қарай: а) толық дауыстылар: а/ө, о/ө, е. ә) келте дауыстылар: ы/і, ұ/ү. б) косынды дауыстылар: ұу, үу, ый.</p> <p>2) Жасалу түріне қарай: а) ерін дауыстылар: о/ө, ұ/у. ә) езу дауыстылар: а/ө, ы/і.</p>

Дауыссыз дыбыстар:

- 1) Қатаң: б, п, т, с, ш, қ, к
- 2) Ұяң: б, д, з, ж, г, ғ, һ
- 3) Үнді-ұяңдар: р, л, м, н, ң
- 4) Жарты дауысты ұяң й, у

«Тіл дамыту. 2 кітап» 1931 ж.

Буын түрлері:

- 1) Ашық буындар (дауысты дыбысқа тыңған)
  - а) Жалғыз дауысты (у)
  - б) дауыссыздың артынан дауысты (қа)
- 2) Бітеу буындар (дауыссыз дыбысқа тыңған)
  - а) дауысты артынан дауыссыз (ал)
  - б) ортасы дауысты 2 жағы дауыссыз (бақ)
  - в) дауыстының артынан 2 дауыссыз (ұлт)
  - г) дауыстының алдынан 1, артынан 2 дауыссыз (кілт)

«Тіл дамыту. III бөлім» 1931.

- 1) Сингармонизм (үндестік заңы) – дауыстылардың үндесуі
- 2) Итіншек еліктіру (прогрессивная ассимиляция) я ілгерінді ықпал.
- 3) Тартыншақ еліктіру (регрессивная ассимиляция).
- 4) Іріту заңы (диссимилиация)

Тіл дыбыстары:

- 1) Дауысты 5: а, о, у, ы, е, и.
- 2) Дауыссыз 19: б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, г, қ, к, ғ, н, л, м, ң, у, й

«Дыбыстарды жіктеу туралы» 1927.

- дауыстылар: а, р, ң, л, м, е, о, ұ, у, ы, и

II. дауыссыздар: б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г

Дауыстылар:

- 1) толық дауыстылар: а, е, о, ұ, ы.
- 2) шала дауыстылар: р, ң, л, м, н, у, и.

Толық дауыстылар:

- 1) аңғал түрлісі: а, е, ы
- 2) қымқырау түрлісі: о, ұ

Шала дауыстылар:

- 1) Ауыз шығысты: р, л, у, и
- 2) Мұрын шығысты: н, м, ң,

Дауыссыздар айтылуына қарай:

- 1) қысаң жолдылар: о, ш (ашықтары) п, т, қ, к
- 2) босаң жолдылар: з, ж, (ашық), б, д (тұйық), ғ, г (тұйықтау)

Дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай:

- 1) өткелділер: а, р, н, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, и
- 2) өткелсіздер: б, п, т, ж, з, с, ш, ғ, к, қ, г

«Тіл құралы» (қазақ тілінің сарфы) 1914.

Буын түрлері:

- 1) ашық буын – бас харфі не аяқ харфі дауысты буын.
- 2) Бітеу буын – бас харфі де, аяқ харфі де дауыссыз яки жарты дауысты буын.
- 3) Тұйық буын – буыншыдан басқа әріпке тірелсе.

Дауыссыз дыбыстар: Үннің қатынасу шамасына қарай:

- 1) Үнсіздер: қ, к, т, п, ш, с.
- 2) Үнділер: ғ, ғ, ж, з, д, б.

Созымды-созымсыздығына қарай:

- 1) үздіктілер: қ, к, т, д, ғ, г.
- 2) үздіксіздер: п, ш, с, б, ж, з.

Жасалу түріне қарай:

- 1) Жабысыңқы: қ, п, ғ, г, б.
- 2) Жуысыңқы: т, с, д, з, ш, ж.

Жасалу орнына қарай:

- 1) Көмей: қ, к, ғ, г, (сонор ң)
- 2) Ерін: п, б (сонор м, у)
- 3) Тіс: т, ш, с, д, ж, з.
- 4) Таңдай: (й, р, сонор)

Сонорлар:

- 1) Тура жолды: у, й
- 2) Айналма жолдар: р, л, н, ң, м. А) Мұрын жолды айналма: м, н, ң. Б) ауыз жолды айналма: р, л.

Буын түрлері: Дыбыстың санына қарай:

- 1) 1 дыбысты
- 2) 2 дыбысты
- 3) 3 дыбысты
- 4) 4 дыбысты

Дыбыстардың орнына қарай:

- 1) Жалаң буын (д)
- 2) Ашық буын (дз/ср+ды)
- 3) Жеңіл тұйық (ды+дз/ср)
- 4) Жеңіл бітеу (дз/ср+ды+дз/ср)
- 5) Ауыр тұйық буын (ды+ср+дз)
- 6) Ауыр бітеу (дз/ср+ср+дз)

- 1) Буын үндестігі.
- 2) Дыбыстың үндесуі:

- а) Ұмтыла үндесу (прогрессивная ассимиляция)
- б) Тартыла үндесу (регрессивная ассимиляция)



**Т.Шонанұлы, А.Байтұрсынұлы және Қ.Жұбановтардың морфологиялық еңбектерін салыстыру кестесі**

Т.Шонанұлы	А.Байтұрсынұлы	Қ.Жұбанов
<p>«Тіл дамыту. III бөлім» (1931)</p> <p>Сөз түрлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Жалғаулы және жалғаусыз сөздер – (мағыналы және демеу сөздер);</li> <li>2) Түбір және жалғау</li> <li>3) Қос сөздер – қайталама қос сөздер;</li> <li>4) Кіріккен сөздер.</li> </ol> <p>Жалғаулар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Жұрнақ (сөз тудырушы жалғау)</li> <li>2) Дәнекер-жалғау (сөз түрлендіруші жалғау)</li> </ol> <p>Қос сөздер Мағынасына қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Жалпылағыш</li> <li>2) Жалқылағыш</li> </ol> <p>Жасалуына қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қайталама сөздер</li> <li>2) қосарлама сөздер</li> </ol>	<p>«Тіл құрал» (қазақ тілінің сарфы) 1914.</p> <p>Сөз тұлғасына қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Түбір сөз</li> <li>2) Туынды сөз</li> <li>3) Қос сөз</li> <li>4) Қосалқы сөз</li> <li>5) Қосымшалар</li> </ol> <p>Қосымша түрлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Тысқарғы жалғау-жалғау</li> <li>2) Ішкері жалғау-жұрнақ-жұрнақ</li> </ol> <p>Қос сөздер</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Жалпылағыш</li> <li>2) Жалқылағыш</li> </ol>	<p>«Қазақ тілінің грамматикасы» 1936.</p> <p>Сөз тұлғасына қарай:</p> <p>Қосымша түрлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Жалғау (1 сөзі басқа 1 сөзбен қиындастыру үшін)</li> <li>2) Үстеу (түп мағынасы үстеме мағына қосады)</li> </ol> <p>Қосар сөз</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Теңдес қосар: <ol style="list-style-type: none"> <li>а) мәндес қосар</li> <li>б) қайшы мәнді қосар</li> <li>в) көрші мәндес</li> </ol> </li> <li>2) Сөздес қосар: <ol style="list-style-type: none"> <li>а) үндес қосар</li> <li>б) өндес қосар</li> </ol> </li> <li>3) Матаулы қосар</li> <li>4) Тіркеулі қосар</li> <li>5) Қосақты қосар</li> </ol> <p>Кіріккен сөздердің құрылысына қарай:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Жалғасулы кіріккен</li> <li>2) Қиюлы кіріккен (қысқарған сөздер)</li> </ol> <p>Қосалқы сөз:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Дәйек қосалқы (тым, әрен)</li> <li>2) Аяқ қосалқы</li> </ol>

I Есімдер:

- 1) Зат есім.
- 2) сын есім
- 3) сан есім
- 4) есімдік.

II. Етістіктер.

III. Демеу.

Есімдердің түрлері:

- 1) Жалқы есім
- 2) Жалпы есім
- 3) Жай түр
- 4) Тәуелді түр

Тәуелді түрдің 3 жағы бар:

- 1) I-жақ
- 2) II-жақ
- 3) III-жақ

Тәуелдіктің 2 түрі бар:

- 1) Оңаша
- 2) Ортақ

Есімдерде 2 айырыс бар:

- 1) Көптік
- 2) Жекелік

Жалғау:

- 1) септік,
- 2) көптік.

Септеулер:

- 1) Атау
- 2) Ілік
- 3) Барыс
- 4) Шығыс
- 5) Табыс
- 6) Жатыс

Сын есім:

- 1) Тек сыны (тас көпір),
- 2) Сыр сыны

Сөз мағынасына қарай:

I. Атауыш сөздер:

- 1) Зат есім,
- 2) сын есім,
- 3) сан есім,
- 4) есімдік,
- 5) етістік.

II. Шылау сөздер

- 1) Үстеу,
- 2) Демеу,
- 3) Жалғаулық,
- 4) Одағай.

«Тіл құралы» (қазақ тілінің сарфы) 1915 ж. Орынбор.

Зат есім тегі бойынша:

- 1) деректі
- 2) дерексіз
- 3) жалқы есім
- 4) жалпы есім

Зат есімде 2 қалып бар:

- 1) жай
- 2) тәуелді

Тәуелді қалыпта 3 жақ бар:

- 1) I-жақ (мендік)
- 2) II-жақ (сендік)
- 3) III-жақ (бөгделік)

Тәуелдік 2 түрлі:

- 1) оңаша тәуелдік
- 2) ортақ тәуелдік

Зат есімде 2 айырыс бар:

- 1) жекелік
- 2) көптік

Жалғау:

- 1) септік
- 2) көптік

Септеулер:

- 1) Атау
- 2) Ілік
- 3) Табыс
- 4) Барыс
- 5) Жатыс
- 6) Шығыс

Сын есім:

- 1) тек сыны (киіз қалпақ)
- 2) сыр сыны (аласа тұман)

«Қазақ тілінің програмы» (1936 ж.)

I. Түбір тап:

- 1) есім
- 2) етістік
- 3) есімдік

II. Шылау тап:

- 1) Сеп жалғауыштар,
- 2) Дәнекерлер
- 3) Үстеуіштер

III. Одағайлар:

- 1) малшылық одағайлары
- 2) көңіл күйін хабарлайтындары
- 3) жеткіліксіздері.

Есімдер:

- 1) Зат есім
- 2) Сан есім
- 3) Сын есім
- 4) Мезгіл есім

Зат есімнің түрлері:

- 1) көптік
- 2) жеке
- 3) белгілі
- 4) белгісіз

Тәуелдіктің 3 жағы:

- 1) I-жақ
- 2) II-жақ
- 3) III-жақ

Тәуелде:

- 1) Ортақ
- 2) Оңаша

Септеулер:

- 1) Атау
- 2) Ілік
- 3) Табыс
- 4) Барыс
- 5) Шығыс
- 6) Жатыс
- 7) Теңдес
- 8) Меңзес
- 9) Көмектес

Сын есімнің шырайлары:

- 1) Жай шырай;
- 2) Кесімді араластырмалы шырай;

Сыр сынында 3 шырай бар:

- 1) жай
  - 2) талғаулы
  - 3) таңдаулы
- «Қазақ тілі. Грамматика мен емле» 1934 ж.

Сан есім:

- 1) санды көрсететін сан есім
- 2) ретті көрсететін сан есім

Сыр сынында 3 шырай бар:

- 1) жай
- 2) талғаулы
- 3) таңдаулы

Сан есім:

- 1) Есептік
- 2) Реттік
- 3) Темілдік сан (жарты, ширек)

Есептік:

- 1) жай
- 2) жадағай (-ау, -еу)

Есімдік:

- 1) жіктеу (мен, сен, ол),
- 2) сілтеу
- 3) сұрау
- 4) жіктеу (бері, барша)
- 5) танықтық

«Тіл дамыту. III бөлім» (1931 ж.)

- 3) Жалаң шағын шырай;
  - 4) Салыстырмалы шағын шырай;
  - 5) Таңдаулы шырай;
- а) дәйек қосылыңқы
  - б) қосақты
  - в) үстеулі
  - б) орташа шырай.

Сан есім:

- 1) Есептік,
- 2) Реттік

Есімдік:

- 1) жіктеу
- 2) сілтеу
- 3) анықтау
- 4) алалау (кейбіреу)
- 5) болымсыз
- 6) белгісіз
- 7) қимыл

Етістік:

- 1) болымды
- 2) болымсыз

Етістік түрлері:

- 1) болымды
- 2) болымсыз
- 3) көсемше
- 4) есімше

Етістік:

- 1) болымды
- 2) болымсыз
- 3) тұйықша
- 4) есімше
- 5) көсемше
- 6) жиекше
- 7) төтенше

Есімше:

- 1) осы шақтық (оқушы)
- 2) өткен шақтық (-ған, -ген)
- 3) ұйғарынды (-итін, -етін)

Есімше:

- 1) Осы шақтық (өлең айтушы)
- 2) өткен шақтық (-қан, -кен)
- 3) ұйғарынды (-атын, -етін, -итін)

Есімше:

- а) Тел есімше:
  - 1) өткен шақ, тел (-ған, -ген, -қан, -кен)
  - 2) Келер шақ қоспа тел (-ғай, -қай, -дай, -кей)
  - 3) келер шақ мақсат тел (-мақ, -мек, -бак, -бек, пақ)
  - 4) болжалды келер шақ (-ар, -ер, -с)
  - 5) дағдылы тел (-атын, -тін, -итін)
  - 6) қарғыс тел (-ғыр)
- б) Сүйеншек есімше:
  - 1) Өткен шақ шектеуіш сүйеншек (-ғалы, -гелі)
  - 2) келер шақ мақсат сүйеншек (-ғалы, -гелі: оқығалы келдім)
  - 3) келер шақ шектеуіш шақ сүйеншек (-ғанша, -генше, -қанша)
  - 4) себеп-соңшыл сүйеншек (-ғасын, -ған, соң)
  - 5) өткен шақ орынсыз сүйеншек (-ғанша)

Көсемше:

- 1) үнемді (жаза бердім)
- 2) үнемсіз (жазып бердім)

Көсемше:

- 1) үнемді (-а, -е, -и)
- 2) үнемсіз (-п, -ып, -іп)
- 3) ниетті (-ғалы)

Етістіктің мәнісін дәлелдейтін жұрнақтар:

- 1) Сұрасаң да бермейді – істеген істің мақсатына қарсылық.
- 2) Ол тіркелді – ырықсыз істелген істі көрсетеді.
- 3) Мен онымен келісе алмаймын – бірігіп істеу-істемесе көрсетеді.
- 4) Сен тарандың – өзіне істеген істі көрсетеді.
- 5) Кітап ашқызды, алдырды – біреуге істетуді көрсетеді;
- 6) Ол жұлқылады – қайталап істеліп тұрғанды көрсетеді.
- 7) Газетті оқыңқыра – істі созынқырауды көрсетеді.
- 8) Мұнда келші – өтінішті көрсетеді.

Райлар:

- 1) ашық
- 2) бұйрық
- 3) шартты

Етістіктеде 2 айырыс:

- 1) көптік
- 2) жекелік

3 жақ.

- 1) I-жақ
- 2) II-жақ
- 3) III-жақ

3 жақ

- 1) осы шақ
- 2) өткен шақ
- 3) келер шақ

Жалғау

- 1) жіктік

Етістер:

- 1) сабақты етіс
- 2) салт етіс
- 3) ортақ етіс
- 4) өздік етіс
- 5) өзгелі етіс
- 6) беделді (-тыр, -тір, III жақ)
- 7) ырықсыз етіс
- 8) шығыс (-тырдым I жақ)
- 9) дүркінді (атқыла)
- 10) өсіңкі (-ыңқыра)

Райлар:

- 1) тұйық
- 2) билік
- 3) ашық
- 4) шартты
- 5) ереуіл
- 6) реніш
- 7) қалау
- 8) сенімді
- 9) сенімсіз
- 10) мұң
- 11) көніс
- 12) қайрау
- 13) азалы
- 14) теріс
- 15) болжал

Райларда 2 айырыс:

- 1) көптік
- 2) жекелік

3 жақ.

- 1) I-жақ (айтушы)
- 2) II-жақ (тыңдаушы)
- 3) III-жақ (бөгделік)

3 жақ

- 1) осы шақ
- 2) өткен шақ
- 3) келер шақ

б) ереулі сүйеншек (-ғанмен)

Көсемше:

- 1) Өткен шақ көсемше (-п, ып, -іп)
- 2) Дағдылы көсемше (-а, -е, -й)
- 3) Шарт көсемше (-са, -се)

Етістер:

- 1) салт етіс
- 2) сабақты етіс
- 3) өздік етіс
- 4) ырықсыз етіс
- 5) өзгелік етіс
- 6) ортақ етіс
- 7) есіңкі етіс (-іңкіре, -ыңқыра)

3 шақ

I. Өткен шақ:

- 1) айғақ өңді өткен шақ
- 2) аулақ өңді өткен шақ
- 3) мойындау өңді өткен шақ
- 4) күмен өңді
- 5) айғақ баяғылық
- 6) аулақ баяғылық
- 8) опық баяғылық
- 9) арман баяғылық

«Қазақ тілі. Грамматикасы мен емле» (1934 ж.)

Келер шақ:

- 1) кесімді
- 2) болжалды

Морфологиялық құрылымы жағына:

- 1) дара
- 2) қосар

II. Келер шақ

- 1) кесімді келер шақ
- 2) болжалды келер шақ
- 3) мақсатты келер шақ
- 4) тілекті келер шақ
- 5) сенімсіз төл шақ

III. Осы шақ

- 1) дағдылы осы шақ
  - 1) дәл осы шақ
  - а) жалпы осы шақ
  - б) кәдімгі осы шақ
  - в) қазіргі осы шақ
  - г) әзіргі осы шақ

Морфологиялық құрылымы жағынан:

- 1) дара етістік
- 2) қосымды етістік

Морфологиялық құрылымы жағынан:

- 1) дара етістіктер
- 2) қосар етістіктер

### Т.Шонанұлы, А.Байтұрсынұлы және Қ.Жұбановтардың синтаксистік еңбектерін салыстыру кестесі

Т.Шонанұлы	А.Байтұрсынұлы	Қ.Жұбанов
<p>«Тіл дамыту. 2 кітап» (1931 ж.) «Тіл дамыту. III бөлім» (1931)</p> <p>Сөйлем мүшелері: 1) Бас мүшелер (тұрлаулы) 2) Жандай шап мүшелер (тұрлаусыз)</p> <p>Бас мүшелер: 1) бастауыш 2) баяндауыш</p> <p>Жандай шап мүшелер (тұрлаусыз): 1) анықтауыш 2) толықтауыш 3) пысықтауыш</p> <p>Сөйлем дауыс ырғағына қарай: 1) лепті 2) сұраулы 3) хабарлы</p> <p>«Қазақ тілі. Грамматикасы мен емле» (1934 ж.) Сөйлем: 1) жалаң 2) жайылма</p>	<p>«Тіл-құрал» (сөйлем жүйесі мен түрлері) 1925 ж.</p> <p>Сөйлем мүшелері: 1) тұрлаулы 2) тұрлаусыз</p> <p>Тұрлаулы мүшелер: 1) бас мүше (бастауыш) 2) баянды мүше (баяндауыш)</p> <p>Тұрлаусыз мүшелер: 1) анықтауыш 2) толықтауыш 3) пысықтауыш</p> <p>Сөйлемнің айтылуынша айырылатын түрлері: 1) сұраулы 2) лепті 3) тілекті а) жай тілек б) бұйрық түрде в) өтініш түрде г) үгіт түрде 4) жай</p>	<p>«Қазақ тілінің грамматикасы» 1936 жыл.</p> <p>Сөйлем мүшелері: 1) негізгі мүшелер 2) айқындауыш</p> <p>Негізгі мүшелер: 1) бастауыш 2) баяндауыш</p> <p>Айқындауыш: 1) толықтауыш (жалғаулы) 2) анықтауыш (жалғаусыз)</p> <p>Сөйлем қандай сөзбен айтылатынына қарай: 1) хабар сазды 2) сұрау сазды 3) леп сазды</p>

«Тіл дамыту. III бөлім» (1931 ж.)

Сөйлем құрылысына қарай:

- 1) іргелес сөйлем
- 2) сыйысулы сөйлем
- 3) қиысулы сөйлем

«Қазақ тілі. Грамматикасы мен емле» (1934 ж.)

- 1) Жай сөйлем
- 2) Құрмалас сөйлем
- а) салалас құрмалас
- б) сабақтас құрмалас

Сабақты құрмалас:

а) анықтауыш бағыныңқы

Жай сөйлем:

- 1) көп бастауышты сөйлем
- 2) көп баяндауышты сөйлем
- 3) бірнеше бірыңғай тұрлаусыз мүшелі сөйлем

- 1) Шұқшылма сөз
- 2) Қыстырма сөз
- 3) Одағай сөз
- 4) Төл сөз

Сөйлемнің жалпы түрлері

- 1) болымды
- 2) болымсыз
- 3) толымды
- 4) толымсыз
- 5) жалаң
- 6) жайылма

Құрылуына айырылатын түрлері:

1) Іргелес сөйлемдер:

- а) сыйысулы
- б) қиысулы
- 3) қыстырынды
- 4) келтірінді:

а) төл сөз

б) төлеу сөз

5) орамды немесе өрнекті сөйлем.

Сыйысулы құрмалас:

- 1) шұбалаң түрі
- 2) ықшам түрі

Қиысулы құрмалас:

- 1) салалас
- 2) сабақтас

Бұратана сөздер:

- 1) қыстырма сөз
- 2) қаратпа сөз

Сөйлем түрлері

- 1) жалаң
  - 2) жайылма
- «Қазақ тілінің програмы» (1936)
- 3) толық
  - 4) алқы
  - 5) иесіз

Сөйлем:

- 1) жай сөйлем
  - 2) құрмалас сөйлем
- Құрмалас сөйлем:
- 1) салалас сөйлем
  - 2) сабақтас сөйлем

Салалас сөйлем

- 1) ыңғайлас салалас
- 2) ереуіл салалас
- 3) талғама салалас
- 4) себеп-салдар салалас
- 5) шарт жағдай салалас

1) қыстырма сөз

2) қаратпа сөз

## *А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қолданылған тілтану терминдері*

*Ескерту: \* жұлдызшамен белгіленгендер – қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген терминдер.*

азалы рай	<b>А</b>	*атау
*айтушы		*атауыш сөздер
айырыңқы салалас		ауыз шығысты
айырыс (жекелік, көптік)		ауыз буын
*алфавит		*ашық дыбыс
амал сабақтас		ашық дыбыс (дауысты дыбыс)
*анықтауыш		ашық жолды дауыссыз
анықтауыш бағыныңқы		*ашық рай
аңғал түрлі		
	<b>Ә</b>	
әліп-би		әріп белгілері (нүкте, үтір)
	<b>Б</b>	
*бағыныңқы		*болымсыз сөйлем
*барыс септік		*болымды етістік
*бас әріп		*болымсыз етістік
*бас мүше (бастауыш)		босаң дыбыс
*басқы буын		босаң бөгеулі дауысты
бастауыш буын		босаң жолды
*басынқы		бөгделік (3-жақ)
басым жақ		бөгелісті өткелді дыбыс
баяншы мүше (баяндауыш)		бөгетті (ерін, тіл)
(тамақ) дыбыс		
беделді етіс		*буын
белгі (жұмсақ, жіңішкелік, дәйекші)		бұйрықты түрдегі тілекті сөйлем
билік рай		бұратана сөздер
болымды рай		бүтін емес
(жарты) дауысты		
*болымды сөйлем		*бітеу буын
	<b>Д</b>	
дағдыша (тарихша) жүйе		*деректі
дауыс (немесе айғай)		дерексіз
*дауысты дыбыс		дүркінді етіс
дауысты харіф		*дыбыс
*дауыссыз дыбыс		*дыбыс жүйесі
дауыссыз харіф		*дыбыстың естілуі
(дауыс не айғай,		
үн, сыбыс, сыбыр)		
дәйекші		дыбысша жүйе
дәлдеулік (« »)		дыбыстың таңбасы
демеу (демеуші)		
	<b>Е</b>	
еліктеу одағай		ерін өткелді
*емле (таңбаша жүйе,		

дағдыша (тарихша)  
жүйе, туысша жүйе,  
дыбысша жүйе)  
ереуіл бағыныңқы  
ереуіл рай  
ерін бөгетті  
ерін қамаулы

\*есептік сан есім  
\*есімдік  
\*есімше  
\*етіс  
\*етістік

## Ж

жадағай есептік сан есім  
жай есептік сан есім  
жай қалып  
жай сөйлем (айтылуына қарай)  
жай-сын сын есім  
жай тілек тілекті сөйлем  
\*жайылма сөйлем  
\*жай шырай  
\*жақ (I, II, III)  
\*жақша ( ) (қамау белгісі)  
\*жалаң сөйлем  
\*жалғамалы тіл  
(агглютинативті – Ш.Ж.)  
жекелік ымыраласу  
жиылыңқы салалас  
жұмсақ белгі  
жұмсақтық дәйектісі

\*жалғау (ішкергі, тысқарғы)  
жалғаулық (сөз табы)  
\*жалқы есім  
\*жалқылау (айырыңқы әдіс)  
\*жалпы есім  
жалпылағыш қос сөз  
жалқылағыш қос сөз  
\*жанасу  
жапсарлық  
жарты (орта) дауысты  
\*жатыс септік  
  
жекелік айырыс  
\*жұрнақ  
жіктеу есімдігі (бәрі, барша)  
\*жіктеу есімдігі (мен, сен)  
\*жіңішкелік белгісі – дәйекші

## З

зат аты  
\*зат есім  
зат – сын сын есім

## И

именішті өткелді дыбыс

## К

\*келер шак  
келтірінді сөйлем  
көніс рай  
кең шығысты аңғал түрлі  
(тіркестіру белгісі) =  
көп ноқат (көп нүкте) ...  
қалдыру, тастау белгісі)  
көптік айырыс

\*көптік жалғау  
көптік ымыраласу  
\*көсемше  
кіші сызықша

кіші тыныс (үтір) ,

## Қ

қабат үтір « »  
(қабатша қос тырнақ) - Ш.Ж.)  
қазақ тілінің нахуы  
  
қазақ тілінің сарфы  
қайрау рай

\*қопармалы тіл (флексивті  
қадымша оқыту  
\*қос сөз  
қос ноқат (қос нүкте) : (бәшеуе белгісі)  
қосалқы сөз  
қосарлық =



қайырыңқы салалас  
баяндауыш  
қақтықпа өткелді дыбыс  
\*қалау рай  
қалып (жай, тәуелді)  
қамалайтын дыбыстар  
\*қаратпа сөз  
\*қатаң дауыссыз  
қиысулы құрмалас  
қойылыңқы салалас

\*леп белгісі (!)  
\*лепті сөйлем  
лептеуіш одағай

мағына (ішкі)  
\*мақсат пысықтауыш  
мақсат пысықтауыш сабақтас  
\*мезгіл пысықтауыш  
мезгіл пысықтауыш сабақтас  
\*мезгілдік үстеу

нағыз осы шақ  
ниетті көсемше  
ноқат (нүкте) . (ұлы тыныс)

\*одағай  
оңаша тәуелдік  
оңаша (дербес – Ш.Ж.) харіф  
орамды (өрнекті) сөйлем  
орта (жарты) дауысты

\*өзгелік етіс  
\*өздік етіс  
өлшеулік үстеу  
өсіңкі етіс

\*пысықтауыш

реніш рай

сабақты етіс  
\*сабақты сөйлем  
сабақтас қиысулы құрмалас  
\*салалас сөйлем  
(речь – Ш.Ж.)

қосарлы (күрделі)

\*қосымша  
\*құрмалас сөйлем  
қымқырулы толық дауысты  
қымқырынды өткелділер  
қысаң бөгеулі  
қысаң жолды  
\*қыстырма сөз  
қыстырынды сөйлем

## Л

## М

\*мекен пысықтауыш  
мекен пысықтауыш сабақтас  
\*мекендік үстеу  
мендік жақ (І жақ)  
мұң рай  
мұрын шығыстылары

## Н

нүкте (айырым белгі мағынасында)  
нықтаулық үстеу

## О

орта дыбыс, яки жарты дауысты  
\*ортақ етіс  
ортақ тәуелдік  
\*осы шақ  
осы шақтық есімше

## Ө

өткелді  
өткелсіз  
\*өткен шақ  
өткен шақтық есімше

## П

## Р

## С

сөйлем бөлшектері  
сөйлем мағынасы  
\*сөйлем мүшелері  
сөйлесу (ауызбен, жазумен)

салалас қиысулы құрмалас

\*салт етіс

(сөз таптары)

\*сан есім

\*себеп пысықтауыш

сендік жақ (II жақ)

сенімді рай

сенімсіз рай

\*септік

\*септік жалғау

\*сөз

\*сөз басы

сөз бөлшектері

сөз жүйесі (лексикология – Ш.Ж.)

\*сөз мағынасы

сөз негізді оқу («тұтас оқу»)

\*сөз табы

\*сөз тұлғасы (сөздің жазылуы  
мағынасында – Ш.Ж.)

сөз тұрпаты (сөздің айтылуы  
мағынасында – Ш.Ж.)

\*сөйлем

сөйлем жүйесі (синтаксис – Ш.Ж.)

\*табыс септік

талғаулы шырай

тамақ бөгетті өткелді

тамаққа қамалатын өткелсіздер

тамақта сүзілетін өткелсіздер

танықтық есімдік

\*таңба

таңбаша жүйе (Ш.Ж.)

халиф

таңдайда сүзілетін өткелсіздер

теріс рай

теріс үтір (кіші тыныс)

толық дауыстылар

\*толықтауыш

\*толымды сөйлем

\*толымсыз сөйлем

\*төл сөз

\*төте жазу

\*тура толықтауыш

\*туынды (туғын) сөз

туысша жүйе

тұйық бөгеулі дауысты

\*тұйық буын

тұйық дыбыс, яки дауыссыз дыбыс

тұйық дауыссыз

тұйықтау дауыссыз

тұйық жолды дауыссыз өткелсіздер

сөйлеу (абзац – Ш.Ж.)

сөйлеу бөлімдері

сүзілетін дыбыстар

сүзілулі дыбыс

сұйылықты салалас

\*сұрау белгісі ?

\*сұрау есімдік

\*сұраулы сөйлем

сұраулық ?

сыбыр дыбыс

сыбыс дыбыс

сызықша (қос сөздер арасында қойылатын  
дефис – Ш.Ж.)

сыйысулы құрмалас

сын аты

\*сын есім

\*сын пысықтауыш

сынаулық үстеу

сыпайылық рет

сыр сыны (сын есім түрі)

\*сілтеу есімдік

## Т

таңдаулы шырай

тар шығысты қымқыру түрлі

тастарлық

\*тасымал

тәуелді қалып

тәуелдік (оңаша, ортақ)

тек сыны (сын есім түрі)

тел дыбыс (дифтонг –

темілдік сан

\*тұйық рай

\*тұрлаулы мүше

\*тұрлаусыз мүше

тұтас оқу – сөз негізді оқу

\*түбір

\*түбір сөз

түбіршік тіл (аморфты тіл – Ш.Ж.)

тыныстық

тыңдаушы

тысқарғы жалғау – жалғау

\*тіл білімі

тіл бөгетті өткелді

\*тіл дыбыстары

тіл түбі

\*тіл ұшы

тілекті сөйлем

тіске қамалатын

үйғарынды есімше	<b>Ү</b> *үян дыбыс
үгіт тілекті сөйлем үлкен сызықша (жұмақтау белгісі) (тире – Ш.Ж.) *үн *үндестік заңы (орта тыныс)	<b>Ү</b> үнемді көсемше үнемсіз көсемше үстеу (үстеуіш) үтірлі ноқат (нүкте)
харіф	<b>Х</b>
*шак шакырыс одағай шала дауыстылар *шартты бағыныңқылы сабақтас *шартты рай шолак (қысқа, жарты) дауысты дыбыс, харіф	<b>Ш</b> шұбалаң сыйысулы құрмалас шығыс етіс *шығыс септік *шылау *шырай
ықшам сыйысулы құрмалас ымыра, ымыраласу (қиысу – Ш.Ж.) ымыралы ұян дауыссыз	<b>Ы</b> ымырасыз ұян дауыссыз *ырықсыз етіс
ілездік одағай *ілік септік іргелес сөйлемдер	<b>І</b> ішкергі жалғау – жұрнақ ішкі мағына

### 3-кесте. Терминдердің тіл білімі салаларына қатысты тізбесі

#### а) Фонетика

алфавит	қысаң жолды
аңғал түрлі	леп белгісі !
ауыз шығысты	мұрын шығыстылары
ашық буын	ноқат (нүкте) . (ұлы тыныс)
ашық дыбыс	нүкте (айырым белгі мағынасында)
ашық дыбыс (дауысты дыбыс)	оңаша (дербес – Ш.Ж.) харіф
ашық жолды дауыссыз	орта (жарты ) дауысты
әліп-би	орта дыбыс, яки
жарты дауысты	
әріп белгілері (нүкте, үтір)	өткелді
бас әріп	өткелсіз
басқы буын	сөз басы
белгі (жұмсақ, жіңішкелік, дәйекші)	сөз тұлғасы (сөздің жазылуы мағынасында – Ш.Ж.)
босаң дыбыс	сөз тұрпаты (сөздің айтылуы мағынасында – Ш.Ж.)
босаң бөгеулі дауысты	сүзілетін дыбыстар

босаң жолды  
бөгелісті өткелді дыбыс  
бөгетті (ерін, тіл, тамақ) дыбыс  
буын  
бүтін емес  
бітеу буын

дауысты дыбыс  
дауысты харіф  
дауыссыз дыбыс  
дауыссыз харіф  
дәйекші  
түрлі  
дәлдеулік (« »)  
дыбыс  
дыбыс жүйесі  
дыбыстың естілуі (дауыс не айғай,  
үн, сыбыс, сыбыр)  
дыбыстың таңбасы  
емле (таңбаша жүйе, дағдыша (тарихша) жүйе,  
туысша жүйе, дыбысша жүйе)  
ерін бөгетті  
ерін қамаулы  
дауыссыз дыбыс  
жақша ( ) (қамау белгісі)  
жапсарлық  
жарты (орта) дауысты  
жекелік айырыс  
жұмсақтық дәйектісі  
жіңішкелік белгісі – дәйекші  
именішті өткелді дыбыс  
кең шығысты аңғал түрлі  
көп ноқат (көп нүкте) ...  
(қалдыру, тастау белгісі)  
кіші сызықша (тіркестіру белгісі) =  
кіші тыныс (үтір),  
қабат үтір « » (қабатша қос тырнақ)  
қақтықпа өткелді дыбыс

қамалайтын дыбыстар  
қатаң дауыссыз  
қос ноқат (қос нүкте):  
(бәшелеу белгісі)  
қосарлық =  
қымқырулы толық дауысты  
қымқырынды өткелділер  
дыбыс харіф ымыралы ұяң дауыссыз  
қысаң бөгеулі

сүзілулі дыбыс  
сұрау белгісі ?  
сұраулық ?  
сыбыр дыбыс  
сыбыс дыбыс  
сызықша (қос сөздер арасында қойылатын  
дефис – Ш.Ж.)

тамақ бөгетті өткелді  
тамаққа қамалатын өткелсіздер  
тамаққа сүзілетін өткелсіздер  
таңдайда сүзілетін өткелсіздер  
тар шығысты қымқыру  
  
тастарлық  
тасымал  
тел дыбыс (дифтонг – Ш.Ж.), харіф

теріс үтір (кіші тыныс)  
толық дауыстылар  
төте жазу  
тұйық бөгеулі дауысты  
тұйық буын  
тұйық дыбыс, яки

тұйық дауыссыз  
тұйықтау дауыссыз  
тұйық жолды дауыссыз  
тыныстық  
тіл бөгетті өткелді  
тіл дыбыстары  
тіл түбі  
тіл ұшы

тіске қамалатын өткелсіздер

ұяң дыбыс  
үлкен сызықша (жұмақтау белгісі) (тире –  
Ш.Ж.) –

үн  
үндестік заңы

үтірлі ноқат (нүкте) (орта тыныс);  
харіф  
шала дауыстылар  
шолақ (қысқа, жарты) дауысты

ымырасыз ұяң дауыссыз

### ә) Лексикология

атау  
атауыш сөздер  
деректі  
дерексіз

мағына (ішкі)  
сөз жүйесі (лексикология – Ш.Ж.)  
сөз мағынасы  
түбір

жалқы есім  
жалпы есім

түбір сөз

## б) Морфология

азалы рай  
айырыс (жекелік, көптік)  
барыс септік  
беделді етіс  
белгі (жұмсақ, жіңішкелік, дәйекші)  
билік рай  
болымды рай  
болымды етістік  
бөгделік (3-жақ)  
бұратана сөздер  
демеу (демеуіш)  
дүркінді етіс  
еліктеу одағай  
ереуіл рай  
есептік сан есім  
есімдік  
есімше

етістік  
жадағай есептік сан есім  
жай есептік сан есім  
жай қалып  
жай – сын сын есім  
жай шырай  
жақ (I, II, III)  
жалғау (ішкергі, тысқарғы)  
жалғаулық (сөз табы)  
жалпылағыш қос сөз  
жалқылағыш қос сөз  
жатыс септік  
жұрнақ  
жіктеу есімдігі (бәрі, барша)  
жіктеу есімдігі (мен, сен)  
зат аты  
зат есім  
зат – сын сын есім  
келер шақ  
көптік айырыс  
көптік жалғау  
көсемше  
қайрау рай  
қалау рай  
қалып (жай, тәуелді)  
қаратпа сөз  
қосалқы сөз  
қосымша  
қыстырма сөз  
лептеуіш одағай  
мезгілдік үстеу  
мендік жақ (1-жақ)

ортақ етіс  
ортақ тәуелдік  
осы шақ  
осы шақтық есімше  
реніш рай  
сабақты етіс  
салт етіс  
сан есім  
сендік жақ (2-жақ)  
сенімді рай  
сенімсіз рай  
септік  
септік жалғау  
сөз бөлшектері  
сөз табы  
сөз тұлғасы  
сөйлеу бөлімдері (сөз таптары)  
сын аты  
сын есім  
сын пысықтауыш  
сынаулық үстеу  
сыпайылық рет  
сыр сыны (сын есім түрі)  
сілтеу есімдік  
табыс септік  
талғаулы шырай  
таңдаулы шырай  
тар шығысты қымқыру түрлі тастарлық  
тасымал  
тәуелді қалып  
тәуелдік (онаша, ортақ)  
тек сыны (сын есім түрі)  
темілдік сан  
теріс рай  
толықтауыш  
тура толықтауыш  
туынды сөз  
туынды (туғын) сөз  
тұйық рай  
тысқарғы жалғау – жалғау  
ұйғарынды есімше  
үнемді көсемше  
үстеу (үстеуіш)  
шақ  
шакырыс одағай  
шартты рай  
шығыс етіс  
шығыс септік

мұң рай  
нағыз осы шак  
ниетті көсемше  
нықтаулық үстеу  
одағай  
оңаша тәуелдік

шылау  
шырай  
ырықсыз етіс  
ілездік одағай  
ілік септік  
ішкергі жалғау – жұрнақ

### в) Синтаксис

айырыңқы салалас  
амал сабақтас  
анықтауыш  
бастауыш (бағыныңқы)  
басыңқы  
басым жақ  
баяншы мүше (баяндауыш)  
болымды сөйлем  
болымсыз сөйлем  
бұйрықты түрдегі тілекті сөйлем  
ереуіл бағыныңқы  
жай сөйлем (айтылуына қарай)  
жай тілек тілекті сөйлем  
жайылма сөйлем  
жалаң сөйлем  
жанасу  
жекелік ымыраласу  
жиылыңқы салалас  
келтірінді сөйлем  
көптік ымыраласу  
қайырыңқы салалас  
қиысулы салалас  
қойылыңқы салалас  
қосарлы (күрделі) баяндауыш  
құрмалас сөйлем  
қыстырынды сөйлем  
лепті сөйлем  
мақсат пысықтауыш  
мақсат пысықтауыш сабақтас  
мезгіл пысықтауыш  
мезгіл пысықтауыш сабақтас  
мекен пысықтауыш  
мекен пысықтауыш сабақтас

анықтауыш бағыныңқы  
бағыныңқы  
бас мүше (бастауыш)  
орамды (өрнекті) сөйлем  
пысықтауыш  
сабақты сөйлем  
сабақтас қиысулы құрмалас  
салалас сөйлем  
салалас қиысулы құрмалас  
себеп пысықтауыш  
сөйлем  
сөйлем жүйесі (синтаксис – Ш.Ж.)  
сөйлем бөлшектері  
сөйлем мағынасы  
сөйлем мүшелері  
сөйлеу (абзац – Ж.Ш.)  
сұйылыңқы салалас  
сұраулы сөйлем  
сыйысулы құрмалас  
толымды сөйлем  
толымсыз сөйлем  
төл сөз  
тұрлаулы мүше  
тұрлаусыз мүше  
тілекті сөйлем  
үгіт тілекті сөйлем  
шартты бағыныңқылы сабақтас  
шұбалаң сыйысулы құрмалас  
ықшам сыйысулы құрмалас  
ымыра, ымыраласу (қиысу – Ш.Ж.)  
іргелес сөйлемдер  
ішкі мағына

### г) Жалпы лингвистикалық

айтушы  
дағдыша (тарихша) жүйе  
дауыс (немесе айғай)  
дыбысша жүйе  
жалқылау (айырыңқы) әдіс  
жалғамалы тіл (агглютинативті – Ш.Ж.)  
қадымша оқыту  
қазақ тілінің нахуы  
қазақ тілінің сарфы

қопармалы тіл (флективті – Ш.Ж.)  
сөз негізді оқу («тұтас оқу»)  
сөйлесу (ауызбен, жазумен – Ш.Ж.)  
таңба  
таңбаша жүйе  
туысша жүйе  
түбіршік тіл (аморфты тіл – Ш.Ж.)  
тыңдаушы  
тіл білімі

*Ш.Шарапатұлы*

#### 4. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қолданылатын әдебиеттану терминдері

(Бұл-кестелерді филол. ғыл. докт., проф. Ш.Шарапатұлы мен филол. ғыл. докт., проф. Ж.Қ.Смағұлов түзді)  
(Ескерту: \* жұлдызшамен берілгендер – қазір қолданылатындар)

##### а) Әдебиеттануға арналған пән атауларының әліппелік тізбесі

###### А

азат ұйқас	ауысу түрлері
аралас ұйқас *	алмастыру ауыстыру
ақын тілі *	ала шумақты өлеңдер
ауыстыру	алты тармақты өлеңдер
ауыстыру түрлері*	арнау әсерлеу
ауысу	айшық түрлері
айшық тақтасы (шумақ)	ауызша шығарма
айтқан, жазған бетуаны (пікірді)	
келтіріп сипаттау	айтыс-тартыс түрлері
айтыс дарынды сөз	айтыс сөз
ауыз шығарма	азапты тартыс, яки сергелдең
(драма)	
ауыз әдебиеті*	азаптаныс
айтыс өлең	арамтер, яки әурешілік
(комедия)	
айтыс-тартыс	аралас түр
ауыз ертек	аралатпа ұйқас
айтыс*	арнау
ауыз толғау	аңыз өлең

###### Ә

әдебиет танытқыш	әліптеме қара сөз
әуен өнері (музыка)	әуеге қара сөз түрлері
әншейін тіл	әліптеу (суреттеу) түрлері
әдіс*	әуеге дарынды сөз
әсерлеу (лептеу) әдісі	әуеге жыр
әншейін теңеу	әуеге, яки әңгіме сөздер түрі
әдейі теңеу	әзіл*
әсерлеу түрлері	әлектекті тартыс, яки мерт
(трагедия)	
әсірелеу	әлектеме
әнді өлең	әурешілік, яки арамтер
(комедия)	
әуеге қара сөз	әуреленіс

###### Б

бейнелеу ауыстыру	бунақ буындары
бернелеу ауыстыру	бас бунақ
бүкпелеу	бас бунағы үш буынды өлең
бүкпелеу әсерлеу	бас бунағы төрт буынды өлең
бесік жыры	бас қағырғыш
беташар*	бата
билік шешен сөз	байланыс*
білгір шешен сөз	бастамасы

бунақ\*  
буын\*

ғылым (пән)  
ғылым сыны

дамыту әсерлеу  
дауыс ағыны  
дарынды сөз (назым)  
дарынды сөз сыны  
дарынды сөз түрлері  
ділмар (афоризм) сөз

екі бунақты тармақ (жыр)\*  
екі тармақты шумак \*  
екі шумақты айшық  
ертек жыр

жай сөйлеу түрі  
жар-жар\*  
жай өмірбаян  
жалпы тарих  
жалқылау әдісі  
жалқылау әліптеу  
жалпылау әліптеу  
жалғыз бунақты тармақ  
жалғыз шумақты айшық  
жеке шумақты өлендер

заман хат  
зауықтама сауықтама

көсем сөз  
көрнек өнері  
кескін өнері  
көріктеу  
көріктеу (айқындау) әдісі  
көркейту, айқындау  
көріктеу ауыстыру  
кекесіндеу

қара сөз (насыр)  
қайталақтау  
қайталақтау әсерлеу  
қателігін көрсетіп сипаттау  
қысқа тармақты  
қалып сөзі  
қалып сөзі түрлері  
қошемет шешен сөз

баяндамасы  
баяндама сипаттары

## Ғ

ғұрып сөзі  
ғұрып сөзі түрлері

## Д

дерт кешіру  
ділмар дәуір  
діндар дәуір  
діндар дәуір түрлері  
даттау  
даттау, яки сөгіс толғау

## Е

ермектеме түрлері  
ертегі\*  
ертегі (батырлар) жыр

## Ж

жеті тармақты шумак  
жол әліптемесі  
жазба шығарма  
жын шақыру  
жұмбақ\*  
жаңылтпаш\*  
жоқтау\*  
жарапазан\*  
жын шақыру\*  
жазу әдебиеті

## З

зауықтама түрлері  
зауқыты тартыс

## К

кекесіндей әсерлеу  
көп шумақты айшық  
көңілді сөз  
күлдіргі тартыс  
күліс толғауы, яки күлкілеу  
күлкілеу, яки күліс толғауы  
күлкілеудің түрлері  
кіші кезең

## Қ

құрт шақыру  
қисса\*  
қулық  
қулықты тартыс  
қулық түрлері  
қорытпас  
қыздырмасы  
қысқа тармақты ұйқастық



лақаптау айкындау  
лептеу (әсерлеу)

мазмұнды аңдату  
мазмұнды мазмұндау (баяндау – Ш.Ж.)  
мазмұнды қорыту  
мазмұн түрлері  
мазмұнның әуеге түрі  
мазмұнның әліптеу түрі  
меңзеу әдісі  
мәністеп, дәлелдеп сипаттау  
мәнді өлең  
мінездеме  
мерт, яки әлектекті тартыс (трагедия)

насыр (қара сөз)  
насихат  
намыс, соғыс толғауы  
намыстаныс

өлең  
өлеңді сөйлемдер  
өлең жорғағы  
өлең шығару өнері  
өлең айшығы  
өлең кестесі

Ойламалдау  
ойламалдау түрлері

пайымдама әдістері  
пайымдама баяндамасының  
сипаттары  
пайымдама қара сөз  
пайымдаманың ойлау оңтайы  
пәнді әліптеу  
пәнді жалпылау әліптеу

роман (ұлы әңгіме)\*

сөйлестірген түр  
саясат шешен сөз  
сегіз тармақты шумак  
сөйлеу өнері (архитектура)  
сымбат өнері (скульптура)  
сөз дұрыстығы  
сөз өнері (әдебиет)\*  
сөз өнері ғылымы  
сөз талғау  
сөз әуезділігі  
сөйлеу әуезділігі  
сәнді әліптеу

## Л

лұғат ауысуы

## М

мысал келтіріп сипаттау  
мысалдар\*  
мақал\*  
мәтел\*  
мінажат  
мақтау  
марқайыс толғауы  
масқаралау  
мазақ\*  
мысқыл\*

## Н

назым (дарынды сөз)  
неке қияр\*  
налыс (мұңайыс)

## Ө

өлең ағындары  
өрнекті сөйлемдер  
өмірбаян  
өз өмірбаяны  
өтірік өлең\*

## О

он тармақты шумак

## Е

пәнді жалқылау әліптеу  
пайымдама түрлері  
пән (ғылым) \*

## Р

## С

салыстырып сипаттау  
сауықтама ауыз әдебиеті  
сап толғау  
сарындама ауыз әдебиеті  
сарындама ауыз әдебиеті тараулары  
салт сөзі  
салт сөз түрлері  
сындар дәуір  
сан толғау  
сұқтаныс  
соғыс толғау  
сөгіс толғауы, яки дағтау

сын\*  
сын түрлері  
сын күлкі

тысқы тіл жағы  
тірнек өнері  
тіл тазалығы\*  
тіл анықтығы\*  
тіл дәлдігі\*  
тіл көрнектілігі  
тіл көрнектілігінің әдістері  
тең, шумақты өлеңдер  
теңеу\*  
теңеу түрлері  
тіл ауысуы  
түйдектеу әсерлеу  
тіл (лұғат) әуелділігі  
төрт тармақты шумақ  
төрт бунақты тармақ (жар-жар)  
төрт буынды бунақ  
терме өлең  
тақпақ\*  
той бастар\*  
терме\*

ұзын тармақты ұйқастық  
ұзын тармақты ұйқас  
ұлы әңгіме (роман)  
ұлы кезең  
ұзақ сөз

үгіт өлең  
үміт өлең  
үш бунақты тармақ (қара өлең)

уағыз шешен сөз

хат түрі

шығарма, шығарма сөз\*

шығарма тақырыбы\*

шығарма жоспары\*  
шығарма мазмұны\*  
шығарма түрі\*  
шығарма мазмұнының негіздік түрлері  
шығарма тілі\*  
шығарманың тысқы тіл жағы  
шығарманың ішкі тіл жағы  
шығарма тілінің ғылымы  
шығарма түрінің ғылымы  
шығарма тілі ғылымының әнінің  
тіл қисыны жүйесі

сықақ\*  
сықырлы тартыс  
сергелден, яки азапты тартыс (драма)

## Т

талдама оңтай  
тармақ\*  
тармақ кезеңдері  
тармақ толғаулар  
тармақ ұйқастығы  
тарих\*  
тарихи әңгіме\*  
толғау дарынды сөз  
тарихи жыр\*  
толғау табы  
терме оңтай  
толғау\*  
төрт шумақты айшық  
толғау түрлері\*  
тартыс сөз  
тартыс тараулары  
тартыстың түрлері  
тұтас шумақты өлең  
түсте тармақты ұйқас

## Ұ

ұсақ әңгімелер  
ұстасу  
ұстасудың түрлері  
ұсынбасы

## Ү

үш буынды бунақ  
үш шумақты айшық

## У


## Х


хикаят\*


## Ш

шығарма тілі ғылымының  
мазмұнының қара сөз жүйесі  
шығарма тілі ғылымының  
мазмұнының дарынды сөз жүйесі  
шендестіру әсерлеу  
шумақ\*  
шумақты өлеңдер  
шумақ түрлері\*  
шежіре  
шешен сөз  
шешен сөз түрлері  
шығарма түрлері  
шиеленіс\*  
шешіліс (формасының – Ш.Ж.)  
шын күлкі


5-кесте. Сөз өнерінің жіктері мен топтары











## ҒАЛЫМ МҰРАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ (хронология бойынша)

### *Жарық көрген еңбектері:*

1. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал. Крылов мысалдарының аудармалар жинағы. С-Пб., 1909.–116 б.; Қазан, 1913.–96 б., 1922.–96 б.;
2. Байтұрсынұлы А. Маса. Өлеңдер және аудармалар жинағы. Орынбор, 1911.–92 б.; Қазан, 1914.–94 б.; 1922.–95 б., Қолжазба (Жылы көрсетілмеген);
3. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Бірінші кітап: Балаларға арналған әліппе. Орынбор, 1912.–40 б.; Орынбор, 1913.–40 б.; Орынбор, 1914.–96 б.; Орынбор, 1916.–98 б.; Орынбор, 1921.–90 б.; Орынбор, 1922.–70 б.; Таш., 1922.–95 б.; Орынбор, 1923.–126 б.; Орынбор, 1925.–72 б.;
4. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Екінші кітап: Алифбаға жалғасты. Орынбор, 1913.–54 б.; Қазан, 1913.–52 б.; Орынбор, 1923.–73 б.; Орынбор, 1924.–72 б.;
5. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Усул сотие жолымен, қазақша әліпбиге байаншы. Қазан, 1913.–15 б.; Таш., 1921.–14 б.;
6. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Бірінші кітап: Үлкендер үшін. Семей, 1921.–30 б.;
7. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Бірінші бөлім: Грамматика (Дыбыс жүйесі мен түрлері). Орынбор, 1914.–53 б.; Таш., 1918.–32 б.; Таш., 1922.–90 б.; Орынбор, 1924.–48 б.; Қызылорда, 1925.–39 б.; Семей, 1927.–38 б.; Қ-О, 1927.–39 б.;
8. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Екінші бөлім: Этимология (Сөздің жүйесі мен түрлері). Орынбор, 1914.–120 б.; Таш., 1920.–96.; Қазан, 1920.–104 б.; Таш., 1922.–96 б.; Орынбор, 1923.–128 б.; Орынбор, 1924.–128 б.; Қызылорда, 1925.–122 б.; Қ-о., 1927.–122 б.;
9. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Үшінші бөлім: Синтаксис (Сөйлем жүйесі мен түрлері). Орынбор, 1923.–68 б.; Орынбор, 1924. 67 б.; Қызылорда, 1925.–73 б.; Қ-о., 1926.–73 б.; Қ-о., 1927.–73 б.; Қ-Орынбор, 1928.–72 б.;
10. Байтұрсынұлы А. Байаншы. Әдістемелік құрал. Қазан, 1920.–15 б.;
11. Байтұрсынұлы А. Уголовный кодекс РСФСР (Түпнұсқа табылмады. Баспаға 1921 жылы дайындалып, өндіріске жіберілгені жөнінде мұрағаттық мәлімет бар).
12. Байтұрсынұлы А. Ер Сайын. Мәскеу, 1923.–95 б.;
13. Байтұрсынұлы А. Мәдениет тарихы. Қызылорда, 1923.-беті белгісіз (Түпнұсқа табылмады. Бұл кітаптың 1923 жылы басылғандығы туралы М.Әуезовтің мағлұматы бар. Және А.Байтұрсынұлының 1929 жылы тергеуде берген мәлідемесінде де айтылады).
14. Байтұрсынұлы А. Әліпби. Жаңа құрал. Қызылорда, 1926.-116 б.; Қызылорда/Таш., 1927.–116 б.; Қызылорда, 1928.–116 б.;
15. Байтұрсынұлы А. Әліппе – астары. Әліппеге жетекші құрал. Орынбор, 1924.–26 б.;
16. Байтұрсынұлы А. Сауат ашықш. Ересектерге арналған әліппе. Орынбор, 1924.–114 б.; Семей, 1926.–83 б.;
17. Байтұрсынұлы А. 23 жоқтау. Мәскеу, 1926.–155 б.;
18. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Әдебиеттануға кіріспе. Қызылорда, 1926.–286 б.; Таш., 1926.–286 б.;
19. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Хрестоматия (Т.Шонанұлымен бірге, Қызылорда, 1926.–412 б., Қ-О, 1927.–412 б.;
20. Байтұрсынұлы А. Тіл – жұмсар. Бірінші бөлім: Практикалық грамматика. Қызылорда, 1928.–46 б.;
21. Байтұрсынұлы А. Тіл – жұмсар. Екінші бөлімі: Практикалық грамматика. Қызылорда, 1929.–90 б.;
22. Байтұрсынұлы А. Практическая грамматика. 2-ое стереотипное издание. Вторая книга. – Қызыл-Орда, 1929.
23. Байтұрсынұлы А. Шаруашылық өзгерісі /Қолжазба/. Өңгіме №4, Жылы белгісіз, беті көрсетілмеген (Мәлімет ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар қорынан алынды).

### *Қайраткердің жетекшілігімен басылған кітаптар:*

1. Аға тұлпар: Қаһарман аға Ғұмар Қарашұлы. Өлеңдер жинағы (Бастырған: Байтұрсынұлы А). – Орынбор: Дин ва мағишат (Өмір және дін), 1914.–76 б.
2. Өтетілеуов Б. Жиган-терген. Өлеңдер (Бастырған: Байтұрсынұлы А). – Орынбор: Каримов, Хусаинов уә ширкәсінің матбұғасы, 1914.–60 б.
3. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сүйезі. 1925. – Астана: ІС-Сервис, 2005 (Емле жөнінде сөйлеген сөзі, алфавит жөнінде жасаған байандамасы. Б. 27-31, 44; 47-48, 49; 53-55; Әліпби тақырыпты Ақыметтің байандамасы. Б. 72-82).
4. Орысша-қазақша әскерлік атаулары. Қызылорда, 1926 жыл (Қазақ білім кенесінің төрағасы А.Байтұрсынұлы бекіткен). – А.: Атамұра, 2005.-136 б.

### **Мерзімді басылымдарда жарияланған материалдары:**

**1895**

1. Байтұрсынұлы А. Киргизские приметы и пословицы // «Тургайская газета», №39, 24 сентября 1895.

**1911**

1. Байтұрсынұлы А. Кітаптар жайынан (Қол койған: Маса) // «Айқап», №1, Б. 12-13, 1911.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақтың өкпесі // «Айқап», №2, Б. 12-14, 1911.
3. Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі // «Айқап», № 4, Б. 84-86, 1911.
4. Байтұрсынұлы А. Тағы да жер жайынан // «Айқап», №4, Б. 1-4, 1911.



5. Байтұрсынұлы А. Аз уақытта көп білу жолының басы (Қол қ.: А.Б.Б.) // «Айқап», №4, Б. 82-83, 1911.
6. Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі (Жалғасы, басы №4) // «Айқап», №5, Б. 104-107.
7. Байтұрсынұлы А. Тағы да народный сот хақында // «Айқап», №6, Б. 6-10, 1911.
8. Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп // «Айқап», №6, 1911.
9. Байтұрсынұлы А. Қазақ әм түрлі мәселелер // «Айқап», 1911.
10. Байтұрсынұлы А. Закон жобасының баяндамасы // «Айқап», 1911.
11. Байтұрсынұлы А. Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы нызамдар, бұйрықтар // «Айқап», №9, Б. 9-13, 1911.

#### 1912

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ жерін алу турасындағы нызам (Жалғасы, басы №9) // «Айқап», №10, Б. 14-16, 1912.
2. Байтұрсынұлы А. Шәйіман мырзаға (Ш.Жияшевтің 1912-ші жылы №6-7-ғы «Бірге қозғалайық» мақаласына жауабы) // «Айқап», №9, Б. 212-214, 1912.
3. Байтұрсынұлы А. Шәйіман мырзаға (Жалғасы, басы өткен санда) // «Айқап», №10, Б. 229-233, 1912.
4. Байтұрсынұлы А. Шәйіман мырзаға (Жалғасы, басы өткен сандарда) // «Айқап», №11, Б. 251-254, 1912.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақ һәм төртінші Дума // «Айқап», №12, Б. 259-262, 1912.

#### 1913

1. Байтұрсынұлы А. Құрметті оқушылар! // «Қазақ», №1, 2 ақпан 1913.
2. Байтұрсынұлы А. Жақын арада басылып шыққан кітаптар әм шығатын кітаптар // «Қазақ», №1, 3, 1913.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақтың тарихы (Қолқ.: Түрік баласы) // «Қазақ», №4, 10 ақпан 1913.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушыларға // «Шора», №4, Б. 110-113, 1913.
5. Байтұрсынұлы А. Бес мың десетина жер // «Қазақ», №6, 1913.
6. Байтұрсынұлы А. Басқосу турасында // «Қазақ», № 8, 1913.
7. Байтұрсынұлы А. Тағы да народный сот хақында // «Қазақ», №8-9, 1913.
8. Байтұрсынұлы А. Оқу жайы // «Қазақ», №11, 21 сәуір, 1913.
9. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан // «Қазақ», №14, 16 мамыр 1913.
10. Байтұрсынұлы А. Орыс «мейірманшылығы» // «Қазақ», 1913.
11. Байтұрсынұлы А. Білім жарысы // «Қазақ», №16, 31 мамыр 1913.
12. Байтұрсынұлы А. Білім жарысы хақында // «Қазақ», 1913.
13. Байтұрсынұлы А. Бас қосу турасында // «Қазақ», №18, 16 маусым 1913.
14. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал (Аударма өлең туралы) // «Қазақ», №18, 19 маусым 1913.
15. Байтұрсынұлы А. Көшпелі һәм отырықшы норма // «Қазақ», №20, 29 маусым 1913.
16. Байтұрсынұлы А. Шаруа жайынан // «Қазақ», №24, 31 шілде 1913.
17. Байтұрсынұлы А. Шемство // «Қазақ», №25, 8 тамыз 1913.
18. Байтұрсынұлы А. Орысша оқушылар // «Қазақ», № 26, 15 тамыз 1913.
19. Байтұрсынұлы А. Қазақ жерін алу турасындағы нызам // «Қазақ», №29-30, 1913.
20. Байтұрсынұлы А. Мұсылмандар үшін Петерборда болатын кеңес жиылысы // «Айқап», 1914.
21. Байтұрсынұлы А. Ауру жайынан. // «Қазақ», №27, 25 тамыз 1913.
22. Байтұрсынұлы А. Оқыту жайынан // «Қазақ», №29, 7 қыркүйек 1913.
23. Байтұрсынұлы А. Қазақ жерін алу турасындағы нызам // «Қазақ», №29, 30. 1913.
24. Байтұрсынұлы А. Жауап хат (Қол қ.: Ахмет) (Сейдалин Жиһаншаның сиез туралы мақаласына жауап) // «Қазақ», №30, 14 қыркүйек 1913.
25. Байтұрсынұлы А. Жауап хат (Қол қ.: Ахмет) // «Қазақ», №31, (Жалғасы, басы өткен санда), 21 қыркүйек 1913.
26. Байтұрсынұлы А. Уақ қарыз // «Қазақ», №32, қазан 1913.
27. Байтұрсынұлы А. Егін егу (Қол қ.: А.) // «Қазақ», №33, 9 қазан 1913.
28. Байтұрсынұлы А. Жер жалдау жайынан // «Қазақ», №34, 1913.
29. Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ», №34, 16 қазан 1913.
30. Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ», №35, (Жалғасы, басы №34-ге), 24 қазан 1913.
31. Байтұрсынұлы А. Бас қосуға рұқсат берілмеді // «Қазақ», №35, 24 қазан 1913.
32. Байтұрсынұлы А. Жазу мәселесі (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ», №36, (Соңы, басы өткен сандарда), 31 қазан 1913.
33. Байтұрсынұлы А. Орынбор әм 31 октәбір // «Қазақ», №36, 31 қазан 1913.
34. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // «Қазақ», №39, 23 қараша 1913.
35. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // «Қазақ», №40, (Жалғасы, басы өткен санда), 30 қараша 1913.
36. Байтұрсынұлы А. Алаш азаматтарына (М.Дулатұлымен бірге) // «Қазақ», №42, 15 желтоқсан 1913.
37. Байтұрсынұлы А. Бас қосу турасынан // «Қазақ», №42, 15 желтоқсан 1913.
38. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // «Қазақ», №43, (Соңы, басы өткен сандарда), 22 желтоқсан 1913.

#### 1914

1. Байтұрсынұлы А. Мұсылмандар үшін Петерборда болатын кеңес жиылысы (Қол қ.: А.Б.) // «Айқап», №7, Б. 112-114, 1914.
2. Байтұрсынұлы А. Жаңа кітаптар («Оқу құралы» кітабының 2-рет басылуы туралы) // «Айқап», №9, Б. 153-154, 1914.
3. Байтұрсынұлы А. Ғұлама // «Қазақ», 20 қаңтар 1914.
4. Байтұрсынұлы А. Роман не нәрсе? // «Қазақ», №48, 31 қаңтар 1914.
5. Байтұрсынұлы А. «Аңдаспаған мәселе» турасында (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ», №48, 31 қаңтар 1914.
6. Байтұрсынұлы А. Қазақ оқырмандарына арнау сөз // «Қазақ», №49, 2 ақпан 1914.

7. Байтұрсынұлы А. Қазақ әм түрлі мәселелер // «Қазақ», №49, 2 ақпан 1914.
8. Байтұрсынұлы А. Губернатор өзгертілуі (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ», №50, 14 ақпан 1914.
9. Байтұрсынұлы А. «Маса» (Жинақтың екінші рет басылуы) // «Қазақ», №50, 14 ақпан 1914.
10. Байтұрсынұлы А. Досмайыл қажыға ашық хат (М.Дулатовпен бірге) // «Қазақ», №52, 28 ақпан 1914.
11. Байтұрсынұлы А. Наурыз құтты болсын! // «Қазақ», №53, 9 наурыз 1914.
12. Байтұрсынұлы А. Қазақ хәм түрлі мәселелер // «Қазақ», №59, 23 сәуір 1914.
13. Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп // «Қазақ», № 61, 9 мамыр 1914.
14. Байтұрсынұлы А. Мектеп керектері // «Қазақ», №62, 17 мамыр 1914.
15. Байтұрсынұлы А. Ән, өлең хәм оның құралы // «Қазақ», №67, 23 маусым 1914.
16. Байтұрсынұлы А. Соғысушы патшалар (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ», №72, 31 шілде 1914.
17. Байтұрсынұлы А. Бұ заманның соғысы (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ», №73, 8 тамыз 1914.
18. Байтұрсынұлы А. Алашқа (Қол қ.: Ахмет, Міржақып, Қыр баласы) // «Қазақ», №78, 16 қыркүйек 1914.
19. Байтұрсынұлы А. Закон жобасының байандамасы (Жалғасты материал) // «Қазақ», № 79-80, 1914.
20. Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» (Оқулық туралы) // «Қазақ», №87, 1914.

#### 1915

1. Байтұрсынұлы А. Б.Л.Бурцев // «Қазақ», 1915.
2. Байтұрсынұлы А. Бұ қалай? // «Қазақ», № 91, 13 қаңтар 1915.
3. Байтұрсынұлы А. Құрметті оқушыларымыз! // «Қазақ», №93, 4 қаңтар 1915.
4. Байтұрсынұлы А. «ов» туралы // «Қазақ», №102, 8 ақпан 1915.
5. Байтұрсынұлы А. Жәрдем комитеті // «Қазақ», №107, 25 ақпан 1915.
6. Байтұрсынұлы А. Жәрдем комитеті (Жалғасы, басы өткен санда) // «Қазақ», №108, 28 ақпан 1915.
7. Байтұрсынұлы А. Газетімізге штраф // «Қазақ», №115, 31 наурыз 1915.
8. Байтұрсынұлы А. Ержан Айманұлы (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ», №129, 23 мамыр 1915.
9. Байтұрсынұлы А. Екі қажы (Қол қ.: А.Б.) // «Қазақ», №139, 30 маусым 1915.
10. Байтұрсынұлы А. Шаруалық өзгерісі (Жалғасты материал) // «Қазақ», №145-148, 158, 161, 163, 1915.
11. Байтұрсынұлы А. Ауқатты Алаш азаматтарына! // «Қазақ», №151, 30 қыркүйек 1915.
12. Байтұрсынұлы А. Дағдарыс (Өлең. Қол қ.: Байқаушы) // «Қазақ», №161, 16 желтоқсан 1915.
13. Байтұрсынұлы А. Қойан (Өлең. Қол қ.: Байқаушы) // «Қазақ», №163, 31 желтоқсан 1915.

#### 1916

1. Байтұрсынұлы А. Туған тілім (Өлең. Қол қ.: Байқаушы) // «Қазақ», №167, 31 қаңтар 1916.
2. Байтұрсынұлы А. Шекіспей бекіспейді // «Қазақ», №167, 31 қаңтар 1916.
3. Байтұрсынұлы А. Тағы не істеуге? Петроград хаты // «Қазақ», №173, 16 наурыз 1916.
4. Байтұрсынұлы А. Қазаққа ашық хат (Мал есебі туралы) (Әлихан, Міржақыптармен бірге) // «Қазақ», №174, 23 наурыз 1916.
5. Байтұрсынұлы А. Орынбор әм 8-іуіл (Тыл жұмысына алу мәселесі) // «Қазақ», №188, 8 шілде 1916.
6. Байтұрсынұлы А. Қазақ жұртына (Әлихан, Міржақыптармен бірге) // «Қазақ», №192, 11 тамыз 1916.
7. Байтұрсынұлы А. Алаш азаматтарына! Мұсылман фракциясына Петроград хаты. (Әлихан, Міржақыптармен бірге) // «Қазақ», №192, 11 тамыз 1916.
8. Байтұрсынұлы А. Сібір депутаттарының мәжілісінде // «Қазақ», №192, 11 тамыз 1916.
9. Байтұрсынұлы А. Орынбор хәм 31 октәбір // «Қазақ», №203, 31 қазан 1916.
10. Байтұрсынұлы А. Торғай әм Ырғыз халқына (Міржақып, Сейдәзім, Мұхамедиярлармен бірге) // «Қазақ», №207, 1916.

#### 1917

1. Орынбор, 2-ші пеуірәл // «Қазақ», 9 ақпан 1917.
2. Байтұрсынұлы А. Бостандық қарызы (Әлихан, Міржақыптармен бірге) // «Қазақ», №227, 26 сәуір 1917.
3. Байтұрсынұлы А. Күтілмеген көсемдік // «Қазақ», №232, 3 маусым 1917.
4. Байтұрсынұлы А. Алаш азаматтарына (М.Дулатұлымен бірге) // «Қазақ», №233, 11 маусым 1917.
5. Байтұрсынұлы А. Шорай ислам. Жалпы мұсылман сиезі (Ахмет, Әлихан, Міржақып, Қадырбаев Сейдәзім, Омаров Елдес, Әлімбаев Имам, Бегіметов Нысанәлі) // «Қазақ», №233, 11 маусым 1917.
6. Байтұрсынұлы А. Қазақ халқына // «Қазақ», №234, 24 маусым 1917.
7. Байтұрсынұлы А. Бұ заманның соғысы // «Қазақ», 1917.
8. Байтұрсынұлы А. «Алаш» партиясы // «Қазақ», №244, 5 қазан 1917.
9. Байтұрсынұлы А. «Алаш» партиясы // «Қазақ», №250, 14 қараша 1917.
10. Байтұрсынұлы А. «Алаш» партиясының програамасының жобасы // «Қазақ», №251, 21 қараша 1917.
11. Байтұрсынұлы А. «Алаш» партиясы // «Қазақ», №253, 2 желтоқсан 1917.

#### 1919

1. Байтұрсынов А. Революция и киргизы // «Жизнь национальностей» №29, 3 августа 1919.

#### 1920

1. Байтұрсынов А. Заявление о вступлении в члены РКП(б) // Известия Киргизского края, 15 апреля 1920.
2. Байтұрсынұлы А. Лениннің елу жасы // «Ұшқын», №22, сәуір 1920.
3. Байтұрсынұлы А. Ұлы жиын // «Ұшқын», №78, 11 қазан 1920.

#### 1921

1. Байтұрсынов А. Еще о голоде в Киргизии (Казахстан) // «Жизнь национальностей», 25 октября 1921.

#### 1922

1. Байтұрсынов А. Речь (Зам. наркомпроса КССР на I Всекиргизском съезде работников народного образования 18 мая 1922 года) // «Степная правда», 21 мая 1922.
2. Байтұрсынұлы А. Қалам қайраткерлері жайынан // «Еңбекші қазақ», №29, 8 шілде 1922.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақты ағарту халімізден // «Ақжол», 14 шілде 1922.
4. Байтұрсынов А. Выступление к открытию «Дома печати» в Оренбурге 24 сентября 1922 года // «Степная правда», 26 сентября 1922.
5. Байтұрсынов А. Просвещение и голод // «Степная правда», 28 сентября 1922.
6. Байтұрсынұлы А. Тәні саудың – жаны сау// Қазақ күнтізбесі. Орынбор, 1922.

#### 1923

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек // «Қызыл Қазақстан», №14, Б. 12–13, ақпан 1923.
2. Байтұрсынұлы А. Алты миллион қазаққа алты ат // «Қызыл Қазақстан», №14, Б. 12–13, ақпан 1923.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақша жазу туралы жаңа ережелер (Е.Омаровпен бірге) // «Еңбекші қазақ», 19 ақпан – 22 наурыз 1923.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақша жазу тақырыпты жаңа жазу ережелері (Е.Омаровпен бірге) // «Қазақ тілі», 22 наурыз 1923.

#### 1925

1. Байтұрсынұлы А. «Жаңа мектепті» шығару керек болды // «Жаңа мектеп», №1, Б. 3–6, 1925.
2. Байтұрсынұлы А. Баулу мектебі // «Жаңа мектеп», №1, Б. 22–27, 1925.
3. Байтұрсынұлы А. Енді «қазақ» демей болмайды // «Ақжол», 17 сәуір 1925.
4. Байтұрсынұлы А. Қазақстан мен Қазағыстан туралы // «Еңбекші қазақ», 19 мамыр 1925.
5. Байтұрсынұлы А. Қара-Өзек ауданында «Жетілік» базар болса екен (Қол қ.: «А.Б.») // «Еңбекші қазақ», №364, 7 қыркүйек 1925.
6. Байтұрсынұлы А. Жокшыға дерек // «Еңбекші Қазақ», 14 желтоқсан 1925.
7. Байтұрсынұлы А. 1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде емле жөнінде сойлеген сөзі // Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Орынбор, 1925.–118 б., Б. 27–31, 44; 47–48, 49; 53–55; 71–72.
8. Байтұрсынұлы А. 1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде алфавит жөнінде жасаған байандамасы // Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Орынбор, 1925.–118 б., Б. 55–65.
9. Байтұрсынұлы А. Әліб-бій тақырыпты байандамасы: жобасы // Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Орынбор, 1925.-118 б., Б. 55-65; 71-73.

#### 1926

1. Байтұрсынұлы А. Латын әліппесінің керексіздігі // «Еңбекші қазақ», 19 желтоқсан 1926.
2. Байтұрсынұлы А. Латын әліппесін алу туралы // «Еңбекші қазақ», 30 желтоқсан 1926.
3. Байтұрсынұлы А. Түрікшелер құрылтайы // «Жаңа мектеп», № 7–8, Б. 43–50, 1926.
4. Байтұрсынұлы А. Желкек // «Жаңа мектеп», № 7–8, 1926.
5. Байтұрсынов А. Тезисы о терминологии на тюркских языках // Бюллетень организационной комиссии по созыву I-го Всесоюзного тюркологического съезда №2, С. 20–22. – Баку, 1926.
6. Байтұрсынов А. Выступления в прениях: Об орфографии // Первый всесоюзный тюркологический съезд. Общество Обследования и Изучения Азербайджана (стенографический отчет). – Баку, Б. 167–168; 286–289, 26 марта 1926.
7. Байтұрсынов А. Доклад о принципах казахской терминологии // Первый всесоюзный тюркологический съезд. Общество Обследования и Изучения Азербайджана (стенографический отчет). – Баку, Б. 203–208, 26 марта 1926.
8. Байтұрсынов А. Заключительное слово как докладчика // Первый всесоюзный тюркологический съезд. Общество Обследования и Изучения Азербайджана (стенографический отчет). – Баку, Б. 395–396, 26 марта 1926.
9. Байтұрсынұлы А. Қазақстан құрылысының жаңа дәуірі // «Еңбекші Қазақ», №225–226, 12–13 қазан 1926.

#### 1927

1. Байтұрсынұлы А. Араб әліб-бійін жақтаған байандамасы // Әліппе айтысы. Б. 16–29., – Қызылорда, 1927.
2. Байтұрсынұлы А. Түзетілген әріп // «Жаңа мектеп», №1, Б. 32–36, 1927.
3. Байтұрсынұлы А. Дыбыстарды жіктеу туралы // «Жаңа мектеп», № 5, Б. 65–70, 1927.
4. Байтұрсынұлы А. Ана тілінің әдісі // «Жаңа мектеп», № 9, Б. 23–31, 1927.
5. Байтұрсынұлы А. Жалқылау (айырыңқы) әдіс // «Жаңа мектеп», № 11–12, Б. 45–49, 1927.
6. Байтұрсынұлы А. Ел мектебі // 29 желтоқсан 1927.-1928-
1. Байтұрсынұлы А. Жалқылаулы-жалпылау әдісі // «Жаңа мектеп», № 1, Б. 31–37, 1928.
2. Байтұрсынұлы А. Қай әдіс жақсы // «Жаңа мектеп», № 4, Б. 3–11, 1928.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек? // «Қызыл Қазақстан», №4, Б. 3–11, 1928.
4. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // «Еңбекші қазақ», №21, 26 қаңтар 1928.
5. Байтұрсынұлы А. Тағы да жат сөздерді қолдану туралы // «Еңбекші қазақ», №109, 17 мамыр 1928.
6. Байтұрсынұлы А. Қазақ университетінің ашылуы (А.Байтұрсынұлының құттықтау сөзі) // «Еңбекші қазақ», №225, 4 қараша 1928.

#### 1929

1. Байтұрсынұлы А. Емле туралы // «Еңбекші қазақ», 27 наурыз 1929.
2. Байтұрсынұлы А. «Жауға түскен жан сөзі», «Қарқаралы қаласына», «Жұртыма» // «Сарыарқа самалы», 28 қаңтар 1933.

#### 1989–2009 жылдары қайта басылған туындылары:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары (Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер). – А.: Жазушы, 1989.–320 б.;
2. Боздағым. (Қазақтың жоқтау жырлары). – А.: Жазушы, 1990.–304 б.;
3. Байтұрсынов А. Ақ жол (Өлеңдер, тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу). – А.: Жалын, 1991.–464 б.;
4. Байтұрсынов А. Оқу құралы. Қазақша алифба. – Бишкек: Периодика, 1991.–97 б.;
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – А.: Ана тілі, 1992.–448 б.;
6. Байтұрсынұлы А. Жоктау (Құраст.: А.Байтұрсынов атындағы қоғамдық қор). – А.: Қазақстан, 1993.–96 б.;
7. Байтұрсынұлы А. Жан сөзімді кім түсінер?: Маса. Өлеңдер; Қырық мысал. Аудармалар. (Құраст.: А.Байтұрсынов атынд. ҚҚ). – А.: Қазақстан, 1993.–112 б.;
8. Байтұрсынұлы А. Жаңа низам. – А.: Жеті жарғы, 1996.–128 б.;
9. Байтұрсынұлы А., Әліб-бей. Жаңа құрал. – А.: Рауан, 1998.–120 б.;
10. «Қазақ» газеті. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1998.–560 б.;
11. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. – А.: Жібек жолы, 2002.–208 б.;
12. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – А.: Атамұра, 2003.–208 б.;
13. Байтұрсынов А. Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – А.: Атамұра, 2003.–224 б.;
14. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-т. (Өлеңдер, әдеби-ғылыми зерттеулер). – А.: Алаш, 2003.–408 б.;
15. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 2-т. (Оқу құралы, хрестоматия. Т.Шонанұлымен бірге). – А.: Алаш, 2004.–480 б.;
16. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-т. (Тіл-құрал: Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – А.: Алаш, 2005.–352 б.;
17. Байтұрсынұлы А. Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. «Алтын қор» кітапханасы. – А.: Раритет, 2005.–208 б.;
18. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-т. (Әліппелер мен мақалалар жинағы). – А.: Алаш, 2006.–320 б.;
19. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. (Ер Сайын, 23 жоқтау, мақалалар). – А.: Алаш, 2006.–288 б.;
20. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – ҚХР, Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2006.–272 б.;
21. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. А.: Сардар, 2009.–348 б.

#### ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕР Шығармашылық мұрасынан қорғалған кандидаттық диссертациялар

1. 1992 жылы – Ө.Ә.Әбдиманов. «Литературно-публицистическая деятельность Ахмета Байтурсынова» («Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-публицистикалық қызметтері»). Орыс тілінде;
2. 1992 жылы – Б.Қ.Момынова. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық саяси лексика»;
3. 1994 жылы – Т.Қ.Шаңбаев. «Мысал жанрының стилі мен тілі» (Ахмет Байтұрсынұлы «40 мысал»);
4. 1994 жылы – Н.Т.Машқанова. «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазушының реформаторы»;
5. 1995 жылы – А.С.Қыдыршаев. «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»;
6. 1998 жылы – Қ.Ө.Сақов. «Қазақ» газетіндегі ұлттық саяси мәселелердің жазылуы»;
7. 1999 жылы – Р.С.Үсембаева. «Ахмет Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу»;
8. 1999 жылы – К.М.Ілиясова. «1917-1979 ж.ж. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдері және олардың орындалуы (1917-1918)». Тарихи талдау;
9. 2000 жылы – Б.И.Иманбекова. «Ахмет Байтұрсыновтың тәлімдік ой-пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізу жолдары»;
10. 2000 жылы – Қ.Атабаев. «Қазақ баспасөзі қазақ тарихының дерек көзі (1870-1918)»;
11. 2001 жылы – К.Т.Ыбырайжанов. «Ахмет Байтұрсыновтың білім жайлы педагогикалық мұралары»;
12. 2002 жылы – Ж.Т.Байтелесова. «Роль публицистики Ахмета Байтурсынова в формировании общественного сознания» – «Қоғамдық сананы қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлы публицистикасының ролі» орыс тілінде;
13. 2003 жылы – Қ.Н.Ашекеева. «Ахмет Байтұрсыновтың философиялық көзқарастары»;
14. 2004 жылы – Г.Ш.Ерназарова. «Қазақ публицистика тілінің дамуындағы Байтұрсынұлы кезеңі»;
15. 2005 жылы – Қ.Ш.Ибраймов. «Ахмет Байтұрсынов еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері»;
16. 2006 жылы – Р.С.Имаханбетова. «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде)»;
17. 2007 жылы – Г.О.Абитова. ««Ер Сайын» жырының поэтикасы»;
18. 2007 жылы – Ұ.О.Еркінбаев. «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» XX ғасыр басындағы әдебиеттану контекстінде»;
19. 2008 жылы – Х.Айтжанов. ««Қазақ» газетіндегі әдебиет мәселелері»;
20. 2009 жылы – Г.М.Тұрғараева. «Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1872 –

1937 ж.ж.);»;

21. 2010 жылы – А.Т.Ойсылбай. «Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері».

### **Шығармашылық мұрасы, қоғамдық қайраткерлігі туралы қорғалған кандидаттық диссертациялар:**

1. 1992 жылы – Ш.Мәжітаева. «XX ғасырдың 20-30 жылдардағы қазақ тілінің әлеуметтік және лингвистикалық сипаттамасы (мерзімді баспасөз материалдарының негізінде)»;
2. 1993 жылы – Ж.Смағұлов. «Қазақтың әдеби мұрасын игеру мәселелері (20-30-шы жылдар)»;
3. 1993 жылы – Ф.К.Қайырханова. «Қазақстанда мәдени ағарту мекемелері жүйесінің қалыптасуы және дамуы (1920-1932 ж.ж.)»;
4. 1995 жылы – С.Ж.Сапанов. «Қазақстандағы саяси сананың қалыптасуы мен даму мәселелері»;
5. 1995 жылы – К.А.Ахметова. «Көркем шығармадағы тарихи шындық (С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» негізінде)»;
6. 1996 жылы – Г.К.Жұмашева. «Жаңа мектеп» журналының тіліндегі терминдер»;
7. 1998 жылы – Т.Қ.Әуелгазина. «XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі»;
8. 1998 жылы – М.А.Басшыбаева. «Қазақстан Республикасының білім беру саясатының қалыптасуы»;
9. 1998 жылы – С.Б.Қоянбаева. «Қазақ тіл біліміндегі сөйлем мүшелері теориясының қалыптасуы (XX ғасырдың бірінші жартысы)»;
10. 1998 жылы – Л.Р.Нұрғалиева. «1917-1937 жылдардағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері баспасөзде: тарихнамалық зерттеу»;
11. 1999 жылы – Ә.К.Оңалбекова. «Қазақ ағартушыларының ұлттық сана сезімді қалыптастырудағы орны мен ролі»;
12. 1999 жылы – Н.Асқаров. ««Айқап» журналындағы саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени мәселелердің көрінісі»;
13. 2000 жылы – А.С.Мұсағалиева. «Халық ағарту комиссариаты қорының құжаттары: республика зиялыларының қызметі мен көзқарасы жөніндегі дерек көзі (1920-1936 ж.ж.)»;
14. 2000 жылы – Ш.К.Тухманова. «XX ғасыр басында қазақтың ұлттық саяси элитасының қалыптасуы»;
15. 2001 жылы – С.Ш.Мұсатаева. «Қазақстан Республикасының жалпы ұлттық идеяны қалыптастырудағы мемлекеттік саясаты»;
16. 2002 жылы – Б.С.Байменова. «Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы»;
17. 2002 жылы – Б.О.Қойшыбаев. «Орталық Азия Кеңес Республикаларының ұлттық-территориялық жіктелуі және қазақ саяси басшылығының ұлттық мемлекеттік түрін орнықтыру жолындағы ізденістері мен қызметі (1924-1926 ж.ж.)»;
18. 2002 жылы – Ш.Т.Омарбеков. «XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында саяси қуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарасы»;
19. 2002 жылы – Л.М.Хасанаева. «Қазақ мемлекетігін жаңғырту үшін күрес: түрлі көзқарастар мен саяси қозғалыстар тарихынан (1920-1936 ж.ж.)»;
20. 2002 жылы – А.С.Ысқақ. «Кеңестік қоғамдағы республикалық басқару органдарының қалыптасуы мен қызметінің тарихы (1920-1936 ж.ж.)»;
21. 2003 жылы – Қ.Ә.Айсұлтанова. «Қазақ тіліндегі терминжасамның ішкі көздері»;
22. 2003 жылы – А.Т.Қоңырова. «Қазақ тіл филологиялық терминдердің дамуы мен қалыптасу тарихы»;
23. 2004 жылы – Ж.Құрмамбаева. «Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік әдебиет стилінің қалыптасуы (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)»;
24. 2006 жылы – М.С.Салқынбаев. «XX ғасырдағы қазақ-араб әдеби байланыстары» (А.Байтұрсынұлы мысалдарындағы араби сарындар);
25. 2009 жылы – М.А.Көпбосынов. «И.А.Крылов мысалдарының аударылу тарихы».

### **Шығармашылық мұрасы, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлігі туралы қорғалған докторлық диссертациялар:**

1. Айтбаев Ө. Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қазақ тілінде қалыптасуы мен дамуы. – А., 1991.–350 б.;
2. Қойгелдиев М. Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905-1917 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі. – А., 1994.–547 б.;
3. Ысқақұлы Д. Қазақ әдеби сынының ғылыми негіздері. – А., 1994.–531 б.;
4. Ильцова А. Проблемы развития педагогической теории Казахстана. Автореферат. – А., 1997.–40 с.;
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі. Автореферат. – А., 1998.
6. Ісімақова А. XX ғасыр басындағы қазақ көркем прозасының поэтикасы (тақырыбы, жанры, стилі) – Поэтика казахской художественной прозы начала XX века (тематика, жанр, стиль). Автореферат. – А., 1998.
7. Абрарұлы М. Жақып Ақбаев және Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарасының эволюциясы. – А., 1998.–299 б.;
8. Момынова Б. Қазақ газеттерінің лексикасы: жүйесі мен құрылымы. Автореферат. – А., 1999.–44 б.;
9. Өзбекұлы С. ХҮІІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы саяси-құқықтық ой-пікірдің

тарихы және қайраткерлері. Автореферат. – А., 1998.–52 б.

10. Озғанбаев Ө. Ресейдегі Дума саясаты және XX ғасыр басындағы Қазақстан: нақтылы тарихи талдау (1905-1917). – А., 1998.–388 б.;

11. Мәжітаева Ш. XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – А., 2000.–247 б.;

12. Смағұл Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының дамуы және қалыптасу жолдары. Автореферат. – А., 2001.–50 б.;

13. Ақаев С. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. – А., 2002.–291 б.;

14. Қадыр Ә. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақ мәдениеті (мәдени революциялық концепциясы, идеологиясы, жүзеге асырылуы). – А., 2002.–313 б.;

15. Қамзабекұлы Д. Әдеби-тарихи процесс: ағымдар, концепциялар (ағартушылық кезең). – А., 2002.–365 б.;

16. Қуандық Е. Қазақстандағы «Кіші октябрь» бағыты: бастауы, барысы және салдары (тарихи саяси талдау). Тарих ғыл. докт. дисс. – А., 2002.–269 б.;

17. Ахметов Қ. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан мәдениеті. Тарих ғыл. докт. дисс. – А., 2004.–313 б.;

18. Әбдиманов Ө. Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты. Автореферат. – А., 2007.–45 б.;

19. Күмісбекова Д. Қазақ Орталық Атқару Комитетінің Кеңестік тоталитарлық мемлекеттік жүйенің қалыптасуы жолдарындағы қызметі (1920-1938 ж.ж.). – А., 2007.–155 б.;

20. Уәлиұлы Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – А., 2007.–330 б.

3 Ұлағатты ұлт ұстазы. Құраст.: Имаханбетова Р., Байдебеков Қ. – А.: Сардар, 2010. – 276+24 ж.б.

## ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДАР

(хронология бойынша)

### 1905

1. Петиция казахов Каркаралинского уезда Семипалатинской области // Сын Отечества. 4 октябрь 1905.

### 1909

1. Киргизский народный поэт в тюрьме // «Современное слово» №682, 19 ноябрь 1909. Газет қиындыларының бюросы. КР ОММ, 64-1-5832, 60-61-п/п.

2. Киргизский народный поэт в тюрьме // Русские ведомости №267, 1909.

3. Киргизский народный поэт в тюрьме // Вольнь №322, 1909.

4. Бекметов М. Киргизский поэт // «Оренбургский край» №374, 6 декабрь 1909.

### 1912

1. Жиашев Ж. Бірге қозғалайық // Айқап №6, Б. 138-140; №7, Б. 157-160, 1912.

2. Алашұлы Азамат (Дулатұлы М). Жазу тәртібі (А.Байтұрсынұлының емлесі туралы) // Айқап №8, 1912.

3. Авторсыз. Жаңа кітап // Айқап, №8, 1912.

### 1913

1. Сералин М. Шаһар Троицк, 15 гинуар 1913 жыл. // Айқап №1, 1-4, 1913.

2. Жақын арада басылып шыққан кітаптар һәм шығатын кітаптар. «Оқу құралы» // Қазақ, №1, 2 ақпан 1913.

3. Ғабдырахман Ф. Орынборда шығатын «Қазақ» туралы // Айқап №2, Б. 41-43, 1913.

4. Торайғырұлы С. Міне, алақай! («Қазақ» газетіне құттықтау-өлең) // Қазақ №4, 1 наурыз 1913.

5. Ішкі хабарлар. «Қазақ» газеті редакторы туралы // Айқап №3, 68 б.

### 1914

1. Авторсыз. Баспасөз // Айқап 1914.

2. Авторсыз. Шын сөзге жан паида // Айқап, №2, Б. 22-24, 1914.

3. «Маса». (Жинақтың екінші рет өңделіп басылуы туралы) // Қазақ, №50, 14 ақпан 1914.

4. Қыр баласы (Бөкейханов Ә). Ұят-ай! (Ахмет пен Міржақып) // Қазақ, №57, 16 наурыз 1914.

5. Оқу құралдары. (А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлының оқулықтары басылды) // Қазақ №59, 23 сәуір 1914.

6. Авторсыз. Шаһар Троицк, 1914 жыл, 15 пеуірал // Айқап №3, Б. 37-39, 1914.

7. «Тіл-құрал» оқулығы туралы // Қазақ №87, 23 қараша 1914.

8. Бөкейханов Ә. Он төрт тоғыз бола ма? // Қазақ №91, 24 желтоқсан 1914.

9. Тұйақбаев С. Кітаптар жайынан («Оқу құралына» сын мақала) // Айқап №5, Б. 84-86, №6, Б. 94-96, 1914.

10. Ынтымақшыл. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетасы // Айқап №9, Б. 144-146.

11. «Қазақ» газетасына ыштыраф // Айқап №20, 289 б., 1914.

### 1915

1. М.Д. (Дулатұлы М). «Тіл – құрал» (Ахметтің оқулығы туралы) // «Қазақ» №93, 4 қаңтар 1915.

2. «Тіл-құрал» (Оқулықтың шыққаны хабарланған) // Қазақ №104, 18 ақпан 1915.

3. «Тіл-құрал» оқулығы туралы // Қазақ №105, 18 ақпан 1915.

4. Желкек (Аймауытов Ж). Жазу мәселесі: «Тіл-құрал» оқулығы және «ү, ұ» әріптерінің жазылу емлесі // Қазақ №114, 28 наурыз 1915.

5. Борган (Болғанбаев Қ). Әдебиет кеші («Аргын» А.Байтұрсынұлының «Соқыр қыз», «Кәмшат бөрік» әнін салғаны туралы) // «Қазақ» №119, 15 сәуір 1915.

6. В.М.Т. Открытое письмо // Известия Киргизского края, 15 апреля 1920.

7. Қарасарт баласы Жардай. Қазаққа алалық қайдан келді // Айқап 1915.

8. Тоғысов К. Қайсынікі дұрыс? // Айқап №7-8, Б.105-107, 1915.

9. Авторсыз. Қазақ жайынан // Айқап 1915.
10. Мыс. (Сералин М). Роман жарысы туралы // Айқап 1915.
11. Тұйақбаев М. Мұғалімдерден өтініш («Оқу құралына» пікір жазу) // Айқап №11, Б. 160-161, 1915.
12. «Қазақ» газетасы // Айқап №13, Б. 200-201, 1915.
13. М.Д. (Дулатұлы М). Тіл-құрал: Қазақ тілі сарфі (Оқшау сөз) // Қазақ №93, 4 қаңтар 1915.

#### 1916

1. Әліппе басылып шықты. («Оқу құралының» үшінші рет басылып шыққаны хабарланған) // Қазақ №184, 9 маусым 1916.
2. Қыр баласы (Бөкейханов Ә). Қазақ әскерге алыну мәселесі (А.Байтұрсынұлының Петроград хаттарында) // Қазақ, 1916.
3. «Қазақ» ісі сенатта (Бас редактордың сенатқа арызы) // Қазақ №168, 9 ақпан 1916.

#### 1917

1. Сенатта бұзылған хукім (Ішкі хабарлар) // Қазақ №220, 1 наурыз 1917.
2. Әлімбаев И. Қазақ халқының тұңғыш сиезі // Қазақ №225, 12 сәуір 1917.
3. Міржақып (Дулатұлы М). «Қазақ» баспаханасы (Сатып алынған баспа, бағдарлама, редакторлар туралы) // Қазақ №239, 11 тамыз 1917.
4. Алаш партиясы // Қазақ №244, 5 қазан 1917.
5. Алаш партиясы атынан учредительное собрание аталған депутаттар // Қазақ №245, 19 қазан; №246-247, 21-28 қазан; №248-249, 3-8 қараша 1917.
6. Алаш партиясы // Қазақ №250, 14 қараша 1917.
7. Алаш партиясы // Қазақ №253, 2 желтоқсан 1917.
8. Алаш бірлігі (Жалпы қазақ сиезінің жұмысы. 5-13 желтоқсан) // Қазақ №257, 31 желтоқсан 1917.

#### 1918

1. Қырық мысал (Крыловтан аударған А.Байтұрсынұлы) // Қазақ №18-19, 16-22 шілде 1918.
2. Майлин Б. Алашордаға // Қазақ №262, 30 шілде 1918.

#### 1919

1. Самойлович А. Литература турецких народов // Литературы Востока. Вып. I. – Петербург, 1919.

#### 1920

1. Шамиль М. (Сейфуллин С). О казахский интелегенции // Жизнь национальностей, 25 ноября 1920.

#### 1922

1. Дулатов М. Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов (Биографический очерк) // Труды Общества изучения Киргизского края. Выпуск 3, Оренбург, 1922., С.15-25.
2. Омаров И. Ученая деятельность А.Байтұрсунова // Труды Общества изучения Киргизского края. Выпуск 3, Оренбург, 1922., С. 7-16.
3. Ш-Н. Лайықты кошамет // Ақ жол, 10 қыркүйек 1922.

#### 1923

1. Мадияр (Дулатұлы М). Баспасөзіміз не күйде // Еңбекші Қазақ №60, 11 қаңтар 1923.
2. М.Шамиль (Сейфуллин С). Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // «Еңбекші Қазақ» №64, 2 ақпан 1923.
3. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы // Ақжол №63, 4 ақпан 1923.
4. Басқармадан: Ақаңның юбилейі туралы // Ақжол №63, 4 ақпан 1923.
5. Айтиев А. Фактические поправки // Степная правда №33, 15 февраль 1923
6. Шамиль М. (Сейфуллин С). Тағы да Ахмет туралы // «Еңбекші Қазақ» 1923.
7. Мұқанұлы С. Қара тактаға жазылып жүрмендер, шешендер! // Еңбекші қазақ, 1 наурыз 1923.
8. Тайминер. (Дулатұлы М) Жаңа жазу ережелері (А.Байтұрсынұлының әліппеге енгізген жаңалықтарын жетілдіру, жаңа емлені талқылау, халыққа түсіндіру) // Қызыл Қазақстан №17-18, 1923.

#### 1924

1. Поливанов Е. Новая казак-киргизская (Байтұрсуновская) орфография // Бюллетень Средне-Азиатского государственного университета (Под ред: В.Г.Мухина, П.А.Баранова). Таш.6 1924., С. 35-43.
2. Мадияр (Дулатұлы М). Өтірік емес, рас // Ақ жол №176, 1924.

#### 1925

1. Затаевич А. 1000 песен киргизского народа: напевы и мелодии. Оренбург: КГИ 1925.-402., (А.Байтұрсынұлына қатысты беттер: 74, 88, 206-207, 240-246).

#### 1926

1. Кітап сыны (Қол қойған: «Н») // Еңбекші Қазақ, 17 маусым 1926.

#### 1928

1. Яковлев Ф. Математическая формула построения алфавита // Культура и письменность Востока. Книга I. – М., 1928., С. 41-64.
2. Сәбит (Мұқанұлы С) Былай гой // Еңбекші Қазақ, 26 қаңтар 1928., (А.Байтұрсынұлының өзіне берген жауабына қайтарған жауап).

#### 1929

1. Открытие письмо (О творчестве писателей казахов) // Советская степь, 19 апрель 1929.
2. Байдильдин А. Ложка дегтя в бочке меда // За партию №5-6, С.102-103, 1929.

#### 1930

1. Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынович. Кратк. биогр. справка. Подпись: А.С. // Литературная энциклопедия. (Отв.

Ред. В.М.Фриче). – М., 1930., Том 1., С. 305-306.

#### 1931

1. Казахский (Байтурсуновский) алфавит // Литературная энциклопедия. (Отв.ред.:Луначарский). Т. 5., – М., 1931., С. 23.

#### 1932

1. Тұрманжанов Ө. ҚазАПП-тың І-ші сиезі не деді? // Әдебиет майданы №4, 3 б., 1932.
2. Тогжанов Г. О Байтурсунов и байтурсуновщине. – А.-М., 1932., (18 стр); Большевик Казахстана №5, 1932.
3. Тогжанов Ф. Байтұрсынұлы және байтұрсынұлылар туралы // Қазақстан большевигі №4, Б. 21-28, 1932.
4. Маңызы ескіріп, қолданудан қалатын қазақ тіліндегі кітаптар тізімі // Жаңа мектеп №4-5, Б. 56-59, 1932.

#### 1933

1. Торайғыров С. Толық шығармалар жинағы. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1933.-344 б., (Тұтқындағы Байтұрсынның «Масасына». 14-б., Таныстыру. Б. 163-182. Поэма 140 шумақты, алғаш рет 1918 жылы Абай елінде жазылып, көпшілікке ұсынылған).

#### 1935

1. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории «Алаш-Орды». (Под ред.: Ваног В). – М.-А.-А., 1935.-149., С. 363-365.

#### 1967

1. Олуорд Э., Ян М., Мэнгес Х. Центральная Азия в век правления. – Нью-Йорк. (16 беті А.Байтұрсынұлына катысты)

#### 1970

1. Бейсембаев С. Ленин және Қазақстан (1897–1924). – А.: Қазақстан, 1970.-223 б. (А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов туралы. 33 б).

#### 1974

1 Байтурсунов Ахмет Байтурсунович. (Краткая биографическая справка). Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов. Дооктябрьский период. (Под редакцией и с введением А.Н.Кононова). – М.: Наука, 1974.-342 с., С. 115.

#### 1985

1. Казахи о русских до 1917 года. – Oxford: Общество исследования средней Азии, 1985.-92. (М.Дулатов. «Ахмет Байтурсунович Байтурсунов» Б.59-72; Ахмет Байтурсунов. Б.73-74).

#### 1988

1. Қайта оралған үш арыс // Лениншіл жас, 30 қаңтар 1988.
2. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер // Жұлдыз, Б. 140-167, 1988.
3. Кәкішев Т. Ойланар, сілкінер кез жетті // Жалын №5, Б. 41-50, 1988.
4. Қордабаев Т. А.Байтұрсынұнов – акын, аудармашы // Орталық Қазақстан, 31 қаңтар 1988.
5. Қордабаев Т. Қазақтың тұңғыш тіл маманы // Орталық Қазақстан, 9 тамыз 1988.
6. Қазақ ССР Прокуратурасынанда // Қазақ әдебиеті, 23 желтоқсан 1988.
7. Әсіпов С. Ұлттық ымыраға келудің басы еді... (Ғалым өмірінің кейбір кезеңдері) // А. ақшамы, 29 желтоқсан 1988.
8. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсынұновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеу туралы; ҚКОК-нің Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсынұновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссиясының қорытындысы (Комиссия мүшелері – 32 адам) // Социалистік Қазақстан №298(19173), 28 желтоқсан 1988.
9. М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсынұновтың, Ж.Аймауытовтың творчестволық мұрасы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде // Алматы ақшамы, 28 желтоқсан 1988.
10. Ахмет Байтұрсынұновтың арызы (А.Байтұрсынұлының коммунистік партия мүшелігіне өту туралы арызы жөнінде. Арыз қоса басылған. Орыс тілінен қазақшаланған нұсқасы) // Алматы ақшамы, 29 желтоқсан 1988.
11. Қордабаев Т. Қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы // Қазақстан мұғалімі, 30 желтоқсан 1988.

#### 1989

1. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны (Баспаға дайындаған: Әбдірахманов Т) // Қазақ әдебиеті, 1 қаңтар 1989 ж.
2. Қайдаров Ә., Сыздықова Р. Ғалым зерттеуші: Сан қырлы сандық дарын (А.Байтұрсынұлының ғылыми-зерттеу еңбектері жөнінде) // Социалистік Қазақстан, 4 қаңтар 1989.
3. Аманшаев Е. Үш арысты еске түсірді // А. ақшамы, 4 қаңтар 1989.
4. Дәуітов С. Ахмет Байтұрсынұнов (1873-1937) // А. ақшамы, 4 қаңтар 1989.
5. Әліппеден академияға дейін жол ашқан (Редакция тарапынан дайындалған) // Біздің Отан №2, қаңтар 1989.
6. Негимов С. Дархан дарын // Лениншіл жас, 5 қаңтар 1989.
7. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұнов // Қазақ әдебиеті, 6 қаңтар 1989 ж.
8. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсынұновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы // Қазақ әдебиеті, 6 қаңтар 1989.
9. Мұқаметханов Қ. Ахмет Байтұрсынұнов (Шығармашылығына шолу) // Семей, 6 қаңтар 1989.
10. Әкімов Т. Ахмет Байтұрсынұновтың құрметіне // Лениншіл жас, 12 қаңтар 1989.
11. Байғалиев Б. Қайта табысқан тағдырлар: Ахметтің кейбір өлеңдері мен аудармалары // Жетісу, 13 қаңтар 1989.
12. Мектепов А., Әнесов Ф. Халық перзенті // Өркен, 14 қаңтар 1989.
13. Мектепов А. Ғұлама ғалым // Өркен, 14 қаңтар 1989.



14. Қойшыбаев Б. Көзқарас эволюциясы // Қазақ әдебиеті, 27 қаңтар 1989.
15. Шаймерденов С. Жоғалтқанымызға жоқшы бола білейік // Қазақ әдебиеті, 20 қаңтар 1989.
16. Байғалиев Б. Ахмет Байтұрсынұлының кейбір өлеңдері мен аудармалары (Өмірі мен шығармашылығы жөнінде) // Коммунизм таңы, 21 қаңтар 1989.
17. Тасымбеков А. Қаршадай қызды қамауға алған // Өркен №3, 21 қаңтар 1989.
18. Бектұров Ж. Ахаң Арқада // Орталық Қазақстан, 29 қаңтар 1989.
19. Қуанышалин Ж. Ерте ме, кеш пе? // Өркен, 4 ақпан 1989.
20. Байтұрсынұлы А. Қазақ өкпесі. (Дайындаған: Нұрғалиев Р.) // Социалистік Қазақстан, 7 ақпан 1989.
21. Қазақ КСР ҒА Тіл білімі институтынан (А.Байтұрсынұлының мұрасы колдарында сақталып қалған азаматтар, сол еңбектерді институтқа тапсыруы туралы өтініші) // Қазақ әдебиеті, 10 ақпан 1989.
22. Садықов Д. Ұрпақтар парызы // Өркен, 11 ақпан 1989.
23. Мектепов А., Әнесов Ғ. Халық перзенті // Коммунизм жолы, 14 ақпан 1989.
24. Шұғыла шашқан үш тұлға (Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек) // Оңтүстік Қазақстан, 15 ақпан 1989.
25. М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы және Ж.Аймауытовтың творчестволық мұрасына арналған // Жалын, №2, 1989.
26. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді (Алаш зиялыларының ұрпақтарымен кездесу) // Жалын №2, Б. 2-8, 1989.
27. Мектепов А., Әнесов Ғ. Ана тілін түрлеген Ахаң // Жалын, №2, Б. 9-18, 1989.
28. Ысмағұлов Ж. Шын асылмен қайта қауыштық // Жалын, №2, 21-б., 1989.
29. Байтұрсынұлы А. Әліппе – таңбалар жұмағы // Жалын, №2, Б. 16-20, 1989.
30. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал (15 мысалы) // Жалын, №2, Б. 22-27.
31. Ахметқызы Ш. Темір тордан тасталған жұлдызша. («Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді» айдарымен) // Жалын, №2, Б. 4-5, 1989.
32. Байтұрсынұлы А. «Ер Сайын» (Баспаға дайындаған: Дәуітов С) // Алматы ақшамы, 20-24 ақпан 1989.
33. Әбдешов М. Халық қамқоршысы // Қазақ әдебиеті, № 3, ақпан 1989.
34. Рахманов М. Естен кетпес есімдер (М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытовтар туралы) // Коммунизм таңы, 24 ақпан 1989.
35. Салтанатты кеш (Қазақстан Жазушылар одағы А.Байтұрсынұлы шығармашылығы туралы) // Қазақ әдебиеті, 3 наурыз 1989.
36. Төлегенов Қ. Сол кезде айтқан екен қайран аға (А.Байтұрсынұлы экология, экономика туралы) // Өркен, 4 наурыз 1989.
37. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы туралы (Баспаға дайындаған: Кәкішев Т) // Коммунизм нұры, 8 наурыз 1989.
38. Кәкішев Т. Ахаң жайлы шындық // Коммунизм нұры, 8 наурыз 1989.
39. Кәкішев С. Қайта қауышу (естелік) // Коммунизм нұры, 8 наурыз 1989.
40. Рсымбетов Ж. Халқына қайта оралды (А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық қызметі туралы) // Оңтүстік Қазақстан, 17 наурыз 1989.
41. Дәуітов С. Ахаңның томымен қауышар күн жақын // Алматы ақшамы, 22 наурыз 1989.
42. Попов Орынбор Байтұрсынұлының Қарқарадағы жылдары // Орталық Қазақстан, 26 наурыз 1989.
43. Олар халқына қайта оралды // Мәдениет және тұрмыс №3, 13-б., 1989.
44. Байтұрсынұлы А. Лениннің 50 жасы (Баспаға дайындағандар: Әнесов Ғ., Мектепов А) // Қазақстан коммунисті №4, Б. 33-34, 1989.
45. Нұрпейісов К. Бүгінгідей көз алдымда // Лениншіл жас, 5 сәуір 1989.
46. Төрт арыс (Шәкәрім, Ахмет, Жүсіпбек, Мағжан. Дайындаған: Мұстафин Ғ.) // Қазақ әдебиеті, 14 сәуір 1989.
47. Қордабаев Т. Ахмет Байтұрсынұлы – Ыбырай Алтынсаринның ізбасары // Қазақстан мұғалімі, 21 сәуір 1989.
48. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек (А.Байтұрсынұлының әдеби, ғылыми мұрасы туралы) // Қазақ әдебиеті, 21 сәуір 1989.
49. Сайранбаев Т., Төлегенов А. А.Байтұрсынұлының морфологиялық еңбегі // Өркен, 29 сәуір 1989.
50. Нұрғалиев Р. Алыптар қайта оралғанда // Қазақстан коммунисті №4, Б. 84-94, 1989.
51. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері, №4, Б. 7-8, 1989.
52. Машқанова Н. Халық азаматы («Оқу құралы» туралы) // Қазақстан мектебі, №4, Б. 58-63, 1989.
53. Бектұров Ж. Ахаңнан қалған қазына // Еңбек туы, 3 мамыр 1989.
54. Бектұров Ж. Ахаң арнасы // Коммунизм таңы, 13 мамыр 1989.
55. Мәуленов С. Өзен ағысы – өмір ағысы // Алматы ақшамы, 23 мамыр 1989.
56. Кәкішев Т. Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы // Қазақ әдебиеті, 26 мамыр 1989.
57. Сманов Б. Асылдың сынығы (1924 жылы шыққан «Тіл-құрал» оқулығы туралы) // Қазақ әдебиеті, 26 мамыр 1989.
58. Дәуітов С. Айшықты мұң // А. ақшамы, 30 мамыр 1989.
59. Мектепов А. Халқына қайта оралғандар: Ахмет Байтұрсынұлы // Арай № 5, Б. 8-10. 1989.
60. Ахмет Байтұрсынұлы сабақтары // Пионер №5, Б. 12-14; №6, Б. 14-17, 1989.
61. Шәріпов Ә., Мыңжасарова К. Есімі қайта жанған ел ағасы // Жұлдыз, №6, Б. 204-208, 1989.
62. Кітапбаев Б. Ахметтің Ақ теңізде жазып берген өлеңі // Қазақ әдебиеті, 16 маусым 1989.
63. Жұртбаев Т. Шырмалған шындық немесе бір тергеудің тарихы // Өркен, маусым 1989.

64. Ахмедов Ф. Ахаңның өмір кезеңдері // Жұлдыз, №6, Б. 107-113, 1989.
65. Бектұров Ж. Қайда екен сол қағаздар (Ахметтің 1930 жылы айдауда жүргенде жазған қолжазбалары туралы) // Қазақ әдебиеті, 14 шілде 1989.
66. Абдуллин Ә. Халық ұлына құрмет // Коммунизм таңы, 22 шілде 1989.
67. Мырзахметов Қ. Тойға тарту (А.Байтұрсынұлына арнау-өлең) // Коммунизм таңы, 22 шілде 1989.
68. Мәуленов С. Ойшыл ақын, ғибратты ғұлама (Өлең) // Коммунизм таңы, 22 шілде 1989.
69. Шаяхметов А. Ағажан // Коммунизм таңы, 22 шілде 1989.
70. Илиясов Б. Торғайға наз (Ахаң арналған өлең) // Коммунизм таңы, 22 шілде 1989.
71. Аға туралы ән (А.Байтұрсынұлының әруағына арналған. Сөзі: А.Шаяхметов, Әні: Қ.Деріпсалдин) // Коммунизм таңы, 25 шілде 1989.
72. Әмірханов Ф. Ахаңның елінде // Коммунизм таңы, 25 шілде 1989.
73. Қайырбеков Ф. Ахаң туралы ой // Коммунизм таңы, 26 шілде 1989.
74. Әлжанов Ж. Қайта оралған қазына // Қазақ әдебиеті, 28 шілде 1989.
75. Салғарин Қ. Шын асыл иілмей сынады // Коммунизм таңы, шілде 1989.
76. Нұрмағамбетов Ә. Халықтың қамын ойлаған // Біздің Отан, №13, шілде 1989.
77. Бектұров Ж. Міржақып туралы (А.Байтұрсынұлының «Көк есектерге» деген өлеңін Міржақыптыкі деп қателескен – Р.И.) // Орталық Қазақстан, 3 тамыз 1989.
78. Сәрсембина Б. Айтылмай келген газет («Қазақ» басылымы туралы) // Коммунизм жолы, 9 тамыз 1989.
79. Салғарин К., Илиясов Б. Торғайдағы Ахмет Байтұрсынұлов күндері // Социалистік Қазақстан, 9 тамыз 1989.
80. Сайдуова Т. Иә, Ахмет Байтұрсынұлов есімі берілсе екен (Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтына А.Байтұрсынұлов есімінің берілуін қолдап жазған хат) // Қазақ әдебиеті, 11 тамыз 1989.
81. Нұрмағамбетов Ә. Ахмет Байтұрсынұлов // Еңбек таңы, №8, Б. 10-11, 1989.
82. Байтышев А. Оқысан ойға оралады (Шәймерден Ақтасұлының А.Байтұрсынұлы туралы әңгімесінен) // Коммунизм таңы, 8 қыркүйек 1989.
83. Жармұхамедов М. «Қазақ» газеті // Қазақ әдебиеті, 8 қыркүйек 1989.
84. Сыздықова Р. Ахаң өлең арнаған // Қазақ әдебиеті, 8 қыркүйек 1989.
85. Қайырбеков Ф. Қаламдастар атынан (Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтына А.Байтұрсынұлының есімін беру туралы) // Қазақ әдебиеті, 8 қыркүйек 1989.
86. Қордабаев Т. Ұстаз сыйлай білсек (Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтына А.Байтұрсынұлының есімін беру туралы) // Қазақ әдебиеті, 8 қыркүйек 1989.
87. Нұрмағамбетов Ә. Қырдаң ұшқан қыран еді (А.Байтұрсынұлының мұралары жайында) // Коммунизм таңы, 9 қыркүйек 1989.
88. Қордабаев Т. Бір сөзімен тұрса екен, жанса, күйсе... (А.Байтұрсынұловтың еңбектері туралы) // Орталық Қазақстан, 12 қыркүйек 1989.
89. Қирабаев С. Қуатты қалам, күрделі тағдыр // Жұлдыз №10, Б. 188-198, 1989.
90. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы көше // Қазақ әдебиеті, 20 қазан 1989.
91. Мұхаметханов Қ. Сурет сыры // Қазақ әдебиеті, 13 қазан 1989.
92. Мұсабаев Х. Ахаңның ақтық сөзі (Ахметтің 1937 жылы түрмеден Ф.Сатыбалдыұлына жазған хаты) // Орталық Қазақстан, 8 қараша 1989.
93. Тасымбеков А. Қуғын // А. ақшамы, 20 қараша 1989 ж.
94. Қырымқызы М. Америкадан дұғай сәлем // Қазақ әдебиеті, 24 қараша 1989.
95. Негимов С. Ғұлама ғибраты // Көкшетау правдасы, 3 қараша 1989.
96. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш (Баспаға әзірлеген: Мағауин М.) // Жұлдыз, №6, Б. 82-106; №7, Б. 101-118; №8, Б. 102-106; №9, Б. 102-116; №10, Б. 124-147.
97. Тасымбеков А. Қуғын (Ахметқызы Шолпанмен сұхбат) // Алматы ақшамы, 20 қараша 1989.
98. Кеңесбаев І. Ұстаз ғұламаның есімі мәңгі сақталсын. (Қазақ ССР ҒА Тіл білімі институтына А.Байтұрсынұлының есімін беру туралы) // Қазақ әдебиеті, 8 желтоқсан 1989.
99. Сейдақұлов М. А.Байтұрсынұловқа арналған кеш // Жетісу, 8 желтоқсан 1989.
100. Мырзағұлов Р. А.Байтұрсынұловқа арналған кеш // Қазақ әдебиеті, 8 желтоқсан 1989.
101. Мырзағұлов Р. А.Байтұрсынұловқа арналған кеш // Өркен, 9 желтоқсан 1989.
102. Кәкішев Т. Әр дарынның тарихта өз орны бар // Орталық Қазақстан, 12-13 желтоқсан 1989.
103. Қарамендин С. Ақиықтың бірі еді (Ахаң өмірі туралы көз көрген жайларды естігендерінен) // Лениншіл жас, 20 желтоқсан 1989.
104. Ахмет Байтұрсынұлов жолдастың арызы: РК (б)П Орынбор комитетіне (Редакция тарапынан қазақ тіліне аударылып, қайта басылуы) // Алматы ақшамы, 28 желтоқсан 1989.
1. Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсынұловтың әдеби мұрасы // ҚазССР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №1, Б. 22-31, 1990.
2. Ысмағұлов Ж. А.Байтұрсынұлов пен М.Дулатов творчествосындағы идеялық-көркемдік ізденістер // ҚазССР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №2, Б. 48-53, 1990.
3. Міржақыпқызы Г. Жазғандарымызға жауапты қарайық, ағайындар! // Қазақ әдебиеті, 2 ақпан 1990.
4. Міржақыпқызы Г. Ардақтап өтем әкемді // Жұлдыз №2, Б. 117-124, 1990.
5. Кәкішев С. Әкемдей еді Ахмет (естелік) // Жұлдыз №2, Б. 140-150, 1990.
6. Кәкішев С. Ахаң жайында айтар сөз көп // Алматы ақшамы, 6 ақпан 1990.

7. Кәкішев Т. Әр дарынның өз орны бар // Қазақ әдебиеті, 2 наурыз 1990.
8. Кәкішев Т. Әр дарынның өз орны бар // Көкшетау, 2 наурыз 1990.
9. Ілиясов Б. Тілек (Ахаңа арналған өлең) // Коммунизм таңы, 3 наурыз, 1990.
10. Кәкішев С. Әкемдей еді Ахмет (естелік) // Қазақстан мұғалімі, 8 наурыз 1990.
11. Дәуітов С. Ақ жүректен шыққан адал сөз // Қазақстан коммунисті, №4. Б. 52-56, 1990.
12. Әнесов Ғ., Мектепов А. Алматыда бір үй бар (Ғалым тұрған үйді музей етсе және Космановтар көшесіне есімі берілсе деген ұсыныс-тілек) // Алматы ақшамы, 2 қаңтар 1990.
13. Дәуітов С. Байтұрсынов әліппесі // Алматы ақшамы, 19 қаңтар 1990.
14. Әбенев Т. Мен едім аңсаған көптің бірі (арнау өлең) // Коммунизм таңы, 13 ақпан 1990.
15. Сарбалаев Б. Бес бәйтерек (Белгісіз қалмас үшін...) // Қазақ әдебиеті, 23 ақпан 1990.
16. Шаханова Р. Әйгілі «Балықшы мен балықты» аударған // Зерде, №2, Б. 40-41, 1990.
17. Түліков К. Халқымен қайта табысқан қаламгерлер (Ахмет, Мағжан, Жүсіпбектің шығармалары туралы) // Қазақ ССР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №3, Б. 68-69, 1990.
18. Балахметов Е. Ахмет Байтұрсыновтың шыққан тегі // Коммунизм таңы, 17 наурыз 1990.
19. Қайырбеков Ғ. Күміс мылтық үнгісі (А.Байтұрсынұлы туралы дерек) // Социалистік Қазақстан, 10 мамыр 1990.
20. Бафина Н. Асыл ағаларды суретке кім түсірді? // Қазақ әдебиеті, 18 мамыр 1990.
21. Субханбердина Ү. Әйгілі «Қазақ» газеті (Басылым материалдарынан түсінік және оның редакторы А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың еңбектері туралы) // Зерде, №5, Б. 40-42, 1990.
22. Ысқаков Д. Отыз жетінің ойраны («Халық жауы» деп қудаланған Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып және т.б. ақын-жазушылар туралы) // Жалын №6, Б. 83-89, 1990.
23. Әнесов Ғ., Мектепов А. 1916 жылдың дүрбелеңі «Қазақ» газетінде // Ана тілі, 7 маусым 1990.
24. Балахметов Е. Ахмет Байтұрсыновтың шыққан тегі // Алматы ақшамы, 13 маусым, 1990.
25. Ахметқызы Ш., Тоғанбаева Ш. Жарасы жүрегінің жазылмаған (А.Байтұрсынұлы туралы естелік. Жазып алған: Қунақова Р.) // Қазақстан әйелдері, №8, Б. 12-13, 1990.
26. Әнесов Ғ. Ахаң әліппелері // Ана тілі, 5 шілде, 1990.
27. Әлімжанов Ә. Ой өрісі // Социалистік Қазақстан, 13 шілде 1990.
28. Сөз арқауы – Ахмет (Әбішев Ә. «Ана тілін түрлендірген Ахаң»; Қирабаев С. «Ахметтің ақындығы»; Сыздықова Р. «Ахмет Байтұрсынов – қазақ тілі білімінің негізін салушы»; Қабдолов З. «Ахмет хәм әдебиеттің әліп-биі»; Ысмағұлов Ж. «Ахметтің аудармашылығы») // Қазақ әдебиеті, 20 шілде 1990.
29. Қордабаев Т. Бірі емес, өзі (Қазақ тілі білімінің негізін салушы А.Байтұрсыновтың еңбектері хақында) // Қазақстан мұғалімі, 20 шілде 1990.
30. Әмірханов Ғ. Ахаңның елінде («Южный» совхозына ғалымның аты берілді) // Коммунизм таңы, 25 шілде 1990.
31. Қоспаков З. Асыл жандар аялаған ән // Қазақ әдебиеті, 3 тамыз 1990.
32. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар (М.Жұмабаев, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров туралы. Дайындаған: Р.Сарғожин) // Қазақ әдебиеті, 10 тамыз 1990.
33. Қазақ Советтерінің тұңғыш съезі (Съезге – 70 жыл! Дайындаған: Р.Сарғожин) // Социалистік Қазақстан, тамыз 1990.
34. Сманов Б. Кімнен үйренуіміз керек? (Алаш зиялыларының оқулықтары туралы) // Социалистік Қазақстан, 2 қыркүйек 1990.
35. Неталиев М. Біздің «қауіптенгеніміз»... (Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек шығармалары баспада қалай дайындалды?) // Қазақ әдебиеті, 14 қыркүйек 1990.
36. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы (Қайта басылуы) // Жетісу, 15 қыркүйек 1990.
37. Мектепов А., Әбіш Қ. «Қазаққа» құрған қақпан көп // Өркен, 22 қыркүйек 1990.
38. Мектепов А. 1914-1916 жылдар дүрбелеңі // Алматы ақшамы, 27 қыркүйек 1990.
39. Батырбекова Р. Терен тамырлар (Шәкәрім, Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек туралы) // Жұлдыз, №9, Б. 198-201, 1990.
40. Сармурзин А., Қойгелдиев М. Халықтың жарық жұлдызы // Жұлдыз № 9, Б. 189-194, 1990.
41. Арманда кеткен ағалар аманаты (А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов туралы) // Көкшетау, 6 қазан 1990.
42. Машқанова Н. Байтұрсын мен Ақтас (1885 жылғы оқиға туралы мұрағат деректері) // Жұлдыз, №10, Б. 200-203, 1990.
43. Қожакеев Т. «Ары барға айтпай тиер кесек бар» (С.Қожанұлының Абай мен Ахметтің қазақ әдеби тілін жетілдіруі туралы еңбегі) // Алматы ақшамы, 20 қазан 1990.
44. Қойгелдиев М. Ахаңдар аялаған азаттық рухы // Қазақ әдебиеті, 1 қараша 1990.
45. Қожакеев Т. Алыптың өмірінен үш үзік сыр // Қазақ әдебиеті, 9 қараша 1990.
46. Шүкіранов М. Есте қалған екі кездесу (А.Байтұрсынов пен Т.Рысқұлов туралы) // Ақтөбе, 28-30 қараша 1990.
47. Мәуленов С. Өзен ағысы – өмір ағысы // Коммунизм таңы, 8 желтоқсан 1990.

#### 1991

1. Қирабаев С. Ахметтің ақындығы // ҚазССР ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №1, Б. 3-10, 1991.
2. Авторы көрсетілмеген. Қаншеңгел: Ахмет Байтұрсынұлының назасы. (Торғайлық Мұсабаев Хамитбектің «Ахаңның ақтық сөзі» атты толғауы. Бұл өлең 1989 жылы «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланған) // Сұхбат №2, 16 қаңтар 1991.
3. Қамзабекұлы Д. «Лайықты қошемет» (Ахаңа жасалған құрмет жайында) // Социалистік Қазақстан, 12 қаңтар

1991.

4. Дулатов М. Ахмет Байтұрсынов (Өмірбаяндық очерк) // Ана тілі, 24 қаңтар 1991.
5. Әлімов Қ. Ахаң мен Жахаң – қос арыс // Социалистік Қазақстан, 4 ақпан 1991.
6. Қосабаев Ж. Ахаң мен Жақаң қос арыс (Ахаң мен Жақаңның Торғайдағы әдеби-мемориалдық мұражайы жайында. Сұхбатты жүргізген: Әлімбаев К) // Социалистік Қазақстан, 6 ақпан 1991.
7. «Қаншеңгел» (Өлең авторы Мұсабаев Х., өлеңге алғы сөз жазған: Асқаров И) // Торғай таңы, 9 ақпан 1991.
8. Оралтай Х. Алаш – Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны // Азат, 12 ақпан 1991.
9. Байтұрсынұлы А. Суретші Хлудовтың картиналары бойынша қорытынды (Дайындаған: Мектептегі А) // Мәдениет №3, Б. 1-10., 1991.
10. Мұқанұлы С. Байтұрсынұлы Ахмет («Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі» атты кітаптан үзінді) // Парасат №4, 1991.
11. Ақаң жиган асыл сөз (Дайындаған: Уәлиұлы Н) // Қазақ тілі мен әдебиеті, №4, Б. 76-79, 1991.
12. Әлмағамбетұлы Б. Ақын жыры – тіл атасы // Сыр сандық, 2 сәуір 1991.
13. Қирабаев С. Ахметтің ақындығы // Алматы ақшамы, 17 мамыр 1991.
14. Оспанов С. Көзайым (А.Байтұрсынов жайындағы очерк) // Торғай таңы, 18 мамыр 1991.
15. Байғалиев Б. Ахаң және Орынбор // Дала дидары, 16-22 мамыр 1991.
16. Балахметов Е. А.Байтұрсыновтың шыққан тегі // Қазақ әдебиеті, 24 мамыр 1991.
17. Әбішұлы Ә. Жадымда қалған жатталып // Қазақ әдебиеті, 24 мамыр 1991.
18. Ахаң мен Жахаң – қос арыс // Социалистік Қазақстан, 25 мамыр 1991.
19. Әлжанов Ж. Өмір шындығын жырлаған // Торғай таңы, 28 мамыр 1991.
20. Ахмедов Ф. Университетке Ахаңның аты берілсін // Ана тілі, 30 мамыр 1991.
21. Кенжеахметов С. Озар ел арыстарын ардақтайды. (Торғай елінде өткен Ахаң-Жахаң күндерінен) // Ана тілі, 30 мамыр 1991.
22. Қабдолқайырұлы Ғ. Жаспен жусаң тарихың жазылар ма? (Ахмет пен Міржақыптың күндеріне орай) // Ана тілі, 30 мамыр 1991.
23. Абдуллин Ә. Боздағым // Торғай таңы, 31 мамыр 1991.
24. Торғайдан ұшқан қос қыран (Торғай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы К.Укинмен Ахаң мен Жақаң күндеріне орай сұхбат) // Қазақ әдебиеті, 31 мамыр 1991.
25. Укин К. Торғайдан ұшқан қос қыран (Торғай облыстық партия комитетінің бірінші хатшысымен Ахаң мен Жахаң күндеріне орай сұхбат) // Торғай таңы, 5 маусым 1991.
26. Абдуллин Ә. Темірқазық: Жаркешу жаңғырығы // Торғай таңы, 8 маусым, 1991.
27. Ахметқызы Ш. Көзім тіріде ұмыта алмаймын... // Торғай таңы, 8 маусым 1991.
28. Ахметұлы Ғ. Еске алу (өлең) // Торғай таңы, 8 маусым, 1991.
29. Әлжанов Ж. Ахмет Байтұрсынов туралы өзекжарды сөз // Торғай таңы, 8 маусым, 1991.
4. Байсалова Ш. Алдымда асқар тау боп сен тұрасың (Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелік) // Ана тілі, №4, 28 қаңтар 1993.
5. Момынова Б. «Қазақ» газеті және әдеби тіл // Ана тілі, 28 қаңтар 1993.
6. Сәрсенбайұлы Ә. Рухани көсем – пайғамбар (Ахмет аға туралы толғаныс) // Ана тілі, 28 қаңтар 1993.
7. Асқаров Қ. Қай әліппенің болашағы зор // Сарыарқа самалы, 28 қаңтар 1993.
8. Қайдари Ә., Айтбайұлы Ә. Ұлт мәдениетінің Хантәңірі // Егемен Қазақстан №23, 28 қаңтар 1993.
9. Наурызбаев Б. Көрнекті ағартушы, зерделі ғалым, сыршыл ақын // Торғай таңы, 28 қаңтар 1993.
10. Оразаев Р. «Қазақ» қайта шыға ма? // Қазақ әдебиеті, 28 қаңтар 1993.
11. Қордабаев Т. Көне шындыққа жаңа көзқарас // Халық кеңесі, 28 қаңтар 1993.
12. Ілдебаев Т. «Тән көмілер, көмілмес еткен ісім» // Арқа ажары, 28 қаңтар 1993.
13. Кіді С. Ардақты едің азаттық (А.Байтұрсынұлының 120 жылдық мерейтойы) // Ауыл, 29 қаңтар 1993.
14. Қозыбайұлы С. Ардақты Ахаң // Атырау, 29 қаңтар 1993.
15. Сейітов С. «Мңыридi» алғаш аударған Ахаң // Егемен Қазақстан, 30 қаңтар 1993.
16. Созақбаев С. Ахаң айтқан ақиқат // Жас алаш, 30 қаңтар 1993.
17. Субханбердина Ү. «Қазақ» газетіне 80 жыл // Халық кеңесі, 2 ақпан 1993.
18. Дәуітұлы С. Халқымыздың мұңын мұндап, жоғын жоқтап // Алматы ақшамы, 2 ақпан 1993.
19. Шаңбаев Т. Ұлы тіл, көркем кесте // Қазақ әдебиеті, 5 ақпан 1993.
20. Баялиев К. Ұлтымыздың ұлы тұлғасы // Ақ жол, 6 ақпан 1993.
21. Тасымбеков А. Әліппе – халық жауының кілті // Халық кеңесі, 6 ақпан 1993.
22. Субханбердина Ү. Қайта жанған шамшырақ // Қазақ №266, 11 ақпан 1993.
23. Бекбосынов М. Ұлттық баспасөзінің қарлығашы // Семей таңы, 16 ақпан 1993.
24. Мырзағұл М. Ұлт мақтаншы // Ақтөбе, 16 ақпан 1993.
25. Абдуллин Ә. Жарым жолдан қайтпасын деп // Торғай таңы, 18 ақпан 1993.
26. Мұсабаева Ж. Ахмет Байтұрсынов – лингвист // ҚР ҒМ-ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №2, Б. 17-21, 1993.
27. Әбдиманов Ә. Оянған сана үні // Ақиқат № 2, Б. 21-24, 1993.
28. Қыдыршаев А. А.Байтұрсынов әдістемесі // Жалын, №3, 52 б., 1993.
29. Сүйінұлы Ғ. Ахаңның аманатын ақтай алсақ // Жас алаш, 3 наурыз 1993.
30. Дениз Б. Газет неге «Қазақ» аталды? // Қазақ әдебиеті, 5 наурыз 1993.
31. Ілияс Б. Ахмет Байтұрсынұлының тұрған үйі (Қостанайдағы Ахаң тұрған үй туралы) // Егемен Қазақстан,

- 27 наурыз 1993.
32. Илияс Б. Құсалықпен өткен өмір (Ахаңның жары Бәдрисафаның соңғы күндері) // Егемен Қазақстан, 27 наурыз 1993.
33. Байтұрсынұлы Ахметтің ресми баяндамалары (Дайындаған: Қойгелдиев М) // Қазақстан тарихы №3, Б. 40-43, 1993.
34. Нұрпейісов К. Білімге бастап ел-жұртын // Егемен Қазақстан, 7 мамыр 1992.
35. «Тіл тағылымы» (А.Байтұрсынұлының қазақ тіліне қатысты оқулықтарының жинағы шықты) // Ана тілі, 7 мамыр 1993.
36. Мырзалы М. Ахаң жайлы естелік // Ақтөбе, 29 мамыр 1993.
37. Құрманова Н. Адамдық диқаншысы // Ақтөбе, 12 маусым 1993.
38. Шүленбаева Ұ. Таңқалдырған тіл аталымдары (А.Байтұрсынұлы түрлеген атау-сөздер) // Ана тілі, 1 шілде 1993.
39. Арыстанов К. Бір ғасыр бұрын // Қостанай таңы, 7 шілде 1993.
40. Әбдиманов Ө. Азаттықты ту етіп көтерген туынды // Жұлдыз №7, Б. 193-197, 1993.
41. Әбсадық А. Ахаң – дарынды публицист // Қостанай таңы, 17 қыркүйек 1993.
42. Байтұрсынұлы А. Қазақстан құрылысының жаңа дәуірі (Дайындаған: Сарғожин Р) // Егемен Қазақстан, 23 қазан 1993.
43. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсын және қазақ әліпбиі // Шалқар №40, қазан 1993.
44. Қыдыршаев А. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу // Қазақ тіл мен әдебиеті №10-11-12, Б. 28-34, 1993.
45. Сыздықова Р. Ахметтану: бүгін мен болашағы // Қазақ әдебиеті, 12 қараша 1993.
46. Сомжүрек Ж. Ақыл-ойдың асқар алыбы (Ғалымның 120 жылдық мерейтойы) // Торғай таңы, 7 желтоқсан 1993.
47. Байтұрсынұлы Ахметтің баталары (Ел аузынан жинаған Жақыпов Б) // Солтүстік Қазақстан, 25 желтоқсан 1993.

#### 1994

1. Измұқанов М. Ахмет Байтұрсынов әліпбиі (Қазақтың төл әліпбиі туралы) // Атырау, 4 қаңтар, 1994.
2. Абдуллина А. Абай және Ахмет // Торғай таңы, 20 қаңтар, 1994.
3. Қыдыршаев А. Алты миллион қазаққа алты ат (Ғалымның оқу-ағарту, әдістеме мәселелері жөнінде) // Ана тіл, 24 қаңтар 1994.
4. Нұргалиев Р. Сөз өнерінің ұлы зерттеушісі // Қазақ әдебиеті, 28 қаңтар 1994.
5. Сомжүрек Ж. Ақыл-ойдың алыбы (Ахаңның туғанына 121 жыл) // Сарыарқа №1, Б. 15-18, 1994.
6. Қыдыршаев А. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу // Қазақ тіл мен әдебиеті №1, Б. 39-43, 1994.
7. Дөңкабақ Орынбор «Ахаңның асыл әндері-ай» // Мәдениет №2, 6-6., 1994.
8. Кәкішев Т. Әдебиет саласындағы қайраткерлер // Ақиқат №2, 1994.
9. Машқанқызы Н. «Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ» // Қазақ тіл мен әдебиеті №4, Б. 97-102, 1994.
10. Ибатов Ә. Мен А.Байтұрсынұлының күйеу баласымын // Ана тілі, ақпан 1994.
11. Әмірханов С. Жазудың ұлттық үлгісі // Шалқар, 27 мамыр 1994.
12. Қыдыршаев А. А.Байтұрсынұлының әдіскерлігі хақында // Бастауыш мектеп №2, Б. 3-7, 1994.
13. Ахметова К. Сәкең мен Ахаң // Халық кеңесі № 1, шілде 1994.
14. Тасымбеков А. Ахметтің жары – Бадрисафа // Қазақ әдебиеті №29, 22 шілде, 1994.
15. Сүйінов А. Асылымыз Аханды ардақтайық (Ахаңның жұбайы жайында) // Қазақ әдебиеті, 22 шілде 1994.
16. Қозыбаев М. Ғасыр қасіретін арқалағандар (Қазақ халқының бас бостандығы, мемлекеттігі үшін күрескен алаш арыстары туралы) // Егемен Қазақстан, 12 тамыз 1994.
17. Ахметбекқызы Б. Мұғалімдерге көмек (Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері бойынша қазақ тілін орыс дәрісханаларында оқыту) // Қазақ тілі мен әдебиеті №5-6, Б. 96-101, 1994.
18. Қасенұлы Т. Ахаңның шығармашылық даралығы // Жұлдыз №7, Б. 181-185, 1994.
19. Созақбаев С. Ахмет Байтұрсынов құқықтық мемлекет туралы // Ақиқат №7, Б. 54-57, 1994.
20. Қыдыршаев А. Ахмет Байтұрсынұлы әліпшелерінің әдістемелік ерекшеліктері // Бастауыш мектеп №7-8, Б. 11-15, 1994.
21. Қордабаев Т. Ахаңды танып болдық па? // Халық кеңесі, 12 қазан 1994.
22. Кәкішев Т. Сын мен қисын сардары (Ахмет Байтұрсынұлы қазақ филологиясының негізін қалаушылардың бірі) // Ақиқат №12, Б. 78-81, 1994.

#### 1995

1. Қашқынбайұлы Ш. Рухани көсемдерімізбен қайта қауышу // Қостанай таңы, 11 ақпан 1995.
2. Шоймағамбет Ф. Түсіме Ахаң еніп жүр (Өлең) // Парасат №2, Б. 2-3, 1995.
3. Қордабаев Т. Ахметті танып болдық па? // Қазақстан мұғалімі, 15 наурыз 1995.
4. Қыдыршаев А. А.Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы // Ұлағат №3, Б. 94-98, 1995.
5. Сағадиев К. «Ғылымсыз гүмбір – түл» (Сұхбаттасқан: Мұртаза Ф) // Қазақ үні, наурыз 1995.
6. Сариева Р. Ахаң мен Жақан (Сталиндік нәубетке ұшыраған қос тұлға туралы) // Халық кеңесі, 6 шілде 1995.
7. Ысқақ Б. Аспанның ащы айқайы: Керек адам; Тағдыр (Ахмет пен Міржақыпқа арналған өлеңдер) // Жұлдыз №7-8, Б. 57-65, 1995.
8. Әлденев Б., Әлім Қ. Ахаң берген ақ бата // Егемен Қазақстан, 30 қараша 1995.
9. Қараева М. Ахмет аудармалары // Қазақ тілі мен әдебиеті №11-12, Б. 107-110, 1995.
10. Омарбеков Т. Голощекин тұсындағы Алаш қайраткерлерінің тағдыры (1928-30 ж. Алашордашыларға қарсы күрес) // Ақиқат №12, Б.30-34, 1995.

#### 1996

1. Әбдиманов Ө. Ұлылар үндестігі // Қазақ тілі мен әдебиеті №1, Б. 100-106, 1996.
2. Қыдыршаев А. Ғұлама ғалым, ақын қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы ана тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы // Ақтөбе, 3 ақпан 1996.
3. Мектептегі А. Қазақтың саяси көсемдері (Байтұрсынұлы А., Бөкейхан Ө., Дулатұлы М., Досмұхамедұлы Ж.-Х., Тынышпайұлы М., Шоқай М) // Қазақ елі, 16 ақпан 1996.
4. Аша Е., Бакбергенова Р. Қазақ тілінің негізін салушы алғашқы методист А.Байтұрсынұлы жайында // Түрік дүниесі. Тіл және әдебиет журналы №2, 1996.
5. Тұрғынбеков С. Атылып кеткен арыстар (Өлең) // Ана тілі, 29 ақпан 1996.
6. Қамзабекұлы Д «Ақанның алдында» // Қазақ әдебиеті №11, 12 наурыз, 1996.
7. Өзмұқанова А. Мұсылман мектептерінде // Қазақ тілі мен әдебиеті, №4, Б. 86-95, 1996.
8. Теміргалиева К. Алғашқы абайтанушы // Орталық Қазақстан, 2 сәуір, 1996.
9. Ахана арашашы (А.Байтұрсынұлына қатысты мұрағаттық деректер. Дайындаған: Қ.Исабаев) // Қазақ әдебиеті, 9 сәуір 1996.
10. Өзбекұлы С. Алаштың азаттығын аңсап өткен // Егемен Қазақстан, 9 сәуір 1996.
11. Сүйінұлы Ғ. Академик Алдамжаров Қостанай мемлекеттік университетінің негізін қалап, оған Ахмет Байтұрсынұлы есімінің берілуіне тікелей ұйытқы болды // Жас алаш, 17 тамыз 1996.
12. Сүлейман Ж. Арманы – ұлттың тәуелсіздігі // Ақиқат №8, 58 б., 1996.
13. Байтұрсынов А. Жазығым не? (Материалды әзірлеген: ҚР Президенті архивінің қызметкері Сүлейменов Ж) // Ақиқат №9, Б. 80-81, 1996.
14. Ілияс Б. Ақаң жүрген жерлермен (Саяхат-сапарнама) // Қостанай таңы, қараша-желтоқсан 1996.

#### 1997

1. Садуақасова А. Қазақта зиялы болған ба? (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ө.Бөкейханов, М.Шоқай бастаған қазақ зиялылары жөнінде) // Заман Қазақстан №4, 14 қаңтар 1997.
2. «Айтыңдар менен ұрпаққа сәлем» (Ахаң атынан толғанған ақын Хамитбек Мұсабай) // Ана тілі №3, 23 қаңтар 1997.
3. Шүкірұлы С. Бір толғаудың хикаяты: Өткенге салауат, бүгінге бірлік // Ана тілі №3, 23 қаңтар 1997.
4. Осы күнгі соттың билігіндегі кемшіліктер (Дайындаған: Қыстаубайұлы З) // Тура би №1(2), Б. 108-127, 1997.
5. Ісімақова А. Әдебиеттегі Бахтин мен Байтұрсынов үндестігі // Заман Қазақстан, 7 ақпан 1997.
6. Аллаберген Қ., Қадырұлы Қ. Ахандардан қалған із // Жас Алаш, 25 ақпан 1997.
7. Боранғалиұлы Т. «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» // Егемен Қазақстан, ақпан 1997.
8. Әуелгазина Т. Ғасыр сынынан өткен арыстар // Қазақстан жоғары мектебі №2, Б. 44-48, 1997.
9. Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынов және қазақ жазуы // Қазақстан жоғары мектебі №2, Б. 84-89, 1997.
10. Айтбаев Ө. Ахмет Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі // ҚР ҒМ – ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №3, Б. 3-10, 1997.
11. Ойсылбаева А. Ахмет Байтұрсыновтың әдеби-теориялық мұрасы // Қазақ тілі мен әдебиеті №3-4, Б. 39-43, 1997.
12. Қазмағамбетова З. А.Байтұрсыновтың әдістемелік ілімдері // Бастауыш мектеп №4, Б. 12-21, 1997.
13. Асылбекова М. Арманда кеткен арыстар // Қазақстан мұғалімі, 16 сәуір 1997.
14. Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдығын мерекелеу туралы ҚР үкіметінің Қаулысы ( №150, 4 ақпан, 1997 жыл) // ҚР Президенті мен үкіметінің актілер жинағы №6, 16 б., 1997.
15. Қамзабекұлы Д. А.Байтұрсынұлының Таш. сапары // Қазақстан әдебиеті, 6 мамыр 1997.
16. Олар бұл ойларын журналист ретінде айтқан болатын (Қазақ зиялыларының ойлары және қазақ баспасөзінің кейбір бастау кездері туралы деректер. Дайындаған: Қоңырбай Ө) // Түркістан, 25 мамыр 1997.
17. Ахаңның аты өлмейді(Арнаулы бетті дайындағандар: А.Әлиқызы, М.Шәмшібектегі) // Қазақстан мұғалімі №10, 27 мамыр 1997.
18. Әбдіраш Ж. Арыстар аманаты: Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы (Өлеңдер) // Қазақ әдебиеті, 27 мамыр 1997.
19. Тұрғынбекұлы С. Арыстар назасы: Ахмет, Әлихан, Міржақып, Тұрар, Сәкен, Бейімбет, Ілияс (Өлеңдер) // Ана тілі, 29 мамыр 1997.
20. Айдаров Т. Халқына қайта оралған арыстар // Жетісу, 30 мамыр, 1997.
21. Ұлт қаймағы еді (Алаш ардагерлері: Ахмет, Міржақып, Мағжан, Мұхамеджан, Жақып туралы) // Жас алаш, 31 мамыр 1997.
22. Тектілер кетіп, тексіздер қалды (Алаш зиялылары: Ахмет, Жүсіпбек, Бейімбет, Сәкеннің көрген қорлықтары жөнінде) // Жас алаш, 31 мамыр 1997.
23. Шерлі шежіре (Дайындағандар: Мұстафина С., Мұхамеджанова О) // Егемен Қазақстан, 31 мамыр 1997.
24. Әнес Ғ. Қыл үстіндегі тағдырлар // Қазақ елі, 6 маусым 1997.
25. Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынов және қазақ жазуы // Егемен Қазақстан, 1 шілде 1997.
26. Қалиев С., Орынбаева Р. Нәзипа Құлжанова және Ахмет Байтұрсынов // Қазақстан мектебі №7, Б.73-79, 1997.
27. Қыдырша А. Ахмет Байтұрсынұлы әдістемеліктері // Қазақ тілі мен әдебиеті №9-10, Б. 56-60, 1997.
28. Асқар Орынбор Ахаң тәлімі // Қазақ үні №7, шілде 1997.
29. Қордабаев Т. «Біз Байтұрсынов деген «халық жауын» білмейміз...» // Жас алаш, 4 қазан 1997.
30. Ахмедов Ғ. «Алаш» азаматтары // Қазақстан әдебиеті, 7 қазан 1997.

31. Сақыбекқызы Р. Мен білегін Шолпан апа (Ахаңның қызы туралы) // Қазақ әдебиеті №47, 25 қараша 1997.
  32. Шежіре сурет шертер сыр (1917 ж. Бүкіл қазақтың құрылтайында сайланған ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының жетекшілері) // Шалқар-2, 28 қараша 1997.
  33. Ойсылбай А. «Тән көмілер, көмілмес еткен ісім» // Заман – Қазақстан, 18 желтоқсан 1997.
  34. Айтбайұлы Ө. Ұлттың ұлы ұстазы // Саясат №12, Б. 87-99, 1997.
  35. Байтілесова Ж. Ахмет Байтұрсынов: «Сөзді өнердің басы деп есептеймін...» // Ақиқат №12, Б. 91-93, 1997.
  36. Сәрсембина Б. Ағаңның ағайыны болғаны үшін... // Жас алаш, 30 желтоқсан 1997.
- 1998**
1. Кекілбайұлы Ө. Ұстаз ұлағаты // Ұлт тағылымы №1, Б. 11-15, 1998.
  2. Мұсаұлы А. Ахаңның хаты және Бетпаққара көтерілісі // Заң және заман №1, Б. 99-106, 1998.
  3. Әбдиманов Ө. М.Әуезов және ХХ ғасыр басындағы азатшыл әдебиет // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы №1, Б. 103-107, 1998.
  4. Әбіш Қ. Ахаң тұрған үй (Алматыда ғалымның мұражайы-үйі ашылды) // Қазақ әдебиеті, 13 қаңтар 1998.
  5. Әнесұлы Ж. Елшілдік ұран көтерген Ахмет Байтұрсынұлы // Торғай таңы, 24-25 қыркүйек 1998.
  6. Субханбердина Ү. Қазақ газеті қуғын-сүргін құрбаны еді // Егемен Қазақстан, 25 қаңтар 1998.
  7. Шілдебай С. Алаштың ары болған // А. ақшамы, 30 қаңтар 1998.
  8. Мұсаев А., Әбдіхалық М. «Белсенді контрреволюцияшыл байланысы» (Оқытушы Х.А.Болғамбаев – А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, С.Қожановтардың серіктесі еді) // Заң газеті, 11 ақпан 1998.
  9. Мұқанов Қ. Асыл дарын, алып тұлға // Солтүстік Қазақстан, 13 ақпан 1998.
  10. Сейдахмет Қ. «Белгілі Бегзат данышпан...» (Алты алашқа мәшһүр А.Байтұрсыновтың туғанына 125 жыл) // Қостанай таңы, 13 ақпан 1998.
  11. Сұбханбердина Ү. Әйгілі «Қазақ» газеті қуғын-сүргін құрбаны еді // Егемен Қазақстан, 25 ақпан, 1998.
  12. Қордабаев Т. А.Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерінің насихатталуы // Қазақ тілі мен әдебиеті №1-2, Б. 58-60, 1998.
  13. Қордабаев Т. А.Байтұрсынов – тіл туралы ғылымымыздың негізін салушы // ҚР ҒМ-ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №2, Б. 3-7, 1998.
  14. Қирабаев С. Алашорда және «ұлтшылдық» әдебиет // Абай №2, Б. 15-20, 1998.
  15. Әбсадықов А. Ахаң салған сара жол немесе оның «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі фольклор теориясының мәселелері // Сарыарқа №2, Б. 63-64, 1998.
  16. Тұрғараева Г. Ахаң және «Қазақ» газеті // Қазақ тарихы №2, Б. 39-43, 1998.
  17. Мұсағалиева А. Ахмет Байтұрсынов – халық ағарту комиссары // Қазақ тарихы №2, Б. 43-47, 1998.
  18. Тұрғараева Г. «Аталы жұртымыздың аты деп...» // Саясат №2, Б. 78-81, 1998.
  19. Нұрпейіс К. Алаштың күрескер ұлы // Қазақ тарихы №4-5, Б. 3-10, 1998.
  20. Құрманбайұлы Ш. ХХ-ғасырдың бас кезіндегі қазақ лексикасының терминденуі // ҚР ҒМ-ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №2, Б. 12-17, 1998.
  21. Қаған Қ. Қоңыр кеш (А.Байтұрсынұлы атындағы №139 гимназияда Ахаңның немере қарындасы К.Әміровамен кездесу) // Жас Алаш, 19 ақпан 1998.
  22. Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынов қазақ өлеңінің өрнектері туралы // Қ.А.Яссауи университетінің хабаршысы №3, Б. 8-13, 1998.
  23. Қордабаев Т. Ұлы ғұмыр үлгісі (Ғаламның 125 жыл мерейтойы қарсаңында) // Егемен Қазақстан, 4 наурыз 1998.
  24. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архиві. О1.-1484-іс. 6 том.-1929. 1 қаңтар // Ақиқат №3, Б. 47-59, 1998.
  25. Мұқатова Орынбор «Қазақ» газеті және «Айқар» журналы: ХХ ғасырдың бас кезіндегі қоныстандыру, жер мәселесі туралы // Ақиқат №3, Б.82-84, 1998.
  26. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Абай №3, Б. 1-4, 1998.
  27. Нұрпейіс К. Алаштың күрескер ұлы // Биология, география және химия №3-4, Б. 3-13
  28. Атабаев Қ. Не екен ойландырған арыстарды? // Ақиқат №4, Б. 78-80, 1998.
  29. Мақырұлы С. Ахаңның бір аудармасы хақында // Қазақстан жоғары мектебі №2, Б. 98-102, 1998.
  30. Тұрғынбеков С. «Алаш» деп ұрандаған Ахаң еді // Қазақ әдебиеті, 10 сәуір 1998.
  31. Сомжүрек Ж. Ақыл-ойдың асқар алыбы (Ғалымның 125 жылдық мерейтойы) // Қостанай таңы, 21 сәуір 1998.
  32. Қамаева С. Даналық дариясының шамшырағы // Ақмола ақшамы, 24 сәуір 1998.
  33. Толыбаев Қ. Қазақ жазуының төл таңбасы // Ұлан, 12 мамыр, 1998.
  34. Досанов С. Ахмет пен Міржақып // Егемен Қазақстан, 20 мамыр 1998.
  35. Қирабаев С. Ахметтің ақындығы // Қазақстан мұғалімі, 27 мамыр, 1998.
  36. Қожакеев Т. Ахаң атын әлем білген // Қазақстан мұғалімі, 27 мамыр 1998.
  37. Мұқанұлы С. Ахметтің басқа қызметтері. (Латыншадан түсірген: Бексайын Қ) // Қазақстан мұғалімі, 27 мамыр 1998.
  38. Сәтімбекова М. Ахмет – педагог // Қазақстан мұғалімі, 27 мамыр, 1998.
  39. Қаршығалин Н. Қазақ тіл ғылымының көшбасшысы нәм әдебиет-танудың іргетасын қалаушы // Сарыарқа №5, Б. 2-4, 1998.
  40. Қыдырша А. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріне үңілсек // Бастауыш мектеп №5, Б. 3-6, 1998.
  41. Серғалиев М. Ахмет Байтұрсыновтың сөйлем синтаксисіне көзқарастары // ҚР ҒМ-ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №5-6, Б. 3-9, 1998.
  42. Сағынова Б. А.Байтұрсынұлы – ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері // ҚР ҒМ-ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет

сериясы №5-6, Б. 119-120, 1998.

43. Қордабаев Т. Ахмет – Ыбырайдың ізбасары // Қазақ тілі мен әдебиеті №5-6, Б. 66-70, 1998.
44. Тұрғараева Г. Қазаққа «қазақ» атын қайтарды // Ақиқат №6, Б. 69-70, 1998.
45. Ахмет атаның, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл. Елі барда Ахаңның рухы биік. Қазақстан мектебі №6, Б. 1-82, 1998.
46. Көшербаев К., Арын Е., Дүйсенбай. Адамдық диканшысы // Қазақстан мектебі №6, Б. 5-25, 1998.
47. Мәуленов С. Ойшыл ақын, ғибратты ғұлама (Өлең) // Қазақстан мектебі №6, 10 б., 1998.
48. Ахметқызы Ш. Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелік // Қазақстан мектебі №6, 27 б., 1998.
49. Кәкішев С. Ахмет Байтұрсынұлы (естелік) // Қазақстан мектебі №6, 27 б., 1998.
50. Сәрсенбайұлы Ә. Ахмет аға туралы толғаныстар (Өлең) // Қазақстан мектебі №6, 33 б., 1998.
51. Шаяхметов А. Ағажан // Шаяхметов А. Ағажан (Өлең) // Қазақстан мектебі №6, 33 б., 1998.
52. Нұрпейіс К. Алаштың күрескер ұлы // Қазақстан мектебі №6, Б. 29-37, 1998.
53. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы // Қазақстан мектебі, №6, Б. 39-40, 1998.
54. Құсайынов К. Дәстүр жалғастығы // Қазақстан мектебі, №6, Б. 45-51, 1998.
55. Сыздықова Р. Ұлттық білім-ғылымның көшбастары // Қазақстан мектебі №6, Б. 52-62, 1998.
56. Айтбайұлы Ө. Мәңгілік тұғырындағы тұлға // Қазақстан мектебі №6, Б. 52-62, 1998.
57. Ищанова Р. Туған тіл және төл әдебиет // Қазақстан мектебі №6, Б. 63-64, 1998.
58. Мұратханова Р. Қазақ санасының шамшырағы // Қазақстан мектебі №6, Б. 65-70, 1998.
59. Қордабаев Т. Ахмет – Ыбырайдың ізбасары // Қазақстан мектебі №6, Б. 71-74, 1998.
60. Іргебаева Н. Таным үрдісінің алғашқы баспалдағы // Қазақстан мектебі №6, Б. 71-74, 1998.
61. Құрманбаев А., Тұрғараева Г. Қайраткердің төңкеріске көзқарасы // Қазақстан мектебі №6, Б. 75-79, 1998.
62. Құрманбаева Г. Таныса бастағалы тоғыз жыл болды // Қазақстан мектебі, №6, Б. 75-77, 1998.
63. Қайырбек Ш. Алаштың Ахметі (Арнау-өлең) // Қазақстан мектебі №6, 81 б., 1998.
64. Ұлы жүрек иесі («Ақ жол» жинағындағы «Алып бәйтерек» алғы-сөзінен үзінді) // Қазақстан мұғалімі №10, 27 мамыр 1998.
65. Архашова М. Дәуірдің жарық жұлдызы // Қазақстан мұғалімі №10, 27 мамыр 1998.
66. Серғалиев М. Алыптарды ардақтай білейік // Қазақстан мұғалімі, №10, 27 мамыр 1998.
67. Әбдіғалпарова Н. Ахмет Байтұрсынұлы әдебиет пәнін оқытуда // Қазақстан мұғалімі №11, 10 маусым 1998.
68. Мұражай-лаборатория (ҚР ҒМ-ҒА ТБИ жанынан Ахаң мұражай ашылды) // Қазақстан мұғалімі №11, 10 маусым 1998.
69. Нұрпейісұлы К. Қазақ интеллигенциясының әкімшіл-әміршіл жүйеге ғылым мен мәдениет саласындағы қарсылығы (1920-1930 ж.ж.) // Столич. обозрение, 12 маусым 1998.
70. Отар Әлі Бүркіт. А.Байтұрсынұлының еңбектеріндегі қазақ стилистикасының теориялық мәселелері // ҚР ҒМ-ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №5-6, Б. 10-12, 1998.
71. Тұрғынбекұлы С. Ұлылар үндестігі (А.Байтұрсынұлы Абай туралы) // Ана тілі, 2 шілде 1998.
72. Әбділдабек С. Ахаң арналады // Қазақ әдебиеті, 3 шілде 1998.
73. Тұрсынұлы С. Ақ жүректі екпінді ерлер немесе М.Әуезовтің әлеуметтік саяси тақырыптағы көсемдері // Столич. обозрение, 31 шілде, 7 тамыз, 14 тамыз 1998.
74. Ахаң – прос пен Ахаң – юст // Егемен Қазақстан, 7 тамыз 1998.
75. Абдуллин Д. Рахатсыз өтсе де өмір жасым... // Жас алаш, 8 тамыз 1998.
76. Қозыбаев М. Ғасыр қасіретін аркалаған арыстар // Егемен Қазақстан, 12 тамыз 1998.
77. Шүкірұлы С. Мұратты істің мүддесі (Ұлттық ғылым-білімнің негізін салған қос дана – Ыбырай мен Ахмет хақында) // Ана тілі, №33, 15 тамыз, 1998.
78. Омарбеков Т. Рухани көсем болған // Ақиқат №8, Б. 61-65, 1998.
79. Серғазы Г. Ұлтымыздың ұстазы (Ғалымның ескерткіш-бюсті мен мұражай-үйі ашылды) // А. ақшамы, 14 қыркүйек 1998.
80. Асылбек А. Ахмет Байтұрсынұлы мұражайы ашылды // Заң, 16 қыркүйек 1998.
81. Серғазы Г. Ұлы тағылымнан тәлім түйер ұрпақпыз ба?... («А.Байтұрсынұлы және ҚР Тіл туралы Заңының орындалу барысы» атты ғылыми тәжірибелік конференция) // А. ақшамы, 16 қыркүйек 1998.
82. Қажығалиқызы Г. Құтты ұяна оралдың ба, Арысым?! // Алматы ақшамы, 16 қыркүйек 1998.
83. Қамаева С. Тілді тереннен толғаған // Цес info, 18 қыркүйек 1998.
84. Ұлы ғалым-тілші, ағартушы А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына орай («Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы және ҚР Тіл туралы Заңының орындалу барысы» атты ғылыми тәжірибелік конференция) // А. ақшамы, 18 қыркүйек 1998.
85. Байтұрсынұлы А. Жазығым не? (Материалды әзірлеген: Сүлейменов Ж) // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.
86. Байназар Қ. Ахаң үйі болған (Ұсыныс) // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.
87. Бектемірова М. Бабаға жазған жыр-хатым // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.
88. Баязид Қиядан асқан қыраным // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.
89. Мұқатов Н. Қайран, Ахаң // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.
90. Оспанұлы С. Ахаң арналар // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.
91. Тұрғынбекұлы С. «Мен Ахметтану тақырыбына қалай бардым» (Сұхбаттасқан: Оспанұлы С) // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.
92. Жүнісұлы Ж. Ахаң ұстаған таяқ // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.
93. Шаяхмет А. Ұлт ұйтқысы (А.Байтұрсынұлының ұстаздық тәлімі) // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.



94. Жүнісұлы М. Қазақ атын қайтарған // Қостанай таңы, 22 қыркүйек 1998.
95. Шәмшәтұлы И. Азаттықты армандаған Ахаң еді // Ана тілі, 24 қыркүйек 1998.
96. Крылов мысалдары қазақша оқылды. (Ғалымның 125 жыл мерейтойы құрметіне) // А. ақшамы, 25 қыркүйек 1998.
97. Серғазы Г. Ахметтану тағылымдары (А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ-да ғылыми-теориялық конференция өтті) // Алматы ақшамы, 25 қыркүйек 1998.
98. Такебаев К. Орыс мектебіндегі ашық сабақ А.Байтұрсынов тағылымына арналды // А. ақшамы, 25 қыркүйек 1998.
99. Ысқақ Б. Ұлы дана // Түркістан, 23-29 қыркүйек, 1998.100. Айтбаев Ө. Абай үлгісінің жалғасы дерсің Ахаңды // Жас алаш, 29 қыркүйек 1998.
101. Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы мен Тіл туралы өткізілген конференция ұсыныстары //Түркістан, 23-29 қыркүйек 1998.
102. Айтбайұлы Ө. Ұлт ұстазы (Тұран әлемінің тұғыры биік тұлғасы А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл) // Түркістан, 23-29 қыркүйек 1998.
103. Шегебай Ө. Тілге құрмет – елге құрмет (№139 мектеп-гимназияда А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналған «Тіл апталығы» өтті) // А. ақшамы, 30 қыркүйек 1998.
104. Ахмет Байтұрсынов туралы фотошежіре // Зерде №9, 11 б., 1998.
105. Тұрсынұлы С. «Мұқтажымыздың ішіндегі ең ірісі – ғылым...» немесе М.Әуезовтың ғылым-білім жөніндегі көсемсөздері // Столич. обозрение, 2 қазан (жалғасты материал) 1998.
106. Нұрпейіс К. Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз, ағайын? // Заман Қазақстан, 2 қазан 1998.
107. Хошеметов Қ. Ахаңның әліппесі // Егемен Қазақстан, 2 қазан 1998.
108. Әбдінасырұлы С. Өзгеше еді жырыңыздың мәнері (Ахаң рухына. Өлең) // Маңғыстау №117(5561), 6 қазан 1998.
109. Әбуов М. Тұғыры аласармас тұлға // Маңғыстау №117(5561), 6 қазан 1998.
110. Әбілқасымов Б. Ұлттық баспасөздің негізін қалаушы // Маңғыстау №117(5561), 6 қазан 1998.
111. Ахаң арналған бас қосу // Қазақ әдебиеті, 9 қазан 1998.
112. Арғынбаев Ж. Ахаң рухы асқақтата түсті // Түркістан, 7-13 қазан 1998.
113. Оразбаева Ф. Ұлылық тағылымы // Егемен Қазақстан, 14 қазан 1998.
114. Серғалиев М. Ұлылықты бағалау да – ұлылық // Қазақстан мұғалімі №21, 14 қазан 1998.
115. Көшербаев Қ. Ұлт ұстазының ұлы жолы // Ана тілі №41, 15 қазан 1998.
116. Шүкірұлы С. Көз жетіп, көңіл сенгендей (Қостанайда Ахаң күндері өтті. Ахаң арналған Иран-Ғайыптың «Киелі күнә» спектаклі жөнінде) // Ана тілі №41, 15 қазан 1998.
117. Мәмет С. Ұлы тұлғаға тағзым (Республика сарайында өткен ғалымның 125 жыл толуына арналған салтанатты жиын жөнінде) // Егемен Қазақстан, 15 қазан 1998.
118. Кекілбайұлы Ө. Ұстаз ұлағаты // Егемен Қазақстан, 15 қазан 1998.; Қазақ әдебиеті, 16 қазан 1998.
119. Күрескер көсем ойларында – ел тәуелсіздігі. (Ғалымның 125 жыл мерейтойы құрметіне арналған жиынды ҚР-ның елбасы ашты) // Алматы ақшамы, 16 қазан 1998.
120. Ұлы тұлғаға тағзым // Ақтөбе, 17 қазан 1998.
121. Ахмет Байтұрсынұлы – ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері // Наука Казахстана - Қазақстан ғылымы №20, 16-31 қазан 1998.
122. Әбдіманов Ө. Қазақтың рухани көсемі // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы №25, Б. 5-9, 1998.
123. Оразбекұлы К. Ахметтану сайысы // Ұлан, 27 қазан 1998.
124. Ұлы тұлғаға тағзым // Қазақстан мұғалімі, 28 қазан 1998.
125. Қамаева С. Әліппенің атасы // Бастауыш мектеп №10-11, Б. 5-6, 1998.
126. Табылды Ө. Қазақ этнопедагогикасының негізін қалаушы // Бастауыш мектеп №10-11, Б. 7-9, 1998.
127. Құнантаева Қ. Ахмет Байтұрсынов және білім беру мәселесі // Бастауыш мектеп №10-11, 12 б., 1998.
128. Тұрсынұлы С. «Еркін ой, шарықтаған терең қиял...» немесе М.Әуезовтың мәдениет, әдебиет туралы көсемсөздері // Столич. обозрение, 23 қазан, 30 қазан, 6 қараша 1998.
129. Тұлғаға тағзым (Халқымыздың рухани көсемі А.Байтұрсынұлының 125 жылдық тойы жер-жерде аталып өтті) // Қазақстан мектебі №11-12, Б. 77-79, 1998.
130. Мәуленов Қ. №702 іс немесе Қостанай өңіріндегі белгісіз көтеріліс // Жас алаш, 5 қараша 1998.
131. Мұсаұлы А. Ахаң туралы ақиқаттың бәймәлім деректері // Қазақ әдебиеті, 13 қараша 1998.
132. Шәмшібек М. Елі барда Ахаңның рухы – биік // Қазақстан мұғалімі, 18 қараша 1998.
133. Қарашин Ө. Тарихи тұлға тағылымы // Алматы ақшамы, 20 қараша 1998.
134. Рай-Қоңырат (Имаханбетова Р). Ұлт ұстазы // Қазақстан сарбазы №94, 27 қараша 1998.

#### 1999

1. Оразаев Ф. «Қазақ» газетін жазалатқан кім? // Қазақ үні №1, қаңтар 1999.
2. Иманбекова Б. Ахмет Байтұрсынов мысалдарының тәрбиелік мәні // Ақиқат №2, Б. 83-85, 1999.
3. Арықбаева Ж. А.Байтұрсынұлы әліппінің ғылыми негіздері // Еуразия университетінің хабаршысы №3, Б. 197-200, 1999.
4. Мектептегі А. Қазақтың көсемдері (Бөкейхан Ө., Байтұрсынұлы А., Дулатұлы М., Досмұхамедұлы Ж-Х., Тынышбайұлы М., Шоқай М) // Қазақ әдебиеті, 19 наурыз 1999.
5. Сүйінкина П. Ахмет Байтұрсынов пен Мұхтар Әуезов // Қазақстан мектебі №4, Б. 75-77, 1999.
6. Арын Е. Ахмет Байтұрсыновтың рай түрлерін жіктеудегі көзқарасы // Қазақ тілі мен әдебиеті №7, Б. 52-55,

1999.

7. Сақыбекқызы Р. Орнында бар оңалар (А.Байтұрсынұлы атындағы қоғамдық қор және мұражай-үйі туралы) // Ана тілі №6, 11 ақпан 1999.
8. Сағадиев К. Алашорда: орташа жайды қайтпн орнықтырамыз? (А.Байтұрсынов пен алашордашылардың экономикалық көзқарасы) // Қазақ әдебиеті №24 (2602), 11-маусым 1999.
9. Иманбекова Б. Ахмет Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарастары // Бастауыш мектеп №8, Б. 11-13, 1999.
10. Кәкішев Т. «Айқап» пен «Қазақ» арасы // Алматы ақшамы, 9, 11, 13, 16, 18, 20 тамыз 1999.
11. Исмайл М., Түрік В. Түркология құрылтайындағы Ахмет Байтұрсынұлының жасаған баяндамасы // Түрік дүниесі. Тіл және әдебиет журналы №8, 1999.
12. Иманбекова Б. Ахметтану тағылымдары // Қазақстан мектебі №10, Б. 53-55, 1999.
13. Әбілқасымов Б. Қазақ тіл білімінің қос бәйтерегі // Ана тілі, 2 желтоқсан 1999.
14. Әбдиманов Ө. Азатшыл ой мен азатшыл жырдың алыптары // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы №27, Б. 23-27, 1999.
15. Айғабылұлы А. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тілін оқыту мәселесі // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы №31, Б. 16-19, 1999.
16. Әбілқасымов Б. Қазақ тіл білімінің қос бәйтергі // Ана тілі №39(439), 2 желтоқсан 1999.
17. Айғабылұлы А. Ахмет Байтұрсынұлы және морфонология // Ұлттық рухтың ұлы тіні: Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – А.: Ғылым, 1999.-568 б., Б. 354-362.
18. Ақаев С., Мыңбай Д. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің тәсілдік сипаттары // Ұлттық рухтың ұлы тіні: Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – А.: Ғылым, 1999.-568 б., Б. 441-455.

#### 2000

1. Ақтайлақұлы С. Қазақтың балқаймағы // Қазақ батырлары №2, 2000.
2. Байтұрсынұлы А. Қалам қайраткерлі жайынан (Мәтінді дайындаған: Кәкішев Т) // Егемен Қазақстан, 5 ақпан 2000.
3. Кейін табылған мұралар: Емле туралы (Мәтінді дайындаған: Жұбаева О) // ҚР БҒМ ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №3, Б. 3-4, 2000.
4. Османқұлов А. Ахмет Байтұрсынов жана әл ағарту мәселелері // ҚР БҒМ ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №3, Б. 14-22, 2000.
5. Кітапбаев Б. Байтұрсыновпен бір лагерьде («Ақтөңізден Алашқа сәлем» өлені) // Ана тілі №11, 21 наурыз 2000.
6. Байтұрсын І. Бұл үйде Байтұрсынов тұрған // Егемен Қазақстан, 22 наурыз 2000.
7. Имаханбетова Р. Ахметтану іліміне қосылған үлес (А.Қыдыршаевтың «А.Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» атты зерттеу монографиясы туралы) // Ана тілі №11, 25 мамыр 2000.
8. Имаханбетова Р. Ақаңның әдістемелік мұрасы туралы зерттеу // Қазақстан мектебі №8, Б. 71-74, 2000.
9. Кенесбаева Л. 63 сақталған сандық (Ахаң жәдігерін жеткізуші Бибі Хабикқызы) // Жас алаш №102, 24 тамыз 2000.
10. Байтұрсын І. Қайран Аха, жолың қандай ауыр еді // Егемен Қазақстан, 30 тамыз 2000.
11. Орманов Қ. Дәмеге емес, дәлелге сүйенейік (Ахаң тұрған үй туралы) // Егемен Қазақстан, 30 тамыз 2000.
12. Кенжеахметов С. Ахаң мысалдары хақында // Қостанай таңы, 6 қыркүйек 2000.
13. Байтұрсын І. Ғасыр саңлағының медалі мен дипломы облыс әкіміне табыс етілді (Ахмет Байтұрсынұлына берілген марапат) // Қостанай таңы, 29 қыркүйек 2000.
14. Балтабаева Ж. Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппесінің» маңызы мен сапалылығының сыры туралы // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы №8 (42), Б. 126-130, 2000.
15. Ержиласун А. Қазақ тілі және латын әліппесі // Түрік дүниесі. Тіл және әдебиет журналы №10, 2000.
16. Сәулембекова М. Айқап беттерінде айтылған Ахмет Байтұрсыновтың тарихи ойлары // Ақиқат №11, Б 73-75, 2000.

#### 2001

1. Сыздық Р. «Қазақстан мектебі» журналы және А.Байтұрсыновтың мұрасы // Қазақстан мектебі №1, Б. 5-7, 2001.
2. Жүсіпов Н. Ахмет Байтұрсынұлы – фольклорист // Қазақстан жоғары мектебі №1, Б. 167-173, 2001.
3. Салқынбай А. А.Байтұрсынұлы тағылымы // Қайнар универси-тетінің хабаршысы №1, Б 12-15, 2001.
4. Әбдиманов Ө. Әдебиетімізге мысал жанрын әкелген // Абай №3, Б. 31-36, 2001.
5. Имаханбетова Р. Ақаң мәңгі өлмейді (А.Байтұрсынұлы емлесімен) // Шалқар-2, қаңтар 2001.
6. Әбдірашұлы Ж. Ахмет Байтұрсынұлы // Таң-Шолпан №2, 113 б., 2001.
7. Жүсіпов М. (Джуеупов М.) Сингармонизм фонологиясы // ҚР ҒМ-ҒА Тілтаным (Языкознание) №2, Б. 23-34, 2001.
8. Жүсіпов Н. А.Байтұрсыновтың фольклористикаға келу жолы // ПМУ Хабаршысы №2, Б. 117-119, 2001.
9. Жүсіпов Н. Ахмет Байтұрсынұлы жазбаларындағы «23 жоқтау» // ҚР. БҒМ. Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы № 2, Б. 90-98, 2001.
10. Оспанұлы С. Ахаңның айшықтары // Ана тілі №12-13, 22 наурыз 2001.
11. Ақаев С. Ахаңдар салған жол қайда? (Терминнің танымдық табиғаты) // Ана тілі, 24 мамыр 2001.
12. Байсалова А. «Өшкені қайта жанған халықпыз» (Сұхбаттасқан: Имаханбетова Р) // Қазақстан сарбазы, 29 мамыр 2001.
13. Жүсіпов Н. Ахмет Байтұрсынұлы жазбаларындағы «Ер Сайын» жыры // Ізденіс № 4-5, Б. 50-55, 2001.
14. Әбішева Ш. Ахмет шығармасының тәрбиелік мәні // Қазақ тілі мен әдебиеті №6, 27-29, Б. 2001.
15. Сахов К. Тәуелсіздік туралы тұлғалар не деді? // Жас Алаш, 12 шілде 2001.

16. Алматы Орынбор Бұл әнге әркімнің де бар таласы... немесе Ахаңның «Аққұм» әні жөніндегі ой // Біздің Торғай №2 (7695), 1-15 тамыз 2001.
17. Байтұрсын І. Ахаң үйінің тағдыры // Егемен Қазақстан, 14 тамыз 2001.
18. Сомжүрек Ж. Сана дағдарысы немесе рухани әке әдебиеті // Қазақ әдебиеті №45(2727), 9 қазан 2001.
19. Ісімақова А. Қазақ әдебиетінсіз қазақ тілі түл // Жас Алаш, 21 қазан 2001.

#### 2002

1. Жүсіпов Н. Ахмет Байтұрсынұлы – фольклорист (зерттеу тарихы) // ПМУ хабаршысы №2, Б. 155-159, 2002.
2. Саматұлы Н. Ахаңның азып-тозған мұражайы // Ана тілі №16-17, 18 көкек 2002.
3. Ғазизұлы Б., Сейдахметов А., Мұсабаев Х. Тауды аласартпай, даланы аскақтатайық // Қостанай таңы, 30 көкек 2002.
4. Майкыбайұлы Қ. Өтеді өмір... // Қазақ батырлары №8 (49), тамыз 2002.
5. Әбдіманов Ө. М.Әуезов – алғашқы ахметтанушы // Абай №4, Б. 7-8, 2002.
6. Әбдіманов Ө. XX ғасырдың басындағы қазақ ақын-жазушылары көтерген басты тақырыптар // ҚХР., Іле педагогика институтының ғылыми журналы №4, Б. 18-21, 2002.
7. Шүкірұлы С. Таңбадан жеріп, дыбыстан шошымайық // Ана тілі №23, 26, 2002.
8. Жүнісбек Ө. Үстірт пікір айтуға асықпаңыз (Байтұрсынұлы әліпбиі мен бүгінгі тілі білімі хақында) // Ана тілі №33, 8 тамыз 2002.
9. Саматұлы Н. Орны жүректе // Ана тілі №40, 26 қыркүйек 2002.
10. Бәйділдін Қ. Зерттесек дұрыс зерттейік (Ахаң өскен ортаға қатысты жазылған кейбір зерттеу мақалаларға сын) // Ана тілі №41, 3 қазан 2002.
11. Төребекқызы Б. Ахмет аруағынан аттаған басшылар (Шағым хат) // Ана тілі №41, 3 қазан 2002.
12. Асқаров Қ. Байтұрсынұлы мұражайында тіршілік нышаны бола ма? // Ана тілі №42, 10 қазан 2002.
13. Әбдіманов Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік әдіс көріністері // ҚазҰМУ хабаршысы, Филология сериясы №11, Б. 165-168, 2002.
14. Қазақ тілінің ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы // Түрік дүниесі. Тіл және әдебиет журналы №14, 2002.

#### 2003

1. Ілияс Б. Ұлт ұстазы // Жас өркен: Қостанай №1, Б. 2-3, қаңтар 2003.
2. Мұқаметова Ә. Ахмет пен Нәзіпа // Жас өркен: Қостанай №1, Б. 3-4, қаңтар 2003.
3. Бабасұлы Б. Жыңғылды өткеліндегі айқас (Деректі әңгіме) // Жас өркен: Қостанай №1, Б. 5-7, қаңтар 2003.
4. Жүсіпов Н. А. Байтұрсынұлы және «Әдебиет танытқыш» кітабы (1-бөлім) // Ұлт тағылымы №2, Б. 165-171, 2003.
5. Жүсіпов Н. А. Байтұрсынұлы және «Әдебиет танытқыш» кітабы (2- бөлім) // Ұлт тағылымы №3, Б. 175-179, 2003.
6. Нұрмұхамбет Д. «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» (А.Байтұрсынұлының «Қазақ салты» және «Қазақ қалпы» өлеңдерінен туған ойлар) // ҚАЗАҚСТАН ЗАМАН №4, 17 қаңтар 2003.
7. Сариева Р. Мұрағат мағлұматтары // Ана тілі №4, 30 қаңтар 2003.
8. Шүкірұлы С. Ел деп өткен адал ер // Ана тілі №4, 30 қаңтар 2003.
9. Шүкірұлы С. Қазақ тіл ғылымының атасы Ахмет Байтұрсынұлы-ның туғанына 130 жыл // Қазақ әдебиеті № 4, 2003.
10. Ысқақұлы Д. «Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін» // Егемен Қазақстан №19, 2003.
11. Әбдіманов Ө. XX ғасыр басындағы әдебиетті алғаш жүйелеген зерттеуші // ҚазҰМУ хабаршысы, Филология сериясы №2 (64), Б. 150-153, 2003.
12. Әбдіманов Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің зерттелуі // ҚазҰМУ хабаршысы, Филология сериясы №3 (65), Б. 125-128, 2003.
13. Ашекеева Қ. Сөз өнерінің атасы (А.Байтұрсынұлының туғанына – 130 жыл!) // Ақиқат №4, Б. 70-73, 2003.
14. Ижанов З. Арыстар бірін бірі осылай қорғады (Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы туралы) // Ана тілі №16, 24 сәуір 2003.
15. Шүкірұлы С. Ахаң арманын алға апарайық // Шалқар-2, №19-20, 2003.
16. Имаханбетова Р. Ақаң қашан туылған? // Шалқар-2, сәуір 2003.
17. Тайшыбай З. «...Мен қазаққа не жаздым» // Ана тілі №20, 22 мамыр 2003.
18. Имаханбетова Р. Ахметтің асыл жары Бадрисафа туралы ақиқат немесе Әуликөлдің Мұғалімкөл аталуының сыры // Шалқар-2, мамыр 2003.
19. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлы қашан туған // Ана тілі №26, 3 шілде 2003.
20. Ісімақова А. «Академик» ағай-ау, Ахаң – асқар, сіз – төбе...» (Сұхбаттасқан: Мауқараұлы А) // ҚАЗАҚСТАН ЗАМАН №32 (439), 8 тамыз 2003.
21. Имаханбетова Р. Мұраға мұқият болсақ... А.Байтұрсынұлы туралы нағыз ақиқатты өзінен қалған қағаздар ғана айта алады // Түркістан, 25 қыркүйек 2003.
22. Сәрсекеев Қ. Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі – Ахмет Байтұрсынұлы туралы ой-түйін // Егемен Қазақстан, 30 қазан 2003.
23. Имаханбетова Р. Өз дәуірінің куәсі (Д.Қамзабекұлының «Руханият» атты кітабынан) // Шалқар-2, желтоқсан 2003.

#### 2004

1. Әбдіманов Ө. Азатшыл ойға көшбасшы басылым // ҚазҰМУ хабаршысы, Филология сериясы №1-2 (16-17), Б. 67-71, 2004.

2. Әбсадық А. Ортасы толған отырыс (Ахаңның рухани шәкірттерімен түскен суреті туралы) // Ана тілі №3, 15 қаңтар 2004.
3. Имаханбетова Р. Ұстаз өмірінің қилы кезеңдері // Ана тілі №4, 22 қаңтар 2004.
4. Имаханбетова Р. Тұлғалар туралы толғанған қаламгерлер хақында // Шалқар-2, қаңтар 2004.
5. Имаханбетова Р. Ахметтанудағы ағаттықтар... // Шалқар-2, қаңтар 2004.
6. Имаханбетова Р. «Қазақтың тарихы» кімдікі? // (Түрік баласының мақаласы туралы) // Шалқар-2, ақпан 2004.
7. Имаханбетова Р. Той өткен соң мұражай ұмыт болды. («Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына орай, ұсыныс-тілек) // Жалын №2, Б. 12-13, ақпан 2004.
8. Имаханбетова Р. Қате пікірлер қайталанбаса деп (А.Байтұрсынұлы туралы кейбір жаңсақ деректерді кеш те болса назарға ұсынуды жөн көрдік) // Түркістан №13(507), 25 наурыз 2004.
9. Имаханбетова Р. А.Байтұрсынұлының мәлімдемесі (Д.Досжановтың «Абақты» атты кітабынан) // Шалқар-2, наурыз 2004.
10. Нұрғали Р. ...Сөз билейді халықты // Қазақ әдебиеті №12(2850), 26 наурыз – 1 сәуір 2004.
11. Ысмағұлов Ж. Ақаң туралы жазсақ ақаусыз жазайық (2003 жылғы қазанның 30-ы күнгі «Алаштың Ахметі жайлы ой-түйін» атты мақаласына орай жазушы Қ.Сәрсекеевке хат) // Егемен Қазақстан. 7 сәуір 2004.
12. Имаханбетова Р. А.Байтұрсынұлының М.П.Томскийден «Соғыс қаупі мен жұмыскер табының міндеттері» (аударма) // Шалқар-2, желтоқсан 2003; көкек. (Жалғасты материал) 2004.
13. Имаханбетова Р. Ғалым мұрасы // Шалқар-2 №24-25, 26-27, 28-29, 30-31, 32-33, 34-35, 36-37, 38-39. (Жалғасты материал). Наурыз – тамыз 2004.
14. Имаханбетова Р. Ахметтанудағы кейбір ағаттықтар // Ана тілі №36, қыркүйек 2004.
15. Ысмағұлов Ж. Ақиқаттан аттамайық, бауырым (Қ.Сәрсекеевтің жауабына орай) // Қазақ әдебиеті, 10 қыркүйек 2004.
16. Шүкірұлы С. Семинар өтті, не білдік? // Ана тілі №46, қазан 2004.
17. Имаханбетова Р. 77 жылдан кейін қайта жарық көрді (А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» хрестоматиялық оқулығы туралы) // Шалқар-2, қазан 2004.
18. Имаханбетова Р. Ұлттық тіл ғылымының қос бәйтерегі туралы толғансақ... // Шалқар-2, қараша 2004.
19. Имаханбетова Р. Қос бәйтерек (деректеме) // Ана тілі №48, қараша 2004.

#### 2005

1. Шоранова Г. А.Байтұрсынов және қазақтың ән өнері // Музыка әлемінде №1, Б. 35-37, 2005.
2. Күдерінова Қ. 1929 жылғы латын жазуы және оған енгізілген өзгерістер (А.Байтұрсынұлының қазақ әліпбиіне енгізген жаңалығы) // Туған тіл №1, 2005.
3. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынов музейі // Қазақстан мұғалімі, наурыз 2005.
4. Имаханбетова Р. Ахметтану тағылымдары // Жалын №4, сәуір, Б. 36-42, 2005.
5. Жуанышбеков Н. Ахмет Байтұрсынұлы // Номад-KAZAKHSTAN, №4, 2005.
6. Байтұрсынова Ю. Ұлы атам Ахметті қалай таныдым... // Шалқар-2, мамыр 2005.
7. Байтұрсынова Ю. Атам Ахметтің гибратты жолы // Ана тілі №27, 7 шілде 2005.
8. Тұрғынбекұлы С. Торғайдың тағылымды тарихы // Егемен Қазақстан, 21 қыркүйек 2005.
9. Досанов С. Ахаң мен Жақаң // Егемен Қазақстан, 23 қыркүйек 2005.
10. Нысанбайтегі Ф. Алаштың ардағы // Мысты өңір, 7 қазан 2005.
11. Шүкірұлы С. Жок! Опық жеуіміз жеткен шығар! (Әліпбиді өзгертуге қатысты ой-таным) // ҚАЗАҚСТАН-ЗАМАН №42, 2005.
12. Есмұрзин К. Мұны да бір ескерсек... (Ахмет Байтұрсынұлының мемлекеттік қайраткерлігі туралы) // Ана тілі №44, 3 қараша 2005.
13. Әбілов Қ. Алаш арыстары аңсаған арман (Қарқаралы құзырхатына – 100 жыл! Сұхбаттасқан: Несіпбай А) // Егемен Қазақстан, 27 қыркүйек 2005.

#### 2006

1. Әбдиманов Ө. Ұлт-азаттығын ұлықтаған ақын // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы №2 (156), Б. 20-23, 2006.
2. Сәрсенбай Орынбор Алаштың айтулы тұлғалары туралы жаңа көзқарас (С.Досановтың «Ұйық» кітабы туралы) // Егемен Қазақстан, 14 ақпан 2006.
3. Күзембаева С. «Бұл еңбек – ұлтымыздың екі мың жылдық рухани мұрасының панорамасы» («Қазақ музыкасы» кітабы туралы. Сұхбаттасқан: Бекбосын М) // Алматы ақшамы №18 (3652), 16 ақпан 2006.
4. Әуелбек Ә. Лаң туғызған латын әрпі // Дала мен қала №7(136), 24 ақпан 2006.
5. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлы және аударма мәселесі // ҚР БҒМ М.Әуезов атындағы ӘӨИ Ғылыми және көркем-әдеби «Керуен» журналы №3 (04), Б. 12-16, 2006.
6. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының мұражайы жөнделуде // Ана тілі №8(791), 23 ақпан – 1 наурыз 2006.
7. М.Дулатов және «Қазақ» газеті (Дайындаған: Иманбаева С) // QAZAQ. Kz. 17 наурыз 2006.
8. Сәмет М. «Дедім сен де қатарыңнан қалыспа». Кеше Еуразия ұлттық университетінде Ахмет Байтұрсынұлы оқулары басталды // Егемен Қазақстан, 31 наурыз 2006.
9. Ашекеева Қ. А.Байтұрсынұвтың ғылыми-теориялық мұраларындағы тілдің философиялық мәселелері // Саясат №4, Б. 69-72, 2006.
10. Әбдиманов Ө. «Таныстыру» поэмасындағы тарихи тұлға және әдеби қаһарман // Қарағанды университеті хабаршысы. Филология сериясы №4, Б. 77-86, 2006.

11. Әбдиманов Ө. Ұлттың рухани көсемі // Ақиқат №5, Б. 18-26, 2006.
12. Имаханбетова Р. Мұраға мұқият болсақ... А.Байтұрсынұлы туралы ақиқатты артында қалған құжаттар айғақтайды // Қазақ әдебиеті №20(2972), 19 мамыр 2006.
13. Нұрпейіс К. «Тәуелсіз Қазақстанның шындық тарихын жазу үшін русскоцентризм идеясынан толығымен арылу қажет...» (Сұхбаттасқан: Құрманбай Ш.) // Айқын №91(543), 23 мамыр 2006.
14. Нысанбайтегі Ғ. Қуғындалған қаршадай қыз // Мысты өңір, 26 мамыр, 2006.
15. Анаш Д. Алматы түрмесінде бір күнде 580 адам атылыпты // Алматы ақшамы №64 (3696), 1 маусым 2006.
16. Ахмет Байтұрсынұлының Қазақ ревкомындағы қызметі // Қазақстан тарихы №6, Б. 48-53, 2006.
17. Адамдар, жылдар, тағдырлар (Саясат құрбандарына арналған монумент) // А. ақшамы №64 (3696), 1 маусым 2006.
18. Нұрпейіс К. Даладағы дабыл (1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс және Алаш зиялылары) // Егемен Қазақстан, 16маусым 2006.
19. Имаханбетова Р. Қырық мысал қырық төлтума... Ахмет Байтұрсынұлының мыалдарын жатқа баламайық // Түркістан №25-26, 22 маусым, 2006.
20. Жақып Б. Ұлт рухын ұлықтаған (Ж.Кенжалиннің «Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақымыз» кітабы туралы) // Егемен Қазақстан, 24 маусым 2006.
21. Кәкішев Т. Ғибратты олжа (Ахаң мұражайы жөніндегі таласты оқиға туралы) // Егемен Қазақстан, 2 тамыз 2006.
22. Көлбаев Т. Торғай өлкесіндегі толқулар // Айқын №118(570), 1 шілде 2006.
23. Кітапбаев Б. Ахаңның Ақтеңізден алты алашқа айтқан сәлемі // Қазақ №16(281), 7 шілде 2006.
24. Қирабаев С. Ғылымды басқаруды нарық менеджменті жүргізе алмайды (Сұхбаттасқан: Омарұлы Б) // Айқын 123(575), 8 шілде 2006.
25. Кәкішев Т. Ғибратты олжа (Ахаң мұражайының толғақты жайы жөнінде) // Егемен Қазақстан, 2 тамыз 2006.
26. Мұқай Ө. Өліп – тұлға туралы әфсана немесе ұлт көсемінің туған күні бұдан былай 5 қыркүйекте болатыны нақты құжаттармен дәлелденді // Алматы ақшамы №104 (3736), 7 қыркүйек 2006.
27. Сейсенбаев Д. Қазақтың жалғыз тірегі мен тілегі – ана тілі! (Алматыдағы А.Байтұрсынұлы мұражай-үйінде ахметтану оқулары басталды) // ҚазАқпарат; QAZAQ. kz. 8 қыркүйек 2006.
28. Мәди А. Рухани көсемге құрмет // Алматы ақшамы №105(3737), 9 қыркүйек 2006.
29. Ескендіров К. Ұлтымыздың рухани көсеміне тағзым (Ахметтану оқулары туралы) // Ана тілі №38(823), 21 қыркүйек 2006.
30. Шүкірұлы С. Барын халқына берген жан (А.Байтұрсынұлының Алматыдағы үйі) // Ана тілі №38(823), 21 қыркүйек 2006.
31. Ісімақова А. Қазақ терминдері – ұлттық ұғымдарының жүйесі // Да Диалог Еуразия Қазақстан №22 (6), Б. 6-9, 2006.
32. Имаханбетова Р. Ахаңның мұражайы // Жас өркен: Қостанай №5 (24), Б. 21-22, қыркүйек-қазан 2006.
33. Молдахметұлы Ж. Ахмет Байтұрсынов және латын әліпбиі // Айқын №186(638), 6 қазан 2006.
34. Нұрмұхан Ж. Тіліміздің сілікпесін шығармайық // Қазақ әдебиеті №46(2998), 17 қазан 2006.
35. Жұрынов М. Академияның алпыс асуы (Қазақстандағы ғылымды ұйымдастырудың көш басында көрнекті ағартушы, ғалым, ерекше дарынды қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың болғаны анық. 1921-1922 ж. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты Академиялық орталығының алғашқы төрағасы) // Егемен Қазақстан №250 (24503), 13 қазан 2006.
36. Біләл Ш. Мемлекеттік тіл мәселесі (Қазақ тіл тілімі ғылымын ұлттық негізде жасағанда ғана оң шешімін табады) // Егемен Қазақстан, 25 қазан 2006.
37. Нұрмахан Ж. Тіліміздің сілікпесін шығармайық (Әліпби туралы: төте жазу, латын харпі т.б.) // Қазақ әдебиеті №46 (2998), 17 қараша 2006.
38. Дәуітұлы С. Күрделі кезең шежіресі («Қазақ әдебиетінің тарихының» 3 томы туралы) // Егемен Қазақстан 25 қараша 2006.
39. Байсалова А. «Ахметтей дара тұлғаның немересі өз ана тілін білмейді» деген алып-қашпа сөзден қаштым. (Сұхбаттасқан: Мешітбаев Н) // Қостанай таңы: Ақсұлу №11, 8 желтоқсан 2006.
40. Нұрмұратұлы Т. «Орысша тәрбиелесең, балаң орыс болады» (А.Байтұрсынұлының ғибраты) // Түркістан, 25 желтоқсан 2006.

#### 2007

1. Мауданов А. Ахаңның бір өлеңі немесе ұлт тағдыры // Жас өркен: Қостанай №1 (26), Б. 26-27, қаңтар-ақпан 2007.
2. Шаймағамбетова Ә. Ұлы Ахаң және жер мәселесі // Жас өркен: Қостанай №1 (26), Б. 28-29, қаңтар-ақпан 2007.
3. Әбдешов М. Алашорда үкіметіне – 90 жыл! // Айқын, 2 ақпан 2007.
4. Сомжүрек Ж. Ақыл-ойдың асқар алыбы (Ахметтану мәселесі – жаңа өріс) // Жас өркен: Қостанай №2 (27), Б. 4-7, сәуір-наурыз 2007.
5. Күдерінова Қ. 1929 жылғы латын жазуы және оған енгізілген өзгерістер (А.Байтұрсынұлының қазақ әліпбиіне енгізген жаңалығы) // Жас өркен: Қостанай №2 (27), Б. 26-29, сәуір-наурыз 2007.
6. Уақ қарыз серіктігінің өрмегін құру реті (А.Байтұрсынұлының 1913 жылғы «Уақ қарыз» мақаласы) // Айқын №70, 20 сәуір 2007.
7. Шәкенұлы Ж. Қуғын-сүргін құрбандары және шетелдегі қазақ әдебиеті // Қазақ әдебиеті 25 мамыр 2007.
8. Сайлаубаева Қ. Алаш азаматтарына қарсы сот // Айқын, 31 мамыр 2007.

9. Сарсенбай Орынбор Алаштың айтулы тұлғалары туралы жаңа көзқарас (С.Досановтың «Ұйық» кітабындағы қазақ зиялылары туралы) // Егемен Қазақстан, 31 мамыр 2007.
10. Шүкірұлы С. Тіл базарында балық үлесіп жатқандаймыз (А.Байтұрсынұлының тіл ғылымындағы әдістемесіне жүгіну) // Жалын №5, мамыр 2007.
11. Байтілес Е. Жала жабушылардың көбі кейін үлкен қызмет атқарған // Алматы ақшамы №65 (3847), 31 мамыр 2007.
12. Имаханбетова Р. Ахаң тұрған үй (Мұражайға жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары жөнінде. Сұхбаттасқан: Ж.Смайылова) // Алматы ақшамы №65(3847), 31 мамыр 2007.
13. Боранғалиұлы Т. Қазақ баспасөзінің кемеңгері // Жас өркен: Қостанай №3 (28), Б. 2-4, мамыр-маусым 2007.
14. Оташев М. Зердесі – зерек, рухы – биік ақын (Ахаңды көрген Жүсіпбек Салықұлы туралы) // Жас өркен: Қостанай №3 (28), Б. 25-26, мамыр-маусым 2007.
15. Әуезов М. Ақаңның елу жасы // Жас өркен: Қостанай №4 (29), Б. 2-6, шілде-тамыз 2007.
16. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының еленбей келген еңбектері // Қазақ әдебиеті №32 (3036), 10 тамыз 2007.
17. Қамзабекұлы Д. Қазақ қаламгерлері бұралқы ит емес... // Айқын №126, 12 шілде 2007.
18. Қамзабекұлы Д. Түрікшілдік және Алаш // Айқын №132, 19 шілде 2007.
19. Баязид Ж. Шағыну мен сағыну (Ахаңның шыққан тегі – Үмбетей батырдың рухына. Толғау) // Қостанай таңы, 27 шілде 2007.
20. Сейдахмет Қ., Меңдібай С. Үмбетей батыр // Қостанай таңы, 27 шілде 2007.
21. Қамзабекұлы Д. Түрікшілдік және Алаш // Қостанай таңы, 27 шілде 2007.
22. Шүкірұлы С. Ахаң әліпбиі һәм қазіргі тіл дыбыстары // Әдебиет айдыны №37(134), 20 қыркүйек 2007.
23. Кәкішұлы Т. Алаш екіге бөлінді (Сұхбатты жүргізген: А.Мамашұлы. 20 қыркүйек 2007) // www.kazembassy.com.ua/show. 25 қыркүйек 2007.
24. Нұрғали Р. Ұлт ұстазы (А.Байтұрсынұлының әдеби мұрасы) // Егемен Қазақстан, 26 қыркүйек 2007.
25. Елеуенов Ш. Бес арыс қалай ақталды? // ҚР БҒМ М.Әуезов атындағы ӘӨИ Ғылыми және көркем-әдеби «Керуен» журналы, №4 (9). Б. 138-167, 2007.
26. Күзембайұлы А. Ахмет Байтұрсынұлы // Қазақстан әйелдері №4, Б. 28-29, 2007.
27. Қожақеев Т. Ақаңды әлем таныған // Жас өркен. Қостанай №5 (30). Б. 2-4, қыркүйек-қазан 2007.
28. Жүзбай А. Асылымызды ардақтай білейік // Жас өркен. Қостанай №5 (30). Б. 26-27, қыркүйек-қазан 2007.
29. Шүкірұлы С. Ахаң әліпбиі һәм қазіргі қазақ дыбыстары // Ақиқат №7. Б. 18-23, 2007.
30. Әбдіманов Ө. Ұлт рухын ұлықтаған // Жұлдыз №8, Б. 137-144, 2007.
31. Шүкірұлы С. Ахаң әліпбиі һәм тіл дыбыстары // Әдебиет айдыны №37, 20 қыркүйек 2007.
32. Өзбекұлы С. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынов және Қазақстанда құқықтық мемлекет құрудың өзекті мәселелері // Президент және халық №43(113), 25 қазан 2007.
33. Әнесұлы Ж. Ұлылықтың үлгісі болған Ахаң // Қазақ №45(350), 9 қараша 2007.
34. Қайратұлы Б. Алаш-арман // «elserik» сайты, 28 қараша 2007.
35. Әбдешев М. Орынбор: 1917 жыл, 1-13 желтоқсан. Жалпықазақ сиезі (деректер һәм құжаттар) // «elserik» сайты, 29 қараша 2007.
36. Имаханбетова Р. Еленбей келген еңбектер // Жас өркен. Қостанай №6, қараша-желтоқсан. Б. 22-23, 2007.
37. Жұртбай Т. Абақтыдағы Алаш // Егемен Қазақстан, 12 желтоқсан 2007.

#### 2008

1. Қамзабекұлы Д. Жәдитшілдік – ұлттық рухани серпілу негізі // Ақиқат №1. Б. 29-36, 2008.
2. Ісімақова А. Алаш зиялылары және ғылым // ҚР БҒМ М.Әуезов атындағы ӘӨИ Ғылыми және көркем-әдеби «Керуен» журналы №1 (10). Б. 41-50, 2008.
3. Шүкірұлы С. Ахаң әліпбиі һәм қазіргі қазақ дыбыстары // Астана хабары №3, 15 қаңтар 2008.
4. Қалмақов Е. Халқының рухани көсемі (Ахаңның мұрасы келелі әңгіменің арқауы болды) // Қостанай таңы, 25 қаңтар 2008.
5. Ұлт ұстазы, ұлт ұйтқысы (Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына – 135 жыл! Ұжымдық 2 сурет берілген) // Қазақ №5(326) – Білім жарысы, №3(45), 1 ақпан 2008.
6. Әбсадықов А. Байрағымыз – бөрі, ұранымыз – Алаш немесе алаш атауының түп-төркіні туралы // Қазақ №5(326), 1 ақпан 2008.
7. Имаханбетова Р. Ғұлама (Ахметтану) // Жас өркен. Қост., №1(32). Б. 4-7, қыркүйек-қазан 2008.
8. Имаханбетова Р. Еленбей келген еңбектер // Қазақ №5(326), 1 ақпан 2008.
9. Оразғалиева С. Ахаң – қазақ әдебиеттанушысы // Қазақ, №5(326), 1 ақпан 2008.
10. Саржанов А. Көз көргендер сөйлейді // Қазақ, №5(326), 1 ақпан 2008.
11. Қамзабекұлы Д. «Айқап» және «Қазақ»: азаматтық ұстаным мен елдік мүдде // Ақиқат №2. Б. 41-46, 2008.
12. Әбенов С. Ахаң рухымен сырласу // Білім жарысы, №5(47), 29 ақпан 2008.
13. Жүсіпбеков Ж. Арыс // Білім жарысы, №5(47), 29 ақпан 2008.
14. Мешітбаев Н. Ақиқаттың ақ берені // Білім жарысы, №5(47), 29 ақпан 2008.
15. Имаханбетова Р. Мұраға мұқият болсақ... // Әдебиет айдыны №10 (158), 6 наурыз 2008.
16. Азанбек Е. Алматыда Ахмет Байтұрсынұлы оқулары өтуде // ҚазАқпарат, 30 мамыр 2008.
17. Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіндегі мақаласынан үзінді // Ақиқат №6, 3 б., 2008.
18. Рамазан А. Тәуелсіздіктен бұрынғы тіл саясаты (Қазақ тілінің үш түрлі таңбалануының тарихы туралы) // Ақиқат, №6. Б. 26-32, 2008.

19. Имаханбетова Р. Ахаң «Әліпбиі» – рухани игіліктердің төлбасы (Мұқабаның соңғы бетінде Алматыдағы ұлы ұстаз А.Байтұрсынұлы мұражайынан суреттер ерілген) // Ақиқат, №6. Б. 33-39, 2008.
20. Тәуелсіздік кезеңнің ғылымы және А.Байтұрсынұлы мұрасы» (дөңгелек үстел) // Жас қазақ, №34(190), 29 тамыз 2008.
21. Имаханбетова Р. Ахметтанудың негізін салушылар // Жас өркен. Қостанай, №5 (36), Б. 2-5, қыркүйек-қазан 2008.
22. Шүкірұлы С. Алаш аманаты // Әдебиет айдыны, №40, 2 қазан 2008.
23. Қабышұлы Ғ. Қайта оралған «Қазақ» // Қазақ, №543-44. Білім жарысы, №17(59), 24 қазан 2008.
24. Құрманбайұлы Ш. Терминолог (А.Байтұрсынұлының терминдерінің өміршеңдігі) // Abai.kz. 30 сәуір 2008; Егемен Қазақстан, 12 қараша 2008.
25. Сағидоллаұлы Қ. Алаш туы астында күн сөнгенше сөнбейміз! (Алаш идеясы – мемлекет идеясы) // Айқын, №214(1151), 13 қараша 2008.
26. Омарханов Н. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» (Сұхбаттасқан: Жолдыбай К) // Егемен Қазақстан, №347(25317), 15 қараша 2008.
27. Аманжол Қ. Арыстар аманатына адалдық // Егемен Қазақстан, 25 қараша 2008.
28. Имаханбетова Р. Ахаңның тың туындылары һәм оның бүркеншік аты хақында // Ақиқат, №11, Б. 227-230, 2008.
39. Пірәлиев С. Ахаң дәріс оқыған аудиториядан ескен леп // Ақиқат, №11, Б. 79-88, 2008.
30. Шүкірұлы С. Алаш аманаты // Қазақстан ZAMAN №53, 29 желтоқсан 2008.

## 2009

1. Қирабаев С. Тәуелсіздік идеясы және «ұлтшылдық» әдебиет // Ақиқат №1. Б. 58-66, 2009.
2. Имаханбетова Р. Ахаңның ұлт әдебиетіндегі айшықтары // Жас өркен. Қостанай №1 (38), Б. 11-15, қаңтар-ақпан 2009.
3. Қонарбайұлы А. Аяулы Ахаңнан көнін сүйретіп байыған көпес артық болды (Ұлт зиялыларының назарына) // Жас қазақ, №7(215), 20 ақпан 2009.
4. Әбілқайыр Қ. Ахметтен орыстың Зубовы артық па? // Ана тілі, №8(949), 26 ақпан – 4 наурыз 2009.
5. Рысмаханова Ж. Әдебиеттану әлемі (Әдебиеттанушы А.Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» кітабының тұсаукесері) // Қазақ әдебиеті, №9 (3120), 13 наурыз 2009.
6. Мамырбек Р. «Алашорда» құтты болсын! («Алашорда» атты деректі фильмінің тұсаукесері) // Қазақ әдебиеті, №10-11 (3122), 20 наурыз 2009.
7. Ерболұлы Р. Көсем қымбат па, көпес қымбат па? (Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі қабырғасына ілінген Зубовтың мәрмәр тақтасы туралы) // Жас алаш, №18 (15372), 3 наурыз 2009.
8. Бектасова Г. Бүйректен сирақ... көпес Зубовтың үйі ме әлде Ахаңның мұражайы ма? // Түркістан, 5 наурыз 2009.
9. Ферхат Тамыр. Анкара Ахметті ардақтады («Жаңа әдіс» және А.Байтұрсынұлы) // Қардеш қаламгер журналы. Түркия. 30 наурыз 2009.
10. Құсайынов К. Тіл ғылымы тілімізге тірек болсын (А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директорымен сұхбат. Өңгімелескен: Н.Домбай) // Ана тілі, 17 сәуір 2009.
11. Көкішұлы Т. Талаптыға жол нұсқаған «Ғалия» (Сұхбатты жүргізген: Рақымқызы Р) // Алаш айнасы, 22 сәуір 2009.
12. Кекілбай Ә. Тіл және тәуелсіздік (А.Байтұрсынұлының тіл оқыту туралы ұстанымдары, оқулықтары) // Тіл және қоғам, №4(20). Б. 3-25, 2009.
13. Шүкірұлы С. Мен ұлтыма жауаптымын деп жүрсе... (Ахаң айтқан шықтар) // Жас қазақ, №16, 24 сәуір 2009.
14. Қали Н. Әліпбиге әріп қосқан (Қытай еліндегі қолданыстағы Ахаңның төте жазу туралы) // Ана тілі, 26 сәуір 2009.
15. Жұртбай Т. «Жапон тыншысы» деген жала қалай шықты? // Қазақ әдебиеті №22-23 (3134), сәуір 2009.
16. «Ұлағатты ұлт ұстазы» атты дәстүрлі А.Байтұрсынұлы оқулары // Алматы қалалық тілдер басқармасының сайты, 29 мамыр 2009.
17. Жәрімбетова Н. Ахаңның жары Бадрисафа: ол қайда жерленген немесе Қасқат аулында көз жұмған Александра кім еді? // Егемен Қазақстан, 30 мамыр 2009.
18. Әбілқайыр Қ. Ахметтің аруағы зубовшылардың сағын сындырды (Ахаң мұраіына ілінген тақта туралы) // Ана тілі, №22 (963), 4-10 маусым 2009.
19. Ахметов Қ. Ахмет және Файзолла // Білім жарысы: Қостанай №9 (70), 19 маусым 2009.
20. Мелдеев А. Тіл – ұлттың жаны (Ғасыр басындағы зиялылардың тіл туралы ғираты негізінде) // Медиа орталық «Нұр» №30 (160), 30 тамыз 2009.
21. Мәметқазыұлы Қ. Ұлт ұстаздары Ы.Алтынсарин мен А.Байтұрсынұлы мектеп оқушыларына кезінде Ленинді дәріптегеннен артық ұлықталуы тиіс // ҚазАқпарат. Астана, қыркүйектің 3-і, 2009.
22. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі // Біздің Торғай, №39 (7981), 11 қыркүйек 2009; №39 (7982), 18 қыркүйек 2009; №41 (7983), 25 қыркүйек 2009.
23. Ізтілеу Д. Ахмет – халқының ар-ожданы (Алматыдағы Ахаң мұражайынан соны ақпараттар) // Ана тілі №37 (978), 17-23 қыркүйек 2009.
24. Ілияс Б. Ақырғы дем алдында // Жас өркен. Қостанай №5 (42). Б. 12-14 қыркүйек-қазан 2009.
25. Ағытайұлы И. Ахмет – ұрпақ ұраны // Жас өркен. Қостанай №5 (42). Б. 15-17 қыркүйек-қазан 2009.

26. Қамзабекұлы Д. Астана төрінде Алашқа арналған ескерткіш тұруы тиіс (Сұхбаттасқан: Қ.Махамбет) // Айқын, 24 қазан 2009.
27. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі // Ақиқат, №10. Б. 48-51, 2009.
28. Имаханбетова Р. «Әдебиеттегі елшілік ұран» // Ана тілі, №44(985), қарашаның 5-11-і, 2009.
29. Жәрімбетова Н. «Бадрисафа» экспедициясы алғашқы сапарын аяқтады (А.Байтұрсынұлының жұбайы туралы) // Егемен Қазақстан, 1 желтоқсан 2009.
30. Қамзабекұлы Д. Астана төрінде Алашқа арналған ескерткіш тұруы тиіс (Сұхбаттасқан: Махамбет Қ) // Айқын, 24 қазан 2009.
31. Қожахметұлы Ж. Алаштың ардагері: Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары // Қазақ №52 (461), 25 желтоқсан 2009.

#### 2010

1. Жәрімбетова Н. Ахаңның адал жары да, жұмбағы да – Бадрисафа (оның өмір деректері мен бейітін іздеу жұмыстары жалғасуда) // Қостанай таңы, 28 мамыр 2010.
2. Жәрімбетова Н. Бадрисафа бейнесі // Егемен Қазақстан, 31 мамыр 2010.
3. Әбдісадықов А. Алаш рухы // Жас өркен. Қостанай №3 (46). Б. 6-9, мамыр-маусым 2010.
4. Өтеуліұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйінде «Интернет-клуб» қайдан пайда болды? // Алматы ақшамы, №87(4332), 2-бет, 15 шілде 2010.

#### Өмірі, шығармашылығы қарастырылған әдебиеттер:

#### 1989

1. Елеукенов Ш. Жаңа жолдан. С новой строки (қазақ, орыс тілдерінде). – А.: 1989.-288 б. (Халқының көңілін көгерткен: А.Байтұрсынұлының өмірі мен творчествосы. Б. 94-109).
2. Қазақ совет әдебиеті. Он бір жылдық орта мектептің 11-классына арналған оқулық (Әдібаев Х., Базарбаев М., Қабдолов З., Нұрғалиев Р). – А.: Мектеп, 1989.-345 б., (Ахмет Байтұрсынов. Б. 33-39).

#### 1990

1. Ана тілім – ардағым (Құраст.: Айтбаев Ө., Уәлиев Н). – А.: Қазақстан, 1990.-168 б. (А.Байтұрсынов. Туған тілім. Б. 81 б.; Атақты Сібір ұлы қарт Потанин. Б. 82 б.).
2. Әліппе айтысы (Құраст.: Мәжітаева Ш). – Қарағанды: ҚарМУ, 1990.-106 б.
3. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – А.: Білім, 1990.-52 б.
4. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жапа шеккендер. – А.: Қазақстан, 1990.-168 б. (А.Байтұрсынұлы. Б. 5-12; Әділет салтанат құруда. Б. 158-166).
5. Атамұра. Көмекші құрал (Құраст.: Кенжеахметов С.). – Арқалық, 1990.-70 б. (Туған жерге ту тіккен. Б. 3-10).
6. Өтениязов С. Тарихтың ащы ақиқаттары. – А., 1990.
7. Нәубет: Публицистикалық ой-толғаулар (Құраст.: Қыстаубаев З). – А.: Жалын, 1990.-448 б. (Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер. Б. 122-145).

#### 1991

1. Өлем. Альманах: Өлеңдер, очерктер, әңгімелер. 1-басылым (Бас редакторы А.Сейдімбеков). – А.: Жазушы, 1991.-496 б. (Жадыны жаңғырту: А.Байтұрсынұлы; Оқу жайы; Қазаққа ашық хат. Б. 44-50).
2. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. (Құраст.: Мақпыров С). – А.: Ана тілі, 1991.-184 б., (А.Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқыш» кітабынан үзінді. Б. 130-141).
3. Дулатов М. Шығармалары (Құраст.: Әбсеметов М., Дулатова Г). – А.: Жазушы, 1991.-384 б. (Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов. Б. 295-302).
4. Зауал. Мақалалар, естеліктер (Құраст.: Б.Қойшыбаев). – А.: Жазушы, 1991.-272 б. (Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов – ағартушы ғалым, қоғам қайраткері. Б. 141-161; Қойшыбаев Б. Көзқарас эволюциясы. Б. 161-167).
5. Мауленов С. Сыр мен жыр: Туған әдебиет туралы ойлар. – А., 1991. (Өзен ағысы – өмір ағысы. Б. 118-127).
6. Нұрғалиев Р. Арқау: Екі томдық шығармалар. 1-том. – А.: Жазушы, 1991.-576. (А.Байтұрсынұлы. Б. 5; 160; 543-546).
7. Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер (Өмірбаяндық библиографиялық анықтама). – А.: Рауан, 1991.-256 б. (Байтұрсынов А. Б. 59-61).
8. Торғай жазушылары: анықтамалық (Құраст.: С.Кенжеахметов). – Арқалық, 1991.- 3 б.т. (Әдебиеттің алыптары: Байтұрсынов Ахмет. 2-бет).
9. Торғай түлектері: жаңғыруы мен жаңаруы (Шығарушы: С.Кенжеахметов). – Арқалық, 1991.-104 б. (Әлденев Б. Торғай – тарих куәгері. Б. 41-44; Әмірханов Ғ. Ыбырай ізбасарлары. Б. 48-50).

#### 1992

1. Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар (Құраст.: Д.Әшімханов). – А.: Жалын, 1992.-544 б. (Мұстафин Ғ. Сыр ашу. Б. 7-8; Ахмет Байтұрсынов (1873-1937). Б. 177-262. 7 мақала енген: Жұртбаев Т. Шырмалған шындық немесе бір тергеудің тарихы. Б. 128-176; Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек. Б. 241-260; Дулатова Г. Ардақтап өтем әкемді. Б. 478-541).
2. Досжанов Д. Абакты. – А.: Қазақстан, 1992.-288 б. (Ахмет Байтұрсыновтың істі болу тарихы. Б. 152-218).
3. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан. – А., 1992. (Қалиев С. А.Байтұрсыновтың педагогикалық көзқарастары. Б. 193-210).
4. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – А.: Қазақстан, 1992.-264 б.
5. Кәкішев С. Ахаң туралы ақиқат. – А.: Қазақстан-Шапағат, 1992.-112 б.
6. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – А., 1992.-272 б.

#### 1993



1. Абылқасымов Б. Телқоңыр. – А.: Атамұра, 1993.-160 б. (Қазақтың ғұрып фольклорын саралау мәселелері. Б. 9-16; Бақсылық және бақсы сарындары. Б. 90-105).
2. Ақталған жазушылар мен журналистер еңбектерінің көрсеткіші (1917-1937). ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі. – А., 1993.-46 б.
3. Әбдиманов Ө. Қазақ газеті. – А.: Қазақстан, 1993.-168 б.
4. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы (Құраст.: Қожакеев Т). – А.: Қазақ университеті, 1993.-144 б. (Қаболов З. Ахаң һәм әдебиеттің әліпбиі. Б. 3-8; Болатова Г. Ахмет Байтұрсынұлының тұрмыс-салт жырлары туралы. Б. 134-138; Әбдиманов Ө. Азаттықты аңсаған азаматтық поэзия. Б. 76-88).
5. Қазақ мәдениетінің жарқын беттері (А.Байтұрсынұлының 120 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары). – Шымкент, Қ.А.Ясауи атынд. ХҚТУ мен М.Әуезов атынд. ПИ 1993.-69 б.
6. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. – А.: Ғылым, 1993.-224. (Жазу тәртібі. Б. 66-73; Шаһзаман мырзаға. Б. 84-95; Қазақша сөз жазушылар диққатына. Б. 98-105; Жазу мәселесі. Б. 124-131).
7. Тәжібаев Ә. Есімдегілер: Естеліктер, эсселер. – А.: Жазушы, 1993.-400 б. (Ахмет Байтұрсынов. Б. 331-333).
8. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-т. – А.: Ғылым, 1993.-280 б. (Тұтқындағы Байтұрсынұлының «Масасына». Б. 88-89; Таныстыру. Б. 146-164).
9. Радлов В.В. Алтын сандық (Құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазғандар: С.Қасқабасов, К.Ісләмжанұлы). – А.: Ана тілі, 1993.-256 б.
10. Мамажанов М. Асыл мұра. Кітап – даналық қазынасы. – А.: Қазақстан, 1993. (А.Байтұрсынұлы – ұлтымыздың бас баспагері. Б. 71-77).
11. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – А., 1993.-128 б.
12. Ысқақұлы Д. Сын шын болсын (Әдеби сынның ғылыми негіздері. Оқу құралы). – А.: Қазақ университеті, 1993.-128 б. (Әдеби сынның идеялылығы. Б. 44-49; Әдеби сынның шыншылдығы. Б. 50-52).

#### 1994

1. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – А.: Білім, 1994.-248. (Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсынов. Б. 133-150).
2. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж. Алты алаштың ардақтылары. – А.: Ана тілі, 1994.-112 б.
3. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Оқу құралы. – А.: Санат, 1994.-448 б. («Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің әдебиет сынын тудырудағы тарихи маңызы. Б. 70-144; Жазба әдебиет және сын. Б. 144-199; Заман және көркемдік мұрат. Б. 200-212; Көркемдік тәжірибе – қисын негізі. Б. 259-275; Ұйымдасудың қияметі мен қиястығы. Б. 275-300; Эстетикалық-социологиялық сын. Б. 300-326; Тұсаулы ой толқындары. Б. 326-360; Абайтану асулары. Б. 394-446).
4. Кәкішев Т. Ескірмейді естелік. – А.: Жазушы, 1994.-426 б.
5. Қайта оралған қаламгерлер. ҚР ҰК Библиографиялық көрсеткіш. Құраст.: Қойшыманова С., Жорабаева Г. – А.: Ротапринт, 1994. (А.Байтұрсынұлы туралы. Б. 26-54).
6. Қызыл қырғын 37-де опат болғандар. (Құраст.: Касенов Қ., Төреханов Қ.). – А.: Қазақстан, 1994.-80 б.
7. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі тілдік ерекшеліктер. – А.: Алаш, 1994.-145 б.
8. Субханбердина Ү. Қазақ, Алаш, Сарыарқа. – А.: Ғылым, 1994.- 216 б.

#### 1995

1. «Айқап». Энциклопедия (Бас редактор: Нұрғалиев Р). – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1995.-367. («Қазақ» газетінің қайта оралуы. Б. 21-24; Байтұрсынұлы А. Қазақ өкпесі. Б. 47-49; Тағы да жер жайынан. Б. 59-61; Тағы да народный сот хақында. Б. 65-68; Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар. Б. 76-79; Қазақ һәм төртінші дума. Б. 118-119; Шахзаман мырзаға. Б. 123-126; А.Байтұрсынов туралы мәлімет. 295 б.; Мақалалар көрсеткіші. 308 б.; Тағы да жер жайынан. 316 б.; Оқу-ағарту және тәрбие мәселелері. 329 б.; Жазу тәртібі. 330 б.; Шәйзіман мырзаға. 339 б.; Кітаптар жайынан. 340 б.; Қазақ өкпесі. 347 б., А.А.Б., А.Б. 364 б.).
2. Алаш мирас (Народное наследие): Құжаттар жинағы. Қазақ, орыс тілдерінде. – А.: Қазақстан, 1995.-205 б.
3. Ғабитова Ф. Алыптар тағдыры: күнделік дәптерден (Баспаға дайындап, алғы сөзін жазған: Ахмадиев Ж.). – А.: Жазушы, 1995.-144 б. (А.Байтұрсынұлына қатысты тұсы. Б. 117-121).
4. Қалиев С., Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оқу құралы. – А.: Санат, 1995. (ІҮ тарау. Қазақстанда ұлттық тәлім-тәрбие ілімінің туып, қалыптасу кезеңі. Б. 241-251).
5. Кәкішев Т. Кер заманның кереғар ойлары. – А.: Атамұра, 1995.-168 б. (А.Байтұрсынұлы. 9-б.).
6. Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары (Көмекші оқу құралы). – А.: Санат, 1995.-168 б.
7. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. Оқу құралы. – А.: Білім, 1995.-288 б., (Қазақтың тұңғыш революцияшыл-демократтары. Б. 54-68; Ахметтің ақындығы. Б. 107-117).
8. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – А.: Санат, 1995.-368 б.
9. Қосбаев Ж. Торғай – дуан. – А.: Айқап, 1995.-196 б., (Дауір туғызған жаңғырық: Қазақ үшін шам қылған жүрек майын. Б. 79-85; Алыптар өскен орта. Б. 85-95; Ұлтты оятқан ұлы оқиға. Б. 86-102; Қилы тағдырлардың тоғысуы. Б. 103-119).
10. Қыраубаева А. Жаным садаға. – А.: Жазушы, 1995., (Б. 162, 171)
11. Мұқамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – А.: Атамұра, 1995.- 208-б., (Ахмет Байтұрсынов. Б. 130-141).
12. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А.: Атагек, 1995.-256 б.
13. Сәрсенбайұлы Ә. Ғасырмен ғасыр беттесе. – А.: Жазушы, 1995.-272., (Рухани көсем – пайғамбар: Ахмет аға туралы толғаныстар. Б. 31-34).

#### 1996

1. Абайдың тәлімгерлік тағылымы. (Ғылыми-практикалық конференция материалдары). – А.: Рауан, 1996.-136., (Абай өлеңдерінің құрылысының үлгісін мектепте оқыту және оның педагогикалық тағылымы. Б. 52-73).
2. Азалы кітап – Книга скорби. Атылғандардың тізімі. 1-басылым. А. және А. облысы. (қазақ, орыс тілдерінде). А.: 3391996.-360 б., (Навечно в памяти народа. Б. 6-19; Байтұрсынұлы А. 53 б.).
3. А. энциклопедия. – А.: Энциклопедия, 1996.-344 б. (Ахмет Байтұрсынұлы. 88 б.).
4. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. (Естеліктер мен тарихи деректер). – А.: Жалын, 1996.-224 б., (Ұлттық ұлы бұлқыныс. Б. 3-23; Аханның өмір кезеңдерінен. Б. 23-37, 173).
5. Дау шешеді дана сөз (Құраст.: Әбділдаұлы О). – А.: 1996. (А.Байтұрсынұлы туралы мәлімет және «Жауға түскен жан сөзі» мен «Қазақ салты» өлеңдері енген. Б. 247-248).
6. Қабдолов З. Көзқарас (Талдаулар мен толғаныстар). – А.: Рауан, 1996.-256 б. (Аханның әдеби қисындары. Б. 70-80).
7. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. – А.: Жеті жарғы, 1996.-224 б. (Ахмет Байтұрсынұлына қатысты деректер. Б. 4, 17, 19-22, 29, 54-61, 77-96).

#### 1997

1. 20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – А.: Ғылым, 1997.-512 б. (20-жылдардағы әдеби сын. Б. 117-145; 30-жылдардағы әдеби сынқазақ әдебиеті. Б.146-264; Ахмет Байтұрсынұлы. Б. 394-424).
2. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. (Құраст.: Жалмаканов Ш., Ысмағұлов Ж). – Қарағанды, 1997.
3. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. (Құраст.: Жалмаканов Ш). – Қарағанды, 1997.
4. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі. (Қазақ терминологиясының негіздері). – А.: Рауан. 1997.-240 б.
5. Әуезов М.Орынбор Абайдан соңғы ақындар. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. 1-т. – А.: Ғылым, 1997.- (Б. 93-94)
6. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – А.: Ғылым, 1997.-504 б.
7. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – А.: Ана тілі, 1997.-128 б.
8. Жұртбаев Т. Талқы. – А.: Қазақстан, 1997.-368 б.
9. Қамзабекұлы Д. Руханият: мақалалар мен зерттеулер. – А.: Білім, 1997.-272 б., (Руханиятымыздың «Алқасы». Б. 5-20; 53-54; Дәуірдің кесек тұлғасы. Б. 88-100; Ахмет Байтұрсынұлының Ташкентке сапары. Б. 99-107; Арыстарымыздың мәңгілігін ойлайық. Б. 171-200).
10. Нұрғалиұлы Р. Әуезов және Алаш. Көмекші оқу құралы. – А.: Санат, 1997.-432 б. (Әдебиеттегі ұлттық рух. Б. 277-288).
11. Нұсқабайұлы Ж., Аллаберген К. Көне басылымдар құнды деректер. Аяулы есімдер. – А.: Рауан, 1997.-169 б.
12. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік думасы және Қазақстан (1905-1917 ж.) – А.: 1997.-460 б., (Байтұрсынұлы А. Б. 15, 84, 88-93, 98-101, 137, 188, 204, 253-254, 257-258, 262-263, 266, 274-275, 292, 302, 306).
13. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақ қасіреті. – А.: Санат, 1999.-270 б.
14. Пірманов Ө., Қапаева А. Қазақ интелегенциясы. – А.: Атамұра, 1997.-160 б. (А.Байтұрсынұлына қатысты беттер: 100, 125, 137).
15. Сыдықұлы Қ. Халқымен қайта табысқандар. – А.: Ана тілі, 1997.
16. Ұлы суреткер ұлағаты. (М.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына орай Орталық ғылыми кітапхана өткізген конференция материалдары). – А.: ОҒК, 1997. (Ойсылбаева А. Ахмет Байтұрсынұлы және Мұхтар Әуезов: рухани үндестік. Б. 92-98).
17. Шүкірұлы С. Шақшак Жәнібек (деректі әңгіме). – А.: Балауса, 1997.-48 б.

#### 1998

1. Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары. – А.: Нұрлы әлем, 1998.-560., (Ахмет Байтұрсынұлы. Б. 142-144; 350-351).
2. Ахметтану тағылымдары: А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына орай Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. (Жауапты ред.: Уәлиұлы Н. 1-бөлім: Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы – 10 мақала; 2-бөлім: Фонетика. Фонология – 3 мақала; 3-бөлім: Морфология. Тарихи морфология – 5 мақала; 4-бөлім: Синтаксис. Семантикалық синтаксис – 9 мақала; 5-бөлім: Лексика. Лексикология – 6 мақала; 6-бөлім: Ономастика. Терминология – 11 мақала; 7-бөлім: Тіл мәдениеті. Мәтін лингвистикасы – 11 мақала). – А.: Ғылым, 1998.-294 б.
3. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімі: А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. (Жауапты ред.: Шалабай Б). – А.: Абай атындағы АлМУ, 1998.-97 б.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Екінші басылуы. (Құраст.: Ахметов З., Шаңбаев Т). – А.: Ана тілі, 1998.-384 б., (А.Байтұрсынұлына қатысты беттері: 13, -15, 24, 37, 68, 72, 78, 112, 121, 134, 149, 173, 189, 194, 237, 272, 295, 309-310, 326-327, 337, 354-355).
5. Байтұрсын І. Алтын бесік – Золотая колыбель. – Қостанай, 1998.-260 б.
6. Дулатова Г. Шындық шырағы (Бірінші кітап). – А., 1998.-298 б., (А.Байтұрсынұлына қатысты беттер: 23, 33, 48-53, 65, 69, 71, 84, 91, 104-107, 110-112, 115, 125-127, 276 ).
7. Дулатова Г. Шындық шырағы (Екінші кітап). – А., 1998.-363 б. (А.Байтұрсынұлына қатысты материалдар: Тағдырластар. Б. 230-260; Сәкен Қалиқызының әңгімесі. Б. 286-299, 309, 361).
8. Жүсіпұлы М. (Джусупов М.) Ахмет Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. А.: Ғылым, 1998.-216 б.
9. Кенжалин Ж. Шындықты шырақ етіп ұстаныз: Байыптамалар, деректі әңгімелер, очерктер. – А.: Қазақстан, 1998.-239 б., (Алашта білім асырған: рухани көш керуеніміздің кеменгерлері Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып

- Дулатовтың Торғай топырағында өткен асынан соңғы ой. Б. 101-107).
10. Қазақтар. Көпшілікке арналған 9 томдық анықтамалық. 2-т. – А.: Қазақстан даму институты, 1998. (Тарихи тұлғалар: Ахмет Байтұрсынұлы. Б. 146-148).
11. «Қазақ» газеті (Құраст.: Сұбханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ.). – А.: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998.-560 б.
12. Қыдыршаев А. А.Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы: арнайы курсқа арналған оқу-әдістемелік құрал. – Орал, 1998.-132 б.
13. Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы (А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары).– Астана: Елорда, 1998., (Кәкішев Т. «Қазақ газеті және сын». Б. 58-65; Қирабаев С. «А.Байтұрсынов – тәуелсіздік жыршысы». Б. 47-58; Қабдолов З. «Ахан – ана тілін түрлеуші». Б. 38-41).
14. Өзбеков С. Арыстары алаштың: тарихи очерктер. –А.: Жеті жарғы, 1998.-192 б., (Қазақстандағы қоғамдық-саяси, құқықтық ой-пікірдің көрнекті өкілдері және олардың қазақ қоғамының саяси дамуына көзқарастары. А.Байтұрсынов. Б. 25-32).
15. Сәрсекеев Қ. Отыз жетінші жыл (әңгіме, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – А.: GAuHAr, 1998.-175 б.
16. Тұрғынбеков С. Жерорта: Жыр кітабы. – А.: Жазушы, 1998.-208 б., (А.Байтұрсынұлының 125 жыл мерейтойына арнау-өлең. Арыстар азасы: Ахмет. 18 шумақ, 93 жол. Б. 99-104.).
17. Шуақиев М., Шаяхмет А. Елім деп өткен Елдос. – А.: Ана тілі, 1998.-112 б., (Ученая деятельность А.Б.Байтұрсынова. Б. 24-32).

### 1999

1. Елеуқенов Ш. Сұлулыққа іңкәрлік. Толғау-эссе, хикая, әңгіме, очерк, пьесалар, әдеби сын-зерттеулер. – А.: Білім, 1999.-328 б. («...Әдебиет танытқыш – әдебиеттану терминдері туралы тұңғыш сөздік». 276 б.; «...Қазақ терминологиясында аса көрнекті ғұламаның бірі А.Байтұрсынұлы қалдырған тамаша дәстүр бар. Ол тіліміздің шексіз бай қорынан қазақи ұғымдар енгізу дәстүрі». 279 б.).
2. Жалпытүркілік әліпби. Қазақша жазу емлесі (Құраст.: Ибатов Ә). – А.: Арыс, 1999.-56 б.
3. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – А., 1999.-720 б. (А.Байтұрсынұлы; Ахметтің Ленинге жолдаған хаттары; Байтұрсыновтың мұражай-үйі. Б. 72-76).
4. Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. – А.: Білік баспа үйі, 1999.-750 б. (А.Байтұрсынұлы. Б. 149-150).
5. Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Астана, 1999.-459 б. (Бүркітов Орынбор Ұлттық баспа сөзінің мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі).
6. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Монография. – А.: Қазақ университеті, 1999.-432 б.
7. Сұбханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – А.: Орталық ғылыми кітапхана, 1999.-834., («Қазақ» Б. 50-56; Ахмет Байтұрсынов. Б. 63; 70; 98-99; 128; 131-132; 203; 600-602; 644-645; 672-673; 716-717; 757; 761).
8. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. (Жауапты ред.: Жанпейісов Е. А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына орай: 1-бөлім – 11 мақала; 2-бөлім – 16 мақала; 3-бөлім – 31 мақала). – А.: Ғылым, 1999.-568 б.
9. Қожақеев Т. Қым-қуыт іздер. – А.: Санат, 1999.-400 б. (Тың дерек. Б. 328-330; Тарихи деректер бұрмаланбасын. Б. 355-358).
10. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары: Оқу құралы. – А.: Санат, 1999.-321 б.

### 2000

1. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. Астана: Елорда, 2000.-344 б. (Ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдайлар. Б. 59-61; Қазақ әдеби тілінің дамуын танытатын жазба нұсқалар. Б. 64-65; Қазақ жазуының жетілуі, Б. 66-68; Қазақ жазуын жетілдірудегі А.Байтұрсыновтың қызметі. Б. 69-71; Поэзиядағы мысал жанрының қалыптасуы мен дамуы. Б. 73-90).
2. Ағытайұлы И. Бабамыз – Бекзат данышпан. – Қостанай, 2000.-88 б., (А.Байтұрсынұлы әулетінің шежіресі және ол туралы деректер берілген).
3. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. – А.: Қазақ университеті, 2000.-358 б.
4. Ләмбекұлы С. Арыстар: Роман. – Астана: Елорда, 2000.-368 б.
5. Сақ Қ. Ұлт санасының ұйытқысы. – А.: ҚазҰМУ, 2000.-175 б.
6. Смайылов К. Жеті қыр, бір сыр. Естеліктер, публицистика. – А.: Атамұра, 2000, (Арыстарды ақтағанда. Б. 107-113).
7. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – А.: Білім, 2000.-355 б.

### 2001

1. Бектемісұлы Н. Ахмет ұшқан алтын ұя. – Астана: Елорда, 2001.-128 б.
2. Естайұлы Ж., Сын әуені: әдеби ой-толғаныстар. – Аст.: Елорда, 2001.-288 б.
3. Қазақ прозасы: Хрестоматия. 2 том. – А.: Ғылым, 2001. (А.Байтұрсынұлы: Ауру жайынан. Б. 480-483; Бас қосу турасында. Б. 483-486; Бас қосуға рұқсат берілмеді. Б. 490-491; Бас қосу. Б. 492; Білім жарысы. Б. 502-506; Аңдаспаған мәселе. Б. 512-513; Бастауыш мектеп. Б. 516-519; Губернаторлардың өзгертілуі. Б. 527-528; Әліппе – таңбалар жұмағы. Б. 532-545; ).
4. Қазақстанның тәуелсіздігіне 10 жыл: дамудың жетістіктері мен қорытындылары. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. 22-24 ақпан. – А.: Қайнар университеті, 2001. (Қалиев С., Мұратханова Р. Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатов. Б. 155-159).

5. Қазақстан Республикасы 10 жыл шежіресі. (Құраст.: Нысанбаев Ә., Жұмаханов Т., Шанбаев Т., Жақыпов Е., Жақыпова А.) – А.: Қазақ энциклопедиясы. – А., 2001.-504., (А.Байтұрсынұлының туғанына 120 жыл толуына суретімен мәлімет. 155 б., Биост пен мұражайдың ашылуы. 374 б., А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған салтанатты жиналыс. 382 б.; Ұлы тұлғаға тағзым. 383 б).
6. Сак Қ. Ұлттық сана ұйытқысы. – А., 2001.-183 б.
7. Шүкірұлы С. Рухани өріс кернеуі. – А.: Мария, 2001. (Қаншеңгел немесе Ахмет Байтұрсыновтың назасы Файзоллага хат).
8. Су Бихэй. Қазақ мәдениетінің тарихы (Қытай тілінен аударған: Т.Зәкенұлы). – А.: Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы, 2001.-552 б. (Араб жазуы негізіндегі қазақ жазуы. Б. 465-467).
9. Ұлттың ұлы ұстазы: халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы А.Байтұрсынов. – А.: OFK, 2001.-305 б.

## 2002

1. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. (Құраст.: Әбдиманұлы Ө.) – А.: Қазақ университеті, 2002.-430 б.
2. Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. – А.: Қазақ университеті, 2002.-288 б.
3. Әлім Қ. Міржақыптың оралуы – Возвращение из небытия: хикаят-сапарнама. Қазақ, орыс тілдерінде. – Астана: Фолиант, 2002.-216 б., (Ахан, Жақан – қос арыс: Халқының көз жасынан жаралғандар. Б. 28-36).
4. Көркем аударма теориясы мен тарихының өзекті мәселелері (Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары). – А.: Қазақ университеті, 2002., (Әбдиманов Ө. А.Байтұрсынұлы және XX ғасыр басындағы көркем аударма тәжірибелері. Б. 24-29).
5. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап: Оқу құралы. (Жалпы редакциясын басқ.: Кәкішұлы Т.) – А.: Қазақ университеті, 2002.-455. (Алаштың азатшыл әдебиеті. Б. 6-126; А.Байтұрсынов. Б. 64-82).
6. Қалиев С., Иманбекова Б. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұраларын оқу-тәрбие жүйесіне пайдалану. – А.: Өлке, 2002.-224 б.
7. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002.-474 б.
8. Қозыбаев М. Қ. Өркениет және ұлт. – А.: «Сөздік-Словарь» баспасы, 2001.-369 б.
9. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. (Құраст.: Дулатова Г., Иманбаева С.). – А.: Мектеп, 2002.-368 б. (Байтұрсынұлы А. Ақын ініме. Б. 313-314).
10. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана, Күлтегін, 2002.-528 б., (А.Байтұрсынұлына қатысты беттері: 12-35).
11. Шүкірұлы С. Мемлекеттік тіл мұраттары. Көмекші құрал. – А.: Ғылым, 2002.-352., (Мұратты істің мүддесі. Б. 126-128; Көз жетіп, көңіл сенгендей. Б. 128-132; «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» Ахан рухы бізбен бірге. 176 б.; Танбадан жеріп, дыбыстан шошымайық. «Қазақ тілінің айтылым сөздігі» кітабынан туындаған ойлар. Б. 269-280).
12. Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – А.: Ғылым, 2002.-214 б.

## 2003

1. А.Байтұрсынұлының тарихи және мәдени ескерткіштері. Құжаттар тізбесі. Қазақ, орыс тілдерінде. (Құраст.: Матвеева Л.) – А.: Өнер, 2003.-208 б. (Тарихи ескерткіш: қазіргі Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі. 56 б).
2. Қайта оралған қаламгерлер (Құраст.: Күзембаева В.). – А.: Орталық ғылыми кітапхана, 2003.
3. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Екінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары. (Құраст.: Дулатова Г., Иманбаева С.). – А.: Мектеп, 2003.-392 б. (Жазу тәртібі. Б. 54-56; Алашқа. Б. 205-207; Тіл құрал: Қазақ тілінің сарфі. Б. 219-222; Досмайыл қажыға ашық хат. Б. 163-167; Қазаққа ашық хат. Б. 270-271; Шорай ислам. Б.304-305; «Қазақ» баспаханасы. Б. 321-324).
4. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші. (Құраст.: Дулатова Г., Иманбаева С.). – А.: Мектеп, 2003.-400 б. (Ахмет Байтұрсынович Байтұрсынов. Б. 59-66; Жаңа жазу ережелері. Б. 97-106; Баспаөзіміз не күйде. Б. 106-113; Өтірік емес, рас. Б. 159-161; Оқу кітаптары. Б. 258-259, 264, 293, 304, 316-318, 349).
5. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Төртінші том: Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. (Құраст.: Дулатова Г., Иманбаева С.). – А.: Мектеп, 2003.-344 б. (Байтұрсынұлы А.: Аққу, шортан һәм шаян. 26 б.; Шыбыжық пен көгершін. 27 б.; Егіннің бастары. Б. 30-31; Қожа Насриддин ақылы. 31 б.; Кісі мен көленке. Б. 31-32; Үлес. 35 б.; Екі шыбын. 37 б.; Айна мен маймыл. Б. 38-39; Бұлбұл мен есек. Б. 40-41; Өгіз бен бақа. 43 б.; Қайырымды түлкі. Б. 48-49; Шал мен Ажал. Б. 50-51; Жүргіншілер мен иттер. Б. 53-54; Оқуға шақыру. 55 б.; Маймыл Б. 56-57; Қаптесер мен қортышқан. Б. 57-58; Қасқыр мен қозы. Б. 71-73; Қасқыр мен мысық. Б. 80-83; Шал мен жұмыскер. Б. 90-91; Қарашекпен мен қой. Б. 91-92; Сары шыбыжық. Б. 95-96).
6. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологиялық кейбір мәселелер. Монография. – А.: Алаш, 2003.-328., (Түс көрудің фольклор мен әдебиеттегі көркемдік қызметі. 32-б.; Бейвералды ишараттардың әдебиеттану ғылымында зерттелуі. 157-б.).
7. Сәрсекеев Қ. Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі – Ахмет Байтұрсынов жайлы ой түйін. – А.: Гауһар, 2003.-80 б.
8. Ұлттың ұлы ұстазы: А.Байтұрсынұлының 130 жылдығына арналған әдістемелік құрал. (Құраст.: Байжұманова А., www.spring.kz). – А.: ҚМРБК, 2003.- 46 б.

## 2004

1. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж., 1-том. Қазақ, орыс тілдерінде. (Құраст.: Алдажұманов К., Зұлқашева А., Қойгелдиев М., Нұрпейіс К., Рүстемов С., Сайлаубай Е., Тілеубаев Ш., Чиликова Е). – А.: Арыс, 2004. - 552 б., (Байтұрсынов Ахмет. Б. 65-66, 78, 81-86, 112, 119, 120, 143, 145, 154, 166, 172-173, 185, 201-203, 217, 221, 229-230, 234, 242, 245, 288, 329, 332, 335, 349, 355 362, 366, 369, 373, 376, 383-384, 386-388, 407, 413-414, 418, 429, 441, 446, 459, 472, 474, 478, 481, 487, 495-496, 498, 505).
2. Анықтамалық. – А.: Ана тілі, 2004. (Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Ахмет Байтұрсынұлы. 70-б.).
3. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері, ҚР БҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А.: Арыс, 2004.-208 б.
4. 2-Әуезов оқулары. Жас ғалымдардың 2-халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А.: АCADEMIA, 2004., (Ойсылбаева А. М.Әуезов пен А.Байтұрсынұлының тарихи жыр және жоқтау жанры туралы ой-толғамдары. Б. 224-229).
5. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. Бесінші том: Аудармалар, естеліктер, құжаттар мен деректер. (Құраст.: Дулатова Г., Иманбаева С). – А.: Мектеп, 2004.-616 б. (Дулатова Г. Өмір өткелдері. Б. 288-339; Бадыров Қ. Қаз қалпында. Б. 340-341; Байтұрсынұлы Ахметтің Міржақыпқа жазған хаттары. Б. 412-417).
6. Жармұхамбетова К.Б., Шағырва Ж.Х. А.Байтұрсынұлы және қазақ тілі. (Студенттер мен мектеп мұғалімдеріне арналған көмекші құрал). – Қостанай: ҚМУ, 2004.-59 б.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы: Кеңес дәуірі (1917-1940). 7-том. (Жауапты шығ.: Ақыш Н., Орда Г). – А.: ҚазАқпарат, 2004.-462., (20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті. Б. 12-20; Әдеби сын. Б. 153-185).
8. Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері, 24-26 мамыр. 1-бөлім. ҚР БҒМ әл-Фараби атындағы ҚҰҰ. – А.: Қазақ университеті, 2004.-292., (Исмакова А. Казахское литературоведение в контексте всемирного литературоведении. Б. 72-78; Ойсылбай А. Ахмет Байтұрсынұлы негізін салған терминдер жүйесі. Б. 198-206).
9. Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері, 24-26 мамыр. 2-бөлім. ҚР БҒМ әл-Фараби атындағы ҚҰҰ. – А.: Қазақ университеті, 2004.-292., (Имаханбетова Р. Музей – рухани, мәдени қазына. Б. 280-284).
10. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. А.: Сөздік-Словарь, 2004.-208 б.
11. Оспанұлы С. Ахмет өскен ақындық орта: көмекші оқу құралы. – Қостанай: Шапақ, 2004.-204 б.
12. Сағыбалдыұлы Ф. Шерлі жылдар, шерулі жылдар: Өлеңдер мен поэмалар. – Қостанай: Баспа үйі, 2004.-470 б., (Тас түрмеде. Б. 62-63; Ахмет қайтыс болды дегенде. Б. 121-122).
13. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. – Астана: Фолиант, 2004.-304 б., (А.Байтұрсынұлына қатысты 16-б.).

## 2005

1. Абай және ұлттық идея: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А.: ҚР БҒМ М.ОрынборӘуезов атындағы ӘӨИ баспа орталығы, 2005., (Әбдиманов Ө. Абай және Ахмет поэзиясындағы ой-үндестік. Б. 119-128).
2. Ағытайұлы И. Ортақ өмір арнасы. – Қостанай: Шапақ, 2005.-266 б. (Ансатқан Ақаң елі. Б. 13-17; Ахан және оның жақындары хақында. Б. 52-55; Тұғырға Торғайдағы қайта қонған. Б. 164-168; Өшпес есім елінде. Б. 169-171; Тұтас буынның төлбасы. Б. 171-188; Ахан адамзаттың алыбы. Б. 188-205; А.Байтұрсынұлы. «Қарағөз». «Ахау, достар». 205-б.; Қайта оралған күй. Б. 206-207; Дарқан дарын, асыл азамат. Б. 208-212).
3. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж., 2-том. Қазақ, орыс тілдерінде. (Құраст.: Алдажұманов К., Зұлқашева А., Қойгелдиев М., Нұрпейіс К., Рүстемов С., Сайлаубай Е., Тілеубаев Ш., Чиликова Е). – А.: Арыс, 2005. - 496 б., (Байтұрсынұлы Ахмет. Б. 19, 21, 23, 28, 30, 39, 230, 248-249, 306, 316, 325-327, 349, 350, 354, 360, 367, 373, 396, 414, 455, 479).
4. Алыптар тобының асылдары: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А.: Қазақ университеті, 2005. (Әбдиманов Ө. Сәкен және Алаш зиялылары. Б. 95-101).
5. Әдеби мұра және қазақ әдебиеті тарихын оқыту мен зерттеу мәселелері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А.: Қазақ университеті, 2005. (Әбдиманов Ө. XX ғасыр бас кезіндегі әдебиетті оқытудың өзекті мәселелері. Б. 134-139).
6. Әуезов 4-оқулары. Жас ғалымдардың 5-халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А.: ҚР БҒМ М.ОрынборӘуезов атындағы ӘӨИ, 2005.-225 б., (Имаханбетова Р. Ахметтанудағы кейбір ағаттықтар. Б. 172-175).
7. Жұбанов тағылымы (5-Халықаралық ғылыми-теориялық конференция). – Ақтөбе: Ақтөбе МПУ, 2005.-530 б. (Имаханбетова Р. А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов арасындағы байланыс. Б. 197-200).
8. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – А.: Өлке, 2005.-160 б. (Ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақстандық патриотизмге қатысты алғышарттар мен объективті негіздер. Б. 76-92; Ұлт ұпайын түгендеуден асқан міндет жок. Б. 129-135).
9. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сөзі (Бірінші қырғыз ғылыми съезінің еңбектері). Баспаға дайындаған: Құрманбайұлы Ш. – Аст., 2005.
10. Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік бағалауыштық, сөзжасам. – А.: Қазақ университеті, 2005.-140 б.
11. Мұсабаев Х. Наркескен. – Қостанай, 2005. (Ахмет Байтұрсынұловтың монологы. 1-поэма).
12. Терминология мәселелері. 1910-1930 жылдар 1-том. (Құраст.: Құрманбайұлы Ш., Жұбаева О). – Астана: ІС-Сервис ЖШС, 2005.-288 б. (Тіл туралы. Б. 89-92).

## 2006

1. Алаш ақиықтары: Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. (Құраст.: Жұртбай Т). – А.: Алаш, 2006.-288 б. (Талант талқысы /алғысөз/. Б. 7-8; Ахмет Байтұрсынов. Жазығым не? Б. 221-224).
2. Алмалы: Фотоальбом. Қазақ, орыс тілдерінде. (Құраст.: Толанова Орынбор, Бокаев Н). – А.: ТОО «Дом печати Эдельвейс», 2006.-200 б.
3. Аударма теориясы мен тәжірибесінің және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері: республикалық ғылыми-теориялық конференция. – А., 2006., (Әбдиманов Ө. XX ғасыр басындағы мысал жанрының аударылу ерекшеліктері. Б. 55-64).
4. Ахмет Байтұрсынұлы оқулары (Республикалық 1-ғылыми-теориялық конференция. 30-31 наурыз). – Аст.: ҚР БҒМ Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006.-354 б.
5. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Үшінші басылуы. (Құраст.: Ахметов З., Шаңбаев Т). – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006.-398 б., (А.Байтұрсынұлына қатысты беттері: 77, 82, 127, 257, 284, 308, 322).
6. Имаханбетова Р. А.Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде): Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02 – Қазақ әдебиеті. – А., 2006.-130 б.
7. Көкейкесті әдебиеттану. Азаттық идеясының қазақ әдебиетіндегі көрінісі: әдіснама, таным, көркемдік. 7-кітап. – Астана, 2006. (Әбдиманов Ө. Азатшыл сарынның ұлы дәстүрі. Б. 67-80).
8. Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – А., 2006. (Әбдиманов Ө. XX ғасыр әдебиетін зерттеуге жолбасшы еңбек. Б. 16-20).
9. Қан жүректі қайғылым. (Құраст.: Есенқарақызы Х). – Шымкент: Ордабасы, 2006.-208 б. (Байсалова А. «Қазақ халқының рухани көсемі». Б. 15-20).
10. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Оқу құралы. А.: Атлас, 2006.-200 б.
11. Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – А.: Қазақ университеті, 2006. (Әбдиманов Ө. Ұлттық рухтың ұлы жыршысы. Б. 55-72).
12. Он ғасыр жырлайды. – А., 2006.-408 б. (Ахмет Байтұрсынұлы. Б. 335-345).
13. Салқынбай А., Көккөзова М. Қазақтың тілші-әдіскер тұлғалары. – А.: Нұр-пресс, 2006.-137 б.
14. Терминология мәселелері. 1930-1990 жылдар. 2-том. (Құраст.: Құрманбайұлы Ш., Әбдірәсілов Е., Әміров Ә). – Астана: ІС-Сервис ЖШС, 2006.-288.

#### 2007

1. Академик Серік Қирабаев және XX ғасырдағы әдебиеттану ғылымы: А. мен Астанада өткен ғылыми-практикалық конференция. – А.: unique service, 2007.-480 б. (Имаханбетова Р. А.Байтұрсынұлының ұлт әдебиетіндегі асыл сөздері. Б. 291-299).
2. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. Қазақ, орыс тілдерінде. – А.: Арыс, 2007.-624 б.
3. Ахмет Байтұрсынұлы оқулары. Алаш құндылықтары: Отандық ғылым дамуының жаңа кезеңі. Халықаралық 2-ғылыми-теориялық конференция материалдары. 1-бөлім. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2007.-180. (Пленарлық мәжіліс – 8 баяндама; 1 секция: А.Байтұрсынұлы және тіл білімінің мәселелері – 23 мақала).
4. Ахмет Байтұрсынұлы оқулары. Алаш құндылықтары: Отандық ғылым дамуының жаңа кезеңі. Халықаралық 2-ғылыми-теориялық конференция материалдары. 2 бөлім. – Астана: ҚР БҒМ Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2007.-238. (Кіріспе сөз – 1: Байсалова А.Қ., Аханьң жиені; 2 секция: А.Байтұрсынұлы және қазақ әдебиетінің мәселелері – 43 ғылыми мақала).
5. Алаш тағылымы және тәуелсіздік. Ғылыми-тәжірибелік конференция. 11 желтоқсан 2007 ж. (Қойгелдиев М. «Алаш тағылымы және тәуелсіздік»; Қирабаев С. «Алаш арыстары және қазақ әдебиеті»; Өзбеков С. «А.Байтұрсынұлы және ұлттық құқықтық мәдениет»; Кәкішев Т. «Алаш қозғалысы туралы деректер мен толғамдар»; Айтымбетов «Алаш қайраткерлері және ұлттық сана»; Баймағамбетова «Алашорда партиясы туралы мұрағат деректері және оның зерттелу мәселелері»).
6. А. көшелері. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. – А. БАҰР, 2007.-256 б. (Байтұрсынұлы А. 45-б.).
7. Әбдиманов Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. – А.: Арда, 2007.-296 б.
8. Әбдиманов Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. – А.: Қазақ университеті, 2007.-325 б.
9. Байдебеков Қ. Өмір соқпағында. – А.: Ел-шежіре, 2007.-200 б. (Ахмет Байтұрсынұлы туралы. Б. 76, 123-130).
10. Деріпсалдин Қ. Торғай әуендері: Топтамалы ұжымдық әндер жинағы. – Қостанай: Костанайский печатный двор, 2007.-230 б. (Ахмет Байтұрсынұлов: Екі жирен, Аққұм. Б. 7-11).
11. Көкішұлы Т. Жанр жайлауы. 1-кітап: Оқу құралы. – А.: Қазақ университеті, 2007.-462. (Сын мен әдебиеттану. Б. 121-150; Әдебиет тарихындағы «ақтандақтар». Б. 273-318; XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар хақында. Б. 374-388; Сын мен әдеби зерттеу. Б. 389-453).
12. Мәженқызы Р. Кітап – ғасыр мұрасы: Кітап-альбом. (Автор-құрастырушы). – А.: Өнер, 2007.-304 б., (Байтұрсынұлы А. Маса. – А.: Раритет, 2005.-208 б., Мұқабасы. 86-б., Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Қазақ тілінің серфі. Бірінші жылдық. – Таш.: Түркістан мемлекеттік баспасы, 1922.-90 б., Мұқабасы. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Қазақша әлібба). 7-басылуы. – Орынбор: Кыргыз мемлекеттік баспасы, 1925.-72 б., Мұқабалы).
13. Пірәлиева Г. Қазақ көркем прозадағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. – А.: ҚызМемПИ, 2007.-359.
14. Сүлейменова Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. А.: Арыс, 2007.
15. Тауқымет пен тағзым 1937-2007. (Құраст.: Төлепбергелен Б). – А.: РИИЦ АЗИЯ, 2007.-296 б. (Алаштың

арыстары, 37-де опат болғандар. Өмірбаяндық анықтамалық. Байтұрсынов Ахмет (1873-1973). 13 б.; А.Мектептегі. Ахаң бастаған сара жол. Б. 243-246).

16. Уразғалиева С.Б. Ахметтану. – Қостанай: ҚМУ, 2007.-28 б.

#### 2008

1. Айтбайұлы Ө. Ділғұмырлар мен тілтұғырлар. – Түркістан: Тұран, 408 б.+8 б., сурет (Қазақ терминологиясының атасы. Б. 10-17; Ұлттың ұлы ұстазы. Б. 18-43; Абай үлгісінің жалғасы дерсің Ахаңды. Б. 191-196; Ахметтану тағылымы. Б. 303-313).
2. Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдар сабақтастығы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 21 қараша 2008 жыл. – А.: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008.-476, (Имаханбетова Р. А.Байтұрсынұлының мұражайының қалыптасу тарихы. Б. 344-353).
3. Алаштың ардағы. (Құраст.: Тілешов Е., Әріпбекова Г). – Астана: Зерде, 2008.-240 б. (Қазақ жазуы. Б. 7-8; Ахмет Байтұрсынұлы. Б. 95-97).
4. «Алаш» қозғалысы. (Құраст.: Тілешов Е., Қамзабекұлы Д., Нұрахмет И). – А.: Сардар, 2008.-324 б., (Нұрғали Р. Байтұрсынұлы Ахмет. Б. 55-58; А.Байтұрсынұлына қатысты беттер: 3-17, 179, 207, 212-213, 215, 217, 223, 227, 236, 249250, 261-262, 265; Алаш жылнамасы. Б. 271-282; 288-289, 292).
5. Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Семей, 2008.
6. Әлем қазақтарының рухани сұхбаты: тіл, мәдениет және Алаш мұраты. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 2008 жыл 12-13 қараша. А., 2008.
7. Қазақ афоризмдері. (Құраст. әрі автор: Шаймерденұлы Е). – А.: 2008.-304 б.
8. Қазақ әдебиеттануының тарихы. Екі томдық. 1-том. – А.: ҚазАқпарат, 2008.-646., (Кәсіби қазақ әдебиеттануының қалыптасуы (1900-1932). Б.64-166; Ахмет Байтұрсынұлы. Б. 181-195; Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануының дамуы (1932-1956). Б. 206-257).
9. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008. - 360 б.
10. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Екі томдық монография. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – А.: Мектеп, 2008. - 480 б.
11. Құлманов Қ. Телжан Шонанұлы. Монография. – Астана: «ҚЭКО» ЖШС, 2008., (Шонанұлы Т. Ахмет Байтұрсынұнов халық ағарту және әдебиет саласында. Б. 129-139).
12. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930). Монография. – А.: Ел-шежіре, 2008.-240 б. (Алаш зиялылары және ұлттық терминдер қалыптастыру міндеті. Б. 7-25; Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының рөлі. Б. 29-46; Ахмет Байтұрсынұлы және XX ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі. Б. 47-53).
13. Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш». – А.: Ел-шежіре, 2008.-472 б., («Байтұрсынов баяғы Байтұрсынов»). Б. 415-466).
14. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – А.: Атамұра, 2008.-384 б.

#### 2009

1. Алаш. Алашорда. Энциклопедия. (Құраст.: Әнес Ғ., Смағұлова С.). – А.: Арыс, 2009.-544 б. (Мектептегі А. Азамет серіктігі. Б. 15-16; Сүлеймен Ж. Академиялық орталық. Б. 21-22; Қойгелдиев М. «Алаш» қозғалысы. Б. 32-34; Замзаева Т. «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы. 41-6.; Смағұлова С. «Алаш» партиясынан құрылтай жиналысына аталған депутаттар тізімі. 41-6.; Нұрпейісов К. Алаш ісі. Б. 48-49; Қирабаев С., Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Ахмет Байтұрсынов. Б. 90-96; Сүлеймен Ж. Байтұрсыновтың В.И.Ленинге хаттары. 96-б.; Байтұрсыновтың мұражай-үйі. 97-б.; Бекмегова Ж. Бекметов Мұхамед-Максат Хамидоллаұлы. 100-б.; «Қазақ»газеті. Б. 206-207.; Жұбаева О. Орынбор Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Б. 207-208; Смағұлова С. Торғай облыстық Алаш комитеті. 310-б.; Шашаев Ә. Торғай облыстық Қазақ съезі. Б. 310-311; Барбосов С. Тоталитаризм. Б. 312-313; )
2. «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. (Құраст.: Шүкірұлы С., Тілешов Е). – «А.: КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009.-364., (Шаймерден Е. Алаш зиялыларының тілдік мұрасы: арналы бастау, өміршең дәстүр. Б. 3-9; Ахмет Байтұрсынұлы. Б. 15-104; Дулатұлы М. Тіл құрал. Қазақ тілінің сарфі. Шығарушы Байтұрсынов А. Б. 161-164; Шонанұлы Т. Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында. Б. 250-259).
3. А. көшелері. Анықтамалық энциклопедия (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). – А.: ИП Волошин, 2009.-400 б. (А.Байтұрсынұлы атындағы көше. 79 б).
4. 4-Әуезов оқулары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. – А.: Тау-Самал, 2009.-268., (Ойсылбай А. Әдебиет теориясы: А.Байтұрсынұлы және М.Әуезов. Б. 65-70; Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлы және Қырық мысал. Б. 76-83).
5. Байқадамова К. Байқадамовтар әулеті: Деректі хикаят. – А.: Білім, 2009.-296+40 б. (Тарихи тұлғалар: Ахмет Байтұрсынұлы. Б. 140-143).
6. Қазақстан музейлері. Құраст.: Мерекеева С. – А.: А.кітап ЖШС, 2009.-280 б. (Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының музей-үйі. Б. 174-184).
7. Омарова Б. Қазақ тілі: оқу құралы. – А.: Қазақ университеті, 2009.-202 б., (Ахмет Байтұрсынұлы – ана тіліміздің атасы. Б. 45-48; А.Байтұрсынұлы – әдебиеттану ғылымының негізін салушы. Б. 48-51).
8. Салқынбаев М. Қазақ-араб әдеби байланыстары (XX ғасыр). Монография. – Астана: Астана полиграфия, 2009.-208 б. (А.Байтұрсынұлына қатысты материалдар. Б. 126-135).
9. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – А.: Мектеп, 2009.-560 б. (Ахмет Байтұрсынұлы. Б. 153-208).
10. Ісімақова А. Асыл сөздің теориясы. – А.: Таңбалы, 2009.-376 б. (Ахмет Байтұрсынов и Михаил Бахтин

общность теоретических мыслей. Б. 131-146; Ахмет Байтұрсынұлы және көркем сөздің теориялық мәні. Б. 177-185; А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мен Қ.Жұмалиевтың «Әдебиет теориясы». Б. 186-196; 3.Қабдолов және Алаш әдебиеттануы (А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы).

11. Шүкірұлы С. Тілтану белестері. – А.: Сардар, 2009.-248. (Ел деп өткен адал ер. Б. 3-5; Ахаң арманын алға апарайық. Б. 6-7; Тіл базарында балық үлестіріп жатқандаймыз. Б. 68-74; Алаш аманаты. Б. 91-96; Барын халқына берген жан. Б. 97-101; Мен ұлтыма жауаптымын деп жүрсе... Б.101-107; Семинар өтті, не білдік? Б. 120-124; Таңбадан жеріп, дыбыстан шошымайық. Б. 125-138; Ахаң әліпбиі һәм тіл дыбыстары. Б. 167-174).

12. Шүкірұлы С. Қолтаңба. – А.: Сардар, 2009.-200. (Бір толғаудың хикаяты: Өткенге салауат, бүгінге бірлік. Б. 172-184; Мұсабаев Х. Ахмет Байтұрсынұлының назасы. Толғау. Б. 177-180).

#### 2010

1. Өнесұлы Ж. Мақтанышы елімнің. – А.: sANJAR-u, 2010.-198. (Ұлылықтың үлгісі болған Ахмет Байтұрсынов. Б. 6-18).

2. Имаханбетова Р. Ғасыр санлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). – Аст.: Педагогика ПРЕСС,-304 б.

3 Ұлағатты ұлт ұстазы. Құраст.: Имаханбетова Р., Байдебеков Қ. – А.: Сардар, 2010. – 276+24 ж.б.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Айқап / Құраст.: Ү.Сұбханбердина, С.Дәуітов. – А.: Қазақ энциклопедиясы», Бас редакциясы, 1995. – 368 б.
- «Ақ жол» / Бас редактор Р.Нұрғалиев. – А.: Жалын, 1991. – 464 б.
- Алаш. Алашорда. Энциклопедия / құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – А.: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 б.
- Аманжолова Д.А. Алаш: исторический смысл демократического выбора. – А.: Изд. Дом «Таймас», 2013. – 400 с.
- Ахмет Байтұрсынұлы. – А.: «Шапағат-Нұр» баспасы, 2013. – 368 б. («Ұлы Дала тұлғалары» сериясы).
- Әлихан Бөкейхан. Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар / Құраст.: Сұлтан Хан Аққұлұлы. – А.: «Ер Жәнібек» халықаралық қоғамдық қоры, 2016. – 528 б.
- Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – А.: Ел-шежіре, 2013.
- Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – А.: «Арыс» баспасы, 2002. – 592 б.
- Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. В 3 т. – А.: ОФ «Дегдар», 2016. – Т. 1. – 424 с.
- Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері. – А.: «Таймас» баспа үйі, 2013. – 240 б.
- Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 776 б.
- Есмағамбетов К. Тарих таңдақтары. Бірінші кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 416 б.
- Жамбыл. Энциклопедия. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 616 б.
- Жетісу. Энциклопедия. – А.: «Арыс» баспасы, 2004. – 712 б.
- Имаханбетова Р.С. Ғасыр санғағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (Мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: Педагогика ПРЕСС, 2010. – 304 б.
- Қазақ әдебиеттанушылары. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 496 б.
- «Қазақ» газеті / Құраст.: Ү.Сұбханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сақов. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
- Қазақ көтерілістері: энциклопедия / Бас ред. Ж.Н.Тойбаева. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 616 б.
- Қазақ өнері. Энциклопедия. – А.: Қазақстан даму институты, 2002. – 800 б.
- Қазақ Совет энциклопедиясы. 12 том. – Алматы, 1972–78.
- Қазақ энциклопедиясы. Энциклопедиялық анықтамалық / Бас редактор Ж.Тойбаева. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 368 б.
- Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтамалық. 2 том. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2012–13.
- Қазақстан ғылымы: энциклопедия / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2009. – 1-том. – 544 б.
- Қазақстан ғылымы: энциклопедия / Бас ред. Б.Ө.Жақып. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2010. – 2-том. – 544 б.
- «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. 10 том. – Алматы, 1998–2007
- Қазақстан халқы. Энциклопедия / Бас ред. Ж.Н.Тойбаева. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 488 б.
- Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905–1917). – А., 1997. – 461 б.
- Оңтүстік Қазақстан. Энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 560 б.
- «Сарыарқа» газеті. 1917 жыл / Құраст.: проф. Ғ.Әнес. – А.: «Арыс» баспасы, 2017. – 336 б.
- Солтүстік Қазақстан облысы. Энциклопедия. – А.: «Арыс» баспасы, 2006. – 704 б.
- Сұбханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары: мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – А.: Қазақстан Республикасы, Орталық ғылыми кітапхана, 1999. – 834 б.
- Сыр елі. Қызылорда облысы. Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ.Аяған. – А.: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005. – 544 б.
- Тараз. Жамбыл облысы. Энциклопедия. – А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – 576 б.
- Торғай елі. Энциклопедия / Құраст.: Т.Рсаев. – А.: «Арыс» баспасы, 2013. – 456 б.
- Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – А.: Сардар, 2014. – 528 б.
- Ұлағатты ұлт ұстазы (анықтамалық-көрсеткіш) / Құраст.: Р.Имаханбетова, Қ.Байдебеков. – А.: «Сардар» баспа үйі, 2010. – 276 + 24 жапсырма бет.
- «Халық қазынасы». Анықтамалық жинақ. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – 200 б.

Шығыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – 848 б.

[www.abai.kz](http://www.abai.kz)  
[www.adebiportal.kz](http://www.adebiportal.kz)  
[www.aktobegazeti.kz](http://www.aktobegazeti.kz)  
[www.alash.semeylib.kz](http://www.alash.semeylib.kz)  
[www.emirb.org](http://www.emirb.org)  
[www.dic.academic.ru](http://www.dic.academic.ru)  
[www.feb-web.ru/feb/litenc/encyclor](http://www.feb-web.ru/feb/litenc/encyclor)  
[www.kazgazeta.kz](http://www.kazgazeta.kz)  
[www.lib.nkzu.kz/Library/Librarykz](http://www.lib.nkzu.kz/Library/Librarykz)  
[www.library.ua/m/articles/view](http://www.library.ua/m/articles/view)  
[www.mtdi.kz](http://www.mtdi.kz)  
[www.qazaq1913.com](http://www.qazaq1913.com)  
[www.qasym.kz/zhumat-anesuly-a-bajtursynovtyn](http://www.qasym.kz/zhumat-anesuly-a-bajtursynovtyn)  
[www.ru.wikipedia.org/wiki](http://www.ru.wikipedia.org/wiki)  
[www.sachok.kz](http://www.sachok.kz)  
[www.sanatez.net](http://www.sanatez.net)  
[www.semeylib.kz](http://www.semeylib.kz)  
[www.zhebe.com/index.php/o-am/item](http://www.zhebe.com/index.php/o-am/item)

## ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ

Авакова Р., филол. ғыл. докт.; Ағытайұлы И., этнограф; Алдабек Н., тарих ғыл. докт., Алиева Л., зерттеуші; Алтаев Ж., филос. ғыл. докт., Алшынбай Е., ғыл. қызметкер; Аманжолова Ш., зерттеуші; Арғынғазин С., тарихшы, энциклопедияшы; Арыстан Б.; Атабаев Ұ., тарих ғыл. докт.; Ахметов З., филол. ғыл. докт.; Ахметов Қ., тарих ғыл. докт.; Ахметов Қ., географ, энциклопедияшы; Әбдешев М., мұражайтанушы; Әбдиманұлы Ө., филол. ғыл. докт.; Әбжанов Х., тарих ғыл. докт., ҚР ҰҒА акад.; Әбілжанқызы М, филол. ғыл. канд.; Әнес Ғ., филол. ғыл. докт.; Бабашев А., филол. ғыл. канд.; Байғалиев Б., мұрағат қызметкері; Байленова М., физик-математик, энциклопедияшы; Бақытқызы М., ғыл. қызметкер; Бейсенова Ө., геогр. ғыл. докт.; Бекішев Қ., пед. ғыл. докт.; Бибеков Қ., зерттеуші; Бисенова Г., педагог; Бөлегенова Г., экономика және бизнес магистрі; Ғабитов Т.; Ғұсманқызы С., журналист, филол. магистрі; Дәрменова М., ғыл. қызметкер; Дәуітов С., ақын; Дүйісқалиева Г., биол. ғыл. докт.; Егеубаева Ғ., филолог, энциклопедияшы; Елемесов Р., экон. ғыл. докт.; Ералина А., ғыл. қызметкер; Еркінбаев Ұ., филол. ғыл. канд.; Есбосынова Л., ғыл. қызметкер; Есмағамбетов К., тарих ғыл. докт., Жақып Б., филол. ғыл. докт.; Жақыпов Ж., филол. ғыл. докт.; Жайлауова С., пед. ғыл. магистрі; Жалмаханов Ш., филол. ғыл. докт.; Жандыбаев Ғ., ақын, энциклопедияшы; Жармұхамедұлы М., филол. ғыл. докт.; Жарылғапов Ж., филол. ғыл. докт.; Жарылғасын Д., ғыл. қызметкер; Жасыбаев Е.; Жұбаева О., филол. ғыл. докт.; Жұмағұлов С., филол. ғыл. докт.; Жұманбаева Б., ғыл. қызметкер; Жұртбай Т., филол. ғыл. докт.; Жүнісбек Ө., филол. ғыл. докт.; Жүсіпов Н., фольклортанушы; Жүсіпұлы М., филол. ғыл. докт.; Ибраева А., заң ғыл. докт.; Имаханбет Р., филол. ғыл. канд.; Исабаев Қ., жазушы; Исова Л., тарих ғыл. докт.; Итеғұлова С., филол. ғыл. канд.; Кадирхан А., ғыл. қызметкер; Кәкілбаева Қ.; Кәкішев Т., филол. ғыл. докт.; Кәрібаев Б., тарих ғыл. докт., ҚР ҰҒА корр. мүшесі; Кәрімов С., ғыл. қызметкер; Кемеңгер Қ., филол. ғыл. канд.; Кенжеахметұлы С., өнертанушы; Кенжалин Қ.; Көкебаева Г., тарих ғыл. докт.; Күдерінова Қ., филол. ғыл. докт.; Қабдөшев Б., тарих ғыл. канд.; Қазтуғанова А., музыка зерттеуші, өнертану ғыл. канд.; Қазыбек Г., филол. ғыл. канд.; Қайдарова Г., филол. ғыл. канд.; Қайырбеков Ө., ақын, филол. ғыл. канд.; Қалиев С., пед. ғыл. докт.; Қамзабекұлы Д., филол. ғыл. докт., ҚР ҰҒА акад.; Қапалбек Б., филол. ғыл. канд.; Қасқабасов С., филол. ғыл. докт., ҚР ҰҒА акад.; Қасымбаев Ж., тарих ғыл. докт.; Қирабаев С., филол. ғыл. докт., ҚР ҰҒА акад.; Қожакеев Т., филол. ғыл. докт.; Қожахмет А., пед. ғыл. магистрі; Қожахметова М., журналист; Қойгелдиев М., тарих ғыл. докт., ҚР ҰҒА акад.; Қойшыбаев Б., тарих ғыл. канд.; Қоңыратбаев О., тарих ғыл. канд.; Қоңыратбай Т., филол. ғыл. докт.; Қорабай С., филол. ғыл. канд.; Қошым-Ноғай К., ақын, энциклопедияшы; Құрманбайұлы Ш., филол. ғыл. докт., ҚР ҰҒА корр. мүшесі; Қыдырәлі Д., тарих ғыл. докт.; Қыдыршаев А., пед. ғыл. докт.; Малбақов М., филол. ғыл. докт.; Манкеева Ж., филол. ғыл. докт.; Мансұров Т.; Мауленов К., заң ғыл. докт., Махаева А., тарих ғыл. докт.; Махат Д., тарих ғыл. докт., Мәдібай І.; Мектеп-тегі А., филол. ғыл. канд.; Мұстафина Н.; Мырзахметұлы М., филол. ғыл. докт.; Нақысбеков О., филол. ғыл. канд.; Нарымбетов Ө., филол. ғыл. докт.; Негимов С., филол. ғыл. докт.; Нұрахмет И., филол. ғыл. канд.; Нұрғали Р., филол. ғыл. докт.; Нұрмақов А., мед. ғыл. докт.; Нұрмұратов С., филос. ғыл. докт.; Нұрпейіс К., тарих ғыл. докт., ҚР ҰҒА акад.; Нысанбаев Ө., филос. ғыл. докт., ҚР ҰҒА акад.; Озғанбай Ө., тарих ғыл. докт.; Омарбеков Т., тарих ғыл. докт.; Омарова Г., мед. ғыл. докт.; Оңғарұлы А.; Орда Г., филол. ғыл. докт.; Ордалиева Ж., өнертану ғыл. канд.; Оспан Б., ғыл. қызметкер; Оспанова Д., ғыл. қызметкер; Өзбекұлы С., заң ғыл. докт.; Өскембаева Г., тарих ғыл. канд.; Өтенияз С., тарих ғыл. канд.; Пірәлиева Г., филол. ғыл. докт.; Рсаев Т., жазушы, энциклопедияшы; Рүстемов С., тарих ғыл. канд.; Садырқызы К.; Садырұлы Қ.; Сағадиев К., экон. ғыл. докт., ҚР ҰҒА акад.; Сайлаубай Е., тарих ғыл. канд.; Сак Қ., филол. ғыл. канд.; Сапаралы Б., жазушы; Саркенова К., тарихшы, энциклопедияшы; Сарыбаева М.; Сейітбекова А.; Сейсенбай Т., филол. ғыл. канд.; Сейітова К., қоғам қайраткері; Серікбаев К., әскери ғыл. докт.; Смағұлов Ж., филол. ғыл. докт.; Смағұлова Г., филол. ғыл. докт.; Смағұлова С., тарих ғыл. докт.; Сүгірбеков М.; Сүлеймен Ж., тарихшы; Сыдиықұлы І., филол. ғыл. канд.; Сыдықов Е., тарих ғыл. докт., ХПА акад.; Сыздық Р., филол. ғыл. докт., ҚР ҰҒА акад.; Тәж-Мұрат М., филол. ғыл. канд.; Тебегенов Т., филол. ғыл. докт.; Токсанбай С.; Тоқтарбай Е., гуманист. ғыл. магистрі; Тортаев С., ақын, журналист; Төлеубекова Р., пед. ғыл. докт.; Тілепов Ж., филол. ғыл. докт.; Тілешов Е., филол. ғыл. канд.; Тілешова Қ., филол. ғыл. канд.; Уәлиұлы Н., филол. ғыл. докт.; Уәлиханов Е., тарих ғыл. канд., Фазылжанова А., филол. ғыл. канд.; Хасенов Ө., тарих ғыл. докт.; Хасенов С., тарихшы; Хасенова Н., кітапханашы; Шалғынбай Ж., филол. ғыл. канд.; Шарапатұлы Ш., филол. ғыл. докт.; Шанбай Т., филол. ғыл. канд.; Шашаев Ө. тарих ғыл. канд.; Шынтай Е., ғыл. қызметкер; Шіменбаева М., ғыл. қызметкер; Ысқақұлы Д., филол. ғыл. докт.; Ілиясова К., тарих ғыл. канд.; Ісімақова А., филол. ғыл. докт.

## НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР

- А. – Алматы  
А.-А. – Алма-Ата  
а. – ауыл(ы)  
абс. – абсолюттік  
автоном. – автономиялық  
агр. – аграрлық  
акад. – академик(гі)  
акцион. – акционерлік  
АҚ – акционерлік қоғам(ы)  
Ақм. – Ақмола  
аналитик. – аналитикалық  
араб. – арабша  
арх. – архитектор(ы)  
археол. – археология(лық)  
архит. – архитектуралық  
Аст. – Астана  
атынд. – атындағы  
ауд. – аудан(ы), аудандық  
аум. – аумағы(тық)  
а. ш. – ауыл шаруашылық(ғы)  
әдеб. – әдебиет  
әкімш. – әкімшілік(гі)  
элеум. – элеуметтік  
б. – бет(і)  
б. з. – біздің заманымыз(дың)  
б. з. б. – біздің заманымыздан бұрынғы  
библ. – библиографиялық  
ген. – генерал  
геогр. – географиялық  
губ. – губерния(сы, лық)  
гуманит. – гуманитарлық  
грамматик. – грамматикалық  
ғ. – ғасыр(ы)  
ғ. ш. – ғасыр шамасы  
ғыл. – ғылым(и)  
...ғыл. докт. – ғылымдарының докторы  
ғыл.-зерт. – ғылыми-зерттеу  
ғыл.-теор. – ғылыми-теориялық  
дер. – деревня(сы)  
диалектик. – диалектикалық  
дипломат. – дипломатиялық  
дисс. – диссертация(лық)  
докт. – докторлық, докторы  
дүниежүз. – дүниежүзілік  
еңбек сің. – еңбек сіңірген  
еур. – еуропалық  
ж. – жылы  
жин. – жинақ(ғы)  
Жоғ. – Жоғарғы  
ж. ө. – жылы өлген  
ж. т. – жылы туған  
ж. ш. – жыл шамасы  
ж. ш. ө. – жыл шамасында өлген  
ж. ш. т. – жыл шамасында туған  
з-т – зауыт  
идеол. – идеологиялық  
инж. – инженер(лік,-і)  
ин-т – институт  
канд. – кандидаттық  
к. – кент (і)  
кеңшар – кеңестік шаруашылық  
классик. – классикалық  
км – километр  
кн. – книга  
корр. мүшесі – корреспондент мүшесі  
көл. – көлемі  
көш. – көше  
к-т – комитет  
кіт. – кітап  
қ. – қала(лар, сы)  
к. – кара  
Қазақ АКСР-і – Қазақ Автономиялық Кеңестік  
Социалистік Республикасы  
Қазақ КСР-і – Қазақ Кеңестік Социалистік  
Республикасы  
Қ. -о. – Қызылорда  
құраст. – құрастырған(дар), құрастырушы(лар)  
қыт. – қытайша  
Л. – Ленинград  
Лениндік сыйл. – Лениндік сыйлық(ғы)  
лингвистик. – лингвистикалық  
лирик. – лирикалық  
М. – Москва  
мал ш. – мал шаруашылығы  
мед. – медицина (лық)  
Мемл., мемл. – мемлекеттік  
м – метр  
мин-лік – министрлік(гі)  
Мин. Каб. – Министрлер Кабинеті  
Мин-лер Кеңесі – Министрлер Кеңесі  
мифол. – мифологиялық  
млн – миллион  
млрд – миллиард  
М.-Л. – Москва-Ленинград  
монограф. – монографиялық  
моңғ. – моңғолша  
мөлш. – мөлшері  
муз. – музыка (сы, лық)  
мыс. – мысалы  
обл. – облыс(ы), облыстық  
окр. – округ(і), округтік  
оңт. – оңтүстік(гі)  
оңт.-батыс – оңтүстік-батыс(ы)  
оңт.-шығыс – оңтүстік-шығыс(ы)  
Орт., орт. – орталық, орталығы

ө. – өлген  
ө.ж.б. – өлген жылы белгісіз  
өз. – өзен(і)  
парс. – парсыша  
пед. – педагогика(лық)  
политех. – политехникалық  
полк. – полковник  
Полн. собр. соч. – Полное собрание сочинений  
проф. – профессор(ы)  
психол. – психология (лық)  
рев. – революциялық  
Респ., респ. – республика (лық)  
романтик. – романтикалық  
Сем. – Семей  
с. – село(сы)  
салм. – салмағы  
солт. – солтүстік(гі)  
солт.-батыс – солтүстік-батыс (ы)  
солт. – солтүстік-шығыс (ы)  
соц. – социалистік  
социолог. – социологиялық  
ст. – станса(сы)  
Ст. – статья  
статистик. – статистикалық  
сыйымд. – сыйымдылығы  
т. – теңіз(і)  
т. – том  
Танд. шығ. жин. – Таңдамалы шығармалар жинағы  
Таш. – Ташкент  
т.б. – тағы басқа  
темп-ра – температура  
теор. – теориялық

теренд. – тереңдігі  
тех. – техника(лық)  
технол. – технологиялық  
т. ж. – теміржол(ы)  
т. ж. б. – туған жылы белгісіз  
т.-ө. ж. б. – туған-өлген жылы белгісіз  
төм. – төменгі  
т.с.с. – тағы сол сияқты  
ун-т – университет  
уч-ще – училище  
ұжымшар – ұжымдық шаруашылық  
ұз., ұзынд. – ұзындығы  
феод. – феодалдық  
филол. – филология(лық)  
филос. – философия(лық)  
ф-ка – фабрика  
ф-т – факультет  
халықар. – халықаралық  
халық ш. – халық шаруашылық(ғы)  
ч. – часть  
Шығ., шығ. – шығармалары  
шығарм. – шығармашылық(ғы)  
экол. – экологиялық  
экон. – экономика(лық)  
экспед. – экспедиция (лық, сы)  
энциклопед. – энциклопедиялық  
эпик. – эпикалық  
эстетик. – эстетикалық  
этик. – этикалық  
этн. – этникалық  
этногр. – этнографиялық  
этнол. – этнология(лық)  
ядр. – ядролық

## ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

- АКСР – Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы  
АҚ – акционерлік қоғам  
АҚШ – Америка Құрама Штаттары  
АН – Академия наук  
АО – автономиялы облыс  
АПК – Алматы пауэр консолидейтед  
БАҚ – Бұқаралық ақпарат-құралдары  
БК – Бірлескен кәсіпорын  
БК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы  
БЛКЖО – Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы  
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы  
ҒА – Ғылым академиясы  
ҒЗИ – Ғылыми-зерттеу институты  
ЖАҚ – Жабық акционерлік қоғам  
ЖЗҚ – Жинақтаушы зейнетақы қоры  
ЖОО – Жоғары оқу орындары  
ЖОО КҒПО – Жоғары оқу орындарынан кейінгі білім берудің ғылыми-практикалық орталығы  
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік(гі)  
КИМЭП – Казахстанский институт менеджмента, экономики и прогнозирования (Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты)  
КОКП (СОКП) – Кеңес (Совет) Одағы Коммунистік партиясы  
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы  
КСРО Мемл. сыйл. – КСРО Мемлекеттік сыйлығы  
ҚР – Қазақстан Республикасы  
ҚР ӘӘК – Қазақстан Республикасы Әскери әуе күштері  
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
ҚР БҒМ ҒК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті  
ҚР ҚМ – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі  
ҚР ҚК – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері  
КРОММ – Қазақ Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты  
ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы  
ҚР ҰҚК – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
ҚР ИМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі  
ҚР ИМ ІӘ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскері  
ҚСЭ – Қазақ Совет энциклопедиясы  
ҚХА – Қазақстан халық ассамблеясы  
ҚХР – Қытай Халық Республикасы  
ҚЭБТ – Қалалық электр бөлу тораптары  
НАТО – Солтүстік Атлантика одағы ұйымы  
МАК – Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы  
МҚК – Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті  
ХҚТУ ШИ – Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Шығыстану институты  
ХШЖК – Халық шаруашылық жетістіктерінің көрмесі  
БОАК – Бүкілресейлік орталық атқару комитеті  
БК(б)П ОК – Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық комитеті  
ВАСХНИЛ – Бүкілодақтық ауыл шаруашылық ғылымдар академиясы  
ИНпрос – Халық ағарту институты  
КИНО – Қазақтың халыққа білім беру институты  
КОМУЧ – Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті  
Қазақ АКСР – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы  
Қазақ КСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы  
Қ а з р е в к о м – Қазақ революциялық комитеті  
Қазақстан КП ОК – Қазақстан коммунистік партиясы орталық комитеті  
ҚарЛАГ – Қарағанды еңбекпен түзеу лагері  
МСБ (ГПУ) – Мемлекеттік саяси басқарма  
МОПР (Международная организация помощи борцам революции) – Революция жолында күресушілерге жәрдем беретін ұйым  
ОАК – Орталық атқару комитеті  
ОК – Орталық комитет(і)  
ОГПУ – Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма

ПИНО – Халыққа білім берудің практикалық институты  
РК(б)П – Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы  
РК(б)П ОК – Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық комитеті  
РКФСР – Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы  
САХИПИ – Орта Азия мақта-ирригациялық политехникалық институты

ХХК – Халық комиссарлар кеңесі  
ШЫҰ – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы  
ЮНЕСКО – Біріккен ұлттар ұйымы жанындағы оқу-ағарту, ғылым және мәдениет жөніндегі халықаралық ұйым  
ІМ – Ішкі істер министрлігі  
ІХК (НКВД) – Ішкі істер халық комиссариаты  
ІХК МҚМБ (ГУГБ НКВД) – Ішкі істер халық комиссариаты Мемлекеттік қауіпсіздік мемлекеттік басқармасы

«Қазақ энциклопедиясының» директоры – Бас редакторы  
Ж.ТОЙБАЕВА

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ»**  
энциклопедиясын әзірлеуге  
қатысқан шығармашылық топ:

Жоба жетекшісі Н. МАУЫТОВ  
Ғ. ЖАНДЫБАЕВ (аға редактор)  
Қ. АХМЕТОВ (редактор)  
К. ҚОШЫМ-НОҒАЙ (редактор)  
К. САРКЕНОВА (редактор)  
Ғ. ЕГЕУБАЕВА (редактор)  
М. БАЙЛЕНОВА (редактор)  
С. АРҒЫНҒАЗИН (редактор)

**Компьютерлік баспа орталығы:**  
Г. АЛМАСБЕКОВА (1-санатты маман)  
С. ТӨРЕБАЙҰЛЫ (көркемдеуші)

**Есеп-қисап бөлімі:**  
И. ИМАНАЛИЕВА (бас есепші)

**Маркетинг орталығы:**  
Г. ЖАЛҒАСОВА



ISBN 978-601-80715-0-8



Басып шығаруға 24.11.2017 ж. қол қойылды.  
Пішімі 70x100  $\frac{1}{16}$ . Офсеттік баспа. Шартты б.т. 60,45  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС  
050035, Алматы қаласы, 8-ықшамаудан, 19<sup>а</sup>-үй.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нда басылды.  
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.